ҚАЗАҚ ССР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ
ТІЛ БІЛІМІ ИНСТИТУТЫ

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі

2 ТОМ

Б—Г

Жалпы редакциясын басқарған
Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі
А. Ы. Ысқақов

Қазақ ССР-нің «ҒЫЛЫМ» баспасы
АЛМАТЫ — 1976

494.342—3
Қ—17

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 2-том. Б—Г. Алматы, Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы, 1976.
695-б.

РЕДАКТОРЛАР АЛҚАСЫ:

Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі *І. К. Кеңесбаев*, Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі *А. Ы. Ысқақов* (председатель), Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі *Ғ. Ғ. Мұсабаев*, филология ғылымдарының докторы *Ә. Б. Болғанбаев* (пред. орынбасары), филология ғылымдарының докторы *Р. Ғ. Сыздықова*, филология ғылымдарының кандидаты *Б. С. Қайымова*, филология ғылымдарының кандидаты *Б. Қ. Қалиев* (секретарь).

ТОМНЫҢ РЕДАКТОРЫ

Б. С. Қайымова

СӨЗДІКТІ ЖАСАҒАНДАР:

Ә. Бөрібаев (Б — бағдарнама, балау — барысында), *Т. Арынов* (бағдарсыз — балату), *Г. Нұрғазиева* (бас — батымдылық), *Т. Жанұзақов* (батыңқы — бекершілік), *З. Машабаева* (белоктік — бозқонақ), *Г. Жәркешева* (бозша — бөгеліссіз), *Б. Қалиев* (бөген — бұлдырау), *А. Иманбаев* (бекет — белокті, бұлдыр-бұлаң — бюст, В — вымпел), *А. Данияров* (Г— гүрілдеу).

UNIV.
LEIDEN
BIBL.

70105—026
Т 407(07)—76 113—76

©Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы, 1976 ж.

РЕДАКТОРЛАР АЛҚАСЫНАН

Қазақ тілі түсіндірме сөздігінің екінші томы Б, В, Г әріптерінен басталатын сөздерді қамтиды. Жасалу принципі жағынан да, құрылысы жағынан да бұл томның жарияланған бірінші томнан (1974) айтарлықтай айырмашылығы жоқ; сол томның табиғи жалғасы есебінде жасалған. Сондықтан да мұндағы берілген түрлі жөндеулер мен қабылданған шартты белгілер, сөздерді қысқарту үлгілері мен мысал алу тәсілдері — бәрі де бірінші томдағыдай болып отырады.

Әйткенмен де бұл томға құрылысы жағынан бірлі-жарым өзгерістер енгізідік. Олар мыналар:

а) омоним сөздерді бір-бірінен ажырату үшін қойылған араб цифры бірінші томда атау сөздерден бұрын тұрса, екінші томнан бастап ол цифр атау сөздерден соң, оның жоғары жақ шекесіне қойылатын болды. Өйткені цифрдың атау сөздерден бұрын тұруы сөздіктің алфавиттік жүйесіне нұқсан келтіретіндігі байқалды;

ә) бірінші томның алғашқы беттеріндегідей атау сөздердің әр мағынасының азат жолдан басталып жазылуы немесе сол томның аяғына дейін бір ізді болған ромбик белгісінің азат жолдан басталып қойылуы сөздіктің бет-бетінде бос жердің көп қалатындығына, соның салдарынан сөздікке арналған қағаздың едәуір жері ашық қалып отыратындығына көзімізді жеткізді. Редакторлар алқасы бұл олқылықты да жою қажет деп тауып, сөздіктің екінші томынан бастап атау сөздердің барлық мағыналары, олардың күллі фразеологиялық тіркестері азат жолсыз-ақ, бірінен кейін бірі жалғас берілгенін жөн деп санады.

Қазақ тілі түсіндірме сөздігінің бірінші томы жарық көргеннен бергі уақыт аралығында осы коллективтік еңбек туралы баспасөз бетінде біраз рецензиялар жарияланып, азды-көпті пікірлер айтылды («Қазақ ССР Ғылым академиясының хабарлары. Тіл-әдебиет сериясы», 1975, № 2; «Социалистік Қазақстан», 31 май 1975 ж; «Қазақстан мұғалімі», 15 август 1975 ж. т. б.). Оның үстіне бірінші том Тіл білімі институтының Ғылыми советінде жан-жақты талқыланды. Және де бөлімнің адресіне жалпы оқырмандардан: ғалымдардан, мұғалімдерден, студенттерден, жұмысшылардан т. б.— осы сөздік жайлы өздерінің ой-пікірлерін, ұсыныстарын айтып жазған хаттар келіп түсуде. Бұлардың бәрінде де сөздіктің жақсы жақтарымен бірге, оның кейбір жетімсіздіктері мен бірлі-жарым кемшіліктері де көрсетілген болатын. Ондай жетімсіздіктер мен кемшіліктерді екінші томнан бастап келесі томдарда болдырмау жағы ойластырылып, сөздікшілер тарапынан да, редакторлар алқасы тарапынан да біраз қосымша жұмыстар істелді. Солай бола тұрса да, қолдарыңыздағы екінші томда ешқандай мүлтік, жетімсіздік, кемшілік жоқ деуден аулақпыз.

Мәселен, бұл томдағы қазірдің өзінде-ақ байқалып қалған бір кемшілік — күрделі сөздердің берілуіндегі бір ізділіктің жоқтығында болып отыр. Бірінші томдағыдай мұнда да күрделі сөздердің біразы біріктіріліп жазылып, сөздік мақаланың қатарынан орын алса, дәл сол типтес біраз сөздер екінші бір жерде бөлек жазылып, ромбиктен кейін тұрақты сөз тіркесінің арасында берілген. Демек, бір алуан күрделі лексикалық тұлғалар (единицалар) атау сөз қатарына

қосылмай, тек сөздік мақаланың құрамына ғана енген деген сөз. Оның себебі: сөздікті құрастырушы авторлардың бір тобы ондай күрделі сөздерді атау сөз ретінде алу я алмау мәселесін «Қазақ тілі орфографиялық сөздігіне» (1963) қарап шешкен. Егер күрделі сөз орфографиялық сөздікте біріктіріліп жазылса, ол атау сөз ретінде бөлек алынған, ал ол орфографиялық сөздікте біріктірілмей бөлек жазылса, онда ромбиктен кейін беріліп, фразеологиялық тіркес ретінде қарастырылған. Авторлардың екінші бір тобы, орфографиялық сөздіктегі күрделі сөздердің емлесіне байланысты кеткен қайшылықтар мен кемшіліктерді ескере отырып (шындығында да, орфографиялық сөздігіміздің негізгі кемшіліктерінің бірі — күрделі сөздердің емлесіне байланысты екендігі жайында кезінде баспасөз бетінде талай рет айтылған болатын), олардың біразын орфографиялық сөздікте бөлек жазылғанына қарамастан (мыс.: *бақайқұрт, балқарағай, бесатар, бойтұмар, бойжеткен* т. б.) біріктіріп жазып, жеке атау сөз ретінде алған.

Орфографиялық сөздік, әдетте, әдеби тілдегі сөздердің жазылу нормасын анықтайтын, қабылданған норманы уағыздайтын, қалыптастыратын әрі негізгі, әрі жетекші құрал болатындықтан, оған қайшы келу, әрине, қолайсыз-ақ. Дегенмен де, біраз сөздікшілердің өздерінше ақиқатқа сүйеніп, дұрыстыққа жүгініп, ондай күрделі сөздерді біріктіріп жазып, бір сөз ретінде қарастыруына, кейбір сөздікшілерге өздерінің еркіне қарай оларды орфографиялық сөздікте көрсетілгендей бөлек жазып, тіркес ретінде алуына (мыс.: *бал қаймақ, бата оқыр, бел орақ, бет ашар, боз торғай* т. б.) амалсыздан еркіндік беруге тура келді. Өйткені қазақ лексикографиясындағы бұл сияқты қиын мәселенің басын бірден аша қою, тыңғылықты етіп біржола шеше қою сөздікшілердің қайсысына болса да жеңіл тимесе керек және ол мүмкін де болмаса керек. Бірақ мұндай даулы объектілердің түйіндері бірте-бірте шешіліп, дұрыс жолға салынуы келесі томдар үшін керек-ақ мәселе.

Түсіндірме сөздіктің материалдық базасы — картотека қоры екені белгілі. Бұл қор жылма-жыл толықтырылып отыруға, жазылған цитаттар жіті тексеріліп, алфавиттік жүйеге түсірілуге, ұя-ұяға таратылуға тиіс. Осы жұмыстарды жолға салып, картотека қорын тиісті дәрежеде ұстауда бөлімнің кіші ғылыми қызметкері — З. Смағұлова; лаборанттары — З. Делебаева, Ә. Мұсаева, Н. Кәрімова жолдастардың ерекше еңбек еткенін атап өткен жөн. Осы томдағы марқұм Г. Жәркешева мен Ә. Бөрібаев жолдастардың ертеректе түзген үлестерін олардың жасаған қолжазбалары бойынша толықтырып, түзетіп, баспаға әзірлеуде филология ғылымдарының кандидаттары С. Бизақов пен А. Данияров еңбек сіңірді.

Баспаға тапсырар алдында екінші томның қолжазбасын филология ғылымдарының докторы, профессор Н. Оралбаева мен филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ғ. Қалиев жолдастар қарап шығып, өз пікірлерін, ескертпелерін айтқан болатын-ды. Ол пікірлердің ішіндегі сөздіктің сапасын арттыруға көмегі тиетін пункттері томды баспаға даярлау үстінде ескерілді.

Томның бүкіл қолжазбасын баспаға даярлау жұмысына бөлімнің кіші ғылыми қызметкері М. Жүрсінова тікелей қатысты.

Сөздікті пайдаланушыларға, жалпы оқырмандарға айтарымыз, «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігіне» байланысты өз пікірлеріңіз, ұсыныстарыңыз болса, оны мына адреске жіберулеріңізді сұраймыз:

Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 28-үй, Тіл білімі институтының Түсіндірме сөздік бөлімі. Инд. 480021.

Б

Б 1. *Екі еріннің бір-біріне сәл жақындасуының нәтижесінде жасалатын еріндік дыбыс.* Тіл болмас бұрын дыбыстар, дыбыс болғанда да осы күнгі біз білетін **а**, *б*, **ш** дыбыстары болған сияқты көрінеді (Қ. Жұбанов, Қаз. тілі жөн. зерттеу). *«Б»* — ауа екпіні аз болғандықтан, ... екі ерін жай бос қана тиіседі (Н. Сауранбаев, Қаз. тілі). **2.** *Қазақ алфавитінің үшінші әрпі; ұяң, шұғыл даусыссыз дыбыстың графикалық таңбасы. Б*, **г**, **д**, әріптері байырғы сөздердің соңында келмейді (С. Кеңесбаев, Қаз. тілі грам.). Шұғылдарға: **п**, *б*, **т**, **д**... дыбыстары жатады (Н. Сауранбаев, Қаз. тілі). **3.** *Қазақ тілінде жазылған еңбектерде санау ретімен жүйелеу үшін әріппен таңбаланғанда үшіншілік (3) мәнді білдіреді.* а) Араб-иран тілдерінен енген сөздер; ә) Монғол тілдерінен енген сөздер; *б)* Монғол және түркі тілдеріне ортақ сөздер (Ғ. Мұсабаев, Лексика). а) Тыныштық — маза, ә) Тыныштық — толас, *б)* Тыныштық — бейбітшілік (Ә. Болғанбаев, Қаз. тілінд. синоним).

БА[1] ш ы л. *Ма, ме, па, пе сұраулық шылауының фонетикалық варианты.* Құлмамбет, сен жақсы да, мен жаман *б а?* Ақындарда сен жүйрік те, мен шабан *б а?* (Жамбыл). Болдың *б а* Жаңақалада, Көрдің бе, Нұркен көшесін? Бас иіп сәлем бердің бе, Құрметтеп ғазиз шешесін? (М. Әлімбаев, Таңд.).

БА[2] о д. с ө й л. Па. *Б а!* Жақсы қасиет екен (З. Шашкин, Теміртау). *Б а!* Түсінікті, тегі сен басқарады екенсің ғой (Бұл да). *Б а!..* Онда сәті түссін!— деді Серегин Дәмешке күлімсіреп (Бұл да).

БАБ и р. з а т. *Тарау, бөлім.* Абаймен Қарамолада болған Мүсірәлінің куәлігі бойынша бұл жолы Абай тізген ереже *б а б ы* жүзден аса еді дейді (М. Әуезов, Әр жыл). ... Белоус жүз басыларын жинап алды да командованиенің бұйрығын еғлан етті. Оның бірінші *б а б ы:* Жүздікті басқара алмағаны үшін жүз басы Жоламанов орнынан алынсын, атағынан айырылсын, өзі жасақшылар қатарында солдаттыққа көшірілсін (Х. Есенжанов, Тар кезең).

БАБА з а т. и р. **1.** *Арғы ата, үлкен ата.* Мұхтардың *б а б а с ы* Игілікке он екі мың жылқы бітті (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). Рахметтің әкесі, *б а б а с ы* — барлығы қойшы болған (С. Ерубаев, Менің құрдас.). Ең алғаш Өтегенді жырлаған Сүйінбайдың *б а б а с ы* Күсеп ақын болса керек (Е. Ысмайылов, Ақындар). **2.** *Құрметтеу, қадір тұту мағынасында жеке адамның атына тіркесе айтылатын сөз.* Ленин *б а б а м* ұраны екен тастаған, Жақсы сөзді естімеп ем басқадан, Жылы дыбыс құлағыма естіліп: «Оқы, оқы!— деді маған,— жас балам!» (Қ. Тоғұзақов, Өленд.). Жиырма бес, жас еді бұл болған арман, Аңсаумен ата қазақ шашы ағарған, Қуса да қобыз ойнап Қорқыт *б а б а*, Адасып жиырма бестен қапы қалған (Қ. Аманжолов, Шығ.). **3.** *Халық ұғымында, өзінің арғы тегін аруақ тұтып, содан көмек сұрап жалбарынғанда сүйенетін пірі.* Алты құлаш белбеумен, Алып келіп орады, Алладан медет сұрады: *«Б а б а д а н* жәрдем болғай»— деп, Таяна барып тұрады («Ер Тарғын»). Аруағына сыйынған Батағөй *б а б а м* Қабанбай, Батаңды бер ұлыңа, Аттандым жорық жолына, Қалмайын құлаш жаза алмай (Н. Баймұратов, Ер Төлеген). ◆ **Баба түкті шашты әзіз.** М и ф. *Қолдаушы, хауіп-қатерге ұшыраған адамға көмек көрсететін әулие.* Шетірлінің бойында, *Б а б а т ү к т і ш а ш т ы ә з і з* Жүреді көңіл ойында (Батырлар жыры). **Зеңгі баба.** а) М и ф. *Сиыр малын қорғаушы әулие, соның иесі.* Қазақ... әр түлік малдың өз

алдына бөлек-бөлек «бақташы иелері» бар деп сенетін. Қойдың «шопан ата» деген иесі бар. Түйенің «ойсыл қара» деген, сиырдың *«зеңгі баба»* деген, жылқының «жылқышы ата» деген «иелері» бар деп нанатын (С. Сейфуллин, Шығ.). ә) Ауыс. *Сиыр.* Әсірепов Керімжан, *Зеңгі баба* баққаның. Колхозымда көріп ем, Сүт бұлағы аққанын (К. Әзірбаев, Шығ.). Қыдыр баба. Миф. *Қолдаушы аруақ, демеуші әулие.*— Аумин!— деді Құрбан орнынан ытып тұрып.— Жортқанда жолың, *қыдыр баба* жолдасың болсын деңдер (Р. Райымқұлов, Түйелі адам). Көрсетпек болды Дотан бір қайратты, Қаракөк мініп алды тұлпар атты.— Я, алла, *қыдыр бабам* медет қыл деп, Ер Дотан көп қалмақты қуып кетті (Батырлар жыры).

БАБАЙ зат. 1. Эмоц. *Баба сөзінің құрметтеу, сыйлау мәнінде қолданылуы.* Не қылдың, нені істедің, кеттің қалай, Дүние оқыр сені Ленин *бабай,* Жылады жалпы жалпы, жетім қалды, Қош *бабай!* Қоштасамыз енді былай (І. Жансүгіров, Шығ.). 2. Сөйл. *Қарт, шал.* Камераның есігі кенет салдыр ете қалды.— Киргиз *бабай,*— деді темір есікті салдыр еткізіп ашқан түрмеші... (Х. Есенжанов, Тар кезең). 3. *Жас балаларды қорқытқанда айтылатын сөз, құбыжық.* Ұстазым бол, Кесемім бол, Әкем бол, Болма бірақ қорқытатын *«бабайым»* (Қ. Мырзалиев, Ақ отау).

БАБАЛА ет. *Бабасына сыйыну, бабасын шақыру.* Көріне жаудың шыдамай, Балалар шулап аналап, Ата-ана зарлап, *балалап.* Тұрғанда жау қамалап, Аманкелді, ал жетті, Қамысты бетке паналап (Ақын жырлары).

БАБАЛАТ *Бабала етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Келбетті бір шал кетіп бара жатты, Көрінді түсі жылы, көңілі шатты. Сезіліп жайлылығы жастарға да, Артынан топ баланы *бабалатты* (Ақын жырлары).

БАБАЛАТУ *Бабалат етістігінің қимыл атауы.*

БАБАСАЛ сын. сөйл. *Ақыл тоқтатқан, байсалды.* Алдарына жайылған үлкен қызыл ала дастарқан. Оң жақ шетте қымыз сапырып отырған *бабасал* Ажар бәйбіше (А. Лекеров, Түз гүлі).

БАБАУЛА ет. сөйл. Бебеуле. Үш аяқтан жорғалап, Тамшылап қаны сорғалап, Оқ тиген соң баяулап, Жаралы құлан *бабаулап,* Қалды-ау, деп күй қақсады (Т. Жароков, Шығ.).

БАБЫ: бабына келді. *Дер кезіне, дәл уақытына жетті, нәшіне келді. Бабына келген* тұлпардай, Шабыты келген сұңқардай, Жыр теңізін шалқытар Жамбыл *келді бабына* (Жамбыл, Шығ.). Ақ сүлгінен белгілі, Қызылшаның бітімі. Тасиды оның өнімі, *Бабына келсе* күтімі (М. Хакімжанова, Жыр асуы).

БАБЫНДА үст. *Нағыз дер шағында.* Мәдинаның асқан еті әбден *бабында* піскен екен, шалдар жағы дән риза («Лен. жас»). Көктемгі жер *бабында,*— Ал, десе әке,— тез егін...— Ертең де күн бар тағы,— Депті ұлы безеріп (М. Әлімбаев, Орақ.).

БАГАЖ ор. зат. *Буылған жүк, тең.* «Апырай, бұл қартты қайда көрдім» деген ұзақ ойға жете алмай тұр едім, *багажын* өлшетіп қайтқан жаңағы қасындағы біреуге әңгіме айтып жатыр екен (Ә. Әбішев, Замана перзенті). Жолаушы жол ақысын, ал *багаж* тапсырған багаж тасымалы үшін де белгіленген ақысын төлеуге міндетті («Соц. Қаз.»).

БАГОР ор. зат. *Сабы ағаштан жасалған темір ілмек.* Ұзын сапты *багормен* әлденені кері итеріп, әбден әуре болуда (Ә. Сәрсенбаев, Толқында.).— Михаил Иванович, қане жіберіңіз,— үлкен үкі аузында тұрған жігіт сырыққа байлаулы арқанды *багорымен* іліп тарта бастады (Бұл да).

БАГОРЛЫ сын. *Багоры бар.* Аралдан бөліне қашқан көлемі қой қотанындай үлкен мұз кесектерін *багорлы* жігіттер бас салып әлдеқайда сүйреп барады (Ә. Сәрсенбаев. Толқында.).

БАҒА зат. 1. *Заттың құны, нарқы.* Мұндай аттың *бағасы* кем дегенде 40—50 сом,— деді Неғметжан Балуан Шолақ-қа (С. Мұқанов, Шығ.). Совхоз жұмысшыларына, колхозшыларға және басқа тұтынушыларға олардың жеке пайдалануы үшін керекті ағаш республика немесе облыс белгілеген *бағa* бойынша сатып беріледі (А. Әбішев, Ауылда.). Біреуі басы артық жүн-жұрқасынан құтылғанына қуанса, біреуі өзіне керегін қалағанынша таңдап, қадағына екі-үш тиыннан *бағa* кесіп алып жатыр (Ғ. Сыланов, Асау арна).

2. П е д. *Оқушының білім дәрежесін анықтауда қойылатын бес балдық жүйе.* Мұстафаның көңілді болатын да ретi бар, ол бүгін орыс тілінен «бес» деген *баға* алды (А. Тоқмағамбетов, Шығ.). Оқу майданындағы жарты жылдықты өте жақсы *бағамен* аттандырып, ол «уһ» деп бір дем алды (М. Иманжанов, Адам тур.). **3.** А у ы с. *Қадір-қасиет. Бағаңды* білмейді екенсің ғой. Кейбір келіншектер сен дегенде ішкен асын жерге қояды деп естідім (З. Шашкин, Сенім). ◆ **Баға жетпес.** *Теңдесі жоқ, өте құнды.* Жоғарыда біз, бүгінгі біздің адам басындағы кей қасиет, сыпатты айттық. Сол адам өсіріп өзгеше сапа таптырған мал баласындағы *баға жетпес* қасиет, сыпатты да еске алдық (Алғы шепте). Ұлы Отан соғысы жылдарында Жамбыл өзінің шабытты өлеңдерімен халыққа *баға жетпес* қызмет көрсетті (М. Қаратаев, Туған әдеб.). **Баға жоқ.** *Аса құнды, қадірлі.* Байлығы байланысты бір-біріне, Әрқайсысы бәрі дайын керегіне, Кенді артып, паровоз айдап күш беретін, *Баға жоқ* Қарағанды көміріне (И. Байзақов, Таңд.). Әр елдің Монтекеңдей ағасы жоқ. Болса да ондай үздік *бағасы жоқ.* Жалғыз-ақ ел мен ердің ойлайтыны, Өзі өлсе, Монтекеңнің баласы жоқ (И. Байзақов, Құралай). **Бағасы артық.** *Қадірлі, ардақты.* Уа, жатырмысың тыныстап, Ленин сынды бабамыз. Жер шарының бетінде *Артық* еді *бағаңыз* (К. Әзірбаев, Шығ.). **Бағасы асты.** *Қадірі артты, беделі артты.* Жарас-ай, өзің болдың анық ағам, *Асты* ғой бәрінен де сенің *бағаң* (М. Әуезов, Шығ.). **Бағасы кетті.** *Қадірі кетті, беделі түсті.* Қадірің кеткен соң, *бағаң да кетеді* (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.). Еріккеннің ермегі болғанша, Еңбектің өрнегі бол. Ар-намыс, адамдығыңды сатпа. *Бағаңды* жұртқа *кетіріп,* Басыңды бұлғап шатпа (Ү. Кәрібаев, Шығ.). **Өзіндік баға.** Э к о н. *Товарды шығаруға немесе сатып алуға жұмсалған қаражат, құн.* Еңбек өнімділігін арттырып, өнімнің *өзіндік бағасын* кемітіп, шығарылатын өнімнің түр-түрін молайтып, сапасын жақсарту керек («Соц. Қаз.»). Социалистік жарыстың міндеті — тасылатын жүктің *өзіндік бағасын* кеміту (Бұл да).

БАҒАЛА е т. **1.** *Баға қою.* Өздері бір жылқыны отыз бес сомға *бағаласаңда,* ең болмаса мың жылқы тұрмағанымыз ба? (І. Есенберлин, Қаһар). **2.** А у ы с. *Қадірлеу, құрметтеу.* Абай Дәмежанның өнерін аналық асыл қасиет деп *бағалады* (М. Әуезов, Абай). Коммунистік партия өнер адамдарының еңбегін жоғары *бағалады* (С. Мәуленов, Жұлдызды жыл.). Майра зердесін *бағалай* отырып, Сұлтанмахмұт ән әлемінің сырларына үңілген еді, Сол жайын әңгіме етіп кетті (Д. Әбілев, Арман жолы).

БАҒАЛАН *Бағала етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Бұл жарлық бойынша жүз қарадан бір қара салық алынып, егер ол ақшадай төленетін болса, жылқы басы 35 сомға, өгіз жиырма сомға, қой екі сомға *бағалансын* делінбек (І. Есенберлин, Қаһар). «Жасауыл қырғыны» жоғары *бағаланды.* Оған кезінде Қазақ ССР Министрлер Советінің Жамбыл атындағы сыйлығы берілді (С. Мәуленов, Жер нәрі).

БАҒАЛАНУ *Бағалан етістігінің қимыл атауы.* Бұл динарлардың құнды болып, бүкіл Монғолия патшалығында бірдей *бағалануын* Меңке хан саудагерлер арқылы жүргізіп келген (І. Есенберлин, Алмас.).

БАҒАЛАС[1] *Бағала етістігінен жасалған ортақ етіс.* Белгібай мен Әнуар бір семіз сиырға зорға дегенде *бағаластыау* (Ауызекі тіл).

БАҒАЛАС[2] с ы н. *Бағасы бірдей, бағасы қатар, теңдес.* Сауранбай, батыр Қайқы, Басқынбаймен, Жалғанның ерлері осы дастарқандас! Әбділда, Ысмайыл мен Жүсіпназар, Заманның найзатары бір *бағалас* (Айтыс).

БАҒАЛАТ *Бағала етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Мемлекеттік зор құрылыс бүгінгі Индияның техникалық мәдениетін *бағалатады* (М. Әуезов, Шығ.). Бағана құн жетпейтін Құлагерім, Келуші ең қаранды үзіп шаңырқатып. Бір сиыр, жүз теңгеге түскен тұлпар, Алып ем нағашыма *бағалатып* (Ақан сері, Шығ.).

БАҒАЛАУ *Бағала етістігінің қимыл атауы.* Біз, еңбекшілер осы күшпен ғана есептесуге, соны ғана *бағалауға,* соған ғана сүйенуге міндеттіміз (С. Мұқанов, Есею жыл.). Қарамеңді баласын тоқтатуға асықты.— Бәрің де әдемісіңдер, тек соны *бағалауларың* әдемі емес (Ж. Молдағалиев, Сарыарқа).

БАҒАЛАТУ *Бағалат етістігінің қимыл атауы.* Сол шамадағы өз сөздерін алтынға *бағалату* үшін аға ақынның әр сөзін көтере бағалайтындар көбейіп барады (Ғ. Мүсірепов, Кездесп. кет.).

БАҒАЛАУШЫ з а т. 1. *Баға беруші.* Белгібай сатар малына *бағалаушы* тапты-ау ақыры (Ауызекі тіл). 2. А у ы с. *Қадірлеуші, құрметтеуші.* Ерекше халықшыл бағыты үшін, өнер, еңбегі үшін Абайды *бағалаушы* халық саны сол тұстың өзінде де көбейіп қалған (М. Әуезов, Әр жыл.). Әдебиетті *бағалаушылар* оны «айна» деп атайды. «Айна» деген сөз кімге болса да түсінікті, ол адамның сыншысы (С. Мұқанов, Өсу жол.).

БАҒАЛАУШЫЛЫҚ з а т. *Бағасын түсінушілік.* Тек июльдің соңғы кездерінде Алматыда болып өткен республика кеңесінен кейін ғана бөлектеп жинау әдісін *бағалаушылыққа* қарсы үзілді-кесілді тойтарыс берілді (Ә. Нұршайықов, Тың астығы).

БАҒАЛАУЫНША ү с т. *Бағалауы бойынша, бағалауына қарағанда.* Шоқанның *бағалауынша,* Банзаров — шын мағынасындағы ғалым адам (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз).

БАҒАЛЫ с ы н. 1. *Бағасы жоғары, қымбат.* Қашанда, қандай қымбат нәрсе болмасын, аларда *бағалы,* сатарда бағасыз болатыны белгілі (С. Мұқанов, Есею жыл.). Қара бұйра қаракөлдің қаншалықты *бағалы* екенін әркім де айтпай сезетіндей (С. Мәуленов, Жұлдызды жыл.). Мандай тер, табан ақыммен тапқан, шешем мен жеңгеме әкеле жатқан *бағалы* асыл бұйымдарым бар (Б. Соқпақбаев, Өлгендер.). 2. А у ы с. *Құнды.* Абайдың қара сөздері оның ақындық мұраларына қосылған *бағалы* қазына деймін (М. Әуезов, Әр жыл.).

БАҒАЛЫЛЫҚ з а т. *Құндылық.* Орыс халқының рухани мәдениетінің нағыз *бағалылығын* көріп, танығаннан кейін Абайдың ой-өрісі тамаша зор ұлғайды (ҚазССР тарихы). Кейде кенді аудандардың руда байлықтары көптеген кен орындарының *бағалылығы* туралы ертедегі ұғымымызға мүлдем жаңа мағына береді (М. Бакенов, Қазақст. ресурс.).

БАҒАМДА е т. ж е р г. *Шамалау, пайымдау.* Ол ұзақ жолға шықпас бұрын бәрін де өзінше *бағамдай* болжаған (К. Сегізбаев, Ашылмаған сыр). Әйтсе де жүрекке әсте әмір жүрмейтінін, жүрген күннің өзінде, қасиеті қалмайтынын *бағамдаған* («Лен. жас»).

БАҒАН з а т. *Бағана, діңгек.* Қонақтар аттарын алыстағы *бағанға* қалдырады да, өздері ордаға шұбырып жаяу келеді (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз). Көшедегі телеграф *бағандары* ызылдап тұр екен, соған құлағын тосып, белгісіз тілді біраз тыңдады (Қ. Жармағамбетов, Екі жүрек). Ықсанның көзі көше жиегіндегі ескі *бағанға* түсті (М. Сүндетов, Ескекшілер.).

БАҒАНА[1] з а т. *Жерге тігінен орнатылған жуан әрі ұзын діңгек. Бағаналар* қадап, электр тогымен жарық беретін трамвай жүретін машина жіптен жіңішке сымдар тарттық (Ө. Тұрманжанов, Адам.).

БАҒАНА[2] ү с т. *Бұдан біраз, бірталай уақыт бұрын, мана.* Сен суырылып сөйлеп *бағана* қонақтарға дұрыстап шай ішкізбедің (Ә. Нұршайықов, Менің Қазақст.). Айдай жайнап жағада, Айша тұрды күлімдеп. Айтылған сыр *бағана,* Келді маған күбірлеп (Қ. Бекхожин, Ардагер.).

БАҒАНАҒЫ с ы н. *Бұдан бұрынғы, манағы. Бағанағы* бір мақтан, *бағанағы* қуанған, күлген сөздеріміз қайда? (Абай, Тол. жин.). Мардан күліп: — Біздің *бағанағы* таласымызға сен енді жеңіліп мойындаған шығарсың? — деді (І. Жансүгіров, Шығ.). Еламан ескекті Мөңкемен бірдей алып келе жатқан. Оны *бағанағы* ой қайта мазалап, тынышсыздандырып кетті де, бұрылып ілгері жағына көз тастады (Ә. Нұрпейісов, Сергелдең.).

БАҒАНАҒЫДАЙ с ы н. *Әлгі бір кездегідей.* Жүрегім *бағанағыдай* селкілдеп, зулауға шамасы келмей қалды білем (І. Жансүгіров, Әңгім.). *Бағанағыдай* емес балапанды алғаннан кейін Сөтжаннан қорқу, сескену хаупі қалып, мақсат орындалғандай тұла бойын қуаныш биледі (С. Бегалин, Таңд.).

БАҒАНАДАЙ с ы н. *Бағана сияқты.* Жалғыз Бейтен ғана тас *бағанадай* қарауытып, қолын бұлғап, сол орнында көзден таса болғанша тұра берді, тұра берді (И. Жақанов, Қайта оралғ.). Үйдің ортасында маздаған оттың сәулесі алтын *бағанадай* шаңырақты тіреп, бүкіл үй ішін жарық етті (А. Лекеров, Түз гүлі).

БАҒАНАДАН ү с т. *Манадан бері, манағы бір кезден бері.* Қаражанмен әзілдесу Абайдың *бағанадан* бергі түйілген көңілін басқаша жадыратқандай (М. Әуезов, Абай жолы). *Бағанадан* ауыз үйде отырған Мәжит, Мақметтер күте-күте на-

чальникке жолыға алмай кетті (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). Осы кезде Есімнің оң жағында *бағанадан* бері үндемей отырған қонақ бала күліп жіберді (А. Лекеров, Түз гүлі).

БАҒАНАЛЫ[1] с ы н. *Бағанасы бар, тіреулі. Бағаналы* боз орда, Еңкейіңкі күн болған (М. Өтемісов, Өленд.).

БАҒАНАЛЫ[2] ү с т. с ө й л. Бағанадан. *Бағаналы* бері атасының сөзіне назар аудармаған Қаншайым да төмен құлай берген көңілге риза емес. Бірақ сөзге араласа кетуге дәрменсіз (А. Байтанаев, Қайнар бұлақ).

БАҒАНАСЫЗ с ы н. *Бағанасы жоқ.* Көк аспан алыссың-ау көрер көзге, Биік жоқ табиғатта сенен өзге, Байлаусыз, *бағанасыз* тұрсаңдағы, Тағдыры ай мен күннің бір өзіңде (Х. Өтеғалиева, Ана жыры).

БАҒАНДАЙ с ы н. *Бағана сияқты, бағана тәрізді.* Халық тұрды күтіп көзін ала алмай, Көк тіреген өңшең алтын *бағандай.* Шаңы қою бұл не дүрмек, япырмау, Алаң көңіл жұрт та шыдам таба алмай (Ғ. Қайырбеков, Қосбасар).

БАҒАНША ү с т. *Баған секілді.* Айтып боп тоқтағанда алыс жақтан, *Бағанша* құм ұйтқиды аспанға атқан. Естіліп шылдыраған қоңырау даусы, Көрінді алыстан жүк кілем жапқан (XX ғ. қаз. ақын).

БАҒАР: бағар көбейсін. *Мал басы артсын деген тілек.* Аға шопанға сөлем бере Әбдіжан: — Сайдеке, *бағар көбейсін,*— деп ауыл салтындағы мал шаруасының жылы сөзімен амандық лебізді бастады (С. Бегалин, Уақыт тынысы).

БАҒАСЫЗ с ы н. 1. *Бағасы қойылмаған.* Дүкенге жаңа түскен товарлар әлі *бағасыз* еді, сондықтан дүкенші Әнуар бұларға ешнәрсе сата алмады (Ауызекі тіл). 2. А у ы с. *Арзан, татымсыз, маңызсыз, мәнсіз.* Есер кісі орын таппай, не болса сол, бір баянсыз, *бағасыз* нәрсеге қызығып құмар болады (Абай, Тол. жин.). 3. А у ы с. *Аса қымбат, баға жетпес.* Ән мен күй... Халқымыздың мәдени байлығына қосылған *бағасыз* мұра боп тұрады (І. Омаров, Серпін).

БАҒАСЫЗДЫҚ з а т. *Бағаның төмендігі, құнсыздық.* Қағаз ақша шамадан тыс көп шығарылса, немесе товар айналымы кеміген жағдайда қағаз ақша *бағасыздыққа* ұшырайды (Саяси экономия).

БАҒБАН з а т. *Бау-бақша күтуші, баптаушы.* Талай-талай тал шыбықты жастайынан аялап күтіп, сан жылдарда саялы баққа айналдырған қолы құтты *бағбан* жайын жұрттың көбі біле бермейді (Ж. Ысмағұлов, Адам.). Ойлана қалсам ежіктеп, Ұлы Отан — рас гүлді бақ. Басқа жер-суды кезіп кеп, *Бағбанның* сырын білдімақ (Х. Ерғалиев, Күн күмбез). Көктемде сәбидей көңілді, Тыңдайды ол сылдырын бұлақтың. Мәпелеп әр талды, әр гүлді, Жүреді қарт *бағбан* ұзақ күн (Қ. Мүсірепов, Раушан).

БАҒБАНДЫҚ з а т. *Бағбан кәсіпшілігі.*— Сіз сонымен, *бағбандық* өнерімен қатар әсем ән, сұлу сахна өнеріне де баулиды екенсіз ғой жұртты (Ж. Исмағұлов, Адам.).

БАҒБАНШЫЛЫҚ з а т. *Бағбандықпен айналысушылық.* Нұршаның әкесі Аралбай да өмірін *бағбаншылықпен* өткізген адам (С. Мұқанов, Саяхаттар). Бұрын мен Сібірде көп жылдай *бағбаншылықпен* айналысқан едім (Б. Тәжібаев, Қараторғай). Әдетте, *бағбаншылық* кәсібінде сапасы жақсы мәдени сорты оның жабайы түріне телиді (Т. Мұсақұлов, Ботаника).

БАҒБИ е т. с ө й л. Бағжи.— Әйтеуір жақсылық емес. Өйткені сенімен бірге құқ болғандардың ішінде бұрынғы болғандардан да, молдалардан да бар екен десті ғой?— деп Қаратайдың көзі *бағбия* түсті (І. Жансүгіров, Шығ.).

БАҒДА: бағда беру. *Бағзы бірі, кейбіреуі. Бағда біреулері* беліндегі сүйек сапты бұйда пышақтарын қылшылдата қайрап, бөтен қарулары болмағандықтан, жуандығы білектей сай бойына бітken тапал қарағайдың түзулерін тауып алып, жұмыр түбірімен суырып, кеспелтек шоқпар жасауға кіріскен (І. Есенберлин, Қаһар). Ал *бағда біреулерінің* жанында кәдімгідей кіші-гірім тас қорған тұрғызылған (Бұл да).

БАҒДАР[1] з а т. 1. *Бағыт, бет алыс.* Сол жарық жұлдыздардың ішінде де жолаушыға *бағдар* болатын, жол сілтейтін жұлдыздар бар (С. Мәуленов, Жер нәрі). Олардың да рацияға бара жатқан беті екен. Боранда адасып, *бағдарынан* жаңылып қалыпты (Т. Әлімқұлов, Ақбоз ат). Төніректе *бағдар* етіп бетке ұстайтындай ештеңені боран көрсетпейді (Б. Соқ-

пақбаев, Жекпе-жек). 2. *Шама-шарық, мөлшер, деңгей.* Әсіғат екіншілей өзеурей қойған жоқ. Білегіндегі алтын сағатына үңіліп, уақыт *бағдарын* біліп алды (С. Омаров, Дала қызы). Алай да болса, азырақ, Толғау, терме сөйлейін — *Бағдарын* әлдің шамалап (Үш ғасыр.). ◆ **Сөз бағдары.** *Сөз бағыты.*— Мәселен, Сәрсенбай, сен, саулықтарың жыл бойы қоңды бағылса да, төлді көп ала алмапсың,— деп қояды Жазекең.— *Сөзіңнің бағдарына* қарағанда бір қателікке жол бергенсің бе,— деп ойлаймын (Октябрь өрендері). ...Сәбиғаның *сөз бағдарына* қарағанда шектен шыққан да мен (И. Жақанов, Қайта орал.).

БАҒДАР[2] з а т. м а т. *Геометриялық негізгі ұғым.* Оң және сол координата жүйелері де *бағдар* ұғымына байланысты шыққан (ҚСЭ).

БАҒДАР[3] з а т. *Әшекей бұйымдарға салынатын ою, өрнек, бедер.* Мұқарабаның қастары белбеудің қара *бағдары* сияқты, қап-қара (Х. Есенжанов, Ақ Жайық).

БАҒДАРЛА[1] е т. 1. *Бағытты анықтау.* Бетімізді *бағдарлап* алу үшін мына бір төбешікке шығалық, бері жүріңіз,— деді Дәуір (Ә. Әбішев, Замана перзент.). Қатпар-қатпар тау жоталарынан оның асу дегені қайсы екенін Мақсұт *бағдарлай* алмай қалды (С. Сарғасқаев, Көңілді бала). Аздан соң қапшықтарын иығына іліп, жорықшылар компаспен жол *бағдарлап* алды да, тау бөктерін жағалай жоғары көтерілді (Н. Ғабдуллин, Қызық дәурен). 2. А у ы с. *Болжам жасау, анық-қанығына жету.* Баланың ішкі сезімін *бағдарлайтын* педагог оның зеректігін бірден аңғарды (Қ. Әбдікадыров, Мақташы қыз).— Жай, әшейін,— деді алғашқы аптығуы әбден басылып, енді болған жәйтті *бағдарлап* ойға қалып отырған Айгүл (Қ. Сатыбалдин, Қараторғай). Баласының не ойлағанын әкесі *бағдарлап* біле алмады («Лен. жас»).

БАҒДАРЛА[2] е т. *Өрнектеу, ою салу.* Анам аттанарда қолына *бағдарлаған* қос білезік салды, беліне *бағдарлаған* күміс белбеу тақты (Ауызекі тіл).

БАҒДАРЛАҒЫШ с ы н. *Бағыттағыш, сезгіш.* Ең қызығы, көп жасаған *бағдарлағыш* медуза тек қана ұрғашы жынысты болады (Қ. Қайымов, Қызықты зоология).

БАҒДАРЛАН *Бағдарла етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Сонымен барар бағыт *бағдарланды* («Лен. жас»). Двигатель қондырғысы жұмыс істеуінің қарсаңында корабль кеңістікке *бағдарланады* («Соц. Қаз.»). Оқтың беті нақты *бағдарлана* қоймаса да, дене түршігіп, өне бой шымыр-шымыр етті («Соц. Қаз.»).

БАҒДАРЛАНУ *Бағдарлан етістігінің қимыл атауы.*

БАҒДАРЛАС[1] е т. *Бағдарла етістігінен жасалған ортақ етіс.* Жол үстінде кездескен Белгібай мен Тәпкен бір-бірінен жөн сұрап *бағдарласты* (Ауызекі тіл).

БАҒДАРЛАС[2] с ы н. *Бағдары бір.* Кіші жүздің баласында Кете, Керей едік жөндес. Қараңғыда шықса дауыс, *Бағдарлас* ел емес пе үндес? (Айтыс).

БАҒДАРЛАСТЫР *Бағдарлас етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Өзінің осындай іштей партияның ары мен өзінің арын *бағдарластырған,* сәл шиеленістірген оймен отырып қалған Жарасов қазір сөйлеп жатқан обком секретары Әлім Ерімбетовтың алғашқы сөздерін андай алмай да қалған екен (М. Әуезов, Өскен өркен).

БАҒДАРЛАСТЫРУ *Бағдарластыр етістігінің қимыл атауы.* Олардың баратын бағытын *бағдарластыру* қажет (Ауызекі тіл).

БАҒДАРЛАТ *Бағдарла етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Жауған қардың бозалаң сәулесі мен жолдан оқта-текте өте шыққан машинаның жарығы ғана алдыартыңды *бағдарлатады* (Ш. Құмарова, Қос шынар).

БАҒДАРЛАТУ *Бағдарлат етістігінің қимыл атауы.* Жер жағдайын білмеген жас шопанға сол өңірді *бағдарлатуда* Қизат қарттың еңбегі зор болды (Ауызекі тіл).

БАҒДАРЛАУ 1. *Бағдарла етістігінің қимыл атауы.* Айналаны көзбен *бағдарлау* дегеніміз дәл қазір мүмкін болмады, түн қараңғы көрпесін әбден айқара жамылған еді (М. Иманжанов, Таныс қыз). Түн ішінде айналаны *бағдар-*

лау қиын. Бағыттан тайсаң, адасуың хақ (С. Сарғасқаев, Көңілді бала). Нағыз бақылау аспан ашық түндердің бірінде Күн арқылы *бағдарлауды* үйренген жерде жүргізілді («Халық мұғ.»). Сомдап соғылған халықтық тапқыр сөздер мен нақылдарда бейнеленген адам қарым-қатынастарының алуан-алуандығын *бағдарлау* да қиын-ақ (М. Әлімбаев, Өрнекті сөз). 2. Тех. *Космостық ұшу аппаратының жұмыс мақсатына қарай бұрыштық қалпын анықтау, айқындау* (ҚСЭ). ◆ **Бағдарлау датчигі.** Тех. *Космостық ұшу аппаратының бағдарлау жүйесіндегі позициялық датчик* (ҚСЭ). **Бағдарлау спорты.** Спорт. *Қатысушылардың жас ерекшеліктеріне қарай мәре мен жол бойындағы бағдарлау пункттері жалаумен белгілене өткізілетін спорт ойындарының бір түрі* (Бұл да).

БАҒДАРЛАУШЫ зат. *Шолушы, бағыт көрсетуші.* Талыб пен Сарыл өлген соң жолдың *бағдарлаушысы* да, межелеушісі де, бастап жүріп отырушысы да Әбдісамадтың жеке өзі болып қалды (Мың бір түн).

БАҒДАРЛЫ[1] сын. *Оюлы, өрнекті.* Күрлен ерінің қасына іліп қойған күміс *бағдарлы* және сүйектеген, үлкен шақшаны алып насыбай иіскеуге ыңғайлана бастады (Х. Есенжанов, Тар кезең). Бірнеше жүген, ер, өмілдірік, құйысқан дегендердің бәрі *бағдарлы* күміспен күптелген (Ж. Тілеков, Жоңғар даласы).

БАҒДАРЛЫ[2] сын. *Байсалды, ұстамды.* Әрқашанда ағынан жарылатын, мөлдір ниеттен айнымайтын секретарь, сыпайы да салмақты, *бағдарлы* қалыптан таймайды (С. Хайдаров, Азамат келбеті). Кішіпейіл, әрі сергек жанды Ермекова Бопан өз шәкірттерін, олардың ішінде қазақ қыздарын да ғылымға *бағдарлы*, тиянақты болуға, өздері жөнінде қатал болуға баулуда (Абзал жандар). ◆ **Бағдарлы снаряд.** Тех. *Алдын-ала белгіленген траекторияға (маршрут) арнаулы нысанаға жіберілетін ұшқышсыз аппарат* (ҚСЭ). **Бағдарлы сөз.** *Үлгілі, өнегелі сөз.* Қалдыбай мына сөзімен Асанға тағы да біраз ой салды. Ішімдіктен бас ала алмай, есеңгіреп жүрген әкеден Асан бұндай *бағдарлы сөз* күтпеген еді (А. Байтанаев, Асан).

БАҒДАРНАМА зат. неол. *Жол бағытын көрсететін белгі.* Бұл өңірдің адамдары қызық па деймін, қай жолдың қайда апаратынын анықтап, *бағдарнама* неге қағып қоймаған десеңізші (С. Шаймерденов, Қарғаш).

БАҒДАРСЫЗ сын. 1. *Бағытсыз.* Адамзат замандар бойы бақытты өмірді аңсап, армандап, адасқан жолаушыдай *бағдарсыз* келді (С. Байжанов, Жастық шақ.). Ғариб қолға түскеннен соң, оның әскерлері қойшысыз қойдай *бағдарсыз* қалды (Мың бір түн). 2. Ауыс. *Белгісіз, орынсыз. Бағдарсыз*, тілсіз дерт болып, Алыстай берді жақсы үміт. Құшия жанып, өрт болып, Алаулап қайтты жас жігіт (Н. Шакенов, Айгүл). Темірбек *бағдарсыз* бір кіжініп алды да, ескек ұстаған екі жігітке қайықты жел өтіне бұруға бұйырды («Лен. жас»).

БАҒДАРШЫ зат. *Бағыт сілтеуші, жөн көрсетуші.* Ақындар өз тұсының керуендеріне *бағдаршы* болып... уақыт ағысына ықпай тұрып қалады (С. Мәуленов, Жер нәрі). Темірқазық жұлдызы — аспанның солтүстігінен аумай, жер тараптарын білдіріп тұратын *бағдаршы* жұлдыз (Х. Әбішев, Аспан сыры).

БАҒДАРШЫЛ сын. *Байқағыш, аңғарғыш.* Былайша *бағдаршыл* Наурыз ай жарығында адаса қоймаспын деп сенеді (Ө. Қанахин, Жас дәурен). Сұлтанмахмұт көзін Кенжетайдан Шакизатқа аударып, оның *бағдаршыл*, естілігін аңдап отырған сияқты (Д. Әбілев, Арман).

БАҒДЫНДА уст. кітаб. *Ретінде, жөнінде.* Сәлем *бағдында* [әжеме, ағама] айтар сөзіміз — ұстазым кеше зауыттың үлкен қызыл мектебіне әкеліп түсірді (Ғ. Мұстафин, Көз көрген).

БАҒЖАҢ: бағжаң етті. *Көзі алаң ете түсті, шошына жалт қарады.* Майдан көзін *бағжаң еткізіп* бұға берді, сірә, қамшы қатты тиіп кетсе керек («Лен. жас»). Сөзім батып кетті ме білмедім, ол маған жақтырмаған кейіппен *бағжаң ете* қарады (Бұл да).

БАҒЖАҢ-БАҒЖАҢ: бағжаң-бағжаң етті. *Көзін бағжаңдатты.* Қалғып кеткен адамдар ашы дауыстан көздерін *бағжаң-бағжаң еткізіп* ашып алады (Ш. Мұртазаев, Табылған теңіз).

БАҒЖАҢДА ет. *Бағжаң-бағжаң ету.* Түкке түсінбеген Майдан көзі *бағжаңдап* киіне бастады («Лен. жас»).

БАҒЖАҢДАС *Бағжаңда етістігінен жасалған ортақ етіс.*

БАҒЖАҢДАСУ *Бағжаңдас етістігінің қимыл атауы.*

БАҒЖАҢДАТ *Бағжаңда етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БАҒЖАҢДАТҚЫЗ *Бағжаңдат етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БАҒЖАҢДАТҚЫЗУ *Бағжаңдатқыз етістігінің қимыл атауы.*

БАҒЖАҢДАТУ *Бағжаңдат етістігінің қимыл атауы.*

БАҒЖАҢДАТТЫР *Бағжаңдат етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БАҒЖАҢДАТТЫРУ *Бағжаңдаттыр етістігінің қимыл атауы.*

БАҒЖАҢДАУ *Бағжаңда етістігінің қимыл атауы.*

БАҒЖИ е т. *Көз алмай тесірею, көзі адырайып кету.* Документтерін көрсеткелі тұр деді ме, қалай, комендант әйтеуір екі көзін айырмай, бетіме *б а ғ ж и я* қарап отыра берді (Қ. Қайсенов, Жау тылы). Үрейі ұшып көзі *б а ғ ж и ы п* кеткен жапалақ жанарына көзім түсіп кетті («Лен. жас»).

БАҒЖИТ *Бағжи етістігінен жасалған өзгелік етіс.* [Жанбосын] Көзін *б а ғ ж и т ы п,* ернін шығарып, аузын қисайтып келекелейді өзімді (Б. Соқпақбаев, Бастан кеш.).

БАҒЖИТҚЫЗ *Бағжит етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БАҒЖИТҚЫЗУ *Бағжитқыз етістігінің қимыл атауы.*

БАҒЖИТТЫР *Бағжит етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БАҒЖИТТЫРУ *Бағжиттыр етістігінің қимыл атауы.*

БАҒЖЫРАҢ ү с т. ж е р г. Бағжаң. Моторбай кішірек көздері *б а ғ ж ы р а ң* етіп, бұған тесірейе қалды (С. Мұратбеков, Көкорай).

БАҒЗАМА з а т. *Пайдаланылған кір суы, жуынды.* Кірленкіреп кеткен киімдерді *б а ғ з а м а ғ а* салып қойды (Ауызекі тіл).

БАҒЗЫ с ы н. 1. *Кейбір, қайсыбір.* Біліп айтқан *б а ғ з ы л а р:* әкем күйеу болған жер, шешем келін болған жер! (З. Қабдолов, Жалын). *Б а ғ з ы* уақыттың толдің алғашқы дәуірінде кейбір мүшелері жойылмай қалып қояды (Х. Арғынбаев, Қаз. этногр. очерк). 2. Ү с т. *Бұрынғы, баяғы.* Баяғы үй *б а ғ з ы* қалпында, Баяғы думан арылмас. Жаңалық емес салтыма, Жиналып қалған көрі-жас (А. Шамкенов, Сырларым.). Қараса кенет бұрылып кейін, Әйел тұр *б а ғ з ы* орнында, Алқының Төкен жүгірді кейін, Қалды — деп — неге ол мұнда (Ш. Мұхамеджанов, Ана құшағы). Халқымыздың *б а ғ з ы* заманнан бергі аса қастерлеп бағалайтын сусыны — қымыз (Д. Керімбаев, Жылқы өсіру.). ◆ **Бағзы бір.** *Кейбір.*

БАҒЗЫДА ү с т. *Кейде, кейбір кезде.*

БАҒЛАН[1] з а т. 1. *Жетілген семіз қозы; марқа; кепе.* Сандыбай үйінің жер ошағындағы тай қазанда бүлкілдеп қайнап жатқан семіз *б а ғ л а н н ы ң* еті жеусіз қалды (С. Омаров, Күншуақ). Ишан сөзі біте үйге екі жігіт сырлы астауға салған жаңа сойған семіз *б а ғ л а н н ы ң* етін алып кірді (І. Есенберлин, Қатерлі өткел). Қошақаннан қозы, қозыдан марқа, марқадан *б а ғ л а н,* бағланнан кепе, кепеден тоқты болып жетіледі (Б. Қыдырбекұлы, Шайтан. шатағы). 2. А у ы с. *Таңдаулы азамат, игі жақсы.* Бас қосып *б а ғ л а н д а р м е н* қалмақ үшін, Ізденіп келіп тұрмын Қарқарадан (Жамбыл). Болыпты кімнен төмен Әлібегім, Әрі бай, әрі *б а ғ л а н,* Әрі бегім (М. Әуезов, Шығ.). Заты ұрғашы демесең, уа, жігіттер! Әйелдің көрдім сондай *б а ғ л а н* керін (Әсет, Шығ.).

БАҒЛАН[2] з а т. з о о л. *Өзендер мен көлдерде балықпен қоректенетін кішілеу құс.* Анау қанатымен су сабалап, қиқулап келе жатқандар *б а ғ л а н д а р* (Ә. Сәрсенбаев, Толқында).

БАҒЛАНДАЙ с ы н. *Бағлан сияқты.* [1-омон.]. Қабанбай мені бірден *б а ғ л а н д а й-а қ* көтеріп ұрып, қол-аяғымды матап тастады (С. Камалов, Әңгім.). Өзі теңі ішінде, Асырып дәурен сүргізді, Уызында жарығаң, Ерте туған *б а ғ л а н д а й,* Толықсытып жүргізді (Батырлар жыры). ◆ **Бағландай болып өсті.** *Бұла боп өсті, толықсып жүрді.* Тұран ед Бидаттағы қырық мың үйлі, *Б а ғ л а н д а й б о л ы п ө с к е н* өте күйлі (Т. Ізтілеуов, Рүстем).

БАҒУ *Бақ етістігінің қимыл атауы.* Қой *б а ғ у,* малды күту қазақ үшін өте

сүйікті еңбек, абыройлы іс болған (М. Әуезов, Шығ.). Күнтуар отыз жыл өмірін байлардың қойларын *бағумен* өткізді (С. Омаров, Әңгім.). Қысы-жазы мал *бағудан* босамай, Хабарым жоқ әр білімнен құр едім (Қ. Тоғұзақов, Таңд.).

БАҒУ-ҚАҒУ е т. *Бағып-қақ етістігінің қимыл атауы.* Қыс күндері төрт түлік түгелдей ауыл маңында белгілі бақташылардың *бағу-қағуында* болады (Х. Арғынбаев, Қаз. этногр. очерк). Ал, [тайыншаны] өсіріп, үлкейтіп бер десеңіз, бір қыс *бағу-қағуын* өз мойнына алайын,— деді баланың әкесі молдаға (Н. Ғабдуллин, Сар. жапырақ).

БАҒУСЫЗ с ы н. *Бақташысыз, иесіз, күтусіз.* Түйені кім бағады — деді Талтаяқ, Жұманның түйесі *бағусыз* қалатындай (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). Айналада дүние шашылып жатыр. Мал *бағусыз.* Шетінен ол да қырылып жатыр (С. Шарипов, Бекболат). Бағаланбай мүлкім қалды, *Бағусыз* қой, жылқым қалды. *Бағусыз* қой, жылқың қалса, Берен тонның жыртылғаны (Б. Майлин, Шығ.).

БАҒУСЫЗ-ҚАҒУСЫЗ с ы н. *Қараусыз, күтусіз.* Әркімнің қызметі мендей. *Бағусыз-қағусыздан* қайсысының баласы мектептен шығарылды, қайсысы баласын бетімен жіберді (Ш. Хұсайынов, Таныс адам).

БАҒУШЫ з а т. 1. *Мал күтуші, бақташы.* Бұрын малды *бағушы* мен қағушы кедей болып, рахатын бай көрген (Б. Майлин, Шығ.). Манапбай қорасындағы малдың *бағушысы* Манекеңнің қызы Жамал болатын (С. Бегалин, Уақыт). 2. *Қарт адамдарға, жас балаға, не ауру адамға қызмет көрсетуші, күтіп, қараушы.* Ауру баланы далаға тастай алмайды ғой енді. Оған да *бағушы,* қараушы керек емес пе? (С. Шаймерденов, Өмір). 3. *Аңдушы, сырттан бақылаушы.* Бұл ісімді ешкім білмес деп ойлама, *бағушылар* ізіңде жүрген де шығар (Ауызекі тіл).

БАҒЫ: **бағы заман.** *Баяғы заман. Бағы заманнан* қонақжайлығымен белгілі қазақ халқы қонақтарын мерекелі дастарханның үстінде, берекелі еңбек табыстарымен қарсы алмақ (І. Омаров, Серпін). Сұлтанмахмұт орнынан тұрып, қазақ әйелдерін *бағы заманнан* күні бүгінге дейін сорлатып келген ғұрып, шариғат жолдарына тоқталды (Д. Әбілев, Арман жолы).

БАҒЫДА ү с т. с ө й л. **Баяғыда.** Бәйге ат біздің теңіміз емес деп *бағыда-ақ* қақсамап па едім, Ақбозды қайыр, қалғанын тағы да көреміз (Т. Әлімқұлов, Ақбоз ат).

БАҒЫЗДА ү с т. с ө й л. **Бағыда.** Жем қайда, Жайық қайда, Сағыз қайда? Ескі өлең еске түсті *бағыздa* ойға. Ашылып арналары, әне өзендер, Далаға дән тасқынынан ағызған ба? (Ж. Молдағалиев, Жиырма бес).

БАҒЫЛ *Бақ етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Үйірлі жылқы өсіретін әрбір шаруашылықтарда бүкіл жыл бойы жайылымда — тебінде *бағылатын* жылқы табындары болады (А. Иманғалиев, Адай жылқысы). Ал, колхозшылардың балалары жыл-он екі ай яслиде тегін *бағылады* («Қаз. әдеб.»).

БАҒЫЛАУ с ы н. *Ертеден кеде жатқан; көнелеу; байырғылау.* Бұл [сайқын елі] жалпы алғанда жері кең, көшпелі, *бағылау* жауынгер жұрт еді (Ә. Көшімов, Лашын хикаясы).

БАҒЫЛУ *Бағыл етістігінің қимыл атауы.*

БАҒЫМ з а т. *Мал күтімі.* [Қанипа] Оспан бүгін бір мезгіл тыныстап алсын деп, сиыр *бағымының* кезегіне кеткен (С. Омаров, Дала қызы). Ауыл тіршілігі өз арнасымен жүріп жатыр. Көктем басталса егіс қамы, күзде оны жинау, қыста малдың *бағымы* (Ә. Әлішев, Батыр.). Колхоз Шымырбайдың *бағымындағы* жекенің малын иелеріне қайтарып, өзін пенсияға шығарды (Б. Тілегенов, Көктем.). ◆ **Бағым жоқ.** *Тәрбиелеуден, түзелуден кеткен; сенім жоқ.* Ал енді қалған өмірімізді қайтып, не қылып өткіземіз? Ел бағу? Жоқ, елге *бағым жоқ* (Абай).

БАҒЫМ-КҮТІМ з а т. *Асырау, күту, қарау.* Бір мегежін жылына он алты, он сегіз торай береді. Сол торайлардың *бағым-күтімі* келіссе одан арман туындап кететіні бар емес пе? (Ақ бидай).

БАҒЫН[1] е т. 1. *Айтқанына көну, мойын ұсыну.* О, Жәмила қарындас, Ары таза балғын жас. Жақынымсың бауырлас, Батырымсың *бағынбас* (І. Мәмбетов, Өсиет). Қорыса, жұрттың өз жері, Қондыр-

мас оған басқаны ол. Қожа ғып тағы өзгені, *Бағынбас,* сірә, басқаға ол (Ғ. Орманов, Көгілдір.). 2. *Бас ию, табыну.* Ерте кезде адамдар күнге, айға, жұлдыздарға *бағынған* (Ш. Қожахметов, Ғалам ғажайып.).

БАҒЫН[2] зат. сөйл. *Бағым.* Келе жатқан Ақпан еді. Күндіз бие сауатын ол, кешке қарай өзінің серігімен кезектесіп *бағынға* кететін (С. Мұқанов, Ақ қан жұлдыз).

БАҒЫНДЫҚ: бағындық жер. *Мал жайылатын бос жер, өріс.*

БАҒЫНДЫР *Бағын етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Ол енді осы ел болып біріксек деген тілекке шыбындай жанын, бар тілегін *бағындырады* (І. Есенберлин, Қаһар). Ондайда [кер бие тулап, ала жөнелгенде] тоқтатам, еркіме *бағындырам* деп, әуре болу бекершілік (Б. Соқпақбаев, Бастан кеш.).

БАҒЫНДЫРҒЫЗ *Бағындыр етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БАҒЫНДЫРҒЫЗУ *Бағындырғыз етістігінің қимыл атауы.*

БАҒЫНДЫРҒЫШ сын. 1. *Көндіргіш.* 2. Ауыс. *Баурап алғыш, тартымды.* Ол өлеңдердің айбынды, *бағындырғыш* күші де осында [өміршеңдігінде] («Қаз. әдеб.»).

БАҒЫНДЫРҒЫШТЫҚ сын. *Бағындыруға икемділік.*

БАҒЫНДЫРТ *Бағындыр етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БАҒЫНДЫРТУ *Бағындырт етістігінің қимыл атауы.*

БАҒЫНДЫРУ *Бағындыр етістігінің қимыл атауы.* Бір сөзбен айтқанда, геометрия — адам баласының табиғатты өзіне *бағындыру* күресінде туған ғылым (О. Жәутіков, Математика.). Кімде кімнің шаруасы бар? Кім не оймен жүр? Соның бәрін бір адам біліп, өз дегеніне *бағындыру* мүмкін бе? (З. Қабдолов, Жалын).

БАҒЫНДЫРУШЫ зат. 1. *Еркіне көндіруші.* Американың аңдарды *бағындырушы* атақты кино актрисасы Эллен Костен ұл тапты (Ш. Қожахметов, Ғалам ғажайып.). 2. *Билеп-төстеуші, өзіне қаратушы.*

БАҒЫНДЫРЫЛ *Бағындыр етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Елдегі жұмыстың бәрі майдан міддесіне *бағындырылды* («Лен. жас»).— Сыртқы сауданы дамыту ісі халық шаруашылығы жоспарларын орындау мүддесіне *бағындырылды* («Соц. Қаз.»).

БАҒЫНДЫРЫЛУ *Бағындырыл етістігінің қимыл атауы.* Ол [поэзия] қашан да болса уақыттың, қоғамның игілікті ойлары мен идеяларына *бағындырылуға* тиіс («Қаз. әдеб.»).

БАҒЫНТ *Бағын етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Үйіріп келіп жаудырдық Қаңсыған шөлге жаңбырды. Бұйырып келіп *бағынттық,* Қатігез долы тағдырды (Қ. Аманжолов, Шығ.). Еліңе еңбек, үміт және ойынды, *Бағынтып* бердік таза жүрегіңді (Т. Жароков, Шығ.).

БАҒЫНУ *Бағын етістігінің қимыл атауы.* Нұрәлі ақыры өз жүрегінің... әмірін *бағынуға* мәжбүр болды (С. Алдабергенов, Алға).

БАҒЫНУШЫ сын. *Тәуелді, айтқанына көнуші.* Бастық пен *бағынушы* екеуі де мектептерінде жүретін саяси сабақ дегеннің жалпы көрінісін көңілше бір шолып өтті (Е. Қонарбаев, Түнгі от). Бұл тарих — қоғамдық дамудың түрлі сатыларындағы қаналушылар мен қанаушылардың, *бағынушы* таптар мен үстем таптардың арасында күрестің тарихы болды («Соц. Қаз.»).

БАҒЫНУШЫЛЫҚ зат. *Тәуелділік, бас июшілік.* Кейбір семьяда кертартпа мұсылман дәстүрі бойынша қарттарға *бағынушылық* кездеседі (З. Ақназаров, Ғылыми атеизм.).

БАҒЫНЫҢҚЫ сын. *Тәуелді, бағынышты.* Байға жалтақ, батырға қошемет көп, Қызмет соларға істеп жыбырлаймыз. Пендеге пенде басы *бағыныңқы,* Желіге байлап қойған құлындаймыз (Айтыс). // *Басты емес, қосалқы.* Үйірлеп бағылатын жылқыларды өсіру қазіргі кезде *бағыныңқы* роль атқарады (М. Әмірғалиев, Биязы жүн.). ◆ **Бағыныңқы сөйлем.** Грамм. *Құрмалас сөйлемдердің бағынышты компоненттерінің бірі; бастауышы жоқ сөйлем.* Қазақ тілінде сабақтастағы *бағыныңқы сөйлемдердің* баяндауыштары осы есімше-

лерде, көсемшелерде шартты рай формаларында тұрады (Қазіргі қаз. тілі).

БАҒЫНЫҢҚЫЛЫ с ы н. *Бағынышты, тәуелді.* А. Н. Радищевтің пікірінше, органикалық және органикалық емес табиғаттың барлық құбылыстары біріне-бірі *б а ғ ы н ы ң қ ы л ы* келеді (Жалпы биология).

БАҒЫНЫССЫЗ с ы н. с ө й л. **Бағынышсыз.** Сәуленің кім біледі сырын ішкі, *Б а ғ ы н ы с с ы з* өзінің еркі күшті. Бұлбұлға жауап бермей ептеп қана, Жүзінен кеудесіне жылжып түсті (Ш. Әбенов, Ортақ арал).

БАҒЫНЫСТЫ с ы н. с ө й л. **Бағынышты.** Оразбайларша — Россия деген — ақ патшамен барабар. Халық оған [патшаға] *б а ғ ы н ы с т ы,* одан қорқады (М. Әуезов, Абай жолы).

БАҒЫНЫШ з а т. *Тәуелді болушылық.*

БАҒЫНЫШСЫЗ з а т. *Тәуелсіз, ерікті.*

БАҒЫНЫШТЫ с ы н. *Бас бостандығы жоқ; еріксіз, тәуелді.* Мен оған *б а ғ ы н ы ш т ы* болсам да, екеуіміз жақсы дос едік (Т. Ахтанов, Боран). Сырдариняның аралға құятын сағасынан бастап оңтүстіктегі Ауғанстан шекарасына дейін осы хандыққа [Хиуа] *б а ғ ы н ы ш т ы* болатын (І. Есенберлин, Қаһар). Солдат әмірге *б а ғ ы н ы ш т ы,* әмір ақылға бағынышты(Т. Бердияров, Солдат сыры).

БАҒЫНЫШТЫЛЫҚ з а т. *Бағынышты болушылық.* Құран еңбекшілерден *б а ғ ы н ы ш т ы л ы қ т ы,* көңіштікті, момындықты талап етеді (З. Ақназаров, Ғылыми атеизм.). Кейіпкер сөзінің авторлық тілге тікелей байланыстылығын, *б а ғ ы н ы ш т ы л ы ғ ы н* ескермеуге болмайды («Қаз. әдеб.»).

БАҒЫП-КҮТ е т. 1. *Малды күту, қарау.* Болат қыс бойы қоғамдық малды *б а ғ ы п к ү т с е,* енді мол астық үшін күрестің алдыңғы сапында екен («Лен. жас»). 2. *Асырау, қамқорлық көрсету.* Ашығып, жүдеп, терісі-терісіне жабысқан ауру солдатты қайырымды бір қарт ана талай күн *б а ғ ы п-к ү т к е н* («Лен. жас»).

БАҒЫП-КҮТУ *Бағып-күт етістігінің қимыл атауы.* Суда жүзетін құстар мен күркетауықтар үшін *б а ғ ы п-к ү т у д і ң* екі түрлі жүйесін қолдануға болады (Құс өсіруші.). Газет малды *б а ғ ы п-к ү т у,* оның жем-шөппен қамтамасыз етілуін, сондай-ақ қол жеткен табыстар мен кемшіліктерді де жазып отырады («Соц. Қаз.»).

БАҒЫП-КҮТУШІ з а т. 1. *Бағушы, күтуші, бақташы.* Мал аурудан аман болуы үшін бақташы иттер, малды *б а ғ ы п-к ү т у ш і* адамдар брученеллезден мүлде таза болуы тиіс (Ш. Қалықов, Қой. ауру.). 2. *Тәрбиелеуші, қамқорлық етуші.*

БАҒЫП-КҮТІЛ *Бағып-күт етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Бұзаулар қандай әдіспен *б а ғ ы п-к ү т і л е* тұрса да, оны жайылымға... шығарғаннан кейін 40—45 күн өткен соң тексереді (Ө. Қарамендин, Бұзау. ауруы). Сиырлар сондағы ережеге бойынша *б а ғ ы п-к ү т і л е д і* (Сауыншы.).

БАҒЫП-ҚАҚ е т. 1. *Асырау, тәрбиелеп өсіру.* Бәрінен де баланы *б а ғ ы п-қ а ғ ы п,* рахатын көрмеген жаман екен (Д. Досжанов, Зауал). Әуелгі кезде Дайыр Зәурешті *б а ғ ы п-қ а қ қ а н с ы д ы* (С. Сарғасқаев, Көңілді бала.). Кішкентайымнан мұның әкесі мені *б а ғ ы п-қ а ғ ы п* адам қылған — деді Үмбетай (Ө. Қанахин, Жер бас.). 2. *Малды күту, бағу.*

БАҒЫП-ҚАҒУ *Бағып-қақ етістігінің қимыл атауы.* Бір ай бойы төрт ешкі мен екі қойдың қозы, лағын *б а ғ ы п-қ а ғ у* менің мойнымда қалды (Б. Тоғысбаев, Алдыңғы толқын). Бірақ малдарды өрістетіп, *б а ғ ы п-қ а ғ у ғ а* бұл екеуінен қайрат жоқ (Ө. Көшімов, Қысталаң.).

БАҒЫРЛАЙ з а т. б о т. *Аласа, құрақ тәрізді шөп.* Қатар-қатар тұрған сиырлар алдында жаңа ғана еселеп салынған *б а ғ ы р л а й* шөбі тынымсыз сыбдырлайды (Х. Ерғалиев, Шындық.).

БАҒЫС *Бақ етістігінен жасалған ортақ етіс.* — Келіңіз дегенім рас, қой *б а ғ ы с а с ы з* дегем. Қой баққыңыз келмесе шөпке шығыңыз (З. Ақышев, Достар.). Жер бөлістік, мал *б а ғ ы с т ы қ.* Жер астына шам жағыстық, Аспанға да сан ұштық (Х. Ерғалиев, Күн күмбез).

БАҒЫСТА е т. с ө й л. **Бағышта.** Мәулен ендігі өмірін ешбір қалтқысыз осы жолға, білім жолына *б а ғ ы с т а ғ а н* (С. Шаймерденов, Болашақ.). Сөздің ең

асылын өзіңе *бағыстап*, сенің қадір-қасиетіңді әлдилеп көтеретін анаңнан кейінгі досың ақын қауымы... (С. Хайдаров, Азамат.).

БАҒЫСТАН[1] и р. з а т. *Бау-бақшалы өлке, жасыл аймақ.* Жерін көріп қанаттандым, Көлді, таулы Дағыстанның. Гүл жайнаған Отандағы, Бағы ашылған *бағыстанның* (Т. Жароков, Отан даусы). Сулейман алтын бұлбұл, сен Дағыстан, Ішінде сайрандаған гүл *бағыстан* (Жамбыл).

БАҒЫСТАН[2] *Бағыста етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Келе жатып сөйлескен сөзінің көбі Фазыл мұғалімнің зиянына *бағыстанған* еді (І. Жансүгіров, Шығ.).

БАҒЫСТАУ *Бағыста етістігінің қимыл атауы.* Қазақтың белгілі ақыны І. Жансүгіров Әсеттің әншілігіне, әніне түгел бір өлеңін *бағыстауы* жәй көріністі емес (А. Жұбанов, Замана.).

БАҒЫСУ *Бағыс етістігінің қимыл атауы.*

БАҒЫТ з а т. 1. *Бет алыс, бағдар, жөн.* Мен оң жаққа қарай жылжыдым, *бағытым* — қарауытқан қалың орман (Ж. Жұмақанов, Махаббат.). Директор ықыласпен тыңдаған Шынтақ диспетчер бөлмесіне барып, жол қағазын алды да, көп кідірмей межелі *бағытқа* жүріп кетті («Лен. жас»). 2. А у ы с. *Ұстанған жол, ағым.* Әдебиеттегі, әдебиет майданындағы теріс бағыттармен күресу үшін пролетариат *бағытын* қолданатын жазушылардың ұйымын жасау керек (С. Сейфуллин, Шығ.). ◆ **Бағыт берді, [бағыт сілтеді].** *Жөнге салды, жол көрсетті, жөн сілтеді.* Осы бір ақ күміс жол менің қысқы сапарыма *бағыт сілтегендей* (Ә. Сәрсенбаев, Теңіз.).

БАҒЫТ-БАҒДАР з а т. *Жөн-жосық, меже.* Мұхтар Әуезов театрдың барар жолын, *бағыт-бағдарын* көрсетіп, оның дамуына ересен еңбек сіңірді («Қаз. әдеб.»). Студенттердің ғылыми қоғамы оның жеті үйірменің басын біріктіріп, олардың жұмыстарын қорытындылап, *бағыт-бағдар* беріп отырды («Қазақст. мұғ.»).

БАҒЫТСЫЗ с ы н. *Бағдарсыз.* Ей суық жел, қара жел, Құр *бағытсыз* барламай, Айжанға ой сала кел, Сауал сұрап сарнамай (А. Шамкенов, Жайлау.).

БАҒЫТСЫЗДЫҚ з а т. *Бағдарсыздық.*

БАҒЫТТА е т. 1. *Белгілі жаққа бетін бұру.* Жаңа пішеншілерді шығарып салып, малды анау «Қызыл жыңғылға» *бағыттап* жібергем (М. Сүндетов, Ескексіз.). Жерлестеріміздің әр түрлі қашықтықтан қақпаға *бағыттаған* доптары нысанаға дәл тимеді («Спорт»). 2. *Жөнге салу, бағыт сілтеу.* КПСС XX съезінен кейін... әдебиетті жаңа жағдайда халық талабына сай жұмыстар істеуде *бағыттап* отырды (С. Қирабаев, Октябрь). Облыстық партия комитеті шаруашылық және қоғамдық ұйымдардың қызметін қойылған міндеттерді орындауға *бағыттап* отыратын болды («Соц. Қаз.»).

БАҒЫТТАЛ *Бағытта етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Қаздар қабаттаса қаңқылдаған беті тау жаққа қарай ұзаңқырап кеткен екен, мылтық өздеріне *бағыталa* берген сәтте қайта оралды (М. Мағауин, Ақша қар). Жақында Кеген селосында мұғалімдердің білімін жетілдіруге *бағыталған* ауданаралық семинар болып өтті («Қазақст. мұғ.»). Адамның тіршілік игіліктерін өндіруге *бағыталған* қызметін біз еңбек деп атаймыз (Саяси экономия).

БАҒЫТТАЛУ *Бағыттал етістігінің қимыл атауы.* Орман ағаштарын пайдалану жұмыстары негізінен ағаштардың халық шаруашылығы мен қоғам тіршілігіне тигізетін пайдалы қасиеттерін сақтап, күтімін жақсартуға *бағыталуға* тиіс (М. Ахметов, Егін қорға.). Біздің бүкіл практикалық және ғылыми жұмыстарымыз халықтар достығын нығайтуға *бағыталуға* тиіс («Соц. Қаз.»).

БАҒЫТТАН *Бағытта етістігінен жасалған ырықсыз етіс.*

БАҒЫТТАНУ *Бағыттан етістігінің қимыл атауы.* Үгіт листоктары оларды [жұмысшыларды] марксизм туы астындағы таптық күрестің ұйымдасқан арнасына *бағыттануына* көмектесті (КПСС тарихы, 39, 1967).

БАҒЫТТАС[1] с ы н. *Бағыты бір, мақсаты ортақ.* Екі жерден шыққан екі түрлі тербелмелі қозғалыс *бағыттас* болып келсе, онда комбинацияланған қозғалыс тудырады (А. Қалығұлов, Жарық.). Қонақтар түгіл тілектес, *Бағыттас* бізге елдегі, Келсе де ол қың етпес, Америка фер-

мері (С. Мұқанов, Замандас.). Некрасовпен *бағыттас,* бір топтың тілегіне ат салысып күресуші ақын, жазушылар да көп болды (Қ. Жұмалиев, Әдеб. теор.).

БАҒЫТТАС[2] *Бағытта етістігінен жасалған ортақ етіс.*

БАҒЫТТАСТЫҚ з а т. *Бағыты ортақтық.* Біреу пікірлестігін, *бағыттастығын* өзі білдірмесе, «сен былай етсең қайтеді?» — дегенді ол [Сәкен] ешкімге де айтпайтын (С. Мұқанов, Есею жыл.).

БАҒЫТТАТ *Бағытта етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БАҒЫТТАТТЫР *Бағыттат етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БАҒЫТТАТТЫРУ *Бағыттаттыр етістігінің қимыл атауы.*

БАҒЫТТАУ *Бағытта етістігінің қимыл атауы.* География мұғалімі сол туристік жорыққа қатысып, оны [оқушыны] өз өлкесін оқып үйренуге *бағыттауы* қажет (С. Жортанов, Өлке тану.). Құран адамның өмірге көзқарасын алға емес, артқа қарай *бағыттауға* үйретеді (М. Тоқжігітов, Құран тур.).

БАҒЫТТАУШЫ з а т. *Жөн сілтеуші, бағыт көрсетуші.* Совет мұғалімдері, халық ағарту ісінің барлық қызметкерлері партияның *бағыттаушы* ролін сезініп отырды («Қазақст. мұғ.»). Дұрыс нысанаға *бағыттаушысы* жоқ, буалдыр сана мені орға айдады (Ә. Сәрсенбаев, Толқында.). Оның [паромшы қарт] салалы саусақтары *бағыттаушы* рульде қапсыра қатып қалған (Қ. Қамбаров, Алтай.).

БАҒЫТТЫЛЫҚ з а т. *Бағыты барлық.*

БАҒЫТШЫ з а т. *Бағыт сілтеуші.* Көптен таныс, *бағытшы* жұлдызым «әкең менің сәулемнің астында» дегендей, жымыңдап көзін қысқандай болды (Ә. Сәрсенбаев, Толқында.). Жақын досы әркімнің, Жыршысы — сен дәуірдің. *Бағытшысы* әр күннің, Бақытысың қауымның (Т. Шопашев, Жастық лебі).

БАҒЫШ: **бағыш етті.** *Бағыштады, арнады.* Бүкіл саналы өмірін халық ағарту ісіне *бағыш еткен* Ыбырай қайтыс болды,— деді Досмағұл (С. Көбеев, Орынд. арман).

БАҒЫШЛА е т. к і т а б. **Бағыштау.** Отанын, елін жалын ата сүйген жүрек, бар тірлігін қоғамы үшін ғана *бағышлаған* ойлы, өрен ақын ақылды көңілге қонымды айтады (Ә. Тәжібаев, Өмір.).

БАҒЫШЛАН *Бағышла етістігінен жасалған өздік етіс.* Сүйелқараның екі көзі төргі үйде. Төрдегі мырзасы Қарабайдың құбылысын қарғылы тазыша қақшып орындауға *бағышланған* (Д. Әбілев, Арман.).

БАҒЫШЛАТ *Бағышла етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Кеше оразаның соңғы күні болған соң үйге біраз адам шақырып, күйеуіме тие берсін деп, құран *бағышлаттым,*— деді Айқыз (Қ. Исабаев, Айқыз).

БАҒЫШТА[1] е т. *Арнау, бағыш ету.* Жақсы көрген адамына адам не *бағыштамайды?* (А. Жұбанов, Замана бұлбұл.). Егер әкеңіздің қолынан өле кетсем, бір дұғаңызды мен бейбақтың аруағына *бағыштай* салыңыз (Ә. Әбішев, Найзағай). Құтты болсын айтып келушілер бірінші сөзін әуелі үй қожасы шешеме *бағыштайды* (Б. Соқпақбаев, Өлгендер.).

БАҒЫШТА[2] е т. с ө й л. **Бағытта.** Жұмабек машинаны газға басып, биікке шығар жолға *бағыштады* (Б. Тәжібаев, Қараторғай).

БАҒЫШТАЛ *Бағышта (1-омон.) етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Хажы сөзі қасында отырған ақсақалға *бағыштала* да, осындағы әлеуметтің әрқайсысына да ой салатын болды (Х. Есенжанов, Тар кезең). *Бағыталған* адамына жетпей қап, қолды болып жататын да осы хат (Б. Соқпақбаев, Бастан кеш.). Сұраудың өзіне *бағыталғанын* сезген Күлшебай адымдап аттап алға шықты (С. Сарғасқаев, Біз төртеу.).

БАҒЫШТАЛУ *Бағыштал етістігінің қимыл атауы.* Алматының болашағы халықтың жақсы дем алып, өзінің демалыс сағатын көңілді өткізуіне молынан *бағыталуда* («Спорт»).

БАҒЫШТАТ *Бағышта етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БАҒЫШТАТУ *Бағыштат етістігінің қимыл атауы.*

БАҒЫШТАУ *Бағышта етістігінің қимыл атауы.* Сүйген жігітінен басқа ешбір жан оның көзіне ілінбеуі де, ол жастығын соның жолына құрбан етіп *бағыштауы* да мүмкін (З. Шашкин, Сенім). Біз де үйрендік домбыраға Қосып дауыс ән шырқауды. Сүйген ел мен сүйген жарға Сұлу жырлар *бағыштауды* (Ә. Тәжібаев, Шығ.).

БАҒЫШТЫ сын. *Арналған, тән.* Ұзындығы екі аршын бешпет. Бірақ еркектікі емес, Хауа ана нәсіліне *бағышты* киім (Х. Есенжанов, Тар кезең).

БАДА[1] ир. көне. зат. *Бір жерге топтап бағылатын жеке меншік сиыр малы; пада.*

БАДА[2] ир. зат. көне. *Ішімдік, шарап.* Онда [шайханада] толып жатқан арабтар *бада* [ішімдік] ішіп, шарапхананы даурықтырып отыр екен («Мың бір түн»).

БАДА: бада бол. *Жоқ бол, құры.* Енді ол отырған жерге барсам *бада болайын* — деді Ызбаркүл (Б. Қыдырбекұлы, Шайтан.). Бармасаң *бада бол,* қара жерге қада бол (Мақал).

БАДАЛ[1] ет. *Жоғалу, құру.* Тыста бригадир шалдың «Әй, не *бадалып* жатырсыңдар, түге» деген қарлыққан даусы естілді (Н. Серәлиев, Ыстық күлше). Әкейдің ауру екенін де, менің шамамның бір отар малға келмейтінін де біледі. Енді неме *бадалып жатыр* (А. Нұрманов, Аққу.).

БАДАЛ[2] зат. бот. *Ұйысып өскен қалың бұта; ағаш шоғыры.* Жылқылардың ар жағындағы қалың *бадалдың* ішінен екі жұп жарық жалт ете түсті (Ө. Тұрманжанов, Адам.). Теріскей беттерге біткен боз қарағай, бозгөз, тобылғы сияқты бұталардың *бадалы* қалың (І. Жансүгіров, Шығ.). Күштінің малы өрістеп, Бұрын жеп шөпті *бадалдан;* Адыр қыстап, тау жайлап, Жай салған биік самалдан (Ү. Кәрібаев, Шығ.).

БАДАЛАН ет. *Қауызын жару, ақ ұлпалану.* Мақта күн сайын қуырған жүгерідей *бадаланып,* бұрқыраған ақ ұлпа көпсіп жерге салбырай бастады (Қ. Әбдікадыров, Мақташы қыз).

БАДАЛ-БАДАЛ сын. *Шоғыр-шоғыр.* Қызылтау мен Қарақияны жалғастырған *бадал-бадал* төбелерден күн шапағы алау беріп, көлеңке басы қысқара түскен (Б. Тоғысбаев, Алдыңғы толқын). *Бадал-бадал* майда төбелер мен заңғар биік Қарақиядан көлеңке қаша қоймаған (Бұл да).

БАДАЛҒЫР *Бадал етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Ақын әлгіні айтқан соң Бай *бадалғыр* тұра ма, Әйелге таң атты ма, Аттаған соң босаға (І. Жансүгіров, Шығ.).

БАДАЛУ *Бадал етістігінің қимыл атауы.*

БАДАЛЫҚ: бір бадалық. *Бір ғанибет; мақтаныш.* Бар ойы өлең айтып ән салалық, Біреуді қалжың қылып қолға алалық. Қызды ауылға қырындап үйір болса, Көңіліне зор қуаныш *бір бадалық* (Абай). Уай, заманым, балалық, Әр ісің *бір бадалық,* Алды-артыма қарасам, Кетіп қапсың тазарып (Үш ғасыр.).

БАДАМ ир. зат. бот. *Үлкен жапырақты, тәтті жеміс беретін, ыстық-суыққа төзімді өсімдік және соның жемісі. Бадам* ағашы шығыс күйінде отырғызылып, алты жылда екі метрге дейін өскен (Н. Нұрахметов, Дархан химия...). Олар [балапандар] орман алаңдарында, *бадамның,* долананың араларында паналап жүріп тіршілік етеді (Б. Муханов, Қазақст. өсімдік.). Әдейі жіберіпсің екі адам. Солардың қолдарында кеткен балаң. Апарып бір тоғайға тірі тастап, Теріп жеп келіпті олар пісте, *бадам* (Т. Ізтілеуов, Рүстем.). ◆ Бадам қабақ. *Сыртына шығыңқылау, дөңес қабақ.* Ай маңдай, *бадам* қабақ, түзу мұрын, Тартқандай сұлу дене күміс сымын (З. Қалауова, Таңд.).

БАДАМША зат. 1. *Бадам ағашының балашығы.* Сол жерде кеңес құрып біраз тұрды, Дарияны әңгіме қып суы сырлы. Қамыс, ағаш, *бадамша* неше түрлі, Жағаның көрінісі ойлы-қырлы (Ш. Әбенов, Кейпін батыр). 2. ауыс. *Домаланған, толық.* Қалауда мойын жоқ, бастың құр өзін кеудесіне қондыра салғандай, бас пен иық тұтасып, жауырын жағы күдірейіп тұратын домаланған *бадамша* жігіт (Ә. Нұрпейісов, Сергелдең). ◆ Бадамша без. *Көмекей безі.* Инфекция тамақпен бірге асқазанға түсіп, көмекейдің *бадамша безіне* еніп әр түрлі ауру тудыруы мүмкін (С. Сейкетова, Тері ауру.).

БАДАМШАЛЫ с ы н. *Бадамша ағашы аралас өскен жер, бадамшасы бар.* Бүргелі, бүлдіргенді, *б а д а м ш а л ы* Сай-сайдан мөлдір бұлақ ағады екен (Ақын жырлары).

БАДАНА[1] з а т. к ө н е. *Батырлардың соғыста киетін қорғаныс киімі, темір сауыт. Б а д а н а м д ы* бөктеріп, Қасыма жаттан жолдас ертіп, Күн-түн қатып жүргенім: Ана Нарында жатқан Жас баланың қамы үшін (Махамбет). Батыр Толтай балпылдап, *Б а д а н а* киіп жарқылдап, Қылышы белде салпылдап, Сақ бүркіттей саңқылдап (Манас).

БАДАНА[2] з а т. 1. *Жерге түйін тастап өсетін өсімдік, пиязшық, жуашық.* [Саршұнақ] өсіресе *б а д а н а* өсімдігін, оның жапырақ сабақтарын және бұтақтарын жейді (Х. Қыдырбаев, Дала көркі). Жүгерінің жаңқаланған, *б а д а н а* түрлерін сүтке салып жеген жақсы, өйткені ол триптофанға бай (С. Сұбханбердин, Өсімдік — дәрі.). 2. А у ы с. *Шаштың, түктің әрбір талының түбі, түйнек.* Жүннің әрбір талы — талшық, түбір және *б а д а н а* деп үшке бөлінеді. (А. Еламанов, Қой шаруаш.). Шаштың түбірі түк *б а д а н а с ы* деп аталатын түйнекпен аяқталады; түк осыдан өсіп шығады (С. Сейкетова, Тері. ауру.). ◆ Бадана бас [бадана дән]. *Пісіп жетілген, толық, ірі дән.* Мына алқапта егін *б а д а н а б а с* масағын көтере алмай төмен иіліп тұр (Ақ бидай). Жас балапан балғындай Ашып күнге ауызын, *Б а д а н а б а с* бал бидай Жатыр жарып қауызын (С. Мәуленов, Таңд.). *Б а д а н а д ә н д і* ақ бидайдың алтын түстес сабақтары бастарын көтере алмай самалмен ырғалып тұр («Соц. Қаз.»). Бұл аспан аптабы *б а д а н а д ә н* ақ бидай сабағына көленке түсірген уақыт (Қ. Ұябаев, Қырда.). Бадана көз. *Үлкен, дөңгелек көз.* Бойларынан әл кетті, Беттерінен қан кетті, *Б а д а н а к ө з г е* жас толды, Төнгендей үстен қара бұлт (Манас). Шикіл өңді, *б а д а н а к ө з* маңғаз қария мен дең тұмсық, қызыл шырайлы атқосшы бала ғана тосындау отыр (Ә. Көшімов, Қысталаң.). Бадана көзді. *Батырлар киетін сауыттар мен ер-тұрман әбзелдеріне салынған әшекейлі тастар не құйып жасалған металл көзшелер. Б а д а н а к ө з д і* кіреуке, Шар айнасы бес қабат, Тоғыз қабат көк сауыт, Сағаң арнап соқтырып, Будырып кеттім кілемге, Оны үстіңе киерсің (Қыз Жібек). Тоқсан баулы ноғайлыдан, Бір жан оған ермеді. *Б а д а н а к ө з д і* берік сауыт, Үстіне баса киеді (Батырлар жыры). Баданалы өсімдіктер. *Түйін тастаушы өсімдіктер. Б а д а н а л ы ө с і м д і к т е р д і* көбіне баданаларынан, олардың қабыршақтарынан көбейтеді (ҚСӘ).

БАДАНАДАЙ с ы н. *Ірі, толық, үлкен. Б а д а н а д а й* ірі бидайлар апанға сауылдап құйылып жатыр (Б. Майлин, Шығ.). Бағила да *б а д а н а д а й* көздерін төмен төңкеріп, күрт ойланып қалды (Ф. Дінисламов, Ұшқын). *Б а д а н а д а й* ақ күріш науадан құйылып, қырманға ағылады («Лен. жас»).

БАДАНАДАЙ-БАДАНАДАЙ с ы н. *Ірі-ірі, үлкен-үлкен.* Сөйткенше болмады, сатырлап жауа бастады. Жай жаңбыр емес, *б а д а н а д а й-б а д а н а д а й* бұршақ (Б. Соқпақбаев, Балалық шақ.). *Б а д а н а д а й-б а д а н а д а й* тер тамшылары [баланың] кір-кір бетіне ирек-ирек із тастап, сырғып құлап барады («Лен. жас»).

БАДАНАЛЫ с ы н. *Түйін тастап өсетін; пиязшықты.* Осы сияқты *б а д а н а л ы* өсімдіктер гүлдеп, көктемде жер бетін кілемдей құлпыртады (Б. Муханов, ...Қазақст. өсімдік.). Пиязшығы бар өсімдіктерді *б а д а н а л ы* өсімдіктер деп те атайды (Ботаника).

БАДАНША з а т. *Уақ дәндер, түйіршіктер.* Өсімдіктің өзі құраған *б а д а н ш а л а р* топырақта түседі де, одан қайта өрбіп-өнеді (Ә. Бірмағамбетов, Қазақст. геогр.).

БАДАШЫ з а т. *Сиыр бағушы.* Қатын менен баланың, Қойшы менен түйеші, Жылқышы мен *б а д а ш ы*, Талайын сабап көлбетті (Батырлар жыры).

БАДБАХЫТ и р. с ы н. *Бәдбәхіт, арсыз.* Бұзылған *б а д б а х ы т т ы ң* бұзық сөзін Біздерге жарамайды тыңдап тұрыс (С. Торайғыров, Мағынасыз.). Біреулер бетпақ деген сөзді арабтың *б а д б а х ы т* (бақытсыз) деген сөзінен шыққан деседі (С. Мұқанов, Саяхаттар).

БАДИЯН з а т. б о т. 1. *Өңдеуден кейін азықтық және басқа да қажеттерге қолданылатын өсімдік.* Түйежапырақ, самалдық, *б а д и я н*,.. арша т. б. Қазақстандағы тері илегіш заттары бар өсімдіктердің тері илеуде өндірістік маңызы зор (Химияны қолдану.). 2. *Бадиян өсімдігінен алынған тамақтық зат (ұнтақ).* Енді бір

бөлек жерде жарты килодай қызыл бұрыш, сондай қалампыр, *б а д и я н*,... бет жуатын он шақты сабын тұр (С. Шарипов, Бекболат).

БАДМИНТОН з а т. 1. *Бадминтон спортына керекті құралдар.* 2. *Ракеткалармен шашақты допты қарама-қарсы ұрып ойнайтын спорт түрі.* Ол *б а д м и н т о н* секциясына алтыншы кластан бастап-ақ қатыса бастаған («Лен. жас»). Мектептерде спорттың *б а д м и н т о н*, бокс, қол добы іспетті түрлері ірге тепті («Қазақст. мұғ.»).

БАДМИНТОНШЫ з а т. *Бадминтонмен шұғылданушы, бадминтон ойнаушы.* Залда жас *б а д м и н т о н ш ы л а р* жаттығу үстінде («Лен. жас»).

БАДЫНАҚ з а т. ж е р г. *Бадырақ.*

БАДЫРАЙ е т. 1. *Көзі үлкею, адыраю.* Бұл лабораторияның денсаулыққа өте зиянды екенін білгенде, Қасимановтың көзі *б а д ы р а й ы п к е т т і* (Т. Сүлейменов, Жұлдыз.). Басымды көтеріп төңірегіме қарадым, бұрыштан көзі *б а д ы р а й ы п* біреу отыр (С. Бақбергенов, Қарға там.). 2. *Анық көріну, айқындалу.* Қожабеков жалпақ беті түтігіп, шешек дақтары *б а д ы р а й ы п*, одан жүзін тайдырған жоқ (Н. Серәлиев, Ыстық күлше). Көлденеңдетіп, керіп ұстаған қызыл жалауларында *б а д ы р а й ғ а н* айқыш-ұйқыш жазулары... бар (Р. Тоқтаров, Ертіс.).

БАДЫРАЙТ *Бадырай етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БАДЫРАЙТҚЫЗ *Бадырайт етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БАДЫРАЙТҚЫЗУ *Бадырайтқыз етістігінің қимыл атауы.*

БАДЫРАЙТЫП ү с т. *Көрнекті етіп, анықтап, айқындап.* Мәндайшаға пышақпен ойылып, *б а д ы р а й т ы п* «Баттал» деп жазылыпты («Лен. жас»). [Қоспан] «Ау, айыбым болса айтып өлтірмейсіңдер ме? *Б а д ы р а й т ы п* бетіме басып, жазамды неге бермейсіңдер?» деп айқай салғысы келеді (Т. Ахтанов, Боран).

БАДЫРАЙТЫС *Бадырайт етістігінен жасалған ортақ етіс.*

БАДЫРАЙТЫСУ *Бадырайтыс етістігінің қимыл атауы.*

БАДЫРАЮ *Бадырай етістігінің қимыл атауы.*

БАДЫРАҚ[1] з а т. *Қуырылып жарылған жүгері.* Ол қалтасынан бір уыс *б а д ы р а қ* алып берді. Қанат қуырған жүгеріні қорен атша күтір-күтір шайнады (Н. Серәлиев, Ыстық күлше).

БАДЫРАҚ[2] з а т. с ө й л. Батырақ. ...Және өзі *«б а д ы р а қ п ы н*, жұмыскермін» деп айтады екен дейді... (С. Сейфуллин, Шығ.). Құдайға шүкір, менің адал *б а д ы р а қ* екенімді көріп, үкімет өзі қойып отыр (Бұл да).

БАДЫРАҚ: **бадырақ көз.** *Сыртына шығыңқы, бақырайған үлкен көз.* Әне бір төрде отырған *б а д ы р а қ к ө з*, шикіл сары — есепші (С. Шәймерденов, Мезгіл). Сәті түскенде қоңқақ мұрын мен *б а д ы р а қ к ө з* де сүйкімді боп кетеді екен (С. Алдабергенов, Қанат.) Әлгі кісі бетін қалың әжім басқан, жалпақ бет, *б а д ы р а қ к ө з* қара кемпір екен (С. Бақбергенов, Алтын емел.).

БАДЫРАҚТА е т. *Қауызын жару; ақ бадыраққа айналу.*

БАДЫРАҚТАН *Бадыраққа етістігінен жасалған ырықсыз етіс.*

БАДЫРАҚТАУ[1] *Бадыраққа етістігінің қимыл атауы.*

БАДЫРАҚТАУ[2] с ы н. *Үлкендеу, томпақтау.* Бастық *б а д ы р а қ т а у* көзімен Дәмелінің басынан аяғына дейін тінте қарап шықты (Ө. Қанахин, Дәмелі). Оның *б а д ы р а қ т а у* көзіне ылғи теріскен шығып жүретін еді (С. Талжанов, Сейфулланың Сәкені).

БАДЫРАН з а т. с ө й л. Бәдірең. Қиярдың қазақша өз аты бар екен, помидорды *б а д ы р а н* деп алсақ, айыбы болар ма еді? («Қаз. әдеб.»).

БАДЫРАНДАЙ с ы н. *Бадыран сияқты.* Келген адам... көк көзі жұмылып, тақыр, сопақ басы жел тербеткен әлсіз желідегі *б а д ы р а н д а й* қалтылдайды (К. Тоқаев, Тасқын).

БАДЫРАҢ: **бадыраң көз.** С ө й л. Бадырақ көз. Қолында шағын сумкасы бар *б а д ы р а ң к ө з*, аққұбаша қыз жалт қарады («Лен. жас»). Сен тимесең, мен тимен *б а д ы р а ң к ө з* (Мақал).

БАДЫРАҢДА е т. *Бадыраң-бадыраң ету.*

БАДЫРАҢДАУ *Бадыраңда етістігінің қимыл атауы.*

БАДЫРАЮ *Бадырай етістігінің қимыл атауы.*

БАДЬЯ з а т. к ә с і б. *Шахталар мен құдықтардан көмір, су тарту үшін ағаш не металдан жасалған үлкен, бүйірлі шелек.* Шахтаға *б а д ь я* аталатын кебежесімаққа кіріп, қолдан жіберетін арқан арқылы түседі екен (С. Мұқанов, Есею жыл.). Сол қызыл үйдің батыс жағында бір *б а д ь я* тұр (Ә. Әбішев, Замана.). Шахтаға *б а д ь я* аталатын зор шелекке мініп түсетін (Ә. Бірмағамбетов, Қаз. геогр.).

БАЖ и р. з а т. э к о н. *Мемлекеттер арасындағы экспорт үшін алынатын ақшалай салық.* Сауда жолдары хауіпті бола бастады, феодалдар керуен тонап, товарға үлкен *б а ж* салығын салып отырды (ҚазССР тарихы). Рынокта малды, мал шаруашылығының өнімдерін көп түсетін ету үшін қазақтардың *б а ж* салығын төлемей сауда жасауына рұқсат етіледі (Бұл да). Сауда қылам деп, *б а ж ы* төлеп, қолына қағаз алған адам саудагер құқығын ала алады (С. Шарипов, Бекболат).

БАЖ: баж етті. *Кенеттен қатты дауыс шығарды, бақырып жіберді.* Аяжан жаман састы. *Б а ж е т к е н* дауысының қалай шығып кеткенін өзі білмеді (Б. Соқпақбаев, Аяжан). Тыным таппай жүрген сарала мысықтың аяғын Айтбай басып кетіп *б а ж е т к і з д і* (Т. Дәуренбеков, Бір түйме).

БАЖА з а т. *Бір адамның немесе ағайынды кісілердің қыздарына үйленген адамдар.* Сен, балдызым *б а ж а ғ а* билігің жүрмесе, оны осы бастан айт (С. Омаров, Күншуақ). Ал, мына үй иесі біздің *б а ж а,* аты Тәңірберген (Қ. Қамбаров, Алтай аясы). *Б а ж а н ы бажа* көрсе басы қышиды (Мақал).

БАЖ-БАЖ: баж-баж етті. 1. *Бажалақ қағып ұрысты. Б а ж-б а ж е т к е н* шаңқылдақ дауысқа қымызы толы қара сабадан басқаның бәрі жаңғырады (Ғ. Мүсірепов, Шығ.). Майбике жеңгей бетін шымшып, *Б а ж-б а ж е т і п,* жөнелді ұрсып (Ш. Смаханұлы, Тотияйын). 2. *Шабаланып үрді.* Жүргіншіге қарсы жүгірген шәуілдек иттер үйге жеткенше *б а ж-б а ж е т і п* қалмай қойды (Ауызекі тіл).

БАЖАЙ: бажайына келтірді. *Нәшіне келтірді.* Бітеді Ніл дарияға жалғыз қайың, Әрқашан құрбы білер құрбы жайын. Нақыштап *б а ж а й ы н а к е л т і р е т і н,* Ағалар жаңа талап жолдыбайың (И. Байзақов, Шығ.).

БАЖАЙ: бажай қылды. *Өтеді, атқарды.* Исламның бес парызын *б а ж а й қ ы л м а й,* Сен неге болып жүрсің тәркі сүннет? (Айтыс).

БАЖАЙЛА е т. *Байыптап түсіндіру.* [Енесі Гүлмираға] Төркінге бара берудің пәлендей жақсы тірлік еместігін *б а ж а й л а й д ы* (Д. Досжанов, Зауал).

БАЖАЙЛАН *Бажайла етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Журналист Майлиннің өмірлік материалдарын іріктеу принципі, әдісі *б а ж а й л а н д ы* («Лен. жас»).

БАЖАЙЛАС *Бажайла етістігінен жасалған ортақ етіс.*

БАЖАЙЛАСУ *Бажайлас етістігінің қимыл атауы.*

БАЖАЙЛАТ *Бажайла етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БАЖАЙЛАТУ *Бажайлат етістігінің қимыл атауы.*

БАЖАЙЛАУ *Бажайла етістігінің қимыл атауы.* Шамасы, бастан кешкендерді *б а ж а й л а у ғ а* түсіп кеттім-ау деймін («Қаз. әдеб.»). Бұл істі былай *б а ж а й л а у ы м ы з* керек (І. Жансүгіров, Шығ.).

БАЖАҚТА е т. с ө й л. **Бажалақта.**

БАЖАЛАҚ: бажалақ қақты. *Өзін ұстай алмады, дегбірсізденді.*

БАЖАЛАҚТА е т. *Қатты-қатты сөйлеу, бажылдап ұрсу.* Ол немісше бірдемелерді айтып *б а ж а л а қ т а й* берді (Қ. Қайсенов, Жау тылы.). Монтер жігіт бірдеңе-бірдеңе деп күңкілдей бастап еді, Қасым онан әрмен *б а ж а л а қ т а п* кетті (С. Мұратбеков, Көкорай). *Б а ж а л а қ т а п* жүгірген Қайша бұлардан ұзап шыққан соң, емін-еркін балағаттады (К. Оразалин, Ақ жазық).

БАЖАЛАҚТАС *Бажалақта етістігінен жасалған ортақ етіс.*

БАЖАЛАҚТАТ *Бажалақта етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БАЖАЛАҚТАУ *Бажалақта етістігінің қимыл атауы.*

БАЖАЛАҢ: **бажалаң қақты.** с ө й л. *Бажалақ қақты.*

БАЖАЛАҢДА е т. с ө й л. **Бажалақта.** Кер жалқау қалар өмес *б а ж а л а ң д а п,* Дүшпанын қазір быт-шыт қылар жандай (Ғ. Игенсартов, Тың дала).

БАЖАЛАҢДАУ *Бажаланда етістігінің қимыл атауы.*

БАЖАЛЫҚ с ы н. *Бажаға тән.*

БАЖАҢ: **бажаң қақты.** *Күйіп пісті, бажылдады.* Қазір ақшасын төлеп, чекті өз қолыңа бердім ғой, тал түсте талаймысың?— деп Шалғымбай *б а ж а ң қ а қ т ы* (І. Жансүгіров, Шығ.).

БАЖАҢДА е т. с ө й л. **Бажақта.**

БАЖАҢ-БҰЖАҢ е л. *Баж-бұж, шаңшұң.* Ауыл ортасынан *б а ж а ң-б ұ ж а ң* еткен дауыс та шығып қалды (І. Жансүгіров, Шығ.).

БАЖАҢДАУ *Бажаңда етістігінің қимыл атауы.*

БАЖБАЛАҢ: **бажбалаң қақты.** *Бажалақ қақты, бажылдап ұрысты.*

БАЖБАЛАҢДА е т. *Күйіп-пісіп бажалақтау.*

БАЖБИ е т. с ө й л. **Бағжи.** Ол өлгі адамның бетіне *б а ж б и я* бір қарады да, отыра берді (М. Сүндетов, Балық аула.). — А! — деді Қабес,— екі көзі *б а ж б и ы п,* ойбай-ау, қазақ болғаны ғой (Е. Домбаев, Ол. адам.).

БАЖБИТ *Бажби етістігінен жасалған өзгеліс етіс.* Үлкен көзін *б а ж б и т а,* кіріге бір түрлі таңдана қарай ма, қалай (М. Сүндетов, Ескексіз.). Байлап алсақ *б а ж б и т ы п,* Барар ек ханға мақтанып. Атаңа нәлет демес ед, Міндетін барсаң атқарып (Ү. Кәрібаев, Шығ.).

БАЖБИТУ *Бажбит етістігінің қимыл атауы.*

БАЖ-БҰЖ е л. *Айқай-ұйқай, даң-дұң.* Қарауыл әйелдің *б а ж-б ұ ж* айғайынан қызыл өгіз де қозғала бастады (Т. Тобақабылов, Тағдыр). ◆ **Баж-бұж етті.** *Шаңшұң шығарды, қатты-қатты сөйледі.* Кабинетке *б а ж-б ұ ж* етіп бір қартаң әйел кіріп келді (М. Гумеров, Хазірет.).

БАЖДИ е т. ж е р г. **Бағжи.** Шешесі қызына қарап, *б а ж д и д ы* да қалды (О. Сәрсенбаев, Сағым). Оның мұрты еді-рейіп, көзі *б а ж д и ы п,* мойнының күре тамырлары баттиып көгеріп көрінеді (Д. Досжанов, Тұлпар.).

БАЖЫЛ з а т. *Қатты дауыс, бажылдаған үн.* Бірінің артынан бірі түйіліп, станцияға төніп қалған өлгі бәледен бір кереметтей *б а ж ы л* құлақты жара, ышқына шықты (Ө. Нұрпейісов, Күткен күн).— Ойбай-ай, өнді таяқ жұмсадың ба? — деген Қараштың *б а ж ы л ы* естілді (Н. Серәлиев, Қаңтар.). // *Бажылдап үре беретін, шәуілдек.* Көксерек тап бергенде талай бұралқы төбет, *б а ж ы л* қаншық қаңсылай, шәуілдей қашатын болды (М. Әуезов, Көксерек). ◆ **Бажыл қақты.** *Зар қақсады, безек қақты, бажылдады.* Сирағына от құлап, Лөпиені күйдіріп, *Б а ж ы л қ а ғ ы п* ол жылап, Жеген күнім жұдырық (І. Жансүгіров, Шығ.).

БАЖЫЛДА е т. 1. *Баж-баж ету, бажалаң қағу.* Ерке тоқалдың *б а ж ы л д а ғ а н* ащы даусы шықты («Халық мұғ.»). Ауыл советтің кеңсесіне жеткенше екі әйелдің *б а ж ы л д а ғ а н* даусы құлағына келіп тұрды (Т. Ахтанов, Боран). Шарафиянов айғай мен пәле сөзді айтып, көп *б а ж ы л д а с а* да, төбелеске бата алмай, тайқи берді (М. Әуезов, Таңд.). // *Гүрілдеу, гүжілдеу.* Көксесі бұлғаңдап «Волгамыз» *Б а ж ы л д а п* батты кеп батпаққа, Бұлқынды, жоқ шеттен қолқабыс, Трактор келгенше жатпақ па? (Ж. Молдағалиев, Өлеңд.). 2. *Божылдап қайнау.* Осы сәтте *б а ж ы л д а п* сар самаурын келді (Ө. Қанахин, Жер бас.). *Б а ж ы л д а ғ а н* самаурынның түбінде желкілдеген жас келін отыр (О. Сәрсенбаев, Сағым).

БАЖЫЛДАҚ с ы н. *Бажылдауық; ұрысқақ.* Ол өлмесе, ана *б а ж ы л д а қ* кемпір жыламас еді ғой (М. Сүндетов, Балық аула.). Құлақтың түбінен тағы гүрс, тағы беттен алған *б а ж ы л д а қ* шаңқыл (С. Бердіқұлов, Егеулі найза). *Б а ж ы л д а қ* қарғыс, ойбай мен қым-қуыт айқай-сүрен жонынан мұздай тер шығарса да, сыр бермей тартып келеді (Ә. Кекілбаев, Дала.).

БАЖЫЛДАС *Бажылда етістігінен жасалған ортақ етіс.* Олар бірде *б а ж ы л д а с ы п,* бірде күлісіп түн тыныштығын бұзды (І. Жансүгіров, Шығ.).— Е, көше ғып неге салмайсың қыстауыңды? — деп, Ыбырай көршісімен де *б а ж ы л д а с т ы* (Б. Майлин, Шығ.).

БАЖЫЛДАСУ *Бажылдас етістігінің қимыл атауы.* Мұнда шу жоқ, кейбір дүкендердегідей *б а ж ы л д а с у* жоқ (І. Жансүгіров, Шығ.).

БАЖЫЛДАТ *Бажылда етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БАЖЫЛДАТҚЫЗ *Бажылдат етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БАЖЫЛДАТҚЫЗУ *Бажылдатқыз етістігінің қимыл атауы.*

БАЖЫЛДАТТЫР *Бажылдат етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БАЖЫЛДАТТЫРУ *Бажылдаттыр етістігінің қимыл атауы.*

БАЖЫЛДАТУ *Бажылдат етістігінің қимыл атауы.*

БАЖЫЛДАУ *Бажылда етістігінің қимыл атауы.* Бірте-бірте *б а ж ы л д а у ы н* қойып, тек кей-кейде ғана артына бұрыла бере шаңқ етіп, қаша жөнеледі (Р. Райымқұлов, Бұрылыстар).

БАЖЫЛДАУЫҚ с ы н. 1. *Бажылдап ұрса беретін.* 2. А у ы с. Э к с п р. *Шиқылдауық.* Осы ойлармен мен таң ата бөлменің шамын өшіріп, *б а ж ы л д а у ы қ* төсегіме барып қисайдым (Ә. Нұршайықов, Махаббат.).

БАЖЫНА е т. ж е р г. *Топшылау, байымдау, түю.* Сая күйіп кетті білем, көкірекке бұлт үйіре қалған ашы ойын ірікпей айтып салды. Құлшығаш та осы сөзді күткендей екен. «Тұқымымды құртқан сен» деп *б а ж ы н а ды* (Д. Досжанов, Зауал).

БАЖЫР с ы н. *Бажырақ, бажырайған.* Бетінің азырақ шұбары қазір алатеңбілденіп, сұрланып алған *б а ж ы р* сары Сәмен, қатты ашудан қалшылдап кетті (М. Әуезов, Таңд.).

БАЖЫРАЙ е т. 1. *Бақыраю, бағжию.* Әбдірахман ләм-мим деместен *б а ж ы р а й ғ а н* күйі садағын берді (О. Сәрсенбаев, Сағым). Шаш арасынан *б а ж ы р а й ғ а н* үлкен көзі өңменнен өтеді (Ғ. Мұстафин, Көз көрген.). Асаубай бетіме *б а ж ы р а й ы п* бір қарады да, қамыс арасын қопара бастады (Ә. Сәрсенбаев, Толқында.). 2. *Бадырайып, ерескел көріну.* Осының бәрінде де *б а ж ы р а й ғ а н,* «айқайлап», ерсі көрініп тұрған ешнәрсе жоқ, қайта әншінің талғамының жақсы екендігі байқалады (А. Жұбанов, Замана.).

БАЖЫРАЙТ *Бажырай етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Нұралы көзін *б а ж ы р а й т ы п,* ернін қысты (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). Жалғыз-ақ Балықбай үлкен ала көзін *б а ж ы р а й т ы п,* сөйлеушіге әлі қарап отыр (С. Бақбергенов, Адам.).

БАЖЫРАЙТЫС *Бажырайт етістігінен жасалған ортақ етіс.*

БАЖЫРАЙТЫСУ *Бажырайтыс етістігінің қимыл атауы.*

БАЖЫРАЙЫС *Бажырай етістігінен жасалған ортақ етіс.* Жұмбақтың шешуін таба алмай, оның бетіне *б а ж ы р а й ы с а* қалдық («Лен. жас»). Қоңырау соғылысымен класқа кіріп келе жатқан өзіңіді көргенде *б а ж ы р а й ы с ы п,* бірімізді бетімізге бірімізқарадық (Бұл да).

БАЖЫРАЙЫСУ *Бажырайыс етістігінің қимыл атауы.*

БАЖЫРАҚ: бажырақ көз. С ө й л. **Бадырақ көз.** Маржан келген соң бақшиған *б а ж ы р а қ к ө з і н* оған бір, балапанға бір қадап етті (Ә. Кекілбаев, Дала.). Жапалақ сияқтанған *б а ж ы р а қ к ө з,* қара сақал Ақықты малға сатып алатын боп кетіпті (Н. Ғабдуллин, Сарғайған жапырақ).

БАЖЫРАҢ: бажыраң етті. Бағжаң етті. Жақын шошып кеткендей қысыңқырап отырған көзін *б а ж ы р а ң е т і п* ашып алды (Ғ. Мұстафин, Миллионер). Сол кіріп келгенде Мұқтардың көзі *б а ж ы р а ң е т т і* (Ғ. Мұстафин, Көз көрген).

БАЖЫРАҢДА е т. Бағжаңдау. Шал... әлі де таңданған күйі, *б а ж ы р а ң д а п* Рақымға қарай береді (Б. Тілегенов, Көктем.).

БАЖЫРАҢДАС *Бажыраңдас етістігінен жасалған ортақ етіс.*

БАЖЫРАҢДАСУ *Бажыраңда етістігінің қимыл атауы.*

БАЖЫРАҢДАТ *Бажыраңда етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БАЖЫРАҢДАТУ *Бажыраңдат етістігінің қимыл атауы.*

БАЖЫРАҢДАУ *Бажыраңда етістігінің қимыл атауы.*

БАЖЫРЛА е т. ж е р г. *Безек қағу, сарнау.* Болат сымдардан өрілген арқан беліне айналып оралған сайын, барабан даусы әлдекімге мұңын шаққандай зарлана *б а ж ы р л а й д ы* (М. Сәрсекеев, Жетіжылдық.).

БАЖЫХАНА и р. з а т. *Бажы салығын алатын орын, мекеме.* Батыс Сибирь *б а ж ы х а н а л а р ы* арқылы қазақ даласына астықтың бажы салығынсыз келуіне рұқсат етілді (ҚазССР тарихы). Орта Азия және Қытаймен байланыс Орынбор, Омбы және басқа *б а ж ы х а н а л а р* арқылы болды (Бұл да).

БАЗ[1] з а т. 1. *Малға арналып салынған үлкен қора.* Мал *б а з д а р ы* стандартты түрде қайта салынды (С. Әлжіков, Дала қыран.). Фермаларда жылқы қамайтын *б а з* болғаны жөн (Д. Керімбаев, Қазақст. жылқы.). Мал қора — үлкен *б а з* ауылға кіре берісте болатын (С. Жүнісов, Жапанда.). 2. *С ө й л.* **База.** Сөз етті жақсысын да жаңа жылдың, Қай *б а з д а* барын білді таза бұлдың. Кейде бір сыр да айтылды құпиялау Кімдерді қайда ұзатты қала бұл күн (Ә. Сәрсенбаев, Жазылма. кітап).

БАЗ[2] и р. с ы н. *Ер жүрек, батыр; азамат.* Шапыраштың, ол рас, Сенен тегінде аз едім, Аз да болсам тартымды, Сенен дулат *б а з е д і м* (Жамбыл).

БАЗ: баз баяғы. *Сол күйде, бұрынғыша.* Қарлығаштың айыр құйрығындай, қап-қара мұртым *б а з б а я ғ ы* сұлу қалпында («Лен. жас»). Көптеген колхоз, совхоздар айтарлықтай өзгермей, *б а з б а я ғ ы* қалпында қалып келеді (С. Ысқақов, Табиғат.). **Баз бір.** *Кей, кейбір. Б а з б і р* жерде жүгіріп, *Б а з б і р* жерде кідіріп, Жүгіре басып барады-ай (Алпамыс). **Баз біреу.** *Кейбіреу. Б а з б і р е у л е р* қаладан алып келген дастарқандарын жайып, ас қамына кіріскен (Ө. Күмісбаев, Жапырақ.). **Баз кешті.** *Көрместей болды, күдер үзді, жеріді.* Бұл сапар бөрінен *б а з к е ш і п,* алды-артына қарамай зырлады (Р. Райымқұлов, Бұрылыс.). Осы бір жаман әдеттен *б а з к е ш е т і н* мезгіл жетті ғой (С. Омаров, Дала қызы). **Баз қалпы.** *Баяғыдай, сол қалпы.* Әлекең келгенде үш қойдың өкпесі *б а з қ а л п ы н д а* орнында тұр екен (Б. Қыдырбекұлы, Шайтан). Жаныстың жүзі жайдары екен, Күндегі *б а з қ а л п ы н д а* (Қ. Ұябаев, Қырда.).

БАЗА з а т. 1. *Түрлі заттар қоймасы, склад.* Сенеміз бе, бақандай екі жүз сауда орнын қамтитын үлкен *б а з а д а н* бір банка да варенье, компот шықпапты (М. Рашев, Бетің қисық). Содан енді бір азық-түлік *б а з а с ы н а* бардым (Ғ. Қабышев, Мінездеме). Директор *б а з а д а н* тапсырылған күріштің ылғалдылығын, тазалығын сұрап алды (Ақ бидай). 2. А у ы с. *Негіз.* Негізгі сөздік қорға енетін жеке сөздер сол бір тілдің ішінде жаңа сөз жасауға *б а з а* бола алады (Қазіргі қаз. тілі). Совет Одағы коммунизмнің материалдық-техникалық *б а з а с ы н* жасау кезеңіне енді (Саяси экономия). Мұнда қысқа мерзімнің ішінде аса қуатты өндіріс *б а з а с ы н* жасау керек («Соц. Қаз.»). 3. *Белгілі бір нәрсемен қамтамасыз етіп отыратын мекеме, ұйым.* НАТО-ға сәйкес американ әуе-соғыс және теңіз-соғыс *б а з а л а р ы* құрылды («Қазақст. мұғ.»). Санаторийлер, пионер лагерьлері, туристік *б а з а л а р* жаңалап өсіп келеді («Спорт»).

БАЗАЛЬТ з а т. м и н. *Құрамына құм араласқан, қара түсті, су өткізбейтін берік тау жынысы; кериш.* Су өткізбейтін жыныстарға саз, гранит, *б а з а л ь т* және басқалар жатады (С. Орынбаева, Геогр. ғажайып.). Тауда, тау бөктерінде кварц құмы, *б а з а л ь т* және гранит кесектерін кездестіруге болады (С. Турдиев,... Үй өсімдік.). *Б а з а л ь т* — түсі қара, кристалдары өте тығыз, құрамында дала шпатының, авгиттің және оливиннің ұсақ кристалдары бар берік минерал (С. Жортанов, Өлке тану.).

БАЗАЛЬТТЫ с ы н. *Құрамында базальты бар, базальт араласқан.*

БАЗАР и р. з а т. 1. *Арнайы алаңдарда орналасқан еркін сауда-саттық жайы, орны. Б а з а р д а н* базарға шапқылап, тері сүйретіп, мал жетелеп, сауда қылатын да жүретін (Б. Майлин, Шық.). *Б а з а р д а н* ұн, шайын, бұл-бұйымдарын және де асықпай алып жатқан кездері (М. Әуезов, Абай жолы.). *Б а з а р д а* халық толы. Өзге халықты қойғанда қазақтың бес жүздей жігіті *б а з а р д а* жүр (І. Жансүгіров, Шық.). 2. А у ы с. *Қызық дәурен, той-думан.* Өткен соң *б а з а р,* Қайтқан соң ажар Не болады құр қожақ (Абай). Аз күнде Ажар үйі болды *б а з а р,* Возбаланың бәрі де салып назар, Қолтықтасып көшеде жүруменен Күндер болды

жұмада ұлтан тозар (С. Мұқанов, Шыңнан шыңға). Балалы үй — *базар*, баласыз үй — қу мазар (Мақал). ◆ **Базар жасады.** *У-шу, азан-қазанға айналдырды.* Көпіршіп жатыр көл суы, Жел тұрса көбік шашады. Қосылып құсқа мал шуы, Көл басын *базар жасады* (А. Тоқмағамбетов, Өмір). **Базары өтті.** *Қызығы артта қалды, жас кезі өтіп кетті.* Ойбай-ау, асықпағаны несі мынаның! Көрмейсің бе, өзіміз үш баланың анасы болдық. Жігіттен жігіт таңдап жүріп *базарыңды өткізіп* алсаң... (Т. Ахтанов, Дала сыры). **Базары тарқады.** *Қызығы бітті, жастығы өтті.* Елу, елу! Жарты ғасыр! Бірақ та *базар тарқар* кәрілік шақ емес ол («Қаз. әдеб.»). **Балалықтың базары.** *Жастық шақтың қызығы, думаны. Балалықтың* сол *базарында*, ерте тарадың. Есейе келе, әзіліңменен өртесең. Салмақты көзбен қарадым (Ж. Әбдірашев, Найзағайлы жаз). **Барымен базар.** *Барына риза болды, мәсе тұтты. Барымен базар* — деді де, әлгі жиырма шақты баламен жұмыс жүргізуге кірісті (Б. Соқпақбаев, Жекпе-жек). *Барымызбен базар* деп шатырды жауып, қалғанының қайырын күттік («Лен. жас»). **Басынан базары өтті.** *Қызық дәурені өтті, жастығы артта қалды. Басынан базары өткен* кісінің ендігі қалған тірліктен ешқандай қызық күтпейтін үмітсіз халін танитын (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). **Басын базарға салды.** а) *Сөзге іліктірді, дауға қалдырды.* ә) *Әуреге салды.* Мені сыртымнан билеп, Жібегімді бір қаңғырған жалғыз атты жолаушыға беремін деп *басын базарға салып*, көш жөнекей көрсетіп жүргені не қылғаны? (Қыз Жібек). **Жайма базар.** *Ашық алаңда жүргізілетін сауда-саттық, жеке сауда.* Бірақ, сол магазинде жоқ ұн мен пекарниде жоқ нан магазиндегіден де қымбат бағамен *жайма базарларда* сатылып жатады (Ә. Сәрсенбаев, Толқында.). Бір алла азабына не ажалына басты ма, *жайма базарға* түстік (К. Тоқаев, Тасқын). **Жігіттіктің базары.** *Жастық шақ.* Жігіттің тағы бірі түссін еске, Семірген ол бір сабаз қара күшке. *Базары жігіттіктің* ойында жоқ, Айналып келмек түгіл кірмес түске (Ақан сері.). **Колхоз базары.** *Колхоз өнімдерін сататын орын.* Артық өнім *колхоз базарында* немесе мемлекеттік және кооперативтік мекемелер арқылы сатылып отырылады (Ә. Стамқұлов, Үй іргесі.). Екеуің бірдей үйде отырып ең болмаса *колхоз базарына* апаратын қауын үзіп қоймайсыңдар ма? (Н. Серәлиев, Намыс). **Көк базар.** *Овощ, жеміс сататын жер.*— Ой, біз деген асқабақпен барабармыз, Көрмейсің бе қарынды, Қалдырам артта бәріңді, *Көк базарға* кетемін, Көрсетермін деп қауынға ісінді (О. Әубәкіров, Бытпылдық). **Көркін базарға салды.** *Көркін бұлдады, ажарын бетке ұстады.* Бір күні тозар ажарға Мың күн ермек іздеген, *Көркін салар базарға* Сол-ау сұлу қыз деген (Ғ. Қайырбеков, Таулар). **Кітап базары.** *Кітаптар сатылатын жер. Кітап базары* күндізгі сағат оннан басталады (С. Мәуленов, Жұлдызды жыл.). **Қан базар.** *Нағыз қызған базар; халық көп жиналған орын. Қан базарда* қарбыз жатты, Көптен бөлек жалғыз жатты. Шикі деп қарамапты, Бір тістеуге жарамапты (О. Әубәкіров, Бытпылдық). *Қан базардың* ортасында кенет құшақтай алған жігіттің кім екенін ажырата алмады («Лен. жас»). **Құс базары.** *а) Түрлі құстар сататын орын. ә) Құстар қиқуы, сайраны.* Жаз бойы онда *құс базары* болады да жатады (М. Дүзенов, Әке.). Түс ауып салқын самал соққанда құстар қайта ұшады. Қайтадан кешкі *құс базары* басталады (Ж. Әбиев, Биология.).

БАЗАРДАЙ с ы н. *Базар сияқты.* Мал сауған қатындар, бие ағытқан қыз-келіншек, асыр салған балалар мен ауыл іші *базардай* қайнап жатыр (Б. Майлин, Шығ.). Таң ата түгел жиналып келген жұрт үлкен қуанышта, *базардай* гүілдесіп тұр (Ғ. Мүсірепов, Кездесу кет.). Жалғыз қыстау басы бұл күндері *базардай* дабыра боп жатқан-ды (Ғ. Сыланов, Асау арна).

БАЗАРКЕШ и р. с ы н. с ө й л. *Базаршы.* Өзі болса күні бойы базарда көшенің қалың шаңын басына көтеріп, *базаркештердің* малын айдасып, жүгін артысып, шаңқын бала болып жүреді (Д. Досжанов, Тұлпар.).

БАЗАР-КҮЛКІ с ы н. *Ойын-сауық, думан.* ...Ел аралап жүрген ол әзілкеш те, отырған жері *базар-күлкі* (С. Әлжіков, Дала қыран.).

БАЗАРЛА е т. 1. *Сауда жасап, керек-жарағын алу.* Көп ақшамен аттанып, сайран салып, *базарлай* қайтатын мен

қайбір бұрыннан бар кісі! (Б. Аманшин, Жар мұңы). Әлі сол зыр жүгіріп шеттен мал сатып *базарлай* келген жұрттың жүгін арқалап, көлігін суарып, күтіп, тиын-тебен табу соңында жүр (Д. Досжанов, Тұлпар.). 2. Ауыс. *Бұлдау, жоғары бағамен сату.* Биылғы Қоянды жәрмеңкесінде Шалматай малын жақсы *базарлады* (І. Жансүгіров, Шығ.).

БАЗАРЛАС *Базарла етістігінен жасалған ортақ етіс.*

БАЗАРЛАСУ *Базарлас етістігінің қимыл атауы.*

БАЗАРЛАТ *Базарла етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БАЗАРЛАТУ *Базарлат етістігінің қимыл атауы.*

БАЗАРЛАУ *Базарла етістігінің қимыл атауы.* Сондықтан «барымен *базарлауға*» мәжбүр болды (Т. Әлімқұлов, Сейтек.).

БАЗАРЛЫ с ы н. 1. *Базары бар.* Құрметті сәлем жаздым Серіқұлға Қызығар *базарлы* жер тиын-пұлға. Құдайым жаратса да қыз ғып мені, Атаанам өсіріпті балап ұлға (Айтыс). 2. А у ы с. *Құнды; Қадірлі, сыйлы.* Күріш *базарлы* да, бағалы дақыл («Лен. жас».). Кедейдің малы күзде *базарлы*, байдың малы күнде *базарлы* (Мақал). Ер еді бапты құстың баласындай, *Базарлы* қыз, жігіттің таласындай. Дариға, кең тыныштық заман болса, Қазақтың солармен даласы бай! (Ғ. Қайырбеков, Большевик). 3. А у ы с. *Қызықты, думанды.* Сол *базарлы*, дулы шақ есіне түскенде көңілі қобалжып, қаз-қатар самсап тұрған терезелерге қызыға қарады (Қ. Жұмаділов, Көкейкесті). Ақылды да ажарлы, Жүрген жері *базарлы*. Аяулы жеңгем бар еді, Перзентке ғана зар еді (Ш. Смаханұлы, Ұры тіс). ◆ Базарлы болды. *Жоғары бағамен сатылды.* Қарабет Хасенге: — Ә, ә, мал *базарлы болды* ма? Сауда қалай? — деді (С. Жүнісов, Жапанда.).

БАЗАРЛЫҚ з а т. *Қалашының өз үйіне, ауыл адамдарына алып келген сый бұйымдары.* Үш-төрт күн іркіліп, атқа бектерген қоржынның екі басын толтырып *базарлық* алып келді (О. Сәрсенбаев, Сағым). Мына бір *базарлық* — алтын сақина әкелдім, ала ғой (С. Сұбханбердин..., Шағын пьеса.). *Базарлық* үлестіріп шүпірлеген балаларының қуанышына сүйінген әке сияқты (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.).

БАЗАРНАЙ з а т. с ө й л. *Базар басқарушы.* Ойласып оларға да қойды әкім, Әділ боп жемеңдер — деп жұрттың ақын. Басшы етіп *базарнайлар* сайлап қойды. Бас қоймай базарларда оған жақын (Т. Ізтілеуов, Рүстем.).

БАЗАРСЫЗ с ы н. 1. *Базары жоқ (жер).* 2. А у ы с. *Қуаныш-шаттығы жоқ, қызықсыз.* Енді *базарсыз* күнінде сен қайсы қалған (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке).

БАЗАРСЫЗДЫҚ з а т. *Базары жоқтық.*

БАЗАРШЫ з а т. *Базардан керек-жарағын алушы, қалашы.* Базардың шаңын кесек қорасының іші *базаршыға* толып кетіпті (О. Сәрсенбаев, Жалғыз күрке). Айға қара, ендеше айға қара, Көрейін шырайында айға қара. Сізге деген целковой үйде қапты, Келгенше *базаршылар* жайға қара (Айтыс). Үйімізге қонақ келсе, *базаршымыз* келгендей бір қуанып қаламыз («Соц. Қаз.»).

БАЗАРШЫДАЙ с ы н. *Базаршы тәрізді.* Қарынбай ішке кіргесін патрон салған жәшіктерді ұнатпаған *базаршыдай* әрлі-берлі қозғап-қозғап қойды (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.). Шешем екеуміз олжаға батқан *базаршыдай* үйге жетісін қайттық (Б. Соқпақбаев, Балалық.). Інім, сен, ерегісіп еселейсің, Келтірген *базаршыдай* жиде, жаңғақ (Айтыс).

БАЗАРШЫЛ с ы н. *Базарға барғыш, базарлағанды жақсы көретін.* Жайлау елі жалпағынан *базаршыл*. Бала-шағасымен күнде базарға бармайтын албан аз (І. Жансүгіров, Шығ.). Ол асылы *базаршыл* адам емес-ті (Р. Райымқұлов, Бұрылыстар).

БАЗАРШЫЛА е т. *Базар аралап сауда жасау.* Онан күн жексенбі, *базаршылаған* жұрт қаптап, автобусқа кезек бермей-ақ қойғаны (А. Нұрманов, Аққу.). Сондықтан анда-санда бір, Кезімді жасқа шылағам, Мен де бір кедей жанды бір, Тиынмен *базаршылаған* (Қ. Мырзалиев, Ақ отау).

БАЗАРШЫЛАУ *Базаршыла етістігінің қимыл атауы. Базаршылау* қазақта да бар сияқты (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз).

БАЗАРШЫЛЫҚ з а т. *Сауда жасаушылық.* Әскер жорығы қалаға мал айдаған шаруаның *б а з а р ш ы л ы ғ ы* емес (Х. Есенжанов, Ақ Жайық).

БАЗ-БАЗДА ү с т. *Кейде, анда-санда.* Басқа балаларды қойғанда Ділдәнің өзі де *б а з-б а з д а* оның көмегіне тәуелді болып қалады (Ә. Омарбеков, Көрлен кесе).

БАЗДАН е т. *Иістеніп бүліну, жінігу.* Ыссыда ет біткенің *б а з д а н а т ы н,* Өзінің жоғалтатын жазған атын. Жінігіп баздандбаса егер етің, Шыдамай шұжық өзі көгеретін (Қ. Мырзалиев, Күміс қоңырау). Қораның көңін неге оймағансыз? Мал жатса *б а з д а н а д ы,* ысиды (Д. Досжанов, Зауал). Мұндайда адамның алақаны мен табаны тершіп, кейде *б а з д а н ы п* тұрады (О. Бөрдібаев, Таз — тақиядан.).

БАЗДАНДЫР *Баздан етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БАЗДАНДЫРУ *Баздандыр етістігінің қимыл атауы.*

БАЗДАНДЫРТ *Баздандыр етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БАЗДАНУ *Баздан етістігінің қимыл атауы.*

БАЗЕД з а т. м е д. *Қалқанша бездің гормонды көп бөлуінен пайда болатын ауру.* Егер организмге гормон көп бөлінетін болса, онда *б а з е д* ауруы деген дерт пайда болады. Ондай адамдардың көзі бадырайып, шарасынан шығып тұрады, өзі арық, жүдеу болады (Т. Айтбаев, Қан. қасиеті). Егер қалқанша безі гормон шығаруын күшейтсе, адам *б а з е д* ауруына шалдығады, бұл ауруды кейде көздің шарасынан шыға өте бақыраюынан білуге болады (Адам анатом.).

БАЗИС з а т. э к о н. *Белгілі бір қоғамдық формацияға тән экономикалық құрылыс, өндірістік қатынастардың жиынтығы.* Экономикалық *б а з и с* белгілі бір қондырманы тудырады да, оның даму бағытын белгілейді («Лен. жас»). *Б а з и с* және қондырма деген ұғымдар қоғамның экономикалық құрылысы мен оның идеяларының, мекемелерінің араларындағы нақтылы байланыс (Бұл да). Патриархалды-феодалдық қондырма сол дәуірдегі экономикалық *б а з и с к е* сай келді («Халық мұғ.»).

БАЗИСТІК с ы н. *Базиске тән.* Шынында адам *б а з и с т і к,* образ қондырмалық категория болғандықтан, бұл екеуінің арасына теңдік белгісін қою көркемдікке үйлесімсіз («Қаз. әдеб»). ◆ **Базистік баға.** *Жоспарлау мен статистикалық есепте негіз болып алынатын баға.*

БАЗЫНА з а т. *Сөзі өтетін, өзімсінген адамға айтатын наз, өкпе.* Сенің бір *б а з ы н а ң д ы* басқа көтермесе де мен көтеремін — деді ол (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). Жігіттің кім айтады назына сын, Көтерер құрбы болса *б а з ы н а с ы н!* Есер шақ, ерке күндер бір оралса, Сөнер ем тағдырыма жазира шын (Ж. Молдағалиев, Поэм.). Сен аққу болғың келді ме қаз дегенмен, Көбейер деп пе едің аз дегенмен, Іиіннің *б а з ы н а с ы н* көтере сал, Шығын аз, сенен шығар таз дегенмен (Айтыс).

БАЗЫНАЛА е т. *Наз айту, базына айту.* Сонда ешкімнен *б а з ы н а л а п* өтінбей-ақ Баршагүл өз аяғынан «Кеңәріс» адамы болмас па еді (Ғ. Сыланов, Шалқар). Кейде адалдық жолымен жүрмегесің, Сенен басқа қалмайды мен сенер түк. *Б а з ы н а л а п,* бөлмеге бірге енесің, Қайдағы бір қыздарды келсем ертіп (Ж. Әбдірашев, Найзағай).

БАЗЫНАЛЫ с ы н. *Базынасы бар.* Бауыр едің ежелден *б а з ы н а л ы,* Қолтығында Шығыстың қазыналы, Сағынышпен осылай тағы талай, Қарсы алайық өмірдің жазын әлі (Р. Нұрпейісов, Туған өлкем). Дауыс ырғағында өтініш-тілектен гөрі деген өктем бұйрық, қайтсең де орындайсың деген *б а з ы н а л ы* батылдық бар (Қ. Жұмаділов, Көкейкесті).

БАЗЫНАЛЫҚ з а т. *Базынаға тән.* Ауылына келген қонақ екенін айтып, *б а з ы н а л ы қ* жасады (Б. Тәжібаев, Қараторғай). Қарағым, келін, бұл мына құдасының замандастық *б а з ы н а л ы қ п е н* барғанда қолыма қарайды ғой деп әкелген базарлығы ғой (Х. Есенжанов, Көп жыл.).

БАЗЫНАШЫ з а т. *Базына айтушы.* Бұл екеуін... барымташы деуге келмейді. Ал, *б а з ы н а ш ы* деген сөз қазаққа әлі кірмеген (Т. Әлімқұлов, Күрең өзен).

БАЗЫНАШЫЛ с ы н. *Базына айтқыш, наз айтқыш.* Думаншыл ақындар, түйреғіш тілдер, *б а з ы н а ш ы л* жігіттер, назқой қыздар еске түсті (Т. Әлімқұлов,

Туған ауыл). Күнгейге ұшқан тырнадай, Келдім ұшып Алматым, Жүрсе де қайда жырға бай, *Базынашыл* жарлы ақын (Т. Әлімқұлов, Боз жорға).

БАЗЫНАШЫЛДЫҚ з а т. *Базына айтқыштық.*

БАЙ[1] з а т. 1. *Иелігінде көп мал-мүлкі бар, үстем тап өкілі, феодал.* Қараша, желтоқсанмен сол бір екі ай, Қыстың басы бірі ерте, біреуі жай. Ерте барсам жерімді жеп қоям деп, Ықтырмамен күзеуде отырар *бай (Абай).* Көбінесе *байлардың,* би-болыстардың, әл-ауқатты адамдардың балалары ғана оқитын (Б. Кенжебаев, Қаз. дем. жазушы.). *Байдың* мың ешкісінің ішінде кедейдің жалғыз лағын қасқыр жейді деген осы! — деді шал түсі қуарып, іші күйіп («Лен. жас»). 2. *Сансыз. Көп, мол.* Қазақ ауыз әдебиетінің бір *бай* жері — Көкшетау (С. Мұқанов, Өсу жол.). Қарағайдың қылқан жапырағы С витамині мен каротинге *бай* шикі зат (С. Сұбханбердин, Өсімдік — дәрі.). 3. *Дәулеті тасыған, жетілген.* Мен — қазақпын, мен — *баймын,* байтақ елмін, Қайта тудым, өмірге қайта келдім (Ж. Молдағалиев, Жиырма бес). Ел *бай* болса, үкіметтің бай болғаны (С. Шарипов, Бөкболат). 4. *Әл-ауқатты, табысты.* Ол екі орта мектебі, үлкен клубы бар *бай* совхозда тұрады (Ауызекі тіл). ◆ **Бай баласы.** *Түгел бай атаулы.* Сол жұртта *бай баласынан* малы қырылмаған үй жоқ (Ауызекі тіл). **Байдың құйыршығы.** *Байдың жоғын жоқтаушы, байды жақтаушы.* Ой, жүзің күйгір, *байдың құйыршығы* боп — деді Ажар Асанға (М. Әуезов, Таңд.). **Жері бай.** *Жері құнарлы, шүйгінді. Жері байдың* елі бай деген нақыл Асан қайғыдан қалған ғой (М. Тиесов, Дала.). **Сасық бай.** *Байлығының қызығын өзі де көрмейтін, өзгеге де бермейтін топас бай.* 90 мың жылқысы бар Қарабайдың пейілі сонша тар, сарандығының үстіне Қарабай малын ішіп-жеуге қимайтын нағыз *сасық бай* (М. Әуезов, Әр жыл.). Румен атастырған Көбен деген, Көбенге шынымен-ақ кетер ме екен? *Сасық бай,* былшық, ынжық, қылшық айран, Ел еді Көбен көңілін көтермеген (І. Жансүгіров, Шығ.). **Тілге бай.** *Тілге шешен, тілі орамды.* Зияштың творчествосын оқып отырғанда, оның *тілге бай,* логикасы күшті... екенін көресің (Аялы жан.).

БАЙ[2] з а т. *Әйелдің некеленіп қосылған күйеуі, ері. Баым* ақ көңіл кісі еді, көрген-білгені болса бүкпе сақтауды білмей, ортаға салып айтып жүруші еді (Б. Майлин, Шығ.). Өз *баымнан* көрмеген қорлығымды, сенің әулекіңнен көргенім бе? (Ш. Хұсайынов, Таныс адам.). Менің *баымды* қалада істеп жүрген жерінен «ауылға бар, ауылға бар» деп ұран тастап осында жібердіңіздер (Т. Ахтанов, Дала сыры).

БАЙ-БАҒЛАН з а т. *Үстем тап өкілі, феодал.* Ол құс ұстап көрген адам емес, қаршыға салу, бүркіт, ителгі ұстауды *бай-бағланның* ермегі деуші еді (А. Нұрманов, Құлан.). Әншейінде осы өңірдің *бай-бағландарын* менсінбейтін пақ қожа бүгін терезесі тең адамша шүйіркелесті (З. Жөкенов, Таң самалы.).

БАЙ-БАЙ о д. *Ренжіп, кейігенде не таңырқағанда айтылатын сөз. Бай-бай!* Сондағы Шырайлымның жылағанын-ай! (Б. Майлин, Шығ.). *Бай-бай!* Ана жылғы тілмаш болатын қара Метірей ылғи картозней шылым тартушы еді (Қ. Тайшықов, Окт. ұшқыны). *Бай-бай,* қағынғыр-ай, бұл енді сүйтеді—деді (Б. Майлин, Шығ.).

БАЙБАЙЛА е т. *Байбалам салу, безек қағу, ойбайлау.* Ән сал десем, *байбайлайды* немерем, Қызармаған жер қалмады денеден. Қуыршаққа алданатын түрі жоқ, Жұбатуға немереме не берем? (С. Сейітов, Сенем сағаң). Қасымдағы досымның табанына бірер рет қураған жиденің шөңгесі кіріп, *байбайлап* отырып қалды (О. Сәрсенбаев, Таңбалы тас).

БАЙБАЙЛАС *Байбайла етістігінен жасалған ортақ етіс.*

БАЙБАЙЛАСУ *Байбайлас етістігінің қимыл атауы.*

БАЙБАЙЛАТ *Байбайла етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БАЙБАЙЛАТҚЫЗ *Байбайлат етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БАЙБАЙЛАТУ *Байбайлат етістігінің қимыл атауы.*

БАЙБАЙЛАУ *Байбайла етістігінің қимыл атауы.* Сарыны жүйткіп сары жайлау, Құлазып арқа желіндей, Күйінген бір үн *байбайлау,* Күңіренген күйзеу еліндей (С. Бегалин, Баллада.).

БАЙБАЙШЫЛ с ы н. *Көр-жердің барлығына күйіп-піскіш, байбалам салғыш. Байбайшыл* тартып баға жоқ, Жастарға жапсақ жала жоқ. Жат қораны күзеткен Қартаң шалда сана жоқ (Абай). Сөйткенше түз тағыларын, құс атаулыны жала-жоралардан сақтандырғыш, *байбайшыл* балшықшының үні естіледі (Ә. Көшімов, Қарт аңшы).

БАЙБАЛАМ з а т. *Алдын-ала қарсы болушылық, әбігерленушілік.* Тимей жылағаны алдын-ала тиесі таяқтан құтылмақ *байбаламы* ғой (М. Сүндетов, Балық аула.). Еділов оның әлгі бір өтірік *байбаламына* шынымен наныш отыр (М. Дүйсенов, Гүлжан). Сақып кемпір бұларды көріп, *байбаламға* баса жөнелді: — Ойбай-ау, ойбай! Бұл не деген бейбастақтық... Тапа-тал түсте сүйісіп тұр ғой мыналар (Н. Ғабдуллин, Сар. жапырақ). ◆ **Байбалам салды.** *Бажалақтады, күйіп-піскіш безектеді.* Апошка өзі күлкілі жайға тап болғаннан кейін босқа *байбалам салып* жүр (Қ. Исабаев, Айқыз). Ойбай-ай, ойбай, енді қайттім, мына жайрағыр, бидасын үзіп кетті-ау,— деп *байбалам салып* келе жатқан даусын естідім (С. Бақбергенов, Қарға тамған.).

БАЙБАЛАМДА е т. *Күйіп-піскіш, бажалақ қағу; шаң-шұң шығару.*— Қайдағы хат! Не айтып тұрсың, жеңеше? — Шолпан *байбаламдағанымен*, баланың хат бергенін сыртымыздан көріп қойған екен ғой — деп тағы қуыстанды (А. Хангелдин, Қараторғай).— Бетім-ау, қыс ішінде жарыла бөлектенетіндей ненің күні туды. Елге не дейміз — деп *байбалам*дап келе жатқан жұбайын қарт тойтарып тастады (М. Хасенов, Тұлпар.).

БАЙБАЛАМДАҒЫШ с ы н. *Байбаламдай бергіш.*

БАЙБАЛАМДАТ *Байбаламда етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БАЙБАЛАМДАТТЫР *Байбаламдат етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БАЙБАЛАМДАТУ *Байбаламдат етістігінің қимыл атауы.*

БАЙБАЛАМДАУ *Байбаламда етістігінің қимыл атауы.*

БАЙБАЛАМСЫЗ с ы н. *Айғай-ұйғайсыз, ұрыс-керіссіз.* Нендей істер болса да у-шусыз, дау-дамайсыз, *байбаламсыз,* өзінің бабымен шешіліп жататын болды (Ж. Исмағұлов, Адам.) Тоқ етерін бір-ақ айтады да, ешбір айқай-шусыз, *байбаламсыз*-ақ іске кіріп кетеді («Лен. жас»).

БАЙБАЛАМШЫЛ с ы н. *Байбалам салғыш.*

БАЙ-БАТША з а т. *Бай әулеті, ақ сүйек, үстем тап өкілі.* Бәкеннің тұр-тұрпатын қалалық *бай-батшалардан* айыруға болмайды (С. Мұқанов, Өсу жол.). Бұл бүкір *бай-батшаның* неше қатынының бірі екен?— деп ойлады (І. Жансүгіров, Шығ.). Ақыры, Жүсіп *бай-батшаның* үйіне малайлыққа тұрдық («Қаз. әдеб.»).

БАЙ-БАТШАДАЙ с ы н. *Бай-батша сияқты.* Бір өзіне бүкіл қонақ үйін босатып беріп қойды. Төріне отырғызып, *бай-батшадай* күтті (Д. Әбілев, Ақын арманы). Тіпті сол өткен қоғамның өзінде де *бай-батшадай,* бай баласындай шіренбей жұмыс істеген (Қазіргі қаз. тілі).

БАЙ-БАТШАЛЫҚ с ы н. *Бай-батшаға лайық.*

БАЙ-БӘЙБІШЕ з а т. *Бай мен бәйбіше.* Қабыл болсын мұның деп, Қол жайып дуа қылады. *Бай-бәйбіше* жөнелді, Қалғандар малға кенелді (Алпамыс).

БАЙ-БӨСІР с ы н. с ө й л. **Көл-көсір.** Ал марқұм «Алаш» ордасы, Ордасы еді жыланның. *Бай-бөсір,* ақша дорбасы, Шоқпары жез мұрт ылаңның (Ж. Молдағалиев, Жиырма бес).

БАЙҒАЗЫ з а т. *Жаңа киімге не затқа беретін жоралғы, ырым.* Бұлекеңе құндыз бөрік тіктірдік. Ертең кигізгенде *байғазысын* алдымен маған беріңіз (Ш. Хұсайынов, Таныс адам.). Толқытты та қара бұйра тың көлік, Аша түстік қызкөктемнің түрлерін. Кілеміне *байғазы* етіп қадалық, Тың даланың мраморлы үйлерін (С. Ақтаев, Тұңғыш кітап). Қыздар төрт күнгі саяхаттан толып жатқан көрімдік, *байғазы,* ...атқа артқан дүниемен оралды (М. Жұмағұлов, Қыран қазасы.).

БАЙҒАЗЫЛЫҚ с ы н. *Байғазы болар лық, байғазыға тұрарлық.*

БАЙҒҰЗ з а т. с ө й л. Байғыз. Осы кезде төменнен *байғұз* даусы үш рет естіледі. Дәл осы дауысты Темір де үш рет қайталайды (Ә. Тәжібаев, Жартас.). Төрт құлақты молалар... жалпылдап жа-

палақтар ұшады. Мөлиіп *байғұздар* отыр (М. Сатыбалдиев, Қоңыр қозы).

БАЙҒҰС сын. *Сорлы, бейшара, мүсәпір.* Не болды саған *байғұс*-ау, жылап отырсың ғой? (А. Хангелдин, Табысқан тағдыр). Өзі сырқат *байғұс* сылқ етіп құлап түсті (С. Алдабергенов, Асу). Ләззәт одан бейхабар болатын. Мына хабарға шын қуанды. *Байғұс* ақыры бақытын тапқан екен ғой (Т. Ахтанов, Дала сыры.).

БАЙҒҰСТАУ сын. *Мүсәпірлеу, мүшкілдеу.* Сүйелдей көзге шыққан бір Аулақта жатқан бай қыстау. Сол тойдан қорқып бұққан бір Секілді біреу *байғұстау* (Ж. Молдағалиев, Жиырма бес).

БАЙҒҰСТЫҚ сыр. *Мүсәпірлік, сорлылық.* Барлық келер білемін, Байтақ жұртқа шашылып, Бақыт келер біреудің, *Байғұстығын* жасырып (Ғ. Қайырбеков, Большевик.).

БАЙҒҰТАН зат. *Көкұтан сияқты ұзын сирақ, бойшаң құс.* Анадайдан өткір көзімен қарап құйрығын қимылдатып, аштық жылы аштан өлген адамдардың етін жеп дөңдеген *байғұтандар* отыр (С. Дөнентаев, Шығ.).

БАЙҒЫЗ ир. зат. *Арқасы ақшыл дақты сарғылт, бауыры көмескі қоңыр жолақты, жапалақ тәрізділер отрядына жататын құс.* Үкі мен *байғыз* түнгі жыртқыш. Бұлар сазды жарқабақтарда, опырылып қалған ескі құдықтарда, үйілген тастарда және молаларда ұялайды (Б. Муханов, ...Қазақст. өсімдік.). Ескі қорғаннан сұңқылдап шыққан *байғыз* үні құлағына келді (С. Бақбергенов, Қайран шешем). Қырдағы *байғыз* үніне, сайдағы бұлбұл үні қосылып таң шапағын құстар осылай қарсы алады (Ж. Әбиев, Биол. ғажайып). Құс дегенде сорлы *байғыз*, Өлген адам бейітінде, Қонып алып жапа-жалғыз, Сырласады өлі түнге (А. Жұмағалиев, Өшпеген жалын).

БАЙҒЫЗДАЙ сын. *Байғыз сияқты.* Қайда кетуші еді, *байғыздай* бақырайып отыр да (Д. Досжанов, Тұлпар). Онысы несі, кәрі *байғыздай* мелшиіп қалғаны? (А. Сүлейменов, Бесін).

БАЙҒЫЗША үст. *Байғыз тәрізді. Байғызша* тас жастанып тасада жатыр едім (Д. Әбілев, Арман жолы.).— Бұл кім өзі, ескі моланы қорыған *байғызша* бақырысып жатқан! — көп ішінен біреудің күлген даусы естілді (А. Хангелдин, Қараторғай).

БАЙДАЙ сын. *Бай сияқты.* Сырт кескінің дәл бұрынғы *байдайсың* Айырмаң тек: Сен галстук байлайсың (Қ. Аманжолов, Таңд.).

БАЙДАРКА ор. зат. *Су спортына және туризмге арналған жеңіл қайық.* Ташкент қаласының маңындағы жасанды көлде *байдарка* мен каноэмен жарысудан СССР біріншілігінің аймақтық жарысы өтті («Лен. жас»). *Байдарка*, каноэ, жеңіл атлетика және басқа да түрлерінен спорт мастерлерін даярлау жоспары орындалмай қалды («Спорт»).

БАЙДАРКАША зат. *Байдарка секілді.* Ертай *байдаркаша* есіп келеді. Су терең, таяу бойламайды (З. Шүкіров, Ғажайып құмыра).

БАЙДАРКАШЫ зат. *Байдарка есуші.* Орта Азия мен Қазақстан ескекшілерінің бұл кездесуі *байдаркашылардың* жекелей сайысымен басталды («Спорт»).

БАЙЕКЕ зат. *Бай деген сөздің құрметтеп, қошеметтеп айтылатын түрі.*— Ат неге сабылған, *байеке?* (Ғ. Мұстафин, Миллионер). Малын топтап баққызып, *Байекем* үйде жатпасын, Ордаға отты жаққызып Рахатқа ылғи батпасын (С. Сейфуллин, Өленд.). Сенің жолыңда өлсем шәһитпін, *байеке* (Ш. Хұсайынов, Таныс адам).

БАЙ-ЖАРЛЫ зат. *Бай мен жарлы.* Мен бұл елдің *бай-жарлысының* бәрін білем (А. Сүлейменов, Бесін). Дос та көп, мал барында жақын да көп, Қайсы артық бала күнгі құрбыластан? Тең көрген *бай-жарлыны*, бала күнім, Сен кетіп, мен-мендікпен көңіл тасқан (XVIII—XIX ғ. қаз. ақын.).

БАЙ-ЖУАН сын. *Шонжар, феодал.* Абай енді [төлеуге ұрының мүлкі жетпегенде] «ағайыны емес, ұрыға ат-матын беруші, сүйеуші *бай-жуан* төлейтін болсын»— дейді (М. Әуезов, Әр жыл.).— Өзімізге мәлім, бұл *бай-жуандар*, молда, саудагерлерге комсомолдардың бүйідей тиген кезі (С. Бегалин, Ана қайраты).

БАЙ-КЕДЕЙ зат. *Бай мен кедей.*

БАЙ-КУЛАК з а т. *Октябрь революциясына дейін бұқараны қанаған үстем тап.* Революциядан кейінгі жылдары Зекең *бай-кулактардың,* молдалардың кесірлік әрекеттеріне қарамастан халыққа жаңа советтік заманның саясатын тарата бастады («Қазақст. мұғ».).

БАЙҚА е т. 1. *Сезу, аңғару.* Бекет мұның [Қалиманың] келгенін *байқамаған* болды (Р. Тоқтаров, Ертіс.). Тым ұзақ отырып қалғанын ол енді ғана *байқады* (З. Қабдолов, Жалын). Оқушылар... табиғатта болып тұратын әртүрлі құбылыстар мен өзгерістерді *байқап,* олардың болу себептерін ажырата білуі тиіс (С. Жортанов, Өлке тану.). 2. *Абайлау, сақтану.— Байқа,* айналайын, аяғыңа төгіп алма,— деді ол (Н. Серәлиев, Ыстық күлше). *Байқа,* пышағы болып жүрмесін — деді бір қария (М. Дүйсенов, Мейман.). 3. *Бақылау, тексеру.* Мұрат тауып алған бес тиыны бар ма екен деген кісіше, қалтасын сыртынан *байқап* ұстап қойды (Ө. Тұрманжанов, Адам.). Суанбайдың қатыны бүгін сізді біреуге қой бермек деген соң *байқағымыз* келді (Д. Еркінбеков, Шығ.). 4. *Қарау, көру.* Көзінің қиығымен анадай жерде үнсіз тұрған Жанарды *байқап* қойды (Т. Ахтанов, Дала сыры). Сөйтсем, менің сотқарлық қылығымның бәрін де Жұмабай көзінің қиығымен *байқап* тұрған екен (Б. Соқпақбаев, Бастан кеш.). Кескініне тура қарай да алмай, көзімнің қиығымен *байқап* келемін (Н. Ғабдуллин, Сар. жапырақ). 5. *Байқап бақ, байқап көр, байқап қал, т. б. күрделі етістіктердің құрамында келіп, абайлау, аңғару деген мағынаны білдіреді.* Ху-ху-алла, ху-ху-ху, Базарға кіріп *байқап бақ.* Сатса қымбат, алса арзан, Аранын ашқан бір заман (Қ. Әбдікадыров, Таңд.). Ой! Бізді *байқап қалды!* Тезірек кетейік! (Ә. Тарази, Асу.). ◆ **Байқап сөйледі.** *Абайлап сөйледі. Байқап сөйлеңіз,* жігітім (А. Сатаев, Ақын.). **Күшін байқады.** *Шамасын білді, күшін мөлшерледі.* **Бұл жерде** зиянды микроб, вирустар антибиотиктің *күшін байқап,* **оған бірте-бірте бойын үйретеді (М. Сисекенов, Өкпе ауру.). Ойланып байқады.** *Ойланып көрді, ақылына салды.* **Мен біраз** *ойланып байқадым* (А. Сүлейменов, Бесін).

БАЙҚАҒЫШ с ы н. *Абайлағыш, аңғаррыш, көрегең. Байқағыш* көз ауылда бұдан басқа да өзгерістер бар екенін және байқар еді (Б. Соқпақбаев, Бастан кеш.). Бірақ, алыстан да *байқағыш* Хакім оның кім екенін де таныл қалып еді (Х. Есенжанов, Тар кезең). Разведчик сақ, *байқағыш* болуы керек — деді (М. Гумеров, Хазірет.).

БАЙҚАҒЫШТЫҚ з а т. *Сезімталдық, көрегендік.* Бүгінгі өмірді жырлау ақынның өсуімен, шеберлігінің жетілуімен, *байқағыштығы* және ойшылдығымен, яғни ақынның ақылы мен талантының дәрежесімен өлшенеді (С. Қирабаев, Октябрь.). Жазушының *байқағыштық* қасиеті әр тұста байқалып қалып тұрады («Қаз. әдеб.»).

БАЙҚАЛ *Байқа етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Операның негізінде ұлттың бай қазынаның тұрғаны сөзсіз, сонымен қатар мұнда орыс музыка мәдениетінің әсері де *байқалады* (І. Омаров, Серпін).

БАЙҚАЛТ *Байқал етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Әр түрлі тұқым қуалайтын өзгерістердің ішінде денесін жапырақта *байқалтпайтын* жасыл түс пайда болған (Биология).

БАЙҚАЛУ *Байқал етістігінің қимыл* атауы. Дене қызуы көтеріліп белгі беруі, аурудың басқа түрлерінде де *байқалуы* мүмкін (Мед. анықта.).

БАЙҚАМ з а т. *Аңғарым.*

БАЙҚАМДЫҚ з а т. *Аңғарымдық.* Мәніке оның жаңағы жалған *байқамдығын* аңдамады (М. Әуезов, Шығ).

БАЙҚАМПАЗ с ы н. *Аңғаррыш, сезгіш.* Мұндай *байқампаз,* жіті көз қарттардың жинағаны мол болады (С. Бақбергенов, Қарға тамған.). Жас адам *байқампаз* болмақ, аңғыртқығын салқын сабырына жеңгізсе, алғырлығы сол да (С. Сарғасқаев, Көңілді бала.).

БАЙҚАМПАЗДЫҚ з а т. *Аңғаррыштық, сезгіштік.* Бірақ мені таң қалдырған шалдың осы сыншылдығы емес, *байқампаздығы* еді (С. Бақбергенов, Қарға тамған.). Мұнысын ол тапқырлық пен *байқампаздықты,* алғырлық пен еккілікті танытатын өнер деп біледі («Қаз. әдеб.») Еліктегіш те *байқампаз* өрен көп сөтте сынғы келеді («Лен. жас»).

БАЙҚАП-БАЙҚАП ү с т. *Абайлап, сақтанып.* Аңғар сырын білетін бүгінгі

малшылар, Итасқаннан *б а й қ а п-б а й қ а п*, күтініп өтетін (Ғ. Сыланов, Шалқар). Бұдан соң аяғынды *б а й қ а п-б а й қ а п* басарсың — деді тістеніп (С. Жүнісов, Өшп. іздер).

БАЙҚАС *Байқа етістігінен жасалған ортақ етіс.*— Кел, жігіттер, бүгін бір *б а й қ а с а й ы қ*,— деп сылқ-сылқ жұтады қымызды (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). Бұрыштағы соқыр терезеден біреудің жан ұшыра әйнекті үрлеген бетін *б а й қ а с т ы* (Ж. Молдағалиев, Сарыарқа).

БАЙҚАСТА е т. *Абайлап, байқап қарау.* Злобин палуан да халық арасынан сығалап, өзімен күресетін бейтаныс жігітті *б а й қ а с т а й д ы* (М. Танекеев, Қажымұқан). Бірін-бірі көздерінің қырымен *б а й қ а с т а й* қарасады (Ә. Көшімов, Қысталаң жыл). Сақыштың «Қалқам, жеп, іш» дегеніне қарап жасырақ адам екендігін *б а й қ а с т а д ы* (К. Оразалин, Ақ жазық).

БАЙҚАСТАУ[1] *Байқаста етістігінің қимыл атауы.*

БАЙҚАСТАУ[2] с ы н. *Сағырақ, абайырақ.* Кірсе кірсін, тек *б а й қ а с т а у* болғайсыз (Ғ. Сыланов, Жанартау).

БАЙҚАСТЫР *Байқас етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Айжан бүгін қызмет артынан Раушанның үйіне барып, сыр тартып, *б а й қ а с т ы р ы п* қайтады (З. Шашкин, Сенім).

БАЙҚАСТЫРУ *Байқастыр етістігінің қимыл атауы.*

БАЙҚАСУ *Байқас етістігінің қимыл атауы.* Бұл тартысу, күресу емес, құр күш *б а й қ а с у* (Т. Жароков, Шығ.). Бұдан бұрынғы шабуыл тек күш *б а й қ а с у*, барлау екен (С. Бақбергенов, Қарға тамған.).

БАЙҚАТ *Байқа етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Ақ халаты ақ қар үстінен жауға *б а й қ а т п а й д ы* (І. Есенберлин, Қатерлі өткел). Бірде ол өткен замандар жайынан баяндап, өмір танытқыш күшін *б а й қ а т а д ы* (М. Әлімбаев, Орақ.).

БАЙҚАТҚЫЗ *Байқат етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БАЙҚАТҚЫЗУ *Байқатқыз етістігінің қимыл атауы.*

БАЙҚАТТЫР *Байқат етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БАЙҚАТУ *Байқат етістігінің қимыл атауы.*

БАЙҚАУ 1. *Байқа етістігінің қимыл атауы.* Қолындағы таяқты жай сәнге ұстап жүргендігін *б а й қ а у* пәлендей қиын емес (С. Бердіқұлов, Егеулі найза). *Б а й қ а у* керек еді ғой, Өңменде мей тегінде, Деген сөзім, деген ой, Тұрады да көңілде (Ғ. Қайырбеков, Таулар.). 2. *Өнерпаздарды іріктеп бағалау үшін салтанатты түрде өтетін қоғамдық сын.* Тұңғыш рет жас таланттардың республикалық *б а й қ а у ы* өткізілді (І. Омаров, Серпін). Бұл Жетісайдың ақырғы, шешуші *б а й қ а у ы* болмақ еді (З. Қабдолов, Жалын). ◆ **Өнер байқауы.** *Өнер сайысы, сыны.* Жақында өткен *ө н е р б а й қ а у ы н а* 2541 адамнан құралған 56 коллектив қатысты («Лен. жас»). **Өнерпаздар байқауы.** *Өнерлілер жарысы, сайысы.* Жарыста өткен жылғы фестивальда Шырқады сауыншылар әнді залда. Облыста *ө н е р п а з д а р б а й қ а у ы н д а* Екінші орын алып шықты алға (Айтыс).

БАЙҚАУСЫЗ с ы н. *Аңдаусыз, абайсыз; бейқам. Б а й қ а у с ы з* отырған ақамды құсырып, әкетіп барады әшейін (С. Адамбеков, Атылған қыз.). Қарауылдар жиі-жиі ауысып тұрды, *б а й қ а у с ы з* өтіп кетуге болмады (Қ. Қайсенов, Жау тылы). Ат басын кейкейтіп шұлғып қап еді, *б а й қ а у с ы з* келе жатқан шалдың қолынан ноқтаны жұлып әкетті (З. Шашкин, Өмір тынысы).

БАЙҚАУСЫЗДА ү с т. *Күтпеген жерден, кенеттен, абайсызда. Б а й қ а у с ы з д а* біреу оның ақшаға созған қолынан ұстай алды (Ә. Нұрпейісов, Сергелдең). Бектал *б а й қ а у с ы з д а* қатты дауыстап жіберді (А. Байтанаев, Қайнар бұлақ). Тек бір рет *б а й қ а у с ы з д а* әйелінің Жұмашқа айтқан сөзін естігенде селт етті (Т. Ахтанов, Дала сыры).

БАЙҚАУШЫ з а т. *Байымдап қараушы, зер салушы.* Жер бетіндегі *б а й қ а у ш ы ғ а* жер жазық болып көрінеді (А. Қасымжанов, Диалектика.). *Б а й қ а у ш ы* болып босқа қарап тұрмай, Сыбанып кірпішті де қаласады (Т. Жароков, Шығ.).

БАЙҚАУШЫЛЫҚ с ы н. *Көңіл бөлгіштік, зер салғыштық.* Мұның барлығы оқушылардың *б а й қ а у ш ы л ы қ* қабілетінің қалыптаспағанын көрсетеді (С. Жортанов, Өлке тану). Марксизмнен

бұрынғы қоғамдық теориялардың көбінесе сырттай *байқаушылық* сипаты болған-ды («Қазақст. мұғ»).

БАЙ-ҚҰЛАҚ з а т. с ө й л. **Бай-кулак.** Былтырғы егіннің берекесін *бай-құлақ* алды деуші ең ғой, биыл қапы жібермеі (Б. Майлин, Шығ.). Бокин кедейлерді қатты жақтағаны үшін сарылып отыр, *бай-құлақтармен* санаспағасын, олар өсегімен, бар айласымен ондай адамның көзін жоғалтуға дайын (З. Шашкин, Тоқаш Бокин).

БАЙ-ҚҰЛАҚТАЙ с ы н. *Бай-құлақ сияқты, тәрізді.*— Ия, — деді ол өзіне өзі,— формалинмен тұқымды жуады екеміз, қара күйені *бай-құлақтай* қуады екеміз (Б. Шалабаев, Өмірде.).

БАЙҚҰН с ы н. ж е р г. **Байғұс.** Ой, *байқұнының* десейші! Турасын айтады да қарап отырады емес пе, менің құдағиым! — деді Мұхтар (Д. Әбілев, Арман жолы.).

БАЙҚҰС с ы н. с ө й л. **Байғұс.** Сендер соңына түсіп қоймайтындай ол *байқұс* не жазды? (К. Тоқаев, Түнде). Шешең *байқұс* сағындым деп жылап қалды (Т. Дәуренбеков, Біз. кездес.). Мен *байқұс* Есентайыммен некем қиылып қалса да, арманым болмас еді (Ш. Құмарова, Қос шынар).

БАЙЛА е т. 1. *Жіп, арқанмен бір нәрсені бекіту.* ...Үйге кіргізіп *байлап* жүрген кенже туған бұзау да, келіншек толғатқандықтан, өзге үйге жіберілген (І. Жансүгіров, Әңгім.). Бар киімімді шешіп, ердің үстіне *байладым* (Б. Соқпақбаев, Бастан кеш.). Таң ата екі қолын артына *байлап*, өзін арбаға таңдырайын (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). 2. *Бір нәрсені орау, таңу.*— Сестра, бері келіңіз. Мына кісінің жарасын *байлаңыз* (С. Бердіқұлов, Егеулі найза). 3. *Түйін тастау, бас алу.* Жапырақ гүл жайнасын, Жеміс *түйін байласын.* Жас бұтаққа қонып ап, Жаз бұлбұлы сайрасын (Ө. Тұрманжанов, Менің кітаб.). Өсу дәуірінің алғашқы айында азотты қорек берілмесе, жүгерінің шығымдылығы күрт төмендейді, жүгері собықты нашар *байлайды* (М. Ерлепесов, Суармалы). 4. А у ы с. *Сый ғып беру, тарту ету.* Нағашысы Мұратқа:— Осы атты саған *байладым* — деді (С. Сарғасқаев, Көңілді бала.). Ендеше сен жүр! Атқанымды алдымен саған *байлайым!* — деді Шәймерденге (Д. Әбілев, Арман жолы.).— Олжаңды маған *байлайды* екенсің ғой,— деді бейтаныс еркек даусы (З. Шашкин, Сенім). 5. А у ы с. *Шырмау, еркіне жібермеу.* Өзімен-өзі болып отырған шешесін қалаға әкеп, үй шаруасымен *байлады* да қойды (Ауызекі тіл). ◆ **Бағын байлады.** *Біреудің бақытты болуына кесірін тигізді, бақытсыз етті.* Жас өміріңді маған теліп *бағыңды байлама,* қарағым (Н. Ғабдуллин, Сар. жапырақ). Бекерге *бағын байлама,* Колхозға келіп маман боп. Жақсы атаның қойда да, Жүрсе болды аман боп (Ж. Молдағалиев, Өленд.). **Басын байлады.** *а) Басын тікті.* Олардың ішінде кедей балалары жандарынан безіп, өлімге *бастарын байлап,* патшамен соғысуға өте батыл кіріскен (С. Шарипов, Бекболат). *ә) Отасты, қол ұстасты.* Шалдың шалғайынан ұстағанша, жігітке неге *басыңды байламайсың?* (Ә. Әлішев, Батыр.). **Бел байлады.** *Тәуекел етті, бір шешімге келді.* ...Оны күтіп бұл арада отырудың қисынын таппай, екі жолаушы станцияға қарай амалсыз жаяу тартуға *бел байлады* (Ж. Жұмақанов, Махаббат.). ...Сыбан молда тағы бір құпия сырдың ашылып келе жатқанын сезсе де, бет бақтырмауға *бел байлады* (С. Адамбеков, Атылған қыз.). **Бие байлады.** *Бие сауды; қымыз дайындады.* **Жанына байлады.** *Өмірін бірге өткізді.* Ешкім әке мен шешені *жанына байлап,* өмір серік қып кеткен емес (А. Байтанаев, Қайнар бұлақ.). **Жіпсіз байлады.** *Еркіне жібермеді, еріксіз ұстады.* Сапарға әлдеқашан жүріп кетер едім, осы тілек қана қолды *жіпсіз байлап* тұрғаны («Лен. жас»). Оны өз елінің монархиялық қатаң системасы *жіпсіз байлап* жатыр («Қаз. әдеб.»). **Көз [көзін] байлады.** *а) Алдап-арбады.* Тал түсте *көз байлап* таразыдан бір жесе, бағадан екі жейді (М. Рашев, Бетің қисық.). *ә) Сиқырлық қылды, көз бояды.* Бақсының жұрттың *«көзін байлап»* алуының сыры оның шеберлігінде жатыр (М. Мұқанов, Жан дүниесі.). **Қол байлады.** *Бөгет болды.* Кетер едім мен де бірге, Жібермеді *қолды байлап.* Тұншықтырып жанды шерге, Ішімде кек жатты қайнап (Ә. Оңалбаев, Таң алдында). Сол күні өзінің де, олардың да *қолын байлағанына* [қонаққа шақырып] мәз болады. («Лен. жас»). Мал байлады. *а) Арқан, жіппен малдарды*

бекітті, жайлады, жайғастырды. Кешқұрым бәріміз *мал байласып* қайтық (Ауызекі тіл). ә) *Малды күтіп семіртті, бордақылады.* Қысқы соғым үшін,— деп бірекі *мал байлап* отыр екен (Ауызекі тіл). **Оққа байлады.** *Атты, өлтірді.* Үйқылы-ояу орнынан тұрып кеткен Сарыны әдейі «айдаудан қаштыға» жорыған күзетші жалғыз *оққа байлап,* жер құштырды (Б. Тәжібаев, Қараторғай). **Сөз байлады.** *Уәде берді, келісті.* Қосайдан кетуге *сөз байлаған* Дарқан, екі етекті белге түріп, пайдашы жігіттермен жалғасып солардың соңына еріп жүріп кеткен (І. Жансүгіров, Әңгіме.). Бүгінгі осы жерде бас қосуларының ең бастысы ана Жаңқабекке Гүлсімді атастырып, құдалыққа *сөз байламақ* білем (С. Бегалин, Уақыт.). **Су байлады.** *Суды керек жағына бұрды, су ұстады.* Ол бақшасын суару үшін *су байлап* келмек болды (Ауызекі тіл). **Тіл байлады.** *Сөз айта алмады, тіл қата алмады.* Мандайдан тура түскен қырлы мұрын, Ақша жүз, алқызыл бет *тіл байлайды.* Аузын ашса көрінер кірсіз тісі, Сықылды қолмен тізген іш қайнайды (Абай).

БАЙЛАМ[1] з а т. *Шешім, тоқтам.* Сурет өнерінен ән мен күйден хабары бар ойлы ақын сол айтыстардан өзі үшін үлкен бір *байлам,* үлкен бір арман алып кетіп еді (Ғ. Мүсірепов, Кездесп. кет.). Енді сол толғамын, жиында айтқан *байламын* қызына жазды (Ж. Молдағалиев, Сарыарқа.). Жәнібектің *Байламы* әзір болатын, оны айтуға асықпады (Қ. Жұмаділов, Көкейкесті.). ◆ **Байламға келді.** *Бір нәрсе істеуге бекінді, бел байлады.* Ол енді біржола шешті, «Жүремін» деп берік *байламға келді* де, үйіне кетті (М. Дүйсенов, Гүлжан.). Тамағының астын түгел алып кеткен қалың сақалды көріп: «Қырынып алу керек екен» — деген *байламға келді* (Ө. Қанахин, Жер бас.). **Байлам жасады.** *Шешімге келді.* Үстірт сөйлеп, жеңіл *байлам жасап* тұрған бұл жігіттің сөзіне мен әрі кейіп, әрі ойланып қалдым (С. Шәймерденов, Мезгіл).

БАЙЛАМ[2] з а т. 1. *Баудың бумасы, баулық.* Гүлжан мен Қынайдың тиеп келген бауларын Бақытжан маялап үйеді,... үй орнындай жерге дөңгелектеп бауларды *байламын* шешіп шашты (М. Дүйсенов, Гүлжан.) 2. *Біріктіріліп байланған зат, бума.* Қол гранаталарын үш-үштен біріктіріп байлап отырған ол орнынан тұрды да, әрқайсымыздың жанымызға бір-бір *байламын* қойып, қайта орнына барып отырды (Қ. Қайсенов, Жау тылы.).

БАЙЛАМА[1] з а т. ж е р г. *Су ұстағыш бөгет.* Бұл сияқты бөгеттерді көп жерлерде су ұстағыш десе, кейде *байлама* дейді (М. Сабыров, Бөгет салу.).

БАЙЛАМА[2] з а т. *Әйелдер басқа салатын шағын, жеңіл орамал, жаулық.* Қоңыр көздерінің жиегі қызарған, *байлама* орамалының шекесінен ағара бастаған бұрышы көрінді (З. Иманбаев, Дала көктемі).

БАЙЛАМДЫ с ы н. 1. *Басты, шешуші.* Бұл екеуінің образы екі жақтың нағыз баттиған белгілерінің басын түйіп, қапсыра жинай көрсететін *байламды* образдар болуы керек (М. Қаратаев, Туған әдеб.). Сәкен осы ерекше жағдайды, жаңалықты, адымды, *байламды* шарттарды кезінде көрді (Бұл да). 2. *Келісілген, уәделі.* Түн жамылып Шура *байламды* жерге келсе, Ольга Тимофеевна тосып тұр екен (Ә. Шәріпов, Қапаст.).

БАЙЛАН *Байла етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Арбалардағы *байланған* аттар, қар үстіне тасталған шөптің кәшегін жеп тұр (Б. Момышұлы, Москва.). Белдеуде *байланған* ат көп болмағанымен, үйдің ішіне адам сыймайды (С. Шарипов, Бекболат). ◆ **Байланып алды.** *Айрылмай қойды, жабысып алды.* Бұл да [күйеуім] маған қатты *байланып алды* (С. Сейфуллин, Шығ.). **Басы сотқа байланды.** *Жауапқа тартылды, сотталды.* Ол қарыздар болып, *басы сотқа байланып,* ақырында кіріптар болды (XX ғ. қаз. ақын.). **Жолы байланды.** *Жолына бір нәрсе бөгет болды, жолы кесілді.* Қырсық әйел еркектің алдын кесіп өтсе, қырық күнге дейін *жолы байланып* зор қырсыққа жолықпақ дұр (О. Дастанов, Мұрагер.). **Көз байланды.** *Ымырт жабылды, кеш болды. Көз байланғанша* тоғай жақтан гүрс-гүрс мылтық даусы басылған жоқ (С. Адамбеков, Атылған қыз.). **Мұз байланды.** *Су қатты, мұз ұстады.* Жиекке де *мұз байланыпты,* салымыз жарға жақын жанаспайды (С. Бегалин, Мектеп.). **Тор (шаң) байланды.** *Шаң, топырақтардың тозаңы жиналды; кірледі.* Күтімсіз қалған үйлердің төбелері мен бұрыштарына *тор байла-*

ның кетіпті (Ауызекі тіл). **Тілі байланды.** *Тілі сөзге келмеді, тілі күрмелді.* — Алло... алло, тындап тұрмын... *тілі байланып* қалды деймісің? Қазір... қазір барам (Т. Сүлейменов, Жұлдыз.). **Тіл-жағы байланды.** *Сөйлей алмады, сөзден қалды.* Екі күннен бері анасының *тіл-жағы байланып* үй ішімен ымммен ғана ұғысып жатқан (Ө. Нұрпейісов, Сергелдең). **Тіліне тас байланды.** *Үндемеді, тіл қатпады. Тіліме тас байлаңғандай* журуші ем. **Қалай шатылғанымды өзім де аңғармаппын** (Ә. Тәжібаев, Жартас). **Шел байланды.** *Шел бітті, ақ түсті.* [Сұлтанмахмұттың] Жанарының үстіне *шел байланыпты* (Д. Әбілев, Ақын арманы).

БАЙЛАНДЫР *Байлан етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БАЙЛАНДЫРТ *Байландыр етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БАЙЛАНДЫРТҚЫЗ *Байландырт етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БАЙЛАНДЫРТУ *Байландырт етістігінің қимыл атауы.*

БАЙЛАНДЫРУ *Байландыр етістігінің қимыл атауы.*

БАЙЛАНУ *Байлан етістігінің қимыл атауы.* Тұз *байлануы,* сайып келгенде, адам организміндегі химиялық заттар алмасуының нашарлауынан болады (С. Сұбханбердин, Дәрі — дауа.).— Байеке, бәйгем қайда, атым келді, Бас бәйгені *байлану* — қақымда енді. Бұғыбай нөкерлерін жиып алып, Өзара сөйлесуді мақұл көрді (М. Мақатаев, Қарлығаш.).

БАЙЛАНЫҢҚЫРА е т. *Буыныңқырау, бекітіңкіреу.*

БАЙЛАНЫС[1] з а т. **1.** *Қарым-қатынас, аралас.* Алғашқы жылы *байланысымыз* үзілген жоқ (Р. Райымқұлов, Бұрылыстар). **Партизандармен кімнің** *байланысы* бар, толық айтқызамын мен саған (Қ. Қайсенов, Жау тылы.). — Е, әлгі жылтырды айтам... Дөкейлермен ілік-шатыс *байланысы* көп неме ғой (О. Сәрсенбаев, Сағым). **2.** *Хат-хабар, телефон, телеграф арқылы қатынас жасауды басқаратын орын, мекеме.* **Мен сені** *байланыс* **взводына жіберемін, телефонист боласың,— деді** (М. Ғабдуллин, Ел намысы.). Сауда, тұрмыстық қызмет, транспорт, *байланыс* мекемелерінің коллективтері де табыстарымен қуантуда («Соц. Қаз.»). СССР Оқу министрлігінің халықаралық *байланыс* басқармасының бастығы делегациямен бірге жүр (Бұл да). ◆ **Байланыс бөлімшесі.** *Қатынас үшін қызмет ететін шағын почта, бөлімше.* Дереу *байланыс бөлімшесіне* барып, рация арқылы аудандағы бас дәрігермен сөйлесуге заказ бердім (Ө. Қанахин, Жер бас.). Селода клуб, кітапхана, орта мектеп, *байланыс бөлімшесі,* монша бар (С. Табынбаев, Жемсау ауруы). **Байланыс жасады.** *Қатынасты, хабарласты.*— **Ол жағын айттым ғой, егер хабар айтылса өзің де** *байланыс жасарсың,* — дегеннен басқа сөзді созған жоқ (С. Бегалин, Уақыт тынысы). **Қол байланыс болады.** *Қол ұстайды, қол босатпайды. Қол байланыс болатын* еш нәрсе де жоқ... Бірақ Ақыш бұған да дәлел тауып, Тәлімді көндірмекші болады (Б. Майлин, Шығ.). **Рухани байланыс.** *Рухани қарым-қатынас.* Әрбір өткен онкүндікте екі халықтың арасындағы *рухани байланыстың* ұзақ жолдарына шолу жасалмай қоймайды («Лен. жас»).

БАЙЛАНЫС[2] з а т. х и м. *Қоспа, түзіліс.* Энергиясы көп бір *байланыстың* түзілуіне 10000 калория жұмсалады. Оттегінсіз ыдырау кезінде мұндай екі *байланыс* түзіледі (Жалпы биология).

БАЙЛАНЫС[3] е т. **1.** *Жөнсіз ілінісу, ұстасып тиісу.* Қалғымаған шақтағы әдеті әлдекімге өшігіп *байланысып* алады да, ...кішкене қара көзін айырмастан тесірейе қарап қояды (С. Мұқанов, Есею жыл.). Біреумен *байланысып* шатақ шығарарда Нұрқаттың долданып өндіршектей түсетіні Нұрланға да жас шақтан таныс-ты (З. Шашкин, Сенім).— Келмеуімді тілеп отыр ма едің? — деп [Айтан] *байланыса* сұрақ қойды (Х. Есенжанов, Көп жыл.). **2.** *Қатысу, араласу.* Бұлармен *байланысқалы* Смайыл патша өкіметі, революция жайлы көп нәрсе ұқты (М. Қуанышбаев, Кек.). Тозаңқап әрбір аталықта екі-екіден болып өзара бір-бірімен дәнекер арқылы *байланысып* жатады (Ботаника). **3.** *Ұштасу, жалғасу.* Адамның өз әрекетін дұрыс түсінуі... оның ақыл-ой парасатымен *байланысып* жатады (Қ. Жарықбаев, Психология). **4.** *Үйлесу, сәйкесу.* Кейбір ғалымдар өз зерттеулерінің нәтижесінде, эволюция жөнінде өз көзқарастарына

байланыспайтын, тіпті оған қарсы да дәлелдер тапты (Жалпы биология).

БАЙЛАНЫСҚЫШ с ы н. *Ілініске бергіш, ұрысқақ, даукес.* Ол мысықпен арбасқан жыландай ысқырынып, жоқ нәрсеге *байланысқыш*, кім көрінгенмен ұрысқыш боп кетті (С. Мұқанов, Мелдір махабб.).

БАЙЛАНЫССЫЗ с ы н. *Қатысы, байланысы жоқ.* ...Кеше кешке киноға кешігіп қалғанын, қысқасы біріне-бірі *байланыссыз* көп жайларды қозғап келжатты (М. Иманжанов, Адам.). Қазіргі білімде өмірге *байланыссыз* ештеңе болуы мүмкін емес (Семья тәрбиесі). Өмірге мүлде *байланыссыз* схоластикалық оқу болашақ ғылымды қанағаттандыра алмайды («Халық мұғ.»).

БАЙЛАНЫССЫЗДЫҚ з а т. *Байланысы жоқтық.* Әйтсе де, осының өзі-ақ ұйым мен комсомолцтер арасының *байланыссыздығын* байқатса керек («Лен. жас»).

БАЙЛАНЫСТЫ с ы н. *Қатысты; сай, орай.* Бұл адамның есімі әйгілі «Әупілдек» әнімен *байланысты* еске алынады (А. Сатаев, Ақын ізі). Саған осы ойына *байланысты* бір нәрсені ашып айтайын (С. Бегалин, Уақыт тынысы).

БАЙЛАНЫСТЫЛЫҚ з а т. *Байланысы барлық.* Барлық құбылыстардың өз ара *байланыстылығы* сонша — ұйқыда жаман түс көру бір адамның өлімінің себебі болуы мүмкін (А. Қасымжанов, Диалектика). Табиғаттағы организмдердің өзара *байланыстылығы* мен өзгергіштігі жөніндегі пікірлерін дамытты (Жалпы биология).

БАЙЛАНЫСТЫР *Байланыс етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Бұл даланы облыс орталығымен *байланыстырατын* темір жол торабы тартылған (С. Мәуленов, Жер нәрі). В. И. Ленин эстетикалық көкейтесті мәселелерін практикамен тығыз *байланыстыра* отырып шешті (Қ. Нұрмаханов, Дос лебізі). Коммунистік мораль ар-ұятты адал еңбекпен *байланыстырады* (Ә. Бәженов, Дүниеге көзқ.).

БАЙЛАНЫСТЫРҒЫШ с ы н. *Біріктіргіш, қосқыш; дәнекер.* Түйіршіктелген темір руда концентратын өндіру ісінде ең жақсы *байланыстырғыш* материал бетонит деп танылып отыр («Лен. жас»).

БАЙЛАНЫСТЫРУ *Байланыстыр етістігінің қимыл атауы.* Осы Киев, Полтава облыстарының көлемінен біз сияқты бірнеше отряд құрып, оларға тапсырма беріп, бір-бірімен *байланыстыру* (Қ. Қайсенов, Жау тылы). Өз өмірін идеялық және ұйымдық жағынан партиямен *байланыстыру* талабын күшейте түсуі керек («Соц. Қаз.»).

БАЙЛАНЫСТЫРУШЫ с ы н. *Жалғастырушы, біріктіруші.* Бұл *байланыстырушы* клеткалардың тармақтары арқалық мидың сыртына шықпай, тек ішкі бөлімдерін өзара *байланыстырушы* болады (Қ. Нұрматжанов, ...Гистология).

БАЙЛАНЫСТЫРЫЛ *Байланыстыр етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Блокта дыбыстың қаттылығы мен тембрін реттеу тұтқалары *байланыстырылған* (Н. Көбеңқұлов,... Көгілдір экран).

БАЙЛАНЫСТЫРЫЛУ *Байланыстырыл етістігінің қимыл атауы.* Бұған ең алдымен оқыту ісінің өнімді еңбекпен *байланыстырылуы* себепкер болады («Халық мұғ.»).

БАЙЛАНЫСУ *Байланыс етістігінің қимыл атауы.* Қыр жігіттерінің белгілі бір тобы орыс жұмысшыларына *байланысуға* дәлел іздейді (Ә. Сәрсенбаев, Толқында.). Бізге арғы бетке өту, елмен *байланысу* таң қуткенімізбен бірдей боп отыр (Д. Әбілев, Арман жолы).

БАЙЛАНЫСШЫ з а т. *Байланыс жасаушы: байланыс қызметкері.* Адамбайды арнаулы *байланысшының* оқуына жібереміз, дайындал, депті (Д. Досжанов, Тұлпар.). Бүгінгі өткен ұрысқа дейін мен басқарып отырған батальон штабында *байланысшы* қызметін атқарып келді (Ә. Бектемісов, Майдангер.). Партизандар... Канаев көпірі үстінде фашистердің бір отряд *байланысшыларын* жойып жіберді (Қ. Қайсенов, Жау тылы.).

БАЙЛАҢҚЫРА е т. *Байлай түсу.*

БАЙЛАП-МАТА е т. 1. *Жіп, арқанмен шырмап бекіту.* Күрең бие төрт аяғын *байлап-матағанда* да оқыс қимыл көрсеткен жоқ (М. Дүзенов, Әке бол.). Сонан басқа түк айтқан жоқ, ұрып-ұрып, *байлап-матап кетті* (С. Шарипов, Бек

болат). Мені бұл жерге *байлап-матап* тастауға анау қолаң шаштың жалғыз талы жетіп жатыр ғой (Қ. Исабаев, Соңғы төулік). 2. А у ы с. *Басын байлау, атастыру.* Ата-ананың үй ішіндегі ішінара күңкіл әңгімесін тыңдап жүріп, олар мені біреуге *байлап-матап* қойғанын түсіне қойдым (Аялы жан.).

БАЙЛАП-МАТАУ *Байлап-мата етістігінің қимыл атауы.* Құлекең батыр адам, *байлап-матауға* көне қоймас (А. Нұрманов, Құлан.). ...Алдымен Елібайдың аяғын *байлап-матаудың* айла-шарғысын іздеп, түлкі тәсілге басты (М. Сатыбалдиев, Жартас.).

БАЙЛАП-ТАҢ е т. *Орай байлау, таңып бекіту.*

БАЙЛАП-ТАҢУ *Байлап-таң етістігінің қимыл атауы.* Түрлі жарақаттарды *байлап-таңу* үшін мақта, дәке, бинттер пайдаланылады (Е. Оразақов, Дәрігер.).

БАЙЛАС *Байла етістігінен жасалған ортақ етіс.*— Әй, Рымжан! Рымжан, Әй! Тез шық, жылқы келді бие *байлас* (Х. Мұстафин, Қыр жігіті). Апыр-топыр болып жатқанды көріп келіп,Дөркембек те *байласа* бастады (С. Мыңжасарова, Қыр қыз.). ◆ Серт [сөз] байласты. *Уәделесті.* Ал, Мағышқа осы жазда үміт беріп, *серт байласып* кет (М. Әуезов. Таңд.). Уәде байласты. *Келісті, пәтуаласты.* Сол күні Жанна қайтып кетті де, ертеңіне емтихан алатын жерде жолықпақ болып *уәде байласты* (Қ. Жұмаділов, Көкейкесті).

БАЙЛАСТЫР *Байлас етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Он-он бес жігіт аттарын қалмақша *байластырып,* Күмісбекті қоршады (Ғ. Сыланов, Асау арна). Ұяны құламау үшін бұтаққа *байластырады* (Қ. Қайымов, Қызықты зоология).

БАЙЛАСТЫРҒЫШ с ы н. *Екі затты өзара ұстататын, бекітуге көмектесетін (зат).* ◆ Байластырғыш материалдар. *Заттарды өзара бекітуге пайдаланылатын материалдар.* Ерте кезде *байластырғыш материалдар* орнына балшық жұмсалған (ҚСЭ).

БАЙЛАСТЫРУ *Байластыр етістігінің қимыл атауы.*

БАЙЛАСУ *Байлас етістігінің қимыл атауы.* Оның да оғы тапшы, нысана *байласуға* басы артық оқ қайда (Ғ. Сыланов, Асау арна). Сөз *байласуға* принцип жағынан қарсы болар түгіміз жоқ (В. И. Ленин. Шығ., 35 т. 171 б.).

БАЙЛАТ *Байла етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Жүзге жуық құлын *байлатады* (М. Әуезов, Таңд.). Қажекеңді мен *байлатқандай*-ақ көзіңнің бұқасын шығарып, өжірейе қалыпсың (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). Үстіңе жайдың оғын жайлатармын, Екі қолыңды артыңа *байлатармын.* Арамызда кісі өлтірген қашқын жүр деп Жұртыңа здавайттап айдатармын (Айтыс).

БАЙЛАТҚЫШ: сөз байлатқыш. *Уәделескіш, сөз байласқыш.* Жағымпаз уәделескіш, Келісімпаз мойындатқыш, Білек ұстап, жүрек тартқыш, Махаббатты қуып қаққыш, Кездесуге *сөз байлатқыш* (І. Жансүгіров, Шығ.).

БАЙЛАТТЫР *Байлат етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Жылқыны түгеліне жақын аулаға қамап ұстатып, жүгендетіп *байлаттырды* (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). Деді де қолын батыр *байлаттырды,* Бендедей осыларға айдаттырды, Осындай күншілдікпен күйге салып, Вармақты жаман жолдас шайнаттырды (Т. Ізтілеуов, Рүстем.).

БАЙЛАТТЫРУ *Байлаттыр етістігінің қимыл атауы.*

БАЙЛАТУ *Байлат етістігінің қимыл атауы.*

БАЙЛАУ[1] *Байла етістігінің қимыл атауы.* Башқұрт ағайындар да біз сияқты жаз жайлауда бие *байлауды* ұнататын ел (М. Гумеров, Хазірет.).

БАЙЛАУ[2] з а т. *Байлам, тоқтам.* Бос сөзді қойыңыз, би, *байлауын* сөйлеселік — деді (І. Жансүгіров, Шығ.). Әкем оның сөзін қабағы түйіліп, салқын тыңдап отырды да, өз *байлауын* кесіп айтты (Н. Ғабдуллин, Сар. жапырақ). Тіпті, өз *байлауын* Нұриладан басқа ешкім білмейді (С. Сарғасқаев, Біз төртеу.).

БАЙЛАУЛЫ с ы н. *Бос емес, таңулы, бекітулі.* Жендеттер аяқ-қолы *байлаулы* қызды ханның алдына лақтырып тастайды (О. Сәрсенбаев, Жалғыз күрке). *Байлаулы* ат қайдан жүре қойсын? (Т. Бердияров, Солдат сыры). Сонда, е, сұлтаным, маған рахым деп *байлау-*

л ы пақыр қолын созған екен (О. Дастанов, Мұрагер.). ◆ **Байлаулы бұзауша.** *Біреудің шылауында, біреудің айтуымен.* Ендеше сол мүдделі іске еркіңмен, өз екпіңмен үлес қоса алмай, *· б а й л а у л ы б ұ з а у ш а* біреудің дегенімен жүрсең, сенен не үміт, не қайыр (М. Хасенов, Тұлпар.). **Басы байлаулы.** *а) Тәуелді, меншікті.*— Неге көнсін, *б а с ы б а й л а у л ы* біреудің әйелі емес пе? (О. Сәрсенбаев, Таңбалы тас). *ә) Атастырылып қойылған, айттырылған.* Бүгін Ақынғұлдың сөзін естіп қалған соң, Қадиша жігітке сөз ұштығынан Гауһардың *б а с ы б а й л а у л ы* екенін сездіріп қоймақ еді (С. Мыңжасарова, Қыр қыз.).

БАЙЛАУЛЫЛЫҚ з а т. 1. *Байлауда тұрушылық, байланғандық.* 2. А у ы с. *Табандылық, ұстамдылық.* Қазақ та адам баласы ғой, көбі ақылсыздығынан азбайды, ақылдының сөзін ұғып аларлық жүректе жігер, қайрат, *б а й л а у л ы л ы қ т ы ң* жоқтығынан азады (Абай).

БАЙЛАУСЫЗ с ы н. 1. *Бекітілмеген, бос.* Шыбын қағып құлағы, *Б а й л а у с ы з* жүр енесі, Бірақ, бірақ лағы Арқандаулы, о несі? (Қ. Мырзалиев, Алуан.). Құлақшынының бауы *б а й л а у с ы з,* деңгелек келген етті, сарғыш беті нарттай (Ғ. Мұстафин, Миллионер). 2. А у ы с. *Тиянақсыз, тұрлаусыз.* Өмірдің алла, беріпсің, Күнде өртерлік шыжығын. Баяны жоқ, *б а й л а у с ы з,* Тілекте жоқ бұзығын (Абай). Пайдасыз ақыл, *Б а й л а у с ы з* тақыл, Атадан бала ойы өзге (Бұл да).

БАЙЛАУШЫ з а т. *Бір нәрсені бекітуші.* Қонақ күтіп ат *б а й л а у ш ы* бір топ жігіттер өз алдарына бір ықғайланған (М. Әуезов, Таңд.).

БАЙЛАУШЫЛЫҚ з а т. *Байлау әрекеті.* Белбеу *б а й л а у ш ы л ы қ* та жарасымды (Ауызекі тіл).

БАЙЛАУЫШ з а т. 1. С ө й л. *Байлама; алжапқыш.*— Қолыңа не болды?— деді *б а й л а у ы ш ы н* шешіп жатқан Айқыз (Қ. Исабаев, Айқыз). 2. *Басқа тартатын жеңіл орамал.* ...Бізге құмарлана, қызыға қарап тұрған әже ақ жібек *б а й л а у ы ш ы н ы ң* шетін тістеп көзіне жас алмауға бекінген адамдай, бар ықыласымен қарап тұр (А. Лекеров, Қырдағы ән.). ◆ **Барын киіп, байлауышын салды.** *Бар жақсысын киінді, сәнденді.* Біз *б а р ы м ы з д ы к и і п, б а й л а у ы ш ы м ы з д ы с а л ы п* дегендей театр үйінің залына кіре кетуге әзірміз (С. Мұқанов, Өсу жол.). Таңертең ертемен тұрып, *б а р ы н к и і п, б а й л а у ы ш ы н с а л ы п* шығатын күндегі әдеті (Р. Тоқтаров, Ертіс.).

БАЙЛЫ с ы н. *Күйеуі бар, ерлі (әйел).*

БАЙЛЫҚ з а т. 1. *Жиналған дүние, мол дәулет, мал-мүлік, қазына.* Мынадай *б а й л ы қ т ы* қолына ұстата берген соң, көрейін оның қалай жанын салмасын (С. Жүнісов, Өшпейтін із.). ...«Соншама *б а й л ы қ* жинап капиталист болудың күні өтіп бара жатқанын білген шығар» деп ойлап едім (Қ. Исабаев, Соңғы тәулік). Бұны бір таусылмайтын *б а й л ы қ* деп тұрсаң керек (Ә. Сәрсенбаев, Теңіз.). 2. *Бір нәрсенің мол қоры, көзі; молшылық.* Кен *б а й л ы ғ ы* — жерде, сөз *б а й л ы ғ ы* — елде (Мақал). ◆ **Байлығы асты.** *Дәулеті молайды, байыды.* Бақыт пен *б а й л ы ғ ы а с ы п* халқымыздың, Отанның ойы-қырын бөлеп жырға (М. Жансаева, Ана жүрегі). **Байлығы тасыды.** *Молшылыққа кенелді.* Қалжай, Маман, Көлібай, *Б а й л ы ғ ы т а с қ а н* күнде үдей (Жамбыл). **Бар байлық.** *Байлық атаулы.* Қаңтарбайдың *б а р б а й л ы ғ ы* — төрт баласы мен Қатшасы, жалғыз бұзаулы сиыры, қара өгіз, он шақты ұсақ тұяқ (З. Ақышев, Ақбел.). *Б а р б а й л ы қ,* бар бақыт — татулықта — деді ол («Лен. жас»). **Ел байлығы.** *Ел дәулеті, қоғамдық қазына.* Естіп *е л б а й л ы ғ ы н,* Ерлермен тілдесіп, Қаламын мен де өсіп (Қ. Ыдырысов, Аршында.). **Кен байлығы.** *Жер асты қазбалары, кен көзі.* Біздің аз да болса тоқталғанымыз Қазақстан жерінің *к е н б а й л ы ғ ы* (С. Мұқанов, Саяхаттар). **Материалдық байлық.** *Материалдық қор, қазына.* *М а т е р и а л д ы қ б а й л ы қ т ы ң* енді бір бөлегі өндіріс процесіне тікелей қатыспайды (Қысқ. саяси экон.). **Рухани байлық.** *Адамның ішкі дүниелерін нұрландыратын жан азығы, рухани күші.* Үйінде қазақша-орысшадан құралған кітапханасы бар екен. Осындай *р у х а н и б а й л ы ғ ы н* айтыңыз (Ғ. Сыланов, Замана.). Жаңа адамның *р у х а н и б а й л ы ғ ы* оның адамгершілік бейнесімен тығыз байланысты (Семья). **Сөз байлығы.** *Қолданған тіл аясы, сөз қоры.* Осы күнге дейін бізде Абайдың *с ө з б а й л ы ғ ы н* тексерген еңбек жоқ (М. Әуезов, Әр жыл.). Балалардың құбылыстарды түсіне алуында олардың *с ө з*

б а й л ы ғ ы н, сөздік қорының өсіп отыруын қадағалау зор маңыз алады (Қ. Жарықбаев, Психология).

БАЙЛЫҚ-ДӘУЛЕТ з а т. *Мол байлық, береке.* Таразының салмағын Тартылмаса кім білер? *Б а й л ы қ-д ә у л е т* молдығын Артылмаса кім білер (Батырлар жыры).

БАЙЛЫҚСЫЗ с ы н. *Байлығы жоқ, қазынасыз.* Баладай білмейтұғын алдауайла, Яшка айтты секілді өзі шахта-қайла: Сұрамаңыз, таулары былай тұрсын, *Б а й л ы қ с ы з* бір төбе жоқ кенді Алтайда (Д. Әбілев, Алтай асу.). Насыр-ау, ер тумайтын ел бола ма? *Б а й л ы қ с ы з,* қазынасыз жер бола ма? Ер де бар, ер еңбегі табыс та бар, Созағың бірақ бізге тең бола ма (Айтыс).

БАЙ-МАНАП з а т. *Ақсүйек, феодал, шонжар.* Әншілердің кейбіреулері керісінше кертартпалық әрекеттерді дәріптеп, *б а й-м а н а п т а р д ы,* би-болыстарды мадақтап өлеңге қосты (К. Әзірбаев, Шығ.). Мұғалім, енді *б а й-м а н а п т а н* безейік, саудагер жалдаптан безейік (Ш. Хұсайынов, Таныс адам.).

БАЙ-МЫРЗА з а т. *Бай-манап.* Осы болыстың әлді *б а й-м ы р з а л а р ы* бірігіп, бір мектеп салатын болсын (С. Көбеев, Орынд. арман.).

БАЙПАҚ з а т. 1. *Етіктің ішінен киетін жуннен басылған не киізден істелген қонышты аяқ киім.* Оның *б а й п а ғ ы н ы ң* қонышын барқытпен көмкерген қара етігі бар (М. Әуезов, Абай). Аяғында саптама етік, киіз *б а й п а қ т ы ң* қонышы жыртық, қайырылып кетіпті (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). Таудың елі жайлай дүр тайпағына, Құндыз ұстап киемін *б а й п а ғ ы м а.* Сырлас болып бірге өскен ой, жан сәулем, Не сөз айтып отырмын байқадың ба? (Айтыс). 2. *Кебіспен киілетін мәсі.* ◆ Байпақ етік. *Жуннен басылған аяқ киім, пима.* Аяғымда — кең қонышты *б а й п а қ е т і к* (М. Гумеров, Үш күн.).

БАЙПАҚСЫЗ с ы н. *Байпағы жоқ.* Үстіне шолақтау тон тауып киген, *б а й п а қ с ы з* болғанмен, аяғы да тоңар емес (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). Балапан күнде, балдырған шақта *Б а й п а қ с ы з* кешіп Семейдің құмын, Оқыдық бірге, сыр бермей жатқа (Д. Әбілев, Уақыт.).

БАЙПАҚТАЙ с ы н. *Байпақ сияқты.* Ботинкам шүберек *б а й п а қ т а й* жұмсарып қалыпты (Қ. Исабаев, Арман.).

БАЙПАҚТЫ с ы н. *Байпақпен киген, байпағы бар.* Басында жұрынды бөркі, аяғында *б а й п а қ т ы* қазақ етігі бар (Х. Есенжанов, Тар кезең). Аяғында *б а й п а қ т ы* етік, үстінде қабат-қабат ішік, күпі, оның үстіне шекпен, басындағы түлкі тымағының сыртынан далбағай киген Нарымбай би келді (С. Шарипов, Бекболат). Аяғында ұзын қонышты *б а й п а қ т ы* етігі бар (Н. Ғабдуллин, Сар. жапырақ).

БАЙПАҚШАҢ ү с т. *Байпақ киген.* Фаэтонның резеңке табанды дөңгелегі тас төселген көшеде *б а й п а қ ш а ң* кісідей жылмия зырлайды (С. Бегалин. Уақыт тынысы).

БАЙПАҢ с ы н. 1. *Мінезі жұмсақ, жайлы.* Үйіне келген мейманды, Қайырымен тойдырса, Бай жолдасы *б а й п а ң д ы,* Бәйбішеге жарасар (Үш қасыр.). 2. *Біркелкі, бір тегіс.* Бұл маң өткен жолымдай мидай жазық емес, *б а й п а ң* қыратты (Қ. Исабаев, Арман.). ◆ Байпаң қақты. *Мәймөңкеледі, жағынды.* Немістердің алдында *б а й п а ң қ а ғ ы п,* ұзақ сөйлейді (Ж. Жұмақанов, Махаббат.). Бас пайдасы дегенде *б а й п а ң қ а ғ а т ы н,* қоғам пайдасы дегенде қайқаң қағатындар да бар (М. Рашев, Бетің қисық.).

БАЙПАҢДА е т. 1. *Шайқала басу, ырғалу, теңселу.* Жегілген аттары ірі сүйекті, бұлшық етті, жүк малдары *б а й п а ң д а п* желіп келеді (Ж. Арыстанов, Таң жұлдызы). Жорғаңмын ұзақ жолда *б а й п а ң д а й т ы н,* Салсаң да ойға-қырға тайпалмайтын. Жұмсасаң бас тартпайын мен баламын, Сөзіңді екі етпейтін, қайтармайтын (О. Малқаров, Менің ізім). Көлдерде көгала үйрек *б а й п а ң д а ғ а н,* Құрбыға бір сөзім бар айта алмаған. Сыпырған томағасын ителгідей, Көзіңнен айналайын жаутаңдаған (С. Сейітов, Бетпе-бет). 2. А у ы с. *Құрдай жорғалау, жағымпаздану.* Өзінен төменге қайқаңдамайтын, орны жоғарыға *б а й п а ң д а м а й т ы н,* нағыз адам сол! (С. Талжанов, Адам тур.). Семіз даяшы әдепкідей емес, көкшіл көзін ойнақшытып, Арысқа күле қарап, *б а й п а ң д а й* қалыпты (Н. Серәлиев, Қаңтар).

БАЙПАҢДАС *Байпаңда етістігінен жасалған ортақ етіс.*

БАЙПАҢДАСУ *Байпаңдас етістігінің қимыл атауы.*

БАЙПАҢДАТ *Байпаңда етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БАЙПАҢДАТҚЫЗ *Байпаңдат етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БАЙПАҢДАТҚЫЗУ *Байпаңдатқыз етістігінің қимыл атауы.*

БАЙПАҢДАТТЫР *Байпаңдат етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БАЙПАҢДАТТЫРУ *Байпаңдаттыр етістігінің қимыл атауы.*

БАЙПАҢДАТУ *Байпаңдат етістігінің қимыл атауы.*

БАЙПАҢДАУ *Байпаңда етістігінің қимыл атауы.*

БАЙРАҚ з а т. 1. к ө н е. *Мата, кездеме.* Пәранды жатқанында қонып жайлап, Бір жігіт шауып келді, алақайлап. Шүйінші, Кей-қысырау келеді — деп, Гудзардан киді шекпен ала *б а й р а қ* (Т. Ізтілеуов, Рүстем.). Әттең, дүние сұм жалған, Батырдан да өтіп барасың, Ала *б а й р а қ* ту алған (XVIII—XIX ғ. қаз, ақын.). 2. *Ту, жалау.* Есімді жидым, ояндым, Ертектер өшті ойдағы, Кемеден күнге қарайды, Елімнің қызыл *б а й р а ғ ы* (Ә. Тәжібаев, Аралдар). Қақ жарған қан майданда қызыл қыран, Жоғары көтеріліп қызыл *б а й р а қ,* Еліміз сол майданнан таң атқызып, Таң тойын бүгін халқым жатыр тойлап (Пернедегі терме.). Қолға алып ту мен *б а й р а қ* көтереді. Жетсек деп жауға жылдам төтеледі, Жүргенде таулы жерден табандатып, Тас ұшып талай жерге кетер еді (Т. Ізтілеуов, Рүстем.). Ал Құрманғазының творчестволық ауыздануында Исатай көтерілісі идеялық нысана, *б а й р а қ* болды (А. Жұбанов, Құрманғазы). ⊙ Махаббаттың байрағы. Ән емес, бұл жас жүректер сайраны, *М а х а б б а т т ы ң к ө т е р і л г е н б а й р а ғ ы.* Мандайынан бір-ақ тартып күндігін Аспандағы тыңдап қапты ай-дағы (А. Хангелдин, Қыз жүрегі).

БАЙРАҚТАЙ с ы н. *Байрақ сияқты.* Домна тынысынан лапылдаған қызыл жалын майдан даласындағы қызыл *б а й р а қ т а й* толқып, алаулай түсті (Ә. Нұршайықов, Менің Қазақст.).

БАЙРАҚТЫ с ы н. *Байрақ ілінген, байрағы бар.* Мен саңлақты тұлпарың, *Б а й р а қ т ы* жерге жүгірген. Исатай мен Махамбет Қызыл тілді қазақтан, Жоқ еді жері сүрінген (Үш ғасыр.). Байтағың байып мал беріп, *Б а й р а қ т ы* жерге қыстатқан (Алдаспан).

БАЙСАЛ [1] с ы н. с ө й л. **Байсалды.** Ол қысылмай, *б а й с а л* баяндады, сондықтан ойында бүкпенің жоқтығын түсіндім (С. Талжанов, Ұлдай кері). Деді күліп қара жігіт өктем үн, Көрсеткендей көңілінің бір көктемін, Байқатады *б а й с а л* жүзі байыпты Өткендігін өмірдің көп өткелін (А. Хангелдин, Қыз жүрегі).

БАЙСАЛ [2] с ы н. *Дел-сал, самарқау, енжар.* Осындай қимастық қынжылыс Шолпанның басында да бар сияқты. Көшу хабарын естігелі бойы *б а й с а л,* енжар жүр (А. Хангелдин, Қараторғай). ◆ **Байсал тапты.** *Тыным тапты, жайланды.* Көрсайдың көкорайына қонып, көшіміз *б а й с а л т а п т ы* (Ж. Тілеков, Жоңғар.). Сынаптай сусыған жүйрік ойы осыған сайып, бірауық *б а й с а л т а п т ы* (С. Омаров, Дала қызы). **Бойы байсал тартты.** *Самарқауланды, енжарлық пайда болды. Б о й ы б а й с а л т а р т ы п,* ойы ойпаңға іркілген жаңбыр суындай кілкиді (С. Омаров, Хантағы).

БАЙСАЛДА е т. *Бөгелу, жасқану, тайқу.* Қасқырлар онша қорқып тайсалмайды, Таяқтан аз именіп *б а й с а л д а й д ы.* Тырмалап, түтіктіріп, топырақ атып, Тек тіл жоқ, армандарын айта алмайды (Ө. Тұрманжанов, Менің кітаб.).

БАЙСАЛДАН е т. 1. *Жаны жай табу, тынышталу.* Айдархан күнімен кеңсесінде *б а й с а л д а н ы п* отыра алмады (С. Бегалин, Уақыт тынысы). 2. *Орнығу, салмақтану.* Енді көрсем, қоңыр кескінің әжімденіп, күлегештеу мінезі *б а й с а л д а н ы п,* аз жылда егде тартып қалған сияқты (С. Мұқанов, Есею жыл.).— Мен көп нәрсені түсіндім,— деді қыз барлық балалықтан ада-күде арылғандай *б а й с а л д а н а* қалып (Қ. Сатыбалдин, Қараторғай).

БАЙСАЛДАНДЫР *Байсалдан етістігінен жасалған ырықсыз етіс.*

БАЙСАЛДАНДЫРУ *Байсалдандыр етістігінің қимыл атауы.*

БАЙСАЛДАНУ *Байсалдан етістігінің қимыл атауы.*

БАЙСАЛДАУ *Байсалда етістігінің қимыл атауы.*

БАЙСАЛДЫ с ы н. *Сабырлы, ұстамды, байыпты.* Өзі бүгін төуір киімдерін киіп, *б а й с а л д ы* бәйбішелерге ұқсап, керіле қалыпты (Б. Майлин, Шығ.). Сәбира күйеуі ауданға қанша жыл басшы болса да баяғы *б а й с а л д ы* мінезінен аумайды (Т. Ахтанов, Боран).

БАЙСАЛДЫҚ з а т. с ө й л. Байсалдылық. Оның бұл жөніндегі сұрақтарының байыптылығы мен *б а й с а л д ы ғ ы* оны қатты таң қалдырды (М. Қаратаев, Далдағы дабыл).

БАЙСАЛДЫЛАУ с ы н. *Сабырлылау, ұстамдырақ.*

БАЙСАЛДЫЛЫҚ з а т. *Сабырлылық, байыптылық, ұстамдылық.* Оның даусында батырға біткен сарын, бойында *б а й с а л д ы л ы қ,* сөзінде ақылдылық байқалды («Лен. жас»). Өз күшіне көміл сенген қайраттылар көрнеу басымдылық, *б а й с а л д ы л ы қ* көрсетті («Қаз. әдеб.»). Айса ағай бұл жолы әдеттегіден тыс *б а й с а л д ы л ы қ ғ а* көшіп ығын ғана көтерді (Ә. Сәрсенбаев, Теңіз.).

БАЙСЫЗ [1] с ы н. **Ерсіз, күйеусіз.** Осында не көп — татарлардың *б а й с ы з* отырған қыз-келіншегі көп (С. Мұқанов, Есею жыл.). — Мені қатынсыз, қарындасыңды *б а й с ы з* қалады деп қорқасың ба? Ой, нәсілсіз ит! (Ә. Нұрпейісов, Сергелдең).

БАЙСЫЗ [2] с ы н. *Бай-манабы жоқ.* Бізде байлар неге болмасын, жолдас. Су балықсыз, ауыл *б а й с ы з* бола ма? (Ш. Өтепов, Өшп. жалын).

БАЙСЫЗДЫҚ [1] з а т. *Ері жоқтық, күйеусіздік.* Ләззәттің *б а й с ы з д ы ғ ы н* сөз қылғанда есіне Нияз түсті білем (Т. Ахтанов, Дала сыры).

БАЙСЫЗДЫҚ [2] з а т. *Бай адамдары жоқтық.*

БАЙСЫМАҚ [1] с ы н. э к с п р. *Бай аталып жүрген.* Шабданбек аулы *б а й с ы м а қ* ауыл (С. Сейфуллин, Шығ.). Сол ауылдың *б а й с ы м а ғ ы* Хусайын қажының Оспаны деген кісі екен (С. Мұқанов, Есею жыл.). Оның әкесі барып тұрған діншіл, өзі сол қаланың бұрынғы ұсақ саудагер *б а й с ы м а ғ ы* (С. Бегалин, Уақыт.).

БАЙСЫМАҚ [2] з а т., э к с п р. *Еркексымақ, күйеусымақ.* Келін кеше кетем деп-ті, Белді будым бекем депті. *Б а й с ы м а ғ ы* бірдеме айтса, Оны келін көтермепті (Б. Майлин, Шығ.).

БАЙСЫН е т. *Мал-мүлкін мақтан ету, барсыну.* Сізбенен айтысуға көңілім жоқ, Батырсып, я *б а й с ы н ы п* салма жаза, Үлкен мен кіші кісі айтыспайтын, Мырзеке, қайтер еді қойсақ таза (И. Байзақов, Таңд.). Қалып жүр қараға ермей құр далада, Жұтатын *б а й с ы н ғ а н д а р* ешкі, лағын. Дариясын тәуекелдің кешкен ерлер, Өтетін ылғал шалмай ұлтарағын (Айтыс).

БАЙСЫНУ *Байсын етістігінің қимыл атауы.*

БАЙСЫРА е т. *Күйеуге шыққысы келу, күйеусіреу.* Жоқ, шынына келгенде, тіпті Бибігүл *б а й с ы р а п* та шықпаған болар (С. Шәймерденов, Мезгіл). *Б а й с ы р а п* қалған екенсің. Сағынған шығарсың жаман қатты (С. Жүнісов. Өшп. іздер).

БАЙСЫРАУ *Байсыра етістігінің қимыл атауы.*

БАЙТАБА з а т. к ө н е. *Аяқ киім ішінен оралатын мата; шұлғау.*

БАЙТАБАЛЫ с ы н. *Байтабасы бар.*

БАЙТАБАЛЫҚ с ы н. *Байтаба болар лық, байтабаға лайық.*

БАЙТАҚ с ы н. *Ұшы-қиыры жоқ; кең. Б а й т а қ* Қазақстан қашан да бар тұлғасымен көз алдымызға келеді (Х. Ерғалиев, Шындық шырқайды). Құба жонында құлан жортқан бұл *б а й т а қ* даланың, ежелгі даланың ұзақ тарихы бар (Ә. Нұршайықов, Менің Қазақст.). Иен дүние, *б а й т а қ* өлке жасыл кілем жамылды (С. Омаров, Дала қызы). ◆ **Байтақ ел.** *Барлық жұрт.* **Байтақ ұлт.** *Барлық халық.* Сонымен ауыл қонды қайта жұртқа, Бай қоныс, бағзы мекен *б а й т а қ ұ л т қ а.* Орнады Қостанайда қос үкімет, Басылмай ала жанжал, айқай сыртта (Ғ. Қайырбеков, Большевик ауыл). **Кең байтақ.** *Шексіз кең. К е ң б а й т а қ* Отанымыздың қай түкпірінде болмасын Сәкен есімі аталса, оның туған жері Жаңаарқа да еске алынады (А. Сатаев, Ақын ізі). ...Орталық Қазақстанда Сарыарқаның *к е ң б а й т а қ* жайылымдарында малды 4—5 ай жайып семіртудің пайдасы зор (Ш. Бәрібаев, Сиыр малы.). **Ұлан байтақ.** *Ұлан асыр, шексіз кең.* Менің туған

жерім *Ұлан байтақ* Отанның бөлінбейтін бір бөлегі (С. Мәуленов, Жер нәрі). *Ұлан байтақ* Отанымыздың әр түкпірінен күн сайын оған хаттар келіп тұрады («Қазақст. мұғ.»).

БАЙТАҚТЫ сын. *Кең, мол, дарқан.* Біздің жұрт ат мінеді арғымақтан, Құйысқан күміс жүген жарқыратқан, Мереке күнде жиын бәйге қосқан, *Байтақты* тамашалы халқым жатқан (Айтыс).

БАЙТАЛ зат. 1. *Екі мен төрт жас аралығындағы құлындамаған ұрғашы жылқы.* Алдымен анадағы Сергей мен Шоқан үйірін аралаған құла айғырдың үйіріндегі *байталдарды* ұстайтын болды (С. Бегалин, Бала Шоқан). Төрекең айдатып жіберген қысырақтың үйірінен бес *байталды* пышаққа жықтырып көп шуылдаққа жұмыс та тауып берді (А. Сүлейменов, Бесін). Сейсеннің астында жылқышылар ғана мінетін еспе *байталы* бар («Қаз. әдеб.»). **Құнажын (құнан) байтал.** *Үш жасар ұрғашы жылқы.* Мысалы: Сәпінің үш үйі — үш ту бие, Мәмектің үш үйі — үш *құнажын байтал*... апарады екен (С. Мұқанов, Есею жыл.). Тайлар мен *құнан байталдардың* ауыз түбінен ұртқа қарай қосымша ұры тіс шығады (Х. Арғынбаев, Мал ауру.). **Тай байтал.** *Екі жасар ұрғашы жылқы.*

БАЙТАЛДАЙ сын. *Байтал сияқты.* Семізінде жаратылған *байталдай* жұп-жұмыр аппақ денесі, шаңырақтан түсіп тұрған ай сәулесімен шағылысып, жарқ ете қалды (І. Есенберлин, Қаһар). Соңғы кездері бәйгеге қосатын *байталдай* сыланып-сипануың жаман еді-ау, бәсе (Ө. Қанахин, Жас дәурен). Құйрық, жалым күзеліп, Базарға түстім *байталдай*, Еркін аузым бармайды Сізге жауап айтарға-ай (Қамбар батыр).

БАЙТАЛДЫ сын. *Байталы бар, байтал мінген. Байталды*, қымбат баға бұлың болса, Түзетіп киер едің шапаныңды. Молдеке жасың үлкен, сөзің қиық, Жүріпсің бар сөзіңді бізге жиып (Айтыс).

БАЙТАЛДЫҚ сын. *Байталдың құнындай, байталға татырлық.*— Ой, құдай-ай, жігіт деп жүрсем, сенің құның бір *байталдық* екен ғой (Ә. Нұрпейісов, Сергелдең). Әке сенің артыңнан, Бес *байталдық* Бедірек құл, Аңлып жүрген дүшпан-ды (Алпамыс).

БАЙТАЛША үст. *Байталға ұқсап; шолтиып.* Райка деген кіртиген қабақ, сұрша қыз, шашын *байталша* күзеп «жаным» деп жабыспайтын жігіті болсайшы (Б. Майлин, Азамат.). Оның үстіне шолақ *байталша* шолтаңдап Райхан деген пәле тағы келіпті (С. Жүнісов, Жапанда.).

БАЙТЕРЕК зат. сөйл. Бәйтерек. Олардан бірнеше он жыл бұрын егілген жалғыз *байтерек* қана басындағы әлжуаз бұтақтарын ырғағаны болмаса, жуан белі қайысар емес (Ғ. Сыланов, Асау арна). Талықсып келіп үлкен *байтеректің* түбіне дем алдым (А. Лекеров, Түз гүлі).

БАЙТЕРЕКШЕ үст. *Байтерек секілді.* Дамолла, Тұрмағамбет, Омарменен, Орынсыз айтпайды сөз сен кеуекше. Әуелден ашық пікір адам солар, Белгілі халыққа үстем *байтерекше* (Айтыс).

БАЙТЕСЕ зат. *Шаңырақ ағашын бектеп, шауып, белгілі қалыпқа келтіретін құрал.*

БАЙ-ТӨРЕ зат. *Ел билеуші, феодал, ақсүйек.* Жағаңа жат жармасса қайтер едің? Ызасы өтті елге *бай-төренің.* Сүліктей ұлықтары жұртты сорып, Қансырап тұрған жоқ па байтақ елім (Қ. Бекхожин, Дала комисс.).

БАЙ-ФЕОДАЛ зат. *Ірі бай, шонжар.* Қазақтың би-болыстары, *бай-феодалдары* және бірқатар оқығандары М. Серәлинге қарсы болады (Б. Кенжебаев, XX ғ. дем. жазушы). 1916 жылғы көтеріліс капиталистер мен помещиктердің үстемділігіне, *бай-феодалдардың* езгісіне қарсы күресті («Қазақст. мұғ.»).

БАЙША үст. *Бай тәрізді.* Жетім мен жесір алым-салық тартпасын, яки қаражат ауыртпалығын бай *байша*, кедей кедейше көтерсін деген әділдікті қолдадық (Х. Есенжанов, Тар кезең). Кешегі Исатайдың дәулетінде Ішіп-жеп ен дәулетті *байша* тұрдық, Жанаттан орамал түгіл көрпе тігіп, Мырза едік мұндай тоның бір тиындық (Үш ғасыр.).

БАЙ-ШОНЖАР зат. *Халыққа тізесі батқан, өктемдік еткен ірі байлар мен феодалдар. Бай-шонжарлар* Петербурлық ұлықтың айналасын ойқастап, қасына жақындауға батылдары бармай

жалтақтап жүр (А. Сатаев, Дала.). Бүкіл Жетісудағы белгілі ірі *бай-шонжар* Мұздыбай Тоқтамыс ұлының шұрайлы жері кедейлерге бөлінсін (С. Сұбханбердин.., Шағын пьеса). Менің бұл жүрісім ауылдың *бай-шонжарларына* ұнамады («Қазақст. мұғ»).

БАЙШЫҒАШ с ы н. с ө й л. Байшікеш. Әбдірдің сол жағында Жаңқабектің қырда тұратын *байшығаш* ағасы болатын, бір-екі көргенім бар-ды, сол отыр (С. Бегалин, Уақыт.).

БАЙШЫЛ с ы н. *Байлардың сойылын соғушы, байды жақтаушы.* Соңғы кезде қазақтың *байшыл* жазушылары өздерінің пікірлерін астарлап... білгізбей өткізуге айналып жүр (С. Мұқанов, Есею жыл.) Бірі — *байшыл*, ұлтшыл, бірі — еңбекшіл, тапшыл (С. Сейфуллин, Шығ.).

БАЙШЫЛ-БУРЖУАЗИЯШЫЛ с ы н. *Қанаушы таптың мүддесін қорғаушы, байды жақтаушы. Байшыл-буржуазияшыл* оқығандар сөзін де, құралын да бізді жамандап, бізді құртуға жұмсап жатыр (Х. Есенжанов, Ақ Жайық).

БАЙШЫЛДЫҚ з а т. *Байдың мүддесін қорғаушылық, байды жақтаушылық.* Соңғы бір-екі жылға дейін қазақ әдебиетінде ұлтшылдық, *байшылдық* бет зор болды (С. Сейфуллин, Шығ.). — Байға болысайын дедің бе, *байшылдыққа* салындың ба? — деді (Б. Майлин, Шығ).

БАЙШЫЛ-ҰЛТШЫЛ с ы н. *Устем тап жаршысы, соның жоғын жоқтаушы. Байшыл-ұлтшылдар* пікірлерін бүркеншекті түрде өткіземіз деп тырысқанмен, совет әдебиетінің бағытындағылар олардың бет пердесін тез сыпырды (С. Мұқанов, Есею жыл.). Абай аңсаған, Абай бастаған сынның элементтері кері кеткен *байшыл-ұлтшылдардың* батпағына ұшырап, өркендей алмады (М. Қаратаев, Туған әдеб.).

БАЙШЫЛЫҚ з а т. с ө й л. *Молшылық, құт-береке.* Еңбек, еңбек, көзісің сан өмірдің, Қожасысың *байшылықтың*, су мен жердің (Ә. Сәрсенбаев, Отан.).

БАЙШЫНАР з а т. ж е р г. Бәйтерек. Қос байтеректің, егіз *байшынарымның* орнына бұрылып қарай-қарай ілгері жүріп кеттім (Ө. Қанахин, Жер бас.). Нағыз *байшынар!* Басына талай құс мамығын төгіп, ұя салған қос бәйтерегімнің саясында талай-талай асық, топай, әйкел ойнап, асырды салған едім (Бұл да).

БАЙШІКЕШ с ы н. э к с п р. *Байсымақ, орта дәулетті.* Есімі Елена Михайловна сол жердің *байшікеш* кісісі (М. Қаратаев, Далада.). Әжібайдың ағасынан қалған қайны, Жанғабыл би *байшікеш* малға сыйлы. Жалғыз қызы Жақылды әуелде де, Беріп еді деп ойлап, орны жайлы (С. Торайғыров, Шығ.).

БАЙШІКЕШТЕУ с ы н. *Әл-ауқатты-лау, байсымақтау.* Бүгін Еркебұлан «Қызмола» деген көлді жалғыз жайлаған *байшікештеу* бір ауылға қонып отыр (Ғ. Мүсірепов, Кездесп. кет.). Одан кейінгі ағам *байшікештеу* Көбентай дейтін құдамызға қойшылыққа жалданады (Ө. Қанахин, Жер бас.).

БАЙЫ[1] е т. 1. *Дүние-мүлкі молаю, көбею; дәулеті арту.* Кәріп пенен Әбжекең, Қойлары өсіп *байыпты.* Қотандары қомақты, Қойын бөлек жайыпты (С. Сейфуллин, Өлеңд.).— Ел, *байысын*, шырағым, қызғанамыз ба? (Ә. Сәрсенбаев, Толқында.). 2. *Бұрынғы қалпынан мазмұны арту, өресі кеңею.* Алматыда жоғары оқу орнын аяқтап, өз ауылына қызмет еткелі ол тәжірибесі *байып*, ...білігіне білік қосып келеді (Ғ. Сыланов, Замана.). Жас өспірімдермен әңгімелесудің мазмұны *байи* түседі (Семья тәрбиесі). ◆ Көз байыды. *Көз қанықты, көп нәрсеге көз жетті.* Халықты бастау үшін көп нәрсеге *көз байып*, көпті көрген, білген, түйген абзал (М. Жұмағұлов, Қыран.).

БАЙЫ[2] е т. т а б у. *Біту, түгесілу.* Қозы *байыды* (Ауызекі тіл). ◆ Күн байыды. *Кеш болды, күн батты. Күн* әлдеқашан *байып*, қас қарайып қалса да, үйде шам жоқ (Х. Есенжанов, Тар кезең). *Күн байып* кеш түсті, орақшылар ауылға қарай бет алды (Ә. Әлішев, Батыр.).

БАЙЫЗ: байыз таппады. *Шыдамсыздануы, сабырдан айрылды.* Бастаған ісін біржола тындырғанша *байыз таппай* мазасы кетті (С. Омаров, Күншуақ). Мейманханада *байыз тауып* отыра алмай, көшені қыдырыстап кетті (Т. Әлімқұлов, Ақбоз ат). Сағынған көңіл

байыз таппай, ертемен далаға алып шықты («Қаз. әдеб.»).

БАЙЫЗДА е т. 1. *Тұрақтау, орныгу.* Осыншалық көп әбігердің себепшісі екі жас бүтін таң атқалы әлі күнге орын тауып, *байыздамай* жүр (М. Әуезов, Таңд.). Ол бір жерге *байыздамай* жүре сөйлеп тұр еді, екінші оралғанда, Нұржан шаужайынан ұстай алды (Ә. Әбішев, Терең тамыр). Нағашы жұртында да көп *байыздай* алмай, Алматы асып, оқудың соңына түскен (Ғ. Асанов, Шалқар). 2. *Аспай-саспай мұқияттау.* Петя екі қолымен жер тіреп, басын әрең көтеріп, жан-жағына *байыздай* қарады (Қ. Қайсенов, Жау тылы.). Істің мән-жайын *байыздап* түсіндіре бастады («Лен. жас»).

БАЙЫЗДАТ *Байызда етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Әтекесінің бұл оқыс мінезі Сейітті *байыздата* алмады (Ә. Омарбаев, Көрлен кесе).

БАЙЫЗДАТҚЫЗ *Байыздат етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БАЙЫЗДАТҚЫЗУ *Байыздатқыз етістігінің қимыл атауы.*

БАЙЫЗДАТТЫР *Байыздат етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БАЙЫЗДАТТЫРУ *Байыздаттыр етістігінің қимыл атауы.*

БАЙЫЗДАТУ *Байыздат етістігінің қимыл атауы.*

БАЙЫЗДАУ *Байызда етістігінің қимыл атауы.*

БАЙЫМ з а т. *Адамның өмірден көріп-біліп түйгені, аңғарымы.* **Байымы мол** — ақыл бала, Әрбір сөзі нақыл бала, Барлық іске батыл бала, Ер жүректі батыр бала (Ө. Тұрманжанов, Бозша торғай). ◆ **Байымға бармады.** *Мән-жайды ұқпады, байыбына бармады.* Тыңдашы, Дәурен, бір сәтке, Айтпағым Айгүл жайында. Ұғына білмес құрметке, Жан екен *бармас байымға* (Н. Шәкенов, Айгүл). **Байым салды.** *Көңіл бөлді, назар аударды.* Оның мен разы боп шырайына, Шыр біткен *байым салдым* шырайына (С. Керімбеков, Еңбек ата.).

БАЙЫМДА е т. *Ақылға салу, пайымдау.* *Байымдаса* соңғы күндері Керденмен арасы әлде неге суынып бара жатқандай (С. Сарғасқаев, Көңілді бала.). *Байымдағанға* талай-талай оқиғалардың талай-талай іздері жатыр мұнда (С. Шәймерденов, Мезгіл.). Мен *байымдасам*, жер мәселесін тек съезд шешеді (Ж. Арыстанов, Сұңқар.).

БАЙЫМДАҒЫШ с ы н. *Аңғарғыш.* Ол оқыған болса да, *байымдағыш*, жүйрік көкірегімен өзінің досын мақұл көрген-ді (М. Әуезов, Шығ.). Ғалымның өскен ортасы жастайынан әр нәрсені *байымдағыш*, көріп-білуге құмар болып өсуіне әсер етті («Халық мұғ.»).

БАЙЫМДАЛ *Байымда етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Сөйтіп, жоғарыдағы *байымдалған* процесс үнемі қайталанып тұрады (Зоология).

БАЙЫМДАЛУ *Байымдал етістігінің қимыл атауы.*

БАЙЫМДАТ *Байымда етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БАЙЫМДАТТЫР *Байымда етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БАЙЫМДАТУ *Байымдат етістігінің қимыл атауы.* Қазіргі кездің бірталай лирикаларында заман шындығын уақыт сырының философиялық мәнін ашу жолымен *байымдату* сарыны аңғарылады (С. Қирабаев, Октябрь.).

БАЙЫМДАУ 1. *Байымда етістігінің қимыл атауы.* Мақал... бір немесе екі бөлімнен құралып, алдыңғысында шарт немесе жалпы *байымдау*, соңғысында қорытынды айтылады (М. Әлімбаев, Өрнекті сөз.). 2. *Тұжырым, қорытынды, түйінді пікір.* Гегельдің жақсылық пен жамандық туралы *байымдауларының* зор өнегелік маңызы бар (А. Қасымжанов, Диалектика.). Кейде үлкендер баланың зеректігі мен орынды *байымдауларына* көңілшектікпен елжіреп кетеді (Семья тәрбиесі). Автор әлемдік масштабта тұжырымдар айтып байсалды *байымдаулар* жасады («Қаз. әдеб.»).

БАЙЫМДЫ с ы н. *Салиқалы, байсалды, байыпты.* Жоғарғы айтылған сындардың ішіндегі ең *байымды*, байсалды, ең тәуірірек сын Тоқтыбайұлынікі (С. Сейфуллин, Шығ.). Табиғат құбылысын танитын Ерекең мұның бәріне байсалды қарап, *байымды* бағасын айтып отырған тәрізді (Қ. Ұябаев, Қырда.). Ол институттағы өткен ғылыми конференцияда өте мазмұнды, *байымды* ең бегімен көзге түсіп жүр («Лен. жас».).

БАЙЫМДЫЛЫҚ з а т. *Сабырлылық, салмақтылық, орнықтылық.* Ол асқан бір

б а й ы м д ы л ы қ п е н жан-жақты ойлана, іздене жүріп өз ролін тамаша даярлайды (Аялы жан.).

БАЙЫМСЫЗ с ы н. *Байлам-байымы жоқ, жөн-жосықсыз.* Әсіре сөзді ерсі дер, *Б а й ы м с ы з* сөйлеп, күлмейтін, Сыпылдап кейбір көршілер, Мінезін қыздың күндейтін (Н. Шәкенов, Айгүл).

БАЙЫП з а т. *Бір нәрсенің жай-жапсары, мәнісі, жөн-жосығы.* Сегізі дәл март **айының, Той екен әйел халқына.** Баяндап соның *б а й ы б ы н,* Қондырған Ораз парқына (Ж. Молдағалиев, Жиырма бес). Аңғармастан дүниенің *б а й ы б ы н,* Еркін есіп тіршіліктің қайығын, Болар еді келер жолы түземек, Ah ұрғызған ағатығын, айыбын (Ш. Мұхаметжанов, Көңіл ашар). Менің қызым алғыр оқушы, ол әр нәрсенің *б а й ы б ы н* жақсы түсінеді (Н. Ғабдуллин, Қызық дәурен). ◆ **Байыбына барды.** *Негізгі мәнісін түсінді.* Ол кені болса да *б а й ы б ы н а б а р ы п,* тереңнен толғап, жеріне жеткізіп, бұлтартпастай етіп бір-ақ айтады (С. Мәуленов, Жұлдызды жыл.). **Байыбына барманды** [жетпеді]. *Мән-мағынасын түсінбеді, үстірт, жеңіл қарады.* Шешесінің ыстық құшағына кіріп кеудесін аймалауды көптен бері аңсаған Қарғаш еш нәрсенің *б а й ы б ы н а б а р м а п т ы* (С. Талжанов, Ұлдай кегі). «Ұшқалақсың, *б а й ы б ы н а б а р м а й,* қойып қалатының бар осындай!» (Д. Әбілев, Арман.) Апырай, Мәлікке не болған, ақылды да байсалды дейтін еркек *б а й ы б ы н а ж е т п е й,* қызғаныш күйігіне беріліп, сабырсыздық жасар ма? (З. Шашкин, Сенім). **Байыбына келтірді.** *Жөнге, ретке салды.* Мектептерде инспекторлық тексеру ісін *б а й ы б ы н а к е л т і р і п,* ұстаздардың озат тәжірибелерін кеңінен таратып отыру **керек** («Қазақст. мұғ.»).

БАЙЫП-БАҒДАР з а т. *Бағыт-бағдар, жөн-жосық.* Әлі мынау қым-қуыт тірліктен *б а й ы п - б а ғ д а р* тауып үлгірмеген қамсыз, балғын қарастар еді (О. Сәрсенбаев, Сағым).

БАЙЫПСЫЗ с ы н. *Тұрақсыз, берекесіз.* Ержан Кәкібайдың *б а й ы п с ы з* аптықпа қимылынан, ыза мен мысқыл аралас дауысынан жігіт көңіліне бір өзгеріс енгенін сезді (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.).

БАЙЫПСЫЗДЫҚ з а т. *Тұрақсыздық, берекесіздік.* Геройының бойындағы ұшқалақтық, *б а й ы п с ы з д ы қ,* бірдің басын, бірдің аяғын қосып жүретін сайқымазақ қылықтарын тапжылтпай танытады («Лен. жас»).

БАЙЫПТА е т. *Аспай-саспай жанжақты байқау, ақылға салу; топшылау.* — Рас, сол жерін *б а й ы п т а й* алмадық,— деді Газбек (І. Жансүгіров, Шығ.). Аңғал да, ақпейіл Айтекен бұл жердегі астарлы сөздерді жете *б а й ы п т а й* қойған жоқ (С. Бегалин, Уақыт.). Бірақ сәуле толқындардың тарау жылдамдығы судағы толқынның тарау жылдамдығынан аса артық болмауға тиіс деп *б а й ы п т а д ы* (А. Қалығұлов, Жарық.).

БАЙЫПТАҒЫШ с ы н. *Байыбына барғыш, аңғарғыш.* Тез *б а й ы п т а ғ ы ш,* алғыр, сезімтал Сұлтанмахмұт шошына секем алды (Д. Әбілев, Ақын.). Русаков мұндай сырды *б а й ы п т а ғ ы ш,* Бұрыннан қараштардың жүзі таныс, Жігітім, қайдан таптың әдетті бұл, Біреуге жала жапқыш, айыптағыш (Қ. Бекхожин, Үш кезең).

БАЙЫПТАЛ *Байыпта етістігінен жасалған ырықсыз етіс.*

БАЙЫПТАЛУ *Байыптал етістігінің қимыл атауы.*

БАЙЫПТАН *Байыпта етістігінен жасалған өздік етіс.* Малдас құрып отырған ұста, шеккен нардың орнынан тұрғанына ұқсап асықпай, *б а й ы п т а н а* түрегелді (Ж. Тілеков, Жоңғар.).

БАЙЫПТАНУ *Байыптан етістігінің қимыл атауы.*

БАЙЫПТАС *Байыпта етістігінен жасалған ортақ етіс.*

БАЙЫПТАСУ *Байыптас етістігінің қимыл атауы.*

БАЙЫПТАТ *Байыпта етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Батырлығын баяндап, *Б а й ы п т а т қ а н* өренге, Домбырамнан күй төгіп, Қостым жырлап өлеңге (Жамбыл).

БАЙЫПТАТҚЫЗ *Байыптат етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БАЙЫПТАТҚЫЗУ *Байыптатқыз етістігінің қимыл атауы.*

БАЙЫПТАТТЫР *Байыптат етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БАЙЫПТАТТЫРУ *Байыптаттыр етістігінің қимыл атауы.*

БАЙЫПТАТУ *Байыптат етістігінің қимыл атауы.*

БАЙЫПТАУ *Байыпта етістігінің қимыл атауы.*

БАЙЫПТАУЛЫ с ы н. *Ақылға салынған, ойланған, байыпталған.* Елімнің тұңғыш өттім шекарасын, Кейінге қала берді өмір асыл. Сыпайы, сыралғы емес, бетен аспан, Әрбір із *б а й ы п т а у л ы,* көз қарасың (Ә. Шалабаева, Тау бұлағы).

БАЙЫПТАУЫМША ү с т. *Байқауымша, топшылауымша.* Менің өз *б а й ы п т а у ы м ш а* [карта ойнау], өкінішті-ақ! (С. Бақбергенов, Адам.). Менің *б а й ы п т а у ы м ш а* осы адамның бойында қыр да, сыр да, оған қоса ақындық жыр да көп (Бұл да).

БАЙЫПТЫ с ы н. *Сабырлы, салмақты, орнықты.* Әрбір сөзін *б а й ы п т ы* да, әдемі етіп айтатын Етекбай өңгімесі Шоқанға сондай ұнады (С. Бегалин, Бала Шоқан). Айжан *б а й ы п т ы* мінезіне көшіп, сабырлы үнде ақыл салды (З. Шашкин, Сенім).

БАЙЫПТЫЛЫҚ з а т. *Сабырлылық, ұстамдылық.* Жүріс-тұрысында, сөйлеген сөзінде *б а й ы п т ы л ы қ* бар (Қ. Қуандықов, Серке Қожамқұлов). Бұл, әрине, асығуды тілемейтін, *б а й ы п т ы л ы қ т ы,* шеберлікті керек ететін көптеген жылдың жұмысы (С. Мұқанов, Алып. адым.). Әдеттегі самарқау қимыл, *б а й ы п т ы л ы қ* қалды, қутың-қутың етеді (З. Шашкин, Ақбота).

БАЙЫПШЫЛ с ы н. *Байсалды, байыбына барғыш.* Бір көргенде: «Шіркін, келбеті келген, мәмлесі мол, мәселесі *б а й ы п ш ы л* бастық екен-ау» — деп те қаласың («Қаз. әдеб.»).

БАЙЫР: қара байыр. 1. *Қазақ жылқысының көнбіс, төзімді тұқымы.* Сыншы көз бірден таниды. Алдында атақты жәй *қ а р а б а й ы р* емес, түрікпеннің текежаумыт сәйгүлігі (С. Шәймерденов, Жыл құсы). Ал біздің мына жергілікті *қ а р а б а й ы р* «жабы» міністе де берік, етке де мол, сүтке де көнек, майлық-сулығы бірдей тұқым ғой (С. Әлжіков, Дала қыраң). 2. А у ы с. *Таңдаулы емес, орташа; қарапайым (зат).*

БАЙЫРҒЫ с ы н. 1. *Бұрынғы, ескі, көне.* Қазақ халқы өздерінің жеті атаға жеткенде ғана некелесетін *б а й ы р ғ ы* салтын сақтап келген (М. Ысқақов, Соқыр сенім.). 2. *Жергілікті, тұрғылықты.* Зылиқа қазір ауыл өмірінің ойы-қырын ауылдың *б а й ы р ғ ы* адамының ешбіреуінен кем білмейді (Н. Ғабдуллин, Сар. жапырақ.). Бұған осы қаланың *б а й ы р ғ ы* тұрғындарының бірі, дербес пенсионер Кәрібай Кенетбаев та шақырылыпты (А. Сатаев, Ақын.).

БАЙЫРҒЫЛА е т. с ө й л. Байырқала. Жұпар қыз талайларды сынақтаған, Бірі жоқ *б а й ы р ғ ы л а п* тұрақтаған. Барса да шебер, шешен, әнші, жыршы, Қайтарған, біреуін де ұнатпаған (Н. Ахметбеков, Аманкелді).

БАЙЫРҚА а р. е т. *Тыным табу, жайғасу, байыздау.* Көзіне түскен жалшы, малшыны онда-мұнда жұмсаған соң, жаны жай тапқандай *б а й ы р қ а п...* Дәндібай қажы үйге кірді (І. Жансүгіров, Шығ.). Ырысалды, сен неге, Есінейсің маужырап, Ұйқың шала болды ма, Жұмсаңқырап, *б а й ы р қ а п* (Бұл да).

БАЙЫРҚАЛА е т. 1. *Тұрақтау, аялдау; айналсоқтау, іркілу.* Ол бұлардың қасына көп *б а й ы р қ а л а м а й,* ақ қайықтай қалқып, ас үйге таман жөнеле берді (Қ. Жұмаділов, Көкейкесті). Бірақ лықып, жақындаған сайын жылқының толайым топаны молайып кеткен соң, күдерін үзе берді. Текірегін тежеп *б а й ы р қ а л а й* беріп еді («Лен. жас».). Сажақбай ауыл жақты қарауылдай *б а й ы р қ а л а п* қалған-ды (О. Бөкеев, Қамшыгер). 2. А у ы с. *Жақсы-жаманды аңғару, байсалдану.* Жайдар жас болса да көпті көріп, *б а й ы р қ а л а ғ а н* адамдай салмақты (О. Әубәкіров, Ұзын сөз.). Жігіт аты ауызға ілініп, алды-артын *б а й ы р қ а л а п* қалған есею жылдары оны шынайы кілемге шақырғандай («Лен. жас»).

БАЙЫРҚАЛАТ *Байырқала етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Отарды ауылға беттетіп *б а й ы р қ а л а т ы п* отырып жайып әкелмесе болмайды («Лен. жас».). Қаусырма тонды, жұқалтаң сары жігіт табынды *б а й ы р қ а л а т ы п,* алыстан көз үйіріп тұр (Бұл да).

БАЙЫРҚАТ *Байырқа етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Әшейін бұл-дағы бір өнері деп, Мен жүрмін осы сөзді *б а й ы р-*

қ а т ы п, Мұныңды ұстаз көрсе, оңай емес, Айтпаймын сөз аяғын енді ұзартып (Айтыс).

БАЙЫРҚАТУ *Байырқат етістігінің қимыл атауы.*

БАЙЫРҚАУ [1] *Байырқа етістігінің қимыл атауы.*

БАЙЫРҚАУ [2] с ы н. *Баяулау, бәсең.* Көкше көкте ақша бұлт, Көміліп күн нұрына, Жел *б а й ы р қ а у*, жер сулық, Қызғыл алтын шұғыла (І. Жансүгіров, Шығ.).

БАЙЫТ *Байы етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Ұлы Абай өз халқының музыкалық мұрасын жаңа әндермен *б а й ы т т ы* (І. Омаров, Серпін). Беде егісі топырақты азотқа, органикалық заттарға *б а й ы т а д ы* (Ботаника). Тургенов орыстың әдеби тілін *б а й ы т т ы* («Қаз. әдеб.»).

БАЙЫТУ 1. *Байыт етістігінің қимыл атауы.* Көркемдік терең ой, халықтың рухани дәрежесін *б а й ы т у* — музыкалық мәдениетіміздің негізгі мұраты (І. Омаров, Серпін). Сенің ендігі күресің біреуді *б а й ы т у ғ а* арналған күрес емес (Ә. Сәрсенбаев, Толқында.). 2. *Руданы сапасыз тастардан тазарту.* Руда *б а й ы т у д а* оған қосымша бірдеңе қосады екен деп ойлауға болады. Шынында олай емес. Қайта руданың бойындағы кені жоқ бос тастарды азайтады (К. Смайылов, Мамандық.). Жоғары сапалы, *б а й ы т у д ы* керек етпейтін платформалық типке жататын ірі боксит кен орындары Қостанай облысында бар (М. Бәкенов, Қазақст. минерал.). ◆ **Кен байыту комбинаты.** *Кенді сапаландырып өндіру комбинаты.* Соколов-Сарыбай *к е н б а й ы т у к о м б и н а т ы* аз жылдың ішінде... 17 миллион тоннадан астам Торғай темірін жөнелтті (С. Мәуленов, Жер нәрі). **Байыту фабрикасы.** *Кеннің сапасын арттыру фабрикасы.* Ертең үлкен *б а й ы т у ф а б р и к а с ы н д а* қызметке де шықпақшымын (Т. Қойшыманов, Қоңырат.). Социалистік жарыста екінші *б а й ы т у ф а б р и к а с ы н ы ң* коллективі алда келеді («Соц. Қаз.»).

БАЙЫТУШЫ з а т. 1. *Байлық қосушы, дәулет арттырушы.* 2. *Кеннің сапасын арттырушы, сапалы өнім өндіруші.* Өзі *б а й ы т у ш ы* инженерлікке дайындалған жас жігіт Дәмешті де өз факультетіне қызықтыра түскен (Т. Қойшыманов, Қоңырат). Қазақстан химиктері мен *б а й ы т у ш ы л а р ы н ы ң* зерттеулері нәтижесінде кей жағдайларда өндірісте қолдануға болатыны [көмірді] дәлелденді (М. Бәкенов, Қазақст. ресурс.). Кеншілердің, *б а й ы т у ш ы л а р д ы ң* және металлургтердің техникалық творчествосының нәтижесінде үш тоқсанның ішінде өндіріс шығындарын сегіз миллион сомнан астам кемітті («Соц. Қаз.»).

БАЙЫТЫЛ *Байыт етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Осы айшық, осы мазмұн Түркстандағы Яссауи мавзолейінде *б а й ы т ы л а* түскен (Д. Досжанов, Құм жұтқан). Сәтті жасалған операциядан соң, бұзылған қан айналуы жөнделеді, қан оттегімен *б а й ы т ы л а д ы* (А. Данияров, Хирург.).

БАЙЫТЫЛУ *Байытыл етістігінің қимыл атауы.*

БАЮ *Байы етістігінің қимыл атауы.* Ой, шырағым-ай, пайда қылып *б а ю д ы* ойлап жүр дейсің бе? (Б. Майлин, Шығ.). Ақшаға ұқыпты Ибрагим қарт оны-мұныны көбейтіп, *б а ю ғ а* да айналған ба? (Е. Қалиев, Рудный.).

БАК з а т. *Металдан, ағаштан, бетоннан т. б. материалдардан жасалатын, сұйықтық сақтауға арналған ыдыс.* Насоспен тартып берілген суды мал екі-үш тонналық *б а к т а н* ішеді (Ш. Бөрібаев, Сиыр малы.). Сұлтан жабулы тұрған *б а қ т і ң* аузын ашып көріп, басын шайқай түсті (К. Оразалин, Ақ жазық). Қораға кіре берісте шопанға арналған бөлме, онда... дезинфекция жүргізілетін ерітінді құйылған *б а к* болуы тиіс (Р. Ибраев, Шопан серігі).

БАКАЛЕЙШІ а р. з а т. с ө й л. Бақалшы. Добрушкин жасынан Копилкин дейтін ұсақ *б а к а л е й ш і* саудагер жамағайының қолында болды (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.).

БАКАЛЕЯ а р. з а т. *Қант, шәй, ұн т. б. азық-түліктерді сататын магазиннің бір бөлігі.* Бакалейшіктен «бақалшы» деген қазақша бір атау шықса керек. Ол, әрине, *б а к а л е я* деген сөзден шығады (Ғ. Сыланов, Асау арна).— Сұлы ұны жоқ па? — Жоқ. — Ас сорбиті ше? — Бар еді, бітіп қалды. Бұл — *б а к а л е я* жақтағы әңгіме (М. Рашев, Бетің қисық.).

БАКЕН з а т. *Сигнал оты арқылы навигациялық хауіптен сақтандыру мақ-*

сатымен кеме жолына қойылатын қалтқы белгі. Жағада отырып қалтылдаған *бакенді* қызықтап, малта тастарды шолпшоли лақтырудан жалықкан емес (Қ. Ысқақов, Бұқтырма.). *Бакендер* жарқырай жанып, үйіріле бастаған ымыртта алыстан көзге ұрады («Лен. жас»).

БАКЕНБАРДЫ зат. *Самайдан төмен түсіріле қойылған шаш.* Оның орнына [шаштың] екі самайынан жағына төмен түсіре *бакенбарды* қойыпты (Қ. Қайсенов, Жау тылы.). Оны көрсе оған сақ, Мұны көрсе бұған сақ: Бір күндері *бакенбарды* жасатты, Екі самайды әкеліп асатты (А. Тоқмағамбетов, Көгілдір әлем).

БАКЕНШІ зат. *Бакенде жұмыс істеуші, бакенді бақылаушы, реттеуші* [*адам*]. Әлден уақытта *бакеншінің* моторлы кішкене қайығы зіркілдеп өте шықты (Р. Әутәліпов, Қыр әңгім.). Таудың шуылдап кететіні соншалық, бұл жерден бірнеше километр жердегі *бакеншілер* пароход гудок берген екен деп, үйлерінен жүгіре шығатын кездері де болады (Ә. Бірмағамбетов, Қазақст. геогр.). Шала қуырылған, шала тұздалған балыққа тойып алып, *бакенші* Егор кішкентай күзет үйінде ұйықтап жатыр («Лен жас»).

БАКЛАЖАН зат. бот. *Жемісі алмұрт немесе цилиндр тәріздес, түсі қоңыр жолақты сары, ақ, көк, немесе күлгін, тағамға пайдаланылатын көп жылдық өсімдік.* Қазақстанда әр түрлі бақша дақылдары: картоп, сәбіз, қызылша, помидор, *баклажан,* қияр көптеп егіледі (Б. Мұханов.., Қазақст, өсімдік). Бұрыш пен *баклажан* бір гектар жерге 40—60 мың талдан өсірілгенде, ең мол өнім бере алады (Ботаника). Көлемді жерде сәбіз, бұрыш, *баклажан,* асқабақтар өсірілуде («Лен. жас»).

БАКТЕРИН зат. хим. *Зиянды микробтардан сақтандыру үшін* [*тұқымды*] *қолданылатын химиялық түзіліс, қоспа.* Тұқымды жерге себер алдында оған иксахлорон шашады да, содан кейін барып тұқымды фосфор *бактеринмен* өңдейді (Ж. Жиенбаев, Астық дақылдары). Ұқыпты диқаншылар тұқымды сепкенге дейін дәрілейді немесе азотофосфор *бактериндерін,* нитрагинді дәнге араластырып тұқымды шылайды (Ж. Шәріпбаев, Тұқым себу).

БАКТЕРИОЗ зат. биол. *Бактериялар туғызатын өсімдік аурулары. Бактериоз* жапырақтарда бейне екі жағынан қысып шығарғандай үлкен теңбілдер пайда болады. Бұл теңбілдер көп уақытта кепкен, жарылған, құраған болады (Ж. Шәріпбаев, Тұқым себу). Собыққа *бактериоз* ауруы дәні қамырланып қатайып пісе бастаған кезде жұғады (Ж. Жиенбаев, Жүгеріні сақтау.). *Бактериоз* бұршақтарды зақымдайды, әсіресе мал азықтық бұршақ тұқымдастарды зақымдайды (Ботаника).

БАКТЕРИОЛОГ зат. *Бактериология ғылымының маманы.* Француз ғалымы, *бактериолог* Луи Пастер көп тәжірибелер нәтижесінде, бізге белгілі организмдердің ішіндегі ең төменгі сатыдағысы — бактерияларда екендігін дәлелдеді (Жалпы биология).

БАКТЕРИЯ зат. *Көбіне микроскоп арқылы ғана көрінетін бір клеткалы организмдер тобы. «Бактерия»* деген сөздің өзі гректің «бактерион» деген сөзінен шыққан, ол таяқша деген мағына береді (Ботаника). *Бактериялар* тіпті, мұхиттың түбінен, бірнеше мыңдаған метр тереңдіктен табылған (Бұл да). *Бактерия* — ең майда өсімдіктер, оларды микроскоппен 500—1000 рет үлкейткенде ғана көруге болады (Бұл да).

БАКТЕРИОЛОГИЯ зат. *Бактерияларды зерттейтін ғылым.* Жәндіктерді зоология, микробиология, *бактериология* ғылымдары тексереді (Қ. Қайымов, Қызықты зоология).

БАКТЕРИОЛОГИЯЛЫҚ сын. *Бактериологияға тән.* Тек *бактериялогиялық,* биологиялық зерттеулер жүргізіп қана қандай ауру екендігін анықтауға болады (Малды туберк. сақта.).

БАКТЕРИЯЛЫҚ сын. *Бактерияға тән.* Істыққа шыдамсыз өсімдік *бактериялық* ауруларға тез шалдығады (Қ. Боранғазиев, Бұршақ өсіру.). Көптеген уылдырық түрлі *бактериялық* паразиттермен уланып өледі (Қ. Күленов, Қазақст. балық.). Тамақтарды істық ішуден өңеште термикалық, химиялық және *бактериялық* тітіркену туады (Р. Сәтбаева, Өңеш рагі).

БАҚ[1] ир. зат. *Әр түрлі жеміс ағаштары өсірілген көлемді жер, бау-бақша.* Колхозшылар бұрыннан егіліп кел-

ген дәнді дақылдардың көлемін қысқартып, оның орнына бақша, *бақ* шаруашылығымен айналысуға ұйғарды (С. Жортанов, Өлке тану). Бозбаланың көш, бәдік, ағына көш, Шал-кемпірдің жемісті *бағына* көш. Одан көшер жайыңды мен айтайын, Жігіттердің кerауыз жағына көш (Айтыс). Ертіс өзенінің аңғарында *бақ* өсіруге де зор мүмкіндік бар (Н. Баяндин, Өзен алқабы.).

БАҚ[2] ир. зат. *Бақыт, талай.* Жауыңды кескілермін де, Қас етпен ешкімді ешкіммен. *Бағың* боп естілермін де, Сорың боп естілмеспін мен (Т. Айбергенов, Өленд.). Біреуге *бақ*, біреуге сор берген дүние жалған («Лен. жас»). *Бақ* жүгірмейді, бап жүгіреді (Мақал). ◆ **Бағы артты (асты).** *Мерейі үстем болды.* Қазақта қыз туған жоқ менен артық, Құлпырдым он бесімде *бағым артып.* Майысып, пісіп тұрған дер кезімде, Малды шал анталады иттей тартып (С. Торайғыров, Шығ.). Аңшыға ұқсап желіккен, Жігіттің мынау *бағы асты.* Атама, жоқ, жоқ неліктен, Неліктен Айгүл адасты (Н. Шәкенов, Айгүл). **Бағы байланды.** *Бағы жанбады, бақытсыз болды. Бағы* неге *байланады,* қартайып отыр ма еді қызың? (А. Хангелдин, Табыс. тағдыр). **Бағын байлады.** *Бақытты болуына, қызық көруіне бөгет болды.* Вағым асып бара ма, ішің күйіп отыр ғой, әй *Байлама бағымды,* босат жолымды (С. Адамбеков, Кесе.). Көрген түске алданып, Түсінде қызды таңдайсың. Сындырмалық бала сағыңды, *Байламайық бағыңды* (Батырлар жыры). **Бағы жанды.** *Ісі оңға басты, жолы болды.* Сенен бақытты қазақты, сонау кешегі Жамбылдан соңғы *бағы жанған* адамды көзіммен, өз көзіммен көргенім осы (С. Бақбергенов, Адам.).— Дәм үстіне тура келдің, жолың болады екен. Шахтер болсаң *бағың жанады,* қарағым — деді үйдегі ақсақал адам (Н. Ғабдуллин, Өмір күйі). **Бағын сынады.** *Талайын байқап көрді.* Мал да, дәулет те осы күшіме бітеді деп сендім... *Бағымды сынап* көрмек ниетпен Қызылқұмға шықтым (Ә. Әлішев, Батыр.). Базарда *бағың сына* дегендейін, Басымды бұл майданға қылдым пәнде (XVIII—XIX ғ. қаз. ақын). **Бақ қонды.** *Бақытты болды. Бақ дарыды. Бақ қонды* елге, жұртқа, алты алашқа, Бар жарлы, теңсіз, тексіз, көрі-жасқа. Келген бақ қайырымен болғай-ақ деп, Сабаздар жанталасып арпалысты (Б. Күлеев, Таңд.). *Бақ қонады* ұл таңдап, Қонақ қонар үй таңдап. Болымы жоқ бозбала Бейнеттен қашар бұлтаңдап (XVIII—XIX ғ. қаз. ақын.). **Бақ құмар.** *Атақ құмар, даңқ құмар.* [Шерубай] Әлде тым *бақ құмар* ма? Сол сорақы әдет өзіне де, жұртқа да маза бермейді (І. Есенберлин, Ғашықтар). Ол атаңа нәлет жаман әліне де, жастығына да қарамастан сондай *бақ құмар,* бақ құмар адам таяққа болмаса ақылға көнбейді (Ә. Әбішев, Замана.). Драматург оны *бақ құмар* артистка ғана емес, ақша құмар пенде ретінде де суреттеген («Лен. жас»). **Бақ құсы** зат. поэт. *Бақ, бақыт, дәулет.* Адамның басына қонған ақ құсты — *«бақ құсы»,* «дәулет құсы» екен деген ертекке жұрт нанатын (С. Сейфуллин, Шығ.). Көз жасы жер астынан шыққан бұлақ емес, бүгін ақса ертең құрғайды, құдай тек қолына қонған *бақ құсынан* айырмасын — деді Әділбек (І. Есенберлин, Қатерлі.). **Бақ тайды.** *Абырой-атақ кетті, бұрынғы заманы өтті.* Тасып барып басылған дариядай *бақ тайды.* Енді кесе, шәйнек сығырлатып, кездеме өлшеп тұрамыз (С. Адамбеков, Көсенің көзі). Басымнан *бақ тайған* соң, кейінгі өскен кадрлар желкемізге мініп алды ғой (Бұл да). **Бақ тұрды.** *Бақ қонды, бақытты болды.* Сортаң жерге қақ тұрып, Суы ішуге келмейтін, Сараң байға *бақ тұрып,* Қолынан қайыр бермейтін (XVIII—XIX ғ. қаз. ақын.). **Бақ таластырды.** *Күндеді, көре алмады.* Қырдың ақсақал-қарасақалдары бас қоса қалса, руларын, ата-бабаларын мақтасып, қырылдасып, *бақ таластырып* қиқылдасады да қалады (А. Сатаев, Дала.).

БАҚ[3] е т. 1. *Малды күту, қарау, өсіру.* Соғыстан бұрын, Шымкент даласында, Қазықұрт бауырында мал *баққан,* ерте тұрып, жай жатқан ауыл едік (Ж. Жұмақанов, Махаббат.). Хайдармен бірге мал *баққың* келе ме? Шопан болуды қалаймысың? (Н. Ғабдуллин, Сар. жапырақ). Ойбай-ау, *бағға* білсе, мал өспеуші ме еді? (М. Иманжанов, Менің махабб.). 2. *Тәрбиелеу, асырау.* 3. *Байқап көру, аңғару.* Енді *бақсам,* ол келген сайын Абай сөзін айтып келеді (М. Әуезов, Абай). Енді *бақса,* соның бәрі жай, арқадан қаға салу сияқты (Т. Ахтанов, Дала сыры). 4. *Күрделі етістіктің құрамында келіп, негізгі етістікке үстеме мағына береді.* Фашистер бар кү-

шін салып, *жанталасып бақты* (Ә. Әлішев, Батыр.). Биыл жұбайыма да жолдама *іздеп бақтым*, бірақ табылмады («Лен. жас»). ◆ **Ақырын бақты.** *Соңын күтті.* Аяқтан біреу шалғанда, *Ақырын бақтық* шамданбай. Тәртіпсіз со бір жандарға, Тәлім боп тұрдық қорғандай (М. Мақатаев, Мавр.). **Аузын бақты.** *а) Абайлап сөйледі, байқап сөйледі.* Төгіліп менің сөзім келе жатыр, Қолында бектерімнің алтын шатыр. Өзіңді өзің көтеріп желікпегін, *Аузыңды бағып* сөйле, Жамбыл батыр (Жамбыл). Жетісудың саңлағы Тегіс отыр қасымда-ай, *Бағып* сөйле *аузыңды*, Еліре берме, Шашубай (Жамбыл). ә) *Аузына қарады, не айтар екен деді.* Қоспан есімі аталмас па екен деп, алыстан келген жігіттің *аузын бағады* (Т. Ахтанов, Дала сыры). **Әліптің артын бақты.** *Істің соңын күтті.* **Көкке бақты.** *Тәңіріге жалбарынды. Көкке бақтым* «алла» деп, Тамаша етіп құдіретін (Абай). **Міз бақпады.** *Шімірікпеді, тапжылмады.* «Тұра тұр бәлем, сені ме, жайыңды бір табармын» деп іштен тынған адамша *міз бақпастан* отыра берді (М. Хасенов, Алғашқы ән). Райхан шиланың қайтадан қалтасына салды да, ол әркімге бір жалтақтап *міз бақпастан* тұра берді («Қаз. әдеб.»).

БАҚ: **бақ етті.** *Тосыннан қатты дыбыс шығарды.* Үлкен ешкілердің бірі сүзіп жіберсе керек, бір лақ текенің *«бақ» еткен* даусы шықты (М. Мағауин, Ақша қар). Күйіп-пісіп тарылып тұрған Асан тыныштықты бұзып, *«бақ» етті* (З. Шашкин, Өмір тынысы).

БАҚА з а т. *Дене тұрқы қысқа әрі жалпақ, терісі жылтыр, құйрықсыз, қос мекенділер тұқымдасының бірі.* Анда-санда саздағы бақылдаған *бақаның* даусы тыныш, тұнық түнді қақ жарып, құлаққа дөрекі естіледі (Ә. Шәріпов, Орманда.). Қожаш қармақтарына кішкентай *бақаларды* шаншыды екен (Б. Соқпақбаев, Алыс. ауыл.). Тірі *бақа* жыланның аузына кіріп барады. Тек тарбаңдаған екі аяғы мен басы ғана көрінеді (М. Етекбаев, Алтын.). ◆ **Ала жылан аш бақа.** *Ел ішіне іріткі салушы.* Естілер де ісіне қуанбай жүр, Ел азды деп надандар мұңаймай жүр. *Ала жылан аш бақа*, күпілдектер, Кісі екен деп үлкеннен ұялмай жүр (Абай). **Бақа ауыз.** *а) Арбаның оқтық ағашы енетін алдыңғы дөңгелекке бекітілген ағаш.* ә) *Үстіне қойылатын ағаштың орнықты болуы үшін, арқалық немесе тіреу ағашты кертіп, ойып жасалатын ойық, кетік.* Ауыр, қатты ағаштан жасап, жерге мықтап орнатқан үш аяқты *бақа ауыз* ағаш немесе ортасын кертіп ойған жуан арқалық ағаш (С. Қасиманов, Қаз. қол өнері). **Бақа бас етік.** *Жалпақ басты етік.* Халқеннің аяғында жаман, *бақа бас* орыс *етік* (С. Сейфуллин, Шығ.). **Бақа көз.** *Сыртына шығыңқылау томпақ көз.* Сағила — топастау, дүңк ете дөкір сөйлейтін, *бақа көз* қара келіншек (Ә. Көшімов, Қыстаған.). **Бақа қыбыр.** *Жай, баяу қозғалыс.* Бірақ, осы алға басудың кішкене орғу, *бақа қыбыр*, қарыш адымы бар (Ғ. Мұстафин, Қарағанды). **Бақа мойын.** *Қысқа мойын.* Онсыз да *бақа мойны* біржола шөгіп кеткендей. Екі иық арасынан тек төбесі ғана көрінеді (Ә. Сәрсенбаев, Теңіз.). **Бақа оты.** *Дөңгелек жапырақшалы, жүрек пішіндес суда өсетін өсімдік. Бақа оты* аквариумдарда да өсіруге болады (ҚСЭ). **Бақа тамақ.** *Бұғағы түсінкілеу, жалпақ тамақ.* Бұл, мыртық бойлы, *бақа тамақ*, бозша әйелдің күйеуі менің бір ашына жігітім еді (С. Сейфуллин, Шығ.). **Көк бақа.** а) *Арық малдың еті, көк жасық.* ә) *Нашар шығарма, құнсыз туынды.* Әдеби сынымызда бәз біреудің *көк бақасын* көтере қолдау, біреудің саф дүниесін кемсітіп байқау сияқты фактілер ұшыраса береді («Лен. жас».).

БАҚАДАЙ с ы н. *Бақа сияқты.* Таласпа жаным-ай, Қолыңнан келмеске, Боларсың *бақадай*, Көп түссең егеске (Абай). ◆ **Аузын бақадай ашты.** а) *Аузын үлкен ашты.* Тіл тартпай кетті балғын жас, *Бақадай аузын ашты* да, Анасы қалды ойбайлап, «Көріңде өкір, сұлтан»,— деп (К. Әзірбаев, Шығ.). ә) *Қорқып кетті, ес жия алмай қалды.* Түйебай алласын да айта алмай, *аузын бақадай ашқан* күйі шегініп келеді (Ә. Әбішев, Терең тамыр). б) *Кенезесі кепті, шөлдеді.* Жазы ыссы, қысы қақаған, Шегіннің сойқан қаңтары. *Ашқызып аузын бақадай*, Қояды малды қаңтарып (Ж. Молдағалиев, Жиырма бес). **Аш бақадай жабысты.** *Аш кенеше жабысты. Аш бақадай жабысып*, қатып қалған, айрылар емес (З. Шүкіров, Ізгілік ізі.). **Бақадай шулады.** *Жабыла шуылдады.* Ақсүйектің баласы, *Бақа-*

дай шулап тұрғанда, Ерлікпен алданып, Өзіме өзім қас қылдым (XVIII—XIX ғ. қаз. ақын.).

БАҚАДАЙЫН с ы н. ф о л ь к. *Бақа тәрізді.* Сонда бірі қалмақтың, *Бақадайын* тырбиып, Өрмелеп тауға барады (Батырлар жыры).

БАҚАЙ з а т. 1. *Омыртқалы жануарлар мен адамның қол-аяғының саусақ сүйектері; башпайлары.* Ескі етіктің жұлығынан екі үлкен *бақайы* көрінеді. Екеуі де қанап қалыпты (Ғ. Мүсірепов, Кездесп. кет.). Көбінің ұлтаны түсіп, ұрттары тесілгендіктен *бақайлары* жылтыңдайды (Ә. Шәріпов, Партизан.). *Бақайдың* скелеті бақайшық сүйектерінен құралады. Олардың саны қолдағы сүйектердің санымен бірдей болады (Адам анатом.). Сөйткенде, Тестіктің бір *бақайы* ермекті іліп кетеді (Қаз. ертегі). 2. *Аяқтың басы мен жіліншіктің қосылған жері, тобықтың жоғарғы жағы.* Қашан өлім келер деп қайғы басып, Әр жерінен тесіліп етің сасып, *Бақайыңнан* кендірмен байлап алып, Салақтатып қояды басыңды асып (С. Мұқанов, Алып. адым.). Үйретілетін жылқы әбден арқанға үйренген кезде, аттанар жақ алдыңғы *бақайынан* арқандай салынады (Х. Арғынбаев, Қаз. этногр. очерк). Омыраудан аққан тер, *Бақайына* тамшылап, Мысалы үрген местей боп, Ұсталар соққан пештей боп, Денесі кетті тырсылдап (Алпамыс). ◆ **Бақай есеп.** *Болмашыны пайда көретін ұсақшыл.* Барбосын босқа бердім етікті дегенімен, ар жағында *бақай есеп* жатқаны белгілі (Қ. Сатыбалдин, Қараторғай). Салпекбаев жолдас — деді ол, қазан түбінде қатқан шеміршек қалды деген адам екенсіз, не деген *бақай есеп* адам едіңіз? (Б. Қыдырбекұлы, Ешкім.). **Бақай етек.** *Етегін бүрмелеп, желбіршектер салып киетін ұзын көйлек.* **Бақай құлық.** *Ұсақ, жымысқы құлық.* **Бақайынан келмейді.** *а) Қарасын да көрмейді, маңайламайды.* Өзінің ақылы менің ақылымның *бақайынан* да *келмейтінін* білмейді (Ә. Әбішев, Замана.). ә) *Ойына кіріп те шықпайды, әсер етпейді.* Еспембет: — Уай, тобықтының баласы, бітім сұрап кісі салсам, *бақайыңнан келтірмейсің* (М. Әуезов, Шығ.). **Келте бақай.** *Бақайы қысқа.* Жабыдай *келте бақай*, мойның қысқа, Қарғысаң жығыларсың ақыр жарға, Теңізге кешу бермес келіп қалдың, Шамала алды-артыңды қапы қалма (Айтыс.). **Бақай қимыл.** *Өнбейтін, күйбең тірлік.* Күн көрістің *бақай қимыл*, баяу қозғалыстарын, қапы-қалтарысын аңдайтын дағдылы бой тасаларын біржола ұмытқандай, оқшау орғып әдейі көзге түседі (Ғ. Мүсірепов, Кездесп, кет.). *Бақай қимыл*, баяу күн көріс, баяғы үйшік, жүріп жаттық-ау сонымен (Б.Аманшин, Жар мұңы). **Жаны қара бақайына кетті.** *Зәресі ұшып кетті.* Ызғар шашқан суық жүз таяп, төніп келгенде Ебейсіннің *жаны қара бақайына кетті* (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). **Сылдыр бақай.** *Пәтуасыз, тұрақсыз (адам).* Сырының *сылдыр бақай* адамдары, Тұрмайды уәдеде табандары (Айтыс). **Тік бақай.** *Шаруаға қыры жоқ.* Әлгі менің екі дүниеде көгермейтін, *тік бақай* қатыным сонда отырған көрінеді (О. Әубәкіров, Ұзын сөз.). Жоқ, Рәш ондай *тік бақай* қатындарға еліктемейді, шыдайды (М. Сүндетов, Ескексіз.). **Ши бақай.** *Арық, жүдеу.* Бойы тапал, басы үлкен, *ши бақай*, бадырақ көз қара бала әлі не қарамай шақар еді (С. Бақбергенов, Қайран шешем).

БАҚАЙҚҰРТ з а т. в е т. *Бақай арасындағы терінің ісініп, жараға айналуынан пайда болатын жұқпалы қой ауруы.* Совхозда мал дәрігерлік жұмысы да жақсы жолға қойылған. Қойдың *бақайқұрт*, топалаң, сарып, күл және басқа аурулары бүтіндей жойылды (Б. Жамалов, Торғай.). Аусылды басқа аурулардан ажырата білу керек. Мәселен, *бақайқұртпен* ауырғанда қой ақсайды (Ш. Қалықов, Қой ауру.).

БАҚАЙЛЫ с ы н. *Бақайы жуан.* Жуан тақыр *бақайлы*, жұмыр тұяқ, Шынтағы қабырғадан тұрса аулақ. Жерсоғарлы, сіңірлі, аяғы тік, Жауырыны етсіз, жалпақ, тақтайдай-ақ (Абай).

БАҚАЙШАҚ з а т. *Аяқтың башпай сүйектері.* Бақайдың скелеті *бақайшақ* сүйектерінен құралады (Адам анатом.). Жалмауыздың басын кесіп, *бақайшағын* шақса, Қара үйрек малдасын құрып, садақтың оғын жонып отыр екен (Қаз. ертегі). Бұхардың *бақайшағы* майысқан бишілері көзін қуантпай, үндінің тал жібектей ширатылған шеберлерін шақыртады (Т. Ахтанов, Дала сыры). ◆ **Бақайшағына дейін [шейін].** *Тұтас, басынан аяғына дейін.* Мына боран қайта-

ді, қоншымнан қар түсіп еді, түу *бақайшағыма дейін* жетті («Қазақст. мұғ.»). Ал сендер бәрін *бақайшағына дейін* көріп білу үшін, сот процесіне тоқталғанды жөн көріп отырмын (Т. Сүлейменов, Жұлдыз.). Құнанбай қатігез, мейірімсіз, бір бет, сұмдықты әріден ойлайтын зымиян, басынан *бақайшағына шейін* ескілікке берілген жертартпа (Қ. Жұмалиев, Әдебиет теориясы). **Бақайшағына дейін қаруланды.** *Қару біткеннің бәрін жинады, сақадай-сай қаруланды. Бақайшағына дейін қаруланған* озбыр, айлакер жауды жеңу үшін, әскери қару-жарақты жіті меңгеру керек (Т. Бердияров, Солдат сыры). Ярушиннің *бақайшағына дейін қаруланған* полкі осы селоның түбінде болған екі күн, екі түнгі ұрыста мүлде ойсырап қалды (Аялы жандар). Рейхстаг қол созым жерде тұр. Бірақ, онда *бақайшағына дейін қаруланған* фашистер бар («Лен. жас»). **Бақайшағына дейін шақты.** *Ешнәрсе қалдырмады, түгел білді.* Жақаң үсті-үстіне сұрақ беріп, Ермек ауылының *бақайшағына дейін шағып* таныты («Қаз. әдеб.»).

БАҚАЙШАҚТА е т. *Жік-жігіне ажыратып, талдап саралау.* Екіншісі — психологиялық детальді ішкі сезімнің әрбір иірім, қалтарыстарын құр жібермей *бақайшақтап* тәптіштей суреттеу тәсілі («Қаз. әдеб.»).

БАҚАЙШАҚТАУ *Бақайшақта егістігінің қимыл атауы.*

БАҚАЙШЫҚ з а т. с ө й л. **Бақайшақ.** Екінші категорияға үлкен қарын, жұтқыншақ, өңеш еттері, тілі мен миы алынған бас, жалбыршақ, талақ, *бақайшығы қ*, ерін, құлақ жатады (Қазақст. ет молайту).

БАҚАЛ[1] а р. з а т. к ө н е. 1. **Бақалшы.** Бес елден жалғыз кедей таппадың ба? Байларға *бақал* болдың айна сатқан. Шыққалы соңғы жерден үйінде отыр, Екіден егіз ұлды қашан тапқан? (Айтыс). Сақалыңды айнаға көрші қарап, Ту құйрықтан маңызды төрт-бес қадақ, Аулыңдағы *бақалға* күзеп сатсаң, Алты сабын береді, жеті тарақ (Бұл да). 2. *Сатуға арналған ұсақ-түйек заттар.* Өзі кіре конторында қызмет қылады. Және кішкене *бақал* дүкені бар (С. Сейфуллин, Шығ.). Магазиннің ұсақ-түйек *бақал* сататын әйнекті жәшігінен әркім өз керегін тауып алып көріп жатыр (А. Тоқмағамбетов, Шәңгек). ◆ **Бақал есеп.** *Іш есеп, қымқырма.* Мұнда [«Ботакөз»] әр кейіпкердің өз орнына сай арманы, кейбірінің тіпті *бақал есептері* бар («Қаз. әдеб»). **Бақал сауда.** *Уақтүйек сауда.* Абданбай өзі *бақал сауда* жасайды. (К. Әзірбаев, Аңыз.). Ел белі осылайша бүгілетін, Шай таппай асып жесе бүгін етін, Қаладан келе қалса *бақал сауда*, Ауыл боп қант, шай үшін жүгіретін (Н. Сүлейменов, Жолда.).

БАҚАЛ[2] и р. з а т. к ө н е. *Бастырылған астықтың сабаны.*

БАҚАЛ[3] с ы н. ж е р г. *Қысқа, мыртық, тапал.* Төбеден асыра шалқалай қайырған күрең шашты *бақал* саусақтарымен екі жағынан бүйірлей сипады (Т. Нұртазин, Мұрат). Жұманның *бақал* бас бармағы қағаз бетіне темір күректің басына ұқсап, жап-жалпақ болып түсті (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке).

БАҚАЛАҚ з а т. *Арба доңғалақтарын, күлдіреуішті қозғалтпай ұстап тұратын көлденең қалақшалар.* Шаңырақта 16 күлдіреуіш, *бақалақ*, 110-ға дейін көз болады (Қаз. тіл. жерг. ерекш.). Осы бір жалғыз қайыңның жетіспегендігінен, бәлкім колхоздың жұмыста жүрген, дыңдай бір арбасының қираған *бақалақтары* жөнделмей, қарап тұрған болар (Ф. Дінисламов, Көл жағасы.).

БАҚАЛДАУ с ы н. *Мыртықтау, жуантықтау.* Сұйық қана селдір қасы бар, ол да әдемі емес. Қол-аяғы *бақалдау*, мыртықтау. Осындай әйел екінің бірінде бар емес пе? (С. Сейфуллин, Шығ.).

БАҚАЛТАҚ с ы н. с ө й л. **Тапалтақ.** Әбдіш екен, жанында *бақалтақ* келген біреуі бар (Б. Майлин, Шығ.). Жайпақ төбелі аласа үйдің *бақалтақ* мұржасынан аспанға шаншыла ұшқан бозғылт түтінді көргенде Оспанның көзіне жас келді (С. Омаров, Дала қызы).

БАҚАЛШАҚ[1] з а т. с ө й л. **Бақайшақ.** *Бақалшағы* бір тұтам, Байтал айдап келіпті, Толарсағы бір тұтам, Торпақ айдап келіпті (Манас). *Бақалшақта* 40%-ке дейін кальций, темір, магнит және басқа элементтер болады (Р. Әбуғалиев, Қой өсіру.). Бармақтарда үш *бақалшақтан* болады (Адам анатом.). 2. а у ы с. *Доғал, қысқа.* Сүмбесі

мынау сойылша, Басары мынау бақанша, Құндағы мынау құс мойын, Оғы мынау *бақалшақ* (І. Жансүгіров, Шығ.).

БАҚАЛШАҚ[2] з а т. *Ұлудың сыртынан қоршаған қабыршақ қатты зат.* Ұлудың бір түрі физа деп аталады, оның шығыршықталған қара қоңыр сауыты, *бақалшағы бар* (Т. Мұсақұлов, Аквариум.). Су іздеуге шыққан теңізшілер отряды бір жерге келгенде жуан арқанмен байланып қойылған ұлудың үлкен *бақалшағын* көреді (Қ. Қайымов, Зоол.).

БАҚАЛШАҚТА е т. с ө й л. **Бақайшақта.** Бөлекбай болса, ол да осы үйдің барша тірлігін *бақалшақтап* иті мен қозысына дейін сұрап жатыр (Ж. Молдағалиев, Торғай.).

БАҚАЛШЫ з а т. к ө н е. *Уақ-түйек сатушы, саудагер.* Зәки ұсақ сауда ғана істейтін, қысқа қолды *бақалшы* болатын (Д. Әбілев, Арман). Елге саудамен шыққан *бақалшы* Бадыр бір сапарында ауылдан малайлыққа бала алып қайтқан (Ж. Жұмақанов, Соқпақ.). Сабын дей ме, тарақ дей ме? Ине, жіп пе, немене,— деп Василий сақалды *бақалшыға* бұрылды (Ғ. Сыланов, Асау арна).

БАҚАЛШЫЛА е т. *Бақалшылық жасау.* Солардың [қазақтардың] жуастығы дағы көз ашқалы бері *бақалшылап* алдап жүргенім (К. Тоқаев, Тасқын).

БАҚАЛШЫЛЫҚ з а т. *Бақал саудамен айналысушылық.*

БАҚАН з а т. *Киіз үй тіккенде шаңырақ көтеруге, үзіктер мен түндіктерді көтеріп жабуға керекті ашалы ағаш.* Шаңырақты көкем көтеріп тұр. Қолымен емес, *бақанмен* көкке жеткізе көтеріп тұр (М. Тиесов, Дала перзент.). Шаңырақты әуелі жел бауынан керегеге асып қойып, одан кейін төрт жігіт төрт *бақанмен* әрең көтерді (Ғ. Мүсірепов, Таңд.). Күлдіреуіштің ортасындағы тор көзден *бақан* тіреп, шаңырақ көтереді (С. Қасиманов, Қаз. қолөнері). ◆ **Әпер бақан.** *Есерсоқ, ұр да жық.* Сіз шаш ал десе бас алатын баяғының *әпер бақан* белсенділерінше қатал үкімді оп-оңай-ақ шығара салады екенсіз (А. Байтанаев, Асан). **Бақан аттар.** *Қалыңдығын көруге келген күйеуден жол-жоралғы алу үшін істелетін ескі ырым, салт.* ...Күйеу жігіт *бақан аттар* кәдесін береді. Сонда ғана жеңгелері бақанды жерден алып жол ашады (ҚСӘ). **Бақан таңба.** *Ру таңбаларының бірі.* Бағаналы Найманның *бақан таңбалары* да табылып жатыр (А. Машанов, Жер асты.).

БАҚАНДА е т. *Бақанның астына алып, ұрып-соғу.*

БАҚАНДАЙ с ы н. *Білдей, дырдай, ортан қолдай.* Аузыңды бағып жүрсең, екі-үш жылда *бақандай* директор боп шыға келесің (О. Сәрсенбаев, Сағым). Анау-мынау емес, аудан орталығындағы бала бақшаға *бақандай* тәрбиеші болып орналасты («Лен. жас»). Сен білесің бе? Біздің колхозға трактор келетін болды. *Бақандай* екеуін береміз деді (Ақ бидай). ◆ **Бақандай басыңмен.** *Үлкен басыңмен.* Айтып жіберуге, лақтырып жіберуге, бұл күндері құлшының шықпайтын жұрт шамалы. Темекінің тұқылын ғана емес, *бақандай басыңмен* өзіңді лақтырады (А. Сүлейменов, Бесін).

БАҚАНДАЙ-БАҚАНДАЙ с ы н. *Кесек-кесек, үлкен-үлкен.* Он саусағыммен бірдей санап алған *бақандай-бақандай* жеті ондық жел көтергендей қайда кетті («Қазақст. мұғ.»).

БАҚАНДАС *Бақанда етістігінен жасалған ортақ етіс.* Мінгенде атаң алады-ай, Алаға тоқым салады-ай. Сөздерінен сөз шығып, Алшыораз бен ағасы, *Бақандасып* қалады-ай (Батырлар жыры).

БАҚАНДАУ *Бақанда етістігінің қимыл атауы.*

БАҚАНША з а т. *Кішкене бақан.* Қолдарында ұстаған күрегі, *бақаншасы,* тоқпағы бар, түстері суық-ақ (Т. Әлімқұлов, Ақбоз ат).

БАҚАР-ШАҚАР с ы н. *У-шу, азан-қазан.*

БАҚАРЛЫ-ШАҚАРЛЫ с ы н. *Қымқуыт, у-шулы.* Көз алдында өзгеше бір тірі суреттер оянып, төрт түлігі мыңғырып жатқан *бақарлы-шақарлы* үлкен ауыл елестеп кетті (Қ. Жұмаділов, Көкейкесті).

БАҚАРТ е т. ж е р г. *Қырку, моқалту.* Ауылдың маңайы — басын қоян мүжіп *бақартып* тастаған сирек шырпы (Б. Майлин, Шығ.).

БАҚАС с ы н. 1. *Бәсекелес, бақталас.* Ожар Қоспан қашаннан бері Қаратазбен *б а қ а с* (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). Араз ауыл, *б а қ а с* ауыл күйіп-піскен отырған біреу барын сонадайдан танып, мазақтай күлетін сияқтанды (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). Сауда дүкенінде қызмет қылатын бір ноғай жігіт, завод алдында тілмаш болып жүрген бір Әмір деген жігітпен *б а қ а с* болды (С. Сейфуллин, Шығ.). 2. *Талас-тартыс, егес. Б а қ а с т а р ы ң* қызу да, қызықты да болды-ау (М. Әуезов, Абай жолы). Сәкен бізге тағы бір қырынан көрінді, ол — *б а қ а с* сөзге ұтқырлығы (Қ. Жұмалиев, Жайсаң жан.).

БАҚАСТА е т. *Көре алмау, күндеу.*

БАҚАСТАС *Бақаста етістігінен жасалған ортақ етіс.* Екі кісі бас қосса *б а қ а с т а с ы п,* екі рудың аулы іргелес қона алмайтын (Ж. Тілеков, Жоңғар.).

БАҚАСТАСУ *Бақастас етістігінің қимыл атауы.*

БАҚАСТАУ с ы н. *Өрісі тарлау, таяздау.* Мүмкін ол [Лесбек] ақылмен айтатын сөзді ашумен айтқан шығар, байсалды талаптың орнына *б а қ а с т а у* талап қойған шығар («Лен. жас»).

БАҚАСТЫҚ з а т. *Бас араздық, өштесушілік.* Ақбөкенінен айырған Наурызбайға қанша ашулы болғанмен, Байтабын *б а қ а с т ы қ т а н,* намыстан ел бірлігін жоғары көрді (І. Есенберлин, Қаһар). Құнанбайдың төрт әйелі болған. Олардың арасындағы *б а қ а с т ы қ,* күндестіктің шалығы балаларына да тиген еді (Т. Әлімқұлов, Абай). Хандыққа таласқан қазақ сұлтандарының арасындағы *б а қ а с т ы қ* ашық жаулыққа айналады, үш жүздің жігі ажырайды («Қаз. әдеб.»).

БАҚАСУ *Бақас етістігінің қимыл атауы.* Осы ұзақ *б а қ а с у д а* Абай әкесінің тәсілдерін қолданбайды, қайта оларды жазғырады, әшкерелейді (М. Қаратаев, Туған әдеб.).

БАҚАСШЫ з а т. *Бірін-бірі күндеуші, бәсекеші.* Абай мен оның жас достары артта қалған феодалдық негіздерге қарсы, рудың надан *б а қ а с ш ы л а р ы н а* және халықты езушілерге қарсы күрес ашты («Қаз. әдеб.»).

БАҚАСЫЗ с ы н. *Бақасы жоқ.* Адам қатасыз болмас, көл *б а қ а с ы з* болмас (Мақал).

БАҚАУЫЛ з а т. к ө н е. *Ханның бас аспазы, шарап құюшы, дастарқан жасаушы; лауазым.* Кейін сенімді адамдарды аймақ, қала т. б. мирасқоры етіп тағайындаған кезде, оларға *б а қ а у ы л* лауазымы берілетін болды (ҚСЭ). Азғана асқа *б а қ а у ы л,* азғана елге бек болма деген осы да (І. Есенберлин, Қаһар).

БАҚАША ү с т. *Бақа тәрізді.* Ол *б а қ а ш а* бос тарбаңдап, суға батып бара жатыр (З. Шүкіров, Ғажайып.). Бір ғажабы — гоацин құстарша дыбыс шығармай, *б а қ а ш а* бақылдайды (Қ. Қайымов, Қызықты зоол.). Тамағын анда-санда қырынып қап, *Б а қ а ш а* бажырайып аузын ашты (Д. Әбілев, Өленд.).

БАҚА-ШАЯН з а т. 1. *Бақа мен шаян, т. б. ұсақ жәндіктер.* Суы сарқылған соң тар арнаға жабысқақ ошаған... селдір қаңбақ, есек миялар өсіп, құртқұмырысқа, *б а қ а-ш а я н,* жылан-кесірткелер жайлап кетеді (Ө. Қанахин, Жас дәурен). Енді бірнеше сағаттан соң қарасақ, су шалқып шегініп кетіп, ол жерде *б а қ а-ш а я н* теріп жүрген жағауларды көреміз (Х. Әбішұлы, Халық астрон.) 2. *Ұсақ бала-шаға.* Маған осы келін болмаса, басқа *б а қ а-ш а я н ы ң* серіктікке жарамайды (Ә. Кекілбаев, Бір шөкім.). *Б а қ а-ш а я н* жоқ екен, тек мына мен сияқты жігіттер бар екен (М. Иманжанов, Менің махабб.).

БАҚАШЫҚ з а т. з о о л. *Дәнді дақылдарға зиянды қандалалар тобына жататын кішкентай жәндік.* Бұл жылдары зиянды *б а қ а ш ы қ,* астық бүргесі, қант қызылшасына түсетін ақұнтақты жою жұмысы артты («Жаңарған өлке»). *Б а қ а ш ы қ* қандала жартылай қатты қанаттылар, немесе қандалалар отрядының қалқаншалылар тұқымдасына жататын насеком (Ә. Тілекбаев, Бақашық қандала).

БАҚ-БАҚ [1] з а т. б о т. *Жапырақсыз, сарғыш гүлді, сабағы құыс өсімдік.* Кәдімгі *б а қ-б а қ т ы ң* гүлі де жауыншашын боларда шатыр тәрізді жинала қалады (Т. Таубаев, Жасыл әлем). Үрлеп едім *б а қ-б а қ т ы,* Үлпектерін қаптатты. Ұшты үлпектер жарасып, Бейне сансыз парашют (Ә. Табылдиев, Сөз бөбектікі). *Б а қ-б а қ т ы ң* гүлі ертеңгі сағат алты шамасында, ал итмұрынның гүлі бестер шамасында ашылады (Бұл да).

БАҚ-БАҚ[2] е л. *Қайта-қайта бақылдап шыққан дауыс.* Ешкі шіркін *б а қ-б а қ* бақырып, суыққа бірінші ұшынды («Лен. жас»). Бақа, бақа *б а қ-б а қ.* Ән саламын баптап. Үйреніңдер, бәрің, Менен келіп тақпақ (Жыл он екі ай). ◆ **Бақ-бақ етті.** *Қайта-қайта бақылдады.* Торып жүріп қойлардың, Қораға келіп жатарын, *Б а қ-б а қ е т к е н* текенің Кесіп алды сақалын (Е. Елубаев, Көкпар). *Б а қ-б а қ е т к е н* текені қар жауғанда көреміз, Батырсынған жігітті жау келгенде көреміз (Мақал).

БАҚБЕК з а т. с ө й л. **Бағбан.** Мынау өзіміз саясында отырған ағашты о баста орыс ғалымы еккен. *Б а қ б е г і м і з* жыл сайын ұрық алады (Т. Әлімқұлов, Туған ауыл). Бақтағы көп аралар, *Б а қ б е г і м е н* барабар, Тозаңдатып гүлдерді, Бал да жинап үлгерді (Ә. Табылдиев, Сөз бөбектікі).

БАҚ-БЕРЕКЕ з а т. *Ырыс-дәулет, құт.* Жұрттың мұңы қалмастан түгелденді, Қайғы-қасірет көрген жоқ түнергенді, *Б а қ-б е р е к е* басынан ұшып еді, Іздесе де таппайды түгелді енді (Б. Майлин, Шығ.).

БАҚ-ДӘРЕЖЕ з а т. *Атақ-абырой, мансап.* Иран мен Тұран ту тігіп, Қарсыласып жауласты. *Б а қ-д ә р е ж е,* дәулет, күй, Басынан кімнің аумас-ты (Т. Ізтілеуов, Рүстем.). Білгенге денсаушылық — дәмді дәулет, Мал-дүние, *б а қ-д ә р е ж е* — жалған сәулет. «Өмірге тойдым» деген ешбір жан жоқ, Кеңшілік аларманы, берсе мәулет (XX ғ. қаз. ақын).

БАҚ-ДӘУЛЕТ з а т. *Байлық, барлық.* Ру ортасында *б а қ-д ә у л е т* ораларында қолда бар үйірлестер мен ұяластардың шабаны берік, шалағайы жүйрік болып кететін еді (Ә. Көшімов, Екі бүркіт). Болайық оған дейін осы арада, Белді бу, бізге кейіп босама да. *Б а қ-д ә у л е т* баяны жоқ бұл секілді, Қоюға болмас байлап босағаға (Т. Ізтілеуов, Рүстем.). Шырағым — деді қарап баласына, *Б а қ-д ә у л е т* қас пен қабақ арасында. Ауылда болсам, жидіп қалсам-дағы, Кірер ем мыналардың таласына (Қ. Тоғызақов, Өленд.). ◆ **Басынан бақ-дәулет ұшты.** *Басынан бақ тайды.* Мынау заман қай заман — қысқан заман. *Б а с ы м ы з д а н б а қ-д ә у л е т ұ ш қ а н* заман. Шұбырғанда ізіңнен шаң борайды, Қаңтардағы қар жауған қыстан жаман (Қ. Бекхожин, Қайран жастық).

БАҚЖИ е т. с ө й л. **Бағжи.** Ол менің сенім қағазымды екі саусағымен ерініп іліп алып, шамға таяп ішінен оқыды да, ойлаған ойы түйыққа тірелген кісідей маған үнсіз *б а қ ж и д ы* (Қ. Сатыбалдин, Қараторғай). Аш қарын діңкесін құртты. Қақпанға түскен қояндай *б а қ ж ы п* бірауық отырды (Н. Серәлиев, Ыстық күлше). Алғашқыда бірімізге біріміз *б а қ ж и я* қарасып өтетін едік, кейіннен келекеле бас изесетін дәрежеге жеттік (Қ. Сатыбалдин, Қараторғай).

БАҚЖИТ с ө й л. **Бағжит.** Күн бір күркіреп қойғанда әдемі ойы бөлініп кетті. Көзін бұл жолы барынша *б а қ ж и т а* ашты (Ғ. Мұстафин, Дауылдан кейін).— Оны саған кім айтты? Сіз, жолдас, олай бұрмаламаңыз — деп бір қойды Мерғали көзін *б а қ ж и т ы п,* үлкен үстелінің шаңын үрлей отырып (Қ. Сатыбалдин, Қараторғай).

БАҚИ[1] а р. с ы н. **1.** *Мәңгі, өмірлік.* Кім жүрер тіршілікке көңіл бермей, *Б а қ и* қоймас фәнидің мінін көрмей (Абай). Сыбызғы, сырнай, қызық әлі-ақ кетер, Білдірмей жүргенінде ажал жетер, *Б а қ и* санап жүргенің бәрі фәни, Өкініш сонда қалар, өмір өтер (XX ғ. қаз. ақын.). **2.** А у ы с. *Дүние, жалған.* Тағдырға риза болып, сабыр ойлап, Сапардан сабыр өткен табынармын, *Б а қ и д ы ң* қызығынан үмітім көп, Фәнидің аз қызығын не қыламын (XX ғ. қаз. ақын.). ◆ **Ғұмыр бақи.** *Өмір бойы.* Райхан *ғ ұ м ы р б а қ и* перзентсіз қалған адам (С. Жүнісов, Жапанда.). Көрдің небір жорға менен жортақты, Талай тарлан сенен шыңға жол тартты. *Ғ ұ м ы р б а қ и* сенің әрбір сағатың Қуанышқа, қайғыға да ортақты (Қ. Жұмағалиев, Перзент.). **Өмір бақи.** *Әманда, мәңгі.* [Арыстан Кенесарыға] Бір жолға кешір, *ө м і р б а қ и* құлың болып өтейін (І. Есенберлин, Қаһар). *Ө м і р б а қ и* мұның аузынан осынша қатты сөз естіп көрмеген Маржан бір түрлі жермен-жексен болып, үн-түнсіз үйден шықты (Ә. Кекілбаев, Дала.).— Әрине, қанша арман еткенмен бақыт құсы қолға *ө м і р б а қ и* қонбай кетер шағы да көп болады (А. Байтанаев, Қайнар.).

БАҚИ[2] *Мәңгі-бақи қос сөзінің екінші сыңары.* Шығыста *м ә ң г і-б а қ и* жауыннан көз ашпайтын Ассам алқабы, батыста өмірде аспанын бұлт баспайтын

Синд аймағы қалды (Қ. Сатыбалдин, Қараторғай). Іште *мәңгі-бақи* шер болғанша, сізге айтылған аянышты бір сыр болсын, — деп сырлас жігіт әңгімесін бастай жөнелді (С. Бегалин, Уақыт.).

БАҚҚҮНДЕС с ы н. *Бәсекелес, бақталас.* Сырттай сыйлас, іштей *бақкүндес* атқамінерлердің бірін-бірі мұқатуы еді (Ә. Бектасов, Мәди).

БАҚҚҮНДЕСТІК з а т. *Көре алмаушылық, бақталастық.* Осы екі ел ру басы жуандарының бір-біріне сыз өткізем деген басталасы, *бақкүндестігінен...* бір-біріне қатты уыққан, қатты аңдысқан, шатасқан ел болатын (М. Әуезов, Қараш.).

БАҚҚЫЗ *Бақ етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Малды тапқанға *бақ қыз,* отынды шапқанға жаққыз (Мақал). Малын топтап *бақ қызып,* Бай-екем үйде жатпасын, Ордаға отты жаққызып, Рахатқа ылғи батпасын (С. Сейфуллин, Шығ.). Солдаттарды бір бөлек, офицерлерді бір бөлек *бақ қызып* қойып Бекболат бәрінен де жауап алды (С. Шарипов, Бекболат).

БАҚҚЫЗДЫР *Баққыз етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БАҚҚЫЗДЫРТ *Баққыздыр етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БАҚҚЫЗДЫРТУ *Баққыздырт етістігінің қимыл атауы.*

БАҚҚЫЗДЫРУ *Баққыздыр етістігінің қимыл атауы.*

БАҚҚЫЗУ *Баққыз етістігінің қимыл атауы.* Ондағы жұмысы хауіпті адамдар болса, сонда жіберіп *бақ қызу* (С. Шарипов, Бекболат).

БАҚҚЫШ с ы н. 1. *Асырап-күткіш, қарағыш.* Ол Шопан деген байдың есігінде жастайынан жүріп, мал *бақ қыш* пысық жігіт болады екен (С. Мұқанов, Менің мектеп.). Тек оның нақ бір бала *бақ қыш* аналарша бәйек боп жүргөн түріне таң қалды (Ә. Нұрпейісов, Сергелдең). Зіл тастап аңғартпсың бір мақалды, Ағартқам жоқ мен де бос шаш, сақалды. Мал *бақ қыштың* бір түнде қырық қойын, Қасқыр қырса не дер ең ол сойқанды? (Айтыс). 2. А у ы с. *Бақылағыш, аңдығыш.* Сырттан *бақ қыш,* мінегіш, Сүрінгенге күлегеш (Ә. Тәжібаев, Жартас). ◆ **Ауыз баққыш.** *Ойланып сөйлегіш.* Көкбай әдеттегі *ауыз бақ қыш,* қабақ танығыш қалпымен Абайдың жаңағы сөзін көтерген болды (М. Әуезов, Шығ.).

БАҚПАН з а т. с ө й л. Бағбан. Бақта бір *бақпан* болушы еді. Ол көзін ашқаннан дерлік осы бақтың тәрбиешісі еді (Мың бір түн).

БАҚСА и р. з а т. *Балшықтан соғылған дуал, қабырға.*

БАҚСЫ з а т. к ө н е. *Әртүрлі тәсілдермен [тамыр ұстау, дем салу, ойнау] ауруларға ем-дом жасаушы, тәуіп. Бақсылардың* қинауынан ажалынан бұрын өлген адамдардың балалық шақта талайын көрдік (С. Мұқанов, Саяхаттар). Астында құрым сары аты бар, ала қоржын салған Көлбай деген *бақсы* анда-санда тамыр ұстап кетуші еді (Б. Тұрсынбаев, Ауылдан келген.). Жолықтым дәм таусылар уақтысына, Өлімнің мейірімсіз қаттысына. Ажалды ақша беріп сатып алып, Кездестім надан елдің *бақсысына* (Әсет, Шығ.). ◆ **Жынын алған бақсы.** *Өрекпуі басылған, сабасына түскен.* Бигімнен мен талай домаладым, Кінәм да көп мойныма оны аламын. Содан кейін оралам жайлауыма, *Жынын алған бақсы боп* ораламын (Т. Молдағалиев, Шақыр.). **Бақсы ойнақ.** *Жұрт көзін алдау үшін бақсының істейтін әр түрлі әрекеті.*

БАҚСЫ-БАЛГЕР з а т. *Жалған емдом жасаушы.* Олар [ауылдағылар] негізінен ауылдағы *бақсы-балгерлердің* ақылымен өздерін өздері емдейді (Б. Соқпақбаев, Бастан кеш.). *Бақсы-балгер* қызға ем-домдарын қанша жасаса да, науқастың беті бері қарамайды (С. Әлжіқов, Дала қыран.).

БАҚСЫ-БАЛГЕРЛІК с ы н. *Бақсы-балгер болып ем-дом жасаушылық.*

БАҚСЫДАЙ с ы н. *Бақсы тәрізді.* Долданған *бақсыдай,* ысқырына ішін тартып, қызыл шоқты жалаңдата ойнағандай... жер бетін әлем-тапырық етіп әкетіп барады (І. Есенберлин, Ғашықтар). Ақ бура көп жыл тауды қылған мекен, Бір үлкен іс боларда сезеді екен. Ол істі елге айтқандай маңайдағы, *Бақсыдай* тауды азынап кезеді екен (С. Сейфуллин, Шығ.). Сарыарқада сарнады Асан қайғы, Домбырадан *бақсыдай* бас алмады. О, қарт баба, еңсеңді көтер дедім,

Көп күрсінсең көңіл де қасаңдайды (Ж. Молдағалиев. Жиырма бес). ◆ **Жынын алдырған бақсыдай.** [**Жынынан айрылған бақсыдай**]. а) *Райынан қайтқан, жуасыған.* Ертеңінде тұрса, нағашысы *жынынан айрылған бақсыдай* момақан қалыпқа түсіпті (Қ. Жұмаділов, Көкейкесті). ә) *Меңзең, дел-сал.* Гүлсім меңзең күйде *жынынан айрылған бақсыдай* болып жүрді (С. Алдабергенов, Асу.). *Жынынан айрылған бақсыдай* болып жүрген адамнан не сұрайсың (Т. Ахтанов, Дала сыры). Ұзын сөздің қысқасы, Сұраншы таңертең төсектен тұрғанда, *жынын алдырған бақсыдай,* кешегі барлық ашуынан айығып, тауға көшуді өзі қуаттап түрегелді (С. Талжанов, Ұлдай кегі). Міне, түп жағын өрт шалған жуан қарағайға сүйеніп, *жынын алдырған бақсыдай* Македон селосының коменданты отыр (Қ. Қайсенов, Жау тылы). **Жыны буған [қозған] бақсыдай.** *Булыққан, құтырынған.* Жаңағы ашуменен құтырып алған Оразбай қазір анық *жыны буған бақсыдай* өзінің үлкен үйінің сыртында екі езуінен көбік шашып, бұрқырап, бір топ адамға жер қазғызып жатыр еді (М. Әуезов, Шығ.). Ол *жыны қозған бақсыдай* ғып отырған орныңнан жұлып алып, шашыңды тік көтерсін (Е. Қонарбаев, Түнгі от). **Жынын шақырған бақсыдай.** *Аласұрып жынданғандай болу.* Біреулер батыр мен би, ханды мақтап, Бұрынғы надан шірік заңды мақтап, Сарнайды, жыр қылады, сөзін сырлап, *Бақсыдай жын шақырған* сандырақтап (С. Сейфуллин, Шығ.). **Жыны ұстаған бақсыдай.** *Булығып, қалшылдап-селкілдеп.*— Мен ештеңе білмеймін — деді Степан *жыны ұстаған бақсыдай* селкілдеп тұрған полиция бастығының айқайынан қорқа қоймайтынын сездіріп (Т. Жанкелдин, Партизан.).

БАҚСЫЕКЕ з а т. *Бақсы сөзінің құрметтеп, кейде кекетіп айтылатын түрі. Бақсыекең* онан сайын бұрқырап, бірденені көріп тұрған кісі секілденіп қадалып қалыпты (С. Торайғыров, Мағынасыз.).

БАҚСЫЗ с ы н. *Сор маңдай, бақытсыз.* Ол маңдайсыз, *бақсыз* деп өзін кінәлайды (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). Қандай *бақсыз* ең. Сендерге алла тағала күйеуді де көпсінді-ау (М. Сүндетов, Ескексіз.).

БАҚСЫЗДЫҚ з а т. *Бағы жоқтық.* Жер сараң, адам надан болғандығы, Тіпті емес *бақсыздыққа* тұрған айдап. Ә, жоқтығы жақындық, әділдіктің, Адамды сорлы қылған бақсыз байлап (XX г. қаз. ақын.).

БАҚСЫ-ҚҰШНАШ з а т. *Жалған емдом жасап, сәуегейлік құрушы.* Ол [Сырым] ем-дом істеп, *бақсы-құшнаш* болып жүрген жан емес (М. Әуезов, Қараш.). Оқып шыққандардың жіберген жерге бармай, барса тұрақтамай жатқандары, ел ішінде *бақсы-құшнаштың* көбеюіне себеп болып отыр (Ғ. Қайырбеков, Қарқаралы.).

БАҚСЫЛЫҚ з а т. *Бақсы болып, ем-дом жасаушылық.* Қараңғы халық бақсы сол адамзатқа достық қылатын жынның қуатымен *бақсылық* қылады деп нанатын (С. Сейфуллин, Шығ.). Мен *бақсылық* құрып қағу-соғуды жасаған кісі емеспін (С. Мұқанов, Өмір мектебі). Повесте Кенжекүл кемпірдің *бақсылығы* да, балгерлігі де бар. Зікір салады, құмалақ тартады («Қаз. әдеб.»).

БАҚСЫ-ТӘУІП з а т. *Жалған ем-дом жасаушы.* Кейбіреулер аурудың белгілерін көре тұрып, дәрігерлерге бармай, *бақсы-тәуіптерге* қаралу арқылы асқындырып жібереді («Соц. Қаз.»).

БАҚСЫША с ы н. *Бақсы тәрізді.* Әкімшіліктен айрылып, абақтыға түсіп шыққан соң әбден ашынып алыпты, жынын шақырған *бақсыша* күңірене сөйлейді (Ғ. Мұстафин, Дауыл.).

БАҚТАЙ с ы н. *Бақ сияқты.* Жаға, жең бар көйлектің тік етегі, Жақсы моды олжадан үлеседі. Жаз жалаңбас, жамылар қыста шәлі, Гүл жайнап алма *бақтай* қыз өседі (Д. Еркінбеков, Шығ.).

БАҚ-ТАЛАЙ з а т. *Атақ, даңқ, абырой.* [Асан Наршаға] Осы елдің сенімен *бақ-талайын* таластырар асылы кім (М. Әуезов, Қарақ.) — Сізден *бақ-талайы* асқан кім бар бұл елде? Жау деген не, тыйым салмайсыз ба? (С. Омаров, Қайырлы.). ◆ **Бақ-талайынан көрді.** *Маңдайына жазғанын көрді.*

БАҚ-ТАЛАЙСЫЗ с ы н. *Бақытсыз, сорлы.*

БАҚ-ТАЛАЙСЫЗДЫҚ з а т. *Бақ-талайы жоқтық.*

БАҚ-ТАЛАН з а т. ж е р г. *Бақ-талай.* Көке, апа! Сендерге менің айтатыным: Әр ұрпақтың өзінше *б а қ - т а л а н ы,* мақсат-талабы бар (Ө. Қанахин, Жас дәурен.).

БАҚ-ТАЛАНДАЙ с ы н. *Бақ-талай д а й.* Ғафу ет, естілсе бұл мақтағандай, (Мақтау да кейбіреуге *б а қ - т а л а н д а й).* Тәтті емес, ащыға сен үйренгенсің, Аздырмай, тұзға қақтап сақтағандай (Ж. Молдағалиев, Кісен ашқан).

БАҚ-ТАЛАП з а т. *Бақ-талай.* Далада жанды менің *б а қ - т а л а б ы м,* Таптық бір дән теңізін, мақта алабын. Мекені еңбек сүйгіш аталардың, Сол дала болғанына мақтанамын (А. Бақтыгереева, Өрімтал).

БАҚТАЛАС с ы н. *Бақкүндес, көре алмас.* Қодар өзінің *б а қ т а л а с ы* Қозымен қыз үшін ашық майданда жан қиып күресе алмайды (М. Әуезов, Әр жыл.). Тоқсанбай мен Қарынбай жанту боп руласқанмен, аталары алыстаған, *б а қ т а л а с* адамдар (Ж. Арыстанов, Сұңқар.). Бізге де *б а қ т а л а с* бір мықтының табылғаны да,— деп Қажым қинала күлімсіреді (Қ. Жұмаділов, Қаздар.).

БАҚТАЛАСТЫҚ з а т. *Бірін-бірі көре алмаушылық, іш тарлық.* Көңілсіз бықсыған ұсақ бас араздық *б а қ т а л а с т ы қ қ а* ауды да, негізгі ісіміз сырт қала берді (Қ. Сақабаев, Өткел.). Қожа Ахмет Яссауидің мұрагерлеріміз деген қожа тұқымынан өзара *б а қ т а л а с т ы қ* күшейіп, ұрыс-жанжалдар шыға береді (О. Дастанов, Әулиелі жер).

БАҚТАШЫ з а т. 1. *Мал бағушы, малшы.* Бір қорадағы екі жүз сиырға *б а қ т а ш ы* боп жүрген екі кісінің үскірік жел тұсында құдықтан шелектеп су тартуы — мардымсыздық (Б. Тоқтаров, Қыран.). Үш *б а қ т а ш ы* күнде таңсәріден кезектесіп қалаға барып, сауын сиырларды өрісқе айдап келеді (С. Омаров, Дала қызы). Мал өрісін жақсы білетін *б а қ т а ш ы л а р д ы ң* жайылымды дұрыс пайдалануының нәтижесінде сиырлардың қондылығы да жоғарылай түсті («Лен. жас»). 2. *Бағып-қағушы, тәрбиелеп-өсіруші.* Балаға *б а қ т а ш ы* керек емес пе екен? (Ә. Сәрсенбаев, Теңіз.).

БАҚТАШЫДАЙ с ы н. *Бақташы тәрізді.* Сонан соң малын түгелдеген *б а қ т а ш ы д а й* «бір», «екі» дегізіп санайды (Б. Соқпақбаев, Жекпе-жек).

БАҚТАШЫЛЫҚ з а т. *Мал бағушылық.* Көшпелі елдің аңшылық, *б а қ т а ш ы л ы қ,* жаугершілік өмірінен неше түрлі ертегі, әңгіме, екпінді күйлі жырлар шыққан (С. Сейфуллин, Шығ.). Сапаң өлгеннен кейін оның *б а қ т а ш ы л ы қ* кәсібін баласы — Күсеміс атқарған (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз). «Өзімнің дәулетімді тасытып, қадірімді арттырған осы *б а қ т а ш ы л ы қ* еңбегім» — деп ойлады әкесі (Н. Ғабдуллин, Қызық дәурен).

БАҚТАШЫСЫЗ с ы н. *Бақташысы жоқ.* Қырға кетпейтін малының көбі *б а қ т а ш ы с ы з* жүреді, шырағым (Ж. Арыстанов, Таң жұлдызы).

БАҚТАШЫСЫЗДЫҚ з а т. *Бақташысы жоқтық.*

БАҚТИЯР а р. с ы н. *Бақытты, шат өмірлі.* Ленин баулып, естияр ғып, *Б а қ т и я р* ғып түлеткен, Мәртабалы, мархабалы, Ұлан байтақ ел еткен (Қ. Шаңғытбаев, Аққу әні).

БАҚТЫ с ы н. *Бағы артық, бақытты.* Мынау мықты, анау *б а қ т ы* екен деп, көрінгенге аяқ асты болатын көңілі жоқ (Ә. Нұрпейісов, Сергелдең).

БАҚТЫР *Бақ етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Әжімбай Есенейге де жылқы *б а қ т ы р д ы* (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз). Кейіннен бұларды [панасыз балаларды] Хоцкий орманы ішіндегі «Белое озеро» құс фермасына алып келіп, құс *б а қ т ы р ы п* қояды (Қ. Қайсенов, Жау тылы.). ◆ **Бет бақтырмады.** *Айтқанға көнбеді, қасарысты.* Е, жоғарыда жатқаныма кінәлімін бе? Ол баланы күзету үшін жатып па екен сонша? — деп, Леонид *б е т б а қ т ы р а р* емес (Қ. Қайсенов, Жау тылы.). Темірке алғашқы сәтте *б е т б а қ т ы р м а й:* «Иоқ, иоқ, ул болмайды, ул дирләр қып-қызыл байлық» — деп қасарып отырып алды (Ә. Нұрпейісов, Сергелдең).

БАҚТЫРТ *Бақтыр етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БАҚТЫРТУ *Бақтырт етістігінің қимыл атауы.*

БАҚТЫРУ 1. *Бақтыр етістігінің қимыл атауы.* Тасболат бай болған екен, Оның

қалың жылқысын *бақтыруды* баласы Қуат басқарады екен (С. Мұқанов, Өсу жол.). 2. *Емдеу, қарату.* [Науқасты] Әбілдә ишанға *бақтыру* керек (С. Торайғыров, Мағынасыз.).

БАҚУАТ и р. с ы н. *Әлді, қуатты.* Ауылда нендей жаңалық бар? Дінмұқан ағам *бақуат* па, қызметі ше, Сағынбай не халде, осының баршасын білгім келеді (Д. Досжанов, Тұлпар.). Он шақты жылқы, төрт отар қойы бар «Ынталы» колхозы Келес ауданындағы *бақуат* шаруашылықтың бірі боп саналатын (З. Асабаев, Ар соты).

БАҚУАТТЫ с ы н. *Әл-құатты; ауқатты, күйлі.*

БАҚҰЛ: **бақұл бол.** *Бақыл бол, разы бол.*— Қараменді,— деді төр үйден кемпір даусы, көре алмасақ *бақұл бол*, балам! (Ж. Молдағалиев, Торғай.).

БАҚҰЛДАЙ с ы н. *Бақылдай, разыдай.* Қазір өзі сонау баба батырдай, Тынбайтұрын тиіскенін жапырмай. Жалғыз өзі қалың жауға қарсы кеп, Осы қазір өліп кетсе *бақұлдай* («Соц. Қаз.»).

БАҚҰЛДАС е т. *Бақылдасу, қоштасу.* «Бақыл болсын, қош болсын» — деп көзін жұмды жан ағаң... Қымбатты бір ағаңмен *бақұлдаспай* да қалдың-ау, қарғам! (Ғ. Сыланов, Жанартау). [Әкесі] жалғыз ұлымен *бақұлдаса* алмай арманда кетті (Д. Досжанов, Зауал).— Жаңылды шешесінің қасына әкеліңдер, *бақұлдасқысы* келіп жатыр ғой, байғұстың (Т. Ахтанов, Боран.).

БАҚҰЛДЫҚ з а т. *Бақылдық, ризалық.* Біраздан бері көрмеген апасының ауыр жағдайын байқаған соң, не олай, не бұлай болуын күтіп, *бақұлдық* алғаннан кейін де қасында болған (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз).

БАҚША [1] и р. з а т. 1. *Әр түрлі ағаштар, гүлдер отырғызылған арнаулы жер, алаң.* Клуб пен колхоз кеңсесі жас отырғызылған аумақты *бақша* ішінде еді (С. Шаймерденов, Мезгіл). Бүгінгі Семей тым басқа, Жарасқан зәулім үйлері. Мәуелі ағаш, бау, *бақша*, Бақшада әсем гүлдері (С. Машақов, Жылдарым.). 2. *Әр алуан овощтар егілетін жер.* Қарағандыға *бақша* егу де жаңа жұмыстың бірі (Б. Майлин, Шығ.). 3. *Мектеп жасына дейінгі балалар тәрбиеленетін орын; балалар бақшасы.* Бала мен келін қызметтеріне кетеді. Немересі Марат *бақшада* (К. Баялиев, Дегелек келді.). [Ол] Балаларын *бақшаға* апарады (М. Сатыбалдиев, Жартас). Көшеде жайсаң жақсы адам, Келеді бөбек *бақшадан.* Осы бір кезде аспанға Шарықтап шықты асқақ ән (Қ. Ыдырысов, Аршында.). ◆ **Балалар бақшасы.** *Үш жастан мектеп жасына дейінгі балалар тәрбиеленетін орын; бақша.* Үлкен балалары Гүлжан мектепті бітіріп қалды. Қалған екеуі *балалар бақшасында* (Ш. Құмарова, Қос шынар). *Балалар бақшасында* тәрбиеленушілерге берілетін тамақтың түр-түрі өзгертіліп отыруы қажет («Қазақст. мұғ.»).**Гүл бақша.** *Гүл егілген жер.* Паровоз одан аспады, Тоқтады *гүл бақшаға*, Осы екен ғой тосқаны, Алматы — әсем астана (Қ. Ыдырысов, Аршында). ⊙ **Коммунизм бақшасы.** Біздің елде *коммунизм бақшасы* гүлденіп тұр («Соц. Қаз.»).

БАҚША [2] з а т. к ө н е. *Қала, базар.* Пұл жібердім *бақшаға*, Қызыл тіл енді қақсама, Қарға, құзғын жемесін, Жасыра кеткін жүзімді, Замандас едің жақсы аға (Қыз Жібек.).

БАҚША [3] з а т. *Тігін инелерінің бір қорабы.*

БАҚША-БАУ з а т. *Неше түрлі жеміс ағаштары өсіп тұрған жер; бау-бақша.* Санатория, сәнді тау, Көңіл жарқын, күн айық. Тұр төгіліп *бақша-бау*, Алдық біраз тыңайып (Қ. Аманжолов, Шығ.). Жер шоқтығы Көкшетау, Бауыры толған *бақша-бау*, Бауырында бар сексен көл, Иісің жұпар аңқиды-ау (М. Бестібаев, Қаз. әндері). Кербез сұлу керілген Алатауым, Жанға жайлы себеді меруерт жауын, Дертке ем ақ төсінен аққан бұлақ, Жайқалтқан аясында *бақша-бауын* (Ж. Сыздықов, Асулар.).

БАҚША-БАУЛЫ с ы н. *Бақша-бауы бар, мол.* Жаз колхозда *бақша-баулы*, Төкең шалдың қолындағы, Жоңышқада арқандаулы, Ақбоз бие құлындады (Т. Жароков, Шығ.). *Бақша-баулы* Алматы — әсем қала. Ол турасында қаншама өлең жазылды, ән де шығарылды («Қаз. әдеб.»).

БАҚШАДАЙ с ы н. *Бақша сияқты.* Көшенің екі жақ қанаты да гүлді *бақшадай* жайнап тұр (Р. Райымқұлов, Бұрылыс). Гүл *бақшадай* біздің елде,

Правом кең, міндетім зор (С. Машақов, Жылдар.). Өркендеп социалистік шаруам өсіп, *Бақшадай* кең қонысқа келдім көшіп, Өндіріс, колхоз, совхоз бәрі думан, Күншығыс жаңа Отаным — алтын бесік (Жамбыл, Шығ.).

БАҚ-ШАҚ сын. *Азан-қазан, шаңшұң.* Біз түні бойы айтысып, әңгіменің ұзын ырғасын түсінгенше *бақ-шақ* болып отырдық (С. Жүнісов, Жапанда.). Тырналардың *бақ-шақ* керуені ғана «тыраулап», азан-қазан боп оңтүстікке шұбалып өтіп барады (Р. Әутәліпов, Қыр әңгім.).

БАҚШАҚТА ет. *Көзі бақшаңдау, бақшаң-бақшаң ету.* Соқырлар да келеді, Оның да көзі *бақшақтар*; Бәрі тегіс өтіпті, Жақтырмай Назым кетіпті (Батырлар жыры).

БАҚШАҚТАУ *Бақшақта етістігінің қимыл атауы.*

БАҚШАЛА ет. сөйл. 1. *Паршапаршасын шығару.* Болатбек былай жарады — деп балтаны қолға алып, қу бөренені *бақшалап* жарып, рет-ретімен бөлшектей бастады (Ж. Жұмақанов, Жазылм. кітап.). 2. Ауыс. *Егжей-тегжейін қалдырмай сұрау, тәптіштеу.* Әжесі үй іштерін *бақшалап* сұрап амандасты (С. Бегалин, Уақыт.).

БАҚШАЛЫ сын. 1. *Бақшасы бар.* Ораздың пәтері *бақшалы,* кең қорасы бар особняк екен (С. Мұқанов, Есею жыл.). Сұлулыққа кім сүйсінбейді, шалқып жатқан шалқар көл, көлдің жиегіндегі *бақшалы* шағаладай ақ қала (Ә. Әбішев, Замана перзент.). *Бақшалы* миуа сарайым, Гүлі құрап сола ма? Айналайын, жан баба, Бір жәрдемің бола ма? (Батырлар жыры). 2. Ауыс. *Гүл жайнаған, құлпырған.* Жаңа дүние түрленген, Бәйшешекті, *бақшалы.* Безелген сәнді гүлдермен, Бақытқа асқар биігі (Н. Байғанин, Өлеңд.).

БАҚШАЛЫҚ сын. *Бақшада өсірілетін.* Қазір камелияның *бақшалық* және шаруашылық қажеттерге жұмсалатын сорттарына көбірек көңіл аударылуда (С. Турдиев, Үй өсімдік.). ◆ **Бақшалық дақыл.** *Бақшада егілетін дақылдар.* Шығықтар әдетте, егістікті, *бақшалық дақылдар* егілген жерді қоршау үшін өсіріледі (М. Ахметов, Егін қорға.).

БАҚШАҢ: **бақшаң етті.** *Көзі адыраң ете қалды.* Сатыбалды *бақшаң етіп* бір қарады да, қасында жатқан керзі етікті әйелге қарай жіберіп қалды (Қ. Жұмаділов, Көкейкесті). Беті тершіген әйел көзі *бақшаң етіп,* тысқа шық дегендей белгі беріп үлгерген-ді (Ж. Молдағалиев, Торғай.).

БАҚШАҢДА ет. *Бақшаң-бақшаң ету.*

БАҚШАСЫМАҚ сын. эксп р. *Бақша деп айтуға толымсыз, көзге қораш.* Шайхананың сырт жағындағы *бақшасымақ* **бір ағаштарға бұрыла** бергенімде, Шымкент педтехникумында оқитын Айгүл кездесе кетті (Қ. Жұмалиев, Жайсаң жан.).

БАҚШАШЫ зат. *Бау-бақша күтуші; бағбан.* Таңертең бір *бақшашы* баласымен барып жеміс ағаштарын көріп жүрді (Ы. Алтынсарин, Шығ.). Редько тұрған жерінде *бақшашы* боп, қожасының алма бағын өсіріп күтеді екен (С. Мұқанов, Саяхаттар). Бөлмеде отыз шамалы адам отыр екен, оның ішінде Москваның *бақшашылары,* Симбирскінің егіншілері, Ферғананың жүзімшілері бар (М. Қаратаев, Далада.).

БАҚШАШЫДАЙ сын. *Бақшашы сияқты.* Шынтуайтқа келгенде Құдабайдың күйі тап осы алманы тапқан *бақшашыдай* болды (Д. Досжанов, Тұлпар.).

БАҚШАШЫЛЫҚ зат. *Бақша кәсіпшілігі.* Училищенің оқу программасына әскери сабақтардан басқа ауыл шаруашылығы, мал шаруашылығы, *бақшашылық* сияқты сабақтар қосылған (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз). Қарбыз, қауын, асқабақ егіп *бақшашылықпен* шұғылданатын шаруалар оны тек қала рыноктеріне сату үшін ғана өндіреді (Қаз. ССР тарихы).

БАҚША-ЯСЛИ зат. *Мектеп жасына дейінгі балалар тәрбиеленетін орын. Бақша-яслидің* меңгерушісі де, тәрбиешілері де қиындықтан жасқанар адамдар секілді емес («Қазақст. мұғ.»).

БАҚШЫ ет. 1. *Көзін бақырайту, бақырая қарау.* Өкіл мен Досқожа үйге кіріп шам жақты. Көрпені аңқанда кемпір *бақшыып* басын көтерді (Б. Майлин, Шығ.). Ферма бастығы шала сауатты адам екен, көзі *бақшыып* аузыңа қарай береді (Б. Тоғысбаев, Алдыңғы.). 2. *Жарқырау, көзге шағылысу.*— «Ә, же-

ңілдің бе ақыры» — дегендей боп, ай *б а қ ш ы п,* сәулесін Жәукенің бетіне ойнатып сығырандай қапты (Б. Майлин, Шығ.). Күн төбеңнен *б а қ ш ы п* қарап тұрса да қыста да, көктемде де жылуы жерге түспейді, әйтеуір (С. Сарғасқаев, Біз төртеу.).

БАҚШИТ *Бақши етістігінен жасалған өзгелік етіс.*— Айтпа деп ем. Сендер ғой, ауыздарың қышып, жұртқа айтып қойған! — деп, Уәсила мен Әдепке көзін *б а қ ш и т т ы* Бақтияр (М. Гумеров, Хазірет.). Бұқара қылып бәріңді қасқитқалы келгенім, Ерегіссең көзіңді *б а қ ш и т қ а л ы* келгенім (Батырлар жыры).

БАҚШИТҚЫЗ *Бақшит етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БАҚШИТҚЫЗУ *Бақшитқыз етістігінің қимыл атауы.*

БАҚШИТТЫР *Бақшит етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БАҚШИТТЫРУ *Бақшиттыр етістігінің қимыл атауы.*

БАҚШИТУ *Бақшит етістігінің қимыл атауы.*

БАҚШИЮ *Бақши етістігінің қимыл атауы.*

БАҚШЫЛ с ы н. *Бақ құмар.* Жолдас Мұқанов, ұлтшылдарға қарсы шыққан, *б а қ ш ы л д а р ғ а,* өтірік коммунистерге қарсы жазған (С. Мұқанов, Есею жыл.). Ежелден төрешіл, *б а қ ш ы л* болып үйренген ел жуандары оқығандардың әлгіндей ауруларын [ұлтшылдық] жарастықты істей көріп жүрді (М. Әуезов, Қараш.).

БАҚШЫРАЙ е т. *Көзі бақыраю, ақшыраю.* [Ауылда] — Е, шырағым, талайталай тілші балаларды көрдік. Кәне, кәне деп, қойнынан қағазын алып, алдында *б а қ ш ы р а й ы п* отырып алатындары да бар (Ғ. Қайырбеков, Қарқаралы.). Саржан есікті жабысымен, Нұрланға *б а қ ш ы р а я* қарап аз тұрды (Ж. Молдағалиев, Торғай.).

БАҚШЫРАЙТ *Бақшырай етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Менің анам айқайлап сөйлейтін, күлгенде шелектің түбін түсіретін, көңіліне бірдеңе келсе, бетің бар, жүзің бар демей, төтесінен *б а қ ш ы р а й т а* қойып қалатын адуын әйелді (Ө. Қанахин, Жер бас.).

БАҚШЫРАЙТУ *Бақшырайт етістігінің қимыл атауы.*

БАҚШЫРАЮ *Бақшырай етістігінің қимыл атауы.*

БАҚЫЛ[1] и р. з а т. [*Бақыл бол*]. *Әл үстінде жатқан адамның ағайын-туғанымен, қоштасып арыздасуы, ырзалық алуы.* Мәди бір тізесін бүгіп баланың жүрегін тыңдады да: — *Б а қ ы л б о л,* балапан — деді (Ә. Әбішев, Найзағай). О, қайрымды қайран замандастарым, Қайрылмасқа қалған жалғыз жолым бар. Жетті мезгіл қоштасатын, достарым, Мен кетемін, мәңгі *б а қ ы л б о л ы ң д а р* (Ә. Тәжібаев, Жартас). — Хош енді! *Б а қ ы л б о л,* Исекем! Есіл ағам! Арыстаным, ардагерім! — деп тебіренді Махамбет (Б. Аманшин, Жар мұңы).

БАҚЫЛ[2] з а т. *Бақаның, текенің бақылдаған үні.* Мұндай кезде оған [Шарапатқа] шіркейдің кешкі шырылы да, бақаның *б а қ ы л ы* да бұлбұлдың үніндей естілетін еді (Ә. Әбішев, Найзағай).

БАҚЫЛ[3] а р. с ы н. *Сараң, тойымсыз.* Ал маған бин Сави сүйкімсіз кісі болатын. Қарадай жүріп, қар жауғандай қаны қашып, тарылып жүретін *б а қ ы л* еді (Мың бір түн). Бір *б а қ ы л* бай бар екен сараң болған, Есігіне еш кедей бара алмаған. Ішкен асын кейінге қоюшы еді, Жан көрінсе алыстан қарандаған (Үш ғасыр.).

БАҚЫЛА е т. 1. *Абайлап қарау, байқау; аңду.* [Мейрам] жай басып жанжағын *б а қ ы л а й* отырып, жартасқа көтерілді (Ғ. Мұстафин, Қарағанды). Рүстем өз үйіне кімдердің келгенін *б а қ ы л а п,* шарбақтың Бақтияр бақшасы жағынан сығалап едәуір отырды (М. Гумеров, Хазірет.). 2. *Бағдарлау, шолу, барлау.* Осы жерден жан-жақты *б а қ ы л а й* отырып, партизандар бақтың шетінен бір бала көрді (Қ. Қайсенов, Жау тылы.). Бірде аңдып жүріп почташы қарттан Қазизаға келген хаттарды *б а қ ы л а ғ а н д а,* өзі білетін Бекештен басқа Өкімнің атын кездестірген (С. Сарғасқаев, Біз.). Әдебиет сыны өз кезіндегі әдебиеттің даму жолдарын *б а қ ы л а й д ы* (Қ. Жұмалиев, Әдеб. теор.). 3. *Қадағалау, тексеру.* Ағам менің сабақты қалай пысықтағанымды *б а қ ы л а п,* қадағалап тұратын (С. Ерубаев, Менің құрдаст.). Жас

балаларды емделіп шыққаннан кейін де, мүлдем айығып кеткенше тапжылмай *бақылап* отыру керек (М. Сейсекенов, Өкпе ауру.).

БАҚЫЛАҒЫШ с ы н. *Сезгіш, аңдағыш.* Жануарлардың *бақылағыш* қасиеттерінің дамуы, адамның бақылау қызметін терең түсінуге мүмкіндік береді (М. Мұқанов, Бақылау.).

БАҚЫЛАМПАЗ с ы н. *Абайлағыш, аңдағыш.*

БАҚЫЛАМПАЗДЫҚ з а т. *Абайлағыштық, байқампаздық, байқағыштық.* Бұл айтылғаннан басқа да *бақылампаздыққа* үйретудің жолдары болуы мүмкін (М. Мұқанов, Пед. очерк.).

БАҚЫЛАН *Бақыла етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Төлдің жалпы жайкүйі үнемі *бақыланды* («Халық мұғ.»). Микроскопта *бақыланатын* заттың көрінісін магниттік лентаға жазып алып, соңынан қалаған кезімізде қайта көруге мүмкіндік аламыз (М. Бекбауов,... Көгілдір.). Зияда ауруханада он шақты күн *бақыланып,* жан-жақты зерттеуден өтті («Қаз. әдеб.»).

БАҚЫЛАНУ *Бақылан етістігінің қимыл атауы.* Сондықтан да көбінде толқын фазаларының айрымы *бақылануға* болатындай уақыт бойы тұрақты етіліп алынады (А. Қалығұлов, Жарық.).

БАҚЫЛАТ *Бақыла етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Тінтушілер күн бұрын бірнеше солдатты сырттан *бақылатып* қойған (Б. Соқпақбаев, Бастан кеш.). Әли кірпік қақпастан бақырайып тұратын бадана көздеріне маңын түгел *бақылатып* тұр (З. Қабдолов, Жалын.).

БАҚЫЛАТҚЫЗ *Бақылат етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БАҚЫЛАТҚЫЗУ *Бақылатқыз етістігінің қимыл атауы.*

БАҚЫЛАТТЫР *Бақылат етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БАҚЫЛАТТЫРУ *Бақылаттыр етістігінің қимыл атауы.*

БАҚЫЛАУ 1. *Бақыла етістігінің қимыл атауы.* Мектепте сабақ үлгермеушілерге *бақылау* күшейді (С. Байжанов, Жастық.). Ұзын бойлы талдырмаш жігіттің жүріс-тұрысына дейін сынай қарап, басқан ізін *бақылаумен* болдық (М. Дүзенов, Ақ әже.). 2. *Белгілі бір мақсатта зерттеушінің басшылығымен жүргізілетін ғылыми зерттеу әдісі. Бақылау* арқылы зерттеуге қажетті материалдардың алғашқы деректері анықталып, қойылған мәселенің дәл және дұрыс шешілуіне мүмкіндік туады (ҚСЭ). 3. *Тексеру, анықтау.* Қымыз дайындауда тазалық жағы да кем болды, оған ешқандай медициналық *бақылау* жүргізілмеді (К. Дүйсенбаев, Қымыз.). // *Біреудің тікелей басшылығында, қарауында, байқауында болу.* Апталап, ауруханада жатып, білікті профессорлардың тікелей *бақылауында* болды (З. Қабдолов, Жалын). ◆ **Бақылауға алынды.** а) *Байқауға алынды; аңду қойылды.* ә) *Сыналды, тәжірибеден өтті. Бақылауға алынған* асқабақ сорттарының тозаңдануы алғашқы гүлдеу кезеңі басталғанда суарылып және суарылмай байқап тексерілді (Д. Әбілев, Асқабақ). Жыл сайын әр малдың тегін айырып, бір жағынан *бақылауға алып,* анкет жүргізді (Ғ. Сыланов, Замана.). **Бақылау жұмысы.** П е д. *Белгілі бір пән бойынша жазылған байқау жұмысы, шағын көлемді еңбек.* Есімбек *бақылау жұмысын* жазып бітірді де, нәтижесін күтпей-ақ ауданға қайтып кетті (Е. Оразақов, Дәрігер.). Еңбектен қол үзбей сырттай оқитын студенттерге қысқы сессияға келерден бұрын *бақылау жұмыстарын* жіберулері керектігі күні бұрын ескертіледі (Ауызекі тіл). **Бақылау комиссиясы.** *Белгілі ұйым не мемлекет атынан бақылау жүргізетін комиссия.* Мұндайды одан бұрын совет *бақылау комиссиясының* осы қаладағы өкілі де аңғарып жүреді екен (Қ. Исабаев, Соңғы тәулік). **Бақылау қойылды.** *Күзет қойылды, сақтық жасалды. Бақылау қойылған.* Мен біздің қызметкерлердің ішінде де бүркеніп, бұғып жүрген жау бар ма деп тұрмын (С. Мыңжасарова, Қыр қыз.). **Бақылау лабораториясы.** *Байқау лабораториясы, тәжірибе лабораториясы.* Алдымен кім болса да қақпа алдындағы *бақылау лабораториясына* соқпай кетпейді («Лен. жас»). **Бақылау пункті.** *Қарауыл пункті, күзет орны.* Жаудың *бақылау пункттері* бізді алып барған самолеттердің бағытын хабарлап қойған болу керек (Қ. Қайсенов, Жау тылы.). Ба-

қылау цифры. *Әр түрлі жоспарлы өндіріс-тің орындалу дәрежесін белгілейтін цифрлық көрсеткіш. Бақылау цифрлары* оймен барлап, қиялмен шарлап, байқап қарасақ, Отанымыздың келер күндердегі орасан тұлғасын көз алдымызға келтіреміз (С. Мәуленов, Жер нәрі). **Бақылау участогы.** *Тәжірибе алаңы. Бақылау участогында* себілген тұқымдарға қарағанда 3—5 аталық гүл артық болды (Д. Әбілев, ...Асқабақ). **Сейсмикалық бақылау.** *Жер сілкіну құбылыстарын зерттеу, анықтау.* 1200 километрлік трассадағы *сейсмикалық бақылау* Совет Одағының көп өңірінде жер қыртысының моделін жасауға мүмкіндік береді («Лен. жас»).

БАҚЫЛАУЛЫ с ы н. *Бақылауға алынған; аңдулы.* Қыз қадамы санаулы да *бақылаулы* екенін түсінесіз ғой, бадырайтып көзге түсудің қажеті не? (Ж. Арыстанов, Жалынды жүрек).

БАҚЫЛАУ-ӨЛШЕУІШ з а т. *Кез келген заттың дәл салмағын айыру үшін қолданылатын өлшеуіш, таразы.* 9 «б» класы *бақылау-өлшеуіш* аспабымен жұмыс істейді («Лен. жас»). Шмерлинг оқушыларға металлургия кәсіпорындарындағы *бақылау-өлшеуіш* аспаптарының даму перспективасы жөнінде айтып берді («Қазақст. мұғ.»).

БАҚЫЛАУСЫЗ с ы н. 1. *Тексерусіз.* Бұл кісі істегенінің бәрін *бақылаусыз,* зерттеусіз жібермейді (Ғ. Мұстафин, Шығанақ). 2. *Қараусыз, иесіз.* Жұмыс кезінде балалар *бақылаусыз* қалады екен. Детсад ашу керек — деді Ғалия Оразға (Т. Ахтанов, Дала сыры.).

БАҚЫЛАУСЫЗДЫҚ з а т. *Бақылаусыз қалушылық.*

БАҚЫЛАУ-ТЕКСЕРУ з а т. *Анық-қанығына көз жеткізіп байқау.* Бұл жолы Қазақ ССР Финанс министрлігінің *бақылау-тексеру* басқармасынан адам келді (Б. Қыдырбекұлы, Шойынқұлақ). Орталық *бақылау-тексеру* комиссиясының председателі қазіргі жағдай және осы комиссияның міндеттері туралы баяндама жасаған («Соц. Қаз.»).

БАҚЫЛАУШЫ з а т. *Бағушы, күзетуші.*— Жолдас, аға лейтенант, танктер келе жатыр! — деді *бақылаушы* солдат (Ә. Нұршайықов, Батыр.). Жауға аттанғанда болмаса, Батырмұрат ауыл арасында Кенесарыны күзетпейтін, мұндайда сұлтанды *бақылаушы,* күзетуші Қараүлек (І. Есенберлин, Қаһар).

БАҚЫЛАУШЫЛЫҚ з а т. *Бақылаумен айналысушылық.*

БАҚЫЛАУЫНДАҒЫ с ы н. *Қол астындағы, қарамағындағы.*

БАҚЫЛАУЫШ з а т. с ө й л. **Бақылаушы.**

БАҚЫЛДА е т. *Бақ-бақ ету.* Андасанда саздағы *бақылдаған* бақаның даусы тыныш, тұнық түнді қақ жарып құлаққа дөрекі естіледі (Ә. Шәріпов, Ормандағы от). Шұбар тауық қаша басында ойбайын салып *бақылдап* тұр екен (Қ. Ысқақов, Бұқтырма.). Өзен жақтан *бақылдаған* бақалардың тойы тарқамайды («Лен. жас»).

БАҚЫЛДАЙ с ы н. *Бақыл болатындай; ризалығын бергендей.*

БАҚЫЛДАС е т. *Дүниеден өтейін деп жатқан адаммен қоштасу, арыздасу.* [Әжем] Әкемнің бетін ақ шүберекпен жаба берді де: «балапаным-ай, *бақылдаса* алмай қалдың-ау» — деді (Ә. Сәрсенбаев, Капитан ұлы). Біреу жан тапсырғалы жатып, *бақылдасарда* «біраз жыл өз үйіме өзім қонақ болдым» деп бастаған екен сөзін (М. Гумеров, Хазірет.). Асық ойнап алысқан, Өлген ағасын көре алмай, *Бақылдаспай,* қоштаспай, Ажалым жетті алыста-ай — деді Төлеген қаздарға (Қыз Жібек.).

БАҚЫЛДАСТЫР *Бақылдас етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БАҚЫЛДАСТЫРУ *Бақылдастыр етістігінің қимыл атауы.*

БАҚЫЛДАСУ *Бақылдас етістігінің қимыл атауы.* — Төлеш-ау, мұның *бақылдасу* ма!? ... Мұнша неден түңілдің? (М. Хасенов, Алғашқы ән).

БАҚЫЛДАТ *Бақылда етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Тауықтарды кебежеге салып, *бақылдатып* жатқанда, соның даусынан шошып ояндым (С. Төлешев, Түрлі-түрлі бас.). Уәзір атан түйені *бақылдатып* қораға кіреді (Қаз. ертегі.).

БАҚЫЛДАТУ *Бақылдат етістігінің қимыл атауы.*

БАҚЫЛДАУ *Бақылда етістігінің қимыл атауы.* Ашық терезеден таза ауамен

бірге көлбақалардың *б а қ ы л д а у ы* естілді (Л. Н. Толстой, Арылу).

БАҚЫЛДАУЫҚ с ы н. *Бақылдай бергіш.* Украинада, Қырым мен Кавказда өмір сүретін *б а қ ы л д а у ы қ* көлбақалардың өмір тіршілігі өте қызық (Ш. Қожахметов, Ғалам ғажайып.). *Б а қ ы л д а у ы қ* бақалардың он алты туысқа бөлінетін төрт жүз он алты түрі бар (ҚСЭ).

БАҚЫЛДЫҚ [1] з а т. *Қоштасу-арыздасу сөзі, ризалығы.* Әкесінің *б а қ ы л д ы ғ ы н* алып, басында бола алмаған баласын кемпір құшақтап қысып, үн салып жылады (Х. Есенжанов, Ақ Жайық).

БАҚЫЛДЫҚ [2] з а т. *Сараңдық, іші тарлық.* Көп айтқанда, аз айтқанда, Мүлкамал, сендердің бұл істерің бақай есеп *б а қ ы л д ы қ т а н* туып отырған жай бірдеме — деді Доскей (Д. Досжанов, Зауал).

БАҚЫР [1] з а т. 1. *Бір тиыннан бес тиынға дейінгі металл ақша.* Жұмалыққа апам берген бес тиындық *б а қ ы р* ақшаны құран оқыған молданың қолына ұстаттым (С. Омаров, Дала қызы). Бес тиындық *б а қ ы р д ы* молда қамзолының қалтасына жып етікзіп тығып жіберді («Қаз. муғ.»). 2. А у ы с. *Арзан, бағасыз.* Жақсыға айтқан сөзің алтын болар, Жаманға айтқан сөзің *б а қ ы р* болар. Кісі сыйлай білмейтін антұрғандар, Жақсылықтан айрылып тақыр қалар (К. Шілдебаева, Арманым).

БАҚЫР [2] з а т. 1. *Шұңғылдау келген, сабы бар металл ыдыс. Б а қ ы р ы н а* бір қуырым бидай түскендер «ендігі дүние біздікі» деп тантырап жүр (К. Оразалин, Көктем.). Ол отты қайыра маздатып, *б а қ ы р* түбінде қалған сорпа-суды жылыта бастады (Ә. Көшімов, Қысталаң жыл). Оны [Әңгімені] енді *б а қ ы р д ы ң* астына от тұтатып қойып айтайық («Бәйшешек»). 2. Ж е р г. *Шелек.* Бұрынғы кезде металдан істелген шелекті *б а қ ы р* деп те атаған (ҚСЭ). ◆ **Бақыр бас.** *Жалпақтау, үлкен бас.* Өңкей шот маңдай, *б а қ ы р б а с* қаралар танауларын тартып қойып, терлеп-тепшіп, кеспе көжені жөнелтіп жатыр (Қ. Жұмаділов, Көкейкесті).

БАҚЫР [3] с ы н. с ө й л. **Пақыр.** Анаң *б а қ ы р* сарынды бек, Шалғайдағы шырағын. Дұғай-сәлем айтады көп, Сәби кезгі тұрағың (Т. Әлімқұлов, Боз жорға). — Қарғажанды ақтар атып, жаралап кетіпті, алда көк шыбық *б а қ ы р*-ай?! — деді Жабек күйініп (Д. Әбілев, Арман жолы.).

БАҚЫР [4] е т. 1. *Қатты дауыс шығару, айғайлау, улап-шулау.* Қайыршы басын шайқап, жаман бір жабайы дауыспен *б а қ ы р ы п* жіберді де, жөтеліп, шашалып тұрып тілін шығарды (С. Адамбеков, Атылған қыз.). 2. *Дауыс көтеріп, айғайлап ұрсу.* Өз бұйрығын орындамағаны үшін, капитан солдатқа *б а қ ы р ы п,* ұрсып кетті (Ауызекі тіл). 3. *Жылау, ойбайлау.* Кейде шошып оянған соң, қасақана, әлденеңнің шалығы тиген тәрізденіп *б а қ ы р ы п* жылай берем (Б. Соқпақбаев, Бастан кеш.). 4. *Әр түрлі хайуандар (ешкі, түйе) мен транспорттардан шығатын дыбыс.* Қырман алаңында түйелер *б а қ ы р ы п* боздайды, ат кісінейді (С. Алдабергенов, Асу). Қорада теке *б а қ ы р д ы* (Ауызекі тіл).

БАҚЫРА-БАҚЫРА ү с т. *Айғайлай-айғайлай.* Тарыға торғай тыныштық бермей тұрғаны. Балалар да *б а қ ы р а-б а қ ы р а* дауыстан қалды (Д. Досжанов, Зауал). Сонымен Абайдың екі інісі [Оспан мен Смағұл] екі жаққа *б а қ ы р а-б а қ ы р а* жөнелісті (М. Әуезов, Абай.).

БАҚЫРАЙ е т. 1. *Таңырқау не қорқудан көз шарасы үлкею, бақшию.* Екі-үш жасар қыз көздері *б а қ ы р а й ы п,* бейтаныс жолаушыға үрейлене қарайды (Қ. Жұмаділов, Көкейкесті). Жылқыбай төсекте қорыққаннан көзім *б а қ ы р а й ы п* жатқан мені көрді (Б. Соқпақбаев, Бастан кеш.). Суық хабарды естіген Ақбайдың көзі *б а қ ы р а й ы п* шарасынан шығып кете жаздады (А. Сатаев, Дала). 2. *Көз ілмеу, ұйықтай алмау.* Мен таң аппақ боп атқанша *б а қ ы р а й ы п* жаттым (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.). Оңаша бөлмеде, кең төсекте Балқия көзі *б а қ ы р а й ы п,* бір қауым уақыт ояу жатты (Б. Соқпақбаев, Жекпе-жек). ◆ **Көзі бақырайды.** а) *Аң-таң болды. К ө з і б а қ ы р а й ы п,* аузы аңқиып қарай береді Жамал (Ғ. Мұстафин, Миллионер). ә) *Қорықты, зәресі ұшты.*

БАҚЫРАЙТ *Бақырай етістігінен жасалған өзгелік етіс.* «Көзімді *б а қ ы р а й т ы п,* ұйықтамай жатып алсам қайтер екен» — деп Ержан қиқарлық та ойлап қояды (Б. Соқпақбаев, Жекпе жек).

◆ **Көзін бақырайтып қойып.** *Ешнәрсемен санаспай, баса-көктеп.* Кез келген келденең көк атты көшеден кіріп келеді де, *көзіміздің бақырайтып қойып* ақыл айтады — деді профессор Сапаров (З. Қабдолов, Жалын). Бұл не деген сұмдық! *Көзімді бақырайтып қойып* жерімді аламыз дейді түге (С. Омаров, Қайырлы жаз).

БАҚЫРАЙТҚЫЗ *Бақырайт етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БАҚЫРАЙТҚЫЗУ *Бақырайтқыз етістігінің қимыл атауы.*

БАҚЫРАЙТУ *Бақырайт етістігінің қимыл атауы.*

БАҚЫРАУЫҚ с ы н. *Бақырғыш, айғайлағыш, ұрысқақ.* Үреген иттер мен *бақырауық* түйелердің шуылына ырдуан арбалардың шиқылы қосылып, алты ауыл бірден кең даланы күңіренте қозғалды (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). Жалғыз түйе — *бақырауық*, жалғыз бала — жылауық (Мақал). Олардың біреуі Ырғызбайдың белгілі қырты Жұман, екіншісі *бақырауық* Мақа болатын (М. Әуезов, Шығ.). Балалардың екіншісіне *бақырауық* тайлақ тиді («Лен. жас»).

БАҚЫРАУЫҚТАУ с ы н. *Бақыра бергіштеу.*

БАҚЫРАШ з а т. 1. *Кішірек бақыр.* Нелер түкті кілемнің бір *бақыраш* картоптық құны, уыс-уыс ақшаның бір шайнам нандық нарқы қалмағанына кім жауапты (Қ. Ысқақов, Бұқтырма.). Бай қамшысы сыдырып, қой соңында күні өткен, *Бақырашқа* қуырып, бес бидаймен күнелткен (С. Мәуленов, Өленд.). Көктен жауғандай мына бір кесе бидай қайдан келе қалды? Кәдімгі *бақырашқа* қуырса, тіске жұмсақ тиетін қызыл бидай («Қаз. әдеб.»). 2. *Металдан жасалған шөміш, ожау.* Бір *бақыраш* суық суды әйел көтере салып, «уһ» — деді (Қ. Жұмалиев, Жайсаң жан.). Көп сөйлемейтін Петро әдетінше, қайық ішіне іркілген суды *бақырашпен* төгіп, шелектегі торсықты өзінің бұрын қойып жүрген орнына қоя салды (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). Қасапшы маған май сатып алуға келген соң, бір *бақыраш* май құйып бердім (Ы. Алтынсарин, Таңд.). 3. *Қаңылтыр.* Бағаналы терек жарылса, *Бақыраш* жамап болар ма (Махамбет).

БАҚЫРА-ШАҚЫРА ү с т. *Ақырып-бақырып.* Түйе *бақыра-шақыра*, ілгері жүріп кетті (Ө. Қанахин, Жер бас.).

БАҚЫРАШТАЙ *Бақыраш тәрізді.* — Қайдан жүрген ешкілер? — деп біреу үн қатқанда ғана, тапал қара бұққан басын көтерді де, қара көзі *бақыраштай* боп: — Қайдағы ешкі, мұттайым? — деді (Ғ. Сыланов, Шалқар).

БАҚЫРАЮ *Бақырай етістігінің қимыл атауы.* [Баланың] Көзінің *бақырауын*, ұйықтамайды ғой өзі — деді ол (А. Сарбөпин, Аспалы бесік).

БАҚЫРҒЫШ с ы н. *Бақыруға бейім, бақыра бергіш.*

БАҚЫРДАЙ с ы н. 1. *Бақыр сияқты.* «Ей, балам-ай, бір көрмеге бәрі жақсы, бетін тырнай бастасаң, алтын жалатқан *бақырдай*» — дейді шешем маған қыздар туралы (З. Шашкин, Өмір тыныс). Теңгедей бұлт жоқ, Аспан мөлдір көк, Күн *бақырдай* балқыды (С. Машақов, Жылдар.). 2. А у ы с. *Үлкен, жалпайған.* ◆ Басы бақырдай. *Басы үлкен, қазан бас.*

БАҚЫРЛЫҚ [1] з а т. *Бір бақыр шығарлық, бір бақырлық болармық.*

БАҚЫРЛЫҚ [2] с ы н. *Бақырып-шақырушылық, айғайшылдық.* Біздің ел *бақырлыққа* бақпайтын ел, Ақпейіл әділдікті жақтайтын ел. Түгелдей тұрмыс үшін қолын қойып, Отанды, ел байлығын сақтайтын ел (Пернедегі терме.).

БАҚЫРТ *Бақыр етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Дүниеге бала келген соң, Тілегін құдай берген соң, Айғыр сойып ақыртты, Бура сойып *бақыртты* (Батырлар жыры). Түтіккен жылқышы, таяғын қолтығына қысқан... қойшылар, мініс маясын *бақыртып* шөгеріп жатқан түйекеш бірі кіріп, бірі шығып жатыр (Д. Досжанов, Зауал).

БАҚЫРТУ *Бақырт етістігінің қимыл атауы.*

БАҚЫР-ШАҚЫР е т. *Қатты дауыстап, айғайлау.* Көкбөрі *бақырып-шақырып* бірдеңе дейді. Оны құлағына қыстыратын Дүйімқара жоқ (Ө. Көкілбаев, Дала.). Дуала, мейлің үшкір, мейлің түш-

кір! *Б а қ ы р-ш а қ ы р* келмеске кеткен бұл іс (С. Торайғыров, Мағынасыз.).

БАҚЫРТ-ШАҚЫРТ *Бақыр-шақыр етістігінен жасалған өзгеліктетіс.* Сегіз жасар баласын *б а қ ы р т ы п-ш а қ ы р т ы п* көк арбаға байлап салып жіберген (Ө. Қанахин, Жас дәурен.).

БАҚЫРУ *Бақыр етістігінің қимыл атауы.* Адам шіркін *б а қ ы р у ғ а* жарамас, Тағдыр — пышақ бауыздаса лақтай (Ө. Нұрғалиев, Ақ нөсер). Арба ауырлап, түйе *б а қ ы р у ы н* күшейтті (Қ. Жұмалиев, Жайсаң жан.).

БАҚЫРШЫ[1] з а т. *Жылқышы қосында, далалы жерде ас әзірлеуші; аспаз.* Бұлардың үстіне жаралы Дубекті ұстаған геологтар мен *б а қ ы р ш ы* Майтас келді (Т. Қойшыманов, Қоңырат.). Төрт жігіттің екеуі қойшы, біреуі *б а қ ы р ш ы* (І. Жансүгіров, Шығ.). *Б а қ ы р ш ы* қоста қалып, ас әзірлеу мен аңды сою істерін істейді («Лен. жас»).

БАҚЫРШЫ[2] з а т. *Темір ұстасы.*

БАҚЫРШЫЛЫҚ[1] з а т. *Ас-сумен айналысушылық, ас дайындаушылық.*

БАҚЫРШЫЛЫҚ[2] з а т. *Темір-терсектен ұсақ-түйек жасауды кәсіп етушілік.*

БАҚЫРЫП-БАҚЫРЫП ү с т. *Қайта-қайта бақырып.* Анда-санда шыдамсыз ешкілер *б а қ ы р ы п-б а қ ы р ы п* тұрып, омақасып жығылып та жатыр (М. Әуезов, Шығ.).

БАҚЫРЫС *Бақыр етістігінен жасалған ортақ етіс.*

БАҚЫРЫСУ *Бақырыс етістігінің қимыл атауы.*

БАҚЫТ з а т. *Адамның арманына жетуі, толық қанағаттанушылығы; зор қуаныш, шаттық.* Күрес ол *б а қ ы т,* табылмайтын бақыт (З. Шашкин, Сенім). Қорқыныш пен ерлік, мұң мен қуаныш қосақтасып бір бейнеге сыйып тұрса, ақын үшін бұл үлкен *б а қ ы т* қой (Ғ. Мүсірепов, Кездесу. кет.). Біз үшін директордың жылы бір ауыз сөзінен артық *б а қ ы т* жоқ (С. Сарғасқаев, Біз төртеу.). ◆ Бақытқа бөленді. *Қуанышқа, шаттыққа кенелді.* Біздің елімізде еңбек адамы абырой-даққа, *б а қ ы т қ а б ө л е н д і* (С. Мәуленов, Жұлдыз.). *Б а қ ы т қ а б ө л е п* елімді, Құтқа бөлеп жерімді. Алтынға бөлеп кенімді, Теңеді тауға дөнімді (Ү. Көпбаев, Өлең д.). Бақыт қонды. *Бақ қонды, жақсылық дарыды. Б а қ ы т қ о н ы п* басыма, Бәлкім шат боп күлгеннен, Қанаттылар қасында, Қанатты боп жүргеннен (Партия тур. өлең д.). Мерейім үстем болған күн, Қолыма *б а қ ы т қ о н ғ а н* күні Бүгінгі той дарқаны Толқындай толқып тасқан күн (Қ. Аманжолов, Шығ.). Бақыт құсы қонды. *Бақ қонды, бақ дарыды. Б а қ ы т қ ұ с ы м* тілеген *Қ о н д ы* келіп қолыма, Мен сол үшін гүл егем, Ақын сенің жолыңа (Ш. Мұхамеджанов, Көңіл ашар.). Бақыт құшағында. *Шаттық пен қуанышқа бөленген; арманына жеткен.* Қазір Қаратау осы аңсаған *б а қ ы т қ ұ ш а ғ ы н д а* (Адам және химия). Бақыт тайды. *Бақ тайды, бақытсыздыққа ұшырады.* Бұлықсып жүрген ерлерден, Бұрынғы *б а қ ы т т а й ғ а н* күн (Махамбет). Кім қалар уақыт жетіп, *б а қ ы т т а й с а,* Қадірлі әр заманның мезгілінен. Тағы да таңда бұйырып су ішпесем, Шырақ-ай, жігіттікке мұқтаж емен (XVIII—XIX ғ. қаз. ақын.). Бақыт таңы атты. *Қуанышты күн туды.* Сайра, сайра, сандуғашым, *Б а қ ы т т а ң ы а т қ а н д а,* Сен отырған миуа ағашың, Нұр маржанын таққанда (Қ. Аманжолов, Таңд.). Не болар ек, шет елден ол қайтпаса, Не болар ек, *б а қ ы т т а ң ы а т п а с а,* Не болар ек, броневиктен Ленин Құдіреттей құрыш сөзін айтпаса (Партия тур. өлең д.). *Бақыт тапты. Бақытты болды, бағы ашылды.* Сен талпынып жүріп өз *б а қ ы т ы ң д ы т а п т ы ң* (Т. Ахтанов, Дала сыры). Айтты екеуі ертеде Байдың малын баққанын. Октябрьде бір жүріп, Бірге *б а қ ы т т а п қ а н ы н* (Б. Аманшин, Өлең д.). Бақыт тіледі. *Жақсылық тіледі, бақытты болса екен деп тіледі.* Аппақ кіршіксіз ана мейірімі бауырындағы перзентіне алдағы өмірден *б а қ ы т т і л е й д і* (М. Әуезов, Абай).— Еңбегіңе жеміс, басыңа *б а қ ы т т і л е й м і н* — деді Мария (Ж. Тілеков, Шалғай шепте.). Бақыты артты [асты]. *Мерейі үстем болды, бағы артты.* Төкаппар Дағыстанда Жүсіп батыр, *Б а қ ы т ы а с ы п* құрбысынан келе жатыр. Екі сөзді көтермес зор көкірек, Соқтығып бұған ешкім тимейді ақыр (XVIII—XIX ғ. қаз. ақын.). Бақыты ашылды. *Бағы ашылды, жолы болды.* Дәндайын көңілімде тұр ақылдары, Еш шек жоқ, сонда бізді мақұлдары. Баланың

бақыты ашылды, жайлы орын деп, Шалдардың тыпың қағып, тақылдары (С. Торайғыров, Таңд.). Бақыты жанды. *Бағы жанды, жолы болды.* Соғыс уақытысында маман мұғалімдердің жетіспеуінен өзірше *бақыттары жанып,* кәсіп қылып жүрген нан табарлар (Б. Соқпақбаев, Жекпе-жек). Бақыты күйді. *Бағы тайды, бақытсыздыққа ұшырады.* Ұзатылып бара жатқан қыз: — Менің *бақытым күйді.* Жарық дүниеге көрінер бетім жоқ — депті (М. Әуезов, Қараш.). Бақытына қарай. *Абырой болғанда. Бақытыма қарай* баржа мен кеме арасының шалғайлап түскен кезі еді, асау толқын екеуін қайта түйістіргенге дейін сүңгіп үлгірдім (Ә. Сәрсенбаев, Капитан ұлы). *Бақытыма қарай* мен соған тап болыппын (Б. Соқпақбаев, Жекпе-жек). Бақытын сынады. *Бақ-талайын сынады.* Менің періштем де *бақытын сынап* бақсын деп отыр (Р. Райымқұлов, Бұрылыс). Бақытын ұрлады. *Бақытсыз етті.* Алған соң қалай жыламас, *бақытын* біреу шын *ұрлап.* Шаттық, мұң мидай аралас, Тарады бойға шымырлап (М. Құрманалин, Шалқар.). Басынан бақыт құсы ұшты. *Басынан бағы тайды, бақытсыз болды.* Әкем атын ертеп қарғып мінді, Ашумен кетті ұмытып өткен күнді. *Басынан бақыт құсы ұшарында,* Өзіне жолдас етер әркім жынды (Т. Ізтілеуов, Рүстем.).

БАҚЫТСЫЗ с ы н. *Бағы жанбаған, сорлы.* Эх, қанды соғыс! Талайды *бақытсыз* еттің ғой сен! (Ә. Әлішев, Батыр бол.). Қарамағындағы қырғыздардың не істеп жатқанын, патша генералдарынан емес, генералдары патшасынан білетін болған екен бұл *бақытсыз* Россияда (Бұл да). Осыдан үш-төрт ай бұрын Ғайни апай бір *бақытсыз* жағдайға душар болды (Т. Ахтанов, Боран).

БАҚЫТСЫЗДАУ с ы н. *Онша бақыты емес.* Жаныма қап ең жақын боп, Жүректе бүгін сыздау көп. Мен болсам кеттім ақын боп, Азырақ *бақытсыздау* боп (Т. Айбергенов, Өленд.).

БАҚЫТСЫЗДЫҚ з а т. *Бағы жанбағандық, сорлылық.* Ғасырлар бойы [ел басына] орнаған жоқшылық пен *бақытсыздық* келмеске кетті (О. Сәрсенбаев, Сағым). Аянның *бақытсыздық* көлеңкесі шалған қабағына қарап, Айназардың жүрегіне аяныш кірді (С. Сейфуллин, Шығ.). Мынау қатал дүниеде әкесі не шешесі өліп жетім қалу секілді *бақытсыздық* әркімнің-ақ басында кездесуі мүмкін (Б. Соқпақбаев, Бастан кеш.).

БАҚЫТТАЙ с ы н. *Бақыт сияқты.* Таныстай тосып алдан, Ильичке ақ жол ашып, Бар істің басы болған, *Бақыттай* вокзал осы (С. Асанов, Өленд.). Жиналып жаттың асыға, Жаныңның сырын оқытпай. Бір кезде келіп қасыма Жоғалып кеткен *бақыттай* (Т. Молдағалиев, Өленд.).

БАҚЫТТЫ с ы н. *Бағы жанған, арманына жеткен.* Бүгінгі бақыт махаббатпен қымбат, ол семья бақыты. Ал *бақытты* семья бүкіл қоғамның қуанышы (М. Дүзенов, Ақ әже). Сол сәтте менен *бақытты* ешкім болмаған шығар жұмыр жердің бетінде (Ө. Қанахин, Жер бас.). ◆ Бақытты бол. А л ғ. *Бағың жансын.* Қарындасым, Маржанкүл, ұяңнан қазір ұшасың... алдың ылғи жарық болсын! *Бақытты бол,* қарағым,— деді Есенжол толқып тұрып (Ә. Әбішев, Батыр бол.).— Сәлем бердік апа!— *Бақытты бол,* шырағым. Қаракөзжанбысың,— деді (Бұл да).

БАҚЫТТЫЛЫҚ з а т. *Бақыты жанушылық, шаттыққа кенелушілік.* Адам баласының *бақыттылығы* сонда — болашағы, ұрпағы үшін өмір сүріп, соған еңбек етеді (З. Шашкин, Сенім). Дауылды күндер өтіп бұрқыраған, Туады *бақыттылық* бір күн оған. Жақсы ізден жақсы жан да жанталасып, Тоймайды дүниеге шіркін адам (С. Мәуленов, Өленд.).

БАҚЫТТЫРАҚ с ы н. *Бақыттылау.* Жамбылдың тағдыры оның өзінің тамаша тұстастарынан гөрі *бақыттырақ* болса керек (М. Қаратаев, Туған әдеб.). Мақсатына ол дәл бүгін жеткендей, күндегісінен де *бақыттырақ* еді (М. Дүйсенов, Гүлжан.).

БАЛ[1] з а т. 1. *Гүл шырынынан ара арқылы алынатын қоймалжың келген, шипалы тәтті тағам. Бал* — өте сіңімді де пайдалы тамаққа жатады (Б. Омарұлы, Жүрек ауруы). *Бал* ұстаған бармағын жалайды (Мақал). 2. А у ы с. *Тіл үйретін, дәмді (тағам).* ◆ Бал арасы. *Бал жинайтын ара.* Бір килограмм бал жинау үшін *бал арасы* 10 миллион гүлге

қонуы керек (Ш. Қожахметов, Ғалам ғажайып.). **Бал бармақ.** *Шебер, майталман.* Буыны жоқ бишілер *Бал бармақты* күйшілер, Бұлбұл үнді әншілер, Балта ұстаған үйшілер (Қ. Мырзалиев, Өленд.). *Бал бармақ* домбырашылар күй төгіп, буынсыз бишілер би биледі (Шопан сөрігі). **Бал бөбек.** *Сүйкімді сәби, нәресте.* Ай, *бал бөбек,* бал бөбек балдайсың, Атқан жазғы арайлы таңдайсың. Күлгенінде көктемгі күндейсің, Күн нұрымен құлпырып гүілдейсің (Қ. Аманжолов, Шығ.). Ой, *бал бөбек,* бал бөбек, Сенен, әттең, жан бөлек, Торсық шекең толысып, Сен бір піскен әңгелек (С. Мәуленов, Өленд.). **Бал бұлақ.** *Мөлдір, тұнық бұлақ.* Айлап, жылдап қонақтады сол қайғы, Орта түскен көңіл бір сәт толмайды. Тыста самал, жылғадағы *бал бұлақ* Сағыныштың қоңыр күйін толғайды (Ж. Сәтібеков, Сырлы қайың). Әкелген *бал бұлақтан* мөлдір су бар, Сылтаурап шөлдей берер кейбір құлар (Қаз. әндері). **Бал дәурен.** *Қызықты өмір.* Ұмытылмас бастан өткен *бал дәурен,* Осы менің әзір жазар дастаным (А. Бақтыгереева, Өрімтал). **Бал жаласты.** *Өте тату болды.* — Татулықтың дыбысы шыққан соң-ақ, Омар сорлы ағаларымен баяғыдай *бал жаласып* кетті (С. Торайғыров, Таңд.). **Бал көмей.** *Жақсы әнші; Шебер орындаушы.* Бүкіл Совет Одағының түкпір-түкпірлерінен неше түрлі ақын, *бал көмей* әншілер, ғалымдар шықты (М. Танекеев, Қажымұқан.). Біржан сал, Ақан сері сарқытындай, *Бал көмей* жан екенсің, жарқыным-ай! Айызын әлеуметтің қандыратын Әнім-ақ! «Хорланыңды» шалқыт тынбай (М. Әлімбаев, Өшпес от). **Бал қаймақ.** а) *Шикі сүттің қаймағынан майы мен тортасын айырмай қайнатқан тағам, пісі ас.* Зейнеп күнде сан мезгіл жас қуырдақ пен балбыраған құлын етіне тойынып, *бал қаймақ* пен сары қымызға сусынын қандыратын (І. Есенберлин, Қаһар). Әйтеуір басқамыз жемейтін *бал қаймақ* пен күлшені Арман ғана жеуші еді (Р. Қунақова, Кішкене жүрек.). ә) *Бірнеше күн бойына жиналған сүттің маңызы, кілегей.* **Бармағынан (саусағынан) бал тамған.** *Асқан шебер; өнерлі.* Ел ішінде талай *бармағынан бал тамған* күйші, бұлбұл көмей әнші әйелдер болған («Қаз. әдеб.»). Комсомол комитетінің бюро мүшесі Тынымкүлдің өзі *бармағынан бал тамған* күйші, әнші екен («Лен. жас»). Қос ішекті домбыра мен көне қобызды күңіренткен, *саусағынан бал тамған* күйшілер Алматыға асыға бастады (Ж. Рсалдин, Ахмет Жұбанов). **Бал қасық.** *Ең кішкене қасық.* **Бал құрай.** *Ұшында бір сүйемдей бүртік-бүртік масағы бар, таулы жерде өсетін, өзегі тәтті құрай.* Асыға қимылдаған қыруар ел ылдидағы масағы кере қарыс қалың *бал құрай* көмкерген айдын көлге қарай беттеді (І. Есенберлин. Қаһар). Ал, қырат біткенді өрмелей *бал құрай* бойын жазып, албыраған ақ раушан гүлдерге асылып көк көбелек шарқ ұрады (Х. Есенжанов, Көп жыл.). **Бал құрақ.** *Балауса көк құрақ.* Тасбұлақтың жағасы Көкорай шалғын *бал құрақ.* Көрікті жеміс ағашы, Пісіп тұрған балбырап (Ш. Смаханұлы, Тотияйын). Шіркін өзен, көгілдір су, Жазғы жаға жан құмары. Жүректе сол жасыл бір ну, Судыраған *бал құрағы* (Ж. Өмірбеков, Мың терезе). **Бал мінезді.** *Жұмсақ мінезді, жайдары.* **Бал таңдай.** *Тілі тәтті.* Тыңда, қуан, аналар! Бөбегіңді *бал таңдай.* Кел жырлайық, балалар, Кетсін біздің жыр самғай (М. Хакімжанова, Таңд.). **Бал татыды.** *Өте дәмді болды.* **Бал шекер.** а) *Өте тәтті, дәмді.* ә) *Ең сүйкімді.* Балапаным — *бал шекерім* (Ауызекі тіл). **Бал шелек.** *Аралар бал жинайтын ыдыс.* **Бал шелектей.** *Іркілдеген семіз, толық (адам).* **Тілінен бал тамған.** *Сөздің майын тамызған, шешен.* Ұлы шешемнің есімі Қымбат еді.... *Тілінен бал тамған* шешен кісі болатын (С. Омаров, Дала қызы.). *Бал тамызып тілінен,* Істі, сөзбен тындырған. Жылжымайды орнынан, Әлі тұр арба жүгімен (С. Машақов, Жылдар.).

БАЛ[2] з а т. *Көп адам қатысатын үлкен би кеші.* Европаша *бал* киімін киген, би билеп беті бал-бұл жанған Зылиха ханшаны Перовский орнына ертіп апарды (Б. Аманшин, Жар мұңы). Бүгін кешке... Густав Христанович *бал* ұйымдастырмақ (А. Сатаев, Дала күйлері).

БАЛ[3] з а т. *Бақсы-балгердің жұртты алдап күн көру үшін құмалақ ашып, сәуегейлік жасауы.* ◆ **Бал ашты.** а) *Құмалақ ашты, карта салды.* ә) *Болжам айтты, жорамалдады.* Абай да, Ербол да түндегі түс жайын дұрыс түсіне алмай, тек *бал ашқандай* боп, бұлдыр болжал жасады (М. Әуезов, Шығ.). Әркім өзінің

бал ашады, оның қайсыбіріне сенерсің (М. Гумеров, Хазірет.).

БАЛГЕР з а т. *Бал ашушы, ем-дом жасаушы.* Мұны естіп Кебек кетті өз жайына, Батса да *балгер* сөзі шымбайына. Ойламай біржолата кетті ұмтылып, Деді де жанның сөзін тыңдайын да (М. Әуезов, Таңд.).

БАЛГЕРЛІК з а т. *Балгер болушылық.*

БАЛА[1] з а т. 1. *Ата-ананың перзенті, ұрпақ; тұқым.* Құнанбай *баласында* сенің кегің болса, біздің де өшіміз бар — деді Дәркембай (М. Әуезов, Абай жолы). Ең алдымен жұмыскерлердің *баласын* жинағым келді (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). Он алты ұлттың *баласы,* Бір анадан туғандай, Болдың тәтті туысқан (Пернедегі терме.). 2. *Нәресте, сәби, бөбек. Бала* — адамның бауыр еті (Мақал). 3. *Жан-жануарлардың күшігі, балапаны.* Ол жерге қараса, қарғаның балапандары мен кірпінің *балалары* жатады (Қаз. ертегі.). Ит *баласын* ырылдап сүйеді (Мақал). 4. А у ы с. *Ержетіп ысылмаған; жас, балғын.* Кеше *бала* ең, келдің ғой талай жасқа, Көз жетті бір қалыпта тұра алмасқа (Абай). ◆ **Адам баласы.** *Адам ұрпағы, адамнан тараған.* Кей қезде мейірімді, қайырымды болуды, *адам баласына* жанашырлық сезім білдіріп жатуды ойлауға да уақыт аз (Б. Момышұлы, Москва үшін.). **Әйел баласы.** *Әйел біткен, әйел атаулы.* Еламан бұрын-соңды *әйел баласында* дәл мұндай әдепсіз жанды көрмеген-ді (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). **Бала басты.** *Көп балалы.* Ауғанбайдың әйелі *бала басты,* салақтау адам (Б. Соқпақбаев, Бастан кеш.). **Бала бүркіт.** *Жас қыран, балапан бүркіт.* Биікте *бала бүркіт* төске өрлеген, Жарқылдап бұлт ішінде көсерлеген (Н. Шәкенов, Шаттық желі). **Бала мінез.** *Ақ жарқын, аңқылдақ.* Өткен жылы Тайман суретті осы араға іліп жатқанда *бала мінезді,* ақ көңіл әкесі кәдімгідей ыңғайсызданып, қысылып қалған (З. Қабдолов, Өмір ұшқ.). **Бала көрді.** *Сәбилі болды, нәресте көрді.* Мен қатарлылар қатын алып, *бала көрді.* Келін жұмсап, қызық көріп отыр (Аяз би). **Бала көтерді.** *Екі қабат болды.* Оның үстіне әлі *бала көтерем* жоқ. Күйеуім баласыз қатын — байғұс, деп балағаттайды (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). *Бала көтеру* дұрысында әйелдің организмін шынықтырады (Е. Оразақов, Дәрігер.). **Балалар үйі.** *Ата-анасы жоқ балалар тәрбиеленетін орын; детдом.* Бұған ең алдымен селолық *балалар үйі* жатады («Халық мұғ.»). **Бала тапты.** *Сәбилі болды, бала туды.* **Бала тастады.** *Түсік тастады, баласы өлі туды.* Не бетімді айтайын, Ақбала шошып *бала тастай* жаздады (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). **Бел баласы.** а) *Өзінен туған, ішінен шыққан.* Бүгін айдың нешесі—өлі арасы, Мақпалдың жыртылмайды кенересі. Танымасаң сен мені танытайын, Атамның артық туған *бел баласы* (Айтыс). Қазақ совет әдебиеті — Социалистік Октябрь революциясының *бел баласы* («Қаз. әдеб.»). ә) *Ең басты өкілі.* Ол [Құнанбай] феодалдық дәуірінің, өз/тобының *бел баласы.* Ісі мен мінезінде заманының талай айқын таңбасы бар (М. Әуезов, Әр жыл.). **Күйеу бала.** а) *Қалыңдық айттырған жігіт. Күйеу баласы* үйден кетісімен кешікпей сыртқа шыққан ол даладағы алай-түлей боранды көріп, шошып кетті («Қаз. әдеб.»). ә) *Қыз алған адам, күйеу.* **Қол бала.** а) К ө н е. *Жастай ұзатылып, ата-енесі тәрбиелеген келін.* ә) *Біреудің қолында тұрып, жеңілжелпі жұмыс істеп күн көретін бала.* Жеті жасымнан бастап бақташының *қол баласы* болып жұмыс істедім («Лен. жас».). **Қызыл қарын [шиеттей, жас] бала.** *Өңшең есеймеген, жас бала.* Міне, Күлдан да жұмысқа кірісті. Соғысқа кеткен ағасының *қызыл қарын шиеттей балалары* мен ата-анасын асырауға кірісті («Қаз. әдеб.»). Мал баласы. *Мал атаулы. Мал баласынан* менің бақпағаным бар ма — деді бар өмірі мал ішінде өткен әкем (Ауызекі тіл).

БАЛА[2] е т. *Тең көру, бірдей санау.* Болса да мейлі, қай күні Тәуекел еттім, көтердім. Сен үшін шеккен қайғыны, Бақытқа *балап* өтермін (Ж. Молдағалиев, Шығ.). Шырағым қыз қылайын ұлға *балап,* Біреуді іздеп кетпесең өзің қалап. Бар мәзірге ырза бол, бала болсаң, Күн көрген адам едім суға қарап (Әсет, Шығ.). Совет Одағында ақ алтынға *балағаң* мақта — үлкен бір шаруашылық саласы (Н. Нұрахметов, Дархан химия). І. Жансүгіров Қазақстанның кен байлығын алтын қазынаға *балап,* соны пайдаға асырып жатқан халық күшін мадақтады (С. Қирабаев, Октябрь.).

БАЛА-БАЖЫР з а т. д и а л. Балашаға; *берекесіз у-шу.* Анау үлкендер не дейді. «Жастар кездесеміз деп шақырып алып, *б а л а-б а ж ы р ғ а* айналдырғаны несі» демей ме ертең? («Лен. жас»).

БАЛАҒАН з а т. *Қабырғалары ағаштан құрастырылып, шөппен жабылған уақытша баспана.* Теңіз жағасы толып жатқан жүдеу, жыртық кішкентай ғана күркелер мен кір басқан *б а л а ғ а н д а р ғ а* толы екен (М. Әуезов, Индия очерк.). Есік алдындағы лапасты соңғы күндері шырмауық басып, *б а л а ғ а н* төрізденіп кетті (Б. Қыдырбекұлы, Шайтан.). Нұртай өкірген дауыспен төлтіректей басып, *б а л а ғ а н* есігінен шыға берді де етбетінен түсті (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз.).

БАЛАҒАНДАЙ с ы н. *Балаған сияқты.*

БАЛАҒАНСЫ е т. *Бірдей санағансу, теңегенсу.* Беу, шіркін қара қаншық, қара қаншық, Қасыма ерттім құмайға *б а л а ғ а н с ы п* (С. Бақбергенов, Қарға тамған.). ◆ **Өзіне балағансыды.** *Іш тартқансыды, өзіне санағансыды.* Мен де *ө з і м і з г е б а л а ғ а н с ы п:* «Сол ма?» — дедім, «сол» — деді (І. Жансүгіров, Шығ.).

БАЛАҒАТ[1] а р. з а т. *Біреудің намысына, ар-ұятына кір келтіретін бейпіл, былапыт сөз.* Әшірбектің сөздеріне *б а л а ғ а т* сөздер де араласты (М. Гумеров, Үш күн.).— *Б а л а ғ а т* сөз неге керек? Кел, кінәласайық кім оң, кім сол — деді Нұрлан Нұрқатқа (З. Шашкин, Сенім). Сақал-шашы ағарған қарт баласымен жасты адамнан естіген *б а л а ғ а т* сөздеріне қатты күйінді («Соц. Қаз.»).

БАЛАҒАТ[2] с ө й л. Балығат. Баланы жас уағында билер әке, Жеткенше он екіге *б а л а ғ а т т ы ң.* Баланың мұнан кейін еркі өзінде, Сабыр мен жақсы-жаман қанағаттың (Айтыс). Баласы пәленшенің сөйтті деген, Лайықсыз іс болмасын екі арада. Қаратқан ержеткенді айып шығар, Жетпеген *б а л а ғ а т қ а* жас балаға (Бұл да.).

БАЛАҒАТТА е т. *Бейпіл сөйлеу, тіл тигізу.*— *Б а л а ғ а т т а м а ң ы з!* — Сіз үлкен адамсыз, — Нұрланның даусы дірілдеп, бір қадам алға басты (З. Шашкин, Сенім). «Ой, атаңа нәлет иттің малы» деп *б а л а ғ а т т а п* жіберді Құлан (А. Нұрманов, Құлан. ажалы). Дәл осы кезде үйге Кенжебек кіріп келді. Шаңқылдап, мені әлі *б а л а ғ а т т а п* жүр (Р. Райымқұлов, Бұрылыстар).

БАЛАҒАТТАС *Балағатта етістігінен жасалған ортақ етіс.* Ол екеуі тістерін қышырлатып, алма-кезек жұлқысып, айқайлап *б а л а ғ а т т а с ы п* ауылдың азан-қазанын шығарды (Қ. Мүсірепов, Гүлжазира).

БАЛАҒАТТАСУ *Балағаттас етістігінің қимыл атауы.* Ол шуласуды, *б а л а ғ а т т а с у д ы* жақсы көрмейді («Соц. Қаз.»).

БАЛАҒАТТАТ *Балағатта етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Өзін-өзі *б а л а ғ а т т а т ы п,* кім көрінгенге келемеж болсын деп қай уставта айтқан екен? — деді Мүсілім (З. Шашкин, Теміртау).

БАЛАҒАТТАТУ *Балағаттат етістігінің қимыл атауы.*

БАЛАҒАТТАУ *Балағатта етістігінің қимыл атауы.* Өзі жесір әйел, үш баланың анасы. Соны *б а л а ғ а т т а у ғ а* қалай аузың барады (М. Гумеров, Хазірет.). Айқай-шудың ішінен *б а л а ғ а т т а у* да естілмей қойған жоқ (К. Оразалин, Ақ жазық).

БАЛАҒАТШЫЛ с ы н. *Балағат сөз айтқыш; бейпіл ауыз.* Күндей бер *б а л а ғ а т ш ы л* сұрқия жан, Басқаның көркі әдемі, тым әсерлі (Бейбітшілік.).

БАЛАДАЙ с ы н. *Бала сияқты, тәрізді.* Бұл шақта жасы ұлғайып, мақтаулы ақын қыз атанса да, ана мейіріміне жас *б а л а д а й* елжіреп барады (Т. Ахтанов, Боран). Еш адамға көз тұрақтата алмай, жетім *б а л а д а й* жаутаң-жаутаң етеді (С. Еркебаев, Алғашқы.). Олардың көз алдына осы сәт *б а л а д а й* ақ көңіл, аңқау мінезді, ірі тұлғалы аға елестеп еді (Ә. Әлішев, Батыр.). ◆ **Екі өркеші баладай.** *Өркештері үлкен; семіз.* Боранның ішінде ақ ботасын соңынан ерткен *е к і ө р к е ш і б а л а д а й* боз інген кетіп барады (Майдан).

БАЛАЖАН с ы н. *Баланы жақсы көретін адам.* Шешем сабырлы, ақылды, *б а л а ж а н,* ер күткіш, үй күткіш әйел еді (С. Мұқанов, Есею жыл.). *Б а л а ж а н* Тұмарбай енді сәбидің іңгәсін көтере алмай, мүлде беймаза болып кетті (Қ. Исабаев, Айқыз). Айжан апай сырқаттанып қалды да, аса *б а л а ж а н*

Есқали әкей өзінің кенжесі Бөпежанды жұмысқа ертіп кетпек болды («Лен. жас»).

БАЛАЖАНДЫ с ы н. с ө й л. **Балажан.** «Балдырған», «Қазақстан пионері» беттерінде жас өспірімдерге арналған көркем шығармаларын үзбей жариялап отыратын *б а л а ж а н д ы* жазушылар бар («Қазақст. мұғ».).

БАЛАЖАНДЫҚ з а т. с ө й л. Балажандылық. Лима оның *б а л а ж а н д ы ғ ы н* білгенмен, тап мұндай күйректігін білмейтін (Р. Тоқтаров, Ертіс).

БАЛАЖАНДЫЛЫҚ з а т. *Баланы жақсы көрушілік.* Ең қорқынышты жыланның да өзім білетін *б а л а ж а н д ы л ы ғ ы н а н* бір кітап жазуға болар еді (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.).

БАЛА-ЕКЕШ: бала-екеш бала да. *Баланың өзі де, балаға дейін.* Пәледен масайық қашыпты деп еш адам ұлына бай баласымен ойнауға рұқсат етпейді. Оның мәнісін *б а л а-е к е ш б а л а д а* түсінеді (Ә. Әлішев, Батыр.).

БАЛАҚ з а т. 1. *Шалбардың, дамбалдың тізеден төменгі жағы.* Жол жиегіндегі шөп арасынан *б а л а ғ ы* жырымжырым шалбар киген қара бала пайда болды (А. Сатаев, Дала.). Маска киген Көкеннен қорыққан күшік арс етіп оның *б а л а ғ ы н а н* ала түсті (М. Етекбаев, Алтын.). 2. *Ноқтаның, шідердің, бұйданың бекітілетін, байланатын жағы, ұшы.* Ноқтаның жоғарғы жағын «түп сабақ», екі бөлек шұбатылып тұратын ұштарын «алақан» не *«б а л а қ»* дейді (Х. Арғынбаев, Қаз. этногр.). Бір шідерде үш ұш болғандықтан, әрқайсысында тиек орнатылған *б а л а қ* пен қос қабат жіңішке бүлдірге болады (Бұл да). 3. А у ы с. *Таудың етегі, төменгі жағы.* Біз сол жерден бой көрсеткенше, сендер мына *б а л а қ т а н* із кесіңдер (С. Бегалин, Бала Шоқан). Ілгергі жақта тоспаны алмақ боп кеткен екеу бар, бірақ олар *б а л а қ* жақта келе жатқан маған қазір көрінбейді (Ә. Көшімов, Қарт аңшы.). ◆ **Айыр балақ** [шалбар]. *Балағының сырт жағынан арнайы қалдырылатын жырық; айырығы бар (шалбар).* Дәулетқанның қоңыр ши барқыттан кителі, *а й ы р б а л а қ ш а л б а р ы* бар (Ж. Жұмақанов, Екі жол). **Балақ бау.** *Саят құстарының (бүркіт, қаршыға, ителгі· аяқтарына тағылатын қайыс бау.* Бір күні Дәулет бүркіт аяғына *б а л а қ б а у* тағып, үй үстіне қондырды да атына мініп, жемге шақырды (З. Шашкин, Ақбота). **Балақтағы бит басқа шықты.** *Әліне қарамай басынды, жетілді.* Менің балам тірі кезінде соның тіршілігінен аужал алып телміріп отырушы еді, *б а л а қ т а ғ ы б и т т і ң б а с қ а ш ы қ қ а н ы н* көрмеймісің (М. Әуезов. Шығ.). **Балақ жүн.** а) *Балтыр түгі.* ә) *Қой, ешкі, түйелердің сапасы нашар аяқ жағының жүні.* **Жүн балақ.** *Сиақтары жүндес (мал). Ж ү н б а л а қ* қызыл бұқа әр қашарға бір жүгіріп, алдын кес-кестей берді (С. Алдабергенов, Асу). **Жырым балақ.** а) *Балағы жыртық.* Бөркін шекесіне қисайта киген қара бала қыздарды көріп *ж ы р ы м б а л а қ* шалбарын да, қара табан, жалаң аяқтығын да ұмытып кетті (Қ. Жұмалиев, Жайсаң жан.). *Ж ы р ы м б а л а қ* қоңыр шалбардың тізелері жамаулы... екен (Б. Соқпақбаев, Жекпе-жек.). ә) *Әсемдік үшін жырық шығарып тігілген балақ.* Жейде, дамбал ақ саңнан, жарғақ шалбар, *Ж ы р ы м б а л а қ* матамен әдіптеткен (Абай). **Қанды балақ.** *Қанқұмар, жауыз.* Шешелерінің жатырынан найза ұстап туған, Абылайдың *қ а н д ы б а л а қ* ұрпақтары бір жағынан бастары алынып жатса да, тәубе етер емес (І. Есенберлин, Қаһар). **Мұз балақ.** П о э т. *Алғыр, қыран.* Ақиық бүркіт *м ұ з б а л а қ,* Қаңтарда қарсы желге ұшар, Қабақтан түспей қырауы (Үш ғасыр). Еңбектен туып ерлік іс, Ел намысын бермеген. Ақиықтай м ұ з *б а л а қ,* Тұғырда тұрып жем жеген (Ү. Кәрібаев, Таңд.). **Сары балақ.** а) *Аңға көп түсіп машыққан, бабына келген алғыр қыран.* Ажарын айтқаннан-ақ осы қыздың, Көңіліне Кейқауыстың кіріп қызығын; Алыстан тоят тілеп алас ұрды, *С а р ы б а л а қ* қыранындай жапан түздің (Т. Ізтілеуов, Рүстем.). ә) *Шіріген бай.* Бұл дәуір — Демеқұлдың Байсал Қостанұлы деген атышулы *с а р ы б а л а қ* байдың қозысын баққан дәуірі (С. Ерубаев, Менің құрдаст.). **Шынжыр балақ, шұбар төс.** *Билеп-төстеуші, би-болыс, шонжар.* Ежелден *ш ы н ж ы р б а л а қ, ш ұ б а р т ө с* ен, Кең көшіп, ен жайлаған қалың қазақ. Толқынға алтын қазық тұтқа болып, Тұрсың-ау жұрт шайқалтпай Бәйем сұлтан (Айтыс).

БАЛАҚАЙ з а т. 1. *Назар аударту үшін, үлкендердің кішілерге айтатын қаратпа сөзі.— Б а л а қ а й,* әуре болма, ол айғыр саған ұстатпайды (Ә. Әбішев,

Найзағай).— Сен *балақай,* рұқсатсыз далаға шығушы болма..,— деп жымиды ұстазы Махметке (Н. Ғабдуллин, Қызық дәурен). 2. Эксп р. *Біреуді өзінен кіші санау, еркелету мәнінде қолданатын сөз.* — Ім-м, жарайды, *балақай,* шопан болсам дейсің, әй (*«Қаз. әдеб.»*).

БАЛАҚАЙЛАП үст. *Балақай-балақай деп.* Мен келсем қалады жұрт алақайлап, Қарттар да қарсы алады *балақайлап* (А. Хангелдин, Қыз жүрегі).

БАЛАҚАН зат. эксп р. **Балақай.** Былдыр-былдыр үн қатқан, Балақан-ау, *балақан,* Сүт пісіріп сен үшін, Демалмай жүр әлі апам (Қ. Мүсірепов, Алау). Өзгелерден көш биік Майкпен бірге келе жатқанына *балақан* мәз болды (*«Лен. жас»*). Қолжуғыштың қасына, Келе қалды *балақан.* Ысқылады асыға, Алақанды алақан (*«Қазақст. мұғ.»*).

БАЛАҚ-ЖЕҢ зат. *Киімнің балағы мен жеңі.* Осылай толғанды да Аманкелді Көзімен тұрды шолып жалаң белді, Артынан Аян бала келді жетіп, Аптығып, даладатып *балақ-жеңді* (Қ. Бекхожин, Дала комиссары).

БАЛАҚПАН зат. сөйл. **Сақпан.** Егін пісе бастағанда біздің негізгі бітіретініміз — торғай үркіту. Зырылдауық жасап, *балақпан* атып, таңның атуы, күннің батуы бір дамыл таппаймыз (Ө. Қанахин, Жер бас.).

БАЛАҚТА ет. *Таудың, дөңнің етегін ала жүру.* Кексе аңшы Уашты бала көрді де, оған тауды *балақтай* қаға жүруді тапсырды (С. Бегалин, Таңд.). Екі кісінің біреуі Желқайың жақпен, біреуі Жайдақ жақпен *балақтай* жортып, із кесіп қақсын — деді Қашау сыбырлап (Ш. Айманов, Қыран тур.).

БАЛАҚТЫ сын. *Балағы бар.* Тар *балақты,* қуширан шалбары маған оның аяғындағы киімін де жасырмай көрсетіп тұр (Б. Қылырбекұлы, Шайтан.).

БАЛАЛА ет. 1. *Күшіктеу, төлдеу.* Ұрғашы аю көктемде ұйығып, жеті айға толғанда, январь, февраль айларында *балалайды* (Х. Қыдырбаев, Дала көркі). Жер жайнаған кілемдей, гүлдер шешек атып, жабайы жануарлар *балалап,* құстар балапанын ұшыра бастаған (Х. Ахметов, Елік.). Ит *балалап* сауын болмас, бұлт болмай жауын болмас (Мақал). 2. Ауыс. *Көбею, туындау.* Адам жүрегіне үрей, сеніспеу, егіліп жатқан күдіктер *балалап* барып әлде кімнің айбарына тіреледі де, тұйықталып қалады (Ғ. Мүсірепов, Белдерде). Борпаң топырақ бетінде кіп-кішкентай таяқ іздері *балалап* барады (С. Нарымбетов, Тентек).

БАЛАЛАЙКА зат. *Орыстың үш ішекті ұлттық музыкалық аспабы.* Тіпті көршілес, қоныстас отырған шаруалары да осы Қуан ауылына келіп, *балалайкада,* гармоникада ойнап, ән шырқайды (Ж. Рсалдин, Ахмет Жұбанов).— Біздің Керекуде менің бала күнімде музыка аспаптарын: *балалайка,* мандолина жасайтын бір шал болды — деді шал Асқарға (З. Шашкин, Теміртау). Техникум оқушылары скрипка, мандолина, домбыра және *балалайкада* ойнауды үйренеді (*«Қаз. әдеб»*).

БАЛАЛАЙКЕШ зат. сөйл. **Балалайкашы.** Гриша өзі ағып тұрған *балалайкеш* және сырнайшы, оның үстіне қулықшы (С. Мұқанов, Өмір мектебі).

БАЛАЛАП үст. *Бала-бала деп, етбауыры елжіреп.* Ата-ана зарлап *балалап,* Тұрғанда жау қамалап. Аманкелді, ал жетті, Қамысты бетке паналап (Пернедегі терме.).

БАЛАЛАТ 1. *Балала етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Егер тышқандарды жиі *балалатып,* оларға өз балаларын еміздірмей қойса, онда тышқандардың көпшілігінде емшек безі рагының болуына әкеп соғатынын тәжірибелер анық көрсетті (Н. Мезинова, Гормондар.). Адам баласы аңдардың балаларын тірі ұстап алып, соларды асырап һәм *балалатып* мал қылып, адам мал бағу кәсібін бастаған (*«Қаз. әдеб.»*). 2. Ауыс. *Өсіру, туындату.* Бір тиынды екі тиын етіп *балалатып* жататын сәудегер Әубәкір едің. Қашаннан бері мырза болып кеткенсің? (С. Шаймерденов, Жыл құсы). Дүниедегі барлық сұмдықты *балалататын* осы қызғаныш (О. Сәрсенбаев, Таңбалы тас).

БАЛАЛАТУ *Балалат етістігінің қимыл атауы.*

БАЛАЛАУ[1] *Балала етістігінің қимыл атауы. Е* витамині жетіспесе тышқандар *балалауын* тоқтатады (Т. Дарқанбаев, Витамин.). Суырдың балалары туылып үш ай өткен соң, ержетіп, өздері

балалауға жарайды (М. Тілеуғабылов, Чума ауру.).

БАЛАЛАУ[2] с ы н. *Жастау, балаңдау.* Бұрын *балалау* кезімде детдомда, интернатта оқып жүргенімде осы бөлесі анда-санда ғана қарасын бір көрсететін еді (Б. Тоғысбаев, Алдыңғы.).

БАЛАЛЫ с ы н. *Баласы бар, баласы көп.* Сарыбала *балалы* болғанына қатты ұялды (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). — Мен қалаға көшемін, мұнда тұрмаймын, *балалы* боламын, мұнда оны да күте алатын емеспін — деп қалды Құралай (Ж. Жұмақанов, Махаббат). *Балалы* үй — базар, баласыз үй — қу мазар (Мақал).

БАЛАЛЫҚ з а т. 1. *Кәмелетке толмаған балғын шақ.* Он жеті-он сегіз жас *балалық* пен жігіттіктің аралығы (Т. Ахтанов, Махаббат.). Күлім қағып, қолын бұлғап тұрма деп, *Балалықты* іздедім мен қырға кеп (Т. Қызықбаев, Алтай.). 2. *Балаға тән, балаға лайық; балаға арналған.* Әлгінде ғана азамат сезімінде тұрсам, енді қайта оралмас *балалық* сезіміне беріліп, әке мейірімін көксеймін (Ә. Сәрсенбаев, Теңіз.). «Қорғалжын» совхозында... екі жүз *балалық* мектеп және астық қоймасын саламыз (С. Байжанов, Сыр мен сымбат). ◆ **Балалық дәуір.** *Кәмелетке толмаған шақ.* Қыздың *балалық дәуірімен,* уайым-қайғы көрмей өскен шаңырағымен қоштасқан көңілі шығар деп ұққан (М. Дүзенов, Әке бол.). **Балалық жасады.** *Баланың ісін істеді; білместік етті.* Тағы бүлдіріп алдым, тағы *балалық жасадым* — деді Ыбырай ішінен (М. Жұмағұлов, Қыран қазасы.). *Балалық жасаған* екенсіңдер, жігіттер,— деді Нұржан төмен қарап (С. Мыңжасарова, Қыр қыз.). **Балалық шақ** [кез]. *Балғын, жас кез, балалық дәуір.* Асқар *балалық шағын* есіне түсіріп, көше ортасымен жүріп келеді (Ә. Әлімжанов, Махамбет.). *Балалық шақтың* шат күлкісі жұптаса шығып, жалғыз бөлмені толтырып жіберді (С. Сматаев, Армансыз ана). *Балалық кез* тағы оралып бір рет, Сағындым ғой, құшағыма кел дейді. Кеше ғана біз де бала болып ек Дегеніңе балаң, бірақ сенбейді (Т. Молдағалиев, Шақырады жаз.). **Балалық істеді.** *Қателік етті, жаңылды.* Қарағым-ай, өзің де *балалық істедің.* **Тап күн батарда құс салған құсбегін естіген жоқ едім** (С. Бегалин, Уақыт тынысы). Гүлжанға айт, *балалық істеп* жүрмесін, қатарынан кем болмайды (М. Дүйсенов, Гүлжан.).

БАЛАЛЫ-ШАҒАЛЫ с ы н. *Үйлі-баранды, семьялы; бала-шағасы көп.* Әрқайсысы әлдеқашан *балалы-шағалы,* өз алдына ақар-шақар үй боп кеткендер (Д. Әбілев, Арман жолы.). Күләй тұрмақ, сенің жалғыз қызың Жанар да әлдеқашан тұрмыс құрып, *балалы-шағалы* боп кеткен («Қаз. әдеб.»). Қазір екеуі де *балалы-шағалы* боп адал еңбекпен күн кешіп келеді («Лен. жас»).

БАЛАМА з а т. *Екінші бір заттың, атаудың орнына жүретін, соған тең, сай келетін нәрсе, атау.* Мақал-мәтелдерді аударғанда ана тіліміздің *баламa* образ іздемей-ақ, өз образын сақтауға ұмтылу керек (М. Әлімбаев, Өрнекті сөз.). Аудару үстінде жеке сөздерге *баламa* іздеу арқылы ана тілінің бүкіл қазынасы аударылып-төңкеріліп отырады («Қаз. әдеб.»). Тангенс деген сөздің өзі латын сөзі, оның қазақша *баламасы* жанама деген сөз (О. Жәутіков, Математика).

БАЛАМАЛА е т. *Теңеу, бірдей деп қарау.* Мақал-мәтелде де бір нәрсені әсерлі, айшықты суреттеу үшін, соның тұр-тұлғасын көзге елестету үшін екінші бір нәрсеге ұқсаттырып, *баламалай* айту — теңеу болмақ (М. Әлімбаев, Өрнекті сөз.). Қанағатсыз саудагер қамбадағы ең соңғы азығын сыпырып күміс тана, алтын түймеге *баламалап* беріп, қызыға-қызыға қылпық та қалмаған құр сарайдың ішінде шоңқиып қалғанын бірақ білді (Ө. Тұрманжанов, Менің кітаб.).

БАЛАМАЛАУ *Баламала етістігінің қимыл атауы.*

БАЛАМАН з а т. м у з. *Азербайжан, дағыстан халықтарының үрлемелі музыкалық аспабы. Баламан* — азербайжан, дағыстан халықтарының үрлемелі аспабы (К. Қуатбаев, Қысқаша муз. сөздік.).

БАЛАМДА е т. *Балам, балам деп бәйек болу, бебек қағу.* Ылғи күтіп жүреді, алаңдайды, Ботам, Анар, Анаржан, *баламдайды* (Т. Әбдірахманова, Көгершін көңіл).

БАЛАМЫ з а т. с ө й л. **Балама.** Осынау тетелес екі ұрпақтың аралығын қандай алшақтықпен теңесеңіз де *б а л а м ы* табылмайтын көрінеді (Х. Ерғалиев, Шындық.). Амал не, осы арада орыс тілінен айналайын деген ана тілінің *б а л а м ы н* таба алмай, кең орап әрең түсіндірдім (А. Лекеров, Түз гүлі).

БАЛАН *Бала етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Хан тұқымдарының бірі мыңға *б а л а н ы п,* үркердей санымен, жұлдыздай қара қазақты сабап кететін (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз). Философиялық идеализм — дүние танудың белгілерін жаратылыстан бөліп, құдайға *б а л а н ғ а н,* көптіріліп көрсетілген даму ілімі («Соц. Қаз.»).

БАЛАНС з а т. э к о н. 1. *Кәсіпорындар мен мекемелердің қаржысының жағдайын, халықтың кірісі мен шығысындағы т. б. пропорциялықты сипаттайтын көрсеткіштердің белгілі бір жүйесі.* Халық шаруашылық *б а л а н с т а р ы н* жасау негізінде жоспардың жеке бөлімдерін үйлестіру социалистік жоспарлардың ең басты белгісі болып табылады («Соц. Қаз.»). *Б а л а н с т а р* жүйесін мейлінше мұқият ғылымға негіздеп жасау керек (Бұл да). 2. *Тепе-теңдік.* Қызулы екі түрлі дене қатар тұрса, олардың жылулық *б а л а н с* жасайтынын білеміз. Олардың температурасы жоғарысы жылуы төменін жылытады (А. Қалығұлов, Жарық сәуле.). Ормандар — ауа райын, табиғи су *б а л а н с ы н* реттейтін ең маңызды фактор (М. Ахметов.., Егін қорға.).

БАЛАНСИР з а т. т е х. *Ось айналасында тербелмелі қозғалыс жасайтын күш бергіш қос иінді рычаг.* Винттің екінші ұшында бұранда жоқ, ол *б а л а н с и р д е н* шығып тұрады (Трактторист.). Шлангтарды *б а л а н с и р г е* ұштықтар мен түтіктер арқылы қосыңыз (Бұл да).

БАЛАНСТЫҚ: **баланстық құн.** *Негізгі қорлар мен айналым қаржыларын бухгалтерлік баланста ақшаға шағу арқылы бағалау.* Өндіріс құрал жабдығы бір кәсіпорыннан екінші бір кәсіпорнына ауысқан кезде де саудаласу жолымен ақша арқылы ауыспайды, *б а л а н с т ы қ құ н ы* бойынша ақшасыз ауысады (Б. Ордабаев, Коммунизм.).

БАЛАҢ с ы н. 1. *Жас, балғын.* Хаким ол кезде кино дегенді естіп-білмеген алыс ауылдағы *б а л а ң* жігіт болатын («Қаз. әдеб.»). Ұзын, еңселі Асқарбектің жанында [Қамария] теректің *б а л а ң* талындай көрінеді (Ш. Құмарова, Қос шынар). 2. А у ы с. *Пісіп жетілмеген, кемеліне келмеген, есеймеген.* Менің *б а л а ң* ойым әлі жетпейді, біз не жаздық, кімге жаздық? (Ғ. Мүсірепов, Кездесп. кет.). *Б а л а ң* елдің балғын ойы мен батыл даусынан айрылып қалар ма екенбіз? — деп шошынады (Д. Әбілев, Арман жолы.). Жазушы революция алдындағы *б а л а ң* творчествосында демократтық бағытты ұстады («Қаз. әдеб.»).

БАЛАҢДАУ с ы н. 1. *Балалау, жастау.* Үйге кіргендердің ішінде *б а л а ң д а у* бір жігіт те бар еді (Ауызекі тіл). 2. *Ысылмағандау, тәжірибесіздеу.*

БАЛАҢҚЫ с ы н. ж е р г. Баландау. Ол өзінің өмір, тұрмыс, күшті мен әлсіз жайлы *б а л а ң қ ы* түсініктерін астанкестен еткен ғаламат оқиғадан соң әлі есін жиып болмаған-ды (М. Мағауин, Ақша қар).

БАЛАПАН з а т. 1. *Құс атаулының баласы; қанаты қатаймаған кезі.* Үйрек *б а л а п а н ы* жұмыртқадан шығысымен жыртқыш құс тырнағынан құтылу үшін емес, өзінің ежелгі ата тегінен қалған инстинкт бойынша, суға тартады (Қ. Қайымов, Қызықты зоол.). Қожа *б а л а п а н* торғайдың қасына газетке салып нан үгінділерін әкеп қойды (Б. Соқпақбаев, Жекпе-жек). Бұл сары балақ үкі *б а л а п а н ы н* Сәменге әкесі ұстап әкеп бергенін кеше естігенбіз (З. Шүкіров, Ғажайып құмыра). 2. *Еркелету мағынасында балаға айтылатын сөз.* Не айтып тұрсың *б а л а п а н ы м,* мен сені тастап қайда кетуші едім? (Т. Ахтанов, Дала сыры). — Құлыным-ау, *б а л а п а н ы м* ау, қайдан келдің? — деді Балқия баласына (Ә. Әбішев, Замана.). ◆ **Балапан басты.** *Жұмыртқа басты, балапан шығарды.* Жыл сайын үйдің алдындағы бастырмаға ұя салып, *б а л а п а н б а с ы п* жүретін (А. Хангелдин, Алғыс). Тоты құстар сонау алыстағы Австралия елдеріндегідей, олар *б а л а п а н б а с у ғ а* кіріседі («Лен. жас»). **Балапан баулыды.** а) *Балапанын ұшуға үйретті, жаттықтырды. Б а л а п а н б а у л ы ғ а н* соңғы қарлығаштар аспанда әлгі... арықтан секірген лақтай қайқаң етіп қалқып өтеді (Ш. Мұр-

тазаев, Мылтықсыз.). ә) *Балапанды қолға үйретті.* Балапан жыр. Поэт. *Жас, балғын (жыр).* Бәрі де бәрі есімде, Ұмытсам мені кешірме. *Балапан жырым* бал жалап, Қанатын қақты төсінде (Қ. Ыдырысов, Жолық.). **Балапан түйнек.** *Уақ түйін.* Өсуі үшін қажет болатын жағдай туғызылғанда картоп *балапан түйнектер* ғана салады (Б. Шағыров, Картоп.). **Сары үрпек балапан.** а) *Қанаты қатпаған, өте жас.* ә) *Өмірден көргені аз, тәжірибесіз.* Ол ана сүті аузынан кетпеген *сары үрпек балапан* екен, қасыма таяна бергенде қанжармен қақ жүректен беріп кеп жіберіп ем, тіл тартпай кете барды (Қ. Сатыбалдин, Шағын пьеса.). **Балапан шығарды.** *Жұмыртқа басып шығарды.* Егер толық қуатында пайдаланса, жылына 60 мың *балапан шығарып* тұруға болады (К. Қазыбаев, Дәуір.). **Балапан шаш.** *Үрпек шаш.* Мен оның үнемі бұйраланып, сәл қобырап тұратын *балапан шашынан* сүйдім (С. Жүнісов, Жапанда.).

БАЛАПАНДА ет. 1. *Жұмыртқа басып балапан шығару.* Көгершін балапанын ұшырып әкетеді екен де, келер жылы қайта келіп сол жерге *балапандайды* екен (С. Бегалин, Мектеп түлек.). Кавказдың құзды шыңында, Түлек бүркіт қиялап, Қия шыңға ұялап, *Балапандап* ұяда, Балапанын алтын күн Сәулесіне сылатқан (Ақын шабыты). 2. Ауыс. *Қаулай өсу, туындау, көбею.* Аяқ астында *балапандап* қаулаған көк қылтанақтар киіздей боп тұтасып жатыр (С. Мұратбеков, Көкорай). Ауылдың ескі үйлері аз, жаңа салынған үйлері көп, екпе ағаштары енді-енді ғана *балапандап,* жапырақ жая бастаған, таяуда ғана орыққан совхоз көрінеді (Ж. Жұмақанов, Қаракөз). 3. Ауыс. *Етек алу, жайылу.* Қиянатқа жол бермесең, әділет туады, *балапандап* өсіп өмір сүреді (Д. Әбілев, Арман.).

БАЛАПАНДАҒЫШ сын. 1. *Балапан шығарғыш, балапан басқыш.* 2. *Қаулап тез өскіш, көбейгіш.*

БАЛАПАНДАҒЫШТЫҚ сын. *Балапан шығарғыштық.* Мыс және марганец тұздарын күн сайын бергенде, тауықтың *балапандағыштығын,* алынатын жұмыртқа санын арттыратынын көрсетіп отыр (Құс өсіруші.).

БАЛАПАНДАЙ сын. 1. *Балапан сияқты.* 2. *Жап-жас, сүйкімді.* Бір үйге кірсең, кең, жарық, Әйнектен күн нұр құйған. Бөбектер жатыр демалып, *Балапандай* бұлтиған (С. Мұқанов, Замандас тур.).

БАЛАПАНДАТ *Балапанда етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БАЛАПАНДАТҚЫЗ *Балапандат етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БАЛАПАНДАТҚЫЗУ *Балапандатқыз етістігінің қимыл атауы.*

БАЛАПАНДАТТЫР *Балапандат етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БАЛАПАНДАТТЫРУ *Балапандаттыр етістігінің қимыл атауы.*

БАЛАПАНДАТУ *Балапандат етістігінің қимыл атауы.*

БАЛАПАНДАУ [1] *Балапанда етістігінің қимыл атауы.* Балалар торғайлардың ұя салуынан бастап *балапандауына* дейін, одан ұшырып кеткеніне дейін көріп қызықтайтын («Балдырған»).

БАЛАПАНДАУ [2] сын. *Балалау, жастау.* Жануар қой болса да мал басы еді, Бір малдан семіздікке қалмас еді. Қарға алып *балапандау* ұшпақ түгіл, Опоңай қасқыр билеп алмас еді (Қаз. әдеб. хрестом.).

БАЛАПАНДЫ сын. *Балапаны бар. Балапанды* қаз, үйрек, Шулап ұшты ұядан. Өскен қыран тау билеп, Қалықтай ұшты қиядан (З. Қалауова, Таңд.).

БАЛАПАНША үст. *Балапан тәрізді.* [Айнагүл] Кішкентай құшағын жая *балапанша* желкілдеп тура ұмтылған бала сол бетімен жүгіріп келген бойда бауырымә кірді де кетті (И. Жақанов, Қайта орал.). Екі қолы ербеңдеп, *балапанша* аузын ашып, қыт-қыт күлетін немересіне қуанады (О. Сәрсенбаев, Сағым.).

БАЛАРАҚ сын. *Жасырақ, балалау.* Біздің *балараң* кезімізде жұрт шөп шабу дегенді әлде біреуі болмаса көп жұрт білмейтін (С. Шарипов, Шығ.). *Балараң* кезінде Томайқұлақты тай теуіп, бет сүйегі жарылып кеткен болатын (Ә. Нұрпейісов, Сергелдең).

БАЛАС *Бала етістігінен* (2-омон.) *жасалған ортақ етіс.* Аңқып көше халқы

қарасады, Аңқау жұрт құзғынды ерге *б а л а с а д ы*. Тізіліп, жалт-жұлт етіп дүрсілдетіп, Көшеге он бір атты тарасады (С. Сейфуллин, Шығ.). Мұны бақандай қорған көрісіп, аза-мұндарын айтып, кеңгерге *б а л а с ы п* ақыл сұрап, кеңес күтеді (А. Сүлейменов, Бесін).

БАЛАСУ *Балас етістігінің қимыл атауы.*

БАЛАСЫ: **жаз баласы.** *Жаз бойы.* Диқаншы қауым *ж а з б а л а с ы* тыным таппай жұмыс істейді (Ауызекі тіл). **Қыс баласы.** *Қыс атаулыда, қыс бойы.* Әсіресе *қ ы с б а л а с ы н д а* [бұл өзеннің] мінезі ерек шәлкес. Моторы күшті қай машинаңды болса да табанынан тартып ұстап қала беретіні бар («Қаз. әдеб.»). **Түн баласы.** *Түні бойы.* Төсегіне келіп құлаған Сәлима өне-бойы егіліп, *т ү н б а л а с ы* еңіреп шыққан (А. Нұрманов, Аққу.). *Т ү н б а л а с ы н а* төсектен тұрмайтын, тіпті сұмдық ұйқышылмын осы (Қ. Сатыбалдин, Шағын пьеса.).

БАЛАСЫЗ с ы н. *Баласы жоқ. Б а л а с ы з* Жаңыл Қаламұшты іштен шыққан перзентінен кем көрмейді (Т. Ахтанов, Боран). — Ерім мені ессіз-түссіз сүйеді... бірақ, *б а л а с ы з* адамның бағасы бола ма — дейді Бану (Ж. Молдағалиев, Жүрек қазынасы).

БАЛАСЫЗДЫҚ с ы н. *Баласы жоқтық.* Жалғыздық, *б а л а с ы з д ы қ*, қарттық қайғысы қабаттап басса да, қажымаған аяғын нық басып барады (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). *Б а л а с ы з д ы қ* — әйел мен еркекке қайғы болып қана қоймай... ол семья ішінде наразылық тууына да себеп болады (Қ. Өтегенова, Бедеулік.).

БАЛАСЫН е т. *Бала деп қарау; бала санау, бала көру.*— Мені *б а л а с ы н б а й*-ақ қой! Енді үш айда он бесті толтырып, он алтыға қараймын (О. Сәрсенбаев, Сағым). Көк ат мені *б а л а с ы н ы п*, менсінбеді ғой деймін, жүргісі келмеді, аяғын еріп басты (Н. Ғабдуллин, Сар. жапырақ.).

БАЛАСЫНДАЙ с ы н. *Баласымен бірдей.*

БАЛАСЫНУ *Баласын етістігінің қимыл атауы.*

БАЛАСЫНША ү с т. *Баласы тәрізді.* Жарықтан жасқана қарайтын мысықты *б а л а с ы н ш а* ол отырғандардан бетін бұрып әкетті (С. Жүнісов, Жапанда.).

БАЛАСЫРАП ү с т. *Бала сүйгісі келіп, бала деп өліп-өшіп, бала тілеп.* — Ой, көке-ай, мені бір *б а л а с ы р а п* барады деп ойлайсың ба — деді Сапабек (Т. Әбдіков, Көкжиек).

БАЛАТ *Бала етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Жалғыз қу сол айдынның ақ еркесі, *Б а л а т қ а н* бір өзіне күн мен айын (М. Әуезов, Шығ.).

БАЛАТУ *Балат етістігінің қимыл атауы.*

БАЛАУ[1] з а т. с ө й л. **Палау.** Ғелман өзбек досының үйінен *б а л а у* жеймін деп ұзақ отырып қалды (Ауызекі тіл).

БАЛАУ[2] с ы н. с ө й л. **Балауса (шөп).** Жапырақ, *б а л а у* қызғалдақ, Құлпырды жұтып жаңбырды. Көбелек, ара бал іздеп, Гүлден гүлге қаңғырды (С. Сейфуллин, Өлеңд.).

БАЛАУ[3] *Бала етістігінің қимыл атауы.* Бұл талас түсті менің қарауыма, Қайтсем де көнесіңдер *б а л а у ы м а.* Бәріңді көріп өзі таңдау қылсын, Бұйырдым «тұтқын қыздың қалауына» (С. Сейфуллин, Өлеңд.). Әкесі Қияш бір аста болған жанжалда: «Алтай! Менімен жеті ай!» — деп ұран шақырған кісі. Он екі болыс Алтайға бір өзін *б а л а у ы* жай емес-ті (Ғ. Мұстафин, Көз көрген).

БАЛАУРА е т. с ө й л. *Балбырау, маужырау.* Көшеде жан болмаса да, шырт ұйқыға батып *б а л а у р а п* жатқан жан жоқ (Қ. Тайшықов, Окт. ұшқыны).

БАЛАУСА с ы н. **1.** *Жас шалғын, әлі пісіп жетпеген өсімдік.* Жақында ғана жарық көріп, қылтиып-қылтиып шыққан жас *б а л а у с а* егінге, әсіресе осы жел қатер төндіре бастады (Н. Ғабдуллин, Өмір күйі). Жапанға бітken бәйтерек, Жапырағын байқасаң, Жайқалмағы желден-ді, Түбіндегі *б а л а у с а с ы* белденді (М. Өтемісов, Өлеңд.). **2.** А у ы с. *Жас өспірім, балғын (адам).* Жас едік, *б а л а у с а* едік, балғын едік, Бәріміз бір шабындық шалғын едік. Сонау бір дауыл жылда бәріміз де, Талшықтап жүрек отын шам ғып едік (Р. Нұрпейісов, Туған өлке). Сұлудың он жетіге келген жасы,

Лөззеттің пісіп тұрған *балаусасы*. «Шіркін-ай, менің жарым болар ма еді?!» Деп күйген талай оның замандасы (Қ. Райбаев, Жаңа толғау).

БАЛАУСАДАЙ с ы н. *Балауса сияқты.* Қасында шың жалаңаш, Қоңсы қонған көкпенен. Бауыры жас алма ағаш, *Балаусадай* көктеген (С. Мәуленов, Таңд.). *Балаусадай* балбыраған жас күндер, Жастықтағы жасқандырмас дәстүрлер, Есілдегі судай ағып кетсе де, Қажырлы адам қартайса да «жаспын» дер (Қ. Райбаев, Жаңа толғау). *Балаусадай* бала күні, Мектеп барған бақша аралап, Асыр салған күндіз-түні, Құрбы, серік досы алқалап (С. Бегалин, Жеткіншек).

БАЛАУСАЛЫ с ы н. *Балаусасы көп, көк шалғынды (жер).* Алтайдың Жоңғар жатыр жонын жайлап, Мың-мыңнан ауыл сайын жылқы айдап. Бетегелі қорына ат арқандап, *Балаусалы* сайына бие байлап (Ш. Әбенов, Кейпін батыр). Жаңбыр суын бойына тартып, балбырап тұрған тау белдеуінің *балаусалы* шалғыны аяққа оралады (С. Бегалин, Таңд.).

БАЛАУЫЗ [1] з а т. *Араның балауыз безінен бөлінетін қатты зат.* Алыну әдісіне, өңделуіне қарай *балауыз* бірнеше түрге бөлінеді (ҚСЭ). Аралар ұясына қайтып келіп, балды *балауыз* ұяшықтарына құяды (Зоология). Мысалы, аналық ара ұрпақ таратады, ол күн сайын *балауыз* қуысына 1000—2000 және одан да көп жұмыртқа салып отырады («Лен. жас»).

БАЛАУЫЗ [2] и р. з а т. *Білтелі май шам; балауыз шам.* Әбусағит қараңғы бөлмеге *балауыз* әкеп жақты, отырғандардың көзі оның көмескі жарығына үйренісе алмай отыр (Ауызекі тіл).

БАЛАУЫЗ: балауыз ағаш. *Түйетабан тұқымдасына жататын мәңгі жасыл бұта* (ҚСЭ).

БАЛАУЫЗДАН е т. *Дәнді дақылдың суттенуі.* Көп жылдық шөп егіліп жыртылған жерге, сондай-ақ дәнді бұршақтардан және суттеніп, *балауыздаңып* піскеннен кейін жиналған жүгеріден соң егіледі (Е. Амантаев, Күздік бидай). Күркетауыққа арналған сүрлемді әр түрлі шөптен, күнбағыстан, жапырақтан, *балауыздаңып* піскен кезінде жиналған жүгерінің собығы мен сабағынан әзірлеуге болады (Құс өсіруші.).

БАЛАУЫЗДАНУ *Балауыздан етістігінің қимыл атауы.* Дәндердің пісуінің үш күйін: суттену, *балауыздану* және толық пісу күйін ажыратады (Ботаника).

БАЛАХАНА з а т. 1. *Үйдің екінші қабаты, жоғарғы үй.* Лянжау үйлері қора ішінде, сыртқы қабырғалары тесіксіз тұтас, көбінің төбесінде *«балахана»* аталатын қондырмалары бар (С. Мұқанов, Алып.). 2. *Балкон.* 3. *Балалар бөлмесі.* «Оң жақ қатарда өзге балаларымен, оларды күтушілер тұратын *балахана* (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз).

БАЛАША ұ с т. *Балаға ұқсап, бала тәрізді.* Олар Қырым ұлына *балаша* ауыздарын аша, күлімдей қарап, тыңдап отыр (С. Сейфуллин, Шығ.). «Неге барасың, мені ала кет» деп те айтқан жоқ, үйден әндете *балаша* секіріп шықты да кетті (З. Шашкин, Доктор.). Оның жүзінде мүмкін *балаша* мәз болған пішін де пайда болған шығар (Х. Есенжанов, Ақ Жайық).

БАЛА-ШАҒА з а т. *Жас балалар; үй-іші.* Әйтпесе, Салауат бұрын осындай ма еді? *Бала-шағасының* қасында, бес-алты қара малының ғана қамын көздеп, шаруасын ғана білетін еді ғой (Ғ. Сыланов, Асау арна). Басталды кешікпей-ақ, іс жанталас, Қарулы ер атаулы сілтеп құлаш, Еңбекпен терін төксе, оларға азық Тасиды *бала-шаға*, қатынқалаш (С. Мұқанов, Шыңнан шыңға).

БАЛАШЫҚ з а т. *Керегелік желінің қысқалауы.* Керегелік желінің ең ұзыны— ерісі, қысқалауы — *балашық*, ең кішісі — сағанақ деп аталады (Қаз. тілі. жерг. ерек.).

БАЛБАЛ з а т. к ө н е. *Адам бейнелі тас мүсін.* Мүсін тасының алдына оны күзетуші ретінде *балбал* тастар тізбегін қадаған (ҚСЭ). Дүмбай жерге көмген *балбал* тастай бұрғы жанынан екі елі тапжылмады (Ә. Сараев, Бозқырау).

БАЛ-БҰЛ: бал-бұл жанды. *Бетінде нұр ойнап, өңі ажарланды.* Мұндай сәтте жас қыздың *бал-бұл жанған* жүзіне қарап әлдеқандай албырт ойдың шарпуында, «көз жұмып, көк кездірер»

қиял жетегінде тұрған күйін байқайсың («Лен. жас»). Ажарлы реңі *бал-бұл жанып*, күлімдеген Қатира әлсіз күрсіне түсіп, бәсын изеді де, пештің кенересінде тұрған ондық шамды көтеріңкіреп қойды (К. Оразалин, Көктем.). Жомарт та жігіттің серкесі емес пе, жас дидары *бал-бұл жанып*, қара көзі нұр шашып, бабына келген бүркіттей түлеп-ақ тұр (Т. Ахтанов, Дала сыры).

БАЛБЫРА е т. 1. *Маужырау.* Көптен көңілдері тыныш тапқандай болып, бұрынғылары ұмытқа айналған секілді, есін жиып, етегін жапқандай Омардың да әлде қалай бір *балбырап*, алаңсыз тәтті ұйқыға кіріскен күні бүгін-ақ еді (С. Торайғыров, Таңд.). Бозаға бойы *балбырап* бей-жай боп самарқау отыр (Ә. Нұрпейісов, Күткен күн). 2. *Тамақтың езіліп пісуі; жемістің бабына келіп уылжуы.* Мәдинаның әзірлеген еті әбден *балбырап* піскен екен (Ауыз-екі тіл). Мәуе пісіп *балбырап*, Маужыраған қоңыр күз. Алма пісіп албырап, Көзді тартқан көріңіз (Т. Жароков, Шығ.). Тасбұлақтың сағасы, Көкорай шалғын жағасы, Көрікті жеміс ағашы, Пісіп тұрған *балбырап* (Ш. Смаханов, Тотияйын). 3. А у ы с. *Тамылжу, мүлгу.* Күн найза бойы ғана көтерілген, жер бетін меруерт басқан, дүниенің *балбырағаң* науетек, мейірімді, ақ жарқын бір мерзімі еді (Ғ. Мүсірепов, Таңд.). *Балбырап* тұрды жасыл қыр, Күміс моншақ жамылған (Ә. Сәрсенбаев, Өленд.).

БАЛБЫРАС *Балбыра етістігінен жасалған ортақ етіс.* Сырын айтып соғыстың, Жайын айтып ұрыстың, *Балбырасып* өздері, Тым жарасып сөздері, Әңгіме дұрыс деп те отыр (Манас).

БАЛБЫРАТ *Балбыра етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Әкесінен есі кірмей қалған күнде бауырына басып *балбыратып* өсірген анасы Қалампыр есіне түсті (С. Бегалин, Ана қайраты). Ет болғанда қандай! Ішіне іңкәл салынып, *балбырата* пісірілген мол ет (Ә. Сәрсенбаев, Капитан ұлы). Жас сұлудай майысқан рауан, балдырған түнгі шыққа шомылып, жапырағын жалбыратып, буынын *балбыратып* тұр (І. Жансүгіров, Әңгім.).

БАЛБЫРАУ *Балбыра етістігінің қимыл атауы.*

БАЛГЕР з а т. *Бал ашатын адам, сәуегей. Балгер* үлкен ағаш аяқтағы суды алды да, Еңліктің бетіне шашып кеп жіберді (К. Оразалин, Ақ жазық). Боз тайлақ жасы толған, қайтпаған, Қайғырып мал иесі зар жылаған. *Балгерге* бал аштырып, бақсы ойнатып, Қалмаған құмалақшы айырмаған (І. Жансүгіров Өленд.).

БАЛГЕРЛІК з а т. *Бал ашушылық.* Олжадан иегі қышығандар құмалақ ашып, *балгерлікпен* әуреленді (Т. Әлімқұлов, Ақбоз ат).

БАЛГЕРСІЗ с ы н. *Сәуегейсіз.* Дәл осы сапарда *балгерсіз* тіршілік дүниесі [Қайшаны] мүлдем сөніп кететін сияқты боп түңілтті (К. Оразалин, Ақ жазық).

БАЛҒА з а т. *Әр түрлі затты [шегені,* т. б.] *қағуға, ұруға, шыңдауға арналған сапты қол аспап.* Енді сен қылыш орнына — *балға,* мылтық орнына — орақ ұста! Еңбек іште! — деді Андрей (А. Тоқмағамбетов, Әке мен бала). Жақсы көлмей өмірге, Жаманның бітпес жалғаны. Жаңа қызған темірге Жалтартпай соқ *балғаны!* (Д. Әбілев, Алтай асу.). Қолмен басатын көрік, темір тез, құлаштап ұратын сом *балға* — ұстаның құрал-сайманы осы еді (К. Смайылов, Мамандық).

БАЛҒАДАЙ с ы н. *Балға сияқты.* Сұңқар бойлы, қара көз, Ақша беті алмадай. Жібек мінез, бал тілді, Шымыр дене *балғадай* (Ғ. Малдыбаев, Қырым қызы). ◆ **Қол-аяғы балғадай.** *Жұп-жұмыр, толық.* Мәстура *қол-аяғы балғадай* сары ауыз келіншек (І. Жансүгіров, Әңгім.).

БАЛҒА-БАЛЫҚ з а т. з о о л. *Акула тәрізділер отрядына жататын балық. Балға-балық* уылдырық шашпайды (ҚСЭ).

БАЛҒАЛА е т. *Балғамен ұру, соғу.* Осы жерде оның [Төлегеннің] жүрегі қайтадан көтерілді, шекесі, ішінен біреу *балғалап* жатқандай үздік-үздік зіркілдей бастады (Ө. Қанахин, Мұрагер). Өрлет! Өрлет! Өрлет! Өрлет! Соқ, *балғала,* Ал, үдет! (І. Жансүгіров, Шығ.).

БАЛҒАЛАС[1] *Балғала етістігінен жасалған ортақ етіс.*

БАЛҒАЛАС[2] с ы н. *Үндес, ұрандас.* Құданың сақтауынан тәуекелім, Ғаламға

түсір сен де тау менен тас. Айтыстық дұшпан үшін намыс жоқтап, *Балғалас* бірге жүрген ағынды ақтап (Ақан сері).

БАЛҒАЛАТ *Балғала етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Ал, жоспарлар! *Ал*, даярлат! Ал, күрсілдет! *Балғалат!* (І. Жансүгіров, Шығ.).

БАЛҒАЛЫ с ы н. *Балғасы бар. Балғалы* бауыр баста тұр, Күйелі дене, күс білек, Орақты бауыр қаста тұр, Маңқиған мұжық түстірек (І. Жансүгіров, Шығ.).

БАЛҒА-ОРАҚ з а т. *Еліміздің жұмысшылары мен шаруаларының бірлігін білдіретін эмблема.* Қуанумен шексіз өмірім бар, Ай нұрындай жайнаған көңілім бар. Асылдардың асылы адам ғана, *Балға-орағы* айқасқан ол коммунар (К. Боранбаев, Жаңарған жазық). Күзетеді жеңісін Октябрьдің, Туған елді ұстаған *балға-орақ* (Бейбітшілік.).

БАЛҒА-ТӨС з а т. *Ұста саймандары.* Элде қайда жер астында ұсталардың *балға-төстері* шықылдайды (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке).

БАЛҒАШЫ з а т. *Балға соғушы, темір ұстасы.* Электр қуатымен шоғы жайнаған көрік, көріктен балқып шыққан темірді *балғашылар* соққанда, жарқ-жұрқ ұшқындар шашылады (Ғ. Сыланов, Шалқар). Біреуі — әлгі өзіміздің жаңадан келген ұстаның баласы. Енді біреуі анау... әлгі *балғашының* інісі болу керек (Ф. Дінисламов, Ұшқын).

БАЛҒАШЫҚ з а т. 1. Т е х. *Әр түрлі затты ұруға арналған механизмдегі кішкене бөлшек құрал.* Поповтың радиоқабылдағышында күшейткіштің қызметін қоңыраудың *балғашығы* мен жазу аппаратын іске қосатын электромагниттік реле атқарады («Халық мұғ.»). 2. А н а т. *Орта құлақтағы есту сүйекшелерінің бірі.* Дабыл жарғағының аржағында ортаңғы құлақтың қуысы болады, онда үш есіту сүйекшелері бар: біріншісі — дабыл жарғағына тиіп тұратын *балғашық*, екіншісі — үзеңгі, ішкі құлаққа баратын сопақ тесікті жауып тұратын жарғаққа барып тіреледі (Адам анатом.). Дабыл жарғағынан әрі ортаңғы құлақтың қуысы бар, бұл қуыста есту сүйекшелері *балғашық*, төс және үзеңгі болады (Бұл да).

БАЛҒАШЫЛЫҚ з а т. *Балға соғу кәсібі.* Малды тастап Сағынбай кейін *балғашылыққа* ауысқан болатын (Ауызекі тіл).

БАЛҒЫН с ы н. 1. *Қатпаған балауса өсімдік.* Тың өлкесінің кейбір шаруашылықтарында каротинді азық ретінде *балғын* шөптен жасалған, белокты — витаминді пасталар пайдаланылып жүр (Құс өсіруші). Өсімдіктер өркендер туса көктем Қатты, қалың асфальтты тесіп өткен. Түбіттей жұмсақ, *балғын* шөпті көрем, Жамағат, ойнамаңдар тіршілікпен (С. Мұқанов, Шыңнан шыңға). Бұрынғы боз көделердің орны *балғын* бидаймен тербелді (С. Мәуленов, Жұлдыз.). 2. А у ы с. *Толықсыған, уылжыған жас.* Сұңғақ бойлы, қыпша бел, *балғын* қыздың қимылы өктем де шапшаң (Ә. Сәрсенбаев, Даңқ). Иә, ол шақта Ғаббас жиырма екі жасар *балғын* жігіт болатын («Қаз. әдеб.»). Тек күріш емес, күріш сияқты *балғын* жастарды да өсірдім (Ы. Жақаев, Менің бақытым).

БАЛҒЫН: **балғын арша.** б и о л. *Арша тұқымына жататын мәңгі жасыл өсімдік. Балғын аршаның* қар тоқтатуда, топырақтағы суды сақтауда едәуір маңызы бар (ҚСЭ).

БАЛҒЫНДАЙ с ы н. *Балғын тәрізді, балғын сияқты.* Өңі ажарланып, *балғындай* қызара түскен (М. Әуезов, Абай жолы). *Балғындай* жас Ұлықпан Суретіне бәйге алды. Жас өнерпаз балаға Жұрт жиналып таң қалды (О. Шипин, Өмір өрнегі). Алғашқыда сонша қунақы болғанымен, Жанайдың *балғындай* қатаймаған әлсіз денесі шаруаға бейімделе бастады (С. Бегалин, Төлбасы).

БАЛҒЫНДАН е т. *Қайта түлеу, жасаңсу.* Керек болса, баялышы мен торанғыларының өзі де қайтадан бұршіктеп, гүлдемесе де бойына күш жинап, *балғындана* түседі (Ә. Көшімов, Қарт аңшы.). Жас қыранның жақсы суыттанып, *балғындана* түскеніне ол ырза болды (Ә. Көшімов, Екі бүркіт).

БАЛҒЫНДАУ с ы н. 1. *Жастау, көктеу.* Мына тобылғыдан істеген садақ арқар атуға да жарайды,— деп Жақыптарға *балғындау* тобылғыны көрсетті (С. Бегалин, Бала Шоқан). 2. А у ы с. *Балаңдау.* Бүгін Айсұлу Айназарға *балғындау* көрінді (С. Сейфуллин, Шығ.).

БАЛҒЫНДЫҚ з а т. *Уылжыған жастық.* Мәлике қазір он төртінен туған айдай толысып, бой жеткен *балғындыққа* жетіпті (Д. Әбілев, Арман.).

БАЛҒЫНЫРАҚ с ы н. *Жасыраң.* Сексеуілдің бұл түрінің қара сексеуіл аталуына себеп өркендерінің *балғынырақ* және жасыл бұтақтарының көбірек болуына байланысты (Ә. Бірмағамбетов, Қаз. геогр. хрестом.).

БАЛДАЙ с ы н. *Бал сияқты, бал тәрізді тәтті.* Жақсылардың үлгісі Жаныш тұрған шамдай. Шешендердің сөздері Ағып тұрған *балдай* (Мақал). Өмірім *балдай* балдырған, Құмарымды қандырған (Жамбыл, Шығ.). Іздеп келем күн жүзді Жаны таза жарымды, Әулие адал махаббат Аңсаумен *балдай* назыңды (А. Жұмағалиев, Өшп. жалын). ◆ **Балдай тәтті.** а) *Тату-тәтті, сыйлас. Балдай тәтті* екі достың [Ораз бен Боряның] алдында кең жол жатыр (М. Иманжанов, Таныс қыз). ә) *Қызықты, ыстық.* [Аянның] Өңі егес секілді, сезімдері бір-бірімен арбасып тұрды. Бірі — әлсіз, екіншісі — күшті. Бірі мұздай суық, тастай қатты. Екіншісі оттай ыстық, *балдай тәтті* (С. Сейфуллин, Шығ.). *Балдай тәтті* балалық қимас күндер, келешек туралы тәтті қиялды бөліскен жастық кездер көштей тізіліп өтіп жатты (М. Иманжанов, Адам тур.).

БАЛДАҚ[1] з а т. 1. *Аяғы кемтар адамның сүйеніп жүруі үшін арнайы жасалған таяныш құралы.* Бір жұмадан кейін *балдаққа* сүйеніп, түрегелуге жарадым (С. Мұқанов, Өмір мектебі). Соңғы кездерде *балдаққа* сүйенген жаралы солдаттар көбейіп кеткен-ді, олардың әрқайсысы әр түрлі көңілсіз хабар әкелді (Ә. Сәрсенбаев, Толқында.). Бәкен балашақ ұрпақтың бақыты үшін жаумен арпалысты. Сөйтіп, жүргенде екі аяғын жау оғына берді. Қос *балдақ* ұстады («Қазақст. мұғ.»). 2. *Саятқа шыққанда бүркіт, қаршыға т. б. құстарды ат үстінде алып жүру үшін ердің алдыңғы қасына орнатылған ашалы тіреу.* Әредікте томағалы бүркіттерін *балдағына* қондырып алған ықшам жігіттер де көрінеді (М. Әуезов, Таңд.). Әжем сүйген жары Жәутікке арнап жасатқан ерінің алдына, бүркітке деп бірін, қаршығаға деп бірін, алмалы-салмалы екі күміс *балдақ* істетіпті (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.). Нар кескен әпсәлі ақ семсер қынабына салады. Қыран қара бүркіті *балдағына* қонады (Қамбар батыр).

БАЛДАҚ[2] з а т. 1. *Алтыннан немесе күмістен жасаған көзі жоқ сақина. Балдақ* — қолға салу үшін алтыннан немесе күмістен соғып жасайтын көзі жоқ сақина (С. Қасиманов, Қаз. қолөнері). [Әбдіш] Дәметкеннің саусақ біткеніне салған ала-құла *балдақтарын* қозғап, суырып қарады (Б. Майлин Шығ.). Қыз қолынан суырып алтын *балдағы* мен қалтасынан алып жібек орамалын шалға тастапты («Қаз. ертегі»). 2. *Қылыштың, пышақтың сағағын бекітіп тұратын сақина; қылыш.* Бірін-бірі шабысты, Шабысқанға шыдамай, *Балдағынан* үзіліп, Қылыш сынып қалысты (Батырлар жыры). Балдағы алтын, құрыш болат *Балдағынан* қанға боялмай Қасарысқан жауына Қанды көбік жұтқызбай... Ерлердің ісі бітер ме? (М. Өтемісов, Өленд.). Сандықта бар-ды көк *балдақ,* Темір мен тасқа қайрылмас. Ақ сүңгі найза қолыңа ал, Жебесі алмас жасалған (Батырлар жыры). 3. *Шымылдықтың бау өткізетін ұйығыршығы, ілгегі.* Енді Мәдина сәнді жиналған кереуетінің тұсына *балдағынан* бау өткізіп шымылдығын құруға кірісті (Ауызекі тіл). ◆ **Балдағынан батырды.** *Сағағына дейін сүңгітті.* Мың сан қолдың ақырып бетін серперміз, Жортып жүріп жалаң қылыш сілтерміз. Жау қанына *балдағынан батырып,* Айдарына өткір жүзін сүртерміз (Үш ғасыр.). **Балдақтан кетті.** *Сағасынан үзілді, сынды.* Бабамнан қалған зұлфұқар, Шаба алмасам маған серт. Шапқаныма шыдамай, *Балдақтан кетсең,* саған серт (Батырлар жыры).

БАЛДАҚСЫЗ с ы н. *Балдағы жоқ.* Жатырмын аңсап, тезірек *Балдақсыз* жортып кетуді, Кәдені таптап езгілеп, Алшаң басып өтуді... (Қ. Аманжолов, Шығ.). Оралманың ақ мықты бүркітін *Балдақсыз* қолға қондырып Қасқыр мен түлкі қарағаң, Қол тоқпақтай ер Ағыш (Манас). Белгібай Мәриямның қолындағы балдағын көргісі келді де *балдақсыз* саусағынан ұстап өзіне тартты (Ауызекі тіл). *Балдақсыз* шымылдық ілуге келмейді (Ауызекі тіл).

БАЛДАҚТАЙ с ы н. *Балдақ сияқты.*

БАЛДАҚТЫ с ы н. *Балдағы бар (1, 2).* Талай-талай мандайша Төбемді ойды кірерде, Қос *б а л д а қ т ы* адамша Қолын артқан тіреуге (Ғ. Орманов, Таңд.). Қолында құсы болмағанмен ері *б а л д а қ т ы* жас жігіт атын тебініңкіреп, маған жақындады (Ауызекі тіл). Сұқ саусағы *б а л д а қ т ы* қара торы жігіт суырыла сөйлеп, отырғандарға сөз кезегін бермеді (Ауызекі тіл).

БАЛДЫ с ы н. *Балы бар, балы көп. Б а л д ы* конфеттен ол ойнап жүрген балаларға уыстап беріп жатты (Ауызекі тіл). ◆ **Балды өсімдіктер.** *Гүлінен бал арасы шірне, тозаң жинайтын жабық тұқымды өсімдіктер тобы* (ҚСЭ).

БАЛДЫ: балды да, балсыз да болмады. *Үмітті де, үмітсіз де болмады; екі ұдай.* Шыңғыс еліне Шоқаннан *б а л д ы д а, б а л с ы з д а б о л м а й* қайтқан (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз). ◆ **Балды бармақ.** а) *Бал ашқанда айтқаны келетін адам.— Б а л д ы б а р м а қ* бол, айтқаным, баламнан хат алғанда шүйіншісін өзіңе беремін,— деп қарт көзіне іркіліп келген жасты тоқтатып қалды (Ауызекі тіл). ә) *Өз ісіне жетік, шебер; бармағынан бал тамған. «Б а л д ы б а р м а қ»* атанған Колхоздағы Әли қарт, Еңбегіне ел айтқан Алғыстарын мың қабат (З. Қалауова, Таңд. шығ.). Ау тартып он бес жастан жанды жалдап, Атанды палуан Төлеш *б а л д ы б а р м а қ,* Өсті ол орыс-қазақ ортасында, Қара нан, қара құртпен жүрек жалғап (Б. Адамбаев, Ақбөбек).

БАЛДЫЗ з а т. *Әйелінің жасы кіші туыстары.* Жүсіп Құрманғазының алдында талай рет отырғанын, *б а л д ы з ы м* деп Құрманғазы оны еркелеткенін, көйлегін шешкенде күйшінің көк ала тартқан жалын көргенін, Құрманғазының 90-жылдарда өлгенін айтты (А. Жұбанов, Құрманғазы).— Мына Мұстапа *б а л д ы з ы м ы з* ол сияқты жүйрігінің түрін көрсетуге де қызғанады,— деп Шыңғыс Мұсаға қарап күлді (С. Бегалин, Бала Шоқан). Мырзаханның бұрынғы әйелі өліп, *б а л д ы з ы* Қайшаны алды (К. Оразалин, Ақ жазық).

БАЛДЫЗДАЙ с ы н. *Балдыз сияқты.* Қаратау — аяқ бассаң, ертегі, аңыз, Серіктей сансыз күйге шертеді аңыз. *Б а л д ы з д а й* көрі шалды мазақ қылған, Бұлағы сылқылдаған ерке нағыз (Т. Әлімқұлов, Боз жорға).

БАЛДЫЗДЫҚ с ы н. *Балдызға тән.* Байжан есіктен кірмей жатып Қайырға *б а л д ы з д ы қ* әзіліне салып,... күле келді (М. Дүзенов, Әке болғым.).

БАЛДЫҚ с ы н. 1. *Белгілі бір құбылыстың күшін көрсететін дәреже бірлігі.* Түйелерді іріктеу 10 *б а л д ы қ* система бойынша ата тегі мен кейіпіне, сыртқы көрінісіне (экстерьері), өлшемдеріне, жұмысқа жарамдылығына, жүндестігіне, сүттілігіне және ұрпақтарының сапасына қарай, төмендегі тәртіппен (шкала) жүргізіледі (И. Жұмағұлов, Түйе өсіру.). 2. *Оқу орындарында, спортта үлгірім сапасын цифрмен белгілеу.* Бектің өзі айтатындай, он *б а л д ы қ* системамен бағалағанда жетіні қиналмай қоюға болады (М. Мағауин, Ақша қар).

БАЛДЫР з а т. 1. *Су астында өсетін жұмсақ, майда шөп өсімдігі.* Неге десең, онда (терең)де) уылдырық оралатын не *б а л д ы р,* не шөп, не қамыс жоқ (С. Мұқанов, Саяхаттар). Көл балығын шағаладан, *б а л д ы р ы н* үйректен қызғанғандай екі-үш қызғыш ерсілі-қарсылы ұшып, тыным таппай жүр. (Ж. Тілеков, Жоңғар.). *Б а л д ы р* басып жай жатқан, Толқынсыз судың несі сән? Қайғысыз, ойсыз ант атқан, Өлген жанның несі жан (XX ғ. қаз. ақын.). 2. А у ы с. *Бүлдіршіндей жас.* Болатпен бөл буынған жап-жас *б а л д ы р,* Күреске бұйырған күн өмір, тағдыр; Автоматтан сен атқан айбынды оқтар, Жаудың отын өшірген болды жаңбыр (Біздің Мәлік.). Сенің жасың маған шер боп, *б а л д ы р ы м д а ғ ы қ* күйгенмін. Теңдік алсам, өсіп ер боп, Жүрекке ант қып түйгенмін (С. Сейфуллин, Өленд.). Балдырған *б а л д ы р* балалар Мойнына қызыл байлаған (Жамбыл, Шығ. жин.).

БАЛДЫРА е т. с ө й л. Балдырла.— Балам, кім боласың,— деп *б а л д ы р а ғ а н* тілін қызық көріп, сұраушы едім (Ы. Жақаев, Менің бақытым).

БАЛДЫР-БАЛҒЫН з а т. *Жас шалғын, балауса шөп.* Барсаң да қай өлкеге белден шалғын, Оралған белуардан *б а л д ы р - б а л ғ ы н,* Мас болып шұбар ала гүл иісіне, Келеді сансыз гүлді құшып алғын (С. Сейфуллин, Шығ.).

БАЛДЫР-БАЛДЫР: балдыр-балдыр сөйледі. *Анық айтпай түсініксіз сөйледі.*

Әлденені *балдыр-балдыр* сөйледі де, бір қарманып астыңғы жан қалтасынан браунигін қолына алды (С. Бегалин, Таңд.).

БАЛДЫР-БАТПАҚ зат. *Адам түсінігіне сыймайтын, жаңылыстыратын былық.* Өмірдің шындығынан, реалдық ақиқаттан қашқан жазушы модернизмге біржола бой ұрды. *Балдыр-батпақ* «Улиѳс» дүниеге осылай келді. («Қаз. әдеб.»).

БАЛДЫР-БҰЛДЫР: балдыр-бұлдыр сөйледі. *Баланың тілі жаңа шыға бастады; түсініксіз сөйледі.* Кішкене Халуа аяғын басып, *балдыр-бұлдыр* сөйлейтін болған (Ж. Жұмақанов, Соқпақ соңы). Жақып құлақ жегеніне мәз, сөзі *балдыр - бұлдырға* айналған (Т. Есімжанов, Дала тынысы).

БАЛДЫРҒАН зат. 1. Бот. *Ұзын қуыс сабақты, үлкен жапырақты, мал жемейтін шөптесін өсімдік.* Есіктің алды *балдырған,* Бармағын жезге малдырған. Көшкенде көшін бастатып, Көп жорғасын салдырған (С. Сейфуллин, Шығ.). Сыңсып біткен көк *балдырған,* балауса шөптер, қызыл-жасыл қызғалдақтар мен сарғалдақтар адам жегендей (Х. Әбішев, Аспан сыры). *Балдырғаны* білектей, Баттауығы жүректей, Ондай қоныс маған жоқ, Құдай қылды амал жоқ (М. Өтемісов, Өленд.). 2. Ауыс. *Жас өспірім, жеткіншек. Балдырған* балғын, балалар, Мойнына қызыл байлаған, Түрлерің гүлдей жайнаған, Қарасам қанша тоймаймын (Жамбыл, Шығ. жин.). Аш-жалаңаш қаңғырған, Өңкей ғана *балдырған.* Қолдан қолға сатылған, Қайғы өртеп, жанды жандырған (Б. Майлин, Таңд.). Күнәсіз таза періште, Жас *балдырған* нәресте, Еріксіз ерге берілмек (С. Мұқанов, Таңд.). ◆ **Балдырған шақ.** *Жас кез, жастық шақ.* Бүгін де отауда бірнеше бала ойнап отыр. Олардың ойнағанынан Гүлнардың есіне *балдырған шағы* түсті (Т. Әлімқұлов, Ақбоз ат). Қазір ол солдат, *балдырған шағын* Арнаған бүкіл адамдық іске, Қорғайды түннен туған ел бағын, Қорғасын сырлар түйеді ішке (Д. Әбілев, Жүрек жырлайды).

БАЛДЫРҒАНДАЙ сын. 1. *Балдырған тәрізді.* Тым тамаша бақша көркем, Көздің нұрын қандырғандай, Жанып еңбек жайып өркен, Жайқалып тұр *балдырғандай* (З. Қалауова, Таңд.). 2. Ауыс. *Балғын, жап-жас.* Балауса *балдырғандай* қарындасым, Ағаңның қайыстырма қабырғасын, Бауырым, бойыңды жи, жасыңды тый, Сұм тағдыр енді сені басынбасын (Қ. Аманжолов, Таңд.). *Балдырғандай* балбыраған білегі, Көңілі шат, күндей шалқып күледі. Аузын ашса, ақтарылып ақ күміс, Ақ маржанын жүрегіне іледі (М. Хакімжанова, Мәншүк).

БАЛДЫРҒАНДЫ сын. *Балдырғаны мол.* Мұндай балық тұқымы теңіз жағалауындағы *балдырғанды* тауларды мекендейді (Ғалам ғажап.).

БАЛДЫРДАЙ сын. 1. *Балдыр сияқты.* Әлгі өрмекшінің бөріктей ауынан басқа, су түбіндегі *балдырдай* сүңгілер де салбырап-салбырап бұрыш-бұрышты тұтып қалған екен (Ш. Мұртазаев, Мылтықсыз майдан). 2. Ауыс. *Өрімдей жас.* «Ел қорғар ер болар» деп сенуші едім, Еркелеп сұрағанын беруші едім, *Балдырдай* балғынымның қызығымен Балқыған қорғасындай еруші едім (Қ. Райбаев, Жаңа толғау).

БАЛДЫРКӨК зат. *Балдыр тұқымдас тағамдық өсімдік.* Овощ шаруашылығында көшет өсіру әдісі капустаның барлық түрін, тарнаны, *балдыркөкті,* бұрышты өсіруге болады (Овощ өсіруші.).

БАЛДЫРЛА ет. *Тілі анық келмей, түсініксіз сөйлеу.* Баламның тілі шығып қапты, *балдырлап* жүгіріп жүр екен, мені көріп тұра қашты (З. Шашкин, Доктор.). Бәрімізге анамыздай ол қымбат, Бізді көрсе анадайдан қол бұлғап, Төрттен-бестен қызыл алма сыйласа, «Спасибо» деуші едік біз *балдырлап* (Т. Молдағалиев, Алатау.).

БАЛДЫРЛАН ет. *Балдыр басып кету.* Саға аулының қасындағы Жайпақ көл де *балдырланып* кеткен (Ауызекі тіл).

БАЛДЫРЛАС *Балдырла етістігінен жасалған ортақ етіс.*

БАЛДЫРЛАТ *Балдырла етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БАЛДЫРЛЫ сын. *Балдыры көп су.* Жар астынан жасаң, самал аңқиды, мұрынға *балдырлы* судың тосап исі келеді (Х. Есенжанов, Ақ Жайық).

БАЛЖАПЫРАҚ з а т. *Жұп жапырақтылар тұқымдасына жататын көп жылдық шөптесін өсімдік; қоян жапырақ. Балжапырақтың* гүл шоғы ұясын мал жемейді (ҚСЭ).

БАЛЖҮГЕРІ з а т. *Астық тұқымдасына жататын бір жылдық шөптесін өсімдік. Балжүгерінің* дәнін пісіріп, қуырып тамаққа пайдаланады (ҚСЭ).

БАЛЕРИНА з а т. *Балет труппасындағы биші әйел. Балерина* орындайтын партиялардың күрделілігін, ішкі қарама-қарсылығын, дүдәмал ойларын асқан нәзіктікпен жеткізе білетін («Қаз. әдеб.»).

БАЛЕТ з а т. *Музыкалы хореографиялық образ арқылы ой мен мазмұнды ашатын сахналық өнердің бір түрі.* Қазірде оның жетіскен операсы, әсем *балеті,* әлемге әйгілі ұлттық оркестрі, атақты артистері бар (Тарту). Тыңдаушылардың сұрауы бойынша Айткеш Чайковскийдің «Аққу көлі» *балетінен* «Орыс биін», Прокофьевтің «Ромео және Джульетта» балетінен үзінділерді ойнап берді («Лен. жас»).

БАЛЕТМЕЙСТЕР з а т. *Балет, би сахналарын қоюшы және соның авторы.* «Балбырауын», «Қызыл қайың» күйлерінің ырғағы, өлшеуі, музыкалық «сөйлемдерінің» жұп болып келіп отыруы — біздің заманның *балетмейстерлерінің* назарын жәй аударған жоқ (А. Жұбанов, Құрманғазы).

БАЛЕТТІК с ы н. *Балетке лайықталған.* Қ. Қожамияровтың «Чинтөмүр» секілді *балеттік* спектакльдері еліміздің бұл өнер саласындағы елеулі табысы болды (І. Омаров, Серпін).

БАЛЖАҢДА е т. с ө й л. *Малжаңда.* Тек қана азу тіс пен таңдайдың шайнаған, *балжаңдаған,* тамсанған дыбысы ғана естіледі (М. Қаратаев, Далада.).

БАЛ-ЖЕМІС з а т. *Бал шырынды жеміс, миуа.* Маржан тістей тізіліп, *Бал-жемістер* тұр әні. Сабағынан үзіліп, Қолыңа кеп құлады (Р. Нұрпейісов, Туған өлкем).

БАЛЖЫР: балжыр ауыз. *Аузынан түкірігі шығып, екі езуі суланып тұратын үлкен ауыз.* Жақсыбай ұрыдан жылқы сұрап, би-болысқа арыз қылып жылап жүретін *балжыр ауыз* қаракесек те болыс отырған үйге түсті (І. Жансүгіров, Шығ.).

БАЛЖЫРА е т. с ө й л. *Сөзін дұрыстап айта алмай жүйесі босау.* Мен сені сынағым кеп айтсам, *балжырап* көзіңе жас алғаның қалай? (Ш. Хұсайынов, Таныс адам.).

БАЛИҒА а р. з а т. с ө й л. **Балиғат.** *Балиғаға* толмай өлген балаға жаназа оқып жерлегеннен басқа, ешқандай ас беру деген болмайды (Ы. Алтынсарин, Таңд.). Неғылған жас! Әйел бала он екіде *балиғаға* батады (Ғ. Мұстафин, Көз көрген).

БАЛИҒАТ: **балиғатқа толды.** *Кәмелетке толды, ер жетті. Балиғатқа толған* қыз тұрмысқа шығып, екі жылдың ішінде бала көтермесе, онда ерінің не өзінің бедеу болғаны (М. Исамбаев, Мед. анықт.).

БАЛИҒИ с ы н. с ө й л. **Балиғат.** Ғаниеваны он беске шыққанында, *балиғиға* толмаған кезінде қалың мал алып, мұны өзінің теңі емес, Матайдың егделеніп қалған әлді біреуіне еріксіз ұзатқан (Ж. Жұмақанов, Үш бәйтерек).

БАЛКОН з а т. 1. *Үйлердің қабырғасынан шығарылған, бетоннан, немесе басқа қатты заттан жасалған, қоршаулы, шағын орынжай.* Он сегізінші бөлме — бір жағы ашық *балкон* екен, мұнда нұсқаушы сөз сөйледі (С. Мұқанов, Таңд.). Орманда, жасыл белдерде, үй төбелерінде, биік үйлердің *балкондарында* өскен гүлдерді көргенде, бүкіл ел гүлге оранып тұрғандай болады (С. Бақбергенов, Өзіміздің жігіт). *Балконды* ашып тастады, Көрінді шыңдар ең алыс. Өлеңдер туа бастады, Өлеңге жоқ демалыс (С. Мәуленов, Таңд.). 2. *Театрдың ішкі қабырғасынан шығарылған орын.* «Қаракөзді» көруге партерде орын болмағандықтан, біз *балконға* берген билетке де разы болдық (Ауызекі тіл).

БАЛКОНДЫ с ы н. *Балконы бар. Терезелерін қызыл бояумен жиектеген, көп балконды,* дойбы сызықты төрт қабат сұр үй екен (Ғ. Мұстафин. Жиырма бес).

БАЛҚАҢБАҚ з а т. *Тік сабақты, жапырағы қалың, жұмырлау, жіңішке, сорақ тұысына жататын бір жылдық шөптесін*

өсімдік. Балқаңбақ сор, сортаң жерлерде, су жайылған жерлерде өседі (ҚСЭ).

БАЛҚАРАҒАЙ з а т. *Үнемі көгеріп тұратын, қылқанды қарағай.* Тайгада қылқан жапырақты өсімдіктерден — *балқарағай,* шырша, қарағай, майқарағай және самырсын өседі (Б. Муханов, Қазақст. өсімдік.).

БАЛҚАШ з а т. *Мал жайылымына қолайлы, шөбі шүйгін, сулы, соны жер.* Сақал-шашты ағартып, Үдере ұзақ жол тартып, Тапқандай өмір қонысын, Қоныстың *балқаш* сонысын (С. Бегалин, Өленд.). Риза боп қақты Рүстем арқасына, Қызымды берем ертең, ал қасыңа. Асықпай әзіріне кідіре тұр, Бір жердің шатыр құрып *балқашына* (Т. Ізтілеуов, Рүстем.). ⊙ Жатып қалған жас қозы Жайылып қой болған тау. Қалған бірі *балқаш* боп, Бағлан қозы қой болар (С. Сейфуллин, Шығ.).

БАЛҚАШТЫ с ы н. *Балқашы бар.* Шортан... жаз болса, көлдің балдырлы, *балқаштыны* орталығына жасырынумен жүр (Ж. Молдағалиев, Айналайын.).

БАЛҚОСПАҚ з а т. б и о л. *Бура мен нар-маядан туған будан. Балқоспақ* нар-маяға қарағанда жүндес, айыр түйеге ұқсас (ҚСЭ).

БАЛҚУ *Балқы етістігінің қимыл атауы.* Пешті... шикізатпен толтыру, үрлеу, *балқу* процестерін байқау... бригадир назарынан тыс қалмайды (Қ. Қамбаров, Таудағы қала). Қалай *балқу* керегін, Қорғасыннан үйрендім (С. Сейітов, Сенем.).

БАЛҚЫ е т. 1. *Қатты күйден сұйық күйге айналу, еру.* Висмут пен күмістен басқа элементтер қатқан кезде тығыздығын да арттырады, ал *балқыған* кезде көлемін ұлғайтып, салмағын жеңілдетеді (С. Орынбаева, Геогр. ғажайып.). Металл *балқыды,* тетік құйылды (С. Байжанов, Құрыш зергері). Домнадағы ең негізгі процесс — кокстың жануы мен руданың *балқуы* (К. Смаилов, Мамандық.). 2. А у ы с. *Елжіреу; бал-бұл жану, жайнау.* Әйгерімнің жүзі ...нұрлана *балқып* тұр (М. Әуезов, Абай жолы). ◆ **Бойы балқыды.** *Рахаттанды, жан-жүйесі босады, елжіреді.* Осы бір заматта Жүсіптің *бойы балқып,* шымырлап, тіл жеткісіз тамаша рахат дүниесіне батып бара жатқанын ғана сезінді (М. Қаратаев, Далада.). **Жүрегі балқыды.** *Етжүрегі езілді, елжіреді. Жүрек балқып* игенде, Ішкі сырды түйгенде, Ізден табар сұңқармын, Жарастықты шүйгенде (Абай, Шығ. жин.).

БАЛҚЫҒЫШ с ы н. *Тез балқитын.* Амперметр, вольтметр, реостат, *балқығыш,* қорғағыш т. б. таныстыру үшін электр станциясына экскурсия жасалды («Халық мұғ.»).

БАЛҚЫҒЫШТЫҚ з а т. *Балқуға бейімділік, балқи алғыштық.*

БАЛҚЫМА с ы н. *Балқып, сұйық күйге айналған зат, металл.* Алып қазанда қорытылып, әбден бабына келген *балқыма* лоток бойымен өзенше тасқындап, шөмішке құйылып жатыр («Лен. жас»). ⊙ Соның өзінде [Тауманның] әлгідей нәзік те *балқыма,* қоңырлай үндері қалай шығады? Ғажап екен! (Ғ. Сыланов, Домбыра.).

БАЛҚЫМАЛЫ с ы н. 1. *Балқитын қасиеті бар.* 2. А у ы с. *Әсерлі, толқымалы.* Өлең кейде сәбидей талпынады, Кейде ананың жанындай *балқымалы,* Кейде долы теңіздің толқынындай, Мінезі бар «тентектің» шалқымалы!.. (Т. Жароков, Шығ.).

БАЛҚЫТ *Балқы етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Сол лебі жалын беріп жігеріне, Балқашта мыс *балқытып* жүргенінде. Жұмсалып Қарсақпайға келеді Әсия, Тұндырып махаббатты жүрегіне... (Қ. Бекхожин, Ақан Ақтаев). Сом балғаңыз от ұшқынын боратқан, Тек мен емес, кім көрсе де болар таң. Құрыштарды *балқытасыз,* илейсіз, Батыр адам, берік адам болаттан (Қ. Бұғыбаева, Тұңғыш кітап). Араб келсе, ұста дүкенінде темірді *балқытып* қойып, қолымен ұстап соғып отыр екен (Мың бір түн). **Жүректің мұзын балқытты.** *Жылы лебіз білдірді, көңілді жадыратты.* Лапылдап мұз көңілді күйдірген күй, *Балқытты мұз жүректі* сүйдірген күй (І. Жансүгіров, Поэм.). Өзгерттің неге түсінді, *Балқытып мұзын жүректің.* Жаныма жара түсірді, Орайы келмей тілектің (С. Бегалин, Өленд.).

БАЛҚЫТҚЫЗ е т. *Балқыт етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БАЛҚЫТҚЫШ с ы н. *Балқытып жіберетін, балқытатын қасиеті бар.* Поли-

мердің уатылған смоласы бункерден қондырғыдағы *балқытқыш* қорапқа түседі (Орган. химия).

БАЛҚЫТПА з а т. *Балқытын зат.* 1958 жылдағымен салыстырғанда *балқытпаның* орташа салмағы он тонна есіп, қорыту мерзімінің ұзақтығы кемітілді («Лен. жас»).

БАЛҚЫТТЫР *Балқыт етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БАЛҚЫТУ *Балқыт етістігінің қимыл атауы.* Болат *балқыту* тағдыры, ең алдымен, құюшы Сальниковқа байланысты (Халық бақыты үшін).

БАЛҚЫТУШЫ з а т. *Металл ерітуші, қорытушы.* Мыс *балқытушы* болып істегеніне бес жыл толған Болат Еңбек Қызыл Ту орденімен наградталды («Лен. жас»).

БАЛҚЫТЫЛ е т. *Балқыт етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Темір сынығы *балқытылып,* ол қазақ шаруашылығына керекті түрлі нәрселер жасауға жұмсалды (ҚазССР тарихы).

БАЛЛ з а т. 1. *Кейбір табиғат құбылыстарының қуат дәрежесін өлшеу единицасы.* 2. П е д. *Оқушылардың білу дәрежесіне қойылатын цифрлы баға.*

БАЛЛАДА з а т. ә д е б. *Тарихи болған не аңызға айналған оқиғаны жырлайтын поэзиялық шығарма.* Шығарманың өзі сюжетті, оқиғалы, поэма, *баллада* үлгісінде жазылмаса да, бар өлең бастанаяқ динамикалық суреттерден құралады (М. Әуезов, Әр жыл.) *Баллада* роман халықтарында орта ғасырда шықты (Музыкалық жанр.).

БАЛЛАДАЛЫҚ с ы н. *Балладаға тән, балладаға лайық. Балладалық* шығарманың көлемі шағын келеді. Қазақ совет әдебиетінде *балладалық* шығармалар кейінгі жылдары етек ала бастады («Қаз. әдеб.»).

БАЛЛАСТ з а т. 1. *Темір жол шпалдарының арасына төгілген ұсақ тас немесе құм.* Ең алдымен жол бойына 32 вагон *балласт* шығарсақ, 60—65 минутта түсіріп үлгірер ме екенбіз? (Ы. Тникин, Турксиб). Сонымен бірге қазірдің өзінде *балластты* вагонның екі жағына қарай ысыра үйіп, түсірілетін жеріне жеткен соң құлата салатын етсе деймін (Бұл да). 2. *Белгілі бір заттың ішіндегі керексіз, іске жарамсыз артығы.* Көмірдің жанбайтын бөлімі көбінесе *балласт* (керексіз) деп аталады, өйткені бұлар көмірді химиялық жолмен өзгерткенде оған бөгет жасап, технологиялық қасиеттерін кемітеді (Хим. қолдану.). Көмірдің суы мен минералдық заттар (жанбайтын бөлімі) *балласт* деп те аталады (Бұл да).

БАЛЛИСТИКА з а т. *Реактивтік снарядтардың, авиабомба, мина және атылған оқтың ұшу заңдылығын зерттейтін ғылым.*

БАЛЛИСТИКАЛЫ с ы н. *Баллистикаға жататын.* Тартамыз біз одан: *Баллистикалы* жол саған, Өгейсітер біз бе екен, Қасиетті жер сені (Т. Исмаилов, Есіл).

БАЛЛИСТИКАЛЫҚ с ы н. *Баллистикаға тән.* Қажетті болған жағдайда *баллистикалық* траектория бойынша да түсуге болады («Соц. Қаз.»). ◆ **Баллистикалық ракета.** *Баллистикалық траектория бойынша ұшырылатын ракета. Баллистикалық ракетаға* ұрыс ракеталарының түрлері жатады (ҚСЭ).

БАЛЛОН[1] з а т. *Әйнектен немесе металдан жасалған, көлемі әр түрлі ыдыс.* Бұл үшін қияр есетін теплицаларға көмір қышқыл газы бар *баллондар* орнатады (Ботаника). Оттегін сақтау және тасымалдау үшін оны болат *баллондарға* 150 атм. қысыммен айдап кіргізеді (Химия).

БАЛЛОН[2] з а т. *Резинкадан жасалған, ішіне ауа тартылған автомашинаның дөңгелегі.* Машинаға ақ бидай Бункерден жатты ағылып. Әрірек жүр,— деді қыз *Баллонын* кетер жарылып (Т. Жабаев, Із). Бір кезде [әкем] автомобильдің жарты *баллонын* сүйреп келе жатыр. Пиманы сонымен табандамақшы екен (Б. Соқпақбаев, Балалық.). Орындалар бәрі оның, Біз берейік көп үйіп. Шиық етсе ғой *баллонын* Жолда қалдың шоқиып (Ғ. Қайырбеков, Құрдас).

БАЛМҰЗДАҚ з а т. *Қаймақ, қант, жидек шырынын қосып тоңазытылған тәтті тағам.* Дүкенге барасың ба? Онда *балмұздақ* сатады,— деді ол Тастанға (С. Сарғасқаев, Сынған тіс). Малинаны қаймақпен, сүтпен және *балмұздақпен* қосып жесе, тіпті жақсы (С. Сұбханбердин, Дәрі — дауа.).

БАЛП: **балп-балп етті.** *Аузы балпылдады.* Есеннің аузы *балп-балп* етіп, жан-жағына қарамай сөйлей берді (Ауыз-екі тіл).

БАЛПАЙ е т. *Баттиып із, таңба түсу.* Аюдың... шоқ-шоқ балқарағайдың маңайынан, жылғаның құмдақ қара топырағынан *балпайған* ізін көріп [Ерден] кіжінеді («Қаз. әдеб.»).

БАЛПАҚ [1] з а т. з о о л. *Кеміргіштер тобына жататын, шағын денелі, далалы жерді мекендейтін зиянды тышқан.* Үлкен жалды, қызыл құйрық *балпақтар* жайылымның өте хауіпті зиянкестері болып саналады (Ж. Лұқпанов, Хим. қолдан.).

БАЛПАҚ [2] с ы н. **1.** *Балпиған семіз, толық денелі.* **2.** А у ы с. *Тұрмыс қиындығын көрмей, бұла болып өскен.* Байдың ұлы — *балпақ,* жарлы ұлы — жалтақ (Мақал). Жыла, байдың ұлы, *балпақтар.* Жыла, күнің туды салпақтар. Шыда, басқа түскен бейнетке, Сірә, кез емес бұл мал сақтар (Б. Майлин, Таңд.). Баяғы *балпақ* бала емес, Боз көйлекті кір балақ (А. Тоқмағамбетов, Сайра бұлбұл).

БАЛПАҚТА с ө й л. *Балпаңдау, малтығып, белшесінен кешу.* Ғелман қалың қарды *балпақтап* әрең келе жатты (Ауызекі тіл).

БАЛПАҚТАЙ с ы н. *Балпанақтай толық.* Кенжеғұл жаман састы... Өзі *балпақтай* семіз еді. Со заматта-ақ балалардың артында қалды (Р. Райымқұлов, Түйелі адам).

БАЛПАМСАДАЙ с ы н. с ө й л. **Алпамсадай.** Гүлпаштан бұрын шешесі *балпамсадай* үш ұл туып, үшеуі де құтаймаған (Т. Әлімқұлов, Ақбоз ат).

БАЛПАНАҚ з а т. б о т. *Күрделі гүлділер тұқымдасына жататын өсімдік; сүтжапырақ. Балпанақтың* он бес түрін сиыр, түйе, қой жейді (ҚСЭ).

БАЛПАНАҚТАЙ с ы н. *Ет-жеңді, толық.* Ишан қалың жиыннан оқшаулау шығып, ұйлығып тұрған бір топ кісіні көрді. Өздері *балпанақтай,* еңшең жуан. Аттары да семіз (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер).

БАЛПАҢ с ы н. *Балпақ (2).* Би беделді еді, Бейкүнә не көрмеді? Батыр *балпаң* еді, Байғұс жалтаң еді (І. Жансүгіров, Таңд.). Хан ордаға айдалды жалғыз сиыр, Ұрандасып бай, *балпаң* болыпты үйір (Қ. Жұмалиев, Қырдағы күрес). ◆ **Балпаң басты.** *Аяғын жай басты, теңселе жүрді.* Қаздар да жетті *балпаң басып,* Үйректер де келді ентігіп, асып-сасып. Әтеш ойқастап ортада тұрды. Сөйтіп, бәрі бүгін бір мәжіліс құрды (Т. Жабаев, Із). Шекпен, шен ап патшадан, *Балпаң басқан* бай мен хан, Шығарып жолдың тозаңын, Еңіретіп елдің боздағын (Жамбыл, Шығ.). Шыдарсың қалай бармай, қалай жазбай, Жайдары ашық жүзді, көңілі жаздай. Жастары жаңа ауылдың төрінде ойнап, Қарт тұрса *балпаң басқан* мамыр қаздай (А. Тоқмағамбетов, Өленд.).

БАЛПАҢ-БАЛПАҢ: **балпаң-балпаң басты.** *Аяғын теңселе басты, баяу жүрді.* Қара қарға қарда екен, Жапалақтар жарда екен. *Балпаң-балпаң басатын* Балапандар қайда екен? («Балдырған»). Ел ішінде жоқ болсаң, Мін табылар бойыңа, Көп ішінде аз болсаң, Қайғы түсер ойыңа, *Балпаң-балпаң басарсың* Басуға табан шыдаса (Шашубай, Өленд.). *Балпаң-балпаң* кім *баспас,* Басарға балтыр шыдамас. Батырмын деп кім айтпас, Барарға жүрек шыдамас (Батырлар жыры).

БАЛПАҢДА е т. *Теңселе басу, балпаң-балпаң басып жүру.* Жеңгей бетіне дәке керген шелегін *балпаңдай* көтеріп келе жатып: — Қайным-ау!,— деді маған төтелей (Ғ. Сыланов, Домбыра.). «Кетейік» деп тықыршып қасына барғанымда, Матренам: — Үйге жүре бер. Сен *балпаңдай* басқанша мен де жетермін,— деді (К. Тоқаев, Тасқын). Жалдағы батырақтарын шетке қойды да, өздері әйелдерге қарай *балпаңдады* (Ж. Арыстанов, Жалынды жүрек).

БАЛПАҢДАТ *Балпаңда етістігінен жасалған өзгелік етіс. Балпаңдатып* ол тобан аяқты ертпей-ақ қой (Ауызекі тіл).

БАЛПАУЫШТАЙ с ы н. с ө й л. *Алпауыштай.* Жақсылық, ізгі жұмыста *балпаушытай* еркегіңіз ширегіне келмей қалатын әйелдер бар (Қ. Тайшықов, Октябрь ұшқыны).

БАЛПИ е т. *Көлденеңі шығып, жалпиып семіру.* Есейгісі келгендей Текебай

сақал-мұртына ұстара тигізбей, уызға тойған қозыдай байдың бап-байсалды *балпиған* мырзасы болған да қалған (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.).

БАЛПЫЛ з а т. *Бейберекет сөз.* Шал қашаннан осының *балпылына* жуық арада түсіне қоймаушы еді (О. Сәрсенбаев, Бақыт құсы).

БАЛПЫЛДА е т. *Орынсыз көп сөйлеу.* Қара қатын қызына оқты көзімен ата қарады: — Төртқара Төлеудің қатыны құсап *балпылда* да отыр солай (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). Сәрсен қаттырақ жүріп кетті де, Қалтылдақ шал ере алмай, бүлкілдеп, *балпылдап* сөйлеп келеді (Т. Ахтанов, Дала сыры). Иван Михайлович *балпылдап* сөйлей бастаған екі полицайға: — Біз өз жанымызды аман алып қалғанымызға қуануымыз керек, — деді (Ә. Шәріпов, Партизан қызы).

БАЛПЫЛДАС *Балпылда етістігінен жасалған ортақ етіс.*

БАЛПЫЛДАТ *Балпылда етістігінен жасалған өзгеліқ етіс.* Жұмалы домбырасын таңқылдатып, аузын *балпылдатып*, даусы қырылдап «Қатқан шалдың» әніне салды (І. Жансүгіров, Шығ.).

БАЛСЫЗ[1] с ы н. *Балы жоқ. Шөп* гүлдемей биыл *балсыз* қалдық (Ауыз-екі тіл).

БАЛСЫЗ[2]: балды да, балсыз да болмады. *Үмітті де, үмітсіз де болмады; екі ұдай.* Шыңғыс еліне Шоқаннан *балды да, балсыз да болмай* қайтқан (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз).

БАЛСЫРА е т. *Бал жегісі келу, балға құмарту.* Бұрын балға әуестігім жоқ еді, тап осы бір сәт таңдайым *балсырап* кетті (М. Сатыбалдиев, Қоңыр қозы).

БАЛТА[1] з а т. *Өткір жүзді, екінші жағы шүйделі, ағаш шабатын сабы бар құрал.* Үй шаруашылығына керекті темір заттар: қазан, ошақ, *балта*, қасық сияқтылар көп мөлшерде әкелінетін (М. Елеусізов, Ш. Уәлиханов). *Балтасы* да өткір екен, ағаш құрап тұр, тек соғатын қол келіспепті (Ж. Жұмақанов, Жазылм. кітап). ◆ **Балтамен шабарлықтай** [шабатын] **мінез** [мін]. *Ағат іс, өрескел қылық, оғаш мінез.* Сондықтан бұл саладағы *балтамен шабарлықтай мінездеріміздің* жасырмасқа тиістіміз (Ә. Тәжібаев, Өмір.). Қосылып оған кәрі сот, Кетті билеп дөңгелеп, *Балтамен шабатын мінделін* Көз қысады «көрме» деп (Д. Еркінбеков, Шаншу). **Балта сабы, иек артпа.** *Бекінетіндей, тасаланатындай қалтарыс.* Келе жатқан жүргіншіге қоян-қолтық кездестіріп, құшақтаса түсіргендей болып, артынан қуғыншы болса, қарасын тез жасырып кететін Бақтығұлға оңай, жауға қиын *балта сабы, иек артпа* керек (М. Әуезов, Қараш.). **Тамырына балта шапты.** *Біржолата құртты, жойды, түбіне жетті.* Мысалы, Ерзадаевтың арсыздығы, азғындығы, құлқын құмарлығы, ождансыздығы баяндалып, қорытындысында осының *тамырына балта шауып*, қатты соққы беретін уақыт жетті! — деп жеткізе айтылыпты (С. Төлешев, Түрлі бас.). Совет елінде діннің әлеуметтік *тамырына балта шабылды* («Халық мұғ.»).

БАЛТАДАЙ с ы н. *Ірі, үлкен, мықты.* Азу тісі *балтадай*, Мұртын қара бір қарыс, Айта қойшы, апатай, Аты болсын — Жолбарыс (Ө. Тұрманжанов, Менің кітаб.).

БАЛТАЙ-ШАЛТАЙ з а т. с ө й л. *Бос сөз.* — *Балтай-шалтайыңды* мен білмеймін,— деді ол салған жерден күш көрсетіп,— барасың деген соң барасың (С. Омаров, Күншуақ).

БАЛТАЛА е т. 1. *Балтамен шабу; балтамен жұмыс істеу.* Кесті ағашты *балталап*, Қиқалап та, жаңқалап. Бұтағын шауып қасқалап, Қабығын аршып таспалап (Ө. Тұрманжанов, Менің кітаб.). Әбдіренің аузында жұдырықтай қара құлып, *балталаса* ашылар емес (З. Шашкин, Тоқаш Бокин). 2. А у ы с. *Аянбай күш жұмсау.* Айдаболдың аты тарих бетінен *балталасаң* да өшпестей болып мықтап орнатылғанына масаттанып қуанатын қарт (А. Хангелдин, Біздің оттарымыз). Битабар *балталаса* да өлмейді (С. Шаймерденов, Жыл құсы).

БАЛТАЛАН *Балтала етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Бірақ, көп ұзамай осы қайыңдар да *балталанатын* сиқы бар (Көктем лебі). Лейтенант Кузьменконың алып қайтқан құнды дерегі — басы *балталанып*, әл үстінде жатқан күзетші әйелдің екі орамға келген сөзі (К. Тоқаев, Тасқын).

БАЛТАЛАС *Балтала етістігінен жасалған ортақ етіс.* Нан үшін жанталассаң айыбы жоқ, Даңқ үшін *балталаспа,*— қайыры жоқ (Ә. Ахметов, Жеруйық).

БАЛТАЛАТ *Балтала етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БАЛТАЛЫ с ы н. *Балтасы бар.* «*Балталымен* алыссаң да қалталымен алыспа!» деген қазақ нақылы жігерін құм етті (Ғ. Мұстафин, Көз көрген).

БАЛТАМТАП з а т. *Алқа-қотан отырған жастардың жүзік, орамал сияқты бір затты тығып, соны табу үшін ойын жүргізуші біреуді ұрып я өлең айтқызатын ұлт ойыны.* Бұрыбай *балтамтап,* орамал тастамақ секілді белгілі ойындарға ұзақ аялдамай, тез-тез айналдырып өте шықты (С. Омаров, Қайырлы жаз).

БАЛТАТҰМСЫҚ з а т. б и о л. *Тұмсығы қызыл, пішіні балта тәрізді, шекесі ақ, айдарлы, қоңыр құс.* Жергілікті халық *балтатұмсықтың* жұмыртқасы мен етін пайдаланады (ҚСЭ).

БАЛТА-ШОТ з а т. *Балта мен шот.* Атамызға *балта-шоттың* қажеті біржолата болмай қалды (Қ. Баянбаев, Солақай қарт.).

БАЛТАШЫ з а т. *Ағаш шебері, ағаш ұстасы.* «Керейден ұл туса, ағашқа күн туады» деген. Мен туып-өскен жақта ағаш аз ғой, сондықтан біздің елде *балташы* да аз болады (С. Мұқанов, Есею жыл.). *Балташылар* ағаш шауып жатыр (С. Ерубаев, Менің құрдас.). Кешеден бергі көрген орақшы, егінші, балықшы, *балташы,* малшы, жалшы дегеннің бәрі осында ғой (Х. Есенжанов, Ақ Жайық).

БАЛТАШЫЛЫҚ з а т. *Балта кәсібімен шұғылданушылық.* Приказщиков он екі жасында *балташылық* жұмысқа түскен екен (С. Мұқанов, Саяхаттар). Өз үйінде етік тігіп, кезі келгенде *балташылық* кәсібімен де шұғылданып күн көрген (С. Көбеев, Орынд. арман). Бұған қарағанда қарттың *балташылық* өнері де болуы керек («Қаз. әдеб.»).

БАЛТЫР з а т. *Адам жіліншігіндегі бұлшық ет.* Алғашқы сағаттарда ештеңе сезбеп еді, қазір *балтыры* сырқырап, тізесі қақсап барады (Қ. Исабаев, Ажал құрсауы). Жылтырауық резина етіктің қонышынан жоғары Зейнептің тотыққан жұп-жұмыр *балтыры* көрінді (З. Иманбаев, Кең аймақ). ⊙ Ағаштар мектеп бойынан асып, *балтырлары* недәуір жуандап қалған еді (А. Хангелдин, Алғыс). Ертісте әлі көктем күшіне ене қоймаса, мұнда ақ *балтыр* қайың мен бойшаң теректер бүршік атып, гүл шашқан, әсем түрге енген (Сауыншы шамшырақ.). ◆ Басы ауырып, балтыры сыздады. *Ауырып-сырқады, науқастанды.* Жүрт көбіне жұмысқа шықпайтын. Біреудің *басы ауырады,* біреудің *балтыры сыздайды.* Әйтеуір жұмысқа шықпауға дәлелі табылады (С. Шаймерденов, Мінез). Алдымен мұнда дәрігерлік пункт жоқ. Біреудің *басы ауырып, балтыры сыздай* қалса, сонау 80 километр жерге шапқылайды («Лен. жас»).

БАЛТЫРЛЫ с ы н. *Балтыры жуан, балтыры толық.* Есік алдына барып сәл кідіргенде аяғы түп-түзу, тоқ *балтырлы,* көйлегі түстес, көкшіл туфли киген сол сүйкімді қыз бейне бір қолдан құйған мүсінге ұқсап кетті (М. Иманжанов, Менің махаб.). Тоқ *балтырлы* жарқын жүз, Дене жұмыр қайрақтай, Тұлғасы тік, ерні уыз, Аузы кіші, оймақтай (Т. Жароков, Қырда.).

БАЛУАН з а т. 1. *Күреске түсетін адам, күрес өнерімен айналысушы.* Біздің қазақтың қосқан аты алдында келсе, түсірген *балуаны* жықса, салған құсы алса, қосқан иті өзгеден озып барып ұстаса, есі шығып бір қуанады (Абай, Шығ. жин.) Қажымұқан деген кісі — дүние жүзіндегі атақты *балуандардың* біреуі (Б. Соқпақбаев, Жекпе-жек). Ырғызбайдың өзге бір ерекшелігі — жас кезінде үлкен ас, ұлы дүбір жиында күреске түсетін үлкен *балуан* болған (М. Әуезов, Әр жыл.). ◆ Балуан бармақ. *Жуан, әлді бармақ.* Әйтілес аппақ, ақ қарбас, соқыр қарт етектей сақалын *балуан бармақтарымен* салалай тарап отыр еді (Ғ. Мүсірепов, Таңд.). Балуан білек. *Қайратты, жуан білек.* Түгі шыққан жүрек, *балуан білек* керек (М. Әуезов, Таңд.). Ембіде мұнай қазған еңбек ері, Жұмысшы *балуан білек* тұрмыс белі, Мұнайға жылжып барып тамшылайды, Мөлтілдеп шып-шып шыққан маңдай тері (И. Байзақов, Таңд.). Балуанға түсті. *Күреске шықты. Балу-*

анға түсіп қарттарға, Талайын жаптым шапанның (О. Шипин, Екі дастан). **Балуан денелі [тұлғалы].** *Дене тұлғасы балуанға ұқсас, ірі.* Зікірия зор, *балуан денелі,* үлкен мұрынды, ақ бұжыр кескінді, көздері алақандай, түсі қаһарлы жігіт еді (С. Мұқанов, Есею жыл.). Биік, сом, *балуан денелі,* қоңыр сұлу кескінді Мыңбаевтың мінезі де ақжарқын (С. Мұқанов, Саяхаттар). Қалың қаба сақалды, *балуан тұлғалы* Тарас қарт мосыға шәйнек асып, от жағып отыр (Шағын пьеса). **Балуан қол.** *Күшті, қайратты қол.* Қопарды қырдан *балуан қол* Талай тонна топырақ (Т. Жароков, Қырда.). *Балуан қолы* тапжылмай, Тебіренбей батыр жүрегі. Жан қорғауға ой бұрмай, Советтің қайсар түлегі (С. Бегалин, Өленд.).

БАЛУАНДАЙ с ы н. *Балуан сияқты.* Томағасы алусыз күйінің өзінде қара балапан топқа түсер *балуандай* тік отыр, жан-жағынан тың тыңдап мойнын қылқылдата созып қояды (Ә. Көшімов, Екі бүркіт). Кішкене бөлменің есігі ашық; бүйірін таянған *балуандай* талтайып, ысылдаған сары самаурын мен кір қайнатқан қазан аралығындағы астауға еңкейіп, кір ысқылаған Батиманың басы кекшең-кекшең етті (Ж. Арыстанов, Жалын.).

БАЛУАНДАНЫП үс т. *Сомдалып, тұлғаланып.* Өзің әрі есейіп, әрі *балуандданып,* әрі киініп, тамаша оңдалыпсың ғой!,— деді Еркін (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.).

БАЛУАНДЫҚ с ы н. *Күштілік, қайраттылық.* Сейіт кешегі күн кешкі салқында далаға шығып, көңіл көтеріскен бір топ жас жігіттер арасында өзінің *балуандығын* да көрсеткен (М. Әуезов, Таңд.). Жомарт жасынан садақ тартып, құс салып, батыр, *балуандығымен* өз тұрғыластарынан ерек көзге түсіпті (Т. Ахтанов, Дала сыры).

БАЛУАНСЫН е т. *Мықтысыну, батырсыну.* Уайым, қайғы көбейді, Кемпір менен шалдардан. Қайрат кетті бұл күнде, *Балуансынған* жандардан (Қамбар батыр).

БАЛ-УЫЗ с ы н. *Уылжыған жас. Бал-уыз* бұл қыз, сары қыз, Сәуледей дер ең, көрсең бір. Теңіздей бұлтсыз, сағымсыз Көздері ғана көк зеңгір (Ж. Молдағалиев, Поэм.).

БАЛХАШИТ з а т. *Балхаш жерінен табылған қара май тәрізді зат.* Іле өзенінің аяқ жағындағы тұзды көлдерде, Балхаш көлінің маңында асфальтқа ұқсас қара май тәрізді *балхашит* дейтін зат табылған (Б. Муханов,... Қазақст. өсімдік.).

БАЛША с ы н. *Бал тәрізді.* Жұмсақ, тәтті жеміс ауызда *балша* езіліп, әрі қарай жылп ете түсті (З. Асабаев, Ар соты).

БАЛ-ШАРАП з а т. *Балдан жасалған ішімдік.* Жолға гүл шашулы, Есігім кең ашулы, Дастарханым жаюлы, *Бал-шарабым* құюлы («Соц. Қаз.»).

БАЛ-ШЕКЕР з а т. *Балдан қайнатып жасаған шекер, қант.*— Бақыт деген... қалаған сәтте ауызға кеп түсе қояр тәтті *бал-шекер* емес, — деді Жұбайқан (А. Байтанаев, Қайнар бұлақ).

БАЛШЫ з а т. *Бал ашатын адам, балгер.* Олардың бәрі де ерте кезде «бақсы» деп оқытушы ұстазды, *балшы,* дәрігерді, қобызшы-күйшіні, музыкантты, ақынды атаған (М. Ғабдуллин, Қаз. ауыз әдеб.).— Біз сізге бал аштырып көрейік,— деп Шаһардан бір *балшыны* шақыртыпты (Батырлар жыры). Қызды молдадан молда, балшыдан *балшы* қалдырмай жиып оқытты, үшіртті (И. Байзақов, Таңд.).

БАЛШЫ-БАЛГЕР з а т. *Ем-дом жасаушы, сәуегей.* Саға аулына *балшы-балгер* келіпті — дегенге Белгібайдың құлағы елең етті (Ауызекі тіл).

БАЛШӨП з а т. б и о л. *Дара сабақты, жапырағы түкті, көкшіл сұрғылт көп жылдық өсімдік. Балшөп* шөлейт, сортаң жерлерде, таудың қой тасты беткейлерінде өседі (ҚСӘ).

БАЛШЫҚ з а т. 1. *Топырақтың сумен араласқан түрі, батпақ.* Лайлы жолдың тартпа *балшығынан* құтылып, даңғыл тас жолға түстік (Ол күндер.). Қотан — ағаш шарбақтан немесе будаланған қамыстан жасалып, сырты пішеннің, сабанның қалдықтарымен жабылған не *балшықпен* сыланған дөңгелек ашық қора (А. Еламанов, Қой шаруашы.). Жайлауға барып, Шошекең алжып па?! «Рах-

мет» деді де, Құлай кетті *б а л ш ы қ қ а* (О. Әубәкіров, Бытбылдық). 2. *Кірпіш жасау немесе үй сылау үшін арнайы жасалған лай, батпақ.* Қос балам мен өзім илейтініміз *б а л ш ы қ* болса, балшығыңа әзірміз (Ш. Хұсайынов, Таныс адам.). *Б а л ш ы қ қ а* жылқының қылын турап, ешкінің еріткен майын қосып соққан күмбезді кірпіштен жасаған екен (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.). Ғапу мен Нағима зембілге *б а л ш ы қ* салып жатқан (Т. Ахтанов, Махаббат.). ◆ **Ақ балшық.** *Табиғи ақ топырақ, әк.* Ол бейіт — батыр Барақтың бейіті, *а қ б а л ш ы қ т а н* сопита салынған (Ж. Жұмақанов, Солдат.). Сахнаның оң жағынан сыртын *а қ б а л ш ы қ п е н* сылаған қамыс шатырлы үйдің есігі көрінеді (Шағын пьеса).

БАЛШЫҚ-БАЛШЫҚ с ы н. *Балшық жұққан, балшыққа былғанған.* Бұйра шашын дударлатып, үсті-басы *б а л ш ы қ-б а л ш ы қ* болып аяғын төлтіректей басып кіріп келе жатқан жігітке Есен тесіле қарады (М. Иманжанов, Көк белес).

БАЛШЫҚТА е т. *Балшық жағу, балшыққа былғау.* Аттың жауырын *б а л ш ы қ т а* да ноқтасын сыпырып қоя бер (Ауызекі тіл).

БАЛШЫҚТАЙ с ы н. 1. *Балшық тәрізді, балшық сияқты.* Көлденең жатқан көк тасты, Саз *б а л ш ы қ т а й* илеген. Бай, құлақтар, оңшылдар, Табанында күйреген (Ақын жырлары). Илеп өтті *б а л ш ы қ т а й,* Зеңбірегін немістің, — Түспеспін қолға жан шықпай, Қиратпас болсам неге ұштым (С. Бегалин, Өлеңд.). Қазандай тас кездессе, *Б а л ш ы қ т а й* басып иледім, Тау мен тасты білмедім (Батырлар жыры).

БАЛШЫҚТЫ с ы н. *Балшық жағылған.* Азаматтар түсетін нөмір іздеп, сыртын сылаған ақ *б а л ш ы қ т ы* үйге аттың басын тіреді (Б. Майлин, Азамат Азаматыч).

БАЛШЫҚША [1] з а т. *Көлемі шағын балшықты жер.* Үй орнындай *б а л ш ы қ ш а н ы* айналып өтіп жалғыз аяқ жолға түскен ізші алыста қарауытқан бір топ мал көрді (Ауызекі тіл).

БАЛШЫҚША [2] ү с т. *Балшыққа ұқсап.* Енді бірде тас бағандар орнынан қозғалып, *б а л ш ы қ ш а* илеп тастайды (Т. Шаханов, Көгілдір.).

БАЛШЫҚШЫ [1] з а т. *Балшық айдаушы.* Топырақты дөңгеленте үйіп, оны бірқелкі тегістеп болған соң *б а л ш ы қ ш ы* оған су жіберді де, үйілген топырақтың ернеуін кемерлей бастады (Ауызекі тіл.).

БАЛШЫҚШЫ [2] з а т. з о о л. *Тұмсығы өте сүйір, сирағы ұзын кішкентай құс.* ...Әлгіндегі көрген *б а л ш ы қ ш ы н ы ң* жұмыртқасы тәрізді (С. Бегалин, Шоқан асу.). Бұл жерде аңшылық жаман емес, кеше ...үйрекке, *б а л ш ы қ ш ы л а р ға* оқ шығардым (Ш. Айманов, Қыран.).

БАЛШЫЛДА е т. *Балш-балш етіп шашырау.* Он екі құлаш торымен, Омырауын аршындап, Астындағы сары аттың Аузынан аққан ақ көбік Омырауға *б а л ш ы л д а п* (Батырлар жыры). Астында шұбар ойнақтап, Аузынан көбік *б а л ш ы л д а п* (Алпамыс).

БАЛШЫЛЫҚ з а т. с ө й л. **Балгершілік.** Бұрын *б а л ш ы л ы қ т ы* кәсіп еткен Серғали колхозға кірушілердің алдыңғы тобында болды (Ауызекі тіл).

БАЛ-ШЫРЫН с ы н. 1. *Өте тәтті, балдай шырынды.* Торламаның дәмі *б а л ш ы р ы н* екен.— Қауынның бұдан басқа да *б а л-ш ы р ы н ы* бола ма?— деп сұрадық бағбаннан (Ауызекі тіл). 2. А у ы с. *Қызықты, жағымды.* Жастық шағын кім сағынбас, Базарлы алтын, *б а л-ш ы р ы н.* Жалын жүзді жас махаббат Жібек лебін — жар сырын (А. Жұмағалиев, Өшп. жалын). Көктемнің жұпар лебін алып, Бетіңнен сүйіп еседі самал, *Б а л ш ы р ы н ға* құмарың қанып, Жұта бер, жаның рахаттанар (Ә. Сәрсенбаев, Миллиард).

БАЛ-ШЫРЫНДАЙ с ы н. *Бал-шырын сияқты. Б а л-ш ы р ы н д а й* тәтті сезім бірте-бірте бойын алып, ақыл-еркінен айырып, елітіп, Тәңірбергенді әкетіп бара жатты (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер).

БАЛШЫРЫШ з а т. б о т. *Таулы жерде өсетін, бойы ұзын, түрлі-түсті гүлі бар өсімдік.* Қазақстан тау жайылымындағы ең сұлу өсімдік — *б а л ш ы р ы ш* яғни Ольга шырышы (Б. Муханов,... Қазақст. өсімдік.).

БАЛШЫТЫР з а т. б о т. *Гүлдері сабақтың ұшында жинақталған, жемісі жаңғақша шытыр тұқымдасына жататын көп жылдық өсімдік. Б а л ш ы т ы р д ы ң*

ерте көктемде бал шырыны көп болады (ҚСЭ).

БАЛЫҚ з а т. з о о л. *Суда өмір сүріп, желбезекпен дем алатын, омыртқалылар тобындағы су жануары.* Су әдемі, айнадай таза екен, ішіндегі ойнаған *б а л ы қ т а р ы* көрініп жүретұғын (Ы. Алтынсарин, Шығ.). Жазы-қысы Аққөлдің *б а л ы ғ ы м е н* жан сақтап жүруші едік (С. Бегалин, Бала Шоқан). ◆ **Балық аулады.** *Аумен, қармақпен балық ұстады.* Көл жағасы — зер кілем, Шөпке итім аунады. Самал бетін желпіген Көлден *б а л ы қ а у л а д ы м* (Ә. Табылдиев, Сөз бөб.). **Балық жылы.** *Ескіше жыл аты; ұлу.* Ескі мырза, манаптар, бегі, салы. *Б а л ы қ ж ы л ы* бастарыңа не күн салды? Мінуге атын ертпеп ерінгендер, Қарайып аяқ-қолы егін салды (Үш ғасыр.). **Балық майы.** *Балықтан алынған май. Б а л ы қ м а й ы* — әл беретін жұғымды дәрі (С. Сұбханбердин, Дәрі — дауа.). Ауру адамға ең пайдалысы — сары май, *б а л ы қ м а й ы* (Ш. Көшербаев, Туберк.). **Балық оты.** Б о т. *Суы тұщы көлдерде ғана өсетін жасыл жапырақ бейнелес өсімдік.* Судың бетін *б а л ы қ о т ы* тұтас алып кетеді; бұл — ұзындығы бірнеше миллиметр, өте қарапайым өсімдік (Б. Муханов,... Қазақст. өсімдік.). **Балық сүзді.** *Аумен балық ұстады.* Көлден *б а л ы қ с ү з е м і з,* Жалтылдатып тіземіз (С. Қасиманов, Өс. бөбек). **Балық торы.** *Семіз, ж ұ м ы р (ат).* Әбунүсін ерттеулі тұрған *б а л ы қ т о р ы ғ а* міне сап, дөң басына шоқыта шықты да, қосауызды жүйемелете үш рет аспанға атып-атып жіберді (Д. Әбілев, Ақын.). **Балық ұны.** *Балықтан, оның сүйегінен химиялық тәсілмен алынған минералдық зат.* В витамині ашытқыда, атбұршақтың дәнінде, көк шөпте, әсіресе бедеде, кебекте, ет пен *б а л ы қ ұ н ы н д а* көп болады (Құс өсіруші.). **Қызыл балық.** *Бекіре, қортпа сияқты бағалы уылдырық беретін балық.* Орал өзенінің байлығы — *қ ы з ы л б а л ы қ. Қ ы з ы л б а л ы қ т ы ң* уылдырығы өте құнды бағаланады («Лен. жас»).

БАЛЫҚКӨЗ з а т. б о т. *Шөлді жерде өсетін аласа шөп.* Қалың біткен алабота мен жантақ, *б а л ы қ к ө з* бен торғайоты, жусан мен күйреуік сияқты мал күз, қыс мезгілдерінде сүйсіне жейтін қара оттар жақында ғана қар араласа жауған жаңбырдан кейін мүлгіпті де қалыпты («Лен. жас»). *Б а л ы қ к ө з* аталатын бұл шөптің өнебойы шылқылдаған су (С. Мұқанов, Шығ.).

БАЛЫҚТАЙ с ы н. 1. *Балық сияқты, балық тәрізді.* Теңізде жүзді *б а л ы қ т а й,* Дүниені кезді жалықпай (Ы. Алтынсарин, Өленд.). Бал суынды *б а л ы қ т а й* жұтар ма едім, Ыстық көл (Қырғыз жырлары). 2. А у ы с. *Семіз, күйлі, тығыршықтай. Б а л ы қ т а й* бір тананы жиеніме бердім (Ауызекі тіл). ◆ **Балықтай жүзді.** *Жақсы, еркін жүзді.* Даладан жазда гүл теріп, Өзенге *ж ү з і п б а л ы қ т а й,* Үстіне нұрын күн төгіп, Шапқылар бала шалықтай (Т. Жароков, Шығ.). Жас шағым өтті жабықпай, Жағанда сан жыл асыр сап. Астында *ж ү з д і м б а л ы қ т а й,* Бетімді толқын жасытса-ақ (Ғ. Қайырбеков, Құрдас). **Сең соққан балықтай.** *Мең-зең болу, сүлдері құру, есеңгіреу.* Өткен күй, ұшқан «бақ», аспаннан түскен секілді кенеттен болған оқиға Сейпенді *с е ң с о қ қ а н б а л ы қ т а й* мең-зең қылып жіберген (Б. Майлин, Шығ.). Тасқұдықтағы алпыс үйлі ел *с е ң с о қ қ а н б а л ы қ т а й* мең-зең болды (С. Омаров, Әңгім.). **Балықтай шоршыды.** *Қолға тұрмады, тыным көрмеді.* Роза талықсығандай болып шалқия бергенде Жұмабектің ерні бетіне тақалып қалып еді, қыз ақ *б а л ы қ т а й ш о р ш ы п* құшағынан шығып кетті (Т. Ахтанов, Дала сыры). Сылдыр қағып күмістей бұлақ, Ағады кеулеп арықтың бойын, Жас баладай жарыса шулап, *Б а л ы қ т а й ш о р ш ы п* салады ойын (С. Омаров, Сәукен).

БАЛЫҚТАР з а т. а с т р. *Он екі зодиак шоқжұлдызының бірі. Б а л ы қ т а р* шоқжұлдызы СССР-дің орталық ендіктерінде жазда, күзде, қыс басында көрінеді (ҚСЭ).

БАЛЫҚТЫ с ы н. *Балығы бар, көп.* Сауытбай, Сандыбатар Алакөл маңындағы шұрайлы мал өрісін де, жақсы шабындық жерлерін де, ең ақыры *б а л ы қ т ы* көлдерін де өздеріне қаратып алатын еді (С. Көбеев, Орынд. арман).

БАЛЫҚША ү с т. *Балық секілді, балық тәрізді.* Махмұт оны неше ұмтылдырып біресе бұл жағынан, біресе ол жағынан *б а л ы қ ш а* бұлтылдап, балуанның басынан ырғып ұстатпады (І. Жансүгіров, Шығ.). Жас күнінде осы көлдің бетінде *б а л ы қ ш а* жүзген Нұрлан іле

Мәліктің қасына оралды (З. Шашкин, Сенім). Тайларын табан *балықша* бұлтыңдатып, айнала шапқан балалар (Ғ. Мұстафин, Миллионер).

БАЛЫҚШЫ[1] зат. *Балық аулаушы.* Жаймұрат деген *балықшыны* естуіңіз бар ма еді, шеше? Сол кісінің немересімін (М. Сүндетов, Балық аула.).

БАЛЫҚШЫ[2] зат. зоол. *Батпақты жерде жүретін сирағы ұзын кішкентай жыртқыш құс.* Өзен, көлдердің жағаларында, шалшықтарда топ-топ болып та, жеке-жеке де сидаңдап кезіп, бір жерден екінші жерге ұшып-қонып жүрген *балықшыларды* көреміз (Б. Муханов,... Қазақст. өсімдік.). Аққу, шағала, үйрек, *балықшы* тағы толып жатқан құстар қиқуласып, бірі ұшып, бірі қонады (А. Машанов, Жер асты.).

БАЛЫҚШЫДАЙ сын. *Балықшы сияқты, балықшы тәрізді.* Суға сүңгіп, суйрік тартып түбектен, Інді қазып кішкентай қол күрекпен. Қопалардан жұмыртқаны іздедік, *Балықшыдай* көл жағалап күнелткен (С. Мәуленов, Құлыншақ).

БАЛЫҚШЫЛЫҚ зат. *Балық аулаушылық, балықты кәсіп етушілік. Балықшылықпен,* негізінен, Сырдариянның орта ағысында қоныстанған отырықшы қазақтар айналысты (Х. Арғынбаев, Қаз. этногр.). Жағалай Сырдың бойы халық екен, Ішкені су, жегені балық екен. Кәсібі болғаннан соң *балықшылық,* Кигені аяғына шарық екен (Айтыс).

БАЛЬЗАМ зат. *Негізінен шайыр мен эфир майынан тұратын хош иісті органикалық табиғи зат, күрделі қоспа.* Шостаковский *бальзамы* — суда ерімейтін, өткір иісті, қою дәрі (С. Сұбханбердин, Дәрі — дауа.). Жара іріңнен әбден арылғаннан кейін майлы *бальзамдармен* байлайды (Ж. Қодаров, Жас ана).

БАЛЬЗАМДА ет. *Өлікті ұзақ уақыт сақтау әдісі.* Өсімдік — адам денесін *бальзамдап* қатыратын дәрілер құрамына да қосылған (С. Сұбханбердин, Өсімдік — дәрі.).

БАЛЬЗАМДАН *Бальзамда етістігінен жасалған өздік етіс.* Египет мумияларынан жатқанына мың жыл болған *бальзамданған* денелерді алып зерттегенде бұл дәрінің құрамында өсімдік өнімдері бар екендігі анықталған (С. Сұбханбердин, Өсімдік — дәрі.).

БАЛЬЗАМДАТ *Бальзамда етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БАЛЬЗАМДАУ *Бальзамда етістігінің қимыл атауы.*

БАЛЬЗАМДЫҚ сын. *Бальзамға тән, бальзамға жататын.* Ол ағаштың жапырақтарында 1—3 процентке дейін эвкалипт, эфир майы, 5—6 процент тері илейтін заттар, фитонцидтар, *бальзамдық* заттар бар (С. Сұбханбердин, Өсімдік — дәрі.).

БАЛЬЗАМИН зат. *Ыстық жақта әсемдік үшін өсірілетін өсімдік.* Шыңкетер — гүл бақшаларында әсемдік үшін өсірілетін *бальзамин* дейтін өсімдікке туыстас (Б. Муханов,... Қазақст. өсімдік.).

БАЛЬНЕОЛОГИЯ зат. *Минералды, (шипалы) сулар мен балшықтардың химиялық қосындылар құрамының емдік қасиетін зерттейтін медицинаның бір саласы.*

БАЛЬНЕОЛОГИЯЛЫҚ сын. *Бальнеологиямен айналысатын.* Құрылысшылар Бурабай курорты аймағындағы *бальнеологиялық* ірі санаториясы — Щучинский санаториясын қайта құруға кірісті («Лен. жас»).

БАМБУК зат. *Астық тұқымдасына жататын тамыр сабақты өсімдік.* Жапония, Үндіқытай және Вьетнам халықтарының өмірінде *бамбуктың* маңызы аса зор (Т. Таубаев, Жасыл әлем.). Жапырағы мәңгі көгеріп тұратын шаған, *бамбук,* банан, кокос бәйтерегі сияқты және каучук, хина ағаштары барлық аралдарында масаты кілемдей құлпырып, көздің жауын алады («Лен. жас»).

БАНА уст. сөйл. Бағана. Қырық батыр аяндады тайталаса, Желіккен әскер ду-ду анталаса, Қасында шатырлардың матаудағы, *Банадан* тұтқын күндер таң-тамаша (С. Сейфуллин, Өлеңд.)

БАНАҒЫ уст. сөйл. Бағанағы. — Шай ішіп болған соң, *банағы* етте-ріңді асыңдар... Көген көзденбей,— деді Сатай (С. Сейфуллин, Шығ.). Ыбырайдың

үйінде Ыбырайға жәрдемші болып, *банағы* Нияз деген бала жігіт тұратын еді (С. Сейфуллин, Әңгім.).

БАНАДАЙ үст. сөйл. *Бағанадағыдай.* Мұнайдар кітаптың үстіне қағазын салып, өткен өмірінде күрек ұстаумен сексиген қолын қалам ұстауға еріксіз көндіріп, *банадай* ғып шимайды салып жатыр еді (Б. Майлин, Шығ.).

БАНАН зат. *Тамыры жуан, сабағы қысқа, жапырағы өте үлкен көп жылдық өсімдік және осы өсімдіктің жемісі.* Ғажап қасиетті өсімдіктердің бірі — *банан* (Т. Таубаев, Жасыл әлем.). Балық аулаумен, *банан,* ананас сияқты дүниедегі ең тәтті өсімдіктерді өсірумен айналысатын аралдар да ұшан-теңіз («Лен. жас»).

БАНДА зат. *Қарулы қарақшылар, қашқындар тобы.* Құрымбайдың оқуға аттанатын түні Беренді өлтірмек болғандар — Еркінбек бастаған *бандалар* еді (Б. Майлин, Шығ.). Сол *бандалардың* көзін жоюға аттанған отрядтың ішінде Аманжол да болды (А. Тоқмағамбетов, Әке.). ◆ **Ақ банда.** *Совет өкіметін орнатуға қарсы шыққан қарулы қарақшылар тобы. Ақ бандалар* қасқырдай арсаландап, жұртты күндізгі күлкі, түнгі ұйқыдан айырды (С. Омаров, Әңгім.).

БАНДАЖ[1] зат. мед. *Ішкі органдарды сүйемелдеп тұратын арнаулы белдік, тартқыш.* Екіқабат әйел киімінің деңгейлі болғаны жөн, ол ылғи *бандаж* киіп жүруі керек (К. Өтегенова, Келіншектерге.).

БАНДАЖ[2] зат. тех. *Машиналар мен конструкциялар бөлшектерінің беріктігін арттырып, тозудан сақтау үшін оларға кигізілетін металл белдік.* Паровоз доңгелектерінің қажалған табанын тегістеп, қырып, жоңып жатқан *бандаж* станоктың гүілдеп шыққан үні естіледі (Н. Ғабдуллин, Қызық дәурен).

БАНДАЖДЫ сын. *Бандажы бар, бандаж кигізілген.*

БАНДЕРОЛЬ зат. *Ықшам оралған немесе үлкен конвертке салынған почта арқылы жіберілетін зат.* Тағы бір күдік Петрушкин Дрейер келердің алдында екі рет бағалы *бандероль* алған (К. Тоқаев, Тасқын).

БАНДИТ зат. *Қарақшы, тонаушы.* Сескенем. Байғазы бай өлгі бас кесер *бандитін* жіберіп жүре ме деймін (М. Қаратаев, Далада.). Жантай жиырмасыншы жылдары коммунистік отрядта қызмет атқарып, *бандиттермен* күреске қатысқан (Б. Соқпақбаев, Балалық.). Өткел жоқ өтеріне *бандит* сенің, Жерімде тіміскитін нең бар менің? (Ү. Кәрібаев, Өленд.).

БАНДИТТІК сын. *Бандитке тән әрекет.* Енді сол атышулы Айнабеков *бандиттік* жолмен келіп, басқа елге, басқа дуанға бүлік сала бастады (Ғ. Мұстафин, Көз көрген).

БАНДУРА зат. муз. *Украин халқының көп ішекті музыкалық аспабы.* — Александра Ивановна, әншінің *бандурасы* қайда, неге әкелмедіңіз, — деп қалды (М. Дүйсенов, Қалыңдық). Берлинде, үлкен залда, жазғы кеште, Жайлап ап жан жазығын жазды кестеде Асқақ ән, *бандура* мен көрі гитар, Шырқалып жатты біздің «Жиырма бес те» (Қ. Жармағамбетов, Баллада.). Жастар жүрегінің жан сырын жеткізген *бандура* үні естіледі («Қаз. әдеб».).

БАНДЫ зат. сөйл. Банда. Бұйырмасынға танымай қалдым. Тентек жігітау, осылар *банды* боп ұрлық істеп жүр дейтін еді ғой, мұнда не ғып келді екен? (Б. Майлин, Шығ.). Қатыны да, өзі де тостағандарынан іше көрді. Сонсоң ғана тостағандарды алып *бандылар* ішті (С. Сейфуллин, Шығ.). Бай, құлаққа, *бандыға,* Белсендіге, жау, қуға, Колхозды олар бермепті (І. Жансүгіров, Шығ.).

БАНДЫЛЫҚ сын. *Бандыға тән әрекет.* Қабдош көп күйініш әсерінен, озбырлыққа төзімі таусылған соң *бандылық* жолға түскен (Ауызекі тіл).

БАНДЫ-МАНДЫ зат. *Банды және соларға ұқсас біреу-міреу. Бандыманды* келсе, үйінде адам жоқ екен деп кетіп қалсын (С. Мұқанов, Өмір мектебі).

БАНК[1] зат. фин. 1. *Ақша айналымын басқаратын, кредитті ірі мекеме.* Жаздайғы сүттің, жүннің, етке өткізген малдың ақшасы *банк* арқылы колхоз қорына құйылып жатыр, құйылып жатыр (З. Ақышев, Біздің шамш.). Шаруашы-

лықтың барлық салаларына IV съезд бен V съезд аралығында мемлекеттік *банктің* берген кредитінің сомасы 26,1 процент өсті («Соц. Қаз.»). 2. Ауыс. *Карта ойынында көнге түскен ақша. Банкке* түгел ұрамын деп қопаңдаған Серікбай он жеті көз алған соң тоқтады да, қарсыласының іздеуін талап етті (Ауызекі тіл).

БАНКА зат. 1. *Шыныдан я қаңылтырдан істелген, цилиндр тәрізді ыдыс.* Қарабаев үлкен *банканы* стол үстіне қойды (Көктем.). 2. Мед. *Қан тартуға арналған, шыныдан істелген кішкене құты, оңқа.* Жөтелге қарсы дәрі ішкізіп, арқасына қыша қағаз (горчичник) жапсыру, болмаса *банка* қойған жөн (М. Исамбаев, Мед. анықтама). Қан сорғыш *банкалар* (кровососные банки) көлемі 45, 60, 75 және 90 мм. қалың шыныдан жасалынған банкалар (С. Сұбханбердин, Дәрі — дауа.).

БАНКЕТ зат. *Арнаулы адамдар шақырылған салтанатты қонақасы.* Сабыржанның диссертация қорғағаннан кейінгі үйінде өткізген *банкетіне* Зейнеш қатысқан жоқ (О. Сәрсенбаев, Даңқ). Жапон жазушыларының съезін біз ғана құттықтадық, кешке *банкетінде*, сауығында болдық («Қаз. әдеб.»).

БАНКЕТТІК сын. *Банкетке арналған.* Соған қажет деп жергілікті комитет *банкеттік* шығынға едәуір қаражат бөлді (Ауызекі тіл).

БАНКИР зат. фин. *Капиталистік мемлекеттердегі банк иесі немесе банктің ірі акционері. Банкир* мырза құйып апты қанымды, Қалдырыпты шалажансар жанымды (Ә. Тәжібаев, Аралдар). Қайдасыңдар жыршысы махаббаттың, Бостандық пен татулық, ерлік даңқың? «Қан мен қанжар» ғасыры жендетті ер деп, Жер төріне *банкирді* тағы орнатты (Қ. Аманжолов, Шығ.).

БАНКНОТ зат. фин. *Банк шығаратын процентсіз кредит билеті, айналымда ақша орнына да жүретін қағаз.* Алтынмен төлеуге тура келе ме, әлде кредит ақшамен, мәселен, *банкноттармен* төлеуге тура келе ме, бұдан ақша тапшылығы өзінің заңдылігін өзгерте қоймайды (К. Маркс, Капитал. I, 153, 1963).

БАНКРОТ зат. эк он. *Капиталистік кәсіпорындардың төлем қабілеті болмауы салдарынан мәжбүрлі түрде жойылуы.* Бір күні сарайды ұры бұзып кетті, Сомасын миллионның түгел алып, Көпесті бірақ *банкрот* қылып кетті (Ғ. Малдыбаев, Қырым қызы). Қасымнан еш хабар жоқ, аз жыл өтті, Бай еркіне жіберді Медғат мотты. Ауыр дәулет шыдамай судай ағып, Банкілер мағлұм қылды *банкроттты* (Дастандар).

БАНКРОТТЫҚ сын. *Мол шығынға батушылық, қарызды өтей алмаушылық.* Капиталистік мемлекеттерде *банкроттық* жиі ұшырап тұрады (Ауызекі тіл).

БАНТ зат. *Сәндік үшін тағылатын, түйіп, шоқтап байланған лента.* Нәзір қара костюм киіп, ақ жағасында *бант*, көзінде пенснэ, саусағына алтын сақина салып келген екен (Ж. Тілеков, Жоңғар.). Мектепті биыл бітіргендер, көк *бант*, ал өткен жылдардағы түлектер қызыл *бант* тағып алыпты («Лен. жас»).

БАНТИК зат. *Бант сөзінің кішірейтіліп айтылған түрі.* Мардандар екінші жаққа қарады. Тағы да бұлаңдаған қызыл ту көтерген, омырауына қызыл *бантик* байлаған екі жарым мыңдай темір жол жұмысшылары бастаған парад «интернационал» өлеңін жырлап келіп, пароход жұмысшыларына қосылды (І. Жансүгіров, Шығ.). Сахнаға қара *бантик* таққан, қаршығадай шағын денелі жігіт көтерілді («Қаз. әдеб.»). Асылтастың қоңыр кофта, ақ *бантикпен* түскен суреті «Біздің мектебіміздің шамшырақтары» деген құрмет тақтасының нақ ортасында тұратын («Лен. жас»).

БАОБАБ зат. бот. *Биіктігі 18—25 м., діңі өте жуан, жұмсақ, шырынды сопақша жемісі бар тропиктік өсімдік.* Африка саванналарында өсетін *баобабтың* жапырағын тастауы да қызық (Т. Таубаев, Жасыл әлем.). Бір түп *баобабтың* жайылған бұтақтарының астына 30—40 адам емін-еркін сыйып кетеді (Бұл да).

БАП ир. зат. 1. *Күтім, жай, күй.* Бұл Ырғызбайлар... мына қаланың өзінде де ылғи осындай күтім мен *бап* көріп келеді (М. Әуезов, Абай.). Егін бақ таңдамайды, *бап* таңдайды (Ғ. Мұстафин, Жиырма бес). Ат шаппайды, бақ шабады, Бақ шаппайды, *бап* шабады (Мақал). 2. Ауыс. *Бипаздап, аспай-саспай айту; нәшіне келтіру.* Нәзгүл байыпты үлкен адамдарша *баппен* сөйлеп

отыр (Ә. Әбішев, Терең тамыр.). Өлеңнің ырғағына қарап салмақпен, *баппен* айт!... (М. Иманжанов, Менің махабб.). Ал, көгершін ән еркесі *баппен* айтса, Ер жігіт не болады серттен қайтса, Ән болмас көгершіндей қайда барсаң, Ән білем деген адам шынын айтса (Қаз. әндері). 3. А у ы с. *Іс жағдайы, шаруа реті.* Директор Жақшбек жайын көп сұрап, қазбалап жатқан жоқ, жұмыс *бабын* айта бастады (М. Иманжанов, Менің махабб.). Біз он шақты адамбыз. Қызмет *бабымен* келдік (С. Омаров, Әңгім.). Қызмет *бабымен* командировкаға келдім (Б. Соқпақбаев, Жекпе-жек). ◆ **Бабын білді.** *Жайын түсінді.* Түйенің көптен бергі *бабын білер* бақташысы Ғайни Бозанбайдың босағасында өмір кешірген малшысы еді (С. Бегалин, Таңд.). Әрі асыл жүнді, әрі өсімтал мал қолына тиді. Тек бағу, күту, *бабын білу* керек (С. Бегалин, Төлбасы.). **Бабын тапты.** *Ыңғайын, жайын білді, тілін тапты.* Олжабектің *бабын табатын* бір ғана Жамал (Ғ. Мұстафин, Шығанақ). Бұл мінезге он бесінен үйреніскен бәйбіше баяу қозғалса да *бабын тауып,* мін тақтырар емес (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке).

БАПА з а т. с ө й л. **Бапан.** Қора түбіне тікесінен тұрғыза үйілген нар қамыстың *бапа* басы қылтиып әрең көрінеді (М. Дүзенов, Ақ әже).

БАПАН з а т. б о т. *Қамыстың ұшындағы үлпілдек қоңыр ұлпа.* Құрақтың қамыстан айырмашылығы бар, қамыстың ұзын, жұмыр, кескен кезде дөңгеленіп көрінетін жапырақтары болады; ұзындығы метрден де артығырақ сабағының ұшында қара қошқыл *бапаны* болады (Б. Муханов,... Қазақст. өсімдік.). ◆ **Басы — бапан, аяғы — сапан.** *Бітпей аяқсыз қалған берекесіз іс.* Бақа мен шаян сияқты Сырдария Қоқанға, Жетісу Қашқарға, енді тағы біреуі бір жаққа тартса, автономияның *басы— бапан, аяғы — сапан* боларына күмән жоқ (Х. Есенжанов, Тар кезең).

БАПАНДАЙ с ы н. *Осал емес, әжептәуір.* — Иә, бауырсаққа *бапандай* көрінесіз, жететін шығарсыз оған да,— деп Майра тағы да күлді (Ә. Нұршайықов, Махаббат.).

БАП-БАЙСАЛДЫ с ы н. *Кәдімгідей, орнықты, ұстамды.* Мінезім бар *бап-байсалды* кәдімгі, Мінезімнің ойықырын білем мен (К. Шілдебаева, Арманым). Бұл күнде Мәрия *бап-байсалды* секретарша қыз атанды («Лен. жас»).

БАП-БАҚАЛ с ы н. *Өте қысқа быртиған, жуан.* «Опырай, жас кезінде мына кісі қандай алып болды екен?!» — деп ойлады *бап-бақал* сіңірлі саусақтарына қарап отырып (Қ. Жұмаділов, Көкейкесті).

БАП-БАЛҒЫН с ы н. *Жұп-жұмсақ.* Қолы ып-ыстық, саусақтары *бап-балғын* екен (Қ. Жұмаділов, Көкейкесті).

БАП-БАЯҒЫ ү с т. *Қаз-қалпында, баз-баяғы.* Жылдар қанша сусыпты, Ол қалпында *бап-баяғы.* Бабам қолмен су ішіпті Ұмыт қалып саптаяғы (М. Айтхожина, Шында.).

БАПКЕР з а т. *Атты, құсты баптағыш, күтімін білетін адам.* Мінезі де жұмсақ, көп сөйлемейтін Бектемір — мақтану-мастану деген жайлар есіне кіріп шықпайтын ел ішіндегі әйгілі ат *бапкері,* құсбегі адам (Ә. Көшімов, Екі бүркіт).— Жақында ғана қолға түсті деп еді ғой бұл бүркіт, өзі қалай тез жуасыған? — Е, Бекеңдей *бапкердің* қолына түскен соң жуасымағанда қайтеді (Ә. Көшімов, Әңгім.).

БАПКЕРЛІК з а т. *Баптап ұстағыштық, бабын тапқыштық.*— Я, рас, рас айтасың, менің жалаң құмарлығым болмаса, шын *бапкерлікten* құр алақан жанмын ғой,— деді Нұрмақ Бектемірге (Ә. Көшімов, Екі бүркіт).

БАПСЫЗ с ы н. *Бабына келмеген, күтімсіз.* Ұлы өзгеріс, құрылыс, Кере жайды қанатын. Құрылыста ұлы іс, *Бапсыз* жүйрік талатын (Б. Майлин, Шығ.). Шотайы художник, *бапсыз* шабатын жүйрік (Ә. Тәжібаев, Өмір.).

БАПСЫЗДАУ с ы н. *Бабына жетіңкіремеген, бапсызырақ.* Қазанқап ағай *бапсыздау* пісірілген балығының буын бұрқыратып, алға әкеліп қойды (Ә. Сәрсенбаев, Толқында.).

БАПТА е т. *Жақсы күту, бабына келтіру.* Мінгені Исатайдың Ақтабан-ай, Сүт беріп, сұлы беріп *баптағаны-ай.* (М. Өтемісов, Өлеңд.). Мектепке баратын баланы анасы қандай *баптаса,* старшина солдатты сондай *баптайды*

(Т. Ахтанов, Дала сыры). Құлагер, құлыныңнан маған біттің, Төрт бөліп түн ұйқымды *баптап* күттім (І. Жансүгіров, Поэм.). ◆ **Баптап сөйледі (айтты).** *Мәнерлеп, нәшіне келтіре сөйледі.* Алғашқы сөзді шеберлеп, *баптап айтқаны* да сол еді (М. Әуезов, Абай жолы). **Қадиша аузын керіп қойып Қален мен Зағипа жайында *баптап* кербездене *сөйледі*** (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). **Бойын баптады.** *Сыланып-сипанды, күтінді.*— Қыз өсер он сегізде *баптап бойын,* Зейне де айтпай сырлы сақтапты ойын. Ойландар, он жылдықты бітірген қыз Қалайша бір колхоздың бақпақ қойын (Д. Еркімбеков, Шаншу). **Тамақ баптады.** *Жақсылап тамақ дайындады.* Менің әйелім капустаны қандай жақсы тұздайды, *тамақты* да *баптай* біледі,— деп ол көпіре бастады (Ә. Шәріпов, Партизан.).

БАПТАҒЫШ с ы н. *Баптай білетін, күте білетін адам.* Атты, құсты *баптағыштар* ауылды жерде әлі де бар (Ауызекі тіл).

БАПТАЛ *Бапта етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Топырақтар оңай *бапталады,* бірақ құнарлы заттары аз, сондықтан да құнарлылығы кем болады (Мақта шаруаш.).

БАПТАН *Бапта етістігінен жасалған өздік етіс.* Ғылым таппай мақтанба, Орын таппай *баптанба,* Құмарланып шаттанба, Ойнап босқа күлуге (Абай, Шығ. жин.). Сонысын әуес, не мақтан еткендей, арбиған өңсіз жазуларын *баптана* жазып, біріне бірі қарап, жымыңдасып қояды (Ғ. Мұстафин, Қарағанды).

БАПТАНДЫР *Баптан етістігінен жасалған өзгеліс етіс.* Жолшыбай екі-үш жерде Ақ қасқаны аунатып, *баптандырып* алды (М. Әуезов, Қараш.).

БАПТАНУ *Баптан етістігінің қимыл атауы.* Мұршамыз жоқ Өзіңдей *баптануға,*— Жыр шіркінді, Түйдектеп жазамыз да Асығамыз жарыса мақтануға (Қ. Бекхожин, Шардара).

БАПТАНЫС *Баптан етістігінен жасалған ортақ етіс.* Батырлар даярланып *баптанысты,* Белсеніп оңтайласып аттанысты. Шіреніп үзеңгісін сықырлатып, Айтулы жерге шығып саптанысты (С. Сейфуллин, Өленд.).

БАПТАС *Бапта етістігінен жасалған ортақ етіс.* Сөйтіп, ел ат жаратып *баптасады,* Жинап қымыз, сусынын тоқтасады. Атақты балуандарын ортаға алып, Бәленше, пәлендей деп мақтасады (Батырлар жыры).

БАПТАТ *Бапта етістігінен жасалған өзгеліс етіс.* Қалдырмай қосынымды қаптатамын, Тегістеп тау-төбенді *баптатамын* (Т. Ізтілеуов, Рүстем.).

БАПТАУ *Бапта етістігінің қимыл атауы.* Жұрттай жанын *баптау,* төсек салып шешінін жату — Қара баланың әдетінде жоқ (Б. Майлин, Шығ.). Айта берсек, жүзімдікті күтіп, *баптаудың* түрлері әлі толып жатыр (Б. Сыланов, Жүзім.).

БАПТАУЛЫ с ы н. *Бабына келген, бағулы.* Қазыққожаның отауында *баптаулы* сұлу қаршыға тұғырда отырғанын іңірде көріп шыққам (С. Мұқанов, Өмір мектебі). Мәжілісі жақсылардың дүниемен тең, Кімге ырыс болар дейсің алған, берген. Желді күн көл айналған лашын құстай, *Баптаулы* мен жүйрікпін жиынға енген (Ақан сері, Шығ.).

БАПТАУСЫЗ с ы н. *Күтімсіз, бағусыз.* — Жақсы күт деген — сиырды күндіз-түні күзетіп отыр деген сөз емес,— деді шешем,— ал сенің қарауындағы сиырдың сүті қалай молықсын, күнделікті жемін *баптаусыз* бересің (Н. Ғабдуллин, Қызық дәурен). *Баптаусыз* піскен егіндей, Жайылған құлан көгіндей, Қарамыз көп болса да, Білімнен құр қол арамыз (XX ғ. қаз. ақын.).

БАПТАУШЫ з а т. *Күтуші, өсіруші.* Бұл жөнінде Кентау интернатын бағушы, *баптаушы* адамдар көп-көп зер сала жүру шарт (Алғы шептегі.). Ата-ана күтер ізгілік, Бала өсіріп *баптаушы* (С. Керімбаев, Еңбек ата.).

БАПТИСТ з а т. д і н и. *Шіркеудің кейбір қағидасымақтарын мойындамайтын, балиғатқа толысымен дінге мойынсынуды дәріптеуші топтың мүшесі. Баптистер* христиан дінінің көптеген мейрамдарын мойындамайды (ҚСЭ).

БАПТЫ с ы н. *Күйлі, күтімі жақсы, бабындағы.* Шабыттағы *баптыұстар* қапысыз сәтті бағып тұр (М. Әуезов, Абай жолы). Сол әже бүгін тағы бақта отыр, Гүлі көп, саясы мол шақта отыр.

Өзіндей аналардың қауымында Әңгімедүкен құрып *б а п т ы - а қ* отыр (Ж. Молдағалиев, Жесір.).

БАПТЫЛЫҚ з а т. *Бабына келгендік. Б а п т ы л ы қ,* бипаздық баз бір адамдардың бойындағы игі қасиет (Ауызекі тіл).

БАПШЫ з а т. *Бапкер, баптай білуші (адам).* Ақық пен Базарбай ақыры осы жұмысқа ауысты. Басқаның көзі *б а п ш ы д а* (Х. Ерғалиев, Шындық.).— Абыл қосылды дегенмен ол әлі *б а п ш ы* емес қой (Б. Тоқтаров, Тауда.).

БАПШЫЛ с ы н. 1. *Бапкер, баптауға шебер.* Өнер иесінің ішінде құсбегі, аңшы, мерген, ат *б а п ш ы л ы* болса, бәрі Абайдың сыйлас адамдары болған (М. Әуезов, Әр жыл.). 2. *Күтіңгіш, бап тілегіш.* Әбілмәжіннің үйде жоқ болуын пайдаланып шайшыл, *б а п ш ы л* әйелі Әсел өзі баптанып ішетін шайдың кезін көбінше осы верандада өткізетін (М. Әуезов, Өскен өркен).

БАПШЫЛДЫҚ з а т. *Бапкерлік, күтімділік.* Есімбектің *б а п ш ы л д ы ғ ы н ы ң* арқасында оның малы қыстан үнемі күйлі шығады (Ауызекі тіл).

БАПЫЛДА е т. 1. *Иттің бап-бап етіп үруі.* Үлкен ақ төбет *б а п ы л д а п* қоя берген соң шегініп кетті (З. Иманбаев, Солма. гүл). Үргенде *б а п ы л д а п* тау жаңғыртатын байтөбеттің қыңсылағаны тіпті жаман естіледі екен (Ә. Көшімов, Қысталаң.). 2. А у ы с. *Бейберекет, орынсыз көп сөйлеу.* Күншашқа ұрсып *б а п ы л д а п,* Бүріп келді бәйбіше (С. Мұқанов, Поэмалар).

БАР[1] е с. *Барлық, бүкіл, тұтас.* Арыстаны Арқаның, Асқақтап туған ер Мәлік, Ерлігіне сүйсініп, Ерім деп сүйді *б а р* халық (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). Болыс болдым мінекей, *Б а р* малымды шығындап, Түйеде қом, атта жал, Қалмады елге тығындап (Абай, Тол. жин.).

БАР[2] е т. 1. *Жақында, жуықта, жет.* Ол сенің әкең, Ай мүйізді алып деген осы, қасына *б а р,* еркеле,— деді (С. Бегалин, Мектеп). 2. *Кет, жоғал.*— Бар деген соң *б а р,* мазамды енді алма! — деді Белгібай Пахриденге (Ауызекі тіл). ◆**Алысқа бара алмады.** *Ешқашан өндірмеді.* Әкесінің тулап *а л ы с қ а б а р а а л м а й т ы н ы н* айқын аңғарып, іштей мырс-мырс күліп, Сапар оңайлықпен берілмеді (М. Иманжанов, Алғашқы ай.). **Ары бармады.** *Ұяты, ұжданы жетпеді.* Досың боп Айша жүрмек ем, Қорғап құзғын, қарғадан. Өзгеше ойды білмегем, Әріге *а р ы м б а р м а ғ а н* (Ж. Молдағалиев, Жесір.). **Ауы бармады.** *Айта алмады, дәті шыдамады.* Түсімде... дегенмен мұны жоруға *а у ы з ы м б а р м а й* отырау, Қареке [Жантық]! (Ғ. Мүсірепов, Таңд.). **Жүзбе-жүз айтуға** *а у ы з ы м б а р м а д ы* («Лен. жас»). **Байыбына барды.** *Түсінді, ұқты.* Белгібайдың сөзінің *б а й ы б ы н а б а р ғ а н* директор едәуір ойланып отырып тіл қатты (Ауызекі тіл). **Барар жер, басар тау.** *Пана болар, қорған болар.* Сәменге қайғылы күн қатты батты, Сол тауда қапалықпен үш ай жатты. *Б а р а р ж е р, б а с а р т а у д ы ң* бәрі дұшпан, Болар ма қиыншылық бұдан қатты (Дастандар). **Барғанның балтасын, келгеннің кетпенін алып қалды.** *Ешкімге есесін жібермеді.* Қарапайым, әрі табиғи болу керек пе, өлде мамамның ашуланған кездегі айтатынындай *б а р ғ а н н ы ң б а л т а с ы н, к е л г е н н і ң к е т п е н і н а л ы п қ а л у* керек пе? («Лен. жас»). **Бармасаң бадал.** *Тілазарға айтылатын қарғыс.— Б а р м а с а ң б а д а л,* ант ұрған,— деп шал шығып кетті (Қ. Қуанышбаев, Өлеңд.). **Барса келмес.** *Өте алыс жер, қайтып оралмас сапар.*— Я, капитан жолдас, ол кемінде жүз жауды *б а р с а к е л м е с к е* жіберді (Б. Момышұлы, Офицер.). **Барып тұрған.** *Нағыз, шегіне жеткен.* Мына Сәрсенбай *б а р ы п т ұ р ғ а н* су жүрек екен, біреу жеп қоятындай шегіншектей береді (С. Омаров, Қайырлы.) **Батылы бармады.** *Жүрегі дауаламады, қорықты.* Үйге кіріп-шығып жүрген Маржан апайдан Кәтіштің сұрауға неше оқталып, бірақ *б а т ы л ы б а р м а д ы* («Қаз. әдеб.»). **Жұмысқа қолы бармайды.** *Жалқау, бойкүйез.* Қашан көрсең үйде жоқ, *Ж ұ м ы с қ а қ о л ы б а р м а й д ы.* **Ол көрмеген кино** жоқ (Жас қанат). **Көңілі бармайды.** *Ұнатпайды, қаламайды.* Баянға білек күшін де көрсеттің. *К ө ң і л і м б а р м а й т ы н,* аузым айтпайтын мінезге қидың өзіңді (Ғ. Мүсірепов, Таңд.). **Ішіп-жеп бара жатыр.** *Қадала қарады, тесіле үңілді.* Еламан Федоровтікіндегі жап-жас келіншектің бойын тінтіп, *і ш і п - ж е п б а р а ж а т қ а н* сұғанақ көзін ұнатпады (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер).

БАР[3] үст. 1. *Жоқ емес, бар болушылық.* Жылқыда Қараша балаларынан өзі мықты, өзі жау түсіргіш Абылғазы *бар* (М. Әуезов, Абай.). Алтын таңның шапағын, Ала туған елім *бар,* Алтын жиһаз ырысы, Шалқып жатқан жерім бар (А. Жұмағалиев, Өшп. жалын). Витамин мәселесін зерттейтін арнаулы ғылыми институт *бар* (Т. Дарқанбаев, Витаминдер). 2. *Ауқатты.* Өлім *бардың* малын шашады, жоқтың артын ашады (Мақал). ◆ **Аузының ебі бар.** *Сөздің жүйесін тауып сөйлейді, сөзге епті.* Бара ғой, мысық айтты қоян көзге, Жігіт кем ер көңілді онан өзге, Адамды анау-мынау тоқтатарлық, *Аузының ебіде бар* сөйлер сөзге (Мысалдар). **Бар болғаны.** *Не бары, бар-жоғы.* Республикада 1951 жылғы он бір айдың ішінде жоспарланған мыстың *бар болғаны* 87,3 процент ғана қорытылды («Соц. Қаз.»). **Бар болғыр.** а) *Жоқ болғыр деген қарғыс орнына айтылатын тілек.*— Сырт көзге оғаш болып көрінгенімен шахтаға алтыннан да қадірлі ғой сол *бар болғырың* (А. Хангелдин, Табыс. тағдыр). ә) *Тілек мағынасы бар қыстырма сөз.* Ол, *бар болғыр,* неге кешігеді екен, жаным-ау (М. Иманжанов, Менің махабб.). Мына қара лашығы, *бар болғыр,* көзіме көрінбеген соң шошып кеттім (Ә. Әбішев, Терең тамыр.). **Бар болсын.** *Құрысын, барынан жоғы жақсы.*— Ой, бүйткен байлығы *бар болсын!* — деді Ахмет (Ғ. Мұстафин, Миллионер). **Бар қадарынша.** *Шамасы келгенше, мүмкіндігінше, әлінше.* Романист аяқ алысының бір құптарлық жері — ол, *бар қадарынша* адамдардың жан жүйесіне үңілуге тырысады («Қаз. әдеб.»). Тағы бір сала жырлардың көркемдік сапасы жетіспейді. Мұндай өлең авторларына редакция *бар қадарынша* ақыл-кеңес беріп, жауап жазып тұрады (Бұл да). **Бар мәзір, жоқ жайымыз.** *Барға разы бол, жоққа өкпелеме. Бар мәзір, жоқ жайымыз* сіз келгенде дастархан үстінде болады (М. Әуезов, Абай жолы). **Барымен базар.** *Азға қанағат. Барымен базар,* жоқты қайдан қазар (Мақал). **Беті бар.** *Өңді, ажарлы, көрікті. «Бетім барда* бетіме кім шығар» деп, Кімі паңдау келеді, кімі тантық (Абай. Тол. жин.). **Беті-жүзің бар демеді.** *Көңіліне, беделіне қарамады.* — Жоқ,— деседі екінші біреулер, — Әубәкір *бет і-жүзің бар демей* ашық кетсе керек еді, осыны шығарған өзге өшкім емес, жатып атар Естай болып жүрмесін (Ж. Жұмақанов, Жазылм. кітап). **Бүгінгінің ертеңі бар.** *Келешек өмір көрсетер.* Мен сені сыртыңнан жақсы білетін едім, *бүгінгінің ертеңі бар* (Ш. Хұсайынов, Таныс адам.). **Жүрегінің түгі бар.** *Қорықпайды, ер жүрек.* — Енді ән сайысы басталады. *Жүрегінің түгі барлар* ортаға шықсын («Лен. жас»). **Кеудесінде оты бар.** *Көзі ашық, талапты, пысық.* Мен өз басым Жарылқасынды *кеудесінде оты бар,* адам деген атты ақтайтын жақсы жігіт болады деп сенемін («Лен. жас»). **Көзінде оты бар.** *Жалынды, қайратты.* Ақылды қоңырқай *көзінде* үнемі жинақы *оты бар* (М. Әуезов, Абай жолы). **Көкірегінде оты бар.** *Саналы, көкірегі ояу. Көкірегінің оты бар* ойлы адамға Бұл сөзімнің суреті тұрар дайын (Абай, Тол. жин.). **Көрген жерде ауыл бар.** *Үйренген, таныс жер.* Шағыр ол жылы ауыл шаруашылық институтын бітірген-ді. *«Көрген жерде ауыл бар»* тағы да біздің МТС-қа келіпті (Ә. Сәрсенбаев, Офицер.). **Көркі бар.** *Келбетті, көрікті.* Біреуді *көркі бар* деп жақсы көрме, Лапылдап көрсе қызар нәпсіге ерме (Абай). **Кілтипаны бар.** *Құпиясы бар.* Бұл радионы сөйлетудің бір *кілтипаны бар* шығар,— деп Әшірғазы орнынан тұрып, радиоға жақындады (Ауызекі тіл). **Қақы бар.** *Ерікі бар.* Жанардың алдында нашар ойнауға қандай *қақым* бар (Б. Соқпақбаев, Менің атым.). **Қаламының желі бар.** *Қаламы төселген, жазғыш.* Рамазанның *қаламының желі бар,* соғыс алдында әкесінің өмірінен повесть жазып жүрді (Майдан). **Қолда бар алтынның қадірі жоқ.** *Қолдағы заттың қадірі болмайды.* Шіркін, әсем қала ғой. *«Қолда бар алтынның қадірі жоқ»* дегендей ішінде жүрген кісі аңғара бермейді,— деді Ақмарал (Ә. Сатыбалдиев, Ақмарал). **Құлағының мүкісі бар.** *Құлағы нашар естиді.*— *Құлағының* аздап *мүкісі бар еді,* — деді Төлебай маған. — Тоқта, Сардар, әңгіме біткен жоқ, тыңда,— деді Бедер өзі сәл *мүкісі бар құлағын* тоса түсіп («Қаз. әдеб.»). **Қыры бар.** *Қабілеті, ебі бар.* Талай тоқа бұл Нүрік баратұғын, Әнім осы той болса салатұғын, Сен сияқты өлеңге *қыры барлар,* Тал бойыма таңырқап қалатұғын (Жамбыл, Шығ.). Мандайдағы ба-

ры [қолдағы бары]. *Бүкіл жиған-тергені, өзіне тиісті мал-жаны.* Келер күнің қайда енді? Қылғанменен садақа, *Маңдайдағы барымды* (Т. Ізтілеуов, Рүстем.). **Мәні бар.** *Маңызы бар.* Өрнек, әшекейлерді бояудың түсіне қарай оюластырудың *мәні бар* (С. Қасиманов, Қаз. қолөнері). Балаларды үйде кітап оқуға әдеттендірудің баға жетпес *мәні бар* екендігі сөзсіз («Халық мұғ.»). **Мәнісі бар.** Сөйл. *Мәні бар, жөні, реті бар.* «Пәлендей, түгендей *мәнісі бар* емес пе еді?» — деп, ұялтамын десең, жай отырып дауын сабап отырады (Абай). **Не бары.** *Бар болғаны.* Үстіміздегі көктемде «Краснодар», «Россельмаш» заводтарынан ауданға *не бары* 66 жаңа машина келген («Лен. жас»). «Бұлақ» мал бордақылау совхозының орталығы осында көшіп келгелі көп болмапты. *Не бары* екі-үш жыл ғана уақыт өткен («Лен. жас»). **Өкпесінің желі бар.** *Мақтаншақ, көпірме.*— Еркем-ау мына лепіріп отырғаның кім? Әлгі *өкпесінің желі бар* Қадір деген осы ма?,— деді Айғанша (Ауызекі тіл). **Сөзге бар.** *Сөзге құмар, сөзге дайын тұрады.* Сүйкімсіз қай-қайдағы *сөзге барсың,* Құрбына қызыл гүлдей ынтызарсың. Итті де шақырып ап ұрмаушы еді, Қос қыртыс, екі ойлы, сайқал қарсың («Қаз. әдеб.»). **Сөзінің жаны бар** [жаны бар сөз]. *Негізі бар, дәлелі бар, шындыққа үйлесімді.* Мына бір *сөзінің жаны бар* сияқты деп, сыпайыламақ болады жеңешем («Лен. жас»).— Е, болыс-еке, мына *сөзіңнің жаны бар* екен. Ұнатсаң — өзің ки, ұнатпасаң — ана билерінің біріне бер! — деп Божбан үстіндегі өрім-өрім шекпенін шешіп, болыстың алдына тастай салыпты да шығып кете беріпті («Қаз. әдеб.»). **Талағында биті бар.** *Талаптанғыш, ізденгіш, зерделі.* Ал өзге жас сөйтіп неге арқаланбаған? *Талағында биті бар* жігіт қай заманда болса да қарап қалған емес (Ғ. Мұстафин, Дауыл.).

БАР[4] зат. *Көбіне түрегеп тұрып сусын-шарап ішетін орын.* Ғелман өлдімталдым дегенде Белгібайды Ертіс жағасындағы *бардан* тапты (Ауызекі тіл).

БАРАБАН[1] зат. муз. *Шанағына сірі керіп қаптаған, іші қуыс, ұрып ойнайтын музыка аспабы.* Көше-көшеден дүңгірлеген *барабан,* дүрілдеген музыка дауысы қаланы басына көтерді (І. Жансүгіров, Шығ.). Солай деп *барабанды* қақтырды енді, Қас қақпай тұрандар да тақ тұрды енді. Аямай алтын, күміс ортаға үйіп, Көңілін көптің түгел шат қылды енді (Т. Ізтілеуов, Рүстем.).

БАРАБАН[2] зат. анат. *Есту мүшесін орта құлақтан бөліп тұратын жұқа жарғақ.*— Осы сендердің құлақтарыңның *барабаны* бүтін бе? — деді Сәмет (Ж. Жұмақанов, Үш бәйтерек). «Ұрылым құтқар мені»,.. Мазасыз ұн, Құлақтың *барабанын* қағатұрын, Жұмсаған сені осы батылдыққа Манағы әті осы жанашырың (Ә. Сәрсенбаев, Жазылм. кітап).

БАРАБАН[3] зат. тех. *Механизмдегі қуыс цилиндр пішінді айналмалы бөлшектерінің жалпы атауы.* ...Сүтті тартып жатқанда *барабанның* айналымы сол керме қайыс арқылы реттеліп отырады (З. Сейітов, Сүт өндеу.). Комбайндар айналған сайын алтын масақтар иіліп, топ-тобымен *барабанға* түссе, екінші жағынан шүмектеп баданадай дәндер бункерге құйылуда («Лен. жас»).

БАРАБАНДАТ ет. *Барабан қағу, барабан ұру.* Аға пионер вожатыйы Жолдыбектің команда беруімен олар горндатып, *барабандатып* физкультура алаңын бір айналып шықты (Б. Соқпақбаев, Жекпе-жек).

БАРАБАНДЫ сын. *Барабаны бар.* СПБ-50 *барабанды,* дөңгелекті кептіргіш машина екпе шөптер мен овощтардың дәндерін кептіруге арналған (Ж. Шәріпбаев, Тұқым себу.).

БАРАБАНШЫ зат. *Барабан ойнаушы, қағушы. Барабаншы* жауынгер машинадан секіріп түсті де жолдың жиегіне шықты («Спорт»).

БАРАБАР сын. *Тепе-тең, бірдей, теңдес.* Орта Азия көлемінде Сарыағаш суына *барабар* су ешбір өзге республикада жоқ (Алғы шөпте.). Сайраған Орта жүздің бұлбұлымын, Арғынның алтай-қарпық ақтан кері, *Барабар* сөзі тендес адам болса, Көңілімнің тарқаушы еді қайғы, шері (Айтыс).

БАРА-БАРА үст. *Уақыт озған сайын, жүре-жүре.* Шаш шықты жетіден соң қаптап қара, Құлпырды құндыздай бон

б а р а-б а р а. Көргеннің көңілі еріп кететұрғын, Сол кезде сұлулықпен озды дара (Т. Ізтілеуов, Рүстем.). Алғашқыда қыз-қыз қайнап, кейін біртіндеп тоңази бастаған дене *б а р а-б а р а* дел-сал болып, әлі кетті де, бұйығу, тыныштық іздеу сияқты бір енжарлық күйге түсті (М. Иманжанов, Адам.). *Б а р а-б а р а* жол ескі аңыздықтарға килігіп, жалғыз аяқ сүрлеуге айналды (С. Алдабергенов, Алға).

БАРАБАРЛЫҚ з а т. ф и л. *Тепе-теңдік, бірдейлік, теңдестік.* ...Қарама-қарсылықтардың *б а р а б а р л ы ғ ы* дүние тану заңы (және объективтік дүниенің заңы) ретінде емес, мысалдардың жиынтығы ретінде алынады (В. И. Ленин, Шығ., 36 т. 354, 1958). *Б а р а б а р л ы қ* ұғымы дүниедегі қозғалысты, өзгеріс пен дамуды тануға мезгейді (ҚСЭ).

БАРАҚ з а т. с ө й л. Барақ. (2) Жігіттерден айырылып қалмаңдар, оларды *б а р а қ қ а* орналастырасыңдар ғой (Ғ. Сыланов, Асау арна). Темірбек те өзінің Төсегінде, *б а р а қ т а* Жатыр еді, сезімін Бір ой бөлді бірақта (Т. Жароков, Қырда.).

БАРАҚ[1] з а т. с ө й л. Парақ. Белгібайдың тентек бес жасар баласы кітаптың *б а р а ғ ы н* боршалап жыртып отыр (Ауызекі тіл).

БАРАҚ[2] з а т. *Көп семьяға уақытша тұру үшін арнайы салынған, ішкі есіктері бір коридорға шығатын үй.*— Ойбай, станца бүлініп жатыр...— деген соң Сатан сасқалақтап, жатқан *б а р а ғ ы н а* жүгірді (І. Жансүгіров, Шығ.). Жұмыскерлерге *б а р а қ т а р* салынған (С. Сейфуллин, Шығ.). Ол кешегі шахтердің Баспанасы — жер *б а р а қ* (М. Әлімбаев, Биікке.).

БАРАҚ[3]: **барақ ит.** *Жүні ұзын, жүндес ит.* Бастырманың бетіне әдетте сызықша, кейде әр түрлі хайуанаттардың — барстың, *б а р а қ и т т і ң,* жыланның суреттері түсіріледі (ҚазССР тарихы). *Б а р а қ и т т і ң* басындай Келісер меншаш сағаң (І. Жансүгіров, Шығ.). Оспанның жылтыраған шүңірек көзі іннің түбіне кетіп, қаба сақалы *б а р а қ и т т і ң* жүнінідей ұйысып қалыпты (Ж. Тілеков, Жоңғар.). ◆ **Барақ кілем.** *Ұзын түкті жүн кілем.* Аяқ астындағы жер емес, әдейі төсеп тастаған зер *б а р а қ к і л е м* сияқты («Қаз. әдеб.»).

БАРАҚТА е т. с ө й л. Парақта. Ғелман жоспарлап алғандай-ақ бұл кітапты *б а р а қ т а п* қана оқиды (Ауызекі тіл).

БАРАҚЫ с ы н. *Жүндес, жүні ұзын.* Зор *б а р а қ ы* аюлар үңгірден күріліп шыға келді (А. Машанов, Жер асты.).

БАРАҚША ү с т. *Барақ кілем сияқты.* Тау етегі күндегісіндей жасыл зер *б а р а қ ш а* құлпырып-ақ тұр (Р. Райымқұлов, Бұрылыстар).

БАРАН с ы н. *Жылқының түсі; қара қоңыр, қара кер.* Жел соқса қамыс басы майда деймін, Атынды, ат айдаушы, айда деймін. Алдыңғы ат *б а р а н* болмай, қылаң болды, Жығылмаса, Құлагер қайда деймін (Ақан сері, Шығ.). Көбінің мінгені жорға, *б а р а н* мен қылаң (М. Әуезов, Қараш.). Сатан астындағы аттың күмісті тұрманын салдырлата бір *б а р а н д ы* байқап келіп, ұрымтал жерден ұмтылды (І. Жансүгіров, Шығ.).

БАРАНДАН е т. *Қарақоңырлану, қараңғылану.* Бұлтсыз аспан күн кеткен соң тұңғиық терең барқытқа айналып *б а р а н д а н ы п* барады (І. Жансүгіров Шығ.). Алдымда көздің ұшындағы көкжиекте *б а р а н д а н ғ а н* қылыш сыртындай жер сипаты көрінді (І. Жансүгіров, Әңгім.).

БАРАНДАУ с ы н. *Қарагерлеу.* Елге қашып келген соң ағайындағы жалғыз ер көңілділеуі Дәулетбек деген ағайын мінуге бір *б а р а н д а у* атын берген еді (С. Сейфуллин, Тар жол.).

БАРАНДЫ: **үйлі-баранды.** *Бала-шағалы, өрен-жаранды.* Жылдар өтіп жатты. *Ү й л і-б а р а н д ы* адам болдық, бақыт құштық, жас болса егде тартты (Ж. Жұмақанов, Жазылм. кітап).

БАРАР-БАРМАС с ы н. *Баратын-бармайтыны белгісіз.* Мінетін атым қолында, *Б а р а р-б а р м а с* жолымды Хабар салып алайын, Үйдегі Құртқа біледі (Қобыланды батыр).

БАРБАҢ-БАРБАҢ: **барбаң-барбаң етті.** *Өрескел, ерсі қимылдады.*

БАРБАҢДА е т. *Барбаң-барбаң ету, арбаңдау.* Жалт бере қашқан ала төбет құйрығы шошаңдап, *б а р б а ң д а п* бетке қарсы ұзай алмады (М. Әуезов, Қараш.).

БАР-БАР: бар-бар етті. *Барылдады, гүрілдеді. Бар-бар еткен* даусының ақауы бар жігітті топтан шығарып жіберді (З. Шашкин, Тоқаш Бокин).

БАРБАРА з а т. м е д. **Шипалық қасиеті бар тұз.** *Барбара* — «Трусковец» курортындағы қайнар бұлақтан алынатын ащы дәмді тұз (С. Сұбханбердин, Дәрі—дауа.).

БАРБАРИС з а т. *Қышқыл дәмді, қоңыр қызыл түсті ұсақ жеміс, сол жеміс өсетін тікенді бұта. Барбаристе* барберинның алколоиды бар екендігі ертеден белгілі болғанымен, медицинада ол қолданылмай келді (С. Сұбханбердин, Дәрі — дауа.). № 3 холелитин — кәдімгі *барбарис* ағашының қабығы мен күшала тұқымының қоспасы (Бұл да).

БАР-БАРША е с. *Күллі, барлық.* Салықтың қыран қабағы, тұтас біткен кең иығы, *бар-барша* тұрпаты баласына сол күйінде ауысқан екен (С. Омаров, Тастағы жазу). Көз жасының әр тамшысында жас әйелдің *бар-барша* үміті, шағымы, соғысқа лағынат айтуы, әкесінен кешірім сұрауы бар (Р. Әутәліпов, Той тарқар).

БАРБИ е т. *Быртию, ісіну.* Ықыластың *барбиған* жалпақ бетінде, жағымпаздана мөнтеңдеген көз құбылысында сайрап тұрған сұрқиялық бар еді (С. Бегалин, Бала Шоқан). Қалың қабақтан ойлана қарайтын үлкен қара көз, қалың ерін, жымырылған құлақ, *барбиған* балғын саусақтар бізге сондай бір тамаша көріністер (М. Танекеев, Қажымұқан). Көбі көйлекшең, білектері сыбанулы. Жаздың жұмсақ жылы ауасына денелері *барбиып*, тершіп, қара жерді бұрқыратып қазып талқандап жатыр (С. Сейфуллин, Шығ.).

БАРБИТ *Барби етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Қойдың тамақ безін колхоздан әкелген бір торсық қымызға сап, бір жұмадай ашытып, *барбитып* ісіндіріп ап бүркітке жегізді (З. Шашкин, Өмір.).

БАРБИЫҢҚЫ с ы н. *Жуандау, ісіңкі.*— Асылгүлдің саусақтары өзгере бастады. Бұрынғыдай емес, *барбиыңқы* тартып, алақаны да қатайды (Ә. Нұршайықов, Махаббат.).

БАРБИЮ *Барби етістігінің қимыл атауы.* Ғелманның Белгібайша *барбию ы,* толығуы керек секілді (Ауызекі тіл).

БАРҒАН-ТҰРҒАН с ы н. *Қатынасқан, араласқан. Барған-тұрған* жерінің бәрін тапқызады. Босап шыққанның артынан ылғи аңдуда болғаның (С. Шарипов, Бекболат).

БАРҒЫЗ *Бар етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Өнер-білім бар жұрттар... Аты жоқ құр арбаны Мың шақырым жерлерге Күн жарымда *барғызды* (Ы. Алтынсарин, Таңд.).

БАРҒЫЗДЫРТ *Барғыздыр етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БАРҒЫЗУ *Барғыз етістігінің қимыл атауы.* Нәсіреддин өз кейіпкерлерін кішкентайынан биікке ұмтылдырады, ашпа дегенді аштыруға, барма дегенді *барғызуға* құмарттырады («Қаз. әдеб.»).

БАРҒЫШ с ы н. *Бара бергіш, бірдемеге бой ұрғыш.* Ескі ауылдың салтында мұндай кедей үйдің кейбір адамдары ауылды қыдырып, асы бар үйге *барғыш,* телміргіш келетін (С. Мұқанов, Өмір мектебі). Көп жолдастар тақырып таңдауға шорқақ. Сондықтан олар әр ақынымыздың әр кезде жырлап кеткен жәйттеріне, тау, өзен, жайлау, жер, адам секілді жалпылама тақырыптарға *барғыш* («Қаз. әдеб.»).

БАРҒЫШТА е т. *Қайта-қайта бара беру, бірнеше рет бару.* Осы күні Судыр Ахмет те сот інісіне жиі *барғыштайтын* боп жүр (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). Сіз басқармаға жиі *барғыштап* кеттіңіз (К. Тоқаев, Тасқын). Содан бері Нұрқат председательге *барғыштап,* қажет деген шұғыл жайларды түсіндіріп, «сыр» айтып кететін (З. Шашкин, Сенім).

БАРҒЫШТАУ *Барғышта етістігінің қимыл атауы.* Қанай атам беймаза күйге түсіп алды. Орталыққа *барғыштауды* шығарды. (Т. Иманбеков, Үш ай).

БАРҒЫШТЫҚ з а т. *Бара бергіштік.* Оған киноға *барғыштықтың* бәрі де жөн көрінеді (Ауызекі тіл).

БАРДА о р. з а т. *Арақ-шарап қайнатқаннан қалған қойыртқы қалдық, малма.* Оттыққа тұз үнемі салынып қойылады, буаздығының екінші жартысында *барда* мен картоп, мақта күнжарасы мен рапс күнжарасын беруге әсте болмайды (Ә. Әбі-

шев, Мал санитары). Егер жүгері сабағын сабан турағышпен ұсақтап, суға малшылап, оған жем, тұз сеуіп немесе *б а р д а* қосып берсе, мал оны едәуір жақсы жейді (Қ. Құсайынов, Сабан).

БАРДАЙ с ы н. *Бар сияқты, бар тәрізді.* Қоспанның ішіне сыймай бара жатқан қуанышты хабары *б а р д а й* әйеліне жайраңдап қарай береді (Т. Ахтанов, Дала сыры). Деген ой тынбай мені жетелеген, Жол *б а р д а й* жете қалар төтеменен, Іздемей өзге қызық, өзге арманды Бұлдырлай балалығым кете барды (Ә. Тәжібаев, Өленд.). Шәмшинұр осы жайларды ойлағанда қабағын түйіп алды. Әлде біреуге ашуы *б а р д а й* (Н. Ғабдуллин, Қызық дәурен).

БАРДАМ з а т. ж е р г. *Күйлі, әл-ауқатты.* Осы жатақтардың бір ат, бір бұзаулы сиыр, бес-алтылаған ешкісі болса — ол *«б а р д а м»* үй саналады (І. Жансүгіров, Шығ.). Әсіресе Марданды бауырына тартқан Садық атты бір *б а р д а м* ағайыны еді (Бұл да).

БАРДЫ-ЖОҚТЫ ү с т. *Не болса соны, жоқтан өзгені.* Сөз қылып молдекең де *б а р д ы-ж о қ т ы,* Қылт етсе бізге жайды жалын, шоқты (Қаз. әндері).

БАРЕЛЬЕФ з а т. *Тегіс заттың бетіне салынған бедерлі бейне.* Мына бір үш текше тектес сүйектен ойылып жасалған *б а р е л ь е ф т е р г е* назар аударыңызшы: қаншама уақыға, қаншама адам бейнесі жатыр! («Лен. жас»). Ал, К. Герн М. Лазаревскийге жазған бір хатында Шевченконың екі *б а р е л ь е ф і* туралы атайды («Қаз. әдеб.»).

БАРЖА з а т. *Жүк таситын сүйретпе кеме.* Алыстан түтіні будақтаған кемелер мен *б а р ж а л а р* көрінеді («Қаз. әдеб.»). Барлық *б а р ж а л а р,* жүк таситын теплоходтар, сондай-ақ, өздігінен жүретін өзен транспортының барлық түрлері сақадай сай тұр («Лен. жас»).

БАРЖАЛЫ с ы н. *Баржасы бар, баржа тіркеген.* Ертісті өрлей жоғары жаққа бос кеткен *б а р ж а л ы* кішкене пароход бүгін... Бакалай үйі тұсынан шықты (А. Хангелдин, Өткен күн.).

БАРЖИ е т. *Барбию, быртию.* Жабысқан кене малдың қанын сорып, *б а р ж ы п* өсіп кетеді... (С. Омаров, Қой шаруаш.). Жерошақ басында бір әйел от түрткілеп отыр, екі беті ісік секілденіп *б а р ж и ғ а н* денесінің бәрін май басып, үстіндегі киімі сөгіліп кететіндей боп тырсылдап тұр (Б. Майлин, Шығ.). Капитан Белов хорунжийдің тойда отырғандай, беті *б а р ж и ғ а н* түрін де, сөзқұмар әзбелігін де ұнатпады (Х. Есенжанов, Ақ Жайық).

БАР-ЖОҚЫ е с. 1. *Бар, әлде жоқ екендігі.* Шындығында Марс бетінде тіршілік *б а р-ж о қ ы* туралы ғалымдар әзірше таласта, оны келешек бақылаулар шешеді (Х. Әбішұлы, Халық астроном.). 2. *Не бары, барлығы.* Қазақ тілі лексикалары бүтіндей бір жерге жиналып, *б а р-ж о қ ы* сөздікке алфавиттік тізіммен тізіліп, жинақталған да емес (Қазіргі қаз. тілі).

БАРЖОМ з а т. с ө й л. *Шипалы минералдық су.* Егер екіқабат әйелдердің жүргі қызылдаса, онда *б а р ж о м* ішу немесе бір шай қасық соданың төрттен бірін ауыз толым суға езіп ішуі керек (К. Өтегенова, Аборт. зияны).

БАРИЙ з а т. х и м. *Жұмсақ, күміс түсті химиялық металл.* Сілтілік жер металдары дейтініміз — кальций, стронций және *б а р и й,* қазірде бұлардың қатарына радий да қосылады (Б. Бірімжанов, Жалпы химия).

БАРИТОН з а т. м у з. *Тенор мен бастың аралығындағы қоңыр дауыс. Б а р и т о н* — грекше ауыз үнділік. Еркектің бас пен тенор аралығындағы орта дауысы (Хормен жұмыс.). Дауыс атауының талай түрі бар: бас та, *б а р и т о н* да, тенор да, неше түрлі сопранолар да — бәрі де осында (З. Қабдолов, Өмір ұшқыны). Оркестр үнімен астарласа жігіттің сүйікімді *б а р и т о н ы* зал үстінде қалықтай жөнелді («Лен. жас»).

БАРК з а т. *Желкенді үлкен теңіз кемесі. Б а р к т а* діңгек саны үштен беске дейін болады (ҚСӘ).

БАРКА з а т. *Өздігінен жүре алмайтын, бүйірі тік, тұмсықтары доғал, түбі жалпақ кеме.*

БАРКАРОЛА з а т. *Венеция қайықшылары мен ескекшілерінің әні және осы сарынды әуен. Б а р к а р о л а* — қайықшының, ескекшінің әні (барка — қайық), итальян халқының көп тараған тұрмыстық әні (Музыка жанрлары).

БАРКАС з а т. *Ескекпен жүретін үлкен, моторсыз қайық.* Үшкір тұмсықты

тіркегіш *б а р қ а с* өзен ағысын қия балық пунктіне қарай бағыт алды («Лен. жас»).

БАРҚ: **барқ етті.** *Барқырады, барқылдады. Даусы жуан шықты.*— Қашаннан бері мал баласына дәрігер болғансың, сұлуым!— деген дауыстың *б а р қ е т к е н і н* естіді (Ж. Молдағалиев, Жүрек.).

БАРҚ-БАРҚ: **барқ-барқ етті.** *Үздіксіз жағымсыз жуан дауыс шығарды, барқылдады.* Зікірдиннің өн бойын ыза кернеп, тырс етіп жарылып кетуге шақ, әкіреңдеп *б а р қ-б а р қ е т е д і* (О. Сәрсенбаев, Таңбалы тас). Неміс офицері әлденені айтып *б а р қ-б а р қ е т і п* жатыр (Ә. Әбішев, Замана).

БАРҚАДАР: **барқадар тапты.** *Береке, опа тапты, рахат тапты.* Түу, жолдастықтан аттап не *б а р қ а д а р т а б а с ы ң!*— деді Әзімхан (С. Сейфуллин, Шығ.). Өріс тенсін өнерім, Күншығыста өз елім, *Б а р қ а д а р т а п с ы н* бауырдан (І. Жансүгіров, Шығ.). Колхоздан кетсем, менің *б а р қ а д а р т а б а м* деген жерім де сол сенің жылқы совхозың (М. Әуезов, Шығ.).

БАРҚАДАРЛЫ сын. *Берекелі, пайдалы.* Абсолюттік байлыққа осылайша ұмтылу, құнның соңына құмарланып түсу капиталист үшін де, қазына жинаушы үшін де ортақ сипат, бірақ қазына жинаушы тек құныққан капиталист, ал капиталист *б а р қ а д а р л ы* қазына жинаушы (К. Маркс, Капитал, I т., 167, 1963.).

БАРҚЫЛДА ет. *Жөн-жосықсыз, бетімен сөйлеу; барқ-барқ ету.* Қол қусырып Әзім тұр сөзін тыңдап, Хош, уақытсыз сөйледі шал *б а р қ ы л д а п* (Абай, Шығ.). Шыбыртқы сүйретіп кірген жолдасымызды лапаста жатқан кәрі төбет *б а р қ ы л д а п* қарсы алды (Б. Майлин, Шығ.). Ұзын дәлізге кіре бергенде-ақ Нұржанның *б а р қ ы л д а ғ а н* жуан даусы естілді (З. Шашкин, Өмір тынысы).

БАРҚЫЛДАҚ сын. *Барқ-барқ еткіш.* Қасқырлар қора жанындағы дүңкиген сары жотаны құлдилап тарта бергенде, қалың жүнді *б а р қ ы л д а қ* қара ала төбет сондарына түсті (М. Әуезов, Қараш.). Ыңырсып, бырт-бырт дыбыс малдың күйісі, Нан күйген жерошақтан шықпайды исі. *Б а р қ ы л д а қ* сақ төбет те тынып жатыр, Қозғалған көрінбейді ешбір кісі (Б. Майлин, Шығ.).

БАРҚЫЛДАТ *Барқылда етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БАРҚЫЛДАТУ *Барқылдат етістігінің қимыл атауы.* Сырнай, домбыраны тарта білмей, құр перне басып *б а р қ ы л д а т у* қандай сүйкімсіз (Е. Ысмайылов, Ақындар).

БАРҚЫН[1] зат. көне. *Өлгендерге жасалған қорған.* Өлгендерді есте қалдыру құрылыстары *б а р қ ы н* деп аталады (ҚазССР тарихы).

БАРҚЫН[2] зат. *Қартайған бүркіт. Б а р қ ы н* — ұзақ жасаған бүркіт (С. Қасиманов, Қаз. қолөнері).

БАРҚЫН[3] зат. *Бөктерде, далалы жазық жерде өсетін еркек шөп.* Қызыл жыңғыл тоғайындай Қамысын көрдім көлдердің. Су басқан қара *б а р қ ы н ы* Аттың соққан сербегін (О. Шипин, Екі дастан). «Ботасаз» қарлы таудың *б а р қ ы н ы,* ызыңдап ұшатын шыбын-шіркей жоқ онда (С. Мұқанов, Таңд. шығ.). ◆ **Қара барқын тартты.** *Қара қоңыр түске енді, мұнартты.* Күн ұясына енісімен сай-сала қоңыр көлеңкеге шып толып, төңірек *қ а р а б а р қ ы н т а р т а* қалды (Қ. Жұмаділов, Қаздар.). Әлгі ну қамысты аймақ *қ а р а б а р қ ы н т а р т ы п,* желге жонын төсеп, жасыл барқыттай жалт-жұлт етеді («Лен. жас»).

БАРҚЫН[4] зат. *Суы тартылған көл, теңіз жағасы.* Төңірек құлаққа ұрған танадай тыныш, жел жақтан көлдің дымқос *б а р қ ы н ы* көрінеді (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз). Теңіз *б а р қ ы н ы н д а ғ ы* Алжир жері аса көркем, бай жаратылысты (Ғ. Мүсірепов, Достық.).

БАРҚЫНДАН ет. *Көк майсаланып қара қоңыр түске ену.* Көбейіп жылдар санап *б а р қ ы н д а н а,* Көк бұйра тоғай болды бара-бара, Бұралып алуан әсем бозша талдар, Теңселді жасыл бүршік гүлін жара (Ақын жырлары).

БАРҚЫНДЫ сын. *Көк майсалы, барқын өскен (жер).* Көкшенің өзін де, балапан тауларын да, балды бұлақ, *б а р қ ы н д ы* көлдерін де түп-түгел көзімен көріп, көкірегіне ұмытпастай ғып жазып алған Алтынсарының ендігі құмары Көкшенің астын көру (С. Мұқанов, Аспаз). Құнарлы, қандай еді тау сағасы! *Б а р қ ы н д ы* қандай еді су жағасы! Байлығын ала білсең

қандай еді, Бұл құмның кең жазықты айналасы! (С. Мұқанов, Шыңнан шыңға).

БАРҚЫРА е т. *Жағымсыз жуан дауыс шығару.* Мен мұнда *б а р қ ы р а п* жылап ешкіммен көрісіп жатпаймын («Қаз. әдеб.»). Қолға түсіремін...— деп шаба жөнелді жаңағы *б а р қ ы р а ғ а н* адам.— Айда! Почта!.. Бір топ атты *б а р қ ы р а ғ а н* жігіттің соңынан шапты (Х. Есенжанов, Тар кезең). Кілемді естіп қызыққан, Үйіне сұм бай шақырды. Мейірім бар ма бұзықтан, *Б а р қ ы р а п* қысты пақырды (М. Әлімбаев, Таңд.).

БАРҚЫРАТ *Барқыра етістігінен жасалған өзгелік етіс. Б а р қ ы р а т ы п* дауысын, Бет-ауызын шүйіріп, Немістерше мұңайып, Ызаланып, күйінін (Қ. Аманжолов, Шығ.).

БАРҚЫРАУЫҚ с ы н. с ө й л. *Барқырай беретін, бақырауық.* Тажиден *б а р қ ы р а у ы қ* түйесін шөгере алмай әлек боп жүр (Ауызекі тіл).

БАРҚЫТ з а т. *Оң жағы жұмсақ, түгі тығыз жібек мата.* Сырлаған ердің үстінде көкшіл *б а р қ ы т* аткөрпе (М. Әуезов, Абай жолы). Игілік үлкен күрең *б а р қ ы т* жастықты шынтақтап, шот қағып, жамбастап жатыр екен (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). **Пан барқыт.** *Жібек жіп араласқан әртүрлі оюлы гүл төгілген барқыт. П а н б а р қ ы т* көйлек киген Әсия күндегісінен бүгін тіпті өзгеше құлпырып, екі көзі бал-бұл жанып тұр (Ауызекі тіл). **Плюш барқыт.** *Ұзын түкті барқыт.* Ешкінің кейбір тұқымдарының жүнінен *п л ю ш б а р қ ы т,* тағы түрлі әдемі киімдік бұйымдар істеледі (Тарту). **Ши барқыт [кеңірдек барқыт].** *Кеңірдек жүзігіне ұқсас ши бедерлі барқыт.* Жүніс *ш и б а р қ ы т* пешпентін шешіп, камшат бөркінің ішінен қара барқыт тақиясын киді (З. Шашкин, Тоқаш Бокин).— Осы қаладан *ш и б а р қ ы т* табылмай ма, қарағым?— деп сұраған Нұрша Фурманов көшесіндегі универмагке келді (Т. Әлімқұлов, Ақбоз ат). ⊙ **Барқыт дала.**— Шығайық *б а р қ ы т д а л а ғ а,* Өлкенің гүлін, Кілемдей түрін Қарасаң, құмар қана ма? (С. Машақов, Жылдар). **Барқыт қара көз.** *Б а р қ ы т қ а р а к ө з і ң н і ң* ұшқынынан, Көргендеймін өмірдің болашағын (З. Қалауова, Таңд.). **Барқыт тау.** *Б а р қ ы т т а у,* жасыл дала, зеңгер аспан, Күміс көл, ерке өзен алып қашқан (Қ. Аманжолов, Нұрлы дүние). **Барқыт шөп.** Үй өсімдіктері тобына кіретіндердің бірі кәдімгі *б а р қ ы т ш ө п* (плюш) (Т. Таубаев, Жасыл әлем.).

БАРҚЫТТАЙ с ы н. *Барқыт сияқты, барқыт тәрізді.* Жаздың *б а р қ ы т т а й* жұмсақ кеші. Неше түрлі кілем, тұскиіз, перде ұстап безеген отау (С. Сейфуллин, Тар жол.). Алғашқы келгендегідей емес, қыздың *б а р қ ы т т а й* жұмсақ дауысында діріл бар, әлде неден қорыққандай екі көзін төмен түсіріп алған (Ж. Саин, Жол үсті).

БАРЛА е т. 1. *Бағдарлау, байқау; бақылау, шолу.* Баба бүркіт *б а р л а п* ұшады, Вала бүркіт парлап ұшады (Мақал). Самолеттің *б а р л а ғ а н* Аспанда тек гүрілі. Жоқ болады жарқ етіп Алыста оттың дірілі (С. Мәуленов, Таңд.). Жақынша *б а р л а п* алысты, Танытқан Ай, Күн, Марсты,— Қалай дер екен қарт ғалым? (М. Әлімбаев, Биікке). Мылтығымды көлденең ұстап, дұшпандарымның келер жолын күтіп тұрмын. Ауылды көзіммен шолып, айналаны *б а р л а й м ы н* (С. Омаров, Хантағы). 2. *Сынай қарау, байыптап байқастау.* Бұрынғы ескі биді тұрсам *б а р л а п,* Мақалдап айтады екен сөз қосарлап (Абай, Таңд. шығ.). [Тоғжан] Абайды анықтап, түстеп, *б а р л а й* қараған сияқты (М. Әуезов, Таңд.). ◆ **Жол барлады.** *Жол қарады, із кесті.* Әлі желіп келеді Алып аю қорбаңдап. Тұрған аңшы көреді Баяғыдан *ж о л б а р л а п* (Т. Молдағалиев, Құралай).

БАРЛА: **жас барлады.** С ө й л. *Жас парлады.* Иығында ескі көрпесі, екі қолымен жер тіреп алып, көзінен *ж а с б а р л а п,* булығып жөтеліп отырған кемпіршалдар көз алдыңа келеді (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке).

БАРЛАН *Барла етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Бұдан аз-ақ жыл бұрын жаңа ғана *б а р л а н ы п* жатқан Өзенде бір жылы хабар жарқ етті («Лен. жас.»). Соңғы рет желпіп желегін барқыт, Қарағай қалды *б а р л а н б а й,* Жанымда бикеш күледі шалқып, Мен іздеген армандай! (Ә. Сәрсенбаев, Миллиард ізі).

БАРЛАТ *Барла етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Жау шебін *б а р л а т ы п* алғаннан кейін, үлкен мәжіліс өткізбек болып келісті басшылар (Ауызекі тіл).

БАРЛАУ 1. *Барла етістігінің қимыл атауы.* Барлаудың негізгі түрі — әскери

б а р л а у (ҚСЭ). 2. З а т. Э с к. *Соғыс әрекеттерінің нәтижелі болуы үшін жау күштері мен олардың орналасуы туралы мәліметтер жинайтын жауынгерлік және оперативтік қимылдардың маңызды бір түрі. Б а р л а у* — жау жерін шолғындау және торуылдау немесе ұрыспен жау назарын өзіне аудару арқылы жүргізіледі (ҚСЭ). 3. Г е о л. *Кен байлығын зерттеу.* Мұнай көзін ашу үшін алдымен оның қандай тереңдікте жататынын біліп алады. Осы мақсатпен алдын ала *б а р л а у* жұмысы жүргізіледі (Ж. Әбиев, Биология.). Мұнда жаңадан ұйымдасып, Атырау қолтығындағы кең даланы кезе *б а р л а у* үшін бөлініп шығып, көшіп кеткелі жатқан трест бар екен (З. Қабдолов, Жалын).

БАРЛАУШЫ з а т. 1. *Барлау жұмысын жүргізуші, шолғыншы. Б а р л а у ш ы л а р* тез оралды да:— Деревняда немістер бар. Көптеген автомашинаны көрдік,— деді (М. Ғабдуллин, Ел намысы.). Күнге шағылысып, аспанда қалықтап, үстімізде немістің инелік тәрізді бүкіл *б а р л а у ш ы* самолеті (Б. Момышұлы, Офицер күнд.). 2. Г е о л. *Кен байлығын іздеуші, зерттеуші.*— *Ия,* жас *б а р л а у ш ы* — кеншілер, мәжіліс қайырлы болсын!— деп Хасен ағай кірді (А. Машанов, Жер асты.). *Б а р л а у ш ы*-геологтар жұмысы алғашқы жылдары өте қиын болды («Лен. жас»).

БАРЛАУШЫДАЙ с ы н. *Барлаушы тәрізді, барлаушы сияқты.* Ақ сары жүзі жылы, аяулы жан, Алыстан *б а р л а у ш ы д а й* ой аңдыған, Көзіне үміт күлің әлем сыры, Ашылып тұрғандай боп таяу бұған (Қ. Бекхожин, Дала комиссары).

БАРЛАУШЫЛЫҚ з а т. *Барлау жұмысымен шұғылданушылық, шолғыншылық.* Павлик Смирновтың автоматшы болуға да, мина қоюға да, *б а р л а у ш ы л ы қ* жұмысын істеуге де қабілеті бар (Ә. Шәріпов, Партизан қызы). Ол өз дивизиясына қайта барып, *б а р л а у ш ы л ы қ* жұмысына қайта кірісті (С. Бақбергенов, Менің досым).

БАРЛЫҚ [1] е с. *Бүкіл, түгел, барша.* Мынау жатқан декрет! Үкіметтің жарлығы. Кедейге берген түсініс, Мына сөздің *б а р л ы ғ ы* (Б. Майлин, Шығ.). Пролетариат революциясының ұлы идеясы *б а р л ы қ* ұлттардың еңбекшілері бірлескен күресте іске асып отырады (М. Қаратаев, Туған әдеб.). Біз штабқа кірген кезде *б а р л ы қ* офицерлер подполковникке тікесінен тік тұрып ізет көрсетті (Б. Момышұлы, Москва үшін.).

БАРЛЫҚ [2] з а т. 1. *Молдық, молшылық, баршылық. Б а р л ы қ т ы* қай әйел жек көреді. Бірақ, Айша осы бір қиын кезде өз үйінің бөлекше тоқтығын ауырлайтын болды (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.). *Б а р л ы қ* жарастырар, жоқтық таластырар (Мақал). 2. *Бар екендік, жоқ еместік.* Бейімбет «Шұға» повестін революциядан бұрын жазған. Прозаға Бейімбеттің қыры *б а р л ы ғ ы н,* қаламы жүйріктігін «Шұға» дәлелдей алады (С. Мұқанов, Өсу жол.).

БАРЛЫҚ [3] е т. 1. *Шапқан аттың алқынуы, екпіні қайтуы.* Боз айғыр *б а р л ы ғ у ғ а* айналса да теңбілді көп ұзатпайтын сияқтанды (М. Әуезов, Қараш.). Тоқсауыл бөгеттері көп өзектен өте бере мүлде *б а р л ы ғ ы п* қалған торы ат қанша борбайлап, қос өкпеге текпілегенмен шаба алмай лекіте шоқиды (Ә. Көшімов, Екі бүркіт). Кер құнаны *б а р л ы ғ ы п* қалды ма, жоқ өзінің жалқаулығы ма, шабысы бәсеңдеп, қаздар тобы да, ителгі де ұзап кетті (С. Бегалин, Таңд.). 2. *Дауыстың бар-бар етіп қарлығуы.* Ұста балғаларының шаң-шұң жаңғырықтары, базар делдалдарының *б а р л ы қ қ а н* даустары, мастардың беймаза айқай-шулары Арыс бойын басына көтеріп, даңғаза қылып дүрліктіріп жататын (С. Мәуленов, Жұлдызды жыл). Байекең отыр *б а р л ы ғ ы п,* Ыстық па, буған ыза ма. Шығады даусы қарлығып, Қымызға әлде қыза ма... (Ж. Молдағалиев, Жесір.). Қоспан атын тебініп айқай сала беріп еді, даусы *б а р л ы ғ ы п* тамағына кептеліп қалды (Т. Ахтанов, Дала сыры).

БАРЛЫ-ЖОҚ ү с т. *Не бары, бар болғаны.* Қаншайым *б а р л ы-ж о қ* үш тақтай төселген перронның үстінде жалғыз тұрып қалды (Ж. Жұмақанов, Қаракөз).

БАРЛЫ-ЖОҚТЫ с ы н. *Жақсылы-жаманды.* Қала халқы гу-гу қайнаған. Екпіндеген. *Б а р л ы-ж о қ т ы,* жөнді-жөнсіз сөздер де жүндей сабаланған (С. Сейфуллин, Тар жол.). Сақып маңдайының тайпалыңқылығын аңғартпау мақсатымен *б а р л ы-ж о қ т ы* шашын төбесіне түйіп тастаған-ды (К. Оразалин, Ақ жазық). *Б а р л ы-ж о қ т ы* киініп алған туристер

жоғары палубаларға шығып жел өтінде тұрып, теңіз құшағында бұлдырай көрінген қалаға қарайды («Қаз. әдеб.»).

БАРЛЫҚТЫР *Барлық етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Алға шыққан бетінде басқа, көзге төпелеп құнанын *барлықтырып* алған Жақып Әлібайдың құла төбел құнанынан да қалып, тепкіленіп келеді (С. Бегалин, Бала Шоқан).

БАРМАҚ[1] з а т. *Бес саусақтың өзге төртеуіне қарама-қарсы тұратын ең жуаны, әлдісі; бас бармақ.* Оспантайдың алдындағы кітапқа үңіліп, Жүніс бір жерін *бармағымен* шұқып көрсетті (Б. Майлин, Шығ.). ◆ **Балды бармақ.** *Қолы епті, өз ісіне жетік, шебер.* Ау тартып он бес жастан жанды жалдап, Атанды палуан Төлеш *балды бармақ* (Б. Адамбаев, Ақбөбек). **Бал ұстаған бармағын жалайды.** *Бірдемеге араласқан адам соның пайдасын көреді. Бал ұстаған бармағын жалайды* дегендейін бригадир Қабдош қорасына едәуір шөп үйіпті ғой (Ауызекі тіл). **Балуан бармақ.** *Саусақтары салалы, жуан, қайратты.* Әйтілес аппақ, ақ сарбас, соқыр қарт етектей сақалын *балуан бармақтарымен* салалап тарап отыр еді (Ғ. Мүсірепов, Таңд.). **Бармағы майысқан.** *Асқан шебер, ісмер.* Москвадағы теміржолшылар институтының бір топ студенттері шетінен *бармағы майысқан* ісмер екен («Қаз. әдеб.»). **Бармағына қыстырды.** *Бір затты өзгеге сездірмей берді, ұстатты.* Әкем қалтасынан аузы бүрмелі қара дорбасын алды да, қанша екенін білмеймін, тіл ашар деп молдекеңнің *бармағына қыстырды* (Қ. Қуанышбаев, Өленд.). Ол келген сайын әжем бес тиындық қара бақырды *бармағына қыспай* жіберген емес (Б. Майлин, Шығ.). **Бармағынан бал тамған.** *Он саусағынан мәрі төгілген шебер.* Буынсыз он саусағы күй қағуға, Көңіліне тыңдағанның от жағуға, *Бал тамған бармағынан* домбырашы Жан терге түсіп отыр мынау дуда (І. Жансүгіров, Поэма.). Құрманғазы, Дәулеткерей, Дина Нұрпейісова секілді *бармағынан бал тамған* өнер иелерінің көптеген күйлерін ұлт аспаптар оркестрінің орындап шығуын да талғампаз шебердің тікелей қамқорлығы деу керек («Лен. жас»). **Бармағынан күй төгілді.** *Асқан шебер күйші. Бармағынан күй төгіліп,* көмейінен ән әуелеткен жыршы екен (З. Шүкіров, Ғажайып.). **Бармағын басты.** К ө н е. *Куәландырды, растады.* Мөр орнына *бармақ басты.* Куәнің бірі манағы келіншек Зылиқа еді, ол қол қоя білмейтін болып шықты.— Протоколға *бармағыңды баса* сал,— деді біреулері (Б. Майлин, Азамат Азаматыч).— *Бармағыңды басқыл,*— деді жазғандарын оның алдына қарай жақындатып (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). **Бармағын емізді.** *Құр сөзбен шығарып салды,* Анау күнгі келісімнен ештеме шықпады, ол бізге тек *бармағын емізді* (Ауызекі тіл). **Бармағын майға батырды.** *Байлыққа кенелді, молшылыққа жетті.* Су емес, *бармағын майға батырып* қойса, құдайдан одан артық не тілері бар (Б. Қыдырбекұлы, Ешкімге.). **Бармағын тістеді.** *Өкінді, опық жеді.*— Әттең, әттең!— дегенде Тұрлыбай *бармағын тістеді* (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). Жауды Кухоренко атқылай бастады.— Қап, мынау ертерек атты-ау,— деп *бармағымды тістеп* өкіндім (Ол күндер.). Қыдыр мен бақ ол баста, Саған тіпті қонбаған. Егескендер менімен *Бармақтарын тістеген* (Жамбыл, Шығ.). **Бармағын шайнады.** *Қатты өкінді, опынды.* Атымды жегізіп ап жаяу қалдым, Құшақтап төрт сирағын зар жыладым. «Ит сүрінсе үшке шейін» дегенге ұқсап, Отырмын *бармақ шайнап,* бар малажым (Батырлар жыры). **Бармақ басты, көз қысты.** *Бірдемеге алдын-ала келісіп, жең ұшынан жалғасқан.* Туыстары Сейілхан, Есман боп жалғыз қалған жетім баланың дүниесін *бармақ басты, көз қысты* қып түгескен еді (Ауызекі тіл). **Бармақ қазы.** *Қалыңдығы бармақ мөлшерлі қазы.* Белгібайдың биылғы соғымынан *бармақ қазы* шықты (Ауызекі тіл). **Бас бармақ.** *Бес саусақтың ең жуаны, бірініші.* Бақ құсы ұшып басынан, *Бас бармағын* шайнады. Қас тұтам деп қарттарды Бола алмады пайдалы (Т. Ізтілеуов, Рүстем.). «Максимін» басқанда оның *бас бармағы,* Фашистің өлім болды жастанғаны (Д. Әбілев, Өленд.).

БАРМАҚ[2] з а т. ә д е б. *Түркі тілдес халықтардың поэзиясындағы буын өлшемі. Бармақ* өлшемінің үлгілері әсіресе өзбек, қазақ, ұйғыр, татар т. б. ауыз әдебиетінде көп кездеседі (ҚСЭ).

БАРМАҚТА е т. *Бармақ жұмсау, бармағын батыру.* Көшсе көшке жол бермейді, Бос айдасақ түйені. Ақ бетіме салды

ма, Бес *бармақтап* күйені (Қамбар батыр).

БАРМАҚТАЙ сын. 1. *Кішкентай.* Кең дүниенің қойнына *бармақтай* баланы сыйдырмаған жоқшылық, көзінді ашпа! (Қ. Әбдіқадыров, Әңгім.). *Бармақтай* қызға бармақтай сені теңеп жүрген жұртта да ес жоқ (Ө. Қанахин, Дәмелі). 2. *Ірі, толық дән.* Сібірдің *бармақтай* ақ шолақ сұлысына тұмсығы тиген қыр аттары бір жетіде бөртіп шығыпты (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). Арасында орманның Жайқалып егін алқабы *Бармақтай* басы әр дәннің Көзді еріксіз тартады (Т. Жароков, Шығ.).

БАРОМЕТР з а т. *Ауа қысымын өлшейтін арнаулы аспап.* Қабырғаларға әр түрлі өсімдіктердің плакаттары, *барометр,* термометрлер ілінген (Ж. Тілеков, Қайнар).

БАРОН з а т. к ө н е. *Графтан төменгі дворяндық атақ.* Оралдан подполковник *барон* Штемпельдің отряды Аңқаты мен Шідертіні кесіп өтіп Қалдығайты өзеніне қарай бет алды (Х. Есенжанов, Тар кезең).

БАРОНДЫҚ з а т. *Баронға тән, соның иелігі.* Англия жері нормандар жаулап алғаннан кейін көбінесе әрқайсысы 900-ге дейін ескі ағылшын-саксон лордтықтарын қамтитын орасан зор *баронды қ-тарға* бөлінгендігіне қарамастан... ұсақ шаруашылықтар аралығында ірі бай-батша поместьелері орналасқан-ды (К. Маркс, Капитал. I т., 728, 1963).

БАРП-БАРП: **барп-барп сөйледі.** *Жөнжосықсыз сөйлеп, мазаны алды.* Бөшен әйеліне күнұзын *барп-барп сөйлеумен* болды (Ауызекі тіл).

БАРПЫЛ з а т. *Барп-барп еткен дыбыс, үн.* **Есмағамбет өлең айтса-ақ** болды *барпыл* даусы құлаққа өте мезі естіледі (Ауызекі тіл).

БАРПЫЛДА е т. *Барп-барп сөйлеу.* Бәтігүлмен иық тақастыра отырған Шелпек *барпылдап* сөйлеумен болды (С. Сарғасқаев, Біз төртеу.).

БАРРИКАДА з а т. *Көше ұрыстары кезінде қорғаныс үшін жасалған тосқауыл, бөгет.* Ілулі тұрған жарнамалардың бәрін жұлып лақтырдық, кез келген бөшкелерді көшеге домалатып алып шығып, *баррикада* жасадық (М. Қаратаев, Даладағы дабыл). Қызыл партизандарға қару-жарақ, қаржы жинау ісіне әйелдер белсене қатысты, барлаушылық міндет атқарды, медсестра болып істеді, *баррикадалар* құрды (Х. Сейтқазиева, Аялы жандар).

БАРРИКАДАЛА е т. *Баррикада жасау.* Жау жақындап келіпті деген хабарды есті салысымен қала тұрғындары түн бойы көптеген көшені *баррикадалап,* өздері соғысуға дайын тұр екен (Ауызекі тіл).

БАРСАЗАН з а т. б о т. *Шөлейт жерде өсетін мал оты.* Ойдым-ойдым ақ таңдақ ашы татырдың көз тартар көркі адыраспан, *барсазан,* жалманқұлақ тәрізді өсімдіктер... көрініп қалады («Лен. жас»).

БАРТ-БАРТ: **барт-барт жарылды** [етті]. *Бір нәрсе тарсылдады.* Қара қазанға, жүгері қуырып, *барт-барт жарылған* бадананы алақанына салып жатпаушы ма еді әжеміз («Лен. жас»).

БАРТИ е т. *Быртию, ісіну.* Саусақтары қызыл қоңыр тартып *бартиып* іскен (Ө. Нұрпейісов, Қан мен тер). Күннің ыстығынан ба, ызадан ба тер құйылған беті *бартия* ісіп, **күп-күрең болып** кетіпті (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.).

БАРТИЮ *Барти етістігінің қимыл атауы.*

БАРТЫЛДА е т. *Барт-барт етіп жарылу; тарсылдау.* **Кейбіреуге таяғым Тиіп те** кетті *бартылдап* (Абай, Тол. жин.).

БАРТЫЛДАТ *Бартылда етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Екеуің келе сала пұшықты алдың, Өкпесін өзі дімкес қысып та алдың. Қалғандай қағындысы құртан әлі, Пұшықты *бартылдатып* ұшықтадың (Жамбыл, Шығ.).

БАРУ *Бар етістігінің қимыл атауы.* Келді ме жазғым әлде жыр, Қалды ма жұмыс әлде бір. *Баруға* қанша асықсам, Қайтуға сонша асықтым (Т. Жароков, Шығ.). Байжан үйінде болатын жиналысқа *баруға* киініп жатқан Байшегірге жолдастары бір ауыздан барма деп ақыл берді (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке).

БАРУШЫ з а т. *Баратын адам.* Мен сәлем жазамын, Қарағым қалқама, Қайтқанда азамын, *Барушы* айта ма? (Абай, Тол. жин.).

БАРХАН з а т. *Желдің әрекетінен пайда болатын және өсімдіктің жоқтығы-*

нан бекімеген бірыңғай сусымалы құм төбелер (дюналар). Біздің жақтың құмының бір қасиеті бірен-саран *бархандар* болмаса, жалаңаш құмды әсте көрмейсің (Ө. Қанахин, Жер басып.). Бұйрат *бархандардың* арасы — тепсең беткейлер (Т. Әлімқұлов, Күрең өзен).

БАРХАНДЫ сын. *Барханға айналған, шағылданған.* Қос құдықтан отыз шақырым *барханды* құмды басып отырып, Маңқұдыққа жетесің (І. Есенберлин, Қаһар).

БАРША[1] ес. *Бүкіл, барлық.* Бала өсіру *барша* жанның мақсаты (А. Хангелдин, Табыс. тағдыр). Жер қадірін адам біледі, меніңше, мұны *барша* жұрт білсе керек (Ы. Жақаев, Менің бақытым).

БАРША[2] үст. *Әл-ауқатты адамша.* Бардың жұпыны киінгені де, жоқтың *барша* киінгені де белгілі тұрады ғой (Ғ. Мүсірепов, Белдерде).

БАРШАЛЫҚ зат. *Барлық, күллі, түгел.* Әзіргі барлық Индияның *баршалық* оқыған, көзі ашық мәдениетті қауымына түгел ортақ жалғыз тіл — ағылшын тілі болып отыр (М. Әуезов, Индия очерк.).

БАРШЫ зат. тар. *Барлаушы, шолушы.* Екі күннен бері *баршыда* жүрген кісілер келіп, ақырғы хабарларын берді.— Банды жақын арадағы бір ауылдан жаңа ғана аттанды,— десті (С. Сейфуллин, Шығ.). Әзір сәтте осы күнде Сіз *баршыға* бармақсыз. Штабы бар, склад бар Бөріне әлек салмақсыз (М. Әуезов, Шығ.).

БАРШЫЛЫҚ зат. *Молшылық, жеткілікті.* Пәлендей табыс жоқ, сонда да әйтеуір сорпа-су әзірге *баршылық* (Х. Есенжанов, Тар кезең). Әйтеуір, көптен көлдей *баршылық* арылмасын (О. Сәрсенбаев, Даңқ).

БАРШЫН[1] зат. *Жолақты жібек мата.* Жібек маталардың ішінен көбірек тарағаны: торқа, қырмызы, жібек, торғын— құбылмалы жұқа жібек, жолақ *баршын*, мақпал, атылас, қамқа және басқалары (ҚазССР тарихы).

БАРШЫН[2] сын. *Он жастан асқан бүркіт.* Бүркітті он бірінде *баршын* деп атайды екен (С. Қасиманов, Сиқырлы сыбызғы). Аспанда ұшып айналған, Түлкі көрсе сайланған, Түлкісін иесі байланған, Қара ала *баршын* бүркітім, Аспандап ұшып келдің бе? (С. Сейфуллин, Шығ.). ◆ Баршын тартты. *Жасы ұлғайды, шау тартты.*— Көрдік. Екеуі де ұяның үстінен кеткен жоқ... Бірі қоңыр ала, бірі құрым сары, *баршын тартқан* құстар екен (Ғ. Орманов, Жүрек). ⊙ Сондағы балғын көк арша Ұлғая *баршын тартыпты.* Бітімі бірақ балауса Білдірер емес қартықты (Ғ. Орманов, Ой қанаты).

БАРШЫНДА ет. *Қыранның шау тартуы. Баршындап* жасы сарқырап Аяншақ тартып алмайды аң (С. Бегалин, Таңд. шығ.). *Баршындап* әбден ол енді Жас келіп, міне шаршапты. Ілетін түрі жоқ енді Таутеке түгіл, қарсақты (Қ. Шаңғытбаев, Аққу әні).

БАРШЫНДАЙ сын. *Баршын тәрізді.* Бақ талайы *баршындай!* Кебегім болармысың осы сен? (М. Әуезов, Шығ.). Шыңға өрмелеп қияны қиялады, Тайып кетсе жоқ тоқтар тиянағы, Бабы келген *баршындай* саңқылдап, Балапанын баулыған қарт ұядағы (Ш. Әбенов, Кейпін батыр).

БАРЩИНА зат. тар. *Крепостнойлық право тұсындағы шаруалардың помещиктер жерінде тегін істейтін еріксіз еңбегі.* Помещиктер шаруалар шаруашылығын рыноктың қоятын талаптарына ыңғайлауға тырысты, *барщина* мен оброкты көбейтті (ҚазССР тарихы).

БАРЩИНАЛЫҚ зат. *Барщинаға тән. Барщиналық* еңбекте товар өндіруші еңбек сияқты уақытпен өлшенеді... (К. Маркс, Капитал, I т, 93). *Барщиналық* еңбек тұсында крепостной шаруаның өзі үшін істеген еңбегі мен оның помещикке істеген еріксіз еңбегі айырықша сезіліп тұрады, кеңістік пен уақыт бойынша білінеді (Бұл да).

БАРЫҚ зат. сөйл. *Парық.* Баян баласының сөзін *барық* қылмай сөйлей береді (Т. Нұртазин, Адам.).

БАРЫЛ зат. *Жағымсыз дыбыс, үн.* Тау жақтан түнгі тыныштықты бұза бір *барыл* үн естіледі (Ауызекі тіл).

БАРЫЛДА ет. *Бар-бар етіп, жағымсыз жуан дауыс шығару.* Шынында да толғанып кетті ме, даусы *барылдап* Нұртаза жылап жіберді (С. Мұқанов, Есею жылдары.). Көл үсті қаңқылдаған қаз, қиқулаған аққу, *барылдаған* үйрек үні (С. Жүнісов, Жапанда.).

БАРЫЛДАҚ сын. *Барылдауық.* Қайда да серт бергіш-ақ Митрофан *барылдақ.* Алайда бір ер құсап, Шыға алмайды орындап (Қ. Мырзалиев, Алуан.). ◆ Барылдақ қоңыз. *Қатты қанаттылар тобына*

жататын жылтыр қара жәндік. Барылдақ қоңыз тары, бидай, жүгері, күріш, арпа дәндерімен қоректенеді (ҚСЭ).

БАРЫЛДАТ *Барылда етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Домбыра, сырнай үйренбек болып *барылдататын,* насыбай ататын, шылым тартатын (С. Сейфуллин, Шығ.).

БАРЫЛДАУ[1] *Барылда етістігінің қимыл атауы.*

БАРЫЛДАУ[2] с ы н. *Жуандау, жағымсыздау (дыбыс, үн).* Дауысы тарғылданып *барылдау* шықты (Б. Майлин, Шығ.). Әнші емеспін, жолдас аға лейтенант, *барылдау* даусымнан шошып кетіп жүрмеңіз (С. Омаров, Тастағы жазу).

БАРЫЛДАУЫҚ с ы н. *Барылдай беріш, мазасыз.* Осы бала жөпшеңдіге уанбайтын бір *барылдауық* сәби болып алды (Ауызекі тіл). ◆ Барылдауық үйрек. *Өзен үйректері туысына жататын кәсіптік маңызы бар ірі құс. Барылдауық үйрек* Европада, Азияда, Африкада, және Солтүстік Америкада тараған (ҚСЭ).

БАРЫМТА з а т. т а р. *Кектеніп жауласқан екі рудың бірінің-бірі мал-мүлкін күшпен тартып алуы. Барымта,* қуғын үстінде керейден екі жүз жылқының ақысы сыбанға ауысқан (М. Әуезов, Абай). Ел іші қашан аман дау-шатақтан, *Барымта,* басып алыс болып жатқан. Арада неше түрлі адам өліп, Жауласып ру-ру қанға батқан (І. Жансүгіров, Шығ.). Ертеңіне-ақ Атабек ауылдарының өзімізге белгілі таңбалары оттан түспей, *барымтамен* келген жылқылардың санына бұрқырап басылып жатты (А. Машанов, Жер асты.).

БАРЫМТАДАЙ с ы н. *Барымта сияқты.* Жаныма кеп *барымтадай* тидің сен, Жүрегімді қамшыменен тілдің сен. Қазақ рухым көтерілді сол жерде, Киіз үйге ұйықтағанда келіп сен (С. Сейфуллин, Тар жол.).

БАРЫМТА-ҚАРЫМТА з а т. *Барымта және соның есесі.* Соңғы сауалдан басқасының жауабы айқындалды. *Барымта-қарымта* жалданбаған екен («Лен. жас»).

БАРЫМТАЛА е т. *Жауласқан екі жақтың арасындағы қарым-қатынастың шиеленісуі; егесіп мал, кек алу.* Соттың үкіміне наразы болған Жүніс Әділдің ауылына шабуыл жасап, малын *барымталады* (З. Шашкин, Ұядан ұшқан.). Бұл елді бір жау шапты малын талап, Қаласын тас-талқан қып жанын талап. Солдаттарын сабылтып қойдай қырып, Алтынын, малын алды *барымталап* (Н. Ахметбеков, Аманкелді).

БАРЫМТАЛАН *Барымтала етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Кейде *барымталанатын* жақтың күші барымташылардан әлдеқайда артық болады да, олар шабуылшыларға тойтарыс беріп қана қоймай, сонымен бірге олардың ат-тұрмандарын тартып алып, ауылдарына жаяу қайтарады (М. Елеусізов, Шоқан Уәлиханов).

БАРЫМТАЛАС *Барымтала етістігінен жасалған ортақ етіс.* Тама деген елмен найманның *барымталасып* жатқан кезі еді, жайлауға барысымен Дүрімбайдың барлық жылқысын тама айдап кеткен, талайын сойып тастаған (С. Шарипов, Шығ.). «Қан жуарға мал шауып, *барымталасып* қырқысқан елдің күйзеушілікке түскен қайғылы халі бар»,— деп өңмендете төндіріп барып тоқтаған Ақшолақ Олжабекке: «осы пәлеге ортақсың, сен әкелген сұмдық» деп отырған сияқты (К. Оразалин, Көктем.).

БАРЫМТАЛАУ *Барымтала етістігінің қимыл атауы.*— Содан, әкем, Ұшпақты, мықтыны *барымталау* — кек алудың жолы деп түсініп, ақырында «Ұры Қожақ» атанып кетті (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз).

БАРЫМТАЛЫҚ с ы н. *Барымтаға тән.* Пайда табудың *барымталық* жолы — қазақ шаруашылығының басты саласы болып есептелетін — мал шаруашылығын өркендетуге кері әсер етумен бірге қоғамның жалпы өндіргіш күштерінің өркендеуіне де кедергі келтіреді,— деді Шоқан (М. Елеусізов, Ш. Уәлиханов).

БАРЫМТА-СЫРЫМТА з а т. *Барымта, тағы сол сияқты әрекет.* Сүйіспеншілік, феодалдардың өз ара тартысы, *барымта-сырымта* тәрізді салт мәселесі бар (Қ. Жұмалиев, Әдебиет.). Берсе *барымта,* бермесе *сырымта* (Мақал).

БАРЫМТАСЫЗ с ы н. *Барымта болмай қалмаған.* Қойнауы Қаратаудың қалың жайлау, Жанжалсыз, *барымтасыз,* тұрмайды сау. Қалмайды тайлы-таяқ айғай шықса, Әдеті бүлік іздеп күнде тынбау (И. Байзақов, Ақбөпе).

БАРЫМТАШЫ з а т. *Барымта қуушы.* Батырдан *барымташы* туар даңғой

Қызшыл да, қызықшыл да әуре жан ғой (Абай, Тол. жин.). Аттарын жаратып мінген *барымташылар* да тізгінді салып, топ жылқыны қаумалай қуып барады (М. Қаратаев, Даладағы.).

БАРЫМТАШЫЛ сын. *Барымтаға әуес, барымталағыш.* 1916 жылы ел ішінде *барымташыл* даугерлер көбейді (Ауызекі тіл).

БАРЫМТАШЫЛЫҚ зат. *Барымта жолын қуушылық.*

БАРЫНДА үст. *Бар кезінде, бар уақытта. Барында* батып же, жоғында сатып же (Мақал).

БАРЫНША үст. *Бар мүмкіндігінше, мейлінше.* Ысмайылдың үй іші сыйлас құдасының жақсы көрген оқымысты баласы келген соң, қуанысып, *барынша* құрметпен күте бастады (М. Әуезов, Қараш.). Қарлығаш қарағанда өзге құсқа, *Барынша* жұмысына тым-ақ ұста. Балшықтан бөбегіне бесік жасап, Өзгеге өрнегімен болған нұсқа (Ө. Тұрманжанов, Қарлығаш).

БАРЫҢҚЫРА ет. *Жақындаңқырау, жетіңкіреу. Барыңқырай* бергенде әртін үңгіп, Диірмен тұр үгетін тасты ұн ғып. Қамалған тұман болып қарауытып, Жүзеді түкпірдегі ауа күңгірт (Д. Әбілев, Алтай.).

БАРЫҢҚЫРАУ *Барыңқыра етістігінің қимыл атауы.* Сендер бергі жағынан қайтқансыңдар ғой, ары қарай *барыңқырау* керек еді («Лен. жас»).

БАРЫП-БАРЫП үст. *Не бір заманда, көп уақыт өткен соң.* Демігіп дем ала алмай *барып-барып,* Шашалып, бір жөтеліп, бір қақалып: — Ойбай-ау, не сұрайсың,— деді, — бізден (Н. Ахметбеков, Жасауыл қырғ.). Әлденеше бунақ болып жалғастырылған бұрғы машина өзен табанына шымырап *барып-барып* қайта лықсытылды (С. Бегалин, Жеткіншек).

БАРЫП-КЕЛІП үст. *Жиі қатынасу, келіп-кету.* Омарға ілесіп Игнатқа *барып-келіп* жүргенде, алдарынан ойқастаған сұлу келіншекке талай рет көзі түсті (Б. Тілегенов, Аққайнар).

БАРЫРАҚ сын. *Молырақ, көбірек.*— Шөкібаланы жібер, сенен көрі оның қолының әлі *барырақ* шығар, — деп Ырысты қақпайлап жіберді (І. Жансүгіров, Шығ.). Әйел қасиетінен көрі сенде ердің ерлік қасиеті *барырақ* (М. Сатыбалдиев, Қоңыр қозы).

БАРЫС[1] зат. 1. *Түсі шұбар, мысық тұқымдастарына жататын жыртқыш аң.* Сыр айтып сыпсың қайың қарағайға, Бұлбұлдың әні еседі әлдеқайда. Сығалар әкі *барыс* жапырақтан Қой тастың үстіндегі құралайға (Ғ. Қайырбеков, Қосбасар). Аң — осы өлкенің ең бір бағалы байлығы. Бұғы, марал, құлжа, арқар, тау ешкі, елік пен қарақұйрық, аю мен *барыс,* сілеусін мен қабан... не жоқ еді мұнда («Лен. жас»). 2. Кене. *Он екі хайуан атымен қойылған жыл санаудың үшіншісі; жыл аты.* 1911-жылы, бұл бұрынғыша айтқанда, *барыс* жылы — Дәмеқұлдың әйелі өлді (С. Ерубаев, Шығ.).

БАРЫС[2] зат. лингв. *Қазақ тілі грамматикасында кімге? неге? деген сұрауларға жауап беріп, сөйлемде толықтауыш, пысықтауыш қызметін атқаратын септік жалғауының бір түрі. Барыс* септіктегі сөз әрқашан етістік болған мүшемен байланысып, негізінде, қимылдың бағытын, мақсатын білдіреді (Қазіргі қаз. тілі).

БАРЫС[3] 1. *Бар етістігінен жасалған ортақ етіс.* Бүгін бізді Калькуттада бірінші рет Индия театрына алып *барыстың* (М. Әуезов, Индия очерктері). Зауыттың бершіліне өзім алып *барысам* (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). 2. Зат. *Істің бағыты, бет алысы, жағдайы.* Ал жұмыстарыңның *барысы* жөнінен Хасен ағай мен маған хат жазып тұрасыңдар (А. Машанов, Жер асты.). Нұржанның ауырып тұрмын деген сылтауына қарамастан, егін орудың *барысы* жайында баяндама жасады (З. Шашкин, Өмірбтынысы). Біреулер сабақтың аты, тақырыбы, *барысы,* тапсырма деп өте қысқа жазады («Халық мұғ.»).

БАРЫС-КЕЛІС зат. *Келім-кетім, қатынас.* Бес жылғы өзіндікі өнген жеміс, Сонымен өндет жеріңді болған кеміс. Бірісің жан аямас жан досымның, Етіп тұр, араласып *барыс-келіс* (Т. Ізтілеуов, Рүстем.).

БАРЫСТАЙ сын. *Барыс сияқты.* Жас *барыстай* оянған Сәрсен енді сілкінді, Көрер ме еді тіленген Дәл сол кезде шіркінді (С. Сейфуллин, Шығ.).

БАРЫСУ *Барыс етістігінің қимыл атауы.* Бала туса шілдеханаға, адам өлсе

жаназасына *б а р ы с у* жоқ (С. Шарипов, Бекболат).

БАРЫСША үст. *Барыс секілді (1).* Беті де, мұрны да сәбіздей қып-қызыл, тәпелтек Ораз поштабай босағадан *б а р ы с ш а* қарғып кеп, жыраудың домбырасына жабысты (Д. Әбілев, Ақын арманы). Тайқы осының бәрін өлшеп, пішіп, Үкенің күйі кетіп, басы айналған шағында кеп *б а р ы с ш а* бас салып отыр (А. Хангелдин, Табыс. тағдыр).

БАРЫСЫНДА үст. *Жолында, бағытында.* Дүйсеннің өмір *б а р ы с ы н д а* хат тануының өзі жылдан жылға дамып, ұлғая түсті (К. Оразалин, Ақ жазық). Тілдің даму *б а р ы с ы н д а* жаңа сөздер пайда болумен қатар... кейбіреулерінің қолданылу аясы тарылып, бұрынғы көп мағынасы азайып, бір мағынасымен ғана қалады (Қазіргі қаз. тілі).

БАС[1] з а т. 1. *Адамның, жан-жануарлардың ауыз, көз, құлақ, мұрын, ми* т. б. *орналасқан дене мүшесі.* Құлаған қызыл әскер *б а с ы н* бір көтеріп алды да, қайта құлады (Ғ. Мүсірепов, Таңд. шығ.). Сотников *б а с ы н а н* бөркін алып жанына қойды (З. Шашкин, Ұядан ұш.). Аюдың жартастан асыла жатқан *б а с ы* әрі салбырай ойға төне, әлденеге ілініп тұр (С. Бегалин, Таңд.). Жақсы аттың бір белгісі — Етсіздігі *б а с ы н ы ң* (Ақын жырлары). 2. *Кісі, адам, жан.* Сәмет үйі де *б а с қ а* бай емес, әйелі, кішкене қызы (А. Нұрманов, Аққу.). *Б а с ы* аманның малы түгел (Мақал). 3. *Малдың саны, тұяқ.* Мал *б а с ы н* он процент, егіс көлемін он бес процент арттырмақ. Егер осыны орындаса Жақыптан кім аспақ? (Ғ. Мұстафин, Миллионер). Көшпелі мал өсірушілер малды қопчур деп алатын салық төлеуге міндетті болды, мұның көлемі жүз *б а с* малдан бір *б а с* мал болды (ҚазССР тарихы). Оқушылар бригадасына бекітілген 139 *б а с* төлдің бәрі де қыстан семіз, күйлі, аман шықты («Лен. жас»). 4. *Шөптің, ағаштың, түрлі өсімдіктердің жоғарғы жағы, ұшы.* Қарағай *б а с т а р ы н* жау снарядтарының жарықшақтары қырқып әбден тоқалдаған (Ж. Жұмақанов, Әлия). Гүл өсімдіктері шоқтар *б а с ы н* күнге иіп, самал желмен бұлғақтайды (К. Тоқаев, Тасқын). Қарлығаш ұясын қыстаудағы қоралардың, аша ағаштың *б а с ы н а* салады (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.). 5. *Таудың, қырдың, дөң-дөңестің т. б. нәрселердің ең биік жері, жоғарғы шыңы, төбесі.* Абай төбенің *б а с ы н а* шықты (М. Әуезов. Абай жолы). Кешегі қалың бұлт аспаннан ыдырап, таудың *б а с ы н а* ғана шөгіпті (С. Мұқанов, Саяхат.). Шың *б а с ы н а* кеп шықтық, Көк аспанмен тілдескен (С. Сейфуллин, Өлеңд.). 6. *Өзеннің, бұлақтың басталған жері, қайнар көзі.* Шу өзенінің *б а с ы* Алатаудан басталады (СССР экон. геогр.). 7. *Белгілі бір заттың бір шеті; бір жақ ұшы (таяқтың, сойылдың).* Түзу бағытты көздеу үшін транспортир табанының бір *б а с ы н а* шеге, екінші *б а с ы н а* саңылауы бар қарауыл қағу керек («Халық мұғ.»). Сойылдың *б а с ы* сарт етіп, қашып бара жатқан қасқырды ұшырып түсірді (Ауызекі тіл). Киінгенде асып-сасып, Байқасамшы бір қарап, Бәтеңкемнің екі *б а с ы,* Екі жаққа тұр қарап (Балдырған). 8. *Балта, пышақ, шот т. б. сол сияқты құрал-сайманның саптан төменгі ұшы, жүзі бар жағы.* Ұзын сапты айбалтаның *б а с ы* асыл құрыштан істеліпті (С. Мұқанов, Таңд. шығ.). 9. *Заттың, бұйымның бөлшектері, кесегі.* Ысқылаудан өткен жиектің екі тінін қосып бір домалаққа жинайды. Мұны *б а с* деп атайды (С. Қасиманов, Қаз. қолөнері). Мен бүгін үш *б а с* жіп иіріп нормамды орындадым (Диал. сөздік). 10. *Мекен-тұрақты білдіретін сөздермен, сондай-ақ топонимдік атаулармен тіркескенде, маңы, жаны, қасы сияқты мағынаны білдіреді.* Жандос үйіне қос *б а с ы н а н* кеш қайтты (С. Адамбеков, Қожанасыр). Каналдың *б а с ы н д а* топырақтан үйілген ұзындығы 20 м. плотинаның қалдығы сақталыпты («Лен. жас»). Қызыл арай, ақ таңдақ Күнде бірге қабыссың! Ер мен еңбек, таңғы шық, Ток *б а с ы н а н* табыссын (Ж. Саин, Таңд. шығ.). 11. *Бір оқиғаның басталған кезі, алғашқы мерзімі.* Петр I-нің указы бойынша 1700 жылдың 1 январы — жыл *б а с ы* болып есептеледі (Ғалам. ғажап.). Жазылып отырған оқиға Жетісуды Шыңғысхан әскерлері басып алған жылдары, яғни XIII ғасырдың *б а с ы н д а* болуға тиіс («Лен. жас»). 12. *Белгілі бір іс-амалдың ұйытқысы, себепкері.*— Жолдастар, жанжалдың *б а с ы* мына мен, Мақтан болмас десем ай асылы — мен, Жасартып туған елді алға тарттым, Адымдап ұлы өмірдің асуымен (Алғашқы адым). 13. *Мамандық атауымен тіркесіп лауазым, дәрежені білдіреді.* Бір ресторанда *б а с* аспаз болдым, — деді Петров

(Т. Жанкелдин, Партизан.) Әйтеуір *бас* дәрігер мені өте суық қарсы алды («Лен. жас»). *Бас* инженер кетті дейді көруге, Жерді көріп өз бағасын беруге, Мүшелердің өзі болып біреуі, Гүлжан оған жарамас па еді еруге! (Х. Ерғалиев, Біздің ауыл.). **14.** А у ы с. *Басшы, жетекші.* — Шырағым, сөзіңе қарасам *бассың*, түріңе қарасам жассың, жөніңді айтшы,— деп ол Шоқанға қарады (С. Бегалин, Шоқан асу.). **15.** А у ы с. *Ақыл, ой, ес.* Таңданатын түгі жоқ, капитан Қалиқанов *бас*ы бар адам. Қалидың шайқасын ол әлдеқашаннан білетін (О. Сәрсенбаев, Жалғыз күрке). Жасықтар махаббатын Жасымен ұқтырған, Ұлылар махаббатын, *Бас*ымен ұқтырған (Р. Ниязбеков, Желер күн.). ◆ **Ағаш аттың басына мінгізді.** *Әр сақка жүгіртіп, өсекке таңды.* Нұртайдың ақ дегенін алғыс, қара дегенін қарғыс санайтын кейбір жарамсақтар, Сәмет екеуімізді сырттан күстаналап, *ағаш аттың басына мінгізіп* жүргенін де біліп жатырмыз (С. Омаров, Қайырлы.). ...Елемес екеуміздің анадағы бір түнде Жәмимен кездесіп сөйлескенімізді біліп қойған біреулер *ағаш аттың басына мінгізіп*, әр түрлі өсек таратып жүр (Бұл да). **Ақ бас.** *Шашы ағарған.* Иван Иванович өзінен өзі сөйлеп: Жайсақов, сен мазалайсың мені. Жас ұстаз адасса бір сәрі, сақал-шашы ағарған сен сияқты *ақ бас* шал адасса, масқара ғой бұл! — дейді. (М. Иманжанов, Менің махабб.). Берген соң төңірім өмір, *ақ бас* болдық, Келін мен балаға да жақпас болдық. Көрген соң көзі құрғыр шыдай алмай, Таппаған адам өбін қақбас болдық (XVIII—XIX ғ. қаз. ақын.). **Алдияр бас.** *Әмірге құлдық, құп тақсыр.* Ей, тақсыр, дәулетіңе *алдияр бас*, Атамыз Шонжар патша мерген екен (Батырлар жыры). **Ат басын бұрды.** *Бір жаққа бет алды. Аттың басын* соған *бұрып* қиялап, Орыныңнан көп отырған ұялап, Бір қозғалып, жайланады көңілің, Сонда есіктен қара бала сығалап (Ғ. Қайырбеков, Қосбасар). **Ат басындай алтын.** *Үлкен олжа.* Күн шыға тап кешегі кеткен жақтан, Қарайып топ көрінді келе жатқан. Умаштап Назикасын сүйді Қақаң, Кісідей *ат басындай алтын* тапқан (Қ. Тоғызақов, Өленд.). **Ат басын тіреді.** *Келіп тоқтады.* Үш үйдің ішінде еңсесі көтеріңкі, қомақтылау біріне Аман мен Таймас *ат басын тіреді* (Ғ. Мұстафин, Дауыл.). **Бас алды.** *Дән ала бастады.* Жақында ғана тегіс *бас алған* тары тақта болып, масақ тұмсықтары дән ала бастаған (Ж. Арыстанов, Жалын.). Биыл күн жылы болғандықтан егін ерте *бас алды* (Ауызекі тіл). **Бас алмады.** *Ешнәрсеге алаңдамады.* Кітаптан *бас алмай*, үнсіз бір сопдай сарылып отырып қалған Абай, үй мен тыстан бірдей беймезгіл күз салқынын сезеді (М. Әуезов, Таңд. шығ.). Газет, телеграмма хабарларын *бас алмай* оқып жатырмын (С. Сейфуллин, Тар жол.). **Бас аман.** *Сау-саламат. Бас аман*, бауыр бүтін, бақыттымыз, Қайғысыз өткіземіз уақытты біз (Партия тур. өленд.). Қос қанатты самолет, Советтің елі жасаған. Сен жолдасым моторлы, Менде жоқ хауіп, *бас аман* (Ақын жырлары). Қырғызға көшіп біз енді, Алатауды орап баралық. *Бас аман*, малың түгелде, Мекенін елдің табалық (Манас). **Бас араздық.** *Екі адамның, я екі жақ жіктің арасындағы бақастық, өкпе, реніш.* Жанаевтар мен Есеновтың арасында *бас араздық* бар. «Оның түбі әйел мәселесінде»,— деді Керімбек (М. Әуезов, Өскен өркен). Әй, қу соғыс-ай! Сонда не үшін? Не жетпеді? Бәрі де *бас араздық*. Қу дүниеге көз тоймаушылық. Бәсеке. Қанқұмарлық (Н. Баяндин. Құм. асты.). **Бас арқан.** *Киіз үйді жел, дауылдан сақтау үшін, туырлықты бастыра қазыққа байланатын бау, жіп.* **Бас арық.** *Жанжаққа су тарататын үлкен су жолы.* Көшесінде Ленинның, *Бас арықтан* сәл төмен, Институты тау-кеннің, Келеді сол үй ертеден (Ғ. Қайырбеков, Таулар.). **Бас асау.** а) *Басына жүген-ноқта кигіздіртпейтін тарпаң мінез (жылқы).* Шұбардың азырақ *бас асауы* бар екен, жүген басына киілген соң жынын алдырған бақсыдай жуасыды да қалды (І. Жансүгіров, Шығ.). ә) *Бірден айтқанға көнбейтін, жөнге түспейтін қиқар (адам).* Қазақ байының *бас асауы* әлі басылмағаның міне Жамантік ақсақал тағы да көрсетіп айтты (Ғ. Мұстафин, Дауыл.). Сөзіңе құлдық ұрдым Айман айым, Солай деп жөнге салшы *бас асауды* (М. Әуезов, Таңд.). **Бас ауыртты.** *Мезі қылды, мазалады.* Балалар шулап бақырды, Ынтасы — даусын білдірмек. Қонақтың күйін қашырды, *Басты ауыртты* көп дүрмек (Абай). **Бас ауырып, балтыры сыздады.** *Ауырсырқауға ұшырады, науқастанды. Басың ауырып, балтырың сыз-*

даса, бақсы-балгерге көрінетін пасық заман артта қалғаны қашан («Лен. жас»). *Бас ауырып, балтырың сәл сыздаса* Қиыны сол, ауыры сол бізге аса. Дос құшағы — шілдедегі талма түс, Әлдекімге көңілің бір мұздаса (Қ. Мырзалиев, Бұлбұл.). **Бас әріп.** *Үлкен әріп.* Сөз сөйлемнің басында *бас әріппен* жазылады (Ауызекі тіл). **Бас байлады.** *Хауіп-қатерден тайсалмай, өлімге, қиыншылыққа бел буды.* Алғаш елден бұрын [базға тақап барған] Қасеннің қолына оқ тиді — мынау не жаудың өзі, не соның жолына *басын байлаған* кісі,— деп Қасен кейінірек тұрып қап еді (М. Әуезов, Таңд. шығ.). *Басымды оққа байлаған,* Сені берсем қыз Құртқа, Бір елдің малын алармын деп, Езу тартып күледі (Қобыланды.). **Бас бақты.** *Сақтанды, қорғанды; көрінбей жасырынды.* Шапыран түнде үйге *бас баққан* ұрыша ақырын тесіктен тысқа басын шығарды (С. Сейфуллин, Тар жол.). *Бас бағып,* бұғы бұғып, таста бұлан, Тыңдайды құстың үнін құйқылжыған (І. Жансүгіров, Шығ.). **Бас балуан.** *Жиын-тойда күреске түсетін балуандардың ең мықтысы, бірінші балуан.* Жасы жиырма бестерге келген, аса ірі денелі аусарлау мінезді Мырзақмет, қазақ ауылдарының *«бас балуаны»* атанған адам («Қаз. әдеб.»). **Бас бармақ.** *Саусақтың біріншісі, үлкені.* Жұманның бақал *бас бармағы* қағаз бетіне темір күректің басына ұқсап, жап-жалпақ болып түсті (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). Ызалы жыраудың еріндері күбірлеп, оң қолының *бас бармағы* күнге күйген қоңыр домбыраның қос ішегін сипалақтай берді (А. Сатаев, Дала.). Самат оң қолының саусақтарын тарбита қойған күйі, *бас бармағын* үлкен мұрнының ұшына апарып, қиқылдай күледі (Ә. Сәрсенбаев, Капитан.). **Бас бармақтай.** а) *Кішкентай, титімдей.* Адам үй үстінде де, кран кабинасында да *бас бармақтай* болып көрінеді (Адам және химия). ә) *Ірі, үлкен.* Қып-қызыл бүлдіргені *бас бармақтай,* Раушы солқылдаған әлі қатпай. Аз ғана малымыз бар қолда бақпан, Сарайдай сәнден салған қара тақтай (Д. Еркінбеков, Шығ.). *б) Ықшамды, оңтайлы.* Сәду *бас бармақтай* жорғалап қонақтарды атқа қолтықтап, мінгізіп жатыр (Ауызекі тіл). **Бас бау.** *Туырлықтың, үзіктің жоғарғы бауы.* Түндігімнің төрт бауы. *Бас бауымды* жар-жар-ау! Алты жеңгем сұраса, Аласың да, жар-жар-ау! (Айтыс). **Бас бәйге.** *Еңбек озаттарына, әр түрлі өнер сайысында топтан озған жеңіскерлерге берілетін сыйлық, бірінші жүлде.* Кереші шығып әр топтан, Шығарып атты айдады. *Бас бәйгесі* жүз тайлақ, Солқылдаған өркеші (XVIII—XIX ғ. қаз. ақын.). Ол дәйім *бас бәйгені* жүрді бермей, Жыл асса ұлылығын білдірердей. Алғанда әр кітабын толқып тұрдық, Оқыдық бір сөйлемін құр жібермей (З. Шүкіров, Арал толқын.). **Бас билік.** *Жеке бас ерікгілігі.* Феодалдық дәуірде құлдардың *бас билігі* өздерінде болмады («Лен. жас»). **Бас болды.** *Жетекшілік етті, басшылық көрсетті.*— Ашық айтқанда өзіміз *бас болып* сенбілік ұйымдастырғалы, соның жоспарын ойласқалы жиналғанбыз (С. Шаймерденов, Болашақ.). Исатай деген ағам бар, Хан ұлымен қас болып, Қара ұлына *бас болып,* Шапқандай ханды амал бар (Махамбет). Тойың болса қарағым, *Бас болып* өзім барамын, Мақтан қып айтар ерім бар, Мақтанар қалың елім бар (С. Бегалин, Баллада.). **Бас бұзар.** *Шырық бұзғыш, бүлдіргіш, сойқаншыл.* Түркстан қазақтары мен Арқа қазақтарын қосу мәселесі қозғалып жүр. Егер қосылса, бүкіл қазақтың ғана емес, оның бүкіл оқымыстыларының да басы қосылады. Міне сонда солақай *бас бұзарлар* азшылық болып қалады да, басшылықтан кетеді,— деді Ермекбай Теміржанға (Ғ. Мұстафин, Дауыл.) — Түйесін тартып алған мен бе екем, өкіметім алып берді емес пе? Ой, *бас бұзар* әумесер күшік! Өзінде ой дегеннен тұк жоқ екен ғой (Р. Райымқұлов, Бұрылыс.). **Бас білгі.** *Салт мінуге, жегуге үйретілген (көлік).* *Бас білгі* үстіне салт мінгенде... қай жаққа тілесең, сол жаққа жүретін мінгі түйе (ҚазССР ҒА Хабаршысы). Жануарды жайылуға жібергенде, бас жібін алмапты, содан-ақ мұның *бас білгі* өгіз екені көрініп тұр (Қ. Сатыбалдин, Қараторғай). **Бас білді.** *Міниске үйретілді.* Мал асауы басына ноқта түссе *бас біледі.* Ал адам асауы алысқаның жықпай, не өзі жығылып мертікпей тынбайды (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). Ішуге бал қымызын байлап мұның, Колхозшы қарсы алып тұр алақайлап, Асауын *бас білдіріп* үйретем деп, Оңтайлы жастарым жүр ойнап күліп (Халық ақындары). Асауды *бас білдірген,* Асауға жігіт міндірген,

Әулиеге бағынған, Бұтпарасқа табынған (Манас). ◎ Емес пе бір тұрлаусыз жас күн деген, Жас жүрек албырт асау *бас білмеген.* Көр бала, көргені кем, көрсе ұнаған, Қобызды шалға күйін мәстірілген (І. Жансүгіров, Өленд.). Бұл дастан — балалығым *бас білмеген,* Тағы да бір сырластым жас күнменен, Ұғыңдар неден қаштым ес білгелі, Ұғыңдар, ес білгелі доспын немен (Т. Молдағалиев, Алатау.). **Бас ескек.** *Қайықтың алдыңғы ескегі. Бас ескекке* Мөңкені қойып, өзі бел ескекте отырған Еламан көзінің қиығын жағадан айырмады (Ә. Нұрпейісов, Сергелдең). **Бас жарды.** *Өсімдік пісіп жетілді.* Жоңышқа, жусан, тарлауыт, бетеге сияқты жақсы шөптер бұл жақта кеңжелеп пісіп, жаздың орта шенінде ғана *бас жарып,* хош иісін таратады (Ж. Жұмақанов, Үш бәйтерек). Сүрлемге арнап қамысты жас кезінде, *бас жарғанға* шейін жинап алу қажет (Н. Шоқанов [Ә. Сәдібеков], Сапалы сүрлем.). **Бас жүлде.** *Әр түрлі жарыста озып шыққан жеңіскерге берілетін сыйлықтың ең үлкені, бас бәйге.* Ақыры Кененнің жолы болып *бас жүлде* мен Жамбылдың ақ батасын алып, Қордайға қайтып келеді («Қаз. әдеб.»). **Бас жіп.** *Сиыр малының мүйізіне байланатын жіп.* Мұрнынан кіселенген үлкен қызыл қасқа бұқаны Сам жетелеп шықты да, Маркке *бас жібін* ұстатты (Ж. Молдағалиев, Жүрек.). Күлән өгіздерді *бас жібінен* жетелеп, жолға түсірді (Н. Ғабдуллин, Өмір.). **Бас иді.** *а) Разы болып, ілтипат, құрмет білдірді.* Тамаша едің сен неткен, Елімнің еркін ауасы. *Басымды идім* құрметпен, Қазақтың байтақ даласы (С. Мәуленов, Жаңа арна). Шық болып ақша жауды ма? Хош иіс гүл болып желпіген. *Бас иді* бәрі алдымда, Артық қой асқан көркімен (Бұл да). *Бас ием,* сені сүйген жүрегіммен, Партия, ұлы, дана атағыңа! (Партия тур. өленд.). *ә) Кешірім сұрап кішірейді.* Қырда қазақ, ойда ұлық боп, соңыңа түсіп отыр... Жігітек жаны болатын болса, жалтақтамай жетсін де, алдымызға келіп *бас исін!* — депті (М. Әуезов, Таңд. шығ.). Бірлігі бар, арманы бар, ойы бар, Бұл — Корея! *Бас иетін* ел емес (Ж. Саин, Таңд. шығ.). **Бас изеді.** *а) Баспен ишарат етіп сәлемдесті.* Ол Аманды көшеде кездестіре қалса, *бас изеп* қана бұрылып кететін (Ауызекі тіл). *ә) Келісім білдірді, құптады, мақұлдады.* Арғынғазы орнынан тұра бере мұрнын бір тартып, *бас изеп* құптағандай болды (З. Қабдолов, Өмір ұшқ.). Әбіш ұялып күрмеліп қалды. Бірақ сонда да қызара, қысыла отырып шешесіне ақырын ғана *бас изеді* (М. Әуезов, Таңд. шығ.). **Бас кейіпкер.** *Шығармалардағы негізгі қаһарман.* Поэманың *бас кейіпкері* жас адай жігіт өз елінен ғашықтық жөнімен немере ағасын атып өлтіріп, қашып шығады (Б. Кенжебаев, Қаз. дем. жазушы.). **Бас кесер.** *Жауыз, қанішер.* Ұрыс тағдыры минаның дәл мезгілінде жарылуында, әйтпегенде бізден үш есе көп бұл *бас кесерлерге* төтеп беру мүмкін емес (Ж. Саин, Жол үсті.). Ажалдан бас тартпайтын өңкей *бас кесерлер* (Б. Тұрсынбаев, Ауылда.). **Бас киім.** а) *Басқа киілетін әртүрлі киім.* Ақ тиін — терісі өте бағалы аң... Ол әртүрлі киімдер: әйел ішігі, *бас киім* және басқа нәрселер жасауға пайдаланылады (Х. Қыдырбаев, Дала көркі). Ол қайқы жиек көнек секілді қоқырайған *бас киімін* әлсін-әлі тізесіне алып, буйра шашын желге тосады (А. Сатаев, Дала.). *ә)* К ө н е. *Ұзатылатын қызға бөлінген киімнің ішіндегі ең құндысы.* Садық ұзатылатын қызының *бас киімі* етіп құндыз ішік тіктірді (Ауызекі тіл). **Бас командование.** *Соғыс кезінде бүкіл қарулы күшті басқарып отыратын жоғарғы әскери орын.* Волоколамск алқымындағы бағытқа тірелетін Руховское мен Спасс-Руховское түйініне *бас командование* аса зор мән беріп, зор көңіл бөледі (Б. Момышұлы, Москва.). **Бас көрсетті.** *Кіріп шықты, көзге көрінді.* Оразбай мен оның әр үйде отырған балалары, бауыр, туыстары, қатын-қалаштары *бас көрсету* былай тұрсын, інненіңе тығылды (М. Әуезов, Таңд. шығ.). **Бас көтерді.** *а) Жоғары қарады.* Офицерлер карта бетінен енді ғана *бастарын көтерді* (Ә. Сәрсенбаев, Офицер.). *ә) Бір нәрсеге наразылық білдіріп, қарсылық көрсетті.* «Бұл не? Анау Нұрым жыршы, анау сұлу Мүкарама; Ана жігіттер, қара домалақ қазақ балалары, әлдеқайда ұмтылған ер көңілді жандар... Бұлар... шынымен қара жердің қойнына... жазығы не? Не үшін? *Бас көтергені* үшін бе? Теңдік іздегені үшін бе? (Х. Есенжанов, Тар кезең). Қартбай ерекше бір сабырлы қайратпен танк окопқа жеткенде *бас көтерген* неміс шебін атқылап жатыр еді (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.).

Яки мақсат Отанымызды сақтауға, Ақиқатты жақтауға. Біз де *басты көтерсек* Қала бермей таптауда, Рақат өмір жасауға, Бөліп болмай асауға (С. Торайғыров, Таңд. шығ.). *б) Егін өніп жер бетіне шықты.* Биыл бидай ерте *бас көтерді* (Ауызекі тіл). *в) Аурудан жазыла бастады, тәуірленді.* Санат аурудан жақында ғана *бас көтерді* (Ауызекі тіл). **Бас көтерер.** *а) Ауылдың (үйдің) басшысы, ақылшысы, атқа мінері.* Әр ауылдың *бас көтерері* атқа мініп, Шәкен аулына қарай келеді (Ғ. Мұстафин, Дауыл.). Ауылдың бар *бас көтерері* осында жиналған (Ш. Дәрмағамбетов, Менің замандас.). *э) Семьяға қамқорлық жасайтын ересек жан, азамат.* «Науқаш, міне мен майданға кетіп барам. Енді *бас көтерер* сенсің, жұмыс істеп анаңа көмектес»,— деді әкем (Самғау).— *Бас көтерер* ересегім — сенсің. Анау Оразалы мен Шырынбай болса әлі бұғанасы бекімеген,— деді ауру анасы («Лен. жас»). **Бас кілем.** *Берілетін жасаудың, сыйлықтың ең бағалысы, құндысы.* Ұстаған жеті бабалы, Ұстаған өзі жас күннен. Өлшеусіз құны— бағалы, Бар екен жалғыз *бас кілем* (М. Әлімбаев, Таңд. өленд.). **Басқа зар (болды).** *Баласы жоқ, өсіп-өнбеген.* [Кәрібай, Сарыға] — Сенен жасыратын іс жоқ, мен осы қатынды алғанда, *басқа зар болғанымнан* алғалы отырған жоқпын, «ерегіскен жерде өліп қалу керек» деп, өзің айтпақшы, бір ерегістен болып отырған іс қой (Б. Майлин, Шығ.). **Басқа келді.** *Ойға келді, еске түсті.* Үшбу қиял *келсе басқа.* Сен жүдер деп мен үшін. Болар еді қайнамасқа, Мыс қазандай сорлы ішім (Абай. Шығ. жин.) **Бас қалқа.** *Семьядағы бас көтерер адам.* Бүлікті жұрт болмаса, Байы жоққа қарамас, Жаттан рахым не болсын, *Бас қалқасы* кеткен соң (XVIII—XIX ғ. қаз. ақын.) **Бас қамы.** *Жеке бастың мүддесі.* — Жылқыны енді бетімен жіберейік, *бас қамын* ойлайық — деді Бұқпа (Ғ. Мұстафин, Дауыл.). **Басқа қысым түсті.** *Зорлық, зомбылыққа ұшырады. Басқа қысым түскен* соң, Қайрылмастай күн болды, Қатын менен балаға (XVIII—XIX ғ. қаз. ақын.). **Басқа шықты.** *а) Ішімдік басқа әсер етті.* Ішкен бір рюмка арағы бірден *басқа шықты* (Ауызекі тіл). *э) Басынды.* Шайзаданың көзінің құйрығына жас іркіліп, көкірегіне қайдағы бір жетімдік ойлар қордалана бастады. Басыну, *басқа шығу* деген осы да («Лен. жас»). **Басқа іс түсті.** *Ауыртпалыққа душар болды.* Ағайынның ішінде, Бір жақсысы бар болса, Түртіп оны көре алмас. Ол жақсы қолдан кеткен соң, *Басқа* қиын *іс түссе,* Ел қыдырып таба алмас (XVIII—XIX ғ. қаз. ақын.). **Бас қойды.** *Жапа-тармағай тап берді, лап берді.* Қойлар тегіс маяға жетті де, мол пішенге *бас қойды.* Жағалай жабысып, қатып тұрып қалды (М. Әуезов, Таңд. шығ.). Жылқы суатқа *бас қойды.* Қанып шыққандары өрлей жайылып, ілгерілеп барады (Ш. Дәрмағамбетов, Менің замандас.). Шаңырқаған жылқылар шапқылап келіп *бас қойды* науаға. Мұздай суға сүйсініп, құлақтарын қайшылай жұтып жатыр (Ғ. Мұстафин, Дауыл.). **Бас қосты.** *а) Жиналды, топталды.* Екі аудан басшылары осы арада түгел *бас қосып* отырғандықтан, Карпов енді бір жұма бойында өзінің аңғарып түйген күдікті ойларын айтуға бел байлады (М. Әуезов, Өскен өркен). Әйелдер сиыр сауып, ас қамдап әбігер, еркектер кешкі салқында *бас қосып,* әр жерде шоғырланып әңгіме-дүкен құрады (Т. Ахтанов, Махаббат.). Көрмеген ишпә десіп достасқалы, Төсекте бауыр болып *бас қосқалы.* Босатты тұрғындардың сай-сүйегін, Омар мен Мирфаздың қоштасқаны (Қ. Тоғызақов, Сібір Омар). *э) Үй болды, семья құрды.* Болат пен Бақыттың *бас қосқанына* биыл бес жыл толды (Ауызекі тіл). **Бас құда.** *Құда түсуші жақтың ішіндегі сөз ұстаушы, басты адам.* — Нұрлыбек, сен қайныңа аттанғанда *бас құда* болып өзім барамын деуші едің ғой, сәті міне енді түсті, киін, жүр (М. Хасенов, Алғашқы ән.). **Бас құрады.** *Бірікті, жиналды.* Балалардың барлығы лезде *бас құрап,* қара ағаштың салқын саясына жиналып та үлгірді. Олар Ораз арқан бойы жерге жете бергенде: Ораз ағай! Ораз ағай!— деп лап берді (Ө. Тұрманжанов, Адам.). Колхоз конторының алдында көп халық. Жиналыс емес; газеттегі мақаладан кейін халық өз-өзінен *бас құрап* жиналып қалған тәрізді (Т. Ахтанов, Махаббат.). **Бас қылды.** *Басшы етті.* Сырдың құмын өнер тапсам, Бұлақ қылып тастырам. Сырдың бойын жұмақ қылып, Басқа елдерге *бас қылам* (Б. Майлин, Шығ.). Тура өзін *бас қылып* жібер-

меген екем, — деп ойлады директор (Т. Нұртазин, Мұрат). Көтерген жұртқа *бас қылып*, Қайырымы жұртқа тимеген, Қаны қара залымды. Залымдығы мәлімді (Жамбыл). **Бас мақала.** *Газет-журналдардың редакция атынан беріле-тін жетекші мақаласы.* Журналдың (Айқап) кейбір *бас мақалаларында* қол қойылмаған (Б. Кенжебаев, Қаз. дем. жазушы.). **Бас салды.** *Егін дәндене бастады.* Тары жер бетіне көктеп шыққан күннен бастап *бас салғанға* дейін күннің ыстық болуын тілейді (Малшыларға кеңес). **Бас сауғалады.** *Қашқалақтап қорғаныш іздеді, басын қорғады.* Ендеше *бас сауғала.* Мұнда қалған біздің неменемізді алар дейсің (С. Мұқанов, Балуан Шолақ). **Бас сауым.** *Биенің ертеңгі, бірінші сауымы.* Апам биенің *бас сауымын* сауды (М. Тиесов, Дала). **Бас сұқты.** *а) Үйге кірді, енді.* Зейнеш үйге *бас сұққанша,* сөйлесуге самарқау тартып, бойкүйезденген ақын әлгіде абыржып қалғанын жаба, толқиын деді білем, шұғылынан сөз бастады (Ә. Кешімов, Лашын.). *Басың сұғып* кенеттен, Айтқаныңша сөзіңді, Өрмекшінің торлары, Тұтып қалар өзіңді (Ш. Смаханұлы, Тотияйын). *ә) Біреудің ісіне араласты.* Білмеген нәрсеге *бас сұқпаған* жөн (Ауызекі тіл). **Бас табақ.** *Қонақтарға тартылатын сыйлы табақ.* Көзімді қысып қалдым. Үшеуі сасқанынан *бас табақ,* қорыққанынан қос табақ, бір өзіме бес табақ деп тартты (С. Сейфуллин, Таңд. шығ.). **Бастан асты.** *Шамадан тыс көбейді, артты.* Ніл Болатбаев мәндай терін сүртіп, бері қарады — жұмыс дегенің *бастан асып* жатыр. Бір науқанды енді аяқтадық-ау деп тұрғанда, екінші науқан килігеді («Қаз. әдеб.»). **Бастан өтті.** *Бастан кешірді, көрді.* Бала мен қыз *бастарынан өткен* қиыншылықтардың бәрін айтқан екен (Қаз. ертегі.). **Бас тартты.** *а) Бас салынған табақ берілді.* Келсін достар, Жайшы аға, дастарқан, Өзім жүріп үлкендерге *бас тартам.* Інің едім, маған осы лайық, Бұл дүниеде не бар аяр достардан (К. Көпішев, Әке құшағы). *ә) Белгілі бір істі орындауға көнбеді.* Липецк облысының озат мұғалімдері сабақты бұлай өткізуден одақта бірінші болып *бас тартты,* басқаларға үлгі көрсетті («Лен. жас»). **Бас терісі келіспеген,** [келіспеді]. а) *Өңсіз, сиықсыз.* Сәтекең үйіндегі мәзда *бас терісі келіспеген* неме еді («Лен. жас»). *ә)* Ауыс. *Бір нәрсеге реніш білдіріп, қабақ түйді, ренжіді.* Балкен жеңгей бүгін шайға қанбаған-ау деймін, *бас терісі келіспей* отыр екен (Ауызекі тіл). **Бас тікті.** *Жанын пида қылды.* — Соғыстан қашқанымыз рас. Бірақ өз билігімізді өзіміз алуға *бас тігуге* де бармыз (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). Көсем берген бұйрыққа, Жанды қидым, *бас тіктім,* Жырым мұны ұқтырар! (Жамбыл). **Бас ұрды.** *Құлдық ұрды, дегеніне көнді.* Көп Мәмбеттің өктем сөзіне *бас ұрып:* «Маңұл! Еремія!» деген бетінде қалды (Х. Есенжанов, Тар кезең). **Басы айналды.** *а) Көзі қарауытып есеңгіреді. Басы айналғандай* боп, көз алды бұлдырап, мұнартып бара жатқандай болды (С. Бақбергенов, Өзі жігіт.). *ә) Масаттанды, дандайсыды. Басы айналды* қарғаның, Сұмның айтқан сөзіне, Қуанғаннан бөртініп, Бір мастық кірді өзіне (Абай, Шығ. жин.). **Басы артық.** *а) Қажеттен тыс, белгілі мөлшерден артық.* Ал біз, бұрынғы мешеу ел, қараңғы ел, күнде жер шарының жетпіс еліне өз өнеркәсібіміздің *басы артық* өнімін сатып отырмыз (Ж. Исмағұлов, Адам.). *ә) Пайдаланылмай, бос тұрған.* Сендер екі-үш роботты істен шығардыңдар. Соның салдарынан бүкіл бұйрық торабы тұрып қалды. Онда жібере қоюға *басы артық* кибер менде жоқ (Т. Шаханов, Көгілдір мұнара.). *б) Орнын таппаған, қисынсыз сөз.* Бірақ *басы артық* сөзді ешкім көтере алмайды («Лен. жас»). **Басы ашық.** *Даусыз, айқын.* Мұндай *басы ашық* мәселеге кім не десін, деді Көлбай жымиып («Лен. жас»). **Басы ауған жақ.** *Қайда болса сонда.* Ол мәңгіріп дел-сал болған күйі *басы ауған жаққа* жүре берді (Ауызекі тіл). **Басы байланды.** *а) Қызға құда түсіп, біреуге айттырылды.* Бұл кезде қыздың *басы байланып,* әкесі оны әлдекімге атастырып қойған (С. Мұқанов, Өмір мектебі). *ә) Көлденең іске бөгелді, шырматылды.* Жұмыстың көптігінен *басым байланып* ол үйге бара алмадым (Ауызекі тіл). **Басы бәлеге шатылды.** *Бәлеге қалды, шатаққа ұрынды.* Байұзақтай батырдың, Қоқандай ләшкер құсбегі, Теректе байлап атылған, *Бәлеге басы шатылған* (Жамбыл). **Басы бос.** *ә) Жұмысқа жегілмеген.* Ол үшін пішен жинау басталысымен-ақ, күзде жолдың кебу уақытында тасып үлгіру жағын көздеп,

бұған *басы бос* көліктің бәрін пайдалану керек (А. Еламанов, Қой шаруаш.). ә) *Атастырылмаған, бойдақ.* Іс жағдайымен, Ғайни мен Ажархан бірлесіп сапарға шығып, совхоздар араласуға тура кеп тұратын. Қыздың *басы бос,* әрі бір кеңсенің әйдігі («Лен. жас»). Басы бүтін. *Біржола, тұтас, түгел.* — Алдымен көз нұрың қалпына келсін. Кітап менде бар. *Басы бүтін* сыйлаймын (Д. Әбілев, Ақын.). Басы бір қазан [қазандай] болды. *Әбден басы қатты, шаршады.* Оқыған кітаптан Ораздың көзі талмағанымен, *басы бір қазан болып* кеткенге ұқсайды («Қаз. әдеб.»). Үйдегі балалардың айғай-шуынан Нұрипә әжейдің *басы қазандай болды* (Ауызекі тіл). Басы бірікті. *Жиналды, қосылды.* Біраз адамның *басы біріге* қалса, жаппай қосылып ән салу, жаппай билеп кету тәрізді ойын-сауық пен көңіл көтеру олардың үйреншікті дәстүрлеріне айналған («Халық мұр.). Басы дал болды. *Басы қатты.* Осылардан *басы дал болған* Шыңғыс, мейманханасының өздері жатқан бөлмесіне келсе, Шоқан төсекте әлі жатыр екен (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз). *Басым дал боп* еңіретенде, Көзден аққан ыстық қан, Пана болмай ешбір пенде, Зар илеген, жылағам (Ж. Саин, Таңд. шығ.). Басы жұмыр пенде. *Тіршілік иесі, адам.*— Сөйлестім, дәл айтуға менің де батылым жетпеді, оспақтай айтқаныма түсінгентүсінбегенін шамалай алмадым, *басы жұмыр пенде* емес пе, көмекейі бос сияқты... [деді Шыңғыс Шамырайға] (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз). Басы кетті. *Жойылды, жоқ болды.* Өңкей кедей баласын алам дедің, Үйретпей жауға апарып салам дедің, *Басым кетсе* шынымды жасырмаймын Не бетіңмен сөгесің, арам, мені (Е. Қандеков, Өленд.). Басы қаңғырды. *Не істерін білмей дал ұрды, дағдарды.* Әлгі, бұрынғының мақалы бар емес пе: «Кедейдің қатыны өлсе *басы қаңғырады,* байдың қатыны өлсе төсегі жаңғырады» деген (С. Сейфуллин, Әңгім.). Басы қатты. а) *Не істеп, не қоярын білмей мәңгірді.*— Ойлай, ойлай *басы қатты.* Зинаида Соломоновнаға қайтып ештеңе деместен бөлмесіне келіп, соққыға жығылған адамдай күрт құлап, Есеннің койкасына сұлады (М. Иманжанов, Көк белес). Мазасыз ой тепкісінде *басым қатып* жатып, қалғып кеткен екенмін (Б. Соқпақбаев, Менің атым.). ә) *Қатты қызған кезде тізгінге бой бермей кететін ат.* Тек қана ескертетінім — *басы қатты.* Қызған кезде ...қолыңды қарыстырып тастап, не бола алмай қап жүрме (С. Мұқанов, Есею жыл.). Басына әңгір таяқ ойнатты. *Екі аяғын бір етікке тықты.* [Мирон] *Басыма әңгір таяқ ойнатып* жер ортасы «Көктөбеге» қуып салды,— дейді Сәмет әңгімесінің жалғасында (С. Омаров, Қайырлы.). Бұрнағы күні жеті түнде Дүйсенді ертіп келіп, *басына әңгір таяқ ойнатқан* екен, әйел «балталасаң да көнбеймін» деп отырып алды (Бұл да). Басына бақыт [бақ, бақ құсы]қонды. *Мақсатына, арманына жетті.* Жиырма беске келгенде *Бақыт қонды басыңа,* Тақыт берді астыңа (XVIII—XIX ғ. қаз. ақын.). Қара қасқа қосарда, Қалмақтың басы белінде; *Бақ құсы қонып басына,* Еспенбет келді еліне (XVIII—XIX ғ. қаз. ақын.) Басына ғаріптік түсті. *Қиыншылық, ауыртпалық келді.* Не *ғаріптік* десе де, Енді *түсті басыма,* Жетім қалды-ау жасында (XVIII—XIX ғ. ақын.). Басына дау салды. *Пәле болып жабысты.* Алғаның жаман жолықса, *Басыңа салған дау* болар, Жаныңа пайда тигізбес, Таудан ауыр тас болар (XVIII—XIX ғ. қаз. ақын.). Басына жастық болды. *Бәйек болды, құрақ ұшты. Басына жастық, Болады* да қалады. Ауызбенен орақ орып, Шөбін де салады (А. Тоқмағамбетов, Сайра, бұлбұл). Басына зобалаң туды. *Әуре-сарсаңға ұшырады.* Жетібай іштен тынып, томсырая отырып қалды; Бұдан әрі қитыға берсе, *басына зобалаң туарын* сезгендей, мысы құрып, амалсыз көнген қалпы бар (С. Омаров, Қайырлы.). Басын айналдырды. *а) Айтқанына көндірді, дегенін істетті.* Біреудің жап-жас, сап-сау қызының *басын айналдырады да,* әрі оны жұрт көзіне масқара ғып елге тастап кетеді (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.). ә) *Сиқырлады, дуалады. Ол* [Мағила] сиқыр ғой, сиқыр. Жеңеше, бетім-ау, Жолдасбайдың *басын айналдырып* алған (Қ. Қуанышбаев, Шаншарлар). Өзі есі дұрыс адам сияқты емес, тіпті біреу *басын айналдырғанға* ұқсайды, Әзімханның баласы, сондайдан да тек емес қой деймін!— деген Жақын (М. Әуезов, Қараш-Қараш). Басына көтерді. а) *Бір жерді у-шуға толтырып, даурықты.*

Бұл өлеңді Шәкизат жаттап алып, «Маңмаңгер» әнімен айтатын болған. Шәкизаттан үйреніп Айтуар да өзінің гүжілдеген даусымен үйді *басына көтерді* (Д. Әбілев, Ақын.). Судыр Ахмет есі кеткен кісідей атын көк тер ғып шапқанын оғаштау көрді білем, сасық күзендей шақылдап, даланы *басына көтере* күліп алды (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). ә) *Ерекше құрметтеп, қастерледі, сыйлады.* Момақан Қойбақтар Сәкеңді *бастарына көтере* қарсы алды. Оған арналып жеке үй тігілді. Босағасына қара саба орнатылды (Ә. Көшімов, Лашын.).— Бала, дәндеме, байқа! Орта жүз *басына көтерген* Нұржанның ордасында отырсың (Ғ. Мұстафин, Дауыл.). **Басына күн туды.** *Ауыртпалық түсті.* Кішкентай Кәрім, *басына күн туған* соң, өз бойынан тіршіліктің болымсыз шақпақ отын тауыпты (М. Әуезов, Таңд. шығ.).— Елден ала бөтен сенің *басыңа* не *күн туды?*— деді Бану күлімсірей күңк етіп (М. Иманжанов, Көк белес). **Басына қара салды.** *Қара жамылып өлген адамды аза тұтты.* Зейнеп әкесі Шорман өлгеннен кейін қаршадайынан *басына қара салып* жоқтаған (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз). **Басын ала қашты.** *Жоламады, бас тартты.* Бөрібай *басын ала қашып* еді, кемпір қоймағасын... екі қалтасын құртқа сықап алды (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.). ... Қаратаз да алғашқыда болыс сайлауына түсуге жүрексініп, *басын ала қашты* (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). **Басынан бақ тайды.** *Бақытсыздыққа ұшырады.* Мақтанба басыңызда бағыңызға, Қартаймақ қиын сауда тағыңызда. Сізге де сорлы болу қиын емес, *Басыңнан бағың тайған шағыңызда* (XX ғ. қаз. ақын.). **Басынан дәулеті ұшты.** *Бағы тайды.* Кешегі айтқан көп жаман, Бір жақсыдай бола алмас. *Басыңнан ұшса дәулетің,* Айналып қайта оралмас (XVIII—XIX ғ. қаз. ақын.). **Басына ойнады.** *Жәбір көрсетті, зорлық-зомбылық жасады.* [Жуандар] Содан кейін: «Енді не болса да тыныш отырып, тыныш жүріп байқайық. Үндемей момын болып отырсақ кім *басымызға ойнайды*» деген болып табысқан-ды (М. Әуезов, Таңд.). **Басына су құйды.** *Жоқ қылды, бітірді.* Төрт жүз сом! Актісі жасалған, *басына су құйылған* (М. Рашев, Бетің қисық.). Нәзипа дүкендерді аралап, қалтасындағы бар ақшасының *басына су құйды* (Ауызекі тіл). **Басынан сөз асырмайды.** а) *Сөзден есесін жібермейді.* Жасым бар жиырмада жасырмаймын, *Басымнан* дұшпан *сөзін асырмаймын.* Басымнан дұшпан сөзі асып кетсе, Сен түгіл, патшаға да бас ұрмаймын (XVIII—XIX ғ. қаз. ақын.). ә) *Артық сөзді көтермейді, болмашыға шатақ шығарады.* Асан *басынан сөз асырмайды,* әрине бұл жақсы әдет емес (Ауызекі тіл). **Басына тепті.** а) *Қадіріне жетпеді, бағаламады.*— Қиыншылықта қол ұшын берген жолдасыңның *басына тептің,* енді қайда барып сыярсың Асан («Лен. жас»). ә) *Ішімдік бірден басына шықты.* Матрос соңғы бірнеше айдың жүзінде бірінші рет бір рюмка виски ішкен. Спирт бірден *басына тепті* («Лен. жас»). **Басына тиді.** *Опық жеді, соққы көрді.* Осы қылығыңның кесірі талай *басыңа тисе* де қоймадың ғой деп, Сәкен қатты ренжіді (Ауызекі тіл). **Басын ашты.** а) *Бетін ашты.*— Осы бастан бір мәселеңің *басын ашып* алайық,— деп бастады ол (Адам және химия). ә) Тар. *Әйелдің басына бостандық берді.* Қатынның *басын ашамыз,* Сот жұмысына да араласамыз. Ешкім қарсы тұра алмайды, Көрінгенді көпірше басамыз (І. Жансүгіров, Шығ.). **Басына іс түсті.** *Қиыншылыққа кез болды, пәле жабылды.* Мырзаның асына тойып, атына мінгенде әрқайсыңның екпінің үй жыққандай. Ал мырзаның *басына іс түскенде* сол екпіндер қайда жүр? (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). Баларақ кезінде мола дегенді бір түрлі қорқынышты нәрсе көріп жүретін Көркемтай, енді *басына* мынадай *іс түскен* соң, қорықпақ түгіл, тіпті сескенбей, молаға барса алдынан шешесі шыққандай көріп, ентелеп жетіп баратын болды (С. Дөнентаев, Таңд. шығ.). **Басын базарға салды [басы саудаға түсті].** а) *Сөзге іліктірді, дауға қалдырды.* Көрсетіп сүйегімді далада өлмей, *Басымды* енді неге *базар салам* (С. Бегалин, Таңд.).— Сіздерді патша ағзамның көзі деп сыйлаймын. *Басы саудаға түсіп* тұрғанда мыналардың малын аяуын қостамаймын,— деді Оқпанбай бай (Ж. Арыстанов, Жалын.). ә) *Әуреге салды.* Мені сыртымнан билеп, Жібегімді бір қаңғырған жалғыз атты жолаушыға беремін деп, *басын базарға салып* көшженекей көрсетіп жүргені не қылғаны (Қыз Жібек). **Басын бәйгеге тікті.** *Бақ-талайына тәуекел етті.* Неліктен әлгі жігіттер болмашы ақшаға бола *бастарын*

бәйгеге тігеді? Батыс баспасөзінің айтуына қарағанда бұл қатты сезімге бой ұрған жігіттердің баратын жолы (*«Лен. жас»*). **Басын берді.** *Жанын пида қылды.* Елжіреп еріп кетті адам іші, Ұйқыда секілденіп жатқан түсі. Халық үшін қиындыққа *басын берген,* Дүниеге бір-ақ келер мұндай кісі (Ақын жырлары). Ондай адам *бас берер* намысына, Намыс бермес бес күндік дабысына (А. Тоқмағамбетов, Шығ.). **Басында дәурені тұрғанда.** *Дегені болып, дәурені жүріп тұрған кезде. Баста дәурен тұрғанда,* Біздер-дағы, байеке, Оза көшіп, кең жайлап, Еркімен еркін жатқан ел едік (XVIII—XIX ғ. қаз. ақын.). **Басын жойды** [**жалмады**]. *Өлтірді, жоқ қылды.* Екеуі де қанжарға қолды қойды, Аямасқа бекітіп алды ойды. Ызаменен суырған улы қанжар, Не қылса біреуінің *басын жойды* (XVIII—XIX ғ. қаз. ақын.). Мүштектің ішінде обаның микробы болады. Әлгі мүштек біреуден біреуге ауысып, талайдың *басын жалмайды* (Е. Оразақов, Дәрігер.). **Басын қайырды.** а) *Дендетіп, игеріп тастады.* Төлен келе салып біраз істің *басын қайырды* (Ауызекі тіл). ә) *Көп жайды баяндады.* Бөлеген қария қырғыздар жайлы әр алуан-ақ әңгіменің *басын қайырды* (*«Лен. жас»*). **Басын қатырды.** *Әр нәрсені айтып, мазалады, басын ауыртты.* Қынай екеуі оңаша отырғанда бір жамағайындарының сусылдақ әйелі келіп *басын қатырғаны* бар (М. Дуйсенов, Гүлжан.). **Басын қорғады.** *Арашалады, сақтады.* Алдыңғы үш күні бұрынғы сөзінен ... кеше айтқан алдын ала арылу сияқты жаман жай болса, өз *басын қорғау,* арашалау сияқты сүйретінді сөзі Карповқа Есдәулетовтың деректерін сенімсіз дәркүмән етіп көрсеткен (М. Әуезов, Өскен өркен). **Басын құрбан қылды.** *Басын тікті, жанын қиды.* [Дәмеш] Қайтейін әже, қолымнан келетін нәрсе болса, *басымды құрбан қылсам да,* сендерді құтқарар едім, бірақ, қайтейін! (Б. Майлин, Шығ. жин.). **Басын тауға да, тасқа да соқты** [**ұрды**]. *Амалы таусылып, түйыққа тіреліді, дал болды. Басымды тауға да, тасқа да соғып,* дағдарып жүргенімде мейірімді муғалімге, Сергей Николаевич Глазуновқа кездестім (С. Омаров, Қайырлы.). Социалистік елдердің көбейіп, етек-жеңі дүние жүзіне жайылып бара жатқан соң капиталистер кімге тиісерін білмей, *басын тауға да, тасқа да соғады* (*«Лен. жас»*). **Басын шалды.** *Ананы бір, мынаны бір айтты.* Дәрмен әр әңгіменің *басын шалды* (Ауызекі тіл). **Дудар бас.** *Бұйраланған қалың шашты.* Арыстан Кәрімді көргенде, қалың қара шашы қиылмай, бұйраланып өскен, *дудар бас* көрінді (Ж. Тілеков, Жоңғар.). **Есіктегі басы төрге жетті.** *Қолы жетіп, теңелді, жетілді.* Қозғамбайдың қызын Жақыптың баласы алса, Қозғамбайдың *есіктегі басы төрге жеткені* емес пе? (Қ. Тайшықов, Окт. ұшқыны). **Жалаң бас.** *Бас киімсіз.* Боз көйлектің жыртық жеңін жасыра түрініп, жалаң аяқ, *жалаң бас* келген Медетпекке заводтың берген жұмыс киімінің өзі әлдеқандай көрінді (Ә. Сатыбалдиев, Ақмарал). Бишанды падышаға барды айдап, *Жалаң бас,* жалаң аяқ, қолды байлап. Қылған соң қызын олжа қызуланып, Көргеннен зығырданы кетті қайнап (Т. Ізтілеуов, Рүстем.). **Жалғыз бас.** *Ешкімі жоқ, өзі ғана.* Бір *жалғыз басым,* қайда барсам да сиярмын — деп, Балыш боздап қоя берді (Ауызекі тіл). **Жел бас.** *Ешнәрсенің байыбына бармайтын, ұшыпқонып жүрген, желөкпе.* Кейбір *жел бас* бозбалалар... сәтті жерді жаңа тапқандай ауыздары жабысып, әмпейлесе қалыпты (С. Омаров, Қайырлы.). **Қара басы.** *Жеке басы.* Екінші түрлі типті адамдар: өздерінің *қара бастарының* пайдалары үшін көпшіліктің басын сатқан, арын, имандарын сатқан теріс сипатты адамдар (С. Сейфуллин, Таңд. шығ.). **Қарақан басы.** *Соқа басы.* Еркебұланға өз ошағы бүтін, өз шаңырағы түзу болса болғаны. Ал, *қарақан басына* ауыртпалық түссе, одан құтылу жолында аянып қалары жоқ (*«Қаз. әдеб.»*). **Қызба бас.** *Желөкпе, албырт.* Бір нәрсені ұнатса, Қайта ойланып қарамас. Мақтанып жұртты шулатса, Құмары сол *қызба бас* (Абай, Шығ. жин.) **Қу бас.** *Баласы жоқ, ұрпақсыз.*— Менің *қу басым* кімге керек? Өлтірсең, өлтір мені,— деп қорасының ішіне де кіріді (С. Шарипов, Шығ.). Анасы ер Дотанның көп еңірейді, Келе ме жалғыз ұлым деп еңірейді. Сегіз қатынның ұл-қызы бәрі түгел, Мен-ақ *қу бас* болдым ба,— деп еңірейді (Батырлар жыры). Жекей қыз: Ей Әлім, *«Қу бас»* десем келер көрің, Қашуға жетпес еді сенің әлің (Айтыс). **От басы.** *Үй іші, семья.* Әуелгі күннен бастап-ақ менің мойнымда *от басының* барлық міндеті жүктелді (Ә. Сатыбалдиев, Ақмарал). Тарт қолыңды! Берекетін алма *отымның басының,*— деді Ақкем-

пір (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). **Сау басқа сақина салды.** *Өз басына өзі азап тілеп алды.*— Не, сонда, заказ беруші жоқ па?— Неге олай болсын. Бірде-бір тігінші жоқ, *сау басқа сақина салып* қайтеміз («Лен. жас»). **Сәждеге бас қойды.** Дін и. *Шариғат жолын ұстанды.* Нұрым, сен де жас емессің, пайғамбар жасынан асып барасың. Құдайға мінәжат қылып, *сәждеге бас қоятын кезің* жетті ғой,— деді Сыдық Нұрышты жеп қоярдай қарап («Лен. жас»). **Соқа бас.** *Үйленбеген, салт басты.* Ал Қарабас *соқа басы* жүріп, соңынан қалың қол ертқен қаһарлы қолбасшыдай. Бүкіл кітаптың арқауын ұстап тұрған да осы («Қаз. әдеб.»). Осылайша айлар жылжып, жылдар зымырап өтіп жатты. *Соқа басым.* Жұрт мені депутат етіп сайлады («Лен. жас»). **Ұшар басы.** *Ең ұшы, биік жері.* Жеті қарақшының шөмішті басы жай оғынан қақ айрылған ескі еменнің *ұшар басына* тірелген («Лен. жас»). **Шөп басын сындырмады.** *Ешнәрсеге қол тигізбеді; ешқандай жұмыс я еңбек істемеді.* Мұнтаздай етіп жазған «Фаустың» қолжазбасын Гете үлкен конвертке салып, мөр басып тығып тастайды. Осыдан өмірінде екі ай бойы *шөп басын сындырмайды* («Қаз. әдеб.»). **Шүйке бас.** *Қарап. Жаңа түскен жас келін.* Бауырын көтерген күшіктей бәрі де әкеден асып тудық деп бет-бетіне кетіп жатыр. Ертең-ақ бір-бір *шүйке басқа* ие болған соң танымайды да сені («Қаз. әдеб.»).

БАС[2] ет. 1. *Жуу, адымдау.* Ауыл жақтан ақсаңдай *басып* орта жасты бір еркек келді (Б. Майлин, Шығ.). Мен денемді жинақы ұстап, аяғымды ширақ *бастым* (Ж. Жұмақанов, Әлия). Қанат аяғын тездете *басып,* шанаға жетті (Біздің оттарымыз). Дала да аппақ, көк те аппақ. Сықырлайды *басқан* жер. Ысқырады боран да, Қысқы ашуға минген жел (Ж. Саин, Таңд. шығ.). 2. *Бір нәрсенің үстін жабу.* Ашық терезеден соққан жел стол үстіндегі қағаздарды ұшырып әкетпесін деп, қолыммен *баса қойдым* (Ауызекі тіл). 3. *Жаншу, таптау, мыжу, езу.* «Бір күні құлап кетіп, балаларды *басып* қала ма» деп үрейленіп, жаңа үй салуды арман ететін (А. Лекеров, Түз гүлі). // *Аңды ұстап, жібермеу.* Мына қара қаншық қоянды қашырады да, енді не қыласың деп қарап тұрады. Нысанаң жақын болса атасың да, алыс болса *«бас»* деп нұсқайсың (С. Бақбергенов, Қарға там.). Жем *басқан* жерінде қойқаңдап біраз отырып, ителгі көтеріліп ұшып аспанға шықты (С. Бегалин, Таңд. шығ.). 4. *Кітап, газет, журналды баспадан шығару.* Суретіңізді сұрайды. Кітапқа *басатын* көрінеді (Ғ. Мұстафин, Шыңанақ.). 5. *Жүкті, әр түрлі нәрселерді көлікке тиеу.* Бірімен бірі уәделесіп қойғандай (ауқаттылар) күн сайын екі-үшеуі қалаға сабасын арта, тоқтысын *баса* келеді (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.). «Қасымда адам бар ма?»,— деп, Төңірекке қарады, Арбаға *басқан* пішендей, Тұлпарға артып барады (Қамбар батыр). 6. *Көбею, молаю, қаптау.* Құ шөптің орнын қазіргі күнде аласа бетеге, жасыл тарлау, шашыраған жас көде, шашақталған жас сасыр *басқан* (М. Әуезов, Қараш.). Бұлыңғыр ақшыл тұман *басқан* қала үйқыдан әлі оянбаған (К. Тоқаев, Тасқын). Октябрьде соқты жел, Теңіз тулап *басты* сел (Қ. Әбдікадыров, Таңд. өлеңд.). // *Бір нәрсені үсті-үстіне қарқындата түсу, үдете түсу.* Заула, заула турксиб, *Бас* гудокты арқыра, Алған беттен қайту жоқ, Қарамаймын артыма (Қ. Аманжолов, Таңд. шығ.). // *Салмағы артық түсу.* Жел сөзді ақылың болса, айтпа тасып, Жұрт көрер таразыны кетсең *басып,* Бір ауыз сөзге «талақ боласың» деп, Жөніңнен барасың сен неге адасып (Айтыс). 7. *Күйдіру, қару, таңбасын салу.* Байқамай қолымды шәугімге *басып* алдым (Ауызекі тіл).— Білмеді ғой сый-құрметті, жүрмеді ғой қолқа сірә,— деді де ол бұйрық етті;— *Бас!*— деп, жұлдыз арқасына (С. Мәуленов, Тартыс). 8. *Төмендету.* Шамды сөндірмей сығырайтып, білтесін *басып* қойды, кеш жатқан жұрт жастыққа басы тиер-тиместе қор ете қалды (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). 9. *Отырған орнынан табу, үстінен түсу.* **Жиналыста отырған жерінде** *басыпты,* өздері қалжау көрінеді, ұзай қоймаған шығар (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). «Қазір барсаң дәл үйінен *басасың».*— деді Сара Гүлжанға (Ауызекі тіл). 10. *Дәнді дақылды қауызынан, сабағынан бөлу, дәнін ажырату; бастыру.* Енді жеті-сегіз күнде жинап, *басып,* мемлекетке де өткізіп үлгіруші еді. Әттеген-ай, мына жауын!.. (З. Шашкин, Өмір.). Жас күнімде көрдім егін шашқанды, Каток жегіп атпен егін *басқанды* (Пернедегі термелер). 11. *Күшпен жеңіп, бағындыру.* Көптеген қалаларда басталған көтерілісті үкімет әскери күшпен *басты* («Лен. жас»). 12. Ауыс. *Бір нәрсенің күшін, уытын*

қайтару, бәсеңдету. Аскофен күніне екі-үш рет бір таблеткадан ішіледі, бұл дәрі дене қызуын *басады* (Е. Оразақов, Дәрігер.). Осы қымыз қазаққа, Мақтаның ба, асың ба? Қымызды *басар* артынан, Ет даяр ма қасында? (Абай, Шығ. жин.). **13.** А у ы с. *Тоқтату, өршітпеу.* Дабыр сөз. Мәжіліс бастығы жұртты *басамын* деп әбігер (Б. Майлин, Шығ. жин.). Зылиха бір майлы жамбас әкеп қойды да, екеуің де бүгін ашулы екенсің, ашуларыңды *бас,* — деп күлімсіреді (Ғ. Мұстафин, Миллионер). ◆ **Аңдап басты.** *Абайлады, сақ болды.* Аяғында *аңдап бас.* ей Жақсылық? Өз басында жының бар бір бақсылық. Борышқорлық адамға қиын нәрсе, Әрқайда өсткіземі мал тапшылық (Абай). **Алға басты.** [Ілгері басты]. *Ілгеріледі, өсті.* Комбинат өсірген түлектерден осындай *алға басқан* жастар туындап шығып жатыр (Ғ. Сыланов, Очерк). Ол үнемі бізге «Не істеу керек? Қайтсек біз *ілгері басып,* ел қатарына қосыла аламыз?» деген сұраулар қойып, солардың шешуін, жауабын табуға тырысты [Айқап] (Б. Кенжебаев, Қаз. дем. жазушы.). **Алшаң басты.** а) *Аяқты дандайсып, дәсерсіп басты.* Мен боламын демеңдер, Аяқты *алшаң басқанға.* Екі көзің аларып, Құр қарайсың аспанға (Абай). ә) *Ешкімге тәуелсіз, еркін.* Өмір сүре бергін, өмір сүре бергін, *алшаң басып* осы өмірде жүре бергін, жүре бергін келеді! («Лен. жас»). **Аяқ баспады.** *Жуымады, жоламады.* Болат екеуміздің достығымыз мүлде үзіліп, бір-бірімізге *аяқ баспадық* («Қаз. әдеб.»). **Әптігін [аптығын] басты.** *Қарқынын, жынын, көкірегін басты.* Өзге елді қызым екеуіңіз қолға алыңызшы, дәл Борсақтың *әптігін* өзім *басайын.* Тәнеке, Жантастық жын өзімнен де табылады — дейді Нұрқан (М. Әуезов, Таңд. шығ.). **Балапан басты.** *Балапан ғып шығарды.* Жыланның жұмыртқасын тауып алып, *Балапан* ғып ашақ боп *басты* тауық. Өз баласы секілді еміреніп, Шайқап жатты сүйсініп ауық-ауық (Ө. Тұрманжанов, Қарлығаш). **Басқан ізін білдірмеді.** *Іс-әрекетін айламен жасырды, сездірмеді. Басқан ізін білдірмей* жүретін айлалы, епті Төңірберген де татар байының тырнағына түсіп қалардай-ақ оның алдында етек-жеңін жинап отыратын еді (Ө. Нұрпейісов, Қан мен тер). **Басқан ізін санады.** *Не істеп, не қойғанын назардан тыс қалдырмады, аңдыды.* Күліш көршісінің *басқан ізін санап* отыратын (Ауызекі тіл). **Басқан ізіне тұрмайды.** *Пара-пар келмейді, тең емес.*— Қаратаздай бола алмайсыңдар. Оның *басқан ізіне де тұрмайсыңдар,*— деп бұрқылдады [Судыр Ахмет] (Ә. Нұрпейісов, Сергелдең). **Бас салды.** а) *Шап беріп ұстады.* Сол сәт *бас салып* көбелек қуа жөнелгім келеді, ауыл өмірінде үлкен кісінің соңынан жүгіруі барып тұрған әбес нәрсе (Ж. Саин, Жол үсті.). Бірі қашса, мыңы *бас салады,* тұмсығын тығып жабыса қалады (А. Тоқмағамбетов, Әке.). ә) *Қапылыста басып алды.* Жау таңертең алғаш шабуыл бастағанда барлық самолетін біздің қалаларымызды қапылыста *бас салып,* молаға айналдыруға жіберген екен (Ә. Әбішев, Замана.). **Басып салды.** *Атып жіберді.* Дала тағысы көзі қанталап, жаралы денесімен кекті өшпенділік үстінде өзіне қарай ұмтыла бергенде Жәрімбет *басып салды* (С. Алдабергенов, Өмірге жолдама). Хлыновский алты атарын жоғары көтеріп, *басып салды* (З. Шашкин, Ұядан ұш.). Қараулыға алып, жау басын, *Салды басып* ер Мүрид. Қан қылып шыңның жартасын, Құлады құзға құдиып (С. Бегалин, Баллада.). **Бауыр басты.** *Жақын тартты, үйреніп алды.* Шоферлік курсқа бардым. Содан бері осы баранканы ұстап жүріп жатқан жай бар. Қазір үйрендім, *бауыр* да *басқан* сияқтымын («Лен. жас»). Попов мастер үйреткен соң, *Бауыр басып* бара-бара Әлденеше күн өткен соң, Ұқты әдісін қара бала (Т. Жароков, Шығ. жин.). **Бауырына басты.** а) *Құшағына алды, көкірегіне қысты.* Екі жас баланы *бауырына баса,* бір әйел есігінен шыға құлады (Қ. Әбдікадыров, Мақташы.). Балаларды жақсы көретін Жәкең құшағына сыйғанша *бауырына басты* (С. Мұқанов, Саяхат.). ә) *Асырап алды, бала қылды.* Апам мен дүниеге келген күннің ертесіне дүние салыпты. Бір шаңырақта бір өзім қалған соң, осы бір қайырымды адам *бауырына басыпты* («Лен. жас»). **Бөрі басар.** *Қасқыр алатын ит.* Қордабай ер жүрек қыранды *бөрі басар* төбет біржола жентектеп тастар деп аяды білем; — Әй, қой! — деп дауыстады (Ә. Көшімов, Екі бүркіт). **Бетіне басты.** *Өрескел қылықты салық етті, ұялтты.* Қарт қойшы әуелі жігіт қылығын *бетіне басты.* Есінде сақтасын деп әдейі қатты айтты (Қ. Қамбаров, Алтай.). **Дөп басты.** *Дәл түсті.* Қазақ халқы мен украин халқының достығы

тарихтың көне төрінде жатыр. Сол достық осыдан талай уақыт бұрын басталып еді деп *дөп басып*, дәл айтатын дерек менің қолымда жоқ («Қаз. әдеб.»). **Еңсені басты.** *Көңілді көтертпей, қамықтырды.* Соғыс деген бір зілдей сөз. Кетті *басып еңсемізді*, Ап-ауыр ғып түсіртті тез, Қолымыздан кесемізді (Қ. Аманжолов, Таңд. шығ.). **Етек басты.** *Бөгет болды, етектен алды.* Теңіз жағалауындағы ауылдарға көшуге *етек басар* болып отырған тағы бір жай—қалашық (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). **Жаза басты.** *Қателесті, жаңылды.* Трест те, министрдің орынбасары да, Воронаның пікірін қолдап отыр. Біз шынында да *жаза басып* жүрмейік,— деді шахта бастығы (Н. Ғабдуллин, Алғы шепте.). Аз күн болып түсіп қалған Әдхам артына көп сөз қалдырған, қазір өзін көргенде сол сырт естумен *жаза баспай* таныды (Ғ. Мұстафин, Дауыл.). **Желін басты.** *Арындаған, дандайсыған мінезді тежеді, жөнге келтірді.* Асауының *басып желін*, Шабандарын етіп жүрдек, Жылқайдар жүр өзіміздің, Тигеннен соң қолға тізгін, Қоюшы ма ед, майпаңдатпай (Қ. Аманжолов, Таңд. шығ.). **Көрік басты.** *Ұста дүкенінде көріпен жұмыс істеді.* Он бес, он алтыдағы қыз *көрік басып*, бір қолымен отқа көмір қалап, енді бір қолымен темірді қыздырып отыр (С. Шарипов, Шығ.). Даңқы шыққан бала жастан, Болды біздің осында ұста, Дәл қырық жыл *көрік басқан*, Алды станок осы қыста (Қ. Жармағамбетов, Баллада). **Қаз басты.** а) *Жаңажаңа жүре бастады.* Ардақ биыл *қаз басып* жүре бастады (Ауызекі тіл). ә) *Бір істің енді ғана басталуы. Қаз басып* қанат қаққаннан бері («Ана туралы аңыз» фильмі) талай фильмдер бәйгесіне қосылып, жүйріктермен үзеңгі тебісіп, жүлделен жүлдеге ие болып отыр («Қаз. әдеб.»). **Қамшы басты.** *Атқа қамшы салды.* Баранов үрейленіп артына жалт қараған кезде, Сайдақ атына *қамшы басып* жөнелеберді (Ә. Әбішев, Замана.). Екі ат кезек озып, қарақшыға жақындай берді, енді екеуі де аттарына оңды-солды *қамшы басты* (Н. Баянды, Құм асты.). **Қапыда басты.** *Тұтқиылда ұстады.* Қасқыр қоянды *қапыда басты* (Ауызекі тіл). **Қара [әбілет] басты.** *Жолы болмады, оңбады.*— Елді ала тайдай бұлдіріп, сені мұнша не *қара басты*, көк төбет!— деп Сәрсенбай Күреңбайға төне берді (С. Омаров, Қайырлы.). Өй, *қара бассын* сені, деп Сұлтан мені мазақтай бастады (Б. Соқпақбаев, Менің атым.) **Құлыққа басты.** *Құлық ойлады.* Мен тағы бір *құлыққа бастым* (Б. Соқпақбаев, Менің атым.). **Май басты.** *Семірді, майланды.* Сүт бездерінің бөліктерін біріктіріп тұрған майлы тканьдер үлкейіп, кішірейген сүт бездерінің орнын қайтадан *май басады* (Ж. Қодаров, Жас ана). Ойлады, ойлағанының бәрін етті, Күніне уыс-уыс дән де септі. *Май басып* бар денесі семірген соң, Тауығы біржолата тумай кетті (Ө. Тұрманжанов, Қарлығаш). **Маң-маң басты.** *Аяғын әрең алып жүрді.* Салпаң құлақ саулықтар, *Маң-маң басқан* маралдай, Кімде мұндай байлық бар, Еңбектен өскен аянбай (Т. Жароков, Таңд. шығ.). **Мауқын басты.** *Құмарынан шықты.* Ол әке-шешесін көрген қарттармен әңгімелесіп, жер-суды аралап, *мауқын басты* («Лен. жас»). **Мысы басты.** *Сесі, құдіретті жеңді.* Сол сұлудың *мысы басып*, діңке құрып отырған жым-жырт қалыпты есікті еркін ашып, саңқылдап сөйлеген әйел дауысы бұзып жіберді (Ж. Жұмақанов, Жазылм. кітап). **От басып алғандай.** *Қатты шошынып, ыршып түсті,* — Құрысын ойбай, өшір үніңді! — деді Баян от *басып алғандай.* («Қаз. әдеб.»). **Өкшесін басты.** *Тетелес өсті.* Ұмсындық болса, *өкшемді басып* жүр, дейді Қортық (Қ. Тайшықов, Окт. ұшқыны). **Солығын басты.** *Өксігін қойды.*— Жылама енді, күл, өлдіге сананған перзентіңді аман өсірген өкіметкеректмет айт қайта!— деген соң барып *солығын басты* («Лен. жас»). **Су сепкендей басты.** *Бірден тоқтатты.* Отардың көзіне найзадай қадалған Нияздың қаһарлы көзі оның қайнаған қастық отын *су сепкендей басты* (С. Сейфуллин, Әңгім.). **Табанға басты.** *Аяқ асты етті.* Даңғаза шудың дабырын *табанға басты*, шырқай көтерілген әсем әннің жағына тартып жібергендей, ауыр жұдырық жасаулы столға сарт етті (С. Адамбеков, Көсе.). **Тайға таңба басқандай.** *Айдан анық, ап-айқын.* Қазақ әдебиеті орыс жазушыларының көмегі арқасында өсті деп бас мақаламызда *тайға таңба басқандай* анық жазулы тұр («Қаз. әдеб.»). **Тақым басты.** а) *Тез жүруге белгі берді.* Болат атқа *тақым басты* (Ауызекі тіл). ә) *Иеленді, меншіктеді.* Шүу, жануар тұлпарым, Қос қанатты сұңқарым, Саған *тақым басқалы*, Тағыны талай ұстадым (Ә. Сәрсенбаев, Өленд.). **Таңдайына басты.** *Пайдасын, игілігін көрді.* Олар қысы-жазы істеген еңбе-

гінің жемісін *таңдайына басты* (Ауызекі тіл). **Тап басты.** *Дәл тапты.* Егер соны ойлайтын болсаң,— дейді әңгімеші мұның қорқынышын *тап басып*, қазірден бастап сыр бермейсің (Р. Тоқтаров, Ертіс.). Әдетте, бірден шындықты *тап басып* айту қиын. Шындық оңайлықпен қолға түспейді («Қаз. әдеб.»). **Тарпа бас салды.** а) *Ес жиғызбай бірден ұстап алды.* Алаңсыз қалған қашқын от тұтатып берем деген кезде жігіттер оны бірден *тарпа бас салып*, еш қимылға келтірместен ұстайды («Қаз. әдеб.»). ә) *Дүрсе қоя берді.* Келіні Сақып екі күннің бірінде осы жазықсыз, аяулы жанның басына әңгір таяқ ойнатады. Кәдімгідей *тарпа бас салып* ұрады, жер-жебіріне жетіп балағаттайды (Бұл да). **Тәй-тәй басты.** *Апыл-тапыл аяқ басты, енді-енді жүрді.* Маған Жақан кеше ғана *тәй-тәй басып* жүрген сияқтанады да тұрады. Ал, енді қарасаң, соқталдай жігіт болып қалды...— дейді Әукең қарт («Қаз. әдеб.»). **Шалыс басты.** а) *Қисаландап әрең жүрді, тәлтіректеді.* Ентігіп есек жүгін ауырлады, Моншақтай мойнынан тер сауылдады. Аяғын *шалыс басып*, әлі құрып, Сондағы атқа айтып жалынғаны (Ө. Тұрманжанов, Қарлығаш). ә) *Қателесті, жаңылды.* Өмірде аяғын *шалыс басқандар* көп қой, солардың бірі болмағай,— деп апам мені құшақтады («Лен. жас»). **Ілгері басты.** *Алға басты, ілгеріледі. Ілгері басқан* елі бар, бірлігі күшті, қадамы қуатты, жас жұртты жасаушылардың біріміз (І. Жансүгіров, Шығ.). *Ілгері басқанның* иті оттайды (Қаз. мақал.).

БАС[3] з а т. м у з. 1. *Ер адамның ең төменгі даусы.* Турахун дөң жауырын, дүбір аяқ кісі. Даусы да бір шаманы басатын *бас* (Б. Қыдырбекұлы, Ұры.). 2. *Төмен тембрлі үрлемелі аспап.* Оркестрдің құрамына домбырадан басқа баян, прима, контрабас, *бас* сияқты аспаптар енгізілді («Қазақст. мұғ.»).

БАСА-БАСА ү с т. 1. *Қайта-қайта тәптіштеп.* Тұрғам жоқ «тіл тигізді» деп айтқалы, Қайта, ол *баса-баса* неге айтпады? Олардың «Иман шартын» ұстамаймын, Жүрсе де «о дүниеде» мені атқалы (Ж. Молдағалиев, Жиырма бес). 2. *Толтыра-толтыра, басымырақ.* Қияқ өзі аздап татты да, бұған *баса-баса* құйды (А. Нұрманов, Аққу.).

БАСА-ЖАНША ү с т. *Киіп-жара, ентелей.* Жұрт дуана көрген балалардай бірін-бірі *баса-жанша* топырлай дуылдап Әзілханға қарай дүркірей жөнелді... (Д. Әбілев, Арман.). ...Қатқыл жонды қарш-қарш асаған тұяқтардың дүсірін *баса-жанша* ат қызықтаушы жұрттың айқайы шықты (Ә. Кекілбаев, Дала.). Ту тігіп екеуі де түгін шанша, Екенін көрсеткен соң кіжінісіп. Бір-біріне ұмтылысты *баса-жанша* (Т. Ізтілеуов, Рүстем.).

БАСА-КӨКТЕ е т. 1. *Ешнәрсеге қарамай, киіп-жару.* Осы бір сәт есік шалқая ашылып, *баса-көктеп*, айбынды екпінмен Якупов кіріп келді (З. Шашкин, Сенім). Полицияның қамшысынан ба, әлде жаңағы сөздердің әсері ме, жұрт дуылдасып бірін-бірі *баса-көктей* қаша жөнелді (Т. Сұлтанбеков, Лұхман Хакім). 2. *Басыну, көзге ілмеу.* Қарағұл оны *баса-көктеп* бар жиған-тергенін алып кетті («Лен. жас»).

БАСАЛҚА з а т. 1. *Келелі ақыл сөз, басу.* [Әшім Дүйсенге]— Әншейінде *басалқа* айтатын ақсақалдар мұндай іс келген уақыттарда үндемей қалатындарыңызға жол болсын? (К. Оразалин, Ақ жазық).— Уа, тоқтаңдар!— деп сақалдылардың бірі қыз-келіншектерді ауданның халжайымен таныстырған болып, *басалқа* сөз айтуға оңтайланды (С. Төлешов, Түрлі бас.). Пәрәңге жатпай-тұрмай жетті қуып, Жеткеннен сақалын жас кетті жуып. Бас қосып, бір-біріне *басалқа* айтып, Белдерін тәуекел деп алды буып (Т. Ізтілеуов, Рүстем.). 2. *Жөн-жосық көрсететін бас көтерер адам. Басалқа* жақсы кеткен соң, Іс айналып батылға, Ер қайраты қор болып, Ақыл салды қатынға, Түзелмес енді іс болып (XVIII—XIX ғ. қаз. ақын.).

БАСАЛҚАЛЫ с ы н. *Көрген-білгені мол, салихалы.*— Сақалың ағарып, қария адам болдың. Енді төріңнен көрің жақын. Құдайға құлшылық ет, намаз оқы. *Басалқалы* адамның ісін істе,— деп сөккен Әлекенді қатарлары бір отырыста («Қаз. әдеб.»). Бірақ бұл сыршылдық, енді толыса бастаған, ой тоқтата бастаған жанжағына байыппен қарап, *басалқалы* пікір айта бастаған сыршылдық («Лен. жас»). Келесі кездескенде сол оқушылардың жүйелі ой, *басалқалы* сөз айтқанына қуанасың (Бұл да).

БАСАЛҚАЛЫҚ з а т. *Ақыл-кеңес берушілік.* Тәйт, сен де бір күй бағып отырады екесің. Үмітсіз шайтан болсын деген,

құдай жеткізсе, әлі-ақ жетеміз,— деп *басалқалық* айтады (С. Байжанов, Жастық.). *Басалқалыққа* ділгер көрінбейсің ғой, қайтесің құбыла беріп (М. Иманжанов, Менің махабб.).

БАСАЛҚАШЫ зат. *Ақыл-кеңес беруші.* Ғалымдарымыздың қай-қайсысы да барлық жанрда *басалқашы* болып, барлық салада тізгін ұстауға құштар («Қаз. әдеб.»).

БАСАЛҚЫ зат. *Басалқа, ақыл сөз.* Жанжалдан қорыққан Әліби «Сендерге не болды, қойсаңдаршы»— деп *басалқы* айтып көріп еді, сопы ие бермей, өрекпи түсті (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). Алпыстағы деп бәрі, *Басалқы* сөз сөйледі. Ақпа шешен ақсақал, Сөйлегенде бүй деді (М. Әлімбаев, Өшпес от).

БАСАЛҚЫЛЫ зат. *Басалқалы, салихалы.* Осы әпкем де қызық екен, көрдім ғой ол кісіні, ұстамды, *басалқылы* адам көрінеді (Ш. Құмарова, Қос шынар).

БАСАЛҚЫЛЫҚ зат. *Басалқалық, ақыл-кеңес берушілік.*— «Балалар, сабыр түбі — сары алтын»,— деп *басалқылық* айтты (Қ. Жұмалиев, Жайсаң жандар).

БАСАР зат. *Қатты жел тұрғанда киіз үйдің үстінен бастыра қазықтарға байланатын ұзын екі арқан.*

БАСАР-БАСПАС үст. *Аяқты тиер-тигізбес етіп ақырындап, ептеп.* Ақыры аяғын *басар-баспас* болып, шекарадан бері етті. Шекарадан өте сала кейбір көңілі бостау кәриялар, оларды көріп жастар жерге аунап, уыс-уыс топырақ алып иіскеп, жаласып жатыр (С. Шарипов, Бекболат).

БАСАТ зат. жерг. *Теңіздің тыныш, жайлы қойнауы.* Су астында жүргенмен, балық та басқа мақұлықтай ық іздеп, жайылым таңдап, теңіз түбінің толқымайтын тыныш жерлерінде қамысты *басат-тар* мен қопақты көлдерде жүреді (Ә. Нұрпейісов, Сергелдең).

БАСАТ-БАСАТ зат. жерг. *Қойнау-қойнау.* ...Кешеден бері ғана кішкентай көлдер кілегейленіп, иірім қолтықтар мен *басат-басаттардың* көбелегі ұстаса бастады (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер).

БАС-АЯҚ зат. *Бастан аяққа дейін, тұла бой.* ... Магазинге барып, ілулі тұрған қымбат бағалы костюмдерді меңзегенімде, қай ұлт екені мәлімсіздеу сатушы, менің *бас-аяғымды* бір шолып етті де, мен нұсқағаннан басқа, арзан қолдау бір костюмді алып, менің алдыма салды (Қ. Жұмалиев, Жайсаң жандар). Жұмабек сөйлеп тұрып, қыздың *бас-аяғын* сұғанақ көзбен тінтіп өтті (Т. Ахтанов, Махаббат.). Тренер енді жаңағыдай емес, мұның *бас-аяғына* көз тоқтата қарап өтті («Лен. жас»).

БАС-АЯҒЫ үст. 1. *Небәрі, бар болғаны.* Тағы да айтайын: жіп тоқитын, кездеме тоқитын, қант істеп шығаратын заводтың көзге көрінгендері — *бас-аяғы* он шақты-ақ (С. Шарипов, Бекболат). 2. *Барлығы, түгелдей.* Поезд келіп трибунаның қасына тоқтады. Жұрттың *бас-аяғы* тегіс жиналды (Ғ. Мұстафин, Қараганды). Әлгі топ *бас-аяғы* жиналысымен келіп Аманкелді қабірі басына тоқтады («Лен. жас»).

БАС-АЯҚСЫЗ сын. *Басы да, аяғы да жоқ.* Енді не бар айтатын? Айттым, білем бар мәнін, *Бас-аяқсыз* бір кітап, Жауынгерге арнадым (Қ. Аманжолов, Таңд. шығ.)

БАС-АЯҚТЫ: бас-аяқты моллюскалар. *Моллюскалар типіне жататын омыртқасыз жануарлар класы.* Осы кездегі *бас-аяқты* моллюскалардан оларға жақын тұратындары — каракатицалар мен кальмарлар. Мұхит жануарлары жылына мынадай мөлшерде өсіп отырады. Балықтар, шаян тәрізділер, *бас-аяқты* моллюскалар және басқалар 18 млрд. тоннадан артық (Жалпы биология).

БАС-БАСЫ үст. *Әрқайсысы, жекежеке.* Жүгербай да жігіттердің *бас-басымен* амандасып, ойнап: «қымыздарың жоқ екен, біз енді қымызы бар үйге барып отырайық» деп, тізелерін бүге салып шықты (С. Сейфуллин, Шығ.). *Бас-басымен* қайғы қып, Батыр Дотан қалмақты, Айдап кетіп барады, Қойға шапқан қасқырдай (Батырлар жыры). *Бас-басына* алдына қысырақ салған, Тентегің осы емес пе Мекке барған. Келіп тұр бес жүз үйге дворяндық, Төңірінің аяп қойған несі қалған (Айтыс).

БАС-ЖӨН зат. *Жөн-жосық.*— Бақа, қалай десең де басқа мектепке ауыстырылғаны жөн. Бұл жерге *бас-жөн* білетін, айтқанды екі етпейтін тіс қаққан мұғалім керек (С. Шаймерденов, Қарғаш).

БАСКЕТБОЛ з а т. с п о р т. *Бағана басына орнатылған торға допты қолмен лақтырып түсіретін спорт ойыны.* Содан бері қыруар жұмыс істеліп те қалды. Волейбол, *б а с к е т б о л* аландары қазірдің өзінде дайын (Б. Соқпақбаев, Жекпе-жек). Әркім өз организмінің мүмкіндігіне қарай волейбол, *б а с к е т б о л* т. б. спорт ойындарымен шұғылдануға әбден болады (М. Қайрақбаев, Ескерм. ауру.). Шағын ғана волейбол, *б а с к е т б о л* аландары жасалып, оған сетка құрылыпты (А. Байтанаев, Болат).

БАСКЕТБОЛШЫ з а т. *Баскетбол ойынына қатысушы адам.* Көршілес аудан спортшыларымен өткізілген жарыстарда Шортаевтың қарамағындағы *б а с к е т б о л ш ы л а р* командалары ұтылып қалды (М. Рашев, Бетің қисық.). Олар да *б а с к е т б о л ш ы* екен. Қаласаңдар кездесейік, — деді. Осы сөзі Сәулені ойландырды (С. Сарғасқаев, Көңілді бала.). Аудан орталығында өткен *б а с к е т б о л ш ы л а р* бәсекесінде біздің спортшылар екінші орынға ие болды («Спорт»).

БАС-КӨЗ: **бас-көз болды.** *Біреуге көз қырын салып, қамқоршы болды.* Өзі үйде жоқта тұңғыш құрсақ көтерген тәжірибесіз келіншегіне *б а с - к ө з* боп отыратын естияр біреудің болмағанына көбірек қынжылатын [Еламан] (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). Оның бұдан былай нағашы атасының үйіне *б а с - к ө з* болу ойы да жоқ емес (К. Оразалин, Ақ жазық). Апам менің Нұржанға *б а с - к ө з* болуымды қатты өтінді («Лен. жас»).

БАС-КӨЗДІК з а т. *Қамқорлық, естиярлық.*— Жанай, сен бүгінше Ошарбайдың гуртында болып, *б а с - к ө з д і к* жаса. Сауыншыларды ұйымдастырып, жемшөп тасытып қой кешке дейін (С. Мұратбеков. Көкорай).

БАСҚА с ы н. *Бөлек, бөтен, өзге.* Елден келген ақсақалдардың қасына түсіре бер. Сөз өлгі. Бар,— деп Мұқанды үйге жіберіп, өзі *б а с қ а* жолдастары жатқан үйге барды (С. Шарипов, Бекболат). Иван Павлович механикалық цехтан бір кішірек тетіктерді алып, бері шыға беріп еді. Ол етпетінен қатты жығылған Махметті жүгіріп келіп, *б а с қ а д а н* бұрын көтеріп алды (Н. Ғабдуллин, Қызық дәурен). Сол тәрізді ол да әлі жас бала, Шаруасы жоқ өлеңінен *б а с қ а д а.* Арам емес аңқылдаған шын ақын, Өлең жазған өзбектерге жақсы аға (С. Мәуленов, Жаңа арна).

БАСҚА-БАСҚА с ы н. *Әр түрлі, бірбірінен бөлек-бөлек.* Шешен Россияда жүз бес түрлі тілмен сөйлейтін халықтар барын нықтап айтты. Бұл жұрттардың күн көрісі, ойы, дүниеге, шаруаға көзқарасы *б а с қ а - б а с қ а* (Д. Әбілев, Арман.). Бытырап ешкі қарғып тастан-тасқа, Топтоп болып бөлінді *б а с қ а - б а с қ а.* Ешкіге айналмайын деді дағы, Қойды айдап түсті Мұса жанталасқа (Д. Еркінбеков, Шығ.).

БАСҚАДАЙ с ы н. *Өзгедей, бөтендей.* Қайырбектің организміне демеудің жолы қан құю. *Б а с қ а д а й* ем кешеден бері жасалып та жатыр, оның көмегі белгілі ғой (З. Шашкин, Сенім). *Б а с қ а д а й* жеңіл-желпі тірліктің реті байқалмайды. Сонда не жүктеуге тиіспін — деп ойға қалған Жұбайқан бір жағы қалжыңға бұрғысы келді (А. Байтанаев, Қайнар). Балғадай сан-қолдары, Ұзын бойлы, қапсағай. Осы оның бар болғаны, Белгісі жоқ *б а с қ а д а й* (С. Мәуленов, Құлыншақ).

БАСҚАҚ з а т. в е т. *Витаминнің жетімсіздігінен болатын буаз саулық ауруы. Б а с қ а қ қ а* ұшыраған саулықтың жүні жидіп сыпырылып қалумен бірге сапасы да кемиді, жүн талшығы құрғап, мерт болады (С. Омаров, Қой бағу.). *Б а с қ а қ* болған буаз саулықтың қоздауына бір ай шамасы уақыт қалғанда, жүні жиди бастайды, бұтаға іліксе бауыр, аяқ жүндері түсіп те қалады (Тарту).

БАСҚАЛАН е т. *Бөлектену, өзгешелену.* Еламанға деген бұрынғы бейілдері құрттай да өзгермегенін көрсеткісі кеп, сасқалақтап жүгіріп жүр. Соның өзінде бірде болмаса да бірде *б а с қ а л а н ы п* қалған көңіл байқалып қап отырды (Ә. Нұрпейісов, Сергелдең). Ақсақал Қоңыраттай асқар алып, Жұмысың кеткендіктен *б а с қ а л а н ы п,* Борышты болып жатса заводына, Мынауың барып тұрған масқаралық (Айтыс).

БАСҚАЛАНУ *Басқалан етістігінің қимыл атауы.*

БАСҚАЛАНУШЫЛЫҚ *Басқа болушылық, өзгешеленушілік.*

БАСҚАЛАУ с ы н. *Бөтендеу, бөлектеу, өзгешелеу.* Сұңғақ, ұзын бойлы, тіп-тік,

жіңішке денелі Еркежанның бет бітімі де қазақ әйелінен *басқалау* болатын (М. Әуезов, Абай жолы). Кенжекей қайын сіңлісіне таңдана қарап, кейіндеу тұр. Көңілге болмаса қайын сіңлісі бұрынғысынан *басқалау* (Ә. Нұрпейісов, Сергелдең). Қимылы, жүрісі, көзіндегі сәл қуақылау ақылды нұры,— бәрі де келеді. Қайта бұған қарағанда Наурыз *басқалау* (Р. Тоқтаров, Ертіс.).

БАСҚАЛЫҚ з а т. *Ұқсамаушылық, өзгелік, бөтендік.* Алдағы өмірдің *басқалығын* ауылдан шықпай жатып сезе бастады Кенжекей (Ә. Нұрпейісов, Сергелдең).

БАСҚАР е т. 1. *Басшылық ету, билігін жүргізу.* Ел *басқарған* адамның басындағы аса зор қайғы — сол елді өз соңына ерте алмаса, елді біріктіре білмесе, адамдарды дос, туыс, бір-біріне сыйлы ете алмаса, қайғының үлкені сол (С. Бақбергенов, Адам.). Баста болған адамдарымыздың бірі Ермағамбет Күзембайұлы осы күні тірі. «Жарбасқан» серіктігін *басқарып* тұрады (С. Шарипов, Бекболат). Портқа кіріп келе жатқан кемелерде қабылдағыш телевизиялық қондырғылар бар. Соның көмегімен кеме капитаны өзінің бөлмесінде отырып-ақ кемені *басқара* береді (М. Бекбаулев, Көгілдір.). 2. *Бір нәрсені ұйымдастыру, жетекшілік ету.* Жұрт дүрліге мұнараға беттеді. Азамат пен Тайманға: — Қабен тыныш болса, біраздан соң мен де барармын. Әзірге мұнара маңын өздерің қолға алып, *басқара* беріңдер, — деді (З. Қабдолов, Жалын). Сайлау участогінің біреуі Қазақстан оқу комиссариатының үйінде, мен онда үгітшілер тобын *басқарам* (С. Мұқанов, Саяхат.). Қазір жалғыз Дүйсенбек, Двигатель *басқарып,* Жатыр көлдің мол суын, Көп егінге ақтарып (Ғ. Қайырбеков, Құрдас).

БАСҚАРАҚ с ы н. *Өзгешерек, бөтенірек.* Мектепті ауыл өміріне жақындату дегеніміз, тегінде, бұдан гөрі *басқарақ* болса керек (М. Иманжанов, Менің махабб.) Менің білетінім, менің сезінетінім өзгелерден *бас'қарақ* сияқты. Мұнымнан қысыламын да, тынымсызданамын,— дейді Алексей Максимович («Қаз. әдеб.»). Үй тұрғызды тас қалап, Бұрынғыдан әсемірек, *басқарақ.* Қан майданда жараланған батырдай, Қайта орнынан тұрегелді Ашхабад (Т. Молдағалиев, Алатау.).

БАСҚАРҒЫШ с ы н. *Бір нәрсені ұйымдастырғыш, іскер.* Шәкір тойда *басқарғыш* адам екен. Ол комиссия мүшелерінен басқа, өзіне сайдың тасындай жүз шақты епті жігіт таңдап алды да, бәріне де оңтайлы жақсы аттар мінгізіп, той қызметін соларға басқартты (С. Мұқанов, Есею жыл.). ◆ **Басқарғыш машина.** *Күрделі немесе өзара байланысты объектілерді басқаруға арналған есептеуіш машина. Басқарғыш машина* қажетті логикалық операциялар мен математикалық есептеулерді орындап, процестің өтуі жайындағы мәліметтерді тіркеп отырады (ҚСЭ).

БАСҚАРҒЫШТЫҚ з а т. *Басқаруға икемділік, қабілеттілік.*

БАСҚАРМА з а т. 1. *Белгілі бір мекеменің ірі бөлегі, әкімшілік мекемесі.* ...Облыстық ішкі істер *басқармасының* мемлекеттік автоинспекция қызметкерлері халықты көшеде жүрудің жаңа ережелерімен таныстырып тұрады («Соц. Қаз.»). Ол оқу бітірісімен Архив *басқармасына* қызметке орналасты («Қазақст. әйелдері»). 2. **С ә й л.** *Колхоз бастығы. Басқармаға* жағынып, асты-үстіне түсіп жүретін Шәлтік бригадир, молланың бөлесі шырылдап араға түсті, бірақ мардымды ешнәрсе айта алмады (С. Жүнісов, Өшп. іздер). Сәндібек мойнын жұтына созып *басқармаға* кімелеп қызу сөйлеп тұр (Т. Ахтанов, Махаббат.). Осыны ерте тапсырмай, Берді жаңа *басқарма,* Жер жыртумен қарбалас, Істі бұлай бастар ма? (І. Жансүгіров, Шығ.).

БАСҚАРМАДАЙ с ы н. *Басқарма сияқты.* Халыққа *басқармадай* есеп берген, Жайынан мен сөйлейтін мал мен баздың (Айтыс).

БАСҚАРТ *Басқар етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Сенатта өзінің білгір әрі ұйымдастырушы қабілетімен көзге түскен жігерлі жасты Петр I геодезиялық өлшеу арқылы Отанның нақтылы географиялық картасын жасау жұмысын *басқартты* (Н. Баяндин, Саяхат.). Ширек ғасыр *басқартып,* Сыйламайды босқа көп. Билейтұғын жасқантып, Бұл заманда патша жоқ (С. Мұқанов, Замандас.).

БАСҚАРУ *Басқар етістігінің қимыл атауы.* Сол елдің билік ісіне, *басқару* ісіне, ала таңнан тұрғаннан көзі ұйқыға кеткенше кірісетін жан (Х. Есен-

жанов, Ақ Жайық). Жұмағұловтың *басқаруымен* жігіттер бұл үйді епке келтірді, тазалады, ағартты, есік-терезесін бүтіндеді (Қ. Қамбаров, Алтай.).

БАСҚАРУШЫ з а т. *Бір іскѐ жетекшілік етуші.* Асан үлкен бір мекеменің *басқарушысы* екен (Ауызекі тіл).

БАСҚАРУШЫЛЫҚ з а т. *Басшылық етушілік.* Қызылжарда *басқарушылық* қызметте тұратын Нұрғали, Коваленко, Зейнолла Төреғожиннің пікірлес адамдар екенін жоғарыда айттық (С. Мұқанов, Есею жыл.).

БАСҚАРЫЛ *Басқар етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* — Әрине, әскер деген бұйрықпен *басқарылмаса,* — ешқандай жеңіске қол жетуі мүмкін емес,— деп қосылды Алмас (Ж. Тілеков, Жоңғар.). Басқа жұмыстарда трактор қашықтықтан — тіркеу құралдарында тұрып *басқарылады* («Халық мұғ.»).

БАСҚАРЫЛУШЫ с ы н. *Басқарылатын, басқарылуға тиісті.* Кибернетика тілін пайдалана отырып және оқу процесінде белгілі бір схематика (үлгі) жасау үшін мұғалімді басқарушы объекті, ал оқушыны *басқарылушы* объекті деп атауға болады («Қаз. мұғ.»).

БАСҚАРЫП-ТӨСКЕРІП ү с т. *Өзі де қосыла ұйымдастырып, жетекшілік етіп.* Қара кемпір түрегелді. Келіндеріне ақылын айтып, *басқарып-төскеріп* жүр («Лен. жас»).

БАСҚАРЫС *Басқар етістігінен жасалған ортақ етіс.* Жер ошақ басында мал сойылып, қазан асылып жатыр. Аббас, Шоқпыт, Мұхтар сияқты үлкендер де осы үйде. Кенжетай әзір сыртта жабдық *басқарысып* жүр еді (Д. Әбілев, Арман.). Зайда үйіне келген қайнысын ертіп алып құдасының үйіне барып, барлық керек-жарақты да өзі *басқарысты* (С. Бегалин, Уақыт.). Шылым орап тұтатып, ақырындап сора бастаған оқымысты адамға Ораз шешіліп әңгіме бастай алмады. Өйткені, Тереңсайда болған мәжілісті *басқарысып* жүрген бұл белгілі кісіні жас жігіт сол жерде ғана көрген (Х. Есенжанов, Тар кезең).

БАСҚАРЫСУ *Басқарыс етістігінің қимыл атауы.* Қазақстанда советтік, партиялық істерді *басқарысуда,* советке жат идеямен күресуде, партия конференциясына дейін жұптарын жазбаған партия жолындағы қазақ коммунистері, сол конференциядан кейін өз ара кикілжіңге келе бастады (С. Мұқанов, Есею жыл.).

БАСҚАША с ы н. *Өзгеше, ерекше, бөтен.* Елден-елге тез тарайтын тұмаудың түрі өте ауыр өтеді, өйткені оның вирусының түрі жай тұмаудың вирусынан *басқаша* (М. Сисекенов, Өкпе ауру.). Бәрі де бұл ойлағаннан *басқаша.* Көрсем-ау, деп аңсап келген Алматы мұны бір түрлі жатсынғандай салқын тарта берді (Қ. Жұмаділов, Көкейкесті). Ал, мына кітап тіпті *басқаша,* ажарынан айрылмайды, су жаңа күйінде жарқырайды да тұрады (Ғалам ғажап.).

БАСҚАШАЛАУ с ы н. *Өзгешелеу, бөтендеу.* Бірақ бұл мені онша қанағаттандырмайды. Қызға жазатын, қыздан алатын хаттар *басқашалау* болуға тиіс қой (Б. Соқпақбаев, Өлгендер.). Сен оны *басқашалау* түсіндің бе, білмей қалдым. Сен баяғы Нұрмолда болмағанда өзіме өзім, кәдімгі Балықбайға ұқсауға тиіспін ғой (С. Бақбергенов, Адам және көлеңке). Аты-жөнін *басқашалау* етіп ала сал, қайным — деп тілек білдірді Маржан (Адам және химия).

БАСҚАШАЛЫҚ з а т. *Өзгешелік, ерекшелік.* Ауыл мен деревняның айырмасы зор. Бұл айырма алдымен шаруашылық-экономикалық факторлардың *басқашалығынан* мәдениет сатысының бірі ілгері, бірі төмен жатқандығымен байланысты (Х. Есенжанов, Көп жыл.).

БАСҚАШАРАҚ с ы н. *Өзгешерек, бөтенірек.* Старковқа Григорий Шоқан жайын Драгомировтан *басқашарақ* баяндады (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз). Тарс деген сөздің өзі, ешбір өзгеріссіз, екі рет қайталанса, сол сөз тарс-тұрс түрінде *басқашарақ* болып қосарланады (Қазіргі қаз. тілі). Ғалидың өмір танымы, мінез-құлқы да мектеп қабырғасында жүрген басқа құрдастарына қарағанда, *басқашарақ* қалыптаса бастады («Лен. жас»).

БАСҚҰР з а т. *Керегелердің бастарын тартып, үйді айналдыра байлайтын өрнектелген жалпақ бау.* Төрт-бес үйдің бәрі де аппақ. *Басқұрларын* оюлап, оймыштап қойған (Т. Әлімқұлов, Ақбоз ат). Жарасқан ақ боз үйге *бас-*

құ р л а р ы ң, Көп екен ауылында «қасқырларың», Өзің біл не етеріңді, ғашық жарым, Мен сені жаратқанға тапсырғаным (Үш. ғасыр.). Сол елдердің ішінде, Он қанат үй орнатқан, Батсайы *б а с қ ұ р,* зер тұтқан, Айналасын ақ үйдің, Темірменен торлатқан (Пернедегі терме.).

БАСҚҰРДАЙ с ы н. *Басқұр сияқты.* Жота-жотаның үстінде *б а с қ ұ р д а й* шұбатылып қасқа күре жол қалды (Қ. Ысқақов, Бұқтырма.).

БАСҚЫ ү с т. *Бастапқы, алғашқы.* Бұл жөндіктер палеозойдың ең *б а с қ ы* кезінде кембри дәуірінде болған еді ғой (А. Машанов, Жер. асты.) Қимайтындай екі жасты, Телмірісті көп жұлдыз: «Бұл жолығу болды *б а с қ ы,* Тағы қашан?» деп жұлдыз (Б. Майлин, Шығ.). ◆ **Басқы ағыс.** *Өзеннің жоғарғы жағы, басы.* Жалпы Қазақстан өзендерінің *б а с қ ы а ғ ы с т а р ы* таулы өңірде, орта ағысы тау етектерінде, төменгі ағысы құрғақ далада, шөлейттеу аймақтарда болады (Х. Есенжанов, Ақ Жайық).

БАСҚЫЗ *Бас етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Қатты боран ілгері *б а с қ ы з б а й д ы* (Ауызекі тіл). Мыңдаған мектеп ашқыздың, Адам қып сан қара халықты, Ғылымның өріне *б а с қ ы з д ы ң.* Ісіңді көрі-жас бәрі ұқты (Ә. Нілібаев, Болашақ.)

БАСҚЫЛА е т. *Тежеу, басыңқырау.* Машиналардың ортасында бір машинаның тұтқасын ұстаған Нияз машинаны *б а с қ ы л а п,* тізгіндеп тұрады (С. Сейфуллин, Шығ.).

БАСҚЫН з а т. *Жаулап алушы, басып кіруші. Б а с қ ы н д а р* орналасқан Ақсуда пішен биыл болса, келесі жылы жоқ (М. Тиесов, Әлібек Майкотов). ◆ **Басқын болды.** *Топырлады, басып-қаптап кетті.* Айқай салып сен келдің топқа дейді, Бұдан басқа тігулі үй жоқ па дейді. Ақын кірсе кетеді *б а с қ ы н б о л ы п,* Су құйылып, ет тартқанша тоқта дейді (Айтыс).

БАСҚЫНДАТ е т. *Борандату, дауылдату.* Сол жылы қыс салғаннан аюдай ақырып, ақ *б а с қ ы н д а т ы п* келді (Ө. Қанахин, Жер. бас.).

БАСҚЫНДЫҚ з а т. *Шапқыншылық.* Ақтабан шұбырынды дәуірінде Орта жүз, Кіші жүздің негізгі рулары *б а с қ ы н д ы қ* пен апатқа ұшырады (Е. Ысмайылов, Ақындар).

БАСҚЫНШЫ з а т. *Бір елдің жеріне опасыздықпен басып кіруші, жаулаушы.* Калинин майданының әскерлері фашист *б а с қ ы н ш ы л а р ы н* Калинин қаласынан қуып шықты (С. Бақбергенов, Өзіміздің жігіт.). *Б а с қ ы н ш ы л а р* өртеп кеткен үйдің астынан баспана қазып алып, ұлы атасы Иримей қарт отыр (С. Омаров, Әңгім.).

БАСҚЫНШЫЛЫҚ з а т. *Баса-көктеп кірушілік.* Қаруланған күші мол *б а с қ ы н ш ы л ы қ* соғыста мол тәжірибесі бар дұшпан бізге басымдықты мейлінше көрсетті (Б. Момышұлы, Біздің генерал). Майданшы солдаттар бұқараға соғыстың *б а с қ ы н ш ы л ы қ* сипатын түсіндірді (ҚазССР тарихы).

БАСҚЫСЫЗ: аяқ басқысыз. *Жүріп болмайтын, аяқ алғысыз,* Есік алды *а я қ б а с қ ы с ы з,* лас. Тыстан кірген адам есік алдының тақтайын былғайды (Б. Майлин, Шығ. жин.).

БАСҚЫШ з а т. 1. *Жоғары көтерілу үшін жасалған баспалдақ, саты.* Биік *б а с қ ы ш ы* бар үйге келгенде [Сәми] оның қақпасы таныс сияқты болды (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). Кузьменкомен ілесе шыққан үш полковник *б а с қ ы ш* үстінде әлгі әйелдің сөзін кідіре тұрып тыңдай қалған еді (К. Тоқаев, Тасқын). Өңештей тар *б а с қ ы ш п е н,* Өрледік бір кез жоғары. Хор қызы көзін ашып кең, Қорқа бізге қарады (Б. Аманшин, Бұтақта.). 2. А у ы с. *Қызметтің, оқу жүйесінің белгілі бір дәрежесі, сатысы.* Әкімшілік сатысының жоғарырақ *б а с қ ы ш ы н д а* тұрғандарға жанасуды Құдайберген мәртебе көретін (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.). Бірінші *б а с қ ы ш* мектепті мен сол Коряков атындағы мектепте бітірдім (З. Шашкин, Доктор.).

БАСҚЫШТА е т. *Төменнен бастау.* Ана жылы үлкеннен бастағанда жолым болып, балам жазылды ғой, соған дағды алсам керек. Ауруханаңың бастығымен таныс емес едім, *б а с қ ы ш т а п* кісі салдым («Лен. жас»). Бізде екі принципті бірлестіре отырып және *б а с қ ы ш т а й* отырып тәрбиелеудің жүзеге асырылғандығын атап айтты («Халық мұғ.»). Сан сұмдыққа ебі бар, пейілі тар, Бұлардың да ішінде не түрлі бар. Азбанқұлды

б а с қ ы ш т а п, жалбызбалап, Ханға қолын жеткізбек кейбір мұндар (Т. Әбдірахманова, Көгершін.).

БАСҚЫШТЫ с ы н. *Басқышы бар. Б а с қ ы ш т ы* бір қуысқа біз де кіріп, иректеле жоғарылаған, граниттен жасалған, баспалдақтармен ентігіп барып «Мұнара» аталатын төбесіне әрең шықтық (С. Мұқанов. Алып. адым.).

БАСМАШЫ з а т. т а р. *Орта Азияда Совет өкіметін орнатуға қарсылық көрсеткен қарулы бүлікшілер тобы.* Азамат соғысына қатынасып, ақтар мен *б а с м а ш ы л а р д ы* жойысқан Есқаров, жауды әшкерелеудің, жоюдың талай тәсілін біліп шебер қолданады екен (С. Мұқанов, Есею жыл.). Ашыққан халыққа арналған азық-түлікті қорғап тұрғанда Бердәліні *б а с м а ш ы л а р* ауыр жаралап кетті (С. Ерубаев, Шығ.). Жаппар Әбенов 72 жаста. Революцияның алғашқы жылдарында ол Совет өкіметін орнату жолында *б а с м а ш ы л а р ғ а* қарсы күресті («Соц. Қаз.»).

БАСМАШЫЛЫҚ з а т. т а р. *Орта Азиядағы қарулы контрреволюциялық қозғалыс.* Ақ гвардияшылардың және феодалдар мен мұсылман діншілдерінің контрреволюциялық бірлігіне *б а с м а ш ы л ы қ* Орта Азиядағы негізгі әскери күш ретінде міндет атқарды (Б. Момышұлы, Біздің генерал).

БАСПА[1] з а т. *Кітап, газет, журнал басып шығаратын мекеме.* Жарқын руднигі ашылғаннан кейін, Нүрке осы кен қоймасын болжаған Дәуреннің теориялық көзқарасына сүйене отырып, өз атынан еңбек жазып *б а с п а ғ а* берді (І. Есенберлин, Айқас). *Б а с п а ғ а* Нияздың өлеңдері түскен екен. Кітап болып басылмас бұрын оқып шығып, пікір айтуға оны Лөззатқа берді (Т. Ахтанов, Махаббат.). *Б а с п а д а н* жаңа шығыпты, Бояуы әлі кеппепті. Көтеріп біреу үмітті, Көшеге түнде ап кетті (М. Әлімбаев, Таңд. өлең.).

БАСПА[2] з а т. м е д. *Дауысты қарлықтырып, жұтындырмай ауыртатын тамақ ауруы (ангина).* Дәрігер баланың аузын, тамағын көріп, оның ауруға шалдығуының басты себебі *б а с п а м е н* жиі ауыратындығынан екенін айтты (С. Нұрғожаев, Бала ауруы). Кей уақытта *«б а с п а»* сияқты зардаптарға суық суды дамылсыз ішкізу арқылы емдейтін («Қаз. әдеб.»). Ангина халық арасында өте көп тараған аурулардың бірі. Ауылдық жерлерде көбіне *б а с п а* дейді («Лен. жас»).

БАСПА[3] з а т. ж е р г. 1. *Төбесі ғана жабылған, жан-жағы ашық жай, орын.* Қонысбай дегенің мына көлеңкелі *б а с п а н ы ң* астында ағаш шауып отырған бурыл сақал (Б. Майлин, Шығ. жин.). Асхана деген аты болмаса, төбесінде тақтайдан жасалған күңқағары ғана бар дөңгелек *б а с п а* (Ауызекі тіл). 2. *Есіктің ілгегі.* Әбунүсіп теңіз қарақшыларынша жан ұшыра, шаппақ қимылдады. Есікті сарт еткізіп жауып, *б а с п а с ы н* ішінен сала қойды (Д. Әбілев, Ақын.). Сұлтанмахмұт есіктің *б а с п а с ы н* жақтау сағанақтан қол жүгіртіп ашты да, ептеп басып, бір жүріп, бір тоқтап отырып Мәлике төсегінің шымылдығына қолы тиді (Д. Әбілев, Арман.). ◆ **Баспа тақтай.** *Өту үшін жасалған зат, өткел.* Жылға суына көлденең салған *б а с п а т а қ т а й д а н* таяқ таянған бір кемпір өтті (М. Гумеров, Хазірет.).

БАСПА: баспа кесте. *Инемен басып тігу әдісі.* Қыздар *б а с п а к е с т е м е н* жекейлеп орамал тікті (Ауызекі тіл).

БАСПА: баспа қылды. *Сығалап, жасырынып, бұқпантайлап қарады.* Аяжан бұрыштан *б а с п а ғ ы п* қарады да тұрды. Көк есек мұны сезіп қойды (Б. Соқпақбаев, Аяжан). Қораның іргесінде *б а с п а ғ ы п* отырған жігіттің бірі,— міне келді,— деді сыбырлап (Қ. Тайшықов, Окт. ұшқыны). Ізге түсе жөнелген тазы, алдындағы қырқаға шыға бере, иек артпадан *б а с п а қ ы п* қарап еді, **түлкі** шынында да ойдағы шоқтала өскен бортық қарағанның арасында жүр екен (М. Мағауин, Ақша қар).

БАСПА-БАС үст. *Бір затты екінші бір затқа үстемесіз айырбастау.*— Осы күннің өзінде ғана Қарабас екі жүз бойдаққа *б а с п а - б а с* екі жүз кедей үйінің бұзауын алыпты (К. Оразалин, Көктем.). Сауда көбінесе *б а с п а - б а с.* Ауылдарынан жырып алып шыққан тамақтарын, азық-түліктерін станция тұрғындары көйлек-көншекке айырбастайды (Қ. Сатыбалдин, Қараторғай). Оның жанына батқан он бес мың қазақтың ағылшындарға құл болғаны емес, ағылшындардың адамға *б а с п а - б а с* айырбас-

тап отырған патроны (Ә. Әбішев, Терең тамыр).

БАСПАГЕР з а т. *Кітап, газет, журнал басып шығарушы, баспа ісімен айналысушы.* Бір ұлы іс, игілікті өнердің атасы — орыстың тұңғыш *баспагері* Иван Федоров пен Петр Мстиславцевтың бастамасына өткен жылғы мартта 400 жыл толды («Лен. жас»).

БАСПАДАЙ с ы н. *Баспадан шыққандай.* Иншалла, сөз жүйесін тапса, таныр, Халық — сарап тастан ойған *баспадай-ақ.* Сөзінді халық қаларын қайдан білдің? Өткен күн,— деген қайда,— ысырапшай-ақ (Айтыс).

БАСПАҚ[1] з а т. 1. *Алғы айдан бір жасқа дейінгі есейген бұзау, торпақ.* Колхоз құрылған жылы үкімет өсімге екі жүз *баспақ* берген еді, қазір ол екі мың үш жүз елу басқа жетті (Ы. Жақаев, Менің бақытым). Сиырымның қыстық шөбі үшін, Беремін жылда *баспағын.* Қасіреттің уын көп іштім, Өзім де шамышыл қасқамын (Ж. Молдағалиев, Жесір.). Ағаштан қылып арбасын, Арбаға жеккен жорғасын, Ақша салған дорбасын, Бұзау, *баспақ,* танасын (Батырлар жыры). 2. *Ірі қараның бас терісінен жасалатын ыдыс.* Ауыз үйдегі қара қазанда қара су шымыр-шымыр қайнап жатады. Осы жеткеді-ау деген шамамен апам *баспақтан* бір уыс тұз алады да, тастап жібереді (Б. Соқпақбаев, Бастан кеш.).

БАСПАҚ[2] з а т. в е т. *Қойда болатын ауру.* — Адаспайдың қойы *баспақ* болып жатыр. Мына екі қарттың ақ бөкендері құлағымен ойнайды ғой,— деп Әбдіжанның қағылез ақсары өңі күлімдеп, үлкен қой көзі тебіндегі қойға түйіле қадала қалды (С. Бегалин, Уақыт.).

БАСПАҚТАЙ с ы н. *Баспақ сияқты.* Ертелі-кеш байлаулы *баспақтай* орда ішінде отыра берудің несі жақсы (А. Хангелдин, Өткен күн.).

БАСПАҚШЫЛ с ы н. *Көнгіш, көнімпаз.* Басқа түссе *баспақшыл* (Мәтел).

БАСПАҚЫЛ с ы н. *Байқағыш.* Жекен *баспақыл* қу жігіт екен. Қайырбек пен Сарбасовты егестіре, жел бере сейлеп қояды (Қ. Кемеңгеров, Алтын.).

БАСПАЛА е т. 1. *Бір нәрсені қалқалап жасырыну, бұғу.* Гүлнәм *баспалап,* ақырын-ақырын дауыстады. Еш дыбыс жоқ (Т. Әлімқұлов, Ақбоз ат). Қарға жаяу шығып, *баспалап* қарап тұрған жігіт қайта жүгіріп аттанындар дегендей белгі берді (А. Жұбанов, Замана.). Мұндай сәтте сабалақ та құйрығын жымып, үйдің қалтарысына жылысады. Ендігі оқиғаны ол сол бұрыштан *баспалап* бақылайды (А. Сатаев, Ақын.). 2. А у ы с. *Аңысын аңдау.* Ақыры ойын да басталды. Екі жақ та бірін-бірі торып *баспалап* жүрді (С. Сарғасқаев, Көңілді бала.). Ірі-ірі сеңдер кеме бүйіріне тікелей соғылмай, бірін-бірі *баспалап,* шаншыла өрлеп барады (Ә. Сәрсенбаев, Теңіз.). Елеусіз бен Мырзаш үйге кірмей, *баспалап* тұрып қалды (Т. Әлімқұлов, Ақбоз ат).

БАСПАЛАС *Баспала етістігінен жасалған ортақ етіс.* Жапырағы ағаштың, *Баспаласып* қарасың: «Тұрғандарын жарасын!» Дегендей боп ақырын, Ұқсайды сыбырласқанға (С. Сейфуллин, Өленд.).

БАСПАЛАТ е т. *Үсті-үстіне бастырмалату, төпелеу.* Әйтеуір, қадірін білу керек қой... — деп, бірі қалмай данышпансып, үсті-үстіне *баспалатып* барып қойысты (С. Торайғыров, Таңд. шығ.) Азамат ашуланарын да, күлерін де білмеді. Мәриям жүзі жанбай бедірейе қапты. Бір ауыз сөз айтсаң, он ауыз сөзбен *баспалататын* кісінің түрі (Б. Майлин, Азамат.). Купецтер көп жұмысты *баспалатты,* Әлиге әзір жүгін тастап артты. Аянбай жұмыс істеп елге жағып, Аз күнде айтарлықтай ақша тапты (О. Шипин, Екі дастан).

БАСПАЛДАҚ з а т. 1. *Биік үйге, немесе биік заттың жоғары жағына шығып, түсу үшін жасалатын басқыш, саты.* Сағырға соның ең соңғы есігімен кіресің, есік өте тар. Қалқиған, жіңішке ағаш *баспалдақпен* көтеріліп барып, бөлмеге әзер жетесің (Қ. Жұмалиев, Жайсаң жандар). Тұрар тұрған беттен еңіске қиыстап түсер *баспалдақ* та қардан аршылып қалған (С. Шаймерденов, Мезгіл). Бала қыз басып тұрып *баспалдақты,* Күледі: — Таянды, апа, «қош сағаты». Қолда гүл, шашындағы қызыл бантик, Секілді көбелектің қос қанаты (Ж. Молдағалиев, Жыр). 2. А у ы с. *Өмір асуы, кезеңі.* Амал не қарауменен көз ағарттық, Сол ма еді көрегендік, азаматтық?! Біріне мың *баспалдақ* бұл тірліктің, Мақсатсыз шығам деудің өзі ағаттық (Ғ. Қайырбе-

ков, Алтын.). Өмірдің өзі *баспалдақ*, Сонымен қатқан қанатың, Кетсең де қанша аспандап, Жеріңе қара қонатын (Ш. Мұхамеджанов, Көңілашар).

БАСПАЛДАҚСЫЗ сын. *Басқышсыз*. «Сандық тас» төрт бұрышты бір биік құз, Тасы бейне сырғанақ жып-жылтыр мұз. Аяқ басар, қол ұстар жерлері жоқ, Басына шыға алмайды *баспалдақсыз* (С. Мұқанов, Таңд. шығ.).

БАСПАЛДАҚТА үст. 1. *Сатылап, басқыштап*. «Колхоз қайраңы» аздан кейін-ақ ойдым-ойдым қара төбеге айналды. Бірін-бірі *баспалдақтап* үйілген итбалық төбелері (Ә. Сәрсенбаев, Теңіз.). Астында жартылай подвалы бар, үстіне *баспалдақтап* шығатын, едені тақтай, Дәуренбай үйі де осындай кербездің бірі секілді (Ғ. Сыланов, Очерк.). 2. Ауыс. *Сатымалап, біртіндеп*. Андрейдің түндегі сөзінен кейін орыс байының жүзін көргісі келмеді, ол әуелі Курнос Иванды *баспалдақтап* көргісі келді (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). Әннің аяғындағы қайырмасының өзінде дауысты *баспалдақтап* көтеріп тастап, екілендіріп барып бітіруі — ол арада... «музыкалық арызын» жеткізе түйрей айту керектігін сезген еді (А. Жұбанов, Замана.). Әрбір ойды сөйлегенде кескен бөренедей кез келген жағына құлата салмай, айтпақ ойға, білдірмек көңілге біртіндеп, *баспалдақтап*, сыпайылап айту керектігі өз-өзінен белгілі («Қаз. әдеб.»).

БАСПАЛДАҚТАТ ет. *Баспалдақта етістігінен жасалған өзгелік етіс*. Оның сөздері теңіздің тасқыны секілді бірін-бірі үстемелеп, бірін-бірі *баспалдақтатып*, биікке көтеріп алып кететін («Қаз. әдеб.»).

БАСПАЛДАҚТЫ сын. *Баспалдағы бар*. Темір жол станцияларына барып қара жұмыспен кәсіп қылған шақта, әрқайсысы алты бұттан үш қап бидай не ұнды... көп *баспалдақты* сатымен, дем алмастан, элеватордың ең биігіне апара береді және бұл көтерістен ұзақ күнге талмайды деседі (С. Мұқанов, Есею жыл.).

БАСПАЛДАТ ет. сөйл. *Баспалат*. Медеу сөзбен *баспалдатып* Жақыптың есін тандырды (Б. Майлин, Азамат.).

БАСПАЛЫ сын. муз. *Баспасы бар*. Сырлы кереуеттің үстінде он жеті жасар қыз Кәкима. Оның қолында он екі *баспалы* сырнай (А. Жұбанов, Замана.).

БАСПАНА зат. 1. *Адам тұратын мекен-жай*. Отардағы жылқышыларға *баспана* ретінде артып алып жүруге қолайлы киіз қос, төсеніш ретінде ескі туырлықтар мен тайтерілер берілетін (Х. Арғынбаев, Қаз. этногр.). Ішіне темір пеш орнатқан киіз үйлер — малшылардың *баспанасы* (Т. Әлімқұлов, Ақбоз ат). 2. *Уақытша тұруға арналған лашық, күрке*. Олар Қырман басында уақытша *баспана* жасап алды (Ауызекі тіл). Өлімге басын байлаған, Он жеті жасар жас бала, Қырғынға кірді қайнаған, Тар окоп болды *баспана* (Қ. Шаңғытбаев, Аққу.).

БАСПАНАДАЙ сын. *Баспана сияқты*. Болар ма хан сарайы *баспанадай*, Жатқан жоқ жалтақтардай, жасқанардай (Партия тур. өленд.).

БАСПАНАЛА ет. *Хауіп-қатерден бой тасалау, бас сақтау*. Қараңғыда шұңқырға *баспаналап* алып, бізге андасанда оқ атып жатқан жауға күйрете соққы бере алмайтын болған соң, екі-үш қол гранатаны лақтырып едік, сірә запалдары дым тартқан болу керек, бірдебірі жарылмады (Қ. Қайсенов, Жау тылы). Қозығұл батырдың қыстауы дегенмен бос тұрған үш тас қоралы қыстауға жетіп, *баспаналадық* (Ж. Жұмақанов, Үш бәйтерек). Ауа райы қолайсыз болатын. Теңіз малы *баспаналап*, қуыс-қолтықтарды қуалап кеткен-ді («Лен. жас»).

БАСПАНАЛАТ *Баспанала етістігінен жасалған өзгелік етіс*.

БАСПАНАСЫЗ сын. *Үйсіз-күйсіз*. Көздері суға телміріп, аштан өлмеу шарасын содан ғана іздеген бейшаралар күймеге мініп келе жатқандардың кесірінен өртке ұрынып, *баспанасыз* қалды (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз). Бұлар [Индонезиядағы кедейлер] мыңдаған жандар, бүкіл семьяларымен ашық аспанның астында түнеп жатқан *баспанасыздар* («Соц. Қаз.»). Мен болдым *баспанасыз* үйсіз-күйсіз, Шара не, гүлше семіп, солғындадым (Қ. Жұмалиев, Қырдағы.).

БАСПАНАСЫЗДЫҚ зат. *Баспанасы болмаушылдық*. Индонезиядағы мыңдаған адамның *баспанасыздығы* аянышты-ақ («Соц. Қаз.»).

БАСПАСӨЗ зат. *Баспадан күнделікті және дүркінді шығатын газет-журнал.*

Баспасөз — тәрбие қаруының бірі. Бұл қаруды Коммунистік партия кім көрінгеннің қолына беріп отыра алмайды (С. Мұқанов, Есею жыл.). Досының еңбегіне Хасен өте қуанып қалды. Оқып шығысымен өзі басқарып отырған *баспасөз* редакциясына басуға ұсынды (І. Есенберлин, Қатерлі өткел). Халықтың қанатты сөздерін *баспасөзде* пайдалануды біз, ең алдымен, марксизм-ленинизм классиктерінен үйренеміз (М. Әлімбаев, Өрнекті сөз.).

БАСПАСӨЗДІК з а т. *Баспасөзге қатысты.* ...Уақытын түгелімен аудандағы партиялық және *баспасөздік* қызметте өткізген, қазір құрметті пенсионердің бірі болған қарт коммунист Имақ Тоқпанов,... бүгінге дейін лениндік жолдан бұлжымай келе жатқан адамдардың бірі (С. Мұқанов, Есею жыл.).

БАСПАХАНА з а т. *Кітап, газет, журналдарды машинамен басып шығаратын өндіріс орны.* Институтқа түсушілер үшін әдейілеп *баспаханада* бастырылған қысқаша түсініктемені қоса жолдапты (С. Сейітов, Жылдар.). *Баспаханаңың* шағын бөлмесінде жиналған коммунист саны да шағын (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). Семей облыстық *баспаханасының* коллективі өздерінің қарт мүшесі Натальяны өмірлік демалысқа — пенсияға шығарып салды («Соц. Қаз.»).

БАСПАХАНАШЫ з а т. т а р. *Баспахана қожасы, иесі.* Суретші қайтыс болғаннан кейін оның жесірі суретті Тюменьдегі бір *баспаханашыға* сатқандығы айқын болып отыр («Қаз. әдеб.»).

БАСПАШЫ з а т. 1. *Баспа өнімін шығарушы.* 2. с ө й л. *Басмашы.* Ферғанадағы *баспашыға* қарсы аттанған дунган полкі селоға кеп, сапта тұр,— деген хабар да жетті (Ж. Арыстанов, Сұңқар...). *Баспашылар* үдере тартып келеді. Күніне бір-ақ мезгіл, күн ұясына қонар шақта аялдайды (З. Шүкіров, Ізгілік.). Бір кезде алапаттан қашық шыған, Бұл кезде кеткен маза басқын — шудан, Қорғады ауылдарын әкем бастап, Бүлікшіл, *баспашыдан,* басқыншыдан (Қ. Бекхожин, Дала комисс.).

БАССЕЙН з а т. 1. *Жасанды су қоймасы.* Қазақстандық Алтай түгелдей СССР-дің ең ірі өзендерінің бірі — Ертістің *бассейніне* орналасқан (Ә. Бірмағамбетов, ...Қазақст. геогр.). Су тазарту процесі бірнеше операциядан өткізіледі. Ең алдымен суды үлкен *бассейнде* біраз уақыт қойып, тұндырады (Ж. Жатқанбаев, Су.). Олар (бегемоттар) күн шарықтаған кезде терең *бассейнге* күмпілдетіп шомылып алады да, бастарын қылтитып, мені көрдің бе дегендей маңғазданып жатады («Лен. жас»). 2. Г е о л. *Белгілі бір пайдалы қазба шығатын жер.* Участоктың механизаторлары бір тәулік ішінде лавадан бір мың үш жүз тоннаға дейін көмір жөнелтуде — бұл *бассейн* бойынша орта есеппен алғандағыдан екі есе көп («Лен. жас»). Коллективіміз биыл Қарағанды көмір *бассейніне,* басқа да көмір өнеркәсіп орталықтарына көптеген жоғары өнімді машиналар жасап берді («Соц. Қаз».).

БАС-СИРАҚ з а т. *Сойылған малдың басы мен сирағы.* — Беу жазған-ай, не жау шапты... *Бас-сирақ* үйтіп жатқанда,— деп қолындағы темір қышқашқа сирақ шаншыған әйел қақпадан күйеуіне ренжи шықты (С. Адамбеков, Көсенің.). Кемпір *бас-сирағын* асқан екен. Жас сорпаны терлеп-тепшіп ішіп алдық («Лен. жас»).

БАССЫЗ с ы н. 1. *Басы жоқ. Бассыз* адам денесі жиырылып-жазылып, жиырылып-жазылып тыныш алмайды. Екі иықтың арасынан қызыл күрең қан шүмектей атқылайды (З. Шүкіров, Ізгілік.). — Ешкіні таңертең біздің ауылдың малына қосыңыз. Бұл жайында Сайрамбай атаға, яки басқа шалдарға тіс жарсаңыз, тақсыр, кеудеңіз *бассыз* қалады,— деп молдаға жақындап, үңіле қарады да, орталық қырман жаққа жүріп кетті Айбалта (С. Адамбеков, Атылған қыз). 2. *Басшысы, бас көтерері жоқ.* Көбей... қалың қол *бассыз* қап, боранды түнде қасқыр шапқан жылқыдай ықпасын ба? (М. Әуезов, Таңд. шығ.). Теңіргінен жүріп кетсең қалшылдап, саймандарын сайлап шыға келеді. *Бассыз* үйдің иті бірдеме... Қай бір басшы, еркек бар осы ауылда,— деп аспан астын үрген ит пен айтаққа толтырды (Р. Тоқтаров, Ертіс). Әделет беретұғын биіміз сіз, Алдыңа келетұғын қарашың біз. *Бассыз* ел, байсыз қатын, баусыз оймақ, Әділ биі жоқ елден күдеріңді үз (Қозы Көрпеш). 3. А у ы с. *Ақылы жоқ, ақылсыз.* Хакім деп хакімнің зұлымдығын көрмей астына төрт қабат көрпе тастап төр көрсете берсең, «дүниеде менен әділ, менен ақылды, менен алғыр жан жоқ» деп ұғады әлгі

б а с с ы з ы ң (Х. Есенжанов, Тар кезең). — Е, шырағым, бақытсыз елді қашан да *б а с с ы з д а р* билейді, ел сорына ол да болыс бола қалған-ды (Ә. Әбішев, Найзағай).

БАССЫЗДЫҚ з а т. *Көргенсіздік, тәртіпсіздік, жүгенсіздік.* Уа, бұл не *б а с с ы з д ы қ,* тоқтатыңдар! Өзін келеке еткен жұрт күлкісінің мәнін әлі де аңғарып жетпеген Мамырбай, жер тепкілеп, қаһар көрсете бастап еді, көпшілік бұдан да үрейлене қоймады (Ә. Сәрсенбаев, Толқында.). Сыздыбаев сыздай түсті. Дереу Жұмком председателін шақырып алып: «Мен не деймін, сендер не дейсіңдер? *Б а с с ы з д ы қ!* Дереу қаулыңды өзгерт. Шығарылсын дедім — шығарылсын!»,— деп өкіреңдеді (М. Рашев, Бетің қисық.). Қазына сол күйінде, сақтаулы тұр үйімде. *Б а с с ы з д ы қ* деп бұл неткен, Босқа, ханым, күйінбе! (Қ. Мырзалиев, Алуан.).

БАСТА е т. 1. *Басшы болу, басқару.* Адамзаттың абзалы Ленинге сен серік боп, Қанды кешкен майданда, Табыңды сен *б а с т а д ы ң* (Қ. Аманжолов, Таңд. шығ.). Партия! Жетеледің *б а с т а п* өрге, Кеткенмін соңыңа еріп жастан мен де. Көреген қамқор көзің, ойлы көзің. Мейірін төгіп тұр ғой тас төбемде (Партия тур. өлеңд.). 2. *Бір нәрсені ұйымдастырып бастап жіберу, ашу.* Жұрт маған: «Мына тойды *б а с т а!*— деді, Айтысып ақын шықса баспа,— деді. Бір қыз бар аты Ақсұлу біздің елде, Он жеті осы бизл жаста, — деді (Айтыс). Той *б а с т а п,* әдеп сақтап жүрген жігіт, Қолтықтап өз тобына алып кетті, Разы боп ақсақал шал Есенкелді, Қасына бұл жігіттің таяу келді (Ж. Саин, Таңд. шығ.).

БАСТАЛ *Баста етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Боз тұман арасынан «Теңіз аралы» да елес береді. Рефрижератор қабырғасына тоқтаған сәттен-ақ қызу жұмыс *б а с т а л д ы* (Ә. Сәрсенбаев, Теңіз.). Ал орыстардың Монғолиямен, Қытаймен байланысы, кейінірек, орыс патшалығы нығая бастаған кезден *б а с т а л д ы* (Н. Баяндин, Геогр. ашу.). Кең залға ел-жұрт толқындай қаптап, Мәжіліс қазір *б а с т а л а р* кезі. Кетеріп букет асыға аттап, Іздейді кімді жастардың кезі (Д. Әбілев, Жүрек.).

БАСТАЛУ *Бастал етістігінің қимыл атауы.* Мектептерде жаңа оқу жылының *б а с т а л у ы н а* санаулы күн қалған. Районның айналасы ығы-жығы, опыртопыр халық (О. Сәрсенбаев, Сағым). Ал қыздың әке ақылына оңай көнісіне соғыстың *б а с т а л у ы* мен елде еркектің азайып бара жатуы да себеп болған (Қ. Исабаев, Соңғы.).

БАСТАМА з а т. *Бір істің басы, ең алғашқы үйтқысы.* 1963 жылы Ашхабадта түйе шаруашылығы көрмесін өткізді. Бұл жақсы *б а с т а м а* (И. Жұмағұлов, Түйе өсіру). Қызылқұм ауданындағы «Байырқұм» совхозының Гоголь атындағы мектебінің оқушылары биыл тамаша *б а с т а м а н ы ң* иесі болды («Лен. жас»).

БАСТАМАЛЫ: **бастамалы етік.** *Ескі қонышқа жаңадан бас салып тігілген етік.* Бір қазақтың суреті ілулі тұр, басында сеңсең бөркі бар, аяғында *б а с т а м а л ы е т і к,* үстінде шолақ тон (Б. Майлин, Таңд. шығ.).

БАСТАМАШЫ з а т. *Жаңа істің ұйтқысы, бастаушысы.* Комсомолецтің өзге жігіттер мен қыздардан айырмашылығы — игі істердің *б а с т а м а ш ы с ы* болатындығы («Лен. жас»). Шахтерлер қаласы — Екібастұздың еңбекшілері республиканың балалары мен жастарын коммунистік рухта өнегелі тәрбиелеу жөніндегі қозғалыстың *б а с т а м а ш ы л а р ы* болады (Бұл да).

БАСТАМАШЫЛ с ы н. *Жаңа бастаманы қолдаушы, іске асырушы.* Қазақстан комсомолының Орталық Комитеті жанынан фотосуреттер, документтер және басқа документтер жинайтын *б а с т а м а ш ы л* топ құрылды («Соц. Қаз.»).

БАСТАН: **әуел бастан** [**о бастан, ол бастан**]. *Әуелден, ежелден, алғашқы кезден.* Сырқат адам *о б а с т а н* дұрыс емделмеген жағдайда абсцесс созылмалы түрге айналып бірнеше жыл бойы ауырады (М. Сисекенов, Өкпе ауру.). Октябрь бүгін он жаста. Мына той — соның тойы еді. Өткізу оны *о л б а с т а н* Ораздың арман ойы еді (Ж. Молдағалиев, Жиырма бес).

БАСТАН-АЯҚ ү с т. *Басынан аяғына дейін, бүге-шігесін қалдырмай, тәптіштеп.* Әлі сол жолды [түйелі керуен жолын] анықтап *б а с т а н - а я ғ ы н а* дейін «Тасты» совхозына дейін баратын жолын сұрастырып алды да, шофер Әутәлікке дәл сол жолмен тарт деді (М. Әуезов, Өскен өркен). Іс *б а с т а н - а я ң* түгел баяндалады. Қорытындысында Ибраһим

Құнанбаев ақталып, тергеу ісі тоқтатылсын, ал жалақор Бөрібаев сотқа тартылсын деп қол қояды да, оны генерал-губернатордың бекітуін өтінеді («Қаз. әдеб.»).

БАСТАҢҒЫ з а т. *Үлкендер жол жүріп кеткенде қалған қыз-келіншектердің бас қосып тамақ әзірлеп, ойын-сауық құруы.* — Тоғжан үйінің үлкендері жүріп кеткен соң, құрбылары жиылып *бастаңғы* істетіп жатыр (М. Әуезов, Абай жолы). Бұл ауылдың еркек жағы бүгін таңертең Мәмбет аулындағы сайысқа кеткенде... қыз-қырқын *бастаңғы* жасап, мәре-сәре болды (Ә. Кекілбаев, Дала.). Ауыл әйелдері Ботақараның үлкен үйіне жиылып *бастаңғы* жасап, айтшыларға әрекет сәтін тілеп отырған болатын (Ж. Тілеков, Жоңғар.).

БАСТАҢҒЫДАЙ ү с т. *Бастаңғы сияқты.*

БАСТАҢҒЫЛАС с ы н. *Сырлас, қатар, құрбы.* Назары тәуір көрер сырлас, *бастаңғылас* жеңгесі, ойнақы қара сұр келіншек Мәдинаға тоқтайды (С. Бақбергенов, Қайран шешем).

БАСТАПҚЫ с ы н. *Әуелгі, алғашқы, алдыңғы. Бастапқы* сөзден беті қайтып қалған үй иесі күбжеңдеп сөйлескісі келген пішін көрсетті де, ешнәрсе сұрай алмады (Ғ. Мүсірепов, Таңд. шығ.). Бірінші оқу жылының *бастапқы* айларында-ақ Жарқын өзінің ұғымталдығымен, сабырлы тәртібімен көзге түскен (Н. Ғабдуллин, Қызық дәурен). *Бастапқыда* Жұмабайға онша ауыр жұмыс берілген жоқ («Қаз. әдеб.»).

БАСТАПҚЫДАЙ с ы н. *Әуелгідей, алғашқыдай.* Маша Митяның сөзін тыңдап болған соң, *бастапқыдай* тағы да жайлап сөйлеп кетті (Қ. Қайсенов, Жау тылы.). Қойлар *бастапқыдай* ырғып қашып, емеңдеп жүгірмейді, жүрістері сылбыр тартты (Т. Ахтанов, Боран). Қоян *бастапқыдай* жүре алмады, өйткені ол шаршап қалыпты («Қазіргі қаз. тілі»).

БАСТАС с ы н. *Сырлас, мұңдас, қатар өскен құрбы.* Сембі мен Тайжан ертеден дос, бұрын бір колхозда өскен *бастас* адамдар, әрі тең дәтсең, жас кезінде екеуі жігіттілікті де бірге құрып, аңды да бірге аулағанын Нұрлан бұрыннан біледі (З. Шашкин, Сенім). Есбол бір-екі рет білдірмей *бастасына* көз салып өтті, Сүйеуге ол оқшау бір шаруамен келіп отыр (Ә. Нұрпейісов, Сергелдең).

БАСТАТ *Баста етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Кемелбек бұл жорықтың қағаздарын жөндетіп алып, аулынан жасауыл *бастатқан* жиырма жігітті жіберіп, өз ауылында қалған (І. Жансүгіров, Шығ.). Тоқтатты шырқап барып қазақ күйді, Ұлықтар, бәлкім, оны аз-ақ түйді, Генерал жылып қарап жымиды да, *Бастатты* басқаларға азат биді (Х. Ерғалиев, Құрманғазы).

БАСТАТТЫР *Бастат етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Сонымен Исабектікі қыстауда, жатақта қалды. Ақжақыл келіскен кісілерін айтылмыш күнінде алып кеп, жұмыс *бастаттырды* (Д. Әбілев, Арман.).

БАСТАТУ *Бастат етістігінің қимыл атауы.* Әлі отыр ел. Тұрғызу керек, достарым, *Бастату* керек махаббаттың дастанын. Қанмен жазсын, жасымен жазсын көзінің, Ақталсын сүйтіп күнәсынан өзінің (Ә. Тәжібаев, Поэм.).

БАСТАУ [1] е т. *Баста етістігінің қимыл атауы.* Жұрт сенің аузыңа қарап, сенің *бастауыңды* күтіп отыр. Сөйле, Балықбай! (С. Бақбергенов, Адам.). Өз өлкесін оқып-үйренуге қызықтыруды күнделікті сабақтан да *бастауға* болады (С. Жортанов, Өлке тану.). Қолымен күнді шығарып, Көтеру үшін аспанға, Өзгеден бұрын сыбанып, Ленин тұр істі *бастауға* (Ә. Тәжібаев, Өленд.).

БАСТАУ [2] з а т. *Бұлақ, өзен суының басталатын жері, көзі, тұма.* Ауылдың сыртындағы *бастауының* басына жиналып жатқан көп кісіні Сатан көріп келеді (І. Жансүгіров, Шығ.). Мен бұдан мал судан тартылық көріп отыр дегім келмейді. Аяқ басқан сайын бұлақ, *бастау* (Ақ бидай).

БАСТАУДАЙ с ы н. *Бастау сияқты.* Ұлан, Марқакөл аудандарында танылмаған талант, топқа түспеген жүйрік бар. Тек соның көзін, жас *бастаудай* ағыза білу керек («Спорт»).

БАСТАУЛЫ с ы н. *Бастауы бар.* Тоқсан тарау «Көксала» құлпырып-ақ тұр. Шіркін біздің алпыс *бастаулы* «Ақсораң» да осындай жер еді-ау (С. Сұбханбердин, Пьеса.).

БАСТАУШЫ з а т. *Жетекшілік, басшылық етуші.* Топты *бастаушы* жасы қырықтан асқан, денелі, қызыл шырайлы көркем әйел Сарыбалаға құшағын жая ке-

ліп амандасты (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). Бұл тұста аудан комсомол комитеті аудандық партия комитетімен бірлесе отырып, өнегелі істің ұйтқысы, *б а с т а у ш ы с ы* бола білгендігі татымды («Лен. жас»). *Б а с т а у ш ы м ы з* партия, Дегеніне жеткізіп, Талай белден өткізіп, Жасарған жерін жырлауға Жасқанбай сөйлер сөз берді (Пернедегі терме.).

БАСТАУЫШ з а т. 1. Г р а м м. *Кім, не? деген сұраққа жауап беретін сөйлемнің бас мүшесі.* Мұнда шешуші дауыстан қатынасып отырғандар: *Б а с т а у ы ш,* толықтауыш, баяндауыш, пысықтауыш және анықтауыш (Б. Соқпақбаев, Жекпежек). Сөйлемнің *б а с т а у ы ш ы* «Мерген» деген сөз екі буынды тармақ болып жеке тұрса, келесі екі жол жеті буынды өлең өлшеміне түсті (М. Әлімбаев, Өрнекті сөз.). 2. *Мектеп, партия, комсомол ұйымдарының ең төменгі, алғашқы сатысы.* Волкомның ұсынысы бойынша, *б а с т а у ы ш* партия хатшылығына Елеу Жорғақов сайланды (Х. Мұстафин, Қыр жігіті). [Әйкен] *Б а с т а у ы ш* кластың сабағына бөгет жасайсың, ақырын сөйле, мама (Ш. Хұсайынов, Таныс адам).

БАСТАУЫШТЫҚ с ы н. *Бастауышқа тән.* Бұл сөйлемде *б а с т а у ы ш т ы қ* қызмет атқарып тұрған сөзді тап,— деді мұғалім (Ауызекі тіл). Ол кездегі мектептегі білімім *б а с т а у ы ш т ы қ* дәрежеде ғана екендігін де, саяси сауатым жоққа тән болуын да, оқушы көпшілік жақсы біледі (С. Мұқанов, Есею жыл.).

БАСТЫ с ы н. 1. *Көрнекті, шешуші, негізгі.* Қамбардың өз үйінде отырып, Бейсен оның түсінбеушіліктерінің *б а с т ы* себептерін айтып жеткізбекші де болды (К. Оразалин, Ақ жазық). Ал, бұл өнер ордасы болса, осы шыққан биігіне дейін *б а с т ы* үш түрлі творчестволық жеңістің басынан кешіргенін көреміз (С. Омаров, Серпін). 2. *Дәні толық, ірі.* Мына бидай *б а с т ы* екен (Ауызекі тіл). 3. *Басы көп семья.* Атамыз бала-шағалы, өсіп-өнген *б а с т ы* адам (Ауызекі тіл). 4. А у ы с. *Ақылды, ойлы адам.* Асан жүріс-тұрысы, істеген ісінен мін таптырмайтын *б а с т ы* адам ғой (Ауызекі тіл). ◆ Бала басты. *Көп балалы.* Ауғанбайдың әйелі *б а л а б а с т ы,* салақтау адам (Б. Соқпақбаев, Бастан кеш.). Жалғыз басты. *Жеке, ешкімі жоқ.* Жұмыс басты. *Жұмыстың көптігі.* Көп басты. *Семьясында адамдары көп.* Өкімет *к ө п б а с т ы* семьяларға жәрдем береді («Лен. жас»). Қағаз басты. *Сызу-жазу жұмыстарының көптігі.* Шағын басты. *Басы аз.*

БАСТЫ-БАСТЫ с ы н. *Көрнекті-көрнекті.* Кешке қарай ел орынға отыра бере *б а с т ы - б а с т ы* ақсақалдар мен қара сақалдар Сарышоқыдағы жалғыз қыстауға жиналды (Ә. Көшімов, Қысталаң.). Бәрін де ол пристав жаттап алды, Бастыларын қағазға хаттап алды. Аттандырып бұл елге солдаттарын, *Б а с т ы - б а с т ы* кісіні саптап алды (Жамбыл).

БАСТЫҒЫРЛА е т. с ө й л. *Бастығырыл.* Құдықтың науа, қауғалары бәрі төртіпті. Қойды бөлісе алмай, *б а с т ы ғ ы р л а п* жатқан қызыл шеке жанжал мұнда жоқ (І. Жансүгіров, Әңгім.).

БАСТЫҒЫРЫЛ е т. 1. *Ұйықтаған адамның жайсыз жатып, тұншығып, қырылдап дыбыс шығаруы.* Жігіт шешесінің қорылын бірден айырды. Біресе *б а с т ы ғ ы р ы л а* тарылып, біресе бу атқан паровоздай дүниені көшіре ентігеді (Т. Нұртазин, Адам.). «Атты әкел!» — деп еді, даусы шықпады. Екі қолы ербеңдеп, *б а с т ы ғ ы р ы л ы п* жатқанын көріп, кемпірі оятып жібереді (Ә. Кекілбаев, Дала.). Кенет *б а с т ы ғ ы р ы л ғ а н* адамның даусындай бір үн әр жерден естілгендей болды (М. Сүндетов, Балық аула.). 2. *Үйме-жүйме боп, бірін-бірі кимелеу.* Желдің екпінімен сыртынан жеңіл бекітілген есік ашылып кетті де, үйге *б а с т ы ғ ы р ы л ғ а н* қойлар лап беріп еді (К. Оразалин, Ақ жазық).

БАСТЫҚ[1] з а т. *Жетекшілік қызмет атқаратын ресми адам.* Жиылыс тараған соң ақ құбаша хатшы күткен адамдарды *б а с т ы қ қ а* жібере бастады (І. Жансүгіров, Шығ.). Шеттегі отардың малшы әйелі қатты науқастанып қалған екен, соған жәрдем етуді сұрап, отар *б а с т ы ғ ы* қол қойыпты (Ғ. Сыланов, Очерк.). Мынау бір үлкен көк үйде Баяғы *б а с т ы қ* тұрады. Есімі жүрсін көңіліңде, Біз білген аты — Нұралы (Т. Молдағалиев, Алатау.).

БАСТЫҚ[2] е т. *Бір нәрсеге көндігу, төселу, жаттығу.* Егіншілердің көлігі *б а с т ы қ п а й,* өздерімен өздері әуре болып жүр (Ғ. Мұстафин, Шығанақ). Менің болжалдауым бойынша қара балапан асыранды құс емес. Ол әлі *б а с т ы қ п а ғ а н,* уытты жас қыран (Ә. Көшімов, Екі бүркіт).

БАСТЫҚСЫЗ с ы н. *Бастығы жоқ.* Анархияны сөзбе-сөз айтсақ *б а с т ы қ-*

с ы з, өкіметсіз деген сөз (Саяси экономия).

БАСТЫҚСЫМАҚ з а т. э к с п. *Бастық сөзінің қомсыну, кекету мәнін білдіретін түрі.* «Тағы да тұқыртуға келе жатқан *б а с т ы қ с ы м а қ т а р* шығар» деп ойлады ма, жылқышылар сәлемімізге сұлық жауап берді («Қаз. әдеб.»).

БАСТЫҚТЫҚ з а т. *Бастық болушылық.* Қобалжымай-ақ қой, бастық адам бірнәрсе айтып *б а с т ы қ т ы ғ ы н* көрсетпесе бола ма?— деді (Н. Серәлиев, Ыстық күлше). Ал сенің мандайыңа енді райкомның бөлім *б а с т ы қ т ы ғ ы* да сыймағаны ғой. Сол керек! (Б. Соқпақбаев, Жекпежек).

БАСТЫҚТЫР *Бастық етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Ауданда белді қызмет істеп, төңірегін түгендеген Кәдірбай, ұзын құрығын салып жүріп, асау қызды *б а с т ы қ т ы р ы п* алған сияқты (Б. Тоғысбаев, Алдыңғы.). Жаңыл не деп жауап берсін. Сызданып әрең шыдады.— Оқасы жоқ, қамыт, доға қолда ғой. Асау байталды арбаға жегіп *б а с т ы қ т ы р ы п* та аламыз (Т. Ахтанов, Боран). Тым үркек екенсіз, ағай сірә дұрыстап *б а с т ы қ т ы р а* алмаған-ау шамасы (Ш. Құмарова, Қос шынар).

БАСТЫЛАУ: **шағын бастылау.** *Басы аздау.*— Баласы тоңып қалмасын. *Шағын б а с т ы л а у* үйге орналастырарсыз. Имаш сәл ойланып отырды да, қуаныш кетті (С. Алдабергенов, Асу).

БАСТЫЛЫҚ: **жұмыс бастылық.** *Жұмыстың көптігінен қол тимеушілік.* Захар Кузьмич жаз ортасынан бері мектепке қатысқан жоқ. Бұған бір себеп *ж ұ м ы с б а с т ы л ы қ* болса, екіншіден, Москваға мәслихатқа барамын деп біраз үзіп алды (С. Сарғасқаев, Көңілді бала). Оқушыларға баянды білім беру және оларды *ж ұ м ы с б а с т ы л ы қ т а н* құтқару сабақтың сапасына байланысты («Халық мұғ.»). Жұмақан *ж ұ м ы с б а с т ы л ы қ т ы* сылтау етпеді, ауданның мәдени өміріне де белсене араласты («Лен. жас»). ◆ **Жалғыз бастылық.** *Ешкімі жоқ, жалғыз болушылық.* ... Үйленген, баласы бар адамды бақытты екен демей ме? *Ж а л ғ ы з б а с т ы л ы қ т ы ң* несі бақыт (С. Бақбергенов, Қарға там.). **Қағаз бастылық.** *Жазу-сызу, есеп жұмысының көптігі.* Жасыратын не бар, күні кешеге дейін комсомол кадрлары білімді жастармен молыға тұрса да, олардың дұрыс жұмыс істеуіне мәжіліс құмарлық, *қ а ғ а з б а с т ы л ы қ,* даурықпалық бөгет болып келді («Лен. жас»).

БАСТЫР 1. *Бас етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Қазіргі жағдай бұл мәселелерді кең көлемде және ғылыми-өндірістік жағдайда жан-жақты зерттеуге, сейтіп, түйе шаруашылығын шын мәнінде алға *б а с т ы р а* беруге толық мүмкіндік бар (И. Жұмағұлов, Түйе.). Туған жерін, Ұлы Отанын, Өз бақытын қорғамаққа. Жарым менің буған белін, *Б а с т ы р м а с қ а* жерін жатқа (М. Хакімжанова, Таңд.). Күшті алып, Қарағанды, сен кең тұлға, *Б а с т ы р м а й* етегіңді талай сында. Тоғыз ғыл той торқасын тас көмірден, Тартумен келді кеше отыз жылға (Пернедегі терме.). 2. *Орылған, жиналған егіннің дәнін сабағынан ажырату, комбайннан өткізу.* Ақсақалдар астығын өздері *б а с т ы р ы п,* қызылдап болғанда, бір-ақ оралдым (Ғ. Орманов, Жүрек). Бұл күріш орағының басталған кезі. Күн бұзылып кетпей жинап, *б а с т ы р ы п* алу үшін ауыл адамдары жанталасуда еді (М. Дүйсенов, Гүлжан.). Грибоктардың ұрығы, көбінесе, кеселге шалдыққан өсімдіктер мен жәндіктер арқылы астықты *б а с т ы р ғ а н,* жинаған кезде қауырт тарайды (Ж. Шәріпбаев, Тұқым себу.). 3. *Бір нәрсеге жапсырып тігу, тағу.* Шинелінің өңіріне *б а с т ы р ғ а н* қызыл шүберек оның қызыл әскер екенін айтпай-ақ танытып тұр (С. Жүнісов, Жапанда.). ◆ **Балшық бастырды.** *Балшық иледі, лай жасады.* Үйшілер әрқайсысы ержеткен екі-үш баласымен, қатын-қалашымен жабылып, орға су құйып, *б а л ш ы қ б а с т ы р ы п* жатыр (Д. Әбілев, Ақын.). Үй бастырды. *Дауыл, қатты жел тұрғанда киіз үйді аудармас үшін арқанмен бекітеді.* Тезегін қымтап, құрт-ірімшігін жинап, қазық қағып *ү й і н б а с т ы р ы п* әйелдер шулап, бір жағынан балалар жылап, ауыл әбігершілікке ұшырады (Х. Әбішев, Аспан сыры). Ауыл алас-құлес; түс-түстан қазық қағып, *ү й л е р і н е* арқан *б а с т ы р ы п* жатыр (Қ. Сәрсекеев, Кілт). Сақтаның желден, дауылдан, Арқанмен *ү й д і б а с т ы р ы п,* Әкеліп анаң тауынан, Қазыққа ұрған тас қылып (О. Малқаров, Менің ізім). **Қия бастырмады.** *Ешқайда жібермеді, мүлт еткізбеді.* Ақын Николай Россиясының түрмесінен кетіп, шетелдерді аралауды әр кезде арман етті. Бірақ қадамын қадағалаған жандармдар ақынның табанын *қ и я б а с т ы р м а д ы* (Қ. Нұрмақанов, Дос.).

БАСТЫРҒЫ з а т. *Бастырық.* Асанәлі қораның есігін жапты... Там төбесінде үйілген шөптің шеті қобырай бастаған екен, сатымен өрмелеп шықты да, ағаш *б а с т ы р ғ ы* қойды (Б. Тоғысбаев, Алдыңғы.).

БАСТЫРМА [1] з а т. *Төбесі жабық, жан-жағын ашық етіп жасаған жай, лапас.* Үйге кіре берісте *б а с т ы р м а,* бастырмада жаңғырық, үстіріктеген тақтайлар (Қ. Ысқақов, Бұқтырма.). *Б а с т ы р м а* асты жайма-шуақ ашық күндері малға шөп шашып, жем беруге ыңғайланып жасалғаны көрініп тұр (С. Әлжіков, Дала.). Жай күндері мал сабан төселген *б а с т ы р м а* астында, таза ауада жусайды (Сауыншы шамшырақ).

БАСТЫРМА [2] з а т. с ө й л. *Мылтықтың шүріппесі.* Атушы едім арқаның қазтырнасын, Мылтық атсам сайлаушы ем *б а с т ы р м а с ы н.* Барсаң, сәлем айта бар Қарашашқа, Өзі өлмей, төсегін бастырмасын (Айтыс).

БАСТЫРМА [3] з а т. 1. *Көйлекке, камзолға түйме орнына қадайтын әшекей зат, қапсырма.* Адам жүрегінің, туған айдың, қошқар мүйізінің түрін түсіріп жасаған *б а с т ы р м а л а р* мен ақықтар өте әсем келеді (ҚазССР тарихы). 2. *Үй бұйымдарын әсемдеу үшін жапсырылатын өрнекәшекей.* Әжем қаңылтыр *б а с т ы р м а л а р ы* үзіле бастаған ескі жалаңаш көк абдыраның ішінен ірімшік-құрт шығарды (Қ. Сәрсекеев, Кілт). Белбеуді қоладан, күмістен, алтыннан оймыштап жасалған әдемі тоғалар, *б а с т ы р м а л а р,* салбыршақтармен ажарлады (ҚазССР тарихы).

БАСТЫРМАЛА е т. *Үсті-үстіне ес жиғызбай төпелеу, киіп-жару.* Бізді *б а с т ы р м а л а п* жатқан ақтар тобы да бұдан кейін бетін аударып шегініс тапқандай (Ж. Саин, Жол үсті.). Бөдді ойын аласпыран тас сырғанап, Әсия люкке түскен тасты қарап, Тұр еді, сырт сарайға келіп жатыр. Кен артқан состав тағы *б а с т ы р м а л а п* (Қ. Бекхожин, Үш кезең).

БАСТЫРМАЛАТ *Бастырмала етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Осы сәт артымыздан *б а с т ы р м а л а т ы п* жеткен асау толқын үстімізді мұз аралас бұрқасынмен көміп өтеді (Ә. Сәрсенбаев, Теңіз.). Оқуға баратын бала іздеп, үй жағалап жүрген Қасболатты бір арықша қара торы әйел қуып жетті. Әлде неге асыққандай ентігіп, үсті-үстіне *б а с т ы р м а л а т а* сөйледі (Т. Ахтанов, Боран). Сұлтекең қара төбетті қамшымен тұмсыққа бір тартуға құштар болып, *б а с т ы р м а л а т ы п* келеді (Б. Соқпақбаев, Менің атым.).

БАСТЫРМАЛАТУ *Бастырмалат етістігінің қимыл атауы.* ...Недәуір жер кетіп қалған салттыны түйе *б а с т ы р м а л а т у ғ а* айналды (С. Мұқанов, Таңд. шығ.).

БАСТЫРТ *Бастыр етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Білім кеңесі туралы жазылған мақалалардың берін сол өзі жазысып отырған «Еңбекші қазақ» газетінің бетіне *б а с т ы р т ы п* отырар (С. Сейфуллин, Таңд. шығ.).

БАСТЫРУ *Бастыр етістігінің қимыл атауы.* Қабеннің ғылыми жетекшісі профессор Сапаров еңбектіЕмбі мұнайшыларына арнап кітап қып *б а с т ы р у д ы* ұсынып жүр (З. Қабдолов, Жалын). Қамыс құраққа қарсы күрестің ұтымды әдісі — жерді көктемде терең етіп аудара жыртып, оны бірден суға *б а с т ы р у* (М. Ерлепесов, Суармалы.). Орлар қазу, лай *б а с т ы р у,* кірпіш құю, іргесіне қалайтын тас тасу тәрізді алуан ауыр жұмыстар қайдан оңоңай біте қойсын (Д. Әбілев, Арман.).

БАСТЫРУШЫ з а т. *Белгілі бір шығарманы бастырып шығарушы; Газет-журналды бастырушы адам.* Артынан білсек, ол өлеңді аударушы «Асау тұлпардың» редакторы және *б а с т ы р у ш ы с ы* Сөкенге дос боп жүретін — Мұхтар Саматов екен (С. Мұқанов, Есею жыл.).

БАСТЫРЫҚ з а т. 1. *Арбаға, шанаға, шөп, отын тиеген кезде ауып кетпес үшін үстінен бастыра байлайтын түзу сырғауыл. Б а с т ы р ы қ т ы* байлап, тіземен қар есіп, жолға шыққанда мүлде жүруге жарамай қалдым (М. Гумеров, Үш күн.). Шөп тартып жүрміз. Шөп тиегенде *б а с т ы р ы қ т ы* теріс салып, шананы аударып алдым («Лен. жас»). 2. *Қақпа, есікті жабу үшін ілгек темірге көлденең өткізілетін ағаш.* Көлденең салынған *б а с т ы р ы қ т ы* сырғытып, ентігіп-демігіп әзер дегенде қақпаны ашты (Ж. Жұмақанов, Солдат.). *Б а с т ы р ы ғ ы н* қақпаның тастап сырып, Сұраусыз ат-матымен келді кіріп. Сымбатты егде тартқан денелі әйел, Тұр екен кілем тоқып, өрмек құрып (Ш. Әбенов, Кейпін.). 3. *Сүйекті түзетіп, тегістейтін құралды «б а с т ы р ы қ» немесе «қысқы» деп атайды* (С. Қасиманов, Қаз. қолөнері). ◆ **Ауыз бастырық.** *Құпия сыр жария болмау үшін берілетін нәрсе.* [Сапар Гүлжанға] Егер «пара» дегенді

қылмыс деп ұқсаң, *ауыз бастырық* деп атайық (Т. Ахтанов, Дала сыры). Күні кеше жақын туысқаны Рақымғали деген адам арбасына байдың бәйбішесін мініп-зіп, семіз қой мен саба қымызын алып келіп, *ауыз бастырық* еткенін жұрттың бәрі әңгіме етіп жүр (Х. Есенжанов, Көп жыл.).

БАСТЫРЫЛ *Бастыр етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Абай жинағында бөлек аттармен әр жылдарға бөлініп *бастырылған* аудармалардың саны — қырықтың ішінде (М. Әуезов, Әр жыл.). Астықты бөтен-сатан біреулер тасып кетсе, не бетімді айтам!.. Қашан тасылып, *бастырылып* болғанша күндіз-түні осында боламын (Ж. Жұмақанов, Қаракөз).

БАСТЫРЫЛУ *Бастырыл етістігінің қимыл атауы.* Отырғызу кезінде тамырларының бүктеліп қалмауын және топырақпен тығыз *бастырылуын* қадағалау қажет,— дейді (А. Жанғалиев, Бағбан.). Ылғалданған немесе *бастырылуы* қиын дақылдарды жинағанда түйгіштеу барабанынан гөрі тиісті барабан оларды жақсы бастырады (Ауыл шаруаш. машина.). Әр гектардан он бес центнерден астық *бастырылуда* («Лен. жас»).

БАСТЫРЫЛЫҚ е т. с ө й л. *Бастырыл.* Жалғыз адамға түн баласы жаманақ: көзіне елестемейтін құбыжық жоқ. Күнде *бастырылығам* (Ө. Қанахин, Жер бас.). Кәмеш болса *бастырылыққан* адамша жігіт демін жасқап еді. Бірақ бәрі кеш екен (Ж. Молдағалиев, Жүрек.). Ұйықтап жатып *бастырылыққандай,* дәрменсіз бір ділгір халде қалыппыз (Ғ. Мүсірепов, Қазақ солдаты).

БАСТЫРЫС *Бастыр етістігінен жасалған ортақ етіс.* Ауыл күзем алып киіз *бастырысып* жатыр, Шоқпыт Бәшенін ертіп қыстауына кеткен (Д. Әбілев, Ақын.).

БАСУ[1] *Бас етістігінің қимыл атауы.* Әдепкідей емес, күзетшілер саны көбейді. Енді ілгері қадам *басу* — аса хауіпті (Ә. Әлімов, Батыр.). Қораны қар *баспау* үшін, оның жел жағынан ағаш егу қолайлы болады (М. Ермеков, Қазақст.). Шатақты *басу* үшін Төлен қалтасынан үш сом алып ұсынды (Ж. Жұмақанов, Махаббат.). ◆ **Басу машинасы.** *Қырман басына орылып үйілген астықтың дәнін айыратын машина.* Егіннің ору машинасы түгіл, *басу машинасын* да дайындап қойдық (С. Бегалин, Уақыт.).

БАСУ[2] з а т. *Жұбату, тоқтау.* «Жарайды, келмей-ақ қойсын. Ұшының жүрер»,— деп, көзін алартқан Бахтиярға *басу* айтты (М. Гумеров, Хазірет.).— Барғаныңнан келме! Жолыңа жуа бітсін, Биман!— деп дауыстады үй алдында тұрған кемпір. Кемпірге *басу* айтқан жан болған жоқ (Б. Тәжібаев, Қараторғай). Шалдар:— Қой, Айша, жайымен-ақ, мәмілемен айтсаңшы, — деп, *басу* айтқан болды (М. Дүйсенов, Гүлжан.).

БАСУЛЫҚ з а т. *Тоқтау, тоқтам.* Енді дыбыс жоқ қайтып, Басылды ерлер сәл тыныс алып! Тұрғандай сөйлеп *басулық* айтып, Тірліктей сонау әлсіз бір жарық... (Ғ. Қайырбеков, Большевик.).

БАСУР з а т. с ө й л. *Басыр.*— Кетсе кетеді,— деп Дәме төсекті бұзып далаға шығара бастады. Мен мәңгі кісіше *басур* болып тұрмын (З. Иманбаев, Солм. гүл).

БАСУШЫ з а т. *Теріленген әріптің таңбасын қағазға басып түсіруші.* Машинаны тоқтатып қойып, қайта-қайта оқып, түзетіре береміз, газет *басушы* ыза болады (Ә. Бектемісов, Майдангер.). Әріп теруші, *басушы,* түптеушілер қолдарынан етіп, сөзге толы кітапқа айналады («Лен. жас»).

БАСШЫ з а т. 1. *Көсем, дана, данышпан.* Біз міне бармайтұғын жеріміз жоқ, Барамыз, алмайтұғын шыңымыз жоқ. *Басшымыз,* командамыз — Компартия, Бастайды тура жолмен тайсалу жоқ (А. Лекеров, Өмір оты). Ардақты *басшым* — партия, Қызыл туды көтерген, Тастың майын тамызып, Таудың сүтін ағызып, Оздырған елін бөтеннен (Ақын жырлары). 2. *Мекеменің, оқу орнының басқарушысы, жетекшісі.* Институт бітірген соң Ғали 1929—30 жылдары Іле аудандық оқу бөлімінде *басшы* қызметте болады (С. Қирабаев, Октябрь.). Колхоз *басшылары* ымырт жабыла атқа қонып, сиыр фермасына бет алды (Ж. Тілеков, Шалғай шепте).— Мен ол жерге үш бардым, *Басшылармен* кездестім. Талқылап бұл жоспарды, Теріс демеді елде ешкім (Ғ. Қайырбеков, Құрдас.). 3. *Бір нәрсені бастаушы, жол көрсетуші.* «Көшер орталығының көш *басшысы* етіп мені аттандырды ғой шамасы» деп езу тартты ол, бір қалыппен бүлкілге басқан мәштек торының сауырына қарап отырып (Х. Есенжанов,

Тар кезең). Делегация *басшысы,* Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі Сабыр Ниязбеков жолдас қазақ тілінде Қазақстанның өмірімен таныстырды (М. Мағауин, Ақша қар).

БАСШЫЛЫҚ з а т. *Басқарушылық.* Ірі қараның өкпе-құрт ауруын емдеу жөніндегі тәжірибе жұмыстарын 1931 жылы академик К. И. Скрябиннің тікелей *басшылығымен* көптеген ғылыми қызметкерлер мен практиктер жүргізді (Ө. Қарамендин, Бұзау. ауруы). Институт жанынан құрылған пионерлер штабына да *басшылық* ететін Майра («Лен. жас»). Бұған, сөзсіз, кінәлі Жергілікті *басшылық.* Жеткіліксіз сын әлі, Сын құралы тапшылық (А. Шамкенов, Сырларым.).

БАСШЫСЫЗ с ы н. *Басшысы жоқ.* Тәңірберген балықшылар ауылынан көңілсіз аттанды. Еламан мен Кәленнің көзін құртса да, бұл ауыл *басшысыз* қалмапты (Ә. Нұрпейісов, Сергелдең). Онда елдің *басшысыз* болғаны ма? Жоқ, ең болмаса, ана адвокат Кәкеннің пікірін білу керек [дейді мұғалім] (М. Әуезов, Таңд. шығ.).

БАСЫБАЙЛЫ с ы н. 1. *Жеке басының еркіндігі жоқ, біреуге тәуелді.* Ақын түбекте жүргенде «Музыкант», «Айдаудағы адам», т. б. сияқты он повесті орыс тілінде жазады. Мұның бәрінде ол *басыбайлы* қоғамды әшкерелейді (Ә. Нұршайықов, Менің Қазақст.). Салтыков балалық шағында помещица шешесінің *басыбайлы* шаруаларға еткен зәбір-жапасын көріп ержетті («Қазақст. мұғ.»). Ұмытты ол қаршадайдан ата-ананы, Енді — құл, *басыбайлы* атанады. Табанға шегір кіріп, шайды жұлып, Арқасы күнге күйіп, қаталайды (М. Рашев, Қанатты.). 2. *Өзіне тән, меншікті.* Қамқа Қарсағын қимады. Арпа ішінде жалғыз бидайдай ұл баласы осы еді.. Немере сүйгізетін *басыбайлы,* баянды уанышы (Т. Әлімқұлов, Туған ауыл). Айқабақ, айналайын асыл көрік, Мал болсаң, алар едім бәсін беріп. Мен саған *басыбайлы* бол демеймін, Жүрші тек аз ғана күн қасыма еріп (Ж. Молдағалиев, Жиырма бес).

БАСЫБАЙЛЫЛЫҚ з а т. *Бас еркі болмаушылық, біреуге тәуелділік.* Патшаның қысымына, *басыбайлылық,* крепостық езуіне қарсы саяси өткір өлеңдер шығарды (М. Қаратаев, Туған әдеб.). ...Ертеде,— деп бастаған-ды әкем марқұм осы тұсты мезгеп.— ... қара шекпенді адамдар сонау жиекке қамыс қос тігіп, балық аулай бастады. Мүмкін *басыбайлылық тан* қашқан шаруалар болуы... (Ә. Сәрсенбаев, Теңіз.).

БАСЫБҮТІН ү с т. *Қайтарып бермейтіндей етіп, біржола.* Ой тәйір, *басыбүтін* беріп тұрған жоқ, ұста мынаны,— деп бүркітті жігіт қолына қондырды да:— бермеймін, бермейтінім Қаракерден айрылғамыз жоқ — деді Бекбол Жәнібекке (М. Әуезов, Таңд. шығ.).

БАСЫ-ҚАСЫНДА ү с т. *Бастан-аяқ жанында, маңында.* Енді бір үш-төрт сағаттан кейін *басы-қасында* болып, өзі шығарған газеті оқушы қауымның қолында болады (С. Мәуленов, Жұлдыз.). Біз полк комиссары Логвиненко екеуіміз осылардың *басы-қасында* жүрміз (Майдан). Тұқым себілгенде өзі *басы-қасында* [Нұрлан] болса бір сәрі еді, ерік бермеуге айналды (З. Шашкин, Сенім).

БАСЫЛ [1] *Бас етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Қазір байқаса бәрі де жерге шөгіп кеткендей. *Басылған.* Тоғай орны тап-тақыр (С. Сарғасқаев, Біз төртеу.). Бос *басылған* немесе бірсыпыра уақыт кесек киіз күйінде пайдалануда болып, созылған киізді, ыстық су құйып, жаңадан тағы білектейді (С. Қасиманов, Қаз. қолөнері). Осы хатым жазылған, Жүрегімнің бейнесі, Әріптері *басылған* Жан сырының пернесі (З. Қалауова, Таңд. шығ.).

БАСЫЛ [2] е т. 1. *Тыну, жайбарақаттану.* Дыбыр-ду *басылған* соң Арман бой созып қарап, қыратта шоғырымен кетіп бара жатқан қуғыншыларды көрді (Н. Оразов, Достар.). 2. *Екпіні қайтып бәсеңдеу.* Балкүміс *басылып* қалды. Мөңке оның сөзге тоқтағанына таң қалып, жағасын ұстағандай боп отырған-ды (Ә. Нұрпейісов, Сергелдең). Аптығып Жабас *басылды.*— Қымыз!— деп ернін жалады. Жарқ етіп есік ашылды, Жалт етіп Айша қарады (Ж. Молдағалиев, Жиырма бес). 3. *Тыйылды, тоқтады.* Ашу дұшпан, ақыл дос. Ашуыңыз *басылған* соң келіңіз. Сізге есігіміз ашық, аға, герой аға,— деді қыз, шығып бара жатқан Мәмбетке (Х. Есенжанов, Тар кезең).— Күн өткен бе, әйтеуір, кешеден бері қаны тыйылмайды. Өткен түнде аздап *басылып* еді, ертемен қайта ақты,— деді қасындағы шофер (З. Шашкин, Өмір.). «Таң ата бо-

ран *басылғанның* өзінде қораға қайтып жету оңай болмас», деп ойлады Қоспан (Т. Ахтанов, Дала сыры). 4. *Таусылмау, құрымау.* Минутым сол көз жасын жасырмаған, Азаткердің берді атын ғасыр маған. Тіккенде де Берлинде Жеңіс туын, Қуанышы сол күннің *басылмаған* (Ж. Молдағалиев, Жиырма бес). Халқым тыңдап, мен сөйлеп, *Басылмаған* қызығым. Қызыл тілді сайратып, Халқым көрген қызығым (Үш ғасыр.). 5. *Аяқталу, бітуі, тамамдалу.* Соғыс *басылғалы* қаншама жыл өтті, әкемізден еш жақсы хабар болмады (Н. Ғабдуллин, Қызық дәурен). 6. *Жиналу, көбею. Басылып* жатқан қазына — Таңдайға біткен өлеңім, Домбырамы қолға алып, Біраз ғана желемін (Айтыс). ◆ **Ел [кісі, жұрт] аяғы басылды.** *Жүріс-тұрыс саябырлады, тоқтады.* Шай ішіп, *ел аяғы басылғанда* кезде, Сәмет ағай сөз арасында менен шығымдап сыр тартты [дейді Айшуақов] (С. Омаров, Қайырлы.). Кешке қарай, *кісі аяғы басылғасын* Ебейсін өздері түскен үйдің ірге жағын түргізіп қойды (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). **Еңсесі басылды.** *Ұнжырғасы түсті.* Мен соны ойлап, соғыс күшін асырып, Тұрма десем үй *еңсесі басылып,* Тұр екен ғой өмір бойы сөнбейтін, Өз сәулесін жат көзінен жасырып (Х. Ерғалиев, Таңд. шығ.). **Көзіне оттай [шоқтай] басылды.** *Көзіне бірден таныс көрінді.* Л. Н. Толстойдың «Арылу», Вересаевтың әңгімелері мен повестері *көзіме оттай басылды* («Қаз. әдеб.»). Жазуы өшіңкіреп қалған қарындашпен жазылған алақандай ғана сары қағаз Зибаның *көзіне шоқтай басылды* («Лен. жас»). **Мауқы басылды.** *Құмары қанды, құмары тарқады.* Жаңыл... Бұл дүниедегі Қоспанға ең жақын адам. *Мауқы басылмай* артта қалған жары (Т. Ахтанов, Дала сыры). Болыстардың қолындағы тізбелерді алған соң, жігіттердің *мауқы басылып* тарқасты («Қаз. әдеб.»). **Су сепкендей басылды.** *Бірден, тез тынды.* Шалқып-тасқан көңілім дем арасында *су сепкендей басыла қалды* («Қаз. әдеб.»). Бұйрықпен басқа командирлер де танысып шықты. Сол-ақ екен, айқай-шу *су сепкендей басыла қалды* («Лен. жас»). Тасқа басылды. Кене. *Типографиядан басылып шықты.* Бір жігіт маған, *тасқа басылған* екі-үш қағазды әкеп берді (С. Көбеев, Орынд. арман). Болыс ағам бізге *тасқа басылған* кітап әкеліп берді, — деді [Шәуәли] (М. Ақынжанов, Ыбырай.).

БАСЫЛУ *Басыл етістігінің қимыл атауы.* Сондықтан да «Борис Годунов» көп жылдар бойы не қойылуға, не *басылуға* рұхсат етілмеді (М. Қаратаев, Туған әдеб.). Басқа тілдерге аударылып *басылуы* жөнінен В. И. Ленинның шығармалары дүние жүзінде бірінші орын алады (Ж. Смақов, Жыл.) Секретарь телефон шырылының *басылуын* күтіп тұрмай-ақ, трубканы дырылдата жұлып алып, құлағына тосты (Ә. Нұршайықов, Тың астығы).

БАСЫЛЫҚ: **жыл басылық.** *Жыл басы болушылық.* Ей халайық, *жыл басылығыға* мен де лайық,— деп қояшыдамсызданып, астыңғы ернін жыбырлатты (Ө. Тұрманжанов, Адам.).

БАСЫЛЫМ з а т. *Кітаптардың баспада басылып шығарылуы.* Халық мақалдарының келесі *басылымдарына* жазушы Б. Момышұлының нақылдары толығырақ енгізілгені абзал (М. Әлімбаев, Өрнекті сөз.). Кеңес *басылымдарға* жазылуда, ұйымдастыруда жақсы нәтижелерге жеткен озаттардың тәжірибесін барлық баспасөз таратушылардың игілігіне айналдыру қажеттігін атап көрсетті («Қазақст. мұғ.»). Совет өкіметінің 50 жылдығына арналған *басылымдардың* арасында бұл альбом айрықша орын алады («Соц. Қаз».).

БАСЫЛЫҢҚЫ с ы н. *Бәсең, солғын.* Будандық бірінші ұрпақта рецессивті белгілер жойылып кетпейді, тек *басылыңқы* күйде болады (Жалпы биология).

БАСЫЛЫҢҚЫРА е т. *Бәсеңдеңкіреу, саябырлаңқырау.* Бір әйел келіп соғыстағы соңғы топқа болысып, *басылыңқырған* жанжалды қайта көтеріп жіберді (І. Жансүгіров, Шығ.). Таң алдында жел *басылыңқырап,* сырғақтаған жаяу борасын ғана жортаңдайды (К. Оразалин, Көктем.). Тамаққа тойғаннан кейін орысты көрсем деген арманым да *басылыңқырап,* ұйықтап тұратын жерді ойластыра бастадым (Ө. Қанахин, Жер бас.).

БАСЫЛЫС *Басыл етістігінен жасалған ортақ етіс* Төбеден күтірлете жүрген біреудің аяқ *басылысы* естілді (Ж. Молдағалиев, Торғай.). Неге әуре

өтесің? Қосылыспай, *басылыспай*, байыңа. Және жаттан, Бай тап, Өмір бойы қор өтесің (Абай).

БАСЫМ с ы н. 1. *Мол, көп.* Залдағылардың *басымы* оқушылар секілді (Ж. Молдағалиев, Торғай.). Қарасынан ағы *басым* ұзын ақ бурыл сақалын [Жүніс] салалап әкеліп, ұшын аузына салып қояды (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). Жас адамда уайым-қайғы аз болады, ақылдан албырт сезім *басым* (Б. Соқпақбаев, Өлгендер.). Ақпенен қан майданда шайқасқанда, Қызылдың *басым* болған мергендері. Кетуге әлдеқашан бел байладым, Жалғыз-ақ жолығар деп тостым сені (Д. Еркінбеков, Шығ.). 2. *Үстем, күшті, мығым.* [Кененнің] Елде оның творчествосында әншілік, композиторлық жанр *басым* болып, ол көбінесе жаңа әндер шығаруға, ол әндерін өзі орындауға кіріседі (К. Әзірбаев, Шығ.). Қоспан Қасболаттың сөзін тыңдаған сайын қырап қалған еш нәрсе жоқ, нағыз жұттан гөрі жұтап қалдық деген қауесет *басым* сияқты (Т. Ахтанов, Дала сыры).

БАСЫМДАП ү с т. *Үстем боп, күшейіп.* [Бақтығұл] Бұл өзі жылқының бір үйірін ауылға айдап келсе, ауыл шаңшұң айғай, Сәлменнің боқтығы *басымдап* тұр екен (М. Әуезов, Қараш.). Әй! Әй, қайдасың? Бері кел! — деп, барған сайын *басымдап* сөйлеп, әлгі көтере алмай тұрған ұяттың ауыр салмағы да жеңілдеп-ақ сала берді (Ә. Нұрпейісов, Күткен күн). Қалың айғай *басымдап* шығады (М. Әуезов, Абай жолы).

БАСЫМДАН е т. *Көбею, молаю.* Ертең біз бұл малды жаңа тұқым деп таратсақ, әлі де жетілмеген жағы *басымданып* азғындап кетсе, бір ғана Николай Саввич пен Есенқұлов жолдастар емес, осындағы мал шаруашылығының мамандары ұяламыз ғой (С. Бегалин, Уақыт.).

БАСЫМДАУ с ы н. *Салмақтылау, үстемдеу.* ...Бір айқаста түрікпен жігіттің күші *басымдау* түсіп, Қалауды ұрып жыға жаздапты (Ә. Нұрпейісов, Сергелдең). Бұндай ретте Күміс күйеуінің бетіне күдігі *басымдау* сүйіспендікпен жымияды (Д. Әбілев, Ақын.). Саттаров шығармаларында, әсіресе Маяковский сарыны *басымдау* жатады («Қаз. әдеб.»).

БАСЫМДЫҚ з а т. *Артықтық, көптік, күштілік.* Қан майданда екі жақ жағаласқанда саптағы қолдың әскерлік өнері, құралының *басымдығы* және оған қолбасшының тапқырлық әдісі тең келсе, жау қамалын бөксеріп жүре берері хақ (Х. Есенжанов, Тар кезең). Алғашқы кезде жаудың күші мен техникасында үлкен *басымдық* болды (ҚазССР тарихы). Бір тұста поэзиямыз *басымдық* етсе, енді көш бастаушы проза жанры, қазақ топырағында қысқа повестер мен романдар кеңінен өркен жайды («Қаз. әдеб.»).

БАСЫМДЫЛЫҚ з а т. *Басым болушылық.* Бұл бас қосу бүкіл адамзат игілігі үшін күресте бірлік, ынтымақ, достық мүддесінің *басымдылығын* айқын көрсетті («Қаз. әдеб.»). Одан кейін алматылықтар мұз алаңында *басымдылық* көрсете бастады («Лен. жас».).

БАСЫМЫРАҚ с ы н. *Күштірек, артығырақ.* Көңілдерінде қуаныштан реніш *басымырақ* екені жүрістерінен байқалғандай (Т. Жанкелдин, Партизан.). Жігіттер *басымырақ* дауыспен көп айтады. Оларға қыз атаулы да қосылады (Ж. Молдағалиев, Торғай.). Сыртқы әсерлер қорғаныш қасиеттен әлдеқайда *басымырақ* болса, организм әлсірейді, не ауырады (М. Сисекенов, Өкпе ауру.).

БАСЫН е т. *Өзінен біреуді төмен санап, үстемдік көрсету, баса-көктеу.* Елді *басынып*, асқақтап кеткен Мырзабек атына мініп шаба жөнеледі («Қаз. әдеб.»). Бар әңгіме осында, Біреуді бекер *басынба*, Біреуді бекер басынсаң, Қас болар саған досың да (М. Әшірбеков, Белестер).

БАСЫНҒАНДЫҚ з а т. *Баса-көктеушілік.* Келіннің өз аяғынан кетіп қалуы — бір мен емес, жалпы Қойбақтарды *басынғандық*... деді Бекең ақсақал (Ә. Көшімов, Қысталаң.). «Неткен *басынғандық*? Қастарында кісі барда істеп отырғандары анау, оңашада неден тайынады? (Қ. Жұмаділов, Көкейкесті). Ол ол ма «бұл үй музей емес, бұл не *басынғандық*», деп үй иесі — жас келіншек Майнұр күнк етті («Қаз. әдеб.»).

БАСЫНҒЫШ с ы н. *Еркін, өктем.* ...Жеңіп келе жатқан жау *басынғыш* болады екен (С. Мұқанов, Таңд. шығ.).

БАСЫНДА ү с т. *Әуелгіде, әдепкіде, о баста, ертеде.* Ол [Құрмаш] *басында* күмілжіп ештеңе айта қоймап еді. Ақыры

шынына көшті (Қ. Жұмаділов, Көкейкесті). *Басында* ертегі еді мұның өзі, Осындай қып біреудің айтқан сөзі. Қисса қып шығаруға лайық көріп, Жүсіпбектің бұ да бір салған ізі (Батырлар жыры). Мен жүремін осы күнде күліп-ойнап, Темірден қылыш, мылтық қару сайлап. *Басында* бекер ме деп нанбап едім, Артынан естіген соң, ұқтым жайлап (Айтыс).

БАСЫНДАЙ с ы н. *Бастай, бас сияқты.* Күреске түскен жігіт менің ұстам. Қарулы жігіт. Балғасының өзі аттың *басындай* (Қ. Исабаев, Айқыз). Сарысу өзенінің жарқабағында жағалап өскен қызыл жыңғылдар. Алыстан қарағанда жыңғыл шоқтары қамыстың үкілі *басындай* болып көрінеді (С. Мәуленов, Жер нәрі). Алманың әрқайсысы маған бір-бір аттың *басындай* көрінген еді де, ал шырын дәмі көпке дейін аузымнан кетпей қойған-ды (С. Сарғасқаев, Біз төртеу.).

БАСЫНДЫҚ: өз басындық. *Жеке басқа тән.* Балаларды тәрбиелеудің осы алғашқы звеносында-ақ, біз олардың жеке *өз басындық* адамдық қасиетінің жан-жақты үйлесімді дамуын қамтамасыз етуге тиіспіз («Қазақст. мұғ.»).

БАСЫНДЫР *Басын етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Ақбөпе кімнен кем? Көзім тірі тұрғанда бұлай *басындырмайын* (С. Жүнісов, Жапанда.). Рахиманың өзін ешкімге *басындырмайтын* әжеттігі бар екен (Ә. Қалдыбаев, Су тасушы.).

БАСЫНДЫРУ *Басындыр етістігінің қимыл атауы.* «Жоқ, қанша төзімді болғанмен, бұлай *басындыруға* болмайды, — деп түйген Майсары әңгімені өзі бастады (А. Хангелдин, Өткен күн.).— Жас келінді *басындыру* жаман ырым — деді шал (С. Бақбергенов, Таңд. шығ.).

БАСЫНТ *Басын етістігінен жасалған өзгелік етіс.* — Келді ғой, үстімізге кіргізіп отырамыз ба *басынтып*,— дейді болыс Қыдышқа (М. Әуезов, Таңд. шығ.). Ер Оғыланның бел баласы Жөнейт батыр жауын осынша неғып *басынтып* жүр (Ә. Кекілбаев, Дала.). Өзінше тартқан зиянын, Байекең іштей санайды. «Құдай-ау, қайда сыямын, *Басынтып* қойсаң малайды (Ж. Молдағалиев, Жиырма бес).

БАСЫНУ *Басын етістігінің қимыл атауы.* Бәрінен ауыры «ағалап» астүстіне түсіп, оң жақта ойнап-күлген көз танысы Жәдігерді әлпештеп отауында қыз ойнақ жасауы, мүлде *басыну* тәрізді (С. Талжанов, Ұлдай.). Біздің ауылдың мұндай *басынуына* ыза болған Сауымбайлар мал бағып жүрген Қисықты қапыда соққыға жыққызып әлтіріпті (С. Көбеев, Орынд. арман.). Шабан шұбар *басынуға* айналды. Әбекеңнің «шүу-шүулеуі» жиіледі (Ғ. Мұстафин, Дауыл.)

БАСЫҢҚЫ с ы н. 1. *Бәсең, төмен.* [Сәкен] Білмейміз, тұтқында отырдық. Бірақ, соңғы кезде осылардың қарқыны бәсеңси бастады білем. Атаманның да аптығы *басыңқы* болды (А. Сатаев, Ақын.). Сұлтанмахмұт күннен күнге жүдеп, көңілі *басыңқы* тартып барады (Д. Әбілев, Ақын.). Ауыл жоқ-жұқана. 1944 жылдың жазы. Табиғат жаз мезгілі болғанмен, адамдар көңілі *басыңқы* («Қаз. әдеб.»). 2. *Шошақ емес, жалпақтау.* Қыранның құйрығы өте ұзын емес. Басы қаршыға басынан үлкендеу, төбесі *басыңқы*, жалпақ келеді (Ш. Айманов, Қыран.). 3. *Басым.* Негізгі құрылыс-шылардың *басыңқы* көпшілігі әлекедей жаланған жас жігіттер (С. Мұқанов, Таңд. шығ.). 4. Г р а м м. *Құрмалас сөйлемнің тиянақты, негізгі бөлігі.* Сабақтасып құрмаласқан жай сөйлемдердің бірі тиянақты, қалғандары тиянақсыз болады. Оның тиянақты бөлігін *басыңқы* дейміз (Қазіргі қаз. тілі). Септік жалғаулы сөздерді меңгеріп сөз тіркесінің *басыңқы* сыңары болып айтылатын есімдер — баяндауыш қызметіндегі зат есімдер мен сын есімдер (Бұл да).

БАСЫҢҚЫРА е т. 1. *Бәсеңдетіңкіреу, төмендетіңкіреу.* 2. *Молайтыңқырау, күшейтіңкіреу.* Байқан салықты *басыңқырап* салып жібере ме, деп қылпылдап жүр еді (Б. Майлин, Шығ.). Ей, жарқынным, қытығымызға тие бергенше, *басыңқырасаңшы* мұныңды,— деді. Сол-ақ екен, домбырашының жалпақтау, бірақ епті жұмсақ саусақтары жорғалай жөнелді (Ә. Көшімов, Екі бүркіт). Қария қынжыла сейлеп, жүрегіне байланған қысадан арылғысы келді ме, жоқ әлде Нұрланды ес көріп, әдейі есіне салғаны ма, әйтеуір ашы сөзге *басыңқырай* берді (З. Шашкин, Сенім).

БАСЫҢҚЫРАҚ с ы н. *Басымырақ, күштірек.* Әрине, пленумда сөйлеген сөздің маңызы да, салмағы да *б а с ы ң қ ы р а қ,* ертең Орталық партия Комитетінде стенографиямен танысып, біреуі болмаса біреуі: «бұл қалай?» — демей ме! (З. Шашкин, Сенім).

БАСЫП-ЖАНШУ *Басып-жаншы етістігінің қимыл атауы.* Хан қазақ еңбекшілерінің бас көтеруін қарумен *б а с ы п ж а н ш у* үшін патша әкімшілігінен көмек сұрады (ҚазССР тарихы).

БАСЫП-ЖАНШЫ е т. **1.** *Мыжу, таптау.* Бекіністен қашық, қар үстінде ашық аланда жатқан әскерді танктер *б а с ы п ж а н ш ы п* жоқ етпей ме, қармен, жермен араластырып талқандап жібермей ме? (С. Бақбергенов, Қарға там.). Айнашқа тіс-теніп келе жатқан Шынтас, алдындағы үйді *б а с ы п-ж а н ш ы п* өте шыққысы келгендей, керегеге тұмсық тіреп барып, кілт тоқтады (С. Адамбеков, Атылған қыз.). **2.** А у ы с. *Уайым-қайғының еңсені түсіруі.* Ол өз ошағының басында жайбарақат тыныққандай сезді, иығынан *б а с ы п-ж а н ш ы п* келген ауыр зіл ана жыранның жиегінде, сыртта қалғандай болды (Х. Есенжанов, Ақ Жайық).

БАСЫП-ЖАНЫШТА е т. *Қырып-жойып, быт-шыт ету, басып тастау.* Бұл агрессияның ең басты мақсаты — араб дүниесіндегі прогрессшіл революциялық қозғалысты *б а с ы п-ж а н ы ш т а п* және еңбекшілер бұқарасының жеңістерін жоққа шығару болған еді («Соц. Қаз».)

БАСЫР з а т. **1.** *Көздің ақ түсіп, соқыр болып қалуы.* Болат кіріп келген сәтте ештеңені көре алмай, *б а с ы р* болған адамдай — бүгежектеп қалды (А. Нұрманов, Аққу.).— Ассалаумалейкум! — депті басы таз, көзі *б а с ы р* боляған алым-жұлым, қолына ұзын-ұзын екі таяқ ұстаған біреуге Алдар (Қаз. ертег.). Шалқыған жырға қоссам Отанымды, Саңырау да, су қараңғы *б а с ы р* да емен, Мен оның перзентімін қатар өскен, Бақыштың басы болған ғасырменен (Қ. Шаңғытбаев, Аққу.). **2.** А у ы с. *Ешнәрседен хабарсыз, бейхабар.* Қалада үйден ұзап шыға алмай, әбден *б а с ы р* боп қалған ғой. Ойнағаны жақсы (М. Сүндетов, Балық аула.). Булығар, жылар ол бейбақ, Көре алмай жарық сәулені. *Б а с ы р* боп өтті сондай-ақ, Айшаның жастық дәурені (Ж. Молдағалиев, Жеңіс.). Қаншама заман өтті, ғасыр өтті, Халықты қараңғылық *б а с ы р* етті. Сендерді оқып көзін ашсын деп ем, Шекпее боп надандықтай қасіретті (Ж. Молдағалиев, Жиырма бес).

БАСЫС *Бас етістігінен жасалған ортақ етіс.* Советтік жаршылық қызмет атқарған Әбділданың, бір кезде колхоз ұстасы — Сыдық қасының қасында көрігін *б а с ы с ы п* отырған күйде көреміз (С. Мұқанов, Өсу жол.).

БАСЫТҚЫ з а т. *Бір нәрсенің уытын, күшін қайтаратын зат.* Қазақтың халықтық әдісінде бояуға ашудас, мүсәтір, тұз қосып, оған *б а с ы т қ ы* деп аздап май салады (С. Қасиманов, Қаз. қолөнері). Біраздан соң ет түсіріліп, Мағауия жапсардан екі көк мойынды сүйреп шықты. Қымыз бен етті *б а с ы т қ ы ғ а* алып кәдімгідей көңілді ішістің көтеріңкі күйіне дес берді («Лен. жас»). *Б а с ы т қ ы м а* бал ішіп, Сусынымa шай ішіп, Піспекті саба қары қымыз Жанымды сомен сыйладым (Махамбет).

БАСЫТҚЫЛА е т. *Уытын, күшін қайтару.* Арақ ішу арқылы адам боп, есеюдің жаңа бір бел-белесіне көтерілетін тәріздіміз.— Кел! — десіп, көтерісін қойыстық. Жұрттан көргеніміз бойынша, *б а с ы т қ ы л а п* нан жеп жатырмыз (Б. Соқпақбаев, Өлгендер.).

БАТ е т. **1.** *Сұйық заттың түбіне шөгіп көрінбей кету, сіңу.* Толқын гүрілдеп жарға ұрған сайын анасының қолтығына тығыла түседі Үрмәш. «Апа, біз де жеңешемдей суға *б а т ы п* кетеміз бе?»— деп сұрайды (О. Сәрсенбаев, Сағым). Осылай үздіксіз бірнеше рет айналып, ауру балық су түбіне *б а т ы п* кетеді (Т. Телеуғалиев, Балық ауру.). **2.** *Батпаққа, құмға аяқ кіру, ену.* Ауылға барар жолда Ержанның машинасы батпаққа *б а т ы п,* шығара алмай әуреленіп жүр екен (Ауызекі тіл). **3.** *Қатты тию, ауырту.* Тас *б а т ы п* табанына жалаң аяқ — Қаз басқан тұңғыш рет баладай-ақ, Қыңсылап жұртта қалған жас күшіктей, Жердегі бастады өмірін түртінектей (Ә. Тәжібаев, Аралдар). **4.** *Сіңу, бойға тарау.* Көңілді отырған адамға тамақ жақсы *б а т а д ы* (Ауызекі тіл.). **5.** *Құру, жойылу.* Егер де мені шынымен Боранбай баласына сатса, міне бір тәңірге аян болсын, мына батқан күнмен бірге *б а т а й ы н* (С. Сейфуллин, Әңгім.). Жуып-шайып жастың селі, Туған елді бір тазартса, Фашистердің өлімтігі, Тастай *б а т ы п,* сеңдей

ақса (Қ. Аманжолов, Шық.). 6. *Жарылқану, кенелу.* Салынды неше түрлі үй де жақсы, Көңілім күмбірлеген күйге *батты,* Халықтың алға ұмтылған арманындай, Ал, кәні Есіл — Нұра, билеп ақшы (М. Әшірбеков, Белестер). — Өй айналайын сол. Бата алған — *батар,* Бата алмаған — қатар (Ж. Молдағалиев, Сарыарқа). 7. Ауыс. *Жанды қинап, ауыр тию.* Қасымға өзге өліктің бәрінен, әжесінің өлігі *батып* еді (М. Әуезов, Қараш.). Күніне жүз километрді елеңдемейтін кәрі торының, енді орнынан тұруға жарамағаны малшыларға қалай *батпасын* (К. Оразалин, Ақ жазық). Жаңа ғана барған жайлаудың қызығы артта қалғаны жігіттерге қатты *батып* келеді (Ғ. Мүсірепов, Таңд. шығ.) ◆ **Азуы батты.** *Зорлық-зомбылық істеді.* Германияның *азуы батып,* ашуланған жалмауыз, ақ патша, азғантай елді үйтіп жіберсе не болды (С. Талжанов, Сейфулла.). **Ай батты.** *Ай ұясына кірді. Батпаған ай* батыстан қарап тұрды, шыққан күн шығыстан қарап тұрды (Ғ. Мүсірепов, Таңд, шығ.). **Ақшам батты.** *Кеш болды, ымырт түсті.* Арқаға *ақшам бата* қоймаған. Бұғып отырған екі серігімнің қамыс арасынан бойлары **байқалмайды** (Ә. Көшімов, Лашын.). **Арқаға аяздай батты.** *Жанды қатты қинады.* [Құрмаш] Назым арамызда өте аяулы жолдасымыз ғой, оның қазіргі халі *арқамызға аяздай бата ды* (М. Иманжанов, Менің махабб.). Нашар маман деген сөзді неліктен естиміз? Жоғары оқу орындарында оқып жүрген біздердің *арқамызға* бұл *аяздай батады* («Лен. жас»). **Ас [бойына, жүрегіне] батпады.** а) *Ішкені ас болмады.* Ол *ас батпай* көп ауырды (Ауызекі тіл). ә) *Көңілі қатты алаңдап, зауқы соқпады.* Асылбекті баласындай күтетін Марфа әженің столға қойған тағамдары да Ғалияның *бойына батпады* (Ж. Жұмақанов, Жазылм. кітап). *Жүрегіме ас батпай,* Не қыларым біле алмай, Қазы менен қартаңа, Келеді көңілім қарамай (Алпамыс.). **Белшесінен батты.** *а) Олжа, байлыққа кенелді, қарық болды.* Қадір олжаға *белшесінен батып* шыға келді, дүниенің қандайы болса да ол үшін тұк болмай қалды (Ауызекі тіл). *ә) Бір нәрсенің шырмауынан шыға алмай, малтықты.* Күреңбай мұғалімге және басқа жарандарға ағынан жарылып сыр айтады. Сөйтіп тапа-тал түсте жолдан адасты, саз балшыққа *белшесінен батқан* ауыр күнәсін жуатын болады (С. Омаров, Қайырлы.). Ескілікке *белшесінен батып* жатқан елдің жаңалыққа бет бұруы оңай емес («Лен. жас»). **Борышқа батты.** *Қарыздар болды, борыштанды.* Бала-шаға ашықты. Үй иесі *борышқа батты* (Ғ. Сыланов, Очерк.). **Жанға батты.** *Ауыр тиді.* Бүгінгідей «Ер басына күн туып, етігімен су кешкен, ат басына күн туып, ауыздықпен су ішкен» жағдайда, мына Жұмабектің астық ұрлағаны менің *жанымa* қатты *батты* (Ә. Әшімов, Батыр бол.). *Жанымa батқандықтан* ашынамын, Мен неге жаяумын деп басыламын?! Малым жоқ Шорман айдап алатұғын, Қорлығын Шормановтың паш қыламын (XX ғ. қаз. ақын). **Ит тұмсығы [мұрны] батпайтын.** *Қалың, ну, Ит тұмсығы батпайтын* қалың ағаштың арасына кеп кірді бұлар (М. Гумеров, Хазірет.). Қаңқор Шыңғыс шапқыншылары мәдениетті қаласын да... *ит мұрны батпайтын* үлпілдеп өсіп тұрған жасыл жібек бақшасын да өртеп, күл-талқан, жермен-жексен еткен (Ө. Тұрманжанов, Адам.). **Күнаға батты.** *Күнәлі болды.* Түн, менің де *батпаған күнәм жоқ* екен ғой! Маржан атты адам мейлі қой бақсын, мейлі кеңседе отырсын — қайда жүрсе де, тек қана әсем болуға тиіс екенін мен не ғып түсінбегенмін (К. Баялиев, Дегелек.). **Қарасы батты.** *Жоқ болды, жоғалды.* «Әй қыз! Тұра тұр!» деп жетіп барған Тұрсын, сол кеткеннен *қарасы батты* (Б. Аманшин, Жар мұңы). **Ізіне түскен ешкім жоқ па? — Жоғалса *қарасы батсын*** (А. Байтанаев, Қайнар.). **Мұңға батты.** *Уайымға түсті, уайымдады.* Ақ орда ажал еткен атын қырға, Хан отыр қаһарына қатып мұңда. Қарасын ханзаданың желден іздеп, Ел жатыр белуардан *батып мұңға* (Қ. Бекхожин, Ардагер.). Білдірмей жылдар өтіпті, Бұл күнде шашқа ақ кірген, Серуен тарқап кетіпті, Сені ойлап *мұңға баттым* мен, Күнәсіз көздің жанары (З. Шүкіров, Сағыныш). **Қарызға батты.** *Көп қарыздың астында қалды, қарызды көп алды.* Таймастың елден алған ақшасы көбейіп *қарызға батты* (Ауызекі тіл). **Қолы батты.** *Қолы тиді, ұрды.* Ағасының *қолы батып* қалған жеті-сегіз жасар сары бала қозғала қоймап еді; Қалау оны жұлқып қап, жалп еткізді (Ә. Нұрпейісов, Сергелдең). **Қолы бат-**

шады. *Дәті бармады.* **Нұрлан Валя хаттарына** *қолы батпай* ұзақ отырды (Ж. Молдағалиев, Сарыарқа). **Қызыққа батты.** *Тамашаға кенелді.* Жеңгей бізге тартып қоюға бір аяқ бидай қалдырып кеткен, ертектің *қызығына батқан* біздер дірмәнді жайына тастаған едік (С. Сматаев, Армысың.). **Майға батты.** *Майға бөкті, майланды.* Әйтсе де, бармағынан *майға батқан,* Үшеу ара той заңы, табақ тартқан (С. Керімбеков, Еңбек-ата). **Нұрға батты.** *Нұрланды.* Кең шығыс кесек-кесек жерімізден, Ен дала есебі жоқ *нұрға батқан* (Ү. Көрібаев, Өленд.). **Ойға батты.** *Ойға шомды, ойланды.* Максим соны айтып ауыр *ойға батты* (Ә. Әбішев, Терең тамыр). *Ойға баттым,* Қиял тербеп, Бойды қызу, Өлең кернеп, Қалам кетті жорғалап (Сәлем саған.). **Олжаға батты.** *Олжалы болды, байлыққа кенелді.* Сапақ та, Ұлдай да, Құдайберген де — бәрі де *олжаға батты* (С. Талжанов, Ұлдай.). *Олжаға батып,* масайраған тонаушылар керуендерді тергеуге алды (**«Лен. жас»**). **Рахатқа батты.** *Рахаттанды.* Жаздың жайлы тымық кештерінде манаураған далада бейғам ауылдың үсті *рахатқа батып* тыныштала қалады (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). Келеді өлең еселеп, Үлгіре жазып жатамын, Бір әндетіп, бір сөйлеп, Мол *рахатқа батамын* (Қ. Аманжолов, Таңд. шығ.). **Сөзі батты.** *Ауыр сөзбен жанға тиді, зәбірледі.* Олардың ашуының басы — алысып жүріп Халелдің қолы батып кетсе, ойнап отырып Ақбөпенің *сөзі батып* кетеді (С. Жүнісов, Жапанда.). **Сыйға батты.** *Құрметке бөленді, сыйлы болды.* Тырна ойлады алмаққа, *Сыйға батып* қалмаққа. Еппен ғана иіліп, Басын сұқты тамаққа (Ө. Тұрманжанов, Қарлығаш). **Тізесі [тісі] батты.** *Зорлық-зомбылық етті.* — Осы Салықтың әкесі Омар управитель, белгілі Сақау Мәмбетін ертіп Масқар деген елге келіпті, *тізесі батқан* Омарға тісін қайрап отыр екен (Х. Есенжанов, Көп жыл.). Манағы Нарымбай мен Дүрімбайға батып Бекболат сөз айта алмаған еді, мына жас мырзаларға *тісі бататын* секілді көрінді (С. Шарипов, Бекболат). Жас та болсам, апекем, Қатем менің көп екен. Қалмақтан өліп жата ма? Жау *тісі* маған *бата* ма?! (Батырлар жыры). **Ұйқыға батты.** *Ұйқыға енді.* Ікіләмов коридорға шыққанда сығырайған титімдей көз сеніп, сауытты «алып» *ұйқыға батқандай* бола қалды (Т. Сүлейменов, Жұлдыз.). Аңсаған арман ілгері кетті, Қайтадан жел де *ұйқыға батты.* Сол кезде бір ән талмауран жетті, Жалт етіп арман қанатын қақты (Ә. Тәжібаев, Аралдар). **Шығыңға батты.** *Зиянға ұшырады.* Күйбышев атындағы совхоз мал шаруашылығы өнімдерін өндіруден жыл сайын *шығынға батып* келеді. (**«Лен. жас»**). **Шым батты.** *Тастай батты, мүлдем жоқ болып кетті.* Кемеден жүк жайлаған тауып тесік, Су кетті кеме ішіне ашып есік. *Шым батып* су түбіне кетті кеме, Адаммен келе жатқан өзін есіп (Т. Ізтілеуов, Рүстем). **Шымбайына батты.** *Жанына тиді.* Игіліктің *шымбайына батар* жері де Жұманның есіне осы арада түсе қалады (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). Жетібайға Сәметтің ине қармақтай қадала түскені... лепіре сөйлегені *шымбайына батса* керек, талай күндер бойына ұйқы көрмегендей түсі қашып бозара қалыпты (С. Омаров, Қайырлы.).

БАТА зат. діни. 1. *Өлген адамға бағыштап, тамақтың алды-артынан оқылатын дұға, құранның бірінші сүресінің аты.* Ол құбылаға бетін беріп, жүгініп отырып қалып, күбірлеп *бата* етті де, бетін сипап түрегелді (Ғ. Сыланов, Жанартау). Дәмге келген адамдардың кейбіреулері мен *бата* басында болған Бөкір молда, Сүлеймен старшина **Кәдірдікінде** әлі де отыр (С. Сейфуллин, Шығ.). Ханым есігінің алдына әкеліп *бата* тілеген құла құлынның енесі, ауылды айнала шауып, кісінен ойран салып жүр (С. Бегалин, Бала Шоқан). 2. *Игі тілек, алғыс.* Есігінің алдына шығып, ағаштың саясына отырған сайын: «Көп жасаңдар, балаларым!» деп, *бата сын* беріп қояды қарттар (З. Ақышев, Біздің шамш.). ...Нұрқия шешей отауға өз қолымен от жағып, май құйып барлығы қолдарын жайып, Әйкен мен Далабайға *баталарын* берді (А. Лекеров, Түз гүлі). Ескене, Байбек, Жәнібек — бұл бергі атам, Қайырлы деуші еді ғой берген *батаң.* Михнат, қиыншылық басқа түсті, Жоқ еді істерімде ешбір қатам (С. Сейфуллин, Өленд.). ◆ **Бата бұзды.** *Дұға оқып, үзделескен серттен тайды.* Оның бер жағында ел ішінде талай антты аттағаны рас, бірақ Сүйеу *бата бұзбайтын* түрін аңғартып, Еламанды әрдайым жылы шыраймен жақсы қабылдаушы еді (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер).

[Хазірет] Басқаға шариғатты суша ағызып, өзі *бата бұзды*. Ахметжанның баласына атастырып қойған қызы Сәлимашты ақшалы көпеске екінші рет сатты (Д. Әбілев, Ақын.). Қатын-қалаштары желіккенмен Әубәкір осыдан қауіптеніп *бата бұза* алмады (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). **Бата берді.** *Игі тілек білдірді.* Қолыңа мылтық алғын соны мініп, Жетерсің айшылыққа күн-түн жүріп. Тілеулес мен мүсәпір ғаріп бек деп, Жәнелтті ер Дотанға *бата беріп* (Батырлар жыры). **Бата қылды.** *Дұға етті.* Жолаушы мен өткінші Еңлікке өзі білген құранын оқып, *бата қылды* ғой (М. Әуезов, Абай жолы). **Бата оқыр.** *Діни ырым; Өлген адамға бағыталып оқылатын дұға.* Молда *бата оқырға*, сүйекшілерге, жетісіне, қырқына, жылына арналған малдың бәрін қорадағы басқа малдан бөлек ұстауға әмір етті (С. Адамбеков, Атыл. қыз). **Бақыттың әке-шешесі көрші ауылға** *бата оқырға* кетіп, сіңлісі екеуі ғана қалған екен («Лен. жас»). **Ақ [оң] бата.** *Жолың болсын, ісің сәтті болсын деген жақсы тілек.* Қызына сол Құрманғазы *ақ батасын* берген, күйді тастама, өнер күші, өсіре бер деген еді (С. Бақбергенов, Қайран шешем). Ақсақалды атаның, *Ақ батасы* болсам-ау, Ақ жаулықты ананың Ақ ботасы болсам-ау (С. Мәуленов, Қызыл арша). Бахтияр қайтадан алақанын тосып, *оң батасын* беріп, қызыл бетін сипады (М. Гумеров, Хазірет.). Үйдегілер: — Жортқанда жолың болсын! — деп *оң баталарын* беріп қала берді (С. Жүнісов, Өшп. іздер.). **Теріс бата.** *Риза болмағанда қолының сыртын жайып қарғыс айту.* Міне, *теріс батам!* — деп Жүгенбай алақанын жайып жатқан кезде Ордалы оң батасын ұсынды (К. Оразалин, Көктем). Базарбайдың *теріс батасы* да, оған, Төлегенге аз бөгет болмайды (М. Әуезов, Әр жыл.).

БАТАГӨЙ с ы н. *Көпті көрген, әрдайым тілектес адам.* Ұнамды кейіпкерлердің бір алуаны: Сарыбай, Айбас, Тайлақ Қозының *батагөйі*, тілектесі (М. Әуезов, Әр жыл.). Даладағы егіншіге ас-суын мезгілінде жеткізіп тұрып, мейірбан жүректен ақ тілегін айта отырар *батагөй* ана болушы еді (Ж. Исмағұлов, Адам.). Көнеден мен *батагөй* едім қалған, Өткенге өкініш жеп етпе арман, Жүдеген жар-досынды жиып алып, Жауыңа келе жатқан, балам, қамдан (Т. Ізтілеуов, Рүстем.).

БАТАГӨЙЛІК з а т. *Ақыл берушілік.* Бұл, әрине, оқушының әдебиетке деген сүйіспеншілігінен *батагөйлігінен* туған пікір (І. Омаров, Серпін).

БАТАҒА з а т. к ә с і б. *Балық өңдейтін завод.* Ағанияз он бес күндей жоғалып кетіп, тек жақында ғана *батағаға* келе бастапты (Ә. Сәрсенбаев, Толқында.). ...Он үшінші жылы Еркінқарадағы балық *батағасында* жүк көтеруші боп жүріп, ұсақ қожайындардың бірін ұрып жығыпты [Құдабаев] (Х. Ерғалиев, Шындық.).

БАТАДАЙ с ы н. *Жақсы, игі тілектей.* Ақсақал берер *батадай*, Айтатын сөздер сізге көп. Қорғасын құйған асықтай, Алшыңнан тұр да жүзге жет (С. Мәуленов, Жаңа арна).

БАТАЛАС е т. к ө н е. 1. *Құдай, құран атымен анттасу, серттесу.* Байлау осы, соған міне осы отырғаның не дейсің? Еретіңіммен *баталасамын*,— дейді Төнекеге (М. Әуезов, Таңд. шығ.). 2. *Екі жақтың игі жақсыларымен ризаласып, құда болысу. Баталасып*, Айбаршаны Қаралдыға теліпті (Т. Ахтанов, Дала сыры).

БАТАЛАСТЫР *Баталас етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Бірақ Қарабастың кедейлерді *баталастырғаны* жайлы жаңжал іздеп жүрген Жүгенбайдың мінезін жасырмады (К. Оразалин, Көктем.).

БАТАЛАСУ *Баталас етістігінің қимыл атауы.* Ызғұтты мен Жақыпты жөнелтісімен, Бөжейлер өздеріне қарағаң бар ағайынды *баталасуға* шақырыпты (М. Әуезов, Шығ.). Абай өз ішінен: *«Баталасу* сияқты-ау! Бір нәрсеге ел қамдап, серттесуге шақырған-ау!» — деп ойлап, жаңағы «дос» деген сөзді есіне алды (Бұл да).

БАТАЛЫ с ы н. 1. *Бата алған.* — Ай, балалар, балалар, *Баталы* құл арымас, Батасыз құл жарымас, Берейін бата мен деді (Батырлар жыры) 2. *Баталасып, айтырған.* «Менің қызым *баталы* жеріне бармай отырғаны болмаса, әдепсіздіктен ада ғой» — деп Нағымның жараланып келгенін бірде Қаратайдан көре бастап еді Бәдиша (А. Жүнісов, Өмір.).

БАТАЛЬОН з а т. *Бірнеше ротадан құралған жаяу әскер бөлімі.* Мұрат жұртының алды орманға кіргенде *батальонның* іркіп, кейінде қалған взводты тосты (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн). Ұрыс қызу жүріп жатқан кезде, мені *батальон* командирі шақырды («Қаз. әдеб».).

БАТАЛЬОНДАЙ с ы н. *Батальон мөлшеріндей.* Мұнда бір полк венгерлер, екі *батальондай* неміс солдаттары бас құрап, гарнизон құрған (Қ. Қайсенов, Жау тылы.). Құрама жаудың бір гарнизонындағы бір *батальондай* әскери бөлімшесін талқандап, Днепрдің оң жақ жағалауына өткені осы еді (Бұл да).

БАТАЛЬОНДЫҚ з а т. *Батальонға қатысты. Батальондық* партия ұйымдастырушысы Диқанбай Қосанов Мәншүкке қарап, ақырын жымиды (С. Мұқанов, Аспаз).

БАТАРЕЯ з а т. 1. Әск. *Артиллерияның бекініс орны.* Сол күні кешкілікте екі арада аздап атыс болғаннан кейін, дұшпанның миномет *батареясы* ешбір оқ атпай, үн шығармай қалды (С. Сейітов, Майдан). Подлесный *батареяның* атыс ұясына телефон соғып, бригададан бір маңызды бұйрық алғанын хабарлады (Ә. Нұрпейісов, Күрляндия). Айтпақшы, әкелген фрицтеріміз жаудың зеңбірек *батареясының* адамы болып шықты (М. Ғабдуллин, Ел намысы.). Бір күні таңертең бізді *батареяның* қасына сапқа тұрғызып қойып, тексеру жүргізе бастады (М. Қаратаев, Далада.). 2. *Артиллерия бөлімшесі.* Мені танкке қарсы ататын *батареяның* командирі етіп тағайындады (Б. Момышұлы, Жауынгер.). Кешке бесінші *батареяның* басына полк командирі келді. Подполковник *батарея* жауынгерлеріне алғыс жариялады (Ә. Нұршайықов, Батыр.). Таймасов қызмет ететін *батареяның* командирі бетінің шешек дағы бар, шот мандай, қортық капитан Бауыржанды көре сап сасқалақтап қалды (С. Бақбергенов, Қарға там.). 3. *Бірнеше электр-техника элементтерінің не аккумуляторлардың қосындысы.*— Үлкен жермен байланысатын мезгіл болды,— деп Петька радиоқабылдағышты *батареяға* қосып байланысты бастады (Ә. Шәріпов, Қапаста). *Батареядан* қуат алған кішкене лампа үй ортасын дөңгелектей жарқыратып, қараңғылықты бұрыш-бұрышқа, жүк тасасына қуып тастаған (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.). Үлкен заводтарда ауыр суға түрлі *батареялар* қолданылады (Ж. Жатқанбаев, Су.).

БАТАРЕЯЛЫ с ы н. *Батареясы бар.* [Ол] Мұнда балапандар *батареялы* клеткаларда күтіледі — дейді (Құс өсіруші).

БАТАСЫЗ с ы н. *Бата алмаған.* Жылқының құты айғыр-ды, Ат тумайды атасыз. Көсегесі көгеріп, Көбеймейді *батасыз* (XVIII—XIX ғ. қаз. ақын.).

БАТБАТ з а т. *Құмды жерде жүретін кесіртке.* Сонау-сонау қазақтың сары даласы... даланың сары құмында *батбат* дейтін бір мақұлық болатын (Ғ. Сыланов, Жанартау). Шаршап-шалдығып, әлсіреген кезінде *батбат* сол құмда өсетін сұрықсыз, бірақ ешқашан өңін бермейтін көк жасыл селдір шөп—адыраспанның саясына жетуге асығады (Ө. Қанахин, Жер бас.). Үкі мен соқыр *батбат* ақылдасты, Өзінің мұңын айтып сырын ашты. Көзімнің жазылатын емі бар ма, Соны ойлап күні, түні ұйқым қашты (С. Сейтенов, Сапар.).

БАТБИТ ү с т. с ө й л. *Батти.* Дәптердің дәл ортасына қарындашпен «Сын есім» деген екі сөзді *батбитып* қойдым да, төбеден ұрғандай боп тұрып қалдым (Ә. Нұршайықов, Махабб.).

БАТТЕРФЛЯЙ з а т. с п о р т. *Екі аяқты бірдей қимылдатып жүзу.* Қазақстанда тек брасс пен еркін жүзу кеңінен қолданылып, *баттерфляй,* дельфин сияқты әдістер көптеген жарыс программасына енбейтін («Лен. жас»). *Баттерфляй* әдісімен жүзгенде аяқтардың есу қимылдары алма-кезек емес, екі аяқ біріне-бірі біріккен қалыпта бірдей уақытта қимыл жасайды (Б. Елқондиев, Жүзу.).

БАТЕС з а т. *Мақтадан тоқылған жұқа ақ мата.* Алда ақ *батес* айшықтаған, Баста жібек, қолда бөз (Ж. Саин, Самал).

БАТИҚА а р. з а т. *Фатиха.* Олжа баласымен табысқан Мүсекең бір баспағын сойып, осы ауылдың үлкендерін шақырып *батиқасын* алды (О. Сәрсенбаев, Таңбалы тас).

БАТИСКАФ з а т. г е о г р. *Теңіздер мен мұхиттардың тереңдігін зерттейтін аспап.* Жер шарындағы ең терең Марина

ойпатында, Француз зерттеушілері *батискаф* шынысы арқылы бір ғажайып балықты суретке түсіріп алды (Ғалам ғажап.). Базалық кеме *батискафты* зерттелетін жерге әкеп, суға батырады («Лен. жас»).

БАТҚАЛАҚ с ы н. *Батпақты, сазды.* «Есектің жолы қатқалақ, кетірер өсін *батқалақ*» (М. Әлімбаев, Өрнекті сөз.).

БАТҚЫ з а т. *Бедер.* Өкшесін көкпен ойған қызыл кебіс. Орнатып қойма тақта, *батқы* салған. Арқаның ақ бұлтынан ай күткендей, Қарайды ойлы көзбен кешке таман (И. Байзақов, Таңд. шығ.).

БАТҚЫЗ *Бат етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Байсерке күйшіні аулына ертіп келіп, бір жұма жатқызып, елді қызыққа *батқызып,* көңілдері қош болыпты (К. Әзірбаев, Аңыз.). Жүрсің, жаным, қатарда, Жақындап кейде алыстап. Менің күнім батарда, Сен *батқызбай* қал ұстап (Т. Молдағалиев, Қош.).

БАТНОС з а т. с ө й л. *Поднос.* Даяшы әйел дәл осы кезде әлденені әзілдеп күліп, *батностағы* кесені Хасенге ұсына берер ме, «құланның қасуына, мергеннің басуы» дегендей, шаңқ еткен оқ әйелдің қолына барып сарт етті (І. Есенберлин, Қатерлі.). Самауыр, фарфор ыдыс, темір шелек, *батнос* және басқа үй мүліктері ауқатты қазақ семьяларының тұрмысына берік енді (ҚазССР тарихы).

БАТПАҚ з а т. **1.** *Құрғақ емес, лай, былғаныш жер.* Жер *батпақ,* бір жағынан малдың қиымен араласып, адам аяқ басуға жиренеді (Б. Майлин, Таңд. шығ.). Жүрді бұлар жаңылап, Қырқадан қырқа, шың асып, Өткелі жоқ өзеннен, *Батпақ* кешіп, су басып (Ү. Кәрібаев, Таңд шығ.). **2.** Г е о г р. *Ешқашан құрғамайтын, пайдаға асыруға келмейтін алқап, жер.* Новгород өңірі қаптаған өзен, көл, сыңсыған орман, аяқ алып жүргісіз *батпақ* (Ә. Бектемісов, Майдангер.). **3.** А у ы с. *Өмірде кездесетін қиындық, былық.* Өмірдің қай *батпағына* барып батары белгісіз, әзіргі беті Қаракесек пен Сүйіндіктің жапсар жайлауы (Ә. Әбішев, Найзағай). Абай бастаған сынның элементтері кері кеткен байшыл-ұлтшылдардың *батпағына* ұшырап, өркендей алмады (М. Қаратаев, Туған әдеб.). Бір дегенді білмеуші ем, білдім мыңды, Лай, *батпақ* өмірден мөлдір күнді (С. Керімбеков, Жер-ана). ◆ **Май (ми) батпақ.** *Қою-сұйығы әбден араласқан, қоймалжың лай.* Аты соғылып кеткенде құлай жаздаған Айгүлдің шолақ резеңке етігіне су толып кетіпті, екі табаны *май батпаққа* жабысып қалғандай, аттай алар емес (Ғ. Мүсірепов, Кездесп. кет.).

БАТПАҚТА е т. *Лайсаң жермен жүріп балшыққа бату.* Ауылдан шыға бере жауын қатты жауып, әбден *батпақтадық* (Ауызекі тіл).

БАТПАҚТАЙ с ы н. *Батпақ сияқты.* Екі иіні қақпақтай, Бұлшық еті табақтай, Екі елі кір кеудесі, Баттасып жатқан *батпақтай* (С. Мұқанов, Таңд. шығ.). ⊙ **Батпақтай ғып.** *Бадырайтып.* Мен жолдасымның атын білмейтінмін. *Батпақтай ғып,* «Төреқұлов-еке» дегенге аузым бармайтын (І. Жансүгіров, Шығ.).

БАТПАҚТАН е т. *Балшыққа айналу, лайлану.* Бұлар жағасы базданып, *батпақтанып* кеткен байырғы өзекше — Қарасуға көп тіреледі (М. Жұмағұлов, Қыран.). Су мөлшерсіз көп жайылып, ұзақ тұрып қалғандықтан бұл жерлер кейде *батпақтанады* (Л. Сабыров, Жасанды шабындық.). Облыста бұрыннан сорланып, *батпақтанып* қалған жерлер құрғатылып, ол жерлердің мелиоративтік жағдайын жақсарту шаралары қолға алынуда (Е. Жамалбеков, Суармалы.).

БАТПАҚТАНУ *Батпақтан етістігінің қимыл атауы.* Екінші рет қайталап сортаңдану және *батпақтану* салдарынан суармалы жерлердің істен шығып қалуы жөнінде тағы да бірнеше мысалдар келтіруге болады (М. Ерлепесов, Суармалы.). Топырақтың сорлануы мен *батпақтануы* ең алдымен ол жерлердің табиғи жағдайына тығыз байланысты (Е. Жамалбеков, Суармалы.). Сондай-ақ канал суының сүзілуі, су жүйелерінің *батпақтануы,* оның ластануы сияқты мәселелер жете зерттелінген жоқ («Лен. жас»).

БАТПАҚТЫ с ы н. *Батпағы бар, лайлы.* Алыстап кеткен бұғының қарасымен соңынан қуып кеткен аңшы, оның буы бұрқыраған *батпақты* бұлаққа «шомылғанын» көргенде, қатты таң қалды (К. Қайымов, Қызықты зоол.). *Батпақты* жердің өсімдіктері судың мол болғанын ұнатады (Т. Таубаев, Жасыл әлем.). Молаларды, орларды, Тотыққан темір торларды, Сорлаған жердің ой-қырын, *Батпақты* қалың ағашты, Бұта-көде барлығын, Жасырып көзден қар басты (Қ. Аманжолов, Таңд. шығ.).

БАТПАҚТЫҚ з а т. *Балшықты, лайлы болушылық.* Жемшөпті аспалы вагонеткалармен тасымалдағанда, оған жердің *б а т п а қ т ы ғ ы,* қардың қалыңдығы кедергі бола алмайды (С. Тілеубергенов, Мал шаруаш.).

БАТПАН з а т. е с к і. *Салмақ өлшемі* (Бір батпанда 200—300 грамм ауырлық бар). Бала атадан *б а т п а н* артық туады (Мақал-мәтел). Пұт болдым деп мақтанба, Онан да ауыр *б а т п а н* бар (М. Әлімбаев, 666 мақал). Тоғайәлі сол зілдей ауыр қолын иығыма сүйеген күйі, сом денесінің *б а т п а н* салмағымен талдырмаш денемді майыстыра жаншып, орнынан көтерілген (Ә. Сәрсенбаев, Теңіз.). // *Ауыр. Б а т п а н* зілді көтере алмай етпетінен құлағанда, тас оның бас сүйегін мыжғылап, өзенге қарай өз екпінімен домалай жөнелді (Қ. Исабаев, Ажал құрсауы.). Ауру маған артса *б а т п а н* салмағын, Жақын тұрса үзілуге арманым, Жиналыңдар, достар, бәріңе жаныма, Арайлап бір кетсін менің таңдарым (Қ. Мүсірепов, Раушан).

БАТПАНАҚТАЙ с ы н. ж е р г. *Байсалды, салмақты.* Бәрі бала боп кеткендей, ата сақалы аузына шыққан *б а т п а н а қ т а й* [былайғы күнде жер қозғалса қозғалмайтын] кісілер-ақ бір-бірін құшақтап, у-шу боп, дуылдасып кетті (Ә. Нұрпейісов, Күткен күн).

БАТПАНАҚТАЙ-БАТПАНАҚТАЙ с ы н. *Толық, ірі.* Маржан біраз жыл бала көтермей торықтырып барып, Өтегенді туды, араға бір-ақ жыл салып, Ажарға жүкті болды. Екі баласының да қол-аяғы балғадай, *б а т п а н а қ т а й-б а т п а н а қ т а й* (Ә. Кекілбаев, Дала.).

БАТПАН-БАТПАН с ы н. *Ірі-ірі, үлкен-үлкен.* Жанына ұлы Отанның отау тігіп, Табысқа ие болдың *б а т п а н-б а т п а н* (Ү. Кәрібаев, Өленд.).

БАТПАНДАЙ с ы н. с ө й л. *Бет-жүзіне қарамай, баттитып.* Қанат Айкүмісқе «бөдеусің» деп *б а т п а н д а й* ғып қойып қалатынды шығарды (Ғ. Сыланов, Жанартау). Басымдағы *б а т п а н д а й* мін баттиып көрінген сайын өзімнен-өзім жеріп, торыққан да кезім болды (А. Жолдасбеков, Әке.).

БАТПАНДАП үс т. *Зор салмақпен, үйіп-төгіп, көп болып.* Жер астынан *б а т п а н д а п* атылған алып күшті (мұнай) мысқалдап тұншықтырып жатқан мұнайшылар (Ғ. Мүсірепов, Кездесп. кет.). Қар қалың, жер бетін бітеп, жайылымды *б а т п а н д а п* басып қалған (Ғ. Сыланов, Замана.). Мысқалдап шыққа ескілік, *Б а т п а н д а п* кірсін жаңалық. Дүниеге даңқы естіліп, Жатсын ел қайта жаралып (Ж. Молдағалиев, Жиырма бес).

БАТПАНДЫ с ы н. 1. *Қару-жарағы мол, қалың қол.* Біраз күн осылайша *б а т п а н д ы* қол, Күннен-күн саны өсе, топтанды қол, Алуға қалың жауды қарсы тосып, Майданға шеру тартып аттанды қол (С. Мұқанов, Шыңнан шыңға). 2. *Салмақты, ірі.* Сол жақта кең аумақты екі тереңсе таяу бұрышта қос *б а т п а н д ы* жайдақ сағат сырт-сырт соғады (С. Омаров, Күншуақ).

БАТПАНСЫ е т. *Өзін-өзі зор санау.* Әлімнен қиялға кен шықты Ерімбет, Таласпас «озамын!» деп ешкім оған. Осы ердей әркім қиял тыңдатпаса, Құр көңіл, не бітірер *б а т п а н с ы ғ а н* (Айтыс).

БАТПАНСЫН е т. *Батпансы етістігінен жасалған өздік етіс. Б а т п а н с ы н ғ а н* бай да өлер. Зулап өтер басыңнан, Баяны жоқ дүниелер. Болжалды күн болған соң, Дүниеден кім қалған? (XVIII—XIX ғ. қаз. ақын.).

БАТПЫРАУЫҚ з а т. *Қағаздың төрт бұрышын қалың етіп желімдеп, ұзын жіппен аспанға ұшыратын балалар ойыны.* Саид өзі де қатты қағаздан *б а т п ы р а у ы қ* жасап ұшыруды жақсы көретін («Лен. жас»).

БАТРАК з а т. с ө й л. Батырақ. Ол Балабас колхозшының образы емес, *б а т р а к т а н* кулактыққа қарай айдап бара жатқан образ (С. Мұқанов, Өсу жол.). Ажалдан қалған *б а т р а к т а р* іңір кезінде бауырымдап келіп, қызыл әскердегі орыс пен қазаққа қосылды (Ж. Арыстанов, Сұңқар.). Теңдікке қолың жетті, *б а т р а к т а р,* Мерейің үйымдассаң онан да артар. Жер де, су да сенікі, өз еңбегің, Байлардың күні туды қалтырақтар (К. Әзірбаев, Шығ.).

БАТСАЙЫ з а т. *Қалың жібек кездеме.* Қазақтың *б а т с а й ы* қаптал шапанын иығына бос тастап, қолында сары домбырасы бар, орта бойлы, кең маңдайлы, аққұба жігіт сахнаға шықты (Қ. Жармағамбетов, Әнші.). Төрде, көнетоз *б а т с а й ы* көрпенің үстінде, Тәттімбет

домбыра шертіп отыр (Т. Әлімқұлов, Сейтек). Үстінде шаһи көйлек оқа салған, Кең етек айдалада шұбатылған. Бешпеті аршын бардан қысқа жеңді, Шапаны *б а т с а й ы д а н,* қима киген (XVIII ғ. қаз. ақын.).

БАТСАЙЫДАЙ с ы н. *Батсайы сияқты.* Дала қандай көрікті: Ине шаншар бос жер жоқ, сарала *б а т с а й ы д а й* шым кесте егін (Е. Ысмайылов, Ақындар). Берік қайың ердің оқпанына ұқсас бүркіттің ту сырты; қомдалған қанаттарының қапталы қара ала *б а т с а й ы д а й;* тарам-тарам желкелігі күрең шудадай желкілдейді (Ә. Көшімов, Қарт аңшы.).

БАТТАМ: **бес баттам.** *Әбден ластанып, кір басқан.* Аяғында жылтыр қоныш қисық табан етік, басында биязы қара қалпақ, үстінде су жаңа диагонал костюм — бәрі *б е с б а т т а м* балшық (Ғ. Мұстафин, Көз көрген).

БАТТАС е т. 1. *Заттың қабаттасып жабысуы.* Үй әйелі нан *б а т т а с қ а н* қолымен самай шашын жинай беріп бір «сылп» деді де, қолын көтерген бойы аузын ашып қатып қалды (Ғ. Мүсірепов, Таңд. шығ.). Іргеден кірген сумен *б а т т а с қ а н* лас жер кепкенше құрғамайды (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). Жатар едің тот басып, Кір-қоқырмен *б а т т а с ы п,* Мақтанба бекер мастанып, Бұзылып кетер дос қалып (Ө. Тұрманжанов, Менің кітаб.). 2. *Мидай араласу, қабатталу.* [Жамалдың] Көзі көрінбей, көз алдындағы нәрселердің бәрі бұлдыр, біріне-бірі *б а т т а с ы п* болды (Б. Майлин, Таңд.). Жыршының аты жыршы ма, Әркімнен өлең жаттаса? Сөз— жібек жіп, жыр — кесте, Айшығы айқын көрінбес, Өрнексіз тігін *б а т т а с а* (Үш. ғасыр.)

БАТТАСТЫР е т. *Қалың етіп жағу.* Жұмабай да жаңа байқады. Бала бестінің төбелін саз балшықпен *б а т т а с т ы р ы п* тұрып сылап қойыпты (М. Әуезов, Таңд. шығ.). Жар жағасынан, ескі қайықты смоламен *б а т т а с т ы р а* майлап жатқан шал қақырынып дыбыс берді (Қ. Ысқақов, Бұқтырма.). Қазан түбінен қырнатылған қара күйені екінші қолы қас, кірпіктеріне, көзінің қиығына да *б а т т а с т ы р ы п* жағып алды Заһа (Х. Ерғалиев, шындық.).

БАТТАУЫҚ з а т. *Сулы жерлерде, әсіресе өзен, көл жағаларында өсетін ақ шөп.* Жақын жердегі *б а т т а у ы қ т ы* жағалаған, осы мезгілде отқа шыққан үйрек қаптап отыруын білетін Қозыбай, бір тұста атын тебіне шоқыта берді (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз). Үй іргесінен мынау жынысқа дейінгі тілдей алаңқайдың *б а т т а у ы ғ ы* таяуда ғана орылып алынған («Лен. жас»). Балдырғаны білектей, *Б а т т а у ы ғ ы* жүректей, Ондай қоныс маған жоқ, Құдай қылды амал жоқ (Махамбет).

БАТТАУЫҚТЫ с ы н. *Баттауығы жол,* Болат *б а т т а у ы қ т ы* алқапты жайлап жағалап келеді («Лен. жас»).

БАТТИ е т. *Адырайып, айқын көріну.* Баданадай бармақтың ізі ақ қағаздың бетінде рабайсыз *б а т т и ы п* қалған (Т. Әлімқұлов, Сейтек.). Химикаттар бар ыдыстардың бүйіріндегі қызыл, қара түсті әдемі жазулар да көзге бірден *б а т т и ы п* көрінеді (И. Жақанов, Қайта орал.). Бүркіт қараса, бұл жолы қызыл қарындашпен *б а т т и ғ а н* «екі» деген бағаны оқыды (І. Есенберлин, Қатерлі.).

БАТТИТ 1. *Батти етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Әшім қағазға екі деген санды *б а т т и т а* жазды (С. Сарғасқаев, Көңілді бала.). Үрмәш ірі-ірі әріптермен *б а т т и т а* жазылған хатты көрсетті (Ә. Әлішев, Батыр бол.). 2. *Бет-жүзге қарамай, тура айту.* Вагондар жазатайым тайып кетсе, *Б а т т и т ы п* бетке соғар мін боп па, ол да? Тереңірек тексерер кісі болса, Оның тұрған жоқ еді-ау, сіздің жол да! (Айтыс).

БАТУ *Бат етістігінің қимыл атауы.* Ойда жоқта серік табылғанға Құрмаш та қуанып қалды. Екеуі трактормен отырып, селоның шетіне шыққанда, күн қоңыр белге иегін артып, *б а т у ғ а* айналған еді (Қ. Жұмаділов, Көкейкесті). Оның бүкіл денесін қалың құрыш тері бүркегендіктен, гарпунның *б а т у ы* қиынға соғады (К. Қайымов, Қызықты зоол.). Тіледің күннің *б а т у ы н,* Қойшының жайын ұғып көр. Баланың махаббатының, Біліндер сырын, жігіттер! (Т. Молдағалиев, Алатау.).

БАТУА з а т. с ө й л. *Пәтуа.* Қазақтарды босқа желіктірмей, *б а т у а л а р ы н* байқап барып, ойлап айту керек («Айқап»).

БАТУАЛАС е т. с ө й л. *Пәтуалас.* Дәлел де, Қазыгүл де Кеңесбек үйімен араласып, дастарқандас, дәмдес болып, әбден *б а т у а л а с ы п* кеткен-ді (Ж. Жұмақанов, Махаббат.).

БАТШАҒАР ир. зат. сөйл. **Пәтшағар.** Бұл халал ісімді харам етіп жүрген *батшағар* екен, — деді қажы (Қ. Тайшықов, Окт. ұшқыны). Шыдай алмаған Құлан «*Түу, батшағардың ашқарағын-ай*»,— деп теріс айналып кетті (А. Нұрманов, Құлан.). [Баймағамбет] — Апырай, *батшағардың* бәлесін-ай. Күнді емес, ортақ табысты сорып жүр екен ғой (Ғ. Мұстафин, Миллионер).

БАТШАЙЫ зат. сөйл. *Батсайы.* Басында қызыл кәріс шәлі, үстінде қызыл *батшайы* қос етек. Жасы көп болса он алтыларда (І. Есенберлин, Қатерлі.).

БАТЫҚ: батық мұрын. *Кеңсірігі ішке қарай кіріңкі, батыңқы.* Бір малайға астау көтертіп, балта алғызып соңына ертіп, Қайдардың бәйбішесі Тұрымтай дейтін *батық мұрын,* тасбақа беттес қара әйел, аяғын басқан сайын ентігіп, ет сақтайтын сарайына беттеп барады (Б. Майлин, Азамат.). Ағамның шынында да *мұрны батық* болатын (Ө. Қанахин, Жер бас.).

БАТЫҚТАУ сын. *Ішке қарай кіріңкілеу, батыңқылау.* Оның ортасы *батыңқтау,* доғалдау иегі көтеріле түсті де, жинақы еріндері тымырая қабысты (Т. Нұртазин, Мұрат).

БАТЫЛ сын. *Именшек емес, қайсар, ер жүрек, еркін.* Қоспаны Балқожаның еді *батыл,* Жаулардан ауыл кегін алғалы ақыр. Ысқақ пен Бықанды ертіп еппен басып, Солдаттар жатқан үйге келе жатыр (А. Нұртазин, Орман.). Адам әп-сәтте өзгереді екен. Бұрынғы именшек **Жәмила** бүгін *батыл,* батыл Айдар — қорқақ (Ғ. Мұстафин, Миллионер). Халық творчествосының қай материалына сүйенсе де, жазушы бір түрлі қысымсыз, өзінің ұстаған принципінен аумай, еркін, *батыл* кіріскен (М. Қаратаев, Туған әдеб.). ◆ **Батылы бармады.** *Дәті бармады, жетпеді.* Ол өзінің жақсы көретін қалаулы мастерлерін жұмыстан шығаруға *батылы бара алмады* (М. Қаратаев, Далада.).

БАТЫЛДАН ет. *Тайсалмай, өжет қимыл жасау.* Қасқырлар қамалап, бірте-бірте *батылданып* таяна берді (С. Сейфуллин, Әңгім.). Жәнібек *батылданып* Қарлығаштың қасына келді де, қолын ұсынды (Қ. Жұмаділов, Көкейкесті). Мәдидің қамшысынан қорықты ма, жоқ әлде екі жылқы сыйына қызықты ма, әйтеуір найзасымен жерді түйгіштеген батыр қайтадан *батылданып* кетті (Ә. Әбішев, Найзағай).

БАТЫЛДАНДЫР *Батылдан етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Киіз үйдің маңдайшасынан жарық көрінеді. Сол жарық Бәукенді *батылдандырды* (Р. Әутәліпов, Алтын.).

БАТЫЛДАНЫҢҚЫРА ет. *Өжеттенің кіреу.* Екінші жолғы кездесуде қыз кешікпей келді, мен де *батылданыңқырадым* (Н. Ғабдуллин, Сар. жапырақ).

БАТЫЛДАУ сын. *Өжеттеу, еркіндеу.* Бір кезде *батылдау* біреуі түйенің екі өркешінің ортасына мініп алды (Ө. Қанахин, Жер бас.). Айым колхоз бастық Әмірәлінің ерке, шолжаң өскен қызы, басқа қыздарға қарағанда еркін, *батылдау* (Н. Сералиев, Қаңтар). Далада туарылып қалады екен деп қорықпай-ақ қой,— деді Исахмет манағыдан гөрі *батылдау* оның сөзін бөліп (М. Сүндетов, Ескексіз.).

БАТЫЛДЫҚ зат. *Ешнәрседен тайынбаушылық, өжеттік.* Бірақ дауысында сенімділік пен *батылдықтың* үні аңдалады (М. Қаратаев, Далада.). Шыңдалмаған жас қыздың майрыла қалған жұмсақ көңілінде, табиғи *батылдық,* өжеттік те байқалады (М. Қаратаев, Дала.). Шалқыманың өзі қолын қысуы Шегенді *батылдыққа* бастады (А. Хангелдин, Өткен күн.).

БАТЫЛДЫЛЫҚ зат. сөйл. *Батылдық.* Қызыл отауға қыз-келіншектер де келетін болды. Бәрі де жақсы нәрсені көруге, білуге ынтық, бірақ *батылдылық* жетіспейді (О. Сәрсенбаев, Сағым.).

БАТЫЛСЫЗ сын. *Батыл емес, жасқаншақ.* Гүлнәрге баруға талай оқталып, талай тартындым. «Неге осынша *батылсызбын*» деп, оңашада өзіме мықтап кейіп те аламын (Н. Ғабдуллин, Сар. жапырақ). Кенет, ол, Ақбала бір мұздай қолдың өз қолынан *батылсыз* ұстағанын сезіп, аяз қарығандай денесі дір етті (Ә. Нұрпейісов, Сергелдең).

БАТЫЛСЫЗДАН ет. *Именшектену, жүрексіну.*— Жеңеше, балаларға тамақ дайындасайшы, көп кідірмей жүреді ғой,— дедім *батылсыздана* (Д. Исабеков, Бекет). Үйдің алдына жеңіл машина келіп тоқтады да, бір полковник пен оның

адьютанты ұзын бойлы аға лейтенант түсті. Мен *б а т ы л с ы з д а н ы п* тұрып қалдым («Қаз. әдеб.»).

БАТЫЛСЫЗДЫҚ з а т. *Жүрексінушілік, именшектік, батылы жетпеушілік,* Өзіңнен үлкен адам алдында *б а т ы л с ы з д ы ҚҚ* деген де бір пәле (С. Сарғасқаев, Көңілді бала). Әйткенмен жәме-жемге келгенде де дәрменсіздік, енжарлық, мәселенің түйінін табудағы *б а т ы л с ы з д ы ҚҚ* бой жазбырмайды («Лен. жас»).

БАТЫЛСЫН е т. *Өжетсіну.* Бұрын *б а т ы л с ы н ы п* жүретін Төрекелді, дәл осы жолы Ақмоншаққа тура қарай да алмады (М. Иманжанов, Адам.). Оның [албырттықтың] толқыны шын туласа *б а т ы л с ы н ғ а н* жалғыз жарым қайық түгіл, алып кемені де қиратады (Д. Әбілев, Арман.). Өзім қанша *б а т ы л с ы н ы п,* батырсының ілгері қарай ұмтыла жүрсем де, бір ат өлтірдім, сол жолы оқ тиіп етігімнің өкшесі ұшты (Б. Тұрсынбаев, Ауылда.).

БАТЫЛЫРАҚ с ы н. *Жүрексінбей, еркінірек.* Көз алдымда кіреукелеп, көлегейлеп тұрған шымылдықты *б а т ы л ы р а ҚҚ* сырғытып, қолымды созсам — тұңғиықта малтыға тал қармаған қалпымнан арылатын тәріздімін (М. Сатыбалдиев, Қоңыр қозы). Адасқан қаздай, олардан жырылып қалмай, бірге кетуді көздеп Гүлжан есікті *б а т ы л ы р а ҚҚ* қағып еді (М. Дүйсенов, Гүлжан.). Осы мылтықта бір құдырет күші бар сияқты, жай кездегідей емес, қасына алса өзін [Смайыл] *б а т ы л ы р а ҚҚ* сезінеді (Т. Дәуренбеков, Біз кездес.).

БАТЫМ с ы н. *Өткір, өжет.* Мен қызы бар орыс үйінде, өзімдей қызы бар үйде, жалғыз тұрам!— деп, екі туысынан гөрі *б а т ы м,* ерке сөйлейтін Күлбадан күліп қояды (М. Әуезов, Абай жолы). Қалған соң планымыз орындалмай, Сөз айтты, Қайып ақын, маған *б а т ы м.* Түңілме, күдер үзбе жерге қарап, Бәйгіден кім бауыздар қалған айып! (Айтыс). Оларды мен көріп ем кешке жақын, Бұл итпен жауласуға болма *б а т ы м.* Бұл тауда аңшы болып жүре алмайсың, Өшіксе, қылғызбайды бізге жатын (Үш ғасыр.).

БАТЫМДЫ с ы н. *Жанға жайлы, жағымды.* Самал үрлеп желбірете шашымды, Жардың қолы сипағандай басымды. Өзім айтпай, біреу айтса атымды, Шіркін, соның дәмі қандай *б а т ы м д ы* (К. Шілдебаева, Арманым).

БАТЫМДЫҚ з а т. *Батылдық, жүректілік.* Бірақ таныса қоюға Қанатта *б а т ы м д ы ҚҚ* жоқ, клубқа барса, би білмейді (Е. Қонарбаев, Түнгі от).

БАТЫМДЫЛЫҚ з а т. *Өжеттік.*— Қай жақтікі боласыз?— деді үй иесі, әйелдің *б а т ы м д ы л ы ғ ы н* ұнатпай (Ғ. Мүсірепов, Өмір.).

БАТЫҢҚЫ с ы н. *Ішке қарай кіріңкі, түсіңкі, ойыңқы.* Малқар болыс әдетінше бір пысқырып қойды. Түбі тым *б а т ы ң қ ы,* үш жағы көтеріңкі, етектілеу келген мұрны әмен бітіп жүреді (Ғ. Мұстафин, Дауылдан кейін). Мен білетін жолдардың ізі ішіне қарай *б а т ы ң қ ы* болушы еді, мынау жол үстіне қарай шығыңқы (С. Мұқанов, Өмір мектебі).

БАТЫҢҚЫЛАУ с ы н. *Ойыңқылау, ішке қарай түсіңкілеу.* Түбі *б а т ы ң қ ы л а у,* тұмсығы көтеріңкілеу шолақ мұрнының кең танауы дауылда ұшқан қаршығаның қанатындай желпілдейді (С. Мұқанов, Ол күндер). Өзі (ишан) бет сүйегі *б а т ы ң қ ы л а у,* қырлы мұрны қоңқақтау, көздері үлкен, қастары қою, қабағы қалың бала екен (С. Мұқанов, Алып адым).

БАТЫҢҚЫРА е т. *Қатты тиіңкіреу, ауыртыңқырау, өтіңкіреу.* Өзін солаймын деп жүрген Хамитке жездесінің мына жала пікірі мен ниеті *б а т ы ң қ ы р а п* кеткендей болды да ол тағы бір дөңбекшіп аударылып түсті (Х. Рахимов, Қызғалдақ).

БАТЫП-ШЫҒЫП ү с т. 1. *Біресе батып кетіп, біресе қалқып шығып, бір көрініп, бір шөгіп.* Жанымдағы жолдасым, құдай-ау, соның аты кім еді, *б а т ы п-ш ы ғ ы п,* қайыққа қарай малтыған (Ә. Сәрсенбаев, Капитан ұлы). Қой, тыныш отырдейін десем, қармағымның қалтқысы батып-шығып, *б а т ы п-ш ы ғ ы п* тұр (М. Сүндетов, Балық аула). 2. А у ы с. *Қиялға шомып, ойланып-толғану.* Осындай ойларға *б а т ы п-ш ы ғ ы п* келе жатқан Есенәлі Тұлпарлы тауынан асып түсіп, Майлыкөл шабындығында шөп шауып жатқан бригадаға соқты (Ж. Тілеков, Шалғай шепте).

БАТЫР[1] з а т. 1. *Ел қамы үшін жауымен сайысқан тарихи қаһарман, эпостық жырлардың геройы, алып, ер.* Құртқа сынды сұлуды Қобыландыдай *б а т ы р ғ а* Берейін деп жатқанын Қырық бес кез Қызыл ер Хабарын мұның есітті (Қобылан-

ды). Болат қайнауда шынығады, *Б а т ы р* майданда шынығады (Мақал). 2. *Ер жүрек, қайтпас-қайсар адам.* Біздің қазақтың «жүректі кісі дегені», «*б а т ы р* кісі дегені» онан басқа жүректің қасиеттерін анықтап біле алмайды (Абай). *Б а т ы р,* балуанды көріп жүрміз ғой. Сені *б а т ы р* деп жұмсайды да, мені қатын деп жұмсайды: айырмасы осы-ақ,— деді ана (Ғ. Мүсірепов, Ана). Ворошилов *б а т ы р ы м,* Артық көрмен еш жанды, Ел сүйген сендей ерімнен (Жамбыл, Шығ.). Жанымда батарея барлаушысы, гвардия старшинасы Богатырев. Ол *б а т ы р ғ а* лайықты зор тұлғалы, иығы кең, төсі шығыңқы келген, ақ құба жігіт (Ә. Сәрсенбаев, Офицер.). 3. *Батыл, өткір, тайсалмайтын.* Жүрегінен төгілген, Елімнің *б а т ы р* жыры бар. Ана деген елім бар, Таусылмас алтын кенім бар (Айманқұл, Ана сыры). Ажардың аузы *б а т ы р* еді, Қойнадың ғой ақыры,— деді. Ел не деуші еді сені, Маңғаз емес, масыл дейді, Кербез емес, кесір дейді (Ш. Смаханұлы, Тотияйын). 4. *Біреуді мадақтау, көтермелеу, дәріптеу мәнінде айтылатын сөз.* Желіккен жауға кез болса, Араздығы сөз болса, «Бәрекелді *б а т ы р*» деп, «Мықты боп бара жатыр» деп, Мақтап-мақтап қоздырар (Абай). Қайырлы болсын, *б а т ы р,* бұл талабың, Күйзеліп, күңіреніп өсті табың (И. Жылқайдаров, Жастар.). *Б а т ы р,* сен қанатыңа алмасаң, жанымыз қалмас-ақ (Б. Майлин, Азамат Азаматыч). 5. Э к с п р. *Кемсіну, менсінбеу, мысқылдау мағынасында айтылатын сөз.* Шатырда мекен еткен күйеу *б а т ы р,* Қарасам, ішке түсер заман ақыр. Қоқанның зекетшісі жатқан үйдей, Көзіме теріс көрінер жасыл шатыр (Қазақ ақынд.). Байқап бас аяғыңды Әжек *б а т ы р,* Аңғарып білмек болсаң біздің жайды (Айтыс). Ауырсының келесің бе? Қазан құрыш құйсаң да, *б а т ы р ы м,* екі чемоданға әлің жетпегені — деді Дәмеш (З. Шашкин, Теміртау). ◆ **Батыр қалалар.** *Ұлы Отан соғысында неміс-фашист басқыншыларымен шайқаста халқы ерлік, қаһармандық көрсеткен қалаларға берілген жоғары атақ. Б а т ы р қ а л а л а р д ы* қорғау қаһарман Совет жауынгерлерінің батырлығы мен табандылығының үлгісі болды (ҚСЭ). **Батырлар жыры.** *Елін, жерін басқыншы жаудан қорғаған батырлардың ерлік істерін жырлаған ұзақ дастан, фольклорлық шығарма.* «Ер Тарғын», «Қамбар», «Қобыланды» сықылды *б а т ы р л а р ж ы р л а р ы н д а* қалмақ-монғол басқыншыларының шабуылы баяндалып, қазақ батырларының ерлігі жырланады (ҚСЭ). **Батыр тұлғалы.** *Зор денелі, сом тұлғалы, алпамсадай.* Бұдан кейін екеуі көп отырып, ер көңілді, *б а т ы р т ұ л ғ а л ы* жігіттің мінезін, өткен күнін бір кезде Мединаға өлердей ғашық болып, ақырында көптен күткен үміттің ақталмай қалғанын айтты (С. Бақбергенов, Қайран шешем). **Көзсіз батыр.** *Еш нәрседен қорықпайтын, қойып кететін ер мінезді адам.* Семен Краев, оның ротасы — *к ө з с і з б а т ы р л а р.* Тосқауылға соларды тастап кеттім, жолдас полк командирі (Б. Момышұлы, Майдан). **Совет Одағының Батыры.** *Жеке немесе топ адамның мемлекет алдындағы ерекше ерлік, батырлық істері үшін берілетін жоғары атақ.* Нүркен Әбдіров — 22 жастағы совет қыраны — Қарағанды сияқты атақты ұядан ұшып шығып, майданда көрсеткен ерекше ерліктері үшін *С о в е т О д а ғ ы н ы ң Б а т ы р ы* деген атақ алды (Ғ. Мүсірепов, Өмір дәңқы). Төлеген Тоқтаровқа СССР Жоғарғы Советі Президиумының Указы бойынша *С о в е т О д а ғ ы н ы ң Б а т ы р ы* атағы берілді (Ә. Нұршайықов, Батырдың өмірі).

БАТЫР [2] з а т. *Шөлді, шөлейтті, сортаң жерде өсетін шөп.* Маңқыстаудың төрістік далалығына шығатыны: *б а т ы р,* қостанбас, итсигек, изен (Айқап).

БАТЫР [3] е т. 1. *Суға, сұйық затқа салу, бойлату, түсіру.* Ертеректе,— дейді Шайхы,— әлдекімдер қайықпен бармақ болғанда, аралға жақындаған қайықты қоқиқаздар сабалап суға *б а т ы р ы п* жіберген, содан кейін жан жолай алмайтын болған (С. Мұқанов, Есею жыл.). Қайық жалдайтын шал:— Байқа, музыкаға есің шығып, суға кетіп жүрме. «Қара балықты» естен шығарсаң-ақ болды, құйрығымен соғып, суға *б а т ы р а д ы*,—деп, шын ниетін білдіре ақыл қосты (З. Шашкин, Өмір.). Марабай бізді суға *б а т ы р д ы* да, Сабатай өзі өкпеше қалқып шыға келді (Ш. Хұсайынов, Таныс адамдар). 2. *Матыру, малу.* Қалашты *б а т ы р ы п* жейтін шікі қаймақ мынау! (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.). Жеңілтек Федор «Мына жүнжұрқаны менің спиртіме бір *б а т ы р ы п* алмаса, шуашынан арылмас» деп қарқылдап жөнелте беріпті (Ғ. Сыланов, Асау арна). Мың сан қолдың ақырып, бетін серперміз, Жортып жүріп, жалаң қылыш сілтерміз. Жау қанына балдағынан *б а т ы-*

р ы п, Айдарына өткір жүзін сүртерміз (XX ғ. қаз. ақын.). 3. *Үшкір, өткір қаруды сұғу, тығу.* Алмамбет келді ақырып, Аруағын шақырып, Қоңырбайды түйреуге, Көк найзасын *б а т ы р ы п* (Манас). Отанға біздің, зұлым жау Қан тұмсығын *б а т ы р д ы.* Жүрмек болдым майданға, Береке-бірлік істеңдер, Ақылым осы ақыры (Қ. Жапсарбаев, Жайқоңыр). Өкпе темірді бауырына *б а т ы р а* тақымдағанда жирен қасқа ауыздығымен арпалыса ырғып жөнелді (Б. Момышұлы, Москва.). 4. *Жерге кіргізу, енгізу, сіңіру.* Жауынгерлердің кейбіреулері алдағы ойранның дүбіріне еліре қарап қояды да, күрегін жерге *б а т ы р а* басып, кесекті құшырлана лақтырады (Б. Момышұлы, Москва.). Экскаватор бастады, Аузын жерге *б а т ы р ы п.* Аулаққа сілтеп тастады, Үйдей бір тасты лақтырып (Ғ. Қайырбеков, Құрдас). Сымға тартылған күмісті осы түрпінің үстіне өрнектей отырып, балғамен *б а т ы р а д ы* (С. Қасиманов, Қаз. қолөнері). 5. *Денеге таңба түсіру, ұру, соғу.* Қарашұнақ жақындап, Қорқытып ойы ақырмақ. Айдауға бетін қайтарып, Сойылды әбден *б а т ы р м а қ* (С. Мұқанов, Шығ.). Сақалмұртыңды жақсы алдырыпсың, қалай, ұстара жүзін *б а т ы р ғ а н* жоқ па? (К. Тоқаев, Тасқын). 6. А у ы с. *Сөзбен түйреу, қатты айту. Б а т ы р ы п* айтудың орнына асты-үстіне түспекші. Көрдің бе, «сабыр ет, отыр» деуін (Х. Есенжанов, Тар кезең). Өздеріне *б а т ы р а* сын айтып, қолма-қол көмектесу, қандай жақсы болар еді (С. Омаров, Хантағы). Ғизатовтың қалжақбас мінезін білмеймісің, бұл жігіт, мінe осылай *б а т ы р а* сөйледі (Р. Әутәлінов, Алтын.). ◆ **Азапқа батырды.** *Бейнетке түсіріді, мехнат көрсетті.* Ұзақ түнді ұйықтамастан атырған? Не үшін бұлай жанды *а з а п қ а б а т ы р ғ а н?* Себеп іздеп бізге қазір не қажет, Өкініш сол: есін білмей жатыр жан (А. Хангелдин, Қыз жүрегі). Белшесінен батырды. *Қарық болды, кенелді, молықты.* Өзі-өз болғалы партияда болыстықтың дәл мұндай қымбатқа түскен, осындай пәле, шатаққа *б е л ш е с і н е н б а т ы р ғ а н* кезі болған жоқ-ты (М. Әуезов, Қараш.). Жанына батырды. *Шымбайына тигізді, қатты айтты. Ж а н ы н а б а т ы р а* бірдеңе айтып салғысы келіп-ақ еді, қапелімде аузына ондай зәрлі сөз де түсе қоймады (М. Иманжанов, Менің махабб.). Сен неге үндемейсің?— Шәкір әйеліне тепсінді.— Сенің ішіңнен шыққан қыз ғой? Сөйлес! Айт *ж а н ы н а б а т ы р ы п!* Адаспасын (М. Иманжанов, Көк белес). Күн батырды. *Уақыт өткізді.* Сонымен Талтаяқ шал *к ү н д і б а т ы р ы п* алды да, кешке іңір қараңғысында тайып берді (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). Астық деп таңды атырдық. Астық деп *к ү н д і б а т ы р д ы қ.* Астық деп шырқап жырларды, Астық деп қайрат шақырдық (С. Мәуленов, Магнит тау). Қарасын батырды. *Ғайып болды, жоғалды, тайып түрды.* Осыны айтты дағы, аян берген әулиедей жылтыр қара *қ а р а с ы н б а т ы р д ы* («Лен. жас»). Етік шкаф үстіне Ұшып барып түсті де, Қолғап төрге атылды — *Қ а р а с ы н* тез *б а т ы р д ы* (М. Әлімбаев, Орақ.). Қарашығын батырды. *Жойып жіберді, жоқ қылды.* Талайға теңдік берген қызыл әскер, *Б а т ы р д ы* залымдардың *қ а р а ш ы ғ ы н* (С. Мұқанов, Өмір мектебі). Қол батырды. *а) Күш көрсетті, қатты ұрды.* Сәлкен оны жағадан бір-екі рет жұлқып қалғанда, Сарбас та ашуланып *қ о л ы н б а т ы р а й ы н* деді (Н. Баяндин, Ертіс). ә) *Қорлық көрсетті, жәбірледі.* Басына бұлт шақырған, Бұлттан бомба атылған, Оқтары қан қақырған, Халыққа *қ о л б а т ы р ғ а н* (Т. Жароков, Шығ.). Қолын қанға батырды. *Айыпқа батты, қылмысты болды.* Вәрі *қ о л д а р ы н қ а н ғ а б а т ы р а д ы.* Қарлыға тартының түйіліп, кейін жалғыз қалады. Көбікті бастап, өзгенің бәрі қостап ант айтысады (М. Әуезов, Шығ.). Қызыққа батырды. *Қуанышқа бөледі, тамашаға кенелтті.* Қалтаға түсіп, әрі ішкіш Маскүнемді шақырды. Оны кенет *қ ы з ы қ қ а б а т ы р д ы* (М. Рашев, Біле қойды). Ойға батырды. *Ойландырып-толғандырды, терең ойға шомдырды.* Көшір тағы да шаршаған үнмен:— Қайдам, әйтеуір,— деді. Мұхиттың сөздері Айназарды саяси *о й л а р ғ а б а т ы р д ы.* Әрбір сөздерді, әр пікірлерді тексереді (С. Сейфуллин, Шығ.). Ашық сөзді, ақ жарқын, тілге майда, Қулық, ерлік түп-түгел ақылайла, Көз қырымен төңкеріп бір қараса, Еріксіз *б а т ы р а д ы* сені *о й ғ а* (С. Мұқанов, Шыңнан шыңға). Су түбіне батырды [кетірді]. *Құртты, жоқ қылды, келмеске жіберді.* Біз жастар жұрттың таңын атырамыз, Дұшпанды *с у т ү б і н е б а т ы р а м ы з.* Еңбекші жастар туын тіккен жерге Кедейдің бар баласын шақырамыз (Қазақ әндері). Рас, мен қателестім, бірақ *с у т ү б і н е б а т ы р м а й* мына көп жасағыр бәйбішем алып қалды (Д. Еркінбеков, Шығ.). Таңды атырып, кешті ба-

тырды. *Уақытты бекер, босқа өткізді.* Сондай өзгешелігі бір ауданға мол жетерлік қазынасы бола тұра, атақты онкүндікке кірісер күндерде бұл аудан және де «мақта-мақта» деумен *таңды атырып, кешті батырады* (М. Әуезов, Алғы шепте). **Тереңге батырды.** *Жоқ етті, құртты.* «Алайын,—деп,—бір жолы Атам тілін өлерде», Құтқармақ түгіл ұлы оны *Батырыпты тереңге* (М. Әлімбаев, Орақ олақ). Батырсынған жандарды *Батырып терең* түбіне Кімдерді мазақ етпеді (Ө. Тұрманжанов, Менің кітаб.). **Тұңғиыққа батырды.** а) *Қарасын өшірді. жойды.* Жауды жеңіп жапырып, *Тұңғиыққа батырып.* Әлемнің айқын алдында, Жеңімпаз алып СССР Мақтанатын күн туды (Қ. Әбдіқадыров, Таңд.). ә) *Әуресарсаңға салды.* Жүгірсем де жете алмадым, ah ұрдым, Мені тағы *тұңғиыққа батырдың.* Көк сағымдай көз ұшында бұлдырап, Бір белгісіз қияндарға шақырдың (Ш. Мұхамеджанов, Ана құшағы). **Тырнағын батырды.** *Қысымшылық істеді, қиянат жасады.* Жақыннан келген жау *тырнағын* қатты *батырады* —деді Айғаныс (М. Ақынжанов, Ыбырай). **Тізесін батырды.** *Үстемдік етті, азап, зорлық-зомбылық көрсетті.* Ту ұстап дұшпанға барайық, Теңдіктің ұранын салайық. *Тізесін батырған* залымнан Күн туды, біз теңдік алайық (С. Сейфуллин, Өленд.). Болыстары әмірін еліне қаттырақ жүргізіп, *тізесін* елге қаттырақ *батырып,* көпшілікті өзіне қарсы қылып алған екен (С. Сейфуллин, Тар жол.). **Үрейге батырды.** *Қорқытты, шошытты, үрейлендірді.* Оқ дей ме, бомбы дей ме, танкі дей ме? Адамды *батырады* неге *үрейге?* Теңіздей терең білім, сен емес пе? Күш берген танкі деген бір дүлейге (Қ. Сатыбалдин, Әлия). **Шығынға батырды.** *Зиянға ұшыратты, борыштың астында қалдырды.* Партия шығыны Бәйтенді де Жарасбай сияқты белуардан борышқа, *шығынға батырып* бара жатқан (М. Әуезов, Қараш.). **Шымбайына батырды.** *Жанына тидірді, жеріне жеткізді.* Әсіре қызыл айқайшыл сатира емес. Шым-шымдап айтып, *шымбайына батыра* баяндап отырып, бақырта сынайтын сатира («Лен. жас»). Бәукеннің ендігі келешек өрісін ол (Бектұрған) қинала, *шымбайына батыра* ұзақ ойланды (Р. Әутәліпов, Алтын жеміс). **Шығырау түбіне батырды.** *Тұңғиыққа тіреді, адастырды.* Алашорда үкіметінің бейшаралығы, халықты *шыңырау түбіне батырғанымен* қоймай, отаршылдық, құлдық бұғауына кіріптар етуінде... (Ш. Хұсайынов, Таныс адамд.). **Ішкен асын батырмады.** *Сары уайымға түсірді, қайғыртты.* Ұйқыдан жаң болмайды шатылмайтын, Қайғы көрсе, *ішкен ас батырмайтын.* Жұбай айтты: «Хауіп жер жатпа Арқалық, Жылғадағы жылымда қосылмайтын» (Батырлар жыры).

БАТЫРА-БАТЫРА үст. *Нығап-нығап, қадап-қадап, қатты-қатты.* Бұлшық еттерімді езгілеп арқамды шапалақтап болды-дағы, сүлгімен *батыра-батыра* екі рет ысқылап шықты (Ол күндер). Қабағын шыта біраз үн-түн жоқ үңіле қарап тұрды да, [Панфилов картаға] қара қаламмен бір-екі жерге *батыра-батыра* белгі соқты (Б. Момышұлы, Жауынгер).

БАТЫРАҚ з а т. т а р. *Байлардың езуінде болған малай, жарлы-жалшы, кедей.* Мынау келген *батырақ* өңкей кедей, Өткізген өмірлерін ішпей, жемей. Күні кеше байлардың есігінде Байлар рақым етпеген, жақын келмей (Пернедегі терме.). Жалдағы *батырақтарын* шетке қойды да, өздері әйелдерге қарай балпаңдады (Ж. Арыстанов, Жалын.). Жарлы-жалшы *батырақ* Майданға кірді жарқырап. Еркек-әйел демеді, Оқу-білім үйренді (И. Байзақов, Шығ.). Барлығы *батырақ* ұйымына жазылып, жиналыс күн батарда азар тарқады (І. Жансүгіров, Әңгім.).

БАТЫРАҚТЫҚ з а т. 1. *Батыраққа тән күй-жай.* Халықтың кедейленген тобының үлесші жерін жалға алу, өз шаруашылығын жүргізуден қалған шаруаны *батырақтыққа* жалдау, бұл тек алалық қана емес, бұл нағыз қанаушылық (В. И. Ленин, Шығ., 1 т., 36 б.).

БАТЫР-БАҒЛАН з а т. *Жас қаһарман.* Сол түні біздің ерлер *батыр-бағлан* Құтқарды село халқын залым жаудан (З. Қалауова, Таңд.).

БАТЫР-БАЛУАН з а т. *Ер-қаһарман. Батыр-балуанды* көріп жүрміз ғой. Сені батыр деп жұмсайды да, мені қатын деп жұмсайды, айырмасы осы-ақ, солай емес пе, батыр?— дейді әйел (Ғ. Мүсірепов, Өмір.).

БАТЫР-БҰТЫР е л. *Сатыр-сұтыр, шарт-шұрт.* Аманкелді батырдың, Қолы шапты батыстан. Абақтыны балталап. *Батыр-бұтыр* атысқан (Қаз. әдеб. хрес-

том.). Дәл осы секундте далада, базға жапжақын жерде көп мылтық түн тыныштығын қақ жарып *б а т ы р-б ұ т ы р* етті (М. Әуезов, Шығ.).

БАТЫРҒЫШ з а т. т е х. *Трактордың двигательдерін жүргізгенде басып қалатын карбюратордағы тетік.* Бұл двигательдерді жүргізгенде тракторист карбюратордың *б а т ы р ғ ы ш ы н* басады (Тракторист.).

БАТЫРДАЙ с ы н. *Батыр сияқты, батырша.* Толқындар тауды сүзеді, Майданға түскен *б а т ы р д а й.* Қарғиды шудың өзені Сенімен бірге жарысып (С. Мәуленов, Торғай.). Елімді ұлы орыс халқы бастап, Ер жеттік доспен дос боп, жауды жасқап. *Б а т ы р д а й* сапқа тұрған сауыт киідік, Күпіні жабағылы шешіп тастап (Т. Жароков, Шығ.). Ал Суықтөбе баяғы орнында тапжылмастан қарт *б а т ы р д а й* қасқиып, қалқанымен көк тіреп, алысты шолып әлі тұр (Ғ. Сыланов, Очерктер).

БАТЫРЕКЕ з а т. э м о ц. *Біреуді дәріптеп, көтермелеп айтылатын сөз.* Дүние үшін болғандарға айтар дейді: «Сендер дүниеде қажеке, молдеке, сопеке, мырзеке, *б а т ы р е к е* аталмақ үшін өнер қылып едіңдер, ол дүниең мұнда жоқ» (Абай). *Б а т ы р е к е с і,* ондай бекініс бізге әлі кездескен жоқ қой?— деді Жәуке (Ш. Хұсайынов, Таныс адам.). Бағарыңыз көбейсін, *б а т ы р е к е,* Замандас, не дос болса қатарымсың (С. Керімбеков, Еңбек— ата.). // *Біреуді көкеп, мінегенде қолданылатын сөз.*— Өзің басқара берсеңші, билік біткенді қолыңа алыпсың ғой [деді Жақып Авдейге].—Жарайды,—деді Авдей,— басқармасаң басқарма, бірақ, *б а т ы р е к е,* шытынамай отыр (Ж. Жұмақанов, Жазылм. кітап).

БАТЫРЛА е т. *Батыр-батыр ету, сатырлау.* Қарағай найза *б а т ы р л а п,* Мылтықтың оғы шатырлап. Әрекет пен зеңбірек, Тұс-тұсынан атылды (Қамбар батыр). Бір түрлі жауын жауды сатырлаған, Жүктей тас домаланып *б а т ы р л а ғ а н.* Бір минутта он-он бес жай түсіп тұр, Қорқытты жан иесін шатырлаған (Дастандар).

БАТЫРЛАН е т. *Батылдану, қайраттану, жігерлену.* Сөз желісін Ольга құрып берді. Топ алдында сөз сөйлеп әдеттенген адам емес қой, әйткенмен Ақыштың алдында өзінің белсенділігін көрсетемін деген сертке мінгендіктен, *б а т ы р л а н а* көтеріле сөйледі (Б. Майлин, Шығ.). Бастапқы кезде жүрегіміз лүпілдеп, біраз үрейленгендей болып едік, енді бірден-бірге етіміз үйреніп, *б а т ы р л а н ы п* алдық (Ә. Сәрсенбаев, Толқында.).

БАТЫРЛАНДЫР *Батырлан етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БАТЫРЛАРША ү с т. *Ерлерше, батырлардай.* Ерлер *б а т ы р л а р ш а* қимыл көрсетсе әйелдер белдерін буынып, ерлерше еңбек етті (С. Еркебаев, Алғашқы.).

БАТЫРЛАТ е т. 1. *Тарсылдату, сатырлату.* Атаманның солдаттары иттерге *б а т ы р л а т ы п* мылтық атып қоя берді. Иттер шошып тұра қашты (С. Сейфуллин, Тар жол.). Биікке байлап қойып жамбы тасты, Мергендер *б а т ы р л а т ы п* мылтық атты (Ғ. Малдыбаев, Қырым қызы). 2. *Бытырлату, күл-талқан ету.* Қиратып қабырғасын *б а т ы р л а т ы п,* Ойрандап ордасына ат ойнатып — Сындырып жаудың белін талқан еттік, Көк сүңгі жан жеріне шым бойлатып (Халық ақындары). 3. *Қатыр-құтыр шайнау, қашыр-құшыр етікізу.* Алыс жолда ауыр жүк арқалап белі талған түйе байғұс... жырық ерні бүлкілдеп, алдындағы шалғынды шеккен қалпында бытырлата үзіп, аузын толтыра *б а т ы р л а т ы п* шайнай бастады (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.).

БАТЫРЛАУ с ы н. *Өжеттеу, жігерлілеу, қайраттылау.* Баймырзаның әкесі *б а т ы р л а у* болыпты-мыс дейді (С. Мұқанов, Шығ.). Сарбас ылғи бастап жүретін. Ол досынан көрі сәл *б а т ы р л а у,* өжеттеу еді. Ол әйелді бұрын алды (М. Жұмағұлов, Қыран.).

БАТЫРЛЫҚ з а т. *Ерлік, батылдық, өжеттік, асқан ер жүректік.* Батырлардың істеген *б а т ы р л ы қ т а р ы н* дәмдеңдіріп дәріптеп, қызықты қылып суреттеп өңгіме қылған (С. Сейфуллин, Шығ.). ... Талғат Бигелдиновтің кеудесінде *б а т ы р л ы қ* жұлдызының екеуі жалтырайды (С. Мұқанов, Есею жыл.). «Асау той, тентек жиын», қызыл жон қырғын, *б а т ы р л ы қ,* ерлік жайларын шалдар ғана ертегі ретінде айтып отырушы еді (Ғ. Мүсірепов, Белдерде).

БАТЫРМА з а т. *Былғары бетіне салатын ою, өрнек; өрнек түсірудің бір түрі.* Қазақ искусствосында әр түрлі ою-қию, металл өңдеу, былғары бетіне *б а т ы р м а* түсіру жұмыстарын еркектер істеді

(ҚазССР тарихы). Аламыш салу, *б а т ы р м а* түсіру, қалыптау, темір соғу, нақыш қондыру тәсілдері одан әрі дамыған (Бұл да).

БАТЫРМАЛЫ: **батырмалы қондырғы.** *Қой тоғытатын қондырғы* [*МКУ*]. Бұл — механикаланған *б а т ы р м а л ы қ о н д ы р ғ ы* (С. Тілеубергенов, Мал шаруаш.).

БАТЫРСЫ е т. *Батыл сияқтану, өжет болғансу, күштімсіну. Б а т ы р с ы ғ а н* жігітті Жау келгенде көреміз. Шешенсіген жігітті Дау келгенде көреміз (Мақал). Сізбенен айтысуға көңілім жоқ, *Б а т ы р с ы п*, я байсынып салма жаза. Үлкен мен кіші кісі айтыспайтын, Мырзеке, қайтер еді қойсаң таза (И. Байзақов, Шығ.). Осы қатарда, мінез жайын айта келіп, өтірік *б а т ы р с ы ғ а н* бояма мінезді сынау, адамдықты үгіттеу он төртінші сөзде көрінеді [Абайдың қара сөзінде] (М. Әуезов, Әр жыл.).

БАТЫРСЫМАҚ с ы н. э к с п р. *Батылсымақ, өжетсымақ.* Сегіз мыңдай қол екен, Сегіз жүздей қол қалды, *Б а т ы р с ы м а қ* манаптар, Қорғаймыз деп орманды (Жамбыл). *Б а т ы р с ы м а қ* біреуі Бара сала ұстады. Біріне-бірі ым қағып, Байла деп қолын нұсқады (Ү. Кәрібаев, Таңд.).

БАТЫРСЫН е т. *Батылсыну, өзін ер санап өжетсіну.* Мініп ап көкала атпен жетіп бардым, Қалмақты *б а т ы р с ы н ғ а н* зекіп қалдым. Қап, бәлем, жатқызармын жерге бүктеп, Дедім де қылышпенен салып қалдым (Батырлар жыры). Бақ-бақ еткен текені, Қар жауғанда көреміз, *Б а т ы р с ы н ғ а н* жігітті Жау келгенде көреміз (Мақал). Ал мен қорқақ едім. Бірақ мынау батыр екен,— деп айтсын деп әдейі *б а т ы р с ы н ы п*, сотқарлықтанатынмын,— деді енді біреуі (М. Иманжанов, Көк белес).

БАТЫРТ *Батыр етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БАТЫРУ[1] *Батыр етістігінің қимыл атауы.* Есаул жер бауырлай, шалқалай қалған денесін суға мол *б а т ы р у ғ а* тырысып, жағада дөңгеленеді (Т. Жармағамбетов, Сентябрь.). Әбден қыздырып алғаннан кейін тұқымды 20 градус температурадағы суға жылдам *б а т ы р у* арқылы суытады (Ж. Жиенбаев, Астық дақыл.).

БАТЫРУ[2] з а т. *Жиһаздарға, үй бұйымдарына, қол өнері арқылы жасалған заттарға салынған бедер, батырғы.* Білезіктің көздерін ұстап тұратын ернеулі ұялар *б а т ы р у*, сызу, бедерлеу, бұрыштау әдістерімен өрнектеледі (С. Қасиманов, Қаз. қолөнері). *Б а т ы р у*— мүйізге, ағашқа, былғарыға, көнге басып бедер салу (Бұл да).

БАТЫРША ү с т. *Батыр секілді, батырға ұқсас.* Соңғы оқты сақта, өзіңе... Батыл топ енді айқасқа, *Б а т ы р ш а* өлмек айқаста (Ә. Сәрсенбаев, Баспалдақ). Саржанды екі-үш жігіт барып зорға ұстап әкелді. Әбден танаулап алған ол атша пысқырып, екі қолын сілкпелеп, мына топқа бейне бір Қобыланды *б а т ы р ш а* қырындап көрінді (Ж. Молдағалиев, Сарыарқа).

БАТЫРЫЛ *Батыр етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Түтіктің төменгі жағы су құйылған ыдысқа *б а т ы р ы л ы п* қойылады («Халық мұғ.»). Сұйыққа немесе газға *б а т ы р ы л ғ а н* денеге екі күш әсер ететіні белгілі. Ол — дененің салмақ күші ($Р_1$) мен кері итеруші күш ($Р_2$) (К. Аймановтар, Физика).

БАТЫРЫМСЫ е т. *Өзінше батыр болғансу, батыр сияқтану.* Әп-сәтте Сарәнжап та келіп жетті. Қаптаған жауға жалғыз тиісіп, жарақатсыз шыққан жарақты *б а т ы р ы м с ы п* келді, тым асқақ. Қазақының қазанаты — жарау атты билетіп, тіпті жөнін айтқысы келмейді (Ж. Тілеков, Жоңғар.).

БАТЫРЫҢҚЫРА е т. *Батыра түсу.* Аппендициті ұстамасынан екі-үш күн кейін оң жақ бүйірді қолмен *б а т ы р ы ң қ ы р а п* сипағанда, қатайған ісікті әбден байқауға болады (А. Даиров, Хирург.).

БАТЫРЫС *Батыр етістігінен жасалған ортақ етіс.* Қызық жарыс сияқты ғана көрген. Жетіп алып, тіс *б а т ы р ы с п а й* қар бетінде аударыспақ ойнамақ болған (М. Мағауин, Ақша қар).

БАТЫС[1] з а т. 1. *Шығысқа қарамақарсы жақ, дүниенің төрт тарабының бірі.* Оңтүстік пен солтүстік, *Б а т ы с*, шығыс қиырдан, Ұлан-байтақ кені мол, Шымкенттен шықты қорғасын (Ү. Кәрібаев, Таңд.). Төбенің басындағы желмен жүйткіп тұрған қызыл ту өзіне қарай келе жатқан қалың топқа қол созғандай біресе *б а т ы с қ а*, біресе шығысқа көлбендейді (Ә. Әбішев, Замана). [Аманкелді] Сен екеуіңдей *б а т ы с ы* мен шығысына түгел

көзім жетсе, Орынборға қонақ болуға келді деймісіз (Ш. Хұсайынов, Таныс адам.). 2. *Күн бататын жақ, көкжиек.* Сонау *б а т ы с* көкжиектен көтерілген қою қара бұлтқа қарай береді (Ж. Тілеков, Қайнар). Күн *б а т ы с* жақ қызыл шапаққа боялып, күннің көзі ұясына кіріп барады. Мал сойылып, қазанға салынған еттің көбігі шығып, қайнап жататын да уақыт (Ж. Мұзапаров, Қаби қарт). 3. *Жер шарының батыс бөлегіне орналасқан ел, мемлекет.* Әдетте *б а т ы с* елдерінің қалалары біріне-бірі ұқсас келеді (Қ. Исабаев, Жұмбақ үй). *Б а т ы с* герман милитаристері жеңіл істен есін жияр-жимаста жаңадан авантюраға шығуға әзір отыр («Халық мұғ.»). *Б а т ы с т а* да бар ғой, нағашы, ондай сөз, мысалы, бұрынғы Рим елінің аталары Рамул мен Ремді қасқырдың қаншығы емізіп асыраптыдемей ме? (С. Мұқанов, Менің мектеп.).

БАТЫС[2] *Бат етістігінен жасалған ортақ етіс.* Төлеген сол қаздарға қарап, бір сөз деді. «Таласып емшек еміскен, Бір төсекке жатысқан, Көп қызыққа *б а т ы с қ а н,* Тай құлындай тебіскен» (Қыз Жібек). ◆ **Қанға батысты,** *Қырқысты, кескілесті, таласты.* Жарқ-жұрқ етіп екеуі айқасады, Жеке батыр шыққандай қан майданға. Біреуі — көк, біреуі — жер тағысы, Адам үшін *б а т ы с ы п қ а н ғ а.* Қар — аппақ, бүркіт — қара, түлкі — қызыл, Ұқсайды қаса сұлу шомылғанға (Абай). Екеуі бірдей шегініп, Қорамсамен атысты, Жайына қарап жүрген жоқ, Қызыл *қ а н ғ а б а т ы с т ы* (Батырлар жыры). **Қыран күлкіге батысты.** *Қызыққа кенелді, қарқ болды, мәз болды.* Ұшқыр, сөз жүйріктері бірінің аузынан шыққанды бірі қақпақылдап кейде *қ ы р а н к ү л к і г е б а т ы с ы п* та қалады («Лен. жас»).

БАТЫСТЫҚ с ы н. *Батысқа тән, батыс жақ.* Күн сайынғы түстік асы — бесбармақ болатын. Ол мейлінше шайқор адам-ды. Шайды *б а т ы с т ы қ* қазақтардың салтымен, нәлін кесеге жұғардай ғып үнемі қою ішетін (С. Мұқанов, Есею жыл.). Біздің бір ғана Якутияның өзіндегі алмаздың запасы жер шарының *б а т ы с т ы қ* жарымындағы запасқа тең келеді (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз).

БАТЫСТЫР е т. *Қазанға салынған асты (етті, т. б.) асты-үстіне шығарып аударыстыру.* Ақсақ бала мен Бұзаубақтың келіншегі қайыңнан істеген үлкен қалақ қасықпен еттің көбігін алып, *б а т ы с т ы р ы п,* сорпасын сапырыстырып қояды (С. Сейфуллин, Шығ.).

БАТЫСШЫЛАП ү с т. *Батыс тіліншe, батысша.* Мұның тегінде шет елдік сөз ғой, соны фольклор деп *б а т ы с ш ы л а п* шатқанша, «Халық әдебиеті» деп қазақша неге айта бермейсіздер (Ж. Жұмақанов, Соқпақ.).

БАТЫСШЫЛДАР з а т. *Батыс елдерінің идеологиясын, саясатын жақтаушылар.* Олар, әрине, *б а т ы с ш ы л д а р.* Мен соларға қарсылар жағына шығып алдым да, айтысты мәселелер төңірегінде сайыстым, кеп! Әсіресе, шығысты зерттеу мәселесінде. Бұл жайда, басы — академик Шмидт қып, көбін жеңіп шықтым (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз).

БАУ[1] з а т. 1. *Киімнің, үй мүлкінің т. б. заттың ұшына байлау үшін тағылған ызба, шыжым жіп.* Күләпара бастырған пұшпақ тымақ, Ішкі *б а у ы н* өткізген тесік құлақ (Абай). Түндігімнің төрт *б а у ы* Мақта, шеше, жар-жар-ау! Қызың кетіп барады, Жатқа шеше, жар-жар-ау! (Айтыс). Тұсқа тұтылған, төрге төселген асыл кілемдер мен оюлы текеметтер, *б а у,* басқұр, жібек көрпелер ерекше көз тартады (Ж. Арыстанов, Жалынды.). Нұрмағамбет қайыңнан ұзынша құрық істеп, оның басына *б а у* тақты да, қамбаға құлаған қоянды құрық сап ұстады (С. Мұқанов, Шығ.). 2. Т е х. *Ток өтпеу үшін изоляцияланған электрондық сым.* Әңгімеге Гүлжан ұйып, мән беріп, Телефонның *б а у ы н* босқа болды өріп; Ұйықтамаған көздерін де сүртеді, Кірпіктерін тұрғандай-ақ сол көріп (Х. Ерғалиев, Ауыл қызы). Телеграмма қабылдағыштың *б а у ы н* Үрімшіге жалғап алып, тыңдап отыр. Бірақ оған керек хабар әлі басталған жоқ (Ж. Тілеков, Жоңғар даласы). 3. А у ы с. *Өте жіңішке талшық.* Мұндайда шаштың ұшынан түбіне дейін, жіпке тізілген моншақтай құрт түйіндерін көруге болады. Кейде әлгі құрт түйіндерінің *б а у л а р ы* бір-біріне шырмалады, оларды ажырату қиынға соғады, мұндай жағдайда ауру шаш «іші жаңғаққа толған қап» секілденіп тұрады (О. Бердібаев, Таз — тақиядан.). 4. А у ы с. *Бұғау, құрсау.* Талқан қылып тап жауын, Бырт-бырт үзіп құл *б а у ы н,* Жыртып діннің шырмауын, Морт сындырып құрсауын (Қ. Аманжолов, Шығ.). ◆ **Алқым бау.** *Көйлектің, бешпенттің т. б. киімдердің алқа бауы.* Зейнеш тұқырайған күйі омырауындағы ілгегін,

а л қ ы м б а у ы н ұстап, бар ынтасын соған аударған адам секілденіп, отырды да қойды (Б. Майлин, Шығ.). **Аяқ бау.** а) *Керегенің аяқ жағына тағылатын есілген жіп.* Апарып жаңа жұртқа тікті отауды, Жайнатып өңшең жібек басқұр-бауды. *А я қ б а у,* таңғыш, бас бау — бәрі жібек, Шилері шымқай қызыл шым оралы (Батырлар жыры). ә) *Асыранды қыран құстың аяғына тағылатын жіп, қайыс.* Қаз дыбысынан елең алғандай ителгісі талпынып, тұғырынан жерге қонып, *а я қ б а у ы н* тартқылады (С. Бегалин, Таңд.). **Балақ бау.** а) *Іш киімнің, шалбардың балағын байлап қою үшін тағылған жіп.* Асан қария шалбарын киіп болып, *б а л а қ б а у ы н* байлаған соң, аяғына қалыңдап шұлғауын орады (Ауызекі тіл). ә) *Аңға салатын қыран құстың балағына тағылатын былғары, не қайыс бау.* Аяғында *б а л а қ б а у ы* бар бөгде бүркіт түлкіге қарай бет түзеп, құлдилап келе жатыр (М. Әуезов, Шығ.). **Бас бау.** *Киіз үй бауының ең үлкен жалпақ бауы, басқұр.* Түндігімнің төрт бауы — *Б а с б а у ы м д ы,* жар-жар-ау! Алты жеңгем сұраса, Аласың да, жар-жар-ау! (Айтыс). **Бау арық.** К ө с і б. *Егіс даласына тарайтын ең кішкене арық. Б а у а р ы қ* арқылы егінге су тарайды (Диал. сөздік). **Бау ашты.** *Ауызданды, аң ұстауға үйренді.* Сапарға саяхат қып шықпайынша, Отырып үйде жігіт аршыла ма? «Қырық сал — қыран тұқым» болғанымен *Б а у а ш п а с* баулық көрмей қаршыға да (XX ғ. қаз. ақын.). **Бауы берік болды.** *Тұрақты болды, баянды болды.* Қанша сенің *б а у ы ң б е р і к б о л а т ы н ы н* кім біледі?— деді Бейсембі Есендікке (М. Әуезов, Қараш.). **Бауы берік болсын.** *Жаңа туған жас сәбидің өмір жасы ұзақ болсын, құтты болсын.* Ат ұстарың болды, *б а у ы б е р і к б о л с ы н!* — деді ол (С. Мұқанов, Шығ.). Құрметті мырза! Балаңыздың *б а у ы б е р і к б о л с ы н!* Алайда баланың әкесі сіз болғанымен еңбегі **менікі** еді... («Лен. жас»). *Б о л с ы н* тек шуағының *б а у ы б е р і к,* Қасыңа ұзақ өмір болсын серік (А. **Тоқмағамбетов, Шығ.**). Бау кеспе. а) *Жымын білдірмейтін, әккі ұры.*—Ұры?!— Нағыз *б а у к е с п е л е р*... Ұры болса жұмысшы бола ма?— деді де күлді сылқ-сылқ (Ғ. Мұстафин, Көз көрген).— Ұры, қарақшы! Рахметтің аулындағы белгілі ұры, *б а у к е с п е* Сүлей (С. Ерубаев, Шығ.). Ертең ғана Сәт болыстың мөрін бастырып, *б а у к е с п е* деп абақтыда шірітпесем, әкемнен тумай кетейін!— деді Сәлмен (М. Әуезов, Қараш.). *ә) Тентек, сотқар, бұзық.* Естіген сайын ақылы толып адам болар, түзелер десем, күннен күнге нағыз *б а у к е с п е н і ң* өзі болып барасың ғой (Б. Соқпақбаев, Повесть). **Бауын ұстап болмайды.** *Шын тегін анықтау, белгілеу қиын.* Атанған «тоқсан екі баулы Қыпшақ», *Б о л м а й д ы* біреуінің *б а у ы н ұ с т а п,* Печенек, половец пен хазарлардан Кейбіреуі жібереді әрі нұсқап (Қ. Тоғұзақов, Сібір Омар). **Бие бау.** *Бие байлауға лайықты жайылымы мол, шалғынды, шүйгінді жер, Б и е б а у ы* шалғынға Қондырды патша қосынды, Әскерді көріп сыртынан Әзімбай жаман шошынды (Қамбар батыр). **Жел бау.** *Дауыл, боран соққанда үйді ұшырып кетпес үшін тартып, байлап қоятын жіп.* Шаңырақ тоғынынан салбыратып, кереге басына байлаған тоқыма *ж е л б а у л а р* мен бірнеше уық қадасынан төменірек таққан өрме жібек салма баулардың алтын зерлі шоқтары күлтелене төгілін тұр (Ж. Тілеков, Жоңғар). Әсіресе [киіз үйдің] ішкі жабдықтарын өнер салып тоқиды: уық, басқұр, *ж е л б а у,* аяқ шоқтарын шегіп, бір сәндес өрнекпен тоқиды (Қаз. әдеб.). **Қарғы бау.** а) К ө н е. *Құда тұсу алдында, қалың мал бермей тұрғанда жіберетін сыйлық.* Сол Нұркенің бойжеткен қызын Абайдың баласы Мағауия аламын деп әуелде бір қысырақтың үйірін *қ а р ғ ы б а у ғ а* жіберді (М. Әуезов, Әр жыл.). **Сарыбай құдалықтың *қ а р ғ ы б а у ы* үшін** Қарабайға Айбас дейтін құлын береді (Бұл да). *Қ а р ғ ы б а у* беріп, қызға құда түсіп Қалыңы біткен қызын ұзатысып, Малайлар — қара көсеу мал семіртсе, Жуандар жауырынды жүр батырысып (І. Жансүгіров, Шығ.). *ә) Иттің мойнына тағатын қайыс бау.* Иттің *қ а р ғ ы б а у ы н а н* ұстап тұрған солдат циркшіні иығынан алып өзіне қарай тартып алды (Қ. Исабаев, Ажал құрсауы.). **Қонышы бау.** *Етіктің, шұлықтың қонышын жоғары тартып кигенде ұстайтын бау.* Қазақ қолөнерінде жүннен, киізден, жіптен өндірілетін басты-басты бұйымдарға мыналар жатады: *қ о н ы ш б а у* т. б. (С. Қасиманов, Қаз. қолөнері). **Құлақ бау.** *Доға мен тәртені бекітетін, байластыратын қайыс.* Біреуінің шанасы құлап, біреуінің жетек түбі үзіліп, біреуінің *қ ұ л а қ б а у ы* үзіліп, қамыты сынып, болмаса аты жығылып бейнеттеніп жатқанда, орыстан көлік жалдағандар озып

өте шықты (С. Шарипов, Шығ.). **Сағат бау.** *Сағатқа тағылатын металдан, былғарыдан т. б. жасалған зат.* Қызыл шұғадан тіккен қамзолының қалтасына бір қолын тығып, енді бір қолын мойнынан төс қалтасына шейін салбырап түскен алтын *сағат бауын* сипап, өзі көпке қарап, әлгі сөздерді айтып отыра қалды (С. Шарипов, Шығ.). Халық зергерлері көбінесе түйреуіш, мық, ілгек, *сағат бау*, үзбе, түйме, түйменің сабағы, бұрама, дөңбет, кемер белдік, кісе сияқты адамның өз бойын өсемдейтін заттарды жасады (С. Қасиманов, Қаз. қолөнері). **Сөздің бау кесері.** *Сөздің тоқ етері, түйіні, қорытындысы.* Сол күні жігіттердің Орловпен жете танысып, ендігі іске жоба сызғандағы *сөздің бау кесері* мынау болды: жігіттер бұдан былай бір ауыз болып, Орловтың айтқанын қылады (І. Жансүгіров, Шығ.). **Тамақ бау.** *Қамытты екі жақ ағашын қосып байластыратын жіңішке қайыс.* Аттың сыртты-ғын, *тамақ бауын* қарап болып бұрылып арбаға қайта келді (Б. Майлин, Шығ.). **Терме бау.** *Түрлі-түсті жіптерді тоқып, өрнектеп тоқыған, уықты шалып байлайтын жіп.* Тоғыз қанат шаңқай ақ үй. Түндігінің бұрышына дейін қызыл шұғадан ою бастырып, жалпақтығы жырта қарыс *терме бауларымен* айқыш-ұйқыш шандыған (Ғ. Мұстафин, Қарағанды). Үлкен ақ үйдің *терме бауларын* жыландай шұбартып, барқыт пен жібекке кесте мен оюға, бояу мен сырға орап қойғандай, үйдің ішкі жиһазы қымбат жарқырайды (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). **Тізе бау.** *Шұлықты, байпақты бекіту, ұстату үшін тағылған жіп.* Ағаштың жаңқасы тепкісінің *тізе бауына* шейін сынып кеткен екен, жұлып алып тастады (Ауызекі тіл). **Уық бау.** *Уықты керегеге таңып, байластыратын жіп.* Ертең аулым көшеді, *Уық бауын* шешеді. Қара қойым қашады, Құмалағын шашады (С. Сейфуллин, Шығ.). Осы жер қоныс болмас деп, Көшелік енді деседі. Үй іргесін көтеріп, *Уық бауын шешеді* (Қ. Жапсарбаев, Өлең). **Үзеңгі бау.** *Үзеңгі мен ерді байланыстыратын қайыс.* Әбдіжан *үзеңгі бауын* қысқарта тағып ерлене атына мінді (Көктем лебі). Мұндай әдіс тоқымның *үзеңгі бау* тиетін тұсының тез тозбауын қамтамасыз етеді (Х. Арғынбаев, Қазақ ер-тұрман). **Үзеңгі бауы алты қабат.** *Тым берік, мықты, зор.* Сақина десе Сақина, қашан болсын керіліп, созылып, *үзеңгі бауы алты қабат* боп отырғаны (Ш. Құмарова, Қос шынар). **Шет бау.** *Текемет, сырмақ тәрізді үй жиһаздарының шет жағына тағылатын жіп.* Текеметтің *шет бауын* Оя тұрсын, жар-жар-ау! Той басына ту бие Соя тұрсын жар-жар-ау! (Айтыс).

БАУ[2] з а т. *Жеміс ағаштары, гүл және басқа өсімдіктер егілген бақ. Бау*, бағымыз қандай еді, не еріктен, не алмадан, не алмұрттан түк қалдырмай тонады, — деді Әділов (Ш. Хұсайынов, Таныс адам.). Мектепті *бауға* бөлепсіңдер ғой — деді ол Жақыпбекке миығынан күліп. — Бауға бөлемесек те, болашақ *баудың* алғашқы шығын қададық— деді Жақыпбек (М. Иманжанов, Алғашқы.). Жырлады талай ақын тамсандыра Миуасы мәуелеген бақша, *бауын* (Қ. Жұмалиев, Қырда.). Жайқалады ырғалып, Колхозды ауыл *бауларын*. Жұлдыз болып тұр жанып Аманкелді арманы (С. Мәуленов, Таңд.).

БАУ[3] з а т. *Егіннің, шөптің бір байламы, бір будақ зат.* Аласа кірпіш оттықта шөп жеп тұрған екі-үш ат, көкшіл *бау* шөпті күтір-күтір шайнай түсіп, пысқырып қойысады (М. Әуезов, Абай жолы). Ақөзек жерінен пәлен *бау* байлап, пәлен пұт алатынына шейін қымыз басындағы әңгімешілер кесіп-пішіп өлшеп жатты (М. Әуезов, Қараш.). Еңбектің жүрген ізіндей, Егіннің десте *бауларын*. Ерлердің жарқын жүзіндей Қырманның қызыл таулары (С. Мәуленов, Таңд.). Комбайнның кең көмейіне күріш *бауларын* тобымен тоғытыла бастады (С. Мұқанов, Шығ.). Ұқыптылықтың пайдасын ол жазғы жұмыста көрді. Демек құлдың баласы Тінәлі *бау* тасыды (С. Ерубаев, Шығ.). ◆ **Бау тары.** *Бауда тұрған, әлі бастырылмаған көксағал тары.* Ерте салған егін пісіп, егіншілер *бау тарын* іше бастаған кез. Бай ауылдың малдары әлі тауда, салқын жерде (І. Жансүгіров, Шығ.).

БАУ-БАҚ з а т. с ө й л. *Бау-бақша.* Байытып барған өңірін, Бөлейді балғын *бау-бақ қа*. Жайлаудың жасаң өмірін Таратып тамыр сабаққа (Ғ. Орманов, Таңд.). Асыл байлық Алтай, Алатаудағы, Оңтүстіктің бақшасы мен *бау-бағы*. Миллиард пұт астық берген өлкемнің Сыйғандай боп кеудеме бар аумағы (А. Хангелдин, Қыз жүрегі).

БАУ-БАҚША з а т. *Жеміс-жидек, қауын-қарбыз, әртүрлі гүл, жеміс ағаш егілген жер.* Әдетте өздері мен малдарын қоса жайғастыра жүретін қазақ колхозшы, жұмысшыларының үйлерінде *б а у-б а қ ш а* аз болатыны белгілі десек те, Кентаудағы қазақ жұмысшыларының үй-жайлары көңіл ашар, қалың көкке бөленген (М. Әуезов, Алғы шептегілер). Әр үйдің айналасы *б а у-б а қ ш а.* Онда кейбір жеміс ағаштарымен бірге қияр, пияз, картоп, помидор, шалқан секілді *б а у-б а қ ш а* дақылдары да өсіп тұр (Қаз. әдеб.). Миуалы *б а у-б а қ ш а д а н,* Жұпар самал аңқылдап, Қыз бен жігіт ән салған, Жас дауыстар саңқылдап (Қ. Аманжолов, Шығ.).

БАУ-БАҚШАЛЫ с ы н. *Бау-бақшасы мол, миуаға толы.* Марғұланда *б а у-б а қ ш а л ы* бір жайда жап-жақсы тұрып жатырмыз (М. Әуезов, Абай жолы). Қақыратып қатарын, Жер қыртысын сөккен күн. Түрлі дәнді егісті, *Б а у-б а қ ш а л ы* жемісті, Еңбектің ері еткен күн (Ү. Кәрібаев, Таңд.). Тербетілген толқындай Алтын астық айналам. Қырда қыруар қалың мал, *Б а у-б а қ ш а л ы* сайсалам (Ә. Ахметов, Өленді.).

БАУ-БАСҚҰР з а т. *Киіз үйдің арқанжібі, басқұр, құр сияқты әбзелдері, жіпшуы.* Жиырма шақты уықты шаңыраққа шаншып та отырдық емес пе? Ал, мына үйдің *б а у-б а с қ ұ р ы* жоқ екен деп қайтейік («Лен. жас»).

БАУ-БАУЫМЕН ү с т. *Бауға салып байланған қалпымен, баулаған күйімен.* Қарт *б а у - б а у ы м е н* қамыстарды біраз төмен лақтырып алды да: — Неғып тұрсың,— деп жекіп қалды (Ә. Тарази, Құйрықты.).

БАУДАЙ с ы н. *Бауша, бау тәрізді.* Немигада адамды *Б а у д а й* отап, бауыздап, Сабандай езіп сүйегін, Ұшырды жанын қауыздай (С. Мұқанов, Шыңнан шыңға). Бастығы әліпті таяқ деп білмесе де, абажадай столының үстіндегі сырлы сауытшада түрлі түсті қалам-қарындаштардың сап түзеп, буған *б а у д а й* лық толып тұрғанын өзіне кәдімгідей сән көретін (Ө. Қанахин, Дәмелі). ◆ **Баудай түсті.** *Жаппай қырылды; Мұрттай ұшты, қырады.* Әлия таң алдына дейін жаудың талайын-ақ *б а у д а й т ү с і р д і* (Ж. Жұмақанов, Әлия). Төлеген автоматына екінші каборканы орнатып жатып, — оғым таусылып қалмас па екен? — деп оқты ызалана төгіп жіберді. Немістер *б а у д а й т ү с і п* жатыр (М. Ғабдуллин, Ел намысы). Ашынған ызалы қол жеткенін *б а у д а й т ү с і р і п,* ұтылап қуып, қашқан казак-орыстың тобын сирете берді (Х. Есенжанов, Тар кезең). Баудай қиыш түсті. *Жайратты, қырды.* Иә, соны айтам-ау, қақаған боран ерте туған қозыларды *б а у д а й қ ы ы п т ү с е р* ме екен деп қорқып едім. Әйтеуір бәрі отарға ілесті,— дейді Ақзия (М. Сатыбалдиев, Шопан серігі).

БАУ-ЖІП з а т. *Арқан-жіп, бау-басқұр.* Киіз үйге ерекше ықылас қойып, ақырғы *б а у-ж і б і н е* дейін қарап шығып, өз пікірлерін ортаға салды («Лен. жас»).

БАУЛА[1] е т. *Бау қып байла, бау етіп бу.* Жоңқабай айтады ақыл Сүйеубекке: Ор, *б а у л а,* айда, тасы, талда, епте. Жем байла, жауырын жаз, жанынды ашыт, Қоңырдың қолтық, қоңын толтыр етке (І. Жансүгіров, Шығ.). Орынтай егінді желе жүріп орғанда, мен оның жыпырлатып жіберген дестелерін *б а у л а п* үлгіре алмаушы едім (Ғ. Орманов, Жүрек). Бір есек сатып алып құтыларда, Отынды *б а у л а п* тұрып артқын, — деді. Мал жиып, азаптаның қор болғанша, Базарға отын теңдеп сатқын,— деді (Айтыс).

БАУЛА[2] е т. с е й л. Баулы *(1).* Арамдығын қарашы, қайдағы сотқарды елден тауып әкеліп, енді соны тәрбиелеп, *б а у л а п,* түбінде соны қазақ қызметкерлеріне қарсы шоқпар қылмақшы Медеуді Алексеев, — дейді Азамат (Б. Майлин, Азамат Азаматыч). Социалды армияға Жастың жасын тандайсың, Еңбекте *б а у л а п* өсіресің, Кадрлерді қамдайсың, (С. Ерубаев, Шығ.). Жалғыз өзің қайда барасың? Мына екі іңгді *б а у л а* — деді Шорекең (С. Адамбеков, Қожанасыр.).

БАУЛАН *Баула етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Егін жаппай орылды, Бау *б а у л а н ы п* қойылды. — Енді баудай бөлеміз, Айдар өзі әр кісі (І. Жансүгіров, Шығ.). *Б а у л а н ғ а н* қоғажайды екі басын қайырып белдеуге қыстыра салды (С. Мұқанов, Шығ.).

БАУЛАТ *Баула етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БАУЛАТТЫР *Баулат етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БАУЛАУ *Баула етістігінің қимыл атауы.* Қаз-қатар тұра қалған жұрт егінді *баулауға* қол қойды (С. Мұқанов, Шығ.). Ол кезде тары оратын машина жоқ. Сондықтан да оны қолмен жұлып, *баулау* керек (Қ. Жұмаділов, Көкейкесті).

БАУЛУ *Баулы етістігінің қимыл атауы.* Жастарды өнегелі өмірге *баулудағы* ең негізгі құралымыз — коммунистік тәрбие («Лен. жас»). Табиғатында талантты туған Баймағамбеттің ойсанасын өсіріп, әдебиетке *баулуда* Сейіткерейдің еңбегі көп (С. Мұқанов, Өсу жол.). Түз қырандарын ұстап *баулуға* Сәтжан аса құмар болатын (С. Бегалин, Төлбас.).

БАУЛАТЫНДЫ с ы н. с ө й л. *Тәрбиеленген, үйретілген, бауланған.* *Баулатынды* батыр болады, үйретінді шешен болады, жүре-жүре көсем болады (Диал. сөздік).

БАУЛУШЫ з а т. *Тәрбиелеуші, тәлім-тәрбие беруші.* Қорғамбекті бастап большевиктердің отрядына *баулушы* Рагулин дейтін жігіт еді, О да осы Омардың есігінде батырақ боп, бала күнінен Қорғамбекпен бірге өсіп еді (Б. Майлин, Шығ.). Сол *баулушы,* ақылшы әке қазір өлі ме, тірі ме (Б. Соқпақбаев, Алыс. ауыл.).

БАУЛЫ[1] е т. 1. *Тәрбиелеу, үйрету, білім беру.* Мәпелеп *баулып* бар елдің Тәрбиесін беріп тұр! (Жамбыл). Сүйімбай құр бата беруші ғана емес, жас ақынды *баулып,* үйретуші ұстаз (Е. Ысмайылов, Ақындар). Мәмбет өзін ұсталық ісіне *баулып* жүрген Михайлов қасына келгенде ұстазы алдындағы шәкірт сияқты болады (І. Жансүгіров, Шығ.). 2. *Түз қырандарын қолға ұстап, бабына келтіру, аң ұстауға машықтандыру, үйрету.* Тек әуелі қыранды қолға үйретіп, түлкіге, қоянға тіпті бөлкім, қасқырға түсетін етіп *баулып* алу керек («Лен. жас».).

БАУЛЫ[2] с ы н. 1. *Бау тағылған, бауы бар.* Күрең аттың орта беліне мініп, қодырайып тұрған Кенебай жасауылға Омар шауып келіп *баулы* қайың құрықпен бір салып өтті (І. Жансүгіров, Шығ.). Бергі таудың басында сол дәрі бар, Қырандай ап қайтармыз жібек *баулы!* (Абай). Шынжыр *баулы* құрық ал, Жайылулы жатқан түлпардың Қалағанын мініп ал (Батырлар жыры). 2. А у ы с. К ө н е. *Рулы, аталы.* Әзімбай бірнеше күн етті тойды, Әкеліп төрт түліктен көп мал сойды. Он екі *баулы* халқын тегіс жиып, Алдына дастарқанмен тағам қойды (Қамбар батыр). Он екі ата Байұлы, Жеті *баулы* жеті ру — Бермеске жауға ойланды. Адырнасын атқа алып, Беліне садақ байланды (Ғ. Шөреков, Дастандар). Тоқсан *баулы* ноғайлыдан Бір жан оған ермеді. Бадана көзді берік сауыт, Үстіне баса киеді (Батырлар жыры).

БАУЛЫ[3] с ы н. *Бау-бақшасы мол, мәуелі.* Алмалы, *баулы,* қаламы Өскен жер — ыстық, жан анам, Жауынгер ақын мен балақ Сәлемін саған арнады ел! (Т. Жароков, Шығ.). Алдымда қалың *баулы* орман, Алдымда өмір өткелең! Қол созған сонау арманнан Ақсамаймын деп келем! (Қ. Бұғыбаева, Тұңғыш кітап).

БАУЛЫҚ з а т. 1. *Киім-кешектің, мүлік-жабдықтың бау тағатын жері, тұтқасы.* Бала аунаса бұлқынып, Бөйбіше көзі сүзілді. Белдемшесі жыртылып, *Баулықтары* үзілді (Манас). Ой, Клава, — деп қалың тонның етегін көтере қос чемоданның *бауларына* жармасып, сұлық түсін отыра кетті (К. Тоқаев, Тасқын). Басқұр — керегенің басы мен уықтың *бауларымен* оралып тұрады (С. Қасиманов, Қаз. қолөнері). 2. *Орылған егінді, шөпті баулап байлайтын шиден немесе талдан жасалған байлам, будам.* Ақшал мен баласы бау байлауды да, *баулық* жасауды да білмейді екен, егін шетіне әлгіде әкеп қойған бір арқа жалбызымның қасында қарады да тұрды (Ғ. Орманов, Жүрек). Несі бар оның. Қамысты жерге тіктеп кемесіз де, басын жиып әкеп, *баулықпен* байлай саласыз (Т. Тобағабылов, Тағдыр). Орынтай орағын, мен *бауларымды* алып, ұзын тілік бойында екеуіміз екі жерде күйбеңдеп, жұмысқа тағы да кірісеміз (Ғ. Орманов, Жүрек).

БАУЛЫН *Баулы етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Мұнан талай жыл бұрын Ұранымен Ленинның Москвадан *бауланған* Түлектері елімнің (Жамбыл). Осыдан жазу ісіне *бауланған* Фабиден, 1926 жылы газет бетінде «Малта», «Малай» атанған қысқаша әңгімелерін жариялауға айналды (С. Мұқанов, Өсу жол.).

БАУЛЫНУ *Баулын етістігінің қимыл атауы.* Түсінде ақындыққа *б а у л ы н у,* өлең шығарып жүру жазба ақындардың өмірінде де болған (Е. Ысмайылов, Ақындар).

БАУЛЫС *Баулы етістігінен жасалған ортақ етіс.* Қамалап жалғыз жетімді, Құрбандық қып шалмас па? Бір жыртқышты *б а у л ы с ы п,* Жас лашынға салмас па? (С. Сейфуллин, Шығ.).

БАУРА е т. 1. *Бір істі емін-еркін меңгеру, игеру, толық үйіріп әкету.* Енді жаңа техниканы *б а у р а у* мәселесі тұр. Қазақстан жұмысшы армиясы жасалды (Ғ. Мұстафин, Қарағанды). Қадиша мен Иса Қасымды алғашқы қолына кіргізіп алысымен малды өз малындай, өз мүлкіндей *б а у р а й* бастады (М. Әуезов, Қараш.). Еріксіз алған *б а у р а п* шалдың күйі, Жүрекке жұққан шері, басқан кірі. Жылаған, күңіренген ол, күйін тартқан, Жырлаған дертті жүрек улы милы (І. Жансүгіров, Шығ.). 2. *Өзіне бағындыру, қаратып алу.* Біреуге сый беріп, біреуге серт, уәде беріп, кейбіреулерді салқын ызғар, сәлем хатпен тартып, әйтеуір бір ай шамасында талай руды қайырып, *б а у р а п* апты (М. Әуезов, Таңд.). Дәуреннің қалтқысыз қысқа жауабы бүкіл тұлғасындағы мызғымас сенімі Күлəнданы *б а у р а п* алды (Т. Ахтанов, Қаһарлы күнд.). Қырық Шораға барайын, Тоқтатып алып қалайын, Ынтымаққа көндіріп, Өзіме *б а у р а п* алайын! (Мәнас). 3. *Бауырына тарту, өзіне икемдеу.* Екеуі де мекіреніп емізіп *б а у р а д ы.* Арнаулы үйге қойдық (С. Бегалин, Ана қайраты). Балалы арқар *б а у р а й д ы,* Баласыз арқар маңырайды (Мақал). Осындай ақылды сөзің мен асыл мінезің ғой менің жүрегімді *б а у р а ғ а н!* (Н. Ғабдуллин, Сар. жапырақ). 4. *Баулу, тәрбиелеу.* Дегенмен де, адам заманының саятшысы, неге *б а у р а с а,* соны ілдіреді (Ш. Хұсайынов, Таныс адам.). 5. А у ы с. *Мыжғылау, илештеу.* Шөрегейдің Ербосыны деген жазықсыз сақауды солдаттар киіздей *б а у р а п* тепкілеп, тіл-ауызын қойдырды (І. Жансүгіров, Шығ.).

БАУРАҒЫШТЫҚ с ы н. *Меңгерушілік, өзіне тартарлық, үйіріп әкетерлік.* Босаңсытпай, созбақтамай, ақын осы ойды бипаздан жеткізеді. Ертегінің эмоциялық әсері, *б а у р а ғ ы ш т ы қ* күші мығым («Қаз. әдеб.»).

БАУРАЙ з а т. *Таудың, төбелер мен жота, қыраттардың етегі, бөктері, бауыр жағы.* Деректемелер XVIII ғасырдың 80-ші жылдарында Тарбағатайдың *б а у р а й л а р ы н д а* тұрған қазақтарда егіншіліктің пайда болғанын көрсетеді (ҚазССР тарихы). Таудың бергі *б а у р а й ы н* түгел алған орманның солтүстігінде, жаңағы шатқалдардың қойнауында, бетін қар басқан Бурабай көлі бозарады (М. Иманжанов, Алғашқы.). Қыраттың *б а у р а й ы н а н* қар жамылған Өткенде, жазылды алқап ар жағынан. Ажырап астан-кестең, ойран-топыр Қан төгіс қатты ұрыстың зардабынан (Партия тур. өлең.).

БАУРАРЛЫҚ с ы н. *Баурайғындай, игеріп кетерліктей.* Олар рудник тарихынан шәкірт көңілін *б а у р а р л ы қ* естелік әңгімелер шертіп, оқушы жастардың өз өлкесіне, өз жеріне деген сүйіспеншілігін арттырады (М. Хасенов, Коммунистік тәрбие).

БАУРАТ *Баура етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Түсін бұзып, майда тілмен бастады, «Мәмет — менің жан досым»,— деп жастағы. Өткен жолын өріп айтып өліктің, Болашаққа *б а у р а т ы п* та тастады (Қ. Жармағамбетов, Соңғы түн).

БАУРАУ *Баура етістігінің қимыл атауы.* Енді жаңа техниканы *б а у р а у* мәселесі тұр. Қазақстан жұмысшы армиясы жасалды (Ғ. Мұстафин, Қарағанды). Осы дата, яғни 1961 жылдың 12 апрелі, адамның космосты *б а у р а у* дәуіріндегі бірінші күн болып саналады (Х. Әбішев, Аспан сыры).

БАУРЫ е т. с ө й л. Баура. Қою қара шашын шалқасынан қайырған, онысы самайын, желкесін айқара жауып кеткен, өзі тығыршықтай жұп-жуан, екі бетінен қаны тамған қызғылт өңді, істік мұрын бір жігіт жанына жетіп келді де, көптен таныс адамдай *б а у р ы* жөнелді (М. Иманжанов, Көк белес). Есімде өмірімнің бала шағы, Жас гүлдей жаңа ашылған қауашағы. Құлпырып, қызықты іздеп жүрген кезім, Тұрмыстың ойды *б а у р ы п* болашағы (К. Райбаев, Жаңа толғау).

БАУСАП з а т. *Қармақты байлаған таяқ.* Жағадан балық аулағанда ілмекті суға тастағаннан кейін *б а у с а п т ы* шаншып қояды (К. Күленов, Қазақст. балық.).

БАУСЫЗ с ы н. *Бау тағылмаған, бауы жоқ.* Мә... міне уық! — дейді өзі *б а у с ы з* уықты маңдайшаға сұғып жатып (Д. Әбілев, Арман.).

БАУША ү с т. *Баудай, орған бау сияқты.* — Ух, шіркін, сондай семсерім боп мен де соғысқа барсам, фашистерді тура *б а у ш а* қияр едім,— деп тістенетін Есікбай (С. Мұратбаев, Көкорай).

БАУ-ШАРБАҚ з а т. 1. *Бір үйге тән қора-қопсы, шаруашылық.* 2. *Жеміс бағы және оның төңірегін қоршаған қорған, дуал.* Өзі бір кезде қанша бейнетпен тұрғызылған осы үйді мақтан етуші еді. Өз үйі, өз *б а у-ш а р б а ғ ы.* Енді байқаса бүкіл жас өмірі осы шарбақ ішінде тұйықталып қалғандай (З. Шүкіров, Ізгілік ізі).

БАУ-ШУ з а т. *Киіз үйдің арқан, баужіптері.* Борлатып басқан ақ киізі мен *б а у-ш у ы н а* дейін сол жақта әзірлетіп, алты көк арбамен осы араға бір-ақ түсіріпті (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). Қазақтың халық искусствосында әшекейлі тоқыма үлкен орын алды. Оның өзі басқұр, *б а у-ш у л а р* түрінде киіз үй керектеріне пайдаланылды (Қазақ ССР тарихы). Шаңыраққа ілінген аспалы шам қызылды-жасылды *б а у-ш у ы* бар ақ отау ішіне мол жарығын төгіп тұр («Лен. жас»).

БАУШЫ[1] з а т. *Бау байлаушы.* Байлады екі *б а у ш ы* бұрап-бұрап, Баулаған шөп ішінде бірге кеттім. Көре алмай көл жағасын жылап-жылап (Қ. Жапсарбаев, Өленд.).

БАУШЫ[2] з а т. с ө й л. Бағбан. Қасар мергеннің осы күнге дейін тибет көз *б а у ш ы с ы* Эрен әміршісінің осы мінезіне түсіне алмай таңырқаумен өмірі өтіп барады (Ә. Кекілбаев, Дала.).

БАУЫЗДА е т. 1. *Тамақтың, алқымның астынан пышақпен ору, шалу, қиып түсу.* Іліндірді сағақтан, *Б а у ы з д а д ы* тамақтан. Қарсы алдынан қараса, Адам шыдар ер емес, Қар жаудырды қабақтан (Ер Тарғын). Жігіттер байталды алып ұрып *б а у ы з д а д ы.* Лезде терісі де сыпырылды (С. Мұқанов, Шығ.). Сатан арғынсынып қойға бата қылды. Қойшылар алып ұрып *б а у ы з д а п* союға кірісті (І. Жансүгіров, Шығ.). 2. *Өлтіру, қыру-жою.* Сіз үшін орға итердім қасымды да, *Б а у ы з д а п* келдім, міне, досымды да. Бір сізге, үкіметке қызмет қылған Ұмытар ма екенсіз бір осымды да? (С. Сейфуллин, Өленд.). Жәкеңді өлді деуге ауыз бармас, Сұм ажал көрнеу келіп *б а у ы з д а м а с.* Анадан түскеннен соң жерге шыр деп, Қара жер қайсымызбен ауызданбас (К. Әзірбаев, Шығ.). Көйлекшең жатқан жігіттерді «Алаштың» тұңғыш «батырлары» у-шу қылып, тыпырлатып қойша *б а у ы з д а ғ а н* (С. Сейфуллин, Тар жол.). ◆ Мақтамен бауыздады. *Мақтағансып отырып, астарлы сөзбен мұқатты, кекетті, шенеді. М а қ т а м е н б а у ы з д а д ы ң* күйеу бала,— деп күрсінді Бейсен — дұрыс, дұрыс. Баймағамбет ақылды, біз ақымақ. Сен ақылды, біз ақылсыз (Ғ. Мұстафин, Шығ.). Әйелім шу көтеріп, байбаламға салса, мұндай жасымаған да болар едім. Ақылдылыққа салынып, мені *м а қ т а м е н б а у ы з д а п,* діңкемді құртқаны ғой (М. Иманжанов, Адам тур.).

БАУЫЗДАЛ *Бауызда етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Ол бұдан бұрын тор қасқа ат жаңа *б а у ы з д а л ы п* терісі сыдырылып жатқанда бір келіп сығалап көріп кеткен еді (М. Әуезов, Танд. шығ.). Көргенде *б а у ы з д а л ғ а н* балаларды, Көргенде найзаланған кемпір, шалды Әлсіреп, даусы бітіп байлаудағы Үлпер қыз өлусіреп естен танды (І. Жансүгіров, Шығ.). Қойдан ұстап әкелген қоңыр марқа, қазір *б а у ы з д а л а р ы н* сезбей, үйге кіре томпайып жата қалушы еді ғой (С. Мұқанов, Алып. адым.).

БАУЫЗДАМ з а т. *Қыл мойын, қыл тамақ, бауыздау тұс.* Бес құрықты салдырлатып қаңғып-қаңғып қойды. *Б а у ы з д а м н а н* бір бұрап, өзіме таман тартып қалғанымда ұршықтай айналып алдыма күрс ете түсті (І. Жансүгіров, Шығ.).

БАУЫЗДАС *Бауызда етістігінен жасалған ортақ етіс.* Чжан Цзо-лин жас кезінде емес ірі, Қашқын боп елден шыққан оның бірі. Еңбекші момындарды *б а у ы з д а с қ а н,* Талайы жолдасының әлі тірі (С. Сейфуллин, Шығ.).

БАУЫЗДАТ *Бауызда етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Майасар сары ала өгізді жығып салып *б а у ы з д а т қ а л ы* жатқан жерінде ұсталыпты (А. Хангелдин, Табыс, тағдыр.).

БАУЫЗДАТҚЫЗ *Бауыздат етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БАУЫЗДАУ[1] *Бауызда етістігінің қимыл атауы.* Ағыбай пышақты алып ботаның жанына барды. Бірақ ботаның мөлдіреген көзіне көзі түсіп кетіп еді, ал кәні *бауыздауға* қолы барсайшы (І. Есенберлин, Қаһар). Теміржан әуелден де мал сойған жерге жоламайтын, *бауыздауына* төзе алмайтын (Т. Жармағамбетов, Нәзік бұлттар). Үлкен қояның жұтында көтерем қара атан өлуге айналыпты. Оны *бауыздауға* батылы бармай Жанкелді басында жүресінен отырып кешу алысыпты (С. Талжанов, Қайың қарт.).

БАУЫЗДАУ[2] з а т. *Бауыздам, алқым тұсы.* Сатан жалма-жан түсе қалып, қойдың *бауыздауындағы* ұйыған қанды шөппен сыпырып сүртіп тастап, атқа мінді (І. Жансүгіров, Шығ.). *Бауыздау* жеріңе болайын, Піскен алма сағақтай! Екі көзіңе болайын, Қорықтан жанған шырақтай (Ер Тарғын). ◆ **Бауыздау жау.** *Нағыз жау, қас дұшпан.* — Қайт дейсің, айналайын,— деді Мұқағали. — *Бауыздау жауым* көріне мінді деп, өлейін бе қымыз ішпей. Сен қашан келіп ең (А. Сүлейменов, Бесін). **Бауыздау қан.** *Бауыздағанда ақкан таза қан.* Кішкентай, ескі қаңылтыр легенге тосып алған *бауыздау қанды* жыпжылы қылып босағаға қоя салғанда, ала мойнақ сұр ит ашқарақтанып, асығып легенге бас қойды (С. Сейфуллин, Әңгім.). Аттар тұр, арасында есегі көп, Қан кешкен оларға да кешегі жоқ, *Бауыздау қан* мен сулар қызара аққан, Сойылған малдың тойға есебі жоқ (К. Райбаев, Жаңа толғау). **Бауыздау құда.** *Ең жақын, жан ашыр құда.* — Ие, Кенже біздің құдай қосқан, *бауыздау құдамыз* (С. Бақбергенов, Қайран шешем). Бұл үйде бұрын болмаған Шоқанды, *«бауыздау құдамыз* барда, басқаны қайтеміз» деп, Данияр хажының үйіне түсірді. Ол әрине, құшақ жая қарсы алды (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз).

БАУЫЗДАУЛЫ с ы н. *Сойылған күйінде, бауыздалған қалпында, қырылған күйінде.* Таңертең далаға шықсам, есік алды қып-қызыл қан, кешегі ақ мекиеннің қанаты қайрылып, аппақ жүні ұйпалақтанып, *бауыздаулы* жатыр екен (С. Бақбергенов, Қарға там.). Су татын, жол білетін бір де бір жан жоқ. Мұндайда ақ тұмсық құмырысқаның үймелеген жерінен құдық қазып, екі-үш кезден кейін мұздай мөлдір суға жететін, ошаған бүршігінің қалай қарай жантаюынан терістік пен күнгейді айыратын қазақ жігіттері *бауыздаулы* жатыр (І. Есенберлин, Қаһар).

БАУЫЗДАУЛЫҚ з а т. *Бауыздайтын жер, бауыздау тұс.* Қайрала берген соң жай орындай жалын шашар *бауыздаулық* жерді аңдыған екен (Қ. Оразалин, Көктем).

БАУЫЗДАУШЫ з а т. *Малды соятын кісі, қасапшы.* *Бауыздаушылар* мен тері сыпырушылардың еңбегі дұрыс жолға қойылғанда ғана пункттің жұмысы жақсы нәтиже береді (Қой өсіру анықт.). Мұнда еңбек өнімділігі 2,5 есе артып, қозыны *бауыздаушы,* оның терісін сыпырушы адамдардың саны екі есе азайды (С. Тілеубергенов, Мал шаруаш.).

БАУЫНДАЙ с ы н. *Бау сияқты, бауға ұқсас.* Миуаның өскен *бауындай* Желкілдеп далам албырап, Көремін әсем көркінді, Билейді шаттық еркімді (С. Бегалин, Өлеңд.). Аз өмір қараңғы үйдің шамындайсың, Қуарсаң алма ағаштың бағындайсың. Үзіліп мәуең пісіп жақындауда, Егіннің тасып жүрген *бауындайсың* (Айтыс). ◆ **Тонның ішкі бауындай.** *Өте жақын, тым тату, дос.* Ол өз класына, басқа мұғалімдерге қарағанда, *тонның ішкі бауындай* бір табан жақын тұрады («Лен. жас»). Жақсы сезім мен жұмсақ мінез. Оларға *тонның ішкі бауындай* көрінетіні де осы қылығы (А. Тоқмағамбетов, Әке мен бала).

БАУЫР[1] з а т. **1.** *Адамзат, жан-жануардың ас қорыту, қан тарату қызметтерін атқаратын ішкі мүшесі.* *Бауыр* — адам денесіндегі ең үлкен без. Ол құрсақтың оң жақ үстіңгі бөлігінде жатады. Бауырдың төменгі қалтасында өт қалтасы орналасқан, онда өт жиналады, өт безден жасалып шығады және ас қорытуда үлкен роль атқарады (Адам анатом.). *Бауыр* адам өмірінде зор роль атқарады. Оның клеткалары үлпілдек, өте нәзік келеді (Е. Оразақов, Дәрігер.). Жүрек, өкпе, *бауыр,* бүйрек және басқа органдардың қызметі де өзгереді, олар әйелдің екі қабат кезіндегі жағдайына бейімделеді (Х. Өтегенова, Аборт. зияны). *Бауыр*—шырын, бас тәтті, Ағайынмен ішкен ас тәтті (Мақал). **2.** *Жан-жануардың ар-*

қасына қарама-қарсы алдыңғы, ішкі жағы, төс алды, өкпе тұсы. Баласын *б а у ы р ы н а* қыса түсіп, ер ана да қара түнге сүңгіп кеткендей жоқ болды (Ғ. Мүсірепов, Шығ.). Шамасы он шақырымдай *б а у ы р ы м ы з б е н* жер сызып жылжыдық білем (С. Жүнісов, Өшп. іздер). Жүйткіп жосылған бөкендердің *б а у ы р л а р ы н д а* ши аяқ лақтары да қалыспайды (М. Әуезов, Таңд.). Жайлау бар бұл тауларда шөбі шалғын, Көк майса ойы, қыры бәрі балғын, Қызығын сол жайлаудың көрем десең,— Шөбіне *б а у ы р ы ң* төсеп жатып алғын (Жамбыл). 3. *Таулы, жоталы, дөңді жерлердің сырт жағына қарама-қарсы ой жағы, ық жері, алқымы.* Балабай аулы Сарыадырдың Темірқазық жағына, *б а у ы р ғ а,* көкөзекке қонды. Балабай аулының сенімді, бір кісісіндей болдым (С. Сейфуллин, Тар жол.). Жайлаудағы жақсы қоныс, мол құдықтардың айналасын тоздырған ел *б а у ы р д а ғ ы* күзекке қарай көше бастады (М. Әуезов, Қараш.). Оқжетпес. *Б а у ы р ы н д а* Жұмбақтас. Оң жағында Жеке батыр. Алыстан мұнартқан Көкше көрінеді (Қ. Жұмалиев, Қырдағы күрес). 4. А у ы с. *Өсімдіктің, шөптің түбі.* Күздің жауыны қайта жетіліп, боз көденің *б а у ы р ы н а* қайта қауындап шыққан ұсақ көк те бар (М. Әуезов, Шығ.). 5. А у ы с. *Жүзік, білезік, қамшы сияқты заттардың ішкі жағы, бауырдағы.* Әлде сенің де жауырының қышып тұр ма мынаны көрген соң,— деп, Нұрымға қолындағы жылан *б а у ы р* алты ермені көрсетті (Х. Есенжанов, Тар кезең). 6. А у ы с. *Машина, трактор, комбайн, танк сияқты техникалық құралдардың астыңғы жерге тиер жағы.* Алып машина жалтыраған болат *б а у ы р ы м е н* балқып жүзіп келе жатқандай (З. Иманбаев, Кең аймақ). Алқапты дереу *б а у ы р ы н а,* Жиыра тартып жылжыды алып. Даланың жалпақ сауырында Барады бұйра толқындар қалқып (Ә. Сәрсенбаев, Миллион ізімен). КВ танкі бар екпінімен артына *б а у ы р ы н а н* кесек бұрқыратып, ілгері қарай зымырап барады (Б. Момышұлы, Москва үшін). ◆ **Ат бауырына алды.** *Атпен құып бастырмалатты, ат бауырына алып сабады.* Жұрт өздерінің не үшін шақырылғанын енді ғана сезіп, шет жақтағылар біртіндеп кете бастап еді, қоршап тұрған солдаттар *а т б а у ы р ы н а а л ы п,* топқа қайта құып тықты (Ә. Әбішев, Терең тамыр.). Анада көк жайлауда жер қорып, бір қойшыны *а т б а у ы р ы н а а л а* жүріп сабағалы Еңсебай молданы тым дүниекөр, нашар адам ба деп қалдым (Қ. Шөкенов, Біздің Ілияс). **Аяқ-қолын бауырына алды.** *Аман-есен босанды, сауықты, тыңайып кетті.* Немере сүю үміті жүрегін уылжыта отыра Сырбайдың қорқатыны — аман-сау *а я қ - қ о л ы н б а у ы р ы н а а л с а* (С. Мұқанов, Шығ.). Құрбанның жұбайы Бибішынар босанып, аман-есен *а я қ - қ о л ы н б а у ы р ы н а а л д ы* (Ж. Рсалдин, Ахмет Жұбанов). **Бауырына алмады.** *Қабылдамады, жуытпады.* Еріксіз жан ел баласын. *Б а у ы р ы н а а л м а й* жер жылады. Аза тұтып, айналасын Азынады, жел жылады (А. Жұмағалиев, Өшп. жалын). Басында үйі, бауырында қазаны жоқ. *Өзіне тән, меншікті жайы жоқ, үйсіз-күйсіз.* Бұрынғы замандағы *б а с ы н д а ү й і, б а у ы р ы н д а қ а з а н ы ж о қ* жағдайдан біржола құтылды («Хал. мұғ.»). Ол итке осы елден қыз табылмап па екен, *б а с ы н д а ү й і, б а у ы р ы н д а қ а з а н ы ж о қ* қу бас, байдың қызын алып несі бар (А. Лекеров, Түз гүлі). **Бауыры балқыды.** *Елжіреді, мейірленді.* Сонда ананың қуанғаннан, Кеуіп, тамған көзінен жас, Бала күліп қуанғаннан, *Б а у ы р ы б а л қ ы п* иіген жартас (Т. Жароков, Шығ.). **Бауыр басты.** *Үйренді, дағдыланды; үйір болды, жақын көрді.* Бұл жерге *б а у ы р б а с т ы,* енді кеткісі де келмейтін сияқты. «Ана жақта қарт әжем бар-ау, ол да ұлының қызығын көрсем» дейтін болар («Лен. жас»). Ертеңіне мұғалім құрал-жабдығын арбаға тиеп, «Ақ кеңседегі» интернатқа аттанған. Үш жылдай *б а у ы р б а с ы п,* үйренісіп қалған ұстазымен айрылысу қиын боп еді Үрмәшқа (Ә. Әлішев, Батыр.). Кейін байығаң, кірме ауылдас Әубәкір ру басы Махамбетпенің Сиқымбаймен қырқысып алған жерін, *б а у ы р б а с қ а н* елін меңгеріп барады (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). Бұл әйел байдың соңғы алған тоқалы еді. Бұл тоқал шаруаға *б а у ы р б а с у д а н* гөрі мырзалықты, серілікті, ойын-күлкіні көбірек істейтін (І. Жансүгіров, Шығ.). Олар Жайлыбаевқа *б а у ы р б а с ы п,* үйренісіп кеткені сонша, осы колхозға бұдан басқа біреулердің де председатель бола алуы мүмкін-ау деген ойды әлдеқашан ұмытқан («Лен. жас»). Бауыры бүтін. *Басы аман, аман-сау.* Күлетін көзінде бір нұр

ойнайтын, Көргендер сүймей оны тұра алмайтын. Бас аман, *бауыр бүтін*, бақыттымыз, Қайғысыз өткіземіз уақытты біз (Партия тур. өлең.д.). **Бауыры бітті.** *Бауыры елжіреді, езілді, жаны ашыды.* Әй, қойшы, осыларды, бізге не *бауыры бітіп* бара жатыр дейсің (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). **Бауырына басты.** *а) Құшты, құшақтады.* Жәмила баланы *бауырына басып*, аузына емшек салды да, көрпемен қымтап, оның үнін шығармауға тырысты (Аялы жандар). Исаның бұл сөзіне риза боп, Ыбырай: «Өркенің өссін, талабың мен өнерің ілгерілей берсін» деп, құшақтап *бауырына басты* (С. Мұқанов, Есею жыл.). Бақытжанды *бауырыңа бас* та жата ғой,— деді Тәрбие (С. Мұқанов, Шығ.). *ә) Асырап алды, бақты, тәрбиеледі.* Сыйбаланы *бауырына басқаннан* кейін, баладан қалдым деп жүрген бәйбішенің бойы иіп, емшегінен сүт шығады, сол сүтпен бойына перзент бітіп, ұл туады (С. Мұқанов, Менің мектеп.). Анам мен өмірге келген күннің ертесіне дүние салыпты. Бір шаңырақта бір өзім қалған соң, осы бір қайырымды адам *бауырына басыпты* мені («Лен. жас»). Әкесінен есі кірмей қалған күнде *бауырына басып* балбыратып өсірген анасы Қалампыр есіне түсті (С. Бегалин, Ана қайраты). *б) Меншіктенді, иемденді.* Күләш «кешегі есепке алынбайтын тоқал бұл күнде дүниенің бәрін *бауырына басып* өкетіп барады» — деді апам (М. Әуезов, Қараш.). Кеше емес, бүгін келдім ауылыңа, Аулының көз саламын төуіріне. Ет көрмей ала жаздай жүргендей-ақ Жеп жатыр өзі *басып бауырына* (Айтыс). *в) Алқымдады, қуып жетті.* Жылқы ұршықша иірілді. Шұбар безіп, иірілген жылқыны үш айналды. Төртінші айналуға келгенде, Сатан астындағы аты сыпылдап, қашқан шұбарды *бауырына басты* (І. Жансүгіров, Шығ.). **Бауырын елжіретті.** *Жүйе ғамырын, көңілін, жүйесін босатты.* Ағасының жалынды сөздері інісінің де туыстық сезімін оятты. *Бауырын елжіретіп*, баруға ынтықтырды (Мың бір түн). **Бауырына кірді.** *а) Іш жақтан алды.* Қажымұқан Мартыновтың *бауырына кіріп*, сіресіп қалған екен, Сатанның жанында отырған бір сақалды орыс: «Дави! Дави его! Дави!» деп өңменден отыра алмады (І. Жансүгіров, Шығ.). Еңбектеп келген Бақыт мамалап *бауырына кірді* (Б. Майлин, Шығ.). *ә) Қорғалады, паналады.* Биік бел көріп, панам бол деп *бауырыңызға кіргенде* — жеткізген жеріңіз осы болса сізге де рахмет (Ш.Хұсайынов, Таныс адам.). **Бауырына қысты.** *Өзіне тартып, төсіне басты, құшақтады.* Әбдірахманды тағы да құшақтап, бір қолымен *бауырына қысып*, ұзақ ұстап отырды (М. Әуезов, Абай жолы). Сен білген екенсің. Алыстан көріп-ақ түйғыным,— деп қызын мәндайынан сүйіп, *бауырына қысты* (Ғ. Мұстафин, Миллионер). **Бауырынан жарады.** *Ат бабына келіп, жаратылды.* Ғажап көркем Шымкенттен келген қара ат, Сүмбідей *бауырынан* алған *жарап* (С. Керімбеков, Еңбек ата). Ақмоншақ *бауырынан жарап* қатып қалған, жүзіктің көзінен өткендей (С. Талжанов, Ұлдай кегі). **Бауырына салды.** *а) Асырап алды.* Бәйбіше мені кішкене күнімнен *бауырына салады* да, кімнен туғанымды жұрттан естігенше, содан туған боп жүре берем (С. Мұқанов, Мәлдір махабб.). Айқыз *бауырына салып* алған жетім қыз Әсия да бертінде қайтыс болыпты (Қ. Исабаев, Адал жандар). *ә) Малдың төлін алдына апару, емізу.* Менің тоқал құнажының түнде бұзаулаған екен. Бұзауын *бауырына салсам* алмайды (Сауыншы шамшырақ). **Бауыр** ет. а) *Көкірек қуысындағы бауыр орналасқан аймақтағы көк ет.* Төменгі қабырғалы деп аталатын мұндай төсіл мыналардан тұрады, ауа өкпеге еніп, ол өкпені және төменгі қабырғаларды *бауыр етке* қарай қысады және оларды қозғайды (Хормен. жұмыс.). Су бермей, нәр татырмай неше сөтке, Шөлдеп өкпе жабысып *бауыр етке*. Екі көзден ерік-сіз жасың заулап, Тас ұлтанмен соққанда екі бетке (С. Мұқанов, Алып. адым.). *ә) Тым аялы, өте жақын, қымбатты.* Бала — ананың *бауыр еті* ғой, отқа да, суға да сүйреп салады екен (Ғ. Мүсірепов, Шығ.). Қалқам, Қанатжан, бұл хат саған жете ме, жоқ па, сенімім шамалы, *бауыр етім*. Өйткені мұны тапсырған жігіт те менімен бірге соғысқа кіріп барады (М. Дүзенов, Ақ өже). Бауыр етің салды. *Жан-тәнің аямады, жаның салды.* Әй, сорлы өке-ай, бала десе *бауыр етіңді саласың-ау!* — деді Мінайдар (Б. Майлин, Шығ.). **Бауыр жазды.** а) *Еркіндеп көсіле шапты, жүрісін үдетті.* Енді көк биенің *бауырын жазып*

көсілте зымыратты (С. Сейфуллин, Әңгім.). Осы сәттен бастап құла аттың *бауыры жазылып* жұлдыздай ағып, суырылып алға шыға берді (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). Бірақ керқасқа думансыз жерде жалқау жүретін дағдысына салып, *бауырын жазып* мандытып шаба алмады (Б. Шалабаев, Өмірде.). ә) *Емін-еркін сөйледі, шабыттана қимылдады.* Өлеңнің кенін қазайын, *Бауырымды жазайын* Жүйрік емен болдырған (Жамбыл). Талай жерге барғанмын, Жау көргенде көсіліп, *Бауырымды жазғанмын* (Батырлар жыры). Долы дауыл өстіп бар білгенін істеп, кең-байтақ қазақ өлкесінде ғана *бауырын жазып,* емін-еркін шеру тартып алмақ, — дейді (Ө. Қанахин, Дәмелі). б) *Азат болды, еркіндікке жетті.* Бір кезде құлшылықта жүрген кедей, Бұл күнде азат болды, *бауырын жазып* (Халық ақындары). в) *Есейді, өсті.* Кеше ғана балапандай *бауырын жазып,* қанатын қомдап қатарға қосылған осы бір жас түлек, бүгінгі күні баршамыздың мақтанышымыз болып отыр (Сауыншы шамшырақ.). **Бауыр жіп.** *Түйе жабуының бауыр бауы* (С. Қасиманов, Қазақ қолөнері). **Бауыр киіз [қолқа].** *Түйенің арқанының төске келетін жеріне киізіп қоятын жең сияқты киіз* (С. Қасиманов, Қаз. қолөнері). **Бауырымен жорғалаушылар.** *Кесірткелер, жыландар, тасбақалар және крокодилдер отряды. Бауырымен жорғалаушылар* мен құстардың ми сыңарлары едәуір күшті дамыған (Адам анатом.). **Бауырына тартты.** а) *Өзіне жақындатты, құшақтады.* Мен құшақтай алып, *бауырыма тартып* едім, Сәулеш іркілген жоқ, жып-жылы болып жабыса кетті (Ғ. Мүсірепов, Шық.). Күлді ұстазы, ақ сары адам, Жирен мұртын қырау шалған. *Бауырына тартып* өз ұлындай, Абыржыма,— деді—балам! (Ә. Сәрсенбаев, Таңд.). ә) *Іш тартты, өзіне жақындатып өзімсінді. Бауырына тартқан,* Сырыңды айтқан, Сырласың сырт айналар (Абай). Екіншi бір ұнамды пиғылың кісіні *бауырыңа тартып,* сөйлейді екенсің — деді Гончаровқа (Ж. Мұзапаров, Қаби қарт). **Бауыры тартылған.** *Іші, бүйірі әдеттегіден жиңішкеріп тартыңқы келген, солған, жарағаң.* Ошақтай бар жауыры *Тартылып қалған бауыры* Жал-құйрықтан дымы жоқ, Шұбар дөнен жолықты (Алпамыс). Саны күпшіктей, қысқа бақай, құйма тұяқ, *бауыры тартыңқы,* төсі сала құлаш жануардың сірә белі де күдіс болса керек, бірақ былғары көпшікті, қалың қос айылды әскери ер оны көрсетпей тұр (Ғ. Сыланов, Домбыра.) **Бауырын төседі.** *Аунап-қунады, жатты.* Көкпеңбек жердің жүзі шалғын болып, Адамзат рақаттанып *бауырын төсер* (Ы. Алтынсарин, Таңд.). **Бауыры суық қара жер.** *Рақымсыз, қатыгез ажал.* Әбішті жерлерде жұрт: «Аманат», «аманат» десіпті. Бұл сөзде қимаған жүрек те бар. *Бауыры суық қара жерден* әлдебір рақым тілеген дәрменсіз өтініш те бар сияқты естілді (М. Әуезов, Таңд. шық.). *Қара жер бауыры суық* айырған соң, Өлімге кеткен емес ешкім көнбей. Бар еді не бастасым, не жолдасым, Белгілі жол асатын құба дөңдей (Қазақ ақынд. шық.). **Ер-тоқымын бауырына алды.** *Тулады; тас-талқан боп ашуланды, быт-шыт болды.* Бұл сөз уәзірлердің құлағына жетіп, олар *ер-тоқымдарын бауырларына алып тулап* жатса керек («Қаз, әдеб.»). **Ері бауырына түсті.** *Ері ауып кетті.* Торы ала аяқ (ат) негізінде жуас болатын, әйтсе де *ер бауырына түсе* бергенде қарғи жөнелді (Ғ. Сыланов, Әңгім.). **Жат бауыр.** *Бөтен, бөгде адам.* Адал ниетті адамдардың атын естігенмен, өзін көрмей, мінезін білмей *жат бауыр* тартасың («Қаз. әдеб.»). Осындай салқындықтың салдарынан жұмысшы-жастар мектебіндегі ұстаздар мен шәкірттер біріне-бірі *жат бауыр* болған («Қазақст. мұғалімі»). **Жат бауыр боп кетті.** *Жатырқап, бөтен адам болу, туыстықтан кету. «Жат бауыр боп кетті»* деген сөз осындайда айтыла ма екен? Осы ойлар сонда мені қатты ойландырып еді («Лен. жас»). **Ерін бауырына алды.** *Бұлқан-талқан болып ашуланды.* Бұл үшін *еріңді бауырыңа алып* туламай-ақ қой (Б. Соқпақбаев, Алыстағы ауылда). **Жер бауырлады.** а) *Еңбектеді, жорғалады.* Жаңа түскен ұлпа қар ен далада жыланша иреленіп, *жер бауырлай* тіміскілеп кезіп жүр (С. Жүнісов, Жапанда). «Қылмысты», «күдікті» деген тұтқындарды тыр жалаңаш шешіндіріп, келтек, мылтықтың дүмімен ұрып, осы тордың астынан *жер бауырлата* еңбектетіп алай бір, былай бір өткізді (Қ. Қайсенов, Жау тылында). ә) *Қайғыру, мұңаю.* Сен есіме түскенде беу қарағым, Тұра алмаймын

орнымнан *жер бауырлап* (Халық өлең.д.). **Жылан бауыр [трактор].** *Шынжыр дөңгелекті (трактор, танк).* Таң біліне трактормға Бір қарындас отырды. *Жылан бауыр,* сүйегі ауыр Алып «НАТИ» жосылды (Халық әндері). **Жылан бауыр қамшы.** *Өрімінің сырт жағы қырлы, асты жалпақтау келген алты не бес өрмелі қамшы.* Әлде сенің де жауырның қышып тұр ма мынаны көрген соң,— деп, Нұрымға қолындағы *жылан бауыр* алты өрмені көрсетті (Х. Есенжанов, Тар кезең). **Көк бауыр.** *Сол жақ бүйірдің жоғары бұрышында жататын талақ.* Ақ түйіршіктер бөліну арқылы көбейеді, оның бөлінуі *көк бауырда,* лимфа түйіндерінде және сүйек майында жүреді (Адам анатом.). Жеті жұз шегесі сол шегелеген, Үш жұз тамыр сусындар *көк бауырдан.* **Жұмбақтың несі қалды мен шешпеген (Айтыс). Қазаны бауырыңа төгілгір.** *Оңбағыр, қарғыс атқыр.* Құлназаровтың отарларға тықтырып қойған жүз шамалы қойы бар деп, *қазаны бауырыңа төгілгір,* біреулер домалақ қағаз жүргізіпті үстінен («Лен. жас»). **Қаз бауыр бұлт.** *Шаңқан ақ бұлт.* Күздің салқын түні. Ай жапжарық. *Қаз бауыр бұлттар* баяу жылжып барады («Лен. жас»). *Қаз бауыр* ақша *бұлттар* сирек қана үлбіреп баяу ғана жылжиды (Көктем лебі).

БАУЫР[2] з а т. 1. *Бірге туған қандас, ағайындас адамдар.* Ұлтуған азар кетті, жылай-жылай, Қаңғырып, өттік пе деп елге сыймай. *Бауыры* бірге туған шыдата ма, Егілді Бектас боздап о да қоймай (И. Байзақов, Ақбепе). Туысқан бір анадан *бауырымдай,* Ол мені күле қағып жауырынға, Тілімен мұғалімнің түсіндірген Алдағы істің жеңіл, ауырын да (Партия тур. өлең.д.). 2. *Жасы кіші іні, қарындас, үлкен аға.* Рақымы түсті басына, Көзден аққан жасына. Құ *бауырды* қия алмай, Қайрылып келді қасына (Қыз Жібек). Мамам қайда? — деген сұрауына әйелі: — Балқаштағы *бауыры* келген еді, сол ертіп кетті,— деп жауап берген (Қ. Жұмаділов, Қаздар). 3. *Жамағайын, туысқан.* О. туғаным, алыстағы *бауырым,* Жарық қалам, жайлаудағы ауылым. Айтыңдаршы, естеріңде бармын ба, Әлде ұмыт боп белгісізде қалдым ба (Ә. Тәжібаев, Жартас). Ағайын, *бауыр,* туысқан, Азғана топпен біз қалдық. Арамыз азып суысқан, Абыройыңды сенің қызғандық (Ғ. Қайырбеков, Большевик). Біздің өнер саласындағы достарымыз осындай. Біздің халықтарымыз да ежелден туыс, *бауыр* («Лен. жас»). ◆ **Бауыр тартты [тұтты].** *Туыс санады, жақын көрді.* Соның [Бөжейдің] жан күйері сен болып, *бауыр тартып,* бауырың езіліп жүр ме осы, немене? — деді (М. Әуезов, Абай жолы). Туысқаным, жақыным, Саған айтқан ақылым, *Бауыр тартып* мен сені (І. Жансүгіров, Шығ.). Елден келгеннің бәрін *бауыр тұтады.* Мақтаншақтау. Байлығы көбең семірген жылқыдай ғана. Сарыбала осы ағайынның үйінде жатыр (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). **Ет бауыр.** *Ең жақын туыс, ет жақын ағайын.* Екеуін де *ет бауыр,* емшектесімсің, бір қызды қалай қақ жар дейсің маған? (Ғ. Мүсірепов, Шығ.). Содан кейінгі құрметті менен күт...— деп қиылған Қарымбай сөзіне құдайдай сенген аңғал жігіт өзінің ең жақын деген *ет бауыр* жолдасын ертіп ап түнгі жорыққа аттанды (А. Байтанаев, Қайнар бұлақ). **Қара бауыр.** а) *Қара кеуде құс, бұлдырық.* Шұрылдап ұшатын *қара бауыр* бұлдырық та келді (М. Әуезов, Таңд. шығ.). ә) *Қатігез, тас бауыр.* «Шұғылдың мына ақ жағалы, қара қалпақты ақсүйек баласы, қызық үшін, Қайыпқожа кедейдің баласын қалай атар екен деп келді ме екен! Уа, құдайдан безген қайырымсыз жандар! Адамды адам өлтіріп, оның қалай өлтірілгенін тамашалап қарайтын *қара бауыр* қасқырлар». (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). **Тас бауыр.** *Қатігез, рақымсыз, мейірімсіз.* Менің жүрегім дір етті. Жас баласы бар әйелді үйіне кіргізбеген бұл өңірдің адамдары неткен *тас бауыр* («Лен. жас»). Бірақ, қалай арашалағаныңмен де, бетіңе айтайын, балаң адал емес, *тас бауыр* екен («Қаз. әдеб.»).

БАУЫРДАЙ[1] с ы н. *Бауыр сияқты.* Аңыз жерді аударып көк соқа *бауырдай* кесіп барады. Көп ұзамай-ақ көк сиыр бұралақтап соқаны жүргізбеді (І. Жансүгіров, Әңгім.). Даланың бір жағы от, бір жағы мұз, Қарыған алдың жалын, арқасын сыз. *Бауырдай* бөлініп-бөлініп отқа салған, Қазақтың жай емес ед болуы үш жүз (Жамбыл). *Бауырдай* бұйра тіліп, қара жерді, Тамырын құрып сталь кесе білді. Еңбектің шын өнімді жемісі егін, Гүлденед көркейтетін еңбек-

ші елді (И. Байзақов, Шығ.). ◆ **Бауырдай қатты.** *Қатты ұйықтады.* Мәруа атасының үйіне келген түні жолсоқты боп шаршағасын, *бауырдай қатып* ұйқыға шомып еді (Р. Әутәліпов, Той тарқарда). *Бауырдай қатып* қалған екем, таң да атты, мен де көзімді ашып алдым. Жүрегім күндегідей жұлқынбай, баппен соғады, барлық денем жеп-жеңіл, көңілім сергек, көкірегімді бір нұрлы сезім жылытқандай (А. Көшімов, Екі бүркіт).

БАУЫРДАЙ[2] с ы н. *Бірге туған кісідей, туыстай.* Аз күндер бірге болсақ та, туған *бауырдай* болып едің, мына қорлыққа шыдап отырасың ба? (Ж. Саин, Жол үстінде). *Бауырдай* інім — ағалы, Достықпен тұтасқан қадамы. Бәрі шат, бәрі еркін адамы, Отанның мақтаны — бұл ырыс (С. Машақов, Жыл.) Тіл тиегі шешіліп, Қиыннан қиысып келтірдік. Бұрынғы жат ел дос болып, Бір *бауырдай* бекіндік (Ақын. жырлары).

БАУЫРДАҚ з а т. *Ершікке, ер-тұрман әбзелдеріне тағатын айыл.* *Бауырдақ*— жегетін аттың ершігіне тағатын айыл (Диал. сөздік).

БАУЫРДАҚТЫ с ы н. *Бауырдақ салынған.* Жылқының сұлу болар күректісі, Сұлудың қасқаяды күрек тісі. Қамшыны *бауырдақты* екі бүктеп, Жігіттің үйге кірер жүректісі (Айтыс).

БАУЫРҚҰРТ[1] з а т. *Ұзындығы 1—2 см. көлденеңі 1 см. түрі жапырақша келген, қой, ешкі, сиырларда болатын құрт және құрт ауруы, дерт.* Фасциолез (қойдың бауырқұрты) *бауырқұртымен* әсіресе көктемде, күзде, қыста ауырады (Ш. Халықов, Қой аур. сақт.). Сарғыш құрттардың ұзындығы 1—2 сантиметрге дейін, түрі жапырақша болып келеді. Бұларға қой, ешкі, сиырдың *бауырқұрттары* жатады (Ә. Әбішев, Шопан серігі).

БАУЫРҚҰРТ[2] з а т. *Жетісу аймағында өсетін ағаштардың бір түрі.* Шырғанақ, сеңке, терек, сөгет, емен, Үйеңкі, шырғай, балғын тораңғылар, Сарыағаш, қойқарақат, жиде, шетен, Тобылғы, түйеқұйрық, *бауырқұрттар*; Қараған, бозқараған, шеңгел, шілік Сықылды ағаштардың талайы бар (І. Жансүгіров, Шығ.).

БАУЫРЛА е т. 1. *Етпетінен жерге жатып, бауырымен жылжу.* Қазақта «құмырсқа да қырық шақырым жерге бара алады» деген бір теңеу бар. Сонысы рас екен. Тар қуыста *бауырлай* жылжумен біз Ботпай аталатын қуысқа да жеттік-ау! (С. Мұқанов, Шығ.). Біз төселген көк шөптің үстіне *бауырлап* жаттық (Қ. Әбдікадыров, Әңгім.). Құйындай ұйтқып үйіріліп, *Бауырлай* жылжып, жиырылып, Ысқырып улы жыландай, Іргелі Отан еліме, Қордалы кенді жеріме, Жау ұмтылды жаландай (Н. Баймұратов, Ер Төлеген). Енді бір қайран жаныңды, *Бауырлап* алға жылжисың. Түзетіп алып шамыңды Құлшына сүзіп, сүңгісің (Ғ. Қайырбеков, Өлең.). 2. *Құстың жерге жақындап, төменден ұшуы, малдың қапталына дейін су я қарда тұруы.* Лашын жерге жақындап барып *бауырлай* ұшқанда, аққан жұлдыздан кем зымырамайды (С. Мұқанов, Шығ.). 3. *Атты бауырдан қамшылау, осып жіберу.* Рүстем қолды даттап ызаланды, *Бауырлап* көк бурылды осып қалды. Жете алса жон асырмай килігуге Көш өткен өткелге әкеп қолды салды (І. Жансүгіров, Шығ.). Сәлім атын *бауырлап* қамшы басты, Ұмтыла кеп жауына араласты (Қ. Жұмалиев, Қырдағы күрес). Сөйтіп, қашық бара жатқан штабқа қарсы аттарын *бауырлап* үш адам шауып келеді (С. Шарипов, Шығ.). Ашуланып Қараман Тұлпарды ұрды сауырлап, Жетпедің деп шұбарға Ұра берді *бауырлап* (Алпамыс). Тап сол кезде тау басында шоғырланған топ-топ қара көзге шалынды да қашқан казак-орыстар *бауырлай* қамшылаған аттарын онан да қатты бауырлай түсті (Х. Есенжанов, Тар кезең.). 4. *Тауды, дөңді бөктерлей жүру, етегімен өту.* Таң қалықтамай бұл айырықтан кетесің. Таңды Меркеде атырасың. Оң жағында бір ала тау тағы шөгіп жатады. Бұл қырғыздың атақты — Алатауы. Осы тауды *бауырлап* тағы шүүшүуге саласың (І. Жансүгіров, Шығ.). Оң жақтағы орман шетінен тағы бір қара жол дөңді *бауырлай* барып биікке қарай жосылып жатыр (Б. Момышұлы, Ол күнд.). Жағалап жан *бауырлай* Бестөбені, Ызғындай қызыл-жасыл көш келеді (Н. Ахметбеков, Өлең.). Батыр жоқ Қожекедей айқайлаған, Бай қайда байғұстарды малша айдаған. Колхоздың құтты қоныс, әсем тауы, *Бауырлап* трактордар, жер жайнаған (І. Жансүгіров, Шығ.). ◆ **Жер бауырлады.** а) *Етпетінен жатты, жер құшты. Өз*

үйінде *жер бауырлап* жылап, Айғыз жатыр екен. Қарабас мұның қолынан Көмшатты алып, шарт киіндіріп, үлкен үйге апарыпты (М. Әуезов, Абай жолы). Жылдағысын жылда... құла құлын қайда? Тағы да құрттыңдар! — деп наразылығын дүңк еткізіп білдірді де, теріс қарап *жер бауырлап* жата кетті. Екі иығы бүлкілдеп кеткен-ді (Ғ. Сыланов, Асау арна). *Жер бауырлап* жығылды, Табаны бір тайғанда (Қ. Аманжолов, Шығ.). ә) *Сүйретілу, ілгері еңбектеп жылжу. Жер бауырлап* жылжып келеміз. Ракеталар мен оқтар түннің қара шымылдығына қызылды-жасыл тізбек кестелер салып жиілене түседі — дейді Зейін (Ә. Сәрсенбаев, Офицер.). Ансар бұғып, бірде еңбектеп, *Бауырлайды* бірде *жерді*. Жараланған жауынгердің Талайына жәрдем берді (С. Бегалин, Өленд.).

БАУЫРЛАП-БАУЫРЛАП үст. *Қамшылап-қамшылап*. Ол атын *бауырлап-бауырлап* жіберіп, жол үстінде жайбарақат кетіп бара жатқан үш жолаушының сол жағындағы бұжыр бет жігітке қамшысын үйіріп төніп келді (Т. Дәуренбеков, Біз. кездес.).

БАУЫРЛАС[1] сын. 1. *Бірге туған, туыстас.* «Бұл не деген сөзі» деп, Ренжіме ауырлап. Сақтандырып, айтамын Ағалықпен *бауырлас* (С. Сейфуллин, Өленд.). Күш берген, атақ берген, әлпештеген, Туысқан өздеріңсің *бауырласым* (С. Мұқанов, Шығ.). Құлақ сал, Балмағамбет *бауырласым*, Бұл күнде мұндай күйге түсті басым. Қара жер алдында алса арманым жоқ, Өзіңнің ұзақ болсын өмір жасың (Ш. Иманбаева, Өленд.). 2. *Арманы, ой-тілегі бір, достар, туған (ел).* Жер жүзіндегі еңбекші, Мұңы бірге *бауырлас;* Ерікті күнді көрмекші, Езушіге бәрі қас (Б. Майлин, Шығ.). *Бауырлас* бір кісінің баласындай, СССР — ел жасадың анасындай; Ұлына өгейі жоқ, бәрі бірдей — Бірге өскен жемісті алма ағашындай (Жамбыл). Қанымыз бірге *бауырлас*, Украина қойныңды аш. Хуторларың ауылдас, Құшағымыз айрылмас (С. Мәуленов, Таңд.). 3. Ауыс. *Мөлшерлес, шамалас, шендес.* Қарқыныңды суытпа, Айналым аз! — деді Имаш.— Сапасын да ұмытпа! — Сапа мен саны *бауырлас* (Ж. Молдағалиев, Шығ.).

БАУЫРЛАС[2] ет. 1. *Туыстасу, жақын болу, достасу.* Орыс, қазақ халқы *бауырласқан* сайын. сенің шоқтығың өсе түседі (М. Ақынжанов, Ыбырай). Патшаның агенті Баймағамбет досынан айрылған Шерниязға қылышты желкесіне тақап өзін мақтатады. Сонда Шернияз: Кеше Исатай өзіңмен *бауырластық*, Өлтірдің Кіші жүзде асыл тасты,— деп өзіне қарсы айтқан (Айтыс). Құдай қалаған дос болып, туыстай жақындасып, *бауырластық* кеттік. Бір-бірімізден жамандық көрген жеріміз жоқ (Б. Тілегенов, Аққайнар). 2. Ауыс. *Бір-бірімен ұласу, жалғасу.* Шөл дала, құлазыған шоқы, Бірімен-бірі жатыр *бауырласып* (А. Тоқмағамбетов, Таңд.).

БАУЫРЛАСТЫҚ зат. *Туыстастық, жақындық, достық.* Қазақ халқының ұлы орыс халқына, барша туысқан халықтарға деген адал достық, *бауырластың* махаббатына титтей де нұқсан келтіре алмайды (С. Сейітов, Жыл.). Құрыш, суалып қалсын мұндай *бауырластық*. Қатынеке, толғамың аз, өз кінәңды мойындағың келмейді. Сен тентек Тілеубаймен байырғы дәстүр бойынша айтысып көрші, соның өзінде сен жеңілесің (Ә. Көшімов, Лашын.). Интернационалдық қарым-қатынас арқасында совет халықтарының туыстығы мен *бауырластығы* төтенше күшейді (Қазіргі қаз. тілі).

БАУЫРЛАСТЫРУ ет. *Бауырластыр етістігінің қимыл атауы.* Қазақ театрында өзбек пьесалары, өзбек сахнасында қазақ шығармалары қойылуы — халықтарымызды бір-біріне *бауырластырудың* тамаша тәсілі болмақ (Ғ. Мүсірепов, Суреткер парызы).

БАУЫРЛАТ ет. 1. *Бауырла етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Ол атының басын кері бұрып, *бауырлата* қамшы ұрды (Ж. Молдағалиев, Торғай толғауы). *Бауырлатып,* басқа-көзге ұрып, төндіріп келгенімен, ағысқа басқарма мен Бәкеннің аттары жоламай тұр (Бұл да). 2. *Төмендете, жермен бауырлай.* Қараменді асығатын емес. Үшіншісін көтеріле берген құсқа *бауырлата* жіберді (Ж. Молдағалиев, Сарыарқа). 3. Ауыс. *Жорғалату, өрмелету.* Мен де сол қолдың саусақтарына билік беріп, *бауырлатып* байқап едім-ай, жоқ, әлгідей нәзік дыбыс қайда! Лағып бара жатқан бір құладын,— деді Дайрабай (Ғ. Сыланов, Домбыра.).

БАУЫРЛЫ 1. *Бауыры көп, туыстары бар.* Көп елді аралаған едім, бірақ бұлардай *б а у ы р л ы* адамдарды көрген емен (Ауызекі тіл). 2. *Б і л е з і к, ж ү з і к, қамшы, шоқпар сықылды заттардың ішкі жалпақ жағы, алақаны, астыңғы жағы.* Қос білезік. Мұндай білезік жалпақ *б а у ы р л ы* тұтас келеді де, үстіңгі беті қатарласқан қос жұмыр болады (С. Қасиманов, Қаз. қолөнері). Қорғасын *б а у ы р л ы* тобылғы қамшысымен дәл басынан тартып-тартып жіберді. Мә, саған! Мә, саған! Тіл тигізетін сабазсың ғой (І. Есенберлин, Қаһар).

БАУЫРЛЫҚ с ы н. *Туысқандық, туғандық, достық.* Менің *б а у ы р л ы қ* қуанышымды алдынан ала барыңдар! (М. Әуезов, Шығ.). Көбінесе қалаға келіп, бұзылған жігіттерде *б а у ы р л ы қ*, жолдастық деген мейірім болмайды: арақ үшін, ақша үшін қасындағы жолдасын сатады. Сатан ел ішінде жүргенде қалаға кеткен жігіттерді, қаланың тұрмысын осыдан бөтен деп ұғынған емес (І. Жансүгіров, Шығ.). ◆ **Жез бауырлақ.** *Жезбен безеген өрме қамшының алқымы, алақаны.* Бір қамшым бар қолымда, *Ж е з б а у ы р л а қ,* жар-жар-ау! Ілікпедім өсекке, Сөзді ауырлап, жар-жар-ау! (Айтыс).

БАУЫРМАЛ с ы н. 1. *Басқаны жатсынбай өзіне бауыр санайтын, туысқаншыл, ағайыншыл.* [Мағауия] Ерекше адамгершілік тазалығы бар, өте *б а у ы р м а л* және кең мінезді, әділеті мен ары зор, ерекше қасиет иесі адам болады (М. Әуезов, Әр жыл.). Қойшы еркін. Ортақшыл, орысқа *б а у ы р м а л.* Қасындағы орыс, жаңқияр досы. Ол да қойшы, ол да өзіне қожа. Осы екі қойшының одақтасып бағып жүрген қойы алдындағы (І. Жансүгіров, Әңгім.). Андрей де балықшыларды көрсе үйіріле кететін *б а у ы р м а л.* Қазір де ол жайраңдап күліп кеп балықшылардың мұздай қолын бір-бір қысты (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). 2. *Тату-тәтті, ынтымақшыл.* Күн өткен сайын Смайылова *б а у ы р м а л* коллективке де үйренді, ісі де ілгерілей берді («Лен. жас»). Бірақ қапелімде аузыңа түсе қоймайтын *б а у ы р м а л* сөздер тауып, амандасқанына қарағанда, бұрынғы ақ жарқын мінезі қалпында сияқты (Ғ. Мүсірепов, Белдерде). [Әлімнің] Кішілеу аузының лебізі және үлкен дөңгелек көкшілдеу көзінің достық жылы нұры Әжібай шалға қазіргі сәтте бір түрлі сенімді шыншыл, *б а у ы р м а л* ұн болып аңғарылды (М. Әуезов, Өскен өркен).

БАУЫРМАЛДЫ с ы н. с ө й л. *Бауырмал, туысшыл.* Қазақтың *б а у ы р м а л д ы* баласының Аймалап ақ төсінен анасының, Суйгенін ант үстінде көрсең еді, Топырағын Украина даласының (М. Әлімбаев, Менің Қазақст.).

БАУЫРМАЛДЫҚ з а т. 1. *Ағайыншылдық, туысқаншылдық.* Қазақтың *б а у ы р м а л д ы қ* салтынша, кейде бір еңбек адамын сағалап туысқандары бос отырады (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). Шіркін-ай, маған берсе бар билікті, Тәртіпке келтірер ем барлық жұртты, *Б а у ы р м а л д ы қ* туғызып адамзатқа, Жояр ем бұл әлемнен бұзықтықты (С. Мұқанов, Шыңнан шыңға). Непес тойы не бір жақсы ойлардың, бүкіл Одақ ұлттарының *б а у ы р м а л д ы ғ ы* мен дос-қардош құшақтары қауышқан мейірлес, мерейлестік салтанаты еді («Қаз. әдеб.»). 2. А у ы с. *Кішіпейілділік, жан ашырлық, ілтипаттық.* Қай хатты алып қарамаңыз, адамға деген *б а у ы р м а л д ы қ,* жанашырлықты, ізгі ниеттің нышанын көресің («Лен. жас»). Шахтер деген халық шетінен жайдары келеді екен де, оған ерекше *б а у ы р м а л д ы ғ ы* жарасып тұрады екен (Бұл да). Осы жеңгейдің Сәтке мұншама *б а у ы р м а л д ы ғ ы н* түсіну тіпті қиын-ақ (М. Сәрсекеев, Жетіжылдық).

БАУЫРМАЛДЫЛЫҚ з а т. с ө й л. Бауырмалдық. Егер біреу менен — «өз халқының айрықша жақсы қасиеттерін атаушы» — дейтін болса, мен онда ойланбастан-ақ сөзді *б а у ы р м а л д ы л ы қ т а н* бастар едім («Қаз. әдеб.»).

БАУЫРМАЛСЫ е т. *Ағайын болғансу, туысқансу, жан ашыр болғансу.* О, хажы, сенің жалған *б а у ы р м а л с ы ғ а н ы ң н ы ң* өзі маған өтіп барады,— деді Досбол (М. Ақынжанов, Ыбырай).

БАУЫРМАЛШЫЛ с ы н. *Туысшыл, бауырлас, достас.* Бір мақсат, бір тілекте болғандықтан да адамдар *б а у ы р м а л ш ы л* ғой. Штурман, Совет Одағының Батыры Ирина Серова, т. б. достарыммен үзбей хат жазысып тұрамын дейді Хиуаз («Лен. жас»).

БАУЫРМАЛШЫЛДЫҚ з а т. *Туысқаншылдық, жұртты бауырына тарта білініп, жақын көрушілік.* Бұл ағаның сөйле-

ген сөзінен, адамға деген *б а у ы р м а л ш ы л д ы ғ ы н а н,* қарапайымдығынан, жүріс-тұрысынан одан кеменгер адамның белгісі байқалатын («Халық мұғ.»).

БАУЫРМАЛШЫЛЫҚ з а т. с ө й л. *Бауырмалшылдық.* Қапашты бастық ыстық *б а у ы р м а л ш ы л ы қ п е н* арқасынан қағып қойды («Лен. жас»).

БАУЫРМҮК з а т. б и о л. *Тянь-Шань ормандарында өсетін мүк, содан жасалған, бауырды емдейтін дәрі.* Онымен бір жездерде адамның бауырын емдеген, сондықтан мұны *б а у ы р м ү к* [печемочник] деп атап кеткен (Б. Муханов, Қазақст. өсімдік.).

БАУЫРСАҚ[1] з а т. *Ескен немесе қалыңдау етіп жайған қамырдан бірөңкей домалақ, яки төрт бұрышты етіп кесіп, майға пісірген нан; тағам.* Астау-астау *б а у ы р с а қ* пісіріп, қой үйтіп, құрт езділіп, астарын да ықшамдады (М. Әуезов, Шығ.). Домалатып асықтай *Б а у ы р с а қ т ы* былғайды, Күлтай сөзін Күнікей Іс үстінде тыңдайды (Б. Майлин, Шығ.). Қызыл кәрден шыны аяқтарды сылдыратып жасап, қымызға илеген, жаңа пісірген ақ *б а у ы р с а қ т ы* дастарханға төкті (С. Сейфуллин, Тар жол.). ◆ **Аспаннан [көктен] бауырсақ жауу.** *Ойламаған жерден, кенеттен жақсылық болу.* Осы маңдағы селоларға быт-шыт болып тарап кеткен басқа коммунарлар да *а с п а н н а н б а у ы р с а қ ж а у у ы н* күтіп отырған жоқ, әркім қолынан келгенімен айналысты (Октябрь өрендері). **Бауырсақ мұрын.** *Домалақ мұрын.* Мейрамның көзі токарь станогіне түсті. *Б а у ы р с а қ м ұ р ы н* бала жігіт темірді таспаша сыдырып тұр (Ғ. Мұстафин, Қарағанды). Мақсатсыз жүгіруімізге ертеңмен төртінші күн,— деді *б а у ы р с а қ м ұ р ы н* (Қ. Исабаев, Ажал құрсауы.). **Бауырсақ шашты.** *Баланы бесікке салғанда, жас келін түсіргенде, қуанышты сезімді және тілектестікті білдіретін шашу.*

БАУЫРСАҚ[2] с ы н. *Бауырмал, туысқаншыл.* Өз шешең — *б а у ы р с а қ,* өгей шешең — сарымсақ (М. Әлімбаев, 666 мақал).

БАУЫРСАҚТАЙ с ы н. 1. *Бауырсақ тәрізді, бауырсаққа ұқсас.* Даланың дастарқанына, *Б а у ы р с а қ т а й* төгілген. Күн шымылдық ашқанда Жел гулейді егінмен (С. Мәуленов, Жаз ерке). Ол аумаған Жұбай: бойы әлі күнге келіден екі-ақ елі биік, беті де шешесінің бетіндей дөңдөңгелек және күйіп піскен *б а у ы р с а қ т а й,* қып-қызыл (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). Іңір оттауы қанбаған жануарлар шашуға шашқан *б а у ы р с а қ т а й* бытырап жерге жабысып жатыр екен (Б. Шалабаев, Өмірде). 2. А у ы с. *Толық, семіз, ірі.* Бір үйде бәйбішелер *б а у ы р с а қ т а й,* Ауызы еттен, майдан дамыл таппай; Сүртініп сорпа терін жеңіменен, Ұзын күн істеп отыр қарның қаптай (І. Жансүгіров, Өленд.).

БАУЫРСЫРА е т. *Бауырын сағыну, туысқансырау.* Наталья алғашқы кезде інісіне *б а у ы р с ы р а п* көріскенмен, артынан Дәметкенді ренжітіп алармын дейді де, оншалық құрақ ұша қоймайды (С. Мұқанов, Шығ.). Алыста жүргенде *б а у ы р с ы р а п* кісінесетін туыстар, енді мұнда кеп, ауыл-үй қонғанда тістесе бастады (С. Мұқанов, Өмір мектебі).

БАУЫРША ү с т. *Бауырға ұқсас.* Асыл тісті көк соқалар жер қыртысын *б а у ы р ш а* тіліп, таспадай сыдырды (С. Бегалин, Таңд.).

БАУЫРЫМ з а т. 1. *Өлген адамға айтылатын жоқтау сөз.* Жұрт кісі өлгенде: *«Б а у ы р ы м,* бауырым» — деп жылайды (М. Әуезов, Таңд. шығ.). Ас берген үйге бірден *б а у ы р ы м-а й, б а у ы р ы м-а й* деп шапқан бойымызбен келіп түстік (Айқап). *Б а у ы р ы м,* бауырым! Ойбай, аулым! Елім, жұртым,— дауысымды естідің бе? (С. Сейфуллин, Өленд.). 2. *Қаратпа мағынада айтылатын сөз.* Нияз, *б а у ы р ы м,* мына өлеңің нашар екен,— деп ауыр үкімді айта салатын (Т. Ахтанов, Боран). Тым жеңіл айтып отырсың, *б а у ы р ы м,*— деді сабырлы сөйлеп.— Мәселе тек жұмыс істеп, жан бағуда ғана тұр ма екен? (Қ. Жұмаділов, Қаздар). Жоқ, жоқ *б а у ы р ы м,*— деп интендант ылғалды көзі жаутаңдап мүләйімси күлген болды (Ә. Сәрсенбаев, Офицер.).

БАУЫРЫМДА е т. 1. *Жақын адамын жоқтау, азалап жылау.* Ол өлкеге Бөжейді жоқтап, ертеңді-кеш, күндіз-түні *«б а у ы р ы м д а п»* аңыраған, андыздап, ат қойып, ағылып кеп, төгіліп түсіп, жылласып жатқан әйел-еркек, жас-кәрінің ұшы-қиыры жоқ (М. Әуезов, Шығ.). Мұны көрген ел аттарынан түсе-ақ: «ой *б а у ы р ы м д а п»* өкірісті (А. Машанов, Жер асты). Жауыздар, емес маған қаза қайғы,

Жанымды жалғыз-ақ ой мазалайды. Жат елде, жау қолында жазым болсам, Мені кім *«б а у ы р ы м д а п»* — азалайды (Б. Адамбаев, Ақбөбек). Ұшы қиыры жоқ жыласқан, ой *б а у ы р ы м д а ғ а н,* жер бауырлап өкіріп жатқан қатын-бала, кемпір-шал не сан! (С. Шарипов, Шығ.). 2. *Туған-туысын, ағайынын, жанкүйер жақынын азап-қорлық көргенде, қиналғанда жәрдемге шақыру.* Атынан төңкеріліп түсті Кешіл, Ой түсті, тез қаш деген қой да ашуды. Кешілді құшақтаған, *б а у ы р ы м д а ғ а н,* Біреуі қайырып жүр малды ұрлаған (Д. Еркінбеков, Шығ.). Жас бала, кемпір-шалды бордай басып, Аттарын ентелете борбайласып. Айдалған мал-мүлік пен жас әйелдер, *«Б а у ы р ы м д а п»* шуласады ойбайласып (С. Сейфуллин, Өленд.). // *Таңданғанда немесе кенет қуанғанда, көңіл-күйді білдіру.* Енді мен «Бульбаши» мұның фамилиясы деп ұғып, ой, *б а у ы р ы м д а п* бас салдым (З. Шашкин, Теміртау).

БАУЫРЫМДАС *Бауырымда етістігінен жасалған ортақ етіс.* Бәрі шулап жүгірді *«б а у ы р ы м д а с ы п»,* Кезек-кезек көрісті құшақтасып. Қойдай маңырап, қозыдай шулап бәрі, Амандасып отырды мауқын басып (Батырлар жыры). Шуласып, *«б а у ы р ы м д а с ы п»* жаралы жұмысшыны қоршап алды (Ғ. Мұстафин, Қарағанды).

БАУЫРЫМДАТ *Бауырымда етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Тау мен тас жоқтағандай Керғұла атты, Бар бұлақ көлге суын *б а у ы р ы м д а т т ы* (І. Жансүгіров, Өленд.).

БАУЫРЫМДАУШЫ з а т. *Өлген адамды жоқтаушы, қазалы ауылға бауырымдап ат қоюшы.* Қайтадан у-шу көтерілді. Сырттан да «Ой, *б а у ы р ы м д а у ш ы л а р»* келе бастады (С. Адамбеков, Атылған қыз).

БАУЫРЫНДА ү с т. *Қолында, қарауында.* Алтынайдың қайратына таң қалғандай рет бар: ағасының *б а у ы р ы н д а* көп тұрған да жоқ, ағыл-тегіл жылаған да жоқ, тез серпіліп аулының амандығын сұрағыштап кетті (Ғ. Сыланов, Асау арна).

БАҢ о д. 1. *Таңырқау, таңдануда айтылатын көңіл-күйі одағай.* Мәмет. [Жақыпқа] *Б а һ!* Зілқараның сөзі де сол. (Ғ. Мұстафин, Жиырма бес). 2. *Қатты шыққан дыбыс, үн.* Талмай қарап тұрған біздің төбе тұсымызға келгенде ол [бүркіт] қанаттарын қомдап алып, алдағы сонау қара қырқаларға қарай шүйіле жөнелді. Сонда тыныҚ ауа шуылдап қоя берді. *Б а һ, б а һ!* Атқан оқтай зулады,— деп жаңа ғана алқам-салқам болып тұрған Ерметай еңсесін ол да көтеріп алды (Ә. Кешімов, Қарт аңшы).

БАҢАДУР з а т. т а р. к і т а б. *Батыр сөзінің көне тұлғасы.* «Баланың түсі сары, қара көзі — Рас болса бұрынғының айтқан сөзі: Қайтпайтын қара тастан қасқыр жүрек, Болады *б а һ а д у р д і ң* нағыз өзі» (Т. Ізтілеуов, Рүстем.). Ұзамай *б а һ а д у р* Балуан шолақ есімді Нұрмағамбет Баймырза ұғлина біз үйсіннің яхшыларынан дұғаһи сәлем (Жетісудағы Балуанның ағайындары) (С. Мұқанов, Шығ.). Жұпар қыз менің жайым білді ме екен, Сынауға білмегенсіп жүрді ме екен. «Осы бір асқан дана *б а һ а д у р»* деп, Сұлу жар жүрегіне түйді ме екен (Н. Ахметбеков, Аманкелді).

БАҢАР и р. з а т. к і т а б. 1. *Көктем.* Қанатпен құсты ұшырған, Құдіретіне қарашы. Жаңбырын жүктеп *б а һ а р д ы ң,* Суға толған сабасы (Үш ғасыр). 2. А у ы с. *Қымбатты, қадірлі.* Мысырдың жетіп келді шаһарына, Елінің хабар қылды *б а һ а р ы н а.* Көп әскер ел шетіне орнады деп, Мұсылман шыдамады қаһарына (Батырлар жыры). 3. А у ы с. *Жанар, нұр.* Көш сәулетін қараса, Асфаһанның жұпары, Стамболдың гауһары, Тамаша қылған адамның Тояды көзінің *б а һ а р ы* (Қыз Жібек).

БАҢАРЛЫ с ы н. к і т а б. 1. *Жайлы, шуақты, нұрлы.* Қазақстан байтақ ел Қаһарлы қыстан құтылып, *Б а һ а р л ы* күнге кенелді (Пернедегі терме.). 2. *Өнегелі, үлгілі.* Еңбек қылсаң — ерге қыл, Бал төкпе шіркей, шыбынға! Мағұрұр болмай жастыққа, *Б а һ а р л ы* сөзден пайда қыл (XX ғ. қаз. ақын.).

БАШАЙ з а т. с ө й л. *Башпай.* Аяғын етік қажап, етігінің жұлығынан үлкен *б а ш а й ы* шығып тұр. Қойнында қол басындай қатқан наны бар (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). Қаратаз төрде, ақ бөлінкей киреуеттe жатыр екен. Балтыры шелектей аяғын киреуеттің басына асқан. Бүкіл сырағы мен *б а ш а й л а р ы н ы ң* сырт жоны ұйысқан қара шуда (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). Әдетте үсік алдымен адамның құлақ, мұрын, *б а ш а й л а р ы* мен

саусақтарын шалады (Е. Оразақов, Дәрігер.). ◆ **Башайдан тарты.** *Етектен алды, балақтан алды, кедергі жасады.* Бала ғой деп жүруші едім, бақсам, сен де *б а ш а й д а н т а р т у ғ а* жарап қапсың ғой,— деді Көлен Еламанға (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). **Башайды шақты.** *Ақтарып-төңкеріп қарады.*— Мен қайдан білем? — Білесің. Жасырма!— Айналайын, сенбесең ішімді жарып, *б а ш а й ы м д ы ш а ғ ы п* қара! (Ғ. Мұстафин, Көз көрген).

БАШАЙЛА е т. *Тәптіштеу, бажайлау; Егжей-тегжейіне жете айту.* Не бұл?— деп сұрады Тоқмолда. Николай Трофимович *б а ш а й л а п* айтып, түсіндіре бастады (Б. Соқпақбаев, Жекпе-жек).

БАШАЙЛАТ *Башайла етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БАШАҚ[1] с ы н. ж е р г. *Кішкентай, нашар, әлсіз.* Мынауың бір *б а ш а қ* нәрсе ғой (Диал. сөздік). Кілең *б а ш а қ* қозы бағамын (Бұл да).

БАШАҚ[2] з а т. *Қауынның, қарбыздың ұрығы, дәні.* Қарбыздың *б а ш а ғ ы н* ішінен шығарып, таза етін жеу керек (Диал. сөздік).

БАШАЛШЫҚ з а т. с ө й л. *Бақалшы.* Түкке ыңғайы келмейді, солдат ноғай, қашқын ноғай, *«б а ш а л ш ы қ»* ноғай деп (Абай).

БАШЛЫҚ з а т. к ө н е. *Ертеде үстіге жамылатын жауын-шашынға киетін сұлық.* Киізден паналдырық деп аталатын *б а ш л ы қ* немесе жамылғы тігілетін болған (ҚазССР тар.). Үстінде жасыл төстікті ұзын ақ жібек қамзол, мойнында жасыл *б а ш л ы қ*, иығында ойыншық мылтық, сол жағында қылыш, төсінде кішкене дүрбі (Ә. Сәрсенбаев, Толқында.).

БАШМАҚ з а т. *Үй ішінде киетін өкшесіз жеңіл аяқ киім.* [Жұмамешітте] түйе терісінен тігілген тағы сол Мұхаммедтің *б а ш м а ғ ы* да бар (М. Әуезов, **Индия очерк.**). **Етік, кебіс, мәсіден басқа** ботинка, *б а ш м а қ* (тапочка), сандал, былғарымен жұлықтаған киіз етіктер жасалады (С. Қасиманов, Қаз. қолөнері).

БАШПАЙ з а т. *Аяқтың бақайы, башайлары.* Аяқтың басында, *б а ш п а й д ы ң* арасында, табанда болатын эпидермофитияны қоздырушы Кауфман вольф эпидермофитоны (О. Бердібаев, Таз — таңқиядан.). Қолдың саусақтары мен аяқтың *б а ш п а й л а р ы н д а* тырнақтар бар (Адам анатом.). Түні бойы кескен аяғы сырқырап, жоқ *б а ш п а й л а р ы н а* дейін сезініп, қиналып шықты (З. Шашкин, Теміртау).

БАШПАЙЛА е т. *Тәптіштеп, егжей-тегжейіне жету.* Менің өмірімді *б а ш п а й л а п* сұрап, менің миымды ашытпаңдар,— деді Дәуқара (О. Сәрсенбаев, Жалғыз күрке).

БАШПАҚ з а т. с ө й л. **Башмақ.** Мақсұт бұрынғы киімін сонда қалдырып, жаңадан аяғына *б а ш п а қ*, денесіне көйлек, дамбал, үстіне шапан сияқты ұзын киім кигізді (Б. Шалабаев, Өмірде.).

БАЩА-КЕЩЕЛЕП о д. с ө й л. *Ежіктеп; егжей-тегжейлеп.* Әйтсе де зердені кісі ме дедім. Онымен көп сөйлестік. Мәнжайды *б а щ а - к е щ е л е п* қалдырмай сұрады (М. Жұмағұлов, Қыран қазасы).

БАЦИЛЛА з а т. *Микроскоп арқылы ғана көрінетін өте майда, талшық тәрізді бактерия, ұсақ организм.* Мұндай спора түзетін таяқшалар — бацилла туысына жатады (Н. Шоқанов, Топырақ.). Ал туберкулез қоздырғышының тарау дәрежесі денесінен *б а ц и л л а* бөліп шығаратын малдың санына байланысты (Малды туберк. сақта.).

БАЯ[1] з а т. с ө й л. *Пая.* Тоғайдағы тікенді шіліктердің, шилердің, аңыз *б а я л а р ы н ы ң* арасымен қояндай орғып, бөгеліссіз замғаймыз (Б. Соқпақбаев, Балалық шақ.). Қозыдай қауын, қарбыз кегендегі, Тай-тұяқ алма күміс төбендегі. Қой жайғыш *б а я* қуып Тақыс шалдың Ұстады қойын, тонын шегелдегі (І. Жансүгіров, Шығ.).

БАЯ[2] с ы н. **1.** *Бақырауық, баяпар, беймаза.* Енді Нұрабектің үйін айналдырайық,— деді Сарыбала. Ол кәдімгі жарық Нұрабек, сақау Нұрабек атанған бишара, *б а я* шал (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). **2. Ж е р г.** *Жаңадан өсіп келе жатқан, жас өскен, аласа, бәкене.* **Кәдірдің** үлкен баласы Сонбайдың үйінің сыртында екі жүз қадамдай жерде көлемі ауыл қотанындай біркелкі *б а я* қарағанның жиегінде дөңгеленіп төрт-бес кісі отыр еді (С. Сейфуллин, Әңгім.).

БАЯБАН и р. з а т. *Құлазыған шөлдала, жапан түз.* Мұны сезген Жамбыл батыр үлкен сапарға аттанады. Аққұс деген

атымен құлан жортпас құла дүз — Дәуқараның *баябан* шөлін басып кеп, Сырдан су апарады (С. Әлжіков, Дала қырандары). Пейіштен адам сәпи шыққаннан соң, Жылаған *баябанда* неше мүддет. Адамды Хауанадан айырған соң, Қашпақ болған еді ол пәлекет (Айтыс). Деді олар— осыны, ана, асырайық, Келсе де біреу ізден жасырайық. Кеткенде өзің ұшып *баябанға*, Иініне біз отырып асылайық (Т. Ізтілеуов, Рүстем.).

БАЯҒЫ сын. 1. *Бұрынғы, ертедегі, атам заманғы, ежелгі.* Ел *баяғы* ел емес, Жаңа қоғам, жаңа адам, Ел өзгерген сияқты (Жансүгіров, Шығ.). Сайлаушы жаңа көрінді. Бір атты тертеге, бір атты оның алдына көсем жегіпті... Доғасына қоңырау байласа, *баяғының* көпесі, не төресінен айырғысыз (Ғ. Мұстафин, Дауыл.). Мәмбет аға,— деді *баяғы* европаша киінген үлкен кезді сұлу қара торы қыз. Шаһзаданы Батырбек те көрген жоқ еді. Мұндай қыз кездесерін Ораз да білген жоқ (Х. Есенжанов, Тар кезең). *Баяғымен* салыстырғанда қазақ әйелі тамықтан жұмаққа кіргендей болды (С. Мұқанов, Шығ.). Жүрген сайын ілгері басқың келеді, *баяғы* Есіл өзені, баяғы адырлар (С. Шарипов, Шығ.). 2. *Өткендегі, бұрынғы уақыттағы. Баяғы* он алтыншы жылғыдай атаман жүндей түтсін дейсің бе? (З. Шашкин, Тоқаш Бокин). 3. *Әлгі, кәдімгі.* Бізге мәлім *баяғы* Тұрардың баласы Сейтек, менің әңгімеме осылай кірді (С. Ерубаев, Менің құрдастарым). Мыканино деревнясына баратын жолмен он жеті жауынгер жүріп келеді. Олардың алдында *баяғы* өзіміз білетін лейтенант Петр Угрюмов (Б. Момышұлы, Москва.). Күндерде бір күн базарда *баяғы* ақыл сатушыны тауып, ордасына алып келіп, бас уәзір етеді (Қаз. ертегі.). Қолында талдан таяғы, Кемпірдің ұлы *баяғы* Жетіп келді жүгіріп... (Алпамыс). 4. *Әдеттегі, қалыптағы, әйтеуір.* «Ер Нарым?.. Көзі неге бұлдырайды? Масқара! Жасын төгіп бұл жылайды. Қалайша қайран шеше бұған төзіп. *Баяғы* бір орыннан жылжымайды (Х. Ерғалиев, Құрманғазы). Бір көкірек әйтеуір, Басылмай жүрген *баяғы* (Ғ. Мүсірепов, Шығ.). Бүгін демалыс! Асығыс жоқ,— деп жатырмыз *баяғы* (С. Төлешев, Түрлі. бас.). Өзіміздің лейтенанттың қамы ғой *баяғы* (К. Тоқаев, Тасқын).

БАЯҒЫ-БАЯҒЫ үст. 1. *Ерте-ертеде, ескі заманда. Баяғы-баяғы* заманда Елден асқан ер бопты. Деп бастар едің әманда Келгендей шарлап жер, көкті (М. Әлімбаев, Таңд. өлең.).

БАЯҒЫДА үст. 1. *Ертеде, ерте кезде, бұрынғы уақытта.* Қазақтың еңбекшіл табы байлардан *баяғыда* бір қорқып қалғандықтан ылғи ол байлардан бұға берсе, еш уақытта онан соң теңдік, бостандық ала алмағаны, көп уақытқа шейін көздері ашылмағаны (С. Сейфуллин, Шығ.). *Баяғыда* Қасымның аталары құлданып әкеліпті — деген өсек бар (Б. Майлин, Шығ.). *Баяғыда* «Мұқан правитель» деген бопты деуші еді, соның нәсілі емес пе бұл? (С. Мұқанов, Өмір мектебі). 2. *Әлдеқашан, атам заманда.* От басында Қозыкем өзі сұмды, Шоқ теректі барды да мекен қылды. Мұндай сарсаң етерін білер болсам, *Баяғыда-ақ* қырмас па едім мұндар құлды (Қозы Көрпеш.). Шыдамай өлеңімнің таяғына, Жеңіліп ең Байбурыл *баяғыда*. Оспан, Мақыш сенің де есінде ме? Жем түсіп, ақсағаның аяғына (Жамбыл). *Баяғыда* Жаппасбай атына аталған екен деп, ол ауылдан қашудың жөні жоқ, ауыл бір жерде отырған жиын ауыл, оның үстіне кеңсеге лайықты үйлер де жеткілікті (Б. Майлин, Шығ.).

БАЯҒЫДАҒЫ сын. *Ерте кездегі, ежелгі.* Өмірбайды көріп Жамбы тағы егілсін. Ал Өмірбай *баяғыдағы* нәпнәзік, ақ селеудей үлпілдеген жаудыр көз сұлу тәтесі мен кексе тартқан мынау келісті ақ бәйбішенің екеуінің қайсысы Жамбы екенін біле алмай аңырып қалды да, бас салды (Ш. Құмарова, Қос шынар).

БАЯҒЫДАҒЫДАЙ сын. *Бұрынғыша, бұрынғы кездегідей, ертедегідей, ежелгідегідей.* Шаршаңқырап келіп өдік. Мұнысы жақсы болды. Ертеңіне *баяғыдағыдай* көгала кілем төсеп, ашық ауада жаттығу жасадық («Лен. жас»).

БАЯҒЫДАЙ сын. 1. *Бұрынғыдай, өткен уақыттай, өткендегідей.* Мыналардың *баяғыдай* елді билеп-төстеп жүруі дұрыс емес. Осылар қуылмай кедейге теңдік тимейді. Кедейге теңдік тимесе, ел ішінде әлі бостандық болмағаны (І. Жансүгіров, (Шығ.). *Баяғыдай* сенделіп жүрген жалшы жоқ. Ірілі-ұсақты осы үйде бірсыпыра мал бар. Кім бағады (Ғ. Мұстафин, Миллионер). 2. *Әдеттегідей, үйренген қалыпша.* Шымырдың ажар-көркі

баяғыдай. Рас, есейген (Е. Қалиев, Рудный оттары). *Баяғыдай* Айша қыз жүрттың көз алдында шаруасын істеп жүр. Шаруасы баяғы — көрік басу (С. Шарипов, Шығ.).

БАЯҒЫДАН үст. *Ерте кезден, бұрыннан, ежелден, атам заманнан.* Кәрі күн келе жатқан *баяғыдан,* Жазбастағы жылжып шықты аяңынан. Өртеніп қара жерді қарғағандай, Шашырап жалын шықты жан-жағынан (І. Жансүгіров, Шығ.). Қазақ баласы *баяғыдан* бері соғысқа бармай жүргенде де бітіргені шамалы, қайта, соғысқа барса, жол көріп ысылады (Б. Майлин, Шығ.). Бұл *баяғыдан* келе жатқан салт (Ғ. Сыланов, Очерк). Міне, туысқан, *баяғыдан* осылай ету керек еді ғой,— деді, Қайырбаев та разы болып (Ә. Нұршайықов, Тың астығы).

БАЯҒЫСЫНДАЙ сын. *Әдеттегісіндей, бұрынғысындай.* Жау хабарына құлағы қанып, қамданып келе жатқан Құсайын *баяғысындай* қос ауызды оқтап Сатанға беріп, өзі алты атарын қолына ұстады (І. Жансүгіров, Шығ.).

БАЯҒЫСЫНША үст. *Бұрынғы қалпынша, әдеттегісінше.* Бірақ археологтар үшін бұл аудан *баяғысынша* зерттелмеген күйінде қала берді («Лен. жас»). Зинахмет пәтері *баяғысынша* жарқырап тұр. Жұпыны тұрмысы да бойдақ адамға лайық (Ж. Молдағалиев, Сарыарқа). Кезауыз бен Шығырдың сулары да бәз *баяғысынша* мол, терең. Биыл жазғытұрым мықтап тасыған-ды (З. Қабдолов, Жалын).

БАЯҒЫША үст. *Бұрынғыша, ескіше, әдеттегіше.* Тоқжанның шолпысы, қара мақпал қамзолы да *баяғыша* (М. Әуезов, Шығ.). Оның [қонақтың] ұғымында қазақтар, әсіресе, шопандар қауымы *баяғыша* көшіп жүретін, аңғал-саңғал үйлерде тұратын, жабайылау өмір сүретін боп көрінетін («Қаз. әдеб.»).

БАЯЗ: баяз таппады. Сөйл. Байыз таппады. Бір жерде *баяз тауып* тұра алмайтындай. Жанар жүрегі өзінде жоқ, Алматыға оқуға аттанып бара жатқан қуаныштан алып ұшады (Н. Сералиев, Қаңтар).

БАЯЗДА ет. сөйл. Байызда. Бірден *баяздай* алмай, есік жақта шашылып жатқан құрал-жабдықтарын жинастырып шаң басқан ағаш жәшікке салды (А. Лекеров, Түз гүлі).

БАЯЗДАТ *Баязда етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Оны үйге *баяздатпай* тауға алып шығып, сарылтып отырғызатын да осы ойлар болатын (А. Лекеров, Түз гүлі).

БАЯЛДАТ ет. сөйл. *Баяулат.* Даша Рахметке бір қарап күлді де, ортаға түсіп үйіріліп ала жөнелді. Музыка бабымен қол да соғылып жатыр. Даша бір *баялдатып,* бір бөсеңдетіп билеп жүр (С. Ерубаев, Менің құрдас.).

БАЯЛЫШ зат. *Шөлді, шөлейт жерге тырбиып өсетін, сұр я боз түсті тікенекті өсімдік, бұта.* Он жеті досым өлсеңдер Жаназанды шығарып. *Баялыштан* от жағып, Таза арулап көмемін. Бәрін айтта, бірін айт: Мен тіріде өлмессің, Он жеті досым кедейім! (Батырлар жыры). Отқа жаққан отыны — Тырбиған тікен *баялыш.* Көзіңнің шырымын алсайшы, «Жантайып» дейді аяныш (С. Сейфуллин, Шығ.).

БАЯЛЫШТЫ сын. *Баялыш көп өскен, баялышы мол. Баялышты* ақ шағыл, Құмнан басқа көрмеген. Түйеден жүйрік көлік бар Десе өмірде сенбеген (Айманкүл). Жосалыдан шыққалы жарысып отырған *баялышты,* жусанды даланың арық қасқыр сияқты қара сұр еңі біртіндей түлеп, кең өлкенің әр жерінде әуелі қазақ қыздарының беркіне тағатын үкі сияқтанып сирек өскен селеулер кездеседі (С. Мұқанов, Есею жыл.).

БАЯКЕДЕЙ зат. жерг. *Бәрі бірдей тақыр кедей.* Осылардың *баякедей* болуы, ұры, қарақшы, жомарт, момын, жаман, зәлім, ғалым, шешен, дәрігер, қорғаншақ, батыр, батыл болулары — қысқасы сізге байланысты (Бозінген).

БАЯН[1] и р. зат. 1. *Тұрақ, тұрлау, тиянақ. Баяны* жоқ ерден без, Байлауы жоқ сөзден без (Мақал).Өмірдің, алла, беріпсің, Күнде өртерлік шыжығын. *Баяны* жоқ, байлаусыз, Тілекте жоқ бұзығым (Абай). *Баяны* бар дүниеден, *Баянсыз* боп қайтасың. Болашақтың ұрпағына, Сонда неңді айтасың?! (Т. Жабаев, Із). Мұндай кездейсоқ сыншылардың әдетте ұзақ *баяны* болмайды, бүгін шықса, ертең жоқ болады (М. Қаратаев, Туған әдеб.). 2. *Бастан кешкен тарихи оқиға, өмірден көрген істер.* Ағарып мұрт пен сақал, шаш

білгізді, Алпысқа жастың жақын таянғанын. Өмірде осы жаста көпті көрдім, Айтпақ шын бастан кешкен *баяндарын* (Ақын жырлары). Бастамай-ақ бұл жырды Баяғы өткен *баяннан*. Жырлайық жаңа өмірді, Бастайық бізге аянған (С. Мұқанов, Замандас туралы). Кектімін сол шілдеге, *Баяны* да бар ұзақ. Алау тиіп сүлдеме, Аптап еді аңызақ (Қ. Бекхожин, Ардагер.). Орта ғасырларда қазақ тілінде тарихи шығармалар және қазақтардың генеологиялық *баяны* болды (ҚазССР тарихы). 3. А у ы с. *Анық, айқын, мәлім.* Қараңыз келістіріп келбетіме, Дауа жоқ, сұрап алған бейнетіңе. Әзаға, анық жасым *баян* болсын, Шығыс ем он алтыдан он жетіге (Біржан мен Сара). Біреуі Нәркес еді өзіміздің — Басынан *баян* болған сөзіміздің (Ж. Өмірбеков, Батыр). Дәл осы бөлімде Қазақстанның оңтүстігіндегі Қаратау бауырындағы Кентау қаласы, оның өнеркәсібі кең түрде *баян* болған (Ә. Шәріпов, Алыс жағалаулар). ◆ **Баян етті** [қылды]. *Баяндады, хабарлады, көрген-білгенді айтып жеткізді.* Өзінің суыт жүрген оқшау хабарын Кәкітай киім шешпестен *баян етті* (М. Әуезов, Шығ.). Сол кезде Қыбырай да келді жетіп, Сөйледі Самға бәрін *баян етіп*. Толғаныш, хабарына қуанғаннан, Отырды ауып есі ақыл кетіп (Т. Ізтілеуов, Рүстем). Қыз қараса жалмауыз көрінбейді, Қыз байғұс оны анық пірім дейді. Ағасы аңнан келген соң кешікпестен, Көрген ісін бір-бірлеп *баян қылды* (Батырлар жыры). Тек «осының бәрін *баян қылған* Сәруар қария» дегенді ұмытпа деді (Т. Әлімқұлов, Сейтек сарыны). **Баян таппады.** *Тұрақтамады, опа көрмеді.* «Жанын жалдап барлардың малын жайып, көшін айдап келе жатқандар. Солар қожа болмай, бұл көркің мен еркің *баян таппайды,* жер-ана»,— деп іштей толғанып бір кеткен шағы еді (Д. Әбілев, Арман.). Өмірде кейде ізгі үміт *Таппаған баян.* Мезгілсіз соққан ызғырық Мәуелі саяң (Ө. Жайлауов, Жарқын жаз). **Баяны болды.** *Нәтижелі, жемісті болды.* Ерлікпен жетті мұратқа Еңбектің *болып баяны* (Алпамыс).

БАЯН[2] з а т. м у з. *Қатар-қатар тілдері бар үлкен гармон, музыкалық аспап.* Бір үшеу көшені басына көтеріп келеді. Ортада балташы Пахрейдің баласы *баян* тартып, трактурист Төкен қосылады (Ғ. Мұстафин, Миллионер). Шеткілеу бір майсалы алаңдарда *баянға* қосылып ән шырқағандар қаланың деревнялық құлқын танытады (З. Қабдолов, Өмір ұшқ.). Зуфардың жолдастары бұрын *баян* ойнайды деп ойлап көрген жоқты. Оның жер табандаған аласа бойына қарап іштерінен қорашсынатын (С. Бегалин, Жеткіншек). *Баянның* сазды әуені ақырғы аккордты бергенде, соған орай Есен де биін аяқтап, жұртқа қарап қалт тұра қалды да, сахнадан шығып кетті («Лен. жас»).

БАЯНДА[1] е т. 1. *Айту, болған істі хабарлау, баян ету.* Хасен, Сатай, Халкен үшеуіне Әзімхан Гүлияның сырларын айтты. Әзімханның өзіне оның қалай жабысқандығын *баяндады* (С. Сейфуллин, Шығ.). Алшыоразға айтады, Мына сөзді *баяндап.* Дірілдейді тұтығып, Тұра алмайды аялдап (Қамбар батыр). Ендігі сол аңыз Сармолланың қазасын былай *баяндайды* (М. Әуезов, Шығ.). Бұл арада Мукосовтың берік кірпішті қалай жасау технологиясын *баяндап* жатудың қажеті жоқ (С. Мұқанов, Саяхаттар). 2. *Мәлімдеу, білдіру. Баяндап* үстем таптың саясатын, Андрей ортасында сыр ашатын. Жолында бостандықтың жан құрбан деп, Қызған жұрт тұс-тұсынан шуласатын (К. Әзірбаев, Шығ.). Ерболаттың бұл жолы Бермекпіз жайын *баяндап,* Демесем — «үйге кіргені», Орнықпайды аялдап (С. Мұқанов, Замандас тур.). Және де кәсіп, еңбек иесі адамды бұзып, аздыратын салтты отыз үшінші сөзде *баяндайды* Абай (М. Әуезов, Әр жыл.). 3. П е д. *Оқу материалдарының мазмұнын белгілі жүйемен түсіндіру, толық түсіндіру әдісі.* Ал мұғалім сабақ баяндау кезінде оқу материалын кластағылардың түсінгеніне, түсінбегеніне көзі жетпей *баяндап* отыр делік (М. Мұқанов, Пед. очерк.). Кезекті тақырыпты *баяндау* ісі оқушылардың бұрынғы алған білімімен байланыстырылып онан әрі тереңдетіле береді («Хал. мұғ.»). Егер мұғалім сабаққа алдын ала дайындалып келіп, материалды ұғымды *баяндаса,* мысалдары дұрыс алынып, сендіретін болса, класс оны ұйымшылдықпен тыңдайды («Хал. мұғ.»). 4. Э с к. *Ақпар беру, болған оқиғаны, орындалған істі тез, қысқаша айтып шығу.* Жолдас генерал, полк енді төтен бере алар емес,— деп *баяндайды* Капров (Б. Момышұлы, Москва.). Комиссардың түрі солғын,

Мен оған барлық жағдайды *баяндадым* (Б. Момышұлы, Ол күндер).

БАЯНДА[2] е т. *Тұрақтау, байыздау, табандау.* Сүйініш сонда сөйледі: Енді қара көрінсе, Ұстап алып Заңғардың Өзін басшы етелік. Жүре берді аяндап, Отырмады *баяндап* (Батырлар жыры). Бұған келгенше бұл жігіттер қандай жерлерде болмады, нелер окопты жасамады... Бірақ жасаған окоптың біреуінде де орыс солдаттары *баяндап* тұра алмады. Бүгін бітірген окопты ертеңіне немістер тартып алады (І. Жансүгіров, Шығ.).

БАЯНДАЛ *Баянда етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Тоқтаровтың ерлік ісі тегіс *баяндалмаған* (Б. Момышұлы, Офицер.). Олардың әрқайсысын жеке сөз еткенде бұл мәселе тұжырымды, нақтылы түрде *баяндалмақ* (Қ. Жұмалиев, Қаз. эпосы.).

БАЯНДАМА з а т. 1. *Белгілі бір мәселе бойынша жиналыста айтылатын кең ақпар, хабар сөз.* Халықаралық жағдай жайында Жанат, агрономиядан Жомарт жалпы жиналыста *баяндама* жасасын (Ғ. Мұстафин, Миллионер). Елінің болысын, старшындарын жинап, келген жұмысымыз туралы түсіндіріп, *баяндама* қылып, нұсқауларымыз бойынша санағын ала бастадық (С. Сейфуллин, Тар жол.). Қорғасбаевтың *баяндамасын* талқылау төрт-бес сағаттық уақытқа созылады (С. Мұқанов, Саяхаттар). 2. *Мекеме басшысына, жауапты басшыға айтылатын ауызша немесе жазбаша түсінік хабар.* Сіз шақырған жоқсыз ба? — деді аңқау директор.— Шақырдым. Кеңінен әңгімелесуге бір реті келмей-ақ қойды. Сенің жазған *баяндама* хатыңды оқыдым,— Мәлік директорға бұрылып алдындағы қағаздарды сырғытып тастады (З. Шашкин, Сенім). Өздерінің барлық мән-жайларын айтып әм заводтың өз халін айтып Орынборға келген жұмыскерлер толық қылып жазып *баяндама* берді (С. Сейфуллин, Шығ.).

БАЯНДАМАША з а т. *Қысқаша баяндама.* Концертінің алдында күйшінің өмірі мен творчествосы жайлы *баяндамаша*, фойэде Құрманғазының шәкірттерінің бұтақтауын көрсеткен көрме болды (А. Жұбанов, Құрманғазы).

БАЯНДАМАШЫ з а т. *Баяндама жасаушы, баяндама оқитын адам.* Бұл жөндегі *баяндамашы* Алмасбек Жайлыбеков қазіргі шақта түстік обкомның үгіт-насихат бөлімінің хатшысы болатын (М. Әуезов, Өскен.).— *Баяндамашыдан* сұрақ сұрауға болады. Бар ма? Бар болса, жазып берсін,— деген ұсыныс кірді маған; бес минут дем алыс (І. Жансүгіров, Шығ.). *Баяндамашы* біз оқыған текстің ғана сыдыртып оқып шыққан жоқ (С. Мұқанов, Өмір мектебі).

БАЯНДАС *Баянда етістігінен жасалған ортақ етіс.* Ақ шалыпты самайды, Пенсне көзде байсалды, *Баяндастың* талайды, Осы өлеңге ой салды (Қ. Жармағамбетов, Соңғы түн).

БАЯНДАТ *Баянда етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Сарқыттың әкесін азамат соғысы кезінде партизандар қолында өлген деп *баяндатты* (Ж. Тілеков, Қайнар).

БАЯНДАУ 1. *Баянда етістігінің қимыл атауы.* Неге бассыз дейсіз-ау, *Баяндауға* басынан Уақыт бермес билікті (Қ. Аманжолов, Шығ.). Біздіңше, Құрманғазы күйлері бір адамның өмір образын *баяндаудың* тар қауызына сыймайды (А. Жұбанов, Құрманғазы). 2. Әдеб. *Оқиғаны автордың өз сөзімен беру.* Көркем шығармаларды оқығанда көп орын алатын *баяндау* екендігін, яғни оқиғаны автордың өз сөзімен айтып берушілік екендігін көреміз (Қ. Жұмалиев, Әдеб. теор.).

БАЯНДАУШЫ з а т. 1. *Әңгімені айтушы, хабарлаушы. Баяндаушы* Бекболат, Бөркін киді жымқырып; Үңіле түсті қағазға, Ілгері қарай ұмтылып (Б. Майлин, Шығ.). 2. Сөйл. *Баяндамашы.* Сұраулар біткен соң *баяндаушының* сөзі бойынша айтыс сөздер басталды. Біреу баяндаманы «қанағаттанарлық» деп тапты (І. Жансүгіров, Шығ.).

БАЯНДАУШЫЛЫҚ з а т. *Әңгімелеп берушілік, сипаттаушылық.* М. Базарбаевтың дәстүрлі қазақ өлеңі құрылысының интонациялық және *баяндаушылық* шегі қалайша кеңігені туралы пікірлері көңіл аударарлық («Қаз. әдеб.»). Екі спектакльде де театр коллективі Шығысқа тән сыршылдық әуенді, байсалды *баяндаушылық* тәсілін тапқан («Қаз. әдеб.»).

БАЯНДАУЫШ з а т. л и н г в. *Бастауыштың ісін, қимылын, заттық, сындық және басқа сапаларын білдіріп, сөйлемдегі ойды тиянақты етіп тұратын тұрлаулы мү-*

шенің бірі. Бастауыштың ісін, қимылын кім, не екенін қанша, қандай екенін білдіріп сөйлемдегі ойды тиянақты етіп тұратын мүшені *баяндауыш* дейміз (Қазіргі қаз. тілі).

БАЯНДЫ с ы н. 1. *Орнықты, тұрақты, тиянақты, тығырықты, табанды.* Оқушыларға *баянды* білім беру үшін және оларды жұмыс бастылықтан құтқару сабақтың сапасына байланысты («Халық мұғ.»). Ол (қозы бағу) балаға *баянды* жұмыс бола алмады (Қ. Әбдікадыров, Әңгім.). Бұл зәбір көргендерге бұл қоныстары да *баянды* болмады (А. Машанов, Жер асты). 2. *Нәтижелі, жемісті, игілікті.* Түбінде *баянды* еңбек егін салған, Жасынан оқу оқып, білім алған. Би болған, болыс болған өнер емес, Еңбектің бұдан өзге бәрі жалған (Абай). Әлі көп істейтұғын жұмыстарың, Тудың артқан міндетін ұмытпағын. *Баянды* табыс үшін күресейік, Ауылым, колхозшы елім, туысқаным (К. Әзірбаев, Шығ.). Оны өлтірмейтін, ұзақ жасататын «менікі» саналатын *баянды* істелген еңбек жемісі (Ә. Тәжібаев, Өмір және поэзия). Сайран түнге түйіле көз тастап апырым-ай, не деген *баянды* түн еді бүгін (Қ. Сатыбалдин, Шағын пьеса). ◆ **Баянды болсын.** *Тиянақты, игілікті, құтты болсын.* Білалдың сәлемі сонда ғана есіне түссе керек, үлкендерге келді. «Бағың *баянды болсын*» десті бәрі (Ғ. Мұстафин, Көз көргөн). Уа, құрметті ұлы съезд! *Баянды болсын* қадамың (Жамбыл). Қайыр қош, аман бол, патшалығың *баянды болсын!* деп жөнеле берді ол (Қазақ ертег.). **Баянды етті.** *Тұрақтатты, тиянақтандырды, нәтижелі етті.* Коммунист халыққа адал қызмет етуімен, қоғамдық өмірдегі және өз өміріндегі барлық мінез-құлқымен коммунистік қатынастарды дамытуда және *баянды етуде,* коммунистік мораль нормаларын сақтауда өнеге болуға тиіс («Соц. Қаз.»). Іле сыртының бүкіл территориясын өзіне *баянды ету* үшін, патша үкіметі мұнда бекініс салуға ұйғарды (ҚазССР тарихы). Тіл ойлау жұмысының нәтижелерін, адамның ойлау жұмысының табыстарын сөздер арқылы, сөздердің сөйлемдерге құрасуы арқылы тіркеп, *баянды етеді* (Қазіргі қаз. тілі).

БАЯНДЫЛЫҚ з а т. 1. *Тұрақтылық, табандылық, тиянақтылық.* Сөйтіп, жас семьядағы *баянды лық,* бақыт жөнінде жаңа рубрика өзінен-өзі туып кетті («Лен. жас»). Махаббаттың күші де тек *баянды лығы* мен ұзақтығында (С. Бақбергенов, Өзіміздің жігіт). Қыздар күнәсіздігін, ерлі-зайыптылар *баянды лығын* жасырды (Ә. Тәжібаев, Өмір.). 2. *Нәтижелілік, тығырықтылық.* Әңгіме үйлену тойы, оған жұмсалатын қаржыда емес. Оның *баянды лығы* мен сәттілігінде. Біз семьяға көбіне үлкен мән бере бермейміз («Лен. жас»).

БАЯНСЫЗ с ы н. *Тұрақсыз, тиянақсыз. Баянсыз* пәни өмірде Көргенінен жігіттер, Көрмегенің көп екен! (Ы. Шереков, Дастандар). Патша құлағалы келіп кеткен *баянсыз* көп үкімет байдың жүрегін әбден шайлықтырған (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). Адамның қуанышы деген соншама осал, қорғансыз, *баянсыз* екен ғой (М. Қаратаев, Далада.). *Баянсыз* махаббаттың әуресіне, Мұң шертіп, наз төгемін мен несіне? Бақ тайса, мұз бүркенер махаббат та, Қалсын сол тұңғыш сүю тек есімде (Қ. Бекхожин, Үш кезең).

БАЯНСЫЗДЫҚ з а т. *Тұрақсыздық, тиянақсыздық.* Бұл, біріншіден, империалистік Германияның Европадағы ғылымының *баянсыздығы* («Соц. Қаз.»).

БАЯНШЫ з а т. *Баян ойнаушы, гармоншы, сырнайшы.* Қыздар вальсі. *Баяншы* жігіт танауы делдиіп, өз-өзінен мәз болып құлаштай сермеп отыр («Лен. жас»). Атап айтайын. Хор, би, драма, эстрада, ішекті аспаптар, *баяншылар,* үрмелі аспаптар үйірмелері құрылған,— деді Люба (Бұл да). Он саусағы *баяншының* Су төгілмес жорғадай. Біресе, ән шырқап көкке, Бірде төмен сорғалай (С. Машақов, Жылдар).

БАЯПЫР с ы н. с ө й л. Беяпар. Жібектей сызылған Лакшми ана абысынсияқты *баяпыр* емес, қашан болсын жайдары, жарқын (Қ. Сатыбалдин, Қарторғай).

БАЯУ с ы н. 1. *Жай, ақырын, маргау, сылбыр.* Бірен-саран үн қатқандары *баяу* ғана сөйлейді (С. Сейфуллин, Әңгім.). Әйгерім бар даусымен шырқамай *баяу* сызылтқанда, бұл ән бұрынғысынан да гөрі көп сырды шешкендей болады (М. Әуезов, Шығ.). Толық денелі болса да әлі жас әйел, Игіліктің күтіп тұрғанын көрсе де асықпай *баяу* басып келеді

(Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). Қыздың үні *баяу* шықты, даусы дірілдегендей болды (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). 2. А у ы с. *Жайбарақат, бейбіт, тыныш.* Ноғайлының ауыр жұрт, *Баяу* жатқан қайран жұрт. Аш күзендей бүгіліп, Аш бөрідей жүгіріп, Шетіңнен қиқу, асыр сап, Ашы серең салар-ды (Сыпыра жырау). ◆ **Баяу тартты.** *Самарқауланды, саябырланды, жалқауланды.* «Қасекең келе жатыр» деген хабардың өзінен-ақ басқарма, бригадирлер шапқылап, жұрттың бәрін жұмысқа қуып абыр-сабыр боп қалатын. Келе жатқан айбатының өзі *баяу тартқан* ауыл тіршілігін дүр сілкіндіп тастаушы еді (Т. Ахтанов, Дала сыры).

БАЯУҚЫРА е т. с ө й л. *Баяулаңқыра. Ақырындап, жайымен қозғалыңқырау.* Толқынның тыныққандай көкірегі, Балқаштың *баяуқырап* жатыр көлі (Ғ. Орманов, Сәт сапары).

БАЯУЛА е т. 1. *Ақырындау, жайлау.* Күздің таңы *баяулап* атып келеді екен (М. Әуезов, Әңгім.). *Баяулап* ескен майда жел, Шөпті сүйіп тербетті. Бойы сергіп қалың ел Қысқы уайым шер кетті (Б. Майлин, Шығ.). Қаланың шыға беріс іргесіне жақындай бергенімізде, жаңбыр *баяулап* сылбыр себелей бастады (Б. Момышұлы, Москва.). Кенет трамвайдың жүрісі күрт *баяулағанда,* шал ілгері лықсып, құлай жаздап қалды (Б. Соқпақбаев, Жекпе-жек). 2. *Саябырлау, бәсеңдеу, солғындау, азаю.* Іңірде *баяулаған* дауыл бәсең, Боздатқан бұлбұл күйін бабында әсем. Асықтар алқымдасқан, мауқымдасқан, Сырласқан: «Жарым да сен, жаным да сен!» (І. Жансүгіров, Өлеңд.). Шарпысқалы үш күн болды. Ендігі адымы *баяулады* ғой жаудың,— деді Скиба (М. Әуезов, Шығ.). Түн самалы *баяулады,* Сыр тоқтатып жапырақ (З. Қалауова, Таңд.). 3. *Азаю, кему, сиреу.* Байшылдар *баяулады,* бұрынғыдай оларға қайда болса да есік ашық болмады. Еңбекші жазушыларға баспасөздер де жәрдем беріп, көтермекші болды (С. Мұқанов, Өсу жол.). Марганец жетіспесе, малдың қысыр қалуы көбейеді, алынатын төл де азаяды, мал басының көбеюі *баяулайды* (С. Тілеубергенов, Мал шаруаш.).

БАЯУЛАН *Баяула етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Айғаным бұл жылдарда бұрынғыдай емес, жүріс-тұрысы ауырлап, *баяуланып* шеге бастаған тәрізді (С. Бегалин, Бала Шоқан).

БАЯУЛАНДЫР *Баяулан етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БАЯУЛАҢҚЫРА е т. *Жәйлаңқырау, саябырлатыңқырау, шабандаңқырау.* Басқа балалар таңсық көргендей, алғашқы кезде *баяулаңқырап* оқыса да, қамшы тарсылы шыққан соң бәрі де даустарын үдете бастады (Б. Майлин, Шығ.).

БАЯУЛАТ *Баяула етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Ән салдым есіп майда жаяулатып, Ырғалтып, шырқап, толғап, *баяулатып.* Толқындай мың құбылған әнімді естіп, Тыңдарсың кірпік қақпай ояу жатып (С. Сейфуллин, Өлеңд.). Ақын домбыраны *баяулатып,* бәсеңдетіп кеп, дастанын үзді (М. Әуезов, Абай жолы). Автобус жүрісін *баяулатып* тоқтай бергенде, Коля терезеден басын қылтитып жан-жағына қарады (Н. Ғабдуллин, Қызық дәурен).

БАЯУЛАТҚЫЗ *Баяулат етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БАЯУЛАТТЫР *Баяулат етістігінен жасалған өзгелік етіс түрі.*

БАЯУЛАТУ *Баяулат етістігінің қимыл атауы.* Ал, Нәжип, мынаған бір кесел болды, құм сеп, қалай да жүрісті *баяулату* керек,— деген Мұхтардың сөзі шұғыл айтылды (С. Бегалин, Жеткіншек).

БАЯУЛАТЫҢҚЫРА е т. *Жайлатыңқырау, шабандатыңқырау, ақырындатыңқырау.* Жеңіл автомашина екпінді жүрісін кенет *баяулатыңқырап,* жол шетіне кілт тоқтай қалды (З. Шашкин, Таң самалы).

БАЯУЛАУ с ы н. 1. *Ақырыныраң, жайырақ.* Өзімді жазықты жандай сезініп, ауыз үйге ақырын *баяулау* ғана кірдім де, бөгеліп қалдым (Ә. Сәрсенбаев, Теңіз.). Аманқұлдың өлеңінің соңғы шумағы алдыңғыларынан бәсеңірек шықты, үні *баяулау* естілді (Х. Есенжанов, Ақ қайың). Әннің ырғағында сәл ғана айырма бар. Орысшасы *баяулау* айтылады (Т. Әлімқұлов, Абай). 2. *Кешеуілдеу, соңын ала.* Ми қабығында қозу мен тежелудің бір жерге жинақталып, шоғырлануы да үнемі болып отырады. Бірақ ол *баяулау* пайда болып, едәуір нерв күшін қажет етеді (Қ. Жарықбаев, Психология).

БАЯУЛЫ с ы н. *Мұңды, жабыңқы, жабырқаңқы.* Ақанға кеше бәле таяндыр-

ған, Қалайша туа қалды аяу бұған? О тәңір! Сақта бізді осындай дос, Көлгір көз, күңгірт жаны *баяулыдан!* (Қ. Бекхожин, Үш кезең). Қансырап халық қаяулы, Қамыққан көңілі *баяулы,* Қан қақалған бар ауыл (Т. Жароков, Шығ.).

БАЯУЛЫҚ з а т. *Жайбарақаттық, сылбырлық, шабандық.* Орақ жұмысының осындай *баяулыққа* ұшырағандығына қарамастан кейбір шаруашылықтар күні бүгінге дейін бар комбайнды іске қоса алмай отыр («Лен. жас»). Коллективтің бір жиналысында кейбір коммунистер шығып Шәріпханды қатты сынға алды. *Баяулығын* сынады (С. Шаймерденов, Мінез). Самай шашты қырау шалды. Бұрынғы алабұртқан асау көңіл тоқтасқан секілді. Жүріс-тұрысқа *баяулық,* ұйқыға әдемі сергектік кірді («Қаз. әдеб».).

БАЯУСЫ е т. 1. *Жайбарақатсу, бәсеңсу, сылбырсу.* Бәрі сондай жігіттер, Мәуріті өтсе басылар, Әр нәрсенің кезінен. Осы кезде *баяусып,* Бұрынғы дәуір болмай жүр Базарының өзінен (Үш ғасыр.). Оның үстіне, қара күзде құмайттағы жылтыраған судың арнасы тартылып, қарқыны *баяусып* қалған екен (О. Сәрсенбаев, Сағым.). 2. *Маңғазсу, сабырлы болғансу.* Қоныстас көк ұлына халқың, Қожа, Келуші ед жүйрік аттай даңқың, Қожа. *Баяусып* көзге ілмей отырсыз ба, Сөзің жылы, мінезің салқын, Қожа (Айтыс).

БАЯУСЫН е т. *Жайбарақаттану, жалқаусыну.* Жай кезде жүрсе де ақын *баяусынып,* Келгенде ұшын шабыты бұрқанады (Қ. Жұмалиев, Қырдағы күрес).

БАЯУЫРАҚ с ы н. *Ақырынырақ, жайырақ.* Бір жерің ауырып қалған жоқ па, Ерке? — деді Зейнеп *баяуырақ,* іш тартқан, жанашыр үнмен. Күлайша басын ақырын көтере беріп, салқын ғана: — Жоқ,— дей салды (К. Баялиев, Жер тынысы). Өсімдіктердің көбінде эндоспермдері бұрынырақ жетіледі де, бұл кезде ұрық *баяуырақ* дамитын болады (Т. Мұсақұлов, Ботаника).

БАЯ-ШАЯ: **бая-шая болды.** *Күйіп-пісіп, шыж-быж болды.*— Е, мана өзің неге ұрыстың? — Сен маған қарама — мен *бая-шая болған* адаммын. Бар, біреуден ат сұрап әкел! («Қазақ әдеб.»). Бейпіл қасқа, күйеуі ертеректе қайтыс болған, елудің ішіндегі, беті табақтай айранкөз сары шикіл әйел. Бала жоқ, соқа басы жесір қалып, *бая-шая болғандықтан* ба, байғұс тым сөйлеуік еді (А. Нұрманов, Құланның ажалы). Ал соғыс жылдарында, уақыт тарлығынан *бая-шая болды* ма екен, біз көрген кей басқармалардың мінезі қиын-ақ еді-ау (Ж. Молдағалиев, Айналайын атыңнан). ◆ **Бая-шая күн кешті.** *Шыж-быж, ашушаң болды.* Жап-жас Бейсен үй толы жанның арасына кеп, ауыр бейнеттің үстіне *баяшая күн кешті* (С. Мұқанов, Өмір мектебі).

БӘБІСЕК з а т. з о о л. *Төбесінде айдары бар, сарала түсті құс, сақау (сасық) көкек.* Қосылып көкек пенен сар *бәбісек,* Ән салып, өзеуреді тартып ішек. Келе қарға соқтықты *бәбісекке* Достым, сен отырсың ба жаңа тісеп (Пернедегі термелер). Бір бүйірден айдар бас *бәбісек,* сары шашақ үкі күңкілдеп, анау бір тұтас у-шуға өзінің мұң сарынды дауысын қосады (Ж. Жұмаханов, Октябрь өрендері). Біздің тауда *бәбісек* деген айдар бас, жіңішке мойын құс болушы еді, Кітапбайың аумаған сол бәбісекке ұқсайды екен («Қаз. әдеб.»).

БӘДБӘХІТ и р. с ы н. 1. *Бақытсыз.* 2. А у ы с. *Қарабет, оңбаған, арсыз.* Менен туған арам қан, *бәдбәхіт* нәсілдерім мынау екеуі (М. Әуезов, Таңд. шығ.).

БӘДДАРЛЫҚ и р. з а т. к і т а б. *Шыдамдылық, табандылық, беріктік.* Басқа біреу болса жалбарынып, жандалбас қылар еді. Бұл тайталасып өліспей беріспейтін *бәддарлығын* танытады (Ә. Омарбаев, Кәрлен.) Мен таң қалдым. Неткен *бәддарлық,* неткен жүрек? (Бұл да).

БӘДДҰҒА з а т. д і н и. *Теріс бата.* [Молда] Бәріңе *бәддұғамды* бердім, мәңгі тамұқта қалыңдар (Қ. Кемеңгеров, Алтын сақина). *Бәддұға* сиқыр соғып адасқандай, Келе менің жаныма жай қарасқандай. Құдайым қыңыр жолға салды мені, Өмірмен өлім қарсы таласқандай (Н. Ахметбеков, Аманкелді).

БӘДЕН з а т. ж е р г. *Көрік, шырай, өң, бет-ажар.* Өзі де дөңгеленіп біткен, әлі *бәдені* бұзылмаған, аздаған кербездігі бар сымбатты әйел (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). Мен бұл әйелдің *бәденін,* келбетін, адуын-адуын істерін айтып көрейін— деді Жолтай (Қ. Тайшықов, Октябрь үш-

қыны). Көктемнің бұлыңғыр жабырқау күніне көз жіберген Гүлшараның ақ мандайы жарқырап, бет *бәдені* нұрлана түседі (Ә. Көпбаев, Мақтаныш).

БӘДЕН-БЕДЕР з а т. *Түр-тұлға, мәнмағына.* Назар саларлық бір нәрсе, ел ішінде ежелден есте келе жатқан «көз — қорқақ, қол — батыр» деген мәтелдің екінші бір вариантын әдейі алады. Ол — «көз — қорқақ, көңіл — батыр». Бар байырғы сөзден гөрі, *бәден-бедері* оқшаулау мақал да әдебиетте «тірлік етсін» дегендік (М. Әлімбаев, Өрнекті сөз).

БӘДЕНДЕС с ы н. *Өңдес, реңдес.* Сен де қайдағы жоқ бірдеңені айта бересің. Түрі-түсі ұқсас адамның бәрі бірдей қазақ бола береді ғой деймісің? Орыстардың арасында да қазақ *бәдендестері* көп болады (С. Омаров, Хантағы).

БӘДЕНДІ с ы н. *Көрікті, реңді, ажарлы.* Әжептәуір *бәденді,* жасы отыз шамасында пысықша келген жалшы әйел, басына іс түскен соң, лезде жүнжи бастаған (Ғ. Мұстафин, Дауылдан кейін). Мына кексе әйел сарғыш өңді, денесі жұмыр. Толықша келген, көзінің нұры онша кете қоймаған, жүзі *бәденді* адам көрінеді (А. Байтанаев, Жаңғырды дала). Толықшалау келген *бәденді* әйел қызметінен қайтты (Ә. Көпбаев, Мақтаныш).

БӘДЕНСІЗ с ы н. *Әрсіз, өңсіз, кескінсіз.* Өзі онша *бәденсіз* де емес, егілген жас жүрегі осыны ұқпаса, бұдан әрі нені ұғар (А. Байтанаев, Қайнар.). Тек көзінің сәл қысықтығы демесең, тосын көрген кісіге онша *бәденсіз* де емес (С. Омаров, Күншуақ).

БӘДИЯ а р. з а т. *Шөл дала. Бәдияда* күн кешкен бәдәуи боп жаралдық, Әсте, тірі пендеге ойламаймыз жамандық. Көшер болсақ жел білген, Қонар болсақ сай білген, Несібені тереміз Құдай жазған әр күннен (Ж. Қыдыров, Сәуір лебі). Қайран менің *бәдиям* жер жетпейді өзіңе, Мың Бағдатты берсе де, ілмес едім көзіме. Махаббат та осында, бостандық та осында, Ей жолаушы, тап мұңдә бізге келіп қосыл да (Бұл да).

БӘДІЗ з а т. *Тастан шауып жасаған мүсін.*

БӘДІЗШІ з а т. к ө н е. *Тас қашаушы, тас өрнектеуші, безеуші, шабушы шебер.* Руника беттеме жазуларына қарағанда бұл кездерде *бәдізші* деп аталатын тас қашаушы арнаулы шеберлер, баркетуші деп аталған құрылыс шеберлері болды (ҚазССР тарихы). *Бәдізші* — тас шабушы шебер (С. Қасиманов, Қаз. қолөнері).

БӘДІК з а т. к ө н е. 1. *Малға, адамға жұғатын ауру, індет, айналма. «Бәдік»* деген адамға, малға қасақы ауру, індеттің «тәңір иесінің» аты болуға тиіс (С. Сейфуллин, Шығ.) Жұқпалы ауруларға қарсы істелген жұмыстарының нәтижесінде *бәдік,* тілме аурулары азайды (Жаңарған өлке). 2. Ф о л ь к. *Бәдік ауруына қарсы сиқыр, арбау нанымынан туған айтыс.* Ендеше сол өлең сөзді дерт, індетке қарсы қойып, ескі діндік ырым атқарады. Осындай жолмен, сол ескілікті дін нанымынан туған айтыс — *бәдік* айтысы болады (М. Әуезов, Әр жыл.). Айт дегеннен айтамын-ау, *бәдікті* Қара мақпал тоным бар бүрме әдіпті. От оттамай, су ішпей жата берсе, *Бәдік* емей немене бір кәдік-ті. Көш, көш, көш! (Айтыс). Осы ретпен басталған айтыс, әрі қарай үдей отырып *бәдіктің* қайда көшуін белгілейді (М. Ғабдуллин, Қаз. ауыз әдеб.). 3. *Жынды, тентек, есуас.* Қызының «қалың малы» үшін алған бір пұт бидайын ағаш белсенді Әупейіс: «Салығыңды өтейсің» деп тартып әкеткенде Үкен *бәдік* болған танадай сілейіп қала берді (А. Хангелдин, Табысқан тағдыр). Сорың құрғыр, мандайының соры арылмаған әлгі пенде, *бәдік* Сергазы, беті шімірікпестен құшақ жайып қарсы алғанын қарасаңшы (Б. Тілегенов, Көктем.). 4. А у ы с. *Мылжың, мәнсіз, бос сөз.* Кейде оның былжыраған аузынан *бәдік* сөз ырғып кеткенде ғана қабағын шытынып, алара көз тастайды (С. Сарғасқаев, Біз төртеу.). Қарсымын! Күңкіліне Этли мырза, Күңкілі оның — құр *бәдік,* сөзі қотыр (Бейбітшілік даусы).

БӘДІКТЕЙ с ы н. *Бәдік сияқты, бәдік тәрізді.* Екеуі де мәңгілікпен сырласқан, ұғысқан жардай, басы жұмыр пендені бірде аяп, бірде табалап, *бәдіктей* айналдырады (Т. Әлімқұлов, Туған ауыл). Қой аузынан шөп алмайтын бейбіт елді ишандардың, қожа-молдалардың *бәдіктей* айналдырған шағы шаяндай шақты (Т. Әлімқұлов, Күрең өзен).

БӘДІКТІК з а т. *Бейбастақтық, әдепсіздік.* Қапсағайдың қаһарынан қаймығып және бейпіл ауыз *бәдіктігін* бастық-

тарға айтып қоя ма деп сескенген Қоқым кешірім сұрап әзер құтылған (З. Жәкенов, Таң самалы). Тек аяп қана отырғам жоқ, жан сарайының күйзелісіне, улы қасіретіне куәгер боп отырмын, сондықтан дәл осы жерде *бәдіктік* жасауға менің дәтім бармайды («Лен. жас».)

БӘДІРЕҢ з а т. ж е р г. *Қияр.* Осы колхоз биыл *бәдіреңді* көп егіпті (Диал. сөздік).

БӘДІРЕҢДЕЙ с ы н. *Бәдірең сияқты.* Саусағын госпиталда кесеміз дегенде кестірмеп еді, қазір үсік шалған *бәдіреңдей* бүрісіп сұры қашып, көкшіл тартқан қолын жұртқа көрсетуге ұялып, қолғапты әдейі киіп жүрген еді (М. Дүйсенов, Гүлжан.).

БӘЗ з а т. с ө й л. Бөз. Россиядан Қазақстанға әкелініп сатылған нәрселер: дөрекі мауыт, шыт, *бәз,* китайка (ҚазССР тарихы).

БӘЗ: бәз қалпында. *Баяғы, қаз қалпында.* Бізге арнаған еншіңді *Бәз қалпында* сақтаған,— Анам бар деп сен сынды, Мен де ішімнен мақтанам (Ғ. Орманов, Таңд.).

БӘЗ-БАЯҒЫ с ы н. *Бұрынғы, бастапқы, өзгеріссіз, өз қалпында.* «Бір амалын табармыз» деген де сияқты комсомол комитетінің секретары оның арты не болды? Көріп отырсыздар, жағдай *бәз-баяғы* қалпында («Лен. жас.») Қу сүйектей қуарған жүзі бір сәтте күреңіте қалды да, артынша *бәз-баяғы* жүдеу қалпына қайта ауысты сырқат Жолдыбай (С. Омаров, Қайырлы жаз). Тек саған ғана *бәз-баяғы* қалпы тұқ болмағандай, ығырын қайқаң еткізді (М. Сүндетов, Балық аула.).

БӘЗ-БАЯҒЫША ү с т. с ө й л. Бәз-баяғыша. Бірақ әлгідей сөзден, жеңілжелпі аяушылықтан басқа еш нәрсе де болған жоқ, әйел жағдайы *бәз-баяғышаша* қала берді (Ғ. Шарипова, Аялы жандар).

БӘЗ-БАЯҒЫША ү с т. *Қалпынша, ешбір өзгеріссіз, бұрынғыша.* Байқоңырдың қызыл-жасыл бәйшешегі мен ойдым-ойдым қарағаны да, мүлгіген айлы ашық түні мен сылдырап аққан Білеутісі де, көлбақаның құрылы мен сайраған құстардың үніне дейін — бәрі де *бәз-баяғышаша* (М. Қаратаев, Дала.).

БӘЗ-БӘЙЕК: бәз-бәйек болды. *Жаны қалмай қызмет етті, құрдай жорғалады.* Шайды да кемпір құяды, Етті де кемпір пісіріп. *Бәз-бәйек болып* тұрады Біткенше тамақ ішіліп (Т. Молдағалиев, Алатау қызы).

БӘЗ-БӘРІ е с. *Барлығы, баршасы.* Бәрі, бәрі, *бәз-бәрі,* Қыстары мен жаздары Тұр музейде томсарып, Тұр қолына том алып (Ж. Молдағалиев, Жиырма бес).

БӘЙ: бәй тікті. *Тұзу, тік ұстады, жоғары көтерді.* Әсем «алтын» шырмауық, сәнді сары жібек шырмауық қайсымызды таңдар екен деп бар өсімдіктер бастарын *бәй тігіп,* салтанаттана, сұлулана түсті (Ө. Тұрманжанов, Адам.).

БӘЙБІШЕ з а т. 1. Т а р. *Көп әйелді адамның ең алғашқы үлкен жамағаты, зайыбы.* Тоқал мен *бәйбіше,* келіннің екі жас баласы мұнда қалып барады (Б. Майлин, Шығ.). Ұзақтың баста айтырған *бәйбішесі* — Балтаның бәйбішеден сүт кенжесі (І. Жансүгіров, Шығ.). Үйде Сүйіндік пен Абай және Сүйіндіктің *бәйбішесі* ғана қалған уақытта, Сүйіндік Абайдан Зере жайын, Ұлжан күйін сұрастырып отырып; — Аналарыңа сәлем айт, балам! — деді (М. Әуезов, Шығ.) 2. *Жасы үлкен егде тартқан әйелдерге айтылатын құрмет, ізет сөз. Бәйбіше,* қош болыңыз! — деп әжеме арнаған сөзін де әйтеуір міндет санап, иегінен оздырмай, жүрдім-бардым айтып бөгелместен шығып кетті (Б. Соқпақбаев, Менің атым Қожа). Ауыл-аймаққа ана, жол-жобаны білгіш *бәйбіше* атанғысы келетін әйел еді (М. Тиесов, Әңгім.) Қош айтып *бәйбішеге* жүріп кеттім, Басы осы бізге жұққан қайғы-дерттің. Сап көңілім судай тұнық былғанды енді, Не қылса, үкімі күшті құдыреттің (М. Сералин, Қаз. әдеб. хрест.). 3. *Үй иесі, егде жасқа келген әйел.* Ертең ерте, елең-алаңда тұрып, әлгі қонақ үй иесі кемпірге: «*Бәйбіше,* не нәрсеге мұқтаж, ділгірсіз?» — деп сұрапты (С. Сейфуллин, Шығ.). *Бәйбіше,* ыдыс-аяқтарың жуылып па еді! Атқа қонатын мезгіл де болды-ау деймін! (Қ. Тайшықов, Окт. ұшқыны). Келсек, Монтьевтің өзінен де семіз шикі сары ашық мінез, жайдары *бәйбішесі* қораның көлеңкесіне киіз төсеп қойған екен (Б. Момышұлы, Ол күнд.).

БӘЙБІШЕДЕЙ с ы н. *Бәйбіше сияқты.* Ниетті біз ойлаған бай да сезді, Панда-

ның *бәйбішедей* айтты сөзді: Қырыңа сорлы кедей екпе мақта, Бақыт жоқ, бола алмайды еңбек езгі (Үш ғасыр). Сонда да ол маған көпті көрген, үбірлі-шүбірлі болған салиқалы *бәйбішедей* көрінді (С. Омаров, Өмір.).

БӘЙБІШЕЛІК з а т. *Бәйбішеге тән қасиет, іс.* Қаражан күйеудің ертіп келген әншісі сүлік қара мұрт, құба жігіт байлықты мақтап, *бәйбішелікті* даттап өлең айтып отыр (Д. Әбілев, Ақын.).

БӘЙБІШЕСІН е т. *Бәйбіше болғансу, үлкенсу.* Кейбір әйелдер өздеріне *бәйбішесінің,* басқаларға маза бермейтін (Ауызекі тіл).

БӘЙБІШЕ-ТОҚАЛ з а т. т а р. 1. *Көп әйел алумен байланысты бір адамның үлкенді-кішілі әйелдері, күндестер.* Көп иті байдың бекінді, Жабыла сүйек, қан аңсап, *Бәйбіше-тоқал* секілді Бажылдақ, бақас, жарамсақ (Ж. Молдағалиев, Шығ.). Өзі бар ғой, анау-мынау емес, мұғалім. Әдебиет пен тілден сабақ беретін көрінеді. Қос әйелі бар деп жазады, кәдімгі феодал, *бәйбіше-тоқал* деп кекесін дауыспен күлді. Мынау өскелең заманда бұған не деуге болады, әй! (Ж. Жұмақанов, Үш бәйтерек) 2. А у ы с. *Күндестік, бақталастық, бақастық.* Неше қабат *бәйбіше-тоқал* боп жатқанмен Құнанбай бұлардың араларындағы араздық болса, лезде жойып отырады (М. Әуезов, Шығ.).

БӘЙГЕ з а т. 1. *Ерте заманнан келе жатқан қазақ халқының дәстүрлі ат жарысы, спорт ойынының бір түрі.* Ия, бұл *бәйге* аз емес, Ақан серінің «Құлагері» де бір жарыста бәйгесіне мың сом алған жоқ шығар! Мұнысы былай тұрсын (С. Сейфуллин, Шығ.). Түндегі Досай ақсақал Абдыра тобының *бәйгесіне* қосамын деп отырған екі аттың екеуі де ауылда (І. Жансүгіров, Шығ.). *Бәйге* түсте басталды. Жарыс басталған жексенбіде ипподромды кернеп кеткен жұрт бұл жолы онша ықыластана қоймапты («Лен. жас»). Көп ұзамай, май айының Тойында үлкен *бәйге* болды. Бұл бәйгеде қай ауылдың Аты жүйрік, әйгі болды (Т. Жароков, Таңд.). 2. *Жарыста озып шыққандарға берілетін жүлде, сыйлық.* «Осындай қарақшыға» жеткен аттар ғана ең бірінші *бәйгені* ала алады деп айқын көрсету керек. Әйтпесе тек шауып келген аттың озғанына бәйге бере бермеу керек (С. Сейфуллин, Шығ.). Мүмкін, бұл поэмалар *бәйгеге* арналып жазылғандықтан, сондай кемшіліктер кеткен шығар (М. Қаратаев, Туған әдеб.). Рамен дүниежүзілік Нобель *бәйгесінің* лауреаты (М. Әуезов, Индия очерк.) Ой, конкурсқа қатысып, *бәйгеге* ілігу қандай жақсы! (С. Шаймерденов, Болашақ.). ◆ **Бас бәйге.** *Бірінші сыйлық, негізгі жүлде.* Көзіңді салдың тұрғыға, Бейнетің қиын көрмедің, Бірге оқыған құрбыға *Бас бәйгені* бермедің (Абай). Осыдан жиырма жыл бұрын Ақаң Қазақстан Автономиясы тойындағы күресте *бас бәйге* алған (А. Машанов, Жер астына саяхат). Басын бәйгеге тікті. *Неге болса да шыдауға тәуекел қылды, бел буды.* Ол бір кездерде Джек Лондонның «Мексикан» деген әңгімесіндегі революция үшін *басын бәйгеге тіккен* Ривераның қайсарлығына қабағат еліктеген бала еді (Ф. Дінисламов. Ұшқын). Барлық солдат қарады, Жорық дауыл куткендей. Уақытты іштен санады, *Бәйгеге басын тіккендей* (Ж. Саин, Таңд.). Бәйге алды. *Сыйлыққа, жүлдеге ие болды.* Орныңып, қала болып, жайланғанбыз, Еңбекке белді бекем байлағанбыз, Астық, малдың жоспарын аса орындап, Жарыста жұрттан озып *бәйге алғанбыз* (С. Машақов, Жылдар.). Бәйге ат. *Бәйгеге шабатын, қосатын, жаратқан жүйрік ат. Бәйге аттың* мүсінін сынауда Абай үлкен білімділік, байқағыштық танытады (М. Әуезов, Әр жыл). «Жел қақпасын, күн соқпасын» делінгендіктен *бәйге ат* жаздыгүні сәскеден кіші бесінге дейін қорада не киіз үйде ұсталады. Оған жоңышқамен қоса биенің сүті беріледі. Шіріген шөп тұрсын, құрғақ пішен де бәйге атқа зиян деп саналады (Ә. Көшімов, Екі бүркіт). Бәйге бала. *Бәйге атына мініп шабатын бала.* Мінгізіп *бәйге бала,* жайтаңдатып, Аулына ас бергеннің тақау келді (І. Жансүгіров, Өлеңд.). Бәйгеге қосты [түсті]. *Атты жарысқа жіберді.* Олжан торы атын жыл бойы баптап күткен еді. Осы тойда *бәйгеге қосты* («Лен. жас»). Бәйгенің алдын бермеді. *Үнемі жүлдегер болды, алдына жан салмады.* Шоңбайдың қатар жатқан көп елге *бәйгенің алдын бермей* қойғанына екі-үш жыл (Т. Әлімқұлов, Ақ боз ат). Қасен.— Мақтанғанда *бәйгенің алдын бермейсің.* (Д. Еркінбеков, Шығ.). Бәйге төбе. *Ат жарысындағы көмбе.* Тек әрбір өмір, әрбір талаптың өзінің жететін бір *бәйге төбе*

б е с і, қарақшысы болады ғой (М. Әуезов, Абай жолы). **Бәйге тікті.** а) *Жүлде тағайындады, сыйлықты белгіледі.* Саудагердің жүгімен Еділдетіп отырып Баку қаласына келдік. Біз келген кезде Баку байларының *б ә й г е т і г і п*, балуан күрестері болады дегенді естіп, циркке билет алдық (І. Жансүгіров, Шығ.), ә) *Бәстесті, бәс қойды, бәс тікті. Б ә й г е т і г і п* жарысқан, Көркейтуге ұлы істі, Жаңартуға тұрмысты, Талқандаған ескіні — Социалдық серт көрем (Ж. Сыздықов, Түйіскен тоғыз). **Дөнен бәйге.** *Кілең дөнен жарысы.* Құнан бәйге, *д ө н е н б ә й г е*, аламан **бәйге**... Көкпар, қыз қуу сияқты ұлт ойындары өзінше бір төбе («Лен. жас»). **Жаяу бәйге.** *Жаяулардың жарысы.* Енді *ж а я у б ә й г е д е н* озып келгенге беремін дейді (Қаз. ертегі). **Құнан бәйге.** *Кілең құнан жарысы. Құ н а н б ә й г е*, дөнен бәйге, аламан бәйге... Көкпар, қыз қуу сияқты ұлт ойындары өзінше бір төбе (Бұл да).

БӘЙГЕДЕЙ с ы н. *Бәйге сияқты, бәйге тәрізді.* Алатауды жүлгелей Қуа соққан желдейін, Көк жайлауда *б ә й г е д е й* Келді дала дабыры (І. Жансүгіров, Өленд.).

БӘЙГЕЛІ с ы н. *Бәйге тігілген, бәйгесі бар. Б ә й г е л і* жерде бақ болған, Сіздей жүйрік тұлпарға. Қайғырмаңыз, ханзадам, Келмей тұр аузым айтарға, Батырың өтті Бөгембай (Үш ғасыр).

БӘЙГІ з а т. с ө й л. **Бәйге.** Отырды ер Көтібар гүл-гүл жайнап, Белдеуге *б ә й г і* күрең қойды байлап. Ас берген алшын, жаппас, шөмекейлер Бәйгіге үш жүз атты шықты айдап (Айман-Шолпан). Жорға міну, *б ә й г і* шабу Бүркіт салу, ит жүгірту, Қазан асу, мейман күту, Бала туса шілдехана — Бәрі ескілік! Тфу... тфу! (Ш. Смаханұлы, Тотияйын).

БӘЙГІЛІ с ы н. с ө й л. **Бәйгелі.** *Б ә й г і л і* жерге қосып қал, Дүбіріме құлақ сал, Суырылып озамын (Н. Байғанин, Шығ.).

БӘЙГІЛІК з а т. *Бәйгеден озып келушілік, жүйріктік.* Жел жетпес құйынқаңбақ сәйгүлігің; Жүйрігім, маған аян, *б ә й г і л і г і ң!* Серт майдан биылғы егіс өте-мөте, Есіңе ал оның жүртқа әйгілігін! (С. Сейфуллин, Өленд.).

БӘЙЕК з а т. *Шөбі қалың өскен шабындық.* Жұлқарбайлар жеті атасынан шауып келе жатқан *б ә й е г і н* не ғып опоңай бере қояды? дегеннен әрі аса алмады (Қ. Тайшықов, Окт. ұшқыны). Қайырбек пен Имаш та бар,—«Жер бөлінсін! Баяғыдан бері бір *б ә й е к* шөпке ие болып көргеміз жоқ» (Б. Майлин, Шығ.).

БӘЙЕК: бәйек болды. а) *Жаны қалмай құрдай жорғалады, қызмет етіп, ілтипат көрсетті.* «Шаршап келіпсің ғой, шәйіңді ішші, бойың көтерілер ме екен.. Сені терлесін деп...» Әйелі одан жаман *б ә й е к б о п*, қайтсем осының көңілін жадыратам деген түрмен, (оның) аяғын сипап отырар еді... (Б. Майлин, Шығ.).— Же, жей ғой. Іш, іше ғой!— деп, барлығы да Аяжанға *б ә й е к б о л ы п* жатыр. Әр тағамнан бір шұқып, Аяжан лезде-ақ тойып қалды (Б. Соқпақбаев, Аяжан). Ақбала бойы ауырлап, отырып-тұру қиындап қалғанына қарамай, қонақ келгелі Тәңірберген *б ә й е к б о п* ұшып-қонып жүр (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). ә) *Жағымпазданды, жарамсақтанды.* Әбекең *б ә й е к б о л ы п* Байбол сөйлеген сайын «солай, солай» деп қояды (Б. Майлин, Шығ.). Қайсыбіріңе *б ә й е к б о л а м*, өз командирім бар деп тұрмайды (Т. Ахтанов, Қаһарлы күндер). ◆ **Бәйек етті.** *Құрдай жорғалатты, айтқанын істетті, зыр қақтырды.* Шешеден жастай қалып, осындай көңілшек әкенің бауырында беті қағылмай өскен Сапар өз қалағанының бәріне оны *б ә й е к е т е т і н і н е* әбден көзі жетіп, еркелікке салынып алған (М. Иманжанов, Көк белес).

БӘЙЕКТЕ е т. *Бәйек болу, жаны қалмай асты-үстіне түсу.* Аясында балалары ұшып-қонып *б ә й е к т е й д і*, Балажан бұл аналары өсіруге өбектейді (З. Қалауова, Таңд.).

БӘЙЕКТЕГІШ с ы н. *Құрдай жорғалап қошемет көрсеткіш, жарамсақтанғыш.* Қыздар жігіттің неғұрлым көңіл аулағыш, өбектегіш, *б ә й е к т е г і ш* келгенін ұнататынын білмейтіні ме? Соңынан жүгіруші неғұрлым көп болса — қызға керегі сол (Б. Аманшин, Жар мұңы).

БӘЙЕКТЕН е т. *Ет алып семіру, қоңдану, мәйектену.* Бұны сезінген сайын қызыл құлын шыж-көбелек боп, *б ә й е к т е н і п*, бауырынан іріді (Т. Әлімқұлов, Күрең өзен).

БӘЙЕКТІК з а т. *Жік-жапарлық, кішіпейілдік.* Баубектің әжесінің аналық ақ тілегі, немересін жамандық атаулыдан арашалап ұстағысы келетін *б ә й е к т і г і*, содан туған спорт жөніндегі кейбір түсінігі

қызықты түрде, күлдіргі тілмен берілген («Халық мұғ.»).

БӘЙЕ-ШӘЙЕ с ы н. с ө й л. **Бая-шая.** Біз қызғыштың ұясына тимейтінбіз, оның тек *б ә й е-ш ә й е* боп, төбеміздің тырылдай айналып ұшқанын ғана қызық көретінбіз (Н. Ғабдуллин, Өмір.).

БӘЙПЕК: бәйпек қақты. *Бәйек болды, жалпаңдады.* Құсайынның да алдынан *б ә й п е к қ а ғ ы п,* уын ішіне сақтап, сыртын жылмаңдатып ескі сары сүйексініп, Құсайынды қонақ қылып сыйлап қайырған (І. Жансүгіров, Шығ.).

БӘЙПЕКТЕ е т. *Байпақ қағу, жорғалау.* Сіз бе еді?— ақын аға Майкөт деген, Бір сөзі бір сөзінен қайта өтпеген. Саңқылдап сарайыңнан өлең шықса, Именіп, өзге ақындар *б ә й п е к т е г е н* (Жамбыл).

БӘЙПЕҢ: бәйпең қақты. *Бәйпектеді, бәйек қақты.* Қорқақтап қорғалап, *Б ә й п е ң қ а ғ ы п* жорғалап. Батырлар атқа мініпті. Мылтықтарын асынып, Беліне байлап қылышты (Ү. Кәрібаев, Таңд.).

БӘЙСӘУЕТ с ы н. с ө й л. **Бейсауат.** Астыртын негр патшасынан хабар алсам, оларда қаладан *б ә й с ә у е т* шыққан кісі жоқ. Қызым сенің қолыңда қалғанына әбден көзім жетті (Мың бір түн).

БӘЙТЕРЕК з а т. 1. *Биіктігі 40 метрдей, қалың қабықты, бұтақтары тармақталмай тік өсетін, жапырақтары жалпақтау келген терек туысына тән ағаш. Мұны мырза терек деп те атайды.* Сонда шалың сөйлейді байпаң қағып, Балаларға барады сөзі жағып. Оңтүстікте бар еді бір *б ә й т е р е к,* Онан жақын нәрсе жоқ жүрмін бағып (Батырлар жыры). Саясы мол *б ә й т е р е к* көлеңкесінде отырмыз. Оңтүстік батысымыз бірер километрдей жалаңаштанып барады да, одан әрі тағы да орман басталады (Ә. Сәрсенбаев, Офицер.). Адамға бүгін бағынған Қыр бейнесі өнді ерек. Шал көзіне шалынған Сыңсыған қайың, *б ә й т е р е к* (Т. Жароков, Шығ.). // *Мықты, зор, саясы мол деген мағынадағы теңеу.* Елім Россия — зор *б ә й т е р е к* Бір бұтағы Қазақстан. Елге төніп қара түнек Қол салғанда озбыр дұшпан (С. Машақов, Жылдар). Көркем сөз бақшасының *б ә й т е р е г і* Қалдырдың асыл сөзді ұрпаққа арнап (М. Жансаева, Ана жүрегі.). Жалған ба сөзі, рас па, Түбінде байқап сынарсыз. Саяңа қонған біз шымшық, Сіз *б ә й т е р е к* — шынарсыз (Ү. Кәрібаев, Таңд.). 2. А у ы с. *Тірек, таяныш, сүйеніш, қорған, пана.* Моласына барып түнейтін күндерім де болатын. Қайтіп қайырмайын-ау, ол менің *б ә й т е р е г і м* еді ғой (Ғ. Сыланов, Домбыра). Жәнібек: Е, е, Жиреншем, атасы өлген қалай екен? Жиренше: Е-е, асқар тауы құлады, *б ә й т е р е г і* сұлады десейші, жайлауын жау алды, қыстауын өрт алды десейші (С. Сейфуллин, Шығ.).

БӘЙТЕРЕКТЕЙ с ы н. *Бәйтерек сияқты биік, зор.* Рулы ел Қарамұрат аз ғана Игіліктің жемі болып келген. Кәзір Қарамұраттың ішіндегі кішкентай ғана бір ячейка *б ә й т е р е к т е й* Игілікті түбірімен солқылдатып тұр. Ертең құлатады (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). Міне мынадай адамдар! Бұлшық еттері бұлық-бұлық, бойлары *б ә й т е р е к т е й,* кілең бір ығай мен сығай адамдар (Жастар эстрадасы). Жайылған *б ә й т е р е к т е й* тамырлары, Тұтасып құлпырғанша жердің шары, Өмірлік зор күресін сала бермек, Бостандық өмір сүйгіш жас пен кәрі (Пернедегі терме.).

БӘЙТӨБЕТ з а т. 1. *Сырттан, төбет ит.* Сонымен қатар бұл үш бөрі өте сақ, қайсар, қажырлы, әлді аңдар. Жүйрік ілкімді аттары, алыса кететін *б ә й т ө б е т і* бар ауылдарға бұл үшеуі сирек жанасады (Ә. Көшімов, Қарт аңшы.). 2. А у ы с. *Ересектеу балалардың я адамдардың ерсі қылықтарын жаратпағанда айтылатын зілсіз әрі кекесінді сөз.* Саған жаман болса да, маған бөле! Ал, ана итің маған қайдағы жақын. Әрі-беріден соң алты алаштың ол — бірі, мен бірі,— деді ол Нартайлақтың *б ә й т ө б е т* деп отырғаны Қаратай екенін біліп (А. Жүнісов, Өмір ізі).

БӘЙШЕШЕК з а т. 1. *Қызғалдақ туысына жататын, қар кетісімен шығатын, көп жылдық баданалы өсімдік, алғашқы көктем гүлі. Б ә й ш е ш е к,* балауса, гүл балдырғандай, Қаратып шырайына талдырғандай (І. Жансүгіров, Өленд.). Сол жастардың көктемгі гүл, *б ә й ш е ш е к* тәрізді түрленіп, құбылғаны, жайрандаған жүзі, суда жүзген үйректей сылаңдаған жүрісі әлі көз алдымда (Ә. Шәріпов, Партизан қызы). Пияздың, жауқазынның, *б ә й ш е ш е к т і ң,* баданалардың бүршік қабыршақтары — төменгі жапырақ категориясы,— дейді (Т. Мұсақұлов, Өсімдік. анат.). 2. *Дала гүлдерінің жалпы аты.* Ең әуелі жас шалғыны, *б ә й ш е ш е г і* то-

лықсып өсіп тұрған соны қонысты алады [Абай «Жаз» өлеңінде] (М. Әуезов, Әр жыл.). Жазды күн шілде болғанда, Көкорай, шалғын *бәйшешек* Ұзарып, өсіп толғанда (Абай). Енді мен *бәйшешегі* құлпырған кең даламен де, жалтылдай жайнаған күнмен де бетпе-бет тұрып қалдым (С. Мұқанов, Есею жыл.). Жүгіріп келді айғайлап, *Бәйшешек* теріп қыр асып. Кең дала бүгін той тойлап, Көкірегін маған тұр ашып (Т. Молдағалиев, Құралай).

БӘЙШЕШЕКТІ с ы н. *Көкорай шалғыны, гүлі мол.* Мұржасынан қара түтін будақтап, алтын соқпақтан алыстап кеткісі келмеген ол кеме көкорай шалғын *бәйшешекті* белеңнің ар жағында тұрған алып заводқа ұқсайды (Ә. Нұршайықов, Батыр өмірі).

БӘЙШЕШЕКТЕЙ с ы н. *Бәйшешек сияқты құлпырған, қызылды-жасылды.* Қыз Мәмбетті үйіне алып келді. Үйі *бәйшешектей* жасаулы екен (І. Жансүгіров, Шығ.). Лениннің мен де көрдім бет-ажарын, Ойдағы шаттығымның айттым бәрін. Сол кезде нәрестедей балқып бойым, Құлпырды *бәйшешектей* бет ажарым (Айманкүл, Ана сыры). Сүзілген құйрық, жалы өңшең жайдақ, Балалар *бәйшешектей* шыттар байлап, Бәйгеде бәсекемен бақ сынасқан Қалың ат келді айнала кетті қайнап (І. Жансүгіров, Өленд.).

БӘЙШІКЕШ с ы н. э к с п р. с ө й л. **Байшікеш...** Совет үкіметіне салық ретінен наразы болып жүрген кейбір *бәйшікеш* мұжықтармен астыртын сездес болып, байланыс жасап жүргендері де сезіледі (С. Сейфуллин, Әңгім.). Ауылдас жамағайын Күләндамен, Құда боп, Есметке осы уәде берген. Сондағы он шақты үйдің *бәйшікеші*, Бір сұмаң кемпірі бар Жәніш деген (Ж. Саин, Таңд.).

БӘЙІК с ы н. с ө й л. **Бәйек.** Ермек пен Қалипа екеуі екі жақтан *бәйік* болып жүріп, жастарды қарсы алды (А. Байтанаев, Жаңғыр.). Күләнда алтын қыз, сен оған тіліңді тигізбе!— деп *бәйік* болатын оған кім бар? (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.).

БӘЙІТ и р. з а т. 1. Д і н и. *Ораза кезінде айтылатын жарапазан сарынындағы жыр, өлең.* Науқасың меңдеу тартты деген-нен соң, Жыладым *бәйіт* айтып үш күн ұдай. Дауысымды танымайсың, атым Әсет. Мен келдім әдейі іздеп көңілің сұрай (Айтыс). 2. *Бір мақаммен, сарынмен айтылатын өлең.* Сөз билеген борыш деп Шықпақ-қа даңқы өрістеп. Ерлерімді естірттім *Бәйіт* етіп өлеңмен, Қалдырмаққа тарихын Таныстырып ел-елмен (Ы. Шөреков, Исатай — Махамбет).

БӘЙІТШІ з а т. *Бәйіт айтатын адам. Бәйітшіні* «зікірші» дейді. Әндеткен бәйіттерін ол салқын қанмен емес, қызына, еліре айтады (С. Мұқанов, Алып. адым.).

БӘК з а т. с ө й л. **Бак.** Шыжыған шілде мен таңдай кептірген тамызда темір *бәкке* құйып, быршытып, айнытып әкелген қымызға кім беттей алмақ (М. Хасенов, Алғашқы ән).

БӘКЕЛТЕК с ы н. *Бәкене, аласа.* Изенбай қарағым, бабаң жаудан қайтпаған, бар ұстас,— деп қарсы топтан *бәкелтек* сары қопаң етті (С. Сматаев, Армысың).

БӘКЕНЕ с ы н. *Тапал, аласа, мыртық.* Ол өзі *бәкене* келген, кішкене бітік көзі ежірейген, семіз сары жігіт болатын. Майлы бетіне пісте мұрны батып кеткен. Онымен Галяның танысқаны да оғаштау (Т. Ахтанов, Дала сыры). Басқа бағынбаған аяқ жиі шалыс кетіп, Ниязбектің *бәкене* бойын теңселтіп жіберді (Қ. Қамбаров, Тауда.).

БӘКЕНЕЛІК з а т. *Аласалық, қысқалық.* Осы *бәкенелігімнен*-ақ бәлеге қалдым-ау. Әкеме тартып, бойым тапал болған (Н. Сералиев, Ыстық күлше).

БӘКІ з а т. *Ашпалы-жаппалы қалта пышақ, шаппа.* Бір *бәкімен* ентеп вагонның саңлауларын шұқып, тақтайларын жонып, азырақ-азырақ кеңіттік (С. Сейфуллин, Тар жол.). Мә, мынаумен қырып жіберіңіз, ағай... деп Сатан лып етіп, жанындағы *бәкісін* ашып шалға ұстата берді (І. Жансүгіров, Шығ.). Қайрақтың татын тамшы жуып жібергенде, *бәкі* бізге қарай сұмаңдап-сүйреңдеп жұтынып қоятын сияқтанады (Ғ. Мүсірепов, Шығ.).

БӘКІДЕЙ с ы н. *Бәкі сияқты.* Бөлменің бұрышында, тұмсығын жастыққа көме, денесі *бәкідей* бүктетіліп, кішкене арық денелі, ақ сақалды біреу ұйықтап жатыр (С. Мұқанов, Өмір мектебі).

БӘКІЗЕ и р. с ы н. *Таза, пәк.* Оның үстіне тамақ өзірлеушіміз де анау-мынау

адам емес, бір *бәкізе* [Ольганы айтады] (Ж. Жұмақанов, Жазылм. кітап).

БӘКІЗЕЛІК з а т. *Тазалық, пәктік.* Осы өзенге келгенде күйеулер тобы ат тұяғына ілінген май топырақты шопылдатып тынық суға түсіре, су *бәкізелігін* сәл ұйтқыта, ауылға қарай озып кетті (С. Мыңжасарова, Қыр қыз.). Сенің қалтаңдағы алтынның бәрі осындайдан жиналған болса, кәне, сендердің кереметтіктерің, *бәкізеліктерің* қайсы (Бұл да).

БӘКІН-ШҮКІН з а т. с ө й л. **Көкір-шүкір.** Жұмысты жақсы істейсің. Жеке басыңның *бәкін-шүкінін* менің алдыма көлденең тарта берме (О. Бөкеев, Қамшыгер).

БӘКШЕ ү с т. *Бәкі секілді.* Қайыра бұқты шыдамай, Өлім боп бар күткені. Балшықта басы сынадай, *Бәкше* белін бүктеді (Д. Әбілев, Майданбек).

БӘЛ з а т. *Баға, құн.* Бәлденейін десе *бәл* жоқ. Назданайын десе, наз жоқ. Өкінейін десе, өкініш жоқ (Т. Әлімқұлов, Күрең өзен).

БӘЛАҒАТ[1] з а т. с ө й л. **Балағат.** Сәл уақыт әуреленгеннен кейін бұлар ашуланып енді *бәлағатқа* басатындай болған соң, әрең дегенде қолдарын босатып алды (А. Байтанаев, Асан).

БӘЛАҒАТ[2] з а т. с ө й л. **Балиғат.** Ардақты ата, һәм есегіңіз бір күн тыныш таппай, ойды-қырды аралап, бірде қарауыл, бірде қойшы, бірде сиыршы болып жүріп мені *бәлағатқа* жеткіздіңіз,— депті қызы (С. Адамбеков, Қожанасыр).

БӘЛАҒАТТА е т. с ө й л. **Балағаттау.** Дереу ол районнан да қайтты. Ол жолдастарды *бәлағаттап,* өзін және өзімен бірге осында фермада еңбектеніп жүрген қауым жолдастарын мадақтайды (А. Байтанаев, Асан).

БӘЛАҒАТТАУ е т. *Бәлағатта етістігінің қимыл атауы.* Мақтауға болмайтын кезде *бәлағаттауға* жол беру пасықтық қой (В. И. Ленин, 35 т., 14-б.).

БӘЛГЕР з а т. с ө й л. **Балгер.** Гарнизонның бастығы мен Құсайын түрменің бастығы үшеуі оңаша қалғанда, Құсайын өзінің құмалақшы *«бәлгер»* екенін білдіріпті (С. Сейфуллин, Тар жол.). Баяғының дуанасына ұқсайсыз. Есебі *бәлгер* емессіз бе, ата?— Нұрқат қылжақ қылды.—Ептеп бал ашатыным да бар еді, шырағым,— деді шал қуланып (З. Шашкин, Сенім). Қолдарына құран, аса найза ұстаған молда, қожа, диуана, тәуіп, *бәлгерлер* ерекше бір көңілді жағдайда отыр (Б. Шалабаев, Өмірде.).

БӘЛДЕН е т. *Өзінің бағасын асырып бәлсіну, бұлдану.* Көбік ауыз Қалима көпіреді, Ақсақ кемпір табалап секіреді. Осы керек бәлемге, осы керек, Көптен бері *бәлденіп* отыр еді (Б. Майлин, Шығ.).

БӘЛДЕНУ *Бәлден етістігінің қимыл атауы.* Мені жазғырып ұрысты.— Сізге үлкен орын ұсынып отырмыз. Несіне *бәлдене* қалдыңыз?— деді маған комдив (Б. Момышұлы, Майдан). Көрдің ғой, шырағым, жақсы екенін,— деді Тәслима,— ендігі *бәлденуің* ұят болады, мына жұртты сыйламағаның (С. Мұқанов, Мелдір махабб.).

БӘЛДЕНУШІЛІК з а т. *Өз бағасын, құнын арттырушылық, бәлсінушілік, бұлданушылық.* Осы ой көкірекке ұялап алған соң, оған [Сейілханға] бір пандық, *бәлденушілік* пайда болды (С. Баязитов, Күтп. кездесу).

БӘЛДІР-БАТПАҚ с ы н. с ө й л. **Балдыр-батпақ.** Елеусіз механик Оралдың бір уыс бойында сөз өнері бар деп ойлаған жоқ-ты. Енді, Шірекең айтқан дәптерлерді қолқалап, жабыса бастады. Орал: «бізді кі — баяғының *бәлдір-батпағы* ғой» деп қашқақтады (Т. Әлімқұлов, Ақбоз ат).

БӘЛЕ[1] а р. з а т. 1. *Пәле-жала, шатақ, дау-жанжал.* Құмармысыз, жан ата, Мені сілтеп *бәлеге,* Қаңғыртуға далаға (Батырлар жыры). Ашап-ішуге малдың тапшылығы да, ағайынның араздығы да, әр түрлі *бәлеге,* ұрлық, зорлық, қулық, сұмдық секілді нәрселерге үйірлендіруге себеп болатұғын нәрсе (Абай). Үндемеген үйдей *бәледен* құтылады (Мақал). Есесін жоқтаса да *бәле* іздеген бола ма (М. Әуезов, Абай жолы). Қой, мен ондай *бәлеңе* ұрына алман (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). 2. *Қырсық, кесел, кесапат.* Бәрін айтып не керек, Көп әйтеуір *бәлесі.* Көрдім оны мен де жек, Рас болса дәл осы (Ғ. Қайырбеков, Таулар). Ай, тақсыр хан, өлгенше, Бұл *бәлені* көргенше, Айтқанымды ұнатсаң, Мен айтайын ақылды (Батырлар жыры). Қажеке, құдайдың көлденең *бәлесі* дәл келмесе, осы малды бақпай немізді бағамыз? (С. Шарипов,

Шығ.). ◆ **Басын бәлеге батырды.** *Пәлежалаға ұрындырды.* Сыртыңнан өсекті судай сапыратын, *Басыңды бәлеге батыратын.* Түймедейді түйедей ететін, Ағыңды күйедей ететін (Қ. Бекхожин, Дала комиссары). **Бәле баққан.** *Дау, шатақ, арамдық қуған.* Жау болып, бірін-бірі күнде шапқан, Жасы-қарты бәрі де *бәле баққан.* Соқырға жан-тәнімен басын ұрып, Көздісін көмір қылып отқа жаққан (С. Торайғыров, Шығ.). **Бәле болды.** *Қырсық болды.* Айтайын бір ақылды енді сізге, Бұл бала *бәле болды* енді бізге, Күнікейді бір жаққа қашыралық, Таппаған боп қаралық өзіміз де (Батырлар жыры). **Бәлеге қалды.** *Шатаққа ұшырады, жалаға қалды.* Баян бейбақ *бәлеге* енді *қалды,* Бір түскен жеңешеме бұйымым деп, Ояның боз торғайын сұрай барды (Қозы Көрпеш). Қалмақ келер қалаға, Мен *қалдым* ғой *бәлеге.* Тілімді алсаң перзентім, Кетпегейсін далаға (Батырлар жыры). Балқияның төніп тұрысы мынау. Оның айтқанын істемесең, *бәлеге қалдың* дей бер (Қ. Қамбаров, Алтай аясы). **Бәлеге шатылды** [ұшырады]. *Шатаққа ілікті, басына іс түсті.* Қырғыздан бір жүйрік әкелген сапарында *басы бәлеге шатылды* да айдалып кетті (Ғ. Сыланов, Асау арна).— Қой, бармалық. Бір *бәлеге ұшырармыз,* онан да осы арада күтелік!— деді Нұрәділ (І. Жансүгіров, Шығ.). **Бәледен машайық қашты.** *Тыныш, тек жүр, бәлеге жұлыма. Бәледен машайық қашқан,*— деді машинаны қуа сөйлеп бір егде тартқан қазақ кісі (М. Қаратаев, Даладағы дабыл). **Бәле жапты.** *Жала жапты, айып тақты, кінәлады.* Есіңе түссе, жылайсың, Енді бұған қашанғы шыдайсың? Жаз арызды, *бәлені жап,* Арылмайтын күйені жақ (С. Сейітов, Шығ.). **Бәле қуды.** *Жамандық, арамдық ойлады.* Жиын құрған, *бәле қуған* (М. Әуезов, Абай жолы). **Бәле қылды.** *Шатақ шығарды.* Ол кіші қатынға сен күшік таптың деп, күшік беріп, *бәле қылыпты* (Ы. Алтынсарин, Таңд.). **Бәле салды.** *Жала жапты.* Бұрын да әлденені күбірлеп сөйлеп есікті зорға ашатын кемпір енді өзіне [Хакімге] *бәле сала* сөйледі (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). **Келетін бәле жоқ.** *Ешқандай зиян, қорқыныш жоқ.* Сен бе сен, тас жүрек сұмсың, өзіңмен кетіп жүрсің. Құдайдың да тамағы тоқ екен, Қасқырға *келетін бәле* де *жоқ* екен (С. Сейітов, Большевик).

БӘЛЕ[2] с ы н. 1. *Еті тірі пысық, қу, бәлекет.* Апыр-ай, батшағардың *бәлесін*-ай. Күнді емес, ортақ табысты сорып жүр екен ғой,— деді Баймағамбет (Ғ. Мұстафин, Миллионер). Қарай гөр дәмесің,— деп ересек бала күзетші қартқа қарады. Қадалған жерінен қан алатын бір *бәле,*— деді қарт (М. Иманжанов, Адам.). 2. А у ы с. М и ф. *Құбыжық, қорқынышты нәрсе.* «Бұл жерде ұры бар, сұмдық жер, *бәле* жатқан жер» деген сөздің қандайы болса да көңілге дарымайды (М. Әуезов, Шығ.). Ойбай, түлкі, мен бір *бәлені* көріп келдім (Қаз. ертег.). Аяулы ұн, қыздың үні зуылдаған, Сүйгенін іздеп жүрген су ұрлаған. Астында аяғының қалып жатыр, Сан *бәле* арпалысқан, шуылдаған (А. Тоқмағамбетов, Дария сыры).

БӘЛЕ[3] о д. с ө й л. Пәлі. Тыста еркек, үйде ұрғашы өлеңге мәз, Гармон сыбызғыдай сылдыр етіп — Ой, *бәле*-ай, Ырысжанның жауабы-ай?— деп, Ел қостап көтеріліп ду-ду етіп (Әсет).

БӘЛЕДЕЙ с ы н. *Бәле сияқты, бәле тәрізді.* Енді ол арбаға жегілген үш қаракер ат емес, қара түсті *бәледей* құтырыныш, тұтас қозғалып, ұмар-жұмар кетіп барады (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). Қара түннен бұлдырап, Көзіне бір зат шалынды. Қас *бәледей* тұнжырап, Қара шапан жамылды (Ж. Саин, Шығ.). Біресе осылай қарай келе жатқан *бәледей* жақын шарылдайды да, біресе шымыр-шымыр етіп әрі ойысады (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке).

БӘЛЕ-ЖАЛА з а т. *Кесапат-қырсық.* Содан бері ол пластинканы жанынан тастамай, бұл бойтұмар *бәле-жалаған* сақтар деген үмітте болып келген («Лен. жас»).

БӘЛЕК[1] и р. з а т. с ө й л. Пәлек. Асқабақтың *бәлегі* Қау болып қалыпты ғой (Диал. сөздік).

БӘЛЕК[2] о р. з а т. *Постромканың ұшын іліп қоятын, екі жағы кертілген жуантық ағаш; «валёк».* Динамометрдің екі ырғағы бар, бұл ырғақтардың біреуі постромканың ұшы ілінетін *бәлекке,* екіншісі тартатын жүкке [плугқа, шөп машинасына және басқа сайманға] бекітіледі (А. Сыздықов, Жылқы өсіру.).

БӘЛЕКЕЙ с ы н. ж е р г. *Кішкентай, аласа, мыртық.* Бұл дәрілер көзір ешқайда жоқ. Осы *бәлекей* жәшіктің ішінде қа-

зақтың бір қора малы жатыр... Қайда тықсам екен?!..— деп Меңлікан аласұрып жүргенде, Шайқы кірді (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). Күн көзін көрмеген тал бойлай алушы ма еді, жуандай алушы ма еді, ергежейлі, *бәлекей* күйінде қала бермек (А. Хангелдин, Біздің оттарымыз). Әшекей қыз Айжан-ай, *Бәлекей* қыз Балжан-ай, Шашбаулы қыз Сәлима-ай, Еркелеген Таиса-ай, Толықсыған Маруся-ай, Тыңдаушы еді-ау Сәулем-ай, Қайда кетті Раиса-ай, Я люблю аяй, Рая-ай (Қаз. әндері).

БӘЛЕКЕТ з а т. 1. *Пәле-жала, шұғақ, қырсық.* Абыз:— Адалдан бер, ақтан бер! *Бәлекетін* жатқа бер (М. Әуезов, Шығ.). *Бәлекетті* бастаған, Басыңа бәле тастаған. Екі бетте тамтық жоқ. Кісі демей Қасқарау, Сені жолға тастаған (Жамбыл). Сақта құдай *бәлекеттен,* Жөніміз жоқ таласуға. Апаратын самолетпен Сұлу Берлин қаласына (А. Шамкенов, Сағат). 2. *Халықтың діни сеніміндегі құбыжық нәрсе, адамға қас күш.* Кет, *бәлекет,* жүзі қара! Кет!— деп, үлкен кесек тасты жіберіп қалды (М. Әуезов, Шығ.). Раушан, тіпә, *бәлекет* өзіңмен кет!— деді (Б. Майлин, Шығ.). Бас ауырса, бақсыларды Алып келіп бақтырарсың, Жазықсыз жануарды сойып, Өкпеменен қақтырарсың. Жын, *бәлекет* қашады деп, Тұмар алып тақтырарсың (Ы. Алтынсарин, Таңд. шығ.). 3. *Қу, пысық, пәле.* Апам күліп:— Ә, *бәлекет!* Атың қасқыр-ау, неше айтқанмен!— дейтін. Бірақ ол әдетін қойды (М. Елшібеков, Алтын мүйіз). Түу, *бәлекет!*— десті жұрт. Сол *бәлекет,* бел асты, «Күн» соңынан күл шашты (І. Жансүгіров, Өленд.). ◆ **Бәлекетіңді алайын.** *Садағаңа кетейін, садағаң болайын.* Қойшы шырағым, тілімді алшы енді, *бәлекетіңді алайын* сенің (Ауызекі тіл). **Бәлекет басқыр.** *Қарғ. Қара басқыр, марту басқыр.* Ой, *бәлекет басқыр,* сені адам деп жүрсем, ақымақ екенсің ғой (Ауызекі тіл).

БӘЛЕКЕТТІК з а т. *Пәлелік, құлық, пысықтық.* Міне енді сол екі милиционер ендігі «Бас бересінге» келген шығар,— деп ойлап, із кескіш *бәлекеттігімді* айтқанша асығып, жосылтып келемін (Ә. Омарбаев, Кәрлен.).

БӘЛЕ-ҚАЗА з а т. *Өлім-жітім, шығын.* Алла-тағала өзі жаратқан пенделерін өзі алады. *Бәле-қазаға* көну, сабыр ету керек...— деді ишан құраннан кейін көңіл айтып (Ж. Арыстанов, Жалынды жүрек).

БӘЛЕҚОР с ы н. *Жалақор, бәле қуғыш.* Бәле іздеген *бәлеқор,* Қарғылы фашист төбеттер. Жапоннан шығып Монғолға Көшті бейне ұшпа бұлт (Жамбыл). «Шегебай — *бәлеқор!*» деп атың шықты, Көрмес ең мұндай қорлық, болсаң мықты (Айтыс). Біреулер Жәлелді «Парашыл, есебін тауып екі асайтыны бар, кісілігі жоқ, қатты, қытымыр, қызғаншақ *бәлеқор,* жалақор, арызшыл» деп те атайды (А. Тоқмағамбетов, Фельетон.).

БӘЛЕҚОРЛЫҚ з а т. *Жалақорлық, бәле қуғыштық.* Жиренше шешен Жәнібек ханмен айтысқанда халық Жиреншенің ақылды сөздерін мақұлдап, ханның *бәлеқорлығын* мазақ етеді (ҚазССР тарихы).

БӘЛЕҚҰМАР с ы н. *Бәлешіл, жалақор.* Сөзқұмар, *бәлеқұмар* Баймұрындар аз ба (М. Әуезов, Шығ.).

БӘЛЕЛІ с ы н. *Дау-жанжал шығатын, шатақты, бәлесі көп, бәле-жаласы бар. Бәлелі* жерді баспа, Басыңа түссе саспа (Мақал).

БӘЛЕЛІК з а т. *Пасықтық, қастық, қырсықтық.* Үйде ескі ағашты, керегені керткендей әлде бір *бәлелік,* туындап жатқан жаман жаңғырық бар (Р. Тоқтаров, Ертіс).

БӘЛЕМ о д. *Біреуге кіжінгенде, өштескенде, зіл көрсеткенде айтылатын сөз. Бәлем* тұра тұр, осының бәрін де әкеме айтам! — деді Тәкежан Абайға (М. Әуезов, Шығ.). Тұра тұр, *бәлем,* байыңа айтып, жоныңды тілдірермін! — деп ойлады Шәрипа ішінен (Б. Майлин, Шығ.). Қайғырмаңыз, жаңа, сізді басынғаны емес, бізді, колхоз көпшілігін басынғаны. Көрерсіз, *бәлем,* шоқ басқан тайлақтай болар (Ғ. Мұстафин, Жиырма бес).

БӘЛЕН е с. *Белгісіздікті білдіретін, тұспалдап айтылатын сөз. Бәлен* жерде бір көрі балық бар (Қаз. ертег.). «Жер ортасы Көктебеде» жаяу қалдық. *Бәлен* жерде бақыт бар; барсаң бақыт түгіл пақыр да жоқ — деген екен (Ж. Жұмақанов, Қаракөз). *Бәлен* жерде алтын бар, барсаң бақыр да жоқ (Мақал). ◆ **Бәлен деуге болмайды.** *Олай-бұлай деуге болмайды, ашып айту қиын.* Рүстемнің Кенжетаймен таласуының бір мәнісі бар шығар, ұят екен, *бәлен екен деп* айтуға *болмайды* (С. Шарипов, Шығ.).

БӘЛЕНБАЙ е с. *Бірнеше, біршама, көп деген мағынада айтылатын болжал сөз.* Директор Байжігіт Сейдалин қапқара шашын кері қайырып, күліп отыр... — *Бәленбай* жыл оқығанда рапорт жаза алмасаң... — дейді Ш. Қасеновқа («Лен. жас»). Сабыр: Ал, біз ше, Ермек ше?.. Осы, осы... *бәленбай* жыл бірге оқыдық қой. Шыныңды айтшы, Махфуза! Ермек екеуміздің қайсымызды... (Бұл да).

БӘЛЕНДЕЙ үст. *Айтарлықтай, оншама, соншалықты.* Өзіңе өзің болдың әулиедей, Бақсыға аруақ қонбайды ел сүйемей. *Бәлендей* затың таза көрінбейді, Болса да бетің қызыл қан шиедей (Қаз. әдеб. хрестом.). *Бәлендей* алыста, күн астындағы Күнікей қызды тапсын (Қаз. ертегі.).

БӘЛЕН-ТҮГЕН е с. *Анау-мынау, бәленпәштуан.* Бірақ комиссия мүшелерінің тыңдағаны ғана болмаса, *бәлен-түген* деп ештеңе деген жоқ (Е. Оразақов, Дәрігер.). Оны Жамановқа айтпақшы еді, бірінші секретарь демалысқа кетіпті. Басқасы бейтаныс. Оларға *«бәлен-түген»* деуді Есімбек ерсі көрді (Бұл да).

БӘЛЕНШЕ е с. с ө й л. **Пәленше.** Сөйтіп ел ат жаратып баптасады, Жинап қымыз-сусынын тоқтасады. Атақты балуандарын ортаға алып, *Бәленше* бәлендей деп мақтасады (Батырлар жыры). *«Бәленше-екем»* елін ойлайды, Жетім елден кемін ойлайды (С. Дөнентаев, Өленд.). Қазан ассын, буы шығып, Үй төбесі терлесін. Сары қазыны кертіп салсын *«Бәленшелер* келгесін» (Б. Майлин, Шығ.). Қыстаққа кірген әуелі *Бәленшенің* баласы, Келе алмады, себебі, Ауыр екен жарасы (Қ. Аманжолов, Шығ.).

БӘЛИҒАТ з а т. с ө й л. **Балиғат.** Жесір қалған жас әйел екінің бірінде пәлендей бір байдың көп қатынының бірі болып кететін немесе өзінің болашақ күйеуі ер жетіп, *бәлиғатқа* толғанша күтуге міндетті болған (ҚазССР тарихы). Совет өкіметінің қазақ әйелдеріне берген праволары туралы айтып, қалың мал, көп әйел алу, *бәлиғатқа* жетпеген қыздарға үйлену, әмеңгерлік сияқты ескінің тағылық қалдықтарын ашына әшкерелеп отырды (Аялы жандар).

БӘЛКЕДЕЙ с ы н. с ө й л. *Шоқпардай, кеспелтектей.* Бөкен *бәлкедей* жұдырығын мұның танауына тақап: — Сізге төреші бол демеген шығармыз! — деген (Ж. Молдағалиев, Торғай толғауы).

БӘЛКІ м о д. с ө й л. **Бәлкім.** *Бәлки,* сол заманның өз қақиқаты, өзінше ғаділеті, сол заманның өзін шафқатым деп білген шығар (М. Әуезов, Абай жолы). Тоқта! — деді Сарыбала,— қорықпа. Төбет әлі іштеме білмейді. *Бәлки,* келмес те (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). *Бәлки,* біреудің хаты болар,— деп ол [Әлтай] қағазды Бәбіге ұсынды (Ф. Дінисламов, Ұшқын).

БӘЛКІМ м о д. 1. *Мүмкін, ықтимал, бәлки.* Бұға тұрайық, *бәлкім* ескермес. Екеуі де төмен бұқты. Лұқпан бұлардың осынысын сезгендей, қадала қарады (Б. Майлин, Шығ.). *Бәлкім* кедей шығарған мақал шығар,— деді Бейсетай.— Рас, кедейге келіңкіремейді,— деп Жапар қыстырылып қалды (І. Жансүгіров, Әңгім.). Құпия сырын ашарлық мәлімет алып қалар, *бәлкім* (Қ. Тоқаев, Тасқын). Сіз де офицерсіз, Хорунжий белгіңіз бар, оқымаған шығарсыз, *бәлкім* (Х. Есенжанов, Тар кезең). 2. *Аздап,ептеп, сәл.* Сөкеннің қолы қалам я басқа бір аспапты ұстағанда, *бәлкім* қалтыраңқырайтын, оны «Колчак абақтысының азабынан қалған сарқыншақ» дейтін (С. Мұқанов, Есею жылдары.). Түйіліп кеткен көкке *бәлкім* қыран, Әлемді солқылдатып салған ұран. Күн-дағы көкте тұрған иді басын, Тыңдады жолдан тоқтап жортқан құлан (Д. Еркінбеков, Шығ.)

БӘЛЛӘҺИ а р. о д. с ө й л. **Беллаһи.** Түрі қандай қорқынышты еді? *Бәлләһи* жәй емес (Ғ. Мүсірепов, Таңд.).

БӘЛСІ е т. с ө й л. **Бәлсін.** Бұралып тұрып, Буыны құрып, Қисайта тартып мұрынын; Әсемсіп, сәнсіп, Білгенсіп, *бәлсіп,* Әр нәрсенің орынын (Абай). *Бәлсіп* тұр ғой шетінен (М. Әуезов, Абай жолы).

БӘЛСІН е т. *Әлдеқандай болып кісімсу, бұлдану.* Істеп жатқан сен білмегенде, жаңа келген мен білемін бе, айтсаңшы *бәлсінбей.* Мен болған соң айтамын. Сендер білгіш болмай да айта бересіңдер (Ғ. Мұстафин, Шығанақ). Әй, Шереметьевтің алыбы! *Бәлсінбе,* бері кел! (Ә. Нұрпейісов, Күткен күн). Ағай, әңгіме айтыңызшы? — деп өтінеміз. Сағатбай *бәлсінбейді,* айта бастайды (Б. Соқ-

пақбаев, Балалық шақ.). Сөйте тұра, сонда, неге *бәлсінін,* шікірейе қалғанын білмеймін (Н. Сералиев, Намыс).

БӘЛСІНТ *Бәлсін етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Руын мақтай-мақтай шығандатты, *Бәлсінтті,* бұлғақтатты, бұлаңдатты. Сабазың саябырсып қалды бір кез, Бөсудің жөнін таппай мұнан қатты (С. Сейітов, Жаңғырық).

БӘЛСІНУ *Бәлсін етістігінің қимыл атауы.* Ән дүниесін шалқытарда Майрада *бәлсіну* деген болмайды (Д. Әбілев, Арман жолында). Күнде өзіммен бірге жүрген мынаның бүгін *бәлсінуін!*— деді Сарыбас ызаланып (А. Сарбөпин, Ала қарға).

БӘЛТУ-ШӘЛТУ з а т. с ө й л. Балтай-шалтай. Иттің оғы адамды сескпей қатырады дейді ғой. Атты казактардың оғынан да пәле-ау. Қой, *бәлту-шәлту* не керек, жамбасымды бітіріп тастайын! (Т. Жармағамбетов, Сентябрь).

БӘЛІ о д. 1. *Мадақтау, қошеметтеу мағынасын білдіретін сөз.* Дауысы желді күнгі жарық қамыстың ызылындай шығады. Оған Белгібай қымызшы қошемет көрсетіп: — О, *бәлі* — дейді (І. Жансүгіров, Шығ.). — *Бәлі,* сөзіңе береке берсін, профессорым. Тым жоғары сілтеп кеттің. Мен сонда асқан білім иесі бола тұрып, қой бағады екем ғой (А. Байтанаев, Асан). 2. *Разы болу, қоштау мағынасында айтылатын сөз.* Уа, *бәлі!* Дұрыс сөз! Дұрыс десіп, жұрт шу ете түсті (Ғ. Орманов, Жүрек).— О, *бәлі,* рахмет! Оларды өз көзіңмен көрдің бе? — Әрине, өзім көрдім. Ыстық көлдің солтүстік жағалауында да суреттер көп («Қаз. әдеб.»). *Бәлі,* жақсы келдің. Тамаша енді қызады.— Айналайын, осы келініме жетпейді бәрі (К. Баялиев, Дегелек.). 3. *Таңырқау, таңдануды білдіретін сөз. Бәлі,* үңгірі несі,— деді Ажар, — түн ішінде адам үңгірге барушы ма еді? Сөйдеді де өзі қызарып кетті (Шопан серігі). Әй, мына қыздарға не болған, *бәлі?* — деп бергі бөлмедегі манадан әңгімелерін үзіп тыңдай қалған жігіттердің бірі дауыс қатты да, өзі қарқылдап күліп жіберді («Лен. жас»).— *Бәлі,* ана бір келіншекті қара,— деді бір кезде Мұратбек жерден жеті қоян тапқандай елең етіп («Лен. жас»).

БӘЛШ з а т. *Қамыр ішіне ет салып, майға булап пісірген дәмді тағам.* Айжан қолын қайта-қайта сабындап жуып, қарны ашып қалса керек, столда буы шығып тұрған *бәлішке* шақыру тілемей-ақ өзі ұмтылды (З. Шашкин, Сенім). Сағышжан, мен өлгі *бәліштіі* әкелейін! — деді ол сатыдан төмен түсіп бара жатып, маған тағы да бір көз тастап (З. Шашкин, Доктор.). Бүгін сенің басыңның ауырарын білгендей, пештің ішіне жылқы етінен тәтті *бәліш* сала қойып едім,— деді Қамқа (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.).

БӘНДЕ з а т. с ө й л. Пенде. Кедейге жаны ашымай, Жақсылық ізден басына, Жоламай *бәнде* қасына, Маман берер сазаңды (Жамбыл). Алла тағала өзі жаратқан *бәнделерін* өзі алады. Бәлекәзаға көну, сабыр ету керек,.. — деді ишан құраннан кейін көңіл айтып (Ж. Арыстанов, Жалын).

БӘНДЕШІЛІК з а т. с ө й л. Пендешілік. Аллаға асы болма, балам, бәрі *бәндешілік* қой. Адам атадан өрбіген инсанның бір-біріне жаттығы болмайды,— деді ишан қымызды бір-екі жұтып қойып (Ж. Арыстанов, Жалын.).

БӘНИ а р. з а т. с ө й л. *Фәни.* Хатында деп айтыпсың жарың жаман, Өтер деп әлі-ақ шолақ заман. Бұл шолақ заманада сүйініш аз, Күйініш көп көреді *бәни* адам (М. Сералин, Дастандар).

БӘҢГІ с ы н. *Есалақ, жынды, есуас.* Бес, алты мисыз *бәңгі* күлсе мәз боп, Қиналмай, қызыл тілім, кел тілді ал, қой! (Абай). *Бәңгінің* сандырағы бір құла аттық,— деп бай-батшалар үйіне қайтысты (Қ. Әбдікадыров, Әңгім.).

БӘҢГІР е т. *Есалаңдану, есерлену, жындану.* Ауру иттің пысқырығынан ол құрт шөпке түседі, ол шөпті жеген қой от оттап, су ішуден қалады, шыр көбелек айналып *бәңгіреді* де, ақыры содан өліп тынады, — дейді (Ғ. Сыланов, Домбыра.).

БӘҢКЕ з а т. с ө й л. Банка. Ендігі қызық төңкерілген *бәңкенің* түбінде болады. Майда тамшылар төңкерілген *бәңкеден* астыңғы шынының үстіне жаңбыр тәрізді тамып тұрады (А. Мырзабаев, Хим. қызығы).

БӘҢШІ з а т. к ө н е. *Бас айналдыратын апиын, наша сияқты заттарға құмар, соларды тартатын адам, апиыншы.* Ерте заманда Жанкент деген қалада

Ысқақ деген *б ә ң ш і* мен Сүгір деген етік жамаушы болыпты (Қаз. ертег.).

БӘПЕКТЕ е т. *Бәйек болу, асты-үстіне түсу.* Бастық екен деп *б ә п е к т е п,* жігі-жапар болуды білмей-ақ қойдың ғой (Диал. сөздік).

БӘПЕЛЕ е т. с ө й л. Мәпеле. Қатира бастаған бір-екі әйел бір үйде: балаларды шомылдырып, таза киімге орап, бесікке салып, *б ә п е л е п* жатыр (Б. Майлин, Шығ.). Өзін *б ә п е л е п* отырған соң баяғы ашудың бәрі жоғалып, Айранбай Кемелбаймен аталас болғандығынан өзін бақытты санайтын (Бұл да).

БӘП-БӘРЕКЕЛДЕ с ы н. *Тәп-тәуір, жап-жақсы, әп-әдемі.* Бүгін таңда драматургияның музыкалық театр үшін, эстрада үшін жазылатын түрлерінің жағдайы да *б ә п-б ә р е к е л д е* боп тұрған жоқ (І. Омаров, Серпін).

БӘПІК з а т. ж е р г. *Желік, аптық.* Келіннің бұл қылығы өзгелердің де жүрегін жібітті білем, әлі де *б ә п і г і* басылмай өзеурегендерге топ ішінен жауап сөз айтылып жатыр (К. Баялиев, Дегелек.).

БӘР е с. с ө й л. **Барлық, тегіс.** Кекете сөйлеп: Қарауыл! Қарауыл! Танымай жүр екен көкесін. Байбақтың да нән ауыл! Осылай келер ме еді *б ә р* ауыл (Б. Аманшин, Жар мұңы).

БӘРӘКАЛЛА а р. о д. с ө й л. **Бәрекелді.** Тоты құстай таранып Жан-жағына қаранып, Қыз Назым сонда сөйлейді: *Б ә р ә к а л л а,* арыстан, Ер өледі намыстан (Қамбар батыр). Уә, *б ә р ә к а л л а,* рахмет,— деді хазірет, араб үнімен көмейін толтыра сөйлеп (Д. Әбілев, Ақын.).

БӘРӘҚАТ а р. з а т. с ө й л. **Берекет.** Қатесіз пәнде жоқ. Өткенге салауат, қалғанға *б ә р ә қ а т* (А. Тоқмағамбетов, Әке мен бала).

БӘР-БАРШАСЫ е с. *Барлығы, күллі, тегіс, тұтас. Б ә р - б а р ш а с ы н* құран мен хадісте айтылған түрде ғана түсінбей ме мұсылман? (М. Әуезов, Абай жолы). Алысы мен жақыны — *б ә р - б а р ш а с ы* жаңа түсер келіннің, қыз сүйетін күйеудің жүрек қылын шертіп-шертіп жібереді де, қазанның асылуын тездетуге кірісіп кеп кетеді (С. Төлешев, Түрлі. бас.).

БӘР-БӘРСІ з а т. *Барлығы, баршасы, бәрі.* Бір қарауымен Сұлтанмахмұт осының *б ә р - б ә р с і н* сезді. Мәлике адамшылығы ақын сезімінде биіктей түсті (Д. Әбілев, Арман.).

БӘР-БӘРІ е с. *Баршасы, барлығы, түгелімен.* Әрине, *б ә р - б ә р і н* жалғастырып, септестіріп жүрген сол Алшынбайлар (М. Әуезов, Шығ.). Ертеңінде *б ә р - б ә р і м і з* зайыптарымызды ертіп, сыйсауқаттарымызды көтеріп, айтылмыш адрес бойынша үш қабат жаңа үйге келдік (С. Омаров, Тастағы жазу). Ұйықтаса түсіне кірді, әсем күлкісі, сөйлеген сөзі, салған әні, жүріс-тұрысы, іс-әрекеті, *б ә р - б ә р і* бейне бір көз алдынан өтіп жататынды шығарды («Қаз. әдеб.»).

БӘРБІ з а т. *Қазан, шыны, темір ыдыстарды тесетін бұрандалы бұрғы. Б ә р б і* электрлік, пневматикалық және қол бәрбі болып бөлінеді (ҚСЭ).

БӘРЕКЕЛДЕ о д. с ө й л. **Бәрекелді.**— *Б ә р е к е л д е.* Онда іске кіріс. Өзің өсірген шөпті өзің жасаған механизммен тасысаң тіпті жақсы («Лен. жас»). Арқалық, *б ә р е к е л д е* ер екенсің, Көргейсің ерлігіңнің берекесін. Тепкенде темір үзер батырым-ай, Қор болып қазағында жүр екенсің! (Батырлар жыры). *Б ә р е к е л д е,* маған бір үлкен керек жері осы еді! — деп Бекболат қуанып кетті (С. Шарипов, Шығ.).

БӘРЕКЕЛДЕЛЕП ү с т. *Құптап-қоштап, мақұлдап.* Ой, *б ә р е к е л д е л е п!*— Сүйсініп қалысты. — Міне, Алексейдің айтқанын бұл да айтты, — деді Мардан (І. Жансүгіров, Шығ.).

БӘРЕКЕЛДІ о д. **1.** *Біреуді мадақтау, мақтау, көңілін көтеру, рух беріп көтермелеу үшін айтылатын сөз.* Түгел адам баласы я талапсыз болсын, әйтеуір *«б ә р е к е л д і н і»* керек қылмайтұғыны болмайды (Абай). Жарайсың, *б ә р е к е л д і,* замандасым, Құмандай күзетерміз, оттың қасын. Елеулі елге келген бір келін деп, Ұстата қоймас, сірә, елдің басын (Айтыс). *Б ә р е к е л д і,* қызылша біркелкі жақсы шығыпты, сирек өскен жері байқалмайды,— дейді Күлжәмила («Лен. жас»). — *Б ә р е к е л д і!* — деді Елин қолын газетпен сүртіп.— Бәрекелді, ерім! Мына етті жесіңе қарағанда сенің анық қазақ екеніңді бір байқап қалдым, — деп қар-қарқ күлді (Майдан). **2.** *Бір нәр-*

сені құптау, мақұлдау, сүйсіну, жарайсың деген ниет білдіру немесе разылық білдіру ретінде айтылатын сөз. Бәрекелді, — деді Щербаков. Сүйсіне қозғалғанда астындағы орындығы шықырлады. Отыз машина мың қайлашының бергенін береді (Ғ. Мұстафин, Қарағанды). *Бәрекелді,* сол дұрыс байлау болар. Ал жеңілдік жасаушылар нақтылы орындарда отырған дәл жауапты адамдар ғой,— деді Көлбаев (М. Әуезов, Өскен өркен). Әп, *бәрекелді,* суйтіңдер, шырақтарым (М. Иманжанов, Менің махаббатым). 3. *Мәссаған, ал ендеше тәрізді таңдануды, таңырқауды білдіретін сөз. Бәрекелді,* өзіңді момын ғой деп жүрсем, ыстығың түрінде екен ғой. Мінеки — жарайды енді, «қол болмай, жол болмайды» деген — деді Әбділда Телешке (М. Әуезов, Қараш.). *Бәрекелді,* мақтанбас нәрсеге мақтанады екенсің. Жарайды, бір балық ұстап, сен-ақ мұратқа жете қойшы (А. Байтанаев, Асан).

БӘРМЕНІНШЕ үст. сөйл. **Пәрменінше.** Шақыр-шұқыр қағысқан қылыш, *бәрменінше* сілтенген сойыл, шоқпар. Көксүңгі ұшы адам кеудесіне қарс кірген найза (І. Есенберлин, Қаһар).

БӘРІП[1] зат. *Тамырының емдік қасиеті бар таулы жерде өсетін шөп.* Жапырақ теңге, бұйра қисық иық, Балдырған, уқорғасын, атқұлақты Елік жүр сонысында соны қиып. Жүлкеуір, *бәрпі,* шырыш, шыжыр, Сауыны бие емшектің кеп тұр иіп (І. Жансүгіров, Шығ.).

БӘРІП[2] зат. *Нәзік үнді сайрағыш құс.* Лашын, тұйғын, тұнжыр, тынар, мықи, Ителгі, *бәрпі,* қырғи, құр, тұрымтай, Бидайық шыңда ғана болад десед, Бүркітпен барымталы ел ала жаздай (І. Жансүгіров, Шығ.).

БӘРШЕКТЕ ет. сөйл. *Бөлшектеу, боршалау.* Кеше сойылған сиырдың жарты етін *бәршектеп,* түнде тұздап тастаған едік, бүгін тұз әбден сіңіп қалыпты (Ауызекі тіл).

БӘРШЕКТЕЛ *Бәршекте етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Қолы қол, бұты бұт етіліп *бәршектелген* киік еті өз терісіне оралып үлкен ши түбіне тасталды (Ә. Көшімов, Екі бүркіт).

БӘРІ ес. *Барлығы, баршасы, тегіс, түгел.* Әйелдің *бәрі* үнсіз жылап, ah ұрып, күрсініп отыр (М. Әуезов, Шығ.) Адам болды *бәрі* де Байға ақысын жегізбей, Бұрынғыдай нұқытып, Боқтатып, «әй, ит» дегізбей (С. Сейфуллин, Шығ.). Ауыл адамдарының *бәрі* алқа-қотан отырып сөз тыңдап отыр (Б. Майлин, Шығ.). Менің атым әйел, мына қыздың анасымын! Мен *бәріңе* де анамын! Бәрің де анадан тудыңдар (Ғ. Мүсірепов, Ана). ◆ **Не бәрі.** *Бар болғаны, бас-аяғы.* Сүйеу қарттың ауылы бір шұқырда отыр екен. *Не бәрі* бес-алты үй ғана (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). Мұрат алғы шепке көз жіберді. *Не бәрі* үш жүз метр жерде болмашы орағыта иретіліп, көлбей созылып сәл ғана қыртысы байқалып окоп жатыр (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.)

БӘРІБІР үст. *Мейлі, қалай болса да, әйтеуір, не болса, о болсын. Бәрібір* енді бұл күнде Көнбеуге әл келмейді. Көріне көзге бұл күнде Нашарды ешкім жемейді (С. Сейфуллин, Шығ.). Сатан Құсайынға: — Құсеке, несіне тартысасыз. *Бәрібір* жан қалмайды. Бұл кісіге бар қалтаңды көрсетсеңші,— деді (І. Жансүгіров, Шығ.) Алексей орнынан тұрды. Жеті түнде қайда барасың? Дем ал, *бәрібір* ертең ерте тұрасың, — деді (С. Ерубаев, Шығ.)

БӘС[1] зат. 1. *Ерегескенде, бәсекелескенде тігетін төлем ақы.* Хан үш тұлпарының бірдей өліп кеткеніне ренжіп, отырған көпшілікке үәзірімен екеуінің арасында болған *бәстерін* баяндап беріпті (Қаз. ертег.) Мен, жетсе, дауысым қарлыққанша айғайлар едім. Онда айғайлай берсең де болады. Көз жетсін де әуелі. *Бәсің* бар ма? (Ғ. Мұстафин, Шығанақ). Тоғыз лақ біріксе, *Бәсі* жалғыз тайдай жоқ (Қырғыз жырл.) 2. *Талас, егес, бәсеке, жарыс.* Екі завод үдере істеп, *Бәсті* өршітіп, Екпінді үстеп, 100-ге қарай Артық 100-ден шығарады күніне (С. Сейфуллин, Шығ.) Төрт бөлменің бұл сағаттағы мешкейлік қарекеті қалың топыр, қан жайлаудағы *бәс* пен астан бір кем емес (М. Әуезов, Шығ.) Жүзі ыстық ерте кезден таныс жандай, Далада шөгіп жатқан арыстандай. Қалмайды қапталыңнан қатаралысып, Сенімен *бәске* түсіп жарысқандай (С. Мәуленов, Танд.) Жорған қатты болса *бәске* сал, Ісің адал болса, көпке сал (Мақал).◆ **Бәс қылды.** *Бәстесті, бәс тікті.* Қой екеніне *бәс қылдың ба?* (М. Әуезов, Шығ.). Ту, қайдан тигізе аласың? — деді Коля.

Неден *бәс қыласың,* тигізсем? — деді партизан (С. Сейфуллин, Тар жол.). **Бәс тікті.** *Бәс қойды, бәстесті.* Ұрлаған ат екеніне *бәс тігемін* (Ғ. Мүсірепов, Таңд.). Қысқаның берекесі ұзынменен, Жасарыпсың қызарған дүзіңменен, *Бәс тігіп* өзіңмен-ақ айтысайын, Некелес қыламысың қызыңменен (Айтыс). Екеуі өрегісіп *бәс тігісті.* Ғалым қыранға сенді. Құс иесі тауықтың арасында өскен бүркіттен қыран шықпайды деп қасарып қалды («Қаз. әдеб.»).

БӘС[2] з а т. *Баға, құн, нарық.* Көрген соң ғашық болдым жүзіңізді, Жауһардан *бәсі* қымбат көзіңізді. Күйген соң ғашық отына алдым қалам, Күлкіге шығармаңыз сөзімізді (Үш ғасыр.) Дутов кезінде шығарылған Орынбордың жаңа ақшасы бұрынғы *бәсін* жойған жоқ. Большевиктер де сол ақшаны тағы даярлатып жатыр (С. Сейфуллин, Тар жол.). Қалыңға бұрын жүруші ед, Он қойға мұндай көрі бие. Ендігі мынау заманда, Енді осының *бәсі* не? (І. Жансүгіров, Шығ.). ◆ **Бір бәс.** *Бірдей, тепе-тең, шамалас.* Ондай жан ойлаушы едік малда болар, Теңбасқан төрт аяғын жорға болар, Кедей, бай, қажы, төре — бәрі *бір бәс,* Теңіздей әлем қонған орда болар (С. Торайғыров, Шығ.). Жамандық, жақсылықпен оған *бір бәс,* Дін ісін, құдай ісін айыра алмас (Абай). Қараңғы Шоқпытқа ұжмақ та, дозақ та бәрі *бір бәс.* Оттан, дозақтан қорқатын қоян жүрегің Шоқпыт емес (Д. Әбілев, Ақын).

БӘС[3] и р. с ы н. *Төмен, кем, нашар.* Сен сияқты бұл жерде, Асылық сөз демейін, Қайратым сенен *бәс* болса, Желкеңнен шығар көмейің (Қамбар батыр). Таң ата өзіміздің адамдарға жеттік. Калпаки деревнясы. Штабтағылардың көңілі *бәс* екен (Б. Момышұлы, Москва.).

БӘСЕ о д. *Мақұлдау, қоштауды білдіретін сөз. Бәсе,* «ясин» мен «төбәрактің» бірін оқымай не болды? Өзін мақамдап оқымай тоқырамас (М. Әуезов, Шығ.). Көпшілік Айтжандікі дұрыс емес деген соң: — Е, *бәсе!* — деді (С. Сейфуллин, Шығ.). *Бәсе,* Дүйсенім солай болса керек еді ғой,— деп Үрпек жымыңдап, мәз боп қалды (Б. Майлин, Шығ.) *Бәсе,* жаңа көштің жөніне. Ей, бері келші өзің, бері келші! Сәметті оңаша шығарып алып, шоқша сақал құлағына сыбырлады, қолына бірдеме ұстатты (Ғ. Мұстафин, Көз көрген).

БӘСЕЙ е т. *Азаю, кему, төмендеу.* Осыны айтты да Сейіл үйден шықты. Содан кейін Кенжебекпен бұрынғыдай жақындасуды қойды. Іштей өшігуі күшейе бастамаса, *бәсейген* жоқ. Екеуінің арасы мүлде ажырады (Р. Райымқұлов, Бұрылыс.).

БӘСЕКЕ з а т. 1. *Өзара жарыс, біреуден озу мақсаты көзделген талас, өнер сайысы.* Батырлар айнала тұр тас қасында, Алғандай бір-бір сұлу бас-басына. Бәйгіге бірі қалмай түспек тағы — Абылай *бәсекенің* бас-қасында (С. Сейфуллин, Өленд.). Бригада қатты қимылдады. Қызумен істелген жұмыста жан қинала ма, ойын, күлкі, жарыс, *бәсекемен* керекті кірпіштің құйылып болғанын Бейсетай айтпаса өзгелері білмей де қалып еді (І. Жансүгіров, Шығ.). Комбайн *бәсекемен* орған түсін, Бидайды қанасынан шыққан ісіп, Майысқан жердің беті миуалы ағаш, Алма, өрік, шабдалысы тұрған пісіп (Ақын жырлары). 2. *Іш тарлық, көре алмаушылық, қызғаныштан туатын бақас, бақталас, өзара егес.* Оразбай, Жиреншелер де Абаймен қас, *бәсеке* болғандықтан Абай сөзін әсте аузына алыспайды (М. Әуезов, Шығ.). Әншінің сиқырлы үні екі болыстың *бәсекесін,* таласын не қылсын, Азнабай жақтан көптеген бозбала ығысып келіп жақындап, құлақтарын тосып, рақаттанып тыңдап тұр (А. Жұбанов, Замана.). Семей уезі, тобықты деген елде, Мұсатай деген және Ике деген кісілер бар. Екеуі де ауқатты адам болса керек. Екеуі ағайын ішінде *бәсеке,* араз (С. Сейфуллин, Тар жол.). Қай жерде жанжал, *бәсеке* бола қалып, көп басына ортақ сөз шыға қалса, бұлар шұрқ етіп қайнап, шұр етіп түсе қалады (І. Жансүгіров, Шығ.).

БӘСЕКЕЛЕС[1] е т. 1. *Айтысу, тайталасу, ерегісу.* Саша Бондарчук жұрттан бұрын сөйлеп, өзінің жарысқа түсуге әзір екенін білдірді. Махмет Жарқынмен *бәсекелесе* кетуге әзір еді. Енді сәті жеткен сияқты (Н. Ғабдуллин, Қызық дәурен). 2. *Жарысқа, сайысқа түсу.* Ол иесінің талабын мүлтіксіз орындап, дүние жүзінің бірнеше дүркін чемпионы болған сәйгүліктермен *бәсекелескенді* (Т. Әлішеров, Өнерпаз).

БӘСЕКЕЛЕС[2] с ы н. 1. *Бақталас, бақас, күндес, егес.* Абылай орта жүзде

билікке дөмеленіп таласқан өзінің *бәсекелес* сұлтандарының қарсылығын жойды (ҚазССР тарихы). Немене, бастықтың әйелі *бәсекелесің* бе? Тапқан екенсің қол жаулықты,— деп Қасымның әйелі шап ете қалды (С. Алдабергенов, Алға). Түрік пен Қырым байы *бәсекелес*, Бәстесу ел өмірі үшін емес (Ғ. Малдыбаев. Қырым қызы). *Бәсекелес* жолдастары озып кеткеніне күмән жоқ. Әр минут санаулы. Әр секундтың өзі табыс кілті есепті (А. Байтанаев, Жаңғыр.). Енді осынау азулы *бәсекелестерімен* айқасқа түскелі отырған жерлестерімізге келейік. Олардың да қатары аз емес («Лен. жас.»).

БӘСЕКЕЛЕСТІК з а т. 1. *Бақастық, егестік, бақталастық.* Өйткені, социалистік жарыс — *бәсекелестік* емес, қоғамдық істі алға бастыру қамы (Б. Тоқтаров, Қырандар). Задында, бұғыңқы *бәсекелестік* шопандарда да болады. Неге біреу ерте, біреу кеш көшеді? Неге біреу ылдиды, біреу қырды қалайды? («Қаз. әдеб.»). Кей кезде ботадай тату болса, кей кезде *бәсекелестіктің*, дәріп құмарлықтың сайтаны араларын ажыратушы еді (Т. Әлімқұлов, Туған ауыл). 2. *Өз ара жарысушылық, бәстесушілік.* Мейірбекке қатарлас орналасқан жас келіншек Алтынбала Қамзаева да одан қалысар емес. Екеуінің арасындағы *бәсекелестік* қазір шегіне жеткен («Лен. жас»).

БӘСЕКЕЛЕСУ *Бәсекелес етістігінің қимыл атауы.* Мектепті «үш» пен «төртке» ғана бітірген Сәлкеннің олармен *бәсекелесуге* шамасы келмеді (Н. Баяндин, Ертіс.). Құдайлардың арасында *бәсекелесу*, бақ таластыру бар дегенге осы аят дәлел бола алады (М. Тоқжігітов, Құран тур.).

БӘСЕКЕЛЕСУШІ з а т. *Бәсекеге түсуші, таласушы, өз ара жарысушы. Бәсекелесуші* екі орталық орган болып отырған жағдайда қосылу құр қағаз бетінде қалады (В. И. Ленин, Шық. 36 т., 130-б.). Н мырзаның егіншіліктегі еңбек өнімділігінің көтерілуі *бәсекелесушілерге* бағаны арзандатқызады дегені дұрыс емес,— деп қорытынды жасайды автор (Бұл да, 1 т., 519-б.).

БӘСЕКЕЛІ с ы н. 1. *Бақталас; күндестігі бар.* Бұрынғы *бәсекелі* байлар мына жолы тіпті қызулы ерегіске түсіпті (Л. Жансүгіров, Шық.). 2. *Бәс тігіскен, бәске түскен, ерегіскен, егескен.* Екі завод Қызу думан. Екпін күймен Көркем шумақ Конвейерлер сумақ-сумақ *Бәсекелі* жарыста (С. Сейфуллин, Шық.).

БӘСЕКЕЛІК з а т. *Бәсекеге түсушілік, асып түсу, озу мақсатын ойлаушылық.* Мысалы туғанды тойлау, өлгенді құрметтеу деген жақсы-ақ салт. Бірақ осының игілікті орны мен жарастығын ойлаудан гөрі солардың төңірегінде *бәсекелік*, асырып түсіру, атаққа шығу деген секілді жалған жомарттық, орынсыз ысырап етек алып келеді («Лен. жас»).

БӘСЕКЕСІЗ с ы н. *Талассыз, егессіз. Бәсекесіз* бала бола ма, сосын бәрі де жорамалдарын тезірек толтыруға асықты. Толтырғандары, маған еліктеп, екі қолын желкесіне қойып, аяғын аяғының үстіне салып, қасыма жата-жата кеңіседі (Ө. Қанахин, Жер бас.)

БӘСЕКЕШІ с ы н. 1. *Бәсекеге, жарысқа түсуші. Бәсекеші* жігіттердің өнер сайысы түс ауа бітті. Ұялып, ерсі иненшектеген төрт-бес жігіт болмаса, жұрт көңілінен шықпаған жігіт жоқ (Ә. Кекілбаев, Дала.). 2. *Таласушы, бақталасушы.* Жоғары баж алымы арқылы отарларда шетелдік *бәсекешілерге* шек қойылады (Л. А. Леонтьев, Саяси экономия).

БӘСЕКЕШІЛ с ы н. *Бақталасшыл, егесшіл, алда болсам дейтін өзімшіл.* «Ақтарлан» қойып еді бәйге бермей, Үнемі тұрған емес жеке келмей. Күндеген күнде қызған *бәсекешіл*, Намыстан жүруші еді аз-ақ өлмей (И. Байзақов, Ақбөпе).

БӘСЕҢ с ы н. 1. *Жай, ақырын, баяу, солғын.* Бұқа мойын семіз бәйбішемен сүйісіп жатқанда, екінші жағынан біреу келіп, *бәсең* дауыспен құлағына сыбырлады (Б. Майлин, Шық.). Іңірде баяулаған дауыл *бәсең*, Боздатқан бұлбұл күйін бабында әсем. Асықтар алқымдасқан, мауқын басқан, Сырласқан: «Жарым да сен, жаным да сен» (І. Жансүгіров, Өлеңд.). 2. *Кішіпейіл, инабатты, Бәсең* бол, әсем болсаң, деген сөз бар Жігітке абырой жоқ мақтанменен (Пернедегі терме.). 3. А у ы с. *Көңілі басылыңқы, төмен.* Нұрыш келді. Бұрынғыдай жайдары емес, *бәсең*. Кірпіш басқандардың

жұмысын көрді. Жар басындағы төмпешікте отыр (Б. Майлин, Шығ.). ◆ **Бәсең ине.** *Жіңішке инеден гөрі жуандау ине.* Қазақтың қолмен тігу ісіндегі қолданылып келген инелері негізінен алғанда бірнеше түрлі: жуалдыз (тебен ине), жуан ине, жуантық ине, *бәсең ине,* жіңішке ине (С. Қасиманов, Қаз. қолөнері). **Бәсең тартты.** *Бәсеңдеді, саябырлады, солғындады, баяулады.* Мұраттар барлауға шыққанда әбден қас қарайды. Соғыстың гүрілі *бәсең тартып* алыстап барады (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.). Тұла бойын қалтыратып өткен бір суық леп отырған соң *бәсең тартты.* Бірақ тап сол мезетте жел тына қалып, жаңағы айнала ысқырған үілді дыбыс жоқ болды (Х. Есенжанов, Тар кезең).

БӘСЕҢДЕ е т. 1. *Баяулау, саябырлау, басылу.* Бұрқылдаған боран *бәсеңдеді*... Бұлт тарады. Ел әлдеқашан жатып қалған, суық бұлттардың арасынан қылтиып-қылтиып нәзік жұлдыздар көріне бастады (І. Жансүгіров, Шығ.). Тасберген, ал менікі өтірік-ақ болсын, өздерің айтыңдаршы,— деп сөз қарқыны бұрынғысынан *бәсеңдеп,* күмілжи түсіп, сөзді таза доғарды (Б. Майлин, Шығ.). Мұндай жағдайда мені қорқытып, ақыратын ауыл ішіндегі жуан жұдырықтар да *бәсеңдей* бастады (Б. Тұрсынбаев, Ауылда.). 2. *Азаю, кему, төмен түсу, солғындау.* Бесіннен төмен түскен кез. Аптап ыстық *бәсеңдеген,* көлеңке басын ұзартып самал есе бастаған (Б. Майлин, Шығ.). Десек те ызғары жоқ көктем еді, Белгілі қыстың әзір кетпегені. *Бәсеңдеп* қалды біраз, жүдеді ол, Бірақ та қатқыл тиген бетке лебі (С. Жиенбаев, Жас қанат).

БӘСЕҢДЕН *Бәсеңде етістігінен жасалған өздік етіс.* Әдемі атқан таңға әсерленіп, Желпімей жел де баяу *бәсеңденіп.* Көк толқын жұпар иісті гүлге оранып, Қаласы тұрды Алматы әсемденіп (Т. Жароков, Таңд.).

БӘСЕҢДЕҢКІРЕ е т. *Баяулаңқырау, басылыңқырау, саябырлаңқырау.* Қалаға кіре жел *бәсеңдеңкіреген* сияқтанды (С. Мұқанов, Алып. адым.). Артынан байлар да *бәсеңдеңкіреді* (С. Мұқанов, Өмір мектебі).

БӘСЕҢДЕТ *Бәсеңде етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Күн көк жиегіне кеңірдегінен ілініп қылғынғандай боп нұрын *бәсеңдеткен* кезде, қос маңы қызырлаған сиырға толды. Сиыр сауғалы әйелдер шықты (Б. Майлин, Шығ.). Ақын домбыраны баяулатып, *бәсеңдетіп* кеп, дастанын үзді (М. Әуезов, Абай жолы). Музыка бабымен қол да соғылып жатыр. Даша бір баяулатып, бір *бәсеңдетіп* билеп жүр (С. Ерубаев, Шығ.).

БӘСЕҢДЕТУ *Бәсеңдет етістігінің қимыл атауы.* Тым қатты кетті! Жолдың өзі тау-тас асу ғой. Қырылмасақ жарар еді,— деді Солшылбаев.— Мұндай жерде жүрісті *бәсеңдету* керек емес пе?— деді Оңшылбаев (І. Жансүгіров, Шығ.). Мәншүк *бәсеңдетуін* күтейін деп жау жаққа көз қырын салса, біздің жақтың атуы әлсіреді ме, әлде жаралы жау жолбарыстай әдейі шапты ма — бұйраттан бері беттеді (С. Мұқанов, Аспаз).

БӘСЕҢДЕТІЛ *Бәсеңдет етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Қарқын *бәсеңдетілмесін.* Жиналған астықты бір грамм болса да мемлекет қоймасына жөнелтіңіз (Е. Оразақов, Дәрігер.).

БӘСЕҢДЕТІҢКІРЕ е т. *Басыңқырау, азайтыңқырау, төмендетіңкіреу.* Соның өзі аз боп тұр ма?— деді Жанболат жылауын *бәсеңдетіңкіреп,* өксу орнына жиілете ықылық атып (С. Мұқанов, Есею жыл.). — Ие, бұлар неміс солдаттары, — деді Иван Гаман даусын *бәсеңдетіңкіреп* (Қ. Қайсенов, Жау тылы).

БӘСЕҢДЕУ с ы н. *Баяулау, жайлау, екпіні, қарқыны төмендеу, солғындау, осалдау.* Күшік семіріп жонданғандай да болды. Бірақ үлкейісі даладағыдай емес, *бәсеңдеу* (М. Әуезов, Көксерек). Әлгіде қатты құйған жаңбыр, қазір *бәсеңдеу,* бірақ өрт сөнер емес, қайта май құйғандай өршелене береді (С. Мұқанов, Шығ.). Атыс мүлде тоқтап қалған жоқ, қақпа алдын, терезе маңдарын әлі де атқылап, бізді уысынан босатпай қысып-ақ тұр, әйтсе де манағыдан гөрі тартыс *бәсеңдеу* (Ж. Саин, Жол үсті.).

БӘСЕҢДІК з а т. *Баяулық, саябырлық, сылбырлық.* Жоғарыдағы өкпе колхоз басшыларына арналып отыр. Еңбеккер ортаның қимылында еш *бәсеңдік* жоқ («Лен. жас»). Қимылдағы *бәсеңдік,* кейбір маңызды мәселелердің басы ғана көрініп, іспен қабыстыра, қамти алынбаған (М. Қаратаев, Туған әдеб.).

БӘСЕҢСІ е т. 1. *Бәсеңдеу, босаңсу, саябырсу, солғын тарту.* Баяндамашы Соловьев жолдас сөзді аптығып сөйледі. Бастапқы кезде даусы тым саңқылдап шықты да, аздан кейін қарқыны басылған семіз аттай боп, *бәсеңсі* берді (Б. Майлин, Шығ.). Көзін қаншама қадап қараса да күндіз *бәсеңсіп* қалған от жалыны оған көрінбеді. Енді мына Богдановканы өртеу үшін жау осында келе жатыр (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). Боран *бәсеңсиін* деген еді, алда келе жатқан Жүсіп тіпті дауылды да, қарды да елең қылар емес (М. Қаратаев, Далада.). Капитанның қатаң үні сәл *бәсеңсі* түсті. Өзі арғы кабинетіне кіріп кетті (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). 2. *Азаю, кему, төмендеу.* Мойындау керек, соңғы кездерде орманға деген жан ашырлық, шынайы қамқорлық *бәсеңсіп* кетті («Лен. жас»). Әңгіме *бәсеңсіп* жұрт түскі тамағына үйді-үйіне тарай бастағанда, ауылдың батыс жағындағы белестен бір пар жеккен шаналы қылт етіп шыға келді (Б. Майлин, Азамат.). 3. А у ы с. *Басылу, жүні жығылу.* Балуандары жығып бәйгі алған жақ көтеріліңкіреп, жігіттері жығылып бәйгі ала алмай қалған жақ сәл *бәсеңсіп* қалды (С. Сейфуллин, Шығ.). Шаң-шұң аяқ астынан шығып екеуі де тіке кетті, жанжал от басы айналасында *бәсеңсі* қоймай, жел үрлеген жалындай насырға шапты (Ж. Жұмақанов, Қаракөз.).

БӘСЕҢСУ *Бәсеңсі етістігінің қимыл атауы.* Нағыз белсенді жанр болғандықтан, мұндай *бәсеңсу* поэзияда әсіресе айқын сезіледі (Ғ. Мүсірепов, Суреткер.).

БӘСЕҢСІТ *Бәсеңсі етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Осы кемшілік шығармаңың жүрек тебірентерлік әсерін белгілі дәрежеде *бәсеңсіте* түсетін сияқты (М. Қаратаев, Туған әдеб.). О не дегеніңіз? — деді Сергей Ефимович даусын *бәсеңсітіп.* Қазір астықтың әбден піскен кезі («Лен. жас»).

БӘСЕҢСІТУ *Бәсеңсіт етістігінің қимыл атауы.* Хлордың зиянды әсерін *бәсеңсіту* үшін калий тыңайтқыштарымен бір мезетте азот тыңайтқыштарын енгізген жөн (Б. Шағыров, Картоп).

БӘСЕҢІРЕК с ы н. *Ақырыныраң, босыраң, солғындау.* Аманқұлдың өлеңінің соңғы шумағы алдыңғыларынан *бәсеңірек* шықты, үні баяулау естілді (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). Жеті қарақшы шөмішінің сабының ортасындағы қос жұлдыз екені елдің бәріне мәлім, жарқырағаны «жігіт», *бәсеңіреғі* «қыз» (Х. Әбішұлы, Халық астрон.).

БӘСКІЛ с ы н. 1. *Төмен, жатаған.* Қарашолақ күндегідей емес, *бәскіл* ұшқан сияқты (М. Әуезов, Абай жолы). 2. *Бәсең, нашар.* Шеберден шебердің айырмасы бар, таланттан таланттың озғыны мен *бәскілі* бар (М. Әуезов, Индия очерк.).

БӘСТАЛАС с ы н. с ө й л. **Бақталас.** Сол күйге ызаланған Қозыбақ аулы, бастығы Сәт болып, осы партия мен араздықтың *бәсталас,* тайталастың аяғын әлі де болса қалмай-талмай қуатын болды (М. Әуезов, Қараш.).

БӘСТЕС [1] с ы н. *Бақталас, бәсекелес, күндес.* Ішпей, жемей тойғызып түріменен, Көрінгенді *бәстес* қып өзіменен. Шығып кете жаздайды денеңнен жан, Көзінің қойса қарап қырыменен (Үш ғасыр.).

БӘСТЕС [2] е т. *Бәс тігісу, бәсекелесу, жарысу.* Апаммен екеуміз мана *бәстесіп* едік, ол балаға апам құсыңның бәсі не деп те сұрамай, ақшаның бәрін берді; мен айттым: құстың бәсі не деп сұрау керек еді деп, қайсымыздікі дұрыс? (Ы. Алтынсарин, Таңд.). Балық жеуде балықшылармен *бәстесе* алмайды екем (С. Мұқанов, Саяхаттар). Жоқ, жоқ, бұл кір емес, қазанның майы. Нанбасаңыз, келіңіз... *бәстесейік* (Ә. Нұрпейісов, Күткен күн). Жұмсадың электрді нұр жайнаған, Баладай күлкі бөгеп, ана ойнаған. Заводта, фабрикте, өндірісте, *Бәстесіп,* жұмыскерлер күш қайнаған (И. Байзақов, Шығ.).

БӘСТЕСКІШ с ы н. *Бәс тіккіш.* Ауылдың балалары *бәстескіш* келеді. Ең батылы сол бұлаққа дейін жүзіп барып, мөлдір суынан ішіп жүретін (Ө. Қанахин, Жас дәурен).

БӘСТЕСУ *Бәстес етістігінің қимыл атауы.* Черноносов *бәстесудің* мәнісін ұққандай басын изеді (К. Тоқаев, Түнде.). Зина қарсылық көрсеткен жоқ. Жігітте мін болмаған соң, құрбысына берген сөзін жұтсын ба. Әрі *бәстесуден* ұтылу ұят қой («Лен. жас»).

БӘСІРЕ з а т. *Біреуге меншіктеп аталынған, ен салынған мал.* Қош, қайыр,

жауды жеңген жалғыз қайным, Туады оң жағымнан жұлдыз-айың. Әлпештеп арда емізіп бағып тұрмын, *Бәсіреңе* ойнақтап жүр, төбел тайың (К. Әзірбаев, Шығ.). Ауылнай Айнабектің Әлібегі... менің *бәсіре* қара дөненімді жайлаудан ұстап алып, «лау» қатарында міндіп жүргенін өкемнің кейінгі хатынан білгем (Б. Момышұлы, Жауынгер.). ◆ **Бәсіреге тиді.** *Еншіге, меншікке тиді, иемденді.* Сонда қара көк бие өз *бәсіреме тиеді* деп ойлайсың ба? Біркімбай байсалды жәуап қайырып жатыр (Т. Әлімқұлов, Ақбоз ат).

БӘСІРЕЛІ с ы н. *Меншікті, еншісіне тиген, арнаулы.* Қорағаты кемеріндегі жадағай жазыққа ию тіресіп, жапатармағай жалғыз жататын қалың ауылдың дүркірей көтеріліп, құм ішіндегі *бәсіреліқоныстарына* қарай бөліне көшкеніне де едәуір боп қалған (Саржайлау). Вингис паркіндегі эстрада ән мерекесін өткізуге арналады. Мұның сахнасына мерекенің *бәсіреліқүндерінде* 30 мың адам көтерілмек (С. Хайдаров, Азамат.).

БӘТ: **бәт құндыз.** *Қымбат, бағалы, жоғары сапалы құндыз, оның терісінен жасалған киім, бөрік.* Түрлі асыл алған жинап қырдан, ойдан, Жолбарыс, аю терісі бітеу сойған. *Бәт құндыз,* қара түлкі, түрлі жарақ, Ілдіріп айқыш-ұйқыш сәнге қойған (С. Сейфуллин, Өленд.). Құлақта күміс сырға, омырауда алқа, *Бәт құндыз,* қарқаралы киген қалқа, Алмадай жаңа піскен уылжиды, Жапқаның ер тоқымға жасыл торқа (И. Байзақов, Шығ.). Торы айғыр тоқпақ жалды қорада тұр, *Бәт құндыз* дүрия бөрік қалада тұр. Ауылдан мен аттанып кеткенімде, Артымнан қалқатайым қара да тұр (Еңлік-Кебек).

БӘТБАҚ з а т. с ө й л. **Бетбақ.**— Бәтшағар, *бәтбақ,* секеңдемей басылсаңшы былай! (С. Алдабергенов, Асу).

БӘТЕГӨЙ з а т. *Сәуегей, сандырақшыл.* Буржуазиялық шірік моральдің Д. Ж. Морено деген бір *бәтегөйі* алжасып отырып, адамды «әлеуметтік атом» деп танытпты (Ж. Ысмағұлов, Адам мерейі).

БӘТЕҢКЕ з а т. *Қонышы тобыққа дейін жететін былғары аяқ киім. Бәтеңкеге* құйылған ыстық құм термен араласып савға айналады да, басқан сайын бойынды тітіркендіреді (С. Мұқанов, Алып. адым.). [Сөйлеп тұрған кісінің] Басында орыстың ақ қалшағы, үстіне кигені орысша тіккен ақ шешінше пенжек-шалбар, аяғында жалтырауық қара *бәтеңке,* көзінде алтын көзілдірігі бар (С. Шарипов, Шығ.). Мұқарама қара *бәтеңкеге* жабысқан томардай қызыл балшықты аяғын сілкіп жеңілтіп, өлденеше рет тоқтап, кейде жол жиегіндегі шөпке сүртіп тазартып алады (Х. Есенжанов, Ақ Жайық).

БӘТЕС з а т. *Түсі жылтыраған, мақта жіптен тоқылған жұқа мата.* Мырзағұлды аттандырып Омар үйіне кіргенде Рақила ақ *бәтес* орамалдың шетін кестелеп отыр еді (Б. Майлин, Шығ.). Үстінде көкшіл *бәтестен* тігілген ойма жағалы ішкі көйлегі бар (М. Қаратаев, Далада.). Ала келген қолына, *Бәтесі* мен жібегін. Жарға орамал кестелеп, Жұбатуға жүрегін (С. Бегалин, Өленд.).

БӘТЕСТЕЙ с ы н. *Бәтес тәрізді.* Қалдырмайсың қалтаңнан, Зіл қорғасын шойынды. Ақ *бәтестей* сыртың бар, Ішің кесте оюлы (С. Дөнентаев, Шығ.). Үлбіреген бұғағын күн шалған ақ *бәтестей* кескіні бар Маржанға еркек табылар-ау (Ж. Мұзапаров, Қаби қарт.).

БӘТКӘРДЕ и р. с ы н. *Айыпты, кінәлы.* Сырттан шабынысып, әбден *бәткәрде* қылып тарғыл тоқалдан осылай өшін алады (С. Талжанов, Ұлдай кегі).

БӘТПЕРЕК з а т. с ө й л. *Батпырақ.* Ауыл балаларының асық ойнағандағы төуір сақасы да, аспанға ұшатын *бәтпереғі* де, қайыр талынан иіп істеген садағы да, көзі шалып қалса, осынікі (Ә. Әлішев, Батыр.).

БӘТУА з а т. с ө й л. *Пәтуа, уәде, келісім.* Бұл іске көпшілік боп жұмсап ақыл, Аяғы *бәтуамен* тынса мақұл (Ғ. Қайырбеков, Дала.). Тек *бәтуасы* піскен. Жұбайлықтың баянды игілігін ғана тілейді (Т. Әлімқұлов, Ақбоз ат). Рас, кейде семьяның өзі әлде ненің кесірінен *бәтуаға* келмей, өз берекесін өздері қашырып, рәсуа болады (К. Тоқаев, Тасқын).

БӘТУАЖА з а т. с ө й л. **Пәтуа.** Болыс, ауылнайды қолдарынан қояды. Әлгі *бәтуажалары* орындалатынына көздері жетеді (С. Шарипов, Бекболат).

БӘТУАЛАС[1] е т. *Уәделесу, келісу.* Тобықтының соқталы жуандарының бірі — Оразбай Аққұлов өзге озбырлармен *бәтуаласып,* топ құрды (Т. Әлімқұ-

лов, Абай). Жан-жақтағы қатар шалдар бәрі осылай *бәтуаласқан* тәрізді (М. Жұмағұлов, Қыран).

БӘТУАЛАС[2] с ы н. *Үәдесі бір, келісімі бір.* Сырғабай мен Мәлік ертеден досжаран, көңілдес, қиын-қыстауда *бәтуалас,* пікірлес болатын (Ауызекі тіл).

БӘТУАЛАСҚАНДАЙ с ы н. *Үәделескендей, келіскендей.* Шіркімбай серігімді неге жырып әкетті? Бәрі *бәтуаласқандай,* неге жападан жалғыз қалдырды,— деп ойлайды (Т. Әлімқұлов, Ақбоз ат). Сары мығым ағайындарына сыр жарғанда, олар, *бәтуаласқандай,* бас шайқасқан (Т. Әлімқұлов, Күрең өзен).

БӘТУАЛАСУ *Бәтуалас етістігінің қимыл атауы.* Жария етіп, жұрт алдында үйлендік десулері өткен түнде ғана, ал бас қосып, *бәтуаласулары,* құшақ жарастырулары ертеден (Ж. Жұмақанов, Махаббат.).

БӘТУАЛЫ с ы н. *Үәдеде тұратын, бір сөзді, үәдеге берік.* Сонда Егізбай сөйледі: Жеделге мін нық тұрса, *Бәтуалы* ер деді, Уәдені, сегізім Берік ұстар жер деді (Батырлар жыры).

БӘТУАСЫЗ с ы н. 1. *Тұрақсыз, табансыз.* Жеңгейден ұят болса да айтайын, сезіңіздің берекесі жоқ, *бәтуасыз* адам екенсіз ағасы... — деді бейтаныс кісі Пештуанға («Қаз. әдеб.»). *Бәтуасыз* қиялға елігу — еріккеннің ісі. Қазіргі ойлағаны бос қиял емес, бүгінгі күннің тынысындай боп отырған тіршілік қамы (А. Байтанаев, Асан). 2. *Берекесіз, дәйегі жоқ, тұрағы жоқ.* Ананың *бәтуасыз* көп сөзінен ештеме тұта алмай қалған Бейсен шешесінен: — Мына заржағыңыз кім еді тағы?— деп сұрады (О. Сәрсенбаев, Сағым).

БӘТШАҒАР о д. с ө й л. *Пәтшағар.* Сен бе едің, бәрекелді, Бақтыбайым! *Бәтшағар,* білемісің терең жайын. Сен өзің ақын болсаң, осыны біл, Кім еді толықсыған Күн мен Айың? (Айтыс). Уә, *бәтшағар!* Өлеңді енді ұйықтап жатып айтатынды шығардың ба? Қырыннан жат!— деп Сұлтанмахмұтты таяқтың үшімен қатты түртіп оятты (Д. Әбілев, Ақын.). Ырғызбайдың Тұманы. Менің баламның басқан ізінен садаға кетсін. Хат қайда, газет, суреттерді неге ұрладың, *бәтшағар* (С. Адамбеков, Көсе.). Дәнің дария болып аққалы, мәртабаң шыңға шыққалы тұрғанда бұлк етпейсің, *бәтшағар!*— деп өзілге шаптырды (Ы. Жақаев, Менің бақытым).

БӘТІҢКЕ з а т. с ө й л. *Бәтеңке.* Етек-жеңі сымпиған, Тар шалбары тылтиған. *Бәтіңкесі* келідей, Галстөгі желідей (Ш. Смаханұлы, Тотияйын). Бұл кезде балаларды кие-жара допты алып *бәтіңкенің* тұмсығымен шекіп жіберді (С. Бегалин, Мектеп түлектері).

БӘТІР[1] з а т. *Ашытпаған қамырдан табаға пісірген жұқа нан.* Шешем мен әкелген ұннан екі *бәтір* пісірді. Сүт кеспе жасады. Аз сәтке болса да ренішіміз ұмытылғандай болды («Қаз. әдеб.»). Әпкем жолда қарның ашып қалар деп жұқа *бәтір* нан қатырып, шай ішкізді. Жолда ұйқы ашар етіп, қажарсың деп қалтама төрт-бес құрт, қос уыс малта салып берді (Ө. Тұрманжанов, Адам. дос). Сары май, құрт, *бәтір* нан исі Айқыздың мұрнын жарып жібере жаздады (Қ. Исабаев, Айқыз).

БӘТІР[2] о д. *Кею, налу немесе таңдану сияқты мағынада қолданылатын сөз. Бәтір,* қойшы енді, әулие болсаң өзіңді жарылқа. Мен көптен айрылмаймын (Б. Майлин, Шығ.). Уа, қойшы, *бәтір!* Жаманды қоя берсең еркіне, күнде көмер бөркіңе (Р. Тоқтаров, Ертіс.).

БӘТІР-АЙ о д. **Бәтір.** Ұятың қайда еді, *бәтір-ай!* Бір күннің ішінде, япыр-ай, Геройы боларлық мысқылдың Қаншама одағай іс қылдың. Ай-ай-ай! (Қ. Мырзалиев, Күміс қоңырау). Осы ауылдағы әйелдердің шоңқайма етік киіп жүргенін көрді де, құдағи таңданып, аузын сылп етіксіді: — *Бәтір-ай,* мынаны, кім тікті екен? (Б. Майлин, Шығ.).

БӘТІР-АУ о д. **Бәтір.** *Бәтір-ау,* сен не айтып отырсың? — деп, Тұмарша келіп Тасмағамбетті иығынан ұстады (Б. Майлин, Шығ.). Қап! Қап! Мына жаманның қылығын-ай! Енді қайттім, *бәтір-ау!*— деді (М. Әуезов, Шығ.).

БӘУ-БӘУЛЕ е т. с ө й л. Беу-беуле. *«Бәу-бәулеп»* мәндайыңнан сипап желі, Тербетер мейірленіп сонда сені. Ән салып тоқсан түрлі күй тартады, Өнерпаз сауық құсы дүниедегі (Ж. Саин, Таңд.).

БӘУЕДЕН з а т. к е н е. *Әулие, пір.* Жүнінен жұлса бақырған, Ешкі атасын шақырған. *Бәуеден* баққан жануар, Шәкетайым, қайдасың? (С. Қасиманов, Сиқырлы.).

БӘҺӘДУР з а т. с ө й л. **Баһадур.** Айып етпе... Өзіміздің Мұсал диханның бір *б ә һ ә д ү р* қызы бар деуші еді... Сол емеспісің... Шырамытып тұрмыз (О. Сәрсенбаев, Сағым).

БӘҺРА а р. з а т. *Ләззат, ғанибет.* Өткірдің жүзі, Кестенің бізі, Өрнегін сендей сала алмас; Білгенге маржан, Білмеске арзан, Надандар *б ә һ р а* ала алмас; Қиналма бекер тіл мен жақ, Көңілсіз құлақ, ойға олақ (Абай). Адам аз мұны біліп ән саларлық, Тыңдаушы да аз, ол әннен *б ә һ р а* аларлық (Бұл да). ◆ **Бәһра болмайды.** *Нәтиже, қорытынды болмайды, пайда жоқ.* Ата-аналары балаларын моллаға берген болады, я балалар өздері барған болады; ешбір *б ә һ р а б о л м а й д ы* (Абай).

БӘШАЙ з а т. с ө й л. **Башай.** *Б ә ш а й д ы ң* арасына тығылған тікен, тастан арылтады (Ә. Әбішев, Мал санитары.).

БӘШБІРТ: бәшбірті бітті. С ө й л. *Халі мүшкіл болды.* Байқаймын: алғашқы жүген-құйрық тиген асаудай мөңкіп-мөңкіп әбден *б ә ш б і р т і б і т к е н* сияқты палуаншының (Б. Шалабаев, Өмірде.).

БӘШКЕ: бәшке құрақ. *Майда, қысқа өскен құрақ шөп.* Қамыс сиреп, шет жағы *б ә ш к е қ ұ р а қ* пен өлең араласа өскен шалғынға айналған шақта байқаса, жел шынында да бәсеңдеген. Сол кезде қайықтың түбі қайраңдап сазды топыраққа тиді (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз).

БӘШПАЙ з а т. с ө й л. **Башпай.** Қоймен бір мезгілде, *б ә ш п а й л а р ы* сыртылдаған сиыр табыны да селоның екінші жағындағы шеткі көшеден иек артты (Қ. Исабаев, Арман.).

БЕ ш ы л. **1.** *Сұраулық мағынаны білдіретін шылаудың фонетикалық варианты.* Қайранбайым қалың солдат ішінде, Апырмау, бұл өңім *б е,* әлде түсім *б е?* Шабамын деп балтаны алып жүгірдім, Қан тартылып кетсе керек түсімде (Б. Майлин, Шығ.). Балалар үй қыдырып сүт ішеді ғой, олардың малы үй қыдырып шөп жемес дейсің *б е?* (С. Шарипов, Шығ.). Асыр сап таңның нұрында, Ерке жел болып естің *б е?* Өзіме ғана сыбырла, Айтпайын басқа ешкімге (С. Мәуленов, Торғай.). **2.** *Жанай сұрау мағынасындағы шылау.* Көрдің *б е,* әне, совхоз гүрілдеген, қаулаған, Арымас, талмас жас арғымақ Түрксибте заулаған. Күшті қарқын, міне осындай, өскен сайын күрілдеп, Шет капитал қорқып бұғып айбатынан дірілдеп (Қаз. әндері). Көрдіңіз *б е,* астықты керуендей тізіп «Заготзерноға» жөнелтіп жатқанын (Ә. Нұршайықов, Тың астығы). **3.** *Жекелік, бөлшектеу мағыналы шылау.* Аласа үйдің тамылжып, Гүл толы тұр ішінде. Иван сенбей дей берді, Өңім бе, әлде түсім *б е?* (А. Тоқмағамбетов, Сайра. бұлбұл). Бедерсіз, бұлтсыз, бұйра көк, Келеңкем *б е,* үйім бе. Шырайы шымқай шам шапақ, Шатырым ба, шиім бе (І. Жансүгіров, Шығ.). **4.** *Күшейтпелі мағынадағы шылау.* Суйегімді жасыттың, Кетейін *б е* өлтіріп (Жамбыл). Алысып жүріп өлдің *б е!*— деді көрі құзғын күнк етіп (М. Етекбаев, Балдырған). **5.** *Шартты мағыналы шылау.* Бірақ болары болып қойды. Бояуы сіңіп қойды. Өз қолыңды өзің кесесің *б е.* Қолыңнан келгеніңді аяма («Лен. жас»). Япырай, кессем *б е* екен мен тілімді, Үйрендім қайдан өнер, көп білімді (Мәшһүр Жүсіп Көпеев). **6.** *Риторикалық сұрау мағынасын білдіретін шылау.* Шыныңмен өлгенің *б е* Құлагерім, Салбырар сапты аяқтай төменгі ернің (Ақан сері, Шығ.). Жолдас деймін, ей, жолдас, санитарка, Жеттің *б е,* кел, жарамды жедел байла (Ә. Сәрсенбаев, Таңд. шығ.).

БЕБЕУ з а т. *Қиналғанда, қысылғанда шығатын үн.* Сөйтіп босанудың қалай болатынын күні бұрын білген әйелдер өздерін тәртіпті ұстап, толғақ *б е б е у і н* шақырмай-ақ, сабырмен аман-есен босанады (К. Өтегенова, Аборт. зияны). ◆ **Бебеу қақты.** а) *Безілдеді, зарлады, зар иледі.* Көпей бәйбішенің құлағына Жабайдың қатты ыңқылы мен *б е б е у қ а қ қ а н ы* шалынды (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). Дәрменсіз бөлме толған жаралы жан, Қалжырап талықсиды бірі талып. Көз жұмып, бірі қалғып тыныштала, Біреуі ыңырсиды *б е б е у қ а ғ ы п* (З. Қалауова, Таңд.). ә) *Күй құлаққа әсерлі, сазды естілді, құйқылжыды.* Күй *б е б е у қ а ғ ы п,* ғажап сарындар жеткізеді (С. Бақбергенов, Күй). Үстіңгі үйде домбыраның әсем сазы *б е б е у қ а ғ ы п* кетті (С. Төлешев, Түрлі бас.). б) *Құстың, жәндіктің сайрауы, үн шығаруы, дызақтауы.* Беймаза бытпылдықтың жағы тынбай, Даурығып кең далада *б е б е у қ а қ қ а н* (Ж. Саин, Шығ.). Ыстыққа арқасын қыздырып, шөп арасынан өрмелеп бидайықтың басына шыққан бота тірсек сарала шегіртке *б е б е у қ а ғ ы п* шырылдап тұр (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). в) *Машина, мотор, аппарат*

тәрізді заттардың қатты дыбыс шығаруы, зыр қағуы. Қоңырау *бебеу қағып,* шырылдап, Тоқаш сөзін естіртпеуге тырысты (З. Шашкин, Тоқаш Бокин). Бірақ мотор *бебеу қағып* Тұрды: «бердің» астына алып, Маңдайына жігіттердің Тер моншағы түсті ағып (Ә. Сәрсенбаев, Отан.). Самед рациясын жайып, әзір отырған-ды. Әмір болған сәтте қобдидай аппарат те-тетелеп, *бебеу қақты* (Ә. Нұрпейісов, Күткен күн).

БЕБЕУЛЕ е т . 1. *Ауруы жаңа батып шыдай алмай ойбайлау, зар қағу, бебеу қағу.* Ол қалың етіп салынған жылы төсекте қозғала алмай шалқасынан *бебеулеп* жатыр (Б. Соқпақбаев, Жекпе-жек.). 2. А у ы с. *Күйдің сарынды, екпінді шығуы, безілдеуі, құйқылжуы.* Осындай даңқыл күйлер алма кезек, Домбыра *бебеуледі* тілін безеп (І. Жансүгіров, Өленд.).

БЕБЕУЛЕТ *Бебеуле етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Орал сылқым домбыраны қамықтырып, «қайтейін, қайтейін» дегізіп, *бебеулетіп* отыр (Т. Әлімқұлов, Ақбоз ат).

БЕГЕМОТ з а т. *Африкадан тараған терісі қалың, сүт қоректі ірі денелі хайуан. Бегемоттар,* пілдер, киіктер Европа мен Азияның солтүстігінен оңтүстігіне қарай ығысып қашты (А. Машанов, Жер асты). Алматыда папам мені зоопаркке апарушы еді. Сонда пілді, *бегемотты* көргенмін (З. Асабаев, Ар.). Аузы апандай, Азуы бақандай, Өзі шөккен тау — *Бегемот* мынау (Т. Әбдірахманова, Білесің бе?).

БЕГЛЕН з а т. с ө й л. **Бекзада.** Қара тоқтыны жемеген Қаблан басым-ау... у... у. Бес ешкіні жемеген *Беглен* басым-ау... у... у (С. Қасиманов, Сиқырлы.).

БЕГОНИЯ з а т. б о т. *Сәндік, әсемдік ретінде өсірілетін оңтүстіктегі қызыл ала жапырақты өсімдік.* Гүліндей азалия бұраң қақтың, Көркіндей камалия сылаңдаттың. Көктемгі *бегония* жұпарындай Кун Миньнің қолтығында алқа тақтың (Ж. Сыздықов, Белестер). Бұрышты коллехимамен танысу үшін біз алдымен *бегония* жапырағы сабағын немесе әдейілеп өсірілген асқабақ өсімдігінің жас сабағын пайдаланамыз (Т. Мұсақұлов, Өсімдік анат.).

БЕГУМ з а т. к ө н е. *Орта Азия, Қазақстандағы ертедегі хан, патша, сұлтан ұрпақтарының титулы.* Екінші бір назар аударарлық нәрсе — Ұлықбек Гураганның қызы Рабиа Сұлтан *бегумнің* қабырындағы жазу (Д. Досжанов, Құм жұтқан.). 1895 жылы құлауға айналған Рабиа Сұлтан *бегумнің* кіші мавзолейі бұзылып, қыштары таратылып әкетілді (Бұл да).

БЕГІЛІК з а т. *Бектік, мырзалық, төрелік.* Ақтайлармен аталас Қойбағар руының бір тұстарда даңқы шыққан әлді-малды бір бөлегі — Көсеубай балалары әлі де дәулетті, бірақ *бегілік* жағынан көп төмендеген (Ә. Көшімов, Екі бүркіт).

БЕГІРЕК с ы н. *Өте, тым, аса. Бегірек* есепсіз қинауы да бар, бегірек есепсіз жетістіруі де бар деп бәріне сендік — дейді (Абай).

БЕДЕ з а т. *Мал азығы боп саналатын көп жылдық өсімдік, жоңышқаның бір түрі.* Бөрте лақ оттық бойындағы бар *бедені* таптай барып, қозылардың алдына тұра қалды (М. Әуезов, Шығ.). Шөп және *беде* дақылдарының қосылған әсері нәтижесінде топырақтың құнарлылығы және басқа қасиеттері өте шұғыл өзгереді (Мақта шаруашылығы). Қазақстанда бұршақ тұқымдас мал азықтық шөптерден тараңдары жоңышқа мен *беде* (Н. Шоқанов, Сапалы сүрлем.).

БЕДЕЛ з а т. 1. *Қадір, құрмет, абырой.* Әліш мұны әліде болса *беделінің* барлығынан көрсе, Әукең «Әліш молданың шарапаты» деп ұғынды (Б. Майлин, Шығ.). Абай *беделі* жетіп, қолынан келген жерлерінде, осы Данияpдай жалқы-жетім жастарды интернатқа әкеп қосуға тырысқан (М. Әуезов, Шығ.). Халық арасында қайын атасының *беделі* қандайлығын Байжан осы мәжілістерде көрді (С. Мұқанов, Сырдария). 2. *Атақ, даңқ. Беделдің* келуі қиын, кетуі оңай. Соны ұмытпа (Ы. Жақаев, Менің бақытым). Дұспаны өз алдына келгеннен соң, Бетімді тырнап алмай аясын ба? Әркімнің өзі шыққан тауы биік, Әсеттің *беделіне* қарасын ба (Айтыс). Жалған *бедел* жақсы атақ әпермейді (М. Иманжанов, Алғашқы.). ◆ **Бедел сақтады.** *Абырой-атағына кір келтірмеді.* Дәріптар, демек, айыптар, Мадақтар, *сақтар беделді.* Махаббаттың еркі бар Болма оған кедергі (Қ. Аманжолов, Шығ.). **Бедел салды.** *Қадірін, абыройын бетке ұстады. Беделіңді сал* да белден бас дегенің ғой... (Ш. Хұсайы-

нов, Таныс адамдар). Қасен кішкене запискаға қайдағысын айтып, қатты қысылған кісі боп *б е д е л с а л а* жазды (М. Әуезов, Шығ.). Беделі артты. *Атақ-абыройы жоғарылады, өсті.* Ақырында [Мұхаметжанның] байға *б е д е л і а р т ы п* 1909—1910 жылдары оның сенімді адамы болды (Б. Кенжебаев, Демократ жазушы). Көміршілер арасында қайлашы үлкен атақ. Жоспардан асыра орындаса ақшасы да, *б е д е л і* де *а р т а* береді (Ғ. Мұстафин, Қарағанды). Беделін көтерді. *Абыройын арттырды, құрметке бөледі, даңқын шығарды.* Италияның Паганиниі, орыстың Шаляпині, біздің Күләшіміз — бәрі де он саусағының өнерімен, өңештен шыққан үнімен өз халқын әлемге танытқан, халқының *б е д е л і н к ө т е р г е н* адамдар (А. Жұбанов, Құрманғазы). Мектеп директоры бұл ұсыныстың класс коллективінің *б е д е л і н к ө т е р у* үшін әдейі жасаған екен (М. Мұқанов, Пед. очерк). Беделін төкті. *Қадірін кетірді, абыройын төкті.* Бетен біреулерді машинаға отырғызып неге ақша аласыз? Менің *б е д е л і м д і т ө к т і н,* жұмыстан шығардым,— деді де, шофердің аузын аштырмай, қолына бұйрық ұстата берді (С. Адамбеков, Көсе.). Сен-ақ менің алдыма түсіп, аяғымнан шалып, *б е д е л і м д і т ө г і п* біттің (Бұл да.). Беделін түсірді. *Беделін төкті, абыройын алды.* Білгендей шапшаң қуып жетерімді, Япыр-ау, осы қайдан көтерілді? Әкең мен шешең шешпес жұмбақ айтып, Жол бойы *т ү с і р е й і н б е д е л і ң д і* (Айтыс). Әдейі *б е д е л і н т ү с і р і п,* халық алдында жексұрын ғып көрсету. Кім осыны істеп жүрген? (З. Шашкин, Доктор.).

БЕДЕЛДЕС е т. *Бедел салысу, бедел жарыстыру.* Нақыл бар бұрынғыдан келе жатқан: «Ер сұрар — ел намысын» *б е д е л д е с с е* (Айтыс).

БЕДЕЛДІ с ы н. *Қадірлі, сыйлы, құрметті, абыройлы.* Аудан жұртшылығына *б е д е л д і,* алғыр Әшір бұл жолғы сөзін және де бір ғана мақтаға арнады (Алғы шептегілер). Сары Мұстапа — Ғабиденнің әкесі. Бұл да орта дәулетті, *б е д е л д і,* әділ және қажырлы кісі болып, халық сыйлаған,— дейді Сәкен (С. Мұқанов, Өсу жол.). Қанша қателесті десе де Исатайдан *б е д е л д і* ешкім жоқ (Қ. Жұмалиев, Эпос.). Көп алдында жауапты, Күндіз-түн көп жұмысы. Сондықтан да *б е д е л д і* Колхозында бұл кісі (Б. Аманшин, Өлеңдер). // Әйгілі. Қолында жүйрік қаламы, Туында тұлға «Балға-Орақ». *Б е д е л д і* белгі бес жұлдыз, Көтерген көкке туға оран (А. Тоқмағамбетов, Сайра, бұлбұл).

БЕДЕЛДІЛІК з а т. *Қадірлілік, сыйқұрметке иелік, абыройлылық.* Біз көбінесе балалардың: «біздің папамыздың қолынан бәрі келеді» — дегенді мақтанышпен айтатынын естиміз. Зор *б е д е л д і л і к т і ң* белгісі осы емес пе? (Семья тәрбиесі).

БЕДЕЛДІРЕК с ы н. *Беделі күштірек, қадірлірек.* Қаланың орыстарының *б е д е л д і р е к* екеу-үшеуі мен Көшектер күн бұрыннан сөйлесіп келіп қояды екен (С. Шарипов, Шығ.).

БЕДЕЛСЫМАҚ с ы н. э к с п р. *Беделге ие болғансыған, атақсымақ.* Шеттен келген біреу маған үйретіп, салмақ сала ма деген оңай, ойсыз ұшқары, сыртқары мінезге мінді. Жеңіл, жалған *б е д е л с ы м а қ қ а* жеңгізді (М. Әуезов, Өскен өркен). Жиналыс сайын сөз сөйлемей қалмайтын. Сол арқылы өзіне *б е д е л с ы м а қ* қамдайтын (Ш. Смаханұлы, Көріп жүр.).

БЕДЕЛСІЗ с ы н. *Абыройсыз, қадірі жоқ.* Ел ішінде *б е д е л с і з* де емес-ті (С. Көбеев, Орынд. арман). Бір де бірі тыңғылықты іштеме істей алған жоқ. Керенский ақша шығарды. Ақшасы үкіметінен әрі құнсыз, *б е д е л с і з* болды (Ғ. Мұстафин, Көз көрген).

БЕДЕЛСІЗДІК з а т. *Абыройсыздық, қадірі жоқтық.* Оқушы жанына жақын бармай тек сабақ берумен шектелу, менінше, бедел емес — *б е д е л с і з д і к* («Лен. жас»).

БЕДЕЛІК з а т. *Беде бітік өсетін шабындық.* Араға біраз күн салып, орталыққа келді. Онда да жай емес, екінші рет шабылған *б е д е л і к т і ң* шөбін қыстауда-ғы қораға жеткізіп ал деп келіп отыр («Қаз. әдеб.»).

БЕДЕН з а т. с ө й л. Бөден. Ол шофердің жанында отырған және бір фашистің *б е д е н і н* байқады да, көзден атып жіберді (Ә. Нұрпейісов, Күткен күн). Жылқыларым құландай, Сұлу біткен *б е д е н і* Қорғасыннан құйғандай. Кең бір кілем жайғандай (Н. Байғанин, Шығ.).

БЕДЕНДЕС с ы н. с ө й л. Бөдендес. Қайыршының түрін кісі-киікке ұқсасты-

рып «Бәтшағар сол *бедендес* екен» деп ойлады мерген өлгінің сұрына таңырқай қарап (А. Нұрманов, Құлан.).

БЕДЕР з а т. 1. *Өрнек, әшекей, мәнер, нақыш.* Бастырманың бетіне әдетте сызықша, өсімдік әліптес *бедерлер* түсіріледі (ҚазССР тарихы). Кейбір жартастардың бетінде шілтер сияқты күрделі *бедерлер* өрнектелді (С. Орынбаева, Геогр. ғажайып.). Дүниені түгел жауып жатқан әлгі бір жасыл кілем бетіне енді қарасаң, әдемі ақ *бедерлер* пайда болады (Ә. Сәрсенбаев, Толқында.). 2. *Бір нәрсенің бетіндегі бур, бұдыр, таңба.* Батырқан балалары бүтін, жақсы киінеді. Әсіресе мен Жанбосынның аяғындағы өкшесі мен табанында түйме тәрізді сәнді *бедері* бар қонышты қара ботинкаға қатты қызығам (Б. Соқпақбаев, Балалық.). Салақ шофер өз машинасының күтіміне көңіл бөлмеген. Машина дөңгелегінің *бедері* әбден желініп жылмағай болған. Мұздақ жерде тормоз тіпті ұстамайды («Лен. жас»). 3. *Жердің беті, үсті, қыртысы, қабаты.* Жердің сыртқы түрі, *бедері* оның ішкі құрылысына байланысты ғой (А. Машанов, Жер асты). Қызыл қағаздың бетіндегі жазулар туған жердің *бедері,* өзені мен тауы, өзегі мен даласы сияқты боп елестеді оның көзіне (С. Бақбергенов, Алтынемел.). Жер *бедері* қалай өзгерген,— деді Қабай (А. Машанов, Жер асты). 4. *Кескін, тұлға, сурет.* Тіршілік *бедерлері* бір өңдес, тек мінез бен әрекет басқа-басқа (Р. Тоқтаров, Ертіс.). Ал бүгінде аға шопан Ілияс Қыдырбаевтың омырауында бетінде орақ пен балға *бедері* бар Алтын жұлдыз жарқырайды (Ө. Нұршайықов, Окт. өр.). Ол туған жердің осы аяулы *бедеріне* іңкарлана қарады (Д. Досжанов, Зауал). 5. А у ы с. *Абырой, қадір, даңқ.* Аптықпай сейле, Шашубай, Сынып қалар *бедерің* (Жамбыл). // *Реңк, белгі, нышан.* Үшінші актыда Жиенқұлдың ауылы. Тойға дайындық. «Сараның құтты болсын ақ ордасы» деген қыздар хоры, сырттай той, мереке пішінде болғанымен, қайғыдан құр емес. Бірақ қайғы айқайлап тұрған жоқ, *бедері* ғана білінеді (А. Жұбанов, М. Төлебаев). // *Бір нәрсенің түрі, кейпі.* Көсемнің алдында сол тұрған кеннің Өлеңім қайдан қамтыр бар *бедерін!*.. Ат басынан шағындау көрінгенмен, Сол кенде таудай салмақ бар дер едің! (Д. Әбілев, Алтай). ◆ **Бедері кеткен.** *Өңі түскен, ескірген, тозған.* Қарабала Есекеңді Наркомпростың алдында кездестірді: *бедері кеткен,* сырты дәл өзінің беті тәрізді қыртыс-қыртыс буаз портфелін қолтығына қысып, қорбаңдап, ол әлдеқайда асығып барады екен (Қ. Жұмалиев, Жайсаң жан.). **Бедері қашқан.** *Қисыны кеткен, сүреңсіз.* Көк күнгі күмәнның тұманы сұмдықпен сейілсе, алдан тарау-тарау жолдар тосып алады-дағы! *Бедері қашқан* болмысқа тың таңбалар түседі-дағы (Т. Әлімқұлов, Күрең өзен). **Бедерін берді.** *Қарасын көрсетті, біліне бастады.* Айнала төңірек бірте-бірте бозарып, көз жетер жердегі қараңұралар *бедерін беріп* келеді (Ә. Нұрпейісов, Күткен күн). **Бетіне бедер түсті.** а) *Таңба салды, дақ түсірді.* Ғасырлар бойына жұрт ізі, мал тұяғынан басқа *бетіне бедер түспеген* құм жиегіндегі тақтайдай жазық дала бензин татып, керосин иіскегелі бес-алты жылдан асқан жоқ (С. Адамбеков, Атылған қыз.). ә) *Ескірді, тозды.* Міне, Мұхтар Әуезов бұл жағынан келсеңіз *бетіне бедер түскен* көне бейненің өзін құлпырта суреттеп көз алдыңа қаз қалпында алып кеп тартқандай емес пе? (С. Талжанов, Ұлдай кегі). **Сөз бедері.** *Сөз асылы, сөз кестесі.* Жасыл шөп жайқалып гүл, құйылып тұр, Керіліп кең далада жатқан елім. Көзіммен көргенімді қолмен жазып, Қағазға салдым кесте *сөз бедерін* (Ақын жырлары). Алтын менен күмістің нақысындай, Міні жоқ бізден шығар *сөз бедері.* Шатыр тік, көк майсаға бір тайды сой, Кешікпей шықсын үйден болса өнері (Айтыс).

БЕДЕР-БЕЙНЕ з а т. *Өзіндік ерекшелік, көркемдік, өзіндік айшық.* Шындығында, күні бүгінге дейін Абай мен Сұлтанмахмұт поэзиясы, Әуезов пен Мүсірепов прозасы орыс тілінде өзінің бар *бедер-бейнелерімен* көріне алмай отыр («Қаз. әдеб.»).

БЕДЕРЛЕ е т. *Өрнектеу, әшекейлеу, сәнмен безендіру.* Аспан көкпеңбек... Тек әредік-әредік жібек торғындай қақтап *бедерлеген* жұқа күмістей ақ шарбы бұлттар бар (С. Сейфуллин, Тар жол.). Латыш суретшісі Альберг Вадистің мыс бетіне *бедерлеп* салған «Бұл күндердің даңқы өшпейді» атты кең полотносынан біз осындай жайларды аңғарғандай болдық («Қаз. әдеб.»). Жел қайраған қар беті, Орай-орай көп өрнек. Сонша қилы суретті

Қалай салған *б е д е р л е п* (Ғ. Орманов, Таңд.).

БЕДЕРЛЕН е т. 1. *Бедерле етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Боробудур храмының жан-жағының бәрі ақ, көк, қызыл тастан қашалып, *б е д е р л е н і п* салынған («Лен. жас»). Онда алтын түсті нақышпен *б е д е р л е н г е н* кілемдер жайылып, жас жігіттер киімдерін шешіп, арнаулы орындарға отырысты (Мың бір түн). 2. *Әр түрлі түске бөлену, түрлену.* Көлдің жалтыр жайқынының айнадай тұнық суының беті кейде қалтырап *б е д е р л е н і п*, толқып, ақ моншақ тізіп, ойнатып шашқандай болады (С. Сейфуллин, Тар жол.). Дәл сол көк жүзінде күле жүзген күн секілденіп төменде *б е д е р л е н і п* жатқан көк теңіздің бетінде қалқып жүрген кемелер жарқ-жұрқ етіп, күн нұрымен шағылысқан сәулесі көзді ұялтады (Ә. Әбішев, Замана.).

БЕДЕРЛЕС с ы н. *Түстес, түрлес.* Сұқсыр үйректің бетеге жүні *б е д е р л е с* шарпыдай жұқа сұйқылтым бұлт тұңғиық терең аспанды ала жауып тұр (Қ. Тайшықов, Окт. ұшқыны).

БЕДЕРЛЕУ 1. *Бедерле етістігінің қимыл атауы.* Осыдан он бес күн бұрын бір табақ қағаздың бетін *б е д е р л е у г е* кірісті (Ә. Сәрсенбаев, Толқында.). 2. *Металл өңдеу әдісі.* Алтын, күмістен ерітіп, қалыпқа құйып *б е д е р л е у* әдісімен алтын қасық, күміс ожау, сағат қаптары сияқты заттар да істеледі (С. Қасиманов, Қаз. қолөнері). ◆ **Бедерлеу өнері.** *Зергерлік, немесе скульптуралық, архитектуралық тұрғыдан нақыштау, бұдырлау, бунақтау сияқты тәсілдер арқылы түрлі заттардың бетіне өрнек түсірудің бір түрі.*

БЕДЕРЛЕУШІ з а т. к ә с і б. *Металл бетіне бедер салу ісінде пайдаланылатын құрал.*

БЕДЕРЛІ с ы н. *Нақышты, өрнекті, оюлы.* Сезім бар ай *б е д е р л і* айқындалған, Ұяттың саясында салқындағам. Бұл өлең күнә болса, неге айтасың?! Естідім, сен де оқыпсың, құран кәләм (Айтыс). Бөлбөл бөбек, бөл, бөбек, Бөлейін бері кел бөбек. *Б е д е р л і* бесік, төрт есік, Төгілте салдым төр төсек (І. Жансүгіров, Шығ.). Мағрипа үстінде үй ішіне киетін *б е д е р л і* атлас халат соншалық мүсінді. (З. Қабдолов, Өмір ұшқ.). Әдемі *б е д е р л і* қағазға оралған жарты қадақ шай мен бір қадақ қант бір тоқтыға жүрген (ҚазССР тарихы). // *Көркем, әдемі.* Осы спектакльде айтпай кетуге болмайтын бір *б е д е р л і* бейне бар. Ол — контролер Балапан («Қаз. әдеб.»). ◆ **Бедерлі жазу.** *Соқырлардың оқуы, жазуы үшін жасалған шрифт.* Қазіргі кезде *б е д е р л і ж а з у ғ а* математикалық, химиялық белгілерді ендіру, бедерлі жазудың көлемін кішірейту т. б. жұмыстар жүргізілуде (ҚСЭ).

БЕДЕРСІЗ с ы н. 1. *Өрнегі, әшекейі, сәні жоқ.* Алтындап тігуге көбінесе бедерлі, *б е д е р с і з* басып тігу әдісін қолданады. Алтындап тігу кестесіне маржандап тігуді де аралас жүргізеді (С. Қасиманов, Қаз. қолөнері). Құйылғандай *б е д е р с і з* қола тастан Ескерткіштей шеттерінен От көздер, Пырақ сөздер, Құрыш құлақ Сыр нұшпағын тартады Бірін-бірі жымысқылап (С. Мәуленов, Шалқар) 2. *Ажарсыз, көріксіз.* Бұл кім өзі көзінде күлкі ойнаған? Үні де әсем, сырнайдай сұңқылдаған. Киілмеген етіктің қонышындай Бет терісі *б е д е р с і з* жылтылдаған (Ә. Тәжібаев, Кешеден бүгінге). 3. А у ы с. *Өзіндік бетбейнесі жоқ, тұрақсыз. Б е д е р с і з* сөзде бедел жоқ (М. Әлімбаев, Өшпес от). Сөзінің алды бар, арты тар, жұмысы жоқ, тұрмысы тоқ, жүрісі кесек, өрісі — өсек, суық, сұйық жүретін әлдекімдердің *б е д е р с і з*, берекесіз бейнесі елестеп кетті (Қ. Ыдырысов, Ел жатса да.). 4. А у ы с. *Белгісіз, беймәлім.* Енді ол мынау *б е д е р с і з* бірқелкі күндердің қайсысын меже тұтарын да білмейді. Қазір ол уақытты өңіндегімен емес, түсіндегімен өлшейді (Ә. Кекілбаев, Дала.). Ол оқиғаны Тұқымбай өз көзімен көрген емес ешқашан. Бірақ солғын, *б е д е р с і з*, белгісіз бояуына дейін біледі (С. Бердіқұлов, Егеулі найза).

БЕДЕРСІЗДЕН е т. *Ескіру, көнеру, көріксіздену.* Үйлер мен вагондардың *б е д е р с і з д е н г е н і* сонша, әуелгі түсі қандай екенін айыру мүмкін емес («Лен. жас»).

БЕДЕРШІ з а т. *Ою-өрнек, бедер салатын шебер, маман. Б е д е р ш і* — бедер түсіруші шебер (С. Қасиманов, Қаз. қолөнері).

БЕДЕУ[1] з а т. *Жүйрік, бәйгі аты, жарағаң жылқы.* Шапса да қанша жүйрік, *б е д е у* озар, Болмайды кім үмітті қосқан жерде. Билер көп төр алдында тасырайған, Жол табар көсем қайда қысқан жерде (Ақан сері, Шығ.). Бәйгеге түскен

б е д е у д і ң той-думан ішінен қиқу шықса ауыздықпен алысып еліргені сияқты, «қой» дейтін ешкім болмағансын, қыза сілтеп уақыт оздырды (Ж. Тілеков, Шалғай.).

БЕДЕУ[2] с ы н. 1. *Бала көтермеген әйел.* Бала түгіл сымбыл жоқ, *Б е д е у г е* бала бермек ең, *Б е д е у* қатын қалды ма? Сен етегін көрмеген (Қазақ ақынд.). «Қартайды Жақып,— қу бас — деп Халықтың сөзі мен болдым,— Қатыны *б е д е у* тумас»— деп (Манас). 2. *Қысыр, бойдақ.* Күрең бие *б е д е у* еді. Өмірі құлындаған емес (З. Ақышев, Достарым.). Бақсы ойнап күңірентсе де қобыз үнін, Қойқаптан қозғағанда Қорқыт жынын. Боз інген боталамай қалды *б е д е у,* Шашты ашпай құмалақшы қырық бірін (І. Жансүгіров, Өленд..)

БЕДЕУДЕЙ с ы н. *Бедеу сияқты, бәйгі атындай.* Бұйырды: «Шаһнаманы» сөз қылуға, Ойласып Мирзоянмен ойға сарап. *Б е д е у д е й* басын шұлғып, «болады» деп, Күйіме күннен-күнге түстім жарап (Т. Ізтілеуов, Рүстем.). Айсұлудың аяғы аяғына жұқпайды. Үш таң асқан бесті *б е д е у д е й* қаздаң-қаздаң басады. Бәріне де үлгіреді (З. Ақышев, Ақбел асуы).

БЕДЕУЛІК з а т. *Жасы толған организмнің ұрпақ бермеуі. Б е д е у л і к* алғашқы абориттан кейін-ақ басталуы мүмкін,— дейді (К. Өтегенова, Аборт.). Әйел *б е д е у л і г і* дегеніміз — оның бала көтермеуі немесе баласын айы-күніне жеткізіп көтере алмауы (Бұл да.). Көктемде гүлденген жеміс ағашына көзі түссе де, баланы аңсаған Сақыш өмірінің ақталмаған арманындай жүдететін *б е д е у л і г і* есіне түсетін (Р. Әутәліпов, Той тарқар).

БЕДІРЕ о р. з а т. с ө й л. **Шелек.** *«Ведро».* Қаратай бойын тоқтатыңқырап алып, жаман жарық *б е д і р е г е* бидай құырғандай қылды («Қаз. әдеб.»).

БЕДІРЕЙ е т. 1. *Безеру, сазару, тесірею.* Неге *б е д і р е й д і ң?* Белсендігіңе нұқсан келтіретін сөз айттым ба мен? (Б. Майлин, Шығ.). Бері кел деймін мен саған!— деп бұжыр бет жігіт ақырып жіберді.— Неғып *б е д і р е й і п* қалдың?! Ұста шылбырды (Т. Дәуренбеков, Біз кезд.).— Қарағым, неге қашасың? Осы тәкаппарлығың біреудің түбіне жеткен жоқ па?— деді *б е д і р е й е* қарап (Ж. Арыстанов, Сұңқар). Даурығып онша дауыс та көтерген жоқ, тек көзі *б е д і р е й і п,* екі жағына кезек аунақшып, қипалақтай берді (Алғы шептегілер). 2. *Мелшию, міз бақпау.* Бетінде қаны жоқ *б е д і р е й і п* жатқан сұп-сұр сазды дала сараңсып, иығына кетпен ілген, аштан, шөлден азап шеккен жарлы жандарға алақанын ашпап еді (С. Мәуленов, Жер нәрі). Талай-талай жолаушының басын жұтып, ақсиған сүйекке айналдырған Бетпақдала *б е д і р е й і п* жатыр (Т. Әлімқұлов, Туған ауыл).

БЕДІРЕЙІС *Бедірей етістігінен жасалған ортақ етіс.* Енді екі зәрлі жылан арбасып қалғандай, көздерін қадасып алып, *б е д і р е й і с і п* қатып қалды (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). Пристав пен мүгедек матрос түнеугі бір өлік үстіндегі ызғарлы қарастарын қайталап, бір-біріне *б е д і р е й і с е* қалды (Ә. Сәрсенбаев, Толқында.).

БЕДІРЕК с ы н. к ө н е. *Құны жоқ, құнсыз.* Асықпай тұр, *б е д і р е к,* қаның тасса, Шіміре қыл да іше бер, қарның ашса. Қойға келген жерімде ондай етіп, Менің теңім сен бе едің, шұнақ тазша (Қозы Көрпеш.). Немене, былшылдап отырсың, Бес байталға алған, *б е д і р е к,* Бір нәрсені көрерсің, Шығып кет үйден тезірек (Қамбар батыр). Әке сенің артыңнан Бес байталдық *б е д і р е к* құл Аңлып жүрген дұшманды (Алпамыс).

БЕДІРЕЛЕ е т. с ө й л. **Шелекте.** Даулы... үйлерді мықшита келіп соқтықты. Жауын да *б е д і р е л е п* ышқына құйды. Жарқ етіп, іле-шала шатыр-күтір етті (Х. Әбішев, Аспан сыры).

БЕДІРЕҢДЕ е т. э к с п р. *Одыраңдау, едіреңдеу, ежіреңдеу.* Таңқы танау, екі беті быттиып *б е д і р е ң д е п* тұратын қызыл қоңыр жігіт урядниктің Сәленнен іштей ығысып қалғанын сезе қойды (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер).

БЕЖІН: **бежін ер.** К ө н е. *Пекин қаласында жасалған ер.* Тұлпар атты жаратып, Құйрық-жалын таратып, *Б е ж і н е р д і* ерлетіп, Жорыққа жортып терлетіп (Үш ғасыр.).

БЕЖІРЕЙ е т. *Ежірею, едірею.* Көзі ашыққан қасқырдың көзіндей *б е ж і р е й і п* кетіпті (А. Хангелдин, Табыс. тағдыр). Жекей қыз, мұның қалай келген жерден, Кім келді Елібайға біздің елден. Жақсының ісі осындай бола ма екен,

Сөзің бар әжептеуір *б е ж і р е й г е н* (Айтыс).

БЕЗ[1] з а т. 1. *Адамда және жануарлар организмінде арнаулы заттар — секреттер бөліп шығаратын орган.* Тері қабаттарында тер шығарғыш және май өндіргіш екі түрлі *б е з* болады (Е. Оразақов, Дәрігерлік.). Алғаш олардың терілері түкті болды да, терілеріне май, тер шығарып тұратын *б е з д е р* пайда болды (А. Машанов, Жер асты). Тер шығаратын *б е з д е р і* аз болады, олар бауырының әр жеріне шоқ-шоқ болып бітеді. Сондықтан мініс түйелері ыстық күндері аз терлейді (И. Жұмағұлов, Түйе өсіру). 2. *Ағаштың шор жері, бұтақтың үйіл жері, беріші.* Қабаққа біткен қайыңның Беріші еді, *б е з і* еді. Өтіндей-ақ аюдың Әкемнен қалған көз еді (І. Жансүгіров, Шығ.). Қолындағы қайыңның *б е з і н е н* жонып жасаған имек сапты ожау тым сәнді (Ғ. Мұстафин, Дауыл.). Қасық жонып отыр ем, Қайыңның қызыл *б е з і н е н* (Д. Әбілев, Өленд.). 3. А у ы с. *Пайдасыз, қажетсіз зат.* Бекбикелер ел денесіндегі бұралқы *б е з* ғой. Бәрін қоссаң халықтың бір процентіне толмайды,—деді (Ғ. Сыланов, Домбыра күйі.). ◆ **Арам без.** а) *Бұзық, жауыз.* ә) *Керексіз, пайдасыз, жарамсыз.* Сұлу қыз бен я батыр, Болмаған соң тәңрі алғыр, Шығып кетер я қалғыр, Оған ақыл — *а р а м б е з* (Абай). **Без аяқ.** *Ағаштың беріш болып қатып қалған, берік, мықты жерінен жасалған ыдыс. Б е з а я қ* — ағаштың безінен істеген, қымыз ішетін аяқ (С. Қасиманов, Қаз. қолөнері). **Без бүйрек.** а) *Ешкімге жібімейтін, қайырымы жоқ, қатыгез, мейірімсіз.* Бітімі жоқ *б е з б ү й р е к* Еспембетті салғаны ма (М. Әуезов, Шығ.). Тоқта! — деді Мұхтар. Мен қайтайын. Ол *б е з б ү й р е к т е н* түңілгем, өзімді жауып қоюдан тайынбайды. Мәжит, сен бірге оқыған құрбысы едің ғой, сөйлесіп көр (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). Құдай ұрса қос қолдан соғады ғой, досым. Бұл қыздың ағасы да тоң мойын, *б е з б ү й р е к* екен («Қаз. әдеб.»). ә) *Мықты, төзімді, шыдамды.* Адай жылқысының тағы бір қасиеті тершең емес, *б е з б ү й р е к,* қағылез келеді (Тарту). **Без маңқа.** *Малдың танауға түсетін ауруы.* Халық маңқаның өкпеге түсетін ауру түрін «көкірек маңқа», танауға түсетін жеңілдеу түрін *«б е з м а ң қ а»,* «танау маңқа» деп атайтын (Х. Арғынбаев, Этн. очерк). **Без ожау.** *Ағаштың беріші жерінен, безінен жасалған ожау.* Күміс-теген *б е з о ж а у м е н* қою сары қымыздың қышқылтым иісін бұрқырата, сары бәйбішенің өзі сапырды (С. Бегалин, Бала Шоқан). **Без өкпе.** *Без бүйрек.* Жоспар орындалды. Кемшілігі, олқылығы бар шығар, айт, көрсет, бірақ Тереховты *б е з ө к п е* деуге кімнің аузы барады («Лен. жас»). **Без тамақ.** *Тамақ безінің ауруға шалдығуынан болған кесел, құлғана.* **Без түйіні.** М е д. *Емшек, бауыр, бүйрек, аналық, қуық түбі және т. б. бездерде өсетін және солардың тканьдерінен тұратын қатерсіз түйін* (М. Исамбаев, Медициналық анықтама). **Без шошыды.** *Без қабынып, ісінді.* Тамағымнан *б е з ш о ш ы п,* жақ етім шодырайып ісіп шыға келді (Б. Қыдырбекұлы, Ешкім.). **Ұйқы безі.** А н а т. *Ұйқы безі дегеніміз қарынның арт жағында бірінші бел омыртқаның деңгейінде жататын ұзынша дене болады* (Адам анатомиясы).

БЕЗ[2] е т. 1. *Қашу, зыту, босып кету.* 1916 жылы майданға жігіт алынғанда, жұрт жаман *б е з і п,* малын шашып қандай болды (Б. Майлин, Шығ.).— Қайда *б е з і п* барасың? — Собранието, правлениенің отчеты...— Отчетің де құрысын, сен де құры! Кет! — деді Күлжан Шойынқұлаққа (І. Жансүгіров, Шығ.). 2. *Жорту, кезу, зымырау.* Аттар бұрқыратып *б е з і п* келеді (Б. Тұрсынбаев, Ауылд. кел. жігіт). Өзің бейне халқың қашан жасқанды, Талай жауды табанына басқан-ды. Қуатты қол күшіңді өрге көтеріп, Нұрлы өзеннен *б е з е д і* кең аспанды (Ә. Сәрсенбаев, Миллиард.). 3. *Күдер үзу, түңілу, қол үзу.* Бұл кезде Бақтығұл елден, жұрттан *б е з і п* шығып, тау ішінің жайын тағысы сияқтанып жүрген қашқын (М. Әуезов, Қараш.). Сөйлеген аға тұрып іңірден *б е з,* Ежелден елде сондай бар еді сөз (Жамбыл). Діннен *б е з с е ң* де, елден безбе (Мақал). 4. *Атонын ала қашу, жоламау, тану, мойындамау.* Қыз қол қоймай *б е з і п* шықты (Т. Нұртазин, Мұрат). Есітіп Афрасияп осы сөзді, Қарата Кәрсүйізге тігіп көзді, Үстіне олай болса барайық,— деп, Уәдеден өткендегі енді *б е з д і* (Т. Ізтілеуов, Рүстем.) ◆ **Безе қашты.** *Алды-артына қарамай зытты, зымырады, тұра қашты.* Ағылшындардың қалпағын қоқырайтып, алшаңдап жүргенін көргенде, *б е з е қ а ш у ш ы* едім (Ә. Әбішев, Терең тамырлар). Бақырып шөкті түйе, әлі кетіп,

Қан саулап денесінен жаны кетіп. Түйеден қарғып түсіп *безе қаштым*, Бір қасқыр арт жағымнан келді жетіп (К. Әзірбаев, Шығ.). **Безер болды.** *Мезі болды, тұқілді, торықты, ығыр болды.* Алашорданы құшағын жайып қарсы алған байлардың өздері бара-бара алашордадан *безер болды* (С. Шарипов, Шығ.). Бұл әңгімені естіп жатқан Мұрат өнтіге сөйлеп: Теріге түспеймін,— деп, *безер болып* айтты (Б. Соқпақбаев, Жекпе-жек). **Жаннан безген.** *Қатыгез, қанқұлпезер.* Жанталастың аты аталғанда Қарсыбай: — *Жаннан безген* жауыздан жазықсыз көз шықпаса не қылсын,— деп ауыр күрсінді (Ж. Тілеков, Жоңғар.). **Жаннан безді.** *Өзін-өзі құрбандыққа шалды, өмірден күдер үзді.* Зар қақтырған талайды, Жанкешпенің өзі еді. Тегін олжа мал үшін *Жанынан бұлар безеді* (Ү. Кәрібаев, Таңд.). Екі етегін өрт шалды *Безді* өзі де *жанынан*, Бір оқ тиюге аз қалды... Бір оқ өтті санынан (Сәлем саған). **Құдайдан безген.** *Қарғыс атқан, ант ұрған.* Ә, жұлының үзілгір, *құдайдан безген* қарабет, ұялмай-қызармай келіп тұрғанын қарашы! (Ә. Көшімов. Лашын хикаясы). **Ұяттан безген.** *Ар-ұяттан, ұжданнан айрылған.* — *Ұяттан безген* қарабет. Өлтіреді, ойбай? Неге қарап тұрсыңдар, жұртым-ау?! Осы сәтте ғана маңайда тұрғандар есін жиып, тұра-тұра жүгірісті (Ә. Тарази, Асу).

БЕЗ: без ете қалды. *Дыз ете қалды, безілдеді.* Ой, құрысын. Ол шатақ шығарады,— деп, Тұрбек пен Садық қабатынан *без ете қалды* (Б. Соқпақбаев, Жекпе-жек).

БЕЗ-БЕЗ: без-без етті. *Безілдеді, шырылдады, дызақтады.* Сатырлаған бұршақтан *без-без етіп*, Рамазан екеуміз басымызды пешпентіміздің жылтиған етегімен бүркемек боламыз (Б. Соқпақбаев, Балалық шақ). Алып кет бұларды. Елге тыным бермеді! — деп қонақ үйдің кезекшісі *без-без етеді* («Лен. жас»). Мен кемсеңдеп жылай берем. Жеңгем құлағымнан тарта бергенде қолды-аяққа тұрмай *без-без етем* (Ө. Қанахин, Жер бас.).

БЕЗБЕ: безбе жүйрік. *Ұстатпайтын қашаған, әккі жүйрік.* Жанады отынды да отқа ысырсаң, Жанбайды өздігінен босқа тұрсаң, Қашаған жеткізбейтін *безбе жүйрік*, Жалықпай өміріңше өлең қусаң (Айтыс).

БЕЗБЕН з а т. 1. *Заттың салмағын өлшейтін қол таразы.* Күмістің, алтынның және басқа қымбат металдардың салмағын белгілеу үшін,— деп жазды Уәлиханов,— «мысқал және фунь сияқты аса ұсақ салмақ единицаларына бөлінетін қытайдың ұсақ *безбендері* қолданылады»! (М. Елеусізов, Ш. Уәлиханов). Ақырын жеп бітіріп майлы басын, *Безбеннің* теңестірді екі басын. Безбеннің бірдейлігін көзбен көріп, Тыншқан кетті ағызып көздің жасын (С. Торайғыров, Таңд. шығ.). Бұл сөзді шығарды-ңыз көңіліңізден, Көріп жұмбақ қыласың көзіңізден. Қырық кесек тамағы — қырық қадағы, Өлшеп, алып беруге қажет *безбен* (Айтыс). 2. А у ы с. *Салмақ, өлшем.* Кімнің *безбені* басым: Жаншаның жағы салмақты ма, болмаса ана Бақытжан бас бұрған белгісіз сонар жол бір қараға соқтыра ма?! Сен мұны әкеңнің лебізінен аңғаруың тиіс (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). Ойыл офицерлері сізге қосыла ма, сіздер бізге қосыласыз ба, мұны кім салмақты болса соның *безбеніне* салып шешеміз (Х. Есенжанов, Тар кезең). Сол ыңғайды қашаннан бері жақсы білетін Игілік би *безбен* басын сол күйінен аудармай ұстап отыр (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). ◆ **Безбеннен жеді.** *Кем өлшеді, таразыдан жымқырды.* Алдабергеннің кешегі жылға дейін ел арасының жүн-жұрқасы мен тері-терсегін жиып, осы жұртты *безбеннен жеп* келгені аян еді (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер).

БЕЗБЕНДЕ е т. 1. *Безбенге салу, таразылау, өлшеу. Безбендеп* жыл табысын жар саламын, Өмірді көркейту ғой аңсағаным. Тағатсыз күтіп Кремль куранттарын, Жыл сайын жаңа жылды қарсы аламын (М. Рашев, Қанатты қиял). 2. А у ы с. *Салыстыру, теңестіру.* Нұрлан осы секретарьды Якуповпен салыстырып, *безбендеп* тұр, қайсысының салмағы басым — біреуі шапшаң да жеңілтек, шешімі тез (З. Шашкин, Сенім). Баймұратовтың бұл кемшіліктерден арылуға қабілеті жетеді,— деп Елизавета Сергеевна оқушысын жақсы, жаман жақтарын *безбендеп* отырып мінездеді (М. Иманжанов, Менің махабб.).

БЕЗБЕНДЕЙ с ы н. *Безбен сияқты, таразыдай.* Шот та менен безгендей, Теңсе-

леді *безбендей*. Түні бойы тас қуып, Отырамын көзді ілмей (Қ. Ыдырысов, Жолық. жол.).

БЕЗБЕНДЕЛ *Безбенде етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Бағасы күтімімен өлшенеді. Алатын өнім — шығарған шығымымен *безбенделеді* (Х. Есенжанов, Көп жыл.).

БЕЗГЕК з а т. *Безгек масасы арқылы жұғып, тоңдырып, дірілдетіп басталатын жұқпалы ауру.* Сүзек, *безгек* секілді жұқпалы дерттердің де біздің СССР-де жолы кесілді (С. Сұбханбердин, Дәрі — дауа.). Емшектегі кішкене бала — жалғыз еркек баласы Серік те *безгек* (М. Әуезов, Таңд. шығ.). Бейне бір *безгек* болған адамдай бүкіл денем дірілдеп, сипалап жүрмін (Ә. Сәрсенбаев, Толқында.). Қайтадан киінгенімде аяқ-қолым дірілдеп *безгек* адамдай қалшылдап, тістерім сақ-сақ қақты (Ол күндер.). Көп ойлайтын ойшыл адам көп ұзамай *безгек* ауруына тап болды (Б. Тұрсынбаев, Ауылда.).

БЕЗГЕКСІЗ с ы н. *Безгектен сау, безгек ауруымен ауырмаған.* Залдан: — Әбден өлетін болдық. Колхозда *безгексіз* семья қалмады,— деді біреу (Е. Оразақов, Дәрігер.).

БЕЗГЕКТЕЙ с ы н. *Безгекше, безгек тәрізді.* Қанша жатқанын білген жоқ. Енді манағы денесін *безгектей* құрыстатқан суық діріл жоғалып, тұла бойына жылы толқын тарап келеді (Т. Ахтанов, Дала сыры). Олар бағып отыр, аңдысқан көздерінің кірпіктері қағылмайды, қатқан кек бойларын *безгектей* дірілдетеді (Б. Шалабаев, Өмірде.).

БЕЗГЕКТІК с ы н. *Безгек ауруына арналған.* Емханаларда арнаулы *безгектік* кабинеттер істейтін және республикалық безгектік станция болатын-ды (Е. Оразақов, Дәрігер.).

БЕЗГЕЛДЕК з а т. *Дуадақтар тегіне жататын, дене тұрқы тауық шамалас дала құсы.* Әсіресе қызық құстар: *безгелдек* пен ұзын сирақ бадырақ көз тарғақтар (М. Әуезов, Шығ.). Боз көде арасынан сұлу *безгелдектің* сұлу мойны қылтыңдайды. Етектен ала қанатын баяу қағып дуадақ көтеріліп бара жатады (С. Шаймерденов, Мінез). Таяу уақытта бетегелі далада *безгелдек* көп болатын. Қазір олардың сирегені сонша лық, тіпті жергілікті халық бұлардың қандай құс екенін де білмейді (Б. Мұханов,.. Қазақст. өсімдік.). ◆ **Мәссаған безгелдек.** *Бір нәрсеге қатты таңданғанда таңырқап айтылатын сөз. Мәссаған, безгелдек...* Қайран асыл уақытым-ай! — деп қарап тұрған жалғыз тесікке қайта келіп еді.— Немене, саңыраудан саумысың, айттым ғой, жоқ деп! — Қайқақ танау тесікті сарт еткізіп жауып тастады (М. Рашев, Бетің қисық.). *Мәссаған безгелдек!* — деді қоңыз мұрт.— Азаматтың қол астына барғанбысың? — Иә, жер асты жөндеу бригадасына бардым (З. Қабдолов, Жалын). *Мәссаған безгелдек,* іздегенің осы болса. Ал айырып көр мына шытырман жолдарды? (С. Шаймерденов, Қарғаш).

БЕЗГЕЛДЕКТЕЙ с ы н. *Безгелдек сияқты.* Іші күйген мұз жалар дегендейін, Қызғыш пен *безгелдектей* бебеу қаққан. Күнбағардай құбылып, шырайналып, Екі сөзді шерменде арын сатқан (К. Әзірбаев, Шығ.).

БЕЗГЕЛДЕКШЕ ү с т. *Безгелдекке ұқсас.* Берекең аз болған соң белді шештін, Бездің бе біздің елден *безгелдекше* (Айтыс).

БЕЗГІШ с ы н. *Күдер үзгіш, түңілгіш.* Қарғысын дозақ, алғысын — жұмақ қылып, Көзінен көз айырса *безгіш* көрдім (С. Торайғыров, Мағынасыз.).

БЕЗДЕЙ с ы н. 1. *Без сияқты.* Көрден тамаққа шыққан *бездей* тармақтанып, бүкіл Жетісу өлкесіне жайылған (З. Шашкин, Тоқаш Бокин). 2. а у ы с. *Мығым, берік.* Біреулері иір-иір тарамыс, шақпақ еттері қайыңның *безіндей* мықты жігіттер (М. Әуезов, Қараш.). Айғырдың тоқпақ жалындай, Бөкеннің серке санындай, Қайыңның қырған *безіндей,* Шортанның жұмыр белиндей (С. Сейфуллин, Өленд.).

БЕЗДЕН е т. 1. *Бездің бөлінуі, пайда болуы, ұлғаюы.* Оның айтуынша туберкулезбен ауырған мүше *безденіп,* кішкентай бұдырлар пайда болады (М. Сисекенов, Өкпе аурулары). Шеткі бірінің арқалығын ұстап байқап еді, қой ақырын мекіренді, сосын қолын бауырына салып көрді. Желіні *безденіп* қалыпты («Қаз. әдеб.»). 2. *Беріш болып қатып қалу, түйнектелу.* Сөйткенше өзі де тас қалап мүйізденген, құмдағы сексеуілдей *без-*

ден ір сіресіп қалған қашанғы қатты жұдырығымен қайқайта соққанда, орақшы ашық тұрған есікке сүңгіп кетті (М. Жұмағұлов, Қыран.).

БЕЗДЕУІТ: бездеуіт түк. *Кейбір өсімдіктің жапырағында немесе жеміс қабығында болатын эфир майын түзетін клеткалар.* Эпидермистің бетінде *бездеуіт* түктер де кездесетін өсімдіктер болады. Бұл түктің клеткаларында түрліше секрет, әр қилы эфир майы түзіледі (Т. Мұсақұлов, Ботаника). Әрбір *бездеуіт* түктің ұшы қызыл түсті және онда мөлтілдеген шық тәрізді жабысқақ сұйық заты болады да, оған қонған насекомдар жабысып қалады (Бұл да).

БЕЗДІ с ы н. *Безі бар, безі көп.* Ас қорыту органдарының жүйесіне: ауыз қуысы, жұтқыншақ, өңеш, жемсау, *безді* қарын, ұлтабар, он екі елі ішек, ұйқы безі, ащы ішек, соқыр ішек, тік ішек кіреді (Құс өсіруші.). Мысалы, шықшылдықты алалық. Оның дөңгелене біткен жапырағының бетінде және жиегінде көптеген *безді* түктері болады (Т. Мұсақұлов, Ботаника). Безді тканьдер. *Зат алмасу процесінде шайыр, шірне, бальзам, эфир майын т. б. түзетін өсімдіктегі органдар. Безді тканьдер* бөліп шығаратын иісті заттардың маңызы үлкен (ҚСЭ).

БЕЗДІР е т. 1. *Без етістігінен жасалған өзгеліқ етіс.* Жұман бай алыс-жақын ағайындарын да мезі қылып, *бездіріп* болып еді (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). Колхоз түгіл әйелінен *бездіріп,* Қамбардың маңында жалғыз өзі болуын аңсады Әшім (К. Оразалин, Ақ жазық) Тірі жаннан *бездіріп* Апарасың қай жаққа (Абай). Байтақ елден *бездіріп,* Аяғымнан тоздырып, Сергелдеңге түсіріп, Сарыарқаны кездіріп, Жаратқан алла жасаған Қарғаған құлың мен бе едім (Махамбет). 2. *Бостыру, қашыру, аластау.* Ордасына ойран сап, Дірілдетіп, *бездіріп,* Қыр соңынан қалмастан Дұспанды қуған біз едік (Б. Момышұлы, Москва.). Көңілді ауыл, көрікті ауыл жұмақтай, Ішсең, тоймас қымызы қәусар бұлақтай. Орыс, ноғай қаласынан *бездіріп,* Лебімен тартып алар шыдатпай (Б. Майлин, Шығ.). 3. *Мезі қылу, ығыр ету, тойдыру.* Баспасөз бетіндегі айтыс көп жылдар бойына оларды *бездіріп* жібереді (В. И. Ленин, Шығ., 35 т., 109-б.). Неге келді? Не айтпақшы? Мен не демекшімін? Менің елдегі тұздығы ашы, шоқпардай сөзім көлдегі бала қазды үркіткен дауылпаздың даңғырындай-ақ біреуін *бездірер!* (Х. Есенжанов, Тар кезең). 4. *Жүгірту, зымырату.* Өзен мұзында он шақты шана ерсілі-қарсылы жорғаларын *бездіріп* жүр. Қамшыны бұлаңдатып, қарды бұрқыратып қосылып кеп кеттік (І. Жансүгіров, Шығ.).

БЕЗДІРТ *Бездір етістігінен жасалған өзгеліқ етіс.* Жер көксеген аттар кейін қарай қашпай, алға *бездіртіп,* қыз төңірегіне құрала береді (Қазақ ертег.). Ыпыны жоқ елдің де Жазғы күндей қайда жай? Ынтыққаны жалғыз ет, *Бездіртпей* құрт пен май (Б. Майлин, Шығ.).

БЕЗДІРУ *Бездір етістігінің қимыл атауы.* Феодалдық ақындар жаңалықтың қай түрін болса да сықақ етіп суреттеді, жұртшылықты олардан *бездіруге* тырысты (Қ. Жұмалиев, Әдебиет теориясы). Жазушы әрбір шығармасында халықтың алдына пайдалы адамдар мен заладлы адамдарды тартып, жақсыға еліктіруге, жаманнан *бездіруге* тырысады (С. Мұқанов, Өсу жол.).

БЕЗДІРІЛ *Бездір етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Ол Шахруххқа қастандық жасады деп айыпталып елден *бездіріледі* («Лен. жас»).

БЕЗЕ[1] е т. 1. *Өрнектеу, нақыштау, әшекейлеп сәндеу.* Ойынға Ғалымжан екеуміз бардық. Ішін жөндеген, жағалай кестелі тұскиіз ұстап, кілем төсеген, *безеген* оңаша отау үй (С. Сейфуллин, Тар жол.). Неше түрлі асыл тұмаршалармен *безеген* мәнерлі жалпақ сары ұштың төменгі жағында маңдайына келтіріп төгілген сары сүлгі шашақ (Б. Майлин, Шығ.). Алтынмен ішін *безеген* Сырты күміс ақ отау. Келістіріп тұзеген Арттыруға сайланды (Қобыланды батыр). 2. *Нақышына, сазына келтіру, мәнерлеу.* Сыбдырласып сұлу, сындар тал қайың, Күлімдейтін күнге төсеп маңдайын. Бұтағында тоты құстар түрленіп, Сайрайтұғын бұлбұл *безеп* таңдайын (Пернедегі терме). Үшінші тағы маған кезек бердің Көрсетіп жағдайыңды тежеп бердің. Сөз тыңда, Рахмет, енді менен, Бұрап ап домбырамды *безеп* бердім (Е. Қандеков, Өлеңд.). // *Көркемдеу, әсемдеу, көркейту.* Ақылын көркі *безеген,* Көркін мінез безеген. Бұдан артық ер сүйер Қай

адамзат баласын (М. Әуезов, Шығ.). ◆ **Тілін безеді.** а) *Тілдің майын тамызып сөйледі.* Айтайын бес-алты ауыз мен де өлең, Молдекем бір азырақ берсе кезек. Тақсыр-ау, құлағыңды бері маған сал, Алдыңа бұландайын *тілім безеп* (Айтыс). Бүлікшілермен күресіп көрмеген, сот мәжілісінде *тіл безеп* шешендікке салынған өзге өнері аз (Х. Есенжанов, Тар кезең). ә) *Тілі мен жағына сүйенді, аузымен орақ орды.* Жол бермей оның мүлде кезегіне, Отырдың *тілдің ұшын безедің* де (Ә. Сәрсенбаев, Жазылм. хат.). Кешегі түстен бері Ұлжан Сабырмен лəм деп сөзге келмеген. Сол қалпы таңертең сабаққа кетті. Ошан бүгін де бүкіл класс алдында *тілін безер* деген хауіп бар ойында (С. Сарғасқаев, Сынған тіс). б) *Тілінен майын тамызып безектеп, қызмет көрсетті, жағымпаздады.* Бір кезде саған жанын жалдап, *тілін безеген* Аппақтөренің баласы Айғырбай қайда? (С. Сұбханбердин, И. Матақов, Пьесалар). в) *Шырылдады, шыр-шыр етті, сарнады (құс туралы).* Жапанда сайран салған бозша торғай, Шырылдайды *тілін безеп* жерге қонбай Кердеңдеп шөлдің ерке дуадағы, Қарайды қашқын қыздан көзін алмай (С. Омаров, Сәукен). **Тіл мен жағын безеді.** *Зарлады, тіл, жағына сүйенді.* Соқырдың жарық күні жоқ, Байдың берер түгі жоқ, Жүрсем де *тіл мен жақ безеп* (Пернедегі терме.). Қызығып қыз басымды идім соған, Осы жер *тіл мен жақты безегендей* (Д. Еркінбеков, Шығ.).

БЕЗЕ[2] е т. 1. *Қару-жарақты, құрал-сайманды егеу, қайрау, өткірлеу.* Атының батыр тұрған басын тежеп, Найза өткір, жанып алған тасқа *безеп.* Ат үстінен өзіне шапшыңанда, Аузынан ақ найзаны сұқты кезеп (С. Әлімбетов, Өленд.). Қылышын қайрап, Сүңгісін *безеп* саптайды (Дастандар). Қан ішкішке, Тісін қайрап, Көк найзаның ұшын *безеп,* Майданға сап күшін жиып, Капиталмен сынасад (С. Сейфуллин, Шығ.). 2. *Кезеу, сілтеу, самғау.* Наганын қолына алып, Омар *безеді* (С. Бегалин, Таңд.). Жақындап барған шақта, кесе-көлденеңдеп тұра ғап мылтығын *безеп* жібергісі келмеген қарауылдарды əжем кимелей жөнелді (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.). Болат сұңқар аспанда ойнап *Безеп* қанат қағады. Тегеуріні дүниені солқылдатып барады (Қ. Аманжолов, Шығ.). // *Бармақ я саусақпен нұсқау, көрсету.* Шіркін, несін айтасың, во-о!— деп ол бас бармағын *безеді* де, үлкен қолының сыртымен аузын сүртіп, кейін шегіне берді (Ə. Нұрпейісов, Күткен күн).

БЕЗЕГЕН с ы н. *Қашаған, қорқақ. Безеген* қоян безіп отырып, ақ селеулі адырға келіпті (С. Қасиманов, Сиқырлы.).

БЕЗЕК[1] з а т. *Бедер, өрнек, нақыш.* Ерекше көңіл қоярлық жұмыстар — оюлы *безек* түсіру, қылау, сүйектеу техникасымен жасалған жұмыстар және сыр қаптау жұмыстары (ҚазССР тарихы). Рас, көктің күмбезі бірден-бірге бозаң тартып, күміс *безектер* де көмескіленіп барады, селдіреп барады (Ə. Сəрсенбаев, Офицер күнделігі). Өтеді заулап, өтеді кезек, Перронның алды бір думан. Ақ қарда күрең толқиды *безек,* Аспанда жүзген алқызыл тудан (Ə. Сəрсенбаев, Миллиард.).

БЕЗЕК[2] з а т. ж е р г. *Беріш, ағаштың безі.* Қай орманды аралап, Қай бұтақты саялап, Қай *безектің* түбінен, Алған екен кім қиып? (Ж. Сыздықов, Белестер).

БЕЗЕК[3]: **безек қақты.** а) *Зыр жүгірді, дедек қақты, дызақтады.* Енді менің де жүрегіме қуаныш пайда боп, үй ішінде *безек қақтым:* жалма-жан электр плитаға шай қайнатып, стол үстіне тамақ жасап, қалбақтап күле бердім (З. Шашкин, Доктор.). Жақыпбектің көңілін сонау бір мүйістегі үйдің бұрышынан жүгіріп шыққан екі бала бөлді. Олар барын сала *безек қағып,* мектепке қарай зымырап келеді (М. Иманжанов, Көк белес). Мал жанды Жылқыбай одан əрмен *безек қақты:* — Ойбай-ау, қамыт салынып көрмеген асау бие. Тұлыққа жүруші ме еді? Əуелі жектірмейді де! (Б. Соқпақбаев, Балалық шақ.). ə) *Зар иледі, зар қақты, шырылдады.* Сүйегі сынса, баланың сынған жері қатты ауырып, ол жерін қимылдата алмай, ұстатпай, бала *безек қағады,*— дейді (О. Сəрсенбаев, Көмек). Арқалап келе жатыр кезек-кезек, Су сұрап жаралы жан *қақты безек* (Ғ. Малдыбаев, Қырым қызы). Зырлайды бағаналар *безек қағып,* Майдандар хабар күтті кезек бағып. Лентадан кейде шаттық ширатылып, Кейде ауыр үн естіледі өзек жарып (Партия тур. өлеңдер).

БЕЗЕК-БЕЗЕК: безек-безек етті. *Зарлады, безектеді, дызақтады, безек қақты.*

Керсенге екі қолды салып кезек, Толғады құстай мойнын жұтқан көжек. Шошынып жегенінен жылқышылар, *Етісті* бұл кім? деп *безек-безек* (Т. Ізтілеуов, Рүстем.). Халфе сәлдесін жұлқылап, *безек-безек етті* (З. Шашкин, Ұядан ұшқанда).

БЕЗЕКТЕ е т. 1. *Зыр жүгіру, дедек қағу, тыныштық көрмеу.* Көрместен мың бейнетке бір рахат, Еңбек еш, мандай тер бос сорлап жүрсің. *Безектеп* елденелге қашып жүрсің, Білместен не етеріңді сасып жүрсің (Айтыс). Жыртық тон, жұлма шалбар, жалаң аяқ, Қанған жоқ, бала болып бір күн ойны, *Безектеп* титтейінен болып малшы Бейнеттен босамаған әсте мойны (Д. Еркінбеков, Шығ.). Жамантайдың баласы Көжек деген, Әркімге өсек тасып *безектеген*. Досын келіп, досына жамандайды, Шіркінде ес болсайшы «сезед» деген (Абай). 2. *Безілдеу, зарлау, сарнау.* Мен ақтығымды айтып құр *безектей* бердім (С. Сейфуллин, Шығ.). Бір отағасы: «апырмай, шымылдық құрмадың ба?» — деп, *безектеп* барып, анау жерден шымылдық әкеліп құрды (С. Торайғыров, Шығ.). Орамалымен мандайын, мойнын сүртті де, құлық жасады. Жүгіре беріп, етбетінен құлады. Ой-ой!.. Аяғым! Аяғым! — *Безектей* аяғын ұстап отыра кетті (З. Шашкин, Өмір тынысы). Жаңыл жатыр *безектеп*, Көлдей төгіп көз жасын. Жанкелді тұр от жағып, Көрем деп күн шұғыласын (О. Шипин, Екі дастан). 3. *Қолды-аяққа тұрмай шыр-шыр ету, жылау.* Сол үшін мұңая ма, күрсіне ме, Денесі осы жайға түршіге ме. Бесікте *безектеген* немерені, Білмейді жұбатуды қырсық ене (Т. Молдағалиев, Қамила). Өлең шерді қозғайды, Қиялы кетер жетектеп, Сиреген соң әлдиі Жылайды бала *безектеп* (Б. Майлин, Шығ.). // *Құстың сайрауы, шырылдауы.* Көріктен шыққан темірдей шашырап, көк белеске күн көтерілгенде, Күлпаштың төбесінде бозша торғай *безектеп* тұр еді (Ғ. Мұстафин, Дауылдан кейін). 4. *Соғыс қаруларының (зеңбірек, пулемет т. б.) я техникалық аппараттардың үздіксіз тыныш таппай атылуы, тоқтаусыз әрекет етуі.* Зеңбіректің атыс жаңғырығы өше бергенде оның жанындағы пулемет те *безектейді* (Б. Момышұлы, Жауынгер.). Осы кезде телефон шылдыр ете түсті. Бұлар оған көңіл бөлмеді. Бірімен бірі үнсіз арбасып тұра берді, телефон *безектеп* шыр-шыр етіп, ықтиярға қоймады, ақыры екеуі де қолдарын бірдей созды (З. Шашкин, Өмір.). 5. *Ән-күйдің сазды, мәнерлі орындалуы, тоқтаусыз жылдам айтылуы, без-без қағуы. Безектеп* бір өткір күй құлдырады, Күйшінің көзінде қыз бұлдырады. Тамызда таңдай кеуіп талды күйші, Бір бұлақ мөлдіреген сылдырады (І. Жансүгіров, Өленд.) Қамқорлық *безектеген* сұлу сөзде болса, онда бұлбұлдар біздің алдымызда талай рет дифирамб айтып сайраған (Ш. Хұсайынов, Таныс адам.).

БЕЗЕКТЕС *Безекте етістігінен жасалған ортақ етіс.* Ол күні кете алмапсың ежектесіп, Сөйлепсің сабыр сақтап кезектесіп. Ұнапты экономка, служанка, Столға тағам төккен *безектесіп* (Қ. Жармағамбетов, Дәурен).

БЕЗЕКТЕТ *Безекте етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Айшаның көрер көзге жер астында қалып бара жатқаны жанның бәрін *безектетті* (С. Ерубаев, Шығ.). Үсті-үстіне бауырлап *безектетті*, Аты шулы кертөбел күрең атын (Қ. Жұмалиев, Қырдағы күрес).

БЕЗЕКТЕУ *Безекте етістігінің қимыл атауы.* Барды жоқ деп *безектеу* салт болып кеткен (М. Иманжанов, Менің махаббатым). Ой шіркіннің *безектеуін*-ай! — деп шофер жігіт ауданнан шығып бізге қарсы келе жатқан машинаға сүйсініп қалды (М. Сүндетов, Балық аула.).

БЕЗЕКТІ с ы н. *Мәнерлі, әшекейлі, өрнектелген, өрнегі бар.* Әйел киімі көбінесе *безекті* матадан немесе жібектен, кейде мақпалдан тігілді (ҚазССР тарихы). Көлге де көкке қараймын, Уа, ғажап, неткен сұлулық, Бір түнде күміс *безекті* Мөп-мөлдір тұнық екі аспан (Ә. Сәрсенбаев, Баспалдақтар).

БЕЗЕЛ е т. *Безе етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Мінер жағы, ол да сағымға қалақтаған, толқыған теңіздей үйсін қонысы. Көгілдір бұйрат шыттың өрнегіндей көгалмен *безелген* мал өрісі (І. Жансүгіров, Шығ.). VII—VIII ғасырларда әдетті ас жайғыштар қыштан жасалып, ойма өрнектер түсіріліп, тау ешкінің суреттері салынып, әбден *безелін* отырған (ҚазССР тарихы). Көк пүліш қамзолдың төсі неше түрлі асыл ілгек

алқым баулармен *безелген* (Б. Майлин, Шығ.).

БЕЗЕН е т. 1. *Сәндену, әдемілену, жасану, нақыштану, әсем түрге еніп әшекейлену.* Ұлы Ленин қаласы Сымбатты сұлу *безенген!* Інжу маржан секілді Сап түзеп үйің тізілген (Жамбыл). Енді көрсем — бұ да сәндене киінген сұлу келіншектей *безенін* тұр (С. Мұқанов, Есею жылдары). Қыздардың көйлектері де түрлі әшекейлермен әрленіп *безенетін* (Х. Арғынбаев, Археология). 2. *Кезену, сайлану, жабдықтану.* Сонау арғы атам заман кезеңнен Ер-азамат қару-жарақ *безенген.* Қорған елдің тыныштығын, өмірін, Жау шапқанда, соған мылтық кезенген (Т. Нұрмұхамедов, Аспан тау). Қыздардың көйлектері де түрлі әшекейлермен әрленіп, *безенетін* (Х. Арғынбаев, Этногр.).

БЕЗЕНДІ с ы н. *Сәнді, әшекейлі, өрнекті.* Зергерлер білезік, сырға, түйме, ер-тұрман *безенді* бұйымдарын жасады (ҚазССР тарихы).

БЕЗЕНДІР е т. *Безен етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Түстіктің көктемі бір сәтте дулап шыққан гүлдерімен, неше иісті сан алуан шөптерімен Айсұлудың кішкене бақшалы қорасын да жадыратып, *безендіріп* келеді (М. Әуезов, Өскен өркен) Сыртта университет қорасында әр факультет бір-бір машинаны ұрандармен *безендірді* (З. Қабдолов, Өмір ұшқыны).

БЕЗЕНДІРУ *Безендір етістігінің қимыл атауы.* Тұрған бөлмені сыпырып, *безендіру,* тағам әзірлеу, отын жару, азық-түлік сатып әкелуі керек («Халық мұғ.»). Өнершіл халық өзінің барлық шеберлігін сәулетті сарайлар, көркем ескерткіштер салуға, оны тамаша өрнекті оюлар, жазулар, түрлі суреттермен *безендіруге* арнаған (С. Бақбергенов, Өзіміздің жігіт).

БЕЗЕНДІРІЛ *Безендір етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Дивизия тұрған деревня тулармен, ұрандармен, орыс, қазақ тілдерінде құттықтау сөздер жазылған жалаулармен *безендірілген* (Аялы жандар). Директор әсем *безендірілген* жарнаманы көрсетіп, чемпионатқа қатысатындарды атай бастады (М. Танекеев, Қажымұқан).

БЕЗЕНДІРІЛУ *Безендіріл етістігінің қимыл атауы.* Көрме өткізуге арналып бөлінген жер тегіс, қатынас жолы жақсы болуы керек. Көрме жоспар бойынша жабдықталып, *безендірілуі* керек (И. Жұмағұлов, Түйе өсіру). Сонымен қатар жиһаздардың ою-өрнектері де талғамға қарай жаңа мәнер, жақсы әшекейлермен *безендірілу* және жиһаз-мүліктердің жаңа түрлерін шығару талабы да арта түсті (С. Қасиманов, Қаз. қолөнері).

БЕЗЕНТ е т. 1. *Безен етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Өсіріп орман гүл етіп, *Безенттік* сай-саланы (С. Бегалин, Таңд.). Қиялында ол өзінің кіршіксіз махаббаты туралы әдемі әннің, оңды өлеңнің сұлу сөздерімен *безентіп* айтуды арман ететін-ді (М. Қаратаев, Далада.). 2. А у ы с. *Безілдету, бебеулету.* Винтовкасын кезеніп, Сарбаз шықса соғысқа, Домбырасын *безентіп* Жамбыл барад соғысқа (Жамбыл). Ал, Жамбылың сәйлесін, Домбырасын қолына ап, *Безенте* қақсын пернесін, Аршындап құлаш сермесін (Бұл да).

БЕЗЕНІЛ *Безен етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Құйылған бағандары мрамордан, Сұлу үй *безенілген* сексен сырдан (Т. Жароков, Таңд.).

БЕЗЕҢ з а т. *Қаңқуйлы, қанышпезер, без бүйрек.* Бұлардың қарсы алдында өзен де бар, Биік жар неше жаман кезең де бар. Бетіне қадалғанда қатты тиіп, Бұйрықсыз өлтіретін *безең* де бар (Айқап).

БЕЗЕҢДЕ е т. *Шабалаңдау, шыжоалаңдау.* Жайбарақат кезде қақпа астынан жүгіре шығып жүргіншіге *безеңдеп* қалатын иттер де бір жаққа босып кеткен (Х. Есенжанов, Ақ Жайық).

БЕЗЕП-БЕЗЕП ү с т. 1. *Домбыраны бебеу қақтырып, безілдетіп.* Он алты пернелі домбырасын *безеп-безеп,* шалқыма, сазды халық әндерін әуелете шырқайды (Қ. Мүсірепов, Гүлжазира). Қос ішекті саусағының ұшымен шеки қағып *безеп-безеп* алады (Ә. Кекілбаев, Бір шөкім.). 2. *Қолды тақап-тақап, кезеп-кезеп, нұсқап-нұсқап (қою).* — Қойдым Беке, ойным ғой! — Ә-ә, солай ма,— деді ол да жұдырығын тұмсығыма әкеліп *безеп-безеп* қойды да, сабасына түсті. Біраз жерге үндемей бардық (С. Сарғасқаев, Біз төртеу.).

БЕЗЕР[1] е т. 1. *Бедірею, міз бақпай мелшию, сазару, саздану.* Тіл қатпай, ды-

бысын шығармай *б е з е р і п* жатқан Шалабайдың Аман қасына барды (Ғ. Мұстафин, Дауыл.). Хайуандар!— деді аздан соң тістеніп маған ол. Өшір үніңді!— деді сержант тағы да ақырып. Жоқ, мен бармаймын. Ұры емеспін!— Жапас *б е з е р і п* тұрып алды (З. Шашкин, Өмір тынысы). 2. А у ы с. *Құлазу, мелшию, сұрқай тарту.* Суық күні мен *б е з е р і п* жатқан даласы қандай мейірімсіз болса, мұндағы өмір де соған ұқсас жат көрінді (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). Бұл араның *б е з е р г е н* Қызыл шақа көбі құм. Құнары жоқ ежелден Керек десе шөбінің (С. Мәуленов, Жолдас).

БЕЗЕР [2] с ы н. *Қиқар, бір бет, айтқанға көнбейтін қыңыр.*— Енді өзіңде де бар ғой, қыс ішінде, сондай ұзақ жерге Абдрахман сияқты *б е з е р г е* есі бар адам түйесінің майын берер ме? Өзің ойлашы!— деді Қоржынбай (С. Сейфуллин, Шығ.). Бірақ, бірінен-бірі өткен *б е з е р,* кесір, ішін жарып алмасаң шындығын айтар түрі жоқ (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). *Б е з е р д і ң* белі ауырмас (М. Әлімбаев, 666 мақал). ◆ Азар да безер болды. *Аза бойы қаза болды, ат тонын ала қашты.* Мен дайынмын ғой. Тек цехты қатынастыра біл, онсыз не өнеді...— Жоқ, жоқ!— деп, *а з а р д а б е з е р б о л д ы м* (З. Шашкин, Өмір тынысы). Тіл безерге сүйенген. *Тілі мен жағына сенген.* Жеңгей келінді баяғыша ұстағым келеді ғой. Киеңкі биедей қылдырық та шылдырық. *Т і л б е з е р г е с ү й е н г е н* бүгінгі келіндер менің ықтиярыма көнер ме,— деді (Ғ. Сыланов, Домбыра.).

БЕЗЕРЛЕ е т. *Затты өрнектеу, әшекейлеу, мәнер, ою салу.* Күнкөріс... Байға кілем *б е з е р л е г е н,* Ісіне сан зергерді теңгермеген, Көргендердің аузынан суы аққан, Әйелдің атын елде шебер деген (Ө. Күмісбаев, Ақ шолпан).

БЕЗЕРЛЕН е т. *Суық түс көрсету, қатулану.* Туған-туысқан қайрат беріп, қасында қалар қабақ көрсетпеді. Бәрі *б е з е р л е н і п* сыртқа тепті. Енді қайтеді, бетті қайда түзейді? Шынын кімге айтып, қалай ұқтырады? (С. Бегалин, Уақыт.).— Мейіз, сен аса қатты кетіп отырсың. Мен сенің көңіліңе қарап, ағайыма да бір ауыз жылы сөз айта алмадым. Осы жағдайды мен анықтайын, сен аса *б е з е р л е н б е* (Бұл да).

БЕЗЕРЛІК з а т. *Бір беттік, қиқарлық, қыңырлық.* Еліңнен *б е з е р л і к п е н* үркіп жүрсің, Әр жерге күшің бөгеп іркіп жүрсің. Шұрқ тесік, қомыт-шомыт киіміңнің Тозаңын осында кеп сілкіп жүрсің (Айтыс). Адам тағдырымен қалай ойнағаныңды қара басыңның қамы үшін қан кешуден шімірікпеген *б е з е р л і г і ң д і* бетіңе басады (Р. Райымқұлов, Бұрылыстар). Халыққа *б е з е р л і г і* жоқ, қой аузынан шөп алмайтын атам ел сөзінен сасып қалды (А. Әуезов, Бала Мұхтар). ◆ Тас безерлік. *Нағыз барып тұрған қиқарлық, қырсықтық.* Иванның сөзі Ахметтің миына қона кетті. Әр кеуде, *т а с б е з е р л і к п е н* әлі де өзі жатып, көшке істетіп, көп үстінде қалғыңысы келеді (Ғ. Мұстафин, Шығанақ).

БЕЗЕРІЛ *Безер етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Қызыл тіл сөз сөйлесем *б е з е р і л г е н,* Заманы жылдан-жылға шегерілген. Әр жерде алқа көрсем, тұра алмаймын, Осындай қызыл тілге шеберімнен (Үш ғасыр).

БЕЗЕС *Безе етістігінен жасалған ортақ етіс.* Елге лаң, ерге қайғы салған тоң мойын надандар тағы да сол тұманның астында сойыл сілтесіп, тіл *б е з е с і п,* майдандасып жатыр-ау (С. Жүнісов, Ақан сері).

БЕЗЕТ *Безе етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Ішіне кірсек, есіктен төрге шейін жайнатып жайып тастаған кілем. Жарқыраған алтын-күмістен құйған шам. Үй ішін *б е з е т і п* қойыпты (Мың бір түн). Екі жылдан бері ішіне сақтап келген осы арманы бүгін ерік алдына қоймай, ақылесін алып, енді тілін *б е з е т і п* сайратар шекке жеткен сияқты (С. Омаров, Өмір асуы).

БЕЗЕУ [1] *Безе етістігінің қимыл атауы.* Бүгін ол домбыраны ерекше жақсы тартты. Саусақтардың *б е з е у і* жетпей, сарын шымырлығы бұзылып, кем соғып, шолақ қайрылып жатқан олқылықтарды ешкім сезбеген сияқты (Ә. Сараев, Қараша). Жиналыста басқа жігіт сынаса да дауым жоқ, ал мұның мінбеге шығып алып, саусақ *б е з е у і* жүрегіне қатқан шерді жібітудің я кек алудың амалы емес пе? (К. Сегізбаев, Ашылм. сыр).

БЕЗЕУ [2] з а т. 1. *Қан айналымының бұзылуынан адамның терісіне, бетіне шығатын бөртпе.* Домалақтау мұрнының ұшы қалың *б е з е у д е н* күп-күрең боп тұр (С. Мұқанов, Өмір мектебі). Орта жаста,

орта бойлы, көлденеңі шығыңқы, *б е з е у* бет, қара кісі көнетоз қағаздарды будыратып жайып тастады (Ғ. Мұстафин, Қараған-ды). Ол дәріні бетке іріңді *б е з е у* шыққанда, кейбір асқынып кеткен жараларға, өте жұғымтал бөртпелерге жағып, емдейді (С. Сұбханбердин, Дәрі — дауа.). Дайыр жақындай беріп, *б е з е у* бет, ұзынтұра жігітті көрді (З. Иманбаев, Кең аймақ).

БЕЗЕУ[3] з а т. *Әдемі түске ендірген өрнек, әшекей, нақыш жүргізу өнері.* Алтыннан бір *б е з е у г е* жабдық салып, Ертемен залға біреу келді алып.— Кәнеки, мынау атқа мініңіз,— деп, Шылауын ұстауменен тұрды ырғалып (Т. Ізтілеуов, Рүстем.). Үзеңгіге шабылған күміс бетіне *б е з е у* әдістерімен түрлі өрнектер жасалып, оған алтын жалату тәсілі де қолданылатын (Х. Арғынбаев, Қазақ ер-тұрман.).

БЕЗЕУБАС з а т. *Күміске өрнек жүргізетін, ұшында әр түрлі өрнектің нұсқасы бар қашау тәрізді темір құрал.* Мұндай бедерлі өрнектер темір *б е з е у б а с т а р м е н* батыра түсіру әдісі арқылы істеледі (Х. Арғынбаев, Қазақ ер тұрман.).

БЕЗЕУЛЕ е т. *Өрнектеу, әшекейлеу, сәндеу.* Кейде ондай бос жер қалып бара жатса, мұсатыр мен күмісті ерітіп алып жалатады да, бетін *б е з е у л е п* қояды (С. Қасиманов, Қаз. қолөнері).

БЕЗЕУЛІ[1] с ы н. *Бетінде безеуі бар, безеу түскен.* Eh, Төлжан ше? Кәдімгі өзіміздің Төлжан Ырысаевты айтамын. Менің көз алдыма *б е з е у л і* томпақ бет, салпы ерін, орта бойлы қара жігіт елестей қалды (С. Шаймерденов, Қарғаш).

БЕЗЕУЛІ[2] с ы н. *Безеу салынған, әшекейлі, өрнекті, әдемі.* Көрікті таң, *б е з е у л і* сән, Ең сұлу шақ: Ертеңді алға әкелді (Ж. Саин, Самал).

БЕЗЕУШІ з а т. *Күмістелген бұйым бетіне безеу жүргізетін құрал, біз.* Тұтас күмістелген темір бұйымның бетінде өрнексіз қалатын ашық жерлер болмайды, ондай жерлерге арнаулы *б е з е у і ш,* безеубас деген құрал арқылы ою ойылып, күміс сіңіріледі де, оның бетіне қарала жасалады (С. Қасиманов, Қаз. қолөнері).

БЕЗУ *Без етістігінің қимыл атауы.* Сөзге іліккен екен деп кісі достан *б е з у г е* бола ма? (М. Иманжанов, Менің махабб.). Лажын тап, надандықтан *б е з у д і ң!* Бәрекелді, әне сонда адамдық (С. Дөнентаев, Шығ.). Мәселен, осындай оңай олжа үшін молдекеңдер туған бауырдан да *б е з у г е* барады («Лен. жас»). Абай үкімет билігінен *б е з у м е н* бірге патшалық Россиядан да безді (М. Ақынжанов, Қаз. ағартушылары).

БЕЗУШІЛІК з а т. *Күдер үзушілік, түңілушілік.* Сонда да үйдің іші салқын түсте! Дыбыс жоқ, демді алсын тыныш күшке. Тірі жан жоқ жұмақтан *б е з у ш і л і к,* Ойлап көрші, адамға қиын іс пе? (С. Мұқанов, Шыңнан шыңға).

БЕЗІГІП ү с т. *Бедірейіп, безеріп, міз бақпай.* Төкей келіні Жұмакүл... Әйелдер жағы бұрынғыдан бетер *б е з і г і п,* ауыздарын бұртитты. Нұрыш ышқына қозғалып, орнынан тұрды (Б. Майлин, Шығ.).

БЕЗІЛДЕ е т. 1. *Безек қағу, зарлау, бебеу қағу, шырылдау, шырқырау.* Осы кезде қыз баланың *б е з і л д е п* жылаған даусы шықты.— Апай, апай! Айнаштың қолын орақ кесіп кетті,— деп айқайлады біреуі (С. Алдабергенов, Асу). Мөлдіреп киік көзі қарап қалды, Бір хауіп келді ме деп алақтады. Жас ана ернін тістеп, ішін басып, *Б е з і л д е п,* жанұшырды таң атқалы (Ғ. Жұмабаев, Жомарт күз). Оның үстіне кабинет мандайшасындағы жез қоңырау *б е з і л д е й* жөнелді (З. Қабдолов, Жалын). Кеңсенің табалдырығынан аттағаны сол еді, *б е з і л д е г е н* телефон даусын естіді (Д. Досжанов, Зауал). 2. *Сарнау, қақсау. Б е з і л д е м е,* тарт, тіліңді!— Сырымбай шоқпарын көтере ұмтылып еді, ат жалы үстінен қылыш жалт етіп өтті (М. Қуанышбаев, Кек). Әндетіп ел жайлауын кезіп өттім, Төрінен төрелердің безіп өттім. Сыңсыса қалқаларым торға түскен, Араша айтып жырды *б е з і л д е п п і н* (Қ. Бекхожин, Мамырстан).

БЕЗІЛДЕК с ы н. *Безек қаққан, зарлауық.* Көмір кенін басқаратын ағылшынның орынбасары — жылт-жылт етіп бір жерге тұрмайтын *б е з і л д е к* сары (Ж. Саин, Жол үстінде).

БЕЗІЛДЕС *Безілде етістігінен жасалған ортақ етіс.* Көп зорлық ол тартқызған кетпей естен, Қатын-қалаш ауылда *б е з і л д е с к е н,* Қарсы алды Сәкен өзі жеке күтіп, Дау-дамай жігіттерді жорық кешкен (С. Сейітқазин, Біздің Сәкен).

БЕЗІЛДЕТ 1. *Безілде етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Домбырасын *б е з і л д е-*

те ойнақшытып, зор қайырманы басып ап... тақпақтай соғып, желдірте жөнелді (М. Әуезов, Шығ.). Сыбызғысын зар еңіре те *безілдеткен* баланың шеберлігі еріксіз сүйсіндіреді, күйретпей күңірентеді (Қ. Толыбаев, Қайдасың). 2. *Жылдам, тез жүргізу, жүйткіту, желдірту.* Қойшы астындағы боз інгенін *безілдетіп* Айкүнім мен Құдайберліге ұшады (М. Тиесов, Дала). «ЗИС» осы жарым түнде тақтадай жолмен «Қайыңды» совхозына қарай *безілдетіп* келеді (С. Жүнісов, Жапанда.). Әнебір ешкі бас, қалқан құлақ, сорайған неме қайта-қайта, әлгі өлеңнің қайырмасын жіңішке ашы дауыспен *безілдете* жөнелді (О. Сәрсенбаев, Сағым).

БЕЗІЛДЕТІҢКІРЕ е т. *Бебеу қақтыра түсу, жүйткіту.* Дереу домбыраны құлақ күйге келтіріп, он саусағы перне бойлап біраз *безілдетіңкіреп* алды да, тамағын жұмсақ кенеп: «Қос қаракөзді» шырқады (Ә. Жәкенов, Таң самалы).

БЕЗІЛДЕТІП-БЕЗІЛДЕТІП е т. *Бебеу қақтырып, зарлатып.* Домбырасын *безілдетіп-безілдетіп* біраз желдіртіп алып бастап кетті («Лен. жас»).

БЕЗІЛДЕУІК с ы н. *Шырылдауық, зарлауық.* Күйгелек күйкентайды, жалбандаған жапалақты, *безілдеуік* қара торғайды алыстан танып, «Әй, бүлдірген сенсің-ау осы» деп күліп те алатын (З. Шашкин, Өмір тынысы).

БЕЗІН е т. 1. *Безу, қашқақтау, жеріну.* Сен бізден *безінсең* де, біз сенен *безінбейміз* (Ғ. Мүсірепов, Таңд.). Шошын, сенің — менсіз, менің — сенсіз өткен жылдарымның жанға салған жарасынан, тәнге басқан таңбасынан шошын, бірақ *безінбе* менен, ұлым! (М. Сатыбалдиев, Қоңыр қозы). Ыстық тамақ, жылы төсектен *безініп,* ыстыққа күйіп, суыққа тоңып, қырман басында, қызу жұмыстың ортасында жүрді (Ә. Нұршайықов, Жомарт өлке). 2. *Түңілу, торығу, үміт, күдер үзу.* Қалай сенен құтылам, Қалай сенен *безінем!* Жұмыр жерім болдың сен (Қ. Мырзалиев, Бұлбұл.). Көкіректе бір мықты төзім деген, Талай таңға ұйқысыз көз ілінген. Тау тұрса да алдында, жау тұрса да. Бәйгесінен өмірдің *безінбеген* (М. Алдамжаров, Төрт өлең). Бұл пейілін Төрехан, бірақ фәниден *безініп* өлімге асығу деп жорымайды (А. Сүлейменов, Бесін). 3. А у ы с. *Шошыну, қорқу, үрейлену.* Бізден *безінбеген* бір таныс адам қалған жоқ. Осы үйде қан исі бар, азап үні бар (Ғ. Мүсірепов, Белдерде). Ешкім жоқ қорқып *безінген,* Сол болды байға батқаны. «Өз жерін» алып өзінен, Өзіне бұлдап сатқаны (Ж. Молдағалиев, Жиырма бес). Сәбиттің сонша түзеткені маған жаман батты, «жаза алмайды екем» деген қорытындыға келдім де жазудан тағы *безіне* түстім (Ғ. Мүсірепов, Суреткер парызы). Намысты намазындай жоғары ұстап, Ол қашан көз жасынан *безінбеген* (Х. Ерғалиев, Құрманғазы).

БЕЗІНДІР *Безін етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БЕЗІНДІРУ *Безіндір етістігінің қимыл атауы.* Күлдіру жазушыға көбінесе жылату үшін, өкіндіру үшін, *безіндіру* үшін керек болады (Ғ. Мүсірепов, Кездесп. кет.). Жаман мінез, жаман іс-әрекеттен оқушыларын *безіндірудің* де өзіндік мәні болатындығы сөзсіз (Қ. Жұмалиев, Әдеб. теор.).

БЕЗІРЕ е т. ж е р г. *Безу, жоламау.* Жұрт одан *безіреп* сұр жылан дейтін еді. Сол сұр жыланның қаламы кеңестің кеңсесін басқармақ, кедейдің мұңын жазбақ (Б. Майлин, Шығ.).— Сөйтеміз бе, Әміржан?— деп, жалт бұрылсам, Әміржан *безіреп,* қолын сілкеді (Бұл да).

БЕЗІРЕЙ е т. *Бедірею, міз бақпау.* Өй, *безірейген* безбүйрек! Бетіңді тіліп жіберейін бе осы?! (О. Сәрсенбаев, Таңбалы тас). Жасыратыны не, сол кештен кейін Санат тым жұтаң тартып қалған-ды. Кіпкішкентай бола тұра *безірейіп* алып сездірмеуге тырысып жүрді (С. Сарғасқаев, Біз төртеу.).

БЕЗІРЕН е т. *Ширығу, қатаю.* Туған аулы оған бір түрлі суық, жат көрініп, әбден *безіреніп* алды (М. Қаратаев, Далада.). Ағалар, мен ішпеген едім. Қиянат қой бұларыңыз,— деп жалыныш біліре *безіреніеді* (А. Хангелдин, Табыс. тағдыр).

БЕЗІРЕҢДЕУ е т. *Безілдеу, безектеу.* Егерде қарсылассаң *безіреңдеп,* Жалғаннан жан боларсың күдер үзген (Ғ. Малдыбаев, Қырым қызы).

БЕЙАҚЫЛ с ы н. *Ақылсыз, ақылы аз.* Туралық қылса, бір әділ *Бейақылдың* әдеті сол, «Тапты» ғой деп оған сенбес (Айтыс).

БЕЙӘДЕП с ы н. *Әдепсіз, көргенсіз, тәртіпсіз.* Ата-ана сыйлап көрмеген, *Бейәдеп* өскен жасыңнан, Сен бір жүрген сауысқан, Кесірің үлкен басыңнан (Жамбыл, Шығ.). Көріп, сезіп отырмыз, бұл кісі билей алмайтын *бейәдеп*, жүгенсіз қулар сияқты емес: жаңылыс қолынан түсіріп алған болар (Ө. Тұрманжанов, Адам).

БЕЙБАҚ и р. с ы н. 1. *Байғұс, бишара, мүсәпір, сорлы.* Туған нағашым еді, шешемнің інісі... «Бұтаға қорғалаған торғай да аман қалады» деп еді. Паналап барған *бейбақтарға* өкең бұта құрлы бола алмаған (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз). Моншақтай суық, салмақты көз жасы мезгілсіз солып, семген екі бетін қуалай жосылғанын *бейбақ* әйел аңғарған да жоқ (М. Қаратаев, Далада.). Көні кепкен шөлдерге Көл орнатып гүл екті. Сорлы *бейбақ* елдерге Қуат берді құдіретті (Қ. Аманжолов, Шығ.). 2. А у ы с. *Оңбаған, соққан.* Сол-ақ екен: — «Не дейді мына беті кесілгір?! Сен *бейбақ* көрінеді ғой жалғыз ұлымызбен бізді шағыстырып жүрген» (Ө. Қанахин, Жас дәурен). Олардың ұнатамын батыл жанын, Әр іске арыстандай атылғанын. Сатылғанын көрдім кей *бейбақтардың* Аққөңілдің көргем жоқ сатылғанын (Ө. Күмісбаев, Ақ шолпан).

БЕЙБАҚЫТ и р. с ы н. *Бақытсыз, сорлы.* Мекен болдың бір уақыт Кешіп жүрген қазаққа. Айрылып сенен *бейбақыт* Сорлылар қалды мазаққа (С. Сейфуллин, Шығ.).

БЕЙБАС с ы н. *Содыр-сотқар, тентек, әдепсіз.* Бригадіріміз Берназар ұрыншақ, *бейбас* адам. Бригадирдің жан қинап істер ісі жоқ (Б. Серкебаев, Өткенде). Шәкең шал көсе құрбысының *бейбас*, артық ауыз айтып қалған сөзін де, кетпенші баланың қатты қысылғанын да сезді (Д. Досжанов, Тұлпар ізімен). Бәлкім сіздің балаңыз шығармын, қім біледі? Олай дейтінім мені тыр жалаңаш *бейбас* қалпымда шидің түбінен тауып алыпты (О. Әубәкіров, Сиқыр).

БЕЙБАСТАҚ с ы н. 1. *Бас білмейтін, жүген-құрық көрмеген, бастықпаған. Бейбастақ* құлын — бөрінің жемі (М. Әлімбаев, Мақалдар). 2. *Тәртіпсіз, әдепсіз, жүгенсіз, көргенсіз.*— Бір сүйгізіңізші!— деді жігіт.— Ондай *бейбастағыңызды* басқа жерде істеңіз,— деді Ғайни ашуланып (С. Сейфуллин, Шығ.). Сол класта тәрбиеге көнбейтін, шу асау, *бейбастақ* Төрехан деген бар. Бір класта екі жыл отырған, биыл үшінші жыл қалуы да ықтимал (Ж. Жұмақанов, Махаббат.). 3. *Мейірімсіз, қатігез.* Есімін кәрі ұрпты, жас ұрпты, Дей алман досы тұрсын қасы ұрпты. Батырды *бейбастақ* жау тапасын деп, Өр өзен толқынында жасырыпты (І. Мәмбетов, Жас қанат).

БЕЙБАСТАҚТАУ с ы н. *Тәртіпсіздеу, әдепсіздеу.* Машина қалғанмен, шоферының қалар түрі жоқ. Ол боқтампаздау, *бейбастақтау* біреу екен (С. Мұқанов, Есею жылдары).

БЕЙБАСТАҚТЫҚ з а т. *Тәртіпсіздік, әдепсіздік, бассыздық.* Мұндай *бейбастақтыққа* келген күннен бастап жол берсем, класта саналы тәртіп орнатуым былай тұрсын, балалар ертең басыма секірмей ме (М. Иманжанов, Менің махабб.). Таптырмайтын сыр еді... Иттің күркесіне қор етуі *бейбастақтық* (Ш. Хұсайынов, Таныс адам.). Ендеше, кім көрінгенінің *бейбастақтығына* жол бере алмаймыз (Ж. Арыстанов, Сұңқар).

БЕЙБАСТЫҚ з а т. *Сотқарлық, тентектік, тәртіпсіздік, әдепсіздік, бассыздық.*— Ей, Сапақ, сен тиіспей жайыңа тұр! Сенің *бейбастығыңды* мұнда ешкім көтере алмайды. Мұнда Орынбайдың ауылы жоқ!— деді Тәжен (С. Сейфуллин, Шығ.). Сол арада *бейбастығым* ұстап кетіп, көрпені жұлып алсам, астында Көкен мен Мүсәпір жатыр! (С. Мұқанов, Мөлдір махаббат).

БЕЙБӘКІР с ы н. с ө й л. Бейшара. Ханым қайғы *бейбәкір*, Қайғылы болды заманым. Заманым солай болған соң, Тайғақ болды табаным. Патшадан жәрдем болмаса, Төзуге жоқ-ты амалым (Үш ғасыр.).

БЕЙБЕРЕКЕТ с ы н. *Орынсыз, берекесіз, жүйесіз, қалай болса солай.* Алғашқы төрттің ортасында Сөкен тұр. Бұйра толқынды, ғажап сәнді қалың қара шашы *бейберекет* ұйпалақтанған, қызыл көйлек жаға түбінен жыртылған (А. Сатаев, Ақын ізі). Су шаруашылығы бөлімінде судың, су құрылыстарын салатын қаржының жұмсалуы *бейберекет* (Б. Қыдырбекұлы, Шайтан. шатағы). Шахмат тақтасының бетіндегі тастардың орналасуы жүйесіз, *бейберекет* болатын («Лен. жас»).

БЕЙБЕРЕКЕТСІЗ с ы н. *Берекесі жоқ, жүйесіз.* Деревняның оң жақ қапталынан *бейберекетсіз* барқыраң, дарылдаған түсініксіз дауыстар естіледі (Ә. Әлішев, Батыр.).

БЕЙБЕРЕКЕТСІЗДІК з а т. *Жүйесіздік, берекесі жоқтық.* Капитализмнің *бейберекетсіздігі* асқынып отырған жағдайда еңбек пен капитал арасындағы күрес сөзсіз шиеленісе түседі (Қысқ. саяси экон.). Пролетариат қанаушылардың қарсылығын басып, жаншып, ұсақ буржуазиялық *бейберекетсіздік* стихиясын жеңе алады (Партия тарихы).

БЕЙБЕРЕКЕТТІК з а т. *Берекесіздік, тәртіпсіздік, немқұрайдылық.* Біздің пионерлер алғашқы коммунистік сенбіліктерге, өнеркәсіпте *бейберекеттік* пен жауапсыздықты жоюға белсене қатысты («Қазақст. мұғ.»). Біз төртеуміз өзімізше кеттік. Кәдімгі масаң кісілердің *бейберекеттігі* де уәжге келмейтін. Ешкімге жеңістік бермейтін («Лен. жас»).

БЕЙБІТ с ы н. *Тыныш, тыныштық, жайбарақат, бейқам.* Талай ұшқан ақ иық, Төменде қалды мазақ боп, *Бейбітте* ұшқыр байғұстар, Дауылда не етсін азап боп? (С. Сейфуллин, Өленд.). Біз сүйеміз бейбіт күнді, *Бейбіт* күнде туғанбыз, Біздің өмір күндей нұрлы, Бақыт құшқан ұланбыз (А. Шамкенов, Сағат). *Бейбіт* халықты қорқытып соғыстырмақ па бұлар! (Ж. Арыстанов, Сұңқар). Соғыста *бейбіт* әңгіме тыңдауға құмар әр солдат (Қ. Аманжолов, Шығ.). Екеуміз аңшы емеспіз бе. Сол аңшылығымызды істеп, *бейбіт* бола қояйық (М. Әуезов, Әңгімелер).

БЕЙБІТТІК з а т. *Тыныштық, бейбітшілік, жайбарақаттық. Бейбіттік* өте қажет қоғам үшін, Болмаққа қоғам жұмыс жоғары үшін (Ақын жыр.). *Бейбіттік,* байлық, бақыт — ұранымыз, Өмірге достық еңбек құралымыз (С. Бегалин, Шығ.).

БЕЙБІТШІЛ с ы н. *Тыныштықты, бейбітшілікті жақтайтын.* Совет Одағы бастаған социалистік лагерь елдерінің *бейбітшіл* саясатының арқасында халықаралық қарым-қатынаста суық соғыстың тоңы жібіп, шиеленіс бірте-бірте бәсеңдеп барады («Қаз. әдеб.»). Бейкүнә елдің *бейбітшіл* Нығая бермек қоғамы. Сая тапшай басыңа, Сағындың дұшпан моланы (Ақын жыр.). Біз, әр елдің жастары, *Бейбітшіл* өмірді аңсаймыз. Бұл қаһарлы жылдары Бақытқа күреспен аттаймыз (Қаз. әндері).

БЕЙБІТШІЛДІК з а т. с ө й л. Бейбітшілік. Батыс Сібір генерал-губернаторы князь Горчаков та, Омбы облысының бастығы граф Талызин де сендермен *бейбітшілдік* бітім жасар түрі жоқ (І. Есенберлин, Қаһар).

БЕЙБІТШІЛІК з а т. *Тыныштық, татулық.* Келдім мен тұрмысыңды көрмек болып, Азаттық, *бейбітшілік* күніндегі. Дос көріп, сыйлығын мол бермек болып, Жерің, күнің, көзің де күлімдеді (С. Мұқанов, Шыңнан шыңға). Олар *бейбітшіліктің,* халықтар достығы мен туысқандығының сөздерін жеткізеді (М. Қаратаев, Туған әдеб.). *Бейбітшілік* тілегіміз, Өссін гүлдей туған бала. Бейбіт өмір тірегі — біз, Совет елі — Отанна (М. Хакімжанова, Таңд.). Әкел, қолыңды! *Бейбітшілік* және достық (Ә. Сәрсенбаев, Теңіз.).

БЕЙҒАМ и р. а р. с ы н. *Қамсыз, алаңсыз, жайбарақат.* Еркебұлан қағаазды оқыған сияқты еді, бірақ әлі *бейғам* отыр (Ғ. Мүсірепов, Кездесп. кет.). Ескі ауыл шаруа бағуға қандай қырсыз, қандай *бейғам* екендігін мен кейінірек түсіндім (Ғ. Мүсірепов, Белдерде). Мен әдетте *бейғам* адамның біреуімін. Менің поезданан, самолеттен... деген сияқты көліктерден талай рет қалып қоюымды түгел жазса әрі қызық, әрі қалың кітап болар еді (С. Мұқанов, Есею жылдары). Тоқта, адастық, тоқта шофер!— Иығынан қалдым тартып. Ол көперсіз, *бейғам* отыр, Сезінгендей сезімді артық (Ә. Оңалбаев, Таң алды).— Қашан жүреміз, неғып отырсыңдар?— деген сөзді *бейғам* ғана айтты (С. Бегалин, Уақыт.).

БЕЙҒАМАЛ и р. а р. с ы н. *Амалсыз, шарасыз. Бейғамал* жеңіл көңілден Сабыр еткен ой артық. Кішілік жоқ ақылға Керек емес бой артық (XX ғ. қаз. ақын.).

БЕЙҒАМДАУ с ы н. *Алаңсыздау.* Тауқымет-талқыдан бойын *бейғамдау* ұстайтын, аузы сүйреңдеген жыпылдақ жазған еді, әнеки, көйлегінің омырауы алқам-салқам ашылып, жеті елдің жесірін дей желігіп, аспазшыға төніп барады (О. Сәрсенбаев, Сағым).

БЕЙҒАМДЫҚ з а т. *Жайбарақаттық.* Баяғы бір кеңдік, ешнәрсені елемеушілік, кең қолтық *б е й ғ а м д ы қ* сияқты белгілі қалыптан басқа түк із жоқ (Ғ. Мүсірепов, Таңд.). Ал мен *б е й ғ а м д ы қ*, бейтараптықты пасықтық деп бағалаймын (С. Еркебаев, Алғашқы адым). Бұндай *б е й ғ а м д ы қ* жас педагогке лайық емес. Тек Биғанымның өзі кінәлы (А. Байтанаев, Жаңғырды дала).

БЕЙЖАЙ и р. с ы н. 1. *Жайсыз, көңілсіз, қалай болса солай.* Ішкі өзегім қаңырап қалғандай болып *б е й ж а й,* делсал күйде, кездескен жанның бәрін, соның ішінде Аягөздің не бір кербез қыздарын көрмеді (Ж. Жұмақанов, Үш бәйтерек). Тал түсте тамылжыған ыстықтан дала *б е й ж а й* (З. Иманбаев, Кең аймақ). Бүгінге дейін сұрқайланып *б е й ж а й* жатқан дала бірден құлпырып шыға келеді («Лен. жас»). Даланың меңіреу сотқары көрінгенге соқтыға кететін әдеті бар, сол екен деп қалды да, *б е й ж а й* жымиды (Ғ. Мүсірепов, Кездесп. кет.). Рахымның көңіл-күйі болмай *б е й ж а й* жүргенін сезгендей қас-қабағына қарайды (Б. Тілегенов, Көктем де ызғарлы). 2. *Қамсыз, қаннен-қаперсіз, жайбарақат.* Ештеңемен ісі жоқ *б е й ж а й* қалпы, шылымды құныға сорып-сорып жіберіп, есінеп қойды (С. Мұратбаев, Көкорай). Қарны тойған адамның *б е й ж а й* келетіні белгілі (Б. Соқпақбаев, Өлгендер.). Айқыздың жүрегі қобалжи қоймай, *б е й ж а й* отырған кез еді (Қ. Исабаев, Айқыз). ◆ **Бейжай болды.** а) *Жайбарақат болды.* Бірақ, сол ойын сездірмеу үшін *б е й ж а й б о л у ғ а* тырысты (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). ә) *Беймаза болды, мазасызданды.* Тана түнде *б е й ж а й б о п* ұйықтай алмады (Р. Әутәліпов, Алтын жем.). Сол ойдың басқа келуі-ақ мұң екен, ана көңілі *б е й ж а й б о л д ы* (М. Иманжанов, Адам тур.). **Бейжай тартты.** *Дел-сал, мең-зең болды.* Оның бойы *б е й ж а й т а р т ы п* тыныштық аңсаған күйде еді (Б. Соқпақбаев, Өзім тур.).

БЕЙЖАЙЛАУ с ы н. *Мазасыздау, күйсіздеу, жайсыздау.* Көңілі әлі де *б е й ж а й л а у.* Жалпақ таспадай ағаранда әрі-бері кетіп жатқан құба жолға кезікті бір кезде (Ө. Қанахин, Жас дәурен).

БЕЙЖАЙЛЫҚ з а т. *Жайбарақаттық, бейғамдық.* Алға қарыштап бара жатқан көркемөнер *б е й ж а й л ы қ т ы* қаламайды («Қаз. әдеб.»). Жігіттердің жанары ұшқын атады, *б е й ж а й л ы қ,* жайбарақаттықтың ізі де жоқ («Лен. жас»).

БЕЙКҮНӘ и р. с ы н. *Күнәсіз, жазықсыз, айыпсыз.* Уа, *б е й к ү н ә* бейшара, сені атпағаным да, судан суырып алғаным да дұрыс болған екен (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.). *Б е й к ү н ә н і* тонаған. Бейбіт елді талаған — Қарақшыға қаныішер Еш рақым болар ма? (Жамбыл). Қанға батып *б е й к ү н ә* екі адам жатыр. Бірі мүлде жансыз, бірінде аз-маз тіл бар, күрмеле сөйлейді (Ғ. Мұстафин, Көз көрген).

БЕЙКҮНӘЛЫҚ з а т. *Күнәдан пәктік, тазалық, жазықсыздық, айыпсыздық.* Көз ашып, жарық дүние көрген бесік. *Б е й к ү н ә л і к* пен сәби шақтың, періште кездің сүт иісі бұққан бесігі (С. Бақбергенов, Қарға тамған.). Дездемонаның *б е й к ү н ә л ы ғ ы н* анық білетін жалғыз Эмилия ғана («Қаз. әдеб.»).

БЕЙКҮНӘМСЫ е т. *Айыбы жоқсыну, күнәсіз болғансу, мүләйімсу.* [Мауытбаевтың] Манадан бері *б е й к ү н ә м с ы п,* момақансып айтып тұрғанының бәрі — советтік құрылысқа қарсы сөздер!— десті әркімдер (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.).

БЕЙҚАДІР и р. а р. с ы н. *Қадірсіз, беделсіз. Б е й қ а д і р* халқы қылмай аяқ асты, Бола ма есті жігіт елден шығар. Кеңеске, асыл сөзге кем екенсің, Деп едім өнеріне сенген шығар (Айтыс). Жолбарыстың піл менен күшін алды Тырнағы мен мұқалтып тісін алды. Бетеге мен жусаннан *б е й қ а д і р* ғып, Терек пенен шынарды үсік алды (XVIII—XIX ғ. қаз. ақын.).

БЕЙҚАЙРАТ и р. а р. с ы н. *Қайратсыз, дәрменсіз, жігерсіз.* Қожеке, ішің семіз, сыртың арық, Қона кет біздің елге бір күн барып. *«Б е й қ а й р а т қ а* пейіш жоқ»— деген сөз бар, Жүрмесең іс бітер ме бұзып-жарып? (Айтыс).

БЕЙҚАМ и р. а р. с ы н. *Қамсыз, алаңсыз, жайбарақат, қаннен-қаперсіз, хауіпсіз.* Жыланның уы басында, *Б е й қ а м н ы ң* жауы қасында (Мақал). Күндегідей *б е й қ а м* ұйқтап жатыр едік... Түн еді. Біреу келіп есік қақты (С. Сейфуллин, Тар жол.). Сүйдің деген қалаға Қаптап тобыр барады, Түнде келіп қамады *Б е й қ а м* жатқан қаланы Келістіре шабады (Қамбар батыр). Ұлы-қызым жауға аттанды, Қаруланып, қырланып. Тылда қалған еңбекші Біз де *б е й қ а м* тұрма-

лық (К. Әзірбаев, Шығ.). Жоғары бөлменің есігі ашық екен, төбедегі көк тамнан түскен жарық көк мұнараға бөлеп, жан рахатына, маужыраған *бейқам* өмірге шақырғандай (З. Шашкин, Доктор.). ◆ **Бейқам етті.** *Қамсыз қылды.* Ұлжан баласы ойлағандай тез көше алмайтынын білдірді. Үй ішін жеңілейту, тендер буғызу, жатақшының жазғы күнін *бейқам ету,* баршасы да бұл ауылды не қылса да бес-алты күн бөгемекке керек (М. Әуезов, Шығ.).

БЕЙҚАМДАУ с ы н. *Тыныштау, алаңсыздау, жайбарақаттау.* Уборщица момындау, *бейқамдау* адам болатын (С. Мұқанов, Таңд. шығ.). Қайсар өзеннен қайта өтіп барады. Әлі де *бейқамдау,* асығыстау, ақ көңіл қалпы (Ғ. Мүсірепов, Кездесп. кет.).

БЕЙҚАМДЫҚ з а т. *Қамсыздық, хауіпсіздік, жайбарақаттық, салақтық.* Қыбыр еткен көлденең жүріс, дүдәмәл қара, бейсауат сөз тексерусіз қалмасын. Бүгін ең хауіпті жау — *бейқамдық* (Ғ. Мұстафин, Шығанақ). Әйтсе де жас кездегі *бейқамдық,* салдыр-салақтық әсерін тигізбей қоймайды (З. Шашкин, Доктор Дарханов). Шашеке, авария— басты мінің Бос тұрған талай рет болды күнің. *Бейқамдық,* салақтықтың салдарынан Отырсың, өрлей алмай табыс шыңын (Айтыс).

БЕЙҚАМСЫ е т. *Жайбарақат, бейқам болғансу.* Я, орыс әрпі емес деді. Мен тесіле қарадым. Сақал көзін тайғызып жіберіп, тағы да *бейқамсиды* — дейді Зейін (Ә. Сәрсенбаев, Офицер.).

БЕЙҚАМСЫЗ с ы н. *Алаңсыз, қаннен-қаперсіз.* Білмейді ол жүруіңді *бейқамсыз,* Мүгедек пе осы адам, байқаңыз. Өйткені оның жаны емес мүгедек, Күшті адам деп біз осыны айтамыз (Қ. Көпішев, Әке құшағы).

БЕЙҚАМСЫЗДЫҚ з а т. *Салдыр-салақтық, жайбарақаттық, қаннен-қаперсіздік, еш нәрсеге алаң болмаушылық.* Кейбір аудандарда малдың өлім-жітімге ұшырауы — ең алдымен иесіздіктің, жекелеген басшылардың *бейқамсыздығының* салдары — деді М. П. Карпенко («Лен. жас»). Жау Истраны оп-оңай-ақ басып алды. Оның себебі сол маңдағы әскерлеріміздің табансыздығынан емес, тек сұрқия сақсыздықтың, *бейқамсыздықтың* салдарынан болды (Майдан).

БЕЙҚАРАР и р. а р. с ы н. *Тұрақсыз, табансыз.* Көн кітаптың көне хикаясы тамамдалды. Күмбез Сарайдың ішін *бейқарар* тыныштық жайлады (Д. Досжанов, Жібек жолы). Олардай жүйрік жоқ енді, Бағынан бұлбұл ұшырған. Опасыз дүние *бейқарар.* Балқы Базар, дүр Оңғар, «Алқа» деп атты қойғанда, Қаншама пырақ болса да Қарасын көрмей қаңғалар (Үш ғасыр.).

БЕЙҚАСАП з а т. с ө й л. **Бықасап.** Ол *бейқасаптан* тігілген жұқа шапанды иығына бос салып, сыртқа шыққалы тұрғанда Кербез кіріп келді (С. Бақбергенов, Қайран шешем).

БЕЙҚИСАП и р. а р. с ы н. *Қисапсыз, сансыз, мол, көп. Бейқисап* ол жайлауда жердің шөбі, Көрінбес кірсе ішінен малдың төлі. Айдын көл айналасы ат тартарлық Көркейтіп көздің жауын жердің өңі (С. Торайғыров, Шығ.).

БЕЙҚУАТ с ы н. *Қуатсыз, қайратсыз, жігерсіз.* Көперсіз бара жатқан *бейқуат* жай, Оразды селт еткізді оқыс айқай, Жалт қарап, тани сала күрт бұрылды, Қыз даусы құдыретті неткен пай-пай (Ғ. Игенсартов, Тың дала).

БЕЙҚҰТ и р. с ы н. *Қаннен-қаперсіз, бейбіт, тыныш.* Кісідей *бейқұт* жүрген ескерусіз, Қарғаны мұнда келсін, тез хабарла (Н. Ахметбеков, Жасауыл қырғ.). Биік шоқы басында ат жалынан ұстап, кеткен елдің жолына көз тігіп тұрған, қапсағай денелі, шоқша сақалды жарақты адам мынау алдамшы *бейқұт* төңіректі тағы да сыналай шолып шықты («Лен. жас»).

БЕЙМАҒЛҰМ и р. а р. с ы н. *Мәлімсіз, белгісіз, беймәлім.* Қобылан өзінің Москваға жіберген қағазының сырынан шешесінің *беймағлұм* екенін сезіп отыр (Қ. Шабаев, Сұңқар). Сонау Н. селосында немістер бар ма, жоқ па, о жағы бізге *беймағлұм* (Т. Бердияров, Солдат сыры). Кеудеге қорғасын — мұң қонды басым, *Беймағлұм* кім жияры мол мұрасын? Аруақ көтергендей күрт түтігіп, Қолына алды күйші домбырасын (М. Сатыбалдиев, Шулайды толқын).

БЕЙМАҒЫНА и р. а р. з а т. *Мағынасыз, мәнсіз.* Үлкеннен табылса сөз, тоқтау керек, Білгендей сөздің құнын болса азамат! Құр «кезек өткізбеймін» дегенменен,

Беймағына болса сөзі, айтқанда ұят (Айтыс).

БЕЙМАЗА и р. с ы н. 1. *Мазасыз, тынышсыз; дамылсыз, тынымсыз.* Олай десем, кешір,— деді Сәлім келіншегін мандайынан сүйіп,— Мен өзім ауруға *беймаза* адаммын (М. Дүйсенов, Гүлжан.). Қайда кеттің? *Беймаза* шешең құлағымды сарсытты ғой...— деді (Ә. Сәрсенбаев, Сағым). «Мен не бітіремін елде жүргенде?» деген бір *беймаза* ой оны тынымсыз мазалайтын болған (Х. Есенжанов, Тар кезең). 2. А у ы с. *Жағымсыз, ұнамсыз, жайсыз, жөнсіз.* Науқасы тым-ақ *беймаза.* Сырты ажарлы, іші жау, Тәрізі жаман тамақсау (І. Жансүгіров, Шығ.). Сол кезде оның құлағына және бір *беймаза* сөздер шалынды (Т. Әлімқұлов, Сейтек сарыны). Шырт ұйқыда жатқан Дәрмен *беймаза* дауыстан шошып оянды (Бұл да). ◆ **Беймаза болды.** *Әбігерленді, тынышсызданды.* Сен де есіңнен шығарма, *беймаза боп* өмір сүру шаршатады, сен шаршаған екенсің (С. Еркебаев, Алғашқы адым). Әдеттегі салмақты кісі ауырғанда тым *беймаза болып* кетті (М. Дүйсенов, Гүлжан.). **Беймаза қылды.** *Мазасын алды, тынышын кетірді.* Асқар басының да арманы көп, соның бірі, бүгін тағы да жүрегін тербеп, *беймаза қылды* (З. Шашкин, Теміртау). Жүрек қысқан ғой, тиышын алып, *беймаза қылды* (З. Шашкин, Тоқаш Бокин).

БЕЙМАЗАЛА е т. *Мазасын кетіру, тынышын алу, дамыл бермеу, мазалау.* Жолдасым Жайнауыз олардың асқан етіне, мен айтқан әңгімесіне ырзалығымызды білдіріп, орынсыз бірнеше сағат уақыттарын алып, *беймазалағанымызға,* тәртіпті адамдардың салтымен кешірім сұрадық (І. Жансүгіров, Әңгім.). Мен сендерді тақақтап, кісіні *беймазалайтын* кісі емеспін — деді Жаманшал маңғазданып (Қ. Әбдікадыров, Әңгім.). Осынша жыл оқып жүргенде кейбіреулердей ақша сұрап, әкесін *беймазалаған* да емес (А. Хангелдин, Табыс. тағдыр).

БЕЙМАЗАЛАНУ *Беймазала етістігінен жасалған өздік етіс.* Қар кеткен соң сидиып жалаңаш қалған тау бөктеріндегі Малай орманы да суылдап әлде неге *беймазаланып,* бүкіл қалаға көңілсіздік туғызды (З. Шашкин, Сенім). Кейде кісінің бойы дел-сал боп, басы ауырып, мұрны бітіп, *беймазалана* қалады («Лен. жас»).

БЕЙМАЗАЛАУ с ы н. *Мазасыздау, тынышсыздау.* Бірақ бүгін, әлгі бір ауырып жатқан бала *беймазалау* болып, тіпті қасынан шығармай, жаңа қазір ғана қайтып келемін — деді (С. Сейфуллин, Әңгім.). Әлде қайдан пайда болған, қазір сатушы болып орналасқан әйелі бар. Екеуі де әдепсіздеу, екеуі де *беймазалау* (Ғ. Мүсірепов, Кездесп. кет.).

БЕЙМАЗАЛЫ с ы н. *Мазасыз, тынышсыз.* Құтылып *беймазалы* қыс, дауылдан Жайлауға көшті малшы қыстауынан. Жәутіктер көкке тойған жалқындай боп, Жалтақтап жем іздемес түсте ауылдан (Т. Шопашев, Жас қанат).

БЕЙМАЗАЛЫҚ з а т. *Мазасыздық, дамылсыздық, тыныссыздық.* [Даудың] Оның арты тағы *беймазалық,* тағы дерт (М. Әуезов, Абай жолы). Қуқылтартқан оның жүзінде *беймазалық* белгісі бар (А. Сатаев, Дала күйлері).

БЕЙМАЛАЛ и р. а р. с ы н. *Бейқам, алаңсыз, тыныш, емін-еркін.* Қаз-қатар тізілген қайықтар өзен ортасында *беймалал* жайылып жатқан гиппопотамдарға жақындай келіп, жан-жақтан қаумалайды («Лен. жас»). Мен білсем, сіз ауылда болыңыз, ісіңізді *беймалал* жалғай беріңіз,— дейді Құнанбай (А. Әуезов, Бала Мұхтар).

БЕЙМАРАЛ с ы н. ж е р г. *Еркін, жайбарақат, бейқам.* Лейтенант Петухов отызжасқа *беймарал* келген орта бойлы, мығым денелі, ақсары жігіт (Т. Бердияров, Солдат сыры). Фонтан түтігінен аспанға қарай ытқып шыққан судың ұсақ инекөзіндей шашыранды тамшылары, скамейкада қатар отырған Ақтай мен Айдынға *беймарал* жетіп жатты (Т. Бердияров, Фарида).

БЕЙМАРАЛДЫҚ з а т. ж е р г. *Еркіндік, бейқамдық.* Немістердің *беймаралдығы* сонша, тіпті күзетші де қоймады,—деп гүрілдеді Андреев (Б. Момышұлы, Москва үшін.).

БЕЙМӘЛІМ и р. а р. с ы н. *Мәлімсіз, белгісіз.* Белгісіз адамдар *беймәлім* жаққа әкетіп бара жатқан ағаларының соңынан қалмай шырылдап жүгірген жеті жасар Алтыншашты қарауыл басы офицер иемденіп, Омбыдағы бір сәудегерге сатқанды (І. Есенберлин, Қаһар). Қоралардың бұл жағы кісі бойы келетін балшық дуал,

қақпасын таба алатын емес. Қайда екені *беймәлім*, қайта дуал биіктеп бара жатқандай көрінді (Д. Досжанов, Зауал). Сұлу Шолпанда қандай құпия сырлар бар екені әзір *беймәлім*, өйткені ол өз бетін ақ пердемен бүркеп, бізге көрсетпейді (Х. Әбішев, Аспан сыры).

БЕЙМЕЗГІЛ сын. *Мезгілсіз, мерзімсіз, бейуақыт.* Япыр-ай, Қалиасқар үйіне аман-есен жетті ме екен? Түнделетіп *беймезгіл* жүрген біреу-міреудің көзіне шалынып, сезікті боп қалмады ма? (Н. Ғабдуллин, Сарғайған жапырақ). Мүсінші-антрополог Хамит кешкі астан соң жұмыс бөлмесіне *беймезгіл* кірді (Т. Әбдіков, Көкжиек). Жым-жырт. Қаракөленке—*беймезгіл* шақ («Лен. жас»). Бет ажарына *беймезгіл* түскен кәрілік іздері өткен күндердегі ауыр азабының белгісі болар (С. Омаров, Тастағы жазу).

БЕЙНАМАЗ ир.-ар. сын. 1. *Намаз ұстамайтын, намазы жоқ.* Тәңірім үйі мешітті, Құдайды білмес *бейнамаз* Құдайынан кешіпті (Алдаспан). 2. Ауыс. *Мұсылман емес.* Онша діндар болмаса да ел көзіне *бейнамаз* болып көрінбеу үшін Әубәкір молда дәретсіз отырмайтын әдетімен сырттан дәретін алып келді де, көрпе салған орнына отырды (С. Бегалин, Шоқан асулары).

БЕЙНЕ[1] зат. 1. *Тұлға, кескін-келбет, тұрпат.* Шешесі Биқасап Күрдебайдың бәйбішесі. Бес биенің сабасындай тұлға, *бейнесінде* өзгеше адам (Б. Майлин, Шығ.). Осы жандардың *бейнесін* көргенде, Абай мен Дәрмен бар күйді анық аңғарды (М. Әуезов, Шығ.). Бегімшенің *бейнесі* көзіме елестеп кетер емес (Б. Момышұлы, Жауынгердің тұлғасы). 2. *Мүсін, сымбат, пішін.* Беттеме жазулары бар үй салу, тас *бейнелер* жасау дегендер руника текстерінде жиі кездеседі (ҚазССР тарихы). Осы көлдердің маңайы — жыбырлаған тас төбешіктер, *бейне*, мүсіні адамға, хайуанға ұқсаған небір ғажап жұмбақ тастар кеш бата, қараңғылық түсе, бейтаныс адамның үрейін алады (З. Шашкин, Сенім), Тастағы жазулар мен *бейнелерге* көңіл бөліп, зерттеудің мәні неде? («Қаз. әдеб.»). 3. *Көркем шығарма яки ауыз әдебиетіндегі кейіпкер, образ, тұлға.* Қарасай, біріншіден, әлеуметтік жиынтық *бейне*. Автор абстракциялы мінез иесінен көрі, осы жағына көп көңіл аударған («Қаз. әдеб.»). Қаракөз сәтті шыққан. Он алты жасар Баян көрермендерге Қаракөз *бейнесін* жеткізе білді («Лен. жас»). Абай *бейнесі* Қанабек Байсейітов жолдас ойнағанда өте жақсы. Ең алдымен, Қанабек Абайға құйып қойғандай ұқсайды («Соц. Қаз.»). Ауыл-үйдің, жақындардың, әсіресе Бәтестің *бейнелерін* көз алдыма келтіріп жатқанда қалай қалғыганымды білмей қаппын (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.). 4. *Көрік, көрініс, кейіп.* Күлпаш осы ауыл *бейнесіне* байыпты қарап . тұрып, планшеткадан дәптерін ала сала жазуға отырды (Ғ. Мұстафин, Дауыл.). Туған жер сұлу *бейнең* кетпес естен, Мен сенің құшағыңда ерке өскем. Сағынам жырым бүгін барып жетсін, Батыстың самалымен шалқып ескен (С. Мәуленов, Таңд.). Ертіс-Қарағанды каналы совхоз *бейнесін* мүлде өзгертіп, оның экономикасын онан әрі көтере түседі (Қ. Исабаев, Арман.). Әйтекеңнің қорасына жаңа шопан орналасып, ауыл *бейнесі* мүлде өзгерген (С. Бегалин, Уақыт.). Белгілі бір топ сөздер ақиқат болмыстың әр түрлі атын, сапасын, *бейнесін* білдіреді (Қазіргі қаз. тілі).

БЕЙНЕ[2] шы л. 1. *Секілді, сияқты, тәрізді, ұқсас.* Интернатта оқып жүр, Талай қазақ баласы. Жаңа өспірім, көк өрім, *Бейне* қолдың саласы (Абай). Самалды таңында Қамыстар сылдырап, *Бейне* гүл — тым нәзік, Тәтті тіл — жыл азық (Ж. Сыздықов, Белестер). Аш белі көк шыбықтай солқылдайды: Қолаң шаш *бейне* жібек толқындайды. Батырлар сол сұлуға салыстырған — Жалғыз-ақ аспандағы күн мен айды (С. Сейфуллин, Өлеңд.). 2. *Нағыз, дәл, кәдімгі.* Уай, мына біреуін қара. *Бейне* Асылбек болыстың көк ала айғырындай күйлі неме екен! — дейді шолақ Шалғымбай (І. Жансүгіров, Шығ.). Құм деген *бейне* жылан екен, қолыңнан босаса-ақ сырғып жүре береді (С. Мұқанов, Алыптың адымдары). Әне, *бейне* аспандағы ай Мұзға түскен алтын таға. Еске алдырад жүрген талай Түнгі жолды қан майданда (Т. Жароков, Шығ.). Жатақтарымен жұмыскерлер *бейне* жаңа ғана бір жақтан көшіп келген қала тәрізді (С. Сейфуллин, Әңгім.). ◆ **Бейне бір.** а) *Сияқты, секілді, тәрізді.* Тау барлаған *бейне бір* оқымысты, Ол шолып тұр маңайын, өкім, сүсты. Тұлғасында жігіттің қайсарлық бар, Кеудесінде жүрек бар оты күшті (Қ. Бекхожин, Қайран жастық). Кімге,

неге иіп тұр, бұл бейбақ? Қараймын, *бейне бір* жас босанған ана тәрізді-ау (С. Бақбергенов, Қарға тамған.). 2. *Нағыз, дәл, кәдімгі.* Күндіз атасы Сәлмен қарт пен Сақан қожа, оларға кешке Қалтай кеп қосылады, *Бейне бір* темірден жаралғандай, шаршауды білмейді («Лен. жас»). Нұрлан *бейне бір* өз үйіне келгендей Валя альбомын тауып алды (Ж. Молдағалиев, Сарыарқаның сүйіктісі). Барған сайын сұр тайым, Үдей берді, заулады. Көз ілеспес *бейне бір* Киік дерсің таудағы (Х. Талғаров, Торы тайым).

БЕЙНЕ-КЕЛБЕТ з а т. *Тұлға-тұрпат, кескін-кейіп.* Сығырайған ойнақы көздері, жалпағынан май басып кеткен *бейне-келбеттері* сырт бақылаушы Бегеннің көз алдынан осылайша алма-кезек бірінен соң бірі тізіліп өтті (А. Сатаев, Дала күйлері).

БЕЙНЕЛЕ е т. 1. *Өмір көрінісін көркем образ арқылы суреттеу.* Мынау ғажап суретті өлеңменен *бейнелеп,* өлеңменен өріп болар ма? Әй, бар ғой, оның үшін тек Пушкин болып тууың керек (Ә. Сәрсенбаев, Теңіз әуендері). Поэма дәуір шындығына лайық типтік оқиғаларды тереңдей *бейнелеп,* сол негізде қазақ аулындағы әлеуметтік өзгерістерді суреттейді (С. Қирабаев, Октябрь). Осы романмен қатар социалистік дәуірдің шындығын жан-жақты *бейнелеген* С. Мұқановтың, Ғ. Мүсіреповтың, Ғ. Мұстафиннің жаңа романдары жарыққа шықты (Е. Ысмайылов, Сын). 2. *Мегзеу, бағдарлау, тұспалдау.* Білем, кімді *бейнелеп* айтып отырғанынды! — деді Құрымбай Ақмаралға (З. Шашкин, Теміртау). *Бейнелеп* айтқанда да, естіген кісі сенерлік етіп айтқан жақсы (А. Хангелдин, Алғыс).

БЕЙНЕЛЕМЕ з а т. *Суреттеме, көрікteуіш тәсіл.* Әдетте, әрі образ, *бейнелеме* құралдар іздеуші аудармашының қолын қақпау керек болар (М. Әлімбаев, Өрнекті сөз). Тыңнан туған әрбір мақал тіліміздің *бейнелеме* құралдарын байытады, әдеби тілдің жетіле түсуіне себепші болады (Бұл да).

БЕЙНЕЛЕН *Бейнеле етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* «Жыр ағымы» эпостарда *бейнеленетін* жаугершілік өмірді суреттеуге өлеңнің ең қолайлы түріне ұқсайды (Қ. Жұмалиев, Қаз. эпосы). Қазақ даласының өмірі, революциядан бұрынғы қазақ аулының тұрмысы мен әдет-ғұрыптарының суреттері Абайдың шығармаларында жан-жақты және терең *бейнеленді* (М. Қаратаев, Туған әдеб.). Панфиловшылардың ерлігі тарихта да, әдебиетте де өзіне лайықты орын алып, жан-жақты *бейнеленеді* («Лен. жас»).

БЕЙНЕЛЕНУ *Бейнелен етістігінің қимыл атауы.* Қанекеңнің бүкіл өмірі, ғылыми әрі практикалық еңбегі, бір сөзбен айтқанда бүтін адамдық, азаматтық тұлғасы музейде жан-жақты *бейнеленуі* тиіс («Соц. Қаз.»).

БЕЙНЕЛЕС с ы н. *Ұқсас, тәріздес, пішіндес, кейіптес.* Жүрек *бейнелес* қызыл еріні анда-санда жұқара түсіп күледі (Қ. Исабаев, Соңғы.). Шешесі *бейнелес* ақ қыздың денесі нәзік, ұялшақтық жеңген уыз келбетінде сүйкімді ажар бар (К. Оразалин, Көктем.) Қанатын қомдай түсіп, ұшқалы тұрған сұңқар тұмсығы *бейнелес* қатпарлы шыңға көтеріліп келеміз («Қаз. әдеб.»).

БЕЙНЕЛЕУ 1. *Бейнеле етістігінің қимыл атауы.* Адамдық сезімдерді терең де жан-жақты *бейнелеу* Ұлы Отан соғысы дәуіріндегі лириканың өрісін кеңейте түсті (С. Қирабаев, Октябрь). Роза келесі күні қызметтен бос екен, бір сағат суретшінің алдында боп, *бейнелеуге* ризалық білдірді (Т. Ахтанов, Дала сыры). 2. П с и х. *Сыртқы дүниенің әсерлерінен болатын мидағы бейнелерді (түйсінуді, бақылауды, елестетуді, ойды және т. б.) бейнелеу деп айтады* (М. Мұқанов, Бақылау). ◆ **Бейнелеу өнері.** И с к. *Кескіндеме, мүсін, графика, сән сияқты өнерлердің бірнеше түрін қамтитын ұғым. Бейнелеу өнерінің* ерекшелігі—суретшінің өз көзімен көріп, түсінген шындығын сол сәтімен айқын көрсетуінде (ҚСЭ).

БЕЙНЕЛЕУШІ с ы н. *Суреттеуші, сипаттаушы.* Қазақ халқының еңбекші бұқарасы Абайды өз мүддесінің жақтаушысы, өз армандарын *бейнелеуші* деп жақсы көрді («Халық мұғ.»). Қазақ тілі — *бейнелеуші,* мәнерлеуші құралдары өте-мөте мол, мейілінше өткір, мейілінше көркем тіл («Қаз. әдеб.»).

БЕЙНЕЛЕУШІ: **бейнелеуіш сөздер.** Лингв. *Бейнелеуіш сөздер белгілі бір көріністің я құбылыстың бейнесін білдіреді* (Қазіргі қаз. тілі).

БЕЙНЕЛІ сын. 1. *Бейнелес, ұқсас, тәріздес.* Жайын бұқа *бейнелі,* Всеволод келді де «Аттанайық» — деді ол,— Даярын әскер көрді де (С. Мұқанов, Шыннан шыңға). Кешегі тұтқын солдатқа көп қарап, таңырқағанның бірі осы ақ бота. Адам *бейнелі* екен. Кәдімгі адам сияқты (С. Бақбергенов, Қарға тамған.). Барқыт аспандағы шалқасынан туған орақ *бейнелі* ай маған сол биіктің нақ басына орнатылған алтын айдар сияқты көрінді (Ж. Жұмақанов, Екі жол). 2. *Кескінді, келбетті, көрікті, тұлғалы.* Майдандас досым, тірлікте Ұмытам қалай мен сені. Сақталар жүзің жүректе Атқан таңдай *бейнелі* (С. Мәуленов, Таңд.). Ол қоңыр мұрты қалың, сақалы иек астына ғана біткен шоқша, жалпы тұлғасы батыр *бейнелі* адам (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз). 3. *Образды, мәнерлі, айшықты.* Халық тура мағынасында да, астарлы *бейнелі* мағынада да, ишарат түрінде де мақалдарды күнделікті өмірде мол қолданды (ҚазССР тарихы). Адам сөзді тура мағынасымен де айтады, салыстыру, теңеу, әсірелеу сияқты *бейнелі* мағынасымен де айтады (С. Мұқанов, Өсу жол.). Жиырма алты тақырыпшамен тарамдалған екі бөлімді әдеби-композиция ән-жыры, *бейнелі* биі күмбірлеген күйімен кезектесе отырып, кесек дүниенің кереметтерін өнермен көрсетіп өтті («Соц. Қаз».) Ол кездегі сайлаудың сипаты, сыр-сымбаты, сұрқия сыры атақты жазушымыз Мұхтар Әуезов марқұмның «Абай» романында *бейнелі* сөздермен, аянышты сезіммен, толқынды ойлармен терең суреттеліп байыпты баяндалған (С. Мәуленов, Жұлдызды жылдар) 4. *Тәрізді, секілді, сияқты, іспеттес.* Жыр секілді Янги йер Қалды ұялап жадымда; Гүл *бейнелі* сәбилер Күлімдейді алдымда (Ғ. Орманов, Таңд.). Арқаның жерінде сиырдың жауы «шанышқақ» дейтін инелік *бейнелі* шыбын (С. Мұқанов, Таңд.).

БЕЙНЕЛІК сын. *Келбеттік, сыртқы тұлғалық.* Олар: «білімді» деген ұғымды тек «оқитын адам»; «дүние» ұғымын «байлық», «ақша»; «жақсылық» ұғымын «жақсы нәрсе»; «ер» ұғымын «аттың ері» деп олардың заттық, *бейнелік* жақтарына көбірек көңіл аударады да, осы ұғымдардың мәнін салыстыру, теңестіру арқылы түсіндіріп бере алмайды (Қ. Жарықбаев, Психология).

БЕЙНЕЛІЛІК зат. 1. *Әдемілік, көріктілік.* Суреттеуге *бейнелілік* пен әсерлілік беретін көркем анықтауыш та, мақал-мәтел де бар (М. Әлімбаев, Өрнекті сөз.). Онда ақынға тән жинақылық, суреткерлік, *бейнелілік,* өткірлік, дәлдік айқын аңғарылады («Қаз. әдеб.»). 2. *Мағыналылық, мәнділік, мәнерлілік, образдылық.* Сөз *бейнелілігін* көтеруді, сөз жасауды біздің атақты ақын-жазушыларымыз қадірі қайтпас ұстаз — халықтан үйренгендігі жайында бірер сөз (М. Әлімбаев, Өрнекті сөз.).

БЕЙНЕСІЗ сын. *Көріксіз, кескінсіз.* Бұл сөзге сәулем не деп айтар екен, Дүние бір *бейнесіз* сайқал екен. Күн түскен күзгі шөптің мысалындай, Махаббат базарынан қайтар екен (XX ғ. қаз. ақын).

БЕЙНЕСІНДЕЙ сын. *Кескініндей, тұлғасындай, көрінісіндей.* Бар болмысына, жайнаған жарастығына қарағанда, өнерлі, өскелең балғын қауым тірлігі көшесіндегі балғын өскен жас емен *бейнесіндей (*М. Әуезов, Алғы шепте). Соңынан білдім сол өңірдің күзетінде тұрған қос батыр *бейнесіндей* егіз бәйтеректі (Ө. Қанахин, Жер бас.). Қақпасындай жеңістің Шлюздер кешінен ашылды. *Бейнесіндей* ұлы істің СӘС-терден шұғыла шашылды (Ә. Ахметов, Өленд.).

БЕЙНЕТ зат. 1. *Азап, мехнат, машақат, қиыншылық.* Нұрыш сандықтың жанына келіп, тоқалға қарады.— Көтер бір жағын. Игілігін сен көріп, *бейнетін* жалғыз мен көрмекшімін бе? (Б. Майлин, Шығ.). Еңбек, *бейнет,* шаттық оған Қалай еді жас шағынан. Іш пыстырғыш жалқаулықпен Ұзақ күні қалай өткен (І. Жансүгіров, Шығ.). *Бейнет* айдап келді ме? Шапырашты осындай? Сарбас ақын қасында Аз елге сірә күн бар ма? (Жамбыл). Біз көрмеген *бейнет* жоқ. Біз бармаған орман, біз баспаған тау-тас аз-ақ шығар (Ә. Бектемісов, Майдангер). 2. Ауыс. *Еңбек, харекет.* Күлөндөм ол сұлудың еді аты, Артық еді қатарынан парасаты. Тәуекел, бағайын,— деп бөліп буды, Болар,— деп *бейнетінің* бір рахаты (Т. Ізтілеуов, Рүстем.). *Бейнетім* қайтты, рахаттанындар! — деп, күні-түні ат үстінен түспей, ішінен нелер жақсыларын жігіттерге мінгізіп жүр (С. Шарипов, Бекболат). Кейін айтам ақсақал

«азапсыз рахат бар ма?» *«Бейнет түбі — зейнет»*, ол ағаштың менің өмірімде ерекше есте қаларлық реті бар (Б. Шалабаев, Өмірде.).

БЕЙНЕТКЕР с ы н. *Еңбеккер, еңбекшіл.* Күн-түні қорлық көріп, арып-талып, Шырқайды *бейнеткер* тап бойын жазып, Қақ жарып, қара түнде тау мен тасты, Сен едің жөн сілтеген темір қазық (Халық ақындары).

БЕЙНЕТКЕШ с ы н. *Еңбек сүйетін, бейнеткер, еңбеккер.* Кісі адасарлықтай ну тоғай болатын. *Бейнеткеш* қолдар жер аршып, егін салды да, «Қараөзектің» бойы екі-үш жылда өзгеріп сала берді (О. Сәрсенбаев, Сағым). Еңбегі зәулім, өзі қораш көрінген осынау бір *бейнеткеш* жандар енді есік алдын жарқыратып, табан астына тас өре бастаған (Х. Ерғалиев, Шындық шырқайды). Жердің мәнін, судың дәмін, дән-дақылдың тілін білетін қара сирақ *бейнеткеш*, қайратты диқанды көреді (Ө. Тұрманжанов, Адам).

БЕЙНЕТҚОР с ы н. *Еңбек сүйгіш, еңбекшіл. Бейнетқорлардың* мойны босайтын күн туды. Бұл төңкерісті басқарушы жұмыскерлер мен қара шаруа әкімшілігі халық комиссарларының советі (С. Сейфуллин, Тар жол.). *Бейнетқордың* бәрі ететін ащы тәжірибе, өмір сабағы болып, өміріне жол азық болды (М. Әуезов, Шығ.). Сол қарттың өзі бір *бейнетқор* адам болса керек. Аудандық газеттен оқыдым (Ә. Қалмырзаев, Ар).

БЕЙНЕТСІЗ с ы н. *Қиыншылықсыз, мехнатсыз, азапсыз.* Қазақтың *«бейнетсіз* зейнет жоқ» деген мақалын еске алып, жарқын болашағын да тез көруге асығасың! (С. Мұқанов, Есею жылдары). Достарым, *бейнетсіз* еңбекте зейнет бола ма? (Б. Соқпақбаев, Менің атым.). Жақия, *бейнетсіз*, оп-оңай, мал шығармай, теп-тегін ала қоятын шығарсың! (С. Шарипов, Шығ.). *Бейнетсіз* рақат жоқ қайда барсаң, Арамдық — тек рақат жайда қалсаң. Көмірге көк теңгені алар ма едің, Күз болса, қимылдамай жайға қалсаң (Айтыс).

БЕЙНЕТСІЗДІК з а т. *Еңбек етіп қиналмаушылық, мехнатсыздық.* ... Койкадан ауып түскен екенмін. *Бейнетсіздігіме* қарай, койкалардан шашылған көрпе-жастыққа тап болсам керек (Ә. Сәрсенбаев, Теңіз.).

БЕЙНЕТТЕН е т. 1. *Еңбек ету, әрекеттену.* Араз бол кедей болсаң ұрлықпенен, Кет те бар кетсе басың шындықпенен, Қорек тап *бейнеттен* де, төңіріңді изде, Телмірме бір адамға мұндықпенен (Ы. Алтынсарин, Таңд. шығ.). *«Бейнеттенем,* жасаймын ұрпақ үшін» — Деп қанағат қылуға жетпес күшім. Өзім көргe кеткен соң пайдасы не, Ұжмақ қып жіберсе де жиһан ішін (XX ғ. қаз. ақын.). Сайдалы ақсақал дейтін кісі бір жағында *бейнеттеніп* жатқандарды, бір жағында бұлдырлап тұрған тамдарды көріп отырып, күрсініп алып, төмендегі сөздерді айтты (С. Шарипов, Бекболат). 2. *Азаптану, жанын қинау.* Қыз байғұс *бейнеттеніп* қанша қарағанымен, бәйтерек емес, бір жарым метрден аз-ақ асатын тапал бойға қанша бөгеледі. Жұмыр мойнын бұрды да: — Көрінің тұр — деді (Ә. Нұршайықов, Махаббат.). Мысалы ғылымдықтық бір гауһар тас, Берсе де дүние малын алып болмас. Жалғыз-ақ өткір зейін саясында, Табатын *бейнеттеніп* іздеген жас (XX ғ. қаз. ақын).

БЕЙНЕТТІ с ы н. *Азабы мол, машақаты көп, мехнатты.* Сәрсен байғұс кешікпей Тынымсыз көп жұмыстан, Тұралады титықтап, *Бейнетті* ауыр тұрмыстан (С. Сейфуллин, Шығ.). Төлеген сонда сөйледі, Сөйлегенде бүй деді: «Қыз Жібектің дертінен, Көрейін деп барамын, *Бейнетті* жолдың жапасын» (Қыз Жібек).

БЕЙНЕТШІ з а т. *Бейнетқор, еңбек сүйгіш адам.* Қапсағай мол сіңір денесі, салалы ұзын саусақтары заманында берік, көнбіс *бейнетшінің* көшкен жұртын аңдатады (О. Сәрсенбаев, Сағым).

БЕЙНЕТШІЛ с ы н. *Мехнатшыл, бейнеткер.*

БЕЙНЕУ з а т. *Бір нәрсенің сиқы, кейпі, нұсқасы.* Ақынсың атың шыққан алты алашқа, Әркімнің әр алуан көңілі басқа. Бергіден *бейнеуіңді* бере сөйле, Бармақша жаза басып, қаталаспа (Айтыс). ◆ **Бейнеуі кеткен.** *Қиюы кеткен, сиқы жоғалған, кейпі қашқан. Бейнеуі кеткен* қараша үйлер бәрі бір жағына қарай, бірыңғай еңсеріліп, бір дауыл соққа құлауға әзірленіп тұрғандай (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке).

БЕЙНЕУСІЗ с ы н. *Кейіпсіз, кескінсіз, ретсіз.* Әміржанның бетінен көзіңді айырмайсың. *Бейнеусіз* өскен сақал, көнтиген ерін, қоңқиған мұрын, қарасынан ағы ден аларғандау көз (Б. Майлин, Шығ.). Айдабол сайының жол өтер кезеңінде *бейнеусіз* үйілген тезектей қиқайып, құммен көміліп бара жатқан төрізденіп қараша үй отыр (Б. Майлин, Шығ.).

БЕЙНЕШІЛ з а т. *Адам бейнесін айнытпай қағазға түсіретін суретші.* Бағдаттағы Әбіл-Хасен бин Әбіл-Қасым — *бейнешіл* салған сурет. Ол әлі тірі, Бағдаттағы Крах макалласында тұрады (Мың бір түн).

БЕЙНЕШІЛДІК з а т. *Көркемділік, образдылық.* Өлең тек қана образбен, *бейнешілдікпен* сөйлеуге ынтық қашаннан. Осы бейнешілдік көрінбеген жерден эстетика тұнығын іздеп жату артық («Қаз. әдеб.»). Өлең-жырдың сыршылдығын, *бейнешілдігін* аса іздемей, үгітшілдігін, ұраншылдығын бірінші мақсат етіп келді («Лен. жас»).

БЕЙОПА и р. а р. с ы н. *Опасыз, тұрақсыз.* Ұйғарған бұзбай халықтың ынтымағын, Тебіренткен шешен де өткен тіл мен жағын. Біткен күн өлшеулі өмір, таусылып дем, *Бейопа* сындырмаған кімнің сағын? (Айтыс).

БЕЙПАЙДА и р. а р. с ы н. *Пайдасыз, қажетсіз, керексіз.* Осы бір мешеу қорқыныштың салдарынан Қаратөбе өңіріндегі көптеген шұрайлы жер талай жыл *бейпайда* бос жатты (Ы. Жақаев, Менің бақытым).

БЕЙПАРАСАТ и р. с ы н. *Парасатсыз, ақыл-санасыз.* Жел сөзбен жеңіл тартқан жігіттер көп, Мас болған кеңесіне *бейпарасат.* Бағзы бір тай-құнандар озған топтан, Жолды алған жүйріктікпен, болмайын мат (Айтыс).

БЕЙПАРУА с ы н. к ө н е. *Әбігер, әуре.* Бес жылдан бермен қарай қыс қарсыз өтіп, жұртты *бейпаруа* қылып кенеттен көп қар жауды (Айқап).

БЕЙПАРЫҚ и р. а р. с ы н. *Парықсыз, берекесіз.* Байқамай барған сөзді, аңғырт басып, *Бейпарық,* келте бәһәм парасаттан. «Шаршама есі жоққа» деген сөзім, Көрсетші, қай реттен саған айтқан (Айтыс).

БЕЙПІЛ с ы н. 1. *Былапыт, дөрекі.* Бұлқынып, аласұрды азалы жан, Қорқады байдың *бейпіл* мазағынан. Лажы жоқ құтылатын — біледі қыз, Өмірдің басқа төнген азабынан (С. Омаров, Сәукен). Тілім шыға, мені де [Қайрақбай] ол солай баулып, кім көрінгенді боқтатып, *бейпіл* сөйлетіп үйретті (С. Мұқанов, Мөлдір махаббат). Екі мас қыза қалжыңдасып, алғашқы ақ қар жауған әдемі түнді аяусыз ластап, әрбір *бейпіл* сөздерін түн аспанына бөсекемен шегелесіп тұр (Ғ. Мүсірепов, Белдерде). 2. *Қаннен қаперсіз, алаңсыз, бейқам, бейбіт.* «Хан» деген жерге тамған қанға құмар, Дірілдеп өлім күткен жанға құмар. Жазықсыз *бейпіл* жатқан елді шауып, Типыл ғып, жер күйренткен даңға құмар (С. Сейфуллин, Шығ.). Бұрын далада *бейпіл* жүріп білмеппіз, Орталықта отын-су, шөп дегеніміз уайым екен ғой («Лен. жас»). Енді байқаса көңілді, дархан өмір сүрдім дегені даңғаза, *бейпіл* өткен күндер сияқты. Жолдас-жорасы көп төрізді еді (Т. Ахтанов, Дала сыры). 3. *Шексіз, мол, тегін, көп.* Көп алтынды саудагер бір саудагердің сұлу қатынын алып, *бейпіл* дүниемен құтырта күткен екен (Мың бір түн). Баймақан *бейпіл* дүниенің бәрі маған сөлекет — деді Жанатқа (Ғ. Мұстафин, Жиырма бес). Ұлттық-отарлық езгімен қазақтың еңбекшілер бұқарасын *бейпіл* қанаушылық бұрынғыдан бетер ауыр, адам төзгісіз болып кетті (ҚазССР тарихы). ◆ **Бейпіл ауыз.** *Аузына келгенін айтатын, былапыт сөйлейтін адам.* Бірақ ауылдың *бейпіл ауыздары* осы арадан тағы бір сөз шығарып, бұл аурудың өзін жаңа жалаға тақырып етеді (А. Жұбанов, Замана.). Бозшыбай өзі *бейпіл ауыз,* екі сөзінің бірі — боқтау (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз).

БЕЙПІЛДЕН е т. *Бейпіл сөйлеу.* Қиқандап көрсін, жерге тығып жіберейін! *Бейпілденбе,* бұл саған емес (Ж. Молдағалиев, Торғай.).

БЕЙПІЛДЕУ с ы н. *Бейпіл ауыздау.* Бірде рогаткамен шымшық атамын деп көрші үйдің терезесін қиратып алдым. Көршіміз *бейпілдеу* еді, жер-жебіріме жеткізе ұрысты («Лен. жас»).

БЕЙПІЛДІК з а т. 1. *Бейпіл ауыздық.* Үйіне еріксіз сүйреп әкелген Шоқан

көнудің орнына *бейпілдігіне* басып Шыңғыстың аузы-басынан боқтамаған түгін қойған жоқ (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз). Қуаты өлеңшілік жүрегінде, Бар еді Әжібайдың сүйегінде. Үйренген аузы бірақ *бейпілдікке*, «Тентек» деп сөйленеді жұрт көбінде (С. Торайғыров, Шығ.). 2. *Қаннен-қаперсіздік, бейқамдық, алаңсыздық.* Кенжеғұл ағасының тым *бейпілдігінен* шошынайын деді (Р. Райымқұлов, Бұрылыстар).

БЕЙРЕТ: **бейрет болды.** *Бей-берекет болды.* Біреуі басын сүйеп сонда қалды, Біреуі ойбай салып үйге салды. Сары хан өлді деп барғаннан соң Жас босанған бейшара *бейрет болды* (Қозы-Көрпеш.).

БЕЙСАЛДЫҚ з а т. *Дел-сал болғандық, сүлесоқтық, бейжайлық.* Бірақ жақында «Қайраттың» соңғы ойынын көруге қоңылтақ киіммен барып, ертеңіне бойының *бейсалдығын* байқады (Т. Әлімқұлов, Сейтек.).

БЕЙСАР с ы н. ж е р г. *Оғаш, орынсыз.* Әрлі-берлі өткінші жолаушы болса кездесіп қалады. Басқа *бейсар* жүріс, бөгде қимыл артық көзге түсе бермейтін оңаша аймақ сияқты (А. Байтанаев, Қайнар.).

БЕЙСАУАТ с ы н. 1. *Бейтаныс, бөгде, бөтен.* Үлкен арабы иттер ауылды айнала жортып, *бейсауат* адамды маңайға жолатар емес (Ғ. Мүсірепов, Шығ.). Жаманқараның тұсындағы қалың тоғайға мал түсірмей, *бейсауат* адам жібермей қорықшы қоюға мәжбүр болды колхоз бастығы Қамырбай марқұм (С. Адамбеков, Атылған қыз.). Әй, балалар, магазиннен сатып әкеле жатқан тамағымды қас пен көздің арасында біреу сыпырып әкетті, жүрген-тұрған *бейсауат* адам түсті ме көздеріңе? (З. Ақышев, Достарым). Қақпа аңқайып ашық жатыр. Есік алдында *бейсауат* із жоқ (С. Жүнісов, Жапанда.). 2. *Қамсыз, хауіпсіз, қаперсіз.* Байқа, Хасен,— деді сыбырлап, — әлгі оқ екеуіміздің бірімізге арналған оқ. *Бейсауат* жүрме (І. Есенберлин, Қатерлі өткел). Сыртқай қарағанда айналадағы қозғалысқа қатысы жоқ, *бейсауат* ауыл сияқты («Лен. жас»). Кенесары ертеңіне желкесінен шығып, *бейсауат* жатқан бекіністерінің талайын дәл осылай шапқан (І. Есенберлин, Қаһар). 3. *Орынсыз, ретсіз, бос, сөлекет.* Әлгі Гүлсімнің нағашы жеңгесінің *бейсауат* сөзін естімегенің де жарады (С. Бегалин, Уақыт тынысы). Әй, соқыр, сөзге тосу ақыл бердім, Айрылып таза малдан тақыр болдың. Өлеңге *бейсауат* сөз қосамын деп, Қалтырап топ ішінде пақыр болдың (Айтыс). Бұл не қылған *бейсауат* жүрген балалар? — деп ойлады ол. Бұл туралы да сөйлесу керек екен (Қ. Жұмаділов, Қаздар.). *Бейсауат* мылтық жұмсап жүрмеңіз, онда қапылыста мерт боламыз (Қ. Сатыбалдин, Шағын пьеса).

БЕЙСЕНБІ и р. з а т. *Аптаның төртінші күні. Бейсенбі* күні кешке школға әкем келді, қарындасым да онымен бірге келді (Ы. Алтынсарин, Таңд. шығ.). Оның үстіне *бейсенбі* сайын тоң майы болса, жұқа нан пісіріп, тоң май болмаса, майға ыстық нанды жаныштырып, молдекемді қонақ қыламыз (Б. Майлин, Шығ.).

БЕЙСЕНБІЛІК з а т. *Бейсенбі күні өтетін іс-шара.* Мұхтар Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының жанынан ұйымдастырылған әдеби *бейсенбіліктердің* жұмыс істей бастағанына биыл тоғыз жыл («Қаз. әдеб.»).

БЕЙСЕУБЕТ с ы н. с ө й л. **Бейсауат.** Түнде қала тастай қараңғы. *Бейсеубет* жүруге болмайды (Ә. Бектемісов, Майдангер). Әбіш пен Айжанның *бейсеубет* бірдеме деуі-ақ мұң екен, мұның ісінен бүкіл аудан, қала берді облыс хабарланғалы отыр (Ж. Молдағалиев, Жүрек қазынасы). *Бейсеубет* адам едәуір жер ілгерілеп, бізге қарай жақындап келеді (М. Иманжанов, Адам тур.).

БЕЙСЕУЕТ с ы н. с ө й л. **Бейсауат.** Шертеді, ұзақ шертеді. *Бейсеует* кешкі қонаққа. Өзекті сөзі өртеді, Өкпелі дүние шолаққа (Ж. Молдағалиев, Жесір.).

БЕЙСЕУІТ с ы н. с ө й л. **Бейсауат.** Көшеде ешбір *бейсеуіт* жүріс те, қимыл да көзге түспеді (Х. Есенжанов, Аң Жайық). Бұл «ерке жігіттің» *бейсеуіт* жүрісіне Қибат көңіл аударған жоқ (Х. Есенжанов, Көп жыл.). Осы сәт көңілі *бейсеуіт* қобалжып, аяғы ауырлап, тұла бойы бейжай тартқандай болды (Ө. Қанахин, Жас дәурен).

БЕЙСУАТ с ы н. с ө й л. **Бейсауат.** Күнтуар *бейсуат* жатқан нәрселерді жи-

настырып, шаруаны ретке салды (С. Омаров, Тастағы жазу). *Бейсуат* жүрген кісі болып, қасынан бар да өт! Ол сені тоқтатар, бірақ тыңдама (Ш. Хұсайынов, Таныс адам.). Бірақ *бейсуат* жүрген ешкім көрінбейді,— дейді (Ө. Қанахин, Дәмелі). Анда-санда не о жерде, не бұ жерде *бейсуат* оқ атылып, лезде басыла қояды (Ж. Тәшенов, Жауынгер.).

БЕЙТАҒАТ с ы н. *Тағатсыз, шыдамсыз.* Осы түнде уездік қалада істелмек жойқын да қатерлі әрекеттердің ақыры не боларына *бейтағат* еді (Ж. Тілеков, Жоңғар.).

БЕЙТАНЫС с ы н. 1. *Таныс емес, бөгде, бөтен.* «Осы сылқым кавалеристердің *бейтаныс* адамға тапа туған кіші жиеніндей «сен» дейтіні не деген әсіренділік» (Б. Момышұлы, Москва.). Дүкенде кісі көп екен. Сондықтан әкесі Құралайдың қасында *бейтаныс* жас жігіт тұрғанын аңғарған жоқ (М. Қаратаев, Далада.). Көзін кең ашып, *бейтаныс* жігітке салқын қарады. Қабен өзінің ерсілеу қылық көрсеткенін енді ғана сезіп, жүзін тайғызып әкетті (З. Қабдолов, Жалын). 2. *Белгісіз, жат.* Қанша тілдесе де тұк те айтылмағандай *бейтаныс* жұмбақ көңіл, бітеу жүрек тәрізденіп кетті (Ғ. Сыланов, Шалқар). Біздің Омар көңілді, Жаяу жүріп, құм басты. Жаңа таныш өмірді, *Бейтаныс* көп сырды ашты (Қ. Тоғызақов, Сібір Омар). Бұрын көрмеген біраз жерлерді аралап, *бейтаныс* елдерді көрген Шоқан өз аулына бірнеше жаңа ойлармен оралды (С. Бегалин, Вала Шоқан).

БЕЙТАНЫСТЫҚ з а т. *Таныс еместік, бөтендік, бөгделік, жаттық.* Бектас тағы тосылып қалды. Өзіне аяқ астынан қамқор жан боп кездескен мына жігіт барабара *бейтаныстықтан* кетіп, енді бауыр еті боп бара жатыр (А. Байтанаев, Қайнар бұлақ). Бірақ осындай *бейтаныстығының* өзі оларды онан сайын баурап, қызықтыра түскендей («Лен. жас»).

БЕЙТАП: **бейтап болды.** Ж е р г. *Сырқаттанды, науқастанды.* Сізді *бейтап болып* үйде жатыр деген соң кіріп шығайыншы деп... ия, қаліңіз қалай?— деді Сағира орындыққа жайғасып отыра бере (С. Алдабергенов, Алға).

БЕЙТАПТАН е т. ж е р г. *Сырқаттану, ауыру.* Сол Шәлдубек күндердің күнінде *бейтаптанып* қалды. Ыңқыл-сыңқыл күшейіп, кәдімгідей төсек тартты (Т. Бердияров, Солдат сыры).

БЕЙТАРАП и р. а р. с ы н. 1. *Ешкімге қосылмайтын, қалыс, оқшау.* Мұның дәмесін қара! — деді *бейтарап* боп үнсіз жатқан мырза, жерден басын көтеріп алып (Ә. Кешімов, Екі бүркіт). Е, жігітім...— деді Сергей.— Көп ішінде көрінбеген соң, сені *бейтарап* шығар десем, анау Аппақтар сөзін сен де қостайды екенсің ғой? Солай ма? (Ғ. Сыланов, Асау арна). Америка соғыс құмарлары *бейтарап* бейбіт мемлекет Камбоджаға қарсы соңғы айлар ішіндегі ең ірі қарулы арандату әрекетін жасады («Соц. Қаз.»). 2. *Енжар, селсоқ.* Баланың қоғамнан *бейтарап* болмай, белгілі бір мақсатқа өз жолдастарымен бірге ұмтылуына жағдай жасау керек (С. Көбеев, Орынд. арман). Сарыбала бәріне *бейтарап* жиын тараған соң жалғыз қайтты. Ақын сөзі есінде (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). Сол Марғау міне, қашанғы әдетінше бет алды манаурап, босқа отыр. Маңындағының бәрі енжар, *бейтарап* (З. Қабдолов, Жалын). ◆ **Бейтарап аймақ.** *Екі мемлекеттің шекарасындағы жер аймағы, онда екі мемлекеттің де әскер ұстауға правосы бар* (Саяси сөздік). Жаудың атыс ұяларынан оқшауырақ бүйірде, *бейтарап аймақтың* арғы тұсында бір көл бар еді (Ж. Жұмақанов, Әлия). **Бейтарап қалды.** *Қалыс болды, тыс қалды.* Ел екі ұдай, *бейтарап қалған* жан жоқ. Ауылға, үкімет тарапынан нұсқаулар, уәкілдер үсті-үстіне жіберіліп жатыр (Ғ. Мұстафин, Дауыл.). Бұған Арманов құптай бас изеді де, Мусин еңкейе тыңдап, шалқая *бейтарап қалды* (З. Қабдолов, Өмір ұшқ.). Оразов дегенЕмбі жайынан диссертация қорғайтын көрінеді. *Бейтарап қала* алмадым. Барып, тыңдап, кешке қайта келмек болдым (З. Қабдолов, Жалын). **Бейтарап қарады.** *Немқұрайды қарады, көңіл бөлмеді.* Ылғи назарын тіктемей *бейтарап қарайтын* қоңырқай көзі ештеңе аңғартпайды («Лен. жас»). **Бейтарап сөздер.** Л и н г в. *Белгілі бір сөз табына жатпайтын әрісәрі сөз.* Бұл (модаль) сөздер сөйлемдегі басқа мүшелерге қалыс қалып, я *бейтарап* болып тұрады (Қазіргі қаз. тілі).

БЕЙТАРАПТАН е т. *Бөлектену, жіктелу, оқшаулану, ешкімге қосылмау.* Кейін кітапқа, ғылымға тән сипаттарын сақ-

тай отырып, олардың көпшілігі біртебірте *бейтараптанады* («Соц. Қаз.»). Олар одан әрі буланып *бейтараптанады*. Ашыған соң бұдан этил спирті алынады (Н. Нұрахметов, Синтетика.).

БЕЙТАРАПТАНДЫР *Бейтараптан етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Ал асқазанға барған тамақ қарынның қышқылымен араласады да, оның әсерін *бейтараптандырады* (М. Қайрақбаев, Ескерм. ауру). Порошоктың мұндай құрамы тістің көгеруі мен ондағы астың қалдығын кетіріп, органикалық қышқылдарды *бейтараптандырып* тіске ақ түс береді (С. Сұбханбердин, Дәрі — дауа.).

БЕЙТАРАПТАНДЫРУ е т. 1. *Бейтараптандыр етістігінің қимыл атауы.* Тернер градусы 100 миллилитр сүтті *бейтараптандыруға* кететін дециномалды сілті ертіндісінің миллилитр мөлшерімен алғандағы санын көрсетеді (С. Сейітов, Сүт өнд.). 2. С а я с и. *Қандай да болсын бір таптың және қоғамдық топтың басқа таптар мен топтардың шешуші соқтығуларына қатыспауына бағытталған саясат.* Октябрь революциясы дәуірінде буржуазия мен пролетариаттың арасында солқылдақтық жасаған орташаларды *бейтараптандыру* саясатын жүзеге асырды (Саяси сөздік).

БЕЙТАРАПТЫҚ з а т. 1. *Қалыс болушылық, ешкімге қосылмаушылық.* Варшава договоры одағын біз тұрақты одақ деп санаймыз. Сөйтіп *бейтараптықты* талап етушілікке батыл қарсы шығамыз («Қаз. мұғ.»). Осыны баққан қулар алысқан көздерден ұшқын түсіп, өрт шықпасын деген оймен әңгіменің бетін *бейтараптыққа* бұрып, тосын старшыннан оны-мұны сұрасып жатты («Лен. жас»). 2. *Енжарлық, селқостық.* Ал мен бейқамдық, *бейтараптықты* пасықтық деп бағалаймын (С. Еркебаев, Алғашқы адым). Мен иығымды қысып, *бейтараптық* пейіл білдірдім. Екеуміз де ештеңе дегеніміз жоқ (Ә. Омарбаев, Кәрлен кесе).

БЕЙТАРАПТЫЛЫҚ з а т. с ө й л. *Бейтараптық.* Буржуазиялық идеологияға, антикоммунизмге қарсы күресте *бейтараптылық* жоқ және болуы да мүмкін емес («Соц. Қаз.»).

БЕЙТӘРТІП и р. а р. с ы н. 1. *Әдепсіз, тәртіпсіз, тәлім-тәрбиесіз.* Жеріңнің жайын айтайын, Күн төбеге келгенде, Ыстыққа миың қайнаған. Сонша неге мақтадың. *Бейтәртіп* өскен еліңді (Айтыс). 2. *Қалай болса солай, ретсіз.* Кенет көрші клетканың теріскей жағынан ашық алқаптан көк түтін көрінбегенде, мен *бейтәртіп* бұлттарға қіжіне берер ме едім, кім білсін (Ш. Мұртазаев, Табыл. теңіз).

БЕЙУАДА з а т. к і т а б. *Уәдесіз, тұрақсыз.* Қос жұртым жауыз дұға қылар маған, Болған соң пиғылым көпке ұнамаған. Қалыпқа *бейуада* халық үйренген соң, Тағы да опа қылман жаным саған (Үш ғасыр.).

БЕЙУАЗ и р. с ы н. *Жазықсыз, күнәсыз, айыпсыз. Бейуаз* адамды неге өлтірттің, мен сенімен дос болмаймын,— дейді Төлепберген қызға (Бозінген). Мұнша бейнет мойнымда, Тәңірі, саған не жаздым? Арылмаған сорыма Мен сықылды *бейуаздың?* (І. Жансүгіров, Шығ.). Битке тәні, байға жаны құл болған, Өмірі өксіп, үміті өшіп тұл болған. *Бейуаздардың* көңіліне күн беріп, Біздің еңбек жауыздарға түн болған (И. Байзақов, Шығ.).

БЕЙУАЙЫМДЫҚ с ы н. *Уайымсыздық, қайғысыздық.* Демек, мидың астыңғы күмбезіндегі тіршілік орталықтары өз «бостандығын» ала бастайды. Міне, қош көңілділік, жайбарақаттық, *бейуайымдық,* мылжыңдық осылай басталады («Лен. жас»).

БЕЙУАҚ с ы н. 1. *Мезгілсіз, уақытсыз.* Оның *бейуақта* жүруінде бір сұмдық сыр бар. Бүгін мына қара түнек түнмен бірге бір үйге қара пәле кіргелі тұр (Қ. Сатыбалдин, Қараторғай). Бұның тықырын естіп шошып кетіп, *бейуақта* айдалада жаяу-жалпылап жүрген бұл нағылған адам деп жүрегі жарылып кетсе қайтпек? (Ә. Кекілбаев, Дала баллад.). 2. *Кешкі уақыт, апақ-сапақ кез. Бейуақ* еді. Кеш қараңғылығы қоюланып келеді (М. Әуезов, Шығ.). Киіз үйдің іргесін түрген, шаңырағы ашық, *бейуақ* болса да әлі жабылмаған (З. Шашкин, Өмір тынысы). Сай-сала, ойпат жазықтар лезде қара барқын тартып, айнала бір момақан түске енді. Тым-тырыс *бейуақ* (Қ. Жұмаділов, Көкейкесті). Әдетте қасқыр жорыққа қас қарая шығады. Сол *бейуақты* күтіп, Сандықтасқа Әміржан да барады. Күшіктер іннің аузында секіріп, ойнап жүр екен, аңшыны сезіп, жоқ болды (З. Шашкин, Өмір тынысы).

БЕЙУАҚТАЙ с ы н. *Кешкі мезгілдей, апақ-сапақ уақыттай.* Дүние-төңірек төңкеріліп бара жатқандай, басы айналып құлап кетердей, аққұба жүзі *б е й у а қ т а й* қарауытып, тілсіз, үнсіз сілейіп отырып қалған еді Сұлтанмахмұт (Д. Әбілев, Арман.). Күн көзі өмірде түспеген соң ұдайы *б е й у а қ т а й* күңгірттікке малынған (Ғ. Сыланов, Дең асқан).

БЕЙУАҚЫТ з а т. *Мезгілсіз бейуақ кез, шақ. Б е й у а қ ы т* болғандықтан ба, әлде жолдың жақындығынан ба, әйтеуір, шығарып салушылар тіптен аз еді (Т. Әлімқұлов, Ақбоз ат). Кеш. *Б е й у а қ ы т.* Дәлірек айтқанда осы жылдың 28 январы («Лен. жас»). Бұл кім *б е й у а қ ы т т а* жүрген. Раскольников емес пе? Алмас есік ашуға бара жатты (З. Қабдолов, Өмір ұшқыны).

БЕЙХАБАР и р. а р. с ы н. *Хабарсыз, мәліметсіз, хабары жоқ.* Мұндағы шаруадан *б е й х а б а р* Имаш енді колхоз орталығына асыға-аптыға жеткен-ді (С. Алдабергенов, Асу). — Бақытжаннан хат бар ма? Оның да *б е й х а б а р* екенін сезді Бейсен (М. Дүйсенов, Гүлжан.). Сенатта Таяу Азия елдерінің мәселелеріне маманданғанымен, ол жер-жердегі істердің мән-жайынан *б е й х а б а р* болатын (А. Сатаев, Дала.).

БЕЙХАБАРЛЫҚ з а т. *Еш нәрседен хабары жоқтық, хабарсыздық.* Ол *б е й х а б а р л ы қ қ а* шыдай алмады (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.). Сүгірәлин мен Оразов жолдастар кінәлі десек, екіншіден, қой бағудан *б е й х а б а р л ы ғ ы н* біле тұра оларды бірден аға шопандыққа күмп еткізген совхоз басшылары да айыпты («Лен. жас»). Мұндай *б е й х а б а р л ы қ т а н* № 1 қазақ орта мектебі де құр емес (Бұл да).

БЕЙХОШ и р. с ы н. *Бей-жай, көңілінің хошы жоқ.* «Қап» пен «бе», бір әріп пе? Біз білмейміз, Таптыңыз қандай нұсқа, қай мазһаптан? Болмаса, бипарасат сөзіңіз бе, Пиуа іші, *б е й х о ш* болып тұрғандықтан (Айтыс).

БЕЙШАРА и р. с ы н. *Байғұс, мүсәпір, шарасыз, бейбақ.* Шыдап тұра алмай, *б е й ш а р а* ана қалтырап шаршаң басып шығып кетті (С. Сейфуллин, Әңгім.). Көз жасымен арбай-арбай, Көндірді анам; не шара? Кетті Таняң зарлай-зарлай, Қайтсін көнбей, *б е й ш а р а* (І. Жансүгіров, Шығ.). Мендей сорлы *б е й ш а р а* Іші жанып өртеніп, Тұра ала ма қалаға?! Шырын шекер бал татқан (Батырлар жыры). Құдайдан сұра, құдайдан тіле, бейбақ — *б е й ш а р а.* Су әкеліңдер, су!— деді ол (А. Сатаев, Дала.). ◆ **Бейшара болды.** *Сорлады, мүсәпір болды.* Ақынның көрі көзі жыпықтап, *б е й ш а р а б о л д ы* да қалды (Ғ. Мүсірепов, Шығ.).

БЕЙШАРАЛАН е т. *Байғұс болу, сорлану, мүсәпір болу, шарасыздану.* Байғұстың даусы да бір түрлі *б е й ш а р а л а н ы п* шықты, қайрат, қарсылықтан жұрдай еді (Б. Соқпақбаев, Менің атым.).

БЕЙШАРАЛАНДЫР *Бейшаралан етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Е, неге тістемейсің? — дейді. Бетін *б е й ш а р а л а н д ы р ы п,* Байсейіт: — Қайтейін тістегенде, бұл тамақ бола ма — дейді (С. Сейфуллин, Тар жол.).

БЕЙШАРАЛАУ с ы н. *Нашарлау, кедейлеу.* Айналасы жүзге жетпейтін аспиранты бар бұл институт, шаруашылық жағынан *б е й ш а р а л а у* мекеме еді (С. Мұқанов, Өсу жол.).

БЕЙШАРАЛЫҚ з а т. *Сорлылық, мүсәпірлік, шарасыздық, байғұстық.* Бұл не қорлық, не масқара! Осыншама *б е й ш а р а л ы қ* әйел байғұстың пешенесіне жазылған ба?! (М. Дүйсенов, Гүлжан.). Бұл, әрине, менің *б е й ш а р а л ы ғ ы м.* Бірақ мен азғын емеспін (Ө. Қанахин, Ауыр күн.). Ашық айтылған сөзіме ғафу етіңіз. Өзіңіз ой жіберіп қараңызшы, мынандай сұлуларды тастап кету — шын *б е й ш а р а л ы қ* емес пе? — деді қыз офицерге (Ә. Әбішев, Найзағай).

БЕЙШЕҢ с ы н. ж е р г. *Бейпіл.* Сафин бір жағынан таңданып та отыр. Осыдан үш, бес, он жыл бұрын білетін Үкібайы, қырын келсе, қай мықтыңды да сілейтіп салатын ауызы *б е й ш е ң,* адуын болар еді (А. Сүлейменов, Бесін).

БЕЙЫНТЫМАҚ с ы н. с ө й л. *Ынтымақсыз.* Сонда да сұлу жауап жаздым нәтпіс, Ағаның айтпай сөзін *б е й ы н т ы м а қ.* Ауруды, өзің айтып, алдың тілеп, «Жігіт — құл жүрісінен» дегендейақ (Айтыс).

БЕЙІЛ з а т. *Пейіл, ниет, ықылас.* Бейбітшілік жағдаймен келген мырзаларға құрметті *б е й і л* көрсетеміз (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). Бұл күнде жат боп кеткен адамнан мен дәл мұндай жақын-

дық, дәл мұндай *бейіл* күтпеп едім (Б. Соқпақбаев, Бастан кешкен). О, алла! — деді пірәдар,— *бейіліңді* кеңге сал, Бименді, құтыл қойныңдағы сұр жыланнан (Ж. Молдағалиев, Сарыарқа).

БЕЙІЛДЕН е т. *Пейілдену, ықыластану.* Ораздың көзі томпақтау біткен әдемі қара торы жүзіне Аяжан *бейілдене* іш тартып қарайды (Б. Соқпақбаев, Аяжан). Ал Ақай шайды *бейілденіп* ішпеді. Оның негізгі себебі шаршап отырғандығы болатын (Ә. Нұршайықов, Батыр).

БЕЙІЛДЕНДІР *Бейілден етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Бұл өлең бернемен, еңіретпек, малға *бейілдендіріп.* үгіттеп тұр (С. Ерубаев, Шығ.).

БЕЙІЛДІ с ы н. *Пейілді.* Дегенмен, дастарқаны жаюлы *бейілді* үйде Дәрмен өзін жайлы сезінеді (Т. Әлімқұлов, Сейтек сарыны). Тіпті оразада ауыз ашуға арнап жүрген мейіз де *бейілді,* кемпірдің берекелі дастарқанына жетіпті (Х. Есенжанов, Ақ Жайық).

БЕЙІМ с ы н. 1. *Ыңғай, сыңай, икем, ебі бар.* Әдебиетті жақсы көрмейтін адам ілу-қағыл. Менің *бейімім* техника, бірақ романдарды да оқып тұрам (З. Шашкин, Өмір тынысы). Адам жаратылысында не нәрсеге *бейім,* не нәрсеге ыңғайы болса, соның соңына түскені дұрыс (Қ. Жұмалиев, Жайсаң жан.). Өмірге *бейімі* жоқ ашық ауыздың бірі болармын деген ойға келдім (Б. Соқпақбаев, Өлгендер.). Іске қолғабыс тигізуге *бейім* білдірген менің серіктеріме ауыл ақсақалдары: — Аққу көлге бола жаралған демекші, әуре боп қайтесіңдер,— деп әзілдейді (Ә. Көшімов, Лашын.). 2. *Ұқсас, ыңғай, сай.* Бахтияр башқұртқа *бейім* қара торылау келген Молланұрға тесіле қарады (М. Гумеров, Хазірет.). Дайындал барың болса, ақын інім, Көрерміз күшің болса жылға дейін. Бес жүзден Стаханов асып түсет, Ерлік күш еңбегіне туған *бейім* (Айтыс).

БЕЙІМДЕ е т. *Ыңғайлау, икемдеу, сәйкестеу.* Оспантай мен Қамза аңырып, бет-ауыздары жыбырлап, еріксіз күлкіге *бейімдеп* барады (Б. Майлин, Шығ.). Тоғайдан ағаш кесіп, оны шана табанына *бейімдеп* шауып, өзі жатқан Қаржау шалдың пешінің артына кептіруге сүйеп қойған (Д. Әбілев, Арман жолында). Олар оны еркелеткен тәрізденіп, өз тілдеріне *бейімдеп,* «Доса», «Досажан» деп атайды (Б. Соқпақбаев, Жекпежек).

БЕЙІМДЕГЕНСІ е т. *Икемдегенсу, ыңғайлағансу.* Осы әдістің біреуі байшылдардың ішінен Қошке, Жүсіпбек сықылдылардың «бұқарашыл» тон киіп, пролетариатқа *бейімдегенсіп* алдауы еді (С. Мұқанов, Өсу жол.).

БЕЙІМДЕЛ е т. 1. *Бейімде етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Ендігі кезекті Дәрмен айтуға *бейімделді* (М. Әуезов, Абай жолы). Бәрі де танкке қарсы шабуыл жасауға *бейімделген* он жеті жаңа өспірім жас жігіттер (Б. Момышұлы, Жауынгерлік тұлға). Ұтылар жағына, жеңілер жағына өзі *бейімделе* береді. Қатарға сонысымен қосылады, сонысымен азамат аталады (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). 2. *Төселу, көндігу, үйрену.* Мысалы, қараңғы бөлмеде көз қараңғыға үйренеді, біраздан кейін шамды жағып қалсақ көзіміз жарыққа үйрене алмайды, сөйтіп көз оған *бейімделгенше* біраз уақыт өтеді (М. Мұқанов, Бақылау). Олар еліміздің климатына *бейімделген,* суыққа төзімді және түгелімен тікенексіз кактустар болып шықты (Т. Таубаев, Жасыл әлем.). Организмі нәзік, өмірге әлі *бейімделмеген* алғашқы 3—4 аптада жас балаға ерекше бақылау, күтім керек (М. Әлжанова, Келелі кеңес). Зылиқа даланың жағдайына, малшының тіршілігіне тез-ақ *бейімделіп* алыпты (Н. Ғабдуллин, Сарғайған жапырақ). ◆ **Бейімделе бастады.** *Дағдыланды, үйрене, көндіге бастады, икемденді.* Қазақ байларының кейбіреулері жаңа жағдайларға *бейімделе бастады* (Қ. Нұрмаханов, Дос.). Төмен мен жоғарыға, бар мен жоққа бірте-бірте *бейімделе бастайтын* қасиеті бар (М. Сисекенов, Өкпе ауру.).

БЕЙІМДЕЛГЕНДІК з а т. 1. *Ыңғайланғандық, икемделгендік, оңтайланғандық.* Дарвин экспедиция кезінде организмдердің өздерін қоршаған орта жағдайына ғажап *бейімделгендігін,* организм құрылысының мақсатқа сәйкестігін аңғарды («Хал. мұғ.»). Бұл — қосаяқтың құмды шөл тіршілігіне *бейімделгендігін* көрсетеді (Х. Қыдырбаев..., Зиянкес кеміргіш). 2. *Үйренгендік, төселгендік.* Қазақ сиырының суыққа, аштыққа

өте төзімділігі шөп талғамай тез семіретіндігі Қазақстанның қатал табиғатына *бейімделгендігінің* айғағы (Х. Арғынбаев, Этногр. очерк).

БЕЙІМДЕЛГІШ с ы н. *Ыңғайға көнгіш, икемделгіш.* Клетка төмен температураға да *бейімделгіш* келеді. Бақаның аталық жыныс клеткалары нольден төменгі температурада көп уақытқа дейін тірі қалады (Қ. Нұрматжанов, Гистология). Дегенмен көптеген балықтар су ішіндегі жағдайға біркелкі *бейімделгіш* келеді (Т. Мұсақұлов, Аквариум.). Организм әдеттенген, үйренген жайын сақтауға *бейімделгіш* келеді («Лен. жас»).

БЕЙІМДЕЛГІШТІК з а т. *Ыңғайға көнгіштік, үйренгіштік.* Тірі дүниенің ішінде ең көп тарағаны микробтар. Бұл — олардың сыртқы ортаға тез арада *бейімделгіштігінен* (Н. Шоқанов, Микроорганизмдер).

БЕЙІМДЕЛУ *Бейімдел етістігінің қимыл атауы.* Осы ортаға *бейімделу* мақсаты Мария жүрегіне орнығып алды да, аландап әурелене бастады (Ж. Тілеков, Қайнар). Организмде суыққа *бейімделу* қабілеті пайда болуы жер шары климатының суықтыққа қарай өзгеруімен байланысты (Ж. Әбиев, Биология).

БЕЙІМДЕЛУШІЛІК з а т. *Ыңғайлануышылық, икемделушілік.* Қоректік заттары өсіп келе жатқан ұрықтың талабына сай болуынан және гүл құрылыстарындағы түрлі *бейімделушіліктерден* болуы керек (Т. Мұсақұлов, Ботаника). Сондықтан бұл факторларға *бейімделушілік* те аймақты-географиялық сипатта болады (Жалпы биология).

БЕЙІМДЕСТІК з а т. *Тілектестік, жақын көрушілік.* Авторлардың большевик образына баса зер салмауы — картинадағы елеулі кемшілік.— Жамбыл қамауда отырғанда Власов оған *бейімдестік* білдіреді, болашақ қазақ большевигі де сонда келіп кетті (Ғ. Мүсірепов, Суреткер.).

БЕЙІМДЕТ *Бейімде етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Дәл осы совхозды соған *бейімдеткен* екен ғалым. Ал жастардың оқып, білім алуына оның тигізген пайдасы ұшан-теңіз (С. Хайдаров, Азамат.).

БЕЙІМДЕУ[1] *Бейімде етістігінің қимыл атауы.* Кемпірдің бұдан кейінгі сөздерінің бәрі ымырашылдық, бітімге *бейімдеу* секілденіп шығып, «осыларды үркітіп алған жоқпын ба» — деп Қайша да қысылып қалды (Б. Майлин, Азамат.). Оның суретке *бейімдеуіне* ағасы Николай Чехов әсер етіп, жақсы-жақсы суреттер сала бастауына осы үйдің өзгеше достарының бірі Левитан жетекшілік жасаған (Ә. Нұршайықов, Алтын.).

БЕЙІМДЕУ[2] с ы н. *Ұқсастау, жуықтау, жақындау.* Бөріктен басқа киімі орысшаға *бейімдеу*. Бұл — Мырзатай деген жігіт (Б. Майлин, Шығ.). Ақша қымбат сен үшін намыстан да, Жетіп жүрсің жанжалмен табыстарға. Ғылымнан да байқаймын *бейімдеусің*, Банкеттерде өтетін соғыстарға (Ә. Тәжібаев, Өленд.) Сатымбеттің бетінен қайтпайтынын, әрі кедейлерге *бейімдеу* жүргенін білетін Ақшолақ енді-енді ғана тілі орамға келгендей (К. Оразалин, Көктем.).

БЕЙІМДІ с ы н. 1. *Ыңғайлы, икемді, оңтайлы.* Өсімдіктер әлемінде әр түрлі ортада өмір сүруге *бейімділері* — төмен сатылылар (Т. Таубаев, Жасыл әлем.). 2. *Қабілетті, іскер.* Мақал-мәтел поэтикасын зерттеуге *бейімді* адам осы бір асыл сөздерді есті, оқи жүре, ел ішінен тере жүре, аудара жүре шумақ жүйелерін жадында тұтады (М. Әлімбаев, Өрнекті сөз.). Абзалы, мектептердегі сурет сабағын қолынан өнер келетін, *бейімді* мұғалімдерге тапсырған жемісті болар еді («Қазақст. мұғ.»).

БЕЙІМДІК з а т. с ө й л. Бейімділік. Оның бұл *бейімдігін* байқаған шахта басшылары техника хауіпсіздігін үйрететін курсқа жібереді (Ж. Өмірбеков, Замандас.). Олар мамандықты, белгілі бір іске *бейімдікті*, мектеп қабырғасында жүріп үйренеді (К. Смайылов, Мамандық).

БЕЙІМДІЛІК з а т. 1. *Икемділік, ыңғайлылық.* Әрбір адамның әр нәрсеге өз икемі, қабілеті, соған *бейімділігі* болады дегені рас қой деймін (С. Бақбергенов, Алтын.). Ойын тәртібі деп командаңның алаңға шығар негізгі алты ойыншысының жеке шеберлігіне, олардың *бей-*

імділігіне қарай ойын кезіндегі атқаратын міндеттерді бөліп орналастыруды айтады («Спорт»). Бұлардың жаңа жерге, жаңа жағдайға *бейімділігі* түрліше болды (Д. Керімбаев, Жылқы.). 2. *Қабілеттілік, іскерлік,ептілік.* Шоқанның ғылыми жұмысқа *бейімділігін* корпус бастықтары да көрген (М. Ақынжанов, Қаз. ағартушы.). Баймағамбеттің өлең шығаруға *бейімділігі* он жасынан байқалған сияқты (С. Мұқанов, Өсу жол.). Күлэштың искусствоға *бейімділігін* ең алғаш халық артисі Серке Қожамқұлов байқайды (С. Мұқанов, Саяхат.).

БЕЙІМДІРЕК с ы н. *Епті рек, икемді рек, ыңғайлырақ.* Жолаушы шертер сырын кейінірек Болсам да өзім соған *бейімді рек.* Бөгелдім бөлмейін деп бұл сапарын, Келеді оны өзге пейіл билеп (Қ. Бекхожин, Дала комисс.). Өз басым «Алыстан жеткен сарынды» аңыз әңгіме деуден гөрі тарихи әңгіме деуге *бейімді рекпін* («Қаз. әдеб.»).

БЕЙІМСІЗ с ы н. 1. *Икемсіз, епсіз.* Күйі төмендеп, панасыз қысқы далада тебінге *бейімсіздерін* алдын ала байқап, күтімге қойғызады (Ж. Орманбаев, Қос басшы). [Болат]. Сонда менің іске *бейімсіз,* шалағайлығымның себебі белгілі болмақ. Менің әкем Алматыда жауапты қызметте істеп келеді (М. Ғабдуллин, Сұрапыл.). 2. *Келіссіз, жөнсіз, ретсіз. Бейімсіз* байлық сүймес, бекер ерді, Езіліп қол кіріндей кете берді. Қалтасы тек жүргеннің тесік деген, Жоқшылық жанамалап жете берді (Ө. Тұрманжанов, Бозша.).

БЕЙІМСІЗДІК з а т. *Икемсіздік, епсіздік.* Әйтсе де іс үстінде қайсыбір мамандардың таңдаған кәсібі саласында икемсіздігі, *бейімсіздігі* байқалып жүр («Лен. жас»).

БЕЙІМІРЕК с ы н. с ө й л. **Бейімдірек.** Бертін келе Меруерттің көркем сөз оқуға *бейімірек* екені байқалып, ол осы жолға түсті («Қаз. әдеб.»). Жә, болсын жатаққа үйі *бейімірек,* Сенен шын мұндағылар бейілдірек! Шашты ағай жұбатады жеңгемізді: — Налыма, берер кең үй кейінірек! (Э. Сәрсенбаев, Жазылм. кітап).

БЕЙІН з а т. с ө й л. **Бейне.** Зеңгер тау — *бейін* күмбез қиырдағы, Тегістік, әділдіктің биік тағы, Көздеген еңбек табы жету үшін, Әлемге тегіс жайлы бағытбағы (С. Сейфуллин, Шығ.).

БЕЙІНСІЗ с ы н. с ө й л. **Бейнесіз.** Бұл сөзге сәулем не деп айтар екен, Дүниеде бір *бейінсіз* сайқал екен. Күн түскен күзгі шептің мысалындай Махаббат базары сүйтіп тарқар екен (XVIII—XIX ғ. қаз. ақын.).

БЕЙІС з а т. *Бейіш.* Жаным-ау, Әйгерімнің үні, осы қызыл көмейінің үні ме, жоқ *бейіс* үні ме? (М. Әуезов, Абай жолы). Ораза, намаз болмаса, *бейісті* қайдан көресің, Ұл мен қызың болмаса, кейісті қайдан көресің (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.). Ұлбике-ау, мен де білдім бұл ісіңді, Ұжмақ пенен *бейістен* елесіңді. Бабамыз Әзіретәлі оқ атыпты, Қоймаймын қыз дұшпанға күлісімді (Айтыс).

БЕЙІТ а р. з а т. *Өлген адамды жерлейтін орын, мола.* Обаның төбесіндегі Омаға — Жамантай *бейіті* еді (Б. Майлин, Шығ.). Қодар мен Қамқа екеуі ақырын аяңдап *бейіт* басына келді (М. Әуезов, Шығ.). Тек машина Сұлтанмахмұт *бейітінің* жанынан өтіп, көл жиегіндегі қыраттың үстінен өрлеп отарға қарай тура тартты (З. Шашкин, Сенім). Сондай-ақ марқұмға *бейіт* соғу, ескерткіш орнату, құлпы тас қою да ежелгі жақсы ғұрыптардың бірі («Лен. жас»).

БЕЙІШ и р. з а т. 1. *Жұмақ, ұжмақ, жәннат.* Жаратқанның бар ма екен көрген нұрын, Нұрды көрген *бейіштен* алады орын. Қожеке сен ол сөзді білмей айттың, Жаратқаны бар дейді онан бұрын (Айтыс). Намаз оқып, ораза тұтқанның бәрі *бейішке* бөгетсіз кіре бермейді (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). 2. Ауыс. *Жанға жайлы мекен-жай.* Мына Алматыны қалай қиып кетіп барасың? Қарашы, тұрған бойы *бейіш* емес пе? (Қ. Жұмәділов, Көкейкесті). Бізде тау жайлаулары көп қой. Соның ішінде ең көріктісі — Сусамыр, ол нағыз жер *бейіші* (Т. Нұртазин, Адам.). Талдысу жер *бейіші* тауда тұрған, Күніне бір жасайды онда туған. Қымызы мәйегі уыз ішкен мас боп, Дертіне суы шипа, бетін жуған (А. Тоқмағамбетов, Өмір.). ◆ **Бейішке айналдырды.** *Аса керемет, өте мықты етіп көрсетті.*— Жазушы өмірді боямалап көрсеткен, соғыстан соңғы қиыншылық ескермей, колхозды *бейішке айналдырып* жіберген,— деп соқты (Қ. Жұмәді-

лов, Көкейкесті). Бейішке бөленген. *Рахатқа кенелген.* Не деген әсем жер еді, Желегі толған жеміске. Не деген бақытты ел еді, *Бөленген* мұнша *бейішке* (А. Тоқмағамбетов, Өмір.).

БЕК[1] з а т. т а р. *Феодалдық қоғамдағы үстем тап өкілі, ел билеген әкім, хан тұқымы.* Олардың басында дархандар, тайпа басында *бектер* тұрды (ҚазССР тарихи). Бұл штаттың әмір иесі барлық *бектер* (М. Әуезов, Индия очерк.). Жалын жұтып, тас шайнап талай ердің, Ханмен, *бекпен* күресіп өлгені анық. Алмас қылыш, ақ семсер, көк сүңгінің, Хан алдаса батырдың көнгені анық (И. Байзақов, Шығ.). Соншама қыруар малға тек бай, *бек,* сұлтан, ақ сүйектер ғана ие болған-ды (Тарту).

БЕК[2] с ы н. 1. *Бекем, мықты, берік.* Сөйлескенде *бек* сөйлесем!.. деп, Майбасар сөзінің құпиясын молайта берді (М. Әуезов, Шығ.). Басына жүген киген соң, Ер тоқымын салған соң, Тес айылын бос тартты, Артқы айылын *бек* тартты (Батырлар жыры). Ассалаумағалайкүм көп жігіттер, Сайланған бәрің бірдей *бек* жігіттер, Сайланып шыға қапсыз тобыңызбен Сөйлей тұр сөзің болса, ей жігіттер (Қыз Жібек). 2. Ү с т. *Өте, тым, аса, тіпті.* Ағайын *бек* көп, Айтамын ептеп, Сөзімді ұғар елім жоқ (Абай). *Бек* жақсы, бірақ әуелі бетімнен сүйші! (М. Әуезов, Шығ.). *Бек* әйбәт! — деді қыз күлімсіреп.— Қай жақтан келе жатырсыз? (Н. Ғабдуллин, Қызық дәурен). Қысқасы Бибіге Бибіханым аталуы *бек* ұнаушы еді (Р. Әутәліпов, Алты.). Жөнелді екеу ара киікті алып, Қарады қошеметтен көрген халық. Көңілі екеуінің *бек* шат болды Алдына атасының алып барып (Қ. Жапсарбаев, Өленд.).

БЕКАС з а т. *Сазды жерде мекендейтін ұзын тұмсықты құс.* Бөдене, *бекас,* балшықшыларға № 7-8 бытыра, үйрекке № 4-5, қаз-дуадаққа № 2-3 бытыра пайдаланылады (Ш. Айманов, Қыран).

БЕКБИКЕ: **белгілі бекбике.** *Аты шулы, әйгілі.* Ал, Мүсірәлі болса, бұрынғы *белгілі бекбике,* бүгінде озық шопан (Т. Әлімқұлов, Ақбоз ат).

БЕКЕМ с ы н. *Берік, мықты, нық, мығым, қатты.* Іргесін *бекем* қондырған Берекелі ел болдық. Жауының жүзін солдырған, Келелі шалқар кең болдық (Б. Майлин, Шығ.). Бекенді қыз *бекем* сүйді? Сүймесе қойсын, Малы тиді (І. Жансүгіров, Шығ.). Дін жолын *бекем* ұстауды үлгі етемін деп, Құнанбай аға сұлтан боп тұрған күнінде Қарқаралы қаласында мешіт салдырған (М. Әуезов, Әр жыл.). Надя іштей бір нәрсеге қатты бекінген жан сияқты, тым қатал, суық. Қара тастай *бекем,* мығым (З. Қабдолов, Жалын). ◆ **Белді бекем буды [байлады].** *Тәуекелге бел байлады, нар тәуекел етті.* Табиғат өзгеше боп туған едім, *Белімді* тастан *бекем буған* едім. Халықтың қорлық көрген туын ұстап, Әділдік жолын іздеп құған едім (С. Сейфуллин, Шығ.). Келін кеше кетем депті, *Белді будым бекем* депті, Байсымағы бірдеме айтса, Оны келін көтермепті (Б. Майлин, Шығ.). *Белді бекем буайық.* Төлебай екеуің жассыңдар ғой, аяқ-қолдарың жеңіл, Көкшетауға аттаныңдар, Нұржанға ас апарып беріңдер (С. Мұқанов, Шығ.).

БЕКЕМДЕ е т. *Мықтау, нықтау, мығымдау.* Керегеңді кеуделет, Тарта байла таңғышын. Белбеуіңді *бекемде.* Беленді жердің желі жын (І. Жансүгіров, Шығ.). Аудандық комитет партия ұйымдарындағы мұндай босаң буындарды *бекемдеп* отыруды үнемі назарда ұстап, шаралар белгілеп келеді («Соц. Қаз.»).

БЕКЕМДЕЛ *Бекемде етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Ажар Нұртай туғалы, бұрынғыдан да *бекемделе* түсті (Ә. Кекілбаев, Бір шөкім.). Оқ даусы тынып кешке, көтерді елді, Біреу жылап, біреулер *бекемделді.* Екі жігіт көтеріп, қан сорғалап, Ұрыстан жараланып әкем келді (К. Тастайбеков, Өленд.).

БЕКЕМДЕН *Бекемде етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Сезінген сайын сол бір майда демнен денесіне күш тарағандай болып, рульдегі қолы *бекемдене* берді (Ж. Жұмақанов, Екі жол).

БЕКЕМДЕУ с ы н. *Мықтылау, қаттырақ, нығырақ.* Етегіңді шалбарыңа сал да, белінді *бекемдеу* буын (С. Алдабергенов, Асу).

БЕКЕМДІК з а т. *Мықтылық, беріктік, қаттылық, нықтық.* Тек киімді қала салтымен киіпті. Бірақ сөзінде үлкен сенім, берік *бекемдік* бар («Лен. жас»). Қарт палуанның өңінен байсалдылық, тастай түйілген *бекемдік* байқалады

(М. Тәнекеев, Қажымұқан). Қазақ әйелінің қандайды да күйеуінің ыңғайынан бұра тартып кете алмайтынын білетін оған, мынау *бекемдік* — үлкен батылдық, ғаламат бір қайсарлық сияқтанды (М. Сүндетов, Ескекспі.).

БЕКЕР үс т. 1. *Босқа, текке, әншейін, жайдан-жай.* Білгенге маржан, Білмеске арзан, Надандар бәһра ала алмас, Қиналма *бекер* тіл мен жақ, Көңілсіз құлақ — ойға олақ (Абай). *Бекер* барғансың,— деп ренжіді ол әкесіне,— бұрынғы «қазақшылық», рушылдық қазір адыра қалған (С. Мұқанов, Өмір мектебі). Шіркін, тыныш жүргенге не жетсін! «Тек жүрсең тоқ жүресің, домаланып көп жүресің» деп аталарымыз *бекер* айтпаған ғой (Б. Қыдырбекұлы, Шойынқұлақ). Көзіңнің оты бар. Қас-қабағың да сол Нүрекеңе келіңкірейді. «Жаман да болса ұлың зор тусын» деп қазақ *бекер* айтқан ба? (Қ. Жұмәділов, Көкейкесті). Мен қасымыздағы кісіден қымсынғандай болып едім, оным *бекер* екен (Ж. Жұмақанов, Жазылм. кітап). «Апырау, *бекер* болғай-ақ та» — деп күбірледі Жәния. Саян құлағы еленден қалды (С. Шаймерденов, Мінез). 2. *Жалған, өтірік. Бекер!* Жәукеден «бұзылған» қыз тумайды! Жәукенің қызы — үлгілі қыз болады! (Б. Майлин, Шығ.). Үйлері іншік еді, шағаладай ақ қала, мына сияқты көркем клубтар жасалған. *Бекер* ме осы? (Ғ. Мұстафин, Киырма бес). Осы сөзі *бекер* де артық. Фактіні жеткізіп қана қоюы керек еді (З. Шашкин, Сенім). *Бекер,* ән мен туралы емес. Күрішші болған жастар туралы. Мұқалмас жігері бар соларды жырлайды,— дедім (Ы. Жақаев, Менің бақытым). ◆ **Бекер босқа [бекер бос].** *Тектен-текке, жайдан-жайға.* Қатерді енді өзіңіз түйесіз де, Шабылып *бекер босқа* күйесіз бе? Осынша ел шабысын кете барса, Тимей ме талай таяқ күнәсізге? (І. Жансүгіров, Өленд.). Төлеген сонда сөйлейді: «*Бекер босқа,* шешеке-ау, Көзіңнің жасын бұлама!» (Қыз Жібек). Ешкі айтты сонда: қасқыр дос! Өз тамағың көздеген. Қамқорсыма *бекер бос* Жалған бекер сөзбенен (Ө. Тұрманжанов, Қарлығаш). **Құр бекер.** *Бостан-бос, тектен-тек.* «Қап, асығыстық істеген екенсің, құпия сырыңды ағатайыма әзірше айтпайақ қоя тұрсаң да болатын еді ғой» — дегісі келіп, оңтайлана берді де, өтіп кеткен іске *құр бекер* өкіндіріп, опық жегізгенде қайтем деп іркіліп қалды (С. Омаров, Дала қызы).

БЕКЕРГЕ үс т. *Босқа, текке, әншейін, жайдан-жай.* Сен *бекерге* күлесің! — деді жиналып келген «контора» кеткен соң бригадир маған: — Ерденнің мінезін білмеуші ме едің (З. Шашкин, Өмір тынысы). Неге, пайдасы болмаса *бекерге* біреудің аманатын ала ма? — деді Тәжи (І. Жансүгіров, Шығ.). Бірнеше күннен бері *бекерге* үңірейіп бос тұрған шахты алдына бір топ жұмысшы жиналды (С. Мұқанов, Шығ.). Нұрбай қу сөзді сапырып, жоғары орынды *бекерге* адастырып жүр (Т. Нұртазин, Мұрат).

БЕКЕРДЕЙ с ы н. *Босқа, текке, жайдан-жай сияқты.* Сен болмасаң, дүние Мені жаншып кетердей, Мен болмасам кім ие, Саған өмір *бекердей* (Ғ. Қайырбеков, Алтын бесік).

БЕКЕРДЕН-БЕКЕР үс т. *Бостан-босқа, жайдан-жай, тегіннен-тегін.* Көп әндерде ылғи бір алып ұшпа сезім, «күйдім, жандым», *бекерден-бекер* тамсану, бостан-босқа күйзелу бар. («Қаз. әдеб.»). Бәлкім, қыздар бұл сәт ештеңе түсінбей *бекерден-бекер* мәз болысып отырған жігіттерге күліп жатыр ма еді?! («Лен. жас»). Мәдекең жиналыста теріс бақпайды. Кісіні ол *бекерден-бекер* қаралайтын адам емес! (Р. Райымқұлов, Бұрылыс.).

БЕКЕРЛІК з а т. *Бұрыстық, терістік, қателік.* «*Бекерлік* екен менің бұл ісім» деп, Қолын алып жұртына қайта көшті (Абай). Телефон мен хатқа жауап қайырды. «Жалғыздық құртады» деп уайымдағанының *бекерлігіне* енді көзі жетті («Қаз. әдеб.»).

БЕКЕРШІЛІК с ы н. 1. *Қателік, терістік, бос әурешілдік.* Киіз үйді балтамен шауып, оп-оңай жасай саламын деу *бекершілік* («Лен. жас»). Оқуды мойныма бұғалық түскендей көріп едім. Оның бәрі *бекершілік* екен (Б. Соқпақбаев, Бастан кеш.). 2. *Орынсыздық, оғаштық, жалғандық.* Жексенбілік жайлы біздің хабарымыз жоқ, біріншіден, екіншіден, кеше мектеп директоры келіп, мектеп үйін жөндеуге қол ұшын беруімізді өтінген еді. Бұл жерде бізді кіналауың *бекершілік* («Лен. жас»). Үн-түнсіз, тіпті қоштаспастан кеткенім *бекершілік* болды ма? (М. Дүйсенов, Гүл-

жан.). Әлде мені қарақшы көретін қорқынышты ойдан әлі де құтыла алмай тұрсыз ба? Оныңыз *бекершілік* (Ә. Әбішев, Найзағай). Өйтіп *бекершілікке* барма, Әлібек! Шіліктінің түпкі иелігі сен білетіннен әріде (Д. Әбілев, Арман.). Бұл күдікті ойлардың бәрі *бекершілік* боп шықты. Олар біздің қасымызға күлімсіреп келіп, жылы құшаққа баурап алғандай болды («Қаз. әдеб.»). Ойын-тойда құрбылары мақтағанға масаттанып, өзінше әншімін деп жүруші еді. Онысы *бекершілік* екен (Қ. Сатыбалдин, Қараторғай).

БЕКЕТ з а т. т а р. *Жүргіншілер, жолаушылар аялдайтын орын.* Жабай осы арадан екі шақырымдай жердегі *бекетке* жаяу тартты (Ғ. Мүсірепов, Таңд. шығ.). Сұлтанмахмұттың почтамен жүретін болғанын естіп-біліпті де, Жарқынбай Кереку-Баян қара жолы *бекеттеріне* адамдар аттандырыпты (Д. Әбілев, Ақын арманы). Торғайға қарай жүретін үлкен қара жолмен Ырғыздан шығып келе жатырмыз, жетпіс шақырымдай жер кеткенде алдымызда мұнарланып *бекет* көрінді (С. Шарипов, Бекболат).

БЕКЕТТЕЙ с ы н. *Бекет сияқты.* Ауапарткомның бәрі де тоғыз жолдың торабы түйіскен *бекеттей* болады (С. Бердіқұлов, Егеулі найза).

БЕКЕТТІ с ы н. *Бекеті бар.*

БЕКЕТТІК с ы н. *Бекетке тән.*

БЕКЕТШІ з а т. *Бекет ұстаушы, бекет басының тұрғыны.* Осы кезде *бекетші* «ананы көрдің бе?» дегендей Олжабекке жалтақтап, көтеріліңкіреп қайта басылды (К. Оразалин, Көктем.). Таудағы асуларда ғана аз үйлік жол қараушылар, *бекетшілер* болады, жалпы жұрт болмайды (Б. Соқпақбаев, Өлгендер.). Жазушы бас кейіпкерлерін жолшыбай *бекетшінің* үйінде таныстырды («Қаз. әдеб».).

БЕКЗАДА з а т. т а р. *Тегі, жаратылысы артық саналушылар, ақсүйек тұқымы.* Өзі де, аты да *бекзада* емес, кәдімгі көптің бірі, ауылдағы, тек мал басындағы шаруаның баласы (Б. Момышұлы, Жауынгер.). Қыстың күні еді. Үйде сол күні қасқыр қуып, аттары болдырып қалған бір-екі *бекзадалар* да бар болатын (І. Есенберлин, Қаһар). Қиянатшыл сұмдардың, Сонда-ақ сыры білінген, Ханзада мен *бекзада,* Ханға жақын бай зада (И. Байзақов, Шығ.).

БЕКЗАДАЛЫҚ з а т. *Ақсүйекке тән қасиет.* Мәселен, ақсүйектің абырой түсінігі оның *бекзадалығына* сәйкес келуі керек (Ә. Бәженов, Дүниеге көзқ.).

БЕКЗАТ з а т. т а р. 1. *Бек-сұлтан әулетінің тұқымы, бекзада.* Текті, *бекзат* делінетіндер Тұрсынның басынан әлі де аса қарайды. Шаш қойып, бірсыдырғы тәуір киінгені болмаса, мұнда жөнді дүние-мүлік жоқ (Ә. Көшімов, Лашын.). Әйгілі бір тайпы елдің ақ Танасын Алдында талай *бекзат* иген басын. Жортуыл, жорық күнде сүйіп алғам, Ер досы, ер ақылы жан жолдасым (С. Камалов, Әңгім.). 2. А у ы с. *Қасиетті, асыл.* Ақ киіз қыз отауы қызылжасыл, Отаудың іші-тысы бәрі де асыл. Ішінде қыз-келіншек басын қосқан, Отырған ортасында *бекзат* нәсіл (Үш ғасыр.). Не деген *бекзат* мінез, қандай аяулы адам, оған мұншама азапты үйе салған тағдыр қандай қатал (З. Шүкіров, Ізгілік изд.).

БЕКЗАТТЫҚ з а т. *Ақсүйектік, бекзадалық.* «Бәсе, бұлардың тұқымдарында бір *бекзаттық* бар» — деп ойлады Жәнібек разы болып (Қ. Жұмаділов, Көкейкесті).

БЕКСІ е т. э к с п р. *Ақсүйек, бекзада болғансу.* Арғы тегі қарадан болса да, оның ел жуандарына еліктеп, *бексіп* жүрген жайы бар (Ауызекі тіл).

БЕКСІН *Бексі етістігінен жасалған өздік етіс.* Белін бекем буысам, *Бексінген* қоңыр қанқордан Бердендер кегін қуысам (Манас).

БЕКТЕ е т. т а р. *Мықтап орнығу, тұрақтау.* Бектікті біреу *бектеп* тұра алмай жүр, О дағы ұры-қарды тыя алмай жүр. Қарсылық күнде қылған телі-тентек, Жаза тартып ешбірі сұралмай жүр (Абай, Шығ.).

БЕКТЕУ с ы н. *Бексымақ, төресымақ.* Келген қонақтардың ішінен *бектеу* біреуі сөзді бірінші боп бастап кетті (Ауызекі тіл).

БЕКТІК з а т. *Бекке қатысы бар, бекке тән қасиет.* Екі жастың қуаныштары қойындарына сыймайды. Зікірияда *бектік* жоқ, Айшада кемтік жоқ (С. Шарипов, Бекболат). Бұл сөзім көп сөзімен

дұрыс келді, Білдірдім білмей жүрген жұмысты енді. Байлығың, *бектігіңмен* үзілмеген, Қанайдың, аманбысың, Ырысбегі (Айтыс).

БЕКУ *Бекі етістігінің қимыл атауы.* Енді ойласақ: не қалды, Ата жұрттан кету бар. Жолға тігіп не жанды, Тәуекелге *беку* бар (Жамбыл, Шығ.). Суда өмір сүретін өсімдіктерде тамыр болғанымен, ол қоректену қызметін атқармай, су түбіне *беку* үшін ғана қызмет етеді (Т. Таубаев, Жасыл әлем.).

БЕКУЛІ с ы н. с ө й л. Бекітулі. Біреуде секілді, Байлаулы, *бекулі,* Өмірім түйіні (Б. Істөлин, Шығ.).

БЕКШЕ ү с т. *Бекке ұқсас, бек тәрізді.* Ызғарында ызғырықтай бізге өткіздің, Балқыда ұры Досан, бай Көшекше. Отырып еріккенде сөз жазыпсың, Еске алып ел намысын патша, *бекше* (Айтыс).

БЕКШІЛ с ы н. *Устем тап жоғын жоқтайтын байшыл, төрешіл.* Ал, аламандықты алға ұстап жүрген мен емес, өзің сияқты қаратаяқтылар: ханшыл, *бекшіл,* төрешіл задалар (Х. Есенжанов, Ақ Жайық).

БЕКІ е т. 1. *Бекемделіп нығаю.* Одан бері совет әдебиетінің іргесі *бекіді,* інілер ер жетті, жолдастар көбейді (Ғ. Мүсірепов, Суреткер.). Сол достықтың *бекіген,* Діңгегісің, туысың. Мейірбан қамқор, пейлі кең, Ұлы орысым — туысым! (М. Әлімбаев, Құрбыма). 2. *Ашық емес, жабық болу.* Біраз күнді араға салып келгенімізде, кіре берістегі зіл қара қақпа енді қайтып ашылмастай боп *бекіп* қапты («Қаз. әдеб.»). 3. *Тамыры ұстау, орнығу.* Күріш тұқымын жай қатарлап сеуіп, сіңірудің артықшылығы мынада: күріш жерге жақсы *бекіп,* шашып сепкен егінге қарағанда едәуір аз жапырылады (М. Ерлепесов, Суармалы, егін.). Тамыр арқылы өсімдік топыраққа *бекиді,* қоректеніп көбейеді (Т. Таубаев, Жасыл әлем.). 4. *Бір тоқтамға келу, үйғару.* Өз кесесіндегі көк шай әлдеқашан суып қалды. Жөнейт соның бәрін көзінің астынан аңдыса отырды. Баласына бұл жолы да ештеңе демеске *бекіді* (Ә. Кекілбаев, Дала баллада.). Айныған жоқ ол қайта, Осы ойға берік *бекіді.* Намыстың отын лаулата, Үрлей түскен секілді (Ж. Молдағалиев, Поэм.). 5. *Нығайлы жерге жайғасып, қорғаныста болу.* Көпірдің жау жақ түбінде *бекіп,* Рота жатыр сонда еді Баубек (Д. Әбілев, Жүрек.). Жерінен Қазақстан еркін өтіп, Түбіне Москваның барды жетіп. Жоғары команданың бұйрығымен Жолында Волоколам алды *бекіп* (Қ. Жапсарбаев, Жайқоңыр). 6. А у ы с. *Күш жиып әлдену, қуаттанып ширау.* Шырағым, *бекі* енді, Қаншама бос болсаң да (Қ. Аманжолов, Шығ.). Жалғанды жалпағынан басып өтіп, Жасарып қайта туып алдым *бекіп* (Жамбыл, Шығ.). 7. А у ы с. *Шыңдалып, сомдалу.* Бұл екі творчествоға біз әнші Ермек Серкебаевтың орындау шеберлігін қоссақ, романс тұтастығы *беки* түседі (І. Омаров, Серпін). Ақынның жалпы білімі мен эстетикалық мәдениеті өскен сайын ақындық таланты да есейіп *беки* берді (М. Қаратаев, Туған әдеб.). 8. А у ы с. *Жоғарғы орындардың шешімімен құпталу, мақұлдану.* Қайыр Алжанов металлургия заводына директор боп, партияның 21 съезінен кейін *бекіген* жас кадрдың бірі (З. Шашкин, Теміртау). Тоқтаңыз, мүмкін Айдос Байсаловтың проектісі *бекіп,* көл емес, тіпті, теңіз жасалатын болар (Ә. Әбішев, Пьесалар).— Енді сол үлкен мектептің директоры болып *бекідің,* жағаңа түкіре бер,— деді Әріпхан Қоңыраттың оң қарынан сығымдап қойып (Р. Тоқтаров, Ертіс.). ◆ **Буыны бекіді.** *Ер жетті, есейді.* Жас төлдер балау шөптерді жеп тез жетіліп, Арқалықты асқанша *буыны бекіп,* есейіп қалатын (К. Оразалин, Ақ жазық). Әрине, *буыны бекіген* азаматсың. Жан-жағыңды, жүрер жолыңды өзің білесің. Ел танығаныңа, жер танығаныңа ешкім қарсы емес (Э. Сәрсенбаев, Сағым). **Буыны қатпады [қатты].** *Қабырғасы қатпады, өте жас болды. Буыны қатпаған...* он жасар Мұқан бір қап бидайды арбадан арқалап алып, қамбаға дейін апара беретін (М. Тәнекеев, Қажымұқан). **Бұғанасы бекімеген [бекіген].** *Буыны қатпаған, жас.* Буржуазияшыл ұлтшылдар жаңа ғана туған, бірақ *бұғанасы* әлі *бекімеген* өзбек совет әдебиетінің әрі дамуына барлық қастығын істеп бақты (Қ. Нұрмақанов, Дос лебізі). **Сөйтіп әке кәсібі «мұра» ретінде балаға көшіп, қабырғасы қатпаған, *бұғанасы бекімеген,* әлі сәби Дүйсенбек аштан өлмеу үшін жалға жүріп, жан бағуға мәжбүр болды (Д. Еркінбеков, Шығ.). Жол бекіді.** *Қар басып, су жүруі салдарынан, т. б. се-*

беппен жол қатынасы үзілді. Қиындап күннен-күнге бара жатыр. Семіз де арықтаған босап белі. Жеткізу азық шөпті о да қиын. Қар қалың, *жол бекіген* қиын жері (Д. Еркінбеков, Шығ.). **Көңіл бекіді.** *Ой орнықты, алаңдамады.* Айтқан жерінде екі тең нәрсе жатыр. Жігіттердің *көңілі бекіді.* Аттарын аулақтап, буылған нәрсенің қасында отырып, қызды күтті (І. Жансүгіров, Шығ.). **Қар бекіді.** *Қар кірігіп, қатайды.* Қаптарда *қар бекіді* қаба жауып, Түсіріп көңіліне үлкен қауып, Арғымақ ат аяғын суыра алмас, Қапыда басып кетсе жолдан ауып (С. Әлімбетов, Өлеңд.). *Қар бекіп,* суық түскелі Сәтжандар сан рет шаңғы жорығын жасады (С. Бегалин, Уақыт.). **Құлақ бекіді.** *Құлақ бітті, естімеді.* Күн-түні дамыл алмай тыныштық жоқ, Дүрсілдеп оқтар жатты тарыс-тұрыс. Көз тұнып, *құлақ бекіп* шыңылдайды, Кей кезде тұншыққандай бітіп дыбыс (Ақын жырлары.). **Құлақ тарс бекіді.** *Тас керең боп, түк естімеді. Құлағы тарс бекіген* санырау бірі, Өлі емес, дені сап-сау, өзі тірі. Дауысын дүңгірлеген естімейді, Құдайдың соқтықса да көк пен жері (М. Ж. Көпеев, Тірш. көрг.). **Ойға бекіді.** *Белгілі бір тұжырымға тоқтады.* Осы қыз бен Ермек арасында сырлас жақындық бар деген *ойға беки* түсті (Т. Ахтанов, Көк құтан). Институтан шыққанда осындай *ойға бекіген* Гүлжан үйіне келген соң әрі-бері ақылына салып, ақыры баруға бел байлады (М. Дүйсенов, Гүлжан.). **Сенім бекіді.** *Наным артты.* Жабысты қолына қол, ерінге ерін, Соза бір содан кейін алып демін. Жөнелген майдан жаққа Тәуекелде *Бекіді* Ажар мендік деген *сенім* (С. Мұқанов, Шыңнан шыңға). **Сөз бекіді.** *Бір шешімге келді, келісті.* Осы уәдені бітіріп екеуі төсектеріне барып жатты. Жұмыс бітті, *сөз бекіді,* енді уайымдары жоқ, екеуі де қорылдап қоя берді (С. Шарипов, Бекболат). **Сүйегі бекіді.** *Бұғанасы қатты, ер жетті, есейді.* Сенен алып нұр сәуле, Қуатым толып, күш өсіп, *Бекіді* менің *сүйегім.* Бәрін бірдей құнарттың Алпыс екі жүйенің (Ақын жырлары.). **Тас бекіді.** *Мықтап бекемделді.* Баяным дегесін ерні құрғыр қайта ашылып кетпесін. Сол екі атты айтқан күйі *тас бекіп,* жабылып қалсын (Ғ. Мүсірепов, Таңд. шығ.). **Уәде бекіді.** *Келісімге келді.* Таныс боп фельдшер жүрген келіп-кетіп, Ішкі ойы Аппақайды көңіл етіп. Жүрегі Аппақаймен құп жарасқан, Бірақ сөз байланбаған, *үәде бекіп* (С. Торайғыров, Шығ.). **Іштей бекіді.** *Бел буды.* Жанар бір іске белін буып, *іштей бекіп* алған сияқты, бет-әңі салмақты, батыл (Т. Ахтанов, Дала сыры).

БЕКІЛ *Бекі етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Қоңыр-Көкше деген елдің өткен сайлауда болысы болып *бекілген* Сәмен өз елінің қасқыры болды (М. Әуезов, Шығ.). Ойланған сайын жанарым, Нұрлана түскен секілді, Естіген жаңа хабарым Кеудеме жыр боп *бекілді* (М. Хакімжанова, Жыр асуы).

БЕКІМ [1] з а т. *Құпталған шешім, тоқтам.* «Тек айла табу керек, қайткенде де осы түнді жамылып, Арманды құтқаруым керек» деп түйді ол ішіндегі ызаны берік *бекімге* сайып (Н. Оразов, Дост. хаты). Қой аузынан шөп алмас момын елдің малынан құрық, басынан сырық кетірмеген Қышқаш сияқты қанды балақ, бау кеспе ұрыларды жергілікті өкімет адамдары ұстап құртуға *бекім* жасады (Х. Әбішев, Аспан сыры). Кешке қарай өз *бекімін* бүкпе-қақпасыз жайып салды алдарына (Б. Тоқтаров, Қырандар).

БЕКІМ [2] с ы н. с ө й л. **Бекем.** Нұрланның төзірибесі жоқ, бірақ талабы бар, өмір табалдырығын жаңа ғана аттап, белбеуін *бекім* буынған сенімі бар жас шақ екенін аңғарды (З. Шашкин, Сенім). Қолдан ұстап бермеске, *Бекім* боп тұр үлкендер. Жайымыз қандай болар деп, Толықсып тұр көңіл сел (Қаз. әдеб. хрестом.).

БЕКІМДІК з а т. с ө й л. **Бекемдік.** Манадан бері ыңғайсызданып отырған Досбек бойына да неліктен екені белгісіз, бір *бекімдік* пайда болған еді (Қ. Исабаев, Сұңқар.).

БЕКІН *Бекі етістігінен жасалған өздік етіс.* Бақтығұл... шиті мылтықты барлық оқ-сайманымен мойнына асып алып, кешке шейін ел көзіне көрінбес үшін белгілі қора тасқа *бекінін* отырған (М. Әуезов, Қараш.). Аңбала қарсыласпады. Ұрысқан, кіналасқан жоқ. Енді тіпті жаңынып-жалбарынғаннан да ештеңе шықпасын байқап, басына түскен іске *бекініп,* қатайып алды (Ә. Нұрпейісов, Сергелдең). Алмас енді осындай сәті түскенде Жүніспен кездесіп, талай өтірігін бетіне баспаққа *бекінді* (О. Дастанов, Мұрагерлер).

БЕКІНДІР *Бекін етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Ашық далада бетпе-бетке тө-

теп бере алмасын біліп, Айдарлы хан бар әскерін, қару ұстауға жараған еркек кіндікті Аяз қалаға, қамалға *бекіндіреді* (Т. Ахтанов, Дала сыры). Бойды *бекіндірген* осындай үлкен сезім мені ертеңіне алдыңғы шепте қорғаныста жатқан ротаға бастап апарды (Ә. Бектемісов, Майдангер.).

БЕКІНТ *Бекін етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БЕКІНУ *Бекін етістігінің қимыл атауы.* Әр жағы ұзақ әңгіме, сол жерде бес танкист өзеннен танкімен өтіп, арғы қабаққа *бекінуге* үзде бердік (Ғ. Мүсірепов, Таңд. шығ.). Бір-екі күн осы үңгірде *бекінуді* дұрыс көрісті, өйткені осы беттерімен алысқа ұзаудың ретін таба алмады (Б. Шалабаев, Өмірде.).

БЕКІНУЛІ сын. *Берік ұйғарымға келген.* Ағайындар қалай қарсы алары өзіне бимәлім. Араларына бара көрем деп *бекінулі* (А. Байтанаев, Қайнар.).

БЕКІНІС[1] зат. 1. *Шабуылдан қорғану үшін сыртын айналдыра биік дуалмен қоршаған қорған, қамал.* Оның көз алдына осы біраз мерзімнің ішінде кешегі қан сасыған ескі *бекініс*, оның ішінде Әулиеатаның кесек, Шымкенттің шымнан қалаған қорғандарының аспанға шыққан шаңы елес боп өте берді (С. Бақбергенов, Қоянкөз.). Россия империясының шығыс жақ шетіне, орыс армиясының *бекінісі* ретінде, «Верный» деген атпен бұдан жүз жылдар бұрын орнаған бұл қаланың түрі, европалық қалалардың ешқайсысына ұқсамайды (С. Мұқанов, Есею жыл). Арқаның ол да бір азаматы — Шоқанның туған жері, ескі әскери *бекініс* те бір бүйірде қала берді (Ж. Молдағалиев, Сарарқа.). 2. *Алдын ала дайындалған қорғаныс шебі.* Соғыс жобасы бойынша, Волоколамск аймағына мықты *бекініс* дайындау мақсатымен осы жерде жаумен неғұрлым көбірек соғысып, уақытты ұту керек еді (Б. Момышұлы, Москва.). Түн ортасына таман полк аса сақтықпен алға жылжып, таң атқанға дейін *бекіністер* салып үлгірді орман шетінен (Ә. Әлішев, Батыр бол.).

БЕКІНІС[2] *Бекін етістігінен жасалған ортақ етіс.* Осында *бекіністе* бір топ сарбаз Көрінді түн бөктерлей келе жатқан (С. Мәуленов, Магниттау.).

БЕКІНІСТЕУ сын. *Көзден қалқалау, ықтасындау.* Қалың талдардың арасындағы бір *бекіністе* үлкен, зор апан құдық сияқты кең шұқыр, шұқырда да байлаулы аттар (С. Сейфуллин, Шығ.).

БЕКІНІСУ *Бекініс етістігінің қимыл атауы.*

БЕКІРЕ зат. *Еті мен уылдырығы өте бағалы шеміршекті ірі балық.*— Балықтың ішінде, жарықтық *бекіре* ғой жуасы. Қойға мінетін көбең тұғыр сияқты қолға тұра беретінін айт (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). Ғалымдар мұнда әрі еті дәмді, әрі ірі нельма, *бекіре*, тыран, стерлядь, сазан және басқа балықтарды да өсіруге болатынын анықтап берді (Н. Баяндин, Ертіс.).

БЕКІРЕДЕЙ сын. *Бекіре сияқты, тәрізді.* Сейтен ауға түскен *бекіредей* жанталаса тулай берді (І. Есенберлин, Қанар).

БЕКІС ет. 1. *Бекі етістігінен жасалған ортақ етіс.* Ал, Айбалта бас болып, бүкіл Бекбай баласы қол қойып, жоғарыға арыз жазатын болып сөз *бекістік* (С. Адамбеков, Атылған қыз.). Бетпе-бет кеп талай жаумен шекіскен «Тәуекел!» деп кетті түсіп чекистер. «Өлім біреу... Оңай өлмеу бірақ та», Заңы осы серт байласып *бекіскен* (Қ. Көпішев, Әке құшағы). 2. *Тіл табысу, татуласу* — Япырай, шекісіп отырып, *бекістіңіздер* білем. Қатар өскен замандас кісілердің осындайы артық (А. Хангелдин, Өткен күн.). Айқасып қалғаннан соң қар мен құшақ, Кек кетті көтеріліп тозаңға ұсап. Дегендей: «Ер шекіспей *бекіспейді*», Сырларын сөйлеттірді достық қысап (Т. Ізтілеуов, Рүстем.).

БЕКІСУ *Бекіс етістігінің қимыл атауы.* Шекісуіміздің көп боларын көріп отырмын, Крейгель мырза. Ал *бекісу* жағына көзім жете бермейді (А. Сүлейменов, Бесін).

БЕКІТ ет. 1. *Бекі етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Бірақ Екінші Екатерина патша өзінің 1778 жылы 24 майда берген Указында оны тек Орта жүздің ханы етіп *бекітті* (І. Есенберлин, Қанар). Комитет жиылысында Мәселей, Ғалауеттендер жақтан шыққан соң Кемелбекті комитет қып *бекітіпті* (І. Жансүгіров, Шығ.). 2. *Мықтап, қатты етіп ұстату.* Оспан төсек алдындағы қобдиын ашып, балға мен шеге алып столдың босаған аяғын *бекітті* (Т. Сағымбаев, Кездесу). Шамын мандайына *бекітіп* алды да, Орекең лебедка құла-

ғын кейін қарай жұлқып қалды (М. Сәрсекеев, Жетіжылдық.). Қайырбек атынан секіріп түсе қалып еді. Баршагүл де түсіп, айылын босатып қайта *бекітіп* жатты (Ғ. Сыланов, Шалқар). 3. *Мықтап байлап тастау, жауып қою.* Ауылының желкесіндегі қиын тасқа боз биені төрт аяғын тас қылып *бекітіп* тастап, өзі үйіне келді (М. Әуезов, Қараш.).— Аттарды осы жерге *бекітіп* қоямыз, бұдан былай жаяу кетеміз (С. Бегалин, Уақыт.). Мұнан соң қауырсындардың қуыс өзегіне бидай, немесе күкірт тығып, бергі жағын мақтамен *бекіте* салады («Лен. жас»). 4. *Міндеттеу, жүктеу.* Өткен жылдардағы тәжірибеге қарағанда, бір дақылды бір оқушыға емес, екі-үш оқушыға *бекітіп* берген дұрыс екен (З. Ақышев, Бізд. шамш.). Сөйте-сөйте Мұсатай екеуі ашық әңгімеге көшті, жаңағы жігіт дәрігер екен. Орыс тілін білетін болғандықтан әдейі өзіне *бекітіпті* (Ө. Қанахин, Жер бас.).

БЕКІТТІР *Бекіт етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Тәжиді нотариустың алдына алып келіп, ақ векселді қайта жаңалатып, Тәжиге қол қойдырып *бекіттірді* (І. Жансүгіров, Шығ.). Жас агроном басқарып алып кете алмай жүрген сияқты-ау. Салғаннан бас агроном етіп бекер *бекіттірді* ме, қалай... (З. Шашкин, Сенім).

БЕКІТТІРТ *Бекіттір етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БЕКІТУ *Бекіт етістігінің қимыл атауы.* Бекболатқа мал қайырып алып берем деп келген жоқ, осы жұмысты сылтау қылып, Дүрімбайды қорқытып, келесі сайлауға *бекіту* үшін келіп отыр (С. Шарипов, Бекболат). Сасқалақтаған Әділ орнына отыра қалып, белбеуге жармасты. Бірақ ол айылбасты қалай *бекітуді* білмеді (Ә. Нұршайықов, Батыр.).

БЕКІТУЛІ с ы н. *Ашық емес жабулы, кілттеулі.* Ауыл дегеніміз — есігі *бекітулі*, түндігі жабулы шоқиған киіз үйлер (Б. Майлин, Шығ.). Сол кезде іштегі қару асынған адамдар шығып, *бекітулі* қақпаны ашып жіберді де, дайын тұрған әскерлер лап қойып еніп кетеді (Р. Тоқтаров, Ертіс.).

БЕКІТІЛ *Бекіт етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Он шақты сауыншы әйел белдемшелерін байланып алып, өздеріне *бекітілген* сиырларына кезек-кезек электр сауғышын әкеліп қойып жатыр (Ғ. Сыланов, Очерк.). Ол есік-терезесі мықтап *бекітілген* оңаша бөлмеде жатқан жоқ па еді? (К. Тоқаев, Тасқын). Тұтқын бұлқынып көріп еді... орындықтың сирақтары еденге тас қылып *бекітілген* екен (Қ. Исабаев, Соңғы.).

БЕКІТІЛУ *Бекітіл етістігінің қимыл атауы.* Хауіпті учаскелерде бөгеттер жасалып, өзендердің жағалауы *бекітілуде*, танаптардың суы ағызылып жіберуде («Лен. жас»).

БЕКІТІС *Бекіт етістігінен жасалған ортақ етіс.* Басқаға бермесем де сендерге беремін,— деп, шауалармен қол алысып, уәдесін *бекітісін* қоштасты (Қ. Исабаев, Соңғы.).

БЕЛ з а т. 1. *Дененің кеуде мен бөксе аралығын жалғастыратын бөлігі.* Таңертең Балташ *белін* буынып, жеңін сыбанып, асыға басып тағы да ешкі талдан үй ағаш кесуге тоғайға кетіп қалды (Б. Қыдырбекұлы, Ешкімге айтпа). Астықты мол берейік деп, жан алып, жан беріп дегендей жұмыс істеп жатыр ек. Үш күн болды, мына *белі* құрғырымнан жатып ем, қазір ғана тұрегелдім (М. Дүйсенов, Гүлжан.). Құян ауруына қарсы... табаға қыздырған арпа, тары кебектерін кенеп, мата дорбаға салып *белге* басқан өте пайдалы (Е. Оразақов, Дәрігер.). 2. *Таудың, қырат, жотаның жадағай асуы.* Жазагер Антонов бір *бел* асып түсе бергенде-ақ ауылға барлауда жүрген қызыл әскерлер келді (Ғ. Мүсірепов, Өмір.). Төрегелдінің жүрегі алып ұшады. Жылқыны етекке қайырып, колхоз жақтағы *белге* жатаған торымен қайта жүгіріп шығады (М. Иманжанов, Адам тур.). Жайлаудан бері де талай асулар, тар кезеңдер мен самал желді сары *белдер* жатыр (Ә. Әбішев, Найзағай). 3. *Заттың дәл орта тұсы.* Алдырып сонда әкесі бір топ шыбық, *Белінен* шыбығының мықтап буып. «Балалар сындырыңдар мынаны» деп, Сыртынан қарап тұрды оқшау шығып (Ө. Тұрманжанов, Қарлығаш). Құрыш күш бүгін ескіні *Белінен* сызып тастады. Күркілі алыс естілді, Колхозшы көктем басталды (Ж. Молдағалиев, Жесір.). 4. *Ең басты, негізгі.* Шахан Мусин академиялық театрдың *бел* артисі. Оны көбіне көп басты рольдерден көреміз («Қаз. әдеб.»). Бас ескекке Мөңкені қойып, өзі *бел* ескекке отырған Еламан көзінің қиығын жағадан айырмады (Ә. Нұрпейісов, Сергелдең). 5. А у ы с. *Арқа тұтар*

таяныш, тірек. Миллиондаған халықтың Сүйеніші едің, *б е л і* едің (Жамбыл, Шығ.). Далаға малы шықпады, Қорада жылы ұстады. Төрт үй деген ел екен, Бір-біріне *б е л* екен (Ө. Тұрманжанов, Менің кітаб.).— Кәрітау, құлағың сал, сені қазынам, *б е л і м,* қуатым деп әдейі келдім, соғыстан келдім, жаралы боп келдім (С. Бақбергенов, Қарға тамған.). 6. А у ы с. *Өмірдің белгілі бір асулы кезеңі.* Өмірдің бірталай биік *б е л і н е* шыққан Абайдың өткен шақтары елес-елес тізіліп өте бергендей (М. Әуезов, Шығ.). Елудің шығып *б е л і н е,* Егдерек тартқан кезім бұл. Елеген соны еліме, Еркелеп айтар сөзім бұл (Ғ. Орманов, Таңд.). Елдің елдігі, ердің ерлігі тарихтың тар жол, тайғақ кешулі *б е л і н е н* өтерде сыналады (М. Тиесов, Әлібек Майкөтов). ◆ **Асқар бел.** *Сенімді тірек, сүйеніш тұлға.* Өзі үміт ететін, алыстан *а с қ а р б е л* санайтын Абайдай асыл аға, бұл асығыс жүріс кезінде Мәкеннің көзіне түспеді (М. Әуезов, Шығ.). **Аш бел.** *Белдің талдырмаш, нәзік тұсы.* Әйел орнынан түрегелді, тек қап-қара қою шашы ғана *а ш б е л і н е* түседі (С. Сейфуллин, Шығ.). Ана қыз қимылынан көз ала алмай қалды; қап-қара қос бұрымы *а ш б е л і н е* түсіп, сабырлы ширатыла жай басып барады («Қаз. әдеб.»). **Бел ағаш.** а) *Арбаның алғы-артқы доңғалағының арасын қосып тұратын жуантық білік.* ә) Ж е р г. *Үй үстіне салынатын мәтке, арқалық.* Әзірше бәрінің назарын бөлген бір-ақ нәрсе. Ол—үйдің қақ ортасында *б е л а ғ а ш қ а* салбыратып байланған ала арқан («Лен. жас»). *Б е л а ғ а ш т а* кендір жіппен салбыратып байлап қойған екі темір шелек тұр, сәйтсе бұл «ракета» екен (Б. Соқпақбаев, Аяжан). **Бел алды.** *Нығайды, күшейді.* Таластың түбі терең жатыр. Содан қорқам... Егер мұндайлар *б е л а л ы п* кетсе... Сонда біздің не бітіріп жүргеніміз (Т. Ахтанов, Дала сыры). Жоламанның жаңағы сөзінен *б е л а л ғ а н* Бұрыбай бұл сапар ашық кетті (С. Омаров, Күншуақ). Судыр Ахмет *б е л а л а* берді:— «Мен көшелік дегелі қашан. Осылай боларын біліп, қақсадым ғой», — деді (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). **Бел байлады [буды].** *Ойға бекіді, тәуекел етті.* Әрі ақылдасып, бері ақылдасып, бөтен амалын таба алмай, Дүрімбайдың айтқанын істеп, Бекболаттағы жылқыны күшпен алуға *б е л б а й л а д ы* (С. Шарипов, Бекболат). Кенет суық хабардан жаны түршігіп, онсыз да шыдай алмай отырған Нағи жүруге біржола *б е л б а й л а ғ а н* соң, әжей қайнатқан шайға қарағаң жоқ (З. Шүкіров, Ізгілік із.). Институттан шыққанда осындай ойға бекіген Гүлжан үйіне келген соң әрі-бері ақылына салып, ақыры баруға *б е л б а й л а д ы* (М. Дүйсенов, Гүлжан.). **Бел бала.** *Өзінен туған бала, төл ұрпақ.* Ол феодалдық дәуірінің өз тобының *б е л б а л а с ы.* Ісі мен мінезінде заманының талай айқын таңбасы бар (М. Әуезов, Әр жыл.). Шу өзенін мекендейтін Кіші жүз жеті болыс ел — таманың биі Ерубай осы асқа торы арғымақтың *б е л б а л а с ы* бәйгі көкті алып келді (С. Талжанов, Ұлдай кегі). Қызмет қылып жағынып, патшаның оң көзіндей қадірлі болған соң Мұсаны ел төбесіне көтерген. Сексенге келген Садуақас Мұсаның *б е л б а л а с ы* (С. Шарипов, Бекболат). **Бел бермеді.** *Күш бермеді, тайсалмады, сыр алдырмады.* Учитель келгендегі қалпынан өзгерген жоқ. «Болғанға берік бол» деген сөзі есіне түсіп, дұшпанына *б е л б е р м е д і* (Қ. Жұмалиев, Жайсаң жан.). **Бел болды.** *Абырой, бедел болды.* Бұлай ету Сәкенге күш, *б е л б о л д ы,* алдына қойған мәселені партиялық көзқараспен шешуге мүмкіндік жасады (М. Қаратаев, Туған. әдеб.). Мына көрмеге қатынасқан малдарының жүлде алғаны үлкен *б е л б о л ғ а н* (С. Бегалин, Уақыт.). **Бел босатты.** *Дем алды, тынықты.* Таңдап мінген тарландарға *б е л б о с а т а т ы н* жанама жүйріктер жетектеп отырады (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). **Бел буды.** *Нық шешімге, тоқтамға келді.* Қасыма ертетін жолдасқа ат таба алмай, жалғыз өзім ғана Бетбақты басып өтіп Түркістанға жүруге *б е л б у д ы м* (С. Сейфуллин, Тар жол.). Айтыстың басында қасарып отырған Сұлубике кейін Зейнептен жеңіліп еңбек істемекке жұрт алдында *б е л б у а д ы* (М. Әуезов, Әр жыл.). Досекең орындауға бір ниетті, *Б е л б у ы п,* киінді де атын жекті. Шиқылдап арбасының доңғалағы Баламен Троицкіге жүріп кетті (Қ. Тоғызақов, Сібір Омар). **Белден басты.** а) *Киіп-жарды, басакөктеді.* Бекет ерік өзінде, Ер болсаң жалғыз арманым Қапыда *б а с т ы ң б е л і м н е н,* Келмедің сайлы кезімде (М. Әуезов, Таңд. шығ.). ә) *Өзін емін-еркін сезінді, қиналмады.* Қашаннан қиындықты *б е л д е н б а с ы п,* Келесің Абай аулы ұйымдасып, Табысқа тағы ағайын шақырамын, Атойлап жиыныңды жырмен ашып (Пернедегі термелер). **Белден батты.** а) *Қарқ боп қалды, кенелді.* Тарттырып «қашты,— деп,—

жау» керней-сырнай, Қамдалып қайталық деп біз де тұрмай. Арттырып қос, құралды қайта көшті, Олжаға *белден батып* ырғай-жырғай (Т. Ізтілеуов, Рүстем.).—Қонаққа,— деді,— активті шақырайық, Қымыз бен майға *белден батырайық* (Ғ. Малдыбаев, Қырым қызы). ә) *Борыштың астында қалды.* Оның үй ішінде аяқ көтерер біреуі болмағандықтан қазір қарызға *белден батып* отыр (Ауызекі тіл). Белді бекем байлады [буды]. *Нық тоқтамға келді, жалтақтамай шындап кірісті.*— Миртилос, білсең қалай қайнайды қан, Қайнайды-ақ *белді бекем байлау* бұған. Не берем бір басымды, не Олимпіні — Мереке даласына айналдырам (З. Шүкіров, Арал толқын.). Не де болса *белді бекем буып,* іске тығыз кіріспесе болмас, бұл екеуінен кейін де келушілер тоқтар деймісің (Ж. Саин, Жол үсті.). Бел жазды. а) *Тынығып алды, әлденді.* Көмекке не туыс кеп, Қалды қарттар *бел жазып.* «Егін, егін — ырыс!» деп, Жаңғырықты кең жазық (І. Мәмбетов, Өсиет). ә) *Күш жиып, көтерілді.* Шындығында бұл кезде Сайрам қаласы монғол шапқыншылығынан кейін қайта *бел жазып,* өзінің қалыпты өміріне араласқан болатын (Д. Досжанов, Құм жұтқан.). Бел кетті. *Әл-қуаты қайтты, әлсіреді.* Жердің сәні болмайды, Ел кеткен соң, жар-жар-ау, Жүк көтермес қара нар, *Бел кеткен* соң, жар-жар-ау (Айтыс). Бел көрді. *Тірек тұтты, тұлға санады.* Бұл істе ол өзімен көптен істес болып келген аудан басшыларын *бел көрді* («Лен. жас»). Жау айласын жібермей, Түгел тауып жатыр деп, Сол қимылын *бел көрді* (Манас). Бел көрсетті. *Қыр көрсетті, күш жұмсады.* Торғай комиссары қазақ пен орыс арасындағы болған жанжалдарды басуға және «большевик» болған мұжықтар қазаққа *бел көрсетіп,* қолдан келген істерді шұғыл істеп жатқан көрінеді (С. Сейфуллин, Тар жол.). Бел қайысты. *Ауыр тиді, қинады.* Екі трактордың мен қосымша бір шөп оратын машина, екі маялағыш беріледі. Әйтпесе *бел қайысады,* қыруар шаруашылықты қамту мүмкін де емес қой («Лен. жас»). Бел құда. *Іштегі балаларын атастырып қоятын ата-аналар (көбіне — әке жағы).* Әйелдері жүкті екенін білген соң Қарабай мен Сарыбай... *бел құда* болысты (М. Әуезов, Әр жыл.). Аманғали, әсіресе, ел ішіндегі ескі әдет, салт-сана, көп әйел, қалың мал беру, *бел құда,* бесік құда, құн, барымта сияқты тағылық дағдыларға қарсы көп жазды («Қаз. әдеб.»). Бел қылды. *Тірек етті, арқа сүйеді.*— Тоқал демексің, мүйіздемексің ғой бірігіп ап... Көрермін... келсін ертең,..— деді. Ескерткені Құнанбай. Сұлу тоқал байына ыстық, *бел қылғаны* сонысы (М. Әуезов, Таңд. шығ.). Сүйінбайдың Тезек алдында батыл сөз айтуына себеп — оның сүйенері, *бел қылары* Сұраншы батыр (Е. Ысмайылов, Ақындар). Бел омыртқа. *Арқа омыртқа мен құйымшақ аралығындағы бөксе үсті сүйегі.* Шал абайсызда жығыла жаздан барып түзелді. *Бел омыртқасы* үзіліп кетті ме екен деп еді (З. Ақышев, Ақбел.). Әйелі күйеуге шыққан жылы үйдің төбесінен құлап, *бел омыртқасын* жарақаттап алыпты (І. Есенберлин, Ғашықтар). Бел омыртқасы үзілді. *Күл-талқаны шықты, қирады.* Жауға солай соққы берілді. Фашистердің *бел омыртқасы үзілді;* қазір менің Отанымда еңбек дүбірі ғана естіледі («Лен. жас»). Бел орақ. *Кішілеу шалғы.*— Жазды күні мен *бел орақпен* шөп шапқанда менің шапқанымды тырмамен жиып үлгере алмағаныңды білемісің,— деді Маржанкүл (Б. Майлин, Шығ.). Бір ырғақпен сілтеген *бел орақ* көк құрақты сыр етіп қиып, ілкі жоғары көтерілгенде жүзі сәулемен жалт етіп, кейін қайтады («Қаз. әдеб.»). Бел орта. *Жуан орта, мол іші.* Қазір жаздың *бел ортасы.* Шілде түскен шақ. Бұл маңның шілдесі де ерекше (А. Байтанаев, Қайнар.). Сол топтың *бел ортасында* Досжан да бар. Ол күні ертең бетпе-бет келер қилы-қилы қиындықтармен күресуге бекем бел байлаған («Қаз. әдеб.»). Әйтеуір бір тыным таппайтын жан. Оған қиналып жүрген Нина жоқ. Қайта қат-қабат өмірмен қоян-қолтық арасып, *бел ортасында* жүргеніне қуанышты («Лен. жас»). Бел ұстасты. а) *Күреспек болды, белдесті.* Көгал үстіне шығып тұрған екі жігіт жалма-жан *бел ұстаса* кетті («Лен. жас»). ә) *Айтысты, тартысты.* Бір кісімен *бел ұстасқан* емес. Оның өз ойынша басымды «ешкімге көрсетпедім» деп ойлайды. Сөйлеген сөзін биязылап, қасын кере, қабағын жыбырлата сөйлейді (І. Жансүгіров, Шығ.). Бел шешпеді. *Мұршасы болмады, қауырт қимыл үстінде болды.* Әр отардың жанында бүгін кешке үйлер тұрып, онда от жанып, түтін түтегені қой шетінде он бес күннен бері *бел шешпеген* шопандарға анық бір аязды күннің ортасында көктем лебі

ескендей жылы тиді (М. Әуезов, Өскен өркен). Бірнеше тәулік бойы *бел шешпей* ұзақ жүрген солдаттардың күн көтеріліп, арқаларын қыздырып, маужырата бастады (Ә. Шәріпов, Партизан.). Бұл уақыт шопандардың *бел шешпей* еңбек етіп, күйек алып жатқан қарбалас кезі болатын (Ш. Дәрмағамбетов, Менің замандас.). **Бел шешті.** а) *Қол босады, дем алды.* Ыстық тамақтан кейін жылы үйде денеміз балбырап, тез ұйқтап кеттік. Көптен бері *бел шешкеніміз* де осы еді (А. Лекеров, Қырда.). ә) *Білек сыбанып кірісті.* Керек десеңіздер бүкіл колхоз боп үлкен жиын шақырамыз. Онда малды не ұстайтын, не ұстамайтын боп, екі жағының біріне *бел шешіп* шығамыз... (С. Бақбергенов, Адам.). «Қап, әттеген-ай, есіл мал»,— деп мүсіркегеннен басқа *бел шешіп* кіріскен ешкім жоқ (С. Жүнісов, Жапанда.). **Белі бүгілді.** *Қайғырды, қамықты.* Қартайсаң қарт бабаңды сыйлай бер, Күндердің күні болғанда, Кімдерде кімнің дейсің *белі бүгілмес* (XVIII—XIX ғ. қаз. ақын.). Сайрай бер тілім, Сарғайған соң бұл дерттен. *Бүгілді белім,* Жар тайған соң әр серттен (Абай, Шығ.). Қипақтап Ғұламік те жүгіреді, Көрсе үңгір өп-өтірік үңіледі. Дерегі, өзі түгіл болмаған соң, Дағдарып Тұран *белі бүгіледі* (Т. Ізтілеуов, Рүстем.). **Белі кетті.** *Еркектік қабілетін жоғалтты.*— Рентген сәулесінің әсерінен еркектің *белі кетеді* деген сөзді үлкен дәрігердің өз аузынан естіген Әшімнің көзі бадырайған, сасқан адамның кейпі (З. Шашкин, Доктор.). **Белі көтеріледі.** *Тыңайып алды, әлденді.* Кештен бері отта тыныгып *белі көтеріліп* қалған аттар түнгі жүріске өте көңілді сияқтанды (М. Әуезов, Қараш.). Кедей-кепшіктің Қапан ауылнай болғалы бері *белі көтерілейін* деді (Б. Майлин, Шығ.). **Белін баса сөйледі.** *Бұзып-жарып, төпеді.* Мен онымен әруақытта оның ана тілінің үн жағынан, сөзді дұрыс айту жағынан *белін баса сөйлейтінмін* (Б. Момышұлы, Москва.). **Белі сынды.** *Тауы шағылды, сағы сынды.*— Дулат, сен менің қару-сайманымды ал да, теңіздегі елге қайт! Үміт үзіліп, тілеу кесіліп, *белім сынған* күйімді айт! (М. Әуезов, Қараш.). Байлауда қара түнек тар қапаста Жете алмай арманыма *сындыау белім* (Қ. Жұмалиев, Қырда.). **Бұран бел.** а) *Талдырмаш, жіңішке бел.* Саусақтары да сүп-сүйір болып, жұқа жүзіне, *бұран беліне,* жұқалаң, келте шұбар шыт көйлек жараса қалған (Ж. Жұмақанов, Қаракөз.). Керней-сырнайдың сиқырлы сазына *бұран бел* сұлулардың билері желік береді, кемиек шалдардың сілекейлері шұбырып, отты жастың жанары тұмандана ды («Қаз. әдеб.»). ә) *Бой тұрқы әдемі, келісті әйел.* Қол бұлғап бір *бұран бел,* Ұсынды арнап қызыл гүл (С. Бегалин, Таңд. шығ.). **Құмырсқа бел.** *Қылдырықтай, жіңішке бел. Құмырсқа бел* оймақ ауыз, бота көзінен сен де көзіңді айырып ала алмайсың (С. Шарипов, Шығ.). **Қынай бел.** *Талдырмаш, нәзік бел.* Алыстан бұлаңдап құба төбел, *қынай бел* сұлу ажар танытатын бұйрат-бұйрат қалың қырқа құмның іші сырын білген жанға шынар биіктен қоныс тепкен құстың ұясындай бір түрлі жылы, ыстық көрінеді («Қаз. әдеб.»). **Қынама бел.** *Екі мықыны басылып, белі қусырмаланып тігілген.* Ашық омырау, *қынама бел* қара мауыт бешпет, шашақты тақия — ауыл арасының қазағы емесін танытады («Лен. жас»). **Тәуекелге бел байлады** [буды]. *Шындап, сыбанып кірісті. Тәуекелге бел байлап,* есікті тартып жібердім. Босағада бір қолында наган, екінші қолында граната жау офицері тұрды (Ә. Сәрсенбаев, Офиц. күнд.). Жарысар жігіт бар болса, Алуға бәйге жүлделі. *Тәуекелге бел байлап,* Шығыңдар қане, ілгері (Ә. Тәжібаев, Аралдар). Ақыры *тәуекелге бел буып* ақынның үйіне бардым. Маған үй қызметшісі болар, өңі жүдеу, жабырқау жас әйел есік ашты (Т. Ахтанов, Махаббат.).

БЕЛБАУ з а т. **1.** *Киіз үйдің туырлығын керегеге бастыра тартатын ұзын арқан.*— Киізді қайдан аласыз?.. Шаңқай боз киіз, оюлы ши, әшекейлі *белбаулар* керек, сәні бар ма, онсыз киіз үйдің? (З. Шашкин, Сенім). **2.** С ө й л. **Белбеу.** Күрке жанына келіп тоқтағанда атайдың *белбауынан* бір-ақ қолыммен ұстап отырғанмын (Ә. Қалдыбаев, Шаншар.).

БЕЛБАУДАЙ с ы н. *Белбау сияқты.* Белімді қысып, тынысымды тарылтып тұрған темір құрсау, май жаққан қайыс *белбаудай* босап кеңи бастағандай болды (Б. Тұрсынбаев, Ауылда.).

БЕЛ-БЕЛЕС з а т. **1.** *Қырқа-қырқа адыр, жон.* Қоңыр бұйраттың сілемдері арғы жақтағы жазық алқапқа жалғасып жатыр. Сол бір тегіс алқаптың шетінде қат-

қабат *бел-белестер* көрінеді (Ә. Көшімов, Қарт аңшы.). Құс біткеннің бәрі де қамысқа тығылған. Ал көлдің ар жағы алысқа тартқан санаусыз да атаусыз *бел-белестер* (С. Шаймерденов, Мінез). Түн. Ай батып кеткен. Жер бедері білінбейді. Дүниенің ой-шұқыры мен *бел-белесі* бірдейленіп, жұмыр жер жадағай жазыққа айналғандай (С. Алдабергенов, Асу). 2. А у ы с. *Өмірдің қат-қабатты кезеңі, өткелі.* Әңгіме тақырыбы теңізшілер өміріне қайтадан ауысқан-ды. Әркім өз басынан өткен *бел-белестерді* шертеді (Ә. Сәрсенбаев, Теңіз.). Содан бергі екі он жыл ішінде бұл әдіс қандай өріс тапты, қандай *бел-белестен* өтті; оның қазіргі хал-күйі нешік? Міне, осы сұрақтың жан-жақты және толық жауабын Оразов Қабеннің диссертациясынан табасыз (З. Қабдолов, Жалын).

БЕЛБЕУ з а т. 1. *Киім сыртынан буыну үшін ыңғайлап жасалған ұзынша шүберек.* Жеңіл шапан, жібек *белбеу* де жігіт көркін ашқандай (М. Ермеков, Тарту). Бір қыз бен бір жігіт *белбеуді* шиыршықтап есіп алып, жұртты аралап жүр (Б. Майлин, Шығ.). Неге ұрдым? Ашу, Ақтентектің ызасы бәрі! Кешір, кешір,— деді де, белін берік ораған шүберек *белбеуін* шешті (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). 2. *Былғарыдан, қайыстан жасалған белдік.* Үстінде қыпша бел қара шинель, белінде жез топсалы жалпақ қайыс *белбеу,* басында едірейген қара кешка (Б. Соқпақбаев, Жекпе-жек). Баста жеңіл тымақ. Белінде шақпақ тасты, білтелі бір кішкене пышақты ескі қайыс *белбеу* (Т. Жармағамбетов, Екі жүрек). Мәншүк белдемшесінің оң жақ етегін қақ айырды да, жаралы аяғын орап, қайыс *белбеумен* тас қып байлады (Ол күндер.). ◆ **Бос белбеу.** *Ширақ, пысық емес, болбыр. Бос белбеу,* бойкүйездікке душар қылған, эттең сен мүгедектік! Әйтпесе, келер ме едім, партиялық арыма қол салғызар ма едім (Ғ. Мұстафин, Миллионер).— Атының басын алып жүре алмайтын *бос белбеудің* маған керегі жоқ, тоғызы да жетеді,— деді Жалмұқан (Х. Есенжанов, Тар кезең). Бүгін бізге ертеңгі күнімізге деген нық сенім керек. Үрейленуге, «жау шапты» деп *бос белбеу* болуға жол жоқ! (О. Сәрсенбаев, Сағым). **Күдері белбеу.** *Жұмсақтап иленген бұлан не бұғы терісінен жасалған белдік. Күдері белбеу* белімде, Азалы болдым елімде, Бопекем жарлық берген соң Жүре бердім жөніме... (С. Сейфуллин, Шығ.). Таңданып жиылған жан қарап тұрды, Қыз да болсам Біржанға балап тұрды. Қамшат бөрік, *күдері белбеуі* бар, Көк торғын шапанды адам қарсы жүрді (Айтыс).

БЕЛБЕУДЕЙ с ы н. *Белбеу сияқты.* Жел ысқырып, жібек *белбеудей* беліме оралып, жолымды бөгесе де дырылдата айырып, жүгіріп келем, бар ынтам — қуып жетіп, ұстау! (З. Шашкин, Өмір.).

БЕЛБЕУЛЕ е т. *Белін буу, орау.* Үстіндегі ақ тонын шешіп, оны айналдырып жіберіп, қайтадан киді. Шалмасын да қайта орап, сұппа бөркіне *белбеулеп* беркітті де, ұзын ұшын сол қолына орап алды (Х. Есенжанов, Тар кезең). Жол, жол! Төсінде даланың Қиянға көсілген, тауларды *белбеулеп* (Т. Ысмайылов, Есіл).

БЕЛБЕУЛЕН е т. 1. *Белбеуле етістігінен жасалған өздік етіс.* Салтанатты есіктің бұрыш-бұрышынан әшекейлі буын салынып, жоғарылаған сайын жіңішкере беретін *белбеуленген* сымбатты тіреулер шығарылған (ҚазССР тар.). Тоғысқан кеп үш үлкен жол, Кең жазира құлаш ұрған, *Белбеуленген* биік оба, Тас мұнара сонау тұрған (С. Бегалин, Өленд.). 2. *Белін бір нәрсемен буып алу.* Міне, көйлегі *белбеуленген,* иығына пиджагін жамыла салған жігіт сылқымсып, бір жүріп, бір тоқтап келеді (А. Сатаев, Дала.).

БЕЛБЕУЛЕТ *Белбеуле етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Алтын, күміс, таскөмір, Турксиб жолына жеткіздің, *Белбеулетіп* белдерді (Халық ақындары.).

БЕЛБЕУЛІ с ы н. 1. *Белбеуі бар.* Бөз *белбеулі,* кең етік, Кешіледің жаны Қоңырбай, Аждаһадай жүрісі, Соңында алпыс інісі (Манас). 2. *Белінде көлденең жолағы бар.* Қызыл *белбеулі* көк «Газ-69» машинасы Қайраттың үйінің алдына тоқтай қалды (А. Сатаев, Аққу.).

БЕЛБЕУЛІК с ы н. *Белбеу болардық, белбеу шығарлық.* Үлкен магазинге кіргенде әжей тағы да *белбеулік* деп бір көмескі жолағы бар матадан бірнеше кез өлшетіп алды («Лен. жас»).

БЕЛБЕУШЕ ү с т. *Белбеу тәрізді.* Одан кейін кооператив дүкенінен сом шен темір алдырып, соны белуарынан *белбеуше* орап-орап лақтырып тастады (М. Тәнекеев, Қажымұқан).

БЕЛБУАР з а т. с ө й л. Белуар. Сөйтіп, осы маңдағы Совет әскерлері немістердің ішіне *б е л б у а р ы н а* дейін сұғынып кіріп тұрған-ды (Ә. Нұрпейісов, Күткен күн). Тояш, Бекей, Нұрым Шұңқырсайдың *б е л б у а р д а н* келетін көк қасқа бидайығын қатып кетеді деп жұрттан бұрын шауып тастады (Х. Есенжанов, Тар кезең).

БЕЛБУАРЛА е т. с ө й л. Белуарла. Сөйтіп, Балтық теңізіне *б е л б у а р л а п* сұғынып кірген Курляндия түбегін Гильферд бунақ-бунақ көк болаттармен буды (Ә. Нұрпейісов, Күткен күн).

БЕЛГІ з а т. 1. *Есте сақталарлықтай жеке-дара өзгешелік.* Бұғышы бағып жүргенде қайсысының төлдегенін түрлі *б е л г і л е р і* арқылы ажыратады (Қ. Қамбаров, Алтай аясы.). Сыртынан қарап тұрғанда, жұрттың жаман қорасынан айырып алатын *б е л г і с і* жоқ (С. Шарипов, Бекболат). 2. *Шартты таңба.*— Біздің *б е л г і м і з* — мына қызыл,— деп Мәмбет омырауындағы қызыл лентаны көрсетті (І. Жансүгіров, Шығ.). Басқа машиналар айналып өтетіндей *б е л г і* қояйық, ал, енді тараңдар (С. Жүнісов, Жапанда.). Төсіне қадап келіпті Университет *б е л г і с і н.* Биолог жас жігітті Енді бала дермісің? (М. Әлімбаев, Құрбыма). 3. *Біреудің құрметіне немесе тарихи мәні бар оқиғаға арнап орнатылған ескерткіш.* Жинады бір төбеге астағы елді, Қайғылы кәрі-құртаң, жас та келді. Доғалдың дөңесінен зәулім биік, Орнатты батырға арнап тастан *б е л г і* (Н. Ахметбеков, Амангелді). Құдайберлі батырдың қабыры үстіне ақ отаудан да биік *б е л г і* орнатады (М. Тиесов, Дала.). Қоршай салған сұрғылт тас, Ортасында діңгегі. Тарих әсте ұмытпас, Қалған бұл да бір *б е л г і* (Ғ. Қайырбеков, Қосбасар). 4. *Есте қалармлық бұйым, көз.* Бірақ оны ешкім де білмейді. Тазыдан қалған жалғыз *б е л г і*— ауыл еркектерінің басындағы түлкі тымақтар да көп ұзамай тозып бітті (М. Мағауин, Ақша қар). Ұлттық киім, дәстүрлері сақталғанға мақтанғандары да болды. Сол сапарда өзіме бір *б е л г і* болсын деп бір тақия, бір шапан ала қайттым (Ғ. Сыланов, Домбыра.). 5. *Белгілі бір құбылыстың нышаны.* Туысқандық *б е л г і с і* — Тұрағымыз бір жатқан. Жырымыздың желісі Бұлағымыз бірге аққан (Ғ. Орманов, Таңд.). Қыс *б е л г і с і* жақында түскен күпсек қардан және кей күндерде болатын сәл шытқыл аяздан ғана білінеді (М. Әуезов, Шығ.). Еламан осы бір болмашы *б е л г і л е р г е* қарап, алдағы түн тымық болғанымен, ертең тағы да дәл бүгінгі уақытта жел көтерілетінін топшылады (Ә. Нұрпейісов, Сергелдең). 6. *Хабар, ишарат.* Ауыл ұйқтап, келер кезі болды-ау дегенде, үйдің сыртындағы тоғайға қарап ит үргені екі жас әйелге *б е л г і* болды (М. Әуезов, Қарағаш.). Ақша бұлтым, кел, бері кел. Елден *б е л г і* алып жеткен. Желкілдейсің үрлесе жел, Аусаңшы бірақ жібектен (Ә. Сәрсенбаев, Өлеңд.). Төлеген олардың үнсіз *б е л г і с і* бойынша әуелі басын көтерді, сонсоң аяғын басып тұрды да, соңдарына еріп жүре берді (Қ. Исабаев, Ажал құрсауы.). 7. *Бір нәрсенің із-таңбасы, жұрнағы.* — Е-е, шырағым, нендей қызық болмады дейсің бұл өлкеде? Өткен істе *б е л г і* жоқ, мына Саршоқының қойнауы талай толып, талай солды ғой (Қ. Жұмаділов, Көкейкесті). Өткен күннің *б е л г і с і* жоқ, күн асса, Күн емес-ау әлде неше жыл асса, Кепкен тері кеңіп, жадырап, бой жазып, Күні күлкі, қуанышы ұласса (Б. Майлин, Шығ.). Бұл неткен балаған — деп болып аң-таң, Бар ма — деп біраз тұрды ішінде адам. Кірген-шыққан *б е л г і* жоқ есігінде, Шөбі соны, маңайын жан баспаған (Ш. Әбенов, Ортақ арал). ◆ **Белгі берді** [етті]. *Аңғартты, білдірді, сездірді.* Қазір біраздан кейін қар тиеуге менің шанамның кезегі келеді. Бақылап тұр да мен *б е л г і б е р г е н* кезде бәрінің назарын өзіңе аудар (А. Сатаев, Ақын ізі). Жәңгір Мүшеғали мен екі жасауылға *б е л г і б е р д і.* Тағы да қос қамшы жоғары шошаң етті (Б. Аманшин, Жар мұңы). Науқас Абайды самайынан, маңдайынан қоса иіскеп, сүйгендей *б е л г і е т т і* (М. Әуезов, Абай). **Белгі қойды.** *Таңба салды.* Мұхит пен Қалует аудан картасын ортаға алып, қарындашпен әр жеріне бір *б е л г і қ о й ы п,* күбір-күбір әңгіме үстінде отыр екен (Ғ. Сыланов, Шалқар). **Белгі салды** [соқты]. *Шартты таңба қойды.* Бірнеше парақты биржолата аударып жіберіп, ол *б е л г і с а л ғ а н* жеріне бөгелді — көзі тағы да қыр билерінің приговорына түсті (Х. Есенжанов, Тар кезең). Сырдақ алдында жатқан Сәуленің ұсынысына үңіліп, әр жеріне *б е л г і с о ғ ы п* ойланып қалып отыр (Т. Ахтанов, Дала сыры). **Белгі тастады.** *Емеурін білдірді, сездірді.* Қарт күлімдеп,.. «Жүріңдер» деген *б е л г і*

тастап орнынан тұрды (К. Оразалин, Ақ жазық).

БЕЛГІДЕЙ с ы н. *Белгі сияқты.* Күзге салым атанның жапырақ өркеші тікейіп, екі өркеші батырларға соққан *белгідей* боп зорайып шыға келді (Ө. Қанахин, Жер бас.). Бұ не, бұ не, мынау не? Бүлінген дүние ішінде, Бұғып қалған *белгідей!* Көкжал! Қарлыға! Бер қара! (М. Әуезов, Шығ.).

БЕЛГІЛЕ е т. 1. *Таңба салу, белгі қою.* Төрт бұрыштау келген сұр кітаптың сыртында «Махаббат мұңы» деп жазылған. Раушан өзі шетін бүктеп, *белгілеген* парақты ашты (А. Сатаев, Аққуды атпа.). Қараңғы бұрышта оған қарсы қарап, алдына картасын жайып салып, ұзын қызыл қарындашымен бір нәрсені *белгілеп* отырған Иван Кузьмич Приймак көрінді (Қ. Қайсенов, Жау тылы.). 2. *Алдын ала ұйғару, әзірлеу.* Бұрыннан *белгілеп* жүрген өздерінің орамды деген жерімен тырмысып келіп, екеуі ұяның үстіңгі жағына шықты (С. Бегалин, Таңд. әңгім.). Ақылы бар адам күн бұрын жерін *белгілеп,* сонсоң көшер болар (З. Шашкин, Сенім). Баспана, су, тәрбие ... бүгінгі ең ауыр міндеттер еді. Соны орындаудың бюро дұрыс шараларын *белгіледі* (Ғ. Мұстафин, Қарағанды). Мәмбеттер жолдан бұрылып, ауылдың сырт жағын айналып, қыз *белгілеген* жерге келді (І. Жансүгіров, Шығ.). 3. *Тағайындау, лайық деп табу.* Отряд штабының бастығы етіп майор Шарайды, отряд комиссары етіп капитан Ефремовты *белгіледік* (Қ. Қайсенов, Жау тылы.).

БЕЛГІЛЕН *Белгіле етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Аманкөл, Тәуіп болыстарына күнара қатынап, ондағы сарбаздармен хабарласып тұруға екі адам *белгіленді* (С. Шарипов, Бекболат). Ертеңнен бастап бригадалар бұрынғы жоспар бойынша *белгіленген* жерді жыртуға кіріссін (З. Шашкин, Сенім).

БЕЛГІЛЕНУ *Белгілен етістігінің қимыл атауы.* Балық аулау жоспары ішкі сулардағы балық қорына, колхоздардағы еңбек ресурстарына және колхоздың аулау техникасымен жабдықтауына байланысты біркелкі тұрақты *белгіленуі* қажет (С. Қаженбаев, Балық кәсіп.). Чума ауруының хаупі бар жерлерде әрбір жеке тұратын бөлімде халыққа күнделікті қамқорлық істей білетін тұрғылықты адамдардан адамгершілігі күшті бір кісі *белгіленуі* керек (М. Тілеуғабылов, Чума ауруы.).

БЕЛГІЛЕС *Белгіле етістігінен жасалған ортақ етіс.*

БЕЛГІЛЕТ *Белгіле етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БЕЛГІЛЕТТІР *Белгілет етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БЕЛГІЛЕУ *Белгіле етістігінің қимыл атауы.* Азықтардың құнарлылығын *белгілеу* үшін, күнделікті тәжірибеде арнайы азық таблицалары қолданылып отырады (А. Еламанов, Қой шаруаш.). Экспедицияның алдына қуаңшылыққа қарсы күресу жөнінде шаралар *белгілеу* міндеті қойылды (М. Ахметов.., Егін қорғау.). Взвод деревняны оң қапталға ала шығысқа қарай жүрді; жүрер жолды дәл *белгілеу* мүмкін емес (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.).

БЕЛГІЛІ [1] с ы н. 1. *Аты әйгілі, атақты.* «Айқап» журналының шығарушысы да, редакторы да *белгілі* ақын, жазушы Мұхаметжан Сералин болды (Б. Кенжебаев, Қаз. дем. жазушы.). Осы күнгі халық аузында таралып айтылып жүрген, *белгілі* халық ақыны Нұрхан Ахметбековтың бірқатар поэмалары Иса жазған лирикалы поэмалардың үлгісін сақтайды (Е. Ысмайылов, Ақындар). Республика әйелдеріне ғылым жолын тұңғыш рет көрсеткен адам — Қазақстанның ірі ғалымы, *белгілі* қоғам қайраткері Нәйлә Оразқұл қызы Базанова (Аялы жандар). // *Ел ішінде аты шулы болған бай-шонжар.* Кісі көп емес, Құнанбай мен Майбасар, Жұмабайдан басқа осы өңірдегі Тобықтының *белгілі* үлкендері (М. Әуезов, Шығ.). Келген кісілердің ішінде бұл өңірдің *белгілі* ірі байлары — Мыңбай, Жүзбай, Жылқыбай бар (Ә. Нұрпейісов, Сергелдең). 2. *Мәлім, аян, анық.* Онан соң жылап қалған баласын ойлап, мазасы кете бастады. «Үйде еркем де жоқ еді. Жұбатса болар еді-ау. Әй, бірақ... жағдайлары *белгілі* ғой» (Ә. Нұрпейісов, Сергелдең). Құмардың жайы *белгілі* ғой. Астыңа ат, қолыңа қамшы ұстатады да, барып тұр дейді (Т. Ахтанов, Дала сыры). Ербол: — Табамыз! Сағаты, уақыты *белгілі* ғой,— деді де қалтасынан блокнотын шығарып Мәлік айтқан цифрларды жазып алды

(З. Шашкин, Сенім). ◆ **Белгілі бір.** *Жобалы шама.* Тәнірберген қасына ерген қарашыларын онша бойына тартпай, үйде де, түзде де *белгілі бір* мөлшерде ұстап отыратын (Ә. Нұрпейісов, Сергелдең). Қасқырдың тамақ іздеп жортуы да *белгілі бір* жағдайға байланысты болады (Х. Қыдырбаев, Дала көркі).

БЕЛГІЛІ [2] ұ с т. *Әрине, түсінікті, әлбетте.* Гүлсім ерінін тістеп, бір-екі қадам кейін шегінді: әңгіме кім туралы боп тұрғанын сезді. *Белгілі,* Гүлсімді келемеждейді (З. Шашкин, Өмір.).

БЕЛГІЛІЛІК з а т. *Атақтылық, әйгілілік.*

БЕЛГІСІЗ с ы н. *Мәлім емес, беймәлім.* Тау төбесіндегі Егізкөлде не болып жатқаны *белгісіз* еді. Жер сілкінген жоқ. Аспан ашық, күн төбеде қайнап тұр (Ғ. Мүсірепов, Кездесп. кет.). Дивизияның өз қарауындағы ұсақ бөлімшелердің бірсыпырасының ағып-тамып қайда жүргені *белгісіз* (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.). Листовканың Федоровкаға кім арқылы келгені маған күні бүгінге дейін *белгісіз* (С. Көбеев, Орынд. арман).

БЕЛГІСІЗДЕУ с ы н. *Анық-қанығы шүбәлілеу, екі ұштылау.* Анада: «Аққұлаштың көп дүниеге бойы жетпей жүр, бұл мүлік менің төрт шешемде жоқ еді»,— деп Қанайға *белгісіздеу* бір жұмбақ тастады (К. Оразалин, Көктем.).

БЕЛГІСІЗДІК з а т. *Беймәлімділік, екіұштылық.* Бірақ ақылдың айтқанын жүрек тыңдағысы келмейді. Көңілге беймағлұм *белгісіздікпен* бірге реніш кіреді (Т. Ахтанов, Боран). Өнер сапары — *белгісіздік* сапары, бір көкжиектің астынан бір көкжиек туады, жалғыз-ақ осы сапарда бір жоқты іздеп жүріп, бір жоқты табады екенсің (Р. Тоқтаров, Ертіс.). Сықырлаған суығы жүрегіңді сыққылаған бір *белгісіздік* бітпей де қоймай діңкеңді құртады (Б. Аманшин, Жар мұңы).

БЕЛДЕЙ с ы н. *Бел сияқты.*

БЕЛДЕМ з а т. с ө й л. Белдеме. Үстіне кигені тіземен сәл төмен түсетін ашық жағалы көйлек те, аяғында биік өкше туфли. Шашын *белдемнен* жоғары тізілтіп өріп қойыпты (А. Байтанаев, Қайнар.).

БЕЛДЕМЕ з а т. 1. *Бел тұсы, белуар.* Мол денесі *белдемеден* оң тигендей бүрісіп-құрыса берді (М. Әуезов, Шығ.). Бұл тазылар ұртына тісі біздей шаншылып жүрген түлкілерді *белдемеден* тістеп, сілкілеп өлтіреді (С. Мұқанов, Шығ.). 2. *Малдың етін мүшелегендегі үлкен бел омыртқа.* Қалаған асықты жілігіңізге қосарым жамбас, *белдемеге* қосарым тіл болсын,— деді де, Шарапат тілді қолына ұстаған күйі құбыла қалды (Ә. Әбішев, Найзағай). Магазиндерде жылқының артқы мүшелерін қосымша *белдемеге,* жамбас басына, сан етіне, жаяға бөледі (А. Иманғалиев, Адай жылқысы).

БЕЛДЕМПАЯ з а т. к ө н е. *Ақсүйек жетіп түскен жер мен көмбенің дәл ортасына қойылатын белгі.* Ақсүйек жетіп түсетін мәре мен көмбе аралығында, тең ортада бір белгі болады. Мұны *белдемпая* деп атайды («Лен. жас»).

БЕЛДЕМШЕ з а т. 1. *Той-думанда көйлек үстінен киетін әйел киімінің сәнді түрі. Белдемше* — той киімі есебінде жаңа түскен келінге тігілетін («ҚазССР ҒА Хабарлары»). 2. *Тазалық үшін алға ұстайтын алжапқыш.* Үлкен көзді қара торы жігіт мойнына *белдемшесін* киді де, шараға су құйып, шөп машинасының орағын қайрауға кірісті (Б. Майлин, Шығ.). Жалаң аяқ балағын түріп, *белдемше* байлаған сауыншылар шелек-шелек сүтті қолдасып әкеле жатыр (Ғ. Мұстафин, Қарағанды). Он шақты сауыншы әйел *белдемшелерін* байланып алып, өздеріне бекітілген сиырларына кезек-кезек электр сауғышын әкеліп қойып жатыр (Ғ. Сыланов, Очерк, әңгіме.). 3. *Ортан бел, белуар.* Жылы болсын дегендей заводыңды, Қойыпсың *белдемшеден* күлге көміп. Осыны көре тұра жақ жазбайсың Кеткендей бой үйреніп, етің өліп (Айтыс).

БЕЛДЕМШЕЛІ с ы н. *Алжапқышы бар.* Әбдіш столды тақылдатып ұрып еді, *белдемшелі* үрпек бас сары қыз жетіп келді (Б. Майлин, Шығ.). Күннің кешкі жарығы таралып бара жатса да, іргеде тапжылмай етік тігіп отырған *белдемшелі* құнжиған кісі ағаш шегелерін ұлтанға бойлатып, шұқшиып отыр (Қ. Сәрсекеев, Кілт).

БЕЛДЕН е т. 1. *Беліне байлап алу.* Садақшылар бейнебір кірпінің терісінен

сауыт кигендей *б е л д е н г е н* қорамсағынан самсаған оғы иін тіреседі (Х. Есенжанов, Тар кезең). 2. *Дөңкиіп дөңестену.* Тәкебайдың екі көзі ұшқындап, қоңқақ мұрны *б е л д е н е* түскендей, кең танауы қусырылып-жайылып, өзі қомпаңдап отыр (Ә. Тарази, Үлкен ауыл). 3. А у ы с. *Күш алу, қайраттана түсу.* Сегізінші Армия, Коммунист түскен алдына Күн санап барад *б е л д е н і п* (Қ. Әбдіқадыров, Таңд. өленд.).— Енді «бес жүзіңіз» тым обал ғой, біраз шиырыңызшы! — деді Сапарбек. Қонақтардың бастау екенін аңғарған аңшы қайта *б е л д е н д і* («Қаз. әдеб.»).

БЕЛДЕНУ *Белден етістігінің қимыл атауы.*

БЕЛДЕС е т. 1. *Бел ұстасып күресу.* Қойшекең бойы шырға болса да, аса қарулы, жиын-тойларда күреске түсіп, *б е л д е с к е н д і* жығып жүретін (С. Шаймерденов, Мезгіл). Профессионалдар жарысында палуандар бәрі бірімен бірі кездеседі, кейде тіпті бірнеше рет *б е л д е с е т і н* болады (М. Төнекеев, Қажымұқан). Бір қапысын тауып Кальтум да ұмтылып еді, бірақ Ольтом бұлт етіп, жалт берді де, оған ұстатпай кетті. Енді бір кезде екеуі бетпе-бет келіп қалып, *б е л д е с е* түсті (Н. Баяндин, Құм асты.). 2. А у ы с. *Соғыс салу, айқасу.* Осы мезгіл ішінде талай рет жаумен бетпе-бет *б е л д е с к е н.* Екі күннің бірінде соғыс, қан төгіс. Айнала жау, артың да, алдың да тосқауыл (Қ. Қайсенов, Жау тылы.). Аянды ма, сонда халқым састы ма? Астанасын жауға тастап қашты ма? Өлу үшін ажалменен *б е л д е с і п,* Тоспап па еді жауған оққа кеудесін?! (Ә. Тәжібаев, Поэм.). 3. А у ы с. *Қақтығысу, тіресу.* Сөзбен *б е л д е с к е н* адамның қату қабағына қарсы түксигеннен гөрі, жүзіңнің жұмсақ шырайлы болғаны әлдеқайда тиімді (Х. Есенжанов, Тар кезең). Ыбрайдың аузын ашырмаған Етекеңмен кім *б е л д е с е р* деседі ел,— деп Шыңғыс өзінің аз сөзде асыл мағына жатқанын аңғартып ойын көрсетті (С. Бегалин, Бала Шоқан).

БЕЛДЕСТІР *Белдес етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Сыр шерттім махаббаттан жүрек жарған, Ол дәурен есімде әлі құмарды алған. Өмірдің менің қойным саяр бағы — Қиынмен *б е л д е с т і р г е н* туарда арман (Ә. Шалабаева, Тау бұлағы).

БЕЛДЕСУ *Белдес етістігінің қимыл атауы.* Ұшып тұрған Есікбай тағы да тап берген. Аян оны *б е л д е с у г е* жібермей, екі қолынан ұстай алды да, жата беріс тастап ыққ еткізді (С. Мұратбеков, Көкорай). Белдеріне шарқат буынып, үстеріне *б е л д е с у г е* лайық ықшам киім киген екі жігіт ортаға келді (Ә. Кекілбаев, Дала.). Жасақтың жылатын ортасы Мұсақұл, дәл сол Бөжей аулының үсті. Құнанбайға қарсы *б е л д е с у г е* шыдап, қол жиғызып отырған Байдалы, Байсал болды (М. Әуезов, Таңд. шығ.). Шығып алып кезек-кезек айтыса бастадық. Сөз қызды. Бұл сертті *б е л д е с у:* не беріп шығатын, не алып шығатын күн (С. Сейфуллин, Тар жол.).

БЕЛДЕУ з а т. 1. *Туырлықты айналдыра буатын арқан.* Күн ыстық. Барлық жұрт түңліктерін жауып, іргенің көбін *б е л д е у г е* дейін шалқайта көтеріп түріп тастапты (М. Әуезов, Абай.). Боз үйдің *б е л д е у і н е* байлаулы Тоқабайдың күрең қасқасы суып тұр (Ғ. Мұстафин, Дауыл.). Қыз бала қаймықпай жолаушылардың қасына келіп, ізетпен үйге шақырып, Естеместің тізгінін алып, *б е л д е у г е* өзі байлады (Т. Ахтанов, Дала сыры). 2. *Бір нәрсенің орта шені, бел тұсы. Б е л д е у д е г і* қара балшық ысқаяқтанып, жылтылдап алған, бір салғанда асықтайы әзер сынады (Ғ. Мұстафин, Қарағанды). Тау *б е л д е у і н е* сыңси өскен жасыл қарағай қара барқын тартып, әлдеқандай бір сыр шерткендей болады (С. Бегалин, Уақыт.). 3. *Бір нәрсенің бел тұсына айналатүскен жолақ.* Біз жолға шыға бергенімізде қорабында *б е л д е у і* бар бірнеше машина зуылдап өте берді (Ауызекі тіл). 4. Г е о г р. *Белгілі бір параллельдер аралығындағы жер бетінің бөлігі.* Осы екі арадағы жерді ол бес *б е л д е у г е* бөледі. Оның екеуі ғана адамдар тұруға қолайлы, қалғандары қолайсыз дейді (Н. Баяндин, Геогр. атау.). Ал тропикалық *б е л д е у д е* мүлдем басқаша. Экваторға күн сәулелері жыл бойы тіке түседі («Соц. Қаз.»).

БЕЛДЕУ-БЕЛДЕУ с ы н. *Ұзыннан-ұзақ дөңкиген, жал-жал.* Сөйтіп геолог ғалымдар Алтай кендерінің *б е л д е у - б е л д е у* болып жатқандығын анықтап отыр (Ә. Нұршайықов, Алтын соқпақ). Өйткені *б е л д е у - б е л д е у,* қатпар-қатпар болып жатқан топырақ үйінділері бұ-

рынғы үйлерді, дуалдарды көз алдыңа елестетеді (Д. Досжанов, Құм жұтқан.).

БЕЛДЕУДЕЙ с ы н. *Белдеу сияқты.* Қос *б е л д е у д е й* орап ап, Байтақ жердің өр-төсін. Жалғады қос рельс Елімнің кең өлкесін (М. Әшірбеков, Белестер). Шыққан жол Москваға Минскіден, Жерлерден өтіп белес, еңіс кілең. Алатау бектеріне келе алады, Тартылған *б е л д е у д е й* боп жер үстінен (С. Сейітов, Жаңғырық).

БЕЛДЕУЛЕ е т. 1. *Туырлық үстінен арқанмен бастыра байлау.* Аңғар аузына қонған ауыл үйлерінің бәрін мықтап *б е л д е у л е п* тастаған екен, жел қалай бұлқынса да мыңқ етер емес («Лен. жас»). 2. *Шыр айналдыра белуарына дейін үңгу, кеулеу.* Астыңғы жағын мал *б е л д е у л е п* жеп, шоқиған шөптің ығында үш кісі сөйлесіп тұр (Б. Майлин, Шығ.). Үйүйдің айналасын қар күртігі *б е л д е у л е й* орап басып қалған (М. Хасенов, Алғашқы ән). 3. А у ы с. *Таң сыз беріп, сібірлей бастау.* Екі күн, екі түн тынбай жосыған жорық әр жылда бір келіп, ұрық шашар өзеніне бұрылғанда таң жаңа ғана *б е л д е у л е п* келе жатыр еді (Ғ. Мүсірепов, Өмір.).

БЕЛДЕУЛЕН *Белдеуле етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Ержан сызды жерге етпетінен жатып, алдыңғы жаққа көз жіберді. Сирек бұталардың ар жағынан *б е л д е у л е н г е н* қара жолақты көрді (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.). Сол екі арада айнала жарық тартып, шығыс жақ *б е л д е у л е н і п* бозара бастады (А. Нұрманов, Құлан.).

БЕЛДЕУЛІ с ы н. 1. *Белдеуі бар.* Өзек ішін қуалай түскен ақ *б е л д е у л і* қоңырқай үйлер бір-бірінен іргесін қашықтатпай жақын-жақын жайғасыпты («Қаз. әдеб.»). 2. *Беліне жолақ салынған.* Артына аппақ із қалдырып теңізді тіліп өткен қызыл *б е л д е у л і* қайықтарды көзімен ұзатып салып, Кәкен әңгімесін бастады (З. Иманбаев, Солм. гүл.).

БЕЛДЕУЛІК з а т. *Заттың бел шені, бел аралығы.* Осы топты жарып шыққан біреуі тік шаншылып барды да, сонау шырқау биіктен сорғалай құйылып, алтын сарайдың *б е л д е у л і г і н е* келгенде бірақ тоқтайды (Ә. Сәрсенбаев, Теңіз.).

БЕЛДІ с ы н. 1. *Күшті, мықты.* Ақтангерді берсем, сен де сөзге қаласың, мен де сөзге қалам... Басқа бір *б е л д і* атым бар, соны мінерсің (Ғ. Мүсірепов, Кездесп. кет.). Хакім... подхорунжидің астындағы атқа көз қиығын салып еді, ат оған *б е л д і* жылқы сияқты көрінді (Х. Есенжанов, Тар кезең). *Б е л д і* жылқы елер емес, екі адамды заулатып-ақ келеді (Ж. Молдағалиев, Сарарқа.). Оның үстіне *б е л д і* рудың азулы шонжарлары, жарлы-жақыбайлы момын ауылды умаштап отырды (Ж. Тілеков, Жоңғар.). 2. А у ы с. *Бетке ұстар, беделді.*— Ал, қазір біздің үйге жүр... Сен келеді деп үйге ауданның *б е л д і* азаматтарының бәрін жинап отырмын (Т. Ахтанов, Дала сыры). Турасын айтсам, республикалық маңызы бар бір мекеменің *б е л д і* қызметкерімін дегендей салмақтылық та бар (Р. Райымқұлов, Бұрылыстар).

БЕЛДІК з а т. 1. *Қайыстан, былғарыдан жасалған белбеу.* Міне үстінде атты әскердің мәуіті шолақ бешпенті бар, *б е л д і г і н* қыса буған, құлақшынын шекесіне қисайта киген Лысенко (В. Момышұлы, Москва.). Аяқта етік, галифе, қара көк, тік жаға гимнастеркасын жалпақ қайыс *б е л д і к п е н* буынып алған, кәдімгі сақшы үлгісінде киімі бар (Ғ. Сыланов, Асау арна). Бас жағында жерде жатқан *б е л д і г і н е н* өткір, ұзын қара пышақты суырып алып, сол қолының бармағымен сүйкеп жүзін көрді (М. Әуезов, Қараш.). 2. *Тартпа, төс айыл.* Жігіт ат жалына қарай жылжыған ерді түзеп, *б е л д і г і н* мықтап тартты да:— Ал, мініңіз — деді (С. Алдабергенов, Асу). 3. *Арбаның екі доңғалақ арасын қосып тұратын бел ағаш.* Бел жібі аттың ершігіне ілініп қалып, арбаның алдыңғы *б е л д і г і* екі доңгелегі мен бел жіптің бір жақ ұшы байланған тертесін айғыр тепкілей сүйретіп, бізді айнала шауып жүрді (С. Сейфуллин, Тар жол.). 4. *Биік жер деңгейі, белдеу.* Жоңғар Алатауында аю таудың жоғары және орта *б е л д і г і н д е* жүреді (Х. Қыдырбаев, Дала көркі).

БЕЛДІКСІЗ с ы н. *Белдігі жоқ.* Дүкен іші жап-жарық. Есіктен кіре бере оңға қарай созылған сөреге ылғи *б е л д і к с і з* киетін шалбарлар ілінген («Лен. жас»).

БЕЛДІКТЕ е т. 1. *Белдігін салу, бекіту.* Өлсем басым сүйейтін Жолдас-жоба ертемін. Қара қасқа тұлпарын, Айылменен *б е л д і к т е п*... (Қамбар батыр.). 2. *Заттың ортан белінен мықтап буу.* Бұл аздайақ, оның қол-аяғын қоса кісендеп, қаңылтырмен қаптап, темірмен *б е л д і к т е-*

ген, қақ ортасында жыланның көзіндей жалғыз тесігі бар есігінің сыртына жеке қарауыл қойды (Х. Есенжанов, Ақ Жайық).

БЕЛДІКШЕ з а т. *Кішкентай белдік.* Ашу қысқан әкесі *белдікшесін* жұлып алған бойы ентелеп келді де, кілт тоқтап қалды («Қаз. әдеб.»).

БЕЛДІЛІК з а т. *Азулылық, мықтылық, күштілік.* Бірақ, бұл ағайын ішінде *белділігін,* бір тұқымнан өрбіген шаңырағының көптігін арқаға таңу ғып, көпшіліктің көзінше именбейтін адамның түрін көрсетті (Б. Майлин, Шығ.).

БЕЛЕҢ з а т. 1. *Бір-бірімен жалғас дөңес жер.* Бұлттан шыққан күн шұғыласына жадырап бұлар бір *белеңге* шыға келіп еді, сол *белеңнің* арғы жағында оңтүстікке қарай көлденең түсіп, керуеннің кер жолы жатыр екен (Ә. Әбішев, Найзағай). Дөң жайлаудың кер *белеңін* өрмелеп келе жатқанда Бақтығұлдың бойына тың қайрат жиналды (М. Әуезов, Қараш.).— Мынау алдымыздағы *белеңнің* асты Ащының сайы. Сол сайдың арғы бетінде арпа егісі (Шопан серігі). 2. А у ы с. *Межелі асу.* Мен өстім Қарағанды көлемінде, Көмірі арқау болды өлеңіме. Мақтаныш көп алдына тұрмыз бүгін, Шықтық деп бесжылдықтың *белеңіне* (Ақын жырлары). Бұл да қалған бір кезең, Қазақ өткен тарихта, Бұл да елеулі бір *белең.* (І. Жансүгіров, Поэм.). Жол сілтеп дүниенің кемеңгері, Көрінді келешектің *белеңдері.* Жайнады жүздер сарай күмбезіндей, Серпіліп Коминтерн өрендері (Қ. Бекхожин, Қайран жас.). ◆ **Белең алды.** а) *Дендеді, өрши түсті.* Жаза басқан, қате түсінетін жеке адам болмаса, көпшілік күші *белең алған* екен (С. Жүнісов, Жапанда.). Жоқ, жоқ! Қазір сурет іздейтін уақыт па, тәйірі! Мына жалқын сары, көк түтінді жалмауыз *белең алып* барады (Ш. Мұртазаев, Табыл. теңіз). *Белең алған* Серік Сабыржанды ғылым үшін практиканы жоққа шығарды, әйтпесе тіпті елемейді деп айыптады (О. Сәрсенбаев, Даңқ.). ә) *Секем алды, шошынды.* Кісі бойы қалың шағыр аяқты орап жүргізбейді... Ілгері кетіп бара жатқан торы ат бір нәрседен *белең алғандай* жалт берді (Б. Майлин, Шығ.). Бұлар *белең алған* аттарды иесімен қоса қуып ес жиюға мұрша бермей оларды ұрып жығып кетуге кірісті (Х. Есенжанов, Тар кезең). **Белең берді.** *Белгі, нышан байқатты.* Бұрын самайда ғана *белең берген* ақ қырау жоғары өрлеп кетіпті. Бурыл тартқан қою шаш ақ селеудей жылтырап ұйыса қалған (Р. Райымқұлов, Бұрылыстар).

БЕЛЕС з а т. 1. *Ұзынша, дөңестеу боп жататын жон, жота.* Әңгіме бәсеңсіп, жұрт түскі тамағына үйді-үйіне тарай бастағанда, ауылдың батыс жағындағы *белестен* бір пар жеккен шаналы қылт етіп шыға келді (Б. Майлин, Азамат Азаматыч). Жол жыландай бүктеліп біресе жазылып, талай *белестерден* асты. Алдағы биіктің асуы бәрінен қиын (Ғ. Мұстафин, Миллионер). Түн қараңғысы басқан шығыстағы *белестер* бой көтеріп, қарауыта бастаған (М. Иманжанов, Менің махабб.). 2. А у ы с. *Дамудағы үлкен бір бел, кезең.* Қазақ музыкасын биік *белеске* шығаруда ерекше еңбек еткен мәдениет орнының біреуі — Қазақстанның Жамбыл атындағы мемлекеттік филармониясы (С. Мұқанов, Есею жыл.). Ал Қабыкен мен Ақзейнеп болса, өмірлерінің жаңа *белесіне* қадам басар алдында туған қаласын бір аралап шығуды ниет етіпті (А. Сатаев, Ақын ізі). Негізінен алғанда, отызыншы жылдар ішінде поэзиямыз биік *белестерге* шықты (С. Қирабаев, Октябрь.).

БЕЛЕС-БЕЛЕС с ы н. *Жон-жон, жота-жота.* Қыс бойы сұрапылдың ойнағы болған *белес-белес* елсіз «Итжон» ақ көрпесін серпіп тастап, көк торғынға оранып жатыр (Ғ. Мұстафин, Қарағанды). Жерінің ерекшелігі тек қана қыр емес, *белес-белес* қызыл шағыл құм болады екен (С. Көбеев, Орынд. арман).

БЕЛЕСТЕЙ с ы н. *Белес сияқты.* Алда төбе *белестей* болып талай ғасырлар жатыр (С. Шаймерденов, Болашақ.). Бір өзің бір *белестей,* Ешкіммен іргелеспей, Қалдың сен ел есінде, Еділ бойлап, Елінді ойлап, Барасың келешек кемесінде (С. Мәуленов, Шалқар).

БЕЛЕСТЕН е т. *Жон-жон, жота-жота боп жату.* Сонау жақта *белестеніп* қарлы төбешіктер де созылып жатыр (К. Тоқаев, Тасқын). Құм жота қырқасы көп *белестенген,* Басқа күш бұрын шақ кеп теңеспеген. Бетпақтан бетің қалтыр шөлдегенде, Көзіңе су сағым боп елестеген (Қ. Айнабекұлы, Өлеңд.).

БЕЛЕСТЕУ с ы н. *Қырқа-қырқа келген, жон-жоталау.*

БЕЛЕСТІ с ы н. *Белесі көп, қырқалы.* Жаз күндері қараша ауылдар қаптап отырған ойпатты, *б е л е с т і* кең атырапқа бұл күндерде өндіріс ошақтары қаптаған (Ғ. Мұстафин, Қарағанды). Бурят-Монғолияның да Чита жағы мен теріскейі қалың орманды Сібірге тұтасып кеткенмен, біз баса-көктеп ұшатын тұсы Байқалдан бастап-ақ тықыр *б е л е с т і* дала боп кетеді екен (С. Мұқанов, Алып. адым.).

БЕЛЕТ з а т. с ө й л. **Билет.** Бір сомның 85 тиынына Сағит нан мен шай алып, тамағын тойдырды да, 15 тиынына *б е л е т* алып күн батардың алдында Омбыға кеп түсті (С. Мұқанов, Жұмбақ жалау).— Өткелге *б е л е т* алмай жылда жасырын өтесің Жайықтан! Жазықсызбын де сосын! (Б. Аманшин, Жар мұңы).

БЕЛЛӘҺИ о д. *Анғ ішкенде айтылатын сөз.* Жорықтан оралған мұғалима соны ғана аузынан тастамай жүрді. Қаншама қасиеттер таныты, *б е л л ә һ и*, он балаға татыр еді («Қазақст. мұғ.»). Ер азамат қан жұтқанда түздерде Май жұтты деп ойламассың бізді елде. Қырық қырнап қырқыншы жыл қырманын, *Б е л л ә һ и г е* қалдырмадың бір дәнін (М. Әлімбаев, Жүрек лүпілі).

БЕЛЛЕТРИСТ з а т. *Прозалық шығарма жазумен айналысушы.* Тауда үш күн тынығып таң сәріде Венаға қайта оралған белгілі *б е л л е т р и с т* Р. жолай вокзалдан сатып алған газеттің шыққан күніне көзі түскенде бүгін өзінің туған күні екені есіне сап ете қалды («Лен. жас»).

БЕЛЛЕТРИСТИКА з а т. *Баяндау түрінде жазылған көркем шығарма.* Мұнда («Көктем салқынында») ресми документтер ізін тек *б е л л е т р и с т и к а* шарттарына бейімделп жаңарту ғана бар («Қаз. әдеб.»). Біз осы күнге дейін бірыңғай көркем шығармаларды *(б е л л е т р и с т и к а н ы)* аударып келдік (Бұл да).

БЕЛОК з а т. б и о л. *Өсімдіктер клеткалары мен жануарлар организмінің ең негізгі бөлігін құрайтын органикалық азотты қоспа. Б е л о к* — өсімдік және мал организмі клеткасының құрамды бөлігі, онда азот бар (Р. Әбуғалиев, Қой өсіруші.). Ал *б е л о к* протоплазманың маңызды бөлігі, яғни өсімдіктер мен жануарлар клеткасы тіршілігінің негізі болып табылады (Қ. Иманғазиев, Мин. тыңайтқыш.).

БЕЛОКСЫЗ с ы н. *Белогы жоқ.* Белок — дене клеткалары мен ткандерінің құрамына кіреді, *б е л о к с ы з* тіршілік жоқ (Е. Оразақов, Дәрігер.). Осы мақсатпен Лонг, Сотон, Модель бірқатар *б е л о к с ы з* құранды қоректер ұсынды (Малды туберк. сақта.).

БЕЛОКТЫ с ы н. *Белогы бар.* Мысалы, бұршақ тұқымдас өсімдіктер [беде, жоңышқа] мал үшін өте құнды *б е л о к т ы* азық (Н. Рақышев, Күйіс малы). *Б е л о к т ы* сүт өте бағалы, басқаша айтқанда, ақуыздар — белоктар организмді амин қышқылдарымен толық қанағаттандыра алады (З. Сейітов, Сүт. өндеу).

БЕЛОКТІК с ы н. *Белокке жататын, белокке қатысты.* Қарынға түскен астағы *б е л о к т і к* заттар шекке қорытылмай өтеді (М. Исамбаев.., Мед. анықтама).. Буын қалтасының туберкулезі сары су болып жиналып, сары суға қан құрамындағы *б е л о к т і к* заттар да қосылады (Е. Оразақов, Туберкулез.).

БЕЛСЕКЕҢ з а т. э к с п р. *Белсенділсымақ.* Қай жерде де *«б е л с е к е ң н і ң»* ағасы бар, Бишара,— «сын» жамылған тағысы бар. «Сынына» бұлардың да құлақ қойдым. Өзінше сұрқылтайдың бағасы бар (С. Сейфуллин, Өленд.).

БЕЛСЕН е т. 1. *Етек-жеңін жинап сыбану.* Шапандарын *б е л с е н г е н,* Асау мініп теңселген. Жылқышылар кеп түрса, Таңертеңнен салпылдап (Абай). Сол уақытта қарасаң, Қыз Назымдай сұлуға: *Б е л с е н г е н* білек көрінер, Сырдың құба талындай (Қамбар батыр). 2. *Бар ынтасымен құлшына, аянбай кірісу.* Активтер ауылдық совет, болыстық исполком сайлауларына *б е л с е н е* кірісіп, тиісті орын алу керек (С. Сейфуллин, Шығ.). Бұрынғы кезде *б е л с е н і п,* Атқа мінді бұл Бәкең, Басқару, жұмыс жүйесін Жатқа білді бұл Бәкең (С. Кенжахметов, Қуырдақ). «Колхоз малы — өз малым» — деп, Есіркеп Бекқожаев *б е л с е н і п* шықты («Қаз. әдеб.»).— Бастықтардың келе жатқанын қиырдан танып, *б е л с е н е* қалуын қарашы, әйтпесе, күнде осы уақытта қымызға қанып ап, қоста ұйықтап жатушы еді (Ж. Тілеков, Шалғай шепте).

БЕЛСЕНДІ с ы н. 1. *Қажырлы, ынталы, жігерлі.* Ленин партиясы қазақ халқын қараңғылықтан құтқарып, коммунистік қоғамның *б е л с е н д і* құрылысшысы

етті (Тарту). Жамбыл өнеріндегі негізгі бір идеялық сарын — совет дәуіріндегі адамдардың *б е л с е н д і* іс-әрекеті (Е. Ысмайылов, Ақындар). Оразбақ өзінің осы шабысында адал да *б е л с е н д і* еңбегімен бейбітшілік өмірді қорғамақ (С. Мұқанов, Шығ.). 2. *Үздіксіз, тынымсыз.* Философиялық қағида, салдардың өзі әсер етілген заттың *б е л с е н д і* қатынасының нәтижесі (А. Қасымжанов, Диалект. заңдар.). Сыр жасауда микроорганизмдер белгілі бір заңдылықпен араласып отырып, *б е л с е н д і* қызмет атқарады (Н. Шоқанов, Микроорганизм.). 3. Т а р. *Алдыңғы қатардағы тәжірибелі, озат топ, актив.* Сағидолла ағайдың бір қасиеті өзі бастаған ісін тындырмай қоймайды және ауыл *б е л с е н д і л е р і н і ң* бәрінен осыны талап етеді (М. Сатыбалдиев, Жартас.). Ауылдың *б е л с е н д і л е р і н*, комсомолдарын жинап алып колхоздың өндіріс жоспарын істеп жатқанбыз (Б. Майлин, Шығ.). 4. *Орынсыз белсенділік жасаушы, асыра сілтеуші.* Ғасырлар бойы халықтың рухани өмірінің өзегіндей болған домбыра мен қобызға кейбір «жаңашыл» *б е л с е н д і л е р* үрке қарады (Ж. Ғсалдин, Ахмет Жұбанов). Тұрман басын шайқап: — Сен өзің қып-қызыл *б е л с е н д і* боп қайтыпсың ғой (О. Сәрсенбаев, Сағым). Біздің ауылда борсықша құйрық сорып, молдалық құруға көшкен кешегі *б е л с е н д і л е р* бар («Қаз. әдеб.»). ◆ **Шолақ белсенді.** *Асыра сілтеуші, белсенділік жасаушы.* Ежелгі мінезім жоқ жерден білгішсіп, шошаңдап қалған *ш о л а қ б е л с е н д і л е р д і* жаным жақтырмайтын-ды (К. Асанов, Сағыныш).— Асығыс істеріңе қарағанда, *ш о л а қ б е л с е н д і л е р* боларсыңдар,— деді бесеудің біреуі («Лен. жас»).

БЕЛСЕНДІЛЕУ с ы н. *Ынталылау, жігерлілеу.* Мен Рамазаннан гөрі *б е л с е н д і л е у м і н.* Тықылдап сабақты да үлгерем (Б. Соқпақбаев, Балалық шақ.).

БЕЛСЕНДІЛІК з а т. 1. *Қажырлылық, жігерлілік.* Еңбегі өнімділік — коммунистердің өндірістік *б е л с е н д і л і г і н д е* («Соц. Қаз.»). Селоларда кейбір мәселелерді шешуде де біз комсомолдардың пәрменді *б е л с е н д і л і г і н е* үміт арттық («Лен. жас»). 2. *Ынталылық, жұмыла кірісушілік.* Совет халқы еліміздің экономикасы мен мәдениетін онан әрі дамытудың партия белгілеген шараларын талқылауға *б е л с е н д і л і к п е н* қатынасты (Б. Жұмағалиев, КПСС-тің ролі). Комсомол ұйымдарында лениндік есеп тапсыру зор *б е л с е н д і л і к п е н* өтті («Лен. жас»). ◆ **Ағаш белсенділік.** С ө й л. *Ебі жоқтық, икемсіздік.* Ақтас өлімі, Қоспан қайғысы сол тұстағы кейбір адамдардың *«а ғ а ш б е л с е н д і л і г і»*, колхоз құрылысына қас элементтердің іс-әрекеттері поэмада нанымды қиюласқан («Қаз. әдеб.»). **Творчестволық белсенділік.** *Ой еңбегін дамытудағы ынтымақтық, жігерлілік.* Еңбекші әйелдердің *т в о р ч е с т в о л ы қ б е л с е н д і л і г і н* және өздігінен қызмет іскерлігін арттыру керек (Аялы жандар).

БЕЛСЕНДІР *Белсен етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Бейімбет кейіпкерлерін қайнап жатқан өмір ағымынан арашалама й күреске *б е л с е н д і р е* кірістіріп отырады (І. Омаров, Серпін). Ақтық күшін жұмсап, тіршілік тартысының майданына *б е л с е н д і р д і* (Б. Майлин, Шығ.).

БЕЛСЕНДІРЕК с ы н. *Белсенділігі басымдау, белсенділеу.* Нарманбетов өзін басқа колхоз басшыларынан *б е л с е н д і р е к* көрсетпек пе, клубқа бәрінен бұрын кіріп, екі орынбасарын екі жағына ала, ең алдыңғы орындыққа отырды (Ж. Тілеков, Шалғай шепте).

БЕЛСЕНДІСЫМАҚ с ы н. э к с п р. *Орынсыз белсенділік, шолақ белсенді.* Заманымыздың *б е л с е н д і с ы м а қ т а р ы* жоқ жерден көзге түсуге тырысады (Ауызекі тіл).

БЕЛСЕНДІСІ е т. э к с п р. *Белсенді болғансу.* Кейбіреулер *б е л с е н д і с і п* біреуді жамандап, біреудің асты-үстін қазбалап тыштаңдайды кеп (Ө. Қанахин, Мұрагер).

БЕЛСЕНУ *Белсен етістігінің қимыл атауы.* Күреске шығарда балуандық жасап *б е л с е н у*, сыбану қажет (Ауызекі тіл.).

БЕЛСЕНІС *Белсен етістігінен жасалған ортақ етіс.* Заманымда өзімнің Жасанысқан жау көрдім: *Б е л с е н і с к е н* дау көрдім, Үрікпедім де саспадым (С. Сейфуллин, Шығ.).

БЕЛСІЗ с ы н. *Әлсіз, күшсіз.*— Әй, құрдас, тұра қал, көш қонарға іліксін, сонан соң тартар табылар. Күнгей қазағы Доскейде маза жоқ.— Атым *б е л с і з.* Қажып келем (Д. Досжанов, Зауал).

БЕЛСІЗДІК з а т. *Жыныс қабілеті жоқтық, төмендік.* *Б е л с і з д і к* — еркектің

әйелмен жыныс қатынасына қабілетінің төмендеуі немесе мүлде болмауы (Мед. анықтама). *Белсіздік* орталық нерв жүйесі қызметінің бұзылуынан, ой еңбегімен ұзақ уақыт шұғылданып шаршағаннан, ұзаққа созылған аурудың әсерінен пайда болады (ҚСЭ).

БЕЛТІР з а т. *Балтыр мен тобық аралығы.* Аяғына кигені *белтірінен* қайыспен шандыған көн шоқай (Ә. Кекілбаев, Бір шөкім.).

БЕЛТІРЛІК з а т. 1. *Тобық пен балтыр арасындағы жіңішке жер. Белтірлігі* қиылып тұрған, өкшелі де үсітті аяқтың қып-қызыл саусақтары жымдасып тұрғандай еді (Ғ. Мүсірепов, Белдерде). Құмырсқа бел, бота көз Индия қызы «Күміс арбаны» дыбыссыз қозғап келеді. Алтын сандалет жалаң аяқтың үсті дөңкес, *белтірлігі* үзіліп тұрғанын қайтерсіз («Қаз. әдеб.»). 2. *Жіліншікті орап байлайтын бау, таңғыш.*— Торғын, құманыңда жылы су бар ма?— Аяғымды жуып алайын,— деді, солдат *белтірлігін* шешіп (Ә. Кекілбаев, Бір шөкім.).

БЕЛУАР з а т. 1. *Адамның бел тұсы.* Бір мезгілде *белуарында* жалаңаш алтыатары жарқ-жұрқ етіп үлкен үй жақтан шығып келе жатқан Бақтығұл көрінді (М. Әуезов, Қараш.). Қара жерге *белуарынан* көміп тастаса да, мына сөзге қорланғандай қорланбас ешкім де (Р. Тоқтаров, Ертіс.). Мәншүк шаңнан жасқанған көзін басқан сол қолын төмен түсіріп алдына қараса, *белуарынан* бөлінген адам (Ол күндер.). 2. А у ы с. *Бір заттың орта тұсы, тең ортасы.* Өзен жағасында жатаған ағаш үй көрінеді. Жерге *белуарынан* батқан, шатырлап жапқан темірсіз тақтай төбесі дал-дұл (Ғ. Мұстафин, Дауылдан кейін). *Белуарынан* шарап құйған бір қырлы стакан Шынардың да алдына келіп қапты (Н. Серәлиев, Ыстық күлше). Бес-алты атты *белуардан* шөп тиеген екі шаналыны ертіп, ен даланы кезіп жүр (Т. Ахтанов, Дала сыры).

БЕЛУАРДАН ү с т. *Орта белге дейін, орта белінен.* Алты жауынгер *белуардан* келетін қар үстінде еңбектеп барады («Қаз. мұғ.»). Солдаттар *белуардан* шешініп, жағасында дөңкиген қой тастары бар өзенде жуынып жатыр екен (Б. Момышұлы, Біздің генерал). Серәлі көйлегін шешіп, *белуардан* жуынып алмақ болды (Т. Ахтанов, Дала сыры). Құдық *белуардан* шүпілдеген су. Басы төмен түскен өгіз табан аузында тұншығады (С. Мұқанов, Шығ.). ◆ **Белуардан батты.** а) *Белінен, белшесінен келді.* Шәйкен мынадай суықта мұздай суға *белуарынан батып* тұрғаны кәперіне кірер емес (М. Сәрсекеев, Жетіжылдық.). Сүрлеуден ажыраған ат қалың күртікке *белуарынан батты* да, не әрі, не бері шықпастан тұрып алды (Б. Тәжібаев, Қараторғай). Атып жатыр Атагелді, Топырақты терең ордан. Бұрқыратып жота-белді — *Батқан* өзі *белуардан* (Қ. Бекхожин, Достық.). ә) *Мөлшерден тыс, шамадан көп.* Партия шығыны Бәйтенді де Жараспай сияқты *белуардан* борышқа, шығынға *батырып* бара жатқан (М. Әуезов, Қараш.). Белуардан қан кешті. *Қан майданның, қырғын соғыстың ішінде болды.* Егіз қозыдай екі дос бес жыл *белуардан қан кешіп,* талай ажалдың апан аузына түсіп кете жаздады (Д. Досжанов, Тұлпар.).

БЕЛУАРЛА е т. *Белуардан келу, бойлау. Белуарлап* оралған мақта бұтағына ілген сан түсті ойыншықтар, ленталар, мамықтай ақ қауыздар қиыр терістіктегі қысты елестететін сияқты (Т. Нұртазин, Адам бектерге.). ⊙ Алтынсариннің көзіне айлы түнде аспанды *белуарлаған* Көкше, баяғыда жылқының күзетіне барған түні туралы ойлаған ойы есіне түсіп кетті (С. Мұқанов, Аспаз). Аспанды *белуарлап* нар түйедей шөгіп жатқан Қаратау қазақ тарихын арқалаған қарт музей секілді (С. Мәуленов, Жер нәрі).

БЕЛШЕ з а т. 1. *Белуар, бел.* 2. *Үзеңгілік.* Батпақтар сорып *белшені,* Қан басты етік жұлығын. Туған жер аңсап өлшеді Адымын әрбір ұлының (Ж. Молдағалиев, Жиырма бес).

БЕЛШЕДЕН ү с т. 1. *Белуардан, белден.* Дұшпанның һарам қанына *белшеден* жүзсең де, ол мүсәпір болған жауының жаутаңдаған көзінен ытқып шыққан бір тамшы ыстық жасты өз көзіңмен көргеніңдей болмайды (Ә. Кекілбаев, Дала баллада.). Жыланды желкесінен басып тұрып, бала оны жыланбауыр қамшысымен сартылдатып еді, екі соққаннан қалмай *белшесінен* бөліп түсті (Ә. Әбішев, Найзағай). Егінді кешіп *белшеден* Еңбекпен өтті жас күні. Миллион-

дармен өлшенген Оның жиған астығы (С. Мәуленов, Шалқар). 2. А у ы с. *Шексіз мол, мөлшерсіз.* Амалыңды, айланды асырсаң, *б е л ш е ң н е н* бай боласың осы жолы. Дәл осы сәт — сенің терең, саяз екеніңді өлшейтін «өткел» деп біреу құлағына сыбырлап тұрғандай болды (С. Адамбеков, Атылған қыз.). Жамбыл кезді жетпіс жыл, Өзгермеді тұлғасы. Қайда барсам *б е л ш е д е н* Надандықтың қордасы (Жамбыл). Бейнеті бар кейде оның *б е л ш е д е н*, Әлі ешкім жоқ оны өлшеген. Неге ғана, өлшенбейді ауырлық, Санатпайды-ау туыстық пен бауырлық (Н. Көбенов, Дала самалы). ◆ **Белшеден батты.** а) *Ортан белінен, белуардан келіп малтықты.* Сұлтан миға да батып, дөңгелегін де ауыстырып былғанышқа *б е л ш е с і н е н б а т қ а н* шофер жігітке де назарын аударған жоқ (К. Оразалин, Ақ жазық). Сұраншы батыр сүңгісін, Сілтеп жауға шын күшін. Мұртына мұз қатса да, *Б е л ш е д е н* қарға *б а т с а* да, Ойран салып дұшпанға, Қырандай ұшқан сонарда (Т. Жароков, Шығ.). ә) *Шырмалып шыға алмады, қамалды.* Бейімбет — жаңашыл жазушы. Ескілікке *б е л ш е с і н е н б а т ы п* жатқан елді жаңалыққа бет бұрғызу оңай емес («Лен. жас»). Шындықтың бетін ашсам қайтеді деген толқу болды. Бірақ қылмысқа өзімнің де *б е л ш е м н е н б а т қ а н д ы ғ ы м д ы* ойлап, тәуекелім тұрмады (Қ. Жұмалиев, Жайсаң жандар). Жол даңғыл. Бірақ Алмат қиял тұңғиығына *б е л ш е с і н е н б а т ы п* көзге көмескі, көңілге аян ой төмпешіктеріне сүріне-қабына құлай жаздайды (Т. Бердияров, Фарида). б) *Байлықтың астында қалды, кенелді, қарқ болды.* Ел дегеніңіз не ішемін, не жеймін демейді. Береке, байлыққа *б е л ш е с і н е н б а т қ а н*, көңілдері көтеріңкі («Қаз. әдеб».). Совхозымыз биыл қыруар байлыққа *б е л ш е с і н е н б а т ы п* қалғалы отыр емес пе? Тек астықты жинап алсақ екен тезірек (Ақ бидай). Олжаға *б е л ш е с і н е н б а т ы п* масайраған тонаушылар керуеншілерді тергеуге алды. Мал-мүліктің бір бұрауын қалдырмай бөліскен («Лен. жас».). в) *Қарызы басынан асты, көбейіп кетті.* Бір кезде құтылармыз деген үмітпен Степлингтер күннен-күнге қарызға *б е л ш е с і н е н б а т а* берді («Лен. жас»). Ұсақ товар өндірушілердің көпшілігі борышқа *б е л ш е с і н е н б а т а д ы*, күйзеліске ұшырайды (Қысқ. саяси экон.). **Белшеден кешті.** *Молшылыққа батты, кенелді.* Не деген ұшан-теңіз зор байлық. Мұншама дарқан байлықты *б е л ш е д е н к е ш і п* жүріп, адамның неге аш болатынына мен қазір түсінбеймін (Б. Соқпақбаев, Өлгендер.). **Белшеден қан кешті.** *Нағыз ортасында, ішінде болды.* Майданда ер-азамат *б е л ш е с і н е н қ а н к е ш і п* жүр,— деп қамшымен батысты нұсқайды. Мына арпаның әр дәні жауға атылған оқ екенін білесіңдер ме (Д. Досжанов, Тұлпар. ізі.). Сонау бір соғыс жылдары майданда бес жыл бойы *б е л ш е с і н е н қ а н к е ш і п* келіп, осы бір қарапайым қаракеттің басын ұстаған (Д. Досжанов, Зауал). **Белшеден кірді.** а) *Малтықты, батты.* — Ертеңгі мұздай суға *б е л ш е с і н е н к і р і п*, ауырып қала көрмесін,— деді кемпір Әлібекті өзгеше мүсіркеп (Х. Есенжанов, Көп жыл.). Қараңғыда ештеңені де көрмеймін. Сөйтсем, әлгі арада көлшік су бар екен. Былп етіп *б е л ш е м н е н к і р д і м* де кеттім (Б. Соқпақбаев, Өлгендер.). ә) *Қамалды, шырмалды.* Ой тұйығына *б е л ш е м н е н к і р і п* отырғанымда Рахимов жетіп келді. Орнымнан қалай ұшып тұрғанымды да білмеймін (Б. Момышұлы, Москва үшін.).

БЕЛШЕЛЕ е т. *Белшесінен бату, малтығу.* Жұрттың көбі бекерге даурығып, пайда келтірудің орнына зиянға *б е л ш е л е й д і* (Т. Нұртазин, Адам.).

БЕЛШЕЛЕТ *Белшеле етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БЕЛЬ з а т. б и о л. *Өсімдіктің жапырағы мен гүлдеріндегі өрмекшінің өрнегіне ұқсаған ақ ұнтақты ауру. Б е л ь* ауруына, әсіресе салқын тиген өсімдіктер оңай шалдығады (С. Турдиев,.. Үй өсімдік.).

БЕМОЛЬ з а т. м у з. *Белгілі бір дыбыстың үнін жарты тон төмендететін таңба.* Ариядағы музыка әуені қайғы-мұңды, ойшыл характерге көшеді, тіпті бастапқы ре *б е м о л ь* мажордағы тональдық өзгеріп, энгармониялық минорға ауысады (Ж. Ғсалдин, Ахмет Жұбанов).

БЕН ш ы л. л и н г в. *Жалғаулық шылау.* Жас қыз *б е н* жас бәйтерек — бәрі бірдей, Жапырағы тұра ма жылда өзгермей? Менен гөрі сөзіңді жақсы ұғушы Кетер деме ер жігіт бір кез келмей (Абай, Тол. жин.). Қоғалы көлінің тұсына бар-

сам, көлдің беті қаз *б е н* үйректен көрінбейді (Ш. Хұсайынов, Таныс адам.). Бұлттанса, құрыстанса мұз *б е н е н* құз, Мас етіп, маужыратқан ішкен қымыз. Тасқындап, көңілі өрбіп, күйі буып, Дейтұғын: «Кәне балам, әпер қобыз!» (І. Жансүгіров, Поэм.). Бұрынғы заманда ел арасындағы той-тамаша ат шабысы, ас беру сияқты жиындар осы ағайын екі ел — қырғыз *б е н* қазақтың бірігіп, бас қосуымен өткізіледі екен (К. Әзірбаев, Шығ.).

БЕНДЕ и р. з а т. 1. *Адам, адамзат.* Сөйлемей *б е н д е* шыдамас, Қайғы отына ашынған. Жарымды көрмей неше жыл, Қапалықты асырған (Абай, Тол. жин.). Назданар адам аз ба енді, Көйлек көк те, тамақ тоқ. Еш *б е н д е д е* уайым жоқ, Жасармас қай жан жазда енді (Жамбыл). «Дәулеті әр *б е н д е н і ң* бөлек-бөлек, Көтеке, ашуды қой, ақыл керек. Қымыздың қызуына желік қылған, Шайтан сөз топ ішінде неге керек?» (Айман — Шолпан). 2. *Мүсәпір, кіріптар, кәріп.* Мен кеттім ғаріп басым болып *б е н д е,* Зарымды қабыл көрсе қадір алла (Айман — Шолпан). Ересек бұзақылар жас баланы оған-бұған жұмсап, әртүрлі әрекетке баулып, аяғы ұрлыққа машықтандырып, қолға түсіп *б е н д е* боп келіп отырған жетінші класс оқушысы екен (Ө. Тұрманжанов, Адам. дос.).

БЕНДЕДЕЙ с ы н. *Бенде сияқты.* Деді де, қолын батыр байлаттырды, *Б е н д е д е й* осыларға айдаттырды. Осындай күншілдікпен күйге салып, Бармақты жаман жолдас шайнаттырды (Т. Ізтілеуов, Рүстем.).

БЕНДЕЛІК з а т. с ө й л. **Бендешілік.** *Б е н д е л і к т і ң* кәмәлаты әулиелікпен болатұғын болса, күллі адам тәркі дүние болып, hу деп тарихатқа кірсе, дүние ойран болса керек (Абай). Жасап та, өліп сенде береке жоқ, Әуелде қабілетсіз жаралған соң. Әйтеуір амалсыздан аяған боп, Төгеміз *б е н д е л і к п е н* көздің жасын (А. Хангелдин, Қыз жүрегі).

БЕНДЕШІЛІК з а т. *Адамға тән осалдық, күнәға батушылық, айыптылық.* Келбеті қырыққа жетпеген офицер сірә, жан тәттілігі жеңіп тұрса керек, *б е н д е ш і л і г і н* мойнына алып: — «Егер бір өтірігім шықса, табанда атып тастаңыздар»,— дейді (С. Шарипов, Бекболат).

БЕНЗИЛ з а т. х и м. *Сары түсті кристалдық зат. Б е н з и л* инсектицид және репеллент ретінде қолданылады (Б. А. Бірімжанов, Химия терм. сөздігі). ◆ **Бензил спирті.** *Хош иісті түссіз сұйық зат. Б е н з и л с п и р т і,* көбіне, парфюмерияда және лактардың еріткіші ретінде тұтынылады (Бұл да).

БЕНЗИН з а т. х и м. *Көмірсутектердің күрделі қоспасы, түссіз сұйық, двигательдер отыны.*— Өзі машинаның тұтқасын жаңадан ұстаған болуы керек, *б е н з и н* насосының жұмыс істемей тұрғанын да сезбейді,— деп, Балташ мырс етті («Лен. жас».). Смоланы арнаулы ыдысқа құйып, ауа қатыстырмай 300 градустан асыра қыздырып *б е н з и н,* керосин тәрізді сұйық отын және машиналарда қолданылатын соляр майы өндіріледі (Химия өнімдерін.).

БЕНЗОЛ з а т. х и м. *Тас көмір смоласынан өндірілетін түссіз, өзіндік иісі бар еритінді зат.* Мұнайдан шығарылатын газдардан *б е н з о л* алып, онан кейін оның этиленмен реакцияласуы нәтижесінде стирол алынады (Хим. өнімдерін.). Қазір мұнайдан синтетикалық жолмен сұйық көмірсутектерін *(б е н з о л,* толуол, парафиндер) алу жүзеге асырылды («Халық мұғ.»).

БЕНЗОНАЛ з а т. м е д. *Болымсыз иісі бар, кристалды ақ порошок. Б е н з о н а л,* көбінесе, қояншық ауруының салдарынан сіңір тартылып қалғанда қолданылады (С. Сұбханбердин, Дәрі — дауа.).

БЕНЗПИРЕН з а т. х и м. *Темекі құрамындағы химиялық зат.* Темекі күлінен бірнеше түрлі углевод қоспалары табылып, оларды жәндіктердің тыныс жолы кілегей қабықтарына сіңіргенде одан рак ісігі пайда болған. Бұған әсер ететін *б е н з п и р е н* деген химиялық зат (М. Сисекенов, Өкпе аурулары). Кейінгі уақыттарда темекіні тартқан кезде пайда болатын қара майдың ішінде ракқа ұшырататын зат — *б е н з п и р е н* деп аталатын заттың бар екені анықталды (М. Қайрақбаев, Ескермеген ауру.).

БЕНТ з а т. с ө й л. **Винт.** Келді ауылға трактор, Шөккен нардай шоқтығы. Майлы жарғақ шопыры *Б е н т т е р і н* бұрап тұр (І. Жансүгіров, Поэм.). Қиырда ертең Шуылдатар, Машиналар Қатар-қатар Барлық *б е н т і* майлана (С. Сейфуллин, Шығ.).

БЕНТОНИТ з а т. *Вулкандық жыныстардың химиялық өзгеруінен пайда болатын, жасыл не сары түсті, шөгінді саз.* Кесек руда дайындауда қолданылатын жоғары сапалы *б е н т о н и т* кейін өзімізде өндірілетін болады («Лен. жас»).

БЕНТОС з а т. *Балық жеміне жұмсалатын судағы ұсақ жәндік.* Жер суының тұщылығына байланысты, азықтық *б е н т о с т ы қ* тұщы суда өсетін түрлері көп (К. Күленов, Қазақст. балық.). Түр жағынан алғанда *б е н т о с қ а* кедей, бірақ оның кейбір түрлері балыққа өте жақсы азық қоры болып отыр (Бұл да).

БЕП-БЕКЕР ү с т. *Тектен-тек, босқа.* Ертерек ханға бар, ата, Малыңды санап ал, ата. Қайғырмаңыз *б е п-б е к е р,* Ажал келіп өлерміз (Батырлар жыры).

БЕП-БЕЛГІЛІ с ы н. *Ап-айқын, айдан анық.* Базарда ығы-жығы көпшілік. Осылардың арасында шапандарын желбегей салып, Әлжан мен Нұрғали да жүр. Екеуінің бұрын қала көрмеген қазақтар екені *б е п-б е л г і л і* (Ғ. Мұстафин, Дауылдан кейін). — Қай Ыдырыс, Тасжаның кім?— деп, Садуақас Нұркешті тесіп барады. Іші біліп отыр. Тасжан да, оның баласы да өзіне *б е п-б е л г і л і* (С. Шарипов, Бекболат). Қазақ даласында 56 жыл бала оқытқан ұстаздық ойы, ту сонау арғы заман жайларына араласып кеткені *б е п-б е л г і л і* (Х. Ерғалиев, Шындық.).

БЕР[1] е т. 1. *Біреуге белгілі бір затты қолмен жеткізу, ұстату, әперу.* Барса тамда бір гүл тұр солқылдаған, Басында үш жеміс бар былқылдаған. Бірі — ақ, бірі— қызыл, бірі — сары, Таңдап ал, мен *б е р е й і н* бірін саған (Абай). Сен бе едің Жамбыл ақын соның бірі, Домбыра қолыңдағы дию-пері. Жоқ екен үкісі мен сылдырмағы, Көрейін қандай өзі, *б е р ш і* бері (Айтыс). 2. *Белгілі бір затты біреуге табыс ету, тапсыру.* Аққірпік шығып бара жатыр еді, Әбунүсіп: — Мөрді *б е р і п* кет! — деп қайыра шақырып алды (Д. Әбілев, Арман.). Дорбаны *б е р і п* жоғалды, Аң-таң қылып байғұсты. Есін жиып алған соң, Дорбаға кедей жабысты (Абай). Патшаның мөрі сол болса керек. Үлгісі мінеки деп, Ормекеңе алып келіп *б е р д і* (С. Шарипов, Бекболат). 3. *Тамақтандыру, қоректендіру, азықтандыру.* «Ие, балам! Аштық па, ауырдың ба? Бек жүдепсің!» Әй, ата! Сұрай қалдың не себептен? Аш болсам жейтін тамақ *б е р м е к п і с і н* (XX ғ. қаз. ақын.). Таза күріш *б е р і п* асыраған тауықтар көп ұзамай бери-бери ауруына шалдығатыны анықталды (Т. Дарқанбаев, Витамин.). Арқаның семіз, май шөбін Мәпелеп *б е р і п* қойыма. Төсіме тақтым гүл шоғын, Қызғалдақ шаштым жолыма (А. Тоқмағамбетов, Сайра. бұлбұл). 4. *Мемлекеттік міндеттемені орындау, өнім өткізу.* Қостанай облысы еңбекшілерінің мемлекетке 260 миллион пұт астық *б е р г е н д і г і* туралы хабар бүкіл елімізге жайылды (Ә. Нұршайықов, Тың астығы). Бес жарым кило жүн *б е р е т і н* қойдың санын да биыл молырақ айтуға болады (С. Бегалин, Ана қайраты). Меңгеріп тракторды алдық жегіп, Колхоздар деспе-деспе егін егіп. Дәулетті ел тұрмысын қамсыз етіп, Артығын үкіметке *б е р д і* төгіп (Ақын жырлары). 5. *Белгілі бір оқу орнына орналастыру, түсіру.* Қызыңды анау Хасен молданың оқуына *б е р м е й,* қайдағы жоқты тауып орыс оқуына түсірдің, оны кім болсын деп жүрсің осы (Ғ. Сыланов, Асау арна). Осы ауылда, осында өскен, Комсомолға жетіп жасы, Мектебі еді Нұркен түскен, *Б е р г е н* әкеп ата-анасы (С. Бегалин, Өлеңд.). 6. *Өнім өндіру, шығару.* Мүкжидектің ұсақ жеміс *б е р е т і н* түрлері де болады. Оның жемістерінің дәмі де нағыз мүкжидектің дәміндей (С. Сұбханбердин, Өсімдік — дәрі.). Бал *б е р е т і н* құмырсқалар Австралияда және Орталық Америкада кездеседі (Қ. Қайымов, Қызықты зоол.). Біріміз жердің үстінде, Біріміз шахта астында, Білім мен білек күш бірге *Б е р м е с і н* алдық тастың да (Қ. Аманжолов, Шығ.). 7. *Белгілі бір заттың бейнесін сипаттап көрсету, суреттеу.* Балықшы күркіреп жатқан көк теңіздің өзі сияқты. Ал адамның бейнесін сіздерге қай мамандықтың адамы *б е р е* алады? — деп сұрады менен Андре Вея (С. Мәуленов, Жер нәрі). Жаңа өмірді жек көрген ызалы байдың сөзін Бейімбет мынадай бір ауыз өлеңмен *б е р е д і* (І. Омаров, Серпін). Бастауыш пен баяндауыш бізсіз, сөйлемнің тұрлаусыз мүшелерінсіз сендер күрделі ойды *б е р е* аласыңдар ма (Б. Соқпақбаев, Жекпе-жек). 8. м а т. *Бүтін санды бөлу, бөлшектеу.* Жетіден *б е р с е,* оның оң жағындағы тоғыздың көбейтіндісінен кем-кем ойдағы саннан асып кететінін аңғару керек («Халық мұғ.»). 9. *Күрделі егістік құрамындағы көмекші егістік.* Жоспарды артық «қосып жазуға» өлсем барам ба?

Бірақ қайталап айта *б е р с е,* өзіңе өзің сенбей, шүбә келтіре бастайды екенсің (З. Шашкин, Өмір тынысы). Сандыбайда салмақ жоқ ықтай *б е р е т і н* адам көрінеді. Сондықтан, Ордабай оған енді өктемелей сөйлеп кетті (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). ◆ **Ажар берді.** *Өңдендірді, гүлдендірді.* Кейбір дәстүрлер, балалардың тұрмысына *а ж а р б е р і п,* гүлдендіріп отырады (Қ. Жарықбаев, Психология). Кейде өлеңің жұлдыз боп аспанда ақты, Оған да *а ж а р б е р і п* жарқыратты. Сондықтан да советтік азаматтың Бәрінен бұрын саған «Күн тіл ұсағы» (С. Мұқанов, Шыңнан шыңға). **Ажарын бермеді.** *Өңі таймады, өзгермеді,* Ерекше қазір келбеті, Ақ жүзі нарттай жанады. *А ж а р ы н* әлі *б е р м е п т і ,* Жалыңға толы жанары (Ж. Молдағалиев, Жесір тағдыры). **Ақыл берді.** *Ақыл айтты, жөн сілтеді.* Қазаққа *а қ ы л б е р е м,* түзеймін деп қам жеген адамға екі түрлі нәрсе керек (Абай). Әй, соқыр, сөзге тосу *а қ ы л б е р д і м,* Айрылып таза малдан тақыр болдың. Өлеңге бейсауат сөз қосамын деп, Қалтырап, топ ішінде пақыр болдың (Айтыс). **Ант берді.** *Уәде берді, ант етті, серт етті.* Еліме, Отаныма *б е р г е н а н т ы м,* Ежелгі ел ерінің сақтап салтын. Бұл антты берген Щорс, Чапаевтар, Жаныңдай жақын көріп сүйген халқың (А. Әбдікадыров, Таңд.). *А н т б е р і п* туын ұстаған, Адаспас жолға ғасырды. Көрсетіп күнде нұсқаған Дауылды күнде саспаған (Қ. Аманжолов, Шығ.). **Арыз берді.** *Шағым қылды, арыз етті.* Елдегі жақсы адамдардың бәрінің үстінен бекер өтірік — «Шапты, талады» — деген әртүрлі уголовный іс көрсетіп *а р ы з б е р е д і* (Абай). Барып келсе, Ертістің суын татып, *Б е р і п* келсе бір *а р ы з* бұтып-шатып. Елді алып, Еділді алып есіреді, Ісіп-кеуіп қабарып келе жатып (Бұл да). **Ас берді.** *Өлген адамды еске түсіру салты.* Жақында ауылдың белді азаматының бірі осыдан отыз жыл бұрын өлген әкесіне *а с б е р г е н д е,* тай терісіне таласып, молдалар дау көтерді («Лен. жас».). Ханым: «Ат шаптырып *а с б е р в е ң,* ерік өзіңде, Билігін батыр Тайлақ саған бердім» (Қозы Көрпеш.). **Атақ берді.** *Айрықша сіңірген еңбегіне қарай дәреже, даңқын көтерді, жоғарылатты.* Үкімет республиканың көптеген оқытушыларына Қазақ ССР-на еңбек сіңірген мұғалім деген *а т а қ б е р д і* («Халық мұғ.»). **Аян берді.** Д і н и. *Халық ұғымында қасиетті адамның түсте жолығып, сақтандыра хабар білдіруі.* Сол Масғұт Халифаға уәзір боптьі, Тарқатыпты алдынан көппен топты. Бағанағы қыдыр шал бір уақытта Түсінде *а я н б е р і п* жолығыпты (Абай). Ұйықтап жатқан кезінде Аса таяқ қолында. Ақ шалмалы қарт адам Түсінде *а я н б е р і п т і* (Батырлар жыры). **Бата берді.** *Игі тілек тілеп, ризашылық білдірді.* Дастарқан жиналар-жиналмастан: «Ал ішіп болды ма, *б а т а б е р і ң д е р,* ас қайырыңдар!» Той тойға ұлассын! — деген дабыр-дүбір де естіліп қалды («Лен. жас»). Бұл шал бөтен шал емес қыдыр еді, Ебін тауып, даруға кезі келді. Сөзіне, ақылына, қылығына Разы болғаннан соң *б а т а б е р д і* (Абай). **Бел бермеді.** *Бас имеді, күш алдырмады.* Қаратаз Көленмен жүзбе-жүз кездесуден тайқып, сырттай аңдысып, бөрі айбатпен *б е л і н б е р м е й* кеткісі келді (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). **Бере көр.** *Тілек етіп жалбарынды.* Мал сойғандар бір-біріне «қабыл болсын» айтысады, соя алмағандар жерошаққа телміре *«б е р е к ө р,* тәңірім!» деседі (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). — О, жасаған ием, *б е р е к ө р* тілекті — деп, маған қарай жылжып, қасыма бір табан жақындай түсті (Қ. Қайсенов, Жау тылы). **Бет берді.** *Шырай, рай білдірді. Б е т б е р г е н д е* шырайың сондай жақсы, Қайдан ғана бұзылды сартша сыртың? Ұқпайсың өз сөзіңнен басқа сөзді, Аузымен орақ орған өңкей қыртың (Абай). Сұмсұрқия сұмдықпен еп берем деп, Сүйер жансып, сүйкімді *б е т б е р е м* деп. Жүз қараға екі жүз аларман бар, Бас қатар бас-аяғын тексерем деп (Бұл да). **Бой бермеді.** а) *Күш бермеді, ырыққа көнбеді.* Мен ғой, дарбазаңызды ашыңыз, мына малы түскір *б о й б е р м е й* барады жұлқынып — деп сырттағы адам ептеңеден бихабар күйі дарбазаға келіп төніп тұр (А. Байтанаев, Қайнар бұлақ). ә) *Босатпады, құтқармады.* Әуелі көрілік келіп түрімді алды, Тісімді аузымдағы бұрын алды. Ойға-қырға қашсам да *б о й б е р м е д і ,* Қасыма жолдас болып жүріп алды (Ақын жырлары). б) *Айтқанға көнбей қасарысты.* — Бір үйір жылқыдан бір жапырақ ет аузымызға тимейтін не сорымыз бар,— деп ана жігітке *б о й б е р м е й* жатыр (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). Мұны көріп Жүсіпке түсті қайғы, Көп көрген *б о й б е р м е й т і н* осындайда. Бұлтты күні Кавказға жан

шықпайтын, Егер шықса үйірге қосылмайтын (Дастан.). Білім берді. *Білім өсірді, ғылым негіздерін үйретті.* Жастарға орта *білім берудің* екінші жолы жастарды өндіріске үйретіп, еңбекке дағдыландыруымыз керек («Халық мұр.»). Тәжірибелі мұғалімдер сабақ құрылысын түрлендіре отырып, оқушыларға тиянақты *білім береді* (Бұл да). Дауыс берді. *Сайлауға келісімін білдірді, сайлады.* Халқымыздың аманатын ақтайтын, ой-арманын орындайтын адал ұлдары мен қыздарына *дауыс берді* (С. Мәуленов, Жұлдызды жыл.). *Дауыс берем* қалаулы Достарыма отандас. Жүрегімде аяулы Жыр қалайша тұтанбас (С. Сейітов, Бетпе-бет). Дәм-берді. *Дәм татқызды, қонақ етті.* Сенің өзің бала едің, Көптен үйге келмеген; Түстен, бір *дәм берейін,* Жеңген де бір көрмеген (Т. Жароков, Таңд.). Бұл жолы да басып ол Кәнігі өз әніне. Қарамады сасып ол, Мәкеңнің *бермек дәміне* (С. Мұқанов, Замандас.). Дем берді. а) *Демеді, рухтандырды.* Ал Мұрат бар, күшіңді сал, қимылда,— деп балалар да оған *дем бергендей* құшырлана дауыстады (А. Сарбепин, Аспалы бесік). ә) *Қолдады, қуаттады, қоштады.* Оразбайларға астыртын *дем беріп* отыратын өздерінің де (Жандарал кеңселерінің де) арам саясаты бар-ды (М. Әуезов, Әр жыл.). Барымта жеке адамдардың, өсіресе, өз қарамағында ұры ұстайтын сотқарларға *дем беріп* пайда табатын үстем тап өкілдерінің күн көріс көзі болды (М. Елеусізов, Шоқан Уәлиханов). Дес бермеді. *Бой бермеді, көнбеді.* Күреңбай айнала қоршап тұрған ауыл адамдарының ара-кідік ашы қаңқуына *дес берер* емес (С. Омаров, Қайырлы жаз). Ортадағы кілем үстіндегі танауы делдиген қара домалақ, төртпақ палуан жігіт сыбайласына *дес берер* емес («Лен. жас»). Дүрсе қоя берді. *Тап берді, шап берді.* Түре айтыста балта сабы жерден «ұрып таста» дегендей *дүрсе қоя беретін* тапқыр тарлан Жамбыл елден ерек шығатын (М. Әуезов, Әр жыл.). Бригадир Шақанов Жөкейхан ақсақалдың қабағы қатулы. Бірден Шәукенге *дүрсе қоя берді* («Лен. жас»). Дыбыс берді. *Үн қатты, жауап берді.* Төкеннің есікті бір-екі қаққанына ешкім *дыбыс бермеді* (С. Бегалин, Ана қайраты). Енші берді. *Жаңадан үй болған балаға үлесін, тиесісін бөлді. Енші беріп* үй тіксе, Әлі келмей жатқан жоқ. Екей ұлы бұл өңірдің Келіп дәмін татқан жоқ (Жамбыл). Балта: «Күл басында туған күннің баласына неге *енші берет»,*— депті (С. Мұқанов, Менің мектеб.). Ерік берді. а) *Бас бостандығын әперді, билетті.* Орыс айтты: «Өзіңе *ерік берем»* деп, «Кімді сүйіп сайласаң, бек көрем» деп. Бұзылмаса, оған ел тізелген жоқ, Ұлық жүр: «Бұл ісіңді кек көрем» — деп (Абай). ә) *Ырыққа көнбеді, бағынбады.* Ой кіргелі тимеді ерік өзіме, Сандалмамен күн кешкен, түспе ізіме. Өзі ермей, *ерік бермей,* жұрт қор етті, Сен есірке, тыныш ұйықтат, бақ сөзіме (Бұл да). Есе бермеді. *Есесін жібермеді, намысын қорғады.* Әкем де болса амал жоқ, Айтарым жоқ қайтадан *Берме есеңді,* азат бол. Аянып қалма мен үшін, Тілегіңді мен тілеймін, Қобылан!— дейді Қарлыға (М. Әуезов, Таңд.). Ер Еспембет кешегі Ерекше ер деседі. Тіл біткеннің шешені Топта *бермес есені* (Дастан). Жазасын берді. *Мехнатын тарттырды, азапқа салды.* Күлді де құмырсқалар мына сөзге: «Қылығың инелікжан, — деді өзге. *Жазасын* жаз ән салсаң, қыс *береді.* Еріншек еңбек етпей болсаң кезбе» (Ө. Тұрманжанов, Қарлығаш). Жалт берді. а) *Жалма-жан зытты, тайып тұрды. Жалт беріп* үлгерген Медетпектің үстіне бұрқе шашыраған металл шоқтары быж-быж етіп жабысты да, брезент спецовканы ойып-ойып түсті (Ә. Сатыбалдиев, Ақмарал). Үркек ат осқырып *жалт берге*нде, ол ерден түсіп қала жаздады (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). ә) *Тайсақтады, қарай алмады.* Ол жігіт басқалардай емес, менің бетіме тесіле де қарамайды, көзім көзіне түссе, *жалт беріп* теріс айналып кетеді,— дейді Ақмарал (Бұл да). б) *Жалтарып кетті, тайсақтады.* — Тиынға тиын қайда да бар ғой,— деп бастай берді де, Резанов *жалт беріп,*— мен романтикадан аузым күйген адаммын,— дейді (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). Жан берді. а) *Жан тапсырды, дүниеден қайтты.* Көрдім талай соғыстарда, Ердің қалай *жан бергенін.* Көрдім талай сұлулардың Жылай суда және өлгенін (А. Жұмағалиев, Өшпеген жалын). ә) *Ант-су ішті, қарғанып-сіленді.* Көшебеге: «Тарышыны әкем баласы деп *жан беремісің?* — дейді. «Берем» — дейді Көшебе (С. Мұқанов, Менің мектеп.). Ант ішкен, күнде *берген жаны* құрсын, Арын сатып, ті-

ленген малы құрсын. Қысқа күнде қырық жерге қойма қойып, Құ тілмен құлық сауған заңы құрсын (Абай). б) *Гүлдендірді, құлпыртты.* Құс қонбаған жапанға, Сен едің барып *жан берген.* Сені өсірген Отанға Дүние жүзі мән берген (М. Хакімжанова, Жыр асуы). Меңіреу мылқау далаға, Мүлгіген сай-салаға. Қала салып, *жан берген* Жол жүргізіп қан берген Сүйеміз, сүйеміз біз Ленинді (Қ. Аманжолов, Шығ.). **Жан бергенше.** *Көз жұмғанша, өле-өлгенше.* «Кім екен?» — деймін, «Кім екен?» деймін сол бір жас, *Бергенше жанын* жарына сүйген айнымас (Партия тур. өлеңд.). **Жауап берді.** а) *Сұрауға түсінік берді, жауап қайтарды.* Шұбар төремен жанасуына Абай сөздері себеп болатынын енді анықтап аңғарды. Жаңағы сұраққа ол «білем» деп *жауап берді* (М. Әуезов, Таңд.). Алғашқыда топ ішінде тікелей қойылған сұраққа *жауап берместен* бұрын құлағы қызаратын Сабыр келе-келе үйреніп кетті (Қ. Қамбаров, Таудағы қала). ә) *Тұжырымын, шешімін айтты.* Әй, Жарқын, қайта бар Баянға! *Жауабын* өзі келіп *берсін.* Тимесін намысыма, көшсін жөніне! — деді Қодар (Ғ. Мүсірепов, Таңд.). Сүйіспендік дүниесінің Тотысы деп жаздым сөз. Кім де болсаң—*жауабын бер* Жан жорығы—қара көз (А. Жұмағалиев, Өшпеген жалын.) б) *Жауапкер болды, міндетіне алды.* Елінде баукеспе ұры бар. Ол саған арқа сүйейді, қылмысты істетіп отырған сенсің! Ендеше *жауап беретін* сен (М. Әуезов, Абай). **Жел берді.** а) *Дем берді, желіктірді.* Бой тартып арамдықтан бар маңашқан, Сен кімнен қорқасың деп *жел береді,* Кісі жоқ қой дейтұрғын, елді басқан (М. Көпеев, Хал-ахуал). Мәселе кейбір жігіттердің жағымсыз қылықтарын бетіне басып, тезге салудың орнына ушықтырып, *жел беретін* қатарластарының табыла кететіндігінде («Лен. жас»). ә) *Қуат-қайрат бітірді, әл берді.* «Бала» деген бір сөз жүрекке демеу, денеге *жел беріп,* шаршағанды елетпей құстай ұшып, құйындай төпеп келемін (Ж. Жұмақанов, Жазылм. кітап.). **Жол берді.** а) *Жол босатты, жол ашты.* Жоралыға жол бер, не болмаса, қонақтарға *жол бер* деген сияқты сыпайы ишарат әдетсіз ауызға түсер емес (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). Қатарласа берген Ашкиннің оң жақ беті мен иығын көргеннен кейін ғана Шапиевтің кеудесіне ұстаған екі қолы ақырын төмен сырғып, оған *жол беріп,* өзі кейін кетті (Ә. Нұршайықов, Тың астығы.). ә) *Тыйым салмады, мүмкіндік берді.* Кейбір шаруашылық басшылары егін науқаны кезінде ысырапқа *жол берді* («Соц. Қаз.»). **Жол бермеді.** а) *Тыйым салды, рұқсат етпеді.* Панфилов: «Менің әскери жоспар-жобама әркімнің кесір келтіруіне *жол бере* алмаймын, дейтін» — дейді (Б. Момышұлы, Жауынгер тұлғасы). ә) *Дес бермеді, жеңілмеді.* Адамға *жол бермеген* қайран тілім, Күн өтпей, желпіп ұшқан қызыл гүлім (Ақын жырлары). **Жолын берсін.** Алғ. *Сондай бол деген ігі тілекті білдіреді.* Әй, той берген ауылдың қыздары, Әбеннің *жолын берсін!* — деген дауыс шықты сырттан (С. Сейфуллин, Шығ.). **Жылын берді.** *Қайтыс болғанына жыл толған соң, ас берді.* Досанның қаза болғанына талай жыл өтсе де, Мұсақұл мен Қарынбай ағайынсып, оның *жылын бермек* боп, мал жетелеп кепті («Қаз. әдеб.»). **Заң берді.** *Тәртіп орнатты, заң шығарды.* Адасқан елге тың беріп, Кернеді білім, кернеді. Залымды тияр *заң беріп,* Ерледі кеңес, ерледі (И. Байзақов, Шығ.). **Зып берді.** *Лезде, шапшаң жоқ болды.* Бізді көре сап екі әйел де *зып беріп* үйге еніп кетті де, біреуі әлден соң қайта шықты («Қаз. әдеб.»). «Қолымызға қару тиген соң өзіміз білеміз ғой. Бір күні *зып беріп* арғы бетке өтіп кетеміз» (Т. Ахтанов, Дала сыры). **Кезек бермеді.** *Сөйлей берді, тоқтамады.* Әзиз ешкімге де *кезек бермейді.* Бәрін өзі жайғап, өзі шешіп отыр (Ә. Тарази, Үлкен ауыл). **Кеңес берді.** *Ақыл қосты, ой салды.*— Қасыңызға екі солдат алып, осы маңдағы үйлерді аралап шығыңыз,— деп капитан *кеңес берді* (Т. Бигелдинов, Аспандағы айқас). Ата-ана балаларына оқып шыққандарын жазып отыруға немесе оқу күнделігін жасауға *кеңес беруіне* де болады (Семья тәрбиесі). **Концерт берді.** *Музыкалық шығармалар орындады, концерт қойды.* Біздер Москвада болып өткен қазақ онкүндігінің тұсында Бибігүл Төлегенованың Бүкілодақтық халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінде *берген концертіне* қатыстық (І. Омаров, Серпін). Роза Бағланова Москва мен Ленинградтан бастап, Совет Одағының ондаған қалаларында *концерт беріп* қайтты (С. Бақбергенов, Өз. жігіт.). **Көңіл берді.** а) *Зейін*

қойды, зер салды. Сізге ғылым кім берер, Жанбай жатып сөнсеңіз. Дүние де өзі, мал да өзі, Ғылымға *көңіл берсеңіз* (Абай). Бай ұлы небір көк алмас, Тұрғанда тосып өмірін. Аузынан қойдың шөп алмас, Жарлыға *берді көңілін* (Ж. Молдағалиев, Жиырма бес). **Көңіл бермеді.** *Бой ұрмады, сенбеді.* Біреуді көркі бар деп жақсы көрме, Лапылдақ көрсе қызар нәпсіге ерме. Әйел жақсы болмайды көркіменен, Мінезіне көз жетпей, *көңіл берме* (Абай). **Күмп берді.** *Сүңгіп көрінбей кетті, батып кетті.* Жол бойымен келе жатқан машина көпірге келгенде, бағытын өзгертіп, Нарын дариясының суына *күмп берді* («Лен. жас»). Сен кездескенде, жүрек өртер көзқарасыңнан бас сауғалап, суға *күмп беретін* адамдай тұқырайып алып қасыңнан зыр жүгіріп өтетінмін (Бұл да). **Қалың берді.** *Қыз айттырып, қалың малын төледі.* Қыз іздесең, *Қалың бер,* Мұным ақыл болмай ма? Көріп алсаң көріктіні, Таңдап алсаң тектіні Сонда да көңіл толмай ма? (Абай). **Қол берді.** *Серт етті, уәде қылды.* Үстінде ұзын жолдың бізді таптың, *Қолды берді* Ғизатолла айрылмасқа (С. Бегалин, Таңд.). **Қол берім жер.** *Таяу, жақын.* Машина «Жыланшық» бауырына түскенде, *қол берім жерден* от көрінді («Қаз. әдеб.»). **Қол ұшын берді.** *Жәрдемін тигізді, көмектесті.* Аудандық комсомол комитеті адасқан қызға *қол ұшын беріп,* орын алып отырған кемшіліктерден тиісті қорытынды шығарған абзал («Лен. жас»). Ертай қысылған кезде кімге болса да *қол ұшын береді.* Бұл туралы елден естітінің алғыс (Бұл да). **Қоя берді.** *Еркіне жіберді, босатты.* [Үмбетәлі] Ылғауыма жарайтын нысайың жоқ, Тізгініңді ірікпей *қоя бергін* (Жамбыл).— Мен әлі кішкентаймын, сүліктеймін, Шайнауға тісіңе де ілікпеймін. *Қоя бер* өсейін мен пайдаң болар, Мен саған ақыр меншік мүліктеймін (Ө. Тұрманжанов, Қарлығаш). **Құбылаға бас берді.** *Құбылаға бетін қаратты. Құбылаға бас беріп,* Екі көзге жас беріп, Байбөрі хаққа налынды, «Алмадың құдай жанымды» (Алпамыс). Аяқтарын көсіліп, Бір етегін жамылып, Көзінен жас ағылып, *Құбылаға бас беріп* Жарыса түсіп бұл жатты (Бұл да). **Құдай берді.** *Күні туды, жарылқанды. Құдайдың бергені* емес пе? Кіммен түссем онымен түсейін, әйтеуір суретім болса онан артық не керек маған (С. Сарғасқаев, Біз төртеу.). Көптен су тимеген қазан-аяқ жақ гүж-гүж етеді. Қара шыбынның *құдайы берген* («Лен. жас»). **Қыз берді.** *Күйеуге берді, ұзатты.* Мұрат байдың Ғазиза атты қызына ғашық болған Сәлімді кедейсініп, *қызын бермейді* (М. Әуезов Әр жыл.). **Лап берді.** а) *Бет қойды, тап берді.* Ин тіресіп сығылысып тұрған қалың аттының қатары қозғалып, жылжыған сеңдей, *лап беретіндей* ілгері қарай ұмтыла бастаған-ды (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). Қоңырау соғылды. Нақ осы қоңырау даусын күтіп аңдып отырғандай, балалар *лап беріп,* өре түрегеліп, түйдек-түйдегімен сыртқа қарай атылды («Қаз. әдеб.»). ә) *От лап етті, лаулады.* Оқ үстіне оқ жауып, Нүркен самолеты *лап берген* От құшағында қалды (Ол күндер.). Темірдей балқып жанған қидың үстіне құлай бергенде-ақ баялыш *лап береді* (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). **Маза бермеді.** *Мазаны алды, дамыл көрсетпеді.* Түні бойы немістер бізге *маза берген* жоқ. Қой күзеткен қойшыдай, біз де дұшпанның түнгі шабуылын тойтара отырумен болдық (Майдан). **Майын берді.** *Көлік күшін жалдап, пайда көрді.* Өз малыңды өргізіп, Жеріңде мал бақпадың. Тайдың *майын бермейтін,* Байды несіне жақтадың (Жамбыл).— Тайлақты енесіне қосып өріске айдап жіберді де, «сүтін іш, қоңын қисайтпа!» — деп, балықшыларға бір-бір қарасының *майын берді* (Ә. Нұрпейісов, Сергелдең). **Мән берді.** *Көңіл бөлді, көңіл аударды.* Жас мерген қонышындағы кездігін алып шалып жіберді де, өзі аң құмарлық билеген сезім ықпалына уланып, аңға, қанға ешбір *мән берген* жоқ (С. Бегалин, Таңд.). Эпостық дастандарды тыңнан шығарушылардың дәл бүгінге дейін өз ортамызда болған фактісіне жете *мән бермей* келеміз (Е. Ысмайлов, Сын.). **Мойны жар бермеді.** *Жалқауланды, еріншек тартты.* Біз өзімізбен өзіміз боп, ең мықтағанда өкпемізді айтып, нақты іске *мойынымыз жар бермей* келе жатырмыз («Қаз. әдеб.»). **Мүмкіндік берді.** а) *Мүмкіндік жасады, жағдай туғызды.* Парламенттік тәртіп мәселенің бәрін көпшіліктің шешуіне *мүмкіндік береді* (К. Маркс.., Таңд. шығ., 264). ә) *Мүмкіндігі болды, жағдайы келді.* Жұмысыңыз бен денсаулығыңыз *мүмкіндік берсе,* сіздің бізге көмектесуі-

ңізді сұраймыз (В. И. Ленин, Шығ., 36, 61). **Оң батасын берді.** *Игі тілек тіледі, алғысын айтты.*— Мың жаса, Сақи, мың жаса!— деп, Аман қарт *оң батасын беріп* келеді («Лен. жас»). **Өнеге берді.** *Үлгі болды, өнеге көрсетті. Өнеге берсе* ұстазың Толтырып күй құлаққа (Ақын жырлары). **Өң берді.** *Көркейтті, жайнатты.* Жетісу өлкесіне *өң береді,* Орныққан аймағына әлеуметі, Осылар пайдаланып меңгереді (Ақын жырлары). **Өңін бермеді.** а) *Түсі өзгермеді, бояуы кетпеді.* Штапель табиғи жүннен тоқылған матадан кем түспейді, тез жуылады, *өңін бермейді* («Халық мұғ.»). ә) *Ажары таймады, қартаймады.* Ұлбосын жас *өңін бермеген,* жүріс-тұрысы пысық, өз шаруасына мығым, бір көрмеге бөленді (С. Омаров, Қайырлы жаз). б) *Түсін жылытпады, жылы шырай білдірмеді.* Судыр Ахмет қатын-баланың қай жерінен мін табам деп, шытынып *өңін бермей* келеді (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). **Пайда бермеді.** *Жөнді нәтиже шықпады, жәрдемі тимеді.* Үш қуаттың ішінде сила притягательная однородного мен подвижной элемент болмаса, көп білуге көп оқу оңды *пайда бермейді* (Абай). Басыңа *пайда бермес* бұл өнерің, Жақсылық қосылмайды ешбір санға. Ысырап құмға құйған су секілді Айтқан сөз қабыл болмас кей наданға (Ақан сері, Шығ.). **Пірге қол берді.** Діни. *Пірге сыйынды, табынды.* Әулиеге дем берген, Айтар сөзге ем берген. Жеті өлікке жан берген, Жеті *пірге қол берген* (С. Сейфуллин, Шығ.). Жүніс әрі қожа, әрі *пірге қол беруге* таяу болса да, өз билігімен жүретін бір беткей кісі (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). Кейбіреу — законшік, Оңдырмассың берсе арыз. Кейбірі *пірге қол берген,* Іші залым, сырты абыз (Абай). **Рай бермеді.** *Ыңғай, шырай білдірмеді.*— Қазанға ас салайын..,— деп Ақбала жасқана тіл қатып еді. Сүйеу *рай бермей,* ызалы кескінде қолын сілкіп қалды (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). Досқа *рай бермей,* ашулы жүзін сырт салып, суық томсарып отырған қалпынан қозғалмады (Бұл да). **Реңі берді.** *Өң кіргізді, жайнатты.* Ертеңгі күннің қиғаш сәулесі өзенінің арғы бетіндегі бозды адырды қызғылт сарғыш шұғласына малып, балғын жұмсақ *реңі беріп тұр* (Т. Ахтанов, Махабб. мұңы.). Батар күнге шымылдық — көк бұлт кең, Толқынды қызыл торғын өртпенен тең. Өткен дәурен секілді нұры жайнап, Арттағы мұнараға *береді реңі* (Абай). **Рұқсат берді.** *Ризалық етті, келісім білдірді.* Ашуланба, ей патшам, айтайын дат: Алтын қақпа *бермеді* сізге *рұқсат.* Сый сұрадық бергені — бір құ сүйек, Мұны көріп, алыңыз сіз де ғибрат (Абай). Әйел өлмес соқпа дерттен, Сауыға алмас сынған ер. Мен көмірмін қалған өрттен, Енді *рұқсат* бізге *бер* (Бұл да). **Сабақ берді.** а) *Сабақ өткізді, сабақ жүргізді.* Біздің мектепте Бектұрсынова қарындас та бірінші рет *сабақ бергелі* отыр (М. Иманжанов, Алғашқы айлар). Ақ сәлдесі басында Боз інгендей боздаған Қайтіп *сабақ береді,* Айтқаны ішке қонбаған (Жамбыл). ә) *Тәжірибе болды, үйретті.* Тарихтың сабағы оны дер едім, *Сабақ берген* — менің ұлы, ер елім! Рейхстагтың төбесінде тұрдық біз, Желбіретіп қызыл тудың желегін (Партия тур. өлең.). **Сазайын берді.** а) *Сорлатты, ұрсып-сөкті.* «Сорлының тіл-аузы жоқ, қаншама *сазайын беріп* жатсақ та, кек сақтамайды»,— деп, әйелі мен енесі келген-кеткен туыстарына айтып отырады (Ә. Сатыбалдиев, Ақмарал). б) *Жаза тарттырды, азаптады.* Бақшаға кірді шыбын шықпақ тойып, *Сазайын берді* дәуіт көріп қойып. Жемек боп балапанға өрмелеген Жыланның жайын тапты көзін ойып (Т. Әбдірахманова, Білесіп бе?). **Сазасын берді.** а) *Сазайын, жазасын тарттырды.* Ақыры күшті асырды, Қандатып жауды жеңгенбіз. Желкесін қиып жебірдің *Сазасын* сөйтіп *бергенбіз* (Жамбыл). Саған ғашық болғаным, Қалмақтың *берер* деп едім Жалғыз-ақ өзің *сазасын* (Қамбар батыр). ә) *Сорын қайнатты, ит қылды.* Кез келсе қайғы қат-қабат, Қаңғыртпай қоймас адамды. Қасиетсіз туған о да жат, Күңкілдеп *берер сазаңды* (Абай). **Салют берді.** *Пионерлік сәлем берді, амандасты.* Осы кезде маған келіп, Немістің жас пионері. Гүл ұсынды, *салют беріп,* Бауырына балап мені (Ә. Ахметов, Өлеңд.). **Серт берді.** *Серт қылды, уәде етті.* Айым, күнім ата-енем! Жат дұшпаным алдында Айтылмаған *серт берем!*— дейді Құртқа (М. Әуезов, Таңд.). Алдында қабырыңның *берген сертім* — Қиратпай жау қамалын бітпес кегім (Ақын жырлары). **Соққы берді.** *Жаудың бетін қайтарды, тойтарды.* Босқындар орман ішінде босып жүргенімен, өз беттерімен ұйымдасып босқыншыларға тылдан *соққы беретін* күш бола алмайды (Қ. Қайсенов, Жау тылы). Аты шыққан әлемге, Фрунзедей ерім бар. Тиген бізге

жау болса, Сол батырдың туымен, *Соңғы берер* елім бар (Ақын жырлары). Сөз берді. а) *Сөйлеуге рұқсат етті, сөйлетті.* Тағы да ұлы ерліктерді көз көрді, Жаңғырды жер, көк көркі өзгерді. Бейбіт еңбек, коммунистік құрылыс, Бесжылдықтың ерлеріне *сөз берді* (Партия тур. өленд.). ә) *Серт қылды, уәде етті.*— Ойнаймыз, ойнаймыз!— деп музыканттар да бас изесті.— Ертең кешке қайткенде де естітін боламыз,— деп джаз бастаушы да *сөзін берді* (Қ. Исабаев, Соңғы төулік). Ақыры қыз Мәлікке *сөзін берді.* Сыртқан оқитын болып, университетті тастап, Баянауылға қайтып, той жасады (З. Шашкин, Сенім). Сөзге жол бермеді. *Сөйлеттірмеді, ойын айтқызбады.* Басқа *сөзге жол бермей,* Атымтайға сенгендей, Алақан соғып жаңғырды (Қ. Тоғызақов, Таңд.). Сөзге қонақ бермеді. *Өзгеге құлақ қоймады, сөзді тыңдамады. Сөзге қонақ бермейтін* әкенің алдын орай алмай, Қошқарбай ұзақ сілейіп тұрып қалды (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). Сұрақ берді. *Сұрақ қойды, сұрады.* Басшымыз *сұрақ ты* қайта *бергенде,* сірә, бізді ол түсінбей қалса керек деп ойладық та қойдық (Р. Райымқұлов, Бұрылыс.).— Жарайды, көзінді жұм да, анау бір жарқыраған жұлдызға қолыңды соз, егер жұлдыз оң жағында қалса, сенің жұлдызың, *сұрақ ты* мен *берем,* сен жауап қайырасың (З. Шашкин, Өмір тынысы). Сыбағасын берді. *Сазайын тартқызды, жазасын тарттырды.* Кеше неміс бізге үш рет шабуыл жасады, онысына біздің жігіттер тиісті *сыбағасын беріп* тойтарды («Қаз. әдеб.»).— Сабыр ет, Қалқажан,— деді Мүкіш.— Мен білетін Махмұт болса, Есдәулеттің *сыбағасын береді.* Қара да тұр (Д. Әбілев, Ақын арманы). Сыр бермеді. *Сыр алдырмады, білдірмеді, сездірмеді.* Рай қанша *сыр бермейін* десе де, таң алдындағы сары аяз шыдатпай, жас жігіт Елеманның ығында дір-дір етіп тұр (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). Жасынан түсін билеп, *сыр бермеген,* Дәмеленсе, күндесе білдірмеген (Абай). Сырт берді. *Теріс қарады, қарамады.* Кейінірек Мағауия қызбен көрісе келе ұнатпай, алғысы келмей *сырт беріп* жүреді (М. Әуезов, Әр жыл.). Сол үйде өсті Мәди ес білгелі. Қатты сөз жас кезінде естімеді. Ал бүгін болыс аға *беріп сыртын,* Серіге ызғарлықтың есті лебі (С. Лэмбеков, Қарқаралы). Таң қылаң берді. *Таң ағарды, бозғыл тартты. Таң қылаң беріп,* ақ жиектеңгенде жол бойымен 3—4 адам егіске қарай бойлап бара жатты («Лен. жас»). *Таң қылаң беріп* атып келеді. Бұл скважина да қалыпқа келді. Хадим жерге түсті де, бұрғы түбін паналап тізе бүкті (Бұл да). Таң саз, [сызат] берді. *Таң ата бастады, таң қылаңдады, бозарды.* Бөлме іші күңгірт. Дала бозамық тартқан. Сірә, *таң саз бере* бастаған-ау («Лен. жас»). Абажадай арбима көлеңкелерге телміріп, терезеден *таң саз бергенше,* Орынбек өзімен өзі арпалысып алысып күткен (Бұл да). Түн ауды. *Таң шапағы берді сызат,* Тек Ильич жұмыс істеп отырды ұзақ (Партия тур. өленд.). Тап берді. *Шап берді, тұра ұмтылды. Тап бердім,* жалт бергенше кеңірдекке, Бауыздап кескіледім жығып салып (Н. Баймұратов, Қанды жорық).— Лап десе, *тап беріп* өскен жел бастар мені тыңдаушы еді. Алды-артын ойлау деген болып па бізде (Д. Әбілев, Арман жолы). Тап-тап берді. *Қайта-қайта ұмтылды.* Балықшылар тәуекелге бел байлап ау құрғысы келеді. Жастар жағы алып ұшып тұр. Теңізге *тап-тап береді* («Лен. жас»). Сыз қабырғалар шып-шып терлеп, түтін сағынған мұржа жемтігіне *тап-тап берген* аш қасқырдай гүж-гүж етіп, гулей жөнеледі (Бұл да). Тасаттық берді. Дін и. *Құрбан шалып, садақа етті. Тасаттық беріп* сол халық, Жалынды шулап «жаңбырлап!» Құдайға арыз жолданып, Қазан-ошақ қаңғырлап (Ж. Молдағалиев, Жесір тағдыры). Тәлім берді. *Үлгі, өнеге көрсетті.* Балаңа «боқта, қу, сұм бол дейсің». Осы ма берген тәлімің? Осы баладан қайыр күтесің бе? (Абай). Тәрбием бар *тәлім берген,* Білімім бар оқыған (Қ. Қуанышбаев, Өленд.). Телеграмма берді. *Телеграмма соқты.* Шығарыңызда неге *телеграмма бермедіңіз?* Алдыңыздан күтіп алатын едік қой,— деді Есен (Н. Ғабдуллин, Сарғайған жапырақ). Соғайын десе телефон, *Берейін* десе *телеграмм.* Көңілді күдік жеген соң. Намыс келді ол бұған (Ғ. Қайырбеков, Таулар сөйлейді). Теңдік берді. *Бостандыққа қолы жетті.* Сұлтанмахмұт февраль революциясы езілген еңбекші халыққа бостандық, *теңдік береді,*— деп түсінді (Б. Кенжебаев, XX ғ. дем. жазушы.). Тие берсін. *Қабыл қылсын.* Судыр Ахмет секілділер Елеманды алдақашан жерлеп қойды, ас артынан құран оқып, қол жайып *тие берсін* айтып жүр (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). Төтеп берді. *Қарсы тұрып, күресе*

білді. Ленин партиясы тәрбиелеп өсірген жас түлек Совет адамы ғана қандай ауыртпалық, қандай қиыншылық болмасын жеңе білді, қажымай-талмай *төтеп берді* («Қаз. әдеб.»). **Тыным бермеді.** *Тыныштын алды, мазалады.* «Бай сейілді» де Абай ел билеушілердің халыққа *тыным бермейтін* бұзақылық әлек-әрекетін таңбалайды (М. Әуезов, Әр жыл.). **Тыныштық бермеді.** *Тыным көрсетпеді, мазалады.* Адалдық, ақыл жасынан, Қозғапты, *тыныштық бермепті* (Абай). **Тізгінін бермеді.** *Ырқына көнбеді, бағынбады.* Болыс інісіне Түбектегі қалың Торжымбайдың *тізгінін бермей,* бір ұрт кетіп жүрген жайы бар еді (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). **Тіл берді.** *Хал-жағдайын айтып хабарласты, тілдесті.* Телеграмм соғып *тіл беріп,* Көз тіктi бала жолына. Сан рет оқып намазын, Тәспығын алып қолына (Ө. Тұрманжанов, Қарлығаш). **Тілеуін бергір.** Ал ғ. *Жолың болғыр.* Әй, *тілеуің бергірлер,* шай ішіп болдыңдар ма? Болсаңдар, барыңдар ана үйге (А. Нұрманов, Аққу жұлдызы). **Уақыт берді.** *Мүмкіндік туғызды, жағдай жасады. Вергендей* әдейі *уақыт* ой ойлауға, Келеді поезымен баяу ғана. Вагондас, жанымдағы жақын көрші Жаңағы қария мен аялы ана (Ж. Молдағалиев, Жыр.). **Уәде берді.** *Серт етті, уәделесті.* Бүркіт әйеліне:— Ал саған *берер уәдем,*— деді ол қайтадан,— тағы да ойланайын, жан-жағыма үңіле қарайын, мен бірдемені түсінбей жүрсем, түсінуге тырысайын (І. Есенберлин, Қатерлі өткел). Ант еткендей өткен жылы адамшылықтарды айтып *уәде бердім* (С. Бегалин, Төлбасы). **Үлгі берді.** *Үлгі болды, тәлім көрсетті.* Ел басындағылар өздерін үздіксіз, біреуге *үлгі беріп,* ақыл айтармыз деп сайланды (Абай). **Ұлықсат берді.** Сөйл. *Ұрықсат берді, босатты.* «Жағдайыма қарармын» деп өзі келер-келмесін екі ұшты ғып айтқан генерал-губернатор, Шоқанды айта қалғандай қарсы алуға *ұлықсат беріпті* (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз). Сөйле деп *берді ұлықсат,* құрбыларым, Тартынбай мен сөйлейін болса барым (Ақан сері, Шығ.). **Шап берді.** *Жармаса түсті, жібермеді.* Ашулы жігіт Запорожскийдің мес қарынын тіземен езгілеп алды да, кеңірдектен *шап беріп* терезе тұсына отырды (Ә. Сәрсенбаев, Офицер күнделігі). Жақыбай тышқанға бас салған мысықша атылып келіп, Нұртайдың қолын *шап беріп* ұстай алды (С. Омаров, Қайырлы жаз). **Ырық бермеді.** *Ырқына жібермеді, еркіне көнбеді. Атқа* мінерлер пәлесі Абайдың саналы еңбекпен отыруына *ырық бермеді* (М. Әуезов, Әр жыл.). Мұсақұл қарт бір ғана өз үйі емес, басқа жерде де өзінен өзгеге *ырық бере* бермейді (Ә. Сатыбалдиев, Ақмарал).

БЕР [2] ет. сөйл. *Перу.* Байтуғанның баласы қатынын былш еткізіп тұмсыққа *беріп* кеп қалды (С. Сейфуллин, Тар жол.). Маңдайдан офицерді өтті *беріп,* Фучикті сан жұдырық кетті көміп. Жаралы жанды жаншып, ажуалап, Аямай аяққа сап тепті келіп (С. Мәуленов, Жолдас).

БЕР [3]: **бер жақ.** *Арғы бетке қарамақарсы жақ, тұс. Бер жаққа* шыққанда алашорда адамы болып алып, әскер жинады. Сырттары алашорда болып көрінсе де, олар большевик партизандар (С. Шарипов, Бекболат). Елеман осы жолы қарияларайтатын Қап тауының ар жақ, *бер жағын* түгел көріп қайтты (Ә. Нұрпейісов, Сергелдең). ◆ **Бер жағы.** *Белгілі мерзімнен кейінгі кезең.* 1954 жылдың *бер жағында* жиырмадан астам тың совхоздары орнап, жарты миллион гектардай жерді игерді (С. Мұқанов, Есею жыл.). Қазақта Европа театрының түрін жасау, ең алғаш орысша оқыған қазақ жастарынан шықты, онда да,— жиырмасыншы ғасырдың оныншы жылдарының *бер жағында* (Бұл да). **Бер жағымен.** *Шын көңілден емес, сырттай.* Ғашықтық дегеннің не екенін білмей, жігіттермен *бер жағымен* қалжыңдасып жайдары жүрген Күләнда Ержанға жолықты (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.). Күлше берген баладай алдай түсіп, *Бер жағыңмен* әшейін күлімдейсің (Қаз. әндері).

БЕРГЕК зат. көне. *Әйелдердің әшекейлі бас киімі.* Жас келіншек сәукелені той өткенше киіп отырып, тойдан соң сәукелені іліп қойып, оның орнына *бергек* киетін (С. Қасиманов, Қаз. қолөнері).

БЕРГІ сын. 1. *Арғы жаққа қарамақарсы жақ, бер жақ.*— Жаяу әскердің үлкен бір тобы өзеннен өтіп жатыр. Алды *бергі* қабаққа ілікті дейді,— деп, Сорокин маған баяндады (Ғ. Мүсірепов, Кездесп. кет.). Таудың *бергі* баурайын түгел алған орманның солтүстігінде, жаңағы шатқалдардың қойнауында бетін қар басқан Бурабай көлі бозарады (М. Иманжанов,

Алғашқы ай.). 2. *Бергінгі, берменгі. Б е р г і* мәдениеттің өскен дәуіріндегі әдебиетке шолу жасасақ та, эпостық ұзақ романдар мен драмалардың да өлеңмен жазылғанын білеміз (Қ. Жұмалиев, Әдеб. теор.). Сен менің ата-бабамды да, одан *б е р г і с і н* де білесің. Өзің білетін Үрмәшжаныма барып қайттым (Ә. Әлішев, Батыр бол.). Кітаптың барлық астарын түсініп, авторлық стильдік ерекшелігін зерттеп білу — аудармашының парызы. Бұл атам заманнан *б е р г і* белгілі ақиқат (М. Әлімбаев, Өрнекті сөз.).

БЕРГІЗ *Бер етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Қызыл әскерге күш *б е р г і з б е й* отырған сендер. Әйтпесе қазақ бұқарасының тілеуі болшевик жағында (С. Шарипов, Бекболат). Сардарды ескінің асыл көзіндей қадірлеп құрмет тұтады. Келмей жатып, бұған қала ортасынан үй *б е р г і з д і* (З. Қабдолов, Жалын). Жұрт аяғы басылған соң, қылыш туралы әңгіме болды, бірақ Кенжеғұл *б е р г і з б е д і* (Р. Райымқұлов, Бұрылыс.).

БЕРГІЗДІР *Бергіз етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Хасен кішкентай Зәуресін жақында ашылған балалар бақшасына *б е р г і з д і р і п,* Ханшайымды «Әйел теңдігі» журналына әдеби қызметшісі етіп орналастырды (І. Есенберлин, Қатерлі өткел).

БЕРГІЗДІРТ *Бергіздір етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Құран құдайға, міне, қандай ақыл *б е р г і з д і р т е д і.* Осы аятқа қарағанда, пайғамбардың жауды жеңер-жеңбесін құдайдың өзі де білмейтін сияқты (М. Тоқжігітов, Құран тур.).

БЕРГІЗУ *Бергіз етістігінің қимыл атауы.* Құдайберген парторгке қарай бұрылып: — Алеке, сол күні балаларға совхоздың бір-екі машинасын *б е р г і з у і ң д і* сұраймын... (Ә. Нұршайықов, Алтын соқпақ). Бекболаттың қалада ағайындары жоқ екенін іштері біліп әдейі айтып отырғаны, оның көңілін сендіріп, билік айтуды өздеріне *б е р г і з у* үшін арызшыны бұрыннан үйретіп қойған (С. Шарипов, Бекболат).

БЕРГІСІЗ с ы н. *Пара-пар, тең.* Мұнда стандартты зәулім, ақ үйлерде малшылар отырады. Асхана, жатақхана қандай, анау-мынау аудан орталығына *б е р г і с і з* (Саржайлау). Сен ханыңа сенсең, менің ханға *б е р г і с і з* Исатайым бар! Құдай тек соның жанына жамандық бермесін,— дейді Жүніс (Б. Аманшин, Жар мұңы). Қоспан қойшы болып Мінайдардың қасына көшіп келгелі туыстығы болмаса да, бірге туғанға *б е р г і с і з* (Т. Ахтанов, Дала сыры).

БЕРГІШ с ы н. *Береген, берімпаз.* Мырзаларды қадірлейін десең, осы күнде анық мырза елде жоқ, мал *б е р г і ш* мырза иттен көп (Абай).— Шабданбек Омардың баласына қалыңмал алмай қыз *б е р г і ш* болса, өзінен туған қызды неге бермейді (С. Сейфуллин, Шығ.). ◆ **Лап бергіш.** *Түсіп кетпе, қызба. Л а п б е р г і ш,* көт айналғыш, қайта ойланғыш, Тиянақты оты сөнген бойларының (Абай).

БЕРГІШТЕ е т. *Үсті-үстіне беру, үстемелеп бере беру.* Допты дедектетіп әкеп біріне-бірі *б е р г і ш т е п,* ақыры қатты ұрып және торға түсірді (М. Рашев, Бетің қисық.). Әңгіменің реті келмегесін Байғазы қымызды әкел деп, соны төпелеп *б е р г і ш т е п,* жұрттың көңілін бөлмек болды (Т. Жармағамбетов, Сентябрь түні).

БЕРГІШТЕУ *Бергіште етістігінің қимыл атауы.* Жауапты секретарымыз маған гранканы оқи қою, хабарды қарап шығу және басқа да тапсырмаларды *б е р г і ш т е у м е н* болды (Ө. Қанахин, Жер бас.).

БЕРГІШТІК з а т. *Көп бере алғыштық, берегендік.* Сауым аралығы екі сағат болып келеді. Ол үшін биенің сауылу ұзақтығы мен *б е р г і ш т і к* қабілетіне көңіл бөлінеді (А. Иманғалиев, Адай жылқысы).

БЕРДЕҢКЕ з а т. *XIX ғасырдағы бір оқпен оқталатын винтовка. Б е р д е ң к е с і н* ұстап отырып, белгілі жауын есіне алып: «Бәлем, осыныңды ұмытпа!» дегендей Бақтығұлдың өңі құп-қу болып, көзіне қан толып кетті (М. Әуезов, Қараш.). Жалтарған қасқырларды көре салып Қапан қолындағы оқтаулы *б е р д е ң к е м е н* алдынан көлденеңдей басып салды, қасқыр қаңқ етті (С. Бегалин, Уақыт тынысы). Мұса қос ауыз *б е р д е ң к е с і н* алып, өңгелері сойыл алды, бәрі аттанып жаман Айманақ деген тауға қарай жөнелді (С. Сейфуллин, Шығ.).

БЕРДЕҢКЕДЕЙ с ы н. *Берденке сияқты.* Сап етіп *б е р д е ң к е д е й* көп ұрынды,— Бере бер, балам, бері шылбырыңды. Жанасып Құлагерге қалғанында, Сақ етіп айбалтасы Құланы ұрды (І. Жансүгіров, Шығ.).

БЕРЕГЕН с ы н. 1. *Қолы ашық, жомарт.* Алаған қолым —*б е р е г е н* (Мәтел). 2. *Өнімі, берері мол.* Көрсетеді күшін дарқан, *б е р е г е н* — Омырауына орден таққан өлкеміз! Жер серігі көкте қағып қанатын, Жол аштық біз болашаққа баратын (Қ. Мүсірепов, Алау). Жомарт күз! *Б е р е г е н* күз. Алтын күз деп жылдың осы тамаша мерзіміне қастерлеп тағылмаған ат бар ма?! (Б. Соқпақбаев, Жекпе-жек).

БЕРЕГЕНДІК з а т. *Мырзалық, жомарттық.* Аузына арақ тисе, шешіле сөйлеп, *б е р е г е н д і г і* де молайып кететін адам-ды (К. Оразалин, Ақ жазық).

БЕРЕГЕНСІ е т. э к с п р. *Қолы ашық болғансу, шүлексу.* Беруді ішінен жек көріп отырса да, Нұрымның әуенімен теңкерілгіш байлар *б е р е г е н с і п* гуілдескен (Д. Әбілев, Ақын арманы).

БЕРЕГІРЕК ү с т. с ө й л. **Берірек.** Көңіліне ұялаған қорқынышты ұмыта бастаған Сейіт:— А-ей! А-ей!— деп екі рет дауыстады.— Кімсің, өзің *б е р е г і р е к* келші, сөйлесейік, білісейік (Р. Райымқұлов, Бұрылыс.). *Б е р е г і р е к* келгенсін, керек десе, балықтан шаршап қайтқан күйеуін күтіп алмай, теріс қарап жылап жататын болды (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер).

БЕРЕГІРЕКТЕ е т. с ө й л. **Беріректе.** Ыбырайдың «Бір қызық ит жүгіртіп аң ауласа» деген өлеңін *б е р е г і р е к т е* Қали Байжановтан үйренген әнші Қуан Лекеров бұл өлеңді «Шама» әнімен айтатын (А. Жұбанов, Замана бұлбұлы). Иә, шофер азамат, кейбір жайларды сен түгілі мына Ахаңдар да *б е р е г і р е к т е* біліп жүр (Саржайлау).

БЕРЕЗЕНТ з а т. с ө й л. **Брезент.** Бүркіт пен Ханшайым қатар келе жатыр. Жұмысшылар жататын ағаш барақтар мен *б е р е з е н т* шатырлардан өтіп барады (І. Есенберлин, Қатерлі өткел). *Б е р е з е н т* баулы винтовка, Темірді тесер оғы бар. Шын мергеніне кездессе, Самолеттің соры бар (Қ. Аманжолов, Шығ.).

БЕРЕК с ы н. *Құнарлы, нәрлі.* [Жарқын] Жылқыны ауыл арасына ғана иіріп тұр. Жері *б е р е к,* елі сақ. (І. Жансүгіров, Шығ.).

БЕРЕКЕ з а т. 1. *Ырыс, молшылық, құт.* Ағыл-тегіл *б е р е к е,* Молшылықтан тұрсын тау. Жемістері миуалап, Көктей түссін бақша-бау (Қ. Сатыбалдин, Пьеса.). Астық — ол бүкіл елдің *б е р е к е с і,* Астық — ол бейбіт күннің мерекесі (О. Шипин, Өмір.). 2. *Ауыз бірлік, ынтымақ. Б е р е к е,* бірлік таппадың, Дау-жанжалың астаса. Бітпейтін еді-ау лаққаның Басынды Совет қоспаса (С. Мұқанов, Замандас.). Еңбек түбі — мереке, Көптің түбі — *б е р е к е* (Мақал.). **Береке қонды.** *Дәулеті артты, береке дарыды. Б е р е к е қ о н ғ а н* ел екен, Дос көрсе жанын қиятын. Құшағы ыстық кең екен, Ресей түгел сиятын (А. Тоқмағамбетов, Өмір). **Берекесі кетті.** а) *Шырқы бұзылды, құты қашты.* Отарлық халге түскен «қазақ» атты елдің *б е р е к е,* бірлігі *к е т і п,* бассыздық (анархия) белең алып, бірін-бірі тыңдауды қойған, ел болудан қалған!.. (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз). «Қап! Жаңадан үй алып, тұрмыс түзей бастағанымда өз *б е р е к е м д і* өзім *к е т і р д і м* ау»— деп, Телков енді ғана күрсінді (А. Жақсыбаев, Менің достарым). ә) *Құты қашты, абыржыды, састы. Б е р е к е с і к е т і п* өңі қашқан, терлеп-тепшіген директор, тіптен, маған «сөз беріңіз» деп сұраған да жоқ, кезекті сөйлеуші сөзін аяқтай бергенде, абажадай болып түрегелді (З. Шашкин, Сенім). Дәмеш келді, Ораз үйінің *б е р е к е с і к е т і п,* Ажардың қашты құты (З. Шашкин, Теміртау). **Берекесі қалмады.** *Берекесі кетті, ынтымақ болмады.* Семьяда әйел болмағаннан кейін өмір — өмір емес екен. Не үй ішінде, не ішкен-жеген тамағымызда *б е р е к е қ а л м а д ы* (І. Есенберлин, Қаһар). **Берекесі қашты.** *Құты қашты, берекесі кетті.* Ағам ойын-сауықтың аяғына қарамай қайтқан күні үйдің де *б е р е к е с і қ а ш а д ы.* Ол енді қыздарда кеткен өшін жеңгемізден алып бағады (Ө. Қанахин, Жер бас.). Қаншайым есік алдында асығыс сүт пісіріп жатқан жерінен Сүгірәлінің төбесін көргенде-ақ *б е р е к е с і қ а ш т ы* («Лен. жас»). **Берекесі ұшты.** *Берекесі кетті, ынтымағы болмады.* Жылқыбай аталарының бертін келе ұрпақтары ұлғайып, бұтақтары жайыла түскен сайын араларына алауыздық кернейді де, *б е р е к е л е р і ұ ш а д ы* (Б. Соқпақбаев, Балалық шақ). **Береке таппады.** а) *Нәтиже шығармады, ұқсатпады.* Оңаша қалған екі әйел ыммен де, қолдың басымен де сөйлесіп *б е р е к е т а б а а л м а д ы* (А. Хангелдин, Қараторғай). б) *Тыным таппады, рақат көрмеді.* Біздер бел шешіп, *б е р е к е т а у ы п,* төсекке жатып бір күн ұйықтай алмадық (Б. Тұрсынбаев, Ауылдан келген.). **Береке шықпады.** *Нәтиже болмады.* Ақыр малға келген

екенсің, енді оны жаныңмен сүйе біл, ейтпесең, ісіңнен *береке шықпайды*,— деді әкесі баласына алдын-ала ескертпе жасап (Б. Тоқтаров, Қыран.). Бәубектің ауылы тауға көшіп кеткені жақсы болған екен, Бәубек араласса, ешқандай *береке шықпайтыны* белгілі ғой,— дейді Ілияс (Қ. Шөкенов, Біздің Ілияс). Сөзінің берекесі жоқ. *Пәтуасы, байламы жоқ.* Жеңгейден ұят болса да айтайын, *сөзіңіздің берекесі жоқ*, бәтуасыз адам екенсіз ағасы,— деді Пәштуанға бейтаныс адам («Қаз. әдеб.»).

БЕРЕКЕ-ҚҰТ з а т. *Бақ-дәулет.* Көне шахта тың жатқан бүтін кендей Берді жомарт *береке-құтын* кендей: Жер асты мен жер үсті сол көктемде Кеменгерім келер деп күтінгендей (Х. Ерғалиев, Күй дастан). ◆ **Береке-құтын қашырды.** *Зәресін ұшырды, үрейін алды.* Жарайсың, жайсаң Дәурен! Жолыңды тауып, мыналардың *береке-құтын қашырыпсың* (Қ. Төлыбаев, Қайдасың, досым?).

БЕРЕКЕЛЕН е т. *Берекесі кіру, берекелі болу.* Көпіртіп сөйлеген сөзі болмаса, ісі әзір *берекеленбей* келе жатқан Берден көріне көлбең кете алмады, үндей алмай қалды (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке).

БЕРЕКЕЛЕНДІР *Берекелен етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Өмірімізді гүлше жайнатып, бірімізді екі етіп *береке-лендіріп* отыратын да, тасымызды өрге домалатып, болмысты болғызып отыратын да жүректің нұры (Ж. Исмағұлов, Адам мерейі).

БЕРЕКЕЛЕНУ *Берекелен етістігінің қимыл атауы.* Малдың сапасы дұрыстalып, өнімі *береке-лену* үшін тұқымы асылдансын, жемшөбі жақсылансын (І. Жансүгіров, Әңгіме.).

БЕРЕКЕЛЕС е т. *Ынтымақтасу, бірлесу, бірігу.* Биылғы сайлауда Әбіш жағы жеңіп шыққаннан кейін, екі жақ: «Енді партияны қояйық, *берекелесейік*, заман бізге жаман болып барады, тоқтасайық!..— деп табысқан (М. Әуезов, Қараш.).

БЕРЕКЕЛЕСУ *Берекелес етістігінің қимыл атауы.* Ыбырай: «Бас қосып, *берекелесуге* бармысыңдар»,— дейді (М. Ақынжанов, Ыбырай Алтынсарин).

БЕРЕКЕЛІ с ы н. 1. *Берекесі мол, игілікті.* Советтік қоғам неғұрлым бай болса, халқы солғұрлым *берекелі*, шат тұрмыста тұратынын жақсы білеміз (С. Байжанов, Сыр.). Шалқыған біздің жақтың көлдері бар, Ағашты биік таулы жерлері бар. Өзен, су, көлдер жайлап тау қыстайтын, Меймандос *берекелі* елдері бар (С. Сейфуллин, Өленді.). 2. *Ауыз бірлігі бар, ынтымақты.* Ыбекеңнің өзі айтқандай, ол жас шәкірттерімен *берекелі*, беделді (Ұ. Бағаев, Дала жұлдызы). Бегейдің *берекелі* елі қандай, Беделі, бетегелі жері қандай! Тауыспас таң асқан ат бір түп шөбін, Бел асып тұсай салсаң ерін алмай (Б. Адамбаев, Ақбөбек).— Жер қанша сұлу болса да, адаммен *берекелі*, еңбекпен бақытты. Бұл екеуінсіз қанша тамаша болса да табиғаттың өзі тұл («Қаз. әдеб.»). 3. *Тыңғылықты, тындырымды, ұқыпты.* Танымалы шопанның бірі Шалдановтың мінезі де, ісі де *берекелі* жігіт (С. Хайдаров, Азамат.). Астықты алқаптарда жүрген бес жүздей автопоезд болса, астық тасуда *берекелі* істің ұйтқысы болып жүр («Лен. жас»). Қызығуы тұрақты қасиетке айналған адам ғана іс-әрекеттен жақсы нәтиже шығара алады, ісі әр уақытта да *берекелі* болады (Қ. Жарықбаев, Психология). 4. *Пайдалы, тиімді.* Күзгі жұмыс көктемдегіден де, жазғыдан да қатты болды. Қысқа күннің берері *берекелі* боп, шаңы аспанға көтеріле айрылған алқап кеңейе берді (К. Қазыбаев, Дәуір аты.). Көзін тауып істеген диқаншылық *берекелі* өнім беріпті, ел тоғайыпты (Ө. Тұрманжанов, Адам.).

БЕРЕКЕЛІРЕК с ы н. *Берекесі молдау, тиімділеу.* Колхоз байлығы Степаниданың базардан тапқан пайдасынан гөрі молырақ, *берекелірек*, баяндырақ еді (Орақ үсті).

БЕРЕКЕСІЗ с ы н. 1. *Берекесі кеткен, берекесі жоқ.* Азия — Африка жазушыларының қозғалысы қайтадан күш алып, жаңа белеске шықты. Қозғалыстың сегіз жылға созылған *берекесіз* бөлімі жабылып, Каир штабы ашылды (Ғ. Мүсірепов, Суреткер.). Әскер киімді жігітке ілесіп, *берекесіз* топтың ішінен гимнастерканың погоны, түймелері жұлынған, белінде белбеуі жоқ бес жігіт бөліне берді. (Х. Есенжанов, Тар кезең). 2. *Бейберекет, қалай болса солай.* Өткен жылдар аз жасымның өн бойына, қан сонарда *берекесіз* шұбырған жан-жануардың ізіндей шым-шытырық шимайларын қалдырыпты (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.). Бұдан бесалты жыл бұрын осы қыздар — осы секіл-

ді саяси мәселені талқылаудың орнына, үй көлеңкесіне үймелеп, кесте тігіп, *б е р е к е с і з* өмірмен күн өткізген болар еді-ау (Б. Майлин, Шығ.). «Жол беріңдер Бағимашқа!» — деген қалжың үнді Кенжетай даусы естіледі. Сәйткенше болмады, Бағимаш ішкі босағада тұра қап барылдап шығатын *б е р е к е с і з* даусымен: «Айра, Майра» деп өлеңдетіп қоя берді (Д. Әбілев, Арман жолында). 3. *Тыңғылықты ісі жоқ, шалағай.* Ұятқа қалдырып кеткен Ыбырайға Әзімхан: *«Б е р е к е с і з,* табансыз...» — деп іштей кейіді (Д. Әбілев, Арман жолы.). Мырсай мүлде *б е р е к е с і з* боп шықты, ол құрғырың. Колхоздың экономикасы, пайда-шығыны, жұмысы жөнінен түк саңылауы жоқ (М. Гумеров, Хазірет.). Санаулы болсақ та облыс пен республика алдында ұятқа қалмайтынымызды айтамыз. *Б е р е к е с і з д е р д і ң* жүгін өзіміз-ақ көтереміз (С. Хайдаров, Азамат.).

БЕРЕКЕСІЗДЕН е т. 1. *Берекесі кету, қожырау.* Шілдеханаға іңірде жиналған жұрт, жаңа ішкен-жегендері буындарына түскендей *б е р е к е с і з д е н і п* дауыстары да, әлдері де божыған белгі көрсетті (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз). Машиналар қозғалудан қалады, станоктарды тот басады. Бірақ бәрінен бұрын қоғамның басты өндіргіш күші — жұмысшы күші *б е р е к е с і з д е н е д і* (Қысқ. саяси экон.). 2. *Дегбірі, құты қашу.* Манадан бері өліп-өшіп тұрғанының ұяттау болғанын сезінсе де, Игілік қасынан кеткен соң, Сандыбай тіпті *б е р е к е с і з д е н і п* кетті (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). Қызында Шоқанның, Шоқанда қызының көңілі барын Ақпан аңғарған. Шоқан көріне бастаса болды, қызы жылан арбаған бозторғайдай *б е р е к е с і з д е н е д і* де қалады (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз).

БЕРЕКЕСІЗДЕНДІР *Берекесізден етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Менің өз басым киностудияның жоспарында республика өнеркәсібінің даму тақырыбын, немесе тың игеру тақырыбын ұсақтап, *б е р е к е с і з д е н д і р і п* жіберетінін құптамаймын (Ғ. Мүсірепов, Суреткер.). Бұрын меринос асыраған бай орыс кеңес үкіметінен кейін ол өзі қойды бытыратып, *б е р е к е с і з д е н д і р і п* шашып-төккен көрінеді (І. Жансүгіров, Әңгім.).

БЕРЕКЕСІЗДЕНУ *Берекесізден етістігінің қимыл атауы.* Жас әйелмен бір үстелдің басында отыру Азаматқа оңай жүк емес, қысылып-қымтырылып *б е р е к е с і з д е н у* — мұның қашанғы әдеті (Б. Майлин, Азамат Азаматыч).

БЕРЕКЕСІЗДЕУ с ы н. 1. *Қалай болса солайлау.* Машинаның алдыңғы әйнегіндегі қос щетка бір тоқтап, бір сырғып *б е р е к е с і з д е у* былғандайды (Т. Ахтанов, Боран). 2. *Тиянақсыздау, шалағайлау.* Осы отырған үшеуі де мылжың, бөспе, мақтаншақ, *б е р е к е с і з д е у,* арақұмар, жастары да шамалас («Қаз. әдеб.»). Дүниемүлкі шашылып жатқан *б е р е к е с і з д е у* ауызғы бөлме. Қара қатын ошақ алдында шай ішіп отыр (Т. Ахтанов, Дала сыры).

БЕРЕКЕСІЗДІК з а т. *Берекесі кеткендік, берекесі жоқтық.* Көбіне үйде боп жүрген әкем, үй ішіне орнаған *б е р е к е с і з д і к т і* көргісі келмегендіктен жөнді жоламайды (С. Мұқанов, Мөлдір. махабб.)— Мәукім, сіздің жәйді біз білеміз. Қыбыжықтаған көрсе қызар *б е р е к е с і з д і г і н* ғой (С. Бегалин, Уақыт тынысы). *Б е р е к е с і з д і к* жасаған бір ғана адам болса, онда жарасы жеңіл ғой («Лен. жас»).

БЕРЕКЕТ а р. з а т. *Береке, құт.* Жарапазаншы болса, біздің Төлепбергендей болсын. Ел жата, түн ортасы ауа, бай үйіне *б е р е к е т* деп қоя беруші еді ғой, жазған (І. Жансүгіров, Әңгім.).— Жастықта не болмайды дейсің, шырағым,— дейді Қази жымиып, «өткенге — салауат, қалғанға *б е р е к е т»* дегендей, тілекті арттан емес, алдан тілейміз де! (С. Мұқанов, Есею жыл.). Бай үйіне *б е р е к е т,* Қаша берсін бәлекет. Кірсін дәулет есіктен. Шықсын бейнет тесіктен (С. Сейфуллин, Шығ.). ◆ **Берекеті кетті.** а) *Құты қашты, асып-састы.* Келіп еді көп қалмақ Бір ноғайлыны алам деп, Ала алмады ноғайлыны, *Б е р е к е т і к е т е д і* (Батырлар жыры). ә) *Шырқын алды, әуреге салды.* Әйелін ұрмақшы болған Досқа:— Тарт қолыңды! *Б е р е к е т і н к е т і р м е* отымның басының!— деп Аққемпір ақырып, тыйып тастады (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер).

БЕРЕКЕТСІЗ с ы н. *Берекесіз, тиянақсыз.* Құнарлы жер *б е р е к е т с і з* пайдаланылып, құнарынан айрылған жер шөлге айналады («Соц. Қаз.»). Қасен:— «Оңбаған *б е р е к е т с і з д е р,* мал қайда? Ақымақтықпен ауырғанды таяқпен емдесе тез жазылады,— деп ұрады (Д. Еркінбеков, Шығ.).

БЕРЕКЕТСІЗДІК з а т. с ө й л. *Берекесіздік, ысырапшылық.* Комсомолдар жұмысқа немқұрайды қараушылыққа, шаруадағы *б е р е к е т с і з д і к к е,* бойкүйездікке аяусыз күрес ашуға да міндетті («Лен. жас»).

БЕРЕКЕТТІ с ы н. с ө й л. **Берекелі.** Құлпырып кеткелі тұрған *б е р е к е т т і* жерді Аравияның шөлейт сахарасына ұқсатып, тым сүмірейтіп жіберген екен (С. Омаров, Дала қызы). «Қорғалжын» совхозының сан салалы шаруашылығы атырабында егіні мен малы қатар қабындап өскен *б е р е к е т т і* қос өзенге ұқсайды (Бұл да).

БЕРЕН[1] и р. з а т. *Қымбат, асыл мата.* Алтын мен күміс, *б е р е н* мен жібек, бояу арқылы үн қосып, әнші әйелге қосылып ән салып тұрғандай (Ғ. Мүсірепов, Қазақ солдаты). Алыстан ап-айқын көзге түскен: Басына оқа бөрік киген, үстінде қызыл *б е р е н* бешпеті бар бір қыз (Ғ. Сыланов, Дөң асқан). Жаманы жоқ, барлығы асыл бұйым. *Б е р е н,* жібек, шұғаның бәрі сонда, Ішіктер: қасқыр, түлкі, күзен, тиін (С. Мұқанов, Шыңнан шыңға).

БЕРЕН[2] з а т. к ө н е. *Болаттан жасалған батырлар киетін сауыт.* Шошынып тізгін жимады, Буырқанды, бұрсанды. Мұздай темір құрсанды. Жау жағадан алған соң *Б е р е н г е* батыр сыймады (Ер Тарғын). Жеңіс *б е р е н* кисем деп, Сары садақ іліп беліме. Айғайлап жауға тисем деп, Бәрін айт та, бірін айт — Туған елге кетсем деп (Үш ғасыр.). Жауға келсең *б е р е н* ки, Егеулеген болат өте алмас, Есендікте малыңды бер де, батыр жи (Алдаспан).

БЕРЕН[3] з а т. 1. *Ұңғысы ұзын шиті мылтық.* Қасыма қырық желмая мінген, қолдарында мылтық бар қырық мерген жігіт ертіп беріңіздер. Өзіме де бір желмая, *б е р е н* мылтық керек (Р. Райымқұлов, Бұрылыс.). Он екі дүркін *б е р е н н і ң* Атқанын әлем тыңдасын. Мен де атам жауға өлеңнің Он екі тонна бомбасын! (Т. Жароков, Шығ.). Ажал түртіп жүрмесін аңдамастан Оқтаулы ақ *б е р е н г е* қарсы шауып (Айтыс). 2. *Пышақ сияқты қару.* Айдаһардың тіліндей, Салса кеткен білінбей, Қынабынан суырып Қолына алды *б е р е н д і* (Алпамыс). Арамзаның құйрығы Бір-ақ тұтам деген бар. Біз жыланнан қорықпаймыз, Кесетін оны *б е р е н* бар (Жамбыл). Балдағы алтын ақ *б е р е н* Орай белге алады. Қыран қара, бүркіті Тұғырына қонады (Қамбар батыр). 3. А у ы с. *Өжет, өткір.* Шежірең мен шешенің, ақылың мен ақының, ақ *б е р е н* алмасың емес пе бұл Мәшһүр Жүсібің? (Д. Әбілев, Арман.). Айтулының өзі еді, Төрехан жалғыз *б е р е н і м.* Соның нәсіл көз еді, Төрехан бала хан болса (Батырлар жыры). Бүгінде өлкесінің өзі өлең, Батырдай ерлігі ерен, сөзі *б е р е н.* Танисың тағы да бір кереметін Қарасаң егіншінің көзіменен (Ж. Молдағалиев, Жиырма бес).

БЕРЕНДЕЙ с ы н. *Берен тектес, берен тәріздес.* Лажсыз жылжып етекке, Таудың қары төмендей. Күп берді жерді Тентекке, Шалғынға жасыл *б е р е н д е й* (С. Мұқанов, Алдабергенов тур.). Жер бетін *б е р е н д е й* құлпырта, жан біткенді жадырата, жарқын жүзді жайдармен Май келді (С. Сейітов, Жыл. жотасы.).

БЕРЕНДІК с ы н. *Беріктік, тұрақтылық.* Бүгінгі Тайсойған түлектерінің жан дүниесі байып, дамып, ілгерілеуде. Бұлардың бүгінгі құлашында өрендік пен *б е р е н д і к* тел өскен (Ғ. Сыланов, Замана). «Гауһартас» қазақ әнінің сөзі де, әні де асқан әсем. Бірақ Мәликенің іш дүниесінің сұлулығы, санасының *б е р е н д і г і,* сезім тереңдігі жоқ (Д. Әбілев, Арман жолы).

БЕРЕНГІ с ы н. к ө н е. Берен (2). Асып туған ерлерім, *Б е р е н г і* сауыт кигені. Беліне садақ ілгені, Жасанған жауға тигені. Ерлікпен дәурен сүргені (Е. Ысмайылов, Ақындар).

БЕРЕНГІЛІ с ы н. *Беренгісі бар.* Атқа ерді салады, *Б е р е н г і л і* бек сауыт. Шығыршықты көк сауыт Беркіне киіп алады (Батырлар жыры).

БЕРЕРМЕН с ы н. *Беретін, берешек адам. Б е р е р м е н г е* бесеу көп, алармаңа алтау аз (Мақал).

БЕРЕРМЕНДЕ ү с т. *Беретін кезде, беруге келгенде.* Ұрлық пенен қулыққа Байлағанда кестің бау. *Б е р е р м е н д е* бесеусің, Аларманда және алтау (Абай, Шығ.).

БЕРЕСІ з а т. *Берешек, қарыз.* Қанапия жақын ауылдағы *б е р е с і с і* бар біреуге апармақ болып, қыс ішінде шанасына семіз қара қойды салады да, жүріп кетеді (С. Мұқанов, Өсу жол.). Қазақ-

тың қыз болсам да баласымын, Малымын мен, *бересімін*, аласымын, Туғызған, бақытсыз ғып мені мұнша, Алдымен, дүние, саған наразымын (І. Жансүгіров, Шығ.). Тұрғам жоқ ер едім деп өктем келіп, Ризамын қасында жүрсем еріп. Аласым жоқ, немесе *бересім* жоқ, Шын асыл екенінді тұрмын көріп (Е. Бердин, Қанды асу.). ◆ **Алты аласы, бес бересі жоқ.** *Аралас-құраласы, қатысы жоқ.* Шоқан тек адамгершілік көзбен қарағаны болмаса, Нарғыз бен оның арасында «*алты аласы, бес бересі*» болған *жоқ* (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз.). «Айсұлу Бейсенованы асқан оқымысты деп кім айтты? — деді Әбілқас өзінің сөзін ұмытып қалып,— медицинаға оның *алты аласы, бес бересі жоқ*, жай ақшерлік білімі бар әйел ғой (І. Есенберлин, Ғашықтар.).

БЕРЕСІЛІ с ы н. *Берешек, қарыздар.*— Осындай әзілдің не керегі бар? — Әзіл емес, күйеу жігіт біздің үйге *бересілі* қалың малын да өткізіп қойғанға ұқсайды (О. Сәрсенбаев, Таңбалы тас.). *Бересілі* борышын өтеу есебінен жұлып алып, ірі фабрикант капиталын арттыра түседі (Қысқ. саяси экон.).

БЕРЕТ з а т. *Дөңгелетіп тігілген жеңіл бас киім.* Терезе алдынан қызыл *беретті*ң домалақ шашағы желп-желп етіп өте шығатын да, іле жайрандай күліп Шынар кіріп келетін (Бәйшешек). Демалушылар мұздай суға шомылып, күнге қыздырынып жатыр. Жағада қызыл, көк *берет* киген шомылушылар жүр (З. Иманбаев, Солмайтын гүл).

БЕРЕТТІ с ы н. *Берет киген, береті бар.* Станок қасында май сіңген көк комбинезонды жұмысшылар да, қоңыр *беретті* техниктер мен инженерлер де бар еді (Жастар эстрадасы).

БЕРЕШЕК з а т. 1. *Қарыз, бересі.* — Қыстайғың бар. Сенен бір үлкен қой алашақпын.— Сонымен Уәли «береген мол қолдан» алашақ емеспін, қайта бір қой *берешекпін*,— деді әкесі ауыр күрсініп (М. Мырзақұлов, Ақық). Жылқы әзірге менікі. Менің ешкімге *берешегім* жоқ (Т. Дәуренбеков, Біз. кездес.). Индонезияның сыртқы *берешегі* қыруар сомаға жетіп, екі жарым миллиард доллардан астам болды («Соц. Қаз.»). 2. А у ы с. *Азаматтық парыз, борыш.* Мен өз мамандығыма қатысты қатерлі ісік жөніндегі медицинаның алдағы *берешегі* туралы бір-екі пікір айтқалы келдім («Қаз. әдеб.»). Әбділхаб *берешегі* көп, жас жапырағын енді ғана жая бастаған жас талап жазушы екен (О. Сәрсенбаев, Сағым).

БЕРЖА з а т. с ө й л. *Биржа.* Жігіттер Газбекті қашаннан «атаман» деп атандырған. Сөйтіп бұлардың клубы да, ұйымы да *берж а* сияқтылау еді (І. Жансүгіров, Шығ.).

БЕРЖАБАЙ з а т. к ө н е. *Ат-арбамен (не ат-шанамен) жүк тасып, кісі тасып күн көруші адам.* Сүлеймен *бержабай* да сары ала шолақты босандырып, сынық шанасын шықылдатып, есік алдына келіп, атын доғарды (І. Жансүгіров, Шығ.). Менің түбім Тобықты. Қоянды жәрмеңкесіне барған байлармен ілесіп келіп, Семейде *бержабай* болғаныма екі-үш жыл өтіп кеткен (Бұл да).

БЕРЖАБАЙЛЫҚ з а т. *Бержабай болып кәсіп етушілік.* Жарлылық, *бержабайлық* ешкімнің есінде жоқ. Ертіс пен Есіл болып есіп, екі езуін құлағына жібере күліп әңгімеге түсті (І. Жансүгіров, Шығ.).

БЕРЖАБАЙШЫ з а т. *Бержабай болушы.* Мақсұт пәтерде жатқан милицияның киімін киіп, *бержабайшылардың* тәуір аттарын мініп, қаладан қашып шығады (Б. Шалабаев, Өмірде.). Каллякидің *бержабайшы* болуы оның Омбы ішіндегі жұмыскер қазақтармен танысуына жол ашады (Қ. Қуанышбаев, Шаншарлар).

БЕРИ-БЕРИ з а т. м е д. *Тағам құрамында B^1 витаминінің жеткіліксіздігінен болатын ауру.* «B^1» витамині жеткіліксіз болса, адам тез шаршайды, тамаққа көңілі соқпайды, күйгелектік пайда болады, асқынса *бери-бери* деген ауруға айналады (Т. Дарқанбаев, Витаминдер). Рахит, құрқұлақ, *бери-бери* аурулары организмге қажетті заттардың жетіспеуінен болатын аурулар деп санайды (Т. Айтбаев, Қан қасиеті).

БЕРИЛЛ з а т. м и н. х и м. *Табиғи қымбатты, асыл тас. Берилл* ішіне хром тотығы араласса, жасыл түсті болады, ол түрін зүмрет тас (изумруд) деп, тағы бір түрін аквамарин деп атайды (Б. А. Бірімжанов, Хим, терм.). Бериллий жаратылыста *берилл* түрінде кездеседі. Түсті берилл — асыл тас (Бұл да).

БЕРИЛЛИЙ з а т. х и м. *Менделеевтің периодты системасының II-тобындағы жеңіл, ашық сұр түсті металл.* Құрамында *б е р и л л и й* бар минералдардың жылтырап, құбылып тұратын қасиеті бар (ҚСЭ). Ғылымда кейбір алюминий, *б е р и л л и й,* магнит, литий тәрізді металдар жанғанда мол жылу шығаратынын да білеміз (Н. Нұрахметов, Синтетика).

БЕРКЛИЙ з а т. х и м. *Актинойдтар тобына жататын, жасанды жолмен алынған радиактивті химиялық элемент.* Берклий элементіне Калифорниядағы Берклий қаласының құрметіне *«б е р к л и й»* деген ат берілген. (А. Мырзабаев, Хим. қызығы).

БЕРКІ е т. к ө н е. *Беку, шыныгу, төзу.* Қыз іздеп шықты Біржан жолдас ертіп, Өзіне өзі сенген әбден *б е р к і п.* «Дәл менен озған жүйрік болмайды» деп, Тасыған әбден өсіп, көңілі серпіп (Айтыс). Теңірек талай өмір көзін жұмған, Қорғасын ғазиз бастың өзін жұлған. Бірақ та босамайсың, жыламайсың. Кетеді бекіп, *б е р к і п* төзім жылдам (І. Мәмбетов, Жас қанат).

БЕРКІЛ е т. 1. *Беркі етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Ертең бе, я бүгін бе босанасың, Байлау жіп бұл пәниге *б е р к і л м е г е н.* Басында жастық дәурен, бақыт барда, Талайлар бәйшешектей желкілдеген (Пернедегі термелер). 2. *Тағайындалу, бекітілу.* Бұл заводта бұрынғы Парамонов парторг. *Б е р к і л і п,* қайта орынды Алған, істі жүр көріп (Т. Жароков, Қырда туған).

БЕРКІН *Беркі етістігінен жасалған өздік етіс.* Қайнайды қаның, Ашиды жаның Мінездерін көргенде: «Жігерлен, сілкін, Қайраттан, *б е р к і н!»* — Деп насихат бергенде; Ұятсыз, арсыз салтынан Қалғып кетер артынан (Абай). Советстан, экспресс, айдынды Сансыз жауың алыстан-ақ айбынды. Еркін елім, *Б е р к і н* белім, Шалқар көлім («Қаз. әдеб.»). Біздің ерлер жетілген, Болаттайын *б е р к і н г е н,* Елімнің осы іңкәрі (Жамбыл).

БЕРКІНУ *Беркін етістігінің қимыл атауы. Б е р к і н у* — сіңісіп тұтасып кету (С. Қасиманов, Қаз. қолөнері).

БЕРКІНІС з а т. к ө н е. Бекініс. *Б е р к і н і с* майдан төрін немістер қаптап кеткен екен (Қ. Жұмалиев, Қырда.).

БЕРКІТ *Беркі етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Дұғамның қуатын Жіберме өңгеге. Әбіштің сықақтын *Б е р к і т с е ң* кеудеге (Абай). Жақсы атты, орысша киінген адам өзіне қарай бет алғаннан кейін кішкене кісі шалбарын *б е р к і т е* салып, тұра қалды (Х. Есенжанов, Көп жыл.).

БЕРКІТУ *Беркіт етістігінің қимыл атауы.* Съездегі басты мәселе буржуазияны жаныштап, пролетариат диктатурасын *б е р к і т у* болған, орташа ауытқыр тұрған Совет өкіметі әлі де нығая қоймаған кезде орта шаруаны бейтараптау саясаты бірден-бір дұрыс саясат болды (КПСС тарихы).

БЕРЛЕ е т. *Бер-бер деу, сұрау, өтіну.* Артта қалды дегеннің несі жақсы, Салмақтап санаң болса, соны түсін. Көтеріп, өмір *б е р л е п* елдің рухын, Шықпады өз ортаңда бір дыбысың (Айтыс). Ғазиздей орден алған батыры бар, Болады әр қалай-ақ мақтансақ та. Ілияс көмір *б е р л е п* жырламап па ед, Үндемей сен үйіңде жатқан шақта (Бұл да).

БЕРМЕН ү с т. 1. *Бері қарай, берірек.* Қарағым *б е р м е н* кел, Бізге де көңілің бөл! Қалқамның нұсқасын, Көр, көзім, бір кенел (Абай). Шәріп өлім халінде жатқан ақ шашты ананы көріп, аяп кетті. Ананы қағып кеткен машинаның шоферіне бұрылып: — Кел *б е р м е н,*— дейді (М. Иманжанов, Адам тур. аңыз). Ол шекпенін, фуфайкасын шешіп, енді орныға бергенде, сырттан дүрсілдетіп кеп тоқтаған салт атты әкесі: — Ау, Тоқтар, *б е р м е н* шық! — деп дауыстады (Н. Ғабдуллин, Қызық дәурен). 2. *Беріректе, жуырда, жақында.* Арылту рудникті мына селден, Бітпейді кем дегенде жылдан *б е р м е н.* Шахтаны, фабриканы, кең сарайын Әзірлеу аспайды жүз жұмыскерден (Д. Әбілев, Алтай асуы). ◆ Әрмен көз, бермен маңдай. *Көзі ішіне кіріңкі, шүңірек көз.* Қара емес, қардай ашақ шыққан шашы, Сап-сары, салшы ерін, жіктік басы. *Ә р м е н к ө з, б е р м е н м а ң д а й,* бірақ оның, Көзінің жанған шамдай шұғыласы (Т. Ізтілеуов, Рүстем.). Бермен бет, әрмен жүрек. *Қу, екі жүзді, арам. Б е р м е н б е т, ә р м е н ж ү р е к* адам болу керек, әкет әрі,— деп, суретті қызының алдына лақтырып тастады (М. Дүйсенов, Қалыңдық).

БЕРНЕ з а т. с ө й л. Перне. Ертеде біреу мен біреу кез келіп сөйлесе қалса,

жай сөз қалып өлеңмен, жұмбақпен, *бернемен* сейлескен («Қаз. әдеб.»). Бұл өлең «көмір коммунизмі» *бернемен*, суретпен малға бейімдендіріп, үгіттеп отыр (С. Ерубаев, Шығ.).

БЕРТІН сын. *Бергі, кейінгі, соңғы.* Ел көпшілігі Абайдың билігімен қатар, *бертін* кездерде Мағауияның әділ көмегін де көп көреді (М. Әуезов, Әр жыл.). *Бертін* уақыттарда үлгілі жерлерді аралап, қартайған әкесін қимай, өзі жалғыз болған соң, қайтерін білмей, қарайлап жүрген жайы бар еді (С. Торайғыров, Шығ.).

БЕРТІНГІ сын. *Бергі, соңғы, кейінгі.* Темір жол жүрісі тәртіптелген *бертінгі* уақытта, Қызылжардан поезбен шыққан адам Алматыға бес-алты күнде барып жүрді (С. Мұқанов, Есею жыл.). Әкемнің айтуынша, *бертінгі* ата-аналарымыздың еттері түгел аққанмен, Сүбітей атамыздың еті ақпай, салған тақтайының бір бұрышында сары тап болып әлі жатыр (Бұл да).

БЕРТІНДЕ үст. *Соңғы, кейінгі кезде. Бертінде* реті кеп, Дәметкен Жалтыршаға барып қайтса, жер ошақ та, киіз үйінің іргесін көмген шымның сақинасы да со қалпында жатыр екен (С. Мұқанов, Аспаз). Тегінде шопанды — қой өсіруші, мал иесі деп түсінген дұрыс. Бұл сөз *бертінде* ғана өз орнында қолданылып келеді (Тарту). Әкем жас күнінен аңшылықты кәсіп қып, *бертінде* ғана қойған екен (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.).

БЕРТІНДЕГІ сын. *Жуықтағы, жақындағы.* Булығып жасқа Жұпар еңкілдеді, Қан сиді, ыза буып селкілдеді. Қайрылмас қаршығадай ұзай тартты, Мақсаты таяу қалған *бертіндегі* (С. Мұқанов, Шыңнан шыңға). Тарихи уақиға, тарихи батыр өмірі неғұрлым анық, ізі суымаған *бертіндегі* дәуірде өтетін болса, оны жырлау оңай (Е. Ысмайылов, Ақындар).

БЕРТІНІРЕК үст. *Соңғы уақытта, кейінірек.* Жақсы-жақсы поэмалардың үзінділері майдандық газеттерде жарияланып, *бертінірек келе* едәуір өңделіп, қазіргі поэзиямыздың мақтаулы шығармаларына қосылды («Қаз. әдеб.»). Жұрттың *бертінірек келе* орнығып қалған ашылығымен барған шақта қалың Жағалбайлы тоғыз жерде колхоз боп отыр екен (С. Мұқанов, Есею жыл.). Досыммен *бертінірек келе* тағы да кездестім. Ауылға келгенде, алдымен соған жолықтым. Ол өзінің мән-жайын айтты («Лен. жас»).

БЕРУ *Бер етістігінің қимыл атауы.* Қазақстанның Отанымызға миллиард пұт астық *беруі* үшін ойдағыдай күресу— біздің әрқайсымыздың абыройлы міндетіміз еді (Ә. Нұршайықов, Тың астығы). Суэц каналынан жылына 100 млн. доллар пайда көріп отырса да, қарыз *беруден* бас тартты («Халық мұғ.»).

БЕРУШІ зат. *Беретін адам, ұсынушы.* Абай, енді, төлеуге ұрының мүлкі жетпегенде, «ағайыны емес, ұрыға ат майын *беруші*, сүйеуші бай-жуан төлейтін болсын!» — деді (М. Әуезов, Әр жыл.). Тілеушінің бір беті қара, *Бермеушінің* екі беті қара (Мақал). ◆ **Арыз беруші.** *Шағым айтушы.* Назначение қылғанда тергеуі, сұрауы барлығына қарамаса, өтірік *арыз берушілер* азаяр еді, бәлки жоғалар еді (Абай).

БЕРШІМЕК зат. жерг. **Беріш.** Қинында қыршаңқының жанын жалдап, Ертеден сүйрегені екі солдат. Астрахань түрмесіне асығады, *Бершімек* қабырғасы екі сорлы ат (Х. Ерғалиев, Құрманғазы). Эхинококкоз болып ауырған малдың өкпебауырында *бершімек* болады, ол өскен сайын өкпесін сығып, оның жұмысын бұзады (Мал санитары). Малды сойғанда, кейбіреулерінің өкпе-бауырында іші сұйықылтқа толған ақшыл домалақ *бершімектер* болады. Мұны эхинококкоз ауруы, яғни бершімек құрты дейді (Шопан серігі).

БЕРІ үст. 1. *Белгілі бір мерзімнен, мезгілден кейін, соң.* Ел амандығын Ақзейнештен ғана біліп тұрдым. Бәтестің жылын бергенде сейлесіп ек, содан *бері* түйық жатырмыз (Ж. Молдағалиев, Сарарқа). Әңгімеден кейін Мәнке кідірмеді. Ертеден *бері* үлкендердің әңгімесіне араласпай, пеш түбінде қос тізесін құшақтап үнсіз ғана отырған қызға барды: — Осы балам болмаса, сірә, басқаларың еңбекке жоқсыңдар-ау — деймін (Ә. Нұрпейісов, Сергелдең). Мен осы класқа жетекші болғаннан *бері* тоқсан қорытындысын қарағаннан басқа жиналыстарға өте сирек қатыстым («Халық

мұғ.»). 2. *Әрі сөзіне қарама-қарсы, бермен.* Бұл үйде Сара бар ма, шықсын *бері,* Іздеген келіп тұрмын Біржан сері. Жолықпай сөзі өкімге жүрген шығар, Аулында Тұрысбектің өлер жері (Ақын жырлары). — *Бері* жүріңіз, Мәмбет аға,— деген дауыс естілді. Төрге қарай адымдай озған Мәмбет үлкен бөлменің ортасында тұрған столды айналып өтіп, екінші бөлменің есігіне беттеді (Х. Есенжанов, Тар кезең). Жеңешесі жер ошақ-қа ас пісіріп жатыр. Қойын арғы қыраттан *бері* қайырып Қоспан ағасы келеді (Т. Ахтанов, Дала сыры). ◆ **Әрі ақылдасып, бері ақылдасып.** *Ақылдаса-ақылдаса, келісе-келісе. Әрі ақылдасып, бері ақылдасып,* ақыры Атбасарға бармақ болдық (С. Шарипов, Шығ.). **Әрі ойланып, бері ойланып** [**ары ойлап, бері ойлап**]. *Ойлана-ойлана, толғана-толғана. Әрі ойланып, бері ойланып* алыс жерге жетер көлік сіздің ғана кер жорға тұлпарыңыз ғой деп қорыттым (С. Бегалин, Ана қайраты). *Әрі ойланып, бері ойланып* келгенде Ғаниға журналистік қолайлы көрінген. Қолынан келетін де, атын тез жаятын да кәсіп осы сияқтанды (М. Иманжанов, Көк белес). Орманға еніп, енді қайда барамын,— деп аңырып тұрдым да қалдым. *Ары ойладым, бері ойладым да,* қайда барарымды білмедім (Қ. Қайсенов, Жау тылы). Төлеген *ары ойлап, бері ойлап:* «Е, мейлі, жұмыстың жеңілі болушы ма еді, бара көрермін» — деп белін бекем буған-ды. Енді шай ішісімен аупартком жаққа тартпақ (Б. Тоғысбаев, Алдыңғы.). **Ары сөйлесіп, бері сөйлесіп.** *Кеңесе-кеңесе, сөйлесе-сөйлесе.* Қағазды жайып тастап, Сазарып отырып алысты, Не бәлені үйе. *Ары сөйлесіп, бері сөйлесіп,* Болды, береке, жүйе (І. Жансүгіров, Шығ.). **Атам заманнан бері.** *Ертеден, баяғыдан, бұрыннан.* Ленинның кооперативтік жоспарын жүзеге асыру ісі *атам заманнан бері* келе жатқан шаруа мәселесін шын мәнісінде шешуге жеткізеді (Саяси экономия). Мұнда, Мұғаджар тауларынан Арал теңізіне дейін созылып жатқан жалпақ далада мал *атам заманнан бері,* өз аяғымен жайылып бағылуда («Лен. жас»). **Бері келе.** *Соңғы кезде, келе-келе.* Мұхтардың бақытына, байлығына басы айналған бәйбіше *бері келе* өзінің бұрынғы кең пейілдігінен айрылып ашулы, өктемдікке көшеді (А. Жұбанов, Замана бұлбұлы). *Бері келе* менің шопан достарым көбейіп кетті. Мен сонау Қызылорданың қызыл жыңғылынан, оңтүстіктің «Келіншек» тауынан, Ташкент сыртында жатқан Қызылқұм қойнауынан жаңа достар таптым (С. Мәуленов, Жер нәрі). Құрбан ұста бір кезде қанжар да соқты. *Бері келе* қылышты да жасады (А. Тоқмағамбетов, Әке). **Бері қара.** *Көңіл бөл, ынта қой.*— Ойбай, Шәке, кейіменіз, көрмейсіз бе түрін, қызып қалған ғой... Ғани, кәне, *бері қарашы,*— деп Нұра оны екі иығынан ұстап, өзіне бұрды (М. Иманжанов, Көк белес). Үйірі қысырақтың мақпал қара, Шашыңды күндіз жу да, түнде тара. Алыстан ат аямай келгенімде, Ей, Мақпал, мойның бұрып *бері қара* (Қаз. әндері). **Беті бері қарады.** *Аурудан айыға бастады.* Менің жол жүруімнің сәті түскендей екі-үш күннен кейін әкемнің *беті бері қарап,* бізбен бірге отырып шай-су ішетін халге жетті («Қаз. әдеб.»).— **Жабайдың** *беті бері қараған ша* осы арада қала тұрасыңдар да.., — дейді Көпей Талтаяққа қарап (Ғ. Мүсірепов. Оянған өлке). **Көптен бері** *Бірсыпырадан, талайдан.* Үйдің ортасына сексеуілді жағып қойып, *көптен бері* шешініп, аяқ-қолын созып, таң атқанша алаңсыз ұйықтады (Н. Баяндин, Құм асты.). *Көптен бері* бұл маңайға ел жуымапты. Құдық маңайының құмалағы қуаң. Астауы да қаңсуға айналыпты («Лен. жас»). **Манадан бері.** *Біраз уақыт ішінде, бағанадан.* Жігіттің жаны *манадан бері* Отырған екен ойлы сыр түйіп:— Қор еткен жоқсың, Жаннажан, мені, Шығардың,— деді шыңдарға биік! (Д. Әбілев, Жүрек жырлайды). *Манадан бері* қол қусырып үнсіз отырған оның күйеуі сөзге араласты («Лен. жас»).

БЕРІК с ы н. 1. *Мықты, төзімді.* Ол қамал мәңгі шөккен тастан *берік,* Болаттай шегендеген қызған көрік. Орнықты Кремльдің қорғанындай, Басында Ленин қабірі бергендей серт (Жамбыл). Жүз жасаған жүйрік тіл Мұқан, Еңкею білмес емендей *берік.* «Той бастар» сөзін толықта төгіп, Маңдайын сүйді Баубектің келіп (Д. Әбілев, Жүрек жырлайды). Қорғаны шойын, қола, сондай *берік* Қойыпты айналдыра су жіберіп. Нәрсе жоқ мал-мүліктен маңайында, Ішіне тасып алған жинап-теріп (Т. Ізтілеуов, Рүстем.). 2. А у ы с. *Ұстамды, са-*

бырлы. Қанды жас ағып түспей дөңгеленіп, Көкті-ыза от боп жанған көзге келіп. Тапжылмай тас мүсіндей қатып қалды, Шіркін-ай, ана жаны неткен *берік* (А. Тоқмағамбетов, Өмір.). Сұлтанмахмұт *берік* отыр, Жалпылдап иілуді білер емес. Жақыпбектің алғашқы сөз саптауынан көңліне реніпті сырлар түйген іш әлемі әлі қатыгез еді (Д. Әбілев, Ақын арманы). *Беріктін* деп өтірік айтып, Ойлағаның айла-амал. Сенің арам кесепатың Тиер бізге, кет, жоғал! (С. Машақов, Жылдар). 3. *Тұрақты, сенімді, табанды.* Сұлуға берген екен күйеуі ерік, Жомарттық ерлігіне болып серік: «Сертіңді бар да орында» депті жары, Адамдық: қылған сертке болмақ *берік* (С. Сейфуллин, Өленд.). Демеңіз: басқа орынға неге көшті? Алты жыл оқу оқып Омар өсті. Өмірдің бұлжымайтын *берік* заңы — Орынды босатады жаңаға ескі (Қ. Тоғұзақов, Сібір Омар). — Жолдастар, сабыр етіп, әркім қызмет орнына барсын. Коммунистер партиясы біздерге бұл сағатта: мызғымас *берік*, айнымас адал болып, партия төңірегіне топтасуды талап етеді! — деді (Ж. Молдағалиев, Сарарқа.). Лениндей ұлы адамға қолың беріп, Ұстадың әділеттің жолын *берік*. Халық үшін қара түнде қызмет етіп, Өткір тіл, батыл жүрек, жалынды ерік (С. Машақов, Жыл.). 4. А у ы с. *Жабық, бекітулі.* Төстік түнде отауына кірейін десе, отауы *берік* болады (Қаз. ертегі). Қалтарыс айырықтың қақпасы *берік*. Ауысқан су одан шыға алмай тас қабырғаға көпіре соғып, толқып кеп қайтадан үйіріледі (Ғ. Сыланов, Шалқар). Бақшамыздың кілті *берік*, Саған келмес сырттан дұшпан. Солдыра алмас аяз соғып, Хауіптенбе қатал қыстан (Қ. Аманжолов, Шығ.). ◆ **Аузы берік.** а) *Күн ұзақ тамақ ішпей ораза ұстау.* Күн батып, азан айтылып, *аузы беріктер* тұз жалап, дастарқанға жағалай отырып, жапырлап жатқан мезгіл — Сатанның күткені (І. Жансүгіров, Шығ.). Орын көрсетіп бергеннен кейін *аузы берік* Жүніс Қаленді кіне дем алуға кетті (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). ә) *Сыр шашпайтын, артық сөйлемейтін адам.* Сембі керек десе, көршілермен де әңгіме қылмайды. *Аузына берік:* — Бала үкіметтікі, іс халықтікі,— дейді де отырады (З. Шашкин, Сенім). — Жиен баланың *аузы берік* еді ғой, әскерге ертең жүрем деген күні ғана айтты ғой маған,— деп Қаржаудың бұған деген ынтығы мол ұзақ әңгімесін жыр ғып айтады («Лен. жас»). Әншейінде *аузына берік* Галина Алексеевна шалының қыңырая бастаған құлқын қызына жеткізбеске шыдамады (Бұл да). **Бауы берік болсын.** а) *Өмірі ұзақ, ғұмырлы болсын деген тілек. Берік болсын бауы* мына баланың, Еркесі боп өссін біздің даланың, Сөкен деген бөбек аты жақсы екен! Алсын өсіп ұлы Сөкен қаламын (Қ. Көпішев, Әке). Болыпсың найза ұстайтын немерелі, Көтерер көп салмақтың бір батпанын. *Болғай* деп *бауы берік* тілектеспін, Ашыла берсін бағы шырақтардың (Ақын жырлары). ә) *Тұрақты, мәңгі.* Соңына Ленинның еріпті ел, Шындықтың жарқыраған жолын көріп. Іргесі қаланыпты ерікті ел, Туып Совет Отаны *бауы берік* (С. Сейітов, Жаңғырық). **Дәті берік.** *Шыдамды, ұстамды.* Серекең сәл ілгерілеп барды да, трактордың тоқтатып жерге түсті. Әлі мына тұрғандардың біреуіне тіл қатқан жоқ, қандай *дәті берік* адам еді («Лен. жас»). **Тілді берік ұстады.** *Жапқан ауызды ашпады, үндемеді.* Егер ол: «Сенің не жұмысың бар, аулақ жүр!» — десе ше? Ия, ең жақсысы — үндемеу, *тілді берік ұстау*... (З. Шашкин, Өмір тынысы).

БЕРІКБАС з а т. з о о л. *Басын жоғары көтеріп ұстайтын кесіртке.* Құмды, шөлді жерлерде далалық зор агамалар, әсем жұмырбас кесірткелер, *беріқбас*, құлақты кесірткелер өріп жүреді (Б. Муханов,.. Қазақст. өсімдік.).

БЕРІКТЕУ с ы н. *Берігірек, ұстамдырақ.* Ардақ сырға әкесінен де *беріктеу* екен. Жас ботадай монтиған жүзін бұзбастан орнынан тұрды (Ғ. Мұстафин, Қарағанды).

БЕРІКТІК з а т. 1. *Мықтылық, төзімділік.* Машиналардың жұмыс істеу мерзімін ұзартып, олардың *беріктігі* мен дәлдігін арттырудың айрықша маңызы бар (Саяси экономия). Түрлі машиналар мен механизмдер бөлшектерінің *беріктігін* сынау үшін, механикалық қысымды электрлік шамаға айналдыру үшін кең қолданылады (К. Айманов, Физика). 2. *Мызғымастық, тұрақтылық.* Шығанақ Олжабекке: — Тау бұзылады, берік көңіл бұзылмайды. *Беріктігіңе* сенсем де, жұмсақтығыңды жоқтаушы ем. О да табылды (Ғ. Мұстафин, Шығанақ).— Пай-пай, ағасы-ай! Қаталсыз-ау!

Сол *беріктігіңіз,* сол бірбеткейлігіңіз, кезінде сарбаздық жолға түсіріп, сахара өміріндегі дүрбелеңді бір жыл ерте бастатып жіберіп еді (Ж. Молдағалиев, Сарарқа.) Көрінті осыншама ерікті кім. Осынша мықтылықты көрінті кім? Тістеніп, біржолата қалды қатып, Мұнда да сақтап қалды ол *беріктігін* (Ә. Абайділданов, Алыс.).

БЕРІКТІЛІК з а т. *Мықтылық, беріктік, төзімділік.* Қосындылар әрі жеңілдігі, әрі механикалық *беріктілігі* арқасында авиацияда, автомобиль өндірісінде және өнеркәсіптің басқа салаларында қолданылады (М. Бакенов, Қазақст. ресурс.).

БЕРІЛ 1. *Бер етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Былтыр Михаил Александрович Шолоховтың есімін бүкіл әлем халқы аса зор қуанышпен атады. Шолоховқа дүние жүзілік Нобель атындағы сыйлық *берілді* (С. Мәуленов, Жер нәрі). Жантастың, Тәнекенің басына пұл кесіледі, кім де кім соларды ұстап берсе, әрқайсысы үшін бес мың сом сый *беріледі,*— дейді ояз (М. Әуезов, Шығ.). Егін шықпай қалған елге қазынадан *берілетін* қарыз жәрдем ақша бар екенін айтып, іс басындағылардың соны сұрап алып, халыққа таратып беруін талап етеді (Б. Кенжебаев, Қаз. дем. жазушы). 2. *Тәуелді болу, бас ию, бағыну, ырқына көну.* Чаржой қаласы ешуақытта да жауға *берілмеген* жауынгер қала (С. Мәуленов, Жер нәрі). Ұлы еңбекке бой сұнып, Бар табиғат *берілді!* Тай мінбеген бауырым—Самолетке мініп тұр (Қ. Аманжолов, Шығ.). Соға берсін бораны ұлып, Мейлі мұхит теріс ақсын. Жеңілмейді адамшылық, *Берілмейді* жауға жақсы үн! (А. Тоқмағамбетов, Сайра бұлбұл.). 3. *Бой ұру, бойын билету.* Сол толқынға жан жүрекпен *берілем,* Сол толқынмен бір жарқылдап көрінем. Сол толқынмен бірге шаршап қиналам, Сол толқынмен бірге тасып төгілем (Қ. Мүсірепов, Раушан). — Бүркіт, ондай-ондай жауыншашын әлі талай кездесер,— деді күйеуінің басынан сипап, сен біріне де *берілме,* қара да тұр, әлі бәрін де жеңіп шығамыз (І. Есенберлин, Қатерлі өткел). 4. *Ықылас, ынта қою, зер салу.* Қаламды шын *беріліп,* алдым берік, Әлде қандай бір күшке көңіл сеніп. Бұрын жалғыз оқу еді іздегенім, Енді оған өлең жазу болсын серік (С. Торайғыров, Шығ.). Сөкен сарылып көп отырмай, аз отырғанда жазуға қатты *беріліп,* шу түгіл сыбысты да ұнатпайтын (С. Мұқанов, Есею жыл.). Сабақта қуанамыз жүрсек көріп, *Беріліп* сөйлесеміз майдай еріп. Сабақтан екеуміз де алдындамыз, Ықыласпен оқыған соң анық төніп (Айтыс). 5. *Қалтқысыз сену.* «Халықтың ыстық жүрегі, *Берілді* ұлы Ленинге. Халықтың бақыт тілегі Ленинмен келді өмірге!» (А. Тоқмағамбетов, Сайра, бұлбұл).

БЕРІЛГІШ с ы н. *Бой ұрғыш, әуестегіш.* Біреулер — манаурап шуаққа жылынғыш, Біреулер — сұранып боранға ұрынғыш. Біреулер — *берілгіш* тыншытпас ойларға, Біреулер — бақытты мысықша тойғанға (Ә. Тәжібаев, Жартас). Тез *берілгіш,* тез айнығыш, тез әсерленгіш Бектай келерінде енді ісі қайтып оңға баспастай таусылып келсе, кетерінде көп нәрсе ұққандай болды (М. Иманжанов, Алғашқы ай.).

БЕРІЛГІШТІК з а т. *Ықылас, ынта қойғыштық.* Асқаров әйтеуір, ақындық деген бір атқа табына қарап, мол *берілгіштікпен* ұнатқан-ды (С. Шаймерденов, Болашақ).

БЕРІЛУ *Беріл етістігінің қимыл атауы.* Сұлтанғазы шай әперген әйелінің қолын аңдып отыр. Алдымен Бимендіге, содан кейін Әскербекке, одан соң өзіне *берілуге* тиіс (Ж. Молдағалиев, Сарарқа). Жауға *берілу* деген ең ауыр қылмыс қой! Біз ауыр жаралы болғандықтан, тұтқынға амалсыздан түстік (Қ. Қайсенов, Жау тылы).

БЕРІЛУШІ з а т. *Бой ұрушы, әуестенуші.* Әлгі білгірдің өзі осының бәрін түгелдеп айтып шықты. Футболға осыншалық *берілушілердің* болатынын Анатолий біледі (Т. Әлімқұлов, Туған ауыл).

БЕРІМ з а т. с ө й л. *Пара.* Айтқанын тыңдамай, уысынан шығып бара жатқан кедейлерге әмірі өтпесін білгесін ендігі жерге *беріммен* ғана аузын алып, жарамсақтанып ұстамақшы-ау? (Ә. Нұрпейісов, Сергелдең).

БЕРІМСЕК з а т. *Берешек, қарыз.* Колхоз астық салығы, тұқым қоры, тағы басқа осындай *берімсектерден* құтылғаннан кейін Демекұлдың үй ішіне орташа есеппен 30,4 центнер астық алады (С. Ерубаев, Шығ.).

БЕРІН ет. көне. *Берілу, жеңілу.* «Көрсеттім» дейміз, ымдаймын, Кәдік қылар жерімді. Қазақты жеген қайратты ер» Ұрыпды да, *беріндІ* (Абай).

БЕРІРЕК үст. *Берменірек, жақынырақ.* Адасып алаңдама жол таба алмай. *Беріреқ* түзу жолға шық қамалмай. Не ғылым жоқ, немесе еңбек те жоқ. Ең болмаса кеттің ғой мал баға алмай (Абай, Шығ.). Бұзық ойда жүргендер болып жүрмесің, *беріреқ* жүріңізші,— деп Зура Балқияны өзіне қарай тартып бұра жөнелді (Ә. Әбішев, Замана нәрзент.). ◆ **Беріреқ келе.** *Бертін келе, кейінгі кезде.* Болатбек *беріреқ келгеннен соң* балашағалы болып, оларды тастап қаша алмай бір байда орнығып, көп жыл жұмыс қылды (С. Шарипов, Шығ.). Тіпті *беріреқ келе* тайына мініп, Көркемтайдың үйреткен көк бестісі мен бір-екі бұзаулы сиыры ғана қалды (С. Дөнентаев, Шығ.).

БЕРІРЕКТЕ үст. *Тағырақта, жақынырақта. Беріректе* жаңа құрылыс. Қабырғасы қылтиып келе жатқан үлкен үйдің бұрышы. Бір шетте үйшік. Бұл құрылыс кеңсесі (Т. Ахтанов, Дада сыры). *Беріректе* нарт қызыл гүлдер шашырап сирек бітіпті, сонау қыратқа таман қоюланып, шымқай қызыл боп кетеді (Т. Ахтанов, Маһаббат мұңы).

БЕРІС[1] *Бер етістігінен жасалған ортақ етіс.* Аздан кейін Нұрым: — Хакім ініңіздің үйленемін деп серт *беріскен* қызы алдағы обозда келе жатыр. Ол біздің локтыр қызымыз,— деді (Х. Есенжанов, Тар кезең). Шақырсаң социалдық жарысына Мен даяр білегімді сыбанамын. Осымен қол *берісіп* қоштасайық, Басында достық атты мұнараның (Айтыс).

БЕРІС[2] зат. *Алыс-беріс қос сөзінің екінші сыңары.* Олардың араларындағы алыс-*берісті* күэландырғаннан басқа біздің жұмысымыз жоқ (Ғ. Мүсірепов, Шығ.). Елде көп осы күнде алыс-*беріс,* Орысша судырасып оңды-теріс (І. Жансүгіров. Таңд.).

БЕРІС: кіре беріс. *Кіріп-шығатын жер, есік аузы.* Есікті Жапастың өзі ашты. *Кіре берісте* мәз-мәйрам, екі беті қып-қызыл Хадиша тұр (З. Шашкин, Өмір тынысы). Олар *кіре берістегі* орындық үстіне гүл шоғы мүсінін қойды да, есікке беттеді (Т. Шаханов, Көгілдір мұнара). **Қаға беріс** а) *Қалтарыс, таса.* «Осы қырқаның астынан шыға келмес пе екен» деп әр адырды асқан сайын алдына қарайды. Бір бүйірде, *қаға беріс* тасада қалып қоймады ма екен,— деп тағы елегізеді (Т. Ахтанов, Дала сыры). ә) *Ескерусіз, байқаусыз.* Көп жылдан бермен бұл ара қырағы көзден таса боп, *қаға беріс* қалып келген (А. Байтанаев, Жаңғырды дала). Іс тетігін түсінген кісі ешбір нәрседен сырттай *қаға беріс* қалмауға тиіс («Лен. жас»). **Қаға берісте.** *Ара-арасында, әредікте.*— Бұл арада біраз уақыт бірге болатын түріміз бар. *Қаға берісте* төбелестің тәсілін үйретіп қоярмын (Ә. Нұрпейісов, Сергелдең). Ворошилов атындағы участоктен жастар жұмыстан *қаға беріс* уақытын пайдаланып, жүз орындық клуб тұрғызды («Лен. жас»). **Құлай беріс.** *Құлама, ылди.* Жарқабақтың *құлай берісіне* салынған тас пештер алғашқы сынған әрең аман өтіп, әлі аптығын баса алмай тұр екен (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). **Өте берісте.** *Өтетін жерде, жолда.* Көккөз тамынан әрі *өте берісте,* Қызыл жыңғылдың жиегінде қып-қызыл болып бір мола тұр (С. Мәуленов, Жер нәрі). Екі жолдың да сайдан *өте берісінде* көпірлер бар. Демек, біздің мандай алды міндетіміз осы ашық далада екі көпірді мықтап ұстау болды (Ол күндер.) **Шыға берісте.** *Жүретін, шығатын жерде, жолда.* Кеш тарқаған тойдан Бегәлі үйге әжесімен бірге қайтты. *Шыға берісте* ағаш аяққа тағы бір қарап өтті. Енді соғыс деген сөздің мәні оған нақ осы ағаш аяқ сияқты боп көрінді (З. Асанбаев, Ар соты).

БЕРІСПЕ ет. 1. *Берілмеу, жеңілмеу, ұтылмау.* Жоқ, үрікпейміз, шығамыз жауға қарсы, *Беріспейміз,* тірі қан барда тамшы. Кітаптан көзін көрген, уа, халайық, Мына бір оңірге құмалақ салайық (С. Мұқанов, Шыңнан шыңға). Ажар да бір жігітке *беріспейді,* Мәжіліс сәні онсыз келіспейді. Жастықтың мәуелеген бақшасында, Бұл қызды олар «піскен жеміс» дейді (С. Мұқанов, Шыңнан шыңға). Есікке жақындай бергенде артына қайрылып Қоспанға тағы да тіл қатты: — Біз бұларға әлі де *беріспейміз,* талай айқасамыз (Т. Ахтанов, Дала сыры). 2. *Парапар келу, кем түспеу.* Көшелер мен алаңдар да кеңіді, әшекейленді, ескі қаланы төңіректей нелер тамаша ормандар, кей шетте үлкен

қалаларға *беріспейтін* бөлшектер өсті (С. Мұқанов, Есею жыл.).— Жаз кегалға көтерер шаңырағымыз да бек-сұлтан үйіне *беріспейді*,— дейді Дәулетқали (Х. Ерғалиев, Шындық.).

БЕРІСПЕУ *Беріспе етістігінің қимыл атауы.* Жұрт: «әзірге беті жаман емес»,— деді, «Жау да енді жұта қояр демес»,— деді. Хабарын қан майданның ести келе, Үміті *беріспеудің* елестеді (С. Мұқанов, Шыңнан шыңға). Хан не десе де, *беріспеуге* бекініп алған Аралбай онан сайын шиыршық атып қатулана сөйлейді (С. Омаров, Хантағы). Күн сайын шуылдап қорғанға ермелеген монғолдармен өліспей *беріспеуге* болса, соны қару етіп, табан тіресіп қорғанып бақты (Д. Досжанов, Құм жұтқан.).

БЕРІШ з а т. 1. *Организмдегі өлі ет, түйін, шор.* Беттің бір жерінде ісік, бір жерін *беріш*, бір жерін іріңді безеу қаптап, адамның өңін алады (М. Исамбаев, Мед. анықтама). Сүйелді *беріштер.* Түйенің жатқанда тірек болатын сүйелді жегі *беріші* бар. Ол төс сүйегінің, тізелерінің және тірсек буындарының үстінде болады (И. Жұмағұлов, Түйе өсіру). 2. А у ы с. *Ұмытылмас қайғы-қасірет.* Қара жерді жасартып, қара тасты жібіткен жаратылыстың күші қандай болса да, оның *беріш* қатқан жүрегін жібіте де алмайды, жасарта да алмайды (С. Дөнентаев, Шығ.). Батыржанға қараған сайын әлгі бір әзірде профессордың қызы жайлы шет-пұшпақтап қозғалған әңгіме соңынан жүрегінде *беріш* боп қатқан (Р. Райымқұлов, Бұрылыс.). Талай да талай заман көп көкірегіне *беріш* бездей байланған қасіретті, мұң-зарды сен жібітіп тараттың (Ж. Исмағұлов, Адам мерейі).

БЕРІШТЕЙ с ы н. *Беріш сияқты, беріш тәріздес.* Аманжан көшені бойлап, демалыс парк бағына қарай төмен еңістеді. Бірақ оның көңілінде *бершітей* бекіп бір түйін кетті (Ә. Көпбаев, Мақтаныш).

БЕРШТЕН е т. *Шор болып бітіу, түйін қалдыру, сему.* Қазақтың алтын саусақ, күміс көмей күйшілері боз інген күйін боздатып тартқанда, емшегі тас боп *бершітенін*, жаны қиналып тұрған боз інген балқып еріп, емшегінен көл дария сүт ағытылып кеткен екен деседі (Ө. Тұрманжанов, Адам. дос). Организмде мөлшерлі тұздың болуы өкпедегі бөртпенің *бершітеніп* қатуына пайдалы (Ш. Көшербаев, Туберкулез). Миуалы ағаштың жаңа піскен жемісі *бершітенін*, балғын жапырағы мезгілсіз сарғайғаны ма? (Т. Әлімқұлов, Ақбоз ат).

БЕРШТЕНУ *Беріштен етістігінің қимыл атауы.* Токсоплазмоз ауруының арты бауырдың құрысып семуіне немесе қайтып *бершітенуіне* душар қылып адамды қазаға ұшыратады (З. Сырғабаева, Токсоплазм.).

БЕС с а н. 1. *Төрттен кейінгі есептік сан.* Айқасты бөкен асып *бес* қияға. Таянды шапақ шашып күн ұяға. Әмірхан ақбөкенге сонда жетіп, Қош айтты кербез киік дүниядан (И. Байзақов, Шығ.). Қоңыр күз жол үстінде үш күн бұрын, Кеше құм қиындап, қар түсті бүгін, Келгенде Ақан жүріп *бес* күн, *бес* түн, Алдынан шықты салып қыс дүбірін (Қ. Бекхожин, Ақан Ақтаев). *Бес* минут әлі жол жүреміз біз, Вагонда күй өзіміз, жыр өзіміз. Кіргендей кеудемізге бір қытықшы, Күлеміз, күледі жан-жүрегіміз (Ж. Молдағалиев, Жыр тур.). 2. *Оқу орындарында қабылданылған ең жоғары баға, балл.* Сабағынан бір күні келді үйіне Балабек, Үш сабақтан *«бес»* алды. Біздегі бір бала,— деп (С. Сейітов, Жаңғырық). Егер біреу құласа, Қалғандай босап бір орын, Ал, біреу *«бес»* ап қуанса, Шыққандай алып «пірі» оның (Ш. Мұхамеджанов, Қошалақ). ◆ **Бес аспап.** а) *Қолынан келмейтіні жоқ, өнерлі, жанжақты.* «Хатшылығыма қоса атшылық өнерім де бар» деп мана аттанарда қалжыңдап қойған Тілеуберген шынында да өнерді меңгерген *бес аспап* жігіт (С. Омаров, Дала қызы).— Келдің бе, құлыным. Міне, өзің бір *бес аспап* бала екенсің. Сен келген соң даласы құрғыр да көңілденіп кетті...— деді кемпір Назымға («Лен. жас»). ә) *Бірнеше жұмыстың функциясын атқаратын универсалды сайман.* Қырғызстан астанасының машина жасаушылары бүгін Біріккен Араб Республикасына металл кесетін және жанғыш *бес аспап* станоктардың үлкен бір тобын жөнелтті («Соц. Қаз.»). Машинаның қалбағайы да *бес аспап*— бұл қалбағаймен тік егінді де, жатып қалған егінді де бірдей жоғары сапада оруға болады («Лен. жас»). **Бес батпан.** а) *Баттасқан кір, салтақ-салтақ.* Жәмиланың әкесі соның бірі, Әрі пысық жан емес еті тірі. Шайы камзол, құндыз бөрік киігенменен, *Бес батпан*

десең болар еттің кірі (С. Торайғыров, Шығ.). Макаровтың бет-аузы шаң басқан жирен түк, жағасы *бес батпан* кір, мелшиіп қабағын шыта қарап түнеріп тұр (Б. Момышұлы, Жауынгердің тұлғасы). Бәкеңнің беті айғыз-айғыз кір. Оның үстіне сау қолын жерге тіреп жаңа ғана су ішкен, қолы да *бес батпан* («Лен. жас»). ә) *Ауыр, зілдей.* Соғыс кезінде жас ұрпаққа түскен ауыртпашылықтың зіл салмағын Ә. Кекілбаевтың «Бір шөкім бұлтынан» көреміз. Аққаймақтың жүрегіне қадалған жүк *бес батпан* («Қаз. әдеб.»). **Алты аласы, бес бересі жоқ.** *Өте-кеткені жоқ, еш қатысы, ешбір шаруасы жоқ.* Қазақтың қайсысының бар санасы? Қылт етерде дандайын бір жаласы. Пысықтықтың белгісі — арыз беру, Жоқ тұрса *бес бересі, алты аласы* (Абай). **Бес биенің сабасындай.** *Толық денелі, кең пейілді адам.* Қаршадай қара сирақ қыз еді. Енді, міне, бөлендей сиырға бақташы болды, тұлғасы *бес биенің сабасындай,*— дейді Дөкей апай («Қаз. әдеб.»). Жылдар жылжып өте берді, жеңеше көзін де, көңілін де тоятын *бес биенің сабасындай* бәйбішеге айналдың («Лен. жас»). **Бес күндік.** *Аз күндік, уақытша.* Тәуекел *бес күндікке* қызықпады, Әділдік оның жалғыз қызыққаны Мазақтасын, кекетсін, тұзақ құрсын, Ұлтшыл, байшыл қазақтың бұзықтары (С. Мұқанов, Шыңнан шыңға). Залымның арбауына уанбаймыз, Сатылып қалың малға жүре алмаймыз. Біздерге мәңгі жолдас өнер-білім, *Бес күндік* мал-дүниеге қуанбаймыз (Ш. Иманбаева, Өленд.). **Бес қанат үй.** *Бес керегеден тұратын қазақ үйі.* **Бес қаралық.** *Бес қараға тұратын, бағалы.* Ондай жан шыға салып сыртқа барып, Құлағын Дәмелінің ұстап алып. Сықпыртын соғып жатыр «жақсы сөзді»— Деп сөйлеп: «бұл хабары *бес қаралық*» (Ғ. Қайырбеков, Дала қоңырауы). **Бес қару** [Ер қаруы — **бес қару**]. *Батырларға қажетті қарулардың* [*найза, садақ, айбалта, қылыш, сауыт*] *жиынтығы.* Хан мен билер қасына, Шал байғұс келді таяныш: Баланың атын сұрасаң,— Белиндегі *бес қару* Тал бойына жарасқан (С. Сейфуллин, Шығ.). *Ер қарулы бес қаруды* асынып басына дулығасын киіп, қарақөк тұлпарды ертіп жүріп кетеді (Батырлар жыры). **Бес қолдың саласындай.** Сөйл. *Бес саусағындай.* Медетбек өзінің өндірісте өткізген көп жылдық өмірінде, бүкіл заводтың ішкі-сыртқы тіршілігін *бес қолдың саласындай* қанық білгенін былай қойғанда, мол өнімді өтуге талай ат салысып келді (Ә. Сатыбалдиев, Ақмарал). **Бес саусағындай біледі.** *Өте қанық, өте жетік.* Жұман мұғалім елге еңбегін қай жолмен сіңіру керек?— Міне бұл мәселелер — мұғалімдердің *бес саусағындай* біліп отыратын мәселелері (Б. Майлин, Шығ.). Колхоздың председателі күріш пен бидайды қай жерге егу керек, қалай өнім алуға болады. Бұл жағын ол *бес саусағындай біледі* («Лен. жас»). **Бес саусақтай.** *Ынтымақшыл, бірлікшіл.* Қосылайық, толайық, *Бес саусақтай болайық.* Ынтымақ ерге ылайық Жаңа өмір өстіп құрайық (Ө. Тұрманжанов, Менің кітабым). **Бес тал.** *Сирек, селдір. Бес тал* шашын үрпите төбесіне түйгендіктен, Маржан жеңгеміздің ұзын мойны ашық жағадан онан сайын қылтиып, шұқырайған ойпат омыраудан бұғана сүйектері ырсиып шығып тұратын (М. Иманжанов, Көк белес). **Бестен бірі.** *Бестің бір бөлшегі.* Ол облыстың колхоздары мен совхоздары 1961 жылы Қазақстанның 15 облысы өндірген құс етінің *бестен бір* бөлегін берді,— дейді (Құс өсіруші.). **Бес тиынға тұрмайды.** *Түкке алғысыз, бағасыз, құнсыз.* Ақынмын деп ұялмай жүрсің өзің, *Бес тиынға тұрмайды* айтқан сөзің (Жамбыл). Байеке-ау, сіздің қызда жаман бар ма? Оларды жамандауға заман бар ма? Қызыңның *бес тиындық* біреуі жоқ, Қылған соң құдай қанша амал бар ма? (Ақын жырлары).

БЕС-АЛТАУ сан. *Бес-алты санының жинақтау түрі, болжалды сан.* Жантая жатқан жігіт не болмаса *бес-алтаудан* бас қосып әңгімелесіп отырған шал, кемпір... Құр поселке деген аты, әйтпесе нағыз кешке таманғы қазақ ауылы (І. Есенберлин, Қатерлі өткел). Сызға бауырларын төсеп қарақұйрықтың *бес-алтауы* жатыр екен. Бізді сезіп қойып құмға қарай қашғы (Н. Баяндин, Құм асты). Марияның кеудесіндегі медаліне бір қарап қойды да:— Мынадан біздің балада нешеуі бар?— деді Жолдасбай.— Ордені бар, медалі бар, *бес-алтау,*—деді Мария (Ж. Жұмаханов, Жазылм. кітап.).

БЕСАҚА зат. диал. *Тармақты айыр.* Сен *бесақаны* қайда қойдың? *Бесақаны* алып берші, шөп жинайын (Диал. сөзд.).

БЕС-АЛТЫ сан. *Мөлшері бес-алтыға жетер-жетпес, болжалды сан.* Сірә, алғаш-

қы *бес-алты* шешеннің сөзін қанағат етіп, былайғы жерде ойын-күлкіге кезек берген жөн болар («Лен. жас»). Ол баяғыда *бес-алты* үйлі ағайынның көшіп-қону кезінде түндік түйістіріп қанаттаса кеткен көрші-қолаңдығы да емес («Қаз. әдеб.»). Бір күні ауылға *бес-алты* бала болып, күн батып кеткен соң қайттық. Ішімізде жастайынан ерке, бұзықтау болып өскен Жайлау бар («Лен. жас»).

БЕСАППАЗЫ з а т. д и а л. *Ағаш шелек. Бесаппазы* сөзі басында осы ыдыстың бағасынан, құнынан алынған (Диал. сөзд.).

БЕСАТАР з а т. *Қайырма затворымен бес рет атылатын қару, винтовка.* Сап түзеп, әскер шығар қатар-қатар, Асынған бөрінде бар бір *бесатар* Түріндей жолбарыстың қаһарлы айбат Қалың қол аттыжаяу келе жатыр (Жамбыл). Момышұлы полкындағы мың кісінің екі-ақ түрлі құралы бар:— Бірі — *бесатар*, бірі — қол пулемет. Жауға шабар күш осы еді,— дейді Бауыржан (Майдан). Төлеуді ататын сіңір қара түрікпеннің көк қасқа арғымағы салған жерден суырылып шықты. Ол бірақ боз арғымаққа жете алмасын біліп, иығынан *бесатарын* алды (Ә. Нұрпейісов, Сергелдең).

БЕСБАРМАҚ з а т. қ а р а п. *Етке қамыр салып жасалатын ыстық тағам.*— Социализм күшейген сайын ауқатты тұрмыс аяқ басып, бізде ет көбейген болса, өзім өлгенше *бесбармақты* жемей отыра алмаспын,— деді Жайынауыз (І. Жансүгіров, Әңгім.). Отырған жоқ орнында көмекші, Кешке қалып не бітірем демекші. Жүрген болар клубта, не үйінде — *Бесбармаққа* дайындап зор тегешті (Ә. Ахметов, Өшпеген жалын).

БЕСЕДКА о р. з а т. *Аулада, бақ ішінде демалу үшін жасалған, жан-жағы ашық, төбесі жабық шағын жай, саябан.* Осында бір тықыр таянған соң келдің. Әйтпесе мені сыйлап, сәлем беруге *беседкаға* келмегенің бесенеден белгілі (Х. Есенжанов, Тар кезең). Әкімбайдың балалары үшін жасатқан дөңгелек *беседка*— күркені де көк-жасыл жүзім бұтақтары, ешбір күн түсірмей, тығыз көмкеріп тұр (Ө. Қанахин, Мұрагер). Зуфар үйіне таяна бере:— Бері жүріңдер, мына гүл күркеге кіріңдер,— деп өзінің шырмауық гүлмен бөлініп тұрған кішкене *беседкасына* кіргізді (С. Бегалин, Жеткіншек).

БЕСЕНЕ: бесенеден белгілі. *Айдан анық, өз-өзінен белгілі, айқын.* Нұрым қылмыстыны бірден таныды. Айдап келген аттылы солдаттар оны топқа жақындатпай оқшау жерде ұстаса да, *бесенеден белгілі* алпамсадай тұлғасы, үлкен мұрны, қалқиған құлақтары «мен Көрімғалимын» деп-ақ тұр (Х. Есенжанов, Тар кезең). Білімі, көрген-білгені бар тәжірибелі ұстаздар қай кезде болмасын бас болып, игі істің ұйтқысы, жақсының жаны ашыры екенін ешқашан да есінен шығармайтыны *бесенеден белгілі* («Лен. жас»). *Белгілі бесенеден* құндыз бен қой, Жасап тұр жапалақтар тұйғынмен той. Теңін тауып теңдікпен қосылған кім, Қарашы, Жәмилажан, жіберіп ой! (Айтыс).

БЕСЕУ с а н. *Бес санының жинақтау түрі.* «Бейсекештің бес ұлы Бірі жалын, бірі от. Бұл *бесеуі* тұрғанда Бейсекештен бақытты Бұл өлкеде ешкім жоқ» (Қ. Аманжолов, Шығ.). Кіріп келіп қол қысып амандасты, Оңаша үйде *бесеуі* қосты басты! Бүгін түнде жоюға Солдатовты, Айлалы, тәсілді істі ақылдасты (Н. Баймұратов, Қанды жорық).

БЕСЖЫЛДЫҚ з а т. *Халық шаруашылығының бес жыл ішіндегі жоспары.* Осы *бесжылдықта* селодағы және еліміздің жаңадан өркендеп келе жатқан аудандарындағы қызмет көрсету саласын өрістетуге айрықша көңіл бөлінеді («Лен. жас»). Нақтылы мысал ретінде, қазір біздің республикада Маңғыстау мұнайын игеріп, халық игілігіне пайдалану *бесжылдықтың* аса маңызды құрылыстарының бірі болып отыр (Қ. Әбілдаев, Коммунист міндеті).

БЕСМІЛЛА о д. с ө й л. Шісмелла. Кемелдің ауылында сана тапсаң, «Бок один» деп бетінен сүйіп қара. *Бесмілла* әмір зибал, көлөм, қапаш, Інім де, һәм дінім де аллаға хас (Ақан сері, Шығ.). *«Бесмілләр»* тілі келгеннен бері түннен ертеңге арақ қалдырмайтыны әуелі құдайға, қалса өзіне аян (Е. Домбаев, Ол осындай.).

БЕС-ОН с а н. *Бес пен онның арасындағы сан мөлшері, болжалды шама.* Біреудің сыртта жүріп үсті күйді, Біреуге *бес-он* тиын күміс тиді. От сөніп, күл бұрқырап, бәрі шулап, Қайнатып жібергендей баста миды (Қ. Тоғызақов, Сібір Омар). Бас-аяғы *бес-он* минут ішінде көгал үстіне көп қауым боп жинала қалған еңбекшілер ал-

дында ақтарыла сыр шертеміз («Қаз. әдеб.»).

БЕССАЙЫС з а т. с п о р т. *Ат жарысы, фехтование, мылтық ату, жүзу, жүгіруге жататын спорт жарысы.* СССР халықтарының мерекелік IV спартакиадасында республикамыздың қазіргі *б е с с а й ы с* жөніндегі командасы үшінші орын алып, мәртебелі оралды («Спорт»). Бұдан ертеректе *б е с с а й ы с,* ат спорты, фехтование, велосипед, классикалық күрес, шахмат сияқты түрлерінен белді спортшыларымыз болмады («Соц. Қаз»). Шынын айту керек, *б е с с а й ы с т а н* республикамыз атағы соңғы екі-үш жылда ғана жария болып отыр. Одан арғы жерде спорттың бұл түрінен қарсыласуға шамамыз жоқ еді (Бұл да).

БЕССАЙЫСШЫ з а т. *Бессайыспен шұғылданушы.* Жоғары оқу орнының түлектері *б е с с а й ы с ш ы* Виктор Минеев пен палуан Анатолий Колесов олимпиаданың алтын медалін жеңіп алды («Спорт»). Ерге мықтап отыра білу, мергендік, тез жүзе, сайыса білу, қиын жолдармен жүгіруде жақсы көрсеткішке жету — міне, *б е с с а й ы с ш ы л а р д ы ң* негізгі міндеті осы («Лен. жас»).— Әуелі *б е с с а й ы с ш ы,* ДОСААФ командасы құрамындағы жерлестеріміз сөз бастағаны дұрыс болар еді. Өйткені, командалық алдыңғы сапқа қосылып, алтын, күміс және қола медаль алды ғой олар («Спорт»).

БЕСТЕМДЕП ү с т. *Шашты беске бөліп өріп,* бұрымдап. Төсек үстіндегі әйел қызының шашын *б е с т е м д е п* өре бастап, келіншекке әлгіндей емес, жылырақ шыраймен тағы бір қарады (Қ. Тайшықов Окт. ұшқыны).

БЕСТЕМШЕ с ы н. *Тарамдалып, бес өрімделген.* Жіп өруде біріншi қолмен есіліп, ширатылып алынған соң, бірнеше жіптері кәдімгі *б е с т е м ш е* тәртібімен қайыс тәрізді өріледі (С. Қасиманов, Қаз. қолөнері).

БЕСТЕМШЕЛЕП ү с т. *Бестемше ғып, тарамдап.* Жәмидің *б е с т е м ш е л е п* өрген тоқпақтай қос бұрымы қозғалған сайын бейне қос қара жыландай иреленеді (С. Омаров, Қайырлы жаз).

БЕСТЕП-ОНДАП ү с т. *Бес-бестен, ондонан.* Екі мыңнан астам үйі бар бұл болыста жүз елуден артық шаруа кісі жалдайды. Көшке Әлти, Сәпті, Құрымбай, Үшсары сияқты ірі байлар жалшыны *б е с т е п-о н д а п* ұстайды екен (С. Мұқанов, Есею жыл.).

БЕСТІ з а т. *Бес жасар жылқы.* Шоқанның қара *б е с т і с і* басымен алысып ала-ала жөнеледі. Тізгінін қамти ұстап, әке айтқан тәртіпті бұлжытпай орындауға тырысып Шоқан да жортып келеді (С. Бегалин, Бала Шоқан). Жүген-құрық тимеген *б е с т і* асау мына бала жігітті қадақ құрлы көрер емес, басын төмен салып, меңкіп-меңкіп жібереді («Лен. жас»). Біз міне, қалың қойдың қасына келіп жеттік. Арық, қара жал құла *б е с т і г е* мінген ашаң тұлғалы, ақ құба кісі бізге қарай беттеді (Бұл да). ◆ **Бесті қымыз.** *Бес күн сақталған қымыз.* Берместің үйінде *б е с т і қ ы м ы з* тұрады (Мақал).

БЕСТІДЕЙ с ы н. *Бесті сияқты, бесті тәрізді.* Ертеде өтіп кеткен Ыбырайым, Шүу десе көк *б е с т і д е й* зымырайын. Есқожаға тығылған жаман екен, Бір сапарға елінде жоқ па байың (Айтыс).

БЕСТІК з а т. *Оқушының білім сапасына қойылатын ең жоғары баға.* Жақсы оқиық балалар көңіл салып, Үйімізге қайтайық *б е с т і к* алып. Үйге кірсек бес алып бес жұлдыздай Үйдің іші кетпей ме болып жарық (Ө. Тұрманжанов, Менің кітаб.). Күнделікте бағалар, Күнделікте кіл *«б е с т і к».* Көрсін ата-аналар, Қуантамыз күнде өстіп! (М. Әлімбаев, Орақ—олақ). Бір *б е с т і к к е* мәз болып, Ұйықтады сабақ қарамай. Екілік оған кез болып, Үштік те қашты жоламай (К. Шілдебаева, Арманым). ◆ **Бестік шам.** *Онша жарық емес, бесінші номерлі шам.* Әйнексіз *б е с т і к ш а м н ы ң* сарғыш сәулесі үйдің төбесіне алдымен шаншылған жіңішке қара жалынды білтенің түтінін ойнатты (Х. Есенжанов, Тар кезең). Сығырайып жанған *б е с т і к ш а м н ы ң* сәулесі қара көлеңкеленіп, келген кісілердің бетін ашық көрсетпеді (Б. Майлин, Шығ.).

БЕСТІЛІ с ы н. *Бесті аттылы, бесті ат мінген.* Ала *б е с т і л і* өзекке түсісімен-ақ ауылдағы жұрттың тойға аттарын ұстап дайындап, тыста жүргендері де және желі басында бие сауып жүрген биешілері де оған қарауда еді (С. Сейфуллин, Шығ.). Үріккен тайлақша шапқы-

лап, жер сабалап бара жатқан ала *бестіліге* қарады (С. Сейфуллин, Шығ.).

БЕСТІ-ОНДЫ сан. *Бестеген-ондаған.* Бақтығұл малының бары да, ажарлысы да екі аты болатын. Одан басқасы екі сиыр мен *бесті-ондысы* ешкі-лақ (М. Әуезов, Қараш.).

БЕСІК зат. 1. *Жас нәрестеге арналып жасалған ағаш төсек.* Көз ілгенің сүйеніп *бесігімде,* Сеземін ұмытқам жоқ тұр есімде. Ойнаттың, әлдиледің әніңді айтып, Қызыға қарадың сен қызыл гүлге (О. Малқаров, Менің ізім). Аталары келеді — асыл халық, Бал бөбекке бақытты ғасырды алып. Ақ *бесікке* салуға немересін, Ақ әжелер келеді шашуды алып! (Қ. Мүсірепов, Раушан). Тербеліп жер *бесікте* қарындасым, Ұйқысын қалағанша қандырғасын. Жапырақтай жайып уыз алақанын, Ұшардай талпынатын балапаным (Ә. Тәжібаев, Жастық жыры). 2. Ауыс. *Өскен орта, мекен.* Күй төгіп, кернейлетіп ағады Ертіс, Лебімен балқытады даланы Ертіс. Ертісім еркіндіктің *бесігі* бұл, Ер жігіт, ерте тұр да Ертіске түс (Қ. Аманжолов, Шығ.). Екен ғой Медеу, Медет жер көркемі, Баурынан төмен тоқсан сел кетеді. *Бесігі* қуаныштың, рақаттың Еңбектен тыныс алған ер мекені (Ғ. Қайырбеков, Қосбасар). ◆ **Бесік құда.** *Дәстүр бойынша ертеде ата-аналардың бесіктегі балаларды атастыруы.* Ілияс енді бір топ фельетондарын әйел теңдігін елемеушілікке арнады. Қалың мал, бел құда, *бесік құда,* әмеңгерлік сияқты феодалдық салт-санаға қарсы шабуыл жасады («Қаз. әдеб.»).— Біз осы елдің бай десе байы, беделді десе беделді бір ақсақал аулымен *бесік құдамыз* (Ө. Қанахин, Жас дәурен). **Бесік кертпе құда.** *Бесік құда.* Жамалдың колхозда тұратын ата-анасы Жамалды Тіспай байдың кіші ұлы Кенжеғұлға жөргектегі кезінде *бесік кертпе құда* түскен-ді (Р. Райымқұлов, Бұрылыс.).

БЕСІК-МЕСІГІМЕН үст. *Төсек жабдығымен, төсек-орнымен.*— Қап бәлем, Төстік, саған қылмасам, әкем Шойынқұлақтың құнын алмасам!— деп, шіреніп-шіреніп қояды. Төстік оның қол-аяғын байлап, *бесік-месігімен* суға тастап жібереді (Қаз. ертегі.).

БЕСІКСІЗ сын. *Бесігі жоқ, баланың құндағынсыз. Бесіксіз*-ақ ұйқтауға болмай ма екен? Менің аяғымның майлақ болғаны да осы бесікке дұрыс бөлемегеннен дейді ғой, папам (А. Сарбөпин, Аспалы бесік). *Бесіксіз* үйде береке жоқ (Мақал).

БЕСІКТЕЙ сын. *Бесікке ұқсас, бесік тәріздес.* Торғын ақпен бөленіппін Темір төсек салулы. Серіппелі *бесіктей* ол Тербетеді жанымды (С. Машақов, Жыл.). *Бесіктей* тербейсің Шабыт пен ойды да. Бейне бір жемдей ұқыпты Сақтапсың не асыл қойнында (Т. Исмаилов, Есіл). Менің жастық өмірімдей Гүл-гүл жайнап өстің қалам. Сүйем сені *бесігімдей,* Өскен сайын есіме алам (Ә. Ахметов, Өленд.). ◆ **Балтыры бесіктей.** а) *Балтыры жуан, толық.* Омырауы есіктей, Ақ *балтыры бесіктей.* Егінші боп өзгеге Нұсқа болар ма екенсің? (С. Сейфуллин, Өленд.). Кеудесі бір құшақ, *балтыры бесіктей,* жасы отызға жаңа ілінген жалпақ бет ала көз, қара Марқабай — шын алып қайратты (М. Әуезов, Абай). ә) *Толық, семіз.* Үстінде тілдей ғана ит көйлегі бар, *балтыры бесіктей* семіз ұлды, үстінде майкасы бар Бүркіт, кескініне құмарлана қараған түрмен қолына көтеріп тұр (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.).

БЕСІКТІ сын. *Балалы, құндақты.* — *Бесікті* болған адамсың. Шікіреңдеуіңді қойып, анау құттыханаңның берекесін келтір,— деді әкесі (Т. Әлімқұлов, Ақбоз ат). ◆ **Бесікті мотоцикл.** *Жан-жағы қоршаулы, отыруға ыңғайлы қорабы бар.* Есік алдында *бесікті* көк *мотоцикл* тұр екен. Сәкіде Еркебұланның жанында Кірпішбай отыр (Ә. Тарази, Құйрықты жұлдыз).

БЕСІКШЕ үст. *Бесік секілді, бесік тәрізді.* Ақ қарда шақырлаған аяқ тықырлы, жеке жүріп әрқайсысының ыңырсыған хасірет мұңы тұтасқан бір күйге айналып, қара белестерді *бесікше* тербетіп тұрған сияқты (Ғ. Мұстафин, Шығанақ). Ұзын автобус отырғандарды *бесікше* шайқап келе жатыр еді. Көңілді Жарқын терезеден әлсін-әлсін қарап, орныға алмай қопақтап отырды (Н. Ғабдуллин, Қызық дәурен).

БЕСІН зат. *Түс ауып, күн еңкейген кез.* Сәске түстен *бесінге* шейін Смағұл екеуміз аласұрып, жуан сырғауылды арамен кескіледік (С. Сейфуллин, Тар жол.) Ұмыттым ғой, көбін мен, Бірақ

сол күн есімде. Найза төнді көгімнен Түс ауа, не *бесінде* (Қ. Бекхожин, Ардагер. тур.). Қара шал соғыстан Серігі қайтпағалы осы қағанағы қарқ, сағанағы сарқ дүниеде қыбырлап жүрген тірінің өз сәскесі, өз *бесіні*, өз намазшамы болатынын білетін («Лен. жас»). ◆ **Ұлы бесін.** *Бесін намазын оқитын уақыт, түс ауған кез.* Дәл қазіргідей кеш батып бара жатқан уақыт емес, күн ауған *ұлы бесін* кезі еді (Р. Райымқұлов, Бұрылыс.). Аттарын шалдырады отқа қойып, Тамақтанып алды олар әбден тойып. Түс қайтып, *ұлы бесін* болған шақта, Жау жеңіпті елді тым қырып, жойып (Батырлар жыры). **Кіші бесін.** *Ұлы бесін мен намаздыгер аралығындағы мезгіл.* Сәске түсте шайдай ашық аспанның беті *кіші бесінде* торланып, ақселеу далада борасын басталған («Қаз. әдеб.»). Ат кекілідей ауылдан төрт-бес салт атты *кіші бесінде* атқа отырды да, шығысты бетке алып суыт жүріп кетті («Лен. жас»).

БЕСІНДІК з а т. *Бесін мезгілі, сол уақыт аралығы.* Тау-тасты нұрға көміп, мақтанған сұлу ай, таңның ажарымен жолда ауырған жолаушыдай *бесіндікте* шалқалап, еңі қашып ескіріп, естен шығып барады (І. Жансүгіров, Әңгім.). Машина үлкен жолға түсіп жүріп кетті. Күн еңкейіп *бесіндікке* барған кезде бұлар теңіз жағалауына жетті (Ә. Нұрпейісов, Күткен күн.).

БЕСІНШІ с а н. *Бес санының реттік түрі.*— Қош келдің! — дейміз енді жаңа жылға, Әр үйде, әр қалада, әр ауылда. Жазамыз оның да атын алтынменен *Бесінші* бесжылдықтың жалауына (Ж. Молдағалиев, Шығ.). Мақпалжан, папам бізді қалаға әкелгеннен кейін Зейнепті орыс мектебінің *бесінші* класына түсірді (Ө. Қанахин, Мұрагер). Мұрат, әдетте, өте көңілді бала болатын. *Бесінші* класта өзімен бірге оқитын жолдастары оның ойлағанын айтып салатын турашыл мінезін жақсы көретін (М. Иманжанов, Адам.).

БЕСІНШІДЕН ү с т. *Реттеп санау жүйесінде төртіншіден кейінгі сөз.* Ал, *бесіншіден,* осы қашып келгендер ішінде сол Әлімбайдың көзін жоямыз деп келген Қашқардың жансыздары бар дейді (С. Бақбергенов, Қоянкөз). *Бесіншіден,* жылқы шаруашылығы ат спортын өркендетудегі бірден-бір шешуші негіз («Лен. жас»). Ақырында, *бесіншіден,* социалистік мемлекеттің ақшасы дүние жүзілік ақша қызметін атқарады (Қысқ. саяси экон.).

БЕТ з а т. **1.** *Бастың алдыңғы жағы, жүз.* Бір сұлу суға келді шолпы таққан. Басында таза шапан *бетін* жапқан. Төгіліп қара нәркес көздің жасы, Өзенге үнін қосып, мұңын шаққан (С. Торайғыров, Шығ.). Жүрегім толқын ұрып, күйіп жанам, Бояудай *бетке* шығып ыстық қаным. Көңілім көрген сайын елжіреді, Сездіріп қазақ қызын сағынғанын (Ж. Молдағалиев, Шығ.). Жаспен жуған *бетімді,* Күн шапағы құрғатсын. Жанымды жеген дертімді, Көк құсына жырлатсын (М. Хакімжанова, Жыр асуы). **2.** *Ажар, көрік, түр-түс.* Шу дегенде көрінер сұлу артық, Көбі көншіл келеді ондай қаншық. *Бетім* барда бетіме кім шыдар деп, Кімі паңдау келеді, кімі тантық (Абай). Ажарлы, алапатты, оның *беті,* Мансапшыл, ұлық сыйлау бар ниеті. Қойыртпақ қойыны толған пәле-жала, Төменнен сый көрмесе, қисық тіпті (І. Жансүгіров, Шығ.). Марқабат үлгілі сөз көп сөйледі, Достықтың шын ажарын *бетке* берді. Дос күтпеген жаман дос әр жерде бар, Жаман дос болса бекер кетпек еді (Айтыс). **3.** *Белгілі бір заттың үстіңгі жағы, сұйықтықтардың жоғарғы қабаты.* Дөңбекшіп теңіз *беті* желмен ойнап, Толқындар бірін-бірі қуып айдап, Жарыса жар жиегін теуіп жатты, Күркіреп, төбесінде көбік қайнап (Ә. Сәрсенбаев, Өлеңд.). Бар дейсің мұнда қандай сыр, Көк шыныдай көл *беті.* Аспан жасыл, тау жасыл Тартыпты соған перзенті (Ғ. Қайырбеков, Қосбасар). **Жайнайды** жігіт жүзі ойлы, Жарқырайды әне су *беті.* Көңілінде мүмкін түнейді, Болашақ күннің суреті (З. Шүкіров, Арал дәптері). **4.** *Кітап-дәптерлер парағының әрбір жазылатын жағы.* Тарих *бетін* тағы ашып, Шолдым жүзін жылдардың. Тұрды алдымда Аносов, Ашқан болат сырларын (С. Мәуленов, Жаз ерке). Отырдым ойға кетіп мен, Оқып партия уставын. Дәл соның әрбір *бетінен* тұрғандай сөйлеп ұстазым (Ж. Молдағалиев, Бастаушы, партия) Кітап, кітап! Сенің сырың көп тегі, Сен адамзат өмірінің мектебі. Бұл қарияның сонау жалғыз ұлының Қалды артында аша алмаған *беттері* (Ғ. Қайырбеков, Қосбасар). **5.** *Беталысы, бағыты.* Салаң етіп жолықса қайтқан ізі, Сағадан

сымның қағып із шалғанда. Бүркітші тау басында, қағушы ойда, Іздің *бетін* түзетіп аңдағанда (Абай). Күзеткен қызыл әскер елім шетін, Ер ұлым жасқандырар жаудың *бетін*. Өсе бер еркін шыққан, піскен егіс, Сақтауға жаудан сені солар кепіл (Жамбыл). Мәмбеттегідің *бет і* — қыздың аулы. Мәмбет әнеукүнгі сөйлескеннен кейін қыздың сөзін өзінің ең жақын жолдастарына айтқан (І. Жансүгіров, Шығ.). 6. А у ы с. *Таулы жердің құлама жағы, беткейі*. Қарағай қалың отыр қарсы *бетте*. Қарашы Қалиман мен Бейсенбекке. Теңселіп, тебісіп тұр алтыбақан Байлап ап отыр жібін әлпеншекке (І. Жансүгіров, Шығ.). Ағаш арасындағы аландар мен төбе, төмпешіктердің күнгей *беттері* бұл шақта қарынан арылып, қарауытып жатты («Лен. жас») Қалың қар еріп, жоталар *бет і* қоңырайып қалған бұл кез, әрине, Дулаттай әккі болған аңшының аң қуатын кезі емес (Ғ. Сыланов, Очерк). 7. А у ы с. *Қаһар, айбат*. Қайтты ма көңіл, *бетімнен*, Яки бір қапыл қалды ма? Өткен күнге өкінбек, һәм үміт жоқ алдымда (Абай). Орман, дала, таулардан Сыдырып, жарып асады. *Бетінен* қорқып жолында Тұра алмай әркім қашады (С. Сейфуллин, Өлең д.). Қанды жұт *бетіне* жан қаратпайды, Бойына ішкен асты таратпайды. Жер бетін көлегейлеп, көкті торлап, Адамнан күн нұрын да қарақтайды (Қ. Жармағамбетов, Баллада.). 8. *Ған-ген тұлғалы есімшемен тіркесіп, белгілі бір мерзімді, шақты білдіреді.* Ұстаздық шығар өнерің, Баулушы совет әренін. Мектептен қайтқан *бетінде* Қанат жазып бөбегің (Ә. Сәрсенбаев, Өлең д.). Рәзия бүгін қызмет бабымен қалалық оқу бөліміндегі құрбыларына телефон соққан еді, солардан Абаттың емханаға түскенін естіп, міне, осында келіп, оның көңіл қошын біліп отырған *бет і* осы (Б. Тәжібаев, Қараторғай). Қарағандыда қызмет істейтін балама барып, содан қайтып келе жатқан *бетім* (Н. Ғабдуллин Қызық дәурен). ◆ **Адам [жұрт, ел] бетіне қарай алмады.** *Беті күйді, ұятқа қалды.* Шолпан *адам бетіне қарай алмайтын* халде. Бұл сорлы әйелдің басына төнген қара бұлт емес пе? (Х. Есенжанов, Көп жыл). **Алғашқы бетте.** *Бастапқы, әуелгі кезде.* Аудан есікті кең ашты. Бірақ *алғашқы бетте-ақ* Жомарт аудан басшыларының кейбіреуінің көңіліне ылғал салды (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). — Біздің класс қашанғы жаман бола бермек... *Алғашқы бетте*, тым болмаса, оның көзіне тәртіпті класс болып көрінуіміз керек. Әйтпеген күнде, бізге абырой жоқ, білдің бе?— дейді жолдастарына Бектай (М. Иманжанов, Алғашқы ай.). **Арғы бет.** *Бергі бетке қарама-қарсы жақ.* Жоғарыда ескерткен хатты да *арғы беттен* жібергім келіп, ала кеттім (Ғ. Мүсірепов, Кездесп. кет.). *Арғы бетке* өтедім, Ақ білекке жетпедім. Астымдағы құлаша ат, Бекер қинап өтпедім (Батырлар жыры). **Бет алды.** а) *Бағыт ұстады, беттеді.* Шалдың басынан ұшып түскен беркін су ақырын ғана жылжытып өкетіп барады екен. Шын-ақ Сырдарияға қарай *бет алды* (Ғ. Мүсірепов, Кездесп. кет.). Жұрттың өндігі *бет алған* жағы — гараж. Ана қуанып келеді... Екі ұлының өкеуі де еңбек десе ықыласты («Лен. жас»). ә) *Кім көрінген, бөтен, белгісіз. Бет алды* жанға бой салма, Қорлық жүрмес сақтыққа. Елу бесте біз-дағы Сенісер адам таптық па? (Абай). Көріп тұрсың өзіңдағы, *Бет алды* жан келе ме?... Әділ үкім берсең тағы, Біз ризамыз «төреңе!» (Ж. Сыздықов, Асу). **Бет алыс.** а) *Бет алған жақ, бағыт.* Тимковоға қарай азимут бойынша жолға түселік. Рота, взводтар тобымен, әрқайсысы өз *бет алыстарымен* жүрсін,— деп, Момышұлы бұйырған (Ол күндер). «Таман» демеуі, «қарай» демеуі сияқты, барыс жалғаулы есім сөздермен тіркесіп істің, қимылдың бағытын, *бет алысын* не мезгілдік мөлшерін білдіреді (Қазіргі қаз. тілі). ә) *Істелетін істің басы, бастамасы.* Бүркіт сәл ғана езу тартты. «Келешек бақыттың *бет алысы* дәл бүгінгідей бола берсе, ол бақытқа жетуіміз екі талай-ақ шығар» (І. Есенберлин, Қатерлі өткел).— Бұл жақтағы *бет алыс* жақсы, жолдас Большакова, сізге алдын ала-ақ рақмет айтып қояйын, сіздің арқар меринос атаның отырған жаңа қой тұқымының сүтінің маңызынан жасаған ғылыми анықтамаңыз осы малдың ең бір маңызды жетістігі болып отыр. (С. Бегалин, Уақыт тынысы). **Бет аудармады.** *Түп-тура шықты, жаңылмады.* Өткен қыста дамылсыз шабуылдаған үлкен үш бөрі түтеп тұрған ақ боранды түндердің өзінде мезгеген жерлерінен *бет аудармай* шығып жүрді (Ә. Көшімов, Қарт аңшы). **Бет ашар.** а) *Дәстүр бойынша жаңа түскен келін-*

шектің бетін ашарда айтылатын өлең. Қызылорда пединститутының студенті Рысбаев үкілі домбыраны қолына алып, жаңаша *бет ашар* өленімен келіннің бетін ашты («Лен. жас»). Әрине, шалқыған той болды. Бәрінен бұрын Толқынға *бет ашар* өте қызық көрінді (Ө. Қанахин, Жас дәурен). ә) *Кіріспе, бастама.* Газет не журнал материалдарының алдына немесе кітаптың *бет ашары* алдына қойылатын қысқаша текске яғни эпиграфқа нақыл сөздер мен мақал-мәтелдер қолданылады (М. Әлімбаев, Өрнекті сөз.). Бас изеп, ишара етті шеше тағын, Шықса да қанға қарсы кеше табым. Қан ішер қарақшыны дәріптеген, Дастанның кеттім бастап *бет ашарын*... (Ә. Сәрсенбаев, Жазылм. кітап). Бір сөзге бұл әншейін *бет ашарым* Демеңдер айтатұғын осы барым. Бұлақтай тарауланған көп әңгіме Бір көлге білеміз ғой қосылар ын (Ө. Тұрманжанов, Менің кітаб.). **Бет бақтырмады.** а) *Бет қаратпады, шыдатпады.* Көзін алақанымен көлегейлеп, шөгуге ыңғай іздеген түйедей еңкейіп бара жатқан, бірақ шарпуы әлі де *бет бақтырмай* тұрған нарт қызыл шар табақ күнге қарайды (Ө. Қанахин, Жас дәурен). ә) *Беттетпеді, жуытпады, маңайлатпады.* Бес жүз қызыл әскер бірнеше күн ат үстінен түспей жүріп сол беттерімен окопокопқа жайғасты да, анталаған жауға оқты қардай боратып, түске дейін *бет бақтырмады* (Қ. Исабаев, Айқыз). Тым-тырыс. Күні бойы *бет бақтырмай* қарсыласқан жауды жер жұтып кеткен бе? Әлде бұлардың жақындай түсуін күтіп бұғып жатыр ма екен («Лен. жас»). б) *Бой бермеді, көнбеді.* Мұстапа ақтар келісімен заводтан баласын алып қайтты. Бала қайтқысы келмей қынжылды. Қатты әке *бет бақтырмады* (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). Өткендегі жақсылардың: «Теңін тапса, тегін бер»,— дегені қайда, қу өңештің құлы болмасаңдар! — деп, қыз шаршы топта қарсы жақсы сөзбен, дәлелмен сыпыра жеңіп, *бет бақтырмады* (Ө. Қанахин, Жас дәурен). Таныды сол сұлуды қартайса да, Бетінен солған гүлдей қан тайса да. Мойытты сүйген жүрек толқып-толқып, Намысы *бет бақтырмай,* шалқайса да (К. Райбаев, Жаңа толғау). **Бет бояу.** *Өтірік айту, алдау.* Ойламаған жерден алаш офицері Қаражан Айбасов революцияға қатынасқан, қызылдың адамы болып шыға келеді. Оның алаш офицері болғаны, жай *бет бояу* болып табылады (І. Есенберлин, Қатерлі өткел). **Бет бұрды.** а) *Бағыт алды, беттеді.* Ханның алып батасын, Жүруге *бет бұрады.* Анасы келіп зарланып, Бұл сапардан тоқтауды Баласынан сұрады (Батырлар жыры). Индустрияға *бет бұрған* жағдай атты, жалпы ауыл шаруашылығын түкке керексіз етіп тастаған жоқ, мұратқа жету жолында машина да, ат та, егіс те керек еді (М. Қаратаев, Туған әдеб.). ә) *Ыңғай көрсетті, қарады.*— Мен одан да ауырды көтеріп тұрмын. Сенше еңкілдеп жылауға көзде жас қалған жоқ,— деп, Әлібек жаңа ғана *бетін бұрды* қызына (Ғ. Мұстафин, Қараған ды). Тәкаппар қыз, *Бұршы* бері *бетіңді,* Бір сен жәйлі ой ойлаймын не түрлі. Төмен қарай құлап түскен қос бұрым, Бізді қоспақ қара жолдар секілді (Р. Ниязбеков, Келер күн.). б) *Теріс қарады, сырт айналды, қарамады.* Сен *бетіңді әрі бұрсаң,* Шықты көзім, болды көр. Жанды аларсың, разы болсаң, Біздің орын — қара жер (Абай). Бейсен тағы да теріс айналып, терезе жаққа *бет бұрып* отырды. Ол даладағы тынымсыз тіршілікке жалықпай, қарайтын тәрізді (И. Жақанов, Қайта орал.). в) *Ұнатпады, жақтырмады.* Сезе қалып жұрттың *бетті бұрғанын,* Ол сөйледі болашақтың бір қамын. Білген де жоқ орамалдың ұшымен Маңдайына жел сабалап тұрғанын (Х. Ерғалиев, Біздің ауыл). г) *Тайсалды, қашты.* Құдай мықты жаратқан үлкен жартас, Былш-былш еткен *бет бұрып* судан қайтпас. Бұлт та суық, дауыл, жаймен сырлас, Өзгені «жан екен» деп сырын айтпас (Абай). «Қиын-қыстау айқаста Ажалдан қорқып *бет бұрман»,*— Деп кіріп Мәлік шайқаста Сан азғынды жоқ қылған (Біздің Мәлік). «Білем деп соңғы бір кезде Станоктан шет жүрдің Білсең де одан қол үзбе», Деген сөзден *бет бұрдың* (Ж. Молдағалиев, Поэм.). д) *Мойын сұнды, торықты, түңілді.* Омбылап жүре-жүре әлі кетті, «Yh!.. ажал, тұншықтыр» деп *бұрды бетті.* Қу кедей қыста қатқан жазда кеуіп, Өмірде серік қылған қу, бейнетті (С. Сейфуллин, Өленд.). **Бет бұрдырмады.** *Жалтартпады, бұлтартпады.* Абай жексұрын қылық иелерін *бет бұрдырмай* ұстап тұрып, «Осы сенсің» деп тұрып айтады (Ә. Тәжібаев, Өмір.). **Бет алдыңнан жарылқасын.** *Сәтті сапарын берсін, жолың болсын.* Бұл айтып отырғаның да жаңа

тірліктің бір белгісі шығар. *Бет алдының нан жарылқасын,* зауытыңа бара бер, балам,— дейді әкесі («Қаз. әдеб.»). **Бет бұрыс.** *Бет алыс, бастама, жаңа бағыт.* Октябрь социалистік революциясы — Отанымыздың барлық халықтарының, соның ішінде қазақ халқының да тағдырларындағы аса зор тарихи *бет бұрыс* («Халық мұғ.»). Октябрь революциясы ұлт-азаттық қозғалысының дамуында *бет бұрыс* жасалған асу болды («Қаз. әдеб.»). Тургенев өз заманының бұралаң жүрісін танып, *бет бұрыс* дәуірінің ең маңызды әуенін айқын аңғару бағытына ие болды (Бұл да). **Бет бүркеншік етті.** *Бүркеніш ету, сылтаурату.* Анархия туын көтеріп, әділет үшін күресті *бет бүркеншік еткен* екеуінің де көңілі қара, қолы қанды (Бұл да). **Бетке айтты.** *Ойын көзбе-көз айтты, жасырмады.* Барғам жоқ ауылыңа арнап шыным, Алайда кемшілігін Қармақшының Жасырмай әділдікпен *бетке айтып,* Халықтың талқысына салмақшымын (Айтыс). Не қиынға салып сен байқап қара, Мінім болса, *бетіме айт,* тайсақтама. Шын дос болсаң, тілегім ешқашан да Ит қып мені біреуге айтақтама (Ш. Мұхаметжанов, Көңіл ашар). **Бетке алды.** *Белгілі бір жаққа қарай жүрді, бағыт ұстады.* Құдай жолды оңғарса деп, біздің аң аулап шыққан бетіміз. Бірер жерден қоян кездесіп еді, адам тіпті көздеп үлгіретін емес. Әйтеуір *бетке алып* тұспалдап, атқан оғымыз лағып тимей кетті (Б. Соқпақбаев, Менің атым.). **Бетке түкір.** *Қарабет қыл, масқарала, ұялт.* Бойыма күш біткенге еттім шүкір, Қажысам, абақтыда *бетке түкір* (Ақын жырлары). Есті, есті бірақ сен, Молда мен байдың алғысын. Еңбекші тап естіртер, *Түкірген бетке* қарғысын (Ш. Иманбаева, Өленд.). **Бетке ұстады.** а) *Белгілі бір жаққа бағыт ұстады, нысанаға алды.* Қатал күндер дауысы дауыл болып, Ғасырларды оятып, өтті соғып. Альпі тауын *бетке ұстап,* саңқ-саңқ етіп, Шықты ұшып қарт бүркіт — ер Суворов (Қ. Аманжолов, Шығ.). Ескерткіштерді *бетке ұстай* [көздей] құрылған станокты екі пулеметтің арасына әкеп Мәншүк пулеметін құрды (Ол күндер.). Аз ғана абайлап алды да, қызыл барлаушылар да аттарына мініп, шоқ ағашты *беттеріне ұстай* шауып жөнелді (Ғ. Мүсірепов, Шығ.). ә) *Желеу етті, сылтауратты.* Жаңа шаруашылық саясатты *бетке ұстап* [НЭП] қазақтың байлары соңғы кезде салт-сана жүзінен ықпалын жүргізуге жұмыла кірісуде (С. Мұқанов, Есею жыл.). Сен сықылды молдалар, *Бетіне ұстап* құранды. Өтірік айтып елді алдап, Таратқан қисық ұранды (Жамбыл).— Ол жуырда айтпайды. Сені *бетке ұстап* жүріп-ақ, сыбырмен табады пайдасын (Ғ. Мұстафин, Көз. көрген.). б) *Сүйеніш, тірек етті.* Мен де жаспын, сүйемін сауық-сайран, Мен де *ұстаймын бетіме* ата-ананы. Тек жатқанның аузына түссін қайдан, Еңбеккүнді сен үшін кім табады (Қ. Ұябаев, Өтеді жылд.). Барлығы бір соқырдан онон бес үй, Олардың Айтқұл еді бәріне би. Езілген тізеліден бишаралар, *Бетке ұста* Әмірханды, есінді жи (И. Байзақов, Шығ.). *Бетке ұстайтын* ақындарымыз, сыншыларымыз, ғалымдарымыз көп, бірақ жазған нәрселеріміз әлі толмай жатыр. Ойланып толғануымыз аз білем («Қаз. әдеб.»). **Бетке ұстар.** *Іліп-алар, іске татыр.* Бір күні шешем сандық түбінен *бетке ұстар* жалғыз көйлегін алып киді де, бір жаққа кетуге ыңғайланды (Аялы жандар). Ауылдың *бетке ұстайтын* бір кішкене «клубсымағы» бар. Алайда соның турасына келсек, ол да колхоз орталығындағы мектептің шағын спорт залы («Лен. жас»). **Бетке шығар.** *Көзге түсер таңдаулы, көрнекті, белгілі.* Қонақтар бетіқолын жуып үйге кірді. Ауылдың *бетке шығар* ақсақал-қарасақалдары келіп қонақтармен амандасып жатты (М. Дүйсенов, Гүлжан.). Қареке, барғана рулары-ның *бетке шығарлары.* Әгәр паналайтыны рас болса, ұрысын оңайлықпен ұстап бермейтін қайсарлар (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). **Бетке шықты.** *Көзге түсті, көрнекті болды.* Бұл соғыс айлакердің жолын ашты, Жалынды жалмай жұтып шоғын ашты. Не қайла, бұғып жүрген *бетке шығып,* Танысып бірін-бірі шоғырласты (Ж. Өмірбеков, Батырдың қалындығы). **Бетке түсер.** *Бетке шығар, көрнекті.* Бұл ауылдың *бетке түсер* еркегі құрып, жаулық киген қатынға қарап қалғаны ма? — деді Қақпан (Ш. Хұсайынов, Таныс адам.). **Бетке шіркеу болды.** *Кір келтірді, ар-ұятқа нұқсан келтірді, айыпты болды.* Ат шықты, жұрттың бәрі күдік алды, Іс болды *бетке шіркеу* ұятырақ. Біздің үй көшсін дейді керейлерге Бұл елде болмас дейді жайлы тұрақ (И. Байзақов, Шығ.). Тәңірбер-

ген жайында бірдеңе айтайын десе, Тәңірберген мен Ақбаланың арасы *бетіне шіркеу* боп, тілі күрмеліп қала беретін-ді (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). **Бет көргісіз болды.** *Көрмейтіндей болды, араздасты.* Жетпейтін кем-таршылық дүние ауға шабақ түспей қалса да, екеуі бірбіріне сенің несібең жоқ деп ренжісіп, *бет көргісіз* болып қалады (Қаз. ертегі.) **Бет қаратпады.** а) *Тура қаратпады, шыдатпады. Бет қаратпай* өртеп лебі, Оң орағын орай сермеп, Соғып жерге жау жүрегін (Қ. Аманжолов, Шығ.). Жер үстін сәл мұнарта кіреукелеген жұқалаң бу торғыны шымылдығын сәскеде ғана түреді. Бірақ, күн көзі отты, *бет қаратпай* биіктей береді (З. Қабдолов, Өмір ұшқыны). ә) *Бас алдырмады, бұрылтпады.* Ақ жауын сіркіреп тұрған, азық-түлікті уақтылы жеткізіп бере алмай қалған, соған қарамастан біз *бет қаратпай* жұмыс істеп жатқанбыз (Б. Момышұлы, Біздің генерал). Бандыны сол бетімен *бет қаратпай*, Бөктерлей Тасбасқанды қуып кетті (С. Бегалин, Шығ.). б) *Аузын ашырмады, сөйлетпеді.* Абылай тоқал алам десе, бәйбішесі шапылдан *бет қаратпайды* (С. Мұқанов, Өмір мектебі). Кирсановтан басқаны *бетіне қаратпайтын* Қарсақ Совдептің орынбасары бола тұра, Кемел сияқты жай мүшесінен мынандай өктем сөзді күткен жоқ еді (Ә. Әбішев, Замана перзенті). **Бет қойды.** а) *Бағыт ұстады, беттеді.* Айтысты жүректегі сырды сарқып, Бірінен дос таппассың біреуі артық. Жегілген қос арғымақ жабық күйме *Бет қойып* Орынборға кетті тартып (Қ. Тоғызақов, Сібір Омар). Балықшылар есін жинағанша болмай, үштөрт аттылы қиқу салып, қалың жылқыны дүрілдетіп қуып, балықшылар аулына *бет қойып* келе жатты (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). ә) *Ықтай білдірді, бейімделді.* Дембелше бала жігіт орта бойлы Өзіне бір қаратты бүкіл тойды. Киімін шешінді де шекпен киіп, Балуанмен ұстасуға *бетті қойды* (Ж. Саин, Күлөнда). Бағанағы манаурап отырған жұрт енді сол орын-орнында жайласып, ұйқыға *бет қойған* (Б. Соқпақбаев, Жекпе-жек). **Бет моншақ.** *Сәукелені әшекейлеу үшін екі шеке тұсынан төрт елідей ғып тағылатын моншақ.* Сәлемдемеге Баянның домбырасын, *бет моншағын*, алтын сандығын, ақ жамшысын алады (М. Әуезов, Әр жыл.). Баян сұлудың *бет моншағы* түсіп қалған жер — Моншақты аталған (Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Сарарқа). **Бет моншағы үзілді [төгілді, түсті].** *Ұялды, қысылды.* Бақанбысың? Құдай-ау, сен бе ең? *Бет моншағың үзіліп* бара ма, неге көрінбейсің? (М. Сүндетов, Ескексіз қайық).— Әй, құдай-ай, сенің орныңа еркек болмаған екем!— деді келіншек,— қазынаның берем дегенін сұрауға да *бет моншағы түседі* (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). **Бет пердесін ашты.** а) *Бағытын көрсетті, мақсатын айқындады.* Октябрь революциясы бүкіл дүние жүзі тарихында жаңа заманның жаңаша *бет пердесін ашты* («Қаз. әдеб.»). Қазақтың көптеген «жәрмеңкелік артистерінің» *бет пердесін ашуға* осы Қоянды да себеп болғанға ұқсайды (С. Мұқанов, Есею жыл.). ә) *Әшкереледі.* Ұлы данышпанымыз Лениннің жоғарыда келтірген даналық сөздері буржуазияшыл теоретиктердің *бетпердесін ашып* қана қойған жоқ, оларға тұрғызбас ауыр соққы болды (Қ. Жұмалиев, Әдеб. теор.). **Бет пердесі жыртылмаған.** *Беті ашылмаған, ұяң.* Айғаным Зейнепті әлі *бет пердесі жыртылмаған* жас қалыңдыққа санады (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз). «Күйеу болам» деп ойлайтын әлдекім қасына отырудан қымсынуы ма, әлде *бет пердесі жыртылмаған* ұялшақ қыз ба денесі дірілдеңкіреген сияқты (С. Мұқанов, Есею жыл.). **Бет перделеді.** *Жауып-жасырды, білдірмеді.* Мейлі жұрт не десе де, бекер елеп, Жан сырын бүгеміз бе *бет перделеп!* Өмірге өзен шығар еңбек, білім Бәрінен махаббаттың сыры бөлек (Қ. Бекхожин, Ақан Ақтаев). **Беттен алды.** *Қарсы тұрды, қарсыласты.* «Әкем совхоз директоры, сендер бәрің де біздің үйге кіріптарсыңдар»,— деп, ата-енесін былай қойғанда, күйеуінің *бетінен алып*, күн көрсетпеген («Лен. жас»). Шыңғысқа атастырғанына Зейнеп балалығы ма, еркелігі ме, Айғаным аулына келгенше мән бермей, біреу-міреу батыл-дық қып тұспалдаса, *бетінен алып* боқтап тастайтын (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз). **Бет ауған жаққа.** *Қалай болса солай, бет алды.* Қазір тұрғанда Наурызда, дариға, билік болса: бағына ма, әлде сорына ма, кездейсоқ тап болған мына жас сұлуды мейірлене құшқан күйі жерден тік көтеріп алып, *беті ауған жағына* жүре берер еді (Ө. Қанахин, Жас дәурен). Миршаб адамдарының қалғандары қолдарындағы құралды тастап *беті ауған жаққа* тура-тура қашты (С. Айни, Құл-

дар). **Беттен қапты.** Сөйл. *Беттен алды.* «Сен маған борышты болдың» дегендей, тіпті басынып ап, ананы-мынаны істе деп мазамды ала берген соң, әуелі «жасы үлкен» деп сыйлағанымменен, артынан бірер рет *бетінен қауып* та тастадым (С. Мұқанов, Есею жыл.). **Бет түзеді.** *Бағыт ұстады, беттеді.* Ел едің құт дарыған Есім малай, Қыдырып қызығыңды көрдім талай. Арқаңда үрлеп ішіп, шайқап төктім, Қайтқалы *бет түзедім* елге қарай (Жамбыл). От үшқындап жалыңдаған, Тау сілкінтіп соққан сайын! *Бетін түзеп* тауға таман, Қасен тағы басты қадам, «Білейін деп,— мұның жайын» (Ж. Сыздықов, Асу). **Бетті жуды.** *Күдер үзді, түңілді.* Айныгыш ер тартса салқын, Бал сұрасаң, береді у. Қазымырлап сөздің артын Қасиеттен *бетті жу* (Абай). Әйелде ешбір опа жоқ, Бүгін — жалын, ертең — шоқ. Белді бу, *Бетті жу* (Абай). **Бетті қызартты.** *Ұятын бетіне басты, ұялтты.* Келешек досы, Келісіп жояр. Ұялтып көпшілік, *Қызартса бетті* (Ү. Кәрібаев, Шығ.). **Бет тырнады.** а) *Ең жақын адамы өлгенде қатты күйіктен қапаланып, бетіне жара түсіру.* Ойбайлап шашын жұлып, *бетін тырнап,* Өртеніп өз-өзінен жаныш-күйген (Т. Ізтілеуов, Рүстем.). ә) *Жүз шайысты, ренжісті.* Газет, журнал беттерінде қым-қиғаш айтыстар болып жатқан күндерде Бейімбет бір жазушы туралы жаман сөз айтқан емес. *Бет тырнасқа,* кеудем соқ сынға ренжіп қарайтын еді (Ғ. Мүсірепов, Кездесп. кет.). Жатқанда Рүстемдер күн-түн тынбай, Төсектен Апрасияп жатты тұрмай. Шыдамай шапқылаумен Шайда келіп, Сәйледі сөгіс, шалыс, *бетті тырнап* (Т. Ізтілеуов, Рүстем.). **Беті бері қарады.** а) *Ауырдан жазыла бастады, сауықты.* Жабайдың *беті бері қарағанша* осы арада қала тұрасыңдар да,— деді Көпей Талтаяққа қарап (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). Менің жол жүруімнің сәті түскендей екі-үш күннен кейін әкемнің *беті бері қарап,* бізбен бірге отырып шайсу ішетін халге жетті («Қаз. әдеб.»). ә) *Өз пікірін өткізді, тыңдатты.* Инженерге айтып едім, Алғашында көнбей қойды. Әйтеуір әрі айтып, бері айтып үгітгеп, *бетін бері қараттым*-ау («Лен. жас»). **Беті бүлк етпеді.** *Беті шімірікпеді, ұялмады.* Сабыржан инженерлік факультетінің студентімін деп *беті бүлк етпей* жалған сөзге барған («Лен. жас»). Терісі сүйегіне жабысып қалған атаманның қансыз, арсыз *беті бүлк етер емес* (Ә. Әбішев, Терең тамыр.). **Беті былш етпеді.** *Безеріп, сазарып тұрып алды.* Нағыз бас кесер Фервурд *беті былш етпестен* өзі жүргізіп отырған осы озбырлық режимді жерде жоқ жақсылыққа балайды («Қаз. әдеб.»). **Беті шылп етпеді.** *Ұялмады, қызармады.* Ертеңгіні ойлай алмайтын, болашақтың бетін білмейтін парықсыз надандардың халқы қырылып жатса да *беті шылп етпейді* (Ө. Қанахин, Жас дәурен). Гүлсім Оспан әскерге кеткеннен бар көңілі осы Айдосқа ауды да кетті. Оның үстіне Айдостың тілі қандай, бала дейтін емес, көзіне мақтағанда *беті шылп етпейтін* (М. Дүйсенов, Гүлжан.). **Бет ду етті.** *Ұялғаннан қаны бетіне шықты, қызарды.* Таныс кісіні көргенде келіншектің екі *беті ду ете қалды* да, жалт беріп ішке кіріп кетті (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). Елена Михайловнаның *беті ду ете түсін:*— Сіздің айтқаныңыз болсын. Егер курс ашылса, онда да істеуден мен қашпаймын (М. Қаратаев, Даладағы дабыл). **Беті дуылдады.** *Қызарды, қысылды, ыңғайсызданды.* Жиһан жалғыз қалды. Жүрегі қобалжи ма, қалай өзі? 23 оқушы өзіне сұқтана қарағанда *беті дуылдап* кеткенін іштей сезіп тұр («Лен. жас»). Тайман бала да болса, өз бойындағы бір ерсілікті осы арада сезініп, *беті дуылдап,* қызарандай берді (З. Қабдолов, Өмір ұшқыны). **Жұртқа [елге] қарар бет жоқ.** *Халық алдында ұятты болды.* Ұзатылып келе жатқан қыз Жолабайға: — Менің бақытым күйді. Жарық дүниеге *көрінер бетім жоқ,*— депті (М. Әуезов, Қараш.).— Жора, мен кетемін, да, да кетемін. *Елге қарар бетім жоқ* (С. Адамбеков, Көсенің көзі). **Беті кесілгір.** *Бетің тілінгір, ұятсыз.* — Болсам да сіздей болмаспын!— деп, өмірінде алғаш рет ана бетіне тік келді. Сол-ақ екен: — «Не дейді мына *беті кесілгір?!* (Ө. Қанахин, Жас дәурен). **Беті күйді.** *Жұрт бетіне қарай алмады, ұятты болды.* Не хекмәт? Қамармен тап бетпе-бет келген уақытта *беті күйгендей* ұялып, қызара бастаушы еді (С. Торайғыров, Шығ.). Кенжебай еңбегі жанбау дегеннің не екенін жақсы біледі. Ана жылы екі рет ұяттан *бетінің күйгені* бар («Лен. жас»). **Беті күрең тартты.** *Қаны бетіне шықты, қызарды.* Біреу қисынсыз жала жапса, ісің ақ болса

да, *бетің бір күрең тартпақшы* ғой (Б. Майлин, Шық.). **Беті қайтқанша.** *Беті бері қарағанша, оңалғанша, жазылғанша.* Құяңды емдеу мәселесі оның түрлеріне байланысты. Мысалы, ауру қатты басталған кезде, аурудың *беті қайтқанша* қозғалмай, тыныш жатуға тиіс (М. Қайрақбаев, Ескерм. ауру). **Беті қайтпас.** *Тайсалмас, өткір.* Бәрінен де күштісі *беті қайтпас* батыл жүрек жігіт қой (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). **Беті қайтты.** а) *Тауы шағылды, қайтып беттемеді, тойтарылды.* Ұмтылмай отыр неліктен, Анау бір қыран шыңдағы? *Қайтқан* ба *беті* неліктен, Қартайып болат тырнағы? (Д. Әбілев, Жүрек жырлайды). Бастапқы сөзден *беті қайтып* қалған үй иесі күбіжеңдеп сөйлескісі келген пішін көрсетті де, ешнәрсе сұрай алмады (Ғ. Мүсірепов, Шық.). ә) *Айтқанында тұрмады, айныды, өзгерді.* Бұл *бетіңнен қайтпасаң,* қазір жұртты жиямын (А. Хангелдин, Өткен күн.).— Бірінші көрдім біреу отын шапқан, Отынын көтере алмай құлап жатқан. Сонда да *беті қайтып* қажыр емес, Пайдасыз бір бейнетке сондай батқан (Е. Бердин, Екі ойшыл). б) *Соққы жеді, тойтарыс көрді.* Москва түбінен соққы жеп, *беті қайтқан* жау әскерлері күшін қайта жинақтап, жаңа шабуылға әзірленіп жатыр деседі (Ә. Сатыбалдиев, Ақмарал). *Беті қайтпай* қырып-жойып келе жатыр тоғыз танкі (С. Керімбеков, Еңбек ата.). в) *Науқастан жазыла бастады, сауықты.*— Әйтеуір сізді шақырып, біздің келгенімізге қарай, бабаның кәрі аруақтары жар болып, садағаң кетейіндер, басындағы дуасы алынып, ең күшті науқасының *беті қайтты* ғой (С. Торайғыров, Шық.). **Беті қаралы.** *Қасіретті, қайғылы.* Мен, сендердің бұрынғы жайраңдап жүретін әжелерің емеспін, жүрегі жаралы, *беті қаралы,* қайғы бұлтын үстіне төндірген сорлы болған жанмын! — деді Зылиха (Б. Майлин, Шық.). **Бетімен жайылды.** *Еркімен жүріп тұрды, ауа жайылды.* Кең пейілді, жұмсақ мінезді ана барында *бетімен жайылып* қалған маған Мәкештің тәртібіне көндігу қиынға соғып жүр (Ә. Көшімов, Қарт аңшы.). **Бетімен кетті.** а) *Бет алды жүрді, лағып кетті.* Сарыбалаға: — Іздемеген жерім жоқ. Есікті құлыптағансың да *бетіңмен кеткенсің.* Ендігәрі өйтпе, шырағым (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). ә) *Қалай болса солай, ретсіз, тәртіпсіз.* Шадырдың сақал, шашы *бетімен кеткен.* Көз былшықтанған. Киімдері жұлым-жұлым (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). б) *Ауыздықсыз, жүгенсіз, тыйымсыз, қайырусыз.* Жеңгеңмен жақсы ат алмас ана дағы, Бола алмай ауылға — ие, әйелге — ер, Ойлап көр, не болғаны ағаң дағы (Айтыс). Бұл әбден *бетімен кеткендік.* Жұмыс кезінде ән салу деген не сұмдық (Қ. Сатыбалдин, Қараторғай). **Бетін ашты.** а) *Жаңа түскен келінді той үстінде дәстүрлі өлең айтып қайын жұртымен таныстырып, бетіне жапқан пердесін алып, жүзін көрсететін әдет-ғұрып.* Жас түскен келіннің *бетін ашып* болған соң, ай туа ауыл сыртындағы сайға барлық жастар жиналып алты бақан тепті («Лен. жас»). Жігіттер жырлап отырып, ән салысты. Катя мен Мәмбетті, Тоня мен Нәбиді сүйістіріп, орысша горкий-горкий десті. Қазақша *бетін ашты* (І. Жансүгіров, Шық.). ә) *Белгілі болды, айқындалды.* Ауыл-село келбетінің қандай болу керектігін анықтау үшін ең алдымен үш-төрт мәселенің *бетін ашып* алу керек сияқты («Лен. жас»). Сұм Әбіш біліп алып жұртқа шашты, Өсекті үйірілтіп *бетін ашты.* Ағайын, көршілес ел араз болып, Аз күнде берекенің құты қашты (И. Байзақов, Шық.).— Міне, саған, Әміре!.. Мен мұның барлық әнін сарқып алдым деп жүрсем, *бетін ашылмағандары* да әлі көп екен (С. Мұқанов, Есею жыл.). **Бет ашысты.** *Тұс шайысты, ренжісті.* Абай енді әкесімен де, әкесінің жолын қуған туыстарымен де *бет ашысады* (М. Қаратаев, Туған әдеб.). Алай да *бет ашысып* көрмеген Мұратқа батып ештеме дей алмады (Т. Нұртазин, Мұрат). **Бет ашылды.** *Өмір көрді, жақсы-жаманды басынан кешірді. Беті ашылған* әйел емес пе, менен мүлде ұялмайтын-ды. Мені баласынып, ойына келгенін істеп бағатын (Т. Бердияров, Солдат сыры). **Беті ашылмаған.** *Қақ-соқ көрмеген, он екіде бір гүлі ашылмаған.* Қарағым, басқа не айтайын, әйтеуір *беті ашылмаған* бала еді, бас-көз бола көр (Қ. Сатыбалдин, Қараторғай). **Бетті басты.** *Ұялды, қысылды.* Бойы бұлғаң, Сөзі жылмаң Кімді көрсем, мен сонан, *Бетті бастым.* Қатты састым, Тұра қаштым жалма-жан (Абай). **Бетіне басты.** *Кінәсын, кемшілігін көзіне айтты, ұялтты.* Шоқан қылмысын ешкім *бетіне басқан* жоқ, жалғыз шешесі ғана болмаса, басқалардан жан адам жылы ұшыраған жоқ

(С. Мұқанов, Аққан жұлдыз). Жігіттердің жағымсыз қылықтарын *бетіне басып,* тезге салудың орнына ушықтырып, жел беретін қатарластарының табыла кететіндігі өкінішті («Лен. жас»). **Бетін бояды.** *Жасырды, бүркеді.* Расы жоқ сөзінің, Ырысы жоқ өзінің, Өңкей жалған мақтанмен, Шынның *бетін бояйды* (Абай. Тол. жин.). **Бет жыртысты.** *Өкпелесті, араздасты.* Қыз бір жағынан *бет жыртысар* жаман әңгімені әріге жібермей аяғын жеңілдетіп кетсе, екіншіден, Ермек деген қызыл көз пәлені көлденең тартып, әбден шамына тиіп кетті (Т. Ахтанов, Дала сыры). Ау, бетке ұстар жайсаңдарым, бір қыз үшін қайтесіңдер *бет жыртысып* (Ғ. Мүсірепов, Шығ.). **Беті қайтты.** *Көңілі қалды, ренжіді.* Не қылады сонда? — деді, әлі ешкімнен *беті қайтып* көрмеген Шыңғыс.— Айта көрме, төрежан! Зыт талдың арасына! — деді Ұлпан (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз). **Бетіне адам қарағысыз етті.** *Абыройын төгіп масқаралады.* Жоқ, мен мұны еркінсіте алмаймын. *Бетіне* адам *қарағысыз* етіп, абыырын төгем (І. Жансүгіров, Шығ.). **Бетіне жан келмеді.** *Ешкім қарсы шықпады, қарсыласпады.* Сейділ де сол жақсының бірі болды, Құт орнап маңайында тұрған шалқып. Бұлардың *бетіне жан келмей* өтті, Әділ деп бәрін-дағы сүйген халық (Айтыс). Бұл елде бір *жан бетіне келмей,* кәзір оның қайығы желге өрлеп тұр еді (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). **Бетіне жан қаратпады.** *Қаһарын төкті, айбарланды.* Осы бір кездердің сайыса кездесуінде, бұрын *бетіне жан қаратпайтын* Садақ би сескене ойланып қалғандай (Д. Әбілев, Ақын арманы). **Бетіне келді.** *Қарсы келді, қарсыласты. Бетіңе* адам *келтіріп,* Алдыңа жан салмайсың. Елі төмен болғанда, Ілтифатқа алмайсың (С. Дөнентаев, Шығ.). Үміттің алғаш рет туған шешесінің *бетіне келуі* еді, бұл. Сондықтан да болар, қырықтан жаңа асқан Шарипаның ұрты суалып, қас арасындағы әжім тереңдей түскен (Ө. Қанахин, Мұрагер). **Бетіне күйе [кір] жақты.** *Ұятқа қалдырды, масқаралады.* Өздеріңе бөлгілі, Қотыраштың қызын Жүністің алып қашқаны — бүкіл Сиқымбайдың *бетіне күйе жаққаны* ғой (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). Голощекин Сәкенді осы тазалауда партия қатарынан шығару, не халық алдында *бетіне кір жағуды* ойлады (С. Мұқанов, Есею жыл.). **Бетіне қарамады.** *Тартынбады, аямады.* Айрылады жарылып Киік пен атқан құланы. Ат *бетіне қарамай,* Ақ бөкендей жосытып Айғайын салып қуады (Қамбар батыр). **Бетіне қарсы келмеді.** *Қарсы тұрмады, қарсыласпады. Бетіңе қарсы келгеннің* Тыйып тұрсың күлкісін. Түнде ұрлайсың жылқысын, Қамқоры болсаң қазақтың, Жатқан бір қазына мүлкісің (Ү. Көрібаев, Шығ.). Енеміз есті кісі, бірақ көк айыл келіннің қолында тұрып, сотқарлығын түсінсе де, *бетіне қарсы келе алмайды* (Ә. Сатыбалдиев, Ақмарал). **Бетінен аулақ.** *Құдай көрсетпесін, маңайлатпасын.* Өзім *аулақ бетінен,* Бір орында оңаша. Дүние деген не деген — Қыла жатсам тамаша (Абай, Шығ.). **Бетінен басты.** *Жоламады, беттемеді.* Өз-өзінен *бетінен басып,* қашан көрсең келіншегінен қашқақтап жүргені. Басқа қыздардың бәрімен әзілдесіп, қарысып-соғысып ойнайды да, Халимаға келгенде танымайтын адамша жалт береді (С. Мұратбеков, Көкорай). Жолаушы *бетінен басып,* артына қарай алмады. Әрі намыстанып, әрі ұялып, сілейген қалпы кейінгі орындағылардың әңгімесін амалсыздан тыңдай берді (С. Жүнісов, Жапанда.). **Бетінен қайтпады.** *Бағытынан таймады; айтқанында тұрды, айнымады.* Хохловтың *бетінен қайтпайтынына* көзі жетті ме, әлден соң Егор қылышын қынына сұңгітіп жіберді (Қ. Исабаев, Айқыз). **Бетінен қаны қашты.** *Өңі бұзылды, құқыл тартты, сұрланды.* Батырдан Құртқа қорыққан соң, Төмен қарап жер шұқып, Өксіп жылап қамықты. Енді Құртқа сасады, *Бетінен қаны қашады,* Оң етегін басады (Қобыланды батыр). Алтын-күміс артырып, Асыл кілем жаптырып, Түйеден алды бураны. *Қаны қашып бетінен* Іреңкі жаман қуарды (Алпамыс). Бетінен қаны тамады. *Шырайлы, өңді.* Алғашқы күні қымызды *бетінен қаны тамған* шолпылы қыз құйып беріп еді. Өзі Жамантайға күлімдеп қарай берген (Қ. Исабаев, Айқыз). **Бетінен оты шықты.** *Қатты қысылып, қызарып кетті.* Курнос Иванның *бетінен оты шықты.* Бұл қазақты күшпен ала алмасын біліп, аудың арқалығын қоя берді (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). *Бетінен оты шыққан* қара торы жігіт домбыра тартты. Бұндай жердегі әдет бойынша ауылдың алты ауызын айтты да, домбы-

раны қасындағы жігітке берді («Лен. жас»). **Бетінен таймады.** *Алған беттен қайтпады, екі етпеді.* Не болса да мойыма, *Тайма беттен* бір елі. Айта салған бұл бір сөз, Әңгіметіз ілгері (Қ. Аманжолов, Шығ.). **Бетіне салық болды.** *Абыройдан айрылды, ұят келді.* Айтып қойсаң атаңды күйеуіңе, Күйеу қоймас қалжыңдап сүйеріңде. Өле-өлгенше *бетіңе салық болып,* Таңба болар Табия сүйегіңе (Айтыс). **Бетіне салық [қылды] етті.** *Мінін бетіне басты, табалады.* Күйеуім менің надандығымды, оқымағандығымды *бетіме салық етеді.* «Бәрі соның салдары» деп, шыр-пыр болады,— дейді Ақмарал (Ә. Сатыбалдиев, Ақмарал). «Аюға намаз үйреткен — таяқ» дейтін халық мақалы әдебиет сынына жүрмейді. Біз кез келген нәрсенің атын атап, түсін түстеп *бетке салық қылуға* бейім тұрамыз («Қаз. әдеб.».) **Бетін жыртты.** *Өз бетін өзі тырнады, долданды, күйінді.* Мұз тауында Айбас құл үйге барса, сонда Жаңыл шығады *бетін жыртып* (Қозы Көрпеш.). Түйеге мінген жас әйел, *Бетін жыртып* аңқылдап. Жас өспірім сұлу қыз Жүрегі ұшып қалшылдап (Жамбыл). **Бетін қайт қылған жоқ.** *Бетін қайтармады.* Жаудан талай айырдым Жесір менен жетімді. Қадамым жеткен жерімде *Қайт қылған жоқ бетімді* (Ү. Көрібаев, Шығ.). **Бетін қайтарды [қайырды].** а) *Тойтарыс берді, соққы берді.* Жалғыз ғана айтарым: Соғыстың *бетін қайтарып,* Босатып туған Отанды, Жеңіспен үйге қайталық (Қ. Аманжолов, Шығ.). Жұз атаканы тойтарып. Жаудың *бетін қайтарып* Қаншама қиын болса да, Жеңіспен шыққан біз едік (Б. Момышұлы, Москва үшін.). Қызыл әскер қоймады, Ақтардың *бетін қайырып,* Қорғасындай майырып, Сұңқардай шүйгін ойнады (И. Байзақов, Шығ.). ә) *Тыйым салды, басып тастады. Қайырар бетін* қай жеңгей, Қандай да болса жақын ғой. Булығып тұрып үндемей, Беретін барын, іш те, той (Қ. Аманжолов, Шығ.). Қариялар дейтін оны — майталман, Бұл сөздің де терең сырын айта алман. Балапандай бауыр берді өмірге, Жан емес-ті *бетімізді қайтарған* (Қ. Жармағамбетов, Баллада.). **Бетін [бетінен] қақпады.** *Тыйым салмады, еркіне қоя берді.* Асқақтады, қожа биін мақтады, Үн қатпады, әкем *бетін қақпады.* Бикенменен екеумізде үрей жоқ, Сыр бермеді, анам сабыр сақтады (Қ. Жармағамбетов, Баллада.). Ешкім де көліктен *бетімізді қаққан жоқ.* Біз, әрине, көліктің көбін малы бар байлардан жинадық (С. Мұқанов, Есею жыл.). **Бетін шымшыды.** *Өрескел қылыққа ұялғандықтың, не қатты өкінгендіктің белгісі.* Көптен не шықпайды, өзара күбірлесіп, кейбіреулері *бетін шымшып,* өзімен өзі болып отырғандары да бар (Б. Майлин, Шығ.). Кемпір Ғабиденнің бетіне таңдана қарап, ернін шылп еткізіп, *бетін шымшып* «бар еді» — дейді де, салқын құмға көмілген торсықтан мұздай шұбатты табан аяқ қып құйып береді (С. Мұқанов, Өсу жол.). **Бетің бар, жүзің бар демеді.** *Көңілге қарамады, жасырмады.* Жүніс мінезі шәлкес, *бетің бар, жүзің бар демей* ойындағысын тура және көзге айтатын жан еді (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). Оспан көңіліне жақпаған нәрсені *бетің бар, жүзің бар демей* жарып салатын, тік мінез адам (С. Жүнісов, Жапанда.). **Бетіңнен жарылқасын.** *Жолың болсын, ісің оңға бассын.* Қызына ата-анасы амандасты, Күнсұлу қайғыланып зар жылапты. *Бетіңнен жарылқасын* бір алла деп, Беріпті, ата-анасы рұқсатты (Батырлар жыры). **Беті шыдамады.** *Дәті жетпеді, жүзі шыдамады, ұялды.* Жарқанат маған жиен болған соң, саған да жат емес дегені есіне сап ете түсті де, Мақтымды көруге *беті шыдамай,* Дмитрий Андреевичтің үйіне бұрылды (Ж. Тілеков, Шалғай шепте). Басюков ақырында туған жеріне қайта оралды. Бірақ колхозға баруға *беті шыдамады* (Қ. Қамбаров, Алтай аясы). **Бір бет.** *Алған беттен қайтпайтын өжет, өткір.* Сердалы есін білгелі селт етіп қорыққан жан емес. *Бір бет,* қызба, қыңыр болып өскен («Лен. жас».)— Жоқ, ә, айтайын дегенім өмірбаян емес. Айтайын дегенім, мен тік бақай, *бір бет* боп, әділдік пен адалдық барда қор болмаймын деп өскенмін (С. Бақбергенов, Қарға тамған.). **Датқа айтқанынан қайтпайтын** *бір бет* **болды. Үйренген** білімі ересен (Д. Досжанов, Тұлпар із!). **Бір бетпен.** *Бір қалыпты, сол қалпы.* Табысын Құби гүрлеткен, «Құбидан ал, үлгі алсаң!!» — Әңгіме жүрт күнде еткен. Неғыламыз, жігіттер, Айта беріп *бір бетпен* (Айтыс). **Жер беті.** *Дүние жүзі, бүкіл әлем.* Теңіздей тулап жатқан долы түнде, Қасқайып ұлы еңбектің кемесінде.

Сықылды жас капитан жүрді Нұрлан, Толқындай толқып ойы *жер бетінде* (Қ. Аманжолов, Шығ.). Қыздырып еңбек дүкенін, Желпілдетіп *жер бетін*, Жемістен шашу шашамыз (Жамбыл). Бір өлең жазғым келеді, Баламдай болеп тербетіп. Бір өлең жазғым келеді, Ұмытпастай *жер бетін*... Қайда екен шіркін, сол өлең?! Тапқан күні-ақ өлер ем (С. Асанов, Алматым). Қай бетімен. *Не бетімен, қалай, қайтіп.* Айна алдында Толқынша та тұр әлі, жеңгей күрсінеді — ойбай-ау! *Қай бетіммен* көрем құданы?! (Ә. Сәрсенбаев, Миллиард. ізі). Қара бет. *Жүзіқара, ұятсыз.* Майданда сені көрген көзім құрсын, Тамыққа жаның кетсін, оғым ұрсын. Інің мен келінінің қанын ұрттап, *Қара бет*, жерге кірмей, неғып тұрсың (Ғ. Малдыбаев, Қалдырған). Біледі ақылды қыз бата барын, Бесікте басын малға матағанын. Теңімен қашқан қызды *қара бет* деп, Қарғайтын, жазалайтын қатал заңын (Б. Адамбаев, Ақбөбек). Құдай бетін көруге жазбасын. *Беті әрмен, жоғалсын, кетсін.* Ол бетпақтың [Раушанның] *құдай бетін көруге жазбасын* (Б. Майлин, Шығ.). Беті шімірікпеді. *Ұялмады, қысылмады.* Ажалды алла жіберді қаусаған шалға! — деп жалтарды *беті шімірікпестен* тентек Темір тағы да жер тепкілеп («Қаз. әдеб.»). Не бетін айтады. *Не дейді, ұят емес пе.* Масқара болдым-ау, жиналыста жұртқа *не бетімді айтамын* (Ж. Молдағалиев, Торғай толғауы). Қашан көрсең аяғыңа оралғы боп, кежегеңнен кейін тартады да жүреді. Ел-жұртқа *не бетімізді айтамыз!* — деп, Медетбек жұмысы нашар участок басшыларына ызаланады (Ә. Сатыбалдиев, Ақмарал).

БЕТ-АЖАР з а т. *Адамның бет-пішіні, жүзі.* Қарақаттай мөлдіреген көзінің жанарында шаттық оты ойнап, ат жақты, орақ мұрынды келген *бет-ажары* бір түрлі құлпырып кетті (Ол күндер.). Ала көленкеде *бет-ажарын* анықтап аңғара алмағанымммен, бірақ сылаңдаған, сыпайы мінезді қыз екен өзі (Ф. Дінисламов, Көл жағасы).

БЕТ-АУЗЫ з а т. *Бет құрылысы, бет пішіні. Бет-аузын* сөз сөйлерде жүз құбылтып, Қас кермек, мойын бұрмақ, қоразданбақ. Осындай сидаң жігіт елде мол-ақ. Бәрі де шаруаға келеді олақ (Абай). *Бет-аузы* кеуіп, долданып ашуға сыймай, орта жасқа келген шұбарлау әйел құдайына, ишандарына сиына бастады («Лен. жас»). ◆ Бет-аузы бүлк етпеді. *Ұялмады, бет-аузы шімірікпеді.* Анаң хал үстінде дегенде, Сәбит сен амалсыздан зорға келдің, келісімен бұл қай балалығың деген ел-жұртқа *бет-аузың бүлк етпестен* «Қателік менен болған екен»,— дедің («Лен. жас»). — Тіпті ұрлық болса болар, алдымен ұрлық иесін тап. Алдыма алып кел еңіретіп,— дейді Шәкең *бет-аузы бүлк етпестен* («Лен. жас»). Бет-аузы қисаймады. *Ұялмады, қызармады, ұяттан безді.* Ұртазы: — Сен бәйбіше болып отыра бер, төрт балаң бар, енді саған не керек, мен өзім сүйген жас Зиямен қызық өмір сүрейін,— деп ол бірде, тіпті *бет-аузы қисаймай* тура кетті (Б. Қыдырбекұлы, Ұрының еншісі). Бет-аузын қан қылды. *Ұрып-соғып талқан қылды, қанға бояды.* Қалың қазақ жиылып, *Бет-аузыңды қан қылып,* Бермей ме сөйтіп сыйыңды (Үш ғасыр). Бет-аузын түзеді. *Сыланып-сипанды, сәнденді.* Қолдан жасап, сырты менен *бет-аузын түзеп,* бай-бай күлкінің әнін сөндеп, әдемішілік үшін күлетін бояма күлкі (Абай). Бет-аузы шылп етпеді. *Бет-аузы бүлк етпеді, ұялмады.* Қалпеге салса, Тоқаш былай тұрсын, Совет үкіметі құлапты деуге *бет-аузы шылп етпесін* біледі (Ж. Арыстанов, Сұңқар). Кейбір қылықтарын айтсам, *бет-аузы шылп етпей,* оны сұрап не қыласың,— деп, былжырайды («Қаз. әдеб.»). Бет-аузы шімірікпеді. *Ұят дегенді білмеді.* Өтіріктің судай сімірігенде, *бет-аузы шімірікпейді-ау,* сабаздың (Ауызекі тіл).

БЕТ-ӘЛПЕТ з а т. 1. *Бет-пішін, кескін-келбет.*— Ей, орыс жігіт, айқасар жауың емес, аймаласар бауырыңмын мен, сыртымнан тілдесіп сырттандық етпе, жүздес менімен, қара менің *бет-әлпетіме* (М. Иманжанов, Адам тур.). *Бет-әлпеті* мен көз қарасы, жүріс-тұрысы мен қимыл-қозғалысы Нұрқанның өте бір асығыс, шапшаң адам екенін аңғартқандай (Н. Баяндин, Ертістің арғы жағы). 2. *Бет алыс, бағыт.* С. Мұқанов өз романында қазақша терминдердің дұрыс беріліп отыруына зор көңіл бөлген. Мұнысы өте орынды да, өйткені белгілі бір термин сөздер арқылы сол дәуірдің бағыт-бағдарын, *бет-әлпетін* байқауға болады («Қаз. әдеб.»).

БЕТ-ӘЛПІ з а т. *Бет-әлпеті.* Қою қара шашты, дөңгелек жүзді, ат жақты, сәл қабағын түйе көзінің астымен қарай сөйлейді, *б е т - ә л п і н д е* ойдың, ақылдың барлығы сезіледі (А. Жұбанов, Мұқан Төлебаев).

БЕТ-БАҒДАР з а т. *Бет алыс, бағыт.* Жалқысың, жалғызымсың. Менің бір ойым осы. Енді сенің *б е т - б а ғ д а р ы ң д ы* білмекпін. Құдайшылығында айт,— деді (Ө. Қанахин, Жас дәурен). Жау әскері өткен жерлердегі өзінің қара құлақ тыңшылары арқылы ол Лебедев пен Ахметтің *б е т - б а ғ д а р ы н* күні бұрын біліп отырды (І. Есенберлин, Қаһар).

БЕТБАҚ[1] с ы н. с ө й л. Бетпақ (1). Жаныма бір шыбындай қастық еткен, *Б е т б а қ т ы ң* атын атап не қыласың (Айтыс).— Ей, *б е т б а қ,* түстің,— деді,— біздің қолға, Қарама құтылам деп оң мен солға. Кәр қылмас сиқыр дәуің енді маған (Т. Ізтілеуов, Рүстем.).

БЕТБАҚ[2] з а т. с ө й л. Бетпақ (2). Самарқант пен Ходжентке қарай шұбырған Ұлы жүз бен Орта жүздің кей рулары Сырдария жағасынан алты шақырым жердегі, *Б е т б а қ д а л а ғ а* қарай кеткен үлкен арықтың екі айырылған жеріндегі Ала көлге келіп құлады (І. Есенберлин, Жанталас). Аққулары найқалған; Айдын шалқар көлді өтті. Жалғыз қасық суы жоқ, Қара ағашты нуы жоқ, Ұшқан қаз бен қуы жоқ, *Б е т б а қ д а л а* шөлді өтті (С. Мұқанов, Таңд. шығ.).

БЕТБАҚТЫҚ з а т. с ө й л. Бетпақтық. Бірден қатты кеткен Құрбан қипақтап, сәл ұялыңқырап кідірді. Бірақ ендігісін *б е т б а қ т ы қ қ а* салып, алғашқы қаһарына қайта мінді (Р. Райымқұлов, Бұрылыс.).

БЕТ-БЕДЕЛ з а т. *Ықпал, абырой.* Орыс ұлығына да, «алаштың» басшыларына да ежелгі ел жақсысының *б е т - б е д е л і* өтер болар,— деді (Д. Әбілев, Арман жолы).

БЕТ-БЕДЕР з а т. *Бейне, көрініс.* Кірпігімді қақпай, көзім алды қарауытқанша туған өлкемнің *б е т - б е д е р і н е* еміреніп, аса бір сағынышпен қарай берем, қарай берем (Ө. Қанахин, Жер бас.). Кейбір аспаптармен геологиялық білімі жоқ адам да жердің *б е т - б е д е р і н* түсіріп карта жасай алады (К. Смайылов, Мамандық).

БЕТ-БЕЙНЕ з а т. 1. *Бет-пішін, бет-әлпет, кескін.* Мен оның [қыздың] сұрамадым аты-жөнін, Сусын ішпей, алам деп жатты демін. *Б е т - б е й н е,* сырт тұлғасы, жүрген жүріс, Айыруға болмайды сенен өңін (Ш. Әбенов, Кейпін батыр). 2. *Сыртқы көрінісі, бейне.* Совет өкіметі осы бір таулы өлкенің *б е т - б е й н е с і н* өзгертіп жіберді. Тұрғын үйлер, мәдени-ағарту мекемелері, мектеп, балалар бақшасы, сауда және әкімшілік орталықтар қатар салына бастады («Халық мұғ.»). Совет өкіметі жылдарында Қазақстанның *б е т - б е й н е с і* керемет өзгерді («Соц. Қаз.»). 3. *Бағыт, бағдар, мақсат.* Кейбір тарихшылардың Отырар мемлекетін мекендеген халықтың атын әр түрлі атауынан едәуір дәрежеде мәдениетті болған бұл дәуір өз *б е т - б е й н е с і н* әлі айқын таныта алмай келеді (Д. Досжанов, Құм жұтқан.). Мені кітаптағы «Жастар жарымжандығы» деген тарау өте-мөте қызықтырады. Тақырыбының өзі Америка мектебі мен Америка ағарту ісінің *б е т - б е й н е с і н* танытып тұр («Халық мұғ.»).

БЕТ-БЕТКЕ ү с т. *Жан-жаққа, алды-алдына.* Қойшыны көріп қойған адамдар абыр-дабыр келіп, олай-бұлай жүгірісті. *Б е т - б е т к е* жүгіріп, қойны-қонышына тас толтырысты (І. Жансүгіров, Шығ.).

БЕТ-БЕТІМЕН ү с т. 1. *Әркім өз бетінше, беті ауған жаққа.* Көре алмай ел жұртының ақтық жүзін, Әр жерге сүйегінді көміп жүрсің. Сандалып елден безіп нағып жүрсің, Тентіреп *б е т - б е т і ң м е н* лағып жүрсің (Айтыс). Ермек қып олармен Жұпар ойнап, Жүргенде, жақындаса басқа адам, Қашады *б е т і м е н* тырақайлап (С. Мұқанов, Шыңнан шыңға). 2. *Өз алдына, жөн-жөніне.* Бәтеске не жазарым басында сайрап тұрғанмен, жазуға кіріспек болғанда, бар сөзім *б е т - б е т і м е н* бытырап қашады да, бір де біреуі маңайына жолатпай қояды (С. Мұқанов, Мәлдір махабб.).

БЕТ-БЕТІНЕ ү с т. *Әрқайсысы әр жаққа, өз бетінше.* «Алла» деп Рақышқа алды мініп, Келгендер кете жаздап жерге кіріп. Қайталап *б е т - б е т і н е* қаша берді, Шыдамай шілдедегі мұзша еріп (Т. Ізтілеуов, Рүстем.). Өткен-кеткеннің бәрі еске түсіп, жұрт *б е т - б е т і н е* дабырлап, әрқайсысы өз сөзін тыңдатудың таласын бастады (Б. Майлин, Азамат Азаматыч). Еламан қолға түсті. Басшысыз қалған жігіттер Қаратаздың дүмпуіне төтеп бере алмай, *б е т - б е т і н е* қашып кетті (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер).

БЕТЕГЕ з а т. *Мал жейтін көде тәріздес аласа шөп.* Малға майша жұғатын *б е т е г е с і,* Саржайлау шалқып жатқан кең өлкесі. Балдырған жусаны көп ашылайтын, Тау-тауда паналайтын көлеңкесі (М. Әшірбеков, Белес.). Шексіз бір көк теңіздей шымқай дала Жүреді жылқышылар жылқыларын Айдап сап кең *б е т е г е* көк майсаға (Қ. Бекхожин, Мариям Жагор қызы). ◆ **Бетегеден биік, жусаннан аласа болды.** *Момын болды, момақансыды. Б е т е г е д е н б и і к, ж у с а н н а н а л а с а б о л ы п* аз уақыт жүріп көрейінші, менен жақсы адам болмасын. Бірақ мен әйте алмаймын,—дейді (Ә. Сатыбалдиев, Ақмарал). Құрған тұзағына аңдыған құсы түсе ме, жоқ па, соған өзі қатты толқып, біресе қаһарына мініп қатайып, біресе *б е т е г е д е н б и і к, ж у с а н н а н а л а с а б о л ы п* кішірейіп, аз ғана сәттің ішінде бірнеше рет құбылып өзгеріп жүргені тегін емес (М. Дүйсенов, Гүлжан.).

БЕТЕГЕДЕЙ с ы н. *Бетеге тәріздес.* Егеуді ала бергенде, *Б е т е г е д е й* биіктеп, Аласарып жусаннан, **Ептейлендің,** Шалқұйрық (Қаз. ертегі.). Қырғидай желді күні түскен көктен, *Б е т е г е д е й* аласа шөп боп шөппен (Д. Әбілев, Өленд.).

БЕТЕГЕЛІ с ы н. *Бетегесі қалың, мол.* Таңы көп табиғаттың тоясың ба? Беттедім *б е т е г е л і* тау басына. Жер беті толған «теңге жапырақтар» Іркілген мөп-мөлдір шық шарасына (М. Әлімбаев, Лирика). Көсіліп дала жатыр *б е т е г е л і,* Көкжиек көңілді алға жетеледі; Сай-сала құшағына еніп кетсек, Төбелер төбесіне көтереді (Қ. Жұмағалиев, Перзент үні).

БЕТЕГЕСІЗ с ы н. *Бетеге өспейтін, бетегесі жоқ.* Ен дала екі ауданның арасы ашық, Құм жота, *б е т е г е с і з* жатқан басып (Ақындар жыры).

БЕТЕР ү с т. *Әрмен, жаман.* Жау көп болса басыңда, Бірі қалмас қасыңда; Жетектесең табандар, Далаға шығып өзіңді, Жаудан *б е т е р* жамандар (Абай). Жұмағұл соңғы сөзді тым шіміркене айтып, Ерғалиға бірер қарап қойды, Жұмағұлдың осы қарауы Ерғалиға мылтықтан *б е т е р* қадалды (Б. Майлин, Шығ.).

БЕТ-ЖҮЗ з а т. 1. *Бет-бейне, бет-аузы.* Бұрынғыдай *б е т - ж ү з і ң д і* сипай соғып еркелемейді, тым-тырыс, аса бір қылықты көзбен сені көтеріп алып жүріп кеткендей (Ж. Саин, Жол үсті.). Ызбаркүл көзі күлімдеп, *б е т - ж ү з і* жымыңдап барады. Сонымен тізімнің алғашқы бөлігін бітіре беріп, қабағындағы жаз бітіп, қыс түсіп, тарс түйіліп маған ала көзімен ата қарады (Б. Қыдырбекұлы, Шойынқұлақ). 2. *Сиқы, түрі.*—«Қарабай» қамқорлығымен шыққан журналдың *б е т - ж ү з і* қандай болмақ. Журналдың жұлынын үзіп жүрмесе жарар еді, ол «батырларың»,— деді ол (Д. Әбілев, Арман жолы). ◆ **Бет-жүзге қарамады.** *Көңілге қарамай батыл, ашық айтты.* Жәми — Зікірия құдалығын Көкшағыр қызына емес, дәулетіне қызығып болған құдалық деп танитын. Жәкеңе бір ретте, *б е т - ж ү з г е қ а р а м а й* тура айтатын Көкшағыр осыны айтып салған (Д. Әбілев, Арман жолы). **Бет-жүзің бар демеді.** *Ойын бүкпей, тура айтты.* Риясыл жалған жыршыларды да, обыр Кәдірбайды да *б е т - ж ү з і н е қ а р а м а й* түйредім (Жамбыл). Жақыпбек әдетте бір беткей, мінезі тікшіл, ойлағанын *б е т - ж ү з і ң б а р д е м е й,* тіке айтып тастайтын қызу қанды жігіт еді (М. Иманжанов, Менің махабб.).

БЕТ-ЖҮЗДІК с ы н. *Өңі түзу, жаңа.* «Оқуға қайтқанша ештеңем құрымас»— деген оймен, *б е т - ж ү з д і к* шинелін Жарбол шешіп қойды да, балақты түріп алып, қой жаюға біржола кірісті (Ғ. Орманов, Жүрек). ◆ **Бет-жүздік қылды.** *Ұялмайтындай, қызармайтындай болды.* Алыстан аяулым, сен оралғанда, Жүрегім қуанышқа оранғанда. Сыйым жоқ сағаң тартар сірә менің Ұстайтын *б е т - ж ү з д і к* қып соларды алға (Ғ. Орманов, Ой қанаты).

БЕТКЕЙ з а т. *Таудың құлама жағы, бір беті.* Қызыл құм есік алды *б е т к е й* бар-ды, Құдайым салды басқа қайғы, зарды. Ішінде үш жүз ішік санап салған, Жалғыз шыбық түбінде төрт тең бар-ды (Айман — Шолпан). Төңіректе тыныстап тұр Тракторлар, соқалар. Төңкерілді бүгін небір Тың *б е т к е й л е р,* жоталар (А. Шамкенов, Жасыл жайлау). *Б е т к е й д е* қалың ақ қайың Тымықта мүлгіп тұнады. Алып бір түскен шоқтайын Әнеки жартас құлады (Ә. Тәжібаев, Шығ.). ◆ **Бір беткей.** а) *Бірыңғай, бір өңкей.* Тамырдың ішкі құрылысы негізінен алғанда, *б і р б е т к е й* клеткалардан тұрады (Т. Мұсақұлов, Ботаника). ә) *Біркелкі, бір ізді.* Әдебиеттегі осы заман тақырыбы туралы айтыс кейде *б і р б е т к е й* жалаң сипат алып кетеді («Қаз. әдеб.»). б) *Қайтпас, қайсар.* Мәлік елге де,

ерге де тыныш, парасатты адам Нұрланның *бір беткей* мінезі үшін күйіп кетуі ықтимал (З. Шашкин, Сенім). Келіншегінің өткір *бір беткей* мінезін бұрыннан білетін Үсен қарсы дау айта алмады («Қаз. әдеб.»). Сөзді дәлелдегендей бір шынтақтап отырған оқушының *бір беткей* мінезіне учитель көзінің аласын көрсетумен ғана тынды (Х. Есенжанов, Тар кезең).

БЕТКЕЙДЕЙ с ы н. *Беткей сияқты, беткей тәріздес.* Жаңбыр жауған *беткейдей* беті жолақ, Отқа күйген құйрықтай шашы шолақ. Күнге қурап, жел қағып кепкен қабық Бұл сұмпайда жақсылық қайдан болад (Мың бір түн).

БЕТКЕЙЛЕ е т. *Бөктерлеу, көлбейлеу.* Ақ адырды оның тез табуына төбені *беткейлей,* шоқтала өскен сексеуіл себеп болды (С. Мұқанов, Шығ.). Өсімдік клеткалары қалыңдап та өседі. Мұндай жолмен өсу мерзімі сол қабықшаның *беткейлеп* өсуі тоқталысымен басталады (Т. Мұсақұлов, Ботаника).

БЕТКЕЙЛЕН *Беткейле етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Рамбулье тұқымды қойдың қазақ қойымен будандасқан тұқымы бір *беткейленіп* биязы жүнді жақсы мал болған (С. Бегалин, Уақыт тынысы).

БЕТКЕЙЛІ с ы н. *Күнгейлі, бөктерлі.* Бұл аудан жері таулы, *беткейлі* (Б. Тоқтаров, Қырандар).

БЕТКЕЙЛІК: бір беткейлік. *Қайсарлық, тұрақтылық.* Ғали өзін «оң қол, сол қолын таныған» есейген жігіт санады. Жасөспірімге тән өр көкіректік, *бір беткейлік* және бар («Лен. жас»). Парасат, адамгершіліктің көк зеңгір аспанында мәңгі өшпес, ең жарық жұлдыз боп жарқырай беретін осы екі асыл жанның ерлігін, өрлігін, *бір беткейлігін* елі, халқы алдындағы асқақ адалдығын Наурыз өзіне түгелдей жұқтырғысы келеді (Ө. Қанахин, Жас дәурен).

БЕТ-КЕЛБЕТ з а т. *Бет-әлпет.* Подполковник құлағына тықыр тиісімен орнынан атып тұрып, күндегі әдетінше, төр алдындағы стол басына барып отырды да:— Кіріңіз,— деді Хитровке *бет-келбетін* суыта (Ә. Шәріпов, Партизан қызы).

БЕТКІ с ы н. *Жоғарғы, үстіңгі, сыртқы.* Қызыл қанат судың *беткі* қабатында жүріп, су бетіндегі насекомдарды аулайды (С. Байгужиев, Аквариум). Тәжірибе жүргізілген жер топырағының *беткі* қабаты мен төбі де зерттелінеді (Ө. Қарамендин, Бұзау. ауруы). Салынған шептің *беткі* қабатына препаратты төменгі қабаттарынан гөрі 15 процентпен көбірек бүркеді (Н. Шоқанов, Сапалы сүрлем.).

БЕТОН з а т. *Тас пен құм, цементтен құйылып жасалған құрылыс материалы.* Көпірге діңгек тіреп, *бетон* құйып, Білер ек күнді қалай өткеруді (М. Әлімбаев, Менің Қазақст.). Жаңа салынған биік көпірдің оң жақ қанатындағы *бетон* қорғанның бір шеті опырылып, кетіктеніп қалыпты («Лен. жас»). Үш тұрғын үй құрылысы қызу жүргізілуде, *бетон* заводының қабырғалары бой түзеп келеді («Лен. жас»).

БЕТОНДА е т. *Бетон құю.* Заводтың басты бір объекті — ТЭЦ. Дәкең осы ТЭЦ-тің негізін *бетондады* (Ш. Мұртазаев, Құрылысшы.).— Құдықты Володя өзі *бетондап* еді. Енді соның қалдығын өзі тазалап жатыр («Қаз. әдеб.»).

БЕТОНДАЛ е т. *Бетонда етістігінен жасалған ырықсыз етіс. Бетондалған* резервуарларға шлак не қиыршық тас толтырады да, оның үстіне өсімдік отырғызады (Жалпы биология). Опалубка түгелдей *бетондалып,* труба екі жарым метр биіктеді («Лен. жас»). Блоктардың астындағы *бетондалған* штрек бойларымен арлы-берлі өтіп жүрген вагонеткалардың да тарсылы естіледі (Б. Тоқтаров, Қырандар.).

БЕТОНДАУ е т. *Бетонда етістігінің қимыл атауы.* Жер суаруға пайдаланылып келе жатқан каналдардың араларын *бетондау* жұмысы да қымбатқа түсуде («Қаз. әдеб.»). Кейбіреулерге *бетондау* жұмысы оңай көрінер. Несі қиын. Күректі ал да, опалубканы толтыра бер. Сол да өнер боп па?— деп ойлайды («Лен. жас»).

БЕТОНДЫ с ы н. *Бетоннан жасалған.* Еділдің сол жағасында су ағызатын *бетонды* бөгет (Ә. Кәкімжанов, Коммунизм.).

БЕТОНИТ з а т. *Темір руда концентратын байланыстыратын зат.* Соңғы кезде анықталып отырған *бетонит* сазына күкірт қышқылын қосу арқылы мұнай өнімдері мен өсімдік майларын тазартатын катализатор жасалды («Қаз. әдеб.»).

«Түйіршіктелген темір руда концентратын өндіру ісінде ең жақсы материал» — деп *бетонит* танылып жүр («Лен. жас»).

БЕТОНШЫ з а т. *Бетон құюшы маман адам.* Қазақстан магниткасының «резинпромстрой» басқармасында *бетоншы* болып істеп жүрген Ғазиз Кәрімов Дөкудің шәкірті (Ш. Мұртазаев, Құрылысшы). Кеше ғана металл балықтқандар мұнда келіп, екінші мамандықты — тас қалаушы, *бетоншы*, монтажшы мамандықтарын меңгерді (С. Тәжіғұлов, Асау Ертіс.).

БЕТПАҚ[1] и р. с ы н. 1. *Бақытсыз, сорлы.*— Пәтшағар, *бетпақ*, секеңдемей басылсаңшы,— деп, молдекең Гүлсімге зекіп тастады («Лен. жас»). Енді үйге кіріп, шашыңды жұлып қолыңа берейін, бетің тілінгір *бетпақ*. Мұны бай да алмайды — деп бақырды ойбай-төте (М. Мағауин, Бір ата.). 2. *Қиқар, қисық.* «Япырай, Перизат-ай, сен осындай *бетпақ* па едің. *Бетпақ* болмасаң, айтқанға неге ғана көнбейсің (Ә. Әбішев, Жас түлек.). «Кімнің алыс-жақынын іс түскенде білерсің» деген осы-ау. Біздің *бетпақ* таң атысымен кетемін деп еді. Әлі үйде жүр-ау деймін (А. Сатаев, Ақын.). 3. *Қарабет, ұятсыз, арсыз.*— Мынау неткен *бетпақ* еді, жүзі жанбайды, ғой,— деп абысын-ажын жағасын ұстады (І. Жансүгіров, Шығ.). Елінен жақсы шықса көре алмай, үйде отырып мұқатып, Бедері *бетпақ* үйде ойнар (С. Сейфуллин, Шығ.).

БЕТПАҚ[2] с ы н. *Елсіз, құладуз кең дала.* Өмірдің алтын діңгегін Бойлата бұлтқа орнаттық. Күрекке салып тауларды, *Бетпақты* баса жол тарттық (Қ. Аманжолов, Шығ.). *Бетпақта* келе жатты ақсақ киік, Сандалып қаңғырақтап басын иіп. Пана ізден шыбын жанға сүйретіліп, Мергеннің кеудесіне оғы тиіп (С. Сейфуллин, Өленд.). Жер-анадан табады мәртебе елің, Ертеңі бар әр тақыр, әр төбенің, *Бетпағында* бақ сықсып, өзен ойнап, Жасыл бұйра жабады бар төбелін (Ж. Молдағалиев, Жиырма бес). ◆ Бетпақ дала. *Мидай сусыз дала, шөл. Бетпақ дала* — бедеу дала, Мейірі жоқ ешбір жанға. Аңызағы әлек сала, Азынайды ала таңда (Қ. Жармағамбетов, Соңғы түн). *Бетпақ дала*, мылқау дала жайқалды, Тебіренді, жалпақ орман «Жар» қылды. Сайрайды құс, салады күй сандуғаш, Қандай әсем, бұл далада таң алды (Ж. Сыздықов, Асу.), ⊙ П о э т. Түнере соққан күн бетпақ Ызылдай соққан жел бетпақ. Көк орайды сарғайтқан Мейірімсіз күн *бетпақ* (Б. Момышұлы, Жауынгер.).— Ал, қатын, мосыңды іл, асыңды қой, Тысқа шық, түнгі әлемет басылды ғой. Не деген *бетпақ* еді салдақы түн, Адамның берекесін қашырды ғой (М. Мақатаев, Қарлығаш.).

БЕТПАҚТАЙ[1] с ы н. *Бетпақ (1) тәрізді, сияқты.* Бұйырды оған тұл *бетпақтай* сыбаға: «Келіншан-ау» демейді оны бір ана. «Жеңешем» деп, қасіретін азайтып, Жұбатпайды ешбір қайны наз айтып (М. Әлімбаев, Жүрек лүпілі).

БЕТПАҚТАЙ[2] *Сортаң, құнарсыз жерді.* Тау-тас та, құмайт шөл де, тақыр жер де, *Бетпақтай* жібіместен жатқан көн де (К. Әзірбаев, Өленд.).

БЕТПАҚТАН е т. *Ұятсыздану, арсыздану.* Көңілдің небір қоңыр шағын іздейтін, ұры сезік те Мәлікті оңаша тастамай, тағы да *бетпақтанып*, түрткілей бастады (З. Шашкин, Сенім).

БЕТПАҚТЫ с ы н. *Шөлді, сусыз. Бетпақты* сайға су түссе, Атың арып келгенде, Өткел бермес кешерге (Үш ғасыр.).

БЕТПАҚТЫҚ з а т. *Ұятсыздық, арсыздық.* Бірден қатты кеткен Құрбан қипақтап, сәл ұялыңқырап кірді. Бірақ ендігісін *бетпақтыққа* салып, алғашқы қаһарына қайта мінді (Р. Райымқұлов, Түйелі адам.).

БЕТПЕ-БЕТ ү с т. 1. *Жүзбе-жүз, қарама-қарсы.* Екі дұшпан аңдысқан Кездесті де *бетпе-бет.* Қасқыр менен арыстан Кетті айқасып жекпе-жек (С. Мәуленов, Құлыншақ). *Бетпе-бет* орыс даңқын сан асырған, Боп кетті ойран-ботқа аласұрған. Қайқаңдап кесті алдымды мынау неміс, Секілді өзі мені баласынған (З. Шүкіров, Арал толқын.). Жүрмеймін сырттай жауласып, *Бетпе-бет* келіп тура айтам. Жүргесін жұмыр жер басып, Жақсы бір досқа құмартам (Қ. Мүсірепов, Раушан). Қайран бас не көрмеген мына өмірде, Бірақ, мен күйреп мұңмен жу дедім бе! *Бетпе-бет* қиындықпен келген кезде, Соғады Ленин аты жүрегімде (З. Шүкіров, Арал толқын.). 2. *Бетімен бет, шүпілдеме.*— Қайсал, балықты қайда саламыз?— дегенде барып артыма бұрылдым. Қарасам, аулаған балығымыз шелекпен *бет-*

не-бет боп тұр екен (Ө. Қанахин, Жер бас.).

БЕТ-ПЕРНЕ зат. *Бет-пішін.* Режев көзін айырмай, Сағатовтың *бет-пернесінен* шын пікірін білгісі келеді (З. Шашкин, Ұядан ұшқанда). Шалдың ашуы келгенін *бет-пернесінен* байқаған Рахмет:— Қалжыңдаймын да, Сырекеl— деді (С. Мұқанов, Шығ.).

БЕТ-ПІШІН зат. *Бет-әлпет, келбет.* Кербездің екі түрлі қылығы болады: бірі, *бет-пішінін*, сақал-мұртын, жүрісін, қас-қабағын қолдан түзеп әуре болмақ (Абай). Әрдайым ызғарлы көзі енді күлімдеп, мандайы да, мұрны да, салпы ерні де — барлық *бет-пішіні* арсаландап қалған ақ көңіл жап-жас мейірімді жігіттің кейпін береді (Б. Момышұлы, Біздің генерал). Ана мен қыздың киімдерінде, *бет-пішіндерінде* уақыт белгісі із қалдырыпты («Қаз. әдеб.»).

БЕТСІЗ сын. *Арсыз, әдепсіз.* Торғын:— Немене сонша, Жанайдың астыүстіне түсіп өле-өше қалғаның. Ол сенің байың емес. Ұялмайсың ба, мына жұрттан, *бетсіз* (С. Мұратбеков, Көкорай). Тіфу, *бетсіз*-ай! Жармаспа енді!— дедім божыны мен де ұстап,— егер Текебай, жармастың бар ғой, әлім келсе, сені мен қан қыламын! (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.).— Шіркін! Бұл не деген *бетсіз* еді, жас басынан тақылдап,— деді — Ермак (Б. Майлин, Шығ.).

БЕТСІЗДІК зат. *Ұятсыздық, арсыздық.* Шәріпжамал: Мен өзім жас күнімнен көрдім қызық, Періште қылғанында тұрар сызып. Айтасың *бетсіздікпен* өтірікті, Сен неден Қызылбөрік, болдың бұзық? (Айтыс).— Балам, жолдасың ба еді?— деді Шұлғаубаевты нұсқап, қандай *бетсіздік*, мас боп ішіп, көшеде өз бетімен жүрген адамға тиісуін қайтерсің (Е. Қонарбаев, Түнгі от).

БЕТТЕ[1] ет. 1. *Белгілі бағытқа қарай жүру, бет алу. Беттейміз* біздер жұмысқа, Ұқсаймыз өзен, ағысқа. Қараймыз жаңа құрылысқа, Қараймыз алға, алысқа («Қаз. әндері»).— Әй, әлгі ант ұрған қатын жіберді-ау сені! Жаңа ғана үндемей отырып едің ғой алдымда,— деп Бейсекең баласын көтеріп алып есікке қарай *беттеді* (Ғ. Мүсірепов, Кездесп. кет.). Махамбетше жақ ашпастан булығып, түнерген күйі ауылға *беттеді*. Жұрт ағыла соңынан ерді. Су басында бірі шошайып, бірі сұлап, екеу ғана қалды (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). 2. *Бетін қою, нәмірлеу.* Машинкадан шыққан қолжазбаны *беттеп*, баспаға дайындауымыз керек (Ауызекі тіл).

БЕТТЕ[2]: салған бетте. *Салған жерден, бірден.* Адам сезіміндегі ұстатпас құпияның бірі сағыныш сыры екен. Сіз осыны бір мәртебе ойлап қарасаңыз *салған бетте* ой ұшығын ұстай алмаған болар едіңіз («Спорт»).— Не де болса *салған беттен* қайтпаспыз, айтқан серттен таймаспыз, біз бекініп келіп отырмыз,— деді Далабай (А. Лекеров, Түз гүлі).

БЕТТЕЙ сын. 1. *Бет сияқты, бет тәрізді.* Ол жер маған алыстан таудың *бетіндей* қарауытып көрінеді (Ауызекі тіл.). 2. *Бет мөлшеріндей, бет шамасындай.* Санағаным жоқ, шамасы бес жүз *беттей* болар (С. Мәуленов, Жер нәрі).

БЕТТЕМЕ ет. 1. *Жуымау, жоламау, аяғын баспау.* Өзіме өмір берген, жаббар құдай! *Беттеместей* қылайын бұдан былай. Мені кім деп отырсың, сорлы бейбақ! Сен түгіл беттеген жоқ Шөже, Орынбай (Айтыс). Қоңырат *беттемей* тұр. «Аждаһа алтын жалап семіретін еді, аждаһа болар» деп түйді (Р. Тоқтаров, Ертіс.). 2. *Тәбеті соқпады, тамаққа жуымады.* Сары бала ашы қатыққа *беттемей*, тәтті қаймақты бұза алмай, қипақтап тұрды (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). Балықты асып жеген балалардың бәрі күпті болып, екі күн өзге тамаққа *беттементі* (М. Тиесов, Дала перзенті).

БЕТТЕС[1] 1. *Бетте етістігінен жасалған ортақ етіс.* Біткен жұмыстарды *беттесті* (Ауызекі тіл.). 2. *Тегіс келген екі заттың бірімен-бірі тура келіп қиюласуы.* Осы кезде тамыр доғасына *беттесе* жатқан эндодерма клеткалары да бөлініп, олардың тамыр қалтасы пайда болады (Т. Мұсақұлов, Ботаника). Ай орбитасының жазықтығы эклектика жазықтығымен дәл *беттеспейді*, бұл екеуінің арасында кішкене бұрыш бар (Х. Әбішұлы, Халық астроном.). Венерина өсімдігінде қаусырмалы әрбір қалақшасының бетінде орналасқан түктер бар. Жәндіктер сол түкке жанасып кетсе болғаны, қалақшалары *беттесіп* жабыла қалады (Т. Таубаев, Жасыл әлем.). 3. *Бетпе-бет, қарама-қарсы келу.* Көкөсеректен кәрі шолақ екеуі қайта *беттесіп* келгенде біріне-бірі ұмтылмай, құр ғана

жанасып қор-қор етіп, ырсылдап тұрды (М. Әуезов, Қараш.). Соғыс сарт-сұрт ұрыс, тарс-тұрс атылған мылтық даусы ғана емес, онда батырлық пен қорқақтық, ірілік пен ұсақтық, жақсылық пен жамандық *беттеседі* («Лен. жас»). Түн жамылған қаспысың, Жолынан адасқан доспысың. Кім болсаң да кел! *Беттесейік*. Елес беріп елді үркітпе, қашпа! (Р. Райымқұлов, Бұрылыс.). Ғалым кабинетіне Ысмайылды шақырып алды. Дүйсенбай мен Ысмайыл осы арада тағы *беттесті* («Қаз. әдеб.»). 4. *Тап болу, кездесу*. Тұрсын жауапты қызметте жүре, бір жағынан, жазушылық жұмыспен де айналысты. Өз басынан өткен жайларды қағаз бетіне түсіріп, «Өліммен *беттескенде*» деген кітап жазды (Қ. Жарықбаев, Психология.). Оның жүзі таныс секілді, бұдан бұрын да бірнеше мәрте *беттескен* еді (Д. Досжанов, Жібек.). Неміс басқыншылары бұларды өзен ортасына жете бергенде ғана байқап қалды. Екі жақтан да атыс басталды. Өмір мен өлім *беттесті* («Мәдениет және тұрмыс»).

БЕТТЕС [2] с ы н. *Ұқсас, тәріздес*. Қашқардың қызыл шекпенін киген сары қазақ, шошқаның шұжығы *беттес* семізше сәудегердің дүкенінің алдына келеді (І. Жансүгіров, Әңгім.).

БЕТТЕСТІР е т. 1. *Беттес етістігінен жасалған өзгелік етіс*. Ньютон жұқа пластинкадағы алуан түсті анықтау үшін сәл дөңестеу линзаның сол дөң жағын теп-тегіс бетімен *беттестірген* (А. Қалығұлов, Жарық сәуле.) Киіз *беттестіре* салған екі қабат жүннен құралады, яғни бұл киіздің екі беті бар деген сөз (С. Қасиманов, Қаз. қолөнері). 2. *Екі адамды бетпе-бет кездестіріп кінасын мойнына қою, мойындаттыру*. Уәйіс бірнеше әйелді және жас жігіттерді Қоңқаймен *беттестірді* де, еріксіз Алуамен жақындығын мойнына алғызды (М. Әуезов, Өскен өркен). Мен ешқандай ұйымды білмеймін, Ал, айтып бергендер болса менімен *беттестір*,— деді Надежда (Т. Жанкелдин, Партизан жорықтары). Не айтып ақыреттік құда болдың, Тегінде қияметке бармайсың ба? Құдаңмен тәңірі алдында *беттестірсе*, Сол жерде қара жүзді болмайсың ба? (Қозы Көрпеш.).

БЕТТЕСТІРУ *Беттестір етістігінің қимыл атауы*. Пленканың көмегімен екінші толқынды бірінші толқыннан жарты толқын ұзындығына, немесе толық толқын ұзындығына тең аралыққа артқа «сырғытып, жылжытып» *беттестіруге* болады (А. Қалығұлов, Жарық сәуле.) Екі сағаттық әңгіме үстінде, жүзбе-жүз *беттестіруде* Ыдырысовтың қаншалықты жалтарып бұлтарғанына қарамастан Роза болған оқиғаны бұлжытпай мойнына қойып береді («Лен. жас»).

БЕТТЕСУ *Беттес етістігінің қимыл атауы*. Ебейсін енді мырзамен *беттесуден* де тайынбайтынын байқады. Ертеден бері бұлақ құйрықпен келе жатқан семіз сары атты тебініп қалды (Ә. Нұрпейісов, Сөгелдең). Ахметше бүгінгі бірінші *беттесу* нәтижесі көңілдегідей шықты деп есептеді (Х. Есенжанов, Көп жыл.).

БЕТТЕТ 1. *Бетте етістігінен жасалған өзгелік етіс*. Сиырды қыстауға *беттетіп*, Оңғарбай мен Нұрыш соның соңында келеді (Б. Майлин, Шығ.). Жылқыны бұрып-ақ алды. Бұрылған жылқыны Асылбек болыстың аулына *беттете* кейін қуды (І. Жансүгіров, Шығ.). Алтынсары жылқысын жинап Ақшоқы тауына *беттеткен* кезде, «бұлттан жауған» сары маса атын да, өзін де булықтырып жүргізбеді (С. Мұқанов, Аспаз). 2. *Жуытпады, маңайлатпады*. Машина жақындаған сайын түтіннің иісі мұрынға келіп, ерт жолына толқыған теңіздей шапшып *беттетпейді* (З. Шашкин, Сенім). Қолына қару алғасын бұрынғы қайратына мініп, көпті бастап Қызылбастың әскерін қамалға *беттетпеді* (Т. Ахтанов, Дала сыры). Әнеугі жанжал, өсек жүзіне шырмау, көңіліне ақау салса керек, *беттетпеді*. Нұржан да тіл қатқысы кеп қипақтап тұр (З. Шашкин, Өмір тынысы).

БЕТТЕТТІР *Беттет етістігінен жасалған өзгелік етіс*. Сәл тыныстың арасында мылтықтарын қайта оқтауға мүмкіндік алған жау жағы қырқа төбелердің басында отырып алып *беттеттірмеді* (І. Есенберлин, Қаһар).

БЕТТЕУ *Бетте етістігінің қимыл атауы*. Бүгін түн серт еткен Күлəндамен нысанаға *Беттеуге* қас қарая міндеттімін (Ж. Саин, Күлəнда). Күні бұрын құрылған жоспар бойынша войсковой старшина Лебедев басқарған бес жүз солдат мамырдың бесі күні Ор қаласынан шығып, Камышовка бекінісіне *беттеуге* тиісті (І. Есенберлин, Қаһар). Әбілхайырдың соңғы сөзін анықтап алғым кеп, мен

оған саяси адамның қай бағытқа болса да адал *беттеуін* айттым (С. Мұқанов, Есею жыл.).

БЕТТІ с ы н. 1. *Беті үлкен.* Сәукеле сақал, үлкен көз, Жазық маңдай, кең *бетті,* Қырмызы қызыл келбетті (Дастандар). 2. *Беті белгілі бір затқа ұқсас келген.* Бәйшешек *бетті* бала едім; Сол күнімді ойласам, Көз алдымда тұрады, Кешегі өткен күндей-ақ (Үш ғасыр.). Түбіне батып суының Дұшпан кескен қыз басы. Алма *бетті* сұлудың Қан боп тамған көз жасы (Т. Жароков, Шығ.). 3. А у ы с. *Өжет, өткір.* Батылы жетпегені ме? Жұрт: «Алғыр да *бетті* жігіт!» дейді ғой, Айжан түсінбейді (З. Шашкин, Сенім). Жайратпай тынбас жау көрсе, Наурызбайдай жалынды. Қамалды өтер қақ жарып, Бекеттей *бетті,* шалымды (Біздің Мәлік). Қайшаның есебі дұрыс еді. Тілді де *бетті* әйел бұл жолы шын ерлік жасады («Лен. жас»). ◆ **Бір бетті.** *Бір сөзді, айтқанынан қайтпайтын.* Ат үстінде қатарын жаңа ғана түзеген жүздіктің санын бұзу өз билігімен жүрген Жолмұқан сияқты *бір бетті* жігітке де қазір мүмкін нәрсе емес еді (Х. Есенжанов, Тар кезең).

БЕТТІК с ы н. 1. *Бетке жуық, беттей.* Мүмкін анасын қатты сағынған баланың он *беттік* хат жазса да, бар айтары осы бір ғана сағындым ғой деген қуанышты күрсініс күші болар (Ғ. Мүсірепов, Кездесп. кет.). 1963 жылдың басында көлемі 589 *беттік* «Қазақстан Коммунистік партиясының тарихынан очерк» басылды (С. Мұқанов. Есею жыл.). 2. *Бет құбылыстың ерекшелігіне тән.* Күйеуінің көп күні Ат үстінде өтеді, Халыққа жарқын *беттігі* Сол күндерде жетеді (С. Мұқанов, Замандас тур.). 3. *Адамның жеке басындағы психологиялық ерекшеліктерге тән.* Ей, Еламан, саған келіп отырмын,— деп, бұл арада да өзінің кісіден жүзі қайтпайтын қасқыр *беттігіне* бағып, ойындағы сөзін ірікпей, тура бастады (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер).

БЕТТІЛІК з а т. *Өжеттілік, өткірлік.* Жаяу Мұса тапқырлығына, *беттілігіне,* шыншыл өлеңіне қуанды. Бірақ, «тұмар өртегені» — жауының қолына өзін атар мылтық оқтап бергендей іс-ау — деп түйді (Д. Әбілев, Ақын арманы). Мына азаматтардың кейбірі Махмұттың идеясын ұнатпаса да, оның өртенуге бар, өлуге сіреуіне жоқ бір *беттілігіне* сүйсінуде (Д. Әбілев, Арман жолында). — Мына Әбдекең ағайдың ақылымен әдеп сақтап жүрдім,— деді.— Комсомолдық *беттілік* қайда,— деді совхоздың аға зоотехнигі кекесінді үнмен (С. Бегалин, Уақыт тынысы).

БЕТУЛИН г а т. б о т. *Қайыңның сыртындағы ақ түсті қабыршақ зат.* Қайың тозының сыртында ақ түсті *бетулин* дейтін зат болады. Осы өсімдік денесін күнге қатты қызып кетуден сақтайды (Т. Мұсақұлов, Ботаника).

БЕТШЕ з а т. 1. *Кітапшалардың парағы, беті.* Секретарь алдындағы календарь парақтарын ақтарып, өткен күннің бір *бетшесін* үзіп алды (Адам және химия). 2. *Жауынгерлер үндеуі.* Көрсеткіш, диаграмма, құрмет тақта, *Бетшелер,* жар газеттер бұдан басқа. Қамтиды сын газеті барлық жайды, Шығатұғын «Бүркіттің жорығы» атты (Айтыс).

БЕТІ-ҚОЛ з а т. *Бет пен қол.* Ескі жез шәйнекпен *бетіқолын* жуып, есік жақтауына ілінген орамалға сүртінді де, қораның төрінде тұрған кебеженің қақпағын ашты (Қ. Исабаев, Айқыз). Жуынып *бетіқолын* қайта жүрді, Нағызсың, наз көрсетіп неше түрлі, Теңселіп «теңім анық екен-ау» деп, Ішіне шатырының келіп кірді (Т. Ізтілеуов, Рүстем.). Шаймардан Сұлтанмахмұт қасынан жылысып берді де, Шабек қыздары түскен үйге барды. Ақжақыл көлеңкеде *бетіқолын* жуып, сүртініп жатыр екен (Д. Әбілев, Арман жолында).

БЕТІМ о д. *Әйел адамның таңданғанда, ұнатпағанда айтатын сөзі.* — Масқара-ай, не дейді, *бетім!* — деп, бәйбіше бетін шымшып-шымшып алды (Қ. Тайшықов, Октябрь ұшқыны).

БЕТІМ-АЙ о д. *Көңіл күйге байланысты таңдануды білдіретін сөз.* Ақбала сыртқа шығып, сері жігітті аттан түсірді. Ал екеуінің қалай көріскендерін көрсең!.. Масқара-ай! *Бетім-ай!*— дейді қара қатын (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер).— Ренжіме, қоянның баласы ғой.— *Бетім-ай,* жұрттан ұят қой. Оның не, еркек басың-мен? — деді Жұбаныш (Т. Ахтанов, Қаһарлы күндер).

БЕТІМЕН ү с т. 1. *Бет-бетімен, қалай болса солай, алды-алдына.* Бар күш іске

қанат қомдап, Майданға өзір бетін оңдап. Білмегендей күшін сомдап, Жатқан зат жоқ *бетімен* (С. Сейфуллин, Шығ.). *Бетімен* жайылып жүрген бір ел бар, алыс-жақын, кедей-бай демей, барымталаса береді деп біржола сенісіп қойған сияқты (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). **2.** *Ырқымен, еркімен.* Қаншама, аузынан жалыны шығып, түф деген түкірігі жерге түспей тұрған өндіріс басқармаларын обком *бетімен* жіберер бермес, ауыздықтар (З. Шашкин, Сенім). Ықшекең көріп өтті талай «ұлық», Көрсетіп бәріне де қыздай қылық. Орындап өз дегенін келе жатыр *Бетімен* көрінгенге ықтай жүріп (І. Жансүгіров, Шығ.). Март ішінде қар кетті, Кеңшілік келді, тар кетті. Қара жерге жайылып, *Бетіменен* мал кетті (Пернедегі термелер). ◆ **Бетімен кетті.** *Бетбетімен, өз жайына тарады, бытырады.* Қалған аз ғана елге берік болмаса, *бетімен кетеді* (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). Мектеп оқушылары тарады,— деп *бетімен кету* — ауыл мұғалімдеріне тиісті іс емес (Б. Майлин, Шығ.). **Бетімен кеткен.** *Жүгенсіз, тыюсыз.* Хан қатты ашуланып: — Ондай *бетімен кеткендерді* тез ұстаңдар да, алдыма әкеліңдер! (Р. Райымқұлов, Бұрылыстар). Еш тәрбиеге көнбей *бетімен кеткен* адамға ұрпақ тағдырын тапсырып, болашақ алдында айыпты болып қалуымыз даусыз («Лен. жас»). Жанастың ойында мұндай мәселеде бала ойына келгенін істеп, *бетімен кете* бермек емес (М. Дүйсенов, Қалыңдық). **Не бетімен.** *Қай бетімен, қалай, қайтіп.* Қалықтап қайта шабыт оралмаса, Халқыма қараймын мен *не бетіммен* (Ә. Тәжібаев, Шығ.). Мен: — Жолдастар тұтқынға алынған болса, *не бетіммен* қашамын,— деп мылтығымды алдым (С. Сейфуллин, Тар жол.). **Өз бетімен.** *Өз білгенінше, өзінше.* Баянауыл совхозында қой өліп жатады. Неден? Қойшылар мал дәрігерінің кеңесін құлаққа да ілмейді, *өз бетімен* баяғы қазақ аулының кезіндегі тәсілмен жаяды (З. Шашкин, Сенім).— Мәмбет қайда? Ол неге келмеді бізге? Әлде *өз бетімен* басқа жақта жүр ме! — деп айқай салды Нұрым Ораковқа қарап (Х. Есенжанов, Тар кезең). **Сол бетімен.** *Сол қалпымен, сол күйі.* Үйге *сол бетіммен* кіруін кірдім-ау, бірақ қалай кері шығып кеткенімді білмей қалдым. («Лен. жас»). — Пәтуәсіздердің таныстығы,— дедім мен. Қыз иығын қиқаң еткізді. *Сол бетімен* тізесін құшақтап отырып қалды («Лен. жас»).

БЕТІМЕН-БЕТ үст. *Шүпілдеме, толы.* Жолдасыма: «Ендеше бір қолыңа қалбырды ұста да, бір қолыңмен шелекті көтеріс! — десем, балық *бетімен-бет* болған шелекті ол түгіл, менің өзім де өзер-өзер орнынан қозғаймын (Ө. Қанахин, Жер бас.).

БЕТІНШЕ үст. *Қалай болса солай, бетімен. Бетінше* ақса мынау жалған, Жоқ төңірдің тірегі не? (Қ. Бекхожин, Дала комиссары). — Жеп қойды егісімді, шығындатты, Сол үшін бір жаз бойы жегем атты. *Бетінше* өріп жүрген малдарының Осындай көп қырсығы маған батты (Қ. Бекхожин, Мариям Жағор қызы). ◆ **Өз бетінше.** *Өз бетімен, өзінше.* Соғыс жылдарында жетім қалған балалар институт бітіріп, *өз бетінше* өмір сүруге кірісті (С. Мәуленов, Жер нәрі). Бала: — Ат-көліктеріңіз аман ба? Атам ауылға жүріп қымыз ішсін — дейді де, *өз бетінше* кете барды (Ә. Көшімов, Лашын хикаясы).

БЕУ од. **1.** *Әттең, қайран деген мағынадағы көңіл-күйін білдіреді.* Көбелек боп гүл іздейді ол қанша, Қайтер еді бір сәт ойлап толғанса! *Беу* дүние-ай, бола ма адам сабырсыз, Басында бір қасірет-қайғы болмаса! (Қ. Мүсірепов, Раушан). «*Беу,* қайным»-ау, не боп кеткенсің. Үстінде тырысқан солдат киімі («Қаз. әдеб.»). **2.** *Па, шіркін.* Сен, сірә, жаралдың ба сағыныштан, *Беу,* шіркін, бейманза құс, алып ұшқан?! Сен әлде сәулесің бе, жарқ-жұрқ етіп, Мендегі бір айнаға шағылысқан? (Ә. Абайділдановтар, Маржан). «Миуасы шешек атқан өсіп өркен, *Беу,* шіркін, қайран Қырым қандай көркем. Далиған даласына көктем туа, Соған тез құс боп ұшып кетер ем мен» (Ғ. Игенсартов, Тың дала). Қиялымды қиялға жалғайсыңдар, Бір тәтті күйлеріңмен бауырайсыңдар. Құштармын бар жанымменен, арманыммен, Келер күндер, *беу,* шіркін, қандайсыңдар?! (Т. Қызықбаев, Алтай әуендері). **3.** *О, жасаған, о тоба.*— Беу, кімді көріп тұрмын, ей? Жәнібек, бұл сенбісің шынымен! (Қ. Жұмаділов, Көкейкесті) — *Беу,* адам-ай, мынау біздің түсімізге де кірмейтін киім ғой. Дәу де болса, бұның әрқайсысы бір-бір қара шығар (Ә. Нұрпейісов, Сергелдең). **4.** *О, әй.* — *Беу,* Қаңбағым, сәлем қайда? Қара басып танымай қалдың ба, әлде? — деп ыржи-

ды ол (З. Жәкенов, Таң самалы). Өзің еске түскенде, *Бе у* замандас, жар-жар-ау! Жатамын да жылаймын, Жер бауырлап, жар-жар-ау! (Айтыс). 5. *Қап, тәу.*— *Бе у,* обалдағы-ай, екеуі де өрімдей екен ғой,— дейді бір келіншек,— Айман — Шолпанның теңі осы екеуі еді, не пайда қақбастап бір-бірінің малына қызығып, бұлдіріп отырған жоқ па,— дейді екінші біреуі («Қаз. әдеб»).

БЕУ-БЕУЛЕ е т. *Бебеу қағу, бебеулеу.* Егер эфирдің бір бөлшектері безектеп *бе у-бе у л е п* тербеле жөнелсе, онда онымен қатар орналасқан бөлшектер де оның «күйінішін көтерісіп», тербелісті «іліп алып» ілгері тартады (А. Қалығұлов, Жарық сәуле.). Ажалдың жегі құрты ішінен жеп, Дөңбекшіп аласұрды қағып безек. Құспады, құр лоқсыды, *бе у-бе у л е д і,* Ербеңдеп екі қолы кезек-кезек (Д. Еркінбеков, Шығ.).

БЕҺЕ з а т. *Сары түсті, кеш пісетін алма тәрізді тәтті жеміс.* Кердеңдеген қара құл қолына бір *бе һ е* жемісін ұстап, дүкен алдынан өте берді (Мың бір түн). Жұрттың құлпырған түсіне көрік беретін; қаны тамған анар, уылжыған шапталы, сары алтындай *бе һ е,* түрлі түсті алмалар өскен еді (Бұл да).

БЕШ е с. с ө й л. Бес.— Ой, сен малайдың да тілің шығайын деді ме? Қазір тұрған жеріңде жоқ қылайын ба?! Сенің құның *бе ш* тиын! Білдің бе! (Б. Тоғысбаев, Алдыңғы толқын).

БЕШЕНЕ з а т. с ө й л. Пешене. Алғы күн ашсын жастың *бе ш е н е с і н,* Көгертсін көп алғысы көсегесін. Қос шыбық, балғын жастар болған тату, Айқасып құлын-тайдай өсе берсін (І. Жансүгіров Шығ.). ◆ Бешенеден белгілі. *Айқын, айдан анық.* Коммунистер мен комсомолецтер алда болуы, олардың басқаға өнеге көрсетуге тиіс екендігі *бе ш е н е д е н бе л г і л і* ғой (Б. Момышұлы, Біздің генерал). Адам іші шиша емес пе! Болса да *бе ш е н е д е н бе л г і л і* «тоғай аралап үйші болу» дәл сонда оның өңі түгіл, түнде түсіне де кірген жоқ-ты («Лен. жас»). Қатар құрбыларына бетін беріп, әркімнің *бе ш е н е с і н е* қарай бақытын үлестірген өмір Бейбітке келгенде, ылғи теріс айналып тұрып алады (М. Дүзенов, Әке.).

БЕШМЕТ з а т. с ө й л. Бешпент. Екінші біреуі шымқай сұрдан *бе ш м е т* киген, аяғында саптама етігі бар, толық денелі, егде тартқан адам (Ф. Дінисламов, Көл жағасы).

БЕШПЕНТ з а т. *Жеңілдеу тігілген астарлы шапанша.* Күн ауып еңкейген кезде Қасқырбай мен Аян киініп тысқа шықты. Екеуінің де үстерінде әдемі қара *бе ш п е н т,* өтек қыры сынбаған ақ шалбар (С. Сейфуллин, Шығ.). Жолдас болмас аққу құс суймесімен, Ойнап-күлер көңілі уйлесімен. Қос көл жаққа әнеугі киіп барған, *Бе ш п е н т і ң д і* беріп кет туймесімен (С. Сейфуллин, Шығ.). Салмасам Айнамкөзге ән болмайды, Кимесем екі *бе ш п е н т* сән болмайды (Қаз. әндері).

БЕШПЕНТТЕЙ с ы н. *Бешпент тәріздес, сияқты.* Жоспарлап сөз тауарын сездіремін, Сенімен егеспеймін ерегісіп. Жақсының жауабына салсаң құлақ, *Бе ш п е н т т е й* үлгіменен қойған пішіп (Айтыс).

БЕШПЕНТШЕҢ ү с т. *Үстінде бешпенті бар, бешпент киген.* Әшір мен Айназар екеуі де *бе ш п е н т ш е ң,* асықпай алшаңдап басып, сөйлесіп, ақырын күлісіп көлденең жатқан Алатауды беттеріне ұстап келеді (С. Сейфуллин, Шығ.). Уряднік үйінде түрегеп жүр екен. *Бе ш п е н т ш е ң,* жалаңбас, үсті-басы саусылдаған шен (Бұл да).

БЕШПЕТ з а т. с ө й л. Бешпент. Мұхит ән салып, қыздардың орамалына кестенің, *бе ш п е т,* шапандарына зердің оюын ойып беріп, басқа дүниеге тіпті бұрылмай бара жатқаны әкені недәуір ойландырады (А. Жұбанов, Замана бұлбұл.) Әлекеңнің түйе жүн *бе ш п е т* киген кең жаурыны мен сары аттың бұлкілдеген сауыры да қоңырқай түзде көз ұшына барғанша көрінді де тұрды (Ғ. Орманов, Жүрек).

БЕШПЕТШЕ з а т. *Бешпенттен шағындау тігілген сырт киім.* Генерал-губернатор кеңсесінің қызметкері болғандықтан шығар сыпайы киініпті. Китель формалы тік жаға *бе ш п е т ш е с і* мен шалбары биязы асыл матадан (Ж. Тілеков, Жоңғар даласы.).

БЕШПЕТШЕҢ ү с т. с ө й л. Бешпентшең. Ербол *бе ш п е т ш е ң* күйде, жаңағы әйел отырған жерге жүресінен отырып, еңкейе берді (М. Әуезов, Шығ.).

БИ[1] з а т. к ө н е. 1. *Дау-жанжалға билік айтушы үстем тап өкілі.* Түбінде

баянды еңбек егін салған, Жасынан оқу оқып, білім алған. *Би* болған, болыс болған өнер емес, Еңбектің бұдан өзге бәрі жалған (Абай). Күләймені әкесі малға сатқан, Құдай деп, құда болып бата айтқан. Әрі малды көбейту мал үстіне Әрі *би* боламын деп қарғыс атқан (С. Торайғыров, Шығ.). Қазақтың есім ханы болған кезде, Жау жорық жапан түзге толған кезде. Болыпты Монтай атты бір әділ *би* Руы ойбас қыпшақ орта жүзде (И. Байзақов, Шығ.). 2. *Устем, басым, қожа.* Елінің еркегінен қатыны *би*, Киргені қараңғылық кепеден үй. Болған соң еркегінен дәрежелі, Әйелі ізет тұрып қылмайды сый (Айтыс). Айналаңа өзің *би*, Алған кісің малды адам. Жылулары сол ылғи Жас көңілге арнаған (Ғ. Орманов, Шығ.). 3. *Шашка ойынында клетка бойымен бірінші қатардан орын алып, өзіне жол ашу.* Садыққа: — Иә, иә, мен оңай беріспеймін. Сендер оқысаңдар, мен тоқыдым,— деді де, Орекең қос үйдегі тасын *биге* бір-ақ шығарды,— енді ұтылдың бала,— деді (М. Сәрсекеев, Жетіжылдық.). ◆ **Өзі би, [өзі хан]**. *Өз билігі өзінде.* Сейтіп қатын-баласының арасында бетінен қағатын, алдына шығатын бір жан жоқ, *өзі би. өзі хан* боп, саңқылдап сөйлеп отыр (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). Өзің *бисің* әрине, Өз басыңның еркіне. Ішін лайық болсын тек Сырты өзгерген көркіне (С. Сейфуллин, Өлеңд. мен поэм.). **Төбе би.** *Қызметі жағынан жоғары, бас би.* Абайды танып алған соң, амалсыз келіп шербешнай съезге оны *төбе би* қып жандарал өзі ұсынады (М. Әуезов, Әр жыл.). Съезде *төбе би* сайланған Абай әділ билік айтып, озбыр топтың аузын аштырмапты («Қаз. әдеб.»).

БИ[2] з а т. *Музыка, ырғаққа сай дене қимылымен бейнелейтін өнер түрі.*— «Ehe! Мынау күшті күй. Жаңғырықты Алатау, Жер солқылдап билеп *би*, Естімеген үн екен (І. Жансүгіров, Поэм.). *Биге* жиі шақырады, Қоштамаймын мен неге? Айтылған жоқ сырдың бәрі Жымиясың сен неге? (М. Әлімбаев, Лирика). Байқаған кісіге жеке ария, *биге* қосылған күй, әуенді хорлар өзара жымдасып, тілдесіп кісіні біртүрлі музыка дүниесіне билейді (М. Қаратаев, Туған әдеб.).

БИ[3] з а т. *Араб алфавитіндегі «б» әрпінің айтылуы.* Әлиф дек ай йүзіне ғибрат еттім, *Би* — Бала'и дәртіна нисбәт еттім (Абай, Шығ.). ◆ **Әліп би.** *Араб жазуының әліппесі.* Оқыдым сабақ алып *әліп биден* Дәрісті дәрежелі сүйген көңілім. Оқуды он бес жылда тәмәм қылдым, Сұрасаң мән-жайды біздің күйден (Аманкелді, II кітап). Мұқатайдың беті бір қуарып, бір қызарып баяғы әліп *би* оқыған молда алдындағы айыпты баладай болды (І. Жансүгіров, Әңгім.).

БИ[4] з а т. *Емес мағынасын білдіретін -сыз, -сіз қосымшаларының орнына жүретін түлға. Би* қисап ол жайлауда жердің шөбі; Көрінбес кірсе ішінен малдың төлі. Айдын көл айналасы, ат шаршарлық, Көркейтіп жазғы жауын жердің өңін (С. Торайғыров, Шығ.). Түземни деген мектеп мұғалімі таза надан, дүниеден *би* хабарлар («Айқап»).

БИАТЛОН з а т. с п о р т. *Шаңғы үстінде мылтықпен нысанаға көздейтін спорт ойыны.* Алматыда республика мектеп оқушыларының қысқы спартакиадасының программасы бойынша *биатлон* қос сайысының бастапқы байқау жарысы аяқталды («Спорт»). Бәрінен де қысқы *биатлон* қос сайысы қызықты өтті. Бұны — жарыстың ең қиын түрі деуге болады («Лен. жас»).

БИАТЛОНШЫ з а т. *Биатлон спортына қатысушы адам.* Ленинградта өтетін шаңғышылар, конькишілер, *биатлоншылар*, мәнершілер, трамплиннен шаңғымен секірушілер, шаңғышылар жарыстарында республика намысын 65 спортшы қорғайды («Спорт»). Биылғы жылғы ойында қазақстандық *биатлоншылар* жалпы командалық бірінші орынға ие болды («Лен. жас»).

БИБАРАҚАТ ү с т. *Жайбарақат.* Құныс *бибарақат* жортып-ақ жүр екен жол үстінде...—Хакім сөзін тауыспай орнынан тұрып кетті (Х. Есенжанов, Көп жыл.).

БИБАС с ы н. *Бейбас, әдепсіз, тәртіпсіз.* Қараша би Асылайға келген екен, Арқа жұрт Алатаудан төмен екен. Ұлы жүз өзі *бибас*, сұғанақ жұрт, Баламды жібермеймін деген екен (Айтыс).

БИБАУЫРМАЛ с ы н. *Бауырмал емес, жат бауыр.* «Интернационалды» білім кеңесінің теріс аударуын Сәкен орынды айтқан болса, ешкім білім кеңесінің *бибауырмалы* дұрыс деп айтқан жоқ. Сондағы газеттерді оқыңыз, әм Мұқаметжан Сералыұлының сөздерін оқыңыз (С. Сейфуллин, Шығ.).

БИБЕКЕР үст. көне. *Текке, босқа, бекерден-бекер.* Сынаудың жоқ бұрысы-ай Сынаудың осы дұрысы-ай. Жалдай қойсаң егерде, Берекет елден шын кетер. Халқыңнан бақыт күн кетер, Жалдаймын деме *бибекер* (Батырлар жыры).

БИБЛИОГРАФ зат. 1. *Библиография жөніндегі ғалым маман.* 2. *Совет библиографиясы мен кітапхана мекемелеріндегі қызмет атауы.* 3. *Библиография құрастырушы.* Кейбір институттың өндірістен қол үзбей оқитын бөлімі де бар. Ол көпшілік ғылыми және техникалық кітапханалар үшін жоғары білімді кітапханашылар-*библиографтар* даярлайтын бөлім («Лен. жас»).

БИБЛИОГРАФИЯ зат. *Баспасөз шығармалары жөнінде хабарлама-мәлімет беретін және насихаттайтын ғылым.* Мәдениеттің аса маңызды салаларының бірі — *библиография.* Біздің елімізде Совет өкіметінің алғашқы жылдарында-ақ *библиография* ісіне саяси үлкен мән берілген-ді («Қаз. әдеб.»). Шынында *библиография* дегеніміз әлдеқандай тізім емес, көздің майын тауысып, көмескі тартқан ескі қағаздарға үңілумен жасалған ғылым («Қаз. әдеб.»).

БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ сын. *Библиография мәселелеріне тән, лайықты, сай.* Павлодар облысындағы кітапханаларда *библиографиялық* шолулар, оқырмандар конференциялары жиі өткізіледі, кітап көрмелері тұрақты жұмыс істейді. («Халық мұғ.»). Кітап палатасының көптен толғанып жүрген бір үлкен ойы бар. Ол — революциядан бұрын басылып шыққан әдебиеттердің толық *библиографиялық* көрсеткішін жасау («Мәдениет және тұрмыс»).

БИБЛИЯ зат. діни. *Христиан діні туралы кітап. Библиядағы* аңыздарды, ертедегі мифтарды, әңгімелерді пайдалана отырып, тағы да ана даңқын ардақтамақпын («Лен. жас»). Табытты көрге әлі түсірмепті, пастор мақамдап *библия* оқып тұр, оның қасында жаңбырдан қалқалап қол шатыр көтерген мүрдеші көрінеді («Лен. жас»).

БИ-БОЛЫСТАР зат. *Ел билеуші топ, үстем тап өкілдері.* Қазақтың *би-болыстары,* бай-феодалдары және бірқатар оқығандары Сералинге қарсы болады (Б. Кенжебаев, XX ғ. дем. жазушы). Елдің ақсақалдары, *би-болыстары* мен атқа мінерлері оңаша үйге түсіріледі (М. Танекеев, Қажымұқан). Бұрын әншілер кертартпалық әрекеттерді дәріптеп, бай-манаптарды, *би-болыстарды* мадақтап өлеңге қосты ((К. Әзірбаев, Шығ.).

БИБІ зат. көне. *Қожа-молдалардың бәйбішесі.* Гүлханым: Түсіндік жаңа ғана жайыңызға, Қайтесіз босқа ертіп маңыңызға. Ертіп барсаң, бұл ісің қалай іс деп, Үйде *бибің* кетірер жайыңызды (Айтыс). *Бибіміз* тегін қызды күндемейді, Алдың деп мұны қайдан үндемейді. Батыр бір оқ, бай бір жұт — бәрі кетер, Дүниенің байлығы — тілде дейді (Бұл да). Қожа Ахмет Яссауидің қасында өрнектелген ағаш қоршау бар, ол — Яссауидің *бибісі* жерленген орын дейді (О. Дастанов, Әулиелі жер.).

БИҒАМ үст. сөйл. Бейғам. Майдан жырын жырлаймыз, Жырымыз таңғы сигнал. Біздер *биғам* тұрмайсыз, Әлі бар жау, әлі бар (Б. Майлин, Шығ.). Ah! Не шара!? Таң алдында күндізгі бітімнің құр алдап, *биғам* қылу еңдігі көріне бастады (С. Торайғыров, Мағынасыз.).

БИДА зат. сөйл. Бұйда. Інгенді қуып жетіп, *бидасынан* ұстамасаң мені елең етер түйе емес, тізесімен қағып, тоқтамай барады (С. Бақбергенов, Қарға там.).— Ойбай-ай, ойбай, енді қайттім, мына жайрағыр, *бидасын* үзіп кетті-ау! — деп байбалам салып келе жатқан дауысын естідім (Бұл да).

БИДАЙ[1] зат. 1. *Астық тұқымдас өсімдіктер туысына жататын, ең маңызды тағамдық дақыл.* Қалует бұл араға әлгіде ғана келген-ді. Қолында тамырымен суырылған бір тал жас *бидай* (Ғ. Сыланов, Шалқар). Е витамині дәнді азық пен көк шөпте көп болады. Ол, әсіресе *бидайдың* бас жарған ұрығында көп,— дейді (Құс өсіруші.). Жапырағын жазды жас *бидай,* Бейнебір жасыл көгершін. Қыз келеді қызыға Аралап балғын көк ішін (Ә. Сәрсенбаев, Миллиард.). 2. *Өнім беретін дақылдардың тұқымы, дәні.*— Қайқы бел қара айғырға жыл он екі ай бөктіріп *бидай* беріп, шылқытып көкпар шапқаннан басқа ермегі жоқ (А. Сүлейменов, Бесін).— Антон Александрович, біздің колхоздың табысы өз алақаныңызда. Өткен жылы әр еңбеккүнге үш килограмнан *бидай,* сегіз сомнан ақша бөлінді (М. Мырзақұлов, Ақық). Шаруаға қан-

дай қымбат жалғыз *б и д а й*, Көтеред оны жерден көзі қимай, Егеді жерін тауып өзі ғана Өседі сол бидайы жерге сыймай (А. Лекеров, Өмір оты). ◆ Бидай өнді. *Аққұба, ашаң жүзді.* Елемес көзі жайнап, аққұба *б и д а й өң і* күреңіте қалып, жұқалтаң жазық қабағын сәл шытып, шырт еткізіп таңдайын қақты (С. Омаров, Қайырлы жаз). Бізге өзбектің ала жолақ батсайы кейлегін киген, қос бұрымын бос жіберіп өрген, *б и д а й өң д і*, әдемі, аққұбаша қыз кезікті (Қ. Сәрсекеев, Кілт). Басын қырықтың қырауы шалған, орта бойлы, *б и д а й өң д і* байсалды кісі байыппен сөйлеп, шаруашылық жайлы көптеген келелі әңгімелер айтты («Лен. жас»).

БИДАЙ [2] з а т. *Жастық, ішік сияқты заттардың тысының астынан салынатын бір қабат шүберек.* Айжан ләмбік аталатын матадан *б и д а й ы н а* түйенің жүнін салдырып сырыған желет тіктіріп, әкесінің үстіне жапты (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз).

БИДАЙДАЙ с ы н. *Бидай тәрізді, бидай сияқты.* Әр руы өз алдына бір тайпа ел болып күнін көрген, жерге төгілген *б и д а й д а й* шашырағаң қалың қазақ, бір тудың астына жинала ма, жиналмай ма, бұған үш батырдың үшеуі де күдікті еді (І. Есенберлин, Қаһар). ◆ Майлаған бидайдай. *Майға қуырғандай, жып-жылтыр.* Жас шамасына қарағанда, сол елудің есігінде жүрген адам, өңі *м а й л а ғ а н б и д а й д а й* күреңіте жылтырап тоқтық байқады (О. Әубәкіров, Ұзын сөз.). Комдивтің *м а й л а ғ а н б и д а й д а й* жып-жылтыр қызыл күрең өңі бұзылып, беті оқыс жыбырлап кетті (С. Бақбергенов, Қарға тамған.).

БИДАЙЛЫ с ы н. *Бидайы мол, көп.*— Хоколдардың *б и д а й л ы* болатыны жалғыз жерінің жақсылығынан ғана емес, онда басқа да мән бар,— деп қойды Бөйес үлкен бір сыр аңғартқандай (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). Күй сазына елжіреп, *Б и д а й л ы* қалың бел түрды (Ж. Саин, Шығ.).

БИДАЙЫҚ [1] з а т. *Көп жылдық астық тұқымдас жабайы өсімдік.* Сүйемін сені, Ақ Жайық, Жағаңда жанмын жаралған. Егін, ну, жасыл *б и д а й ы қ*, Далам да сенен нәр алған (Ж. Молдағалиев, Жиырма бес). Самал шайқаған жазғы таңда *б и д а й ы қ*, бетеге ырғалып, боз жусан мен изен, шытыр шайқалып тұр («Лен. жас»). Толқынның құлағына даланың самал желі тербеткен сұр бетеге, ақ *б и д а й ы қ* пен көк қияқ, сары сүттігеннің сылдыр-сылдыры келеді (Ө. Қанахин, Жас дәурен).

БИДАЙЫҚ [2] з а т. *Тұрымтай, қаршыға тұқымдас жыртқыш құс.* Бүркіт, қаршыға, қырғи, *б и д а й ы қ* сияқты қыран құстарды баулып, бабын тауып аң, құс алдыратын адамдарды қазақта құсбегі деп атайды (Ш. Айманов, Қыран тур.). *Б и д а й ы қ т ы ң* орнына қарға-құзғын қона алмас (А. Тоқмағамбетов, Шығ.).

БИДАЙЫҚТАЙ с ы н. *Бидайық сияқты, тәрізді.* Күшеніп тұр бұл кезде, Қуатты оңай көрмесін. Мінсіз болса шаруамыз. *Б и д а й ы қ т а й* бұлтылдап Құлашты көкке сермедім (Қ. Жапсарбаев, Өлеңд.). Тұлпардай жерді шарпып шаңды шашып Бүркіттей жем бер деген қыран алды. Бұлтқа ұялаған *б и д а й ы қ т а й*, Көк қыран аспан қырын самғағаны (К. Әзірбаев, Шығ.). ◆ Бидайықтай қуырды. *Жанын алқымға алды, қысты.* Аталғанның ішінде Кәрім тілмаш, Кенебай жасауыл, Жұмағазы деген мал докторлары болып, елді *б и д а й ы қ т а й* қуырды (І. Жансүгіров, Шығ.).

БИДАЙЫҚТЫ с ы н. *Бидайығы мол, көп.* Көп жылдан қонар көлі де, ұшар көгі де Електің Ақ Жайыққа құяр сағасынан бастап, Нарын құмы мен Үшөзеннің малға жайлы, *б и д а й ы қ т ы*, бозды шалқар жағасы болатын (І. Есенберлин, Қаһар).

БИДАЙЫЛА е т. *Бидайы салу, бидаймен қаптау.* Төсек салатын жерлерінің төр жағында жинаулы, бір-екі жамаулы ескі көрпелер, қоңыр қызыл шүберекпен *б и д а й ы л а ғ а н*, жүні үгілген кішірек екі жастық (С. Сейфуллин, Шығ.).

БИДОН з а т. *Металдан, пластмассадан жасалған тікшелеу келген, тұтқалы ыдыс.*— Кеше бір *б и д о н* сүтті көтеріп келгенде, мықты екенсің,— деп өзің айттың ғой («Лен. жас»). Розаның үстінде қолпылдаған кең ескі куртка, басына ақ орамал тартқан қолында сырлы кішкене *б и д о н* (Т. Ахтанов, Махаббат мұңы). Тасып жатыр тәтті сүт, ырыс, құт. Тізген *б и д о н* кілегей (З. Қалауова, Таңд.).

БИЕ з а т. *Жылқы малының құлындайтын аналығы.* Сейсенбі бейсенбіге ауған шығар, Сәрсенбіде сәт болып тұрған шығар. Қан болса, шынтағынан екі қолың Әжі төрең тойына *б и е* сояр (Батырлар жыры). Мал сауған қатындар, *б и е* ағытқан қыз-келіншек, асыр салған балалармен ауыл іші базардай қайнап жатыр (Б. Майлин, Шығ.). Мұсақұл меншігіндегі торы *б и е с і н* ертеп мініп, не жылқылы ауылға, не қойлы ауылға тартып кететін әдеті де бар (Ә. Сатыбалдиев, Ақмарал). ◆ **Бес биенің сабасындай.** *Мол денелі, ет-жеңді.* Жеңешем көзің де, көңілің де тоятын *б е с б и е н і ң с а б а с ы н д а й* бәйбішеге айналды («Лен. жас»). **Бие байлады.** *Қымыз ашыту үшін желіге құлын байлады, бие сауды.* Қандырдым қымызыма шахтерімді, Нұраның жағасына *б и е б а й л а п.* Кім айтқан егін салсаң, мал бақпа деп, Қораңда өліп жатқан анау қай лақ? (Айтыс). **Жаз келді жылдағыдай қайта айналып, Жайлауға көшіп кетті ел сайланып.** Көгалға желі тартып, *б и е б а й л а п,* Бестомар өңіріне қонды барып (С. Омаров, Сәукен). **Бие сауым жерде.** *Қашықтықта емес, ауыл маңы.* Әріп жүдеп келе жатқан Бүркіттің көңлін тапқысы келіп, атын бір тебініп қалды да: *«Б и е с а у ы м ж е р д е* Төкежан аулы бар»,— деді (І. Есенберлин, Қатерлі өткел). **Бие сауым уақытта.** *Сауым аралығындағы мерзім, мөлшер.* Жуыну—жүз минут, тарану—табандай бір сағат. Жағасын жарты сағат шұқылап, айна алдында *б и е с а у ы м* уақыт тұрып алады (І. Жансүгіров, Әңгіме).— Әй, жастар-ай, өмірге жеңіл-желпі қарайсыңдар-ау! Бір минут тілге келіп, *б и е с а у ы м у а қ ы т т а* үйлене саласыңдар («Лен. жас»). **Мама бие.** *Сүтті мол беретін қоңды бие.* Тағы да тілек тілеймін. Айғыр берсең байсалды, Үйірі толған байталды. Өңкей *м а м а б и е м е н* Сауған сайын иіген (С. Сейфуллин, Шығ.).

БИЕ БАУ з а т. *Көкорай шалғынды, шөбі шүйгін әдемі қоныс.* Желіде тұрған сауым бие жайылып семіретін болғандықтан — *б и е б а у* аталған. Бұл бие бақшасы деген ұғымды білдіреді (ҚСЭ).

БИЕДЕЙ с ы н. *Бие сияқты. Б и е д е й* оқыранып құлындаған Ананың ауру жаны дуылдаған. Өмірден усыз жастың уыз ойы, Ананың анау сөзін ұғынбаған (І. Жансүгіров, Шығ.). *Б и е д е й* иіп тұрған сүтін сауған Құнарлы қарт, бурыл бас Алатаудан Жеті су саулай ағып жарысады, Жартасты жарып, қарғып құз-қамаудан (С. Мұқанов, Шыңнан шыңға).

БИЕЛІ с ы н. *Биесі бар, бие ұстаған.* Көк орайға қонады, Саумал ішкен *б и е л і.* Жібектен қылған киімді Тапқан кісі киеді (Қамбар батыр). Шинелін жастық ете қисайған өзінің кәдімгі ала *б и е л і* жасақшысы босаға түбінде қор ете түсті (Х. Есенжанов, Тар кезең).

БИЕМШЕК з а т. *Биенің емшегіне, сәбізге ұқсас тәтті өсімдік.* Қаз жайған балалардың үндері айдаладан естіледі. Балалар *б и е м ш е к* пен түйетабан қазып жүр (Х. Әбішев, Аспан сыры). Жол бойындағы бір құм етегінен *б и е м ш е к к е* кездестік. Дәмі қант татиды (Ө. Қанахин, Жер бас.).

БИЕШІ з а т. *Бие сауатын адам.* Исабек байдың түйешісі едім, Мұсабек байдың *б и е ш і с і* едім. Қалберген қажының есігіндегі Қара қазаншысы, күйешісі едім (І. Жансүгіров, Шығ.). Күндерде бір күн Еспенбет Желінің келді басына. Бие ағытып жатқанда, *Б и е ш і н і ң* қасында Ақбөрте құлын ойнап тұр (Үш ғасыр.). Бірінші *б и е ш і н і ң* айтқан сөзі:— Болған істі айтуға келді кезі. Мұрным қанап байқамай сүтке тамды, Төкпей құйдым сабаға қимай көзім (Е. Бердин, Қанды асу).

БИЖАЙ ү с т. с ө й л. **Бейжай.** Басылды да ойран-бүлік, Дүние *б и ж а й* тұрды тынып. Жүзін тосып нұр шапаққа Ана алдымда тұрды күліп (А. Жұмағалиев, Өшп. жалын). Жаңа жыр — жаңа бөбегім, Қош алсам *б и ж а й* кеше ме? Ләззаты қандай өленнің! Шықтым мен шалқып көшеге (Ж. Молдағалиев, Жиырма бес). Қырық пар отты көз күлімдеп, Қырық пар оқтай қадалса. Тарлан жүрек бүлінбей, Жақсы ғой *б и ж а й* қала алса (Бұл да).

БИЗОН з а т. *Қуыс мүйізділер тұқымдасына жататын жабайы сиыр. Б и з о н* — өте ірі жануар (ҚСЭ).

БИКАРБОНАТ з а т. х и м. *Көмір қышқыл тұздары. Б и к а р б о н а т т а р д ы ң* көпшілігі суда еритін түссіз кристалды заттар (ҚСЭ). Аммоний *б и к а р б о н а т ы н ы ң* ауада тез бұзылатындығы оны

мал шаруашылығында қолдануды қиындата түседі (Н. Рақышев, Күйіс малы).

БИКЕ з а т. **Бикеш.** Кейбір мінездеріне қарап әйелімді «Түрпі *б и к е*», *я* «кірпі *б и к е*» дегім келіп-ақ тұрады. Амал қанша олайша айтудан қорқам — дейді Шапағат (Ғ. Сыланов, Домбыра.).

БИКЕШ[1] з а т. *Бой жеткен қызға, жас әйелдерге сыпайыгершілік, сыпайылық білдіріп айтылатын сөз.* Қашаннан Есіл, Нұра сыр өзегі, Шарықтап көк шалғынын жыр кезеді. Көкорай көйлек киген қос *б и к е ш т і* Келді ғой әнге қосар бір кезегі (Айтыс). Ай менен сұлулыққа күндей болсаң, Құрайтын үш күн жайнап гүлдей болсаң. Қала ма қасиетің, сұлу *б и к е ш,* Еңбексіз ел алдында түндей болсаң (Бұл да).

БИКЕШ[2] з а т. а с т р. *Шоқжұлдыздың бірі Б и к е ш* шоқжұлдызында күзгі күн мен түннің теңелу нүктесі орналасқан (ҚСӘ).

БИКҮНӘ и р. с ы н. с ө й л. **Бейкүнә.** *Б и к ү н ә,* балғын, ғажайып ұл мен қыздардың Көктемнің көркем балалық махаббаты бар (Ә. Тәжібаев, Шығ.). Болғалы тұрған жанталас қырғын үстінде *б и к ү н ә* жазым болып кетер деп аяды ма, кім білсін — Әзмұратов Жанғожадан көзін алмай қарады (Х. Есенжанов, Тар кезең).

БИҚАСАП и р. а р. з а т. *Енсіз жібектен тоқылған жолақ мата, кездеме.* Ана тау, мына таумен Оралма тау, Жарасқан *б и қ а с а п қ а* жібектен бау. Отырсаң дауысымнан шырамытып, Сол айтқан Әзілкешің болармыз-ау! (Айтыс). Сұр *б и қ а с а п* көйлегінің етегі бір көш жерде; қара сахтиян мәсісінің бір басы ғана болар-болмас қылтияды (Ө. Қанахин, Жас дәурен). Сырымбет биік ауыр қатар кезең, Жарысып таудан құлай аққан өзен. Ұқсаған *б и қ а с а п қ а* көк шалғыны, Көк орай, қайың мен тал — бәрі де әсем (Қаз. әндері).

БИЛАЖ и р. а р. ұ с т. к і т а б. *Лажсыз, еріксіз, амалсыз.* Кім айтса, соны қостар сырттағы адам, Бихабар жүргеннен соң хикаяттан. «Бәрі — ашар, түлкі — көмер» — деген нақыл *Б и л а ж* перде ашылды бұл ұяттан (Айтыс).

БИЛЕ[1] е т. 1. *Биді орындау.* Көкшеде көп жұмбақ бар ойланатын, Қияға қақтыратын ой қанатын. *Б и л е с е* бикештердей қайындар бар, Ел оның «Биші орман» деп қойған атын (С. Мәуленов, Жаңа арна). Қарап саған ойда, қырда тұр халық, Қыз-жігіттер *б и л е п* те жүр ырғалып. Кемпірлер де неге жатсын үйінде, Дәл бүгінгі шапулардан құр қалып (Х. Ерғалиев, Біздің ауыл.). Бастарыңды құрап ал, Тізбектеліп тұра қал. Жұрт тыңдасын тамсанып, Би *б и л е й і к,* ән салып (Ө. Тұрманжанов, Менің кітаб.). 2. А у ы с. *Бәйек болып жорғалау.* Төре көрсе, жалаңбас шұлғып *б и л е п,* Бәйек боп, өтірік мақтанатын, Қорқайын ба, ұлыққа айттым сүйдеп (С. Торайғыров, Шығ.). ⊙ Ойнаса толқын үйіріп, Балапан құрақ иіліп, *Б и л е й д і* желпіп шашағын, Тербейді тағы жас ағын (Ә. Сәрсенбаев, Үйрек жұтқан.).

БИЛЕ[2] е т. 1. *Билеп-төстеу, басқару.* Біріксең кедей, *б и л е й с і ң.* Байды жұнғып илейсің. Кедейді демеп сүйрейсің, Жауды жаншып түйрейсің (Б. Майлин, Шығ.). Жазғаным елді біраз *б и л е г е н і м,* Таңдарды ұлықсығап илегенім. Әйел мен кедейлерге теңелдің деп, Оларды өрге қарай сүйрегенім (С. Сейфуллин, Өленд.). Қарын тоқ, қалта толы, Балдызы бір оязды *б и л е п* тұр. Надан Малқардың шалқымасқа тіпті шарасы жоқ (Ғ. Мұстафин, Дауылдан кейін). Адамын фермадағы *б и л е й д і* екен, Жатып ішкен жалқауды сүймейді екен. Қорасын түнде тұрып үш айналып, Жар құлағы жастыққа тимейді екен (Ақын жырлары). 2. *Ырқына көндіру, бағындыру.* Айтты ұлы адам дүниеге: — Өмір өспес бастай білсе. Жібермеңдер, еркін *б и л е,* Жұмыр жерді өз бетінше (Қ. Аманжолов, Шығ.). Әжібай қазір, міне он сегізде, Әкесін *б и л е п* алған осы кезде. Әке-шеше, қатынды жан деместен, Қырындап қызды ауылды болған кезбе (С. Торайғыров, Шығ.). Толқын *б и л е п* туған ана сезімін, Жанарына жас іркіліп көзінің: Нотариусқа ертіп барып бір күні, Фамилиясын жаздырды оған өзінің (Д. Әбілев, Алтай асу.). ◆ **Бойын биледі.** *Бойды жеңді, ырық бермеді.* Мен айттым, жау шапса да жетпейміз деп, Барады ұйқы қыстап, *б о й ы н б и л е п.* Жылқыны сендер айдап жөнеле бер, Қысылсаң ертең түсте жетем іздеп (Батырлар жыры). Жүрегін тоқтатты да, шапты айбат, *Б о й ы н* бір *б и л е г е н д е й* тасқын қайрат. Жарасын көзбен көрген кісен салып, Артына қайырғанда қолын байлап (Д. Еркінбеков, Шығ.).

БИЛЕГІШ[1] с ы н. *Басқарғыш, меңгергіш.* Нерв жүйелері мен оның орталық

б и л е г і ш органы — ми болмаса, барлық органдарымыздың да жұмысы тоқтап, өмір тіршілігі болмас еді (М. Қайрақбаев, Ескерм. ауру.).

БИЛЕГІШ[2] с ы н. *Биге әуес, биқұмар.* Жан емес Ақан, сірә, жабырқағыш, Жүрегін езген әлгі, зәбір-запыс. Сауықшыл жас еді ғой, жаны сері, Әзілшіл, *б и л е г і ш* те, ән шырқағыш (Қ. Бекхожин, Үш кезең).

БИЛЕН е т. *Биле етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Би *б и л е н і п* музыка ойнап, Кеме үстінде қызды сауық. Кеме өзенді сүзе бойлап, Ырғалады ауық-ауық (Т. Әлімқұлов, Боз жорға). Тапсырылды емтихан да ақырғы, Ойын-сауық өңшең жасты шақырды. Би *б и л е н д і,* әсем әндер шырқалды, Бал қызыққа мейірлері бір қанды (С. Сейітов, Жаңғырық).

БИЛЕНУ *Билен етістігінің қимыл атауы.* Төрт-бес кісі сотталып, Сол бойымен топталып, Түрмеге қарай кеткені. Қолдан-қолға суйрелу, Иесі сыртқан *б и л е н у* (Ақын жырлары).

БИЛЕП-ТӨСТЕ е т. 1. *Үстемдігін жүргізу, бағындыру.* Шешесі сауатсыз болса да, елді кімдердің *б и л е п - т ө с т е й т і н і н е* көзі анық жеткен анасы қызының сол аупартком, не ауатком мүшесінен іздегенін мақұл көрді (Ө. Қанахин, Жер бас.). 2. *Қақпай көрмеу, емін-еркін болу.* Қапыда өте шықты қайран жасым, Жүрмедің *б и л е п - т ө с т е п* жазған басым. Моншақтай мөлдіреген екі көзім, Келіскен кең мандайға қиғаш қасым (Х. Өтегалиева, Ана жыры). Досмұқамбетовтың ханшасы сүйекті, келбетті, ашық, *б и л е п - т ө с т е п* еркін сөйлейтін және әрі жиі, әрі қатты күлетін адам (Х. Есенжанов, Ақ Жайық).

БИЛЕП-ТӨСТЕГІШ с ы н. *Үкімін жүргізгіш, билегіш.* Джон Грэй Қазақ ССР халық артисі Шахан Мусиннің орындауында бөгде елді *б и л е п - т ө с т е г і ш,* меңмен, сонымен бірге айлакер Янкидің құдды өзі боп шыққан («Лен. жас»).

БИЛЕП-ТӨСТЕУ *Билеп-төсте етістігінің қимыл атауы.*— Мырзалар, сіздерге менің жерімді *б и л е п - т ө с т е у г е* кім право берді (А. Хангелдин, Өткен күн.). Жат біреудің өзін емін-еркін *б и л е п - т ө с т е у і н е* оп-оңай көне кетіпті (З. Шүкіров, Ізгілік іздері).

БИЛЕП-ТӨСТЕУШІ з а т. *Билеуші, басқарушы.* Американ *б и л е п - т ө с т е у ш і* топтары бостандық аралы Кубаға қарсы арандатушылығын тоқтатпай келеді («Лен. жас»).— Осы ауылды *б и л е п - т ө с т е у ш і* сен емес, ана суайт күйеу шығар, сірә, Жітіге саяқ деп бұл суайтқа әлгі жарапазаншы Қалекеш келіп қосылған (Х. Есенжанов, Көп жыл).— Ойбай-ау, біз келмейік дейміз бе? Бәрі сол корольдарыңызға, *б и л е п - т ө с т е у ш і л е р і ң і з г е* байланысты ғой! (Ө. Қанахин, Жер бас.).

БИЛЕС *Биле етістігінен жасалған ортақ етіс.* Аққу құстың тағы да, Көлдегі ойын сәніндей. Сыңқылдап, күліп, *б и л е с і п,* Қосылып айтқан әніндей (С. Сейфуллин, Шығ.). Еңкейіп иыққа иық тіреседі, Бұрыштап аяқтарын *б и л е с е д і.* Ұмтылып шаламын деп жігіт тартса, Дәу қара кейін қарай сіреседі (Ж. Саин, Күлөнда).

БИЛЕТ[1] *Биле етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Дүние мәңіп, жіпсіз ертіп ойымды, Кейде мүлдем тастайды естен тандырып. Бір ұйқыға *б и л е т е д і* бойымды, Әлде ұйықтап қалам ба екен мәңгілік?! (Н. Әлімқұлов, Алатау суреті.). Жүсіпбек әнге бар сезімін *б и л е т і п,* балқи отырып, түгел беріліп айтатын нәзік, сыршыл әнші («Қаз. әдеб.»).

БИЛЕТ[2] з а т. *Саяси-қоғамдық қатысқа байланысты берілетін сенім документі.* Ант еттің сен бейнесіне Ильичтің Қол ұшынан көрінді бір елестің. Қазір ғана жүрегіңе қондырған Күшін сездің партиялық *б и л е т т і ң* (Ә. Сәрсенбаев, Өлеңд.). Күрсініп, ойға шомып Омар сақа, Жұмарлап, *б и л е т т і* ұстап отыр қолға. Назипа тұңғыш қазақ қызы болар, Аттанған отарбамен ұзақ жолға (Қ. Тоғызақов, Өлеңд.). Майлыбаев майорды сағат алтыға жиырма минут қалғанда қайыққа *б и л е т* сататын касса алдында жолықтырды (К. Тоқаев, Тасқын).

БИЛЕТСІЗ с ы н. *Билеті жоқ, документсіз.*— Демьяныч! Ана қара! *Б и л е т с і з* өтіп барады!— деді де, ығынан мылтығын жұлып алып, Жайыққа қарай ұмтылды (Б. Аманшин, Жар мұңы).— Айнұр деймін, осы кешкі киноға кейбір балалар *б и л е т с і з* кіреді екен (С. Сарғасқаев, Көңілді бала.). Дүниеде еңбексіз жан дерексіз, Поездағы жолаушыдай *б и л е т с і з* (С. Сейітов, Жаңғырық.).

БИЛЕТУ *Билет етістігінің қимыл атауы.* Топ бастар серкеміз деп Әмірханды

Бет қойды *б и л е т у г е* мал мен жанды. Сыйса тек аз «соқырдың маңдайына» Тұғызған мұндай сирек арыстанды (И. Байзақов, Ақбөпе). Колхоз тізгінін сыналмаған сенімсіз ойға *б и л е т у* одан да қиын. Іш тек осыған ғана ашиды,— дейді Жақып (Ғ. Мұстафин, Миллионер).

БИЛЕУ *Биле етістігінің қимыл атауы.* Бағындырып *б и л е у г е* жатыр екен, Қапы жоқ, қатері жоқ жау патшасы. Албырт шықты қолымен биік тауға Хабар салды шықсын деп жеңген жауға (Н. Ахметбеков, Аманкелді). *Б и л е у і ң* — алдау, алдауың — қиянат, қиянатың — зорлық. Міне осы ғой жүз жылдан бергі дала салты (Х. Есенжанов, Тар кезең).

БИЛЕУШІ з а т. *Әмірші, бағындырушы.* Өз-өзінен *б и л е у ш і г е* табынады, Рақатты содан ғана тауып жаны. Дабырлап жиналыс болса, көзін жұмып, Мін көрсе сескенеді, тарылады (Қ. Бекхожин, Үш кезең). Россиядағы *б и л е у ш і* тап — помещик. Дворяндар болса, олардың өзі тұрмыс жағынан тең емес, әртүрлі жікке бөлініп, араларында алаяқтар ұлғаяды (М. Қаратаев, Туған әдеб.).— Көрмейсіз бе? Өңкей сұлтандар, ел *б и л е у ш і* әкімдер. Бәрі қашып, келіп жатыр елден (Б. Аманшин, Жар мұңы.).

БИЛЕУШІЛІК с ы н. *Әмір етушілік, үстемдік құрушылық.* Уставта: сұлтандардың қазақ үстінен қарайтын помещиктік немесе *б и л е у ш і л і к* правосы жоқ, заңдық жағынан олардың правосы басқа қазақтармен теңгеріледі (ҚазССР тарихы).

БИЛЛИАРД з а т. *Шариктермен ойналатын стол ойыны.* Айнагүл *б и л л и а р д т ы ң* шариғіндей зыр қағып, біресе Фрунзенің ана көшесіне, біресе мына көшесіне кіріп, бірақ сырқат жанның үйін еш таба алмай қойды (И. Жақанов, Қайта орал.). Колхоз клубында *б и л л и а р д* та, ондаған газет, журнал алып тұратын, мыңдаған кітабы бар кітапханасы да, аптасына үш рет кино көрсететін кинокөндырғысы да бар (Б. Тоқтаров, Қырандар.).

БИЛІК з а т. к ө н е. 1. *Билердің даугерлерге айтқан кесімі, төрелігі, үкімі. Б и л і к т і* дауласушы екі жақтың есінде қаларлық қастерлі сөз, келісімді мақалмәтелдермен дәлелдеп, қысқаша, айқын айту тәсілі (ҚСЭ). 2. З а ң. *Қылмысты іс жөнінде сот үкімі, шешімі.* Сот *б и л і г і н і ң* барлық буындары ішінде билер соты ғана сайланды, ал сот билігінің басқа органдарын патша әкімдері тағайындап отырды («Халық мұғ.»). Халық соты істі ақтара тексеріп, айналдыра қарап *б и л і г і н* шығарды (Б. Қыдырбекұлы, Шойынқұлақ). 3. *Жарлық, бұйрық, әмір.* Ұшады кептер талмай сермеп күшін, Тезірек ақ сұңқарды көрмек үшін. Жомарттың *б и л і г і н е* енді мүлде, Апарып өзін өзі бермек үшін (С. Сейфуллин, Өлеңд.). Ашуын үнсіз ғана тек білдіріп, Ызбарын көзбен қарап, кетті тұрып. Әлде бір несиесі бар адамдай Қараш та едірейді, етті *б и л і к* (Қ. Бекхожин, Үш кезең). «*Б и л і к* сенде, айт, балам, қашан көтергің келеді, сол күні мен де дайынмын!»— дейді (З. Шашкин, Сенім). 4. *Ерік, ықтияр.* Малда ерік, баста *б и л і к* қалмады. Бұғып жүрген болыстардың, ауылнайлардың аруағы көтеріліп, елге бата қимылдап, ақыра бастады (І. Жансүгіров, Шығ.). Ер басына жау келсе, Ерлігі кетер басынан. Би басына дау келсе *Б и л і г і* кетер басынан (С. Сейфуллин, Шығ.). ◆ **Билік айтты.** *Ақыл-кеңес берді, төрелік айтты.* Алысқанды айырмас ақыл беріп, Тырыспайды тануға жақын келіп. *Б и л і к а й т с а* екеуін бірдей құптар, Жұлысқанын молырақ мақұл көріп (Ә. Тәжібаев, Кешеден.). Жасынан *б и л і к а й т қ а н,* Майталманға лайық Олжабайдың ұлы еді. Ауылы қырғын тауып, қызы олжа боп, Ұлы өлсе, Олжабайдың құруы еді (І. Жансүгіров, Шығ.). **Билік берді.** *Бағыныштыны болды, билетті.* Малдыға изең қағып, көңілін бағып, Басымдағы елді алдың құр «алдалап». Тоқтам қыл, *б и л і к т і б е р,* мүшелерім! Осыны «ождан» сүймей жатыр зарлап (І. Жансүгіров, Шығ.). *Б и л і к б е р і п* біреуге, Аз нәрсеге алданба. Бетіңе болар кіреуке, Жалбақтап жоққа жалданба (Б. Кулеев, Таңд.). **Билік құрды.** *Басқарды, биледі, бағындырды.* Жұлдыздар жымыңдасқан сыр ұрлаған, Күні—патша *б и л і к құ р ы п* бұрылмаған (Қ. Бекхожин, Дала комиссары). Бұрын байлар *Б и л і к құ р ы п,* Жерге төңір Дәурен сүріп, Жүрген жайлап, Ұйықтап тұрып Еңбекші елдің есінде (С. Сейфуллин, Шығ.).

БИЛІКСІЗ с ы н. 1. *Келісімсіз, рұқсатсыз.* Болыстың өзі де Хамидолладан *б и л і к с і з* аяғын аттап баспайды деседі. Облыспен келіспей, *б и л і к с і з* кіріп кетпекпіз қалай? (Б. Тоғысбаев, Алдыңғы толқын). 2. *Өз басында ықтияры жоқ, ерік-*

сіз. «Ха-ха-ха! *Біліксіз* тек ұрғашы ма?— Дейді жел,— түсініп көр бұл қасырға! Қаңбақтай жел аударған, домалаған Халқының қандай ерік тұр басында?» (Ж. Молдағалиев, Жиырма бес).

БИЛІКШІ з а т. *Билік жүргізуші, басқарушы.* Үй ішіне қатысты ірілі-ұсақты мәселенің қандайына болса да *білікші* — шешем. Бәріміз соны тыңдап, соның ақылымен іс етеміз (Б. Соқпақбаев, Балалық шақ.).

БИМАҒЛҰМ и р. а р. е с. *Анық емес, белгісіз.* Қазақстанның мемлекеттік Кітап палатасына соңғы кезде Қазан қаласынан бұрын *бимағлұм* болып келген бірнеше ескі кітап түсті («Қаз. әдеб.»). Әкемнің мандай тері, еңбектің ащы тері сан мәртебе тамған топыраққа, өзіме әлі де *бимағлұм* талай-талай өмір сырын ұққым келгендей, тесіліп қарай берем (Ө. Қанахин, Жер бас.).

БИМАЗА с ы н. *Беймаза, мазасыз, тынышсыз.* Жаныңда жалын, бойыңда мол намыс, іске деген ынта бар екен. Мен өзім де сондайды жақсы көретін, *бимаза* адаммын (М. Иманжанов, Менің махабб.). Бұл өзі ебелектей ұшып қонған, ызақор, зар жақ, өте *бимаза* қыз (Ә. Көшімов, Қарт аңшы.).

БИМӘЛІМ и р. а р. с ы н. *Беймәлім, мәлім емес, белгісіз.* Келсе де көк найзадай қадалғысы, Сыр бермей суық көзі, қатал түсі. Сызы мол, салмағы ауыр алапаттың *Бимәлім* қала берді амал-ісі (М. Әлімбаев, Өшпес от). Ілияс ағайдың моласының басында белгісі бар ма, жоқ па, ол маған *бимәлім* (С. Омаров, Дала қызы). Инженердің ұйықтап отырғаны, ояу отырғаны *бимәлім.* Қабен бұл кісіні Мұнайлыға келген бетте білген (З. Қабдолов, Жалын).

БИМОРАЛЬДЫҚ с ы н. *Моральға жатпайтын, моральға жат; аморализм.* Мораль мәселесіне келгенде, төзімділік жасау қоғамды аздыратын құбылыс. Өйткені *биморальдық* жас ұрпақты жат жолға бастайды («Лен. жас»). Еңбек тәртібін бұзуда *биморальдық* жоқ. Сондықтан бұл мәселелер өз алдына бөлек талқылауды қажет еткен емес («Халық мұғ.»).

БИНОКЛЬ з а т. *Объектілерді бақылауға арналған оптикалық прибор.* Бауыржан қолына *бинокльді* алып қарап еді, жаумен екінші ротаның қатты атысып жатқанын және жаудың артиллериясы үздіксіз атып тұрғанын көрді (М. Ғабдуллин, Майдандас дос.). *Бинокльді* андасанда көзіне тақап, Махмет те жол жаққа қарап қояды. Тұманы сейіліп бара жатқан сол бір орман соншама таныс сияқты боп көрінеді (Ә. Нұршайықов, Махмет Қайырбаев).

БИНОМ з а т. м а т. *Әріптер арқылы өрнектелген екі санның қосындысы немесе айырымы.* Омар Хайямға Ньютон *биномының* формуласы белгілі болған, әрине, ол, бұл формуланы сөз жүзінде баяндаған (О. Жәутіков, Математика.). Нұрлан көңіліне келер деп ойлады.— Енді, міне, Ньютон *биномын* жаттауға ғана шамамыз келіп жүр (Ж. Молдағалиев, Сарарқа.).

БИОПА с ы н. к і т а б. *Опасыз, жалған.* Көңілім болды көп қапа, Тарттырды құдай көп жапа. Қарап тұрсам жұлмалап, Болғаның ба *биопа!* (Батырлар жыры). *Биопа* дүниеде ерге шықпай, Келіп пе ед, жарықтығым, үйде отырғың (Айтыс).

БИНТ з а т. м е д. *Жараны байлау үшін дәкеден жасалған таңғыштың түрі, жұқа мата.* Шағын аптечкада йод, жара таңатын *бинт,* термометр, кішкене іскек, қойдың тұяғын кесетін қайшылар болуға тиіс (А. Елеманов, Қой шаруаш.). Кузнецов жиналып жатқан Сергейдің аяғына қалың оралған *бинтті* алып жіберіп қараса, оң аяғының тізесінен төменгі жері қап-қара болып кетіпті (Ә. Шәріпов, Партизан.).

БИНТТЕ е т. *Бинтпен орап байлау, таңу.* Осы бір сөзім жылуы — Болатты *бинттеп* кеткендей, Қол табының қызуы — Шірене сыртқа тепкендей (С. Сейтенов, Бой жеткен.).

БИНТТЕУ *Бинтте етістігінің қимыл атауы.* Жараның аузын йодпен тазалап барып *бинттеу* түрлі инфекциядан сақтайды (Ауызекі тіл).

БИОГРАФИЯ з а т. *Өмір тарихы, өмірбаян.* Тарихты адам тағдыры арқылы беру, тарихи оқиғаларды нақтылы кейіпкердің *биографиясынан* өткізу біздің қол жеткен табыстарымызды айқындай түседі (І. Омаров, Серпін). Бейсеннің *биографиясын* өз аузынан айтқызуы арқылы сол өңірдің отызыншы жылдардағы ахуалы мен тың игерілген кезеңі салыстырылған («Қаз. әдеб.»).

БИОЛОГ з а т. *Биология ғылымының маманы.* Тесіне қадап келіпті Университет белгісін. *Биолог* жас жігітті Енді бала дермісің? (М. Әлімбаев, Құрбыма). Экспедиция он екі адамнан құралды, оның ішінде үш дәрігер, *биолог,* ботаник және этнограф бар («Лен. жас»). Бибінұр мектеп қабырғасында жүргенде химик те, *биолог* та, физик те, тіпті әнші де болғысы келді («Лен. жас»).

БИОЛОГИЯ з а т. *Органикалық қасиеттердің пайда болуы мен даму заңдылықтарын зерттейтін ғылым. Биология* ғылымының негізгі пікірін түсіну үшін жәндіктердің бақылағыштық қасиетінің дамуына сыртқы ортаның тигізетін әсеріне тоқталайық (М. Мұқанов, Бақылау.). Диссертацияның құндылығы теориялық жағынан *биологиядағы* қалыптасқан көп қағидаларды қайта қарауды керек ететінінде (С. Шаймерденов, Болашақ.). Бибі барлық пәндерден өте жақсы баға алып, университеттің *биология* факультетіне түсті («Лен. жас»).

БИОЛОГИЯЛЫҚ с ы н. *Биологияға жататын, биологияға тән.* Осы уақытқа дейін Оңтүстік аудандарда, әсіресе, Созақ, Қызылқұм аймақтарында осы қара сексеуілдің *биологиялық* қасиеттері, егу агротехникасы, себу нормасы кең түрде, тәжірибе жүзінде зерттелмей келеді (С. Әбдірайымов, Шөл жайылым.). Капустаның *биологиялық* күшті әсерін өзінде сақтау үшін оны консервілеу мен сақтау әдісінің де үлкен маңызы бар (С. Сұбханбердин, Өсімдік — дәрі.).

БИОМАССА з а т. *Белгілі бір жерде тіршілік ететін организмдер тобының жалпы массасы.* Қорек тізбегін құратын барлық түрлері жасыл өсімдік түзетін *биомассалар* есебінен тіршілік етеді (Жалпы биология). Шөп қоректі жануарлардың жалпы массасын бірнеше рет артық, ал қорек тізбегінің әрбір келесі буынының *биомассасы* прогрессивті түрде кемиді (Бұл да).

БИОСФЕРА з а т. а с т р. *Жер планетасының тіршілік тараған қабаты. Биосфера* тіршілігінің жоғары шегін сәулелі энергия, төменгі шегін — жер қойнауының жоғары температурасы [100°С] тежейді (Жалпы биология). Дүние жүзілік мұхитты *биосфераның* бір бөлігі ретінде қарау керек (Бұл да).

БИОХИМИК з а т. *Биохимия ғылымының маманы. Биохимиктердің,* физиологтардың қажырлы еңбектерімен көптеген жұмыстарын бір-біріне ұштастырып жинақтаудың арқасында ғана тірі клетканың ішіне үңіліп, оның аса нәзік структурасын, атқаратын қызметін анықтауға мүмкіндік туады (Т. Мұсақұлов, Ботаника).

БИОХИМИЯ з а т. х и м. *Жанды заттар мен өсімдіктер организміндегі тұрақты химиялық зат алмасу процестері жайлы ғылым. Биохимия* — өмірдің мәнін танудың ең сенімді әдісі және өмірдің қалай пайда болғанын ұғынудың әдісі (А. Қасымжанов, Диалект. заңдары). Азық асқазан жолымен жылжығанда механикалық, *биохимиялық,* микробиологиялық ұқсатудан өтеді (Құс өсіруші.).

БИОХИМИЯЛЫҚ с ы н. х и м. *Биохимия ғылымына тән, жататын.* Тіршіліктің негізі — зат алмасу процесімен байланысты организмнің қызметі, құрылысы, *биохимиялық* процестері бір-бірімен ұштасып жатады (Қ. Нұрматжанов. Гистология.). Ауру мал денесіндегі *биохимиялық* өзгерістерге, айталық, туберкулез қоздырғышының әрбір типі тудыратын *биохимиялық* өзгерістерге назар аудара бастады (Малды туберк. сақта).

БИПАЗ с ы н. 1. *Икемді, ыңғайлы.* Жаңа жеңгемнің ісмер *бипаз* қолы жыртық-жәутік ескі бұйымдарды да қағып-сілкіп, жаман-жасқап жаңғыртып, тәртіптеп кәдеге жарата бастады (Б. Соқпақбаев, Балалық шақ.). Жеңгемнің *бипаз* қолы тамақты да дәмді етіп істеуші еді. Ол қуырған арпа-бидай ешуақытта жалындамайды, бадырайып әдемі қуырылады (Б. Соқпақбаев, Бастан кешкен). 2. *Биязы, сыпайы.* Айшаның өзі де әйелдің сүйкімдісі. Мінезі қандай биязы, *бипаз* болса, тілі де сондай жұмсақ, майда (З. Шашкин, Теміртау). — Оның бәрі рас қой, қажы,— деді Жәмпейіс — сонда өзің сипаттап отырғандай тәрбиелі, *бипаз* қызды қайдан табамыз бұл Сәбитке? (С. Мұқанов, Есею жыл.).

БИПАЗДА е т. *Баптау, мәнеріне келтіру, әдемілеу.* Қоңырбаев әңгіме бастады. Үні қисса оқығандай жұмсақ, сазды шығады. Әйтеуір ақылмен *бипаздап* сөйлеуге тырысып-ақ отыр (Д. Досжанов, Тұлпар.). Қыз десе, қызық десе сайтаны

бар, Қиылып, қиын қолқа айтары бар. Көңілін қалқатайдың қалдырса егер, *Бипаздап,* жұбататын байпаңы бар (М. Әлімбаев, Өшпес от).— Уа, жігіт, салады екен қоңырлатып,— *Бипаздап* бала қаздай мамырлатып.— Ән шіркін, бабы келсе қандай жақсы Барады бауыр жібіп, жаным балқып (Ғ. Қайырбеков, Құрдас).

БИПАЗДАН *Бипазда етістігінің ырықсыз етіс түрі.* Терезе алдындағы столда мұрнын уқалап, *бипазданып,* барлық іске байыппен, ерекше салмақпен қарап Тұмар отырады (Б. Қыдырбекұлы, Шайтан.). Мен институттан жаңа ұзай бергенімде бір ағаштың қалтарысынан *бипазданып* маң-маң басып, ыржия күліп Жексенбайым шыға келмесі бар ма (С. Жүнісов, Өшпейтін із.). Қарасұр біресе хихилап күліп, біресе *бипаздана* сөйлеуден танар емес. Кенет шоферға жол сілтей бастады (Р. Райымқұлов, Бұрылыс.).

БИПАЗДАУ с ы н. *Шаруаға ыңғайлылау, икемділеу.* Жақсы тұқым шаруаның еңбекшіл *бипаздау* қолы өңдеген жерде ғана қаулап өсіп, қабағат өнім бермек (Ә. Нұршайықов, Жомарт өлке).

БИПАЗДЫҚ з а т. *Бапшылдық.* Сафураның жаққан отына жылынып отыра берсейші, ұйқы күйттейтін уақыт емес,— деп ол орынсыз *бипаздықты* бойына мін көретін сырдаң салтпен, жорта тойтарып тастады (Р. Әутәліпов, Той тарқар).

БИПАҢДА е т. с ө й л. **1. Байпаңдау.** Күн көзі Суықтөбенің жиегінен асып, төмен құлағанда көк жорға *бипаңдап* жолға түсті (І. Жансүгіров, Әңгім.). Қара борбай балалар-ақ көп. Иін ағашпен екі шелек су алып *бипаңдап* басып бір әйел кетіп барады (Д. Досжанов, Тұлпар ізі.). **2.** *Батылы бармау, қипақтау, тайсақтау.* Бұрын көп алдына шықпаған жас қыз *бипаңдап* біраз тұрды да, сәлден соң дауысын шығара сөйлеп кетті (Ауызекі тіл). Омар өз ойын айтуын айтса да, артынша болмай *бипаңдай* бастайтын (Ауызекі тіл).

БИПАҢДАТ *Бипаңда етістігінен жасалған өзгелік етіс.* (2). Күн тым болмаса, арқан бойы көтерілсін де. Оған дейін шаруамды жайғай қояйын — деп *бипаңдата* бастайды (Е. Қонарбаев, Түнгі от). Қақ-соқпен ісі жоқ Әбікеннің асырмай, жасырмай *бипаңдатпай* баян еткен жабайы жәйттері Сәкеннің көкейіне түгелдей жуық қонды (Т. Әлімқұлов, Туған ауыл.).

БИПАРАСАТ и р. а р. с ы н. *Парасаты жоқ, парасатсыз.* Сауалы бір-ақ сөзге келер мақсұс, Білем бе сұрағанын қайсысын мен? Әлқисса сөз ақырын еттім тамам, Дүр Омар *бипарасат* ақылы төмен (Айтыс).

БИПЫҢДА е т. *Домбыра шерткенде, билегенде бабына келтіріп орындау. Бипыңдап* биші башпайлар, Тигізбей жерге өкшені. Шешіліп кетіп «Шашбаулар...» Тербелді алма төстегі (Д. Әбілев, Жүрек жырлайды).

БИПЫҢДАТ *Бипыңда етістігінен жасалған өзгеліқ етіс.* Жігіттер *бипыңдатып,* екі ішекті асты-үстінен қосарлай басып, дәмді ызыңдарды сары қымыздай сапырып жатыр (Т. Әлімқұлов, Сейтек сарыны).

БИРЖА з а т. *Жаппай алмастыруға болатын товарлармен тоқтаусыз сауда жасайтын көтерме сауда рыногы.* Жер аристократтары, фермерлер, фабрикант-тар, көпестер, банкирлер, *биржа* рыцарлары, армияға азық-түлік жеткізушілер өлшеусіз байып алған (К. Маркс, Капитал, 1 т., 685). *Биржаларда* өсті баға Мың береді бір сыбаға! Ұмтыл, Мырза, Африкаға, Африкаға (Ә. Тәжібаев, Аралдар). Париж *биржасында* «алтын дүрбелеңі» одан сайын күшейіп, мұнда кеше жалдаптардың алтынды сатып ала бастағаны тағы да байқалды («Соц. Қаз.»).

БИРЖАШЫ з а т. *Биржа иесі.* Таяныш қалған бүліністің бірінші белгісі ақша апаты. Ірі-ірі фирмалар күйрейді. *Биржашылар,* банкирлер, саудагерлер қатты үрейленеді (Қысқ. саяси экон.).

БИСАЯСАТ с ы н. *Саясаттан тыс.* Жасыратыны жоқ, біздің прозамызда тоғышарлар талғамына лайықталған, идеясыз, *бисаясат* әңгімелер мен повестер де көрініп қалды («Қаз. әдеб.»).

БИСАЯСАТШЫЛДЫҚ з а т. *Саясатсыздық.* Поэзияда орынсыз дөрекілік, *бисаясатшылдық,* беймезгілдік, бұлдыртұмандық, ермекшілдік пен еріккендік, еңбексіздік секілділер болмасқа керек («Қаз. әдеб.»).

БИСМЕЛДА дін. сөйл. Пісмелла. Көздері ұйқыға кетер-кетпесте Айшаның *бисмелдасы* амандықпен көрісейік, қош қарағым болатын (Ж. Жұмақанов, Солдат жолы). ◆ **Бисмелда деп.** *Кіріспем, бастамам деп. Бисмелда деп* сөйлесем, Тілге жәрдем бере көр, Тіл жаратқан жәләлім. Жанға жәрдем бере көр, Жан жаратқан жәләлім (Үш ғасыр.).

БИСМІЛЛА дін. сөйл. Пісмелла. *Бисміллә* деп арланның ішін жарғанда, әйелі қолын салып жіберіп, жүрегін суырып алып, шикідей жеп жібереді (К. Әзірбаев, Аңыз). Не дейсің бұл бөлтірікке? Не сұмдықты айтып жүр. Бұ құдың жаны қайтып жүр? *Бисміллә*сы саясат (О. Әубәкіров, Жасыратын не бар?).

БИСЫМАҚ сын. экспр. *Би болғансымақ.* Аңдығаны әңгіме, дау-жанжалдың ұйтқысы ауылдың атқа мінер, *бисымақтары* да жалақтап тұр (А. Тоқмағамбетов, Әке.). Осы кезде халық арасында айқай-шу, оның бер жағында мына *бисымақтар* Европадан келген зиялы кісіге таңсық бола қояр ма екен? («Лен. жас»). Тырна биі деп атанған кішкене *бисымақты* Өміртай тырнасына ерінбей, жалықпай айлар бойы үйретті (Ө. Тұрманжанов, Адам. дос).

БИСІ ет. *Би болғансу, билеп-төстегенсу.* Сіз осы үнемі *бисіп*, ақыл үйретесіз де отырасыз (Ауызекі тіл).

БИСІН *Бисі етістігінен жасалған өзіндік етіс.* Кептердің сұңқар зарына исінеді, Лашынның ерлігіне сүйсінеді. Кептерге тілегінше ерік беріп, Ең әділ дүниеде *бисінеді* (С. Сейфуллин, Өленд.).

БИТ зат. 1. *Жан-жануарлардың қанын соратын жәндік.* Қырық жамаулы сырты көн, Қашан қарап өшеді, *Бит* бықынаған жыртық тон!... (С. Сейфуллин, Өленд.). Қызып тұрған үлкен қаңылтыр пештің үстіне жейделерін шешіп әкелген жігіттер бірінен соң бірі *биттерін* қағады (І. Жансүгіров, Шығ.). 2. *Өсімдік жапырақтарының шырынын соратын зиянды жәндік.* Бұршақ егісінде болатын хауіпті, зиянды жәндіктер: бұршақ жапырақ шырмауығы, бұршақ *биті*, түйнек, біз тұмсық қоңызы және бұршақтың дән құрты (Қ. Боранғазиев, Жем-шөп.). Өрмекші көбелек құртын, май қоңызын, жүзім *битін* жойып жібереді. Бір өрмекші күніне 300-ге дейін қанатты *биттерді* қыра алады (Ж. Әбиев, Биология.). «Венская белая 1350» тез піседі, капуста *битімен* болмашы ғана зақымдалады. Жеміс сабағы балғын, жұмсақ әрі дәмді (Овощ өсіруші.). 3. Ауыс. *Жатып ішер арамтамақ.* Шыбын-шіркей, құрт-қоңыз *Бит*, бүргелер жиылып, Трумэн тақсыр аузынан Сөз тыңдапты бұйығып (Қ. Аманжолов, Шығ.). Мекеменің о жер, бұ жерінде жүрген *биттер* — бюрократтар, жаман мінезді, жат пейілділер (І. Жансүгіров, Әңгім.). Ей қалқа бірде айтсам шамданасың, *Бит* те емес, бүрге де емес қандаласың Қадалып қабырғадан аларында, Қашуға жарар болсаң қамданасың (Қ. Жапсарбаев, Өлең). ◆ **Балақтағы бит басқа өрмеледі [шықты].** *Басынды, дандайсыды, еркінсіді.*— Иә, хат, ие, *балақтағы бит басқа өрмелеп* мына бір уақытың қара сирақ қанышпезерлері тапа тал түсте көліме қолын салып басынғандық істеп, мезгілсіз атқа мінгізді (С. Бегалин, Бала Шоқан). **Бит тағалады.** *Асқан шебер.* **Бит терісінен биялай тоқыды.** *Ұқсатымды, өнерлі.* **Биттің қабығындай.** *Өте жұқа.* **Бит шаққандай болмады [көрмеді].** *Ойына кіріп шықпады, елең етпеді.* Айналайын, Ғалия, сен бір тоты, Сені айтпасам келмейді көңіл қошы. Сен есіме түскенде, Ғалияжан, *Бит шаққандай болмайды* өгіз соты (Ақын жырлары). Нәсілсіз туған Қараман, Қолындағы қамшымен Тас төбеге салады. Батыр туған Ер Қосай *Бит шаққандай көрмеді* (Батырлар жыры). **Биті балағына түскен.** *Нағыз кедей.* **Битін қуырып жеді.** *Тұлдыр кедей.* **Битін салды [төкті].** *Ашқарақтанды, қомағайланды.* **Битін суарды.** *Шөлін қандырды.* **Битін сығып, қанын жалады.** *Жарымады, жаланданды.* Еркек емессіндер.— *Битін сығып, қанын жалағаннан* басқа сендерден не күтуге болады,— деп Сұлтан ашуланды (С. Жүнісов, Жапанда.). **Білмегені бит астында.** *Білмейгіні жоқ, барлығын біледі.* Он екі, он үш жасар бала бола тұрсам да, менің *білмейтінім бит астында* (Б. Соқпақбаев. Бастан кеш.). Зуратайды бала емес, пәле дейді. Құлағы қалқиып, әлден өсек тасиды, *білмейтіні бит астында* оның (Р. Тоқтаров, Ертіс.). **Көзі биттеді.** *Азып-тозды, жадап-жүдеді.* **Көзіне бит түсті.** *Әдейі көрмеді, менсінбеді.* **Мойны ырғайдай, биті торғайдай.** *Азып-тозды, жүдеді.* Үсеннің халінен де жаман азып-тозған, *биті торғайдай, мойны ырғайдай* болған

Асанға кездеседі (Қаз. ертегі.). Бір көрсем, қалқа, жүзіңді, Армансыз мен боламай. *Мойным* болған *ырғайдай, Битім* болған *торғайдай* (Батырлар жыры) Самайынан бит аққан. *Нас, салақ, ұқыпсыз.* Аға болған халыққа Бек те кетіп барады; Сақал-мұрты ағарған. Шал да кетіп барады; *Самайынан бит аққан* Таз да кетіп барады (Қамбар батыр). Талағының биті бар. *Қолынан іс келеді, талапты.* Үстінен бит домалайды. *Ауқатты, бай; семіз.*

БИТАНЫС с ы н. с ө й л. Бейтаныс. Таныс бол, мейлі *бітаныс* Бетпе-бет біреу келгенде. Көңілінді басар қуаныш, Жайдары жүзін көргенде (Ә. Тәжібаев, Кешеден.). Қожайынға *бітаныс* бол шық мейлі, «Мейман келді, ал, бәйбіше, күт!» — дейді. Ә дегенше дайын болған дастарқан, О да сендей, о, Туған жер, бітпейді (Қ. Мырзалиев, Бұлбұл.). *Бітаныс* коллективке жаңа келгенін жасап, бой тартып қорғаншақтамай, олардың өңгімесіне Жақыпбек те қызу араласуға, кейбір жайларды сөз арасында біліп алуға ұмтылды (М. Иманжанов, Менің махабб.).

БИТАРАП ү с т. с ө й л. Бейтарап. Мұғалімдер арасындағы өңгімеге манадан құлақ аспай, өз бетінше *бітарап* отырған Күдері де Жақыпбекке жалт қарады (М. Иманжанов, Менің махабб.). Тайман оған құлақ түргендей болғанмен мүлде *бітарап* «ғажап әнші... неге консерваторияға...» деген сөздерді үздік-үздік естиді (З. Қабдолов, Өмір ұшқыны). Сәкен революцияны әншейін бір факты ретінде *бітарап* отырып жырлаған жоқ. «Менің революциям» деп жан-тәнімен сезініп жырлады (Е. Ысмайылов, Сын).

БИТАРАПТЫҚ з а т. *Бейтараптық.* Надя тек қыздарға ғана тән берік өрлік пен *бітараптыққа* бағып, жай сынайы ғана амандасып өтетін (З. Қабдолов, Өмір ұшқыны). Швейцарияның полициясы мен әскери өкімет орындары *бітараптықты* бұзғандық үшін соғыс сотына береді немесе жер аударады деп күтуге барлық дәлелдер бар (В. И. Ленин, 35 том, 129-бет).

БИТТЕ е т. *Денеге бит түсу, бит пайда болу.* Елден шыққандағы жігіттердің киімі әбден азып-тозып, кірлеп, *биттеп* сасып кеткен (І. Жансүгіров, Шығ.). Шаш *биттейтіндей* күн туса, Шашты сонда аларсың. Ауырсаң түтін емдесе, Аузыңа шылым саларсың (С. Сейфуллин, Өлеңд.). ◆ Көзі биттеді. *Азып-тозып, жүдеп-жадады.* — Тойынайын деген екенсің. *Көзіңді биттетіп,* тентіретіп жіберейін сен қу жетімді,— деді Қарасай Динаға (С. Жүнісов, Жапанда.).

БИТТЕЙ с ы н. 1. *Бит тәрізді кішкентай ғана, кішірек.* Шынар бетін *биттей* қолымен басып, тығылып жылап жіберді. Балаша иегі дір-дір етеді (Ш. Құмарова, Қос шынар). Атымен жұтып кетті *биттей* қуық, Барады үш күн, үш түн қуық жүріп. Ең түбі дарияның бір сахара, Сахараға қоя берді оны апарып (Батырлар жыры). 2. *Сәл, аз ғана.*— Бай-бай-бай,.. бүгінгі күн неткен суық. Келді екен мені мұнда не сор қуып? Тиыш жатпай, күзелікте нем бар еді, Сейтеді, кетсең *биттей* байға жуып (С. Дөнентаев, Шығ.). Қазанғап қараңғы түн, қарсы соққан боранды қақ жарып, беті *биттей* аумастан байдың дүниесін аман-есен ауылға жеткізді (Ғ. Мұстафин, Дауылдан кейін).

БИТТЕП-ҚҰРТТАП ү с т. *Үсті-басы кірлеп, жүдеп-жадап.* Бұл дәрігерден басқалары адам талғамайды, *биттеп-құртап* жүрген адамдар да, тұла бойынан ірің ағып тұрған аурулар да кірлеп, биттеп, сасып кетіскен (І. Жансүгіров, Шығ.).

БИТТЕТ *Битте етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БИТТІ с ы н. *Биті бар, бит түскен.* Жыртық шалбар, кір көйлек, *битті* көрпе, Сонда да байлық ойлар қолын серпе. Кетік шөміш, нан-көжесін ортаға алып, Ас ішер бір ғабақтан үрпе-шүрпе (Үш ғасыр.). ◆ Битті бай. *Байлығы асып-тасқан, шіріген бай.* Битті көз. *Кірпіктің түбі түйіршіктелген, сіркеленген.*

БИТУМ з а т. х и м. *Көбіне күкірт, оттегі т. б. элементтермен араласқан көмірсутегінің жалпы аты.* Жергілікті сланецтен ыстық газ, жолды асфальттау үшін *битум,* бағалы азот тыңайтқышы — аммоний күкірт қышқылын алуға болады («Лен. жас»). Металл құбырларды труба таттанудан сақтау үшін көбінесе *битуммен* қаптайды (Н. Нұрахметов, Дархан химия).

БИТУМДЫҚ с ы н. *Битум араласқан.* Табиғатта кездесетін битумдардан, жасанды битумдардан, асфальттардан жаса-

латын пластмассалар *б и т у м д ы қ* пластмассалар деп аталады (Хим. өнімдері). *Б и т у м д ы қ* пластмассалар судың, қышқылдың әсерінен тез бұзылмайды, тотықпайды (Бұл да).

БИТІМДЕЙ с ы н. с ө й л. **Кішкентай, титтей.** Адамның денесі өзің жүрген жердің бір *б и т і м д е й* құмына ұқсас емес пе? (Абай).

БИТІП ү с т. с ө й л. **Бұлай етіп.** Тентекті тентек тыңдамай тік келіп қалатыны бар ғой. Ал сен болсаң *б и т і п* тілін тауып дегендей, Жамантаймен шағыстырып жіберсең (С. Шаймерденов, Қарғаш).

БИФШТЕКС з а т. *Сиыр етінен майға қыздырылып, пісірілген тағам.* Шығысында сұр дала сұлап жатқан — Қазынаң ол, мола емес құлап жатқан; Бүлкілдеткен ұртыңды *б и ф ш т е к с* Шопан ата көз жасын бұлап жатқан (Ж. Молдағалиев, Жиырма бес). — Таптың, ақылдым. Ресторан директорының қалтасы толған ақша, коньяк. *Б и ф ш т е к с,* сұлу әйел, одан артық не керек,— деп күлімсірейді (З. Шашкин, Өмір тынысы).

БИХАБАР с ы н. *Хабарсыз.* Тереңдеп қарайсың, Телміріп тұрмайсың. *Б и х а б а р* жүргенсіп Бек қатты сынайсың (Абай). Оқ өтпес Аманкелді батыр келді, Сойғанмен мал жілігі татыр ма енді. Халық сүйген Қанапия қасында екен, *Б и х а б а р* жатқан елге ғапыл келді (Н. Ахметбеков, Аманкелді). Бірінші кітапта ауыл ағайын арасындағы күйкі тіршілік шеңберінде көрінген Елеман ел басқару ісінен әлі күнге дейін мүлдем *б и х а б а р* («Қаз. әдеб.»).

БИХАБАРЛЫҚ з а т. *Бейхабарлық, хабарсыздық.* Шаруаның қалаға барғаны Ақметшеге аса қажет еместігі де, оның Құныстан *б и х а б а р л ы ғ ы* да осындай бір-ақ ауыз сөзбен бітті (Х. Есенжанов, Көп жыл.). Политрук өзінің білмейтінінің бәрін соғыс өнерінен *б и х а б а р л ы ғ ы н а н* көріп қамығатын-ды (Ж. Тілеков, От кешу).

БИХИСАП и р. а р. ү с т. *Сансыз, қисапсыз, есепсіз көп.* Ертеден ел аузында аңыз болған ана Баянауыл, сонау Көкшетауды былай қойғанда, бір көргеннің көңілінде мөлдіреп қалып қоятын әсем көлдер, бастау-бұлақтар *б и х и с а п* (Т. Әлімқұлов, Сейтек сарыны). Ол түкке түсінбейтін бала шағым, Көмескі еді ғажап болашағым. Ер жеттім, жүгіңді арт та, өріңе сал, *Б и х и с а п* сенің менен алашағың (Қ. Тоғұзақов, Сібір Омар).

БИШАРА с ы н. *Сорлы, мүсәпір.* Шаһардан бір күн Масғұт шықты тысқа, Барды ма кезі келіп бір жұмысқа? Бір ұры бассап тонап жатқан жерде, Кез болды бір *б и ш а р а* шал байғұсқа (Абай). Бір жерде бір бас қосқан жиын, топыр, Ішінде бір *б и ш а р а* көзі соқыр. Алдар деп, көзі бардың соңына ермей, Жоқ болған жарға құлап байғұс соқыр (С. Торайғыров, Шығ.). Тілің қанжар, кеудең көрік болса да, Басыңа кеп өшпес дәулет қонса да. *Б и ш а р а с ы ң* сүйер жарың болмаса, Бишарасың сенер жаның болмаса (Ә. Тәжібаев, Кешеден.).

БИШАРАЛАУ с ы н. *Сорлылау, дәрменсіздеу.* Дәулет біткенмен ақыл бітпеген осы *б и ш а р а л а у,* кейде есерлеу қайнағаның алдында да күйеу сызылып тұрады (Ғ. Мұстафин, Көз көрген).

БИШАРАЛЫҚ з а т. *Сорлылық, мүсәпірлік.* Әрі әдебиеттен, әрі басқа саладан хабарсыз болып тұрып, сыншы болғысы келуден артық *б и ш а р а л ы қ* болады дейсіз бе? (М. Қаратаев, Туған әдеб.). Асаубайдың беті бүлк етер емес, жұрт оның *б и ш а р а л ы ғ ы н а* күлсе, ол өзінің «батырлығына» мәз болып, жымыңжымың күледі (Ә. Сәрсенбаев, Толқында.).

БИШЕ ү с т. *Биге ұқсап, би секілді.* Ескі *б и ш е* отырман бос мақалдап, Ескі ақынша мал үшін тұрман зарлап. Сөз түзелді тыңдаушы сен де түзел, Сендерге де келейін енді аяңдап (Абай).

БИШІ з а т. *Би өнерімен шұғылданушы, айналысушы.* Кеше бір *б и ш і* қызға арнадың жыр,— Толқын шашты көзінен төгілген нұр. Сөз жоқ бізге махаббат лирасы Керек-ақ, болмайықшы жанжалшыл құр (Ә. Сәрсенбаев, Өленд.). Бипындап *б и ш і* башпайлар, Тигізбей жерге өкшені, Шеңіліп кетіп «шашпаулар» Тербелді алма төстегі (Д. Әбілев, Жүрек.).

БИШІГЕШ с ы н. э к с п р. *Әкімсымақ, бисымақ.* Жас күйеудің қайыны сол ауылдың *б и ш і г е ш і* Хұсайын қажының Оспаны деген кісі екен (С. Мұқанов, Шығ.). Сұрланды, *б и ш і г е ш т і ң* сағы сынды, Батырға тіл қата алмай тағы тынды! Қорбаңдап тысқа шығып, атқа отырып, Сызданып ашуына тағы мінді (Қ. Жармағамбетов, Соңғы түн).

БИШІГЕШТЕУ с ы н. *Шолақ белсенділеу.* «Шақа» руының *б и ш і г е ш т е у,* байсымақтау Төлеп дейтіні Шыңғысқа жамандап, «сыбағаң» деп, бірде Күнтимеске семіз тай, бірде Құсмұрынға семіз құнажын жетектеп баратын (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз).

БИШІК з а т. *Көлікті айдау үшін таспадан жасалған қамшыдан ұзындау құрал.* Ат басын ұстаған жігіт жолаушыларды қарсы алуға шыққан топты көріп, бұрынғысынан да екіленіп алып, тер басқан үш қоңыр атты *б и ш і г і м е н* ығыстырып, шаптырып келеді (М. Әуезов, Қараш.). Әлсін-әлсін *б и ш і к т і ң* ысқырып қалған үнін естігенде ғана қайқаландап, желе түседі (М. Сүндетов, Ескексіз қайық).

БИШІКЕШ с ы н. э к с п р. *Бишігеш, бисымақ.* Біздің атақты қарт қойшымыз әлгі *б и ш і к е ш* жас әйелі бар, Нұрсейт ақсақал сізге сәлем айт деп еді, білетін боларсыз (М. Иманжанов, Менің махабб.). Келген адамның арызын тыңдап, ақ-қарасын айырудың орнына *б и ш і к е ш т е р* алдына келген Жекен етке пышақтарын суырғандай, жандарына қолдарын салысып мөрлерін суырысып жатты (І. Жансүгіров, Шығ.). Артық айтсам, асылдық па? Әйелің де *б и ш і к е ш* боп алады. Бір бала жетеді, көп баланың қажеті не деп бұтақ жайдырмай қояды («Қаз. әдеб.»).

БИШІКТЕЙ с ы н. *Бишік сияқты, бишік тәрізді.* Менің бойыма біткен сөздер *б и ш і к т е й* шықпыртады, тікенектей қадалады, ұрып-соғудан басқа ешнәрсе жұртты тербете алмайды (С. Талжанов, Адам тур.). Алты атмосфералық ауа қысымы білектей шланғты *б и ш і к т е й* үйіріп әкеп тулата келіп бетіңнен бір-ақ осып өтті (М. Сәрсекеев, Жетімжылдық.). Мазасыз ойлар жанымды *б и ш і к т е й* осып еріксіз ұмтылдырады алға (З. Шашкин, Өмір тынысы).

БИШІЛ с ы н. 1. *Билеуді ұнататын, биге әуес.* 2. А у ы с. *Жорға, жүйрік.* Алабаманың жазықтарында алаяқ *б и ш і л* ат мінсең, Өз жүрегіңмен арғымақша ағып, қазақ даласына шапқын сен (М. Сатыбалдиев, Шула. толқын).

БИШІЛДІК с ы н. *Би өнеріне жетік, би билейтін.* Жое Клементоре өзінің ұлттық тілімен қатар, испан, ағылшын, француз, неміс тілдерінде таза сөйлейді. Сахнадағы *б и ш і л д і к* өнері одан да ғажап (Ғалам ғажап.).

БИШІЛІК з а т. *Би билеушілік.* Құрманбек он бес жасынан спектакльдерде ойнайтын ролі әншілік пен *б и ш і л і к* (С. Мұқанов, Саяхат). Көрші ойынның мақсаты — өлеңшілікті, әншілікті, *б и ш і л і к т і* шыңдау (Шопан серігі).

БИЫЛ ү с т. *Осы жыл, биылғы жыл.* Өлім келсе, кәрі-жас деп айыра ма, Мысалы менің айтқан сөзім тында. Былтыр, *б и ы л* қанша жастар өліп жатыр, Кәрі өліп, жас өлмесе олар қайда (XX ғ. қаз. ақын.). Көкірекке құйыл нұр, Даналардың ойынан. Төгілші жыр, *б и ы л* бір, Тереңіне бой ұрам (Қ. Аманжолов, Шығ.). Өткен жылы қалада, Танысқан еді осы қыз. Жүргенінде оқуда Бітірмек еді *б и ы л* күз (О. Малқаров, Менің ізім).

БИЫЛҒЫ с ы н. *Осы, үстіміздегі жылғы. Б и ы л ғ ы* жыл картоп, овощ, жеміс, жүзім, бақша дақылдарын өндіруді арттыру жылына айналуға тиіс («Лен. жас»). Тұрмын қолға алып мен *Б и ы л ғ ы* егін дәнін. Қалдым содан танып мен Туған дала дидарын (Ғ. Қайырбеков, Қосбасар). *Б и ы л ғ ы* жайлау ерекше, тұла бойы тұтасып бітіп қалыпты, ойы да, қыры да етегі мен жеңі де толы мол шөп (Қ. Қамбаров, Алтай аясы).

БИЫЛҒЫДАЙ с ы н. *Осы жылғыдай, осындай. Б и ы л ғ ы д а й* қуаң жазда да отарына өрісті таңдай білгендіктен, саулықтары күйлі — жаялары төңкерілген, арқалары жап-жалпақ бірөңкей сабау құйрық ірі саулықтар («Қаз. әдеб.»). Үш төрт адам мал жәйін сөз етіседі.— *Б и ы л ғ ы д а й* жауын аз жауған жылы малдың қамын ерте ойламаса болмайды (Б. Тәжібаев, Қараторғай).

БИЫЛДЫҚҚА ү с т. *Осы жылға, осы жыл ішінде.* Қарқаралыда халық театры бар, *б и ы л д ы қ қ а* орталықтан барып соны бір көрдік, сосын алла акбар!— деді сөзге кіріспей мақұлдап отырған Темекең де қозғалып (Ғ. Қайырбеков, Қарқаралы.). Әзірге жау бетін тойтарған Табын руы *б и ы л д ы қ қ а* осы Елек бойының жоғарғы жағын қыстап шықсын делінді (І. Есенберлин, Қаһар). Сопақтың *б и ы л д ы қ қ а* піскен қауынды тоя жегені осы еді (О. Сәрсенбаев, Жалғыз күрке).

БИЫЛША ү с т. *Биылғы жыл біткенше, биылға.* Әрі толғанып, бері толғанып

Балжанға ақыл салдым. «Мен *б и ы л ш а* жатақханаға шығайын, сен бөлек үй алып оңаша тұра бер»,— деп, ақыл бердім (Б. Тоғысбаев, Алдыңғы толқын). Жасымның жетіде екеніне, алыс жерден қатынап оқи алмайтынына көзі жетті ме — оқуға келер жылы алам. *Б и ы л ш а* шыда,— деді (Ө. Қанахин, Жер бас.).

БИІГІМСІ е т. э к с п р. *Биік болғансу, өзін зор санау, мығымсу.* Бәрі-бәрі Хорезм қылышының астында құрақ ұшып, әреңкүн көріп жүрсе де, бөлек-бөлек *б и і г і м с і п,* тыраштанып мығымси береді (О. Сәрсенбаев, Сағым).

БИІГІРЕК с ы н. *Жоғарырақ, биіктеу.* Отты қонатын жерден аулағырақ, не қар үстінен 30 сантиметрдей *б и і г і р е к* орналастырсаң астыңнан да, үстіңнен де жылу лебі соғып тұрады (Ш. Айманов, Қыран тур.). Садырбай Төлен ұрпағын үйінің сыртындағы бетке жинап, онсыз да ірі тұлғалы өзі *б и і г і р е к к е* барып отырды (Қ. Исабаев, Айқыз).

БИІГІРЕКТЕТ е т. *Жоғарылатып көтеру.* Науқас адамның төсегін жиі қағып, жастығын *б и і г і р е к т е т і п* салған жөн («Қазақст. әйелдері»).

БИІГІРЕКТЕТІҢКІРЕ е т. *Жоғарылатыңқырау, көтеріңкіреу.* Ол үйінің төбесін ашып, *б и і г і р е к т е т і ң к і р е п* жаңадан жапты («Қаз. әдеб.»).

БИІГІРЕКТЕУ с ы н. *Жоғарырақ, биіктеу.* Мәшһүр қатты қорланды. Қос ауыздың аузын Майсорға кезеп, қарауылын *б и і г і р е к т е у* алып, басып жіберді (Д. Әбілев, Арман жолы).

БИІК с ы н. 1. *Төмен емес, жоғары.* Бір тоқтап дем аламыз әр асуға, Жолдасым осы арадан қара шыңға! Төменде гүл жауқазын, *б и і к т е* қар, Біз тұрмыз қыс пен жаздың арасында (Ғ. Қайырбеков, Қосбасар). 2. *Асқар, заңғар.* Алатауда шың *б и і к,* Асқақтады алдыңда. Сен тұрып ең қылтиып Сонау бала шағыңда (М. Әлімбаев, Өшпес от). Абай тұр Шыңғыстаудың *б и і г і н д е,* О, оның таныс емес үні кімге. Таңменен әрбір үйге қонақ болды ол Қалқиды көшпен толқып жыры күнде (Ә. Шалабаева, Тау бұлағы). 3. *Тапал, аласа емес, зәулім.* Көк сүзген бір *б и і к* үй көзге түсті, Көрікті Алматының қаласында (Т. Жароков, Шығ.). Елдегі қыстау-қала тәртібімен көше боп салынған, қаңылтыр шатырлы, *б и і к* қарағай үйлер (С. Мұқанов, Менің мектеп.). 4. *Зор, ұзын.* Аяғында әйелдер киетін жеңіл аң пимасы, үстінде ұзын қара пальтосы бар, өздерінен де *б и і к,* еңселі, еңгезердей, ат жақты қара сұр адам (Ә. Нұршайықов, Жомарт өлке). Атан түйедей *б и і к* бойлы балуан жігіт вагон ішінде төбелеске көтерілгендерді жан-жаққа лақтырып, көнгісі келмегендерін жұдырықтап та алды (С. Мұқанов, Есею жыл.). 5. А у ы с. *Атағы зор, мәртебелі, дәрежелі.* Поэзия ол — ақыл ойдың *б и і г і,* Жан-жүректің қуанышы, күйігі. Поэзия ол — көркемдік те кеңістік, Шолақ көйлек емес оның киімі (Ж. Молдағалиев, Кісен ашқан). Өткен жылдың күнін көзден Ұзатып сап көкжиекке, Қарап алға нұрлы жүзбен Шықтық тағы біз *б и і к к е* (Т. Жароков, Шығ.). Сұлтанмахмұт оны өте құрмет тұтатын еді. Екі қасырдың бұл екі *б и і г і* бұл үйде, бұл кездесуде бөтен ештеме сөйлеспеді (Д. Әбілев, Арман жолы).

БИІК-БИІК с ы н. *Асқар-асқар, заңғар-заңғар.* Тайбурыл ұшқан құспен, желмен жарысады, «Я бір төбенің шаңын бір төбеге қосады», *б и і к-б и і к* таулардан секіріп асады (ҚазССР тарихы). Манағы бір тыныш жатқан телегей бетінде, енді *б и і к-б и і к* шыңдар мен шатқал құздар пайда болып, қопарылыса жөңкіледі (Ә. Сәрсенбаев, Капитан ұлы).

БИІКТЕ е т. 1. *Биікке көтерілу, жоғарылау.* Мұз жиегінен көтеріле бергенде қос доңғалағы теңіз бетін тіліп өтті. Самолет күш салып, ақырын *б и і к т е й* берді (Т. Ахтанов, Дала сыры). Тұнжырай басқан түн тыныштығынан бұйығып дем алғандай Қырғыз Алатауының зәулім қиялары өрлеген сайын шалқалап *б и і к т е й* түседі (С. Бегалин, Уақыт тынысы).— Түк өзгермегенсің,— дейді Жанна көз айырмай қарап отырып,— тек бойың *б и і к т е п,* толыса түскенсің (Қ. Жұмаділов, Көкейкесті). 2. А у ы с. *Алға басу, өсу, даму, өрлеу.* Көп жүрсең биіктердің арасында, Өзің де *б и і к т е й с і ң,* нанасың ба? Зәулімді анығырақ көргің келіп, Аспанға бойың созып бағасың да (М. Әлімбаев, Өшпес от). Көк толқын арылғандай бөгеуінен, Оқылды отты жыр да бөлек үнмен. Саңқылдап сахнада бала жігіт *Б и і к т е п* бара жатты өнерімен (Т. Молдағалиев, Қамила). Сондықтан да *б и і к т е п* барады елім, Барады ұлы Отаным — балалы елім. Жер бетінде ырысты бір мен болсам, Ба-

қытсызға өзімді балар едім (Ж. Молдағалиев, Шығ.).

БИІКТЕГІШ с ы н. *Алға басқыш, өрлегіш.* [Бекен] Толғақ әйелдің әр нәрсеге жеруін біледі, солардың ішінде, бүркітке жерігеннен — барлағыш, *б и і к т е г і ш,* болдырмайтын қырағы туады (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз).

БИІКТЕЛ *Биікте етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Үстіңгі жағы кесек қармен *б и і к т е л г е н* кішкене шарбақтың ішінде ортасынан белдеулей жеген аз ғана шөп қалт-құлт етіп тұр (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке).

БИІКТЕН *Биікте етістігінен жасалған өзіндік етіс.* Күшіктің бойы *б и і к т е н е* береді. Әлі тұрқы шығып ұзарған жоқ,— дейді Құрмаш (М. Әуезов, Көксерек). Бетпақ дала алыстан қараған адамға жан-жағынан он бес сажындай *б и і к т е н е* көтеріліп, бір тұтасқан қызыл күрең жар секілденіп көрінеді (І. Есенберлин, Қаһар).

БИІКТЕТ *Биікте етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Қыстаубайдың жайсыз ұйықтап жатқанын байқап, Төлен оның басын *б и і к т е т т і,* аяқтарын тиянақтады (Ж. Жұмақанов, Махаббат.). Сұлтанмахмұт жастығын кроватының басына сүйеп, *б и і к т е т і п* алып, Пушкиннің «Боран» деген әңгімесін тыңдап жатыр (Д. Әбілев, Ақын арманы).

БИІКТЕТІЛ *Биіктет етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Жітіқара — Тобыл асфальтті трассасынан болашақ қалаға қатынас тартылады. Мұның жол табаны *б и і к т е т і л д і* («Лен. жас»).

БИІКТЕТІҢКІРЕ е т. *Сәл биіктету, жоғарылату.* Үйдегі қонақтар бастарындағы жастықты *б и і к т е т і ң к і р е п* алып, әңгімеге енді кіріскен кезі болатын (Ауызекі тіл).

БИІКТЕТІҢКІРЕТ *Биіктетіңкіре етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Ноғай қоңырлата әнге басып, әлде бір мұңлы сағыныш лебін естірте, *б и і к т е т і ң к і р е т і п* апарып, бауырлата қалқытып тоқтатты (Ғ. Қайырбеков, Қарқаралы.).

БИІКТЕТТІР *Биіктет етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Исабек жастығын *б и і к т е т т і р і п,* арқасын соған сүйеп, кеудесін көтеріп отырды. Мына екеуінің әңгімесін тыңдауға ынтықты (Д. Әбілев, Арман жолы).

БИІКТЕУ [1] *Биікте етістігінің қимыл атауы.* Қазақстан астанасы — Алматыда қазақ мәдениетінің гүлдене өсіп *б и і к т е у і н* көрген мен Москваға зор қуанышпен қайттым (С. Мұқанов, Есею жыл.).

БИІКТЕУ [2] с ы н. *Биігірек, жоғарырақ.* Қағазға көп қарап көзі талса керек, қарлығаш қанатындай жіңішке қасын, *б и і к т е у* біткен кең маңдайын Жанат керіп-керіп қояды (Ғ. Мұстафин, Миллионер). Базардың *б и і к т е у* жеріне салынған он шақты есікті үш қабат магазинде топырлап жүрген халықтың қабатында үйір-үйір жігіттер жүр (І. Жансүгіров, Шығ.).

БИІКТІК з а т. 1. *Заттың тігінен алғанда жоғарылығы, зәулімдігі.* Лақтырып кейде көкке, Кейде құзға құлатады. Үш этажды *б и і к т і к т е н* Тастау кімді шығатады (А. Тоқмағамбетов, Сайра. бұлбұл). 2. Г е о м. *Фигуралардың төбесінен түсірілген перпендикуляр кесінді яки осы кесіндіңің ұзындығы.* 3. А у ы с. *Аспан, көк, әуе. Б и і к т і к к е* бағыт алғандар — Совет Одағының Батыры Үрмәш Түктібаев атындағы латыш мектебінің пионерлері мен комсомолецтері (Ә. Әбішев, Батыр болып тумайды). Қайтеміз бас қатырып, бос ойланып, Бекіндік бәріміз де осы ойға нық. Көңілі аласалар жатсын құлап, Сол заңғар *б и і к т і к т е н* басы айналып! (Қ. Жұмағалиев, Перзент.). 4. А у ы с. *Зор болушылық, асқақтық.* Ол әуелден *б и і к т і к к е* жаралған, Тұрса болды тобы бүтін, бәрі аман. Биіктерге биік болу түк емес, Аласаға биік болу кәрі арман (Ғ. Қайырбеков, Большевик ауыл). *Б и і к т і к,* саған құмарта, Талайлар жүр ғой қол артып. Оларға менің мін арта, Кінәм жоқ әсте қояр түк (С. Оразаев, Дала даусы). Ақын — жан ғой, жалыннан от өрген, Асқақ арман, *б и і к т і к т і* сүйетін. Шаңырақты сондықтан сол көтерген, Сондықтан да биік әдебиетің (Ә. Абайділданов, Алыс көкжиек).

БИІКШЕ с ы н. *Сәл биіктеу.* Заводтың өзі, машина құрған жері әлгі *б и і к ш е* шоқының үстінде (С. Сейфуллин, Шығ.). Үйлер тау етегіндегі көлге іргесін батыра және *б и і к ш е* тауды өрлей салынған (М. Әуезов, Индия очерк.).

БИІКШЕЛЕУ с ы н. *Биіктеу, көтеріңкі.*— Тұр, бар! Есік аш — деді келіншекке,— қатын келіп қалған ғой,— деп ақ келіншектің *б и і к ш е л е у* мұрнын саусағымен еркелете қысты (Д. Әбілев, Арман.).

БИІКШІЛ с ы н. *Биікке құмар, жоғарышыл. Б и і к ш і л г е* күнде қатер — Шалыс қадам — шәксіз ажал. Абайсыздық түпке жетер, Еп пен сақтық — сақтық абзал (Ж. Өмірбеков, Мың терезе). Таусылмайтын темір саты Өкпем өшіп өрледім. *Б и і к ш і л і м* жымың қақты, Өршілге сыр бергенім (Бұл да).

БИІМСІ е т. э к с п р. *Би болғансу, биге ұқсау.* «Кешегі кеткен малымнан Сілекей қайтса болды» — деп, Көрінді күндес *б и і м с і п.* Шал күйеуің шалмалап, «Шәугімді әпер, ей!» — дейді-ау, Оқыранып, үйірсіп (І. Жансүгіров, Шығ.).

БИЯЗДА е т. *Баптау, бипаздау. Б и я з д а п* жорғалардай жүрісінді, Бекерге шығармақсың шын ісімді. Жаланы жабыстырып жаққанменен Сен менің тарылтпайсың тынысымды (Айтыс). Ыңыранып, сыздап, *б и я з д а п,* талғап отырар жайым жоқ. Түбінде ел қарғысына өздерің қаларсыңдар. Кеттім!— деді Сүлеймен (Ш. Хұсайынов, Таныс адам.).

БИЯЗДАН *Биязда егістігінен жасалған өздік етіс.* Қасен бұл жерде *б и я з д а н а* алмаспын дегендей боп танау қақты (М. Әуезов, Шығ.).

БИЯЗЫ с ы н. 1. *Нәзік, жіңішке.* Түйе жүні қой жүніне қарағанда әлдеқайда *б и я з ы* болатындықтан, түйе жүнінен істелген шекпендер, күпілер өте жоғары бағаланатын (Х. Арғынбаев, Қаз. этногр.). Мәселен жүні *б и я з ы* болғанымен мәліш қой, құйрықты қойға қарағанда суыққа төзімсіз келеді (Ж. Өмірбеков, Замандасым). Қыздың кигені *б и я з ы* түйе жүн шекпен, камзолының беліне жіңішке қара шуберек белбеу байланған, шашты бөріктің астына түйген (Д. Әбілев, Арман жолы). 2. *Сыпайы, әдепті.* Қазиза *б и я з ы* сыпайылықпен сөзді бірден бастады. Жас қыздың әлі оқуы керектігін баса айтты (С. Сарғасқаев, Біз төртеу.).— Әлімбек қыз мінезді, *б и я з ы* жігіт-ау. Мен үйде жүргенін соншама ұнатам (А. Байтанаев, Қайнар бұлақ). *Б и я з ы* мінезді, гүлдей нәзік Фәтима су құрбаны болғаны ма? Қалман тағы да ілгері ұмтылды. Үйдей толқын Қалманды қатты соғып, жиекке қарай лақтырып тастады (Ә. Әлішев, Батыр.). Жанымның жапаны жоқ құлазырлық, Өтермін өзіңді өлім разы ғып. Өсірем бауырмал ғып талантымды, Өсірем өлеңімді *б и я з ы* ғып (Қ. Мүсірепов, Раушан).

БИЯЗЫЛА е т. 1. *Үлпілдете түту.* Жүнді *б и я з ы л а п* сұрыптау жұмысы бірбеткей ғана жүргізілді (М. Ермеков, Қазақст. биязы қой шаруаш.). 2. *Сыпайылық жасау, әдептілік сақтау.* Баршагүлде қымсынған түр жоқ, әуелі *б и я з ы л а п* бастаса да, енді қаймықпай сөйлеп кетті (Ғ. Сыланов, Шалқар). Плехановқа хат жазатын болсандар, сыпайылап, *б и я з ы л а п* жазыңыздар, ол қазір бағалы,— деді (В. И. Ленин, 36 т. 78-бет).

БИЯЗЫЛАН *Биязыла егістігінен жасалған өздік етіс.* Қыздың төңкеріліп отырған көзін, анда-санда *б и я з ы л а н ы п* сөйлеген сөзін тағы басқа салтанаттарын көргенде, Жақыптың жаны кіріп, көңілі көншіп кетті (Ж. Тілепбергенов, Шығ.). Әне бір күндері қойларды көлшікке тоғытып алғаннан бері жүні де *б и я з ы л а н а* түсіп, жақсы өсіп келеді (Б. Тоқтаров, Қыран.).

БИЯЗЫЛЫҚ з а т. 1. *Майдалық, жұмсақтық.* Қой жүнімен байланысты қалыптасып біткен жүн *б и я з ы л ы ғ ы* әлі сараланған жоқ. Тіпті бір қойдың өзінің жүні бірнеше дәрежеде (С. Бегалин, Уақыт.). Қырқылған қой жүнінің сапасы жақсарып, *б и я з ы л ы ғ ы* жоғарылаған (М. Қарсыбеков, Микроэлемент.). 2. *Сыпайыгершілік, әдептілік.* Сейдақаң революцияға дейін ауыл арасында учительдік құрған, ол табиғатында мінезінің *б и я з ы л ы ғ ы н а* қосымша, барлық адаммен де шәкіртіндей жұмсақ сөйлесетін (С. Мұқанов, Есею жыл.). Инженер жігіттің өн бойынан адамды өзіне еріксіз тартып тұратын сыпайылық, *б и я з ы л ы қ* аңғарылады («Қаз. әдеб.»). Ер бала болып ойнағандықтан болар, ондағ қызға тән нәзіктік, жүріс-тұрыстағы *б и я з ы л ы қ* жетпей жатқан сияқтанды («Қаз. әдеб.»).

БИЯЛА з а т. с е й л. **Пияла.** Иманды ер құдайынан ұялады, Ұялып иесінен сый алады. Ренжітпе бенде болсаң бейшараны, Көріп көңілі бір сынғақ *б и я л а*-ды (Ы. Алтынсарин, Шығ.).

БИЯЛАЙ з а т. ж е р г. *Қолға киетін қолғап.* Балконнан бір *б и я л а й* жерге түсті, Аңдардың ортасында ақ биялай... Сын болды оны алу ерге күшті (Қ. Жармағамбетов, Балладалар). Орта бойлыдан жоғарылау келген, қара торы, ашаң жүзді жас жігіт *б и я л а й ы н* шешіп, қол ұсынды («Қаз. әдеб.»).

БЛАНК з а т. *Белгілі бір үлгі бойынша текстісі жартылай басылып, қалған бөлегі кейін толтырылатын іс қағазы. Бланкалармен* жазба кітапшалардың миллиондаған тираждары шырша, қарағай ағашынан жасалған қағазға бастырылып шығарылады (М. Ахметов, Егін қорға.).— Сен бүгінгі таңда бізге жасайтын қызметің — қол қойылған, мөр басылған неміс паспортының бір топ *бланкасын* тауып бересің (Т. Жангелдин, Партизан.). Ана бөлмеге барып *бланка* толтырасыздар да, бұрыштама соғылған соң, қыздарға апарып тапсырасыздар (Д. Досжанов, Тұлпар.).

БЛАНКАЛЫ с ы н. *Текстісі бланк үлгісімен басылған* [*іс қағазы*]. Ал, мына қағазды,— деп, ол стол жанына отыра кетті де, портфелінен *бланкалы* қызыл сызық қағазды суырып алды (Х. Есенжанов, Көп жыл.).

БЛИНДАЖ з а т. *Оқтан, снарядтан қорғану үшін жасалған әскери құрылыс, бекініс.* Өзімнің күнде жататын *блиндажыма* енсем, өткен күні қайтыс болған байланысшы офицер капитан Марковтың орнында плащ-палатканы айқара жамылып біреу жатыр (С. Бақбергенов, Қоянкөз.). Біз даладағы блиндажға келіп жеттік. *Блиндаждың* төбесі бірнеше қабат бөренемен жабылып, қалың топырақ үйілген («Лен. жас»). *Блиндаж* іші тым-тырыс, Тыныгып жатыр солдаттар. Үздіксіз шайқас-жорықта Талмаған еңшең саңлақтар (Ә. Сейітов, Жаңғырық).

БЛОК[1] з а т. 1. *Шеңберінде арқан асуға арналған ойық белдеуі бар доңғалақ механизм.* Шахта аузына орнатылған биік металл мұнараның шың басындағы *блоктардан* өткен болат арқанның бір ұшығы тік шахтаның ішіне кеткен (А. Машанов, Жер асты.). Трос раманы трактормен біріктіріп тұрған кронштейнге асылған *блок* арқылы өткізілген (Ауыл шаруаш. машина.). 2. *Атқаратын қызметі мен жасалу технологиясы бәріне ортақ болып келетін детальдар жиынтығы.* Қарағандының мемлекеттік аймақтық екінші электр станциясында сынау жұмысынан кейін соңғы сегізінші энергетика *блогы* өнеркәсіптік ток берді («Соц. Қаз.»). Бердіқожа бүгінгі бірінші *блоктың* іске қосылар шешуші қадамында оның өнерлі қолы шеберліктің үлкен тәжірибесінің үлгісін көрсетті («Қаз. әдеб.»).

БЛОК[2] з а т. 1. *Саяси-әлеуметтік топтардың өзара келісімі, одағы.* Атлантика *блогының* штаб-пәтерінде кейбір блоктың қарулы күштерін қайта орналастыру мен оны күшейтудің жоспарлары жасалуда («Соц. Қаз.»). Диаките былай деп атап көрсетті: *«Блоктарға* қосылмау саясаты дипломатиямыздың басты бағыты бола бермек»,— дейді («Соц. Қаз.»). 2. *Топталған жиын, ұйым.* Партия әр кездегі сияқты сайлауға көптеген ұйымдарымен біртұтас мызғымас *блок* болып келгелі отыр («Лен. жас»).

БЛОКАДА з а т. 1. *Әдейі ұйымдастырылған талаптарды мойындатуға, сыртпен байланысын тоқтатуға күштеп жүргізілетін шаралар жүйесі.* Американ империализмінің *блокадасы* және үздіксіз агрессияшыл әрекеттері туғызған орасан зор қиыншылықтарға қарамастан, жас Куба мемлекеті мәдениетті дамытуда, тұрмыс дәрежесін арттыруда үлкен табысқа жетті («Соц. Қаз.»). 2. *Жау күшін басу үшін, сырттан алынатын көмекке әскери шек қою, тыйым салу.* Қала он алты айдан бері *блокадада тұр.* Бұл уақытта ленинградтықтар талай сындарды басынан кешірді («Соц. Қаз.»). 3. М е д. *Ауырған адам денесін емдеу тәсілі.* Өкше «мүйізінің» емі — шор сүйектің айналасына новокаиннен *блокада* жасау (М. Исамбаев, Медициналық анықтама.). А. В. Вишневскийдің әдісі бойынша новокаин ерітінділерімен емшек астынан *блокада* жасау да нәтижелі (Ж. Қодаров, Ана күтімі).

БЛОКНОТ з а т. *Ықшамды, шағын қойын дәптері.* Наныңыз, забой керек, жолдас Ленин! Бұлардың сол бір сөзін сол әп-сәтте Ленин жазып алды *блокнотқа* (Д. Әбілев, Алтай асуы). Ол пиджагінің ішкі қалтасынан кішірек *блокноты* мен автомат қаламын алды да, әлденені асығып жаза бастады (Н. Ғабдуллин, Қызық дәурен). Аудандық баспасөз қоғамының бір қызметкері келіп, стол үстіне жаңа кітаптар мен газет-журналдар, бір *блокнот* қойып кетіпті (М. Иманжанов, Адам тур.).

БОБЫРА е т. 1. *Бос тоқылу, босау.* 2. *Үйпа-түйпасы шығу, урпию, қобырау.* Әкесі жылаған баласын, көр-жерін құшақтап қоныс ауыстыруға кірісті. Алған түйдегі жазылып, *бобырап* қалған, бірін алса бірі түсіп сор болды (А. Тоқмағамбе-

тов, Әке мен бала).— О несі екен маған барып,— деп шашы *б о б ы р а п,* үрпиіп тұра қалды Қадиша (Бұл да).

БОБЫРАТ *Бобыра етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Жас өспірім қыздар қазір шаштарын жимай, *б о б ы р а т ы п* жіберетін мода шығарған (Ауызекі тіл).

БОБЫРАТУ *Бобырат етістігінің қимыл атауы.*

БОБЫРАУ *Бобыра етістігінің қимыл атауы.*

БОҒАУЫЗ з а т. *Былапыт сөз, боқтық сөз.* Былайша момын мінезді болғанмен, Шоқанның байқауынша Григорий көп нәрсені аңғаратын сұңғыла және қаршадай қалпында *б о ғ а у ы з д ы ң* неше түрлісін үйретеді (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз). Қайрақбайдың тағы бір «кәсібі» кішкене еркек балаларды жинап алады да, *б о ғ а у ы з д ы ң* неше түрлісін үйретеді (Бұл да).

БОҒАУЫЗШЫЛ с ы н. *Боғауыз, былапыт сөзге әуес.* Кутский ағасының бір кездегі маскүнем, әйел құмар, *б о ғ а у ы з ш ы л* күйін есіне алып еді (А. Нұрманов, Құлан. ажалы).

БОҒЖАМА з а т. к ө н е. *Қолдан тігілген [матадан, киізден т. б.] боқша, дорба.* Сандық үстінде көрпе-жастық, әртүрлі терме алаша, шашақтары салбыраған бес-алты жерде бояулы әдемі *б о ғ ж а м а* тұр,— деп, кемпір Нұрбибінің жасауын мақтайды (М. Әуезов, Өскен өркен). Сатуда бұрынғы шебер әйелдердің қолымен тігілген ою-кестелер, әр түсті жүннен, мақтадан тоқылған *б о ғ ж а м а л а р* (Бұл да).

БОҒЖАМАДАЙ с ы н. *Боғжама тәріздес.* Заты әйел демесең, Бұл шәһәрдің бегі еді. Жерде жатқан екеуін *Б о ғ ж а м а д а й* қолтықтап Қарлыға алып жөнелді (Қобыланды батыр).

БОДА-БОДА с ы н. *Ұйпа-тұйпа, додадода.* Күлбаршын да сол солдатпен қосылып, *б о д а-б о д а с ы* шығып жылаған, жан-жағына қараса ауыл адамдарының бәрі де жылап тұр екен («Лен. жас»). Дәрігерді ертіп кіріп келгенде де, Бәтестің *б о д а-б о д а* болып ауыз үйде жылап отырғанын көрдім (Ә. Омарбаев, Көрлен.).

БОДАЛАН е т. 1. *Ұйпа-тұйпасы шығу, бобырау.* 2. А у ы с. *Басы қатып есі шығу.* Бопан Нәубетжанға:— Қол бөгейтін өнімсіз жұмыспен *б о д а л а н ы п* жүріп, жұрттың артында қалмасақ жарайды ғой,— деп уайым айтты ол (З. Иманбаев, Дала көктемі).

БОДАЛАНУ *Бодалан етістігінің қимыл атауы.*

БОДАМ[1] з а т. д и а л. *Дәліз, сенек.* Дағды бойынша *б о д а м н ы ң* есігі іштен жабық-ты. Біреу кенет есік қақты, қаққанның өзінде тырсылдатып сыпайы қақпай, тарс та тұрс ұрғылай жұлқылады (Ж. Жұмақанов, Жазыл. кітап). Үндемес әлдеқашан аттарын байлаған екеудің неғып бөгеліп жатқанына түсінбей ұзын *б о д а м ғ а* шығып еді. Қанай қораның жапсарына тығылған кішірек айбалтаны алып, Жүгенбайға беріп жатыр екен (К. Оразалин, Көктем.).

БОДАМ[2] к ө н е. с ы н. *Тәуелді, бағыныштық.* Әбілхайыр хан патшаға *б о д а м* болғанда, қазақтан солдат алмайтын болып, ит терісіне жазып, мөрін басқан (Қ. Жұмалиев, Жайсаң жандар). Асаудан азу мұқап, ноқта киіп, Боз тақты — *б о д а м* болып, тозғаны екпін. Десек те сол заманды күні кеше, Талай жыл, талай өмір, өтті-ау көп күн (І. Жансүгіров, Шығ.). ◆ **Бодам қылды.** *Бағындырды.* Шапқан елдің бәрін де *б о д а м қ ы л ы п,* Өкімдікпен қолына тартып апты (Абай).

БОДАН с ы н. *Бодам, тәуелді.* Ленин адамзаттың данышпаны Патша мен байлар екен алысқаны. Білетін болса керек жайын жақсы, Біздердей *б о д а н* елдің алыстағы (Д. Еркінбеков, Шымыр әңгімесі). Ескі өмірдің тәкаппарлық таңбасы көрінген «кешегі мырзалар» жаңа заманға еріксіз *б о д а н ы н* жасыра алмай, әр адымын зілдене басып, түнере өтіп кетеді (І. Есенберлин, Қатерлі.).

БОДАНДЫҚ з а т. *Еркінен айрылғандық, тәуелділік.* Сексен бес жыл болыпты *б о д а н д ы қ қ а.* Қайырсыз патшамызға ел болмадық. Құр мен қоян секілді алуға оңай, Қай жұртқа аңқаулықпен жем болмадық? (XVIII—XIX ғ. қаз. ақын.).

БОДАУ з а т. *Құн, төлеу.* Кедейлік кесіріңмен жаман аздым, Құдайға пайдасы жоқ айтқан наздың. Тайлақтың *б о д а у ы н а* тұқ таба алмай, Еріксіз, көп ойланып, қисса жаздым (Айтыс). Асылбек сусар беркінен айырылып, *б о д а у ы* үшін біреудің ақ қалпағын беліне қыстырып алыпты (Т. Әлімқұлов, Ақбоз ат).

БОДАУСЫЗ үст. *Төлеусіз, ақысыз.* Бақ-дәулетті армандағанмен қайтарып алар дәрмен қайсы. Әйтеуір *бодаусыз* кеткен ол да бір арам тер ғой дейді де қояды (Қ. Ысқақов, Бұқтырма сарыны).

БОДИЯ зат. сөйл. Бадия. Смена сайын төрт жігіт тұрып бұрайтын *бодия* қалған. Олардың ісін қаршадай бала жігіт екі атпен атқарады (Ғ. Мұстафин, Қарағанды).

БОДИЯШЫ зат. *Бадияшы.* А-й-да-а,— деген талмау дауыс естіледі. Дауыс естілгенде *бодияшылар* жеделдете бұрайды (Ғ. Мұстафин, Қарағанды).

БОДЫРА ет. *Үйпа-түйпасы шығу, бобырау.* Жауынгерлік уақыт қой, өмір минутпен өлшеулі, жаяу қалғаным болмас,— деп ол шашы *бодырған* басын ұстап аз отырды (А. Лекеров, Түз гүлі). Дауысын шығарып жылаған бойы арбада созылып жатқан Балтабайды құшақтай жығылды, шалысы басынан желкесіне қарай кейін түріп, шаштары *бодырап* кетті (Х. Мұстафин, Қыр. жігіті).

БОЖ: **бож қара.** *Божбан қара, шой қара.* Бастық шақырды деген соң, үсті-басты тәртіпке келтіріп дегендей келсем, орнында шойындай боп ферманың меңгерушісі *бож қара* Әмірхан отыр (Шопан сері-гі). Николай кешігіп қалды. Осында бір бұйра бас *бож қара* бар еді, ол жеткенше Тамараны лып еткізіп алды да кетті («Қаз. әдеб.»).

БОЖАЛАҚ: **ала божалақ.** *Ала-ала.* Әгі көшкен *ала божалақ* үй қабырғасы (Т. Бердияров, Фарида).

БОЖБАН: **божбан қара.** *Нағыз қара, шой қара.*— Жақсы келді ғой, өзіне қораны тазалатып алайықшы,— деп гүж ете түсті, Қарашаш деген *божбан қара* қыз (С. Мұратбеков, Көкорай). Байдың бетаузы быттиып, қысы-жазы бірдей быршып терлеп жүретін бір *божбан қара* еді (Ф. Дінисламов, Көл жағасы.).

БОЖБИ ет. *Қоржию, дөңкию.* Аласа бойлы *божбиған* қара шұбар жігіт іркілдеп балшықтай былшиған денесін тәкаппарлана әзер қозғап сөйлеп тұр (Б. Тұрсынбаев, Ауылда.).

БОЖБЫРА ет. *Сылбыр тарту, босаңсу.* Баяғыдағы Жамбы екеуінің ә дегеннен-ақ шырқай шығатын кең, еркін ашық дауысы бұл күнде тарғыл тартып, *божбырай* қалыпты (Ш. Құмарова, Қос шынар).

БОЖЫ[1] зат. *Арбаға, шанаға жегілген көліктің жүргізіп отыратын делбе.* Әлде нені сезгендей күреңдер де құлақтарын қайшылап *божыны* жұлқи тартып келеді, бірақ атшы жігіт оларды еркіне жіберген жоқ (Ә. Әбішев, Найзағай). Арондардың жеккендері пар-пар ат. Сайман қандай! Шлия, қамыт, ноқта, жүген, қамшы, *божы* — бәрі былғары (Ж. Мұзапаров, Қаби қарт.). Антон шылым тартады белгі беріп, «Тыр...» дейді атын тежеп *божы* беріп. Шылымын жылтыратқан Антон досты Ілияс Жексенаймен тұрды көріп (Н. Баймұратов, Қанды жорық).

БОЖЫ[2] ет. 1. *Қымыз, айран сияқты тағамдардың қатты ашып кетуі.* 2. *Қожырау, пышырау.* Күні бойы жұмыста болып, шілдеханаға іңірде жиналған олар, жаңа ішкен-жегендері буындарына түскендей берекесізденіп, дауыстары да, әндері де *божыған* белгі көрсетті (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз).

БОЖЫЛА ет. *Божы тағу, божымен ұстау.* Кейде шанасын сықырлатып, жеккен түйесін *божылап,* «шүу-шүу» деп, келе жатқан қырдың қоңырқай пішінді қалашылары кездеседі (М. Әуезов, Қараш.). Сары атаншаны *божылап* жегіп, барақтарға су тасыған керенау бір шал жүр (Ғ. Мұстафин, Қарағанды).

БОЖЫЛДА ет. *Бұрқ-сарқ етіп бұрқылдап қайнау.* Есік алдындағы *божылдаған* самауырлар да булығынан буы бұрқырап, қақпағын көтере сарқ-сұрқ қайнап, екі иінінен дем алады (С. Жүнісов, Өшпейтін із.). Самаурын *божылдап* қайнаған кезде, Жаңабек жаққа тағы бір қарадым (Б. Тоғысбаев, Алдыңғы.).

БОЖЫЛДАТ *Божылда етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Дарқан жігіттер келгенше шайнектің астына от жағып, шайды *божылдатып* қайнатып қояды (І. Жансүгіров, Әңгіме.). Үйде тобылғы тамырының көмірі бар екен. Ол самаурынды *божылдатты*-ай кеп (М. Тиесов, Дала перзенті).

БОЖЫРА ет. *Сылбырлыққа салыну, қожырау.* Жылады қуанғаннан иран тегіс, Болды,— деп өрісіміз енді кеңіс. Болат боп болған іске *божырама,* Болады реніштің арты — кеніш (Т. Ізтілеуов, Рус-

тем.). Бас ие болмаған соң жұмыс *б о ж ы р а п* кеткен екен. Мектептердің күні төмен, финанс былыққан, дәрігер, аурухана дегендеріңіз орталықта ғана бар, саудада тәртіп жоқ (Б. Тоғысбаев, Алдыңғы.). Бұлардан кеңес сұраған мен де ақымақ. Мақұлбектің мәселесі құсап *б о ж ы р а й т ы н* болды тағы (Д. Досжанов, Зауал).

БОЖЫРАҚ с ы н. *Пысық емес, бос, болжыр.*— Шәлкеңе құдай бере салған ғой! Өзі *б о ж ы р а қ* бірдеңе емес пе?— Басына осындай ой келгеніне Күлшебай мастанып, өзіне-өзі тамсанып қойған (С. Сарғасқаев, Біз төртеу.).

БОЖЫРАП-ҚОЖЫРАП ү с т. *Берекесізденіп.* Көкірегінде сайрап тұрған не бір айдарлы сөз, шынайы ойлар қағазға түскенде *б о ж ы р а п-қ о ж ы р а п*, әрқайсысы әр жаққа тартып тұратынын кім білген? (Ө. Қанахин, Жас дәурен).

БОЖЫРАС *Божыра етістігінен жасалған ортақ етіс.* Қалған соң бас көтермей бірі жатып, Біреуі алмаған соң ас-су татып. Бәрі де «бұл қалай?» деп *б о ж ы р а с т ы*, Қалғандай қара лайға белден батып (Т. Ізтілеуов, Рүстем.). Отырмын өлем ғой деп қайтып барсам, Иінімді болар еді жазып алсам. Деген соң үлкенкіші ойға қалып, Болысты *б о ж ы р а с ы п* әуре-сарсаң (Бұл да).

БОЖЫРАТ *Божыра етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Ойласып «тәжірибеңнен ауыс» деуге, Мен сізге көптен жүрмін кездесе алмай. Бір хабар көңілімді *б о ж ы р а т ы п*, Жүр менің жүрегіме үйлесе алмай (Айтыс). Кереғарлықтың салдарынан қымыздың бабын *б о ж ы р а т ы п* аламыз (С. Хайдаров, Азамат келбеті).— Жұмысты *б о ж ы р а т ы п* жіберіп, ұятқа қалам ба деп хауіптенем («Соц. Қаз.»).

БОЖЫРАУШЫЛЫҚ з а т. *Сылбырлыққа салынушылық, қожыраушылық.* Кезінде пішенге адам күші жетіспейді деген желеумен жіберілген *б о ж ы р а у ш ы л ы қ* зардабы енді алқымнан алғалы тұр («Лен. жас»).

БОЖЫСЫЗ с ы н. *Божы тағылмаған, божысы жоқ.* Мінезі ақымақтардың сол сықылды, Жүре ме *б о ж ы с ы з* ат жекпенменен. Өзінің қалпындай боп жараспайды, Жібекті шуда жіппен тіккенменен («Қаз. әдеб».).

БОЖЫШЫ з а т. *Божы ұстаушы, делбеші. Б о ж ы ш ы*, даланың аязбен алысып үйренген ширақ жігіті қалаға кіре берістен-ақ аттарды тәртіпке шақырып алған (Д. Әбілев, Арман жолы.).

БОЗ с ы н. 1. *Ақшыл қылаң түс.* Қазақтар *б о з* мама бие мен ақ *б о з* атты айырықша ардақтайды, ал Европа халықтары қаралығынан басқа тырнақтай жазығы болмаса да, қара мысықты жек көреді (М. Исқақов, Соқыр сенім.). Түндігі жабылған алты қанат ақ *б о з* үйдің ортасындағы аспалы оныншы шам жарығы үй ішіне мол түсіп тұр (С. Әлжіков, Дала қыраны.). 2. З а т. *Құрғақ сор жер.* Оңтүстік — Шығыс Қазақстан жағдайларында кейбір колхоздар қойларын өтекте қалдырып, *б о з д ы ң* отын пайдаланады (М. Ермеков, Қазақст.).— Бос қалған жуз шақырым өлке мүлде, Босқан жұрт *б о з ғ а* шығып мал іздеп жүр. Ауыл жоқ шұбалаңның өртеңінде (Ғ. Қайырбеков, Большевик.). 3. *Астық тұқымдасына жататын көп жылдық шөптесін өсімдік.* Ашық, шуақты күндері өгізшелерді өлең шөбі ұйысып өскен ойпаңға жайса, жаңбырда малды *б о з ы* қалың бетегелі белдерге, қырмасы мол қыраңға шығарады («Қаз. әдеб.»). 4. А у ы с. *Жас өспірім, бозбала.* Абзал атам, анам менің өз халқым! Аяқталды баяғы жас *б о з* қалпым. Көрген күнім — бастан кешкен өз күнің, Өткен түнім — өз басыңнан озған түн (Х. Ерғалиев, Күн күмбез). ◆ **Ақ боз.** *Ақ пен боз аралас түс, қылаң. А қ б о з* атты қазақ болған елдің ауыз әдебиетінде де, жазба әдебиетінде де тіпті көркемдеп суреттейді (С. Сейфуллин, Шығ.). *А қ б о з* аттың әсемдігі көз тойғысыз. Мойнын аққудай иіп, көлденеңдеп билеп тұр (Б. Соқпақбаев, Бастан кеш.). **Боз ала.** *Қуқыл тартқан, ақшыл.* Шашы ағара бастаған Кененге: «Басың немене тұз түйген келсаптың басындай *б о з а л а* боп кеткен»,— дейді Жамбыл мысқылдай қалжыңдап (М. Әуезов. Әр жыл.). **Боз ала таң.** а) *Таң ағарып келе жатқан мезгіл, таң сәрі.* Жұрттың күн сайын *б о з а л а т а ң н а н* тұрып алып, шоқаңдап намаз оқуы Оспанға сұмдық ерескел көрінеді (С. Омаров, Дала қызы). *Т а ң б о з а л а* болып келе жатқанда, түнде ай жарығымен Шығанақ бастаған звено мүшелерінің егісті суарып жүргенін сан рет көргеніміз бар (Ғ. Мұстафин, Ақ тары.). **Боз арша.** *Бұта түрінде өсетін, мәңгі жасыл, қылқан жапырақты ағаш. Б о з а р ш а* суықка, көлеңкеге, ыл-

ғалға төзімді, топырақ талғамайды (ҚСЭ). **Боз жусан.** *Жусан тектес көп жылдық өсімдік. Боз жусанның* биіктігі 15—20 см, жапырағының екі беті де түкті келіп, июль, август айларында гүлдейді (ҚСЭ). **Боз изен.** *Алабота тұқымдас бір жылдық өсімдік. Боз изен* — түйе, қой, ешкіге жем-шөп (ҚСЭ). **Боз кілем.** *Жусан тұқымдас көп жылдық өсімдік.* СССР-де 54, Қазақстанда *боз кілемнің* тоғыз түрі өседі (ҚСЭ). **Боз қасқа.** *Қасқасы бар боз түсті жылқы.* Құрбанға шалынған малды, Ботабектен алған екі қоржын олжаны біз де кештік депті де, *боз қасқаның* етін жеп тарасыпты (К. Әзірбаев. Аңыз.). Біреулер селебесін қайрап түйе жығып, бір тұста ту бие, *боз қасқаларды* жығып жатты (Ғ. Сыланов, Асау арна). **Боз қасқа шалды.** *Құдайдың жолына қасқасы бар боз түсті жылқы арнады.*— Әкесі де болып жатыр, Жеті нан құдайы беріп. *Боз қасқасын шалып* жатыр, Қиғылықты салып жатыр (С. Кенжахметов, Қуырдақ). **Боз қырау.** а) *Күз айларында ауаның тоңазуынан болатын шық, жұқа қар.* Қара сулардың беті сілбіленіп, *боз қырау* түсті; ертемен келгенде жауған қардың бетінде айқышұйқыш қоян іздері жатады (Р. Тоқтаров, Ертіс.). ә) *Ақ шаш. Боз қырау* өшер емес самайымда, Ойлаймын самайыма қараймын да; Калинин майданының қары ма екен? Жолы ұзақ жорықтардың шаңы ма екен (М. Әлімбаев, Өшпес от.) **Боз өкпе.** а) *Буыны қатпаған, жас.*— Е, сендер ғой тайыншаға да мінуге жарамайтын *боз өкпе* балалар едіңдер ғой,— деді Жапекең («Лен. жас»).— Шынында да бұл азамат біздің Күлэнжанмен шамалас *боз өкпе* емес пе еді?— деді Рахмет (Н. Оразов, Достар хаты). ә) *Ынжық, бос, былжыр.* «Бәсе, нағашыңа тартқан *боз өкпе* боларсың,— деушіедім, дауыс көтеруге жарар түрің жоқ қой. Күмістің де енді маңайынан жүрмессің»,— деді ішінен аға сұлтан (І. Есенберлин. Қаһар). Өз еңбегім үшін қаланың *боз өкпе* тұқымының өкілі маған тауықтың астынан жаңа түскен екі жұмыртқа алып ішуге рұқсат етеді («Лен. жас».) **Боз өкпе болды.** *Өкпесі күйіп демікті, ентікті.*— Өзі өскен жерде *боз өкпе боп* кешке дейін доп қуатын балаларды аяп, күнде ертемен «Шіркін, ауылға тездеп жетсем!» — деп оянатын («Лен. жас»). **Боз торғай.** *Түсі қоңыр ала, қанаты ұзын, бауыры ақшыл, дене тұрқы 20 см-дей торғай тектес құс.* Бұлақтың өршелене құлдыраған ағыны ағаш жапырақтарын, *боз торғай* қауырсынын немесе гүл жапырағы мен бір тал шөпті ілестіре ықтырып барады («Лен. жас.»). Жас сұлуша жасанып, Жылдың әсем келді айы; Жағы сенбей ән салып, Жырлайды *боз торғайы* (Ғ. Орманов, Шығ.). **Боз тікен.** *Қалампыр тұқымдасына жататын өсімдік. Боз тікен* көп жылдық шала бұта және шөптесін өсімдік түрінде кездеседі (ҚСЭ). **Боз шағала.** *Шағала тұқымдас құс. Боз шағаланың* қанатының үсті қара қоңыр, басқа жерлері ақ түсті келеді (ҚСЭ). **Боз шұбар.** *Шұбар аралас боз түс.* Көптеген түстердің бәрінен ерекше және сирек кездесетін түс — шұбар, *боз шұбар,* көк шұбар, қара шұбар (Х. Арғынбаев, Этногр. очерк). **Қылаң боз.** *Бозғылт, бозғылтым. Қылаң боз* жылқыны өзге түсті жылқыдан артық көру Қазақстаннан басқа елдерде де бар мінез (С. Сейфуллин, Шығ.). **Шаңқан боз.** *Ашық, шымқай боз.* Қойда бағлан қозы еді, Жылқыда *шаңқан боз* еді. Жау айбынар ер болса, Жайсаңым соның өзі еді (Бұл да). «Дауылдан кейінгі» ұялас қос ақ қасқаны соңынан ертіп, *шаңқан бозбен* саят құрып жүрген жас Аман оқушы көңілін бірден баурап алады («Қаз. әдеб.»).

БОЗА з а т. *Дәнді дақылдан ашытып жасалған сусын, ішімдік.* Жігіт жүр, бұл еңбекте топтан оза, Қызы жүр, уағдалы сөзін соза. «Көңілі, көрінбесем жабырқар» деп, Күн сайын жұбатады беріп *боза* (С. Мұқанов, Шыңнан шыңға). Қуаныш арақ пен *бозаны* шелектеп ішуде ме екен? Дені дұрыс жұрт тойға қуанышпен келіп, қуанышпен тарқар болар (Т. Нұртазин, Адам бекерге.). Шығарған сөзім шырайлы, Мақтасындай қозаның, Әсеріндей *бозаның* (XX ғ. қаз. ақын.).

БОЗАДАЙ с ы н. *Боза тәрізді, боза сияқты.* Жол қазып таудың астынан Дүрліге ағып шыққан су. Қой бастауды қуалап, Кез келген жерге шыққан су. Ашыған әбден *бозадай,* Ақ көбік бетін басқан су (Қ. Маликов, Алтын шынар.).

БОЗАҚОР с ы н. *Боза құмар.* Бірінбірі көптескен, *Бозақормен*ептескен, Жақыннан басқа қасы жоқ. Меркеден бергі туғаның Салған қыстақ, қаланы (Айтыс).

БОЗАЛАҢ с ы н. *Қылаң, ақшыл, бозғылт.* Сұлап жатқан қара теңбіл қырлардың үсті *б о з а л а ң* (С. Бердіқұлов, Егеулі найза). Көктемнің тоңы түгел ажырамаған көгершінен қараң-қараңы басым жазыққа *б о з а л а ң* таңның шапағы жайылып келе жатты (С. Бердіқұлов, Егеулі найза). ◆ **Бозалаң тартты.** а) *Бозғылданды, ағарды.* Қардың сәулесі ме, әлде таң *б о з а л а ң т а р т ы п* қалған ба, терезеден болар-болмас бозамық сәуле көрінеді (Ш. Құмарова, Қос шынар). Сонау, әрменіректе меңірейіп *б о з а л а ң т а р т қ а н* жал-жал екі қырат төбе тұр. Біздің ауыл мекен еткен аймақтың «Қостөбе» атануы міне осыдан (Б. Соқпақбаев, Балалық.). ә) *Қуқылданды, бозарды.* Қос мырза: — Әй, бәрекелді, жөн сөз,— десіп мәз болысты. Ақ сұр өңі азырақ *б о з а л а ң т а р т қ а н* Сәкен қомдана түсті (Ә. Көшімов, Лашын хикаясы).

БОЗАЛАҢДА ү с т. *Таң сәріде, ертемен.* Олар әрі қозғалғанда, Жараларын шала таңып, «Ағайлар!» деп *б о з а л а ң д а,* Тоқтатты бір бала танып (Ж. Молдағалиев, Жиырма бес).

БОЗАЛАҢДАП ү с т. *Ағараңдап, бозғылданып.* Гурин далаға шыға келгенде, *б о з а л а ң д а п* таң да атып келеді екен (Ғ. Мүсірепов, Белдерде).

БОЗАМЫҚ с ы н. *Бозғылт, ақшыл.* Су тасыған жылдары жайқалған шалғын боп кететін еді деген ойпаттар, биыл сортаңы шығып жатқан *б о з а м ы қ* тақыр боп қалды (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.). Сай-сала бусанып жатыр. *Б о з а м ы қ* дала қауырт көктей қоймаса да, ойдым-ойдым шабындық ертең-ақ тебіндейтін түрі бар («Лен. жас».). ◆ **Бозамық тартты.** *Бозғылт тартты, таң бозарды, қылаң берді.* Үйтқып алды-артын ораған қараңғылық бірде *б о з а м ы қ т а р т ы п,* қайта түнеріп төреңіне тарта береді (Т. Ахтанов, Боран). Үй іші әлі қара көлеңке, терезеден *б о з а м ы қ т а р т ы п,* таң сәулесі түсіп келеді (З. Иманбаев, Солма. гүл.). *Б о з а м ы қ т а р т ы п* көк жиек Келеді тұман арылып. Арайлы таңға бет сүйеп, Отырды жігіт сарылып (Н. Шакенов, Айгүл).

БОЗАМЫҚТАН е т. 1. *Ақшыл тарту, бозару.* Төңірберген інісіне көлденеңнен көз тастады. Інісінің қызарған танауы мен сұрғылт жүдеу бетінде *б о з а м ы қ т а н ы п* үрпиіп кеткен түктерге қарап тұрды да, көзін тайдырып әкетті (Ә. Нұрпейісов, Сергелдең). Шілде айларының соңғы күндерінде аспан төрі *б о з а м ы қ т а н ы п,* ақшыл түске енетін шағы болады (К. Тоқаев, Тасқын). 2. *Таң білініу, құлан иектену.* Шығыс жақ *б о з а м ы қ т а н ы п* ағарып келеді. Іле-шала қызыл арай шұғыла басталды. Енді кешігуге болмайды (Ә. Әлішев, Батыр.). Таң *б о з а м ы қ т а н а* мұзға шыққан балықшылар қимылы ширақ. Оның үстіне қыс күндеріндегідей емес, ойық ою біршама жеңіл («Лен. жас».). Жан-жақ *б о з а м ы қ т а н ы п* қалғанын көріп, тұрып кетсем қайтеді деп те ойлайды қыз («Қаз. әдеб».).

БОЗАМЫҚТАНУ *Бозамықтан етістігінің қимыл атауы.* Бір кезде боран ыдыраңқырады ма, не таң біліне бастады ма, түні бойы көмірдей қап-қара боп тұрған түннің реңкі *б о з а м ы қ т а н у ғ а* айналды (С. Мұқанов, Менің мектеп.).

БОЗАМЫҚТАУ с ы н. *Бозғылттау, қылаңдау.* Біз Алматыға беттеген шақта қара көк түспен мұнартқан биік таудың ар жағынан, әуелі таң сияқты *б о з а м ы қ т а у* сәуле көрінді (С. Мұқанов, Есею жылдары). Кравченко өзінің *б о з а м ы қ т а у* сопақ қауын бетіне зер салды, көздерінің астындағы қатпар-қатпар, айналасындағы айғыз-айғыз әжімдерді көріп, басын шайқады (Ө. Қанахин, Ауыр күн.).

БОЗАҢ[1] з а т. 1. *Құрғақ, шөлейт жерде өсетін шөп.* Аспандағы боз торғай, Бозаңда болар ұясы; *Б о з а ң н ы ң* түбін су алса, Қайғыда болар анасы (М. Өтемісов, Өленд.). Ұшқан тозаң, қамыстың үпелегі, *Б о з а ң,* сора, балықкөз тікенегі (А. Тоқмағамбетов, Агроном.). Қадиша талпынып тағы қозғалды. Бір түп *б о з а ң ғ а* түйіле үңілді (А. Тоқмағамбетов, Әке.). 2. *Сортаң, құаң жер.* Жоламан күн де шығуға жақын екенін сезіп, *б о з а ң д а* бір топ қара торғай әнге сала жөнелді (І. Есенберлин, Қаһар). Мүлгіген дала тыныштығына орай жолаушылар арасында бір сәт үнсіздік орнады. *Б о з а ң д ы* басқан сылбыр ат тұяғының ғана сытыры естіледі (С. Әлжіков, Дала қыраны).

БОЗАҢ[2] с ы н. *Ақшыл, қылаң түс.* Деді де ақырын тұрып, қайта басты. Көбісі сылдыратты малта тасты. Ай *б о з а ң,* жұлдыз біткен жадау тартып, Тамылжып

таң қылаңдап жабық ашты (І. Жансүгіров, Шығ.). Түтіндетіп жолдың ыстық тозаңын, Бар жүйрікті дер ме басып озамын! Күн еңкейе сол машина егінінің Әрең шалды жиектегі *бозаңын* (А. Хангелдин, Қыз жүрегі). Қаратау қойнауына қарай *бозаң*, қылаң түсті үйір-үйір жылқы ала-құла боп өріп барады (І. Есенберлин, Қаһар). ◆ **Бозаң тартты.** *Ақшыл тартты, ақшылданды.* Сырымның суық сорған ақсары жүзі *бозаң тартып*, менің бетіме қарады да:— Бүгін аз жұмыс істеген жоқпыз, мамам кереметтей риза болар-ақ,— деді (Н. Ғабдуллин, Қызық дәурен). Омардың қызыл шырайлы дөңгелек жүзі айналаға қарсы түскен сұрғылт сәулесінен *бозаң тартып* сопақша көрінеді («Лен. жас»). Олар әңгімелесіп отырғанда, шығыс жақ баяу ғана қылаңыта бастады. Қараңғылық ыдырап, төңірек *бозаң тартты* («Лен. жас»).

БОЗАҢДАУ с ы н. *Бозғылттау, ақшылдау.* Түйенің еті тауықтың етіндей *бозаңдау* және тап сондай жұп-жұмсақ болады екен (Ө. Қанахин, Жер бас.). Бұл жердің неге Боз деп аталатынын Сәрсен сонау бала күнінен білетін. Өйткені табан астынан алған уыс топырақтың *бозаңдау* түсі бұл атауға сәйкес келетін-ді («Соц. Қаз.»).

БОЗАҢЫТ е т. *Ақшыл тарту, бозғылттану. Бозаңытып* шаңытқан кеш жымжырт тыныштығымен-ақ құлақты керең қылатын (Р. Тоқтаров, Ертіс.). Күн батып, көкшіл түспен *бозаңытқан* сәуле ғана қалған. Бекеттің есіне жазы ыстық, қысы суық Кереку түсті (Бұл да).

БОЗАР е т. 1. *Бозғылттану, ақшылдану.* Серпіліп қара түннің көлеңкесі, *Бозарып*, ала төбе маң көрінді (С. Сейфуллин, Өлеңд.). Таудың бергі баурайын түгел алған орманның солтүстігінде жаңағы шатқалдардың қойнауында бетін қар басқан Бурабай көлі *бозарады* (М. Иманжанов, Алғашқы айлар). 2. *Өңі қашу, түсі бұзылу.* Мәликенің тарқатылып кеткен шашы иығына құлап, жалаң аяқ босағада сүйеніп тұр; шақырайған қызыл көйлегі қан-сөлсіз *бозарған* өңін жұқартып, ашаң тартқызған (Р. Тоқтаров, Ертіс.). Дутовтың қашқын әскерлері қалайша оңай тұтқын болғандарына таңданғандай бет-терінің қаны қашыңқырап, *бозарып* тұр (Қ. Тайшықов, Окт. ұшқыны.). Молланың онсыз да қан-сөлсіз сұп-сұр жүзі боз шүберектей боп *бозарып* кетті (Х. Мұстафин, Қыр жігіті). ◆ **Бір қызарып, бір бозарды.** *Өңі бұзылды, сұрланды. Бір қызарып, бір бозарып* дем ішінде, Құбылып қиял оты өр үстінде. Қарап ол тұрып кетті, бір күрсінді, Наз, ыза қатар тулап кеудесінде (Қ. Бекхожин, Ақан Ақтаев). Қыз жігітке қарай алмай, *бір қызарып, бір бозару* себебі Маржан Қарымсақпен іргелес ауылдағы бір орта шаруаның қызы екен (І. Есенберлин, Қатерлі өткел). Бекболаттан көзін айырмай, *бір қызарып, бір бозарып* аузына сөз түспей, есі шыққан кісідей бері қарай келе жатты (С. Шарипов, Бекболат). **Көзі бозарды.** а) *Көз нұры тайды, өлімсіреді.* Мәлік ауруына шалдыққан малдың *көзі бозарып*, қабағы салыңқы тартады да, жас парлайды (Х. Арғынбаев, Этногр. очерк.). Не айтпақ болып едің, сәулешім,— деп күбірледі Үсенғали. Қазіргі халі жағадағы қайраңда сусыз, демі бітіп бара жатқан балықтай, *көзі бозарып*, нұры қашып кетіпті (Н. Оразов, Достар хаты). ә) *Күте-күте шаршады, көзі талды.* Галя бұрынғыдай *көзі бозарып* қарап отырмайтын болды, істесе іс табылады екен. Басқарма қанша жалтарса да, детсад аштырмай қоймаймын деп ойлады (Т. Ахтанов, Дала сыры). **Таң бозарды.** *Таң құлан иектеніп ағарды, қылаң берді. Таң* жаңа ғана сарғайып, *бозарып* атып келе жатқан мезгіл (С. Сейфуллин, Шығ.). Бұрынғы заман болса, бай сені *таң бозарып* атысымен оятып, малға қуар еді. Үйқы қанбау дегеннің не екенін сонда анық білер едің!— дейді Атымбаев (Б. Соқпақбаев, Бастан кешкен).

БОЗАРАҢ: **бозараң тартты.** *Сәл, жарықтана бастады.* Үйдің іші *бозараң тарта* бастады. Ақық оян, құлағына біреуді көмекке шақырғандай үн шалынды (Н. Ғабдуллин, Сарғайған жапырақ).

БОЗАРАҢДА е т. *Ақшылтым тарту, бозғылттану.* Далбаңдап шауып келе жатқанда қақ алдындағы қара аттының найзасының ұшында *бозараңдаған* не нәрсе?— деп таңданды (Ә. Кекілбаев, Дала баллада.). Сүгірәлі атының тізгінін тежей ұстап, көз ұшынан *бозараңдап* еңселі көрінген үйге қарай бет түзегенде Арна есіне түсті (А. Байтанаев, Қайнар бұлақ).

БОЗАРУ *Бозар етістігінің қимыл атауы.* Бүркіттің бұрын шақпақ тастай

жылтылдайтын отты көздерінің *б о з а р у ы*, желке жүнінің үрпиюі — жағдайының болмағандығы (Ә. Кешімов, Екі бүркіт).

БОЗАРЫҢҚЫ с ы н. *Бозғылт, бозғылтым. Б о з а р ы ң қ ы* саусағымен Мұрат терезені нұсқады:— Қарашы, далада күн жып-жылы. Жарқырап тұр (Б. Соқпақбаев, Жекпе-жек).— Меңдеш, жаным, еш шошыма да, сөзімді бөлме. Тыныш отырып тыңдашы,— деп бастады ол әуелі. Осы мезетте оның жүзі аяз сора-сора үсуге айналған беттей *б о з а р ы ң қ ы* екен (Б. Аманшин, Жар мұңы). Жер-дүние азырақ *б о з а р ы ң қ ы* тарта бастаған, көктегі құлпырып ойнаған жұлдыздардың да жанған сәулелері манағыдан көрі солғындаңқыраған (С. Сейфуллин, Шығ.).

БОЗАРЫҢҚЫРА е т. *Өңі қашыңқырау, құқылдану.*— Жақсы, аман жүріп, сау орал,— деп Гүлсім жастар тәртібімен түрегеліп қолын берді. Бірақ, Гүлсімнің үні өлденеден дірілдеп, өңі *б о з а р ы ң қ ы р а п* шықты (С. Бегалин, Уақыт тынысы). Жүзі гүл-гүл жайнап шыққан әйелін, барлығып, беті *б о з а р ы ң қ ы р а п* шыққан жігітті көргенде, моншашы бай бармағын шайнап жіберіпті (Мың бір түн). Сартай бұрын бетінен ақ қызыл боп нұры тамған үлкен қой көзді, ат жақты, сары жігіт еді, қазір *б о з а р ы ң қ ы р а ғ а н* (А. Нұрманов, Аққу жұлдызы).

БОЗАХАНА з а т. *Боза сатылатын жер, дүкен.* Мандайшаларында ескі орысша, арабша жазуы бар *б о з а х а н а*, шайханалар, түрлі дүкендер. Базар шуы. Сарт-сұрт алақандар ұрылып, сауда қызу жүріп жатыр («Қаз. әдеб.»).

БОЗБАЛА з а т. *Бойдақ жас жігіт, жігіт-желең, жасөспірім.* Алынбақ болды елімнің *б о з б а л а с ы*, Он тоғыз, отыз бірдің екі арасы. Қашқанда қандай күйге жолығад деп, Зарлайды одан жаман ата-анасы (Е. Қандеков, Өлеңд.). Талайы *б о з б а л а н ы ң* болған ғашық, Уай, шіркін, болсайшы деп бізге нәсіп. Егерде, Қамарменен тіл қағысса, Құдай ұрып, жым болар қара басып (С. Торайғыров, Шығ.). Демей ме елу ердің орта жасы, Ағарса да сақал мен самай шашы. Жайдақ атқа жайым бар ырғып мінер, Мен де бүгін заманның *б о з б а л а с ы!* (О. Малқаров, Менің ізім).

БОЗБАЛАДАЙ с ы н. *Жастардай, жастар сияқты.* Менің анау қыз үшін түн қатқан *б о з б а л а д а й* шапқылауыма тура келеді,— дейді Қайырбаев (Ә. Нұршайықов, Тың астығы).

БОЗБАЛАЛЫ с ы н. *Жас жігіттері бар.* Көші бар қыз-келінді, *б о з б а л а л ы* Шолады жазғы жасыл көз даланы. Ал көңіл алғаш рет тайға мініп, Қалың көш қапталында қозғалады (Х. Ерғалиев, Күй дастан).

БОЗБАЛАЛЫҚ з а т. *Жастық дәуреп, жастық шақ, жігітшілік.* Қазақтың күш сынасуы, *б о з б а л а л ы қ* өнерін асыруы, көрі-жас арасындағы ойын-сауықтың бірнеше түрлерінің не қызық тамашасы да ат үстінде әйгіленетін (Тарту). Тек көңіл көтерерлік орын таппай, жалған *б о з б а л а л ы қ қ а* бой ұрып, екі үйдің арасында өткен-кеткенге тұрпайы әзіл тастап жүргені («Лен. жас»).

БОЗБАЛАСЫМАҚ с ы н. э к с п р. *Өзінөзі бозбалаға балау, бозбала санау.* Бірінбірі кимелеп, тікесінен тік, қылқиысқан *б о з б а л а с ы м а қ* жастар да тіпті иін тіресіп, есікті сындырып барады (С. Торайғыров, Мағынасыз мешіт). Үштен-төрттен бірігіп қатар түзеп, барын киіп, барын мініп ауылдарды аралап, үй-үйдің араларында жүрген *б о з б а л а с ы м а қ т а р* (С. Сейфуллин, Шығ.).

БОЗБАЛАША ү с т. *Бозбалаға ұқсас.* Қарымсақ үйінің жанына бір топ жігіт жиналып, олардың ішінде санақшы Хасен мен *б о з б а л а ш а* киінген Ханшайым да бар (І. Есенберлин, Қатерлі өткел). Наурыз Нәркесті күнара үйге әжеліп, сақа *б о з б а л а ш а* басын айналдырып жүр. Бірге отырып сабақ қарайды (Р. Тоқтаров, Ертіс.).

БОЗБАЛАШЫЛЫҚ з а т. *Ойын-күлкіге бой ұрушылық, бозбалалық, жігітшілік.*— Е, шиқан қатты қимылдатпады,— дейсің, *б о з б а л а ш ы л ы қ* қылып түнде жүргенде шиқанның неге ауырмайды (С. Сейфуллин, Шығ.).— Амандық екеумізі екі атты жаратып мініп, күндіз-түні жүрдік те отырдық. Амандық партия жию мен *б о з б а л а ш ы л ы ғ ы н* қатар жүргізді,— дейді Тасболат (Б. Майлин, Шығ.).

БОЗБАС з а т. ж е р г. Бозбала. Нұрғазының елтіп отырған да ештеңесі жоқ, толқыны суйығанмен әзілкештігін, *б о з б а с* ойнақылығын әлі тыя қоймаған сағымның аулында (А. Сүлейменов, Бе-

сін). Жігіттің *б о з б а с* күнінде сұлу қызы құрғыр кісіні отқа да, суға да түсірмей ме (С. Сейфуллин, Шығ.).

БОЗБАСТЫҚ с ы н. *Бозбалалық. Б о з б а с т ы қ*, бойдақтылық құраннан соң, Исатай тұсаулауға ойлап еді. Алаштан таңдап жүріп қыз айттыр деп, Исакем жік-жапар боп қоймап еді (Айтыс). Оралдың: «Көзіңнен айналайын жалтаңдаған» — деп *б о з б а с т ы қ п е н* өлеусіреген іші ұнатпаған Біркімбай Бекке бұрылып: — қиссадан шертсе қайтеді,— деді (Т. Әлімқұлов, Ақбоз ат.).

БОЗҒАЛДАҚ з а т. *Көктемде қар кетісімен шығатын боз түсті гүл, жауқазын.* Мешеу көктем, сазартып көзді алдадың, Жеттің ақыр, сең көшіп, қозғалды ағын. Қырда күртік ашылып, тердік бүгін — Қар астының алғашқы *б о з ғ а л д а ғ ы н* (Ә. Сәрсенбаев, Миллиард ізі).

БОЗҒАНАҚ з а т. *Құрғақта өсетін дәнді шөп.* Жауынды жылдар Нарынның биік шоқылары көк қияққа бөленіп, *б о з ғ а н а қ* піскен кезде бартылдауықтары асау мінсең үркітіп, жуас мінсең аяғыңа шырмалып, бұйраланып жатпаушы ма еді, шіркін? (Қ. Жұмалиев, Жайсаң жандар). Қырлықта қызыл изен, *б о з ғ а н а қ т ы* Сансыз қой қора-қора ендеп жатты (Бұл да).

БОЗҒЫЛ [1] с ы н. **1.** *Ақшыл, бозамық.* Алда боз жусан, *б о з ғ ы л* топырақтан басқа тұк жоқ елсізден поезд жүріп келеді (І. Жансүгіров, Әңгім.). Үйлердің қызыл, көк шатырлары бірыңғай *б о з ғ ы л* түске енген. Тіліңді тигізе қойсаң қандай жабысар еді (Р. Тоқтаров, Ертіс.). Боз торғай шырылы құлағыма тынбай естіліп тұр. Бірақ даланың кішкентай боз құсын *б о з ғ ы л* аспаннан көре алмаймын (Н. Ғабдуллин, Сарғайған жапырақ). **2.** *Қаны қашқан, сұп-сұр.* Масқаралық қой,— деп *б о з ғ ы л* беті ду етіп, саусақтарының ұшы дірілдеп, өңіріндегі түймелерін тартқылай бастады (Ә. Нұрпейісов, Сергелдең). Үнемі *б о з ғ ы л* бетіне қан жүгіріп, күреңіте бастаған. Әнеукүні кездейсоқ көшеде кездесе қалып, екеуміз құшақтаса көріскен едік. Мұндайда солдаттың жайы мәлім ғой (С. Сарғасқаев, Біз төртеу.). ◆ **Бозғыл тартты.** а) *Өңі қашты, бозарды.* Алдабергеновтың беті қуарып, жағы түсіп, өңі *б о з ғ ы л т а р т қ а н*, көзінің асты сарғайып кеткен (С. Бақбергенов, Адам және көлеңке). Бұл дүлейді қайықтағылар да елемейтіндей. Жақсыберген ғана толқулы. Жағының жүні үрпиіп, жұқа, нұрлы жүзі *б о з ғ ы л т а р т қ а н* («Лен. жас»). ә) *Бұрыл тартты, ағарды.* Шам жарығында Бибінің *б о з ғ ы л т а р т а* бастаған мандай шашы тым ағарып, күмістей қылаулап көрінген (Р. Әутәліпов, Алтын жем.).

БОЗҒЫЛ [2] з а т. *Құрғақта өсетін шөп, боз, бозаң.* Көкқия тауының шөбі шүйгін болады. *Б о з ғ ы л ғ а* семірген қойдың сүбесіне пышақ жетпейді (І. Жансүгіров, Шығ.).

БОЗҒЫЛДАН е т. *Ақшыл тарту, бозару.* Көшкен жұрттың орны дөңгеленіп *б о з ғ ы л д а н ы п* қана көрінеді (Д. Досжанов, Зауал). Станциядан әріректе отырған үш-төрт киіз үйдің түндігі *б о з ғ ы л д а н д ы* (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). Әлі *б о з ғ ы л д а н ы п* тұрған селдір түтіннің ішінде орнынан тұра алмай, тек кеудесін көтере түскен, Кәрімғалидың ірі денесі Нұрымның көзіне анық шалынды (Х. Есенжанов, Тар кезең).

БОЗҒЫЛДАУ с ы н. *Ақшылдау, боздау.* Құндызбай сәкі астынан үлкен кострюлді бері тартып, стол үстіне қояды да, *б о з ғ ы л д а у* бір сұйық нәрсені сапыра бастайды. Бірден қымыз исі шығады (Ә. Сәрсенбаев, Офицер күнд.). Дөң маңдайының көз үстіндегі жарқабағында жарты ай тәрізденіп иіле жатқан жіңішке *б о з ғ ы л д а у* қастары да көз алдымда (М. Иманжанов, Адам тур.).

БОЗҒЫЛТ с ы н. **1.** *Бозамық, ақшылт.* Уақыт әлі ерте. Бірақ жаз таңының сызы жер үстіне *б о з ғ ы л т* торғынын ойната бастаған (Б. Тоқтаров, Қыран.). Сырмаққа арналған киіздің астыңғы [теріскей] бетіне шымқай ақ, қара болмағанымен *б о з ғ ы л т*, қоңырқай таза жүн де жарай береді (С. Қасиманов, Қаз. халқының қолөнері). Шери көптің сөзіне құлақ қойған жоқ, құлақ қойғанмен ұқпас та еді, жүрістерінен аспанға қою *б о з ғ ы л т* шаң көтерілген жастардың соңынан үңіліп қараумен болды (Р. Тоқтаров, Ертіс.). ◆ **Бозғылт тартты.** *Ақшыл тартты, бозарды.* Қалың түскен ақша қардың беті *б о з ғ ы л т т а р т ы п*, сылқылдап астан еріп жатыр (С. Бақбергенов, Алтынемел.). *Б о з ғ ы л т т а р т қ а н* дала енді көктемнің алғашқы бұрқан-талқан нәсеріне аңсары ауып жатқандай («Лен. жас»).

БОЗҒЫЛТТАН е т. *Ала көлеңкелену, бозару.* Ақшоқының ар жағы жұқалаң ғана ақ сәулеге оранған. Жым-жырт ұйып жатқан жайлы түн алакөбең тартып, бірте-бірте *б о з ғ ы л т т а н а* бастады («Лен. жас»).

БОЗҒЫЛТТАУ с ы н. *Бозғылтым, бозғылт.* Дөңгелек ай мұз бетіне *б о з ғ ы л т т а у* сәуле жолағын тартыпты (Ә. Сәрсенбаев, Капитан ұлы).

БОЗҒЫЛТЫМ с ы н. *Бозғылттау, бозғылт. Б о з ғ ы л т ы м* жалқын түстес, қоңыз сипатты ебедейсіз автобус ұзақ-ұзақ, үздік-создық сигнал берді де, жайлап орнынан қозғалды («Лен. жас»). Алыстан көріне бастаған түс анық көкпеңбек емес, өңі көше бастаған *б о з ғ ы л т ы м* (М. Мағауин, Ақша қар). *Б о з ғ ы л т ы м* рең әбден айқындалғанға дейін қойлардың арасына тығылған Еңлік кейде қалғып кетіп отырады (К. Оразалин, Ақ жазық). ◆ **Бозғылтым тартты.** *Бозғылт тартты, бозарды.* Алыстағы фонарь сәулелерінің жарығы *б о з ғ ы л т ы м т а р т ы р,* ұшқындаған қиыршық бар (Бұл да).

БОЗДА е т. 1. *Түйенің зарлы үн шығаруы.*—Мызғып алайын, деп Доскей көпшікке қисайды. Сол сәтте тыстағы бота *б о з д а п* қоя берді, үні дірілдеп, жіңішке шығады (Д. Досжанов, Зауал.). *Б о з д а ғ а н* түйе, жылаған бала даусы. Азан-қазан, у-шу. Қақпадан еркек-әйелі аралас аттылы-жаяу тағы бір топ адам екпіндете еніп келеді (Б. Аманшин, Жар мұңы). 2. *Еңіреп жылау, зарлау.* Есіктің алдына біраз жұрт жиналып қалған. Іштен жылаған дауыстар естіледі. Міне, енді енесінен айырылған боташа *б о з д а п* келе жатырмын (Б. Соқпақбаев, Бастан кешкен). Бижамал кенеттен толқып кетіп, Жаңабекті бас салып, *б о з д а п* тұрып жылады (Б. Тоғысбаев, Алдыңғы толқын). Кет, көзіме көрінбе! Күйік болмай, шық үйден!— деді Шегебай інісіне жекіп. Шымырбай әкесі жаңа өлгендей *б о з д а п,* үйден шыға жөнелді (Б. Тілегенов, Көктем.). 3. *Бір қалыпта үзбей дыбыс беру.* Завод гудогіне дә дамыл жоқ. Дағдысынан ашылау да жағымсыз бір дыбыспен әлсін-әлі *б о з д а п* тұр (С. Шаймерденов, Мінез). Тебіренбейтін теңіз қанға айналды, Көрді ғажап аспан асты ойранды. Зіркіл қағып зеңбірек пен пулемет, Бомбовоздар *б о з д а п* шырқ айналды (М. Хакімжанова, Мәншүк). Жан-жақтан ажал оғы *б о з д а ғ а н д а* шаңытып зордан қараң-құраң көрінетін (С. Бердіқұлов, Егеулі найза). ◆ **Ботадай боздады.** а) *Еңіреп жылады, егілді.*— Әй, Қайсар, қайда барасың? Алтыбақанға апарайын,— деген сөзіне де қарамастан, сол *б о т а д а й б о з д а ғ а н* күйім үй қайдасың деп тартып отырдым (Ө. Қанахин, Жер бас.).— Қарағым-ай, қандай күйге түскен едің... тірімісің?!— деп *б о т а д а й б о з д а п* қоя берді. Мұның Жантай қарт екенін Әлім дауысынан таныды («Соц. Қаз.»).

БОЗДАҚ[1] з а т. *Боғаның жақ жүні; түйе түлеген соң жаңадан шығатын жұмсақ ұлпа жүн.* Жаңадан түлеген *б о з д а қ* жүнді бір топ түйе жайылымда жүр («Қаз. әдеб.»). Шұғылдың бурасы ыстықта сортаңға түсіп, ащы суды сорып жұтып, сорап жеп *б о з д а ғ ы* шығып қалған (Х. Есемжанов, Ақ Жайық). ◆ **[Жағының] боздағы шықты.** *Тоңғаннан, жүдегеннен жақ жүнінің тікірейіп үрпиюі.* Балалардың *ж а қ т а р ы н а н б о з д а ғ ы ш ы қ қ а н,* шаттары ұзарған (М. Әуезов, Абай). Қойшы өгізінен секіріп түсіп, қасыма келді. Түсі сүзектен тұрғандай. *Б о з д а ғ ы ш ы ғ ы п* жақ жүні үрпиген (С. Сейфуллин. Тар жол.). Делидің шет жағындағы сабағы жуан, бұтағы самырықтың қанатындай саялы ағаштың түбінен *б о з д а ғ ы ш ы қ қ а н* біреулер тұрып жатты (Қ. Сатыбалдин, Қаратораған).

БОЗДАҚ[2] з а т. *Ер азамат, жас жігіт.* Отан үшін өздерін құрбан етіп, өмірмен ерте қоштасқан *б о з д а қ т а р ғ а* ескерткіш ретінде оқушылар «Ешкім ұмытылған жоқ, ешнәрсе ұмытылмайды» деген стенділер жасады («Қаз. мұғ.»).— Е, е балаларым, сонау жылы жау қолынан қаза тапқан *б о з д а қ т а р* ғой,— дейтін («Лен. жас»).

БОЗДАҚ[3] з а т. з о о л. *Үлпілдек жүнді тюлень.* Тюленьдердің күшіктері әдемі сарғылттау келген боз реңді, үлпілдек қою жүнді болады. Оны *б о з д а қ* [беляк] деп атайды (Б. Муханов..., Қазақст. өсімдік.).

БОЗДАН *Бозда етістігінен жасалған ырықсыз етіс. Б о з д а н д ы* жетімектей дала ышқынып, Жыланды бесіктегі бала ышқынып (Д. Әбілев, Өлеңд.).

БОЗДАТ *Бозда етістігінен жасалған өзгелік етіс.*— Ана төртеуінің әке-шешесін, қатын-баласын өліктер жатқан үйдің жанында *б о з д а т ы п* қойдым (Д. Әбілев, Арман жолы). Бұдан бұрынғы үш күн бойғы іздеуде дағдыланған мерзім бойынша Жағышар машинасын анда-санда ұзақ *б о з д а т ы п* сигналдап қояды (М. Әуезов, Өскен өркен.).

БОЗДАУ *Бозда етістігінің қимыл атауы.* Сылдыр су, тал тамылжу, құрақ құдыр, Ізі — су, ыю-қию көшеді ауыл. Ит үру, сиыр мөңіреу, бота *б о з д а у* Құр-құру! Кө-күшік-ө, айғай-дырду (І. Жансүгіров, Шығ.). Жануар бір аптаға сыр бермеді, Жазығым қандай деуге тіл келмеді. Келесі күннен бастап *б о з д а у* салып, Көздері боталаған дым көрмеді (Қ. Баянбаев, Шапағатты таң.).

БОЗДАУЫҚ с ы н. *Зарлы үн шығарғыш, боздағыш.* Шіркін, әлгі *б о з д а у ы қ* түйенің бойы ұзын (Т. Исмаилов, Есіл.).

БОЗДЫ с ы н. *Боз өсетін, бозы бар.* Қалың *б о з д ы,* кер мықық сары жазықта жайыла қонып отырған елдердің кейбір ауылдарын сағым көтеріп, бейне толқын үстінде жүздіріп жүргендей бұлдыратады (С. Бегалин, Бала Шоқан). Жаз ортасы ауып барады. Сұрғылт тартып, қураған жусан, өріректе сол баяғы *б о з д ы* бұйрат (Т. Ахтанов, Дала сыры). Ақбөкен үйір-үйірімен бірыңғай бидайық және *б о з д ы,* көбіне бетегелі, жусанды, соранды жерлерге жайылады (Х. Қыдырбаев, Дала көркі).

БОЗДЫ-БЕТЕГЕЛІ с ы н. *Боз бен бетегесі бар, өсетін жер.* Саршұнақ Өскемен төңірегіндегі *б о з д ы - б е т е г е л і* далада, кіші-гірім төбелерде және егістікте тіршілік етеді (Х. Қыдырбаев, Зиянкес.). Шөптің түріне қарай *б о з д ы - б е т е г е л і* жайылымды сиыр малын бағуға пайдаланды (Жаңарған өлке.).

БОЗҚОНАҚ з а т. *Шабындық немесе мал жайылымдық өсімдік.* Жүрген жерім жазық дала болар-ау, жусан мен *б о з қ о н а қ т а н* басқа ештеңе аяққа оралмайды (С. Бақбергенов, Қарға тамған.).

БОЗША с ы н. *Бозғыл, бозғылтым.* Теңіз бетін сипай баяу өскен салқын жел мен көшіп-қонып жүрген *б о з ш а* тұманнан басқаның бәрі таңның тәтті ұйқысында (Ө. Қанахин, Мұрагер). Бақыт, көңіл хошы, сұлулық — күллісі тек қана тау ішінде, оның орманы мен бұлбұлында, бұлағы мен *б о з ш а* тастарында сияқты (Д. Әбілев, Ақын.). Бір мерген *б о з ш а* құсты атып алды, Қоймады, өлтіріп-ақ жалғыз жанды (Ы. Алтынсарин, Таңд. шығ.). ◆ **Бозша торғай.** *Түсі бозғылт торғай тұқымдас жыршы құс.* Ұшады *б о з ш а т о р ғ а й* көдені ықтап, Басасың аяғыңды нықтап-нықтап. Кәрі әжем естімейді нана берсін, Берейін өлеңіммен шын ұшықтап (М. Әуезов, Таңд. шығ.). Үсті құрғап, жемге тойып, әлденіп алған *б о з ш а т о р ғ а й* үй ішінде еркін ұшып жүр екен (Н. Ғабдуллин, Қызық дәурен).

БОЗЫМ[1] с ы н. ж е р г. *Боздақ, ардақты.* Әлжуаз балалар — аяншақ аналардың әлпештеген *б о з ы м д а р ы* (М. Әлімбаев, Тәрбие тур.). Көлбай жігіттің нағыз *б о з ы м ы* еді ғой (С. Досымов, Жаңғырық).

БОЗЫМ[2] з а т. ж е р г. *Айыр өркешті түйе. Б о з ы м* күшті болады (Диал. сөздік.)

БОЗЫМЫҚ с ы н. с ө й л. **Бозамық.** Жер бетін жұқалтаң *б о з ы м ы қ* тұман басқан елең-алаңда оларды атуға алып келе жатты («Лен. жас»). *Б о з ы м ы қ* перде сыртынан жұқа қаңылтырдай мезгіл-мезгіл даңғыр ете қап, кенет қайтадан үзілген әлсіз мотор даусы естіледі (Ә. Сәрсенбаев, Капитан ұлы).

БОЗЫМЫҚТАН е т. с ө й л. **Бозамықтан.** Екі көзі терезеден *б о з ы м ы қ т а н ы п* келе жатқан болымсыз жарықты денесімен бүркеген Төкеннің әрбір қимылында (М. Дүзенов, Әке.).

БОЗЫНДАЙ: таң бозындай. *Бозарып атып келе жатқан таңдай.* Міз бақпады. Тек сұрғылт жүзі атып келе жатқан *т а ң б о з ы н д а й* құқылданып кетті (І. Есенберлин, Қаһар).

БОЙ з а т. 1. *Адам мен жан-жануарлардың дене тұрқы.* Жұнысбай — *б о й ы* сұңғақтау, талдырмаш, сіріңке өңді, қызба мінезді бала (Б. Соқпақбаев, Балалық.). Қыста туған қозы күн жылып, көк шыққанша *б о й ы* өсіп, буыны қатып, марқайып қалады (С. Омаров, Қой бағу.). Арқар құлжасының ірісінің *б о й ы н ы ң* биіктігі 125 сантиметрге дейін барады (М. Ермеков, Қазақст.). 2. *Тұла бой, дене.* Соққыны *б о й ғ а* жуытпай, тез бұғып, жалт еттім де, желке тұстарынан шық-

тым (Ә. Сәрсенбаев, Толқында.). *Бойына* шарап қызуы тараған Әсиянның екі беті бұрынғыдан да нарттай жанып кетті (Х. Рахимов, Қарлығаш.). // *Адамның өзі, жеке басы.* Тәрбиешілер мен ата-ана бала *бойындағы* бар жақсы қасиеттің бәрін пайдалануға тырысады (Семья тәрбиесі). Таныған жерде *бой* сыйлы, Танымаған жерде тон сыйлы (Мақал). 3. *Заттың тік қалпы, ұзындығы.* Сонымен будканың ұзын *бойына* үш тақтай шегелейік дейік («Халық мұғ.»). Өсімдіктің *бойына* ұзынды-қысқалы және жуанды-жіңішкелі бұтақтар шығады да, аумағы кеңейеді (Бұл да). 4. *Өзен, жол, сай, көше, тағы басқалардың жағасы, жағалауы, жиегі.* Бақанас өзені *бойына* сығылыса қонған ауыл, өзен жағалай көк шалғынға тартылған желі (А. Лекеров, Түз гүлі). Жаңбыршы аулы биік болғанымен, селдіреп кеткен ағаштың ішіндегі қыстауынан жаңада ғана жылжып, ұзын бір сайдың *бойын* өрлей қонған екен (Ғ. Мүсірепов, Таңд. шығ.). Айназардың пәтері төменгі жақта болғандықтан, бұлар көше *бойларымен* жоғары өрлеп келе жатты (С. Сейфуллин, Таңд. шығ.). 5. *Үлкенді-кішілі қоныстың, тұрақ-жайлардың алқабы, өңірі.* Көкшетаудың *бойында* алтын көп екенін білеміз,— деді Таубай (С. Мұқанов, Аспаз). 1855 жылы ол генерал Госфортпен бірге Орталық Қазақстан, Тарбағатай және Жетісу *бойларын* аралаған (М. Елеусізов, Шоқан Уәлиханов.). 6. *Ауыс.* *Сырт киімнің алғы және артқы өңірі.* Бұл тігіс киімдердің *бой* жапсарын, етегін, жең ұштарын бүгетін жағдайда қолданылады (С. Қасиманов, Қаз. қолөнері). Комбинезонның артқы *бойы,* тұтас бойы пішілген, алды белден төмендеу қиылған (Трактторист.). 7. *Есім сөздермен тіркесіп белгілі бір мерзім, мезгіл, мөлшер біткенше деген мағынаны білдіреді.* Осы күні кеш *бойы,* түн *бойы* Төкежан үйі мен Ысқақ үйінде кезек кеңес болды (М. Әуезов, Абай жолы). Соңғы бес күн, бес түн *бойы* мен осындай қатал да болса, әділ үкімді естуге өзімді-өзім дайындап едім (Б. Момышұлы, Москва.). Жол *бойы* көңілсіздеу болған Лида кенет қайта көңілденіп, өзгеден ерек көп күліп, ұшқалақтау болып кетті (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.). 8. *Кейбір есімше формаларымен тіркесіп, амал-әрекеттің алғашқы шағын, я белгілі бір өзгермейтін қалпын білдіреді.* Кузьменко еңсесін төмен салған *бойы* орнынан қозғалмады (К. Тоқаев, Тасқын). Жолаушы отырған *бойы* үндеместен отырып қалды («Жұлдыз»). 9. *Кейбір есім сөздермен тіркесіп, белгілі бір затпен салыстырылатын өлшеу атауын, мөлшершаманы білдіреді.* Қыз артымда, өзім оның алдында бойымды арқан *бойы* алыс ұстап келем (А. Хангелдин, Табыс. тағдыр.). Кісі *бойы* қол ұсынам бақан қадаулы, ол ат байлайтын ағаш (Ғ. Сыланов, Домбыра.). Оның жалпақ жауырыны қақпақтай, жұдырығы тоқпақтай, сыртынан қарағанда құйған пештей болып оқ *бойы* алдымызда отырады, астындағы сар қасқа аты оқтай ойнап келеді (Ғ. Мүсірепов, Таңд. шығ.). Таң атып, күн найза *бойы* көтерілгенде (Майдан). Мен күншығыс жаққа көз тастап, таяқ *бойы* көтерілген үркерді көрдім (Х. Әбішев, Аспан сыры). Ол күннің тұсау *бойы* көтеріліп қалғанын көрді де, шап етіп қатынымен ұрыса кетті (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). ◆ **Аза бойы қаза болды** [тік тұрды]. *Жаны тұршікті, шошынды; жек көрді.* Соғыстың сырт дабырығының өзіне *аза бойы қаза боп* жүрген Жақылсын оның шын сұмдығын енді көрді («Лен. жас»). Естиді адам кей-кейде бір сұмдықты, *Аза бойы қаза болар* шындықты. Сол күні өзім түс көріп ем тым жаман, Үстімдегі үйді дауыл жығыпты (Ғ. Қайырбеков, Қосбасар). Мәржанның мен десе *аза бойы қаза тұрады.* Тәрізі қорықса керек менен (М. Әуезов, Таңд. шығ.). Бұрын балаларымыз оқуға бар дегенде, *аза бойы тік тұрып,* көзінен жасын төгіп, жаны шошушы еді (С. Торайғыров, Таңд. шығ.). **Аспанмен бой таласқан.** *Зәулім, биік.* Сонау көгілдір *аспанмен бой таласқан* — пионерлер сарайы («Соц. Қаз.»). **Бой алдырды.** а) *Титықтады, шаршады.* Өткен түн қасқырмен айқаста қатты қимылдап, *бой алдырған* түрі бар (Т. Ахтанов, Дала сыры). ә) *Ырқына көнді.* Көп адам дүниеге *бой алдырған,* Бой алдырып, аяғын көп шалдырған. Өлді деуге сыя ма, ойландаршы, Өлмейтұғын артына сөз қалдырған (Абай, Шығ, жин.). **Бой алдырмады.** *Берілмеді, жеңдірмеді.* Торғай өлкесінде тұрушы қазақ емсектерінің айтуынша, түйе мәлік індетіне онша *бой алдырмайды* (Х. Арғынбаев, Мал ауру.). **Бой бақты.** *Өзін-өзі тежеді, алды-артын байқады.* Оспан Абайдың ажарына көз қиығын тастап, әлгідей

ұрыс үнін естумен ілес, енді сескене түсіп *бой бақты* (М. Әуезов, Таңд.). Орта мектеп мұғалімдері көпке дейін *бой бағып*, толқуда болды («Халық мұғ.»). **Бой бермеді.** *Айтқанға көнбеді, ырық бермеді, дес бермеді.* Ойбай-ай, өлейін бұл қорлыққа көнгенше! — деп, Сүтемген елге *бой бермей*, жұлқынып келіп, таяғын Ғанидің басына бір сілтеді (Ж. Арыстанов, Жалын.). Азған заманның белді биі бойлауық жылқы секілді *бой бермейтін* қисық болады екен (М. Әуезов, Таңд. шығ.). Мен сенің жайыңды ойладым, Сәулеш. Бәрібір Сырдақ саған *бой бермейді*. Өз дегенін істейді (Т. Ахтанов, Дала сыры). **Бой бойлады.** а) *Бой түзеді, сәнденді. Бой бойлап*, той тойлайтын жасқа жеткен жоқсыз (Ауызекі тіл.). ә) *Өз ойлағанымен болды, өз бетімен жүрді.* Қарабай қартайғанша *бой бойлады*, Жер жүзіне сыймаған мал айдады (Қозы Көрпеш). **Бойға ас батпады.** а) *Ішкен-жегені бойына тарамады, сіңбеді.* Қарынның тойғанына көңіл тоймас, *Батпайды* жан ауырса, жалаң *бойға ас* (Т. Әлімқұлов, Сапар). ә) *Көңілі көншімеді, мазасы кетті, тыншымады.* Е, Қасымқанның қатынының мінезі мәлім ғой, бұлдыратып жүріп бірдемені артық қағыстырып алмаса, оның *бойына ас* та *батпайды*,— деп, Жамила қала барды (М. Әуезов, Таңд. шығ.). Басына бәле бұлты оралып жүрмесе, *бойына ас батпайтын* Базаралы құтыртып отыр ма? — деген сұрақ қойды Тәкежан Абайға (Бұл да). **Бойға біткен.** *Қанға сіңген, үйреншікті болған.* Үлкеннен үйрену, еліктеу — баланың *бойға біткен* қасиетінің бірі («Қазақст. мұғ.»). **Бойға жайылды.** *Денеге тарады.* Алыстан сермеп, Жүректен тербеп, Шымырлап *бойға жайылған* (Абай, Шығ. жин.). **Бойға тарады.** а) *Денеге сіңді, батты.* Ас жеп, саумал ішіп, тамағымызды *бойға тарату*ға тыныстап отырмыз (С. Шарипов, Шығ.). ә) *Еркін алды, бойын биледі.* Елестетіп Айдар көркін, Кетті Әнуар терең ойға. Тәтті сырлар билеп еркін, Сағынышы *тарап бойға* (С. Бегалин, Таңд. өленд.). **Бойға шақтады** [өлшеді]. *Шамашарқына қарады, әлін білді.* Ақылсыз өзін мақтап былжырайды, *Бойыңа өлшеп* сөйлесең, нең құрайды (Абай, Шығ. жин.). **Бойға шапты.** *Денеге жайылды.* Сезбей ме жақын жүрек, төнсе хауіп, Қасірет білінбей ме *бойға шауып?* Зар қағып, аласұрған ата-анасы, Тақ атты, жалғыз ұлын алды тауып (Қ. Тоғұзақов, Сібір Омар). **Бойдан асты.** *Күш жетпеді, қолдан келмеді.* Табиғаттың дүлей күші кейде *бойдан асып* та кетеді (Көктем лебі). **Бойды алды.** *Еркін биледі, денені балқытты.* Күнайым гүл-гүл жайнап нұрланыпты, Ғашықтық мас қып әбден *бойды алыпты.* Үйқыда патша ханым жатқан шақта, Мергеннің қызы жылап оянышты (Батырлар жыры). **Бойды биледі** [**жеңді**]. *Ерікті алды, балқытты. Бойды билеп* тәтті сезім, Тілегенім табылып. Жарқырады жас көңілім, Жаным нұрға малынып (Ш. Смаханұлы, Тотияйын). **Жас жүректің толқынын дөп, Жаза алыпсың толтырып.** *Бойды жеңіп* бұл асыл леп, Тұрды титық көп құрып (Абай. Шығ. жин). **Бойды кернеді.** *Ішке сыймады, шыдатпады.* Жасынан талант қайнап, *бойды кернеп*, Тұтанып от жалындай шықтың өрлеп. Жанында тілдің тілі, өмір гүлі, Бостандық бақытына тудың шөлдеп (И. Байзақов, Таңд. шығ.). Оның ыза мен намыс *бойын кернеп*, жаны ашынып барып ерлік істепті (Б. Момышұлы, Москва.). **Бойды ұрлады.** *Бой тасалады.* Ол жүрген жоқ бақ іздеп, Қашпайды бақтан *бойды ұрлап* (Абай, Шығ. жин.). Дүние бір көз алдында, *Бойын ұрлап*, тәжім қылып: Ақырын-ақырын жылжып қана, Ғайып болды сылқ-сылқ күліп (А. Жұмағалиев, Өшп. жалын). **Бой жазды.** а) *Денесінің құрысқанын тарқатты.* Біраздан кейін Қаншайым орнынан тұрды. Қос қолын желкесіне салып, құрысқан *бойын жазды* (Ө. Қанахин, Мұрагер). Палуандар айқас алдында, әдетте шымылдық тасасында, киім шешетін бөлмеде *бой жазады* (М. Танекеев, Қажымұқан). ә) *Дем алды, денесін сергітті.* Түстен кейін ат ерттетіп берейін, екеуің тау аралап, *бой жазып* қайтыңдар!— деп, ол қайын сіңілісіне ойнақылана қарады (С. Бақбергенов, Қоянкөз). Жаңа үй деген қала екен, Толып тұрған бала екен. Барлық бала *бой жазып*, Асыр салып ойнадық (Ө. Тұрманжанов, Менің кітаб.). б) *Кеңшілік алды, еркіндікке қолы жетті.* Қазақтың пролетариат әдебиеті 1917 жылдан бастап-ақ туды, бірақ 1925 жылға дейін *бой жаза* алмады (С. Мұқанов, Өсу жол.). Осыдан былай мен *бой жазып* өзіме-өзім келдім (Б. Майлин, Шығ.). **Бой жасады.** *Өлер алдында бір*

сәт сергіді, аурудан айыққандай сезінді. Осы кеш пен түн Әбіштің *бой жасағаң,* соңғы қуатын танытқан болымсыз шолақ шағы екен (М. Әуезов, Таңд.). Өлімді көп көрген Ақылбай Мажыраның *бой жасағанын* біліп, жұбаптасайын деп, тез ұмтылып келеді (І. Жансүгіров, Шығ.). **Бой жетті.** *Қыз ер жетті, кәмелетке толды.* Сол жылы Гүлнаш *бой жетіп* қалған қыз еді (Т. Әлімқұлов, Ақбоз ат). Қощығұлдың *бой жетіп* отырған қызы бар, аты — Рахима. Бірсыдырғы сымбаты, бірсыдырғы кескіні бар (С. Мұқанов, Есею жыл.). Сұлу қыз тәрбиеде өскен кезі, *Бой жетіп,* күйеу алар келді кезі. Ақ жүзі он бестегі толған айдай, Алтындай жарқырайды екі көзі (XX ғ. қаз. ақын.). **Бой жүгері.** *Сабағы ұзын, иіліп өсетін жүгері* (Диал. сөздік). **Бой көрсетті.** а) *Қарасы көрінді, көзге түсті.* Асықпандар, қас қарайсын, *Бой көрсетпей* кеткен жөн (М. Әуезов, Таңд, шығ.). Кенет тобылғы арасынан екі көкшіл нәрсе сопаң-сопаң етіп *бой көрсетті* (Қ. Исабаев, Арман.). ә) *Қыр көрсетті, сес қылды.* Осы *бой көрсету* маневріне шыққан казак-орыс жүздіктерінің жолын тосып, бергі жағынан Белан, арғы жағынан Әйтиев қозғалған (Х. Есенжанов, Тар кезең). *Көрсеткен,* Сапақ мырза, бұл қай *бойың,* Жарыла шыға шауып, жиып топ-топ?! (Ғ. Қайырбеков, Дала.). б) *Өз ой-пікірін сездірді, кім екенін байқатты.* Танакөз өткір тілін Жақыпқа салып-салып алғанда, оны қорғауға бірі батқан жоқ, *бой көрсеткісі* келмеді (Ғ. Мұстафин, Дауыл.). Мұғалім баланың қамын өзінен бетер ойлап отырған бір жан екен, араласып нем бар, *бой көрсетпей,* үн шығармай қайтып кеттім,— деді Болатбек («Майдан»). **Бой көтерді.** а) *Бойлады, биіктей бастады.* Жар жиегіндегі қаланың биік үйлерінен *бой көтерген* күннің қиғаш сәулесі судың бетімен арғы жағаға сырғып бара жатқандай (А. Жақсыбаев, Қайырлы таң). ә) *Сейіл құрды, көңіл сергітті.* Үш жігіт атқа мініп, *бой көтеріп* келуге шықтық. Аттарымыз да сейдін, көңіл де сейдін (С. Сейфуллин, Тар жол.). Жас адамға қиын ғой, көшеге шығып, *бой көтеруді* де білмейді екенсіз, — дейді жеңгей Азаматты аяған пішінмен (Б. Майлин, Азамат.). б) *Еңсесі көтерілді, көңілденді.* Мына кетіп бара жатқан қалың көш екен, малы да ойсаң көрінеді, сірә болыстікі осы ауылда шығар,— деп, Бекболатгардың *бойлары көтеріліп* қалды (С. Шарипов, Шығ.). **Бой қалақай.** *Сабағы тік, бұтақсыз, түп жағы төрт қырлы шақпа шөп сияқты көп жылдық өсімдік.* Ол төрт қырлы сабақтар — бал құрай, *бой қалақай* тағы басқалар болады (Т. Мұсақұлов, Өсімдік анат.). **Бой сақтады.** *Өзін аулақ ұстады, сақтанды, тартынды.* Екеуі осындай боп таптьі қаза, Тұрандар тартып қасірет, тұтты аза. Бармады онан кейін адам беттеп, *«Бой сақтап* тұрайық,— деп,— мұнан таза» (Т. Ізтілеуов, Рүстем.). Жөнелді төреге еріп бәрі аттана, Біз де ердік, қаламыз ба *бой сақтана.* Көкмойын ат баспады үш аяқтап, Көбімен жүргеннен соң көбік шаша (Батырлар жыры). **Бой салды.** а) *Жанын салды.* Бақтығұл шаруа жөнін бұрын бүйтіп *бой салып* істеп көрмесе де, қазір мүлде өзгерді (М. Әуезов, Қараш.). ә) *Ден қойды, зейін салды.* Ақылы билеп ой салып, Қайғысызға қайсарып, Асыл сөзге *бой салып,* Көңіл көзін ашқанға (І. Жансүгіров, Шығ.). **Бой сергітті [бойы сергіді].** а) *Денесі жеңілді, тынықты.* Солай, қатын, шайды құй, *Бойым сергіп* келеді. Ыстық өткен адамға, Шайдың да бар көмегі (Б. Майлин, Шығ.). Бұлар салқын суға бір-бір сүңгіп шығып, бет-қолдарын жуып, *бой сергітіп* алды да, жүріп кетті (Н. Ғабдуллин, Қызық дәурен). ә) *Көңілі жадырады, еңсесі көтерілді.* Мұндай күндерде адам үйге сыя ма? Көңіл көтеріп, *бой сергіткің* келеді («Лен. жас»). Қазір *бойым сергіп,* мүлдем еңсем көтеріліп қалыпты,— деді Жақсымбет шопан Жарасовтарға (М. Әуезов, Өскен өркен). **Бой сермеді.** *Биіктеді, құлаш ұрды.* Өрт өршеленіп, қошқыл қара түтін биікке *бой сермеп* барады (Ә. Нұрпейісов, Күткен күн). **Бой тартты.** *Именді, тартынды.* Медетбек келіп, директордың кабинетін ашып жіберді де, бейтаныс екі-үш адамның отырғанын көріп, *бой тартты* (Ә. Сатыбалдиев, Ақмарал). Бейтаныс коллективке жаңа келгенін жасап, *бой тартып* қорғаншақтамай, олардың әңгімесіне Жақыпбек те араласты (М. Иманжанов, Көк белес). **Бой таса.** *Көзден таса, жасырын.* Ондай азамат айтқанын орындамай, құтылар *бой таса* іздемейді, уәдесін парыз-қарызсыз орындап тынады («Қаз. әдеб.»). **Бой тасалады [жасырды].** *Көзге түспеуге тырысты, жасырынды, тасаланды.* Бір жеті болса да, көзден кетіп *бой тасалай* тұрсайшы,— деді Лена Деевке

(М. Қаратаев, Далада.). Ғани кеткенше *бой тасалауға* да болар еді, бірақ Садақбайдан қайда тығылуға болады?— деді Жайдарбек (Ж. Арыстанов, Жалын.). Дұшпан ұстап алар деп, Өкіммен құрық салар деп, *Жасырып бойын* жүр еді (Алпамыс). **Бой тастады.** *Ұзарып өсті.* Мұнда мүмкіншілік көп екен: жазы ұзақ, қысы қысқа, жылы күні жеткілікті, көшелерді бойлай аққан арық, жері қара топырақты екен. Өсімдіктің еркін *бой тастауына* осыдан артық жағдай бола ма?— деді Алексей Николаевич (С. Мұқанов, Саяхаттар). **Бой тежеді [ірікті].** *Өзін-өзі тежеді, тартынды.* Баранов аңғардан асқаннан кейін есті жиып, *бойды тежемек* болды (Ә. Әбішев, Перзенттер). Жарыстан *бойын іркіп* қалыс қала, Отырған бір адам жоқ алыста да (Жастар эстрадасы). **Бой тоқтатты.** *Өзін-өзі ұстады, тежеді.* Ентелеп көгал сайға жетіп келді, Арқанды жерде жатқан көзі көрді. Күмән жоқ бір сұмдықтың болғанына, Амал не, *бой тоқтатып* шыдай берді (С. Омаров, Сәукен). Бірақ *бой тоқтатып* өзіне-өзі күш берді де, қабындап келе жатқан уайымға жеңдірмеді (Ол күндер.). **Бой түзеді.** а) *Сымбаттанып өсіп қалды.* Қыз бойшаң, талдырмаш, жаңа ғана *бой түзеп* келе жатқан бала екен (Ж. Арыстанов, Жалын.). ә) *Үсті-басын жөндеді, сән түзеді.* Студенттер ортасында, қатарымызға қарап, *бой түзей* бастадық, сыланып-таранатын болдық, әдемілікке, әдептілікке ұмтылдық,— дейді Ақмарал (Ә. Сатыбалдиев, Ақмарал). Балалар мектепке кітап, дорбаларын мойындарына асып, іліп алар тәуір киімдерін киіп, әрқайсысы өз әлінше *бой түзеп* келіпті (С. Омаров, Қайырлы жаз). б) *Тізілді, қатарласты.* Тротуар мен жолдың аралығында ұзын-ұзын сидиған ақ балтыр теректер *бой түзеп* тұр (М. Дүйсенов, Қалыңдық). **Бой ұрды.** а) *Бір нәрсенің соңына түсті, берілді.* Қайғы-қасірет пе, сағыныш па, белгісіз арманға *бой ұрған* елігу ме, әйтеуір Раушанның көңілі қаяу (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн). ә) *Бет бұрды, ыңғайланды, бейімделді.* Әлде тіпті балалық өтіп, үлкендікке қарай *бой ұрғандығы* ма? Аралықта белге соққандай Абай бір дағдарыста қалған сияқты (М. Әуезов, Таңд. шығ.). **Бойы байсал тартты.** *Салғырттанды, керенау тартты.* Өлең айтқым келмейді ерінгенге, *Бойым байсал тартады* керілгенге (Қаз. әндері). **Бойы балбырады.** *Жадырады, рахаттанды.* Қызыл арақтан *бойы балбырап,* жантайып жатқан Мұхамметжан да тұрып отырды (Ж. Қосыбаев, Әнші Мұхит). Бозаға *бойы балбырап,* бей-жай боп, самарқау отыр (Ә. Нұрпейісов, Күткен күн). **Бойы балқыды.** *Рахаттанды, ләззат алды.* Осы бір заматта Жүсіптің *бойы балқып,* шымырлап, тіл жеткісіз тамаша рахат дүниесіне батып бара жатқанын ғана сезінеді (М. Қаратаев, Далада.). Сөзіне Қарабайдың *бойы балқып,* Тантық Қодар жылқыға болды шықпақ (Қозы Көрпеш). **Бойы бекіді.** *Өзіне-өзі келді, қайраттанды, күш алды.* Ана көзіне іркіліп келген жасын мөлдіретіп тамызбай, *бойын бекіте* қояды (С. Бегалин, Ана қайраты). Бақытты, шатты заманда, Домбырамды қолға алдым. *Бойым бекіп,* жасарып, Бұрынғыдан оңдалдым (Халық ақындары). Сол *бойын бекіткен* қалпында Бейсебай сөзіне саспай салмақпен жауап қайырды (С. Бегалин, Төлбасы.). **Бойы босады.** *Қолы тиді, уақыты болды.* Биттей *бойы босаса,* сезер сонда, Жастық жеңіп, көңілді шайқағанда. Асық құмар, ақыл мен бойынды алып, Жылы жауап есітер не қылсаң да (Абай, Шығ. жин.). **Бойы жадырады [жеңілді].** *Көңілі көтерілді. Бойым* қазір *жадырайын* деді, құсқым келіп еді, басылыңқырады,— деді Сақып күйеуіне (С. Мұқанов, Таңд. шығ.). Нұрғали үстіндегі ауыр жүкті біреу жұлып алып тастағандай, *бойы жеңіліп,* көңілі көтеріліп отыр еді (Б. Майлин, Шығ.). **Бойына бала бітті.** *Екі қабат болды, жүкті болды.* Мәлік пен Раушан үйленгелі — үш жыл. Содан бері *бойына бала бітпесе,* жас келіншектің ойланғаны жөн (З. Шашкин, Сенім.). Осы *бала* Ақбаланың *бойына біткенде,* ол сорлының қалай қуанғаны есімде, ана құрсағындағы баланың қимылдағанына мәз болып жүрді (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). **Бойына батты.** *Бойына сіңді, денесіне тарады.* Бір адамның ғана көкейіне күдік түсіп, ішкен асы *бойына батпай* жүрді (Е. Домбаев, Ғашықтық.). **Бойына дарытпады.** *Қашыртқы салып жуытпады, таяндырмады.* Шөгел Амандарды салған жерден *бойына дарытпай,* сағын сындырғысы келді (Ғ. Мұстафин, Дауыл.). Хазовты жасырып, асырап-сақтап келгенін тергеуші бірнеше нақтылы дәлелдермен төндірсе де, Нұртай *бойына дарытпады* (С. Омаров, Қайырлы жаз). **Бойына жұқты.** *Денеге сіңді, тарады; пайдаға асты.* Ұрлық мал ұрының

бойына ғана *жұғады*,— деді де, тасырлатып шаба жөнелді (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). **Бойына ие болды.** *Қатайып алды, бекінді.* Он күн, он бес күн өтті. Омар онан сайын қатайып, *бойына ие болып* алды (С. Торайғыров, Таңд. шығ.). **Бойына қонды.** а) *Киім дәл келді, жарасты.* Киім адамның *бойына қонып* жарасса, жұртты таңдандырып қызықтырса, сонда ғана ол ұнайды (З. Шашкин, Теміртау). Ерімбетовтың әдемі қызғылт күрең галстук салған көкшіл көйлегі, көк костюмы мұның ұқыпты *бойына* жарастықпен *қонған* (М. Әуезов, Өскен өркен). ә) *Дарыды.* Мәжит *бойына қонған* ақындықты «сол Орынбайдың сілемі» дейтін (С. Мұқанов, Есею жыл). **Бойына сақтады.** *Естен шығармады, ұмытпады.* Бұлар қазақтың ескі ырым-жырымын, әдет-ғұрпын оң-терісіне қарамастан, тегіс *бойына сақтай* жүреді (Е. Ысмайылов. Сын.). **Бойына тартты.** *Біреуді өзіне үйір қылды, жақындатты.* Кездестім неге мен саған, *Тарттың* сен неге *бойыңа.* Өшпейтін арман сен маған Орнатың мәңгі ойыма (С. Бегалин, Өленд.). **Бойын аулақ салды,** [ұстады]. *Бір нәрседен қашты, қашақтады, жоламады.* Колхоз мектептен *бойын аулақ сала* ма, әлде мектеп колхозға жуысқысы келмей ме?— деді Жақыпбек Күдеріге (М. Иманжанов, Көк белес). Сот алқасына жергілікті «қосшы» мүшелерінен бір еркек, бір әйел енген. Бұлар да *бойларын аулақ ұстап* салмақты отыр (Ғ. Мұстафин, Дауыл.). **Бойына үйірді.** *Өзіне тартты, қызықтырды.* Әлгі қосын алғаш кеп қонған күні, Дулаттың абажадай кең бөлмесі талай жанды *бойына үйірген-ді* (Ғ. Сыланов, Очерктер). **Бойын баурады.** *Еркін биледі, өзіне тартты, еліктірді.* Машина заулағанда айналып артта жатқан кең даланың қызық қозғалысы, сары дала салмағының алдан соққан екпіні міне осының бәрі жас адамның *бойын баурап,* өзіне тартатын болу керек (К. Смаилов, Мамандық.). Қинады-ау мына Дина қыз, Тездетші — дейді тойыңды. Өзі де әсем күй нағыз, Барады *бауран бойыңды* (Ғ. Қайырбеков, Таулар.). **Бойын бермеді.** *Өзін-өзі ұстады, сыр шашпады.* Алшынбайдың Құнанбайды өзі көріп жүрген атқа мінер ішінде бөлекше бағалайтын бір себебі: осындай жердегі ерекше ұстамдылығынан, *бойын бермес* тұйықтығынан болатын (М. Әуезов, Таңд.). **Бойын жиды.** а) *Тыңайып күш жиды.* Аттар үстеріндегі мұз сауыттарын тастады, *бойларын жиып,* ауыздықтарын күтірлетеді (С. Камалов, Әңгім.). Қансыраған Төлеген Қайратпен *бойын жиып* ап, Қайта есіне енеді (Ақын жырлары). ә) *Өзіне-өзі келді.* Абай бір жағынан еріксіз күліп, екіншіден қысылып, *бойын жиып* алайын деп еді (М. Әуезов, Таңд. шығ.). Бірақ *бойымды* тез *жиып* ала қойдым да, сыр бермеуге тырыстым (Б. Соқпақбаев, Менің атым.). **Бойын күтті** [сылады, тарады]. *Үсті-басын түзеді, сәнденді.* Шаштың әр талын суырған сайын көзіне жас келеді. Бұнысы *бойын күткендік* емес, дүмше молданың сандырағын орындағаны (Ғ. Мұстафин, Дауыл.). Он жыл бұрын дейтұғын ол — бестемін, Күндіз ойнап, алатұғын кеш демін; Енді ғана *бойын тарап* қыз болып, Бірінші рет киді мауыт костюмін (Х. Ерғалиев, Біздің ауыл.). Еркелеп күлімдеген күн нұрына, Жайып тұр алақанын көкше құрақ. Арынға иек артып жамбастаған, Малынған көк торғынға *бойын сылап* (Ақын жырлары). **Бойын тыйды.** *Өзін-өзі тежеді, сақтанды.* Саудасы ар мен иманы, Қайрат жоқ *бойын тыйғалы.* Еңбекпен етті ауыртпай, Құр тілменен жиғалы (Абай, Шығ. жин.). Адамшылықтан шығарып, құмарпаздыққа салып жіберетұғын нәрседен *бойды* ерте *тыйып* алуға керек (Абай, Шығ. жин.). **Бойын үйретті.** *Жақын тартты, үйір қылды.* Жолым болып, ақынмен тағы да екі-үш рет ұшырастым. Көрген сайын бас изесіп қана өте шықпай, ілік тауып сөзге айналдырып, шым-шымдап өзіме *бойын үйрете* бергім келді (Т. Ахтанов, Махаббат.). **Бойы түршікті.** *Жаны шошынды, тітіркенді, төбе шашы тік тұрды.* «Бұл не пәле?»— деп ойлады *бойы түршіккен* Рабиға («Соц. Қаз.»). Суық хабар оның бойын *түршіктірді* («Лен. жас»). **Бойы үйренді.** *Жатырқамады, жатсынбады.* Ғабдолланың түрмедегілерге *бойы үйренді,* кімнің қандай кінәмен отырғанын біліп алды (С. Шарипов, Шығ.). **Дүниеден бой салды.** *Дүние салды, қайтыс болды.* Ең соңғы тынысында көзі мөлтілдеп төсегіне отырады. Күлпәшқа *дүниеден бой саларын* сезіп қарайды (Ш. Хұсайынов, Үкілі Ыбырай). **Көш бойы.** а) *Көшіп-қонатын жер мөлшеріндегі қашықтық.* Қарасам жолаушылар *көш бойы* озып кетіпті (Ауызекі тіл). ә) *Әлдеқайда, анағұрлым.* Қарағандының «Шахтері» де өткен маусымда жан күйерлерін онша қуанта алған жоқ. Мұм-

кіндіктен *көш бойы* төмен жатты («Лен. жас»). **Өн бойы [өне бойы].** а) *Бүкіл дене, тұла бой.* Ақбала әдепкіде осы кісінің жүрісінен сескеніп қалды. *Өн бойында* ойдағыдай ғып жасаған бір мүшесі жоқ (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). Тұтқындардың *өне бойы* қан (І. Жансүгіров, Шығ.). Бағанадан аттың қызуымен абайламаған Сәтжан енді байқады, *өне бойы* салқындап тоңып барады (С. Бегалин, Уақыт.). ә) *Бастан-аяқ, тұтас, түгел.* Мыңдаған кернейлі оркестр алаңның бүкіл *өн бойын* алып жылжып келеді («Лен. жас»). б) *Өмір бойы, өле-өлгенше, мәңгібақи.* Әкесіне Әміржан Әсияның аш-жалаңаш, *өне бойы* бейнетте жүріп, бекер қор болатынын айтты (С. Мұқанов, Аспаз). *Өне бойы* микроскоппен қарамай, өмірге бір мезгіл жай көзбен де үңілсек қайтер екен (М. Иманжанов, Менің махабб.). **Тал бойы.** *Дене, тұлға, мүсін.* Тоғыз рет оқ өтті, *Тал бойымды* аралап. Тағы да жау мақтанды, Тартыста мені жаралап (Ж. Саин, Таңд. шығ.). Талай топқа бұл Нүрік баратұғын, Әнім осы той болса салатұғын. Сен сияқты өлеңге ебі барлар, *Тал бойыма* таңырқап қалатұғын (Жамбыл, Шығ.). **Тұла бой.** *Ән бой, бүкіл дене.* Екі жігіт Райымбек пен Наурызбайды ауылға әкеп тастай сала, *тұла бойларындағы* қандарын жумастан, атысып жатқандарға қарай шаба жөнелді (С. Шарипов, Шығ.). **Тұла бойы тұңғышы.** *Ананың ең алғашқы баласы. Тұла бойы тұңғышы* Меруерт «мамалап» мойнына асылғанда, ана жүрегі елжіреп жүре беретін («Қаз. әдеб.»). **Ұлан бой.** *Тұла бой, бүкіл дене.* Үрей бұлты көшті сиреп, *Ұлан бойын* алды билеп. Ұстазының жарқын жүзі, Жөнелді ойын ерге сүйреп (Ә. Сәрсенбаев, Өленді.). **Ішкен асы бойына тарамады.** *Қатты алаң болды, көңілі орнықпады.* Біреу-міреудің көзіне түсіп қалып мерт бола ма, қайтеді деп, *ішкен асым бойыма тарамады* (С. Омаров, Қайырлы жаз). Өткен түні таң алдында ұрланып келген кісі «сақ бол»,— деп ескертіп кеткелі Ақбаланың *ішкен асы бойына тарамай* жүрген (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер).

БОЙ-БАСЫ з а т. ж е р г. *Үстібасы.* Біз қыздың *бой-басындағы* жылтырағын ұрлап алып шығып, жер ошаққа тығып қайттық (Б. Майлин, Шығ.). ◆ **Бой-басын түзеді.** *Өзін-өзі күтті, сәнденді.* Бағанша күн сайын құлпырып ажарланып, *бой-басын түзеп,* адам болып қунап кетті (Б. Майлин, Шығ.).

БОЙ-БОЙ: бой-бой болды. *Ұзынынан дал-дал болып жыртылды.* Миша *бой-бой боп* жыртылған сары тонының қалтасынан бір қағазды алып, капитан Капустинға ұсынды (С. Омаров, Әңгім.). *Бой-бой боп* бұл біткен Жыртысы жер кепе, Ұққайды сұр жіппен Сырыған көрпеге (С. Сейітов, Бетпе-бет).

БОЙДА ү с т. *Есімшемен тіркесіп, іс-әрекеттің алғашқы мезетін білдіреді.* Бұл жердің ой-қыры жоқ, теп-тегіс қой. Қар жауған *бойда* жел айдап кетеді (Ә. Сәрсенбаев, Толқында.). Ол сол оқуды бітіргеннен *бойда* ешқайда аландамастан, Қазақстан Магниткасына тура келді (Н. Ғабдуллин, Өмір күйі). Өз бойына үлкендеу ап-ауыр қара чемоданды мықшия көтерген *бойда,* Аяжан тас жолдың шетіне шығып тұрды (Б. Соқпақбаев, Аяжан).

БОЙДАҒЫ с ы н. 1. *Денедегі.* Қайғылы көңілім қайдағы Бұрынғымды жаңғыртар. Қайратты алып *бойдағы,* Басымды қайғы қаңғыртар (Абай, Тол. жин.). 2. *Адамның қара басындағы, жеке басындағы.* Ұят деген — адамның өз *бойындағы* адамшылығы (Абай, Тол. жин.). *Бойдағы* мінді санасам, Тау тасынан аз емес (Бұл да).

БОЙДАЙ с ы н. *Бойымен бірдей, бойы тәрізді.* «Тым сезгіш» ақын болсақ енді бүгін, Білмейсің таудан үлкен *бойдай* мінің (Айтыс).

БОЙДАҚ с ы н. 1. *Үйленбеген, салт басты.* Сол кісі Ұлжанды ырқына көндіріп ала алатын айлакер, *бойдақ* жігіт болуы керек (Ж. Тілеков, Қайнар).— Бір жағынан *бойдақ,* салт басты жүргеннің өзі де дұрыс па деп қаласың? (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). Мысалы, сен менен кетіп, анау елуге келгенше *бойдақ* жүрген Келдекбайға тием десең де еркін, жақ жазуға менің правом жоқ,— деді Қазыбек әйеліне (Ә. Әбішев, Замана.). 2. *Тарттырылған еркек қой.* Қора типтік жоба бойынша саулық, *бойдақ,* тоқты, тағы басқа қой отарларының топтасуына сәйкес қарастырылған мөлшермен салынады (Шопан серігі). Қорада бағуға бәрінен бұрын сол жылғы туған төл, одан кейін саулық қойлар, ең ақырында тарттырылған *бойдақ* қойлар көшіріледі (М. Ермеков, Қазақст.). 3. *Төлсіз, қысыр мал.* Жазда жел-

деп шығып кеткен жылқы *бойдақтарын* іздеп жүріп, нағашым аулына соқтым (Ж. Мұзапаров, Қаби қарт).

БОЙДАҚ: **бойдақ бидай.** Жерг. *Аңызға шыққан бидай, қодыра.* Биыл жаңбыр көп болып, *бойдақ бидай* жақсы шықты (Диал. сөздік).

БОЙДАҚСЫЗ сын. 1. *Үйленбеген салт-басты адамсыз.* Берегірек келсейші,— деді Рая.— Біз де енді *бойдақсыз* емеспіз (К. Баялиев, Дегелек келді.). 2. *Бойдақ малдың қатысынсыз.*

БОЙДАҚТА ет. *Серкені бөліп алып, қойдың алдына салу.* Кәне, серкені бөліп қойға қосыңдар. Келген бетіңде не де болса айдап салып жіберіңдер,— десіп, қойды топтай, серкені алға қарай айдап тықсыра бастады. Сәрсебай ұзын құрықшасын ала серкелерін *бойдақтап* алға шығарды (С. Бегалин, Төл басы.).

БОЙДАҚТАЙ сын. *Бойдақ сияқты. Бойдақтай* үйтетұғын көгендегі, Тастады туырлықты аша түріп. Сақалдан тоғыз тарам жас бұршақтап, Жөтелді Қасыәлі күрк-күрк (І. Жансүгіров, Шығ.).

БОЙДАҚТЫҚ зат. *Салт бастылық, үйленбегендік.* Салт басты *бойдақтығымызға* қарамай, қолға түскен тиынтебенге қой сатып ап соямыз (С. Мұқанов, Есею жыл.). Тілмаштың *бойдақтығын* есіне алып, қыз ішінен: «Бір жерде сауық-сайранда болды ма екен»,— деп ойлады (Х. Есенжанов, Ақ Жайық).

БОЙДАҚТЫЛЫҚ зат. сөйл. *Бойдақтық.* Бозбастық, *бойдақтылық* құғаннан соң, Исатай тұсаулауға ойлап еді. Алаштан таңдап жүріп қыз айттыр деп, Исекем жігі-жапар боп қоймап еді (Айтыс).

БОЙДАҚШЫЛЫҚ зат. *Бойдақ болушылық, салт бастылық, үйленбегендік.* Қар жауса қара жерге қақ тұрмайды, Жігітке *бойдақшылық* таптырмайды. Үйіне қызы бар деп кіріп барсаң, Қиқиып жаман кемпір жақтырмайды (Халық әндері).

БОЙЖЕТКЕН зат. *Кәмелетке толған, ержеткен қыз.* Жігіт өзінің ер қимылын қалт жібермей бағып тұрған *бойжеткенді* жаңа ғана байқап еді (Қ. Нұрғалиев, Екінші.). Сол ырғақпен құлпырған *бойжеткен* бар асылын қайта ашқандай (С. Сматаев, Армысың.).

БОЙКОТ зат. *Жеке адаммен, ұйыммен немесе мемлекетпен байланысты үзу түріндегі саяси және экономикалық күрестің әдісі.* Белсенді *бойкот* жолындағы күрестің табысты болуына тілектестікпен қызметіңізге әзірмін (В. И. Ленин, т.. 36, 132-б.). ◆ **Бойкот жасады.** *Қарым-қатынасты үзді.* Меньшевиктер партия орталықтарына *бойкот жасау,* партия жұмысын бүлдіру арқылы партия басшылығын өз қолдарына алуды мақсат етіп қойды («Соц. Қаз.»).

БОЙКҮЙЕЗ сын. *Мойны жар бермейтін енжар, селқос, еріншек.* Романды оқып шыққанда Обломов өзінің мінез-құлық, іс-әрекеті, *бойкүйез* жалқаулығымен нақтылы тірі адамдай көз алдында тұрады (Қ. Жұмалиев, Әдеб. теор.). Қадіржан екеуін бір атадан туды демессің. Оныcы кем талап, *бойкүйез.* Шаруаға орашолақ, жұмысқа да енжар (Т. Ахтанов, Дала сыры).

БОЙКҮЙЕЗДЕ ет. сөйл. *Бойкүйезден.* От басынан шыға алмай, Қалма заман артында. Көптің ісі дегенде, *Бойкүйездеп* тартынба (Қ. Қуанышбаев, Өленд.).

БОЙКҮЙЕЗДЕН ет. *Мойны жар бермеу, жалқаулану, енжарлану. Бойкүйезденіп* бұғып жатқандардың бәрін таң бозарысымен аяғынан тік тұрғызды да, өзі жондағы рацияға кетті (Т. Әлімқұлов, Ақбоз ат). Жылы қорадан шыққысы келмей, сылтау іздеп, *бойкүйезденіп* отырған алакөбең шаруаға бір жағынан о да етек басар болды (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). Қазіргі қой фермасының болашақ бастығы Бекіш те жалқауланып, *бойкүйезденіп* қалыпты (А. Тоқмағамбетов, Фельетон.).

БОЙКҮЙЕЗДЕНУ *Бойкүйезден етістігінің қимыл атауы.*

БОЙКҮЙЕЗДЕУ сын. *Енжарлау, жалқаулау.* Асылы өзің жалқау, *бойкүйездеусің* бе деймін, әйтпесе осыны білуге әбден болады (З. Қабдолов, Өмір ұшқ.). Құрысқан дене ширап, бой жазылып, Ұйықтады, тартты дене *бойкүйездеу* (А. Тоқмағамбетов, Шығ.).

БОЙКҮЙЕЗДІК зат. *Мойны жар бермеушілік, енжарлық, еріншектік.* Бос белбеу, *бойкүйездікке* душар қылған, әттең, сен мүгедектік! Әйтпесе, партиялық арыма қол салғызар ма едім!— деді Бай-

мақан (Ғ. Мұстафин, Миллионер). Жалқаулық, еріншектік, *бойкүйездікті* бейнелейтін Обломов образы тәрізді жаман мінездерден біз қашамыз (Қ. Жұмалиев, Әдеб. теор.). Жерді ұқыпсыз пайдалану, ысырап қылу, ғылымды елемеушілік әлі күнге дейін басым. Үйреніп қалған ескі *бойкүйездік*, салдыр-салақтық жібермей келеді («Қаз. әдеб.»).

БОЙЛА е т. 1. *Биіктеп өсу, ұзару.* Тыңайтқыштарды, әсіресе, азотты кеш енгізгенде өсімдік *бойлап* өсіп кетеді (М. Майлыбаев, Мақта егісі). Жаз шықты, көктемде отырғызған ағаштар жапырақтары желкілдеп, *бойлап* өсе бастады (Б. Соқпақбаев, Жекпе-жек). Үйлері қабат-қабат тұрған жайнап, Ақ бұлтпен таласқандай көкке *бойлап* (Т. Жароков, Шығ.). Күңгірт аспанға *бойлап* тұрған қыраулы биік ағаштардың басы қыбыр етпейді (С. Шаймерденов, Мезгіл). 2. *Сұйық заттың бір нәрсенің бойымен жоғары көтерілуі, жайылып таралуы.* Минералды тұздардың ерітінділері тамырдан сабақты *бойлап* жапырақтарға көтеріледі (Ботаника). Түтікті *бойлап* мөлдір су Босағадан аттады. Шомыл, құйыл, бетің жу, Тұр шүмектеп аққалы (М. Әлімбаев, Таңд.). 3. *Мойын соза қарау.* Ортаңғы теректің ең жоғарғы бұтағына мініп отырған барлаушы алдыңғы жағына *бойлап* қарап: «Жау танкілері көрінеді»,— деп дауыстады (Ә. Нұрпейісов, Күткен күн). Ақбөбек отыр ма деп ақыл ойлап, Қараймын жабығыңнан қаздап *бойлап*, Адайдан таңдап сүйген ақ жайнағым, Қанбадым қызығыңа бір жаз ойнап (Б. Адамбаев, Ақбөбек). 4. *Бір нәрсенің жерге, суға тереңдеп кіруі, батуы.* Еккен өсімдіктерінің тамыры босатылмаған жерге терең *бойлап* бара алмайды (А. Сарбопин, Аспалы бесік). Тастардың теріскей жақ іргелері қап-қараңғы қуыс; жылан, тышқандар іні боп тереңге *бойлап* кеткен (Ғ. Сыланов, Асау арна). Жердің саздығынан таяқтың да жәрдемі болмады, салмағымды сала таянсам, жерге *бойлап* кіріп кетіп, күшпен суырылады (А. Лекеров, Түз гүлі). 5. *Бір нәрсенің бойымен жағалай, қуалай өрлеу.* Бұлар Шыңғыстың қалың ішіндегі Үркімбай қорасынан төмен беттеп, өзенді *бойлап* шауып келеді (М. Әуезов, Таңд.). Алғашқы екі-үш үйден өтіп, көше *бойлап* жүріп келеді (С. Бақбергенов, Менің досым). Машина кең өзекті *бойлап*, ол шеті мен бұл шеті белгісіз созылып жатқан тоғайдың шетіне тоқтапты (Ж. Жұмақанов, Қаракөз). Ашық күнде жеңіл киінген көңілді жұрт әлденеше қуысты *бойлап* қамалдың төбесіне де кетіп жатыр, төмен де түсіп жатыр (С. Мұқанов, Алып. адым). 6. *Жылқы малының тізгін бермей, қатты арындауы.* Құрық салса, бақа айғыр *бойлайтұғын*, Қоста жатып Қодекең ойлайтұғын: Кешегіде жолықпай кетіп едім, Әзіл тастап жеңгеңіз ойнайтұғын (Қозы Көрпеш). Мал бағып шауып ойнаған, Үйреткен асау *бойлағанн*, Көк жасыл шөбі жайнаған, Сағындым еркін даламды (С. Сейфуллин, Өленд.). 7. А у ы с. *Бір нәрсенің байыбына бару, мәнін тереңірек түсіну, үңіле қарау.* Ал осылардың ішінен енді Абайдың тесіле қарап, үңіле *бойлап*, өзіне жақын тұтқан, сыбайлас білген Пушкин, Лермонтов тәрізді ақын-жазушылар бар (М. Әуезов, Әр жыл.). Өз елінің даналары қалдырған асыл сөздерге терең *бойлап*, ой елегінен өткізіп отыр (Ғ. Мұстафин, Қарағанды). Енді адам тағдырына, дүние сырына тереңірек *бойлайтын* ер жеткен, есейген ойлы шағы басталмақ шығар, кім біледі,— деді Серәлі Гауһарға (Т. Ахтанов, Дала сыры). ◆ **Көкке бойлады.** *Биіктеді, аспандады.* Үйлері қабат-қабат тұрған жайнап, Ақ бұлтпен таласқандай *көкке бойлап* (Т. Жароков, Шығ. жин.). Арыстандай толғанып, Жалын *көкке бойлайды*, Жолбарыстай жонданып, Темір тербеп толғайды (І. Жансүгіров, Шығ.).

БОЙЛАҒЫСЫЗ с ы н. *Бойдан асатын, терең.* Сонымен біздің құдық ұзындығы он шақты, көлденеңі екі-үш метр, кісі *бойлағысыз* терең (Ә. Қалдыбаев, Шаншар).

БОЙЛАЙ ү с т. ж е р г. *Үнемі, ылғи.* Арзалар туралы сайлаушылардың алдында оқтын-оқтын *бойлай* есеп беріп тұрулары керек (Диал. сөздік). Комсомол оқуын *бойлай* да тыңғылықты әзірлікпен өткізеді (Бұл да).

БОЙЛАН *Бойла етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Алғыр құстай *бойланып*, Қызыл найза қолға алып, Абжыландай толғанып, Қолтығын шұбар сөгеді (Алпамыс).

БОЙЛАТ *Бойла етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Осы көшені *бойлата* терек ексек. Одан әрі қарағанмен жалғастырсақ,— деді бақбегі (Ғ. Сыланов, Шалқар).

Ертіске таңға таяу келіп жеттім, Таба алмай аяқ өткел тентіреппін. Әр жерге тал *бойлатып*, ат болдыртып, Ертістен таң атқанда әрең өттім (Батырлар жыры).

БОЙЛАТТЫР *Бойлат етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Аласа жылжыған күз бұлты Мәлике көзін түпсіз алыс аспанға *бойлаттырмайды* (Д. Әбілев, Арман.).

БОЙЛАТТЫРУ *Бойлаттыр етістігінің қимыл атауы.*

БОЙЛАТУ *Бойлат етістігінің қимыл атауы.*

БОЙЛАУ *Бойла етістігінің қимыл атауы.* Бұл образды жасауда Шекспирше қарыштау, Шекспирше характердің тұңғиығына *бойлау* бар (М. Қаратаев, Туған әдеб.).

БОЙЛАУЫҚ сын. *Бас асау, арыншыл, тізгін бермейтін.* Жүйріктігімен қатар, не деген *бойлауық* қашағандарды құтқармайтын ұшқыр қара көк бие бізге ұстатса, оған мінгесіп алып, жылқыларды шыр айнала бір сыдырып шығар едік (Ә. Көшімов, Қарт аңшы.). Біз де шаршап қалыппыз. *Бойлауық*, қиқар төлдерді таңсәріден тал түске дейін итектеп жөнге жүргізу оңай болып па?— деді үш қозышы бала (Бұл да). // *Ешкімге бас имеген, тежеу көрмеген.* Конфискация жүрер алдында Сайқын елінің айрықша *бойлауық* екі шоңжарын Угар Жәнебеков тұтқындап, қалаға алып жүрмек болады (Ә. Көшімов, Лашын.). ⊙ *Асқақ, өршіл.* Мұның соңынан Тәттімбеттің сылқылдаған *бойлауық* толғаулары кетті. Ширкін-ай, бұл не деген керемет күйлер (Ә. Көшімов, Лашын.). Халықтың таңғажайып өнерінен нәр алған, сол халықтың мұңлы, шерлі, бірақ болдырмас *бойлауық* әнкүй сарындарына бауыр басқан бала жүрек дүние мінсіз, барлық адамның ішкі сарайы қалтқысыз таза болса екен деп тілейді (Бұл да).

БОЙЛАУЫҚТЫҚ зат. *Асқақтық, өршілдік.* Ән жақсы-ақ! Құлпырып ойнап, шымшып алады, шымырлатып кетеді. Дәмелендіреді, назданады, жастық қызуының *бойлауықтығын*, серпінін танытады («Қаз. әдеб.»).

БОЙЛЕР зат. тех. *Бу я ыстық суды пайдаланып су жылытатын, жылу алмастыратын аппарат. Бойлер* көбіне жылу электр орталықтарында температурасы 150°С-ға жететін ыстық су алуда қолданылады (ҚСЭ).

БОЙЛЫ сын. *Ұзын, я аласа бойы бар.*— Тақа, сіз әлгі бір аласа *бойлы*, қалың қара сақалды семіз кісіні айтасыз ба?— деді ол (С. Бегалин, Бала Шоқан). Жомарт сөзін аяқтай бергенде, сырттан кірген еңсегей *бойлы* қара сұр жігіттің сәлем берген даусы естіледі (С. Бегалин, Таңд. өлеңд.). Машинаның рулінде ұзын *бойлы* қасқа маңдай, қара жігіт отыр (С. Бақбергенов, Өз. жігіт.).

БОЙЛЫҚ сын. *Бойға тән, бойға қатысты.* Киімнің кеудесін бір бөлек, *бойлығын* бір бөлек сөгіп алды (Ауызекі тіл). Еспаған кілемінің *бойлық* жібі де, тоқылатын жіптері де жіңішкелеу, бояуы асыл, нақыштары сұлу, жұмысы басқаларға қарағанда қиынырақ (С. Шарипов, Шығ.).

БОЙЛЫЛАУ сын. *Бойы ұзындау, я аласалау.* Жасы елулерді алқымдап қалған ұзын *бойлылау*, ақшыл реңді мұғалім той бастап, аса бір қуанышты көңілмен білгір де шешен сөйлеп кетті («Қаз. әдеб.»). Ол аласа *бойлылау*, қызыл шырайлы, кең маңдайлы, әдемі жігіт (Ә. Әлішев, Батыр.).

БОЙЛЫЛЫҚ зат. *Бойлыға тән.* Ұнамды ұзын *бойлылық* кімге де болса жарасымды (Ауызекі тіл).

БОЙЛЫ-СОЙЛЫ сын. жерг. *Ұзын бойлы.* Ізбек ірі, бітімі кесек, *бойлы-сойлы* жігіт секілді еді (З. Қабдолов, Жалын).

БОЙРА зат. *Қамыстан тоқылған зат, бұйым.* Үй ысымас үшін керегенің сыртынан туырлық орнына ши немесе ши тәріздендіріп қамыстан тоқылған *бойра* ұсталады (Х. Арғынбаев, Қаз. этногр.). Қоралардың қабырғасы сабан не қамыс *бойраларымен* жылыланып, төбесі сабанмен жабылады (М. Төлешов, Қой қоздату).

БОЙРАДАЙ сын. *Бойра сияқты.* Жаманның басы *бойрадай* Жерде жатқан төселіп. Азырақ, халқым, тыңдаңыз, Бәһрә мұны қылмаңыз, Бір әңгіме ететік (Үш ғасыр.).

БОЙ-СОЙ зат. жерг. *Тұлға, мүсін.* Осындай әсем тұлғасы бар, бітім, *бойсойы* келісіп тұрған перзентін тәйтік те, олақ етіп өсірген қандай ата-ана болды

екен,— деді Дайрабай Шапағатқа (Ғ. Сыланов, Домбыра.).

БОЙСҰН е т. *Мойындау, бағыну.* Отыр шапшаң арбаға!— деп бұйырып еді, анау оның әміріне бірден *б о й с ұ н а* қоймай, шегіншектей берді (С. Омаров, Қызыл арай). Николайдың заманында отаршылдыққа *б о й с ұ н ы п* қалғандардың көбі орысша жазуды жақсы білсе де, қазақшаны білмейді (С. Сейфуллин, Таңд.).

БОЙСҰНДЫР *Бойсұн етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БОЙСҰНДЫРУ *Бойсұндыр етістігінің қимыл атауы.*

БОЙСҰНУ *Бойсұн етістігінің қимыл атауы.*

БОЙСҰНУШЫЛЫҚ з а т. *Бас июшілік, бағынушылық.*

БОЙТҰМАР з а т. э т н о г р. *Тіл-көзден сақтау үшін дұға жазылған үш бұрышты қағаз [мойынға, не киімге тағады].* Әкесі өліп, жақын жандары азайған соң, жас келіннің ақылы ауысты,— дескен ауыл адамдары Зейнештің мойнына *б о й т ұ м а р* тағып, тұсына кәләм шәрифті іліп қойысқан (Ә. Көшімов, Лашын.). Не пайдасы тиеді *б ө й т ұ м а р д ы ң,* Ажал жетіп, кез келсе жан аларым (Батырлар жыры).

БОЙТҰМАРДАЙ с ы н. *Бойтұмар сияқты.* Жамбылдың ұлы Отан соғысы кезінде жазған «Ленинградтық өрендерім» деген өлеңін майдандағы жауынгерлер *б о й т ұ м а р д а й* сақтап, ауыздан-ауызға жаттады («Қаз. әдеб.»).

БОЙШАҢ с ы н. *Ұзын бойлы, сұңғақ.* Үлкен қоңыр столдың жанында тұрған *б о й ш а ң* Жаншаның қасында Халел ұсақ көрінеді, оның үстіне қақырайған биік, арқасы үлкен орындық оны шамадан тыс кішірейтіп көрсетіп тұр (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). Қыз *б о й ш а ң,* талдырмаш, жаңа ғана бой түзеп келе жатқан бала екен (Ж. Арыстанов, Жалын).

БОЙШАҢДАН е т. *Бойы ұзару, өсу, биіктеу.* Қадиша соңғы екі жыл ішінде көп өзгерді. Бұқпалап келіп, бірден көтерілген адамша, тіпті *б о й ш а ң д а н ы п* та кетті (А. Тоқмағамбетов, Әке.).

БОЙШАҢДАНУ *Бойшаңдан етістігінің қимыл атауы.*

БОЙШАҢДАУ с ы н. *Бойы ұзынырақ, сұңғақтау, биігірек.* — Сен *б о й ш а ң д а у с ы ң* және көріктісің,— деп, мұғалім мені біздің кластағы балалардың сол жақ шетіне тұрғызған (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.). Мығым денелі, кең жауырынды қара жігіт өзінен гөрі аздап *б о й ш а ң д а у,* жіңішке сары жігітке көзінің қиығымен бір қарап қойды (С. Бақбергенов, Өз. жігіт.). Дүйсен қырық бестер шамасындағы *б о й ш а ң д а у,* аққұба баша әйелінің әлі нұрлы, жарқын дидарына құмарта және сүйсіне көз тастады (С. Алдабергенов, Алға).

БОЙШАҢДЫҚ з а т. *Бойы ұзындық, биіктік, сұңғақтық. Б о й ш а ң д ы қ т ы ң* кесірінен төменге көзім түспей, байқамай қалыппын. Машинаңызды да, мен сияқты бір ұзын собалақтың бойына шақ етіп тігіп жатқан бешпетіңізді де жаңа көрдім,— деді ол езу тартып (Х. Есенжанов, Тар кезең). Өзді-өзі *б о й ш а ң д ы қ қ а* таласқандай, Өзгеден өзін сәнді санасқандай. Көк күмбез күміс табақ, жасыл шашақ, Лайық, бір-біріне жарасқандай (Пернедегі терме.).

БОЙШАҢЫРАҚ с ы н. *Бойы биігірек, сұңғақтау.* Адалеттің жасы биыл он тоғызға шығыпты. Сенен гөрі *б о й ш а ң ы р а қ,* қара торының шырайлысы, бота көз, қастарының арасы қосылып тұр (Ж. Тілеков, Жоңғар.).

БОЙЫМЕН: **сол бойымен.** *Сол қалпымен, сол бетімен, сол күйінде.* Мардан *с о л б о й ы м е н* жаяулап жылқыға келіп, күндегідей жылқыны күзеткен жоқ (І. Жансүгіров, Шығ.). Төрт-бес кісі сотталып, Сол *б о й ы м е н* топтанып, Түрмеге қарай кеткені (Ақын жырлары).

БОЙЫНДАЙ с ы н. *Бойы тәрізді, бойының ұзындығындай.* Үңгірдің биіктігі кісі *б о й ы н д а й* (З. Шашкин, Сенім). Сол жақта 50 метрдей жерде кісі *б о й ы н д а й* дөңгелек қара тас тұр (Қ. Исабаев, Ажал құрсауы.). Күн көк жиектен арқан *б о й ы н д а й* көтерілді (М. Жұмағұлов, Қыран.).

БОЙЫНДЫҚ с ы н. *Бойындай.* Бұрыштағы кісі *б о й ы н д ы ң* айна — осындағы мүлік атаулыны екі есе молайтып көрсетеді (Ж. Молдағалиев, Айналайын).

БОЙЫНША ш ы л. *Сәйкес, лайық.* Абаймен бірге Қарамолада болған Мүсірәлінің куәлігі *б о й ы н ш а* бұл жолы

Абай тізген ереже бабы жүзден аса еді (М. Әуезов, Әр жыл.). Бұл ұйғару *бойынша* шабуылды мойнақтың аузында тұрған жүзінші бригада бастамақ (Ол күндер.). Құсбегінің айтуы *бойынша* Ақбота да осында тұрады (З. Шашкин, Өмір.). Өзімнің бұйрығым *бойынша*, тура училищенің нақ есігінің алдына әкеп түсірді (Н. Ғабдуллин, Қызық дәурен).

БОКАЛ з а т. *Шарап құюға арналған үлкен рюмка.* От мінездер, отты көздер үшін деп, Толтырып біз *бокалдар* да көтердік (Ә. Тәжібаев, Кеше.). Төремұрат қол алысып амандасып, отырар-отырмастан, бар *бокалға* шымырлаған шампан шарабы құйылып та қалды («Қаз. әдеб.»).

БОКС з а т. с п о р т. *Арнайы жасалынған жұмсақ қолғап киіп, белгілі ереже бойынша жұдырықтасып сайысатын спорт түрі.* Бұрнағы күні орталық стадионның кіші аренасында республикалық жазғы студенттер ойындарының *бокстен* ақтық кездесулері өткізілді («Лен. жас»). Сонау отызыншы жылдарда алғаш *бокс* секциясын құрған, қазіргі кезде спортшылардың үлкен ағасы болған Шоқыр Бөлтекұлынан басталған боксшылардың қатары мыңдап саналады (Шопан серігі).

БОКСЕР з а т. с п о р т. *Бокс спортымен шұғылданатын адам, боксшы.* Тәжірибелі, айлалы *боксерлер* күреске жаңа шыққан жасты аренада жалғыз қойып, дәл осылай қажытады (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.).

БОКСЕРЛІК з а т. *Боксер болушылық.* Мен Жарма ғалым шыққан, батыр шыққан, *Боксерлік*, балуандықпен атым шыққан (Айтыс).

БОКСИТ з а т. г е о л. *Алюминий металы алынатын тау кені, руда.* Алюминий көп мөлшерде *боксит* минералынан өндіріледі (Химия). Қазақстанның шоқыларында мыс кендері, алтын, темір рудасы, марганец, *бокситтер* бар (С. Орынбаева, Геогр. ғажайып.).

БОКСШЫ з а т. *Боксер.* Бірді-екілі болмаса, бұл жолы жарысқа біріншi разрядты *боксшылар* қатыспайды («Лен. жас»). Өзін тәжірибелі *боксшы* санайтын, қатарынан жеңіліп көрмеген Оспан бүгін қатты жеңіліп қалды (С. Бақбергенов, Өз. жігіт.).

БОКСШЫЛ с ы н. *Боксқа әуес.*

БОКСШЫЛЫҚ з а т. *Боксқа әуестойлық.* Жасынан өзі ұнатқан *боксшылдық* оны спорттың осы түріне еріксіз жетелеп әкелді («Спорт»).

БОҚ з а т. 1. *Ұлы дәрет, нәжіс.* Адам— бір боқ көтерген боқтың қабы, *Боқтан* сасық боласың өлсең тағы (Абай, Тол. жин.). 2. *Қи, тезек, көң.* Көсе түнде өз атының қасқасына күйе мен сиырдың *боғын* жағып, байдың атының маңдайына бор жағып, қасқа қылып қояды (Қаз. ертег.). *Боққа* шыққан тарыны жеуге бола ма? Молда болсаң, осыны айтып бершi,— деді Шығанақ (Ғ. Мұстафин, Шығанақ). Қой бақпаған дала жоқ, *Боқ* құймаған қала жоқ (І. Жансүгіров, Поэм.). 3. А у ы с. *Ескі-құсқы, көр-жер.* Өзің-ақ ен *боғыңа* иелік қыл, Былғама расул атын бейдиянат. Ауламақ момын көнілін болсаң егер, Айт уағыз, адал малдан қыл салауат (Айтыс). ◆ **Боғы ботқа, сідігі сірке.** *Барып тұрған салақ, лас, кір.* Оның үйіне барсаң, *боғы ботқа, сідігі сірке* болады да жатады (Ауызекі тіл). **Боғымен жасты.** *Өзінен жасы әлдеқайда кіші.* Сен ұялмай *боғыңмен жастың* баламен төбелесесің де жүресің (Ауызекі тіл). **Боғын ақтарды.** *Бар сырын ашты, әшкереледі.* Сен маған соқтыға бергеніңді қоймасаң, мен сенің *боғыңды ақтарамын* (Ауызекі тіл). **Боғын боталы түйе қылды.** *Түкке тұрғысыз нәрсесін бұлдады.* Жәмиладан бір суыртпақ зат сұрап алу оңайға түспес. Ол ылғи *боғын боталы түйе қылады* да отырады (Ауызекі тіл). **Боғын бытқыратты.** *Былықтырды, әбден шатастырды.* Үйқыдан кеш тұрған Әмина үйін әлі жинап үлгере алмай, *боғын бытқыратып* жатыр (Ауызекі тіл). **Боғы сұйылды.** *Берекесіздікке салынды.* **Боқ басында.** *Аяқ астында, күтпеген жерде.*— Әй, Иван Васильевич-ай, кімнің өлгісі келеді дейсің, қатын-балам бар, қарт анам бар. Олар бізді *боқ басында* атып тастайды,— деді Зайцев (М. Қаратаев, Далада.). **Боқ жеме.** *Былжырама.* Ұрыс *алды — боқ жеме* (Мақал). **Боқ қарын.** *Жуан, мес қарын.* Қорс етті де тіл бітіп, Керемет пе, сиқыр ма?! Деді шошқа: «бос қыртып, *Боқ қарыным*, құтырма!» (С. Дөнентаев, Таңд. шығ.). **Боқ мұрын.** *Есеймеген, ақылы толмаған; төселмеген, ысылмаған, тәжірибесіз.* Сондағы ағаш атқа мініп шауып жүретін *боқ мұрын*, жаңағы осы жерде отырған дудар бас,

колхозда зоотехник болып істейді (А. Байтуғанов, Шопан.). **Ең ақырғы әлгі менің** *боқ мұрын* **немерем де: «ақын боламын, Алматыға барып соның оқуын оқимын»,** — деп, күнде мазамызды алады (М. Иманжанов, Менің махабб.). **Боқтан оңай.** *Түк те емес, оп-оңай.* Дегенге әриайдай, әриайдай, **Мүйізі** ақ серкенің қарағайдай. **Мүйізін** қарағайдай қағып алсам, **Болуы** тоқал ешкі *боқтан* да *оңай* (Халық әндері). **Боқтан өзге.** *Түкке тұрғысыз, жоқтан өзге.* Әдетің мұны мойныңа **алмайтұғын, Жүйрікке** *боқтан өзгені* **арнайтұғын. Жүйрік** боп мынау әйел не өндіреді, Қайраты қадам жерге бармайтұғын (Айтыс). **Болар бала боғынан.** *Адам болар бала жасынан-ақ белгілі.* «*Болар бала боғынан*» деп, әлі ешнәрсеге шаман келмейді, сенің оларға не керегің бар («Соц. Қаз.»). **Дүние боқ.** *Опасыз, жалған дүние.* Өзімнен үлкен аға жоқ, Не болмаса іні жоқ, Өттің бастан *дүние боқ* (Батырлар жыры). Еңіреп жүрген ер едім, Қаптаған қара борандай, Өткені ме *дүние боқ* (Бұл да).

БОҚАН: **боқан ер.** з а т. *Алдыңғы қасы қошқар мүйіз болып, артқы қасы иіліп келген ер.* Қазақ қолөнерінің сол кездегі бір өнері — мынау жатқан *боқан ер* (Ауызекі тіл).

БОҚАТ з а т. 1. *Қыздырылған, балқыған темірден бөлінетін қоқыс, шлак.* 2. *Астық тазалағанда бөлінетін шар, боқтық.*

БОҚАУЫЗ з а т. с ө й л. **Боғауыз.** Ол: — Қайда болдың? — деп мені жерден алып, жерден салып, *боқауызын* араластыра ұрысты (С. Мұқанов, Өмір мектебі). Аузы толған *боқауыз,* Насыбайға тоқ ауыз, Бір жақсылық жоқ ауыз, Қамарға соны теңгерген, Көзіңді ашпа, ел жауыз (С. Торайғыров, Таңд. шығ.).

БОҚЖАМА з а т. с ө й л. **Боғжама.** Құрғақ сөз, күйретер жоқ күші қолда, Жұлқынып біреу оңға, біреу солға. Біреулер бұқарамен тілдесуге Арқалап *боқжамасын* шықты жолға (Қ. Тоғызақов, Сібір Омар).

БОҚТА е т. *Балағаттау, тілдеу.* Атты **борбайға** бір салып жіберіп, тұс-тұстан әркім-ақ болысты *боқтап,* керіп әкетті (І. Жансүгіров, Шығ.). Ол оңашада жуан ауылды жетпіс жеті атасынан бері қарай құлдилап *боқтайды* (М. Әуезов, Қараш.). **Бүйенбай тұрар бақырып, Малайын** *боқтап,* шақырып, Малай жылдам келмесе, Кіжінеді ақырып (С. Сейфуллин, Шығ.).

БОҚТАҒЫШ с ы н. *Боқтампаз, балағаттағыш.*

БОҚТАЙ с ы н. *Боқ тәрізді.* ◆ **Сиырдың жас боғындай.** *Ынжық, болбыр.*

БОҚТАМПАЗ с ы н. *Дөрекі, балағат сөзді көп қолданғыш, боқтағыш. Боқтампаз* Тәуке қол тоқпақтай-ақ кісі, өзі салған пешті ызаланып боқтағанда сөзі қолақпандай (Ғ. Мұстафин, Дауыл.).

БОҚТАМПАЗДАУ с ы н. *Балағат сөзді көп айтқыштау, боқтағыштау.* Машина қалғанмен, шоферының қалар түрі жоқ. Ол *боқтампаздау,* бейбастақтау біреу екен (С. Мұқанов, Есею жыл.).

БОҚТАН *Боқта етістігінен жасалған өздік етіс.* Бекбосын *боқтанып* шыға келді (Ж. Молдағалиев, Торғай.). Атқа мінгенде жын ұстағандай екілене еліріп, *боқтанып* шабу әдеті (С. Мұратбеков, Көкорай).

БОҚТАНУ *Боқтан етістігінің қимыл атауы.*

БОҚТАНШАҚ с ы н. *Боқтампаз.* Сенен кейін өңкей *боқтаншақ,* қиындыжиынды қалыппыз (Р. Тоқтаров, Ертіс.).

БОҚТАС *Боқта етістігінен жасалған ортақ етіс.* Қалдыбай мен Зәкіржан жайшылықта, ел көзінен оңашада екеуі әзілдесіп те, *боқтасып,* ұрысып та алады (Б. Майлин, Шығ.). Енді Нәренжікпен пәрменімізше *боқтастық* (С. Сейфуллин, Шығ.).

БОҚТАСУ *Боқтас етістігінің қимыл атауы.* Ойын-күлкі, сауықпен, *боқтасумен,* әзіл-қалжыңмен қаланың сыртындағы қайың тоғайдың іші дүр-дүр етеді (І. Жансүгіров, Шығ.).

БОҚТАТ *Боқта етістігінен жасалған өзгеліс етіс.* Адам болды бәрі де, Байға ақысын жегізбей. Бұрынғыдай нұқытып, *Боқтатып* «әй, ит» дегізбей (С. Сейфуллин, Шығ.).

БОҚТАТҚЫЗ *Боқтат етістігінен жасалған өзгеліс етіс.*

БОҚТАТҚЫЗУ *Боқтатқыз етістігінің қимыл атауы.*

БОҚТАТУ *Боқтат етістігінің қимыл атауы.*

БОҚТАУ *Боқта етістігінің қимыл атауы.* Арт жағымыз айқай-ұйқай *боқтау,* жүгірген адамның аяғының даусы (Б. Майлин, Шығ.). Менің жәрдемім — қысылған кезде саған ұрсу, әр-берден кейін зекіп, *боқтау* (Б. Момышұлы, Москва.).

БОҚТАШАҚ з а т. 1. *Ұсақ-түйек.* Құдай-ай, енді бөтен кісі келіп үйіміздегі *боқташағымызды* ақтарам дей ме, не дейді? — деп, кемпір зарлап қоя берді (Ж. Нәжімеденов, Ақ шағыл). 2. *Қызыл қарын, жас бала.* Шешем *боқташақ* балалармен үй шаруасынан аспайтын еді (Ауызекі тіл).

БОҚТЫ ү с т. қ а р а п. *Талай.* Қолың батып әкеңнің басын жарып отырғаның анау, саған Әбділда *боқты* сүйеу болар,— деді Бейсембі Төлешке (М. Әуезов, Қараш.). — Соқ дүрені! Өзіне де соқ бұл иттің! — деді Құнанбай. Сол кезде — *Боқты* соғарсың!— деп, саңқ еткен Байсал еді (М. Әуезов, Таңд. шығ.).

БОҚТЫҚ з а т. 1. *Далаға шығарылып тасталған қоқыр-соқыр, сыпырынды, қоқсық.* Мені қармен әкеп төккен жері — Омбының *боқтық,* қиқым төгетін жері (С. Сейфуллин, Тар жол.). Жерде бұрынғыдай ызғар жоқ; арық малдар тысқа шығып, күн шуақтағы *боқтықты,* шөпті тіміскілеп жүр (Б. Майлин, Шығ.). Елу адымға толмайтын жерде мазар тұр, оның бер жағы қаланың *боқтығы,* сасық иісі мұрнынды жарады (С. Шарипов, Шығ.). 2. Ж е р г. *Бастырылған астықты тазалаудан шығатын қалдық, шар.* Ұшырылып тазарған бидайдың *боқтығы* — мал үшін құнарлы жем-шөптің бірі («Соц. Қаз.»). 3. *Үй-ішіндегі ұсақ-түйек, көржер.* Сенің баяғыдан бергі жинаған, терген *боқтығың* бір тиынға да тұрмайды (Ауызекі тіл). 4. *Боғауыз, дөрекі, балапыт сөз.* Ауыл шаң-шұң, айғай, Сәлменнің *боқтығы* басымдап тұр екен. Біле келсе, боқтап жүргені Тектіғұл (М. Әуезов, Қараш.). Ол: «Әттең, сорлы баланың өзіммен бірге *боқтық* естіп, өзіммен қатар ит-салпақта жүргенін көрмей өлсем екен! — деген (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке).

БОҚША [1] з а т. к ө н е. *Қолдан тігілген қалта, сумка.* Жақып егін туралы мақала басылған газеттерді *боқшасына* салып, боқшаны қанжығасына байлады (Б. Майлин, Шығ.). Бір мезгілде Бәйтік молда ұшып тұрып, киіз *боқшасының* ішінен көзілдірігін алып, көзіне киді (С. Торайғыров, Таңд. шығ.).

БОҚША [2] ү с т. *Боққа ұқсап.*

БОҚШАНТАЙ з а т. с ө й л. ж е р г. **Оқшантай.** Саржан анандай жерде жатқан кілем *боқшантайынан* қол басындай қайрағын алып, белін шешті (І. Есенберлин, Қаһар). Иығымдағы оқ-дәрі брезент *боқшантайымды* сәл жөндедім (І. Есенберлин, Алтын құс).

БОҚЫ: боқысын шығарды. *Апырып-жапырып істеді, тындырып тастады.* Ақысын берсең, *боқысын* шығарар (Мақал).

БОҚЫРАУ о р. з а т. *Қар жауып суық түсе бастаған кез; күздің соңғы айы (покров).* Ол былтыр *боқырауда,* күзем үстінде қалаға оқуға кеткенде дәл осы қоныстан, Есентайдан кеткен болатын (М. Әуезов, Таңд. шығ.).

БОЛ е т. 1. *Белгілі бір оқиғаның я құбылыстың іске асып, өтіп кетуі.* Бұлар келген бетінде қаны кебіңкіреп қалған өліктің жатқан жерін, оқиға *болған* маңайды картаға түсіріп, оймақтай жерін қоймай, тексеріп кетті (Т. Қойшыманов, Тынымсыз.). Орал оязының Шілі, Қарашығанақ болыстарына қараған жерлерінде жаздай жаңбыр *болды* (Айқап). 2. *Нақтылы бір амал-әрекетті аяқтау, бітіру, тындыру.* Қанабек Щербаковтың сөзін қазақшалап *болысымен,* кемпір Щербаковты жетелей қабырғаға жақындай түсті (Ғ. Мұстафин, Қарағанды). Бітік көз сары арам ниетін *болдыға* айналдырып, өз өтірігіне өзі рахаттанып тұр (Т. Ахтанов, Дала сыры). 3. *Бірге отыру, ішінде болу, қатысып көру.* Жоқ, енді осында *болсақ* екен! — деп, ұстаның қатыны болмады (С. Сейфуллин, Шығ.). Бүгін күні бойы, түні бойы көз ілместен сенің қасында *болам* (М. Дүзенов, Әке.). Мен бұл жерде *болып* көргенім жоқ. Бірақ Көксеңгір туралы қарттармен көп әңгімелестім (Т. Дәуренбеков, Біз. кездес.). 4. *Мақсатқа жету, жетісу, толықсу.* Өзі *болған* жігіттен сұрама, кім деп ата-анаң (Дастандар).— *Болдым,* толдым, енді абырой-атақтың керегі жоқ,— дейді екенсің ғой деді Нұре-

кең баласына (Ә. Әбішев, Замана.). Ай толғанын білмесе, Жігіт *болғанын* білмес (Мақал). Өзі *болған* қыз төркінін танымас (Мақал). 5. *Есім сөздермен тіркесіп, бір күйден екінші күйге ауысуды, өтуді білдіреді.* Бала *болдың*, жас *болдың*, Жалғандыққа ермедің; Төре болдың, бас болдың, Көкірегіңді кермедің (Абай, Тол. жин.). Әуелі керек нәрсе білім деген, Білімсіз елтипатқа ілінбеген... Бесінші — заманында күл де ойна, Бір күні шал *болармын* дірілдеген (Халық өлеңд.). 6. *Есім сөздермен тіркесіп бар, бар екен, бар еді мағынасында қолданылады.* Ертеде Жақай деген кедей шал *болады*. Оның Ердос деген баласы бар екен (М. Етекбаев, Алтын.). Әзімбай дегеннің алты ұлы, бір қызы *болады* (Қ. Жұмалиев, Қаз. эпосы.). Ыбырай үйінде толып жатқан шаруасы *бола* тұра, батырдың тілегін орындауға тура келеді (М. Жұмағұлов, Қыран.). Бүкіл Қарағандыда екі-үш құдық *болатын* (Ғ. Мұстафин, Қарағанды). 7. *Есім сөздермен тіркесіп, еді, екен мағынасында қолданылады.* Оқымаймын енді одан, Домбыраны қолға алам. Өлең кірген түсіне Жөргегінде мен *болам* (Жамбыл, Шығ.). Қаланың ылди жақ шеті ұзақ *болатын* (М. Әуезов, Таңд. шығ.). Елу жетінші жылдың қысы *болатын* («Соц. Қаз.»). Сол іздеген, күткен жігіті — Төлеген *болады* (Қ. Жұмалиев, Қаз. эпосы). 8. *Белгілі бір сөздермен тіркесіп, тілек, талап ұғымын білдіреді.* Тек епті *бол*. Мен епті едім ғой (Ғ. Мұстафин, Шығанақ). Қатал, қатал партизан! Қаңтардан да алды тар. Қатал *бол* деп үйреткен Туған бала, сүйген жар (Ж. Саин, Таңд. шығ.). Тілімді алсаң балдызжан Сол Жұманды сүйер *бол*, Сол Жұманға тиер *бол!* (Д. Әбілев, Жүрек.). 9. *Мақұлдау, рұқсат ету, келісу.* Бекарыс дедің бе? Бекарыс, Бек-арыс, несі бар, *болсын* Бекарыс,— деп, тебірене қайталады Тобық (З. Жәкенов, Таң самалы). Үйлеріңе қайта беруге *болады* («Қазақст. мұғ.»). 10. *Болымсыз түлғада тұрып, бой бермеу, мойындамау, көнбеу, келіспеу мағынасын білдіреді.* Сатан бұған да болмай қаладағы пәтеріне қайтып, орыс жолдастарына қош айтқысы келіп, ойысып *болмады* (І. Жансүгіров, Шығ.). Қанша жылап налысаң, Сонда да ерікке қоймайды, Алғысы келсе, дүниенің, Айтқанына *болмайды* (Абай, Тол. жин.). Андрей бізді Жабай үйінің алдына әкеп түсіріді де, үй иелерінің жалбарынғанына *болмай*, үйге кірместен, жүріп кетті (С. Мұқанов, Менің мектеп.). 11. *Есім сөздермен тіркесіп бір нәрсенің ыңғайында қалу мағынасын білдіреді.* Жоқ, мен үнемі уайым-қайғыменен *бол* демеймін (Абай, Тол. жин.). «Ырыс бақкан дау бақпас» деген мақалменен *болмын* деп ұры, залым, қуларға жеміт болып жүрген шын момындарды аямасаң, соның тілеуін тілемесең болмайды (Бұл да.). Тек кешіріп жазумен ғана *болма*, мазмұнына да мән бер (Ауызекі тіл.). 12. *Жарайды, бітті, жетеді деген ұғымды білдіреді.* Енді Қоқыш Бақтығұлға жауап та айтқызбады. «Сөз бітті, *болды*, Бақтығұл аттанады»,— деп, бір-ақ байлады (М. Әуезов, Қараш.). *Болсын, болсын.* Мен қарсы емеспін, деді Сағындық, аз-кем ойланып (Б. Майлин, Шығ.).— *Болды*, тоқтат, жаңылып қалдың,— деп, жігіттің одан әрі аузын аштырмады көпшілік (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). 13. *Асықтыру, жылдамдату, тездету.* Әй, Шекер, *бол*, қимылда, басқа құдағиларды да шақыр,— деді Елпан орнынан бір қозғалып қойып (С. Мыңжасарова, Қыр қыз.). Әй, Күлән-да, ағаларыңа сусын әкеліп бер! *Бол* тез! — деді Әбді (О. Сәрсенбаев, Таңбалы тас). ◆ **Абай болды.** *Қырағылық етті, сақтанды.* Өз адамдарын зақымдан алмас үшін жауынгер өте сақ, *абай болуы* керек (Өзбек әңгім.). Әйтеуір, *абай болып*, анда-санда айғайлап қойып, өзі де жылқымен бірге ығып келеді (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). **Абырой болғанда.** *Сәтіне қарай, сәті түскенде.* *Абырой болғанда* кезегі жетпегендіктен, бұл екеуінің де істерін әлі қолға алған жоқ екен (Ж. Саин, Жол үсті). **Ада болды.** *Таусылды, бітті, түгесілді.* Соншама жылдар бойы жинаған-тергенінің бір-ақ күнде *ада болғанын* білмей де қаласың («Соц. Қаз.»). **Адал болды.** *Таза еңбек етті, арамдық істемеді; шын берілді.* *Адал бол*, бай тап, Адам бол, мал тап, Қуансаң, қуан сол кезде (Абай, Тол. жин.). Партия мүшесі партияның алдында шыншыл, *адал болуға* міндетті («Соц. Қаз.»). **Адам болды.** а) *Ер жетті, есейді.* Қалайша мақтан етпесін, Ананың абзал жүрегі. Аузына қолы жеткесін, *Адам боп* екі түлегі (Ж. Молдағалиев, Жесір.). ә) *Жұрт қатарына қосылды, саналы азамат санатына кірді.* Адал бол, бай тап, *Адам бол*, мал тап, Қуансаң, қуан сол кезде (Абай, Тол. жин.). Тәрбием бар тәлім берген, Бі-

лімім бар оқыған. *Адам болам,* алға басам, Оқуым бар тоқыған (Қ. Қуанышбаев, Өленд.). б) *Ауруынан айығып, оңалды, сауыға бастады.* Ауру ұзақ емделіп, қатаң режим сақтағанда ғана *адам болмақ* («Қазақст. мұғ.»). **Ажал болды.** *Өлімге ұшыратты, қаза таптырды.* Арқаның ашулы ақпан тәңірісі, Талайға *ажал болған* тағы күші. Жатқандай ақша қардың астында ұйықтап, Маңайда білінбейді даң-дыбысы (Ғ. Қайырбеков, Дала.). **Азамат болды.** *Ер жетті, есейді. Азамат боп* атқа міндің, Аманатқа келер шаманың. Жүзің гүлдей, көзің күндей, Күшің оттай жалындаған (Ақын жырлары). **Азан-қазан болды.** *Улап-шулады.* Үйішінің лаңынан запы боп қалған балаларда зәре жоқ, үрейі ұшып, шырқырап жылап, үйдің іші *азан-қазан болды* да кетті (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). Алашаң ауыл үстін қаптап, мал *азан-қазан болды* («Лен. жас»). **Азар болса.** *Мықтағанда, көп дегенде, тіпті болмаса. Азар болса* аштыққа Тағы бір күн шыдармын. Алтын ассын есептен, Содан кейін армансыз Қыл дегенін қылармын (Абай, Тол. жин.). Әсия *азар болса* кедей шығар, қосшы одағының мүшесі шығар, болса кімнің шікіресі әйдәі — деді Шайзада (Қ. Тайшықов, Окт. ұшқыны). **Азар да безер болды.** *Безек қағып, маңына жуытпады. Мен азар да безер болып* жеңгемізді ерткенім жоқ. Ағамыз да қаржының тапшылығын ойлап, оның барғанына онша ықыласты болған жоқ еді (Ә. Сатыбалдиев, Ақмарал). Әлгі ақсақал *азар да безер болып,* ойын қойдырмағаны былай тұрсын, өзінің бастық екендігін жасырды,— деді артист («Қаз. әдеб.»). **Азат болды.** *Бостандық алды, еркіндікке қолы жетті.* Сырдария әскери шебі құрылғаннан кейін, сол маңайдың қазақтары Хиуа хандығының езгісінен *азат болды* (М. Елеусізов, Шоқан Уәлиханов.). **Аз да болса.** *Сәл ғана, азғантай.* Бес күн барыспен үздіксіз арпалысқан Әлиша мен Жақан *аз да болса* мызғып алуға кетті (М. Тиесов, Әңгім.). *Аз да болса* саз болсын (Мақал). **Айтқаны болды.** *Дегені келді. Айтқаны болып* жатыр-ау, Ұқсата алсақ біздер тек. Осының бәрін апыр-ау, Ол қалай болжап сөзді ерте (Ж. Молдағалиев, Жесір.). **Айтқаны екі болмады.** *Айтқаны бұлжымай іске асты.* Тамараның *айтқаны екі болмайды,* ол— ортамыздағы гүл, сүт үстіндегі қаймақ (Ж. Жұмақанов, Жазылм. кітап). **Ақ жем болды.** *Босқа әуреленді, арам тер болды.* Берекеңді қашырма, Ел тыныш болса жақсы сол. Рас сөзге таласып, *Ақ жем болма,* жаным, кел (Абай, Тол. жин.). **Ақ жұлық болды.** *Желінді, тозды.* Оның *ақ жұлық болған* көнетоз етігі қолтығында, кішкентай кенеп дорба арқасында (С. Жүнісов, Жаңанда.). **Ала болды.** *Ала ауыздық жасады, бірлігі кетті.* Өсек басты болады, Қыздың жасқа толғаны. Жан түршігер жаман іс Ағайын *ала болғаны* (Халық ақын.). Алтау *ала болса,* Ауыздағы кетеді; Төртеу түгел болса, Төбедегі келеді (Мақал). **Алаң болды.** *Көңілі бөлінді, алаңдады.* «Менің қуатымның көңілі орнығып, *алаң болмай* жүрсін»,— деп қояды Қалампыр (С. Бегалин, Ана.). Құмардың көңілі басқа бір нәрсеге *алаң боп* тұр ма, не айтарын ұмытып қалғандай, бір қабағын көтеріп, шыдамсызданып, жөлкесін қасыды (Т. Ахтанов, Дала сыры). **Алас болды.** *Жоғалды, құрыды.* «Соғыс» деген суық сөз адамның ойынан да, өмірінен де, тілінен де *алас болсын!* (Ә. Нұршайықов, Жомарт өлке). **Алғаның ас болмағыр [ас болмасын].** Қарғ. *Алғаның өзіңе бұйырмасын. Алғаның ас болмағыр,* ит-шошқа деп, Қарғадай қармен бірге қарқылдап тұр (І. Жансүгіров, Шығ.). **Аңыз болды.** *Ел арасына кеңінен тарады, ауызға ілікті. Аңыз болған* арман жыр, Құлақ құршы қанған жыр, Дүниені тербетті (Қ. Аманжолов, Таңд. шығ.). Таулар аты көп еді, *Аңыз болған* Арқаға (Ғ. Орманов, Таңд. шығ.). **Арам болды.** а) *Адал болмады, жеуге жарамады.* «Атты бауызда, бауызда, *арам болмасын»,*— деп, Көсе айғайлады (Қаз. ертег.). ә) *Текке зая кетті. Арам болған* жиырма бес, Қызықты күндер қыздырған, Асау толқын бұздырған (Үш ғасыр.). **Арам тер болды.** *Босқа әуреленді.* Ақымыз аз, *арам тер болып* істемейік,— деді артель тегісімен (І. Жансүгіров, Шығ.). Босқа *арам тер болмаңыз,* ақсақал! Жеріңіз бәрібір алынады,— деді Сәлкен Нұртайға (С. Омаров, Қайырлы.). **Арашашы болды.** а) *Төбелескендердің арасына түсіп айырып жіберді.* Көшенің көп адамы жиналып, төбелеске тоқтау салды. Жиналған адамдар төбелеске *арашашы болып,* жанжалдың жайын сұрады (Мың бір түн). Нұртаза мені ұрмақ боп ұмтылғанда, *арашашы боп* әлдекімдер ара-

мызға түсе кетті (С. Мұқанов, Өмір мектебі). ә) *Қамқорлық жасады, қиыншылықтан құтқарды.* Федор қарт амалын тауып, қырық жігіттің ажалына *арашашы болды* (Ә. Шәріпов, Партизан.). **Арман болды.** *Мақсат етті, армандады, аңсады.* Шоқан көрген жерді көру менің көп жылдардан бері *арманым болатын* (С. Мұқанов, Алып. адым.). Сені естіген сәттен бастап, елді көру *арман болып,* көрсем деген бір аңсау көкейімнен кетпеді,— деді Темір Сәулеге (Ә. Әбішев, Пьеса.). **Арманда болды.** *Өкініште қалды, өксікпен өтті.* Революция болмаса, Жылауменен өтіп ек. Тістегеннің аузында, Ұстағанның қолында *Арманда болып* кетіп ек (Халық ақындары). Бұл арадан кетерсің, Ала алмасаң алысып, *Арманда болып* өтерсің (Жамбыл, Шығ.). **Арса-арса болды.** а) *Ет әбден пісіп, сүйегі сылынып қалды.* Кәрі қойдың басы піскенше, жас қойдың басы *арса-арса болады* (С. Төлешов, Түрлі. бас.). ә) *Аңқиып-саңқиып қалды, быт-шыты шықты.* Есік-терезенің қиюы кетіп, едені *арса-арса болғанымен,* соны лаждап пайдаланатынбыз («Лен. жас») **Жау шапқанда** жаныш дүние, *Арса-арса* боп қала қалған. Айналсоқтап туған үйде Кемпір мен шал, бала қалған (Ғ. Орманов, Таңд.). б) *Еті қашты, жүдеді.* Ана шеміршек сүйектері *арса-арса болған* кеудеңді аймалап құшқан қыз да өзін өмір бойына бақыттымын деп өтер,— деп, жігіттер Жапарды кекетеді (Ж. Мұзапаров, Қаби қарт). **Ас болды.** *Ішкен-жегені бойға жұқты, тамақ болды.* Оның колхоздан алғаны *ас болған* (С. Төлешов, Түрлі. бас.). Құмның малға *ас болатын* ащылы-тұщылы оты еркін жетеді (С. Мұқанов, Саяхаттар). **Астан-кестен болды.** *Асты-үстіне түсіп, бей-берекеті шықты.* Штрек жақ гүрсілдеп *астан-кестен болып* кетті (С. Ерубаев, Менің құрдаст.). Дүние *болсын* мейлі *астан-кестен,* Шығады айтқан уәде қалай естен? Жолымыз болса деген Карлановка Жетеміз аргы күні қалмай кештен (І. Есенберлин, Большевик.). **Астар болмайды.** *Пар келмейді, тең түспейді.* Өзің қыз танымайтын жігіт екенсің. Алмаң Жанатқа *астар бола* ала ма (Ғ. Мұстафин, Миллионер). **Асық болды.** *Ынтықты, құмартты.* Сүйінсін құлағым. Тарқасын құмарым, Әніңе бір салшы, *Асық боп* келіп ем (Абай, Тол. жин.). Бес нәрседен қашық бол, Бес нәрсеге *асық бол,* Адам болам десеңіз (Бұл да). **Атарға оғы болмады [жоқ].** *Әбден өштесті, қастасты.* Есенейден қанша безініп, *атарға оғы болмай* келе жатса да Мүсірептің өзін мақтағаны қыз көңілін жадыратып жіберді (Ғ. Мүсірепов, Ұлпан). **Ат соқты болды.** *Атпен ұзақ жол жүріп қалжырады, шаршады.* Анада малшылар ауылын аралап, *ат соқты боп* оралған Ғазиз үйге келісімен, қатты тымауратып қалды («Лен. жас»). **Ауыр болды.** *Қиындық етті, күйзелтті, жанға батты. Ауыр болса* да амал не, алты күндік сапарды жаяу кешіп барып, Айқынды үйіне әкелген-ді (Ә. Әбішев, Терең тамыр.). Майдандағы жақын жолдасының қиналып барып жан тапсыруын көруден *ауыр* не *болады* дейсің (Ол күндер.). **Ашына болды.** а) *Бір-бірімен көңілдес болды.* Бақалшының ауылға барында да сыр бар еді: ол Айнакөлде бір келіншекпен *ашына болатын* (З. Шашкин, Ұядан ұш.). Оспан ел ішінен сайлы жігіттерді жинап алды да, Әлібиге шаптырды. Сәлемі қысқа: «Қызың қайдағы біреумен *ашына болыпты* дейді, алтын басымды аяқ асты қып қорлап жүрген көрінеді»,— депті (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). ә) *Ғашық болды, құмартты.* Ертеңге *болып ашына* Асығып өтер өмірім (Т. Әлімқұлов, Сапар). *Болмасам ашына* мен сізге, Түспес ем мұндай бейнетке (Абай, Тол. жин.). б) *Етене болып араласты, достасты.* Олар бір-бірімен айнымас *ашына болуға* бел байласып, «Келіп тұрыңызды» қайта-қайта жаудырмалатып, жылы қоштасты (Т. Бердияров, Фарида). Білім қолды жеткізер, Алтын, гауһар тасына. Білімі жоқ жалқаумен Ешкім *болмас ашына* (Пернедегі терме.). **Аян болды.** *Белгілі болды, айқындалды.* Бейбітшілік! Аты оның *Аян болған* бар елге. Ақ қанатты сұңқардай Ұя салған әлемге (Бейбітшілік). Қаланың әр махалласына бір уәзірін өкіл етіп қойыпты. Сейтіп қалада болып жатқан барлық өмір халифаға *аян болып* отыратын (Мың бір түн). **Әбігер болды.** *Әуреге түсті, әбігерленді, абыр-сабыр болды.* Онда барса дәрігер, *Болады* деп *әбігер,* Денсаулық бөлімі Ескермей жүр алайда (Ш. Смаханұлы, Тотияйын). Осы бес күндікте мемлекетпен есеп айырысамыз ба деп, *әбігер болып* жатырмыз,— деді Молдалы (С. Шаймерденов, Мінез). **Әдет болды.** *Дағдыға айналды, әдеттенді.*

Жауынгерді «балам» деп атау ол кісіге *әдет болып* кеткенге ұқсайды (Б. Момышұлы, Москва.). Жолдасымен отқа, суға бірге түсуге ешуақытта іркілген емес. Қорқу-үрку Әзімханның *әдеті болған* емес (С. Сейфуллин, Шығ.). **Әз болды.** *Көзі көрмей қалды, су қараңғы болды.* Барлық денем сау, тек көзім *әз боп* қалыпты,— деді Балғын (С. Бақбергенов, Дина). **Әзір [дайын, даяр] болды.** *Дайын болды, даярланды, әзірленді.* Кіммен болса да ол кетуге *әзір болатын* (Қ. Жұмалиев, Қаз. әпосы.). **Әкей-үкей болды.** *Сыбайлас болды, етене араласты.* Ол Қызылордаға келген бір жылдың ішінде саясат басшыларымен жақын танысып, көбімен *әкей-үкей боп* та үлгеріпті (С. Мұқанов, Есею жыл.). **Әлі де болса.** а) *Осы күнге дейін; сонда да.* Шабындықтарды техниканың күшімен суландыру жұмысы *әлі де болса* елеулі нәтиже бермей отыр (М. Сабыров, Жасанды шабындық.). Спорттың бұл түрінен оқушы жастардың шеберлігі *әлі де болса* төмен («Халық мұғ.»). ә) *Тағы да, бұдан басқа; мұның үстіне.* Орта мектепті бітіргенге дейін *әлі де болса* төрт, төрт емес-ау, сойылдай бес жыл бар (Б. Соқпақбаев, Менің атым.). **Әрі-сәрі болды.** *Не онда, не мұнда емес, дағдарды.* Ал біз әрі таудың, әрі даланың халқымыз. Біздің өмірімізде әлгі айтқанның екеуі де бар, немесе бірде-бірі жоқ, *әрі-сәрі боп қалғанбыз* («Қаз. әдеб.»). **Әуре болды.** *Босқа әбігерленді, машақаттанды.* Жамағат қала байына сататын жүн жинап *әуре болуда* (Ғ. Сыланов, Асау арна). Ол тыныққан соң, өзі де тауып бармай ма, несіне *әуре боласың* (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). **Әшкере болды.** *Әйгіленді, әшкереленді.* Айтса-дағы айныман, Көлденеңнің сөзіне. *Әшкере болған* ісім бар, Жиылған жұрттың көзіне (М. Өтемісов, Өленд.). **Бақыл болды.** *Арыздасты, кешу сұрады.* «Менде жау көп» деген жоқпын ба, солардың біреуі қапылыста жазым қылса, *бақыл бол* (С. Мұқанов, Есею жыл.). *Бақыл бол,* жарым, Жадымда кетер тынбастан. Қара түнде саған қосқан Алтын арай арманды әнің (М. Әуезов, Таңд. шығ.). **Бар болғыр [бар болсын].** Экспр. *Риза болмағандықты, кейігендікті я онша қанағаттанбағандықты білдіретін сөз.* Апырым-ау, әлгі баласы *бар болғыр* қайда жүр? — дейді ол күрсініп (Ә. Сәрсенбаев, Толқында.). Ал айтшы, *бар болғыр!* Масадай-ақ қадалдың ғой (Ғ. Мұстафин, Дауыл.). **Бас-көз болды.** *Көз қырын салды, қамқорлық жасады.* Анасы Жұмабике шопандардың республикалық кеңесіне кетіпті. Шеше орнын қыз басып, бар шаруаға *бас-көз болған* екен («Лен. жас»). *Бас-көз бола* жүретін ауыл арасының біреуі кездесер деп отырған жайы бар адамды қайтесің әурелеп (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). **Басы әңкі-тәңкі болды.** *Не істерін білмеді, басы қатты.* Көшеге шыққан соң, Сатанның *басы әңкі-тәңкі болды* (І. Жансүгіров, Шығ.). Өзімнің де *басым әңкі-тәңкі болып тұр,* ағайын, тым қатты айқайламашы,— деді Қожанасыр саспастан (Қаз. ертег.). **Бауы берік болсын.** *Жаңа туған нәрестенің өмір-жасы ұзақ болсын.* — Кішкенелі болыпсың ғой, *бауы берік болсын* («Лен. жас»). Тойға келгендер, Батасын бергендер: *Бауы берік болсын!* Азекеңе серік болсын... (М. Рашев, Біле қойдым). **Баянды болсын.** *Ұзағынан сүйіндірсін, құтты болсын.* Уа, құрметті ұлы съезд, *Баянды болсын* қадамың (Жамбыл, Шығ.). **Бәйек болды.** *Жаны қалмай қызмет етті, асты-үстіне түсті, құрдай жорғалады. Бәйек боп* қара кемпір күтіп алды. Басына жастық қойып, көрпе салды (Ж. Саин, Таңд. шығ.). Жеңгей Лөззатымды айналып-толғанып, қайда отырғызарын білмей *бәйек болып* жүр (Ә. Сатыбалдиев, Ақмарал). **Болары болды [болар іс болды].** *Не де болса бітті. Болар іс болған соң,* қайтесің сонша егіліп!— деді Жібек Күлшеге (М. Иманжанов, Менің махабб.). Бәлкім, сіз ренжитін де шығарсыз. Бірақ *болары болып* қойды, өз қолыңды өзің кесесің бе («Лен. жас»). **Болса болмаса да.** *Өзінен-өзі, былай да.* «Қоянды» деген атпен Россияның ең үлкен жәрмеңкесінің бірі ашылған, оған жан-жақтан саудагерлер келетін болған, ат жетер жердегі қазақ ауылдары *болса болмаса да* келеді (С. Мұқанов, Есею жыл.). **Бұйым болмады.** а) *Ұзаққа бармады, көпке шыдамады.* Пиманы жай құрым киізбен табандағанмен, ол *бұйым болмайды.* Бірер күнде тесіліп шыға келеді (Б. Соқпақбаев, Балалық.). ә) *Жұмырына жұқ емес, түкке тұрмады.* Ойбай-ау, Қарашекпеннің байын өлтірген кісіге Қаратаз *бұйым болып* па (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). Жалындым: «Қашқа салып алып қал!»— деп, Тұрғанда жан қысылып, тайып күйім. Ашқанда қара

шекпен қаптың аузын, Ішіне *болмай* кетті ағаң *бұйым* (Үш ғасыр.). **Бір ауызды болды.** *Алалық шығармады, ынтымағын бұзбады.* Тәртіптілер ғана көпке шыдап, *бір ауызды болғандықтан,* жеңімпаз келеді (Ол күндер.). **Ғайып болды.** *Із-түзсіз жоқ болды.* Анты бар Дайрабайға зайып болман, Ел ғұрпын жерге таптап «тайып жолдан». Көрінбей жапан түзде өлейін деп, Бір түнде біздің Сәукен *ғайып болған* (С. Омаров, Сәукен). Бүгін түсте хабарсыз, *Ғайып болды* тарағым. Зыр жүгіріп амалсыз, Бар түкпірді қарадым (О. Әубәкіров, Бытпылдық). **Ғашық болды.** *Шын сүйіп, құмартты, ынтықты.* Бұл Мұрат дейтін байдың Ғазиза атты қызына *ғашық болған.* Қыз да сондай сүйген екен. Бірақ Мұрат бай Сәлімді кездейсіпті, қызын бермейді (М. Әуезов, Әр жыл.). Менің білетінім мынау: өмірді, адамды, өнерді сүю, *ғашық болу* білу — адамның жанына көрік, тіршілігіне серік,— дейді Құлатай (Майдан). **Дал болды.** *Не істерін білмеді, дағдарды.* Бір жұмада үйіліп-төгіліп бір-ақ жететін газеттердің қайсысын оқырмызды білмей *дал болатын* шақ жиі ұшырайды («Қаз. әдеб.»). Бір күні әкем өз отарындағы қойын санап, *дал болып* тұрып қалды. Сөйтсек, үш қой жоқ екен («Лен. жас»). **Дәмдес болды.** *Бір-бірімен араласқұралас, табақтас болды.* Жауыз екен, неше жыл *дәмдес болып* жүріп, он жылдық еңбегімді жеп кетті (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). **Дәу де болса.** *Жаңылмасам, қателеспесем.*— Ол кісі *дәу де болса,* сонау бір үйеңкінің бұтақтарының арасында отырған болу керек!— деді ол (С. Мұқанов, Менің мектеп.). Оңаша үй мылтықсыз болмайды ғой. Ол қазір *дәу де болса,* қос ауызын бізге оқтап, қыбыр еткен қимылымызды бақылап тұрған болар-ау («Қаз. әдеб.»). **Дегені болды.** *Тілегені орындалды, билігі жүрді.* Ұйықта, сәулем, бөбегім! *Болды* сенің *дегенің* (Жамбыл, Шығ.). *Дегені болмай,* өмірдің жақсылығынан үміті үзілген сұлу, енді мойынсұнады (Қ. Жұмалиев, Қаз. эпосы.). **Дел-сал болды.** а) *Денесі ауыр тартты, бойды көтертпеді.* Шек құрты ауруына шалдыққан адамдар шаршағыш келеді, денесі *дел-сал болады,* еңбек өнімділігі кемиді (С. Сұбханбердин, Дәрі — дауа.). Алғашқыда қыз-қыз қайнап, кейін біртіндеп тоңази бастаған дене бара-бара *дел-сал болып,* әлі кетті де, бұйығу, тыныштық іздеу сияқты бір енжарлық күйге түсті (М. Иманжанов, Адам.). ә) *Не істерін білмей дағдарды, дал болды.* Көп ақылы бірігіп, бәрінің тілеуі бір жерге құйылса да, жасанған жауға қарсы шығатын ешбір күш таба алмай *дел-сал болып* отыр еді (Ә. Әбішев, Армансыз.). Тек осы жол азырақ Түсіне алмай дағдарды. Бара түсіп, қайтып кеп, *Дел-сал болды,* сандалды (Қ. Аманжолов, Таңд. шығ.). **Душар болды.** *Бір нәрсеге тап болды, кезікті.* Малынан айрылып, аштан өлу хаупіне *душар болған* кедей шаруалар күн көруге қаражат табу үшін орыс қалалары мен селоларына қарай ағылды (М. Елеусізов, Шоқан Уәлиханов.). **Егер болды.** *Айтысып-тартысты, егесті.* Екі ел *егер болса,* Епті жігіт қатын алар (Мақал). **Екі болмады.** а) *Сөзсіз орындалды.* Хан жарлығы *екі болмайды* (Қаз. ертег). ә) *Көбеймеді, байымады.* Осының алғанмен, *екі болмаспын* (Ауызекі тіл). **Екі жақ болды [екі жар болды, екі ұдай болды].** *Қарамақарсы екі топқа бөлінді.* Сол кезден бастап шақалақтар өзара қырқысып, ақырында 1899 жылы Алакөл үшін *екі жақ болып* төбелескенін өз көзіммен көргенім бар (С. Көбеев, Орынд. арман). Ел *екі ұдай болғандықтан,* Айдос тұтас сөз айтып, анау екі елге кісі жібереді (М. Әуезов, Таңд. шығ.). Ел *екі жар болған* соң, кім ант ішіп ақтап, арамдығын жақтап, сүйеймін десе, соған жақ болып сүйеніп, бұрынғыдан ұрлығын әлденеше рет асырады (Абай, Тол. жин.). **Екі жарты бір бүтін болды.** *Біріне-бірі жәрдем етіп, қол ұшын берді.* «*Екі жарты бір бүтін болайық.* Күшік күйеу боп қолыңа кірейін»,— деді Сәмет Күләннің шешесіне (С. Омаров, Қайырлы жаз). **Екі көзі атыздай болды.** *Көзі шарасынан шықты, қатты қорықты.* Ақбала тастай қараңғы үйге *екі көзі атыздай боп,* үрейі ұша қарап қап еді, әлдекімнің ішке ұрланып кіріп келе жатқанын көріп, шыңғырып жіберді (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). **Екі көзі төрт болды.** *Сарыла күтті, тоса-тоса зарықты.* Ауылдағылар Ерубайдың қашқан жағына *екі көзі төрт болып* сүзіле де, сарғая да қарайды («Қаз. әдеб.»). Машангүлдің Өсерді тоса-тоса *екі көзі төрт болды.* Тіпті болмаған соң о жақ, бұ жаққа сабылып сұрау салды («Лен. жас»). **Екі ойлы [оқты] болды.** *Бір шешімге келмей дағдарды, әрі-сәрі болды.* Ержан *екі ойлы болып* біраз тұрып, қыздардан

артта қалып кейінірек кірді (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.). Әбдірахман хат жіберуге *екі оқты болған* соң, мен демдеп жібердім (Б. Майлин, Таңд.). «Айтсам ба» деп, Раушан *екі оқты болды* (Б. Майлин, Шығ.). **Ел болды.** а) *Мемлекет болып құралды.* Қазақ еліне бостандық әперген Октябрь төңкерісі, оны жасаған орыс жұмыскерлері. Қазақстан *ел болғанына* міне алты жылға толып, жеті жасқа аяқ басты (С. Мұқанов, Есею жыл.). Аталып Қазақстан *ел боп* туып, Үй тігіп, ірге қалап бекілгені (Жамбыл, Шығ.). ә) *Халықтың басы бірікті, қосылды.* Қазаққа күзетші болайын деп, біз де *ел болып*, жұрт білгенді біліп, халық қатарына қосылудың қамын жейік деп ниеттеніп үйрену керек (Абай, Тол. жин.). б) *Татуласты, табысты, достасты.* Ежелгі дұшпан *ел болмас*, Етектен кессе, жең болмас (Мақал). Аңдысқан *ел болмас* (Мақал). **Ем болды.** а) *Дертке дауа болды, ауруды жазды.* Сол үйдегі жеңгей бір тәуіптен дәрі алып қоям деп еді, *ем болар* ма екен, соны ала кел,— деді (С. Бегалин, Мектеп.). Ерте заманнан бері шөлдегенге сусын, ішкенге тамақ, ауырғанға *ем болған* шұбатты қадірлеу керек (Е. Оразақов, Дәрігер.). ә) *Көкейге қонды, әсер етті.* Хан Әділден бері қарай Елге сөзің *ем болды.* Қартайып басқа қойған соң, Бұл үш жүздің баласы Ханға келіп жем болды (Ү. Кәрібаев, Таңд. шығ.). **Еңбегі еш болды.** *Еңбегі босқа кетті, ешбір нәтиже шықпады.* Оның ұзақ жылдар бойына өзінің алақанының аясындай тым құнарсыз жеріне сіңірген *еңбегі еш болды* («Лен. жас»). **Ең болмаса.** *Тым құрыса, ең құрығанда.* Бәйгеден *ең болмаса* аты келмей, Тайғандай болып қалды бастан бағы (Ж. Саин. Таңд. шығ.). Сүйген жүрек қайтіп қарап қалады. Шарқ ұрады, талпынады, талады. Емхананы сан шықты шыр айналып, «*Ең болмаса* қайда екен», деп палаты?» (Ә. Ахметов, Өшп. жалын). **Жазым болды.** *Мерт болды.* Көбікті тірі емес деп өстімін. Жаманат бар, *жазым боптыдеп* отыр,— деді Алшағыр (М. Әуезов, Таңд. шығ.). Оның өзегін өртеп бара жатқан бала. «Апырмай, *жазым болмаса* игі еді»,— дей береді Қалжан (Қ. Тайшықов, Окт. ұшқыны). **Жар бол [жар бола гөр].** *Таяныш-сүйеніш бол, қолдап-қорға.* Қашты,— деп,— қорқып қатындай, Келеді шулап табалап. Дағыстанға жетіп ед, «*Жар бол*»,— деп, ата-бабалап (Т. Ізтілеуов, Рүстем.). Шапқан шептей қырғызған, *Жар болып* алла Дотанға. Қалмақты жаман қырады, Үш күн, үш түн қуалап (Батырлар жыры.). **Жау болды.** *Өштесті, қастасты.* Таласып босқа, *Жау болып* досқа, Қор болып, құрып барасың (Абай, Тол. жин.). **Жауыр болды.** *Мезі қылды, құлақты сарсытты.* Автор Кәрібай бейнесін жасауда көп ізденіп жатпай, тақтақ жолмен тарта берген секілді, бұл әбден *жауыр болған*, ер қашты образ («Қаз. әдеб.»). **Жем болды.** *Біреу олжа етті, құлқынында кетті.* Саудагерлер бір әшмөшке шайды елу жұмыртқадан сатады. Базар дәмін татпаған момын қазақ ырынды-жырындыға осылай *жем болады* (Б. Соқпақбаев, Балалық шақ.). Сен үшін жатсам-тұрсам арманым көп, *Жем болып* кете ме деп жамандарға (Жамбыл, Шығ.). **Жер болды.** *Қатты ұялды; көңілі жабықты, сағы сынды. Жер болды* тасқын көңілім, Қайғымменен өлу жоқ, Енді қызық көру жоқ, Онан да құдай қор қылмай, Берсе деймін өлімін (Қ. Жапсарбаев, Жай қоңыр). Не дерің бар ма, Тірі шықтым зорға. Ұялғаным-ай, Жұрт алдында *жер болғанымнан* (Ш. Смаханұлы, Тотияйын). **Жерік болды.** а) *Екіқабат кезінде әйелдің белгілі бір тағамға зауқы соғуы.*— Ол жүрген ханның баласы,— деді қойшы ауға,— қатыны аюдың жүрегіне *жерік болып*, соны ізден жүр (Қаз. ертег.). ә) *Ынтықты, құмартты.* Ат жалын өзім тартып мінгеннен соң, Сұлу қыз, келіншекке *болдым жерік* (Ақын жырлары). **Жоқ болды.** *Ізгүзсіз кетті, ғайып болды.* «Ашық-жарықта қой жайып келе қояйын» деген анасы тосыннан көтерілген боранна үшті-күйлі *жоқ болды* да кетті («Лен. жас»). Селт етіп есін жиды қайғылы қыз, *Жоқ болды* елестеген алдынан жүз (Ж. Саин, Таңд. шығ.). **Жол соқты болды.** *Ұзақ жол жүріп шаршады, қалжырады.* Әукең әңгімешіл кісі еді, ауыл жаңалықтарына шаншаң-ақ қандырып тастады. *Жол соқты болған* қонақтар көп отырмай жата кетті («Лен. жас»). **Жол болсын.** а) *Қайдан келесің, қайда барасың дегенді білдіреді.* Уа, Зейнеппісің, хош келдің! Я, *жол болсын*, қайдан келесің?— деді Абай (М. Әуезов, Қараш.). ә) *Бұл қалай, онысы несі.* Иә, сол кездегі ақымақтығыма таңданамын. Ашулы толқын арасынан әкемді іздегеніме *жол болсын* (Ә. Сәрсенбаев, Капитан.). Отыз бес жыл Ресей патшасының заң безбенін салмақтаған сұлтанның қара табан тобырдың сөзін сөйлегеніне

жол болсын — деді ол (Х. Есенжанов, Тар кезең). б) Алғ. *Сапар оң болсын. Жолдарың болсын* қарақтарым, қараша ауыл үшін қам жемеңдер, ең зорлағанда Тақыртума бойынан көшірер,— деді Жақсыбай (А. Лекеров, Түз гүлі). **Жолы болды.** *Ісі оңға басты, сәті түсті.* Сәті түскен жұмыс болып, түнде немістермен айқаста *жолың ыз болған* екен,— деді Панфилов Момышұлына (Б. Момышұлы, Жауынгер.). *Жолы болар* жігіттің Оңға барар бар ісі. Түбі жаман дерттің. Ем болмайды дәрісі (Жамбыл, Шығ.). **Жұғын болмады.** *Тукке жарамады, мардымсыз болды.* Пазылбектің үйінде тоғыз адамы бар. Жалақысы отыз сомнан аспайды, рас, әйелі жұмыс істейді. Сонда да оның өзі қоралы жанға *жұғын бола* ма? («Лен. жас»). **Жұмырына жұқ болмады.** *Тукке тұрмады, жұғын болмады.* Екі жәшік, үш жәшік дүние бір ауданның *жұмырына* қалай *жұқ болады,*— деп, Бөлтеев сипай салды («Лен. жас»). **Жұрдай болды.** *Бәрінен айрылды, тып-типыл болды.* Малды колхоз ек, көліктен де *жұрдай болдық,*— деді Жұматай (М. Әуезов, Таңд. шығ.). Мен осы деревнянікімін. Үй ішінен *жұрдай болдым,* бәрін немістер қырып кетті,— деді шал (М. Ғабдуллин, Ел намысы.). **Жым болды.** *Тына қалды, үні өшті.* Осы кезде қала жақтан арбаның сықыры естілді. Біз *жым бола* қалдық («Лен. жас»). Шабалана жүгірген ала төбет кабинадан түсе берген Тілегенді танып, *жым бола* қалды («Қаз. әдеб.»). **Жігері құм болды.** *Тауы шағылды, мысы құрыды.* Оның отырысы бір зор күйзеліс, торығу, қайғы-қасіреттің үстінде, *жігері құм боп* отырған адамды аңғартады (Ө. Қанахин, Дәмелі).— Спиридонов кірпіш босату былай тұрсын, дұрыстап сөйлеспеді де. *Жігерім құм боп* қайта оралдым,— деді Алтай (Қ. Қамбаров, Тауда.). **Жік-жапар болды.** *Қиылып өтінді.* Бүгін кешке де Мардан мен Тағар келіп Омарға: «Осы ойынды енді тоқтат»,— деп, *жік-жапар болған* (І. Жансүгіров, Шығ.). Әке-шешесі қарапайым, меймандос адамдар көрінді, *жік-жапар болып* қоярда-қоймай төрге шығарды (З. Шашкин, Доктор.). **Зар болды.** *Зәру болды, зарықты.* Бұл күніме бір күні, *Боламын* ғой деймін *зар* (Абай, Тол. жин.) Бұл дүние не боп барады. Қаңырығы түтеп келгенде, жалғыз ауыз хабарға *зар болады*-ау («Лен. жас»). Ие болды. Витаминдер мәселесі көп зерттеліп, совет ғалымдары бұл жөнінде көп табысқа *ие болды* (Т. Дарқанбаев, Витамин.). **Ит болды.** *Адамшылықтан шықты, қор болды.* Жалығуды пәледен, Жұрт ұмытты біржола. Шынымнен тамам ел Кете ме екен *ит бола?* (Абай, Тол. жин.). **Кәні болды.** *Қарық болды, кенелді.* Сол шақта шағын Форт-Шевченко халқы қымыз бен шұбатқа *кәні болып,* ала жаз бойы кеңеліп қалатын («Лен. жас»). Ауыл үсті азан-қазан боп, күмбірлеген күлкі, көңілді кеңеске *кәні болды* да қалды (С. Мәуленов, Жұлдыз). **Кез болды.** *Тап болды, дұшар болды, кездесті.* Келе жатқан бетімде, Жолдың бір жақ шетінде, Бір топ түйе *кез болды* (Ақын жырлары). Аралау ағайында бір бұл емес, Әлі де сізбен талай *болармыз кез* (Жамбыл, Шығ.). **Кет әрі болмады.** *Сыртқа теппеді, қарсылық жасамады.* Тоқан деген жігіттің Зоя деген қызға ғашық болғанын, қыз да басында *кет әрі болмай,* кейін айнып кеткенін баяндады («Лен. жас»). **Көзайым болды.** *Шаттыққа бөленді, қуанды. Көзайым болдың* жарым, жас тумалы, Өмірдің бала — гүлі, жаз — думаны. Сыймаймын кең бөлмеге өзіңді ойлап, Ауызға татымай бір астың дәмі (Н. Сүлейменов, Жолда). **Көз болды.** *Бас-көз болды, бақылады.* Бәкен, сен мына балаларға *көз бол* («Лен. жас»). **Көзден таса болды.** *Көз алдында жүрмеді, көрінбей кетті.* Жарқыным, жарықтығым, жан қарағым, Шын ақ сүйек кендірім, кең балағым. *Көзден таса болғанда* қандай болдым, Іште жатып қосылған ақ тамағым (Қозы Көрпеш.). *Көзден таса болса,* көңілден таса болады (Мақал). **Көз жасы көл болды.** *Қатты күйзеліп жылады, егілді.* Осының бәріне шыдапсың, Ыза боп бейуақытта жылапсың. *Көз жасың көл болып* төгіліп, Қалам деп топырақ астына көміліп (Партия тур. өленд.). **Көп болды.** *Артық болды, бұйырмады.* О жасаған, бұл күнімнің де *көп боларын* кім білген! («Соц. Қаз.»). **Көрім болды.** Ж е р г. *Жақсы болды.* Музыкадан мына тұрған духовой оркестріміз бар. Мейрам кездерінде *көрім болды* әйтеуір («Қаз. әдеб.»). **Көш көлікті болсын.** *Күш-көлік көп болсын.* Уа, байеке, *көш көлікті болсын.* Қай жердегі жайлауыңа көшкелі жатырсың?— деді Жетібай Күреңбайға (С. Омаров, Қайырлы.). **Куә болды.** *Бір нәрсені дәлелдеді, айғақшы болды.* Ұят дегенді бір атым насыбай құрлы көрмейтін Тұрсынбайды

куә болып шыға келе ме деп, Ушаков бұл жолы оны қуып тастай алмады (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). **Күл болмаса, бұл болсын.** *Не болса, ол болсын. Күл болмаса бұл болсын,* бір сағат түгіл, бір минут та аялдай алмаймын,— деді ол («Лен. жас»). **Күлкі болды.** *Мазақ етілді, келеке болды.* Қапелімде қаларсың *күлкі болып.* Кетсең деймін, жарқыным, көш шенінен (Жамбыл, Шығ.). **Күнә болды.** а) *Дін қағидасына сай келмеді.* Революцияға дейін бейнелеу өнері болмады дерлік еді. Бұған жан иесін суретке салу *күнә болады* деген діни уағыздар кедергі жасап келген (Қазақст. бейнелеу өнері). ә) *Айыпты болды, қателесті.* Рабиға жолдас, сөзімді бөлмеңіз, мен мына кісіге айтып отырмын.— Мен тыңдасам *күнә бола* ма?— деді Рабиға (Б. Майлин, Шығ.). **Күн болса.** *Ондай мезгіл бола қалса.* Ажал жетіп, көз жұмылар *күн болса,* Суық көрге сен деп қана енермін (Ж. Саин, Таңд. шығ.). **Күпір болды.** Дін и. *Күнәкар болды, діннен шықты.* Надандарға бой бермей, Шын сөзбенен өлсеңіз. Аят, хадис емес қой, *Күпір болдың* демес қой, Қанша қарсы келсеңіз (Абай, Тол. жин.). **Күш болды.** *Қиынға түсті.* Ұйқы, тамақ, Қалды дым-ақ, Керегі жоқ іс болып. Жай жатпағым, Тыныш таппағым *Күш болып* (Абай, Тол. жин.). **Кім де болса.** а) *Қандай адам болмасын, әркім-ақ.* Сән-салтанат жұбатпас жас жүректі, *Кім де болса* тұрғысын көксемек-ті (Абай, Тол. жин.). ә) *Кім болса, ол болсын; әйтеуір біреу.* Шал байғұс айғайлады аттан салып, Айырып алған жан жоқ оны барып. *Кім де болса* бір ерлік қылайын деп, Масғұт ұшты ұрыға оңтайланып (Абай, Тол. жин.). **Кіріптар болды.** а) *Тәуелді болды, еркінен айрылды.* Қалмақ ханының қорлығына *кіріптар болған* қаһармандар жау алдына бас имейді (Е. Ысмайылов, Ақындар). Қазақ кедейі, қайсар пысық жігіт Садан революция жылдары мұқтаждықтан байларға *кіріптар болып* жалшылық етеді (М. Қаратаев, Туған әдеб.). ә) *Мысы құрыды, дағдарды.* Бақшамызға су құя алмай *кіріптар болып* тұр едік,— деді бағбан («Қаз. әдеб.»). Айтып алып *кіріптар болғанша,* өз аузыңа ие болсаң еді,— деді Мария Бадаубекке (Ғ. Мұстафин, Жиырма бес). **Кісі болды.** а) *Ер жетті, есейді.* Әлібайдың баласы өсіп, *кісі болып* қалыпты (Ауызекі тіл). ә) *Келешекте үміт күттіреді. Кісі болар* баланың Кісіменен ісі бар, *Кісі болмас* баланың Кісіменен несі бар (Мақал). **Қабыл болсын.** *Ниетке жетсін, тілек орындалсын.* Мал сойғандар бір-біріне *«қабыл болсын»* айтысады (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). Шеттен келген адамдар «құрбандық *қабыл болсын»* десті (Б. Майлин, Шығ.). **Қабыл болды.** *Дегеніне жетті, тілегі орындалды.*— Құдай кездестіріп, бітуана болса деп, арман қылушы едім, тілегім *қабыл болды,*— деді Омар (Б. Майлин, Шығ.). Өлкелік Комитеттің мазасын ала бердім, ақыры тілегім *қабыл болып,* осы оқуыма разверстка алдым (І. Жансүгіров, Шығ.). **Қаза [қайтыс] болды.** *Дүние салды, өлді.* Әбдірахман ауырып жатқанда да, кейін ол *қаза болғаннан* соң да, Абай осы жарағa арнап көп жырлар туғызады (М. Әуезов, Әр жыл.). Қазақ халқының талантты ұлы Шоқанның мәзгілсіз *қайтыс болуына* Россияның ғылыми жұртшылығы қайғырды (М. Елеусізов, Шоқан Уәлиханов.). **Қайран болды.** *Қатты таңданды, ғажаптанды.* Кез болған қыздың сұлулығына *қайран болып,* «Жібек осы шығар!»— деп, Көк жорға атты сумаңдатып, Төлеген қасына жетіп барады (С. Сейфуллин, Шығ.). **Қайырлы болсын.** *Баянды болсын, ұзағынан сүйіндірсін.* Апыр-ай, аман оралғаның қандай жақсы болды, алысқа барып қайттың. *Қайырлы болсын!*— деп жалбақтады шофер (Ж. Жұмақанов, Жазылм. кітап). *Қайырлы болсын,* шарттарың, тұрмыстарың тау құласа қозғалмайтын берік болады екен,— деп, жөніме кеттім (Қ. Тайшықов, Окт. ұшқыны). **Қалай болса солай.** *Орынсыз, ретсіз, бейберекет.* Сол іркес-тіркес оқиғаларды біріне-бірін *қалай болса солай* матап, жапсыра бергенмен ол көркем шығарма бола ала ма? (Б. Соқпақбаев, Менің атым.). **Қалас болды.** *Тамам болды, бітті.* Ала бер байталымды, Сарым, Манас, Байталға мейлің өліс, мейлің талас. Атыңды екеуіңнің біліп алдым, Ар жағы керегі жоқ, *болды қалас* (Жамбыл, Шығ.). **Қамшы болды.** *Себеп болды, түрткі салды.* Көп себептер *қамшы болып,* көп ел соңына түсіп іздеген соң, ол байларды босатып алған (М. Әуезов, Қараш.). Елеусіз мереке қарсаңында ауылға кеткісі келді. Бұған Шынардың келмей қалуы *қамшы болды* (Т. Әлімқұлов, Аққоз ат). **Қандай да болсын [қандай да болмасын].** *Кез келген, әрбір. Қандай да болсын* дін мен ме-

шіт, діни ұйымдар еңбекшілерді алдауға, адастыруға тырысады («Халық мұғ.»). **Қан сорпа болды.** *Жан тері шығып, қатты қиналды.* Садық қарттың баласының документін сұрап жазған арызын іздеп таба алмай, мектеп директоры *қан сорпа болды* («Лен. жас»). **Қара тер болды.** *Босқа әуреге түсті.* Шарға түсер шағында *Қара тер боп* сабылдың (Жамбыл, Шығ.). Нүке, босқа *қара тер болмаң ы з*, той күндіз басталып кеткен, сіз кешіктіңіз,— деді ол («Қаз. әдеб.»). **Қарық болды.** *Кенелді, жетісті.* Не керек, ауыз ақ-қа, тұмсық қызылға тиіп, *қарық болдым* да қалдым (Қ. Тайшықов, Окт. үш-қыны). **Қас болды.** *Дұшпандық етті, қастасты.* Қан ішер баймен *қас болып*, Араздық тапты арасы (Ақын жырлары). Берекеге *қас болса*, Арақ ішпей мас болса, Ел тыныш болса — азады, Ерігіп өле жазады (Абай, Тол. жин.). **Қашық болды.** *Аулақ болды, алыс жүрді.* Бес нәрседен *қашық бол*, Бес нәрсеге асық бол, Адам болам десеңіз (Абай, Тол. жин.). **Қол байлау болды.** *Бөгет жасады, кедергі келтірді.* Жігіттер жұмысқа кедергі туғызған екі жігітті қыспаққа алды. Астықтың құнын кемітуге *қол байлау болғандарын* бетіне басты («Лен. жас»). **Қолды болды.** *Жоғалды, ұрланды.*— Төрт күннен бері колхоздың қайығы *қолды болып* еді, соны оқушыларың ұрлапты,— деді ол (М. Иманжанов, Алғашқы.). Қару тасыған керуеннің түнде *қолды болған* себебін жалған дәлелдеді (Х. Есенжанов, Тар кезең). **Қор болды.** а) *Азап шекті, сорлады, қорлық көрді.* Қан қайнап, ашу қысып қалш-қалш етіп, Күйдіріп ыза, қорлық барады өтіп. Бүйтіп *қор болғаныма ша* жауға түсіп, Онан да өлейін де суға кетіп (Батырлар жыры). Ленин әділ, асқан білімі зор, Тез ойлап табады екен қиыннан жол. Тексеріп дүниені, кітап жазып, Кедейдің дәлелдепті *болғанын қор* (Д. Еркінбеков, Шығ.). ә) *Бағаланбады, зая кетті.* Арғын, Найман жиылса, Таңырқаған сөзіме, Қайран сөзім *қор болды* Тобықтының езіне (Абай, Тол. жин.). **Қоры болды.** *Адамның ең сорлысы, жаманы болып саналды.* Өстіп, жер жүзіндегі жұрттың *қоры болып*, бірімізді-біріміз аңдып өтеміз бе?! (Абай, Тол жин.). **Қош бол.** *Көріскенше сау-саламат бол.* Жау тиеді елге дегенде, *Қош бола* тұр анам деп, Қайтқанынша балаң деп, соғысуға барам деп (Ақын жырлары). **Қуат болды.** *Күш берді, жігерлендірді.* Сол өңірдің бәріне Төрт түлікті толтырған. Сол *қуат боп* көріге, Көкірегім толқыған (Жамбыл, Шығ.). **Құмар болды.** *Ынтықты, құштарланды, әуестенді.* Сен оған айт: «Жас ақын *Болған* соған *құмар*»,— де. «Сырын айтпай жас жүрек Қайтып қана шыдар»,— де (Қ. Аманжолов, Таңд. шығ.). Түз қыранын ұстап баулуға Сәтжан аса *құмар болатын* (С. Бегалин, Таңд. өлеңд.). **Құрбан болды.** *Өмірін аямады, жанын қиды.* Қан майданда Отаны үшін *құрбан болған* ер-азамат, жолдастарын көз алдына келтірді (Ол күндер.). **Құтты болсын.** *Жақсылық қайырлы болсын.* Оралбай ісі Бөкеншіге мәлім болғанан-ақ, Абылғазы ат үстінен түскен жоқ. Тіпті елден бұрын кең, Керімбалаға өзі амандасып, «қадамың *құтты болсын!*» деп, көңіл білдірген (М. Әуезов, Абай). Көгеріп тұр сар дала, Гүл бітіп тұр тақырға Еңбекші елім тойыңа *Құтты болсын* айтамын, Алыс пенен жақынға (І. Жансүгіров, Поэм.). **Құтты болды.** *Ізжолы жақсы болды, жақсы ырым болды.* Тақымы жетімектің *құтты болып*. Құлагер қосқан сайын бәйге алатын (І. Жансүгіров, Поэм.). Аяғым *құтты болғалы* тұр (Ә. Тәжібаев, Гүлден.). **Құштар болды.** *Құмарланды, ынтықты, қызықты.* Ұлық атаулы өз әлсіздігін біліп, Абайдың ақылына, біліміне амалсыздан *құштар болатын* (М. Әуезов, Әр жыл.). Шоқан сондай қабілетті. Тіпті, суретті де оқуға келуден бұрын жақсы сала бастаған. Сондықтан бұған көп адам *құштар болатын* (М. Елеусізов, Шоқан Уәлиханов.). **Қызыл кеңірдек болды** [қызыл өңеш болды]. *Жанжалдасты, дауласты, керісті.* Талай құлаш-құлаш қаулы қабылданды. Талай жиналыстарда *қызыл кеңірдек болдық*. Бірақ, әлі кемшілік орнынан қозғалған жоқ («Лен. жас»). Енді екі молда бас қосып дұғалық мазмұнына келісе алмай, біраз уақыт *қызыл кеңірдек болды* («Қаз. әдеб.»). Енді бір сәт есік жақтан шаң-шұң шықты. Артынша *қызыл өңеш бөп*, айтысып-тартысқан екеу кірді («Лен. жас»). **Қызыл май болды.** *Зорықты, титықтады.* Өзі болса да «гранынан» шыға қоймас еді ғой: *қызылмай болмау* — қызмет шарты. Кірпішбай оны жақсы біледі (Ә. Тарази, Асу.). **Қызыл танау болды.** *Асығып-аптықты, алып ұшты, дегбірсізденді, әуреленді.* Дүйсен, жасың кіші, менің тұңғыш баламдайсың. Көңіліңе келсе де айтайын, осы сен өнбес-

ті қуып, босқа неге дайымы *қызыл танау болсың* да жүресің,— деді Байтақ қарт («Қаз. әдеб.»). **Қырғи қабақ болды.** *Араздасты, жауласты.* Әшейінде *қырғи қабақ болып*, айтысып-тартысып жүретін қарындастарым да монтия қалыпты. («Лен. жас»). **Қырық пышақ болды.** *Жанжалдасты, қыңырқысты, керісті.* Бұрын бұл кішкене өзеннің екі жағын мекен еткен ел өзеннен алынатын екі құлақ суға таласып, *қырық пышақ болып* қырқысып күн көретін («Қаз. әдеб.»). **Қызыл иек болды.** *Тісі түсіп, әбден қартайды.* Қаусаған отыз тісім қайта шықты, *Болғанда қызыл иек* әлім кетіп (Жамбыл, Шығ.). **Мазақ болды.** *Күлкі болды, мазағына қалды.* Түрмені бұзғанымды етті ғажап, Пенлеге өзім өлмей *болман мазақ.* Киратын «терезеден шық»,— дегенде, Шықпады қорғалақтап орыс, қазақ (С. Мұқанов, Балуан Шолақ). **Мас болды.** а) *Желік пайда болды, есерленді, мастанды.* Берекеге қас болса, Желіктірген айтақ-қа. Арақ ішпей *мас болса*, Ел тыныш болса азады, Ерігіп өле жазады (Абай, Тол. жин.). ә) *Бойы балқыды, рахаттанды.* Иығы тиісіп, Төменден көздері, Үндемей сүйісіп, *Мас болып* өздері (Абай, Тол. жин.). Мына тұрған замандас, Терең ойлы қалам қас. **Бой сипатын қарасаң, Көрген адам** *болар мас* (Айтыс). **Масқара болды.** *Қатты ұятқа қалды, масқараланды.* Егер мұны Майқанова білсе ғой: «Ә, Қадыров. Қаршадайыңнан қызға ғашық болып! Қарай гөр мұны!»— десе, міне нағыз *масқара* сонда *болар* еді (Б. Соқпақбаев, Менің атым.). **Масыл болды.** *Біреуге ауыртпалық түсірді.* Уланған адам жарымжан, мүгедекке айналады, жұмыс істегенінен істемегені көп, үй ішіне *масыл болады* да жүреді (Ә. Сатыбалдиев, Ақмарал). **Мәжбүр болды.** *Амалсыз көнді, еріксіз мойынсұнды.* Шаруалар көтерілісінен шошынған патша өкіметі крепостниктік правоны жоюға *мәжбүр болды* (М. Елеусізов, Шоқан Уәлиханов). **Мәз болды.** а) *Шаттанды, қуанды.* От арбаның ішінде, Мамық төсек үстінде Бесіктегі баладай, Жамбылың *мәз боп* бөленді (Жамбыл, Шығ.). Бірді құшсаң сұлу құш. Жанында жатсын былқылдап. Бір сөйлесең, тауып айт! *Болсын мәз* жүртың сылқылдап (І. Жансүгіров, Шығ.). ә) *Масаттанды, дандайсыды.* Абай енді Семей қаласының құр төрелікке *мәз болған* ұлықтарынан мүлде басқаша ортаны іздеді (М. Әуезов, Әр жыл.). *Мәз болады* болысың, Арқаға ұлық қаққанға (Абай, Тол. жин.). **Мәз-мейрам болды.** *Қатты қуанды, шаттанды, мәре-сәре болды.* Жаңа режиссер келгеннен кейін жастар *мәз-мейрам болып* қуанып қалды («Лен. жас»). **Мәлім** [мағлұм, мәшһур] **болды.** а) *Көпке белгілі болды, әйгіленді.* Майекеменен айтысып, *мәлім болған* өзіңсің (Жамбыл, Шығ.). Үш жүзге *болған мағлұм* атым Мұса, Жігіттер шешен болсаң маған ұса! (Қаз. әндері). Қазаққа *мәшһур болған* әділдігі Орта жүз «Абай» қойған атын баптай (Біржан—Сара). ә) *Айқындалды, анықталды.* Үйсінге қараған үш-төрт үйде Шолақтан басқаларының момын екендігі бізге *мәлім болатын* (С. Мұқанов, Балуан Шолақ). Шопан — қадірлі де, сыйлы сөз. Бұл барлық шығыс халқына ертеден *мәлім болатын*, ал соңғы кезде бұл сөз ұлы орыс тіліне де енді (Тарту). **Мәре-сәре болды.** *Қатты қуанды, мәз болды, шаттанды.* Есіркептің қуанғаны сонша, бадырақтау қой көзі жайнап, жас балаша өз-өзінен *мәре-сәре болды* да қалды («Лен. жас»). **Мерт болды.** *Жазым болды, қаза тапты.* Қан тұмсық қайтпайтұғын екі қасқыр, Ерлікпен екеуі де елге мәшһүр. Оңыспай ерегісе бергендердің Бірінің *мерт болуы* ескі дәстүр (Т. Ізтілеуов, Рүстем.). Ал, тасқа түссек, тіл тартпай *мерт боламыз* (Ж. Саин, Жол үст.). **Мирас болды.** *Мұра болып қалды.* Келді осында. Әкенің *мирас болды* таяғы.—Енді менің мекенім Отар деді баяғы (С. Сейітов, Бетпе-бет). **Молда болды.** а) *Хат таныды, сауатын ашты.* ә) *Жуасып басылды.* Жаман көзбен қарады Вадим сонда, Ертіп жүрген екеуге байды жолда. Көзіне шыдай алмай, к... қысып, Жым-жырт болып екеуі *болды молда* (Абай, Тол. жин.). Маман: Құртармын қызыл бұзау көзіменен, Талайлар *молда болған* төзімменен (М. Әуезов, Таңд. шығ.). **Мұз болды.** *Көңілі суыды, жібімеді.* Өмірді қылдың құдайым, Қызығы жоқ күйініш. Үмітсіз өмір бітірді, Жүрекке *мұз боп* ерімес (Абай, Тол. жин.). **Мұң болды.** *Ділгір болды, зарықты.* Оған қарға адым жер *мұң болып* келеді. Манас өзеніне бес-ақ лидай жер қалды. Бірақ соған жетудің өзі неғайбыл (Ж. Тілеков, Жоңғар.). **Мұршасы болмады.** *Қолы тимеді, уақыты жетпеді.* Естісем өсім қалмайды, Ойлауға *мұршам болмайды.* Тура зытып жөнелем, Бәрінен осы зор қайғы (Ө. Тұрманжанов, Қарлығаш). **Мұрындық болды.** *Тиек болды, себеп бол-*

ды. Осының бәріне *мұрындық болатын* музыкалық сауаты бар бір адам табылмай-ақ қойды. («Лен. жас»). Бірлесуге *мұрындық болар*лық өрем басшы біздің ортамыздан шықпай отыр (Ә. Көшімов, Лашын.). **Мысал болды.** *Үлгі болды, ел аузына тарады.* Күлкеевтің құбылғыштығы, күнбағыстың басындай бұралып бір сөзде тұрмайтындығы елге *мысал болған* (Қ. Әбдіқадыров, Әңгім.). **Не болады.** *Енді одан не шығады, ешбір пайда жоқ.* Қайратым мәлім, Келмейді әлім, Мақсұт алыс, өмір шақ; Өткен соң базар, Қайтқан соң ажар, *Не болады* құр қожақ (Абай, Тол. жин.). **Не болар.** *Қандай халге ұшырайды, жай-күйі не болмақ. Не болар* ек, шет елден ол қайтпаса, *Не болар* ек, бақыт таңы атпаса, *Не болар* ек, броневиктен Ленин Құдіреттей құрыш сөзін айтпаса (Партия тур. өлең.). Тастамаса мұнысын, *Не боларын* кім білсін?! (Ш. Смаханұлы, Тотияйын). **Не болмаса.** *Немесе, яки, әйтпесе.* Орынды іске жүріп ой таппаған, *Не болмаса* жұмыс қып мал бақпаған (Абай, Тол. жин.). Жолға тігіп не жанды, Тәуекелге беку бар. *Не болмаса* шыбындап, Тағдырыңа көну бар (Ақын жырлары). **Не де болса [не болса да].** *Қалай да, қайтсе де, нар тәуекел. Не де болса* тәуекел қылды-дағы, Қанжармен қақ басынан шауып қалды (Абай, Тол. жин.). Жалғыз-жарым селдірге оқ атпаңдар, *Не болса да* көздеңдер тобына айдап (И. Жылқайдаров, Жастар.). Сейітбаттал, Ер Әлімнің соғысындай, *Не болса да* болып қалсын жылдам шақыр! (Жамбыл, Шығ.). **Не болса сол.** *Жоқтан өзге, түкке тұрғысыз.* Олар аңшыл, *не болса соны* киіп, не табылса соны ішіп-жеп жүрген бір тұрпайы халық екен (Абай, Тол. жин.). **Обал болды.** *Қиын болды, сорлады. Обал болар* деп едік, Өтпейді оған ешбір наз. Ұшайын десе мерген көп, Аңдымайтын адам аз (Ш. Иманбаева, Өлеңд.). **Ойран болды.** *Бүлінді, күйреді. Ойран болып* қаласы, Көңілдері жаралы. Жиып алып жолдасын, Батыр елге қайтады (Қамбар). **Ойыншық болды.** *Мазақ болды, күлкі болды.* Мәлікке сол бір бала-шағаға *ойыншық болу* керек пе еді? («Лен. жас»). **Олай болғанда [олай болса].** *Өйткенде, сонда. Олай болғанда* білмек керек; ұят өзі қандай нәрсе? (Абай, Тол. жин.). *Олай болса* өктемдеп, Алатауды бөктерлеп, Бұдан да сырғып өтейін (Жамбыл, Шығ.). **Олай-бұлай болып кетсе.** *Жазатайым бірдемеге ұшыраса.* Жаман айтпай жақсы жоқ деген ғой, *олай-бұлай болып кетсем,* қазақ әдебиетіне жаныңыз ашитын адамсыз, далаға тастамассыз,— деді Абдолла («Лен. жас»). **Опат болды.** *Дүниеден қайтты, ажал жетті, өлді.* Әкесі, шешесі де *опат болған,* сол үйден тек осы қыз ед қалған тірі (Т. Жароков, Таңд. шығ.). **Өзімен-өзі болды.** *Басқамен ісі жоқ, өз басымен әуреленді.* Реніш пен өкініш бірдей басып, Қанипа *өзімен-өзі болып* отыр (К. Оразалин, Ақ жазық). *Өзімен-өзі болып,* біріменен-бірі ешбір шаһари жауласпайды (Абай, Тол. жин.). **Өлімші болды.** *Сілесі қатты, өле жаздады.* Колхозшы *өлімші болған* итін көріп, қора ішіне қарғып түсті. Өліп жатқан қойға сүрініп, әрең ғана құламай қалды («Лен. жас»). **Пайда болды.** а) *Себі тиді, қажетке жарады.* Бұл сөзде ақыл да бар, ғибрат та бар, Өзіңе екіншіде *пайда болар* (Абай, Тол. жин.). Сенің де ісіңнен көпке *пайда болар*лық бір үміті бар іс болсын (Бұл да). ә) *Жаңадан шықты, дүшар болды, тап болды.* B_2 витамині аз болса, адамның ерні жарылып, жара *пайда болады* (Т. Дарқанбаев, Витаминдер). *Пайда болған* тұнбаларды жою үшін бірінші колбаға түз қышқылын құямыз («Халық мұғ.»). **Пұшайман болды.** *Өкінді.* Оның Ақмешітте танитын адамы жоқ; «Колчак тыңшысы» саналып, абақтыда *пұшайман болып* жатқан (С. Сейфуллин, Тар жол.). Құнанбай сыртқы ажарымен *пұшайман* жан *болған* тәрізді (М. Әуезов, Таңд. шығ.). **Разы болды [риза болды].** *Қанағаттанды, көңілі көншіді.* Бұл шал бөтен шал емес қыдыр еді, Ебін тауып, даруға кезі келді. Сөзіне, ақылына, қылығына *Разы болғаннан* соң бата берді (Абай, Тол. жин.). Ителгінің мына түсісіне аса *риза болған* Серікбай ентелеп басып о да келді (С. Бегалин, Таңд. өлеңд.). **Сақ болды.** *Сақтанды, абайлады.* Апар да мыс бақырды алдына сал, Алтын болса, болады бірталай мал. Жалғызым, не қылсаң да *сақ болып* жүр, Жәдігөй боп жүрмесін ант ұрған шал (Абай, Тол. жин.). **Сапарың оң [сәтті] болсын.** *Жолың болсын.* Үмітті ақтайтын түрің бар, батамды берем — *сапарың оң болсын,*— деді ол (З. Шашкин, Тоқаш Бокин). **Сап болды.** *Басылды, жоғалып тынды.* Таң алдында теңіз жақтан салқын самал соғып, сыңсыған маса *сап болды* (Ә. Нұрпейісов,

Қан мен тер). Әрқайсысы әр түрлі арызбен келсе де, қартаймаған Кәкімадан басқасының бәрі әп-сәтте *сап болды* (Ә. Әбішев, Замана.). **Сары табан болды.** *Жұмысқа шыныққы, әбден төселді.* Дуал ішінде *сары табан болып* ысылғандар да, сан рет жараланғандар да бар (Ә. Сәрсенбаев, Офицер.). Ал Маржан болса, Зәуре көрген кемтарлықты көрмеді; бұл күнге дейін *сары табан болып,* еңбек те еткен жоқ («Қаз. әдеб.»). **Сары төсек болды.** *Ұзақ ауырып жатты. Сары төсек болып,* көптен бері ауырып жатқан Рысқұл бүгін үйде жалғыз өзі қалып, тағы да бір ауыр ойға батты («Қаз. әдеб.»). **Сау бол.** *Аман-есен бол.* Қайда жүрсеңіз де, *сау болыңыз,* Лауазым жөнінен бұрынғыдан гөрі дәу болыңыз (Ш. Смаханұлы, Тотияйын). **Сауап болды.** а) *Шарапаты тиді.* Кішкене бөгейікші мына баланы, *сауап болсын, сауап болсын.* Әй, Рәш, тоқташы, қалқам!— деді Қаден (М. Әуезов, Таңд. шығ.). ә) *Өзіне сол керек еді.* Күйеуің тепсе темір үзгендей жігіт, үйге мұқтаж болғандарыңа бірнеше жыл болды. Күйеуіңнің етегін түріп қойып дүре салса, *сауап болар* еді,— деді Жарқын Үкілімге (Ш. Хұсайынов, Таныс адам.). **Сәті болды.** *Істің орайы келді, сәті түсті.* Жәмиланы әне аламын, міне аламын деп жүргенде *сәті болмай-ақ* қойды (Қ. Қуанышбаев, Өленд.). **Себеп болды.** *Әсер етті, жәрдемдесті.* Жігіттер, біздің босауымызға өзіміз *себеп болдық,* өзімізге Алексей *себеп болды* (І. Жансүгіров, Шығ.). Ауылдан келген жас қыздың ақын болуына Нияздың бір ауыз сөзі *себеп болды* (Т. Ахтанов, Дала сыры). Дәл қазір соны еске алудың қажеті жоқ-ақ еді, жаңағы бота көз қыз *себеп болғандай* (З. Шашкин, Доктор.). **Сеп болды.** *Пайдасы тиді, жәрдемдесті.* Қыз қарады ұрлана, Қара кезі мөлдіреп. Айтпады тек оларға Өмірге *сеп болдым* деп (С. Мәуленов, Жаз ерке). Қыс түскенше тіршілікке *сеп бола* ма деп, аң аулауды кәсіп етудеміз (Ә. Кәшімов, Екі бүркіт). **Сор болды.** *Азаптады, сорлатты.* Абай өлеңінде болыс атаулының елге *сор болатын,* тынымсыз, сойқанды мінездерін әшкерелейді (М. Әуезов, Әр жыл.). **Сөз болды.** *Өсекке ілікті, әңгімеге тиек болды, сыналды.* Амалсыз тағдыр бір күн кез болмай ма? Біреуге жай, біреуге тез болмай ма? Асау жүрек аяғын шалыс басқан, Жерін тауып артқыға *сөз болмай* ма (Абай, Тол. жин.). Тоқта,— деді күзетші шал.— Сендердің мұнда жиналып алып, карта ойнайтындарыңды біреу-міреу көрсе, *сөз болмай* ма («Қаз. әдеб.»). **Таң болды.** *Қайран қалды, таңырқады, таңданды.* Дастарқанын көргендер Ішіп-жеп, тойып *таң болған* (Қамбар). Жүреміз бе үнемі өстіп түсінбей, Сыртын көріп, сырын ұқпай *болып таң* (С. Бегалин, Таңд. шығ.). **Тап болды.** *Кезікті, душарласты.* Мақмет Кенжетайды өзі ізден тапқан жоқ, ойламаған жерден өзі *тап болды* («Жұлдыз»). Айша өздеріндей құрдастарының арасында көңілді тоқа *тап болды* («Халық мұғ.»). **Тас-талқан болды.** *Бұланталаны шығып, ашуланды.* Мал фермасына жем-шөптің дер кезінде жетпегенін білсе, сары бастық *тас-талқан болады* («Қаз. әдеб.»). **Тоз-тоз болды.** *Быт-шыты шығып, ыдырап кетті.* Суалып қалған қақтарды Айдын шалқар көл етті. *Тоз-тоз болған* ұлттарды Берекелі ел етті (Қ. Аманжолов, Таңд. шығ.). Шыңғыс ханның өзі келіпті. *Тоз-тоз болған* қолының рухын көтеріп, етек-жеңін жинап алуға келді дағы («Лен. жас»). **Топырағы торқа болсын.** *Өлген адамның жатқан жері жайлы, жұмсақ болсын.* Қош, Күләшім, бұлбұлым! *Торқа болсын топырағың!* Ұмытылмас бұлбұл ұн, Ұмытпас сені ұрпағың! (М. Хакімжанова, Жыр асуы). [**Кімге**] **Тұлға болады.** *Кімге опа береді, сүйеніш-таяныш болады.* Елден ерек аман қалған Байсал, Сүйіндіктермен тұтас Ырғызбай *кімге тұлға болады* (М. Әуезов, Абай жолы). **Түрткі болды.** *Қозғау салды, себеп болды.* Феодалдық системадан капиталистік системаға көшуге орыс өмірінде сақталып келген ескі қалдықтар күшті *түрткі болды* (М. Елеусізов, Шоқан Уәлиханов.). **Тым болмағанда** [тым болмаса]. *Ең құрығанда, тіпті болмағанда.* Қызым сендерге барса, күн болады, өзіммен қалса, *тым болмағанда* өз етегімде еркін еркелейді (Ғ. Мүсірепов, Таңд. шығ.). Бұлағы қара өлеңнің таусылар ма, Қалмастан *тым болмаса* бірер қасық? (Жамбыл, Шығ.). **Ұйтқы болды.** а) *Тірек болды. Болайық* үкілметке кедей *ұйтқы,* Секілді темір тіреу көпірдегі (Ақын жырлары). ә) *Басшылық етті, жәрдемдесті.* Жадырағаң жазда жазиралы жастар өнерлерін баршаға көрсетіп жатты. Бұған *ұйтқы болған* да осы Дина еді («Лен. жас»). **Ұмыт болды.** *Естен шықты, ұмытылды. Болғанда* соның бәрі *ұмыт,* Жарқырап ойнап жа-

нары (Д. Әбілев, Жүрек жыры). Балалық енді *ұмыт боп*, Өлең де жазар ойым бар (Партия тур. өленд.). **Ұят болды.** *Ұятқа қалды.* Қаршекем маған сеніп келген екен. Көрінбей қалғаным *ұят болар* (Қыз Жібек). **Үй болды.** *Семья құрды, үйленді.* Той дейтін не бар асығып, Той жасар әке-шеше жоқ. *Үй бола* қалса қосылып, Шай ішер кетік кесе жоқ (Ғ. Қайырбеков, Таулар.). **Үйір болды.** а) *Бөтенсінбеді, үйреністі.* Бұрыннан Ләйләға *үйір болып* оқуға кіріскендер дегенінен шықпағанмен, жаңадан оқушы тауып алу қиынға айналды (С. Шарипов, Шығ.). ә) *Әуестенді, әдеттенді.* Жастайынан жалшылықта жүрсе де, Нұрпейіс өлең-жырға, ән-күйге ерте *үйір болды* (Е. Ысмайылов, Ақындар). Ағашты мыжғылау жұмысына Нұрмағамбет, тіпті, кішкене күнінен *үйір болатын* (С. Мұқанов, Таңд. шығ.). Шырағым, ата-бабаң істемеген жаман әдетке қайдан *үйір болып* жүрсің сен (Н. Сералиев, Балдырған). б) *Пайда болды, душарласты, тап болды.* Бойға *үйір болған* дерттен өсе келе арылу қиын соғады (М. Иманжанов, Менің махабб.). **Шат болды.** *Көңілі тасыды, шаттанды.* Жаңа оқу жылында жаңа үлгімен салынған мектеп үйі есігін ашып, балалар да, мұғалімдер де *шат болды* («Қазақст. мұғ.»). **Шейіт болды.** *Адалдық жолында өлді; дін жолында құрбан болды.* Махшарға барғанда құдай тағала молда болғанды, сопы болғанды, жомарт болғанды, *шейіт болғандарды* бір бөлек қояр дейді (Абай, Тол. жин.). **Шер болды.** *Қайғы-қасіретке батты, қайғыланды.* Көздің жасы моншақтап, Көңіл *шер боп* өлеміз (Жамбыл, Шығ.). **Шерменде болды.** *Арманда қалды, қайғыда өтті.* Салтақ тымақтың құлағын қалай түрсе де, сыр ала алмай, *шерменде болып* қалысты (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). **Шығын болды.** *Зиян шекті, шығынданды.* Би мен болыс қолына *Шығын болып* кетеді Жазы-қысы тапқаның (Жамбыл, Шығ.). **Ығыр болды.** *Мезі қылды, мазасы кетті.* Мұнша *ығыр болғандай* алдаған жеріміз жоқ емес пе еді?— деді ол (Ә. Нұрпейісов, Күрляндия). Мен өзім де мына ішек-қарын жұмысынан әбден *ығыр болып* жүр едім («Қаз. әдеб.»). **Ыза болды.** *Ашуланды, күйіп-пісті.* Бәйбішенің қапысын таба алмай *ыза болып* отырған Жұманның құлағына қатар қонып жатқан ауылдың қатты күлкісі естіледі (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). **Ынтық болды.** *Құмарланды, құштарланды.* Білімғылымның өзіне ғана құмар, *ынтық болып*, бір ғана білмектіктің өзін дәулет біл (Абай, Тол. жин.). Сонда да отырғандай *болып ынтық*, Қарайды ол әлі ұзақ түзді тінтіп (Ғ. Қайырбеков, Дала.). **Ырза болды.** *Қанағаттанды, сүйсінді.* Өзінің бұрынғы кедейлігіне, баласының ең әуелде кісі есігінде жүріп барып, қалаға сіңіп оқу оқығанына қазір ғана *ырза болды* (С. Талжанов, Ұлдай.). Көл жағасындағы деревня адамдары мылтық даусын естіп, «Ильич құс атып жүр» десіп, *ырза болып* қоятын (Ш. Айманов, Қыран.). **Іңкәр болды.** *Ынтықты, құмарланды, құштарланды.* Қолдан келмес қорлыққа Неге *болдың* мұнша *іңкәр* (Абай, Тол. жин.). **Істес болды.** *Бірге жұмыс істеп, сыралғы болды; қарым-қатынас жасасты.* Артық ісмерлер ізденп, жүріп көріп, біраз *істес болып*, өнер артырайын деп, түзден өнер іздемейді (Абай, Тол. жин.). **Ішкені ас болмады.** *Көңілі орныққпады, қатты алаңдады. Болмайды ішкен* асың *ас*, Қайтіп сүйек жасымас? Мұныменен, Қалқабай, Сордан көзің ашылмас (Жамбыл, Шығ.).

БОЛА шыл. *Үшін деген мағынада қолданылатын шылаулық мәндегі сөз.* Біз бір топ жапон империалистеріне *бола* ұлы жапон халқының қанын төккіміз келмейді (С. Ерубаев, Шығ.). Сіз маған *бола* жалған сөйлеп, жаныңызды кірлетпеңіз (Ә. Әбішев, Замана.). Мақтанға *бола* жиям деп, Жылқы үшін жұртқа бас ұрма (Абай, Тол. жин.).

БОЛАЖНА зат. көне. *Болыс, билердің сыбағасына тиетін алым-салық. «Болажна* —билердің, болыстардың сыбағасы»,— дейтін старшындар (Б. Тұрсынбаев, Ауылда.).

БОЛАЙЫН од. экспр. *Риза болу, я кекесін, ренжу тәрізді көңіл күйін білдіретін сөз.* Жалыңа сенің *болайын*, Күлтеленген жібектей. Шықшытыңа *болайын*, Оралып жатқан түбектей (Ер Тарғын). Пышағының күмісіне қарап, өтпесіне *болайын* (Мақал). Қандай «үлгі» боларлық «ер»! Өзіңе де *болайын*, тауып алған әйеліңе де *болайын*,— деді (С. Сейфуллин, Шығ.).

БОЛАР-БОЛМАС сын. 1. *Білінер-білінбес, болмашы, ептеген.* Есентаевтың құлағына *болар-болмас* бір ызың естілді

(М. Әуезов, Өскен өркен). Өзенді көмкерген жасыл құрақтың су екпінімен тербелген *болар-болмас* сыбдыры ғана құлаққа келеді (Майдан). Берейін деген бендеге Табиғаттың несі жоқ. *Болар-болмас* нәрсеге Көзіңді сатып жүретін, Бозбала, сенің есің жоқ (Ү. Кәрібаев, Таңд. шығ.). 2. Ү с т. *Сәл ғана, ептеп.* Сонсоң аттарына мініп, көз ұшында *болар-болмас* көрінген елге қарай жүріп кетті (С. Сейфуллин, Әңгім.). Оразбай оған қадала қарап қалғанда, Шұбар *болар-болмас* қана бас иді (М. Әуезов, Таңд. шығ.). Алыстағы құрылыс дыбыстары үйдің ішіне үзіліп зорға жетіп, *болар-болмас* естіліп тұр (С. Ерубаев, Шығ.).

БОЛАРДА-БОЛМАЙ ү с т. *Қоярда-қоймай, зорлағандай.* Апасы Дарынды пішенге *боларда-болмай* жіберіпті (М. Сүндетов, Балық аула.).

БОЛАСЫ з а т. с ө й л. **Болатын іс, болашақ.** Ол *боласыны* дұрыс болжайтын мерген еді (Ш. Өтепов, Ғани Мұратбаев).

БОЛАТ з а т. 1. *Белгілі мөлшерлі көміртегі мен темірдің, тағы басқа элементтердің қосындысынан жасалған қатты металл.* Мартенде шойын көміртегінен тазарып, таза *болатқа* айналады («Соц. Қаз.»). Сол тартулардың ішінде Челябінің жоспардан тыс қорытылған *болаты* бар (С. Сейітов, Жылдар.).— Мен Теміртауда шойын, *болат* құюшыларды емдеймін. Қазір диссертация жазуға материал жинап жүрмін (З. Шашкин, Доктор.). 2. А у ы с. *Берік, мықты, табанды, төзімді.* Болған іске *болат* бол (Мақал). Майыспас *болат* па десем, морт кетер шойын екен ғой (Ғ. Мұстафин, Жиырма бес). Шабуыл шапса, шаршамас, Шыны тұлпар мен едім. Қасарысып келгенде, Қап түбіне сыймаған, Таза *болат* мен едім (С. Сейфуллин, Шығ.). Даңғыл жолда талмай тура Өмірменен атта қатар. Ұлы құрылыс жабдығына *Болат* сөзден жаса деталь (М. Әлімбаев, Құрбыма). ◆ **Болат қайтты.** *Күш-қуаты азайды, қартайды.* Мен дағы көп естідім жастың назын, Қол жетпеске қол созар бар ма лажың. «Боламынмен» жүргенде *болат қайтып,* Жалын сеніп, жас жүзін басады ажым (Абай, Тол. жин.). 3. А у ы с. *Көздің нұры, жанары, қарашығы.* Көздің *болаты на* доктор көзілдірік береді ғой (Диал. сөздік).

БОЛАТКОМ з а т. к ө н е. *Болыстық атқару комитеті дегеннен қысқарған сөз. Болаткомқызметкерлерімен үй салуға* дайындық жасап жатқан жерді көруге барды (С. Сейфуллин, Шығ.).

БОЛАТСЫЗ с ы н. *Болаттың қатысуынсыз.*

БОЛАТТАЙ с ы н. *Болат тәрізді; мықты, берік, қажырлы.* Ширатылып түйілген, *Болаттай* күшпен иілген. Бұлшық еттің білек пен Балтырдан күшті дене жоқ! (С. Сейфуллин, Өлең.д.). *Болаттай* бол, жаси көрме именіп, Арып-ашсаң, құлпыр, кетпе иленіп! (Б. Майлин, Шығ.). Денесі *болаттай,* Ақ құба жас жігіт. Қалатын ұнатпай, Сөйлесең аптығып (Ғ. Малдыбаев, Қырым қызы.).

БОЛАТША ү с т. *Болатқа ұқсап.* Қара көз қарап маған көп қадалған, Құпия қайғы өртеніп бойын алған. *Болатша* діріддеген, жалын көрген, Бір күңгірт тартып және оттай жанған (Абай, Тол. жин.). Бұрғыша үңгіп, *болатша* балқып, Тынбайды, бір шақ, дүниені барлап (М. Әлімбаев, Құрбыма).

БОЛАТШЫ з а т. *Болат қорытушы, болат құюшы.* Осылай бір толқыды болат жыры, Шыңдардан ер еңбектің озат шыңы. Партия, Ұлы Отаным өз ұлындай Көреді, ардақтайды *болатшыны!* (Қ. Боранбаев, Жаңарған.). Мейлің сен дейік *болатшы.* Ойнаған отты толқынмен, Саушыншы дейік, не малшы, Құрылысшы, ғалым, токарь ма ең? (М. Рашев, Қанатты.).

БОЛАШАҚ з а т. *Алдағы уақыт, келешек.*— Біздің міндетіміз айту емес, біздің міндетіміз — бұл кенді *болашағы* жақсы күндерге сақтау (С. Сейфуллин, Шығ.). Ол осы жақтағы қазақ даласының бүгіні мен *болашағы* туралы маған әңгіме шертіп қояды (С. Мұқанов, Есею жыл.). Жалғыз өзі жиһанмен Алысқан да өтіпті, *Болашақты* болжаған Данышпан да өтіпті (Қ. Аманжолов, Таңд. шығ.).

БОЛАШАҚСЫЗ с ы н. *Болашағы жоқ, келешексіз.*

БОЛАШАҚСЫЗДЫҚ з а т. *Болашағы жоқтық, келешексіздік.*

БОЛАШАҚТАЙ с ы н. *Болашақ сияқты.*

БОЛБИ е т. с ө й л. **Болпи. Не шешесіне, не Мұсаға тартпаған, аяқ-қолы жуан, жуан бел, *болбиған*** сары қыз (Б. Соқпақбаев, Өлгендер.).

БОЛ-БОЛ үст. *Тез-тез, шапшаң.* ◆ **Бол-болдың астына алды.** *Асықтырды, састырды.* Ол үйге келе сала мені асықтырып, *бол-болдың астына алды* (Ауызекі тіл).

БОЛ-БОЛДА ет. *Бол-бол деп асықтыру.* Жапырлай міндік вагонға, Паровоз даусы *«бол-болда!»* Қаптаған халық перронда Қала да берді қол бұлғап (Т. Шопашев, Көңіл көктемі).

БОЛ-БОЛДЫ зат. жер г. *Ерте пісетін қауынның бір түрі.* Қазір *бол-болды* пісіп қалыпты (Диал. сөздік).

БОЛБЫР сын. 1. *Шымыр емес, бос.* Тимофей Федорович *болбыр,* іркілдек денесіне қарамастан, жеңіл жүзіп, көлдің ортасына дейін барып қайтты (З. Шашкин, Сенім). Кейбір қойлардың терісі жұмсақ, бос, *болбыр* келеді (М. Ермеков, Қазақстан.). 2. Ауыс. *Сылбыр, ынжық.* Мен сізге сеніп жүруші едім, сөйтсем, қолынан іс келмейтін *болбыр* командирлердің бірі екенсіз ғой (Б. Момышұлы, Москва). Жүсіп бүгін өзгеріп кеткендей ме қалай, күндегі сүмірейген, *болбыр* Жүсіп емес, ширақ та келісті (З. Шашкин, Доктор.). Алдоңғар барлық жүкті жалғыз өзі теңдейтін күшті, бірақ қимылы шабан, *болбыр* жігіт (Т. Ахтанов, Махаббат.).

БОЛБЫРА ет. *Болжырап, босаңсу.* Мен әкеп берген жүз грамды қағып алғаннан кейін, Макагон ширау орнына, *болбырай* түсті (С. Мұқанов, Есею жыл.). Суатбайдың бар денесі үгіліп құлайтын ескі дуалдай *болбырап* тұр еді (С. Адамбеков, Қожанасыр.). «Ә» десе «мә» деп, ол бірақ, Орынсыз қамыт киміді, Жұрмеді жөнсіз *болбырап,* Байға басын имеді (Ж. Молдағалиев, Жесір.).

БОЛБЫРАҚ сын. сөйл. *Болбыр. (1).* Бопанның шұбарлау *болбырақ* беті дуылдап кетті (З. Иманбаев, Дала.).

БОЛБЫРАТ *Болбыра етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БОЛБЫРАТУ *Болбырат етістігінің қимыл атауы.*

БОЛБЫРАУ *Болбыра етістігінің қимыл атауы.*

БОЛБЫРАЮ *Болбырай етістігінің қимыл атауы.*

БОЛБЫРДАЙ сын. *Болбыр сияқты.*

БОЛБЫРЛАУ сын. *Босаңдау, сылбырлау. Болбырлау* жігіттің осы күйіне жаны ашығандай, Шынар бірдеңені сұрап боп, қысыла түсті (Т. Әлімқұлов, Ақбоз ат). Жүретін өзін жас көріп, *Болбырлау* әлгі шіркіні. Бақпай ма үйін бас болып, Әкесіз қалса бір күні (М. Әлімбаев, Көңіл күйі).

БОЛБЫРЛЫҚ зат. *Босаңдық, сылбырлық.* Шырағым, мұндайда *болбырлық* жар соқтырады емес пе? («Қаз. әдеб.»).

БОЛГАР зат. 1. *Балқан түбегін мекендейтін славян тұқымдас халық, ұлт.* Славян халықтары орыстар, белорустар, украиндықтар, *болгарлар* православие шіркеуіне қараған (М. Тоқжігітов, Құран тур.). *Болгар* коммунистері екінші дүние жүзілік соғыс кезінде фашистерге қарсы қаһармандықпен күрес жүргізді («Лен. жас»).

БОЛГАР: **болгар таяқшасы.** *Сүт қышқылын түзетін, адам организмі үшін пайдалы бактерия.* Орыс ғылымының көрнекті қайраткері И. И. Мечников айранда сүт қышқылын көп түзетін *болгар таяқшасына* баса көңіл бөлді (Н. Шоқанов, Микроорганизм.). Кәдімгі қатық *болгар таяқшасы* бактерияларын қосып та, немесе қоспай да жасалады (З. Сейітов, Сүт. өңдеу.).

БОЛГАРДАЙ сын. *Болгар сияқты.* Семин *болгардай* қараторы өнді, зор денелі адам («Қаз. әдеб.»).

БОЛГАРЛЫҚ зат. *Болгар ұлтының өкілі. Болгарлық* достар —141-мектепке жиі келіп тұратын қонақтар («Қазақст. мұғ.»).

БОЛГАРША үст. 1. *Болгар тілінде.* Сіз Болгарияда үш жылдай тұрыпсыз, *болгарша* сөйлей алатын шығарсыз (Ауызекі тіл). 2. *Болгарға ұқсас.* Ол Балқан өңірінің ежелгі тұрғыны *болгарша* киініпті (Ауызекі тіл).

БОЛГАРШАЛА ет. *Болгар тіліне аудару, болгар тілінде сөйлеу.* Попов олардың сөзін дереу *болгаршалап* түсіндіріп жатты («Халық мұғ.»).

БОЛГАРШАЛАТ *Болгаршала етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БОЛГАРШАЛАТУ *Болгаршалат етістігінің қимыл атауы.*

БОЛГАРШАЛАУ *Болгаршала етістігінің қимыл атауы.*

БОЛҒАЙ е т. *Болсын, болса екен.* Тек көрісуге күн жақын *б о л ғ а й-а қ*,— деп, барын айтты (М. Әуезов, Абай жолы). Тек аспазшы жігітің өз адамың *б о л ғ а й* да (Қ. Аманжолов, Таңд. шығ.).— Ілаһи жәй *б о л ғ а й*,— деді Балқия үрейлі көзін Зураның көзінен алмай (Ә. Әбішев, Замана.). ◆ **Бауы берік болғай.** *Жас баланың өмір-жасы ұзақ болсын.* Болыпсың найза ұстайтын немерелі, Көтерер көп салмақтың бір батпанын. *Б о л ғ а й* деп *б а у ы б е р і к* тілектеспін, Ашыла берсін бағы шырақтардың (Ақын жырлары).

БОЛҒАНСУ *Болғансы етістігінің қимыл атауы.*

БОЛҒАНСЫ е т. *Бір нәрсеге ұқсағансу, солай көрінуге тырысу, тәріздену.* Жас баладан көрі өзі есті болып, ескермес нәрсесі жоқсып, қайғылы кісі *б о л ғ а н с ы ғ а н ы* (Абай, Тол. жин.). Болыс — күшіген, мыналар — қарғалар. Арамға тойып семіреді де, адал *б о л ғ а н с ы п*, совет қызметін атқарғансып кеуде қағады (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). Ақ патшаға олар да қарсы *б о л ғ а н с ы п*, қатар қонып, ту көтермекші (Ғ. Мүсірепов, Таңд. шығ.).

БОЛҒАН-ТОЛҒАН с ы н. *Кемеліне келген, жетіскен, кенелген, мақсатына жеткен.*

БОЛҒАН-ТОЛҒАНДЫҚ з а т. *Кемеліне келгендік, жетіскендік, кенелгендік.*

БОЛҒАНША ү с т. 1. *Солай болғаннан гөрі, өйткенше.* Жаман туғаның *б о л ғ а н ш а*, жақсы жолдасың болсын (Мақал). Көшпелі елдің қоры *б о л ғ а н ш а*, Егінші елдің зоры бол (Мақал). 2. *Болғанға дейін.* Ғылым-білімді әуелі бастан бала өзі ізденіп таппайды. Басында зорлықпенен яки алдауменен үйір қылу керек, үйрене келе өзі іздегендей *б о л ғ а н ш а* (Абай, Тол. жин.).

БОЛҒАНЫ е т. 1. *Бары, барлығы.* Бар *б о л ғ а н ы* осы ма? (Ауызекі тіл). 2. *Бітті, жетті.* Егер ол айтпаса *б о л ғ а н ы* (Ауызекі тіл).

БОЛҒЫЗ *Бол етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Меніңше, бұл айтылғанды *б о л ғ ы з а р л ы қ т а й* қызметкер — милиция, сот, прокурор қызметкерлері (Қ. Тайшықов, Окт. ұшқыны). *Б о л ғ ы з б а й д ы* ешқашан сұрапыл соғыс боранын (К. Әзірбаев, Өленд.).

БОЛҒЫЗУ *Болғыз етістігінің қимыл атауы.* Қажуды *б о л ғ ы з б а у* үшін дұрыс режимнің, гигиеналық ережелердің сақталуы қажет (Семья тәрбиесі).

БОЛҒЫР: бар болғыр. Э к с п р. *Кейігенде, өкінгенде айтылатын сөз.* Ол машиналар да іске қосылатын еді, Күйгенбайы *б а р б о л ғ ы р...* совхоз завгарымен дос болды да, түпке сол жетті (Е. Домбаев, Ғашықтық.). Кездейсоқ осы «Базарға» Осы бір кезде, *б а р б о л ғ ы р*, Редактор келіп қалар ма, Ашқандай алдын тар жолдың (Қ. Көпішев, Кезеңдер).

БОЛҒЫШ с ы н. *Бола қалғыш.*— Бұрын тума болсаң, көрмей жүрсің бе? Бүгін тума *б о л ғ ы ш* боп қалғанын (Т. Жармағамбетов, Сентябрь.). Менің жолым болмайды да, *б о л ғ ы ш* та, Бақыттымын, бақытсызбын әм өзім (Т. Молдағалиев, Қош.). Қатындардың жолы *б о л ғ ы ш!*— деп күйінді көрші отырған бір еркек (Т. Әлімқұлов, Күрең өзен).

БОЛҒЫШТА е т. *Бола бергіштеу.* Олар өздерінің павильондарына бармай, көбінесе біздің және басқа елдердің павильонында *б о л ғ ы ш т а й* береді (І. Омаров, Шабыт шалқары).

БОЛҒЫШТАУ *Болғышта етістігінің қимыл атауы.*

БОЛДЫР [1] *Бол етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Келген хабарларға қарағанда ондай ынта, қалай қылсақ та *б о л д ы р а й ы қ* деген шын көңіл жоқ (С. Сейфуллин, Шығ.). Болса да ісің қиын-ақ, *Б о л д ы р ғ а н* ісің бұйым-ақ (Ә. Тәжібаев, Кеше.).

БОЛДЫР [2] е т. *Арып-ашу, титықтау, шаршау.* Жол үстіндегі арбалы Оспантай мен Қамза. Аттары оның *б о л д ы р ғ а н.* Бес атты желдіріп, бұларды басып озды (Б. Майлин, Шығ.). Жүріп келемін, қара терге түстім. Ентігіп, *б о л д ы р ы п* қалған тәріздімін (С. Алдабергенов, Алға). Қасқыр арғы-бергіні кезіп, арқадан түк таба алмай босқа *б о л д ы р ы п*, сандалақтап барып өзі тоқтады (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке).

БОЛДЫРҒЫШ с ы н. *Шаршампаз, төзімді емес.* Бұркіт арық болса, әлсіз, *б о л д ы р ғ ы ш*, суыққа осал болады (С. Қасиманов, Сықырлы.).

БОЛДЫРҒЫШТЫҚ з а т. *Шаршампаздық, осалдық, төзімсіздік.* Досан әр аттың

аяңшылдық, төзімділік, *б о л д ы р ғ ы ш т ы қ* тәрізді қасиеттерін түгел біледі (Б. Соқпақбаев, Алыс ауыл.).

БОЛДЫРТ [1] *Болдыр (1) етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Өткен жылы кездескен кемшіліктер мен ағаттықты биылғы жылы *б о л д ы р т п а у ғ а* күш салды («Халық мұғ.»).

БОЛДЫРТ [2] *Болдыр (2) етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Ол: «Көлік бәрімізге де ортақ»,— деп, бір жылқыны бір күнде бірінен соң бірін жегіп, титықтатып, *б о л д ы р т ы п* әкеп тастайтын (Н. Ғабдуллин, Өмір күйі). Мен емес тау безбен деп мақтанатын, Мінезім бар ондайдан сақтанатын. Революция шыңына шықтым биік, Бостандығым *б о л д ы р т п а с* ақ қанатым (Ә. Тәжібаев, Шығ.).

БОЛДЫРТУ *Болдырт етістігінің қимыл атауы.*

БОЛДЫРУ [1] *Болдыр (1) етістігінің қимыл атауы.* Жастар арасында қылмысты *б о л д ы р м а у* жолындағы күреске комсомол алдына белсенділікті арттыру міндеті қойылған (Семья тәрбиесі). Ата-ана тарапынан болатын қаталдық және талап етушілік — қайсарлықты *б о л д ы р м а у д ы ң* және оны жеңе білудің бірден-бір кепілі (Бұл да).

БОЛДЫРУ [2] *Болдыр (2) етістігінің қимыл атауы.* Жаттығуының тым ұзаққа созылатын түрі бар. Өзі ырс-ырс етіп шаршап *б о л д ы р у ғ а* айналды (О. Сәрсенбаев, Таңбалы тас).

БОЛДЫРУСЫЗ с ы н. *Болдырмай-ақ.*

БОЛДЫРЫҢҚЫРА е т. *Шаршаңқырау, титықтаңқырау.* Өзім де қинала тұра, жетектеген атым *б о л д ы р ы ң қ ы р а ғ а н* шақта алдына шөп тастап, азырақ шалдырып алам (С. Мұқанов, Есею жыл.).

БОЛДЫРЫҢҚЫРАТ *Болдырыңқыра етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БОЛДЫРЫҢҚЫРАТУ *Болдырыңқырат етістігінің қимыл атауы.*

БОЛДЫРЫҢҚЫРАУ *Болдырыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

БОЛЕРО з а т. *Испан халық биі. Б о л е р о* гитара яки ән сүйемелінде орындалады (ҚСЭ).

БОЛЖА е т. *Бағдарлау, шамалау, тұспалдау, долбарлау.* Ауаның қозғалысын, қысымын, температурасын жақсы білсек, ауа райын *б о л ж а й* аламыз (Х. Әбішұлы, Халық. астрон.). Біз үш ауданды аралағанда қай аудан жеңерін, озарын өз бетімізбен *б о л ж а й* алмай кетіп едік (М. Әуезов, Алғы шепте). Дегенмен, малшылар табиғаттың кейбір жайларын күні бұрын *б о л ж а й* алатын болуы керек (Шопан сөрігі).

БОЛЖАҒЫШ с ы н. *Алдын ала байқағыш, көреген.* Жүкең *б о л ж а ғ ы ш* ұлықтардың сөзіне емес, ісіне қарайды (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). Қорқыт жұрттан асқан ақылды, алдағыны *б о л ж а ғ ы ш* адам екен (Қаз. ертег.). Алдағыны *б о л ж а ғ ы ш* данышпан сынышының көп сұрауларына жауапты келешек бергені рас (М. Қаратаев, Туған әдеб.).

БОЛЖАҒЫШТЫҚ з а т. *Көрегендік.* Осы ақ сары, тығыршық денелі земство дәрігерінің қырағылығы мен ойшыл *б о л ж а ғ ы ш т ы ғ ы* Деевке қатты ұнайтын (М. Қаратаев, Далада.).

БОЛЖАЛ [1] з а т. 1. *Бағыт, меже, бағдар.* Арасын екі ауылдың *б о л ж а л* етіп, Жеріме іздеп жүріп келмеп пе едім. Мен келсем, жігіт түгіл сымбыл да жоқ. Соңынан іздеп жүріп өлмек пе едім? (Айтыс). Ол қыстың, жаздың кейбір сипаттарын *б о л ж а л* етіп, қараңғы түндерде бағытты, уақытты айырады (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). 2. *Жорамал, тұспал, болжам.* Жаудың алыстағы атыс ұяларын *б о л ж а м м е н* атқылаудың өзі кейде бір түрлі көңілсіз көрінеді (А. Жолдасбеков, Әке.). Әйел бар қайратын жиып, дүлей боранның арасына сығалап, қай жерде екенін *б о л ж а л* жасады (К. Оразалин, Ақ жазық).

БОЛЖАЛ [2] *Болжа етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Олар... ұзақ күнді суға жүзумен, құмға аунау, серуенмен өткізді. Сондай шақта талай сырлар ақтарылды, талай келешектер *б о л ж а л д ы* (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз).

БОЛЖАЛА е т. с ө й л. **Болжалда.** Арба үстіндегі Бүркіт екенін *б о л ж а л п,* аяғын алға қарай баса түсті (І. Есенберлин, Қатерлі.).

БОЛЖАЛДА е т. *Жорамалдау, тұспалдау, бағдарлау, шамалау.* Бұл енді не болды деп, ой жүгіртіп, *б о л ж а л д а п* қарайды да, ақырында әулиенің моласы деп табады (Ғ. Сыланов, Дөң асқан). Бұл

да жұрт көзіне түсерлік бір ірі іс істеп, атын шығарғысы келеді. Сонда қанша пайда табам деп *болжалдамайды* да (Ә. Көшімов, Екі бүркіт). Балаға өзінің кемістігі туралы тікелей немесе *болжалдай* да ешуақытта айтуға болмайды (Семья тәрбиесі).

БОЛЖАЛДАС *Болжалда етістігінен жасалған ортақ етіс.* Жеріннен *болжалдасқан* табылмасақ, Сыпыра төгіп кетем көздің жасын (Біржан сал, Өленд.).

БОЛЖАЛДАСУ *Болжалдас етістігінің қимыл атауы.*

БОЛЖАЛДАТ *Болжалда етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БОЛЖАЛДАТУ *Болжалдат етістігінің қимыл атауы.*

БОЛЖАЛДАУ *Болжалда етістігінің қимыл атауы.* Менің *болжалдауым* бойынша, қара балапан асыранды құс емес, түзден биыл ғана торға түсірілген (Ә. Көшімов, Екі бүркіт).

БОЛЖАЛДЫ с ы н. *Белгіленген, межелі.* Сүйкімді қазақ қызы жымия күліп, самолеттің *болжалды* жеріне келіп жеткендігін хабарлады (М. Хайрутдинов, Алғашқы.). Жібекжан ерте кеткен деп, *Болжалды* жерге жеткен деп, Көк пәуеске күймесін Азаннан тұрып жеккен деп (Қыз Жібек).

БОЛЖАЛДЫҚ: болжалдық сан. Г р а м м. Заттың анық санын емес, оның сандық сапасын шамалап болжап қана көрсететін сан есімдерді *болжалдық сандар* дейміз (Қазіргі қаз. тілі).

БОЛЖАЛСЫЗ с ы н. *Беймәлім.* Түні бойы танкілер мен жүк тасыған машиналар гүрілдеп, бір белгісіз, *болжалсыз* бағытқа бет қойып барады (Ә. Нұрпейісов, Күткен күн). Арғымақ жалсыз, ер малсыз, Алланың аманаты — жан, Қай күн алары *болжалсыз* (Үш ғасыр.).

БОЛЖАМ з а т. 1. *Жорамал, түспал, болжал.* Дегенмен совет ғалымдарының бұл жерде мұнай қоры болу керек деген *болжамы* ақталды («Қаз. әдеб.»). Адасқан түнгі сапардан соң, әрқилы *болжам,* қиял үстінде қалған ол бүгінгі таңды да ұйқысыз өткізді (К. Тоқаев, Тасқын). 2. *Тоқтам, шешім.* Әлде Меркеге барғанда магазин тонаған топ жайында дұрыс, дәл *болжам* жасалмады ма? (К. Тоқаев, Тасқын). Қаланың далдұң өскен қара тұяғы ма десем, *болжамың* бар бала екенсің (С. Шаймерденов, Мезгіл).

БОЛЖАМА з а т. *Болжам, тұспал.* Аз сәтте соның бәріне өзгеше *болжама* жасап, іштей бағасын да берумен болды («Қаз. әдеб.»). Сирек металдар мен жеңіл металдардың *болжама* карталарын жасау ісі таяудағы екі жылдың ішінде аяқталуға тиіс («Соц. Қаз.»).

БОЛЖАМАЛЫ с ы н. с ө й л. **Болжалды, болжамды.** Осы жылдары ол Нұркеге «Саятта мыс кені мол болуға тиісті» деген *болжамалы* пікірін бірнеше рет айтқан-ды (І. Есенберлин, Айқас).

БОЛЖАМДА е т. *Тұспалдау, болжалдау, түйіндеу.* Қолдан жем жесе, біраз күн өтпей-ақ жаман тоқтылар қойға қосылары ақсақал іштей *болжамдап,* ауыл сыртындағы сүрлемге қол жүгірткені осы болатын («Лен. жас»).

БОЛЖАМДЫ с ы н. *Болжамы бар, болжағыш.* Өзің бір *болжамды* бала екенсің (Ауызекі тіл.).

БОЛЖАМДЫҚ с ы н. *Болжам жасарлық, болжамды. Болжамдық* жоба бойынша кен қабатының диаметрі төмендеген сайын аздап жіңішкеретін сияқты,— дейді рудниктің бас инженері (С. Хайдаров, Құрыш.).

БОЛЖАМДЫЛЫҚ з а т. *Болжағыштық.*

БОЛЖАМПАЗ с ы н. *Көреген, болжағыш, жорамалшыл.* Мынау оларға ұқсамайды. «Бұларға сауатты, қулық-сұмдықты аңғаратын, *болжампаз* адамдар қайдан пайда болған?» — деп ойлады (С. Мыңжасарова, Қыр қыздары).

БОЛЖАМПАЗДАН е т. *Көрегендік байқату, болжампаз болу.*

БОЛЖАМПАЗДАНУ *Болжампаздан етістігінің қимыл атауы.*

БОЛЖАМПАЗДЫҚ з а т. *Көрегендік, болжағыштық.*

БОЛЖАМСЫЗ с ы н. *Болжамы жоқ, бағдарсыз, жорамалсыз, болжалсыз.*

БОЛЖАМСЫЗДЫҚ з а т. *Жорамалсыздық, бағдарсыздық, болжалсыздық.*

БОЛЖАН *Болжа етістігінен жасалған ырықсыз етіс.*

БОЛЖАНУ *Болжан етістігінің қимыл атауы.* Тығық мұхитты бір сағатта ұшып өтетін самолеттер — 1998, қашықта толық автоматты түрде басқарылатын сауда кемелері — 1992 жылдары пайда болады деп *б о л ж а н у д а* (Естімеген елде көп).

БОЛЖАС *Болжа етістігінен жасалған ортақ етіс.*

БОЛЖАСУ *Болжас етістігінің қимыл атауы.*

БОЛЖАТ *Болжа етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Соның бәрін көрсеткен көзіме анық, Коммунистік ақыл-ой, зор даналық. Адамзатқа *б о л ж а т т ы* ол алдағыны, Болашаққа түсіріп нұрлы жарық (Ә. Оңалбаев, Таң алды.). Балатон көлінен көтерілген бозғыл тұман еш нәрсені *б о л ж а т а р* емес (Майдан).

БОЛЖАТУ *Болжат етістігінің қимыл атауы.*

БОЛЖАУ 1. *Болжа етістігінің қимыл атауы.* Енді алдында нелер күтіп тұрғанын *б о л ж а у* қиын (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). 2. з а т. *Болжам, тұжырым.* Жолдастар әрбір хабарды неше түрлі саққа жүгіртіп, талқыға салды. Әркім түрліше *б о л ж а у* айтады (С. Сейфуллин, Тар жол.). Көңіл түйткіл, елеусіз әр түрлі *б о л ж а у л а р* жасайды (Т. Әлімқұлов, Ақбоз ат).

БОЛЖАУЛЫ с ы н. *Болжалды. Б о л ж а у л ы* мәлшерге жақындап барғанда, алдымыздан қарауытқан ор көрінді (Ә. Сәрсенбаев, Офицер.). Стереометриялық есептер көбіне ойша шығарылып, тек *б о л ж а у л ы* сызықтар ғана сызылып отырады («Халық мұғ.»).

БОЛЖАУСЫЗ с ы н. *Болжалсыз, мәлімсіз. Б о л ж а у с ы з* осы екен ғой өлім деген, Күн бұрын көзге келіп көрінбеген (Үш ғасыр.). Арғымақ жалсыз, Ер малсыз, Алланың не берері *б о л ж а у с ы з*, Жолдастарым, мұңайма?! (М. Өтемісов, Өленді.).

БОЛЖАУШЫ з а т. 1. *Барлаушы, шолғыншы, бақылаушы.* Қанжығада қан бар ма? *Б о л ж а у ш ы* қара, болжай кел, Теңіректі толғай кел! (С. Сейфуллин, Шығ.). 2. *Болжап білуші, бағдарлаушы.* Болған істі *б о л ж а у ш ы*, Поездан түсіп жолаушы (С. Керімбеков, Еңбек ата.). Ауа райын алдын ала *б о л ж а у ш ы л а р д ы ң* берген дерегінде, мал Қайыпханжол трассасындағы Майтөккенге іліккенде, қар жауатын көрінеді (Саржайлау).

БОЛЖАУШЫЛЫҚ з а т. *Көрегендік, болжампаздық.* Байжанның байқауынша, секретарьдың басы зор ақылдың, қырағы *б о л ж а у ш ы л ы қ т ы ң* ұясы сияқты (С. Мұқанов, Сырдария).

БОЛЖАУЫНША ү с т. *Жорамалынша, байқауынша.* Мен де солай ма деймін, қайдам. *Б о л ж а у ы м ш а* тәуір жігіт (Т. Қойшыманов, Қоңырат.).

БОЛЖЫР с ы н. *Болбыр, бос.*— Айттым ғой, мына *б о л ж ы р* бөз ембепті,— деп қозыны енесіне табыстырып, қойдың желінін қолымен бір байқап Нұрман орнынан тұрды (С. Бегалин, Уақыт тынысы). Ана жылдары облыстық жоспар бөлімінде қызмет істеп жүргенімде бір мұздатқыш алмаған өзімнің де ештемеге икемім жоқ, иі қанбаған қайыс тәрізді *б о л ж ы р м ы н*-ау... («Қаз. әдеб.»).

БОЛЖЫРА е т. 1. *Босау, болбырау.* Тозығы жетіп *б о л ж ы р а ғ а н* бет терісін жұнттай қылып қырып тастаған (Бейбітшілік.). 2. А у ы с. *Егілу, жылау.* Немене *б о л ж ы р а п*, босап барасыңдар. Жардан, аға-ініден, әкеден айырған неміске көз жасы өтпейді (Ғ. Мұстафин, Шығанақ).

БОЛЖЫРАТ *Болжыра етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БОЛЖЫРАТУ *Болжырат етістігінің қимыл атауы.*

БОЛЖЫРАУ *Болжыра етістігінің қимыл атауы.*

БОЛЖЫРЛАУ с ы н. *Босаңдау, болбырлау.* Жоғарылау температура болса, қаймақтан тым ерігіш борбастау, *б о л ж ы р л а у* май алынады (С. Сейітов, Сүт. өндеу.). Ол ширақтығы жоқ *б о л ж ы р л а у* жігіт болатын (Ауызекі тіл).

БОЛИВАР з а т. *100 сентимоға тең Венесуэланың ақша өлшемі. Б о л и в а р д ы ң* алтындық баламы 0,265 275 г таза алтынға тең (ҚСЭ).

БОЛИВИЯЛЫҚ з а т. *Оңтүстік Американың орталық бөлігіндегі Боливия республикасының халқы. Б о л и в и я л ы қ т а р д ы ң* саны 4,8 миллион адам (ҚСЭ).

БОЛМАСА ш ы л. *Немесе, әйтпесе, ендеше. Б о л м а с а* мен айтайын, ал сен

тында ендеше (Ғ. Мүсірепов, Таңд. шығ.). Егерде есті кісілердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртебе, *болмаса* жұмасында бір, өзіңнен өзің есеп ал (Абай, Тол. жин.).

БОЛМАШЫ сын. 1. *Азғантай, шамалы.* Ұрыстарының көбі *болмашы* нәрседен шығатындықтан, Зейнептің сөзі төбелессіз де жарасып кететін (Б. Майлин, Шығ.). Енді біреулер «Онда құнға тұратын мыс кені жоқ, *болмашы* іске күш жұмсап әуре болмайық» дейді екен (С. Мұқанов, Есею жыл.). Ол қайта бұрынғы *болмашы* абыройынан айрылды (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). 2. *Болар-болмас, сәл-пәл.* Шамның білтесі қып-қызыл шоққа айналып, *болмашы* сығырайып тұр (Ә. Нұрпейісов, Курляндия). Қырмызы *болмашы* күлімсіреп, оң жағындағы нәрестеге көзінің қиығымен қарап қойды (С. Омаров, Хан тағы). Гүлнәштің аққұба өңі қоңыр тартып, қой көзі *болмашы* жасауырап тұр (Т. Әлімқұлов, Ақбоз ат). 3. *Жоқтан өзге, ұсақ-түйек.* Босаң адам *болмашыға* өкпелейді (Мақал). Ол қала өміріндегі *болмашыға* тамсана, аңыра қарайды (Ғ. Мұстафин, Дауыл.).

БОЛМЫС зат. 1. *Дене-бітім, тұла бой.* Енді ол Қараштың қанынезерлігін бүкіл *болмысынан* танып отыр (Т. Әлімқұлов, Ақбоз ат). Майданда жеңгіш халқымыз, *Болмысы* болат батырдан, Жалынды сәлем айтамыз Жазушыдан, ақынынан (Т. Жароков, Таңд. шығ.). Ботасын жоқтаған аруаналардай күңіренген қапалық жайлар домбыра тілінде сайрағанда, бар *болмысыңды* билеп, жұлып әкетіп барады (Ғ. Сыланов, Домбыра). // *Күш-қуат, әл.* Бәрінен де белгісіздік жаман екен. Көз алдында көрініп тұрған пәле болса, бар *болмысыңды* сарп етіп алысар да едің, жұлысар да едің (Ғ. Сыланов, Асау арна). 2. Филос. *Объективті дүниенің, материяның санадан тыс өмір сүретінін көрсететін философиялық категория; тіршілік, тұрмыс, өмір. Болмыс* — адам өмірінің, оның іс-әрекетінің қажетті жағдайы және қайнар көзі (ҚСЭ). Қазақ халқының оқиғасын реалистік *болмыстан,* шындық өмірден алып, ауызша шығарған көркем шығарманың бір саласы — аңыз әңгімелер (М. Ғабдуллин, Қаз. ауыз. әдеб.). ◆ Қоғамдық болмыс. *Қоғамдық болмыс* қоғамдық санаға тәуелсіз өмір сүреді: адамдардың қоғамдық санасы қоғамдық болмыстан туып, соған байланысты болады да, өзі соны бейнелейді (Марксистік филос.).

БОЛОМЕТР зат. астр. *Түскен жарықтың энергиясын өлшейтін құрал.* Термоэлемент пен *болометр* әр түсті сәулелерді бірдей сезеді (Х. Әбішұлы, Халық астроном.).

БОЛПАҢ сын. 1. *Бос, болбыр, босаң.* Болдырған ат *болпаң* (Мақал). 2. *Болпиған, топ-толық.*

БОЛПАҢДА ет. *Болп-болп басу.* Екі жасар баласы *болпаңдай* басып алдынан шықты (Ауызекі тіл).

БОЛПАҢДАУ[1] сын. *Болбырлау.* Жазушылармен мидай араласып бірге жүрсе де, ешқайсының шығармасын оқымайтын *болпаңдау* бір прозаик сыздана ыңырсып қойды («Қаз. әдеб.»).

БОЛПАҢДАУ[2] *Болпаңда етістігінің қимыл атауы.*

БОЛПАШ сын. эксп р. 1. *Ақсүйек, мырза.* Ол кедейлер былай тұрсын, сылқылдап киінген бай *болпаштарын* да ілтифатсыз қалдырып, Сұлтанмахмұтпен ғана сөйлесіп отыр (Д. Әбілев, Ақын арманы). «Егер сен мыңды айдаған *болпаштардың* бірі болсаң»,— дейді Қамар Ахметке (Бұл да). 2. *Пісіп қатпаған, болжыр, босаң.* Ертең-ақ мені бай қыз, мырза қыз, *болпаш* қыз деп табаламай ма? (Шағын пьесалар).

БОЛП-БОЛП ел. *Кейбір қимыл-қозғалыс, іс-әрекетті сипаттау үшін айтылатын еліктеуіш сөз.* Бөрте лақ *болп-болп* еткізіп, алаңсыз әлі еміп жатты (К. Қазыбаев, Ызғар).

БОЛПИ ет. *Дененің семіріп толығуы, болбыраю. Болпиған* семіз денелі Масақбайдың Рахметке орынсыз жалпылдауы Байжанға онша ұнаған жоқ (С. Мұқанов, Сырдария). *Болпиған* бетті бұжыр әйел бұл жолы мүләйімси қалды (Б. Майлин, Шығ.). Оның судан жаңа ғана шыққан үстінің суы әлі кебе қоймаған, *болпиған,* ебедейсіз омырауы сіреу-сіреу (Ө. Тұрманжанов, Менің кітаб.).

БОЛПИТ *Болпи етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БОЛПИТУ *Болпит етістігінің қимыл атауы.*

БОЛПИЮ *Болпи етістігінің қимыл атауы.*

БОЛПЫҚ с ы н. с ө й л. 1. *Бос, болбыр.* Исағұлдың бұла болып, *б о л п ы қ* өскен Сатылғұл есімді ұлы бар екен (Ж. Жұмақанов, Соқпақ.). 2. *Болпиған семіз.*

БОЛПЫЛДА е т. *Болп-болп ету, босау.* Көз жасы сақалын жуып, *б о л п ы л д а п,* сөзін үзіп-үзіп айтты (Ж. Тілеков, Жоңғар.).

БОЛПЫЛДАҚ с ы н. *Жұмсақ, бос.* Баданадай болып майға піскен *б о л п ы л д а қ* тоқаш жерге бұршақша төгілді (С. Бақбергенов, Қайран шешем).

БОЛПЫЛДАҚТАУ с ы н. *Босаңдау, болпаштау, болпиғандау.* Түнгі сағат екіде түскен пәтеріме келдім. Үй қожасы жас жігіт, *б о л п ы л д а қ т а у* әйелі бар (Б. Майлин, Шығ.).

БОЛПЫЛДАТ *Болпылда етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Қой әрі, аузыңды *б о л п ы л д а т ы п,* алқымыңды күркілдеген кептердей көптіре бермей (С. Мұқанов, Сырдария).

БОЛПЫЛДАТУ *Болпылдат етістігінің қимыл атауы.*

БОЛПЫЛДАУ *Болпылда етістігінің қимыл атауы.*

БОЛСЫН-БОЛМАСЫН ү с т. *Қайткенде, қалайда.* Нұржамал ма? Нұржамал *б о л с ы н-б о л м а с ы н* көмектеседі деп отырмыз ғой (Ауызекі тіл).

БОЛТ з а т. *Құрылыс және машина бөлшектерін біріктіруге арналған бұрандалы металл бекіткіш.* Енгізгішті трактор кабинасының еденіне гайкалары бар екі *б о л т п е н* бекітіңіз (Тракторист.). *Б о л т т а р д ы ң* да босайтыны, ұшып кететіні де жиі кездесіп жатады (С. Мұқанов, Саяхаттар). Слесарьлар жанталаса қимылдап, *б о л т т а р д ы* бұрап жатыр («Лен. жас»).

БОЛУ *Бол етістігінің қимыл атауы.* Біз ол кезде оқытушы *б о л у д ы* арман еттік (С. Көбеев, Орынд. арман). Тамақ құрамында әр түрлі минералдық тұздар *б о л у ы* керек (Ә. Дарқанбаев, Витамин.). Олар балаға партаға отыруды, парта бойынша кезекші *б о л у д ы* үйретеді («Халық мұғ.»).

БОЛУ-БОЛМАУ е т. *Болу, я болмау.* Нансаңыз, менің бұл өмірде бақытты *б о л у-б о л м а у ы м* жалғыз ғана сізге байланысты (Ө. Қанахин, Жас дәурен). Аурудың *б о л у-б о л м а у ы* организмнің қорғаныс қасиетіне байланысты («Жетісу»).

БОЛУСЫЗ: **болусыз қал.** Қ а р ғ. *Болуға зар бол.* Болмасаң *б о л у с ы з қ а л* (Ауызекі тіл).

БОЛЫҚ с ы н. ж е р г. *Болып-толған, дәуірлеген.* Заманында дүйім елді аузына қаратқан *б о л ы қ* өкенің қызығын да көріп үлгірмеген (О. Сәрсенбаев, Сағым). Беделді, *б о л ы қ* кісінің аузына жұрт жабыса қадалды (Бұл да).

БОЛЫМ: **болымы жоқ.** *Талапсыз, жігерсіз.* Бақ қонады ұл таңдап, Қонақ қонар үй таңдап. *Б о л ы м ы ж о қ* бозбала, Бейнеттен қашар бұлтаңдап (Үш ғасыр.).

БОЛЫМДЫ с ы н. *Тындырымды, іскер.* Безеп қапсың қолыңа домбыраңды, Болмағанды *б о л ы м д ы* болдырады (Жамбыл, Шығ.). Өзі де бір *б о л ы м д ы* жігіт еді, азаматтығын істеп-ақ тұр (А. Хангелдин, Табыс. тағдыр). Бұйырсаң *б о л ы м д ы* ерді бір жұмысқа, Айналса барғандағы іс дұрысқа. Келуші ед бір жұмысты және жайлап, Жақсы атым жайылсын деп төрт бұрышқа (Т. Ізтілеуов, Рүстем.). ◆ **Болымды етістік.** Г р а м м. *Болған, болатын, я болып жатқан реальді іс-әрекетті білдіретін етістік.* Болымсыз етістік *б о л ы м д ы е т і с т і к к е* жұрнақ жалғану арқылы да жасалады (Қазіргі қаз. тілі).

БОЛЫМДЫ-БОЛЫМСЫЗ с ы н. *Болымдысы да, болымсызы да аралас.* Әр түрлі *б о л ы м д ы-б о л ы м с ы з* іспен «быртакол» жазуға машықтанып қалған лауазымды адам сұмдық ұзақ жазды («Лен. жас»).

БОЛЫМСЫЗ с ы н. 1. *Болар-болмас, аз ғана, сәл.* Пәкизаттың жүзінен аңғарылған *б о л ы м с ы з* күлкі ұшқындары қызығушылықтан туып, енді қызғанышқа таман айналды (К. Оразалин, Ақ жазық). Майор Кузьменко *б о л ы м с ы з* бас шайқап, ауыр күрсінді (К. Тоқаев, Тасқын). Әлден уақыттан кейін есік жақтан тағы да *б о л ы м с ы з* тықыр естілді (М. Иманжанов, Менің махабб.). 2. *Мардымсыз, өнімсіз; ұсақ-түйек.* Бірақ сондай күйкі, *б о л ы м с ы з,* әлсіз шындықты құр білгеннен не пайда (М. Әуезов, Өскен өркен). Ақсақ ошақ, пұшық құман сияқты ұмыт қала жаздаған *б о л ы м с ы з* дүниелеріне әйелдер кезек-кезек жүгіріп жүр (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). Сыбанбай *б о л ы м с ы з д ы* сылтау қылып, Ырғайлыға соқ-

тыға беретін болған (М. Әуезов, Қараш.). 3. *Шалағай, тындырымсыз. Б о л ы м с ы з д а н* үлгі шықпас, Көңілсізден күлкі шықпас (Мақал). Баласының *б о л ы м с ы з* болып туғанына біздің әкей күйіп кетсе керек (О. Сәрсенбаев, Таңбалы тас). Әкел бері, маған бер! Былай көтермес болар ма, неткен *б о л ы м с ы з с ы ң* өзің! (З. Қабдолов, Өмір ұшқ.). ◆ **Болымсыз етістік.** Г р а м м. *Іс-әрекеттің болмағанын, я болмайтынын білдіретін етістік.* Қазақ тілінде *б о л ы м с ы з е т і с т і к* екі түрде жасалады: 1) синтетикалық; 2) аналитикалық жолмен (Қазіргі қаз. тілі).

БОЛЫМСЫЗДЫҚ з а т. *Шалағайлық, тындырымсыздық.* Баласының *б о л ы м с ы з д ы ғ ы н а* әкесі күйіп кетсе керек («Жұлдыз»).

БОЛЫМШЫ с ы н. с ө й л. **Болмашы.** Ағымдағы *б о л ы м ш ы* істер жайлы емес, шаруашылықтағы күрделі процестері жайында әңгіме қозғамақ («Мәдениет және тұрмыс»).

БОЛЫН *Бол етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Ат жегіліп *б о л ы н ғ а н,* Киім-кешек салынған, Тоқтамайық мін деді (С. Мұқанов, Таңд. шығ.). Алтыннан түбек ойылып, Күмістен шүмек қойылсын. Менің берген бұл батам Сізге қабыл *б о л ы н с ы н* (Батырлар жыры).

БОЛЫНУ *Болын етістігінің қимыл атауы.*

БОЛЫҢҚЫРА е т. *Бола түсу.* Әуелі мен, әрине, әлгі айтқандай «ақ ауыз» *б о л ы ң қ ы р а п* жүрдім. Біраздан соң азырақ төселіңкіреп, ақша таба бастадым (С. Сейфуллин, Шығ.).

БОЛЫП-ТОЛ е т. *Кемеліне келіп, тасы өрге домалау, дәуірлеу.* Намысшыл, ызақор, ашушаң шал ел ішінде қайдағы бағы өрлеп, *б о л ы п - т о л ы п* тұрған кісілермен ұстасатын (Ә. Нұрпейісов. Қан мен тер).

БОЛЫП-ТОЛУ *Болып-тол етістігінің қимыл атауы.*

БОЛЫП-ТОЛУШЫЛЫҚ з а т. *Кемеліне келушілік, тасы өрге домалаушылық, дәуірлеушілік.*

БОЛЫС [1] з а т. т а р. 1. *Революциядан бұрынғы Қазақстандағы территориялық әкімшілік бөлік.* Бүкіл бір *б о л ы с* елде алты-жеті сауатты адам болса, соның екеуі менің ағаларым (С. Көбеев, Орынд. арман). Устав мынандай әкімшілік бөліктер белгіледі: 10—12 ауыл — бір *б о л ы с,* 15—20 *б о л ы с* — бір округ болатын болды (ҚазССР тарихы). Бас пен аяқ киім үлгілері әр елдің, әр *б о л ы с т ы ң* адамдарын танытады (М. Әуезов, Таңд. шығ.). 2. *Бір болыс елдің басқарушысы.* Жанбота өзің *б о л ы с,* әкең Қарпық, Ішінде сегіз болыс шенің артық (Қаз. әндері). Жаңа *б о л ы с т ы* ескі болыстар қоршап алған. «Құтты болсынды» жаудырып жатыр (Ғ. Мұстафин, Дауыл.).

БОЛЫС [2] е т. 1. *Жәрдемдесу, көмектесу.* Ерден апасына *б о л ы с ы п,* үйдің керегесін жайысып, уық шаншысып, шырақ қайрат көрсетті (С. Бегалин, Таңд. өлеңд.). Раушанның жеңгесі жас босанған соң жұмысқа бармай, кейде Раушанға да *б о л ы с ы п,* себін тигізетін (З. Шашкин, Сенім). 2. *Біреудің сөзін сөйлеу, жақтау, қолдау, қуаттау.* Нияз жазықсыз болса, неге *б о л ы с п а й м ы з* — деді Мұрат (М. Әуезов, Таңд. шығ.). Халқын сатып, жауына *б о л ы с а р* адам Жомарт па екен (Т. Ахтанов, Дала сыры). Байға *б о л ы с а й ы н* дедің бе? Байшылдыққа салындың ба? (Б. Майлин, Шығ.). ◆ **Болыс үй.** Ж е р г. *Ұзататын қызға арналған кеш.* Ілгері кезде қарындасын, я жиенін ұзатқанда, мен қарындасымның *б о л ы с ү й і н* аламын деп жататын (Диал. сөздік). *Б о л ы с ү й* жасаушы бір кеш тамаша жасап береді (Бұл да).

БОЛЫС [3] *Бол етістігінен жасалған ортақ етіс.* Аталас жақын ауылдар той істемек *б о л ы с қ а н* (М. Әуезов, Абай жолы). Әйелдері жүкті екенін білген соң, Қарабай мен Сарыбай іштегі балаға бел құда *б о л ы с т ы* (М. Әуезов, Әр жыл.).

БОЛЫСЕКЕ з а т. э к с п р. э м о ц. *Болысты құрметтеу, я кекету ретінде айтылатын сөз.* Жасырсаң да белгілі. Құдай біледі, осы малдың жартысы *б о л ы с е к е ң д і к і* шығар (Ғ. Мұстафин, Көз көрген).

БОЛЫСКЕЙ с ы н. *Жарқыраған ақ никельді, ақ никель жалатқан.* Терезеден түскен күн нұры ақ *б о л ы с к е й* кроватқа ақ төсегіне құйылып, үй іші бұрынғысынан да жарығырақ (Ғ. Мұстафин, Миллионер). Кең дастарханның шетінде, аласа дөңгелек столдың үстінде *б о л ы с к е й* самауыр быжылдап тұр (М. Қаратаев, Далада.).

БОЛЫСҚАНСУ *Болысқансы етістігінің қимыл атауы.*

БОЛЫСҚАНСЫ е т. *Көмектескенсу, жәрдемдескенсу, қолғабыс еткенсу.*

БОЛЫСҚЫШ с ы н. *Жәрдемдескіш.* Ернұр — анасына ең *б о л ы с қ ы ш* бала (Ә. Нұршайықов, Батыр.). Сізді адайларға *б о л ы с қ ы ш* деседі (Б. Аманшин, Көкжар).

БОЛЫССЫМАҚ з а т. э к с п р. *Болыс деген аты ғана бар.*

БОЛЫСТАС з а т. т а р. *Бір болыс елге қарайтын, жерлес.* Қазалы оязының қазағымын Қарасты Қармақшыға бір *б о л ы с т а с* (Айтыс).

БОЛЫСТАТ е т. с ө й л. *Бір болыс елді аралау, шарлау, ұзақ қыдыру.* Жартайдың *б о л ы с т а т ы п* көбірек жүргені рас. Оның өз пайдасы, өз мақсаты бар. Күні-түні ат үстінен түспеуі сол (Х. Есенжанов, Ақ Жайық).

БОЛЫСТАТУ *Болыстат етістігінің қимыл атауы.*

БОЛЫСТЫҚ [1] с ы н. **1.** *Бір болыс көлеміндегі.* Бұзаубақ бір рет кеңес мүшесіне сайланып, *б о л ы с т ы қ* кеңес съезіне де барып келді (Б. Майлин, Шығ.). Сарыбаланы Ақмола қайта шақырып алып, өз еліне *б о л ы с т ы қ* милицияның бастығы етіп жіберді (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). **2.** *Болыс болушылық, әкімшілік.* Осы жолы *б о л ы с т ы қ қ а* Шыңғыс сені атайды деп естідім бе? (М. Әуезов, Қараш.). Пара беріп, *б о л ы с т ы қ т ы* сатып алатын бай-феодалдар көп болды (М. Ақынжанов, Қаз. ағартушы). Қазақ үшін *б о л ы с т ы қ* — үлкен бақ (Ғ. Мұстафин, Көз көрген).

БОЛЫСТЫҚ [2] з а т. *Болысушылық, ара түсушілік, жәрдемдесушілік.* Кісіге біліміне қарай *б о л ы с т ы қ* қыл: татымсызға қылған *б о л ы с т ы қ* өзі адамды бұзады (Абай, Тол. жин.).— Айып етпе, көңіл көтерсін деп өзіңе *б о л ы с т ы қ* жасағаным ғой,— деп, езуін жия күлді (С. Шаймерденов, Болашақ.).

БОЛЫСТЫР *Болыс етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Құранды жазушы кісі, теңдесі жоқ сондай күшті құдайды өзінің досы Мұхаммед пайғамбарға *б о л ы с т ы р а* алмай әлек болады (М. Тоқжігітов, Құран тур.).

БОЛЫСУ *Болыс етістігінің қимыл атауы.* Күйеуі *б о л ы с у д ы ң* орнына баладан бетер болып, таңертең киімін таба алмай жүреді (Т. Нұртазин, Мұрат).

БОЛЫСУШЫ з а т. *Жәрдемдесуші, көмектесуші.* Ісі теріс адамға тиісті тойтарыс бермей, оған *б о л ы с у ш ы* болғанына жәбірленіп қалды («Халық. мұғ.»).

БОЛЫСУШЫЛЫҚ з а т. *Жәрдемдесушілік, көмектесушілік.* Әрбір қауырт жұмысқа *б о л ы с у ш ы л ы қ* керек емес пе («Қазақст. мект.»).

БОЛЫСШЫЛ с ы н. *Болысты жақтағыш; болыс болуды ұнатқыш.* «Жаманның *б о л ы с ш ы л ы н* қарашы!» — деп келеді енді Жұмабек те Мұқажанды табалап, мұқатқандай (Б. Тілегенов, Ақ қайнар).

БОЛЬШЕВИЗМ з а т. с а я с. *Пролетариаттың революциялық қозғалысындағы теориясы мен тактикасын белгілейтін лениндік ілім, ленинизм. Б о л ь ш е в и з м* халықаралық жұмысшы қозғалысындағы ең революцияшыл, дәйекті маркстік бағыт болды («Соц. Қаз.»).

БОЛЬШЕВИК з а т. т а р. *Большевизм жолын ұстаушы, соны жақтаушы, коммунист.* Нілді көтерілісін осы араға айдалып келген *б о л ь ш е в и к* ұйымдастырыпты (С. Мұқанов, Есею жыл.). Соғыс тоқталсын! Осыны айтатын жұмысшылардың партиясы — *б о л ь ш е в и к т е р!* (І. Жансүгіров, Шығ.). Қандай хабар, қарағым, Келмек еді қай жақтан? *Б о л ь ш е в и к т е р* келетін Хабар ма әлде ар жақтан (С. Сейфуллин. Өленд.).

БОЛЬШЕВИКТЕН е т. *Большевиктік жолға түсу, большевизмге берілу.* Советтер мен солдат комитеттерінің ерекше тез *б о л ь ш е в и к т е н г е н* кезеңі басталды («Соц. Қаз.»).

БОЛЬШЕВИКТЕНДІР *Большевиктен етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Пролетариат жазушыларының қозғалысын *б о л ь ш е в и к т е н д і р і п,* жазушылар ұйымында жұмыскер жазушыларын ұлғайту керек (Ғ. Мүсірепов, Суреткер.).

БОЛЬШЕВИКТЕНДІРУ *Большевиктендір етістігінің қимыл атауы.* Сөздің қысқасы, ол Қазақстан басшылығын *б о л ь ш е в и к т е н д і р у г е* мықтап бет алған сияқты (С. Мұқанов, Есею жыл.).

БОЛЬШЕВИКТЕНУ *Большевиктен етістігінің қимыл атауы.*

БОЛЬШЕВИКТІК с ы н. *Большевикке тән, большевикке лайық.* Конференция батыл және принципті *б о л ь ш е в и к т і к* сын, өзара сын үстінде өтті («Соц. Қаз.»). *Б о л ь ш е в и к т і к* серт айтып, Көп үшін болған құрбансың. Қызыл туды көтеріп, Үлкен майданда талай тұрғансың (Пернедегі терме.).

БОЛЬШЕВИКШЕ ү с т. *Большевик тәрізді.* Үлкен кемшіліктерді батыл әшкерелеп, *б о л ь ш е в и к ш е* қорытынды жасауға тиіспіз (Т. Ахтанов, Дала сыры).— Дұрыс! Сонда ғана біз шын колхоз құра аламыз! Сонда ғана біз *б о л ь ш е в и к ш е* істеген боламыз (Б. Майлин, Шығ.).

БОМАЗИ з а т. *Жұмсақ, түкті кездеме.* Шамамен жас баланың 10—15 жұқа жаялығы, 10 *б о м а з и* жаялығы болғаны дұрыс (Келіншектер.).

БОМБА з а т. ә с к. *Самолеттен тастайтын жарылғыш, тұтанғыш снаряд.* Жарылған *б о м б а л а р д ы ң* сарыны күннің күркірегеніндей гүрілдей естіледі (Б. Момышұлы, Москва.). Шекті суырғандай зуылдап келіп, жол табанынан елу метрдей жерде *б о м б а* жарылды (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.). Софья соборына түскен жау *б о м б а с ы* төбесін тесіп, ішін біраз бүлдірген екен (С. Мұқанов, Саяхат.).

БОМБАДАЙ с ы н. *Бомба сияқты.* Көктен түскен *б о м б а д а й,* Қыран түсер құйылып. Шойын басты балғадай, Бел соғары түйіліп (Қ. Әбдікадыров, Танд. өлең д.).

БОМБАЛА е т. *Бомба тастау арқылы ауа шабуылын жүргізу.* Немістер барлық күшін жинап, таң ата самолетпен бізді бес рет *б о м б а л а д ы* (Б. Момышұлы, Жауынгер.). Жаңағы самолеттер тоғайды тінте *б о м б а л а д ы* (М. Ғабдуллин, Ел намысы.).

БОМБАЛАН *Бомбала етістігінен жасалған ырықсыз етіс.*

БОМБАЛАНУ *Бомбалан етістігінің қимыл атауы.*

БОМБАЛАТ *Бомбала етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Тұяғымен танкінің, Күлге айналдыр мылжалап! Жыланға көз аштырмай, Төбесінен *б о м б а л а т!* (Жамбыл, Шығ.).

БОМБАЛАТУ *Бомбалат етістігінің қимыл атауы.*

БОМБАЛАУ *Бомбала етістігінің қимыл атауы.* Олар артиллерия ойнағын тоқтатып, *б о м б а л а у д ы* бастады, оның соңынан танктерін айдап салды (Б. Момышұлы, Москва.).

БОМБАЛАУШЫ: **бомбалаушы авиация.** *Жаудың құрлықтағы я теңіздегі объектілеріне бомбамен және ракетамен соққы беретін жауынгерлік авиация* (ҚСЭ).

БОМБАЛАУШЫЛЫҚ з а т. *Бомба тастаушылық.* Бейбіт елді мекендерді *б о м б а л а у ш ы л ы қ* американ агрессорларына тән ауыр қылмыс («Соц. Қаз.»).

БОМБАЛЫ с ы н. *Бомбамен қаруланған, бомбасы бар.* Жаудырар оқ, *Б о м б а л ы* топ, Найзағай шоқ, Аспанмен де, Теңізбен де, Жермен де (С. Сейфуллин, Өлең д.).

БОМБАПАНА з а т. н е о л. *Бомбадан қорғанатын арнаулы орын.* Олар ұшып келген кездерде әлі бар солдаттар *б о м б а п а н а ғ а* қашып тығылады (Х. Рахимов, Полк туы).

БОМБАРДИРОВЩИК з а т. ә с к. *Бомбалаушы самолет.* Жау *б о м б а р д и р о в щ и к т е р і* қара құрым болып Днепр үстін жиі-жиі торып жүрді (Қ. Қайсенов, Жау тылы). Қайтқан қаздай тізіліп, ауыр қалықтап, аспан биігінде шығысқа қарай түнгі *б о м б а р д и р о в щ и к т е р* кетіп барады (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн).

БОМБАША ү с т. *Бомбаға ұқсап, бомбадай.* Мінеки, тағы бір ұран *Б о м б а ш а* тыңнан жарылды: Жаңғырды қатты дейді ұран «Жаңарту керек ауылды»! (Партия тур. өлең д.).

БОМ-БЕНГЕ з а т. м е д. *Ревматизм және нерв ауруларына қарсы қолданылатын, денеге жағатын май тәрізді дәрі* (Е. Оразақов, Дәрігерлік кеңес).

БОМБОВОЗ з а т. ә с к. *Бомба таситын самолет.* Ылғи *б о м б о в о з д а р* өлім шашып, біз тұрған алғы шептің астын-үстіне келтірді (Ж. Молдағалиев, Торғай.). *Б о м б о в о з д а р* аспанда Күркіреп күндей бұрқанды (Т. Жароков, Шығ. жин.).

БОМБЫ з а т. с ө й л. Бомба. Темекісіз күн бар ма, Бомбыдан *б о м б ы* жауғанда (Қ. Аманжолов Танд. шығ.). Ыңырси

ызылдап келе жатқан майда *б о м б ы л а р* (Б. Момышұлы, Офицер.).

БОМБЫЛА е т. с ө й л. **Бомбала.** Бүгін ертеңгісін немістердің екі самолеті жүріп келе жатқан поезды *б о м б ы л а д ы* (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.).

БОМБЫЛАТ е т. с ө й л. **Бомбалат.** Римді *б о м б ы л а т т ы* деп президент пен министрлікке қарсы айыптау актысын тапсырды (К. Маркс, Ф. Энгельс, Шығ., I том, 172-б.).

БОМБЫЛАТУ *Бомбылат етістігінің қимыл атауы.*

БОМБЫЛАУ е т. с ө й л. **Бомбалау.** Естіген жоқсың ба? Тағы да соғыс! — Соғыс емес, *б о м б ы л а у*,— деді Жомарт («Қаз. әдеб.»).

БОП е т. *Болып етістігінің ықшамдалған түрі.* Тілде сүйек, ерінде жиек бар ма? Шымылдық б о п, көрсетпес шынның жүзін (Абай, Тол. жин.). Одақтас *б о п* бөліндік, Отау тіктік енші алып, Өз алдына үй болып, Күн шығыстан жай салып (Жамбыл, Шығ.).

БОПАЙ с ы н. ж е р г. *Бос, болбыр.* Ботай да бір *б о п а й* бала екен (Диал. сөздік).

БОПАЛАҚ с ы н. қ а р а п. *Оралымсыз, икемсіз, орашолақ.* Ашулы атты адам таянғаннан-ақ бақыра бастаған *б о п а л а қ* Ерметай сүт пісіргенге дейін өксігін баса алмады (Ә. Көшімов, Қарт аңшы).

БОПАЛАМДАН е т. қ а р а п. *Араласу, қосылу.* Шапқыншылықты түріктен Болгарияға, одан түрікке *б о п а л а м д а н ы п* кеткен елдерге төрт жыл ішінде өз жеріне қайтып, сүйген патшасына бағынуға ықтияр қойған («Айқап»).

БОПАУ с ы н. қ а р а п. *Болбыр, бос, болжыраған.* Кейбіреулер ұшып-қонған дегбірсіз, ашуланшақ, тағы біреулері *б о п а у*, жалқау болады («Халық мұғ.»). Патшада бар арғымақ, Алтын тұрман зер түлік, Май тойында шаба алмас — Майқарын, *б о п а у* қан жілік (І. Жансүгіров, Шығ.).

БОП-БОЗ с ы н. *Өңі қашқан, құп-қу.* Енді төңкеріліп теңізге құлаймыз ба дегендей хауіп қылған кейбір адамдарда үрей жоқ, *б о п-б о з* (С. Шарипов, Шығ.). Нұржан ұйқыдан қалжыраған, өңі кеткен, *б о п-б о з* (З. Шашкин, Өмір.). *Б о п-б о з* болып қашыпты өңі, Жүзі солғын, көңілі пәс.— Бұл төмпешік немене еді, Тамды неге көзіңнен жас (Ә. Оңалбаев, Таң алды.).

БОП-БОС с ы н. 1. *Бостау, босырақ, босаңдау; жұп-жұмсақ.* Момынның қимастықтан дірілдеген саусақтарын елемеді, жәй ұшынан ғана *б о п-б о с* ұстады (Н. Сералиев, Қаңтар). 2. *Ішінде ештеме жоқ, бос.* Оның (папканың) ішінде ештеме жоқ, *б о п-б о с* екен (И. Салахов, Көкшетау.).

БОПСА[1] з а т. *Сөзбен күш, сес көрсету, қоқан-лоқы.* Сыр мінез төселген ақындар осы *б о п с а н ы ң* неше әдуанын қолданады. Біржанның Сараны көрмес бұрын сыртынан ән шырқауы да сол *б о п с а* (М. Әуезов, Әр жыл.). Арбакеш бір сәтте осыны пайдаланып, оңай олжаға кенелу үшін өзіне иықтап *б о п с а* көрсеткендерге қоқан-лоқы жасауы да ықтимал (К. Тоқаев, Тасқын).— Ер болсаң, *б о п с а ғ а* шыда,— деген ғой. Немістің талай қоқан-лоқысын көргенбіз. Көп болса соның бірі шығар (С. Сәйітов, Сөз сұра.).

БОПСА[2] з а т. к ө н е. *Әскерді аттанысқа шақыратын керней.*

БОПСАЛА е т. *Қоқан-лоқылап, сес көрсету.* «Ұрыны ұстап тұрған алып кел» деп, *Б о п с а л а п* батыраштар шала танды (І. Жансүгіров, Өленд.). Ол былайша айтқанда мені *б о п с а л а п* қорқытуды біледі-ақ (С. Төлешов, Түрлі. бас).

БОПСАЛАН *Бопсала етістігінен жасалған өздік етіс.* Дүние өртеніп бара жатса да парық қылмайтын Қожа тек соңғы жылдарда ғана шілдің қиындай пышырап, *б о п с а л а н а* бастаған («Лен. жас»).

БОПСАЛАНУ *Бопсалан етістігінің қимыл атауы.*

БОПСАЛАУ *Бопсала етістігінің қимыл атауы.* Газет трибунасынан Ысқақов сияқты редакторлардың *б о п с а л а у ы н а* жол берілмейді (С. Төлешов, Түрлі бас.).

БОПСАШЫЛ с ы н. *Қоқан-лоқышыл, сес көрсеткіш.* М. Бақтыгереевтің орындауында Уәли өркөкірек, өктем, *б о п с а ш ы л*, ұр да жықтау болып қабылданады («Қаз. әдеб.»).

БОПТЫ м о д. қ а р а п. *Жарайды, мақұл, келістік. Б о п т ы*, ертең ерте вокзалда болайын («Жетісу»).

БОПЫЛЫҚ з а т. к ө н е. *Жарлық.* Байжановтар мен оның ауылдастары туралы тексерілу тоқтады. Жазықты Байжанов болған себепті оны іздеу жайында *б о п ы л ы ң* шашылды (А. Жұбанов, Замана.).

БОПЫР з а т. *Шашылып жатқан малдың көң-қоқыры, қоқыр-соқыр.* Үш балапаны үшін жан ұшырған ана халқы босып, қанырап қалған қыстаулардың *б о п ы р ы н* аңша үңгіп қазып, ішіне балаларын жатқызды да, денесін аузына қақпақ қалқан етті (Ө. Қанахин, Дәмелі). Ат қораның іші *б о п ы р* болып кетіпті (Диал. сөздік).

БОПЫР: **бопыр қора.** Ж е р г. *Отын қоятын немесе қыста малды күншуаққа қоятын төбесі ашық қора* (Диал. сөздік.). Олардың көзіне түспей, *б о п ы р қ о р а н ы* тасалап, дүкенге шаптым (Н. Сералиев, Ыстық күлше).

БОПЫРАТ е т. д и а л. *Бұрқырату.* Самауырды *б о п ы р а т ы п* жіберші (Диал. сөздік).

БОПЫРАТУ *Бопырат етістігінің қимыл атауы.*

БОР з а т. 1. *Жұмсақ ақ топырақ, әк тастың бір түрі.* Колхоз орталығынан сұрап алған *б о р м е н* Ажар үйінің іші-сыртын майлапты (С. Мұқанов, Таңд. шығ.). *Б о р* жаратылыста оттекті қосылыстар түрінде кездеседі (Химия). Қара тақтаға *б о р м е н* ірі жазылған осы әріптерге ой көзімен қарасаңыз, әрқайсысы ғажап сыр шертеді (С. Омаров, Әңгім.). 2. А у ы с. *Жасық, осал, бос.* Күн кейінде тағы сор, Алдым тағы қара нор. Жарқын жүзді жақсы жоқ, Асылымның бәрі *б о р.* Халқым қайтіп күн көрер! (М. Әуезов, Еңлік—Кебек). Аға — *б о р,* іні — тас (Мақал). ◆ **Бор болды.** *Көңілі босады, егілді, жасыды.* Ақбала қанша қатайса да, көзіне жас кеп қалды. Онсыз да көңлі босап отырған Рай тіпті *б о р б о п* егіліп кетті (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер.). Алтын сабыр мыс болмай, болат жігер *б о р б о л м а й* берілме, Жанат, берілме (Ғ. Мұстафин, Миллионер). **Бор кемік.** а) *Бос, борпылдақ.* Қаратаудың күнгей беті. Тастары шытынаған *б о р к е м і к* келеді екен (Ж. Аяшев, Алақан). ә) *Осал, жасық, елжірегіш.* Қалжың қатты батса да, мырза білдірмеуге тырысып: — Өзіңіздей *б о р к е м і к* деп пе едің мені!— деді (Ғ. Мұстафин, Дауыл.). *Б о р к е м і к* ана емес пе, жүрер алдында Қадиша баласын емес, Халуаны беттен сүйді. Оның аяғы ауыр екенін де байқады (Ж. Жұмақанов, Соқпақ.). Басеке, өзіңізді жігіттің сұлтаны ма деп жүрсем, *б о р к е м і к* күйрегі ме едің (Ә. Қалмырзаев, Қарлығаш).

БОРА[1] е т. 1. *Қарды, құмды, топырақты көтеріп, үйтқыта соғу.* Күн алайтүлей қатты *б о р а п* тұр (М. Әуезов, Таңд.). Түтеген боранның саябырситын түрі жоқ. Бірде аз толастап, қайта *б о р а й д ы* (Ә. Шәріпов, Партизан.). Қызыл жел үйтқып құйындай, Құм *б о р а ғ а н* бұл дала. Махтұм Құли жырындай, Жатушы еді мұндана (С. Мәуленов, Жолдас). 2. А у ы с. *Оқ, бомба, снаряд, тағы басқалардың жаңбырдай төгілуі, құйылуы.* Немістер зеңбіректің де, пулеметтің де барлық калибрін қимылға кірістіргенде, снаряд пен миналар қардай *б о р а д ы* (С. Мұқанов, Таңд. шығ.). Әйел бұршақтай *б о р а ғ а н* оқ астына кіріп келе жатыр (Ғ. Мүсірепов, Таңд. шығ.).

БОРА[2] е т. к ә с і б. *Бөренелерді ұстастыру арқылы үй тұрғызу.* Балташылар үй *б о р а й д ы,* еден төсеп, арба, шана, жақтау, қақпақ, тіреу сияқты ірі заттарды істейді (С. Қасиманов, Қаз. қолөнері).

БОРА[3] з а т. ж е р г. *Астық сақтайтын жер, қамба.* Біздің астығымыз *б о р а д а* сақтаулы тұрады (Диал. сөздік).

БОРА[4] з а т. *Көбінесе жылдың суық мезгілінде тау беткейімен төмен қарай үйтқи соғатын үскірік жел. Б о р а* аласа тау жоталарының жылы теңізбен шектесетін жерлерінде байқалады (ҚСЭ).

БОРА-БОРА: **бора-бора болды.** Ж е р г. *Ағыл-тегіл болды.* Біздің жаққа барып, *б о р а-б о р а б о л ы п* жылап едің (Диал. сөздік).

БОРАҒЫТ е т. *Үсті-үстіне бораy, бұрқыраy, бұршақтаy, шұмектеy.* Жұбайға отыз қамшы соқты қатты, Құйрықтан *б о р а ғ ы т ы п* қандар ақты. Соққанда отыз қамшы сорлы Жұбай, Тұра алмай әлгі жерде бұрап қақты (Батырлар жыры).

БОРАҒЫТУ *Борағыт етістігінің қимыл атауы.*

БОРАЗДА з а т. 1. *Айдалған жердегі соқаның қопарып кеткен терең ізі.* Қапқара мақпалдай керіліп жатқан *б о р а з-*

д а н ы ң ішінен өркешті нар түйедей бір нәрсе көрінді (С. Мұқанов, Таңд. шығ.). Жер жөнді жыртылмаған. *Б о р а з д а* мен *б о р а з д а н ы ң* арасында қалған ат жалдардың шөбі де жасырынбапты (Ғ. Мұстафин, Дауыл.). Олардың *б о р а з д а н ы* тайыз жыртуында да мәніс болған-ды (Ж. Тілеков, Қайнар). 2. А у ы с. *Алғашқы бастама, соны жол.* Сөйтіп ғасырлар бойы жатқан музыканың тың *б о р а з д а л а р ы* аударыла бастады (А. Жұбанов, Құрманғазы).

БОРАЗДАДАЙ с ы н. *Боразда тәрізді.* Кішкене ой тоқтатып оқып қараса, тайыз салған *б о р а з д а д а й* қалқып үстірт кетіп барады екен (Т. Ахтанов, Дала сыры).

БОРАЗДАЛА е т. *Боразда салу, соқалау.* Суарудың ең жақсы әдісі — *б о р а з д а л а п* сіңіре суару (А. Жанғалиев, Бағбан.).

БОРАЗДАЛАН *Боразда етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Енді манағыдай тау бауырындағы көк жазық тұтас жатқан жапырақ теңізге емес, таяна келе *б о р а з д а л а н ы п,* сала-сала, шоқ-шоқ бой көрсетті (Ж. Жұмақанов, Үш бәйтерек).

БОРАЗДАЛАНУ *Бораздалан етістігінің қимыл атауы.*

БОРАЗДАЛАУ *Бораздала етістігінің қимыл атауы.*

БОРАН з а т. *Қарды, топырақты бұрқыратып, үйтқып соғатын қатты жел.* Мына *б о р а н* айықпағалы міне үш күн болды (М. Әуезов, Таңд. шығ.). Ішін тарта сұрапыл қатты *б о р а н* соғып тұр (М. Иманжанов, Алғашқы.). Батыстан жел тұрды, әп-сәтте «Еңбек» колхозы орналасқан аймақ алай-түлей соққан *б о р а н н ы ң* құшағына оранды да қалды («Лен. жас»). ⊙ Сондықтан да қарт Жамбыл Отыз тістен төгіп жыр Өлеңнің қара *б о р а н ы н* (Жамбыл. Шығ.).

БОРАНАЛА е т. с ө й л. *Тырмалау, тырма жүргізу.* Егін себетін жерді кезінде жыртып, *б о р а н а л а п* сеуіп үлгіруіміз керек (С. Мұқанов. Шығ.).

БОРАНДА е т. *Қарды, құмды, топырақты желдің көтеріп, үйтқыта соғуы. Б о р а н д а п* жел тұрды, Ескі жыл — қарт ата Кетуге бел буды (Ж. Саин, Самал). Дала да аппақ, көк те аппақ, Сықырлайды басқан жер. Ысқырады *б о р а н д а п,* Қысқы ашуға мінген жел (Ж. Саин, Таңд. шығ.).

БОРАНДАЙ с ы н. *Боран тәрізді.* Мәликенің ашуы желдете соққан *б о р а н д а й* (Б. Майлин. Шығ.). Ақ *б о р а н д а й* бораса, Отап өмір гүлдерін (С. Мәуленов, Таңд. өленд.).

БОРАНДАТ е т. *Боранда етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Өткен жыл еліміз-де болды қатты, Бірде аяз, бірде үскірік *б о р а н д а т т ы* (Ақын жырлары). Күн жауып, бұлттар шығып *б о р а н д а т т ы,* Найзағай шартылдайды онан қатты (Дастандар).

БОРАНДАТУ *Борандат етістігінің қимыл атауы.*

БОРАНДАУ *Боранда етістігінің қимыл атауы.*

БОРАНДЫ с ы н. *Бораны көп, бораны бар. Б о р а н д ы* күні далада қалған жолаушының күні қаран (М. Қаратаев, Далада.). Аңызақ сағым бүркеніп, Сан жылдар салған қиқуды. *Б о р а н д ы* дүлей шөл дала, Қоршаған хауіп мың түрлі (А. Тоқмағамбетов, Дария.).

БОРАНДЫҚ: **бір борандық.** *Бір боранан қалмайтын.* Сары бала оған көңілсіз жауап берді. *Б і р б о р а н д ы қ* қана баянсыз байлық бағы (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). Жасты шіріткен шалы тұр, *Б і р б о р а н д ы қ* малы тұр. Ауызын ашып әкел деп, Болыс-билер тағы тұр (С. Торайғыров, Мағынасыз.).

БОРАНДЫ-ШАШЫНДЫ с ы н. *Бораны, жауын-шашыны көп. Б о р а н д ы - ш а ш ы н д ы* лайсаң күндерде де тау іші жылы болады (С. Шаймерденов, Мезгіл).

БОРАН-МОРАН з а т. *Боран, жел, т. б.* Құдайдың күніне сенім бар ма, *б о р а н - м о р а н* соғып кетсе... (М. Мағауин, Ақша қар).

БОРАНСЫЗ с ы н. *Бораны жоқ.* Бетпақ даланың *б о р а н с ы з,* қылшылдаған сары аязсыз қысы да өте жайлы келеді екен (Ә. Көшімов, Қарт аңшы.).

БОРАНСЫМАҚ с ы н. *Нағыз боран емес, борасындау.*

БОРАНСЫМАҚТАУ с ы н. *Аздап борасындау.* Күн *б о р а н с ы м а қ т а у* еді (З. Иманбаев, Солм. гүл).

БОРАНША үст. *Боранға ұқсап, борандай.* Көтерілген шаң *боранша* бұрқырайды («Соц. Қаз.»). Әлден уақытта жел шығып, судың жүзі *боранша* көпіріп, кемені айдап жөнелді (Қаз. ертег.).

БОРАН-ШАШЫН зат. сөйл. *Бораны, қары аралас жауын-шашын.* Декабрьде *боран-шашын* басталады. Суық жел ұлпа қарды боратып қуа бастайды (Ә. Бірмағамбетов, Қаз. геогр.). Мына біреу кішкентайларды *боран-шашын* күндері қашан поездан түсіріп алғанша, зәреміз қалмайды («Қаз. әдеб.»).

БОРАН-ШАШЫНСЫЗ сын. *Боран-шашыны жоқ.* Қыстың көзі қырау, *боран-шашынсыз* тұрмайтынын да білеміз (Ғ. Орманов, Жүрек).

БОРАСЫН зат. *Қиыршықтап борайтын сырғыма боран.* Қайтып алып толасын, Бұрқырады *борасын,* Қар сырғанап ығысты-ай (І. Жансүгіров, Өленді). Қар үстінен шаңғытып, Құйқылжиды *борасын.* Даладағы ауылдың Басын көмед қорасын (С. Сейфуллин, Өленді.). Жел тұрып, қар үстіне қар жауып, *борасынға* айналып барады (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.). ◆ **Жаяу борасын.** *Жаңада жауған қарды жерге сырғыта соғатын жел.* Жел көтеріліп, жақында жауған қырбық қарды айдап, *жаяу борасын* басталды (С. Бегалин, Төлбасы.). Күн ызғырық суық, шаңғытып *жаяу борасын* жүріп жатыр (С. Сейфуллин, Тар жол.).

БОРАСЫНДА ет. *Желдің қарды сырғыта соғып борауы.* Кеш батқаннан бері күншығыстан азырақ жел тұрып, қатаңдап, жаңадан жауған күпсек қарды сырғанатып, жаяу *борасындап* тұр (М. Әуезов, Қараш.). Қар *борасындап,* есігі жоқ қора мен тесігі көп үйді шыр айналып тұр (А. Тоқмағамбетов, Өленді.). Қыраттау жер жаяу *борасындап,* ойпаттау жер әлі үлпілдек қалпында тыныш жатыр (Ғ. Мұстафин, Дауыл.).

БОРАСЫНДАЙ сын. *Борасын сияқты.* Домбыра қолға беріп айт деген соң, Өленді *борасындай* ағызайын (Т. Жармағамбетов, Сентябрь түні).

БОРАСЫНДАТ *Борасында етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Күні бойы тыныш болған жел Күшікбайдың бауырында ғана ызғырықтап жаңада жауған көбік қарды жаяу *борасындатып* тұр (М. Әуезов, Қараш.). Кеше ғана жауып өткен ұлпа қар жол жиегін қуалап, жаяу *борасындатып* жеңіл сусиды (Қ. Әжікеев, Жылан.).

БОРАСЫНДАТУ *Борасындат етістігінің қимыл атауы.*

БОРАСЫНДАУ сын. *Аздап борасыны бар.* Күн бүгін *борасындау* (Ауызекі тіл).

БОРАСЫНДЫ сын. *Борасыны бар, көп.* Сол жылы қыс *борасынды* болды («Соц. Қаз.»).

БОРАСЫНСЫЗ сын. *Борасыны жоқ, желсіз, тымық. Борасынсыз* жауған жапалақ қар үстімізді бүркеп-ақ салды (Ә. Сәрсенбаев, Толқында).

БОРАТ[1] зат. хим. *Бор қышқылының тұзы* (Химия).

БОРАТ[2] *Бора етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Сыздық кете барды, қасқыр ере жүрді. Артқы аяғымен тырналап қар *боратты* (Ғ. Мұстафин, Дауыл.). Жапырлай машинадан түскен жау да бет алған жаққа оқ *бората* бастады (А. Лекеров, Қырдағы ән). ◆ **Қардай боратты.** *Қардай жаудырды, үсті-үстіне бүркыратты.* Олар заң орындарына арызды *қардай боратты* («Лен. жас»). Оқ боратты. *Оқ жаудырды.* Солдат болып, біздермен қатар жүріп жауға *оқ боратты* (Т. Тобағабылов, Жазира).

БОРАТУ *Борат етістігінің қимыл атауы.* Солдат болып, біздермен қатар жүріп жауға оқ *боратуға* бел байлап едің (Т. Тобағабылов, Жазира).

БОРАУ[1] *Бора етістігінің қимыл атауы.* Ұрыс үдеп барады, оқ қардай *бората* (Ол күндер.).

БОРАУ[2] зат. *Ағаштан үй қию; бөренелерді қиып ұстастыру* (С. Қасиманов, Қаз. қолөнері).

БОРБАЙ зат. *Аяқтың тізеден жоғарғы бөлігі, бұт.* Екі иығынан лай су сорғалап, төсіме, арқама құйылып, *борбайым* мен сирақтарыма сорғалап, бақайларыма барып іркіліп тұрады (С. Сейфуллин, Әңгім.). Үлкен ту биенің төрт *борбайы* көтерілген; Бақтығұл биені шапшаңдата сойып, терісін сыпырып тастаған екен (М. Әуезов, Қараш.). ◆ **Арқа еті арша, борбай еті борша болды.** *Арып-ашып, азып-тозды.* Бұрын *арқа етің арша, борбай етің борша болып,*

қанша еңбек етсең де не тамағың тоймайтын, не иығың жабылмайтын (Ә. Нұршайықов, Жомарт.). *Арқа етің арша боп, Борбай етің борша боп,* Айтқанын істеп байлардың, Әйтеуір өлмей жүр едік (И. Байзақов, Таңд. шығ.). **Қара борбай.** *Жалаңаш-жалпы жүріп, күнге күйген (бала).* Көше-көшені бастарына көтеріп, ойнап жүретін *қара борбай* балалар да жоқ («Лен. жас»). Баласы егіншінің *қара борбай,* Егініңді жеп қойды шөже торғай (Халық әнд.). **Қу борбай.** Экспр. *Оңбаған, жарымаған.* Көмекшің Диястай бір *қу борбай,* сымпыс шолақ болса, тіпті қиын екен,— дейді Ерекең (Ғ. Сыланов, Домбыра.). **Ши борбай.** *Сидиған арық, жіп-жіңішке.* Күндіз ауылда *ши борбай* бала-шаға мен кемпір-шалдан басқа тігерге тұяқ қалмайды («Лен. жас»). Көрдім мен шеттегі бір баспананы, *Ши борбай,* қызыл қарын жас баланы (Бейбітшілік).

БОРБАЙЛА ет. 1. *Атты үсті-үстіне қамшылау.* Сөйтіп атты *борбайлап* Ырысбектің аулына шауып келдім (С. Сейфуллин, Шығ.). Сәлен атын *борбайлап,* ауылға қарай шаба жөнелді, Рай үйінің алды ығы-жығы кісі екен (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). Қызыл атқа қамшы баса *борбайлап* келем. Төмпешіктен жалындай боп ор түлкі, оның соңынан созылып екі тазы асып кетті (Ә. Кәшімов, Қарт аңшы.). 2. *Тыным таппай жүгіру, бар күшін салып асыр салу.* Төлдер бір сағаттай дүрліккен кезде біз де арсаландап, *борбайлай* жүгіргенбіз (Ә. Кәшімов, Қарт аңшы.). Ойнады дөңде балалар, Күртікке малтып *борбайлап* (Д. Әбілев, Алтай асу.). Атымыз — шаңғы, қамшымыз — таяқ, *борбайлап,* сырғып ентелей жөнелдік (Б. Момышұлы, Жауынгер.).

БОРБАЙЛАП-БОРБАЙЛАП үст. *Атты үсті-үстіне бастырмалата қамшылап.* Құбаша жігіт көк биені *борбайлап-борбайлап* жіберіп оларға ұмтылды (С. Сейфуллин. Әңгім.). Қадымбай құлаңы *борбайлап-борбайлап* алып, алдыма көлденең тарта берді (О. Бөкеев, Қамшыгер). Болат атын *борбайлап-борбайлап* жіберіп, қырындай шапты (А. Құрманов, Аққу жұлдыз).

БОРБАЙЛАС *Борбайла етістігінен жасалған ортақ етіс.* Жас бала, кемпір-шалды бордай басып, Аттарын ентелете *борбайласып* (С. Сейфуллин, Өленд.).

БОРБАЙЛАСУ *Борбайлас етістігінің қимыл атауы.*

БОРБАЙЛАТ *Борбайла етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Орал атын *борбайлатып* бара жатты (Т. Әлімқұлов, Ақбоз ат). Олармен қош айтысып, қызыл көк атты *борбайлатып* шаба жөнелдім (С. Бақбергенов, Қоянкөз).

БОРБАЙЛАТУ *Борбайлат етістігінің қимыл атауы.*

БОРБАЙЛАУ *Борбайла етістігінің қимыл атауы.*

БОРБАЙЛАУ: **ши борбайлау.** *Сидиғандау, арықтау.* Олардың бәрі *ши борбайлау* көрінеді (М. Сүндетов, Ескексіз.).

БОРБАҚ: **борбақ бет.** Сөйл. *Беті быртиған, жалпақ.* Екі көзі аларып, *Борбақ беті* сазарып, Жатыр сұлап алдында (І. Жансүгіров, Өленд.).

БОРБАҢДА ет. *Қорбаңдау.* Жалт бере қашқан ала төбет құйрығы шошаңдап, *борбаңдап* бетке қарсы ұзай алмады (М. Әуезов, Қараш.).

БОРБАҢДАТ *Борбаңда етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БОРБАҢДАТУ *Борбаңдат етістігінің қимыл атауы.*

БОРБАҢДАУ *Борбаңда етістігінің қимыл атауы.*

БОРБАС сын. 1. *Борпылдақ, бос, жұмсақ.* Бұл маңайда *борбас,* ойылма, бос топырақты жерлер көп (М. Әуезов, Өскен өркен). Арба көп жүрген *борбас* жердің жолы диірменнің тартқан ұнындай төгіліп, қос ат ойнақтағанда шаң аспанға шықты (І. Жансүгіров, Шығ.). 2. Ауыс. *Жігерсіз, жасық, бос, болбыр.* Мен сені бесаспап десем, бозкүйік, *борбас* па едің? Көз алдындағы жуликті көрмей, ай қарап жүрсің бе? (К. Тоқаев, Тасқын).

БОРБАСТАҚ сын. сөйл. **Борбас.** Күні бойы жайылған түйелер *борбастақ* тақырларға шөгіп, демалды (Ә. Кәшімов, Екі бүркіт). Бетпақдалада сазарған сұр белдер мен ойдым-ойдым ақ тақырлар, қаңсыған арналар мен *борбастақ* жазықтар бар (Бұл да).

БОРБАСТАН ет. *Босау, жұмсау.* Ағашта көп тұрған жемістер төгілгіш келеді, ол сақтау кезінде аса пісіп кетіп,

б о р б а с т а н ы п, ұн тәрізденеді, тез бұзылады (А. Жанғалиев, Бағбан.).

БОРБАСТАНУ *Борбастан етістігінің қимыл атауы.*

БОРБАСТАУ с ы н. *Босаңдау, қайратсыздау, жасықтау.* Сені жігерлі ме десем, *б о р б а с т а у* ма едің (Ауызекі тіл).

БОРБАСТЫҚ з а т. *Бостық, осалдық.*

БОРБИ е т. *Қорбиып, ебедейсіз көріну.* Тым жақыннан түсірілгендіктен бе, бобрик пальтоның түгі көрініп, денесі *б о р б и ы п,* бет-аузы жалпақ тартқан (К. Тоқаев, Тасқын). Үстіне тон, сыртынан ақ шидем күпі, аяғына етік киген Баубек сол *б о р б и ғ а н* қалпында құрықты екі сілтемейді (Ғ. Мұстафин. Дауыл.).

БОРБИЮ *Борби етістігінің қимыл атауы.*

БОР-БОР е л. *Борылдап дыбыс шығарған қимыл-әрекетті сипаттау үшін айтылатын еліктеуіш сөз.* Тұтам емшек көк ала сиырдан шелек-шелек сүт *б о р-б о р* сауылып жатыр (Қазіргі қаз. тілі). ◆ **Бор-боры шықты.** *Әбден титықтады.*

БОРҒҰЙ з а т. м у з. *Үрлемелі көне музыка аспабы* (ҚСЭ).

БОРДАЙ с ы н. *Бор тәрізді, үгілгіш.* Түрлерін табиғаттың қолмен қояр, Аяусыз асқар тауды *б о р д а й* ояр, Орнатып жер үстіне көркем тұрмыс, Адамдық жәбірлікті тегіс жояр (С. Сейфуллин, Шығ.). ◆ **Бордай болды [босады, үгілді, езілді, егілді].** *Көңілі босады, егілді, жасыды. Б о р д а й б о л ы п* үгіліп, Қабырғасы сөгіліп, Артынан жылап келген соң, Көтеріп алды алдына, Көзден жасы төгіліп (Қыз Жібек). Сөгіліп *б о р д а й б о с а п* ұнжырғасы. Бүгіліп жұлын жота қабырғасы (Н. Ахметбеков, Жасауыл.). Ол атын айтқанда менің ішкі өзегім *б о р д а й ү г і л і п,* қантай еріп жүре берді (Майдан). Хабарсыз кеткен баласының жайы еске түскен шақта Бижамал *б о р д а й е з і л і п,* көз жасын билей алмайды (Ғ. Сыланов, Замана.). Болмайтын іске *б о р д а й е г і л м е й,* болаттай берік болу ғана қалыпты (О. Бөкеев, Үркер). **Бордай тозды.** *Быт-шыт болды, құрып кетті. Б о р д а й т о з ы п* кетіп едік, Жем болудан құтылып, Азаптан ауыр сытылып, Қатарға бүгін теңелдік (Халық ақындары). Рушылдық *б о р д а й т о з ы п* жатқан заманда, кейбіреулер алыстағы ел ішінен әредік көзге түседі (Ғ. Мұстафин, Дауыл.).

БОРДАҚ: **бордаққа байлады.** *Жемге байлады, семіртті.* Қыс бойы *б о р д а қ қ а б а й л а ғ а н,* жаңада сойылған семіз қойдың жас сүбелері де бар екен (М. Әуезов, Таңд. шығ.).

БОРДАҚАЙ з а т. ж е р г. *Бай, манап, шонжар.* Ол күн бе? Күні еді ғой патша, байдың, Ақсүйек, манап, шонжар *б о р д а қ а й д ы ң* (Қ. Жұмалиев, Қырда.).

БОРДАҚЫ с ы н. *Жемге байлап семіртілген; семіз.* Ол біреудің базарға сойып сатқалы отырған *б о р д а қ ы* қошқарын алдыртты-мыс (Ә. Сатыбалдиев, Ақмарал). Мың күн баққан *б о р д а қ ы н ы* бір күн ұрындырған алады (Мақал). Мал — күтсең көлік, саусаң — сүт, бақсаң — *б о р д а қ ы* (С. Төлешов, Түрлі. бас.).

БОРДАҚЫДАҒЫ с ы н. *Бордақыланған, бордақыға байланған.* Ана *б о р д а қ ы д а ғ ы* екі қойға жақсылап қара, тілін тістеп ашығып қалмасын (Н. Қазыбеков, Тұсаукесер).

БОРДАҚЫДАЙ с ы н. *Бордақы сияқты.* Әй демеген ешкімі, *Б о р д а қ ы д а й* кескіні. Бай баласы бір күні Осы кепті естіді (Қ. Тәңірқұлиев, Тауыс).

БОРДАҚЫЛА е т. *Малды жемге байлап семірту.* Цыгай қойы *б о р д а қ ы л а ғ а н д а* да тез семіреді (М. Ермеков, Қазақст. биязы.). Ет молшылығы жасалсын елімізде, Семіз қойлар қаптасын белімізде! Мал семіртіп бақпасаң *б о р д а қ ы л а п.* Кім семіртіп береді мұны бізге (Пернедегі терме.). Қой семірту керек болғанда, қойды *б о р д а қ ы л а й т ы н* кезде жүгерімен жемдейді (А. Еламанов, Қой шаруаш.).

БОРДАҚЫЛАН *Бордақыла етістігінен жасалған ырықсыз етіс. Б о р д а қ ы л а н ғ а н* және мемлекетке сатылған жоғары қоңды әрбір ірі қара үшін бақташыға қосымша ақы төленеді (Ә. Шайбеков, Колхозда.).

БОРДАҚЫЛАНУ *Бордақылан етістігінің қимыл атауы.* Бір топ шошқа *б о р д а қ ы л а н у ғ а* қойылды (Қ. Құсайынов, Химия.).

БОРДАҚЫЛАУ *Бордақыла етістігінің қимыл атауы.* Олар шошқаны күтуде, *б о р д а қ ы л а у д а* жаңа әдістер қолда-

на отырып, күрделі табыстарға ие болды (Малшыларға кеңес). Малды *б о р д а қ ы л а у* жұмысында тұқымға жарамсыз, етке тапсыруға арналған еркек малдарды алдымен *б о р д а қ ы л а у* керек (Ш. Қалықов, Қой. ауру.).

БОРДАҚЫЛЫҚ с ы н. *Жемге семірту үшін бөлінген.* Қозылар кепелік, көктемдік, жайылымдық, *б о р д а қ ы л ы қ*, батыстық деген аттарымен жыл сайын сауда орындарына түсіп отырады (Т. Әпсеметов, Саулықтар.).

БОРДАҚЫША ү с т. *Бордақыға ұқсап.* Сол қорада сен *б о р д а қ ы ш а* жүріп жатырсың, жүргізіп қойған да мына менмін (Ж. Жұмақанов, Соқпақ.).

БОРДОС: **бордос сұйығы.** Х и м. *Өсімдік кеселіне қарсы қолданылатын тотияйын мен сөндірілген әк ерітіндісі. Б о р д о с с ұ й ы ғ ы н* дайындау үшін 1 кг тотияйын мен 1,5 кг сөндірілген әк ерітіндісі керек (ҚСЭ).

БОРЖИ е т. с ө й л. *Борбию, бытпию.* Сасып, борсып жидуге айналған семіз дененің саусақтары да *б о р ж и ы п* ісіп кеткен екен (Бейбітшілік.). Айнадан маған көзінің қабақтары *б о р ж и ған,* бет-аузы мыж-мыж бір шал қарап тұрғандай болады (Б. Момышұлы, Москва.).

БОРЖИТ *Боржи етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БОРЖИТУ *Боржит етістігінің қимыл атауы.*

БОРЖОМ з а т. *Шипалық қасиеті бар минералды су.* Біздің *б о р ж о м ы м ы з* бен нарзанымыздың даңқы өте күшті. Аптекаларда минералды суларды дәрігердің қағазынсыз-ақ сата береді (С. Сұбханбердин, Дәрі — дауа.).

БОРЖЫ е т. қ а р а п. *Ыстықтан қаталап, қызара бөртіп тершу.* Бұл болса ақ қалпағы астынан маңдайы тершіп, ыстықтап *б о р ж ы п* келеді (Қ. Мұханбетқалиев, Жұлдыздар.).

БОРЖЫҚ с ы н. *Боржиып семірген, быттиған.* Біраздан соң көзінің алдын май басып, беті бұдан да жаман *б о р ж ы қ* бет болуы мүмкін (С. Сейфуллин, Шығ.). *Б о р ж ы қ* неме, малды сен бақпағанда мен бағамын ба, қозыларды айдаспай, өз бетіңмен кетіп көр (Ә. Көшімов, Қарт аңшы.).

БОРЖЫҚТАУ с ы н. *Быттиғандау.* Беті *б о р ж ы қ т а у.* Біраздан соң көзінің алдын май басып, беті бұдан да жаман боржық бет болуы мүмкін (С. Сейфуллин, Шығ.).

БОРҚЫЛДА е т. *Борқ-борқ ету, борпылдау.* Жолдың *б о р қ ы л д а ғ а н* бос топырағы жауынды күндері ми балшыққа айналады («Соц. Қаз.»).

БОРҚЫЛДАҚ с ы н. *Іркілдек. семіз, бос, жұмсақ, борпылдақ.* Көпей май басқан *б о р қ ы л д а қ* та емес, сүйектері сорайған қатқыл да емес; жұмыссыздықтан семірмеген де, ауыр жұмыстан езілмеген де (Ғ. Мүсірепов, Таңд. шығ.).

БОРҚЫЛДАҚТАУ с ы н. *Босаңдау, болпылдақтау, болпаштау.* Үй иесі орта жастағы *б о р қ ы л д а қ т а у* әйел екен («Қаз. әдеб.»).

БОРҚЫЛДАТ *Борқылда етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БОРҚЫЛДАТУ *Борқылдат етістігінің қимыл атауы.*

БОРҚЫЛДАУ *Борқылда етістігінің қимыл атауы.*

БОРЛА[1] е т. *Бор жағу, бор жұқтыру.* «Қала борын» қанша қосуды Сандыбай өзі бақылап еді. Әрі *б о р л а ғ а н,* әрі ыстық киіз әйел білектерін сойып түсіре берді (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке).

БОРЛА[2] е т. *Жемге байлап семірту.* Соғымға деп бір өгізшемді *б о р л а п* отырмын (Ауызекі тіл).

БОРЛАТ[1] з а т. *Қызыл түсті жұқа мата.* Ақ үйдің оң жағында бәтеспен қаптап, манат, *б о р л а т,* қызыл мақпалмен ойыштаған әсем отау тұр (І. Жансүгіров, Шығ.). Құтты болсын отауың, Атын «қызыл» қойыпсың. Дөдегесін дүрдитіп, Оған *б о р л а т* ойыпсың (Бұл да).

БОРЛАТ[2] *Борла етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Терезесін орнатып, Төңірегін *б о р л а т ып,* Есіктерін салады, Кіріп-кіріп алады (Ө. Тұрманжанов, Менің кітаб.).

БОРЛАТТАЙ с ы н. *Борлат тәрізді, қып-қызыл.* Дәрігер сәл езу тартқанмен, *б о р л а т т а й* қызарып кетті (Ғ. Орманов, Жүрек).

БОРЛАТУ *Борлат етістігінің қимыл атауы.*

БОРЛАУ *Борла етістігінің қимыл атауы.*

БОРЛЫ с ы н. *Бор қосылған, бор араласқан. Б о р л ы* тыңайтқыш ретінде байыту фабрикаларының боры бар қалдықтарын да, *б о р л ы* гипс балшықтарды да пайдалануға болады (К. Нұрмағанбетов, Микротыңайтқыш).

БОРМАН з а т. ж е р г. *Әр түрлі бұйым салатын үлкен ағаш жәшік.* Пыш-пыш етіп, шошқа-шошқа деп шулағанша, тағы да он бес-жиырма *б о р м а н* істесеңдерші (Қ. Қуанышбаев, Шаншарлар). Шұнақ-ау, әне бір *б о р м а н* былтырғы бидаймен толып тұр (Бұл да).

БОРМЕНТОЛ з а т. х и м. *Ментол мен бордың қосындысы* (Химия).

БОРНИТ з а т. х и м. *Мыстың шұбар рудасы — сульфидтер класының минералы. Б о р н и т т і ң* түсі қара, мыстай қызыл, шұбар, металдай жылтыр, қатты (ҚСЭ).

БОРОГЛИЦЕРИН з а т. х и м. *Глицерин мен бор қышқылының қосындысы* (Химия).

БОРП: **борп етті.** *Заттың жерге қатты түспей жұмсақтау түсуі.* Содан кейін ғана бетіме қарап: «Әңгіме керек шығар»,— деп, тойда қызға орамал тастағандай-ақ, алдыма *б о р п е т т і р і п* тастай салды (Ғ. Қабышев, Мінездеме).

БОРПАҚ с ы н. ж е р г. *Борпылдақ, жұмсақ.* Клетчатка қарындағы азықтық заттардың дұрыс ашуын, олардың іркілдек, *б о р п а қ* болуын қамтамасыз етеді (Н. Рақышев, Күйіс малы).

БОРПАС с ы н. с е й л. **Борбас.** Жаңа ғана зәренді ұшырған найзалы мылтық *б о р п а с* топыраққа ұшып түсті (Ж. Тілеков, Жоңғар.). *Б о р п а с* немесе болбыр конституцияға жататын қойлардың қасиеттері екінші түрлі болады (М. Ермеков, Қазақст. биязы.).

БОРПАСТАУ с ы н. с е й л. **Борбастау.** Ал оның түрінде не бар? Аласалау бойлы, *б о р п а с т а у,* мыртықтау келген бітімі бар (С. Сейфуллин. Шығ.).

БОРПАСТЫҚ з а т. с е й л. **Борбастық.** Гибридтерге өсімдіктің күңгірт жасыл түсі, собықтардың төменнен өсуі, ұзын сабақтылық, собық ораушыларының *б о р п а с т ы ғ ы* сияқты белгілерін береді (М. Ерлепесов, Тұқым өсіру.).

БОРП-БОРП е л. *Сұйық затты борпылдатып, ішке қарай сора тартып ішу.* Тұрлыбек шешесінің мамасын шеңгелдеп ұстап алып, қомағайлана *б о р п-б о р п* сорады (Б. Соқпақбаев, Балалық шақ.). Малайлар ішіне таба нан турап, бір-бір шара аяқ ыстық сорпаны бастарына көтере *б о р п-б о р п* ұрттап жатты (Ғ. Мұстафин, Даулыл.).

БОРПИ е т. с е й л. **Борби.** Қатыны қартаңдау, *б о р п и ғ а н* қара әйел екен (С. Сейфуллин, Шығ.).

БОРПЫ: **борпы аяқ.** *Барбиған, жуан аяқ. Б о р п ы а я қ,* тобан аяқ Байғананың шірігінің қылығы өлтірді-ау! (Т. Жармағамбетов, Сентябрь.). Үй сыртындағы көгалға салынған кілемнің үстіне Тайбөрінің екі *б о р п ы а я ғ ы* жеп етіп отырысты (Ғ. Сыланов, Дөң асқан).

БОРПЫЛДА е т. *Борп-борп ету, босау, жұмсау. Б о р п ы л д а ғ а н* бос топырақтағы мақта өсімдігінен басқа көзге ілінер шөп жоқ («Лен. жас»). Сабырханның аузына да *б о р п ы л д а ғ а н* ыстық бидайдың наны тиді (О. Сәрсенбаев, Даңқ). Жіңішке асфальттың арғы жағы *б о р п ы л д а ғ а н* май топырақ («Лен. жас»).

БОРПЫЛДАҚ с ы н. *Борпылдаған, бос, жұмсақ.* Картоптан мол өнім алу үшін терең айдалған *б о р п ы л д а қ* топырақ керек (Малшыларға кеңес). Топыраққа көң шашу оны *б о р п ы л д а қ* етеді (Ботаника). *Б о р п ы л д а қ* бос топырақтан қалқайтылған грейдердің жәй аты болмаса, заты жоқ десе де болады («Қаз. әдеб».).

БОРПЫЛДАҚТАУ с ы н. *Бостау, жұмсақтау.* Біздің столдың үстіне бір жас әйел жақындап келіп рұқсат сұрады. Отырыңыз дедік. Денесі *б о р п ы л д а қ т а у,* сары шашты, ақсары әйел (Ғ. Мүсірепов, Достық.). Қоймалжыңданған лимфаның тығыз бөлігі қандікінен гөрі анағұрлым *б о р п ы л д а қ т а у* келеді (Адам анатом.).

БОРПЫЛДАТ *Борпылда етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Ащы мүктің, шиенің, бұлдірген, қарақаттың иісі шығады. Аттар оларды тұяғымен *б о р п ы л д а т ы п* басады (М. Жұмағұлов, Қыран.). Ол жалғыз аяқ жолдың ақ топырағын *б о р п ы л-*

д а т а адымдап келе жатты («Лен. жас»). Шылымын *б о р п ы л д а т а* бір-екі рет сорды да, терезеден сыртқа лақтырды (С. Шаймерденов, Мезгіл).

БОРПЫЛДАТУ *Борпылдат етістігінің қимыл атауы.*

БОРПЫЛДАУ *Борпылда етістігінің қимыл атауы.*

БОРС: **борс етті.** а) *Су не басқа бір сұйық зат төгілгенде оттың бірден сөнуі.* Жаның жатқан тезек шоғы майлы көбік тамғанда пыс етіп, *б о р с* етіп сөне қалды (С. Сейфуллин, Әңгім.). ә) *Зат бірден жарылды.* Баланың қолындағы шары *б о р с* ете түсті (Ауызекі тіл).

БОРСАЛАҢДА е т. *Борсаң-борсаң етіп жүгіру, борсаңдау.* Әне, қалтиып отырған суыр *б о р с а л а ң д а п* ініне қарай қашып барады (А. Сатаев, Дала.). *Б о р с а л а ң д а п* жүгіре бергенді ұнатпаймын— деді ол (Ш. Құмарова, Қос шынар). Естұстан айрылған Қаншайымның бар білгені — Өмірбайды қолтығынан қыса, Жамбының үйіне *б о р с а л а ң д а п* жүгіру (Бұл да).

БОРСАЛАҢДАТ *Борсалаңда етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БОРСАЛАҢДАТУ *Борсалаңдат етістігінің қимыл атауы.*

БОРСАЛАҢДАУ *Борсалаңда етістігінің қимыл атауы.*

БОРСАҢ-БОРСАҢ ү с т. *Семіз адамның [жан-жануардың] жүгіргендегі сырт бейнесі.* Бұл оны елеместен үйге кіре беріп, қорадан *б о р с а ң - б о р с а ң* еткен біреудің шыға қашқанын байқады (Ж. Молдағалиев, Жүрек.). Ой, папа, жетеміз бе бүгін енді? Деп бала әлде неге түңіледі. Еңсерген елулерді егде әке, Борпылдап *б о р с а ң - б о р с а ң* жүгіреді (Ж. Молдағалиев, Жыр.).

БОРСАҢДА е т. *Борсаң-борсаң ету, ырсылдап жүгіру.* Он солдатты болыс, билер *б о р с а ң д а й* жорғалап қарсы алды (Қ. Тайшықов, Окт. ұшқыны). Артыма жалт қарасам семіз, жуан сирақты күрең ат *б о р с а ң д а п* шауып келеді екен (Ә. Сәрсенбаев, Толқында.). Жүрсе, *б о р с а ң д а ғ а н* борсық дейді; Тұрса үрлеп қойған торсық дейді (Ш. Смаханұлы, Тотияйын).

БОРСАҢДАТ *Борсаңда етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Колхоз тракторының болат тұяғынан шаң бұрқырап, тас жаншылып даңғыл жолмен *б о р с а ң д а т ы п* айдап жөнелді (С. Камалов, Әңгім.).

БОРСАҢДАТУ *Борсаңдат етістігінің қимыл атауы.*

БОРСАҢДАУ *Борсаңда етістігінің қимыл атауы.*

БОРС-БОРС е л. *Бір нәрсе жарылғанда, құлағанда, соқтыққанда шығатын дыбыс.* Совет жағынан бораған нөсерде де қисап жоқ. Дүние адам танығысыз. Көк ала түтін, тарсыл-гүрсіл, *б о р с - б о р с...* (Ғ. Сыланов, Замана.).

БОРСИ е т. *Быртию, қампию.* Егіннің кей жерлері әлі көк, сүтке *б о р с и ы п* тойған дәнді бастар сабағына салмағын баса салып, бұқтырып тұр (География хрестоматиясы). Бойында сүт мінезді жағымталдық, Әркімге үйірсінеді өсек аңдып. *Б о р с и ғ а н* портфелінде материал, Бір күні ақтартпақшы бір асар қып (І. Жансүгіров, Шығ.).

БОРСИТ *Борси етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БОРСИТУ *Борсит етістігінің қимыл атауы.*

БОРСИЮ *Борси етістігінің қимыл атауы.*

БОРСУ *Борсы етістігінің қимыл атауы.*

БОРСЫ е т. *Иісі шығу, бұзылу.* Баяғыда мына Торқаның *б о р с ы ғ а н* сорпасы мен быршыған іркітіне табынған күнде итаршы болуымыз жеткен (М. Әуезов, Таңд. шығ.). Өткен күнді еске түсіру *б о р с ы п* кеткен қымызды ішу сияқты (І. Жансүгіров, Шығ.). Сасып, *б о р с ы ғ а н,* жидуге айналған семіз дененің саусақтары да боржиып ісіп кеткен екен (Бейбітшілік.).

БОРСЫЗ е т. *Бордың қатысынсыз.* Тақтаға *б о р с ы з* қалай жазасың («Балдырған»).

БОРСЫҚ з а т. **1.** *Жұмыр денелі, сүт қоректі, сусар тұқымдас жыртқыш аң.* Жыртқыш сүтқоректілер тұқымдасының бір өкілі *б о р с ы қ* та инде мекендейді (Б. Муханов, Қазақст. өсімдік.). Жаңа сойған *б о р с ы қ т ы ң* шелді терісімен тұяқты түгелдей орап тастайды (Х. Арғынбаев, Мал ауру.). *Б о р с ы қ* ұрған сайын семіре-

ді (Мақал). 2. А у ы с. *Ел үстінен күн көретін арамтамақ.* Омбыда оқып жүргенімде Сорокин деген кісінің:— Ақсүйектер, төрелер, мырзалар — бұлар арамтамақ, елдің денесіне қадалып, қанын сорған *б о р с ы қ т а р!*—дегені есіме түсті (С. Сейфуллин, Тар жол.). *Б о р с ы қ,* болпаң байларға Талқандатқан, талатқан (Т. Жароков, Таңд.).

БОРСЫҚТАЙ с ы н. *Борсық тәрізді, семіз.* Аттандық ұлығының қонысына, Елді сорған *б о р с ы қ т а й* болысына (Жамбыл, Шығ.). *Б о р с ы қ т а й* тылтиып, Торсықтай тырсиып, Отырған мынау сиқымыз, Тамаққа тойып тыңқиып (А. Тоқмағамбетов, Дария.).

БОРСЫҚША ү с т. *Борсыққа ұқсап.* Алдына түсіп «ұрылар» Келеді желіп жортандап. Арқасында ділләсі, *Б о р с ы қ ш а* басып бұртандап (Ү. Кәрібаев, Таңд. шығ.). ◆ **Борсықша сорды.** *Қанады, еңбегін жеді.* Европа қорқытып алған жер дүниедегі халықтарды *б о р с ы қ ш а* сорып отыр (С. Сейфуллин, Шығ.).

БОРСЫЛДА е т. *Борсаңдау, ырсылдау, борс-борс ету.* Топта сиыр пысылдап, Шөп иіскелеп жаландап, Үркіп шіркін *б о р с ы л д а п,* Қайқаңдайды алаңдап (С. Сейфуллин, Шығ.). Самырсын саясында мамықтай бұрқырап жатқан жұмсақ мүк төсек былқылдап, *б о р с ы л д а п* қана Зарқұмардың салмағынан ойылады (С. Бегалин, Жеткіншек).

БОРСЫЛДАҚ с ы н. с ө й л. *Борпылдақ. Б о р с ы л д а қ* құмның үстін кесіп өтіп, сықылықтап күліп жүгіріп бара жатқан Насиқаны қуып жеттім («Қаз. әдеб.»).

БОРСЫЛДАТ *Борсылда етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Жауыздықты ауыздықтап, Езіп мықтап, *Б о р с ы л д а т ы п* иткелмеске айдады (С. Сейфуллин, Шығ.).

БОРСЫЛДАТУ *Борсылдат етістігінің қимыл атауы.* Қарсақ,— деді Кемел қадалған көзін алмастан.— Түлкіше бұландауын да, қоқан-лоқының дәрісін *б о р с ы л д а т у ы н* да жетер енді (Ә. Әбішев, Замана.).

БОРСЫЛДАУ *Борсылда етістігінің қимыл атауы.*

БОРСЫҢҚЫ с ы н. *Борсиын деген, жағымсыз иіс.* Капитан етегі жинақы орақ мұрнын тағы да тыжырды.— Ау, бұл не, бұл *б о р с ы ң қ ы* иіс? Сасып кеткенсіндер ғой (Ә. Сәрсенбаев, Теңіз.).

БОРСЫТ *Борсы етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Суды үш-төрт күнде бір жаңартып тұрамыз, әйтпесе су сасиды да, егінді *б о р с ы т а д ы* (С. Мұқанов, Таңд. шығ.).

БОРСЫТУ *Борсыт етістігінің қимыл атауы.*

БОРТ[1] з а т. *Кеме, қайық, автомашина, самолет, тағы басқалардың бүйірі; соның қабырғасы, ернеуі.* Тақтайынды әкел, машина сынбайды деп, Асқар машинаның *б о р т ы н* ағыта бастады (З. Шашкин, Теміртау). Мен де тұрмын сол кеменің *б о р т ы н д а,* Тыпыршыған, тықыршыған жағада, Репортерлер ерсілі-қарсылы жортуда (Ә. Тәжібаев, Аралдар).

БОРТ[2] е л. *Бырт, күрт.* Жапырған жай оғындай ауыр соққы, Қақсатты быт-шыт қылып жаудың жігін. Күзде кеп босағасын *б о р т* сындырып, Шығыстан бұзып кірдік фашист інін (Қ. Әбдікадыров, Өлең.).

БОРТАҢ: **бортаң қақты.** *Бортаң-бортаң етті, борсаңдады.*

БОРТАҢ-БОРТАҢ ү с т. *Бортаң қағып, борсаңдап.* Шағала қозылар *б о р т а ң - б о р т а ң* жүгіріп, енесінің емшегіне жабысты («Соц. Қаз.»).

БОРТАҢДА е т. *Бортаң-бортаң ету, борсаңдау.* Екі бала көздері жаудырап, әкесіне қарай *б о р т а ң д а й* жүгіре бастады (Мың бір түн). Қарымбай жан-жағына алақтап қарап алып, ілгері жүріп кетті. Билікөл көшесімен *б о р т а ң д а п* басып келеді (М. Қуанышбаев, Кек қылышы).

БОРТАҢДАТ *Бортаңда етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БОРТАҢДАТУ *Бортаңдат етістігінің қимыл атауы.*

БОРТАҢДАУ *Бортаңда етістігінің қимыл атауы.*

БОРТ-БОРТ е л. *Бырт-бырт, сырт-сырт.* Күдіс торы ауыздығы алына салынысымен, көк өленді *б о р т - б о р т* үзе бастады (М. Әуезов, Таңд. шығ.).

БОРТИ е т. *Быртию, ісіну.*— Апай, сіз көп жылап соқтығып қалыпсыз,— деді Қазиза жауын суына *б о р т и ғ а н* жұмыр қолдарын уқалай отырып (З. Иманбаев, Дала). *Б о р т и ғ а н* аппақ саусақтарымен шыны аяқты ерніне сақтықпен апарып,

ақырын ұрттады (Д. Исабеков, Мазасыз күн.).

БОРТИТ *Борти етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БОРТИТУ *Бортит етістігінің қимыл атауы.*

БОРТИЮ *Борти етістігінің қимыл атауы.*

БОРТМЕХАНИК з а т. 1. А в и а ц. *Авиация механигі.* Досым Алматы аэропортында *б о р т м е х а н и к* боп істейді («Спорт»). 2. *Кемедегі механизмдерді бақылаушы маман. Б о р т м е х а н и к* кемедегі механизмдердің ақаусыз жұмыс істеуін қадағалайды («Қаз. әдеб.»).

БОРТПРОВОДНИК з а т. А в и а ц. *Самолет ішіндегі тәртіпті бақылайтын, ондағы жолаушыларға қызмет көрсететін азаматтық әуе флоты қызметкері.*

БОРТЫҚ с ы н. *Борпиған, семіз.* Ақ *б о р т ы қ* саусақтар сүт ағынға малынып тұрды да, қайтадан тізелеп кетті (А. Сүлейменов, Бесін).

БОРТЫЛ з а т. *Бір нәрсе шорт сынғанда, үзілгенде пайда болатын дыбыс.* Енді тек сынған бұталардың *б о р т ы л ы* ғана естіліп тұр («Қаз. әдеб.»).

БОРТЫЛДА з а т. *Борт-борт сыну, бытырлау.* Піскен егін басы *б о р т ы л д а п* үзіле берді (Ауызекі тіл).

БОРТЫЛДАҚ с ы н. *Шорт сынғыш, үзілгіш.* Бір сағаттан соң бұл қоймалжың масса қатайып тез сынғыш, *б о р т ы л д а қ* қалыпқа түседі («Қазақст. мұғ.»).

БОРТЫЛДАТ *Бортылда етістігінен жасалған өзгеліс етіс.* Әшімбек келгенде колхоздың жылқысы шидің қарын *б о р т ы л д а т ы п* теуіп жатыр екен (С. Бегалин, Таңд. өлеңд.). *Б о р т ы л д а т ы п* егін басын үзіп жегендерімен қатар, орта белден отырып, сындырып жұлғандар да бар (М. Әуезов, Абай жолы).

БОРТЫЛДАТУ *Бортылдат етістігінің қимыл атауы.*

БОРТЫЛДАУ *Бортылда етістігінің қимыл атауы.*

БОРША [1] ү с т. *Борға ұқсап.* Тас қабырға болса, мәңгілік тыныштықтан оянып, *б о р ш а* үгіліп, мұжылып түсіп жатыр (М. Сәрсекеев, Жетіжылдық).

БОРША [2] з а т. *Тілімдеп кесілген кесек ет.* Әлиман бізге үш мезгіл түтін түтетіп, дастарқан жаяды, бір *б о р ш а* етпен беріміздің бүйіріміз шығатын бір қазан дәмді тамақ істейді (Б. Соқпақбаев, Балалық шақ.). ◆ **Арқа еті арша, борбай еті борша болды.** *Арып-ашты, азап шекті. А р қ а е т і а р ш а, б о р б а й е т і б о р ш а б о л с а* да, жаны сірі немедей, өлмей жүре берді (С. Мұқанов, Таңд. шығ.). Бұрын *а р қ а е т і ң а р ш а, б о р б а й е т і ң б о р ш а б о л ы п,* қанша еңбек етсең де не тамағың тоймайтын, не иығың жабылмайтын (Ә. Нұршайықов, Жомарт.). **Борша болды [боршасы шықты].** *Быт-шыты шықты, пәре-пәресі шықты.* Құтқару керек егер тірі болса! Ал егер құрбандардың бірі болса, Бұған да қан майданда өлу керек Жаулармен арпалыста *б о л ы п б о р ш а* (С. Мұқанов, Шыңнан шыңға). Қыздың көз алдында өзге дүниені тасалап ақсия сынған сояу-сояу сүйек пен қып-қызыл қанға боялып, *б о р ш а с ы ш ы қ қ а н* ет тұрып алды (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.).

БОРША-БОРША с ы н. 1. *Дал-дал, пәре-пәре, быт-шыт.* Неше күннен бері жаумен арпалысқан жұртшың үстіндегі киімдері *б о р ш а-б о р ш а* болып жыртылған (Ә. Шәріпов, Партизан.). Әміріне ақ патшаның амал қанша! Алпыс үй айдалада жатыр аңша. Дәрига дес тиер күн келер ме екен, Етер ек сан етінді *б о р ш а-б о р ш а* (Халық ақындары). 2. *Ағыл-тегіл, моншақ-моншақ (тер).* Мен *б о р ш а-б о р ш а* боп терлеп, қайтадан талықсып кеттім (Д. Исабеков, Мазасыз күн.). Пысынап кетіп, күпәйкемді шешіп, астыма төседім. *Б о р ш а-б о р ш а* тер жуды (А. Нысаналин, Алыста). ◆ **Борша-боршасы шықты.** *Қара терге түсті.* Сондағы күннің ыстығын-ай, *б о р ш а-б о р ш а м ш ы ғ ы п* әрең ілесіп келе жатырмын (Қ. Әжікеев, Жылан.).

БОРШАДАЙ с ы н. *Борша тәрізді.* Сенсіз тұрған мына жан, От қақтаған *б о р ш а д а й.* Сен жанымның сусыны, Қалай, тұрсың аңсамай (Мың бір түн).

БОРШАЛА е т. 1. *Тұтас малдың, аңның етін мүшелеп бұзу.* Киіз үйдің қақ ортасында тері үстінде мүше-мүшесімен теңкиіп жатқан етті екі жағынан жүрелеп отырып, білектерін түріне ап Смағұл мен Ыдырыс сұғына *б о р ш а л а п* жатыр (Б. Соқпақбаев, Балалық шақ.). Баланың әкелген елігін қуана *б о р ш а л а п* жатқан ана Әйменнің ашақ аққұба өңі елес-

теді (С. Бегалин, Таңд. өлең.). 2. *Быт-шыт қылу, мыж-мыжын шығару, кескілеу.* Елде жүрген милиционерді аңдып, ұстап, қарсылық қылғандарын өлтіріп, өлікті мылжалап, *б о р ш а л а п* кетеді (С. Сейфуллин, Әңгім.). Біреулерін шанышқылап, Қырып шықты *б о р ш а л а п* (Қамбар). Жау минасының жарықшақтары менің қоң етімді *б о р ш а л а п* кетті (Майдан). 3. А у ы с. *Бір істің мән-жайын түгел тәптіштеп талдау.* Сағат бес пен алтының арасы — бөлімше басшыларымен директор, бас агрономдардың телефон арқылы дидарласып, бір жайды *б о р ш а л а п* отырып, талдап шығар шағы («Лен. жас»).

БОРШАЛАН *Боршала етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Киімдері жыртылып *б о р ш а л а н а* бастады (С. Сейфуллин, Әңгім.). Шинельмен аралас *б о р ш а л а н ы п* езілген қан-қан ет, жыртылған құйқа тері жатыр (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.).

БОРШАЛАНУ *Боршалан етістігінің қимыл атауы.*

БОРШАЛАП-БОРШАЛАП ү с т. *Тілгілеп-тілгілеп, борша-борша етіп.* Жалғыз ауыз сөз айтқыза алмаған банда жас жігітті *б о р ш а л а п-б о р ш а л а п,* ең соңында басын шапты да жүре берді («Лен. жас»).

БОРШАЛАТ *Боршала етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БОРШАЛАТУ *Боршалат етістігінің қимыл атауы.*

БОРШАЛАУ *Боршала етістігінің қимыл атауы.* Сойған жылқының терісін төр алдына жайып жіберіп, әкем мен төтем әкелген еттерін дереу *б о р ш а л а у ғ а* кірісті (Б. Соқпақбаев, Бастан кеш.).

БОРШАЛАУШЫ з а т. *Ет шабушы, бөлшектеуші.* Ет *б о р ш а л а у ш ы* болдым. Былайда ол жаман қызмет емес (Ғ. Қабышев, Мінездеме).

БОРШЫ е т. с ө й л. Борсы. Дорбаға құндақталды өкпе-бауыр, Кетпейтін көбең еттей күнге *б о р ш ы п* (Т. Әлімқұлов, Боз жорға).

БОРШЫН з а т. *Қоғадан тоқылған шәркей.* Сөкіге шығу керек болса, алдымен етігімізді шеше тастап, қоғадан тоқылған *б о р ш ы н ы м ы з д ы* киеміз (Ә. Сәрсенбаев, Толқында.).

БОРЩ з а т. *Капуста, қызылша, тағы басқа овощтардан жасалған сорпалы тағам.* Сорпа шынында да ғажап дәмді еді! Картоп, қызылша турап, қаймақ қатып, жас капустадан келістіріп істеген *б о р щ* болса керек (Б. Соқпақбаев, Балалық шақ.). Ақ тарелкаға құйылып, қаймақ қатқан *б о р щ* әкелінді (С. Алдабергенов, Әңгім.).

БОРЫҚ [1] з а т. *Сулы жерде өсетін жұмсақ, ақсүйрік тамырлы, қамыс тәрізді өсімдік.* Аққулар басын суға батырып, мойнын созып, тұнба, лай су өсімдіктерінің тамыр, сабақ, *б о р ы қ т а р ы н* қорек етеді (Б. Муханов, Қазақст. өсімдік.). Құланнан атты қодықты, Көлден тартты *б о р ы қ т ы* (Батырлар жыры).

БОРЫҚ [2] з а т. к ә с і б. *Ау тартатын ұршық ағаш.* Қыстығүні мұз астына салған ауды *б о р ы қ* арқылы тартып алады. *Б о р ы қ т ы* атпен тартады (Диал. сөздік).

БОРЫҚ [3] з а т. ж е р г. *Борсыған шалшық су.* Біздің жерде ішуге жарамайтын *б о р ы қ* сулар көп (Диал. сөздік).

БОРЫҚТАЙ с ы н. *Борық (1) тәрізді, аппақ. Б о р ы қ т а й* ақ баласын көтерген күйі кемпір үйге кіріп кетті (Ғ. Сыланов, Асау арна). Қымбат конфет, тәтті печенье, *б о р ы қ т а й* жұмсақ ақ нан тағы басқалар стол үстін жайнатып жіберді (С. Омаров, Тастағы жазу).

БОРЫҚТЫ с ы н. *Борығы (1) бар. Б о р ы қ т ы* бұлақтың басында қырық елік жүреді, соның ішінде қаракер елік бар (Қаз. ертег.).

БОРЫЛДА е т. *Су төгілгенде шоқтың бор етіп сөнуі.*

БОРЫЛДАТ *Борылда етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Қып-қызыл болған шабаланы шешем алып кеп төбеме ұстады, пұшық шешей қызған шабаланың үстіне суды *б о р ы л д а т а* құйды (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.).

БОРЫЛДАТУ *Борылдат етістігінің қимыл атауы.*

БОРЫЛДАУ *Борылда етістігінің қимыл атауы.*

БОРЫШ з а т. 1. *Қарыз, бересі.* Сәдірбектің *б о р ы ш ы н* балалар орталарынан төлеп жіберді (С. Бегалин, Мектеп.). *Б о р ы ш* көркі — төлеген (Мақал).— Шаһар халқының есінен шыққан екен? Үш жылғы *б о р ы ш т а р ы н* төлемесе, су берілмейді дегенім қайда?! (С. Шарипов, Шығ.).

Тапқан малымның бір бөлімімен *б о р ы ш ы м д ы* өтеймін, бір бөлімін өсімге беремін (Ы. Алтынсарин, Таңд. шығ.). 2. А у ы с. *Міндет, парыз.* Адалын айтқанда, мен соғысқа кетіп бара жатып өлімнен қорыққаным жоқ, осы адамгершілік *б о р ы ш ы м н ы ң* ауыр қағидасынан қорықтым (Ж. Саин, Жол үсті.). Жолдастары Құлшыбайды құрметпен жерлеп, ақырғы *б о р ы ш т а р ы н* өтеді (С. Омаров, Әңгім.). Нүркен ес білгелі көмірде жүрген әкесі мен ағаларының істеріне қарап өз *б о р ы ш ы н* жалпы жастардан анағұрлым кеңірек, тереңірек түсінген (Ол күндер). ◆ **Борыш көрді.** *Міндет деп санады.* Сол қыз туралы бір суық сөз естіп, соны сізге айтып кетуді өзіме *б о р ы ш к ө р д і м* (З. Шашкин, Теміртау). **Борышқа батты [борышы басынан асты].** *Қарыздың астында қалды.* Нұржанның *б о р ы ш ы б а с ы н а н а с ы п* жатыр (Б. Майлин, Таңд. шығ.). Бала-шаға ашықты, үй иесі *б о р ы ш қ а б а т т ы* (Ғ. Сыланов, Очерктер). **Борышына берген жоқ.** *Төлеуге берген емес, жауапты емес.* Түннен бері отыз атайғырды қан сорпа қылдыңдар, енді беретін атым жоқ. Және Беделбайды мен *б о р ы ш ы м а б е р г е н і м ж о қ* (Шағын пьесалар).

БОРЫШКЕР с ы н. с ө й л. **Борышқор.** Штурм жасауда, зенитка атқылағанда шебер маневрлер істеуде жетістіктерім үшін Степан Демьяновичке ғана *б о р ы ш к е р м і н* (Т. Бигелдинов, Аспан.). Ақын болсын, артист болсын, драматург болсын еңбек адамының алдында ұлан-асыр *б о р ы ш к е р* («Қаз. әдеб.»).

БОРЫШКЕРЛІК з а т. с ө й л. **Борышқорлық.** Оның халық алдындағы *б о р ы ш к е р л і г і* күшейіп келеді («Қаз. әдеб.»).

БОРЫШҚАР с ы н. с ө й л. **Борышқор.** Бір-екі киік атып алу керек боп тұр. Біреуге *б о р ы ш қ а р* едім (М. Жұмағұлов, Қыран.).

БОРЫШ-ҚАРЫШ з а т. *Міндет, парыз.* Ішінен шыққан баласын құтты жерге абыроймен қондыру ата мен ананың *б о р ы ш қ а р ы ш ы н ы ң* бастысы емес пе? (Ө. Қанахин, Жас дәурен).

БОРЫШҚОР з а т. *Қарыздар, берешек.* Уәзір айтты:— беремін бұған қарыз, Қаржы сұрап бұл әйел айтсын арыз. *Б о р ы ш қ о р* мың ділдаға болсын өзі, Өтеуге сол борышты болсын парыз (Е. Бердин, Екі ойшыл). Осы мүмкіндікті пайдаланған әкем *б о р ы ш қ о р л а р д ы ң* бересілерін әлденеше еселеген түрде сыпырады-ай кеп! (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.).

БОРЫШҚОРЛЫҚ з а т. *Бересі болушылық, қарыздарлық.* Аяғыңды аңдып бас, ей Жақсылық! Өз басында жының бар бір бақсылық. *Б о р ы ш қ о р л ы қ* адамға қиын нәрсе, Әрқайда өсткізеді мал тапшылық (Абай, Тол. жин.).

БОРЫШСЫЗ с ы н. *Бос, тегін, ақысыз-пұлсыз.* Балам-ау, сен іздесең кез келейін, Сені құдай берген соң неге өлейін. Сен Бетпақтан шөлдетпей алып өтсең, Қалың малсыз, *б о р ы ш с ы з* қыз берейін (Қозы Көрпеш). Жүзіктің көзінен өткендей екі аты бар. Бірін ахирет алдында *б о р ы ш с ы з* қылып алып берейін, мініп кетіңіз (І. Жансүгіров, Шығ.).

БОРЫШТАЙ с ы н. *Борыш сияқты.* Сол көмескі ойлар... ел аралап жер кезіп жүргенде де қаза болған *б о р ы ш т а й* маза бермейді (Т. Ахтанов, Боран).

БОРЫШТАН е т. *Бересілі болу, қарыздану.* Шара бар ма кедейге, *Б о р ы ш т а н ы п* қалғаны. Ауылдан қарап қыз Назым, Құдай мойнын толғады (Қамбар). Сонда Шермек аузы-мұрны қисаймастан: «Өлсең *б о р ы ш т а н б а й* өлсеңші, неңді бересің?!»— деді-ау (Б. Майлин, Шығ.).

БОРЫШТАНДЫР *Борыштан етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Мен — шалдырған құрбаның, Қане мені мініп көр! *Б о р ы ш т а н д ы р ы п* кедейді. Майладың маған мұртыңды (І. Жансүгіров, Шығ.).

БОРЫШТАНДЫРУ *Борыштандыр етістігінің қимыл атауы.*

БОРЫШТАНУ *Борыштан етістігінің қимыл атауы.*

БОРЫШТАР с ы н. *Қарыздар, борышты, берешек.* Ғылыми қызметкер әйелдер қол жеткен творчестволық табыстары үшін Коммунистік партияның әкелік қамқорлығына *б о р ы ш т а р* екендігін айқын түсінеді (Аялы жандар). Туған ел, қарызым көп өтелмеген, Өмірден *б о р ы ш т а р* боп кетем деген (Қ. Аманжолов, Таңд. шығ.).

БОРЫШТАРЛЫҚ з а т. *Қарыздарлық, берешек болушылық, борыштылық.* Француз шаруасының қазіргі ұшырап отырған қайыршылығы мен өсе беретін *б о р ы ш т а р л ы ғ ы* осының нақтылы айғағы («Жұлдыз»).

БОРЫШТЫ с ы н. 1. *Қарыздар, бересек.* Заңпа *б о р ы ш т ы* емес, қарызын түгел өтеп біткен («Қаз. әдеб.»). 2. *Борыштар, міндеткер, міндетті.* Біз басқа жануарлардан артықшылығымызды істеп, өзіміздің-өзіміз тәрбиелеуге *б о р ы ш т ы м ы з* («Айқап»). Мен бұл жөнінде Ділдаға мықты *б о р ы ш т ы м ы н* (Б. Майлин, Шық.). Иә, Сағадат ата-анадан гөрі ағасы алдында *б о р ы ш т ы* (Т. Тобағабылов, Жазира).

БОРЫШТЫДАЙ с ы н. *Борышты сияқты.* Дәл осы сәтте мен Салтанаттың алдында оның маған, бізге әкелген қуанышы үшін өзімді құтылмас *б о р ы ш т ы д а й* сезіндім (Д. Исабеков, Мазасыз күн.).

БОРЫШТЫҚ с ы н. *Борышты болушылық, міндеттілік.* Еңбекті сүюмен қатар, басқа сапаларды да: *б о р ы ш т ы қ* сезімі, жалпы көпшілік ісіне адалдығы, ақ ниеттілігі, адамдарды жақсы көруі мен құрметтеуі қалыптасады (Семья тәрбиесі).

БОС[1] с ы н. 1. *Ішінде ештеме, ешкім жоқ, құр тұрған. Б о с* қапшық тік тұрмайды (Мақал). Айғаным Доспандардың қатарындағы шеткі бір *б о с* орынға жалп етіп отыра кетті (А. Байтанаев, Жаңғыр.). Ер адамның алдынан *б о с* шелек ұстаған әйел кездессе, жаман ырым деуші еді әкем (С. Қасиманов, Сиқырлы.). Әкем мен шешемнің отау боп шыққан үйі көбінесе *б о с* тұрады, егер әкем жолаушылап кетсе, ол үйге ешкім қонбайды (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.). Бұл кезде қой қоралар *б о с* болады (И. Жұмағұлов, Қой шаруаш.). *//Құр алақан, құр қол.* Ұлпан ешкімнің қолын *б о с* қайтармай бере берді. Мырза келін атанғысы келіп берген жоқ, әлденеге іштей наразы, намыстанып үлестірді (Ғ. Мүсірепов, Ұлпан). 2. *Бекітілмеген, ашық, байлаусыз.* Өзің жатып байыңды Тұр-тұрлама келіншек, Қаптың аузы *б о с* тұр деп, Құрт ұрлама келіншек (Бет ашар). Қызыл сиырдың бұзауын қасына *б о с* жіберіп, іңір қараңғысында бөктерге бет алдық (Ж. Жұмақанов, Қаракөз.). Мен үйге келсем, есік *б о с* тұр екен (Ауызекі тіл). 3. *Қолы бос, жұмыс істемеген кез.* Жұмыстан *б о с* уақытың Билігің енді өзіңде. Жұмсауға байдың әлі жоқ *Б о с* отырған кезінде (С. Сейфуллин, Таңд.) Егер мен бұрынғыдай *б о с* кісі болсам сізге жәрдем істеуден аянбас едім (І. Жансүгіров, Шық.). Жұмыстан *б о с* кезінде мұндағы жастар топ-тобымен сырнай тартып, көшеге шығады (С. Адамбеков, Қожанасыр.). 4. *Жұмсақ, борпылдақ.* Бұл қырқаны біздің таңдап алғанымыздың бір сыры: желі аз, қары көпсек *б о с* болады (С. Бегалин, Ана). Болбыр тұлғалы қойдың терісі жұп-жұмсақ, *б о с,* жүні сирек болады (А. Еламанов, Қой шаруаш.). *Б о с* басылған киізден аяққап, киіз есік, сырмақ жасарда жаңадан қайта басу керек (С. Қасиманов, Қаз. қолөнері). 5. *Мықты емес, осалдау.* Жігіттер төс айылды *б о с,* артқы айылды аямай тартыңдар (Ғ. Мүсірепов, Таңд. шық.). Ғазиза сүп-сүр болды жаны шошып, Енді бекер тұрмады тағдыр тосып. Ұрғашы деп зәңгі аяп *б о с* байлапты, Қол-аяғын босатты жібін шешіп (Үш ғасыр.). 6. А у ы с. *Ынжық, болбыр, жасық, нашар.* Бірақ сыпайы адам — *б о с,* ұялшақ, жуас адам емес («Семья тәрбиесі). Бақтығұлдың ойына Сәлменнің Қоқай дейтін бойы еңгезердей, бірақ адамның *б о с ы,* қорқақ жылқышысы сап ете түсті (М. Әуезов, Қараш.). Жүнінде шайыры өте көп қой *б о с,* нашар келеді (М. Ермеков, Қазақст. биязы). Баланы ауруға *б о с,* қорқақ етіп тәрбиелемеу керек («Қазақст. мұғ.») ◆ **Басы бос.** а) *Басы артық, керексіз.* Колхозда *б а с ы б о с* ат жоқ. Сиырмен жүрудің қиын екені рас, қиын болса қайтесің! (Б. Майлин, Шық.). Жолдың кебу уақытында пішенді тасып үлгеру жағын көздеп, бұған *б а с ы б о с* көліктің бәрін пайдалану керек (А. Еламанов, Қой шаруаш.). ә) *Салт [жеке] басты, бойдақ.* Саған лайық қатын бар. Төлеудің үлкен қатының білесің ғой, дәл соған үйлен, *б а с ы б о с* (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). Ел ішінде Гүлсімнің *б а с ы б о с* адам екені және оның еркекті қатты сыйлайтыны сөз болып жүрді (Ж. Молдағалиев, Жүрек.). б) *Өз еркі өзінде, ерікті.* Учитель бірнеше күннен бері мүлдем *б а с ы б о с,* жұмысы жоқ, сөйлесер жан аз боп, аса зерікті (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). Есіңде бар ма жас күнің? Көкірегің толық, *б а с ы ң б о с* (Абай, Тол. жин.). Дүниенің кіндігі — Жүргеніңде *б а с ы ң б о с.* Жан қысылса белгілі,— Таба алмайсың жақын дос (Жамбыл. Шық.). **Бос белбеу.** *Қатып-піспеген, болбыр.* Ол баяғының *б о с б е л б е у,* бобадам мырзаларынша қуанғанда лепіріп, қайғырғанда жапырылмайды (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). Ғанидың бұлайша *б о с б е л б е у,* парықсыз болып өсуіне әкесі мен шешесі өздері кінәлі еді (М. Иманжанов, Көк белес). **Бос кеуде.** *Қолынан ештеңе келмейтін, құр көкірек.* Та-

лапсыз, ойсыз *бос кеуде*, Ермегің елден ет жеуде (С. Бегалин, Таңд. өлең.). Жігіттің құр *бос кеуде* екендігін түсінсе, сүйісуді доғармай ма енді? («Лен. жас»). **Бос қалды.** а) *Елсіз, иесіз қалды.* Бір кезде елдің иін тіресіп отыратын жайлауы қаңырап *бос қалды* (Б. Майлин, Шығ.). Революция жылдары ағылшындар қашады да, Қарсақбай, Жезқазған, Байқоңыр заводтары *бос қалды* (С. Мұқанов, Есею жыл.). ә) *Жүдегендіктен киімнің немесе жүзік-білезіктің қолқылдап қалуы.* Ақ білегің азғындап, Білезіктерің *босапты;* Қарағанға байымдап, Саусақта жүзік *бос қаптты* (І. Жансүгіров, Шығ.). Биыл қатты жүдедім, көйлектерім қолқылдап *бос қалды* (Ауызекі тіл). б) *Бір нәрсеге қолы жетпеді, құр қалды.* Міне, бүгін — бостандық! Демеңдер кедей: «*Бос қалды қ*» (XX ғ. қаз. ақын.). Қазынадан ұн келген екен, Өзім барып алмасам, көрінген жеп қойып, *бос қалатынмын* (Б. Майлин, Шығ.). в) *Ештеңеге үйренбей, артта қалды.* Махаббатсыз — дүние бос, Хайуанға оны қосындар. Қызықтан өзге *қалсаң бос*, Қатының, балаң, досың бар (Абай, Тол. жин.) Ғапіл боп көп нәрседен *бос қаласың*, Аңдамай көп сөзімен жүріп кетсең (Бұл да). **Бос сөз.** *Керексіз, пайдасыз әңгіме.* Әр сөйлемде пікір, ой жатсын. Ал мына шығармада шұбалаңқы *бос сөздер* көп (С. Алдабергенов, Әңгім.). Атының жамандағанда біреу ат бере ме, *бос сөз* не керек (І. Жансүгіров, Шығ.). **Жібі бос.** *Бос белбеу, көңілшек.* **Көңілі бос.** *Көңілшек, елжірегіш.* Көзім жасты, *көңілім бос* бола тұра, белді берік байлап солдат болдым (Ж. Жұмақанов, Әлия). *Көңілі бос* көрінің, Көкейлерің ұғынар. Көтермей жан жалының Көзден жасы құйылар (Жамбыл, Шығ.). **Қолы бос.** *Жұмысы жоқ, уақыты бар.* Балам, *қолың бос* болса, бір жерге жұмсайын деп едім, барып келемісің? (М. Сүндетов, Балық аула.). Ағылып келіп жатқан аурулар болмағаннан кейін, Дүсяның *қолы бос*, уақыты мол болады (Б. Соқпақбаев, Жекпе-жек). **Сүйегі бос.** *Жасық, болбыр.* Өз қайны Әлібайдың алысырақ, Шамасы сексен шақырым, емес жырақ. Жәмила — қалыңдығы жиырма жаста, *Сүйегі бос*, бет-аузы тәуірсымақ (С. Торайғыров, Таңд. шығ.).

БОС [2] с ы н. *Ақысыз, пұлсыз, тегін.* Бөстегім, құтылдың ба Кетібақтан, «Күйшіл» деп бабын білмей кінә таққан, Құл табан, кескіл тұмсық Бөстекбайым, Кісіге *бос* берермін бір мін таққан (Абай, Тол. жин.). Сүйсе де, сүймесе де ұмтыла бер, Жарамас *бос* олжаға арланғаның (Айтыс). ◆ **Қосақ арасында бос кетті.** *Текке сорлады.* Айтпады деме, кейін өкінесің. *Қосақ арасында бос кетесің.* Екі оттың арасында босқа күйіп кетесің (С. Омаров, Қайырлы.).

БОСА е т. **1.** *Бір нәрсенің ішінде ештеңе қалмау, бос қалу.* Күнтуар *босаған* кесені Дәмеліге ұсынды (С. Омаров, Әңгім.). Ол *босаған* шелегін салдырлата жүгіріп келеді екен (Ә. Әбішев, Терең тамыр.). Исламқұлов азық-түліктен *босаған* жәшіктің үстінде, қолына котелок алып, капуста сорпа ішіп отыр (Б. Момышұлы, Москва.). **2.** *Қолқылдау, сылқылдау, кеңею.* Ақ білегің азғындап, Білезіктерің *босапты;* Қарағанға байымдап, Саусақта жүзік бос қаптты (І. Жансүгіров, Шығ.). Оспан төсек алдындағы қобдиын ашып, балға мен шеге алып, столдың *босаған* аяғын бекітті (С. Сағымбаев, Кездесу). Ыстықтан бензин бочканың тығыны *босапты* (К. Оразалин, Ақ жазық). **3.** *Жұмсару, борпылдау, болбырау. Босаған* топырақ күн бойы жауынның суын бойына сіңірді (Ол күндер.). Витаминді минералды заттар жеткіліксіз болса, буаз саулықтар қатты жүдейді, жүні *босап* сыпырылып түсіп қалады (С. Омаров, Қой. бағу.). Адам қайғы-қасірет шеккенде, қатты күйзелгенде қан жүрісі бұзылып, қансыраған жүрек бұлшық еті *босап*, іри бастайды (М. Исамбаев, Мед. анықтама). **4.** *Қаңырап бос, құр қалу.* Күнде қораның ішінде тұратын пәуеске, үш күрең ат бір де бірі жоқ. Қора іші қоңылтақсып *босап* қалыпты (С. Бегалин, Бала Шоқан). *Босаған* кеше орындар қайта толықты, Азайған кеше күлкі де қайта молықты (Партия тур. өлең.). Мектеп іші тез-ақ *босап* қала берді («Қазақст. мұғ.»). **5.** *Жұмыстан құтылып қолы тию.* Оның үстіндегі киімінен әскер қатарынан жуырда ғана *босап* келгендігі байқалып тұр (Қ. Исабаев, Жұмбақ үй). Жұмыстан *босаған* бойда құрылысшылар осы клубқа қарай ағытылады (Е. Қалиев, Рудный.). Қарт *босады* жұмыстан, кітап оқу ермегі (Қ. Әбдіқадыров, Таңд. өлең.). **6.** *Еркіндік алу, құтылу.* Мен әкеме тілімді алғызам. Тұтқындағы туыстарыңыз *босайды* (С. Мұқанов, Таңд.) Баласы *босағандар* кәдуілгідей бөлектеніп, іргесін аулаққа

салып, жүре сөйлеседі (Ғ. Мүсірепов, Таңд. шығ.). Талқандады қамалын, Ел арылды іледен. Жер *б о с а д ы* бөледен, Кірді сонда ажарым (Ақын жырлары). 7. А у ы с. *Көңілі бұзылып елжіреу, егілу.*— Қой, жылап *б о с а м а,* осылай болмаса, тартыс бола ма? — деп, жолдастары Әбуді сүйеп, басын көтерді (І. Жансүгіров, Шығ.). Тастамады қолынан, Қан аққан ер маузерін. *«Б о с а м а ң д а р»,*— деді де, Қанын сүртті аузының (С. Сейфуллин, Өленд.). Жайшылықта құрыш, берік адам құдайының алдында мүлде *б о с а ғ а н,* егіле жылап отыр (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). ◆ **Арқасы [мойны, иығы] босады.** *Ауыр азаптан, міндеттен құтылды; қолы тиді, бос болды.* Үш күн *а р қ а ң б о с а с а,* Бола қалдың бас асау (Абай, Тол. жин.). Шал мінетін қызыл өгіз *а р қ а с ы б о с а п,* қотандағы көп сиырға қосылды (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). Обырлар бітті, озбырлық та кетті, Нұрсұлтандардың *и ы ғ ы б о с а д ы* (Ол күндер.). Бір күн болса да *м о й н ы м б о с а п,* босаңсып қалған екем, еріне басып келемін (Б. Майлин, Шығ.). **Аузы астан босамады.** *Тынымсыз тамақ ішті.* Малқардың аузы *а с т а н б о с а м а с а* да, балдызының қалжыңына жауап та қайырып үлгірді (Ғ. Мұстафин, Дауыл.). **Аузы сөзден босамады.** *Тынымсыз көп сөйледі.* Қазір оның *а у з ы с ө з д е н б о с а м а й,* трубкасы сөніп қала берді (Ж. Тілеков, Қайнар). **Буыны босады.** а) *Әлі кетті, қалжырады.* Патша жасы жетіп қартайды, *Б у ы н ы б о с а п,* бойы шөге бастады (Мың бір түн). Өзім *б у ы н ы м б о с а п* өлсіреп тұрсам, оның үстіне төлкек етеді (М. Гумеров, Үш күн.). Салдырап сал сүзектен тұрғанға ұсап, Бұралып *б у ы н д а р ы* қалған *б о с а п* (Н. Ахметбеков, Аманкелді). ә) *Егілу, елжіреу.* Раушанды көрсе Нұрлан жүрегі соғып, *б у ы н ы б о с а п,* аяғын нық баса алмайды (З. Шашкин, Сенім.). Мұқан оны көріп, *б у ы н ы б о с а п,* тілі байланып, не айтарын білмей босағадан бері келе алмай қатып қалды (С. Шарипов, Шығ.). **Жер аяғы босады** [**кеңіді**]. *Қыс өтіп, күн жылынып кеңшілік болды.* Қар кетіп, *ж е р а я ғ ы б о с а й* қасына әлдекімдерді ерткен ол Орал жағына кетті де, айдан артық уақытта жиырма шақты арық жылқыны ғана айдап қайтты (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.). **Жібі босады.** *Қарқыны кеміді, бәсең тартты.* Бекітұрған ауысып кеткен соң, совхоздың құрылыс жұмысының *ж і б і б о с а п* қалды (Р. Әуталипов, Алтын.). **Көңілі** [**жүйесі**] **босады.** *Көңілі бұзылды, елжіреді. Б о с а й д ы* екен *к ө ң і л і ң,* Туған жерге келгенде; Көрініп тұр жып-жылы, Кеп тырнаған шеңгел де (Ә. Тәжібаев, Шығ.). Омар біресе туға қарап, біресе орақ-балғаға қарап *к ө ң і л і б о с а п,* жүйе-жүйесі үгіліп кеткендей болды (Ж. Жұмақанов, Үш бәйтерек). Анатолий Кондратьевич әлгінде ғана *б о с а ғ а н ж ү й е с і н* бекітіп алды (С. Мұқанов, Таңд. шығ.). ◆ **Қол босады.** *Жұмыстан қолы тиді, бос уақыты болды. Қ о л ы м б о с а п* кетсе-ақ, оған қарағым келеді де тұрады (Ғ. Мүсірепов, Таңд. шығ.). Іңірде аз уақыт *қ о л ы б о с а п* қалды да, Ержан Раушанды көруге ынтықты (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.). Немерелері *қ о л б о с а ғ а н д а* атасымен дойбы да ойнап, алданыш етеді (Е. Қалиев, Рудный.). **Сай-сүйегі босады.** *Қатты егілді, елжіреді.* Рай Еламанның баласының құрақ көрпе арасында қыбырлаған болымсыз тірлігін көргенде бір түрлі боп *с а й - с ү й е г і б о с а п* кетті (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер).

БОСАҒА з а т. 1. *Есіктің екі жақтауы.* Киіз есік сарт етіп *б о с а ғ а н ы* соққанда, үйтқыған түтін келіп Жұманның жүзіне соқты (Ғ. Мүсірепов, Таңд. шығ.). Есіктен шығар жерде *б о с а ғ а ғ а* сүйеулі тұрған темір мосыны Бөбек қолтығына қыса кетті (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). Ұлбосын сиыр жақтан келе жатып, сезік алғандай, *б о с а ғ а д а н* келіп сығалады (Б. Майлин, Шығ.). 2. *Төрге қарама-қарсы, есікке жақын жер.* Екінші *б о с а ғ а д а* төсектің мәнері тектес мәнері бар жүк аяқтар тұр (А. Лекеров, Түз гүлі). Жиырма шақты баланың ең кішісі алты жасар мен едім, маған орын *б о с а ғ а д а н* тиді (Ғ. Мүсірепов, Таңд. шығ.). Бірі төрде, бірі *б о с а ғ а д а* отыра қалып, Хамиттан сөз тыңдайды (А. Хангелдин, Табыс. тағдыр). Есік жақ *б о с а ғ а д а* үлкен шымылдық ағарып тұр (З. Иманбаев, Дала.).

3. А у ы с. *Үй, от басы, табалдырық.* Күйеуі ішке сақтап бұл жұмысты, Амалсыздан шыдаған сезсе де істі: *«Б о с а ғ а м а* бір келер күнің болса, Көрермін!» — деп қайраған күйеу тісті (С. Торайғыров, Таңд. шығ.). Келін, шырағым, біздің *б о с а ғ а ғ а* келгеніңе бірнеше жыл болды. Содан бері тіл қатқаным осы шығар (С. Мұқанов, Таңд. шығ.). Шоңбайдың *б о с а ғ а с ы н а*

барғанда, менмен Асылбектің мандайынан сипамайтынын да Гүлнаш түсініп отыр (Т. Әлімқұлов, Ақбоз ат). 4. Ауыс. *Тірек, орталық.* Өрнекті қала аймағым, Алтын Мәскеу *босағам,* Мен ұштым көкке сен үшін, Бауырлас туған достарым, Тұрыңыздар қош аман (Ақын жырлары). Екі жиһанның қос *босағасы* — Орынбор мен Орал; ана кең ойпат — Азияға асатын қысқа жол (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). ◆ **Босаға аттады.** *Ең алғаш келін болып түсті, үйге кірді.* *Атта* да оң аяқпен *босағаңды,* Тілеп кір «бере гөр» деп өмір балдай (М. Әуезов, Қараш.).— О құдай! Бақытты өмір бер. Қарағым келін, *босағамды* «қосағыммен қоса ағарт» деп бісмілланы үш рет айтып, *атта* (Д. Еркінбеков, Шығ.). **Босаға аттамады.** *Біреудің үйіне еш уақытта бармады.* Өзінің де өмір бойы *босағасынан аттамаған* үйдің дастарқанынан дәм татуы, осы Арыстанның арқасы (С. Бегалин, Бала Шоқан). **Босаға аттар.** *Қалыңдығын алуға келген күйеуге жүктелетін кәденің бір түрі* (ҚСЭ). **Босағада жүрді.** *Кісі үйіне жалданды, малай болды.* Сен де оқу оқыр едің, Балалармен бірге барып. *Босағасында* әркімнің *Жүрмес* едің жүдеп-арып (С. Сейфуллин, Шығ.). Әкең де *жүріп* еді *босағамда,* Дәм-тұзды бөліп еді қос ағаң да (Ә. Ахметов, Өшп. жалын). **Босағасы үңірейді.** *Орны ойсырайып қалды, жоқ екені білініп тұрды.* О, құдай-ау, біз не қылдық жасаған! Жалшы кетіп *үңірейді босағам* (І. Жансүгіров, Шығ.).

БОСАҒА [2] зат. астр. *Төрт жұлдыздан құралған шоқжұлдыз. Босағаның* төрт жұлдызының күрделі әрі қызғылықты қозғалысын бақылаған қазақ халқы оны... жер тараптарын бақылау үшін қолданған (ҚСЭ). *Босаға* жұлдызы еңкейіп барып батуға айналды (І. Жансүгіров, Шығ.).

БОСАҒАДАЙ сын. *Босаға тәрізді.* Жеңілген шөлдің екі шетінде екі балғын *босағадай* боп Мырзашөл алыптары екі шаруа отыр (Алғы шепте.).

БОСАҒАЛАН ет. *Есіктің екі жақтауына ұқсау, босаға тәріздену.* Тап өткел соқпағы шығатын жерде *босағаланған* қия тас (С. Бегалин, Уақыт.).

БОСАҒАЛАНУ *Босағалан етістігінің қимыл атауы.*

БОСАҒАЛАС сын. *Аралас-құралас, көршілес, іргелес.* Қырғыз бен қазақ құдандалы, бек араласып кеткен *босағалас* қарын бөле, жиен дегендеріңіз жиі ұшырасады («Лен. жас»).

БОСАЛАҢ сын. *Ширақ емес.* Ұлы момын, *босаланың,* қызы зерек, Қыз жататын бөлмесі бізден бөлек. Еркектен әйел бұрын ойланбай ма, Хан қызы маған ғашық болса керек (Ш. Әбенов, Кейпін.).

БОСАЛАҢДАУ сын. *Бәсеңдеу, жұмсақтау.* «Патша түсті» дегеннен бері бұрынғы қатаң тәртіп әлде қайда жұмсарып, жігіттерді бағып-қағу да *босаланғдау* (І. Жансүгіров, Шығ.).

БОСАЛДАҢДАУ сын. сөйл. **Босаландау.** Ертеңгі күні құтпан айғырдай, ел шетін торып, азынап шыға келер әлі-ақ!— деп, *босалдаңдау* ғана лекіте күлді (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер).

БОСАН ет. 1. *Боса етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Ол демалыстан қайтқаннан кейін арыз беріп жұмыстан *босанды* (Е. Қалиев, Рудный.). Армия қатарынан *босанып,* елге келген соң, Қалипаға үйленді (А. Байтанаев, Жаңғыр.). Қашаннан Сібір айдауында жүргендердің бірсыпырасы *босанып,* халыққа сөз сөйлеуге аттанды (І. Жансүгіров, Шығ.). 2. *Әйелдің бала табуы, тууы.* Ғайни былтырғыдай емес, түсі өзгеріңкіреп, іші шермиген. Оның ішінің жуандығына қарағанда, бүгін-ертең *босанатын* түрі де бар сияқты еді (С. Сейфуллин, Шығ.). Ол жұмыстан қайтты, үйіне кіре бергенде құлағына жас баланың іңгәлаған даусы естілді. Есік ашып үйге кірсе, әйелі *босанып* қалған екен (І. Жансүгіров, Шығ.). ◆ **Жас босанды.** *Таяуда ғана балалы болды.* Председатель есепші болып істейтін әйелдің *жас босанғандығын,* соның орнына ғана әзірше кісі керектігін айтты (Н. Ғабдуллин, Қызық дәурен).

БОСАНДЫР *Босан етістігінен жасалған өзгелік етіс.* — Қадиша-ау, қайдасың? Сені бүгін қайта *босандырып,* шілдехана күзетеміз! (З. Иманбаев, Кең аймақ). Талай әйелдерді *босандырып,* талай әкелердің қуанышына ортақ болған кезекші дәрігердің бұдан әрі шыдамы таусылды («Лен. жас»).

БОСАНДЫРУ *Босандыр етістігінің қимыл атауы.*

БОСАНУ *Босан етістігінің қимыл атауы.* Әйел *босану* айына жақындай

келе, емшекті бала емуге алдын ала дайындай беру керек (К. Өтегенова, Аборт. зияны). Аңшылар арыстанды ұстап алды, Ағашқа арқанменен байлап таңды. Байлаудан *б о с а н у ғ а* әлі келмей, Әупілдеп сонда арыстан ыңыранды (Ө. Тұрманжанов, Қарлығаш).

БОСАҢ с ы н. 1. *Жұмсақтау, бостау.* Көнектей қоңыр ителгі де жалт бере жоғары көтерілді, *б о с а ң* есілген жіп тұзақ үзіліп кеткен екен (Ә. Көшімов, Қарт аңшы.). Біреу базарға барған шығар, Қуанғаннан *б о с а ң* байлап, Содан түсіп қалған шығар (С. Қасиманов, Сиқырлы.). 2. А у ы с. *Ширақ емес, жасықтау, болбырлау.* Қазған арна үш көш жерге созылды, Шынықтырды талай *б о с а ң* қыз, ұлды (Х. Ерғалиев, Біздің ауыл.). Ол бұрынғы аңғал, бейқам, *б о с а ң* Ержанның әр қимылын, ойын, әрекетін аңдып, қатал жолға салып отыратын болды (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.). Жәмила тумысынан *б о с а ң* шіркін; Білмеді ұстап, ұқсатып үйдің мүлкін. Салақтықты сыныққа сылтау қылып, Әжібай сабаушы еді дүркін-дүркін (С. Торайғыров, Таңд. шығ.). 3. А у ы с. *Бәсең, нашар.* Заңда қыз алып қашушыларды жазалау жағы тым *б о с а ң* («Лен. жас»). Тәртібі *б о с а ң* оқушы шешесіне: бізге қатаң мұғалім келді, енді тентектік жасамаймын — деген көрінеді («Халық мұғ.»).

БОСАҢДА е т. *Босаңдық жасау, жұмсару.* Бастығың бұл жерде бір *б о с а ң д а п т ы,* Дегендей семіз қойдың еті тәтті. Айрылдың Қызыл Тудан ұйықтап қалып, Көрші ауыл — қасыңыздағы бізге батты (Айтыс).

БОСАҢДАТ *Босаңда етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БОСАҢДАТУ *Босаңдат етістігінің қимыл атауы.*

БОСАҢДАУ[1] *Босаңда етістігінің қимыл атауы.*

БОСАҢДАУ[2] с ы н. *Бәсеңдеу, бостау.* «Тышқан із» тігісінде ине-жібін өзіне қарай тарта басып, іркінді ілмек жасайды да, инені *б о с а ң д а у* тартады (С. Қасиманов, Қаз. қолөнері).— Болады, шырағым,— деді Жүніс азырақ *б о с а ң д а у* үнмен (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). Өгіздің белін басқұрмен *б о с а ң д а у* шала салады (С. Мұқанов, Бақташы.).

БОСАҢДЫҚ з а т. *Бостық, әлсіздік, жұмсақтық.* Басқарма хатшысының *б о с а ң д ы ғ ы н* пайдаланып, бір түнге қолтаңбамен босанып отырған жоқ па? (Б. Майлин, Шығ.). Сенің қазіргі қалпыңнан *б о с а ң д ы қ* көріп отырған сияқтымын (С. Омаров, Хантағы). Қатерлі жолда сескенусіз келе жатқан Мәулен қоштасар сәтінде *б о с а ң д ы қ* жасады (С. Шаймерденов, Болашақ.).

БОСАҢҚЫРА е т. *Жұмсаңқырау.* Үңгілген тесікке су жіберсең, көк тас азырақ *б о с а ң қ ы р а ғ а н д а й* болады (С. Сейфуллин, Шығ.).

БОСАҢҚЫРАТ *Босаңқыра етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БОСАҢҚЫРАТУ *Босаңқырат етістігінің қимыл атауы.*

БОСАҢСУ *Босаңсы етістігінің қимыл атауы.* Гипотония — мүшенің табиғи күшінің *б о с а ң с у ы* (М. Исабаев, Мед. анықтама). Кешке қарай Бәкеннің аты *б о с а ң с у ғ а* айналды (С. Мұқанов, Өмір мектебі).

БОСАҢСЫ е т. 1. *Болбырау, босаң тарту, жұмсару.* Шоқанның өңі бозарып, бұлшық еттері *б о с а ң с ы п* кетті (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз). Аурудың салдарынан тыныс алу тоқталып қалады да, еттері *б о с а ң с и д ы* (Адам анатом.). 2. А у ы с. *Қатуланбай икемге көну.* Ерке мінезді, қулық-сұмдықты білмейтіні көрініп-ақ тұр. Қатуланған Қаншайым аздап *б о с а ң с и* бастады (С. Мыңжасарова, Қыр қыздары). 3. А у ы с. *Бәсеңсу, нашарлау, жібі босау, бос белбеулену.* Алғашқы жұманың ішінде бізді қатты ұстамай тәртіптері *б о с а ң с ы п* қалған. (І. Жансүгіров, Шығ.). Ана қанша талап қойғанмен, оқта-текте ет жүрегі елжірер. Сондықтан қыз *б о с а ң с ы п* бос белбеу, салақ болып өсер (Сауыншы шамшырақ.). Араға Алшынбай кіріскен соң, істің бетін Құсбек жеңілге саймақ болып, *б о с а ң с и* бастады (М. Әуезов, Таңд. шығ.). ◆ **Көңілі босаңсыды.** *Көңілі босады, елжіреді.* Армияда өткізген үш жылда демалыспен елге барудың сәті түспей, *к ө ң і л і б о с а ң с ы п,* қайтар кезде күн санаумен қажыды (А. Жақсыбаев, Қайырлы таң).

БОСАҢСЫТ *Босаңсы етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Ол тырбана берді, бір сәтке қимылын *б о с а ң с ы т ы п* алса, жығып кетеді (Т. Ахтанов, Дала сыры).

Мал шаруашылығы азығын дайындауға жарияланған бәйгелер тіпті жақсы, бірақ оның аяғын *босаңсытып* жіберу — барып тұрған оңбағандық (С. Ерубаев, Шығ.).

БОСАҢСЫТУ *Босаңсыт етістігінің қимыл атауы.* Олардың көмегімен организмге әсер етіп, бұлшық еттерді еріксіз қатайтуға және *босаңсытуға* болады («Халық мұғ.»).

БОСАҢЫРАҚ с ы н. *Жұмсағырақ, бостау.* Бұзаубақ хауіптеніңкіреп, *босаңырақ* күлді (С. Сейфуллин, Әңгім.). Қыбырлап шөп ішінде келе жатсам, Көрінді бір буған жер *босаңырақ* (Қ. Жапсарбаев, Өленд.).

БОСАС *Боса етістігінен жасалған ортақ етіс.* Дос-асықтың болмайды бөтендігі, Қосылған *босаспайды* жүрек жігі. Біздің доспыз, асықпыз дегеніміз Жалғандықтан жасалған көңіл жүгі (Абай, Тол. жин.).

БОСАТ *Боса етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Жапырақтың түптерін *Босатып* жүр келіншек (М. Хакімжанова, Жыр асуы). Жігіттің екі бөлмесі бар екен, бір бөлмесін бізге *босатып* берді (Б. Майлин, Шығ.). Хан жындының ақылына риза болып, оны өлімнен *босатады* (Қазақ ертегі.).

БОСАТҚЫЗ *Босат етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Әрі-бері сөйлесіп, Жалбырды жылқысымен Кәрім екеуін *босатқызып* қоя бердік (С. Шарипов, Шығ.).

БОСАТҚЫЗУ *Босатқыз етістігінің қимыл атауы.*

БОСАТТЫР *Босат етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Мен Қаленді *босаттырамын* деп айттым ғой. Сол сөзім — сөз (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). Майор Николай Соломонович Мартынов аз уақыт түрмеге ілігіп қалғанда, оның куәгерлігін дәлелдеп, еріксіз *босаттырған* (Ғ. Мүсірепов, Достық.).

БОСАТТЫРУ *Босаттыр етістігінің қимыл атауы.* Мүмкін, Раушан осында келіп, мені *босаттыру* қамында жүрген шығар (А. Сатаев, Аққу.).

БОСАТУ *Босат етістігінің қимыл атауы.* Маслованы *босатуға* тура келеді (К. Тоқаев, Тасқын). Балалар ағаштарын дамылсыз суарып, түбін *босатумен* болды (Қ. Әбдіқадыров, Әңгім.).

БОСАТУШЫ з а т. *Құтқарушы, азат етуші.* Егер ол осы халден босана қалса, түгелімен қуанады, *босатушыға* алғыс жаудырады (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз).

БОСАТЫЛ *Босат етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Демалыс күні балалар үй жұмысынан мүлдем *босатылды* («Халық мұғ.»). Жұманның Жолбарысы түнде шынжырдан *босатылды* (С. Баязитов, Күтп. кездесу). Краснов бөлім бастығы қызметінен *босатылды* (Е. Оразақов, Дәрігер.).

БОСАТЫЛУ *Босатыл етістігінің қимыл атауы.* Қалайда отрядқа жетіп бірге Текеге кіруім керек. Текенің *босатылуы* анық (Х. Есенжанов, Тар кезең).

БОСАТЫҢҚЫРА е т. *Босырақ ұстау, жіберіңкіреу.* Қолын сәл *босатыңқырап,* қайтадан қаттырақ қысып, бас бармағын алқымына батыра түсті (Т. Ахтанов, Дала сыры). Шапқан ат үсті жайлы болады екен. Біраздан соң көңілім орнына түсіп, қолымды *босатыңқырап* ұстадым (Ә. Қалдыбаев, Шаншар.).

БОСАТЫҢҚЫРАУ *Босатыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

БОСАТЫС *Босат етістігінен жасалған ортақ етіс.*

БОСАТЫСУ *Босатыс етістігінің қимыл атауы.* Польшаның талай үлкен қалаларын *босатысуға* қатысқан ер кез келген адам біле бермейтін осындай бір шағын селоны өмірінде ұмытар емес (С. Сейітов, Сөз сұра.).

БОСАУ *Боса етістігінің қимыл атауы.* Мүмкін бе екен, шексіз суйіп өмірді, Сол өмірдің мұндарынан *босауға* (Ә. Тәжібаев, Кеше.). Сонан соң — деме, достарым, *Босауы* бекер көңілдің (Ж. Молдағалиев, Жыр.).

БОСҚА ү с т. *Бекерге, текке, құр бекер.* Қаржыны *босқа* шашуға болмайды ғой (С. Ерубаев, Менің құрдас.). «Қатынды — бастан, баланы — жастан» деген мақалды қазақ *босқа* айтпаған болар (Д. Еркінбеков, Шығ.). Мұнда тұра бергенмен жақындамаймыз ғой. Жел тұрып кетсе, *босқа* өлеміз (З. Шүкіров, Ғажайып.).

БОСҚЫН з а т. *Қуғын-сүргіннен, аштықтан үркіп көшкен ел, босыған халық.*

Ертеңнен кешке дейін, түні бойы, үлкенді-кішілі жолдармен шығысқа қарай қалың әскер, *босқын* халық ағылды (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.). Көп ұзамай Ташкентті аш *босқындар* басып кетті. Комсомолдар оларға жәрдем берді (Ж. Арыстанов, Жалын.). Арқасында түйіншектері бар ағытылған *босқындар*, қаңырап, қирап жатқан үйлерді ғана көресің («Лен. жас»).

БОСҚЫНДА е т. *Құғын-сүргіннен, аштықтан үркіп көшу, босу.* Соның салдарынан халық бір жерден екінші жерге көшуге, *босқындап* кетуге мәжбүр болды (Д. Досжанов, Құм жұтқан.).

БОСҚЫНДАТ *Босқында етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БОСҚЫНДАТУ *Босқындат етістігінің қимыл атауы.*

БОСҚЫНДАУ *Босқында етістігінің қимыл атауы.*

БОСҚЫНШЫ з а т. *Құғын-сүргіннен қашушы.* Бұлар жұмысшылар емес, жан сақтау үшін жан-жақтан жиналған *босқыншылар* (А. Хангелдин, Табыс. тағдыр). Сол кезде әнеугі *босқыншы* қызды ертіп, Сәуле кіріп келді (Ж. Арыстанов, Жалын.).

БОСҚЫНШЫЛЫҚ з а т. *Құғын-сүргінге ұшыраушылық.* Нәсіпті, ырзық біздің бағымыз де, Қарасқан шығар тәңірі әдейі өзі Аш-арық *босқыншылық* халімізге (Ә. Сәрсенбаев, Жазылм. кітап). Осы секілді сорақылық түбі — халықты *босқыншылыққа* ұшыратты (Е. Оразақов, Дәрігер.).

БОСМОЙЫН з а т. к ө н е. *Шоқпар тәрізді қару.* Батырлық пен саяхатшылыққа қажетті садақ пен жебе, айбалта мен шоқпар, сойыл мен *босмойын*... қазақ халқының тұрмыс-салтына, кәсібіне байланысты туғандығы сөзсіз (С. Қасиманов, Қаз. қолөнері).

БОСПА з а т. ж е р г. *Инемен тіккен кесте, әшекей, өрнек.* Қолым тимейді, *боспа* тігіп отырмын (Диал. сөздік).

БОСПАЛА е т. ж е р г. *Кестеле. Боспалаған* орамал — кестелі орамал (Диал. сөздік).

БОСПАЛАП ү с т. с ө й л. **Боңсала.** Іштегілер құр *боспалап* беталды оқ жаудырады (Ғ. Сыланов, Замана.).

БОСТАН с ы н. *Өз билігі өзінде, еріктілігі, еркін.* Баяғы батқан бір күн батыстағы, Жарқ етіп біздің жақтан шықты тағы. Масайрап еркін, *бостан* жолға тартты, Езілген еңбекшінің барлық табы (І. Жансүгіров, Шығ.). Буржуазиялық теоретиктер искусство еріктілігі, *бостан* болсын деген пікірді үнемі жақтаумен келді деп ойлауға болмайды (Қ. Жұмалиев, Әдеб. теор.). ◆ **Бостан қылды [етті].** *Басына еркіндік әперді, құтқарды.* Ауылдың ішінде өз руларынан бөлініп кеткен бөтен рулар да болды, басы *бостан етілген* құлдардың семьялары да болды (ҚазССР тарихы). Бұл қалмақты қырып, қуып бізді бұл жаудан *бостан қылған* (Ер Тарғын).

БОСТАН-БЕКЕР ү с т. *Бостан-босқа, жайдан-жай.* Күнді өткізбей *бостан-бекер*, Еңбек етем жастан бетер, Ағарса да шаштарым (К. Райбаев, Жаңа толғау).

БОСТАН-БОС ү с т. *Жайдан-жай, қараптан-қарап.* Топталып ап қылжақтап, қыздарға тиісіп, *бостан-бос* көше таптауды машық көрмедім (З. Шашкин, Өмір.). Аузы тыным таппаған Тоқтатып бай Жақыпты. Өткізбейік дегендей, *Бостан-бос* құр уақытты (Қ. Мұқашев, Орман). Кездейсоқта машинаның астына түсіп, *бостан-бос* өліп кеткен жан емеспін мен (М. Иманжанов, Адам тур.).

БОСТАН-БОСҚА ү с т. *Бекерден-бекер, тектен-тек.* Жұмысым жоқ, ауылында бұйымым жоқ, *Бостан-босқа* баруға ұялмын (Айтыс). Көп күтерін білсем, бұл арада *бостан-босқа* уақыт өткізіп қайтем (Ә. Нұрпейісов, Күткен күн). Не қыл дейді, япырмау, *Бостан-босқа* бүлініп, Басымды әбден қатырды-ау (Қ. Аманжолов, Таңд. шығ.).

БОСТАНДЫҚ з а т. *Өз билігі өзінде болушылық, теңдік, тәуелсіздік, еркіндік.* Мариям кеңес өкіметі әйелді еркекпен теңұстайтын, әйел *бостандығын* жарыққа шығару үшін арнап декрет шығарғанын айтты (Б. Майлин, Шығ.). Жұмысшы-крестьян, солдаттар бірігіп байларды құғанда, өкіметті өз қолына алғанда ғана *бостандық* болады (І. Жансүгіров, Шығ.). Халықтың *бостандығы* мен тәуелсіздігін қорғаған Аманкелді армиясы, Октябрь революциясынан кейін Қызыл Армияға қосылды (С. Мұқанов, Есею жыл.). ◆ **Бас бостандық.** *Жеке адамның өз еркі өзінде болушылық.* Кейде ауылға

руы басқа қазақ-кірмелер де, *бас бостандық* берілген құлдар да кірді («Халық мұғ.»). **Бостандық алды.** *Еркіндікке ие болды, ұрықсат алды.* Бұл жылдардағы корпус балаларының сағынып күтетіні — жексенбі күні. Өйткені қалада үйі бар балалар жексенбіде *бостандық алып,* үйлеріне барады (С. Бегалин, Бала Шоқан).

БОСТАНДЫҚСЫЗ сын. *Еркіндіксіз, теңдіксіз, билігі жоқ.*

БОСТАНДЫҚШЫЛ сын. *Бостандық сүйгіш, еркіндікке құмар.* Пушкиннің наразылығы, *бостандықшыл* ынтасы кейде бәсеңдеп, аяғы барып патшаға тірелді (М. Қаратаев, Туған әдеб.). Даусымды *бостандықшыл* қайда барса, Тыңдапты мейірлене барлық ұрпақ (С. Мұқанов, Шыңнан шыңға).

БОСТАНШЫЛЫҚ зат. *Бостандық, еркіндік.* Сатанға Тәжидің тағы қылтылдатып отырған міне бір «қой алу» деген сөзі *бостаншылығын* тағы жойып, басын байлайтын сияқты (І. Жансүгіров, Шығ.). Патша мен алпауыттың туын жығып, Дүниеге *бостаншылық* ашқан есік (XX ғ. қаз. ақын.).

БОСТАУ сын. *Босырақ.* Бұл вокзалдың іші де тығызшылық екен, бірақ Қызылжардікінен гөрі *бостау* (С. Мұқанов, Өмір мектебі). Беліне *бостау* етіп жалпақ белбеу байлаған (Ә. Көпбаев, Мақтаныш). Жуан өріп, желкесіне *бостау* етіп жия салған қалың шашы Нұриланың мойнын төмен иіп әкетіпті (Ғ. Мүсірепов, Таңд. шығ.).

БОСТЕКЕЙ сын. сөйл. **Бостекі.** Күнзеш! Нұрлан өзі *бостекей* бала. Шатасып тұр-дағы (Ж. Молдағалиев, Торғай.).

БОСТЕКІ ор. сын. сөйл. *Мәнсіз, маңызсыз, «пустяки».* Ауыз әдебиетінің аса бағалы осы бір асыл жанрында басы артық, *бостекі* сөз атымен болмайды, сөзді алтынға балап, мейілінше үнемдеп, мысқалдап дәл қолданады (М. Әлімбаев, Өрнекті сөз.). Шебер аудармашының қолына түссе, шығарма өспек түгіл, шөпшалам *бостекі* сөзден арылып, ықшамдалып, жинақылануы да мүмкін (Бұл да). Мұнікі қай күрсініс деп, іштей Саяны кінәлаймын, сөйтсе ойы да, ісі де *бостекі* шықты (Д. Досжанов, Зауал).

БОСТОН[1] зат. *Жүннен тоқылған қымбат мата.* Бүгін ескі әдетінше, өзгеше бапталанды: сұрғылт *бостон* бешпет-шалбары ішінен қисық жаға, ақ жібек көйлек киді (Х. Есенжанов, Көп жыл.). Қоңыр *бостон* кителінің жоғарғы түймесін ағытты (А. Сүлейменов, Бесін).

БОСТОН[2] зат. муз. *Жәй екпінде биленетін би; америка халықтарының би музыкасы* (К. Қуатбаев, Қысқаша муз. сөздік).

БОСТЫҚ зат. *Босаңдық, осалдық, қайратсыздық.* Осының бәрі жалғыз тоқалдың ылаңынан, көкемнің *бостығынан* болып отыр (М. Әуезов, Қараш.). Айтты атасы, қой балам, *Бостығынан* жығылдың. Сендей кезде ойнағам, Құлағында құлынның (С. Мәуленов, Құлыншақ). ◆ **Қолы бостық.** *Жұмысы жоқтық, уақыты көптік.* Ұзақты күнге бірді-екілі адам ғана бас сұрады, бәрінен қиыны *қолдың бостығы* (Т. Ахтанов, Дала сыры). Шашты бұлайша сәнді ұстауға дәл махаранидей үнемі *қолы бостық* керек (М. Әуезов, Индия очерк.).

БОСТЫР *Бос етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Хандарға қанды құстырып, Жерінен қуды *бостырып* (Қамбар). Қызылдар өкшесін жерге тигізбей *бостырған* қазақ-орыстар оны айыруға шамасы келмеді (Х. Есенжанов, Тар кезең).

БОСТЫРУ *Бостыр етістігінің қимыл атауы.*

БОСУ *Босы етістігінің қимыл атауы.* Өткендей іс келешекке бір айна, Өткен күнді бұлжытпастан тұр айна. Атыс-шабыс, талан-тараж, қырылыс, Жылау, сықтау, *босу,* жеңку, шұбау да (Б. Майлин, Шығ.). Ол жөні келген жерде бұл мағынасыз *босудың* бір шегіне шығуға бел байлап келе жатқан (Х. Есенжанов, Тар кезең).

БОСЫ ет. *Бір жерден екінші жаққа еріксіз ауа көшу, шұбыру.* Ауылдың балашаға, қатын-қалаш, қариялары аңырып, *босып,* жан-жаққа, дала қойнына сіңіп жатты (М. Жұмағұлов, Қыран.). Қалмақтан оңбай таяқ жеген Қыр елі *босып* отырып, Сырға құлай бастаған (О. Сәрсенбаев, Таңбалы тас).

БОСЫП-ҚАШ ет. *Аш-жалаңаш, жаяу-жалпы шұбыру, босу.* — Анығын білмеймін,— деп мойындады Сәлім.— Бірақ осылардың *босып-қашып* жатқанына қарағанда, жақсылықтары шамалы болар (Т. Жармағамбетов, Сентябрь.).

БОСЫТ *Босы етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Соғыс талай семьяның шырқын бұзып, *б о с ы т т ы* ғой жұртты (К. Тоқаев, Тасқын).

БОСЫТУ *Босыт етістігінің қимыл атауы.*

БОТА з а т. 1. *Түйенің жылға толмаған жас төлі.* Екі аяқтыда бажа тату, Төрт аяқтыда *б о т а* тату (Мақал). Түйешіге аман алынған әр *б о т а* үшін, оның енесі суалғанға дейін ай сайын жеті сомнан ақша төленеді (А. Шайбеков, Колхозда.). Жас *б о т а н ы ң* буындары былқылдап, орнынан тұра алмады, оны аяқтандырмай, ауыздандырмай қайда барасың («Қаз. әдеб.»). 2. А у ы с. *Баланы жақсы көріп еркелету үшін айтылатын сөз.* Қазақ аса бір сүйген баласын «құлыным, қозым, *б о т а м*» дейді (М. Ермеков, Тарту). Баянға анасы: Сенің ажарыңнан айналайын, *б о т а м,*— деп, тағы да құшағын жайды (А. Лекеров. Қырдағы ән). ◆ **Бота бүрген.** *Бүрген тектес өсімдіктің бір түрі.* Тырнайды аяғыңды *б о т а б ү р г е н,* Жолшыны ерсі көріп жалғыз жүрген. Қарайды таңырқана тасбақа да Тарбаңдап кең далада өмір сүрген (Ө. Тұрманжанов, Менің кітабым). **Бота көз.** *Әдемі, дөңгелек, үлкен қара көз.* Дәмежан жаудыраған үлкен, әдемі қара көзді әйел еді, ақ-қарасы айқын көзі — тұнжырай біткен анық *б о т а к ө з д і ң* өзі (М. Әуезов, Таңд. шығ.). Қарайсың неге сұлық *б о т а к ө з і м,* Не болды мұң шалғандай нәзік сезім (С. Сейфуллин, Өленд.). **Бота қылды.** *Жуасытып алды.* Мұрнынды тесіп *б о т а қ ы п* алған ғой біржола. Кеше ол сені директорға жамандайды. Бүгін сен оны мақтайсың, түсініксіз дүние (З. Шашкин, Сенім). **Бота тірсек.** *Жүйрік аттың эпитеті; сұлу, сымбатты.* Қазақ ең сұлуын «бота көз», ең жүйрігін *«б о т а т і р с е к»* дейді (Ғ. Мүсірепов, Шұғыла). Шаң болып қалушы еді шапқан жерің, Шаттанып тұрушы еді қосқан ерің. Атығай-Қарауылға олжа салған, *Б о т а т і р с е к,* қыз сағақ сандал керім (І. Жансүгіров, Құлагер). *Б о т а т і р с е к,* бұйра жал, Болдырмайтын кеңбісің? Сымбатты сұлу кер марал, Ер мінер ат сенбісің? (Ж. Саин, Таңд. шығ.).

БОТАДАЙ с ы н. *Бота тәрізді, сүйкімді, монтиған.* Ардақ әкесінен де берік екен, жас *б о т а д а й* монтиған жүзін бұзбастан орнынан тұрды (Ғ. Мұстафин, Қарағанды). *Б о т а д а й* нәзік, сүйкімді екені анадайдан-ақ байқалып тұр (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). ◆ **Ботадай тату.** *Өте тату.* Ойбай-ау, бұл Нұрша Оралыңыздың жақын ағайыны ғой, екеуі бала кезінде *б о т а д а й т а т у* еді (Т. Әлімқұлов, Ақбоз ат). **Ботадай боздады.** *Егіліп жылады, аңырады.* Көзінің жасы төгіліп, Жылап-еңіреп егіліп, Арасында шеңгелдің *Б о т а д а й б о з д а п* келеді (Алпамыс). Менің әжем Әбдірахман үшін *б о т а д а й б о з д а п* жылап жүрген (Б. Майлин, Шығ.). *Б о т а д а й б о з д а п* жылайды, Масатының анасы, Зарлаған соң зарығып, Торығып көрген баласы (О. Шипин, Екі дастан).

БОТАЖАН з а т. э м о ц. *Боташым.* Желаяқ, айналайын, *б о т а ж а н ы м,* Ежелгі ұстап қалды ата заңын (Е. Ибраһим, Жас ғұмыр).

БОТАҚАН з а т. э м о ц. 1. *Ботаны жақсы көргенде, кішірейтіп, еркелеткенде айтылатын сөз.* Ақан менен атасы қала келді, Түйеге мініп, ботасын ала келді. Бұрын бота көрмеген балақандар, *Б о т а қ а н д ы* қоршалап ала берді (Б. Аманшин, Ботақан). Сахара той қылғандай, Дауылдаған қой қоздап, Тойдың әнін салғандай, *Б о т а қ а н д а р* жүр боздап (Жамбыл, Шығ.). 2. *Баланы жақсы көріп еркелеткенде айтылатын сөз. Б о т а қ а н ы м,* құлыным, Ки, мінеки, тұлыбың! Қарашығы көзімнің, Пиманды ки өзіңнің (Қ. Мырзалиев, Алуан.). Ержаным, *б о т а қ а н ы м,* қайда кеттің, қайда екенсің жалғызым (Ә. Әбішев, Пьеса.).

БОТАҚАНДАЙ с ы н. *Ботақан тәрізді.* Біреуі түйедей болса, екіншісі жаңа аяқтанған *б о т а қ а н д а й;* бұл екеуіне құрбылары «тырна мен торғай» деп ат қойып, айдар тағып та үлгерді (Ө. Қанахин, Дәмелі).

БОТАҚАНША ү с т. *Ботақанға ұқсап.* Әлденеден үріккен *б о т а қ а н ш а* боздап үн қосады (Ауызекі тіл).

БОТАЛА е т. *Інгеннің бота тууы.* Түйе малы баяу өседі. Өйткені інгендер жыл ара *б о т а л а й д ы* (И. Жұмағұлов, Түйе өсіру). Ойдан ойға бошалап, Сансыз інген *б о т а л а п,* Боталарын өсіртіп, Салтанатпен көшіртіп, Жақсы жайға қондырсын (С. Сейфуллин, Шығ.). Бұл інгеннің биыл, әсіресе, бабы қатты. Буаз інгендердің ішінде ертерек *б о т а л а й т ы н ы* да осы (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер).

◆ **Көзі боталады.** *Көзі жаутаң-жаутаң етті.* Райхан Нұржанға көз қиығын тастап еді, екі *көзі боталап,* жиі-жиі дем алып отыр екен (З. Шашкин, Өмір.). Жалпақ мүйіз үлкен қара ешкі *көзі боталап,* мекірене маңырады (С. Бегалин, Таңд. әңгім.).

БОТАЛАН *Ботала етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Қарағым, ұлым, қандаймын, Сағынғаннан зарлаймын. Қарағым, сені көрген соң, *Боталанған* нардаймын (Батырлар жыры).

БОТАЛАНУ *Боталан етістігінің қимыл атауы.*

БОТАЛАТ *Ботала етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Құлындатып биені, *Боталатып* түйені, Мыңғыртқан малды елім бар (Жамбыл, Шығ.). ◆ **Көздің жасын боталатты.** *Егіліп жылады.* Юриктің жазықсыз, нәресте *көзінен* ыстық *жасын боталатып* отырған да сол (С. Бегалин, Ана.).

БОТАЛАТУ *Боталат етістігінің қимыл атауы.* Інгендерді күн жылыған кезде *боталату* жағын еске алады (И. Жұмағұлов, Түйе өсіру).

БОТАЛАУ *Ботала етістігінің қимыл атауы.* Буаз інгендерді *боталау* уақыты жақындағанда, ауыл маңында жайып, түнде қораға қамап қоятын (Х. Арғынбаев, Қаз. этногр.). *Боталау* кезінде інген мазасызданып, бір жатып, бір тұрады (Малшыларға кеңес).

БОТАЛЫ с ы н. *Ботасы бар.* Ол желілі биелер мен *боталы* түйелерді де меншіктенуді арман етті (К. Оразалин, Ақ жазық). Қалың мал үшін алты сүтті сиыр, екі жүні жақсы *боталы* інген алдым (Д. Еркінбеков, Шығ.).

БОТАНА с ы н. *Тұнық емес, лай.* Таулар басы ап-ала, Қарайғанмен бөктері, Өзен суы *ботана,* Таптырмайды өткелі (Ғ. Орманов, Ой қанаты). Ауыл сыртында *ботана* сулы үлкен арық болатын («Соц. Қаз.»).

БОТАНИК з а т. *Ботаника ғылымының маманы.* Экспедицияның адамы тез жиналып алынды, мұның құрамында кен мастерлері, *ботаниктер* бар (ҚазССР тарихы).

БОТАНИКА з а т. *Өсімдіктер дүниесін зерттейтін ғылым.* Программа бойынша өсімдік жайындағы ғылымның негізделері — *ботаника* осы кластарда оқылады (З. Ақышев, Біздің шамш.).

БОТАСЫЗ с ы н. *Ботасы жоқ.* Арқалайтын да, асырайтын да нарымыз анау жатқан. Ауыл көшерде бошалап кетіп, *ботасыз* қайтты, суалып қалды (Т. Ахтанов, Дала сыры).

БОТА-ТАЙЛАҚ з а т. *Түйенің жас төлдері. Бота-тайлақ,* жас боталаған інгендерге де азық-жем пішені жетіп жатыр (Ғ. Сыланов, Замана.). Ірі түйелер *бота-тайлағын* ортаға алып, ашыққан бөрілерді орталарына жібермей бағады (М. Дүзенов, Ақ әже).

БОТАША ү с т. *Ботаға ұқсап, ботадай.* Күнше күркіреп аспанда кран қозғалғандай, оған жердегі поездар *боташа* боздап үн қосады (Ғ. Мұстафин, Жиырма бес).

БОТАШЫМ з а т. э м о ц. *Баланы жақсы көргенде еркелету үшін айтылатын сөз.* Қашағанды қуар-ау, Жүйрік мінген *боташым,* Қуандырып тұрар-ау Көкесі мен апасын (Ә. Тәжібаев, Таңд.). Үйден сұрап алғандарын, Қалтасында қалғандарын: *Боташым, боташым,*— деп, Беріп жатыр қолда барын (Б. Аманшин, Ботақан).

БОТКИН з а т. м е д. *Эпидемиялық гепатит, сары ауру.* Жұқпалы ауруларға грипп, қызылша, сал (полиомиелит), *боткин* ауруы, шешек, көк жөтел, паротит т. б. жатады (Ж. Сұлтанов, Аурулар.). Кенжебек тәуір бола қоймады... Диагнозы анықталды. *Боткин* ауруы деп табылды (Н. Сералиев, Қантар).

БОТҚА з а т. *Күріш, тары т. б. жармадан бөктіріп жасалатын қою тағам.* Қасық тары *ботқа* болмас, *Ботқа* болса да жұртқа болмас (Мақал). Біздің ел күрішті *ботқа* қып пісіретін (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.). Аспазшылар бұрқылдап қайнап жатқан қазанға ожауды көміп жіберіп, солдаттарға *ботқа* үлестіріп жатыр (Б. Момышұлы, Москва.). ◆ **Боғы ботқа, сідігі сірке.** *Нағыз лас.* Әлиманың үйіне барсаңыз, аяқ басып отыратын бір таза жері жоқ. *Боғы ботқа, сідігі сірке* болады да жатады (Ауызекі тіл).

БОТҚАДАЙ с ы н. *Ботқа сияқты.* Торжан ыстық *ботқадай* жабыса берсе, дақ түсірмей кетпейтіні де анық еді (Т. Әлімқұлов, Сейтек.). Бірақ көкейіне ыстық *ботқадай* жабысып жігін ажы-

рата түс, себебін біл дейді (Р. Райымқұлов, Бұрылыс.).

БОТТАШЫҚ з а т. 1. Б о т. *Шатырша гүлділер тұқымдасына жататын тамыры сәбізге ұқсас, көп жылдық шөптесін өсімдік.* Жары мен сайы тең, *Б о т т а ш ы ғ ы* бұзаудай, Боз сазаны тоқтыдай, Балығы тайдай тулаған (Алдаспан). *Б о т т а ш ы қ т а* эфир майы болғандықтан, оны жас күйінде мал жемейді (ҚСЭ). 2. Д и а л. *Картоп. Б о т т а ш ы қ* биыл жақсы шықпас, жауын болмай тұр ғой (Диал. сөздік).

БОТУЛИЗМ *Тамақ арқылы адам қанына түскен микробтың көбеюінен токсинаның пайда болуы, улану.* Адамдар іш сүзек, дизентерия, оба, бруцеллез, *б о т у л и з м,* тағы басқалармен ауырады (Ж. Сұлтанов, Аурулар.).

БОТЫ з а т. *Ұзын қонышты галош.* Біздің қыздың қос бұрымы баяғы, *Б о т ы с ы н а* тура түскен аяғы (Х. Ерғалиев, Біздің ауыл.). Аяғына қарап: әй-әй, жұпжұқа *б о т ы* киген екенсіз ғой,— деп, басын шайқады (Ғ. Сыланов, Көкшетау.).

БОЦМАН з а т. *Кеменің кіші команда құрамындағы шаруашылық жағын басқаратын адам.*— Қабышев! — деген дауыс ойын бөліп жіберді. Бұл жай дауыс емес, *б о ц м а н н ы ң* өз ұстазы Качегаровтың даусы еді («Лен. жас»). *Б о ц м а н* жолға шығару хауіп екенін айтқанмен, флотилияның өр кеуде, қатал капитаны «бара бер!» деп ақырды (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз).

БОШАҚ з а т. ж е р г. *Қарбыздың дәні.* Мына қарбыздың *б о ш а ғ ы* өте көп екен (Диал. сөздік).

БОШАЛА е т. *Малдың (түйе, сиыр, бие) төлдер алдында шыдамсызданып оңаша жерге, аулаққа ұзап кетуі.* Жыл мүшелі болыпты, Боталар уағы жетіпті, Боз ингені құрысын, *Б о ш а л а п* қашып кетіпті (Қаз. ертег.). Кейбір сиырлар *б о ш а л а п* кетіп, далада бұзаулайды (Ә. Әбішев, Мал дәрігер.). *Б о ш а л а ғ а н* түйе қанатты құстан жүйрік деп әкем айтушы еді («Лен. жас»).

БОШАЛАҒЫШ с ы н. *Бошалауық.* Бошалауық яки *б о ш а л а ғ ы ш* — парсыша шыдамсыздану; ботасын табарда толғаққа шыдай алмай, түйелерден бөлек кетіп оңаша табуды жақсы көреді («Хабарлар»).

БОШАЛАҢ с ы н. *Бос, болбыр.* «Ұлы *б о ш а л а ң,* қызы қашаған» Шалдың соры да (І. Жансүгіров, Шығ.). Бүркіт балапаны әсіресе, қырандары жастау кезінде тым *б о ш а л а ң* келеді (Ғ. Орманов, Жүрек.).

БОШАЛАҢДАУ с ы н. *Ширақ емес, босаңдау, болбырлау.* Атты адамның қимылы, қозғалысы *б о ш а л а ң д а у* болса, қасқырлар бекінісінен ешқайда қозғалмайды (Ә. Көшімов, Қарт. аңшы.).

БОШАЛАУЫҚ с ы н. *Бошалағыш. Б о ш а л а у ы қ* яки бошалағыш — парсыда «боша» — шыдамсыздану деген сөз («Хабарлар»).

БОЯ е т. 1. *Бояу арқылы бір заттың түсін екінші түрге келтіру, бояу жағу, сіңіру.* Істелген кесенің ішін қызыл бояумен қып-қызыл қып *б о я п* болып, артындағы әйеліне қарады (Б. Майлин, Шығ.). Егер унг майынан істелген лакпен аяқ киімді *б о я с аң,* ол әбден тозғанша өзінің жалтыраған түсін бермейді (Т. Таубаев, Жасыл әлем.). Күйдірген кірпіштің бірін қызылға, бірін жасылға, бірін сарыға *б о я п* салдырған екі қатарлы үй тұр (С. Шарипов, Шығ.). 2. А у ы с. *Бүркемелеу, көмескілеу, көлегейлеу.* Бала айтты: жаңа оқуын қандай ғылым, *Б о я м а й* білдіріңіз ашып сырын. Ол айтты: жүрежүре түсінерсің, Тетігі тоқсан сөздің жалғыз түйін (О. Шипин, Екі дастан). Расы жоқ сөзінің, Ырысы жоқ өзінің, Өңкей жалған мақтанмен, Шынның бетін *б о я й д ы* (Абай, Тол. жин.). ◆ **Көз бояды.** *Шындықты жасырды, алдады.* «Алдамшы екен бүгін сыр, *К ө з б о я п т ы* қылымсып». Осыны ойлап жігіт тұр, Бір суынып, бір ысып (С. Ақтаев, Тұңғыш кітап). *К ө з д і б о я п,* жасай қояр «бақ» үшін, Ым қағады шіңкілдете дауысын. Қайдан білсін доллардың құлдары Өр кеуделі Джектің зор намысын (М. Рашев, Алғашқы.). **Қанға бояды.** *Қанын судай ағызды, қырып-жойды.* Даланы *қ а н ғ а б о я п* көтерілісті басқан патша өкіметі мен оның қолшоқпарлары бай-манаптарға қарсы ақынның өшпенділігі үдей түседі (К. Әзірбаев, Шығ.). *Б о я й ы н* сақалыңды қызыл *қ а н ғ а,* Көзіңді обалы жоқ ойсын қарға (Т. Ізтілеуов, Рүстем.). **Сыртын бояды.** *Жақсы болып көрінуге тырысты.* Атқа мінер ділмары, *С ы р т ы н б о я п* сұмдары, Бәйек болып зыр қаққан (І. Жансүгіров, Шығ.).

БОЯҒЫШ с ы н. *Бояйтын.* Қауырсынның түсі *б о я ғ ы ш* заттың қоюлығына байланысты. Ол ақ, қызыл, қара, сары, сұр, тағы басқаша болуы мүмкін (Құс өсіруші.).

БОЯҚ з а т. 1. *Бояу.* Жол жиегіндегі көк *б о я қ* бетегелер кілемін жамылған жатаған жоталар төсінен күміс бұлақтар сылдырап ағып, сынаптай толқып, төмен құлдырайды (Д. Әбілев, Арман.). Көк *б о я қ* орман-тоғай үстін жапқан, Қияда қыр арқасы аспан қапқан (Д. Әбілев, Өленд.). 2. *Кездеменің боялған бір түрі.* Бұл жібердім базардың *Б о я ғ ы* менен бөзіне. Салса жылқы тоқтайды Арқаның бөрі көзіне (Қобыланды).

БОЯҚТАЙ с ы н. 1. *Бояқ тәрізді.* Белестер де, ойпандар да, далалар да көкпеңбек жасыл *б о я қ т а й* (С. Сейфуллин, Әңгім.). 2. *Бояқ кездеме тәрізді.* О да бұған ұмтылды, Бұл да оған ұмтылды, Екеуі киген ақ сауыт *Б о я қ т а й* дыр-дыр жыртылды (Батырлар жыры).

БОЯЛ *Боя етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Әр қилы *б о я л ғ а н* шарларды қосақтап ұшырған балалар желігі басылмапты (К. Тоқаев, Тасқын). Шебер әйелдердің өз қолымен *б о я л ғ а н* әр түсті жүннен, матадан тоқылған боғжамалар болады (М. Әуезов, Өскен өркен).

БОЯЛҒЫШ с ы н. *Бояу жұқтырғыш, тез боялатын (зат).*

БОЯЛТ *Боял етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Қаһарын шашып ерлерім, Қанына жауды *б о я л т қ а н.* Жауыздың қазып көрлерін Жалғаннан көзін жоғалтқан (Жамбыл, Шығ.).

БОЯЛТУ *Боялт етістігінің қимыл атауы.*

БОЯЛУ *Боял етістігінің қимыл атауы.* Бүршік атып, жапырағын жайған тал бұтағын көлденеңінен кертіп және ұзынынан тіліп қараса, олардың бөлімдерінің *б о я л у ы н а* қарай су мен ондағы еріген минерал және органикалық заттар ерітінділері сабақтың сүрек бөлімінен көтерілгендігі анық көрінеді (Т. Мұсақұлов, Ботаника).

БОЯМА с ы н. 1. *Боялған, бояулы.* Жігіт боп ғаһар тастай асыл болса, Әлсізге жаны кілең ашыр болса, Әрқашан сондай жігіт тәуір болмас, *Б о я м а* шүберектей жасыл болса (Ақан сері, Шығ.). 2. А у ы с. *Көз алдағыш, жасанды, жалған.* Мінез жайын айта келіп, өтірік батырсыған *б о я м а* мінезді сынау, адамдықты үгіттеу Абайдың он төртінші қара сөзінде көрінеді (М. Әуезов, Әр жыл.). Белсендісін *б о я м а* Бет пердесін сырытып, Іздесе көп қоя ма? (А. Тоқмағамбетов, Таңд.). *Б о я м а* сөздерім жоқ жарқырауық, Қарғаны сұңқар демен оқа жауып (Ә. Оңалбаев, Таңд.).

БОЯМАЛА е т. *Өңін өзгерту, көз бояу.* Каутский барлық нәрсені күңгірттендіріп, *б о я м а л а ғ ы с ы* келеді (В. И. Ленин, 35 т., 141-б.). «Алашордашылардың» *б о я м а л а п* жазғандарына газет-журналдардың беттерінен орын беріле қоймайды (С. Сейфуллин, Шығ.). Ал, мен болсам, шала білетінімнің өзін сылдыратып, *б о я м а л а п* жіберем (Б. Соқпақбаев, Балалық шақ.).

БОЯМАЛАН *Боямала етістігінен жасалған ырықсыз етіс.*

БОЯМАЛАУ *Боямала етістігінің қимыл атауы.* Оппортунистер қазір барлық істі *б о я м а л а у* үшін зиянкестік интригаға жүргізіп отыр (В. И. Ленин, 35 т. 141.).

БОЯМАЛЫ с ы н. с ө й л. Бояма. *Б о я м а л ы* кездемелер тез оңғыш келеді (Ауызекі тіл).

БОЯМАЛЫҚ з а т. *Жасандылық, жалғандық.* Алдыңғы ата, әке буындарының мінезіндегі *б о я м а л ы қ,* жалған татулық, қиянаткерлік атаулыдан сол аталардың нәсілдерін сақтандырмақ болды (М. Әуезов, Әр жыл.).

БОЯМАСЫЗ с ы н. 1. *Боялмаған.* Былғары да бояма, қарағым! — дейді қария.— Дүниеде *б о я м а с ы з* нәрсе болмайды (Т. Әлімқұлов, Күрең). 2. А у ы с. *Таза, адал, шынайы. Б о я м а с ы з,* ақ көңіл, Кірлетпей кетті жүректі (Абай). Сыртқа қасиет бітпейді. *Б о я м а с ы з* ықыласына қасиет бітеді (Бұл да).

БОЯМАШЫ з а т. *Шындықты бүркемелеуші, бояп көрсетуші.* Шындықты шын бейнелеудің, өміріміздегі азды-көпті кемшіліктерді жоюға жалпы жұртты жұмылдырудың орнына, *б о я м а ш ы л а р* оны майлап-сылап, көзге түсірмеуге тырысты (Ғ. Мүсірепов, Суреткер.).

БОЯМАШЫЛЫҚ з а т. *Жасандылық, боямалық.*

БОЯН[1] *Боя етістігінен жасалған өздік етіс.* Дайрабай ертемен тұрады да жуынады, шашын тарайды, айна алдында *б о я н ы п,* сыланып-сипанады (Ғ. Сыланов, Домбыра.).

БОЯН[2] з а т. б о т. *Арық жағалауына шығатын, ұзындығы 80—100 см., мал жеуге жарайтын жапырақты өсімдік* (Ботаника).

БОЯНУ *Боян етістігінің қимыл атауы.*

БОЯНЫП-ТАРАН е т. *Әдемілену, сылану.* Баланы Әскердің алдына тастайды да, ұзақ *б о я н ы п-т а р а н ы п* пәтерден шығады (С. Досымов, Жаңғырық).

БОЯҢ з а т. *Боялған бөздің бір түрі* (С. Қасиманов, Қаз. қолөнері).

БОЯТ *Боя етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Апырмай, Жақып, мынаны қолдан *б о я т т ы ң* ба, болмаса жаралуы осылай ма? (С. Мұқанов, Өмір мектебі).

БОЯТУ *Боят етістігінің қимыл атауы.* Өз білгендеріне суреттер салғызып, оны *б о я т у,* түрлі оюлар жасату керек («Халық мұғ.»).

БОЯУ[1] з а т. **1.** *Затты белгілі бір түске келтіру үшін жағылатын, жуқтырылатын химиялық зат.* Кесенің ішін қызыл *б о я у м е н* бояп болып, әйеліне қарады (Б. Майлин, Шығ.). Міне екі қоңыр арғымақ, жасыл *б о я у м е н* жаңада боялған қобди арбаға парлап жегіліпті (М. Әуезов, Таңд. шығ.). Бала әкесінің жазғытұры неше түрлі шөптің тамырын қазып, сонан *б о я у* жасайтынын біледі екен (С. Бегалин, Төлбасы.). **2.** А у ы с. *Бір нәрсенің өңін айналдырушылық, жасандылық, жалғандық.* Өз рапортында Асылбек болыс та бұларды «елді құтыртушы, қашқын» деген сияқты *б о я у л а р д ы* көбірек жағып көрсеткен (І. Жансүгіров, Шығ.). Достық тілегім, аса әсірелемей сол қалпында жазыңыз, өйткені әр минутын өмірдің ызғырығында өткізген партизан жолы артық *б о я у д ы* сүймейді (А. Лекеров, Қырда.). **3.** А у ы с. *Ерекшелік, мәнер.* Ұлттық өз *б о я у ы,* өз ерекшелігі бар идиомаларды аудару анағұрлым қиын болды (М. Қаратаев, Туған әдеб.). Асқар өз сықақтарында оғаш мінезді, жағымсыз қылықтарды *б о я у ы н* тауып суреттей біледі (Е. Ысмайылов, Сын.). ◆ **Болары болды, бояуы сіңді.** *Бітер іс бітті, енді өзгертуге болмайды. Б о л а р ы б о л ғ а н, б о я у ы с і ң г е н,* маған енді үгітіңді айтып, сөзіңді шығын қылма (С. Шарипов, Шығ.). Бәлкім, сіз ренжитін де шығарсыз. Бірақ *б о л а р ы б о л ы п* қойды, *б о я у ы с і ң і п* қойды. Өз қолыңды өзің кесесің бе («Лен. жас»). **Томар бояу.** *Құрай тектес өсімдік түбірінен жасалған бояу.* Әлімбайдың *т о м а р б о я у м е н* боятқан жаңа сеңсең ішігі бар (М. Әуезов, Абай жолы).

БОЯУ[2] *Боя етістігінің қимыл атауы.* Мен үйдің қабырғасына картонды жапсыра салып, *б о я у ғ а* кірістім (Ә. Сәрсенбаев, Толқында.).

БОЯУДАЙ с ы н. *Бояу тәрізді.* Жүрегім толқын ұрып, күйіп жаным, *Б о я у д а й* бетке шығып ыстық қаным (Ж. Молдағалиев, Таңд. шығ.). Қан қызыл қызғалдақтар, *б о я у д а й с ы ң,* Қалғыған ұйқылы-ояудайсың (С. Асанов, Алматым).

БОЯУЛЫ с ы н. *Бояуы бар, боялған.* Асты-үстілі ескі тақтай, биік столдың үстінде *б о я у л ы* қағаз гүл тұр (Ғ. Мұстафин, Көз көрген), ◆ **Бояулы ойран.** *Ойран шөп тұқымдасына жататын көп жылдық шөптесін өсімдік* (ҚСЭ).

БОЯУЛЫҚ с ы н. *Бояу боларлық, боғыштық.* Су бұрышының *б о я у л ы қ* та қасиеті бар. Зат бояу үшін оның шөбін қара күзге дейін жинауға болады (С. Сұбханбердин, Өсімдік — дәрі.). Оның тамырларының құрамында тері илейтін заттар — крахмал, белок, глюкоза, каротин, С витамині және басқа да *б о я у л ы қ* заттар болады (Бұл да).

БОЯУСЫЗ с ы н. **1.** *Бояу жағылмаған, бояуы жоқ.* Коридордың *б о я у с ы з* тақтай еденін сықырлата басып бесінші бөлмеге кірді (Т. Ахтанов, Дала сыры). **2.** А у ы с. *Боямасыз, шынайы, таза.* Мұндай шығармалар өзіндік ерекшеліксіз, *б о я у с ы з* шығыс әдебиеті мен ауыз әдебиеті стилінде жазылды (Б. Кенжебаев, Қаз. дем. жазушы.). Сезімсіз жан жоқ, үгітсіз, Адасып қалма, бұл куә. *Б о я у с ы з* ешбір үгітсіз, Болармын мысал құрбыға (Н. Шәкенов, Айгүл).

БОЯУХАНА з а т. *Зат бояйтын үй.* Отырған адамдар маталарын алып, *б о я у х а н а ғ а* жіберді (Мың бір түн).

БОЯУША ү с т. *Бояу секілді.* Тек осы *б о я у ш а* бұзылмай тұрғанда кетсек екен («Соц. Қаз.»).

БОЯУШӨП з а т. б и о л. *Ойран шөп тұқымдасына жататын көп жылдық шөптесін өсімдік* (ҚСЭ).

БОЯУШЫ з а т. *Затты түрлі түске бояйтын маман.* Мұның ішінде: тоқу цехының мастері Петр Калашников пен *б о я у ш ы* мастер Виктор Яблочкин бар (Ғ. Сыланов, Асау арна). Бар екен бір *б о я у ш ы* қала ішінде, Нақышпен сырлайтұғын әрбір түрде. *Б о я у ш ы* дүкендерін жапқан екен, Шығарып бояуынан неше жөнді (Айтыс). Менің мамандығым бетоншы, әрі *б о я у ш ы* («Қаз. әдеб.»). ◆ **Көз бояушы.** *Көз алдаушы, өтірікші, жалғаншы.* Жасақшылар жатып ішерлермен, ысырапқор, *к ө з б о я у ш ы л а р м е н* аяусыз күресуде («Лен. жас»).

БОЯУШЫЛЫҚ з а т. *Бояу жұмысымен кәсіптенушілік.* Еңбекпенен көз сүзбей күн көремін, Харакетім — суретші, *б о я у ш ы л ы қ* (Абай, Тол. жин.). ◆ **Көз бояушылық.** *Бір нәрсенің өңін айналдырушылық, өтірік қосып айтушылық.* Сенің сөзіңе қарағанда, біз мемлекетті алдап, *к ө з б о я у ш ы л ы қ* жасаймыз ғой (З. Шашкин, Сенім). Шаруашылыққа осылай иесіздікпен қараушылық, *к ө з б о я у ш ы л ы қ,* есепті былықтырушылық совхозға үлкен нұқсан келтірген («Лен. жас»).

БӨБЕ: **бөбе жапырақ.** Б о т. *Қосалқы жапырақ.* Көптеген өсімдіктің нағыз жапырағының түбінен өсіп шыққан қосалқы *б ө б е ж а п ы р а қ т а р ы* көбінесе қосарланып орналасады (Т. Мұсақұлов, Өсімдік. анат.).

БӨБЕК з а т. *Жас нәресте, сәби.* Осы ойын көзін әрең ашып-жұмып жатқан *б ө б е к т і* емізіп отырған анасына айтып еді, сірә, ұнамады білем, үндемей қалды (Ж. Өмірбеков, Елеусіз). *Б ө б е к* жылай-жылай талып ұйықтап кетсе керек, қыбырсыз, қимылсыз жатыр (С. Омаров, Хантағы). Оның алғашқы балаларға, сәби *б ө б е к т е р г е* арнап жазған өлеңдерін сендердің ата-аналарың да оқыған-ды (Ө. Тұрманжанов, Менің кітаб.). ◆ **Бөбектер үйі.** *СССР-де 3 жасқа дейінгі жетім балаларды тәрбиелейтін мекеме* (ҚСЭ).

БӨБЕКСІЗ с ы н. *Нәрестесіз, сәбісіз.* Есіктер өртеніп жанбасын, Бесіктер *б ө б е к с і з* қалмасын, Көңілдер күйікке толмасын, Көздерден қанды жас тамбасын (Ә. Тәжібаев, Жартас).

БӨБЕКТЕ е т. *Баланы әлпештеу, үлпілдету, өбектету.* Бес жасынан атқа мінді, үйренсін, қашанғы *б ө б е к т е й м і з,* алпысты құсырған маған қарай ма? («Лен. жас»).

БӨБЕКТЕЙ с ы н. *Жас баладай, нәрестедей.* Үйіне келді Ақан жаңа ғана, Жүгірді құшағын кең жазып ана. *Б ө б е к т е й* көріп ана сүйіп жатыр, Сүймесе сорлы көңіл жазыла ма? (Қ. Бекхожин, Үш кезең). Түгін тартса майы шыққан сиырлар, Бір бөлек тұр әлпештеген *б ө б е к т е й* (А. Тоқмағамбетов, Таңд.).

БӨБЕКШЕ ү с т. *Сәбише, бөбекке ұқсап.* Кеншінің ұлдары мен келіндері, Ерніне еркелесіп еріндері, Бүгін бір нәрсте ұйқы леззатында, Қария жас *б ө б е к ш е* керіледі (Д. Әбілев, Алтай.).

БӨБЕШІК з а т. 1. *Адамның көмекейіндегі кішкене тіл.* 2. *Құлақтың төменгі жағындағы кішкене жұмсақ шеміршек.* Сол жақ құлағының төменгі *б ө б е ш і г і н* сырға жырса керек, қойға салған ендей шұнтиып тұр (М. Сатыбалдиев, Қоңыр қозы).

БӨГДЕ с ы н. 1. *Жат, бөтен.* Бақтығұл әуелі баспалап қарап, ауылдың сыртын байқады. Бөтен ат, *б ө г д е* кісі жоқ сияқты (М. Әуезов, Қараш.). Олар сырттан *б ө г д е* адамдар кіргенде, сырлы тостағандарын дастарханға қойып, төмен ығысып, қонақтарға тер жақтан орын берді (А. Лекеров, Түз гүлі). Мені жас кезімде екі-үш жылдай *б ө г д е* адамдар асырап алып жүріпті (Э. Көшімов, Қарт аңшы.). 2. *Негізгі іске қатысы жоқ, қосалқы, көлденең.* Егер педагогтың сөзі сүйкімді болса, кластағылардың сабаққа берілуіне мүмкіндік туып, олар *б ө г д е* нәрселерге алаңдамайтын болады (М. Мұқанов, Пед. очерк.). Ол кейде қайдағы бір мағынасыз *б ө г д е* әңгімелерді айтып кетеді (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.).

БӨГДЕЛЕН е т. *Бөлектену, бөтендену.* Ол сценарий желісінен *б ө г д е л е н і п* тұрған жоқ. Қайта режиссерлік шешімдерді толықтырып, молықтырып тұр («Соц. Қаз.»).

БӨГДЕЛЕНУ *Бөгделен етістігінің қимыл атауы.*

БӨГДЕЛІК з а т. *Бөтендік, жаттық.* «Бөледе *б ө г д е л і к* жоқ» деген-ау, екеуі бірін-бірі жаңа көрсе де, жампайласып тұрғанын қарашы (С. Бегалин, Бала Шоқан). Арада өткен бес жыл сені *б ө г д е л і к к е* балаған,— деді күмілжіп (Т. Есімжанов, Дала.).

БӨГЕ е т. 1. *Біреуді жолынан қалдыру, аялдату, кідірту.* Мана кетіп қалатын едік, *бөгеген* өздерің (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). Абай оларға қарап езу тартты да, Дәмежанды өз арбасының қасында *бөгей* тұрды (М. Әуезов, Таңд. шығ.). Айша апай мені дәм татып кетуге *бөгеді* (С. Мұқанов, Өмір мектебі). 2. *Жаудың бетін қайтару, ілгері аттатпау.* Найза мен садақ тартып, қылыш шауып, *Бөгеді* қан майданда халық жауды (Дастандар). Жапондықтар берік бекіністе Совет Армиясына төтеп бере алмаған соң, біраз *бөгейін* деген оймен, барлық көпірлерді қиратып кетіп барады (А. Лекеров, Түз гүлі). Сен ойға түскенше, біз жауды *бөгей* тұрайық (Майдан). 3. *Ағын суды белгілі бір жерге тоқтату, бетін бір бағытқа қарай бұру.* Орал—Көшім каналын, Мырзашөлдің аралын, Көлге *бөгеп* алабын, Суға тоған байлаған (Жамбыл). Волховты бітіре сап, жең сыбанып, *Бөгеді*к ағынды су Днепрді (Ә. Сәрсенбаев, Өленд.). Патан жырылған жерді денесімен бітеп, көмек келгенше суды *бөгеп еді* (Ы. Жақаев, Менің бақытым). ◆ **Жіпсіз бөгеді.** *Амалсыздан тоқтатты.* Әдемі сырлы қыз күлкісі жігітті тағы да *жіпсіз бөгеп* қалды (Р. Әутәліпов, Алтын.). **Қол бөгеді.** *Қол байлады, уақыт алды.* Шешесінің *қолын бөгемей,* Мұкарама кішкене сәбиді төсекке жатқызып, қолымен қозғап қойып ұйықтатуға кірісті (Х. Есенжанов, Тар кезең). Кесір болып кедейлік, *Қолын* бірақ *бөгеді.* Қорлық көріп байлардан, Көздің жасын төгеді (О. Шипин, Екі дастан).

БӨГЕЖЕКТЕ е т. с ө й л. **Бүгежекте.** Ол бұрын көріп-білген кісім емес, бірдеңе істегелі жүр ме деп қорқақтап, *бөгежектеп* едім, «қорықпаңыз, мен де адам баласымын», — деді (Қаз. ертег.).

БӨГЕЛ е т. 1. *Бөге етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Кейде бір нәрсе шатыр-шұтыр ете қалады. Үрейім жоқ, аз *бөгелем* де, қайта қозғалам (Ә. Сәрсенбаев, Толқында.). Қара торы әйел есікті ашар-ашпасын білмей, аз *бөгеліп* тұрып қалды (Б. Майлин, Шығ.). 2. *Не сөз айтарын білмей мүдіру, күмілжу, іркілу.* Ояз көптің алдында осы сұрауды тастады. Жұрт *бөгеліп* үндемеді (І. Жансүгіров, Шығ.). Шәріпқали атын бірінші естіген теңіздің қай жақта екенін білмесе керек, не айтарын білмей *бөгеліп,* мүдіріп қалды (Ә. Сәрсенбаев, Толқында.). Бала жігіт сөйлей алмай *бөгеліп* қалды (Б. Майлин, Шығ.).

БӨГЕЛЕК з а т. **Бүгелек.** *«Бөгелек»* атанатын инеліктің бір түрінен жаны шыға қорқатын жылқы жануар ғана (С. Мұқанов, Таңд. шығ.). Шілденің бойын жазып *бөгелегі,* Быжылдап шыбын-шіркей көбелегі (Т. Жароков, Шығ. жин.).

БӨГЕЛЕКТЕ е т. *Бөгелектен қашу.* Аттар да *бөгелектеп,* пысқырып, дамылсыз жер тарпуын қойып, көсіле аяндап кетті (Т. Әлімқұлов, Ақбоз ат). Сығыр құдай! Сиыр құды оқыра, Жылқы кетті *бөгелектеп* шоқыра (І. Жансүгіров, Шығ.).

БӨГЕЛЕКШЕ ү с т. *Бөгелекке ұқсап.* «Даңмұрын деген кісі тауыпты» деп, Бір хабар келді қызыңдап *бөгелекше.* Өзі айтып, «қыз айтты» деп жұртқа жайып, Жүрмесе бала ойнаған дөңгелекше (Айтыс).

БӨГЕЛЕҢДЕ е т. *Бөгеліңкіреу.* Алысырақ ауылдың сыйлы жігіті келгенде, бұл топ *бөгелеңдеп* қалды (М. Әуезов, Таңд. шығ.).

БӨГЕЛТ *Бөгел етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Ол мені *бөгелтпей* машинаға мінгізіп жіберді (Ә. Нұршайықов, Тың астығы). Оқытушы студенттерді өз емтиханына *бөгелтпей* кезекпен кіргізіп тұруды Жомартбекке тапсырған (Бұл да).

БӨГЕЛТУ *Бөгелт етістігінің қимыл атауы.* Әскери поездарды *бөгелтпеу* керек (С. Бегалин, Ана.).

БӨГЕЛУ *Бөгел етістігінің қимыл атауы.* Ол шаршап келе ме, байқап келе ме, әйтеуір қарауы да, *бөгелуі* де көп (Ғ. Мұстафин, Шығанақ). Енді өрт шығып жатса да, оның *бөгелуге* мұршасы жоқ еді (Б. Соқпақбаев, Жекпе-жек).

БӨГЕЛІҢКІРЕ е т. 1. *Аялдаңқырау, кідіріңкіреу.* Есім де бір күні кітаптарын жинастырып, сумкасына реттеп салып, үйден *бөгеліңкіреп* шықты (А. Лекеров, Түз гүлі). Нияз азырақ *бөгеліңкіреп* келіп, ұсынған етті асады (С. Сейфуллин, Өленд.). 2. *Мүдіріңкіреу, күмілжіңкіреу, іркіліңкіреу.* Көңілі суи түссе де, қарсы айтар дауы жоқ. Әсер *бөгеліңкіреп* қалған болуым керек, бәрі маған анталай қарасты (Ж. Мұзапаров, Қаби қарт.).

БӨГЕЛІС 1. *Бөгел етістігінен жасалған ортақ етіс.* Олар аз уақыт үнсіз *бөгелісті* (Х. Есенжанов, Тар кезең). 2. Зат. *Үзіліс, кідіріс, мүдіріс.* Тегі арада бірталай *бөгеліс*, айналыс болып қалса керек (М. Әуезов, Таңд. шығ.). Алтынемел асуы қанша қарлы, қиын болғанымен ерсілі-қарсылы ағылған машиналарда *бөгеліс* жоқ (С. Бақбергенов, Алтынемел). Орманшының қазіргі *бөгелісінен* орындалмаған әкелік парыздың нышаны сезілді (Р. Әутәліпов, Қыр әңгім.).

БӨГЕЛІССІЗ сын. *Бөгетсіз, тоқтаусыз, кідіріссіз.* Тыстағы сөйлеген сөз киіз үйдің ішіне *бөгелісссіз* жетеді (Б. Соқпақбаев, Өлгендер.).— Жұмысқа шығыңдар,— деп, айқай салғанда, қыс демей, жаз демей ешқандай *бөгелісссіз* суырылып шығатын көнбіс Қағазбай ғана (Б. Соқпақбаев, Бастан кеш.).

БӨГЕН[1] зат. *Жылқының құйрығына түсетін қышыма ауру.* Жылқы көзінен доғала сылу, құйрығының *бөгенін* қандауырмен шабақтап, тотияйын тығу — көктемгі жұмыс болатын (Ж. Орманбаев, Қос басшы). Жылқының *бөген* ауруының шын сырын білмегендіктен, бұрын оны қышыма тері ауруына қосқан (Х. Арғынбаев, Мал ауру.).

БӨГЕН[2] зат. көсіб. *Қайық не шананың табаны мен екі қабырғасын бірікті-ріп, бекітіп тұратын ағаш.*— Ал, ал, төмен басыңдар, біріге қимылдайық,—деді Одырбай, қолындағы сүймен ұшын *бөген* табаны мен тақтайдың арасын қуалай қадап,— басыңдар төмен (Ә. Сәрсенбаев, Толқында.). Шегіршін деген мықты ағаш болады, содан шанаға *бөген* жасайды (Диал. сөздік).

БӨГЕНАЙ зат. көне. *Бір нәрсенің айырықша белгісі, ерекшелігі.* Бір кезде шуда жіппен жөрмеп түптеген, сыртын қызыл сәтенмен көмкерген дәптердің бұдан бөгде *бөгенайы* да жоқ (З. Жәкенов, Таң самалы). Бірақ көрген жерден бас салмай ордаға барып қайта қайтқанда ұстаймыз деспе, тек *бөгенайын* ғана байқап, дайындалып тұрды (Бозінген). Ол үйдің басқа үйлерден тағы бір көрнекті *бөгенайы* — есігінің алды Қояндының жәрмеңкесі іспетті («Лен. жас»).

БӨГЕНДЕ[1] ет. *Бөген болған жылқының құйрығын бір затқа үйкелеп қасынуы, тыныштықсызданулы.*

БӨГЕНДЕ[2] ет. *Қайық не шананың табаны мен екі қабырғасын немесе бір табаны мен екінші табанын бір-біріне мықтап бекіту, біріктіру.* Қайықтарынды нашар *бөгенделген* екенсіңдер, мына соққыға шыдай қояр ма екен?! (Ауызекі тіл).

БӨГЕНДЕУ[1] *Бөгенде (1) етістігінің қимыл атауы.*

БӨГЕНДЕУ[2] *Бөгенде (2) етістігінің қимыл атауы.*

БӨГЕНДІ сын. *Бөгенделген, бөгені бар (қайық, шана).* Мықты *бөгенді* ат шана жарға соқса да, сынбай қалды (Ауызекі тіл).

БӨГЕНДІК сын. *Бөген (2) жасауға арналған, бөген болуға жарарлық (ағаш).*

БӨГЕҢКІРЕ ет. *Аздап бөгеу, бөгей түсу, сәл ғана кідірту.* Кей кезде жан-жағына көз салады, Жүрісін *бөгеңкіреп*, аз кідіріп... (Ж. Саин, Таңд. шығ.). Жалпы айтқанда, жазда шөптің бар дәмі басында, күзде түбінде болады. Сондықтан да жазда ілгерілете, күзде еркін жібермей алдын орағыта, *бөгеңкірей* жайған мақұл (Шопан серігі).

БӨГЕҢКІРЕУ *Бөгеңкіре етістігінің қимыл атауы.*

БӨГЕС *Бөге етістігінен жасалған ортақ етіс.* «Жемейді біріккенді бөрі деген», Бас изеп бір-біреуге «е» деселік! Қарқыны қиянаттың қаптамасқа, Шым тасып, шын ниетпен *бөгеселік!* (Үш қасыр.). Арнаның суы әл бермес, Жұрт жиналып *бөгеспей! Бөгескен* соң тұрмайды, Түрленіп шалғын көк өспей! (Айтыс).

БӨГЕСУ *Бөгес етістігінің қимыл атауы.*

БӨГЕСІН зат. *Кіші-гірім бөгет.* Мәселенің өзегі — селге қарсы берік *бөгесін*, плотина тұрғызу (Ж. Жұмақанов, Адам.). *Бөгесіні* көп қара көлеңке жолмен үнемі еңкеңдеп жүру бізге, әсіресе, бойы ірі Макагонға оңайға соққан жоқ (С. Мұқанов, Есею жыл.). Білім жолындағы *бөгесіндердің* бірін де аяған жоқ (Ә. Тәжібаев, Өмір.). ◆ **Бөгесін болды.** *Кедергі келтірді, тоқтауыл жасады.* Машина жолы, темір жол, адам жүретін жолдар біріне-бірі *бөгесін болмауы* қатты ескерілген (Ғ. Мүсірепов, Достық.). Сенің жолыңа оның *бөгесін болуының* қисыны жоқ (Ш. Хұсайынов, Таныс адам.). Оларға ауа райының қолайсызды-

ғы *бөгесін бола* алар емес (С. Сейітов, Сөз сұра.). **Тас бөгесін.** *Мықты, берік тосқауыл, кедергі.* Оның аты халқына етер ізгі әсердің жолындағы *тас бөгесін* болады да (Ғ. Мүсірепов, Достық.).

БӨГЕСІНДЕ ет. сөйл. *Кедергіге ұшырау, бөгелу; тоқырау.* Бақса бұл ой санасында көлденең шөккен әнебір белеңнен *бөгесіндеп* тоқырай береді екенау («Жұлдыз»).

БӨГЕСІНДЕУ [1] *Бөгесінде етістігінің қимыл атауы.*

БӨГЕСІНДЕУ [2] сын. *Аз ғана кедергі, сәл ғана бөгесін.*

БӨГЕТ [1] зат. 1. *Өзен суын бөгеу үшін жасалған гидротехникалық құрылыс; плотина.* Құланөтпес өзенінің алқымына биіктігі 70 метр *бөгет* салып, шабындыққа, жайылымға су жаямыз (С. Омаров, Дала қызы). Биыл да сол әдеті, Су бұрқана тасыпты. Салмақ болып *бөгетті,* Халық күрес ашыпты (Ғ. Қайырбеков, Құрдас). Асуан *бөгетін* салуға Совет Одағы 400 миллион сом қаржы бөлді («Халық мұғ.»). 2. *Бөгеу арқылы тоқтатылған су қоры.* Осы айтылған ірі теңіздер мен көл айдындарынан басқа да республикада көптеген шағын көлдер, үлкенді-кішілі өзендер, су қоймалары, *бөгеттер* мен тоғандар бар (Т. Телеуғалиев, Балық ауру.). Ол 1914 жылы Іле өзеніндегі сазан асырайтын бір *бөгет* бұзылып, содан келді де, сазан тез өсіп, Балқаштың ең көп балығына айналды (Т. Қойшыманов, Қоңырат.). *Бөгеттен* басқа суы мол бұлақтарды да, су құбырын да, өзен суын да пайдалануға болады (С. Тілеубергенов, Мал шаруаш.). 3. *Жүруге, өтуге кедергі келтіретін зат. Бөгеттерден* ат секіртеді, қылышпен шыбық шабады. Шауып бара жатып, ат үстінде әр қилы өнер-қимыл жасайды (Б. Соқпақбаев, Жекпе-жек). Анда-санда айналам бір жарқ етіп, дүние бір елес беріп қалады. Талқандалған сым *бөгеттер,* істік арандар, үрпіскен неміс солдаттары көрініп қалады (Ғ. Мүсірепов, Кездесп. кет.). 4. ауыс. *Кедергі, тосқауыл.* Қозының алған мақсатынан қайтпайтын ер көңіл, опалы ғашық екенін оның алдында тұрған *бөгеттерді* жеңіп өтуінен де байқауға болады (М. Әуезов, Әр жыл.). Бұл өмірде математика пәнінен басқа *бөгет* жоқ сияқты көрінді оған (Т. Ахтанов, Көкқұтан). Бұның бәрі жақсы-ау. Сонда енді баруыма не *бөгет* деп сұрамақсыз ғой. Бөгет бар, мықты бөгет. Ол — әлгі намыскөйлігім (Б. Соқпақбаев, Өлгендер.). ◆ **Бөгет болды.** *Кедергі келтірді.* Жапал бұл екеуінің сағыныса көріскендей сыңайларын танып қалды да, *бөгет болмауға* тырысты (А. Байтанаев, Қайнар.). Жауса жаңбыр, құйса нөсер Бізге *бөгет бола* алмас. Асыл дәннің бір түйірі Желге бекер жоғалмас (С. Машақов, Жылдар). **Бөгет етті.** *Кедергі жасады.* Ислам ойына *бөгет етпейін* дегендей, Мәлік сол күнгі алған жаңа газеттерді алдына тастады да, кешірім сұрап, шығып кетті (З. Шашкин, Сенім). Барлық жағдайда бізге жердің айналуы *бөгет етпейді,* біз оны сезбейміз де, еске де алмаймыз (К. Әбдіғапаров, Қызықты физ.). **Бөгет жасады.** *Кедергі келтірді; кесірі тиді.* Маған бәрібір. Өз қызметіме *бөгет жасамаса,* қайда тартса да мейілдері (С. Мұқанов, Есею жыл.). Сағат төрттен асты... Тез кетейік. Әлгі Сабаулар келіп қалып, тағы да *бөгет жасар* (С. Омаров, Дала қызы). **Бөгет келтірді.** *Кедергі жасады, зиян тигізді.* Мұғалімдердің бір қатары мұндай міндеттілік оқушының шын білім дәрежесін айыруға *бөгет келтіреді* деп санаса, екінші біреулері мектепте баға қоюға атымен қарсы (Ә. Кекілбаев, Тырау-тырау.). **Бөгетке ұшырады.** *Кедергіге жолықты.* Төлеубектің машиналары мұндай *бөгетке ұшырап* көрген емес еді (К. Оразалин, Аң жазық). Колхоз орталығынан жіберілген машина, трактор келіп жеткенше бұлар қатты *бөгетке ұшырады* (С. Бегалин, Жеткіншек). **Бөгет қылды.** *Кедергі жасады.* Күндеді күйіп капитал, Қайтеміз деп болды дал. Қалай *бөгет қылмамыз* Большевиктер күшейсе (И. Байзақов, Таңд. шығ.). Біз де үнсіз тыңдаймыз, Сөзге *бөгет қылмаймыз.* Сәл бөгелсе «Тағы да! Тағы да айт!» деп қинаймыз (Қ. Ыдырысов, Аршында.). **Жолына бөгет болды.** *Кедергі жасады, кесе-көлденең тұрды.* Ағайын сағап разымын, *жолыма бөгет болмаңдар* (Ж. Саин, Жол үсті).— Әкесі *жолына бөгет болмаса,* Халуа жақсы адам болады,— деді ол (Ж. Жұмақанов, Соқпақ.).— Балам, алдыңды кескенім емес. *Жолыңа* да *бөгет болмаймын* (Т. Дәуренбеков, Біз. кездес.).

БӨГЕТ [2] *Бөге етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Поселканың жанындағы Ақсай деп аталатын бір сайды көптің күшімен

б ө г е т і п, әр үйге бау-бақша, огород еккізеді (Б. Кенжебаев, Қаз. дем. жазушы.).

БӨГЕТ-СӨГЕТ з а т. *Кедергі, тосқауыл.* Шалдың өндірген 26 бұйымы да шауып өтті, *б ө г е т-с ө г е т* болған жоқ («Қаз. әдеб.»).

БӨГЕТСІЗ с ы н. 1. *Бөгеті жоқ, кедергісіз; бөгет емес.* Айдаркинді Рақаңның жәрдемшісі *б ө г е т с і з* өзіне кіргізді (С. Бегалин, Уақыт.). Шын айтар кейде күлдірер, *Б ө г е т с і з* оған қар мен сел. Соғыста таймас табаны, Түтеген отқа тура енер (Қ. Аманжолов, Шығ. жин.). 2. А у ы с. *Тоқтаусыз, кідіріссіз.* «Өмірдің сан қиын асуларынан *б ө г е т с і з* өткен тәрбиесі мол адам»— деп ойлаған-ды (К. Оразалин, Ақ жазық). Келдің болды: *б ө г е т с і з* жөнеледі, Қатын, бала қалдырып мұлкін, жерін. Жан біткеннің бәріне біреу болсаң, Қайдан ғана келеді шаманың сенің (С. Дөнентаев, Таңд. шығ.). Дәл бір кітаптан оқып отырғандай *б ө г е т с і з*, мінсіз сөйлейді (Ж. Жұмақанов, Әлия).

БӨГЕТСІЗДІК з а т. *Бөгеті жоқтық, кедергісіздік.*

БӨГЕТТЕЙ с ы н. *Бөгет сияқты, бөгет тәрізді.* Осыдан кейін жолы ашылған *б ө г е т т е й* жастардың өнері шалқи тасыды (С. Мыңжасарова, Қыр қыз.).

БӨГЕТТІ с ы н. *Бөгеті бар, бөгет жасалған.* Бір ғана адам бұл төте жолды *б ө г е т т і* арнаға бұрып жіберді. Ал қалың топ соның соңынан лап қойды (Х. Есенжанов, Тар кезең).

БӨГЕТТІК с ы н. 1. *Бөгет боларлық, бөгет жасауға қолайлы.* Мынау бір *б ө г е т т і к* жер екен (Ауызекі тіл). 2. З а т. м. А у ы с. *Кесір, кедергі.* Әміржаннан арасы ашық, оның ұйқысына *б ө г е т т і г і* жоқ (А. Байтанаев, Қайнар.). Ол төбенің еш нәрсеге *б ө г е т т і г і* жоқ, тек қана осы аудан орталығымен екі араны бөліп тұруға ғана жаратылған екен дерсіз (А. Байтанаев, Қансонар).

БӨГЕТТІР *Бөгет етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БӨГЕТТІРУ *Бөгеттір етістігінің қимыл атауы.*

БӨГЕТУ *Бөгет етістігінің қимыл атауы.*

БӨГЕТШІ з а т. *Бөгет құрылысында жұмыс істейтін адам.* Бастығы Әлімбаев *б ө г е т ш і н і ң*, Құлатты Тұрмағамбет құздың шыңын. Жылқыбақ, Сыздық, Шөжік, Сары бастап, Диханға тауып берді жердің тығын (О. Шипин, Екі дастан).

БӨГЕУ [1] з а т. 1. *Бөгет, кедергі, тосқауыл.* Жаңағы әңгімеден кейін таныстығымыз *б ө г е у і н* алған ағын судай жылжып жүре берді (С. Шаймерденов, Мезгіл). Еркін есіктен көрінгенде осы тынып, іркіліп тұрған келемеж күлкі *б ө г е у і* алынып лақ ете түскен арна суындай, ақтарыла салды (Ф. Дінисламов, Көл жағасы.). 2. *Кідіріс, аял, тоқтам.* Рүстем өз қолымен ұшыруға Мылтықты жасап, оққа салды дәрі. Жан далбас, жақ ширкінге *б ө г е у* бар ма, Шырқырап екі қыздың шықты зары (І. Жансүгіров, Шығ.). Құдай-ау, *б ө г е у* берме қызыл тілге, Кез келді алты кісі рулы елге. Қызды көріп, бұлар да қуанады, Бір құдай медет бер деп біздей ерге (Батырлар жыры). ◆ **Бөгеу болды.** *Тосқауыл болды, бөгет жасады.* Әрештің жүзіне Нұрым да қадалмады, үлкен адамның босаған көңілін босата түсуді және оған *б ө г е у б о л у д ы* лайық көрмеді (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). Кетермін онда... Бақытыңа мен *б ө г е у б о л ы п* жүрсем, көзімді жоғалтармын... (Д. Досжанов, Тұлпар.). **Бөгеу жасады.** *Кедергі келтірді.* Тәжірибе істеймін деп комбайнға *б ө г е у ж а с а у ш ы* болма (Т. Нұртазин, Мұрат).

БӨГЕУ [2] *Бөге етістігінің қимыл атауы.* Гүлнәрға Сырдарияны *б ө г е у* де өлімді *б ө г е у м е н* бір сияқтанады (С. Мұқанов, Сырдария). Ең алдымен өткен жылы колхоз, МТС, совхоз басшылары қар тоқтату, көктем суын *б ө г е у* ісіне жауапсыздықпен қарады (Ә. Нұршайықов, Тың астығы).

БӨГЕУЛІ с ы н. *Шектеулі, кедергісі көп.* Бұрын Қазақстанда әдебиет пен поэзия, тіпті жалпы көркемөнер мен мәдениет сыйлы нәрсе емес еді, оның сыйлы еместігі былай тұрсын, бірсыпыра уақыт *б ө г е у л і*, шырмаулы болды (С. Сейфуллин, Шығ.).

БӨГЕУСІЗ с ы н. 1. *Бөгеуі жоқ, бөгетсіз.* Мұндай тегіс емес жерге суды қалай *б ө г е у с і з* тоқтатпақсыңдар? (Ауызекі тіл). 2. А у ы с. *Тоқтаусыз, кідіріссіз, іркіліссіз.* Көп жылдар бойы еріксіз іркілген махаббат тасқыны, жаңа ғана жол тапқандай, *б ө г е у с і з* ақтарылды (Х. Есенжанов, Көп жыл.). Өткір ұсақ тамшылар киімнен *б ө г е у с і з* өте шығады («Соц. Қаз.»).

БӨГЕУСІЗДІК з а т. *Бөгеуі жоқтық, бөгелмегендік.*

БӨГЕУШІ с ы н. *Бөгейтін, кедергі келтіретін.* Тас еріп, дария су боп ағып, Тоқтатса *б ө г е у ш і н і* нөсер қағып, Жасырынған бұл екеуін табалмастан Жарығы дүниенің жүрсе лағып (И. Байзақов, Құралай.). Абай Құнанбаев дінді және оның таратушыларын қоғам дамуын *б ө г е у ш і* күштер деп санады (З. Ақназаров, Ғылыми атеизм.).

БӨГЕУШІЛІК з а т. *Бөгегендік, кідіртпекендік, кедергі келтірушілік.*

БӨГЕУІЛ з а т. 1. Әск. *Жаяу әскер мен танкіге қарсы жасалатын кедергі, тосқауыл. Б ө г е у і л д і* әдетте орманды жерлерде ағаштардың бұтақты басын дұшпан жаққа қарата құлатып жасайды (ҚСЭ). 2. С ө й л. *Бөгет (1).* Шойынжолдың үстіне әр жерден тас үйіп, бір шақырымдай жерге шейін *б ө г е у і л* салдық (І. Жансүгіров, Шығ.). ◆ **Бөгеуіл болды.** *Кедергі жасады, бөгеді.* Біз одан комбайыншылар жұмысына *б ө г е у і л б о л ы п* жүрген жағдайлар жайлы айтуын сұрадық («Лен. жас»). **Бөгеуіл жасады.** *Кедергі келтірді.* Істің тамырын ұқпайды да, мезгілімен қолданатын шараларға *б ө г е у і л ж а с а й д ы* (М. Әуезов, Таңд. шығ.).

БӨГЕУІЛДЕ е т. с ө й л. **Бөге.** Сен малдың алдын *б ө г е у і л д е й* тұр (Ауызекі тіл).

БӨГЕУІЛДЕУ *Бөгеуілде етістігінің қимыл атауы.*

БӨГУ [1] *Бөк етістігінің қимыл атауы.* Төре атаулы төрінде, Тойып майға *б ө г у д е.* Төленгіттер төл терген, Төленгіттер егінде (М. Әлімбаев, Таңд. өленд.).

БӨГУ [2] з а т. в е т. *Жіті және созылмалы түрде өтетін сауын сиыр ауруы. Б ө г у м е н* ауырған мал оттамайды, күйісінен жаңылады, кекіреді, кейде іші кебеді (ҚСЭ).

БӨГІРЕ з а т. *Кішкене қол сандық, сандықша.*

БӨГІРЕБАС з а т. с ө й л. **Бөгіре.** Бөркіңді *б ө г і р е б а с қ а* айналдырып салып ем, үкісі ғана ұйысып қалыпты (Ғ. Мүсірепов, Ұлпан).

БӨДЕНЕ з а т. *Егістікте, қалың шөп арасында жүретін дене тұрқы 20 см-дей, ақшыл жолақты кішкене сұр құс; бытпылдық.* Кенет бір *б ө д е н е* пыр етіп аяғының астынан ұша жөнелмесі бар емес пе (М. Сүндетов, Балық аула.). Аса алыс емес, жанынан бытпылдық-бытпылдық деп, *б ө д е н е* ұшты (З. Шашкин, Тоқаш Бокин). «Быт-быт!»— деп *б ө д е н е,* Тығылды көдеге. Қонса да қашық тым, Ұстауға асықтым (Ә. Табылдиев, Сөз бөбектікі). *Б ө д е н е н і ң* үйі жоқ, қайда барса бытпылдық (Мақал).

БӨДЕНЕДЕЙ с ы н. *Кішкентай ғана, томпиған.* Дастарханда банан, лимон, апельсин, бұғып жатқан *б ө д е н е д е й* ғана тауық еті (Ғ. Мүсірепов, Достық.).— Әй, ішінде *б ө д е н е д е й* ғана келіншегі бар екен, құда түсіп алып қал («Лен. жас»). ◆ **Бөденедей бүлкілдеп.** *Үн-түнсіз томпаңдап, бүкшең қағып.* Байтал түгіл бас сауға быт-шыт болдық, Тұрымтайдан тығылған шымшық болдық. Жамбыл шалдан айрылып әрқайсымыз *Б ө д е н е д е й б ү л к і л д е п* жым-жырт болдық (К. Әзірбаев, Тойбастар).

БӨДЕНЕЛІ с ы н. *Бөденесі бар, бөденесі көп.* Ол жақтың жері *б ө д е н е л і* келеді (Ауызекі тіл).

БӨДЕНЕПАЗ з а т. *Бөдене соғыстыруға жаны құмар (адам).* Бір шайханаға кілең *б ө д е н е п а з д а р* жиналған. Олар бөденені таластырып, соның қызығына батады (К. Сейдеханов, Түркістан).

БӨДЕНЕСІЗ с ы н. *Бөденесі жоқ, бөденесі болмайтын (жер).* Шалғынды аймақта *б ө д е н е с і з* жер жоқтың қасы (Ауызекі тіл).

БӨДЕНЕШЕ ү с т. *Бөдене тәрізді, бөдене құсап.* Лездің арасында барлығымыз да *б ө д е н е ш е* жып-жып етіп, егіннің арасына бұға-бұға қалдық (С. Мұратбеков, Жабайы.).

БӨДЕНЕШӨП з а т. б о т. *Далада, шабындықтарда өсетін аласа эфемер шөп.* Осы эфемер жайылымдарда түлкімасақ, *б ө д е н е ш ө п,* Северцев сарғалдағы, сары апиын т. б. көптеген өсімдіктер өседі (Ә. Бірмағамбетов, Қазақст. геогр.). Үшінші бір топ өсімдіктерде тек ортаңғы жапырақ қана өсіп шығады да, оның үстіңгі және төменгі жапырақтары болмайды. Бұған *б ө д е н е ш ө п т і,* көдені, селдіректі мысалға келтіруге болады (Т. Мұсақұлов, Ботаника).

БӨДЕС с ы н. *Жүндес келген, көнпіс, мініс көтеретін (жылқы).* Астында *б ө д е с*

қоңыр құнаны бар (М. Әуезов, Абай жолы).

БӨДЕСКЕ з а т. к ә с і б. *Арбаның білігін бойлата астыңғы жағынан төселетін ені 4—5 см ұзынша темір* (С. Қасиманов, Қаз. қолөнері).

БӨДІРЕТ о р. з а т. *Белгілі бір жұмысты түгел істеп шығу үшін алынған міндет, борыш; «подряд».* Ыбырай көмір мен мыс **кендерін тасудың** *б ө д і р е т і н* алған, **жүзден көлік** жүргізіп тұрған кіреші еді (Ғ. Мүсірепов, Таңд. шығ.). *Б ө д і р е т* алып отынға, Қарағай тартып қатынға, Жүрміз, міне, жолдасым (І. Жансүгіров, Шығ.).

БӨДІРЕТШІК з а т. *Белгілі бір жұмысты түгелдей міндетіне алушы, көтермеші.* **Бұл — Федоровтың** *б ө д і р е т ш і г і* Курнос **Ивән** (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер).— **Балық** аулаудың мәнісін білесің ғой. Бұл араның теңізіне де мініскерсің. Маған *б ө д і р е т ш і к* бол (Бұл да).

БӨЖЕК: бөжек қақты. С ө й л. *Бүгежек қақты.* **Кендірбай** оның алдына түсіп *б ө ж е к қ а қ т ы* (Ауызекі тіл).

БӨЖЕКТЕ е т. с ө й л. **Бүгежекте.** Жабыдан туған жаман ат, Шаба алмайды *б ө ж е к т е п* (М. Өтемісов, Өленд.).

БӨЖЕКТЕТ *Бөжекте етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БӨЖЕКТЕТУ *Бөжектет етістігінің қимыл атауы.*

БӨЖЕКТЕУ *Бөжекте етістігінің қимыл атауы.*

БӨЖЕҢДЕ е т. с ө й л. *Бөжектеу, бөжек қағу.*

БӨЖЕҢДЕТ *Бөжеңде етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БӨЖЕҢДЕТУ *Бөжеңдет етістігінің қимыл атауы.*

БӨЖЕҢДЕУ *Бөжеңде етістігінің қимыл атауы.*

БӨЖІП-БӨРТ е т. *Кеуде қағу, мақтану; міндетсіну.* Бірақ есепке алып есіркеп, жақсылық істедім деп кеуде қағып, *б ө ж і п-б ө р т к е н* де емес (О. Бөкеев, Ұр-кер).

БӨЖІП-БӨРТУ *Бөжіп-бөрт етістігінің қимыл атауы.*

БӨЗ з а т. 1. *Жұқа, болбыр, бостау мата.*— Ай, ноғай! Мына *б ө з і ң н е н* он кез бересің бе? (Ғ. Сыланов, Асау арна). Белине үлкен ақ *б ө з д е н* белбеу байлады (С. Бақбергенов, Қайран шешем). Россиядан Қазақстанға шұға, барқыт, кенеп, *б ө з*, былғары, бояу материалдары әкелініп отырды (ҚазССР тарихы).//С ы н. м. *Бөзден істелген.* Сәтен, не *б ө з* көйлек болса, өйтіп кісі денесіндей сарғыш көрінер ме! (Д. Досжанов, Тұлпар.). Желпініп сонда Мақаш сөз сөйледі, Айтатын тамашасы көп қой тегі; Көрінді баға жетпес асыл заттай, Сәукеннің қырық жамау *б ө з* көйлегі (С. Омаров, Сәукен). 2. А у ы с. *Жаман, нашар, бос, құнсыз.* «Ой, тәңірі-ай»-шыл, кер есек, Құлық-сұмдық не өсек. Болмаған соң бір есеп, Мейлі қамқа, мейлі *б ө з* (Абай, Тол. жин.). Білінді Жәмилажан, жібек, *б ө з і ң*, Орынсыз емес бізге жазған сөзің. Осынша шани-шаукет ғылымменен, Қайтулы гүлстанға келер кезің (Айтыс). Бар-ды сылқым — ақ тамақ, Жүретін ек мақтап-ақ. Өскен сайын өзгерді, Жұрттың бәрін *б ө з* көрді (Жас қанат). ◆ **Аузынан сөзі, қойнынан бөзі түскен.** *Жасық, ұяң, ынжық, боз өкпе.* «*А у з ы н а н с ө з і, қ о й н ы н а н б ө з і т ү с і п*» дегендей, қарадан-қарап тұрып-ақ қысылып-қымтақтап, біліп тұрғандарын жөндеп айтып бере алмай кісінің діңкесін құртады (Ө. Қанахин, Жас дәурен). Келген басшы алғаш көргеннен-ақ көсіліп сөйлеп, төгіліп тұрмаса, *а у з ы н а н с ө з і, қ о й н ы н а н б ө з і т ү с к е н* біреу екен, басшы боп не оңдырар дейтін пікірден де ауыл адамдары құр алақан емес-ті (Ә. Қалмырзаев, Ар). **Бөз орнына сөз берді.** *Құр сөзбен шығарып салды. Б ө з о р н ы н а с ө з б е р і п*, Құда, тамыр, дос кетті. Қол ұстамай, көз көріп, Айтқан арыз бос кетті (Абай, Тол. жин.). Ертеңгіні ойла, халқың үшін қамыға біл, әрқашан елің есіңде жүрсін. *Б ө з о р н ы н а с ө з б е р г е н* бөсербайлардың соңына еріп елірме, есуастанба (Ө. Қанахин, Жас дәурен).

БӨЗДЕЙ с ы н. *Бөз сияқты, бөз тәрізді.* Оңған *б ө з д е й* ажарсызданып барып, ұмыт болған жай ғой (Б. Шаханов, Ғашық.). Ашы жастан мұнар қаптап көз алды, Көк сағыздай созылады жұлыны. Қызыл өңі *б ө з д е й* болып бозарды, Келе жатыр ер үстінде ілініп (Т. Иманбеков, Бұлақ).

БӨЗДІ с ы н. *Бөзі бар, бөзі мол.* Сол баяғы *б ө з д і* саудагер үйімізге тағы келді (Ауызекі тіл).

БӨЗСІЗ с ы н. *Бөзі болмаған, бөзі жоқ.*

БӨЗСІЗДІК з а т. *Бөзі жоқтық, бөзі болмағандық.*

БӨЙТЕКІ с ы н. д и а л. *Дөрекі, сөлекет; ыңғайсыз.* Менің сөзім де *б ө й т е к і* болды ма, неге күлдіңіз? (Диал. сөздік).

БӨК е т. 1. *Бөрту, ісіну.* Қарынның тым үлкеюі қарынның не ішектің ішіне газ толғанын, не тез *б ө г е т і н* азықты көп жегенін көрсетеді (Ә. Әбішев, Мал санитары.). **Қой көк шөпті бірден көп жеп қойса, қарынға барғанда тез *б ө г і п*, газ шығаратын шөптер араласса, мал күпті болып, іші кебеді (Шопан серігі). 2. *Бойына су тарту, суға қану.*** Жер қар суынан кейін *б ө г і п*, бабына кеп жатқан сияқты (С. Мұратбеков, Көкорай). Дала қара күрең; кешелі-бергі жауыннан *б ө г і п* қалыпты (М. Сүндетов, Ескексіз.). Кенет ол күліп жіберді. Онда да, *б ө к к е н* балшықтай тобарсыған жалпақ бетінің бір жері бұлк етпестен, тек қана бір танауымен мырс етті (Ә. Нұрпейісов, Сергелдең). Айдаудың қоңыр майлы топырағы суға *б ө г і п* буы бұрқырап жатыр («Лен. жас»). **3.** А у ы с. *Тамақты (жемді) қалыптан тыс артық жеу; шеміршек ату.* Үйдегі қымызға *б ө к к е н* адамдардың жағасы жайлауға кетіп, аузынан сілекейі ақты да қалды (І. Жансүгіров, Шығ.). Ырсылдап демін алды Есмет біраз, Май жұтып, етке *б ө г і п* жатқан сабаз. Болса да жүрегі мұз, пейілі тар, О дағы жан иесі мақтанымпаз (Ж. Саин, Күлөнда). Бітпей жатқан шаруа жоқ, Кіші көкті жегіп ал. Жемге *б ө г і п* тұрған ат (Ж. Молдағалиев, Сарарқа.). **4.** А у ы с. *Бір нәрсеге кенелу, белшесінен бату.* «Тамыры терең, жапырақтары әсем, саялы»,— деп, Жәпек қарт тәтті қиялға *б ө г і п*, жаны рахаттанып келе жатты (З. Иманбаев, Кең аймақ). Ана да көзін жұмып ап дыбыссыз ұйқыға *б ө г і п* жатыр екен (А. Байтанаев, Қайнар.). Ержанды шаңға *б ө к к е н* құрылысшы деп ешкім айта қоймас (Т. Қойшыманов, Қоңырат.). ◆ **Қанға бөкті.** *Қанға батты, қан болды.* Күні-түні дулығасын тастамаған басынан, Ұйықтап жатыр, жерін қорғап *қ а н ғ а б ө к к е н* жас ұлан. Ал, Арыстың ойлы өзені ойға шомып не түрлі, Сол жылдарға қарғыс айтып күрсінетін секілді (М. Шаханов, Баллада.). **Майға бөкті.** *Семірді, жұнттай болды.* Қаратаз іркіт құйған местей, *м а й ғ а б ө г і п* лықылдап тұрған денесін шайқап, ырқ-ырқ күлді (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). **Ақбас атан *м а й ғ а б ө к т і*** семіріп, Шым қорада тұра алмады ерігіп. Бірін тарпып, бірін тістеп, бір күні Аруанаға ауыз салды желігіп (С. Сейтенов, Бойжеткен.). **Сүтке бөкті.** *Сүтке тойды, тойынды. С ү т к е б ө к к е н* марқа қозылардың өзі бірегей («Лен. жас»). Бал тамған балаусадай мезгіл көктем, Жерде айғыр кісінеп, бұлт көктен, Жер семіріп жаңбырға, жас құлындар Жұмыр жон, жатыр қағып *с ү т к е б ө к к е н* (С. Мұқанов, Шыңнан шыңға).

БӨКЕ з а т. к ә с і б. *Қайықтың қабырғасына тігінен салынған жұмыр ағаш. Б ө к е н і ң* санына қарай, қайықтың үлкен-кішілігі ажыратылады (Диал. сөздік).

БӨКЕБАЙ з а т. 1. *Түбіттен, жүннен тоқылған жұмсақ мойын орағыш; шарф.* Қолдан тоқылған ескілеу жүн *б ө к е б а й м е н* арық, жіңішке мойнын иегімен тұтастыра орап алған (Б. Соқпақбаев, Жекпе-жек). Үскірік қатайып кеткенде тымақтың артқы құлағын баса мойнына түбіт *б ө к е б а й* орайды (Ж. Орманбаев, Қос басшы). Суық тиер, көкем-ай, Сал мойныңа *б ө к е б а й!* Күнім, айым, айнашым, Құлақ бауың байлашы! (Қ. Мырзалиев, Алуан.). **2.** *Түбіттен, жүннен тоқылған үлкен орамал; шәлі.* Машрап келіншек, ақ *б ө к е б а й д ы* көтеріп келді де, Рабиғаның басына бүркеді (Б. Майлин, Шығ.). Қайырма жағалы пүліш пальто киіп, басына түбіт *б ө к е б а й* тартқан Күнзила аудан орталығына келгенсін азық-түлік ләпкесіне кірді (Ж. Молдағалиев, Сарарқа.). Ақ *б ө к е б а й* орамал, Басында дүр жар-жар-ай. Жарыса өскен қатарың Қасында дүр жар-жар-ай (М. Сералин, Гүлқашима).

БӨКЕБАЙДАЙ ү с т. *Бөкебай сияқты, бөкебай тәрізді.* Бағанағы көлеңкелі ақша бұлттар таудың өркешіне, шоқтығына *б ө к е б а й д а й* оралып, көк ала түске еніпті (Т. Әлімқұлов, Сейтек.). Сүйемін, кәриялардың пәк тілегін, Тау алдының ашпалы тәтті лебін. Сүйемін, сағынғанда мойынға *б ө к е б а й д а й*, Оралатын арудың ақ білегін (С. Әлімқұлов, Қыран).

БӨКЕБАЙЛЫ с ы н. *Бөкебайы бар, бөкебай салған.* Қараша үйден қолында құманы бар *б ө к е б а й л ы* әйел шығар еді (О. Бөкеев, Қамшыгер). Қара *б ө к е б а й л ы* қартаң кемпір тұрып: мына мұздақтың жұртқа қолайсыз болғанын, өзінің екі жерде сүрініп құлап, әзер жеткенін *айтты (Т. Нұрмағамбетов, Қош бол.).*

БӨКЕБАЙЛЫҚ з а т. *Бөкебай болар-лық.* Мынауың бір *б ө к е б а й л ы қ* жүн екен (Ауызекі тіл).

БӨКЕБАЙСЫЗ с ы н. *Бөкебайы жоқ.* Күн шытқыл аяз. Әкенің сақал-мұрты қы-рауыта бастаса да тымағының бауын бай-лаған жоқ. Мойны *б ө к е б а й с ы з* (Ғ. Мұстафин, Көз көрген).

БӨКЕБАЙСЫЗДЫҚ з а т. *Бөкебайы жоқтық, бөкебайы болмағандық.*

БӨКЕБАЙСЫМАҚ з а т. э к с п р. *Толық мәнінде бөкебай емес, бірақ бөкебай орнына жүретін нәрсе.*

БӨКЕБАЙШАҢ с ы н. *Бөкебай жамылған (салған), тек бөкебайы ғана бар.* Таңертең *б ө к е б а й ш а ң* бір әйел үйге асығыс-үсігіс кіріп келді (Ауызекі тіл).

БӨКЕК: **бөкек қақты.** С ө й л. *Бүкек қақты.* Алдында *б ө к е к қ а қ қ а н* Сырымбай ұрыларымен келеді (М. Қуанышбаев, Кек қылышы).

БӨКЕКТЕ е т. с ө й л. **Бүкекте.** *Б ө к е к т е м е й* былай жүрші алдымнан (Ауызекі тіл).

БӨКЕКТЕТ *Бөкекте етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Жетегіндегі ақ қасқа сәурікті *б ө к е к т е т і п* кеп, үй маңына жақындата бере:— Айым, уа, Ақсәулеш!— деп айғай салды (О. Тәжиева, Қара қолғап).

БӨКЕКТЕТУ *Бөкектет етістігінің қимыл атауы.*

БӨКЕКТЕУ *Бөкекте етістігінің қимыл атауы.*

БӨКЕЛІ с ы н. к ә с і б. *Бөкесі бар, бөке салынған.* 8—12 *б ө к е л і* қайық хауіпсіз болады (Диал. сөздік).

БӨКЕН з а т. *Далалы жерді мекендейтін, аша тұяқты жүйрік аң; аңбөкен.* Ол құмдарда соңғы жылдары мұлде мыңғырып өсіп кеткен *б ө к е н* қалың болатын (М. Әуезов, Таңд. шығ.). Киікті қазақ және дейді *б ө к е н,* Бетпақты бұл **бейшара** қылған мекен. Бөкенді атып мерген өлтіргенде, Жазасыз жан өлді деп ойлай ма екен? (С. Сейфуллин, Шығ. жин.). Қырында *б ө к е н,* құлан бар, Көлінде балық, бұлан бар, Тоғайдағы елігі Байқасақ қарап көзігі (Қ. Жапсарбаев, Өлеңд.). ◆ **Бөкен аяқ.** *Жіңішке, сидам, ұзындау аяқ.* Трибуна алдынан кекіл-жалы тоқпақтай орыс желгіштері де, *б ө к е н а я қ,* қаз мойын ақалтеке жүйріктері де өтіп жатыр («Лен. жас»). **Бөкен желіс.** *Екпінді, қатты, сар желіс.* Елден ұзап шығысымен ат көзі байланған қап алынып тасталынды. Күрең *б ө к е н ж е л і с к е* түсті (Ж. Молдағалиев, Сарарқа.). Айдаушы анда-санда бір ысқырып, бишігін үйіріп қойса болғаны қысы-жазы жемде тұратын жануарлар *б ө к е н ж е л і с і н* бәсеңдетіп көрген емес (Ғ. Сыланов, Очерк.). Лыпыл қаққан, күрең тарбаяқтап шоқыта жөнелді. Осылайша біраз *б ө к е н ж е л і с п е н* отырды (С. Алдабергенов, Алға). **Бөкен желіске басты.** *Сар желіске салды.* Күншығыс жақ құланиектене бастағанда жылқы өрісінен атқа қонған Есеналы шуу дегеннен қасқырқараны *б ө к е н ж е л і с к е б а с т ы* (Ж. Тілеков, Қайнар). Бір уақытта жалғыз аяқ жолға түсіп алып, *б ө к е н ж е л і с к е б а с т ы* айғырым (Т. Әлішеров, Өнерпаз.). **Бөкен желіске салды.** *Сар желді, қатты желді.* Ұрса ма деп қорыққан Бекеғали *б ө к е н ж е л і с к е с а л ы п* шоқыта жөнелді (С. Бақбергенов, Қайран шешем). Әдемі жарау қаракөк биені *б ө к е н ж е л і с к е с а л ы п,* біздің аттарымызды шоқалақ шабысқа түсірген Сейфолла Көкен екеумізді қағыта сөйлеп келеді (Ә. Көшімов, Қарт аңшы.). *Б ө к е н ж е л і с к е с а л ы п* отырып, ара-арасында шоқырақ басып алсаңыз да мейліңіз (А. Байтанаев, Қайнар.). **Бөкен қабақ.** *Сыртқа қарай шығыңқы, көтеріңкі тік қабақ.* Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ, Қой мойынды, қоян жақ, *б ө к е н қ а б а қ.* Ауыз омыртқа шығыңқы, майда жалды, Ой желкелі, үңірейген болса сағақ (Абай, Тол. жин.). Орта бойлы, иықты, *б ө к е н қ а б а қ,* бүркіт көз, қазанат дене боз жігіт телефонмен сөйлесіп тұр (Ғ. Мұстафин, Дауыл.). **Бөкен сан [санды].** *Бұлшық етті, жұп-жұмыр сан.* Дөнен шыққанда қара көктеніп өзгере бастады. Жұп-жұмыр *б ө к е н с а н д а р ы н д а,* ту сыртында әсем теңбілдері бар (З. Иманбаев, Солма. гүл.). Сом тұяқ, қысқа бақай, жазық бауыр, *Б ө к е н с а н,* бөрі құлақ, құлын сауыр. Қолдау еті бесіктей, қоян жонды, Қайыспас берік мұз бел, арт салдауыр (Батырлар жыры). Екі жал тақтайдай тура түскен, Сан еті кесек-кесек білемдескен. Жайтаңдаған жүрісі, *б ө к е н с а н д ы,* Төрт аяқтың жүрісі жерді тескен (И. Байзақов, Таңд.).

БӨКЕНДІ с ы н. *Бөкені бар, бөкені мол.* Сарарқа мен Бетпақдала *б ө к е н д і* жер (Ауызекі тіл).

БӨКЕНСІЗ с ы н. *Бөкені жоқ, бөкен кездеспейтін (жер).*

БӨКЕНШЕ ү с т. *Бөкен құсап, бөкен тәрізді.* Жазық жерде ол *б ө к е н ш е* зымырайды (Ауызекі тіл).

БӨКЕНШІЛ с ы н. *Бөкен аулауға жаны құмар, бөкенге әуес.*

БӨКЕҢ: **бөкең қақты.** С ө й л. *Бүкең қақты.* Аттарды *б ө к е ң қ а қ т ы р ы п* жүріп келеміз (Ж. Аяшев, Алақан).

БӨКЕС о р. з а т. *Қол шалғымен шапқандағы, ат тырмамен тырмалағандағы бір қатарға жиналған шөп; «покос».* Шалғышылар жүріп кеткен жерде жал-жал боп жаңа *б ө к е с т е р* қалып жатыр (М. Дүзенов, Ақәже). Шабылған шөпті маялауға мұрша бермейді, қыруар пішен *б ө к е с т е* жатып шіритін сыңайы бар (С. Байжанов, Сыр.). Бұл машинамен *б ө к е с т е р д е* жатқан шөпті жинап отырады және олардың сабақтарын сындырып жаныштайды (Ауыл шаруаш. машин.).

БӨКЕУІЛ з а т. с ө й л. **Бақауыл.** Мысалы: ханның азық дайындайтын озбыр *б ө к е у і л і н* және сондайларды қасқырға теңеп, «қасқыр» дегенді озбырлық, тамақсаулық суреті қылатын болған (С. Сейфуллин, Шығ. жин.). «...Бар екен, жоқ екен... Бері *б ө к е у і л* екен. Түлкі жасауыл екен...» (Бұл да).

БӨККІЗ *Бөк етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БӨККІЗДІР *Бөккіз етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БӨККІЗДІРТ *Бөккіздір етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БӨККІЗДІРТУ *Бөккіздірт етістігінің қимыл атауы.*

БӨККІЗДІРУ *Бөккіздір етістігінің қимыл атауы.*

БӨККІЗУ *Бөккіз етістігінің қимыл атауы.*

БӨККІШ с ы н. *Жиі бөгіп қалатын, тез тойынғыш.* Кей құлын бар ұйықтампаз, сүтке *б ө к к і ш,* Кей құлын бар бетімен ойнап кеткіш... Кей бие бар кезінде емізбейтін, Қытықшыл, қымсынымпаз, құлын тепкіш (С. Мұқанов, Шыңнан шыңға).

БӨКПЕ[1] з а т. с ө й л. **Бөкпен.** Ақтаған тарының *б ө к п е с і н* үлкен шараға толтырып, бетіне тұздық құйып әкелді (Н. Әбуталиев, Сахара.).— Оу, мұның не? Мана кеспе дайындап жатқан жоқ па едің?— Кептірілген кеспе нан қайнаған кезде *б ө к п е г е* айналып кетті. («Лен. жас»).

БӨКПЕ[2] с ы н. д и а л. *Борпылдақ, жұп-жұмсақ, майда.* Соқа тісін сәл тереңдете *б ө к п е* топырақ қалыңдап, өгіздер мықшиып тұрып қалды (С. Мұратбеков, Көкорай). Топырақтың *б ө к п е* жұмсақтығы керзі етіктің сыртынан білініп келеді (Бұл да).

БӨКПЕН з а т. *Талқанды, қуырылған ұнды сүтке бөктіріп пісірген ас, тағам.* Қала халқы сүтті магазиннен сатып алып, шайына қатып ішеді. Жас балаларына *б ө к п е н,* тәтті ғып күріш ботқа пісіріп береді (Ө. Тұрманжанов, Адам.). Зергүл қазанның қақпағын алып табаққа *б ө к п е н* құйып тұр екен (Ш. Мұртазаев, Мылтықсыз.). Бауыр ауырғанда нан, күріш, *б ө к п е н,* кисель, сүт, майсыз ақ ірімшік, айран, қатық ішу қажет (Келіншектер.).

БӨКПЕНДІ с ы н. *Бөкпені бар, бөкпенмен қамтамасыз етілген.*

БӨКПЕНДІК с ы н. *Бөкпен жасауға арналған, бөкпен боларлық. Б ө к п е н д і к* талқаны да таусылып қалыпты (Ауызекі тіл).

БӨКПЕНСІЗ с ы н. *Бөкпені жоқ.*

БӨКПЕНСІЗДІК з а т. *Бөкпені жоқтық.*

БӨКПЕНШІЛ с ы н. *Бөкпенді жақсы көретін, бөкпенге әуес.* Сол-ақ *б ө к п е н ш і л* екен (Ауызекі тіл).

БӨКПЕСІЗ с ы н. с ө й л. *Бөкпесі (1) жоқ; бөкпенсіз.*

БӨКСЕ з а т. *Адамның, жануарлардың белінен төменгі дене мүшесі.*— Таста, әрі, *б ө к с е ң д і* бұлтитпай! Сен қай бір арық қызсың, шалбар денеңе жабыса кететін? (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз). Асыл матадан тіккен қайран көйлек *б ө к с е,* мықын жоқ денеден бейне сексеуілге кигізе салғандай салбырап жүретін (М. Иманжанов, Көк белес).— Қасқа бас, сарақ, оңқайды ол. Таңдап берген атының түрін, *б ө к с е с і н* көтере алмайтын мәстек,— дейді аузы жыбырлап (З. Шашкин, Өмір.). ◆ **Бөксе басты [басар] болды.** *Көп отырып қалатын болды, жүріп-тұруы қиындады.* Эттең бізде көлік жоқ. Оның үстіне

кемпір де *бөксе басар болып*... Құмаршақ қағып жүрген түріміз мынау енді (З. Шүкіров, Ізгілік.). **Бөксе басты қылды.** *Ауыртпалық түсірді, тұрмысты қиындатты.* Оқыған азаматтардың ешбір көмегі тиген жоқ. Басшылық етем деп, елді *бөксе басты қылды* (М. Әуезов, Қараш.). **Бөксе басып отырмайды.** *Тыным таппайды, дамыл көрмейді.* Жұмасұлтан байғұс елпілдеген, тынымсыз еді. Қазір де үйінде *бөксе басып* бір *отырмайды* (К. Қазыбаев, Дәуір.). **Сал бөксе.** *Оңайшылықпен қозғалмайтын, тез қимылдай қоймайтын; сылбыр.* Олардың ойынша бұлардың алдындағылар оқымаған, білмеген, *сал бөксе,* самарқау біреулер болған тәрізді («Қаз. әдеб.»). Сонда ғана торуылдап жатқан *сал бөксе* қасқырлар сүйретіле тұрып, жылысып кете бастады (Бұл да).

БӨКСЕЛЕ е т. 1. *Киіп-жару, соқтығу.* Ол өзінше қимылдап, *бөкселеп* барып қалған (С. Шаймерденов, Болашақ.). 2. А у ы с. *Ығыстыру, ықтыру.* Тантайлаған қырғызды *бөкселеген,* Баяғыдай кеулеген заманың жоқ (Жамбыл, Шығ. жин.).

БӨКСЕЛЕН: **сал бөкселенді.** *Орнынан тұра алмады.* Қошқарларының құйрықтарын екі доңғалақты итарбаға артпаса, өздері *сал бөкселеніп* көтере алмайды (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз).

БӨКСЕЛЕУ *Бөкселе етістігінің қимыл атауы.*

БӨКСЕЛІ с ы н. *Бөксесі үлкен, қомақты.* Қонақтарға ұяла қараған боп, *бөкселі* жас тоқал сары қымызды сапыра түседі (І. Есенберлин, Қатерлі.). Қабағына қарыс сүйем мұз қатып, қырау шалды, арлан *бөкселі* айғыр мініп жүрген шақ алты қырдың арғы жағында қалды ғой (Х. Есенжанов, Ақ Жайық).

БӨКСЕЛІК з а т. *Бөксе мүшесі, бөксе еті.* Сойған малының *бөкселігі* бізге тиіпті (Ауызекі тіл).

БӨКСЕР [1] е т. 1. *Айырып тастау, жырту.* Өзі жыртық киімін талай *бөксере* жыртып еді (Б. Майлин, Шығ.). Жапырақсыз жалаң бұталар құрап қалғанын бізден көргендей гимнастеркамыздың жыртығына жармасады да, дыр еткізіп *бөксере* береді (Ә. Сәрсенбаев, Офицер.). 2. *Жарып жіберу, ақтарып тастау; бір жерін тістеп жұлып алу.* Бұзыларда ойламас бет көрем деп, Ант ішуді кім ойлар дерт көрем деп. Қабағаң итше өшігіп шыға келер, Мен қапсам, бір жеріңді *бөксерем* деп (Абай, Тол. жин.). Осал жау деп ойлама шалды. Оның жауыққан адамын *бөксерерлік* азуы әлі де бар, ретін тауып ойсырата қауып жүрмесін (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз). 3. А у ы с. *Бұзып-жару, жапыру, ығыстыру; еңсеру.* Қан майданда екі жақ жағаласқанда саптағы қолдың әскерлік өнері, құралының басымдығы және оған қолбасшының тапқырлық әдісі тең келсе, жау қамалын *бөксеріп* жүре берері хақ (Х. Есенжанов, Тар кезең). Әуелі Ресей капиталын ұшырам да, содан кейін шетелдікін *бөксерем* дейді (М. Әуезов, Таңд. шығ.).

БӨКСЕР [2] з а т. с ө й л. **Бөктер (1).** Құдиярдың құсбегі Жалынған сайын тарылды. *Бөксерде* жатқан көп Дулат Бүлінді де жарылды (Жамбыл, Шығ.). Бурабай көлі мен Үлкен шабақты көлі арасындағы іркес-тіркес төбелердің *бөксеріне* жапсыра салған құс ұясы тәрізді, ығы-жығы, қат-қабат үйлер (З. Шашкин, Доктор.).

БӨКСЕР [3] з а т. д и а л. *Асар, үме, көмек.* Күні кеше демалыс күні пайдаланылды. Жұрт *«бөксерге»* шақырылды (Ж. Молдағалиев, Торғай.).— Ал, інім, қадамың құтты болсын,— деді Әскербек,— *бөксеріміз* де жаман өтіп жатпағандай (Ж. Молдағалиев, Самал).

БӨКСЕРТ *Бөксер етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БӨКСЕРТКІЗ *Бөксерт етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БӨКСЕРТКІЗУ *Бөксерткіз етістігінің қимыл атауы.*

БӨКСЕРТТІР *Бөксерт етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БӨКСЕРТТІРУ *Бөксерттір етістігінің қимыл атауы.*

БӨКСЕРТУ *Бөксерт етістігінің қимыл атауы.*

БӨКСЕРУ *Бөксер етістігінің қимыл атауы.*

БӨКСЕРШІ з а т. д и а л. *Асарға, үмеге келуші, қатысушы адам.* Бақырауық көк серке сойылып, пісіп үлгергенше *бөксершілер* екі бөлмелі отауды қалқитып та болып еді (Ж. Молдағалиев, Торғай.).

БӨКСЕРІЛ *Бөксер етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Түймесі не ілгегі үзіліп қалса, өзі қадап алсын, пальтосының бір өңірі автобус, троллейбусқа жармасып жүргенде *бөксеріліп* түссе, немесе ыдырап сөгіліп кетсе өзі тігіп алсын (Қ. Сатыбалдин, Қараторғай). Үстінде иығы *бөксеріліп* қалған тері тоны бар (М. Жұмағұлов, Қыран.).

БӨКСЕРІЛЕ үст. *Аударыла, қопарыла; түгелдей, бүтіндей, тұтасымен.* Өзен қабағына тіреле келіп тоқтаған машинадан жолаушылар *бөксеріле,* қопарыла түсіп, үстерінің шаң-тозаңын қақты (А. Хангелдин, Табыс. тағдыр). Қарсы күштер тең-ді бұрын. Кенет дұшпан *бөксеріле* ығысты (Ә. Сәрсенбаев, Баспалдақ.).

БӨКСЕРІЛУ *Бөксеріл етістігінің қимыл атауы.*

БӨКСЕРІС *Бөксер етістігінен жасалған ортақ етіс.*

БӨКСЕРІСУ *Бөксеріс етістігінің қимыл атауы.*

БӨКТЕР[1] зат. *Таудың етек жағы.*— Осындай бір тас менің туған жерімде Қарқаралы тауының *бөктерінде* де бар (З. Шашкин, Сенім). Сары күзен тау *бөктерінде,* ағын су немесе бұлақ маңында және өзен жағасындағы қалың тоғайларда кездеседі (Х. Қыдырбаев, Дала көркі). Жайласаң таудың *бөктерін,* Самалы жаздың еседі. Ұшырып көңіл кептерін, Шарықтап көңілің өседі (О. Малқаров, Менің ізім). ◆ **Бөктер жол.** *Тау етегіндегі, бөктердегі жол.* Аз уақытта өзенді кесіп өтетін *бөктер жолға* жетті (М. Әуезов, Таңд. шығ.). Сарыекең *бөктер жолымен* ұзырлатып, қырманға келді (Б. Соқпақбаев, Аяжан).

БӨКТЕР[2] ет. 1. *Бір нәрсені ердің арт жағына көлденең қойып, екі қанжығамен байлау.* Аман ыстықтауға айналған соң, шинелін шешіп, *бөктеріп* алды (Ғ. Мұстафин, Дауыл.). Аюдың қалған терісін сойып, артына *бөктеріп* ала келіпті (С. Бегалин, Уақыт.). Мына қабыңды мен *бөктермесем* болмайды ғой деймін (Ғ. Орманов, Жүрек). 2. ауыс. *Ие болу, малдану; олжа ету.* Біреулер малмен бәрін *бөктеріп* жүр, Айтқанды ақыл нұсқа жек көріп жүр. Көтеріп дүниенің көң-қоқырын, Апарып қай шұқырға төккелі жүр (Жамбыл, Шығ.). Жырыңа жұрт қаныққты, Қанатыңдай көп бердің. Көкпар қылып даңқты Қанжығаңа *бөктердің* (Қ. Мырзалиев, Ақ отау). Мен сені бір жақсылықтан Салған сарай үй деп келгем. Дос жүректен, дос қылықтан Ән арқалап, күй *бөктергем* (Ғ. Қайырбеков, Большевик.).

БӨКТЕРГІ[1] зат. *Тышқан және сол сияқты ұсақ жәндіктерді аулайтын кішірек жыртқыш құс.* Анда-санда торғай сүзіп, тышқан қарастырған *бөктергі* болмаса ұшқан құс та көрінбейді (І. Жансүгіров, Шығ.). Сол нуда бір құс көрдім кептер деген, Жыртқыш жоқ оның етін жеп көрмеген. Бәрінен жыртқыштардың қорғалайды, Қорқады ең ақыры *бөктергіден* (С. Сейфуллин, Өлеңд.). Құладынды қайырып қуға салсақ, Тышқан алған көруші ек *бөктергіні* (Жамбыл, Шығ. жин.).

БӨКТЕРГІ[2] зат. 1. *Ердің қанжығалығы, бөктерме бөктеретін жер.* Осылай тұрамыз ба саудаласып дегендей, Саша алды да, *бөктергідегі* қайыс қоржынға әлгі түйіншекті сала салды (С. Бақбергенов, Қарға там.). 2. Сөйл. *Бөктерме.* Қала шабылғанда кімнің *бөктергісі* болып кеткенін кім білсін (Н. Баяндин, Құм асты.).

БӨКТЕРЛЕ ет. *Таудың етек жағынан қапталдай, қабырғалай жүру.* Осы тауды ылғи *бөктерлеп* отырып, ертең сәске түсте барасың (С. Сейфуллин, Тар жол.). Бұлар осы адыр ішіне қиялап, кейде жоталап, кейде *бөктерлеп,* бірде өрлеп, бірде құлай отырып қалыңдай батып кірген еді (М. Әуезов, Өскен өркен). Қордай белін асып Фрунзеге баратын асфальтты кең жол Алматыдан шығысымен-ақ тау жоталарын *бөктерлеп,* батыс-оңтүстікке тартады (С. Шаймерденов, Мінез).

БӨКТЕРЛЕУ *Бөктерле етістігінің қимыл атауы.*

БӨКТЕРМЕ зат. *Қанжығаға бөктерілген зат, бөктерінді.* *Бөктермесі* тоқ көрінеді, қаладан базарлы қайтқан болу керек («Жетісу»).

БӨКТЕРМЕЛІ сын. *Бөктерілген, бөктермесі бар.*

БӨКТЕРТ *Бөктер етістігінен жасалған өзгелік етіс.*— Қырын қабақ көршінің енді қоржынын тезірек *бөктертіп,* іргесін аулақтатқан жөн шығар (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). Жайдан-жай Нілдіні *бөк-*

т е р т і п жіберсе, Боздақ би қарсы да болмас еді (Ғ. Мүсірепов, Таңд. шығ.).

БӨКТЕРТУ *Бөктерт етістігінің қимыл атауы.*

БӨКТЕРУ *Бөктер етістігінің қимыл атауы.*— Қоржын... Осы қоржын *б ө к т е р у д е н* құдай құтқармай-ақ қойды,— деді Айтан налып (Х. Есенжанов, Көп жыл.).

БӨКТЕРУЛІ с ы н. *Қанжығасына байлаулы, бөктерілген.* Қалған етті Ниязың қанжығасында *б ө к т е р у л і* жүрген қапты алып, салды да қайтадан бөктеріп алды (С. Сейфуллин, Шығ. жин.).

БӨКТЕРІЛ[1] *Бөктер етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* ...Кім қарсы келе қалса жолдарында, Қарсақтай қанжығаға *б ө к т е р і л г е н* (Н. Ахметбеков, Аманкелді). Ондайда алды-артына *б ө к т е р і л г е н* қоржын-қолаңы бар, қашан да түн қатып көп жүретін, мазасыз қонақ келеді көз алдымызға («Лен. жас»).

БӨКТЕРІЛ[2] е т. *с ө й л. Туырылып түсу, жайылып жату.* Осы кезде сонау көкжиекке дейін кербез көсілген мінсіз бұйрат бадана дәнді бидай масағымен *б ө к т е р і л е* түседі алдыңызға («Лен. жас»).

БӨКТЕРІЛУ *Бөктеріл (1, 2) етістігінің қимыл атауы.*

БӨКТЕРІН *Бөктер етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Тағы да ұзаққа келген болу керек, шинелін *б ө к т е р і н і п*, күзгі суыққа лайық жылы киініп алыпты (С. Мұратбеков, Отау үй).

БӨКТЕРІНДІ з а т. *Бөктерілген зат, бөктерме.* Ау, халайық! Үйлеріңнен неге шықпайсыңдар? Маған неге таңырқап қарамайсыңдар? Менің мынау арт жағымдағы қомақты *б ө к т е р і н д і м д і* көрдіңдер ме? Сендер оның ішінде не барын білсеңдер етті (Б. Соқпақбаев, Өлгендер.).

БӨКТЕРІНУ *Бөктерін етістігінің қимыл атауы.*

БӨКТЕРІНШЕК з а т. *Қанжығадағы бөктерілген кішкене зат, шағын бөктерме.* Танакөз қанжығасына қаранып, *б ө к т е р і н ш е г і н* түгелдей береді (Ғ. Мұстафин, Дауыл.). Былғары қоржын *б ө к т е р і н ш е г і* бар, астында сұлу жирен аты, орта бойлы, қара күрең жүзді жігіт сылқым аяңмен соғып келе жатты (Ғ. Сыланов, Домбыра.). Әбен қоржын, *б ө к т е р і н ш е к т е р і н* сау атқа салып, шылбырын Нұрилаға ұстатты да, өзі жирен биені жетеледі (Ж. Арыстанов, Сұңқар.).

БӨКТЕРІНШЕКТІ с ы н. 1. *Бөктеріншегі бар.* 2. А у ы с. *Бөкселі, дүмді.*

БӨКТЕРІНШЕКТІЛЕУ с ы н. *Дүмділеу, бөкселілеу.* Айтолқын бойы шарғылау, *б ө к т е р і н ш е к т і л е у* болған соң, бүгін жаулығын биігірек етіп салыпты (Ғ. Мүсірепов, Ұлпан).

БӨКТІР е т. 1. *Бөк етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Сүтке *б ө к т і р г е н* күріштің ботқасына Бақытжан тойып алды (С. Мұқанов, Таңд. шығ.). Екі қазан ғып бидай көжені *б ө к т і р і п* қоямын (К. Қазыбаев, Дәуір.). Диханшы жиған-терген бидайын жеті күн бойы судан шығармай *б ө к т і р і п* қояды (Қаз. ертег.). 2. Д и а л. *Балшық айдау, илеу.* Біз сазды *б ө к т і р і п*, кірпіш жасаймыз (Диал. сөздік). ◆ **Қанға бөктірді.** *Аямай қырып-жойды, қанға батырды.* Бізге ара түскен бір ауылды *қ а н ғ а б ө к т і р і п с і ң*, рас па? (Ә. Тәжібаев, Жартас). Өздеріне құр қол болса да қарсы шауып, таспен атқылаған топты оның қырып-жойып, *қ а н ғ а б ө к т і р і п* салғысы келуші еді (А. Нұрманов, Құлан.).

БӨКТІРТ *Бөктір етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БӨКТІРТУ *Бөктірт етістігінің қимыл атауы.*

БӨКТІРУ *Бөктір етістігінің қимыл атауы. Б ө к т і р у* тағы бар. Оған жарты күнді бағыштамай болмайды (Т. Тобағабылов, Жазира). Пәле-жаладан тазару үшін сенің қаныңды Шымырдың топырағына *б ө к т і р у* керек! (М. Қуанышбаев, Кек қылышы).

БӨКТІРІЛ *Бөктір етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Қарғаш аздан соң ыссы суға *б ө к т і р і л і п*, сары майға шыланған бір зерен тарыны атасы мен Таңаттың алдына қойды (Б. Тәжібаев, Қараторғай). Ал *б ө к т і р і л г е н* тұқым қашан тамыр талшықтары шығып, жерден нәр алғанша өзін-өзі қоректендіреді (Ы. Жақаев, Менің бақытым).

БӨКТІРІЛУ *Бөктіріл етістігінің қимыл атауы.*

БӨКТІРІС *Бөктір етістігінен жасалған ортақ етіс.*

БӨКТІРІСУ *Бөктіріс етістігінің қимыл атауы.*

БӨКІ з а т. с ө й л. *Иленген қалың көннен істелген кебіс тәрізді аяқ киім.* Елең-алаңда әлі қараңғы үйдің ішінен жадағайын, *б ө к і с і н* тауып киіп, Шайзада есікке беттеді («Лен. жас.»).

БӨКІС з а т. с ө й л. *Басы былғарымен қапталған киіз етік.* Маңғыстау қазақтары басы былғары, қонышы киіз етікті *б ө к і с* деп атайды (Ауызекі тіл).

БӨЛ[1] е т. 1. *Бір нәрсені екіге я одан да көпке жару, бөлшектеу.* Әскерге құралжабдық, ат саймандап, Киім мен азық-түлік, бердік қамды. Тамақ тоқ, киім жылы қолда құрыш, Тастайды екі *б ө л і п* шөккен нарды (У. Көрібаев, Өлеңд.). Аттан түсіп батыр кеп, Өрмекті *б ө л і п* турады. Мойнын қызға бұрмады, Қанша зарлап тұрса да, Ешбір назар қылмады (Қамбар батыр). «Жыланды қырыққа *б ө л с е* де, кесірткелік әлі бар» дегендей, әлі де болса біреуден кем емеспін (С. Шарипов, Шығ.). 2. *Үлестіру, тарату, бөліп беру.* Сұрастыра келсем, ауылнай тұқымды *б ө л г е н д е* мұның мойнына екі пұт тары жазып қойыпты (Б. Майлин, Шығ.). Сіздерге берген олжаны, Ынтымақ етіп түгел *б ө л.* Тілеулес болған жеңгелер Тәуекел болды осы жол (Қамбар батыр). Шотыраш Ораз келді де, Шығарды «қосшы» дегенді. Шабындық жерді *б ө л д і* де, Шеңгелдеп алды Шегенді (Ж. Молдағалиев, Жесір.). Төрт-ақ колхоз бізде бар, Еңбекке бидай *б ө л м е г е н* (Айтыс). 3. *Ажырату, айыру, жеке шығару.* Молотилканың көмегімен шөптің сабағынан жапырағын *б ө л е д і* (Құс өсіруші.). Лунин сүттің құрамынан углеводтарды *б ө л і п* алды (Т. Дарқанбаев, Витамин.). Екі отар басы бір маған ауыр тиетін болғандықтан, жартысын *б ө л г е н* болатын (Б. Тоқтаров, Қыран.). 4. *Жікке бөлу, саралау.*— Шалым-ау, енді *б ө л м е с е ң* де болады ғой, бәріміз бір дастарханнан дәм жеп жатқан жоқпыз ба (І. Есенберлин, Қатерлі.). Әр сөзі айтқан сайын өте ұнады, Өткенге ел басынан терең таныс, Қазақты бай, кедей деп тапқа *б ө л е р,* Деместен Қызылбөрік, Ботбай, Жаныс (Д. Еркінбеков, Шығ.). Күндер-ай, күндер тізбегі, *Б ө л е м і з* «кеш» деп, «ерте» деп. Алысқа сүйреп біздерді Келесің алға жетелеп (Ғ. Қайырбеков, Таулар.). 5. *Топтастыру, топтау.* Мен адамдарымды үшке *б ө л д і м* де, өзім манағы бір сәт денесі бой көрсеткен бағытқа қарай еңбектедім (Ә. Сәрсенбаев, Офицер.). Ботагөз шашын саусағымен үшке *б ө л і п,* жыпылдатып өре бастады (С. Мұқанов, Ботакөз). Ол «Қобыланды батыр» жырын айтушыларды екі топқа *б ө л е д і* (Е. Ысмайылов, Ақындар). Осы кезде жануарлар мен өсімдіктерді топтарға *б ө л г е н д е* олардың туыстығын көрсете алатын белгілері ескеріледі (Жалпы биология). 6. А у ы с. *Белгілі бір жұмысқа арнап шығару, соған барады деп белгілеу.*— Соқаға *б ө л г е н* көлік, кісі қайда? Ана күні өздерің бөліп едіңдер ғой (І. Жансүгіров, Шығ.). Есенәлі қойдың арық-семізін байқап, қойшылармен әңгімелесіп, олардың ішінен 4—5 адамды жылқы бағымына *б ө л і п* жүргенде күн батты (Ж. Тілеков, Шалғай шепте). 7. *Ара жігін айқындау, шегін көрсету (кеңістік, уақыт жағынан).* Ұзынша үйдің ортасын кірпішпен *б ө л г е н* екен (Б. Майлин, Шығ.). Екеуінің арасын қолдан еккен балапан сұлу теректер ғана *б ө л е д і* (С. Бегалин, Ана.). Біз көрмеген, біз бармаған мол қала, Бір шығармыз әлі талай жолға да. Бар болғаны жиырма-отыз жыл арамыз, *Б ө л і п* тұрған екеумізді сол ғана! (Қ. Мырзалиев, Бұлбұл.). *Б ө л і п* тұр, әттең, бір ғасыр Аранды сенің бізбенен. Ақын едің шын асыл, Өмірден бақыт іздеген (М. Рашев, Алғашқы.). 8. А у ы с. *Жақын адамдарды бірінен бірін алыстату, айыру, арасын суыту.* Екеуін екі жаққа тағдыр *б ө л г е н,* Жандар емес, қатерден әсте именген. Шынмашынға Сапасы кете тұрсын, Мұстапа Балсурағa бұрын келген (Абай, Тол. жин.). Ғашықты жардан *б ө л с е* де, Талай жан жолда өлсе де, Жасты, қанды көрсе де, «Обал болды» демейді (С. Сейфуллин, Өлеңд.). Бір досының өзі бір жүз қаралық, Суып кетсе жүректің мұздары анық. Бір досымды әкетті арақ *б ө л і п,* Бермей қойды біреуін қыздар алып (Қ. Мырзалиев, Бұлбұл.). 9. *Жасау, бөліп шығару.* Құмырсқа қышқылын құмырсқаның көптеген түрлері *б ө л е д і* (Ғалам ғажап.). Қандай да болса тірі организм өз төңірегіндегі ортадан бір заттарды алып, екінші бір заттарды *б ө л і п* отырады (З. Ақназаров, Ғылыми атеизм.). Өсімдік фотосинтез процесінде судан CO_2 сіңіреді және балықтардың тыныс алуына қажетті O_2 *б ө л і п* шығарады (Жалпы биология). ◆ **Бөліп алды.** *Жеке шығарды, ерекшеледі.* Бір үлкен қасқыр екі қойымды *б ө л і п а л ы п,* алдына салып, ызғытып қуып жүр (Ө. Тұрманжанов, Адам.). Батыр өзімен он алты мергенді *б ө л і п а л ы п,* жол жағасындағы қалтарысқа жайғасты (Қ. Әбдікадыров, Әңгім.). Мин-

даль өсімдіктердің көптеген белгілерінің ішінен бір немесе бірнеше ғана белгілерін *бөліп алып*, олардың келесі ұрпақтарында сол белгілердің көрінісін қадағалап отырды (Жалпы биология). **Бөліп берді.** *Үлестірді, таратты.* Келгендер қолда барын *бөліп беріп*, Жеп отыр соңғы нанын отқа көміп. Кетпесе завод жүріп бүгін-ертең... Ажал сұм аялдамақ нені көріп? (Д. Әбілев, Алтай.). Сол таршылық, сол ауыр сын кезінде, Талайлардың нұр әкеліп көзіне. Өзгелерге *бөліп беріп* жүрді олар Бір жапырақ тиген нанын өзіне (Ж. Молдағалиев, Жиырма бес). **Бөліп жеді** [ішті]. *Барға ортақтасып, тату тұрды, сыйласты.* Сонан бері мендегі күнделікті тапқан бір тілім нанды *бөліп жеп* келеміз ғой (Қ. Қайсенов, Жау тылы.). Тәтті алманы *бөліп жеген* Күндерді еске аласың ба? Қызық екен өмір деген, Гүл осында, нұр осында (Т. Молдағалиев, Өленд.). Сәлем сізге, ұрпақтары Манастың Бірге туған бауырымдай жарастым. «Төсекте бас, төскейде мал» қосылып, Мөлдір суын *бөліп ішпек* Таластың (Ш. Смаханұлы, Тотияйын). **Бөліп қарады.** *Жеке, дара алып зерттеді (сөз етті).* Абайды, Сұлтанмахмұтты халықтың бұрынғы поэзиялық дәстүрінен, сөз өнері үлгісінен *бөліп қарауға* болмайды (Е. Ысмайылов, Сын.). **Көңіл бөлді** [бөлмеді]. *Назар аударды, зер салды; маңыз берді, ден қойды.* Шымболат мал шаруашылығының өркендеуіне де *көңіл бөлді* (С. Мұқанов, Шығ. жин.). Қанша уақыттың алға зымырап үлгіргеніне *көңіл бөлген* ешқайсысы болмады (А. Байтанаев, Қайнар.). Балық аулауды техникаландырып алмай, басқа нәрсеге *көңіл бөлмейміп* (Т. Ахтанов, Дала сыры). Ол үстіне кірген Елеманды көрсе де, *көңіл бөлмей*, ысылдап-пысылдап киініп жатты (Ә. Нұрпейісов, Сергелдең). **Көңілін бөлді** [бөлмеді]. *Назарын аударды; жұмысына (ісіне) кедергі келтірді.* Қасиетті ертегімен, өленмен, Қарашығым, *көңіліңді бөлем* мен. Осы бастан жаманға жау, жақсыға Жолдас бол деп тәрбиелеп келем мен (Қ. Мырзалиев, Бұлбұл.). *Бөлме көңілін*, ойлансын, Қиналсын да дем алсын (Ә. Тәжібаев, Жартас). **Қақ** [тең] **бөлді.** *Дәл ортасынан екіге жарды, теңдей етіп бөлді.* Бір топ бала асық ойнап жүр едік, Мырқал келді де, менің сақамды қылышымен *қақ бөлді* (Ә. Әбішев, Замана.). Ол тек Ақбаланың қолында қалған жас сәбиге шыдамай, ауға түскен балықты екі үйге *қақ бөліп*, оларға асымдық балығын апарып беріп жүр (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). Сондықтан қол қойған үшеуің жауапкершілігін де *тең бөліп* аларсыңдар деймін (Ә. Тәжібаев, Гүлден.). **Қара қылды қырыққа бөлді.** *Әділ болды, әділ төрелік етті.* Ақылды *қара қылды қырыққа бөлмек*, Әр нәрсеге өзіндей баға бермек. Таразы да, қазы да өз бойында, Наданның сүйенгені көп пен дүрмек (Абай, Тол. жин.). **Қозы бөлді.** а) *Еміп қоймас үшін сауын қойлардың қозыларын енелерінен уақытша ажыратты.* Таң жамылып қорадан қой да өріп, Төсегінен тұрғандар *қозы бөліп*... (С. Керімбеков, Еңбек — ата.). ә) *Кепе болған қозыларды күзде енелерінен айырып, бөлек қора жасады.*— Мал маманы қайда жүр мұны көрмей, *Қозыны* кешіктірген ерте *бөлмей*. Ферма бастық, дәрігер ұмытпасын, Бұл істен құтылмайды жауап бермей (Е. Қандеков, Өленд.). **Ойын бөлді** [бөліп жіберді, бөліп кетті]. *Ойынан адастырды, көңілін басқаға аударды.* Балалар ойыны Нұриланың *ойын бөліп*, көңілін сергітті ме, әлде азап уын бір-ақ жұта салайын деді ме, әйтеуір хаттың аяқ жағын тез-тез оқып кетті (Ғ. Мүсірепов, Таңд. шығ.).— Қосылғанымызға бір айдан асып кетсе де, әлі тойымыз болған жоқ,— деді Қаражан ананың *ойын бөліп* (І. Есенберлин, Қатерлі.).— Ол біздің колхозда көрінеді,— деген Сабыр сөзі Сағиранның *ойын бөліп* жіберді (С. Алдабергенов, Алға). Тұрағұлдың тәтті *ойын* делбешінің үні *бөліп* кетті (С. Бақбергенов, Күй). **Пышақ үстінен бөлді** [бөлісті]. *Қолма-қол бөлді, бірден ортаға салды.* Баяғы жеңгеміз, екі баласын ертіп, ол келді. Шешеміз бұрыннан қолымызда қалған болатын. Сонымен бір адамның табысын *пышақ үстінен бөліп* жеп, ошарылдық та отырдық (Ә. Сатыбалдиев, Ақмарал). Тиген-тигенше неміс автоматтары мен винтовкаларын, патрондарын балық үлескендей, *пышақ үстінен бөлісіп* алды (Қ. Қайсенов, Жау тылы.). **Сөзін** [әңгімесін] **бөлді** [бөліп жіберді, бөліп кетті]. *Біреудің айтып отырғанын аяқтатпай, ортасынан киіп кетті.* Және бір ғажабы — Ахметше оның өмірде *сөзін бөлген* емес (Х. Есенжанов, Көп жыл.). Кейбіреулер қасындағы сөйлескендердің *әңгімесін бөліп*, өз сөзін мақұлдатқысы келеді (С. Бақбергенов, Күй). Рахмет Шектібайдың *сөзін бөліп жіберді* (С. Ерубаев, Менің құрдас.).— Күләнда,

қызық *әңгімеңді бөліп жібердім* ғой (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.). Ол: — Дұрыс, дұрыс,— дей бергенде, біреу *сөзін бөліп кетті* (Ғ. Сыланов, Шалқар). **Түн ұйқысын төрт бөлді.** *Көңілін бөлді, сан рет ұйқысын бұзды; тыныштық көрмеді.* Ер жетсең-ақ болғаны, Сайгүлік сан ерттелер: Әлі талай ел қамы, *Түн ұйқыңды төрт бөлер.* Ұйқта, жаным, ұйқтап ал! (Қ. Мырзалиев, Бұлбұл.). Сен мандайға біткен жалғыз ұл, жалқы мұрагер болғандықтан, шешең екеуміз сені ойлап, *түн ұйқымызды төрт бөлеміз* («Қаз. әдеб.»). Милиционерлер *түн ұйқысын төрт бөліп,* кірпік ілмей, бел шешпей еңбек күзетінде тұрады («Лен. жас»). **Уақытын бөлді.** *Негізгі жұмысынан бөлек, басқа бір істі істеуге арнайы уақыт қалдырды.* В. И. Ленин үлкен еңбектерін жазған кездерінде жұмыс арасындағы аз ғана бос *уақытын* аң аулауға *бөліп* отырған (Ш. Айманов, Қыран.).— Мен адаммын ғой, бір минут *уақытыңызды* неге *бөлмейсіз,* — деді Халел директорға (С. Жүнісов, Жапанда.). **Ұйқысын бөлді.** *Мазасын алды, оятып жіберді.* Оның әйелі Асылжан жас баласы шырылдап ерінің *ұйқысын бөледі* деп, ауыз үйге жататын-ды (Ж. Тілеков, Жоңғар.). Біз жауынгер екі қыздың *ұйқысын бөлмей,* аяғымызды ұшынан басып шығып кеттік (Ж. Жұмақанов, Әлия).

БӨЛ[2] ет. мат. *Санды санға теңдей етіп бөлу.* Нүрекең шотқа салып, басқалар қағазға жазып, үш мың жеті жүзді жиырмаға *бөлді* (Ә. Әбішев, Замана.). Егер бір мың екі жүзді он екіге *бөлсек,* жүзден тиеді («Халық мұғ.»).

БӨЛГІЗ *Бөл етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Оба басынан жорытып түсіп Әбдірахман төмендегі Беланға отрядті үшке *бөлгізіп,* шоғырландырмай батысқа карай жүргізді (Х. Есенжанов, Ақ Жайық).

БӨЛГІЗДІР *Бөлгіз етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БӨЛГІЗДІРТ *Бөлгіздір етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БӨЛГІЗДІРТУ *Бөлгіздірт етістігінің қимыл атауы.*

БӨЛГІЗДІРУ *Бөлгіздір етістігінің қимыл атауы.*

БӨЛГІЗУ *Бөлгіз етістігінің қимыл атауы.*

БӨЛГІШ[1] с ы н. 1. *Бөлу қызметін атқаратын, бөліп тұратын, бөлетін (зат).* Химиялық лабораторияларда бір-бірінде ерімейтін сұйықтарды бөліп алу үшін *бөлгіш* воронканы қолданады (Химия). // з а т. м. *Бір нәрсені бөліп тұратын тетік, механизм.* Жағар май насосы двигательде, ал *бөлгіш* — кабинаның алдыңғы қабырғасында орнатылатыны мәлім (Тракторис.). Картопты үрлеп желдетіп тұратын ауа *бөлгіші* бар қоймада сақтау керек (Б. Шағыров, Картоп). 2. *Бір нәрсені бөліп шығаратын (организм).* Топырақта түйнек бактериясынан басқа, ауадан азотты бойына сіңіруші өзге де организмдер болады. Бұларды еркін өмір сүруші азот *бөлгіш* бактериялар деп атайды (Д. Мәденов, Өсімдік.).

БӨЛГІШ[2] з а т. мат. *Бөлінгішті бөлетін, бөлуші сан.* Арифметика сабағында бөлінгіш, *бөлгіш* сияқты ұғымдарды бірінен-бірін олардың өзіндік белгілеріне қарай ажыратқызса, бала ұғымының қалыптасуы ойдағыдай жүріп отырады (Қ. Жарықбаев, Психология). Бұл жағдайда бөлінгіш қатынастың алдыңғы мүшесі, *бөлгіш* қатынастың келесі мүшесі, ал бөлінді қатынас деп аталады (Геометрия). Бөліндінің бүтіні мен бөлшегі *бөлгішке* дәл бөлінеді («Халық мұғ.»).

БӨЛГІШТЕ е т. *Жіктеу, бөлу, топтау.* Адам еркіне тұсау, сөзіне бақылау орнатып, адамдарды жастар мен кәрілерге *бөлгіштеп,* кекетіп, іліп-қағып отыратын әдет онда жоқ еді (Ж. Мұзапаров, Қаби қарт.).

БӨЛГІШТЕУ *Бөлгіште етістігінің қимыл атауы.*

БӨЛДЕК з а т. д и а л. *Кішкене төбешік.* Ана тұрған *бөлдекті* көремісің, бұл соның астында болған оқиға еді (Диал. сөздік).

БӨЛДІР *Бөл етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Әкемнің мігір таппай жүріп өз қолынан салған бес бөлмелі үйінің екі бөлмесін *бөлдіріп* алып, бізбен бір шатырдың астында отыр (Ғ. Сыланов, Замана.). — Әй, ол *бөлдіре* қоймас. Болыс пен ауылнайда да қызыл өңеш бар. Сәкең майлап жіберсе, үні шықпай қалар (Т. Дәуренбеков, Біз. кездес.).

БӨЛДІРКЕ з а т. к ә с і б. *Екі-үш кісі отыратын кішкене жеңіл қайық.* Анау *б ө л д і р к е л е р,* төңкерулі жатқан шағын қолтық сырт қарағанда терең жердің белгісіндей қарақошқылданып көгеріп жатқанмен, жағаға жақын болған соң хауіпті еді (М. Әбдіхалықов, Ленин.). Сен — өзекте жүрген *б ө л д і р к е,* Мен — теңіздегі кемемін. Басармын да кетермін, Батарсың да кетерсің (Ақберен).

БӨЛДІРТ *Бөлдір етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БӨЛДІРТКІЗ *Бөлдірт етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БӨЛДІРТКІЗУ *Бөлдірткіз етістігінің қимыл атауы.*

БӨЛДІРТУ *Бөлдірт етістігінің қимыл атауы.*

БӨЛДІРУ *Бөлдір етістігінің қимыл атауы.*

БӨЛЕ [1] з а т. *Бірге туған апалы-сіңлілі кісілердің балаларының арасындағы туыстық қатынастың атауы.* Өйткені, ол екеуміздің шешелеріміз бір шешеден туған, қазақ мұндайды *б ө л е* дейді (Ә. Әбішев, Пьеса.). Оспан Қанипаға *б ө л е.* Екеуінің шешелері немерелес адамдардың қызы (С. Омаров, Дала қызы). ◆ **Қарын бөле.** *Нағыз бөле; туған бөле.* Мүмкін сұраса келе, саған *қ а р ы н б ө л е* шығар (Т. Дәуренбеков, Біз. кездес.). Ол бүкіл ауыл тұрғындарының біріне жиен, біріне нағашы, енді біреулеріне *қ а р ы н б ө л е* болып шығады («Лен. жас»). **Туған бөле.** *Нағыз бөле, өте жақын бөле.* Ол — Мұстапаның *т у ғ а н б ө л е с і,* Шымкенттегі педагогика техникумының оқушысы Сұлтанбек Әбеуов екен (С. Мұқанов, Есею жыл.).

БӨЛЕ [2] е т. 1. *Жас баланы бесікке жатқызып, орап таңу, құндақтау.* Шешесі Сұрағанды күнде бесігіне *б ө л е п* ұйқтататын еді (С. Мұқанов, Таңд. шығ.). Қалай ұйқтасын, қол-аяғын тас қылып буып тастапты. Бесікке *б ө л е п* керегі не екен осы?! (А. Сарбөпин, Аспалы бесік). Әлди-әлди, ақ бөпем! Аю атып берейін. Орап жылы мамыққа, Бесігіңе *б ө л е й і н* (Ә. Тәжібаев, Құтқару). Ұйқта тыныш, бесігіңе *б ө л е й і н,* Шаруа істейін, сиыр сауып келейін. Төсектер де жатыр әлі жиналмай, От жағайын, күлді апарып төгейін (Ә. Оңалбаев, Таң алды.). 2. *Ителгі, лашын сияқты қыран құстарды суыққа тоңдырмау үшін бір нәрсеге орап, таңып қою.* Таң атқан соң арық торымды тауып алып ерттедім. Екі шыны аяқ шай ішіп, құсымды *б ө л е п* жүргелі жатырмын (Ш. Айманов, Қыран.). Ителгісіне талдан иіп жіберіп, бөлеу ағаш жасады. Дәл жүрерде соған жатқызып, орап *б ө л е д і* де, арқасына іліп алды (С. Бегалин, Уақыт.). 3. а у ы с. п о э т. *Бір нәрсеге кенелту, қарық қылу, көміп тастау.* Лаулаған қызыл жалын қыстаудың бүкіл күншығыс жағын ал қызыл сәулеге *б ө л е п,* аспанға дейін тұтасып алған (І. Есенберлин, Қатерлі.). Туған халқының мерейі үшін тұла бойындағы өнер-дарыны мен қайрат-жігерін ірікпей жұмсаған адамды халық ұлым деп, үлкен жүрегінің мейіріне *б ө л е й д і,* азаматым деп аялайды (Ж. Исмағұлов, Адам.). Жылды қуып, болжап дәйім дағдырын, Қаһармандар қаққан күрес дабылын, Бақыт үшін құрбан болған батырдың Гүлге *б ө л е п* қояды ылғи қабірін (А. Шамкенов, Жасыл жайлау). ◆ **Үлде мен бүлдеге бөледі.** *Барынша жақсы киіндірді, әлпештеп бақты.* Ол Сәулені *ү л д е м е н б ү л д е г е б ө л е п* киіндірді («Лен. жас»). Гауһарды әке-шешесі бетін қақпай, *ү л д е м е н б ү л д е г е б ө л е п* өсірді («Қазақст. әйелдері»).

БӨЛЕГІ з а т. *Тұтас не бүтін заттың (нәрсенің) жеке бір бөлшегі.*— Мына *б ө л е г і н* моншашыға бересіңдер, мына *б ө л е г і н* моншадан шығарда анау есік алдында отырған контролерге тапсырасыңдар (Ғ. Мүсірепов, Кездесп. кет.). Жер шарының сол *б ө л е г і н* ашқан Христофор Колумб та жазбапты (Ж. Тілеков, Қайнар). Жүректің үш *б ө л е г і н* өзінің үлкен ұлына, кіші ұлына, келініне берді де, төртінші *б ө л е г і н* менің алдыма қойды (Қ. Исабаев, Арман.). ◆ **Бір бөлегі.** *Аз ғана бөлшегі, бір тобы.* Алшынбай ауылына жіберілген елу қара — осы шоғырдың *б і р б ө л е г і* (М. Әуезов, Шығ. жин.).— Әже, мынау ақшаға өзің көйлек ал — деп, *б і р б ө л е г і н* әжесіне берді (С. Бегалин, Мектеп.). Аспиранттардың *б і р б ө л е г і* орталық қалаларға жіберілді («Халық мұғ.»). **Бестен бір [үштен екі, оннан бір...] бөлегі.** *Бірнешеге бөлгендегі бір немесе бірнеше бөлшегі.* Реформаның салдарынан шаруалар жерінің *б е с т е н б і р б ө л е г і* помещиктердің қарамағына көшкен (М. Елеусізов, Шоқан Уәлиханов.). Әдетте, ауру адамдардың *ү ш т е н е к і б ө л е г і н д е* бір немесе екі полип болады (Тік ішек рагы). Азот 10—15 процент, сутегі

7—8 процент, күкірт 1—24 процент, қалған элементтерге процеттің *оннан, жүзден, мыңнан бір бөлегі* ғана тиеді (Қанның қасиеті).

БӨЛЕГІРЕК с ы н. 1. *Басқашалау, өзгешелеу.* Бұл Орынбайдың айтуынан *бөлегірек,*— деді Шыңғыс, жыр жөніндегі өз болжауын түсіндіріп (С. Бегалин, Бала Шоқан). «Айман-Шолпанның» басқа лироэпостардан тақырыбы ғана емес, сюжет құрылысы, композициясы да *бөлегірек* (Қ. Жұмалиев, Қаз. эпосы.). 2. *Оңашарақ, алысырақ, қашықтау.* Берен еркектерден *бөлегірек,* Ұлбикемен қатарласа отыр еді (Б. Майлин, Шығ.). Жанбота өзі бірнеше үй тіктіріп, сауын, сойысты дайындатып, ас пісіретін үйлерді *бөлегірек* жерге тіктіріпті (А. Жұбанов, Замана.).

БӨЛЕЖАН з а т. э к с п р. *Бөле сөзінің құрмет тұту, жақын санау мәнінде айтылуы.* Бұлтаратын жай жоқ енді, *бөлежан,* Күні ертең той жасаймыз бассалып... (Қ. Байсейітов, Беу, қыздар-ай!).

БӨЛЕ-ЖАР е т. *Бірнешеге бөлу, бөлісу.*

БӨЛЕ-ЖАРА ү с т. *Ортақтасып, бөлісіп.* Ондай кісілер басына түскен бейнетке басқалардың да ортақтасып, *бөле-жара* көтергенін ұнатады (Э. Нұрпейісов, Қан мен тер). Үш үйдің ортасында қалған малды жазға шейін *бөле-жара* ішіп-жеп қыстан шығармыз (С. Шарипов, Шығ.). Әс аға, сыртыңыздан көп естуші ем, Халық жалған айтпас-ау, деп естуші ем. Бұтыпшатқан ақынның бірі ме деп, Күнәнді *бөле-жара* жеп естуші ем (Қаз. әдеб. хрест.). ◆ **Бөле-жара қарамады [қарады].** *Алаламады, бөлмеді.* Айта берсем, кезінде бай да, батыр да, ақымақ пен данышпан да, ер мен ез де бірдей жатқан есіл бесік, ешкімді *бөле-жара қарамаған* әділ бесік (С. Бақбергенов, Қарға там.). Адамды *бөле-жара қарау* ниеті апайға әсте бітпеген қасиет («Лен. жас»).

БӨЛЕ-ЖАРУ *Бөле-жар етістігінің қимыл атауы.*

БӨЛЕ-ЖАРЫЛ *Бөле-жар етістігінен жасалған ырықсыз етіс.*— Оқ атым жерге келтірмей, шетке шыққан обозына шабуыл жасаңдар, *бөле-жарылған* адамдарын мазалай беріңдер (Х. Есенжанов, Тар кезең).

БӨЛЕ-ЖАРЫЛУ *Бөле-жарыл етістігінің қимыл атауы.*

БӨЛЕК[1] ү с т. 1. *Өз алдына, жеке; дара.* Хасеннің белсеніп, *бөлек* қора бақ қанына қарай қыс өте жақсы болды, қар жұқа түсіп, мал көбінесе аяғынан жайылды (С. Бегалин, Таңд. әңгім.). Әке-шешем қасымызда *бөлек* тұрады (Ө. Тұрманжанов, Адам.). Дәріленген тұқымдар *бөлек* қоймада сақталады (Ж. Жиенбаев, Астық дақыл.). Жылай берсең, әрине, үзіледі. Басың *бөлек,* мұрның *бөлек* түсіп қалады,— дедім (М. Сүндетов, Балық аула.). 2. *Оқшау, шеткері; оңаша.* Жұрт ауылдан *бөлек,* анадай төбенің басында жиналысқан (Б. Майлин, Шығ.). Мұрат кетіп бара жатып столдан шығып *бөлек* отырған Айшаға бас изеді (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.). Сөздер бар сөз ішінде балқыр жүрек, Сағынам өз елімнен жүрсем *бөлек.* Шарлаған жарты әлемді солдатпын ғой. Қадірін сол күндерде білдім ерек (Ж. Молдағалиев, Жүрек.). 3. *Басқа, бөтен.* Мұндағы ноғайлы деген сөзді қазақтан *бөлек,* басқа ел деп түсіну керек емес (Қ. Жұмалиев. Қаз. эпосы.).— Алыңыз, жеңіз,— дегеннен *бөлек* көп ештеңе айтпайды (З. Асабаев, Ар соты). Ағайным тауысты Қара аттан *бөлек* малымды. «Сыртым бүтін, іш түтін» Білмейді ешкім әлімді (Қамбар батыр). Ойы *бөлектің* жолы да *бөлек* (666 мақал.). 4. *Ерекше, айырықша, өзгеше.* Ғайшаның бұрынғы көріп жүрген жігіттерінің бәрінен Қасым *бөлек* еді (М. Әуезов, Қараш.). Нұрқат бөрікпен ұрып алатын жерде көрінбейді. Аяқ алысы *бөлек* (З. Шашкин, Сенім). Жазғызып аты-жөні, тұр-түсін де, Бәдені *бөлек* деген жұрт ішінде. Қасапшы күрсініпті, тағы айтыпты:—«Жарықтық, азат болып жүр түсімде» (Х. Ерғалиев, Құрманғазы). ◆ **Әр бөлек.** *Жеке-жеке, бөлек-бөлек, әр басқа.* Қалалық Совет, қалалық партия комитетінің басшылары *әр бөлек* коллективтен лек-лек адам топтарын жіті, жедел жөнелту соңында (Алғы шепте.). Менің күрішімнің әр гектары *әр бөлек* жиналған (Ы. Жақаев, Менің бақытым). **Бөлек шығарды [шықты].** *Өз алдына, жеке үй етті.* Оған бай қалың беріп, қатын әпереді де, кейін енші беріп *бөлек шығарады* (С. Мұқанов, Менің мектеб.). Әйтеуірептеп қана еншісін беріп, Сейфулланы *бөлек шығарды* (С. Талжанов, Сейфулла.). Үсенғалилар үстеріне баспана көтеріп *бөлек шықты* (Н. Оразов, Достар.). **Бір бөлек [өз алдына бір бөлек].** а) *Жеке, өзінше, бір басқа.* Өзге

Ырғызбай *бір бөлек,* Абай жалғыз өзі *бір бөлек* боп шықты (М. Әуезов, Абай). Сабадан қымыз құйдырып, Ортасына қойдырып, Жасы үлкендер *бір бөлек* Әзілдесіп, сылқылдап (Абай, Тол. жин.). Еркектер *өз алдына бір бөлек,* әйелдер *өз алдына бір бөлек* ұйымдасып жатыр (С. Шарипов, Шығ.). *Өз алдына бір бөлек* Торысы мен қарасы. Аңдай болып көрінген Бозы менен аласы (Алпамыс). ә) *Ерекше, айырықша, өзгеше.* Бек осы күнгі жастардан *бір бөлек* (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). Бейнесі оның *бір бөлек,* Көптен сақтап келем мен. Әттең, шіркін, не керек, Бере алмаймын өлеңмен (С. Мәуленов, Таңд. өлең.). **Жеке бөлек** [жеке бір бөлек]. *Бір басқа, ерекше.*— Ал, бүгінгінің *жеке бөлек.* Дайрабай енді күнде той жасаса да еркі бар,— деді Таукен (Ғ. Сыланов, Домбыра.). Қайтеміз Әсияға біз өкпелеп? Жанерке махаббат қой *жеке бөлек.* Ақанға таяныш қыз айтты ойын, Ала жал ақ қайыңды көлеңкелеп (Қ. Бекхожин, Үш кезең). Мұраттың *жеке бір бөлек,* оған Семен Степанович араша түсе алады (Т. Нұртазин, Мұрат). **Орны бөлек.** *Ерекше, бір басқа; жеке бөлек.* Бұлар қаншама жақын көрінсе де, сүйген адамның *орны бөлек* болады да тұрады (М. Иманжанов, Адам.). Ол рас сүйді Мұрат шын елжіреп, Мұлтіксіз таза жүрек, адал ниет. Достықпен сыйлап Зере бағалады, Махаббат ерікті құс *орны бөлек* (З. Қалауова, Таңд. шығ.). **Шығарда** [шығарға] **жаны бөлек.** *Бар ынтасымен берілген; тату-тәтті.*— Сұрамай-ақ біліп жүрмін. Қыздың Есет дегенде *шығарға жаны бөлек* (Р. Райымқұлов, Бұрылыс.).

БӨЛЕК [2] з а т. *Бүркіттің құндағы; бөлеу (2).* Ол бүркітті *бөлегіне* бөлеп алады (Диал. сөздік).

БӨЛЕК-БӨЛЕК с ы н. 1. *Жеке-жеке, дара-дара.* Әр томарға 4—5 үйден қонып, *бөлек-бөлек* отыр (Б. Майлин, Шығ.). — Жоқ, әркімге *бөлек-бөлек* табақ әкеліп береді,— деді (С. Ерубаев, Шығ.).— Тере, біз *бөлек-бөлек* болып ұрыскан кісіше бытырап бармалық (С. Бегалин, Бала Шоқан). 2. *Әр түрлі, басқа-басқа.* «Е», «а»— деген *бөлек-бөлек* дыбыстар ауада жаңғырды да, жұрт сөгіліп, тарқай бастады (Ғ. Қайырбеков, Қарқаралы.). Олардың (арыстан, қасқыр, түлкі, түйе) ойлары бір болса да, кейіпкерлері *бөлек-бөлек* (С. Талжанов, Ұлдай.).

БӨЛЕК-САЛАҚ с ы н. 1. *Бөлек жүрген, басы артық.* Енді жанталасып, парта астына түскен *бөлек-салақ* қағаздарды жинап жүр (Ө. Тұрманжанов, Адам.). Бәрі де ұқыпты қатталған, *бөлек-салағы* жоқ (Ғ. Сыланов, Очерк.). Жұмбақ сырын ашатындай *бөлек-салақ* қағазы жоқ па екен деп, ол конверт ішіне тағы үңілді («Лен. жас»). 2. А у ы с. *Уақ-түйек, майда-шүйде (зат).* Дәрмен *бөлек-салақтарын* көк масатыдан тігілген спорттық сумкаға салып, жинала бастады (Т. Әлімқұлов, Сейтек.). Саттар екі семіз, үйтілген тауықты маған ұстата салып, өзі басқа *бөлек-салақтарды* үйге алып кіріп кетті (А. Лекеров, Қырдағы ән). Басқа *бөлек-салақтың* бәрі бір-бір сілкініп ағаш төсектің іргесіне тоғытылғанға ұқсайды (К. Оразалин, Көктем.).

БӨЛЕКСІ е т. *Бөлектену, бөлекпін деп сезіну.* Мен аулақпын *бөлексіп* бәлденуден, Үйренбеймін «ұлттықты» әлдекімнен. «Қазақпын» деп қаңбақтай көшіп жүрмен, «Мұсылманмын» деп және сөлде кімен (Ж. Молдағалиев, Жиырма бес).

БӨЛЕКСІН *Бөлексі етістігінен жасалған өздік етіс.*

БӨЛЕКСІНУ *Бөлексін етістігінің қимыл атауы.*

БӨЛЕКТЕ е т. 1. *Бөлу, айыру, жіктеу.* Төтенше әскери соттың председателі генерал Емуганов 25 істің ішінен үлкен сары папканы *бөлектей* берді (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). Әйел деп *бөлектей* беретіндері несі екен (Б. Майлин, Шығ.). Кәні, Отан мен жауынгерді *бөлектеп* көрші. Жоқ, *бөлектей* алмайсың (Ә. Омарбаев, Кәрлен.). 2. А у ы с. *Жатқа санау, бөтенсіну.*— Өзге түгіл, анаң, менің жолдасым Биби де сені менен *бөлектеп* отырады (Р. Әутәліпов, Алтын.). Бесікте жатқан бөбекке Қарадың сосын асылып. Өзіңді сол сәт *бөлектеп,* Көңілің қалды басылып (Қ. Мырзалиев, Ақ отау). 3. А у ы с. *Жасыру, бүгіп қалу, айтпау.*— Немене, маған сенбейтін болғансың ба? Сырыңды менен *бөлектей* бастадың ба?— деді Мюлгаузен даусы бұзылып (Ә. Нұрпейісов, Сергелдең).

БӨЛЕКТЕЛ *Бөлекте етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Аздан кейін Хадиша қалың шапанын жамылып, өзгелерден *бө-*

л е к т е л і п, сыртқа қарай бет алды (Ж. Жұмақанов, Соқпақ.).

БӨЛЕКТЕЛУ *Бөлектел етістігінің қимыл атауы.*

БӨЛЕКТЕЛІН *Бөлектел етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Әрбір *б ө л е к т е л і н г е н* малды журналға тіркейді, онда малдың түрі, жасы, келіп түскен күні және бруцеллёзді кім тапқаны көрсетіледі (А. Даиров, Хирург.).

БӨЛЕКТЕЛІНУ *Бөлектелін етістігінің қимыл атауы.*

БӨЛЕКТЕН е т. 1. *Бөлекте етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Көз ойығы, кірпіктер пайда болып, еріндер *б ө л е к т е н е д і* (Қ. Нұрматжанов..., Гистология.). 2. *Бөлек шығу, оқшаулану, шеттеу.* Алғашқы күндері екеуі *б ө л е к т е н і п,* басқаларға қосылмай, шеттеп жүрді (С. Бақбергенов, Қарға там.). Жаңағы әңгімеден кейін Мыңбай мен Рамберді *б ө л е к т е н е* берді (Ә. Нұрпейісов, Сергелдең).

БӨЛЕКТЕНДІР *Бөлектен етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БӨЛЕКТЕНДІРУ *Бөлектендір етістігінің қимыл атауы.*

БӨЛЕКТЕНУ *Бөлектен етістігінің қимыл атауы.*— Нұрлан ұлттық мақтаныш жайлы жазған екен, соны *б ө л е к т е н у,* патриотизмге сыйыспайды депті (Ж. Молдағалиев, Сарарқа.).—«Мен», «мен» деп, кеуде қаға сөйлеуді, *б ө л е к т е н у д і* қашан доғарасыңдар? (Б. Соқпақбаев, Жекпе-жек).

БӨЛЕКТЕП ү с т. *Оңаша, жеке.* ...Сондықтан Жаңаарқа орман шаруашылығы ағаш пен бұтаны бірыңғай *б ө л е к т е п* егеді (Шөлде орман өсіру). ◆ **Бөлектеп жинады [орды].** *Егінді бірнеше күн бұрын орып тастап, содан кейін барып комбаймен бастыру әдісі.* Алғашқы кезде республикамыздың көптеген колхоздары мен совхоздарының басшылары егінді *б ө л е к т е п ж и н а у д ы ң* бұл прогрестік әдісінің мәніне жете түсінбеді (Ә. Нұршайықов, Тың астығы). Ол алдыңғы жылы Сібірдің егін орағы кезінде *б ө л е к т е п о р у* әдісімен артық-кемсіз мың гектар жердің бидайын орған екен (Б. Тоқтаров, Қыран.).

БӨЛЕКТЕТ *Бөлекте етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БӨЛЕКТЕТКІЗ *Бөлектет етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БӨЛЕКТЕТКІЗУ *Бөлектеткіз етістігінің қимыл атауы.*

БӨЛЕКТЕТТІР *Бөлектет етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БӨЛЕКТЕТТІРУ *Бөлектеттір етістігінің қимыл атауы.*

БӨЛЕКТЕТУ *Бөлектет етістігінің қимыл атауы.*

БӨЛЕКТЕУ [1] с ы н. 1. *Оңашалау, алыстау.* Қостардан *б ө л е к т е у* жерде Мырзатай темір соғып жатыр (Б. Майлин, Шығ.). Күнекең «осындай жаманатты жерде қабаттаспай-ақ қояйықшы» деп *б ө л е к т е у* тұрған орындыққа отырды (Т. Нұрмағамбетов, Қош бол.). Нұрғазының жұрттан *б ө л е к т е у* тұруының да себебі бар ғой («Лен. жас»). 2. *Айырықшалау, басқашалау, ерекшелеу.* Рас, Еламан басқа кісілерден *б ө л е к т е у* көрінген (Ә. Нұрпейісов, Сергелдең).— Бұл кісінің бізге жақындығы туыс-жекжаттан гөрі *б ө л е к т е у* (Т. Ахтанов, Боран). Оның ауыл әйелдеріне ұқсамайтын *б ө л е к т е у* де жағы бар. Ол — жеңгемнің киім киісі (Б. Соқпақбаев, Өлгендер.).

БӨЛЕКТЕУ [2] *Бөлекте етістігінің қимыл атауы.* Күні жетсе бастан жақ та айрылады, оны *б ө л е к т е у* оңай ғой,— деп Құныстың ойын әрілетуге жетектей түсті (Х. Есенжанов, Көп жыл.). Егер бір малдың құтыру күдігі туса, оны кідіртпей *б ө л е к т е у* қажет (Е. Оразақов, Дәрігер.).

БӨЛЕКТІК з а т. *Басқалық, бөтендік, жаттық; даралық.* Бұл да ырыстың *б ө л е к т і г і* (З. Шашкин, Тоқаш Бокин). Нияздың өзіне ең жақын адам болғанын, екеуінің арасында *б ө л е к т і к* жоқ екенін ол енді түсініп, көкірегін қуаныш кернеді (Т. Ахтанов, Боран).

БӨЛЕКШЕ ү с т. *Ерекше, басқаша, айрықша, өзгеше.* Оның тілі өзге жұрттан *б ө л е к ш е* жаралып па? (Абай, Тол. жин.). Жүзінде бір *б ө л е к ш е* шырай, асылдық бар (Б. Аманшин, Жар мұңы). Баяғы бала кезінен Шайзаданы *б ө л е к ш е* жақсы көретін (Ә. Кекілбаев, Бір шөкім.).

БӨЛЕКШЕЛЕУ с ы н. *Басқашалау, өзгешелеу, ерекшелеу.* Дидарласып жүзбе-жүз сөйлесуге не жетсін. Телефон мен қағаздың тілі де, үні де *б ө л е к ш е л е у* («Қаз. әдеб.»).

БӨЛЕКШЕЛІК з а т. *Ерекшелік, айырмашылық.*— Біз осы уақытқа дейін қала тұрмысында даладағыдан гөрі *б ө л е к ш е л і к* бар деп сеніппіз (Қ. Толыбаев, Қайдасың.).

БӨЛЕЛІК з а т. *Бөле болушылық, туыстық.* Бұның киізін бір кезде бір жағын ақысына сындырып, қалғанын қашықтау болса да *б ө л е л і г і н е* сыйғызып Қаратайдан алып еді (А. Жүнісов, Өмір.).

БӨЛЕН *Бөле етістігінен жасалған өздік етіс.* Кел бөбегім, кешікпей, Сүйейін қысып, келсейші! Мамығына *б ө л е н г е н* Ұяң бүтін көрсейші (Қ. Айнабекұлы, Өленд.). Батар күннің қызғылт сәулесіне *б ө л е н і п,* алыстан Хинган таулары мұнарланып көрінеді (С. Омаров, Әңгім.). *Б ө л е н с і н* гүлге жер мына Гүлденген жаңа аулымда. Мен де соған тілектес, Туғанмын осы қауымда (О. Малқаров, Менің ізім.).

БӨЛЕНДІР *Бөлен етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БӨЛЕНДІРУ *Бөлендір етістігінің қимыл атауы.*

БӨЛЕНТ *Бөлен етістігінен жасалған өзгелік етіс. ...Б ө л е н т і п* көк жасылға ағаш егіп, Колхоздың ауылы тұр қала болған (Т. Жароков, Таңд. шығ.).

БӨЛЕНТТІР *Бөлент етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БӨЛЕНТТІРУ *Бөленттір етістігінің қимыл атауы.*

БӨЛЕНТУ *Бөлент етістігінің қимыл атауы.*

БӨЛЕНУ *Бөлен етістігінің қимыл атауы.* Дүниеде ел алғысына *б ө л е н у д е н* артық сый жоқ (Ө. Тұрманжанов, Менің кітаб.). Бұзбай бір табиғаттың әлегі де, Екі жас тәтті сырға *б ө л е н у д е.* Бауыры бәйтеректің жылы тартты, Түн ұқсап күннің жарқын әлеміне (Қ. Бекхожин, Үш кезең).

БӨЛЕР з а т. д и а л. *Дәке, марлы.* Он метр *б ө л е р* қанша тұрады? (Диал. сөздік).

БӨЛЕС *Бөле етістігінен жасалған ортақ етіс.*

БӨЛЕСТІР *Бөлес етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БӨЛЕСТІРУ *Бөлестір етістігінің қимыл атауы.*

БӨЛЕСУ *Бөлес етістігінің қимыл атауы.*

БӨЛЕТ *Бөле етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БӨЛЕТКІЗ *Бөлет етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БӨЛЕТКІЗУ *Бөлеткіз етістігінің қимыл атауы.*

БӨЛЕТТІР *Бөлет етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БӨЛЕТТІРУ *Бөлеттір етістігінің қимыл атауы.*

БӨЛЕТУ *Бөлет етістігінің қимыл атауы.*

БӨЛЕУ [1] *Бөле етістігінің қимыл атауы.* Болашақ қаламызды жасыл ағашқа *б ө л е у* жорығына да барлық жастар қатысты (Т. Қойшыманов, Қоңырат.). Қапаменен қан жылап қалжырағаң жүректі маған қайта оятып, қайта шаттыққа *б ө л е у* қаншалық қиын екенін ескердің бе? (Б. Тәжібаев, Қараторғай).

БӨЛЕУ [2] з а т. *Қыран құсты құндақтап алып жүретін бөлек ағаш* (С. Қасиманов, Қаз. қолөнері). ◆ **Бөлеу ағаш.** *Бөлеуді (немесе бөлекті) халық кейде осылай да айта береді.* Ителгісіне талдан иіп жіберіп, *б ө л е у а ғ а ш* жасады. Дәл жүрерде соған жатқызып, орап бөледі де, арқасына іліп алды (С. Бегалин, Уақыт.).

БӨЛЕУЛІ с ы н. *Бөленген, бөленіп қойылған.* Бесіктерінде *б ө л е у л і* жатқан балалар да көздері бақырайып үнсіз жатыр (Ә. Әлімжанов, Махамбет.).

БӨЛКЕ о р. з а т. *Белгілі бір қалыпқа салынып, пісірілген нан; «бұлка».* Бір қолында іші картопқа толы сумкасы, бір қолында екі *б ө л к е* нан салған торы бар (Ө. Қанахин, Мұрагер). Бір кезде жарты *б ө л к е* нан, алақандай шошқаның майын әкеп берді (З. Шашкин, Теміртау). Полина Аркадьевна тауық еті шабылып салынған борщ әкелді. *Б ө л к е* нан турады (Ж. Молдағалиев, Сарарқа.).

БӨЛКЕЛЕС с ы н. *Бөлкені бөліп жеген, бөлкеге ортақ (адам).* Бүгін студенттік шақта бір бөлмеде жатқан, *б ө л к е л е с* досымды кездестірдім (Ауызекі тіл).

БӨЛКЕСІЗ с ы н. *Бөлкесі жоқ, бөлкесі болмаған.*

БӨЛМЕ з а т. *Үйдің, пәтердің жеке бір бөлігі.* Садуақастың ағаш үйінде бес *б ө л м е* бар екен, менің серіктерім оның бәрін аралап көрді (С. Мұқанов, Өмір мектебі). Оның екі *б ө л м е с і н і ң* бәрінде біз тұрамыз (І. Жансүгіров, Шығ.). Үй неше *б ө л м е*, ауыз үйден кейінгі бөлмелердің құрылысы қандай? (Ж. Саин, Жол үсті.). ◆ **Ас бөлме.** *Ас ішетін (даярлайтын) бөлме; кухня.* Ақырында екеуі *а с б ө л м е с і н е* кетіп қалып оңаша сөйлесті (А. Байтанаев, Қансонар). **Ауыз бөлме.** *Үйге кіреберістегі бөлме; ауыз үй. А у ы з б ө л м е д е* тұрған кішкене күрең столдың қасына орнығып отырып алып, Боткин қағаздарын жая бастады (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). *А у ы з б ө л м е г е* кіріп, қос чемоданды босаға жаққа жарыстыра қойдық (Ж. Жұмақанов, Қаракөз.). **Балалар бөлмесі.** *Милиция бөлімшесінің жанындағы балаларға арналған бөлме.* Қалалық және аудандық милиция бөлімшесінде *б а л а л а р б ө л м е с і* болады (Семья тәрбиесі). **Қабылдау бөлмесі.** *Белгілі бір мекеменің келушілерді қабылдайтын бөлмесі.* Бұлар қол алысып, *қ а б ы л д а у б ө л м е с і н е н* сыртқа беттегенде партбюро секретарының есігі қайта ашылды (С. Шаймерденов, Болашақ.). Ғанисыз бюро мәжілісі ашылмайды. Келгендер *қ а б ы л д а у б ө л м е с і н д е* күте тұрсын (Ш. Хұсайынов, Таныс адам.). **Қонақ бөлме.** *Үйге келген қонақтар жататын бөлме.* Екеуі *қ о н а қ б ө л м е г е* оңаша келіп отырған соң: — Ермекбай іштеме айтты ма? — деді Шөгел (Ғ. Мұстафин, Дауыл.). **Мұғалімдер бөлмесі.** *Мектепте мұғалімдерге арналған бөлме.* Сабақ уақыты болса керек, *м ұ ғ а л і м д е р б ө л м е с і н д е* ешкім жоқ екен («Қазақст. мұғ.»). **Пионер бөлмесі.** *Мектепте пионерлерге арналып, тиісті құралдармен жабдықталған бөлме.* Алтыншы «А» класының оқушылары *п и о н е р б ө л м е с і н е* тегіс жиналды (С. Омаров, Әңгім.). Елка *п и о н е р б ө л м е с і н е* орнатылды (С. Баязитов, Күтп. кездесу).

БӨЛМЕЛЕ е т. *Бірнешеге бөлу, бөлшектеу.* Шым шилер... үлкен үйлердің ішін *б ө л м е л е п* далда жасауға, итарқа құруға өте ыңғайлы (С. Қасиманов, Қаз. қолөнері). Жамбыны алды, *б ө л м е л е п*, «Батыр қайным өлме»,— деп. Бата қылды баршасы «Ісіңді алда жөнде!»— деп (Қамбар батыр). Сөз сөйлеймін *б ө л м е л е п*, Әр нүсқадан термелеп. Сөйлеген сайын кетеді Қызыл тілім өрмелеп (Үш ғасыр.).

БӨЛМЕЛЕС с ы н. *Бөлмесі бір, бір бөлмеде жататын (адам). Б ө л м е л е с* жігіттер менің жанымның ауырғанын елеген жоқ, оларға күлкі керек (Н. Сералиев, Махабб.).

БӨЛМЕЛЕУ *Бөлмеле етістігінің қимыл атауы.*

БӨЛМЕЛІ с ы н. *Бөлмесі бар.* Үлкен екі *б ө л м е л і* ағаш үй. Терезесі түстікке, күнге қарапты (Ж. Молдағалиев, Сарарқа.). Көп *б ө л м е л і* үлкен үйде әзірге екіақ жан (С. Шаймерденов, Болашақ.). Әкесінің төрт *б ө л м е л і* жеке меншік үйі бар (А. Жақсыбаев, Менің дос.).

БӨЛМЕЛІК с ы н. *Бөлмеден тұратын.* Екеуі Дәмелінің жатақханасына жақын жерден кішкентай бір *б ө л м е л і к* үйге орналасты (І. Есенберлин, Айқас). Дәл орта тұсында ғана кең екі *б ө л м е л і к* үстемесі бар (С. Мұқанов, Саяхат.).

БӨЛМЕСЫМАҚ з а т. э к с п р. *Бөлмелік сипаты шамалы, бөлме деп айтуға толық келмейтін.* Үйге кіргенімде жоғарғы *б ө л м е с ы м а қ* жақтан біреудің домбыра шертіп отырғаны естілді («Қаз. әдеб.»).

БӨЛМЕСІЗ с ы н. *Бөлмесі жоқ, бөлмесі болмаған.*

БӨЛМЕСІЗДІК з а т. *Бөлмесі жоқтық, бөлмесі болмағандық.*

БӨЛТЕК з а т. к ө н е. *Бір бөлек жер, аз ғана жер.* Бақтығұлдың көңілін, күйін жайлап: бес-алты *б ө л т е к* егіні де жайқалып, мол боп шықты (М. Әуезов, Қараш.). Бір дорба ақ бидайды ап күлімдепті, Көріп пе ең кубанканы бұрын депті. Көктемде бір *б ө л т е к к е* ек осыны, Достыққа болсын біздің ырым депті (Қ. Жармағамбетов, Баллада.).

БӨЛТЕК-БӨЛТЕК с ы н. *Бөлек-бөлек, топ-топ, шоқ-шоқ.* Орманшы үйінің табалдырығынан басталған жалпақ жол ағаштың бауырымен иреленіп жүріп отырады да, *б ө л т е к - б ө л т е к*, шоқ-шоқ қарағайлардың арасына тарамданып, бөлініп, жылғаланып кете барады («Лен. жас»).

БӨЛТЕК-САЛТАҚ з а т. с ө й л. *Бөлек-салақ.* Елеусіз осы алуандас олқылы-толқылы ойда тұрғанда, Шынар базарлыққа алып бара жатқан *б ө л т е к - с а л т а ғ ы н* буып-түйіп болған еді (Т. Әлімқұлов, Ақбоз ат).

БӨЛТЕК-СӨЛТЕК с ы н. с ө й л. *Бөлек-салақ.* Жаныма орта бойлы ақ құбаша

қыз келіп отырды. Қолында *бөлтек-сөлтек* түйіншектері бар («Лен. жас»).

БӨЛТИ ет. диал. **Бұлти.**— Неғыш бөтекелері *бөлтиіп* шұнаңдай қалды десем — түні бойы ит тойын тойлаған екен ғой (О. Бөкеев, Үркер).

БӨЛТИЮ *Бөлти етістігінің қимыл атауы.*

БӨЛТІРІК [1] зат. **1.** *Қасқырдың үлкейген, өскен, қарақұлақтанған күшігі.* Қасен күздігүні бір күннің ішінде бір *бөлтірік,* бір үлкен қасқыр алған (М. Әуезов, Қараш.). Бөлтірігін де, бөрісін де екеуі баптап сойып, бес *бөлтірікті* Қалжан Ыбырайға байлап, көкжалдың терісін өзі алып, күн көтеріле екеуі елге қайтты (Қ. Тайшықов, Окт. ұшқыны). Одан қырық шақырымдай жерде қаншық жатыр. Жанында бес *бөлтірігі* алысып ойнап жүр (Ә. Бірмағамбетов.., Қазақст. геогр.). **2.** Ауыс. *Жауыздықпен ауызданған жас.* Айтқанымыздай, Нұрпейіс бастаған 5—6 *бөлтірік* жетіп келді (С. Көбеев, Орынд.). Ақбай да азу тісінің жоқтығын өзі ерекше жақсы көріп өсірген кенже *бөлтірігімен* бетпе-бет келгенде ғана сезіп еді (С. Бақбергенов, Қайран шешем). ◆ **Бөрінің [қасқырдың, көкжалдың] бөлтірігі.** *Жауыздан туған жауыз, сұм.*— *Ә, бөрінің бөлтірігі!*— деді Салық мырза өзіне таяу қарсы келген балаға (Ғ. Сыланов, Дең асқан). ...*Бөрінің бөлтірігін* баурына сап, Пердесін бейқамдықтың құшқан жансың (Қ. Бекхожин, Үш кезең).— Ә, жігітің нағыз *қасқырдың бөлтірігі* де!— деді Геке Жақияны нұсқап (Б. Аманшин, Жар мұңы).— Уа, *көкжалдың бөлтірігі.* Теңізге барғың келеді екен ғой, ә? (Ә. Сәрсенбаев, Толқында.).

БӨЛТІРІК [2] зат. бот. *Далалы, жазық жерлерде өсетін, бойы 15—20 см-дей улы шөп.* Халық түсінігі бойынша шытыр, *бөлтірік,* қазоты, беде және басқа да осы сияқты шөптерді ашыққан арық мал, әсіресе жауыннан кейін тоя жесе, өліп қалады (Х. Арғынбаев, Мал ауру.).

БӨЛТІРІКТІ [1] сын. *Бөлтірігі (1) бар, бөлтірігі көп.*

БӨЛТІРІКТІ [2] сын. *Бөлтірік (2) өскен, бөлтірігі мол. Бөлтірікті* жерде малдың улануы жиі кездеседі (Ауызекі тіл).

БӨЛТІРІКТІК сын. *Бөлтірікке (1) тән; жыртқыштық, жауыздық.*

БӨЛТІРІСКЕ зат. диал. **Елтірі.** Қоңыр бұйра *бөлтіріскеден* мол ғып тігілген тымағын түре киіп, кең маңдайын шалқайта, қарт сәлем артынан жөн сұрады (С. Бегалин, Уақыт.).

БӨЛУ [1] *Бөл етістігінің қимыл атауы.* Қойларды *бөлу,* қошқарларды таратып беру жұмысын қолына алған Әбдіжан Күрмекті базында біраз уақытқа қалатын болды (С. Бегалин, Уақыт.). Еңбекшілерді шіркеудің дін жолымен езушілігінен босатудың алғашқы қадамы — шіркеуді мемлекеттен, мектепті шіркеуден *бөлу* («Халық мұғ.»).

БӨЛУ [2] зат. мат. *Санды санға тең-дей етіп бөлудің теориясын үйрететін арифметикалық амал.* Орта ғасырдағы арифметика оқулықтарында мынандай тоғыз амал қолданылады: 1) нумерация; 2) қосу; 3) азайту; 4) екі еселеу; 5) көбейту; 6) екіге бөлу; 7) *бөлу;* 8) прогрессия; 9) түбір табу (А. Собалақов, Математика.). Екінші класта екінші басқыштың амалдары: көбейту, *бөлу* үйретіледі («Халық мұғ.»).

БӨЛУШІ зат. *Бір нәрсені бөлетін, бөлу қызметін атқаратын адам (нәрсе).* Ол суды *бөлушілер* мен пайдаланушылардың белгіленген жоспарына сәйкес анықталады (Ә. Стамқұлов, Үй іргесі.).

БӨЛШЕК [1] зат. **1.** *Тұтас нәрсенің жеке бір бөлегі.* Сенің қарапайым өміріңнің бір ғана *бөлшегін,* бір ғана сәтін замандастарыңа жеткізгім келеді (М. Сәрсекеев, Жетіжылдық.). Мақта өсімдігінің тамырдан басқа басты *бөлшектері* — негізгі сабақ, өсу бұтағы, жапырақ, гүл, түйін және басқалар (М. Майлыбаев, Қазақст. мақта шаруаш.). Елтірінің барлық *бөлшектері* — пұшпағы, құйрығы, басы, құлақтары түгелімен тұтас сақталуы тиіс (Шопан серігі). **2.** Техн. *Кез келген механизмнің жеке-жеке тетігі, белгілі бір детальді.* Талғат бір кезде қиялы ғана болған самолеттің *бөлшектерін* енді көзімен көріп, ұшу жолдарын үйрене бастады (С. Бақбергенов, Өз. жігіт.). Маузер атты мылтықты мен бұдан бұрын ұстап та көргем, әр *бөлшегін* ыдыратып ап, қайта жинағанын да көргем (С. Мұқанов, Өмір мектебі). Машина немесе механизм сияқты кез келген бұйым өзара қосылған жекежеке *бөлшек* — детальдардан құралады (Сызу). **3.** *Айналамыздағы алуан түрлі зат-*

тардың негізі болып табылатын ең кішкене (ұсақ) бөлігі; атом, молекула, нейтрон, протон т. б. Бізді қоршап тұрған табиғи заттар ең ұсақ *б ө л ш е к т е р д е н* — атомдар мен молекулалардан тұрады (А. Мырзабаев, Хим. қызығы). Бірнеше жылдар бойы жүргізілген зерттеулердің нәтижесінде барлық элементтердің атомы мейлінше кішкене *б ө л ш е к т е р д е н* құралғанын білуге мүмкіндік туды (Б. Айдарханов, Атом қуаты). Уранның атом ядросы нейтрон *б ө л ш е к т е р і н е* бөлінеді (Ж. Жатқанбаев, Су.). ◆ **Бөлшек сауда.** *Өнімді бөлшектеп сату әдісі; ұсақ сауда.* Азық-түлік колхозшыларға мемлекеттік *б ө л ш е к с а у д а* нарқымен сатылады (А. Шайбеков, Колхоз.). Ірі сауда фермалары жәрмеңкеден жәрмеңкеге товар түсірумен қанағаттанбай, қалалар мен ірі елді пункттерде көтерме сауда қоймаларын, *б ө л ш е к с а у д а* магазиндері мен дүкендерін аша бастады (ҚазССР тарихы). **Запас бөлшектер.** *Түрлі машиналардың басы артық, қосымша тетіктері (детальдары).* Оның мекеме есебінен қосымша *з а п а с б ө л ш е к т е р* сатып алып пайдаланғаны анықталды («Соц. Қаз.»).

БӨЛШЕК[2] з а т. м а т. *Өлшем ретінде алынған бүтін санның (бірліктің немесе шаманың) белгілі бір не бірнеше бөлегін көрсететін сан атауы.* Қазіргі сан ұғымы **түрлі сандарды** — бүтін, *б ө л ш е к*, теріс, иррационал, жорамал сандарды — қамтитын күрделі ұғым (А. Собалақов, Математика.). Егер бөлу нәтижесі бүтін сан болмаса, онда *б ө л ш е к* шығатынын мысырлықтар жақсы білген (О. Жәутіков, Математика.). Бөліндінің бүтіні мен *б ө л ш е г і* бөлгішке дәл бөлінеді («Халық мұғ.»). ◆ **Алгебралық бөлшек.** *Алымы да, бөлімі де көп мүшелік болып келген бөлшек.* Алымы мен бөлімі көп мүшелік болып келген бөлшек түріндегі алгебралық өрнек — *а л г е б р а л ы қ б ө л ш е к* деп аталады (Алгебра). **Бөлшек сан.** *Бірнеше бөлшектен (алымнан және бөлімнен) тұратын сан: бүтін сан.* Жұлдыздардың шамасы ылғи бүтін сандар арқылы ғана өрнектеле бермейді, ондай аралықтағы шаманы *б ө л ш е к с а н м е н* өрнектейді (Х. Әбішұлы, Халық астроном.). **Бұрыс бөлшек.** *Алымы бөліміне тең не одан үлкен бөлшек б ұ р ы с б ө л ш е к деп аталады* (ҚСЭ). **Дұрыс бөлшек.** *Алымы бөлімінен кіші бөлшек д ұ р ы с б ө л ш е к деп аталады* (ҚСЭ).

БӨЛШЕК-БӨЛШЕК с ы н. *Бөлек-бөлек, жеке-жеке, дара-дара.* О жағың да, бұ жағың да *б ө л ш е к-б ө л ш е к* егін (Б. Тоқтаров, Қыран.). Бұйымын беріп жатыр әркім өлшеп, Үйілген ұлы, кіші *б ө л ш е к-б ө л ш е к.* Анталап бірін-бірі итермелеп, Жапырлап алып жатыр көйлек-көншек (С. Сейфуллин, Шығ. жин.). Бір жағы ауыр, қоңыр бел, Өлкесі толған сексеуіл. Бөлек-бөлек құмы бар, *Б ө л ш е к-б ө л ш е к* суы бар, Көшкен елдің іргесі (Қ. Жапсарбаев, Өлеңд.).

БӨЛШЕКСІЗ с ы н. *Бөлшегі жоқ, бөлшекке бөлінбеген.*

БӨЛШЕКТЕ е т. 1. *Бөліп-бөліп тастау, бірнешеге бөлу.* Сүйегін арамен кесіп, ағаш құсап *б ө л ш е к т е п* тастағандай болды (С. Ерубаев, Шығ.). Әрі-беріден соң құрбақаны кішкенеден *б ө л ш е к т е п*, жіңішке шыбықтың ұшына шаншыды (Ө. Тұрманжанов, Адам.). 2. *Құрастырылған затты қайтадан бөлек-бөлек етіп ажырату.* Орталарында *б ө л ш е к т е п* тастаған бір винтовка. Михаил Ивановичтың қолында затвор... (Ә. Сәрсенбаев, Толқында.). Бейтаныс адам пистолеттің сыртын мұқият сүртті де, оны *б ө л ш е к т е п* бұза бастады (Қ. Қайсенов, Жау тылы.). 3. А у ы с. *Өзімдікі, басқанікі деп топтау, жік-жікке бөлу, саралау.*—Балалардың үйі жоқ! Бұл менің үйім.— Өйтіп *б ө л ш е к т е м е!* (М. Әуезов, Қараш.). Ат төбеліндей аз ғана қазақты *б ө л ш е к т е п*, тым кедейшіл болма, бауырым (Д. Әбілев, Ақын.).

БӨЛШЕКТЕГІШ з а т. *Бөлшектеу әрекетін істеуші, бөлшекке бөлуші.*

БӨЛШЕКТЕЛ *Бөлшекте етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Әр жолға шашыраған сөздер қазақтың шалыс ұйқасты, 11 буынды өлеңінің *б ө л ш е к т е л г е н* түрі емей немене (Ғ. Мүсірепов, Суреткер.). Ішкі органдарын шығарып алғаннан кейін олар *б ө л ш е к т е л е д і*, содан соң мал дәрігері тексереді (Т. Телеуғалиев, Ет. эксперт.).

БӨЛШЕКТЕЛУ *Бөлшектел етістігінің қимыл атауы.*

БӨЛШЕКТЕН 1. *Бөлшекте етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Ноғайлы Алшындар келіп қосылған соң, Ақназар күшейіп, *б ө л ш е к т е н і п* жүрген қазақ атанған руларды біріктіре бастайды (С. Сейфуллин, Шығ. жин.). Жүйткиді жүйрік «Волга» Аспанға атып жолдың шаңын. *Б ө л ш е к-*

теніп ойым онға, Басым қатып, сыздап жаным (Ә. Оңалбаев, Таң алды.). Тамақтың химиялық өзгерістері дегеніміздің мәнісі сол, мұнда күрделі заттар жай заттарға *бөлшектенеді* (Адам анатом.). 2. *Бөлшекте етістігінен жасалған өздік етіс.* Ең артта өзгелерден *бөлшектеніп* Құрмаш келе жатыр (Б. Соқпақбаев, Алыс. ауыл.). «Жастардан *бөлшектенбе* сен»— деп еді, «Сауыққа қалмай бүгін кел» деп еді. Қамилаш күліп тұрып «уақыт жоқ» деп, Өзінше сылтауратты әлденені (Т. Молдағалиев, Қамила).

БӨЛШЕКТЕНГІЗ *Бөлшектен етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БӨЛШЕКТЕНГІЗУ *Бөлшектенгіз етістігінің қимыл атауы.*

БӨЛШЕКТЕНДІР *Бөлшектен етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БӨЛШЕКТЕНДІРУ *Бөлшектендір етістігінің қимыл атауы.*

БӨЛШЕКТЕНУ *Бөлшектен етістігінің қимыл атауы.* XIII ғасырдың алғашқы жартысы әр алуан этникалық, тілдік, нәсілдік элементтердің барынша *бөлшектену,* қосылу, ажырасу дәуірі болды (ҚазССР тарихы). Жұмыртқаның ұрықтану және *бөлшектену* процесі жануарлар мен өсімдіктерде өте ұқсас болады (Жалпы биология).

БӨЛШЕКТЕТ *Бөлшекте етістігінен жасалған өзгелік етіс.*— Қазір колхоздың өзі біртұтас майданның қоры. Бүтіндіі *бөлшектетпейді* майдан. Бүйректен сирақ шығармай жүр! (Ж. Тілеков, Қайнар).

БӨЛШЕКТЕТКІЗ *Бөлшектет етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БӨЛШЕКТЕТКІЗУ *Бөлшектеткіз етістігінің қимыл атауы.*

БӨЛШЕКТЕТТІР *Бөлшектет етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БӨЛШЕКТЕТТІРУ *Бөлшектеттір етістігінің қимыл атауы.*

БӨЛШЕКТЕТУ *Бөлшектет етістігінің қимыл атауы.*

БӨЛШЕКТЕУ *Бөлшекте етістігінің қимыл атауы.* Жоқ, бүйтіп біз ел бола алмаймыз. Халқымызды енді *бөлшектеуге* бермеуіміз керек (І. Есенберлин, Қатерлі.). Мұнымен қатар, тасқынды бірнеше арналармен ағызып, оның соқпа күшін бөлу, *бөлшектеудің* басқа да жолдары қолданылды (Ж. Жұмақанов, Адам.).

БӨЛШЕКТІ: **бөлшекті сан.** Грамм. *Өлшем ретінде алынған бүтін шаманың (санның) бір бөлегін көрсететін сан есім атауы. Бөлшекті сандар* есептік сандармен анықталатын бүтін заттардың бөлшектерін білдіреді. Мысалы, жарым, жарты, ширек, үштен бір, бір жарым т. б. (Қазіргі қаз. тілі).

БӨЛШЕКТІК сын. *Бөлшекке тән, бөлшекке қатысты.* Ал сәуленің толқындық теориясы мен *бөлшектік* теориясының таласу жылдарында осындай ойыншық тәрізді нәрседен аса ірі ғалымдардың бірі тағы да бір тамаша ғылыми жаңалық ашты десе не дейсіз (А. Қалығұлов, Жарық сәуле.).

БӨЛІК зат. 1. *Бірнешеге бөлінген тұтас нәрсенің бір бөлігі.* Өкпенің бес *бөлігінен* (оң жақта үшеу, сол жақта екеу) тұратындығы мәлім (С. Байжанов, Өкпе туберк.). Ақ Қазақстанның шығыс, оңтүстік *бөлігіндегі* тауларда кездеседі (Х. Қыдырбаев, Дала көркі). Шеңберді линейкамен бұрыштары 30—60—90 градус үшбұрыш арқылы тең алты *бөлікке* бөлуге болады (Сызу). 2. *Екі аралықты бөліп тұрған зат (нәрсе), бөлінген жер.* Ортадан бөлулі. *Бөлікте* тамақ беретін тесік бар (Б. Майлин, Шығ.). Ортадағы борозда екіге бөліп жатыр. Көлденең *бөлік* және бір жыра болсын (Ғ. Мұстафин, Жиырма бес). ◆ **Әр бөлігі.** *Кез келген бөлегі, барлық бөлегі.* Бізге жоспар: «Сонша жер ек». Жоспарды ерте Жайлау керек, Әр қос алған Жоспар керек Егістің *әр бөлігін* (С. Сейфуллин, Шығ. жин.). **Бір бөлігі.** *Бір ғана бөлегі, біразы.* Қарышпаның ішкі қысымы басталғанда қанның *бір бөлігі* оң жақтағы жүрекшеге құйылады (А. Даиров, Хирург.). Ал тас-талқаны шыққан Германияда одақтастар сол байлықтың *бір бөлігін* ғана тауып алғаны белгілі («Лен. жас»). **Сегізден [он екіден,...] бір бөлігі.** *Бірнешеге бөлгендегі бір бөлігі.* Ауадағы атмосфера қысымының *сегізден бір бөлігі* бар жерде су +50 градуста қайнап үлгереді (Ж. Жатқанбаев, Су.). Храповик әрбір бұрылған сайын бұл шетке дөңгелектің *он екіден бір бөлігіне* жылжып отырады («Халық мұғ.»).

БӨЛІКТЕМЕ з а т. м а т. *Бөліктің бөлігі; ең кіші бөлік.*

БӨЛІКШЕ з а т. *Кішкене ғана бөлік.* Өкпенің оң жағы үш, ал сол жағы екі *б ө л і к ш е д е н* құралады (А. Даиров, Хирург.).

БӨЛІМ [1] з а т. 1. *Белгілі бір мекеменің, ұйымның, өндіріс орнының құрамына кіретін жеке-жеке сала.* Округтік денсаулық сақтау *б ө л і м і* оны Москваға, дәрігерлік институтқа оқуға жіберген (З. Шашкин, Өмір.). Орта бойлы, шүңірек көз, жирен сақал адам қылмыс іздеу *б ө л і м і н і ң* бастығына келді (К. Тоқаев, Тасқын). «Жас қайратта» саяси, шаруашылық, өнер-білім, тәлім-тәрбие, әдебиет *б ө л і м д е р і* бар еді (Ш. Ерманов, Мәңгі жастық). 2. *Институт факультеттерінің ішіндегі мамандық бойынша бөлінген топ.* 1931—33 жылдары Москвада, қызыл профессорлар институтының әдебиет *б ө л і м і н д е* ол екеуміз бір столда қатар отырып оқығамыз (С. Мұқанов, Алып. адым.). Совет өкіметі жылдарында жоғары оқу орындарының журналистика *б ө л і м д е р і н* бітірген маман кадрлар өсіп жетілді (С. Мәуленов, Жұлдыз.). Бұл кітап негізінен физика-математика факультеттерінің физика *б ө л і м і н е* арналып жазылғанды (М. Құдайқұлов, Оқу киносы). 3. *Шағын әскери топ, взводтың бір бөлігі.* Ендеше өз *б ө л і м і н е н* қалып қойып, орман ішінде адасып жүрген бір солдатты қосып алыңыз (Т. Ахтанов, Дала сыры). Рүстемдердің *б ө л і м і* Дон бойында немістермен үш күн бойы қатты ұрысты (С. Бегалин, Ана.). Бала Александрды арқалап, өз *б ө л і м і н і ң* санчастысына қарай тартып келеді (Қ. Әбдікадыров, Мақташы қыз). 4. *Әдеби шығарманың, концерттің, театр және цирк т. б. өнер салаларының өз алдына жеке бір бөлігі.* «Ер Төстік» ертегісі төрт *б ө л і м н е н* құралады (М. Ғабдуллин, Қаз. ауыз әдеб.). Бүркіт астанаға қайтқанда өзінің осы жаңа дастанының алғашқы *б ө л і м і н* бітіріп ала келді (І. Есенберлин, Қатерлі.). Бұл өлеңнің алғашқы *б ө л і м і* қала маңындағы халық аузында сақталған (М. Ақынжанов, Қаз. ағартушы.).

БӨЛІМ [2] з а т. м а т. *Бөлшектің бір мүшесі; ол бірліктің неше тең бөлікке бөліне алатындығын көрсетеді (қарсы мәні — «алым»).* Мысырлықтардың бөлшектерді қалай есептегендігін түсіну үшін, бөлшекті алым мен *б ө л і м г е* бөлмей, басқаша таңбалау қажет болды (О. Жәутіков, Математика.). Арифметикадағы сияқты, алгебралық бөлшектің де алымы мен *б ө л і м і* бөлшектің мүшелері деп аталады (Алгебра).

БӨЛІМ-БӨЛІМ с ы н. *Бірнеше бөлінген.* Молда емес, қайда қалған сенің көңілің, Қызыл үй орыс салған *б ө л і м - б ө л і м.* Он үйге ондық деген төре қойып, Бес теңге айыбы бар жесең шөбін (Айтыс).

БӨЛІМДЕС с ы н. *Бөлімі бір, бір бөлімде істейтін (адам).* Біз *б ө л і м д е с* адамдармыз... (Ауызекі тіл).

БӨЛІМДІ с ы н. *Бөлімнен тұратын, жеке-жеке бөлектен құралған.* «Үй менікі демеңіз, үй сыртында кісі бар» деген даналықты мәтел деп қарайды. Неге десеңіз, бұл өзі екі *б ө л і м д і* болса да, мұнда мақалдағыдай қорытынды, түйін айтылып тұрған жоқ (М. Әлімбаев, Өрнекті сөз.). Мысалы, Ысқақов Ілияс деген 1948 жылы шығарған «Асан қайғы» поэмасы екі *б ө л і м д і* ұзақ жыр («Қазақст. мектебі»).

БӨЛІМСІЗ с ы н. *Бөлімі жоқ; бөлімнің қатысынсыз.*

БӨЛІМШЕ з а т. 1. *Белгілі бір ұйымның, қоғамның, мекеменің бір бөлігі, жеке саласы.* 1925 жылдың ішінде Мәскеудегі Кеңестер одағы жазушылар ұйымының (ВАПП) Қазақстанда да *б ө л і м ш е с і* ашылған еді (С. Мұқанов, Өсу жол.). Семейде Сібірдің географиялық қоғамының *б ө л і м ш е с і* ұйымдасты (М. Ақынжанов, Қазақ. ағартушы.). Официантка есеп айрысқаннан кейін милиционер үшеумізді де *б ө л і м ш е г е* әкелді (М. Гумеров, Үш күн.). Көрмені Совет-Үндістан мәдени байланыстар қоғамының қазақ *б ө л і м ш е с і* ұйымдастырған («Қазақст. мұғ.»). 2. *Он-он бес солдаттан жасақталған әскери топ, взводтың бір бөлігі; бөлім.* Тізім тексеріліп болғаннан кейін, топталған адамдар роталарға, взводтарға, *б ө л і м ш е л е р г е* бөліне бастады (С. Мұқанов, Өмір мектебі). Есі-дерті қайтсе де өз *б ө л і м ш е с і н* тауып алып, өз полкының жауынгерлік туы астында жолдастарымен бірге қан майданда шайқасу (Қ. Исабаев, Ажал құрсауы.). Ол взводта *б ө л і м ш е* командирі Ахметов деген еді (М. Ғабдуллин, Ел намысы.). 3. *Колхоздың не совхоздың бір бөлімі.* Совхоздың он төрт трактор бригадасы, төрт *б ө л і м -*

ш е с і, екі механикалық мастерскойы, клубы, емханасы бар (С. Бақбергенов, Өз. жігіт.). Біз сол түнде Қарасу *б ө л і м ш е с і н е* келдік (С. Бегалин, Уақыт.). Машина екінші *б ө л і м ш е н і ң* орталығы — Аралағаштың жанындағы қырманға кеп тоқтаған еді (Б. Тоқтаров, Қыран.). Бұл араны сегізінші ауыл деп атайтынын, әуелде колхоз, кейін совхоздың *б ө л і м ш е с і* болғандығын айтты (А. Жақсыбаев, Менің дос.).

БӨЛІМШЕАРАЛЫҚ с ы н. *Бөлімшелер арасындағы.* Көктемгі дала жұмыстарын сапалы әрі қысқа мерзімде өткізу үшін совхоз басшылары *б ө л і м ш е а р а л ы қ* социалистік жарыс ұйымдастырып отыр («Лен. жас»).

БӨЛІМШЕЛІ с ы н. *Бөлімшесі бар, бірнеше бөлімшеден тұратын.*

БӨЛІМШЕЛІК с ы н. *Бөлімшеге тән, сол бөлімшеге қатысты.* Осыдан бір ай бұрын бұл, Михаил Заигралин, шахта іші транспортының *б ө л і м ш е л і к* слесары екеуі таудай боп үйіліп жатқан цинк қораптарға күйіне қарап еді (Тоғызыншы шежіре).

БӨЛІН 1. *Бөл етістігінен жасалған ырықсыз етіс.*— Сен мынаны қарашы, желімдей салған — деп, *б ө л і н і п* түскен өкшесін көрсетті әйел (С. Адамбеков, Қожанасыр.). Біз үйге кірдік. Кең подвал жаңадан ғана тақтаймен *б ө л і н г е н* екен (С. Мұқанов, Өсу жол.). Екі оқушы ат арбамен астық тасуға *б ө л і н д і* («Халық мұғ.»). 2. *Бөл етістігінен жасалған өздік етіс.* Бұл не?! Әлде отардан *б ө л і н і п* қалған қой ма екен? (А. Сарбөпин, Аспалы бесік.). Өткен 1953 жылдың бір өзінде қалалық құрылысқа 186 миллион сом *б ө л і н д і* (С. Мұқанов, Саяхат.). Тері туберкулезі бірнеше түрге *б ө л і н е д і* (Ш. Көшербаев, Туберкулез). Теңдей *б ө л і н е т і н* сандарды бөлуді үйреткенде де ауызша есептеуге үйретіледі («Халық мұғ.»). ◆ **Бөлінбейтін қор.** Э к о н. *Колхоздың негізгі байлығы, материалдық-техникалық негізі.* Колхоздардың *б ө л і н б е й т і н қ о р ы* колхозшылар еңбегіне бөлінбейді. Ол — колхоздың қоғамдық өндірісінің үздіксіз өсуінің материалдық-техникалық негізі (Б. Ордабаев, Коммунизм.). Колхоздың *б ө л і н б е й т і н қ о р ы н ы ң* маңызын атап көрсету керек. Мұның өзі колхоздың негізгі байлығы және колхозшылардың әл-ауқатын жақсартудың қайнар бұлағы (А. Шайбеков, Колхоз.). **Бөлініп шықты.** *Бір нәрседен ажырап, жеке шықты, бөлінді.* Судағы оттегі темірмен қосылып, стволдың іш жағында тот пайда болады, судан сутегі *б ө л і н і п ш ы ғ а д ы* (Ж. Жатқанбаев, Су.). Ертіндіден хлор, сутегі жеке күйінде *б ө л і н і п ш ы ғ а д ы* («Халық мұғ.»). **Көңілі бөлінді.** *Алаң болды, ойы бөлінді.* Өнердің шақырады өрі мені, *К ө ң і л і м* соған күнде *б ө л і н е д і.* Өленде кіші болу, жолды беру, Өліммен бірдей болып көрінеді (Т. Молдағалиев, Ескерткіш). Сазы үзілді әннің Кенет *к ө ң і л і б ө л і н д і.* Беткейінен адырдың Бір отар қой көрінді (А. Шамкенов, Жасыл жайлау). Осыған *к ө ң і л і м б ө л і н і п,* Ұмытып кетсем жұртымды Құдайдың,— деді,— ұрғаны (Қамбар батыр). **Ойы бөлінді.** *Ойы басқа нәрсеге ауды.* Адхам кіріп келгенде ғана Аманның *о й ы б ө л і н д і* (Ғ. Мұстафин, Дауыл.). Оның құлағына алысырақтан шыққан бір дүмбір естілгендей болды да, *о й ы б ө л і н і п* елегізе түсті (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). **Ойы онға бөлінді.** *Әр нәрсені бір ойлады.* Оның *о й ы о н ғ а б ө л і н і п,* **үркек аттай өзін әр жаққа бір алып қашады** (Ө. Қанахин, Жас дәурен). Ол жанжағына алақтады,— Бақытжан қайда, Бақытжан? — деді Мәтқабыл. *О й ы о н ғ а б ө л і н г е н* оның даусы дірілдеп шықты (Р. Райымқұлов, Бұрылыс.).

БӨЛІНГІШ[1] с ы н. *Тез, жақсы бөлінетін.* Осы деңгейде жатқан клеткалар да меристемалық қасиетін сақтап *б ө л і н г і ш,* өскіш келеді (Т. Мұсақұлов, Ботаника).

БӨЛІНГІШ[2] з а т. м а т. *Бөлгішке бөлінетін сан.* Бүтін санды бөлшекке бөлу үшін олар *б ө л і н г і ш т і* бөлгіштің бөліміне көбейтіп, бұдан шыққан санды алымына бөледі (О. Жәутіков, Математика.). Бұл жағдайда *б ө л і н г і ш* (АВ) қатынастың алдыңғы мүшесі, бөлгіш (СД) қатынастың келесі мүшесі, ал бөлінді (1,5) қатынас деп аталады (Геометрия).

БӨЛІНГІШТІК с ы н. м а т. *Бір санның екінші бір санға бөліну қасиеті.* Құрама сандардың да *б ө л і н г і ш т і к* белгілері бар (ҚСӘ).

БӨЛІНДІ з а т. м а т. 1. *Бөлінгішті бөлгішке бөлгеннен кейін шыққан сан.* Бұл жағдайда бөлінгіш қатынастың алдыңғы мүшесі, бөлгіш қатынастың келесі мүшесі, ал *б ө л і н д і* қатынас деп аталады (Гео-

метрия). Шыққан санды ойлаған сандарыңа бөліңдер де, *бөліндіге* ойлаған сандарыңды тағы да қосыңдар («Халық мұғ.»). 2. *Бүтін санның бөлшегін көрсететін сан; бөлшек.* Бір кесіндінің (АВ) екінші кесіндіге (СД) қатынасы әдетте *бөлінді* (бөлшек) түрінде өрнектеледі: $\frac{АВ}{СД}$ (Геометрия).

БӨЛІНДІР *Бөлін етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Көк аспандай көзінің көгілдірі Сылдыраған күмістей көңілді үні. Кейде асқақты тәкаппар өр мінезі, Ойды еріксіз өзіне *бөліндірді* (А. Тоқмағамбетов, Агроном.).

БӨЛІНДІРУ *Бөліндір етістігінің қимыл атауы.*

БӨЛІНЕ-БӨЛІНЕ үст. *Бірнеше рет бөлініп.* Бұл клеткалар *бөлініе-бөлініе* ұрық қалтасының ішін толтырып, көп клеткалы эндоспермге айналады (Т. Мұсақұлов, Ботаника).

БӨЛІНТ *Бөлін етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Қабырғасын сөгілтіп, Қырқада қанын төгілтіп, Қан қақсатып қаңғайды Быт-шыт етіп *бөлінтіп* (Манас).

БӨЛІНТКІЗ *Бөлінт етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БӨЛІНТКІЗУ *Бөлінткіз етістігінің қимыл атауы.*

БӨЛІНТУ *Бөлінт етістігінің қимыл атауы.*

БӨЛІНУ *Бөлін етістігінің қимыл атауы.* Жеміс үшеумізге тең *бөлінуу* үшін, күні бұрын тілінетін тұстарын сызып өлшеп қойдық (С. Мұқанов, Алып. адым.). Көп клеткалы организмдердің өсуі мен дамуы — олардың клеткаларының *бөлінуімен* байланысты (Жалпы биология).

БӨЛІНУШІЛІК з а т. *Бөліне білушілік, бөлінгендік.* Адам санасының бір мезгілде бірнеше әрекетті атқара білу мүмкіншілігін зейіннің *бөлінушілігі* дейді (Қ. Жарықбаев, Психология).

БӨЛІНІЛ *Бөлін етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Ал мына сағаттарда қожайынына істейді деп бәрін көріп-білетіндей етіліп *бөлініліп* тұрмайды ғой (Қысқаша саяси экон.).

БӨЛІНІЛУ *Бөлінил етістігінің қимыл атауы.*

БӨЛІНІП-БӨЛІНІП үст. *Бірнешеге жіктеліп, топ-топ болып.* Тоғайға жете бере жұрт *бөлініп-бөлініп,* жан-жаққа тарасты (Ж. Тәшенов, Жауынгер.). Құйрық тістесіп шұбатылып келе жатқан керуен көші *бөлініп-бөлініп* кішкентай ғана қазан шұңқырға қарай ентелей жөнелді (Н. Баяндин, Құм асты.).

БӨЛІНІС *Бөлін етістігінен жасалған ортақ етіс.* Үйтқыды жер үстінде дауыл борап, Көк жүзін майдан бұлты алды орап. Жағалай жау жазасын беру үшін, Жан-жаққа *бөлінісіп* кеттік тарап (С. Мәуленов, Таңд. өлеңд.). Тіпті, клетка *бөлінісінің* әрбір кезеңдеріне кететін уақыттың өзі бірдей болмайды (Т. Мұсақұлов, Ботаника). ◆ **Еңбек бөлінісі.** Сая си. Эко н. *Еңбектің қоғам мүшелері арасына жоспарлы түрде бөлінуі.* Елімізде коммунистік құрылыстың кең өріс алу дәуірінде өндіргіш күштердің үздік қарқынмен дамуы түрлі өндіріс салаларының мамандануын, *еңбек бөлінісін* онан әрі тереңдете түседі (Б. Ордабаев, Коммунизм.). *Еңбек бөлінісі* стихиялық жолмен дамыған қоғамда қажеттілік кездейсоқтық арқылы ғана қайталап көрінеді (А. Қасымжанов, Диалектика.).

БӨЛІНІСУ *Бөлінис етістігінің қимыл атауы.*

БӨЛІП-БӨЛІП үст. 1. *Теңдей етіп бірнешеге бөліп.*— Бидің жылқысын адайға *бөліп-бөліп* бер! — деп бұйырды Исатай (Б. Аманшин, Жар мұңы). Әкесі топ шыбықты *бөліп-бөліп,* Бір-бірден ұлдарына бөліп беріп. Ал енді сындырыңдар! — деді тағы, Балалар сындырысты қызық көріп (Ө. Тұрманжанов, Қарлығаш). 2. *Бірнеше дүркін, үзіп-үзіп.* Жақып ұзын бойын онша созбай, созаландап орнынан тұрды да, *бөліп-бөліп* екіақ ауыз сөз айтты (Ғ. Мұстафин, Миллионер). Ғылыми тұрғыдан алғанда тиісті калорияны адам бірден емес, *бөліп-бөліп* алуы керек (Е. Оразақов, Дәрігер.).

БӨЛІП-ЖАР ет. 1. *Бөлу, анаған-мынаған деп жіктеу. Бөліп-жаратын* көп нәрсе емес қой, түгел-ақ ал (Қ. Кемеңгеров, Алтын.). Әзімхан мырза, Орынборыңа жүріп кететін көрінесің. Жолың болсын! Мен жалғыз ғана тілекпен келдім. *Бөліп-жармай* тұтас бересің... (Д. Әбілев, Арман.). Аз ғана алманы *бөліп-жармай-ақ* қойсаң қайтеді («Лен. жас»). 2. Ауыс. *Алалау; даралау, ерек-*

шелеу. Бірақ ол ешкімге ерекше ықылас білдірген жоқ. Біріміздің бірімізді *бөліп-жарған* жоқ. Бәрімізбен де жақсы жолдас болды (С. Мұратбеков, Көкорай). Қызметкерлердің сексен процентінің жынысы бір болғасын *бөліп-жармай* мені де солардың қатарына қоса салады (Е. Домбаев, Ол. адам).

БӨЛІП-ЖАРУ *Бөліп-жар етістігінің қимыл атауы.* Тұрақты сөз тіркестері ауызша айтуда да, жазу тілінде де грамматикалық байланысы жағынан бір бүтін единица ретінде қолданылады да, *бөліп-жаруға* келмейді (Қазіргі қаз. тілі.).

БӨЛІП-ЖАРЫП үст. 1. *Бөліп, бөлшектеп.* Оспан: «*Бөліп-жарып* қайтем, бір айдың ақшасын бір-ақ аламын»,— дейтін (С. Жүнісов, Жапанда.). Жаудыр шал жүрсе-дағы қанша налып,— Тар тұрмыс көрінсе де оған тамұқ, Күміс көл, көркем сурет, әсем байлық, Қайғысын әкеткендей *бөліп-жарып* (Д. Әбілев, Таңд. өлеңд.). 2. Ауыс. *Даралап, ерекшелеп, жеке-жеке алып.* Біз кейде лирикадағы ойшылдық, сыршылдық сарындарды *бөліп-жарып,* жеке-жеке әкетеміз де, азаматтық пафоска жанаспайтын сыңар жақ тұжырым жасаймыз («Қаз. әдеб.»). Дәл осындай, о ғажап, адамдағы, Таусылғанда дүниеден тағам дәмі. Өз перзенті болған соң, бұл табиғат *Бөліп-жарып* қарамас оған-дағы (Ғ. Қайырбеков, Қанатты.).

БӨЛІС[1] *Бөл етістігінен жасалған ортақ етіс.*— Екі пәуеске мен бір жеңіл арбаны осы үйдің қасында қалдыр да, өзгесін үлкен отауларға таратып бер. Өздері *бөлісіп* алсын (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке).— Семіз бе екен? Әй, ол да қанышпезер-ау. Кісі құсап айтпай ма, *бөлісіп* алатын едік қой (С. Нарымбетов, Тентек). Екінші, үшінші орындарды 8-ші және 9-шы кластар *бөлісті* («Спорт»).

БӨЛІС[2] зат. 1. *Бір нәрсені бөлу мәселесі.* Ауылнай келіп, *бөліс* туралы жиылыс ашып жатыр деген соң, мен де бардым (Б. Майлин, Шығ.).— Жиналыста өнегүнгі бөлген *бөлісті* қайтадан қарап, байға байша салып, кедейлерді мүлде босатып, орта шамасы барларға шамасынша салдық (С. Шарипов, Шығ.). Сыбаға бұл *бөлісте* маған тиер: «Ән шырқау, жаны иіп халқым сүйер. Егінші, малшы, кенші, өнершілер Азық қып көңіліне оны түйер» (С. Мұқанов, Шыңнан шыңға). 2. *Бөлінгеннен кейінгі әркімге тиетін үлес, сыбаға, енші.* Колхоз өнімді аз алды, еңбеккүнге заттай және ақшадай *бөліс* те мардымды болмады (Қ. Қамбаров, Алтай.). Сенің де айтқаныңда жоқ қой кеміс, Қалдырмай мақтап өттің бәрін тегіс. Егер де менде жалқау, жаман болса, Алар-сыз, бұл үлестен сіз де *бөліс* (Айтыс). Қоғамдық өндіріс жемісінен, яғни ұлттық табыстан қоғам мүшелерінің үлес алуы — *бөліс* деп аталады (Б. Ордабаев, Коммунизм.). 3. Экон. *Қоғамдық өнімді ұдайы өндірудің өндіріс пен тұтынуды байланыстырып тұратын сатысы. Бөліс* сипаты, оның формасы қоғамда үстемдік етуші өндіріс әдісімен белгіленеді (ҚСЭ).

БӨЛІСКЕНСУ *Бөліскенсі етістігінің қимыл атауы.*

БӨЛІСКЕНСІ ет. экспр. *Бөлісу мезіретін жасау, аздап бөлісу.*

БӨЛІССІЗ сын. *Ешкіммен бөліспейақ; талассыз.* Қоғамшы қос иесі болсын ауыл. *Бөлісссіз* бұған мақұл болса қауым, Міндетін мол жетудің мен алайын, Кедейге осы маңда көлік, сауын! (С. Мұқанов, Шыңнан шыңға). Осы күнді сірә ұмыта алман, Жұптасып екі айрылмас сезім, Жүрегім менің от болып жанған, *Бөлісссіз* оны билеп ең өзің (Т. Шопашев, Жастық.).

БӨЛІСТІР *Бөліс етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Ол жылқыны өз адамдарына *бөлістіріп* беруге есік жақта отырған біреуді жұмсады (Ж. Тәшенов, Алғашқы.).

БӨЛІСТІРУ *Бөлістір етістігінің қимыл атауы.* Социалистік мемлекеттің ерекше маңызды қызметінің бірі — қоғамдық өнімді *бөлістіру* (Қысқаша саяси экон.).

БӨЛІСТІРІЛ *Бөлістір етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Ешқандай қоғам формасы қоғам билігіндегі жұмысшы уақытының белгілі бір жолмен өндіріс салаларына *бөлістірілін* отыруына кедергі жасай алмайды (Қысқаша саяси экон.).

БӨЛІСТІРІЛУ *Бөлістіріл етістігінің қимыл атауы.*

БӨЛІСУ *Бөліс етістігінің қимыл атауы.* Бәріміз еткен еңбектің қуанышын *бөлісу* үшін сендерді әдейі шақырдым

(С. Бақбергенов, Алтынемел.). Сондықтан ол енді Поповпен тең *бөлісуге* де дайын (А. Машанов, Жер асты.).

БӨЛІСУШІ з а т. *Бөліскен адам, бөлісу ісін істеуші.*

БӨЛІСУШІЛІК з а т. *Бөлісіп алысушылық, бөлісу ісін істеушілік. Бөлісушілік* дегенді бұдан кейін көрмейтін, естімейтін болайық (Ауызекі тіл).

БӨП-БӨЛЕК с ы н. *Тым, ерекше бөлек.* Теке мұрын, салпы ерін, ұзын тісті, Қабырғалы, жотасы болса күшті. Мойынды еті *бөп-бөлек,* омыраулы, Тояттаған бүркіттей салқы төсті (Абай, Тол. жин.). Жиырма метрдей жерінің суы ақшыл сары, ал оның арғы жағы ұзыннан шұбақ, *бөп-бөлек,* қап-қара болып көсіліп жатыр (С. Хайдаров, Теңіз самалы).

БӨПЕ з а т. *Жас бала, нәресте, сәби. Бөпеміз* де апыл-тапыл жүре бастады (І. Есенберлин, Қатерлі.). Әжесі Әсияға үйдің ол-пұл шаруасын тапсырып, *«бөпеңді* жылатпа, қарағым»,— дейді де кетеді (С. Мұқанов, Аспаз). Әлди-әлди, әлди-ай, Ұйқыға *бөпем,* әлди-ай. Анаң отыр тербетіп, Сен өссін деп ержетіп (Қазақ ән.).

БӨПЕЖАН з а т. э к с п р. *Бөпетай, бөпеш.*

БӨПЕЛІ с ы н. *Бөпесі бар; нәрестелі.* Раушан *бөпелі* болса, еркелігін қалдырып, мұрнын тескен тайлақтай томпандар еді бәлем, нәрестенің алдында (З. Шашкин, Сенім). Әсіресе, *бөпелі* болғаннан кейін мүлдем шығысып кетті (Т. Әлімқұлов, Күрең өзен).

БӨПЕСІЗ с ы н. *Бөпесі жоқ, жас баласыз.*

БӨПЕСІЗДІК з а т. *Жас баласы жоқтық, бөпесі болмағандық.*

БӨПЕТАЙ з а т. э к с п р. *Бөпеш, бөпежан.* Аймалап *бөпетайын* — жан-жүрегін, Шұбыртып айта берді бар тілегін. Серпіні, сергек сезім бойға тарап, Сынықтай сырқыратты сай-сүйегін (С. Омаров, Сәукен).

БӨПЕШ з а т. э к с п р. *Бөпетай, бөпежан; балақан.* Ай ілінді асқарға, Жұлдыз күлді аспанда Ұйықтай қойшы, *бөпешім,* Ұйықтай қойшы, көкешім (Ж. Смақов, Тамшы). Тыныш, ұйықта, *бөпешім,* Жақсы бала екенсің. Дайындайын тамағың, Келіп қалар көкешің (К. Шілдебаева, Арманым). Әлди-әлди, *бөпешім,* Жорыққа жүр көкешің. Аман болса көкешің, Ұмытпайды бөпесін (Айманкүл, Ана сыры).

БӨПЕШЕ ү с т. *Бөпе тәрізді; жас балаша.*

БӨПІЛДЕТ е т. *Машинаны бип-бип дегізу, сигнал беру.* Автобусымды ұзақ *бөпілдетіп,* шұбалып ұшқан көк түтінге сәлем жолдаймын (Н. Сералиев, Қаңтар).

БӨПІЛДЕТУ *Бөпілдет етістігінің қимыл атауы.*

БӨРГЕ: **бөрге тас.** К ө н е. *Химиялық элементтердің бірі.* Қазақстан батысы, Былқылдаған май балық Арал, Каспий жатысы. Қайнап біткен *бөрге тас,* Химияның қатысы (І. Жансүгіров, Шығ. жин.).

БӨРДЕК з а т. к ө н е. *Қымыз немесе шарап ашытатын торсық.* Иленіп ысталған көннен, теріден істелген ыдысты Кавказдың түркі халықтары бүрдік дейді. Осы сөз қазақ тілінде *бөрдек* болып қалыптасқан (ҚСЭ).

БӨРЕНЕ о р. з а т. *Бұтақтары сылынып, ұзындау етіп кесілген жуан ағаш; «бревно».* Әрі жуан, әрі жұмыр *бөренеден* қиып салынған бұл үй соғысқа дейін осы деревняның балалар окитын орта мектебі болған (Ә. Шәріпов, Партизан.). Міне, мен өткен жолдың үстінде қарағай үй тұр. Заман салмағы түсе-түсе шөгіп, аласара бастаған ескі үй. Жел мен күн жеген *бөренелері* шіріп, қарайып кеткен (С. Шаймерденов, Қарғаш). Екі адамның құшағы әрең жетерлік нән *бөренелерді* нанша тілген, аумағы батырлардың қалқанындай дөңгелек диск көз ілестірмей ышқына зымырайды (Ө. Қанахин, Дәмелі).

БӨРЕНЕДЕЙ с ы н. **1.** *Жұп-жуан, жұмыр.* Табандары *бөренедей* қалың еменнен жасалған, қос түйе жегілген ауыр шана келіп тоқтағанда Ушаков та орнынан тұрды (Ғ. Мүсірепов, Таңд. шығ.). Тек оның Бибігүл дейтін дудар бас, аяқ-қолы *бөренедей,* баттиған майлы **бет әйел** болғаны мәлім (Б. Соқпақбаев, Балалық.). **2.** *Дөңкиген, ебедейсіз.* Жендеттер самолетінің астынан тобықтай болып үзіліп

түскен бомбалар жерге жақындағанда үлкен *бөренедей* көрінеді (Ә. Шәріпов, Партизан.). Кейде толқын шыққан айдап, Жаттық жансыз *бөренедей*. Бұталарды бұқпантайлап, Жорғаладық бөденедей (С. Мәуленов, Тартыс.). ◆ **Кескен бөренедей.** Сөйл. *Кескен теректей*. Ал мұнда, немене, ертеңнен қара кешке дейін не үйге, не түзге пайдаң жоқ, *кескен бөренедей* болып қақаясың да жатасың төсекте (Ә. Нұршайықов, Жомарт.).

БӨРЕНЕЛІ сын. *Бөренеден жасалған.* Ревком «губернатор» көшесінің бұрышындағы *бөренелі* ағаш үйде (З. Шашкин, Тоқаш Бокин).

БӨРЕНЕЛІК сын. *Бөрене боларлық, бөрене жасауға жарарлық.*

БӨРЕНЕСІЗ сын. 1. *Бөренесі жоқ, бөренесі болмаған.* 2. *Бөренесіз* үй жасаймын деп әуре болмай-ақ қой (Ауызекі тіл).

БӨРЛІГУ *Бөрлік етістігінің қимыл атауы.*

БӨРЛІК е т. *Дүрлігу, дүркіреу, шулау.* Жабыла шапқан қасқырдан шошыған азғана қой *бөрліге* қашып, шашырап құм арасына сіңіп кеткен (Т. Ахтанов, Дала сыры).— Неміс! — деп, шырылдап, *Бөрлікті,* балалар. Бұларға тиер деп, Кім ойлай ала алар? (Ж. Молдағалиев, Өленд.). ◆ **Бөрліккен қойдай.** *Дүрлікті, бөліне қашты.*— Байлаулы күніміз бүгін еді, *бөрліккен қойдай* бөліне қаштың, Байбақты (Б. Аманшин, Жар мұңы).

БӨРЛІКТІР *Бөрлік етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Қазір, міне, түн ортасы, сағат үш. Жеті түнде неғып *бөрліктіріп* жүрсің? (М. Әуезов, Таңд. шығ.). Ағарандағандарды келіп қалған жау екен деп ұққан күзетші: «Жау келді, жау!» — деп, шырт ұйқыда жатқан деревня адамдарын *бөрліктіреді* (С. Мұқанов, Ақ қан жұлдыз). Ай, бұзықсың-ау өзің Елді осынша *бөрліктіріп* (Ғ. Сыланов, Асау арна).

БӨРЛІКТІРГІЗ *Бөрліктір етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БӨРЛІКТІРГІЗУ *Бөрліктіргіз етістігінің қимыл атауы.*

БӨРЛІКТІРТ *Бөрліктір етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БӨРЛІКТІРТУ *Бөрліктірт етістігінің қимыл атауы.*

БӨРЛІКТІРУ *Бөрліктір етістігінің қимыл атауы.*

БӨРТ[1] е т. 1. *Суды бойына тартып алу, ісіну.* Дән суға тиген соң *бөртken* ғой, қап толмақ түгіл асып кетті (С. Шәрипов, Шығ.). Сені көріп ішіме түсті ғой дерт, Сүтке салған меруерт тарыдай *бөрт.* Көзім көріп қошемет мен айтайын, Талпынған бала құстай сертіңе жет (Айтыс). Малға дәнді жем бергеннен кейін суаруға болмайды. Өйткені суға араласқан дән *бөртіп,* малдың ішін кептіріп ауыртады (С. Омаров, Қой бағу). *Бөрткен* бидайдың дәнін өткір пышақпен ұзынынан тіліп, қақ бөледі... (Т. Мұсақұлов, Ботаника). 2. *Бүршік ату, көктеу.* Жерге түскен ұрық атаулының бәрі *бөртіп,* қылтиып шығып, қаулап өсуге күннің көзін күтіп тұрған тәрізді (М. Қаратаев, Далада.). Дәнді-бұршақты дақылдардың тұқымы өзінің биологиялық ерекшеліктеріне сәйкес, *бөртіп* көктегенде топырақта ылғалдың мол болуын керек етеді (М. Ерлепесов.., Тұқым өсіру.). Қара мойылдың бұтағын кесіп аламыз да, оны ішінде суы бар бөтелкеге салып қоямыз. Көп кешікпей-ақ бұтақтағы бүршіктердің үлкейе, *бөрте* бастағанын көреміз (Ботаника). 3. Ауыс. *Тамақты тоя жеп, шеміршек ату.* Басыңда жастық болды, астың көрпе, Бай-патша, болдың мырза дегдар ерге, Етті жеп, қымызды ішіп *бөртіп* алып, Әңгіме соқтың қолды серпе-серпе (С. Дөнентаев, Шығ.). Ішкендер мас, жеген тоқ, Разы емес бір жан жоқ. Сый қонақтар — құмырсқа, *Бөртіп* отыр тыныстап (Ө. Тұрманжанов, Менің кітаб.). 4. Ауыс. *Маңғаздану, кеудесін көтеру, менменсу.* Есігінің сыртына «докладсыз кірме» деп жаздырып қояды. Өзінен-өзі *бөртіп,* кеудесін көтеріп отырады (І. Жансүгіров, Шығ.). Председатель үн қатпай көзінің қиығымен инженерге қарады. Ол былқ етер емес: «дегенім болды, бола да бермек» — деп, мәртебеленгендей *бөртіп* отыр (Т. Нұртазин, Адам.). 5. Ауыс. *Семіру, жұнттай болу, толу.* Сібірдің бармақтай ақ шолақ сұлысына тұмсығы еркін тиген аттары бір жетіде *бөртіп* шығыпты (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). Қымыз ішсе-ақ елерген, Жігіт аз ба қызба бас; Күнде *бөртіп* семірген, Құр әшейін буға мас (Ғ. Орманов, Таңд.). ◆ **Ала бөртті.** а) Сөйл. *Қызара бөртті.* Ертеңінде, аппақ болып таң атып, жер жүзі жарқырап көрінген кезде олар *ала*

бөртіп, «олжалы» болып келе жатты (С. Сейфуллин, Шығ. жин.). ә) *Қаны бетіне теуіп ашуланды, қызарды; алабұртты.* Ол екі-үш күнге дейін өзіне-азі келе алмай *ала бөртіп* шайқалып-теңселіп, ішінен қайнап, бітеу жара боп, бейберекеттеніп жүрді (Ө. Тұрманжанов, Адам.). **Қызара бөртті.** *Екі беті албырап, жайдары-жарқын күйге енді, көңілі хош болды.* Ыстық күн. Қымызға қанып, *қызара бөрткен* малшылар (Ғ. Мұстафин, Миллионер). Ас үй жақтан көлеңдеп *қызара бөртіп* Хадиша шықты да, маған жақын келді (З. Шашкин, Өмір.). Самаурын түбінде *қызара бөртіп,* ыстық шайды сораптап отырған Ыраш еленді шалына қарады (М. Сүндетов, Ескексіз.).

БӨРТ[2] е т. *Денеге (теріге) ұсақ бөртken шығу.* Әуелі, баланың денесі *бөртеді,* кейін ұлғайып түйіндене бастайды (М. Исамбаев,.. Мед. анықтама). Төрт күн өткеннен кейін баланың беті-қолы, денесі қызарып *бөртеді* (Келіншектер.) Қотыр қойлардың қышынған жері *бөртіп,* кейіннен жүні түсіп, терісі қабыршақтанады (Ш. Қалықов, Қой. ауру.).

БӨРТЕ с ы н. *Көбінесе жылқы мен ешкіде болатын, көкшіл сұр түс.* — Не соямыз, ана екі *бөрте* лақтың бірін сойсақ қайтеді (С. Сейфуллин, Әңгім.). Мезгілбайдың екі-ақ белгісі бар: бірі — әйелі Бәтес, екіншісі — колхоздың қорасындағы *бөрте* ат (Ж. Молдағалиев, Торғай). Төреміз түсі суық, тілден қалды, Шұбатып келген малды санап алды. Үйірін *бөрте* айғырдың бөліп алып, Құлынды жиырма екі байлап алды (Батырлар жыры). Ерте, ерте, ерте екен, Ешкі жүні *бөрте* екен, Қырғауылы қызыл екен, Құйрық жүні ұзын екен (Қаз. ертег.).

БӨРТЕЖУСАН з а т. б о т. *Шөл, шөлейт, сортанды жерлерде өсетін, биіктігі 20—60 см-дей кермек дәмді, ерекше иісі бар, бозғылт түкті жатаған шөп.* Мысалы, солтүстік далаларында *бөртежусан* злактармен бірге кездеседі. Оның дәмі кермек және ерекше иісі болғандықтан, мал мұны злактарға қарағанда кем жейді (Б. Муханов.., Қазақст. өсімдік.).

БӨРТЕК с ы н. с ө й л. *Ойлы-қырлы, белес-белес (жер).* Жазатыр маңы *бөртек* жер (Диал. сөздік). Тас күркені шыр айнала бұғып-бұғып жатқан *бөртектер* күргейлеп алған (О. Бөкеев, Қайдасың.).

БӨРТЕК-БӨРТЕК с ы н. *Ойы-қыры көп.* Төржайлауда найзадайын шаншылған құзар, шақпақ тасты жақпарлар жоқ. *Бөртек-бөртек,* құрақты дөңдер ғана (О. Бөкеев, Қамшыгер).

БӨРТЕЛЕУ с ы н. *Аздап қана бөрте тартқан.* Құйрығы жіңішке, келтелеу, Бөксесі бүкір, *бөртелеу.* Дауысы зор, дабысы өр, Арыстан болуы мүмкін, Сақ болыңдар, жұртым (Ш. Смаханұлы, Ұры тіс).

БӨРТЕШІК с ы н. с ө й л. *Аздаған ойлы-қырлы (жер); бөртек.* Қазыхан ерте тұрып далаға шыққанда Үмбет көлінің айналасындағы бұйратша құмдар — *бөртешік* төбелерге жаңа көтерілген күн сәулесі шашырап түсе бастады (С. Бегалин, Таңд. әңгім.).

БӨРТКЕН з а т. *Денеге қызарып шыққан тері ауруы; бөртпе.* Көздері жалтылдап, барлық денесіне маржандай қызғылт *бөрткен* шығып кеткен (Ғ. Мүсірепов, Кездесп. кет.). Күл болған қойға ең алдымен езуден, құлақ түбінен, көздің айналасынан, қолтықтан сулы ақ *бөрткендер* шығады (Х. Арғынбаев, Мал ауру.). Дененің қызуы 39—40 градусқа дейін көтеріледі, төрт күннен соң денеге *бөрткен* пайда болады (З. Сырғабаева, Токсоплазм.).

БӨРТКІШ с ы н. *Бөртуге бейім, жақсы бөртетін.* Клетка қабықшаларының суда ерімеуі де, оның ішінде *бөрткіш* келетіндігі де физикалық қасиетіне жатады (Т. Мұсақұлов, Ботаника). Кристалл түрінде кездесетін белок басқа заттардың кристалдарына қарағанда суда, сілті мен қышқылдар ертіндісінде *бөрткіш* келеді (Бұл да).

БӨРТКІШТІК с ы н. *Бөртуге бейімділік, бөрту қасиеті басым.*

БӨРТӨБЕ з а т. д и а л. *Бөртпе, ақжем.* Қаршығаға *бөртөбе* беріп, жемсауындағы жемді тазартады (Диал. сөздік.).

БӨРТПЕ[1] з а т. *Арпадан, бидайдан, тарыдан бөрттіріп істелген тамақ.* Нағима түнгі астан аяққа салып алып қойған орта тостаған *бөртпе* мен бір аяқ қарақөжені әкеп, «сахар» ішуге кірісті (Б. Майлин, Шығ.). Арпаны бір түйіп, сыртындағы қауызынан тазартып, аздап *бөртпе*

етіп бер (С. Бақбергенов, Қарға там.). Баяндама бітіп, үзіліс берілгенде бұрыштағы таныс үйге барып, *бөртпе* етіп ашытып қойған бидай көжеден ішіп қайтты (Д. Досжанов, Тұлпар.).

БӨРТПЕ[2] з а т. *Қыран құсқа беру үшін суға салып, қан-сөлінен айырған ет; ақжем. Бөртпе* яки ақжемге қанағаттанған кештің ертеңіне сары құстың бойы жинақы, көңілі сергек болушы еді (Ә. Көшімов, Екі бүркіт). Ал *бөртпе* деп жұқа тураған, көп уақыт таза суға салып бөрттіріп қойған етті айтады. Бұл әсіресе жас қырандарға беріледі («Спорт»). ◆ **Сыр бөртпе.** *Бөртпе жемнің бір түрі.* Бүркітке берілетін жемдер: қызыл, қансоқта, тартпа, бөртпе, *сыр бөртпе,* ақжем, жанышпа, тоят, сусоқта, толарсақ — деп бөлінеді («Білім және еңбек»).

БӨРТПЕ[3] з а т. м е д. в е т. **1.** *Адамда, малда болатын жұқпалы ауру; індет.* Оба, шешек, чума, *бөртпе* және іш сүзек, дифтерия, туберкулез, мерез, безгек сияқты жұқпалы аурулар миллиондаған адамдарға қырғындай тиді (Ж. Сұлтанов, Аурулар.). *Бөртпе* және іш сүзектері сияқты жұқпалы аурулар да айтарлықтай-ақ азайды (М. Қайрақбаев, Ракпан сақтан.). *Бөртпе* ұзақ уақыт бойы малға азықтың тек бір түрін ғана бергеннен болады (С. Омаров, Мал терісі.). **2.** С ө й л. *Бөрткен.* Аверин майы ақ сынаптың тұнбасынан алынатын май. Қышыма, қотыр, *бөртпенің* үстіне жағып, сылайды (С. Сұбханбердин, Дәрі — дауа.). Жараға айналған *бөртпелер* дуылдап қышып, адамның зықын шығарады (О. Бердібаев, Таз тақиядан.). Бір-екі апта өткен соң бет терісіне *бөртпе* пайда болады (Келіншектер). ◆ **Бөртпе сүзек.** М е д. *Денеге қызарған бөрткен шығатын өте жұқпалы ауру.* Ауданда тазалық жағдайының жақсаруына байланысты бұрын болып келген іш сүзегі, *бөртпе сүзек* және басқа да жұқпалы аурулар түгел жойылады (С. Табынбаев, Жемсау.). Микробтардың уыттары *бөртпе сүзек,* ревматизм, бруцеллёзбен ауырған кезде қан тамыр жиектерін улайды (Б. Омарұлы, Жүрек ауру.). Кейбір аурулармен бір рет ауырып тұрғаннан соң, мысалы, іш және *бөртпе сүзектерімен,* дифтерия, қызамық және қызылшадан кейін организм өмір бойы бұларға қарсы тұратын антителалар жасап шығарады (М. Қайрақбаев, Ескерм. ауру.).

БӨРТПЕ[4] з а т. *Жібек жіпten тоқылған шашақты орамал; шәлі.* Әйелдің басында ақ жібек *бөртпесі* бар, аяғында қонышты етік («Қаз. әдеб.»). Басына ақ *бөртпе* шәлі жамылған қалашалау көйлек киген Бәтес аузы ашылған үлкен әбдіреден әлденені алғалы жатқан Мүсәпірдің қасында тұр (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.). Күнзила басына ақ жібек *бөртпе* шәлі жамылыпты (Ж. Молдағалиев, Торғай.).

БӨРТПЕК з а т. с ө й л. **Бөртпе (1).** Көз алдына былбырап піскен жылы-жұмсақ пен әр дәні баданадай-баданадай жүгері *бөртпек* елестеп кетеді (Ә. Кекілбаев, Бір шөкім.).

БӨРТПЕЛІ[1] с ы н. *Бөрткіш, бөртуге бейім.* Атыңа арпа емес, бидай береді екенсің. Атқа арпа жақсы. Бидай тым ток, *бөртпелі* келеді (С. Бақбергенов, Қарға там.).

БӨРТПЕЛІ[2] с ы н. *Басында бөртпе шәлісі бар. Бөртпелі* әйел үстіндегі қара мақпал қамзолын дұрыстап, жайғасып отырды (Ауызекі тіл).

БӨРТТІР *Бөрт етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Жүгері мен арпаның дәнін жармалап, ал сұлыны *бөрттіріп* беру керек (Қазақст. етті молайту). Бұл тесік арқылы тұқымның ішіне су кіріп, оны аздан соң *бөрттіре* бастайды (Т. Мұсақұлов, Ботаника). Оның үстіне құжынаған қалың маса бет-қолды дуылдатып *бөрттіріп* жіберді (Ж. Тілеков, Жоңғар.).

БӨРТТІРУ *Бөрттір етістігінің қимыл атауы.* Әсіресе дәнді дақылдардың қалдығын балық азығына пайдаланғанда, оны міндетті түрде кем дегенде 10 сағат бойы суға *бөрттіру* керек, содан кейін ұнға қосып жібітіп берген жөн (К. Күленов, Қазақст. балық.).

БӨРТТІРІЛ *Бөрттір етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Ал семірту маусымының екінші жартысында үйрекке қоспадан басқа, кешкілікте буға *бөрттірілген* дән берген дұрыс (Құс өсіруші.).

БӨРТТІРІЛУ *Бөрттіріл етістігінің қимыл атауы.*

БӨРТТІРІҢКІРЕ е т. *Шамадан тыс бөрттіру, бөрттіре түсу.*

БӨРТТІРІҢКІРЕУ *Бөрттіріңкіре етістігінің қимыл атауы.*

БӨРТУ *Бөрт етістігінің қимыл атауы.* Оның үстіне тұқым су ішінде анағұрлым аз тұрады, мұның өзі тұқымның *бөртуін* кемітеді (Ж. Жиенбаев,.. Астық дақыл.). Тұқым өну үшін алдымен *бөртуі* керек (Т. Мұсақұлов, Ботаника). Бруцеллез ауруымен ауырған адам терлеп, денесінің *бөртуі* мүмкін (Шопан. кітабы).

БӨРТУШІЛІК з а т. *Бөртіп кетушілік, бөрткендік.*

БӨРТІН *Бөрт етістігінен жасалған өздік етіс.* Шаштасуға бой ұрып, *бөртініп* кетіпті (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке) Басы айналды қарғаның, Сұмның айтқан сөзіне. Қуанғаннан *бөртініп*, Бір мастық кірді өзіне (Абай, Тол. жин.).

БӨРТІНУ *Бөртін етістігінің қимыл атауы.*

БӨРТІҢКІРЕ е т. 1. *Аздап бөрту, бөрте түсу.* Баланың үсті *бөртіңкіреп* қалыпты (Ауызекі тіл). 2. А у ы с. *Ашуы келу, ызалану.*— Орасың, орасың!— деді Жұмекең *бөртіңкірей* түсіп.— Ол әлі менің молама шыққан шөпті де шаптырып алады (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке).

БӨРТІҢКІРЕУ *Бөртіңкіре етістігінің қимыл атауы.*

БӨРІ[1] з а т. 1. *Қасқыр, серекқұлақ.* Алыстан ұлыған басқа *бөрілердің* де үні еміс-еміс естіледі (Т. Әлімқұлов, Ақбоз ат). Үйірінің қоршаудан босап, ауылға қарай беттегенін көріп, құмның төбесіне шөгіп жатады, *бөрілер* оны сол жерде жеп кетеді (М. Дүзенов, Ақәже). Көп ұзамай-ақ: көнек бас, құйрығы қол тоқпақтай, қара қылшық дәу *бөрі* талтақ бұт, алшақ мүйіз ешкіні сүйрелеген күйінде қайқаңға алып шықты (Ә. Көшімов, Қарт аңшы.). // С ы н. м. *Бөрінің терісінен жасалған.* Әзімбай сонда сөйлейді, Ашуы келіп азырақ Беті оттай қабынып, Омырауын көтеріп, Нар бурадай шабынып, Белін бумай желбегей *Бөрі* ішігін жамылып, Қабаттап киген камзолды Сыдыра түйме тағынып (Қамбар батыр). 2. А у ы с. *Жыртқыш, қанипезер (адам).* Өз баласын өзі өлтірген. Өз бөлтірігін өзі жеген *бөрі* емес пе! Бұл не деген сұмдық еді! (М. Иманжанов, Адам.). «Жалғызға жазығы жоқ салған құрық, *Бөрісің*, жүрегің тас, емес ұлық!». Толтырып екі қолын қайран ана, Уыстап самай шашын алды жұлып (Д. Еркінбеков, Шығ.). Шатырдың жалт-жалт еткен тіреулері, Ішінде күжілдейді кілең *бөрі*. Айнала анталаған найзалы қол, Қасарған қансыз сұрғылт ірендері (Н. Ахметбеков, Жасауыл.). 3. А у ы с. *Жауқұрек, ер, батыр.* Мен, мен едім, мен едім, Мен Нарында жүргенде Еңіреп жүрген ер едім. Исатайдың барында Екі тарлан *бөрі* едім (М. Өтемісов, Өлеңд.). Жасы үлкен ағам деп, Ақ сақалды бабам деп, Тарғындайын *бөріңіз* Әлгі келген қартыңа Иіліп сәлем береді (Ер Тарғын). Алты ұлы бар еді, Алтауы да *бөрі* еді. Ең кішісін сұрасаң, Алшораз мырза дер еді (Қамбар батыр). ◆ **Арлан бөрі.** *Бөрінің ең үлкені, мықтысы. Арлан бөрінің* соқпағына бөлтірік бөрі көптігінен түспейді, бөрілік табиғатынан түседі (М. Әуезов, Әр жыл.). Болғанда жол ағадан, тон жағадан, *Арлан бөрі* соғады тау сағадан. Бас қосып бағландармен қалмақ үшін, Ізденіп келіп тұрмын Қарқарадан (Жамбыл, Шығ. жин.). **Аш бөрі.** а) *Ашыққан, жалақтаған, жортқан бөрі.* Тоғай толған жылқымды Жасанған жауға тапсырдым. Қора толған қойымды *Аш бөріге* тапсырдым (М. Әуезов, Таңд. шығ.). ә) А у ы с. *Неден болса да тайынбайтын, ашынған.* Алшағырдай *аш бөрі* Хабарын біліп Қобыланның, Ордасын шауып кетіпті. Жанкүйердің барлығын Тізіп айдап еліне, Жебір, жесір етіпті (М. Әуезов, Таңд. шығ.). Түнек өмір тұманында *Аш бөріге* болдым кез. Ашы таяқ тиді етіме, Парлап жасқа екі көз (С. Машақов, Жылдар). **Бөрі айбат.** *Айбатын, қаһарын сыртқы түр-түлғасын өзгерту арқылы білдірушілік.* Қаратаз оны [Кәленді] *бөрі айбатпен* алғысы кеп, түгін бетіне шаншып түтігіп отыр (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). **Бөрі басар.** а) *Қасқыр алатын ит.* Иә, қыраттың үстінде көлденең тұрған қасқыр емес, ит, онда да анау-мынау жай ит емес, *бөрі басар* тарғыл төбет еді (Ә. Көшімов, Екі бүркіт). ә) А у ы с. *Ожар, даң кеуде, ұр да жық.* Қожасы шаш ал десе, бас алатын *бөрі басардың* нақ өзі (З. Жөкенов, Таң самалы). **Бөрі кеуде.** *Кеудесі кең, алшақ.* Құлан жал, *бөрі кеуде*, қамыс құлақ, Салпы ерін, тарбақ танау, киік сағақ. Бос белбеу, бота тірсек, қол ет бөлек, Сіңірі желбеленген, құлан тұяқ (И. Байзақов, Шығ.). Кешіп өтіп кешегі от жалыннан, Дүниеге ерлігімен танылған, Кең жаурынды, Талғардай тік иықты, *Бөрі кеуде*, бүркіт қабақ Бауыржан (С. Мәуленов, Жаңа арна). **Бөрі құ-**

лақ. *Тік, үшкір құлақ.* Ешкі бас, *бөрі құлақ,* шеңбер қабырға, жүйрік ат сол жүйрік торы мен едім демесе, қарны қампиып, үкі аяқ болып кеткен бір тұғырды кім танымақ (Ә. Көшімов, Қарт аңшы.). Сом тұяқ, қысқа бақай, жазық бауыр, Бөкен сан, *бөрі құлақ,* құлын сауыр. Қолдау еті бесіктей, қоян жонды, Қайыспас берік мұз бел, арт салдауыр (Батырлар жыры). **Бөрі құрсақ.** *Бірде аш, бірде тоқ.* Орымбектің табаны тесіліп жаяулап та жүріп, калош, примус, сексеуіл, шелекпен бірге чемоданның үлкендігіндей үйде тұрып, *бөрі құрсақ* болып жүріп істегені, құдай біледі... (Қ. Қуанышбаев, Шаншарлар). **Бөрі ойнақ.** *Бір топ бөрінің асыр салып ойнауы.* — Балалар, сендердің *бөрі ойнақты* көргендерің бар ма? (Ауызекі тіл). **Көкжал бөрі.** а) *Арыстай үлкен қасқыр.* Ол [Сабыр] колхоз малына шапқан үш *көкжал бөріні* де өзі жайратқан (С. Шаймерденов, Мінез). Азулы *көкжал бөрі* шағын ғана тоғай ішін жайлайды (А. Сарбөпин, Ала қарға). ә) Ауыс. *Айбатты, азулы, қайсар.* Тілеубай азулы елдің асқар белі, Көрінген көп ішінде *көкжал бөрі.* Қасына он шақты ірі жігітті ертіп, Жесірге келді бір күн сөйлескелі (О. Шипин, Екі дастан). Қодар құл сол заманда жанның ері, Тоқсан құлдың ішінде *көкжал бөрі.* «Жақсы қоныс, Қарабай мен табайын, Алты құлаш бедеуді әпкел бері!» (Қозы Көрпеш.).

БӨРІ[2] зат. астр. *Аспанның оңтүстік бөлігіндегі шағын шоқжұлдыз. Бөрі* жұлдызы СССР-дің оңтүстік ендігінен көктемде көрінеді (ҚСЭ).

БӨРІ[3] зат. көне. *Ежелгі түрік қағандарының дербес жасағына берілетін атақ.* Жылнамалардың бірінде *бөрі* атағын кейде қаған бекітіп отырды-мыс (ҚСЭ).

БӨРІБҰРШАҚ зат. бот. *Кіндік тамырлы, сабағы жұмсақ, саусақ тәрізді салалы (күрделі) жапырақтары бар бұршақ; бұршақ тұқымдас өсімдіктердің бір түрі.* Түйнек бактериялар бұршақ тұқымдас өсімдіктердің: жоңышқаның, бұршақтың, беденің, *бөрібұршақтың* т. б. тамырларында тіршілік етеді (Т. Мұсақұлов, Ботаника). Саусақ тәрізді күрделі жапырақтары бар бұршақ тұқымдас өсімдік — *бөрібұршақтың* ауыл шаруашылығында алатын маңызы зор (Ботаника).

БӨРІГУ *Бөрік етістігінің қимыл атауы.*

БӨРІДЕЙ сын. *Бөрі тәрізді, бөрі сияқты.* Жалма-жан жәшікті иыққа салып, қозы алып қашқан *бөрідей,* жөнелген жігіт артельге де, өзімізге де көптен таныс ұрлықшы жігіт (І. Жансүгіров, Шығ.). Әскерлері олардың Жалақтайды *бөрідей,* Князьдары атаққа Құмар бейне серідей (С. Мұқанов, Шыңнан шыңға). ◆ **Аш бөрідей алақтап [жаландап, жортып].** *Аласұрып, қызылкөзденіп. Аш бөрідей алақтап,* Талайдың кесіп келлесін, Өле-өлгенше қан ішті (Дастандар). Сен мені жеңе алмассың арбасаң да, Төрт бұрышын төңіректің жалмасаң да. *Жаландап аш бөрідей* келдің қайдан, Жақсылық жалайырдан алмасаң да (Айтыс).— Біз күн демей, түн демей сіздер үшін *аш бөрідей жортып,* жан-тәнімізді аямаймыз (Ж. Тәшенов, Алғашқы.). **[Аш] бөрідей тиді.** *Тас-талқан етті, быт-шытын шығарды.*— Әкелші Ғират қайда, мінейін,— деп, Сізбенен қызық дәурен сүрейін деп, Тәніме жара салған Қызылбастың Шетінен *аш бөрідей тиейін* деп (Көруғлы). **Қойға шапқан [тиген] бөрідей [аш бөрідей].** *Екі көзі қанталап, алақтап, жалақтап.* Бопай жоқ жерден *қойға шапқан бөрідей* астан-кестенін шығарыпты (І. Есенберлин, Қаһар). Барзу жүр *бөрідей* боп *қойға тиген.* Талайды топырлатып топтап үйген. Көрген соң Барзу түрін Апрасияб, Кемпірдей қашқан қорқып күйбең-күйбең (Т. Ізтілеуов, Рүстем.). Бейбіт халық үшін қарулы жау арасын ажыратпай, *қойға тиген аш бөрідей* елдің бәрін шетінен қыра берген армияның жыртқыш хайуаннан қандай айырмасы бар (С. Омаров, Дала қызы). **Ұялас [ұялы] бөрідей.** *Күш біріктірген, тобын жазбайтын.* Бар ынтымағын Құнанбайға бағындырған жиырма ауыл дәл бір *ұялас бөрідей* еді (М. Әуезов, Шығ. жин.).— Қотан аңдыған *ұялы бөрідей,* тізе қосып қайда бара жатырсыңдар? (І. Есенберлин, Қаһар).

БӨРІДЕЙІН сын. фольк. **Бөрідей.** Алаштағы жақсыдан Батасын алып, дәм татып, Түлкідейін түн қатып, *Бөрідейін* жол тартып, Жауырынына мұз қатып, Жалаулы найза қолға алып, Жау тоқтатар күн қайда? (М. Өтемісов, Өленді.). Иек қақты, ұры иттей жылмаң жүзді, Кірген жендет жаландап бағып ізді. Қозы арқалап қашқан дәл *бөрідейін* Иығына

жөнелді салып қызды (Т. Әбдірахманова, Көгершін).

БӨРІЖӨКЕ з а т. б о т. *Ұзындығы 1,5 м-дей бұта. Б ө р і ж ө к е* — өте улы өсімдік (Т. Мұсақұлов, Биол. сөздік).

БӨРІК[1] з а т. *Елтіріден, аң терісінен істеліп, матамен тысталған құлақсыз бас киім.* Басына дөңгелек *б ө р і к* киген ақ сақалды, ұзын, ақ мұртты қарт бізге бұрылды (Ә. Нұршайықов, Тың астығы). Қу қанжыға жүйріктен Қаба жалды берік артық. Жылуы жоқ тымақтан Баса киген *б ө р і к* артық (Үш ғасыр). — **Көкпарға** тоқты беріп тұрғанда, о заман да бұ заман, қыздың *б ө р к і н* алып қашқанды Жапар балаларынан көрдік,— деді Күлқадиша (Ж. Мұзапаров, Қаби қарт.). // А у ы с. *Бөрік киген адам.* Абыржып қалған Берден: — Ей, мына *б ө р і к* қайда барады? — Сырдарияға қарай тартты ғой! — деді (Ғ. Мүсірепов, Кездесп. кет.). ◆ **Алтайы қызыл бөрік.** *Алтай түлкісінің терісінен істелген бөрік. А л т а й ы қ ы з ы л б ө р к і н* баса киіп Бейсенәлі отыр (С. Бақбергенов, Күй). Қойшы қарт Москваға бара қапты, Аулындай емін-еркін аралапты. *А л т а й ы қ ы з ы л б ө р і к,* атылас шапан, Айтпай-ақ танытыпты сол қазақты (М. Әлімбаев, Таңд. өлеңд.). **Бөркі қара қазандай болды.** *Мақтанды, есірді.* Мақтағанға *б ө р к і қ а р а қ а з а н д а й б о л ы п,* әулігетін ұшқалақ адам емес еді Адасбай (Жастар эстрадасы). **Бөркін алды.** *Құрмет көрсетті.* Жанынан жүрген адам *б ө р к і н а л ы п,* Бұрылып бас иеді бәрі осында. Борышты бүкіл дүние, барлық халық Азаткер Совет елі баласына (Ж. Молдағалиев, Өлеңд.). Е, жұртым, бұрын онымен біреу жолықтыақ, Көрсетіп құрмет, тұратын бастан *б ө р і к т і а п...* (Ж. Нәбиуллин, Таныс әуен.). **Бөркін аспанға [көкке] лақтырды [атты].** *Қатты қуанды, шаттанды.* Оны естісе Сәлім, сөз жоқ, *б ө р к і н а с п а н ғ а л а қ т ы р а д ы* (М. Дүйсенов, Гүлжан.). Біреу *к ө к к е б ө р к і н л а қ т ы р с а-а қ* болғаны, оның артынан сарала қаздай ала тақиялар, бүркіттей сеңсең тымақтар, аққудай айыр қалпақтар аспанға ұшады (Ж. Арыстанов, Жалын.). Құшақтап ерлер бір-бірін *Б ө р і к т е р і н к ө к к е а т т ы.* Аяқтап солай қыр жырын, Комбайн тыныс тоқтатты (Ғ. Қайырбеков, Қосбасар). **Бөркін жерге [алып] ұрды.** *Бір нәрсеге жеңілденіп, бел шешіп кірісті.* Ал көшейін дастанға, Домбыраны бұрайын, *Б ө р і к т і ж е р г е ұ р а й ы н,* Жыр сандығын ашқанда (Ө. Тұрманжанов, Бозша торғай).— Осыны айтты да, жауға шабатын батырдай буырқана түрегеліп, басындағы *б ө р к і н ж е р г е а л ы п ұ р д ы* (С. Омаров, Қызыл арай). **Бөрікпен ұрып алды [жықты].** *Оп-оңай жеңіске жетті.* Сәмет Нұртайлардың бұл өрескел әрекетіне пәлендей мән бере қоймады. Оларды *б ө р і к п е н ұ р ы п а л а т ы н* жердегі оңай жауға санайды екен (С. Омаров, Қайырлы жаз). 1904 жылғы соғыста *б ө р і к п е н ұ р ы п ж ы ғ а м ы н* деген патшалық Россияны Жапондар шалқасынан түсірді («Лен. жас»). **Бөрік тастам жер.** *Онша қашық емес, жақын жер.* Жапсарлас Барақбай ауылына *б ө р і к т а с т а м ж е р д е,* тиіп тұр (Ш. Хұсайынов, Үкілі Ыбырай). **Елтірі бөрік.** *Елтіріден істелген бөрік.* Менің киімдерім: басымда қызыл шұбар сисамен тысталған *е л т і р і б ө р і к,* ішімде кенеп көйлек-дамбал (С. Мұқанов, Өмір мектебі). *Е л т і р і б ө р к і н* баса кигізіп, түйе жүн күпісіне орап, қаусырындырған мезетте Қорыспайдың енді шалқасынан жатқысы келмеді (С. Талжанов, Ұлдай.). **Кәмшат бөрік.** *Кәмшат терісінен істелген әйелдердің бас киімі.* Атыңды шешең сүйіп қойған Еркін, Той болса түзетесің *к ә м ш а т б ө р к і н.* Бұлардан жұмақтың хор қызындай, Бітпеген еш пендеге сенің көркің (Айтыс). *К ә м ш а т б ө р і к* келісіп, Бриллиант қойды басына. Қара мен төре қайғырды Болса деп бізбен ашына (Қамбар батыр). **Қама бөрік.** *Қама терісінен істелген бөрік.* Ақбөбек желкесіне шашын өріп, Басына киді баса *қ а м а б ө р і к.* Білген соң тәуекелге бел байлады, Қайратсыз тимейтінін баста ерік (Б. Адамбаев, Ақбөбек). **Қазақы бөрік.** *Қазақша тігілген бөрік.* Сол қалың топтың арасынан қысыла, қымтырыла өтіп, киім ілгіш тұрар деген жаққа беттеп едік, *қ а з а қ ы б ө р і к* киген бір-екеу алдымыздан көлденеңдей берді (С. Шаймерденов, Мінез). **Қарасаң басындағы бөркің түседі.** *Тіп-тік, өте биік.* Төбесіне *қ а р а с а ң б а с ы ң д а ғ ы б ө р к і ң т ү с е р* сыңсыған қалың қарағай, ақ қайың (І. Есенберлин, Қатерлі.). Жоғары *қ а р а ғ а н д а б а с ы ң д а ғ ы б ө р к і ң т ү с е т і н д е й* биік алыптың үстіне жабысып жүрген монтажниктер алыстан шыбындай ғана қараяды (Алғы шепте.). **Қаракүл бөрік.** *Қаракүл елтіріден істелген бөрік.* Азаматтың үстінде қымбат пальто, басында *қ а р а к ү л*

бөрік... (Б. Майлин, Азамат.). Оның үстіне кигені белін бүрген, тізесінен сәл төменірек түскен жаңа киім, басында *қаракүл бөрік*, етігі лакпен боялған, жылтырап тұр (С. Шарипов, Шығ.). **Қасқыр бөрік.** *Қасқырдың терісінен істелген бөрік.* Сұс беріп *қасқыр бөпік* хан басына, Аю тон айқарылған арқасында. Арсиып тұлып басы жолбарыстың, Қызыл көз қыран отыр дәл қасында (Қ. Бекхожин, Ардагер.). **Құндыз бөрік.** *Құндыз терісінен істелген бөрік.* Кермиық Кәмшат қыздың кердік көркін, Қондырған шекесіне *құндыз бөркін.* Секілді алтай түлкі сылаң қағып, Шеніне келтірмей тұр емін-еркін (Жамбыл, Шығ. жин.). Аяғында саптама етік, үстінде мақпал шапан, басында *құндыз бөрік* (А. Жұбанов, Замана.). **Нар өркеш бөрік.** *Төбесін нардың өркеші тәрізді етіп шошайта тіккен бөрік.* Басымда қаракүлден *нар өркеш* көк *бөрік.* Қырын жапырмай, төбесін қоқырайта кидім (Ғ. Сыланов, Домбыра.). Басында *нар өркеш бөркі* бар, бір еңгезердей кісі жаныма келе беріп: — Сәлематсың ба? — деді (Н. Серәлиев, Ыстық күлше). **Ноғай бөрік.** *Ноғайша тігілген бөрік.* Өзі жұқа шапан, *ноғай бөрік* киген еді (М. Әуезов, Абай). **Оқалы бөрік.** *Оқамен сәндеген, оқасы бар бөрік.* Қарындасы қасында, *Оқалы бөрік* басында. Көлденеңдеп тұр екен, Қамбардың қасқа қарасы (Қамбар батыр). **Пұшпақ бөрік.** *Терінің пұшпағынан істелген бөрік.* Үстімде теке терісінен тігілген шалбарым, елтірі астарлы сұр бешпентім, басымда көнетоз *пұшпақ бөркім* бар (Ә. Көшімов, Қарт аңшы.). Мен Шолақ он сегізде өнер тапқан, Үкілеп ақ боз атқа тұмар таққан. Басымда *пұшпақ бөрік,* шекемде үкі, Үстіме кидім жібек шымқай ақтан (Ақын жырлары). **Сеңсең бөрік.** *Сабалақ жүнді елтіріден істелген бөрік.* Басында *сеңсең бөркі* бар, аяғында бастамалы етік, үстінде шолақ тон (Б. Майлин, Таңд. шығ.). Осы күркенің алдында отырған төрт кісінің екеуі ақ *сеңсең бөрік* киген түрікпен («Қаз. әдеб.»). **Сусар бөрік.** *Сусар терісінен істелген бөрік.* Шалкайып шаңқай түсте *сусар бөрік,* Жалаңаш маңдайында жатыр көрік. Өзімен қырға шықса қылт етеді, Ақ мылтық арқасына болған серік (Х. Ерғалиев, Құрманғазы). *Сусар бөрік* басында Үстіне киіп құлпыдан. Керейұлы Келмембет Сөйлес қылып кідірді, Ауылдың келіп сыртынан (Қамбар батыр). **Түлкі бөрік.** *Түлкінің терісінен істелген бөрік.* Қойшы болу қиын-ақ, Әлденеше толғанды. *Түлкі бөркін* киіп ап, Ақ таяғын қолға алды (Ә. Асылбеков, Кең жайлау).— Адам дейсің бе, мал дейсің бе, ағаш, көмір дейсің бе, бір тыныш жоқ, ағылып жатқаны,— деп қойды *түлкі бөрік* киген шоқша сақалды қарт («Қаз. әдеб.»). **Түрме бөрік.** *Түрме атты матадан тігілген бөрік.* Басында *түрме бөрік,* белде кемер, Жарқылдап қарулары оттай жанар. Қыр мұрын, қынама бел әсем жігіт Көргеннің көзі тойып, мейірі қанар (Н. Ахметбеков, Аманкелді). **Үкілі бөрік.** *Төбесіне үкі тағылған бөрік.* Одан гөрі жоғарырақ екі қыз отыр. Бірі бой жетіп қалған. Басында *үкілі бөрік* (Т. Жармағамбетов, Екі жүрек). *Үкілі бөрік* басында Жарқ ете қалды Айгүл қыз. Шетелдік біреу қасымда, Сұрайды: — қайдан, қай жұлдыз? (Н. Шакенов, Айгүл).

БӨРІК[2] ет. сөйл. **Бөрлік.** Мұндайда бюро кенересі бос бола қоя ма, жан алып, жан беріп өз керегін сұрастырып *бөрігіп* жүрген жұрт (С. Бегалин, Уақыт.). Айғайлама, неменеге айғайлайсың. Ана жең ұшынан жалғасып жүрген қатыныңа айғайла. *Бөрігіп* жүргенің талпақ танау мен соның буы ма? (Қ. Қуанышбаев, Шаншарлар). ◆ **Бөріккен қойдай.** Сөйл. *Бөрліккен қойдай.* Жазға бір ай қалғанда, Аласапыран болғанда, Бөліне көшкен еліңді *Бөріккен қойдай* қылармын (М. Өтемісов, Өленд.).

БӨРІКБАС зат. бот. *Биік болып өсетін өсімдіктердің (ағаш, бұта т. б.) жоғарғы қауқиған жағы.* Ағаштардың жақсы дамып өсуі үшін, олардың *бөрікбасының* негізгі бұтақтарының кемінде үштен бірін кесу қажет (А. Жанғалиев, Бағбан.). Ұшатын жемістер мен тұқымдар *бөрікбасына* жел еркін тиетін биік ағаштарда болады (Жалпы биология). Ағаштың түбі ғана майланады. Бұл кезде ағаштың *бөрікбасы* мен діңгегіне май тимеуге тиісті (Бақшаны күту).

БӨРІКӨЗ зат. бот. *Таулы аймақта өсетін бұталардың бірі; боркөз.* Таудың бөктерінде қарағай, қайың бой түзейді. Шың-құздың басындағы аршаны да тамашаладық. Шоқ-шоқ мойыл да алдыңнан шығады. *Бөрікөз* дегенің сыймайды (С. Хайдаров, Азамат.).

БӨРІКСІЗ с ы н. *Бөркі жоқ, бөріктен айрылған (адам). Бөріксіз* адамның аты ұзаққа сілтейтін жүйрік екен, біраз жерге барғансын қуып жетіпті (С. Бақбергенов, Кентау).

БӨРІКТАСТАМАҚ з а т. *Жастар дөңгелене отырып ойнайтын ұлттық ойын.* Баяғы атам заманнан ел ішінде сақталған *бөріктастамақ,* мыршым, бұғыбай ойындары бала кездегі айгөлекке жалғасып, жыл сайын өзгермей салтанат шежіресі болып келе жатқан-ды (С. Сейтхазин, Хадиша).

БӨРІКТЕЙ с ы н. 1. *Үлкен, қомақты.* Шоршыған да, ыршыған, Шегіртке сары, оқ жылан. Бөденелер *бөріктей* Қаққанынан соғылған (І. Жансүгіров, Поэм.). Томағасы *бөріктей,* Топшысы жұмыр өріктей. Қайнатып темір соғатын, Алқымы кең көріктей (С. Әлімбетов, Өленд.). Мөлдіреп бұлдіргені *бөріктей* боп, Үлпілдеп сары жоңышқа өріктей боп, Көмкеріп айналасын шалқар көлмен, Керіліп жатыр далам көріктей боп (Пернедегі термелер). 2. *Кішкентай, құртақандай.* Төменде көл қалды Оймақтай жылтырап. Тау қалып барады, *Бөріктей* бұлдырап (Ә. Ахметов, Өленд.). ◆ **Бөріктей ұшты.** *Жалп етті, ұшып түсті.* Асау ата жөнелді. Үш-төрт мөңкігенде үстіндегі бала *бөріктей ұшты* (Ж. Нәжімеденов, Ақ шағыл).

БӨРІКТЕППЕЙ з а т. *Ұлттық ойын.*— Не ойнайсыңдар?— Не болсын. Асық ойнаймыз. Шілік ойнаймыз... Көктемде бірауық *бөріктеппей* ойнаймыз (С. Сарғасқаев, Тәмпіш.). Ойынның қызығы — *бөріктеппей.* Бұрын тебіліп, жұлқы-жұлқысы шыққан бөрікті, қалпақты, тақияны тебу онша қызық емес («Жалын»).

БӨРІКТІ с ы н. *Басына бөрік киген, бөркі бар.* Мәриям жеңгейдің үйіне ақ киімді, қара киімді, *бөрікті,* қалпақты, фуражкелілердің бірі кіріп, бірі шығып жатқаны (Б. Майлин, Азамат.). Шеткерірек столда отырған сусар *бөрікті* бір мосқал адам сөзге араласты (С. Шаймерденов, Мінез). // З а т. м. А у ы с. *Ер адам, еркек.* Талай-талай *бөрікті,* Бұл сөзді естіп желікті. Жарлылар да жөнелді, Жетіп алып көлікті (Қ. Мырзалиев, Алуан.). Әйтсе де жалғыз емеспіз, Жақсы мен бардың бәрі бір. «Қатында билік» демеспіз, *Бөріктілердің* ары бір (Ж. Молдағалиев, Жиырма бес). *Бөріктінің* намысы бір (Мақал).

БӨРІКТІК с ы н. *Бөрік боларлық, бөрік тігуге жарарлық.* Бұл сияқты *бөріктік* терілерді біреңкей жинаймыз (Ауызекі тіл).

БӨРІКТІР *Бөрік етістігінен жасалған өзгелік етіс.*— Апырай, Әлеке-ай, осынша *бөріктіргеніңіз* не? Қасқырдан інді де қызғанасыз ба? (Ж. Молдағалиев, Торғай.). — Жөке, таң атпай ел *бөріктіріп* жүрсіңдер ғой, тыныштық па, әйтеуір (С. Адамбеков, Қожанасыр.).

БӨРІКТІРУ *Бөріктір етістігінің қимыл атауы.* Есіңде болсын, ол қатын жиналысты бір *бөріктіруі* мүмкін (Ж. Молдағалиев, Торғай.).

БӨРІКШЕ[1] ү с т. *Бөрік тәрізді, бөрік сияқты.* Тіпті, күні бүгінге дейін кей күні түнде далаға шыға қалсам, қараңғыда *бөрікше* шошайған Ешкіөлмес шоқысы теңселіп тұрғандай көрінеді (С. Мұратбеков, Көкорай). Ала шарпы аз ғана сеңді асау толқындар біріне бірі *бөрікше* лақтырып ойнайды (Д. Әбілев, Арман.). Тар шатқалда талай-талай табиғат күші тасаланып тұр, қозғалып кетсе болды, тауды бұзып, тасты жарады, күмбез тастарды *бөрікше* домалатады (Ж. Жұмақанов, Адам.).

БӨРІКШЕ[2] з а т. э к с п р. **Бөрікбас.** Өйткені жақсы өскен, *бөрікшесі* үлкен бір жөке ағашы бір гектар қарақұмықтың беретін балындай бал беретіндігін ескерген жөн (Ө. Орынбаев, Қазақст. орман.).

БӨРІКШЕЛЕ е т. *Бөрік тәрізді етіп орау.* Қонақ әйелдің басында орамал не шәлі жоқ, шашын *бөрікшелеп* қойыпты (А. Жұбанов, Замана.).

БӨРІКШЕЛЕУ *Бөрікшеле етістігінің қимыл атауы.*

БӨРІҚАРАҚАТ з а т. б о т. *Биіктігі 3—4 м-дей бұта; жемісі майда, әрі ащы.* Республика ормандарында жидектерден қара және қызыл қарақат, далалық шие, *бөріқарақат,* шетен, долана, итмұрын, бұлдірген өседі (Ө. Орынбаев, Қазақст. орман.).

БӨРІ-ҚАРЫ з а т. *Бөрі, ұры сияқты мал жауларының жалпы атауы.* «Оның бұрынғы малы қайда? — деп, [Мұрат] әр-

кімнен сұрап көріп еді, біреулер: «Қазақтың жұт дейтіні болады, шырағым, *бөрі-қарысы* және бар. Дерекеңнің де дәулеті шайқалды»,— десті (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.). *Бөрі-қарыдан* мал қорғауға әдейі сайлап алған кәнігі үш маң төбет қыбыр еткен сыбдырды сезіп, андасанда бір дүңк етіп қалады (С. Омаров, Дала қызы).— Жігіттер, түнемелікке абай болыңдар. *Бөрі-қары* табан астынан тап беріп жүрмесін,— деп сақтандырды («Соц. Қаз.»).

БӨРІҚҰЛАҚ з а т. *Қасқырдың құлағына ұқсастырып жасалған өрнек немесе ою.* Білезікке асыл тастардан алуан түсті көз орнатып, үстіңгі бетіне «ирек», «мүйіз», «құсқанаты», *«бөріқұлақ»* сияқты күрделі өрнектер жүргізуге болады (С. Қасиманов, Қаз. қолөнері). Суретші байырғы *бөріқұлақ,* қос тұмар, дайра терме, гүлшақа, қошқармүйіз, түйетабан тәрізді оюларға жаңа элементтер қосып, мол қолдануға тырысыпты («Қаз. әдеб.»).

БӨРІЛІ с ы н. *Бөрісі бар, бөрісі мол.* Қайыңды *бөрілі* жер (Ауызекі тіл).

БӨРІЛІК с ы н. 1. *Бөріге тән қасиет.* Бөрі *бөрілігін* істемей қоймайды (Ауызекі тіл). 2. А у ы с. *Жыртқыштық, айуандық (қасиет).* Арлан бөрінің соқпағына бөлтірік бөрі көптігінен түспейді, *бөрілік* табиғатынан түседі (М. Әуезов, Әр жыл.).— Бұл белгілі конокрад! Сахараның нағыз жортып жүретін көк бөрісі. Оның *бөрілігін* мен о бастан білемін (Х. Есенжанов, Тар кезең).

БӨРІСІЗ с ы н. *Бөрісі жоқ.* Бақтағы ол бір жеміс пісіп тұрған, Болатын қолы жетпей әркім әуес. «Болмайды тау — *бөрісіз,* ел — ұрысыз», Сонда да ол талабын жөнге келмес! (Айтыс).

БӨРІСІЗДІК з а т. *Бөрісі жоқтық, бөрісі болмағандық.*

БӨРІТІС з а т. з о о л. *Усыз сарбас жыландардың бір туысы* (Т. Мұсақұлов, Биол. сөздік).

БӨРІШЕ ү с т. *Бөрі тәрізді.* Тек әншейін нәпсі құмар ақымақтар ғой, ап-арзан өліп-өшетін жаман-жәутіктер ғой... *бөріше* бас салғанды ғана білетін (Ө. Қанахин Жас дәурен). Тыстағылар басып кірмек болып іштегілер кіргізбей *бөріше* сілкілесіп жатыр (Ж. Арыстанов, Таң жұлдызы). ◆ **Бөріше талады.** *Жан-жақтан бас салды, жұлма-жұлмасын шығарды.* Байқұлақтар жалғыз үйлі кедейді *бөріше талады* (Ауызекі тіл). **Бөріше шулады.** *Жан-жақтан, жапа-тармағай шулады.*— Тоқтасаңдаршы, *бөріше шулама й,* түге. Тыңдалық та. Оқы, Махмұт шырақ... Сөзің дәмді екен (Д. Әбілев, Арман.).— Сабыр, сабыр! — деді қарт алақанын жая, қолын көтеріп,— менің бұл сырым сендердің *бөріше шулағандарыңа* айтыла қоятын сыр емес (Ә. Әбішев, Замана.).

БӨС е т. қ а р а п. *Мақтау, лепіру, көпіру, өтірікті соғу.*— Ал, осыған бар ғой, бала күнімде мен ғана шықтым. Жүрек жұтқан емеспін бе? — деді іркілмей *бөсіп* Нұрқат суайт (З. Шашкин, Сенім). Көзінше мақтағанға Еділов бір түрлі ыңғайсызданды да: — Әй, Кенбай, қой, болды. Тым *бөсіп* кеттің,— деді (М. Дүйсенов, Гүлжан.).— Мен судың астында алпысқа дейін санап жата аламын,— деп *бөсті* Садық (С. Мұратбеков, Көкорай).

БӨСЕРБАЙ з а т. қ а р а п. *Мақтанып, лепіріп өтірік соғатын адам.* Ертеңгіні ойла, халқың үшін қамыға біл, әрқашан елің есінде жүрсін; бөз орнына сөз берген *бөсербайлардың* соңына еріп елірме, есуастанба (Ө. Қанахин, Жас дәурен).

БӨСЕРБАЙЛЫҚ з а т. *Өтірік соғушылық, мақтанушылық.* Оны жұрт «Қазақтың Горькийі» деуші еді. Бірақ, ол [Бейімбет] ондай сөздерді жаратпай қалатын. Асыра мақтағанды *бөсербайлық* немесе тіпті жарамсақтық деп есептейтін («Қаз. әдеб.»).

БӨСПЕ с ы н. *Өтірікші, көпірме, мақтаншақ (кісі).* Жаңағы Әнуар пашаға оқ өтпейді деп сыбырласқан *бөспе* сұмдар қайда кеткен? — деді біреу (Ж. Арыстанов, Жалын.). Шегебай інісін ашық ауыз, *бөспе,* көп сөзділігі үшін жек көрсе, баласы Ахметбекті өзіне тартқан айлалы, есепқор, тісқақтылығы үшін ұнатып, мақтан тұтады («Қаз. әдеб.»). // З а т. м. *Өтірік айтатын, мақтаншақ адам.* Байбосын талай *бөспелерді* көріп жүріп, дәл мынадай су жұқпасты кездестірген емес (Б. Тоғысбаев, Алдыңғы.). Мәселен былай ғой, Рас, дәрігер құдай ғой. Ал, мынадай *бөспеге* Мықты болсаң шыдай ғой (О. Әубәкіров, Жасыр.). ◆ **Бөспе сөз.** *Лепірме сөз, көпірме бос сөз.* Мей-

лі, ұмытпаса ұмытпасын, түйінсіз *бөспе сөзден* гөрі тырнақтай болса да нақтылы іс артық (Ж. Арыстанов, Сұңқар.). Мен емес *бөспе сөзге* бос жармасар, Білемін бұл жағынан қалғанымды. Егер де таразыға түсер болсақ, Баспайсың тас салсаң да салмағымды (Айтыс). Отан туралы ұғым оның желбуаз, *бөспе сөздерінде* ғана ұшырағаны болмаса, оның табиғатында отаншылдық аз байқалады («Қаз. әдеб.»). **Жел бөспе.** *Бос сөзді, лепірме адам.* Талайды жерге соқтырды, Ісі де жалған, *жел бөспе.* Өмірдің өзі лақтырды, Лақтырды қайтып келмеске! (Н. Шакенов, Айгүл).

БӨСПЕБАЙ з а т. қ а р а п. *Өтірік сөз, мақтан.* Қожанның мына *бөспебайына* Күлəнда ұйып қалды ғой деймін, тіс жарып бетін қайтармады (О. Сəрсенбаев, Таңбалы тас).

БӨСПЕБАЙЛЫҚ з а т. *Бөсіп сөйлеушілік, асырып айтушылық, мақтанғандық.*

БӨСПЕЛЕУ с ы н. *Аздап бөсіп жіберетін, мақтаншақтау (адам).* Шертеді жігіт бір күйді, Жан екен сөзге төселген. Түсінбей басын шұлғиды—*Бөспелеусің-ау,* десем мен (Т. Молдағалиев, Ескерткіш).

БӨСПЕЛІК з а т. *Мақтанушылық, лепірушілік, жалған айтушылық.* Алпыстың бел ортасынан асса да тастамай келе жатқан бір әдеті бар. Онысы сөзуарлығы, *бөспелігі* (Б. Тілегенов, Көктем.). Шындық тура айтқанды сүйеді. Бүгінгі барды жоқ деп көрсету жала болса, бүгінгі жоқты бар деп бейнелеу *бөспелік* болмақ («Қаз. әдеб.»).

БӨСТЕК з а т. *Жүнін үстіне қаратып, теріден жасалған жұмсақ төсеніш (көрпе).* Есеней төрге таман илеген тай терісінен жасалған төрт бүктеулі жұмсақ *бөстектің* үстінде отыр (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз). Сəруар болса, өзінің байырғы орнында, ала бұзаудың терісінен жасалған *бөстектің* үстінде (Т. Әлімқұлов, Сейтек.). Терісін ақбөкеннің *бөстек* қылған, Ақ киіз оюлатып сырмақ салған. Арқаларын бумалы жүкке сүйеп, Отырды екі мейман барып соған (И. Байзақов, Таңд. шығ.).

БӨСТЕКСІЗ с ы н. *Бөстегі жоқ, бөстегі болмаған.*

БӨСТЕКШЕ з а т. э к с п р. *Кішкене бөстек.* Бұрышта жаюлы тұрған атамның *бөстекшесі* мен көрпе-жастығын бұрқ еткізіп босағаға бір соқты (Қ. Ысқақов, Менің аға.).

БӨСТЕКІ с ы н. д и а л. *Бос, назардан тыс; қажетсіз. Бөстекі* жүрген мал қораға сүйкеніп, біреудің қойып кеткен шелегін даңғырлатып төңкеріп тастады (А. Жақсыбаев, Бозарал). Әдебиетте сұрықсыз, сұйық, ой мен сезімнің эмоциялық əсері əлсіз, *бөстекі* туындылардан арылуымыз қажет («Қаз. әдеб.»). ◆ **Бөстекі сөз.** *Мəнсіз, бос сөз.*— Мадияр оны колхоздағы мектептен әдейі босатып алып, аудан басына орналастырды дейме? — Сондай *бөстекі сөздің* керегі не? (С. Омаров, Күншуақ).— Е, бəсе, манадан бері *бөстекі сөзді* қойып осыны айтпайсың ба? (С. Омаров, Дала қызы).

БӨСТІР е т. с ө й л. *Бөс.*— Жолда қылыш сілтеп ербеңдеп тұрған бір неміс офицерін қалпақтай ұшырып, қағып өттім де, қылышын алып жүре бердім,— деп Сарқыз беті шімірікпестен көрнеу көзге *бөстіріп,* əңгімесін əрі қарай жалғастырып əкетеді (Б. Тілегенов, Көктем.). Молдекең кейде өтірікті де *бөстіріп* жібереді (Шағын пьесалар).

БӨСТІРТ *Бөстір етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Сапарбай секілді суайттар осы есік-терезесі үңірейген қыстауды жын-шайтан жайлайды, өз көзімізбен талай көрдік деп *бөстіртіп* жүретін (О. Сəрсенбаев, Таңбалы тас). Сай ішіндегі көне соқпақпен əңгімені *бөстіртіп* келе жатты (Ə. Сараев, Бозқырау).

БӨСТІРТТІР *Бөстірт етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БӨСТІРТТІРУ *Бөстірттір етістігінің қимыл атауы.*

БӨСТІРТУ *Бөстірт етістігінің қимыл атауы.*

БӨСТІРТІҢКІРЕ е т. *Аздап бөсу, мақтаныңқырау.* — Сəл *бөстіртіңкіреп* жіберіпті-ау,— деп күлді Төлеген, очеркті оқып болған соң (Б. Тоғысбаев, Алдыңғы.).

БӨСТІРТІҢКІРЕУ *Бөстіртіңкіре етістігінің қимыл атауы.*

БӨСТІРУ *Бөстір етістігінің қимыл атауы.* Мұны көргенде Пестов сабыр тұтып тұра алмай, біресе Күмісбекті, біресе Садықты орысша сыбап, əлденелерді кө-

пірте *бөстірумен* болды (Ғ. Сыланов, Асау арна).

БӨСТІРІҢКІРЕ е т. *Аздап бөсу, мақтанып құрау.* Менің *бөстіріңкіреп* айтқан әңгімемді олар ауыздарының суы құрғанша тыңдайтын (Ә. Сәрсенбаев, Толқында.).

БӨСТІРІҢКІРЕУ *Бөстіріңкіре етістігінің қимыл атауы.*

БӨСУ *Бөс етістігінің қимыл атауы.*— Қасқаның *бөсуі* мықты еді,— деді тарамыс қара ыржиып,— үйінде концерт көрсеткен екен ғой (С. Сарғасқаев, Көңілді бала.).

БӨСІҢКІРЕ е т. *Аздап бөсу, сәл ғана мақтану.* Осы кісініңептеп *бөсіңкіреп* кететіні де бар-ау (Т. Нұртазин, Мұрат). Иә, кей-кейде милиционер жолдастар да *бөсіңкіреп* кетеді. Әйтпесе, ұрлық істеп келе жатқан адамға тоқта дей ме екен? (Е. Домбаев, Ғашықтық.).— Қой, Коля, бұл жолы сен тым *бөсіңкіреп* кеттің,— деп Шеин оны ауыздан қаққандай болды («Лен. жас»).

БӨСІҢКІРЕУ *Бөсіңкіре етістігінің қимыл атауы.*

БӨСІР з а т. з о о л. 1. *Адамның, малдың тік ішегіне еніп алып өсіп-өнетін, жіңішке, жұмыр ақ құрт; аскарида.*— Ішінде *бөсірі* болса да тауыса алмас бұны! — деді Нұрбек Балқашқа естіртпей (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.). 2. М е д. *Осы ішек құрты (бөсір құрты) қоздыратын ауру; аскаридоз. Бөсір* — адамның ішегіне еніп өрбитін ұсақ ақ құрт қоздыратын ауру (М. Исамбаев,... Мед. анықтама). *Бөсір* болған малдың іші де үлкейеді (Ә. Әбішев, Мал санитары.). Құрсақ қуысындағы органдар туберкулезге шалдыққа, іші өтеді, ал кейде аң *бөсір* болады (Малды туберк. сақта.).

БӨСІРДЕЙ ү с т. *Ішек құртынша.* Ішімді *бөсірдей* жалап жатқан мұң-зарымды шағайын десем, былай да құр сүлдері отырған шешемді одан жаман қинау болады (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.).

БӨТЕГЕ з а т. 1. *Құстың ас қорытатын мүшесі.* Ол ителгісін қолына алып атасының үйіне келгенде, құсбегі қарт бүркітінің *бөтегесін* тазалауға кіріскіп жатыр еді (С. Бегалин, Уақыт.). ...Құс екеш құс та *бөтегесіне* бір күндік асын артық сақтайды. Мен құс құрлы жоқпын ба? (С. Бақбергенов, Қарға там.). Қосбармақ тұяғы кем аяғын дамылсыз серпіп, түз бүркітінің... *бөтегесіне* тіреді («Лен. жас»). 2. А у ы с. Э к с п р. *Адамның қарны, асқазаны.* Битабар бір кесе арақты көтере салды. Ыстық қорғасын секілді ме, әйтеуір салмақты бірдеме өңешін тіліп, *бөтегесіне* барды да от болып жәйіліп жүре берді (С. Шаймерденов, Жыл құсы). Қазірдің өзінде де Қасен бір тостаған арақты *бөтегесіне* құя сап, өз бетінше сөйлеп отыр (А. Жүнісов, Өмір.).

БӨТЕГЕЛІ с ы н. *Төсі шығыңқы, төсті. Бөтегелі* келген қарасұр жігіт губерниялық партия комитетіне бірінші кіргенде-ақ басы кекіреңдеп, қабақты түйе қарап, кездескен кісінің үрейін ұшырып болды (Б. Майлин, Азамат.).

БӨТЕКЕ[1] з а т. с ө й л. **Бөтеге. Жемге** тойған қаздың *бөтекесіндей* бұлтиған ішінді жарып жіберсем, арам жыннан басқа шығары бар ма? (О. Бөкеев, Үркер).

БӨТЕКЕ[2] з а т. д и а л. **Бүйрек.** Ет пісті-ау деген шамада, әрине, ешкім шақырмай-ақ үйге келдім. Текешіктің бір құлағы, бір *бөтекесі*, екі сирағы маған тиді (Ө. Қанахин, Жер бас.). Ауылдағылар мені түске тармаса іздей бастайды. Онда да қонақтан қайтып оралған әжем орамалына орап әдейі маған әкелген *бөтекесін* бермек болады (Бұл да). ◆ **Бөтеке май.** *Бүйрек май.* Сүт және сүт-ет беретін малда май негізінен дененің ішкі сарайында (шажырқай, *бөтеке май*, шарбы май), ал етке арналған малдың сыртына және бұлшық еттің арасына бітеді (Қазақст. етті молайту.).

БӨТЕКЕДЕЙ с ы н. д и а л. **Бүйректей.** Кешке тамақ үстінде Ажарға көзі түсіп кетіп еді, бұрын екі беті *бөтекедей* боп, томпиып жүретін қызы бүгін тым сұңғақ көрінді (Ә. Кекілбаев, Дала.).

БӨТЕКЕСІЗ с ы н. *Бөтекесі жоқ, бөтекесі болмайтын.*

БӨТЕЛЕК з а т. д и а л. *Бір басын мәткеге, екінші басын керегеге сүйеп, жиі етіп қойылатын жіңішкелеу ағаш.* Ұзынан мәтке салынып, көлденеңнен *бөтелектер* салыныпты (Ж. Молдағалиев, Торғай.).

БӨТЕЛКЕ[1] о р. з а т. 1. *Сұйық зат құю үшін арнайы жасалған шыны ыдыс; шөл-*

мек, шыны шиша; «бутылка». Дастарқан үстінде өзге тамақтардың арасында *бөтелкесі* орталанған арақ тұр (С. Мұқанов, Есею жыл.). Олар әкелген сәлем-сауқаттарын, *бөтелкеге* құйылған сүттерін, пісіріп әкелген үйрек, тауық еттерін қайта көтеріп, үйді-үйіне тарап жатты (Ж. Жұмақанов, Солдат.). Дайын сыраны *бөтелкелерге* немесе бөшкелерге құйып тұтынуға жібереді (Н. Шоқанов, Микроорганизм.). // *Сан есімдермен тіркесіп келіп, өлшем, мөлшер мағынасын білдіреді.* Сөйте тұра, ол ерінің көңілі ашылар ма екен деген үмітпен түрегеліп, шкафтан бір *бөтелке* коньяк әкеліп, жанына хрусталь рюмка қойды (І. Есенберлин, Қатерлі.). Қара чемоданның ішінде екі-үш *бөтелке* арақ, бір қойдың басы, екі-үш жілігі тұтас екен (М. Дүйсенов, Гүлжан.). 2. А у ы с. *Арақ, ішімдік. Бөтелкеден* таңертең бір, түсте бір, кешке бір, күніне үш рет қонжитып алатын болдым (Қ. Тайшықов, Окт. ұшқыны). Астындағы тор жорға, *Бөтелкелер* қоржында, Беті қызыл бұрыштай (І. Жансүгіров, Шығ.). Кулевакин үйінде жалғыз өзі отыр, алдында *бөтелке* (С. Ерубаев, Менің құрдас.).

БӨТЕЛКЕ[2] з а т. к ә с і б. *Кішкене қайық.*— Треске тағар мініміз жоқ. Қайығымыз да, ауымыз да жеткілікті... Қазір бір *бөтелкеге* үш-төрт адамнан келеді (А. Хангелдин, Өткен күн.).

БӨТЕЛКЕЛЕП ү с т. *Бөтелкеге құйып.* Кейбір тоқтаған жерде біреу-міреулер сол тесіктен ішке үзімдеп нан, *бөтелкелеп* су сұғып кетеді (Қ. Исабаев, Ажал құрсауы).

БӨТЕЛКЕЛЕС. с ы н. э к с п р. *Арақты бірге ішетін (адам).* Дәлдудің қалтасына ақша түскен соң, *бөтелкелес* достарды көбейтті (Т. Қойшыманов, Қоңырат.).

БӨТЕН с ы н. 1. *Жат, бөгде, басқа біреу; таныс емес.* Ұғамысың, не дедім мен? Ұқпайсың! Өйткені мен жатпын саған, *бөтенмін* (Ә. Тәжібаев, Жартас).— О, қыпшақ болсаңыз *бөтен* болмадыңыз, құдамыз екенсіз ғой онда (Н. Серәлиев, Ыстық күлше). Мұнда күнде бір *бөтен* адам келеді де отырады (Ә. Нұршайықов, Батыр.). 2. Ш ы л. *Басқа, өзге.* Ағыбайдың әкесі Олжабай батырға бір боталы түйе, жауға мінер бір ат, балаларына сүт болар жалғыз сиырдан *бөтен* мал бітіп көрген емес (І. Есенберлин, Қаһар). Қарақұрттың беті қайтқанша қауын-қарбыз бен кептірген жүзімнен *бөтен* тағам әкелінбесін деп әмір береді (С. Омаров, Дала қызы). Картаңызға қараңызшы. Бұл маңайда онан *бөтен* белгі — мұнара болуы мүмкін емес (Н. Баяндин, Құм асты.). 3. Ү с т. *Ерекше, өзгеше, айрықша. Бөтен* туған бала едің. Жұртқа тұлға болғандай. Сол себеп сені тежеймін (Қамбар батыр). ◆ **Бөтен біреу.** *Жат жан, басқа біреу. Бөтен біреудің* босағасында шәу болып қалып едім... (Ғ. Мүсірепов, Кездесп. кет.). Құрысын, таң атпай жатып *бөтен біреумен* жампаңдаса қалғаным ұят шығар (Ш. Құмарова, Қос шынар). Жанына *бөтен біреу* келсе, алая қарап, үркіп, елегізіп қалады (З. Шашкин, Ақбота). **Бөтен сөз.** *Басқа сөз, артық сөз.*— Апа-ау, өздерің біліп істей берсендерші,— деді де Кенжебек *бөтен сөз* айтпай шығып кетті (А. Хангелдин, Табыс. тағдыр). *Бөтен сөзді* қоялық Не ғылып жатыр қыз Құртқа? Енді содан сөз қозғап, Ақ қағазды боялық (Қобыланды.).

БӨТЕН *Ала-бөтен қос сөзінің екінші сыңары.*— Елден *ала-бөтен* сенің басыңа не күн туды? (М. Иманжанов, Көк белес). Уәсиланың шынында да бізден бүккен бір құпиясы болуы мүмкін,— деп кірпігі қақиған ақсұр келіншек өзгелерден *ала-бөтен* өзеурей сөйледі (Сауыншы шамшырақ.).

БӨТЕН-БАСТАҚ с ы н. *Басқа, өзге, бөгде, артық.*— *Бөтен-бастақ* соны әңгіме жоқ, бюро болып, соған қатыстық та қайттық (К. Оразалин, Ақ жазық). Сақтанып *бөтен-бастақ* арам көзден, Уәде, сертін күтті басын байлап. Жарқырап көкті кезіп келер-ау деп, Жыраққа қарап қояр бойлап-бойлап (С. Сейфуллин, Өленд.). Дүниеге сарабдал мына Жаңғал бай ішетін асын шығынсына ма, үйіне қонақ күтетін *бөтен-бастақ* адам ұстамайды екен (Н. Оразов, Достар.).

БӨТЕН-БӨГДЕ с ы н. *Жат, басқа біреу. Бөтен-бөгде* демей, баласының біреумен күресе кеткеніне таңданып кеп тұрған Қошмәмбетті ешкім де елеген жоқ (М. Қуанышбаев, Кек қылышы). Бұрынғы екеуден-екеу, *бөтен-бөгде* адамсыз күндеріміз жақсы емес пе еді (С. Сматаев, Армысың).

БӨТЕНДІК з а т. *Жаттық, бөгделік; басқалық.* — Сенің де маған *б ө т е н д і г і ң* жоқ. Өз үйірімде өскен баласың, жатсығың жоқ (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.). Жүрегімізде иненің жасуындай *б ө т е н д і к* жоқ, сүйікті әке, біз біріміздің алдымызда біріміз күннен де нұрлы, оттан да ыстық көрінеміз (А. Лекеров, Қырдағы ән). Орыс тілінде жазылған ұзақ әңгімені Абайдың ең алғаш рет ұғып, тіл *б ө т е н д і г і н* жеңген кезі осы (М. Әуезов, Абай).

БӨТЕН-ЖАРАН з а т. *Бөтен-бөгде, бөтен-бастақ.* — Әй, Андабақ. *Б ө т е н - ж а р а н н а н* ешкім сезіп жүрмесін (Ш. Хұсайынов, Үкілі Ыбырай) .

БӨТЕН-САТАН с ы н. *Басқа, өзге.* Амандық-саулық білісіп, келте-келте шаруа жайын сұрағанымыз болмаса, жол бойы мынау жас қауымның арасында келе жатып *б ө т е н - с а т а н* әңгіме қозғаудың жөні келмеді (Ж. Жұмақанов, Үш бәйтерек).

БӨТЕНСУ *Бөтенсі етістігінің қимыл атауы.*

БӨТЕНСІ е т. *Жатсыну, бөтен санау.* «Біздің *б ө т е н с і м е ң і з,* қонаққа келіп тұрыңыз!» деп, әйелдердің қонаққа шақыратыны да болады (Б. Майлин, Азамат.). Өзі *б ө т е н с і м е с е,* біз де кісіні *б ө т е н с і м е й м і з* (Д. Әбілев, Арман.). Оны [Сәулені] колхоз жастары құшағын жая қарсы алады. *Б ө т е н с і м е й д і.* Тәрбиелейді (Ә. Тарази, Құйрықты.).

БӨТЕНСІН *Бөтенсі етістігінен жасалған өздік етіс. Б ө т е н с і н б е й,* өзімсініп сөйлейтін кісі адамды өзіне еріксіз үйіріп әкетеді (Ж. Мұзапаров, Қаби қарт.). Шыдамай тағы барды ертең қосқа, Пұлы жоқ нәрсе аларлық құр қол босқа. Басқалар *б ө т е н с і н і п* жатқанменен, Минша отыр Рүстемді санап досқа (Т. Ізтілеуов, Рүстем.).

БӨТЕНСІНУ *Бөтенсін етістігінің қимыл атауы.*

БӨТЕНСІРЕ е т. *Бөтенсу, жатырқау, жатсыну.*

БӨТЕНСІРЕТ *Бөтенсіре етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БӨТЕНСІРЕТУ *Бөтенсірет етістігінің қимыл атауы.*

БӨТЕНСІРЕУ *Бөтенсіре етістігінің қимыл атауы.*

БӨТЕНСІТ *Бөтенсі етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БӨТЕНСІТУ *Бөтенсіт етістігінің қимыл атауы.*

БӨТЕНШЕ ү с т. *Ерекше, айырықша.* Бұл кристалдан екі бөлініп, сынып шыққан екі сәуленің әрқайсысы келесі осындай кристалдан қайтадан жеке-жеке өткенде кәдімгі сәуле тіптен *б ө т е н ш е* қасиет білдіреді екен (А. Қалығұлов, Жарық сәуле.).

БӨТЕНШЕЛІК з а т. *Ерекшелік, айрықшалық.* Бұдан ешқандай *б ө т е н ш е л і к т і* көре алмадық (Ауызекі тіл).

БӨШКЕ о р. з а т. 1. *Сұйық зат құю үшін ағаштан не темірден жасалған үлкен ыдыс; «бочка».*— Мынау ат арба, мынау өгіз арба, мынау су таситын *б ө ш к е* (І. Жансүгіров, Шығ.). Дүкенде екі *б ө ш к е* тұрды. Оның бірі темір, екіншісі ағаш еді (А. Сарбөшин, Ала қарға). Тұнған шырынды ішіне алдын-ала қажетті мөлшерде ашытқы салынған таза *б ө ш к е г е* аударады (Н. Шоқанов, Микроорганизм.). // *Сан есімдермен тіркесіп келіп, мөлшер, шама, өлшем мағынасын білдіреді.* Екі *б ө ш к е* бал сыра ашытып, той қамына кірісті (Б. Соқпақбаев, Өзім тур.). — Бір қара нарым бар, күніне 40 *б ө ш к е* су ішеді (Қаз. ертег.). Бір *б ө ш к е* балды үңгіріне құлатты, Бес-алты малды алдына сұлатты. Ертеңіне сот болды. Жиналғандар көп болды (С. Ләмбеков, Қарқаралы.). 2. А у ы с. *Тамақты көп ішетін, мешкей.* Өзің бір *б ө ш к е* екенсің, қай жағыңа сиып жатыр ішкен-жегеніңнің бәрі (Ауызекі тіл).

БӨШКЕБАЙ з а т. қ а р а п. *Тамақты көп ішетін, бөшкедей адам.* «Ә, *б ө ш к е б а й,* қылмыңдайсың ә? Мені әлгінде мәжік көрдің-ау» деп жымияды Арыс та (Н. Сералиев, Қаңтар).

БӨШКЕДЕЙ с ы н. 1. *Бөшке сияқты, бөшке тәрізді.* Іші бос *б ө ш к е д е й* ебетейсіз қоңқылдап, бұл да Бертшекті құшақтап алды (С. Шаймерденов, Жыл құсы). 2. А у ы с. *Жуан, домаланған, кеспелтек.* Сары атанның *б ө ш к е д е й* қос бүйірін шыдамсыз төрт аяқ тепкіледі (Ә. Нұршайықов, Алтын.). Қуанышты үй иесі табан астында *б ө ш к е д е й* нән қабанды жарып тастады (Т. Бердияров, Солдат.).

БӨШКЕЛЕП ү с т. *Бөшкеге құйып, бөшкесімен.* Жаңбыр *б ө ш к е л е п* төк-

кендей боп, құйып кеп берді (Ә. Нұршайықов, Алтын.).— Сөзді қой, давай, тартып жібер. Сендей күнінде мына әкең *бөшкелеп* ішетін,— деп Хайдар тағы бір стакан алғызды (С. Мұратбеков, Көкорай).

БӨШКЕЛЕТІП үст. *Бөшкелерге құйғызып; бөшке-бөшкесімен.* Ол бұдан кейін сыраны *бөшкелетіп* алдыратын болды (Ауызекі тіл).

БӨШКЕЛІ сын. *Бөшкесі бар, бөшке тиеулі.* Суат маңы топыр көрінеді. Мал, адам, *бөшкелі* арбалар иіріліп қалыпты (Ғ. Мұстафин, Қарағанды). Ертістен су алып қайтқан *бөшкелі* арбалар, мойын ағашпен шелек көтерген әйелдер қыбырлайды (Д. Әбілев, Арман.).

БӨШКЕСІЗ сын. 1. *Бөшкесі жоқ, бөшке болмаған.* Есіктерінің алдында *бөшкесіз* арба тұрған (Ауызекі тіл). 2. *Бөшке болмайынша, бөшкенің қатысынсыз.* Бұл жерде *бөшкесіз* күн көру өте қиын (Ауызекі тіл).

БРАБАНСОН зат. *Ауыр жүк тартатын жылқы тұқымы.* 1930 жылдары біздің елге *брабансон* жылқыларының айғырларын әкелу тоқтатылған болатын. Сондықтан өзімізде ауыр жүк тартатын жылқыларды шығару керек болды (А. Сыздықов, Жылқы өсіру.). Қазақстанда першерон, *брабансон,* арден сияқты ауыр жүк тартатын жылқы тұқымдары өсіріледі (Д. Керімбаев, Қазақст. жылқы шаруаш.).

БРАДИКАРДИЯ зат. мед. *Жүректің баяу соғуы. Брадикардия* кезінде жүрек бір минутта 60 рет және одан да баяу соғады (ҚСЭ).

БРАК зат. *Өндірістегі, шаруашылықтағы бүлінген, сапасыз, жарамсыз өнім.* Шөп араласқан жүн *брак* болып есептеледі (М. Ермеков, Қазақст. қой шаруаш.).— Сәл мұлт кетіпсің-ау, жігітім, 2 миллиметрдей артық жоныпсың. Мынауың *брак,*— деді ол («Лен. жас»). ◆ **Бракқа шықты** [шығарылды]. *Сапасыз, жарамсыз деп табылды.* Тозаңды қаракүйемен зақымданған масақтарының саны 2 процентten асып кеткен бидай мен арпа егістері де *бракқа шықты* (Ж. Жиенбаев, Астық дақыл.). Ауру, қоздатуға жарамсыз және кәрі саулықтар *бракқа шығарылады* (М. Төлешев, Қой қоздату). Ал 220 пар аяқ киім түкке жарамайтын *бракқа шығарылды* («Соц. Қаз.»).

БРАКОНЬЕР зат. *Тыйым салынған жерлерде заңсыз аң аулаушы, табиғат байлығына зиян келтіруші адам. Браконьерлер* қарақұйрықты автомашина фарының жарығымен түнде қуып атады (Х. Қыдырбаев, Дала көркі). Бірақ жеке басының пайдасын көздеп, балықты рұқсат етілмеген заңсыз құралдармен аулап құртатын балық ұрылары — *браконьерлер* де бар (К. Күленов, Қазақст. балық.).

БРАКОНЬЕРЛІК зат. *Заңсыз, рұқсатсыз аң, құс, балық аулаушылық; оларды қырып-жоюшылық.* Бірақ Гурьев, Жамбыл, Алматы облыстарында соңғы жылдары *браконьерліктің* салдарынан және қопаларды өртегеннен шошқа тұқымының азайып бара жатқаны байқалуда (Х. Қыдырбаев, Дала көркі).

БРАСС зат. спорт. *Аяқ пен қол бір мезгілде симметриялы түрде қимылдайтын жүзу әдісі. Брасс* әдісімен жүзу аяқ пен қолдың бір уақыттағы істелетін симметриялы қимылдарын керек етеді (Б. Елқондиев, Жүзу.). «Еңбек» ерікті спорт қоғамының түлегі Т. Есенжолова 100 метрлік қашықтыққа *брасс* әдісімен жүзуден 1 минут 25 секунд нәтиже көрсетіп, республикамыздың чемпионы деген атаққа ие болды («Лен. жас»). Ол ақтық айқастың алдында *брасс* әдісімен 100 метрге жүзуде 1 минут 22,7 секунд көрсетіп, бірінші орын алған еді («Спорт»).

БРАССИСТ зат. спорт. *Брасс маманы, брасс шебері.*

БРАУНИНГ зат. *Қалтаға салып жүретін автоматты тапанша (пистолет).* Хакім шалбарының қалтасынан суырып алып оң қолын жоғары көтере берді — оның *браунингінің* аузы Құнысқа қарай бірге көтерілді (Х. Есенжанов, Көп жыл.). Әлім қалтасынан *браунингін* суырып алып:— Кетесіңдер ме, жоқ па?— деп ақырды (Д. Әбілев, Арман.). Сырт көйлегінің ішкі қолтығындағы түймелі қалтасында кішкене *браунинг* бар (Ж. Тілеков, Жоңғар.).

БРАУНИТ зат. геол. *Түсі қара күңгірт, қатты минерал. Браунит* — ферромарганец қорытылатын басты марганец рудасы (ҚСЭ).

БРАХМА з а т. д і н и. *Брахманизм мен индуизмнің басты үш құдайының бірі.* Әдетте *б р а х м а* аққудың үстінде отырған төрт кесінді, төрт қолды ғажайып болып бейнеленеді (ҚСЭ).

БРАХМАН з а т. **1.** Ф и л о с. *Барлық заттардың негізі—өзіндік ерекшелігі жоқ, сипатсыз, сапасыз абсолют зат деп білетін үнді идеалистік философиясындағы ұғым. Б р а х м а н* ұғымының мазмұны кеңейе келе брахманизмнің басты ұғымына айналды (ҚСЭ). **2.** д і н и. *Үнді жұрттшылығындағы касталық топ.* Дүние мен адамдарды жаратқан брахма құдайы деп, абыздарды *б р а х м а н д а р* деп атады (З. Ақназаров, Ғылыми атеизм.).

БРАХМАНИЗМ з а т. *Брахман (веда) діні ережелерінің жиынтығы, брахмандардың наным-сенімдері, түсініктері. Б р а х м а н и з м г е* тән сипат — көп құдайға табыну, анамистік және тотемизмдік нанымдар мен ата-бабаға сиыну (ҚСЭ).

БРАХМИ з а т. *Үндінің солдан оңға қарай жазылатын буындық жазуының ең көне екі түрінің бірі. Б р а х м и* алфавитінде буындық таңба саны — 31, дауысты дыбыстар таңбасы — 4 (ҚСЭ).

БРЕЗЕНТ з а т. *Су өткізбейтін, тығыз, әрі қалың кенеп.* Сол орманның қалың ортасында үсті *б р е з е н т п е н* жабулы арбалар тұр (Б. Момышұлы, Біздің генерал). Үстін қалың *б р е з е н т п е н* қаптаған виллюс жеңіл машинасы орталыққа қарап зымырап келеді (М. Дүйсенов, Гүлжан.). Суға малшынса *б р е з е н т т і ң* қаңылтырдай салдырлап сіресе қалатын әдеті бар (С. Мұқанов, Саяхат.). // С ы н. м. *Брезентен істелген. Б р е з е н т* шатыр тіккен лагерьге Қаныш толқи-толқи келді (М. Қаратаев, Далада.). Бұрынғыдай үстіме *б р е з е н т* бешбет, шалбар, аяғыма резинке етік, басыма темір бөрік киіп, қолыма шам ұстап шахтаға түстім (Б. Шалабаев, Өмірде.). Тыныш аяғына сары *б р е з е н т* бәтеңке киіп алыпты (О. Сәрсенбаев, Жалғыз күрке).

БРЕЗЕНТТЕ е т. *Бір нәрсені брезентпен қаптау.*

БРЕЗЕНТТЕТ *Брезентте етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БРЕЗЕНТТЕТКІЗ *Брезенттет етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БРЕЗЕНТТЕТКІЗУ *Брезенттеткіз етістігінің қимыл атауы.*

БРЕЗЕНТТЕТУ *Брезенттет етістігінің қимыл атауы.*

БРЕЗЕНТТЕУ *Брезентте етістігінің қимыл атауы.*

БРЕМСБЕРГ з а т. т е х н. *Көлбеу (еңкіш) жазықтықта рельсті жолдармен, вагонеткалармен жүк тасу үшін жасалған құрылыс.* Пеш, штрек, лава, *б р е м с б е р г,* кварщлактарға бөлінген қым-қуыт қараңғы жол проходкалар бірде су, бірде батпақ (Ғ. Мұстафин, Қарағанды). «Абайуголь» тресіндегі № 13 шахтада жұмыс істейтін В. Назаренконың бригадасы 31 жұмыс күні ішінде аумағы 7,8 шаршы метрлік *б р е м с б е р г т е* 1507,5 погон метр кен қазды («Лен. жас»).

БРИГАДА з а т. **1.** *Белгілі бір жұмыс түрін орындаушы адамдар тобы.* Біз осындай еңбегімен даңқ, беделге ие болған *б р и г а д а н ы* көруге, ондағы еңбекқор адамдардың хал-жайымен танысуға асықтық (С. Шаймерденов, Мінез).— Басқа жұмыстың бәрін доғара тұр да, *б р и г а д а н ы* түгел маяға жұмылдыр,— деп бұйырды (Ж. Тілеков, Қайнар).— Үшінші *б р и г а д а н ы ң* жұмысы оңбай кетті. Бригадирін өзгертпесе болмайды,— деді (Б. Майлин, Шығ. жин.). **2.** *Сол топтың орналасқан жері; стан, қос.*— *Б р и г а д а... б р и г а д а д а н* келеміз,— деді Шора, шегіншектей беріп (Ғ. Орманов, Диқан.). Өзен жағы жақпар тастармен шегенделген дөңестің үстін *б р и г а д а* мен совхоз орталығын жалғастыратын қара жол кесіп өтеді («Лен. жас»). **3.** Ә с к. *Бірнеше батальон не полктен құралған әскери бөлім, құрама.* Бұл ұйғару бойынша шабуылды мойнақтың аузында тұрған жүзінші *б р и г а д а* мен оның ең алдыңғы 2-батальоны бастамақ (Ол күндер.). Подлесный батареяның атыс ұясына телефон соғып *б р и г а д а д а н* бір маңызды бұйрық алғаның хабарлады (Ә. Нұрпейісов, Күрляндия). Бұл шабуылға майдың аяғында В. И. Чапаевтың басқаруымен құрылған Пугачев *б р и г а д а с ы* белсене қатысқан еді (ҚазССР тарихы). ◆ **Егіс бригадасы.** *Негізінен егіс шаруашылығымен айналысатын бригада.* Бізді бірден *е г і с б р и г а д а с ы н а* жіберді («Лен. жас»). **Коммунистік бригада.** С ө й л. *Коммунистік еңбек бригадасы.* Заводта екі бригада *«к о м м у н и с т і к б р и г а д а»* деген атаққа ие болған

(Алғы шепте.). *Коммунистік бригада* Қанатын жайды елімде. Еңбекте, тұрмыс құруда, Еліктер ұрпақ Ленинге (М. Рашев, Қанатты.). **Коммунистік еңбек бригадасы.** а) *Өндірісте жоғары табысқа жету үшін және коммунистік тәрбие алу үшін күресетін бригада.* Осындай *коммунистік еңбек бригадасын* өзі неге құрмайды (Е. Қалиев, Рудный.). ә) *Қабылдаған міндеттемелерін үздік орындағаны үшін берілетін атақ.* Іскер коммунист Эдмунд Вениаминович ол бригаданы *«коммунистік еңбек бригадасы»* деген ардақты да абыройлы атаққа көтеріпті (Б. Тоқтаров, Қыран.). **Комплексті бригада.** *Мамандығы әр түрлі, бірақ өндіріс процестері арқылы бір-бірімен байланысты адамдардың басын қосатын бригада.*— Түнде «Жаңалықтағы» № 1 *комплексті бригаданың* жастарымен жиналыс өткізіп қайттым («Лен. жас»). Оқушылардың *комплексті бригадаларын* ұйымдастыруда кемшілік те жоқ емес («Халық мұғ.»). **Комсомол-жастар бригадасы.** *Ылғи комсомолдардан (жастардан) құрылған бригада.* 5434 *комсомол-жастар бригадасы* ұйымдастырылып, олардың құрамына іскер де қабілетті жастар тартылды (Шопан серігі). **Құрылысшылар бригадасы.** *Тек құрылысшылардан құрылған бригада.* Бұлар ауданнан әдейі шақырылған *құрылысшылар бригадасы* («Қаз. мұғ.»). **Өндірістік бригада.** *Жазғы каникул кезінде өндірісте жұмыс істеу үшін, мектеп оқушыларынан құралған бригада.* Мектепте оқушылардың *өндірістік бригадасы* ұйымдасқанына көп уақыт болған (З. Ақышев, Біздің шамшырақ.). Оқушыларды жексенбіліктер, *өндірістік бригадалар* арқылы қоғамдық пайдалы еңбекке араластыру жақсы нәтиже беріп келеді («Халық мұғ.»). **Танк бригадасы.** Әск. *Танкистерден құралған бригада.* Осындай бір арпалыс кезінде құрама командирі мен 5-*танк бригадасы* командованиесінен тапсырма алып, Днепр өткеліне аттандық (Қ. Қайсенов, Жау тылы.). Минскінің Красноармейскі көшесінде алып танк тұр. Бұл кескілескен ұрыстың алдыңғы шебінде болып, жау қамалын бұзып өткен гвардиялық төртінші *танк бригадасының* қаһарман жауынгеріне қойылған ескерткіш (С. Мәуленов, Жұлдыз.). **Трактор бригадасы.** *Трактористерден құралған бригада.* 12 адамнан бір *трактор бригадасын* ұйымдастыруға болады (С. Бақбергенов, Өз. жігіт.). Ұзын бойлы, қайратты қара шашты, қара торы жігіт — *трактор бригадасының* бригадирі (Ә. Нұршайықов, Тың астығы).

БРИГАДАЛЫҚ сын. *Белгілі бір жұмысты бригада боп істеу әдісі; еңбекті ұйымдастырудың кең тараған жүйесі.* Қант қызылшасында тек *бригадалық* әдіспен ғана істеу керек екен (Қ. Ұябаев, Қырда.). Оның қой бағудың *бригадалық* әдісі жайындағы әңгімелері өз алдына бір төбе (Шопан серігі).

БРИГАДАСЫЗ сын. *Бригадасы жоқ, бригадасы болмаған; бригаданың қатысынсыз.*

БРИГАДИР зат. *Бригада жұмысын басқару үшін тағайындалған адам.* Ерденнің үлкен әкесі «Қызыл әскер» колхозында *бригадир* болып істейтін (А. Хангелдин, Алғыс). Әсіресе колхоз бастығы Садуақас, агроном Нұрила, егін *бригадирі* Қобай қырманды дайындап, стан басынан кетпейді (С. Бегалин, Таңд. әңгім.). Сағадиев Сапар — ұзын бойлы, қайратты қара шашты жігіт, трактор бригадасының *бригадирі* (Ә. Нұршайықов, Тың астығы).

БРИГАДИРЛІК зат. *Бригадир міндетін атқарушылық.* Бондаренконы *бригадирліктен* босатып, жауапты жұмысқа жібермеу — басшылықтан сұралсын (Ғ. Мұстафин, Қарағанды). Бекбосын *бригадирлік* қызметке ауысқан (К. Оразалин, Ақ жазық). *Бригадирлікке* де таңдаулы активтер белгіленді (С. Алдабергенов, Әңгім.).

БРИГАДИРСІЗ сын. *Бригадирі жоқ; бригадирдің қатысынсыз.* Бұл *бригадирсіз* істелген іс (Ауызекі тіл).

БРИГАНТИНА зат. *Қос діңгекті, желкенді, тез жүретін, жеңіл кеме.* Қазіргі кезде *бригантина* өте сирек кездеседі (ҚСЭ).

БРИДЖ зат. *Жұқа матадан балағы бүрмелі етіп тігілген сым, шалбар.*

БРИДЖЕ зат. сөйл. **Бридж.** Аяғында етік, үстінде денесімен дене боп жабысып тұрған *бридже* мен жібек майка, басында иығына дейін күн түсірмейтін қамыс шляпа (З. Ақышев, Достар.).

БРИКЕТ зат. *Престеліп, кірпіш сияқты қатырылған құрама азық* (С. Арзымбетов, Ауыл шаруаш. сөздік.).

БРИКЕТТЕ е т. *Брикет жасау, престеу.*

БРИКЕТТЕТ *Брикетте етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БРИКЕТТЕТУ *Брикеттет етістігінің қимыл атауы.*

БРИКЕТТЕУ *Брикетте етістігінің қимыл атауы.*

БРИЛЛИАНТ з а т. *Тегістеліп қырланған, өңделген жылтырауық асыл тас; алмаз, гауһар.* Алмаздың таза дұрыс түзілген кристалдарын алмаздың өз ұнтағымен үйкеп өңдейді. Мұндай алмазды *б р и л л и а н т* дейді (Б. Бірімжанов, Жалпы химия). Махмұттың жеңінде *б р и л л и а н т* запонки жалт-жұлт етеді (М. Қаратаев, Далада.). Сондай-ақ, орыс патшасының Айғанымға берген *б р и л л и а н т* көзі бар жүзігі мен бабамызға ақсүйек деген атақ берілгенін куәландыратын диплом да осы сандықта («Қаз. әдеб.»).

БРИЛЛИАНТТАЙ с ы н. *Бриллиант тәрізді, бриллиант сияқты.* Таң белгісінен сұры қашып өлусірей бастаған жұлдыздар көк торғын шатырға шашылған *б р и л л и а н т т а й* алыста жылтылдайды (С. Бегалин, Уақыт.). Жәйшағыр қане жүр деп елең етед, Торғайкөк шұлғып тастап, сыпсып етед. Киінген асыл киім жас Құралай, Қадаған *б р и л л и а н т т а й* жалт-жұлт етед (И. Байзақов, Танд. шығ.).

БРИОЛОГИЯ з а т. б и о л. *Ботаника ғылымының мүкті зерттейтін саласы* (ҚСЭ).

БРИЧКА з а т. 1. *Адам тасуға арналған төрт дөңгелекті жеңіл арба.* Елудей *б р и ч к а,* арба жұртта қалған, Он шақтысы ішіне азық салған. Тартып алып жылатқан талай жанды, Ел қолына олжасы қайтты зордан (Е. Бердин, Қанды асу). 2. С ө й л. *Жүк таситын үлкен арба.* Пар аттан жеккен екі *б р и ч к а* ақ сауыттар артып, май заводына барады (Ғ. Мұстафин, Миллионер). Колхоздың кілтшісі, пар өгізге жеккен *б р и ч к а ғ а* қажетті астықты тиеді де пішеншілерге жөнелтті (С. Мұқанов, Шығ. жин.). Пар өгіз жеккен үлкен *б р и ч к а м е н* үш рет су әкелді (Ж. Молдағалиев, Торғай.).

БРОЙЛЕР з а т. *Ет үшін өсірілетін балапан. Б р о й л е р* етінің дәмі мен сапасы, шипалық қасиеті жағынан ересек құстан әлдеқайда артық (ҚСЭ).

БРОМ з а т. 1. Х и м. *Галогендер группасына жататын химиялық элемент; қызыл күрең түсті, өткір иісті сұйықтық.* Химиялық қасиеті жағынан *б р о м* бір валентті актив металлоид, активтік орны хлор мен йодтың арасында (Б. Бірімжанов, Жалпы химия). *Б р о м* өзен суында өте аз болады (Ж. Жатқанбаев, Су.). Біздің организімізде темір, мыс, марганец, мырыш, фтор, йод, *б р о м,* молибден, кобальт, күміс, алюминий... сияқты бірқатар химиялық элементтер бар (С. Сұбханбердин, Дәрі — дауа.). 2. М е д. *Ауырған адамды тыныштандыратын, ауыруды басатын дәрі ретінде қолданылатын бромды қоспа.* Ауруға валериан, *б р о м,* йод дәрілері мен витаминді тағамдар беріліп, таза ауада көбірек болуына қамқорлық жасаған дұрыс (М. Исамбаев..., Мед. анықтама). *Б р о м* гипертонияның I+ әсіресе II+ кезеңінде нервісі бұзылып, ұйқысы нашарлап жүрген адамдарға жақсы емдік нәтиже береді (Р. Сәтбаева, Гипертония.). ◆ **Бром суы.** *Бромның судағы ертіндісі.* Оқушы фенол ертіндісіне *б р о м с у ы н* құяды, сонда ақ түсті тұнба — үш бром фенол түзіледі (К. Шабдаров, Химия.). Осы колбаға 3 тамшы концентрленген H_2SO_4 және 0,3 миллиграмм жаңадан ғана дайындалған *б р о м с у ы н* құяды (М. Қарсыбеков, Микроэлемент.). Егер стиролдың үстіне *б р о м с у ы н* құйып, оны шайқасақ, *б р о м с у ы н ы ң* түссіздігін көреміз (Орган. химия).

БРОМБЕНЗОЛ з а т. х и м. *Түссіз ауыр сұйық зат; бром мен бензолдың қоспасы.* Реакциядан кейін колбада ауыр сұйық зат — *б р о м б е н з о л* қалады (Орган. химия). *Б р о м б е н з о л* — түссіз сұйықтық, қайнау температурасы 156,02 градус, молекулалық салмағы 57,0 (Б. Бірімжанов.., Химия термин.).

БРОМДА е т. *Бір нәрсеге бром қосу, бром араластыру.* Ал мынаны *б р о м д а м а й-а қ* қойса да болады (Ауызекі тіл).

БРОМДАН *Бромда етістігінен жасалған ырықсыз етіс.*

БРОМДАНУ *Бромдан етістігінің қимыл атауы.* Бір оқушы *б р о м д а н у* реакциясына ұқсас нитрлеу керек деп дұрыс жауап беріп, тақтаға реакция теңеуін жазады (К. Шабдаров, Химия.).

БРОМДАУ *Бромда етістігінің қимыл атауы.*— Фенолды *б р о м д а у,* фенолды күйдіргіш натриймен нейтралдау реакция-

ларын жасаңдар,— деді оқытушы балаларға (К. Шабдаров, Химия.).

БРОМДЫ с ы н. *Бром қосылған, құрамында бром элементі бар.* Жүректің соғуы жиілегенде 0,1 *гр* хинин мен 0,25 *гр* бір *б р о м д ы* камфораның қосындысынан жасалған таблеткадан күніне екі рет бір таблеткадан 7—10 күндей ішіледі (Б. Омарұлы, Жүрек. ауру.). ◆ **Бромды калий.** Х и м. *Бром мен калийдың қосылысы.* Медицинада бромды натрий, *б р о м д ы к а л и й* нерв жүйесінің жұмысы бұзылғанда тыныштандырғыш дәрі ретінде беріледі (ҚСЭ). **Бромды натрий.** Х и м. *Бром мен натрийдың қосылысы.* Бехтерев микстурасының құрамында адонис, *б р о м д ы н а т р и й*, кодеин бар (С. Сұбханбердин, Дәрі — дауа.). **Бромды сутек.** Х и м. *Бром мен сутектің қосылысы; түссіз газ. Б р о м д ы с у т е к* лабораторияда үш бромды, фосфордың гидролизі арқылы алынады (Б. Бірімжанов, Жалпы химия). **Бромды сутек қышқылы.** Х и м. *Бромды сутектің судағы ерітіндісі.* Оның [бромды сутектің] судағы ертіндісін *б р о м д ы с у т е к қ ы ш қ ы л ы* деп атайды (ҚСЭ).

БРОМИД з а т. х и м. *Бромның басқа элементтермен химиялық қосылысы, яки бромды сутек қышқылының тұзы.* Бромды сутек қышқылының тұздарын *б р о м и д т е р* деп атайды (ҚСЭ).

БРОМУРАЛ з а т. м е д. *Нерв қозуын басып, ұйықтататын, дәмі ащы ақ ұнтақ дәрі (немесе таблетка). Б р о м у р а л д ы* ұйқы бұзылғанда жатардан 30 минут бұрын бір таблеткасын жылы, тәтті шаймен ішкен дұрыс (М. Исамбаев.., Мед. анықтама). *Б р о м у р а л* — бромның және валериан қышқылының жасанды мочевинасы. Ол — ыстық суда тез еритін, кристалл тәрізді, дәмі ащы, ақ порошок (С. Сұбханбердин, Дәрі — дауа.).

БРОН[1] з а т. *Танктерді, бронепоездарды, автомашиналарды оқ өтпес үшін қаптайтын қалың болат темір; қоспа.* Бұрын бізден болат қорытуды талап етсе, енді *б р о н* қорытуды міндеттеп отырғандығы естеріңізде болсын (А. Хангелдин, Табыс. тағдыр). Жартысы алюмин, жартысы ағаш шабан самолеттер *б р о м м е н* қапталып, аса шапшаңдықпен зымырап, ашық аспанда жау «мессерімен» жекпе-жек айқасты (Т. Бердияров, Солдат.).

БРОН[2] з а т. 1. *Белгілі бір мақсатпен сақталынатын арнаулы орын, яки штат.* Ия, ол председатель. Соғысқа барған жоқ. *Б р о н м е н* қалды. Мүмкін оның мұнда керегі де болған шығар (Р. Райымқұлов, Бұрылыс.). Кеткенде соғысқа тіленіп, Бола тұра *б р о н ы*, «Келсе,— деп,— аман!» тіледік, Колхоздың көріп тірегі (С. Мұқанов, Замандас.). Әскер қатарына шақырылғандардың ішінде *б р о н м е н* жүрген Биман да бар-ды (Б. Тәжібаев, Қараторғай). 2. *Белгілі бір адамды (нәрсені) бір жерге (мекемеге) тіркеп не бекітіп қою правосы; документ, қағаз.* Облыстың басқа адамдары поезға күндіз міне кеткен екен. Обком қойған *б р о н м е н* бұлар да билет алды (Б. Тоғысбаев, Алдыңғы).

БРОНДА е т. *Бронмен қаптау, оқ өтпестей ету.*

БРОНДАЛ *Бронда етістігінен жасалған ырықсыз етіс.*

БРОНДАЛУ *Брондал етістігінің қимыл атауы.*

БРОНДАУ *Бронда етістігінің қимыл атауы.*

БРОНДЫ[1] с ы н. *Бронмен қапталған, брондалған.* Белімшеде *б р о н д ы* танкілер жүзден емес, мыңдап саналады (Ауыз-екі тіл).

БРОНДЫ[2] с ы н. *Броны бар, арнаулы орны даяр.*

БРОНЕАВТОМОБИЛЬ з а т. *Бронмен қапталған автомобиль; броневик.* Ленинің сөзінен кейін вокзал маңайына лық толған халық уралап қол шапалақтап, Петроградты басына көтерді. *Б р о н е а в т о м о б и л ь г е* міне, Ленин жүріп кетті (С. Мұқанов, Ботакөз).

БРОНЕБОЙЩИК з а т. *Брон тескіш қарулармен оқ ататын адам, атқыш.* Батальонның үлесіне екі ғана дзот қалған еді, оны *б р о н е б о й щ и к т е р* талқандап берді (М. Ғабдуллин, Ел намысы). Төмпешіктің үстіне еңбектеп шықтым. Жанжағыма қарасам, бұта арасынан жаудың екі саңлаулы дзоты көрінеді. Жақын жерде *б р о н е б о й щ и к* Ғ. Шәріпов жатыр екен («Қаз. әдеб.»).

БРОНЕВИК з а т. *Бронмен қапталып, соғыс құралдарымен жабдықталған автомобиль.* Тез-тез жылдам қимылмен Ленин *б р о н е в и к т і ң* үстінен «Жасасын социалистік революция» деген ұран тастады (З. Шашкин, Тоқаш Бокин). Вокзалдың не-

гізгі есігінің алдында *броневик* тұрды (КПСС тарихы). Сапқа тұрған жұмысшыларды қарулы қызыл гвардия мен *броневиктер* күзетті («Соц. Қаз.»).

БРОНЕКАТЕР з а т. *Соғыс әрекеттеріне арналып, бронмен қапталған әскери катер.* Екінші Қиыршығыс майданы газетінің тілшісі *бронекатерде* келе жатып: «Бірінші Қиыршығыс майданында жүрген болсам, Тынық мұхит флотының да кереметін көрген болар едім-ау»,— деп арман етті («Лен. жас»).

БРОНЕМАШИНА з а т. с ө й л. **Броневик.**— Кеше жақсы ерлік істедіңдер. Немістің екі *бронемашинасын,* отыз шақты солдатын қырдыңдар,— деді Фролов (М. Ғабдуллин, Ел намысы). Бұл араға юнкерлердің құрама отряды мен *бронемашиналар* шақырылды (КПСС тарихы).

БРОНЕНОСЕЦ з а т. *Қару-жарақ таситын бронмен қапталған үлкен соғыс кемесі.* 14 июньде «Потемкин» *броненосецінде* матростар көтеріліс жасады (КПСС тарихы). Су бетінде крейсер, Су астынан сұңғуір, *Броненосецтер* бұрқанып, Тура келсе тура атып (А. Тоқмағамбетов, Таңд. шығ.).

БРОНЕПОЕЗД з а т. *Соғыс әрекеттеріне арналып бронмен қапталған, әскери қару-жарақпен жабдықталған поезд.* Фашистер *бронепоездағыларды* жерден жеңе алмай қойған соң, самолеттерін жіберіп бақты (Т. Жанкелдин, Партизан.). Ал көмірді, тарт паровоз, Жауға оқ етіп ат паровоз! *Бронепоезд* әскеріне Тез жеткізу шарт паровоз (Т. Жароков, Шығ. жин.).

БРОНЕТАНК з а т. *Бронмен қапталған танк.* Бұл келген немістің танкпен, *бронетанкпен,* минометпен қаруланған дивизиясы еді (З. Ақышев, Жесірлер).

БРОНЕТРАНСПОРТЕР з а т. *Жаяу әскер мен оқ-дәрі тасуға арналып, бронмен қапталған автомобиль.* Аз ғана тыныштықтан кейін аландa *бронетранспортерлер* көрінді («Соц. Қаз.»). Танкілер мен *бронетранспортерлердегі* зеңбіректер мен пулеметтердің стволдары жоғары қаратып көтеріліп қойылған («Лен. жас»).

БРОНЗА з а т. с ө й л. **Қола.** Жағалай жасау жиналған жүк... Кестелі кереге, оюлы ши... Шаңырақ күлдіреуішін *бронза* жалатып сырлапты (Д. Әбілев, Арман.). Мен сонда оған көзім салдым, Жағасында биік жардың. *Бронзадан* берік соққан Ескерткішке жақын бардым (Ә. Сәрсенбаев, Өленд.).

БРОНЗАЛА е т. *Бронза жалату.*

БРОНЗАЛАУ *Бронзала етістігінің қимыл атауы.*

БРОНЗАЛЫ с ы н. *Бронзадан (қоладан) жасалған.* Аландa *бронзалы* ескерткіштің Сүйкімді келбетіне қарай түстім! Күмбезді көп үйлерден биік тұрған Александр Сергеевич екен Пушкин! (Д. Әбілев, Таңд. өленд.).

БРОНСЫЗ с ы н. *Броны (1, 2) жоқ; брон болмайынша.*

БРОНХ з а т. а н а т. *Кеңірдектің өкпеге түйіскен жеріндегі екіге бөлініп, тарамдалған тыныс жолы: өкпеге ауа өткізетін түтіктер.* Ол жұмыр құрттар малдың *бронхтары* мен кеңірдегінде мекендейді (Ө. Қарамендин, Бұзау. ауруы). Содан кейін өкпе құртының личинкалары шөппен не сумен бірге малдың аузына түсіп, шек-қарын арқылы өкпеге барады, *бронх* жолдарына жетіп, 1—1,5 айда жетіледі (Шопан серігі). Өкпенің *бронхтарын* қақырықтан тазартып тұру үшін таза ауамен дем алудың маңызы өте зор (Ш. Көшербаев, Туберкулез.). ◆ **Бронх демікпесі.** М е д. *Адамды мезгіл-мезгіл булықтырып, тынысын тарылтатын аллергиялық ауру. Бронх демікпесі* — ұзаққа созылатын ауру, ол кейде ондаған жылдарға созылады (ҚСЭ).

БРОНХИАЛДЫ: бронхиалды астма. М е д. *Тыныс демікпесі.* Тыныс демікпесін медицинада *бронхиалды астма* деп атайды. Тыныс демікпесімен әркім-ақ ауырады (С. Сұбханбердин, Дәрі — дауа.).

БРОНХИОЛ з а т. а н а т. *Бронхтың ең жіңішке тармақшалары.* Кеңірдек өкпеге түйіскен жерден екіге бөлініп, өкпенің сол және оң жағына тарамданады. Олар бронх деп аталады. Бұл екі тарамнан толып жатқан бұтақша бронхтар тарайды. Осы ең жіңішке тарамдары — *бронхиол* деп аталады (М. Исамбаев.., Мед. анықтама). ...Микробтар өкпеге бірден топырлап ене алмайды, өйткені әрбір *бронхиолдың* диаметрі 0,5 миллиметрден аспайды (Малды туберк. сақта.).

БРОНХИТ з а т. м е д. *Бронх (тыныс жолы) кілегей қабығының қабынуы салдарынан болатын ауру. Б р о н х и т* — бронхылардың кілегей қабығының талаурап, ауруға ұшырауы (М. Қайрақбаев, Ескерм. ауру.). Ревматизмнің қайталауына көбінесе баспа, тұмау, *б р о н х и т* тағы басқа сондай суықтан болатын аурулар себеп болады («Лен. жас»). ◆ **Созылмалы бронхит.** *Көп уақытқа созылатын бронхит.* Иастилмен тек тыныс демікпесі мен *с о з ы л м а л ы б р о н х и т* ауруын емдейді (С. Сұбханбердин, Дәрі — дауа.).

БРОНХОАДЕНИТ з а т. м е д. *Кеңірдек пен бронхтарға жанаса жатқан лимфа түйіндерінің қабынып ісуі.* Өкпенің қабынуы, көкжөтел, қызылша, сүзек аурулары салдарынан да адам *б р о н х о а д е н и т к е* ұшырайды (ҚСЭ).

БРОНХОГРАФИЯ з а т. м е д. *Бронхты рентгенге түсіру әдісі.* Өкпе аурулардың диагнозын анықтайтын әдістерінің ішінде ең маңызды орын алатыны *б р о н х о г р а ф и я болады* (А. Тұрғанбаев, Рентгенология.).

БРОНХОПНЕВМОНИЯ з а т. м е д. *Бронх пен өкпе тқандарының қабынып ауруы.* Өкпенің қабынуы көбінесе бронхылардың қабынуына байланысты, сондықтан оны *б р о н х о п н е в м о н и я* дейді (Ә. Әбішев, Мал санитары.). Өкпе тқандары мен бронхтың қабынуында *(б р о н х о п н е в м о н и я)* өкпе тұтас емес, тек оның бір кіші-гірім бөлшегі мен бронхы тармақшалары зақымданады (М. Исамбаев.., Мед. анықтама). Күзде өкпеқұрт салдарынан жасқа толмаған бұзаулардың өкпесі қабынып *(б р о н х о п н е в м о н и я)*, олар өлімжітімге ұшырайды (Ө. Қарамендин, Бұзау. ауруы).

БРОНХЭКТАЗ з а т. м е д. с ө й л. **Бронхоэктазия.** Бұл аурудың (бронх демікпесі) зардабынан адам эфмизема, *б р о н х о э к т а з* және жүрек ауруларына шалдығуы мүмкін (ҚСЭ).

БРОНХОЭКТАЗИЯ з а т. м е д. *Ұзақ уақыт қабынудың салдарынан бронх пен бронх тармақшаларының шамадан тыс кеңейіп, өз қалпына келе алмайтындай жағдайға ұшырауынан болатын ауру.* Бұл барып өкпе көбікшелерінің жарылып, тыныстандыру қызметінен айрылу процесіне, содан кейін *б р о н х о э к т а з и я н ы ң* пайда болуына ұшырайды (М. Қайрақбаев, Ескерм. ауру.). Ісік алды немесе рак алды ауруларына өкпедегі кеңірдек бұтақтарының ұзақ уақыт қабынуының нәтижесінде болатын *б р о н х о э к т а з и я,* эфмизема т. б. аурулар жатады («Соц. Қаз.»).

БРОНХЫ з а т. с ө й л. **Бронх.** Кеңірдектің өкпеге барып тараған бұтақтарын *б р о н х ы* дейді (Ә. Әбішев, Мал санитары.). Тыныс алу органдарына көмекей, кеңірдек, *б р о н х ы л а р* және өкпе жатады (Адам анатом.).

БРОУН: **броун қозғалысы.** Х и м. *Сұйықтық я газ молекулаларының тәртіпсіз, үздіксіз қозғалысы* (Б. Бірімжанов.., Химия термин.).

БРОУНДЫҚ: **броундық қозғалыс.** С ө й л. *Броун қозғалысы.* Осыдан кейін проекциялық аппарат арқылы *б р о у н д ы қ қ о з ғ а л ы с т ы ң* моделі көрсетілді («Қазақст. мект.»).

БРОШЮРА з а т. *Қабы жұқа, бет саны онша көп емес кітапша.* «Медициналық *б р о ш ю р а* керегін маған неге айтпайды? Мен іздестіріп тауып бере алмаймын ба екен?» — деп ойлап [Қоңыр], Сұлтанмахмұтқа балаша өкпелеп қалды (Д. Әбілев, Арман.). Олар үшін арнаулы лекциялар керек, *б р о ш ю р а л а р* керек... («Лен. жас»).

БРОШЮРАЛА е т. *Брошюра жасау, брошюра істеу.* Кітапты *б р о ш ю р а л а п* түптейтін ағынды линия тұңғыш рет СССР-де (1949) жасалды (ҚСЭ).

БРОШЮРАЛАУ *Брошюрала етістігінің қимыл атауы. Б р о ш ю р а л а у* операциясы қолмен де, машинамен де істеледі (ҚСЭ).

БРУДЕР з а т. *Инкубатордан шыққан ақ үрпек балапан тұрған қораға жылу таратқыш қондырғы. Б р у д е р д і ң* құрастырмалы, тұрақты және батареялы түрі бар (ҚСЭ).

БРУДЕРАЦИЯ з а т. *Балапан қораларына брудер орнату ісі, оны брудермен жабдықтау әрекеті.*

БРУДЕРЛЕ ет. *Балапандарды брудерде ұстау, брудерлеу.*

БРУДЕРЛЕУ *Брудерле етістігінің қимыл атауы.*

БРУДЕРСІЗ с ы н. *Брудердің қатысынсыз; брудер болмаса.* Қораның қандай түрі

болмасын оны *брудерсіз* жоғары температураға жеткізу мүмкін емес (ҚСЭ).

БРУС зат. *Құрылысқа пайдалану үшін, ені мен қалыңдығы 10 см-дей төрт қырлы тілінген ағаш материал.* Жұмыска керекті *брус*, рейка, тақтай, фанер сияқты материал алдын ала дайындалады (Е. Райымжанов, Бастауыш класс.). Сондықтан ағаш немесе темір оттықтың үстінен төрт қырлы айналып тұратын *брус* қағылады (Құс өсіруші.).

БРУСТВЕР зат. әск. *Окоптың кенересіне үйілген топырақ.* Жау *брустверді*, әрине, өзен жақтан үйген ғой (Ж. Тәшенов, Алғашқы.).

БРУСЬЯ зат. спорт. *Мықты, берік қадаларға екі сырық (сырғауыл) параллель бекітілген гимнастика жабдығы.* Гимнастиканың ең ауыр түрі — *брусьяда* ойнау көермендердің ерекше назарын аударды («Лен. жас»).

БРУТ зат. көне. *Түркі халықтары арғы тектерінің бір атауы.* Менің ойым: осы «білеуіт», *«брут»* бір сөзден шыққан деймін, о да қырғыздың нәсілі болмағы таң емес (Абай, Тол. жин.). Сол қырғызды қытайлар *«брут»* деп атайды, өз тауарихларында оның себебін, неліктен қытайлар *«брут»* дегенін еш білдім дегенді көрмедім (Бұл да).

БРУТТО зат. *Заттың (жүктің, товардың) сыртқы қабымен немесе қорабымен қоса есептегендегі барлық салмағы.*

БРУЦЕЛЛ зат. мед. вет. *Бруцеллёз ауруының микробтары.* Бруцеллездің *бруцелл* дейтін түрліше микробтары бар (Е. Оразақов, Дәрігер.). Бұл микробтардың барлығы соңынан *бруцелл* деп аталды (Н. Әжіғалиев, Мал. ауру.).

БРУЦЕЛЛЁЗ зат. мед. вет. *Буын, сүйек, нерв жүйелері зақымдалатын созылмалы, жұқпалы ауру. Бруцеллёз* өте хауіпті жұқпалы аурулардың қатарына жатады (А. Даиров, Хирург.). *Бруцеллёз* — хайуанаттардан адамға жұғатын ауру. Адамның нерв, буын жүйесін әлсіретеді (Шопан. кітабы). Адамға *бруцеллёз* көбіне жазғытұрым, мал төлдегенде немесе етін шала пісіріп жегенде, сүтін шикі ішкенде жұғады (М. Исамбаев.., Мед. анықтама).

БРУЦЕЛЛЁЗДІ с ы н. *Бруцеллёз ауруы бар, бруцеллёз ауруы тараған. Бруцеллёзді* жерде халық арасында тазалық сақтау жөніндегі көпшілік ағарту жұмыстары өзінің тиісті орнын алуға тиіс (А. Даиров, Хирург.).

БРУЦЕЛЛИЗАТ зат. мед. вет. *Бруцеллёзге қарсы қолданылатын дәрі; препарат.* Қой мен ешкінің терісіне *бруцеллизат* деген препарат егіп, туберкулездегі сияқты реакциясын қарайды (Ә. Әбішев, Мал санитары.). Қойдың терісіне *бруцеллизат*, не бруцеллез-гидролизат деген дәріні егеді, керекті жағдайда малдың қаны лабораторияға жіберіледі (Ш. Қалықов, Қой. ауру.).

БРЫНЗА зат. *Қой мен ешкі сүтін ұйыту, ақ ірімшікке айналдыру арқылы оны тұздап, қатырып жасалған тағам.* Қойдың сүті қазақтың сүйікті тағамының бірі. Одан халық айран, ірімшік, құрт, сүзбе дайындайды. Қойдың сүтінен сапалы *брынза* да жасалады (Ә. Есенжолов, Қаз. қойы). *Брынза* қой, ешкінің сүтінен жасалады. Оны жасау үшін сүтті арнаулы ферменттер немесе мәйекпен ақ ірімшікке айналдырады (С. Сұбханбердин, Дәрі — дауа.).

БРЮКВА зат. сөйл. Тарна. *Брюквалы* тарна деп те атайды (С. Арзымбетов, Ауыл шаруаш. сөздік.).

БУ[1] зат. 1. *Жылудың әсерінен судың тұман (газ) тәрізді дымқыл күйге айналуы.* Шәйнек *бұы* аспанға көтеріліп, сақырлап қайнап жатқан еді (М. Иманжанов, Таныс қыз). Қазанның бұрқыраған *бұы*, самаурынның будақтаған түтіні алыстан-ақ көзге түседі (Тарту). Жыл сайын мұхиттардан, теңіздерден, өзендерден, көлдерден *бу* өте көп көтеріледі. Мұның өзі 519 мың текше километр су ұшып кетеді деген сөз (Ж. Жатқанбаев, Су.). 2. Ауыс. *Бір нәрсенің желігі, әсері; қуаты, күші.* Қысқасын айтқанда, Уақпайдың үйіне әлдекалай кірген алтынның *бұы* алты қырдың астында жатқан Сидақ сияқтыларға ұйқы берер емес (А. Машанов, Жер асты.). Қайтемін айта беріп «пәлен, түген...» Жастықтың *бұымен* әлі ентігем! О, жастық шақ, жазылған жүрегіме Менің жыр-сәлемімді ал, өтінем! (Қ. Мүсірепов, Раушан). О сорлы жетім, сен неңің *бұына* шалқақтап жүрсің («Лен. жас»). ◆ **Бу алды.** *Сестенді, есірді, қоқиланды.* Бүгін соның неден *бу алып* жүргенін біліп кеп отырмын (М. Әуезов, Абай жолы). **Бу атты.** *Бұрқыратып бу шығарды.* Үйінің іші, әйтеуір,

жылы, есік ашылса-ақ бұрқыратып *бу атады* (Ғ. Сыланов, Очерк.). Танауынан *бу атып*, Тұяғымен қар күрер. Атшыға жайын сынатып, Шұлғиды қос қаракер (Д. Әбілев, Алтай.). Баспай бір де аптығын, Мұнаралар *бу атты*. Ұшқан булар шахтаның, Алған демі сияқты (С. Мәуленов, Жаз ерке). **Бу болып ұшты.** *Жоқ болды, із-тозы білінбеді.* Өтті ме тым қадырлы, ардақты кез, *Бу болып ұшты* ма екен салмақ, мінез?! Күніне сан айтылған «сүйдім» деуден Тым болмаса бір ауыз қалмапты сөз! (Ө. Нұрғалиев, Ақ нөсер). **Бу генераторы.** *Ядролық реакордағы жылу алмастырғыш аппарат.* Қарапайым *бу генераторы* құбырлар орналасқан тұйық ыдыстан тұрады (ҚСЭ). **Буға [буына] семірді.** *Бір нәрсенің деміне масаттанды; желікті, есірді.* Қан жеген қара төбетей Мас болған *буға семіріп*. Бастаушы бастық сол еді, Өзгесі кейін шегініп (Ү. Кәрібаев, Таңд. шығ.). Сылқылдаған бос белбеу, арамтамақ мырзалар *буына семірген* бұқадай күнде кешке ойын, күлкі, сауық, қыз ойнақ, ән салу, өлең айтумен уақыт өткізеді (С. Сейфуллин, Тар жол.). **Бу диірмен.** *Бу күшімен жүретін диірмен.* Байлардың тәуір үйлерін керекті мекемелерге алдық. Банктер, машина, *бу диірмендер* алдымен алынған (С. Сейфуллин, Тар жол.). Колхоздың *бу диірмені*, мектебі, оқу үйі болды (ҚазССР тарихы). **Бу камерасы.** *Бу сақталынатын орын. Бу камерасының* ішіне сегіз шелек су сыяды (Т. Телеуғалиев, Мал. қора.). **Бу күші [қуаты].** *Будың өндіріске, шаруашылыққа пайдалылық қасиеті.* Электр қуаты *бу күшінен* арзан, оның артықшылығы — оны ұсақтап бөлуге болады (Ә. Кәкімжанов, Коммунизм.). **Электр қуатын жасағанша, *бу қуатын* пайдаланамыз** (Ғ. Мұстафин, Қарағанды). **Бу қазаны.** *Атмосфера қысымынан жоғары қысымды бу алу үшін қолданылатын жылу алмастырғыш аппарат. Бу қазаны* әуелде мыстан жасалса, кейінірек шойыннан жасалды (ҚСЭ). **Бу құбыры.** *Өндірілген буды пайдалану орындарына жеткізетін құбыр. Бу құбыры* — құбырлардан, жалғастыру элементтерінен, бу жүрісін реттейтін тетіктерден тұрады (ҚСЭ). **Бу қыздырғы.** *Буды қанығу температурасынан жоғарырақ қыздыру үшін пайдаланылатын жылу алмастырғыш аппарат.* Әдетте қазан қондырғылары *бу қыздырғымен* жабдықталады (ҚСЭ). **Бу қылды.** *Бір нәрсенің желігіне масатанды.* Маман бай, топқа келер күнің бар ма? Ішінде қалың топтың бұлың бар ма? *Бу құлып* шекті малын не қыласың, Мінгізген ашамайға ұлың бар ма? (Айман—Шолпан). **Бу машинасы.** *Будың қысым күшін пайдалану арқылы жұмыс істейтін жылу двигателі.* Осыдан кейін басқа заттардың да бірін-біріне егегенде қызатының көріп, механикалық энергияны жылылық энергияға айналдыруға болады деп қорытынды жасалды. Бұл қорытындыдан И. И. Ползунов үлгі алып, *бу машинасын* жасап шығарды (М. Мұқанов, Бақылау.). Алғашқы *бу машинасының* жетіле келіп, паровозды шығарғаны да мәлім (Қ. Ұябаев, Қырда.). **Бу өлшегіш.** *Будың қысым күшін өлшейтін прибор.* Қазанның *бу өлшегіші* істен шығыпты (ҚСЭ). **Бу салқындатқыш.** *Қызған бу температурасын реттейтін жылу алмастырғыш қондырғы. Бу салқындатқышты* қазан барабанының су жиналатын бөлігіне тікелей орналастыру арқылы тұрақты температураны қамтамасыз етуге болады (ҚСЭ). **Бу турбинасы.** *Бумен жұмыс істейтін жылу двигателі.* Поршеньді машиналардан *бу турбинасының* айырмашылығы ондағы энергияның түрлену процесінің үздіксіз жүретіндігінде (ҚСЭ). **Буына жығылды.** *Бір нәрсенің буына мас болды.*— Міне, мұның *буына жығылып* Шабданбек қарындасын беріп отыр!— деді Ысқақ күліп (С. Сейфуллин, Шығ. жин.).— Е, маған көңіл көтерерлік ермек болса болғаны, мал-мүліктің *буына жығылар* жан мен емес (Ә. Көшімов, Екі бүркіт). **Буына [буға] мас [болды].** *Бір нәрсенің желігіне, әсеріне, қуатына елтіді.* Сен қазір көзсіз көбелексің... Өзіміздің түсінікті тілмен айтсам — массың. Араққа емес, сұлу қыздың *буына массың* (М. Иманжанов, Көк белес). Ғашықтық *буына мас* болып, өткен-кеткен дүниенің бәрін ұмытыпты-ау (Т. Ахтанов, Дала сыры). Қымыз ішсе-ақ елірген, Жігіт аз ба қызба бас. Күнде бөртіп семірген Құр әшейін *буға мас* (Ғ. Орманов, Таңд.). **Буына [буға] істі.** *Бір нәрсенің әсеріне масаттанды, мастанды.* Балаларын шұбырта бәйбіше кірді. Бес ұлдың *буына піскен* адуын, орақ ауыз әйел шалына соқтыға кірді (Ғ. Мұстафин, Дауыл.).— Сен малыңның *буына піссең*, мен басымның *буына пісем*. Біліп қой осыны, Жарқынбай! (Д. Әбілев, Ақын.). ... Темір болғанымен мылтықтың да буы бар ғой, сол *буға пісіп* біраз күмпіп еді ол (Ә. Әбішев, За-

мана.). **Бу электр станциясы.** *Бу күші арқылы жұмыс істейтін электр станция.* Хантағыда *бу электр станциясы,* киім тігу фабрикасы, мәдениет үйі, мектебі бар (Алғы шепте.). Ермак ГРЭС-і құрастырмалы темір-бетоннан салынып жатқан СССР-дегі аса ірі *бу электр станцияларының* бірі (А. Жақсыбаев, Менің дос.). Көмір, темір, мұнай өндіру көбейтіледі, көптеген су және *бу электр станциялары* салынады («Халық мұғ.»). ⊙ **Бұқа буға [азбан дуға].** Күреңбай өбден тойды-ау қайғы уына, Семірер деген бар ғой *бұқа буға.* Болған соң жазу осы амал бар ма, Ақыры кетпек болды-ау тәнім суға (Е. Қандеков, Өленд.). Деген сөз: *«Бұқа буға, азбан дуға»,* Хан қарық боп түсіп жүр айғай-шуға. Етімді шал сипаған құрт жесін деп, Жартастан қыз құлапты терең суға (Абай, Тол. жин.). **Қанық [қаныққан] бу.** Х и м. *Сумен тепе-теңдікке келген бу.* Жабық ыдыста су мен онан ұшып шыққан будың арасында динамикалық тепе-теңдік туады, яғни кесімді уақыт ішінде неше молекула буға айналса, сонша молекула будан суға көшеді. Сұйықтықпен тепе-теңдікке келген буды *қанық бу* деп атайды. (Б. Бірімжанов, Жалпы химия). ⊙ **Сүйекке бу енді.** Егерде қолың тисе, білегіне, Лүпілдеп қан соғады жүрегіңе. Бетіңді таяп барсаң, тамағына, Шымырлап *бу енеді сүйегіңе* (Абай, Тол. жин.).

БУ [2] е т. 1. *Бір нәрсені қатты қысып байлау.* Мақтым мен әйелі киім-кешегін *буып* жатыр (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн). Ұзын телогрейкасының етегін көтере, белін кендір жіппен *буған* (К. Тоқаев, Тасқын). Биені жығып, төрт аяғын *будыда,* қыл бұрау салып, тақымын бұрады (Қаз. ертег.). 2. А у ы с. *Маза бермеу, тыныш таптырмау; қысу.* Сырбайға ол әлденені айтайын деп еді, жөтел *буып* шамасын келтірмеді (С. Мұқанов, Шығ. жин.). ...Түнде ұйқысы шала болды. Маса *буып,* тыныштық бермегені (Ж. Молдағалиев, Торғай.). Сона *буған* аттар шиыршық атып, бір орында тұра алмай шыр айналады («Қаз. әдеб.»). Боран басылуын басылса да, суық қайта күшейе түсіп, күннен күнге ауылды аяз *буып* тұрады («Лен. жас»). ◆ **Алдын [алды-артын] буды.** *Жолын кесті, бұлтартпады.* ... Мұнша қалай аздың сен осы? Большевиктен саумысың?— деді Әзімхан. Сұлтанмахмұттың *алдын буып,* қыр көрсетіп отыр (Д. Әбілев, Арман.). Қызыл тілін безеген, Найзасын тасқа егеген *Алды-артыңды буамын,* Сенің асырмай кезеңнен! (Жамбыл, Таңд. шығ.). **Аузын буған өгіздей [өгіз сияқты].** *Үндемей, сөйлемей, мылқиып.* Ол *аузын буған өгіздей* тырп етпей, үйден шықпай жатып алды (С. Көбеев, Орынд. арман). Тіпті Сәрсенбекті де үннен қалдырды. Мана ол: «Шындықты айтамын, қорықпа!»— деп еді. Енді қарашы, тап бір *аузын буған өгіз сияқты* (Р. Райымқұлов, Бұрылыс.). **Аузын буды.** *Үнін шығартпады, сөйлетпеді.*— Немене, сөйлесең сенің *аузыңды* біреу *буып* қойды ма, әлде, тіліңе күйдіргі шығып отырма?—деп түйілді Әйтекеге Бәдіғұл (Ж. Мұзапаров, Қаби қарт.). Әйтпесе мен, Біреу маған «сен» Десе болды, қуамын, *Аузын буамын* (А. Тоқмағамбетов, Сайра. бұлбұл). **Ашу буды.** *Ашу кернеді, ашу қысты. Ашу буған* Балқаш орнында әлі тұр... (С. Мұқанов, Шығ. жин.). *Ашу буды* ма, әлде аузыма басқа сөз түспей қалды ма:— Жоқ, мен халық жауы емеспін,— дедім (С. Шаймерденов, Қарғаш). Шекем солқ-солқ соғады. *Ашу буған* денем қалтырайды (Н. Серәлиев, Ыстық күлше). **Бел [белін бекем] буды.** *Берік шешімге келді, «тәуекел» деп, іске кірісті.* Жанар бір іске *белін буып,* іштей бекіп алған сияқты, есікті ақырын қағып, ешкім үндемесе де кіріп барды (Т. Ахтанов, Дала сыры). Ол осыдан төрт-бес шақырым жердегі Олжабайдың аулына түнде де болса жетуге *бел буды* (Б. Тоғысбаев, Алдыңғы.). Табиғат өзгеше боп туған едім, *Белімді* жастан *бекем буған* едім. Халықтың қорлық көрген туын ұстап, Әділдік жолын ізден қуған едім (С. Сейфуллин, Өленд.). **Жын [жыны] буды.** *Желікті, құтырды.* Демігіп зеңбіректер ажал құсып, Танкілер жөңкіліп жүр жерде босып. Желігіп *жын буғандай* жатыр соғыс, Әдемі азаттықты отпен осып (Қ. Сатыбалдин, Әлия). Арынның да *жыныныңбуып* тұрған кезі, шатақты ізден жүріп табады (Р. Тоқтаров, Ертіс.). **Жыны буған бақсыдай.** *Аласұрып, құтырып.* Жаңағы ашумен құтырып алған Оразбай қазір анық *жыны буған бақсыдай,* өзінің үлкен үйінің сыртында екі езуінен көбік шашып, бұрқырап бір топ адамға жер қазғызып жатыр еді (М. Әуезов, Таңд. шығ.). **Кіндік буған жер.** *Кіндік кескен жер.*— Аман бол, ата мекен — туған жерім, Кір жуып *кіндігімді буған жерім.* Жүгіріп жалаң аяқ жарға ойнақтап, Құрбымен қозы-лақты қуған же-

рім (Б. Адамбаев, Ақбөбек). О, Зайсан, алтын бесік туған жерім, Іңгәлеп, *кіндігімді буған жерім*. Жүгіріп жалаң аяқ жазды күні, Қиқу сап, қан көбелек қуған жерім (Е. Әукебаев, Таң шапағы). **Ұйқы буды.** *Көзіне ұйқы тығылды, қалғып-мүлгіді.* Қымыздан балқып, әрі *ұйқы буып* манаураған Елеусіз Нұршаның бір сөзін ұғып, бір сөзін ұқпай отыр (Т. Әлімқұлов, Ақбоз ат). Көзін бір ашып, бір жұмып, *ұйқы буып* отырған екінші жолаушы селк ете қалды (С. Жүнісов, Жапанда.). **Ыза буды.** *Ызасы келді, ызаланды, долданды.* Анасынан қолпаштау таппай, тауы шағылған қиқар Жантас енді міне *ыза буып*, жарыла жаздап тұр (Б. Соқпақбаев, Жекпе-жек). Ерні кеуіп түтігіпті, Түсі суық жыландай. *Ыза буып* қалшылдады ол, Бір орында тұра алмай (С. Машақов, Жылдар).

БУАЗ сын. 1. *Құрсағында төлі, баласы бар; туатын (мал, хайуан).* Бүйірі салыңқы *буаз* қойлар бауырымен жер сызып, әрең қозғалып келеді (Ғ. Мүсірепов, Кездесп. кет.). Егер *буаз* биені терін суытпай отқа қоя берсең, ол су ішіп қояды да, құлын тастайды (Қ. Сәрсекеев, Кілт). ... Бұл марал *буаз* екен тіпті атпаймын, Келінің екі қабат кесел болар (Қозы Көрпеш.). 2. Қарап. *Екі қабат, аяғы ауыр.* Сөйтіп, Бозмұнай балаға зар болып жылап жүргенде, қатыны *буаз* болып, бір ұл табады (С. Сейфуллин, Шығ. жин.). Махым хан айтты: — Тоғыз қалмақ өлсе, тоғыз қатын *буаз* шығар... Қайтадан жүз кісімен бар!— деді (Қамбар батыр). Ханның кіші қатыны *буаз* болды. Тез уақытта бұл қатын бір ұл бала тапты (Қаз. ертег.). 3. Ауыс. *Екі бүйірі шыққан, қампиған.* Бір мезгілде *буаз* портфелін көтеріп, екіл Қамысбаев киіп-жарып көптің ортасына келді (І. Жансүгіров, Шығ.). ◆ **Буаз болды.** Бот. *Дән шығара бастады, бас алды, буазыды.* Сәмбі талдың шыбығы сыздап бүршікке *буаз болған* кезде, жесір келіншектің жүрегі ел көшкендей жалғызсырайтынын олар білер деймісің (Ш. Мұртазаев, Мылтықсыз.). Сабағы жуандап, жапырағы жалпайғаны — *буаз болғаны* (Ы. Жақаев, Менің бақытым). Көкжиектен көк егін, Көл-дария көп егін *Буаз боптыбас* алып (Ө. Тұрманжанов, Менің кітаб.). **Жел буаз.** *Жылмаң қаққан қу; күпілдек, мақтан сүйгіш (адам).* Су жұғар ма, Сөз ұғар ма, Сыпыра жылмаң *жел буаз?* Айтты — көндім, Алды — бердім, Енді өкіндім, өзіме аз (Абай, Тол. жин.). Табысқа мастанған атаққұмар әгоист пен қосақ арасында күн көріп жүрген *жел буаз* халтурщикті өмірімізге өгей екі тип ретінде автор дұрыс танып таңдалаған («Қаз. әдеб.»). **Жел буаз сөз.** *Көпірме сөз, бос сөз.* Әлгі бір ұлы әміршінің басқан ізін жырға қосып, дастан қылып отыратын ақындардың өлеңдері оған әуелі әншейін *жел буаз сөз* сияқты көрінетін еді, қазір оларға да ынты-шынтымен ұйитын болды (Ә. Кекілбаев, Дала.). Оны айтса, байланыс торабының бастығы «шара қолданамыз» деп, *жел буаз сөзбен* шығарып салған («Лен. жас»). **Қысыр сөзге буаз болды.** *Құрғақ сөзге мәз болды, бос сөзге алданды.* «Қой, *қысыр сөзге буаз болмай*, жұмысымызға тарайық. Ақысына аз алайық, көп алайық, еңбектен тиімдісі жоқ екен!»— деп жан-жаққа тарай бастады (С. Мұқанов, Есею жыл.).

БУАЗДАТ ет. сөйл. *Дәнді суға салып бөрттіру.*

БУАЗДАТУ *Буаздат етістігінің қимыл атауы.*

БУАЗДЫҚ зат. *Буаз малға тән физиологиялық жағдай.* Биелердің *буаздық* мерзімі орта есеппен он бір ай (А. Сыздықов, Жылқы өсіру.). Буаз қойлардың іші есіп, *буаздығы* айқындала бастағаннан-ақ, мүмкіншілігінше күтімге алынып отырылады (Шопан серігі).

БУАЗДЫЛЫҚ зат. сөйл. **Буаздық.** Ал, саулықтар онда алғашқы *буаздылық* шағында болады (М. Әмірғалин, Биязы жүн.). Саулықтың *буаздылығының* екінші кезеңінде оны жақсылап азықтандыру қажет (Шопан серігі).

БУАЗУ *Буазы етістігінің қимыл атауы.*

БУАЗЫ ет. кәсіб. бот. *Пісіп жетілу, бас алу, дән шығара бастау.* Талға шығатын шие, қарақат, итмұрын, қасқыржемі сияқты жемістер *буазы* бастаған (Ғ. Мұстафин, Дауыл.). Орталықта кең алаң. Іші жас орман, бұтақтары *буазып*, хош иісін шашқалы тұр (Ғ. Мұстафин, Миллионер).

БУАЗЫЛЫҚ зат. *Дән ала бастағандық, пісіп жетілгендік.*

БУАҚҰРТ зат. вет. *Малда болатын ауру.*

БУАЛДЫР зат. 1. *Сағым тәрізді алысты көрсетпейтін табиғаттың күңгірт күйі;*

мұнар. Кешке қарай *б у а л д ы р* қоюлана түсіп, аспан боз айран болып кетті (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). Мен дүрбіні сол күйі көзіме апарып едім, тек бір *б у а л д ы р д а н* өзге ешнәрсе көре алмадым (Ә. Сәрсенбаев, Толқында.). Күмбірлеген қоңыр үйдің ішінде мелшиіп-мелшиіп тізіліске қалған көп дудар бөріктер де, қақ ортада шоқиған тұтқын күйші де бір қара мұнар *б у а л д ы р ғ а* айналды (Ә. Кекілбаев, Дала.). 2. С ы н. м. *Бұлдыр, күңгірт, көмескі.* Ауа райы — шаңытқан үскірік, *б у а л д ы р* аспанда сұрлана төнген қалың бұлттан **аздап** қар ұшқындайды (С. Мұқанов, Есею жыл.). Орман ішін *б у а л д ы р* тұман қымтай бастады (А. Лекеров, Қырдағы ән). Алдағы күннің не қуаныш әкелері мәлім емес. *Б у а л д ы р,* тұман, күңгірт... (Н. Ғабдуллин, Қызық дәурен). ◆ **Буалдыр тартты.** *Күңгірттенді, көмескіленді.* Күн еңкейіп, орман баурайы *б у а л д ы р т а р т қ а н* сайын, талған көзін қолымен көлеңкелеп, Нағима ана тесіле қарайды (Ғ. Мүсірепов, Өмір.). Ойы *б у а л д ы р т а р т ы п,* санасы тыныштық бір күйге түсті (Д. Досжанов, Тұлпар.). Күн еңкейіңкіреген **сайын,** маңай *б у а л д ы р т а р т ы п,* жусан мен бетегенің жас исі аңқиды (К. Оразалин, Көктем.).

БУАЛДЫРЛАН е т. *Бұлдырау, күңгірт тарту, көмескілену.* Тәлімнің көз алды *б у а л д ы р л а н ы п,* бірер минут ішінде үйдегі адамдарды бұлдыр көретін күйге түскендей болды (Б. Майлин, Шығ. жин.). Теңірегінің бәрі бұлдырап, *б у а л д ы р л а н ы п* кеткен (Ә. Кекілбаев, Дала.). Бөлме іші сонда да түтіннен *б у а л д ы р л а н а* бастаған (Р. Әутәліпов, Алтын.).

БУАЛДЫРЛАНДЫР *Буалдырлан етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Тал-талдың арасымен тымық түнді *б у а л д ы р л а н д ы р ы п* көтеріліп жатқан ашқылтым түтін келеді мұрынға («Жұлдыз»). Көк бұрыл қабағы, селдір мұрты, ұзынша сақалы бет-аузын *б у а л д ы р л а н д ы р ы п* жіберген («Лен. жас»).

БУАЛДЫРЛАНДЫРУ *Буалдырландыр етістігінің қимыл атауы.*

БУАЛДЫРЛАНУ *Буалдырлан етістігінің қимыл атауы.* Рас, бет ұшы бұрынғыдан да гөрі нарттанып, жасқа буланған қарашықтарында сәл *б у а л д ы р л а н у* бар тәрізді (Ә. Сәрсенбаев, Толқында.). Адам көзінің көмескі тартуы сол қарашықтың бетіндегі қабыршық-хрусталиктің тозып, *б у а л д ы р л а н у ы н а* байланысты (М. Сүндетов, Құмда.).

БУАЛДЫРЛАУ с ы н. *Бұлыңғырлау, күңгірттеу.* Тып-тыныш, қалғып тұрған *б у а л д ы р л а у* күн түскен үйінен ат шалдырып шыққанша бұрқан-тарқан болып жүре берінті (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). Ақ түн нейлон көйлек сыртынан *б у а л д ы р л а у* боп көрінген арудың ақ денесі іспеттенеді (Ә. Нұршайықов, Батыр.).

БУАЛДЫРЛЫ с ы н. *Буалдыр басқан, күңгірт.* Оның кейде жарқ етіп, кейде сөне қалған әлсіз шамы *б у а л д ы р л ы* түн қойнында жылтырап қана көрінеді (Р. Райымқұлов, Бұрылыс.). *Б у а л д ы р л ы* шөккен бу көл бетіне, Ұйытатын сиқырлы келбетіне... Балаң ойды баурап ап, кең беткейде, Жасыл егін толқитын тербетіле (З. Ыбраев, Замана.).

БУАЛДЫРЛЫҚ з а т. *Көмескілік, бұлдырлық, күңгірттік.* Жапондықтарға логикадан гөрі екі ұштылық, *б у а л д ы р л ы қ* көбірек ұнайды («Лен. жас»).

БУАН с ы н. д и а л. Буалдыр. Ай кешкісін *б у а н* болып туды (Диал. сөздік).

БУАТ с ы н. д и а л. Буда. Сосын бізге, басы бармақтай, сабағы таяқтай құмның жуасы кезікті. Екеуіміз екі *б у а т* жуа қазып алдық. Бірақ удай екен (Ө. Қанахин, Жер бас.).

БУАТ-БУАТ с ы н. д и а л. Буда-буда. Шатырдың кірер аузы, екі жақ қабырғасын өзені мен көлінде, сайы мен саласында өсетін гүлдер мен хош иісті шөптен *б у а т-б у а т* бума, арқан ескендей етіп, әсем өрмелер жасап іліп, безендіріп тастаған (Ө. Қанахин, Жас дәурен). Отауға балап оңаша тіктірген кенере-көмкермесін *б у а т-б у а т* гүлге, хош иісті әсем балауса өрмеге толтырып, безендіріп тастаған ақ шатырда екеуден-екеу қалды (Бұл да).

БУАТТА е т. д и а л. Будала. Зәру иығына түсе төгілген шашын екі *б у а т т а п,* алдына түсіріп қойған (Ө. Қанахин, Жүрек.).

БУАТТАУ *Буатта етістігінің қимыл атауы.*

БУБЕН з а т. м у з. *Сылдырмақты, ұрып ойнайтын музыкалық аспап. Б у б е н* — кіші барабанға ұқсас, теңірегіне сылдырмақ орналастырылған, ұрып ойнай-

тын аспап (К. Қуатбаев, Қысқаша муз. сөздік).

БУҒЫЗ *Бу етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Октябрьді туғызған Ата-бабаң қан кешіп. Октябрь бел *бұғызған*, Талынған жасқа таңда өсіп (Т. Жароков, Шығ. жин.). Шынықтырып шындыққа, Құрышпен белін *бұғыздың*. Барса жауға қайтпайтын, Батыр етіп туғыздың (Ү. Кәрібаев, Таңд. шығ.).

БУҒЫЗДЫР *Буғыз етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БУҒЫЗДЫРУ *Буғыздыр етістігінің қимыл атауы.*

БУҒЫЗУ *Буғыз етістігінің қимыл атауы.*

БУҒЫШ з а т. *Бір нәрсені буатын жіп (қайыс).* Енді осы қайыс және өрім бұйымдарының бірқатарын атап-атап өтейік. Олар: албау, айыл, белдік, *бұғыш*, қарғы т. б. (С. Қасиманов, Қаз. қолөнері).

БУДА з а т. *Жиналған, шоғырланған бір топ, зат; бума.* Үй ішінде көз тоқтатар текшелеген кітаптар мен іргеге жағалай жинастырған газет, журналдар *будасы* да мол-ды (Х. Есенжанов, Тар кезең). «Тай» деген сөздің жылқы баласы деген мағынасынан өзгеше бума, байлам, *буда*, тең деген мағынасы бары белгілі (М. Әлімбаев, Өрнекті сөз.). ◆ **Бір буда.** *Бір топ зат, бір бума.* Үй ішіндегілер түгел ұйықтады-ау дегенде Гүлжан өзінің кішкентай қара чемоданын ашып, ішінен *бір буда* қағазды алды да, терезе алдындағы жазу столына келіп отырды (М. Дүйсенов, Гүлжан.). Әне жерге де, мына жерге де *бір буда* шеп байлап қойған (Б. Қыдырбекұлы, Шойынқұлақ).— Мынаны шешеме жіберейін,— деп *бір буда* ақшаны қалтасына салды (А. Жақсыбаев, Менің дос.).

БУДА-БУДА с ы н. *Бірнеше буда; бума-бума.* Ортадағы бір машинадан екі жігіт түсе қалды. Құшақтарында *буда-буда* гүл шоқтары бар (С. Мәуленов, Жер нәрі). Тоқылып келген *буда-буда* маталар стол үстіне түсті де, қайшымен қиыла бастады (К. Смаилов, Мамандық). Байланыс бөлімшесіне қапшық-қапшық хаттар, *буда-буда* газет-журналдар келеді («Лен. жас»).

БУДАҚ с ы н. *Шумақ, бір топ.* Көз ұшында көк жиегін қаптаған сағым, әлдеқайда бұлт боп ұшқан *будақ* шаң, анда-санда бір кездесетін құдық (М. Қаратаев, Далада.). *Будақ* түтін көкке өрлеп, Жалын шашты лапылдап. Тырна тұрба қолын сермеп, Тартты кейін жұтып ап (Б. Майлин, Шығ. жин.). ◆ **Будақ қақты.** *Будақтады.* Орманда, көлде құстар сайрап жатқан, Заводтан түтін шықты *будақ қаққан*, Еңбек етер адамзат бәрі оянды, Қан сорғыш байдан басқа ұйқы баққан (С. Мұқанов, Шыңнан шыңға). Жүк тасыған машиналар зулады, Танауынан *будақ қағып* булары, Шоферлар да секілді бір ат сайыс, Жабулайды қатпасын деп сулары (А. Хангелдин, Қыз жүрегі). **Бір будақ.** *Бір топ, бір шумақ.* Бәшейдің ұзын қара шитісі күрс етіп, қос ішіне *бір будақ* көк түтін тарапты (М. Әуезов, Абай).

БУДАҚ-БУДАҚ с ы н. 1. *Шумақ-шумақ, лек-лек.* Соғыс ойраны сағат сайын өршіп, дабыл үстіне дабыл қаққандай күңіреніп, орман үстінен *будақ-будақ* қара түтін көрінеді (Б. Момышұлы, Москва.). Үйлердің сойдиған мұржаларынан *будақ-будақ* көк түтін жарыса көкке көтеріліп жатқаны оны қызықтырды (С. Алдабергенов, Өмір.). Ұзамай-ақ соңынан *будақ-будақ* шаң қалдырған арба қалың дүрмектің ортасына кеп тоқтай қалды (З. Асабаев, Ар соты). 2. С ө й л. *Буда-буда, бума-бума. Будақ-будақ* ақша үйде отырған Асқардың қойны-қонышына тығылып жатыр (М. Әуезов, Таңд. шығ.). Томпақ өзі киген кең шалбардың ішінен *будақ-будақ* ақша шығарып, камзолының ішкі қалтасына тыққыштай бастады (Ө. Қанахин, Дәмелі). Таң ата Ордаға жау келді аңқып, Қамап тез казарманы алды тартып. Банк пен телеграф үйін шауып, Ақшаны *будақ-будақ* қалды қамтып (Т. Жароков, Құмда.).

БУДАҚТА е т. *Будақ-будақ ету, шумақтау (түтіннің не шаңның лек-легімен аспанға көтерілуі).* Әрбір үйдің жерошағынан *будақтай*, бықсып шығып жатқан түтіндері кейде аспанға шығып, кейде өлкеге жайылып тарайды (М. Әуезов, Қараш.). Бай ауылдың үлкен ақ үйінің алдында үлкен ақ самауырдан түтін *будақтап* тұр (Ғ. Мұстафин, Дауыл.). Бір мезетте алыстан *будақтаған* түтін көрінді (С. Омаров, Әңгім.).

БУДАҚТАЛ *Будақта етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Ыбырайымның мылтығынан гүрс ете түскен дауыс естілгенде,

«жолбарыстың» арт жағынан жалын аралас қарақошқыл түтін *будақтала* бұрқ ете қалды (С. Мұқанов, Аспаз). Тұман жаңа жанған оттың түтініндей *будақталып* келеді (Қ. Әбдіқадыров, Мақташы.).

БУДАҚТАЛУ *Будақтал етістігінің қимыл атауы.*

БУДАҚТАН *Будақта етістігінен жасалған өздік етіс.*

БУДАҚТАНУ *Будақтан етістігінің қимыл атауы.*

БУДАҚТАТ *Будақта етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Тұс-тұстан темекілерін *будақтатып,* көк түтін астында жиналыс өткізіп жатыр екен (Ә. Нұрпейісов, Сергелдең). Осы мезетте көк түтінді қалқалап, бу *будақтатып* бронепоезд келіп шықты (С. Мәуленов, Жер нәрі).

БУДАҚТАТҚЫЗ *Будақтат етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БУДАҚТАТҚЫЗУ *Будақтатқыз етістігінің қимыл атауы.*

БУДАҚТАТУ *Будақтат етістігінің қимыл атауы.*

БУДАҚТАУ *Будақта етістігінің қимыл атауы.*

БУДАЛА е т. *Бөлек-бөлек етіп жинау, топ-топ етіп шоғырлау.* Қотан ағаш шарбақтан немесе *будалаған* қамыстан жасалып, сырты пішеннің, сабанның қалдықтарымен жабылған не балшықпен сыланған дөңгелек ашық қора (А. Елеманов, Қой шаруаш.). *Будалап* ақшаны енді былай қойып, Адам сап ақша орнына ұтылғаны. Бірінен бірі озуға өңмеңдесіп, Қызына одан бетер құтырды әрі (Т. Жароков, Шығ. жин.).

БУДАЛАН *Будала етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Бәйбіше сандық ашып, *будаланған* қағаз ақшаны былғары сумкаға салып жатыр (Б. Майлин, Шығ.). Алдымызда *будаланған* қағаз жатыр. Мұның ішінде не жоқ дейсіз, бәрі бар (А. Тоқмағамбетов, Фельет.).

БУДАЛАНУ *Будалан етістігінің қимыл атауы.*

БУДАЛАТ *Будала етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БУДАЛАТУ *Будалат етістігінің қимыл атауы.*

БУДАЛАУ *Будала етістігінің қимыл атауы.*

БУДАМ с ы н. с ө й л. Буда. Бір *будам* жіп, бір *будам* ішек (С. Қасиманов, Қаз. қолөнері).

БУДАН з а т. *Әр түрлі тұқымды біріне бірін телуден шыққан жаңа тұқым (тұр не сорт); дұбара.* Әлгі ангор мен еліктен туған *будан* лағыңызды көрдім,— деді Сұлтан (Т. Ахтанов, Қызыл жалау). Қазақы сиырлар мен швицтің арасынан шыққан азғана *будан,* 1921 жылы Алматы облысында ұйымдасқан «Дегерес» совхозына ауысады (Ә. Бірмағамбетов,.. Қазақст. геогр.). Екі тұқымды малды бірбірімен шағылыстыратын болсақ, оны будандастыру деп, ал одан алынатын төлді — *будан* деп атаймыз (Тарту).

БУДАНДА е т. 1. *Әр түрлі мал тұқымын бір-бірімен будандастыру арқылы жаңа тұқым шығару.* Арқар мен меринос Екеуінен *будандап,* Ерекше қой шығарған, Атағы елді шарлаған (О. Шипин, Өмір өрнегі). 2. *Әр сортты немесе әр түрлі өсімдіктерді қолдан тозаңдандыру, ұластыру арқылы жаңа сорт немесе жаңа тұр шығару.* Бір бірінен алшақ жатқан екі түрлі гүлді *будандап,* жаңа тұр туғызу оған оңайға түскен жоқ («Лен. жас»).

БУДАНДАС е т. *Теліну, қосылу, бірігу.* Сүргіннен кешеулегендері жаулаған елдермен араласып, Орал тауындағы көне рулардай *будандасқан* болу керек (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз). Мутациялық өзгерісі бар жеке тектер, ондай өзгерісі жоқ немесе басқа өзгерісі бар тектермен *будандасады* (Жалпы биология).

БУДАНДАСТЫР *Будандас етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Қазақ ешкілерін асыл тұқымды ангор ешкімен *будандастырмақ* едік (С. Бегалин, Төлбасы.). Алтайда 1929 жылдан бастап якті Сібірдің симментал сиырымен *будандастырып,* онан якті қаны аралас гибриді алынды (Ә. Есенжолов, Қазақст. қойы). Оқушылар мұнда мичуриндік генетиканы оқиды, күрделі тәжірибелер жасайды, өсімдіктерді біріне-бірін егеді — *будандастырады* (З. Ақышев, Біздің шамшырақ.).

БУДАНДАСТЫРУ *Будандастыр етістігінің қимыл атауы.* Қазақ ССР Ғылым академиясы Эксперименталдық биология

институтының бір топ ғылыми қызметкерлері арқарды меринос қойымен *будандастыру* арқылы қойдың жаңа асыл тұқымы — арқар-меринос өсіріліп шығарылды (Х. Қыдырбаев, Дала көркі). Өсімдіктердің әр түрлі сорттарын қолдан осылай тозаңдандыру — *будандастыру* деп аталады (Ботаника).

БУДАНДАСТЫРЫЛ *Будандастыр етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Жергілікті қылшық жүнді қой таза қаракүл, биязы жүнді кавказ қойының қошқарларымен *будандастырылып* отыр (Қ. Иманғалиев, Шопан.). Қазақстанның батыс облыстарындағы түйелердің ірі болу себебі: олар жақсы азықтандырылады және қалмақ түйелерімен *будандастырылған* (И. Жұмағұлов, Түйе өсіру).

БУДАНДАСТЫРЫЛУ *Будандастырыл етістігінің қимыл атауы.*

БУДАНДАСУ *Будандас етістігінің қимыл атауы.* Собық талшықтарына екінші бір сорт өсімдігінің тозаңы түскенде, яғни *будандасу* нәтижесінде гибрид тұқым пайда болады (М. Ерлепесов.., Тұқым өсіру.). **Әдетте** түр ішінде ғана *будандасу* **болады. Кейде** бір туысқа жататын өсімдіктердің әр түрлерінен, тіпті әр туысқа жататын түрлерден де гибридтер алуға болады екен (Жалпы биология).

БУДАНДАСУШЫЛЫҚ з а т. *Будандасқандық, будандасу әрекетіне түсушілік.*

БУДАНДАУ[1] *Буданда етістігінің қимыл атауы.* Бұл түрге *будандау* жолымен қол жетіп отыр (Ауызекі тіл).

БУДАНДАУ[2] с ы н. *Негізіне аздап басқа тұқым араласқан; тұқымы таза емес.* Ат — арғымақ та, қарабайыр да емес, *будандау*; денесі шағын ғана... (С. Мұқанов, Шығ. жин.).

БУДАНДЫ с ы н. *Будандастыру жолымен алынған (сорт, тұқым).* Қазақстанның жүгері егетін колхоздарының бәріне осындай *будандыы* сортты тұқым жіберіліп жатыр (С. Бақбергенов, Алтынемел.).

БУДАНДЫҚ с ы н. *Буданға тән, буданда болатын.* Егер бірінші ұрпақтың будандары өзара қайытылса, олардан кішкене, денесі нәзік, тіршілік қабілеті төмен будандар туады. Нардың *будандық* қасиеттері жойылып кетеді (И. Жұмағұлов, Түйе өсіру).

БУДДА з а т. д і н и. *Ертеде солтүстік Индияда пайда болып, дүние жүзіне ең көп тараған дін; бұт.* Қазіргі діндер — яруди, *будда*, христиан, ислам діндері ертедегі діни көзқарастар негізінде таптық қоғам тұсында ғана қалыптасты (З. Ақназаров, Ғылми атеизм). Дүниедегі ең көп тараған дін — *будда* діні. Ол біздің жыл санауымыздан бұрынғы VI ғасырда Үндістанда шыққан (М. Тоқжігітов, Құран тур.).

БУДДИЗМ з а т. д і н и. *Будда дінінің көзқарасын білдіретін ағым. ...Буддизм* дінін жасаушы — Шақия Муни (М. Әуезов, Абай жолы). *Буддизмнің* түрлі ағымдарының жолын ұстаушылар негізінен Индияда, Бирмада, Тайландта, Цейлон аралында, Монголияда, Жапонияда, Қытайда бар (Саяси сөздік).

БУДДИСТ з а т. д і н и. *Будда дінін мойындаушы, жақтаушы адам.*

БУДЕННОВКА з а т. *Пионерлердің пилотка тәрізді бас киімі; шлем.* Қызыл жұлдызды *буденновка* шлемін киген пионерлер қонақтарға ал қызыл қалампыр тапсырды («Соц. Қаз.»). Ер балалар мен қыздар қызыл *буденновка* киген («Қазақст. мұғ.»).

БУДЕННЫЙ: **Буденный жылқысы.** *Салт мінуге қолайлы, ұзақ жүріске төзімді, шоқтығы биік, қаз мойын жылқы тұқымы.* Жақсы азық беріп, жаттықтыру, **ұқыпты таңдау,** іріктеу жұмыстарын жүргізудің нәтижесінде жүрдек, бұлшық еттері жетілген, сүйегі берік *Буденный жылқысы* өсірілді (ҚСЭ).

БУДИЛЬНИК з а т. *Белгіленген уақытта қоңырау соғатын сағат.* Тек стол үстіндегі *будильниктің* бір қалыпты «тик-тагі» ғана естіледі (С. Еркебаев, Алғашқы.). *Будильникке* тағы да **бір қарады, Уақыт** түнгі үштен асып барады. Жапты-дағы кітап бетін алдағы, Телефонның тегершігін бұрады (Ә. Ахметов, Өшп. жалын). *Будильник* шырылдап қоя берді («Лен. жас»). ⊙ Елең-алаң... Оянбаған қораз да.— Қарт *будильник,* Талай жарған түнді үні (Ә. Ахметов, Өшп. жалын).

БУДКА з а т. *Күзетші немесе қарауыл үшін арнайы салынған кішкене бас қалқа.* Сәми ептеп жылжып, үлкен екі қабат тас үйдің күзетші отыратын *будкасына* жақындады (Х. Есенжанов, Ақ

Жайық). Көпір аузындағы *б у д к а* алдында әскери киінген күзетші тастан құйған тұлғадай тым-тырыс тұр (Ж. Жұмақанов, Қаракөз.). Қарсы алдындағы үй магазин болу керек, жанында мыжырайған қарауыл *б у д к а с ы* бар (К. Тоқаев, Тасқын).

БУДЫР *Бу етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Ақыры, жау әскерлері Москва түбіне тақаған кезде оны [Медетбекті] көптен қобалжытқан ой үстемдік алып, белін бекем *б у д ы р д ы* (Ә. Сатыбалдиев, Ақмарал). Бадана көзді кіреуке, Шар айнасы бес қабат, Тоғыз қабат көк сауыт Саған арнап соқтырдым, *Б у д ы р ы п* кеттім кілемге, Оны үстіңе кигейсің (Қыз Жібек).

БУДЫРА е т. *Қобырау, дудырау, бобырау.* Тым өсіріп жібергендіктен шашы *б у д ы р а п,* басты шамадан тыс үлкен көрсетеді (М. Иманжанов, Көк белес). Ол бір кезде *б у д ы р а ғ а н* басын көтеріп, ойлы көзімен бізге қарады (А. Лекеров, Қырдағы ән). *Б у д ы р а п,* тарқатылып кеткен шашы, Көл болған көзден аққан қанды жасы. Қабағы қан жауғандай, қатуланған, Көңліне кек толғандай көз қарасы (Қ. Аманжолов, Шығ. жин.).

БУДЫРАТ *Будыра етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Сәлім шашын *б у д ы р а т а* сілкіп тастап... көңілді пішінмен істерін істейді (М. Әуезов, Таңд. шығ.). Құлақшынын қисайта киіп, самайынан бір уыс шашын *б у д ы р а т ы п* қойғалы қашан (Ж. Молдағалиев, Сарарқа.).

БУДЫРАТУ *Будырат етістігінің қимыл атауы.*

БУДЫРАУ *Будыра етістігінің қимыл атауы.*

БУДЫРТ *Будыр етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БУДЫРТУ *Будырт етістігінің қимыл атауы.*

БУДЫРУ *Будыр етістігінің қимыл атауы.*

БУЕР з а т. *Мұз үстінде сырғанау үшін, корпусының астына үш коньки орнатылған желкенді қайық. Б у е р* ертеде қыс кезінде аң, балық аулайтын кәсіпшілерде пайда болған (ҚСЭ).

БУЗИНА з а т. б о т. *Қара не қызыл жемісі бар, хош иісті, ақ гүлді, ірі бұта. Б у з и н а* — еліміздің оңтүстік-батыс, оңтүстік аудандарында, Кавказ бен Қырымда өсетін хош иісті, ақ гүлді, ірі бұта (С. Сұбханбердин, Дәрі — дауа.).

БУЙВОЛ з а т. з о о л. *Жұп тұяқты, мүйізді, жүндес үй жануары.* Сондай-ақ ешкінің, қойдың, түйенің, биенің, *б у й в о л д ы ң* және басқа да малдардың сүтін де тамаққа пайдаланады (Н. Әжіғалиев, Мал. ауру.). Аусылмен көбінесе ірі қара мал, шошқа, қой, ешкі, *б у й в о л,* бұғы, марал және түйе ауырады (Ә. Әбішев, Мал санитары.). Үй айналасында жақпар тастардан қора соғылған. Онан беріректе оқшаулау — *б у й в о л д а р ғ а* арналған албар («Лен. жас»).

БУК з а т. б о т. *Сүрегі қатты ірі ағаш; шамшат.* Ал бұнда кептірілгеніне небәрі 1—2 жыл болған *б у к* ағаштары пайдаланылып жүр («Лен. жас»).

БУКЕТ з а т. *Түрлі түсті гүлдерден сәнді етіп құрастырылған гүл шоғы.* Жолай көкбазарға соғып, бір *б у к е т* қызыл райхан гүл алдық (Б. Аманшин, Жар мұңы). Сахнаға қолында бір *б у к е т* гүлі бар, әсемдене киінген Әбілбек кеп кірді (Ә. Тәжібаев, Гүлден.). Стол үстінде ромашка, медуница, жабайы рябинка сияқты дала гүлінің *б у к е т і* тұр («Лен. жас»).

БУКИНИСТ з а т. *Ұсталған я ескі кітап дүкенінің сатушысы.* Товар *б у к и н и с т е р д е н* қап-қабымен сатып алынды. Әдемі мұқабалы кез келген шығарма іске жаратылды («Қазақст. мұғ.»).

БУКСИР з а т. *Өзі жүре алмайтын нәрселерді (кеме, машина, паром т. б.) тіркеп сүйреу әрекеті.* Түтінін будақтатып *б у к с и р* «Находка» айқайлап өтті (Ш. Мұртазаев, Интернат.). ◆ **Буксирге алды.** *Бір нәрсені трактор не машинаның артына тіркеп сүйреді.* Бірнеше минуттан кейін Николай мінген машина *б у к с и р г е а л ы н ы п* оп-оңай-ақ саздан шығарылды (Дала қыран.).

БУКСИРЛЕ е т. *Буксирге алу, буксирлеу.*

БУКСИРЛЕТ *Буксирле етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БУКСИРЛЕТУ *Буксирлет етістігінің қимыл атауы.*

БУКСИРЛЕУ *Буксирле етістігінің қимыл атауы.* Ол үшін кемені *б у к с и р л е у* керек (ҚСЭ).

БУЛА[1]е т. 1. *Бір нәрсені буға ұстау.* Кешкі тамақ — жармадан *б у л а п* пісірілген пудинг немесе суға пісірілген вермишель және ірімшік (М. Қайрақбаев, Ескерм. ауру.). Сабанды, қатты пішенді малға *б у л а п,* жұмсартып беру керек (Ш. Қалықов, Қой. ауру. сақтау.). Мұндай жағдайда ішінде бадам гүлдері бар дорбаны ыстық суға малшылап, денені *б у л а й д ы* (С. Сұбханбердин, Өсімдік — дәрі.). 2. А у ы с. *Балқыту, шалқыту.* Көптен таныстай осы бір ыстық леп *б у л а п* өзіне тартады (К. Тоқаев, Тасқын). Жасарып жайнап тұрмын ширап-қунап, Жанымды қуаныштың лебі *б у л а п.* Құшақтап мауқымды бір басайыншы, Жүрегім шыдамай тұр оттай тулап (Қ. Айнабекұлы, Өленд.).

БУЛА[2]е т. к ө н е. Бұла (3). Атамыздың кегі үшін, Шыбын жанды *б у л а й ы қ.* Қалмақтың бұзып қаласын, Сұлу қызын алайық (Батырлар жыры).

БУЛАҒЫШ з а т. т е х н. *Белгілі бір нәрсені булау үшін арнайы жасалған аппарат.* Сабанды арнаулы азық *б у л а ғ ы ш т а р м е н* де, ол жоқ болса қолдан жасалған жәшік астауға салып булауға болады (Қ. Құсайынов, Сабан.). Бұл үшін сыйымдылығы 0,5 текше метр ЗКП-10 маркалы екі қазанды азық *б у л а ғ ы ш* пайдаланылады (Құс өсіруші.).

БУЛАН *Була етістігінен жасалған өздік етіс.* Мандайы тершіп, көзілдірігі *б у л а н ы п,* бет алды бұлдырай береді (М. Хасенов, Алғашқы ән). Жауын-шашын аз болатындығына қарамай су нашар *б у л а н а д ы,* сондықтан батпақтар пайда болады (Жалпы биология).

БУЛАНҒЫШ с ы н. *Булануға бейім, жақсы буланатын.* Қарағай тез *б у л а н ғ ы ш* ерекше зат шығарады, олар ауаға таралып, зиянды бактерияларды әлсіретіп, қырып жібереді (Б. Муханов.., Қазақст. өсімдік.). Эфир майының кәдімгі өсімдік майынан айырмасы — өте тез *б у л а н ғ ы ш,* спирттің және сірке қышқылының ішінде тез ерігіш, хош иісті келеді (Т. Мұсақұлов, Ботаника).

БУЛАНҒЫШТЫҚ з а т. *Булану қасиетінің молдығы, буланууға икемділік.*

БУЛАНДЫР *Булан етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Тыныстық саңылаулар арқылы жапырақ дем алады, суды *б у л а н д ы р а д ы* және ауаға оттегін бөліп шығарады (А. Ажкеев, Қант қызылшасы). Өйткені клетқалардың сыртқы қабаты өзіндегі судың біразын *б у л а н д ы р ы п,* айналадағы атмосфераға шығарып тұрады (Т. Мұсақұлов, Ботаника).

БУЛАНДЫРҒЫШ з а т. 1. *Сұйықты буландыратын, буланууға әсер ететін нәрсе.* 2. *Сұйықты буландыру үшін арнайы жасалған аппарат; булағыш.*

БУЛАНДЫРТ *Буландыр етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БУЛАНДЫРТҚЫЗ *Буландырт етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БУЛАНДЫРТҚЫЗУ *Буландыртқыз етістігінің қимыл атауы.*

БУЛАНДЫРТУ *Буландырт етістігінің қимыл атауы.*

БУЛАНДЫРУ *Буландыр етістігінің қимыл атауы.* Үйде өсірілетін өсімдіктер топырақтағы суды *б у л а н д ы р у* арқылы ауаның ылғалдығын әрдайым арттырып отырады (С. Тұрдиев, Үй өсімдік.). Мысалы, өсімдіктер өте қызып кеткенде жапырақ саңлауларынан суды *б у л а н д ы р у* арқылы температураны төмендетеді (Жалпы биология).

БУЛАНУ 1. Булан етістігінің қимыл *атауы.* Азоттың *б у л а н у* температурасы оттегімен салыстырғанда төменірек, сондықтан сұйық ауаны буландырсақ алдымен тек азот қана буланып ұшады (Н. Нұрахметов, Дархан хим.). Су өсімдікке топырақтан минералды тұздардың ертінділерін сорған кезде, органикалық заттар түзгенде, *б у л а н у* кезінде қажет (Ботаника). 2. З а т. м. *Заттың сұйық күйден газ тәрізді күйге айналу процесі.* Сұйықтан ұшып шыққан молекулалардың жиыны осы сұйықтық буы деп аталады, ал заттың сұйық күйден газ тәрізді күйге айналу процесінің өзі *б у л а н у* деп аталады (Физика курсы).

БУЛАС *Була етістігінен жасалған ортақ етіс.*

БУЛАСУ *Булас етістігінің қимыл атауы.*

БУЛАТ *Була етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Айбалтасын алтынмен *б у л а т қ а н,* Алафасын арттырып, Арпалап атты қунатқан (Алдаспан).

БУЛАТҚЫЗ *Булат етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БУЛАТҚЫЗУ *Булатқыз етістігінің қимыл атауы.*

БУЛАТҚЫЗУШЫ з а т. *Булатқызу ісін істетуші адам.*

БУЛАТТЫР *Булат етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БУЛАТТЫРУ *Булаттыр етістігінің қимыл атауы.*

БУЛАТУ *Булат етістігінің қимыл атауы.*

БУЛАТУШЫ з а т. *Булату ісін істетуші.*

БУЛАУ *Була етістігінің қимыл атауы.* Сабан *б у л а у* Қазақстанның көптеген шаруашылықтарында қолданылады (Қ. Құсайынов, Сабан.). Ірі азықтарды алдын ала әзірлеудің толып жатқан тәсілдері бар: оларды *б у л а у*, өздігінен қыздыру, аммиак суымен өңдеу т. б. (Мал бордақылау.).

БУЛАУШЫ з а т. *Булау ісімен шұғылданушы, булау әрекетін жасаушы.*

БУЛАУЫШ з а т. с ө й л. Булағыш. Азыққа толтырылған кеспектің қақпағы жақсылап жабылады да, сосын азық *б у л а у ы ш т а н* немесе басқа бір орынан 0,2—0,5 *кг/см*^{3} қысымда бу жіберіледі (Мал азығын. өңдеу.).

БУЛЫ с ы н. *Буы бар, буы көп.* Тамақтануға отырғанда Саша қоржыннан түйіншекті алып асты. *Б у л ы* тапқа пісірген жас тауықтың тұтас еті екен (С. Бақбергенов, Қарға там.). Әрбір жеті сайын жаттығудан соң *б у л ы* моншаға түсіп отыруы керек («Спорт»).

БУЛЫҒУ *Булық етістігінің қимыл атауы.* «Мейлі, сондай бір қыз табылар» ...дейді селсоқ. Алайда бұл *б у л ы ғ у* ұзаққа бармады (М. Хасенов, Алғашқы ән). *Б у л ы ғ у д а* бұрқанып, Афганстан, Индия. Күнді бүркеп, бұлт жауып, Салып жатыр түн ұя (С. Мәуленов, Магниттау.).

БУЛЫҒЫҢҚЫРА е т. *Аздап қана, сәл булығу.*— Олай болса, сізбен директордың алдында сейлесейік,— деді ол, үні *б у л ы ғ ы ң қ ы р а п* шығып (М. Иманжанов, Менің махабб.). Ол сәл *б у л ы ғ ы ң қ ы р а п* жөтеліп алды да, орындыққа барып отырды (Ө. Қанахин, Дәмелі). Тар жерде даусы *б у л ы ғ ы ң қ ы р а п* шыққан әйел әлдекім буындырып, өлім алдында көмек күткендей сезіледі (А. Лекеров, Қырдағы ән).

БУЛЫҒЫҢҚЫРАУ *Булығыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

БУЛЫҚ[1] е т. 1. *Ұйықтап жатқан адамның тынысы тарылып, жанының қиналуы,* — Тұр, Әлібек, таң саз беріп келеді. *Б у л ы ғ ы п* жатырсың ғой өзің. Тұр, балыққа барамыз,— деді Әділбек ағасын жұлқылай оятып (Х. Есенжанов, Көп жыл.). Қатты *б у л ы ғ ы п* оянып кеттім. Жан терім шығып езіліп қалыппын (Н. Серәлиев, Ақ қайың). Еңсесі салыңқы үйде шаршап ұйықтағаннан ба, *б у л ы ғ ы п*, денесі дел-сал болып шығып еді (А. Нұрманов, Аққу.). 2. *Бір нәрсенің (жөтелдің, күлкінің) әсерінен тығылу, тұтығу, тұншығу; сөйлей алмай қалу.* Әуелі тық-тық жөтеліп, аздан соң жөтелі жиілеп, *б у л ы ғ ы п* қалды (Д. Әбілев, Арман). Ол дүкен бұрышын айнала беріп, *б у л ы ғ а* жөтелді (Қ. Жармағанбетов, Әнші.). Күлкі қысып, *б у л ы ғ ы п* тұрған Раушан әрі шыдай алмады білем, сылқылдай күліп жіберді (З. Шашкин, Сенім). // *Ашуыза буып, жарыла жаздау; қатты ашулану.* Оның тым құрыса тілдеп сөккісі кеп еді. Аузына сөз түспей, қыпқызыл боп *б у л ы ғ ы п*, ызалы жас көзіне кеп қалды (Ә. Нұрпейісов, Сергелдең). Алуа *б у л ы ғ ы п*, ашу-ыза қысып, жылап жіберді (С. Бақбергенов, Өз. жігіт.). Қасболат кейде мәжілістен *б у л ы ғ ы п*, жарыла жаздап келгенде, Сәбираның үндемейтініне тіпті ыза болатын (Т. Ахтанов, Боран).— Неменеге мәлиесің?! Мен не, өлді деп пе ең?! Әкел шайыңды! Бол! — деді ол *б у л ы ғ а* (М. Сүндетов, Ескексіз.). 3. *Маса, қара шыбын, бүгелек сияқтылар буып, жан таптырмау.* Торы ат бүгелектен *б у л ы ғ ы п*, жанына барған сыпайы киімді Құрымбайға басын үйкеп еді, Қайролда безілдеп қоя берді (Б. Майлин, Шығ.). 4. *Бір нәрсенің іштен сыртқа шыға алмай тұнып қалуы; тұйыққа тірелу, қамалу.* Қазанаспадан шыққан қою бу бөлме ішінде *б у л ы ғ ы п*, тұнып тұр (С. Жүнісов, Жапанда.). Есігі шалқасынан ашық жатса да іштегі түтін *б у л ы ғ ы п*, сыртқа тарап кете алмаған (Ғ. Сыланов, Асау арна). Егер ертерек ашып тастасаң жүзім түбірлерінің үсіп кетуі әбден ықтимал, ал тіпті кеш ашсаң топырақ астында *б у л ы ғ ы п* жатып, бүршіктері шіріп кетеді (Б. Сланов, Жүзім.). 5. А у ы с. *Жарық дүниеге, кеңістікке*

шыға алмау, қапаста болу, еркіндік ала алмау. Б у л ы қ қ а н, тұншыққан ел, мінe, кеңге шықты — қапастан жарық дүниеге шықты (Х. Есенжанов, Тар кезең). Сан замана көп кеудеде *б у л ы ғ ы п* келген намыс нажағайы күркірей шатырлап, керемет бір қызыл жалын бұрқ етті (Д. Әбілев, Арман.). Жастардың бойында тылсым *б у л ы ғ ы п* жатқан өнер дарыны да жоқ емес (Б. Байтанаев, Жаңғыр.). ◆ **Ашуға [ашудан] булықты.** *Қатты ашуланды, тығылды. А ш у ғ а б у л ы ғ ы п,* көзі қып-қызыл болып кетіпті (А. Хангелдин, Алғыс).— Ысқақ айтқандай, өзің барынша қорқақ екенсің ғой,— деді Күлсия *а ш у ғ а б у л ы ғ ы п* (С. Баязитов, Күтп. кездесу).— Асықпаңдар, әлі! — деді ол *а ш у д а н б у л ы ғ а,* — сазайларыңды тартқызармын! (І. Есенберлин, Қатерлі.). *А ш у д а н б у л ы қ қ а н* Сұлтанның аузына сөз түспей, алқымына тығылған ыза әбден буындырып, тынысын да тарылтып жіберді (К. Оразалин, Ақ жазық). **Жасқа [көз жасына] булықты.** *Көзіне жас келді, қатты тығылды.*— Алақаныма салып аялағаннан басқа...— деп Әлиза *ж а с қ а б у л ы ғ ы п* тоқтап қалды (Ә. Нұрпейісов, Сергелдең). Ол соңғы сөздерін ернін тістелеп тұрып, *ж а с қ а б у л ы ғ ы п* азар айтты (Е. Домбаев, Ол. адам). Жамал *к ө з ж а с ы н а б у л ы ғ ы п,* көлігінің соңынан ерді (Б. Майлин, Шығ.). Үй іші тым-тырыс. Ғани ернін тістеді, Күлбаршын *к ө з ж а с ы н а б у л ы қ т ы* (Ж. Арыстанов, Таң жұлдызы). **Ызаға булықты.** *Ызадан жарылып кете жаздады. Ы з а ғ а б у л ы қ қ а н* Шолпан көшенің арғы бетіне келіп тоқтаған тролейбусқа қарай жүгіре жөнелді (Б. Соқпақбаев, Жекпе-жек). Мирас өзін қоярға жер таппаған. Кешке дейін *ы з а ғ а б у л ы ғ ы п* жүрді (Ә. Тарази, Үлкен ауыл). Кеудем қысып кетті. Қолдарымда әл жоқ. *Ы з а ғ а б у л ы ғ ы п* жылап жіберіппін (З. Иманбаев, Солма. гүл).

БУЛЫҚ[2] з а т. 1. *Самаурынның, шәугімнің, шәйнектің бу шығатын тесігі (кейде оның қақпағы болады).* Шай әзірлеген әйелінің дастарқанын жайысқан болды, самаурынның *б у л ы ғ ы н* ашып қойды, шыны аяқтарды поднос үстіне жая бастады (Х. Есенжанов, Тар кезең). Айдар бұрқ-бұрқ етіп тасыған ақ самаурынның *б у л ы ғ ы н* ашты (С. Алдабергенов, Әңгім.). 2. *Ауа тазарып тұруы үшін, үй, қора төбесінен әдейі қалдырылған ашық жер, тесік; бу тартқыш.* Жабық қорада, малдың қиы кезінде тазартылып отырылмаса, сондай-ақ, *б у л ы қ т а р* нашар болса, малдың қиынан, демінен шығатын әртүрлі газдар ауадағыдан анағұрлым көп болады да, ауа бұзылады (С. Омаров, Қой. бағу.).

БУЛЫҚПА с ы н. *Булыққан.* Көп ұзамай *б у л ы қ п а* дыбыс естілді (Ауызекі тіл).

БУЛЫҚТЫ с ы н. *Булыққан, булықпа.*— Кет ары! Аймаш бүйтіп ауыртып ойнамайтын,— деген *б у л ы қ т ы* сөзден кейін шорт үзілді (О. Бөкеев, Үркер).

БУЛЫҚТЫР *Булық етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Өкініш аралас ыза **Нұрланды** *б у л ы қ т ы р ы п,* денесін қалшқалш еткізді (З. Шашкин, Сенім). Алтынсары жылқысын жинап Ақшоқы тауына беттеткен кезде, «бұлттан жауған» сары маса атын да, өзін де *б у л ы қ т ы р ы п* жүргізбеді (С. Мұқанов, Аспаз).

БУЛЫҚТЫРУ *Булықтыр етістігінің қимыл атауы.*

БУЛЬБА з а т. б о т. *Түйнектері дәмді, ерте пісетін картоп сорты. Б у л ь б а н ы*— Бүкіл Одақтық астық шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты шығарған (Б. Шағыров, Картоп).

БУЛЬВАР з а т. *Көше бойларына, өзен, теңіз жағаларына арнайы жасалған кең және ұзын аллея.* Біз өзіміз көше болған *б у л ь в а р д ы ң* ішіндегі егіз қайыңның түбіндегі орындыққа келіп отырдық (И. Жақанов, Қайта орал.). Тойға қалай келгенімізді, кімдерді көргенімізді айтып 10—15 минут дем алуға Шевченко *б у л ь в а р ы н а* шықтық (Қ. Қайсенов, Жау тылы). Қалалар мен поселкелердің көшелеріне, *б у л ь в а р л а р ы н а* әдемі ағаштар мен бұталар отырғызылады (Б. Муханов.., Қазақст. өсімдік.).

БУЛЬДОГ з а т. *Кеудесі кең, аяғы жуан, ерекше тұқымды доғал тұмсық ит.* Ол [аламан] өте қатты тістейді, жауына бір қадалса, кейде *б у л ь д о г* сияқты көпке дейін тісін жазбайды (Ә. Бірмағамбетов.., Қазақст. геогр.).

БУЛЬДОЗЕР з а т. т е х н. *Жер қыртысын тегістейтін қалың пышақты ысырғыш қалқан орнатқан машина не трактор.* Сонымен қатар, топырақ алынатын жердің үстіндегі қыртысы *б у л ь д о з е р м е н*

қырып тасталады (М. Сабыров, Бөгет салу.). *Бульдозерім* мықты: Қыр мен ойды Тегістеп шықты (Жыл он екі ай). Алдымен село төңірегіндегі шилеуіттер мен төбешіктер *бульдозермен* қопарылып, жаңа көшенің жобасы жасалынды («Лең. жас»).

БУЛЬДОЗЕРИСТ з а т. с ө й л. **Бульдозерші.**— Немесе осы мерекеге 1969 жылдың жоспарын толық орындап келіп отырған Соколов карьерінің *бульдозеристері* Әбіл Біржановты алыңыз... («Соц. Қаз.»).

БУЛЬДОЗЕРШІ з а т. *Бульдозер машинасын (трактарын) айдайтын адам; маман.* Біршама уақыттан кейін *бульдозершінің* жанып жатқан маяны тақырға сырып тастады (Ғ. Ақмамбетов.., Дүниеге көзқ.). Оның қолы алтын адам, бірнеше мамандықты қатар меңгерген: ол — экскаваторшы, краншы, *бульдозершінің*, бұрғылау станогінің де шебері («Лен. жас»).

БУМА з а т. *Буылған зат, нәрсе.* Жігіт *бумаларды,* чемодандарды киргізіп, вагонның ең үстіңгі сөресіне орналастыра бастады (Ж. Жұмақанов, Жазылм. кітап). Төлеу бір-екі теңді үйге киргізіп қойды. Бұл *бумалар* да өңсіз нәрселер емес (С. Бегалин, Уақыт.).— Мына тыңқиған *бума* ма? Шешіңіз! (С. Төлешев, Түрлі. бас.). ◆ **Бір бума.** *Бір топ етіп буылған зат.* Бірақ бос қайтпапты. *Бір бума* одеял көтеріп келіпті (А. Лекеров, Қырдағы ән). Дерягин төс қалтасынан *бір бума* ақшаны алып, шашып жіберді (С. Жүнісов, Жапанда.).

БУМА-БУМА с ы н. *Топ-топ етіп буылған.* Самұрат бойына ашу дарытпай, сақылдап күлген бойы самолеттің үстінде тұрып, ұзын қараға *бума-бума* хаттар мен газет-журналдарды жаудыра бастады (Т. Ахтанов, Махаббат.). Кішкентай дүкеннің бір жағын алып жатқан *бума-бума* қызыл майкалар көзіңізге оттай басылады (Б. Қыдырбекұлы, Ешкім.). Сөйтті де ол *бума-бума* қағаздар мен ұсақ жәшіктерге көзін бір жүгіртіп, божысын қақты (К. Оразалин, Көктем.).

БУМАЖНЕК з а т. с ө й л. **Бумажник.** Құсайын түймесін ағытып, төс қалтасынан *бумажнегін* алып батырға ұсынды (І. Жансүгіров, Шығ. жин.). Ол шкафтың тартпасын ашып, кішкентай *бумажнегінің* ішін ақтара бастады (І. Есенберлин, Қатерлі.).

БУМАЖНИК з а т. *Ақша, тиын т. б. уақ зат салуға арналған қапшық; әмиян.*

БУМАЗЕЙ о р. з а т. *Бір жағы түкті, екінші жағы тегіс келген қалың әрі жұмсақ мата; помази.* Ақ сарғыш *бумазей* шұлғаудың бірі етіктің ішінде кетті, екіншісін сүйрете-мүйрете төрге шықты (Ж. Нәжімеденов, Ақ шағыл).

БУМАЗИ з а т. с ө й л. **Бумазей.** Іргеге тақай керуеттер қойып, олардың үстіне қарапайым *бумазі* жапқыштар жабылып , ақпен тысталған құс жастықтар қойылыпты (М. Қаратаев, Далада.). Мол тігілген гүлді *бумазі* халатының мыжылған етегін жалаңаш тізесіне қымтай тартты (К. Тоқаев, Тасқын).

БУМАЛА е т. *Топ-топ етіп буу.* Әзірленген шидің қабығын аршып, көлеңкеге *бумалап* кептіреді де, оны өрнектеп орауға кіріседі (С. Қасиманов, Қаз. қолөнері).

БУМАЛАУ *Бумала етістігінің қимыл атауы.*

БУМЕРАНГ з а т. *Ерте кезде қолданылған қарапайым соғыс және аңшылық құралы. Бумеранг* имек пластина түрінде, астыңғы беті тегіс, үстіңгі беті дөңес болып келеді (ҚСЭ).

БУНА е т. 1. *Қатты буылғандықтан сол жерді қысу, қию.* ...Арқан әбден *бунап* аяғы ісіп кетіпті. Шалбар да пәре-пәре (Н. Баяндин, Құм асты.). Оның үшін кіндікті іштен 2—3 *см* етіп суыртпақ жіппен *бунап* байлайды (С. Омаров, Қой бағу.). Ол сақиналар біріне бірі жалғаса шынжыр боп өріліп, ән бойымды *бунап,* қысып, қылғындырып бара жатқандай көрінді (Ә. Нұршайықов, Алтын.). 2. *Бір жерді (нәрсені) сақина тәрізді етіп керту, кесу.* Тобылғы таяғын бірнеше жерден *бунап,* әрлеп қойыпты (Ауызекі тіл). 3. С ө й л. *Бу (2).* Мен білсем, осы кәрінің жыны *бунап* келеді (М. Әуезов, Абай жолы). Жеті жылдай қайғы *бунап* қысқанда, Күле қарап ажалға ырық бермеді. Отырды олар электрлі столға, Дір етпеді біткеніншe демдері (А. Шамкенов, Сағат). 4. А у ы с. *Мазалау, қинау.* Бұл қазір әр күннің сұрауларына айналып, *бунап* жүрген ойлары (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). Артта, алыста қалған кем-

пір-шал мен ауру ағасының жәйі қанша *б у н а п* келсе де, Отан қорғау сияқты ұлы іске аттанады (Ол күндер.).

БУНАҚ[1] з а т. 1. *Бір нәрсенің (таяқтың) оймышталып кесілген, кертілген жері.* Қолындағы таяғының *б у н а қ т а р ы* ап-айқын көрініп тұр («Лен. жас»). 2. *Бір нәрсенің сақина тәрізді боп шорлана біткен жері (буыны).* Әлжан келе сиырдың желінін, төрт емшегін айналдырды. Одан құйрығын өлшеді. Мүйізіндегі *б у н а қ т а р ы н* санады (Ғ. Мұстафин, Дауыл.). Таспа құрттардың денесі бірнеше *б у н а қ т а н* құралып, ұзындығы метрден аса болады (Шопан серігі). Аяқсыз жүруге байланысты эволюция процесінде, өздерінің кесіртке тәріздес тегімен салыстырғанда, жыландардың омыртқалары, қабырғалары мен мускулатура *б у н а қ т а р ы* бірнеше есе көбейген (Жалпы биология).

БУНАҚ[2] з а т. ә д е б. *Өлең тармақтарындағы дауыс толқыны, сөз өлшемі; ырғақты пауза. Б у н а қ* дегеніміз — өлеңді айтқанда сезілетін дауыс толқынының соқпа-соқпасының арасы (Қ. Жұмалиев, Әдеб. теор.). «Қанат ұшса, қатаяды». Бұл төрт буынды екі *б у н а қ т а н* құралған. XX ғасырдың 30—40 жылдарында қазақ ақындары осы ырғақпен көбірек жазды (М. Әлімбаев, Өрнекті сөз.).

БУНАҚ-БУНАҚ с ы н. *Бірнеше бунақ.* Жылантамыр дейтіні сұр шұбар ала жыланға ұқсағандықтан болса керек; Ал шаянмойын деп *б у н а қ-б у н а қ* тамырларына қарай атаған сияқты (С. Сұбханбердин, Дәрі — дауа.). Тамырсабақ *б у н а қ* болып топырақ астында көмулі және көлбеп өседі (Т. Мұсақұлов, Ботаника). Бактериялардың көбі шар, таяқша тәріздді, кейбіреулері *б у н а қ-б у н а қ* болады (Н. Шоқанов.., Сапалы сүрлем.).

БУНАҚСЫЗ с ы н. *Бунағы жоқ, бірқелкі.* Қылдың жұмыр, қырлы және *б у н а қ с ы з,* біркелкі болуы шарт (К. Дүйсембаев, Жылқы тұқымы.).

БУНАҚТА е т. 1. *Бір нәрсені сақина тәрізді етіп бунау.* Қолымда бір қамшым бар *б у н а қ т а ғ а н,* Бәйгіден екі ат келед ойнақтаған. Жүрмісің есен-аман, беу қарағым, Көзіңнен айналайын жайнақтаған (Қаз. әндері). Саз құмыралар мен тастан, ағаштан, сүйектен жасалған мүліктерді ернеулеп, қырлап, *б у н а қ т а п,* қаз мойындап әдемілеу қажет болды («Қаз. әдеб.»). 2. А у ы с. *Буын-буынға бөлу, жіктеу, топтау.* Адамның құлқын, санасын тарам-тарам қылсақ, тізбектеп *б у н а қ т а с а қ* соның ең алдыңғы бунағында саясат болады да, ең артқы жағында ән, күй, көркем әдебиет болады (С. Сейфуллин, Шығ. жин.).

БУНАҚТАЛ *Бунақта етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Оның [қыр шаянының] ұзынша келген құрсағының артқы ұшы *б у н а қ т а л ы п* бітеді, онда улы безі болады (Б. Муханов.., Қазақст. өсімдік.). Бөлменің төбесі, сырты *б у н а қ т а л ы п,* өркештеніп өрілген көк түсті күмбез («Қаз. әдеб.»).

БУНАҚТАЛУ *Бунақтал етістігінің қимыл атауы.* Осы ұзынды-қысқалы тармақтардың *б у н а қ т а л у ы* да әр қалай, белгілі өрнек қалпын қатаң сақтау кездеспейді («Қаз. әдеб».).

БУНАҚТАН *Бунақта етістігінен жасалған өздік етіс.* Ол қойдың құйрығына май бітпеген, жүні қысқа, қылшығы *б у н а қ т а н ы п* тұрады; өте осал, ұстаған жерден оп-оңай үзіліп түседі (Тарту).

БУНАҚТАНУ *Бунақтан етістігінің қимыл атауы.*

БУНАҚТАТ *Бунақта етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Сатан қойға бата қылып, қайта далаға шықты. А-а-айт, а-ай-й! — деп созып, *б у н а қ т а т ы п* қайырып, шоқы тасқа мініп отырды (І. Жансүгіров, Шығ. жин.).

БУНАҚТАТҚЫЗ *Бунақтат етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БУНАҚТАТҚЫЗУ *Бунақтатқыз етістігінің қимыл атауы.*

БУНАҚТАТТЫР *Бунақтат етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БУНАҚТАТТЫРУ *Бунақтаттыр етістігінің қимыл атауы.*

БУНАҚТАТУ *Бунақтат етістігінің қимыл атауы.*

БУНАҚТАУ *Бунақта етістігінің қимыл атауы.* Ол енді тастың екінші жерінен тағы *б у н а қ т а у ғ а* кіріскен-ді (Ғ. Сыланов, Асау арна). Халық творчествосының, тәжірибелерінің ішінде металдарды талшықтап, бұрау, өру, тоқу, түйіндеу, өріп шашақтау, *б у н а қ т а у,* үзбелестіру сияқты әдіс түрлері өте көп (С. Қасиманов, Қаз. қолөнері).

БУНАҚТЫ с ы н. *Бунағы бар.* Бұлардың кейбір түрлері (мысалы, мия) бұршақ қабының ішінде орналасқан жеке тұқымдарының екі арасы кесе көлденеңінен бөлініп жатады, мұндай жемісті *б у н а қ т ы* бұршаққап деп атайды (Т. Мұсақұлов, Ботаника). Үй ортасында табанына күйген кірпіш төсеген үш *б у н а қ т ы* тұрбасы бар темір пеш тұр (М. Жұмағұлов, Қыран.).

БУНАҚТЫҚ з а т. *Бунаққа бөлінушілік; ырғақтық.* Бұрынғы әдебиетте көтерілмеген тақырып, айтылмаған идея, тұр байлығы, ырғақтық, ұйқастық, *б у н а қ т ы қ,* сонылықтар — бұл дәуірде көптеп көрінді (Р. Бердібаев, Гүлстан.).

БУНАЛ *Буна етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Көпшілік жағдайда осы нерв жүйесі арқылы қан айналымы жүйесін де тез тоздырады, жүрек тамыры *б у н а л а д ы,* ол жиі *б у н а л а* берсе, тамыр ерте бұдырланады (Б. Омарұлы, Жүрек. ауру.). *Б у н а л ы п* қыл бұрауға білектері, Жарылып өлді кейі жүректері... (Н. Ахметбеков, Жасауыл.).

БУНАЛУ *Бунал етістігінің қимыл атауы.* ...Әңгіме Шыңғыстың білу-білмеуінде емес, менің марқамның сирағы *б у н а л у ы н д а* (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз.). Себебі темекі уы дереу жүрек тамырының *б у н а л у ы н а* нерв жүйесі арқылы әсер етеді (Б. Омарұлы, Жүрек. ауру.).

БУНАТ *Буна етістігінен жасалған өзгелік етіс.*— Қайдан білесің, қозышыны біреу әдейі жұмсап, марқаның аяғын өзіне *б у н а т п а ғ а н ы н?* — деген дау айтты Шыңғыс (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз).

БУНАТҚЫЗ *Бунат етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БУНАТҚЫЗУ *Бунатқыз етістігінің қимыл атауы.*

БУНАТТЫР *Бунат етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БУНАТТЫРУ *Бунаттыр етістігінің қимыл атауы.*

БУНАУ *Буна етістігінің қимыл атауы.*

БУНДЕСТАГ з а т. с а я с. *Батыс Германия парламентіндегі басты палатаның бірі.* Аденауэр кезінде белгіленген және бұдан соң Эрхард кабинеті одан әрі жасап берген төтенше заңдар дейтіннің сериясы батыс германиялық *б у н д е с т а г т ы ң* қарауына қойылып отыр («Соц. Қаз.»). *Б у н д е с т а г т ы ң* қарауына мұнымен бірге «почта арқылы жіберілетін хаттар мен телефон арқылы сөйлесілетін әңгімелердің құпиялығына шек қою» туралы заң жобасы да енгізілген (Бұл да).

БУНКЕР [1] з а т. *Сусымалы ұсақ заттарды (астық, көмір, руда, мақта т. б.) жинау үшін, оларды өздігінен түсіру үшін, арнайы жасалған қорап, шанақ.* Оралбеков дереу комбайнды тоқтата қойып, *б у н к е р д е г і* астықты машинаның кузовына сұылдатып құя салды (Б. Тоқтаров, Қыран.). Шахтадан вагоneткамен келген руда *б у н к е р г е* құйылады да, онан әрі қарай лентамен барып ұсақтайтын, майдалайтын машиналарға түседі (А. Машанов, Жер асты.). *Б у н к е р д е г і* мақтасын қырманға төгіп, жүйекке машинасын қайта сала берген қыз [Айша] құлағына сырт жағынан бір кісінің даусы естілді («Лен. жас»).

БУНКЕР [2] з а т. э с к. *Солдаттар үшін жер астынан арнайы жасалған қуыс орын.*— Сен білесің бе, Вася,— деді маған Анатолий,— менің Днепрдегі *б у н к е р і м* әлі сол баяғы күйі бүп-бүтін тұр (Қ. Қайсенов, Жау тылы.). Мәжит барлау жөніндегі тапсырманы орындап жүріп, немістер тығылып отырған бір *б у н к е р д і ң* үстінен шығады. Сейтіп 63 жауды штабқа айдап әкеледі («Қазақст. мұғ.»).

БУНТ з а т. с а я с. 1. *Стихиялы түрде кенеттен бұрқ ете түскен шағын топтың көтерілісі.* Жымпиты жігіттерімен сөйлесіп, әңгімелесіп тыңдап отырсаң, едәуір қызық қылып «алашорданың» үкіметіне солдаттардың қарсы *б у н т* **шығарғанын** сөйлейді (С. Сейфуллин, Шығ.).— Айтеке баласы Оральскідегі казактар *б у н т ы н д а* ұстатпай кеткен дейді. Әлде сен солмысың?! (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). Крепостнойлық езгіден туған мұндай көңіл күйі *б у н т т а р,* толқулар түрінде сыртқа теуіп шығып жүрді (КПСС тарихы). 2. А у ы с. Э к с п р. *Аяқ астынан, күтпеген жерден болған наразылық, қарсылық.* Мен өз басым, қараңыз, Содан көрдім соққыны: *Б у н т* жасайды баламыз Мультфильмі жоқ күні (Қ. Мырзалиев, Ақ отау).

БУНТАРЬ з а т. к ө н е. *Әр нәрсеге (билеуші тапқа, қалыптасқан жүйеге т. б.) наразы болушы, қарсы тұрушы адам; бүлікшіл.*— Жә, жетті! Осы күнге дейін бір *б у н т а р ь ғ а* шамаларың келмеген... Нука, келтіріңдер Батақовты, көрейік,— деді губернатор (Б. Тәжібаев, Қараторғай). Ай-

малар құшып ел-ана, Мұсасын, *«бунтарь* баласын». Құшағын ашып жер-ана, Гүлімен жазар жарасын! (Ж. Молдағалиев, Жыр.).

БУНТАРЬЛЫҚ з а т. *Бунтарь адамға тән іс-әрекет, мінез, қасиет.* Бұлай жіберсе әскер қатары тегісінен *бунтарьлыққа* айналады. Сондықтан айыптыларды тез әскер сотына соттатуға тәртіп беруіңізді сұраймын (Х. Есенжанов, Тар кезең).

БУНТШЫ з а т. *Бүнт жасаушы, бүнтқа қатысушы.* Жағынан шапалақтап *бунтшы* Ульбаны, Алқымнан сығып, сүйреп тандырды естен... (Д. Әбілев, Өлеңд.).

БУРА[1] з а т. *Айыр түйенің келеге түсетін еркегі; аталық түйе.* Кіл иір мойын, маң-маң басқан, сыры мол хайуандар. Тізіліп, жылжып өтіп жатыр, өтіп жатыр. Әуелі аруана өтті. Сонан соң қоспақ, інген, сонан соң нар, *бура* барады (Д. Досжанов, Тұлпар.). *Бураларкөбік шашып, тісін қайрап, Боталар боз інгеннің күйін сайрап. Жарысын жабағы-тай, айғыр азынап, Алысып асыр салды, салып ойнақ (Н. Ахметбеков, Аманкелді). Төстік жүрерде Кенжекей құба інгенді *бураға* шегереді (Қаз. ертег.). ◆ **Ақ бас бура.** П о э т. *Басы ақ бура. Ақ бас бура* шегер де, өлер де! Тек сендерге өмір берсін (Ш. Хұсайынов, Таныс адам.). *Ақ бас бура,* көк шатыр, Аспан тіреп, бір өзі. Көкті құшып, көз тартқан, Кербез Көкше күмбезі (Ж. Сыздықов, Белестер). **Ақ бура толқын.** *Көбік шашқан өркеш-өркеш толқын. Ақ бура толқын* арсылдап, Айнала соққан кемерін. Қара қайық қан сасып, Сүңгіткен суға өз елін (І. Жансүгіров, Шығ. жин.). **Бура сан** [санды]. *Саны буранық санындай.*— Айда, үйге жүр. Байғұттының мәстек қыздары емес, Жаңажолдың *бура сан* қыздары бар (Ж. Молдағалиев, Сарарқа.). «Майданның» ең қанішер басшысы Әбунүсіп болысты бұғы мойын, *бура сан,* қисапсыз сүзеген қара бұқаға ұқсатты (Д. Әбілев, Ақын.). Сауыры кең, *бура сандысы,* бота тірсекті күрең төбелдің үстіндегі ол маған торғайдай болып көрінді (Майдан).

БУРА[2] з а т. х и м. *Құрамында 11 процент боры бар, ақ кристалды тұз; бор қышқылды натрий.* Бейнені айқындауды тездету үшін, сода мен поташ, *бура,* күйдіргіш калий мен күйдіргіш натрий қолданылады (Б. Тілекметов, Фото сурет.). Бұлар болмаған күнде сода (көмір қышқылды натрий), *бура* (бор қышқылды натрий) және фурациллин ертінділерімен де шаюға болады (М. Исамбаев,.. Мед. анықтама). Ақтөбе комбинаты жылына мыңдаған тонна *бура,* бор қышқылы және магний тыңайтқыштарын өндіреді («Халық мұғ.»).

БУРА[3] з а т. к ә с і б. *Қамыстан, ірі құрайдан істелген су бөгейтін зат; буылған қамыс, құрай, шөп-шалам.* Бір аяғым шлюздің үстінде, су жарып кеткен жерге *бура* тастап тұр едім, төмен ұшып кетіппін (З. Шүкіров, Ізгілік.). Өзімді суға ала түскен *бура* қаңбақтай ұшырып апарып, қабырғаға жаныштаған сәт есімнен айырылып қалыппын (Бұл да).

БУРА[4] з а т. *Үш картадан бөлісіп ойнайтын карта ойыны.* ...Сосын Ерғали төбесіне барып, он тиыннан салып *бура* ойнады («Қаз. әдеб.»).— *Бура* ойнайық. Алты картаң әбден жалықтырды («Жұлдыз»).

БУРАДАЙ с ы н. *Бура тәрізді; бураша.* Қара дене қатыңқы, *Бурадай* бейне жараған. Жанырлық пышақ жақ-ұрты, Түрі иттей қабаған (С. Мұқанов, Замандас.). Аласұрған *бурадай* ол көбік шашып, ыңыранып барып жартасқа үйіріле соғылады (Т. Шаханов, Көгілдір.). ◆ **Кісі алатын бурадай.** *Құтырып, бұрқылдап, аузынан ақ көбігін шашып.*— Танымай тұрсың ба?— деді Қаршыға *кісі алатын бурадай* төніп (Х. Есенжанов, Көп жыл.). Оның соңында *кісі алатын бурадай* бұрқылдап Түйебай келеді (Ә. Әбішев, Терең тамыр.). **Қарт бурадай шабынып.** *Аузынан көбігін ағызып, құтырынып. Қарт бурадай шабынып,* Аузынан жынын көпірді. Жендеттердің жанына Батыра, қатты зекірді (У. Кәрібаев, Таңд. шығ.).

БУРА-ҚОТАН з а т. к ө н е. *Жастар дөңгелене, алқа-қотан отырып ойнайтын қазақтың ұлт ойыны.* ... Келіңдер *бура-қотан* ойнайық (Қ. Кемеңгеров, Алтын.). Кәне, шеттен бастап, *бура-қотан* тәртібімен отырғыза бастаймын — деп, «уәзір» мен «сарбаздар» іске кірісті (С. Мұқанов, Есею жыл.).

БУРАЛЫҚ с ы н. **1.** *Бура болардық.* Олардың ішінен *буралық* түйелерді іріктеп алады. («Лен. жас»). Ал біртуар

мен қоспақ нардың *б у р а л ы қ қ а* қалдырған еркегін нар бура, таза аруана мен үлектен туғанын үлек деп атайды (ҚСЭ). 2. З а т. м. *Бура болушылық, бураның әрекетін істеушілік.* Тәңірге жазып мінбей-түспей, арып, шөмеңдеп дуаналықпен бір күн болған *б у р а л ы қ* неге жарайды? (Абай, Тол. жин.).

БУРАСЫЗ с ы н. *Бурасы жоқ, бурасы болмаған.*

БУРАША ү с т. *Бура құсап, бура секілді.* Көз сорасы мұз болып, беттің түгі қырау боп, түлкі тымақты баса киген Жақып кең далада, ақбас *б у р а ш а* бір күркілдеді (Ғ. Мұстафин, Миллионер). Тәшібай екі жақтың балуандарына жараған *б у р а ш а* қарап қойып:— Ал, енді бастаңдар!— деді (С. Сейфуллин, Шығ.).

БУРГОМИСТР з а т. *Кейбір Европа елдеріндегі қалалық басқарманың бастығы.* Майор орнынан тұрып:— Сізді *б у р г о м и с т р* етіп тағайындау жөнінде менің бұйрығым болады,— деді (Ә. Шәріпов, Партизан.).— Ия, сіздің жұмысыңыз көп, уақытыңыз жоқ екенін қарапайым біз де байқап жүрміз,— деп Чура *б у р г о м и с т р д і ң* сөзін өтірік қостай түсті (Т. Жанкелдин, Партизан.).

БУРЖУА з а т. *Буржуазия табына жататын адам; қанаушы, эксплуататор.* «Бүгінгі күні—Россия құрамасындағы бір жүз елу миллион еңбекшіл таптың *б у р ж у а л а р,* жандаралдар зорлығынан құтылып, жарқын жүзбен еркін дүниеге шыққан күні»,— дейді М. Сералин (Б. Кенжебаев, Қаз. дем. жазушы.). Жүдетіп ар мен тәнді де, Шырмалмау үшін мәңгіге, *Б у р ж у а* жайлы енді сөз, Енді барлық әңгіме (Қ. Ұябаев, Тағдыр.).

БУРЖУАЗИЯ з а т. с а я с. *Капиталистік қоғамдағы қанаушы үстем тап; меншік иелері. Б у р ж у а з и я* — жалдамалы еңбекті қанау есебінен өмір сүретін және байып отыратын капиталистердің, яғни негізгі өндіріс құралдары иелерінің табы (Саяси сөздік). Капитализм социалистік революцияның нәтижесінде сөзсіз күйрейді. Бұл революция *б у р ж у а з и я* өкіметін құлатып, жұмысшы табының өкіметін орнатады (Қысқаша саяси эконом.).

БУРЖУАЗИЯЛАН е т. *Буржуазияға айналу, буржуазия болу.* Буржуазияның және *б у р ж у а з и я л а н ғ а н* помещиктердің өкілдерінен құрылған бұл комитет дереу «бүлікті жою» және «тәртіпсіздікті тоқтату» бағытын ұстады (КПСС тарихы.).

БУРЖУАЗИЯЛАНУ *Буржуазиялан етістігінің қимыл атауы.*

БУРЖУАЗИЯЛЫҚ с ы н. *Буржуазияға тән.* Герцен мен Белинский *б у р ж у а з и я л ы қ* қоғамды қатты сынады (М. Ақынжанов, Қаз. ағартушы.). Бұл соғыс (1773 ж. шаруалар соғысы) феодалдық құрылыстың негіздеріне күшті соққы берді және *б у р ж у а з и я л ы қ* жаңа қатынастарға өтуін тездетті (ҚазССР тарихы). Социалистік көркем мәдениеттің қарыштай дамуы *б у р ж у а з и я л ы қ* идеологияға қарсы күреспен тығыз байланысты («Қаз. әдеб.»).

БУРЖУАЗИЯШЫЛ с ы н. *Буржуазияны жақтаушы.* Көп материалдар онда ескі *б у р ж у а з и я ш ы л* ғалымдардың теріс пікірлеріне сүйеніп жазылған (С. Шаймерденов, Болашақ.). Олар неше түрлі қызықты аттармен *б у р ж у а з и я ш ы л* жастар ұйымын құрды (Ш. Өтепов, Өшп. жалын). *Б у р ж у а з и я ш ы л* идеологтар капитализм тұсындағы мүдделер антагонизмін қайткенде де бүркемелеп отыруды басты міндеттерінің бірі деп біледі (Қысқаша саяси экон.).

БУРЖУАЗИЯШЫЛДЫҚ с ы н. *Буржуазияшыл болушылық, буржуазияшыл адамға тән (қасиет).*

БУРЖУАШЫЛ с ы н. *Буржуаның мүддесін көздеуші, буржуаны жақтаушы.*

БУРЖУЙ з а т. с ө й л. *Буржуа.*— Мына *б у р ж у й л а р д ы* бір жайлы етіп, елдің қолына теңдік әперейікші, сонан кейін, үй шаруасын қолға алармыз,— деді ол (Х. Есенжанов, Ақ Жайық).— Білмесең айтайын... *Б у р ж у й л а р д ы* талқандайтын, кедейлерге хұррият әперетін қызылдар (С. Омаров, Дала қызы).

БУРКА з а т. *Кавказ халықтарына кең тараған, ақ киізден жасалған жеңсіз жеңіл шапан.* Салт мінгенде киетін *б у р к а* түкті, тігісті, ұзын, екі иығы шығыңқы келеді (ҚСЭ).

БУРКАЛЫ с ы н. *Буркасы бар, бурка киген.* Жайып тұр жұп-жұмсақ ол алақанын, Шөлдесең — сусыны әзір әр апаңның. *Б у р к а л ы* қарт Кавказ да тағзым етті, Орал деп аман-есен, балапаным (А. Сұлтанов, Уақыт.).

БУРЛАК з а т. к ө н е. *Жүк таситын кемені жағалау бойымен сүйрейтін өзен жұмысшысы.* Ана жылы Еділ бойын кезгенде, Достоевскийдің бір мақсаты *б у р л а к т а р д ы ң* өмірін көру болған (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз). Көзін тіксе — көлемі Кең болғанмен, бұ жақ тар; Көретіні — кемені Сүйрелеген *б у р л а к т а р* (С. Сейітов, Жаңғырық).

БУРНОНИТ з а т. х и м. *Күрделі сульфидтерге жататын минерал. Б у р н о н и т т і ң* түсі сұр, қара, жылтыр, қатты. *Б у р н о н и т т е н* қорғасын мен мыс алынады (ҚСЭ).

БУРТ з а т. *Картопты, тамыр-жемістілерді бір жерге үйіп, үстін бастырып тастау әдісі.* Колхоздың жиналған қант қызылшасы *б у р т т а* жатыр (Ауызекі тіл).

БУРЫЛ с ы н. 1. *Ақ пен көк немесе қара араласқан түс (мал жөнінде).* Байтастың мінгені Құнанбайдың Қаражал *б у р ы л* аты (М. Әуезов, Таңд. шығ.). Ауылды **бір айналып, Ешбір жаққа бұрылмай,** Жықпай мені келді алып, Астымдағы *б у р ы л* тай (Қ. Ыдырысов, Аршында.). Түйенің түс атауларының басқа малдан бірсыпыра өзгешелігі бар. Мысалы, ол қойдай — ор, ала, *б у р ы л* болмайды, сиырдай — тарғыл, кер, құбақан болмайды («Хабарлар»). // З а т. м. *Бурыл түсті жылқы.*— Қара жорға *б у р ы л д ы* шаңына да ілестірмейді,— деді Кәрім маған (С. Мұқанов, Саяхат.). Осы кезде мен Шалықбек үйінің сыртында үлкен мама ағашта байлаулы түннен суып тұрған боз *б у р ы л ы м а* қарай жүгірдім (Ұ. Доспанбетов, Кәрі қобыз.). 2. *Шашына, сақалына, ақ кіре бастаған (адам).* Көзі ежірейіп, ұйысқан жабағы секілденген күректей *б у р ы л* сақалы дамылсыз желкілдеп, дәрменсіз жанға айбын көрсетіп отыр (С. Омаров, Дала қызы). Ұзын *б у р ы л* мұрты құлағына жететін, көзілдірікті шалға бас изеп амандасты да, орын сұрады (Қ. Жұмаділов, Қаздар.). Бұлардың бәрі оқылған болса да, ақ араласқан *б у р ы л* шашын сипап қойып, оларға тағы қызыға көз тастап отыр («Қазақст. мұғ.»). ◆ **Ақ бурыл.** *Ағы басым бурыл.* Талайдан тартып алған еңіретіп, Парақор, пәлекұмар аты мәлім. Отыз бен жиырманың арасы жоқ, *А қ б у р ы л* сақал, шаштың қарасы жоқ (Д. Еркінбеков, Шығ.). Бір қалпы қашан көрсең осы ағайды, Кісіден кабинеті босамайды. Көресің кіріп барсаң алдында оның, *А қ б у р ы л* қырау шалған не самайды (З. Шүкіров, Арал толқын.). **Бурыл тартты.** *Шашына, сақалына ақ кіре бастады.* Шәкен *б у р ы л т а р т қ а н* тығыз қаба сақалын тұжыра қырқып, дәл иектің үстіне ғана қалдырыпты (Ғ. Мұстафин, Дауыл.). Самай шашы *б у р ы л т а р т қ а н,* толық денелі, ұзын бойлы кісі қарсы алдында отырған Әмірге қадала қарады (С. Сарғасқаев, Сынған тіс). Соңғы көргенімде оның [Құсбектің] мұрты көмірдей қара еді, кәзір *б у р ы л т а р т ы п т ы* (Ж. Жұмақанов, Жазылм. кітап). **Бурыл [тартқан] шақ [кез].** *Егде тартқан кез, қартайған уақыт. Б у р ы л ш а қ т ы ң* жоқ па қызық күндері, Мейлі басса басымызды күміс қар, Бәйтеректің солса мейлі гүлдері,— Боранда да ақша басын тік ұстар (Қ. Бекхожин, Қайран жас.). *Б у р ы л т а р т қ а н к е з і ң д е* Кезіктің бір бөпеге; Күй болса да сөзімде Қуанышыңа жете ме (Қ. Аманжолов, Шығ. жин.). **Бурыл шалды.** *Шашына, самайына ақ кірді.* Төбесінде ту желкілдеп әр үйдің, Жүздерінде күлкі ойнайды сәбидің. Партизанның *б у р ы л ш а л ғ а н* шашынан, Октябрьдің өткелдерін танимын (С. Мәуленов, Таңд. өлеңд.). «Ажарына әжім түсіп, *Б у р ы л ш а л ғ а н* самай шашын»,— Деп алайда суытқан жоқ, Саған деген махаббатын (Ә. Сәрсенбаев, Өлеңд.). **Көк бурыл.** *Көгі басым бурыл.* Қырма мұртына да, шашына да *к ө к б у р ы л* орнай бастаған және кірпідей қайратты (Ж. Жұмақанов, Жазылм. кітап). Кезінде келбетсіз болмаған ақ сұр шал. *К ө к б у р ы л* қабағы, селдір мұрты, ұзынша сақалы бет алдын буалдырландырып жіберген («Лен. жас»). **Қара бурыл.** *Қарасы басым бурыл.* Екі байдың бірі — үлкен *қ а р а б у р ы л* сақалды, ала көз, жалпақ бет қара кісі екен (С. Сейфуллин, Тар жол.). Біреуін бойлап осы жеті судың, Бір байдан Жетісуда аты шулы, Алынған кәнпескеде жатыр жылқы, Қамшаттың құндызындай *қ а р а б у р ы л* (С. Мұқанов, Шыңнан шыңға).

БУРЫЛДАН е т. *Бурыл тарту; шашына, сақалына ақ кіру.* Бірмағанның сақалы *б у р ы л д а н ы п,* бетіне әжім кіріп, едәуір қартаң тартып қалыпты (С. Шарипов, Шығ.). Қайсар дауылпаз көбіктен *б у р ы л д а н ғ а н* теңіздің үстінде қажымай қанат қағады (І. Жансүгіров, Шығ.). Егін жалпағынан *б у р ы л д а н ы п* пісіп қалды (С. Бегалин, Таңд. әңгім.).

БУРЫЛДАНУ *Бурылдан етістігінің қимыл атауы.*

БУРЫЛДАУ с ы н. *Сәл ғана бурыл, аздап бурыл араласқан.* Оның *б у р ы л д а у* үлкен басы басқалардан бұрын түседі көзге (Ауызекі тіл).

БУРЫЛДЫҚ з а т. *Бурыл болушылық, бурыл түстілік.*

БУРЯТ з а т. *Бурят-монғол АССР-ның негізгі тұрғыны, халық атауы, ұлт.* Жаңағы айтып отырған саяхатшыңыздың естігені де, адасып барып, іргесін паналаған *б у р я т т ы ң* да көргені рас (Н. Баяндин, Құм асты.). Сондағы сылтауы —*«б у р я т* ғалымы Доржи Банзаровтан алдым» деген хаты (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз).

БУРЯТ-МОНҒОЛ з а т. *Бурят және монғол халықтарының жиынтық атауы.*

БУРЯТ-МОНҒОЛДЫҚ с ы н. *Бурят-монғол АССР-ының тұрғыны, бурят-монғол АССР-нан келген.*

БУРЯТША с ы н. *Бурят тілінде.* Қоңыр, қараша үйлер олардан алшақ тігілген. Олар, әрине, *б у р я т ш а* айтқанда — қыштымдар, қазақша айтқанда — қарашылар (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз).

БУРЯТШАЛА е т. *Бурят тілінде сөйлеу, бурятша айту.*

БУРЯТШАЛАУ *Бурятшала етістігінің қимыл атауы.*

БУСА е т. с ө й л. Бусан. Күй толқып, ән толқып, Жер мен көк маужырап тыңдайды. Мал жусап, жер *б у с а п* «Сараркa», «Саржайлау» бір сәтте тынбайды (Н. Әбуталиев, Сахара).

БУСАН е т. 1. *Аздап жіпсу, жеңіл ғана терлеу.* Шөгел отырар-отырмастан тымағын шешіп, *б у с а н ғ а н* тақыр басын орамалымен сүртті де, топысын киді (Ғ. Мұстафин, Дауыл.). Біраз қозғалмай тұрған соң-ақ *б у с а н ғ а н* дене мұздай түсті (Т. Жанкелдин, Партизан.). Бірақ денесі жіпсіп *б у с а н ғ а н,* табаны қызып желіккен жүйріктер шабысын бірте-бірте үдете түсті (С. Бақбергенов, Қайран шешем.). 2. *Күн жылыну, жердің қары кетіп, тоңы еріп, буы шығу.* Қар кеткеннен кейінгі *б у с а н ғ а н* қара жер жібек желек жамылған сұлу келіншекше жасарған (С. Сейфуллин, Әңгім.). Қыс бойы қар жамылып тоңазып жатқан қоңыр далаға өң кірген. Жер беті *б у с а н ы п,* буалдырланады (С. Алдабергенов, Өмір.) Күлімдеп көктем келді. Дала *б у с а н ы п* жаңа түрге енді («Лен. жас»).

БУСАНДЫР *Бусан етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Биікке көтерілген күн жер ананы *б у с а н д ы р а* бастады (С. Шаймерденов, Мезгіл). Күні ұзаққа баурап алған бейнет суымайды, бойын *б у с а н д ы р а* түсіп, тағы да ілгері сүйреп тұрғандай (А. Байтанаев, Қайнар.).

БУСАНДЫРҒЫЗ *Бусандыр етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БУСАНДЫРҒЫЗУ *Бусандырғыз етістігінің қимыл атауы.*

БУСАНДЫРТ *Бусандыр етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БУСАНДЫРТУ *Бусандырт етістігінің қимыл атауы.*

БУСАНДЫРУ *Бусандыр етістігінің қимыл атауы.*

БУСАНТ *Бусан етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Ақырын сөйлеп, сөзді ірке, Самаурынын *б у с а н т ы п,* Шай жасады Қызбике, Шынашағын шошайтып (Т. Жароков, Қырда.). Жадыратып бірде жайлантып, Тербетіп көкей жусатып. Жүректі шымшып ұн шалқып, Балқытып бойды *б у с а н т ы п* (С. Бегалин, Таңд. өлең.).

БУСАНТҚЫЗ *Бусант етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БУСАНТҚЫЗУ *Бусантқыз етістігінің қимыл атауы.*

БУСАНТУ *Бусант етістігінің қимыл атауы.*

БУСАНУ *Бусан етістігінің қимыл атауы.* [Бура жарағанда] Самарқау қалпынан шамдануы жиіленеді; *б у с а н у ы* күшейеді (Х. Есенжанов, Ақ Жайық).

БУСАНЫҢҚЫРА е т. *Аздап бусану, сәл ғана бусану.* Көршісі Егемқұл жылқыдан оралған болу керек, *б у с а н ы ң қ ы р а п* тұрған атының ер-тоқымын алып, отқа қойды («Лен. жас»).

БУСАНЫҢҚЫРАУ *Бусаныңқыра етістігінің қимыл атауы.*

БУСАҢҚЫРА е т. *Аздап бусану, сәл-пәл жіпсіңкіреу.* Сәл-пәл *б у с а ң қ ы р а ғ а н* қара топырақ, беті кеберсіп, асты ширатылып жатыр (Ш. Мұртазаев, Табыл. теңіз).

БУСАҢҚЫРАУ *Бусаңқыра етістігінің қимыл атауы.*

БУСАП ұст. *Буы шығып, бусанып.* Сезінсең, жел де жұмсақ, жер де жұмсақ, Тұр әне бар табиғат терге *б у с а п.* Күн нұры тоңды тесіп, қарды кеулеп, Жерге бір өзгеше өмір берген бұл сәт (Ж. Өмірбеков, Батыр.). Жылады жыршымен бір көктің асты, Бұлт *б у с а п,* буырлы бас тәкті жасты. Кемпір-шал кемсең қағып, көрі Каспий Бурадай буырқанып, «көбік шашты» (Б. Адамбаев, Ақбөбек).

БУТАДИЕН з а т. х и м. *Өзіне тән иісі бар түссіз газ; қанбаған көмірсутегі.* 1970 жылы барлық өндірілген *б у т а д и е н н і ң* 85—86%-ті бутан, бутилендерді дегидрогендеу әдісі арқылы алынған (ҚСЭ).

БУТАН з а т. х и м. *Газ тәрізді қанық көмірсутегі. Б у т а н* химия өндірісінде және газ күйіндегі отын ретінде пайдаланылады (ҚСЭ).

БУТАФОР з а т. и с к. *Бутафориялық бұйымдар даярлаушы адам, маман.* Бутафориялық бұйымдарды даярлайтын искусство қызметкерін *б у т а ф о р* деп атайды (ҚСЭ).

БУТАФОРИЯ з а т. и с к. *Жасанды жасау-жиһаз, қолдан жасалынған бұйым. Б у т а ф о р и я* — театрға, киноға қажетті жасау-жиһаздардың орнына пайдаланатын арнайы жасалған жасанды бұйым (ҚСЭ).

БУТАФОРИЯЛЫҚ с ы н. *Бутафорияға тән, бутафорияға қатысты.* Мұндай *б у т а ф о р и я л ы қ* бұйымдардың сыртқы түрі көз тартарлықтай әдемі, өзі арзан, берік болуы қажет (ҚСЭ).

БУТЕРБРОД з а т. *Үстінде май, я сыр, я колбасасы бар бір тілім нан.* Жалғыз терезенің төменгі жартысына қара мата ұстап жауып, үш метрлік ыдыспен су, төрт-бес тілім *б у т е р б р о д* әкеліп қойды (Ұ. Исабаев, Ажал құрсауы.). Алдында бірекі ұрттап қана қойған кофе мен бір тістелген *б у т е р б р о д* («Лен. жас»).

БУТИЛ: **бутил спирті.** Х и м. *Өткір иісті, түссіз сұйық (C_4H_9OH).* Өндірісте аса маңызды ацетон, *б у т и л с п и р т і* сияқты заттар да микробтар көмектеспейінше алынбайды (Т. Таубаев, Жасыл әлем.).

БУТИЛЕН з а т. х и м. *Газ түріндегі қанбаған көмірсутек; бутен (C_4H_8).* Азат Сартаева еңбегінің тағы бір құндылығы — газ тектес этилен, пропилен, *б у т и л е н* сияқты заттарды өндірісте пайдаланып синтетикалық талшықтар, пластмассалық бұйымдар жасауға болатыны да қарастырылады («Лен. жас»).

БУТИРОМЕТР з а т. *Сүттің майлылығын анықтау үшін арнайы жасалған тәрибор, аспап* (С. Арзымбетов, Ауыл шаруаш. сөздік.).

БУТЦЫ з а т. с п о р т. *Футбол ойнағанда киетін, табаны бүдірлі аяқ киім.* Біз алдымен кетімен ойнайық дедік те, кейіннен футбол дәстүрін бұзбайық деп *б у т ц ы* кидік («Спорт»).

БУТЫЛКА з а т. с ә й л. **Бөтелке.** *Б у т ы л к а* шалдың басынан асып барып, арбаға тиіп күл-талқаны шықты (Б. Майлин, Шығ.). Бұрыла бергенде қолынан желім құйған *б у т ы л к а с ы* жерге түсіп кетті (Х. Есенжанов, Ақ Жайық).

БУТЫЛКАЛАС с ы н. с ә й л. **Бөтелкелес.** *Б у т ы л к а л а с* досын көрмегелі көп уақыт болды (Ауызекі тіл).

БУУ *Бу етістігінің қимыл атауы.* Әкем мінген қара атты Мінуге келдім, шешеке! *Б у у ғ а* келдім беліме, Ақ алмас семсер болатты (Батырлар жыры). Ал шәпті шәмелеге салып *б у у,* машинаға тиеу жұмыстарын бір-ақ адам атқарады («Лен. жас»).

БУУЛЫ с ы н. *Буылған; даяр.* Сүйіндіктің аппақ үлкен үйі жылы екен, іші толған жүк, *б у у л ы* тең менен сандықтар (М. Әуезов, Таңд. шығ.). Әке-шешесінің келуіне қарсы *б у у л ы* жатқан тең-тең жүктерді шешіп, төр алдына асыл төсеніштер жайды (Ә. Нұрпейісов, Сергелдең). Бай үйі жайғасып бола алмай жатыр. *Б у у л ы* теңдер... Сандықтар мен кебежелер (З. Шүкіров, Ізгілік.). ⊙ **Буулы сөз.** Буынсыз тілің, *б у у л ы с ө з і ң* Әсерлі адам ұғлына. Кісінің сөзін Ұққыш-ақ өзің, Қисығын түзеп тұрғыға (Абай, Тол. жин.).

БУУШЫ с ы н. *Бір нәрсені буатын, буу әрекетін істейтін (адам).* Ертайдан шәп *б у у ш ы* Темеш Масақбаев та қалысар емес («Лен. жас»).

БУУШЫЛЫҚ з а т. *Буу ісін істеушілік, буғандық.*

БУФЕР з а т. т е х н. *Екі заттың бір-бірімен соқтыққан кезіндегі күшті кемітуге, солғындату, бәсеңдету үшін арнайы жасалған қондырғы (теміржол вагондарында, автомобильдерде).*— Қызықты қараңызшы,— деді вокзал дежурныйы Еркен мен Зинаға Саматты иегімен нұсқап,— өзгені қойып,

бұл жігіт тіпті *буферге* отырып кетпекші болған (Ф. Дінісламов, Көл жағасы).— Вагон төбесінде де, *буферлерде* де қарғадай қонақтаған адам (Ж. Арыстанов, Таң жұлдызы).

БУФЕТ з а т. 1. *Жеңіл-желпі тамақ я сусын сататын орын.*— Мәриям бір жерге кетіпті, қазір келеді; оған шейін *буфетке* барып отыра тұрайық,— деп Дәметкенді тағы қолтықтады (Б. Майлин, Шығ.). Чемоданымды зат сақтайтын камераға апарып қойдым да, өзім *буфетке* барып бір стакан ыстық кофе ішіп, ұйқымды ашып, қайтадан тысқа шықтым (З. Шашкин, Доктор Дарханов). Осыдан кейін бұлар ресторан, шайхана, *буфеттерде* талай таңдарды атқызды (Ө. Қанахин, Мұрагер). 2. *Ыдыс-аяқ, түрлі тағам, ішімдік сақталатын шкаф.* Сол жақ босағадағы *буфеттің* ішінен сәнді ыдыстар жылтырайды (С. Мұқанов, Шығ. жин.). Сақыш *буфеттің* ішінен қағазбен тығындалған бір бөтелкені стол үстіне қойды (М. Дүйсенов, Гүлжан.). Көпшіліктің көзі түсе берген зат — ыдыс-аяқ қоятын *буфет* пен шифоньер болды («Лен. жас»).

БУФЕТСІЗ с ы н. *Буфеті жоқ, буфеті болмаған.*

БУФЕТСІЗДІК з а т. *Буфеті жоқтық, буфеті болмағандық.*

БУФЕТТІК с ы н. *Буфетке арналған.* Жолдас үшін үй жақын, ара жақын, Жанқалтаңда *буфеттік* қаражатың. Қандай жақсы кездескен орта жолда, Бірімізге біріміз бара жатып! (Қ. Мырзалиев, Домбыра).

БУФЕТШІ з а т. *Буфет ұстайтын кісі; буфет сатушысы. Буфетші* әйел бір нәрселерін есептеп жатыр (С. Ерубаев, Менің құрдас.). Төржан *буфетші*, кассирша қыздардың Жаннаға теріс қарауларының да себебін байыптайтын (Т. Әлімқұлов, Сейтек.).— Балық алмағанға сыра жоқ,— дейді *буфетші* (С. Адамбеков, Қожанасыр.).

БУФЕТШІЛІК з а т. *Буфетші болып істеушілік.* Оның *буфетшілік* қызметі көпке созылмады («Лен. жас»).

БУХГАЛТЕР з а т. *Кәсіпорында және шаруашылықта есеп-қисап жұмыстарын жүргізуші қызметкер; бухгалтерия ісінің маманы.* Мектепбайдың бұл сөзінен мен бөлімше *бухгалтерінің* қаламға оңтайлы жігіт екенін аңғардым (С. Омаров, Дала қызы). Колхоздың *бухгалтері* Болотенко жолдастың айтуынша, тек клуб пен мектеп үйін салуға колхоз 4 800 000 сом қаражат жұмсаған (Көктем лебі). Шаруашылық экономикасын өрге бастыру, ең алдымен, сол шаруашылықтың есеп-қисабын дұрыс жүргізуге байланысты. Бұл салада экономистердің, *бухгалтерлердің*, плановиктердің атқаратын жұмысы зор («Лен. жас»). ◆ **Бас бухгалтер.** *Бухгалтериядағы қызметі жағынан үлкен, негізгі бухгалтер.* Делоларға үңіліп *бас бухгалтер* және толып жатқан бухгалтерлер отырады (С. Алдабергенов, Әңгім.).

БУХГАЛТЕРИЯ з а т. 1. *Есеп-қисап жүргізудің (есепте у, есепке алу) теориясы мен практикасы.* СССР-де *бухгалтерия* қызметі СССР Финанс министрлігі бекіткен ережелер және нұсқаулар арқылы реттеледі (ҚСЭ). 2. *Белгілі бір мекеменің, ұйымның, шаруашылықтың есеп-қисап жүргізетін бөлімі.*— Қазір Жер-су Комиссариатына баратын тығыз жұмыс болып қалды. *Бухгалтериядан* Сәменді шақырыңыз (С. Бегалин, Уақыт.). *Бухгалтерия* бөлмесінде тірескен столдар, әр столда жайылып делолар жатады (С. Алдабергенов, Әңгім.). Жақында совхоз *бухгалтериясы* оларға сентябрь айының стипендиясын салып жіберді («Лен. жас»).

БУХГАЛТЕРЛІК с ы н. 1. *Бухгалтер ісіне тән (әдіс); бухгалтер жүргізетін (іс).* Социалистік экономикада есептің негізгі түрлері — статистикалық және *бухгалтерлік* есеп (Қысқ. саяси экон.). Ведомостар *бухгалтерлік* есеп үшін және жұмысшыларға жалақы есептеу үшін документ болып табылады (Қазақст. етті молайту.). 2. *Бухгалтер маманын даярлайтын.* Сатылған бұл кезде үйде жоқ, Алматыға үш айлық *бухгалтерлік* курсқа оқуға кеткен (Б. Соқпақбаев, Балалық.). Өзім 1959 жылы оныншы класты бітіріп, Алматы ауылшаруашылық техникумының *бухгалтерлік* бөліміне оқуға түстім («Лен. жас»).

БУХТА з а т. *Кеме тоқтауға жарайтын кішкене қойнау немесе шығанақ.* Уақытының көбін Джо *бухтаның* басында, балықшылардың олжасынан қалған тастандыны жинау үстінде өткіземі («Қаз. әдеб.»).

БУХТАЛЫҚ с ы н. *Бухта болардық (орын).* Мынауың *бухталық* жер екен (Ауызекі тіл).

БУША ү с т. *Бу тәрізді, бу сияқты.* Енді қолымды іліктірдім бе дегенде дереу ғайып боп, *б у ш а* жоғалып кетеді («Қаз. әдеб.»).

БУШЛАТ з а т. *Матростарға арнап шұғадан тігілген жылы куртка.* Сары тұмсығын сүрік *б у ш л а т ы н а* тығып бір жамбастап төрде жатыр. Басында көпшік (Е. Домбаев, Ол. адам). Елжас *б у ш л а т ы н* шешіп, жағасынан ұстап сілкіді де, қабырғадағы басы майысқан шегеге ілді (А. Жақсыбаев, Қайырлы таң).

БУШМЕН з а т. *Оңтүстік және Шығыс Африканың ең ежелгі жергілікті халқы.* Бір кезде *б у ш м е н д е р* бүкіл Оңтүстік Африканы түгел жайлайтын (ҚСЭ).

БУЫЗ з а т. д и а л. **Кебек.** Ұнды *б у ы з ы н а н* тазаладың ба? Мына ұнның *б у ы з ы* тым ірі екен (Диал. сөздік).

БУЫЛ е т. **1.** *Бу етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Кулевакин *б у ы л ғ а н* қағазды газетке орап, шығып жүре берді **(С. Ерубаев, Менің құрдас.).** *Б у ы л ғ а н* шырпылар мен қамыстарға адамның көзі тұнады (С. Мұқанов, Таңд. шығ.). Қора ішінде тең-тең болып *б у ы л ғ а н* жүктер мен екі-үш чемоданды әп-сәтте машинаға тиеді (К. Тоқаев, Тасқын). **2.** А у ы с. *Бір нәрсенің кедергіге ұшырап, қысылып бөгелуі, тоқтап қалуы, кешеуілдеуі.* Бала кезінде Шыңғыстың бойы шарға болушы еді. Сондай балалардың кейбірі ересек бола биіктеп те кетеді. Қазақ ондай балаларды *б у ы л ы п* өсті дейді (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз). Ашуына тығылып, Көз-жасы, демі *б у ы л ы п.* Қалтыраған даусымен Деді сұлу: «жаппар хақ» (Б. Майлин, Шығ.). Су басынан *б у ы л а д ы* (Мақал). ◆ **Аузы буылды.** *Үндемеді, дымы шықпады, мелшиді.* Соның жерін жерлеген соң, тілін білмесең меңіреу адам сықылды *а у з ы ң б у ы л ы п,* мелшиесің де тұрасың (З. Жәкенов, Таң самалы).

БУЫЛДЫҚ[1] з а т. б о т. *Сулы жерде өсетін, ұзын сабақты басында ақ гүлі бар, тамыр-жемісті өсімдік.* Көлдің, томардың саздарында жуамен қатар *б у ы л д ы қ* та өседі. Шығымды жылдары оның жұмыры баланың жұдырығындай болады, тармақты сабағының басына үлбіреген ақ гүл өседі (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз). Мен ауылдың бір топ балаларына қосылып, күнде дала кезіп кетемін. Сай-салаларды тінтіп, жуа тереміз, *б у ы л д ы қ* қазып аламыз (С. Омаров, Дала қызы).

БУЫЛДЫҚ[2] з а т. с ө й л. **Буылтық.** Қаратұяқтың тамыры *б у ы л д ы қ* және тәтті болады (С. Мұқанов, Таңд. шығ.).

БУЫЛДЫҚТЫ с ы н. с ө й л. **Буылтықты.** Оның [эхинококкоз] денесі 3—4 *б у ы л д ы қ т ы* болады. Артқы буылдығы үлкен болады да, одан тұқым тарайды (А. Даиров, Хирург.).

БУЫЛДЫР с ы н. с ө й л. **Буалдыр.** Күн көзі *б у ы л д ы р* аспанның шығырауына қарай өршелене биіктеп бара жатыр (З. Иманбаев, Дала.). Бір күні түс қайта-ақ күн *б у ы л д ы р* тұманға айналды, кешіне тұман күшейді (С. Шарипов, Шығ.). Енді *б у ы л д ы р* күз таяның келеді («Қаз. әдеб.»).

БУЫЛДЫРЫҚ з а т. б о т. с ө й л. **Буылдық (1).** Баршагүл олардың [қаз бен үйректің] ішіне тау жуа мен *б у ы л д ы р ы қ* толтырып, шар дәрілеп, пісіріп берген (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.). Дала саз, дала дауыл, дала қатқақ, Балалар борбайларын отқа қақтап, Көміп жеп қоламтаға *б у ы л д ы р ы қ,* Құтыңдап қояды жазды мақтап (Д. Әбілев, Алтай.).

БУЫЛТЫҚ з а т. *Бір нәрсенің бойындағы шорланған, жуанданған жері.* Малдың ашыққан уақытында жүні жіңішкеріп, тойынғанда қайта жуандайтындығынан жүнде *б у ы л т ы қ* пайда болады, оны «аштық буылтығы» дейді (С. Омаров, Мал терісі.). Дәнекер тканінің клеткаларындағы ядро созылып ұзарады да, ортасынан *б у ы л т ы қ* пайда болады (Жалпы биология). Егер бұршақтың немесе басқа бұршақ тұқымдас өсімдіктердің тамырларын қарасақ, оларда өскен *б у ы л т ы қ т а р д ы* — түйнекшелерді — оңай табуға болады (Ботаника).

БУЫЛТЫҚ: буылтық құрт. *Денесі саңқина тәрізді буылтықтанып бітken ұзын (бірнеше мм-ден 3 м-ге дейін) құрт. Б у ы л т ы қ қ ұ р т т а р* Қазақстанның барлық аудандарында кездеседі (ҚСЭ).

БУЫЛТЫҚ-БУЫЛТЫҚ с ы н. *Бір жері жуан, бір жері жіңішке; әр жері бунақталған.* Таласқыш, қанықпезер, өздері кіп-кішкентай қара құмырсқа *б у ы л т ы қ-б у ы л т ы қ* семіз (О. Сәрсенбаев, Жалғыз күрке).— Қап, — деді,— таңертең теріп қайтқан бір қап жапа тезекті төгуді ұмытып кетіпті: анадай жерде *б у ы л т ы қ-б у ы л т ы қ* боп тұр (Ж. Нәжімеденов, Ақ шағыл).

БУЫЛТЫҚСЫЗ с ы н. *Буылтығы жоқ.* Екеуінде де иіруші шебердің созу, оны мұрындыққа іліп, иіріліп келе жатқан жіпті *б у ы л т ы қ с ы з* бірқелкі етіп сыпырлай отыруын, саусақтарының шебер, ширақ қимылдауын керек етеді (С. Қасиманов, Қаз. қолөнері).

БУЫЛТЫҚТА е т. *Буылтық-буылтық ету.* Майлап болған соң екеуі мылтықтарын Отардың жаман шапанына орап, жіппен мықтап *б у ы л т ы қ т а п* байлады (С. Сейфуллин, Шығ. жин.).

БУЫЛТЫҚТАЛ *Буылтықта етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Бұршақ тұқымдас өсімдіктер өсе бастағанда бактериялар олардың тамыр ұлпаларына еніп, сонда көбейеді де, *б у ы л т ы қ т а л ғ а н* түйнектер түзеді (Н. Шоқанов, Микроорганизм.).

БУЫЛТЫҚТАЛУ *Буылтықтал етістігінің қимыл атауы.*

БУЫЛТЫҚТАН *Буылтықта етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Соны айтады да, қара кебежеден *б у ы л т ы қ т а н ғ а н* бүйенді суырып алып, қара аяққа май салады (Б. Майлин, Азамат.). Шұлық венаның *б у ы л т ы қ т а н ы п* түйілген жерлерін басып, орнына келтіріп, оны асқынудан сақтайды (С. Сұбханбердин, Дәрі — дауа.).

БУЫЛТЫҚТАНДЫР *Буылтықтан етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БУЫЛТЫҚТАНДЫРУ *Буылтықтандыр етістігінің қимыл атауы.*

БУЫЛТЫҚТАНУ *Буылтықтан етістігінің қимыл атауы.*

БУЫЛТЫҚТАУ *Буылтықта етістігінің қимыл атауы.*

БУЫЛТЫҚТЫ с ы н. *Буылтығы бар.* Олар *б у ы л т ы қ т ы* тамырларға таңғала қарасты («Қаз. пионері»).

БУЫЛУ *Буыл етістігінің қимыл атауы.* Осыншалықты мол қамыс бұған дейін *б у ы л у* дегенді білмеген («Лен. жас»).

БУЫЛЫП-ТҮЙІЛ *Буып-түй етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Онда сол қысқы киім, тай мата, тағы басқа да осы үйдің іліп аларлық дүние-мүлкі *б у ы л ы п-т ү й і л г е н* күйінде сақталатын болса керек (Ө. Қанахин, Жер бас.). Мұнда [мемлекеттік дыбыс жазу үйі] дыбыс өндіріліп, көбейтіліп, *б у ы л ы п-т ү й і л і п* қалалар мен селоларға жіберіледі («Лен. жас»).

БУЫЛЫП-ТҮЙІЛУ *Буылып-түйіл етістігінің қимыл атауы.*

БУЫН[1] з а т. **1.** *Адам я жан-жануарлар сүйектерінің бір-бірімен өзара қозғалмалы түрде жалғасқан (байланысқан) аралығы.* Сарсық түскен ғой деймін, *б у ы н д а р ы м* да кілтілдеп жүргізбей қалды (С. Мұқанов, Өмір мектебі). Соңғы кездері ол қолымның *б у ы н д а р ы* ауырады деп қыңқылдап айта беруші еді (Б. Қыдырбекұлы, Шайтан.). С витамині жетіспесе малдың *б у ы н д а р ы* ісіп, бұлшық еттері дірілдеуі мүмкін (Ш. Қалықов, Қой. ауру.). **2.** Б о т. *Өсімдік сабақтарының жапырақ немесе бүршік орналасқан, яғни буылтықтанған жері.* Сабақтың жапырақ немесе бүршік орналасқан жері — *б у ы н* (Т. Мұсақұлов, Ботаника). Бүршіктің орналасқан жерін сабақтың *б у ы н ы,* ал екі *б у ы н ы ң* арасын сабақтың буын аралығы деп атайды (С. Турдиев.., Үй өсімдік.). Бидайдың сабағы тік, іші қуыс болады. Сабақта тығыз буылтықтар көрініп тұрады: Бұлар — сабақтың *б у ы н д а р ы* (Ботаника). **3.** А у ы с. *Тұтас бір нәрсенің жеке саласы, бөлімі, тармағы.* Партияның алдында тұрған міндеттердің негізгі *б у ы н ы* ол кезде сауда еді (КПСС тарихы). Мақтаны машинамен жинау мақта шаруашылығын комплексті механикаландырудың аса маңызды *б у ы н ы* болып саналады (М. Ерлепесов, Суармалы егін.). Бұл үшін, әрине, халық шаруашылығының барлық *б у ы н д а р ы н д а* да үлкен ұйымдастырушылық жұмыс керек («Соц. Қаз.»). **4.** А у ы с. *Жас жағынан шамалас, замандас адамдар тобы; ұрпақ, нәсіл.*— Бұл сияқты әрі қиын, әрі қадірлі және өте жауапты міндетті партия, Сәке, сіздерге — әдебиеттің алдыңғы *б у ы н ы н а* — артқан болатын (Ж. Саин, Жол үсті.). Біздің бұл айтып отырғанымыз жалғыз Серкеге ғана тән қасиеттер емес, алғашқы қазақ актерлерінің бойында бар, көптеген соңғы *б у ы н д а р ғ а* да ортақ өнер, халық өнері (Қ. Қуандықов, Серке Қожамқұлов). Үмітпенен сені тосып, Топтап жасап тоқсан жылды. Үш *б у ы н ы ң* басын қосып, Қуанды атаң көңілі тынды (С. Бегалин, Таңд. шығ.). ◆ **Аға буын.** *Көпті көрген, тәжірибесі мол алдыңғы ұрпақ.* Білмегендеріңді, шеше алмағандарыңды көпті көрген *а ғ а б у ы н н а н* сұрауға, олардан үйренуге ұялмандар (Т. Жанкелдин, Партизан.). *А ғ а б у ы н* өкілдері де, әдебиетке соғыстан кейін келген орта буын ақындар да өлең-дастанда-

рын осы планда жазып жүр («Қаз. әдеб.»). **Буын аралық.** Б о т. *Сабақтағы екі буынның арасы.* Бүршіктің орналасқан жерін сабақтың буыны, ал екі буынның арасын сабақтың *б у ы н а р а л ы ғ ы* деп атайды (С. Турдиев.., Үй өсімдік.). **Буын аяқтылар.** З о о л. *Жоғарғы сатыдағы омыртқасыз жәндіктердің ішіндегі ең көп тараған тобы (зоологиялық классификациядағы жеке тип).* Қазір бүкіл жер шарында жәндіктердің 1,5 миллионға жуық түрлері болса, соның 1 миллионы *б у ы н а я қ т ы л а р* типіне жатады (Е. Қашағанов, Қой. құрты). Шыбын-шіркейлер мен құрт-құмырсқа сияқты жәндіктер *б у ы н а я қ т ы л а р ғ а* жатады (Т. Телеуғалиев, Мал қора.). **Буынды құртты.** *Әлсіретті, жүйкелетті, діңкелетті.* Көкірек толған қайғы кісінің өзіне де билетпейді, бойды шымырлатып, *б у ы н д ы қ ұ р т ы п,* я көзден жас болып ағады, я тілден сөз болып ағады (Абай, Тол. жин.). *Б у ы н д ы қ ұ р т ы п,* әлді алды; Кәрілік те жетті сықырлап. Тітіркенті рухты, Ажал тісі шықырлап (І. Жансүгіров, Шығ. жин.). **Буыны бекіді.** а) *Әл кірді, есейді, пысыды. Б у ы н ы б е к і п,* бортаңдап аяқ басқалы ол қоза арасында көзін ашқан (Қ. Әбдіқадыров, Мақташы.). Ол кезде *б у ы н ы м* да *б е к і п* жетпеген жас өспірім едім (Тарту). Бұрынғыдай емес, *б у ы н ы б е к і п,* әжептеуір ит болып қалды (А. Хангелдин, Алғыс). Бұл кезге қарсы февральда туған қозылардың *б у ы н д а р ы б е к і п,* көктемгі қолайсыз күнгі райы жағдайларына төзімді келеді (Т. Әпсеметов, Саулық.). ə) А у ы с. *Ысылды, шыңдалды.* Я, одан бері дивизия біраз шығынға ұшырап, сан жағынан кемігенімен, *б у ы н ы б е к і п,* нығайып қалған сияқты (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн). Осындай қарапайым, бірақ құрметті еңбекте адамдар ержетіп *б у ы н д а р ы б е к і д і,* аса бағалы тәжірибелерді там-тұмдап жинап, осы кейінгі жас ұрпаққа тартынбай үйретіп келді (М. Әмірғалин, Биязы жүн.). **Буыны бекіп, бұғанасы қатпаған.** *Ержетпеген, есеймеген, жас; кемеліне келмеген.* Біреу кеп: «Партбюро хатшысы Сағатова сияқты *б у ы н ы б е к і п, б ұ ғ а н а с ы қ а т п а ғ а н* жас инженерлерді қолына қаршыға қып ұстап, заводтың әлек-шәлегін шығарып жатыр»,— депті (З. Шашкин, Теміртау). *Б у ы н ы б е к і п, б ұ ғ а н а с ы қ а т п а ғ а н д ы ғ ы н,* жастық, қызық дәуренінен айрылғанын, малға сатылып, еріксіз күйеуге кетіп бара жатқанын білдіреді (М. Ғабдуллин, Қаз. ауыз әдеб.). *Б у ы н ы б е к і п, б ұ ғ а н а с ы қ а т п а ғ а н* жас республикаға капитал шал қаптай аттанды (С. Мәуленов, Жұлдыз.). **Буыны босады.** а) *Денеден күш кетті, әлсіреді.* [Сүлейменнің] басы шайқалып отыр. Көзі бұлдырап, *б у ы н ы б о с а п* кеткен (С. Ерубаев, Шығ.). Өзім *б у ы н ы м б о с а п* әлсіреп тұрсам, оның үстіне төлкек етеді (М. Гумеров, Үш күн.). Аш өзекке ас барғанда, *Б у ы н б о с а п* сала берді. Әміршідей бар жалғанға, Құшты етпелеп қара жерді (Қ. Жармағамбетов, Соңғы түн). ə) А у ы с. *Тұла бойын қорқыныш кернеді, үрейі ұшты, қалтырады. Б у ы н ы б о с а п,* тілі байланып, не айтарын білмей, босағадан бері қарай келе алмай, қатып тұра қалды (С. Шарипов, Шығ.). Жүрегім дір-дір етіп, *б у ы н ы м б о с а п,* денемді үрей биледі (З. Шашкин, Теміртау). Осыны ойлап, тұла бойы дір ете түскен Бүбітай керуетте отырған жерінен ұшып түрегелді. Өңі қашып, *б у ы н ы б о с а п* барады (А. Байтанаев, Қайнар.). **Буыны қатты.** а) *Пісіп жетілді, қатайды (өсімдік жайында).* Көптеген шаруашылықтарда қозы енесінен 4—4,5 айлығында, яғни шөптің *б у ы н ы қ а т ы п,* қуара бастаған, әрі жайылымның оты қашып, таптала бастаған кездерде бөлінеді (Ə. Есенжолов, Қаз. қойы). Егер қамыстың *б у ы н ы қ а т п а й* тұрып, жаздың басында, жапырағы жасыл және жұмсақ кезінде шабатын болса, одан пішен дайындауға болады (Б. Муханов.., Қазақст. өсімдік). ə) А у ы с. *Егде тартты, ересек болды, сақайды (адам, мал жайында).* Ілияс онда *б у ы н ы қ а т ы п* кеткен кісідей емес, ынтасын сала оқиды (М. Қаратаев, Туған әдеб.). Ересек, *б у ы н ы қ а т ы ң қ ы р а п* кеткен малды піштіргенде қан көбірек ағады, жарақатының жазылуы ұзаққа созылады (С. Омаров, Қой. бағу.). **Буыны құрыды.** *Әлсіреді, қалжырады, шаршады.* Босағаға жете бере *б у ы н ы қ ұ р ы п* отыра кетті (Т. Ахтанов, Боран). Бұдан әрі не болғанын, қалай келе жатқанын сезінер емес. *Б у ы н ы қ ұ р ы п,* әлі біткен сияқты (А. Хангелдин, Табыс. тағдыр). У ішкендей *б у ы н қ ұ р ы п ,* Жүр Березин меңгірігіп. Босатардай буындарын, Жаман ойға жан құныпып (Ж. Өмірбеков, Мың терезе). **Буынын алды.** а) *Буынынан күш кетті, әлін құртты.* Ауру *б у ы н ы н а л ы п,* төсек тартып жатып қалды (Ауызекі тіл). ə) А у ы с. *Еркінен айырды, билігін жоғалтты.* Өшкенім жанып, өлгенім тірілді, сарғайтқан сағыныш өн бойыма тарап, *б у ы н ы м д ы а л д ы,*

мас етті (М. Иманжанов, Адам.). Еріні қалың да емес, жұқа да емес, Тістері тізіп қойған ақ мәрмәрдей. Бозбала сырттан көріп масаттанып, *Буынын алып* кеткен анкубадай (И. Байзақов, Таңд. шығ.). **Буынына түсті.** *Өн бойына тарады.* Хош иіс, салқын ауа денеңді балқытып, *буынға* дейін *түсіп*... өзіңді бір кіршіксіз гүлдей таза етіп жіберді (С. Ерубаев, Менің құрдас.). Ақ дүлейдің сұрапыл боранынан басқа да қарсы жұмсар айласы көп. Ауаға суық болып тарап, шым-шымдап ішке кіреді. Қойлардың *буынына түсіп* бүрсеңдетіп, бойындағы соңғы жылуын сорады (Т. Ахтанов, Дала сыры). **Буынын баса алмады.** а) *Денесінен күш кетті, әлінен айрылды.* Мұрат Назгүлді көре сала атынан қарғып түсіп еді, *буынын баса алмай* тұрып қалды (Ә. Әбішев, Терең тамыр). ә) Ауыс. *Балқыды, былқ-сылқ етті.* Ай мен күндей екі әйелдің ортасында *буынын баса алмай* былқылдап келе жатқан жігітті көріп, патшаның іші күйеді (Қаз. ертег.). **Буынынды бекіт.** *Өзіңе өзің кел, есіңді жи.* Ал, өзің ең алдымен *буынынды бекіт* (С. Шаймерденов, Болашақ.).— Уа, *буынынды бекіт*, тез байла! Әйтпесе екеуміз де құримыз! — деді Бақтыбай (З. Иманбаев, Солма. гүл). Балам, қорықпа, *буынынды бекіт*, ізін бақылап қалайық (Ш. Хұсайынов, Таныс адам.). **Буыны түсті.** *Былқ-сылқ етті, кербезденді, сәнденді.* Сонда сұлу қыз Құртқа *Буыны түсіп* былқылдап, Алтын қалпақ дулыға Шекесінде жарқылдап, Көтеріп басын сөйледі (Қобыланды). **Жас буын.** *Кейінгі ұрпақ, жастар.*—«Міне, көрдің бе, біздің *жас буындарымыздың* жөндеген паровозын» деп мақтанатын болайық!— деді депоның аға мастері (Н. Ғабдуллин, Қызық дәурен.). Осынау эстафетадай, Жеткізер біздің *жас буын.* Болашақ күнге, өте бай Отанның игі дәстүрін (М. Әлімбаев, Биікке.). КПСС XXIII съезі *жас буын* тәрбиесіне де баса көңіл аударып, елімізде мектептердің жайын жаңарта түсуді ірі міндет етіп қойды («Соц. Қаз.»). **Орта буын.** *Аға буын мен жас буынның аралығындағы ұрпақ.* Бірақ біздің қазіргі жастарымыз, айта берді, *орта буын* ағаларымыздың өзі совет мектебінен тәлім-тәрбие алды емес пе?! («Қаз. әдеб».). Сыншылардың *орта буынды* да ағаларынан «үлгі» алып, үндемеуге бет қойған сияқты («Лен. жас»). **Сырт буын.** *Сырттап қалған, жат, бөтен.* Енді мұндай жорыққа шығудан қалған бірен-саран *сырт буын* ақ бас қарттарды орталарына алып, әлі оттасып жүр (Ғ. Мүсірепов, Кездесп. кет.). **Көп жылдай біріміздің біріміз адасып көз жазып та қалдық, сөйтіп *сырт буын* болып кеттік қой** (С. Талжанов, Ұлдай.).

БУЫН[2] зат. әдеб. лингв. *Сөздерді айту кезіндегі ауаның қарқынмен, кілт үзіліп шыққан бір немесе бірнеше дыбыстар тізбегі.* Осы кезде оқушыны тек дыбыстарды ажыратуға ғана үйретіп қоймай, оларды *буынмен* оқып жаттықтыруға ерекше мән беріледі (М. Мұқанов, Пед. очерк.). Оның [Ақмолда] өлеңдерінің *буыны* кейде артық кетіп, кейде кем қалып отырады (Б. Кенжебаев, Қаз. дем. жазушы.). Комсомол! Үш *буыннан* құралатын бұл сөзде терең мағына, үлкен келелі ой бар («Қазақст. мұғ.»). ◆ **Ашық буын.** *Бір дауысты фонеманың өзінен болған немесе дауыссыздан басталып, дауыстыға келіп біткен буын.* Сөйтіп, дауысты дыбыстың жалғыз өзі тұрып-ақ *ашық буын* бола алады; қатарынан келген екі дыбыстың алдыңғысы дауыссыз, соңғысы дауысты болып та *ашық буын* бола алады (Қазіргі қаз. тілі). **Буын үндестігі.** Лингв. *Сөз ішіндегі, сөздердің аралығындағы буындардың бір-бірімен айтылуы (артикуляция) жағынан өзара үйлесуі, үндесуі.* Лингвистикалық әдебиетте дауыстыларға байланысты үндесуді (сингармонизмді) *буын үндестігі* деп те атайды (Қазіргі қаз. тілі). **Бітеу буын.** *Ортасы дауысты, екі жағы дауыссыз болып келген буын.* Мысалы: мал, төс, құс, қыс, тіс, қант сықылды сөздер *бітеу буын* болады. Өйткені бұл буындардың басқы дыбысы да, соңғы дыбысы да — дауыссыз (Қазіргі қаз. тілі). **Жуан буын.** Лингв. *Құрамындағы дауысты дыбыс жуан болып келген буын.* Октябрь революциясынан бұрынғы лексикамызда бір сөз көлемінде *жуан буынның* жіңішке буынмен қатар тұруы кемде-кем болатын (Қазіргі қаз. тілі). **Жіңішке буын.** Лингв. *Құрамындағы дауысты дыбыс жіңішке болып келген буын.* Буын құрамындағы дауыстының сапасына қарай жуан буын (ба-ла), *жіңішке буын* (мез-гіл) болып бөлінеді (ҚСӘ). **Тұйық буын.** Лингв. *Дауыстыдан басталып, дауыссызға келіп біткен буын.* Мысалы: ат, ән, ор, үн, ай деген сөздер де, ант, өрт, ұлт деген сөздер де — *тұйық*

б у ы н д а р. Бұл буындардың алғашқы дыбысы дауысты, одан соңғы бір не екі дыбысы дауыссыз болып тұр (Қазіргі қаз. тілі).

БУЫН [3] е т. 1. *Бу етістігінен жасалған өздік етіс.* Осы белбеуді ол [Бүркіт] қысқы киімін шешкенде де тастамай, қамзолының сыртынан *б у ы н ы п* жүреді (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.). Боранбай белін қайыс белбеумен *б у ы н ы п,* жеңдерін түріне алыпты (Ж. Мұзапаров, Қаби карт.).— Қызыңыз келді ме? — деді жібектен тігілген халатын қапсыра *б у ы н ы п* алған ақсары әйел полковник пен жалтыр бас күйеуіне алма-кезек қарап (А. Сатаев, Аққу.). 2. *Бір нәрсенің алқымды (тамақты) қатты қысуынан, сығымдауынан болатын қылғыну.*— Құлындар *б у ы н ы п* қалмасын. Күзет қойыңдар,— деді Шәкен мырза (Ғ. Мұстафин, Дауыл.).— Әкем-ай, мына Аянның мінезі неткен қиын еді... Әлгінде *б у ы н ы п* өліп қала жаздады ғой (С. Мұратбеков, Көкорай).— Қайда қаңғып жүрсің, жүгермек?! Арқандаулы бұзау *б у ы н ы п* өле жаздапты ғой (О. Сәрсенбаев, Жалғыз күрке). 3. А у ы с. *Қатты ашуланғандықтан, долданғандықтан, ызаланғандықтан сөйлей алмай (даусы шықпай) қалу.* Бұзаубақ ызаланып, долданып *б у ы н ы п* сөйлей алмады (С. Сейфуллин, Әңгім.). Даусы құрғыры әлі де шықпай, ән қайырмасын көтерер жерде бақсыдай *б у ы н ы п,* қып-қызыл боп кетеді (М. Дүйсенов, Гүлжан.).— Тоқтат, қаңғырған нәлет, бұлдірдің деген соң бұлдірдің! — деп *б у ы н д ы* да қалды (А. Тоқмағамбетов, Әке.). ◆ **Белін бекем буынды.** *Бел байлады, теуекелге басты.* «Жоқ, оған көмектесуім керек» дегенге Жарқын да *б е л і н б е к е м б у ы н ы п,* тәуекелге басты (М. Иманжанов, Менің махабб.). Ел егінге шабуылға шығуға *б е л і н б е к е м б у ы н ы п* алған (С. Мәуленов, Жер нәрі). Енді өз обалдары өздеріне, алған беттен қайтар Бүбітай жоқ, Жапал да *б е л і н б е к е м б у ы н а р* бұл жолға (А. Байтанаев, Қайнар.).

БУЫН-БУЫН с ы н. 1. *Буыны көп, бірнеше буын.* Бамбуктың бітісі қамыс тәрізді, *б у ы н-б у ы н,* өзі тастай қатты (М. Әуезов, Индия очерк.). Сол медузаның қасында соған ұқсастау, бірақ, *б у ы н-б у ы н,* ұзыншақ бір жәндік жүр (А. Машанов, Жер асты.). 2. З а т. м. *Барлық буыны, бүкіл денесі, өне бойы.*— Ақсақал-ау, айтсаңшы, не боп қалды? — Тұрардың жүрегі зу етіп, *б у ы н-б у ы н ы* дірілдеп кетті (С. Алдабергенов, Қанат.). Сол жерде оның жүрегі кенет мұздап, *б у ы н-б у ы н ы* қалтырап кетті (Ф. Дінисламов, Көл жағасы.). Қолдан ашытқан сыра ә дегенше *б у ы н-б у ы н д ы* қуалап, өне бойды алып барады (С. Жүнісов, Жапанда.).

БУЫНҒЫЗ *Буын (3) етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БУЫНҒЫЗУ *Буынғыз етістігінің қимыл атауы.*

БУЫНДА [1] е т. б о т. *Буын салу, буын пайда болу.* Қырым ошағаны *б у ы н д а п,* гүлден келе жатқан кезеңінде пішенге орылады (Шопан серігі).

БУЫНДА [2] е т. ф и л о л. *Буын-буынға бөлу, буын құрау.* Дыбыстан жинап сөз құрап, Ол сөзімді *б у ы н д а п. Б у ы н д а п* едім болсайшы, Жалғаудан жалғау туындап (І. Жансүгіров, Шығ. жин.).

БУЫНДАЛ *Буында (1) етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Тобылғы сап, алтын сақинамен *б у ы н д а л ғ а н,* сегіз өрім қамшы (З. Шашкин, Тоқаш Бокин).

БУЫНДАЛУ *Буындал етістігінің қимыл атауы.*

БУЫНДАН *Буында (2) етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Сөйтті де, ойындағысын жеткізуге асығып, сыбырлай жөнелді. *Б у ы н д а н ы п* шыққан сөздер. Айса үшін кәдімгідей көрінеді (Т. Тобағабылов, Жазира).

БУЫНДАНУ *Буындан етістігінің қимыл атауы.*

БУЫНДАС [1] е т. *Жалғасу, қиюласу, түйісу.* Әрбір клетканың бір ұшы, кейде екі ұшы бірдей жауырын сүйегінің тоқпан жілікке *б у ы н д а с қ а н* жеріндегі беті сияқты ойпаттанып бітеді (Т. Мұсақұлов, Ботаника). Сүйектердің өне бойын, яғни өздерінің бір-бірімен *б у ы н д а с ы п* қосылатын жерлерінен басқа жерлерінің бәрін жұқа қабық — сүйек қабығы — қаптап жатады (Адам анатом.). Қызылдың қиюлары қиюласып, Бірімен біреуі тұр *б у ы н д а с ы п.* Диқаншы қыз қолына күрек алды, Алтын дәнді аспаннан суылдатып (Халық ақындары).

БУЫНДАС [2] с ы н. *Құралпас, замандас, қатарлас.* Ал, Қорамжан *б у ы н д а с* адамдардың білім бұлағы кітаптан емес, кең дүниенің, өмірдің өзінен (Ж. Жұмақа-

нов, Солдат.). Шәкірт кезінде менің *б у ы н д а с т а р ы м а* революция жаршысы Сәкеннің дауылпаз жырлары аңыздай естілген еді («Қаз. әдеб.»).

БУЫНДАСУ *Буындас етістігінің қимыл атауы.*

БУЫНДАТ *Буында (2) етістігінен жасалған өзгеліқ етіс.*

БУЫНДАТҚЫЗ *Буындат етістігінен жасалған өзгеліқ етіс.*

БУЫНДАТҚЫЗУ *Буындатқыз етістігінің қимыл атауы.*

БУЫНДАТТЫР *Буындат етістігінен жасалған өзгеліқ етіс.*

БУЫНДАТТЫРУ *Буындаттыр етістігінің қимыл атауы.*

БУЫНДАТУ *Буындат етістігінің қимыл атауы.*

БУЫНДАУ *Буында (2) етістігінің қимыл атауы.*

БУЫНДЫ [1] с ы н. **1.** *Буыны бар, бунақталған.* Қабырғада сүйеулі ала таяқтардың арасында сарғыш *б у ы н д ы,* бойшаң Бұхар асалары да көрінді (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). Ағыбайдың ең сүйікті қаруы тоғыз *б у ы н д ы,* жез сақиналы жуан қайың найза (І. Есенберлин, Қаһар). **2.** *Тармақты.* Азаматтың бұлдыраған көзі 18 *б у ы н д ы* шарттың әр әрпін бір шолып өтті (Б. Майлин, Азамат.).

БУЫНДЫ [2] с ы н. ф и л о л. *Буыннан тұратын.* Жамбылдың өлең-жыр үлгілері — жеті *б у ы н д ы* жыр мен он бір *б у ы н д ы* қара өлең өлшеулері (Е. Ысмайылов, Ақындар). Поэманың басталған жерінде екі жолдық, егіз ұйқасты, сегіз *б у ы н д ы* өлеңдер бар (М. Қаратаев, Туған әдеб.). Қазақ тіліндегі байырғы сөздердің негізгі түбір тұлғасы көбінесе не бір *б у ы н д ы,* не екі буынды болып келеді. Үш буынды негізгі түбір (мысалы: шағала, кереге т. б.) олардан гөрі аз ұшырайды (Қазіргі қаз. тілі). ◆ **Аралас буынды.** *Буындары әр түрлі болып келген.* «Ерікті ырғақты» дегеннен гөрі біз *«а р а л а с б у ы н д ы»* немесе «аралас ырғақты» мақал-мәтелдер деген жөн бе дейміз (М. Әлімбаев, Өрнекті сөз).

БУЫНДЫ [3] з а т. *Буылған зат, бума.* Іште қырық-елудей кітап, шегі жоқ бір домбыра, екі дойбы тақтайы, үш-төрт газет *б у ы н д ы с ы* жатты (Ғ. Сыланов, Очерк.). Көңіліне көбірек алып архив *б у ы н д ы л а р ы н* ақтарғандағы баса қарастырғаны осы еді (С. Бегалин, Шоқан асу.).

БУЫНДЫР е т. **1.** *Буын етістігінен жасалған өзгеліқ етіс.* Қақаған аязда баласының белін мықтап *б у ы н д ы р ы п,* жолға шығарды (Б. Майлин, Шығ.). Болатов өзін-өзі *б у ы н д ы р ғ а н* күлкісін басу үшін: — Барлық қаруды дереу бірінші взводтың командиріне табыс ет — деді (Қ. Қайсенов, Жау тылы.). **2.** *Біреудің тамағынан қысу, сығымдау, қылғындыру.* Жағамнан алып *б у ы н д ы р ы п* жатқанда жаның ашығаны сол ма? Мені тірідей көмген жерің осы болды! — деп салды (Д. Әбілев, Арман.). Сонан әрі қарсыласуға, ес жинауға шамасын келтірмей, күндесін дәл алқымынан қыл шылбырмен *б у ы н д ы р ы п* сығып алды да, иыққа салып сүйрей жөнелді (Ә. Нұрпейісов, Сергелдең).

БУЫНДЫРТ *Буындыр етістігінен жасалған өзгеліқ етіс.*

БУЫНДЫРТҚЫЗ *Буындырт етістігінен жасалған өзгеліқ етіс.*

БУЫНДЫРТҚЫЗУ *Буындыртқыз етістігінің қимыл атауы.*

БУЫНДЫРТУ *Буындырт етістігінің қимыл атауы.*

БУЫНДЫРУ *Буындыр етістігінің қимыл атауы.* Бұлардың бұралқы итке деген ыза бойларын кернеді, олар бұл сұмырайды улы жылан секілді *б у ы н д ы р у ғ а* әзір еді. Бірақ шарасыздан бойсұнып, көнуге тура келді (Қ. Қайсенов, Жау тылы.).

БУЫНҚАП з а т. а н а т. *Жіліншіктердің бір-бірімен жалғасатын жеріндегі жылтыр, ақ шеміршек.* Сүйек жік арқылы өзара қозғалмайтын болып немесе шеміршек не *б у ы н қ а п* арқылы қозғалмалы болып жалғасады (Құс өсіру.).

БУЫНҚҰРТ з а т. **1.** *Білдірмей жүріп, іштей жейтін жегі, буынды алатын құрт ауруы.* Ол көптен бері *б у ы н қ ұ р т п е н* ауырушы еді, жақында ауруханаға жатты (Ауызекі тіл.). **2.** а у ы с. *Көз құрты, еркінді алатын сиқыр.*— Сол құртады ғой жігітті, әйел заты *б у ы н қ ұ р т* емес пе, — деп Дәукең бір ырғалып, жұртқа көз тастап, қайтадан сөз арнасына түсті (Т. Ахтанов, Дала сыры). **3.** а у ы с.

Уайым-қайғы, қасірет, зар. Ықыластың өзін айдап кетпей өзегіне *буынқұрт* түсіруінде алыстан меңзеген сұмдық жатқандай (Т. Әлімқұлов, Туған ауыл).

БУЫНСЫЗ сын. *Буыны жоқ, былқсылқ еткен, майысқан, бұралған.* Жылы қанға бұланған мұздай денені ұстаған күйі көтере түсті де, жансыз, *буынсыз* өлі екенін көріп, есіктен шыға жөнелді (Х. Есенжанов, Көп жыл.). Естеместің салалы ұзын саусағы *буынсыз* болып кеткендей, жібектей майысып, жыпылдап барады (Т. Ахтанов, Боран). *Буынсыз* бұратылған биші Шара, Қазақта би болып па, ол тың бір сала. Сан сында сүрінбеген даңғыл дарын, Алдына жан салмаған жалғыз қара (Т. Әбдірахманова, Көгершін). ◆ **Буынсыз жер.** *Орынсыз, жөнсіз жер. Буынсыз жерде* қинадың-ау (Ш. Хұсайынов, Таныс адам.). Балал, сен осы мені *буынсыз жерге* жұмсап жүрген жоқсың ба? (С. Шаймерденов, Қарғаш).— Поповтың отрядымен бірге барасыз. *Буынсыз жерде* басыңызды қатерге байламауыңызды өтінемін (Қ. Қайсенов, Жау тылы.). **Буынсыз жерге пышақ ұрды [салды].** *Жөні келмес жерде бір нәрсені қолқалап сұрап әуреледі, қинады; орынсыз талап, жөнсіз тілек қойды.*— Не бітірем, *буынсыз жерге пышақ ұрғанмен* бола ма (М. Иманжанов, Менің махабб.).— Шырағым-ай, *буынсыз жерден пышақ ұрдың-ау* (Ә. Әбішев, Терең тамыр.). *Буынсыз жерге пышақ салған* соң қайтейін (М. Әуезов, Таңд. шығ.). — Жездетай, *буынсыз жерге пышақ салма?* (З. Шашкин, Тоқаш Бокин). **Буынсыз тіл.** *Шешен сөз, шебер тіл. Буынсыз тілің* Буулы сөзің, Әсерлі адам ұғлына, Кісінің сөзін Ұққыш-ақ өзің, Қисығын түзеп тұғрыға (Абай, Тол. жин.).

БУЫНСЫЗДЫҚ сын. *Буыны жоқтық; майысқақтық, иілгіштік.*

БУЫН-ТҮЙІН зат. сөйл. **Буыншақтүйіншек.** Жамбыл станциясынан толық жігіт пен әйелі де түсті. Өздерінің жүктері, *буын-түйіні* көп-ақ екен (Ә. Тарази, Құйрықты.). Төменнен Темір бастаған Құралай, Ғайни, Василийлер келеді. *Буын-түйіндерімен* шаршап, алқынып келеді (Ә. Тәжібаев, Жартас).

БУЫНТЫҚ зат. сөйл. **Буылтық.** Қарасам сасырдың сәбағының әр жері білеубілеу *буынтық* екен (Т. Сұлтанбеков, Лұхман Хакім).

БУЫНТЫҚТАЛ ет. сөйл. **Буылтықтал.** Мұндай аурулардан өлген қойлардың ішінен, ұзын-ұзын жіңішке яки *буынтықталған* ақ құрттар шығады (Х. Арғынбаев, Мал ауру.). Сабағы жасыл түсті, *буынтықталып* өседі (Б. Шағыров, Картоп).

БУЫНТЫҚТАЛУ *Буынтықтал етістігінің қимыл атауы.*

БУЫНУ *Буын етістігінің қимыл атауы.* Ескі кенеп патронтаж да бір-екі жерінен қиылып *буынуға* келмей қалыпты (С. Бегалин, Уақыт.). Енді оған самолет белбеуін *буыну* оп-оңай іс боп көрінді (Ә. Нұршайықов, Батыр.).

БУЫНУШЫЛЫҚ зат. *Буыну ісін істеушілік, буынғандық.*

БУЫНШАҚ зат. *Буылған кішкене нәрсе, кішкене бума.* Арқасында таңып алған *буыншағы* бар, мойнында дорба, қолында таяқ (Ғ. Мұстафин, Қарағанды). Көкем апамның *буыншақтарын* ақтарып, жабағы жүн тауып алды (М. Тиесов, Төлбасы).

БУЫНШАҚ-ТҮЙІНШЕК зат. *Буылған, түйілген бірнеше зат.* Шана үстінде *буыншақ-түйіншек* бірдемелер көрінді (Д. Әбілев, Арман.). *Буыншақ-түйіншектерін* көтеріп, олар автобустың артқы есігінен қарбаласып міне бастады (Б. Соқпақбаев, Аяжан). Есік ашылды. *Буыншақ-түйіншегін* босағаға қоя салып, біреу тура төрге қарай тартты (Б. Қыдырбекұлы, Шайтан).

БУЫНШАҚ-ТҮЙІНШЕКТІ сын. *Буыншақ-түйіншегі бар, буыншақ-түйіншек көтерген (адам).*

БУЫНШАҚТЫ сын. *Буыншағы бар, буыншақ көтерген.* Есіктің алдына *буыншақты* бір адам келіп тұр (Ауызекі тіл).

БУЫНЫП-ТҮЙІН ет. *Жиналып-терілу, жолға қамдану, әзірлену, даярлану.* Қарасай лезде *буынып-түйінді* де, есікті еппен ашып, тысқа шықты (С. Жүнісов, Жапанда.).

БУЫНЫП-ТҮЙІНДІР *Буынып-түйін етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БУЫНЫП-ТҮЙІНДІРУ *Буынып-түйіндір етістігінің қимыл атауы.*

БУЫНЫП-ТҮЙІНУ *Буынып-түйін етістігінің қимыл атауы.*

БУЫНЫП-ТҮЙІНІП үст. *Қамданып, даярланып.* Біз жылдам *буынып-түйініп* даяр болдық (С. Сейфуллин, Тар жол.). Бастығымыздан басқасының бәрі әзірлігін істеп, *буынып-түйініп,* қамданып отыр (С. Төлешев, Түрлі. бас.).

БУЫП-ТҮЙ ет. *Бір нәрселерді жинастыру, орап-байлау.* Жамал мен Серік тез киінді де, үйдің ішін *буып-түйе* бастады (Қ. Қайсенов, Жау тылы.).

БУЫП-ТҮЙІП үст. *Жинастырып, байлап.* Бір күні аңнан қайтса, атасының аға малайы қара Жақып Бәтиманың ең қымбатты бұйымдарын *буып-түйіп,* арбаға салып қойыпты (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). Бөлмеге келіп, *буып-түйіп* жатқан нәрселерімді қайта қолға ала бергенімде Тұрсын келді (Б. Аманшин, Жар мұңы).

БУЫП-ТҮЮ *Буып-түй етістігінің қимыл атауы.* Ақырында, толық өзіндік құнға өткізу жөніндегі шығындар да, қойма шаруашылығына, өнімдерді *буып-түюге,* тасымалдауға кететін шығындар да қосылады (Қысқаша саяси экон.). Ұзақ тұрып барды да, өздерінің төсек-орындарын бүктеп, *буып-түюге* кірісті («Қаз. әдеб.»).

БУЫРҚАН ет. 1. *Өзеннің жағаға ұрып, көбік шашып, құлай тез ағуы, астан-кестен болып тасуы.* Асау Терек долданып, *буырқанып,* Тауды бұзып жол салған, тасты жарып, Арыстанның жалындай бұйра толқын, Айдаһардай бүктеліп жүз толғанып (Абай, Тол. жин.). Сонау Тянь-Шань тауларының мәңгі мұздарынан басталатын Нарын мен Қарадария тас қиядан гүрілдеп құлап, «тауды тіліп, тасты бұзып», тар шатқалдармен *буырқана* ағып, Ұлы Сырдария арнасына тоғысады (Ә. Нұршайықов,... Менің Қазақст.). Көктемде су тасыған кезде *буырқанып,* жылдам ағатын Ертіс жаз және қыс көп тайыздап қалады (Ә. Бірмағамбетов,.. Қазақст. геогр.). 2. *Желдің, дауылдың өршелене, үйткі соғуы; ауа райының әлей-түлей болып бұзылуы.* — Дүние әлемтапырақ. Аспан күркіреп, шарт-шұрт сынған найзағай. *Буырқана* соққан дауыл, шелектеп құйған нөсер (Т. Бердияров, Солдат.). Қызыл жыңғыл бойында Күздігүні туыппын. *Буырқана* тұрыпты, Қара жаңбыр құйып күн (С. Мәуленов, Таңд. өлең.). Алай-түлей *буырқанып* бар алап, Үйткіды жел ойды-қырды аралап. Міз бақпайды ақпанынан жер алып, Сыз етігін киіп алған тазалап (Ә. Шалабаева, Қыс суреті). 3. Ауыс. Фольк. *Қаһарына міну, қатулану, ашулану.* Шошының тізгін жимады, *Буырқанды,* бұрсанды, Мұздай темір құрсанды. Жау жағадан алған соң, Беренге батыр сыймады (Ер Тарғын). Қатуланып қаттанып, *Буырқанып,* бұрсанып, Мұздай темір құрсанып, Қабағынан қар жауып, Кірпігінен мұз тоңып... Батыр кейіп келеді (Қобыланды.). *Буырқанып,* бұрсанып, Мұздай темір құрсанып, Ашу қысты денені (Алпамыс). 4. Ауыс. *Бураның келеге түскен кезіндегі аузынан көбігін шашып құтырынуы, төңірегіне айбат шегуі.* Өз бетімен *буырқанып,* әлденеге шала бүлініп тұрған бураның көзі бұларды шалып қалатынын олар білмеді (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). ◆ **Бурадай буырқанды.** *Қаһарланды, бұрсанды.* Қабасақал сары қаңтардағы *бурадай буырқанып,* қылышын қынабынан суырып алды (С. Омаров, Әңгім.). Жылады жыршыменен көктің асты, Бұлт бусап, буырлы бас төкті жасты, Кемпір, шал кемсең қағып, кәрі Каспий, *Бурадай буырқанып* көбік шашты (Б. Адамбеков, Ақбөбек).

БУЫРҚАНДЫР *Буырқан етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Жүрегін елжіретіп, қақ өзегін жарып шыққан шабыт күйі бар сезімін, жан дүниесін *буырқандырып,* қатты тебірендірген (З. Жәкенов, Таң самалы).

БУЫРҚАНДЫРУ *Буырқандыр етістігінің қимыл атауы.*

БУЫРҚАНТ *Буырқан етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Қан майданда құрсантып, *Буырқантып,* бұрсантып, Құрышпен белін буғызды (Ү. Кәрібаев, Өлең.). Жұртшылықты жұмылтып, *Буырқанта* бұлқынып,— Колхоз өсіп барады (А. Тоқмағамбетов, Таңд. шығ.).

БУЫРҚАНТУ *Буырқант етістігінің қимыл атауы.*

БУЫРҚАНУ *Буырқан етістігінің қимыл атауы.* Бұл не, ашы өмірдің долы *буырқануы* ма? Әлде сарқылған соңғы өксік пе? («Лен. жас»).

БУЫРҚАНЫС з а т. *Іштей ширығушылық, қаһарланушылық; буырқанғандық.* Оның есесіне барлық *б у ы р қ а н ы с ы,* ызасы ішінде арпалысып, көбік шашқан ой толғауын тереңнен қозғайтын сияқты («Лен. жас»).

БУЫРҚАСЫН з а т. с ө й л. **Буырқаныс.** Ақын жаңы әсте тыныштықты сүймейді. *Б у ы р қ а с ы н* керек, өмірмен қоян-қолтық араластыратын жол — сапар керек («Қаз. әдеб.»).

БУЫРСАН е т. с ө й л. **Бұрсан.** Мұз қатардағы көлдің суы тәрізді күндіз-түні бу бұрқырап, арық *б у ы р с а н ы п* жатады (З. Шашкин, Теміртау).

БУЫРСАНУ *Буырсан етістігінің қимыл атауы.*

БУЫРШЫН з а т. *Аруана мен үлектен туған 4 жасар жас бура; інген бұзар.* **Ей, ей, ей ...** Жаным-ау, мына жынды *б у ы р ш ы н* шайнай ма ботамды (Ғ. Мұстафин, Жиырма бес). Желіге қатар-қатар мал байланды, *Б у ы р ш ы н,* боталы інген, нар байланды. Семіз ат, тайлы бие ноқталанып, Желіні толтыруға ыңғайланды (Н. Ахметбеков, Жасауыл.). Мені де халқым біледі, Сейлеп жүрмін бұрыннан, *Б у ы р ш ы н* қуған бурадай, Қарайсың неге қырыннан? (Айтыс).

БУЫРШЫНДАЙ ү с т. *Буыршын сияқты.* Енді, міне, өңшең өріске шыққан *б у ы р ш ы н д а й* маң-маң басып, бұған қарсы каптан келеді (Ә. Кекілбаев, Дала.).

БУЫРШЫНША ү с т. *Буыршын тәрізді.* Кім көнбесе Мұқанның қорлығына *Б у ы р ш ы н ш а* тіз деді, дүре салды (Қ. Жұмалиев, Қырда.).

БУЫРЫЛ с ы н. с ө й л. **Бурыл.** Қарсы алдында иықты келген, сақал-мұртына *б у ы р ы л* кірген, бойшаң, қара сұр шал (Ғ. Мүсірепов, Кездесп. кет.). Колхозда көп жылдан бері бағбан болып істейтін *б у ы р ы л* сақалды, кою мұртты Авдей Андреевич столдың ең төрінде, тойға басшылық етіп отыр (Ж. Жұмақанов, Қаракөз.).

БУЫРЫЛДАН е т. с ө й л. **Бурылдан.** Мынау самай шашы *б у ы р ы л д а н ы п,* әжімделген кексе жүзді, орта жастағы адам сонау бір жас күнін еске алып мұңаяды (С. Бегалин, Уақыт.). Бір кезде тұйық мінезді жас жігіт бұл кезде самай шашы *б у ы р ы л д а н ы п,* бетінде әжімі көбейіп, егде тартқан (Н. Ғабдуллин, Өмір.).

БУЫРЫЛДАНУ *Буырылдан етістігінің қимыл атауы.*

БУЫРЫЛДАУ с ы н. с ө й л. **Бурылдау.** Төр алдында *б у ы р ы л д а у* шашты, аса бір ажарлы адам отыр (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке).

БУЫС *Бу етістігінен жасалған ортақ етіс.* Балуандар жалаңаш денелеріне шекпен киісіп, бір жақ иықтарын жалаңаштап, белдерін *б у ы с ы п* дайындалып жатыр (С. Сейфуллин, Шығ.). Жаңыл асын ішіп, мыналарды *б у ы с т ы* да, бағана бір әзірде кетіп еді («Лен. жас»).

БУЫСТЫР *Буыс етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БУЫСТЫРУ *Буыстыр етістігінің қимыл атауы.*

БУЫСУ *Буыс етістігінің қимыл атауы.*

БУ-ЭЛЕКТР: **бу-электр станциясы.** *Энергияны будың күші арқылы өндіретін электр станциясы.* Орталық *б у - э л е к т р с т а н ц и я с ы* отын ретінде мазут орнына Бұхара газын пайдалана бастады («Лен. жас»).

БҰ е с. с ө й л. **Бұл.**— Иіс майы бұрқылдаған *б ұ* қайсың, әй?!— деді шымылдықтың тасасынан әйел даусы (Т. Әлімқұлов, Ақбоз ат). ... Кезегі келген күні бәрі болады. *Б ұ* кісілер жағдайды білмейді дейсіңдер ме? (М. Дүзенов, Ақәже). О да **найза салады,** *Б ұ* да найза салады, Екеуінің **найзасы,** Қармақ болып қалады (Батырлар жыры). ◆ **Бұ дүние.** *Тіршілік, өмір.* Нұржан өлеңдерінің көпшілігі ислам дінінің мән-жайы, парызы, шариғаты, о дүние мен *б ұ д у н и е* жөнінде діндар адамдардың мінез-құлығы жайында болып келеді (Б. Кенжебаев, Қаз. дем. жазушы.). Мен қайттым, көк тастағы жазған сөздің, Мазмұнын ақ қағазға жазып алып. *Б ұ д у н и е* ойлап тұрсам жалған екен, Михнатқа талайларды салған екен (М. Сералин, Гүлқашима). **О жақ, бұ жақ.** *Арғыбергі жақ, жан-жақ; айнала, төңірек.* Бәйбіше амандасып келіп, еркектермен бірге аттың *о ж а қ, б ұ ж а ғ ы н а* шығып, ол да арқарды тамаша етті (М. Әуезов, Қараш.). Аумағы да молайып, қойнауды жүлгелеп, *о ж а қ, б ұ ж а қ қ а* созылып кетіпті (Ғ. Сыланов, Домбыра.). Қара дәу ұйқытап жатыр екен, жүгіріп үстіне шықты. Оянбады. *О ж а қ, б ұ ж а ғ ы н а* қарады (Батырлар жыры). **О қыш, бұ қыш.** *Өйтіп-*

бүйтіп, амалдап. Қойшы амалдап, *о қ ы п, б ұ қ ы п* ұстанікінен аман-есен өз жатағыма жеттім (С. Сейфуллин, Әңгім.).

БҰҒА-БҰҒА үст. *Қайта-қайта бұғып, жиі бұғып.*

БҰҒАЗ зат. геогр. *Екі мұхиттың немесе теңіздің бір-біріне жіңішкеріп келіп қосылған жері.* Каспий осындай зор аумақты алып жатқан кең көлеміне байланысты теңіз деп аталғанмен, шынында көл. Өйткені, ол ешқандай *б ұ ғ а з* арқылы мұхитпен байланыспайды (Ә. Бірмағамбетов.., Қазақст. геогр.). Дүние жүзіндегі ең тар *б ұ ғ а з* — Босфор. Бұғаздың ұзындығы 30 *км,* көлденеңі 750—3700 метр (Ғалам ғажап.). // *Арал мен құрлықтың, немесе құрлық пен құрлықтың екі арасын бөліп тұратын жіңішке су.* Сахалинді Азия материгінен Татар *б ұ ғ а з ы* бөліп тұр (Н. Баяндин, Саяхат.). Жіңішке тар *б ұ ғ а з* арқылы көл шығыс және батыс Балқаш болып екіге бөлінеді (К. Күленов, Қазақст. балық.).

БҰҒАЗДЫ с ы н. *Бұғазы бар, бұғаз арқылы жалғасқан (теңіз, көл).*

БҰҒАҚ з а т. *Адамның, малдың иек астындағы алқым еті.* Ақбаланың қазір, бала көтерген соң беті толығып, *б ұ ғ а қ ы* біліне, бар мүшесі бір түрлі балғын тартқан (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). Енді оның екі ұрты болбырап, *б ұ ғ а қ ы* салбырап, аузы дорбаланып кетіпті (Б. Қыдырбекұлы Шойынқұлақ). Терінің молырақ қатпарланатын жерлері — ірі қараның әукесі, кейбір қой тұқымының *б ұ ғ а қ ы,* еркек малдың күпегі сияқтылар (С. Омаров, Мал терісі.). ◆ **Бұғақ ауруы.** М е д. *Қалқанша (тамақ) бездері қызметінің бұзылуынан болатын ауру, жемсау ауруы; зоб.* Йодтың жетіспеуінен немесе аздығынан қалқанша бездің қызметі бұзылып, *б ұ ғ а қ а у р у ы н а* әкеп соқтырады (З. Сейітов, Сүт өндеу.). Йодтың кемдігі тамақ бездері қызметін нашарлатып, *б ұ ғ а қ а у р у ы н* туғызады (Т. Дарқанбаев, Витамин.).

БҰҒАҚТА е т. **1.** *Бұғағынан алу, алқымына жармасу.* Кендірбай Болатты *б ұ ғ а қ т а п,* кеңірдектен жанын шығарып барады (Ауызекі тіл). **2.** А у ы с. *Сай-жыраны, жылға-жылғаны қуу, кемерлеу.* Сулар жатыр сай, жыраны *б ұ ғ а қ т а п,* Боз төбелер бұрқыратып бу атпақ... Көктем кепті, көктем кепті қараңдар, Көк аспанда ақша бұлттар шуақтап (С. Асанов, Алматым.).

БҰҒАҚТАН е т. *Бұғақ пайда болу.*— Айтпақшы, сенің көңілің болса ол қызды нетуіңе болады,— деді ол *б ұ ғ а қ т а н ы п* қалған мұқыл иегімен поездың алдыңғы жағын нұсқап (Ә. Нұршайықов, Махабб.).

БҰҒАҚТАНУ *Бұғақтан етістігінің қимыл атауы.*

БҰҒАҚТАУ *Бұғақта етістігінің қимыл атауы.*

БҰҒАҚТАУ: бұқа бұғақтау. *Бұғағы салбыраңқы. ... Бұзау көздеу, б ұ қ а б ұ ғ а қ т а у,* өнімсіз де болымсыздау... Талант-талабы таяздау, талап етуі шексіздеу... Солар жайында жазайын деп жүргенім бар (Ғ. Мүсірепов, Кездесп. кет.).

БҰҒАҚТЫ с ы н. *Бұғағы бар; алқым еті өскен.* Байғұлдың баласы Ысқақ дейтін — жұмық көз, *б ұ ғ а қ т ы* сары жігіт (Б. Майлин, Шығ.). Ашық жағалы, баран түсті көйлек толық денелі, *б ұ ғ а қ т ы,* мойны тоқ, етжең әйелге болмаса, қағылез әйелдің ұсқынын алып кететіні қандай (М. Иманжанов, Көк белес).

БҰҒАЛТЕРЛІК з а т. с ө й л. **Бухгалтерлік.** Бақтығүл, сендер білесіңдер ме мені? Мен заманында *б ұ ғ а л т е р л і к* оқуды тауысқанмын (Ә. Қалдыбаев, Шаншар.).

БҰҒАЛЫҚ з а т. **1.** *Асау ұстауға арналып, бір жағы тұзақталған 12—15 құлаштай мықты қыл арқан.* Сіз әжем үйінің жылқышысы Түкен ағайдың асау ұстағанын көрсеңіз... Ол асауды *б ұ ғ а л ы қ п е н* ұстағанда, қозыдай домалатады (С. Бегалин, Бала Шоқан). Екі жағынан екі әлеуетті жігіт жақындап келіп, Ақбайпақтың екі құлағына жабысты. Тұқыртып төмен басып, *б ұ ғ а л ы қ т ы ң* ілмегін азырақ босатып, тыныс алдырды (С. Талжанов, Ұлдай.). Асау торының мойнына *б ұ ғ а л ы қ т ы ң* қалай сарт ете түскенін ол байқамай да қалды («Соц. Қаз.»). **2.** А у ы с. *Өз еркіне бағындыратын күш, қысым, тегеурін. Б ұ ғ а л ы қ қ а* жуасып жатқан Сырдария жоқ, ол әлі баяғыдай асау (С. Мұқанов, Сырдария). Әжемнің Қамбарға да тастар *б ұ ғ а л ы ғ ы* жоқ емес сияқты (К. Оразалин, Ақ жазық). Жаяу жуық арада *б ұ ғ а л ы қ қ а* көне қоймас (З. Ақышев, Қызыл жалау). ◆ **Бұғалық салды.** *Өз еркіне бағындырды, тізгіндеді; қыспақта ұстады.* Ол үшін Ертістің салаларына ғана емес, өз арнасына да

бұғалық салу міндетін қойды (С. Тәжіғұлов.., Асау Ертіс.). Қоғамдық тәртіпті нығайтып, бұзақыларға *бұғалық салуда* азаматтарға паспорт беруді жолға қоюдың мәні зор (Ж. Жанарыстанов, Бұзақылық.).— Көне бермес бұ халық, Көзің бір күн жоғалар. Маған *салған бұғалық*. Өз мойныңа оралар (С. Мәуленов, Бала.). **Бұғалық тастады.** *Асауға, қашағанға бұғалық салды, бұғалық лақтырды.* Олар құлынын шыңғыртып бие байлайды, *бұғалық тастап* қашаған ұстайды (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). Ол кезекпен әрқайсысына қашаған құдырып, *бұғалық тастатып* үйретті (Ж. Орманбаев, Қос басшы). **Бұғалық түсті.** *Біреудің еркіне бағынды, тізгінделді, тежеуге түсті.* Ойымызға келгенді істеп, лақ-қозымен бірге жайылып, лағып өткізетін бұған дейінгі өмірімізге *бұғалық түсті* (Б. Соқпақбаев, Балалық.). Мұндай үкімді басына *бұғалық түскен* екеуі ғана емес, деледеп тұрған мына даңғой көппілік те күтпеген сияқты («Лен. жас»).

БҰҒАЛЫҚСЫЗ с ы н. *Бұғалығы жоқ.* Жібере салғансындар талғамай-ақ, Онсыз да *бұғалықсыз* шалғай алып, Барған да шалқасынан бір-ақ түскен, Білмеймін, отырсыздар қайда қарап! (Ғ. Қайырбеков, Дала.). Мүддеғасы бәрінің — Жиылып келіп қой қырмақ. Төскейден бедеу тоқтаттым, *Бұғалықсыз* «құр-құрлап» (Айтыс).

БҰҒАЛЫҚСЫЗДЫҚ з а т. *Бұғалығы жоқтық; еркіндік, тәуелсіздік.*

БҰҒАЛЫҚТА е т. **1.** *Асауға бұғалық салу, бұғалық тастау.* Есеңгіреп қарап тұрмын. Біреулер көк дөненді *бұғалықтамақ* болып аңдып тұр (З. Иманбаев, Солма. гүл). Тарту ғып шу асауын *бұғалықтап,* Туған ел боздақтарын шығарып сап, Сәкенге аманат қып жатыр бәрі, Өртенген қара ормандай құлазып қап (С. Сейтхазин, Біздің Сәкен). **2.** А у ы с. *Өз еркіне бағындыру, тізгіндеу, тежеу.* Ангара секілді адуын өзендерді *бұғалықтап,* адам еркіне көндірген кім? (К. Смаилов, Мамандық). Жұмысқа от пен судың күшін жегіп, Елімде өнер өсті білім кеңіп. Тағысын табиғаттың *бұғалықтап,* Көндірді батырларым күшпен жеңіп (Қ. Айнабекұлы, Өленд.).

БҰҒАЛЫҚТАЙ с ы н. *Бұғалық сияқты, бұғалық тәрізді.* Мойнына *бұғалықтай* ілінген кесепат істің әлегінен ағайымның ұнжырғасы күрт түсіп кетті (Б. Соқпақбаев, Балалық.).

БҰҒАЛЫҚТАЛ *Бұғалықта етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Бір кезде бұлттар да *бұғалықталады.* Адам қаласа ғана жауып, қаламаса жайымен жүретін болады (Ш. Мұртазаев, Табыл. теңіз). Даланыңептеп айдау көрген, суық сорған көнікті, желең, асау тұлпары *бұғалықталып,* тізгінделіп ұсталды («Қаз. әдеб.»).

БҰҒАЛЫҚТАЛУ *Бұғалықтал етістігінің қимыл атауы.*

БҰҒАЛЫҚТАП у с т. *Арқанның бір шетін тұзақ етіп, бұғалық жасап.* Балжан көз ілестірмей қолындағы қыл шылбырды Кенжекейдің мойнына *бұғалықтап* салып алды (Ә. Нұрпейісов, Сергелдең).

БҰҒАЛЫҚТАТ *Бұғалықта етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Оспан жас биеші Масақбайға жабысып жүріп, бүгін таңертең, биенің бас сауымының тұсында *бұғалықтатып,* шыңғыртып ұстап алған (М. Әуезов, Таңд. шығ.).

БҰҒАЛЫҚТАТҚЫЗ *Бұғалықтат етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БҰҒАЛЫҚТАТҚЫЗУ *Бұғалықтатқыз етістігінің қимыл атауы.*

БҰҒАЛЫҚТАТТЫР *Бұғалықтат етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БҰҒАЛЫҚТАТТЫРУ *Бұғалықтаттыр етістігінің қимыл атауы.*

БҰҒАЛЫҚТАТУ *Бұғалықтат етістігінің қимыл атауы.*

БҰҒАЛЫҚТАУ *Бұғалықта етістігінің қимыл атауы.* Сен үшін Амударияны да *бұғалықтауға* жуық қап, Келешек күннен тартып та жүрмін суыртпақ. Оу маңғаз өлкем, таңдайың қатқан аптапта, Қарлығаш құсап Жайықтан жетем су ұртап (М. Сатыбалдиев, Шула. толқын).

БҰҒАЛЫҚТАУШЫ с ы н. *Бұғалықтайтын, бұғалық салушы.* Бұл Кавказ өңіріндегі тау өзендерін *бұғалықтаушы* су электр станцияларының тұңғышы болмақ («Лен. жас»).

БҰҒАЛЫҚТЫ с ы н. *Мойнында бұғалығы бар, бұғалық салынған.*

БҰҒАНА з а т. а н а т. *Бір ұшы жауырын басымен, екінші ұшы төспен жалғасып жатқан ұзындығы 12—15 см-дей имек сүйек.* Мәншүк омырауын ашып жіберіп қараса, оң *бұғана* мен топшысының аралығынан тиген (С. Мұқанов, Таңд. шығ.). Екінші кабинеттің жанында тістеніп отырған манағы *бұғанасы* сынған қарт шыдамай «доктор» деп айғай салды (С. Адамбеков, Көсе.). Қол-аяқтардың сынуымен қатар, *бұғаналардың* сынуы да жиі кездеседі (А. Апсатаров, Дәрігер.). ◆ **Бұғанасы бекіді [буыны қатып, бұғанасы бекіді].** *Бұғанасы қатты.* Совет өкіметі жылдарында 90 миллион адам Ленин комсомолының тәрбие мектебінен өтіп, *бұғанасы бекіді* («Лен. жас»). Оның *буыны* осында *қатып, бұғанасы* осында *бекіді* (Ө. Тұрманжанов, Адам.). **Бұғанасы бекімеген [буыны қатып, бұғанасы бекімеген].** *Бұғанасы қатпаған.* Араларында өмір табалдырығын аттап та үлгермеген, *бұғанасы бекімеген* жасөспірімдер де баршылық («Лен. жас»). **Бұғанасы қатпаған [буыны бекіп, бұғанасы қатпаған].** *Ержетпеген жас бала, жасөспірім; тәжірибесіз. Бұғанасы қатпаған* жас бала арам өледі ғой (Ғ. Мүсірепов, Таңд. шығ.). Әкесі *бұғанасы қатпаған* бұған бала көтермес жүкті артқысы келеді деп ойлады ол (Т. Жармағамбетов, Екі жүрек). *Буыны бекіп, бұғанасы қатпаған* балаларды қара топыраққа, жұмысқа салуға батылдары қалай барады екен?! (М. Хасенов, Алғашқы ән). **Бұғанасы қатты [буыны бекіп, бұғанасы қатты].** *Үлкейді, өсті, ержетті, есейді.* Инаш та өсті, бойы бекіп, *бұғанасы қатты* (Қ. Ұябаев, Қырда.). Баланың *бұғанасы қатып,* толықсып өсіп келеді екен (О. Сәрсенбаев, Даңқ).— Қарағым-ау, сен әлі кішкентай емессің бе? *Буының бекіп, бұғанаң қатсын* да? (Қ. Әміров, Жастық.).

БҰҒАТ з а т. *Үй қабырғаларының жоғарғы жақ ернеуі; «карниз».* Мына үйдің *бұғаттары* түп-түзу, атқан оқтай екен (Ауызекі тіл).

БҰҒАТ-БҰҒАТ з а т. *Бірнеше бұғат; бұғаттарының бәрі.* Мұнда адам бұрынғыдай көп кіре бермегендіктен бе, тамның төрт қабырғасы мен *бұғат-бұғатына* өрмекшілер бейберекет ұя сала бастапты (Д. Исабеков, Мазасыз күн.).

БҰҒАУ з а т. 1. *Қылмысты адамның екі қолына кигізілетін арасы шынжырмен қосылған металл шеңбер.* ...Аяғына кісен, қолына *бұғау* салыңдар. Көрсін азапты, тартсын сазайын (С. Омаров, Дала қызы). Қолына *бұғау,* аяғына кісен салынып, көк арбаның соңына тіркелген Бекет сөздері тыңдаушысын тебірендірді (Б. Тәжібаев, Қара торғай). Қайратты жігіт қанша күшіне мінгенмен қолды *бұғау,* аяқты кісен тырп еткізбейді (А. Жұбанов, Замана.). 2. А у ы с. *Еріксіздік, правосыздық; құлдық.* ... Мұның өзі олардың алдында тұрған мақсатты, капиталистік қанаудың *бұғауынан* құтылу жолын көрсетер еді (А. Қасымжанов, Диалектика.). Жер шарының төрінде Құл құтылды *бұғаудан.* Тұңғыш рет өмірде Ел құтылды жылаудан (Қ. Аманжолов, Таңд. шығ.). Адамзат, енді бола ма, сірә, бұрқанбай?! Жақсылыққа шөлім келеді әлі шын қанбай. Адам бар, ел бар *бұғаудан* әлі шықпаған, Жүрегім менің бұғауда әлі тұрғандай! (Қ. Мүсірепов, Раушан). 3. А у ы с. *Қапас, қамау, қоршау.* Кеше Ғайнимен қосылып еді... бүгін *бұғауда* жатыр (Ә. Тәжібаев, Жартас). Байлап алған жеті ерді, Босатуға *бұғаудан,* Жиылған ел қам қылды, Тастан жаңбыр жаудырды (Қ. Әзірбаев, Шығ.). Қиындықта шын жүректен төгілер, Шіркін достық осындайда көрінер. Батыр жүдеп отырса да *бұғауда,* Адал ниет көңілге де семірер (С. Сейтхазин, Біздің Сәкен). ◆ **Бұғау салды.** *Еркіне көндірді, бағындырды.* Бір кезде асау өзен күш шақырған, Долдана көбік шашып жарды ұрған. Тентек су, бар тағдырың әмірімде, Мен едім *бұғау салып,* қамал құрған (Н. Шакенов, Шаттық.). Шалқып жатпы, Көлге де орын бересің, *Салдық бұғау,* Бұлтармайсың көнесің, Көшу қайда? Жатқаныңнан қозғалтпай Ноқталаймыз, Енді құмым желесің! (Қ. Маликов, Алтын шынар). **Бұғауын үзді.** *Құрсаудан құтылды, еркіндікке шықты.* Қыс бойы мұз құрсауында қалған қыр өзені *бұғауын үзіп,* бар даусымен атой сала көк желкенді мұхит төсіне ұмтылған секілді (Т. Шаханов, Жоғалған.).

БҰҒАУ-ҚҰРЫҚ з а т. *Бұғау да, құрық та; екеуі де.* Патшасы жұртымызды андай беріп, Тастады басымызға *бұғау-құрық.* Барғанша соғысына осы қырда, Жасаймыз жауымызға шырмау-бүлік (Қ. Бекхожин, Мамырстан).

БҰҒАУЛА е т. 1. *Бұғау салу (кигізу).* Сейфолланың Сәкенін қол-аяғын *бұғау-*

л а р ит жеккенге айдапты (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). Көп дұшпан қоршап алды андағайлап, Қапыда қолға түсті Мақаш бейбақ, Кетпестей кісен салып аяғына, *Б ұ ғ а у л а р* оңаша үйге қойды байлап (С. Омаров, Сәукен). Байлап қойып *б ұ ғ а у л а п,* Сілкіледі сұрауға ап. Қысым берді, қинады, «Қызымет ет, бізде бол»! (Ө. Тұрманжанов, Сұңқар). **2.** А у ы с. *Бағындыру, еркіне көндіру.* «Күш атасын танымас», Алыпты ел *б ұ ғ а у л а п.* Көнінті асау бағынбас, Кете алмапты су аунап (Ғ. Қайырбеков, Құрдас). Тулаған толқынды сырнайға билеген, *Б ұ ғ а у л а й* беремін құдіреттей күйменен. Қуатын ақынның құдайлар білсін деп, Тастарды тағы да тастаймын тілсімдеп (Ә. Тәжібаев, Жартас).

БҰҒАУЛАН *Бұғаула етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Бухиред бірақ қырға шыға алмады, Жұтты ол жұпар емес, мұнарманды. Зарықты тас түрмеде таңды күтіп, Қолдары гүл теретін *б ұ ғ а у л а н д ы* (І. Мәмбетов, Өленд.). Тағы да *б ұ ғ а у л а н д ы* Арктика, Жер еді тірлік сезіп, жан баспаған (А. Тоқмағамбетов, Таңд. шығ.).

БҰҒАУЛАНУ *Бұғаулан етістігінің қимыл атауы.*

БҰҒАУЛАС *Бұғаула етістігінен жасалған ортақ етіс.*

БАҒАУЛАСУ *Бұғаулас етістігінің қимыл атауы.*

БҰҒАУЛАТ *Бұғаула етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Бармаймын матасаң да, байласаң да, Кәрі итті алтын жағып майласаң да. Өлемін осы арада оны көрмей, Көнбеймін *б ұ ғ а у л а т ы п* айдасаң да (С. Торайғыров, Мағынасыз.).

БҰҒАУЛАТҚЫЗ *Бұғаулат етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БҰҒАУЛАТҚЫЗУ *Бұғаулатқыз етістігінің қимыл атауы.*

БҰҒАУЛАТТЫР *Бұғаулат етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БҰҒАУЛАТТЫРУ *Бұғаулаттыр етістігінің қимыл атауы.*

БҰҒАУЛАТУ *Бұғаулат етістігінің қимыл атауы.*

БҰҒАУЛАУ *Бұғаула етістігінің қимыл атауы.*

БҰҒАУЛЫ с ы н. **1.** *Қолына бұғау салынған, бұғауланған.* Жалғыз тұтам жарық сәуле бұйырмаған, қолым *б ұ ғ а у л ы,* аяғым тұсаулы мен бір отырған ғарып (Б. Аманшин, Жар мұңы). **2.** А у ы с. *Тәуелді, бағыныштыі, еріксіз.* Сол мақсат өлшем болып алда, Арнайсың еңбегіңді бар адамға. Күн нұры түссе дейсің көпке бірдей, Арылып *б ұ ғ а у л ы* өмір, жаладан да (Достық жыры).

БҰҒАУЛЫҚ с ы н. *Бұғау болармлық, бұғауға жарарлық.*

БҰҒАУСЫЗ с ы н. **1.** *Қолында бұғауы жоқ, бұғауланбаған.* Олардың мақсаты — *б ұ ғ а у с ы з* қол, кісенсіз аяқ, яғни бостандық (Ауызекі тіл). **2.** А у ы с. *Тәуелсіз, еркін, бостан.* Жас тоты ерке қызы — еұлулары *Б ұ ғ а у с ы з* бостандықта жүр ғой бәрі. Ынтығып тұлпарына бір міне алмай, Жоқ тағы зарлап жатқан тұтқындары (Ә. Тәжібаев, Жастық.).

БҰҒАУСЫЗДЫҚ з а т. *Бұғауы жоқтық, бұғауланбағандық; еркіндік, тәуелсіздік.*

БҰҒУ *Бұқ етістігінің қимыл атауы.* Йығын бүлкілдетіп сәл төмен *б ұ ғ у ы н а* қарағанда, әлгі сөзіне өзі де күліп келеді (Х. Ерғалиев, Шындық шырқа.). Еңкею, *б ұ ғ у,* бауырлау, Сусыған аста тайғақ тас. Құласаң болар ауырлау, Кім болсаң да байқап бас! (Ғ. Қайырбеков, Таулар.).

БҰҒЫ з а т. *Таулы, орманды жерді мекендейтін аша тұяқты, бұтақтанған үлкен мүйізді ірі аң; маралдың бұқасы.* Былтырғы жайлауда алыстан *б ұ ғ ы н ы ң* өкіргені, сілеусіннің арс етіп қалғаны құлаққа келіп жататын (Ғ. Сыланов, Шалқар). Жайлаған адырында ақбөкендер, Тауешкі *б ұ ғ ы,* марал, арқар, елік. Кей кезде алабына кең жайылып, Кей кезде бадамына кетеді еніп (Ақын жырлары). Ол тұстарда арқар, *б ұ ғ ы,* киік, бөкен сияқты момын аңдар табын-табынымен өреді («Қаз. әдеб.»). ◆ **Бұғы белбеу.** *Қалың көннен істелген жалпақ белбеу.* Ол кең балақ шалбар киіпті де, беліне қынды пышақты, күміс қадақты *б ұ ғ ы б е л б е у* буыныпты (Ж. Тілеков, Жоңғар.). Саршатамызда да тастамайтын желең шапаншасы да, соның ішінен буынып жүретін *б ұ ғ ы б е л б е у і* де жоқ (Ж. Тілеков, Қайнар). **Бұғы мойын.** *Қысқалау, жуан, күжірейген мойын.* Әлі де суала қоймаған кенже ешкілердің *б ұ ғ ы м о й ы н* семіз лақтары тізесін бүгіп жібе-

ріп енелерін еміп жатыр (С. Бегалин, Таңд. әңгім.). *Бұғы мойын* көксерек [қасқыр] қанша айлалы, әлді, қиқар болғанымен көктемді көре алмады (Ә. Көшімов, Қарт аңшы.). Сұлтанмахмұт «Майданның» ең қан ішер басшысы Әбунүсіп болысты *бұғы мойын*, бура сан қисапсыз сүзеген қара бұқаға ұқсатты (Д. Әбілев, Ақын.). **Солтүстік бұғысы.** *Қысы ызғарлы, әрі ұзақ солтүстік тундраны мекендейтін, жабайы не асыранды (қолға үйретілген) бұғы. Солтүстік бұғысының* еркегінде де, ұрғашысында да мүйіз болады. Бұғылардың басқа түрлерінің еркегінде ғана мүйіз болады (Зоология). Тундраның тұрғын халықтары үшін, қолға үйретілген *солтүстік бұғысының* маңызы зор. Оның еті, сүті тамақ болады; терісінен жылы киім мен аяқ киім тігеді. Январдың көлік малы ретінде де пайдаланады (Бұл да).

БҰҒЫ: бұғы қынасы. Бот. Сөйл. *Бұғы мүгі.* Кейде құрғақ қарағайлы ормандарда, ауа райы құрғақ күндерде, аяқ астында сытырлап жататын, сұрлау, тіпті ақшыл келген бұталар топырақты мүлде жауып кетеді. Бұл — *бұғы қынасы* (Ботаника). **Бұғы мүгі.** Бот. *Тундрада, торф өсетін батпақты жерлерде кездесетін сұр түсті өте майда бұта.* Солтүстік бұғыларының негізгі азығы — *бұғы мүгі* («Лен. жас»).

БҰҒЫБАЙ зат. көне. *Көп адам отырған жерде ойналатын ұлттық ойын.* Баяғы атам заманнан ел ішінде сақталған бөріктастамақ, мыршым, *бұғыбай* ойындары бала кездегі айгөлекке жалғасып, жыл сайын өзгермей салтанат шежіресі болып келе жатқан-ды (С. Сейтхазин, Хадиша).

БҰҒЫДАЙ сын. *Үлкен, күжірейген, семіз.* Осы кезде қайдан шығып қайдан келгені белгісіз, жаңағы қыздың қасында отырған *бұғыдай* жігіт сап ете қалды (А. Шамкенов, Толқын үсті.).

БҰҒЫЗ зат. *Диірменнің үстіңгі тасындағы кең тесік (оған бидай түсіп тұрады).* Боз торғай *бұғызы* толған диірменнің тасындай бір орында баяу айналады (Т. Әлімқұлов, Күрең өзен).

БҰҒЫЛ *Бұқ етістігінен жасалған өздік етіс.* Ол ылдидан көтерілген машинаны кеш байқап, не істерін білмей бұта түбіне *бұғыла* қалды (К. Тоқаев, Түнде.).

БҰҒЫЛЫ сын. *Бұғысы бар, бұғысы көп (мол).*

БҰҒЫЛЫҚ сын. *Бұғыға тән, бұғыға қатысты (қасиет, мінез).* Бұғы *бұғылық* мінезін істемесе бола ма! (Ауызекі тіл).

БҰҒЫ-МАРАЛ зат. *Бұғы және марал.* Сөйтсе, *бұғы-маралдар* күзге қарай шағылысу кезінде осы өсімдіктің тамырын іздеп жүріп тауып жейді екен (С. Сұбханбердин, Өсімдік — дәрі.).

БҰҒЫН *Бұқ етістігінен жасалған өздік етіс.* Түлкі ме, қарсақ па — *бұғына* түсіп, жалтақ-жалтақ бел асып барады (Б. Тоғысбаев, Алдыңғы.). Үйдегілерге көрінгім келмей *бұғына* түстім (Ә. Қалдыбаев, Су тасушы.). Боранымен алысып, Тұманыңа *бұғындым.* Сен де өмірге танысып, Дедің бәрін ұғындым (Ғ. Орманов, Таңд. шығ.).

БҰҒЫНБАҚ зат. *Жасырынбақ ойыны, бұқпақыл.* «Ой, ән тыңдай берген қызық емес, онан да *бұғынбақ* ойнайық та»,— деп күбірлесетін екеуі өзара (С. Мұратбеков, Көкорай).— Әжібай-ау, қайда отырсың?— дейді баласы *бұғынбақ* ойнап жүргендей («Лен. жас»).

БҰҒЫНУ *Бұғын етістігінің қимыл атауы.* Кінәлы жандай *бұғынуды*ң енді не жөні бар, аяспасқа бекінді (Д. Әбілев, Арман.). «Біздің тентек ұл *бұғынуға* құмар-ақ»,—деді жайраңдай күліп (Ә. Көпбаев, Мақтаныш).

БҰҒЫНШАҚТА ет. 1. *Әлсін-әлі бұғыну, қайта-қайта бұғу.* Жер шолып, ел торыған ұры тәріздімін. Биік дөңнің үстінен *бұғыншақтап* қараймын (Б. Соқпақбаев, Өлгендер.). 2. ауыс. *Қысылу, қымсыну; көзін тайдыру.* Таяуда шығарамыз дегенді естігенде Балажан біртүрлі қысылып, *бұғыншақтап,* жасығандай сынайда өзгеріп сала берді («Жұлдыз»).

БҰҒЫНШАҚТАУ *Бұғыншақта етістігінің қимыл атауы.*

БҰҒЫНЫС *Бұғын етістігінен жасалған ортақ етіс.* Ат тізесінен келетін бітік жусан қара жерге бүк түсіп, *бұғынысқа* қалған (Д. Досжанов, Жібек жолы).

БҰҒЫНЫСУ *Бұғыныс етістігінің қимыл атауы.*

БҰҒЫҢҚЫ сын. *Ың-дыңсыз, елеусіз.* Той салтанаты осындай қоңыр күйде, *бұғыңқы* қалыпта болғанмен, келушілер

ермексіз қалған жоқ (Т. Әлімқұлов, Ақбоз ат). Маған именбей қарайтын Саржанымның басы салбырап кетті. Кінәлы адамдай *бұғыңқы* жүретін болды (Н. Серәлиев, Ыстық күлше).

БҰҒЫҢҚЫРА е т. *Аздап бұғу, жасырыңқырау.* Команда бойынша екі мылтықты бірдей шаңқ еткізіп атып қалды. Үрпиісіп *бұғыңқырап* отырған ауыл селк етіп, елең ете қалды (С. Сейфуллин, Шығ.). Қай жағынікі әділ, қай жағы басым түсер екен дегендей, мана сөзден іркіліп *бұғыңқырап* отырғандар енді өз бағыттарын анықтап алған сияқты (М. Хасенов, Тұлпар.).

БҰҒЫҢҚЫРАУ *Бұғыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

БҰҒЫС *Бұқ етістігінен жасалған ортақ етіс.* Осы арада жау да оқ боратып жіберген еді. Жауынгерлер Айқызды ортаға ала окопқа *бұғыстыы* (Қ. Исабаев, Айқыз).— Отыр!— деді Бекеш жеңімнен тартып қалып. Біз бір шоқ тікенекті бетке алып *бұғыстық* (С. Сарғасқаев, Біз төртеу.).

БҰҒЫСУ *Бұғыс етістігінің қимыл атауы.*

БҰҒЫХАНА з а т. *Бұғы бағатын бақташылар тұратын күрке, баспана.* Бағана күндіз *бұғыханадан* макарон көже ішкенбіз (О. Бөкеев, Қайдасың).

БҰҒЫШЫ з а т. *Бұғы бағушы адам, бақташы.* Жан-жағынан қаптады адам қамалап, Тар бөлмеге кірді бұғы паналап. Ұстап алып көзін байлап *бұғышы* Жас мүйізін кесіп жатыр аралап (С. Мәуленов, Найзағай.).

БҰҒЫШАҚ з а т. *Көне музыкалық аспап.* Қазақтың көне музыкалық аспаптары: саз сырнай, үскірік керней, *бұғышақ* т. б. туралы әңгіме шертті («Қаз. әдеб.»).

БҰДАН: бұдан әрі [ары]. а) *Осыдан кейін, мұнан соң. Бұдан әрі* не болғанын Тоқбике өзі де білмейді (Д. Әбілев, Арман.). *Бұдан әрі* алды-артыма қарамай, шаптыра жөнелдім (Б. Момышұлы, Офицер.). ә) *Одан да асырып.* Жұмысшы поселкелерін және аудан орталықтарын *бұдан әрі* жақсарта беру керек («Соц. Қаз.»). **Бұдан бұрын.** *Бұған дейін, осы кезге шейін.* Білемін бірің Манас, бірің Сырым, Пұшықты тонағаның жаман ырым. Атыңды біреуіңнің бірің атап, Көріп пе ең адам тонап *бұдан бұрын* (Жамбыл, Тол. жин.). **Бұдан былай [былайғы].** *Осыдан кейін, бұдан соң. Бұдан былай,* оны оқушыға түсініксіз тілмен сөйлетпейақ қоялық (С. Мұқанов, Есею жыл.).— Анаржан?— деді ол кетіп бара жатып.— *Бұдан былай* саған келіп тұрамын (Р. Райымқұлов, Бұрылыс.). *Бұдан былайғы* өсіп шығатын гүлдер де осы тәртіппен өсе береді (Т. Мұсақұлов, Ботаника). **Бұдан гөрі.** *Қазіргіден де артық. Бұдан гөрі* де жақсырақ, *бұдан гөрі* де мықтырақ сөз айтпақшы еді, шал аузына басқа бір қымбат сөз түспеді (М. Тиесов, Әңгім.). Қайда жүрсеңіз де сау болыңыз, Лауазым жөнінен *Бұдан да гөрі* дәу болыңыз (Ш. Смаханұлы, Тотияйын). **Бұдан кейін [соң].** *Осыдан былай. Бұдан кейін* халық атынан Шайқы деген ақсақал Әзімханның келгеніне құтты болсын айтты (Д. Әбілев, Арман.). *Бұдан кейін* мен Эриканы қайтып көре алам ба, жоқ па! (Қ. Исабаев, Соңғы.). *Бұдан кейін* бір апта өте бергенде адамның төсекте басын көтеріп отыруына да мүмкіндік туады (Б. Омарұлы, Жүрек. ауру.).

БҰДЫР с ы н. 1. *Тегіс емес, бұжыр-бұжыр.* Кей жерлердің қара топырағы, домалақ *бұдыр* тастары көрініп қалады (М. Әуезов, Өскен өркен). Оң қолына *бұдыр* қабырғалы дөңгелек гранатты қысса ұстап, «уралай» айқай салып, жау шебіне жүгіріп бара жатқанын бір-ақ сезді (І. Есенберлин, Қатерлі.). 2. з а т. м. *Жазық, тегіс жердегі ой-қыр, кедір-бұдыр.* Автомобиль жолдың *бұдырына* кезігіп секіріп түскенде ғана басын көтерді (Ө. Қанахин, Ауыр күн.). Селодан шыға бере жол *бұдырлы* кездесіп, машина бір ырғып түскенде Мұрат шалқалап барып оңғарылды (Қ. Қамбаров, Алтай.). Жер бетіндегі *бұдырлар* алдын ала плугпен айдалады (А. Жанғалиев, Бағбан.). 3. з а т. м. *Бұта, тас, төбе т. б. осы сияқты көз сүрінер, көңіл тоқтатар зат; тұлдыр.*— Павлодар қаласы,— делінген бұл сипаттамада,— Ертістің оң жақ жағалауында, көз тоқтатарлық ешбір *бұдыры* жоқ, ұшы-қиырсыз кең жазықта жатыр (Ә. Нұршайықов,.. Менің Қазақст.). Белбеуді байлап кетіп, бір шетінен ұстап түсерлік бұта, *бұдыр* жоқ, тұлдыр тақыр (М. Иманжанов, Алғашқы ай.). Айнала алты көш жер көз сүрінер *бұдыр* жоқ, шетсіз-шексіз кең алып («Қаз. әдеб.»). 4. з а т. м. С ө й л. *Бедер.* Сол көп іздің

ішінде табанының *бұдырғы* кетпеген жаңа калошты біреу қайықтың дәл түбіне дейін келіпті (Ә. Сәрсенбаев, Толқында.).

БҰДЫРА е т. *Бұдыр-бұдыр болу, томпаю.*

БҰДЫРАЙ е т. *Бұдыр болу, бұртию.* Денелері жұп-жұмыр, қара күрең бұлшық еттері *бұдырайған*, жаңағы біркелкі балалар бұдан бақыттырақ тәрізденді (М. Иманжанов, Адам).

БҰДЫРАЙТ *Бұдырай етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БҰДЫРАЙТУ *Бұдырайт етістігінің қимыл атауы.*

БҰДЫРАТ *Бұдыра етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Құм өзектеріне шығатын бүрген, теріскен бұталары жаңа түскен ұлпа қарды *бұдырата* шоқ-шоқ болып желбіреп, ақ желек жамылғандай үлбірейді (С. Бегалин, Жеткіншек).

БҰДЫРАТҚЫЗ *Бұдырат етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БҰДЫРАТҚЫЗУ *Бұдыратқыз етістігінің қимыл атауы.*

БҰДЫРАТУ *Бұдырат етістігінің қимыл атауы.*

БҰДЫРАУ *Бұдыра етістігінің қимыл атауы.*

БҰДЫРАЮ *Бұдырай етістігінің қимыл атауы.*

БҰДЫР-БҰДЫР с ы н. *Тегіс емес, кедір-бұдыр.* Баратын жеріміз осынау төбесі қылтиып, үйме-жүйме көрінген *бұдыр-бұдыр* бөлек таулар (Х. Әбішев, Аспан сыры). Үйіндінің үстіне шыққан кісінің көзіне ортасы жайпақ, айналасы *бұдыр-бұдыр* қыш қорған қоршаған тап-түйнақтай ақ қала бірден түседі (Д. Досжанов, Құм жұтқан.). Ол қауымның күнбатыс бетіндегі әлдеқашан сыры оңып тек *бұдыр-бұдыр* бедері қалған дәу қара құлпытасты иегімен нұсқады (Ә. Кекілбаев, Дала.).

БҰДЫРҚАЙ с ы н. *Кедір-бұдыр, бұдыр-бұдыр.* Көсіліп жатқан бұйра *бұдырқай* елсіз жолдың екі жағы басқан сайын құлазып, ойға әлде нені салғандай (І. Жансүгіров, Шығ.).

БҰДЫРЛА е т. *Бұдыр-бұдыр ету, бұдыр жасау; бедерлеу.* Олардың беттерін сызулап, оюлап, *бұдырлап*, жылтырлап, сөндеп пайдалану қажет болды («Қаз. әдеб.»).

БҰДЫРЛАН *Бұдырла етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Осыдан кейін қан тамырының *бұдырланған* немесе екіге бөлінген жерлерінен қан баяу өтеді (Б. Омаруұлы, Жүрек. ауру.). Барий сұйығы өткен жеріне жабысып, орган ішінің, әсіресе зақымдалған жерін, болмаса тегіс емес, ойылған, *бұдырланған* жерлерін көрсетеді (Р. Сәтбаева, Өңеш рагы).

БҰДЫРЛАНДЫР *Бұдырлан етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БҰДЫРЛАНДЫРУ *Бұдырландыр етістігінің қимыл атауы.*

БҰДЫРЛАНУ *Бұдырлан етістігінің қимыл атауы.* Қызыл тамырдың *бұдырлануында* нерв жүйесі қызметінің бірқалыпты болмауы да өте зор әсер етеді (Б. Омаруұлы, Жүрек. ауру.).

БҰДЫРЛАУ[1] *Бұдырла етістігінің қимыл атауы.*

БҰДЫРЛАУ[2] с ы н. *Аздаған бұдыры бар.* Қою қоректе олардың [бактериялардың] шоғырлары адам типінікінен *бұдырлау* және ұсақтау болады, бөлек-бөлек орналасады (Малды туберк. сақта.).

БҰДЫРЛЫ с ы н. *Бұдыры бар, бұдыры көп.* Ол бір сай-саласы мол, қөбіне қой жайылатын, жықпыл жотасы көп, *бұдырлы* жер еді (Т. Жармағамбетов, Екі жүрек). Қант қызылшасының тұқымы *бұдырлы* болғандықтан, ылғалды тез тартқыш келеді (М. Ерлепесов.., Тұқым өсіру.). Құрттардың сыртқы қабығы түрпідей *бұдырлы*, тиген жерін тітіркендіреді (С. Омаров, Қой. бағу.).

БҰДЫРЛЫҚ з а т. *Бұдыр болушылық, бұдыры барлық.*

БҰДЫРЛЫЛЫҚ з а т. с ө й л. Бұдырлық.

БҰДЫРМАҚ с ы н. 1. *Бұдыр-бұдыр; тегіс емес.* Осы хабар үкіметтің құлағына тигеннен кейін, Россияның Ғылым академиясынан арнаулы экспедиция жіберіліп тексеру жүргізсе, жаңағы жердегі *бұдырмақ* тастың бәрі темір кені боп шығады (С. Мұқанов, Есею жыл.). 2. З а т. м. *Аздаған кедір-бұдыр, онша үлкен емес ой-шұңқыр.* Әлден уақытта шана бір *бұдырмақтардан* біраз ырғып келіп

тоқтады (С. Сейфуллин, Тар жол.). **3. З а т.** м. *Тегіс жерге томпиып шыққан бөртken тәрізді уақ түйін.* Түйенің ұртында қалың *б ұ д ы р м а қ т а р* бар, осы *б ұ д ы р м а қ т а р д ы ң* арқасында оған қандай қатты өсімдіктер де хауіпті емес (Ә. Бірмағамбетов,.. Қазақст. геогр.). Артерия тамырының бетіне жабысқан *б ұ д ы р м а қ т а р* үлкейе келіп, артерияны бітеп тастайды (А. Даиров, Хирург.). Тері үстінде *б ұ д ы р м а қ* пайда болып, кейіннен ол түйнеме жараға айналады (Т. Тілеуғалиев, Балық ауру.).

БҰДЫРМАҚТА е т. *Бұдырмақ күйге келтіру, бұдырмақ қалыпқа түсіру; бұдырлау.*

БҰДЫРМАҚТАЛ *Бұдырмақта етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Содан көрінген бұлшық еттері биік шыңның бойында *б ұ д ы р м а қ т а л ғ а н* тастарға ұқсайды (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз).

БҰДЫРМАҚТАЛУ *Бұдырмақтал етістігінің қимыл атауы.*

БҰДЫРМАҚТАН *Бұдырмақта етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Кейбір өсімдік клеткаларының қабықшасы ішкі жағынан *б ұ д ы р м а қ т а н ы п,* клетканың мұндай *б ұ д ы р м а қ т а н ғ а н* жерін цистолит дейді (Т. Мұсақұлов, Ботаника). Олардың алдында *б ұ д ы р м а қ т а н ғ а н* каналдан шығарылған тау-тау құм топырақ екен (С. Мұқанов, Таңд. шығ.).

БҰДЫРМАҚТАНДЫР *Бұдырмақтан етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Атеросклероз артерияның ішкі бетін *б ұ д ы р м а қ т а н д ы р ы п,* қандағы кейбір заттардың тамыр қабырғасына шөгіп қалуына мүмкіндік туғызады (А. Даиров, Хирург.).

БҰДЫРМАҚТАНДЫРУ *Бұдырмақтандыр етістігінің қимыл атауы.*

БҰДЫРМАҚТАНУ *Бұдырмақтан етістігінің қимыл атауы.*

БҰДЫРМАҚТАУ[1] *Бұдырмақта етістігінің қимыл атауы.*

БҰДЫРМАҚТАУ[2] с ы н. *Бұдырлау.*— Сонымен қандай екен Айдың беті? Борпылдаған күлгін топырақ па?— Жоқ! Сәл *б ұ д ы р м а қ т а у* келген қатты дене сияқты: шаңның ізі көрінбейді («Қаз. әдеб.»).

БҰДЫРМАҚТЫ с ы н. *Бұдырмағы бар, бұдырлы.* Сол сияқты тұқым бетінің тегістік белгісі де *б ұ д ы р м а қ т ы* белгіден басым болатындығы анықталды (Жалпы биология).

БҰДЫРМАҚТЫЛАУ с ы н. с ө й л. *Аздап бұдырлау.* Олардың [сүйектердің] бір-біріне жанасып тұратын жеріндегі беттері *б ұ д ы р м а қ т ы л а у* келеді де, сайсай болып тұрады (Адам анатом.).

БҰДЫРСЫЗ с ы н. 1. *Бұдыр жоқ, тептегіс, жып-жылмағай.* Шал біресе аспанға, біресе өңі қашып, сұп-сұр боп жатқан *б ұ д ы р с ы з* далаға қарап келеді (А. Нұрманов, Құлан.). Осы *б ұ д ы р с ы з* жазықтың батысы көсілгеннен көсіліп барып Сарыарқа қыраттарымен шектеседі (Қ. Исабаев, Арман.). Шар айнадай жап-жалтыр, керіліп жатқан кеңістік, *б ұ д ы р с ы з* ғажап ақ айдын (Ә. Сәрсенбаев, Капитан.). 2. А у ы с. *Берекесіз, сұйық.* Жүріс-тұрысы осындай *б ұ д ы р с ы з* болғанымен, ағаны сыйлауды біледі. Оның айтқанын екі етіп көрген емес (Р. Тоқтаров, Ертіс.).

БҰДЫРСЫЗДЫҚ з а т. *Бұдыры жоқтық, тегістік.* Мен Ертіс маңындағы даланың *б ұ д ы р с ы з д ы ғ ы н а* таңданған едім (Қ. Исабаев, Арман.).

БҰЖ: **бұж қара.** *Бұжыр-бұжыр қара; қара бұжыр.* Жазық дала төсінде ұзынынан ұзақ созылып жатқан *б ұ ж қ а р а* биік жотаны тұрғын ел «Қаражал» атайды (З. Шүкіров, Ізгілік.).— Ақыры кетті, иттің баласы!— деді ентіккен *б ұ ж қ а р а,* маңдайының терін сүртіп (Б. Аманшин, Жар мұңы).

БҰЖБАН[1] с ы н. с ө й л. **Божбан.** Бір жерде қына жапқан қоңыр *б ұ ж б а н* тас жатыр (М. Қаратаев, Далада.).

БҰЖБАН[2] **з а т.** с ө й л. **Бұжы.** Қыстыңғүні тамақтың асылы — *б ұ ж б а н,* Семіз етті бүйенге салып, *б ұ ж б а н* жасайды (Диал. сөздік).

БҰЖ-БҰЖ с ы н. с ө й л. **Бұжыр-бұжыр.** Машина бір тоңқып түскенде Мұрат Жүкеңнің күдірейген *б ұ ж-б ұ ж* желкесіне тұмсығын соғып ала жаздады (Қ. Қамбаров, Алтай.). Үнгірде түн жамылып қалған Оспан, Сезбеді не болғанын сырттағы аспан. Көрді тек қалта шаммен айналасын, Көк өңез, кірлі бедер *б ұ ж-б ұ ж* тастан (А. Тоқмағамбетов, Сайра. бұлбұл).

Көрінді өз тауымдай маған Жизақ, Бітімі *б ұ ж-б ұ ж* бұдыр тым қызық-ақ. Тас қақпа тар аңғарда Темір баққан, Елестер көз алдыма жылдар ұзақ (Ғ. Орманов, Таңд. өленд.).

БҰЖЫ з а т. д и а л. *Бүйеннің ішіне ет, май тығып, істеген үлкен шұжық.* Шұжыққа тоймасаң, *б ұ ж ы ғ а* тоярсың. *Б ұ ж ы ң* майлы екен, жеңеше! (Диал. сөздік).

БҰЖЫР с ы н. **1.** *Тегіс емес, бұжыр-бұжыр.* Үй шикі *б ұ ж ы р* қыштан салған; үй емес, іншік деуге болады (С. Сейфуллин, Тар жол.). Амал не, ол қиялын қанша шарықтатса да, кесек-кесегімен үйіліп жатқан сол қорымның *б ұ ж ы р* тастарын ойға домалатудан басқа жол таба алған жоқ (Ә. Әбішев, Терең тамыр.). Екеуі Қарлығашты орталарына алып, иілген жуан бір *б ұ ж ы р* қайыңның ығына тығылды (Н. Ғабдуллин, Қызық дәурен). **2.** *Шешек ауруынан қалған адам бетіндегі дақ, таңба, шұбар.* Екіншісі — беті *б ұ ж ы р,* қара торы жас жігіт (Қ. Қайсенов, Жау тылы.). Оның қорасан талаған *б ұ ж ы р* беті сазарып тұр (Ә. Кекілбаев, Бір шөкім.). Жаңылға түскен жылы шешек шығып, Бет-аузын кетіп еді *б ұ ж ы р* қылып, Фельдшер әкеп жасында ектірмейді, Не болса құдайдан деп, қазақ біліп (С. Торайғыров, Шығ.). // з а т. м. *Бұжыр бет адам.*— Күзенбай дейтін мынау отырған *б ұ ж ы р,* мені айдаған осы,— деді Дайрабай (Б. Майлин, Шығ.). ◆ **Бұжыр бет.** *Беті бұжыр-бұжыр (адам). Б ұ ж ы р б е т,* ешкі сақалды Шалабай деген шал Әділбектің сөзін ұнатпай, үй иесіне ала көзімен бір қарады (І. Есенберлин, Қатерлі.).— Қалай жаттың? — деді орта бойлы, *б ұ ж ы р б е т* бала тістерін ақситып, күліп (С. Баязитов, Күтп. кездесу). Аюдай қара күржиген, Таңқы мұрын, *б ұ ж ы р б е т.* Көргенде көңлім суынды, Жүрегім қалды басылып (Қамбар батыр). **Бұжыр қара.** *Қара бұжыр. Б ұ ж ы р қ а р а,* күжірейген жуан мойын Қоқыш қыңыр сөзді қостай берді (М. Әуезов, Қараш.). Мөңкенің сары уайымын ұнатпай, соның шүңірек көз, *б ұ ж ы р қ а р а* беті суық тартып бара жатты (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). // *Қара бұжыр кісі.* Нұрлан да машинадан түсіп, еңгезердей *б ұ ж ы р қ а р а н ы ң* бетіне үнсіз үңілді (З. Шашкин, Сенім). **Қара бұжыр.** *Әрі қара, әрі бұжыр (кісі).* Ол еңгезердей, кейіпсіз *қ а р а б ұ ж ы р* кісі (С. Омаров, Дала қызы). Төрде мес қарын доп-домалақ *қ а р а б ұ ж ы р* біреу отыр (С. Көбеев, Орынд. арман). // *Қара бұжыр кісі, адам.* Мақан әрі-беріден кейін қасындағы *қ а р а б ұ ж ы р м е н* де қоштасып, жалғыз кетті (Ж. Арыстанов, Жалын.).

БҰЖЫРА [1] з а т. к ә с і б. *Бір жағында бұрандасы бар етікші құралы. Б ұ ж ы р а м е н* етікшілер етіктегі қалыпты суырады (С. Қасиманов, Қаз. қолөнері).

БҰЖЫРА [2] з а т. с ө й л. *Аттың тізгінін көтеріп байлайтын доғадағы шығыршық.* Доға бұжырасыз болмайды. *Б ұ ж ы р а* өте қолайлы (Диал. сөздік).

БҰЖЫРАСЫЗ с ы н. *Бұжырасы жоқ; бұжыраның қатысынсыз.*

БҰЖЫР-БҰЖЫР с ы н. **1.** *Тегіс емес, кедір-бұдыр (жер, зат).* Оның терістігінде Жаулыбай шоқысы, түстігінде *б ұ ж ы р-б ұ ж ы р* төмпешіктер көрінеді (С. Талжанов, Ұлдай.). Ол жерден бөренеңің *б ұ ж ы р-б ұ ж ы р* сыртқы қабығы көрінеді (С. Бақбергенов, Қарға там.). *2. Шешек дағы бар, бұжыры көп (бет).* Беті *б ұ ж ы р-б ұ ж ы р,* көздері сықсиған (Ж. Мұзапаров, Қаби қарт.). *Б ұ ж ы р-б ұ ж ы р* жалпақ бетіне мұрнының орналасуы да қызық («Лен. жас»).

БҰЖЫРЛА е т. *Бұжыр-бұжыр ету, бұжыр күйге келтіру.* Мынаның бәрін *б ұ ж ы р л а п* тастапсыз, сондықтан қайта істеуге тура келеді («Лен. жас»).

БҰЖЫРЛАН *Бұжырла етістігінен жасалған ырықсыз етіс. Б ұ ж ы р л а н ғ а н* мұздың бетіне ыстық қанның қызыл тамшыларын шұбартып, арғы бетке өтіп кеткен (З. Иманбаев, Солма. гүл). Металл қайнап бабына келген кезде таспайды. Көкшіл тартып тағы да, *Б ұ ж ы р л а н а* бастайды (Т. Жароков, Қырда.).

БҰЖЫРЛАНДЫР *Бұжырлан етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БҰЖЫРЛАНДЫРУ *Бұжырландыр етістігінің қимыл атауы.*

БҰЖЫРЛАНУ *Бұжырлан етістігінің қимыл атауы.*

БҰЖЫРЛАУ [1] *Бұжырла етістігінің қимыл атауы.* Әр түсті асыл тасты көздер кейде қырланған үшкір, бедерлі, томпақ, кейде бірнеше түсті ұзақ жұлдызша тастарды құрастырып, *б ұ ж ы р л а у* әдісімен орнатылады (С. Қасиманов, Қаз. қолөнері).

БҰЖЫРЛАУ[2] с ы н. *Аздап бұжыры бар.* Ресторанда тамақтанып отыр ем, алаасалау бойлы, *б ұ ж ы р л а у* бетті татар қасыма келе қалды (С. Мұқанов, Есею жыл.). Бейімбет — орта бойлы, бүкіштеу, бадырақ көзді таңқы танау, шот маңдай, қалың ерінді, *б ұ ж ы р л а у* кісі («Лен. жас»).

БҰЖЫРЛЫ с ы н. *Бұжыры бар.* Аяқ киімі шалдікіне ұқсамайды, *б ұ ж ы р л ы* қалың табан бөтіңке, өкшесі жалпақтау (К. Тоқаев, Түнде.).

БҰЖЫРЛЫҚ з а т. *Бұжыр нәрсеге тән қасиет, бұжыр болушылық.* Ол — лента беті *б ұ ж ы р л ы ғ ы н ы ң* коэффициенті (Л. Тәжібаев, Жайылым.).

БҰЖЫРМАҚ с ы н. *Бұжыр-бұжыр; бүдырмақ.* Кең шығатын жерге барсаң, өн бойында жарқырағы көп, кейбір *б ұ ж ы р м а қ,* кесек тастарды көресің (С. Мұқанов, Өсу жол.). Өзі қызыл *б ұ ж ы р м а қ,* Наград дерсің ойылған. Төсінде емес, сыртында Жауырынға қойылған (Қ. Аманжолов, Шығ. жин.).

БҰЖЫРМАҚТА е т. *Бұжырлау, бұжырмақ ету.* Бұл керегені бізге *б ұ ж ы р м а қ т а* деген жоқ па еді (Ауызекі тіл).

БҰЖЫРМАҚТАЛ *Бұжырмақта етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Бұл таудың Бүйрек деп аталатын себебі: айналасы жазық, ортасында сиырдың бүйрегіндей, *б ұ ж ы р м а қ т а л а* биіктеп көтерілген таудың оңтүстік-батысы Қара Ертіспен ұштасады (Б. Тұрсынбаев, Ауылда.).

БҰЖЫРМАҚТАЛУ *Бұжырмақтал етістігінің қимыл атауы.*

БҰЖЫРМАҚТАН *Бұжырмақта етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Бүкіл тау атаулының күнгей жағы ұстаның көрігінен күйіп шыққан қоқыстар сияқты *б ұ ж ы р м а қ т а н ы п* жататын (С. Мұқанов, Алып. адым.).

БҰЖЫРМАҚТАНДЫР *Бұжырмақтан етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БҰЖЫРМАҚТАНДЫРУ *Бұжырмақтандыр етістігінің қимыл атауы.*

БҰЖЫРМАҚТАНУ *Бұжырмақтан етістігінің қимыл атауы.*

БҰЖЫРМАҚТАУ[1] *Бұжырмақта етістігінің қимыл атауы.*

БҰЖЫРМАҚТАУ[2] с ы н. *Бұжырлау, аздап бұжырмақ.*

БҰЗ е т. 1. *Қирату, сындыру, талқандау.* Есік алдына қайта оралды. Не де болса *б ұ з ы п* кіру керек (З. Шашкин, Өмір.). Құлыпты *б ұ з ы п* алған бидай қайда? (С. Шаймерденов, Мезгіл). Рота шегінгеннен кейін мына көпірді *б ұ з а с ы ң д а р* (Ә. Нұршайықов, Батыр). // *Бүлдіру, істен шығару.* Ахметтің мандолинін *б ұ з ы п қой* да, көпшілік алдында өзін масқара ет (С. Баязитов, Күтп. кездесу). Кеше физикадан сабақ беретін Қисыбай ағай барып [моторды] біраз жағып көріп еді, ақырында *б ұ з ы п* тынды (Д. Досжанов, Тұлпар.). 2. *Бір нәрсені бөлшектеу.* Бейтаныс адам пистолеттің сыртын мұқият сүртіп, оны бөлшектеп *б ұ з а* бастады (Қ. Қайсенов, Жау тылы.). // *Мүшелеу, мүше-мүшеге шығару.* Етке жұмсалатын жылқыны неге семіртпеске, қазыланып, жалданған кезде неге соймасқа, мүшелеп *б ұ з б а с қ а* (Ж. Орманбаев, Қос басшы). 3. *Біркелкі күйді (жағдайды), дағдылы, үйреншікті қалыпты өзгерту.* Біраз ішіп алса керек, енді дауысын *б ұ з а* күжілдей сөйледі (Ғ. Мұстафин, Дауыл.). Ауызша сөйлеуге жүйрік Шәймерден бұл әннің сөздерін мейлінше *б ұ з ы п* айтады (С. Мұқанов, Өмір мектебі).— Ондайың болса шыныңды айт,— деп Керім әлі де жайбарақат қалпын *б ұ з б а с т а н* жан-жағына қарады (А. Байтанаев, Қайнар.). 4. *Қалыптасқан заңды, салтты, дәстүрді сақтамау.* Бұл салтты Күнімжан ғана *б ұ з а* алады (І. Есенберлин, Қаһар).— Сізге келдік, ағай,— деді Көжек,— ақсүйек ойнап жүр едік. Жалақсары ойын шартын *б ұ з а* береді (Н. Сералиев, Ыстық күлше). *Б ұ з б а п т ы* сол дәстүрді бұл ханым да, Дәрменсіз берілген тек бұрқан мұңға. «Қатынсың, қатын бол» деп қаһарлы Иван, Қырымның сыйға тартқан бір ханына (Ж. Молдағалиев, Жиырма бес). 5. А у ы с. *Біреуді азғыру, айныту.*— Мен осы елге келіп жүргенде Әсия бір ауыз сөз айтқан емес,— дейді Аманбай.— Сен өзің *б ұ з ғ а н* жоқпысың? (Ғ. Мұстафин, Көз көрген.).— Құдайға кінәлы болсам да айтайын, оны *б ұ з ғ а н* осы өз ауылыңыздың адамдары (М. Дүзенов, Ақәже). Ақ бата қызыл қанды судай ұрттап, Қызығып құда түсін бердің малға. Айнытып онан *б ұ з ы п* алып кеттің, Берем деп өз теңіне — сүйген жарға (Айтыс). 6. А у ы с. *Адамды жақсы қасиеттерден айыру, аздыру, жаман жолға түсіру.*— Бәрінен ақшалы болу қиын, ақша бұзбасты *б ұ з а д ы,*

ағын суды теріс ағызады, ақыл мен бақты бұйдалап жетелейді (Ғ. Мұстафин, Көз көрген).— Әке-шеше тәрбиесінен кенде болып, тентек болып кеткен баланы сіз одан әрі *бұзып* жібердіңіз (Ж. Жұмақанов, Жазылм. кітап). Кісіге білімге қарай болыстық қыл: татымсызға қылған болыстық өзі адамды *бұзады* (Абай, Тол. жин.). ◆ **Ант бұзды.** *Берген антын орындамады.*— Жоқ, жоқ, туысқан Омар! — деді Әмзе жалынғандай дауыспен,— мен елдің бетін не деп көремін, арым таза емес, *ант бұздым* (Ж. Жұмақанов, Үш бәйтерек). Мен де осы елдің жігіті, *Ант бұзғанға* аяу жоқ (Ғ. Мүсірепов, Таңд. шығ.). Сайлау десе қызатын Қазақтың бар мұрасы. *Анты* болса *бұзатын* Әдеті ғой ырасы (Б. Майлин, Шығ.). **Аузын бұзды.** *Аузынан бір қойып, қан жалатты.* Ол ит олай ойласа, *аузын бұзайын* (Қ. Кемеңгеров, Алтын.). **Бас бұзар.** *Тентек, бұзақы, сотқар.* Қылмысты кісі өлтірген байдың ісін, Қысқартып деді енді ешкім тергемесін. Ала ауыз, әпер бақан, *бас бұзарлар,* Сен ғана Демесінге тең келесің (Д. Еркінбеков, Шығ.). Көпіртіп көмейіңді күлсе біреу, *Бас бұзар* түрің бар ғой, көз жұмбай-ақ. «Сөзімді тез жібер!» деп асықпаймын, Қолыңа сақта мейлің он жылдай-ақ (Айтыс). **Бас бұзарлық.** *Сотқарлық, тентектік, бұзақылық.*— Ондай *бас бұзарлықты* тастау керек! — деп екінші секретарь орнынан атып тұрды (М. Иманжанов, Көк белес). Қазір мұнда оқушылар үлгерімі бұрынғыдан біршама жақсарған. *Бас бұзарлық* фактілер кездеспейді («Лен. жас»). **Бата бұзды.** *Баталасып келіскен сөзінен айныды.* Сүйеу *бата бұзбайтын* түрін аңғартып, Еламанды әрдайым жылы шыраймен жақсы қабылдаушы еді (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). «*Бата бұзған* екі дүниеде де оңбайды» — деп жұртқа шариғат айтады да, өзі *бата бұзады* (Д. Әбілев, Ақын.),— Ей, әкесымақ, енді не дейсің? *Бұзамысың батаны,* бір бүтінді екі бөлемісің, жоқ па? (Ә. Тәжібаев, Жартас). **Көңілін бұзды.** *Көңіл-күйі нашарлады; жылап-сықтады, жасыды.* Еламан жасын тежеп қалды. *Көңілін бұзатын* жайды ойламауға тырысып, ...тез жүріп кетті (Ә. Нұрпейісов, Сергелдең). Домбыра шіркін, домбыра, Қаққан сайын қызасың. Сәрсен халін жырласаң, *Көңілімді бұзасың* (С. Сейфуллин, Шығ. жин.). Мен бір жауап айтайын, Тыңдап мұны тұр дейді. *Көңіліңді бұзбай,* шырағым, Үйіңе қайтып бар дейді (Батырлар жыры). **Қазан бұзар [үй тентек].** *Содыр, сотқар, тентек.* Оның *қазан бұзар* қылығы өзге түгіл саған да ерсі болды-ау... (С. Бегалин, Бала Шоқан). Қалжыңы теріс, сөзі — ұрыс, Айтқан сөзге көнбейді. Өз тентегін көрмейді, *Қазан бұзар* бір қырыс (Абай, Тол. жин.). — *Қазан бұзар, үй тентек,* Тартпа қолдан, әрі жүр! Ағаң бастық болғанмен, Ақымақсың бәрібір (Д. Әбілев, Жүрек). **Қаймағын бұзды.** *Бүлік салды, тыныштығын алды.* Әзәзіл, азғын ібіліс *Бұзбақшы* елдің *қаймағын.* Баққаны бүлік, қыңыр іс, Аясын қай жер, қай малын (Ж. Молдағалиев, Жесір.). *Бұзғандай* біреу *қаймағын,* Жүзінде кірбең ойнауын.— Көргенде, шыққан Қытайдан, Өсек пе бұл деп ойладым (Қ. Ұябаев, Өтеді жыл.). **Қамал бұзды.** *Жауға ойран салды, талқанын шығарды.* Сол ұлдардың ішінде, Ерлер бар Алатауда өскен. Жарқырап жұлдыз төсінде, *Қамал бұза* қан кешкен (Т. Жароков, Шығ. жин.). Қажымай қайрат етіп *қамал бұзып,* Алдыңнан жапырыла жау қашқанда: Сүйсініп шын жүректен сүйген елдің, Бір шықты көтеріліп белі аспанға (Қ. Айнабекұлы, Өленд.). Таң да атып, тіпті ұласып ұрыс қызды, Ақырып атақты ерлер *қамал бұзды.* Өлгеннің екі жақтан есебі жоқ, Ой толып, аққан қанға аттар жүрді (Т. Ізтілеуов, Рүстем.). **Қан бұзарлық.** *Жынына тиетін, ызаландыратын (іс).* Әсіресе мынау *қан бұзарлық* қарау өлеңнен кейін оның жүрегіне өшпенділіктің мұзы қатқаны анық (Т. Әлімқұлов, Ақбоз ат). **Қанын бұзды.** *Жынын келтірді, ашуландырды, ызаландырды.* — Сәлім, сен қойсаңшы. Ол үлкен... Несіне *қанын бұзасың!* — дегенде екі жақ та кішкене толастай бастады (М. Әуезов, Таңд. шығ.). Қызық қой адамның өмірі, Өткен күн аққан су тәрізді. Қанша рет өзгертіп өңімді, Қанша рет *бұзды* екен *қанымды* (Ә. Тәжібаев, Кеше). **Мұрнын бұзды.** *Мұрнының қанын ағызды.* **Ел көзіне масқара болғанша,** айдалада бір-бірінің *мұрнын бұзбай ма?* (З. Шашкин, Сенім).— Сәл тұрғанда *мұрнын бұзатын* ем,— деп Зыпберген Қоңқабаймен тізерлесіп отырды (С. Адамбеков, Қожанасыр.). Бақталасынан өш алуды Қажым ойлаған да жоқ. Тіпті Асылқанның *мұрнын бұзбақ* болған Асқарды өзі басып тастады (Қ. Жұмаділов, Қаздар.).

Ойын бұзады. *Ой желісін үзіп кетті.*— Хан ием, қандай шешім айтасыз? — деді құшбегі Мәделіханның тәтті *ойын бұзғысы* келмегендей жәдігөйлене күлімсірей сөйлеп (І. Есенберлин, Қаһар). «Өлең жазып отырған шығар» деп, оның *ойын бұзбауға* тырысып, үндемедім (Қ. Қайсенов, Жау тылы.). **Орда бұзар.** *Қайратты, қауқарлы, жігерлі; өткір.* Ол — *орда бұзар* отыздағы өткір жігіт («Жұлдыз»). **Серт бұзды.** *Берген сертін орындамады, уәдеден тайды, айныды.* Солармен Жалел жеткізіп, Жолдайды соңғы сәлемін. Болғам жоқ тұтқын, *серт бұзып,* Сауғаның ізден сәл ебін (Ж. Молдағалиев, Жыр.). Сол сөзің мойныма таққан тұмар, Кірсіз сөз кірген ішке қалай шығар!? Менде жоқ айнымалы ала мінез, Өмірлік бір күн үшін *сертті бұзар* (Ө. Тұрманжанов, Таңд. өлең.). **Сөзін [әңгімесін] бұзды.** *Сөзін (әңгімесін) бөліп кетті, кедергі жасады.* Сәрсебайдың *сөзін* ешкім *бұзған* жоқ (С. Бегалин, Төлбасы.). Осы *әңгімені* жерлесіміз Еркеш Тауешкин *бұзып* жіберді (С. Мәуленов, Жер нәрі). Жастардың *әңгімесін бұзбайын* дегендей қастарына келген жоқ (С. Бақбергенов, Өз. жігіт.). **Тәртіп бұзды.** *Қалыптасқан, дағдылы жүйені (заңды) сақтамады; шекten шықты.* Жолдас милиционер, *тәртіп бұзбаңыз!* Сіз бұзсаңыз кім бұзбайды! (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). *Тәртіп бұзғандар,* қылмыс жасағандар қатты-қатты жаза алатын болады,— деді бір кез командир (Х. Есенжанов, Тар кезең).— Мен не қылдым? ...— *Тәртіп бұздың,* класты ң абыройын түсірдің (М. Иманжанов, Менің махабб.). **Топты бұзды.** *Топтасып тұрған адамдарды қақ жарды, араларына кірді.* Топтан озар тұлпарға Тосқауыл болмас тоқтығы. *Топты бұзған* батырға Тосқанның болмас көптігі (Қ. Әбдікадыров, Таңд. өлең.). Ортаға Албан кірді *топты бұзып,* Ұмтылып басқасынан кеудесі озып..— Ана бір товарды әкел деді оған, Дауыстап сатушыға қолын созып (Н. Ахметбеков, Аманкелді). **Тұмсығын бұзды.** *Аузы-мұрнын қан қылды.* Мен бұзық болып ешкімнің *тұмсығын бұзған* жоқпын (Ә. Әбішев, Замана.). Сол қаланың есігін Ашам деп жау аттады. Фашистің *бұзып тұмсығын,* Қатты жап болат қақпаны! (Т. Жароков, Шығ. жин.). **Түсін [өңін] бұзды.** *Түсін суытты, ашуланды, сұрланды.*— Туу, ақсақал-ай, сіз де жоқтан өзгеге нанады екенсіз-ау,— деп ол қабағын шытып, *түсін бұзып,* Марценконы иландыра сөйледі (Ә. Нұршайықов, Жомарт.). Бірақ Ақметше *түсін* де *бұзбады,* үнін де жұмсартпады (Х. Есенжанов, Көп жыл.). Бәрі де бек, уәзірдің «не,— деп,— оның»? Ұнатпай *өңін бұзып,* ұстап қолын. «Адасқан асылында екенсіз» — деп, Көрсетіп жүретұғын жатыр жолын (Т. Ізтілеуов, Рүстем). **Уәдесін [уағдасын] бұзды.** *Берген сертінен тайды, уәдесін орындамады.* — *Уәдені бұзасың* ба? — Бұзбаймын (Д. Еркінбеков, Шығ.). Уәде беріп, тұра алмасаң сөзіңе, Мен міндті тура айтамын көзіңе. Ер жігіттің *уағдасын бұзғаны,* Лайықты іс емес қой өзіне (М. Әшірбеков, Белестер). Әкемнің жан дегенде жалғызы едім, Көрмеген тәрбиеден көңілім қалып. Жолыңа жаным құрбан болсын деген, *Бұзбадым уағдамды* қайта танып (Әсет, Шығ.). **Ұйқысын бұзды.** *Тыныштығын алды, мазасын кетірді.* Олар Сәрсебайдың *ұйқысын бұзып,* шошытып оятады (С. Бегалин, Төлбасы.).— Неге сонша айқайлап, тәтті *ұйқыңды бұзасың* (С. Адамбеков, Қожанасыр.). Сенің сәби *ұйқыңды* Ат ойнатып кім *бұзар.* Есітуге күлкіңді Дос-жарандар ынтызар (С. Мәуленов, Жаз ерке). **Ұя бұзды.** *Семьяның шырқын бұзды, ынтымағын кетірді.*— Енді міне *ұя бұзып,* шідер үзіп, ортамызға от тастап отырғаны (Ө. Қанахин, Жас дәурен). Қазылық болса өзінде, Бір момынды жылатып, *Бұздың* қалай *ұясын,* Өзіңдей көрсең өзімді, Өлімге қалай қиясың (Ү. Кәрібаев, Таңд. шығ.). **Шебін [шепті] бұзды.** *Жаудың бекінісін талқандап, жарып өтті.* Қазылған ор, атылған оққа қарамастан, майдан *шебін бұзып* өтіп, жаудың ту сыртына шығып алдық (Ә. Әбішев, Замана.). Тидік жауға, *бұзып шебін,* Бас игіздік өз жерінде. Келем алып жеңіс лебін, Келем қайтып өз еліме (С. Машақов, Жылдар). Жатса, тұрса Еспенбет Тұлпар мінсем деуші еді, Қару-сайман асынып, *Шепті бұзсам* деуші еді (Дулат). **Шырқын [шырын, шыр] бұзды.** *Берекесін алды, сәнін кетірді.* Абай мәжілістің *шырқын бұза* келген қонақты жақтырған жоқ (М. Әуезов, Абай жолы).— Күңкілді тоқтатыңдар,— деді ол,— келіннің бұрымы да, ырымы да кеп-келісті. Қуаныштың *шырқын бұзбай,* адамдарша сөйлеңдер (Ж. Жұмақанов, Жазылм. кітап). Арақ талай-талай сүттей ұйыған семьялардың *шырқын бұзып,* әлегін аспаннан

шығарып та жүр ғой («Лен. жас»). Екеуінің сұлу, айбат сыңқылы *Бұзды шырын* түнгі тәтті ұйқының... (А. Тоқмағамбетов, Агроном.). Жаманға айтпа сырыңды. Жаман *бұзар шырыңды* (Мақал) **Шырыш бұзды.** Сөйл. *Шырқын бұзды.* Сол заманда-ақ надандар *шырышбұзған,* Жалғанның дәмін бұзып, хауіп қылғызған. Ақыл мен мал екеуін асырай алмай, Арашашы іздепті, қатын, қыздан (Абай, Тол. жин.). **Ішін бұзды.** *Асқазанына жағымсыз тиді, ішін өткізді.* Өте тұзды немесе органикалық заттар шіріп араласып жатқан, иісі сасық сулар малдың *ішін бұзады* (С. Омаров, Қой. бағу). Ал сиыр сүтін бергенде өте сақтық керек, өйткені ашыған немесе салқын сүт қозының *ішін бұзады* (М. Төлешев, Қой. қоздату).

БҰЗА-ЖАР е т. *Киіп-жару, басып-көктеу.* Иіскесе қызғалдақты *бұза-жармай,* Жүзінен жоғалады ыза қалмай. Өзінше қашқын емес, жылы, күңгірт Ұядан енді шырқап ұзағандай (Х. Ерғалиев, Құрманғазы). Қайта тұрып ызаланып, Ілінсең деп бір қолыма. Орман ішін *бұза-жарып,* Түстік оның қыр соңына (С. Мәуленов, Тартыс.).

БҰЗА-ЖАРА үст. *Қақтығып-соқтығып, бұзып-жарып, кимелеп.* Мұстапа аз кідірді де, көпті *бұза-жара* барып, ұрының үстіне құлады (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). Алдымен омбы қарды *бұза-жара,* қысқы даланың ең ұшқыр көлігі бірнеше «Газ-69» келді (Ә. Нұршайықов, Жомарт.). Кей-Қысырау Риһамды ертіп ала, Барды да: — Тап,— деді,— тез, майдан дала. Табам деп қолайлы жер құшырланып, Жөнеді бір жолдас ап *бұза-жара* (Т. Ізтілеуов, Рүстем.).

БҰЗА-ЖАРУ *Бұза-жар етістігінің қимыл атауы.*

БҰЗАҚАР з а т. с ө й л. **Бұзақы.** Груденко бай, оның мастерлері, Төкіш, Демеу сияқты подрядчиктердің барлығы да Дарқанды «бұзық, *бұзақар*» деп атандырып, аңдып артына түседі (І. Жансүгіров, Шығ.). — Е, *бұзақар,* келдің бе?— деп кекеп күлді болыс (Бұл да).

БҰЗАҚЫ с ы н. *Бұзық, сотқар, тентек.* Өзі барып тұрған *бұзақы* екен (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.). *Бұзақы,* сотқарлығының үстіне, жаман оқитындығын дәлелдеп мектептен шығармақшы (Ш. Хұсайынов, Таныс адам.).— Айналмай-ақ қой қызынды, тәртіпті ме десем, *бұзақы* екен ғой... (Н. Серәлиев, Ақбөпе). // З а т. м. *Бұзық адам, сотқар кісі.*— Жарықтық, о несі екен, *бұзақыға* болысқаны? (Д. Әбілев, Арман.).— Ей, сен Төленнің *бұзақысы* емессің бе? (Қ. Исабаев, Айқыз).

БҰЗАҚЫЛАН е т. *Бұзақы болу, сотқарлану.*

БҰЗАҚЫЛАНУ *Бұзақылан етістігінің қимыл атауы.*

БҰЗАҚЫЛАУ с ы н. *Бұзықтау, тентектеу, сотқарлау.*

БҰЗАҚЫЛЫҚ з а т. *Бұзықтық, сотқарлық (бұзық, сотқар адамға тән қасиет).* Мен оған *бұзақылыққа,* ұрлыққа қарсы қолданылатын шаралардың барған сайын қатая түсіп бара жатқанын ескерттім (Ө. Тұрманжанов, Адам.). Былай қарағанда *бұзақылығы,* құлығы жоқ, момын жігіт (А. Жақсыбеков, Менің дос.). Егер дәл қазір Әзімханды еркелетіп, өз бетімен жібере берсе, осынау шолжаңның арты *бұзақылыққа* әкеліп соқтыруы мүмкін («Лен. жас»).

БҰЗАР: **төсек бұзар.** К ө н е. *Қыз жасауы буылып-түйілген кезде берілетін кәденің бір түрі.* Бұл арада тағы да бірқыдыру кәделер берілу керек. Мәселен, *төсек бұзар,* шымылдық шешер, отау жығар деген сияқты (Х. Арғынбаев, Қаз. семья.).

БҰЗАУ з а т. **1.** *Сиырдың алты айға толмаған жас төлі.* Баз ауласына кіргенде бос жүрген үлкен қызыл сиыр жаңа туған *бұзаудың* жалап жатыр екен (Ж. Молдағалиев, Жүрек.). Үйде болсаң, әлгі қызыл *бұзауды* тауып әкеп, қораға кіргізіп қойшы (Б. Соқпақбаев, Менің атым.). Көп жыл жүрдім *бұзау,* қозы соңында, Мандайымнан арылмаған сорым да. Күл шығарып, тезек теріп, су тасып, Жауыз байдың күні болдық қолында (Ш. Иманбаева, Өленді.). **2.** С ы н. м. *Бұзау терісінен жасалған.* Төрде алаша жатады. Ал шыптаның жанында әжемнің *бұзау* бөстегі (Ө. Қанахин. Жер бас.). Төрде ешкі мен *бұзау* терісінен салған үш-төрт тулақ, бір ескі киіздің сілемі (Ж. Саин, Жол үсті.). **3.** С ы н. м. *Бұзауға арналған.* Оның ар жағында *бұзау* қораны есігінен сығалап көрдім (С. Мұқанов, Өмір мектебі). Әсіресе *бұзау* қораны қазір жөндемесе қыста қорлық көретіні анық (Б. Тоғыс-

баев, Алдыңғы.). Бұлар *бұзау* базға кіргенде көңіл күйі өзгеше толқыды (Х. Ерғалиев, Шындық шырқа.). ◆ **Бұзау бас** [**етік**]. *Жалпақ, моқал басты (етік).* Күндіз жалаң аяқ жүрген Хасен аяғына *бұзау бас* орысша *етігін* киген (С. Сейфуллин, Шығ.). Сандықты шұңқырға салды да, бетін топырақпен жауып, *бұзау бас* былғары *етігінің* өкшесімен нығырлап тепкілей бастады (С. Жүнісов, Жапанда.). Мен Ысқақтың *бұзау бас* ауыр жұмыскер *етігінен* ғана бас тарттым (Б. Соқпақбаев, Өлгендер.). **Бұзау көз** [**көздеу**]. *Өлімсіреген, мөлиген, жанарсыз көз.* Солардың бәрінің фамилиясы Сілекеев екен... *бұзау көздеу*, бұқа бұғақтау, өнімсіз де болымсыздау... Солар жайында жазайын деп жүргенім бар (Ғ. Мүсірепов, Кездесп. кет.). **Бұзау тұмсық** [**мұрын**]. *Тұмсығы (мұрны) жалпақтау келген, таңқы танау (адам).* Әнуар ұзын бойлы, ат жақты, *бұзау тұмсық* сұрша жігіт (А. Байтанаев, Асан). *Бұзау тұмсық* екен, ерні түрілген, қисық аяқ, қыңыр екен дегенді қой («Лен. жас».). Дембелше, төртпақ қара, *бұзау мұрын*, Сыпылдақ тілге шешен, ойы жылым. Алаштың азаматы деп сөйлейді, Қамқорсып жақтағандай елдің мұңын (Н. Ахметбеков, Аманкелді). **Бұзау тіс**. *Салалы, ірі.* [Атқұлақ] ұзын сабақты, жапырақты, жапырақтарының шеттері *бұзау тіс*, салалы келеді (С. Сұбханбердин, Дәрі — дауа).

БҰЗАУБАЛЫҚ з а т. з о о л. *Алабұға тәрізділер отрядына жататын балықтардың бірі. Бұзаубалықтың* денесі қабыршықсыз келеді, тістері уақ болады. Көбінесе солтүстік теңіздердің жағалауында кездеседі (Т. Мұсақұлов, Биол. сөздік.).

БҰЗАУБАС[1] з а т. з о о л. *Үлкендігі 5—6 см-дей. басы жалпақ (үлкен) алдыңғы аяқтарымен жер қазатын, түсі сары қоңыр жәндік.* Ал су бойында *бұзаубас*, улы шаян, бүйі дегендер де баршылық. Олардың талайын өзіміз өлтірдік те. Алайда ешқайсымызды не *бұзаубас*, не шаян, не бүйі шағып көрген емес (Ө. Қанахин, Жер бас.).— Мына құтыдағың не? *Бұзаубас* па? Қалай қорықпай ұстадың? (Н. Серәлиев, Ақбөпе). Мысалы, көртышқан мен *бұзаубастың* біреуі — сүт қоректіге, екіншісі — насекомдарға жататындығына қарамай жер қазатын алдыңғы аяқтары өте ұқсас келеді (Жалпы биология).

БҰЗАУБАС[2] з а т. б о т. *Құмды жерде өсетін биіктігі 5—25 см-дей малға жұғымды шөп.* Әбілхан жұмыс бабын әңгімелей келіп: қоянсүйек, жүзген, бізбелдік, *бұзаубас*, адыраспан, тазқара,... раң деген шөптер малға жұғымды,— деді («Қаз. әдеб.»). Жүзген, бізбелдік дегендер де көз сүзе қарайды оған.. *Бұзаубас*, тазқара да тұр бас изеп («Лен. жас»).

БҰЗАУБАС: бұзаубас балық. з о о л. *Теңіздерде, ащы суларда тіршілік ететін, дене тұрқы 50 см-ден аспайтын, басы жалпақ балық.* Арал теңізінің суы тұщырақ, соған байланысты онда майшабақ, *бұзаубас балық* тәрізді теңізге тән түрлер жоқ (Б. Муханов.., Қазақст. өсімдік.) *Бұзаубас балықтар* аса өсімтал емес, уылдырық саны 10 мыңнан аспайды (ҚСЭ).

БҰЗАУДАЙ с ы н. *Бұзау сияқты, бұзау тәрізді.* Үріккен *бұзаудай* Бозжанов айналасына жалтақ-жалтақ қарайды (Б. Момышұлы, Москва.). — Жеңешем екеуміз қалаға көшсек қайтеді деп ақылдасып едік, қашқан *бұзаудай* қыздың артынан кеткеніміз тіріде ұят болар,— деп қойғанбыз (С. Омаров, Қызыл арай).

БҰЗАУҚАН з а т. э к с п р. э м о ц. *Жаңа туған жас бұзау.* Үй арасын көң еткен, Балаларды тоқ еткен, *Бұзаукәннының* атасы Бұқа бассын үйіңді (С. Сейфуллин, Шығ.). Мамық жүнді жас лақан, Үйқтап қырда ботақан, Алтын жалды құлыншақ, Жұмып көзін *бұзаукан*, Сида сирақ қошақан, Төлдің бәрі ұйқтады, Үйқта сен де балақан! (Жамбыл, Тол. жин.).

БҰЗАУЛА е т. *Сиыр, марал, бұлан сияқты жануарлардың төлдеуі, тууы.* — Сенің сиырың *бұзаулаған* сиыр ма еді? (М. Әуезов, Таңд. шығ.). — Әне бір көк сиыр үрпін ашып тұр. Бүгін *бұзаулайды*, байқаңдар (Ғ. Мұстафин, Жиырма бес). Бұланның күйлеу маусымы сентябрь, октябрьде басталып, май, июнь айларында *бұзаулайды*, көбінесе егіз туады (Х. Қыдырбаев, Дала көркі).

БҰЗАУЛАТ *Бұзаула етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Оны да біздің ферма *бұзаулатады*. Сонда арғы жылы бұзаулы сиырымыз неше есе өседі?! (С. Бегалин, Уақыт.). Қашаннан Көпей жеңгей бұзау бақкан, Шығынсыз аналарын *бұзаулатқан*, Орашы Дүйсекеңдей қариям бар, Тұрғызды ауру малды өлеатқан (Айтыс).

БҰЗАУЛАТУ *Бұзаулат етістігінің қимыл атауы.* Сондықтан бұларға қайталап соқпай, сиырды бір жылда екі рет *бұзаулату* жағын сұрастырдым (Х. Ерғалиев, Шындық шырқа.) Ал колхозда сиырды бүкіл жыл бойы *бұзаулату* ісі ұйымдастырылған («Қазақст. ауыл шаруаш.»).

БҰЗАУЛАУ *Бұзаула етістігінің қимыл атауы. Бұзаулауына* 40—60 күн қалғанда сиырды суалту керек (ҚСЭ).

БҰЗАУЛЫ с ы н. *Бұзауы бар.* Баялбай таз *бұзаулы* сиырға сатып алған бестісін жүйрік деп, жүрісті деп күпінеді (І. Жансүгіров, Шығ. жин.).— Мен... бұзылғы бәйгеге *бұзаулы* сиыр алған Нұрыш Жампейісов боламын (Б. Майлин, Шығ.). Үй араларындағы боталы інген, *бұзаулы* сиыр, қозылы қойлар шаруа адамдарының ауқатты күйін аңғартқандай («Қаз. әдеб.»).

БҰЗАУЛЫҚ з а т. д и а л. *Бір кісілік жеңіл шана.* Мына *бұзаулықтарға* қыстығүні мықты аттарды жегіп алып зымыратамыз (Диал. сөздік).

БҰЗАУӨРМЕ з а т. с ө й л. Бұзаутіс. Қолындағы *бұзауөрмесімен* қойып қалып, басын жара ма деп Жөкеннің есі шықты («Лен. жас»). Бірақ оның *бұзауөрме* қамшысы талайлардың жотасын осып-осып кеткен көрінеді («Жетісу»).

БҰЗАУӨРІМ з а т. с ө й л. Бұзауөрме. Көргенде *бұзауөрім* қамшы басын, Қалайша пәк жүректі жан шыдасын. Кикікке пана болған бәйтерек те, Білдірмей сығып алды тамшы жасын (Р. Ниязбеков, Келер күн.).

БҰЗАУСЫЗ с ы н. *Бұзауы жоқ; бұзаудың қатысынсыз.* Біздің сиыр *бұзаусыз* сауылады (Ауызекі тіл).

БҰЗАУТАЗ з а т. м е д. *Барлық малда кездесетін жұқпалы тері ауруы. Бұзаутаз* ауруымен малдың барлық түлігі ауырады (Т. Телеуғалиев, Мал қора.). Мысалы, бруцеллез, туберкулез, қотыр, *бұзаутаз*, ішқұрт, қанқұрт аурулары мүқият емделеді (Ә. Әбішев, Мал дәрігер.). *Бұзаутаз* өте жұқпалы ауру. Онымен барлық үй жануарлары әсіресе бұзау, жылқы, ит ауырады («Қазақст. ауыл шаруаш.»).

БҰЗАУ-ТАЙЫНША з а т. *Бұзау және тайынша, екеуі де.* Өкпе құрт әсіресе, бір жасқа дейінгі *бұзау-тайыншалар* үшін, сонсоң тайынша-қашарлар үшін хауіпті ауру (Ө. Қарамендин, Бұзау. ауруы). Проф. Юсковец 600 бас еркек малды 250 бас *бұзау-тайыншаны* зерттеп олардың тек екеуіне ғана клиникалық әдіспен диагноз қойды (Малды туберк. сақта.).

БҰЗАУ-ТОРПАҚ з а т. *Бұзау және торпақ, екеуі де.* Іскендір сияқты судырлар елдің үрейін ұшырып, бірсыпыра жұрт соған елігіп, *бұзау-торпағын* да сойып тастады (Б. Майлин, Шығ.). Өзгесі қой-ешкі, *бұзау-торпақ* дегендей ұсақ мал (С. Мұқанов, Өмір мектебі). Ол суыққа төзімсіз *бұзау-торпақты* арқасын аязға сорғызбай жылы жерге бөлек бағады (Х. Есенжанов, Ақ Жайық).

БҰЗАУТІС[1] з а т. *Жалпақ таспадан 8—12—16 өрім етіп өрілген қамшы; қару.*— Ойбай, Төке-ау, мына *бұзаутісіңмен* тартып жіберсең, қатынның не жаны қалады! (Ғ. Мүсірепов, Кездесп. кет.). Бұның қолындағы қаруы — *бұзаутіс;* осындай төбелеске лайықтап, өзегіне қорғасын құйып өргізген (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). Қыбыр етсе Азбанқұл сұс қылады, Жеген асын желкеден құстырады. Сегіз өрім *бұзаутіс* арқасында Ирелеңдеп, жыландай ысқырады (Т. Әбдірахманова, Көгершін).

БҰЗАУТІС[2] з а т. к ө н е. *Инемен әсемдеп тігудің бір түрі (әдісі).* Қазақтың қол инемен тігу ісінде ертеден келе жатқан көркемдеп тігудің түрлері де бар. Олар: «қабырға», «таңдай», «шалып тігу», «*бұзаутіс*», «тұмарша»— тігістері (С. Қасиманов, Қаз. қолөнері). «*Бұзаутіс*» пен «тұмарша» да орындалуы жағынан қарапайым, жүрдек тігістер (Бұл да).

БҰЗАУХАНА з а т. с ө й л. *Бұзау қамалатын қора.* Қораның іші лас, сасық. *Бұзауханаңыз* қабырғасы мүжіліп құлауға жақын (С. Сарғасқаев, Сұлутөр.).

БҰЗАУША ү с т. *Бұзау тәрізді, бұзау сияқты.* Он алтыншы жылы Лұқпан болысты ауылынан алдына салып *бұзауша* айдап алып кеткен (Х. Есенжанов, Тар кезең.) Міне, қазір қасында *бұзауша* еріп келе жатқан Айжанға жүрек сырын білдіре алмайды (З. Шашкин, Сенім).

БҰЗАУШЫ з а т. *Бұзау бағатын, бұзау күтетін адам. Бұзаушы* келіншек-

тің өндіріс басындағы бөлмесі кішілеу болса да, тап-түйнақтай екен (Ғ. Сыланов, Очерк.). Ол соғысқа дейін қозышы, *бұзаушы* болып мал маңында істеді (З. Иманбаев, Дала.). *Бұзаушыға* оларды азықтандырып, бағып-күту, сиырлардың өнімділігі мен бұзаулардың қосқан салмағын бақылау, қораны тазалау міндеті жүктеледі (С. Тілеубергенов, Мал шаруаш.).

БҰЗАУШЫҚ[1] зат. көне. 1. *Сақарға май қосып жасаған қара сабынның кішірек бөлшегі.*— Міне, бір *бұзаушығым* бар. Аман-есен қайтса, Шалғымбайдың кірін жуып берейін деп сақтаған едім (І. Жансүгіров, Шығ.). ... Сосын қылқиып отырған қатындарға әжем қол басындай бір-бір *бұзаушық* ұстатады (Ө. Қанахин, Жер бас.). Райхан уйге кіргенде қолындағы *бұзаушығын* үюлі жатқан киімдердің үстіне тастай беріп, басын көтеріп алды (С. Жүнісов, Жапанда.). 2. Сын. м. Ауыс. *Домалақ, жұмыр; қап-қара.* Қалау мырзаның көңілін сезгендей. Құлақ жоқ, мұрын жоқ, домаланған *бұзаушық* басын баурына алып, үнсіз кірді (Ә. Нұрпейісов, Сергелдең). Можанның қайын енесі пақыр да ұлды көп тапқан кісі еді, үйіне қашан барсаң да жанжағынан *бұзаушық* бас қара бала толып жүретін (Ә. Кекілбаев, Дала.).

БҰЗАУШЫҚ[2] зат. сөйл. Бұзауқан. Көз нұрындай *бұзаушығым,* Қаза тапты адамнан. Көңілімдегі барлық шыным, Адам тастан жаралған (Ж. Сыздықов, Асулар). Жүр, *бұзаушық,* Бір жүрейік, Жасыл шөптен Гүл терейік (Ә. Тәжібаев, Жастық.).

БҰЗАУШЫЛЫҚ зат. сөйл. *Бұзау бағушылық. Бұзаушылық* жұмыста жүргеніме он жылдан асты («Қаз. әдеб.»).

БҰЗҒАНДЫҚ зат. *Бір нәрсені (тәртіпті, ережені) бұзып қоюшылық, бүлдіршілік.* Әскери тәртіп пен ережені *бұзғандығы* үшін қолданылатын жазалар тәртіп сақтау уставында көрсетілген (Қ. Аманжолов, Қасиетті.). Егер ойыншы орта сызыққа аяғын тигізіп алып, одан өтіп кетпесе, бұл ойын ережесін *бұзғандық* болып есептелмейді (О. Жарылғапов, Волейбол.).

БҰЗҒЫЗ *Бұз етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Сондықтан да мұнараны ол «алланың айтуы бойынша» *бұзғызады-мыс* (М. Тоқжігітов, Құран тур.).

БҰЗҒЫЗДЫР *Бұзғыз етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БҰЗҒЫЗДЫРУ *Бұзғыздыр етістігінің қимыл атауы.*

БҰЗҒЫЗУ *Бұзғыз етістігінің қимыл атауы.*

БҰЗҒЫНША: **бұзғынша кене.** Зоол. *Өсімдік жапырақтарымен, қабығымен қоректенетін кене тәрізді кішкене зиянкес жәндік. Бұзғынша кене* Алматының жемісті аймағында неғұрлым көбірек зиян келтіреді (Ж. Лұқпанов, Химия.).

БҰЗҒЫНШЫ зат. бот. *Кейбір ағаштарда болатын клей тәрізді сұйық зат, шайыр.* Латекстің қайсыбірі — эмульсия және суспензия сияқтанған ертінді күйінде болады, мысалы: белоктар, майлар, шайырлар, *бұзғыншылар* (камеди), балауыз, каучук, гуттаперча (Т. Мұсақұлов, Өсімдік. анат.).

БҰЗҒЫШ сын. *Бір нәрсені бұзатын, бүлдіретін (адам, зат).* Төскейлер нұрға тоғылып, Тамырға тарап қан ыстық. Тоғанды *бұзғыш* томырық Жөнелді сыммен жарысып (Ғ. Орманов, Ой қанаты). Өзі тойса мәз болды, Ел іргесін сақтамай. Ер деп елді *бұзғышты,* Сұқсыр деп сұмырай қызғышты, Кезқұйрықты лашын деп... (Үш ғасыр.). ◆ **Ант бұзғыш.** *Ант бұзатын адам.* Сарандық жолына түскен Қарабай да, мінез өзімшілдігіне түскен Қодар да рақымсыз, қара жүрек *ант бұзғыш* (М. Әуезов, Әр жыл.). **Ел бұзғыш.** *Елді бүлдіретін, ел арасына іріткі салатын адам. Ел бұзғыш,* қашқын Дүйсен ұсталсын!— деп, Жөнелді жүйткіп хабар бұйрық-жармен... (Қ. Бекқожин, Мариям.). Екі жүзді *ел бұзғыш,* Еппен қанша күн көрер. Өсек сөзге үрпиіп, Кейбір мисыз шын көрер (Ү. Кәрібаев, Таңд. шығ.).

БҰЗДЫР *Бұз етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Бірнеше қарын сары майдың ішінен тұзы дәл, дәмі жақсы қарынды әдейі арнап *бұздырды* (М. Әуезов, Таңд. шығ.). Сол кәдені өзі де бұзбайды, ешкімге *бұздырмайды* да (Ә. Тарази, Үлкен ауыл.). ◆ **Ісін бұздырды.** *Сот үкімі орынсыз деп табылды, тереңе шығарылды.*— Ат арқасына мінгені осы емес пе. *Ісіңді* облыстан *бұздырып,* абақтыңнан шығарып алды (М. Дүзенов, Ақ әже).

БҰЗДЫРТ *Бұздыр етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Ол айлалап жүріп, бұл жоспарды ақыры *б ұ з д ы р т т ы* («Лен. жас»).

БҰЗДЫРТҚЫЗ *Бұздырт етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БҰЗДЫРТҚЫЗУ *Бұздыртқыз етістігінің қимыл атауы.*

БҰЗДЫРТУ *Бұздырт етістігінің қимыл атауы.*

БҰЗДЫРУ *Бұздыр етістігінің қимыл атауы.* Белгіленген ережелерді мен бұза алмаймын, ешкім де бұза алмайды. Оны *б ұ з д ы р у* үшін көп дәлел, көп уақыт керек (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз).

БҰЗУ *Бұз етістігінің қимыл атауы.* Ескі болғанымен **ешқайсысын** *б ұ з у ғ а* көз қимайтын-ақ еді (Р. Райымқұлов, Бұрылыс.). Маған дәл қазір бөшке түгіл таудың тасын да *б ұ з у* бұйым емес сияқты (Б. Тоғысбаев, Алдыңғы.).

БҰЗУСЫЗ с ы н. *Бұзылмаған, мүшеленбеген, бөлшектенбеген.* Кеш батқанша биені шала-шарпы сойып болып, қол мен санды *б ұ з у с ы з* күйінде қора тастың ішіндегі үңгірге орап апарып тығып қойды (М. Әуезов, Қараш.).

БҰЗУШЫ з а т. *Бір нәрсені бұзатын, бүлдіретін адам (зат).* Тұрған бойда жүгіре басып, шана *б ұ з у ш ы л а р д ы ң* жанына бардым (Ә. Сәрсенбаев, Толқында.). Ол тыр-тыр етіп, осы маңның тыныштығын *б ұ з у ш ы* тракторлар жаққа бұрылды (А. Сатаев, Аққу.).

БҰЗУШЫЛЫҚ з а т. *Бұзғандық, бұзу әрекетін істеушілік.* Қазақстанда жерді пайдалану ісінде ауыл шаруашылық артелінің Уставын *б ұ з у ш ы л ы қ* фактілері анықталды (Жаңарған өлке). Кадрларды іріктеудің лениндік принциптерін *б ұ з у ш ы л ы қ т ы* үзілді-кесілді жою керек («Соц. Қаз.»).

БҰЗЫҚ с ы н. 1. *Бұзақы, тентек, сотқар.*— Дарқан *б ұ з ы қ,* оған ермеңдер. Оның сөзіне ергендерің жұмыстан шығып қаласыңдар (І. Жансүгіров, Шығ. жин.). Бұл да сол *б ұ з ы қ* Батақовтың мына біздің атымызды қосып, халыққа жариялап шығарған әні (Б. Тәжібаев, Қараторғай). Ежелден *б ұ з ы қ* болып туып еді, Бәлеге жас күнінен жуық еді. Жай жүрмей, көрінгенге соқтыққан соң, Мектеп түгіл, Семейден қуып еді (Айтыс). // З а т. м. *Бұзақы, тентек адам.* Мұсылман қауымның адал перзенті — Қасқырбай мырза бір *б ұ з ы қ т ы ң* қолынан шейіт болды (Ә. Сәрсенбаев, Толқында.).— Темекі тартады, *б ұ з ы қ т а р м е н* бірге жүреді (С. Сарғасқаев, Көңілді бала.). 2. А у ы с. *Арам, қара ниет, азғын, бұзылған.* Бұлары білімсіздік, бәлки *б ұ з ы қ* фиғыл, әл-инсан ғәдду ләма жәһилға хисап (Абай, Тол. жин.).— Болса болар. Ал бірақ мына Еламанның ар жағы *б ұ з ы қ.* Сары ағасының сылтауымен, тап осы арада қу бала өз көңілінен хабар беріп жатпасын (Ә. Нұрпейісов, Сергелдең). Ол құдай әйелдердің кеудесіне алдын ала нұр құймас па, егер нұр құю қолдан келмеген күнде, олардың *б ұ з ы қ* ойларын пайғамбарларға алдын ала айтып қоймас па? (М. Тоқжігітов, Құран тур.). 3. *Бұзылған, бүлінген, істен шыққан (зат).* Қорғамбектің мылтығы атылмайды, құлағы *б ұ з ы қ* дегенді Қалампыр ылғи есітетін (Б. Майлин, Шығ.). Есіктерінің алдында *б ұ з ы қ* машина тұр (Ауызекі тіл). ◆ **Қаны бұзық.** *Қара ниетті, арам ойлы (адам).* ... Ол *қ а н ы б ұ з ы қ* ұры-қары Қапысын тауып сені алар (Абай, Тол жин.). Орыс теріс айтпайды, Жаман болған деп оларды. *Қ а н ы б ұ з ы қ* өзі ойлар, Құ менен сұм боларды (Бұл да).

БҰЗЫҚ-ТҮЗІҚ с ы н. *Бұзық я түзік, екеуінің біреуі.* Мұның *б ұ з ы қ-т ү з і қ* екендігін білу өте қиын (Ауызекі тіл).

БҰЗЫҚ-ТҮЗІҚТІК з а т. *Бұзық я түзік болушылық.* Практикалық сабақтың алдында химия кабинетіндегі бүкіл жабдықтың, газ желісінің *б ұ з ы қ-т ү з і к т і г і,* вентиляцияның жұмысы тексеріледі («Қазақст. мектебі»).

БҰЗЫҚТЫҚ з а т. *Бұзақылық, тентектік, сотқарлық.* Бұнысы *б ұ з ы қ т ы қ* екен, айтқаныңыз рас, ұстап жазалау керек (М. Әуезов, Таңд. шығ.).— Сендер осы *б ұ з ы қ т ы қ т ы* қашан қояр екенсіңдер? (В. Майлин, Шығ.). Баласының *б ұ з ы қ т ы ғ ы н а* елден бір ұялса, «екілігі» үшін екі ұялды (Ө. Тұрманжанов, Адам.).

БҰЗЫҚШЫЛЫҚ з а т. *Бұзықтық, әдепсіздік.* Менің де ойлағаным қызықшылық, Салмағың арамызға *б ұ з ы қ ш ы л ы қ.* Сұрасаң мына малдың бәрін берем, Келісіп қалып едім, ойнап-күліп (Айтыс).

БҰЗЫЛ е т. 1. *Бұз етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Бұл үйден алпыс қадам-

дай жерде *бұзылған* қора бар (Ә. Омарбаев, Кәрлен.). ... Машинасы *бұзылып* қалыпты (Б. Соқпақбаев, Алыс. ауыл.). Әр астауда бір-бір қара мал мүшесі *бұзылмай* түгел салынған (Д. Досжанов, Тұлпар.). Ол бір байға бармаймын деп *бұзылып* жүрген кедей қызы екен (М. Әуезов, Танд. шығ.). 2. *Белгілі бір заттың өзіне тән қасиеттерінен айрылуы; дәмін, түсін, иісін жоюы; бүліну.* Күнге ұрынса жас малдың еті *бұзылып* кетеді, әуелі соны жейік (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.). Еден астына овощ, картоп, тағы басқа *бұзылатын* заттар сақтауға болмайды (Е. Оразақов, Дәрігер.). Шынында жақсы тұздалған ет те, балық та *бұзылмай*, көпке шыдайды (Т. Таубаев, Жасыл әлем.). ◆ **Ауа [күн] райы бұзылды.** *Күн бұлттанды, жел тұрды. Ауа райы күрт бұзылып*, аспанды сіресқен қара бұлт басып кетті (Б. Соқпақбаев, Жекпе-жек). *Ауа райы бұзылса*, жолдың да, даланың да сиқы кетеді (Р. Әутәліпов, Алтын.). Оның үстіне *күн райы* мүлде *бұзылып* барады (Қ. Исабаев, Жұмбақ үй). Кешке қарай *күн райы бұзылды* (Қаз. ертег.). **Көңілі бұзылды.** *Көзіне жас алды, қамықты.* Екі інісін еске алса, Есбол қарияның *көңілі бұзылып* қоя беретін-ді (Ә. Нұрпейісов, Сергелдең).— О, ғаріп болған айнам, шырағым!— деді тағы да Сейіл *көңілі бұзыла*, жыламсырай күркілдеп (Р. Райымқұлов, Бұрылыс.). Сағынбай ойланған сайын *көңілі бұзылып*, бір түрлі жасиған секілді (Д. Досжанов, Тұлпар.). **Күн бұзылды.** *Ауа райы бұзылды.* Аздан соң *күн бұзылады* (М. Әуезов, Абай жолы).— Ау, тоқта. *Күн бұзылып* барады. Үйге қайтайық,— деп дауыстады Әйтім (Н. Ғабдуллин, Қызық дәурен). Қарға көкте айналып биік, ұзақ ұшса, *күн бұзылады* (Ш. Айманов.., Қыран.). **Қаймағы [бұзылды] бұзылмады.** а) *Шеті де ойылмады, бүлінбеді; бәз-баяғы қалпы.* Әлде бір құлыншақтан Қарауылдың қалың көк қасқасының *қаймағы бұзылар* дедіңіз бе? (Б. Аманшин, Жар мұңы). Қар сол бәз-баяғы қалпы, *қаймағы бұзылмай* жатыр («Лен. жас»). ә) *Еш нәрседен кенде болмады, болып-толып жүрді.* Құлбай байдың тайлағы, Ат шаптырым аймағы. Өзіне тәңрі берген соң, *Бұзылмай* тұр *қаймағы* (XX ғ. қаз. ақын.). **Қаны бұзылды.** а) *Қан құрамы өзгеріп, ауруға шалдықты.* Өзі сол жараның салдарынан бір аяғынан ажырады. Далада ұзақ жатып қалып, *қаны бұзылған* екен (Р. Райымқұлов, Бұрылыс.). ә) Ауыс. *Қаны қарайды, кектенді, ызаланды.* Талғардан өткен күннен бастап, Бақтығұл *қаны бұзылғандай* болып қатты өзгеріп кетті (М. Әуезов, Қараш.). **Пейілі бұзылды.** *Ниеті қарақтады, ықыласы өзгерді.* Заман болса мынау: қысқа күнде қырық құбылған. Заманға қарап қазір адамның да *пейілі бұзылып* барады (Ө. Қанахин, Жас дәурен). **Сабындай [сабынша] бұзылды.** *Кенеттен, аяқ астынан өзгерді.* Екі үйдің іші бұларды бірін — күйеу, бірін — қалыңдыққа сайып, оқу бітірісімен қосыладыға санап жүргенде, соңғы курста Галя *сабындай бұзылыпты* (Б. Аманшин, Жар мұңы). Орайына келіп тұрған іс *сабындай бұзылмаса* жарар еді (Д. Еркінбеков, Шығ.).— Ғайнолла кешеден бері *сабынша бұзылды* (С. Омаров, Қайырлы жаз). Жас жігіттің тасы өрге домалап, түтіні түзу ұшып-ақ тұр еді, ойда жоқта дүние *сабынша бұзылып*, бастағы бақыт құсы пыр етіп ұша жөнелді (Қ. Жұмаділов, Қаздар.). **Түсі [өңі] бұзылды.** *Ашуланды, сұрланды.* Әскер жігіт те жоғары қарады да, *түсі бұзылып*, сәл кейін шегінді (І. Есенберлин, Қатерлі.). *Түсі бұзылып*, қанын ішіне тартып алған Василий терезенің жанына барды (А. Сатаев, Аққу.).— Мені жау тауып алардай болса, онда қолға түсе қоймаспын,— деді Аркаша, *өңі бұзылып* (Қ. Қайсенов, Жау тылы.).

БҰЗЫЛҒАН сын. *Жаман жолға түскен, азғын (адам).*— Ол *бұзылған* әйел. Неміс офицерлері үйінен шықпайды (Қ. Қайсенов, Жау тылы). «*Бұзылған* бала екен, араласушы болма» деген шеше сөзін Тұрар мүлтіксіз орындауға тырысты (С. Шаймерденов, Мінез).

БҰЗЫЛҒАНДЫҚ зат. *Жаман жолға түсушілік, азғындық.*

БҰЗЫЛҒЫШ сын. *Тез бұзылатын, бұзылуға бейім.* Шешесі: «Күз күні *бұзылғыш*. Қазір жайма шуақ болып тұрса, сәлден соң түнеріп шыға келеді»,— деген еді (Д. Досжанов, Тұлпар.). Тромбоцит қан тамырының сыртына шықпайды және де тез *бұзылғыш* келеді (А. Даиров, Хирург.).

БҰЗЫЛҒЫШТЫҚ зат. *Бұзыла бергіштік, тез бұзылатындық.*

БҰЗЫЛМАЛЫ сын. *Бұзылғыш, айнып қалғыш.* Қитыңдаған жол жорғасы әрі

жайсыз, әрі *б ұ з ы л м а л ы* болды. Ал шапса, көрінген тайдан қалып қояды (С. Бегалин, Шоқан асу.).

БҰЗЫЛМАЛЫЛЫҚ з а т. *Бұзылып тұрғыштық; айнымалылық.*

БҰЗЫЛУ *Бұзыл етістігінің қимыл атауы.* Соғыс — миллиондаған адамдардың қаза табуы, көрікті қалалардың *б ұ з ы л у ы* деген сөз (С. Мұқанов, Өсу жол.). ...«Байлар құртылады. Бірдейлік болады»,— деп те азғырыпты. Ол тегін *б ұ з ы л у* емес (Д. Әбілев, Арман.).

БҰЗЫЛЫҢҚЫ с ы н. *Аздап бұзылған, өзгеріңкі.* Күн райы бүгін *б ұ з ы л ы ң қ ы*, күз болғанын білдіргісі келгендей желдетіп, қабақ түйіп тұр (Б. Соқпақбаев, Менің атым.). Қар жауа қоймағанмен күз аспаны бұлыңғыр, күн райы *б ұ з ы л ы ң қ ы*, тым жүдеу (З. Жәкенов, Таң самалы).

БҰЗЫЛЫҢҚЫРА е т. *Сәл бұзыла түсу.* Қиыспас досының бұл ісіне Бекеңнің жүзі де *б ұ з ы л ы ң қ ы р а п* барып әрең тоқтады (Ғ. Мүсірепов, Белдерде). Айналайын-ай. ...Сені аузынан тастамай жылап кетті-ау!— деп шалдың көңілі *б ұ з ы л ы ң қ ы р а п*, теріс айналды (О. Сәрсенбаев, Бақыт.).

БҰЗЫЛЫҢҚЫРАУ *Бұзылыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

БҰЗЫЛЫП-ЖАРЫЛЫП ү с т. *Орнына келместей болып, бүлініп.* Мұнда *б ұ з ы л ы п-ж а р ы л ы п* жатқан ештеңе жоқ. Жаңбырша уайым шегіп күйінбесін. Мәуенің ар-ұяты таза (З. Шүкіров, Ізгілік.).

БҰЗЫЛЫС з а т. *Бұзылғандық, бүлінгендік.* Ол мына *б ұ з ы л ы с т ы* пайдаланып, кемінде он адам қашқан шығар деп ойлап еді (Қ. Исабаев, Ажал құрсауы.). Гармоналдық ара қатыстардың осы *б ұ з ы л ы с т а р ы н* өзгертуге бола ма? (Гармондар.).

БҰЗЫҢҚЫРА е т. *Бұза түсу, бүлдіріңкіреу.* Қазақ тілін *б ұ з ы ң қ ы р а п* сөйлейді (С. Сейфуллин, Әңгім.). Сөз сөйле, тіл біткенді *б ұ з ы ң қ ы р а п*, Боза-ботқа докладты мыжыңқырап. О күніңді жоям деп бақыра түс, Күшеніп, «жасасынға» қызыңқырап (І. Жансүгіров, Шығ.).

БҰЗЫҢҚЫРАУ *Бұзыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

БҰЗЫП-ЖАР *е т.* 1. *Бұзу, талқандау, қырату.* Жойқын сел олардың тұрғызған бөгетін *б ұ з ы п-ж а р ы п*, енді өздеріне беттеді (Ә. Кекілбаев, Дала.). Сол кезде ұрандаған айғай салып, Қуырған жау апшысын қаһарланып. Жарқылдап қолда қылыш атой беріп, Қамалға кірген талай *б ұ з ы п-ж а р ы п* (О. Малқаров, Менің ізім). 2. *Жарып өту, қақ бөлу, кимелеу.* Осы сәтте өзгелерді *б ұ з ы п-ж а р а* қасыма Қаматай келіп еді, мен оны құшақтай кеттім (Ж. Жұмақанов, Үш бәйтерек). Төлеген атын тебініп, кимелеген елді *б ұ з ы п-ж а р ы п* Тілеміске жақын барды (Б. Тоғысбаев, Алдыңғы.).— Олай болса сіз *б ұ з ы п-ж а р ы п* жол бастаңыз, біз соңыңыздан ерейік (А. Сарбөпин, Ала қарға).

БҰЗЫП-ЖАРУ *Бұзып-жар етістігінің қимыл атауы.*

БҰЗЫР о р. з а т. с ө й л. *Шиша, шыны; «пузырь».* «Алғашқы жалақыңа, тірі болсам, құдай біледі, *б ұ з ы р ы* бар шам алып, қарағайдан еден төсеттірермінау»,— деп түйдім (С. Шаймерденов, Қарғаш).

БҰЗЫС *Бұз етістігінен жасалған ортақ етіс.* Арзымайтын нәрсеге өң *б ұ з ы с ы п*, телефон тұтқасының түбінде селкілдеп, қалшылдап тұрғанымыз («Лен. жас»).

БҰЗЫСУ *Бұзыс етістігінің қимыл атауы.* Биенің ішін жарған соң да, Қатша мол етті мүшелеп *б ұ з ы с у ғ а* қатты көмек етті (М. Әуезов, Қараш.).

БҰЙҒЫН с ы н. д и а л. **Бұйығы.** Бір тоқырап, бір лупілдеп жай таппаған *б ұ й ғ ы н* жүректі бір кез оқыстан киліккен әзірейіл-әлемет жұлқып өткендей болды (Х. Есенжанов, Тар кезең).

БҰЙДА з а т. *Түйе не өгіздің мұрындығына тағылған ұзындығы 2—3 құлаштай бас жіп; бау.* Гүлнаш көшке қайта оралғанда жүгі ауыр түйелер титықтап, *б ұ й д а с ы н* тартыншақтап, бақырып, қираладап қалған еді (Т. Әлімқұлов, Ақбоз ат).—«Сен үй ішін буып-түйіп, *б ұ й д а ң д ы* есіп, жазыңды жамап, әзір отыр»,— деп кеткен-ді ол (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). Өгіздің аты — өгіз. Мінбеген көлігім бе менің ол? Танауын тесіп, *б ұ й д а* өткізген талай өгізге мініп, талай рет мал баққам (С. Мұқанов, Алып. адым.). ◆ **Бұйдасын мойнына [салып жіберді] іліп қоя берді.** *Бетінен қақпады, еркіне жіберді.*— Ойбай-ау, қызға қырық үйден тыйым болар еді. Сендер беттен қақпай, *б ұ й д а-*

сын мойнына салып жібердің-дер (Ә. Нұрпейісов, Сергелдең).— Өзіңе де обал жоқ, осы қыздың *бұйдасын мойнына іліп қоя берген,*— деп табалағандай (Ө. Қанахин, Жас дәурен). **Бұйда тартты.** *Жолға шықты, жол тартты.*— Қашан жүруге бұйырасыз?— Ертең, таң бозынан *бұйда тартыңдар* (Д. Досжанов, Құм жұтқан.). Қатарлап *бұйда тартқан* қос нардың қыр арқасына бәдеуи салтымен беті ашық балахана жасаған (Д. Досжанов, Тұлпар.). **Жел бұйда.** *Түйенің мұрындығына тағылған жіңішке жіп.* Шұбаған ұзын көштің алдында ырғақ мойын ақбас атанды ұп-ұзын *жел бұйдасынан* соза жетелеп, сеңсең бөрікті көш басшысы да кетіп бара жатқандай (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). Мешіт пен имам сенің жетектеп жүретін *жел бұйдасы* бар сары атаның емес (Бұл да). **Сөз бұйда.** *Тоқ етері жоқ, ұзақ сөз.*— Рыжов осыны айтып тоқтаған кезде Әбдіжан оның сөзіндегі *сөз бұйда* пікірді байып-тап, алдын алғысы келді (С. Бегалин, Уақыт.). Бірақ айтылған сөз айтылған, оны кері қайырып алуды жөн көрмей, жігіт *сөз бұйдасын* одан әрі соза түсуге кірісті (Х. Есенжанов, Көп жыл.). Сөз бұйдаға салды. *Әне, міне деп уақыт өткізді, бос сөзбен алдандырды.* Ол келісімнен кейін де біраз жыл өтіпті. Алған бала жоқ. Әне алам, міне аламмен әйелі *сөз бұйдаға салып* уақыт өткізе береді (Р. Райымқұлов, Бұрылыс.).

БҰЙДА: бұйда пышақ. *Жүзі жалпақтау, жетелі ұзын пышақ; қару.* Үлкен *бұйда пышағын* жалақтатып, жанына келіп, сақалынан ұстай берген Қарауылектің қолын қағып жіберді (І. Есенберлин, Қаһар). Ғалияның қолында *бұйда пышақ.* Ғалияны көрдім де жайдым құшақ. Отыр ма екен Ғалия, жатыр ма екен, Айдын көлде таранған аққу құсап? (С. Мұқанов, Шығ. жин.). Әуелі Қарабайды құдай алды, Қозыке, сұлу Баян үйде қалды. Желіні екі жерден қиямын деп, Қолына *бұйда* қара *пышақ* алды (Қозы Көрпеш).

БҰЙДАГЕР з а т. *Жетекші, дем беруші.* Бұл тоқтаусыз үрей мен қайтпас қажыр талабының *бұйдагері* болса керек (Х. Есенжанов, Тар кезең). Көтерілістің *бұйдагері* «ердің ері» Исатай егестің ең шешуші кезеңінде аңысын аңдап, қорғалақтай соғады («Қаз. әдеб.»).

БҰЙДАЛА е т. 1. *Бұйда тағу, байлау.* Қазыққа *бұйдалап* байлап, шөгеріп қойған бір үлкен, биік қара атан жатыр (М. Әуезов, Таңд. шығ.).— Түздің аңы түйе емес қой, *бұйдалап* алып ертіп отыратын. Қисыны болмаған шығар (С. Бегалин, Бала Шоқан).— Оны *бұйдалап* қайтеді, қазір тайлақ тұрсын, түйені де ешкім мінбейді («Қаз. әдеб.»). 2. А у ы с. *Ырқына көндіру, билеп алу; еркінен айыру.* Осы аз уақыттың ішінде техниканың тетігін меңгеріп, жетегіне көндіріп *бұйдалап* алыпты (С. Мәуленов, Жер нәрі). Ақша балта бұзбасты бұзады, ағын суды теріс ағызады, ақыл мен бақты *бұйдалап* жетелейді (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). Күн сайын жаңарып, жаңғыра өскен қала көркі оны *бұйдалап,* жетелеп алған (Р. Райымқұлов, Бұрылыс.). ◆ **Бұйдаланған тайлақтай.** *Өз билігі жоқ, еріксіз, ырықсыз.* Ол көнсе, ол бастаса бұл елде ешкім шылбырынан кетпейді. *Бұйдаланған тайлақтай* ереді (Д. Әбілев, Ақын.). Жөнібек қасына барып, арқасынан қағып, қолынан жетелеп еді, Ержан *бұйдаланған тайлақтай* ырқына көніп жүріп кетті (Қ. Жұмаділов, Көкейкесті).

БҰЙДАЛАН *Бұйдала етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Сылқым сыр қара сөзге сыймағандай, Шіркін жыр дарын өзге сыйлағандай; Денеңді шымырлатып шертемін наз, Боздаған бейне аруана *бұйдаланбай* (Т. Әлімқұлов, Боз жорға). Бұйра-бұйра бір жағында жоталар, Қарышғалар ұя басқан жарында. *Бұйдаланған* бейне бозша боталар, Керуен боп тартқан Үлкен Нарынға (Ғ. Жұмабаев, Жомарт.).

БҰЙДАЛАНУ *Бұйдалан етістігінің қимыл атауы.*

БҰЙДАЛАС *Бұйдала етістігінен жасалған ортақ етіс.* Қарап отырма үйде, бар! Сыртқа шығып бұзауларды *бұйдалас* («Жетісу»).

БҰЙДАЛАСУ *Бұйдалас етістігінің қимыл атауы.*

БҰЙДАЛАСЫС *Бұйдалас етістігінен жасалған ортақ етіс.* Жалғыз түйем бар еді, бұйдалайын деп бұйдалай алмадым. Мен бұйдалай алмай жатқанда, сен *бұйдаласыспақшы* емес пе едің (С. Қасиманов, Өс-өс.).

БҰЙДАЛАСЫСУ *Бұйдаласыс етістігінің қимыл атауы.*

БҰЙДАЛАТ *Бұйдала етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БҰЙДАЛАТҚЫЗ *Бұйдалат етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БҰЙДАЛАТҚЫЗУ *Бұйдалатқыз етістігінің қимыл атауы.*

БҰЙДАЛАТТЫР *Бұйдалат етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БҰЙДАЛАТТЫРУ *Бұйдалаттыр етістігінің қимыл атауы.*

БҰЙДАЛАТУ *Бұйдалат етістігінің қимыл атауы.*

БҰЙДАЛАУ *Бұйдала етістігінің қимыл атауы. Б ұ й д а л а у* — бұйда тағу («Хабарлар»). Түйелерді *б ұ й д а л а у д а н* оңай нәрсе жоқ («Лен. жас»).

БҰЙДАЛЫ с ы н. *Бұйда тағылған, бұйдасы бар.* Үстеріне алтын артып, асыл тиеген күміс ноқталы, жібек *б ұ й д а л ы* түйелер де іркес-тіркес боп тұрып қалды (Ә. Нұршайықов, Батыр.).— Мен *б ұ й д а л ы* түйе емеспін, Нұртас аға! Ешкімнің жетегімен жүріп өмір сүрмеймін (Д. Әбілев, Арман.). Сен кәпір қартайғанда мені *б ұ й д а л ы* тайлақтай жайдақ мінбексің ғой! (З. Иманбаев, Кең аймақ).

БҰЙДАЛЫҚ с ы н. *Бұйда боларлық, бұйда болуға жарарлық.* Үйінде *б ұ й д а л ы қ* та жіп жоқ екен (Ауызекі тіл).

БҰЙДАЛЫЛЫҚ з а т. *Бұйдасы барлық, бұйдалы болушылық.*

БҰЙҚЫТ ү с т. *Кенеттен, тұтқиылдан, күтпеген жерден.* Вася есігіне *б ұ й қ ы т* тап-тап бергенмен, жігіттер оны еркіне жібермей, сүйрелеп барраққа қарап алып кетті (Ә. Сараев, Бозқырау). ◆ **Бұйқыт соқты [тиді].** *Кенеттен, тұтқиылдан шабуыл жасады, күтпеген жерден тиісті.* Генерал Разулов құрама командирлерін түгел шақырып ап, жауға сыр сездірмей, *б ұ й қ ы т с о ғ у,* есін тандыра, жапыра соғу керек екенін аса қатты ескертті (Ә. Нұрпейісов, Күткен күн). Мотобригада штабынан былай шыға берген екен, бір топ совет барлаушылары бұларға *б ұ й қ ы т т и і п т і* (Бұл да).

БҰЙРА[1] с ы н. **1.** *Ширатылған, бұралған (шаш, елтірі жүні).*— Мынау ағайың — Садуақас Оспанов,— деп, *б ұ й р а* шашы бөріктей дөңгеленген, орта бойлы, жайдары ақ сары кісімен таныстырды (Ө. Тұрманжанов, Адам.). Жүні жібектей жылтырап шашасына түскен *б ұ й р а* ешкіні көргендерің бар ма? (А. Машанов, Жер асты.). Ауыл жанында арқандаулы тұрған *б ұ й р а* жал қара кер дөненді көрсетті (М. Тиесов, Әңгім.). // З а т. м. *Бұйралық күй.* Тамараның *б ұ й р а с ы* тарқай бастаған қою шашынан су сорғалап тұр (С. Жүнісов, Жапанда.). Онда соңғы жылдары елтірінің сапасы тіпті төмендеп, әрі ұсақтанып, әрі *б ұ й р а с ы* нашарлап кеткені жайында көп айтылған («Соц. Қаз.»). **2.** А у ы с. *Бір өңкей әдемі көрініс ті, толқынды.* Күн сүйген асқар таулары, Етегі *б ұ й р а* қарағай. Сыбдырлап аққан өзендер, Жиегі шалғын көкорай (Ә. Сәрсенбаев, Ақша бұлт). Басында *б ұ й р а* бұлт бұлқынғандай, Қайың мен қарап тұрды қарағайлы. Қордай менен Қорғастың екі арасы, Көрінді тілдей болып салалары (К. Әзірбаев, Шығ.). ◆ **Ақ бұйра.** *Ақ түсті бұйра.* Бет әлпеті жылтыр, ерекше күтім байқалады. *А қ б ұ й р а* шашы желп-желп етеді (Р. Тоқтаров, Ертіс.). **Кең бөлмеде жападан-жалғыз тұрған *а қ б ұ й р а* қозы кіпкішкене айыр тұяғымен еденді дүбірлетіп, ойнақ салып жүр** (Н. Ғабдуллин, Өмір.). **Бұйра бас [басты].** *Шашы бұйра.* Оған [Ардаққа] қарсы арбаның екінші жақтауына сүйеніп орысша әдемі **киінген,** *б ұ й р а б а с* жігіт тұр (Ғ. Мұстафин, Қарағанды). Қожаның 4—5 жасар шамасында сабаланған *б ұ й р а б а с* ерке сары қызы бар (Б. Соқпақбаев, Балалық.).— Махаббат жоқ. Махаббат жай сөз ғана,— деді маған *б ұ й р а б а с т ы* бозбала (Ғ. Қайырбеков, Большевик.). **Бұйра бірқазан.** З о о л. *Желкесінде ұзын, бұйра қауырсыны бар бірқазан; бірқазанның бір түрі. Б ұ й р а б і р қ а з а н н ы ң* қоразы мен мекиендерінің түсі бірдей (ҚСЭ). **Бұйра жал [жалды].** *Белес-белес, жал-жал, әдемі (толқын).* Содан бері қарт Байқал, Қабақ ашпай көп жатқан. Көк ала толқын *б ұ й р а ж а л,* Жартасқа күй тыңдатқан (С. Мәуленов, Таңд. өлең д.). Асау толқын *б ұ й р а ж а л,* өзен біткен, Турбинасы аспаннан бұлт тербеткен (Д. Әбілов, Өлең д.). Түн жарымы ауғанша шырқалған ән, тартылған күй сазы Аралдың *б ұ й р а ж а л д ы* асау толқынындай Құланды түбегін тербеп тұрды (С. Әлжіков, Дала.). **Бұйра зығыр.** Б о т. *Биіктігі 30—50 см-дей бұйра жапырақты зығыр; зығырдың бір түрі. Б ұ й р а з ы ғ ы р* әдетте екі, кейде бірнеше сабақ шығарып, түптеніп өседі, қою жапырақты (ҚСЭ). **Бұйра құм.** *Толқынды, сусымалы, шағыл құм.* Екі жағы көк жиекке дейін кернеп кеткен қиыр-шиыр *б ұ й р а қ ұ м* (Ғ. Мүсірепов, Кездесп. кет.).

Қары көпсіп жататын *бұйра құмда* мал өте күйлі болды (С. Бегалин, Төлбасы.). **Бұйра [көк бұйра] насыбай.** *Өте сапалы, ширатылған насыбай.* Бетіндегі қара қалдай етіп алақанына *бұйра насыбайдан* бір шымшып алып, үстіңгі еріне, танауына тықты да Халелмен тілге келді (С. Жүнісов, Жапанда.). Бармағына толтыра салған *көк бұйра насыбайды* екі танауымен кезек иіскеп, құшырлана тартып қояды (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). **Бұйра сораң.** Б о т. *Сабағы көкшіл сұр, түбінен тармақталып өсетін, биіктігі 30—40 см біржылдық өсімдік. Бұйра сораң* Қазақстанның ұсақ тасты, далалық жерлерінде өседі (ҚСЭ). **Бұйра тал.** *Көбінесе өзен бойларында өсетін, жапырақтары уақ тал (талдың бір түрі).* Өзеннің тар қабағына ұйыса біткен *бұйра талдың* тасасында Ақжол қадалып қарады да тұрды (Н. Ғабдуллин, Өмір.). Еділдің бойы *бұйра тал,* Бөленген нұрға белесі. Чувашта шаттық толқын бар, Жүзеді жойқын кемесі (Ж. Сыздықов, Асулар). **Бұйра [ақ бұйра, қара бұйра] толқын.** *Көбік шашқан, жал-жал толқын. Бұйра толқын* тынымсыз сылаң қағады. Ауа салқын да буалдыр (Ө. Қанахин, Мұрагер). Асау Терек долданып, буырқанып, Тауды бұзып, жол салған, тасты жарып; Арыстанның жалындай *бұйра толқын* Айдаһардай бүктеліп, жүз толғанып (Абай, Тол. жин.). *Ақ бұйра толқын* аптыққан екпінмен ұрылып, артқы жағын бұрса да, көк ат өргe қарай жантая, толқынға қарсы малтыды (С. Бегалин, Уақыт.). *Қара бұйра толқын* туып жер теңіз, Осылайша шалқып бүгін өлкеміз. Көкжиектен жатыр шеті ұштасып, Момақансып кешегі асау еркеміз (А. Хангелдин, Қыз жүрегі). **Көк бұйра.** а) *Көк түсті бұйра.— Көк бұйраның* оңдысы,— деді Сәруар (Т. Әлімқұлов, Сейтек.). *Көк бұйра,* қара бұйра бөріктерім, Мауығып еркек көрмей өліп пе едің? Ер жігіт, еркек жігіт боп қалармын, Кісінің бет әлпетін кемітпегін (Айтыс). ә) А у ы с. *Көбік шашқан, асау толқынды, көкпеңбек.* Аюлы шатқалында *көк бұйра* өзен қысы-жазы көбік шашып жатады (М. Тиесов, Әңгім.). **Қара бұйра.** а) *Қара түсті бұйра.* Алдыңғы кабинадан ақ жібек костюм киген *қара бұйра* шашы құндыздай жылтылдаған жас жігіт шыға келді (Ж. Жұмақанов, Солдат.). *Қара бұйра* қаракөлдің қанша лықты бағалы екенін әркім де айтпай сезінетіндей (С. Мәуленов, Жұлдызды.). ә) А у ы с. *Бұдырланған, бір өңкей, қапқара. Қара бұйра* топырақ бағлан қозының сеңсеңіндей (Ш. Мұртазаев, Табыл. теңіз). Таң мұнарымен будақтап көтерілген *қара бұйра* түтіннен дөңкиген сансыз сұрғылт үйлер көрінеді (Майдан).

БҰЙРА[2] з а т. с ө й л. **Бюро.**— Ақа, біздің басқарманың ендігі халі не болар екен? — Не болушы еді, аудан *бұйрағa* шақырып жатыр. — *Бұйрағa-а-а?* (Ж. Нәжімеденов, Ақ шағыл).

БҰЙРАЛА е т. 1. *Бұйра жасау, бұйра ету; бұйралық күйге келтіру.* Қою ұзын қоңыр шашын [Лосовская] әрқашан *бұйралап,* желке жағына түйіп жүретін (М. Әуезов, Қараш.). Комиссионка магазинінің алдында шикіл сары шашын келте қырқып *бұйралаған* бір тапал әйел тап болды (К. Тоқаев, Тасқын).— Сіңлім, жап-жақсы үйреніп қалыпсың-ау өзің,— деді Анар,— дегенмен, әлі де *бұйралай* түсіруді жете меңгере алмай жатқаның көрініп тұр («Лен. жас»). 2. А у ы с. *Әдемі түрге түсіру (келтіру); сәл ғана толқын туғызу.* Қазір сол өртеңге қаулап шыққан, әзір көдеге айналмаған, жатаған алқара көк бұртік бетегелер жер бетін *бұйралап* тұр (Ғ. Мұстафин, Дауыл.). Болар-болмас мандайдан соққан самал суды сескендіріп *бұйралап* қояды, кейде тімісқілеп жүріп, бала толқындарды оятады (Б. Шалабаев, Өмірде.).

БҰЙРАЛАН *Бұйрала етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Мандай шашы *бұйраланған* кішкентай бала Оралға күле қарап қалған (М. Дүзенов, Ақәже). Сол талшықтар ширатылып, оратылып, *бұйраланып* келіп, қаракөлге айналады («Халық мұғ.»).

БҰЙРАЛАНДЫР *Бұйралан етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БҰЙРАЛАНДЫРУ *Бұйраландыр етістігінің қимыл атауы.*

БҰЙРАЛАНУ *Бұйралан етістігінің қимыл атауы.* Сондай-ақ, меринос қойының жеміндегі мыстың аздығы жүннің *бұйралануын* жойып жіберуі де мүмкін (М. Қарсыбеков, Микроэлемент.). Шабдалдың негізгі ауруы — ақүнтақ және жапырақтың *бұйралануы* (А. Жанғалиев, Бағбан.).

БҰЙРАЛАТ *Бұйрала етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Ол шашын кестіріп

бұйралатып алыпты (Ж. Молдағалиев, Торғай.). Көз алмай күртік жапқан бұйра бастан, Алғашта күлсем де түк сыйламастан. Кейіннен еліктеу ме, сәндену ме, Өзім де шашты өсіріп, *бұйралатқам* (Ә. Сәрсенбаев, Жазылм. кітап).

БҰЙРАЛАТТЫР *Бұйралат етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БҰЙРАЛАТТЫРУ *Бұйралаттыр етістігінің қимыл атауы.*

БҰЙРАЛАТУ *Бұйралат етістігінің қимыл атауы.*

БҰЙРАЛАУ[1] *Бұйрала етістігінің қимыл атауы.* Шаш *бұйралау* оның қолынан келер деймісің (Б. Майлин, Шығ.). Шаш түзеу, оны *бұйралау* олар үшін түк емес (Ауызекі тіл).

БҰЙРАЛАУ[2] с ы н. *Аздап ширатылған, сәл ғана бұйра.* Бекей *бұйралау,* ұзын, сары сақалы бар, қызыл жүзді, көк көзді, кесек мұрынды, сұлу адам екен (М. Әуезов, Абай). Шашы тығыз, *бұйралау* келгендіктен, көбіне жалаңбас жүруші еді (Ж. Жұмақанов, Қаракөз.).

БҰЙРАЛЫ с ы н. *Бұйрасы бар, бұйрасы мол.* Саулықтардан жоғары сапалы, әсем *бұйралы* елтірілер алу үшін, оларды шөбі шүйгін жайылымдарға жайып, қыс кезінде қора-қопсылармен қамтамасыз еткен дұрыс (Шопан серігі). Қара Ертістің өкіріп, Толқыны ұрса жағаны. Ойнақ салып көпіріп, Көк *бұйралы* жағалы (Қ. Мұқышев, Поэм.).

БҰЙРАЛЫҚ з а т. *Оралғыштық, ширатылғыштық қасиет; бұйра болушылық.* Жүннің *бұйралығы* — оның практикалық маңызы зор, ең басты физикалық қасиетінің бірі (Қой өсіруші.). Биязы жүннің ерекше көзге түсетін қасиеті — *бұйралығы* мен беріктігі (А. Елеманов, Қой шаруаш.).

БҰЙРАСЫМАҚ с ы н. э к с п р. *Аздап бұйралау, бұйраға ұқсастау.*

БҰЙРАТ з а т. *Қалың бұталы, ойлы-қырлы бел-белес, созылып жатқан қырқа, адыр.* Қасқыр сонау ығы-жығы шеңгелді *бұйраттан* кездеседі (Т. Әлімқұлов, Ақбоз ат). Ол *бұйраттарға* кірмей, етек ұшындағы кең ашық даламен жүре берді (С. Сейфуллин, Әңгім.). Егін салынбайтын, шөп шабылмайтын бос жатқан адыр, *бұйраттардың* арасымен ағатын жылға, жыра, өзек, өзенше, бұлақ көп («Лен. жас»). ◆ **Бұйрат құм.** *Қырқақырқа, төбе-төбе, өркеш-өркеш құм.* Машина бұл кезде алдында мана бұлдырап көрінген *бұйрат құмға* таянып қап еді (С. Мұқанов, Таңд. шығ.). Жүргізбейді қинап тым, Кейде белес *бұйрат құм.* Отырамыз демалып, Шаңын сүртіп сиректың (М. Құрманалин, Шалқар.).

БҰЙРАТ-БҰЙРАТ с ы н. *Бұйраты көп, бұйраттанған.* Бірақ Қызылқұмның шағылды жал-жал жоталары мен *бұйрат-бұйрат* құмды төбелеріне бір де тамшы тамбағандай, бозаң тартып тобарсып жатыр (С. Әлжіков, Дала.). — Қарт Нарынның *бұйрат-бұйрат* құмынан бұлқынып шығып, сонау Сарарқаны сілкінткен, Алатауға жетіп ақ бас қыран болған арқалы атамыз Құрманғазының ұрпағымыз біз («Лен. жас»).

БҰЙРАТТАН е т. *Ойлы-қырлы, бұталы жықпылға айналу, бұйрат болу.*— Осы маңайдың,— дейді олар,— тауы, орманы жоқ, ұшы-қиыры жоқ, жап-жалпақ даласы көлге таяна *бұйраттана* бастайды да, аңғарға жақындай қырқаланып кетеді (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз). Кірген жері айқасқа Аманкелді батырдың, Бетегелі боз қасқа *Бұйраттанып* жатыр құм (С. Мәуленов, Жолдас.).

БҰЙРАТТАНДЫР *Бұйраттан етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БҰЙРАТТАНДЫРУ *Бұйраттандыр етістігінің қимыл атауы.*

БҰЙРАТТАНУ *Бұйраттан етістігінің қимыл атауы.*

БҰЙРАТТАУ с ы н. *Аздап бұйрат, сәл ғана бұйрат.* Жолы нашар далада тоңқылдаған арбамен күн ұзақ жүріп шаршаңқыраған кешірек шақта, *бұйраттау* жазық даланың әлдеқайдағы тасасынан аспанға шаншыла шыққан көк түтін көрінді (С. Мұқанов, Есею жыл.).

БҰЙРАТТЫ с ы н. *Бұйраты бар, бұйрат жерлері мол.* Биік жартасты, адыр, *бұйратты,* тау бөктерін айнала жіңішке, тар жолмен екі салт атты келе жатыр (І. Есенберлин, Қатерлі.). Ұзын құйрық ойпаң еңісіне шоқ-шоқ қараған, басы мен беткейіне түп-түп сирек тобылғы өскен *бұйратты* шағылға жеткен соң жүрісін кілт өзгертті (М. Мағауин, Ақша қар). Бұл таулы қырат, адырлы, *бұйратты*

жазық даланың шығыс жағы Тарбағатай, Сәуірге дейін көсіліп, Алтайға тіреледі (Ә. Бірмағамбетов.., Қазақст. геогр.).

БҰЙРАТША с ы н. *Кішкене бұйрат.* Қазыхан ерте тұрып далаға шыққанда Үмбет көлінің айналасындағы *бұйратша* құмдар — бертешік төбелерге жаңа көтерілген сәулесі шашырап түсе бастады (С. Бегалин, Таңд. әңгім.).

БҰЙРАТЫЛ е т. с ө й л. **Бұратыл.** Қайнаған қызудан шыққан көк түтіндер булыға *бұйратылып,* әуеге жайылып барады (Ғ. Сыланов, Замана.).

БҰЙРАТЫЛУ *Бұйратыл етістігінің қимыл атауы.*

БҰЙРЫҚ з а т. 1. *Әкімшілік орындарының (ұйым, мекеме) ресми жарлығы, әмірі.* — Жоқ, жолдас комбат, өзіңізден *бұйрық* болмай, мына төбені қолдан шығармаймыз,— деді ол күліп (Б. Момышұлы, Москва.). Ал, мынау Әлжанға сыйлық беру жөніндегі *бұйрықтар* екен (Е. Қалиев, Рудный.). Арада бір апта өтпей-ақ Тілеу *бұйрық* жазып, таразбан Олжайды орнынан босатты (С. Адамбеков, Көсе.). // *Жарлық немесе әмір жазылған қағаз.* Галя қолына ұстап тұрған *бұйрықтың* көшірмесіне қарайды (Жастар эстрадасы). 2. А у ы с. *Көңіл қалауы, жүрек әмірі.* Оқуға бармасын деген ойым жоқ, жүрегімнің *бұйрығы* еді (С. Адамбеков, Көсе.). Егін бітік — жылымай, ексең күліп! Жолың төте — адаспай, жетсең біліп! Жүргізем мен жүректің *бұйрығымен,* Сембілік үстіне жексембілік (Х. Ерғалиев, Күй.). 3. Д і н и. *Алла-тағаланың құдіреті, тәңірінің жазғаны, құдайдың салғаны; жазмыш.* Құлагер, топтан озған жүйрігім-ай, Жарасар келте жібек құйрығың-ай. Түбіне Ерейменнің айдап келіп, Құдайдың қарай қойшы *бұйрығын-ай* (Ақан сері, Шығ.). Көңілді болмаса да қайтсін байғұс, Алланың *бұйрығына* не амал бар... (XX ғ. қаз. ақын.). Барша ғайып жарандар, Мәдеткер болып бола ма! Үйде-түзде болса да, *Бұйрықтан* адам қала ма? (Қыз Жібек). // *Шариғаттың қосқаны.*— Мен шариғаттың *бұйрығынан* тыс іс істемеймін ғой, қатын (Б. Майлин, Шығ.). ◆ **Бұйрық берді.** *Әмір етті, жарлық қылды.* Қайырбаев ойланып алды да, взвод командирлеріне *бұйрық берді* (Ә. Нұршайықов, Махмет Қайырбаев). Жүнісов *бұйрық бермей,* сені ешкім ұстай алмайды (Х. Есенжанов, Көп жыл.). Ол қазан қорасын тез бітіруге қатал *бұйрық берді* (Ғ. Мұстафин, Қарағанды). **Бұйрық болса.** *Бұйырса, сәті түссе.* Қасың жай, ойлап тұрсам, кірпігің ақ, Арапта сіз секілді адам да жоқ. Жақындап *бұйрық болса* қалармын деп, Қыламын көрмесем де көңілге тоқ (Айтыс). **Бұйрық етті.** *Жарлық берді, әмір етті.* — Әлгі егіншілер қайда, шақыр,— деп Бейсенге Шыңғыс *бұйрық етті* (С. Бегалин, Бала Шоқан).— Әйда, қарап тұрма! Соңыма ер,— деп *бұйрық етті* (А. Жақсыбаев, Менің дос.). **Бұйрық қылды.** *Әмір етті, жарлық жасады.* ...Айтпенұлы өзінің «милицияларына» күш жұмса деп, әдептен тысқары *бұйрық қылды* (С. Сейфуллин, Тар жол.). Жасанған жасақ тегіс мінген жүйрік, Рүстем «жылдам жүр» деп *қылды бұйрық.* Саркөлдің осы күнгі мойныменен Сансыз қол салып кетті бұлаң құйрық (І. Жансүгіров, Шығ.). **Бұйрық рай.** Г р а м м. *Істелуге тиісті істі істеушіге, тыңдаушыға қаратыла арнап айтылатын етістіктің негізгі түбір формасы.* Етістіктің мұндай бастапқы түрінің істеуші біреуге қаратылып айтылуы — бұйрық, я сұрау, өтініш түрінде болады. Сондықтан етістіктердің белгілі жаққа арналуы — *бұйрық рай* деп аталады (Қазіргі қаз. тілі).

БҰЙРЫҚ-ЖАРЛЫҚ з а т. *Толып жатқан бұйрық пен жарлық, нұсқау.* Неткен жан бұл Жуков! Аудан оған *бұйрық-жарлығын* тыңдата алмайды, бұл неткен қорлық, неткен бассыздық (С. Төлешев, Түрлі. бас.). *Бұйрық-жарлық* айта жүріп Жалдыбай, Тегешімен майды тартып алды жай. Шойекесін тізесіне қондырып, Салды аузына жылжи берді шарбы май (А. Тоқмағамбетов, Агроном.).

БҰЙРЫҚСЫЗ с ы н. 1. *Әмірсіз, жарлықсыз.* Алдымен уәде берерсіңдер: менен *бұйрықсыз* іс қылмайсыздар (С. Шарипов, Бекболат). Соғыста **бір күн, бір** сағат *Бұйрықсыз* жүрер қай солдат. *Бұйрықсыз* үйден шықпайды *Бұйрықсыз* шұлғау сықпайды (Қ. Аманжолов, Тол. жин.). 2. Д і н и. *Жазмышсыз, алланың әміріңсіз.* Тәңірі бұйрық қылмады, шара нешік, жар-жар, Бұ дүниеде пенде жоқ сүрінбеген, жар-жар. Ақ қайраңы мұхиттың сықылданып, жар-жар, Біздің қармақ *бұйрықсыз* ілінбеген, жар-жар (Ақан сері, Шығ.).

БҰЙРЫҚСЫЗДЫҚ з а т. 1. *Бұйрықтың жоқтығы, жарлықтың болмағандығы, әмірсіздік.* 2. Д і н и. *Бұйырмағандық, маңдайға жазылмағандық.*

БҰЙРЫҚТЫ с ы н. 1. *Әмірлі, бұйыра айтылған.* — Жоқ, аттанасың! — деді Коваленко *б ұ й р ы қ т ы,* сызды дауыспен (С. Мұқанов, Есею жыл.). Сашаға *б ұ й р ы қ т ы* нұсқау бергендей саусағын сілкіп тұрып, тұжыра сөйледі (З. Қабдолов, Өмір ұшқыны). 2. Д і н и. *Алла-тағаланың, құдайдың бұйрығы бойынша болған; несібесіне жазған, бұйырған.* Уақыты біткен жан *Б ұ й р ы қ т ы* күні өліп жүр. Жігіттігі өлгеннің, Оты жанбай сөніп тұр (Үш қасық.). Кез қылды жапан дүзде мені саған, Түскен жоқ жасым жетіп, көзге таған. Кез келген *б ұ й р ы қ т ы* аңды жібермейді, Мылтығым алты қарыс көрсет маған (Қозы Көрпеш). ◆ **Ақ бұйрықты өлім.** *Уақытымен келген қаза, ақ өлім.* Кеселді, жалқау, қылжақбас, Әзір тамақ, әзір ас, Сыртың — пысық, ішің — нас, Артын ойлап ұялмас,— болып жүріп, **тірімін** деме, онан да алла жіберген *а қ б ұ й р ы қ т ы ө л і м н і ң* өзі артық (Абай, Тол. жин.). **Бұйрықты сөйлем.** Г р а м м. *Белгілі бір іс жайында бұйыра немесе өтіне айтылған сөйлем. Б ұ й р ы қ т ы с ө й л е м* көбінесе бастауышсыз айтылады да, оның орнына бұйрықтың кімге, неге арналғанын білдіретін қаратпа сөз қолданылады (Қаз. тілі).

БҰЙРЫҚТЫЛЫҚ з а т. 1. *Бұйыра айтылғандық, әмірлілік.* 2. Д і н и. *Несібесіне жазылғандық, бұйырғандық.*

БҰЙРЫҚШЫЛ с ы н. *Бұйрық етуге әуес, бұйрық бергіш.* Осы бір *б ұ й р ы қ ш ы л* үйден шыға, Түкірік жағып көзге «жасын сыға». Дағдылы тентектікке басып өткен, Алдында тұрған қызды жығамыға (Ғ. Игенсартов, Тың дала). Ауданнан келгіштей беретін *б ұ й р ы қ ш ы л,* нұсқағыш уәкілдердің біразына оң қабақ көрсетпей, ара-тұра керісіп қалатын (О. Сәрсенбаев, Бақыт.).

БҰЙЫ е т. к ө н е. *Елту, балқу, сезімге берілу.* Кереге бойлы кер жылан, Күйіме *б ұ й ы п* келгейсің, Босаға бойы боз жылан, Үйіме ұйып келгейсің (Қ. Шаңғытбаев, Аққу.). Бәйшешек қызыл күлгін жасыл гүлдер, Сыланған сұлу қыздай мас боп *б ұ й ы п.* Жайғандай баурайына қызыл барқыт, Шымылдық шығысы шың бұлтқа тиіп (Ақын жырлары). ◆ **Бұйып кетті.** *Балқыды, сезімге берілді.* Үш бірдей жас баласын қиып кетті, Жемістің қылмаңына *б ұ й ы п к е т т і,* Адамдық, ар, ожданы, қасиеті, «Құзғынның» уысына сыйып кетті (Айтыс). Тәліптің таңғажайып ісін көріп, Патша да, басқасы да *к е т т і б ұ й ы п.* Падиша кереметке қайран қалып, Ақыры қызын берді неке қиып (Үш қасық.).

БҰЙЫҒУ *Бұйық етістігінің қимыл атауы.* Аймалауға, құшақтауға, Қарт әкемнің *б ұ й ы ғ у ғ а* тонына! (А. Тоқмағамбетов, Таңд. шығ.). **Жайдары кездер** тым сирек. Күн көзінде де *б ұ й ы ғ у* бар. Бой жылытар қызу жоқ (Ә. Сәрсенбаев, Капитан.). Осы пәлені сезген Тұяқ шаршап-шалдыққан кісілердің отырып *б ұ й ы ғ у ы н а* рұқсат бермей, жүр-жүрдің астына алды (И. Салахов, Көкшетау).

БҰЙЫҒЫ с ы н. 1. *Тұйық, сөзге сараң, ашылмаған, ұяң (адам).* Тым *б ұ й ы ғ ы с ы ң-а у,* дәрігер қызым. Шешіліп, ашылып, жан-жағыңа тамашалап қарамайсың ба? (З. Шашкин, Сенім). Ләззаттің бойына қала қыздарының еркіндігі қонбады. Жұртпен сөйлесе білмейтін *б ұ й ы ғ ы,* сол баяғы ұяң қалпы (Т. Ахтанов, Боран). «Сұр бойдақ» атанғаны болмаса, ғұмырын тек қалғумен ғана өткізіп келе жатқандай *б ұ й ы ғ ы,* жуас жігіт (З. Қабдолов, Жалын). 2. А у ы с. *Меңіреу, енжар, марғау.* Сәлден кейін құйын өтіп, ауыл үсті өзінің үйреншікті *б ұ й ы ғ ы* тыныштығын қайта тапты (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). Ала қыстайғы *б ұ й ы ғ ы,* тыныш өмірден іштері пысып, жалыққандай болған ауыл адамдары енді біртүрлі шамадан тыс көңілденіп қалды (С. Мұратбеков, Көкорай).— Жер жұтсын Далабайыңды! Тыныш жатқан *б ұ й ы ғ ы* жұртты қоздырған сол! (Д. Досжанов, Зауал). ◆ **Бұйығы мінезді.** *Мінезі тұйық, көп сөйлемейтін.* Смағұл аз сөйлейтін, *б ұ й ы ғ ы м і н е з д і* адам еді (С. Мұқанов, Есею жыл.). Шырынкүл *б ұ й ы ғ ы м і н е з д і,* тұйық қыз емес (Сауыншы шамшырақ.). Табиғатында *б ұ й ы ғ ы м і н е з д і,* бар нәрсеге философия көзімен қарайтын ол да әскер тәртібіне көндігіп апты («Лен. жас»).

БҰЙЫҒЫЛАН е т. *Бұйығы тарту, тұйық болу, аз сөйлеу.* Кейінгі кезде тіпті *б ұ й ы ғ ы л а н ы п,* ешкімге мардымды тіл қатпай томсыраумен жүрген (З. Жәкенов, Таң самалы). Бастықтың көмекшісі ақ

құба, талдырмаш жігіт те Ермекті қуанып қарсы ала қоймады. Тіпті бұрынғысынан да бетер *бұйығылаңып*, өзгере қалғанға ұқсай ма, қалай? (А. Шамкенов, Толқын үсті.).

БҰЙЫҒЫЛАНУ *Бұйығылан етістігінің қимыл атауы.*

БҰЙЫҒЫЛАУ с ы н. *Тұйықтау, сөзге сараңдау.* Жасы биыл қырықтың тоғызына шыққан оның мінезі *бұйығылау*, тұйықтау екен (С. Мұқанов, Саяхат). Талапты күйеу бала осындай ғазиз ағаларының жолын қуса, қанеки! Бірақ көп сөйлеп, ішін ашпайтын, *бұйығылау* жас екен (О. Сәрсенбаев, Сағым).

БҰЙЫҒЫЛЫҚ з а т. *Тұйықтық, сөзге сараңдық, ұяңдық.* Екеуі де балалық, *бұйығылық* шақтан өткен (М. Әуезов, Қараш.). Бұрынғы *бұйығылығы* аз болғандай, енді мүлде түнеріп, ешкіммен сөйлесуді қойды (Т. Сағымбаев, Кездесу). Гүлшаштың жаратылысында *бұйығылық* жоқ («Лен. жас»).

БҰЙЫҒЫЛЫҢҚЫ с ы н. 1. *Ұяңдау, тұйықтау, сөзге сараңдау.* Қазақтың мен көріп жүрген *бұйығыңқы* қыздарынан мен мұндайды кездестірмеп едім (А. Жұбанов, Замана.). 2. А у ы с. *Енжарлау, меңіреулеу, марғаулау.* Сол *бұйығыңқы* күйім есіктен ене берген едім, әкем басын көтеріп алды да, орнынан көтерілді (Ә. Сәрсенбаев, Теңіз.). ◆ **Бұйығыңқы тартты.** *Тұйықтау, енжарлау күйге түсті.* Бірде жасына жетпей *бұйығыңқы тартқан*, қос жанарын терең ой басқан, қабағы салыңқы байғұс ана кейпін көз алдына келтірді (Ә. Қалмырзаев, Ар).

БҰЙЫҒЫҢҚЫРА е т. *Аздап бұйығу, бұйыға түсу.*— Қарағым, мен тоңуға айналдым, сен қалайсың?— Бір түрлі *бұйығыңқырап* отырмын (М. Сатыбалдиев, Қоңыр қозы). Әбдіғапар тоңайын деген тәрізді, орнынан көтеріліп, *бұйығыңқырап* өзер тұрды (С. Хайдаров, Теңіз.).

БҰЙЫҒЫҢҚЫРАУ *Бұйығыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

БҰЙЫҒЫС *Бұйық етістігінен жасалған ортақ етіс.* Бұлт бүркеген кілегей *Бұйығыса* жауыннан, Бешпеттерін желбегей Бастарына жамылған (Ғ. Орманов, Таңд. өлең.д.). Сіркіреп жаңбыр жауды жайлап қана, Қойшылар *бұйығысты* ізден пана. Таң таяу, шырт ұйқыда жүрттың бәрі, Сақтанып Ақбөпе ояу жалғыз ғана (И. Байзақов, Құралай.).

БҰЙЫҒЫСУ *Бұйығыс етістігінің қимыл атауы.*

БҰЙЫҚ[1] е т. 1. *Тоңу, бүрісе түсу, біріне-бірі тығылу.* Қара көлеңке жерде, жүктің алдыңғы жағында бүк түсіп, *бұйығып* Омар жатыр (Б. Майлин, Шығ.). Мәнісін сұраған Жарасқа қойдың түнде шашырамай, үркердей топтанып жататынын, иттердің *бұйығып*, мыңқ етіп, ерінетінін айтып етті (Т. Әлімқұлов, Туған ауыл). Соған кір келтірмесем, жуытпасам, Мартенін өлең, жырдың суытпасам. Із-түссіз өткізіп кей жылдарымды, Жылуы қашқан жандай *бұйықпасам* (Е. Әукебаев Таң шапағы). 2. А у ы с. *Тым-тырыс, өзімен-өзі жату, құпия сырын ашпау.* Ғасырлар бойы *бұйығып*, құпия сырын қымтап, ішіне тартып жатқан жалпақ елке алтын, күміс болып жарқырайды (С. Мәуленов, Жұлдыз.). Бір кезде сонау түкпірде *бұйығып* жатқан провинциялық қала кескілескен саяси күрестің орталығына айналады (Ә. Нұршайықов,.. Менің Қазақст.). Талай жыл *бұйыққан* тым-тырыс кең жапанның көрпесін қайырып, ұйқысынан оятып келе жатқан жалғыз өзім секілдендім (Н. Ғабдуллин, Қызық дәурен). // *Ұйлығу, тығылу.* Сол күні жүрек түкпірінде *бұйығып* жатқан сезім күйі бөгеу бермей сыртқа атылды әйтеуір (З. Шүкіров, Ізгілік.). Қою түтін дәл осы шеткі бөлмеге келіп *бұйыққандай* (С. Сарғасқаев, Көңілді бала.). 3. А у ы с. *Ун-түнсіз іштей тыну, тымыраю, тұйықтану.* Қоспан бір нәрсеге реніште болса, бұда *бұйығып*, үн-түнсіз жүреді (Т. Ахтанов, Дала сыры). *Бұйығып*, іштей тынып жүрген бе, бойында мүлде жоқ қырынан ашылған (Р. Тоқтаров, Ертіс.). Тәтті өмірден тәттілікті таңдаған, От едің ғой, желмен жерде ойнаған. Ерке едің ғой, бүгін неге *бұйықтың*, Ерке жанға ерке бақыт арнаған! (Ә. Шалабаева, Тау бұлағы). ◆ **Бұйыққан бүршік.** Б о т. *Сабақ тканьдарының ішкі бөліміне көміліп қалып, бірнеше жылдар бойы өспеген бүршік. Бұйыққан бүршік* бірнеше жылдар бойы өспей, сонымен қатар, өсу қасиетін де жоғалтпай өздеріне қолайлы кезең туғанда ғана өсуге, өркендеуге бейімді болып, сабақ тканьдарының ішкі бөліміне көміліп қалған бүршіктер (Т. Мұсақұлов, Ботаника). Бұлардан басқа сабақта көп жылдар бойы өспейтін, *бұйыққан*

бұршіктер деп аталатын бүршіктер де болады (С. Тұрдиев.., Үй өсімдік.).

БҰЙЫҚ [2] сын. сөйл. **Бұйығы.** Сөз сарыны суық, тұйық. Тәкаппар тым тас қара. Ашылмаған әлі *бұйық*, Арыстан тым жас бала (Ө. Тұрманжанов, Таңд. өлең.). Тұйықтан деген сөз бар *бұйық* туар, *Бұйықтан* деген сөз бар қиық туар. Шешесі қырымпаз боп қылмаңдаса, Баласы бір маймөңке бұзық туар (Айтыс).

БҰЙЫҚ [3] зат. көне. *Қонышы қысқа тігіліп, етік сыртынан жылылық үшін киетін киіз байпақ; ұйық. Бұйықты* көбінесе жылқышылар аязда түнгі күзетке пайдаланады (ҚСЭ).

БҰЙЫҚТА ет. сөйл. **Бұйық** (1). Кебенектің ішінде *бұйықтаппын*, Күнге сүйтіп бұйығып ұйықтаппын. Адастың деп, Қарабай, сөге көрме, Әлде болса ауылға жуықтаппын (С. Сейфуллин, Шығ. жин.).

БҰЙЫҚТАУ [1] *Бұйықта етістігінің қимыл атауы.*

БҰЙЫҚТАУ [2] сын. сөйл. **Бұйығылау.** Ләйлә Ғабдолланың жақын жерде болмағанына біраз күн *бұйықтау* жүрді де, әрі-беріден соң көңілін тоқтатты (С. Шарипов, Шығ.). ... Солардың бірі шайқала-теңселе өте берді де, *бұйықтау* отырған Шолпанның жанына келді (А. Хангелдин, Қараторғай).

БҰЙЫҚТЫР *Бұйық етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Ертеңгі салқынның *бұйықтырған* ызғары ешкімді де шешіндірмепті — бәрі де киімшең отыр (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). Қазір күздің қара суығы балаларды *бұйықтыра* бастаған (А. Байтанаев, Болат).

БҰЙЫҚТЫРУ *Бұйықтыр етістігінің қимыл атауы.* Пысықсынған кей «шыншылға» Жөн бе, жырды *бұйықтыру?* Қажет дер ем: шын сыншыға — Өлеңнен де биік тұру! (Т. Жароков, Шығ жин.).

БҰЙЫМ зат. 1. *Мүлік, жиһаз, дүние, зат.* Әркім үнсіз орнынан тұрып өз *бұйымдарын* жинай бастады (Ғ. Мүсірепов, Кездесп. кет.). Үйде ешқандай *бұйым* жоқ (С. Ерубаев, Менің құрдас.). Ылғи күрең қызыл кілемдер мен сандық, абдыра, чемодан сияқты *бұйымдардан* айналып кіруге болмайтын (С. Жүнісов, Жапанда.). Иін тірескен адам электр *бұйымдары* сатылатын дүкен ауласындағы тесікке телміріп тұр (М. Рашев, Бетің қисық.). 2. *Жұмыс, іс, шаруа.* Дәл бір тазы көрген текедей оған одырайып, осқырына қарады: — *Бұйымыңды* айт! ... Іркілме! (Ә. Нұрпейісов, Сергелдең). Қыз өсірген үй қонақтың *бұйымын* сұрамай-ақ білетін (Ә. Көкілбаев, Дала.). Айтайын бар деп *бұйымым*, Мәмбет-Нияз, Шабаймен. Адайдың батыр Сүйінін, Үстіме кел деп шақырды (Дастандар). Баян бейбақ бәлеге енді қалды, Бір түскен жеңешеме *бұйымым* деп, Оянып боз торғайын сұрай барды (Қозы Көрпеш). ◆ **Бұйым ба!** *Сөз емес, тұк емес.* Бір болыс елді партияға жеңіп, бүктеп алған Әбішке шүйкедей жақсылық *бұйым ба?* (М. Әуезов, Қараш.). Сондықтан шабыт келсе, өлең жазу ақынға *бұйым ба?* (Қ. Жұмалиев, Жайсаң жан.). Қашсаң қуып жетемін, Бізге жабы *бұйым ба-а-й!* Селтеңдеген ақынды Көрмеуші едім шыбындай (Жамбыл, Тол. жин.). **Бұйым болып** [боп] **па!** *Сөз болып па, қиын болып па; жеңіл, оңай.* Аласұрған толқынмен талай алысқан Күлпашқа мына ирек белдер *бұйым болып па?* (Ш. Дәрмағамбетов, Менің замандас.). Күліпті шахтер сонда миығынан: — Білмеймін қандай болмақ сыйың маған? Қопарып «қара алтынды» жүрсем күнде, *Болып па* ақша деген *бұйым* маған? (Ж. Молдағалиев, Таңд. өлең.). Үш күн деген Жәрдемге *бұйым боп па?* Аң қызығы — хан қызығы деген ғой (Ә. Тәжібаев, Жартас). **Бұйымға аспады.** *Іске аспады, қажетке жарамады.* Егерде бармай қайтып кетсеңіз, Қырым халқынан — Ақша ханның қол астынан — бір Тарғын деген батыр келіп, бір омыртқасы сынған соң, қайтып *бұйымға аспай*, қарғақұзғынға жем болып, Бұлғыр таудың бұлағында өліп қалды,— дер (Ер Тарғын). **Бұйым демеді.** *Жүк көрмеді, елемеді.* Қолпылдаған күрткі, етік, Әкесінің киіміндей. Бірақ, бала бұлт-бұлт етіп, Келеді оны *бұйым демей* (Ж. Молдағалиев, Жиырма бес). ... Қырық шапан, қырық көйлек, Мұны *бұйым демейді* (К. Әзірбаев, Шығ.). **Бұйым емес.** *Сөз емес, тұк емес; оп-оңай.*— Көрдің бе, мына жерден көтерілсем, ар жағы *бұйым емес*,— деді Сапар (М. Иманжанов, Менің махабб.). Маған дәл қазір бөшке түгіл таудың тасын да бұзу *бұйым емес* сияқты (Б. Тоғысбаев, Алдыңғы.). Ерегіске кетсе, оған Ғатау *бұйым емес*. Ол — талай қоқайды көрген адам (М. Гумеров, Хазірет.). **Бұйым жоқ, алым** [әлім] **жоқ** [бұйым жоқ, тайым

жоқ]. *Еш бұйымы жоқ, өзінен өзі.* Жиынтойда жұрт атқа шапса, *алым жоқ, бұйым жоқ* жарысқандардың қыр соңында... (З. Қабдолов, Өмір ұшқыны). Бір жетімдерге ара түсті. Оның ақыры *бұйым жоқ, әлім жоқ* колхоздың ішкі ісіне араласып кетті (З. Шүкіров, Ізгілік.). Бұйым [құрлы] көрмеді. *Елемеді, ескермеді, жүк көрмеді.* Жиренше оны да *бұйым көрген* жоқ (М. Әуезов, Абай). Бұйірі шығып қайтқан кенеп қоржындарды [көлік] *бұйым көретін* емес (Т. Әлімқұлов, Туған ауыл). Семіз сары ат жеңіл шананы *бұйым құрлы көрмеді* (Ә. Нұрпейісов, Күткен күн).

БҰЙЫМДАЙ ү с т. *Бұйым күйінде, заттай.* Колхозшылардың заттай, *бұйымдай* төленетін еңбек табыстарының да осындай бөлімдері төленеді (Семья тәрбиесі).

БҰЙЫМДЫ с ы н. *Бұйымға толы, жиһазды.* Үйдің іші *бұйымды* болмаса да жинақты, тап-таза (Х. Есенжанов, Ақ Жайық).

БҰЙЫМДЫҚ с ы н. *Бұйымға тән, бұйым болармық.* Бұл арбиған бәленнің *бұйымдық* септігін көре алмадық қой (Ауызекі тіл).

БҰЙЫМТАЙ з а т. 1. *Біреудің сұрамақшы нәрсесі, қаламақшы заты; қалауы, қолқасы, айтпақ ойы.*— Басқа *бұйымтайларың* болмаса, сөз осымен бітсін,— деп Игілік есікке қарап, шалқая берді (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке).— Қуыс үйден құр шықпа деген, шырағым, сонша жерден әдейі ізденіп келген екенсің *бұйымтайыңды* айт,— деді (Ғ. Орманов, Жүрек). Үшеуі шайға отырды. Енді ғана шал қонағының *бұйымтайын* сұрады (Қ. Сатыбалдин, Қараторғай). 2. А у ы с. *Арнайы барған іс, жұмыс, шаруа.* Қолда күш аз болғаннан кейін, әр түрлі іске жастарды қамтып тұру әдеті де болатын. Қазір де ол гимназияға осы *бұйымтаймен* келген екен (Қ. Исабаев, Соңғы.).

БҰЙЫМТАЙЛА е т. *Бұйымтай сұрау, қалау.* Жазда көше алмай Қосмолада қалған қос қараша үйлерден *бұйымтайлап,* айырбастап пішен алып қоректенетін (Ғ. Сыланов, Дең асқан).

БҰЙЫМТАЙЛАУ *Бұйымтайла етістігінің қимыл атауы.*

БҰЙЫМТАЙСЫЗ с ы н. *Бұйым жоқ, тайым жоқ; шаруасыз, еш жұмысы жоқ.* Үлкендердің үстіне *бұйымтайсыз* кіріп келгендіктен, енді амалсыздан бірдеңе істеуім керек болды (Б. Соқпақбаев, Менің атым.).

БҰЙЫМШАЛА е т. с ө й л. Бұйымшыла. Біреуден машина сұрап, екінші біреуге тас теріс деп жалынып, басқа адамнан белағаш *бұйымшалап,* төртінші жаннан цемент тілеп, тентірегені келді көз алдына (М. Әбдіхалықов, Алыста.).

БҰЙЫМШАЛАУ *Бұйымшала етістігінің қимыл атауы.*

БҰЙЫМШЫЛА е т. *Бұйымтай сұрау, қалау.* Ақбоз арғымақты Байсал осы бәсекенің хабарын естісімен сонау Хорезмдегі бір тамырына барып, *бұйымшылап* алып қайтыпты (Ә. Кекілбаев, Дала.).

БҰЙЫМШЫЛАУ *Бұйымшыла етістігінің қимыл атауы.* Балпан бай оған да қолын қусырып, қонақасысын беріп:— Сәке, *бұйымшылауыңыз* дұрыс. Бірақ сізден бұрын да талай адам қолқа салып еді, баламыз әзірге қолымызда бола тұрсын деп, ешқайсысына анық-қанық жауап бермеп едім,— деді (Ә. Кекілбаев, Дала.).

БҰЙЫР е т. 1. *Бұйрық беру, әмір ету, жарлық қылу.* — Новаженский қаласынан бергі жерде тоқтамаймыз, солай қарай жүріңдер!— деп Степанов тағы да *бұйырды* (С. Шарипов, Бекболат). Өзі Бөгенбай деген хатшы қазағына «қаулы жаз» деп *бұйырды* (І. Жансүгіров, Шығ. жин.). Хан *бұйырды* сарайға алып бар деп, Түсіндір қарауылға жарлық бар деп. Тамақтандыр екеуін, демін алсын, Дем алса ойы алысқа шарықтар деп (Е. Бердин, Екі ойшыл). 2. Д і н и. *Нәсіп болу, ырзық ету; пайдасын, қызығын көру.* Ол бұйымының бірі *бұйырмады* өзіне: ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кетті (Б. Майлин, Шығ.). Әубәкірге малдың керегі не? Осы малы *бұйырса* да жетіп жатыр ғой (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). Кейде осындай базарлық та беріп кетеді. *Бұйырған* шығар, жеңіздер,— деді (С. Шарипов, Бекболат). ◆ **Айышқа бұйырма.** *Айыптама, кінә қойма.*— Келгеніңді естігенмін: Бірақ, әрқилы себеп болды. *Айыпқа бұйырмассыз,* Қалима! (Р. Тоқтаров, Ертіс.). Нар тәуекел! Құлаш ұрдым қиынға, Қайрат шіркін алып шыққа қиын ба! Бұл сапарда еүрінін те қалармын, Сонда, досым, мені *айыпқа бұйырма!* (Қ. Аман-

жолов, Таңд. өлеңд.). Сеніменен ойнасам, Айналар ісім қиынға. *Айыпқа* мені *бұйырма*, Айтамын, Назым, зарымды (Қамбар батыр). **Ату [өлім] жазасына бұйырды.** *Атуға, өлтіруге үкім шығарды.* Ақыры август айының 22-күні екеумізді де *ату жазасына бұйырды* (Қ. Қайсенов, Жау тылы.). Францияның XVI-шы Людовик деген патшасын халық тағынан түсіріп, *өлім жазасына бұйырып*, басын алды (С. Сейфуллин, Шығ. жин.). **Дәм бұйырды.** *Реті келді, жолы түсті.*— Бір кезде әжептеуір қызмет атқарған Қоспан едің. *Дәм бұйырып* көліп қалған екенсің (Т. Ахтанов, Боран). Ауылдарыңа *дәм бұйырып* кеп қалдым (М. Сүндетов, Ескексіз.). Шашубай менің атым, елім қырда, Сол қырдан *дәм бұйырып* келдім мұнда. Кәрі аруақтың орнында бір шырқашы, Қалың ел аманбысың Жетісуда (Шашубай). **Топырақ бұйырмады [бұйырды].** *Жат жерде өлді, топырақ сала алмады.*— Құдайым-ай, марқұм нағашыма тым болмаса екі метр жердің *топырағы* да *бұйырмады-ау* (Р. Райымқұлов, Бұрылыс.). Кетті жас көлдей болып көздерінен, Айрылды басалқа айтар сөздерінен. Ерекше өлім шіркін өкіндірер, *Топырақ бұйырмаған* өз жерінен (Т. Ізтілеуов, Рүстем.). Қалтырап күз желімен, Жапса бетін жапырақ. Өзі туған жерінен *Бұйырса* ырза *топырақ* (С. Мәуленов, Бала.).

БҰЙЫРҒЫН з а т. б о т. *Құмды жерлерде, тақыр шөлдерде өсетін жапырақсыз, басы бүршікті шөп не аласа бұта.* Мұнда қарақұйрықтың суйсініп жейтін шөптері: *бұйырғын*, күйреуік жиі кездеседі (Х. Қыдырбаев, Дала көркі). Соңында шудаланған қою шаң будай шалқып барып, жол езуінде елбеңдеген *бұйырғын* мен жусанға, көде мен көкбекке сіңіп, жұқара жоғалып жатыр (З. Қабдолов, Өмір ұшқыны). Өткен жылдың бітік шыққан жусаны мен *бұйырғыны*, балыққөзі бастары шаңға бөгіп бозарып, түп жағы енді-енді тебіндеп келеді екен («Лен. жас»).

БҰЙЫРҒЫНДЫ с ы н. *Бұйырғын өскен, бұйырғыны мол.* Бөкен бел, *бұйырғынды* құба жондар, қыздың үкісіндей үлпек селеуін сағым сүйген сары беткөй, доғал дөң — бәрі-бәрі андағайлап көзге ұрады (Ө. Қанахин, Жер бас.). Малшы ауылдар қырға жазады қанатын. Қыр дегеніміз — жусанды, *бұйырғынды* боз дала («Қаз. әдеб.»).

БҰЙЫРМАСЫН м о д. *«Не ғыл дейсің» деген мағынадағы ант-су ішу, қарғану.* Тап бүгінге дейін бір жапырақ қағаз көрсем *бұйырмасын* (Р. Райымқұлов, Бұрылыс.). — Мынау не?! — деді. Түкке түсінсем *бұйырмасын* (Е. Домбаев, Ол. адам). Қамқа дала жаққа құлағын әрі тосып, бері тосып, басын шайқады: — Түк естісем *бұйырмасын* (Ж. Жұмақанов, Үш бәйтерек).— Ондай күнге жететін дәурен болса, осы басты сенен аямай-ақ қойдым. Қолыңды қақсам *бұйырмасын* (М. Дүзенов, Ақәже).

БҰЙЫРМЫС с ы н. к ө н е. *Тән, лайық.* Кісі қиялы жетпейтін көл-дариядай байлық пен бақыт, hүр қызы, ғашық жар тек осы түрік патшалығының топырағына *бұйырмыс* деп ойлаушы еді (Ә. Нұрпейісов, Сергелдең).

БҰЙЫРСА м о д. *Реті келсе, дәм тартса, жолы түссе. Бұйырса*, тағы бір арманыма жеткелі тұрмын (М. Әуезов, Қараш.). Ертең *бұйырса*, үйленгелі отырсың. Сонда «өз атым» деп мініп баратын бір жақсы жылқың болу керек (С. Мұқанов, Есею жыл.).— Биыл, *бұйырса*, құлағынан басып отырып, Талдықорғандағы агрономдық оқуға жіберейін деген ойым бар (С. Омаров, Хантағы). ◆ **Құдай бұйырса.** *Сәті түссе, жолы болса.* Көз барда, мына Күргейтастан өтіп, Сызықтың бойына жақындап алайын. Сонан соң, *құдай бұйырса*, бүгін сәрсенбінің сәтіне, қараңғы түсе арғы бетке өте шығармын (Қ. Жұмаділов, Қаздар.).

БҰЙЫРТ *Бұйыр етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Кім біледі, жер ортасынан асқанда төңірінің сарғайтып барып *бұйыртқаны* осы болар (Т. Ахтанов, Дала сыры).— Шырағым, мыңды айдаған әкең Дарабайдың бір сабақ жібін өзіне *бұйыртпай* қойған мен емес, мықты болсаң көктегімен сөйлес (Р. Тоқтаров, Ертіс.).

БҰЙЫРТҚЫЗ *Бұйырт етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БҰЙЫРТҚЫЗУ *Бұйыртқыз етістігінің қимыл атауы.*

БҰЙЫРТСА м о д. *Дәм жазса, сәті түсе; бұйырса. Бұйыртса* биыл еңбек жанады деп, өзі де, өзгелер де дәмегөйлі болып жүр (С. Байжанов, Жастық.). Дала

госпиталындамын. *Бұйыртса* көп ұзамай соғысқа қайта кіремін (С. Бердіқұлов, Егеулі найза). ◆ **Құдай бұйыртса.** *Сәтін берсе, реті келсе. Құдай бұйыртса,* келесі жылы бірігіп егін егеміз (І. Есенберлин, Қатерлі.).— Қойшы, қалқам. *Құдай бұйыртса* бүгін-ақ... (Ә. Сәрсенбаев, Теңіз.).

БҰЙЫРТУ *Бұйырт етістігінің қимыл атауы.*

БҰЙЫРУ *Бұйыр етістігінің қимыл атауы.* Ақ, қарасын көп тергемей-ақ қылмыстыларды ату жазасына *бұйыру* — ең оңай әдіс (Қ. Жұмалиев, Жайсаң жан.). Мотормай өстіп төбеде отырып *бұйырумен* болды (С. Мұратбеков, Көкорай). Күн кіші бесінге айналған әлгі бір әзірде: «Әскер, әскер» — деп дабыл ұра шауып келіп, Сәттің *бұйыруы* бойынша қайыра белден асты (Ә. Көшімов, Қысталаң.).

БҰЙЫРУШЫ з а т. *Бұйырған адам, бұйырық айтушы кісі.*

БҰЙЫРУШЫЛЫҚ з а т. *Бұйыру ісін істеушілік, бұйырғандық.*

БҰЙЫРЫҚ з а т. с ө й л. **Бұйрық.** *Бұйырық* шыққан соң адам алмай қоймайды: ел ішінде соғыс шығарып, жас баланы найзаның ұшына ілгізудің жөні жоқ (Б. Майлин, Шығ.).

БҰЙЫРЫҚСЫЗ с ы н. с ө й л. **Бұйрықсыз.**

БҰЙЫРЫЛ *Бұйыр етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Ол өлімге *бұйырылған* адамның өлтірілген-өлтірілмегенін доктор қарап айыратынын естіген жоқ-ты (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). Майданнан қашқан қорқақ солдат империя заңы бойынша атылу жазасына *бұйырылады* (Ә. Сәрсенбаев, Толқында.). Шал дарға асылуға *бұйырылады* (С. Шарипов, Бекболат).

БҰЙЫРЫЛУ *Бұйырыл етістігінің қимыл атауы.* Кім де кім оған қамқорлық жасаймын десе, табан аузында өлім жазасына *бұйырылуда* (Р. Тоқтаров, Терістік.).

БҰЙЫТ *Бұйы етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Келді рет Байдуковқа, құрды орнын, *Бұйытқан,* самолеттің жатса үңгірі (А. Тоқмағамбетов, Таңд. шығ.).

БҰЙЫТАҚТА е т. д и а л. **Бұйық** (1). Біздің балалар *бұйытақтап* қатты ұйықтап қалыпты (Диал. сөздік).

БҰЙЫТАҚТАУ *Бұйытақта етістігінің қимыл атауы.*

БҰҚ е т. 1. *Жасырыну, бой тасалау, көзге көрінбеу.* — Қап, ашыққандардың бірі екен деп *бұқтым-ау* мен сорлы (Ә. Әбішев, Найзағай). Барар жерім болмаған соң, апамның тасасына *бұқтым* (М. Тиесов, Дала.). Жәзира *бұқ* дегендей Ықсанның иығынан баса қойды (М. Сүндетов, Ескексіз.). Зәресі ұшқан балалар демдерін ішіне тартып, *бұғып* жатыр (О. Сүлейменов, Жұлдыз.). 2. *Еңкейе қалу, жалт беру, басын баса қою.* Соққыны бойға жуытпай, тез *бұғып,* жалт еттім де, желке тұстарынан шықтым (Ә. Сәрсенбаев, Толқында.). Тас бұл жолы зу етіп, балапанның төбесін жалап кетті. Ол көзін жыпылық еткізіп, *бұға* қалды (Б. Соқпақбаев, Жекпе-жек). 3. А у ы с. *Әйгіленбеу, көрінбеу, жасырын жату.* Сонан кейін кеудесіне *бұғып* жатқан уайым, шері қайта қозғалып, келіншек ұйқысы шайдай ашылады (З. Шүкіров, Ізгілік.). Тарих ізденіп таппағанды тапқанмын, Адамзаттың бар арманын атқардым. Бұл дүниенің *бұғып* жатқан байлығын, Өз үйімнің жиһазындай ақтардым (Қ. Аманжолов, Шығ. жин.). Әйтсе де, кейбіреулердің: «күріш өсіру әйелдердің қолы емес» деген сөздері қамшы бола ма, бұл ой көңілінде *бұғып* қала беретін («Соц. Қаз.»). ◆ **Бұға берсең, сұға береді.** *Үндемесең басқа шығып алады, басынады.*— Мінезде де, жұмыста да тайталас керек. *Бұға берсең, сұға береді,*— деді Жанабіл (Ғ. Мұстафин, Қарағанды). Сөйтсе де, мен өзімді сонша басындырмауым керек: *бұға берсең, сұға береді* бұл қазақ (І. Жансүгіров, Шығ.).

БҰҚА[1] з а т. *Сиыр малының піштірілмеген еркегі; тұқымдық, аталық қара мал.* Облыс әзірге екі жүк машина, асыл тұқымды екі айғыр, үш *бұқа,* жиырма бес сиыр бермек (Ғ. Мұстафин, Миллионер). Осы өңірге әйгілі «қызыл көз» *бұқа* табынның ең соңында келе жатыр екен (М. Сүндетов, Балық аула.). Жуырда ғана зубрлар Іле Алатауында жерсіндірілді. Олардың саны өте аз. *Бұқаларының* салмағы 600—1000 *кг*-ға дейін барады (Қ. Қайымов, Қызықты зоол.). ◆ **Бұқа бұғақтау.** *Бұғағы бұқаның әукесі тәрізді қатпарланып, салбырап тұрған (адам).* ...Бұзау көздеу, *бұқа бұғақтау,* өнімсіз де болымсыздау... Солар жайында жа-

вайын деп жүргенім бар (Ғ. Мүсірепов, Кездесп. кет.). **Бұқаға қосты.** *Күйі келген сиырға бұқа жіберді.* Оның үстіне қысыр сиыр қаны толысқан соң күйлейді, оны *бұқаға қоспаса,* жөндеп семірмейді, қасындағы малдың мазасын кетіреді (Ш. Бөрібаев, Сиыр малы.). **Бұқа дауысты.** *Даусы күжілдеген, күрілдеген.* — Ей,— ей, қақтықпа, қақтықпасайшы! Жынды немемісің өзің! — деді *бұқа дауысты* біреу (С. Сейфуллин, Әңгім.). **Бұқа көзденді.** *Көзін сүзе қарады.* Ырыспен — семіз, *бұқа көзденген* сары жігіт (Б. Майлин, Шығ.). ⊙ **Бұқа қарасқа алды.** Есіктен чемоданымен және біреуі кірді. Үйқысы бұзылған екеуі мұны *бұқа қарасқа алып* отырысты (І. Жансүгіров, Шығ.). **Бұқа мойын.** *Мойны бұқаның мойынындай, күжірейген.*— Сенікі қай ауыл? — деді *бұқа мойын* кісі бір кезде (Б. Майлин, Шығ.). Тайғақбайдың кескіні қара торы, «Қара сұр бұйра шаш» деп атайды оны. Қой көздеу, сұйық қасты, *бұқа мойын,* Азырақ бүкірсымақ келген жоны (С. Мұқанов, Шыңнан шыңға). **Бұқа тамақ.** *Алқымы салбыраған, бұғағы салыңқы.* Екіншісі— *бұқа тамақ,* салпы ауыз, тапал да кебеже қарын (Ж. Тілеков, Жоңғар.). **Көзінің бұқасын шығарды.** *Ала көзбен қарады, көзін алартты.*— Ата, ассалаумағаликум,— дедім. Маған жалт қарады да, *көзінің бұқасын шығарып:* — Сәлемің сартқа мұндар! — деді (Х. Есенжанов, Тар кезең).

БҰҚА [2] з а т. к ә с і б. *Буылған қамыстан жасалған бөгет, су жолына қойылған тосқауыл.* Өстенді *бұқамен* тоқтатып, колхозға су жібердік (Диал. сөздік).

БҰҚАДАЙ с ы н. *Күжірейген, күжілдеген (адам).* Пұшпақ бөркін бір жақ шекесіне өзінің мінезі төрізді, қыңырайта киген, таңқы мұрын бұйра сақал Жарқымбай бай жерошақ күлін шашқалы келе жатқан бұзық *бұқадай* күдірейе ырғалып кіріп келді (Д. Әбілев, Ақын.). ◆ **Жылан тиген бұқадай.** *Есі шығып, меңірейген.* Мырза састы, сүрінді, Мұқан түсі құбылды. *Жылан тиген бұқадай,* Түсінбей түкке тек тұрды (І. Жансүгіров, Шығ.). **Сүзетін бұқадай.** *Басын төмен тұқыртып, мойнын күжірейтіп.* Горчаков алдында тұрған Қоңырқұлжаны адамға санар емес. *Сүзетін бұқадай* басын төмен тұқыртып, өз ойын ашық айтып жатыр (І. Есенберлин, Қаһар). Дос Мөңкеге тура қарамаса да, *сүзетін бұқадай* басын бауырына алып, бетпе-бет кеп түйіліп тұр (Ә. Нұрпейісов, Сергелдең).

БҰҚАЛЫҚ з а т. *Бұқаға тән әрекет, мінез.*— Жапалақ, шырағым, жасырмай айтшы, мен жаңа *бұқалық* еткісі келген өзіңді көрдім-ау, сен соны байқадың ба? (Ә. Әбішев, Найзағай). ◆ **Бұқалық құрды.** *Бұқаға тән қылық жасады, әрекет істеді.* Піштіруді бір жастан әрі жібермеу себебі — олар [еркек бұзаулар] тайынша күнінен-ақ *бұқалық құрып,* көк жонданып, жуыр маңда оңалмайды (Х. Арғынбаев, Қаз. этногр.).

БҰҚАР: **бұқар кілем.** С ө й л. *Бұхар кілем.* Сұлтан тәжім етіп амандасты да, өзінің жасыл туының астында тұрған, үстіне жібек түкті сәнді *бұқар кілемі* жабылған төрдегі үлкен сандыққа барып отырды (І. Есенберлин, Қаһар). **Бұқар қалпақ.** С ө й л. *Бұхар қалпақ.* Басында алтын зермен оқалаған *бұқар қалпақ,* үстіне мақпал шапанды бос жамылған, ішкі бешпетінің омырауында медалы жарқжұрқ етеді (Б. Аманшин, Жар муңы). **Бұқар қойы.** С ө й л. *Бұхар қойы.* Аса құнды тұқымның бірі — қаракөл қойы. Оны ертеде *бұқар қойы* деп те атайтын, өйткені алғашқы өсіп-өнген жері — Өзбекстан («Қазақст. ауыл шаруаш.»).

БҰҚАРА з а т. *Еңбекші қауым, жұртшылық, қара халық.* Және аса бір бағалы естегілер кедей көршіге, жалпы еңбек иесі *бұқараға* берік дос болған Абайды танытады (М. Әуезов, Әр жыл.).— Бізге ханның емес, қараның, бірдің емес, *бұқараның* тілегін орындайтын өкімет керек (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). Ол [Абай] ел ішіндегі байлардың, билердің *бұқараға* жүргізген зорлық-зомбылығын мінемей, шенемей отыра алмады (Т. Әлімқұлов, Абай). ◆ **Бұқара халық.** *Еңбекші қауым, көпшілік.* Патша жарлығы *бұқара халыққа* төтен келген ауыр нәубет боп тұр (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). Олар ислам діні *бұқара халықты* сүліктей сорудың негізгі құралы екенін түсінді («Халық мұғ.»). **Еңбекші бұқара.** *Қара халық, кедей шаруа.* Шығыс Түркстанда барлық жерлердегі сияқты салықтың негізгі ауыртпалығы *еңбекші бұқараға* түсті (М. Елеусізов, Шоқан Уәлиханов.). Өйткені *еңбекші бұқараның* негізгі күн көрісі жер еді, олар егін салып қана күн көре алатын еді (Б. Кенжебаев, Қаз. дем. жазушы.). Қа-

лың *бұқара*. *Көпшілік, еңбекші қауым. Қалың бұқара* ел болып бірігіп, бір ауызды болса, бітпейтін дәнеме жоқ (М. Ақынжанов, Ыбырай). Көптің көңілінен шығып, *қалың бұқара* арасына тез жайылып кеткен бұл өлеңнің авторы қазақтың белгілі ақыны А. Тоқмағамбетов екенін мен көп жылдар өткен соң барып білдім (Ө. Қанахин, Жер бас.). **Қара бұқара**. *Қалың көпшілік, еңбекші қауым.*— Енді не десің? Қоңырқұлжа қазақтың *қара бұқарасы* түгіл, генерал-губернаторлардың өздерін де алдап жүрген жоқ па? (І. Есенберлин, Қаһар). Елдегі сорлы *қара бұқара* әлі сол көңілмен жүр ғой (С. Шарипов, Бекболат).

БҰҚАРАЛЫҚ с ы н. *Бұқараға тән, халықтық*. Бұл — халықтың өз қолымен жазылған, нағыз *бұқаралық*, халықтық Конституция (Ж. Исмағұлов, Адам.). Коммунистік партия барлық *бұқаралық* ұйымдарға басшылық етеді (Б. Жұмағалиев, КПСС-тің ролі). Демек, кадрлар даярлау бүкіл партиялық, бүкіл *бұқаралық* істің өзекті мәселесі (Ақ бидай). ◆ **Бұқаралық саяси жұмыс**. *Көпшілік арасына жүргізілетін саяси үгіт*. Өзге бір совхоздарда *бұқаралық саяси жұмыстың* олқы сәтгері де кездесіп қалар (С. Хайдаров, Адамзат.). Ол ең алдымен партия ұйымының *бұқаралық саяси жұмыс* жүргізуіне үлкен көмегін тигізуде («Соц. Қаз.»).

БҰҚАРАШЫЛ с ы н. *Бұқараның мұңын мұңдап, жоғын жоқтаушы, қара халықтың қамын ойлайтын (адам)*. Жолдастар, шын *бұқарашылдар*! Байлардың өтірік арызға сүйенген шабуылынан мені құтқарыңдар (З. Шашкин, Тоқаш Бокин). Біздің Орал облыстық Совдеп осы революция жолымен құрылған *бұқарашыл* хүкіметінің бөлімі болып есептеледі (Х. Есенжанов, Тар кезең). Завод, фабрика, алып құрылыс жұмыскерімен де біздің Сәбең дос. Ол асқан *бұқарашыл*, өз халқының тәні мен жанынан жаралған адам («Қаз. әдеб.»).

БҰҚАРАШЫЛДЫҚ з а т. *Бұқараның жоғын жоқтаушылық, қара халықты жақтаушылық*. Олар жүрген жерде партиялық шаруашылдық, большевиктік *бұқарашылдық* әлсірей береді (А. Сатаев, Ақын.). Бұл заңды ұйым аталмағанмен, іс жүзінде көзге көрінген бағыт ысмағұлшылдықтың әдебиеттегі ұраны *бұқарашылдық* (С. Мұқанов , Өсу жол.). // С ы н. м. *Халықтық*. Сабыр көтерілістің *бұқарашылдық* сипатын көрсетуде де, тұтас халық тұлғасын жасауға да көп көңіл бөлген (С. Шарипов, Бекболат).

БҰҚАРЖАЙ з а т. с ө й л. *Ертедегі Бұхар қаласында жасалған сауыт; бұхаржа*. Бұлғары садақ *бұқаржай*, Бұлғай тартты Ер Қосай. Сауыры жалпақ Сарғыш ат Салқа жортты Ер Қосай (Батырлар жыры).

БҰҚАСЫЗ с ы н. *Бұқасы жоқ; бұқаның қатысынсыз*.

БҰҚАСЫМАҚ з а т. э к с п р. *Бұқаның әрекетін істеуші, соған ұқсаушы*. Ондай *бұқасымақтар* торпақ соңына түсіп, гүжілдегенге мәз болар еді (Ж. Молдағалиев, Сарарқа.).

БҰҚАТАНА з а т. *Қаршыға құсының бір түрі*. Қаршыға ақтұнжыр, қаратұнжыр, ақшыл, сұрғылт, қызылқайың, шәуілі, *бұқатана* деген текке бөлінеді (Ш. Айманов.., Қыран.).

БҰҚАТАРТЫС з а т. *Жиында, той-томалақта екі кісі мойнына арқан салып, тартысып ойнайтын ойын*. Майлыбай тойжиында оны *бұқатартысқа* түсіріп, бәйгесін де талай алған («Жалын»). Бір-екі божбандай әйел *бұқатартысқа* түсіп жатты («Лен. жас»).

БҰҚАША [1] з а т. *Екі жасар тана бұқа; жас бұқа*. Ірі қараның екі жастан жоғары, піштірілмей, тұқымдыққа қалдырылғандарын *бұқаша*, тайынша бұқа, ал есейгенін — бұқа дейді (Х. Арғынбаев, Қаз. этногр.).

БҰҚАША [2] ү с т. *Бұқа тәрізді, бұқа сияқты*. Туйебайдың онда жұмысы жоқ, сүзетін *бұқаша* мойнын салбыратып жіберіп, шапыраш көздерін үйдің ішіне жағалай жүгіртіп тұр (Ә. Әбішев, Терең тамыр.). Шамданғаны бет әлпетінен-ақ білініп тұр, томсырайып *бұқаша* сүзе қарады (З. Шашкин, Тоқаш Бокин). ◆ **Сүзеген бұқаша**. *Мойнын күжірейтіп, көзін алартып*. Онан кейін әлгі талайды көрген қу мүйіз, *сүзеген бұқаша* айналасындағыларды бір жайпап тастап, өз жөнімен кете барған (Х. Есенжанов, Көп жыл.). Ол *сүзеген бұқаша* көзі аларып, тура әйеліне қарсы жүреді (Б. Тілегенов, Көктем.).

БҰҚАШАДАЙ ү с т. *Бұқаша тәрізді, бұқаша сияқты*. Сойған түлкі секілді, Са-

тышым жүр ырсиған. Тұрабымның тұрпаты — *Бұқашадай* тырсиған (Жамбыл, Шығ. жин.).

БҰҚАШЫ зат. *Бұқа бағатын кісі, бақташы.* Ізбасқан дейтін *бұқашы* қартпен жол-жөнекей кездесудің өзі бір бөлек қызық болды (Х. Ерғалиев, Шындық шырқа.). Иванның соқашысы едім, Мәселейдің *бұқашысы* едім. Мынау тұрған Колькаңың запұлатын Мандай терді сыпырып жүріп, Мен ұқсатып едім (І. Жансүгіров, Шығ. жин.).

БҰҚАШЫҚ зат. эксп р. *Жас бұқа, бұқаша.* Тәжірибенің соңында бірінші топтағы әрбір *бұқашық* тәулігіне 747 грамнан салмақ қосты, мұның өзі екінші топтағы *бұқашықтардың* тәуліктік орташа салмағынан едәуір жоғары болды (Қ. Құсайынов, Сабан.). Ол фермада барлық пішпе *бұқашықтар,* сондай-ақ бракқа шығарылған, жайып семірту үшін бөлінген сиырлар шоғырландырылады (Мал бордақылау.).

БҰҚБАС зат. зоол. *Таулы жерлердегі өзен бойларында жүретін қара қоңыр түсті торғай.* Албандар атын атап түстейтұғын, Мінеки Алатауға біткен торғай: Қара, боз, суық, *бұқбас,* сипті, шымшық, Шапшақай, майлық, маубасбұқа, шеже (І. Жансүгіров, Шығ.).

БҰҚИ ет. диал. **Тұқи.** Ол кірерге тесік таппады. Ернін жымыра тістеп алып, *бұқи ып* төмен қараумен болды (Ә. Нұршайықов, Батыр.).

БҰҚИТ *Бұқи етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Теңіз туың, Дауыл шуың. Белді буып, Қос тізені Көтер басты *бұқитпай* (С. Сейфуллин, Шығ. жин.). Соқ обырға Құрыш балға, Социализмге Адымда алға Көтер басты *бұқитпай* (Бұл да).

БҰҚИТУ *Бұқит етістігінің қимыл атауы.*

БҰҚИЮ *Бұқи етістігінің қимыл атауы.*

БҰҚҚЫ зат. диал. **Бұқпа.** *Бұққыда* жатқан әскерді олар байқамады (Диал. сөздік).

БҰҚҚЫЗ *Бұқ етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БҰҚҚЫЗДЫР *Бұққыз етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БҰҚҚЫЗДЫРТ *Бұққыздыр етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БҰҚҚЫЗДЫРТУ *Бұққыздырт етістігінің қимыл атауы.*

БҰҚҚЫЗДЫРУ *Бұққыздыр етістігінің қимыл атауы.*

БҰҚҚЫЗУ *Бұққыз етістігінің қимыл атауы.*

БҰҚҚЫСЫЗ сын. *Бұқпаса да болатын; кісі бойлайтын.* Ішіне кірсе шыққысыз, Төбесі биік *бұққысыз,* Колхоз қора салыпты (Ақын жырлары).

БҰҚҚЫШ сын. *Бұғына беретін, бұғып қалатын.* Бірақ ондай жыныс арасын мекен еткен, өзі бұлтарғыш, *бұққыш* аң жеке қыран құс тұрсын жер бетін тіміскелей жабылған тазыларға да алдыра қоймайды ғой (Ә. Көшімов, Жас аңшы).

БҰҚҚЫШТЫҚ зат. *Бұғып қалғыштық, бұғынғыштық.*

БҰҚПА зат. 1. *Көзге түспейтін, қалтарысты жер, таса, бұғынуға жарарлық орын.* Таң сыз беріп, жарық бола бастағанда Тұсырман бір *бұқпаға* жасағын иіреді (Ғ. Сыланов, Домбыра.). *Бұқпада* қайрап қанжарын, Кезенер бір кез Мердияр. Аманкелді тарланын Ажалға қайтіп ел қияр? (Қ. Бекхожин, Дала комисс.). Қалба мен Маңырақтың екі арасы, Сайынды еркін жатқан кең даласы. Бөкен жортып, бөрілер *бұқпа* қылған, Малға шүйгін, май аққан айналасы (И. Байзақов, Шығ.). 2. сын. м. *Жасырын, құпия; ішке бүккен.* Күнке әрқашан *бұқпа* есепкө бейім тұратын (М. Әуезов, Таңд. шығ.).— Білем, *бұқпа* ақылға бәрің мығымсың (Ғ. Мұстафин, Миллионер). Үлкейген соң әкесінің фашистермен шайқасқан жерлерін аралап көріп, әке ерлігі туралы кітап жазбақ. Бұл іштегі *бұқпа* арман (О. Сәрсенбаев, Жалғыз күрке).

БҰҚПА: **бұқпа торғай.** сөйл. *Молда торғай.*— Е, *бұқпа торғай* сияқтанып, әншейін бұға берсем құтылады екем деп, сол аурудан текке қорқып жата беріппін (М. Әуезов, Абай жолы.).

БҰҚПАҚТА ет. сөйл. **Бұқпала.** Бірлік ынтымағын бұзбай, аса бір ұйымшылдықпен кезектесіп шегініп келе жатқан жаяу әскерлердің алды *бұқпақтап* жүгіріп өтті (Ә. Нұрпейісов, Күткен күн). Бұйратов үн-түнсіз, тықырсыз, ернін жымыра тістеп, Жанарға жақындаған сайын *бұқпақтап,* бойын жасырып, көздеген жеріне әрең жетті (З. Қабдолов, Жалын).

Тұтқындар жүр *бұқпақтап*, іздеп таса... (Қ. Жұмаділов, Қырда.).

БҰҚПАҚТАУ *Бұқпақта етістігінің қимыл атауы.* Тым-тырыс, айналада бір дыбыс жоқ, Келеді *бұқпақтаумен* тасаланып. Соғыстан қан төгілген жараланбай, Бір өзі аман қайтты жалғыз қалып (Үш ғасыр.).— Әк, былай, әк! Ақшаптың *бұқпақтауын!* Ой, алаөкпе келгір! (Ж. Нәжімеденов, Ақ шағыл).

БҰҚПАЛА *ет. Бойын жасыру, бас бағу, тасалану.* Аз тұрғаннан кейін Құлан *бұқпалап* түйетайлы жарқабаққа қарай еңкеңдей жөнелді (А. Нұрманов, Құлан.). Таң ата біздің жақтан оқ та атыла бастады, партизандар да *бұқпалап* алға жүрді (Қ. Қайсенов, Жау тылы.). Бір адам *бұқпалап* кеп, Нағиманың ту сыртына шығып еді (М. Гумеров, Хазірет.).

БҰҚПАЛАҚ з а т. *Әр жерге бір бұғынып, бас бағушылық, бойын жасырушылық.* Сенің бұл *бұқпалағыңды* қалай түсінуге болады? (Ауызекі тіл).

БҰҚПАЛАҚТА е т. *Әр жерге бір бұғыну, жиі-жиі бұқпалау.* Молдағазы орнынан ұшып тұрды да, мылтығын кезеніп:— Неғып тұрсың, *бұқпалақтамай* бері шық,— деді оған («Лен. жас»).

БҰҚПАЛАҚТАУ *Бұқпалақта етістігінің қимыл атауы.* Тілерсектен саз кеше, жау жатағына қарап аяңдап келеміз. Әуелгі сәтте еркіндеу жүрген едік. Аздан кейін *бұқпалақтауға* мәжбүр болдық (Ә. Сәрсенбаев, Офицер.).

БҰҚПАЛАН *Бұқпала етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Көше тұрғанда түн ішінде бақшамен жүрген бейсауат сонда кім болмақ? Не қып *бұқпаланып* жүр? (С. Сарғасқаев, Сынған тіс).

БҰҚПАЛАНУ *Бұқпалан етістігінің қимыл атауы.*

БҰҚПАЛАТ *Бұқпала етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Сөйтеді де: «Еңкейіп кіріңіз, есігі нашар»,— деп *бұқпалата* бастайды (А. Тоқмағамбетов, Шәңгек). Басылып үнсіз қалды Әсиямыз, Мұндайда бәріміз де ашынамыз. Жан-жақтан *бұқпалатса* бүлік сөздер, Білсек те ақиқатты басыламыз (Қ. Бекхожин, Үш кезең).

БҰҚПАЛАТУ *Бұқпалат етістігінің қимыл атауы.*

БҰҚПАЛАУ *Бұқпала етістігінің қимыл атауы.* Жұлдыз «зау» да, Жылмыңдауда, Ай, тайтұяқ күмісім. *Бұқпалауда*, Төбет «уау» да, Жақтырмайды үрісін (І. Жансүгіров, Шығ. жин.). Ондай жас адамдардың өзін қайдан аламыз?— деген *бұқпалау*, кекесінді даусы шықты (С. Бақбергенов, Кентау).

БҰҚПАН е т. ф о л ь к. *Бұқпаймын, тығылмаймын деген магынада.* Шынына келсем, шынына, Бұдан да *бұқпан* тығыла. Октябрь алтын таңы атып, Шығарған өмір шыңына (Қ. Ұябаев, Тағдыр.).

БҰҚПАНДА е т. с ө й л. Бұқпала. Жазира, Жазираш деймін! Сағын батырдың иттен қорқып бара жатқанын қарашы! Әне, *бұқпандап* барады (М. Сүндетов, Балық аула.). Ақыры, Дүмбай сай ішімен *бұқпандап* қойшының үйінің маңына барып, реті келсе қызбен жолығуға тоқтады (Ә. Сараев, Бозқырау).

БҰҚПАНДАУ *Бұқпанда етістігінің қимыл атауы.*

БҰҚПАНТАЙ с ы н. 1. *Бұғып жасырынып жүретін, жалтақ.* Күйеу жас болса да, молда торғай секілді *бұқпантай* өмірге үйренген байғұс екен (Д. Досжанов, Зауал). «Мына құдайдан безген, тағы не бүлдіріп жүр»,— деп діншіл шалдар мен пәшпірті біткен *бұқпантай* молдалар сырттан күңкілдеседі (С. Омаров, Дала қызы). Тек анадай-анадайдан көрінетін қара жалдардың теріс бауыр қыртыс-қыртыстарында қалған *бұқпантай* ұры-қарылар болмаса, бұл төңірек әбден арылған кез (Ә. Кекілбаев, Бір шөкім.). // З а т. м. *Жалтақтық, қорқақтық, бұғып қалушылық.* Өз басы *бұқпантайды* білмейтін ол: «Әлде, бұл ғайбат сөз шығар»...— деді (Т. Әлімқұлов, Сейтек.). Хабаршыға өзіңді ата! Бірге өлуді армандаған соң ендігі *бұқпантайға* орын жоқ (К. Оразалин, Көктем.). 2. А у ы с. *Жымысқы, бітеу жара, бықсық.* Кейде қартаң, сырдан, дүниекөр болыс-билер, малқорда, бықсыма, жаман ойшыл, *бұқпантай* адамдар кезігеді (М. Әуезов, Таңд. шығ.). Көрнеу дұшпаннан сақтануға болады. Іш құрттай тауысатын — бітеу жара *бұқпантай* ғой... (С. Талжанов, Ұлдай.).

БҰҚПАНТАЙЛА е т. 1. *Жасырыну, бұғу, тасалану. Бұқпантайлап* тасамен келіп, бұғалықты сілтеп қалдым (З. Иманбаев, Солма. гүл). Тек таң ата бере, бір шоқ шидің түбінде көзі бақырайып отырған жапалақты *бұқпантайлап*

келіп бас салған (С. Жүнісов, Жапанда.). Төлеген *бұқпантайлап* келген неміс офицерін атып салды (Ол күндер.). 2. Ауыс. *Жалтақтау, жасқану, тайсақтау. Бұқпантайламай* айта бер, Есет! Ширкін, алтайы қызыл түлкідей бала емес пе. Қазір көрдің бе ол періштені?— деп өзінің оны Кенжебекке нұсқағандағы түпкі мақсатын жасыра түсті (Р. Райымқұлов, Бұрылыс.).

БҰҚПАНТАЙЛАП үст. *Жасырып, жымысқылап.* Кілем, шифоньер, іс машинасы, пальто, костюм сияқты заттарды жең ұшынан жалғасқан тамыр-таныстарына *бұқпантайлап* беретін болды (М. Рашев, Бетің қисық.).

БҰҚПАНТАЙЛАУ *Бұқпантайла етістігінің қимыл атауы.*

БҰҚПАНТАЙЛЫҚ зат. *Бұққыштық, тасаланушылық, жасырынушылық.* Өмірден көп аласың, Қай бәйгіден қаласың. *Бұқпантайлық* жетті ғой, Жалын боп қашан жанасың?! (Қ. Жармағамбетов, Сырлы тал.).

БҰҚПАНТАЙСЫЗ сын. *Бүкпесіз; ашық.* Мен сізбен және мұғалімдермен турашыл, *бұқпантайсыз,* мәймөңкесіз қатынаста болдым («Қаз. әдеб.»). Ағынан жарылған шын жолдастық, *бұқпантайсыз* әңгіме ешқандай жаза қолданбағанмен бүкіл өмір бойы естен шықпайтыны сөзсіз («Лен. жас»).

БҰҚПАШТА ет. эксп р. **Бұқпантайла.** Екеуі тас-тастың арасымен *бұқпаштап* жүріп, Қарадәу ордасының ту сыртына жетіп тоқтады (Тұлпар).

БҰҚПАШТАУ *Бұқпашта етістігінің қимыл атауы.*

БҰҚТЫР[1] ет. 1. *Бұқ етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Танк тіпті таянып қалды. Оның пулеметтерінен бүріккен оқтары, Мәншүкті тастың ығына еріксіз *бұқтырды* (С. Мұқанов, Аспаз).— Ана тұрған құлжаны көрдіңдер ме? Сезіп қалса маңайлатпайды,— деп екі жолдасын *бұқтыра* қойды (С. Бегалин, Уақыт.). 2. Ауыс. *Қорқыту, имендіру, ықтыру.* Жақсылықтарды осы істі машық қылмайтын етіп *бұқтырып,* шошытып жіберу керек (М. Әуезов, Қараш.). Ол бұл күндерде бұған дейін үстемдік көрсетіп келген Шалдуар-Шәлкес ауылдарын *бұқтырып* біржола бағындыруға қатты қам жасап жүрген көкжал (Ә. Көшімов, Қысталаң.). Қуантып келді құлдарды, Әуелі үрке қаратып. *Бұқтырып* келді сұмдарды, Тұмсығын тағы қанатып (Ж. Молдағалиев, Жиырма бес). 3. *Шамның білтесін басу, жарығын азайту, сығырайтып қою.* Келсе, шамды *бұқтырып,* Айтолқын төсегінің үстінде тұрып отырады (Б. Майлин, Шығ.). Жетілік май шамның білтесін көтермей, ол *бұқтырып* қойды (М. Сүндетов, Ескексіз.).— Мама-ау, жап-жарық шамды өзің ғой *бұқтырып* қойған,— деді, шамның білтесін шығарып жатып («Қаз. әдеб.»). 4. *Самаурынның отын өшіру.* Қызым, самаурынды *бұқтыра* салшы (Ауызекі тіл).

БҰҚТЫР[2] ет. сөйл. **Бықтыр.** Тұздыққа ол таулы жерде ғана өсетін тау жуаны, құмда өсетін көсікті араластырып турап, ыстық сорпаға *бұқтырып* қойып жасаған екен (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.). Раушанның шайды тәуір көретінін білетін ол Гүләйша үйреткендей, *бұқтырып* шығарып, сүтті қаймақтап қатып, кесенің түбінен ғана құйып беріп отырды (Ш. Құмарова, Қос шынар).

БҰҚТЫРҒЫЗ *Бұқтыр (1, 2) етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БҰҚТЫРҒЫЗУ *Бұқтырғыз етістігінің қимыл атауы.*

БҰҚТЫРМА[1] зат. *Жасырын тоскауыл.* Сонда қырғыз қуады, *Бұқтырма* қойып тығады. Алдынан аңдып түсіріп, Сегізін ұстап алады. Сегізін бірдей бауыздап, Жосадай қып салады (Айтыс).

БҰҚТЫРМА[2] зат. *Самаурынның оттығындағы шоқты өшіру үшін жабатын арнайы жасалған қақпақ.* Самаурынымыздың *бұқтырмасы* жоғалып қалып, отын өшіру қиын болып жүр (Ауызекі тіл).

БҰҚТЫРУ *Бұқтыр (1, 2) етістігінің қимыл атауы.*

БҰҚТЫРЫЛ[1] *Бұқтыр (1) етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Керосин шамдардың бәрі *бұқтырылып,* қызғылт оттарының қылтиған сүйрік ұштары ғана жылтырайды (С. Мұқанов, Өмір мектебі). Кешкі тамақ піскелі екі сағаттан артық уақыт өтті. Самауыр *бұқтырылған* қалпында суып қалғалы қашан (Ж. Мұзапаров, Қаби қарт.).

БҰҚТЫРЫЛ[2] ет. сөйл. **Бықтырыл.** Сол себептен құсты пісірілген немесе *бұқ-*

тырылған қызылшамен азықтандыруға да болмайды (Құс өсіруші.).

БҰҚТЫРЫЛУ *Бұқтырыл (1, 2) етістігінің қимыл атауы.*

БҰҚШАҢДА ет. сөйл. **Бүкшеңде.** Дүмбай үй жаққа қарай *бұқшаңдап* бара жатқанда шелек сылдыры естілгенін, қараса сол қыз екенін, не істеудің амалын білмей жайлап ысқырғанын... үзіп-үзіп азар айтып бітірді (Ә. Сараев, Бозқырау).

БҰҚШАҢДАУ *Бұқшаңда етістігінің қимыл атауы.*

БҰҚШИ ет. сөйл. **Бүкши.** Он бірдегі үлкені терезе алдындағы жазу столына асылып, теріс қарап *бұқшиып* қалған (Н. Сералиев, Намыс). Дәулет теріс қарап, *бұқшиып* жатып алды (Ә. Кекілбаев, Дала). Сержан басы салбырап, *бұқшиып* қалды. Стол басындағылар оқиғаның төркініне айтпай-ақ түсінді (Т. Дәуренбеков, Бір түйме.).

БҰҚШИЮ *Бұқши етістігінің қимыл атауы.*

БҰҚЫРЛА [1] ет. көне. **Дезинфекциялау.** *Бұқырлап* алу дәрігерсіз қазақтың қолынан келмейді («Қазақ»).

БҰҚЫРЛА [2] ет. диал. *Игеру, меңгеру; артқа тастау.* Шал, шамасы, бір ғасырдай, Тоқсанды анық *бұқырлаған.* Кәрі қайың тұлғасындай, Жұқарса да тұқырмаған (Ж. Молдағалиев, Шығ. жин.).

БҰҚЫРЛАТ *Бұқырла (1) етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Жұқпалы аурулы кісі жатқан үйді тазалатып, *бұқырлатып* алу керек («Қазақ»).

БҰҚЫРЛАТҚЫЗ *Бұқырлат етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БҰҚЫРЛАТҚЫЗУ *Бұқырлатқыз етістігінің қимыл атауы.*

БҰҚЫРЛАТУ *Бұқырлат етістігінің қимыл атауы.*

БҰҚЫРЛАУ *Бұқырла (1, 2) етістігінің қимыл атауы.*

БҰЛ [1] ес. *Біреуді не бір нәрсені нұсқап, сілтеп көрсететін сілтеу есімдігі; осы, мына.* Кино үстінде *бұлар* бір-біріне бір ауыз сөз айтқан жоқ (Ж. Молдағалиев, Жүрек.). *Бұл* барыс енді мені де жейтін шығар (М. Тиесов, Әңгім.). Жабай *бұл* сұрауға жауап бермей, аз отырып барып сөйледі (С. Мұқанов, Менің мектеб.). ◆ **Бұл [арада] ара.** *Осы жер. Бұл арада* оның сыншысы — орыс, қазақ тілдерін жақсы білетін Әбіш (М. Әуезов, Абай)— Бәкірмісің? ...*Бұл арағa* қайдан келдің? (С. Шарипов, Бекболат). Бар мұнда бір ғажайып гүл алаңы. Сүйеді бүкіл қала *бұл араны.* Қол сермеп, таң шапағын тамашалап, Онда тұр дүниенің ұлы адамы (Партия тур. өлеңд.). **Бұл бұл ма.** *Бұдан бетер, бұдан басқа.— Бұл бұл ма,* бұның кейбір ауылдарды ұлп-отанымен ағызып әкететін де мінезі бар (С. Мұқанов, Менің мектеб.). *Бұл бұл ма?* Әбекеңнің бір басындағы өнері өзіне жетіп жатыр («Мәдениет және тұрмыс»). **Бұл дүние** [дүниеде]. *Өмір, тіршілік.* Бір күндікке біреуін Табарсың да тастарсың, Сүйте-сүйте «сұлуым» *Бұл дүниені* ластарсың (Қ. Аманжолов, Таңд. шығ.). **Ойласаң** *бұл дүниеде* не қызық бар, Қасынан қалқа жанның аттағандай! Аулыңа өлеңдетіп сен қайтасың, Бәйгіден атың келіп мақтанғандай (І. Жансүгіров, Шығ. жин.). **Бұл екі** [арада] **ортада.** *Бұл аралықта, осы мезетте. Бұл екі ортада* ханның әйелі бұған ғашық болады (Қаз. ертег.). **Бұл жалғанда.** *Осы заманда, бұл дүниеде.* Мүмкін, шырағым... *Бұл жалғанда* арамдық жаққан адамды көргенім жоқ (З. Шашкин, Тоқаш Бокин). **Ойлы адамға қызық жоқ** ***бұл жалғанда,*** **Көбінің** сырты бүтін, іші түтін (Абай, Тол. жин.). **Бұл жолы.** *Осы ретте, қазіргі кезекте. Бұл жолы* басқа дәл ұрмай, тұмсықтан соғып қайырдым (Ә. Сәрсенбаев, Теңіз.). Бала таңы күлді де, *бұл жолы* күлкісін тез жиып, томсырая қалды (С. Жүнісов, Өшпейтін із.). **Бұл заманда.** *Осы өмірде, қазіргі кезде.* Оқыған жасқа білімнің есігі кең ашылды ғой *бұл заманда* (М. Иманжанов, Алғашқы ай.). **Бұл кезде** [уақытта, шақта, мезетте]. *Осы мезгілде.* Кеней *бұл кезде* қамыстың ішімен еңбектеп бара жатты (Т. Сағынбаев, Кездесу). *Бұл шақта* сенің панаң да, сенерің де, құтқарушың да тек сол қоңырау үні (Б. Соқпақбаев, Өзім тур.). Қара жоқ, мыңдаған ат қалды артта, Өзге аттар әлдеқайда *бұл мезетте;* Құланың басын қоя бермек еді, Кезікті бір тосқауыл осы өзекте (І. Жансүгіров, Шығ. жин.). **Бұл күнде.** *Осы уақытта, қазіргі кезде.* Нарын бұйраты *бұл күнде* шаттық сазын ғана шертеді (С. Бақбергенов, Күй). Сол даладан *бұл күнде* Көз жіберсем не көрем? Қайнап жатқан ұлы еңбек, Колхоз, совхоз

ел көрем (Ү. Кәрібаев, Таңд. шығ.). **Бұл қалпында.** *Осы күйінде, бұл жағдайда. Бұл қалпында* ауру адамды алыстағы аудан орталығына жеткізу тіптен қиын («Лен. жас»). **Бұл құрлы.** *Осыншама, соншама.* Талапсыз, бақсыз мен сорлы, Еріксіз аттап ұяттан. Қорлыққа көндім *бұл құрлы,* Байқалар халым бұл хаттан (Абай, Тол. жин.). **Бұл тұста.** *Осы кезде, сол сәтте.* Байлар *бұл тұста* сөзге араласқан жоқ (М. Әуезов, Абай жолы). Содан қалған курста Ақша да, ет те там-тұмдап, Хатың да сиреп *бұл тұста,* Дүкеннен азық сатып ап (Ғ. Қайырбеков, Таулар.).

БҰЛ [2] ир. з а т. 1. *Кездеме, мата.* Бай ауылдарға о да осылай көп арбамен *бұл* әкеліп сатып кететін (Ғ. Мүсірепов, Шығ. жин.). Жаңа *бұлмен* жамырап саудагерлер, Диханшылар жер жыртып, егін егер. Шаруаның біреуі екеу болып, Жаңа төлмен көбейіп дәулет өнер (Абай, Тол. жин.). «Жылда-жылда ноғайдан *Бұл* алушы ем, жар-жар-ау! Бір міндеттен құтылдым»,— Десін әкең, жар-жар-ау! (Айтыс). 2. С ө й л. *Пұл.* Тамағы тоқ, *бұлы* көп Семіз байлар оңбайтын. Киімі жоқ, түгі жоқ Кедейді ылғи қорлайтын (А. Шамкенов, Сағат). Базарда «Теңге» болсаң *бұл* боларсың, Қолыңа құрық алсаң құл боларсың. Батырдың айтқан сөзі рас болса, Қолыма су құятын күң боларсың (Айман — Шолпан). *Бұлын* әкеп беріп, алып қалыңыз ботаны (Қаз. ертег.).

БҰЛА [1] с ы н. 1. *Еркін, ерке, қағусыз өскен, еш бейнет көрмеген (адам, мал).* Егіндікөл, көзіме ерте шалындың, Менің ерке, *бұла* жігіт шағымның. Біразы өтті құшағында бұлықсып, Ұшқынындай алауланған жалынның (С. Сейітов, Жаңғырық). Әйтсе де тынбай оған ұмтыламыз, Көңілдің шырайланып шырқы нағыз. Бұл өмір ме баурап ап қылығымен, Күлкісі ынтық еткен бір *бұла* қыз! (А. Нысаналин, Көктем.). Қырық бес шықтың кезеңге, Маңманың басып *бұла* аттай. Елу қондың ауыл үй, Тізгіндеп ұстап құлақтай (Үш ғасыр.). 2. А у ы с. *Бұлаңдаған, бұлғақ қаққан.* Тербетіп баяу әнмен бұл ағашты, Үрледі қобыраған *бұла* шашты. Ойнаған қайнысы боп жеңгесімен, Әжемнің ақ шәлісін жұла қашты (Р. Ниязбеков, Келер күн). ◆ **Бұла күш.** *Тың қуат, ширақ күш, мол қайрат.* Жаңбырдан кейін көсегесі көгерген жерді бір *бұла күш* көтеріп тұрғандай. Сол асау күштің сыры қызық (М. Сатыбалдиев, Жартас.). Асыр салып ақ бұлақ, Сыртқа тепкен *бұла күш.* Қырда ойнайды шапқылап, Бала болып қуаныш (С. Мәуленов, Шалқар). Жастық атты бұлқынған *бұла күш* кеше кеш жатқанына қарамастан, Нұрмияшты бүгін төсегінен ерте тұрғызды («Қаз. әдеб.»). **Бұла қып [етіп] өсірді.** *Еркін, ерке өсірді.* Мақажан бай да, мықты да болған кісі. Сейфолланы ол *бұла қып өсірді* де, 18 жасында үйлендіріп енші береді (С. Мұқанов, Есею жыл.). Біз мұндайда итті қасқырдан тайсалмайтын батыл, *бұла етіп өсіру* тәсілін іздейміз (Ә. Тұрманжанов, Адам.). **Бұла [болып] өсті.** *Еш бейнет көрмей, еркін өсті.* Аталы аруақты туысынан, Шығармай Ертіс бойын уысынан. *Бұла өскен* жастайынан Қауан төре, Сөзі ірі, жүрісі паң, күлкісі паң (М. Әлімбаев, Өшпес от). Ботасынан *бұла өскен* тайлақ өстіп ойнамай қайтушы еді («Қаз. әдеб.»).— Жездемде жұрт қатарлы дәулет болды. Соның арқасында бейнет көрмей *бұла болып өстіңдер* ғой (З. Шүкіров, Ізгілік.).

БҰЛА [2] е т. 1. *Көзінен жас ағу, жылапсықтау.* Сәменнің жас *бұлаған* көзі тұк көрмейді (А. Нұрманов, Аққу.). 2. З а т. м. *Көзден аққан жас, сора.* Құлап жатыр Тасболат, Тіл қатпайды қансырап. Құлагер басын иіскелеп, Көзінен ағад *бұласы* (Қ. Әбдікадыров, Таңд. өленд.). ◆ **Көзінен жасы бұлады.** *Көзінен жас ақты, егіліп жылады.* Сөйледі ол зар еңіреп жылап тұрып, Егіліп *көзден жасын бұлап* тұрып:— Анашым, жан сырымды айтайын мен Тыңдашы, ойға салып, құлақ түріп (Ә. Нілібаев, Болашақ.). Шалқасынан құлады, *Көзден жасын бұлады.*— Тағы маған көрсет,— деп, Жатып Серік жылады (Е. Елубаев, Көкпар). **Көздің жасын [көл қылып] бұлады.** *Көз жасын ағызды, жылап-сықтады.* Мәнсап қалды. Мәңгілікке ол құлады, Дос-жараны *көздің жасын бұлады.* Көр аузына табытты әкеп қойғанда, Көп ішінен Сәмет те сөз сұрады (Қ. Жармағамбетов, Соңғы түн). Мұрынынан су ағып, *Көздің жасын бұлады.* Салбырап қос құлағы Үйге жетіп құлады (Қ. Мырзалиев, Күміс). Қыз қосылып теңімен, жыламасын, *Көздің жасын көл қылып бұламасын.* «Екі жасты бақытты ете гөр»— деп, Біздер бата берелік сұрағасын (Б. Майлин, Шығ.). Жападан жалғыз анам жылап отыр, *Көл қылып көздің жасын бұлап* отыр. Айырылып екі бірдей қана-

тынан, «Құдайдан» амандығын сұрап отыр (Б. Ізтөлин, Шығ.). **Көз [көзінің] жасын бұлады.** *Жылап-сықтады, егілді.* Гүлшәрінің жылағанын көріп Күләш та *көз жасын бұлап,* біразға дейін солығын баса алмады (А. Байтанаев, Қайнар.). Жылайды анаң, жылайды, *Көзінің жасын бұлайды.* Қабырғам менің сөгілді, Көрем бе енді күн, айды? (Қ. Көпішев, Әке құшағы). Ана көрсең зарлаған, Бала көрсең жылаған. Жас жар көрсең егіліп, *Көзінің жасын бұлаған* (А. Лекеров, Өмір оты). **Көзін бұлады.** *Жылап-сықтады, егілді.* Қалың топ қараша үйде жайланып ап, *Көздерін* отырған жоқ жайға *бұлап.* Аршылып көңіл кірі көз жасымен, Оралды бұрқыраған бойға қуат (Қ. Жұмағалиев, Перзент.). Тайшық хан енді жылады, Қайғымен *көзін бұлады.* Жүз мың әскер келсін деп, Жан-жаққа мойнын бұрады (Алпамыс).

БҰЛА [3] ет. көне. 1. *Ақ көбігін ағызу, сорпасын шығару, қатты терлету.* Ақ алмасы жарқылдап, Талай жауды турады, Тарлан атты *бұлады* (Ер Тарғын). Тоғайда қыздар шауып, қырдан құлап, Жарысып келе жатыр атты *бұлап.* Белгілі жатар жері аңшылардың, Кәдімгі Қараторғай, Балқаш, Бұлақ (Батырлар жыры). 2. Ауыс. *Жанын аямау, құрбан ету.* Жол болмасқа немене, Тарығып шын жыласа. Мал бітпеске немене, Жігіт жанды *бұласа!* (Алдаспан). Мекеде уақып үй салып, Пәтер қып, жаққан шырақты. Бір құдайдың жолына Малды аямай *бұлапты* (Абай, Тол. жин.).

БҰЛАҒАЙ зат. көне. *Алай-түлей, бұлан-талан, астан-кестен, айқай-шу.* Көкті лезде қола құйын торлады, Кетті бұрқап бұйра бұлттың орманы. Бұлан-талан бір *бұлағай* басталды, Ақырғандай мың арыстан тордағы (Қ. Шаңғытбаев, Аққу.). Алағай *да бұлағай,* Ақ боранда, суықта Атқа қонса бұл ағай, Арымайды жуықта (Қ. Мырзалиев, Күміс). Мал біткенді жұт жұтып, Несібеміз төгілді. *Бұлағай* заман тап болып, Қайғырып халық егілді (С. Жанғабылов, Тоқсан.). ◆ **Бұлағай салды.** *Атойлады, айқай-шуға басты, аттанды.* *Бұлағай салып,* жау шауып, «Бұлай» деп атын қойған жер, Мұны да Қобылан қойған жер (Қобыланды.). *Салды* жауға *бұлағай.* Қасым менен Қарабай Тұлпарларын мінеді, Бес қаруын іледі (Көроғлы).

БҰЛАЙ [1] үст. *Осылай, дәл осындай.* Осылайша өзің... *Бұлай* жазуға болмайды (Т. Ахтанов, Дала сыры). Оның *бұлай* атауының мәнісі бар (Ж. Тілеков, Қайнар). Мен мұндай түрге келді деп ұқпаған едім. Мыналарыңыз табыс. Рыжов маған *бұлай* деген жоқ-ты (С. Бегалин, Уақыт.). Ауыл адамдарының *бұлай* қарсы алуы Санатты да таңғалтты (С. Сарғасқаев, Біз төртеу.). ◆ **Бұлай қарай.** *Осы жаққа қарай.*— Торғауыттарға ескертіңдер, *бұлай қарай* аяқтарын аттап баспайтын болсын (Н. Баяндин, Құм асты.). *Бұлай қарай* жүрген сайын газет мазмұны қоңырлай береді (Б. Соқпақбаев, Менің атым.). **Бірде олай, бірде бұлай.** *Әр қилы, әр түрлі.* Қатерлі хауіп төнген күндер де өтті, Итжығыс *бірде олай, бірде бұлай.* Сынасқан жаумен әбден сыралғымыз, Айтысып, шабысып та екі жылдай (Қ. Айнабекұлы, Өленд.).

БҰЛАЙ [2] үст. сөйл. Былай.— Жерімнен көшіп *бұлай* шықсын, малын түгел қайтарып берейін. Билік болған екен, пәлен екен деп тұрмаймын (С. Шарипов, Бекболат). ◆ **Бұдан бұлай.** Сөйл. *Бұдан былай.*— Олай деме, сен кеңестің шын ұлысың. Әрине, қатең бар. *Бұдан бұлай* сақ бол (Б. Майлин, Шығ.). Дейді достар:— Ал енді болсаң жігіт сен егер, *Бұдан бұлай* уәденді Бермеймін деп уәде бер! (Қ. Мырзалиев, Алуан.). **Бұлай қоя тұр.** Сөйл. *Былай қоя тұр.* Ағылшындардың жасырған пайдасын *бұлай қоя тұрып,* Иран үкіметінің сыбағасына тиген бір жылдық пайда 22 мың сом болды (С. Шарипов, Бекболат).

БҰЛАЙҒЫ: бұдан [мұнан] бұлайғы. Сөйл. *Бұдан былайғы.* Сонымен бұл үйдің *бұдан бұлайғы* бар бақ-дәулеті де тас бітеліп қалғандай сезінген (А. Байтанаев, Қайнар.). *Мұнан бұлайғы* жерде өзі сақ болып жүретін болды (С. Шарипов, Бекболат).

БҰЛАЙША үст. *Дәл осындай, осылайша.* Оның *бұлайша* Айдаркинге дем бере сөйлеуіндегі мән-жай осы мал жөніндегі Қанекеңнің өзі ынталы болып жүргенін сезетіндігі (С. Бегалин, Уақыт.). Бегәлі бұрын-соңды *бұлайша* күйзелмеген еді (З. Асабаев, Ар соты). Қайткенмен бұл арада жүре алмаймыз, Жүргенмен көп қорлыққа төзе алмаймыз. Бұл елдің ішінен тез біз кетелік, *Бұлайша* масқараға көне алмаймыз (Батырлар жыры).

БҰЛАЙЫНША үст. фольк. **Бұлайша.** «Алтыннан соққан кісесі, Әжептәуір мүшесі». *Бұлайынша* толған Ер Тарғын, Енді атынан түседі (Ер Тарғын).

БҰЛАҚ[1] зат. 1. *Басы бастаулардан, қайнарлардан басталып, сай-жыралармен ағатын кіші-гірім су.* Қаратаудың бұл асуы жолшыбай әлденеше *бұлақ,* бастау, тау өзендерін басып өтеді (Алғы шепте.). Ойпаңның оң жағында тік жарды жанай көз жасындай мөлдір сулы *бұлақ* ағып жатыр (С. Шаймерденов, Мінез). *Бұлақтан* су әкелді Ғали барып, Қайнаған суға малтаны езді салып. Екі күн әлдендіріп осы жерде, Әкелді Қайша қызды ордаға алып (Е. Бөрдин, Қанды су). 2. Сөйл. *Бастау, қайнар.*— Қайнап жатқан *бұлақ,* ағып жатқан су бар ма екен онда? (Ө. Тұрманжанов, Адам.). 1965 жылдың жазында осы мектептің оқушылары «Ойсаз» деген жерден жер астынан шығып жатқан бірнеше минералды ыстық *бұлақтарды* ашты (С. Жортанов, Өлке тану.). Егер су кішкене *бұлақтан* шығып жатса, онда қой бөліп-бөліп жіберіледі (А. Еламанов, Қой шаруаш.). 3. Ауыс. *Бір нәрсенің қайнар көзі, негізі.* Қарағанды өндірісіндегі астыртын сауданың *бұлағы* — осы Жүсіп еді (Б. Майлин, Шығ.). Фермалардағы екі сменалы жұмыс еңбек тәртібін нығайтты, еңбеккердің жауапкершілігін арттырды, адамдардың табыс *бұлағын* молайтты (Ақ бидай). Углеводтарды клетканың тіршілік әрекетіне қажетті энергия *бұлағы* деп айтуға болады (Жалпы биология). // *Сарқылмайтын қазына, таусылмайтын байлық.* Мұнайдың сарқылмас *бұлағына* қолдары тиген соң, өзгенің бәрін ұмытқан (Ғ. Мүсірепов, Кездесп. кет.). Сондағы үсті-басы жырым-жырым, жалаң аяқ қара бала мен төмен қарап, тұнжырап отыратын ұялшақ қыз ғылым *бұлағынан* еркін сусындағаны әрине біздің заманның күші (С. Омаров, Дала қызы). Кітап — білім *бұлағы,* Кітап бізге мәңгі дос. Үйреніңдер, біліңдер, Жүрген жаман бостан-бос (Т. Жабаев, Із). ◆ **Айна бұлақ.** *Айнадай жалтыраған бұлақ.* Жасыл шөп Самарқанның жібегіндей, Киекке жауып салған кілеміндей. Сылдырап ағып жатыр *айна бұлақ,* Асығыс соққан сұлу жүрегіндей (А. Жұмағалиев, Өшп. жалын). Жолында Орал-Тайпақ *айна бұлақ,* Көсіліп ағып терең сайға құлап. Көк тастың шығып жатыр арасынан, Көп тұрдым көз ала алмай тамашалап (Ж. Молдағалиев, Таңд. өленд.). **Ақ бұлақ.** Поэт. *Суы таза, мөлдір бұлақ.* Құс сайрап көк аспанның қиырынан, Тұрғанда тау үстіне құйылып ән. Қылыштай дірілдейді күн көзіне, *Ақ бұлақ* шыңның түскен иығынан (Ғ. Қайырбеков, Қосбасар). **Бал бұлақ.** Поэт. *Суы балдай, мөлдір бұлақ.* Биік шыңның баурында Бұйра толқын *бал бұлақ.* Бүгін мені қарсы алғандай Ағып жатыр сылдырап (С. Мәуленов, Таңд. өленд.). Суынан *бал бұлақтың* қанғанша ішіп, Жемісін гүл бақшаның тергеніме. Ендеше ақын жаны жай табар ма, Сыналар күн туғанда ерлеріне (С. Машақов, Жылдарым.). **Қайнар бұлақ.** а) *Жерден, тастың түбінен қайнап шығатын су; бастау, қайнар.*— Дәл қасымызда үш *қайнар бұлақ* бар, соларды пайдаланайық (Ә. Төжібаев, Гүлден.). Мұп-мұздай бұлк-бұлк еткен кәдімгі *қайнар бұлақтың* көзі! Ой, шіркін-ай, жата ғап сімірер ме едің? (Т. Бердияров, Солдат.). Ол әрбір төбелерге, *қайнар бұлақтарға* қазық қағып, обалар үйіп, қыстап, жайлап жүре берген (К. Әзірбаев, Аңыз.). ә) Ауыс. *Сарқылмас байлық, таусылмас қор; нәр алар жер.* Шолохов стилін қоректендірген негізгі *қайнар бұлақтардың* бірі — халық поэзиясы (М. Қаратаев, Туған әдеб.). Бақыттың *қайнар бұлағы,* Өмірдің өшпес шырағы, Бейбітшілік, бейбітшілік!— Әділетті әр адамның ұраны (Жыл он екі ай). Ізгіліктің, ерліктің *Қайнар бұлақ* көзісің. Туысқандық, елдіктің, Тұп атасы өзіңсің (Ақын жырлары). **Сүт бұлағын ағызды.** *Көп сүт сауды, мол өнім алды.* — Әлде, *сүт бұлағын ағызған* шебер сауыншының ерен еңбегін паш етіп, оның бай тәжірибесін баяндай жөнелсек пе екен? (Сауыншы шамшырақ.). **Тас бұлақ.** *Суы тастай суық, мөлдір бұлақ.* Таудағы *тас бұлақтың* мөлдіріндей, Даланың қызыл-жасыл өңдіріндей. Бәйек боп баурына алған бөбек жанын, Анамның мейірбанды көңіліндей (М. Әлімбаев, Лирика). Көлеңке, көгал, *тас бұлақ*... Жаныңа тағы не керек?! Шалқалап кетсе жас құрақ, Шашылып ұшты көбелек! (Ө. Нұрғалиев, Ақ нөсер).

БҰЛАҚ[2] зат. мед. 1. *Құлақ ішінің қабынуынан болатын созылмалы іріңді ауру; құлақ қабынуы.* Мысалы, невралгия, *бұлақ,* гайморит және фронтит (мандай ауруы), сондай-ақ перподонитті (тіс түбінің сыртқы қабатының қабынуы) сәулемен емдеу қажет (С. Сұбханбердин, Дәрі — дауа.).

2. *Қабынып ауырған құлақтың ішінен ағатын ірің.* Құлағынан ірің, *бұлақ* аға қалса, оны дереу дәрігерге көрсеткен жөн (М. Исамбаев,.. Мед. анықтама). Стрептококк микробтары тамақты, жұтқыншақты, шіріген тістерді, *бұлақ* аққан құлақтарды төңіректейді (М. Қайрақбаев, Ескерм. ауру.).

БҰЛАҚСЫЗ с ы н. *Бұлақ болмайтын, бұлағы жоқ.* Сулы жер құрақсыз болмас, Таулы жер *бұлақсыз* болмас (Мәтел).

БҰЛАҚСЫМАҚ з а т. э к с п р. *Толық мәнді бұлақ емес, бұлақ сияқты.* Ондайлар тап-таза, мөп-мөлдір болғанымен, боларболмас жылап аққан шала-жансар *бұлақсымаққа* ұқсайды (Ө. Қанахин, Жас дәурен). Деді өзен: Түрің мынау, *бұлақсымақ*... Сонда да үн қатпайды бұлақ шыдап. Күлді үнсіз, дауласпай да, қарсы келмей, Тек суын алып қашты тамшы бермей (З. Шүкіров, Арал.).

БҰЛАҚТАЙ с ы н. 1.*Бұлақ сияқты, бұлақ тәрізді.* Ол адам жанының сылдыраған таза *бұлақтай* мөп-мөлдір боп тұруын ғана аңсайды (Н. Ғабдуллин, Сар. жапырақ). Қайран, мөлдір *бұлақтай* таза көңіл! (С. Жүнісов, Жапанда.). Біресе нұр сағымдай бұлдырайсың, Біресе жас *бұлақтай* сылдырлайсың. Жүгірсең, сағым қуып жетермісің? Жүгінсең, су боп ағып кетермісің?! (Т. Нұрмұхамедов, Күн.). 2. А у ы с. *Сүті мол, көп.* Төрт баламен қалған Дәметкеннің бар күн көрері — сүті *бұлақтай* інгені (І. Есенберлин, Қаһар). Соңғы кезде Судыр Ахметтің иті қырын жүгіріп жүр: сауып отырған *бұлақтай* қараша інген жаман шөп жеп арам өлді (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). ◆ **Таудан аққан бұлақтай.** а) *Сарқырап, күркіреп.* Кілем жайып, көкке ұшып, Арман қылар кезі емес. *Таудан аққан бұлақтай,* Сарқырайды бір сарын (А. Тоқмағамбетов, Сайра. бұлбұл). ә) А у ы с. *Қарқынды, қайратты.* Отыз деген жасым-ай, *Таудан аққан бұлақтай.* Қырық деген жасым-ай, Қырымға да көз салған, Байлаулы тұрған құр аттай (Үш ғасыр.).

БҰЛАҚТАЙЫН с ы н. ф о л ь к. **Бұлақтай.** Ұйықтасын деп бөбегін, Домбыраның қос ішегін Жамбыл бабаң қағады, Аққан сайын өлеңі *Бұлақтайын* ағады (Жамбыл, Таңд жин.). Қайнаған *бұлақтайын* дариям бар, Құмыңды Сыр бойына теңедің бе? Күн ыстық, көлеңкесіз, көктемі аз, Сыйы жоқ Кербаланың шөл жерінде (Айтыс).

БҰЛАҚТАН е т. *Бұлақ болып ағу.* Жаздың лебі қарды ақтарып, Тауларынан айналаның. Ылай сулар *бұлақтанып,* Сел астында қалды шабын (І. Жансүгіров, Шығ. жин.). *Бұлақтанып* төгілді қан, Найзадайын шыңдарыңнан. Бүгілмеді, бірақ сенің, Жат алдында сынып белің (Ә. Сәрсенбаев, Өленд.).

БҰЛАҚТАНУ *Бұлақтан етістігінің қимыл атауы.*

БҰЛАҚТЫ с ы н. *Бұлағы бар, бұлағы көп.* Қопа кең шалғынды, жылып аққан мол сулы, мөлдір *бұлақты* және тауға қараған төрінің көбі тал, терек, жасыл, әсем жас тоғай (М. Әуезов, Таңд. шығ.). ... Сансыз қайнар, қолқа тарауындай көп *бұлақты* Алатау (Қ. Әбдікадыров, Мақташы.). *Бұлақты* жер — тұрақты жер (Мәтел).

БҰЛАҚША[1] з а т. э к с п р. *Кішкентай бұлақ.* Әне бір *бұлақшаны* айтасың ба? ... Тәйірі оны қойшы, суы бір қора қойға жетпейді («Лен. жас»).

БҰЛАҚША[2] ү с т. *Бұлақ сияқты, бұлақ тәрізді.* Кішкене күйеудің тілі одан әрі ағытыла түсті. Оның сөзі бейне бір көзі ашылған *бұлақша* сорғалады (Х. Есенжанов, Көп жыл.).— Солай ма? Арық екен сіңірі қатқан!— Семіз емес, сүті бар *бұлақша* аққан!— Сиырың сенің сүтті көп бере ме? Қол талып саусақ бітпес бір күнде де! (Т. Жабаев, Із).

БҰЛАЛА е т. с ө й л. *Еркін, ерке өсіру, бұла етіп бағып-қағу.* Қызыл ат, сүйген достым, егісте оздың, Айна көз, сұлу үнді, құралайым. Оралып қаз мойныңды, құшып сенің, Айналып сылап-сипап *бұлалайын* (С. Сейфуллин, Шығ. жин.).

БҰЛАЛАУ *Бұлала етістігінің қимыл атауы.*

БҰЛАЛЫҚ з а т. *Бұла болушылық, еркіндік, ерке өскендік.* Бұрынғыдай бұйығы емес, ашық-жарқын. Жүріс-тұрысында бір еркіндік, *бұлалық* бар (Б. Тоғысбаев, Асыл адам.).

БҰЛАН[1] з а т. *Салалы, үлкен мүйізді, аша тұяқты, бұғы тектес ірі аң. Бұлан* басқа аша тұяқтыларға қарағанда өте үлкен аң. Оның тұрқы үш метрдей болады, ал шоқтығына дейінгі биіктігі екі метрден асады. Ұрғашысының салмағы 300, еркегі-

нің салмағы 600 килограмдай (Х. Қыдырбаев, Дала көркі). Қазақстанның солтүстігіндегі ормандарда *бұландар* қазір де кездеседі (Қ. Қайымов, Қызықты зоол.). Жасанған театрдағы ойыншыдай, Құздардың көрінеді аң алаңынан. Қиынның жынысында бар деседі, Сілеусін, ілбіс, ау, бұғы, *бұлан* (І. Жансүгіров, Шығ. жин.). ◆ **Бұлан көз.** *Көзі бұланның көзіндей, көреген.* Күн сәске түс, қандай *бұлан көз* болсаң да алыстағыны көре алмайсың, күн сәулесіне көз отың шағылады (Ғ. Сыланов, Дөң асқан).

БҰЛАН[2] с ы н. *Еш қиындық көрмей бұла боп еркін өскен; ерке.* Жеріне біздің жақтың лайық ері, Ер палуан, аңшы мерген, әншіл, сері. Жасынан жүйрік міниң өскен *бұлан*, Жау жүрек ер көңілді жігіттері (С. Сейфуллин, Өленд.). Айтайын бір сын мен саған, Еркелеп өскен *бұланым*. Сегіз жыл тынбай аңсағам, Осынау күннің шуағын (І. Мәмбетов, Табантал). Ер жетіп ұлан, Жігіт боп *бұлан*, Жасасын қызық дәурен деп (С. Бегалин, Таңд. шығ.). ◆ **Бұлан боп өсті.** С ө й л. *Бұла боп өсті.* Өмір бойы қиындық көрмей *бұлан боп өскен* жігіт күйрек екен (Ә. Тарази, Үлкен ауыл). **Бұлан күш.** С ө й л. *Бұла күш.* Мені таудан қаңбақтай домалатып, бөлмеге әкеп қуып тыққан алапат, *бұлан күш* те осы сезім екен (Н. Сералиев, Ақ қайың). **Ерке бұлан.** *Ерке, бұла боп өскен.* Сәкен былайғы жұртқа — ел ағасы, ер азамат болып көрінгенмен, өз анасы үшін әлі де сүйкімді жас ұлан, *ерке бұлан* (Ә. Көшімов, Лашын.). Еңбекші елдің ұланы, Кеңестің *ерке бұланы* Жеткіншегі кедейдің — Тегіс жаса пионер! (Ш. Иманбаева, Өленд.). // Э к с п р. *Еркетотай, шолжың.* Шалқыманың *ерке бұлан* шолжыңдығы жоқ, соған қарай ынжық, ұялшақ та емес (А. Хангелдин, Өткен күн.).

БҰЛАН[3] е т. *Бұла (3) етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Арғымақ жабы көрінер, Аса шауып *бұланса*. Айдың көл батпақ атанар, Айдыны құрып суалса (Ғ. Сыланов, Домбыра.).— Бір кезде біздің Жыланды Бір ру — Құлдың жері еді. Қан менен терге *бұланды*, Жүзді ұрлап, бірді жебеді (Ж. Молдағалиев, Шығ. жин.). Жүйріктің жолы ұзармас, Шаң жұта шауып *бұланбай*. Ақ сұңқар қаны суымас, Айдынға құлап қу алмай (Х. Өтегалиева, Ана жыры).

БҰЛАНДАЙ с ы н. *Бұлан сияқты, бұлан тәрізді.* Ескек желдей ағындап, Қой, қозысы құландай, Ешкісі бөрте *бұландай*, Колхозда өскен түлігім (Жамбыл, Шығ. жин.). Құдия шапқан құландай, Жымия қашқан *бұландай*, Бауырымды жазамын (Ақын жырлары). Қағынан безген құландай, Тауынан безген *бұландай*, Сол бір қытымыр заманда Жүректе сүлде қалмаған (Сәлем саған.).

БҰЛАНДАЙЫН с ы н. ф о л ь к. **Бұландай.** Тобықты естіп пе едің Құнанбайым, Ол болған заманында *бұландайын*. Меккеден сауап үшін бір үй салды, Қадиша, асылың бар ма осылардайын (Айтыс).

БҰЛАН-ТАЛАН е т. 1. *Абыр-сабыр, астан-кестен, ұйқы-тұйқы, аласапыран.* Аз үйлі жатақ *бұлан-талан* бір жағына қарай сырылып кеткелі жатыр (Ғ. Мүсірепов, Таңд. шығ.). Қыздың көңілін жадырату үшін жымиғаны болмаса, Серіктің де іші *бұлан-талан* (М. Гумеров, Сүйе ме?). Осынау қан майданда *бұлан-талан*, Түсіпті жау қолына бір жас ұлан. Жақсылық жәрдемшісі қарлығаштай, Жауына—у, жолдасына—су тасыған (Ә. Тұрманжанов, Менің кітаб.). 2. *Қатты ашулану, ыза болу, тулау.* Сол оймен ішкі дүниесі боранға толып, ол залдан *бұлан-талан* шығып кетті (Ж. Жұмақанов, Махабб.). Келсе, қалыңдық *бұлан-талан*. Қырамын да жоямын... деп жатыр екен (Ж. Молдағалиев, Сарарқа.). Астан-кестен, *бұлан-талан*, Айтатыны: «Сотқа барам». Ақырындап жақын барып, Жалынышты, дедім: «балам» (Б. Майлин, Шығ.). ◆ **Бұлан-талан болды.** а) *Астан-кестені шықты, ұйқы-тұйқы болды.* Бектас іші *бұлан-талан боп* өртеніп бара жатқандай (А. Байтанаев, Қайнар.). Алыстан, Жайылмадан әрі, Шабақты өзенінің төменгі сағасынан қою шаң көрдім. Көңілім де *бұлан-талан боп*, шаңдатып сала берді (С. Бақбергенов, Қарға там.). ә) *Жатып кеп ашуланды, тулады, ызаланды.* Ләззәт сәтсіз мезгілде келіп қалғанына өкінді. Сонда да *бұлан-талан боп* жүрген Айғаншаның қасына кеп сәлем берді (Т. Ахтанов, Дала сыры).— Не ұяты бар, ұялсаң неге алып келдің?— деп *бұлан-талан болды* (Ж. Жұмақанов, Махабб.).

БҰЛАНША ү с т. *Бұлан тәрізді, бұлан сияқты.* Құлындары құланша ойнап, Бұзаулары *бұланша* ойнақ Салған дала,

жайнаған гүл (А. Тоқмағамбетов, Таңд. шығ.).

БҰЛАҢ[1] з а т. **1.** *Ұзындау, шұбалаңқы нәрсенің (құйрықтың) арлы-берлі теңселуі, тербелуі; бұлғақ қағуы.* Алқынып келіп жеткен ит аузын сала бергенде, түлкі құйрығының *бұлаңы* иттің бетін басқа жаққа жіберіп, өзі бұлтарып басқа жаққа зытады (Ш. Айманов.., Қыран.). Ат құйрығының *бұлаңы* оның жүрісіне байланысты болады («Жетісу»). **2.** А у ы с. *Бүлкіл жүріс, жортақ.* Біз бір қалыпты *бұлаңмен* жүріп отырдық (Б. Майлин, Шығ.). Оның бар есі-дерті — осылайша *бұлаңмен* отырып таң ата ел шетіне ілігу («Соц. Қаз.»). **3.** А у ы с. *Түлкі құлық, айла.* Табақтас Ықшылбаймен Жапар қалды. Орнына Жарқымбай боп жаңаланды. Түлкідей Ықшекеңнің *бұлаңы* бар, Жақындан қолтығына кіріп алды (І. Жансүгіров, Шығ. жин.). **4.** С ө й л. *Ерке, еркін, бұла боп өскен; бұлан (2).* Әйтеуір осы ел аузына іліккен жаужүрек әкенің арқасында Байтабын да *бұлаң* өсті (І. Есенберлин, Қаһар). Күлімбала шал-кемпірдің ортасында *бұлаң* өскен жалғыз қыз (Б. Соқпақбаев, Бастан кеш.). «Күнәлі», «қанды мойын» — деген лақап, Дедектен қыз құрманы келді тақап. Жігіттің бұл да *бұлаң* бір бағланы, Көрінді жауқазындай еті де әппақ (І. Жансүгіров, Шығ. жин.). ◆ **Бұлаң берді.** *Бір сәт көз алдынан өтті, елес берді.* Өлер алдындағы қанды айқас көз алдынан *бұлаң берді* (М. Иманжанов, Адам.). Ақшыл сәуле кейде *бұлаң беріп,* жол көбелегін шалып қалады (Алғы шепте.). **Бұлаң етті. а)** *Жалт берді, қарап етті, кенет көзге түсті.* Сәске кезінде төңірегін ақ селеу басқан шоқ жүзгеннің түбінен *бұлаң етіп,* құмның түлкісі қиғаштап, еңіске қарай ұра жөнелді (С. Бақбергенов, Қарға там.). Кенет қарсы алдынан алтайы қызыл түлкі *бұлаң ете* түсті (Қ. Жұмаділов, Қаздар.). ә) А у ы с. *Көз алдынан көлеңдеді, елестеді.* Түні бойы телміре қараудан қажыған көзінің алдына көлеңкедей қараң етіп, көрген түстей *бұлаң етіп* бірдеме елестегендей болды (С. Талжанов, Адам.). Құлағына дейін қызарып кетті де, сүйген сұлуы көз алдынан бір *бұлаң етті* (Р. Райымқұлов, Бұрылыс.). **Бұлаң қақты.** а) *Бұлғақтады, желбіреді.* Алдыңғы оқушының қолындағы қызыл шашақты жалау толқи желбіреп, етегі *бұлаң қағып* келеді (Н. Ғабдуллин, Қызық дәурен). Өткен түндегі қатты жауыннан кейін айнала-төңірек құлпырып кеткен. Қызғалдақтар *бұлаң қағады* («Қаз. әдеб.»). ә) А у ы с. *Мың бұралды, майысты, сылаңдады.* Ажар-көрік, шолпы тағым мінсіз еді, Көрген жан құмарланған тілсіз еді. Ерке өсіп сахарада *бұлаң қаққан,* Ішінде гүл бақшаның хор қызы еді (Б. Майлин, Шығ.). б) Э к с п р. *Еркін, ерке, әсем қозғалыс туралы.* Келеді дәл үстінен төмен ағып, Желігін басады аттар *бұлаң қағып.* Ілияс, Жексенаймен тап бермекке, Жолға жақын орманнан тұрды бағып (Н. Баймұратов, Қанды жорық). Батқанда қырдың күні тұмандатқан, Қатқанда Сырдың суы *бұлаң қаққан.* Күл көрпе, қорда төсек, қолға байлап, Үкілеп қара таспен тұмарлатқан (І. Жансүгіров, Шығ.). **Бұлаң құйрық.** а) *Жорытып отыратын, ылдым-жылдым өнімді жүріс.* Ұсабайдың аулынан шығып, қара жолмен, ылғи *бұлаң құйрық* жүріспен жүріп отырып, кешке ең шеткі поселкеге келдік (С. Сейфуллин, Тар жол.). Ыстаптан бері шыға, белгілі *бұлаң құйрықпен* жортып келе жатқан аттарын Қабанның көшесіне кіре, екпіндете жүргізді... (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз). ә) А у ы с. *Қу, айлакер, алдамшы.* Өмір деген *бұлаң құйрық* түлкі сияқты деуші еді менің кейбір жолдастарым (А. Байтанаев, Қайнар.). Әккі болған кәрі аңшы Аңға шығып бір күні. Ұстап алды алдамшы, *Бұлаң құйрық* түлкіні (С. Мәуленов, Құлыншақ). **Бұлаң құйрыққа салды. а)** *Ылдым-жылдым жүрді, жорытып отырды.— Бұлаң құйрыққа салып* кетсеңіздер, көз байлана жетіп қаларсыздар (Ә. Әбішев, Найзағай). **Сәске түске дейін суыт жүріп келіп,** содан кейін *бұлаң құйрыққа салды* (Ж. Тілеков, Жоңғар). ә) А у ы с. *Айлаға көшті, құлыққа басты.*—Және осы уақытқа дейін *бұлаң құйрыққа салып* бізге қосылмай алдап жүрген билердің бәріне де хат жазыңдар (І. Есенберлин, Қаһар). ... Басқарма председателі: «Бүгін-ертең ауысқалы отырған шағымда елдің ақсақал-қарасақалын ренжітіп қайтемін»— деп, *бұлаң құйрыққа сала* берді (Ж. Молдағалиев, Сарарқа.). **Бұлаң құйрықтатты.** *Жорытты, ылдым-жылдым жүріске салды.* Сарыбала жауап қайырмастан жүріп кетті. «Жарықтан» шыға сала *бұлаң құйрықтатып* барады (Ғ. Мұстафин, Көз көрген).— Сонау белеске шыққан ар жағында ел қалай көрінбес екен. Жүріңкірелік,— деп *бұлаң құйрық-*

т а т ы п жүріп барады (С. Шарипов, Бекболат). **Түлкі бұлаң.** *Құлық, айла, амал.* Қайырдың да *т ү л к і б ұ л а ң ы,* айла-шарғысы көп (О. Сәрсенбаев, Сағым). Қыз, келіншек жағы бұлардың *т ү л к і б ұ л а ң ы н а* беріле қойған жоқ (С. Төлешев, Түрлі. бас.). **Түлкі бұлаңға салды.** *Айлашарғыға көшті, құлыққа басты.* Бүркіт қыза бастаған көк жорғаның тізгінін тарта түсіп, *т ү л к і б ұ л а ң ғ а с а л д ы* (І. Есенберлин, Қатерлі.). Шахтком председателі *т ү л к і б ұ л а ң ғ а с а л ы п,* енді «сенің үйің бар» деуге шықты («Лен. жас»).

БҰЛАҢ[2] з а т. 1. *Бұрылыс, бұлтарыс, қалтарыс.* Тау іші суық. *Б ұ л а ң ы* көп. Сондықтан болар басқа келген ой да қымқиғаш, берекесіз, әр тұстан бір жылт етіп жанып-сөніп жатқандай (Ә. Тарази, Құйрықты). 2. А у ы с. *Қиын-қыстау жол, ауыртпалық, қиындық.* Оң бұрасаң домбыра, Жырын айтар соңғыға: «Бұлдыр-бұлдыр заманның, *Б ұ л а ң ы н а н* өткемін» (Ж. Сыздықов, Асулар). // С ы н. м. *Қалтарысы көп, ауыр, қиын (заман).* Іргеңді қымтап, сайма-сай жүрмесең, мына *б ұ л а ң* заман артыңды ашып кетеді, кемпірім (О. Сәрсенбаев, Сағым). Сонда дағы қайтпастан, Тарихтың *б ұ л а ң* жолымен. Халық тізгін тартпастан, Алған бағын қолымен (Т. Жароков, Шығ. жин.).

БҰЛАҢ-БҰЛАҢ: **бұлаң-бұлаң етті.** *Бірнеше рет бұлаңдады.* Дәмелі аспан түстес көгілдір көйлекке малына киінген. Қос бұрым жерге тиер-тимес болып *б ұ л а ң-б ұ л а ң е т е д і* (І. Есенберлин, Айқас).

БҰЛАҢДА е т. 1. *Бір нәрсенің (құйрық, бұрым т. б.) ырғалып теңселуі, тербелуі, ерсілі-қарсылы қозғалуы.* Әйтім де, Нұржан да ол мегзеген жаққа жалт бұрылып қарап еді, ағаш арасымен артына жалтақтап, құйрығы *б ұ л а ң д а п* зыта жөнелген кішкене аңды көздері шалды (Н. Ғабдуллин, Қызық дәурен). Ол сымбатты денелі, қазақ қыздарындай тірсегіне түсе *б ұ л а ң д а ғ а н* қос бұрымды, оқтаудай түзу, бір асқан көркем жан (І. Есенберлин, Қатерлі.). // *Желбіреу.* Қызыл қол қырға қаптады. Қызыл тулар қыр астында *б ұ л а ң д а д ы.* Дала қып-қызыл нұрға толды (І. Жансүгіров, Жолдастар). Бүгін Нұрила ақ жібек көйлек киіпті. Тау жақтан ескен желмен етегі майыса *б ұ л а ң д а й д ы* (С. Сарғасқаев, Біз төртеу.). 2. А у ы с. *Құйрығын бұлғаңдатып еркелеу, жағына қарау (ит жайында).* Көңілденіп, *б ұ л а ң д а п* өзіне жағына қарағаң ала мойнақ итке қарап Мүсірәлі: — Кет! ... Анау итті шығарып жіберші! — деді (С. Сейфуллин, Әңгім.). Көптен келмеген Ермекті сағынып қалған Аққасқа аяғына оралып *б ұ л а ң д а п* еркелейді (С. Бегалин, Таңд. әңгім.). Кетті-ау бәрі мұны алдап, Қарайды ол таң болып. Шықты иті *б ұ л а ң д а п,* Аузы-басы қан болып (С. Мәуленов, Құлыншақ). 3. А у ы с. *Құлыққа басу, құтыңдау; алдамшы әрекет істеу.* Тезектің сырттан келген жауға қарсы тұрар не күш, не батырлығы жоқ, түлкіше *б ұ л а ң д а п,* айламен күнелтуге түскенін осылай ашып алады (М. Әуезов, Әр жыл.). Ақбөбек сәйкілікпен бұрандадың, Бұл дәурен өтер десем тіл алмадың. Түлкідей қырдан қашқан қызыл алтай, *Б ұ л а ң д а п* қыр көрсетіп құр алдадың (Б. Адамбаев, Ақбөбек). Бара жатқан *б ұ л а ң д а п,* Көрді Ильич түлкіні. Кетпес үшін бұл алдап, Кезей койды мылтығын (Қ. Баянбаев, Ильич.). 4. А у ы с. *Майысу, бұралу, қылмыңдау, сылаң қағу (адамға қатысты).* Анардың жанына Нәргүл алтайы қызыл түлкідей *б ұ л а ң д а п* кеп отырды (Р. Райымқұлов, Бұрылыс.). *Б ұ л а ң д а п* сылқ-сылқ күліп оған Үлбе, Былайша тіл қатады Риддерге... (Ғ. Орманов, Сәт сапары). Тайбурыл атты жетектеп, Қобыландыдай бөрінің *Б ұ л а ң д а ғ а н* қыз Құртқа Алдынан кетіп барады (Қобыланды.). // Э к с п р. *Жағыну, жағымпаздану; жылмаң қағу.* — Онда мұныңыз данышпандық екен, — деді Қарсақ иесіне еркелеген итше *б ұ л а ң д а п,* — сол бақытты күнді қарсы алу үшін не істеуді бұйырар екенсіз? (Ә. Әбішев, Замана.). 5. П о э т. *Ирелеңдеп, бұралаңдап тез ағу, еңіске қарай құлау (өзен, бұлақ жайында).* Әсем-ақ қой Алматының *Б ұ л а ң д а ғ а н* тау өзені, Жасыл дүние жаннатының Бал бұлағы, бау өзегі (Ж. Молдағалиев, Шығ.). Күркірей ағып күлдіреп, Күміс қары шешіліп, Тастар ағып домалап, Жырасын сайдың қуалап, *Б ұ л а ң д а п* ағып жол алып, Теңізге тартты есіліп (Қ. Жапсарбаев, Өленд.). Ерке өзен, елі сүйген, батыр өзен, *Б ұ л а ң д а п* ағып елге жатыр төмен. Ешбір жау ернеуінен аттай алмас, Тұңғиық сыры күшті жатыр терең (К. Тастайбеков, Өленд.). **6. *Көз алдына қараңдап көріну, бұлдырау, елес беру.*** **Көз алдынан *б ұ л а ң д а ғ а н*** қызғылт сәуле кетпей қойды (Қ. Жұмаділов, Көкейкесті). — Қарашы, әке, аға, — деп, — тамашаны, Жөнелді асығып бала жаны. **Көз алдынан *б ұ-***

лаңдап өте шыққан, Секілденіп досымның бала шағы (Ғ. Қайырбеков, Құрдас). Арман, арман алдымда *бұлаңдаған*, Тыныштықты бермеші сірә маған. Бірде қон да қолыма, бірде қонба, Адам ба, әсте күлмеген, жыламаған?! (І. Мәмбетов, Өсиет). 7. Сөйл. *Бұлғақта.* Иығын кекжең еткізіп жүріп кетті. Шелегі оң қолының қарында *бұлаңдап* барады (М. Сүндетов, Ескексіз.). Доңғалақтары *бұлаңдап*, Шиқылдақ майсыз арбадай, Жүрмейақ қойды бір оңдап, Тартыншақ жапа-тармағай (Ж. Молдағалиев, Шығ.). 8. *Бұла боп өсу, еркелеу, еркінсу.* Ұзатылған қыздың есімі *бұлаңдаған* еркелігіне орай, «Тотай» атанып кеткені есінде (Т. Әлімқұлов, Туған ауыл.). *Бұлаңда* дәурен өтпей басыңнан қыз, Сүйегің жаратылған асылдан қыз. Лебізің, сөзің — шырын, маржан — тісің, Кеткісіз келген адам қасыңнан қыз (Үш ғасыр.). 9. Поэт. *Ауыздықпен алысу, алысуру, тыпыршу (міністі ат жайында).* Лақабы — әлде әулие, әлде пері, Арқаның атақтысы **Ақан сері. Кекшеде** сұлу сүйіп өлең айтқан, *Бұлаңдап* тақымында Құлагері (І. Жансүгіров, Шығ.). Астымда Керкекілім *бұлаңдайды*, Сұлу қыз кербезденіп сылаңдайды. Ауылын сүйген жардың ізден бармай, Көңілім еш уақытта тына алмайды (Біржан сал, Өленд.). Енді артына қараса, Тағы бір ат көрінді, *Бұлаңдаған* шабысы. Оны байқап қараса, Мақтымнан түскен Тарлан ат (Қамбар батыр). ◆ **Бұлаңдап өсті.** *Еркелеп еркін өсті, еш нәрседен таршылық көрмеді.* Сол төрт ұлдың ортасында *бұлаңдап өскен* Шұға дейтін қызы болды (В. Майлин, Шығ.). Кеше ғана *бұлаңдап өсіп* келе жатқан Дәмежан **соңғы** кезде тез есейіп сала бергендей **болды** (Ә. Қалмырзаев, Ар).

БҰЛАҢДАТ *Бұлаңда етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Құйрығын *бұлаңдатып* еркелеген итін бізге қарай жолатпай зекіп, әрі қуып жіберді де, үйге кіргізді (Қ. Сатыбалдин, Қараторғай). Қайдан келе жатқаны белгісіз, көк жорғасын *бұлаңдатып*, ойда жоқ жерден Әкпар жетіп келді (І. Есенберлин, Қатерлі.).

БҰЛАҢДАТҚЫЗ *Бұлаңдат етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БҰЛАҢДАТҚЫЗУ *Бұлаңдатқыз етістігінің қимыл атауы.*

БҰЛАҢДАТТЫР *Бұлаңдат етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БҰЛАҢДАТТЫРУ *Бұлаңдаттыр етістігінің қимыл атауы.*

БҰЛАҢДАТУ *Бұлаңдат етістігінің қимыл атауы.*

БҰЛАҢДАУ *Бұлаңда етістігінің қимыл атауы.*— Қарсақ,— деді Кемел қадалған көзін алмастан,— түлкіше *бұлаңдауың* да, қоқан-лоқың да жетер енді (Ә. Әбішев, Замана.), Шоғырмақ, талай жерді бүлдіргенің, Досты жылатып, дұшпанды күлдіргенің. Түлкідей шыңнан қашқан *бұлаңдаушы* ең, Төскейде ақиыққа ілдіргенің (Ақан сері, Шығ.).

БҰЛАҢДЫҚ: **түлкі бұлаңдық.** *Қулық, айлакерлік.* Ұстаздық әдетімен тура сөйлеп, ашық ақыл айтуға үйренген Ғұбайдолла ел басқарып қалған інісінің осы мінезін жаратпайды-ау. Бұл белгілі *түлкі бұлаңдық* (Х. Есенжанов, Тар кезең).

БҰЛАҢЫТ ет. көне. *Көмескілену, буалдыр тарту.* Қыр жағында жусан, тыныстап жатқан қалың жылқы, кермедегі тан асырған аттар елестесе, сол *бұлаңытқан* қалың мұнардан қарттардың қарқ-қарқ күлгені естіледі (О. Бөкеев, Қамшыгер). Мұрты қандай еді, бет-аузын жыбырлатып жіберді. Онда *бұлаңытқан* ертек іспетті қызық түн еді ғой? («Қаз. әдеб.»).

БҰЛАҢЫТУ *Бұлаңыт етістігінің қимыл атауы.*

БҰЛАСТЫР ор. зат. мед. *Жаралы жерге, жарақатқа жапсыратын, бетінде жабысқыш дәрілік қоспасы бар зат; «пластырь».* **Аптектен** *бұластыр* ала келші, керек болып тұр (Ауызекі тіл).

БҰЛАУ[1] зат. 1. *Ауырған жерді ыстық бумен булайтын халық емі.* Өзіміз де *бұлау* жасадық. Әйтеуір айықпай-ақ келеді (Қ. Исабаев. Айқыз). Қариялардың айтуынша, мұндай *бұлаудың* нәтижесінде ісік жедел қайтатын болған (Х. Арғынбаев, Қаз. этногр.). Адамға шаншу қадалып қалса, дымқыл жылылықтың, әр түрлі *бұлаудың* пайдасы өте зор (С. Сұбханбердин, Дәрі — дауа). 2. Ауыс. *Бір нәрсенің (күннің, ыстық құмның) қыздыруы, ыстығының өтуі.* Күндізгі қызыл күннің шыжытқан *бұлауынан* жер жүзінің жаңа ғана мөлдіреп салқын тері шыққан тәріздәі (С. Сейфуллин, Әңгім.).— Бекер болған екен. «Қырдағы егіннен қырмандағы дән артық» дегендей, қыздыры-

нып, көсіліп жататын Қызылқұмның *бұлауы* жақсы еді бұдан да («Лен. жас»). ◆ **Бұлау болды.** *Бұлауға түскендей терледі, шып-шып тер шықты.* Манағы тер тер ме, қара шал енді *бұлау боп* қалды (А. Сүлейменов, Бесін). Сондағы Құлмамбеттің сөзі мынау: Арам тер талай ақын *болды бұлау.* Жамбылға сонда тұрып былай деді, Басқасы болмаған соң аяқ ылау (Айтыс). **Бұлау тер.** а) *Бұлағанда шығатын тер; бұлаудың нәтижесінде пайда болатын тер. Бұлау терінді* қатырып алма, тағы да ауырып қаласың (Ауызекі тіл). ә) А у ы с. *Ащы тер, ақ көбік тер.* Қара таудай буралар, Қара бұйра шудалар, Бура жерге шөгеді: *Бұлау терін* төгеді (Ә. Табылдиев, Атымтай). **Құм бұлау.** *Құмнан жасалған бұлау.*—Ыссылысуықтан шығар бәрі де. Жазда *құм бұлау* алсаңыз немесе тұзға түссеңіз кетер (М. Сатыбалдиев, Қоңыр қозы). Сұлтанмахмұтты соған жатқызды. Кешке құм қайнатып, екі жауырынның астынан *құм бұлау* берді (Д. Әбілев, Ақын.). **Тас бұлау.** *Тасты қыздырып жасаған бұлау.* Мұндай ауруды халық әдетте *тас бұлаумен* емдейді (Ауызекі тіл).

БҰЛАУ [2] *Бұла (2) етістігінің қимыл атауы.* Шапай жылауда еді. **Көз жасын көл қылып,** *бұлауда* еді. Қайтсін, шерлі ғой, Тұрмысы бұғауда еді (Б. Майлин, Шығ.). Еңбекшіл тап бүгін еңіреп жылауда, Ерін жоқтап, қайғы-күйін жырлауда. Қатын-бала, кәрі-жасы күңіреніп, Омырауын ыстық жаспен *бұлауда* (С. Сейфуллин, Шығ. жин.).

БҰЛАУДАЙ: беті бұлаудай. *Көп жылағандықтан беттің ісіп кетуі.* Қалайша түзде жүргенін оның, Боранда дүлей мынандай. Тұрғандай айтып жүрісі оның, Көзде жас, *беті бұлаудай* (Ш. Мұхамеджанов, Ана.). Назикен ашуға булығып оралды. Жылаған-ау шамасы. *Беті бұлаудай.* Көздері қызарып кетіпті («Лен. жас»). **Екі көзі [көзі] бұлаудай.** *Жылай-жылай екі көзі күп болып ісіп кеткен.* Анам байғұс әкемді үйге әкелгеннен бері *екі көзі бұлаудай* (Ж. Саин, Жол үсті.). ... Кеңсеге кірсем, Қарғаш оңаша отыр. *Екі көзі бұлаудай* ісіп кеткен (С. Шаймерденов, Қарғаш). Жүзі шүберектей құп-қу. *Көзі бұлаудай;* жас шықпай ықылық ата береді (М. Сүндетов, Ескекші.).

БҰЛАУЛА [1] е т. **1.** *Бұлау жасау, бұлау істеу; бұлау алу, қабылдау.*— Былтыр Бәзелей ағай моншасына түсіріп, ай бойы *бұлаулады.* Өзіміз де бұлау жасадық. Әйтеуір айықпай-ақ келеді (Қ. Исабаев, Айқыз). Оны ушықтырмай, тез қайтару үшін түйені *бұлаулайтын,* яғни усойқының немесе итсигектің түбірін көбірек етіп бір жерге өртейтін де, ыстық күлдің тұсына түйенің ұмасы келетіндей етіп шөгеріп, үстін туырлықпен жабулап, түйені терлететін (Х. Арғынбаев, Қаз. этногр.).

БҰЛАУЛА [2] е т. *Көзі жасқа толу, көп жылау.* Екі көзіңді *бұлаулап* неғып отырсың, тұр орныңнан,— деді әкесі («Қаз. әдеб.»).

БҰЛАУЛАН *Бұлаула етістігінен жасалған өздік етіс.* Ызалы жастан *бұлаулаған* екі көзі Қоңырқұлжа көйлегінің етегіне қадалған (І. Есенберлин, Қанар).

БҰЛАУЛАНУ *Бұлаулан етістігінің қимыл атауы.*

БҰЛАУЛАТ *Бұлаула етістігінен жасалған өзгелік етіс.* ... Кәрі әжесіне *бұлаулатқан* екен, ақыры содан тәуір болыпты (Ауызекі тіл).

БҰЛАУЛАТУ *Бұлаулат етістігінің қимыл атауы.*

БҰЛАУЛАУ *Бұлаула етістігінің қимыл атауы.*

БҰЛБҰЛ и р. а р. з а т. **1.** *Орман-тоғайда, нулы жерде, бақта болатын даусы әдемі, кішкене әнші құс; сандуғаш.* Сол кезде қарсы беттегі тал бұтағынан *бұлбұл* сайрады (С. Шаймерденов, Болашақ.). *Бұлбұлдан* шешен бір құс жоқ,— Бармақтай-ақ қарасы. Оқтан жылдам ажал жоқ,— Тырнақтай-ақ жарасы (С. Сейфуллин, Шығ. жин.). Таңдайынан бал тамып, Бақта *бұлбұл* сайрайды. Таңнан қызыл нұр алып, Құлпырып бақша жайнайды (С. Бегалин, Өлеңд.). **2.** А у ы с. *Даусы әдемі, сазды, әнші (адам).* Қазақ халқының *бұлбұлы* Күләш Байсейітоваға небары 24 жасында Совет Одағының халық артисі деген аса жоғары құрметті атақ берді (Ж. Рсалдин, Ахмет Жұбанов). Ұйқымды ашып, тыңдай қалсам, Сайрап тұрған бір бұлбұл. Өзіміздің, гүл бағында Өскен *бұлбұл* — Бибігүл! (А. Тоқмағамбетов, Өмір.). Бұл қалада сонау бір жыл Роза атты көп еді қыз. Роза — *бұлбұл,* Роза — бір гүл, Деп келетін өлеңіміз (С. Мәуленов, Таңд. өлең д.). **3.** А у ы с. *Ақын, жыршы, өлеңші; тілге шешен, сөзге жүйрік.* Шебер сөз

шешен айтса сылдырлайды, Сәулесі көкейді алып бұлдырлайды. Ежелден ел *бұлбұлы* ақын шіркін Ән салад, әңгіме айтад, жыр жырлайды (І. Жансүгіров, Шығ.). Жан-жаққа гүлің балбырап, Қызықты дүние сен едің. Орта жүзді қыдырған Жалғыз да *бұлбұл* мен едім (Ы. Сандыбайұлы, Әндер). Дағыстанның *бұлбұлы*, Жайнаған жырдың жұлдызы, Стальский ақынның Есіттім міне өлімін (Жамбыл, Таңд. жин.). 4. Ауыс. Эксп р. *Ділмар, сөзшең, сайрағыш деген мағынадағы кекесін мақтау.* Қамқорлық безектеген сұлу сөзде болса, ондай *бұлбұлдар* біздің алдымызда талай рет диферамб айтып сайраған (Ш. Хұсайынов, Таныс адам.). ◆ **Бұлбұл көмей.** *Әнші, даусы әсем.* Халық тарихы бай. Ел ішінде талай бармағынан бал тамған күйші, *бұлбұл көмей* әнші болған («Қаз. әдеб.»). **Бұлбұл үнді.** *Үні бұлбұлдың үніндей, әдемі, әсем, сазды. Бұлбұл үнді* сұлу көкегі, момын торғайы — осының бәрі Гүлжанды тәжім етіп қарсы алып, «қош келіпсіз!» деп тұрғандай (Х. Мұстафин, Қыр жігіті). Өскен гүл тұра ма екен шешек атпай, Қоймақшы, сандуғашты кім сайратпай. Гүл жүзді, *бұлбұл үнді*, сырлы сөзді — Жас ақын қояр ма жыр сорғалатпай (Қ. Аманжолов, Шығ.). **Көзден [көзінен] бұлбұл ұшты.** *Бір көруге зар болды, аңсады, құмартты.*— *Көзден* дүние *бұлбұл ұшып*, Қарауытып жаны тынды.— Дегенімде жас бөбегім, Ауыр деммен бір күрсінді (С. Керімбеков, Еңбек — ата.). Октябрь революциясынан бұрын біз сияқты кедей-кепшіктің баласына білім алып, оқу оқу *көзден бұлбұл ұшатын* еді («Халық мұғ.»).— Сендерге ғой бәрі бір, күнде көріп жүрген соң қадірі жоқ, ал шетке шығып көрші, *көзіңнен бұлбұл ұшады* (Қ. Жұмаділов, Көкейкесті).

БҰЛБҰЛДАЙ с ы н. *Бұлбұл сияқты, бұлбұл тәрізді.* Жоқ әлде ақынбысың ерге тартқан, Өлеңің өзен судай сарқыратқан. Жоқ әлде әншімісің кең далада *Бұлбұлдай* тыңдаушысын таңырқатқан (Ә. Тәжібаев, Өленд.). Өмір жастар жұлындай, Құйқылжыта ән қоса. Тамылжытып *бұлбұлдай*, Леп береді жаныма (А. Хангелдин, Қыз жүрегі). ◆ **Бұлбұлдай сайрады.** а) *Өте әдемі, сазды дауыспен ән салды, шырқады.* Әншілер ән салды. Әрқайсысының даусы әр түрлі: бірінің даусы жуан, трубадан айғайлаған сияқты, күжілдейді; екіншісінікі — жіңішке, үзілдіріп шырқап, *бұлбұлдай сайрайды* (З. Шашкин, Өмір.). Ал, қалқа, келді кезің жайнайтұғын, *Бұлбұлдай* бақшадағы *сайрайтұғын*. Өнердің қиясына шыққан сайын, Болаттай тастан табан таймайтұғын («Қаз. әндері»). ә) Эксп р. *Сапылдады, сарнады, таңдайы таңдайына тимеді.* Басынан кешкен оқиғаларды *бұлбұлдай сайрап*, Зылиқа айтып отыр (Б. Майлин, Шығ.). Қонақтың қандай оймен отырғанын ойына да алмай Ләйлә *бұлбұлдай сайрап* отыр (С. Шарипов, Шығ.).

БҰЛБҰЛДАЙЫН с ы н. ф о л ь к. **Бұлбұлдай.** Және бір Тілеуқабыл Үсембайым, Сөйлейді шаршы топта *бұлбұлдайын*. Алма тартқан кісіге ат береді, А, Жамбыл, білуші ме ең мұның жайын (Жамбыл, Таңд. шығ.). ◆ **Бұлбұлдайын сайрады.** Ф о л ь к. *Бұлбұлдай сайрады.* Саттығұл ақын мен едім, Бақыттың шығып шыңына. Жаз бағында жайнаған. Жас алпысқа келгенде *Бұлбұлдайын сайраған* (Пернедегі терме.).

БҰЛБҰЛСТАН з а т. *Бұлбұлдар мекені, бақшасы.* Көкшетау ормандары — Жүрегі *бұлбұлстан*. Маңқыстау армандары Көзімнен бір-бір ұшқан (Т. Айбергенов, Өленд. жин.).

БҰЛБҰЛСЫЗ с ы н. *Бұлбұлы жоқ, бұлбұл болмаған.* Бағым *бұлбұлсыз* еді. Енді менің бағымда сайрайтын болды... (Ш. Хұсайынов, Таныс адам.).

БҰЛБҰЛША ү с т. *Бұлбұл сияқты, бұлбұл секілді.* Әнін *бұлбұлша* төгілтіп Бибігүл сахнадағы елді өзіне баурап алды («Лен. жас»). ◆ **Бұлбұлша сайрады.** а) *Мың құбылтып ән салды, шырқатты.* Әсем ән зал ішінде ойнақ салды. *Бұлбұлша сайрады*, сыңқылдап, қызша күлді (С. Бақбергенов, Алтынемел.).— Әр азаматтың үйінде [әніңмен] *бұлбұлша сайрап* тұрсаң, шіркін, ол ұлы мәртебе ғой,— дедім мен (М. Иманжанов, Адам.). ә) Ауыс. Эксп р. *Аузы аузына жұқпайды; қақсады, сарнады.* Екі жолы да, ол алтын жақтаулы көзілдірігін түзеп киіп, майда тілімен *бұлбұлша сайрады* (Б. Тоғысбаев, Алдыңғы.).

БҰЛҒА[1] е т. **1.** *Бір нәрсені жоғары көтеріп (басынан асыра ұстап) ары-бері қозғау, белгі беру.*— Апа! Жазира апа, шаң! Шаң көрінеді,— деді Серік бөркін *бұлғай* айқайлап (М. Сүндетов, Ескексіз.). Мен де мойнымдағы қызыл шұбар орама-

лымды алып *бұлғадым* (А. Лекеров, Қырдағы ән). Пионер үстіндегі қызыл фуфайкасын шешіп алып, темір жол үстінде тұрып *бұлғайды* (С. Мұқанов, Шығ. жин.). 2. *Бір затты белгілі бір нәрсемен араластыру, қозғау, шайқау.* Ұвын таяқтың басына киіз орап буып, бұлғауыш жасап алады да, күйін кетпес үшін қазандағы бөккен тарыны сонымен дамылсыз *бұлғап* отырады (Ө. Қанахин, Жер бас.). «Сіріңке ала кел деп сол тапсырған шығар» — деп ойлады да, қазандағы құртын алаңсыз сапырып, *бұлғап* жатты (Д. Әбілев, Ақын.). Жаңыл *бұлғап* отырған майын тастап, қолын тез-тез сүрте бастады (Е. Қонарбаев, Түнгі от). 3. *Құйрығын бұлаңдату, бұлау.* Иттер жолаушы қарасын алыстан көріп, үріп шыққа да, ауыл адамын танығансын құйрықтарын *бұлғап* қала берді (Ә. Нұрпейісов, Сергелдең). Жөнелді Мұрат қойды айдап, Өзіне кәміл сенеді. Құйрығын *бұлғап* Майлыаяқ Соңында қойдың келеді (М. Неталиев, Шопан.). ◆ Қол [қолын] бұлғады. а) *«Бері кел» деп белгі берді, шақырды.* Шәкен жинастырып қойған бричкаларын, шөп, егін машиналарын көріп тұрды да, *қол бұлғап,* Тоқабайды шақырып алды (Ғ. Мұстафин, Дауыл.). Ол мойнын созып, өзен жақ-қа қарады. Қайратты таныды. *Қолын бұлғап,* жағаға шақырды (А. Сатаев, Аққу.). ә) *Қолын бұлғақтатып, үнсіз қоштасты.* Тамбурда тұрған мамамыз бізге *қолын бұлғап* алыстап барады (С. Шаймерденов, Мінез). Науырыз ақ кемерлі палубаға тез шығып алып, жерде тұрғандарға *қол бұлғады* (Р. Тоқтаров, Ертіс.). Аттанатын болды шақ, Қала берді *қол бұлғап,* Мамам менен папам да. Біріншіні бітіріп, Бірінші рет күтініп, Шықтым алыс сапарға (А. Шамкенов, Сағат.). б) П о э т. *Елес берді, мен мұндалады.* Йықтарымен көк тіреген айыр өркеш қос биік арт жақта мен мұндалап *қол бұлғайды* (Ә. Көшімов, Лашын.). Көзге құр тек елес болып, Жастық шіркін *қол бұлғайды.* «Қош бол, қош бол!» — дегендей тек Еміс-еміс жыр жырлайды (А. Жұмағалиев, Өшп. жалын). Қара лашық сатылды, Құны болды бір есек. Қарақемер шақырды, *Қол бұлғады* келешек (М. Әлімбаев, Таңд. өлең.).

БҰЛҒА [2] е т. с ө й л. Былға. Өлтіріп Ибраһимді жығып салды, Қанжарын қанға *бұлғап* жұлып алды. Жазықсыз бір қалжыңға кісі өлтіріп, Адам сүймес бір іс қып кете барды (Үш ғасыр.).

БҰЛҒАҒЫШ с ы н. *Бұлғау ісін істейтін, араластырушы (адам).* Жаңа қонған жапалақтай жарға ұшып, Жасыратын «жоқпен» жауып «барды» шын. Бармысың сен, сараң шеше құдайдай, Май *бұлғағыш* момын әже, бармысың (Ж. Нәжімеденов, Ұлым.).

БҰЛҒАҒЫШТА е т. *Бірнеше рет бұлғау.* Ол да фуражкасын басынан жұлып алып, самолетке қарай *бұлғағыштап* тұр (Ө. Қанахин, Ауыр күн.).

БҰЛҒАҒЫШТАУ *Бұлғағышта етістігінің қимыл атауы.*

БҰЛҒАҚ з а т. 1. *Бұлғаң-бұлғаң етушілік, теңселушілік; бұлғаң, бұлғалақ.* Ақ жүзді қатын алсаң бойы сұңғақ, Қасында шақырғанда келсе зырлап. Дауысы әу дегенде әрең шығып, Кеудесі еңкейгенде етсе *бұлғақ* (Ақан сері, Шығ.). 2. А у ы с. *Сенделіп бос жүрушілік, найқалушылық.* Еркін *бұлғақ,* сауық-сайранды [Құнанбайға] сездірмеу керек (М. Әуезов, Абай). ◆ Бұлғақ бас. *Сыртын түзеп, сенделіп бос жүретін адам.* Өзің де сырт түзеген болсаң бітеу, Жүре бер көңлің сүйген *бұлғақ басқа* (С. Дөнентаев, Шығ.). Бұлғақ қақты. а) *Бұлғаң-бұлғаң етті, теңселді, тербелді, шайқалды.* Екі самайынан суырылған шаш та суық қадалған көз жанарын жасырып, салқын желмен *бұлғақ қағады* (К. Тоқаев, Тасқын). ә) *Сырт бейнесін түзеген боп, былқ-сылқ етті.* Ол «болдымақ» дей берер, *Бұлғақ қағып* басқанға. Елең қағып елбірер, Елертіп көзді аспанға (Абай, Тол. жин.).

БҰЛҒАҚТА е т. 1. *Ары-бері тербелу, теңселу, шайқалу; бұлғаң-бұлғаң ету.* Сол сәтте көзіме алыста *бұлғақтаған* бір орамал қайта-қайта шалына берді (Н. Ғабдуллин, Қызық дәурен). Айғанша қайырылмай жаурынына түскен қос бұрымы *бұлғақтап,* жүгіріп бара жатты (Ә. Нұрпейісов, Сергелдең). Гүл өсімдіктері басын күнге иіп, самал желмен *бұлғақтайды* (К. Тоқаев, Тасқын). 2. А у ы с. *Қылжыңдау, мас болу.* Ауыздарынан арақ исі аңқып тұр. *Бұлғақтаған* бірекеуін Төлеген кабинеттен шығарып жіберді (Б. Тоғысбаев, Алдыңғы.). Құртып ақыр бар жиғанын тентек ұл,— Кей базарда сатылды шапаны мен бөркі оның. Сараң әке жас төгіп, құдайды да жүр боқтап, Ал баласы тойлардан қайтып келед *бұлғақтап* (Шығыс жұлдыздары). 3. А у ы с. *Бос жүру, сенделу, найқалу.* Орынды іске жұ-

ріп ой таппаған, Не болмаса жұмыс қып мал бақпаған. Қасиетті болмайды ондай жігіт, Әншейін құр бекерге *бұлғақтаған* (Абай, Тол. жин.). Бұл жасынан *бұлғақтап* өскен жоқ-ты (О. Сәрсенбаев, Сағым). Талқылап өздеріншe махаббатты, Әдепсіз сөздер сөйлеп қатты-қатты, АҚШ-тың «ақ нәсілді» жігіттері *Бұлғақтап* сұр көшеде келе жатты (Ш. Смаханұлы, Тотияйын). 4. А у ы с. *Солқылдақтық істеу, толқу; әрі-сәрі болу.* Рас, Ақбала қыз күнінде басқа бір жігітпен көңілдес боп, балықшыға барғысы келмей көп *бұлғақтап* еді... (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). Әуелде: «Екі қатынның үстіне өлсем бармаймын!»— деп, мен де *бұлғақтағанмын.* Бара-бара бәрі ұмыт болды (Ө. Қанахин, Жас дәурен). // *Бір нәрсеге көңгісі келмеу, қылжақтау. Бұлғақтама,* шырағым. Ақ кірпікке тиесің! Қарай гөр мынаның?.. (Д. Әбілев, Арман.). 5. А у ы с. *Еркін, ерке өсу, толықсу, жоқшылық көрмеу, болып-толу; бұлғаңдау.* Қамар осындай сәулетпен *бұлғақтап,* болып тұрған кезінде құдай берген дәулеттің арқасында, абырой, атақ бірдей келіп толып тұрған (С. Торайғыров, Шығ. жин.). Көлінен кеткен құс болдым — *Бұлғақтап* жүрген заманым, Қандай да жерге тұс болдым (С. Сейфуллин, Шығ. жин.). Ешнәрсе ойламайды қыз жасында, Атаның *бұлғақтайды* ордасында. Қадірі ата-анаға ұлдан артық, Бөтеннің тең көрмейді мырзасына (Үш ғасыр.).

БҰЛҒАҚТАҢҚЫРА е т. *Аздап теңселу, сәл ғана бұлғақтау.*— Отағасы, редактор емеспін,— дедім. Оным бастырылып естілмеді ме, бас бухгалтер *бұлғақтаңқырап* шығып кетті (С. Бердіқұлов, Егеулі найза).

БҰЛҒАҚТАҢҚЫРАУ *Бұлғақтаңқыра етістігінің қимыл атауы.*

БҰЛҒАҚТАТ *Бұлғақта етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Мұндай сәттерде көзі ас құяр алдында иесіне қарап құйрығын *бұлғақтатқан* қаңденнің көзіндей майланып кетеді екен (Б. Аманшин, Жар мұңы). Саспай да менменсімей, жылмаң қақпай, Шаш киіп, мұрын жасап, бояу жақпай. Тағынып алтын-күміс жарқ-жұрқ етіп, Камшатқа *бұлғақтатып* үкі тақпай (Д. Еркінбеков, Шығ.).

БҰЛҒАҚТАТУ *Бұлғақтат етістігінің қимыл атауы.*

БҰЛҒАҚТАУ *Бұлғақта етістігінің қимыл атауы.* Төлеген көп *бұлғақтауға* болмайтынын сезді. «Менде ықтияр бар ма, көндім» дегендей рай білдірді (Б. Тоғысбаев, Алдыңғы.).

БҰЛҒАҚТЫҚ з а т. *Бұлғаң-бұлғаң етушілік, бұлғақтаушылық; солқылдақтық.* Мұнда жазушының мол мүмкіншілігі де, романның жүйесін құрудағы олқылығы да, жаңа үйреткен асау тайдай бас *бұлғақтығы* да бірге жүретін (І. Омаров, Шабыт.).

БҰЛҒАЛА е т. *Тез-тез, қайта-қайта бұлғау.* Жүрегі дүрсілдей соғып, жаман тымағын жұлып алып *бұлғалағышы* болып ұшып түрегелді (М. Мырзақұлов, Ақық). Танаш бар дауыспен айқайлап, қолындағы қамшысын *бұлғалады* (С. Алдабергенов, Өмір.). Бауырмал өзі, мейірімді өзі бір ғана, «Жол болсын!» айтып, қолынды соған *бұлғала!* О, тағдыр, менің тілегім сенен, бауырымның — Бұлақтай пәк көңілін былғама! (Қ. Мүсірепов, Раушан.). ◆ **Қол бұлғалады.** С ө й л. *Қол бұлғады.* Аяғы құмға сіңіп ақпай қалды, Басқанды шақырса да *қол бұлғалап.* Сарқан кеп Алыбайдан қосып жатыр, Ақсуға қайырылып кеп қайта жанап (Пернедегі терме.).

БҰЛҒАЛАҚ з а т. 1. *Бір нәрсені арыбері қозғап, белгі берушілік.* Сол бетімен барып-барып, шопан ата неғып тұр екен деп артына бұрылса, ол сәлдесін шешіп ап, *бұлғалақты* салып жатыр екен (Ә. Кекілбаев, Дала.). 2. А у ы с. *Бұлғаң-бұлғаң етушілік; қылжаңдық.* Сен осы *бұлғалақты* қойсаң қайтеді (Ауызекі тіл). ◆ **Бұлғалаққа салды.** С ө й л. *Бұлтаққа салды; шындықты айтудан жалтарды.* Өзінің ойын Каменев төзгісіз *бұлғалаққа салып,* шытырманға түсіріп, мыңдаған бұралаңдармен білдірді («Соц. Қаз.»).

БҰЛҒАЛАҚСЫЗ с ы н. с ө й л. Бұлталақсыз. Есболғанның алда Жапал образын өз сыр-сипатымен ешбір *бұлғалақсыз* алып кететіндігіне сенімімiз мол («Лен. жас»).

БҰЛҒАЛАҚТА е т. 1. *Ары-бері тербелу, шайқалу.* Болғанда кешке таман апақ-сапақ, Алдымнан шықты сәулем — аппақ шапақ. Кигені қара қамшат оқалаған, Басында бір шоқ үкі *бұлғалақтап* (Біржан сал, Өленд.). 2. *Түзу жүре алмау, қисаландау.* Петрушкин де *бұлғалақтап,* мас болған кейіп білдірді, басы сал-

бырап кеткен (К. Тоқаев, Түнде.). Екінші машина *бұлғалақтап* бекініс түбіндегі су толтырылған орға құлады («Қаз. әдеб.»). 3. *Бір затты белгілі бір нәрсемен қозғау, араластыру.* Алды да ол дәрісін мысқа салды, Былқылдаған бұрқылдап мыс шайқалды. Бір нәрсемен азырақ *бұлғалақтап,* Алтын ғып суынған соң қолына алды (Абай, Тол. жин.). 4. А у ы с. *Еркін жүру, ерке өсу; болып-толу, жоқшылық көрмеу.* Солайша *бұлғалақтап* жүрген Шоқан енді аулына келеді (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз). ◆ **Қолын бұлғалақтады.** *Қолын бірнеше қайтара бұлғады.* Қай жігіт екені анық есінде жоқ, әйтеуір, осы ауылдың бір жігіті жер түбінен дүсірлетіп шауып келеді, алыстан *қолын бұлғалақтап,* бірдеңе деп айқайлайды (Ә. Кекілбаев, Дала.).

БҰЛҒАЛАҚТАТ *Бұлғалақта етістігінен жасалған өзгеліқ етіс.* Ақырында Сұлтан екі сабақ өткенде амалсыздан сумкасын *бұлғалақтатып* мектепке баруға мәжбүр болды (Қ. Әжікеев, Саят). Қара шөмішін *бұлғалақтатып* сорпасын сапырып тұр (О. Тәжиева, Қара қолғап).

БҰЛҒАЛАҚТАТУ *Бұлғалақтат етістігінің қимыл атауы.*

БҰЛҒАЛАҚТАУ *Бұлғалақта етістігінің қимыл атауы.* Бермесе, дайын астың дәмін татпау, Үйде де, мектепте де тәртіп сақтау... Асылып әке, шеше мойынына, Кешегі қайда қайран *бұлғалақтау?!* (Қ. Тоғызақов, Сібір Омар).

БҰЛҒАЛАҚТЫҚ з а т. *Бұлғалақ-бұлғалақ етушілік, бұлғақтаушылық.*

БҰЛҒАЛАН *Бұлғала етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Уқалап көзін тағы қарап еді, Боз жорға көз алдында оттай жанды. Үстінде Сұлушаштың ақ үкісі Теңселіп самал желге *бұлғаланды* (С. Мұқанов, Поэм.).

БҰЛҒАЛАНУ *Бұлғалан етістігінің қимыл атауы.*

БҰЛҒАЛАҢДА е т. 1. *Шайқалу, тербелу, теңселу.* Сонау ұшар басы бір сәт дірілдей *бұлғаландап* кетіп еді (Б. Соқпақбаев, Алыс. ауыл.). Ойқастаған найза көктің қолтығында *бұлғаландаған* үзеңгіге Ақтайдың жуан аяғы ілігер емес (Ә. Көшімов, Екі бүркіт). Өзенің *бұлғаландап* құрақтары, Салқын саз мекен еткен тұрақтары. Алыстан аңсап келіп құйылады, Арнаға таудың мөлдір бұлақтары (К. Райбаев, Жаңа толғау). 2. *Бұлғаң-бұлғаң ету; бірнеше рет бұлғаңдау.* Қыраннан құтылмасын кешке біліп, «Түседіау,— деген шақта,— енді іліп». Құйрығы *бұлғаландап* қайқаң қаға, Сып беріп ініне ол кетті кіріп (С. Мұқанов, Шыңнан шыңға). 3. *Біресе оңға, біресе солға басып теңселу, қылжаңдау.* Біз *бұлғаландап* Айдарбектің үйіне жеткенше түн ортасы әлдеқашан ауып кетіп еді (Ғ. Мүсірепов, Белдерде).

БҰЛҒАЛАҢДАУ *Бұлғаланда етістігінің қимыл атауы.*

БҰЛҒАН *Бұлға (2) етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Қош-сау бол, ұзын ақ қан Тобыл өзенім. Ішінде тоғайыңның шығар жаным. Топырақка аунап *бұлғанған* қызыл қанға, Жуылар ақ суына ғазиз тәнім (Дастандар).

БҰЛҒАНУ *Бұлған етістігінің қимыл атауы.*

БҰЛҒАҢ з а т. *Бір нәрсенің олай-бұлай ирелеңдеп теңселуі, қозғалуы; бұлғақ.* Ұрғашының жақсысы Әб жыландай есіліп, Боз жорғадай *бұлғаңы,* Қырға шықсам көрер ем, Пана тұтар жылғаны (Алдаспан). Мұны ит құйрығының *бұлғаңымен* ғана теңестіруге болады («Лен. жас»). ◆ **Бойы бұлғаң.** *Былқ-сылқ еткен кербез, керім (адам). Бойы бұлғаң,* Сөзі жылмаң, Кімді көрсем, мен сонан. Бетті бастым, Қатты састым, Тұра қаштым жалмажан (Абай, Тол. жин.). Әр ауылдың өз басшысы, төбе биі, өжет жігіттері, сылқым салдары, *бойы бұлғаң* мырзалары бар (С. Омаров, Дала қызы). **Бұлғаң етті.** *Бұлғаңдады, теңселді, тербелді.* Еңбектеуге хауіпті болғаннан соң, Сырғанадық жамбаспен жатып қырдан. Ұмтылып қолды созсақ ұстар едік, Аттардың құйрығынан *еткен бұлғаң* (Д. Еркінбеков, Шығ.). **Бұлғаң қақты.** *Бұлғақтады, ары-бері теңселді, шайқалды.* Толқындар жел қаққан жапырақтай жыбырласа бастады, сарқыраған ағын сарыны күшейіп, пароход *бұлғаң қақты* (Ә. Сараев, Бозқырау).

БҰЛҒАҢ-БҰЛҒАҢ: **бұлғаң-бұлғаң етті.** *Бұлғақтады, бұлғаң қақты.* Бастарындағы сеңсең бөріктер көтертпей келе жатқандай *бұлғаң-бұлғаң етеді* (Ә. Кекілбаев, Дала.). Есік пен төрдей жердегі шөп басы *бұлғаң-бұлғаң етті* («Балдырған»). **Бұлғаң-бұлғаң қақты.** *Қайта-қайта, бірне-*

ше рет бұлғаңдады. Төбеттің мойнын бұрғызбастан қапсыра тістеп, жұлқып-жұлқып жібергенде, үлкен төбеттің арт жағы *бұлғаң-бұлғаң қағып* барып, Көксеректің жанына дүрс етіп сұлап түсті (М. Әуезов, Көксерек).

БҰЛҒАҢДА ет. **1.** *Теңселу, тербелу, шайқалу.* Қарына ілген таяғы *бұлғаңдап,* өзінің де бойы ұзарып, денесі жазыла түсті (Р. Тоқтаров, Ертіс.). Қалды артта талай сауық құрған далаң, Қыз—тойға гүл үлгісі *бұлғаңдаған.* Қалды артта қарай-қарай балалық шақ, Көк шөпке бауырын төсеп күнде аунаған (З. Шүкіров, Арал.). Бұтақтарға асылып, *Бұлғаңдаған* жаңғақтар. Жез қауашағын жасырып, Жасыл тонмен бір қаптар (Т. Шопашев, Шие гүлде.). **2.** А у ы с. *Құйрығын бұлғаңдатып иесіне еркелеу (ит жайында).* Екеуі де иесінің алдында *бұлғаңдап,* жағынған аңының итіндей қалбалақтап шыркөбелек айнала қалды (С. Сейфуллин, Әңгім.). **3.** А у ы с. *Теңселіп бос жүру, сенделу.— Бұлғаңдап* бос жүріп пе ең... Назыкешті Тілеуке алғалы жатыр ғой!... (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). **4.** А у ы с. *Еркін жүру, еркелеп өсу (адам жайында).* Уа дариға, елдегі, *Бұлғаңдап* өскен күндерім! Өшіңді алып мендегі, Өтеріңді білмедім (Б. Майлин, Шығ.).— Құшағыңа қыс тағы билей бер. Өзі озат қыз, өзі басы бос, *бұлғаңдаған* бұла қыз,— деді (Ш. Құмарова, Қос шынар). **5.** А у ы с. *Былқ-сылқ етіп кербездену, сылаң қағу.* Сауыншылар бастығы Зейнеп, аяқты кербез басып, *бұлғаңдап* жүр (Б. Майлин, Шығ.). Алдарынан өте берсем *бұлғаңдап,* Жол береді, жымияды бәрі де! (Қ. Мырзалиев, Бұлбұл.). Екі жеңге қасында, Қыз *бұлғаңдап* жөнелді. Тас құдықта отырған Ер Қосайға келеді (Батырлар жыры).

БҰЛҒАҢДАС *Бұлғаңда етістігінен жасалған ортақ етіс.* Мас болған екі-үш жігіт үйге қайтып, Кешеде *бұлғаңдасып* гармонь тартып. Келеді бір-біріне сүйеніс іп, Даурығып, анда-санда өлең айтып (Т. Жароков, Шығ. жин.).

БҰЛҒАҢДАСУ *Бұлғаңдас етістігінің қимыл атауы.*

БҰЛҒАҢДАТ *Бұлғаңда етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Ол өзі артына қарап, бөрігін *бұлғаңдатты:* «Хауіп жоқ, жол аман»,— дегені ғой (Ә. Көшімов, Қысталаң.). Бір-екі сабалақ ит қасымызға арсылдап үріп келді де, мені таныған соң, құйрықтарын *бұлғаңдатып* қала берді (Н. Ғабдуллин, Сар. жапырақ).

БҰЛҒАҢДАТУ *Бұлғаңдат етістігінің қимыл атауы.*

БҰЛҒАҢДАУ *Бұлғаңда етістігінің қимыл атауы.*

БҰЛҒАҢДЫҚ з а т. **1.** *Бұлғаң қаққандық, бұлғалақтағандық.* Ол *бұлғаңдығын* әлі қоймай жүр ме? (Ауызекі тіл). **2.** А у ы с. *Әрі-сәрілік, қылжақтық.* Өйткені біздің идея жағынан *бұлғаңдықты* көтермейтін берік принципті әдісіміз стильдік, әдістік ағымдарға шек қойылмаған еркіндік береді (Ғ. Мүсірепов, Суретк ер.).

БҰЛҒАП-БҰЛҒАП ү с т. *Бірнеше рет толған.* Дәуіт қанжығасынан бұғалық қыл арқанды шешіп алып, *бұлғап-бұлғап* лақтырып қалып еді, Үбінің кеуде тұсынан дәл түсті (Б. Аманшин, Жар мұңы). Сақпанды *бұлғап-бұлғап* тартып қалып едім, оқ бірғауым жерге зымырады (Н. Сералиев, Намыс). Көкжалды құйрығынан ұстап алып, *бұлғап-бұлғап* лақтырып кеп жіберіпті (Қаз. ертег.).

БҰЛҒАР з а т. к ө н е. **1.** *Еділ мен Камадағы көне бұлғар мемлекетінің халқы, ұлт, тайпа; болғар. Бұлғар* тайпалары бұрын Хун одағына кірген, славян, финугор жұрттарымен қарым-қатынаста болған (ҚСЭ). **2.** С ы н. м. *Бұлғарияда жасалған, бұлғар елінен шыққан. Бұлғар* айна, жан сәулем, *бұлғар* айна, Арамнан құралмайды тапқан пайда. Білек бірге болғанда, бармақ басқа, Айқасып құлын-тайдай жүрмек қайда? (Айтыс).

БҰЛҒАРЫ з а т. с ө й л. **Былғары.** Сары *бұлғарымен* жапқан пәуескенің үсті-басы сары ала жез, күнге шағылысып жалт-жұлт етеді (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). Гүлжан оның сүйгені, Көздері күліп биледі. Қозыбақ шырқап ән салып, *Бұлғарыны* түйреді (С. Мұқанов, Таңд. шығ.).

БҰЛҒАС *Бұлға етістігінен жасалған ортақ етіс.* Түс ауа көп жолдастар біздерді станциядан қол *бұлғасып* шығарып салды (Н. Ғабдуллин, Қызық дәурен). Жұмыскер тап, Бүгін жалау *бұлғасад.* Өзі соққан Көк алмасты қынға асад (С. Сейфуллин, Шығ. жин.).

БҰЛҒАСУ *Бұлғас етістігінің қимыл атауы.*

БҰЛҒАУ *Бұлға (1, 2) етістігінің қимыл атауы.*— Көпірдің қызға көктен қанат *б ұ л ғ а у ы н* — Қара қатын отырған қалпы екі қолын жайып жіберіп, екі жағына кезек толқып:— ұнатпаған едім,— деді (Т. Ахтанов, Дала сыры). ◆ **Сабын бұлғау.** *Сахар қайнату, қара сабын жасау ісі.* Сүйектің майын арзан бағаға беретін Малтабар Варвараға *с а б ы н б ұ л ғ а у д ы ң* қазақы әдісін үйретті (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз).

БҰЛҒАУШЫ з а т. *Бір нәрсені бұлғайтын, бұлғау әрекетін істеуші адам.*— Алғашқы сәтте ғана солай көрінеді,— деп бетон *б ұ л ғ а у ш ы* қыз Люда басу айтып, көңілді орнықтырды (С. Тәжіғұлов.., Асау Ертіс).— Директор жолдас, жаңа сіз мені цемент *б ұ л ғ а у ш ы л а р* бригадасына жібердіңіз. Әдеп сақтап үндемедім,— деді (Ө. Қанахин, Дәмелі).

БҰЛҒАУЫШ з а т. 1. К ө н е. *Қуырылып жатқан астықты (арпа, бидай, тары т. б.) араластырып тұру үшін таяқшаның басына шүберек не киіз орап жасалған құрал.* Ұзын таяқтың басына киіз орап буып, *б ұ л ғ а у ы ш* жасап алады да, күйіп кетпес үшін қазандағы бөккен тарыны сонымен дамылсыз бұлғап отырады (Ө. Қанахин, Жер бас.). Қара қазанда шарт-шұрт домалап, тары қуырылуда. Қолындағы *б ұ л ғ а у ы ш ы* да қазан түбін айнала үйіріп, тыным табар емес (А. Байтанаев, Асан). 2. Ж а ң а. Т е х н. *Автомат машиналардың қоймалжың сұйықты бұлғап, араластырып тұруға арналған аспабы; тетігі.* Сүтті ұйытуды ванналар мен қазанда жүргізеді. Сыр жасайтын заводтарда *б ұ л ғ а у ы ш ы* бар екі қабырғалы ванналар қолданылады (З. Сейітов, Сүт. өндеу.).

БҰЛҒАУЫШСЫЗ с ы н. *Бұлғауышы жоқ, бұлғауыштың қатысынсыз.*

БҰЛҒАУЫШСЫМАҚ з а т. э к с п р. *Нағыз шын мәніндегі бұлғауыш емес; бұлғауыш тәрізді бір нәрсе.*

БҰЛҒАУЫШТАЙ с ы н. *Бұлғауыш сияқты, бұлғауыш тәрізді.* Мынау орамалды *б ұ л ғ а у ы ш т а й* қып қылқитпай шашағын сыртына салып, тамақтың астынан ғана түйіп байласа қайтеді? (Ш. Құмарова, Қос шынар).

БҰЛҒАШЫ з а т. к ө н е. *Орта ғасырдағы түркі тектес тайпа. Б ұ л ғ а ш ы* Шыңғысхан монғолдарының әскеріне тартылып, олардың батысқа жасаған жорығына қатысқан (ҚСЭ).

БҰЛҒЫН з а т. 1. *Қылқан жапырақты ормандарда мекендейтін, дене тұрқы 40—55 см-дей, терісі аса бағалы, кішірек жыртқыш аң.* Бізде сирек кездесетін аса құнды *б ұ л ғ ы н,* құндыз, сусар, сілеусін сияқты аңдар да бар (Х. Қыдырбаев, Дала көркі). Кәдімгі қарсақ, сусар, *б ұ л ғ ы н,* жанат, Сол таудың іздейді аңшы ту сыртынан. Таутеке, арқар, құлжа, қарақұйрық, Көруге болад бәрін жайылымнан (І. Жансүгіров, Шығ. жин.). Аңнан жолбарыс, аю, сілеусін, қабан, борсық, қасқыр, барыс, түлкі, қарсақ, *б ұ л ғ ы н,* сусар, күзен, ақ тышқан, қоян бар (Ш. Айманов.., Қыран.). 2. *Сол аңның жүні жылтылдаған қалың, әрі жұмсақ, қоңырқай түсті әдемі терісі.* Есенгелді мен Саржан қазақ елінің дәстүрі бойынша Ташкент құшбегіне тоғыз қара жорға, тоғыз боз жорға, әр ер басына байланған тоғыз қара құндыз, тоғыз қоңыр *б ұ л ғ ы н* әкелген (І. Есенберлин, Қаһар). Аң терісінің төресі *б ұ л ғ ы н* екен ғой баяғыдан. Оның жүні тып-тығыз және жібектей жұмсақ болады (Ә. Нұршайықов.., Менің Қазақст.). Маржанкүл аяғына қызыл қонышты, сүйір тұмсықты етігін, үстіне қоңыр *б ұ л ғ ы н* жағалы пальтосын киді... (Н. Ғабдуллин, Сар. жапырақ). ◆ **Алтай бұлғыны.** *Тек Алтай жерінде кездесетін бұлғын.* Республикамызда өте сирек кездесетін *А л т а й б ұ л ғ ы н ы,* құндыз, сусар, құну, сілеусін, қара күзен, сары күзен сияқты аңдар да көп («Лен. жас»). **Бұлғын ішік.** *Бұлғын терісінен тігілген ішік.* Үстіне жібекпен тысталған *б ұ л ғ ы н і ш і к* жамылған-ды (М. Әуезов, Абай жолы). Үстінде көк мауытымен тысталған *б ұ л ғ ы н і ш і к,* басында құндыз бөрік (Б. Аманшин, Жар мұңы). Шабденге топтан таңдап ер-тұрманымен ат мінгізіп, *б ұ л ғ ы н і ш і к* кигізеді (К. Әзірбаев, Аңыз.).

БҰЛҒЫНДАЙ с ы н. *Бұлғын тәрізді, бұлғын сияқты.* Көз айырмай тұрған Наурыз бұрала басқан сайын *б ұ л ғ ы н д а й* бұраң бел қыздың тар мықыны былқ-сылқ тербеле әсем ырғалғанын да байқап қалды (Ө. Қанахин, Жас дәурен). Дегендей бір: жұмыспенен қылғынба, Құшағында бұлқынсын қыз *б ұ л ғ ы н д а й.* Жеткен талай сері түннің түбіне, Жұлдыздар тұр баянсыздау қылмыңдап (Қ. Мырзалиев, Ақ отау).

БҰЛҒЫНДАЙЫН с ы н. ф о л ь к. Бұлғындай. Жайнай берді ол нұр-сәулесі құлпырып, Қаптады қол жан-жағынан ұмтылып. Қаймықпады қанша қабат төнсе де, Шықты алдырмай *б ұ л ғ ы н д а й ы н* бұлқынып (Ж. Өмірбеков, Батыр.). Елеман байқап қалып бұл ыңғайын, Құлпырды қыз алдында *б ұ л ғ ы н д а й ы н*, Келетін болып алды есік қақпай, Жайғасқан көптен бергі тұрғындайын (Бұл да).

БҰЛҒЫНДЫ с ы н. *Бұлғыны бар, бұлғыны көп.* Көк теңізді, Дағыстанның Жерін көрдім *б ұ л ғ ы н д ы*. Толқынынан туғызған зор Сулеймандай бұлбұлды (Т. Жароков, Шығ. жин.).

БҰЛҒЫНСЫЗ с ы н. *Бұлғыны жоқ, бұлғыны болмайтын.*

БҰЛҒЫР с ы н. к ө н е. Бұлыңғыр. Өтті күндер өрт құйынды, Өтті нәсер ақ жауыны. *Б ұ л ғ ы р* түнек қара түнді, Әкетті айдап кек дауылы (С. Мәуленов, Таңд. өлең.). ◆ **Бұлғыр тау.** *Алыстан бұлдырап көрінген, бұлыңғыр тау.* Сағат бұлдырап *б ұ л ғ ы р т а у д а й* көрінген «Сандықтаудың» құбыла бетінен шұғыла шашқан көл үстіне баса қарап, әңгімесін доғарды (Ғ. Сыланов, Жанартау). Дауыл күз, теңіздей көк буырқанған, Аңдай бұлт, ақ көбігін бүркіп ауған. Аспанның селебесі жарқ еткенде, Саңқылдап сұңқар ұшты *б ұ л ғ ы р т а у д а н* (Қ. Бекхожин, Ардагер.).

БҰЛДА е т. 1. *Құнын көтеру, бағасын асыру.*— Саудаласа түссең болмай ма? Мүмкін *б ұ л д а п* өткізіп жіберерсің (Қ. Жұмаділов, Қаздар.). Ел арасында Балапан бай қызы өтпеген соң орысқа *б ұ л д а п* сатпақ көрінеді деген өсек дүр етті (Ә. Кекілбаев, Дала.). Ешкім жоқ қорқып безінген, Сол болды бойға батқаны. «Өз жерін» алып өзінен, Өзіне *б ұ л д а п* сатқаны (Ж. Молдағалиев, Жиырма бес). 2. А у ы с. *Міндетсіну, әлдеқандай болу, бәлсіну. Б ұ л д а ғ а н ы* білек пе, Сүйменмін де тимеймін. Іркерім жоқ жасырар. Батыр бала болса бұларың, Мен майданда кем бе екем?! Өнерім бар асырар (М. Әуезов, Таңд. шығ.). Алмас үлкендігін *б ұ л д а й* ма, әлде өзін тыңдамағасын ренжи ме, әйтеуір қоймай қадала түседі (З. Қабдолов, Өмір ұшқыны). Шегебай мен Шымырбай да ертең бергенін *б ұ л д а п*, жегеніңді желкеңнен шығармас дейсің бе (Б. Тілегенов, Көктем.). ◆ **Бұлдап сатты.** *Бір нәрсені (атын, атағын, қызмет жағдайын т. б.) міндет қылып, өз ойын, мақсатын іске асырды.* Аттарын ешкім бірақ атаған жоқ, Тұлғасын көрмесең тек осы өлеңнен! *С а т п а й д ы* атын бізде ешкім *б ұ л д а п*. Сақтайды өренге оны ісі бірақ (Ғ. Орманов, Көгілдір.). Пайда тауып жүрген жандар жағынан, Бір сен үшін түскендей боп тағынан. Лебізінің өзін *б ұ л д а п с а т а д ы*, Сондай кезде балалықты сағынам! (Қ. Мырзалиев, Бұлбұл.). Мата бір топ Жамбылға, Мал таусылып жатқан жоқ. Думан қылды аулыңда, Сөзін *б ұ л д а п с а т қ а н* жоқ (Жамбыл, Шығ. жин.).

БҰЛДАЙ с ы н. *Бұл сияқты, бұл тәрізді.* Шын көңілмен сүйсе екен, кімді сүйсе, Бір сөзімен тұрса екен, жанса, күйсе. Қырмызы, қызыл жібек бозбалалар, Оңғақ *б ұ л д а й* былғайды, бір дым тисе (Абай, Тол. жин.).

БҰЛДАН е т. *Әлдеқандай болу, бәлсіну, міндетсіну.* Кейбір қыздарша өтірік қымсынбайтын, *б ұ л д а н б а й т ы н*, ән кезегі келгенде бөгелмей айта жөнелетін (Н. Ғабдуллин, Сар. жапырақ). Кәрі қыз сияқты *б ұ л д а н ы п*, бағасын арттырғысы келе ме екен? ...(М. Дүйсенов, Гүлжан.). Шығарып сап сөзімен, Барсам тағы *б ұ л д а н а р*. Қой, шыдайын, өзінен Болғанынша бір хабар (А. Шамкенов, Сырларым.).

БҰЛДАНДЫР *Бұлдан етістігінен жасалған өзгелік етіс.*—Сөзді қойыңдар, Мұқтар! Қанікей! Түсінемін. Шіреп алғың кеп, *б ұ л д а н д ы р ы п* отырсың ғой (Д. Әбілев, Арман.). Ешкімді мақтандырмай, *б ұ л д а н д ы р м а й*, Күреске көңілдерін бұрған ұдай. Ленин ақылымен де, ісімен де, Көрінген кеп алдында туларындай (Ғ. Орманов, Көгілдір.).

БҰЛДАНДЫРУ *Бұлдандыр етістігінің қимыл атауы.*

БҰЛДАНТ *Бұлдан етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БҰЛДАНТУ *Бұлданғ етістігінің қимыл атауы.*

БҰЛДАНУ *Бұлдан етістігінің қимыл атауы.* Қиын ғой, қыз жүрегі жұмбағы көп, Түсінер түйілгенін *б ұ л д а н у* деп. Түйінін шешемін деп сондай қыздың, Бір кезде өзіміз де зыр қағып ек (Қ. Бекхожин, Үш кезең). Ол жаратылысынан *б ұ л д а н у ды*, меңмендікті, көкірек керуді білмейтін, барынша кішіпейіл жан еді («Қаз. әдеб.»).

БҰЛДАНЫҢҚЫРА е т. *Аздап бұлдану, бұлдана түсу, бәлсініңкіреу.* Молла біздің үйге *б ұ л д а н ы ң қ ы р а п* барып келді (С. Жүнісов, Өшпейтін із.).

БҰЛДАНЫҢҚЫРАУ *Бұлданыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

БҰЛДАҢҚЫРА е т. *Сәл ғана бұлдану, әлдеқандай болу.* Тезис жаз дүмбілездеу сырлаңқырап, Кітап жаз одан-бұдан ұрланқырап. Сирақтай шала үйтілген өлең жазып, Оныңды өңештей бер, *б ұ л д а ң қ ы р а п* (І. Жансүгіров, Шығ. жин.).

БҰЛДАҢҚЫРАУ *Бұлдаңқыра етістігінің қимыл атауы.*

БҰЛДАУ *Бұлда етістігінің қимыл атауы.* Балет өнеріне қанық жолдастар жәрдемін «сараңның сандығында» ұстап, білгенін *б ұ л д а у м е н* болады да, жәрдемін жасырып қалады (І. Омаров, Серпін). Тұрады ия, *б ұ л д а у ғ а,* Көрікті қиял, күдердей. Көрсе екен соны құлдар да, Арман ғып, жыр ғып жүрердей (Ж. Молдағалиев, Жесір.).

БҰЛДИ з а т. к ө н е. *Сай, жыра; құлди.* Ақ бөкендей сыдырып, Ор қояндай зырғыды, Әрі-бері қызған соң, Білмеді өрылдиды. Тастап талай белесті, Өтті неше *б ұ л д и д ы* (Батырлар жыры).

БҰЛДЫ с ы н. 1. *Бұлы бар, ақшалы, ауқатты.*— Е, ол *б ұ л д ы* адам ғой, қайдан болса да тауып алады, одан да мына қолы қысқа біздерге бер,— деді Белгожа («Жетісу»). 2. А у ы с. *Бағалы, құнды, қымбат; арзан емес.* Бөліп үйір жылқысын, Жібек жал тұлпар *б ұ л д ы с ы н,* Қыздың сұлу құндысын, Жігіттің балуан ірісін (Жамбыл, Шығ. жин.). Тыңдаңыз мен айтайын табысымды, Темекең сынаса да шабысымды. Болғанда жерім құнды, малым *б ұ л д ы,* Адал дос түсінеді айтқан сынды (Айтыс). 3. А у ы с. *Беделді, қадірлі, қасиетті.* Сүйген адамыңа болса да арзан берілмеу керек, діңкесін құртып барып қосылу керек. Сонда ғана *б ұ л д ы* боласың (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.).

БҰЛДЫ: **бұлды сатпай.** Д и а л. *Беталды лағып кететін, артық сөйлейтін адам.* Халықтың ішінде *б ұ л д ы с а т п а й ы* болады (Диал. сөздік).

БҰЛДЫҚ з а т. *Бұлға тұрарлық, қымбат зат.* Мен айтсам, Қарагөздің жүртқа білінген наразы көңілін айтам... Мен Қарагөздің басын былғап, *б ұ л д ы қ* сатып алмаймын (М. Әуезов, Қараш.).

БҰЛДЫЛЫҚ з а т. *Бұлы барлық, қаржысы молдық; ауқаттылық.*

БҰЛДЫР с ы н. 1. *Буалдыр, сағым тәрізді; бұлыңғыр.* Әлденеге елегізіп, Құтпан қыңсылайды. Төңірек *б ұ л д ы р* (Т. Ахтанов, Дала сыры). Көкжиекте түтін сияқты *б ұ л д ы р* бар (Ы. Жақаев, Менің бақытым). Сергей әлсіз ғана мойнын бұрып айналаға қарады. Көз алды *б ұ л д ы р* (Н. Баяндин, Құм асты.). Шығыс жақ бірден-бірге көк *б ұ л д ы р* тұманға айналып, көлеңкелер ұзара түседі (Ол күндер.). 2. А у ы с. *Көмескі, дүдәмал, анық-айқын емес.* Үйдің сонау жағында пішіні *б ұ л д ы р* ғана көрініп, Қуанышбек шал отыр (Б. Майлин, Шығ.).— Ойы *б ұ л д ы р,* бірақ талабы үлкен жас екен (Ә. Көшімов, Лашын.). Өзің көріп отырсың, мен болашағы *б ұ л д ы р,* сырқат адаммын (Ә. Нұршайықов, Алтын.). ... Сонан кейінгінің бәрі *б ұ л д ы р.* Кемелдің үйінен шығып, Құрмаштың үйіне кіргені еміс-еміс жадында қапты (Қ. Жұмаділов, Көкейкесті). 3. З а т. м. А у ы с. *Ешнәрсе, ештеме, дәнеме; тұлдыр.* Алда көз тоқтатар *б ұ л д ы р* жоқ. Жұмыртқадай аппақ (З. Иманбаев, Солма. гүл). Сағым көмкерген жазық далада ошаң еткен жан иесі көрінбейді. Жерден көтерілген *б ұ л д ы р* жоқ (Н. Оразов, Достар.). ◆ **Бұлдыр елес.** *Анық емес, көмескі.* Ойлап қараса, өткен күннің бәрі әшейін көрген түс сияқты *б ұ л д ы р е л е с* (М. Гумеров, Хазірет.). Міне, енді соның бәрі көрген түстей боп, *б ұ л д ы р е л е с к е* айналды (С. Алдабергенов, Қанат.). Қылт еткен *б ұ л д ы р е л е с к е* Қырағы көз ілікті. Сезімтал шіркін емес пе, Дүр етіп қой да үрікті (Ш. Смаханұлы, Тотияйын). **Бұлдыр қақты.** а) *Жүйткіді, заулады, зымырады.* Сағат бес бір автобус зулап аға, Жүйткіді шаң будақтап *б ұ л д ы р қ а ғ а.* Күткендер жақындарын келмек болған, Ұмтылды тоқтар жерге аршын сала (Ғ. Игенсартов, Тың дала). Мен сонда төңірекке қарап алып, Кетейін дүрілдетіп әнге салып. Орғытып таудан бұғы, ойда киік, Он саусақ перне басып *б ұ л д ы р қ а ғ ы п* (Е. Қандеков, Өлеңд.). ә) *Шындықтың бетін бұрды, анық нәрсені көмескі етті.* Өткен өмір белгісі — осы сыбдыр, Көңілді күнде сындыр, әлде тындыр. Ақыл анық байқаған қылығыңды, Құ шықсансып *қ а ғ а с ы ң* босқа *б ұ л д ы р* (Абай, Тол. жин.). **Бұлдыр ойнады.** П о э т. *Бұлдырлады, бұлдыр тартты.*

Сарарқам, менің Сарарқам! Сағымы *бұлдыр ойнаған;* Жапанда жүйрік сар желі Сау желгенде, сарнағам (Ә. Тәжібаев, Поэм.). **Бұлдыр сағым.** *Бұлдыраған, сағым сияқты көмескі, бұлыңғыр.* Көзсіз көрдей басыма күндер туса, Табым қолда жарық қып ұстар шамым. Менің табым еңбекші— еңбек ері, Онсыз менде көрген күн *бұлдыр сағым* (С. Мұқанов, Сұлушаш). Той қылған болар еді ат шаптырып, Білсе егер мол дәулетке жолығарын. Көп өмір өтті бейне *бұлдыр сағым,* Жая алмай жерге қарап ел құшағын (Қ. Айнабекұлы, Өленд.). **Бұлдыр тартты.** а) *Бұлыңғырланды, буалдыр күйге түсті.* Қара күрең ніл салғандай, Жасыл бақтың жапырағы. *Бұлдыр тартып,* бусанғандай, Алатаудың жатыр қары (Ж. Молдағалиев, Жиырма бес). ә) Ауыс. *Көмескіленді, ұмытыла бастады.* Саттар Ерубаев көшесінің тұрғындарының қабырғасын қайыстырып кеткен Ыбықан қазасы да бірте-бірте *бұлдыр тарта* бастады (Д. Досжанов. Тұлпар.).

БҰЛДЫРА е т. **1.** *Мұнарту, сағымдану.* Алыста сағым *бұлдырап,* мұнар ойнайды (С. Сарғасқаев, Көңілді бала.). Әуе айналып жерге түскен шілденің сарша тамыз күні бүкіл даланың жонында *бұлдырап* сағым өзендері жортады (С. Мәуленов, Жер нәрі). Сырдың суы сылдырап, Сүйді шөлді жерінбей. Қырда сағым *бұлдырап,* Ұзап кетті көрінбей (Н. Сүлейменов, Жолда). **2.** *Қарауыту, күңгірт тарту, көмескілену; жөнді көрінбеу.* Есік пен төрдей жердегі қарайған *бұлдырап,* жөнді көрінбейді (М. Әуезов, Таңд. шығ.). Үй іші қара күңгірт тартып *бұлдырай* бастады (Б. Майлин, Шығ.). Енді әріптер *бұлдырап,* көрінбеуге айналған (Б. Соқпақбаев, Бастан кеш.). Маңайдың бәрі *бұлдырап* әзер көрінді (Т. Шаханов. Көгілдір.). **3.** Ауыс. *Зымырау, заулау, зыту.* Торғайдай *бұлдырап* жоғарылап алды да, қанатын қақпай сырғып кетті (Ғ. Мүсірепов, Кездесп. кет.). Таудың етегіне таянған жердегі қалың бұтаның ішін қақ жара *бұлдырай* жөнелген арқар тобы көзді ашып-жұмғанша ғайып болды (С. Бегалин, Уақыт.). Аттар да, әне, құйылды, Беткейден бері құлдырап. Мәз етіп мынау жиынды, Шықты алға біреу *бұлдырап* (Ә. Абайділданов, Алыс.). ◆ **Көз [көзінің] алды бұлдырады.** *Көзі қарауытты, тұманданды; көрмей қалды.* Қалт-қалт еткен қолын хатқа соза беріп, қайтадан тартып алды. *Көз алды бұлдырап,* тұманданып барады (Б. Тоғысбаев, Алдыңғы.). Еске алам соның бәрін енді өкіне, Кеудемде бір терең мұң тербетуде. *Көз алдым бұлдырайды,* қол созамын... Сұр бейіт, үн қатсайшы мен жетімге (З. Шүкіров, Арал.). *Көзінің алды бұлдырап,* бүкіл жер жыбырлап бара жатқандай болды да, бойы тітіреніп, шал кейін шегініп кетті (Қ. Ысқақов, Бұқтырма.). **Көз ұшында бұлдырады.** *Алыстан сағымданып, көмескіленіп көрінді.* ... Жетер емес. Ақ кептер *көз ұшында бұлдырайды* (Р. Райымқұлов, Бұрылыс.). Нұрқан сағымға бөленген құрылыс жаққа, *көз ұшында бұлдырап* жатқан тас жолға қарайды (С. Баязитов, Күтп. кездесу). *Көз ұшында бұлдырап* арба кетіп барады (С. Мұратбеков, Көкорай). **Көзі [екі көзі] бұлдырады.** *Көзі қарауытып, көрмей қалды.* Аздан кейін, алдымды түтін шалған сияқтанып, *көзім бұлдырап* барады (С. Мұқанов, Есею жыл.). Оның тұла бойы мұздап кетті, *көзі бұлдырап* ешқандай нәрсені айыра алмайтын күйге түсті (Х. Есенжанов, Тар кезең). Ол қашып келген жағына ұзақ қараумен болды. *Екі көзі бұлдырап* ешнәрсе көрер емес (Қ. Қайсенов, Жау тылы.).

БҰЛДЫРАҚ з а т. с ө й л. **Бұлдыраң.** Сәби бір кезде енесін айналсоқтай шауып, ойнақтаған жас құлындай *бұлдыраққа* басты («Қазақст. пионері»).

БҰЛДЫРАҚТА е т. с ө й л. **Бұлдыраңда.** Жаным-ау, *бұлдырақтап* қайда барасың?! (Ауызекі тіл).

БҰЛДЫРАҚТАУ *Бұлдыраңда етістігінің қимыл атауы.*

БҰЛДЫРАҢ з а т. *Жас баланың немесе жаңа туған төлдің бұлдырақ қағып жүгіруі.* Осы *бұлдыраңыңды* қоймасаң, түбі бір оңбай жығыласың ғой (Ауызекі тіл).

БҰЛДЫРАҢДА е т. *Бұлдыраңдап жүгіру, бұлдырақ қағу.* Іргебайды біз тұра кеп қуамыз. Аяғы аяғына жұғыспай, *бұлдыраңдап* жүгіргенде, тері шалбар мықынына түсіп кетеді (Б. Соқпақбаев, Бастан кеш.).

БҰЛДЫРАҢДАТ *Бұлдыраңда етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БҰЛДЫРАҢДАТҚЫЗ *Бұлдыраңдат етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БҰЛДЫРАҢДАТҚЫЗУ *Бұлдыраңдатқыз етістігінің қимыл атауы.*

БҰЛДЫРАҢДАТУ *Бұлдыраңдат етістігінің қимыл атауы.*

БҰЛДЫРАҢДАУ *Бұлдыраңда етістігінің қимыл атауы.*

БҰЛДЫРАҢҚЫРА е т. *Сәл ғана бұлдырап көріну, қарауытыңқырау.* Мен біресе, сарғайған көкжиекке, күн шапағы шашыраған сұлу аспан реңіне қызығып қараймын, біресе, алыстан *бұлдыраңқырап,* қарауытып көрінген шоқ-шоқ ағаштарға көз тігемін (Н. Ғабдуллин, Сар. жапырақ). Көзі бар болғыр қаршығаның көзіндей еді, енді соңғы бір кезде сәл-сәл *бұлдыраңқырап* жүр (Ш. Мұртазаев, Интернат.).

БҰЛДЫРАҢҚЫРАУ *Бұлдыраңқыра етістігінің қимыл атауы.*

БҰЛДЫРАП-БҰЛДЫРАП ү с т. *Бәрі де бұлдырап, көмескіленіп, сағымданып.* Көзін жұмса болды, тағы да күллісі қаз-қалпында, сол күндер, сол бейнелер *бұлдырап-бұлдырап* қана елестеп кетеді (Д. Досжанов, Тұлпар.).

БҰЛДЫРАП-ҚҰЛДЫРАП ү с т. *Сам ғап, зулап, алыстап.* Жалт қарастық. Ұшуы бөдене, бұлдырық іспетті, бір топ құс *бұлдырап-құлдырап* барады (Ә. Көшімов, Екі бүркіт).

БҰЛДЫРАТ е т. 1. *Бұлдыра етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Ілезде түтеп кеткен ақ боран жақындап қалған аласа қораны *бұлдыратып,* көзден жасырады (Т. Ахтанов, Дала сыры). Кей-кейде арбаның жүрісі бұзылып, ап-айқын сурет елестерді шайқап, *бұлдыратып* жібереді (Р. Тоқтаров, Ертіс.). Әшекей сәндеп жеккен екі пар ат, Жас бала *бұлдыратып* айдап барад. Суындай таудың аққан сылдыратып, Екі қыз алуан түрлі әнге салад. (Ақын жырлары). 2. *Бір нәрсенің анығын айтпау, түсініксіз ету, шындықты жасыру.* Әнеукүні кіші апама айтыпты ғой, Аманбайға ырза емеспін,— деп...— Шешеңіздің *бұлдыратып* жүргенін білмедіңіз бе? (М. Әуезов, Қараш.). Бәрі жасырады менен, сен де *бұлдыратып* барасың (Ғ. Мүсірепов, Таңд. шығ.).— Өзің шәт-шәлекей ғып сөзіңнің аяғын түсіндірмей *бұлдыратып* кеттің ғой (С. Бегалин, Уақыт.).

БҰЛДЫРАТУ *Бұлдырат етістігінің қимыл атауы.* Қаталдық та достықтың бір нышаны, Сыннан үркіп кім аспанға ұшады. *Бұлдырату,* бұра тарту жоқ өмес, Болсын дейміз сынның жылы құшағы (Қ. Жармағамбетов, Соңғы түн.).

БҰЛДЫРАУ *Бұлдыра етістігінің қимыл атауы.* ... Бас айналғанда жүрек соғады, жүрегі айнып, құсады, тіпті талып та қалады; құлақ шыңылдап, нашар естуі және көзі *бұлдырауы* мүмкін (М. Исамбаев.., Мед. анықтама).

БҰЛДЫР-БҰЛАҢ с ы н. *Анық емес, шала-шарпы, болар-болмас.* Соғыс кезінде Қазақстанда болғаны *бұлдыр-бұлаң* есінде қалған Лида сол жерлерді қайта аралап көргісі де келген (Т. Әлімқұлов, Ақбоз ат).

БҰЛДЫР-БҰЛДЫР с ы н. 1. *Айқын байқалмайтын, көмескі.* 2. А у ы с. *Не бір қиын-қыстаулы, қилы-қилы.*— Е-е... *бұлдыр-бұлдыр* күн өткен. Бұрынғыда кім өткен?— деп, тағы да өңгіме тілегенін білдіруші еді (М. Әуезов, Таңд. шығ.). ◆ **Бұлдыр-бұлдыр етті.** *Көмескіленіп, қараң-құраң көрінді.* ... Дәл иегімнің астында ешбір алаңсыз жайылып жатқан бір топ киікті кенет қашырып алдым. Жер басқанның жел аяқтары *бұлдыр-бұлдыр* етті де, лезде көзден ғайып болды (Ә. Көшімов, Қарт аңшы.).

БҰЛДЫРЛА е т. 1. *Анық емес, көмескі, күңгірт, қараң-құраң көрінү.* Алдында *бұлдырлап,* елестеп жүгіргендей болып, елбеңдеген бір нәрсе жолын бастап келе жатқандай (М. Әуезов, Қараш.). Іздемей өзге қызық, өзге арманды, *Бұлдырлай* балалығым кете барды. Үлгірмей қанаттанып тәтті ойларым, Зіл қайғы қорғасындай жаныштыбәрін (Ә. Тәжібаев, Жастық.). 2. А у ы с. *Екпіні үдеп, зулау.* Зырла, экспресс, ұш, зырла! Жұлдыздай ақ құлдыра! Құйындай құтыр, *бұлдырлал!* Аямай жүгір бәрің де! (С. Сейфуллин, Шығ.). Саңлағын Жетісудың көргеннен соң, Сағыңды өлең жақтан сындырмайын. Сайратқан Орта жүздің бұлбұлымын, Табаным қызған сайын *бұлдырлаймын* (Жамбыл, Шығ.).

БҰЛДЫРЛАН *Бұлдырла етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Қараған сайын жүректе бір нәрсе топтанып, белгісіз бір қорқыныш *бұлдырланып* ішті жалап бара жатқан сияқты болды (Б. Майлин, Шығ.).

БҰЛДЫРЛАНУ *Бұлдырлан етістігінің қимыл атауы.* Ақ түскенінде мөлдір қабық-

тың *б ұ л д ы р л а н у ы* көздің көруін мықтап нашарлатады (Адам анатом.).

БҰЛДЫРМАҚ з а т. *Алыстан бұлдырап көрінген зат.*

БҰЛДЫРМАҚТАУ с ы н. *Теп-тегіс емес, кедір-бұдыр аралас.* Таза шыны сауыттың ішіне *б ұ л д ы р м а қ т а у* қара қағаз төсейді де, ішіне үсті-басы ұнға боялған шыбындар жібереді (Ж. Сұлтанов, Шыбын-шіркей).

БҰЛДЫРСЫЗ с ы н. 1. *Ешбір өзгерісі жоқ, дәл бәз-баяғы, әуелгідей.* Әне, табан астында ауыл жатыр мұнартып. Бір кезде жалаң аяқ, жалаң бас талай шапқылаған көшелер сол қалпында, *б ұ л д ы р с ы з* («Лен. жас»). 2. *Түйірсіз, сұп-сұйық, ала.* Сол бір қиын-қыстаулы кезеңде *б ұ л д ы р с ы з* қара суға қамалған күндерді қалайша ұмытамыз! (Ауызекі тіл).

БҰЛДЫР-СЫЛДЫР с ы н. *Іс-әрекетінің тиянағы жоқ, берекесіз.* Біз оның *б ұ л д ы р-с ы л д ы р* ғана жан екенін бір-ақ білдік (Ауызекі тіл).

БҰЛДЫР-СЫЛДЫРСЫЗ с ы н. *Жалаң емес, шынайы, ешбір қоспасыз.* Өмірдің өзінен туған *б ұ л д ы р-с ы л д ы р с ы з* реалистік жырлардың аса құдіретті әсерін түгел пайдаланбау — қылмыс болар еді (Ә. Тәжібаев, Өмір.).

БҰЛДЫРТ е т. с ө й л. **Бұлдырат.** Көзді тұмандатып *б ұ л д ы р т п а,* досым! Біз сенің тәлкегің емес! Маша, қой бөтелкені столға!— деді Геннадий стол үстін жинай бастап (З. Шашкин, Теміртау).

БҰЛДЫРЫҚ з а т. *Шөлді жерді мекендейтін құр тұқымдас, сұр түсті қарабауыр кішкентай дала құсы.* Бөдене ме, *б ұ л д ы р ы қ* па, ерте оянған ұсақ құстардың бірі таңдай қақты (Ж. Жұмақанов, Жазылм. кітап). Ол (ителгі) ауыл маңына қонған тарғақ, *б ұ л д ы р ы қ* сияқты кішкене құстарға қарай талпынады (С. Бегалин, Төлбасы.). ◆ **Бұлдырық оты.** *Құм аралас шөлейт жерлерде өнетін, бұлдырық жайылатын тықыр шөп.* Бұлардың арасында андасанда бір жерде қияқтар, злактар және жарқын түсті гүлдері бар шөптер: сары скерда, *б ұ л д ы р ы қ о т ы,* мұз сарғалдақ өседі (Б. Муханов., **Қазақст.** өсімдік.).

БҰЛДЫРЫҚТАЙ с ы н. 1. *Көз ілеспейтіндей тез, өте жылдам.* Жіңішке бойын көзік қылдырықтай, Сүйтсе де сөзің ұшқыр *б ұ л д ы р ы қ т а й.* Қу, бала-ау, бала демей, не деуші едім, Көзіме көрінесің жұдырықтай (Айтыс). Сезесің жүрек қылын бұрағанын, Естисің әлдекімнің жылағанын. Шырылдап боз торғайдай көтеріліп, Сорғалап *б ұ л д ы р ы қ т а й* құлағанын (Қ. Тоғұзақов, Сібір Омар). 2. *Кіпкішкентай, тым шағын.* Ердің атағы тырлықтай, өзі *б ұ л д ы р ы қ т а й* (Мақал).

БҰЛДЫРЫҚША ү с т. *Бұлдырыққа ұқсас, бұлдырық секілді.* Сөйтіп құбылып, көк теңізінде қалқып ұшып келе жатқан *б ұ л д ы р ы қ ш а* зымырады (С. Сейфуллин, Шығ.).

БҰЛДЫРЫҢҚЫРА е т. с ө й л. **Бұлдыраңқыра.** Көз *б ұ л д ы р ы ң қ ы р а п,* әлі де қойларды толық байқап отыруға болмайды (К. Оразалин, Ақ жазық).

БҰЛЖЫМА е т. 1. *Бір қалыптан аумау, қозғалмау.* Ер-нарым?.. Көзі неге бұлдырайды. Масқара!.. Жасын төгіп бұл жылайды. Қалайша қайран шеше бұған төзіп, Баяғы бір орнынан *б ұ л ж ы м а й д ы* (Х. Ерғалиев, Құрманғазы). 2. *Ұстанған бағыттан таймау.* ... Имақ Тоқпанов саяси өмірінің алғашқы адымынан бастап күні бүгінге дейін лениндік жолдан *б ұ л ж ы м а й* келе жатқан адамдардың бірі (С. Мұқанов, Есею жыл.).

БҰЛЖЫМАЙТЫН с ы н. *Сөзсіз, мүлтіксіз орындалуға тиісті.* Күйек алу науқаны кезінде қошқарларға... берілетін азықтардың әсіресе белогі мол болуы *б ұ л ж ы м а й т ы н* тәртіп болып саналады (М. Ермеков, Қазақст. биязы).

БҰЛЖЫМАС с ы н. *Бұлжымайтын, өзгермейтін.*

БҰЛЖЫМАСТАЙ с ы н. *Өзгермейтіндей, екінші қайтып құбылмайтындай.* Белең ап болған шақта осынау өрт, Үдеген шақта қызда ғашықтық дерт, Мазасын ала берген сүйгеніне, Жұпар қыз *б ұ л ж ы м а с т а й* қойды бір серт (С. Мұқанов, Шыңнан шыңға).

БҰЛЖЫМАСТЫҚ з а т. *Бір үйғарымнан ауытқып, құбылмайтын қасиет.* Тіреген шақта ойын соған Жапар, Шешімге *б ұ л ж ы м а с т ы қ* келді қатал: «Құл болып үйде өлгенше, түзде ұлы Болайын, шама келсе, жау тоқтатар!» (С. Мұқанов, Шыңнан шыңға).

БҰЛЖЫМАУ *Бұлжыма етістігінің қимыл атауы.*

БҰЛЖЫТПА е т. *Дәл сол күйінде, дәлме-дәл айнытпау.* Бұрыс-терісіне қарамай айтқанын біз *б ұ л ж ы т п а й* істеп жүрдік (Б. Майлин, Шығ.). Хасен де күліп:— Шайтан-ай, ертек айтқандай қылып *б ұ л ж ы т.л а й* сөйлегенде әңгімені тіпті өңдеп жібереді,— деді (С. Сейфуллин, Шығ.). Құнанбай көзіндей мал сырын *б ұ л ж ы т п а й* білетін көреген көзге, сол белгінің өзі де жеткілікті (М. Әуезов, Таңд. шығ.).

БҰЛЖЫТПАСТАН ү с т. *Өз қалпынан айнытпай, ешбір өзгертпестен.* Маковецкий сөзіне бірде-бір сөз қоспастан, *б ұ л ж ы т п а с т а н* дәл аударды (М. Әуезов, Таңд. шығ.). Мұны естіп:— Құп, ата, деп бала күлді, Түсерін істің сәтін бала білді. Айтқанын *б ұ л ж ы т п а с т а н* бәрін істеп, Тәуекел, теңіз жаққа бала жүрді (Н. Ахметбеков, Аманкелді).

БҰЛЖЫТПАУ *Бұлжытпа етістігінің қимыл атауы.*

БҰЛҚАН-ТАЛҚАН ү с т. 1. *Шала бүлініп, қатты ашуланған, бұлан-талан.* Еркін дүние есігін теуіп ашып кірген ақын еркін басып төрге ұмтылады, кербез әйел сияқты пақ дүние оның бұл қылығына *б ұ л қ а н-т а л қ а н* (Е. Ысмайылов, Сын.). — Қап, мына жазғандарды-ай,— деп нағашым *б ұ л қ а н-т а л қ а н.*—Ей, қара бала, қайтар бері! Қайтар да, өзің тарт ілгері! («Лен. жас»). 2. *Асты-үстіне шыққан, әлем-тапырық.* Түске жетпей-ақ қала іші *б ұ л қ а н-т а л қ а н* болды (З. Шашкин, Тоқаш Бокин).

БҰЛҚУ *Бұлқы етістігінің қимыл атауы.*

БҰЛҚЫ е т. *Кенет жұлқып қозғау.* Өкпесі не? Оспан қорған емес пе? Неге *б ұ л қ ы п,* неге түспек егеске? Ашу қысып қалш-қалш етті Осекең, Бір күн тұрып ел сыртында белесте (Б. Майлин, Таңд. шығ.). Екі балуан ұстаса кетті. Бекпембет балуаны бел ұстасымен-ақ *б ұ л қ ы п* қалды, бірақ Таңатты мызғыта алмады (Ғ. Сыланов, Дөң асқан).

БҰЛҚЫН е т. 1. *Алас ұрып жанталасу, жұлқыну.* Ызаланып жылаған мен әкемнің құшағынан *б ұ л қ ы н ы п* босанам да, бақырып бетіммен қашам (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.). 2. А у ы с. *Алайтүлей болып, оқыс қозғалысқа түсу.* Желеңдеп тек жел ойнап, Дөңгеленіп көл ойнап, Көбікті теңіз толқыны Жарына соғып *б ұ л қ ы н а д* (Жамбыл, Шығ.). Қыста қатқан көлдердің Мұз көйлегі жыртылып, Сең жүзгенін мен көрдім Толқынды теуіп *б ұ л қ ы н ы п* (Т. Жароков, Шығ.). Бұйратқа *б ұ л қ ы н ы п* алқынса да ақ дауыл, елең ғып оған қарамай, түтіні көкті сабалай, жалын жалай, шоқ жайнай тартып отырады (Б. Шалабаев, Өмірде.). 3. А у ы с. *Ерікке көнбеу, тулау.* Кенжехан тоқалдыққа сұрағанда Қадишаның барғысы келмеген: «тимеймін» деп бірталай уақыт *б ұ л қ ы н ғ а н* (М. Әуезов, Қараш.). ◆ **Асаудай бұлқынды.** *Ырыққа көнбеді, қатты тулады.* Шіркін-ай, көтерілмей көңіл деген, Заттарға бұрын әсте бөлінбеген, *А с а у д а й б ұ л қ ы н ы п* кеп жөнеледі, Жігіттің тепкісінен жеңілмеген (К. Райбаев, Жаңа толғау). Қарғалы да сәске мезетінде ақ жал *а с а у д а й б ұ л қ ы н ы п,* толқын күйлерін тереңнен тербеп жатыр (Ғ. Сыланов, Очерктер.).

БҰЛҚЫНҒЫШ с ы н. *Ырыққа көнбейтін аласұрғыш.* Татар мен қазақтың қыздары, Ән-жырмен ал қарсы, кел, мені, Лебіңе шөлдедім, Жүрегім дүрсілдеп *б ұ л қ ы н ғ ы ш* (Т. Исмаилов, Есіл).

БҰЛҚЫНДЫР *Бұлқын етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Верныйдан жандараддар бұйрық қылды, Құйрығы бұйрығының тіпті зілді. «Отыз бір, он тоғызды алад» деген Суық хабар халықты *б ұ л қ ы н д ы р д ы* (Жамбыл, Шығ.). Тұла бойым елжіреп Көзімнен ыстық жас тамды. Қуана көңілім елбіреп, *Б ұ л қ ы н д ы р д ы* жас жанды (Ө. Тұрманжанов, Жаңа өленд.).

БҰЛҚЫНДЫРУ *Бұлқындыр етістігінің қимыл атауы.*

БҰЛҚЫНТ *Бұлқын етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Кез болсаң қайғы я зарға, Құрсатып тілді ұмытып. Алып шықпа базарға Асаудайын *б ұ л қ ы н т ы п* (Абай, Шығ.).

БҰЛҚЫНТУ *Бұлқынт етістігінің қимыл атауы.*

БҰЛҚЫНУ *Бұлқын етістігінің қимыл атауы.* Денесін жалын шалған жыланның бірер рет-ақ *б ұ л қ ы н у ғ а* шамасы келеді екен (С. Мұқанов, Таңд. шығ.). Бас тағы суретіңді көрсет маған, Әдейі жұмысым сол келген саған. Жеңгенмін адалдықпен жан біткенді, Келмейді *б ұ л қ ы н у ғ а* енді шаман (Т. Ізтілеуов, Рүстем.).

БҰЛҚЫНЫС з а т. *Кенеттен болатын шұғыл қимыл.* Ал, *б ұ л қ ы н ы с ы* мен

бұлтарысы, лыпылы мен жылпылы «мен мұндалап» тұрған бұл кісіні бөтен ойлы жандар пайдаланып кетуі де мүмкін-ау» — деп ойлады (Д. Әбілев, Ақын.). Сондай-ақ Ақан кенет абыржыды, Жүректің аударылып ауыр зілі, Оңаша болса бір сөз айтар еді, Бөгеді *бұлқынысын* сабырлығы (Қ. Бекхожин, Үш кезең).

БҰЛҚЫС *Бұлқы етістігінен жасалған ортақ етіс.* Айдаһардай ысқырып, Балықтайын *бұлқыстық*. Жас баланың басына Қиын-қыстау іс түсті (Батырлар жыры).

БҰЛҚЫСУ *Бұлқыс етістігінің қимыл атауы.*

БҰЛТ[1] з а т. **1.** *Судың жылу әсерінен аспанға көтеріліп, буға айналған түрі.* Күз аспаны кірлеп, мұнартып, алыстағы қарлы биіктердің басына сәлдедей *бұлт* оралып, томсарып, сұрланып тұр (М. Әуезов, Қараш.). Түн. Аспанды торлаған қалың *бұлттан* қиыршық қар ұшқындайды (Ол күндер.). Күн найза бойы көтерілген, аспанда алақандай *бұлт*, үп еткен жел жоқ (Ғ. Мұстафин, Қарағанды). **2.** А у ы с. *Сезімде болатын қаяу, көңіл кірбіңі.* Сала берді өзінің Жібегіндей ілбіреп; Қыз сарайы ашылды, Көңіл *бұлты* ыдырап (І. Жансүгіров, Шығ.). Ауылым көшіп қонды Керменкөлге, Керменкөл келісті екен серуендеуге. Қайғының *бұлты* ыдырап жазылып еді, Қалқатай уәденді берген жерде (Б. Майлин, Шығ.). Тек, көптен бері көңіл көгіне үйіріліп келген күдіктің *бұлты* айығып, үміт шұғыласы орын тепті (Ә. Әбішев, Терең тамыр.). ◆ **Ақша бұлт.** *Аспанда ашық күндері қалқып жүретін түйдек-түйдек ақ бұлт.* Трактор түтіні будақтап *ақша бұлтқа* тоғысып жатты (М. Иманжанов, Адам тур.). Уай, арман, сен *ақша бұлт* жүзген көкте, Тоймадым қарай-қарай ерте-кеште. Жалғанда сенен сұлу бар ма десем, Бар адам дауыстайды «жоқ» деп әсте (Ғ. Мұстафин, Жиырма бес). **Басын бұлт алды** [**басына бұлт түйілді**]. *Қиын-қыстау жағдайға душар болды, басқа іс түсті.* Жаман дос — көлеңке; *басыңды бұлт алса* іздеп таба алмайсың (Абай). *Басыңа бұлт түйіліп* қыл көпірдің үстінде тұрғанында жақыным деп қолымды созсам, тәкаппар қыз бойына теңгермейсің (Ш. Хұсайынов, Таныс адам.). **Бұлт ала, жер шола.** *Біркелкі емес, ала-құла.* Ішкен мас, жеген тоқ. Уайым айтар біреу жоқ. Тым болмаса болмады, *Бұлт ала, жер шола* (Абай, Шығ. жин.). **Бұлт ойнады.** *Екі талай, хауіпті күн туды.* Капиталдың үстіне *бұлт ойнады;* Зәрелерін коммунизм ұшырып (Ж. Саин, Таңд. шығ.). **Бұлттан шыққан күндей.** *Жарқ еткен, жайраңдаған.* Сап-салмақты Дәметкен де *бұлттан шыққан күндей* шырайы жанып, ашылып, езуін жимай, күлуге айналды (Б. Майлин, Шығ.). **Бұлт торлады.** *Хауіп-қатер төнді. Бұлты торлап* бомбаның, Тілген соң оққа көгінді. Көтермей заттың зорлығын, Қайрап ең қанға кегінді (Сәлем саған.). Жүз батпан қайғы мен көңілдің қара *бұлты торлап* келіп, басыма төнгендей болды (М. Сәрсекеев, Жетіжылдық.). **Қаз бауыр бұлт.** *Ондаған шақырым биіктікте ұсақ мұз кристалдарынан пайда болатын бұлт.* Күздің салқын түні. Ай жап-жарық. *Қаз бауыр бұлттар* баяу жылжып барады («Лен. жас»). **Мұз жастанып, бұлт емген.** *Аспанмен тілдескен. Мұз жастанып, бұлт емген,* Тосып желге құшағын. Ақ орамал бүркенген, Тыңдайды таулар құс әнін (Т. Молдағалиев, Құралай). **Тас жастанып, бұлт жамылды.** *Не бір қиындықтан өтті. Тас жастанып, бұлт жамылып,* Дарияларды кешерсіңдер. Дүние кезіп сырлар ұғып, Жігіт болып өсерсіңдер (Қ. Аманжолов, Шығ.). **Сұр бұлт.** *Аспанды жаппай торлап, 4—5 шақырымдай биіктікте болатын тұнжыр бұлт. Сұр бұлт* түсі суық қаптайды аспан, Күз болса дымқыл тұман жерді басқан (Абай, Шығ. жин.). Жаңа ғана қуаныш кернеп жайраңдаған Алманың көңілі *сұр бұлт* көшкендей сапырылып кетті (Ғ. Мұстафин, Миллионер). **Шарбы бұлт.** *Жер бетінен екі-үш шақырымдай биіктікте болатын жұқалаң селдір бұлт.* Жайдары күнді ұзатқан *шарбы бұлттардың* бетіне әлденендей қызғылт нұр пайда болды (Ол күндер.). Жаңа жауған ұлпа қар *шарбы бұлттар* арасынан сығалаған күн көзімен шағылысып жалт-жалт етеді («Лен. жас»).

БҰЛТ[2]: **бұлт берді** [**етті**]. а) *Лып берді, бұлғаң етті.* Бір рет қайығы *бұлт ете* қалып еді, қорқып кетіп, білегін Азаматтың білегіне өткізіп алды (Б. Майлин, Азамат.). Бірнеше соққыны тез жаудырып жіберді де, *бұлт етіп* қашақтап жөнелді (Б. Соқпақбаев, Өзім тур.). Сасқан **үйрек** *бұлт беріп* бір шоқ талға барып **жоқ** болды (С. Бегалин, Төлбасы.). Мен *бұлт етіп* тез ұшып түрегелдім де, үстіне қона

кеттім (Б. Соқпақбаев, Өзім тур.). ə) *Табансыздық істеп, жалтарып тайқып шығу.* Дос алады: «бермесең, *бұлт берем*» деп, «Жауыңа қосылуға сырт берем» деп. «Бұзылған соң мен оңай табылмаспын, Не қылып оңайлықпен ырық берем» деп (Абай, Тол. жин.).

БҰЛТАҚ з а т. 1. *Иіні мол бұрма, бұрылыс.* Адам, *бұлтағы* жоқ жолды «ақ жол» демей ме, қазақ? (А. Тоқмағамбетов, Әке.). 2. А у ы с. *Тұрақсыз құбылмалық.* Менімен немере туыс, құрдас, адалдың адалы, *бұлтағы* жоқ, бір сөзді Мейрам бар (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). «Өлең шығаруға залал етеді, Тәкежанға жіберіңіз» дегені қай *бұлтағы* соның (М. Әуезов, Абай жолы). Өз заңымен, өз дәстүрімен келе жатқан жаңа байлық ол *бұлтаққа* жіберген жоқ (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). ◆ **Бұлтаққа салды.** *Құлыққа басты, бұлтарды.* Мен шынымды айтайын,— деді Босаңбай тағы бір *бұлтаққа салғысы* кеп (Б. Қыдырбекұлы, Ешкім.).— Тұлпар тізгінін ұста, механизатор бол,— деген еді. Мәлік көне қоймай, *бұлтаққа салып* көрді («Қаз. әдеб.»).

БҰЛТАҚТА е т. 1. *Тіке тартпай, көп бұлтарыспен жүру.* Жолшыбай біресе оңға, біресе солға, біресе ана бүйірге, біресе мына бүйірге... дегендей, *бұлтақтай* жүрген біз, қазіргі асфальт жолмен жарты-ақ күн жүретін Тюмень мен Қорғанның арасында төрт-бес қондық (С. Мұқанов, Есею жыл.). Сіз білесіз бе, машина жолына түсудің керегі жоқ. Өйткені олар *бұлтақтай* отырып көш жерді айналады... (Ə. Сəрсенбаев, Офицер.). 2. А у ы с. *Солқылдақтық жасап, екі ұшты сөйлеу.* Басында айтпадым ба саған,— деді кейіп,— түбінде *бұлтақтар* жайың болса жылама деп (С. Мұқанов, Өмір мектебі). Тым жұмсақ, бала мінезді, ойламай істемейді, соның салдары бұл... *Бұлтақтап* келіп еді, енді біржолата үйір тапқаны (Б. Майлин, Азамат.). 3. А у ы с. *Жалтарып кету.* Жалпақ бет қара жігіт таяна бергенде, анау *бұлтақтап* бұрыла қашты (С. Сейфуллин, Əңгім.). Түлкідей *бұлтақтап* бір жотадан бір жотаға жортып, əлі құйрығын ұстатар емес (Б. Момышұлы, Жауынгер.).

БҰЛТАҚТАТ *Бұлтақта етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Осы сен неменені *бұлтақтатып* отырсың. Бұлтақтатпай жөніңе көшші тегі — деді ол (С. Адамбеков, Қожанасыр.).

БҰЛТАЛАҚ з а т. 1. *Бұрылысы, бұлтарысы көп ирелең жол.* Тас жолдан шығысымен-ақ *бұлталақ* басталып жүріс қиындай түсті («Қаз. əдеб.»). Қызылордадан ноябрьдің жиырмасында аттанған эшелон осы *бұлталақта* он тоғыз күн жүрді (С. Мұқанов, Таңд. шығ.). 2. А у ы с. *Былқ-сылқ еткен солқылдақтық, табансыздық.* ◆ **Бұлталаққа салды.** *Сылтауратып, жалтарыс іздеді.* Осыны болыс приставке айтып келді. Пристав амалға кіріспеді, *бұлталаққа салды* (І. Жансүгіров, Шығ.). Біраз уақыт С. Торайғыровтың алашордашылар ықпалында болғаны жалпыға мəлім, енді ақынның сол қатесінің сыр-сипатын ашып, *бұлталаққа* салмай, дұрыстығына көшкеніміз абзал (XX ғ. қаз. ақын.).

БҰЛТАЛАҚТА е т. 1. *Арлы-берлі қисалақтап бұлғалақтау.* Үстіне шығуға талап етіп еді, қайықтың өзі ұстаған жағы төмен батып, ана жағы көтеріліп, *бұлталақтап* суға сүңгіте берді (Б. Шалабаев, Өмірде.). Екі танк өртенді де, екеуі арлы-берлі *бұлталақтап* жүріп кейін қайтты (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.). 2. А у ы с. *Бұлтаққа салу, тайқақтау.* Жақып, сен балалықтан сау емессің. *Бұлталақтағаныңды* сезіп жүрмін (Б. Майлин, Шығ.). Əрине, заңды нəрсеге ешкімнің таласы жоқ. Бірақ өйтіп-бүйтіп *бұлталақтап* жүріп Т. Дүйсенбаевқа 135 сом артық ақша төленді («Лен. жас»).

БҰЛТАЛАҚТАТ *Бұлталақта етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Дəмештің биік тақа туфлиі тобығын *бұлталақтатып* жүргізбеді (З. Шашкин, Теміртау).

БҰЛТАЛАҢ з а т. *Бұлтаң, бұлталақ.* Жер нұрланысын жүкті бір келіншектей, Қып-қызыл дəл өлкені бассын өртті. Жүрсін ақын сол жердің қожасындай, Бұралқының *бұлталаң* кебін шертпей (Ə. Тəжібаев, Кешеден.).

БҰЛТАЛАҢДА е т. *Əрлі-берлі қозғалақтап, бұлғалақтау.* Газик ойпаңдау жерде булыға гүрілдеп, құйрығы *бұлталаңдап,* шегіншектеп барып қайта ұмтылып, орғып өрең шығады (Т. Ахтанов, Дала сыры).

БҰЛТАЛАҢДАТ *Бұлталаңда етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Официант əйел жымия күліп, бөксесін *бұлталаңдатып* бара жатқанда Черноносов... иегін бір көтеріп қалды (К. Тоқаев, Түнде.).

БҰЛТАЛАҢДАТҚЫЗ *Бұлталаңдат етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БҰЛТАҢ з а т. **1.** *Қисық-шалыс жүріс.* Осылай өтіп келед қандай заман Ысылған Ышекең де заманадан. Аударыс болса дағы сыпсың-сүргін, *Бұлтаңмен* келе жатыр есен-аман (І. Жансүгіров, Шығ.). **2.** А у ы с. *Айлалы, амалды әрекет.* Ақын мен *бұлтаңы* жоқ бұл басымның, Заманның жаңа туған құрдасымын. Өстім мен еркін өмір өрені боп, Болмақшы менде қандай сыр жасырын? (Қ. Бекхожин, Үш кезең). Құлахметтің мына сөзі жүз тілхатыңнан артық мен үшін. Бұл көңілінде *бұлтаңы* жоқ, сәби бала (А. Байтанаев, Асан). Қоспағанда ұлтанды, Екі сом бересіз, Білмеймін *бұлтаңды* (О. Әубәкіров, Жасыр.).

БҰЛТАҢДА е т. **1.** *Бұлтыңдап тез қозғалу.* Талдырмаш жас партизан *бұлтаңдай* жүгіріп барады (Ө. Қанахин, Ауыр күн.). Басында толқын екпінімен *бұлтаңдай* беріп еді, қуатты қол өз ырқына көндірді (Т. Құрманғалиев, Теңіз.). **2.** А у ы с. *Солқылдақтық істеу, тайсақтау, жалтару.* Кірме Әубәкір қанша *бұлтаңдағанымен* рулы елдің тізесі шыдатпайды да, 1919 жылы қызын Қабиденге береді (С. Мұқанов, Өсу жол.).

БҰЛТАҢДАТ *Бұлтаңда етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БҰЛТАР е т. **1.** *Бір шетке қарай шұғыл бұрылу, жалтару.*— Қашсам да қалай *бұлтарып,* Қойдың-ау, Сәке, құтқармай!.. (С. Мұқанов, Замандас.). Біз оңды-солды *бұлтарып* ұзақ жүрдік, әлден уақытта мен және бір рет құлап алдым (Ә. Сәрсенбаев, Офицер.). **2.** А у ы с. *Сөзде тұрмай жалтару, айнып кету.* Өткен кеш бұлар оңашалап сөйлесіп, бұл сапардан қалай да *бұлтарып* қалу әдісін тапқан болатын (Х. Есенжанов, Ақ Жайық).— Сен ауырып па едің?—деп сұрады.—Жо-оқ...— деп Баян тағы қызара қалды да — я, я, аздап басым ауырған,— деп тез *бұлтара* қойды (Ә. Нұрпейісов, Күткен күн.).— Неге бүйтіп *бұлтара* бересіз, сіз басты ретінде жауапкерсіз (А. Байтанаев, Жаңғыр.). ◆ **Бұлтара тартты.** *Жалт бұрылды.* «Ару десе, ару емес пе, біздің Ертіс,— деді ішінен ол — *бұлтара тартып,* бұрала ағысын қарасаңшы (Ә. Нұршайықов, Жомарт.).

БҰЛТАРМА з а т. **1.** *Бұраланды қалтарыс, бұлтарыс.* Абақтының *бұлтармасы* көп дәлізінен өтіп, аулаға шықты (З. Шашкин, Тоқаш Бокин). **2.** А у ы с. *Жалтарып кететін құлық, айлакерлік.* Бұның *бұлтармасы* көп жылмаң төс жауынгерлері тістене соғысқан «темір қаршығалардың» оңтайына ілікпей, қырық құбылып, ақыры бастарын шауып әкетіп жүр (Ә. Кекілбаев, Дала.).

БҰЛТАРМАСЫЗ с ы н. **1.** *Қалтарыссыз, бұлтарысы жоқ.* **2.** А у ы с. *Айласыз, құлықсыз.*

БҰЛТАРТ *Бұлтар етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БҰЛТАРТҚЫЗ *Бұлтарт етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Ол — сүйек-буын туберкулезінің республикадағы жұлдызы. Оның қорытындысы Оразалиевті *бұлтартқызбайды,* жауырынынан салады, шалқасынан түсіреді (Е. Оразақов, Дәрігер.).

БҰЛТАРТТЫР *Бұлтарт етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БҰЛТАРУ *Бұлтар етістігінің қимыл атауы.*

БҰЛТАРЫС з а т. **1.** *Қаға беріс жер, қалтарыс.* Үй-үйдің арасындағы *бұлтарысы* көп тар жолмен бірталай уақыт қиқы-шойқы жүріп, іштегі бірнеше қақпа мен есіктен өткеннен кейін, бастаушымыз бізді тәртібі тәуір ұсталып тұрған қорасымаққа кіргізді (С. Мұқанов, Алып. адым.). Оқу оқып, білім алу — өмірдің даңғыл оңай жолы да, еңбек етіп, күн көру — *бұлтарысы,* сүрлеуі көп, шым-шытырық жол екенін Нұрлан совхозға келіп, қызметке кірген күні ертеңінде-ақ сезінді (З. Шашкин, Сенім). Кезек Берікке жеткен күні сандықта жатқан әкесі:— Қарағым, ол үңгірдің іші қараңғы, жар-жары, *бұлтарысы көп,*— деді (С. Қасиманов, Сиқырлы.). **2.** А у ы с. *Айла-шарғылы бүкпе, жалтарыс.* Жоғары білімі бар, әдебиет мұғалімі, жас жағынан да қарайласпыз. *Бұлтарыс,* айла жасамай тура сұрақ қояйын. Бұл да шындықты жасырмас — деген сенімде болдым (Ж. Жұмақанов, Үш бәйтерек).

БҰЛТАРЫССЫЗ с ы н. *Бүкпесіз, тура, дәл.* Аздан соң жылауын да қойып, болған уақиғаны *бұлтарыссыз* баяндап шықты (М. Иманжанов, Алғашқы.). Мәуленнің *бұлтарыссыз* тік жауабын Инеш көңіліне алып қалды (С. Шаймерденов, Болашақ.).

БҰЛТ-БҰЛТ: **бұлт-бұлт етті.** *Бұлтыңдап тез қимылдады.* Қолпаңдаған күрткі, етік, Әкесінің киіміндей. Бірақ, бала *бұлт-бұлт етіп,* Келеді оны бұйым демей (Ж. Молдағалиев, Поэм.). Дарын *бұлт-бұлт етіп,* денесіне жұдырық дарытпады (М. Сүндетов, Балық аула.). ◆ **Бұлт-бұлт ойнады.** *Қозғалақ қақты, ойнақшыды.* Нарттай жаның беттері, Құрыштай бұлшық еттері, *Бұлт-бұлт ойнап* бұлқынған, Таптағандай тағыны (Т. Жароков, Шығ.). Белінен жоғары жалаңаш, бұлшық еттер бірге күлгендей, сом денеде *бұлт-бұлт ойнайды* (З. Қабдолов, Өмір ұшқ.).

БҰЛТИ е т. 1. *Томпайып тұру.* Екі ұртына екі жұмыртқа тығып алғандай ұрттары да *бұлтия* қалыпты (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). Еті қып-қызыл, мұрны қоңқақ, бұғағы бұқаның әукесіндей салбырайды, қарны *бұлтиып* кетіпті (Ә. Шәріпов, Партизан.). 2. А у ы с. *Томпиып, сүйкімді болып көріну.* Мен осылай жүріп жаттым. Істерім де көңілді, үй ішім де көңілді. Үйге келсем ермегім — Арыстаным. Ол дені сау, *бұлтиған* семіз, сұлу бала боп өсіп келеді (С. Мұқанов, Есею жыл.). Текебай қызық. Бұдан екі жыл бұрын ғана талдырмаш бойлы жас жігіт қазір сүтті саулықтың қозысындай *бұлтиып,* жұп-жұмыр, топ-томпақ бет, кіндігінің түбі көтеріліп семіре қалыпты (С. Мұқанов, Мөлдір. махабб.). ◆ **Аузы бұлтиды.** *Ренжіп, өкпелеп қалды.* Ұлбикенің *аузы бұлтиды.* Қабағы қыртыстанып, көз жанарында әлде кімдерге деген ашу белгісі көрінді (Б. Майлин, Шығ.).

БҰЛТИТ *Бұлти етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Шолақ жең, ақ торғын көйлек денесіне жабысып, кеуде жағын *бұлтитып,* белін қиып-ақ тұр (З. Шашкин, Теміртау). Надя аузын балаша *бұлтитып,* кері бұрылды да қыздарға қарай басты (З. Қабдолов, Өмір ұшқ.).

БҰЛТИТТЫР *Бұлтит етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БҰЛТИТУ *Бұлтит етістігінің қимыл атауы.*

БҰЛТИЮ *Бұлти етістігінің қимыл атауы.*

БҰЛТСЫЗ с ы н. *Бұлты жоқ, ашық. Бұлтсыз* биік көк аспаннан күлімдей қараған күн Сәулештің тереңнен қопарыла көрінген ішкі қуанышын жарқыратып тұр (Ғ. Мүсірепов, Белдерде). Кеш... *Бұлтсыз* аспанда қалқыған толық айдың жарығы күндізгідей (С. Мұқанов, Алып. адым.).

БҰЛТТАЙ с ы н. *Бұлтқа ұқсаған, бұлт сияқты.* Күн жиегі көріне, жерді жапқан шықтың бозамық буы, ыдыраған *бұлттай* жан-жаққа сөгіліп тарай бастады (С. Мұқанов, Есею жыл.). Бірер ай сөйлеспей де жүрдік, қазір тағы неліктен екенін кім білсін, Ақбеттің басындағы *бұлттай* құбылып, түнеріп жүр,— деп Мәлік күлді (З. Шашкин, Сенім). ◆ **Жауар бұлттай.** *Тұнжырап, түнерген, көңілсіз.* Алғаш *жауар бұлттай* боп осынша қалың торланған Афанасий Кондратьевичтің көңілсіздігі біртіндеп ыдырады (С. Мұқанов, Сырдария). Шәріптің *жауатын* долы *бұлттай* түйген қас-қабағы сол кезде Әміреш пен Жароллаға да әсер еткендей болды (С. Сейфуллин, Шығ.). **Бұлттай қаптады.** *Өте көп болып, самсады.* Шоқтығы Қаратаудың, Мыңжылқының, Басына шықшы, Арқа, жомарт Сырдың. Арасын тұтас алып, *бұлттай қаптап,* Жатады төрт түлік мал қара-құрым (Т. Әлімқұлов, Сапар). **Қара бұлттай.** а) *Қаптаған көп, сансыз.* Қарсы жақ *қара бұлттай* қаптап келеді (Ауызекі тіл). ә) *Хауіпқатерлі, тұнжырап, түнерген. Қара бұлттай* қайғы ішінде, Түкпірінде қу зынданның. Білдім, білдім түсіп жерге Сағатының жоғалғанын (А. Жұмағалиев, Өшп. жалын).

БҰЛТТАН е т. *Аспанды бұлт басу.* Көп тілесе — алар, күн *бұлттанса* — жауар (Мақал). Таңертеңнен *бұлттанып* тұрған күн бір ашылмады (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.).— Күн енді *бұлттанып,* ол төбеге келіп жауғанша мен де бұл егінді бір жайлы етермін,— деген еді (Ә. Әбішев, Замана.).

БҰЛТТАНУ *Бұлттан етістігінің қимыл атауы.*

БҰЛТША ү с т. *Бұлтқа ұқсас.* Бұрқана келген жаңбырдың, Бұлтын сөгіп жібердік. Қабағын күтпей әр күннің Жұмысқа *бұлтша* түнердік (С. Мәуленов, Магнитау.).

БҰЛТЫҚ с ы н. *Томпиып ісінген.* Ал ашуланған, қатуланған кездерінде аларған *бұлтық* көздері арлан қасқырды еске түсіреді (Ә. Көшімов, Екі бүркіт). Мұның сырттай жасаған әсерінің салдарынан

өсімдіктің жапырағы мен сабағы бүріседі, *бұлтық* буындар пайда болады (Гербицид.).

БҰЛТЫЛДА е т. 1. *Бұлт-бұлт ету.* Бұлшық еттер денеде, *Бұлтылдап* күшпен ойнаған. Сіңір дене құрыштай, Жұмыспен қызып қайнаған (С. Сейфуллин, Шығ.). Бұқа мойынның қабағы тыржиды. *Бұлтылдаған* ұрты кенет семе бастаған секілденеді (Б. Майлин, Шығ.). Әкеміздің шаруасы тайға артқан қоржындай *бұлтылдап* кедей мен орташаға кезек ауысудан көз ашқан емес (Ғ. Мүсірепов, Белдерде). 2. *Тербеліп, қалт-құлт ету.* Табанын жерге тигізбей басынан асыра көтеріп алған күйі, су бетінде *бұлтылдап,* толқып тұрған қайықтың басына апарды (Ә. Нұрпейісов, Ымырт).

БҰЛТЫЛДАҚ с ы н. *Бір қалыпта тұрмай, ойнақшитын.* Серке сан, белі делдек, шоқтық биік, *Бұлтылдақ* бұлшық ет ті — бейне биік. Сіңірлі, толарсақты, болат тұяқ, Құлаштай қаз мойынды қояды иіп (С. Сейфуллин, Өлең д.). Жоғарғы ауыл ешкісі — Қуыс құлақ, *бұлтылдақ,* Қуыс құлақ бұлтылдақ, Бұлтарады бұлтылдап (С. Қасиманов, Өс-өс.).

БҰЛТЫЛДАҚТЫҚ з а т. *Жалтарып кететін өзгергіштік, тұрақсыздық.* Көзіне түсіре киген қара кепканың күңгағары астында жылтыраған кішілеу көк көзінің қиығында түлкінің құйрығындай бұлаң бергелі тұрған бір *бұлтылдақтың* байқалады (Алғы шепте.).

БҰЛТЫЛДАТ *Бұлтылда етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Қаз-қатар тұра қап бұлшық еттерін *бұлтылдатып* машинаға бірі бидай артып, элеваторға жіберіп, қайсыбірі аулақтау жерде бидай ұшырып, тазалап жатыр (З. Шашкин, Сенім).

БҰЛТЫЛДАТУ *Бұлтылдат етістігінің қимыл атауы.*

БҰЛТЫЛДАУ *Бұлтылда етістігінің қимыл атауы.*

БҰЛТЫҢ з а т. с ө й л. **Бұлтаң.**— Агроном агротехникаға жауап береді. Ермек үшін жүргенім жоқ. Көп *бұлтыңды* қойып, уақытты өткізбей, іске кіріскен жөн (С. Алдабергенов, Алға). ◆ **Бұлтың етті.** а) *Бұлт етті, бұлк етті.* Лайсаң суда жондары қарауытып қол саласындай тізбектелген сазандар жүйткіп, ағылып келе жатады да, аяқ астынан үріккен даланың жабайы ешкісіндей *бұлтың етіп* кері дүркірейді (Т. Құрманғалиев, Теңіз.). Айтам ғой, ашкө!— деді де ұрты *бұлтың етті.* Кең көмей бұлқып өтті, Көзі аларып шашалды (О. Әубәкіров, Жасыр.). ә) *Сылқ ете түсті.* Бұлтың қақты. *Бебеу қақты, ойнақыланды.* Кейде *бұлтың қақты* күй, Ойнақтаған құлындай Құйрық атып құлдырап (І. Жансүгіров, Шығ.).

БҰЛТЫҢДА е т. 1. С ө й л. Бұлтылда. 2. *Реніштқабақ білдіру, бұртыңдау.* Өнбес іске өкпе қып, Келмей қойма *бұлтыңдап!* Қолданып кетпе қулықты Құзғындықпен қутыңдап! (І. Жансүгіров, Шығ.).

БҰЛТЫҢДАТ *Бұлтыңда етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Тайларын табан балықша *бұлтыңдатып,* айнала шапқан балалар (Ғ. Мұстафин, Миллионер).

БҰЛТЫҢДАТУ *Бұлтыңдат етістігінің қимыл атауы.*

БҰЛТЫҢДАУ *Бұлтыңда етістігінің қимыл атауы.*

БҰЛШЫҚ: **бұлшық ет.** *Организм клеткаларының қозғалу қабілетін басқаратын жиырылғыш ет тарамдары.* Балуан Шолақтың жалаңаш денесінің *бұлшық еттері* түйін-түйін боп бүлкілдеп, желді күні толқындаған теңіздің беті сияқтанып кетті (С. Мұқанов, Шығ.). Қозғалған сайын *бұлшық еттері* ойнақшып, шашы желкілдеп тұр (Ғ. Мұстафин, Қарағанды). Жіліншік сырқырап, аяқтың *бұлшық еттері* үзіліп ауырады; қос табан, өкше тегісімен күлдіреп кеткен (Х. Есенжанов, Ақ Жайық).

БҰЛШЫҚТЫ с ы н. *Бұлтиып білеуленген, бунақ-бунақ.*— Фамилияң кім?— деп сұрады Ехлас оның *бұлшықты* қары мен құйған қорғасындай тып-тығыз, әрі жауырынды, әрі төстек келген денесіне риза болған пішінмен жіті көз тастап (Х. Есенжанов, Тар кезең).

БҰЛЫҚ з а т. с ө й л. **Құлық.**

БҰЛЫҚСУ *Бұлықсы етістігінің қимыл атауы.*

БҰЛЫҚСЫ е т. 1. *Ытқып, ақтарыла ағу.* Отарбек көзіне бұлақ біткенді қосарына ала *бұлықси* жосыған сол өзен шеңбері шыпылдаған теңіз бен көлдерге құйыла жатқан секілді елестеді (Ғ. Орманов, Жүрек). 2. *Толықсып, теңселу, майысу.* Бойжеткендей *бұлықсып,* Дөнді дәмдеп

толықсып, Астық пісті аңызда (І. Жансүгіров, Поэм.). Әнеки әр тараптан ән келеді, Алыстан ноқат дерсің сом денені. *Бұлықсып* жалғыз аяқ бұраң жолда Келіндер судан қайтқан сәнденеді (Х. Ерғалиев, Құрманғазы).

БҰЛЫҚСЫТ *Бұлықсы етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БҰЛЫҚТА е т. *Көрпенің жиегін басып қоршау.*

БҰЛЫҚТАТ *Бұлықта етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БҰЛЫҚТАТТЫР *Бұлықтат етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БҰЛЫҚТАУ *Бұлықта етістігінің қимыл атауы.*

БҰЛЫҢ с ы н. *Бір-біріне жалғас, белең-белең, қалтарысты. Бұлың* белдер бұл күнде, Етек-жеңін кең жазған, Үнін қосқан өмірге, Нұрын алып кең жаздан (Халық ақындары). **Белгі қадап** *бұлың* белге, Кейде салып істік бұғы. Түсе қалып кейде жерге, Уыстайды ыстық құмды (Қ. Бекхожин, Достық.).

БҰЛЫҢ-БҰЛЫҢ[1] с ы н. *Қуыс-қуыс бүйір, қалтарысы көп.* Іші неше түрлі *бұлың-бұлың* диірмен. Күндіз-түні тоқтаусыз жүріп тұрады (І. Жансүгіров, Шығ.). *Бұлың-бұлың* көк үйлер, бұлдыраған заңғар тау (Ж. Сыздықов, Өленд.).

БҰЛЫҢ-БҰЛЫҢ[2] ү с т. *Бұлдырап елес т е п.* Биыл қар кете, таудан келген тасқынның бастан кешкен әбігер күндері көз алдынан осылай *бұлың-бұлың* өте шыққан Мұхит жар басындағы тоғайға келіп жетті (Ғ. Сыланов, Шалқар.).

БҰЛЫҢҒЫР с ы н. 1. *Ашық емес, бұлдыр, бүркеулеу.* Екі-үш күннен бері бұл өңірде күн *бұлыңғыр* болатын (М. Әуезов, Таңд. шығ.). Күн *бұлыңғыр-ды.* Біз қалаға жетпей-ақ, ұсақ жаңбыр жауды (З. Шашкин, Теміртау). 2. А у ы с. *Бұлдыр-белеңді, көмескі, күңгірт.* Жағалауда бір лашық, Жар басында бір шығыр, Жылды қуып жыл асып, Көшті күндер *бұлыңғыр* (С. Мәуленов, Таңд. өленд.). Деев сонау *бұлыңғыр* жастық шақта болып қиялдаған арманы — үлкен Жезқазғанды енді өз көзімен көргелі отыр (М. Қаратаев, Далада.).

БҰЛЫҢҒЫРЛАН е т. *Күңгірттеніп бұлдырлану. Бұлыңғырланып* кеткенмен, күн ұясына енді ғана қонған болу керек (С. Мұқанов, Таңд. шығ.). Қыстың жылусыз қысқа күні *бұлыңғырланып*, көкжиекке төніп барып қалған (Б. Соқпақбаев, Балалық.).

БҰЛЫҢҒЫРЛАНУ *Бұлыңғырлан етістігінің қимыл атауы.*

БҰЛЫҢҒЫРЛАУ с ы н. *Буалдырлау, күңгірттеу.* Аспан *бұлыңғырлау* болғанмен жел жоқ, күн жылы еді (Б. Соқпақбаев, Өзім тур.). Қала үсті *бұлыңғырлау* әпақ түске енген (К. Тоқаев, Тасқын).

БҰЛЫҢҒЫРЛЫҚ з а т. *Буалдыр тарткан, күңгірттік.* Естібай күздің *бұлыңғырлығына* да, өздеріне де риза емес (Ө. Қанахин, Ауыр күн.).

БҰЛЫҢДЫ с ы н. *Бұлыңы мол.* Естіп соны Мәжігің, Желе-жортып жөнелді. **Көк** *бұлыңды* тоғайдан Алтынайдың қолына Таяқ әкеп береді (Манас).

БҰНДА ү с т. с ө й л. **Мұнда.**

БҰНДАЙ с ы н. с ө й л. **Мұндай.** Әрине, *бұндай* жұмыс оңайға түспейді, әсіресе мен секілді өмірді тек сәулелі жағынан көретін адамға қиын соғады (І. Есенберлин, Ғашықтар). Бұрын *бұндай* жауды кезіктірмегендіктен де киіктер бой салып қашпады (С. Елубаев, Ойсыл қара).

БҰНДАЙДА ү с т. с ө й л. **Мұндайда.** *Бұндайда* бетке сермеген, шошайған қолдың өзі де кісінің пысына жақсы болмайды (М. Әуезов, Абай жолы). Еламан *бұндайда* өз бөлмесіне кетіп қалады; жұмыс кезінде де оның көзіне түспеуге тырысты (Ә. Нұрпейісов, Сергелдең).

БҰНДАЙЛЫҚ с ы н. с ө й л. **Мұндайлық.** *Бұндайлық* мол жиында басты қатыратын айқай-шу бүгін тыйылған (К. Оразалин, Көктем.).

БҰНША ү с т. с ө й л. **Мұнша.** ... Далаға шыға келгенде:— Өй, сабазым, неге *бұнша* сабылдың!— деді Әдхам (Ғ. Мұстафин, Дауыл.).

БҰНШАЛЫҚ с ы н. с ө й л. **Мұншалық.** Етегін бұнан кең қылса да, тіпті тізесінен сәл төмен түсірсе де, қыз денесіне *бұншалық* үйлеспейтіндей көреді (Ә. Нұрпейісов, Күткен күн).

БҰНШАМА ү с т. с ө й л. **Мұншама.** Құдығын жөндеп қазбайтын қазақтың

б ұ н ш а м а жерді талқандауы таңдандырды білем (Ғ. Мұстафин, Көз көрген).

БҰП-БҰЙРА с ы н. *Соншалықты бұйра.* ... Тұраш *б ұ п-б ұ й р а* шашы ұйысып, аузын томпайтып, отты қара көздерін мөлдірейте қарап тұрған-ды... (М. Иманжанов, Таныс қыз). Кенже туған *б ұ п-б ұ й р а* қара қошақан енесінің ар жағына бір шығып, бер жағына бір шығып емеді (Б. Соқпақбаев, Аяжан). Тауға өрлей-өрлей, орман шеті кей жерлерде *б ұ п-б ұ й р а* шілік пен аршаға ұласып жатыр (Ғ. Орманов, Жүрек).

БҰР е т. 1. *Алған бағытты, бетті өзгерту.* Петр Чернов бірдеме айтайын деп басын маған қарай *б ұ р а* бергенде, бүйірден келіп соққан оқ оң жақ қолын жұлып әкетті (Ғ. Мүсірепов, Таңд. шығ.). Құбаша жігіт те көк биені *б ұ р а* ұмтылып, ақ сұр аттың соңынан ытқи жөнелді (С. Сейфуллин, Әңгім.). Кейінде қалды тігілген шатыр, Теңіздей дала алдында жатыр. «С—80-ін» *б ұ р д ы* да жолдан, Тербеніп қырға қарады Батыр (М. Әлімбаев, Таңд. өлең.д.). 2. *Істің бет алысын өзгертіп, ауыстыру.* Зейнеп аңғарып, ашуланып қалама деп, өз бетіндегі көңілді ажарды шапшаң *б ұ р а* қойды (М. Әуезов, Абай жолы). Қайыр сөзді әрі қарай тереңдеткісі келмеді де, әңгіме желісін *б ұ р ы п* жіберді (З. Шашкин, Теміртау). 3. *Дұрыс түсіндірмей теріске айналдыру.* Қазірде ол:— Талғат-ау, махаббат, сүйіспеншілік деп ойымды *б ұ р ы п* барасың деді (К. Тоқаев, Тасқын). Олар коммунистер образының типін анықтамайды, қайта күңгірт тартқызады, кейде *б ұ р ы п* та тұрады (М. Қаратаев, Туған. әдеб.). 4. *Іші бұрып, жақын тарту.* Туғанына *б ұ р ғ а н ы,* Биді құдай ұрғаны (Мақал). 5. А у ы с. *Өз жағына шығару.* Оразбай ол төрені өз жағына мүлде ұйытып, *б ұ р ы п* алмаққа тырысады (М. Әуезов, Таңд. шығ.). ◆ **Бет бұрды.** а) *Бір бағыттан екінші бағытқа ауысты.* Әуелі жұрттың *б е т і н б ұ р у* қиын болып еді. Енді қауым болып үлкен іске ниет қылып отыр... (Т. Ахтанов, Дала сыры). Жау жапырылып, Қызыл Армия батысқа *б е т б ұ р ғ а н д а,* шығыстан қайтқан қаланың тұрғылықты халқы жер астын баспа еткен болатын (М. Иманжанов, Адам тур.). ә) *Біржола жұмыла кірісті.* ... Жинақ шыққаннан кейін мен жазушылыққа *б е т б ұ р д ы м* (С. Көбеев, Орынд. арман). Достық деген ұранмен, Еңбекке бейбіт *б е т б ұ р д ы қ* (А. Тоқмағамбетов, Таңд. шығ.). **Бұра басса.** *Ауа басса, аяқ аттаса болды.* Қызылжардың көшелері маған *б ұ р а б а с с а* адасып кететіндей көрінгенмен, бірер күнде мен бар көшесін аралап, көзімді қандырып алдым (С. Мұқанов, Өмір мектебі). *Б ұ р а б а с у ғ а* уақытым болмаса, қай жерде жүріп ашамын есігін (Ш. Хұсайынов, Таныс адам.). **Бұра сөйледі.** *Күлкіге айналдырды, әзілдеді. Б ұ р а с ө й л е г е н* күлуге жақсы, бұра қашқан түлкі қууға жақсы (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.). **Бұра тартты.** *Сыңар езулікке салынды, кесіріне жүрді.* Бірер мәселе туралы *б ұ р а т а р т с а,* Сағындық өз пікірін өткізгенше өзеуреленіп болушы еді (Б. Майлин, Шығ.). **Бүйрегі бұрды.** *Іш тартып, жақын тұтты.* Бұл араға сен неге кірістің? *Б ү й р е г і н* кімге *б ұ р а* қалды екен?— деп Назар қызға күдіктене қарады (Т. Ахтанов, Дала сыры). Әділдік жолы не? Бұл жол оған көмескі. Әйтеуір әке досына *б ү й р е г і б ұ р а д ы* (А. Сарбопин, Аспалы бесік). **Мойын бұрды.** *Бір нәрсеге қарады, солай бұрылды.* Ашық есіктен сол жаққа *м о й ы н б ұ р ғ а н* Кузьменко:— Онда отырған кім?— деді (К. Тоқаев, Тасқын). Терезеден қарап тұрып екі ұлым Баяулатып әнін салды «Москва». Әлде неге мұңайды екен құлыным, Селт етпейді *м о й ы н б ұ р ы п* басқаға (Қ. Әбдікадыров, Таңд. өленд.). **Мойын бұрмады.** *Көңіл бөлмеді, елемеді, ескермеді.* Бала деген ойынның қызығына кіріп алса, еш нәрсеге *м о й ы н б ұ р м а й т ы н* болады (Ауызекі тіл).

БҰРА е т. *Дөңгелете, айналдырып қозғау.* Беткейде қарамы көпенедей ғана көмір үйіндісі жатыр. Оның қасында Әкім бір жігітпен қолбұранды ырғала *б ұ р а п* тұр (Ғ. Мұстафин, Қарағанды). Нияз мылтықты пештің артына тығып қойды да, домбырасын алып, құлағын *б ұ р а п,* шерте бастады (С. Сейфуллин, Шығ.). Бұрын бұл үйге талай келген үгітші қыз босағадағы штепселді *б ұ р а п,* электр шамын жақты (С. Мұқанов, Саяхат.). ◆ **Бұрап соқты.** *Алып ұрды.* Қасқырың болса — қайтейін, менің қара ала төбетім бір-ақ *б ұ р а п с о ғ а д ы* дейтін (М. Әуезов, Қараш.). **Құлағын бұрады.** *Ұмытпасын дегендей қайта-қайта еске салды.*— Дүниеге қашан ие боласың? Біздей кәрі әке-шешеңе қашан көмегің тиеді?— деп Жұмағұл мен Қадишаның *қ ұ л а қ т а р ы н б ұ р а п* қояды (М. Әуезов, Қараш.). Тілек тілеп ел шулап, Ақсақалдар жылады. Болыс, би бөлек үгіт-

теп, Ел *құлағын бұрады* (Қаз. әдеб. хрестом.). **Мойынын бұрап алды.** а) *Үзіп, жұлып алды.* Қаршыға қанатымен қазып қалды, Су төгілді, іше алмай, іші жанды. Сол жерде Сайрам ерді ашу кернеп *Мойынын* қаршығаның *бұрап алды* (Е. Бердин, Екі ойшыл). ә) *Ырқына көндірді, жанын көзіне көрсетті.* **Іші бұрап ауырды.** *Түйнеп ауырды.* Аурудың бұл түрінде *іш* шаншып *бұрап ауырады,* ішке ас тоқтамайды (З. Сырғабаева, Токсоплазмоз). Ішек ауруының бұл түрімен ауырғандардың *іші* қатты *бұрап ауырады* (Н. Әжіғалиев, Мал. ауру.).

БҰРАҚТА е т. Жерг. *Титықтап, ілініп-салыну.* Қызылжарға қарай жүретін қысқы жолмен шұбалып, *бұрақтап* келеміз (С. Сейфуллин, Тар жол.). Сексенде буындарың діріл қағып, Болдырған арық аттай *бұрақтайсың* (С. Мұқанов, Шығ.).

БҰРАҚТАУ *Бұрақта етістігінің қимыл атауы.*

БҰРАЛ е т. **1.** *Бұра етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Сондықтан ана жүрегі жел үрлесе де ызыңдап тұратын қатты *бұралған* домбыра ішегіндей әрбір нәзік үнге қосыла кететін (Ғ. Мүсірепов, Таңд. шығ.). **2.** *Иір-иір болып шұбатылу, созылу.* Иректеліп салынған қара жол неше *бұралып* отырып, ақырында сол молаға соқты (Б. Майлин, Шығ.). Сайда *бұралып* шығып жатқан бағланның түтіні көрінді (М. Әуезов, Қараш.). **3.** *Толықсып, толқып, майысу.* Шытырма көйлек етінде, Нұр сәулесі бетінде. *Бұралып* кетіп барады Перінің қызы секілді (Қыз Жібек). Алдыңғы қатардағы ақ отаудан *бұралып* келіншек шықты. Басында шетін кестелеген шашақты көгілдір жаулық (Б. Майлин, Шығ.). *Бұралып* тұрып, Буыны құрып, Қисайта тартып мұрынын (Абай, Тол. жин.). **4.** *Бүйірі бүйіріне жабысып, аш өзегіне түсу.* Ауылға жақындағанымызда ескі сабалақ жүні үстінен түспеген *бұралған* арық иттер ерініп үріп қарсы алды (Б. Майлин, Шығ.). Екеуі әбден сүмірейіп көк иық болды. Екеуі де аштықтан әбден *бұралды* (С. Сейфуллин, Тар жол.). Тау ішінің аш қасқырындай *бұралып,* Сарымсақтының қарағайында бір күн, бір түн бекініп жатты (М. Әуезов, Қараш.). ◆ **Иненіктей бұралған.** *Сидыып былқ-сылқ еткен, иір қобыз.*— Сендер бастап жүрген адамсыңдар,— деп Мінайдар мен Қойшығараны *иненіктей бұралған* біреу тергеуге алды (Б. Майлин, Шығ.). **Мың бұралды.** а) *Ирелеңдеп сан бұрылыс салды.* Ат шаптырса жетпейтін орамды алып жатқан Кегеннің кең жазығы. *Мың бұралып,* жыланша ирелеңдеп ағып жатқан өзен (С. Шаймерденов, Мінез). Тау басына бусанып, Бозғыл тұман оралып; Сарқырап ағып шу салып, Өзені *мың бұралып* (Т. Жароков, Таңд. шығ.). ә) *Ұзақ сыланып-сипанды, сәнденді.* Принцесса жалаңаштанып айнаға қарады, назданып түсін құбылтып *мың бұралды* (С. Ерубаев, Шығ.). б) *Құйқылжып, толқып, шарықтады.* Осы бір кішкене ғана құмыр құстың бал татыған көмейінен *мың бұралып* шыққан әуезі қыз бойын да шымырлатып кетіп бара жатты (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). Аспанда қараторғайлар самғап шырылдайды. **Көш жолынан қашып ұшқан болу керек, қаулап кетті.** Көш үстіндегі аспанды, *мың бұралған* үнмен кернеді (М. Әуезов, Таңд. шығ.). **Тал шыбықтай бұралды.** *Нәзік қимылмен майысты.* Өз бойына шақ етіліп тігілген кіршіксіз ақ халатының алдыңғы екі қалтасына қолын салып, *тал шыбықтай бұралады* (Ә. Нұршайықов, Жомарт.). Маңдайшаға қол артып, жасөспірім бір қыз тұр. *Тал шыбықтай бұралады.* Аппақ уыз бетінде, қара мөлдір көзінде қайғы мен шаттық бірдей бар (Ғ. Мұстафин, Қарағанды).

БҰРАЛА е т. **1.** *Қайта-қайта орағыштап айналдыру.* Ой болдыра шаршағанда тұралап, Маңдайшасын саусағымен *бұралап* (Д. Әбілев, Өленд.). **2.** *Умаждап, үстіүстіне тықпалау.*— Сол сен айтып отырған «кім көрінгенің» биыл да аз емес деп, қазыны аузына *бұралай* тығып отырған Нури киліге кетті (М. Иманжанов, Көк белес).

БҰРАЛАҚТА е т. *Олай-бұлай теңселіп, қисалақтау.* **Аңыз жерді аударып, көк** соқа бауырдай кесіп барады. Көп ұзамай-ақ көк сиыр *бұралақтап* соқаны жүргізбеді (І. Жансүгіров, Шығ.).

БҰРАЛАҚТАУ *Бұралақта етістігінің қимыл атауы.*

БҰРАЛАҢ с ы н. **1.** *Бұлтақ, ирелеңі мол, қисық-қисық.* Жолаушы өткелге ағаш таситын даңғыл жол мен орман қойнауына сіңетін *бұралаң* тар соқпақтың айрығында машинадан жеңіл қарғып түсті (Р. Әутәліпов, Қыр әңгім.). *Бұралаң*

соқпақпен бір адам ілбіп келеді. Еңсесін төмен салып, олпы-солпы шәркейін сүйрете басады («Қаз. әдеб.»). 2. А у ы с. *Қиын-шылығы мол, шырғаланды.* Қаскөйліктің *бұралаң* шатқалдарын сенсіз ашуға дәрменім жетпеді, Ғани (Ш. Хұсайынов, Таныс адам.). Өмірдің қатал заңының *бұралаңынан* шыға алмай басы шырғаланға түскен кейіпкерлер тағдырына шын қиналасың («Қаз. әдеб.»).

БҰРАЛАҢДА е т. 1. *Шайқақтай қисалаңдау.* Келе ескі қазақ арба сияқты шиқылдап, *бұралаңдап* жүре алмай қалған шаруаны қолға алып, бірер жылда тырашеңкедей жүргізіп дызылдатты да қойды (З. Шашкин, Сенім). Қоспанның қалжырап күші кете бастады. Кейде үлкен күректі топыраққа көміп алып көтергенде *бұралаңдап* кетеді (Т. Ахтанов, Дала сыры). 2. А у ы с. *Екі ойлы болып, тайсақтап, толқу.* Үйде жүрген уақытта Кенжехан келіп кеткен сайын *бұралаңдап,* айныңқырап қалып жүрсе де, Кенжехан ауылына барып орныққан соң, ... Қадиша танымастық болып өзгеріп кетті (М. Әуезов, Қараш.). Шахтаға бүгін ғана түсіп тұрған әйелдер әуелі жапыр-жұпыр қимылдап, лезде *бұралаңдай* бастамаса, Бекең осыдан басқа сөз айтпайтын да еді (Ғ. Мүсірепов, Белдерде).

БҰРАЛАҢДАТ *Бұралаңда етістігінен жасалған өзгелік етіс.* ... Би ырғағына қарай кейде шалқайып, кейде еңкейіп, кейде оңды-солды *бұралаңдатқанда* толықша денесі қармақтай иіледі... (С. Мұқанов, Алып. адым.).

БҰРАЛАҢДАУ *Бұралаңда етістігінің қимыл атауы.*

БҰРАЛАУ *Бұрала етістігінің қимыл атауы.*

БҰРАЛҚЫ з а т. 1. *Қаңғыған, иесіз ит. Бұралқы* ит тімсінін жүріп, көп ұялас-тың ортасына түсіп қалғанда таланарын біліп, құйрығын қысып алғанмен, тісі барын да көрсетеді (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). «Сондай жасты болдырман!» — деп қараушылар, жұрт тіміскін жүріп, көкке қарап ұлығаң *бұралқы* итпен тең дағы (Ғ. Мұстафин, Дауыл.). Сүйегімізді *бұралқы* иттей айдалада қалдырмайық (З. Шашкин, Ұядан ұш.). 2. А у ы с. *Сыртан келген бұратана адам, кірме.* Саудагер қашты бұл елден, Несиесін жия алмай; *Бұралқылар* сандалды Жуандарға сыя алмай (Абай, Тол. жин.). ... Балгер үй иесінің ризалығы күшті болған соң, босағада жатқан *бұралқы* қызды тыңдамады (К. Оразалин, Ақ жазық). Мың *бұралқыдан* бір байырғы (М. Әлімбаев, 666 мақал.). ◆ **Бұралқы сөз.** *Қыңыр сөз, қылжақ.* Жанталасқан жастар жосығы тыным тауып, ешкім сені қағып та кетпейді, *бұралқы,* бейпіл сөздер де естімейсің (Ғ. Мүсірепов, Белдерде). Оның ұзын құлақтан естіген *бұралқы* сөзі Тәтиев Әбікен жолдасты алты ай әуреледі (С. Төлешев, Түрлі. бас). Әдейілеп біреу кеп тіл қатпаса, өзі ізденіп әңгіме де тыңдамайды, *бұралқы* сөзді керек те қылмайды (З. Шашкин, Сенім).

БҰРАЛҚЫЛАН е т. 1. *Ел кезіп, қаңғыбастық істеу.* Жігі-жапар боп, жалығып шақырғанда келмей, сутке тиген күшіктей боп, *бұралқылануып* жетіп бару — өлім емес пе?! (М. Иманжанов, Көк белес). 2. А у ы с. с ө й л. *Жарамсақтанып, жағыну.*

БҰРАЛҚЫЛЫҚ з а т. *Тұрақ-мекені жоқ, қаңғыбастық.*

БҰРАЛТ *Бұрал етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Майда қоңыр оның әні биіктетіп көтеруге де, *бұралтып* ырғақтауға да, құбылтып нақыштатуға да еркін жетеді (С. Мұқанов, Өмір мектебі). Көп сұлу қыздарды әкеліп жанынан, алдынан *бұралтып,* оралтып қызықтырады (М. Әуезов, Индия очерк.).

БҰРАЛУ *Бұрал етістігінің қимыл атауы.* Енді жол қиындап, күзгі түн суығы, аштықпен *бұралу* — бәрі жиналып келіп, өзге Қозыбақтың жылқысына болса да тиісуге жетектеді (М. Әуезов, Қараш.). Ішектің ішінде газ, тығыздалып кептелген азық, тас бар-жоғын, ішектің *бұралуы* сияқты кеселдің жайын анықтайды (Ә. Әбішев, Мал санитары.).

БҰРАМА с ы н. 1. *Еселіп істелген, шыратылған.* Ішігінің сөнін *бұрама* күміс түймеге орнатылған... маржандар ерекше ажарлап тұр (М. Әуезов, Абай жолы). *Бұрама* білезік — жасалу жағынан өте оңай, тұр жағынан жарасымды білезік (С. Қасиманов, Қаз. қолөнері). 2. З а т. *Күмісті, алтынды жіптерден өріп істелген салпыншақ.* Халық зергерлері көбінесе... түйреуіш, мық, ілгек, сағат бау, үзбе, түйме, түйменің сабағы, *бұрама* деңбет (деңмет), кемер белдік, кісе сияқты адам-

ның өз бойын әсемдейтін заттарды жасады (С. Қасиманов, Қаз. қолөнері). ◆ **Бұрама білезік.** *Күмістен ширатып, есіп істеген білезік. Бұрама білезіктің* екі басына әр алуан бедері бар бунақтар... тас көздер орнатып әшекейлейді (С. Қасиманов, Қаз. қолөнері).

БҰРАМАЛЫ с ы н. *Бұралып бекітілетін.* Түкіргіштің *бұрамалы* қақпағы тығыз жабылып тұрады, сонда ғана киім лас болмайды (Е. Оразақов, Туберкулез.). Лабораторияда қолданылатын шөлмек ыдыстар, реактивтер мен ертінділер сақтау үшін *бұрамалы* тығынды... банкелер (Агрохим. картогр.).

БҰРАН з а т. *Винттің бұрамалы кесіндісызығы.* Фланецке *бұран* салып, үңіле қалған токарьдың қасында құныға қарап қазақ бала жігіті тұр (Ғ. Мұстафин, Қарағанды).

БҰРАНДА з а т. *Ортасындағы ойық бетінде спиральды сызығы бар бірнеше қырлы жалпақ темір кесінді.* Завод деген единица. Үлкен Саясаттың бір тетігі. Бір *бұранда* солғын бұралса, мемлекет дөңгелегінің жүрісіне ақау түседі (З. Шашкин, Теміртау). ... Үш-төрт пішен машинасы тұр. Сол жерде ірілі-ұсақты *бұрандалар* шашылып қалыпты (С. Адамбеков, Қожанасыр.). Кереге ағаштарын *бұрандамен* де бекітеді (С. Қасиманов, Қаз. қолөнері).

БҰРАНДАЛЫ с ы н. *Бұрандасы бар.* ... Енді бір сопақша сауыт шықты. Төбесінде күмістеген *бұрандалы* қақпағы бар (М. Әуезов, Индия очерк.). Кружканың астыңғы жағында резеңке трубкасы бар, онда *бұрандалы* ашып-жапқыш болады (С. Сұбханбердин, Дәрі — дауа.).

БҰРАНШЫ з а т. *Бұранды айналдырып, қозғаушы. Бұраншыларға* жеткенде Щербаков талтия тұрып шылымын тартты (Ғ. Мұстафин, Қарағанды).

БҰРАҢ с ы н. 1. *Бұрыс-бұрыс бұлтағы көп, ирелеңді.* Стокгольм көшелері тар болудың үстіне қисық та *бұран* (М. Әуезов, Индия очерк.). Әнеки, әр тараптан ән келеді, Алыстан ноқат дерсің сан денені. Бұлықсып жалғыз аяқ *бұран* жолда, Келіндер судан қайтқан сәнденеді (Х. Ерғалиев, Құрманғазы). Көкірегім толы күй менің, Сен жоқта шерткім келмейді. Іздесе жігіт сүйгенін Жолды да *бұран* демейді (М. Әлімбаев, Менің Қазақст.). 2. А у ы с. *Қиын-қыстаулы.* ГАИ-ды басқарып Гаитанин атанған адам жасы елуге жетпей-ақ пенсионер болса, ол жүріп кеткен *бұран* жолдар да көз алдыңа келуі мүмкін (Ғ. Мүсірепов, Белдерде). Иванов бір ноқатқа көзін тігіп, Соғыстың *бұран* жолын шықты сүзіп (Қ. Жұмалиев, Қырда.). ◆ **Бұран басты.** *Сызылып сәнмен жүрді.* Иісті май, жағындың гүл, сабындандың, Түзеліп бейне хордай қабылдандың. Сызылып *бұран басып,* асыл киіп, Алыстан жүрт көзіне сағымдандың (С. Дөнентаев, Шығ.). *Бұран басып,* сәнмен жүріп, Шай ұсынса әкесіне, Сүйінішпен әрлендіріп Сенің қолың әкелтті де... (Ж. Өмірбеков, Мың терезе). **Бұран бел.** а) *Жіңішке, талдырмаш бел.* Саусақтары да сүп-сүйір болып, жұқа жүзіне, *бұран белінде,* жұқалаң, келте шұбар шыт көйлек жараса қалған (Ж. Жұмақанов, Қаракөз.). ә) *Бой-тұрқы жарасқан сүйкімді әйел.* Боз үйге ай сәулесі нұрын төгед, Шапи қыз сәлем айтып келсін деп ед. Шомылған айдын көлде аққудай боп, *Бұран бел* сылаң етіп шыға келед (Қаз. әндері). Болса да жер үй қараңғы, Оқиық тағы хатты әкел. Сағынып көңілі алаңды Не жазды екен *бұран бел* (Қ. Аманжолов, Шығ.). **Бұран етті.** *Қиралаң етті.* Аққасқа Қасен даусын есті сала, ойға қарай жұлқи бұрап қалғанда көкшолақтың белі *бұран етіп* барып, дүрс етіп құлап түсті (М. Әуезов, Қараш.). Барановтың күмпиіп тұрып ышқынған ашуы бұралқы иттің құйрығындай *бұран етіп* құлай кетті (Ә. Әбішев, Замана.). **Бұран қақты.** а) *Ирелеңдеп бұралаңдады.* Өзектегі қалтырап жаурап тұрған жас тоғайға келіп, жерге шейін басын игізіп, тәжім еткізіп, арасынан суылдап *бұран қағып,* ойнап өтеді (М. Әуезов, Қараш.). Өзі алдыңғы бөлмеге шығып кетіп, бір *бұран қаққан* ақ қаншық қасқырды алып келді (Қаз. ертегі.). ә) *Әрлі-берлі қозғалып, қиралаңдады.* Жұбайға отыз қамшы соқты қатты, Құйрықтан борағытып қандар ақты Соққанда отыз қамшы сорлы Жұбай, Тұралмай әлгі жерде *бұран қақты* (Батырлар жыры).

БҰРАҢ-БҰРАҢ: бұран-бұран басты. а) *Қисық, шалыс жүрді.* Қабдол молдалар алдында алтайы қызыл түлкідей жылтжылт етіп, *бұран-бұран басады* (С. Адамбеков, Көсе.). ә) *Мың бұралып толықсыды.* **Бұран-бұран етті.** *Әлсін-әлсін қираңдап қозғалды.* Тазының кеудесі қасқыр-

дың астында, бөксесі *бұраң-бұраң етеді*. Өзі жағаласқан жауынан біржола жеңіліп, тырапай асуға айналған (Ә. Көшімов, Екі бүркіт).

БҰРАҢДА е т. 1. *Әрлі-берлі теңселу, бұраң-бұраң ету, ырғалу.* Көкке тіреу болғандай көкшіл терек, *Бұраңдап* бұтақтары күнге еркелеп (Д. Әбілев, Таңд. өленд.). Ақ дидарың көргенде тұра алмаймын, Сенсіз жерде салтанат құра алмаймын. Сен есіме түскенде, беу, қарағым, Кемесіндей дарияның *бұраңдаймын* (Қаз. әндері). 2. *Көп бұрылыс жасап, ирелеңдеу.* Беті байтақ жазық, артын, екі бүйірін қоршаған қызыл шақа, қара қотыр биіктердің етегінде *бұраңдаған* бұлақтар, өзенсымақтар жатыр (Ғ. Мұстафин, Қарағанды). Менің бұл қашуым — көз жұмбай тәуекел, *бұраңдаған* айналма жол, бір жерден шығарар деу (З. Шашкин, Теміртау). Төмен еңкейіп қараса, онда *бұраңдай* аққан өзен жағасында су электр станциясы көрінеді (М. Иманжанов, Менің махабб.). 3. *Сәнмен майысып, толықсып қозғалу.* Қыз Назым шықты *бұраңдап* Он сегіз толған жасына (Қамбар батыр). Екі қыз отыр *бұраңдап* Ақ орданың ішінде. Камшат бөрік басында, Інжу, маржан шашында (Қ. Жапсарбаев, Өленд.). Салтанатпен *бұраңдар* нәзік белі, Самал соқса гүл сүйтіп тербеледі (Ө. Тұрманжанов, Таңд. өленд.). Енді көрсе жоғалыпты түз желі, Кеткен шығар басқа жақты кезгелі... Енді ғана шаршағанын ұқтырып, Кешке нәзік *бұраңдайды* қыз белі (Х. Ерғалиев, Біз. ау.). Өңі ақ, әдемі қыр мұрынды, сұңғақ денесі тал шыбықтай *бұраңдайды* (Ж. Жұмақанов, Жазылм. кітап). 4. *Шыдамай, әлсіздік білдіру.* Үзеңгіге аяқты тіреп, арқанды шірене тартқанда, қара кер жорға әлсіреп, артқы бөксесі *бұраңдап* сала берді (Б. Майлин, Шығ.). Қазір жұмыстың ауыры да, асығысы да осы. Әлсіздер *бұраңдап,* сабырсыздар шатынай бастаған (Ғ. Мұстафин, Миллионер). 5. А у ы с. *Түлкі бұлаңға салып, бұлтақтау.* Бағынып барлығы да қойды мойын, *Бұраңдап,* білдірмеді бөтен ойын. Көрсетіп кеңшілікті Кей-Қысырау, Отырды оларға енді ашып қойнын (Т. Ізтілеуов, Рүстем.).

БҰРАҢДАС *Бұраңда етістігінен жасалған ортақ етіс.*

БҰРАҢДАТ *Бұраңда етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Тұра қап айна алдында ойға батты, Денесін талай жаққа *бұраңдатты,* Біресе қабақ түйіп, ернін қысып, Біресе тісін ашып езу тартты (С. Мұқанов, Шыңнан шыңға).

БҰРАҢДАУ *Бұраңда етістігінің қимыл атауы.*

БҰРАҢСЫЗ с ы н. *Тіп-тік түзу, бұрылысы жоқ, бұлтақсыз. Бұраңсыз* тіктеп біткен тартқан сымдай, Болған жоқ атақты ағаш бұрын мұндай. Көктен сусын, жеріңнен қорек алған, Жасаған бұтақтары желге сынбай (Д. Еркінбеков, Шығ.).

БҰРА-САЯҚ с ы н. к ө н е. *Байланыссатысы жоқ, оқшау.* Сөйледім мен әкеме бастан-аяқ, Бір бөтен сөз қоспадым *бұра-сая қ.* Айтуында бір мінің ұнамады, «Қандай заман туғызар!» — деді аяп (Батырлар жыры).

БҰРАТ *Бұра етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Жалындана мен желпініп, Жерге бұрғы *бұратам* (Т. Жароков, Таңд.).

БҰРАТАЛА ү с т. с ө й л. *Біржола.* «Неге қоштасып жатырмыз. *Бұратала* ма?». Күлсін кетіп бара жатқан жігіттің күбірлей сөйлегенін естіп қалды («Лен. жас»).

БҰРАТАНА с ы н. *Шет аймақта мешеу қалған, бөтен, жат.* Қырғыз, өзбек, түркімен, қарақалпақ, Сібір елдері сияқты өңшең *бұратана* ұлттардың жігіттері сонда тоқайласты (І. Жансүгіров, Шығ.). Бұрын *бұратана* атанған қазақ халқы еркіндік алып, өз алдына шаңырақ көтерді (С. Мәуленов, Жұлдыз.).

БҰРАТЫЛ е т. с ө й л. *Бұрал.* Оң қолымен тануы көзін сыртынан басып алып, шыдай алмай ышқынып, *бұратылып,* қатты қиналып жатыр (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). Ұзын адам аршындап аяңдағанда да мүшелік жерді әп-сәтте алып қоя береді, ал жүгірген кезде *бұратылып* ебедейсіз көрінсе де, ізінен жел естіріп жібереді (Х. Есенжанов, Тар кезең).

БҰРАУ[1] з а т. *Арқан-жіпті, желбауды тартып тұратын кішкене жұмыр ағаш.*— Мынау, мынау, мынауым, Сексеуілден *бұрауым.* Алысқанда шақ келмес, Алыбың мен дырауың (І. Жансүгіров, Поэм.). Малды адамнан малшы қалады деп ұқпайтын Қарабас: «Жұртыма *бұрауымды* тастамай өтермін»,— деп жобалағанда бір сенетін адамы осы Сатымбет еді

(К. Оразалин, Көктем.). ◆ **Бұрау басын сындырмады.** *Бос жүрді, қол ұшын қимылдатпады.— Бұрау басын сындырмай,* үйінде жатқан ғана қателеспеуі мүмкін, ал мен болсам осы колхоз үшін, бірдемелерді тындырып жүргенге ұқсаймын, қателесуім ықтимал (С. Шаймерденов, Мезгіл). Ал ол мал шаруашылығына байланысты колхоздарда *бұрау басын сындыра* ма, жолдастар-ау? Сындырмайды — деді Әбілқасымов (Э. Нұршайықов, Тың астығы). **Бұрау салды.** *Дененің бір жерін қатты буып қысты.* Егер қан ағуы тоқталмай, қысу ұзаққа созылғандай болса, онда *бұрау салуға* тура келеді (Е. Оразақов, Дәрігер.). **Қол бұрау салды.** *Күшке салды, қыстады.* **Тақымға бұрау салды.** *Арқанмен қатты буып қинады.* Халқын сатып жауына болысар адам Жомарт па екен, *тақымына бұрау салып,* дүреге жықса да су жолын көрсетпепті (Т. Ахтанов, Дала сыры).

БҰРАУ [2] *Бұра етістігінің қимыл атауы.* Халық творчествосының мол әдіс, тәжірибелерінің ішінде металдарды талшықтап *бұрау,* өру, тоқу, түйіндеу, өріп шашақтау, бунақтау, кесек металдарды үзбелестіру сияқты әдістер бар (С. Қасиманов, Қаз. қолөнері).

БҰРАУДАЙ с ы н. *Бұрау сияқты.* Оқтаудай жуан темірлерді білегіне *бұраудай* орайды, бақыр ақшаларды қамырдай илейді (С. Мұқанов, Шығ.).

БҰРАУЛА е т. *Бұрау салып қысу.* Жылан шаққан жерді дереу тіс батқан жерден жоғарырақ *бұраулап,* уды қан арқылы бойға таратпау керек (Е. Оразақов, Дәрігер.).

БҰРАУШЫ з а т. *Тетікті бұрап айналдырушы.* Көмірді таза, әрі ысырапсыз ала білу керек,— деді Сергей Петрович шылымын тартып, *бұраушылардың* қимылына қадала қарап тұрды (Ғ. Мұстафин, Қарағанды).

БҰРАУЫШ з а т. *Бұранданы бұрайтын аспап.*

БҰРҒЫ з а т. 1. *Ағаш не темірді үңгіп тесетін құрал.* Біреусінде тізіліп ағаш шеберінің ісмерлік саймандары жатыр: ара, балта, сүргі, шапқы, тескіш, тістеуіш, *бұрғы* — тіпті көп (Б. Соқпақбаев, Аяжан). Сабақ басталысымен әр оқушыға ара, сүргі, ағаш балға, *бұрғы,* түрпі және темір сызғыш т. б. саймандарды бір-бірден үлестіріп берді («Халық мұғ.»). 2. *Тау жыныстарын опырып, үгіп бұзатын аспап, машина.* Бұл жер — әлгі «Шұбартасты» деген, бұрын Нияз зерттеп *бұрғы* салып, алтын тапқан жер (С. Сейфуллин, Шығ.). Гиганттарда станоктар секунд сайын сартылдады, Шахталарда шахтерлердің *бұрғылары* жарқылдады (Қ. Аманжолов, Шығ.).

БҰРҒЫЗ *Бұр етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Төбеттің мойнын *бұрғызбай* қапсыра тістеп, жұлқып-жұлқып жібергенде, үлкен төбеттің арт жағы бұлаң-бұлаң қағып барып, Көксеректің жанына дүрс етіп сұлап түсті (М. Әуезов, Көксерек). Жеңіпті Досекеңді түн ызғары, Ілікпей тоңған дене тұрғызбады. Жастанып ыңыршағын жатқан екен, Сіресіп енді мойын *бұрғызбады* (Қ. Тоғұзақов, Өленд.).

БҰРҒЫЛА е т. 1. *Бұрғымен тесіп өңдеу.* Біз қайтып оралғанша балташылар бар тақтайларды *бұрғылап* дайындап қойыпты («Лен. жас»). 2. Т е х. *Жер қыртысы мен тау жыныстарын ойып оқпан жасау.* Сол арада бірнеше күн жатып, әр жерді бұрғылап, ақырында Нияз бір *бұрғылаған* жерден түсі дәме қылдыратын бір тастардың сынықтарын тауып, орамалына орап, шатырына алып келді (С. Сейфуллин, Шығ.). «Каспийге ау салсаң балық аларсың, маңайын *бұрғыласаң* мұнай табарсың» деген мақал орынды айтылған (Ә. Бірмағамбетов, Қазақст. геогр.).

БҰРҒЫЛАН *Бұрғыла етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Жеті қабат жердің асты, *Бұрғыланып* бар пласты, Қарағанды шахтасында (Т. Жароков, Шығ.).

БҰРҒЫЛАУ *Бұрғыла етістігінің қимыл атауы.* Николай Павловичтің жұмыс әдісін жақсы меңгерген жас мастер көмекшілеріне басшылық етіп *бұрғылау* жұмысына кірісті (С. Бегалин, Жеткіншек). Мәселен, бізде аспаптарды сулап әрлеу және қайрау, ылғалдап *бұрғылау* т. т. жүргізіледі (Адам анатом.).

БҰРҒЫЛАУШЫ з а т. Т е х. *Кен қопарушы маман.* Қазір Сапаралының да Гриша сияқты үш мамандығы бар: бетоншы, *бұрғылаушы,* электросварщик (Адам және химия). Онша терең емес, ұзындығы отыз метр траншеяда егістік жердің құнарлылығын арттыратын тыңайтқыштың беті аршылды. *Бұрғылаушылар,* жарушылар оны қопарып, қопсытты («Лен. жас»).

БҰРҒЫШЫ з а т. 1. *Ағаш не темір тесетін жұмысшы.* Токарев машина есігінен басын шығарып, төбеде тұрған досына қарады. Осы кезде *бұ р ғ ы ш ы* дауыстады (Қ. Қамбаров, Алтай.). 2. *Бұрғылаушы маман.*

БҰРҚА е т. *Қар я топырақ-тозаңды жел үйіріп ұйтқу.* Үдей түсті дем сайын *б ұ р қ а п* боран, Жел арсылдап боранға қосты ұран (Қ. Жұмалиев, Қырда.). Аңызақ жел үйіріп Жатса дағы шаң *б ұ р қ а п,* Қадап жалын кірпігін, Тұрса да күн шаңырқап (С. Мәуленов, Магниттау.). Ескі қораның есігінен де, Төбесіндегі тесігінен де Қар *б ұ р қ а п,* Ызғар соқты (М. Рашев, Біле қойдым).

БҰРҚ: **бұрқ етті.** а) *Кенет бір будақ боп көтерілді.* Атылған мылтық түтініндей болған бір шуда, айқын көк түтін шоқ қарағайдың үстінен *б ұ р қ е т і п* көрініп те қап еді (М. Әуезов, Таңд. шығ.). Анық хабарды сол әкелер, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін сол жасар деп тұрғанда көз ұшынан шаң *б ұ р қ е т т і* (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). ә) *Шымыр етіп қайнады.* Пеш үстіне қойылған шәйнек лезде *б ұ р қ е т і п,* бу көтерілді (Ауызекі тіл). б) *Бірден сау ете қалды.* Нұрқат бір тостаған айранды қағып салды да, екіншісін сұрап ішіп, қалтасынан орамалын алып, *б ұ р қ е т к е н* мандай терін сүртіп, содан соң тіл қатты (З. Шашкин, Сенім). *Б ұ р қ е т к е н* қан Айғыз бетін тілімдеп аға бастады (Аялы жандар). в) *Гүрс етіп құлап түсті.* Ескі дүшпаны жырында бандымен шапа-шап алыса түсті. Бірақ бір айналуға келместен-ақ жау бұраң етіп, Бекболдың астына барып *б ұ р қ е т е* түсті (М. Әуезов, Таңд. шығ.). г) *Кенеттен оқыс ашуланды.* Ыңылдап өлең айтып Құрымбай келді. Ыңылдағанда айтқаны: «Бай менен молданы қойдай ку қамшымен»,— деген өлең. Әбітайдың әйелі *б ұ р қ е т е* түсті (Б. Майлин, Шығ.). Берен үйден шыққанда қара келіншек жарылып кететіндей боп *б ұ р қ е т т і* (Бұл да). д) *Гу етіп, дүңк ете түсті, сап ете қалды.* Екі жеті өткеннен кейін казак уряднигі Сизухин келді деген хабар *б ұ р қ е т е* қалды (М. Қаратаев, Далада.). Ел ішінде: «Кәмешке сөз салушылар келе бастапты»,— деген сөз *б ұ р қ е т е* қалды (Ж. Молдағалиев, Жүрек.). *Б ұ р қ е т к е н* соғыс өртіне дүшар болдық. 1942 жылдың күзі де келіп жетті (М. Иманжанов, Адам тур.). е) *Дүр етіп көтерілді, қаулап өсті.* Май орталанса, егін көгі *б ұ р қ е т е й і н* деп тұр (Ж. Молдағалиев, Жүрек.).

БҰРҚ: **бұрқ еткізді.** а) *Алып ұрды, топ еткізді.* ә) *Бір қайнатып алды.* Сонан кейін туралған ет пен салманы тұздықтың үстіне салып, бір *б ұ р қ е т к і з і п* қайнатып алады — дейді (Келіншектер.). б) А у ы с. *Ойда жоқта сап еткізді.* Мұныңыз қалай, Әбсат жолдас? Министрлікпен байланысыңыз жоқ. Көрші газет *б ұ р қ е т к і з і п* беріп жіберсе, қайтесіз (Ә. Сатыбалдиев, Ақмарал). Газетші деген мұндайда ақ мылтық, факты мен керекті цифрларды алады да, очеркті әп-сәтте *б ұ р қ е т к і з е д і* (М. Иманжанов, Менің махабб.).

БҰРҚАҚ з а т. *Қарды жай үйтқытып, үйіріп соғатын бұрқасыннан бәсең жел.* Дыбыссыз ескен ызғарлы желге дыбыс пайда болды. Жаяу борасын *б ұ р қ а қ қ а* айналды (Ғ. Мұстафин, Дауыл.). Кейде аяз, кейде *б ұ р қ а қ,* кейде қырбақ, Кейде еркек, кейде күрпік, кейде сырғақ. Жер тартып, аспанды аршып, алтын күрек, Сапырар сұрапылды кейде бір уақ (І. Жансүгіров, Шығ.).

БҰРҚАҚТА е т. *Жел үйтқытып, дүркін-дүркін қар борау.* Көксайдың күнгейіне шығатын тауға өрлете жайып келе жатыр едім, алдында азырақ жел білініп, *б ұ р қ а қ т а п* тұрған болатын (Ә. Бірмағамбетов, Қазақст. геогр.).

БҰРҚАҚТАТ *Бұрқақта етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Соқтырып ай астынан алтын күрек, Қақтырып *б ұ р қ а қ т а т ы п,* қағылдатып, Жүйткітіп, сонарлатып, саяттатып, Қырандай қыр жонында шаңқылдатып... (Әсет. Шығ.).

БҰРҚАҚТАУ *Бұрқақта етістігінің қимыл атауы.*

БҰРҚАН е т. 1. *Долданып, аласұрып өршелену. Б ұ р қ а н а* келген жаңбырдың, Бұлтын сөгіп жібердік. Қабағын күтпей әр күннің, Жұмысқа бұлтша түнердік (С. Мәуленов, Магниттау.). Биыл да сол әдеті Су *б ұ р қ а н а* тасыпты. Салмақ болып бөгетті, Халық күрес ашыпты (Ғ. Қайырбеков, Құрдас). 2. А у ы с. *Қатты ашуланып, кәріне міну.* Шынтас *б ұ р қ а н ы п* ашуға мінсе баяу тербеп көңілін басатын, егер көңілі селт етпей, түнжырап торыққан сағаттарында толқынмен тулап оятатын... (Т. Ахтанов, Дала сыры). «Сәулем-айға»

шырқадық, Қарт көңілін жұбатып. Басылды сәл *бұрқанып,* Қалды ма екен ұнатып (Ғ. Қайырбеков, Таулар.).

БҰРҚАНДАН *Бұрқанда етістігінен жасалған ырықсыз етіс. Бұрқандансаң* мұз жаудыр, Мұздай темір құрсандыр. Кел, кел, бұлт, кел, бұлт! Екі енеге тел бұлт! (С. Сейфуллин, Шығ.).

БҰРҚАН-ТАЛҚАН үст. *Асты-үстіне шыққан, быт-шыт, алай-түлей.* Осы жел қалыңдығына адамның сирағы бойламайтын қардың лезде *бұрқан-талқанын* шығарып, екі-үш күннің ішінде жердің бетін қарайтып, ашады да тастайды (Ә. Бірмағамбетов, Қазақст. геогр.).

БҰРҚАН-ТАРҚАН үст. *Тас-талқан, әлейім-тәлейім, алай-түлей.* Жайшылықта оп-оңай өткел беретін шағын, момақан өзен *бұрқан-тарқан* (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). Дауылдата қуып жеткен өкпек жел бір шақ боранын *бұрқан-тарқан* көтерді де жіберді (С. Мұқанов, Алып. адым.). ◆ **Бұрқан-тарқан болды.** а) *Тас-талқан боп қатты ашуланды.* Қабағынан қар жауып отырмасына, теріс айналып *бұрқан-тарқан боп* жүрмесіне кім кепіл? (Т. Әлімқұлов, Ақбоз ат.). Кейкі *бұрқан-тарқан болып,* шанадағы пішенді лақтырып, хатты соның астынан ізден жатыр (М. Қаратаев, Далада.). ә) *Астан-кестені шығып бүлінді.* Көк құзардың тасталқаны шығып, өзен-дариялар *бұрқан-тарқан болады* (Ж. Саин, Жол үсті.).

БҰРҚАСЫН з а т. *Қарды үйтқыта соғатын шағын, бәсең боран.* Күн батып барады... Күндізгі қырдың *бұрқасынды* басылып, жел тынды (С. Мұқанов, Шығ.). Жапалақтай жауған соңғы қар *бұрқасынға* айналып, жерді ақ көбік қармен көме салды (Ж. Арыстанов, Жалын.).

БҰРҚАСЫНДА е т. *Қар аралас жел соғып үйтқу.* Кеш түсіп, ымырт үйірілген кезде күн де *бұрқасындай* бастады (Ауызекі тіл).

БҰРҚАСЫНДАЙ с ы н. *Бұрқасын сияқты.* Кейде оның ыза мен кегін, алай-түлей *бұрқасындай* ашуын қозғады (Ж. Арыстанов, Жалын.).

БҰРҚАСЫНДАН *Бұрқасында етістігінен жасалған өздік етіс.* Қасқырлар боратқан сүр қар бетіне түрпідей соғылады. Айналасы *бұрқасынданып,* көзі бітеліп, тұншығуға айналғандай (Б. Шалабаев, Өмірде.).

БҰРҚАСЫНДЫ с ы н. *Қарлы боран аралас.*

БҰРҚАСЫНША үст. *Бұрқасынға ұқсас.* Соған барып оқуға, Сықырын ойға тоқуға, Күні тұман, түні ашық *Бұрқасынша* тез барып (Манас).

БҰРҚАТ *Бұрқа етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Күшке біткен жауырынын, *Бұрқат* күштің дауылын (Ғ. Малдыбаев, Қырым қызы). Көтеріп Қайсар қолды аттанайық, Бәрібір *бұрқатса* да оқты бізге (Қ. Бекхожин, Мариям.).

БҰРҚАУ *Бұрқа етістігінің қимыл атауы.* Дауылдай *бұрқау* жандары, Өзінің жастық заңдары! (Д. Әбілев, Таңд. өлең д.).

БҰРҚ-БҰРҚ е л. *Түйдек-түйдек, будақ-будақ.* Ашыққан жылқы кетпендей тұяғымен қалың қарды *бұрқ-бұрқ* лақтырады (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). Ал жібердім, парды бердім, қимылда, Түтін *бұрқ-бұрқ,* соқа жылт-жылт шықылда. Біріккен күш, бірлескен іс ұласып, Төгілген нұр, жайнатты ой-қырын да (Қ. Әбдікадыров, Таңд. өлең д.). Аяқтарының астында ойланып қалған қалың қар, *бұрқ-бұрқ* борайды (М. Әуезов, Қараш.). Әр жерде шоқ-шоқ біткен селдір ағаштар болмаса, көпсік қалың қар басып, аппақ боп созылған жазық жер бетінен дәрі түтіні *бұрқ-бұрқ* ұшты (Ә. Нұрпейісов, Күткен күн). ◆ **Бұрқ-бұрқ етті.** а) *Топырақ-тозаң бұрқылдап көтерілді.* Оның үстіне екі пар қисық-қыңыр көшелерінің *бұрқ-бұрқ еткен* майда топырағынан аяқ алып жүрудің өзі күшке түседі («Лен. жас»). ә) *Сақырлап қатты қайнады.* Қайнауы жеткен ашу — қызуы жеткен құрттай. Бір жер емес, қазан беті әр тұстан *бұрқ-бұрқ етеді* (М. Әуезов, Таңд. шығ.). б) *Ду егіп көтерілді.* Неше заманнан бергі халықтың айтуға аузы бармай жүрген сөздері енді *бұрқ-бұрқ қайнап* шыққан (С. Сейфуллин, Тар жол.).

БҰРҚ-САРҚ е л. *Тез ашуланғыш, ашушаң.* Кейбіреулер сияқты сығалап кіріп, абайлап та шықпайды, мінезі де *бұрқ-сарқ* («Қаз. әдеб.»). ◆ **Бұрқ-сарқ етті.** а) *Алай-түлей болып ашуланды.* ... Маған десең өртеніп кет — деп, Әбдібек ызалы ашуға булығып, *бұрқ-сарқ етті* де қара сумкасын асынған бойы шығып кетті (А. Байтанаев, Асан). Отырамысың ома-

лып, жүр тез машинаға!— деп, есінен айрылғандай *бұрқ-сарқ етіп,* Ызбаркүл бұйыра сөйледі (Б. Қыдырбекұлы, Ешкім.). Мынаны қойшы бұл жағымпаз ғой,— дей бергенде Дәулетов *бұрқ-сарқ етіп,* орнынан «тфу» деп ұшып тұрды да, асханадан шыға жөнелді (З. Қабдолов, Өмір ұшқ.). ə) *Долданып, бұрқанды.* Талғар ұзақ күн бойы түгелімен *бұрқ-сарқ етіп* тасиды (М. Әуезов, Қараш.). *Бұрқ-сарқ етіп* жатқан долы өзеннің гүрілінен басқа дыбыс естілмейді (Ə. Əбішев, Терең тамыр.). **Бұрқ-сарқ қайнады.** а) *Бұрқылдап қатты қайнады.* Есік ашылып, *бұрқ-сарқ қайнаған* самауырды көтеріп Бəйтемір кіреді («Лен. жас»). ə) *Қызу қимыл үстінде болды.* Байтақ республикамыздың түкпір-түкпірінде *бұрқ-сарқ қайнап* жатқан осынау өмірді көріп, ойға қаласың («Қаз. əдеб.»).

БҰРҚЫЛ з а т. **1.** *Сұйық заттың қатты қайнағандағы қалпы.* Попов бірден құрыштың *Бұрқылынан* байқайды. Жек көрмейді мұны ешкім, Қиындық бұдан тайқайды (Т. Жароков, Шығ.). **2.** *Əр жерден бір бұрқ етіп көрініп қалатын түтін, шаң будағы.* Есенжол, Жүсіп, Жиенбай — жүйріктері заманның; Отарбадай əр жерден Көрінетін бір-ақ *бұрқылы!* (Үш ғасыр.).

БҰРҚЫЛДА е т. **1.** *Қалың шаң көтерілу.* Жиегінде жалғыз түп, Жайқалмайды жапырақ. Күндіз-түні шаңғытып, *Бұрқылдайды* топырақ (Ш. Смаханұлы, Тотияйын). Күн көтеріле бергенде оның гүлдерінен тозаң *бұрқылдап* ауаға көтеріле бастайды (Т. Таубаев, Жасыл əлем.). **2.** *Сақырлап қатты қайнау.* Ақсақал... жайланып, *бұрқылдап* қайнап жатқан етің исі мұрнына келіп отырғанда серпіліп əңгіме бастайтын (М. Әуезов, Таңд. шығ.). Міне есігінен күнде қарап, ішіне кіруге батпайтын от үй — мыс пеш құртша *бұрқылдап* қайнап жатыр (Ғ. Мұстафин, Қарағанды). Аспазшылар *бұрқылдап* қайнап жатқан қазанға ожауды көміп жіберіп солдаттарға толтыра-толтыра ботқа үлестіріп жатыр (Б. Момышұлы, Москва.). **3.** *Сауылдап ағу, сүмектеу.* Аузы көпіріп, көзі жұмылып, маңдайынан ыстық қаны *бұрқылдап* ағып жатқан Ұлтарақ тап сол сағатта көз алдында тұрғандай болды (Б. Майлин, Шығ.). Екі шеке дырылдап, Денеден тер *бұрқылдап,* Жанған оттай қызынып, Жатып алды ыңқылдап (С. Мұқанов, Таңд. шығ.). **4.** *Будақ-будақ боп көтерілу.* Көк бетегелі белестер, əр тұста вышкалар, *бұрқылдаған* түтін, бірен-саран адам көрінеді (Ғ. Мұстафин, Қарағанды). Екпіндеп малтыға жүгіріп келеді. Кезенген мылтық, автоматтарынан түтін *бұрқылдап* қоя берді (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.). Əр тұстан көк ала түтін *бұрқылдап,* мұз алаңы оқ күркірімен жаңғырады (Ə. Сəрсенбаев, Капитан ұлы). **5.** *Шымырлап, бұрқ-бұрқ қайнағандай болу.* Жыл құсымен қиқулап, Бұлағымен *бұрқылдап,* Көктем сұлу келеді, Балбыратып денені, Бойды билеп, сиқырлап (С. Мəуленов, Торғай.). **6.** *Ышқынып, алайтұлей болу.* Қызыл шұнақ аяз, *бұрқылдаған* борандар сиреп, марттың ұзақ күні Сары Арқаны сауырынан сипап тұрған кез (Ғ. Мұстафин, Миллионер). *Бұрқылдаған* боран бəсеңдеді... Бұлт тарады... Ел əлдеқашан жатып қалған (І. Жансүгіров, Əңгім.). **7.** А у ы с. *Реніштісөздер айтып, қатты кею, ашулану.*— Өзің барсаң болды! Моланды күзетіп, қаршадай қызбен мен отырайын. Сөйтіп жүргенде бізді біреу өлтіріп кетсін,— деп Қалампыр əрі-бері *бұрқылдайды* (Б. Майлин, Шығ.). Бай болам деп ойлама! Қойды сүйреп, жылқы ұрлап, Абиырлымын деп ойлама! Əркімге тиіп *бұрқылдап* (І. Жансүгіров, Шығ.). Судыр Ахмет аяқ астынан тулады:— Қаратаздай бола алмайсыңдар,— деп *бұрқылдап,* балықшылармен сөйлеспей, тұрды да жүре берді (Ə. Нұрпейісов, Қан мен тер). ◆ **Бурадай бұрқылдады.** *Ыза кернеп, долданды.* Оның соңында кісі алатын *бурадай бұрқылдап* Түйебай келеді (Ə. Əбішев, Терең тамыр.).

БҰРҚЫЛДАҚ с ы н. *Бұрқ-бұрқ еткен қалың шаң-топырақты.* Деп ойлап құлаш жайып жүрмін сасып, Уақыт жоқ мықты, осал деп таңдауыма. Тұншығып əлім бітті, есім шықты, *Бұрқылдақ* жердің кез боп шыңдауына (С. Дөнентаев, Шығ.). Қызылорда жерінің боз топырағы *бұрқылдақ* келеді екен (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.).

БҰРҚЫЛДАС *Бұрқылда етістігінен жасалған ортақ етіс.* Салақ қатындар Айшаны жаратпағанда, Айшаға мін таққысы келгенде:— көріне бірге алып кетсе көреміз, əйтпесе кімнен қалмаған дүние — деп *бұрқылдасады* (Б. Майлин, Шығ.).

БҰРҚЫЛДАТ *Бұрқылда етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Осыны айтып болып,

Қайролда сүйреткен құрығымен шаңды *бұрқылдатып,* қопақтай қозғалып, желдіртіп барады атын (Б. Майлин, Шығ.). Заводтың 76 метрлік мұнара мұржасы көкке өрлеп, үлкен трубасы түтінін *бұрқылдатып* алып, завод шылым тартады (І. Жансүгіров, Әңгім.). *Бұрқылдатып* тозаңды, Қайнатқандай қазанды, Бұлдыр буын будақтап, Ауыздығын салады (С. Ерубаев, Шығ.).

БҰРҚЫЛДАУ *Бұрқылда етістігінің қимыл атауы.*

БҰРҚЫРА е т. 1. *Шаң-топырақ, тозаң бұрқылдап көтерілу.* Пештің күлі *бұрқырап,* Табаны алды құшаққа... Тезегін тастап от жағып, Қазанын асты сшаққа (Б. Майлин, Шығ.). Алексей шаңы аспанға *бұрқырағаи* көшемен жүріп отырып поликлиникаға келді (С. Ерубаев, Шығ.). Байжанның көзі алдыңғы жақта, алыста *бұрқырағаи* шаңға түсті (С. Мұқанов, Шығ.). 2. *Қалың бу, қою түтін көтерілу.* Ыстық сумен пісіріп тастаған жас киізден бу *бұрқырап* шығып жатыр (Б. Майлин, Шығ.). Қожахмет қарттың алдына буы *бұрқырағаи* үлкен астау келді (С. Адамбеков, Қожанасыр.). Тек кішкене айнаға бас изеп, «компресс ыстық емес пе?»— деп алдында отырған адамның жағына буы *бұрқырағаи* ыстық орамалды баса берді (К. Тоқаев, Тасқын). Түтіні *бұрқырап,* кешкі әуені дірілдете, алып нардай бозбап пароход судың ығына жөнелді (І. Жансүгіров, Шығ.). Шахты құрылысының төбелерінен түтін *бұрқырап* жатты (С. Ерубаев, Шығ.). 3. *Күшті жел тұрып, әлем-тапырық болу.* Төбемізден толқын түтеп, *Бұрқырайды* ала боран (Ә. Сәрсенбаев, Өленд.). *Бұрқырағаи* боран да, Бұрқ-сарқ етіп басылды. Сонда күшті адамға, Бар табиғат бас ұрды (С. Мәуленов, Жолдас). Арадан әлденеше күн асқалы, Қабағын қап-қара бұлт бір ашпады. Дауылдың көптен бері *бұрқырағаи,* Арты кеп ақ жауынға ұласқаны (С. Жиенбаев, Қарлығаш). 4. *Арнасына сыймай, көбік ату, тасу. Бұрқырап* ағып Сырдария Сан жылдар тынбай сарқылмай. Шаршамай, талмай бір ізбен, Бұл күнге жеттің тартылмай (А. Тоқмағамбетов, Сайра. бұлбұл). *Бұрқырап* шөлді жарған канал суы, Ыңырсып айнала ұшқан қаз бен қуы, Жерінде «Трудвостока» бұлбұл сайрап, Алтындай ақ мақтаның шыққан буы (Ақын жырлары). Қиын шатқалдар, мұндайда суы *бұрқырап* кететін өзендер де көңілденіп жатқан (К. Оразалин, Ақ жазық). 5. *Иіс жайылып, ұлғая түсу.* Үйдің ішіндегі борсыған көженің иісіндей ауыр сасық иіс тыныстыны тарылтып, *бұрқырай* берді (С. Сейфуллин, Әңгім.). Қазан бұлк-бұлк қайнап жатыр, ішіндегі жылқы етінің иісі *бұрқырап* мұрныңды жарады (Ғ. Мұстафин, Дауыл.). Жақсы да жаман өтті ғой, Қайтпайсың неге сен бірақ? Ізіңді көміп кетті ғой, Алма ағаш гүлі *бұрқырап* (М. Әлімбаев, Лирика). 6. *Сорғалап, саулап кету.* Көзінен жас *бұрқырап,* ішін баса ұзақ күлген Атаман әлден уақытта басын көтерді де қос адамдарын түгел бір шолып, күрсінді (Ә. Сәрсенбаев, Толқында.). Нұрым судың басында. Басын орамалмен таңған. Қан *бұрқырап* шығып тұр (Б. Майлин, Шығ.). Ащы тері *бұрқырап,* Сегіз көзі сырқырап, Қозғалтпайды білегі (Қ. Мырзалиев, Алуан.). 7. *Рет-жөнсіз шашылу, дудырау,*— Кетемін, кетемін, ойбай? Боса да өледі екемін!.. деп Биқасап жалаң бас, шашы *бұрқырап* тысқа шыға жүгірді (Б. Майлин, Азамат.). Кемпірдің ақ кірген тұлымы *бұрқырап* бетін жабады (С. Адамбеков, Қожан. қақп.). *Бұрқырап* түсе бастаған күзгі сары ала жапырақ ауыл қотанында жындай ойнақтайды (Ғ. Мүсірепов, Таңд. шығ.). Ортада ұзын стол. Стол үстінде *бұрқырағаи* газет, кітаптар. Жағалай отырып кітапқа үңілген жұрт (Б. Майлин, Шығ.). 8. А у ы с. *Бастырмалатып сөйлей беру.* Екеуді екеу зорлап, төртеуінің қолы түйісіп тұрғанда, таңқы маңдай, таңқы танау қара қасқа жігіт келді. Басынан тер моншақтап, аузынан сөз *бұрқырай* келді (Ғ. Мұстафин, Дауыл.). Бар, жөнел, айтарым сол деп тұнжырап, Кейін тез телефонын кетті бұрап. «Қайда,— деп,— қырағылық сөгіп жатыр, Аузынан әлдекімге сөз *бұрқырап* (Қ. Бекхожин, Үш кезең). 9. А у ы с. *Төпеп жауып кету.* Деп тұрғанда ата-бала, *Бұрқырады* бомбы жауып, Күңгірттеніп кетті айнала, Шал құлады есі ауып (Қ. Аманжолов, Шығ.). Үш-төрт минут өткен соң, *Бұрқырады* снаряд Қатын қолын сілтеген, Жерге келіп түсті тап (Қ. Әбдіқадыров, Таңд.).

БҰРҚЫРАТ *Бұрқыра етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Нұрланның екі беті шиедей қып-қызыл, өзіне-өзі іштей наразы, өшін газиктен алып, шаңды *бұрқыратып,* зырлап барады (З. Шашкин, Сенім). Махоркасының түтінін аузынан *бұрқы-*

р а т ы п отырып, Байбол миығынан күлді (Б. Майлин, Шығ.). Сөйлесуге, әсіресе, бейпіл сөзге келгенде аузы-аузына жұқпай, үсті-үстіне *бұ р қ ы р а т ы п* жіберетін (М. Иманжанов, Менің махабб.). ◆ **Бұрқыратып жазды.** *Өндіртіп жазып тастады.* Тапсырсаң тапсыр, ол *б ұ р қ ы р а т ы п ж а з а т ы н н ы ң* өзі ғой («Лен. жас»). **Бұрқыратып жұмсады.** *Аямай оңды-солды шашып-төкті.* Сол жолы келгенінде әлгі досы қалтасын қалыңдап келген екен, ой *б ұ р қ ы р а т ы п ж ұ м с а д ы*-ау кеп («Қаз. әдеб.»).

БҰРҚЫРАТУ *Бұрқырат етістігінің қимыл атауы.* Осындай айлы жарық түндерде бірімізді-біріміз қуып, көшенің борпылдақ шаңын *б ұ р қ ы р а т у* да қызықты ойындардың бірі болатын (М. Иманжанов, Жастық). Қайраты қатарынан асқанменен, Ерлерге оңай емес тау құлату. Жақсыға жарасарлық жұмыс емес, Бурадай шашып көбік *б ұ р қ ы р а т у* (Айтыс).

БҰРЛЫҚ е т. *Әбден ашығып, шаршап титықтау.* Күндіз өзі жүріп, арып, жүдеп келген, талып келген қой жемге аузы ілінбей, енді ілгері жүруге ашыққан, *б ұ р л ы қ қ а н* күйінде жарай алмайды (М. Әуезов, Өскен өркен). Әлдеқайда келе жатқан жаяулар қыбыр-қыбыр етеді. Шаршап *б ұ р л ы ғ ы п*, созылып келеді (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). Байлаулы тұрып, одан қатты жүріспен *б ұ р л ы қ қ а н* аттар ауыздығы алынған бойда көкті жапырып, басын отқа қойды (С. Бақбергенов, Қоянкөз.).

БҰРЛЫҚТЫР *Бұрлық етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Замана алуан-алуан құлық қылды, Бәрі де күшті жанның ұрлық қылды. Әркім жүрген жолынан адасты да, Қаңғырып өзін-өзі *б ұ р л ы қ т ы р д ы* (Үш ғасыр.).

БҰРЛЫҚТЫРУ *Бұрлықтыр етістігінің қимыл атауы.* Мінген атын *б ұ р л ы қ т ы р у* кімнің қолынан келмейді дейміз, абзалы жылқыны қинамаған ғой (С. Баязитов, Күтп. кездесу).

БҰРМА с ы н. 1. *Түзу емес, бұрылысты, қисық.* Борасынды тас қараңғы түнде жолдың төтесін іздеп жүріп, *б ұ р м а ғ а* түсіп кетіппіз (С. Мұқанов, Менің.). 2. *Бұрылысты, иінді тұс, қалтарыс жер.* Одан өтіп, шоқылардың сыртындағы... өзеннің бір *б ұ р м а с ы н д а* отырған ауылды көрді (С. Сейфуллин, Әңгім.). 3. А у ы с. *Көңіл бүкпесі.* Матренаның осы тұрған қалпы, мұның ойында қалтарыс, *б ұ р м а* бар деп кім айта алады? (З. Шашкин, Доктор.). ◆ **Бұрма мағына.** *Ауыспалы мағына.* Сондықтан сөздің тура мағынасы да, *б ұ р м а м а ғ ы н а с ы* да санның аз-көбіне қарамастан, сөздікте бір ұяда беріледі (Қазіргі қаз. тілі).

БҰРМАЛА 1. *Бағытқа салу, болысу, жәрдемдесіп жіберу.* 2. *Басқа бағытқа бұрып, теріс түсінік беру.* Ол далаға егіс толу үшін орман ығыстырылды, оны қиратып жойдың деп шындықты *б ұ р м а л а й д ы* (Е. Ысмайылов, Сын.). Ол «Түркістан XX ғасырда» деген кітапсымақ жазып, Орта Азия республикалары мен Қазақстан тарихының шындығын көпе-көрнеу *б ұ р м а л а п*, қасақана жала жапқан (С. Сейітов, Жылдар.). Колхоз уставын *б ұ р м а л а п*, өз уставыңды шығарып барасың,— деді Баймақан Жомартқа (Ғ. Мұстафин, Жиырма бес).

БҰРМАЛАҒЫШ с ы н. *Істі бұзып, теріс түсіндіруге бейім.*

БҰРМАЛАН *Бұрмала етістігінен жасалған өздік етіс.* Заттар өз көрінісінде көбінесе *б ұ р м а л а н ғ а н* түрде көрінетіндігі саяси экономиядан басқа барлық ғылымдарда танылған сияқты (К. Маркс, Капитал, I, 545-б.).

БҰРМАЛАНУ *Бұрмалан етістігінің қимыл атауы.*

БҰРМАЛАУ *Бұрмала етістігінің қимыл атауы.*— Меніңше,— деді Сейіт Сәрсембаев, сезімі толқыған кескінмен,— бұның аты— Ленинның кооперативтік планын *б ұ р м а л а у* (С. Мұқанов, Есею жыл.).— Бас кетсін деген тілегің бе? Заңды қолма-қол *б ұ р м а л а у д ы ң* арты неге соғарын білесің бе? (А. Байтанаев, Жаңғыр.).

БҰРМАЛАУШЫ з а т. *Біле тұра бұзушы, бүлдіруші.* Осы айтылғандарды *б ұ р м а л а у ш ы* біреу табыла қалса, аяусыз жазасын алатының күні бұрын білгені жақсы («Лен. жас»).

БҰРМАЛАУШЫЛЫҚ з а т. *Істің жайын әдейі бұзып, теріс көрсетушілік.* Мартов пен Троцкийдің адам нанғысыз сорақылықтары мен *б ұ р м а л а у ш ы л ы қ т а р ы н* жауапсыз қалдыра алмаймын (В. И. Ленин, Шығ., 36 т. 218-б.). Расын айтсақ осының бәрі шала ортақ — дейді автор жеке шаруаларды колхозға ұйым-

дастыру кезінде болған *бұрмалаушылық ты,* асыра сілтеушілікті көзге елестетіп (Д. Еркінбеков, Шығ.). Әйтпесе, *бұрмалаушылық қа,* бір жақтылыққа түсу қиын емес (М. Қаратаев, Туған әдеб.).

БҰРМАСЫЗ сын. 1. *Бұрылыс-қалтарысы жоқ.* 2. Ауыс. *Дұрысын білдіретін қоспасыз; жалтарыссыз.*

БҰРМАШТА ет. қарап. 1. *Ирелең, ирек салып ағу.* Жол-жолын тауып *бұрмаштап,* Биіктен ақса құлаштап, Демін алып кідірмей, Көзі ілініп мүдірмей, Қанша күндер түн қатты (Пернедегі терме.). 2. Ауыс. *Ептеп көңіл бұрғансу.*

БҰРНАҒЫ үст. *Кешегіден я былтырғыдан арғы. Бұрнағы* күні сол шіркін маған келіп: «Сен биыл он десте егін саласың»,— дейді (Б. Майлин, Шығ.). *Бұрнағы* күні иықтағы жарамның аузы ашылды да, командир бекініс жұмысына шығуға рұқсат бермей қойды (С. Мұқанов, Алып адым.).— *Бұрнағы* жылы экспедитор боп жүргенімізде,— деп бастады Шапағат әңгімесін.— Иә, со жылы цемент әкелуге Өзбекстанға жұмсап едің ғой өзің,— деді (Ғ. Сыланов, Ақиық). *Бұрнағы* жылы ақ боранда байдың жылқысымен бірге ығып, үсініп өлген әкемді жоқтайды... әжем байғұс (С. Омаров, Тастағы жазу).

БҰРСАН ет. фольк. *Айбаттанып қаһарлану.* Шошынып тізгін жимады, Бұырқанды, *бұрсанды,* Мұздай темір құрсанды, Жау жағадан алған соң, Беренге батыр сыймады (Ер Тарғын). Капиталдың құзғындары *бұрсанды,*— Сөгінеді сұм ұлдары мың санды (С. Сейфуллин, Өленд.). Алып үнмен *бұрсанған,* Болат бронь құрсанған. Үштен-төрттен бас қосқан, Үйдегідей достасқан, Сақал-шашы қырылған, Келеді өңшең ер ұлан (Қ. Аманжолов, Шығ.).

БҰРТАҚТА ет. *Бұртың-бұртың мінез көрсету.* Бұлардың кейбірінің мінездері, Еш нәрсе көрмегенсіп *бұртақтаған.* Кейбірі жайдары, ашық боламын деп, Орынсыз адамдермен жыртақтаған (Абай, Шығ.).

БҰРТАҢ зат. *Өкпелеген я ренжіген кейіп, қылық, мінез.*

БҰРТАҢДА ет. *Бет әлпетін құбылтып, кейіген түр білдіру.*— Ерік деп айтыпты ғой, кірмеуге болатын көрінеді ғой,— деп шоқпар бет қара *бұртаңдайды* (Б. Майлин, Шығ.). Дәмелі *бұртаңдап* бой бермеді:— Құр бет алды басқаны күстаналап бас қатырғанша, жас баланың машақатын тартып асырағым келмейді демейсің бе, тура (С. Омаров, Тастағы жазу). Сол ма манадан бері көжеге өкпелеген баладай *бұртаңдап* жатқаның?— деді (Ө. Қанахин, Дәмелі).

БҰРТАҢДАУ *Бұртаңда етістігінің қимыл атауы.*

БҰРТИ ет. 1. *Томпиып ісініп шығу.* Жәукенің бізі тағы саусағына қадалды. Қара қошқыл қан *бұртиып* шыға келді (Б. Майлин, Шығ.). Бесігіне сүйенің, Тұруға да ұмтылды. Жерге құлап жығылып, Ерні талай *бұртиды* (О. Шипин, Өмір өрнегі). 2. *Өкпе-реніш білдіріп, тымырайып, үндемей қою.* Біз күле-күле жәрмеңкеге кеттік. Бояубай бізге *бұртиып* өкпелеп үйіне кетті (І. Жансүгіров, Шығ.). Ескі өмірдің бірсыпыра «білгіштері» бетін бері бұрса да, *бұртия* қарап, аяқтарын сылбыр басып жүр (Ғ. Мұстафин, Қараганды). Жатыр ең бұл күн жұртында, Өлімнен меннін құтқарған. Ендеше маған *бұртима,* Құтылып көр құт — шалдан! (М. Әлімбаев, Лирика). ◆ **Аузы бұртиды.** *Реніш білдіріп, өкпеледі. Аузы бұртиып* өкпелеп тұрған Саша әкесіне еркелеп, жаңа көршісіне ызаланып, ызғар шашып отырған Рая үйге кіргенде елең қылған жоқ (С. Адамбеков, Қожанасыр.).

БҰРТИТ *Бұрти етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Әйелдер жағы бұрынғыдан бетер безініп, ауыздарын *бұртиттыр* (Б. Майлин, Шығ.). Мең-зең боп отырған Ғани: Мұны білгенде,— деп аузын *бұртита* бір реніштердің ұшығын шығарды да, аржағын ашық айтпай теріс айналды (М. Иманжанов, Көк белес).

БҰРТИЫҢҚЫРА ет. *Өкпелегенсіп, ренжіңкіреген сыңай білдіру.* Шешем шақырғанда *бұртиыңқырап* жақындаймын. Ол мені алдына отырғызады (Б. Соқпақбаев, Балалық.).

БҰРТИЫС *Бұрти етістігінен жасалған ортақ етіс.* Бірін-бірі көріскенде басында жымың етісіп, артынан *бұртиысып* суық қарасады (М. Әуезов, Таңд. шығ.).

БҰРТИЫСУ *Бұртиыс етістігінің қимыл атауы.*

БҰРТИЮ *Бұрти етістігінің қимыл атауы.*

БҰРТЫҢДА е т. *Өкпелеп, бұртың-бұртың ету.* Әйел болғанмен Мәриям сияқты ма, бір шикі өкпе; байын қызғану да жоқ, *бұртыңдап* ашулану да жоқ (Б. Майлин, Азамат.).— Мен өзім суыққа мыңқ етпеймін,— деп балалар *бұртыңдап* қалды (Т. Ахтанов, Дала сыры).

БҰРУ *Бұр етістігінің қимыл атауы.* Советтік құрылыстың жағдайында, саяси-шаруашылық мәселеде крестьянның бетін қайда *бұру* туралы саяси айтыстар басталып кетті (С. Мұқанов, Есею жыл.). Білгенімді мен айтсам, Сөзімнің болмас *бұруы.* Қайын атам аты Базарбай, Жағалбайлы руы (Қыз Жібек).

БҰРУЛАУ с ы н. ж е р г. *Келе жатқан беттен едәуір бұрыстау, шеттеу.* Сүйеу қарттың ауылы олардың жолынан *бұрулау* отырғандықтан, Еламанның бар кісімен шұбатылып жүрмей, баласына бір өзі барып қайтарын да шамалап, айлалы жігіт ол жүретін жерге тұзақ құра бастады (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). Пірмән, Шірмән ертең таң біліне көшкелі жатыр екен. Судыр Ахмет олармен бірге көшпек боп уәделесіп қайтты. Ол, кенет бір *бұрулау* қалып бара жатқан балықшылардың ауылын көрді (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер).

БҰРШАҚ[1] з а т. *Кішкене-кішкене домалақ мұз күйінде түсетін атмосфералық жауын-шашын.* Теңіз қатты тулайды. Қара бұлт найзағай шашып, *бұршақ* төгуге әзір тұр (Ғ. Мүсірепов, Ана). Бірде жаңбыр, бірде *бұршақ,* Табиғатта бар ма тыным? Соның бәрін көрдім бір сәт, Аспанынан Алматының (С. Мәуленов, Жаңа арна). Сәйткенше болмады, сатырлап жауа бастады. Жай жаңбыр емес, баданадай-баданадай *бұршақ!* (Б. Соқпақбаев, Балалық.). ◆ **Бұршақ соқты.** *Егін-жайды түйіртүйір мұз күйінде түсетін жауын-шашын ұрып, ысырап қылды.* Әр шаруаның өз ретінше қамсыздандыруы болмақ. Мәселен егінді *бұршақ соғу,* шегіртке жеуден қамсыздандыру, малды індет, қора-сайманды өртten қамсыздандыру секілді (С. Дөнентаев, Шығ.). Жазығы жоқ жас балғын, Жау жауызы жолықты, Жазды күні жас шалғын, Жазда *бұршақ соғыпты* (І. Жансүгіров, Поэм.).

БҰРШАҚ[2] з а т. *Сопақша келген, ұрығы қабық ішінде орналасқан дақылды өсімдік және осы өсімдіктің дәні. Бұршақ,* соя, лобия, жоңышқа жемістері жатады (Т. Таубаев, Жасыл әлем.). Ал жем өте нәрлі және сіңімді. Оған жүгері, сұлы, арпа, тары, африка тарысы, дәнді *бұршақ* жатады (Малшыларға кеңес).

БҰРШАҚ[3] з а т. 1. *Көгеннің қозы-лақ байлайтын түйнекті жібі.* Құрттаған қой далаға кетер, екі *бұршақ* бір сабауды ала кетер (Мақал). 2. *Тізбектеліп түйілген түймек.* Шаш жайған осы топтың арасында, Беріктің көз түседі анасына. Сүйеніп таяғына *бұршақ* салған, «Күйдің,— деп,— байдың, балам, жаласына!» (Д. Еркінбеков, Шығ.). Бұрама білезіктің екі басына әр алуан бедері бар бунақтар, *бұршақтар,* жиектер келтіріп, кейде олардың үстіне тас көздер орнатып әшекейлейді (С. Қасиманов, Қаз. қолөнері). ◆ **Мойынға бұршақ салды.** *Әулие-әнбиеге сыйынып, тілеу тіледі.* Кемпір әжесінің *мойнына бұршағын салып* ата-бабасының аруағына жалбарынғаны себеп болмай, екеуі де өлген (М. Әуезов, Қараш.). Айдардың даусы үдей түсті:— Е, тәңірі, бар болсаң көр міне, *салдым мойныма бұршақ!*— деп белбеуін мойнына аса күніренді (Ғ. Мұстафин, Миллионер). Садақаға ақсарбас айтылды. Қырық қошқар құрбан шалынды. Кәрілер сәждеге басын қойды, кемпірлер *мойынға бұршақ салды* (Х. Есенжанов, Тар кезең).

БҰРШАҚ-БҰРШАҚ с ы н. *Домалақ-домалақ, ірі-ірі.* Қысылғаннан Сақыптың маңдайынан тер *бұршақ-бұршақ* ағады (Б. Майлин, Шығ.). Маяға жұмылғандардың маңдайынан шыққан *бұршақ-бұршақ* тер сынаптай сорғалап, көк шөпке тырс-тырс тамшылады (Ж. Тілеков, Қайнар).

БҰРШАҚТА[1] е т. 1. *Бұршақ жауып кету.* Тербеді жер бесігін, Күн дауылдап *бұршақтап.* Бірақ оның есімін, Қалды атадан ұл сақтап (С. Мәуленов, Бала.). Боранда, дауыл соққан борандарда, Қарлы мұз *бұршақтаған* жауындарда Секілді алғыр қыран алға ұмтылып, Жалғыз жау жібермейміз ұлы Отанға! (А. Тоқмағамбетов, Өлеңд.). 2. *Көз жасы моншақтау, тер саулау.* Бексолтановтың маңдай тері *бұршақтап* келеді, өкпесі де өшіп болған (Ә. Сәрсенбаев, Офицер күнд.). Маңдайынан тер *бұршақтап,* сүйреліп Зейнеп шығып кетті (Б. Майлин, Шығ.). Мойынынан шырағым деп құшақтайды, Көзінің ағып жасы *бұршақтайды* (Абай, Тол. жин.). Алға кетіп барамыз, Болашақ-

ты құшақтап. Жыламайды баламыз, Көзден жасы *бұршақтап* (Қ. Аманжолов, Шығ.). 3. А у ы с. *Жиі-жиі төгіп, боратып жаудыру. Бұршақтап* бомбы жауға самолеттен, Бұрқырап оқ бораған пулеметтен. Жер шары доп боп ұша жаздағандай, Түскенде снаряд кеп зеңбіректен (Қ. Аманжолов, Шығ.).

БҰРШАҚТА[2] е т. *Көгенге бұршақ жасау.*

БҰРШАҚТАЙ с ы н. *Бұршақ сияқты.* Ішінде шылдырап *бұршақтай* ғана домалақ тағы бірдеңелер жүрген-ді (Ғ. Сыланов, Шалқар). Сол-ақ екен, анасының көзінен *бұршақтай* жас жерге тамып-тамып кетті. Екеуі де үнсіз тұрып қалды (З. Шашкин, Өмір.). Бұл уақытта оның үлкендігі *бұршақтай* болады (К. Өтегенова, Бедеулік.).

БҰРШАҚТАТ *Бұршақта етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Оның оқты *бұршақтатып* отырған пулеметі бір сәтте сылқ етіп екі бөлінді (С. Бегалин, Ана.). Ызалы қыздың ойын мұнар басты, Ар-намыс адамшылық араласты. Жүйесін жан толқыны удай жайлап, Көзінен меруерт жасын *бұршақтатты* (З. Қалауова, Таңд. шығ.).

БҰРШАҚТАУ *Бұршақта етістігінің қимыл атауы.* Қазақ халқының арасында арқан жіптерді байлаудың: «тұзақтап байлау», «бие байлау», «ноқта байлау», «*бұршақтау*», «түю», «бастырық», «бүлдірге» деген сияқты түрлері бар (С. Қасиманов, Қаз. қолөнері).

БҰРШАҚТЫ[1] с ы н. 1. *Бұршақ аралас жауын-шашын.* Бір қора қойды Асыда, *Бұршақты* күнде жаңбырда. Қарамай сегіз жасыңа, Ұзақ күн бақтың сен қырда (Т. Молдағалиев, Алатау.).

БҰРШАҚТЫ[2] с ы н. *Бұршақ тұқымдас.* Біраз жетілдірілген бұл машина дәнді дақылдардың да, *бұршақты* дақылдардың да тұқымын себе алады (Дәнді дақыл.).

БҰРШАҚША үс т. *Бұршаққа ұқсас, бұршақ тәрізді.* Сол жігіттің көбі өнерлі әскердің от құскан зеңбірегі мен *бұршақша* бораған мылтық оғының астында қалып қаза тапты-ау (Х. Есенжанов, Тар кезең).

БҰРЫЛ 1. *Бұр етістігінен жасалған өздік етіс.* Щербаковпен орыс тіліндегі кеңестерін айтқанда Жайлаубай ыржия күліп әйеліне *бұрылды* (Ғ. Мұстафин, Қараған ды). Сен неге отырмайсың?— деді Жақыпбек тасасында тұрған Бектайға *бұрылып* (М. Иманжанов, Көк белес). Бозжанов шынында әділ де, қатты да оқытушы ғой,— деді ол Майқанға *бұрылып* (С. Шаймерденов, Болашақ.). 2. *Келе жатқан бағыттан кері қарай қайту.* Ләйла қайтадан барып сырымды шертейін деп *бұрылды* да, әлгі үйге қайтадан келді (С. Шарипов, Шығ.). Әбдіжанның құлап кеткенін көре салып Николай қайта *бұрылып*, жан дәрменімен келе жолдасының басын сүйеп, орнынан тұрғызды (С. Бегалин, Жеткіншек). 3. *Әуелгі беттен өзге бағытқа ауысу, қайрылу.* Біз жылқыдан ат мінуге ойлап, жылқышыға *бұрылып* жолықтық (С. Сейфуллин, Тар жол.). Аяз да бір, ат та бір, Қарыр темір басқандай. Ыққа *бұрылт* тоқтай тұр, Бетті ысқыла жасқанбай (М. Әлімбаев, Менің Қазақст.). Мысалы, дүниенің бұған ұқсас, *Бұрылып* жан бармайды қалған тамға, Қадірлеп айтқан өлең, қағаз жаздым, Баласы Қорамсаның Ақан салға (Ақан сері, Шығ.). Желдің теріскейге қарай *бұрылуына* қарағанда қар жауып кетуі мүмкін (С. Мұқанов, Бақташы.). 4. А у ы с. *Біреудің сөзін сөйлеп, жақтау, беті ауу.* Арамызда тексеретін әділ ұлық жоқ, кім көп берсе, соған *бұрылады*,— деді Ахмет (С. Шарипов, Шығ.).

БҰРЫЛМА з а т. *Иінді, айналмалы бұрылыс.* Бірақ таулы жер, біресе төмен, біресе жоғары, жан-жаққа *бұрылмасы* көп (С. Шарипов, Шығ.).

БҰРЫЛМАЛЫ с ы н. *Бұрылысы көп, айналмалы.*

БҰРЫЛТ *Бұрыл етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Деген ақыл түсіп кенет, Басқа ойға бір *бұрылтпай.* Жігер оты кетті кернеп, Бала бойын жұдырықтай (Т. Жароков, Шығ.).

БҰРЫЛУ *Бұрыл етістігінің қимыл атауы.* Түйе аяңымен бара жатқан көшке жақындап келгенде, қайсысына *бұрылуға* білмей аяндады (С. Шарипов, Шығ.). Өзінің онсыз да жүретін жолы болған соң Мақсұт қайрылған жоқ, олай-былай *бұрылуға* мұршасын келтірмей бастырмалатты да отырды (Б. Шалабаев, Өмірде.).

БҰРЫЛЫҢҚЫРА е т. 1. *Тура қарамай, қырын беріп, айналыңқырау.* Кәбиридің бұл сөздерін Ләйлә дәлелді тапты. Бұрынғысынан гөрі Кәбириге қарай *бұрылыңқы-*

құ ы р а п қабағын көтерді (С. Шарипов, Шығ.). «Айтар сөзін, қояр талабын неге ашып айтпайды?» деп ойлаған Инеш *б ұ р ы л ы ң қ ы р а п* кетті (С. Шаймерденов, Болашақ.). 2. *Алған бағыттан сәл шалғайлау кету.* Сол тамға кез болған соң азырақ бетіміздің *б ұ р ы л ы ң қ ы р а п* кеткенін біліп, енді өзіміздің ауылдардың тұсынан тура шығып жүруге... жоғары өрлеп жүрдік (С. Сейфуллин, Шығ.).

БҰРЫЛЫС з а т. 1. *Жолдың бір бүйірге қарай айналған тұсы.* Тұқырып қиялдарын бір бұрышқа, Бөгеліп Ақан тұрды *б ұ р ы л ы с т а.* Алдынан сол көлеңке ербең етті, Тап болды қара жігіт, бойы қысқа (Қ. Бекхожин, Үш кезең). Енді бір *б ұ р ы л ы с т а* Инеш машина айнасына қарап еді, қала мүлде көрінбей кеткен (С. Шаймерденов, Болашақ.). 2. А у ы с. *Бір істің даму барысындағы түбегейлі өзгеріс, бет бұрыс.* Ыбырайдың педагогтік практикасында осы жылдардан бастап зор *б ұ р ы л ы с* болды (М. Ақынжанов, Қаз. ағартушы.).

БҰРЫЛЫСТЫ с ы н. *Бұрылысы көп, бір бүйрек.*

БҰРЫМ з а т. *Өрілген ұзын шаш.* Қыз Жібектей қап-қара қалың шашын әдемілеп, екі *б ұ р ы м* қылып өрген (С. Сейфуллин, Тар жол.). Жылтыраң өрілген жуан *б ұ р ы м д а р ы н ы ң* ұшында үлкен шолпы ырғала түсіп, шылдырап барады (М. Әуезов, Таңд. шығ.). Екі бетін екі жақтан жанай өтіп төмен құлаған қос *б ұ р ы м* қыздың сопақша келген ашаң жүзін көзге дөңгелете көрсетіп, біртүрлі әдемілік беріп тұр (М. Иманжанов, Көк белес.).

БҰРЫМДА е т. *Шашты бір не екі сала етіп өру.* Жүдеу де болса көрікті, Арғымақ әйел бұл бөлек. *Б ұ р ы м д а п* шашын өріпті, Көйлегін белден бүрмелеп (Ж. Молдағалиев, Жесір.). Қос *б ұ р ы м д а п* өрген шашының ұшындағы шолпының сылдыры қандай бозбаланың болса да жүрегін қытықтағандай (Ж. Мұзапаров, Қаби қарт.).

БҰРЫМДАЙ с ы н. *Бұрым сияқты.* Еңбегінен өнілген, Қос *б ұ р ы м д а й* өрілген. Көрсе көзің сүрінген (Жамбыл, Шығ.). Қатарында тұр бидай, Кірпіктерін қолдасып; Талдап өрген *б ұ р ы м д а й,* Қыр көркіне жарасып (Ғ. Орманов, Таңд.).

БҰРЫМДЫ с ы н. *Өрілген шашы, бұрымы бар.* Қысқа қос *б ұ р ы м д ы,* талдырмаш, қызыл ала гүлді көйлектісі Жәзира (М. Сүндетов, Балық аула.).

БҰРЫН [1] ү с т. 1. *Осыдан ілгергі кезде, ертеректе.* Бұдан екі жыл *б ұ р ы н* Тәлім секілденіп от басын қимай отыратын әйелдің бұл да бірі еді (Б. Майлин, Шығ.). Осы күндерде екі айдай *б ұ р ы н* Тобықтының шетіне келген Біржанның хабарын Абай естіп, алдынан Әмірді жіберген-ді (М. Әуезов, Абай). Алма, қарақат, жидек, қызыл қарақат сияқты *б ұ р ы н* бұл жақта болмайтын жеміс ағаштары да бар (Ғ. Мұстафин, Миллионер). 2. *Мөлшерлі уақыттан ерте. Б ұ р ы н* келсем де төр менікі, соң келсем де төр менікі деген ағалығың бар болсын да сенің (Ғ. Мүсірепов, Таңд. шығ.). Тойға барсаң *б ұ р ы н* бар, бұрын барсаң орын бар (Мақал).— Сіз осы неге *б ұ р ы н* келдіңіз?— деп Ақмарал менің бетіме бір түрлі зілді сұрақпен қарады (Ә. Сатыбалдиев, Ақмарал). 3. *Ең әуелі, алдымен.* Әсіресе қораның ортасында қосақталған қойды сауып отырған қатындар *б ұ р ы н* көрген екен (М. Әуезов, Шығ.). Келіннің бетін кім *б ұ р ы н* ашса, сол ыстық (Мақалмәтел). Шабан үйрек *б ұ р ы н* ұшар (Мақал).

БҰРЫН [2] ш ы л. *Алдын ала, әуелі.* Ертерек тұрып таза ауаға шығып кеткен Қопаң жаңа ғана келді де, тамақтан *б ұ р ы н* қырынып алу қамын ойластырды («Лен. жас»).

БҰРЫНҒЫ с ы н. 1. *Баяғыда, ілгеріде болған; ескі, көне. Б ұ р ы н ғ ы* күндік өмірден кеттік. Міне, жазатын болсаң бізді жаз,— деді әйел Илиясқа (С. Ерубаев, Шығ.). «Жарықтық қазақты айтсайшы»... дейді қазақ. Бұл қазақтың *б ұ р ы н ғ ы* сөздері болушы еді, қазір бұл сөздерді қазақ айта ма, айтпай ма білмеймін (С. Сейфуллин, Шығ.). 2. *Бастапқы, әуелгі.* Бірнеше минуттан кейін ғана көңілі жайласқандай болды.— Солай болды, Хакім,— деді Қален *б ұ р ы н ғ ы* сабырлы қалпына көшіп (Х. Есенжанов, Тар кезең). *Б ұ р ы н ғ ы* қонақ соңғы қонаққа орын берер (Мақал). Кезекті тақырыпты баяндау ісі оқушылардың *б ұ р ы н ғ ы* алған білімімен байланыстырылып, онан әрі тереңдетіле берді («Халық. мұғ.»). ◆ **Бұрынғыдан [бұрынғысынан] бетер.** *Әуелгіден де әрі, одан әрмен.* Ию тіресіп тұрған ел... *б ұ р ы н ғ ы с ы н а н б е т е р* қатулана түсті (Ә. Әбішев, Терең тамыр.). Әкесінің тулап алысқа бара алмайтынын айқын аңғарып, іштей мырс-мырс күліп Сапар оңайлықпен

берілмеді. Ол міз бақпай *бұрынғысынан бетер* бедірейді (М. Иманжанов, Алғашқы.). **Бұрынғы бұрынғы ма.** *Ол ол ма, одан бетер.* Сөздің аяғында ол облыстағы бір үлкен адамның атын атап, сол «кісіден сізге сәлем» деп қойып еді, *бұрынғы бұрынғы ма,* Аңдамасов табанын қойып, аяғының ұшымен жүре бастады (Б. Қыдырбекұлы, Ешкім.).

БҰРЫНҒЫДАЙ с ы н. 1. *Ертерек кездегідей, баяғыдай. Бұрынғыдай* той емес мұнық өзі, Тәртібін талай жұртқа баяндаған (С. Керімбеков, Еңбек — ата.). *Бұрынғыдай* бөгеттер, Қиын емес жолында, Аспан да, жер де сенікі, Бар дүние қолында (С. Сейфуллин, Шығ.). 2. *Сол ілгерідегідей, әуелдегідей.* Ауру Базаралы *бұрынғыдай* емес, жалындап айғайын салып шыға алмай отыр (М. Әуезов, Таңд. шығ.). Талтаңбайдың киімі *бұрынғыдай* сыпайы. Түрінде өзгеріс бар, сақалы қырусыз (Б. Майлин, Шығ.).— *Бұрынғыдай* ән сала алмай жүрмін!.. Сіз менің даусымды естіген жоқсыз, қандай еді, шіркін!..— деді әнші көзін жұмып әсем ән тыңдаған адамдай (З. Шашкин, Өмір тынысы).

БҰРЫНҒЫ-СОҢҒЫ с ы н. *Ілгерілі-кейінді, жалпы өткен-кеткен.* Мұндай өмір болған жоқ, *Бұрынғы-соңғы* санада. Қажырлы қайрат жасамай, Жауын жігіт ала ма (Қ. Жапсарбаев, Өлең.д.). Көпшіліктің ортасында қымыздың қызуынан әңгіме лаулай бастаған. Әркім *бұрынғы-соңғы* білген, естігендерін таратып айтып жатты (Т. Әлімқұлов, Ақбоз ат).

БҰРЫНҒЫСЫНДАЙ үст. *Әуелгі кездегі қалпындай.* Жанат *бұрынғысындай* жайраңдамайды. Мінезі, жүріс-тұрысы ауырлап кетті (Ғ. Мұстафин, Миллионер). Жұрт *бұрынғысындай* емес, лек-легімен тізілген күйі аулақта тұр (Ә. Әбішев, Терең тамыр.).

БҰРЫНҒЫСЫНША үст. *Әуелгі қалпынша, әдеттегіше.* Сұлтанмахмұт кіріп келгенде *бұрынғысынша* жылы шыраймен қарсы алып амандасты (Д. Әбілев, Ақын арманы). Сапар *бұрынғысынша* қолын бір-ақ сілтемей, бұл жолы басқаша қыңырланды (М. Иманжанов, Менің махабб.). Алдымен роталар топ-тобымен өз командирлерінің сонынан *бұрынғысынша* қаз-қатар тізіліп өтіп барады (Б. Момышұлы, Москва.).

БҰРЫНҒЫША үст. *Әуелгі кездегіше, ілгерідегіше.* Енді Тәкежан мен Ысқақ *бұрынғыша* бетпе-бет отырып сөйлеспейді (М. Әуезов, Абай жолы). Төрекелдінің ашуы жатқанмен де басылмады. Екі қары ұйып, бойы ауырлап, *бұрынғыша* көзі жасауырауын қоймады (М. Иманжанов, Адам тур.). Кей күндері құдықтан ат суаруға екеуі қатар барып та қалып жүрді. Нұрлан құрбысымен *бұрынғыша* жарқылдап сөйлескісі келеді (Н. Ғабдуллин, Қызық дәурен).

БҰРЫНДЫ-СОҢДЫ үст. *Ешқандай, ешқашан.* Хат бергенде *бұрынды-соңды* Тәлімге қол қойдырып көрген жоқ еді, бұл жолы не болды (Б. Майлин, Шығ.). Бұл қазақ әдебиетінде *бұрынды-соңды* болмаған жаңа көрнекті табыс (М. Қаратаев, Туған әдеб.).

БҰРЫН-СОҢДЫ үст. сөйл. **Бұрынды-соңды.** Бір колхозшы қыз қызылша егісінен *бұрын-соңды* болмаған өнімді алғалы отыр дейді (М. Иманжанов, Менің махабб.). Биылғыдай үлкен конкурс университет өмірінде *бұрын-соңды* болып көрмеген-ді (З. Қабдолов, Өмір ұшқ.). *Бұрын-соңды* генералдың бұлай нұқа сөйлегенін көрмегендіктен, мен шегіншектеп барып состиып қалдым (Б. Момышұлы, Москва.).

БҰРЫНЫРАҚ үст. *Сөз болып отырған кезден ілгерірек, ертеректе.* Онда слесарь болдым, механик болдым. *Бұрынырақ* қара жұмыс істегенім де бар (І. Жансүгіров, Әңгім.). Бұл сұрауды өзіңе *бұрынырақ* қоюың керек еді,— деді Төреқожин (С. Мұқанов, Есею жыл.). Тұрлыбай етегін сілкіп тұрып кетті. Мұстапа қажы одан *бұрынырақ* кетіп, өзек ішінде жалғыз намаз оқып жатқан соған келді (Ғ. Мұстафин, Көз көрген).

БҰРЫҢҚЫРА е т. 1. *Тура қалпын өзгертіңкіреу.* Председатель әлдебір нәрсені ұнатыңқырамаса... басын оңға қарай *бұрыңқырап,* қырын бір қарап алады да, өз шешімін ашық айтып салады (С. Байжанов, Сыр.). Көзіме жас тығылды. Бетімді *бұрыңқырап* отырдым (Н. Сералиев, Қаңтар). 2. А у ы с. *Бұра сөйлеңкіреу, бұрмалаңқырау.* Аманқұл әйелді жұбату ниетімен естігенін жұқалап және *бұрыңқырап* айтты (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). Неге екені белгісіз жинаққа түсіндірме берген жолдастар әлгі мақалды «Адам тілі тас жарар, тас жармаса бас

жарар» деп *бұрыңқырап* алыпты (М. Әлімбаев, Өрнекті сөз.).

БҰРЫС с ы н. 1. *Келе жатқан бағыттан шалғай, қиыс, шеткері.* Егін жолдан *бұрыс* болса да көре кету керек (М. Әуезов, Таңд. шығ.). Қанша барғымыз келгенмен жолдан *бұрыс* болған соң бұл мектепке соға алмай, жүріп отырып жол аузындағы «Бөрілі» деген поселкеге келдік (С. Сейфуллин, Шығ.). 2. *Дұрыс емес, теріс, қисық.* Ие, Мұқан, осы кісілердің манадан бері сөйлеген сөздерінің *бұрыс* жоқ шығар, мақұл деймісің?— деді Бекболат (С. Шарипов, Шығ.). Ислам тағы да бір-екі сұрақ берді де, өз тұсынан не дұрыс, не *бұрыс* деп, лəм-мим демей, кенет атып тұрды (З. Шашкин, Сенім). Ол өз дегенінен дұрыс болса да, *бұрыс* болса да қайтпайтын бір бет жігіт еді (Ш. Мұртазаев, Құрылысшы.).

БҰРЫСТАУ с ы н. 1. *Қиыстау, шеттеу, шалғайлау.* Осыдан пайдаланып жер ыңғайымен танысу үшін *бұрыстау* бола тұрса да, ескі завод-фабриктердің ізін қуып келеді (А. Хангелдин, Табыс. тағдыр.). 2. *Дұрыстығы шамалы, дұдамалдау.*

БҰРЫСТЫҚ з а т. *Жол бойынан шеткері қиыстық.* Біз олармен шайқасудан жалтарып, бірнеше километр *бұрыстықпа* көшіп, ізімізді адастыруға мəжбүр болдық (Ə. Шəріпов, Партизан.). Маған *бұрыстығы* да жоқ, медреседен қайтарымда дəл жолда (С. Бегалин, Мектеп.).

БҰРЫШ[1] з а т. 1. *Үй қабырғалары немесе заттың екі жағының түйіскен жері.* Оң *бұрышта* радиоприемник, сол жақта малдас құрып отырған құндыз бөрікті біреудің жейпур мраморынан шабылған кішкене статуэткасы қойылған (С. Шаймерденов, Болашақ.). Есік жақтағы бір *бұрышта* шам жарығынан тұтанып кеткендей жарқылдап, қырық пұттық кесек мыс жатыр (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). «Я, дұрыс» дегендей *бұрышта* тұрған аққұба жас жігіт жымиып, лейтенантқа сүйсіне қарады (Б. Момышұлы, Москва.). 2. *Көшенің түйіскен жері, мүйіс.* Əне, былай кетіп бара жатыр! Жүгір, тоқтат. Мен осы *бұрышта* күтейін, көшенің ретін білмеген мен жүгірсем, полицияның қолына түсіп қалармын,— деді Лəйлə (С. Шарипов, Шығ.). 3. А у ы с. *Баспана болардық орын-жай, қуыс жер.* Əр семья осындай бір *бұрышта* бірге тұрамыз (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). 4. *Елдің белгілі əрбір түкпірі.* Оның алдынан сабақ алып, тəрбиеленіп шыққан балалар ұядан ұшқан балапандай, Отанның əр *бұрышына* жыл сайын кетіп жататын (Ə. Шəріпов, Партизан.). Міне, Нияз өмір сүрген қазақ жерінің бір *бұрышының* ауасы дертке шипа, талай адамды өлімнен құтқарған қасиетті жер (З. Шашкин, Доктор.). 5. *Бөлме ішінің көрме ұйымдастыруға арналған бір бөлігі, мүйісі.* Лениннің туғанына 100 жыл толу қарсаңында пионер бөлмесінде көсемнің өмірі мен қызметін бейнелейтін *бұрыш* ұйымдастырылды («Қазақст. мұғ.»). 6. М а т. *Екі түзу сызықтың қиылысқан жеріндегі геометриялық жазықтық.* Егер бұл қойылған тапсырманың шартын бұрынғыдан өзгертіп, «осы квадрат төрізді төрт нүктенің айналасына үш *бұрыш* сызыңдар» десек, онда бұл міндетті олар бірден орындайды (М. Мұқанов, Бақылау.). 7. А у ы с. *Жан дүниесінің ішкі бір қалтарысы, бұрмасы.* Көңілімнің бір *бұрышында* Гүлсім тұрса да, Айтжан осының дұрыс болар деп біледі (Ж. Молдағалиев, Жүрек.). ◆ **Қызыл бұрыш.** *Мекеме жанында мəдени-ағарту жұмыстарын жүргізуге арнайы жабдықталған бөлме, мүйіс.*— Ол *қызыл бұрышта* бастық. Таң-тамаша оймен Жақып қайтты. Терең бір ойға шомып Авдей қалды (Ж. Жұмақанов, Қаракөз.). Мектеп жанындағы *қызыл бұрыштан* газет оқып жүріп, осылар туралы жазылған фельетонды да тауып алысты (Б. Шалабаев, Өмірде.). **Дүниенің [төңіректің] төрт бұрышы.** *Айнала шартарап, бар əлем.* Еңбекші ел өнерге күрт бұрды бетті, Тілші ғып радионы іске жекті. *Дүниенің төрт бұрышынан* хабар алды, Жақын ғып от басындай қиыр шетті (С. Сейфуллин, Шығ.). Сондықтан біз айырдық сізді барлап, *Төрт бұрышын дүниенің* оймен шарлап, Əр тұқымның өзінше бас сүйегі Өзгеше қаралады ұқсаң талдап (Е. Бердин, Екі ойшыл). *Төңіректің төрт бұрышын* Жарқыратқан осы май. Бейбітшілік жеңбегін, Анықтатқан осы май (Ү. Кəрібаев, Таңд. шығ.). *Төңіректің төрт бұрышы* Сұлтекеңе бəрі мекен, бəрі өріс (Б. Соқпақбаев, Менің атым.).

БҰРЫШ[2] и р. з а т. *Тамаққа қосатын қызыл, қара түсті, ащы дəмді өсімдік пен осы өсімдіктің ұлпасы.* Жүкті əйел *бұрыш,* хрен, қыша, сірке суы, арақ-шарап секілді өте ащы тағамдарды пайдаланбауы керек (Келіншектер.). Өйткені ешкім де өз көжесінің *бұрышы,* я тұзының

удай ащы болуын ұната қоймас (М. Сәрсекеев, Жетіжылдық.). ◆ **Қызыл бұрыш.** *Жылы жақта өсіп-өнетін ащы дәмді өсімдік жемісінің майдаланған ұлпасы.* Қарбыз, осы сен де қызыл, *Қ ы з ы л б ұ р ы ш п ы н,* мен де қызыл. Мен өрттеймін, жанып тұрам, Түсінбеймін, сол ма кінәм? (Т. Әбдірахманова, Білесің бе..?). **Қара бұрыш.** *Жылы жақта өсіп-өнетін өсімдік жемісінен алынатын дән мен сол дәннен істелетін ащы дәмді қара ұлпа.*

БҰРЫШ-БҰРЫШ с ы н. *Ұңғыл-шұңғыл қуысы көп.* Табалдырықтан аттап кірдің-ақ, арғы жағы *б ұ р ы ш-б ұ р ы ш,* қай есіктен кіріп, қай есіктен шығуың қиын («Лен. жас»).

БҰРЫШТА [1] е т. *Үшкілдеп, бұрыш шығару.* ... Ол маған үш *б ұ р ы ш т а п* бүктелген конверт ұсынды (Ж. Жұмақанов, Әлия). Зәуре үш *б ұ р ы ш т а п* бүктелген хатты Маржанға ұстата сап, кетіп қалды (З. Иманбаев, Кең аймақ). Бірақ олар биіктетіп, *б ұ р ы ш т а п* үйген тоқсан, жүз центнер тартатын маялар емес, отыз-қырық центнерден аспайтын кішкене шошақтар (Ж. Мұзапаров, Қаби қарт.).

БҰРЫШТА [2] е т. *Асқа бұрыш қосу.* Жас ет жеп, жақсы ет жеп, Дұрыстап, *б ұ р ы ш т а п,* Сорпа ішіп терлеймін (Қ. Мырзалиев, Көктем).

БҰРЫШТАМА з а т. *Ресми адамның іс қағаздарына қойған тұжырымы, шешімі.* Арыздың әр жерінде *б ұ р ы ш т а м а* салына берген; Дәулетовтың бір өзі үш *б ұ р ы ш т а м а* соғыпты (З. Қабдолов, Өмір ұшқ.). Сағатов көк шұғамен жабылған емен столдың жанында таңертеңгі хат, телеграмма, арыздарды оқып, *б ұ р ы ш т а м а* қойып отыр (З. Шашкин, Ұядан ұш.).

БҰРЫШТАН *Бұрышта етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Қарт қойшы ұзынша көздері *б ұ р ы ш т а н ы п* күліп қойды (Қ. Қамбаров, Алтай.). Бұл өрнек ізімен біркелкі төрт *б ұ р ы ш т а н ы п,* бір жіптің үстінен екінші жіпті крест форымдас етіп айқастыра бастырып отырады (С. Қасиманов, Қаз. қолөнері).

БҰРЫШТАНДЫР *Бұрыштан етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Неше келсем де, тіпті қашан келсем де, жұқалтым еріндерін аса бір сәнмен *б ұ р ы ш т а н д ы р а* күліп, біздің үйде отырады (Ә. Сәрсенбаев, Офицер.).

БҰРЫШТАТ *Бұрышта етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БҰРЫШТАТҚЫЗ *Бұрыштат етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БҰРЫШТАТТЫР *Бұрыштат етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БҰРЫШТАУ *Бұрышта етістігінің қимыл атауы.* Білезіктің көздерін ұстап тұратын ернеулі ұялар, батыру, сызу, бедерлеу, *б ұ р ы ш т а у* әдістерімен өрнектеледі (С. Қасиманов, Қаз. қолөнері).

БҰРЫШТЫ [1] с ы н. *Бірнеше бұрышы бар, қырлы.* Төрт *б ұ р ы ш т ы* қамалдың ішінде ескі қабірдей томпайған құм төмпешіктен өзге ешнәрсе көзге түспейді (Т. Ахтанов, Махаббат.). Айналасы бау ағашымен қоршаулы, сырт қарағанда төрт *б ұ р ы ш т ы,* шағын қобдишадай ғана үй (А. Байтанаев, Болат).

БҰРЫШТЫ [2] с ы н. *Бұрыш қосылған, бұрышы бар.* Алдымызға қойған тағамның бәрі де *б ұ р ы ш т ы* екен, ауызымды дуылдата жөнелді (Ауызекі тіл).

БҰТ [1] з а т. **1.** *Адам мен мал аяғының жамбастан төмен қарайғы дене бөлігі, борбай.* Боз орданы тіктім деп, Боз ағашты жықтым деп, Ханым, жаным дегенге Көтере берме *б ұ т ы ң д ы,* Ту сыртыңнан жармай алар өтінді (Махамбет, Өлеңд.). *Б ұ т ы н д а* шалбар теріден, Өзге дене жалаңаш. Шоқпыт киім шешулі, Жалаң аяқ, жалаң бас (С. Сейфуллин, Өлеңд.). Ұзындығы есік пен төрдей, биіктігі жылқыдай, тұтам емшек, алшақ *б ұ т* жиырма бес сиыр жусап тұрған (Ғ. Мұстафин, Миллионер). **2.** *Ошақтың, мосының т. б. аяғы.* Бірен-саран оқып көзі ашылған әйел болмаса, көпшілігі әлі күнге ошақтың үш *б ұ т ы н а н* шыға алмай отыр (Б. Майлин, Шығ.). Бәйбіше: «Байғұс, не нәрсеге ділгір болайық, тек бір-екі күннен бері ошағымның бір *б ұ т ы* түсіп қалып, сол ғана ділгір болып тұр!» — депті (С. Сейфуллин, Шығ.). ◆ **Бұт артар.** *Мінуге жарайтын көлік, мінгіш.* Осы малды бағарлық *б ұ т а р т а р ы* бір ғана қоңыр ат (М. Әуезов, Таңд. шығ.). *Б ұ т а р т а р* жылқы қалмай адамы ауып, Айрылып бар жылқыдан отырғанда (С. Бегалин, Таңд. шығ.). Қалың қар басып қалған ақпан айы. Менде бүркіт, тазы тұрсын, *б ұ т а р т а р* ат та жоқ (Ә. Көшімов, Қарт аңшы.). **Бұтын бұт, қолын қол қылды.** *Бөлек-бөлек етіп, бөліп тастады.* Баланың төбеттері жал-

мауыз кемпірдің *бұтын бұт, қолын қол қылып*, жүн-жүнін шығарып талап тастайды (Қаз. ертегі.). Жаңада келелі бір жиылыс болып, менің қателерім талқыға түсті. Әлбетте қатеммен бірге өзім де талқыға түстім-ау! Жұрт мен жазған сөздің *бұтын бұт, қолын қол қылып* созғылап жатыр (І. Жансүгіров, Әңгім.). **Бұты көктен келді.** *Аяғы аспаннан келді, жеңілді.* Анда апарып бір соқты, Мұнда әкеліп бір соқты. Бұзау басым өктем келді, Бұқаның *бұты көктен келді* (О. Әубәкіров, Жасыр.).

БҰТ [2] е т. *Аузына түскенін айтып шату, мылжыңдау.* Біресе шешесі, біресе жеңгесі, біресе әкесі, біресе ағасы өзін бүгін ғана көріп отырғандай, әр нәрсені *бұтып* қастарынан шығарсайшы (Ө. Қанахин, Жас дәурен).

БҰТ [3] з а т. с ө й л. **Пұт.**— Не деді, қалқам-ау?— Бізден жүз *бұт* астық сұрайды (Б. Майлин, Шығ.). *Бұт* балғасы, Ойнап қолда, От шашады, Оңға, солға (С. Сейфуллин, Өленд.).

БҰТ [4] з а т. д і н и. *Құлшылық ететін, табынатын жасанды мүсін, тұлға.* Асауды бас білдірген, Асауға жігіт міндірген, Әулиеге бағынған, *Бұт*-парасқа табынған (Манас). Діндер тақырыбына арналып, өте ескі замандарда ойылған тас мүсіндер, *бұт* құдайлар саны көп (М. Әуезов, Индия очерк.).

БҰТА [1] з а т. *Бұтақтары жер бетіне бірден жайылып, шоғырланып, түп-түп болып өсетін өсімдік (жыңғыл, тобылғы, бозқараған т. б.).* Қараған ба, *бұта* ма, өрістен қайтқан мал ма, күнбатыс жақ андаған бір қараға толып барады (Б. Майлин, Шығ.). «Қорыққанға қос көрінеді» дегендей алдағы әрбір *бұтаның* көлеңкесі қарауытып, мені шошытады (Б. Момышұлы, Жауынгер.). ... Бұл жер түптеле өскен сексеуілден басқа *бұтасы* жоқ белесті құмдардың арасы (С. Мұқанов, Шығ.).

БҰТА [2] е т. 1. *Ағаштың бұтақтарын кесіп, қырқу.* Бір кісі терек тіккен құмарланып, Мәнісін өсірудің білмей анық, Отырды *«бұтағанның* жөні осы» деп, Бұтақтан түк қалдырмай отап алып (Ш. Смаханұлы, Тотияйын). Қарағайдың қайда кеткен бұтағы? Дерсіз әлде мұны біреу *бұтады.* Көп қарағай тұрса қатар қаланып, Атқан оқтай аспанға тек зытады (Ө. Тұрманжанов, Менің кітаб.). 2. *Ағаш бұтақтарын отқа жағуға ықшамдап кесу.* Ертең ерте шай ішіп, және бір тостаған қымыз ішіп, қонған үйдің тал отынын балтамен *бұтап* беріп, жүріп кеттім (С. Сейфуллин, Тар жол.). Самауыр қасында жалшы шал шапашотпен отын *бұтап* отыр (Ғ. Мұстафин, Дауыл.). Кешкі іңірде ауылда әйелдер мал жайлайды, еркектер жұмыстан қайтып, есік алдында отын *бұтайды* (З. Шашкин, Сенім).

БҰТАДАЙ с ы н. *Бұта сияқты.* Өрт шарпыған *бұтадай* Торан отыр мүлгіп, Өз қуаты тұтамай, Гум деп танып құдайын (Д. Әбілев, Алтай асу.).

БҰТАҚ з а т. 1. *Ағаш діңінің жапырақтар өсетін тармақ-тармақ сабағы.* Үйді шымнан қалап, жалғыз терезе орнатып, төбесін ағаштың *бұтақтарымен* жауып, үстін ақ балшықпен сылаған (С. Шарипов, Шығ.). *Бұтағы* жайылып өскен, жатаған алма ағаштарының арасынан бойын созып алмұрт көрінеді (Т. Ахтанов, Махаббат.). Аралдың тоғайынан жаз бойы құрғақ *бұтақ*, қу ағаш жинап, қысқы отын жайын қамдай да жүреді (М. Әуезов, Таңд. шығ.). 2. *Кесілген бөрене мен тақтай бетінде қалған бұтақтың орны, оқыра.* 3. А у ы с. *Белгілі бір атадан тарайтын ұрпақ, буын.* Жәкеңнің арғы атасы Екей деп аталатынын жұрт біледі ғой. Біз сол Екейдің бір *бұтағымыз* (З. Ақышев, Біздің шамш.). 4. А у ы с. *Біртұтас нәрсенің өз алды бір саласы, тармақ-тарамы.* Қазақстанның төңкерісші жазушылар ұйымы өзін жалпы Кеңестер ұйымының бір *бұтағы* санайды (С. Сейфуллин, Шығ.). Біздің мақсат — орманды өз ауданымызға тарту. Тар табанды демесек, темір жол *бұтағы* Жұрынтай қасында бар (Ғ. Сыланов, Шалқар.).

БҰТАҚСЫЗ с ы н. 1. *Бұтағы жоқ, сидиған, тарам-тармақсыз.* Тиген соң бір өзіне қорек-азық, Жуандап меңмен бойын көкке жазып. *Бұтақсыз* жапырақсыз тұрды терек, Секілді айдалаға қаққан қазық (Ш. Смаханұлы, Тотияйын). 2. *Бүйір сабақтардың қалдығы жоқ, кедір-бұдырсыз; оқырасыз.* Өру мен тоқуға *бұтақсыз*, оқырасы жоқ бүтін ағаштар таңдап алынады (С. Қасиманов, Қаз. қолөнері). 3. А у ы с. *Ұрпағы жоқ, перзентсіз.* Осынша жасқа келген адамның *бұтақсыз* екенін кім ойлады дейсіз (Ауызекі тіл).

БҰТАҚТА е т. 1. *Жаңадан желі тартып өсе бастау.* Алдарында бұйраланып

ағып жатқан өзен. Жаңа *бұтақтаған* тал (Б. Майлин, Шығ.). 2. *Ағаш, жеміс-жидек бұтақтарын ықшамдап кесу, қырқу.* Алайда саперлер алғашқы кескен ағаштарын *бұтақтап* сүмбілей бастаған кезде фашистер бұл маңды артиллерия оғының астына алды (Ж. Жұмақанов, Солдат.). Жұмыс қол еңбегін өте көп керек ететіндіктен, жүзімдікті күзде *бұтақтап* жабу жұмыстары кемі бір айға созылады (Б. Сланов, Жүзім шоқтары). 3. А у ы с. *Бір-бірінен бөлініп, өркендеп таралу.* Елу жылда ел жаңа, Жүз жыл өтсе жер жаңа. Бабалардан *бұтақтап,* Өркендеппіз біз және (Манас). Неше фасыл, неше бап, Біздің сөздің тарауы Кетеді ұзап *бұтақтап,* Жүйріктер мінген озбай ма (XX ғ. қаз. ақын.).

БҰТАҚТАЙ с ы н. *Бұтақ сияқты.* Дәрігер шыдар соған да, Еш жерден көмек, нұр таппай. Өмірден бір кез жоғалар, Өзі де сынған *бұтақтай* (Т. Молдағалиев, Алатау қызы). *Бұтақтай* иіліп тұрсаң да жел қозғап, «Құдайға» арыз қылсаң да сен боздап. Даусыңды жел ала қашыпты тентіреп, Өлік, сасықтан, даладан жем тілеп (Партия тур. өлең.).

БҰТАҚТАЛ *Бұтақта етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* «Өмір» деген — тіршілік *бұтақталған,* Болғанмен кей тармағы жұтап қалған, Шашса ұрық, кету жоқ оған құрып, Өрбіп талай өтеді этаптардан (С. Мұқанов, Шыңнан шыңға). Анау алыста жүзіп жүрген медузалар, теңіз жұлдызы да жүр, маржандар да *бұтақталып* өсіпті (А. Машанов, Жер асты.).

БҰТАҚТАН *Бұтақта етістігінен жасалған өздік етіс.* Кеседей көзді біреу суық түсі, Шошқаның қабанындай сойдақ тісі. Басында *бұтақтанған* бар мүйізі, Қандай мал екенін бұл білмес кісі (Т. Ізтілеуов, Рүстем.).

БҰТАҚТАУ *Бұтақта етістігінің қимыл атауы.*

БҰТАҚТЫ с ы н. 1. *Бүйір сабақтары қалың, бұтағы көп. Бұтақты* зәулім қарағайдың түбінде күзетші отыр (Ә. Шәріпов, Партизан.). Бақша дегеніміз жалбыр айғырдың жалындай қалың *бұтақты* үш-төрт түп ағаш (Б. Майлин, Азамат.). Тоғай ішінде жуан, тапал, қисық, *бұтақты* ақ терек тұратын еді (С. Мұқанов, Шығ.). 2. *Бұтақ қалдығы, оқырасы бар.* Мәжиттің қолына ұстаған *бұтақты* таяғы сүйеніш тәрізді (З. Шашкин, Ұядан ұшқан.).

БҰТАҚША з а т. 1. *Бұтақтың кішігірім тармағы, кішкене бұтақ.* Суда өсетін элодея өсімдігінің *бұтақшасын* су құйылған банкенің ішіне саламыз (Ботаника). Лилияның ерекшеліктері: өсімдігінде антоциан реңі мүлде жоқ. Шашақ басында иілмеген аздаған *бұтақшалар* бар (М. Ерлепесов, Тұқым өсіруші.). 2. А у ы с. *Белгілі бір рудың, атаның шағын тарамы.* Тарақты деген ел арғын руының бір *бұтақшасы* болады (С. Сейфуллин, Тар жол.). Керей аталатын руда қапсыт аталатын бір *бұтақша* бар (С. Мұқанов, Есею жыл.).

БҰТАЛ *Бұта етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Көр де ұзын Құмарды, Көр *бұталған* шынарды. Жарайды ол үй тіреуге, Жетпейді оған біреу де (Қ. Мырзалиев, Алуан.). Партизандарға әдейі арнап әзірленгендей, төрде нары бар. Босағасында *бұталған* отыны да жатыр (А. Лекеров, Қырдағы ән).

БҰТАЛАН *Бұтала етістігінен жасалған ырықсыз етіс.*

БҰТАЛЫ с ы н. *Түп-түп, шоғыр-шоғыр өскен бұтасы мол.* Қақпаның төменгі жағы қалың *бұталы* терең сай (Ә. Әбішев, Терең тамыр.). Әскерлер *бұталы* терең жылғаны бойлап жүріп келді де, қалың орманның күнбатыс жиегіндегі ұзын дөңеске қорғаныс жасауға кірісті (Ә. Шәріпов, Партизан.).

БҰТАНАҚ з а т. *Кіші-гірім бұта, бұтақша.*

БҰТАНАҚТЫ с ы н. *Бұтанағы көп.*

БҰТАРЛА е т. 1. *Ағаш бұтақтарын кесу, майдалап ұсақтау.* Екі айдай шал үйінде жатты бағып, Жұмысқа қосты бір күн алып барып, Жас Әли орналасты осы араға, *Бұтарлап* бұтақтарды отын жағып (О. Шипин, Екі дастан.). Ұзын сапты ақ балтасын жарқылдатып, құлаштай соғып, құлатылған қарағайларды *бұтарлайды* да жатады үнемі (С. Шаймерденов, Мезгіл). Бәрі де бір-бір тасты, яки бір бұтаны *бұтарлап* сындырып, кесіп, жолды аша беріпті (Ө. Тұрманжанов, Менің кітабым). 2. А у ы с. *Бөліп-бөліп жәукемдеу.* Онан соң үйректің жүнін жұлып, *бұтарлап,* бір талдан істік істеп үйрек-

ті отқа қақтады (Ы. Алтынсарин, Таңд. шығ.). Кемі бір елу қой айдап әкел де, Қожаның қойына қосып жібер, білдің бе? *Бұтарлап* жеп жатайық (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). Үйге келсе Сәндібек есік алдында бір тоқтыны *бұтарлап* сойып жатыр (Т. Ахтанов, Көкқұтан).

БҰТАРЛАУ *Бұтарла етістігінің қимыл атауы.* Елекең мен Шәрбан жеңгей дуадақтарды *бұтарлауға* кірісті (Көктем лебі).

БҰТАСЫЗ с ы н. 1. *Бұтасы жоқ.* Бұл елдің өмірі — ат байлайтын дередей мәуесіз де, панасыз да, *бұтасыз* да, жапырақсыз (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). 2. *Бетке қалқа қылармлық түгі жоқ, лыпасыз.* Барарың ондай шақта орман іші, Мен байғұс, орманда өскен қайбір кісі. *Бұтасыз* туған жерім жалпақ дала, Еш жақтан көрінбейтін шегі, ұшы (С. Мұқанов, Шыңнан шыңға).

БҰТАТ *Бұта етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БҰТАТҚЫЗ *Бұтат етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БҰТАУ *Бұта етістігінің қимыл атауы.*

БҰТАУЛЫ с ы н. *Кесіліп, ықшамдалып дайындалған.* Жарты-ақ ай мерзім берем. Тұңғиықтың осынау жағасында *бұтаулы* білдей-білдей қу қарағай үйіліп жатар болсын (Ғ. Сыланов, Домбыра күйі).

БҰТЫП-ШАТЫП ү с т. *Әр нәрсені айтып шатпақтау.* Барып келсе Ертістің суын татып, Беріп келсе бір арыз *бұтып-шатып.* Елді алып, Еділді алып есіреді, Ісіпкеуіп қабарып келе жатып (Абай, Тол. жин.). Зергер Оралдың ысылмаған қаламы әр нәрсенің басын *бұтып-шатып* келіп, әлден уақытта құнарлы бір деректерге душар етті (Т. Әлімқұлов, Ақбоз ат).

БҰТУ *Бұт етістігінің қимыл атауы.*

БҰШПАҚ з а т. с ө й л. **Пұшпақ.** Мәмбет соған семіріп, өлер-тірілерін білмей, шын ниетімен *бұшпағына* шейін терін сорғалатады (І. Жансүгіров, Шығ.). Жібек мақпалмен тыстаған, етек-жеңдерін, жағаларына құндыз ұстаған қара қасқа *бұшпақ* ішіктер (С. Сейфуллин, Шығ.).

БҰШЫҚ с ы н. с ө й л. **Пұшық.** Үй ішінің жабдығы да нашар. Он сомға татитын нәрсе жоқ... Жапырайған қара *бұшық* құман, ескі шоқпыт текемет (С. Сейфуллин, Тар жол.).

БҮГЕ з а т. *Асықтың шігесіне қарсы дөңестеу жағы, бүк.* Алдыңғы жақта солтүстік-батыста, Құтыби селосы, тақырға тығылып, топай соққан асықтай шашыла, бірер үйі төйке, бірнеше үйі *бүге* түскен сияқтанып көрінеді (Ж. Тілеков, Жоңғар даласы.). Қой, бағлан қол батырмай сүбесіне, Топайдың ұсап сыры *бүгесіне* (А. Тоқмағамбетов, Таңд. шығ.). ◆ **Бүгесі мен шігесі.** *Белгілі бір істің бар сыры, бақайшағына дейін түгел.*— Айтпаған сөзің қалмасын да, Бәкен мырза,— дейді Боржабай кекетінді дауыспен,— Қызылжардың *бүгесі мен шігесін,* алшысы мен тәкесін түгел айт (С. Мұқанов, Өмір мектебі). Кулов Харитонның сменасы забойға түскенде, тас қабатын бұрғылауды *бүге мен шігесіне* дейін білетін тәжірибелі кеншіге сенді (М. Сәрсекеев, Жетіжылдық.). **Бүге деді, шіге деді.** *Ананы айтты, мынаны айтты.* Біреуі *бүге дейді,* біреуі *шіге дейді,* түкке түсінсем бұйырмасын (Қ. Сатыбалдин, Шағын пьеса.). Мен айтайын таласпа, бәрің түге, Бірің *бүге демей-ақ,* бірің *шіге.* Аманкелді батырды білмек болсаң, Барып сұрап келсейші тіркеушіге (Н. Ахметбеков, Аманкелді).

БҮГЕЖЕК с ы н. *Әр кез бұғып қала беретін именшек, қорғаншақ.* Қамқорды туған жеңгесімен шатастырған өсектің өзі шығарманың бүкіл өн бойынан қалмайды. Сол үшін Қамқор дос алдында *бүгежек,* қас алдында қаймыққыш («Қаз. әдеб.»). ◆ **Бүгежек қақты.** а) *Қалтырап қатты тоңды.* Ашық далада *бүгежек қаққан* аңшылар от жағып, жылынуға кірісе бастады (Ауызекі тіл). ә) *Қорқып қалтқұлт етті, дірілдеді.* Бір сәтте-ақ торға түскен қояндай «Әлде қайтеді» деп *бүгежек қаққан* мүсәпір жігіттің қазіргі сиқы аярлық еді («Лен. жас»). Жалғыз-ақ шайқалғанда балауса леп, Сұлу ши теңселеді желге еленбеп. Жапалақ жалпақ қағып көкте ойнаса, Көгалда көкше қоян *қағадбүгежек* (І. Жансүгіров, Шығ.).

БҮГЕЖЕКТЕ е т. *1. Еңкіштеніп, кібіртіктеп қимылдау.* Тағасыз ат тақыр мұзға түскесін бауырын жаза алмай *бүгежектеді* де қалды (Ә. Нұрпейісов, Сергелдең). Бауланған қурайдың жоғарғы жағында жатқан кеспелтек томарды жерге домалатып түсірді де, бір бауын үйге қарай *бү-*

г е ж е к т е й сүйрей жөнелді (М. Сүндетов, Ескексіз.). 2. А у ы с. *Қысылып-қаймығып жасқаншақтау, қорқаншақтау.* Елім-жұртым ақтарыла барын әкеп отырғанда әлі де сенше *б ү г е ж е к т е п,* қорқақтап «тәуекел» деп жатайын ба (М. Әуезов, Өскен өркен). Бұрынғыдай *б ү г е ж е к т е п* ұялуды қойып, ат ізін Мәмбет ауылынан суытпай, жиі қатынасатын болдым (С. Мұқанов, Мөлд. мах.). 3. А у ы с. *Дірдектеп қатты тоңу.* Күн көзі көрінбесе де, аспан да қылаң тартып, кәрі қабағы қыртысын жаза түскендей болды. *Б ү г е ж е к т е г е н* кейбір қоңсыз ат пен жалаң шинельді жігіттердің де бойы жазыла бастады (Х. Есенжанов, Тар кезең). Бойларына жылу кіріп, бұйығып тұрған қойлар желдің өтіне шыққасын дірдектеп, *б ү г е ж е к т е п* келеді (Т. Ахтанов, Дала сыры).

БҮГЕЖЕКТЕУ *Бүгежекте етістігінің қимыл атауы.* Кешеден бергі *б ү г е ж е к т е у і н е* ыза болғандай шофер қызғылт жазықта машинасын ызғытып-ызғытып алады (С. Мұқанов, Есею жыл.).

БҮГЕЖЕҢДЕ е т. с ө й л. **Бүгжеңде.** Сабыр көзін қысты. Ықсан түсіндім дегендей қутың қағып үйге қарай *б ү г е ж е ң д е й* жөнелді (С. Сарғасқаев, Сынған тіс).

БҮГЕЛЕК з а т. *Ыссы күндері жылқы малын шағатын сона тәрізді жәндік.* Сәйгел жатып, сиыр малы тиыштанса да, *б ү г е л е к* ызыңдап, жылқының мазасы кеткен кез (Ғ. Мұстафин, Дауыл.). Жылқыны *б ү г е л е к* аздырар, Ешкіні кебенек аздырар (Мақал). Торы ат *б ү г е л е к т е н* бұлығып, жанына барған сыпайы киімді Құрымбайға басын үйкеп еді, Қайролда безілдеп қоя берді (Б. Майлин, Шығ.).

БҮГЕЛЕКТЕ е т. *Тиышсызданып бүгелектен қорғану, шыбындау.* Түскі ыстықта *б ү г е л е к т е п,* жыландай шұмақталып тұрған жылқы быт-шыт болып бөлінді (Б. Майлин, Шығ.). Аттар пысқырынып *б ү г е л е к т е п,* ақ көбікке малынып келеді (І. Жансүгіров, Шығ.). *Б ү г е л е к т е п,* бас шұлғып, құлынына иек артып бүйірлі биелер тұр («Қаз. әдеб.»).

БҮГЕЛЕКТЕТ *Бүгелекте етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Жол жүрген жүргіншіні терге шомылып, таңдайы кеуіп, атын *б ү г е л е к т е т і п* ит әуреге түскендей кез еді (Б. Майлин, Шығ.).

БҮГЕРЛЕ е т. к ө н е. *Бүктей-мүктей жығып салу.* Киік-ні келісімен алды ұстай, Бауырына *б ү г е р л е д і* басып құстай. Тырналап тырнағымен, тіспен тартып, Жұмарлап түтіп жатыр тарамыстай (Т. Ізтілеуов, Рүстем.). Қодекеңнің екі қол, Қыл құйрыққа таянды. Қоя бер, Қосай қоя бер, Менен кетер қайда?— деп, *Б ү г е р л е п* жата қалады (Батырлар жыры).

БҮГЕРЛЕН *Бүгерле етістігінен жасалған өздік етіс.*

БҮГЖЕҢ: **бүгжең-бүгжең етті.** *Иығы құнысып қайта-қайта қозғалақтап қойды.* Екі баланың көзі апалақтап, сасып, дабдырап *б ү г ж е ң - б ү г ж е ң* етті (Ә. Көпбаев, Мақтаныш).

БҮГЖЕҢДЕ е т. *Еңкіштеніп бүкірейіп, бүгжең қағу, қалт-құлт ету.* Сабыр көзін қысты. Ықсан түсіндім дегендей қутың қағып, үйге қарай *б ү г ж е ң д е й* жөнелді (С. Сарғасқаев, Сынған тіс). Рингті айнала *б ү г ж е ң д е г е н* фотокорреспонденттер мен кинооператорлар аппараттарын сығалап жан таппайды (Б. Соқпақбаев, Жекпежек).

БҮГЖИ е т. *Бүкірейіп, бүкшию.* Енді бірде өкілге қарасам, пальтосының жағасын көтеріп, желге жонын тосып *б ү г ж и і п* тұр екен (С. Шаймерденов, Мезгіл).

БҮГУ *Бүк етістігінің қимыл атауы.* Дәстүр бойынша барлық Индияның жаңа үйленіскен жастары осы Чоури аралына келіп тізелерін *б ү г у* қажет болған (М. Әуезов, Индия очерк.). Жаудың келе жатқанын мұндағы әйелдерден *б ү г у г е* болмайды (Аялы жандар). Сырбайдың ішкі қуанышын одан әрі *б ү г у г е* шыдамы жетпеді (С. Мұқанов, Шығ.).

БҮГУЛІ с ы н. *Түзу қалпында емес, иілген.* Балалардың тізесі *б ү г у л і,* ұйыса да жазуға болмайды. Стол жоқ, қолдары талғанда кітап, қағаздарын санына қойып оқиды (Ғ. Мұстафин, Көз көрген).

БҮГІЛ *Бүк етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Сайрай бер тілім, Сарғайған соң бұл дерттен. *Б ү г і л д і* белім, Жар тайған соң әр серттен (Абай, Тол. жин.). Біраздан кейін барып қарына жан еніп, саусағы қимылдап, шынтағы *б ү г і л д і* (Т. Ахтанов, Дала сыры).

БҮГІЛДІР *Бүгіл етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Сондықтан өмір мен уақыт *б ү г і л д і р г е н* бір кәрі, дерт пен зар бүгілдірген бір сорлы боп, екі шерлі баяу

басып, бейіт басына қарай аяңдады (М. Әуезов, Таңд. шығ.).

БҮГІЛТ *Бүгіл етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Аш күзендей *бүгілтіп,* Әділ жаннан түңілтіп, Ат көтіне үңілтіп, Артыма салсам деп едім (Махамбет, Өлеңд.).

БҮГІЛУ *Бүгіл етістігінің қимыл атауы.* Ең әуелі саусақ толық бүгіліп жұмылады да, одан соң оның *бүгілуі* барған сайын нашарлай береді (Адам анатом.).

БҮГІЛУЛІ с ы н. с ө й л. **Бүгулі.** Өмірбек ұсталық дүкеніне беттеді. Басы *бүгілулі,* дүкеннің босағасына сүйеніп, жағалай қарады (Б. Майлин, Шығ.).

БҮГІН ү с т. 1. *Бұл күн, осы күн.* Сармоллаға кеше қарсы болған киізші Сейсеке, қасапшы Қасен *бүгін* әсіресе ызаланған екен (М. Әуезов, Абай жолы). Кешеден бері жапалақтап жауған ақша қар *бүгін* күн еңкейе басылды (З. Шашкин, Тоқаш Бокин). 2. *Осы кезде, қазірде.* Бір кезде торыққан жанға сая болған мешітті *бүгін* азап орны десеңіз, оны хазірет жақтырмай жүрер (Ғ. Мүсірепов, Таңд. шығ.). ◆ **Бүгін таңда.** С ө й л. *Бүгінгі таңда. Бүгін таңда* комсомол туындағы ұран — «Біз коммунизм орнатамыз!» («Лен. жас»). **Күні бүгін.** *Дәл қазір, соңғы кез.* Сол кезде Сәкенге жауап ретінде айтылған, жазылған өлеңдерді Қарағанды облысында *күні бүгінге* шейін жатқа білетін адамдар бар (Ә. Көшімов, Лашын хикаясы). Адымым *күні бүгін* қалыбында, Екі жыл отыз беске келгеніме, Көзімнің Көкшетаудан қыры түсті, Аталық Қаптағайда жүргенімде (Ақын жырлары.).

БҮГІНГЕШЕ ү с т. с ө й л. *Осы күнге дейін, қазірге шекті.* Болыпты баяғыда Жеке батыр... Тау бағып жатады екен тігіп шатыр. Бір қарауылда қалғып кетіп, Сол батыр *бүгінгеше* ұйқтап жатыр (С. Сейфуллин, Өлеңд.). Жас кезінде қарт солдат, Жаңа үйге кіріпті, Сонда ілген бұл сағат *Бүгінгеше* тұрыпты (Қ. Аманжолов, Шығ.).

БҮГІНГІ ү с т. *Осы күнгі, дәл қазіргі.* Ішім өлген, сыртым сау, Көрінгенге деймін-ау; *Бүгінгі* дос ертең жау, Мен не қылдым, япырмау (Абай, Тол. жин.). Осыдан он шақты жыл бұрын сол комбинаттың *бүгінгі* қорын молайтуға сіңірген еңбегі елес беріп өте шықты (Ғ. Сыланов, Шалқар). *Бүгінгі* Екібастұз Отанға миллиондаған тонна тас көмір береді, қалада 25 мыңнан астам халық тұрады (Қ. Исабаев, Арман). ◆ **Бүгінгі таңда.** *Осы кезде, бүгіндер. Бүгінгі таңда* КПСС XXIII съезінің шешімдерімен жігерленген Қазақстан еңбеккерлері социалистік жарысты кеңінен өрістетіп, партия белгілеген шараларды аса іскерлікпен жүзеге асыруға кірісті («Лен. жас»). Сол себептен біз екі облыс әдебиетшілерінің *бүгінгі таңда* жазу столдарында жатқан кейбір еңбектері туралы сөйлеуді жөн көріп отырмыз («Қаз. әдеб.»).

БҮГІНГІДЕЙ с ы н. *Осы күнгі сияқты, қазіргідей.* Қыста суық, жазда күн жеп, көп жігіт дертті болды. Онда жігіттерді *бүгінгідей* доктор қарамайтын (І. Жансүгіров, Әңгім.). Әсіресе *бүгінгідей* мәжіліс соңында қажет байлау сияқты (М. Әуезов, Абай жолы). Сегізде болсам да, сондағы көп жайлар көкірегімде *бүгінгідей* сайрап тұр (С. Шаймерденов, Мезгіл).

БҮГІНГІШЕ ү с т. *Осы күнгіше, қазіргіше.* Ауыл жастарының бәрі де қала үлгісінен бірде-бір кем түспей *бүгінгіше* киініп алған («Лен. жас»).

БҮГІНДЕ ү с т. *Қазіргі кезде, бұл күнде.*— Ия, сіз Айдарчиктен басқаны білмейтін болдыңыз ғой *бүгінде,*— дедім өкпелі дауыспен (З. Шашкин, Өмір тынысы). Москваға *бүгінде,* Барлық жұрт осы өзімдей. Сапардың соңғы түнінде Келетін шығар көз ілмей (М. Әлімбаев, Таңд. өлеңд.). Жанар *бүгінде* өз билігі өзіндегі адам (Т. Ахтанов, Дала сыры).

БҮГІНДІК с ы н. *Осы күнге жететін, уақытша ғана.*— Жарайды, бірақ,— Жанқия апай таңдана қарады.— Михаилға не бересіз?— *Бүгіндік* тамақ өзімізде бар,— деді Михаил Иванович (Ә. Сәрсенбаев, Толқында.).

БҮГІН-ЕРТЕҢ ү с т. *Жақын арада, таяуда.* Жігітім, байқа, ертең ұтылып қап жүрме. Директор *бүгін-ертең* о дүниеге аттанады, сонда ол қыз, бәрібір, айналып кеп мені табады (З. Шашкин, Өмір тынысы). Малшылар өздерінің бір себеппен бөгеліп қалғанын, осы *бүгін-ертең* ол жерді жабыла шауып алатындарын айтады (Ә. Нұршайықов, Тың астығы.). Айша келін дұрыс айтады, боз қойдың *бүгін-ертең* қозылайын деп тұрғаны рас,— деді Атекең (Ғ. Мүсірепов, Таңд. шығ.).

БҮГІНШЕ үст. *Бір күнге ғана.* Тұмарша, *бүгінше* менің ойымды бөлме, досыма арнап күй шертем (Б. Майлин, Шығ.). *Бүгінше* Сағираның үйіне қонып шығайын, ар жағын тағы да көре жатармын,— деп ойлады Сарқыт (Ж. Тілеков, Шалғай шепте). *Бүгінше* дем ал, егін-жайға ертең шығармыз («Қаз. әдеб.»).

БҮГІҢКІ сын. *Имиген, иіліңкі.* Бойларын *бүгіңкі* емес, тік ұстапты, Түрі бар түрмеден де жасымаған (Ә. Сәрсенбаев, Жазылм. кітап.).

БҮГІҢКІРЕ ет. *Бүге түсу, иіңкіреу.* Артқы тірсегін *бүгіңкіреп,* кеудесін жоғары көтеріңкіреп, құйрығын біресе өз бауырына, біресе өркешінің арт жағына ұрып айбат қылады («ҚазССР ҒА Хабарлары»).

БҮГІС[1] зат. *Нәрсенің бүгіліп тігілген жері.* Кең балағы бүрулі жұқа шалбарының қайырма *бүгісі* кішкене қызыл туфлиін түгел жауып кеткен (С. Шаймерденов, Болашақ.). Мұны киімнің шеттері мен қоспаларын, жұқа маталардың *бүгістерін* тігуде қолданады (С. Қасиманов, Қаз. қолөнері).

БҮГІС[2] *Бүк етістігінен жасалған ортақ етіс.* Зымырап өтіп жатты ай менен жыл, Бірінен бірі титтей *бүгіспей* сыр (Д. Әбілев, Таңд. өлеңд.).

БҮЙ: бүй деді. *Ауызекі тілдегі «былай деді» дегеннің қысқарған түрі.* Отырып бір күн атасы, Баласына сөйледі. Сөйлегенде *бүй деді.* — Балам едің сен, деді (Батырлар жыры). *Бүй деп* сөз алу үшін емес, осындағы жұрттың назарын өзіне аудару үшін айтқандай (Ә. Нұрпейісов, Күткен күн).

БҮЙЕ зат. сөйл. **Бүйі.** Олар қорқау иллигаторлардан да, жыландардан да, өрмекші, *бүйелерден* де қорықты (Т. Әбдіков, Күз.).

БҮЙЕДЕЙ сын. сөйл. **Бүйідей.** Үш жағы ісік тәрізденіп, жұмбазданып тұратын ет-жеңді мұрнының бір танауында *бүйедей* қара мең бар (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер).

БҮЙЕН зат. 1. *Тоқ ішектің ащы ішекке жалғасар шетіне тұйықталып бітетін жуан ішек.* Түйе жапырақпен бірге Құлақты да жұтып қояды. Ол түйенің түп *бүйенінде* жабысып отырып алып, айт-шүулеп айдап түйені үйіне алып келеді (Қаз. ертегі.). Антренил *бүйен* мен қарынға жара түскенде, гастритпен ауырғанда, іш жүрмейтін болғанда, өт қалтасы мен зәр жолы спазмаға ұшырағанда беріледі (С. Сұбханбердин, Дәрі. дауа). 2. *Сондай жуандау ішектің кептіріп ыдысқа айналдырған түрі.* Қалжан қанжығасындағы қапты шешіп алып, шоқбытқа ораған бәтір мен *бүйендегі* кішкене майды алды (Қ. Тайшықов, Окт. ұшқын.). Соны айтады да қара кебежеден буылтықтанған *бүйенді* суырып алып, қара аяққа май салады (Б. Майлин, Азамат.). *Бүйенге* құйған, қарынға құйған түйенің сүті Қызылтамға жеткенше қатып қалыпты («Лен. жас»). ◆ **Бүйен емшек.** *Үрпі кең, үлкен емшек.* Сиырдың тоқсан тұқым тұлғалысы, Будандас, ойдағысы, қырдағысы, Әукелі алшақ мүйіз, *бүйен емшек,* Өлшеусіз сүт пен майдың жылға ағысы (Қ. Тастайбеков, Өлеңд.). **Бүйен құрты.** *Ұзындығы 2—2,5 сантиметрдей, денесі буылтық келген ақшыл түсті құрт. Бүйен құртынан* қой, ешкі және сиыр ауырады (Шопан серігі). Қате айтасың, кемпірім, жаман әдет көң-қоқыста өрбитін *бүйен құрт* секілді (С. Омаров, Хантағы).

БҮЙЕНДЕЙ сын. *Бүйен сияқты.* Енді бірі — *бүйендей* бұралып, завод үйлерін қапталдап отырып, барлық зиянды газды алып кететін үлкен өңеш (Ә. Бірмағамбетов, Қазақст. геогр.). Шалпылдатып су шашып тұрған қос насос та үрген *бүйендей* өңештерін осылай бұрды (Ө. Қанахин, Дәмелі).

БҮЙРЕК зат. 1. *Несеп бөліп шығаратын ішкі мүше.* Семіз жылқының қазықартасы, майлы *бүйрегі,* семіз қойдың сүбесі, майлы жамбасы сияқты ылғи сары ала майлы ет (С. Сейфуллин, Тар жол.). Ретсіз көп ішкен су, шай, тағы басқа сұйық астар жүрекке, *бүйрекке* зиянды (М. Көшербаев, Туберкулез). Сапа жағынан өте бағалы белогі бар тамақтар — сүт, *бүйрек,* бауыр, жұмыртқа (Т. Дарқанбаев, Витам.). 2. Ауыс. *Бөлектеу, бұрыс.* Ақтардың бір қосын әскері Танабайдың ауылына қарай *бүйрек* шығып келе жатты (С. Сейфуллин, Шығ.). Уақыт сағаты бір орнында сәл дамыл алып тұрғандай да, менің көріп білгенім «Сиқыр судың» таңғажайып халдері болмаса да, сондай бір *бүйрек,* оқшау жайлар еді (М. Әуезов, Инд. оч.). 3. Ауыс. *Бір нәрсенің өкпе тұсы, тұспа-тұс.* Жолаушы сонда «итің бөтен» деді, «Ит емес, мынау қасқыр екен»

деді. *Бүйректен* шыға кетіп тағы бір «ит» Қосылып о да бірге бүкеңдеді (Ө. Тұрманжанов, Менің кітабым). Бірдеңе *бүйрегіме* солқ еткізіп соғып қалғанға шошып оянып, көзімді ашып алсам, үй іші жап-жарық (Б. Соқпақбаев, Жекпе-жек). ◆ **Без бүйрек.** *Қайырымы жоқ, қатыгез.*— Тентек Шодырмен тілдесіп көрсе қайтер еді?— Іштеңе шықпайды.— Апырай, бұл не деген *без бүйрек* ит (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). **Бүйрегі бітеу.** *Майдан жүре алмайтын, семіз.* Былтыр қара шығыннан герман соғысына жәрдеммен құтылдың деп *бүйрегі бітеу* лағымды сойып жеп отырып, енді тағы да бір тоқты бересің дейді (С. Сейфуллин, Шығ.). **Бүйрегі бұрды.** *Іш тартып, жақын тұтты.* Ақырында шахтаның астында штрек бастығы Герасимов деген кәрі жұмыскер жолығып Марданға *бүйрегі бұра* кетті (І. Жансүгіров, Шығ.). Әділдік жолы не? Бұл жолы оған көмескі. Әйтеуір әке досына *бүйрегі бұрады* (А. Сарбөпин, Аспалы бесік). Ұйым жұмысына үнемі *бүйрегі бұрып* тұратын, іскер, ойлы жігіт («Лен. жас»). **Бүйрегі бұлк етті.** *Іштей сезіп, біле қойды.* Жігітті жазғыратын не бар. Өз еңбегін уақытында бітіріп үйіне кетті. Бірақ әлгі көрініс *бүйрегімізді бұлк* еткізді («Лен. жас»). *Бүйрегім бұлк ете* қалды, үш рет тура қараған еркек менен аман кетпеуші еді ғой, Тақа-ау! (С. Адамбеков, Көсенің көзі). **Бүйрек бет.** *Шығыңқы, томпақ бет.* Серегин Күмісбектің бет әлпетінен жүрек түбінде жатқан сырын таппақ боп үңілсе де, бидай өңді *бүйрек беті* өзгермеді (З. Шашкин, Теміртау). Бұларға қарсы жасы қырықтар шамасында, *бүйрек бет* семіз жігіт отыр (Х. Рахимов, Қарлығаш). **Бүйректен сирақ шығарды.** *Орынсыз қыңырлық істеді.* Апырмай, мына бәлекеттің *бүйректен сирақ шығарып* тұрғанын қарашы (С. Омаров, Қайырлы жаз.). **Уай, Жұмакелді, ауыл ауқымынан ауа жайылатын болсаң, шырықты бұзбай шығып тұр да, әйтпесе** *бүйректен сирақ шығармай* тыныш отыр (Ж. Тілеков, Жоңғар даласы).

БҮЙРЕКТЕ е т. *Шет жағалай, өкпе тұстап жүру.* Е, біз қайбір еріккендіктен *бүйректеп* жүр дейсіз, Беке. Әйтеуір біржола тұралап қалмаудың әрекеті де (Ә. Кешімов, Екі бүркіт.).

БҮЙРЕКТЕН е т. *Бүйрек сияқты боп, томпиып көріну.* Күлімсірегенде оның еті қалың беттері қозғалысқа келіп, *бүйректене* қалады екен (Ж. Жұмақанов, Солдат жолы).

БҮЙРЕКТЕТ *Бүйректе етістігінен жасалған өзгелік етіс.* *Бүйректете* қосылып талай дұшпан, Шаңын да көре алмады көз ілесіп (С. Керімбеков, Еңбек ата).

БҮЙРЕКТЕУ с ы н. *Белгілі бір тұстан бүйірлеу, шеттеу.* Шабданбек үйінен *бүйректеу* сол жағындағы үйлердің арасына асыға дабырласып, дүбірлесіп, абыржысып табақшылар шапқыласып жүр (С. Сейфуллин, Шығ.).

БҮЙТ е т. с ө й л. *«Бұлай ет» деген күрделі сөздің қысқарған түрі.* Қазақтың бас көтерер азаматы *бүйткенде,* қараңғы жұмысшы қайтпек (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). *Бүйтіп* қор қылғанша атып бірақ өлтір — деп жолдастар талай рет темір вагонды тепкілеген (С. Сейфуллин, Шығ.).— Ә, еркелетіп жаман үйреттің бе! Байқа, келіншек, Ақботаңды етке тапсырып жіберермін, *бүйте* берсең — деді (З. Шашкин, Өмір тынысы).

БҮЙТКЕНШЕ ү с т. с ө й л. *«Бұлай еткенше» деген күрделі сөздің қысқарған түрі.* Бұл бәледен өліп құтыламын ба, тірі құтыламын ба, *бүйткенше* төркініне апарып салайын (Қ. Кемеңгеров, Алтын сақина.).

БҮЙТУ *Бүйт етістігінің қимыл атауы.* Бола ма *бүйту* енді де, Заман ба сонау бұл ескі, Айтсайшы біреу келді деп,— Жолдас көмекші (Ә. Ахметов, Өшпеген жалын). Өзіңді кедей теңгеріп, Кемдікті неге жоймайсың?! Тұрмысты өзің меңгеріп, *Бүйтуді* неге қоймайсың (С. Сейфуллин, Өленді.).

БҮЙІ з а т. *Құрғақ жерді мекендейтін өрмекші тәрізді улы жәндік.* Аузы судан кепкен, торына түскен шыбындарды соруға дайындалған улы *бүйі* аунақшиды (І. Жансүгіров, Шығ.). Шөп-шардан үйіп жасаған жаппа, шым үйлер, құрт-құмырысқа, *бүйі,* жылан секілділерден аяқ алып жүргісіз (С. Шарипов, Шығармалары). **Бүйі тигендей [болды] қылды.** а) *Опыр-топыр қылып, әлек-шәлегін шығарды.* «Ханның» милиция әскері жүрген жерін *бүйі тигендей қылды* (С. Сейфуллин, Тар жол.). Той *бүйі тигендей* ұйқы-тұйқы *болып* қалып, дереу орнынан тұра, шуласа лап берді Күлпашқа (Ғ. Мұстафин, Дауыл.). ә) *Шиыр-*

шық атып, домаланып қалды. Қаракесектің азаматы Мусин деген бір түн ішінде *бүйі тигендей* бүрісіпті де қалыпты (С. Төлешев, Түрлі. бас.).

БҮЙІДЕЙ с ы н. *Бүйі секілді.* Маңына аш бөрідей тиді қатты, Талайды табанға сап зар жылатты. *Бүйідей* төңіректі бүрліктіріп, Қиратып қыстауларды отқа жақты (О. Шипин, Екі дастан). Арт жағы *бүйідей* бөктеріншекті темір тырмалар да қозғалып кетті (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). ◆ **Бүйідей тиді.** *Қыран жапқандай қылды, қырғидай тиді.*

БҮЙІМ з а т. с ө й л. **Бұйым.** Бұлар қолына түскен совдепшілерді жарылқар ма? Олардың бір уыс большевигін асу-ату *бүйім* болып па! (Х. Есенжанов, Тар кезең). Қой терісі тоныңды, Асылы қымбат *бүйім* деп, Торқаға жібек сатпаңдар (Дастандар.).

БҮЙІМТАЙ з а т. с ө й л. **Бұйымтай.** «Бүйімтайыңыз» дейтін не *бүйімтай* болады? (І. Жансүгіров, Әңгім.).

БҮЙІР з а т. 1. *Дененің оң не сол жақ бүйрек тұсы (қыры).* Жиырма шақты қой қашар қабырғасына құйрықтарын, *бүйірлерін* үйкеп жатыр (М. Әуезов, Шығ.). Ол оң жақ *бүйірінен* сыз өтіп бара жатқанын сезіп, екінші жамбасына аударылды (Ө. Қанахин, Ауыр. күн.).— Жеңісті тақиямен ұрып аламыз,— деп Шәден де досын *бүйірге* түртіп қойды (С. Баязитов, Күтп.). 2. А у ы с. *Шеткерірек бүйректеу тұс.*— Мына жерде біздің бір бақташы шал бар, жолдан екі шақырымдай жер бір *бүйір* (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). Оң *бүйірден* шұбар ала жыландай шұбатылып түйелі көш... көрінді (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). Көп ұзамай арттан атылған оқ толастағандай болып еді, енді *бүйір* тұстан мылтық даусы естілді (Ә. Шәріпов, Партизан.).◆ **Мәселені бүйірінен** [бүйірден] **қойды.** *Үзілді-кесілді төтесінен қойды.* Ыза боп көне күйдің күйігінен, Бөлініп кеткем өскен үйірімнен. Шындықты шыңнан ізден шыққам жолға, *Қойғам* да *мәселені бүйірінен* (І. Жансүгіров, Өленд.). Ал ағайын. Мен *мәселені бүйірінен қоялын* (М. Рәшев, Біле қойдым.). **Бүйірі бүлк етпеді.** *Мыңқ етпеді, сескенбеді, қаймықпады.* Есіктен кіріп келген шой қара мұқатпақ боп айбаттана ақырып жіберсе де, бұның *бүйірі бүлк етпей* отыра берді («Лен. жас»). **Бүйірі қызды.** *Еліріп, делебесі қозды.* Үш күн шапсам *бүйірім қызып,* өзімді тоқтатуға шамам келмей, кетіп қалуым мүмкін (Қаз. ертегі.). Тарыншақтау мінезім, ұрыншақтау, Айқайласа жүйріктей *бүйірі қызған,* Ақын-ақ ем бір күнде ұрыншақтау (Жамбыл). Осы «айдап сал» кезінде Домбай күйеудің де *бүйірі қызып* кетіп, қалыңдығының үстінен арыз етті (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). Екі ұдай көрушілер, айтыс-талас, Бәрінің *бүйірі қызған* тек құлақ ас (М. Әлімбаев, Биікке.). **Бүйірі шықты.** а) *Лықия тойды.* Көк шөпке *бүйірі шыға* тойып, монтиған қозы-лақтар балаларды көрген соң маңырай үн қатты (С. Баязитов, Күтп. кездесу). Ат, айғырлар, биелер, *Бүйірі шығып* ыңқылдап, Суда тұрып шыбындап, Құйрығымен шылпылдап (Абай, Тол. жин.). ә) *Жал бітіп, қоңданды, семірді.* Жаз бойы осы қырқаларда еркін жайылған ақсақ-тоқсақ мал қазірде *бүйірі шығып* бұлтиып алған («Қаз. әдеб.»). **Бүйірі шыққан емес.** *Аузы асқа жарып көрмеген.* Тұздан келіп тойына алмаған түйедей өміріне *бүйірі шыққан* кісі *емес* (І. Жансүгіров, Шығ.).— Көк төбет! Отыз жыл би болып ел сорғанда *бүйірі* бір *шыққан емес* (Ғ. Мұстафин, Дауыл.). **Бүйірін таянды.** *Қасірет тартып, қатты қайғырды.* Жамал бәйбіше үйдің босағасына сүйеніп, екі *бүйірін таянып* жылаумен болды (Б. Майлин, Шығ.). Қырмызы екі *бүйірін таянып,* қайнысына мұң шағып жылады (С. Адамбеков, Қожанасыр.). Ұлдан *бүйір таянды,* Мұқанды улы ой алды (І. Жансүгіров, Өленд.).

БҮЙІРЛЕ е т. 1. *Бүйір мықынынан түйгіштеп алу.* Кейде *бүйірлеп* алсам да көнетін еді (Ж. Жұмақанов, Әлия). Бұзауым да *бүйірледі,* Ботақан да жәрдем берді (Ә. Тәжібаев, Жастық жыр.). Доғадай иілген зор, тастай ауыр мүйізін қадап пәрменімен қасқырды *бүйірлеп* қойып жіберді (Қаз. ерт.). 2. А у ы с. *Түспа-тұс, қатарласа жүру.* Нұрлан машинасын жолдан шығарып ап, жалғыз сүрлеумен *бүйірлей* тартты (З. Шашкин, Сенім). Қараш шылбырын жинап ап, шартаққа қарай *бүйірлеп* шапты (Т. Әлімқұлов, Ақбоз ат).

БҮЙІРЛЕН е т. 1. *Жұмырланып домалана түсу.* Шоққа қойған құман тойған қозыдай *бүйірленіп,* сақылдап қайнап, шәйдің иісін мұрынға кіргізіп барады (Б. Майлин, Шығ.). Машина, арбадағылар

адаланған сайын ұзыны мен көлденеңі едәуір жерді алып жатқан мая *б ү й і р л е н е* түседі (Қ. Қамбаров, Алтай аясы.). 2. *Томпиып бүйірі шығу.*

БҮЙІРЛЕС *Бүйірле етістігінен жасалған ортақ етіс.* Дара жарнақтыларға қарағанда, қос жарнақты өсімдіктер сабағында болатын сосуд-талшық шоқтарының тканьдары бір-бірімен *б ү й і р л е с е,* бір қатар болып деңгейлесе, яғни шеңберлене орналасады (Т. Мұсақұлов, Өсімдік анатом.).

БҮЙІРЛЕТ *Бүйірле етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Шеткі шұбар сиыр құйрығын сипақтатып, басын былғалақтатып еді, *б ү й і р л е т е* бір осып берді Момынбай (І. Жансүгіров, Әңгім.).

БҮЙІРЛЕУ [1] с ы н. *Өкпе тұсқа таман, шеттеу, бұрыстау.* Бір *б ү й і р л е у,* тепектеп біреу кетіп барады. Мінгені сиыр, жүрісінен белгілі (Б. Майлин, Шығ.).

БҮЙІРЛЕУ [2] *Бүйірле етістігінің қимыл атауы.* V армиядан тығыз жарлық алған Әйтиев пен Парамонов бөлімшелері Акутин дивизиясының бергі беттегі жүздіктерін *б ү й і р л е у г е* аттанбақшы болды (Х. Есенжанов, Тар кезең).

БҮЙІРЛІ с ы н. *Іші кең, сыйымды.* Қоржын-томар — екі жағы қоржын секілді *б ү й і р л і,* ортасы — үзіліс, алшақ (Б. Майлин, Шығ.). Формасы жағынан олар (құмыралар) әртүрлі, әр бөлегі әбден үйлесімді, *б ү й і р л і,* ұзын мойынды болып келеді (ҚазССР тар.). Тең тартыста бір жағын басып түсетін әдетің болушы еді. Мына қара сумкаңыз *б ү й і р л і* екен (Қ. Қуанышбаев, Шаншарлар).

БҮЙІРЛІК с ы н. *Бүйірге тән, жанама.* Көктемде дичоктер өсе бастаған кезде, діңгектерінің ұластырылатын жері *б ү й і р л і к* жас өркендерден тазартылады (А. Жанғалиев, Бағбан кітабы). Көкірек сегментінде тағы да *б ү й і р л і к* мүйіздер — сұр заттың бүйір беттерінің кішкене төмпешіктері бар (Адам анатом.).

БҮК [1] е т. 1. *Тұзу қалпын өзгерту, ию.* Жарықбас мазаланып, қамшымен жер шұқыды.— Апырмай, болмады-ау... Екі талай жұмысқа шынымен аяқ басатын боламыз ба?— деді ол басын *б ү г і п* (Б. Майлин, Шығ.). Ең алдымен Әбілқасымов жолдас болды, бір,— деп ол сол қолын жұртқа көрсете трибуна үстіне көтеріп шынашағын *б ү к т і* (Ә. Нұршайықов, Тың астығы). Жынданып кейде долы жел, Бұтағын төмен *б ү г е д і* (Ә. Сәрсенбаев, Өлеңд.). 2. *Бүктеп қайыру.* Ә, мен көйлек тігемін, Белін бүремін, Жеңін түремін, Етегін бүктіп *б ү г е м і н* («Балдырған»). Тізесінен сәл төменірек түскен, қара шұғадан *б ү г і п* тіккендей жаңа киім, басында қаракүл бөрік, етігі лакпен боялған, жылтырап тұр (С. Шарипов, Шығ.). Кітапты орап түптеймін — Жыртылмасын. Мұқабасын *б ү к п е й м і н* — Қырқылмасын (М. Әлімбаев, Биікке.). 3. А у ы с. *Ашық айтпау, жасыру.* Дәурен үндемей қалды. Күләнда оның бір жаманатты *б ү г і п* тұрғанын сезіп қатты мазасызданды (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.). Бірақ Карпов өзінің осы ойын бастығына батып айта алмай, *б ү г і п* қалды (К. Тоқаев, Тасқын). Жай отындай жарқылдап қарауы өзге, Ызасы қозғалған ба ішке *б ү к к е н* (Абай, Тол. жин.). ◆ **Бел бүкпеді.** *Тыным алмады.* Жауына күшті жекіріп, Хан бетіне түкіріп, Бақыты үшін халықтың *Б е л б ү к п е с т е н* кеткен еді (Жамбыл, Шығ.). **Бүк түсті.** а) *Бүрісіп бүктелді.* Қыбырлаған жанның бәрі жаратылыс деңізіне жүзіп жүргенде біздің Көркемтай *б ү к т ү с і п* көк моланың бір бұрышында жата берді (С. Дөнентаев, Шығ.). Шамның жарығында *б ү к т ү с і п* үндемей біреу отыр (С. Ерубаев, Менің құрдаст.). Қызметтен қайтқан Қасен теріс қарап *б ү к т ү с і п,* ас күтіп жатыр (М. Әуезов, Тол. шығ.). ә) *Асық дөңестеу жағымен түсті.* **Сыр бүкті.** *Шынын айтпады.* Әдепкіде ашық мінезін, әдемі күлкісін ұсына берген Инештің енді *с ы р б ү г і п* елемегенсіп, сезбегенсіп қалар тұйықтығын да аңғарар ең (С. Шаймерденов, Болашақ.). **Тізе бүкті.** а) *Аяғын бүкті, тізе тигізді.* Сөзің қалай еді өзіңнің?— деп Ұлбосын күлімсіреп *т і з е с і н б ү к т і,*— ал, отырдық (Б. Майлин, Шығ.).— Алты жыл майданда жүріп қайтқанда өз үйіне *т і з е б ү к п е й* кеткенің не?— деді (А. Лекеров, Қырдағы ән). ә) *Жеңілді, мойын сұнды.* Қаныпезер қарақшылар қаншама қаһарын тіксе де Минск жау алдында *т і з е б ү к к е н* жоқ, иілген жоқ (С. Мәуленов, Жұлдызды жыл.). б) *Әйел дәстүр сақтап ізет көрсетті, сәлем берді.* Төр алдында дөңбектей боп отырған көк сақалды, ірі денелі софыға бұрылып, көп ішінен оның бір өзіне ілтифат етіп оң *т і з е с і н* сәл *б ү г і п* сәлем беріп еді (Ә. Нұрпейісов, Сергелдең).

БҮК [2] з а т. *Асықтың шігеге қарсы жағы, бүге.* Бұл өзі киіктің асығы болатын.

Үлкен ағасы іш жағын толтыра қорғасын құйып, сосын оны диірмен тасына салып *б ү к* жағын теп-тегіс қып берді (Ө. Қанахин, Жер бас.).

БҮКЕҢ: **бүкең жүріс.** *Бір қалыпты бүлкілдеген жүріс. Б ү к е ң ж ү р і с п е н* отырғанның өзінде бір сағатта-ақ жетеді (З. Шашкин, Тоқаш Бөкин). ◆ **Бүкең қақты.** *Бүкшеңдеп, бүкең-бүкең етті.* Келін кетті. Балам қалды. Келінсіз үй қаран қалды. Кемпір сорлы *б ү к е ң қ а ғ ы п,* «Келін тап!» деп мазамды алды (Б. Майлин, Шығ.). Дауыстап қалғанда аты аталған **балалары** үйден аяғының ұшынан басып, *б ү к е ң қ а ғ ы п,* жорғалап шығады (Б. Соқпақбаев, Балалық шақ.).

БҮКЕҢ-БҮКЕҢ үст. *Тұқыңдап бүкшең-бүкшең, еңкең-еңкең.* Екі арыстан елінен, Жолға шығып жөнеді, Ақ найзасы қолында, *Б ү к е ң-б ү к е ң* желеді (Батырлар жыры). Тағалары тықылдап, Танаулары желпілдеп, *Б ү к е ң-б ү к е ң* еңкеңдеп, Жүздеген аттар келеді (С. Мұқанов, Таңд. шығ.).

БҮКЕҢДЕ е т. *Бүкең жүріспен бүкшең қағу, бүгжеңдеп қозғалу.* Тау жебелей *б ү к е ң д е п* бара жатқан қасқырға көзі түсіп, ән ырғағынан жаңыла қалды (Ж. Тілеков, Шалғай шепте). Құрмаш пен әкесі шақырса келеді. Онда да жүгіріп келмей, құйрығын сөлектетіп, *б ү к е ң д е п* қана келеді (М. Әуезов, Көксерек).— Әлгінде сіз жер бауырлаған жоқсыз, тізе бүгіп қана *б ү к е ң д е д і ң і з* — деді Әлия (Ж. Жұмақанов, Әлия).

БҮККІШ с ы н. *Ойын (ісің) құпиялап, сыр жасырғыш. Б ү к к і ш*-ақ қой қыз, бірақ, Білдіре ме сырларын! Күміс күлкі сыңғырлап, Бөліп кетті ар жағын (Ғ. Қайырбеков, Құрдас).

БҮКПЕ з а т. *Айтпайтын құпия сыр.* Бұл жолы өзіме-өзім батыл боп іштегі *б ү к п е* сырды ақтарғым келді (З. Шашкин, Доктор.). Байым ақ көңіл кісі еді, көрген-білгені болса, *б ү к п е* сақтауды білмей, ортаға салып айтып жүруші еді (Б. Майлин, Шығ.). Ішінде *б ү к п е с і* жоқ Әшекем жаулықты да, елдікті де танымай өтесің бе деп қорқамын (К. Оразалин, Ақ жазық).

БҮКПЕЛЕ е т. *Жасырып, тығу, құпиялап білдірмеу.* Хаттарым — достар көңілдес, Майдандас ерлер өмірлес. Ол — ол ма, не бар *б ү к п е л е п,* Қапыда кетсең өлімдес (М. Әлімбаев, Таңд. өленд.). Жау қарасы тіпті көп, Ағылшыннан, жапоннан. Шайка келді *б ү к п е л е п,* Шеттен алған көмекке, Құралында есеп жоқ (Қ. Әбдікадыров, Таңд. өленд.).

БҮКПЕЛЕН *Бүкпеле етістігінен жасалған өздік етіс.*

БҮКПЕЛЕТ *Бүкпеле етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БҮКПЕЛЕТКІЗ *Бүкпелет етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БҮКПЕЛЕТТІР *Бүкпелет етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БҮКПЕЛІ с ы н. *Жасырын бүкпесі бар.*

БҮКПЕСІЗ с ы н. *Жасырын құпиясы жоқ, қалтқысыз көңілмен.* Құлық, сұмдықтан аулақ өз ісін ғана білетін бірбет адам ойын *б ү к п е с і з* айтып тұр (Ғ. Мұстафин, Қарағанды). Ахметжан Қасыми ойына келгенін *б ү к п е с і з* айтып салатын ашық та ақ көңіл болатын-ды (Ж. Тілеков, Жоңғар даласы.). Дос көңілдеріңе, тілектестіктеріңе рахмет, қыздар!— деді Кәмеш өзінің шын сырын *б ү к п е с і з* жеткізіп (Ж. Молдағалиев, Жүрек.).

БҮКСИ е т. *Еңкіштеніп бүкірею.* Қатқан құрай; селдір бұта, Қартайғандай *б ү к с и і п.* Бастары аппақ, тоқырайып, Қырау басқан түксиіп (С. Сейфуллин, Өленд.).

БҮКСІ е т. 1. *Мұңкіген иіс жайылу.* Үй иесінің осыншама кең бөлме іші тез *б ү к с и д і* дегеніне ешкім құлақ аса қойған жоқ (Ауызекі тіл). 2. А у ы с. *Арам пиғылды болу, жамандық ойлау.* Бір көрмеге тәп-тәтті, Қазаны мен қалбаңы. Дөң айналмай ант атты, *Б ү к с і п,* бықсып ар жағы (Абай, Тол. жин.). Сақал, шашың ағарғанша жақсылыққа шақырған бір лебізіңді естімей өттім-ау... *Б ү к с і п,* бықсып өтерсің (М. Әуезов, Қараш.).

БҮКСІТ *Бүксі етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Сырмақ қып астына, **Байының** тоқымын. Отының басына **Төрінің қоқымын,** *Б ү к с і т і п,* бықсытып, Қоқсытып келтірді (Абай, Тол. жин.).

БҮКТЕ е т. 1. *Қабаттап орау.* Қатира ұмтылып еді, Жамал қызарандап, Нұрыштың аты жазылған қағазды *б ү к т е п,* алақанына қысты (Б. Майлин, Шығ.). Жұрт таяқ үстап демеу етсе, ол қамшысын екі *б ү к т е п,* екі қолын артына ұстап жүреді

(Х. Есенжанов, Ақ Жайық). Бала кілемін *бүктеп*, қойынға салып келе жатса, қарсы алдынан жылаған, мейліншe жүдеген адамдарға кездеседі (И. Байзақов, Шығ.). 2. А у ы с. *Тырп етпізбей басып қалу.* Дәл, бала күнімде Балқаш жағасында жолбарыстың бір-ақ шапшып бір түйені, үлкен жардай бір сары атанды *бүктеп* түскенін естіп ем (М. Әуезов, Шығ.). Ал, өңештің құлы яки ысылмаған болса, ол араның кедейлерін байлар *бүктеп* жүр (С. Дөнентаев, Шығ.). ◆ **Бүктеп салды.** а) *Қылғытып, жалмап жүтты.* Жерің кем шарламаған, бармай қалған, Ісің кем ойға алмаған, болмай қалған. Жалғызды, жарлыны да, қимасты да, Ер едің көмекейге *бүктеп салған* (С. Дөнентаев, Шығ.). ә) *Айшайға келтірмей топ етпізді.* **Бүктеп соқты.** *Алып ұрды.* Майданда жүрдім екпіндеп Есімде жүрді сол антым. Сол антым болды қаруым, Жауымды *бүктеп соғатын* (С. Мәуленов, Жолдас.). **Екі бүктеді.** *Бұйым құрлы көрмей, жұмарлап салды.* Қайтесің, сонымен қарсыласып, бәрібір сені бір күні *екі бүктейді* (З. Шашкин, Өмір тынысы).

БҮКТЕЛ *Бүкте етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Ол үнсіз төс қалтасына қол салып, мұқият оралып *бүктелген* документтерін берді (А. Лекеров, Қырдағы ән). *Бүктеліп* жатып дегдіген терiні желге, көлеңкеге, ыстық үйге жайып кептіреді (С. Қасиманов, Қаз. қолөнері). Матадай текшеленіп *бүктелген* қызыл күрең түсті қауын қақ бауырсаққа араласа шашылды (С. Мұқанов, Шығ.).

БҮКТЕЛДІР *Бүктел етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Әуелі толқынды арыстанның жалына, кейін айдаһарға теңеп алмаса, *бүктелдіріп*, толғандыра алмас еді (Қ. Жұмалиев, Әдеб. теор.).

БҮКТЕЛІҢКІРЕ е т. *Жиырылып қайрылыңқырау.* Егерде, тіл таңдайдың артқы шеніне қарай жиырылып *бүктеліңкіреп* жатса, жуан дауысты фонемалар пайда болады (Қазіргі қаз. тілі.).

БҮКТЕМЕ с ы н. *Тез жиып алатын, жинамалы.* Шүкірбек жазып салып жайлап берген *бүктеме* кереуетті тұра жинап, көрпе-жастықты орап үстіне қойдым да, айналаға бір-ақ қарадым (Ғ. Сыланов, Домбыра күйі). Кіре берісте тұрған *бүктеме* койканы апарып жазды да, қисая кетті (С. Шаймерденов, Мезгіл). Жеп-жеңіл *бүктеме* шиті мылтық ердің қасына ілулі (Б. Соқпақбаев, Менің атым.).

БҮКТЕМЕЛІ с ы н. 1. *Жазып жіберетін, ашпалы-жазбалы. Бүктемелі* сары кезді шұбатып жіберіп олай бір, бұлай бір өлшеп, желкесін қасып бірсыпыра тұрды (Б. Майлин, Шығ.). Аздап тыныстағаннан кейін, қонақ қоржыннан *бүктемелі* домбырасын алды да, құлақ күйін келтіріп, жай шерте отырып бұрады (С. Бақбергенов, Қайран шешем). Шапраш пәлен ұстаға *бүктемелі* пышақ соқтырып алыпты дейді (Д. Әбілев, Ақын арманы). 2. *Қосқабат.* Әкелген кездемелері түгелдей *бүктемелі* («Лен. жас»).

БҮКТЕСУ *Бүкте етістігінен жасалған ортақ етіс.*

БҮКТЕСІН з а т. *Заттың бүктелген, қайрылған жері. Бүктесіні* жыртылған справка қағаздарды Мақсұтқа біріндеп бере бастады (С. Мұқанов, Шығ.). Төр алды сірескен көрпе-жастық, текеметтің де бірер *бүктесіндері* көрінеді (Ғ. Сыланов, Очерк, әңгім.). Дастарқанның *бүктесіні* столдың дәл ортасына келуге тиіс — дейді ол (Келіншектер.).

БҮКТЕТ *Бүкте етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Әсемдеген боз үйдің Керегесін *бүктетіп*, Қызыл нарға жүктетіп, Қия баспай бой шешіп (Манас).

БҮКТЕТІЛ *Бүктет етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Жаңадан тасыған үлкен өзен әлі күнге айықпаған ашумен ешбір дыбыссыз *бүктетіліп*, қоңырқай тартып, сұрланып, қатты ағып жатыр (М. Әуезов, Қараш.). Қатып қалған саңлақтар ұршықтай ойнап, бөкендей *бүктетіліп*, жер сүзгілеп, ауыздықты қарш-қарш шайнайды (Ғ. Мүсірепов, Таңд. шығ.). Қасқыр *бүктетілген* алдыңғы екі аяғын жаза алмай, алас ұрып жатыр (Қ. Әбдікадыров, Мақташы қыз).

БҮКТЕУ *Бүкте етістігінің қимыл атауы.* Алаша—*бүктеуге*, жинауға, алыпсалуға қолайлы мүлік (С. Қасиманов, Қаз. қолөнері). Күшті еді Калур патша оған елден, *Бүктеуші* ед не ерлерді ұстай белден. Қоюшы ед қанды да ішіп қымыздайақ, Таңдайы бара жатса құрғап шөлден (Т. Ізтілеуов, Рүстем.).

БҮКТЕУЛІ с ы н. *Қабаттап бүктелген, қаттаулы.*— Мынаны сізге берді,— деп, сестра Шолпанға *бүктеулі* бір жапы-

рақ қағаз ұсынды (Б. Соқпақбаев, Жекпежек). Бір мезгілде менің қолыма *бүктеулі* бір қағазды қыстыра салды (Ә. Сатыбалдиев, Ақмарал). Жігіт аттан түсті де, аттың тізгіні мен *бүктеулі* қамшысын қызға ұсынды (Ж. Жұмақанов, Қаракөз.).

БҮКТІР *Бүк етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Шонжарға ойып түсер шалқан екен, Жамбыл жыр жақыбайға дархан екен. Замана белін әттең *бүктіріпті*, Тәкаппар тау құзындай шалқақ екен (М. Әлімбаев, Менің Қазақст.). Ағаш жапырақтары елбек қағып, басын шұлғып, біресе майысқан бұтағын иіп жерге ұрып, біресе *бүктіре* алмайсың дегендей басын көтере аспанға шапшиды (Ә. Шәріпов, Партизан.).

БҮКШЕҢ: **бүкшең қақты.** *Бүкірейіп алып, ылдым-жылдым қозғалды.* Кейде аюдай *бүкшең қағып*, Ыстық тасқа тері тамып, Баспалдақсыз жылтыр жардан, Асты талмай біздің мерген (Ә. Тәжібаев, Жастық жырл.). Мінген атым «катерпелер», *Бүкшең қағып*, бүлкіл желер, Қызыл туым желбіресін, Сылап, сипап майда жел үр (Б. Майлин, Шығ.).

БҮКШЕҢДЕ е т. *Бүкшең қағу, бүкірейіп қимылдау.* Хисаныч ұрып жібере ме деген болу керек, дір етіп *бүкшеңдей* басып кете барды (З. Шашкин, Өмір тын.). *Бүкшеңдеп* қожыр бет қара кемпір шықты, Жақыпты құшақтап, бетінен сүйді (Б. Майлин, Шығ.). Демалушылар санаторийдің сыртындағы төбенің басында таң атпай *бүкшеңдеп* сурет салып жатқан Жұмабекті көретін болды (Т. Ахтанов, Дала сыры).

БҮКШЕҢДЕТ *Бүкшеңде етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Азамат Азаматыч дейтін жігіт келді, ең әдемі көшіріңді дайында,— деп көк тұқыл шалды алдына салып *бүкшеңдетіп* Медеу жүр (Б. Майлин, Азамат.).

БҮКШЕҢДЕУ *Бүкшеңде етістігінің қимыл атауы.* Барады ала қоңыз жүгін тасып, Куә етіп *бүкшеңдеуін* қуанғанға (Д. Әбілев, Өленд.).

БҮКШІ е т. *Тұқшыып бүкірею.* Ыңқылдап көзін ашқанда қасында *бүкшиіп*, екі көзін ыстық жаспен ісірген күйде өзіне үңіле қарап отырған әйелін көрді (М. Әуезов, Қараш.). Күлөмзаны бауырына басып, жылаған күйі *бүкшиіп* Зейнеп жатып алды (Б. Майлин, Шығ.). Еңсесі түсіп, ұйпаланған шашы тізесін жаба, кемпірше *бүкшиген* Дусяны әйел құшағына ала қысты (Ө. Қанахин, Ауыр күн.).

БҮКШИТ *Бүкші етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Жаңа түрмен безенген біздің Майға Дос сүйсініп, құрметтеп соқты қолын. Дұшпан ерні кезерген, ауыр ойда Тұнжырап ол *бүкшите* тосып жонын (С. Мұқанов, Шыңнан шыңға).

БҮКШИІҢКІРЕ е т. *Бүгіліп, иіліңкіреу, тұқшиыңқырау.* Үйге еңсесін алға сала, *бүкшиіңкірең* кеп кірді де төрге озды (Н. Сералиев, Намыс).

БҮКШИІС *Бүкші етістігінен жасалған ортақ етіс.* Әскери киінгендері шпорларын шық-шық еткізіп, бастарын кекшите, селт етпестен сіресе-сіресе қалысты да, басқалары қасқа бастарын жалтаңдата шұлғып *бүкшиісті* (Ж. Тілеков, Жоңғар).

БҮКШІҢДЕ е т. с ө й л. **Бүкшеңде.** Соқыр адамша екі қолмен жерді сипалап, *бүкшіңдеп* бақша ішін кезіп жүрміз («Лен. жас»). Ол мықшыңдай, *бүкшіңдеп* кассаға төлейтін ақшасын шабандап шығарып жатыр (М. Әуезов, Таңд. шығ.). Жомарт көрші колхозға қарай *бүкшіңдей* жөнелді (С. Адамбеков, Қожанасыр.).

БҮКІЛ е с. *Түгел, бәрі бірдей, барлық, күллі. Бүкіл* ояз бір Ермекбайдың қолында, оның ақ дегені — алғыс, қара дегені — қарғыс деп түсінетін бұлар (Ғ. Мұстафин, Дауыл). Бір кезде *бүкіл* Курземені билеген әйгілі генерал-губернатор Шереметьев болған емес пе? (Ә. Нұрпейісов, Күткен күн). Қуанғаннан жарылып кете жаздаған Көжек қысырдың тайын сойып *бүкіл* колхозды шақырып той жасады (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.).

БҮКІЛДЕЙ ү с т. *Түгел дерлік, біржола.* Осы тұста жұрт назарын *бүкілдей* аударып әкеткен бір ерекше көрініс бар (Ғ. Сыланов, Очерк.).

БҮКІР с ы н. 1. *Қалпы тұзу емес, қисық. Бүкір* торының белінде шоқиған жұдырықтай Тәукенің де қанжығасы құр емес (Ғ. Мұстафин, Дауыл.). Кемпірдің *бүкір* қолдарының қалай қозғалуы мәселені шешеді (Ғ. Мүсірепов, Белдерде). 2. *Белі құныс, жарымжан.* Бұл туғаннан *бүкір*, қисық болды дейсіндер ме? (Ө. Қанахин, Ауыр күн.). Өгей шеше алғашқыда қуарған қу *бүкір* деуші еді, кейіннен

жөтел қосылғанда көксау атандырды (М. Сәрсекеев, Жетіжылдық.).

БҮКІРЕЙ е т. *Белі күдірейіп, еңкіштеніп бүгілу.* Қапсағай денесі дір-дір етіп, *бүкірейіп* аяныпты халге түседі (К. Тоқаев, Тасқын). Түйебай үндемей тізелеп *бүкірейіп* отырып, сандығын аша бастады (Б. Майлин, Шығ.).

БҮКІРЕЙТ *Бүкірей етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Шайқалған шалғын басын иіп, белін *бүкірейте* теңселгенде, жығылған жамбасынан тұрмас деп ойласаң, камшат құндызының қылшығы төрізденіп, сынып барып, қайтадан тіріліп, жазылып жүре береді (Ә. Бірмағамбетов, Қазақст. геогр.).

БҮКІРЕЙІҢКІРЕ е т. *Сәл бүгіліңкіреу.* Кебенек болған ешкінің аузынан көбік ағып, *бүкірейіңкірең* тұрып, бақырып-бақырып өліп қалады (Х. Арғынбаев, Мал. аурулары.).

БҮКІРЕҢДЕ е т. *Бүкірең-бүкірең ету.* Үсеннің артқан сиырының жүгі ауып қалып, соны түзете алмай *бүкіреңдеп,* мықшыңдап жатқанын көріп Исатайдың «жанама жігіттерінің» бірі: Ананы қарашы, ана ағаңызды қарашы,— деді (С. Сейфуллин, Шығ.).

БҮКІРЛЕУ с ы н. *Түзу емес, еңкіштеу.* Жауырыны *бүкірлеу,* төңкерілген астау секілді (С. Сейфуллин, Әңгім.).

БҮКІРСЫМАҚ с ы н. *Бой құрылысы еңкіш тартқан, бүкірлеу.* Тайғақбайдың кескіні қара торы, «Қара сұр, бұйра шаш» деп айтады оны, Қой көздеу, сұйық қасты, бұқа мойын, Азырақ *бүкірсымақ* келген жоны (С. Мұқанов, Шыңнан шыңға).

БҮКІС с ы н. с ө й л. **Бүкіш.** Көзі аларып қырылдап, Ауытқыды дүние. Қос өкпесі сырылдап, Белі *бүкіс* иіле (Қ. Мұқышев, Поэм.).

БҮКІШ с ы н. *Жаурыны шығыңқы, еңкіш бойлы, бүкірлеу.* Ақсақал Жамбыл келді жанаттанып, Қиялы қияға өрлеп қанаттанып, Жазылып *бүкіш* белі қуаттанып, Туған ел сәулетімен санаттанып (Жамбыл, Шығ.). Ұзын кимешегінің артқы ұшы шапанының етегінен шығып жерге сүйретіліп ақ қармен астасқан *бүкіш* қара кемпір алақанымен көзін көлегейлеп, таңдана қарап қалыпты (Ә. Нұршайықов, Жомарт өлке).

БҮКІШТЕН е т. *Бүкірленіп, еңкіштену.* Реңі жүдеу, бетінде аяныш, ұзын бойы *бүкіштенген* (З. Шашкин, Ұядан ұшқан.).

БҮКІШТЕУ с ы н. *Белі бүкірлеу, еңкіштеу.* Ақылбайдың астында *бүкіштеу* келген топырыш торы бие еді (С. Мұқанов, Шығ.). Нарқұлаш белін буынып, қызы мен екеуі де қолдарына балта алып, жон арқасы *бүкіштеу* келген ұзын сирақ қара өгізге арба жегіп тоғайға кетті (Ж. Мұзапаров, Қаби қарт.).

БҮЛ е т. к ө н е. *Бүліну.* Озбыр олжа үшін өледі, күншіл күндеумен *бүледі* (Мақал). Осы айтқаным болмаса, Тұғырға сұңқар қонбаса Ноғайлы елін *бүледі* (С. Сейфуллин, Шығ.).

БҮЛГІНДІК з а т. к ө н е. *Бүлінішілік.* Тәуекел бекем байла беліңізді! Түсірме *бүлгіндікке* еліңізді. Пәленшенің баласы... демей, Сөкпеңіз құдай қосқан еріңізді (С. Торайғыров, Мағынасыз мешіт). Тау басында *бүлгіндік,* Соғыс көрді, жау көрді. Жылға сайдан, жылжыған, Сарқырап аққан жау көрді (Батырлар жыры).

БҮЛГІНШІЛІК з а т. с ө й л. **Бүлінішілік.** Ақырында таусылмас дау-жанжал *бүлгіншілік* болады («Айқап»).

БҮЛДЕ з а т. к ө н е. *Сапалы, қымбат мата.* Тоқалдың көбі күң орнында салпақтап жүргенде, мырза *бүлдеге* бөлеп, бетіне қарап отыр (Ғ. Мұстафин, Дауыл.). Өзі де жердің білмеген Бояуын кімдер тапты екен? Өнерін бөлеп *бүлдемен,* Түрлентіп кімдер жапты екен? (Ғ. Орманов, Таңд.). ◆ **Үлде мен бүлдеге оранды [киді].** *Кіл асыл, сусылдаған қымбат киім киінді.*— Немене, қотырыңа тиіп қан қақсатып кеттім бе, әлде болмаса *үлде мен бүлдеге оранып,* қасын керіп, қабағын шытқан алма мойын аруыңа көз қыстым ба? (Х. Есенжанов, Тар кезең). Жанында *үлде мен бүлде киінген* жас келіншек пен он бір, он екі шамасындағы ер бала (Ә. Сәрсенбаев, Толқында туған.). Қызы — мынау, *киген іүлде мен бүлде* (З. Шашкин, Сенім).

БҮЛДІР е т. 1. *Бұзу, істен шығару.* Шахтаның өзін ағылшындар кетерінде мүлде *бүлдіріп* кеткен (Ғ. Мұстафин, Қарағанды). Балам, кеше жасаған самолетің жетпей ме, қайтесің тақтайларды *бүлдіре* беріп,— дейді әкесі (С. Бақбергенов, Өз. жігіт.). Терісін *бүлдірмес*

үшін пышақ салған жоқ, талмауыс жерінен сойылмен ұрып өлтірді (Б. Шалабаев, Өмірде.). 2. *Істің жөнін таба алмау, ұқсата алмау.* Екінші жағынан — Бөкен де Раушанның сөйлегелі тұрғанын көріп, *бұлдіріп* алмаса игі еді деп састы (Б. Майлин, Шығ.). Тынымсызды жібересең, *бұлдіріп* келер; Тынымдыны жібересең, тындырып келер (Мақал). 3. *Ластап былғау.* Қап, шайдай ашып қойған кірімді мына рақымсыз желдің *бұлдіргенін* қарашы (А. Байтанаев, Болат).— Ойбай, шырағым, үстіңді *бұлдіреді*... Бұлдіреді деймін, жақындай көрме! (Б. Майлин, Шығ.). 4. А у ы с. *Іріткі салып, ала ауыздық тудыру.* Мен оны ел арасын *бұлдіріп,* үгіт айтып жүр деп естіген едім (С. Бақбергенов, Өзіміздің жігіт.). ◆ **Ала тайдай бұлдірді.** *Лаң салып, араны аздырды.*— Елді *ала тайдай бұлдіріп,* сені мұнша не қара басты, көктөбет! (С. Омаров, Қайырлы жаз). «Асан қайғы», «Әз Жәнібек», елді *ала тайдай бұлдіреді* дейтін қария сөздер қырғыз халқында да бар («Қаз. әдеб.»).

БҰЛДІРГЕ з а т. *Қамшыға, шоқпар, сойыл сабына тағылатын қайыс бау.* Қамшысының *бұлдіргесін* саусағына ілген күйде оң қолын шұғыл көтеріп қап: «Тоқтасаң нетті?» дегендей, өтініш айтқандай (М. Әуезов, Таңд. шығ.). Бір қолында *бұлдіргесінен* ілінген шырғай сапты сегіз өрме қамшы (Ә. Көпбаев, Мақтаныш). Қарына *бұлдіргесінен* ілген қысқа шоқпарын қолына көтеріп алды (С. Мұқанов, Бақташы бала.).

БҰЛДІРГЕЛІ с ы н. *Бұлдіргесі бар.* Қолымда бір қамшым бар *бұлдіргелі,* Айтайын мен бір сөзді күлдіргелі, Орныңнан әрі отырған бермен отыр, Қолымда қармағым жоқ ілдіргелі (Қаз. әндері).

БҰЛДІРГЕН з а т. 1. *Қопсық топырақты ылғалдау жерлерде желісі жер бауырлай түп-түп болып өсетін ұсақ тікенді өсімдік.* Көкжиегін сағым көмкерген кербез далада шоқ-шоқ болып өскен *бұлдірген* бұталары қол бұлғап қалып жатыр («Лен. жас»). Мысалы, кейбір өсімдіктердің «ет-жеңді» жидектерін алайық: итмұрын мен *бұлдіргеннің* жидектерінің еті — гүл кіндігінен өсіп шыққан (Т. Мұсақұлов, Ботаника). 2. *Осы өсімдіктің қара қошқыл, көкшіл түсті бұжыр-бұжыр келген жидегі, жемісі.* Шомылып сергіп алған балалар тоғайға *бұлдіргенге* теруге бармақшы болды (Б. Соқпақбаев, Жекпе-жек). *Бұлдіргеннің* исі аңқыған, көк майса шалғыны бар жасыл беткейде балалар жеміс теріп жатқалы көп боп еді (М. Әуезов, Таңд. шығ.).

БҰЛДІРГЕНДЕЙ с ы н. *Бұлдірген сияқты.* Сүйген бауыр Светі бар, Беті бейне *бұлдіргендей.* Ойнап қана жүрген шығар, Ойынымен сүйдіргендей (С. Бегалин, Өлеңд.).

БҰЛДІРГЕНДІ с ы н. *Бұлдіргені қалың.* Бұрғелі, *бұлдіргенді,* бадамшалы, Сай-сайдан мөлдір бұлақ ағады екен. Салқынмен ерте өргізіп, өрістетіп, Үш мезгіл көк бұлаққа жабады екен (Ақын жырлары).

БҰЛДІРГЕСІЗ с ы н. *Қолға іліп алатын бауы жоқ.* Ақ сары ала ат мінген *Бұлдіргесіз* найза алған, Жалаң қылыш байланған, Айкөлді ажал алса да, Алмамбет аман қалсайшы (Манас).

БҰЛДІРГІ з а т. с ө й л. **Бұлдірге.** Атқа мінген балалар барлығы да қамшыларының *бұлдіргілерін* білектеріне іліп алыпты (Ә. Нұршайықов, Жомарт өлке). ◆ **Бұлінген елден бұлдіргі алма.** *Бұлік шыққан жердің еш нәрсесіне тимеу. Бұлінген елден бұлдіргі алма* дегені қайсы? Бөтен болса бір сәрі (М. Әуезов, Абай). Байлардың үгіті ме, әлде бойға сіңіп меңдетіп кеткен қараңғылық, ескілік пе, кейбір кедейлер: *«бұлінген елден бұлдіргі алма»* деген, кісі малын ала алмаймыз... деп тұрып алды (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.).

БҰЛДІРГІШ с ы н. 1. *Ойрандап бүлік салғыш.* Социалистік құрылыстан бөтен қоғамдардағы адамды адам қанау, *бұлдіргіш* соғыстар... салдарынан шөл жерлерді меңгеру мүмкін емес (Ә. Кәкімжанов, Коммунизм.). 2. *Бүлік тудырғыш, бүлікшіл.* Бүгін кешке басшы кісінің бірі барады. *Бұлдіргіштің* бірі сол депті және қолдың ертең қайда қонатынын айтыпты (М. Әуезов, Таңд. шығ.). Сен *бұлдіргішсің,* жұмысшыларды құтыртып іс тастауға басшы болып жүрсің (І. Жансүгіров, Әңгім.).

БҰЛДІРГІШТІК з а т. *Іске кесірін тигізушілік, бұлдірушілік.* Патша үкіметінің үстем таптардың ұлттар араздығын қоздыру жөніндегі *бұлдіргіштік* әрекеттеріне қарамастан ұлттар еңбекшілері арасындағы тамырласу, достасу Жетісуда ерте

кездерден кең өріс алды (К. Әзірбаев, Шығ.).

БҰЛДІРТ *Бұлдір етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Ауранзеп өзге талай ескерткіштерді *бұлдіртумен* бірге, жаңағы өз атасы салдырған храмды да ойран еткен (М. Әуезов, Индия очерк.).

БҰЛДІРУ *Бұлдір етістігінің қимыл атауы.* Жалпыға бірдей оқу тәртібін *бұлдіруге* ешбір мүмкіндігім жоқ; экзамен ұстайсыз!— деді (І. Жансүгіров. Әңгім.). Ұқпайтұғын бола ма, Сол жігітке айтшы сен: *Бұлдіруге* бола ма, Тәтті ерінді ащымен?— (М. Әлімбаев, Лирика).

БҰЛДІРУШІ з а т. *Істің ретін бұзушы, зиянкестік етуші.* Бұлардың бітімші екенін, *бұлдірушінің* екенін түсініп болмайды. Әйтеуір атқамінерлерге ермек табылды (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). *Бұлдірушінің* элементтердің жасаған әрекеттері Индонезияның саяси және экономикалық мүддесіне елеулі зиянын тигізді («Лен. жас»).

БҰЛДІРУШІЛІК з а т. *Кесір келтірушілік, зияндық істеушілік.* Жаңа құрылысқа алакөз тап жаулары мен бандиттердің *бұлдірушілік* әрекеті әлі де тыйылмаған (Б. Соқпақбаев, Балалық шақ). Жаудың тылдағы қоймаларын, темір жол тораптарын, көпірлерді талқандап, жау тылында *бұлдірушілік* әрекеттерін жасауға міндеттіміз (Ә. Шәріпов, Партизан.).

БҰЛДІРШІН и р. з а т. 1. К ө н е. Бөдене. 2. *Жас буын, жеткіншек.* Келеді екі *бұлдіршін* бала, Кешкілік үйге жидектен қайтып, Ағалы-іні Павлик пен Федя, Біріне-бірі әңгіме айтып (С. Мәуленов, Таңд. өлең.). Бұл әнде Мұқанның өзіне тән жылы махаббат, үлкен адамшылық мейірі, жас *бұлдіршінге* деген жүрек бар (А. Жұбанов, Мұқан Төлебаев). Қарсы алдымда біреулері томсара, біреулері күлімсірей қарап кілең жас *бұлдіршіндер* отырады (М. Иманжанов, Адам тур.).

БҰЛДІРШІНДЕЙ с ы н. *Кіп-кішкене сүйкімді; уыздай жас, әп-әдемі.* Әйелдің оң жағында созылған қолының ұшына таяу екі жасар *бұлдіршіндей* аппақ бала жатыр (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.). Осы да бір кезде *бұлдіршіндей* қыз болып, сүйкімді көрінді-ау! (Ж. Арыстанов, Сұңқар.). Оның көз алдында самай шашы бұрыл тартқан ана мен *бұлдіршіндей* бөбек тұр (С. Бақбергенов, Менің досым).

БҰЛК: **бұлк етті.** *Қыбыр етіп қозғалды.* Темір үн қатқан жоқ, танауын тағы бір *бұлк еткізді* де, жаудыраған көзін төмен түсіріп жіберді (Ә. Әбішев, Замана перзент.). Бір-екеуі желкеміздің мылтықтың аузын үңірейтіп қойып: «*бұлк етсең* атамыз» деп қимылдатпады (Б. Шалабаев, Өмірде.). Әйтсе де Мазғұтовтың темірдей қарулы қолы *бұлк етуге* оның мұршасын келтірмеді (М. Қаратаев, Далада.). ◆ **Беті бұлк етпеді.** *Ұялмады, қызармады, шімірікпеді.* Соғыстан жүдеп шыққан қоңторғай халықтың азғана несібесін жыруға келгенде *беті бұлк етпейді* (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.).— Коммунист?— деді комендант, еті іскен сүзілме көзді семіз *беті бұлк етпестен* (Қ. Исабаев, Ажал құрсауы.). Ол инженерлік факультетінің студентімін деп *беті бұлк етпей* жалған сөзге барған («Лен. жас»).**Бүйрегі бұлк етпеді.** *Қаперіне кіріп-шықпады, елемеді.* Мәжілістің көбінде стакандар соғыстырылды. Мұндай расходтарға, тіпті, *бүйрегі* де *бұлк етпеді* (І. Жансүгіров, Шығ.). Бүркіттің қалай қытықтасаң да, қымсыну түгіл *бүйрегі бұлк етпейді* (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.). **Жүрегі бұлк етті.** *Қатты әсерленді, қобалжыды.* Галкин айтқан кезде Қазыбектің де, Мұраттың да *жүрегі бұлк етті* (Ә. Әбішев, Замана перзент.). Қою қара қасты, ойлы жүзді балғын жігіт кездесті. Алғашқы көргенде-ақ қыз жүрегін бір *бұлк еткізді* (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.).

БҰЛК-БҰЛК е л. *Сәл бұлкілдеп қозғалып.* Жанындағы жұпар иісті жасыл жібек жапырақтың көлеңкесіне келіп отырып оған әңгіме айтты. Тамағын қырнап *бұлк-бұлк* еткізіп қойды (Ө. Тұрманжанов, Менің кітабым). Қарасам, аузын ашып, тамағын *бұлк-бұлк* еткізіп суда өткізер еркін әмірін аңсап жатыр екен (А. Байтанаев, Асан). ◆ **Бұлк-бұлк желді.** *Жайлы, майда жүріспен тепектеді.* Өзі қызу адам, арақ қызуымен қыза түсіп, өзі де, жүрісі де екпінді. Қасындағы аяңы аз екеуі ере алмай, кейде *бұлк-бұлк желеді* (Ғ. Мұстафин, Дауыл.). **Бұлк-бұлк қайнады.** *Жайымен шымырлады.* Қазан *бұлк-бұлк қайнап* жатыр, ішіндегі жылқы етінің иісі **бұрқырап, мұрныңды** жарады (Ғ. Мұстафин, Дауыл.). Тай қазандарда қой еті мен балық *бұлк-бұлк*

қайнайды (Т. Ахтанов, Дала сыры). Екі үйдің орнындай жерден *бұлқ-бұлқ* етіп *қайнап* шығып жатқан бір бұлақ басына келіп еді (Т. Әлімқұлов, Ақбоз ат).

БҰЛКЕК з а т. *Желістен гөрі жай, аяңнан шапшаң жүріс.* Бекбол жуан торының дағдылы *бұлкегіне* салып, тауға қарай тартып берді (М. Әуезов, Шығ.). Сонан соң дойыр қамшыны оң қолына қымқыра ұстады да, бұлаң құйрық *бұлкекпен* ел шетіне кіре берді (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). Астына мінген сылбыр жүрісті торысын қамшылай түскен Төлеубек те *бұлкекке* салады (К. Оразалин, Ақ жазық). ◆ **Бұлкек қақты.** *Жайлы, майда қозғалыспен жүріп отырды.* Қызыл қоспақ... Құрбанның атынан қалыспай *бұлкек қақты* (Р. Райымқұлов, Түйелі адам). Әлім бітіп қалғанына қарамай, әлі *бұлкек қағып* жүгіріп келемін (З. Шүкіров, Ғажайып құмыра).

БҰЛКЕКТЕ е т. *Аяңын тездетіп, бұлкекке салу.* Түйе жақындап келгенде бар қасқыр тұрып, далаға қарай ақырын *бұлкектей* берді (М. Әуезов, Қараш.). Бір кезде қайқаң жағалауға түскеннен кейін алаңқай басталды. Қарт *бұлкектеп* желе бастады (А. Лекеров, Түз гүлі). Кішкене, қағылез денелі Хизатуллин онан бір қалып, бір қатарласып, *бұлкектеп,* жүгіре басып келе жатты (Ә. Нұрпейісов, Күткен күн).

БҰЛКІЛ з а т. *Аяңнан тездеу ақырын желіс.* Тыныс алып қалған жирен өнімді *бұлкілге* салып, шананы жеңіл сүйреп сырғыта жөнелді (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). Қарасақал Ерімбет — Құтқармас құсты бедеудей; Шабысына шаң ермес, Ат шаптыратын *бұлкілі* (Үш ғасыр.). ◆ **Бұлкіл қақты.** а) *Ылдым-жылдым тез басты.* У Пэй фаң жымиды да, *бұлкіл қағып,* Өзендей әрмән қарай жөнелді ағып,— Тек қана ертегіден еститұғын, Бұл сұлу келді екен деп жерге нағып?! (С. Мұқанов, Шыңнан шыңға). ә) *Безілдеп бебеу қақты.* Домбыра шегін майда шертіп *бұлкіл қақтырғанда* Төлеген күйлері тыңдаушыны ұйытып әкетеді («Қаз. әдеб.»).

БҰЛКІЛДЕ е т. *Бұлк-бұлк етіп жайымен қозғалу.* Рахмет баланың шеке тамырын ұстап көрсе, *бұлкілдеп* соғып жатыр (С. Мұқанов, Шығ.). Алматы қыздай жасанып, Шығарды жазға киімін. *Бұлкілдеп* ағып бас арық, Жанына келді үйімнің (Ж. Молдағалиев, Жыр.). Осы тұста Әлияның жаурыны *бұлкілдеп,* көзі жасқа тұншыға қалды (Ж. Жұмақанов, Әлия). Жол шамасы заводқа дейін үш шақырымдай-ақ; бие құлағын қайшылап қойып желе *бұлкілдейді* (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). Қазақ арбаға жегілген күрең ат ақырын ғана *бұлкілдеп* жортып келеді (Н. Ғабдуллин, Өмір күйі). ◆ **Көмейі бұлкілдеген.** *Ән салуға, сөйлеуге шебер.*— Әкесін мен көрдім. Марқұм сері, *көмейі бұлкілдеген* әнші болатын (Ғ. Мұстафин, Дауыл.). Келе жатқан жұмысшы орыс жігіті екен, оқымаса да орыс тілін сөйлегенде *көмейі бұлкілдейтін.* Айғақ жаңағы жұмысшының алдын кес-кестеп тұра қалды да қолын ұсынды (Ә. Әбішев, Замана перзент.). **Көмейі бұлкілдеді.** *Бірдеңе айтқысы келді; дәме етті. Бұлкілдеп* тұрса *көмейім,* Мақұл демей не дейін. Қағып сап едім екі жүзді, Бойым балқып, етім қызды (Ш. Смаханұлы, Көріп жүр.).

БҰЛКІЛДЕС *Бұлкілде етістігінен жасалған ортақ етіс.* Тіпті жиналыс үстінде де бұл екеуі ажуаласып, *бұлкілдесіп* отыратын (Ғ. Мүсірепов, Белдерде).

БҰЛКІЛДЕТ *Бұлкілде етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Жабылған көп иттің тобынан жұлқынып аман сытылып шыққан көкжалдай болып, өз-өзінен дүрдиіп, *бұлкілдетіп* жорта берді (М. Әуезов, Қараш.). Мардан жігіттер келгенше шайды *бұлкілдетіп* қайнатып қояды (І. Жансүгіров, Шығ.).

БҰЛКІЛДЕУ *Бұлкілде етістігінің қимыл атауы.* Көзге жастар іркіліп, Кейбіреулер сүртініп, Әр жерде бір *бұлкілдеу* (І. Жансүгіров, Поэм.).

БҰЛІК з а т. 1. *Шырық бұзатын даужанжал, қақтығыс, сойқан.* Басылды да ойран *бұлік,* Дүние бей-жай тұрды тынып. Жүзін тосып нұр шапаққа, Ана алдында тұрды күліп (А. Жұмағалиев, Өшп. жалын). Кемелдің Нұржанына жел беріп, *бұлікті* бастап жүрген сол (Ә. Әбішев, Терең тамыр.). Қасен жігіттердің көлденең килігіп, сөзге түсінбей, осынша бүлініп, *бұлік* іздеп тұрғандарына күйіп кетті (С. Торайғыров, Таңд. шығ.). 2. *Өкімет билігіне қарсы астыртын ұйымдастырылған құралды дүмпу.* Солшыл эсерлік *бұлік* пен Муравьевтің опасыздығы толық жойылды (В. И. Ленин,

Шығ. 36 т. 490-б.). Жұмысты ертең тастайық, Бір *бүлікті* бастайық, Ақы өсіп, сағат кемісін, Осыны мықты ұстайық (С. Мұқанов, Таңд. шығ.). ◆ **Бүлік шығарды.** *Ұрыс-керіс тудырды, жанжалдасты.* Опасыз жау одан-бұдан құралған, Бұл күндері бәріндегі бар арман,— Жас үкімет жағасына жармасып, Тозғын дұшпан талай *бүлік шығарған* (Ғ. Қайырбеков, Қосбасар). Үйіне келіп *бүлік шығарып,* он жылғы отасқан әйелін тоғыз жасар қызымен жолға шығарып салған (Б. Қыдырбекұлы, Ешкімге айтпа). **Бүлік салды.** *Шырық бұзып, жанжал туғызды.* Енді аты шулы Айнабеков бандиттік жолмен кейін, басқа елге, басқа дуанға *бүлік сала* бастады (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). Жау келді де, *салды бүлік,* Қара орманды жандырды: Қарағай мен қайыңдардың Күлін ғана қалдырды (С. Мәуленов, Магниттау.).

БҮЛІК-БҮЛІК үст. сөйл. **Бүлк-бүлк.** Алғашқы бетте быж-быж етсе де, артынан будақ-будақ бу да көтерілді, тері қазан *бүлік-бүлік* қайнай бастады (Б. Шалабаев, Өмірде.). Кәдіш қайтып ауылға, Бір ауылдан келеді. Кер дөнені қойқандап, *бүлік-бүлік* етіп желеді (С. Сейфуллин, Өленд.).

БҮЛІКСІЗ сын. *Ырың-жырыңы жоқ, дау-жанжалсыз, шатақсыз.* Патшаның түлкі екенін білгеннен соң, Жолбарыс қаһарланды айқай салып, *Бүліксіз* жүрмедің деп бекер жайға, Таппады түлкі байғұс, ақыл-айла (Айтыс). Оның бет пішіні ішкі дүниесінен сыр берместей, әшейіндегі *бүліксіз,* бейбіт қаз-қалпы тәрізді (Р. Әутәліпов, Алтын жеміс.).

БҮЛІКШІ зат. 1. *Дау-жанжал туғызушы, ойран салушы.* Қаржауов орнынан тұрып кетті. Бар пәле осында екен. Мәмбетті жұмсап отырған осы кәрі *бүлікші.* Сөз жоқ, осы (Х. Есенжанов, Тар кезең). 2. *Өкіметке қарсы астыртын ұйымдастырылған құралды дүмпуге қатысушы.* Императрицаның жанындағы Төтенше Советтің шешімінде Екатерина II *«бүлікшілерге»* қарсы қатаң шаралар қолдануға бұйрық етті деп көрсетілген (ҚазССР тар.).

БҮЛІКШІЛ сын. 1. *Ұрыс-керісшіл, жанжал құмар.* Аңмен бірге *бүлікшіл,* Жанжал іздеп хан кезді. Болса қандай аңы сұм — Болған еді ханы сұм (Халық ақындары). *Бүлікшіл* Ыдырысқа табылды ермек, Жұртыңды жегідей бір жатыр желдеп (Қ. Бекхожин, Мариям.). 2. *Бүлікке араласқыш.* Патшалық үкімет, орыс помещиктері мен капиталистері Қазақстанға өзінің отар елі, шикізат табу мен товар өткізу орны, жері жоқ *бүлікшіл* шаруалардың қонысын аударатын жері деп қарады (М. Елеусізов, Шоқан Уәлиханов.).

БҮЛІН ет. 1. *Бұзылу, құлау, қирау.* Бұдан алты жыл бұрын соғыс әлегімен *бүлінген* кәсіпорындары ірі өнеркәсіп орындарына айналды (С. Мұқанов, Өсу жол.). Шықпаған егіннен жер *бүлінеді,* олақ бастықтан ел бүлінеді (Мақал). Орталығының өзінде үйлер құлап, қирап *бүлініп* жатыр (С. Шарипов, Шығ.). 2. *Жарамсыз болу, бұзылу.* Әкем осы екі орынның да бастықтарымен таныс боп, ұраға тыққан нәрселерін соларға сатады екен де, ақысына тез *бүліне* қоймайтын азық-түліктерді және әртүрлі дақылдардың ұрығын алады екен (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.). Қойды тек құрғақ күні қырқады, өйткені дымқыл жүн теңде жатып көгеріп, шіріп *бүлінеді* (С. Омаров, Қой. бағу.). 3. *Әлекке түсіп әбігерлену, бұрқан-тарқан болу.* «Қалдыңдар,— деп «кешігіп», Кейіс қылып Назым *бүлінді* (Қамбар батыр). Ана бір ұзын мұрт, қолағаш мұрын сарыны көрдің бе, тақияшаңданып, киімінің түймесін ағытып, желпініп, сол қолымен бүйірін таянып, *бүлініп* отыр (Б. Майлин, Азамат.). Есентай екі қашқынды айтты да, Оразбайдың *бүлініп* жатқанын жеткізді (М. Әуезов, Абай). 4. *Зақым келді, жарақаттанды.* Бет-аузы оңбастай *бүлінген* екен. Сейіт те аяп кетті, Омарға қолын ұсынып қала жаздады (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). Тұмсығымнан айрылып, Есіл мұрным *бүлінді,* Далаға шықсам жылаймын, Құдайдан сұрап өлімді (Қамбар батыр). 5. *Ластанып былғану.* Үстім *бүлінеді* деп жұмыстан қашқан болса, Жарқын мына үлкен паровозды жүргізе де алмас еді,— дейді Жамал қызына (Н. Ғабдуллин, Қызық дәурен). 6. Ауыс. *Тәртіп нашарлап азғындау, бұзылу.* Солдатқа жүретін жастар ішкілікке салынып *бүлініп* болмайтын ба еді (Б. Майлин, Шығ.). Шықпаған егіннен жер бүлінеді, олақ бастықтан ел *бүлінеді* (Мақал). ◆ **Шала бүлінді.** а) *Бұрқырап қатты ашуланды.* Болмаса өзінен-өзі *шала бүлініп,* үстелге артылып, телефонға шаты-

лып шаңқылдасып жатады (І. Жансүгіров, Шығ.). Арамыздағы достықты енем естіп, *шала бүлініп* жатыр (М. Иманжанов, Менің махабб.). ә) *Бәйек болды, жаны қалмады.* — Ә, бәрекелді, өркенің өссін, балам. Үлкенге кішірейген қор болмайды,— деп Дәулетбек шал қауғалақтап *шала бүлінді* де қалды («Лен. жас»). **Өзөзінен бүлінді.** *Жайдан-жай отырып, бұрқан-тарқан болды.* Ұлбике бәйбіше үйіне отыра алмай шыбжың қағып, *өз-өзінен бүлінеді* (Б. Майлин, Шығ.). Біздің тұлпар күрілдеп, Денелері дірілдеп, *өзөзінен бүлінді* (С. Мұқанов, Таңд. шығ.).

БҮЛІНДІР *Бүлін етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Елдегі бұзақыларымызды *бүліндіріп* аламыз ба? (Абай, Тол. жин.). Байлықпен бар адамын әлек қылып, Неше жыл *бүліндірген* жұртыңызды. Етпейді бір-біріне ешбір рақым, Аударып арамдыққа құлқыңызды (Айтыс).

БҮЛІНУ *Бүлін етістігінің қимыл атауы.* Ашу нәтижесінде пайда болған осы сүт қышқылы овощтарды *бүлінуден* аман сақтайды (Келіншектер.). Осы бетпен қызу кеткен мәжіліс бір кезде американдықтардың біреуінің *бүлінуіне* соқты (С. Мұқанов, Өсу жол.).

БҮЛІНУШІЛІК з а т. *Әбден тозығы жетіп, бұзылушылық.* Революцияның алғашқы жылдары жалпы *бүлінушілік,* қаусап қирау жылдары болды («Халық мұғ.»).

БҮЛІНШІЛІК з а т. 1. *Ел тыныштығын кетірген дау-жанжал, лаң.* Маған тағы да: «Қырғыз халқын қайырымды Ресей патшалығына қарсы қоюға үгіттеп, саяхаттарда *бүліншілік* туғызып келдің» деген кінә тағылды (Х. Есенжанов, Тар кезең). — Әй, Нұрғали,— деп тамағын кеней сөйледі,— осы елді құртыртып, *бүліншілікке* салып жүрген сенсің (С. Көбеев, Орынд. арман). 2. *Өкімет билігіне қарсы астыртын ұйымдасқан қарулы дүмпу.* Отрядымен Әліби Астрахань келсе, ақтардың *бүліншілігінің* үстінен шығыпты (М. Қаратаев, Даладағы дабыл).

БҮЛІНІҢКІРЕ е т. *Әуелгі қалыптан гөрі бұзылыңқырау.* Бұл сапарда Көжекеңнің кәрі көзі *бүлініңкіреп* те кетіп еді (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке).

БҮЛІС з а т. 1. *Жуннен не жібектен тоқылған жұмсақ түкті қалыңдау мата, пүліш.* Ташкенттің тыны жібек биқасабы бәрі бар екен осында. Ақ үлдір үлдемен бүркеп, көк *бүліспен* орап тастапты (А. Тоқмағамбетов, Әке.). 2. А у ы с. *Көк майса, шалғын.* Жердің ызғарын сыпырып лақтырып тастап, орнына көк *бүліс* жайып құлпыртқан да көктем күнінің құдіреті ғой (Ж. Тілеков, Шалғай шепте). Өрт жалаған қайың, терек. Жамылсын да жасыл *бүліс,* Окоптарды жапырақ бүркеп, Бейбіт жерде жатсын тыныш (Х. Ерғалиев, Біздің ауыл.).

БҮЛІСТЕЙ с ы н. *Бүліс сияқты.* Қаулап қалың өскен қызғалдақ алаңы қызыл *бүлістей* құбылып көз тартты (Ж. Тілеков, Шалғай шепте). Жерді жыртып егілген, Дәмі тәтті дәннен де Ақ мақтасы — күмістей, Жері кілем *бүлістей* (Жамбыл, Шығ.).

БҮП-БҮТІН с ы н. *Жамау-жасқау түспеген, сынық-сызаты жоқ.* Жыртылған жерге қайдан болмасын соған түстес мата тауып қиыстырып жамағанда *бүп-бүтін* болып шығады (Б. Соқпақбаев, Балалық шақ).

БҮР[1] з а т. 1. *Өсімдіктер мен ағаш бұтақтарының жапырақ жаратын түйіні.* Жақсы көрем көктемнің алғашқы айын, *Бүр* жарады булығып әр жас қайың; Асыр салып ағады айдалада, Қарды тіліп қызыл су алмастайын (І. Мәмбетов, Өсиет). Жас мияның салқын иісі, тобылғы *бүрлерінің* хош иісі, ақ жусанның қышқыл иісі қатарласа мұрынға келіп, Меңдігүл тәтті ұйқыға меңдей берді (Ж. Жұмақанов, Солдат.). Бұл өңірде июль өтісімен-ақ кешікпей күз белгісі көріне бастайды: жусан *бүрінен* айрылып сидақ селдірейді (З. Қабдолов, Өмір ұшқыны). 2. *Асқазан, ішек-қарын ішінің кілегейлі бүртік беті.* Ішек-қарында түзілген қоректік заттардың ертінділерін қан мен лимфадан ішек *бүрлері* мен капиллярлардың қабырғалары бөліп тұрады (Адам анатом.). Сульгинді көп ішкендіктен ішек құрты мүлде жойылумен бірге, ішек *бүріндегі* витаминдер құрамы азаяды (С. Сұбханбердин, Дәрі — дауа). 3. *Аяқ киім табанындағы бедер.* Есіктен кіре беріс жерде ойқы-шойқы болып екі жылы ботинка жатыр. Асты жып-жылтыр, *бүр* дегеннен жып-жылмағай («Қаз. әдеб.»). 4. *Біртегіс нәрсенің бетіндегі бұдырмақты түйін.* Тұздауға арналған қиярдың сыр-

тында *бүрі* көп, жаңадан ғана жиналған, көк болуы тиіс (Келіншектер.). ◆ **Табанының бүрі жоқ.** *Айтқанында тұрмайтын, сөзінің тұрағы жоқ, табансыз.* Тек қылмысты мойындауға келгенде *табанының бүрі жоғы* өкінішті (М. Иманжанов, Менің махабб.).

БҮР[2] е т. **1.** *Шеңгелдеп бас салып, тырп еткізбеу.* Бүркіт қасқырдың аузын оң аяғымен тұмшалай *бүрген* екен. Ал сол жақ шеңгелін оның көк желкесінен салыпты (Ә. Көшімов, Екі бүркіт). Алпамсадай ауыр қолды бір жігіт, Жазғы түнде бір бұрышта умаштап, Бүркіттей *бүріп* жүрмесін (Қ. Сатыбалдин, Шағын пьеса.). Барысты *бүрді* бастан сары қыран Өкпеден бастап *бүріп* ап, Қозғалтпады қыран құс (С. Бегалин. Таңд. шығ.). **2.** *Тігілген ыдыс, киімнің бір жерін жиыңқырап жиыру.* Таукең үнсіз ғана жымиып, ішінде ат басындай алтын жатқандай-ақ киіз қапты салмақтап-салмақтап қойып, аузын *бүріп* ұстап тұр (Ғ. Сыланов, Домбыра күйі.). Сәби қарысып айрылмайды, бүртиген титтей саусақтарымен қарманып, анасының омырауына жармасып, көйлектің қақпағын *бүріп* алады (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). **3.** *Жиырып, бүрістіру.* Дәрі қою болса, оған батырып алған дәкені ауру жерге басқанда, жараны *бүріп,* шаншуын басады (С. Сұбханбердин, Дәрі — дауа.). Кейде адамның іші қатты *бүріп* ауырады, кекірік пайда болады (М. Қайрақбаев, Ескерм. ауру.). **4.** Ауыс. *Апшысын қуыру, тықсыру.* «Майкөт» болған адамды сұрап, өкіл ауылнайды *бүріп* барады (Б. Майлин, Шығ.). Жиылысты аштыы... Салғаннан бізді *бүріп* алды да кетті (С. Сейфуллин, Тар жол.). Арғы беттің ескі үкіметінің қылышынан қан тамып, өлке мен уалаят атаулының бәрін ашса алақанында ұстап, жұмса жұмырығымен *бүріп* тұрған кезі екен (Ж. Жұмақанов, Қаракөз.). **5.** Ауыс. *Күн қатты суытып, қақау.* Түн бойы жауған ақша қарды қатырып үлгіргенше асығып аспан жүзі бұлттан серпіліп, Сібірдің шаңытқан аязы ысқырып *бүре* келді (Б. Майлин, Азамат.). Қыс, қар, мұз, қырау-қырау жерді көміп, Бұлт бүркеп, тұман төніп, баса шөгіп, Жер-көкті, аяз *бүріп,* қызыл жалап, Бұрық-сарық боран құсып, шашып-төгіп (І. Жансүгіров, Шығ.). ◆ **Желкесінен бүре түсті.** *Тарпа бас салды.* Әкем Атырау батағасының қожасын *желкесінен бүре түспек* боп, тап беріп еді, жұрт ұстай алды (Ә. Сәрсенбаев, Толқында.).

БҮРГЕ а р. з а т. *Қанмен қоректенетін секіргіш паразит жәндік. Бүргенің* шаққанына шыдай алмай аунап түсін, Нұржан мен Меруерт қорылдап, үйді басына көтереді (Б. Майлин, Шығ.). Ескі ауылдың бақасы мен бәсекесі, биті мен *бүргесі* сияқты ере келді де, басқарусыз жерде тұтана бастады (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). ◆ **Бүрге шаққандай көрмеді.** *Елемеді, селт етпеді.* Мінбедегі кісінің айтып жатқан сөздерін ол *бүрге шаққандай көрмеді* (Ауызекі тіл).

БҮРГЕН з а т. *Кішкене қызыл түсті, дәмі ащы жеміс өсетін шешекті бұта. Бүрген* ағашының қабығын қайнатып, сұйық дәрі есебінде 20—30 тамшысын күніне бірнеше рет ішу керек (С. Сұбханбердин, Дәрі — дауа). Мұнда шоқ-шоқ шетен, мойыл, *бүрген,* қарақат, шие, жидек, арша, акация, долана, миндаль және басқа бұта ағаштар көп өседі (Ә. Бірмағамбетов, Қазақст. геогр.).

БҮРГЕНДІ с ы н. *Бүрген қалың өскен, бүргені көп.* Кебекбайдың елінен, Мәтібұлақ жерінен Бас құдықтың басынан, *Бүргенді* ойдың қасынан, Жеті қойды ұры алды (К. Әзірбаев, Шығ.).

БҮРГІШТЕ е т. *Әр жерін жиырғыштап, бүріп-бүріп қою.* Зылиқа Қарымсақтың ескі тонын *бүргіштеп,* киюге жарайтын етіп берді (Б. Майлин, Шығ.).— Біз саған негылдық? — деді манадан бері бұйра шашты *бүргіштеп* жатқан ересектеу деген қарасирақ бала орнынан ұшып тұрып (М. Иманжанов, Алғашқы ай.).

БҮРЖЕКТЕ е т. с ө й л. **Бүрсекте.** Қорыққан ешкі *бүржектеп,* Күзеген түйе тайрақтап, Боранды бұршақ шүмектеп, Жер су болды тайғақтап (І. Жансүгіров, Шығ.).

БҮРЖІҢ: бүржің қақты. *Бүрсектеп діріл қақты.* Мен келгенде қызыл үй сегіз қанат, Сүйрелеп түк қоймайды түңлік, үзік, Басында *бүржің қағып* отырсам да Соңында жүлде алдым қамал бұзып (Айтыс).

БҮРКЕ е т. **1.** *Тұмшалап орау, қымтап жабу.* Ысқақтың шешесі жататын кереуеттің аяқ жағында ескі көрпеге оранған, басын *бүркеген* домаланып қана біреу

жатыр (С. Дөнентаев, Шығ.). Жылы одеялының бір шетімен иегін *бүркеп*, аққұба дөңгелек жүзі қызғылт тартып, ұйқысыз жатыр (Н. Ғабдуллин, Алғашқы). «От бар ма» деп шошып қалған ол көрпесін көтере қағып, басын *бүркеп*, баласын бауырына баса түсті (К. Оразалин, Ақ жазық). Кепенің оң қабырғасында шекпенмен *бүркеген* күбінің төбесі мен піспегі қылтиып тұр еді (С. Мұқанов, Шығ.). 2. *Көк жүзін бұлт басып, түнеру.* Таңертеңнен түйдек-түйдек қара бұлт аспанды торлап, көк әлемін түгел *бүркеп* алды (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.). Көк жиектің әр тұсына қылтия қалған кішкене көлемді ақша бұлттардың бәрі, әлгі қоңыр бұлтқа беттей көшіп, лезде бәрі тұтасатын да, аспанды тұтасымен *бүркейтін* де кететін (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.). Бұлар қызықпен жүріп, аспанды қою бұлт *бүркеп*, қатты нөсер жауғалы келе жатқанын аңдамады (Н. Ғабдуллин, Қызық дәурен). Түн қараңғысы әлемді *бүркеп*, жан бітken демалысқа шомды (Б. Майлин, Шығ.). 3. *Қалың ағаш өсіп, жапырақ басу.* Қырым ұлы таңылған иығын бір қолымен ақырын сипай ұстап, қалың биік талдар, қалың бұталар *бүркеп* жатқан Нұра өзенінің көсілген бойына таяу тұрған, алыс тұрған тауларға қарап отырды (С. Сейфуллин, Шығ.). Жасыл түс бояп картаны Жапырақ *бүркеп* жотаны, Гүлденсін,— депті,— гүлденсін! Советтік адам Отаны! (Х. Ерғалиев, Бізд. ауыл.). Арықтың сағасына қала орнап, Көшесін, қораларын *бүркеп* гүл, бақ, Халықтың енді ойы судың бетін Лобынор ойпатына қарай бұрмақ (С. Мұқанов, Шыңнан шыңға). 4. *Заттың үстіңгі жағын шаң-топырақ, басқа да нәрселер басып, көміп қалу.* Күйіп, лаулап құлағандай күн төмен, Бұталарды сары тозаң *бүркеген*, Жел де, жер де су сұрайды телміріп Өзектер де, шөл аптабы өртеген (С. Мәуленов, Жаңа арна). Оюлы орны тұрар сай, Жата ғап тағы сілтейді: Қап-қара тозаң құрымдай Бетіңді ілез *бүркейді* (Ғ. Қайырбеков, Таулар.). Күн желсіз. Жапалақтап төпеп тұр. Жер беті аппақ, жып-жылмағай, көбік қар қалың *бүркеп* салған (Ғ. Мұстафин, Дауыл.). 5. Ауыс. *Шынын білдірмей, көлегейлеп жасыру, бұқпантайлау.* Ұстаздық жолды құған адам *бүркеп* сөйлеуді білмейді, әр кез ойын ашық айтып, тыңдаушысын жете түсіндіруге тырысады (Х. Есенжанов, Тар кезең). Қыздың мақпал беті ішіндегі алай-дүлей толқынын сыртқа шығармай *бүркеп* тұр (Ғ. Сыланов, Шалқар). Жаппар жай ғана езу тартты. Күлімсіреген жүзінде күлкіден көлгірлік басым еді, қалжыңмен *бүркеп* білдірмей жіберді (Ғ. Мұстафин, Қарағанды). ◆ **Бетін бүркеді.** *Қайтыс болды, дүние салды.* Есіктің алды күрке-ді, Күркеден атым үркеді. Кешегі жүрген ағашым, Бүгінде *бетін бүркеді* (Фольк.).

БҮРКЕК сын. *Майдалап себезделген, жауынды-шашынды.* Күндізі *бүркек*, түн тұман, Қуарып солған сор заман, Қайда жүрмін қаңғырып? Жұрты жатыр, елім жоқ Батпағы жатыр, көлім жоқ Қаңырап қалған Қарааспан (Қобыланды батыр).

БҮРКЕЛ *Бүрке етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Жер беті шашаға жетпес жеңіл үлпек қармен *бүркелді* (Б. Момышұлы, Москва.). Жеңіл машиналардан кейін бірінің үсті брезентпен *бүркелген*, бірінікі фанермен жабылған, кейбіреулері мүлде ашық, бәрінде де адам толы жүк машиналары көрінеді (Ә. Нұршайықов, Жомарт өлке).— Амал жоқ, мен ол кісімен де ұғыса алмадым, ауданында үлкен қылмыс болды, сол қылмыс және қылмысты түрінде *бүркеліп* қалды — деді Әсия (М. Әуезов, Өскен өркен).

БҮРКЕЛУ *Бүркел етістігінің қимыл атауы.*

БҮРКЕМЕ сын. 1. *Бір нәрсемен бүркеліп, жабылған.* Саифтың өзі де жаны қалмай жүгіріп жүріп балаханада келе жатқан қарт ғұламаға *бүркеме* шатыр жасап берді (Д. Досжанов, Тұлп. ізімен). 2. Ауыс. *Құпия, жасырын.* Айлакер Сарқыттың Мария білмейтін екінші *бүркемесі* тағы бар (Ж. Тілеков, Қайнар). Ол күнгі адам жанының ашуы осылай дамылдатып барып, заман сырының *бүркеме* жамылғыларын біраз жалаңаштап тастаған-ды (Ә. Сәрсенбаев, Толқында.).

БҮРКЕМЕЛЕ ет. 1. *Көзге көрсетпеу үшін көлегейлеп тасалау.* Соның бәрін *бүркемелеп*, үйлердің тасасына орнатып қойсақ, құдай бар, тас жолдан бір де бір танк өтпейтін болады (Б. Момышұлы, Москва.). Тұрады-ау *бүркемелеп* сұлу бетін, Алақандай аялы жапырақтар. Көлеңкеге келеді жігіт несін, Күндізгідей жап-жарық атырап бар («Жас қанат»). 2. Ауыс. *Ойын бүкпелеп білдірмеу.*

БҮРКЕМЕЛЕН *Бүркемеле етістігінен жасалған өздік етіс.* Ал мұнда сіздің бүй-

рығыңыз бойынша пулемет ұясы жасалып, *бүркемеленіп* еді ғой (Б. Момышұлы, Москва.).

БҮРКЕМЕЛЕУ *Бүркемеле етістігінің қимыл атауы.* Жоғарыда айтылған жарамсыз 76 елтірінің тапсырылуы осы кемістікті *бүркемелеу* мақсаты еді («Лен. жас»).

БҮРКЕМЕЛІ с ы н. *Көзден қағаберіс тасалау; алдамшы.* Бірақ сайдың қабағының нақ астында, өкпе тұсында, жағалай жатқан қызыл жауынгерлерді де, жыра ішіндегі *бүркемелі* екі пулеметті де байқай алмады (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). Ол суырлардың қулықпен істеп қойған *бүркемелі*, қосалқы індері еді (А. Хангелдин, Алғыс).

БҮРКЕН *Бүрке етістігінен жасалған өздік етіс.* Таң сыз беріп келе жатқан кезде сиыр қораның ығында киім *бүркеніп*, қалтырай түсіп екі кісі сөйлесіп отыр (Б. Майлин, Азамат.). Тек Райхан ғана кішкене көрпесін бастан аяқ қымтана *бүркеніп* тұрмай жатты (С. Баязитов, Күтп. кездесу). Совет үкіметінің бұлардың бірсыпырасына сенгендігінің арқасында, аймақтық мекемелерге кіріп-кіріп алған, *бүркенген* байлар «көсемі», алашорданың сары үрпек «бөбектері» Коммунистік партиясының істемек істерін әуелі ағаларының кеңестеріне салып алатынды шығарды (С. Сейфуллин, Шығ.).

БҮРКЕНУ *Бүркен етістігінің қимыл атауы.* Көгілдір сонау кеңістік, «Бурабай» атты көл ме екен? Басталар кезде егістік Мұз *бүркену* жол ма екен? (Ә. Сәрсенбаев, Миллиард. ізі.).

БҮРКЕНШЕК з а т. с ө й л. *Бүркеншік.* Сен бүйтіп жылай бергенше тұр, жылама, басыңдағы *бүркеншегіңді* ал, өзіңді маған көрсет (Ер Тарғын). Шым үйде он алтының шамасында бір әйел бала, көйлегі бүтін, жалаң бас, қолдан тоқыған көк *бүркеншегі* босағада ілулі тұр (С. Шарипов, Шығ.).

БҮРКЕНШЕКТЕ е т. *Көзге көрсетпей бүркеп тастау.* Үлгірген көз қарастан жан жалғасып, Екі жас жолыққанда жүрді арбасып. Қаншама *бүркеншектеп* жасырғанмен, Халыққа мән-жайлары болды машық (С. Мұқанов, Шыннан шыңға).

БҮРКЕНШІК з а т. 1. *Басқа салатын жамылғы.* Ақ *бүркеншік* салынып, Ала берен киген тау. Кетейін деп кетпедім, Төңірегім толған жау (С. Сейфуллин, Шығ.). 2. *Самаурынның түтінін басатын қақпақшасы, бұқтырма.* ◆ **Бүркеншік ат.** *Кісінің жасырын аты, псевдоним.* Үйірмені Сібірге жер аударылған Корней басқарып, жұмысшыларға саяси сабақ оқытыпты. Корней ол кісінің *бүркеншік* аты,— деп түсіндірді Вася ағай (С. Омаров, Дала қызы). Ол әңгімелерді сүйсіне оқыған қарт жазушы Григорович Чеховқа мынадай әңгімелерді *бүркеншік атпен* шығару әдебиетке қиянат дей келіп, оның үлкен жазушы екенін айтады, өз атымен жазуын өтінеді (Ә. Нұршайықов, Алтын соқпақ).

БҮРКЕНШІКТЕ е т. *Тұмшалап орағыштап жабу.*

БҮРКЕНШІ з а т. *Көздей тасалап тұратын жамылғы.* О, түн! Қара түн! Жер бетін неге келіп баспайсың! Мен тәрізді түрінен адам шошитын сорлыларға неге *бүркеніш* болмайсың?! (Б. Соқпақбаев, Өлгендер.). Абай ескерткіші орнатылатын жерге қойылған тас үстінен *бүркеніш* мата сырылып түсті (Х. Ерғалиев, Шындық.).

БҮРКЕНШІТІ с ы н. *Ашық түрде емес, жасырын, құпия.* Сонымен, қазақ әдебиеті, Орталық партия комитетінің 1932 жылғы қаулысына, бірі — ресми ашық түрдегі (ҚазАПП), екіншісі — *бүркеніштті* түрде («Алқа») екі-ақ ұйымнан келді (С. Мұқанов, Есею жыл.). Шындап тексергенде қазақ ұлтшылдарының поэзиясынан асқынған ашық жаулықпен бірге жалпы символизмге тән *бүркеніштті*, бояулы, сан саққа бастайтын, жалған іздерге жетектейтін «нәзік» әрекеттерді табу қиынға соқпайды (Ә. Тәжібаев, Өмір.).

БҮРКЕС *Бүрке етістігінен жасалған ортақ етіс.*

БҮРКЕТ *Бүрке етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Ол дыбыссыз қалды. Маң далада... жол үстінде қалды, офицер бетін *бүркетпей* де кеткен (Х. Есенжанов, Тар кезең).

БҮРКЕУ 1. *Бүрке етістігінің қимыл атауы.* Пендешілік қой, ұялдым ба, шам көрдім бе, әйтеуір, айтқым келмеді, *бүркеуге* тырыстым (Б. Майлин, Шығ.). Бұл — искусство мен әдебиеттің таптық характерін қымтап, *бүркеудің* тәсілі, айласы еді (Қ. Жұмалиев, Әдеб. теор.).

2. С ы н. *Күн ашық емес, бұлыңғыр.* Бар әлем бір түрлі *б ү р к е у.* Суық жел ызғып шаңытып тұр (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). Зеңбіл көк қабақ түйіп бұлт шақырса, Ақ боран бір баяулар, бір ақырса. Күн көзі бет қаратпас ызғарына, Бұлыңғыр бірде *б ү р к е у,* бірде ашылса (Д. Еөкінбеков, Шығ.).

БҮРКЕУЛЕУ с ы н. *Буалдырлау, бұлыңғырлау.*

БҮРКЕУЛІ с ы н. *Көлегейлеп ораулы, жабулы.* «Ойқой, заман-ай!»— деп Жібек бәйбіше ауыр күрсініп, босағада тұрған табақтың *б ү р к е у л і* бетін ашты (Б. Майлин, Шығ.). Беті *б ү р к е у л і* күйде ешкімге көз тоқтатып, іркіліп қарай алмаған Мәкен (М. Әуезов, Шығ.). Көзге көрінбейтін күшті қол жер бетіндегі пердені сыпырып алып, *б ү р к е у л і* жатқан қызығын, бар сырын ашып бергендей (Т. Ахтанов, Дала сыры).

БҮРКЕУСІЗ с ы н. *Көлегейлеп, орап жабылмаған, ашық қалған.* Есей комбаттың *б ү р к е у с і з* ашық бетіне аянышты көзбен қадалып ұзақ қарады (Ә. Нұрпейісов, Курляндия).

БҮРКУ *Бүрік етістігінің қимыл атауы.* Ондай машиналар бұрынғы Қытайда атымен болмаған, қазіргі Қытайда өте азғантай — барлық егіншілерге *б ү р к у г е* де жетпейді (С. Мұқанов, Алып. адым.). Оны негізінен жемісті ағаштарға *б ү р к у* үшін пайдаланады (С. Сұбханбердин, Дәрі — дауа.).

БҮРКУІШ з а т. с ө й л. **Бүріккіш.** Бағбан *б ү р к у і ш п е н* алма бұтақтарын дәрілеп жүр (Ауызекі тіл).

БҮРКІЛ *Бүрік етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Осы кезде Мәншүктің пулеметінен *б ү р к і л г е н* оқтан ба, басқа сериктерінің оғынан ба, жаудың шұбырған жаяулары танктерден бөлініп қалды (С. Мұқанов, Аспаз). Ұсақталған сабанды әр қабатының қалыңдығын 70—80 *см.* етіп жәшікке салады, сабанның әр қабатына әуелі су *б ү р к і л е д і* (Қ. Құсайынов, Сабан.).

БҮРКІС *Бүрік етістігінен жасалған ортақ етіс.*

БҮРКІТ з а т. *Таулы, далалы жерлерді мекендейтін тегеуріні қатты ірі жыртқыш құс.* Кейде тау сүзіп жем іздеген көк қыраны — *б ү р к і т т е р* аспан әлеміне қалықтап шығады да, әлдеқайда самғап барып көзден ғайып болады (С. Бегалин, Таңд. әңгім.). Кісі емес, обаның басында қонақтап отырған *б ү р к і т* екен (С. Сейфуллин, Әңгім.). Хотан базарында қаршыға, ителгі, лашын, *б ү р к і т* сияқты алғыр құстар да сатылады екен (С. Мұқанов, Алып. адымд.). ◆ **Бала бүркіт.** *Жас, балапан бүркіт.* Шыңдары алтын күнмен бірге өскендей, Бұлттан бойын тартып бір сескенбей. Басында *б а л а б ү р к і т* шаңқылдайды, Таулардың бұлағымен тілдескендей (С. Мәуленов, Таңд. өлең.). Көндікпей ме б а л а *б ү р к і т,* Ұстап бақса бір саятшы?! Алғашқыда алабұртып, Болар тауға шырқамақшы (Қ. Бекхожин, Дала комисс.). **Бүркіт салды.** *Бүркітпен аң аулады.* Ыбырайдың өзі де жаз қаршыға, түйғын салуды, қыс *б ү р к і т с а л ы п,* ит жүгіртуді кәсіп еткен аңшыларға да көп ерген адам (С. Мұқанов, Өсу жол.). Аугер аңшылар кәсіп ретінде түлкіні, сонымен қатар киіктер мен қара құйрықты аулағанда көбінесе *б ү р к і т с а л а т ы н* (ҚазССР тар.). Шіреніп басып шалқақ мырза атанып, Құс атып, ит жүгіртіп, *б ү р к і т с а л ы п,* Жүрген күн бәрі бірден кетті «қош» деп, Артына бір қарамай көзін салып (С. Дөнентаев, Шығ.). **Бүркіт көз.** *Өткір, қырағы көз.* Ұзын бойлы, бұйра шашты жігіт кіріп келді. Маңдайы жазық, қабағы қалың, *б ү р к і т к ө з д і* жігіт екен (З. Асабаев, Ар соты). Қалың дөнестеу біткен қабағы, байсалды *б ү р к і т к ө з і* жұқалаң ақшыл жүзіне айбат та, келбет те беріп тұр (Ғ. Мұстафин, Дауыл.).

БҮРКІТТЕЙ с ы н. *Бүркіт сияқты.*— Ойпырмай, шіркіннің көзі қандай? Түлкіге түсетін *б ү р к і т т е й,* жайнап тұр-ау, жайнап тұр (С. Адамбеков, Көсенің көзі). Ертең Ташмағамбетов *б ү р к і т т е й* бүрсе, бүроның қаулысын алдына тартпақ (З. Шашкин, Өмір.). Ғалім төбеден төмен түйіліп келе жатып, түлкіден көз жазып қалған *б ү р к і т т е й* іркілді (Ж. Тілеков, Шалғай шепте).

БҮРКІТШЕ ү с т. *Бүркітке ұқсас.* Саржан жалт қарады да, қыздың асқақ ойына көзі енді ғана түскендей, түлкі көрген *б ү р к і т ш е* сұқтана қалды («Майдан»). Подполковник ашығып қалған екен, алдындағы аска *б ү р к і т ш е* шүйілді (Б. Момышұлы, Москва.).

БҮРКІТШІ з а т. *Бүркітпен аң аулайтын аңшы.* Сылаң етіп жолықса қайтқан ізі

Сағадан сымпың қағып із шалғанда. *Бүркітші* тау басында, қағушы ойда, Іздің бетін түзетіп ондағанда (Абай). Моқал жасты, бурыл сақал қарт *бүркітші* Бекбол жуан торы аттың шылбырын белі не қыстырып, енді үзеңгіге аяғын сала бергенде арт жағынан ат пысқырды (М. Әуезов, Шығ.). *Бүркітші* Қожбан құсына тоқ желе беріп, шошаладан ас үйге әкеліп тұғырына қондырды (С. Бегалин, Бала Шоқан).

БҮРЛЕ е т. *Бұтақ түйіршіктері бөртіп, жапырақ жаруға таяну.* Олжабек әлі *бүрлей* қоймаған қараған мен тобылғысы мол беттерді қыдыра сүзіп, әрбір қарайған бұталарға сүзіле қарайды (К. Оразалин, Көктем.). Күннің ызғары кетіп, ағаш *бүрлеп,* жер беті көк торғын көрпесін жамыла бастады (Б. Тұрсынбаев, Ауылда.).

БҮРЛЕН *Бүрле етістігінен жасалған өздік етіс.* Бастары көгеріп, *бүрленіп* қалған қалың қараған жел лебімен сыбдыр-сыбдыр қағып теңселіп, ырғалып қояды (М. Әуезов, Қараш.). Қараған, тобылғы бастары *бүрленіп* қалған екен (К. Оразалин, Көктем.).

БҮРЛЕТ *Бүрле етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Өзі де өсті саялатып, Қарағайды да *бүрлетті* (Ғ. Сыланов, Шалқар).

БҮРЛІ с ы н. 1. *Үстіңгі беті бұдыр-бұдыр.* Түрменің халі нашар. Үстімізге киюге бергендері жұқа *бүрлі* кенеп көйлек-дамбал, қара ала шолақ камзол (С. Сейфуллин, Тар жол.). 2. *Бүрі көп, бүртікті.* Бұл жерге алабота, ермен, құрай, түйе жапырақ тәрізді бойшаң да, *бүрлі* өсімдіктер қалың өсіпті (Ж. Жұмақанов, Қаракөз.). Осы қардың астында *бүрлі* ақ жусан, шоңқайған қояндай күлтелі көде, көкбурыл бөгеттер жатыр (С. Бегалин, Таңд. әңгім.). Бұлар Еңлік үйінің алдындағы *бүрлі* ағаштардың түбінде біраз тұрып та қалды (К. Оразалин, Ақ жазық).

БҮРЛІК е т. *Абыр-сабыр боп, әуре-сарсаңға түсіп дүрлігу.* Ұрланып келген бұл жауды, Білмей қалды қапыста. Дағдарған ел *бүрлігіп,* Баратын адам іздейді (Жамбыл, Шығ.). Келген бұйрық штабтан Жауға тимек жан-жақтан, Жорыққа уақыт бүгін түн, Жау *бүрлігіп* сасуда (Қ. Әбдіқадыров, Таңд. өлең.).

БҮРЛІКТІР *Бүрлік етістігінен жасалған өзгелік етіс.* «Серкебайдың осы бір шолжың қызы ылғиына шатақ шығарып барған жерін *бүрліктіреді* де жүреді» — деп Сағалбай кейіп, қолын сілтеді (С. Омаров, Қайырлы.). Бүлік боран! *Бүрліктірген* жер-көкті, Бұғып дария, үстін басып сең кетті, Төтеп бермей аң да, мал да ығысты (К. Бекхожин, Достық.).

БҮРМЕ з а т. 1. *Жиырып тігілген тігіс.* Көйлектің сөгіп *бүрмесін,* Қайта тікті Тамара. Арнады соған бір кешін Айтты ғой дәрігер бағана (М. Әлімбаев, Таңд. өлең.). Ағашы заимкенің селдіреген, Қалқаның екі көзі мөлдіреген. Ән салып кешке таман жүргенінде, *Бүрмесі* ақ көйлектің желбіреген (Қаз. әндері).— Май мейрамына қарсы мен *бүрмесі* кең халат-көйлек кием — деді Тана («Қаз. әдеб.»). 2. С ы н. *Тігісі жиырылып істелген.* Оразың үстінде тап-таза жаңа ақ сары тенністка, бұтында *бүрме* балақ шолақ шалбар (Б. Соқпақбаев, Аяжан). Шұбартау, Абай менен Абыралы, Бұлардан сәнсалтанат табылады. Әйелдер көлеңдеген *бүрме* көйлек, Ақ жаулық аққудай боп салынады (Пернедегі терме.). Суреттегі тобығына шейін төгілген *бүрме* бел ақ көйлек киген жас жанға Павло сүйсіне қарады (Ө. Қанахин, Ауыр күн.).

БҮРМЕЛЕ е т. *Бүріп, жиырып тігу.* Үстінде етегін *бүрмеленген* ақ жібек көйлек, сыртынан қызыл мақпалдан жеңсіз камзол киген (Ж. Мұзапаров, Қаби қарт.). Үстінде тұқыл жаға, шолақ жең ақ көйлек. Ескі көк шалбарының балағын *бүрмелеп* киген (Ж. Жұмақанов, Үш бәйтерек). Қоныш, бас, тақа тігіліп болған соң, оны қалыпқа салып *бүрмелейді* (С. Қасиманов, Қаз. қолөнері).

БҮРМЕЛЕН *Бүрмеле етістігінен жасалған өздік етіс.* Қамалып қам теріге *бүрмеленбе,* Қыстығын қар астында қалған шөптей. Мені шын жеңемін деп желікпейақ, Қойыңдар абыйырды шашпай-төкпей (Жамбыл, Шығ.).

БҮРМЕЛЕНДІР *Бүрмелен етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БҮРМЕЛЕНДІРУ *Бүрмелендір етістігінің қимыл атауы.*

БҮРМЕЛЕТ *Бүрмеле етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БҮРМЕЛЕТКІЗ *Бүрмелет етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БҮРМЕЛЕТТІР *Бүрмелет етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БҮРМЕЛІ с ы н. *Жиырып тігілген.* Гүлайманның ақ жібек көйлегінің *бүрмелі* етегінде күн тәрізді дөңгелек қызыл гүл шоқтары ырғалады (Д. Әбілев, Ақын арманы). *Бүрмелі* қынама қара тон, қызыл шұбар пима, қара құлақшын киген адам қар астынан шыға келді (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). Әкем қалтасынан аузы *бүрмелі* қара дорбасын алды да, қанша екенін білмеймін, тілашар деп молда екеннің бармағына қыстырды (Қ. Қуанышбаев, Шаншарлар).

БҮРСЕКТЕ е т. *Тоңу, бүрсең қағу.* Бала *бүрсектеп* тоңуға айналды (Қ. Әбдіқадыров, Әңгім.).

БҮРСЕҢ: **бүрсең қақты.** *Дірілдеп қалтырады.* Жайлау құмар қазақтар жазғытұрым тастай қашқан қыстауларына *бүрсең қағып* қайта келіп жатыр (Ғ. Мұстафин, Дауыл.). Кедейдің өзі жүрер малды бағып, Отыруға отын жоқ үзбей жағып. Тоңған иін жылытып, тонын илеп, Шекпен тігер қатыны *бүрсең қағып* (Абай). Жас бала *бүрсең қағып* шықса тысқа, Таба алмай еш мархабат ойнап тыста. «Нан бер!..» деп мазалайды шешелерін, Еріксіз «үй күшік» боп бұл байғұс та (Б. Майлин, Шығ.).

БҮРСЕҢДЕ е т. *Бүрсиіп дірілдеп, қалтырау.* Жыртық киіз үйде арқасынан суық өтіп *бүрсеңдеп* жүретін Бақтығұлға мынау үй бір қонып кетер болса да, үлкен сый сияқтанды (М. Әуезов, Қараш.). Бұл кезде адамдар да, қыстан *бүрсеңдеп* шыққан арық-тұрақ мал да сергіп, күншуаққа қыздырынып, жетісін қалады (Б. Соқпақбаев, Балалық шақ.). «Бұқараның» күні де қаңғырған қайыршыға ұсап, әлдеқайдан алыстан ғана көрінеді де, *бүрсеңдеп* ілезде жоқ болып кетеді (Ғ. Мүсірепов, Шұғыла).

БҮРСЕҢДЕТ *Бүрсеңде етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Биылғы күз аса салқын. Қара суық желі де, бұлыңғыр жауыны да ерте иектеп, мезгілсіз *бүрсеңдетіп* тұр (М. Әуезов, Шығ.). Бұл сөздің байыбына бармаған Тұрар: «Менің мамам бәріңді де *бүрсеңдетер,* әлі» — деп ішінен күліп қойды (С. Шаймерденов, Мінез).

БҮРСЕҢДЕУ *Бүрсеңде етістігінің қимыл атауы.*

БҮРСИ е т. *Дене-бойы бүрісіп, бүкірейіп тырысу.* Қыс батқан арық малдар төрт аяғын бауырына алып, күнгей бетте *бүрсиіп* шуақтап тұр (Б. Майлин, Шығ.). Баланы пештің жанына жатқызып, кемпір мен шал екі жағында *бүрсиіп,* жүдеп, жаны қысылып жатқан жалғыздарына телміріп қарап, сарылып отыр (М. Әуезов, Қараш.). Алыстан айдау жеп, күйі қашып келген, аузы көкке жаңа тиген қой мен ешкілер топырлап, *бүрсиіп* ықтайды (Т. Әлімқұлов, Ақбоз ат).

БҮРСИТ *Бүрси етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Буалдыр ма, тұман ба, әлде шаңыт аяздың әлемді *бүрситкен* сұрғылт үскіні ме — әйтеуір күн бетінде сұрғылт мұнар бар (Б. Майлин, Шығ.).

БҮРСІГҮНІ ү с т. *Ертеңнен арғы күн.* Шынында, бүгін болмаса ертең, ертең болмаса *бүрсігүні* айырылуға тура келетіні анық болып сезілуші еді (М. Иманжанов, Адам тур.).— Сағира, *бүрсігүні* партия ұйымының ашық жиналысын шақырамыз (С. Алдабергенов, Алға).— Жауын жаумаса, бұл жерді ертең кешке дейін бітіріп, *бүрсігүні* «Қызыл шілік» маңына көшем (З. Шашкин, Сенім).

БҮРТИ е т. *Бөрткендей болып, бүріліп ісіну.*

БҮРТІК з а т. 1. *Өсімдік денесінде болатын ұсақ түйіншек.* Өткінші бір жаңбыр бүркіп, Гүл жапырағын жапты моншақ. Мөлтіл қағып күміс *бүртік,* Айнала орман тұрды қоршап (С. Бегалин, Өлеңд.). Қайраң жағаға ойнаққа шыққан жасыл шабақтарға Хакім жусанның *бүртіктерін* лақтырады (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). Қазір сол өртеңге қаулап шыққан, әзір кәдеге айналмаған, жатаған ал қара көк *бүртік* бетегелер жер бетін бұйралап тұр (Ғ. Мұстафин, Дауыл.). 2. а у ы с. *Денеге түсетін ұсақ-ұсақ бөрткен.* Пеллагра ауруынан адамның мойнына, қолының сыртына қызарып *бүртік* шығады (Т. Дарқанбаев, Витаминдер).

БҮРТІКТЕ е т. 1. *Түйір шығу, түйін салу.* 2. а у ы с. *Бет-ауыз, денені ұсақ түйіршік басу.*

БҮРТІКТЕН *Бүртікте етістігінен жасалған өздік етіс.* Қалың жауыннан кейін ағаш бұтақтары *бүртіктене* бастаған («Лен. жас»). Мұрттары тікірейіп, жақ терілері *бүртіктеніп,* көзінен от шашырап, әдеттегі жайдарылық та жым-жылас жоғалып кетті (М. Иманжанов, Менің махабб.).

БҮРУ *Бүр етістігінің қимыл атауы.* Шойын кеуделі, аю жоталы, *бүруге* біткендей жүндес сом саусақты, қастары қиғаш-қиғаш біткен қара кісі — Игілік би пан да, тәкаппар да емес (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). Сенің ниетің арам, соның жылтыраған бетін көрген соң малайыңды босатып отырсың — деп, байды бәйбішесі *бүрумен* болды (Б. Майлин, Шығ.).

БҮРШІК з а т. *Өсімдік сабақтарының жапырақ салар, өркен алар жеріндегі түйіршік.* Аман көріп ботамды, Емізер күнім бар ма екен! Жар жағалап қыдырып, Тал *бүршігін* сындырып, Жегізер күнім бар ма екен?! (С. Сейфуллин, Шығ.). *Бүршігін* жаңа жарған балауса гүлдей күрең еріндері де, әдемі қыр мұрны да өз орнында тұр (Ә. Сәрсенбаев, Толқында.). ◆ **Бүршік атты.** *Бүршіктенді, гүл жарды.* Тауға жарыса шыққан, тауды етектей шыққан неше түрлі әдемі ағаштар жасарып, бұтақтары *бүршік ата* бастапты (С. Сейфуллин, Тар жол.). Жол жиегіндегі жиде, шеңгелдер де *бүршік атып,* жұпар иісі аңқиды (С. Алдабергенов, Алға).

БҮРШІКТЕ е т. *Өсімдік түйіндері жетіліп, бүршік салды.* Керек болса баялышы мен торанғыларының өзі де қайтадан *бүршіктеп,* гүлдемесе де бойына күш жинап, балғындана түседі (Ә. Кешімов, Қарт аңшы.). Назым болмашы *бүршіктеген* жас шыбықты қазылған жерге қадай бастады (С. Алдабергенов, Әңгім.). Жыл сайын кіріп келгенде, Есінде кімнің қалып ең. *Бүршіктеп* көктер өңгенше, Бүріскен сен де ғаріп ең (Р. Нұрпейісов, Туған өлке.).

БҮРШІКТЕН *Бүршікте етістігінен жасалған өздік етіс.* Үлкейткіш әйнекпен қараған кезде *бүршіктене* тозаңданып, ақшыл тартады (К. Тоқаев, Тасқын). Егіз ағаштың *бүршіктене* бастаған бұтақтары сыбдырлайды (З. Иманбаев, Дала көктемі).

БҮРШІКТЕНУ *Бүршіктен етістігінің қимыл атауы.* Сонымен гидра *бүршіктену* арқылы, жыныссыз жолмен көбейеді (Зоология).

БҮРШІКТІ с ы н. *Көп бүрі бар, бүршігі көп.* Қарағайдың қаз таңдайлы *бүршікті* бұталары ақ сәукеле киген келіншектей үлпек қардың салмағымен иіліп тұр (Б. Момышұлы, Жауынгер.). Бұталардың *бүршікті* басын ішке қарай иілте қаудаудың мәнісі бар (Н. Ғабдуллин, Қызық дәурен).

БҮРІК[1] е т. 1. *Сұйық зат шашырату, себу.* Оған есесін қайырудың орнына Добрушкин су *бүркіп,* орамал желпіп әлек болатын (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.). Ақан комбайннан түсе қалып, жинауыштың астына еңкейіп көз тастады. Дестелердің үстіне біреу су *бүріккендей* дымқыл, асты әлі құрғақ екен (З. Шашкин, Өмір.). Жүн сабау алдында тулаққа аздап сүт *бүркіп,* шөптесінге төсеп жібітеді (С. Қасиманов, Қаз. қолөнері). Дүре де соқты, етіме темір қыздырып та басты, жарама тұз *бүркіп,* инемен шабақтап та бақты... Не істемеді жау?! (М. Иманжанов, Адам тур.). 2. *Аздап себелеп жауу.* Сәуірдің бұлты түйдек-түйдегімен көтеріліп, қар аралас жаңбыр да *бүркіп* тұрған (Б. Майлин, Шығ.). Бұлтты аспан әлі де сыз *бүркіп,* түнере салбырап тұр (Б. Соқпақбаев, Жекпе-жек). Жауын әлі екпіндете *бүркe* келді де, құйып кетті (Ғ. Мұстафин, Дауыл.). 3. А у ы с. *Оқты жиілетіп, боратып жіберу, жаудыру.* Пулемет қорғасын оғын жауға *бүркіп* жіберіп, кенет құлаққа ұрған танадай жым болды (Б. Момышұлы, Жауынгер.). Көкті жарып, бұлтты жыртып, Пулеметтен оқты *бүркіп,* Қызыл туы күн боп күйіп, Келді азамат дүрсілдетіп (Б. Майлин, Шығ.). Ағашқа кіргенше пулеметтен атқан оқ бір-екі рет *бүркіп* өтті (Қ. Әбдікадыров, Мақташы қыз). ◆ **Қолтығына су [дым] бүрікті.** *Айдап салды, атыстырып-шабыстырды, шағыстырды.* Сен білесің, *қолтығына су бүркіп,* еліктіргендердің ізін көрсет. Бұл да айыбынды жууға жарайды. Одан әрі сені қышамаймыз (Қ. Толыбаев, Қайдасың.). Рас, колхоздастыру дәуірінің қарсаңында байлар белең алып тұрды. *Қолтығына дым бүріккен* орташалар да аз бүлік салған жоқ («Қаз. әдеб.»). Сапекең *қолтығына дым бүріксе* керек, қарадан қарап отырған Байбол екеумізбен байланысқаны (Ғ. Мұстафин, Дауыл.). ⊙ **Аяз бүрікті.** Қатырдың сақалға мұз, мұртқа мұздақ, Кәрленіп ысқырасың *аяз бүркіп* (Қ. Жұмалиев,Қырда.). **Жалын бүрікті.** Саңқ етті мылтық көк *жалын бүркіп,* Үйіріп дүлей құйынын. Директор ағай тастады сілкіп, Саусақпен мұзды миығын (Ә. Сәрсенбаев, Миллиард ізі.). **Мұз бүрікті.** Қар ұшықтап *бүркіп мұз,* Жел қанжарын жанып қыс. Жерді қайрап қайрақтай (І. Жансүгіров, Поэм.). Бүгін де

солай қамығып, Сулана қалды қыз кірпік. Аспаны тұрды *мұз бүркіп* (Ғ. Қайырбеков, Таулар.). **От бүркіті.** Зорлап суйсе бетімді, Етімді үзіп алғандай. Демінен маған *от бүркіп,* Болад денем жанғандай (С. Мұқанов, Замандас тур.).

БҮРІК [2] с ы н. *Үш жағы қусырылып қырап жиырылған. Бүрік* құлақ емес, түрік құлақтау ғана жүретін шал едім (Ғ. Мүсірепов, Кездесп. кет.).

БҮРІККІШ з а т. *Газ я сұйық ерітінділерді тозаңдатып шашатын арнаулы құрал.* Бүрку — химиялық ерітіндіні өсімдікке және топыраққа арнаулы *бүріккішпен* тамшы түрінде енгізу (Ж. Лұқпанов, Химия.). Тұқымды машиналар арқылы немесе аспалы *бүріккішпен* және шүмегіне тар көзді ұштық кигізілген су сепкішпен сулайды (Ж. Жиенбаев, Астық дақыл.).

БҮРІКПЕ с ы н. *Қатты жауып кетпей сіркіреп, себелеген.* Оның үстіне пішенші атаулы орақ үстінде нөсер тұрмақ, *бүрікпе* жаңбырдың өзінен қорқады (Ж. Тілеков, Шалғай шепте).

БҮРІКТІР [1] *Бүрік етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Айрықша Хадиша үйге берді зейнет, Жібек, зер, асылдармен әшекейлеп. Хош иіс гүлдің суын *бүріктіріп,* Сарайда орнатқызды қолдан жаннат (Қ. Әбдікадыров, Таңд. өлеңд.).

БҮРІКТІР [2] е т. *Шат-шәлекейін шығарып, тықсыру.* Қойға тиді бір бөрі, *Бүріктіріп* қырады (Батырлар жыры). Кісінің орамына келіп, аспанда алып қашпайтын болса, әуедегі қазды, қарғақұзғынды *бүріктіре* қуар ма еді (І. Жансүгіров, Әңгім.).

БҮРІЛ *Бүр етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Арты биік, төрі аласарақ, кейінгі қатарлары кеңірек жайылып, алқа-қотандау жайғасқан да төріне қарай *бүріле,* ойыса түскен (М. Әуезов, Өскен өркен). Төбесі киіз үй тәрізді *бүріле* жасалған бұл күмбездің сыртқы бейнесі мешітке ұқсайды (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.).

БҮРІЛУ *Бүріл етістігінің қимыл атауы.* Кеуденің көк етінің кенет жиырылып, оның құрысуы не *бүрілуі* салдарынан ықылық тиеді (С. Сұбханбердин, Дәрі — дауа.).

БҮРІС е т. 1. *Тартылып, құрысып-бырысып жиырылу.* Торсан *бүрісіп* қалған бір уыс бетінде үш-төрт сақалы бар, кішкентай ғана тапал сары (Т. Ахтанов, Дала сыры). Қолымен топырақты ашып, *бүрісіп* құлағын селтитіп қаз-қатарлап көмген болды (А. Тоқмағамбетов, Әке). Өткен жылғы бір соғыста Есқараның танкісі жанып, құлақ шекесі отқа шалынып, аз жылтыр болып *бүрісе* біткен (С. Бегалин, Жеткіншек). 2. *Құнысып, бір уыс боп қуырылу.* Шам жағылды. Рабиға отыр *бүрісіп.* Қарайған түрі демесең, құр сүлдер (Б. Майлин, Шығ.). Үш әйел пештің жанында біріне-бірі тығылып, *бүрісіп* отыр (М. Әуезов, Қараш.). Анасы соншалық жабырқау, оның қасында інісі *бүрісіп* отыр (З. Қабдолов, Өмір ұшқ.). 3. А у ы с. *Ашық мінез, жарқын жүз көрсетпей тырысу.* Келген кісілермен бірге көршімізге кіргенімізде күні бойы саңқылдап жүрген жеңгеміз жақтырмаған түр көрсетіп, *бүрісті* де қалды (Ауыз-екі тіл).

БҮРІСТІР *Бүріс етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Мәриям аспалы айнаның алдына отырып, маңдай терісін аз-кем *бүрістіре* түсіп, оқтын-оқтын күрсінетін болды (Б. Майлин, Шығ.). Шура үнсіз, жағынан бастыра бір тартқан ақ шыт орамал жүдеу бетін *бүрістіріп,* тіпті шұңкитіп жіберіпті (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). Күздің қара дауылы кәріне мінген: малдың түгін үрпитсе, адамды *бүрістіре* түседі (Ө. Қанахин, Дәмелі).

БҮРІСУ *Бүріс етістігінің қимыл атауы.* Тұйғын келіп шалғанда, қоянның адымы қандай *бүрісуші* еді, бауырынан шыға алмай... солай ма? (М. Әуезов, Таңд. шығ.). Түсті капуста жапырағының *бүрісуі,* цитрус дақылдарына сарғылт дақтың түсуі молибденнің тапшылығымен байланысты екенін білеміз (К. Нұрмағамбетов, Микротыңайтқыш.).

БҮРІСІҢКІРЕ е т. *Сәл жиырылып, қуырылыңқырау.* Бұрын омыраулы, үлкен денелі, айбатты жауы қазірде жауырыны *бүрісіңкіреп,* еңкеюге айналғандай болды (М. Әуезов, Қараш.). Безеу беттің екі құлағы да *бүрісіңкіреп,* әлденені тыңдай қалған бөрінің құлағына ұсап, алға қарай қалқия қалыпты (Ғ. Мүсірепов, Белдерде).

БҮТКІЛ е с. с ө й л. **Бүкіл.** Тілегендей *бүткіл* ел, Екі жастың тілеуін. Толды столға шоқ гүлдер, Тойдың қара гулеуін (М. Әлімбаев, Менің Қазақст.). Он шақты партизан қолдарына қомақы сыпырғыш

алып, *бүткіл* төңіректі қысқы қоқыстан тазартып жатыр (Ө. Қанахин, Ауыр күн.).

БҮТІЛ ес. сөйл. **Бүкіл.** Әрине, Кәкітайдың бастыруы Абайдың көп өлеңін *бүтіл* Қазақстан өлкесіне таратуға себеп болғаны рас (М. Әуезов, Әр жыл.). Шалдың екі көзі жасаурай түсіп, *бүтіл* беті жыбырлап отыр (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер.).

БҮТІН сын. 1. *Жыртық емес, тозбаған, бүлінбеген.* Осы сегіз үй ішіндегі ең *бүтіні* және үлкендеуі ортада тұрған жалпақтау бес қанат үй (М. Әуезов, Шығ.). Үй ішінің жабдығы да нашар... Бір-ақ көзі *бүтін,* шоқпыт жамаулы, сығырайған кішкене терезе (С. Сейфуллин, Тар жол.). Бектұр атын тебіңкірей келіп, *бүтін* жатқан қасқырды көрген соң, езуі құлағына жетконше ыржиып, ол да атынан түсе қалды (Ғ. Сыланов, Әңгім.). 2. *Түгелдей, тұтас, бүкіл.* Бірақ бұнша жауға бір өзі түгіл *бүтін* бір дивизияның, бірнеше бригаданың шамасы келмей, ұрыс салып, асығыс шегініп бара жатқанын ойлағанда, о ниетінен тез айнып қалды (Ә. Нұрпейісов, Күткен күн). Қою шаңның арасынан салдыр-гүлдір құлап жатқан вагондардың дыбысына жаудың үрейлі айқайы қосылып, азан-қазан болып, *бүтін* орманды күңірентіп жіберді (Ә. Шәріпов, Партизан.). 3. Мат е м. *Бөлшексіз тұтас сан.* Бастауыш мектепте арифметика сабағы *бүтін* сандарды толығырақ үйренуге арналады («Халық мұғ.»). Дайындау министрлігінің өкілі Ашкин де жеке колхоздарда еттің, сүттің, жүннің, жұмыртқаның қалай орындалғаны жөнінде *бүтіні,* бөлшегі аралас сандарды жүздіре төгіп көп айтты (Ә. Нұршайықов, Тың астығы). ◆ **Басы бүтін.** а) *Басымен, біржола.*— Өй, төйірі, *басы бүтін* беріп тұрғам жоқ, ұста мынаны,— деп бүркітті жігіт қолына қондырды (М. Әуезов, Әңгім.).— Мына үлкендеуін саған *басы бүтін* берейік,— деп жымия күлді Әйтім (Н. Ғабдуллин, Қызық дәурен). ə) *Аман-есен, сау-саламат.*

БҮТІНДЕ ет. *Қалпына келтіру, жөндеу; жамап-жасқау.* Жұмағұловтың басқаруымен жігіттер бұл үйді епке келтірді, тазалады, ағартты, есік-терезесін *бүтіндеді* (Қ. Қамбаров, Алтай аясы.). Арбасаймандарының бұзылғандары болса, трест *бүтіндеп* те береді (Ғ. Мұстафин, Қараганды).

БҮТІНДЕЙ үст. *Түп нұсқасымен, түгелдей, тұтас.* Ережепті Әсеттен кем көрмейтін Зылиқаның сыры Қожамқұлдың жанжалын *бүтіндей* теріске шығарды (К. Оразалин, Ақ жазық). Барлық оқу-тәрбие жұмысын *бүтіндей* қайта құру қажет (М. Иманжанов, Менің махабб.).

БҮТІНДЕЛ *Бүтінде етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Ондағы ең жақын туысым — Мұстафаның Ғаббасы. Оның күн көрісі әлсіз. Бұрынғы жыртық үйі әлі *бүтінделген* жоқ (С. Мұқанов, Есею жыл.).

БҮТІНДЕТ *Бүтінде етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БҮТІНДЕУ *Бүтінде етістігінің қимыл атауы.* Қораға қонып орныққанша, күздің жабдығымен ауыл-ауылдың үлкендері әбігер болып, пішен тасу, қораның жыртықтесігін *бүтіндеу* сияқты бөгеттер шықты (М. Әуезов, Қараш.). Панферов түсін суытып екінші эшелондағы батальонды бекінісінен дереу қарсы атакаға шығарып, алғы шептің жыртығын *бүтіндеуге* әмір етті (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.).

БҮТІНДІК зат. 1. *Жамау-жасқаусыздық, тозбағандық.* 2. Ауыс. *Бөлініп жарылмағандық, тұтастық, ауыз бірлігі күштілік.* Біз әділдігімізді, *бүтіндігімізді* айтып отырсақ, сырт бізге не қылар дейсің (Б. Майлин, Шығ.). Мұндайда өз еліміздің *бүтіндігі* жақсы ғой. Сырттан келер сөзге Жанмырзаның айбыны артық (Ғ. Сыланов, Асау арна).

БЫҒУ *Бық етістігінің қимыл атауы.*

БЫҒЫ-ЖЫҒЫ сын. *Қалай болса солай, ретсіз орналасқан.*

БЫҒЫРЛА ет. сөйл. **Бықырла.** Қанатбай *бығырлап* қайнап, қақпағы бүлкілдеп тұрған қара құманға қолын соза бергенде, дәл қақ түбінен мылтық гүрс ете қалды («Қаз. әдеб.»).

БЫДЫҚ сын. *Айқын сөйлемейтін, тілінің тұтықпасы бар.*

БЫДЫРҚАЙ сын. жерг. *Айғыздаған кедір-бұдыр, бұдырмақты.* Жазды күні ыстықта *быдырқай* қоңыр тау құрысқан күйік тері сияқты (І. Жансүгіров, Шығ.).

БЫЖ: **быж етті.** *Быжылдаған дыбыс шықты.* Саптыаяқтағы сүт *быж етті,* буы бұрқырап бұлк-бұлк қайнады (І. Жансүгіров, Шығ.). Қып-қызыл шоқ салқыннан шоршығандай көтеріле беріп, *быж ете* қайта сөнді (Т. Құрманғалиев, Теңіз.).

БЫЖ-БЫЖ: **быж-быж етті.** а) *Қайта-қайта быжылдады.* Алғашқы бетте *б ы ж-б ы ж е т с е* де, артынан будақ-будақ бу да көтерілді, тері қазан бұлқ-бұлқ қайнай бастады (Б. Шалабаев, Өмірде.). Жалт беріп үлгірген Медетбектің үстіне бүрке шашыраған металл шоқтары *б ы ж-б ы ж е т і п* жабысты да, брезент спецовканы ойып-ойып түсті (Ә. Сатыбалдиев, Ақмарал). ә) *Тызылдап күйіп-пісті.* ◆ **Быж-быж қайнады.** а) *Көпіршіп шымырлады.* Көбігі Днепрдің *б ы ж-б ы ж қ а й н а п,* Жаңа істің бастамасын жатыр тойлап, Күні ертең Днепрдің алыптары Жүйріктей жүлде бермес шығар ойнап (О. Шипин, Өмір өрнегі). Шарапқа масаң жігіт өзі де құдды шампан шарабындай *б ы ж-б ы ж қ а й н а п,* қарсы алдындағы сұлу қызға лықсып, шашып қап, тасып төгіліп тұр (З. Қабдолов, Өмір ұшқыны). ә) *Сансыз көп боп құжынады.* Көшесі ағаш жапырақты. Көлеңкесі самал жел *Б ы ж-б ы ж қ а й н а п* жүрген адам, Көшкен бе, әлде, қалың ел! (Б. Майлин, Шығ.). Үгілген қара шымның арасында ұсақ қара бүргелер *б ы ж-б ы ж қ а й н а й д ы* (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). Бай ауылдың жұртында қалған барлық қара шыбын енді осы жалғыз қарайғанға жиналып, үйдің іші *б ы ж-б ы ж қ а й н а д ы* (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). б) *Бұқырып, қатты ашыды.* Үш күн бойы таусылмай, төртінші күнге ауысқан қымыз *б ы ж-б ы ж қ а й н а п,* ыдыс беті шымыр-шымыр етеді (Ауызекі тіл).

БЫЖ-ТЫЖ үст. *Рет-жөні бүлінген қым-қуыт, бет-бетімен, тым-тырақай.* Бір күні не Үсейіннің, не бәйбішенің көзіне түссек *б ы ж-т ы ж* болатын тұрмыс емес пе? (І. Жансүгіров, Шығ.). Жоқ, қарағым, қазір оқыра кезі. *Б ы ж-т ы ж* боп қашып кетер, өзім бағайын,— дейді шал (Қаз. ертегі.).—Басы таудай өңгіменің аяғы *б ы ж т ы ж ғ а* айналды (Ғ. Мұстафин, Көз көрген).

БЫЖЫ ет. 1. *Құжынап қаптау.* Тастапты шынжырларды үзіп-үзіп, Миншаның кетіпті аттар қосын бұзып, Қалыпты киіз, кілем былғаныш боп, Үймелеп қоңыз, шыбын жатыр *б ы ж ы п* (Т. Ізтілеуов, Рүстем.). 2. *Бұрқырап қатты ашу.* Екеуміз шаңқай түсте бау түбіне келіп, қымтаулы жатқан қарындағы *б ы ж ы ғ а н* бидай көжеге обыға бас қоямыз (Ғ. Орманов, Жүрек).

БЫЖЫЛ зат. *Ызыңдап, быжылдап шығатын үн.*

БЫЖЫЛДА ет. 1. *Быж-быж еткен дыбыс шығару.* Дастарқан жаюлы, ақ самауыр *б ы ж ы л д а п,* таңертеңгі шай дайын тұр (Ғ. Мұстафин, Дауыл.). Қара құс үймелеп, шыбын-шіркей *б ы ж ы л д а п* жатқан он шақты аттың өлігі маңайды сасытады (І. Жансүгіров, Шығ.). Кең дастарқанның шетінде, аласа дөңгелек столдың үстінде болыскей самауыр *б ы ж ы л д а п* тұр (М. Қаратаев, Далада.). 2. Ауыс. *Күйіп-пісіп быж-быж болу, шыжбалақтау.* Тыңдаңызшы, сіз, Операция жасағанда Қажылдап, *б ы ж ы л д а п,* Тыным таппай шыжылдап, Отырмайтын ба ек босағаңда! (А. Тоқмағамбетов, Дария сыры).

БЫЖЫЛДАТ *Быжылда етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Сары самауырды *б ы ж ы л д а т ы п* қойып, осы сегізіне Асылтастың шай беріп отырғанын көргенде Жақып тіпті күйіп кетті (Ж. Жұмақанов, Жазылм. кітап).

БЫЖЫНА ет. *Быж-быж етіп құжынау, қаптау.* Оң қолында кішкене құм бар. Ызғар шашып темірдей қарып тұрған Қарақияның бір бүйіріндегі жып-жылы отау сияқты. *Б ы ж ы н а ғ а н* көп шұқырдың біріне қойын иіре салса қораға татырлық (Т. Ахтанов, Дала сыры). Аспандағы жұлдыз біткен электр шыққан жерлерге келіп қонып қалғандай, *б ы ж ы н а й* жымыңдаған шоқ-шоқ көздер көрінеді (Ғ. Сыланов, Шалқар). Көк балауса ызалы, Жылтылдаған түбі су. Дөңгелек қара суында *Б ы ж ы н а ғ а н* құс у-шу (Б. Майлин, Шығ.).

БЫЖЫР зат. *Бұтасы қалың, шатқаланды шытырман, дөңді-жыралы жер.* Белдің арғы асты көселе түсіп жатқан қалың *б ы ж ы р* (Ауызекі тіл).

БЫЖЫРҚАЙ сын. *Кедір-бұдырлы, қисық-қыңыр, ретсіз.* Жазуы тышқанның ізіндей *б ы ж ы р қ а й* келетін. Баяғы ұсталғаннан кейін ол бес жылдай айдауда жүріп, жақын арада елге келіп еді (Б. Майлин, Шығ.). Грек жаңғағының қабығы екі қабат болады... Жаңғақтың ядросы *б ы ж ы р қ а й* екі бөлектен тұрады (С. Сұбханбердин, Дәрі — дауа.).

БЫЖЫРҚАЙЛАН ет. *Кедір-бұдырланып, үйме-жүйме боп жату.* Түсе беріс ылди ауыл екен, *б ы ж ы р қ а й л а н ғ а н* қара көрінді (Б. Майлин, Шығ.).

БЫЖЫРЫҚ сын. *Кедір-бұдырлы, айқыш-ұйқыштанған.* Көсеумен шұқылап отқа пісірген бауырдай қара *б ы ж ы р ы қ*

таудың жырақаналарында жылт еткен су жоқ (І. Жансүгіров, Шығ.). Қалың қарағайлы бетте анда-санда әр жерде қара *быжырық* болып қара жартастар көрінеді (М. Әуезов, Қараш.).

БЫҚ[1] е т. *Дақыл танапты дәндердің қайнаған суда жібіп бөртуі.*

БЫҚ[2]: **бық етті.** *Қысаң естілетін шұғыл дыбыс шықты.* Анда-санда малдың ыңыранған, *бық еткен,* қозғалған дыбыстары естіледі (С. Сейфуллин, Әңгім.). Аяқ астынан жапалақ *бық етіп* ұша жөнелгенде, аты жалт беріп, тастай кете жаздады (Ғ. Мұстафин, Дауыл.).

БЫҚПЫРТ: бықпырт тиді [қылды]. *Қыран жапқандай болды, шәт-шәлекейін шығарды.* Жексен ол күні өз аулының қатын-баласын: «Неге жылайсың, көзің ақсын!»— деп шетінен *бықпырт тигендей* сабап, Қодар өлігіне жолатпай қойған (М. Әуезов, Шығ.). «Сахараға машина келген соң жылқының керегі жоқ» деп бет алды *бықпырт қылды* (Т. Әлімқұлов, Ақбоз ат). Көксерек түн баласында бір ауылдың шуын бір ауылдікіне қосып, *бықпырт тигендей қылады* (М. Әуезов, Қараш.).

БЫҚСЫ е т. **1.** *Жалынсыз, қоңырсып түтіндеу.* Ержан сөніп бара жатқан отқа ағаш бұтақтарын салды, дымқыл отын бірден тұтана қоймай, *бықсып* мазаны кетірді (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.). Қысы-жазы көгеріп, көктеумен тұратын шырша бүрі жайнаған шоққа түскен соң булыға *бықсып,* көзді ашытты (Ғ. Сыланов, Шалқар). Жамаулы жыртық үйдің іші толған түтін, *бықсып* жанған тезекті көсеп жіберіп:— Бәрекелде-ай, қонақтарға ет болмады-ау,— деді (Б. Майлин, Шығ.). **2.** *Ыбырсып, қоқырсып жату.* Ортаға шығып, әйелдермен құшақтасып, тапыр-тұпыр билеп жүрген кісілер үй ішін онан әрман *бықсытты* (І. Жансүгіров, Шығ.). Бір жағында *бықсырған* жүн жатыр. Иіс-қоныс дегендей... Біз киіз үйге шықтық (Ғ. Сыланов, Асау арна). **3.** А у ы с. *Іштей бүксіп бұлыну.*— Шегелім тұрғанда кімге берем?— деді. Өз басымен әуре болып, *бықсып* отырса да, феодал Малқар әлі мығым (Ғ. Мұстафин, Дауыл.). Егер тілін алсаңыз, Бірі қалмас кісіден. Егер тілін алмасаң, *Бықсып* шірір ішінен (Абай, Шығ.).

БЫҚСЫҚ з а т. **1.** *Ыбырсып қалай болса солай жатқан қоқырсық.* Өз жаныңның рахатын ойламай, бұл періштелерді ұзақ күнге әлдилеуге қаншалықты шыдарсың! Үй *бықсығымен* азаптанған анаңа да қол ұшын беруің керек («Соц. Қаз.»). *2. Тыныс тарылтатын көк түтін.* Қысқа түсіріп бермекші болған кебу отыннан да қысып, *бықсықтың* арасында отырғанымыз мынау («Лен. жас»). **3.** А у ы с. *Бітіп болмайтын ұсақ, пасық сөз.* Биыл салмақты соған салып, сонымен абырой аламыз деп жанталасып жатқанда, сіз келіп қайдағы бір *бықсықты* қопармақсыз (Т. Ахтанов, Дала сыры). ◆ **Бықсық ой** [сөз]. *Құлығы мен бәле-жаласы бар арам пиғыл.* Жоқ, жолдастар, ондай *бықсық ойдың* адамы мен емеспін. Кемеге мінгеннің жаны бір, Жексенбайдың пәлесін бірге көрерміз (І. Жансүгіров, Шығ.). Саф сұлу өнер *бықсық ойдан* тумайды, шыншыл таза жүректен ғана туады (М. Әуезов, Қараш.). Бұл өсектер үйде айтылып, түзге шыға алмайтын ұсақ *бықсық сөздер* еді (С. Бегалин, Ана.).

БЫҚСЫМА з а т. *Бәлелі, пасық сөз.*— Сен қалай саясатқа нықсынасың? Үрлеме жалақордың *бықсымасын.* Сақтықты тілеп тұрсың өз басыңа, Білмейсің бұл жігіттің түк кінәсін (Қ. Бекхожин, Үш кезең). ... Ол мылжыңның іші осындай. Кеудесі толған, бырсып жатқан *бықсыма* арамдық (М. Әуезов, Шығ.). Бұл *бықсыма* өсекпен ыландатуын бүгін менің ошағымнан бастаса, ертең басқаларға ауысады (Ш. Хұсайынов, Таныс адам.).

БЫҚСЫТ *Бықсы етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Сыртынан бүйрегі бұрып жүрген Бағдагүлдей көрікті қыздың алдында Дәмелінің қайдағыны *бықсытқаны* Барлыбайды абыржытып тастады (Ө. Қанахин, Дәмелі). Біз іниміз екеуміз *бықсытып* қазандықты жағып жатыр едік, сіз үйге кіріп келдіңіз — деді (А. Лекеров, Қырда.).

БЫҚСЫТУ *Бықсыт етістігінің қимыл атауы.* Орта жолда сай да келед, дөң келед; **Тәйтік** шофер тексергені дөңгелек — Жүк тие,— деп жеңін достар жұлқиды, Темекіні *бықсытуға* жең керек (Х. Ерғалиев, Сенің өзенің).

БЫҚТЫР *Бық етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Сондықтан оны сабан турайтын машиналармен майдалап суға *бықтырып,* жібітіп берсе малдың қай түлігі болса да жақсы жейді (Б. Муханов, Қазақст. өсімдік).

БЫҚЫ е т. *Мыңғырып қаптап жату; толып тұру.* Ордадан біз Нарын құмын аралап кеттік. Іші қалың ауыл, *б ы қ ы ғ а н* мал (С. Мұқанов, Өсу жол.). Шаруашылықтың жоқ-жітігі шетін қозғасаң *б ы қ ы п* шыға келеді (Р. Әутәліпов, Алтын.). ◆ **Бықып жатыр.** *Өте көп, есепсіз мол.* Жол бойы *б ы қ ы п ж а т қ а н* мал, Отырған қалың елдікі. Шіркін, мал-ай, әтең мал! Ұры мен бөрі желдікі (С. Сейфуллин, Шығ.).

БЫҚЫЛДА е т. *Бық-бық еткен дыбыс шығару.* Көл үстінде қаз қаңқылдап, аққу сыңқылдап, үйрек *б ы қ ы л д а п* жатса, ауыл ішінде қой-қозының, бота-түйенің, бие-құлынның алуан-алуан үндері бір-бірімен ұласып жатыр (Ғ. Мұстафин, Дауыл.). Жалтылдай жүнін тастар тай-тайлағы, *Б ы қ ы л д а п* көлде қиқу шағала, қаз. Былқылдап малға толар қырдың қойны, Сылқылдап әзілдесер, күлер сылқ-сылқ (І. Жансүгіров, Шығ.).

БЫҚЫЛДАУ *Бықылда етістігінің қимыл атауы.*

БЫҚЫНА е т. ж е р г. *Қатты тершу, пысынау.* Келін, қарағым, шешін, өзің де тұмшаланып алыпсың, *б ы қ ы н а п* кеттің ғой (Д. Еркінбеков, Шығ.).

БЫҚЫРЛА е т. с ө й л. *Қаптап жату; толып тұру.*

БЫҚЫРЛАТ *Бықырла етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Өрттен, жұттан аман сақтап шаруасын, Төрт түлікпен *б ы қ ы р л а т с ы н* даласын (С. Дөнентаев, Шығ.).

БЫҚЫРСЫ е т. ж е р г. *Қоқырсу, бықсу.* Бағиланың үйі жалғыз бөлме. Кереует, стол, орындықтар, сандық. Онсыз да айналар жер жоқ, тар бөлме жиналмай *б ы қ ы р с ы п* жатыр (Т. Ахтанов, Дала сыры).

БЫҚЫРСЫТ *Бықырсы етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Ақ шатырлы үйдің айналасына қамыс шалы тартып, отын, шөп үйіп *б ы қ ы р с ы т ы п* тастаған екен. Сәрсен бұған таңдана қарап, іркіліп қалды (Т. Ахтанов, Дала сыры).

БЫЛАЙ ү с т. 1. *Меңзеген жаққа қарай, бөлек.* Қадес жоқ, сондықтан Ақмадия, Тояш, Сүлеймен, Нұрым болып он бес жігіт *б ы л а й* шығыңдар (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). Менің сырым, жігіттер, емес оңай, Ешкімнің ортағы жоқ жүрсін *б ы л а й* Нені сүйдім, дүниеде неден күйдім, Қазысы оның арым мен бір-ақ құдай (Абай, Шығ.).— Шыдам бермейді екенсің, түс *б ы л а й*. Осы сендердің біреуің бірдеме десеңдер, бәрің жабылып кететіндерің қалай? (Қ. Қамбаров, Алтай.). 2. *Мынадай, осылай.* Сен болсаң, аңсаған адамға біздің заманда *б ы л а й* амандасар болар,— деп, шал мені құшақтай алды да, бауырына қысты (С. Мұқанов, Менің мектеп.). Әңгіме *б ы л а й*, жігіттер! — деп прапорщик үзеңгіге шіреніп, ер үстінде көтеріле түсті (Х. Есенжанов, Тар кезең). Мені емес, сынағыш болсаң Бықсықбайды сына. Енді жолықсаң, Бықсықбайға *б ы л а й* де (Д. Еркінбеков, Шығ.). 3. *Әншейін, былайша, жай. Б ы л а й* сырт қараған адамға түр-сипатым жақсы әсер қалдыратындай, әсіресе, қыз-келіншектер көз қиығын тастамай өтпейді (З. Шашкин, Өмір.). Сонда да *б ы л а й* жүйе ғып айтпайсың ба. Ия... бала-шаға ер жетіп, өз жолымен кетті (Д. Еркінбеков, Шығ.). ◆ **Бұдан [мұнан, осыдан] былай.** *Алдағы уақытта, ендігі жерде.* Сондай менің астымда машинам жоқ. Күн кешкіріп барады, кетем... Өзің менің алдыма шығасың ба, жоқ па, *б ұ д а н б ы л а й* соныңды айтшы? (З. Шашкин, Сенім). Қорықпа, *б ұ д а н б ы л а й* үшеуміз ылғи бірігіп оқитын болайық,— деді Бектай (М. Иманжанов, Менің махабб.). Келеді ақын қызды сұрай-сұрай, Жаратқан әуре қылып оны құдай. Белгісі асыққанның әрбіреуден, «Қанша жер?» деп сұрайды *м ұ н а н б ы л а й* (Айтыс). *О с ы д а н б ы л а й* балалар Жібектің «жолбарысын»—«мау-мау» деп атайтын болды да, Сәуленің әдемі ақ мысығын — «мяу-мяу» деп атайтын болды (М. Тиесов, Әңгім.). **Былай да.** *Қалай болғанмен, онсыз да.* Жанқия апай қабағын түйе, жалқы көзінің астымен қарап, басын шайқады. *Б ы л а й д а* мұнды баланы жәбірлемес болар (Ә. Сәрсенбаев, Толқында.). **Былай қалды.** *Ескерусіз боп, еленбеді; санаспады.* Алушы да, сатушы да *б ы л а й қ а л д ы*, келген екеуі келе-ақ екі жақты билеп, саудаласып жатыр (Ғ. Мұстафин, Дауыл.). Өзге пошта *б ы л а й қ а л ы п*, отырғандар қашқандардың қайда барып, қайда тұратынын әңгіме қылысты (Қ. Тайшықов, Окт. ұшқыны). Тепкісінде басқаның, Қор боп жүдеп барамыз, Көріне көзге азапта Мәңгі қайтып қаламыз? Ойыңды енді азат қыл, *Қ а л с ы н б ы л а й* балалық (С. Торайғыров, Шығ.). **Былай қарады.** *Теріс қарады, реніш білдірді.* Көп топта сөз танырлық кісі де аз-ақ,

Ондай жерде сөз айтып болма мазақ. Біреуі олай, біреуі *былай қарап*, Түгел сөзді тыңдауға жоқ қой қазақ (Абай, Шығ.). **Былай қойғанда.** *Ол түгіл, оны айтпағанда.* Өзгені *былай қойғанда*, мынау кеп жемді келеке нысанасына айналдырып, тілден айырғанда, «бас жарылса бөрік ішінде» деп көңілге кек алмап ем (Ә. Сәрсенбаев, Толқында.). Хатты *былай қойып*, ауызбен айтып тауыса алсам сол (М. Иманжанов, Менің махабб.). **Былай тұр.** *Қараңды батыр, әрмен, аулақ.* Ортасында Тоғжандай ғауһары бар қауым Абайларға: *«Былай тұр! Көрме!* Сағаң рұқсат жоқ!» дегендей, суық, қатал (М. Әуезов, Шығ.). **Былай тұрсын.** *Өзгені айтпағанда, есептемегенде.* Ұшбұршылар мен қайлашылар *былай тұрсын*, мыс қорытатын пештердің өзі қазақ жұмысшыларының қолында (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). Қарсы болу, алып қалу *былай тұрсын* ауыл адамдары Асаубайға дүрсе қоя берді (М. Тиесов, Әңгім.). Баладай білмейтұғын алдау-айла, Яшка айтты секілді өзі шахта-қайла: — Сұрамаңыз, таулары *былай тұрсын*, Байлықсыз, бір төбе жоқ кенді Алтайда (Д. Әбілев, Алтай асу.). **Былай шыға.** *Бір шама ұзағаннан кейін.* Шиыршық атқан қаракөк ауыздықпен алысып, ала жөнелді. Оның арыны *былай шыққан* соң тіпті күшейіп кетті (М. Иманжанов, Адам тур.). *Былай шығып* алып, біреуден сұрастырып жүретін болсаң, алдама мені (Ғ. Мүсірепов, Шығ.). *Былай шыға* Жомарт атының басын тартып, аяңмен келеді (Ғ. Мұстафин, Миллионер). **Содан былай.** *Сол уақыттан бері. Содан былай* бұл бала, Бала мерген атанды. Мергендікпен әлі алда, Қорғасар ұлы Отанды (Т. Жароков, Шығ.). Үйіне оны апарған Аңқау шіркін аңдамай. *Содан былай* атанған Ел ішінде Қорғабай (С. Мәуленов, Тартыс.). **Шық былай.** *Бірме-бір, жекпе-жекке кел.* Арқаның атышулы ардагері, Шайқасса *шықсын былай* Біржан сері (Қ. Жұмалиев, Қырда.).

БЫЛАЙҒЫ с ы н. 1. *Одан бөтен, өзге.* «Зеңбірек» атты орасан зор мылтықты, бала—біз түгіл, үлкен адамдардың да біреңсараны ғана болмаса, *былайғылары* көрген жоқ екен (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.). Екеуі күресіп, үлкен жығылғанда *былайғы* жұрт Нәсімді біраз аяғандай да болды (І. Жансүгіров, Шығ.). Өзімен үріптес *былайғы* жұрт: — Сандыбай шебердің қолы!— дейді (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). 2. *Белгілі бір мерзімнен кейінгі.* Омар Сатандарға сонау даладағы құдық басында қой етін жеп аттанған түннен *былайғы* жүрістерін тізіп айтып, көп әңгіме қылды (І. Жансүгіров, Шығ.). Сабақтан қалу оның *былайғы* үлгіріміне қандай әсер ететіні түсінікті («Халық мұғ.»).

БЫЛАЙДА ү с т. *Әншейінде, жайда.*

БЫЛАЙША ү с т. 1. *Жай ғана, тек әншейін.* Ия, *былайша*, өзімізше айтсақ, ауыр сында адамның төзімін тезге салатын қиын асуда екенсің (С. Бақбергенов, Қайран шешем). Бөгет жасамай, *былайша* қызық көрем деушілер иек артпа тұрғылардан баспаласын, бірақ орындарынан тапжылмасын (Ә. Көшімов, Екі бүркіт). 2. *Мынадай етіп.* Ескіге, ертегіге ертер үшін, Тамырын тартып шердің шертер үшін. Қолқалап «Бозінгенді» сұрағанда, *Былайша* бастайтын шал ертегісін (І. Жансүгіров, Поэм.). Балықшы көлге келіп қармақ салды. Бармақтай бір балықты ұстап алды. Күмістей аппақ балық тілге келіп, *Былайша* балықшыға қолқа салды (Ө. Тұрманжанов, Қарлығаш). ◆ **Былайша айтқанда.** *Анығырақ, дәл айтқанда. Былайша айтқанда*, егерде жазушы шығармасын сегіз күн жазбай, жиырма күн жазса, жақсы жазылатын секілді (С. Сейфуллин, Шығ.).— Бұл,— деді директор,— біздің мектепке, *былайша айтқанда*, біздің мектепке кірген үлкен байлық (А. Хангелдин, Алғыс).

БЫЛАЙЫНША ү с т. с ө й л. **Былайша.** Машинамыз есік алдында тұр, қазір жүреміз, жолыға кетелік деп... *былайынша* (С. Төлешев, Түрлі бас.).

БЫЛАЙЫРАҚ с ы н. *Сәл алыстау, шеткерірек.* Әсіресе, *былайырақ* шыққасын қайыс етік аяғын қажап, көлдіретіп алынып қалды (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). *Былайырақ* барып отырғаннан кейін, Шәкір желбегей киген гимнастеркасының төс қалтасынан кисетін суырып алды (С. Мұқанов, Есею жыл.). *Былайырақ* барып тұрайықшы,— деп Асан бір мезгілде Сапардың қолынан ұстап тартқылай берді (А. Байтанаев, Асан).

БЫЛАМЫҚ з а т. *Ұннан, не жармадан пісірілетін қатықсыз қоюлау тамақ.* Бай сараң екен, қонақтарға мал соймай, тек *быламық* пісіріп береді (Қаз. ертегі.).

Бұл сексен көрейін деген жасым ба еді, *быламық* ішейін деген асым ба еді (Мақал). Әйелдер бидайық пен таспа тарыдан жарма жасап, *быламық* пісіреді (Ж. Арыстанов, Жалын.).

БЫЛАҢ: **былаң етті.** *Бұлаң етті.* Жал құйрығын жел соғып, Жұлдыздай аққан сырғыды. Бір жабынды астынан *Былаң етіп* жөнеді (Батырлар жыры).

БЫЛАПЫТ с ы н. 1. *Ұқыпсыз, салақ.* Алғашында есеңгіреп, оңды-солды *былапыт* қимылдаған Қоспан кейін есін жиып, тілсіз жаудың әдісін алайын деді (Т. Ахтанов, Дала сыры). 2. *Қалай болса солай, бей-берекет.* Ал егер жерді бүлдіріп, *былапыт* пайдаланса, ұрпақ күнін немен көреді? (З. Шашкин, Сенім). ◆ **Былапыт сөз.** *Дөрекі, бейпіл тіл.* Қамыс арасында қорсылдап айбат шеккен қырдың қабаны сияқты біреудің күрілдеген *былапыт сөзді* ашулы даусы естілді (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.). Қайдағы жоқ *былапыт сөздермен* мені сыбап, есікті ашып, Жапар үйге кіре берді (Ж. Мұзапаров, Қаби қарт.). Бірақ Күмісбек тап өз басына арналған *былапыт сөзді* естіп көрген жоқ еді (Ғ. Сыланов, Асау арна).

БЫЛАПЫТТА е т. 1. *Ластап былғау, рәсуалау.* Жер бетін кіршіксіз тазалыққа бөлей жауған алғашқы қарды *былапыттай* басып, онда содырлы ізін қалдырып жатқан екеудің бірі кім екенін осы диалогқа қарап білгендейсің (С. Қирабаев, Октябрь.). 2. *Тілдеп балағаттау.* Одан соң дәлеліме аспай құлақ, Кетіп ең тіліңменен орып орақ. Ойыңа келген сөзбен *былапыттап,* Соқтың-ау, өз айтқаның өзіңе ұнап (Айтыс). Сатылғұл болса, шорт мінез, шолтың мінезге басып, кетіп бара жатқан әйелдердің артынан жер тебініп, білгенінше *былапыттап* етті (Ж. Жұмақанов, Соқпақ.).

БЫЛАПЫТТЫҚ з а т. *Ұқыпсыздық, салдыр-салақтық.*

БЫЛАУ з а т. с ө й л. **Бұлау.** Қоңырсыған көк түтін үйдің іші, Бұланады салғандай тастан *былау.* Шым қорада Сәлім жоқ, екі інісі, «Тық-тық» жөтел сыз үйден тиген тымау (Қ. Жұмалиев, Қанды асу). Ұрсу, соғу, зықынау, Жүректің қалған тоты боп, Өстірген шайып тас *былау,* Өмірлік сөнген оты жоқ (І. Жансүгіров, Шығ.).

БЫЛАУДАЙ с ы н. с ө й л. **Бұлаудай.** Қайша күтілмеген бір жұмыстың үстінен шықты: пеш алдында бір әйел, екі көзі *былаудай* ісік, солқылдап жылап отыр (Б. Майлин, Азамат.). Раушан шешесінің жүзіне қарап едім, оның да екі көзі *былаудай* екен (Ә. Сәрсенбаев, Толқында.).

БЫЛАУЛА е т. с ө й л. **Бұлаула.** Жыбыршыдың, тықыршыдың сонша көп, Астың су, бу *былаулап* тұр монша боп. Үстің қазақ, астың дозақ туласаң, Үйтілерсің қара құйқа борша боп (І. Жансүгіров, Шығ.).

БЫЛБЫРА е т. 1. *Жұп-жұмсақ боп ылжырап езілу.* Шымырлап қайнап, *былбырап* ет те жақсы пісті, уақтап тұрап алдына қойдық (Д. Еркінбеков, Шығ.). Шайға турап салған жұқа дөңгелек езіліп, *былбырап* кеткен екен (Ғ. Мұстафин, Дауыл.). Қара кесек еті мүйіздей, оның астында *былбырап* піскен тоқтының еті ауызға уыздай тиді (А. Лекеров, Қырда.). 2. А у ы с. *Ширақ емес, бос белбеу.* Тұздамаған балықтай *былбырайсың* да жүресің,— деп, торы атты жігітке Нұсқабай дүрсе қоя берді (С. Адамбеков, Қожанасыр.).

БЫЛҒА[1] е т. 1. *Қара қожалақ етіп ластау.* Өзі пакетін ашып, байламақшы болып әуреленсе керек, оны байлай алмай қанға *былғап* тұрса керек (І. Жансүгіров, Шығ.). Бекер әуре болдыңыз, аяғымыз лас, төрді *былғаймыз* ғой, оның үстіне жайласып отыратын уақыт емес,— деді Павел (А. Лекеров, Түз гүлі). 2. *Әрлі-берлі қозғап араластыру.* Содан соң ұн салып, әбден түйірі жазылғанша *былғайды* (Келіншектер.). Малға алған күнді, тілін алмағанда, тіліп-тіліп алмас па?— деп, шақыр-шұқыр етіп, *былғап* жатқан қазанның түбін ойып жібере жаздады (Б. Майлин, Шығ.). Сырда семірген малдың майы қоға татып, қанша жесең де жүрегіңді қайтармайды, сиыр сүтінің қаймағы жұқа тұрып, *былғағанда* сары майды аз береді (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.). 3. А у ы с. *Ұятқа қалдыру, кір келтіру.* Өзің бурадай, сұлу қызды сүйе алмайсың да, сүйген Мұратты көре алмайсың. Оны ақсату үшін бар қазақ жұмысшыларының атын *былғайсың* (Ә. Әбішев, Замана перзент.). Жамандықты жақтамаса деп сенген бойда мен жүрсем, сыртымнан мені *былғап* жүріпсің (М. Әуезов, Қараш.). 4. А у ы с. Былапыт сөйлеп, тіл тигізу.

Аузы жаман елді *былғар*, Аяғы жаман төрді былғар (Мақал). Жаман болса келіншек, Көрінгенмен ұрсысып, Ауылдың бәрін *былғайды* (С. Сейфуллин, Шығ.). 5. Ауыс. *Сәнін кетіру, бүлдіру.* Адам көп дүниені жүрген *былғап.* Біреуін кез келгенде біреуі алдап. Азаппен өміріне біреулер жүр, Құрыққа ұстай алмай сырық жалғап (XX ғ. қаз. ақын.). ◆ **Арын былғады.** *Намысына кір келтірді.* Жарасын жаншып жанымның, *Былғаған* бетін *арымның,* Дерлік халге жеткенде, «Шайнасам басын залымның» (С. Дөнентаев, Шығ.). Болдың ба айтып барыңды, Сертім болсын, асқақ қыз, Саған дасый тартамын. Сонымменен ақтармын, Сен *былғаған арымды* (М. Әуезов, Шығ.). **Қол былғады.** а) *Белгі беріп «мұнда кел» деп шақырды.* Анадайдан *қол былғап,* жарқылдап күліп, жүгіре келе жатқан жолдастарын көрген Мардан да тұра алмады (І. Жансүгіров, Шығ.). Қырман басында ат жетектеп жүрген екі бала *қолын былғап,* айқай салды (С. Ерубаев, Шығ.). Ақанға *қол былғасаң* болғаны, есіктен бері келе қояды (Қ. Исабаев, Ажал құрсауы.). ә) *Ишарат жасау, қоштасу.* Поезд ақырын жылжып, қозғалып бара жатқанда шығара келген дос-жарандардың бәрі бірдей жапырлап *қолдарын былғап* жатты; «қош бол» дегені ғой! («Лен. жас»). б) *Жаман атқа қалды,* [*ұшырады*]. Өмірімде сондай істерге барып *қол былғаймын* деп ойлап па едім (Қ. Исабаев, Ажал құрсауы.). **Табалдырығын былғады.** *Ұятты іс жасап, айыпты болды.* Қарғысының сілесіне ұшырап, сазайын тартқанын көргелі келсең *табалдырығымды былғама* (Ш. Хұсайынов, Таныс адам).

БЫЛҒА[2] е т. с ө й л. **Бұлға.** Екі салт атты тымақтарын *былғай* бастады (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). Ұзап барып, жер дегдіп, астық құрғаған кезде, айдаладан бас киімін *былғап* агрегатқа белгі берді (Ә. Нұршайықов, Тың астығы).

БЫЛҒАҚТА е т. с ө й л. **Бұлғақта.** Аздан соң кейбіреуі аттан түсіп, Кейбіреуі атының жалын құшып, *Былғақтап* атқа түзу отыра алмай, Жігіттер сенделеді нелер пысық (Ш. Әбенов, Кейпін батыр). Жасында Айша, Асау тайша, *Былғақтап*-ақ өсіп ең. Он бір жаста Қайғы басқа Орнап, бейнет кешіп ең (С. Дөнентаев, Шығ.).

БЫЛҒАҚТАС *Былғақта етістігінен жасалған ортақ етіс.* Қайықтай теңіздегі *былғақтасып,* Келеді тізген түйе құмды шашып. Оралып торлы етегі шатырлардың, Төгіліп төмен қарай салбырасып (XX ғ. қаз. ақын.).

БЫЛҒАҚТАТ *Былғақта етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Қан болып жүз жиырмасы қалды өліп, Шыдамай қарсыласты Қалун келіп. Ұстап ап белбеуінен *былғақтатып,* Жіберді пәтіменен жерге беріп (Т. Ізтілеуов, Рүстем.).

БЫЛҒАЛА е т. *Адам көргісіз етіп ластау.* Қаптай соққан қара дауыл бүкіл әлемді *былғалап,* бірді бірге соғып, ойран қып жатқандай (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер).

БЫЛҒАЛАҚТА е т. с ө й л. **Бұлғалақта.** Төмен тұстан көрінген үш-төрт кісі *былғалақтап* басып жоғары таман өрлеп келеді («Лен. жас»).

БЫЛҒАЛАҚТАТ *Былғалақта етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Шеткі шұбар құйрығын сипақтатып, басын *былғалақтатып* еді, бүйірлете бір осып берді, Момынбай (І. Жансүгіров, Әңгім.).

БЫЛҒАМСОҚТА е т. ж е р г. *Былғап, қаралаш-күйелеш ету.* Анау Тұрсынбайдың балаларын айтсаңшы; не берсең де сыпырып-сиырып, *былғамсоқтап* соғып алады (Е. Қонарбаев, Түнгі от).

БЫЛҒАН *Былға етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Буыны бекімеген әлжуаз жапырақтардың нәсер суына *былғанып,* ұшып түсіп жатқаны да бар (Ғ. Сыланов, Әңгім.). Жұмыс аяғында ғана бетаузы қара майға *былғанып,* жар қабақ астынан кішкентай торай көзі жылтырап шықты (Ә. Нұрпейісов, Сергелдең). Аянатын ештеңе жоқ: жығылсаң — жамбасың, құласаң — арқаң, не қос шынтағың мен қарның балшыққа *былғанады* (Ө. Қанахин, Жер бас.).

БЫЛҒАНУ *Былған етістігінің қимыл атауы.* Жемістер пісіп жерге түскенде глистердің тұқымдарымен *былғануы* мүмкін (Н. Әжіғалиев, Малдан жұғатын ауру.). Бұлай егілген ағаш судың буға айналуын кемітеді және бөгетті *былғанудан* сақтайды (М. Сабыров, Бөгет салу.).

БЫЛҒАНЫШ с ы н. 1. *Таза емес, кір-қожалақ, лас.* Бұл күнгі бір тақ қаларлық жай, шеттен келген құрметті қонақ үсті-ба-

сы су-су, *б ы л ғ а н ы ш* боп таң алдында қайтқан (К. Тоқаев, Тасқын). Бірақ бұлар ол тәрізді *б ы л ғ а н ы ш* жұмыстарды өздері істемейді, басқаға істетеді (Б. Соқпақбаев, Өлгендер.). Манар, неменеге қадала қалдың, бір жерім *б ы л ғ а н ы ш* па? (Қ. Сатыбалдин, Қызыл жалау). **2.** А у ы с. *Жиіркеніштi, жексұрын, пасық.* Бір кезде *б ы л ғ а н ы ш* ойдың қоқысғына айналған фашистік сананың саңырағы болған Берлин Совет Армиясының қуатымен жаулыздық бұғаудан азат етілді (Қ. Әбдіқадыров, Мақташы.). Қауым ішінде замана биігі саналған Мәшһүрді Сұлтанмахмұт мұндай ұсақ *б ы л ғ а н ы ш қ а* қимақ емес (Д. Әбілев, Арман.). ◆ **Арты былғаныш.** *Күнәдан сау емес, жазықты.* Хан-төре бізге губернатормен арамызда таза тіл-хат бола алмайды. Өйткені өздерінің *а р т ы б ы л ғ а н ы ш* (Б. Аманшин, Жар мұңы). **Былғаныш сөз.** *Былапыт, әдепсіз сөз.*— Қойшы, осы мен енді әуре болмайын. Мына хаттағы сөздер тым *б ы л ғ а н ы ш с ө з* ғой (С. Сейфуллин, Шығ.).

БЫЛҒАНЫШТАУ с ы н. *Лайсаңдау, ластау.* Күздің *б ы л ғ а н ы ш т а у* жаңбырлы бір күнінде, Қордабай бар, бірсыпыра жігіт Ғалияның үйінде қымыз ішіп отыр еді (С. Мұқанов, Шығ.).

БЫЛҒАНЫШТЫ с ы н. *Былғаныш болған, ластанған; былапыт.* Дүниеден бұлай болса дін құрысын, Дін — лай, *б ы л ғ а н ы ш т ы* кір құрысын. Мен енді өлгенімше күресемін, Құдайсыз басқаруға ел жұмысын (Қ. Әбдіқадыров, Таңд.). Бұлардың нәжісінде токсоплазмоз паразиті көп болады. Мұндай *б ы л ғ а н ы ш т ы* шөпті, дәнді мал, құс жейді (З. Сырғабаева, Токсоплазмоз.). Рагозин сөйлесер алдында Әмзеге қамшы үйіріп, тұздығы күшті *б ы л ғ а н ы ш т ы* сөздермен боқтап, домбытып, жуасытып алады (Ж. Жұмақанов, Үш бәйтерек).

БЫЛҒАҢДА е т. с ө й л. **Бұлғаңда.** Бірақ, ат бишарада сергірлік әл қалмаған, *б ы л ғ а ң д а п* аяғын әзер басады (Б. Соқпақбаев, Балалық.). Қадалған айға көзі, терең ойда, Сүйреген тәтті қиял әлде қайда. Қызық күн, қызық дәуір елестейді, *Б ы л ғ а ң д а п* еркелеген ойын тойда (Б. Майлин, Шығ.).

БЫЛҒАҢДАТ *Былғаңда етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Жаңыл Қоспан мен Қаламұшқа ас түсіріп беріп жатыр. Қасына көзі мүләйімсіп, құйрығын *б ы л ғ а ң д а т ы п* Майлыаяқ келді (Т. Ахтанов, Дала сыры). Күйентесін *б ы л ғ а ң д а т ы п,* аяғын санап басып, Рахила кетіп барады (Б. Майлин, Шығ.).

БЫЛҒАРЫ и р. з а т. *Фабрика жағдайында өңделген терi.* Балабек *б ы л ғ а р ы д а н* чемодан істеуге заказ беріп, соның сылтауымен күнде барып жүр (С. Шарипов, Шығ.). Қабы қалың *б ы л ғ а р ы,* Темірі көк жасылдау. Алты оғы бар дедің бе? Бөтекесінде осынау? (І. Жансүгіров, Шығ.). Белбеудің *б ы л ғ а р ы с ы* тым қалың екен, Естібай қос қолдап басқанның өзінде бір жерден әрең тесті (Ө. Қанахин, Ауыр күн.).

БЫЛҒАС *Былға етістігінен жасалған ортақ етіс.*

БЫЛҒАТ *Былға етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Аямай арам күшті таптап өтем, Аналық ақ сүтімді ақтап өтем, Ана елдің ардақтайтын ары болса, *Б ы л ғ а т п а й* сол арымды сақтап өтем (К. Райбаев, Жаңа толғау).— Балаңа көр-жер тастатып, бұл арықтың суын *б ы л ғ а т ы п* жүрме? (А. Тоқмағамбетов, Әке.).

БЫЛҒАУ *Былға етістігінің қимыл атауы.* Егерде орнын былғап қоятын болса, былғанған жерге тұмсығын тақап біраз зекісең, орнын *б ы л ғ а у д а н* тиылып, далаға сұранатын болады (Ш. Айманов, Қыран тур.).

БЫЛҒАУЫШ з а т. с ө й л. **Бұлғауыш.** Келіншек *б ы л ғ а у ы ш ы н* тастап, қара қазандағы тарыны ағаш керсенге аударып алды да менің қасыма келді (Н. Серәлиев, Ыстық күлше). Қалыпты ұйқтап бас жағында, Кемпірлердің бір-екеуі. Таба жатыр ыспа құмда, *Б ы л ғ а у ы ш* боп күл көсеуі (А. Тоқмағамбетов, Өмір.). Цемент қоспасын әбден майдалап біртегіс ету үшін *б ы л ғ а у ы ш ы* бар үлкен екі қондырғы орнатылды («Лен. жас»).

БЫЛДЫР з а т. *Баланың жаңа шыға бастаған тілі, анық емес түсініксіз сөзі.* Дүниеге жаңа келген нәрестенің *б ы л д ы р* іңгәсі үндес боп басталған сарын аяғы сазды күй боп тарап жатыр шартарапқа (А. Байтанаев, Қайнар.). Айналдым сенің үніңнен, Сылдырап жатқан ағынсың, Мөлдірің, *б ы л д ы р* тіліңмен, Менің сол бала шағымсың (Ә. Абайділданов, Алыс.). Сағынып қалдым, нәрестем, Сағындым күміс күлкіңді. Кетпей де қойды-ау әлі ес-

тен, *Б ы л д ы р ы ң* сенің сүйкімді (І. Мәмбетов, Тұңғыш).

БЫЛДЫРА е т. 1. *Былдыр-былдыр түсініксіз сөйлеу.* Баланың сүйкімді бет-бейнесіне назар салып, *б ы л д ы р а ғ а н* қызықты тіліне құлақ қойып тұрды (С. Бақбергенов, Менің досым). Оның қасында қысық көзді біреу жерге жабысып, телефонмен бірдеңені *б ы л д ы р а п* айтып жатыр (Б. Момышұлы, Москва.). Бейтаныс жанды жатсынбай, *Б ы л д ы р а й* сөйлеп әр нені. Қашанғы сырлас досындай, Қозғайды сөзі кеудені (Ғ. Орманов, Таңд.). 2. А у ы с. *Дыбыс беріп сыбдырлап, сылдырау.* Сүйгенім жанымда Жел кетті *б ы л д ы р а п,* Самалды таңында, Қамыстар сылдырап (Ж. Сыздықов, Белестер). Таудан аққан күміс бұлақ, Күміс бұлақ сылдырап, Еркелене балғын құрақ, Балғын құрақ *б ы л д ы р а п* (Бұл да).

БЫЛДЫРАҚТА е т. *Түсінікті етпей бірдемені соғу.*

БЫЛДЫРАҚТАТ *Былдырақта етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Басын тұмшалап алған ол, тегі түс көріп жатыр ма, немене, ара-тұра бірдемелерді *б ы л д ы р а қ т а т ы п* қояды (С. Мұқанов, Шығ.).

БЫЛДЫРАТ *Былдыра етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Содан кей сөзін тілі жаңа шыққан балаша *б ы л д ы р а т ы п* айтып, салдырап кіріп келе жатқан осы бір қатқан сары шалды қуана қарсы алады (А. Байтанаев, Асан).

БЫЛДЫРЛА е т. 1. *Былдыр-былдыр. етіп сөйлеу.* Жанқия апай сол алақанымен аузын жауып, оң қолды оңды-солды сілтеп, *б ы л д ы р л а п* қойды (Ә. Сәрсенбаев, Толқында.).— Ата, үйімізден алыс кеттік пе? Біз жоқта апам кеп қалмас па екен,— деді ол және *б ы л д ы р л а п* (Р. Райымқұлов, Бұрылыстар). Зурә шын бақытты еді. Жаңа әке-шешесіне әлденені айтып, *б ы л д ы р л а й* сөйлеп келе жатты (І. Есенберлин, Қатерлі.). 2. А у ы с. *Әлденені айтқандай боп дыбыс шығару.* Арықтағы асығып, сылдырлап, сумаңдап жүгірген су *б ы л д ы р л а п* ойнап, сықақтап күлгендей болды (С. Сейфуллин, Шығ.). Отар енді осы шатқалда бұйра толқындары бұлақтай *б ы л д ы р л а п* жатқан өзеншенің ұзына бойында бір жағада (Қ. Сатыбалдин, Қараторғай). Өздеріншe *б ы л д ы р л а п* көктем әнін шырқаған боз торғайлардың дауысы қандай әдемі (С. Омаров, Әңгім.).

БЫЛДЫРЛАҚ с ы н. *Анық емес, былдыр-былдыр етken.* Онан кейінгі балаларының да өзгеше бір *б ы л д ы р л а қ* тәтті тілі мен кісі тоймас қызықты мінездері көкейден кетпейді (Ә. Нұрпейісов, Сергелдең).

БЫЛДЫРЛАС *Былдырла етістігінен жасалған ортақ етіс.* Надядан үйренген екі-үш ауыз немісшеммен міңгірлеп, мен де ілгерілей бердім. Фрицтер әлдене деп *б ы л д ы р л а с ы п* жатты (Ә. Сәрсенбаев, Офицер күнд.). Түгіне түсінбесем де, олардың *б ы л д ы р л а с қ а н ы н* қызық көріп қастарына бардым (Ө. Қанахин, Жер бас.).

БЫЛДЫРЛАТ *Былдырла етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Табиғат та қандырмақ боп құмарын, *Б ы л д ы р л а т қ а н* шығар, бәлкім, бұлағын. Алтын күн де қуансын деп бөбектер, Салт еткен ғой жүгіртуді шуағын (Қ. Мүсірепов, Раушан).

БЫЛДЫРЛАУ *Былдырла етістігінің қимыл атауы.* Бойыңды да жазбайсың, Биікке де қонбайсың. Аласа гүлді ағашта тұрып, *Б ы л д ы р л а у д ы* қоймайсың (А. Тоқмағамбетов, Дария сыры).

БЫЛЖЫР с ы н. 1. *Болбыраған бос белбеу, ынжық.* Жүсіпбек орта бойлы, арық, еті шандыр, сіңірлері білеу-білеу; тіпті жадағай, аңқау, *б ы л ж ы р* (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). 2. *Бейпіл ауыз бос сөз.* Кеше кешкітұрым бір топ кісіні жиып алып: қойындар бұл *б ы л ж ы р д ы* дегенге көнді ме олар («Лен. жас»). 3. Ж е р г. *Балшық, лай, батпақ.* Жерде әрі қар қалың. Тек, көк соқта, *б ы л ж ы р.* Жан адам кездеспеді (Ә. Нұрпейісов, Сергелдең). Сазды жер көрінеді бұлдыр-бұлдыр, Жаңбырмен ылайланған жері *б ы л ж ы р* (А. Тоқмағамбетов, Таңд.). ◆ **Былжыр басты.** *Балшық жасап, лай әзірледі.* Іске жарайтын жігіт-желеңіміз болса, қырман шабу, *б ы л ж ы р б а с у* сияқты жұмысына жібереміз (М. Әуезов, Шығ.).

БЫЛЖЫРА е т. 1. *Шылқ-шылқ су болу, сүмектеу.* Қоншымнан су құйылғандай аяқтағы шұлғауым да *б ы л ж ы р а п* кетті (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.). Бекет пен Наурыз қатар ұмтылып, *б ы л ж ы р а ғ а н* дымқыл шөп арасында ағараңдаған тірі күмістерді теріп әкеледі (Р. Тоқтаров, Ертіс.). Бірақ қостанайлықтардың қолын тұнжыраған ауа да, *б ы л ж ы р а ғ а н* жаңбыр да бөгей алатын емес (С. Мәуленов, Жер нәрі). 2. *Ұшқары сөйлеп көку,*

танту. Әйелді сүйгеніне жіберсеңдер болмай ма деп *б ы л ж ы р а й д ы* —деді Жолтай (Қ. Тайшықов, Окт. ұшқыны). Келесі күндердің бірінде қылы көз жігіттің *б ы л ж ы р ағ а н* бір сөзінен мән-жайды аңғарып қалды. (С. Алдабергенов, Алға). Ей, Өмір жолаушысы, тоқташы бір, *Б ы л ж ы р а п* бейпіл сөзді соқпашы құр. Көз бұлыңғыр, көңілің тұманданған, О да сәнді адамға боп па ғұмыр?! (Қ. Сыдықов, Теңіз лебі). 3. *Болбырап, сылбыр тартып босаңсу*. Осы арада аузыңнан сөзің түсіп, *б ы л ж ы р а й* қалғаның не сенің... Турасын айтсаң, басыңды біреу кесіп алады дейсің бе? (С. Омаров, Дала қызы). Несіпбай құрлы істей алмас дейсің бе? Аузынан сөзі түсіп, *б ы л ж ы р а п* жүргеніне қарамай, о да ауылнай болып жүр ғой (Б. Майлин, Шығ.). 4. С ө й л. *Былбыра*. Бұзаудың етін *б ы л ж ы р а п*, Ұстауға келмей ылбырап, «Ет бітті!» деп опық жеп, Сөйлейді Айжан тұнжырап (Б. Майлин, Шығ.).

БЫЛЖЫРАҚ з а т. 1. *Сылпылдаған лай, лайсаң*. Өгізін шаруа жетелеп, Отырып алып арбаға. «Өк!» десе түсі тұнжырап, Басқаны балшық *б ы л ж ы р а қ* (А. Тоқмағамбетов, Дария сыры). Кейде *б ы л ж ы р а қ*, өлі қар жапалақтап аралас жауатын жаңбыр көбіне мұп-мұздай боп нөсерін төгіп-төгіп өтеді (Ә. Нұрпейісов, Күткен күн). 2. *Құр, бекер таңтық сөз*. Шоңмұрын қажы мен Найзақараның *б ы л ж ы р ағ ы н а* құлақ аспандар (М. Ақынжанов, Ыбырай). Қайда бай мақтаншаққа барған таңдап, Жиса да бай болманты сонша малды ап, Қазаққа өлең деген бір қадірсіз *Б ы л ж ы р а қ* көрінеді бәрі даңдақ (Абай).

БЫЛЖЫРАТ *Былжыра етістігінен жасалған өзгеліктіс*. Құм бораны соққанда көзі-басына құм кірмес үшін мына қапты берді. Онысы дұрыс дейін, Цюльтум, ал мұны *б ы л ж ы р а т ы п* сулап бергені несі,— деді Сергей (Н. Баяндин, Құм асты.). Балаларға айта-айта ақыры сендіріп қойған, аяғын *б ы л ж ы р а т ы п* алса, олар «ой, әншейін, көбік ауыз көпірме екен ғой» демей ме (Т. Ахтанов, Дала сыры).

БЫЛЖЫРЛАУ с ы н. *Жинақы, ширақ емес, босаңдау*. Той қылатын роман. Тек соңғы төрт-бес бетін бере тұршы... *Б ы л ж ы р л а у* аяқтағансың ба, қалай...— деп, қолжазбаның соңғы беттерін сұрап алды (Ғ. Мүсірепов, Кездесп. кет.).

БЫЛЫҚ: **былық етті**. 1. *Жұп-жұмсақ боп сезілді*. Көкке көтеріліп шырылдаған торғайша шыр-р еткен нәрестенің даусы шықты. Шәкібай ұмтылып үйге кіргенде аяғына *б ы л ы қ е т і п* бір нәрсе оралды (Б. Майлин, Шығ.). Әзер дегенде тырмысып терезеге еніп, қорған ішіне қарғып түскенімде аяғыма бір нәрсе *б ы л ы қ е т е* қалды (І. Жансүгіров, Шығ.). 2. *Кенет сылқ етіп, құлап түсу*. Қамқа *б ы л ы қ е т і п* құлап жығылды да талған бойында жерде сұлық жатып қалды (М. Әуезов, Шығ.). ◆ **Былық ете түсті**. *Бірден көне кетті, келісті*. Директордың көмейі белгілі болды Баймырзаға. Сонда мыңқ еткенге *б ы л ы қ е т е т ү с у г е* бола ма (Е. Қонарбаев, Түнгі от). **Былық еткізбеді**. *Тырп етуге мүмкіндік бермеді*. Өзіне еніп тапсырған кісілерін ертелі-кеш *б ы л ы қ е т к і з б е й* шаруасын жайлап жүргенге әлдекімдер қызғана қарайды («Лен. жас»). **Былық етпеді**. а) *Тырп етпеді, елең қылмады*. Қарулы қол қыса түскен сайын демігіп, тұншығып бара жатқанын да байқады. Бірақ *б ы л ы қ е т к е н* жоқ (Р. Райымқұлов, Түйелі адам). Мұндайда өзінен мықтырақ кісілердің ғана тілін алып дағдыланған ол мына бала жігіттің өтінішіне *б ы л ы қ е т п е д і* (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). Есіркегеннің мұны тіпті әйелге санап *б ы л ы қ е т п е г е н і н е* біресе намыстанды, біресе алдына тізесін бүгіп жалынбақшы болды (І. Есенберлин, Қаһар). ә) *Қыбыр етіп қозғалмады*. Содан кейін күймеге кеп, қатал дауыспен «Қанаш! Тұр!»— деп еді, бала *б ы л ы қ е т п е д і* (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз). Раушанның айтқанына Бәкен *б ы л ы қ е т п е д і*. Сұрланып, тістенген күйі, көзінің жанары жасаурап, мелшиіп жатып алды (Б. Майлин, Шығ.).

БЫЛЫҚ-БЫЛЫҚ: **былық-былық етті**. 1. *Былқылдап-солқылдап тұрды*.— Отынға барғанда көрдім, жағалаудың мұзы қабажақтай-ау, қабажақтай... Жас баланың еңбегі сияқтанып, аяғының асты *б ы л ы қ - б ы л ы қ е т і п*, ойыла жаздап жатыр (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). Жусан бітken бусанып, балқып жерге жабысып алған. Түйе табанымен *б ы л ы қ - б ы л ы қ е т і п* тапталып, қайтадан бой жазып тұрып жатыр (Д. Досжанов, Құм жұтқан.). 2. А у ы с. *Семіздіктен ірк-ірк ету*.— Ал үйден суарылатын қызыл қозылар дуадақтай-ау, дуадақтай! Есік алдынан *б ы л ы қ - б ы л ы қ е т і п*, құйрықтарын тарта алмай өтеді (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). Шартаң қарын *б ы л ы қ - б ы л ы қ е т к е н*, Босаң дене сылқ-сылқ еткен... Дәл осындай бюрократ, Ортаңызда

бар болса, Қауым болып аластат (Қ. Қуанышбаев, Өлеңд.).

БЫЛҚ-СЫЛҚ с ы н. 1. *Буыны бос, әлсіз.* Барып шешесіне жармасып еді, ол да өлген адам сияқты *б ы л қ-с ы л қ* жатыр. Талып жатқан болу керек (Н. Оразов, Дос хаты). 2. *Қалай болса, солай, сүлесоқ.* Балтаны ұстаған түрін қарашы: тұла бойы *б ы л қ-с ы л қ,* осылай да ағаш шаба ма екен (Б. Майлин, Шығ.). ◆ **Былқ-сылқ етті.** *Солқылдақтық жасап, тайсақтады.* Әр кез осындай бір негізгі мәселе шешілерге келгенде *б ы л қ-с ы л қ е т у д і* әдетке айналдырып алғандар аз ба?! («Лен. жас»).

БЫЛҚЫ е т. 1. *Шымырлап қайнап, бабымен пісу.* Омар Қасеннің кешіккеніне тықырши бастады. Ет те *б ы л қ ы п* пісіп, әзір боп қалған екен (Д. Әбілев, Ақын.). Кейде қара қазанда *б ы л қ ы п* қайнап жатқан сүр иіс танауын қытықтап, асқа аңсары ауып, басын шыдамсыздана көтеріп алады (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). Кешкі тамаққа Ыбекеңнің зауқы соқпады. *Б ы л қ ы п* піскен бағланның етінен саусағының ұшымен екі-үш қайтара алып жеген болды (М. Хасенов, Алғашқы ән). 2. *Төңкеріліп, тұнып тұру. Б ы л қ ы ғ а н* балығымен, байлығымен, Атырау, Арал, Балқаш көлім қандай (І. Жансүгіров, Шығ.). Күнгей-күнгейінің бетеге, жусаны *б ы л қ ы п* тұр да, балақ-балағы бұрқырап жатқан қияқ (Ғ. Орманов, Жүрек).

БЫЛҚЫЛ з а т. 1. *Ірк-ірк еткен, жұпжұмсақ күй.* Іннің ішіне қолыңды салып жіберсең, арғы жағынан бір *б ы л қ ы л* сезіледі (Ауызекі тіл). 2. А у ы с. *Табансыз, солқылдақтық.* Саржан не депті? Сол шіркін *б ы л қ ы л ғ а* салып жүрмесін! (Ж. Молдағалиев, Торғай.). Көрсе *б ы л қ ы л,* Көрмесе қылқыр, Зақым түсті сұмдыққа. Сұм-сұрқия қу заман, Ел қарғадай шулаған (І. Жансүгіров, Шығ.).

БЫЛҚЫЛДА е т. 1. *Солқылдап, жұпжұмсақ бос болу.* Беті *б ы л қ ы л д а п* жататын бұл томарлардың асты саз (С. Мұқанов, Шығ.). Әлсін-әлсін сүріне берем. Кейде *б ы л қ ы л д а ғ а н* бір нәрсені басып кетем де, гүрс-гүрс құлаймын (Ә. Сәрсенбаев, Офицер күнд.). Буынның ішіне сары су жиналғанда, оның маңайы томпайып, қолмен басып қарағанда *б ы л қ ы л д а п* тұрады (А. Даиров, Хирург.). 2. *Босап, қозғала беру.*— Сары мойын кездігімнің сабы *б ы л қ ы л д а п* жүр еді. Ал, енді бар-ау, ересіне пышағыма келісті сап етіп алам,— деді Судыр Ахмет (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). 3. *Қалай болса, солай, былқ-сылқ ету.* Ботакөздің дірілдеген қолынан шешесінің *б ы л қ ы л д а ғ а н* жансыз денесі түсіп кетті (С. Мұқанов, Ботакөз). «Апырау, не болған маған»— деген оймен ауырған аяғын ашып көрсе, тіземен төменгі жағы *б ы л қ ы л д а п* бос жатыр (Ол күндер.). 4. *Майдан баса алмай, ірк-ірк ету.* Жон жотасы *б ы л қ ы л д а п,* Маң басқан кербез келімі. Тұяқтары сыртылдап, Жер сызады желіні (З. Қалауова, Таңд.). Сол кешке қорада тұрған *б ы л қ ы л д а ғ а н* семіз байталды қолма-қол жарқыратып сойып тастадым (С. Жүнісов, Жапанда.). Шарасынан лықылдап, Сүбелігі *б ы л қ ы л д а п,* Етек жайып кең өскен, Төрт түлігім, малым бар («Халық ақындары»). 5. А у ы с. *Толықсып, толқып майысу.* Аққудай көлде жүзген көленденген, Оң жақта *б ы л қ ы л д а ғ а н* бай баласы. Бұралған тал шыбықтай құмырсқа бел, Он бес пен он алтыға келген жасы (М. Сералин, Гүлқашима). Ай мен күндей екі әйелдің ортасында буынын баса алмай, *б ы л қ ы л д а п* келе жатқан жігітті көріп, патшаның іші күйеді (Қаз. ертегі.). 6. А у ы с. *Бебеу қағып безілдеу.* Музыка даусы сыңқылдап, Тәтті күйлер *б ы л қ ы л д а п,* Осы ойнауы болды шат (С. Мұқанов, Таңд.). Айықты мас домбыра *б ы л қ ы л д а ғ а н,* Сауықты ауру күй ыңқылдаған. Жарысты ұлы дүбір домбырада, Ат шауып, барымта алып, қиқулаған (І. Жансүгіров, Поэм.). 7. А у ы с. *Былқ-сылқ етіп, босаңдық білдіру.* Көңілі таныған нәрсені қолымен істер жерде дәл ана Мюлгаузенше бір шауып тастамай, іштей *б ы л қ ы л д а п* жүреді (Ә. Нұрпейісов, Сергелдең). Григорий Ворона бір айтқанын екілене қайталап, тағы да сөзін дәлелдей жөнелді. Оның ырқына салса, мәселе *б ы л қ ы л д а п* ұзара беретін ыңғайы бар (Алғы шептегі.). ◆ **Буыны былқылдады.** а) *Бойы бекімей, дір-дір етті.* Жас ботаның *б у ы н д а р ы б ы л қ ы л д а п,* орнынан тұра алмады. Оны ауыздандырмай қайда барасың («Қаз. әдеб.»). Саусақтары сыртылдап, Белін толқын иеді. *Б у ы н д а р ы б ы л қ ы л д а п,* Бірге ойнайды иегі (С. Мәуленов, Жаз ерке). ә) *Жүрексініп жасқанды, сескенді.* «Қызығып қызылына сыртындағы, Алып ем»— деп *б у ы н ы м б ы л қ ы л д а д ы.* «Бала бұл—Ленин берген партбилет» деп, Бір күлкі есімде тұр мұртындағы (А. Тоқмағамбетов, Өмір.).

БЫЛҚЫЛДАҚ с ы н. 1. *Былқ-былқ еткен, сазды.* Түбек басқа жерден кеш кебетін *б ы л қ ы л д а қ,* шалғыны ат бойынан асатын мәйек (Ғ. Мұстафин, Миллионер). *Б ы л қ ы л д а қ* сазға біткен қара қиғақ, Қымыздық, қыз саумалдық, жылан қияқ. Кеудеде жаның болса ән, қосасың, Шайқалса ақ үкісі басын бұлғап (Ж. Сыздықов, Асулар). 2. *Былп-былп еткен жұмсақ.* Үйден пісіріп әкелген сыңар қазы мен жамбастың *б ы л қ ы л д а қ* жерін турап, дәм таттыру Сырттанбайдың жыл сайынғы әдеті болатын (З. Ақышев, Достарым.).—Жаңа пісірген *б ы л қ ы л д а қ* нан, өзі арзан, он-ақ теңге (Ә. Нұрпейісов, Сергелдең). 3. А у ы с. *Табансыз, тұрақсыз, солқылдақ.* Жоқ, революция алдында мұндай *б ы л қ ы л д а қ* саясатпен ымырашыл бықсық әрекет жүргізуге менің ұжданым бармайды (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). Айғаным айтқан бір кеп бар:— ол ағайын арасында осындай шешімі *б ы л қ ы л д а қ,* босаң уәде-сауықтан аулақ болу (Ж. Молдағалиев, Торғай толғ.).

БЫЛҚЫЛДАҚТАУ с ы н. *Анық емес, солқылдақтау, күмәнділеу.* «Алашорда» туралы әңгіме қылдық. Бекұлының «Алашорда» туралы пікірі айқын емес, *б ы л қ ы л д а қ т а у* екен (С. Сейфуллин, Тар жол.).

БЫЛҚЫЛДАҚТЫҚ з а т. *Әрі-сәрі солқылдақтық.* Тәнірберген оның *б ы л қ ы л д а қ т ы ғ ы н* жақтырмай: кәне, осыған бата қыламыз ба?— деп пәле басы боп отырған Рамбердіге қарады (Ә. Нұрпейісов, Сергелдең).

БЫЛҚЫЛДАТ *Былқылда етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Ертеңнен бастап құрылысқа шығасың! Бордақыға баққандай *б ы л қ ы л д а т ы п* қоя алмаймыз, білдің бе? (Д. Досжанов, Тұлпар ізі.). Саулықтар *б ы л қ ы л д а т қ а н* майлы белін, Маң басқан сиыр да бар алшақ желін, Үңіліп жүндеріне қарағанда, Ұстады костюмімді қойшы менің (Д. Еркінбеков, Шығ.).

БЫЛҚЫЛДАТУ *Былқылдат етістігінің қимыл атауы.* Сыналатын жері келгенде, қатеге қарсы күресемін,— деп бұл кісінің *б ы л қ ы л д а т у ы н* не деуге болады (І. Жансүгіров, Әңгім.).

БЫЛҚЫЛДАУ *Былқылда етістігінің қимыл атауы.* Аяқ басқан жер ойылып, *б ы л қ ы л д а у д ы* шығарды (М. Иманжанов, Таныс қыз). Кешегі бір босаңсыған жіпсілең күн де енді жоқ. Қара жол *б ы л қ ы л д а у ы н* қойыпты («Лен. жас»).

БЫЛҚЫТ *Былқы етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Қызының әлдеқалай келе қалғанын қызықтап, қойын сойып, етін *б ы л қ ы т а* асып күтіп отыр анасы (З. Шашкин, Сенім). Семіз қойды сойып, құйрығын да тастап жіберіп, қазанды лық толтырып, *б ы л қ ы т ы п* тұрып астық (Д. Еркінбеков, Шығ.).

БЫЛП: **былп етті.** *Жұп-жұмсақ боп білінді.* Салмақтап-салмақтап ішіне және беріп кеттім. *Б ы л п е т е* түседі, былқ етпейді (О. Әубәкіров, Ұзын сөз.).

БЫЛПИ е т. э к с п р. *Төртбақтау боп рабайсыз семіру, жалпию.*— Келін де түсіндіргіш-ақ екен... енемнің сиырындай *б ы л п и ғ а н* қара қатын келіп тұр деген шығар, тәйірі (М. Сатыбалдиев, Қоңыр қозы). Бәріміз үйге кіріп келсек төрдің қақ басында *б ы л п и ы п* біреу отыр (Ауызекі тіл).

БЫЛПЫ е т. *Былбырап жұп-жұмсақ болу.* Бұл да бір бауырсақты аузына апарды, қатып қалыпты, қыдырмашы қатындардан қалған бауырсақ болды. Жаңыл пісірген нан қатпайтын, *б ы л п ы п* тұратын (Д. Досжанов, Зауал).

БЫЛПЫЛДА е т. 1. *Былп-былп ету, былбырау.* Теректер мен қайындардың шық басқан су жапырақтары табан астында *б ы л п ы л д а п* жатыр (Ә. Көшімов, Лашын.). Сабақты инем жылпыңдап, Құлашпен бірге көсілші. Былғарым мамық *б ы л п ы л д а п,* Бізге кірш-кірш тесілші (С. Машақов, Жылдар.). 2. А у ы с. *Сөз майын тамызып, лыпыл қағу.* Ал, енді шіркін көмей *б ы л п ы л д а с ы н,* Сөзімді әшиесіз кім тыңдасын?! Ішіне арғын, найман салдым айқай, Не қылып шіркін көмей жыртылмасын (С. Сейфуллин, Шығ.). Алда аңдарды ақылы аз, Патша жаса кигіз тәж... Қызыл тілі қылтылдап, Сөзі жібек *б ы л п ы л д а п,* Сонда түлкі сөйлейді (Ө. Тұрманжанов, Менің кітаб.).

БЫЛПЫЛДАҚ с ы н. *Былп-былп еткен, жұп-жұмсақ.*— Ал, қош болып тұрамыз ба?— деді Рахымғали, қартқа *б ы л п ы л д а қ* алақанын ұсынып (З. Иманбаев, Дала көктемі).

БЫЛПЫЛДАТ *Былпылда етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Көшенің ұлпа қа-

рын ақ мақтадай *б ы л п ы л д а т а* басып жүріп келеді (Д. Әбілев, Арман жолы.). Арызшылар аудармашыға: «Жарайсың, шырағым, сөйлеуіңе болайын, шіркін, *б ы л п ы л д а т а д ы*, екенсің,— деді («Қаз. әдеб.»).

БЫЛПЫҢ: **былпың қақты.** Э к с п р. *Лыпылдап бәйек болды.* Осындай комиссияның келерін кештеу естіген бастық ертеңіне-ақ *б ы л п ы ң қ а ғ ы п*, әркіммен бір шүйіркелесе беретінді шығарды («Қаз. әдеб.»).

БЫЛПЫҢДА е т. *Лыпылдап былпың қағу.* Өлсем де «Көк кептерге» бір соғайын, Қу тақтай екі ішекті әпер бері. Аузыма айрыларда сөз салмасаң, Қонғаның өлең, шіркін, бекер ме еді?.. Ал, енді шіркін көмей *б ы л п ы ң д а с ы н* (Айтыс).

БЫЛТЫР ү с т. *Өткен жыл.* Үй ішінің *б ы л т ы р* өткен осындай бір шүйірке сәтін Аппақ қазір еске түсіріп келеді (Ғ. Сыланов, Асау арна). Міне осы Саят даласына Бекайдар алғашқы рет *б ы л т ы р* жазда келген-ді (І. Есенберлин, Айқас). Айтам деп келген сөзі *б ы л т ы р д а н* бері өзіне маза бермей жүрген бір жағдай еді (Т. Ахтанов, Боран).

БЫЛТЫРҒЫ ү с т. *Өткен жылғы.* «Құман» колхозы жер жыртуын *б ы л т ы р ғ ы д а н* биыл ерте бітіріп, тұқым себуге Шығанаққа қарап тұр (Ғ. Мұстафин, Шығанақ). Мінеки, Асқардың *б ы л т ы р ғ ы* ауылы биыл колхоз болды (С. Ерубаев, Шығ.).

БЫЛТЫРҒЫДАЙ с ы н. *Өткен жылғыдай.* Бұған тағы да *б ы л т ы р ғ ы д а й* ауылдағы байлар түрлі айламен қатысуға жан таласып кіріседі (С. Сейфуллин, Шығ.). Түлкі қар түскен соң тіпті күл басына да келіп, *б ы л т ы р ғ ы д а й* күшікше шәуілдейді әлі... (Х. Есенжанов, Тар кезең).

БЫЛТЫРДАЙ с ы н. с ө й л. *Былтырғыдай.* Жатыр-ау бұл кез *б ы л т ы р д а й* Диплом жазып сан өрең, Барар ма соған, шіркін-ай, Тұтады сабыр ол әрең (Ғ. Қайырбеков, Таулар.).

БЫЛШ: **былш етті.** а) *Жалп етіп құлады* Бұланбай тұтқын жігітті Игіліктің алдына тастай берді де, құйрығына қамшымен бір тартып қалды. Жігіт жерге *б ы л ш е т і п* құлады (Ғ. Мүсірепов, Шығ.). Есіктің табалдырығына сүрінген Варвара арғы коридорға *б ы л ш е т і п* шалқасынан түсті (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз.). Көлемі алақандай мата қиығы дөңгелек көк белгісімен бірге асфальт үстіне *б ы л ш е т е* түсті (Қ. Исабаев, Ажал құрсауы.). ә) *Бар пәрменімен тиді.* Құтжан сия сауытқа бармағын батырып алып, қағазға *б ы л ш е т к і з г е н д е*, Ардақ астыңғы ернін тістеп қалды (Ғ. Мұстафин, Қараған-ды). Со кезде менің де басыма зілдей бірдеме, наганның түбі ме *б ы л ш е т е* түсті, тәлтіректеп барып құладым (З. Шашкин, Теміртау). Бірде байқаусызда:— Осы, Бақыт, сен қызсың, иә? — дегені үшін, *б ы л ш е т і п* тиген жұдырықтан бет-аузын қан жауып кеткені бар (С. Мұратбеков, Көкорай.◆ **Былш еткізді.** а)*Көп етіп түкіріп жіберді.* Балалық шағынан бері ғашық болдым деп жүрген жігітінің бетіне жуық арада *б ы л ш е т к і з і п* бір түкірді де, енді қайтып көрместей ғып қоя берді (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.). ә) *Аузына келгенін айта салды.*— Жаман айтады... Сені мен мына келініңді жаман атқа тағады!— деп *б ы л ш е т к і з г е н д е*, Қодар:— Ой, жаным, не шатып отырсың?— деп Бектен көсені таптап тастардай болды (М. Әуезов, Шығ.). **Беті былш етпеді.** *Ұялмады, қызармады, міз бақпады.* Бірақ көк мылжың қызыл ауыз сабаздың *б е т і б ы л ш е т к е н* жоқ (Қ. Сатыбалдин, Қараторғай). Алайда бас кесер Фервурд *б е т і б ы л ш е т п е с т е н* өзі жүргізіп отырған осы озбырлық режимді жерде жоқ жақсылыққа балайды («Қаз. әдеб.»).

БЫЛШ-БЫЛШ е т. *Шылқылдаған сылп-сылп.* Жым-жырт, жан-жақ тып-тыныш, Кәрі тау — кәрі қалыбы, Су дамылсыз *б ы л ш-б ы л ш*, Баяғы жұлдыз жарығы (І. Жансүгіров, Шығ.). Айнұр әлі саз балшықты *б ы л ш - б ы л ш* кешіп келеді (С. Сарғасқаев, Көңілді бала.). Мәрмәр тас еденді май табанмен *б ы л ш-б ы л ш* басып, бықыған буддаларға көз жіберіп жүрміз (Қ. Сатыбалдин, Қараторғай). ◆ **Былш-былш жеді.** *Шылпылдатып күйседі, соқты.* Жаңа ғана сары қымыз бен сүр етке кекіре тойған жалмауыздар енді бағлан етін *б ы л ш-б ы л ш ж е й* бастады («Қаз. әдеб.»). **Былш-былш түкірді.** *Көп етіп қайта-қайта түкірді.*— Оңбаған, саған не сөз қалды, ат айдауыңды білсейші!— дегендей боп, Ыбекең оған ала көзімен қарап, аузындағы насыбайын *б ы л ш-б ы л ш т ү к і р д і* (Б. Майлин, Азамат.). **Былш-былш [ұрды] соқты.** *Үсті-үстіне тарсылдатып, қойғылады.* Неше түрлі тарғыл дауыс, жан ұшырған айқай арасында қан топырағын

араластырып, жентектеп, жаншып бір-бірін *б ы л ш-б ы л ш с о ғ а д ы* (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.). Сосын былжырақтау иленген қамырды *б ы л ш-б ы л ш с о ғ ы п*, қазанды жерошақтағы қып-қызыл шоқтың үстіне төңкере салады (Ө. Қанахин, Жер бас.). Ерден Ақботаны қамшының астына алып ұрады. Бас демей, көз демей *б ы л ш-б ы л ш ұ р а д ы* (З. Шашкин, Ақбота). **Былш-былш шайнады.** *Аузын шылпылдатып ұзақ жеді.* Жаңа ғана сары қымыз бен сүр етке көкіре тойған жалмауыздар енді бағлан етін күні бойы ас көрмегендей *б ы л ш-б ы л ш ш а й н а д ы* («Қаз. әдеб.»).

БЫЛШИ е т. 1. *Быттиып жалпаю.* Бұл Маһамүниде *б ы л ш и ы п* отырған егде жастағы ет-жеңді шомбал буддаға мүлдем ұқсамайды (Қ. Сатыбалдин, Қараторғай). Жұмысқа барса мешел баладай *б ы л ш и ы п*, подъемный машинаның үстінен бір түспейді (Ә. Әбішев, Пьеса.). Сенген адамы Заманбектің бір-екі қағытпадан әріге аса алмай *б ы л ш и ы п* отырып қалғанына іштей тығылып тұр (М. Хасенов, Тұлпар.). 2. *Тым жуандап, қатты семіру.* Үйден кешегі енесіндей *б ы л ш и я* семіріп үлгірген Әубәкірдің әйелі—Меңсұлу шықты (А. Сатаев, Дала.). Балғадай балтырына саптама етіктің қонышын әрең сидырып, *б ы л ш ы ғ а н* денесіне қолпиған фуфайканы кие салып, қой соңынан арбандай басып кетіп бара жататын (К. Баялиев, Дегелек.).

БЫЛШЫҚ з а т. *Көз жиегінде пайда болатын жалқық зат.* Жалақ ерін қартаң қойшы көзінің *б ы л ш ы ғ ы н* жеңімен сүйкеп тастап, Сарыбалаға шұқшия бір қарап алды (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). Не есуас емессің, Орында-ақ тұр бас деген. Сүрт көзіңнің *б ы л ш ы ғ ы н*, Газет оқы, тас керең (О. Әубәкіров, Жасыр.).— Ә-ә, сен екенсің ғой,— деді ол *б ы л ш ы қ* басқан көзін уқалай кең ашып (С. Мұқанов, Есею жыл.). ◆ **Көзін былшық басты.** *Тірі жанды елемей, кердеңдеді.* Мырзақтың *к ө з і н б а с т ы б ы л ш ы қ*, ірің, «Мен сендік» дегендерге шашты пұлын (Ғ. Малдыбаев, Қырым қызы). **Қылшығын алам деп, былшығын шығарды.** *Асқындырып алды, артық етем деп, тыртық етті.*

БЫЛШЫҚТАН е т. *Көзге былшық түру.* Үрпек те оянып, *б ы л ш ы қ т а н ы п*, қанталаған көзін сығырайтып бір ашты (С. Мұқанов, Шығ.). Басы-көзі ісініп, кірпігі *б ы л ш ы қ т а н ы п*, қарнын сипап, терезенің алдында тұрғаны (А. Нұрманов, Аққу.).

БЫЛШЫҚТЫ с ы н. *Былшық басқан.* Кешегі бала сығырайған *б ы л ш ы қ т ы* көздерін уқалап жаңа тұрып жатыр («Лен. жас»).

БЫЛШЫЛ з а т. *Бос, мылжың, тантық сөз. Б ы л ш ы л д ы* қою керек,—дедім мен қатты кеп,— не оттап тұрсың өзің, сақалды басыңмен (С. Мұқанов, Өмір мектебі). Жаным, мына жазып отырғандарың *б ы л ш ы л*, мұның очеркке ешқандай қатысы жоқ (С. Бақбергенов, Өз. жігіт.). Совет Соколовын өз адамдары жақсы көрсе, жаттың *б ы л ш ы л ы н а* қылышым қисаймас (Ғ. Мұстафин, Көз көрген).

БЫЛШЫЛДА е т. 1. *Шылқ-шылқ су болу.* Алыстан теп-тегіс болып көрінген жазыққа ілінісімізбен аяқ асты *б ы л ш ы л д а п* жүріс өндімей қойды («Қаз. әдеб.»). 2. А у ы с. *Мылжыңдап әр нәрсені бір көку.* Әлгі Болдыбектің Сарысы деген де сонда, о да *б ы л ш ы л д а п* аузына келгенін айтты!— деді қу жақ жігіт (С. Сейфуллин, Шығ.). Адам деген бет алды *б ы л ш ы л д а й* береді екен ғой,— деп кіжіне күңкілдеді Жәпек (С. Мұратбеков, Көкорай).

БЫЛШЫЛДАТ е т. 1. *Былшылда етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Түс ауа жиналған топтың ішіндегі ең бір зар жағы екі езуі көбіктеніп, жоқты *б ы л ш ы л д а т ы п* әлі соғып отыр («Қаз. әдеб.»). Жамаулы үстерінде көне шекпен, Етік бар аяғында тозған кеп-кең. Балшықты *б ы л ш ы л д а т ы п* бара жатыр, Басатын аяқтарын байқап еппен (Т. Ізтілеуов, Рүстем.). 2. *Үсті-үстіне пергілеп, қойғылау.* Дереу бір қолымен Аянның кекілінен шап ете қап, шалқасынан жығып, бетаузына *б ы л ш ы л д а т ы п* соға бастады (С. Мұратбеков, Көкорай).

БЫЛЫҚ[1] з а т. *Белшеден батқан шатақ жай.* Анау күнгі түнде Аяннан арақ сұрайтын Далия соққанның *б ы л ы қ т а р ы н* Айлақ қайта-қайта сұрай береді (С. Сейфуллин, Шығ.). Степанов Қазанғаповтың барлық *б ы л ы ғ ы н* бүркей салып, оны бір жылы орынға отырғыза қойды (Б. Қыдырбекұлы, Шойынқұлақ). Колхозымызда құрылған комиссия Естайдың көп *б ы л ы ғ ы н* ашып берді (А. Байтанаев, Асан).

БЫЛЫҚ[2] е т. 1. *Ретсіз, асты-үстімен араласып жату.* Әбекең сыралғы Тәукемен

мінез таластырмады. Тәукенің өз үйі, шаруасы бұдан әрі *б ы л ы ғ ы п* жатыр (Ғ. Мұстафин, Дауыл.). Шыңғыстар келіп түскенде қора іші тіпті *б ы л ы ғ ы п*, адам жол тауып жүрер тұсы азғантай да қалмаған (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз).— Жолдың *б ы л ы ғ ы п* жатқандығын көрмей ме? Отынды үйіп тұрып артуын қарашы деп, мін тақты Нұржан (Н. Ғабдуллин, Қызық дәурен). 2. *Шатасып әбігерлену, әлек болу.* Ахмет *б ы л ы ғ ы п* жатқанда дәл үстіне келді Зылиқа. Есіктен кіре қарқылдап күліп жіберді (Ғ. Мұстафин, Миллионер). Мен жақсы түсініп отырмын, байқаймын, сен *б ы л ы қ қ а н* сияқтысың (Қ. Сатыбалдин, Қызыл жалау). Мұғалімдер партия-партияға бөлініп, жақ-жақ боп *б ы л ы ғ а* бастағандықтан, «қоғамдық тәртіп бір қалыпқа келгенге дейін» гимназия жабылды да, шәкірттері тұс-тұсына тарай бастады (Ө. Қанахин, Жас дәурен).

БЫЛЫҚТАУ с ы н. *Былапыттау, ластау.* Келіп түскен қаламыз уездный шаһар болса да, жайсыз-ақ, ой-шұқыры болып көшесі батпақ, *б ы л ы қ т а у* екен («Айқап»).

БЫЛЫҚТЫР *Былық етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Жалғыз Қарақұдықтағы бригада емес, басқа бригадалар да тікелей орып *б ы л ы қ т ы р ы п* жатса керек (З. Шашкин, Сенім). Жігіт епте *б ы л ы қ т ы р ы п* отыр, екі сиырды да соғымға сойдым деп болмайды (А. Нұрманов, Ақку.).

БЫЛЫҚТЫРҒЫШ з а т. *Іс-әрекеттің бас-аяғын араластырып шатыстырушы, бытыстырушы.*

БЫРБИ е т. *Быржиып ісіну, быттию.* Екеуінің қазіргі ұсқындары адам көргісіз. Беттері *б ы р б и ы п* ісіп кеткен (Қ. Сатыбалдин, Қараторғай).

БЫР-БЫР е л. *Қайта-қайта бырылдап (қорылдап) шыққан дыбыс.* Пәуескенің астында қара ала төбетпен бірге жабу төсеніп, ерін жастанып *б ы р-б ы р* ұйықтаған жылқышыны төбеттің анда-санда маңқ еткен даусы, үйде қымызға тойғандардың күжілі дамыл-дамыл аунақшытып қояды (Ғ. Мұстафин, Қарағанды). Төңіректеген төбетім, Тығылып үйде ықтайды. Күзетер деген күзетшім, Бүркеніп *б ы р-б ы р* ұйқтайды (І. Жансүгіров, Шығ.).

БЫРДАЙ с ы н. *Теп-тегіс, бір текті болып қаптап жатқан.* Ауылдың малдары көп жерлерді алып, *б ы р д а й* болып жайылып жатыр екен (С. Сейфуллин, Әңгім.). Қасымда бырт-бырт күйсеп, Қозылар *б ы р д а й* жусаған. Көңілде саңлау, жоқ түйсік, Өзім де соған ұқсағам (Ғ. Орманов, Таңд.). Ымырт үйіріле Калькуттаға таянды қ. Жан-жағымыз, көз көрім жердің үсті *б ы р д а й* шашылған электр жарығы (Қ. Сатыбалдин, Қараторғай).

БЫРЖИ е т. *Бет-пішін быттиып, тыртысып, тыржию.* Шекесінен бөліп қайырған бурыл шашын да, *б ы р ж и ғ а н* бейнесін де, әнтек күлімсіреп тұратын кішкене көзін де... салбыраған әукесін де көрді (Ә. Әбішев, Жас түлек.). Оның өңі бұзылған, ыза кернеген шұбар беті бір түрлі *б ы р ж и ы п* кеткен (А. Сатаев, Дала.).

БЫРЖИТ *Быржи етістігінен жасалған өзгелік етіс.*— Бұл не цирк! — деп бұрын мұндайды көрмеген ұлық баронға бұрылып, дөңгелек жүзін *б ы р ж и т т ы* (А. Сатаев, Дала.).

БЫРЖЫҚ с ы н. *Әбден мыж-мыж боп, қыртыс-тыртыс тартқан.* Атанияз мырза қаба сақалды, таңқақ мұрнының кеңсірігі омырылып кеткен, *б ы р ж ы қ* бетін безеу басқан зор қара кісі екен (Э. Сәрсенбаев, Толқында туған.). Исламның көз алдына өзінің жұбайы елестейді: жуан да *б ы р ж ы қ* сары әйел, қоңыр көзі сығырайып, мұрны дордиып, еріне жаутаңдай қарай береді (З. Шашкин, Сенім). Мұның алдыңғысын жақсы білмеймін. Денесі іркілдек, *б ы р ж ы қ* бетті, орта бойлы сары кісі (С. Бақбергенов, Қарға тамған.).

БЫРҚ: **бырқ етті.** а) *Бұрқ етіп қайнады.* ә) *Бырс еткен дыбыс шықты.* **Сорлы баллон *б ы р қ е т т і*.** Осы енді дұрыс па? О, дөңгелек, дөңгелек, Желіңді шығармай нық ұста (О. Әубәкіров, Жасыр.).

БЫРҚ-БЫРҚ: **бырқ-бырқ қайнады.** *Қатты қайнады.* Пеш үстіндегі кішкене қазан *б ы р қ-б ы р қ қ а й н а п*, бір-біріне жалғас шыққан мазасыз дыбыстан әбден запыс боп болдық («Лен. жас»).

БЫРҚЫЛДА е т. 1. *Бырқ-бырқ етіп, сақырлап қайнау.* Сексеуіл салған самауыр ентігіп *б ы р қ ы л д а п* екі бүйірінен дем алып тұр («Қаз. әдеб.»). 2. А у ы с. *Реніш білдіріп, бүлініп, күңкілдеп сөйлей беру.*— Тұу, мынау өзі бір көк бет екен ғой,— деп *б ы р қ ы л д а п* сөйлеген күйде Қабылтайды үстел басынан сүйрелей бастады (С. Мұратбеков, Көкорай).

БЫРҚЫРА е т. 1. *Жиылмай, шашылып-төгіліп жату.* Сәлима ішке кіріп, есігін

бекітті. Қазандық жақта *б ы р қ ы р а п*, қашаннан жуылмай, жиюсыз жатқан ыдыс-аяқтың бетіне газет жаба салды (М. Сүндетов, Ескекшілер). 2. А у ы с. *Ашылып-шашылып, бырылдап ұйқтау.*— Өй, мынау әлі ұйқтап жатыр ғой, *б ы р қ ы р а п*,— деп күж ете түсті Барақ (С. Мұратбеков, Көкорай). Соның үйінің алдына күнде таңертең, кем дегенде он рет келем. Терезесінің саңлауынан қарасам, *б ы р қ ы р а п* ұйқтап жатады (Е. Қонарбаев, Түнгі от).

БЫРС: **бырс етті.** *Оқыс жарылып, жел шықты.* **Жуырда бір баллон, *Б ы р с е т і п*** жарылды, Шопырдың тынысы тарылды (О. Әубәкіров, Жасыр.). Ордабай Сандыбай жаққа қолын сермейді, шамасы соған ғана келетін сияқты... Басқалар да *б ы р с е т і п* жарылып кеткендей түгел күліп жіберді (Ғ. Мүсірепов, Шығ.).

БЫРСИ е т. *Тұрқы төртбақ, жуандау болып быттию, тырсию.* Зал ішіне бөлектеу қойылған орындықтардың біріне маң-маң басып келіп, *б ы р с и ғ а н* біреу отыра кетті (Ауызекі тіл).

БЫРСЫЛДА е т. 1. *Бырс-бырс жарылу.* 2. *Терлеп-тепшіп, ырсылдап пысынау.* Құдекең келді ырсылдап, Маңдайы тершіп *б ы р с ы л д а п*. Екпіні тауды жыққандай, Ойы жоқ соттан қымсынбақ (С. Мұқанов, Шығ.).

БЫРТ: **бырт етті.** *Тырс етіп үзілген, не морт сынған дыбыс естілді.* Саяхат қылғандар аэропланға мінеді екен. Ұшып бара жатқанда бірдемесі *б ы р т е т і п* жарылып кетсе қайтесің,— дейді қиялшыл жігіт (Қ. Тайшықов, Окт. ұшқыны).— Тағы да мына қыз әндеткен шығар.— Жоқ, тәте, өзінен-өзі бірдеңесі *б ы р т е т е* қалды (Қ. Сатыбалдин, Қараторғай).

БЫРТ-БЫРТ е л. *Күрт-күрт, сырт-сырт еткен дыбыс естілу.* Есік жақтағы байлаулы қозы, лақ, бұзау *б ы р т-б ы р т* күйсейді (Б. Майлин, Шығ.). Қаздар сүп-сүйір тұмсықтарымен нәзік көк шөпті *б ы р т-б ы р т* үзіп, бірімен-бірі бәсекелескендей бас көтермей жайылуда (Б. Соқпақбаев, Аяжан). Енді байқадым, ол қолындағы дирижерлік таяқшаны *б ы р т-б ы р т* сындырып, құшырлана майдалап отыр (И. Жақанов, Қайта орал.).

БЫРТИ е т. *Тұрқы қып-қысқа, топ-толық жуан болу.* Аязда *б ы р т и ы п*, икемге келмей қалған қолдарын пешке тосып отыра кетісті (Ә. Шәріпов, Партизан.). *Б ы р т и ы п* жылқышылар семіріп ап, Беттері қаракүрең болды өрттей (С. Мұқанов, Шығ.).

БЫРТЫҚ с ы н. *Тырбиған қысқа, домаланған жұп-жуан.* Өзінен қол созымдай биік кісіге бұл мойнын созып, *б ы р т ы қ*, мұқыл саусағын шошаңдатып, безеп қойып:— ие, ие, сен білмейсің,— деді (Ә. Нұрпейісов, Күт. күн). Үміт... дөңгелек қараторы жүзді келіншек екен, «шай қой» дегенді естігенде, *б ы р т ы қ* саусақтары самауыр құлағына жармаса кетті (Ж. Жұмақанов, Қаракөз.). Ол басын бір жаққа әнтек бұрып **тастап, бүйрек бетінің бұлшық** еттерін, иырын, алшақ кеудесін, қала берді бүкіл *б ы р т ы қ* денесін селкілдетіп ұзақ күледі (С. Шаймерденов, Қарғаш).

БЫРТЫҚТАУ с ы н. *Қысқалау келген, тапалтақ, ет-жеңділеу.* Төребайға сәлем беріп, қолын алғанымда, оның саусақтары *б ы р т ы қ т а у* жалпақ алақанының қасында менің алақаным түйе табаның салыстырған ешкінің бақайы сияқтаныш қалды (С. Мұқанов, Өмір мектебі).

БЫРТЫЛДА е т. *Тырс-тырс, сырт-сырт үзілген (жарылған) дыбыс естілу.* Күз жауынынан кейін қаптап шыққан көк майсаға кенеше жабысқан қойлар, бырдай жайылып, *б ы р т ы л д а т ы п* сыпырып жатыр («Лен. жас»).

БЫРТЫС е т. *Қырыс-тырыс болып, жиылып қалу.* Вернердің жалаңаш арқасына дөп-дөңгелек қызған темір басылыпты, аумағы алақандай болып, қошқылдана қызылшақаланып, *б ы р т ы с ы п* тұр (Қ. Исабаев, Ажал құрсауы.).

БЫРШ: **бырш етті.** а) *Кенет шырт етіп шашырады.* Алма, өрік, жүзім, қауын-қарбыз, былтырғы әлгі *б ы р ш е т і п* бетіме шашырайтын дәмі жаман помидор... т. т. көздің жауын алады (Б. Соқпақбаев, Өлгендер.). ә) *Үшкір зат денеге кірш етті.* Тентек Кенжебек тісін қайрап кіжіне түседі де, менің бетіме істікті ***б ы р ш е т к і з і п*** сұғып алуға сәл-**сәл-ақ қалғанда** қолын тартып алды (Р. Райымқұлов, Бұрылыстар).

БЫРШЫ е т. 1. *Бықырып қатты ашу.* Баяғыда мына Торқаның борсыған сорпасы мен *б ы р ш ы ғ а н* іркітіне табынған күнде итаршы болуымыз жеткен (М. Әуезов, Шығ.). Әсіресе, қаймақ, ірімшік құмыра-күбіде *б ы р ш ы п*, ашып тұрған шұбат,

дорбадағы тары, шанаш толы талқан сияқты тағамдардың бәрін сол шыптаның ішінен ұшыратуға болады (Ө. Қанахин, Жер бас.). 2. *Пысынап қатты терлеу.* Бай ыстықта *б ы р ш ы п,* ешкімді елемеген адам секілденіп маңғазданып отыр (Б. Майлин, Шығ.). Тәкәбай саптама етік киіп, басына ақ бұйрадан істеген жекей тымақ киіп, терден *б ы р ш ы с а* да, оларын үстінен тастамайтын (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.).

БЫРШЫЛДА е т. *Бырш-бырш ету, терлеп-тепшу.* Дей бергенде алдынан, Қалың қамыс, талдыдан Кез кеп қалды үш жігіт. Әлі біткен ырсылдап, Терлеп-тепшіп *б ы р ш ы л д а п* (Қ. Көпішев, Әке құшағы).

БЫРШЫТ *Быршы етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Күн жайлаудың іші еді, Күн мезгілі түс еді. Күн көзі ысып *б ы р ш ы т ы п,* Аяқты басу күш еді (С. Мұқанов, Шығ.).

БЫРЫҚ е т. ж е р г. *Қалай болса солай, ретсіз болу. Б ы р ы қ қ а н* үйде тәтті бала ұйқысы, Секілді ұядағы таудың құсы. Сіміріп сәби исін тек анасы, Дейді екен емірене: «тым ұйқышы» (Ғ. Орманов, Ой қанаты). Оның түгі тықырлау ма, қалай? Әрі ретсіз жиналғаннан ба, *б ы р ы ғ ы п,* мынанікі Исахметтің дүниесіндей көзге ұрмайды-ай (М. Сүндетов, Ескекшіс.).

БЫРЫЛ з а т. *Бір-біріне жалғас бір қалыпты быр-быр еткен дыбыс.* Тұра қалғандарында жақындағы ойпатта жайылып жатқан жылқының *б ы р ы л ы* естіледі (Ж. Жұмақанов, Солдат жолы).

БЫРЫЛДА е т. *Быр-быр еткен дыбыс шығу.* Таняның төзіміне шек жоқ. Осы ыстықта шатырдан бір шықпайды-ау. Мұрнының үсті мен алқымы шып-шып терлеп *б ы р ы л д а й д ы* да жатады (Ә. Тарази, Үлкен ауыл). Екі түн ұйқы көрмеген партизандар мына апанның ішінде кезек-кезек қарауыл қойып, *б ы р ы л д а п* ұйықтап жатыр (Ә. Шәріпов, Партизан.). Аяқ астының әне жерінен де *б ы р ы л д а п* ұшқан қырғауыл, мына жерінен де бырылдап ұшқан қырғауыл (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.).

БЫРЫС е т. *Жиырылып, құрысып-тырысу.* Терінің иге батпаған жері қара қайыстанып *б ы р ы с а д ы* да, кейін пішіптігуге жарамайды (С. Қасиманов, Қаз. қолөнері). Көгінен төніп күн көктеп, Бетінен сырғып, жалап жел. Қасында қызыл жазда аптап, *Б ы р ы с ы п* беті күйген жер (С. Бегалин, Өленд.). Оттың лебі бет қарып, шашты шарпиды. Костюмнің түктері үйткен құйқадай *б ы р ы с ы п* қарая қалады (З. Шашкин, Теміртау).

БЫРЫСТЫР *Бырыс етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Иә, бәрі сол қатыгез Марстың ыстық аптап *б ы р ы с т ы р ы п* тастағандай үнсіз тынып жатқан қоңырқай топырағынан басталады (Т. Шаханов, Жоғалған.).

БЫРЫСУ *Бырыс етістігінің қимыл атауы.*

БЫТ-БЫТ: **быт-быт болды.** *Тоз-тозы шықты, ыдырады.* Оқ тиіп Барзуға да жеті жерден, Күш-қайрат қайткенменен кетті ерден. Сауыт пен саймандары *б ы т-б ы т б о л ы п,* Сары ала киімдері болды терден (Т. Ізтілеуов, Рүстем.). Аспандағы *б ы т-б ы т б о л ы п* ыдыраған бұлттар қиырсыз теңіз жойқынында жазғытұрым бытыраған сеңдер сияқты қалқысады (С. Сейфуллин, Әңгім.).

БЫТҚЫЛ з а т. *Қалың жыныстың бұталы жер.* Жартас сырт көзге де қалың бір *б ы т қ ы л* жер боп жататын (М. Әуезов, Қараш.). Құздың қойнын қуалап, *Б ы т қ ы л,* бұйрат, тау, жартас. Келеміз ізден аптығып, Жауынгер туған өңкей жас (Д. Әбілев, Уақыт). Құмды шағылдар мен жыңғылды *б ы т қ ы л д а р* алыстан-ақ анталай қарайды («Лен. жас»).

БЫТҚЫЛ-БЫТҚЫЛ с ы н. *Қалтарысты бұрыш-бұрышы, ұңғыл-шұңғылы көп.* Тоқтабай қорасы *б ы т қ ы л-б ы т қ ы л.* Үйінің маңына қар тұрмайды, айнадай жап-жалтыр (Ж. Молдағалиев, Торғай толғ.).

БЫТПЫҚТА е т. с ө й л. **Бытпылдықта.** Ағаштың бұтағына ілінген торланған қауақта *б ы т п ы қ т а п* бөдене тұр (А. Тоқмағамбетов, Әке.).

БЫТПЫЛДЫҚ з а т. 1. *Бөдене үні.* Бөдененің үйі жоқ, қайда барса, *б ы т п ы л д ы қ* (Мақал). Бұлбұлы сайрап бұтақта, Бөдене салып *б ы т п ы л д ы қ.* Береке келіп бұл жаққа, Жоғалыпты жарлылық (Ө. Тұрманжанов, Таңд. өленд.). 2. Ж е р г. *Бөдененің өзі.* Беймаза *б ы т п ы л д ы қ т ы ң* жағы тынбай, Даурығып кең далада бебеу қаққан (Ж. Саин, Таңд. шығ.). Әупілдек әупілдейді көл жаңғыртып, Жіберген *б ы т п ы л д ы қ т ы* кім қаңғыртып. Айдынға қаз-үйректер қонып жатыр, Шошынар көрінбейді лашын мыл-

тық (Ғ. Малдыбаев, Қалдырған). 3. А у ы с. *Тиянағы жоқ, сергелдең.* Мырзаштың тегеурінді шағы берекесіз *б ы т п ы л д ы қ п е н* өтіп барады (Т. Әлімқұлов, Ақбоз ат).

БЫТПЫЛДЫҚТА е т. *Бөдененің үн шығаруы.* Көзіңді жұм, артымнан ер, Мен ұшам, сен жүгіре бер. Ұша берем *б ы т п ы л д ы қ т а п,* Келген кезде мереге тап... (Ө. Тұрманжанов, Менің кітабым). Сонау Қасқасу жақтағы кең жазық өңірінен таңдайы тақылдап *б ы т п ы л д ы қ т а ғ а н* бөдененің шымыр даусы да көбейіп кетті (Р. Райымқұлов, Бұрылыстар).

БЫТПЫРАҚ с ы н. *Мән-мағынасын ажыратып болмайтын балдыр-батпақ, қойыртпақ.* Нағыз шынын айтқан уақытта, қазақ тілінде деп бастырған кітаптардың көбінде қазақтың исі де жоқ. Неге десең тілдері *б ы т п ы р а қ;* бытпырақ болмағандарының ағыны теріс («Айқап»).

БЫТПЫРАҚТА е т. *Бас-көзге ұрып, қойыртпақтап сөйлеу.* Ол маған жалғас орындықта отыр еді, шынтағымен түртіп қалып, құлағыма сыбыр ете қойды.— Бірдеңе етіп *б ы т п ы р а қ т а т ы п,* шалды алдасақ болды да... (Ғ. Сыланов, Домбыра.).

БЫТ: **быт-сыт болды.** *Әйгеуір өйттібүйтті, анау болды, мынау болды.* Әйеліңіз Шайының екі мың қой қырыққаны рас болу керек, бірақ «Ұйым» деген колхоздың қырқылған қойларының жүнімен араласып, бықпырт болып, ақырысында, не дерің бар ма? *Б ы т-с ы т б о л ы п,* заводқа барып шыт болатын болыпты (С. Төлешев, Түрлі бас.).

БЫТТИ е т. *Дене мүшелерінің тырсиюы.* Әкесінің тура аузынан түскендей беті *б ы т т и ғ а н* толық әйелдің өңі өрт сөндіргендей (С. Жүнісов, Жапанда.). Таңқы танау екі беті *б ы т т и ы п,* бедіреңдеп тұратын қызыл қоңыр жігіт урядниктің Қаленнен іштей ығысып қалғанын сезе қойды (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). Содан көзі адырайған, *б ы т т и ғ а н* қара келіншекке өз бұйымтайын қатты тапсырған (Қ. Сатыбалдин, Қараторғай).

БЫТТИЮ *Бытти етістігінің қимыл атауы.*

БЫТТЫС е т. с ө й л. **Бытыс.** Ескіліктің кейбір қалдықтары әлі де болса *б ы т т ы с ы п,* араласып жатқан секілденсе де, жаңа өмір қарқыны тым басым, өз дегенін істеп шығатынына сенім күшті! (Б. Майлин, Шығ.).

БЫТ-ШЫТ с ы н. 1. *Күлпаршасы шығып, бүлінген.* Үй іші *б ы т-ш ы т,* іліп алар нәрсе жоқ. Домбырам және быт-шыт (Ғ. Сыланов, Домбыра.). 2. А у ы с. *Бейберекет, шым-шытырық.* Ол әлдеқашан тұтатқан темекісін шекпей, жеңінің ішіне қымқырып, көлегейлеп тұр. Ойы *б ы т-ш ы т* (Ә. Нұрпейісов, Күткен күн). Екі күннен бері ол *б ы т-ш ы т* (Т. Нұртазин, Мұрат). ◆ **Быт-шыт болды.** а) *Күл-талқан болды, парша-паршасы шықты.* Сөйткенше болған жоқ олардың снарядынан біздің бір орудия расчетімен *б ы т-ш ы т б о л д ы* (Б. Момышұлы, Москва.). Көнтек, қалың ерні қабыршықтанып кезерген. *Б ы т-ш ы т б о л ғ а н* шинельдің кеудесіне ұйыған, жентек қан жабысыпты (С. Бақбергенов, Қарға тамған.). Үш батыр тізе қосып едік, көк темірге оранған жау *б ы т-ш ы т б о л д ы* (І. Есенберлин, Қаһар). ә) *Бей-берекет, тым-тырақай болды.* Жылы, тәтті ойларым *б ы т-ш ы т б о л д ы.* Бойымды тез жиып, саптың алдына қарай жүгіре жөнелдім (С. Бақбергенов, Қарға тамған.). **Быт-шыты шықты.** *Күл-талқаны* [*паршапаршасы*] *шықты.* Ойда жоқтан жасалған шабуыл әрқашанда хауіпті. Әп-сәтте Карпов жасағының *б ы т-ш ы т ы ш ы қ т ы* (І. Есенберлин, Қаһар). Шіркін-ай, сол желдей ескен дарынды ақын Тоқайдың «Государственная думаны» сонау бір кезде сөгіп, *б ы т-ш ы т ы н ш ы ғ а р ғ а н* өлеңін де оқып едік (С. Талжанов, Ұлдай кегі). **Быт-шыт қылды.** *Күл-талқан етті.* Осы кезде тағы бір снаряд бажылдап келіп оқ-дәрі тиейтін шананың дәл үстіне түсіп, оны *б ы т-ш ы т қ ы л д ы* (Ж. Жұмақанов, Солдат.).— Тоқтаңдар! Жандарың барында қайтыңдар! Әйтпесе мен сендерді бұдан әрмен *б ы т-ш ы т қ ы л а м ы н!*— деп, Нұрдәулет зәрлене қуып, жете алмай келеді (Б. Соқпақбаев, Аяжан).

БЫТЫҚ с ы н. *Беті тырсиып, быттиған. Б ы т ы қ* бет, семіз қара жігіт Ордабайға әдейі ұттырғысы келіп, оңай күйіп кетіп отыр (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке).

БЫТЫҚЫ-ШЫТЫҚЫ с ы н. *Қым-қуыт, шым-шытырық.* Араларында ондай-мұндай, *б ы т ы қ ы-ш ы т ы қ ы* әңгімелер болып па еді? (М. Иманжанов, Менің махабб.). Қалғып кеткен минуттарымда шымшытырық түс көрем, ояна қалған минуттарымда әлде не *б ы т ы қ ы-ш ы т ы қ ы* ой-

лар сапырылысады да кетеді (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.). Бұл түні ол көзінің шырымын алмады, аунақшып талай ой арнасына сүңгіді, кейде қалғып кетіп *бытық-шытық* түстер де көрді (З. Шашкин, Ұядан ұшқан.).

БЫТЫРА[1] зат. *Қорғасыннан ұсақ етіп, домалақтап жасаған мылтық оғы.* Қасымдағы купелес көршім бір иығы бір иығынан төмен келген, сол аяғын ақсай басатын, тегінде, жақыннан атылған оқтың *бытырасы* дарыған сияқты (Ж. Жұмақанов, Жазылм. кітап.). Сонда өзінің барлық денесінде сау қалған жері сол жақ қанаты мен сол аяғы ғана екен, басқа мүшелерінің бәрін де түйдегімен тиген үлкен *бытыралар* түгелдей қирата жаншыпты (Ә. Көшімов, Лашын хикаясы). Екеуі сиырға қарай барды. Бір топ *бытыра* жаяның жон арқасына қарай барып сіңіп кетіпті (Ж. Молдағалиев, Торғай толғ.) ◆ **Бытыра мылтық.** *Дәрімен атылатын жалғыз не қос ауызды қару.* Жігіттердің қолына үш винтовка, үш шити, екі алты атар, бірнеше қанжар, *бытыра мылтық*, айбалта сияқты қару саймандар түсті (Қ. Тайшықов, Окт. ұшқыны). Иығына асқан ескі *бытыра мылтығы* және иығынан төмен асқан өлген қояны бар (С. Сейфуллин, Шығ.). Аюдай он жігіт екі винтовка, сегіз *бытыра мылтықпен* жылқының айналасын қоршап алған (С. Шарипов, Шығ.).

БЫТЫРА[2] ет. *Шашырап, тарап бет-бетіне кету.* Беткейде *бытырай*, аралас жайылып түйе, жылқы, бұзаулы сиыр, қой, ешкілер жүр (Ғ. Мұстафин, Қарағанды). Жиналған жұрт сирей бастады. Екеу-үшеу болып *бытырап* кетіп барады (К. Тоқаев, Тасқын). Ешкі құйрық, арқар кеуде, жебе құлақ ақ қойлар төлдеріне үйіріле мекірене, жеке-жеке *бытырай* жайылып жатыр (С. Бегалин, Уақыт.).

БЫТЫРАДАЙ сын. *Бытыра сияқты.* Бақандай он жыл оқысаң да әлі бала сияқтысың,— деп, көсе қара шал кеңкілдеп күліп, *бытырадай* жентек-жентек насыбайды таңдайына тастап жібереді (Д. Досжанов, Тұлпар. ізі.). Бір топ торғай тарының үстіне келгенде шашылған *бытырадай* тарай ұшып, қонуға дәмелеиіп, айналшақтай берді (Н. Сералиев, Намыс). Ақ теңіздеи арқаға дейін домалап келгендей ақ қар *бытырадай* тиеді бетіңе (Ғ. Мүсірепов, Белдерде).

БЫТЫРАЛЫ сын. *Бытырасы бар, бытырамен атылатын.* Ағасы алғашында сенімсіздік білдіргенмен, кейін жібіп *бытыралы* екі-үш патрон берді (А. Нұрманов, Аққу.). Әкемнен қалған арықтау торы бестім бар. Соған мініп, *бытыралы* мылтықты мойнима салып, су жағалап құс аңдуға шықтым (Ш. Айманов, Қыран.).

БЫТЫРАНДЫ сын. *Өз алдьі жеке-жеке, шашыранды.* Қостанай, Атбасар, Көкшетау елдерінен құралған *бытырандьі* партизандар тиіп-қашып мазасын алғанмен сентябрь-октябрьден бері қарай күшеймесе, Степанов әлсіреген жоқ (С. Шарипов, Шығ.). Әділбектің ұғынуынша «тау-таста, сай-саладағы *бытырандьі* киіз үйлерді қарусыздандырудың, тонаудың сылтауы екі винтовка, екі жүз елу оқ» желеу болды (М. Тиесов, Әлібек Майкотов).

БЫТЫРАНДЫЛЫҚ зат. *Жеке-жеке шашырандылық.* Феодалдық *бытырандылықтың* және Шыңғыс тұқымының арасында өкімет билігі үшін болған күрестің өсуіне байланысты Алтынорда біртебірте әлсірей берді (ҚазССР тарихы).

БЫТЫРАҢҚЫ сын. *Бір ортаға бірікпеген, шоғыр-шоғыр, шашыранды.* Белесбелес құмдары ғана болмаса, қалпы да, салты да бірыңғай мал баққан *бытыраңқы* ауылдар екен (С. Көбеев, Орынд. арман). Баяғы желдің өтінде қаңбақтай қалтылдап тұратын сынсыз, сиықсыз *бытыраңқы* қыстаудың орнына сәнді, сәулетті қалашық орнапты (С. Омаров, Дала қызы). Ауыл болса *бытыраңқы*, аралары шалғай, көпшілігі көшпелі өмір сүрді (Ш. Өтепов, Өшпес жалын).

БЫТЫРАҢҚЫЛЫҚ зат. *Бір ортаға бірікпеген, шашырандылық.* XVII ғасыр елдің өндіргіш күштерінің дамуы, феодалдық *бытыраңқылықтың* қалдықтары мен сарқыншақтарын жойды (ҚазССР тарихы). Өлеңнің ырғағында, көркем сөзбен жасалуында сылбырлық, жасықтық, *бытыраңқылық* басым (Е. Ысмайылов, Сын.).

БЫТЫРАҢҚЫРА ет. *Шашау-шашау болып, шашыраңқырау.* Жайлау үстінде қарасын үзбей бір еңісті түгелімен иемденген ауылдар далаға түсісімен бауыр жазғысы келгендей *бытыраңқырап* қонышты («Лен. жас»).

БЫТЫРАС *Бытыра етістігінен жасалған ортақ етіс.* Алдарында, төрт-бес белдің

ар жағында Танабайдың қырда жатқан табын жылқысы *б ы т ы р а с ы п* жайылып жүрген (С. Сейфуллин, Әңгім.). Бұдан баспана қылар жері жоқ жастар, әуелі ауылдың отаулау үйлеріне қашып тығылды да, жаңбыр басылғанда: «ендігі ойынды кешке қарай жалғастырамыз» деп, ауылды-ауылына *б ы т ы р а с т ы* (С. Мұқанов, Есею жыл.).

БЫТЫРАТ *Бытыра етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Шаңрышылар қойды топтап *б ы т ы р а т п а й,* қойшы айтқан жобаға беттетіп алып жүрді (С. Бегалин, Төлбасы). Полицейскийлер түс-түсынан мылтық атып, талаушыларды азар *б ы т ы р а т т ы.* Соңғы талаушының көбі солдат еді (І. Жансүгіров, Шығ.). Баланы артына мінгестірді де, қойды алдына сап, ауылға айдап келеді. Қарауыз да шет шыққан ешкі, тоқтыны қауып, *б ы т ы р а т п а й д ы* (З. Шашкин, Өмір тынысы).

БЫТЫРАТУ *Бытырат етістігінің қимыл атауы.* Оның ойынша әзірге партизан құрамасын болыстарға *б ы т ы р а т у ғ а* болмайды (Ж. Тілеков, Жоңғ. даласы.). Сондықтан олар елді біріктіруден *б ы т ы р а т у ғ а* құмар (І. Есенберлин, Қаһар).

БЫТЫРАТЫЛ *Бытырат етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Күріш өсірудегі елеулі ұйымдық-шаруашылық кемшіліктердің бірі — күріш егісінің колхоздар мен совхоздарға *б ы т ы р а т ы л ы п* жіберілгендігі (М. Ерлепесов, Суарм. егіншілік).

БЫТЫРАУ *Бытыра етістігінің қимыл атауы.* Қырдан, таудан, Қосылды ауыл, *Б ы т ы р а у д а н* шошынды ауыл (І. Жансүгіров, Шығ.).

БЫТЫР-БЫТЫР е л. *Бырт-сырт, қатыр-құтыр.* Қарсыбек әкелген жанторсықтарды Ушаков дереу столдың үстіне қойып, әрқайсысынан бірер уысын *б ы т ы р-б ы т ы р* еткізіп алдына төкті (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). Бір жұмысшы көк тасты күрекпен тастайды, ауыз *б ы т ы р-б ы т ы р* шайнайды да, өзінен төменгі ауызға береді (Ғ. Мұстафин, Көз көрген).

БЫТЫРЛА е т. 1. *Бырт-бырт еткен дыбыс шығу.* Орман іші *б ы т ы р л а п* атылған мылтық, безілдеген пулемет үнімен күңіреніп кетті (Б. Момышұлы, Москва.). Стойкалар *б ы т ы р л а п* сынып, топырақпен көміліп жатты (С. Ерубаев, Шығ.). Отқа жанғанда сабан дүр-дүр етіп лауылдап, ал масақтар *б ы т ы р л а п* кететін (С. Мұратбеков, Көкорай). 2. А у ы с. *Үсті-үстіне қаптау, көбейіп кету.* Сол сәтте бұларға қарсы Қарабай, Дайыр екеуінің қамшысы *б ы т ы р л а п* еді (М. Әуезов, Абай жолы). Құртты көлдің басында Қонған ауыл *б ы т ы р л а п.* Көл басы толған төрт түлік, Мал есепсіз қыбырлап (С. Мұқанов, Шығ.).

БЫТЫРЛАТ *Бытырла етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Тырбық көкті жапыра, қу шөптерді *б ы т ы р л а т а* бір жерге отырыса қалған-ды. Қақ ортада Жақсылық пен Хван (Ғ. Сыланов, Шалқар). Енді олар қалың шиді қорғалай, қатар түзеп, мылтықтарын *б ы т ы р л а т а* атып, жер бауырлай жылжып алға ұмтылды (І. Есенберлин, Қаһар). Раушан әуелде қызықтап отыр еді, анау *б ы т ы р л а т ы п* күшке сала бастағанда шошып кетті (Ш. Құмарова, Қос шынар).

БЫТЫС е т. *Шым-шытырық шырмалып, шатысып жату.* Сөйтіп, бір ауылда отыратын төрелер біріне-бірі құда боп, күйеу мен қалыңдық боп, нағашы мен жиен болып *б ы т ы с ы п* жатады (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз.). «Көруін айтпа, жоруын айт» деп *б ы т ы с қ а н,* мағынасыз үздік-үздік бірдеңелерді сегіз жұмақтай құлпыра жарып, қайдағы-жайдағы жақсылықтың бәрін үсті-басына үйесін де қоясың (Ғ. Сыланов, Домбыра.). *Б ы т ы с ы п* араласты күн менен түн, Жасырды бар әлемді бұлт пен түтін. Жалынның қара қошқыл арасынан, Ышқынған үндер шықты дүркін-дүркін (Қ. Аманжолов, Шығ.).

БЫТЫСТЫР *Бытыс етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Сырбай аудандық мәслихатта тәжірибе істерін *б ы т ы с т ы р ы п* әрең айтып шыққан (С. Мұқанов, Шығ.).

БІЗ[1] з а т. 1. *Жұмсақтау нәрсені тесу үшін жіңішке қатты темірден істіктеп жасаған сабы бар сайман.* Омар қайтерін білмей, түсі бұзылып кетіп, бір жеріне *б і з* тығып алғандай ырыпсырыпсын түсті (С. Торайғыров, Шығ.). Әшімбек үйіне келгенде, Ермек жұқа тақтайдан дөңгелетіп номер жасап, *б і з б е н* тесіп, жіппен байлап отыр еді (С. Бегалин, Әңгім.). Ыдыстың іші толы әр түрлі аспап: пышақ, *б і з,* сым, темір, кішкене қол ара, әйнектің сынықтары, тағы сол сияқты ұсақ-түйектер (Ж. Тілеков, Жоңғар.). 2. А у ы с. *Кейбір жәндіктердің шағып-шаншып алатын дене мүшесі.* Дуылдап ала жөнелген қалың араның бірі дәл қабағына тиісімен *б і з і н*

сұғып алған ба, әйтеуір баланың бір жақ шекесі бұлаудай боп шыға келді («Лен. жас»). 3. А у ы с. *Шағып алатын шаншу сөз.* Тиісті жұртқа тіл *б і з і н* қадап, Жайына қарап тұрмады жеңгей (Ә. Оңалбаев, Таң алды.). ◆ **Біз өкше.** а) *Сүп-сүйір, үп-үшкір өкше. Б і з ө к ш е л е р і н,* жәй өкшелерін тротуарға қадай басып, баппен басып, адамдар ағытылады (С. Шаймерденов, Қарғаш). Кенет бетон көпір үстінде *б і з ө к ш е* келіншек тық-тық басып, әрі тартты (З. Шүкіров, Ізгілік ізі.). Қозғалысы кербез. *Б і з ө к ш е* сары бәтеңкенің жерге басқан сыбдыры болар-болмас қана естіледі (Б. Майлин, Шығ.). ә) *Тік бақай.* **Біз тұмсық** [мұрын]. *Бас жағы сүйір, үшкір келген.* Етіктің сыртынан кигені *б і з т ұ м с ы қ* калош (С. Мұқанов, Өмір мектебі). Театр алдында үш-төрт жігіт тұр. Сәнді киінген, үстерінде тірсегінен буналып, балағы шабуланған тар шалбар, *б і з т ұ м с ы қ,* биік өкше туфли, қысқа күртке («Лен. жас»).

БІЗ [2] е с. *Жіктеу есімдігінің бірінші жағының ортақ түрі.* Жұмыс көп, қиындықтар көп, бірақ халық күші одан да көп. Ол күшті ұйымдастыра білсек, *б і з* алмайтын қамал жоқ (Ғ. Мұстафин, Қарағанды). Арзанның сорпасы татымайды, қымбат қияметке кетеді,— дейтін едік *б і з* (Қ. Жармағамбетов, Әнші азамат). Ғафу етерсіздер, «біздің» дейтін себебіміз, *б і з д і ң* де жұрт қатарлы іш тартарымыз бар (Т. Әлімқұлов, Ақбоз ат).

БІЗБЕЛДІК з а т. б о т. *Қой малы жақсы жейтін құм шөбі.* Шағылды қуалай өскен селеу екен. *Б і з б е л д і к* пен қауданды іздеген шопан малын «Жібектіге» қарай беттетті («Лен. жас»). Әбілхан жұмыс бабын әңгімелей келіп: қоянсүйек, түзген, *б і з б е л д і к,* бұзаубас, адыраспан, тазқара, ... раң деген шөптер малға жұғымды — деді («Қаз. әдеб.»).

БІЗДЕЙ [1] с ы н. *Өзіміздей, біз сияқты.* Сыңсыған сүйгенінің даусын естіп, Ағызды көзден жасын *б і з д е й* ғашық. Ішінде көп жұлдыздың айдай еді, Қайтейін болмаған соң маған нәсіп (XX ғ. қаз. ақын.). Жан бітті ме гүлге деп, Шошып кетті бұл бөбек. Сонда бөбек сөзге кеп: «Көбелек-ау, көбелек, Сен де *б і з д е й* бір бөбек» (Ө. Тұрманжанов, Менің кітабым.).

БІЗДЕЙ [2] с ы н. 1. *Біз сияқты үп-үшкір.* 2. А у ы с. *Тілі ащы.* Колхоздағы мұрап бар еді ғой, соның қатынының көзі тұздай, тілі *б і з д е й* екен дегеніңізді ұмытпаған боларсыз («Лен. жас»).

БІЗДИ е т. *Үп-үшкір боп шаншылып тұру.* Беті терши жылтырап, жылымшы езу тартты. Теке сақалы *б і з д и і п,* тоқалына жаутаңдаған шалға ол жауыға бұрылды (М. Сүндетов, Ескексіз.).

БІЗДІК с ы н. с ө й л. *Бізге тән.* Балалықтың қайта келіп барлығы, Аландатып кейде екіні алдырды. Төрттен асып, бесті қуып жеттік біз, *Б і з д і к* болды биік парта алдағы (С. Мәуленов, Құлыншақ).

БІЗДІҢШЕ ү с т. с ө й л. **Бізше.** Шеберлік мәселесі тұтас творчестволық процесс ретінде қаралыпты. *Б і з д і ң ш е,* бұл да орынды болған («Лен. жас»). *Б і з д і ң ш е,* мектеп мұғалімдері үшін де, оқушыларға да бұл кітаптың берер тағлымы аз болмасқа тиіс («Қаз. әдеб.»).

БІЗҚҰЙРЫҚ з а т. з о о л. *Ұзын құйрығы сүйірлеу келген, өзен үйректері туысына жататын құс, суқұсыр.* Әне жерден *б і з қ ұ й р ы қ т ы ң* сыбызғы үні естілсе, енді бірер аттағанда айдарлы үйректің сұңқылы — бәр-бәрін біреу қаз-қатар жіпке тізіп қойғандай әсер береді құлақ қойған кісіге (Ө. Қанахин, Жас дәурен).

БІЗСІЗ ү с т. *Біздің қатысымызсыз. Б і з с і з-ақ* өзі жібере бersін, ол — коммунист емес қолдайтын... дегенде, бюро мүшесінің біреуі: — Емес пе еді өзі? — деп, олқы дауыспен сұрап қалды (З. Шашкин, Сенім).— Міне, құмай биыл қасқырды *б і з с і з* аулайтын болды,— десті (А. Хангелдин, Алғыс).

БІЗТҰМСЫҚ з а т. з о о л. 1. *Имек біз тәрізді жіңішке, ұзын тұмсығы жоғары қарай қайқиған, көбіне сазды көл жиектерінде, шалшықты сулары бар жерлерде тіршілік ететін жыл құсы. Б і з т ұ м с ы қ* тайыз шалшық суларды кешіп жүріп, әртүрлі шаян тәрізділермен, насекомдармен, ішінара өсімдіктермен қоректенеді (ҚСЭ). 2. *Ауыл шаруашылық өсімдіктеріне зиянды, тұмсығы ұзын түтік тәріздес қоңыз.* Қызылша *б і з т ұ м с ы ғ ы* — қант қызылшасының қатерлі зиянкесі (Зоология). Түйнекке түсетін *б і з т ұ м с ы қ* соянның, сиыр жоңышқаның, чинаның, ат бұршақтың өсімдіктеріне зиян келтіреді (М. Ерлепесов, Тұқым өсіру.).

БІЗШЕ [1] ү с т. *Өзімізше, бізге ұқсас.* Қалаға барған соң оқисың. Сосын сен де орысша білетін, *б і з ш е* емін-еркін сөйлей-

тін боласың,— деді қазақшаға көшіп (Ө. Қанахин, Жер бас.).

БІЗШЕ [2] ү с т. *Біз ұқсас шаншылып.* Бірақ олардың «киімшең туған баламысың?» деген сөзі жүрегіне *б і з ш е* қадалады (М. Дүйсенов, Мейман.).

БІЗШЕ [3] ү с т. *Біздің ойымызша, бізшілеп айтқанда.* Карпат тауының биік шыңдарының бірі — Полонино Руно. Бұл *б і з ш е* атағанда «Тегіс алаң» деген сөз (Қ. Қайсенов, Жау тылы.). Зылиқа әкелген семіз қойдың екі килограмдай еті бар еді, жас босанған әйелге оны жеп тауысу, әрине, қиын, *б і з ш е* мүмкін емес (С. Мұқанов, Есею жыл.). *Б і з ш е* құранды әр кезде, әрбір адам шығара берген тәрізді, оның қайшылықтары да сондықтан деп біледі тарих (М. Тоқжігітов, Құран тур.).

БІЛ е т. **1.** *Бір нәрсе жайында толық хабардар болу, ұғу; түсіну.* Қай жерде кен бар, қай кенді кім басып алайын деп жатыр, оны Тұрсынбай жаттап алғандай *б і л е д і* (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). Біздің бір қылып еткен қылығымызды Үсекең *б і л і п* қойса, мені тура қапқа салады. Сен оны жақсы білесің (І. Жансүгіров, Шығ.). *Б і л е м* мен талай жерді араладың, Шарқ ұрып ойладың да бала қамын. Сол үшін ана жаның елжірейді, Келмейді жүрегіңді жаралағым (С. Жиенбаев, Қарлығаш). **2.** *Жақсы, жеге тану.* Совхоздағылар аудан басшыларының ұйғарымы бойынша осында келе жатқан жаңа директорды көптен бері *б і л е т і н* («Лен. жас»). ◆ **Біле білсе.** *Байқап көрсе, жеге түсінсе.* Өзің ойлап қарашы, Сол ғой басты кемістер. Бар оның да шарасы *Б і л е б і л с е ң* жеңілтер (Қ. Мұқышев, Поэм.). Ахмет бірақ ойланып отырып, өз реңін, сөз реңін өзгерте салмақпен сөйледі енді:— *Б і л е б і л с е ң,* Жақып, саған айтылған өкпе бұл (Ғ. Мұстафин, Миллионер). **Біле тұра [тұрса да].** *Әдейі, жорта, қасақана.* Сен менің алғалы жүргенім басқа қыз екенін білесің, *б і л е т ұ р а* жала жауып тұрсың (Ә. Әбішев, Замана перзент.). Шәкен бірақ жарамсыздың бәрін сезбегендіктен істемейді. Сезініп, кейде тіпті обал, қатал екенін *б і л е т ұ р ы п*-ақ, ақылына ермей, тілегіне ереді (Ғ. Мұстафин, Дауыл.). Сондықтан оның қатесін сезе, *б і л е т ұ р с а* да оған әрдайым шәк келтірмей ұстайды (Қ. Жұмалиев, Қаз. эпосы.). **Біліп қой.** *Әр кез есіңде болсын.* Мұндай суыт жүріс ертең сенің басыңа да келер, *б і л і п қ о й:* бір ақылдан, екі ақыл жақсы (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). *Б і л і п қ о й,* бәріміздің әкеміз ол, Туғызған бүкіл Совет елін?— дейді. Мұндайда бірі сөзден жеңілмейді, Сөйлеуге, тыңдауға да ерінбейді (Д. Әбілев, Алтай асу.).

БІЛГЕНДІК з а т. *Мән-жайды түсінгендік.* Меніңше, көзді жұмып жіберіп, көпіртіп міндеттеме ала беруді іскерлік, *б і л г е н д і к* деп санауға болмайды (Р. Райымқұлов, Бұрылыстар). *«Б і л г е н д і г і ң* қайсы, білмегенді кешірмесең» деген емес пе, өз семьямда болған бір жағдайды айта кетейін («Лен. жас»).

БІЛГЕНСІ е т. *Білген болғансу, білгірсу.* Шашқанымен тұрмай, өзінше *б і л г е н с і п,* қас-қабағын керіп, сыланып болатынына не дерсің (М. Иманжанов, Менің махабб.). Кейде дұрыс нәрсеңді де *б і л г е н с і п* бұрысқа шығаратынын қайтерсің! (Б. Қыдырбекұлы, Шайтан.).

БІЛГІЗ *Біл етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Бізге өзінің байлығын, малай ұстайтындығын *б і л г і з г і с і* келді білем, Қауқынбай бай көтеріліңкіреп қойып:— Әлгі өгіздерді байладың ба?—деді (Б. Майлин, Шығ.). Әзіл-күлкі, әңгіме ұзақ жолды қысқартып, уақыттың қалай өткенін *б і л г і з е т і н* емес (С. Мәуленов, Жер нәрі).

БІЛГІЛІКТІ с ы н. *Көпшілікке мәлім, әйгілі.— Б і л г і л і к т і* кісі болсаң неге атамасын, ешкім білмейтін біреу шығарсың,— депті Әміре (С. Мұқанов, Есею жыл). Бірақ, бір өкініште жай, осындай дүмбілез мақалаларды ығыстырып шығатын салуалы, *б і л г і л і к т і* әдеби-сын еңбектері аз шығып жүр (М. Қаратаев, Туған әдеб.).

БІЛГІР с ы н. *Көп білетін, өте жетік, білімдар.* Бұлардың айтқанына едәуір *б і л г і р* деген агрономдар да жүгінеді (Ғ. Сыланов, Очерк.). Бұл адамдардың бәрін ол жұрттан асқан шешен, ер жүректі қаһарман, теңдесі жоқ *б і л г і р* жандар деп түсінетін (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). Менің кешегі жәрдемшім, оқушым десеңіз де болады, Нүркe Әжімов ақылды, *б і л г і р* адам, сөз жоқ зерттеу әдісін ол дұрыс тапқан болу керек (І. Есенберлин, Айқас).

БІЛГІРЛІК з а т. *Көп нәрсені білетін жетіктік, білімдарлық.* Әбунүсіп інісінің мына *б і л г і р л і г і н е* риза боп қалды. Бірақ Карповты кішірейтпей ұстау керек

(Д. Әбілев, Арман.). Инженердің жұмысын атқарған жалғыз ол кісі емес, дегенмен екінің бірінің қолынан ондай *білгірлік* келе бермейді (Ж. Өмірбеков, Заман. сыр.). Жақаев десе ішкен асын жерге қоятын, оның іскерлігіне, *білгірлігіне* өзгелерден де басымырақ мойын ұсынған адам («Октябрь өрендері»).

БІЛГІРСІ е т. *Білімдар болғансу, білгішсіну.* Тек солардың көрсеткен жобасын іске асыруға жарасақ болғаны деп, о бастан мойындап қойған Жұбатқан бұл жолы Әлімбек алдында *білгірсіп,* көсемдік құрудан сақтанып еді (А. Байтанаев, Қайнар.). Әкеміздің бір жүйрік аты болушы еді. Сол бір күні тебіннен ақсап қайтты. Біреулер көз, біреулер тіл тиді деп *білгірсіді* (Ө. Қанахин, Жер бас.).

БІЛГІРСІН *Білгірсі етістігінен жасалған өздік етіс.* Бірі жақсылыққа, молшылыққа деп жориды, енді бірі: «Жо, өстіп жайма-шуақ басталып-ақ жер соқтырып кетуі мүмкін» — деп *білгірсінеді* (С. Мұратбеков, Көкорай).

БІЛГІШ с ы н. 1. *Әр нәрседен хабары бар, білімді, білгір.* Жақсылық басқарған ауданда шаруасы күйзелген жер жоқ. Кейіндеп бара жатқан артель болса, қырағы, *білгіш* емшідей даруын тауып, айықтыруға шебер еді (Ғ. Сыланов, Шалқар). — Халайық, сіздің ең жақын қамқорыңыз және *білгіш,* ақын досыңыз Абай деп біліңіз (М. Әуезов, Абай жолы). Хасан дүние халынан хабардар, *білгіш* сықылды көрінеді маған. Атбасарда кейінгі төрт жылда болған оқиғаларды аса бір терең сезіммен баяндайды (С. Омаров, Дала қызы). 2. А у ы с. Э к с п р. *Сөзуар білгішсымақ, даңғой.* Съезді басқарып отырған алты-жеті *білгіштер* де иесіне қараған аңшының иттеріндей әлгі «жердегі жалғызға» қарап қояды (С. Сейфуллин, Тар жол.). Қыранға жылан шаптыққандай Шынжыр отырып: — Ойқой, *білгішім*... Бәйгеге байтал қосам де, енді! — деп кекете мысқылдап, қырқ-қырқ күлді (Д. Әбілев, Арман.).

БІЛГІШСІ е т. *Көп білетіндей боп көріну, білгірсу.* Кейде Нұрланның өзінде де бар, *білгішсіп,* шақылдап, айтқанға көнбейтіні және шын (З. Шашкин, Сенім). «Құрғақтау жазылыпты кеңесің»... деп, Кейбіреулер *білгішсіп* «қам жемесін» деп. Сұлуым, толғап сені суреттедім, Күйімді «жалаң үгіт» демесін деп (С. Сейфуллин, Өленд.). Сепен де кейде *білгішсі* береді. Түнеугіде: «автомат озық заводтарда да жаңа қолданыла бастады» деді, көзімен көріп келгендей сөйледі (Т. Нұртазин, Адам.).

БІЛГІШСІН *Білгішсі етістігінен жасалған өздік етіс.* Мұндай кезде өзінше *білгішсініп* жалпақтаған сөздерді полковник жарата қоймайтын (К. Тоқаев, Тасқын). Осындайда мен білгішсінбегенде кім *білгішсінеді?* Аяқ астынан Әзімнен үш мүшел үлкен ағама ақыл айтып, үйдегі өшетелі мен боп шыға келдім, ұялмай-қызармай (Ө. Қанахин, Жер бас.). Сол қызықтың үстінен Түймебаев түсіпті. Қуыпты бақ ішінен *Білгішсінген* пысықты (М. Әлімбаев, Таңд.).

БІЛГІШСІНУ *Білгішсін етістігінің қимыл атауы.* Сондай-ақ қайсыбір кейіпкерлері нәрсені бір-біріне айтуға, *білгішсінуге* бейімделіп тұрады («Қаз. әдеб.»).

БІЛГІШТЕУ с ы н. *Өзгемен салыстырғанда көбірек білетін, білгірлеу.*— ... Жоқ,— деп қалған-ды: — Жоқ, сен мен емес, менен гөрі *білгіштеу* геолог боласың екен (З. Қабдолов, Өмір ұшқ.).

БІЛГІШТІК з а т. *Жан-жақты білімділік, білгірлік.* Ат суару, суат ою десе *білгіштігін* бір байқатып қалатын Аманқұл да сөз үлесін алды (Х. Есенжанов, Тар кезең).— Бәрін Мәскеуден әкеп салдырған,— деп Әдхам бұл арада да бір *білгіштік* көрсетті (Ғ. Мұстафин, Дауыл.). Жанбосын мені осындай одан асқан *білгіштігім,* тілім мен мінезімнің қыршаңқылығы үшін жек көреді (Б. Соқпақбаев, Балалық.).

БІЛДЕЙ с ы н. *Бақандай, ірі, үлкен. Білдей* бір колхоздың бастығы әйелді қолынан жетектеп, жаяу әкелер деп пе ең, бар тез (С. Мұратбеков, Көкорай). Кешегі соғыс алдында туған нәрсте — Еркеш, міне, енді азамат, *білдей* инженер, семья басы (А. Мұздыбаев, Тағдыр). Асылында, бұлар далада жатқан жайын халық емес, *білдей* бір мекеменің жүгін арқалап жүрген жұмысшылар («Лен. жас»).

БІЛДЕЙ-БІЛДЕЙ с ы н. *Ірі-ірі, үлкен-үлкен.* Жарты-ақ ай мерзім берем. Тұңғиықтың осынау жағасында бұтаулы *білдей-білдей* қу қарағай үйілп жатар болсын,— деді (Ғ. Сыланов, Домбыра.). Сіргелі еліне келген соң, кемелденіп ер жете-

ді, інілері де *б і л д е й-б і л д е й* азамат болады («Лен. жас»).

БІЛДІР *Біл етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Қызы ешқайда барғысы келмейтінін *б і л д і р г і с і* келгендей құшақтап отырған қос тізесінің арасына иегін тығып, бүрісе түсті (Т. Ахтанов, Дала сыры). Нұрланның кей сөзіне басын изеп, мақұлдаған кейіп *б і л д і р і п* отырған Мәлік жанжал шыға бастаған соң, әдеп сақтап, тәртіпке шақырады (З. Шашкин, Сенім). Әппақ ұзын тістерін қоршаған сұлу еріндері кейде күлкі мен ызаны қатар, қабат *б і л д і р е т і н* дағдысы еді (М. Әуезов, Абай жолы).

БІЛДІРТ *Білдір етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Ол кезде із-түзсіз ағып өтіп жатқан өмір «бақыт» дегеннің қандай екенін ешкімге көрсеткен де, *б і л д і р т к е н* де емес (А. Байтанаев, Қайнар.). Апама *б і л д і р т п е й* оқып алғам. Неге дейсің ғой, шындықты білгім келді (Ш. Құмарова, Қос шынар).

БІЛДІРТУ *Білдірт етістігінің қимыл атауы.*

БІЛДІРУ *Білдір етістігінің қимыл атауы.* Әсіресе, Арын ағасы мұнда жүргенде Қалиманың бауырына тығылып, оны «апа» деуге, баласы екенін *б і л д і р у г е* ешбір хақысы жоқ (Р. Тоқтаров, Ертіс.). Ол осындай әңгіменің үстінде өзінің әкелік үстемдігін *б і л д і р у* үшін Жанайға өстіп кекесінмен мәнсіз жымиып қойып сөйлесетін (С. Мұратбеков, Көкорай).

БІЛДІРУШІ з а т. *Айтушы, хабарлаушы.*

БІЛДІРІЛ *Білдір етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Өйткені бүгін ол өзімен-өзі емес, өз қолында басқаға деген көмек пен ізгілік бар. Оған тұңғыш сенім *б і л д і р і л д і* («Лен. жас»).

БІЛДІРІС *Білдір етістігінен жасалған ортақ етіс.* Көкіректе көптен ұялаған бір-біріне махаббат оты лап етіп тұтанып, бір-біріне құштарлық сырын екеуі де сөз арқылы емес, көз арқылы *б і л д і р і с к е н д е й* (Д. Әбілев, Арман.).

БІЛЕ е т. 1. *Жанып, қайрап өткірлеу.* Келер сыйға сый бере, Тілеуін елдің тілеген. Ел қызымын мен Зере Қылышын тасқа *б і л е г е н* (М. Әуезов, Шығ.). 2. *Салмақтап сайлап ұстау, кезену.* ...Жақып қолындағы дырау қамшысының өрімін қыса, *б і л е п* тұрып алды (М. Әуезов, Шығ.). Арқаға келіп, арқамыз кеңейді деп еді, қамшысын *б і л е п* Мұстафа, қылышын жарқылдатып атаман шықты (Қызыл жалау). Шапқыншы барған елдің алды сойылдарын *б і л е п,* ағыла дүрлігіп келіп те жатыр (Д. Әбілев, Арман.). ◆ **Азуын айға біледі.** *Өзін мықты деп санайтын, от ауыздың, орақ тісті.* Қыземшек, Көпірлінің қызыл тасы, *А з у ы н* арыстандай *а й ғ а б і л е п,* Сол таудың шүйгініне барған арық, Құландай құйқылжиды екі-үш түнеп (Пернедегі терме.). *А з у ы н а й ғ а б і л е г е н.* Айбаттана үдеген Ел де айбарлы ел болды (Жамбыл, Шығ.).

БІЛЕЗІК з а т. 1. *Білектің қол басына жалғасқан жері.* Егер суға батып бара жатқан адам қолдың *б і л е з і г і н е н* ұстаса, оның ұстаған қолының бас бармағын білекпен қысып қайыра бұрай босану керек (Б. Елқондиев, Жүзу.). Мына жарқыншағы каскасына соғылғанды, омыра түсіп, тайып кетіп, сол қарын жараласа керек, *б і л е з і к т е н* қан көрінеді (Ә. Сәрсенбаев, Офицер.). Екі аяқ шылдырлатып кісендеулі, Екі қол *б і л е з і к т е н* шегендеулі. Қара шай, сөткесіне бір тілім нан, Әйтеуір өлмесін деп нәр берулі (Батырлар жыры). 2. *Әйелдердің білекке сән үшін салатын әшекей бұйымы.* Тоқал біресе байға, біресе Жүсіпке қарай түсіп, есікке беттеді. Білегіндегі *б і л е з і к* шам сәулесімен жарқылдады (Б. Майлин, Шығ.). Керімбала көп сақиналы, үлкен *б і л е з і к* салған аппақ қолын сәл көтере түсіп жігітке шынайы тілек етті (М. Әуезов, Абай). Қазан-аяқ жақта үлде мен бүлдеге оранған бір әйел отыр. Құлағындағы сырғалары, қолындағы *б і л е з і к т е р і* — бәрі ақ күмістен соғылған, жалт-жұлт етеді (Т. Жармағамбетов, Екі жүрек). 3. *Құс сирағының аяқ бау байлайтын жері.* Дәулет құсбегілердің тәсілін қолданып аяғының *б і л е з і г і н е н* қысып қап еді, бүркіт тұяғын жазып, босатып жіберді (З. Шашкин, Өмір.). Дүйсен құстың *б і л е з і г і н е н* қысып, аяқтарын босатып алды («Қаз. әдеб.»). 4. А у ы с. *Заттың үстіңгі бетіне көлденеңдеп түсетін дөңгелек сызық.* Солардың буаз уақытында, әсіресе азық жеткіліксіз болған жылдары мүйізіне бір *б і л е з і к* қосылып отырады, білезік санына 2,5—3 жас қосып, сиырдың жасын анықтауға болады (Малшыларға кеңес).

БІЛЕЗІКТЕ е т. 1. *Дөңгелектеп, айналдыра бекіту.* 2. *Құстардың аяғына шығыр-*

шық белгі салу. Былтыр осында, Қорғалжын қорығында *білезіктеген* құстардың ыстық жақтағы елдердің жерінде ұсталғандығы жайынан көп хабарлар алынды («Лен. жас»).

БІЛЕЗІКТЕТ *Білезікте етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БІЛЕЗІКТЕТКІЗ *Білезіктет етістігінен* жасалған өзгелік етіс.

БІЛЕЗІКТЕТТІР *Білезіктет етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БІЛЕЗІКТЕУ *Білезікте етістігінің қимыл атауы.* Мүйіз — алтындаған немесе күмістеген мық шегелермен, алтын-күміс құрсаулармен *білезіктеуге* де икемді келеді (С. Қасиманов, Қаз. қолөнері).

БІЛЕЗІКТЕЛ *Білезікте етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Жүні бір түсті, құйрық жүні үш жерден *білезіктеліп* қара болып келеді (Х. Қыдырбаев, Дала көркі).

БІЛЕК з а т. 1. *Қолдың басы мен шынтақ аралығы.* Самұрат комбинезонын киіп, *білегін* сыбанып жоғарыда кірпіш қалап жатыр (Т. Ахтанов, Махаббат мұңы). Жігіттің жас балаша қымсынған түріне қыз күліп жібере жаздап, жұмыр *білегімен* бетін қалқалады (Н. Ғабдуллин, **Өмір күйі**). Алдымнан ақ белдемше киген, *білектерін* сыбанған екі әйел екі жағымнан шыға келді (Қ. Тайшықов, Окт. ұшқыны). 2. А у ы с. *Қара күш.* Енді ғасаман күштің, *білектің* заманы емес, білімнің заманы. Мен білім қуып барамын (С. Жүнісов, Жапанда.). Біз бұлардан тілегімізбен емес, *білегімізбен* босанамыз. Тартысыңдар, бостандыққа! (І. Жансүгіров, Шығ.). ◆ **Білегін сыбанды.** *Құлшына, белсене кірісті. Білекті сыбанып* жіберіп жұмыс істеудің орнына, онсыз да шаруаларын тындырып жүргендерге «ананы істе, мынаны істе» деп айқайлауды кәсіп етіп алған (Т. Ахтанов, Боран). Ол өз арамдығы үшін жазасын алды. Орнынан босатылды. Бірақ әлі *білек сыбанып* араласып жүр («Лен. жас»). **Бір білек.** *Келісіп, бірігіп ұйымдасқан.* Біріккен белсенді елміз біз *бір білек,* Бізде жоқ көптен бөлек жеке тілек. Сайлауды тағы өткізіп зор шаттықпен, Беленсін қуанышқа барлық жүрек (Қ. Айнабекұлы, Өленд.).

БІЛЕКТЕ е т. *Білектің сыртымен әрлі-берлі нығарлау.* Үй маңында үймелесіп жүрген бір топ келіншек жеңдерін түріп тастап, киіз *білектеп* жатыр екен («Лен. жас»).

БІЛЕКТЕЙ с ы н. 1. *Білек сияқты.* Қосылған әр саладан озаттардың, Тұлпардай еті қызып алған мүлде. Саусақты біріктірген *білектей* боп, Бәрі де сыйлық тартпақ ұлы күнге... (Айтыс). 2. А у ы с. *Жұп-жұмыр, жуан.* Тайыншадай шымқай қара қошқардың мүйізі — *білектей* жуан да, айшыққа ұқсас, имек (З. Шашкин, Сенім). Мен барғанда сексеуілдің басы құйын соққандай қирап, *білектей* жуан бұтағы сынып түсіп жатыр екен (Қ. Әбдіқадыров, Мақташы қыз). Қақпанның қанды аузына байланған *білектей* көстек ағаш екіге бөлініп қалған (З. Иманбаев, Солм. гүл.). ◆ **Жеңді білектей.** *Өте жуан, жұп-жуан.* Ат орасан семіз. Шыбық майы *жеңді білектей,* жалының жүгендігіне дейін қол батпайды (Ғ. Мұстафин, Дауыл.). Ағаштың бұтақтарын *жеңді білектей* жуандатып иіп тұрған ақ қырау (С. Мұқанов, Шығ.). Құйрығы *жеңді білектей* үлкен түлкі тазының келіп киліккеніне қарамастан, жарқабаққа сәл бұрын ілікті де, төменге бір-ақ ырғыды (Ә. Көшімов, Екі бүркіт).

БІЛЕКТЕС е т. *Бірінің білегінен бірі жалғаса ұстау.* Біз көшеге шықтық. Аяқты тең басып, *білектесіп* жүріп келеміз (Ә. Омарбеков, Көрлен кесе). Ұрандасып, көптесіп, *Білектесіп,* күш қосып, Еңбекке қол қойған кім? (І. Жансүгіров, Шығ.). Әнші ортада. Халық сол шақ *Білектесіп* алды қоршап. Полиция алас ұрсын, Қара күштің сағы сынсын (М. Әлімбаев, Құрбыма).

БІЛЕКТІ с ы н. *Күш мол, мықты, қарулы.* Біздің жігіттер жабылып берді. Жікібай жүректі де, *білекті* де жігіт екен (І. Жансүгіров, Шығ.). Олар басқан киізге су тисе, оның бір кесегінің өзін түйенің үстіне көтеріп салуға бірнеше *білекті* жігітті керек етеді (М. Ермеков, Тарту). Заводтың үлкен қақпасынан сом *білекті* өрен жастар үсті-үстіне ағылып өтіп жатыр («Лен. жас»).

БІЛЕМ[1] з а т. *Мөлшерлеп тілімдеп кесілген май.* Ана күрең биенің ана бір қазыларын салыңдаршы! Онсоң мына бір екі табаққа ана құйрықтан екі *білем* кесіп сал! (С. Сейфуллин, Шығ.). Кебістей-кебістей алабұғасы, майы сыртына шыққан, құнан қойдың бір *білем* құйрығындай,

ақ балығы өз алдына (Ө. Қанахин, Жер бас.). Жапсырған барқыт бауыр, *білем* құйрық, Дастарқан бетін ашты алып бұйрық. Татамыз алуан түрлі тағамдардан, Еркекке ақ, әйелдерге қызыл құйдық (Д. Еркінбеков, Шығ.).

БІЛЕМ [2] мод. *Байқаймын, шамасы, солай ғой деймін.*— Андрей *білем*, келе жатқан. Ұн үлестіретін шығар-ау,— деп бір әйелдің дауысы қостың сыртынан зыңқ етті (Б. Майлин, Шығ.).— Сұрағым сізге одағай да көрінеді *білем*, бұл жерде бөтен ешкім жоқ қой, екеуміздің арамызда қалсын, ғафу етіңіз,— деп жуып-шайған болдым (Ж. Жұмақанов, Үш бәйтерек). Кекті сырқат емес *білем*. Ақ қар, сары аязда түу сонау жер түбіндегі Семейден келу оңай ма? (Д. Әбілев, Арман.).

БІЛЕМ-БІЛЕМ з а т. *Бір текті, сала-сала.* Бейіттің айналасы қойдың құйрығындай *білем-білем* көк тас (С. Мәуленов, Жұлдызды жыл.). Солардың көбісі-ақ Мамыттарды көгендескен «ерлігіне» мақтанып гуілдейді. Табақтағы *білем-білем* майды өлердей асап, қарқ-қарқ күледі (Д. Әбілев, Ақын арманы).

БІЛЕМДЕ е т. 1. *Салалап, бір текті етіп кесу.* Нұрбек алдына *білемдеп* тастаған құйрықты малжандай шайнап отырып, ілезде тауысып тастады (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.). Қазының туралған сап-сары майынан *білемдеп* кесіп алды да, «бисмилла» деп шикі күйінде шайнамай-толғамай қылғып жіберді (Б. Соқпақбаев, Балалық шақ). 2. *Мығымдап қамтып ұстау.* Қысық көздері жылт-жылт етіп, қолына екі бүктеп ұстаған дойыр қамшысын *білемдеп* қояды (Б. Тәжібаев, Қара торғай). Балтаны *білемдей* ұстап, бір ағашты аяғымен басып, «осыны шабайын ба, шаппайын ба?»— деген адамдай екі оқтыланып, Қонысбай отағасы тұр (Б. Майлин, Шығ.).

БІЛЕМДЕЙ с ы н. *Білем сияқты жұмыр. Білемдей* бұрымын біресе арқасына тастап, біресе алдына түсіріп, біресе өріп, біресе тарқатып біраз тұрды (Ө. Қанахин, Дәмелі).

БІЛЕМДЕН е т. *Ерекшеленіп, тараптарам болып бөлінү.* Ыбан шіміріқпей, қара тұнықты күмпілдете жүзгенде, ақ жал толқындар екі жарылып, *білемденіп* қалады (Т. Әлімқұлов, Сейтек.). Былайғы кезде де оның бұлшық еттері *білемденіп* бұлт-бұлт ойнап тұратын сом тұлғасына қандай кең киім де тарлық ететін (Э. Нұрпейісов, Сергелдең).

БІЛЕМДЕУ *Білемде етістігінің қимыл атауы.*

БІЛЕН *Біле етістігінен жасалған өздік етіс.* Орыс пен жапон, қытай арасына, Орманды, таулы Манжур саласына, *Білеңіп* жасағын сап келді «батыр», Қытайдың Мукден деген қаласына (С. Сейфуллин, Өленд.).— Көрсетпе ондайды — деп Хакима зар иледі.— Қара ол глупецті!— деп жұдырығын *біленіп* Шәкір шықты (М. Иманжанов, Көк белес).

БІЛЕМЕ з а т. к ө н е. *Қайрақ тас.* Сылдыраманың ар жағында, сарқыраманың бер жағында, маңыраманы ұлыма жеп жатыр екен, жанаманы *білемеге* білеп-білеп бауыздап келдім (Қазіргі қаз. тілі).

БІЛЕС *Біле етістігінен жасалған ортақ етіс.* Мұқажан да болмай қамшы *білесіп* тілін тартпап еді, бірақ билердің еңсесі көтеріле алмады (І. Жансүгіров, Шығ.).

БІЛЕУ [1] з а т. к ө н е. *Ұзынша келген жұқалау қайрақ.* Бір дегенің — *білеу*, Екі дегенің — егеу, Үш дегенің — үскі, Төрт дегенің—төсек (С. Сейфуллин, Шығ.).

БІЛЕУ [2] с ы н. *Жұп-жұмыр, негізгі.* Абақтыда Махамбет те бар күшін салып, *білеу* темірді егей берді (Б. Аманшин, Жар мұңы). Бақбақты каучукты өсімдіктерге, тұқым мен жемістердің жел арқылы таралуына, *білеу* тамырлы өсімдіктерге... мысал үшін қолданады (Т. Мұсақұлов, Ботаника).

БІЛЕУ [3] *Біле етістігінің қимыл атауы.* Өзі де мәз емес еттің қиқалана бергенін байқаған үй иесі маған *білеуі* келіскен пышақ ұстата берді («Лен. жас»).

БІЛЕУ-БІЛЕУ с ы н. *Айқыш-ұйқыш адырайып көрініп тұратын.* Бәрінің басындағы тағдыр біреу, Ілуде біреуі тың, көбі жүдеу. Шілбиіп қатып қалған кір қолдардың, Көк теңбіл тамырлары *білеу-білеу* (Қ. Тоғызақов, Өленд.). Әкесінің әжім басқан, тамырлары *білеу-білеу*, күсті қолынан Нұрлан көзін алмайды (З. Шашкин, Сенім). Жалпақ сахара, *білеу-білеу* құм жоталары мұнартып, түстегідей буалдыр, бұлдыр күйге енді. Маңай аппақ (Д. Досжанов, Тұлпар. ізі.).

БІЛЕУДЕЙ с ы н. 1. *Жұп-жұмыр, жұп-жуан.* Қоян жырық сегіз таспадан өрген *б і л е у д е й* жуан қамшыны алдына көлденең тастады (Ғ. Мүсірепов, Кездесп. кет.). Күре тамыры *б і л е у д е й* боп көгеріп, дауысы қылғынып, күшене сөйлеп бастырмалап кететін-ді (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). 2. *Күп болып ісінген.* Шолпан: — Не болды саған?— деп еді — жолдан қайттым. Қазекең сойып-сойып қайтарып жіберді. Арқам *б і л е у д е й!*— деді де жантая кетті (Ғ. Мұстафин, Дауыл.). Беттері *б і л е у д е й* ісік, солықтарын зорға басып, қыз-келіншектер де біртіндеп көріне бастады (Б. Майлин, Шығ.). Ахметтің *б і л е у д е й* боп шыға келген бетін көргенде, тұла бойы жеңілдеп жан дүниесі сергіп сала берді (Қ. Исабаев, Айқыз).

БІЛЕУЛЕ е т. *Мығымдап, ыңғайлап ұстау.* Кеудеден итеріп кеп қалып едім, ыңқ етіп шалқасынан түсті. Тұра салып білегін *б і л е у л е п* келе жатыр (Ғ. Мүсірепов, Өмір жорығы). Босағада тұрған ломды *б і л е у л е й* ұстап, есікке келсем қақпаның екі-үш тақтайы сынып, үңірейіп қалыпты (С. Жүнісов, Жапанда.).

БІЛЕУЛЕН е т. *Сала-сала боп, адыраю.* Ауыл арасының жолдары қар астында қалған арқандай жіп-жіңішке болып төмен жатушы еді, кіре жолы *б і л е у л е н і п* бүкшиіп, дөңестеніп алады екен (Ғ. Мүсірепов, Шығ.). Ірі құлжа алшақ мүйіз, тай тұяқ, тұтас тұлғалы келіп, бұлшық еттері *б і л е у л е н і п* тұрады (М. Ермеков, Тарту). Шеке тамырлары *б і л е у л е н і п,* апсиып жүдеген анасының ұсқынын көргенде, Құмардың ішіне от түскендей болатын (А. Нұрманов, Аққу.).

БІЛЕУЛЕНДІР *Білеулен етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Сол қара шаттың жоғарғы үсті шашырай біткен тоғайы бар Назардың биігі. Дүңкиіп, сары жотасын *б і л е у л е н д і р і п* жатыр (М. Әуезов, Қараш.). Мынауың теріс деп ешкімге қарсы айтпайды, өз пікірін ұсынбайды, шеке тамырын *б і л е у л е н д і р і п* ешкіммен керіспейді (Б. Майлин, Азамат.).

БІЛЕУЛЕНУ *Білеулен етістігінің қимыл атауы.* Адам аяғынан тік тұрып істейтін жұмыстың көпшілігі балтыр тамырларының ісіп *б і л е у л е н у і н е* әкеліп соғады (А. Даиров, Хирург.). «Тышқан» ауруының ерекшелігін шықшыт безінің шошынып *б і л е у л е н у і н е н* айырады (Х. Арғынбаев, Қаз. этногр. очерк.).

БІЛЕУЛЕУ *Білеуле етістігінің қимыл атауы.*

БІЛМЕГЕНСІ е т. *Ұқпағансып, бейхабар болғансу.*— Мына Майра сұлу бал шарап ішпей отыр. Қымызың бар ма, әкеп пе ең?— деп қымыздың барын *б і л м е г е н с і п* отыр (Д. Әбілев, Арман.). Дәрмен жазда Сәрсеннің шілдеханасында осы күйді тартқанда Сәруар *б і л м е г е н с і п* еді (Т. Әлімқұлов, Сейтек.). Осындай жайларға ата-аналар ішінен беделді жолдастар да жол беруде. Олар бұған жұмған ауыздарын ашпайды, көрмегенсиді, *б і л м е г е н с и д і* («Лен. жас»).

БІЛМЕСТІК з а т. 1. *Жете түсінбегендік. Б і л м е с т і к т е н* бе, жоқ әлде бойкүйездіктен бе, әйтеуір қуаныш-қызықтың ақыры кейде өкінішке апарып тірейді («Лен. жас»).— Кемпірім, сен осыны *б і л м е с т і к т е н* айтып отырсың (С. Омаров, Хантағы). 2. *Байқамай істегендік, ағаттық, қателік.*— Қазы, қайтесің оны айтып, менен бір *б і л м е с т і к* өтті, не қылсаң да өз қолыңдамын (І. Жансүгіров, Шығ.). *Б і л м е с т і к* кімнен болды, оны терген жатпайық. Екеуміз де бір-бірімізге өткенді кешірелік (С. Бақбергенов, Қарға тамған.).

БІЛТЕ и р. з а т. 1. *Шамның жанатын жерін майға қосып тұру үшін мақта, матадан істелетін тілше.* Кішкене столдың бір басындағы шамның *б і л т е с і* қып-қызыл шоққа айналып, болмашы сығырайып тұр (Ә. Нұрпейісов, Күрляндия). Ол жетіп барып Кирсановтың алдында сығырайып тұрған шамның *б і л т е с і н* көтеріп, сәулесін молайта түсті (Ә. Әбішев, Замана.). Кейде бөтелкедегі жермай сарқылып, *б і л т е* жетпеуге айналғанда үстінен су құяды (Б. Соқпақбаев, Балалық шақ.). 2. К ө н е. *Ертерек кезде мылтықты, зеңбіректі от алдыратын тұтандырғыш зат.* Жанына жақын келген соң, Қамаған жауды көрген соң, Беренге *б і л т е* тигізіп, Басып-басып жіберді (Жамбыл, Шығ.). Ал зеңбіректі оқтап, *б і л т е с і н е* от беріп атудың өзі қаншама уақыт алар бір қиянат іс (І. Есенберлин, Қаһар). Содан кейін мылтығыма оқ салып, *б і л т е н і* тұтатып алып: «Ал, кел, жей ғой, жалмауыз болсаң»— деп едім, ешкім маған қарсы шыққан жоқ (Қаз. ертегі.). ◆ **Білте шам.** *Май құйған құтыға ширатылған мақта салып, жарық түсіретін сықсима.* Өтебай *б і л т е ш а м д ы* жөндей түсіп, мырс етіп күлді (Б. Майлин, Шығ.). *Б і л т е ш а м* түтінге түтін қоса түседі, жарығы төрдегі үшеудің

дидарын әзер көрсетеді (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). Үй ішінде жыпылықтап жанған *білте шам* сөнді, есік пен терезеден таң сәулесі түсіп үй жарыққа, күн нұрына толды (Ж. Саин, Жол үстінде).

БІЛТЕЛЕ е т. 1. *Білте салу (білте өткізу).* 2. К ө н е. *Мылтық тұтандырғышын әзірлеу.* 3. А у ы с. *Үзіліп, ұмыт болған жайды қайта жаңғырту.* Жол-жөнекей кездескен бейтаныс жолаушының өз баласымен адас болып шыққаны әйел жүрегіндегі ескі жараны *білтелеп,* ішкі дүниесін толқытып жіберді (С. Омаров, Тастағы жазу). Сөз болған жаңағы арыз ескі жараны қайта *білтеледі* (Ғ. Мұстафин, Дауыл.).— Енді азғана сабыр етіңдер,— деп сөзін *білтеледі* қарт Балатай (С. Талжанов, Ұлдай кегі).

БІЛТЕЛЕН е т. *Ұйысып қалу.* Оның соңынан *білтеленген* жалы дізесін соғып, жарау, ұзын күрең айғыр жөнелді (Ғ. Мұстафин, Дауыл.). Киіз басылатын жүнді шаң-тозаңнан, шөп-шөгірден тазартып, жүннің *білтеленіп,* ұйысқанын жазу үшін сабаумен сабайды (С. Қасиманов, Қаз. қолөнері).

БІЛТЕЛЕУ *Білтеле етістігінің қимыл атауы.* Құп, білемін, сізге жақпас, Ескі жара *білтелеу.* Ақ жүрегін енді ұнатпас, Мезгілі жоқ қай медеу (Абай, Шығ.).

БІЛТЕЛІ с ы н. 1. *Білте өткізілген, білтесі бар.* ◆ Білтелі шам. *Білтесі бар шам.* Алдында үлкен жез ілегендей ыдысқа май құйылып, соның ортасында лаулап жанған *білтелі шам* шалқи толқып тұр (М. Әуезов, Индия очерк.). Тыстан кіре берістегі есік бұрышына қойылған *білтелі шам* төңірекке күңгірт көленке тастап сығырайып тұр (К. Тоқаев, Тасқын). Білтелі мылтық. *Тұтандырғышпен от алатын көне мылтық.* Жігіттердің қолында сойыл-шоқпар, садақ. Тек кейбіреулерінде ғана хиуа шеберлері істеген ұзын мойын *білтелі мылтық* (І. Есенберлин, Қаһар). Бұдан ертерек мылтық білтемен, шақпақпен от алдыратын құндақ жағынан оқтала беретін болған. Оны *білтелі мылтық* дейтін (Ш. Айманов, Қыран тур.).

БІЛУ *Біл етістігінің қимыл атауы.* Әрі асыл жүнді, әрі өсімтал мал қолына тиді. Тек бағу, күту, бабын *білу* керек (С. Бегалин, Төлбасы). Көмірді таза, әрі ысырапсыз ала *білу* керек,— деді Сергей Петрович шылымын тартып (Ғ. Мұстафин, Қарағанды).

БІЛУШІ з а т. *Бір нәрсе жайында хабардар, түсінігі бар.* Бүгінгі Индияда орыс тілін *білушілердің* саны өте аз ғана (М. Әуезов, Индия очерк.).— Сөзім сөз. Мырзаңа сәлем айт, *білуші* алла, бәрін реттеймін (Ә. Нұрпейісов, Сергелдең).

БІЛІК[1] з а т. *Екі доңғалақ арасын қосып тұратын жуан темір не ағаш.* Арбаның қанатына иығымды тіреп тұрып «Әуп!» деп тағы бір көтергенімде доңғалақ *білікке* ілінді (Ә. Нұршайықов, Алтын соқпақ). Сонда қырдан келген жөндекілеу арбаның кейде мұрындығы шығып кетіп, кейде дөңгелегі шойырылып, *білігі* сынып қалады (М. Әуезов, Шығ.).

БІЛІК[2] з а т. *Санамен аңдарлық түсінік.* Қылқылдап сұрай қоюға ретін таппай одан әзірше бой тартты. Өз *білігімен* айта қоятын Оспан жоқ (С. Омаров, Дала қызы). Сондықтан партияның нұсқауларымен қатар оның өмір жөніндегі осы өз *білігі* біздің жазушыларымыз бен сыншыларымызға үлкен үлгі де өнеге болуға тиіс (М. Қаратаев, Туған әдеб.). Мен той бастаған ақын да, топ бастаған батыр да, сөз бастаған шешен де болған емеспін, бірақ өз *білігім,* өз түйгенім бар (С. Бақбергенов, Қоянкөз.).

БІЛІКСІЗ с ы н. *Білім, түсініктен құр алақан.*— Жә, *біліксіздің* білмегенін кешірмесең білгендігің қане?! (Ә. Нұрпейісов, Сергелдең).

БІЛІКТІ с ы н. 1. *Әр нәрседен жан-жақты түсінігі бар, білімді.* Сырт естуімше Сәтімбай осы колхозды өз қолымен құрысқан, ағайын арасында абыройлы, шаруа жайына майталман *білікті* адам (С. Шаймерденов, Мезгіл). Жауғашар мұны айтқанда өзін көпті көрген қария, *білікті* данышпан қылып көрсеткісі келіп айтады (Б. Майлин, Шығ.). *Біліктіден* сөз алған, Ақыл сұрап жол алған, Шешен де келді ол тойға (Батырлар жыры). 2. *Көпке әйгілі, танымал.* Чин-Мачин деген шәһарда саудамен күн көретін бір адам болыпты. Халқына да *білікті* екен (И. Байзақов, Шығ.). Жиында бар Индияның әдебиет пен өнер майданындағы *білікті* адамдары отыр деп біліңіздер (М. Әуезов, Индия очерк.). Өз әнін автор өзі орындап та жүр; оның әндерін республикамыздың *білікті* әншілері де айтады («Қаз. әдеб.»).

БІЛІКТІЛІК з а т. *Көп білетін білімділік.* Кемпір кеседегі шайын сораптай бір

ұрттап алды да Жақыпбекке өзінше *біліктілік* көрсете мысқылмен қарады (М. Иманжанов, Менің махабб.). Бұл объектіні зерттеу үшін теориялық *біліктілік* пен қоса айтылмыш тілдерді жете білу қажет («Қаз. әдеб.»).

БІЛІМ з а т. **1.** *Оқу, үйренумен санаға қонатын ақиқат жайлы түсінік.*— Оқы, *білім* алып тезірек қайт,— деді ол бір сөзінде Есіркегенге,— сендердей көзі ашық азаматын күтіп отырған елдерің бар (І. Есенберлин, Қаһар). Енді аз күнде мектептерінде оқу басталады, жаңа кітаптар, тың пәндер оқиды, *білім* алады (С. Бегалин, Төл басы.). Біз оқушы баламыз, Оқып *білім* аламыз, Оқып білім ал деген Ұлы Ленин бабамыз (Д. Әбілев, Жүрек.). Орта дәрежелі *білімі* бар ойлы қыздың Мейрамды көргеннен кейін жабыңқы көңілі жарқ еткендей болды (Ғ. Мұстафин, Қарағанды). **2.** *Ақыл-парасат, ой-өріс.* Расында, заводта Алжановтан басқа тәжірибесі де, *білімі* де мол инженерлер көп, соларды неге ұсынбады екен? (З. Шашкин, Теміртау). Жиырма бестегі жігіттің шымыр бойына қажымас қайрат, ересен өнер, мол *білім* тұтаса бітіпті (С. Омаров, Дала қызы). Сондықтан ұлық атаулы өз әлсіздігін біліп, Абайдың ақылына, *біліміне* амалсыздан құштар болатын (М. Әуезов, Әр жыл.).

БІЛІМДАР с ы н. *Ой-өрісі кең, көп білетін, білгір.* Рецензияға қол қойылмапты, бірақ кім де болса *білімдар* кісінің жазғаны — сайрап тұр (Т. Әлімқұлов, Ақбоз ат). Отызға жетпеген жас жігіт қарапайым халық арасында қаншама *білімдар* көрінгенмен, бұны баласынып, сөзін жүре тыңдаушылар да аз болмас (А. Байтанаев, Қайнар.). Жаугершілігі мол, мықтысы мытып, әлсізі күштіге кебіс қойған зар-заманда бұл *білімдар* баланың өзіне керек болатынын анық сезген (Д. Досжанов, Тұлпар. ізі.).

БІЛІМДАРЛЫҚ з а т. *Әр нәрсеге жетіктік, ой-өрісі кеңдік, білгірлік.* Толқын мен Наурыз мәдениетті, әдепті жандар. Наурыз бейнесі мәдениеттілігімен, *білімдарлығымен* Сұлтанмахмұт тұстарын еске түсіреді («Қаз. әдеб.»). Нағыз тәрбиеші үшін дарқан пейіл, үлкен жүрек, терең *білімдарлық* керек («Лен. жас»).

БІЛІМДІ с ы н. *Көп оқыған, білімдар.* Мен де сенің еңбегіңді Ақтаймын деп серт етемін. Жақсы оқып барлық пәнді, *білімді* боп ер жетемін (М. Хакімжанова, Жыр асуы). Осы аз уақыттың ішінде институттың оқытушылар коллективі елімізге талай-талай байсалды, *білімді* мамандар дайындап шығарды («Лен. жас»). Қазақтың талай шежіре қартын көре жүре мен Жабайдай *білімдісін* өте сирек кездестірдім (С. Мұқанов, Менің мектеп.).

БІЛІМДІК з а т. с ө й л. Білімділік. Мұғалім!— бұл адамның ардақты аты. *Білімдік* бар биікке шығар саты. Ең алғаш басталады осы адамнан, Сүйеді сондықтан да жақын, жаты (С. Мұқанов, Шыңнан шыңға). Әрбір сабаққа мұқият дайындалу — сабақтың *білімдік* және тәрбиелік мақсатын толық шешуге мүмкіндік береді («Халық мұғ.»).

БІЛІМДІЛІК з а т. *Көп нәрсені, көп жайды жете білушілік, білгірлік.* Хакім уездік партия комитетінің хатшысы Дәулетовты *білімділік* жағынан да, іс тәжірибесі жөнінен де қатарынан озат шыққан адам деп бағалайтын (Х. Есенжанов, Көп жыл.). Өмір оның алдына биік талаптар мен міндеттер қойып отыр. Оны шешу үшін *білімділік* қажет («Лен. жас»).

БІЛІМДІРЕК с ы н. *Білімі жағынан ілгерірек, озығырақ.* Осы бағыттағылар *білімдірек* те тілдірек. Бұл тұста Бейімбет жауапты хатшы емес, жазушыдай ойланып қалады (Ғ. Мүсірепов, Кездесп. кет.).

БІЛІМПАЗ с ы н. *Көп оқыған, ойшыл, оқымысты.* Академик Вознесенский жер жүзіне атағы шыққан ұлы *білімпаз* адам еді (С. Ерубаев, Шығ.). Абақтыда мен Василий Крюков деген *білімпаз* жігітпен бірге жаттым... Біз оны Вася ағай дейтінбіз (С. Омаров, Дала қызы). Сыншы — халық көзі, тілі мен жүрегі, жазушының парасатты да байқағыш жолдасы, *білімпаз* да көреген досы («Қаз. әдеб.»).

БІЛІМПАЗДАН е т. э к с п р. *Көп білгенсіп, оқымысты болғансу.*— Немене, мен ойнап жүргем жоқ, жұмыс істеп келдім. Отырып алып *білімпазданғанды* жаным сүймеуші еді,— дедім («Лен. жас»).

БІЛІМПАЗДЫҚ з а т. *Көп нәрсені жете білетін білімдарлық, білгірлік.* Василий Иванович Попов Мұхтардың *білімпаздығы* жолындағы ұстазы (А. Әуезов, Бала Мұхтар). Ракеталық бөлімде қызмет ету оңай емес. Кез келген солдатқа *білім-*

паздық пен зеректік, радиотехникаға деген үлкен құштарлық керек («Лен. жас»).

БІЛІМСІЗ сын. *Сауаты жоқ, оқымаған, топас.* Біріне-бірі жұғымсыз, Біріне-бірі жұмбақ жан. Емес-ау ойсыз, *білімсіз,* Білмедім кінә кім жақтан (Н. Шакенов, Айгүл). Алдында «эмпириокритицизм», Көргемін нұр толқыған ойлы жүзін... Өзі оқып, өзгені де оқытады, Жігіттің ұнатпайды *білімсізін* (Қ. Аманжолов, Шығ.). Білім — бақтың жібермейтін қазығы, *Білімсіз* бақ — әлдекімнің азығы (М. Әлімбаев, 666 мақал).

БІЛІМСІЗДІК зат. *Оқыған-тоқығаны жоқ, қараңғылық, надандық.* Бәйбіше өз тұстасынан қатаң бәйбішелер мен ауыл иесі болған қатындардың олақтық, *білімсіздігін* сөз қылатын (М. Әуезов, Қараш.). Ескіліктің қалдығынан қол үзбеу — кейбір ақындардың надандығы, *білімсіздігі* (Е. Ысмайылов, Ақындар).

БІЛІН ет. *Көрініп қалып, байқалып сезілу.* Үлкен өзеннің дымқыл салқын лебі жартастың басында *білініп,* жастардың денесін жайлы тынысымен тоңазытып тұр (М. Әуезов, Қараш.). Февральдің үшінен төртіне қараған түн. Аздап аяз *білінеді,* ай жарық (М. Ғабдуллин, Ел намысы.). Әйтеуір исі *білінген* кен байлығының жиырмасына таңба бастырып, өз атына бекіттіріп алды (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке).

БІЛІНЕР-БІЛІНБЕС үст. *Сәл ғана, болар-болмас.* Байқап қарағаған адамға олардың көздерінен қуаныштың оты *біліне́р-біліне́бес* жылтырайды (Б. Момышұлы, Москва.). Қаттырақ күлгенде Толқынның сәл көтеріңкі келген қыр мұрнының үсті ұсақ әжім жинап *біліне́р-біліне́бес* тыржиғандай болады екен (Ө. Қанахин, Жас дәурен).

БІЛІНУ *Білін етістігінің қимыл атауы.* Мал арық болса, не туберкулез бүкіл денеге жайылып асқынып кетсе, реакция көмескі *білінуі,* тіпті мүлде білінбеуі де мүмкін (Малды туберк. сақта.). Мұндай науқастың алғашқы *білінуі* мерзімінің мөлшері адамда әртүрлі болады (З. Сырғабаева, Токсоплазм.).

БІЛІҢКІРЕ ет. *Аздап түсіңіңкіреу.*— Мына Нияз барсын да!.. Мылтық винтін Нияз *біліңкіре́р!*— деді Танабайдың малайы Боранбек (С. Сейфуллин, Шығ.). «Ақын достар, асықпаңдар, жүлделі жандармен жүздесіңдер, тым болмаса, бір келгеннің өзінде *біліңкіре́й* кетіңдер» деп отырып алды олар («Қаз. әдеб.»).

БІЛІС[1] *Біл етістігінен жасалған ортақ етіс.* Танысып, *біліскен* сайын менің бұл адамға деген құрметім арта түсті (М. Иманжанов, Алғашқы ай.). Амандық *біліскеннен* кейін Қасболат одан:— Өңің жүдеу ғой?— деп сұрады (Т. Ахтанов, Боран). Сонсоң жаралы жауынгердің аты-жөнін, тұрағын, сапар жайын қысқа-қысқа сұрап *білісті* де, өздерінің жөндерін айтты (Н. Ғабдуллин, Өмір.).

БІЛІС[2] сын. *Таныс, танымал.* Бір көрген *біліс,* Екі көрген таныс (Мақал). Көптен бері таныс, *біліс* адамдай, мені іш тарта сөйлеп, жылы рай берген (С. Бақбергенов, Қарға тамған.).

БІЛІСУ *Біліс етістігінің қимыл атауы.* Бар шығар, бәлки, мұны білмейтін де, Қайтеді көз жіберсек бір бетіне? Бүгетін сырымыз жоқ достан біздің, *Білісу* дастарқанның міндеті де (Ж. Молдағалиев, Жиырма бес). Одан кейін ұшырасып, тағы да жай-күй *білісуге* рет келмеп еді (А. Байтанаев, Қайнар.).

БІП-БИІК сын. *Сып-сидам, әжептәуір биік.* Ана бір жылдары *біп-биік* ол төмпелер қазір аласарып, үстіне құрайы аралас қалың қау өсіп кеткен (С. Мұқанов, Есею жыл.). «Сұлташка, түп-түзу, *біп-биік* терек сияқты боп қалай тез өскенсің?»— деп таңданғаны да есімде (З. Шашкин, Өмір.).

БІР[1] сан. *Есептік санның ең алғашқысы.* Олар жетеу еді: *бір* инженер-гидрогеолог, екі геодезист, бір студент-практикант және үш жұмысшы (М. Сәрсекеев, Жетіжылдық.). Будильникке тағы да *бір* қарады. Уақыт түнгі үштен асып барады. Жапты-дағы кітап бетін алдағы, Телефонның тегершігін бұрады (Ә. Ахметов, Өшпеген жалын). ◆ **Бір адамдай.** *Ұйымдасқан түрде.* Алпыс ұлт ағайынды *бір адамдай,* Аршындап өсіп отыр еңбекпенен («Ақын жырлары»). **Бір айналуға келмеді.** а) *Тез келісті, тез сөйлеп табысты.* Ол анық *бір айналуға келместен-ақ* көне кетті (М. Әуезов, Абай жолы). ә) *Жетпеді, тез таусылды.* **Бір алуан.** а) *Бір тектес, біркелкі.* Өз әкесі *бір алуан* озбыр күш иесі болса, соның қарсысындағы жұмандар да ешбір жағынан абзал әулие емес екенін біледі (М. Әуезов, Әр жыл.). Бұл болса

отыз үшке дейін тек үйренумен келіпті. Білетіні — *бір алуан* күйлер ғана («Лен. жас»). ә) *Ерекше бір, өзгеше.* Осының бәрін көз алдыңа келтіріп отырсаң *бір алуан* ойлар жаныңды шарлап өтеді («Қаз. әдеб.»). **Бір асым.** *Бір рет пісіруге келетін ет.* Мен Абай ағамнан бір самаурын **шайды,** *бір асым* етті аяған, жоқтан сылтау іздеген ит болмас па едім!— деді (М. Әуезов, Абай жолы). **Бір аттам жер.** *Жап-жақын жер. Бір аттам жер* басқан соң, ол аяғын тағы да шірей басып, бет құбылысын кілт өзгертіп, өзінің баяғы қатал қалпына енеді (Т. Бердияров, Фарида). **Бір атым.** *Бір рет атуға келетін мөлшер.* Ұят дегенді *бір атым* насыбай құрлы көрмейтін Тұрсынбай әлденеменеме куә болып шыға келе ме деп, Ушаков оны бұл жолы қуып тастай алмады (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). Шернияз *бір атым* насыбайды тілінің астына тастап кеп жіберді (Ә. Әбішев, Терең тамыр.). **Бір ауыз.** а) *Көп емес, жалғыз ауыз. Бір ауыз* үндемей жүріп, бұлтан шыққан күндей бір мезгілде жадырайды (Б. Майлин, Шығ.). Артымдағылар да маған *бір ауыз* жауап қатпайды (І. Жансүгіров, Шығ.). ә) *Ынтымақты, ұйымшыл.* Тәртіптілер ғана көпке шыдап *бір ауызды* болғандықтан жеңімпаз келеді (Ол күндер.). Айта берсең, Сұлтанмахмұт бұл кезде ой-пікір, көзқарас, идея жағынан алаш-ордамен үнемі *бір ауыз* болып, сүттей ұйып жүрген жоқ (Б. Кенжебаев, XX ғ. дем. жазушы.). **Бір ауыздан.** *Бәрі бірдей, бір кісідей.* Кеңеске қатысушылар *бір ауыздан* облыс әйелдерін, қыз-келіншектерін техниканы жалпы меңгеруге шақырып үндеу қабылдады («Лен. жас»). Кәмелеттік аттестат беруге арналған кеште бүкіл класс болып *бір ауыздан* «Колхоздың қой фермасына барамыз»— деп тілек білдірді (З. Ақышев, Біздің шамш.). **Бір ауыз сөзге келмеді.** *Тіс жармады, үндемеді.* Сәбидің шешесіне еркелеп, мәре-сәре боп қалғанын көргенде, бейтаныс әйел *бір ауыз сөзге келместен* еңіреп қоя берді (Ө. Қанахин, Дәмелі). **Бір ауық.** *Бір мезгіл, бір сәт. Бір ауық* олар шуласып, таласа жарысып үріп кетіседі (М. Әуезов, Шығ.). Сол себепті оған *бір ауық* өзі үміттеніп осынша қыр соңынан қалмай ізіне түсіп келген таныс аттың дүбірі естілмей кеткендей болған (Р. Әутәліпов, Қыр әңгім.). Мына өзімшілдікті қарашы. «Мені қиып Қарғаш қайда кетуші еді» деп те қоям *бір ауық* (С. Шаймерденов, Қарғаш). **Бір буда [бір будам].** *Шумақталып байланған бір түйдек.* Ол іш қалтасын ақтарып, орамалға шиыршықтап оралған *бір буда* ақшаны сапырылыстырып, әрең дегенде үш сом тауып, балаға тағы лақтырды (М. Иманжанов, Көк белес). **Бір бет.** а) *Айтқанынан қайтпайтын қайсар.*— Білмеймісің, баяғыдан *бір бет* адам ғой, қопара берсін, ол арнайы бір жақты етпей, тынбайды (А. Байтанаев, Қайнар.). ә) *Бір мойын, қыңыр, қиқар.* Бұл төсектен қайта тұра алмасына көзі әбден жеткен тәрізді. Жайшылықта *бір бет,* ожар Исабек тағдырына мүлде өшігіп апты (Д. Әбілев, Арман.). **Бір беткей.** а) *Бір бет.* Ол мені пайдалы қызметкер етпекші келді және өзінің мінезі де *бір беткей* болатын («Қаз. әдеб.»). *Бір беткей,* ұсақ-түйек қазақшылықты білмейтін Иісбай Мәукілге қадала қарады (С. Бегалин, Уақыт.). ә) *Бірыңғай. біркелкі.* Генералдың бұл сөзінен кейін жаңа бізге қосылған тоқсан жауынгер туралы *бір беткей* тіке сөйлегеніме өзім қатты қысылдым (Б. Момышұлы, Москва.). Үйге мұғалім кірумен бірге мәжілістің бұрынғы *бір беткей* лепірген сөзі де тына қалып, үй іші біраз тыншуға айналды (І. Жансүгіров, Шығ.). Алтынайдың әкесі де *бір беткей* ер, жігіт кезінде сері боп өскен-ді (Ғ. Сыланов, Асау арна). **Бір болмаса бір.** *Түбінде, әйтеуір бір.* «Білгішсін» күнің құрысын қалтырайсың, Еш ойды түгел айтып сарқылмайсың. Алдымнан *бір болмаса бір* шығар деп, Айтулы ақымаққа да жалпылдайсың (Б. Аманшин, Өленд.). **Бір бұл емес.** *Тек осы ғана емес, дәйім.* Мариямның Москвада болуы *бір бұл емес*-ті (С. Бақбергенов, Алтынемел.). Аралау ағайынды *бір бұл емес,* Әлі де сізбен талай болармыз кез (Жамбыл, Шығ.). **Бір дегеннен.** *Салған жерден, бірден.* «Не» деп сұраудың орнына Ықлас «ә» деп сұрайды. Мұны Ықлас *бір дегеннен* сезді (С. Ерубаев, Шығ.). **Бір дүркін.** *Бір мезгіл; жиып-теріп бір рет.* Ұлық сәлден кейін өзі кеше ғана дәмін тұңғыш рет татқан қазақтың қазы мен қартасын, қымызын *бір дүркін* мақтап алды (А. Сатаев, Дала.). **Бірді айтып бірге кетті.** *Ой шашыраңқы шала-шарпы болды.* Олар әлде қысылды ма, әлде жоспарларын жете ойласпады ма, қайдам, сөздері сылбыр шықты, *бірді айтып бірге кетіп* отырды («Қаз. әдеб.»). **Бірді бірге соқты.** а) *Әйтіп-бүйтіп, ілдалдалады. Бірді бірге соғып* күн-

елтіп жүрген қаланың қара таяғымыз ғой (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). ә) *Айдап салып, атыстырды.* Ол бетбақ содан былай сүмеңдегенін тыймай *бірді бірге соғып,* ауыл ішін ала тайдай қылды («Қаз. әдеб.»). **Бірді екі етті.** *Ретін тауып, ұқсатты, суын сүт қылды.* Сол жылдың жазына қарай шұрайлы жерлерге көшіп қонып, *бірді екі етіп* ауқаттана бастағандардың да саны ұлғая түскен-ді («Лен. жас»). **Бір езу.** *Бір мойын, қыңыр.* Торсықбайдың *бір езулігі,* кеуде соқтығы, қуақылығы салған жерден аңғарылады («Қаз. әдеб.»). **Бір елі.** а) *Саусақтың қалыңдығындай.* Бетіндегі сап-сары қаймағы *бір елі* болып, кастрюльде піскен сүт тұрады (Б. Соқпақбаев, Балалық.). ә) ***Сәлдей, зәредей.***— Бірақ сол бес-алты күннің ішінде менің өзімнен, не тапсырған кісімнен *бір елі* оңаша шықпайсың, оған көнесің,— деді Бекболат (С. Шарипов, Шығ.). Таланты көбімізден үздік еді, Қасынан қалмай оның біз *бір елі,* Сүйсіндік дүниеде барлығына, Құрметтің мұхитында ол жүзіп еді (Ғ. Қайырбеков, Қосбасар). **Бір елідей.** *Саусақтың қалыңдығындай.* Дәл ернінің алдына *бір елідей* мұрт қойып, оның өзін қырқып тұжырған сіріңке қара жігіт енді (Ғ. Мұстафин, Дауыл.). **Бір есептен.** *Бір жағынан алып қарағанда, бір себептен.* Асан осы сәтте Сапардан естіген мына әсіре аянпаздығына *бір есептен* таңырқанып екі түрлі ойда отырды (А. Байтанаев, Асан). Сонан былайғы келіссөздер, сірә, *бір есептен,* бәлкім Тәуекелдің өлгендігінен үзілген болса да, әлгі факты Россия мен қазақ хандықтарының саяси байланыстарында көрнекті орын алатыны даусыз (ҚазССР тарихы). **Бір жағынан.** *Сонымен, сонымен бірге.* Мұғалімдер жұмысын бақылаумен қатар, *бір жағынан* олардың жақсы тәжірибелерін өзіне өнеге етіп үйренуді, шеберленуді Жақыпбек есінен екі елі шығарған емес (М. Иманжанов, Менің махабб.). Айлы түнде, аққан өзен, Аққан өзен сылдыры. *Бір жағынан* ойды билеп, Жас жапырақ сыбдыры (А. Жұмағалиев, Өшп. жалын). **Бір жағына шықты.** а) *Бір жайлы болды.* Дау-дамайы ұлғайып, ырың-жырыңды көбейтіп жүрген мәселе де осы жиыннан кейін *бір жағына шықты* («Лен. жас»). ә) *Қолғабыс етті, көмек көрсетті.* Биыл ғана он үшке толған жас бала жаз бойы әке шаруасының *бір жағына шықты* («Лен. жас»). **Бір жайлы болды [қылды].** *Іс әрі-сәрі болмай реттелді, тынды.* Стапқа барып акушерка әкелуге енді кеш; ол үшін екі-үш күн керек, оған дейін толғатқан әйел де *бір жайлы болуы* тиісті (С. Мұқанов, Есею жыл.). Сатан да, Ысқақ та қазан-аяқ жақты *бір жайлы қылып,* дуылдақтың тамашасына қарады (І. Жансүгіров, Шығ.). **Бір жақты.** *Сыңар жақ, бір беткей.* Ағылшын мәдениетін Индия тарихы сыңаржақ кейде *бір жақты* ғана алған (М. Әуезов, Индия очерк.). Соңғы жылдарда кейбір өнеркәсіп тораптары *бір жақты* дамыды десе де болады («Лен. жас»). **Бір жапырақ.** *Титтей, кішкентай ғана.* Төлеп Шымырбекке *бір жапырақ* қағаз ұсынды (С. Ерубаев, Шығ.). Қарағым, кешегі еттің шетінен *бір жапырақ* май кесіп әкеле қойшы, ботинкасын жұмсартып қояйын (Қ. Исабаев, Арман.). Осыған қарамай, қонақ шақырған Мүсірәлі жайдары-ақ. Кемпір боп шөгіп қалған *бір жапырақ* әйелі де ізет қып, есік алдында түрегеп тұр (Т. Әлімқұлов, Ақбоз ат). **Бір жасады.** *Жетісіп қалды, мәз-мейрам болды.* Таудан жиде тергендей ала берсе, *Бір жасайсың* құмарың әр қанғанда. **Көкіректе жамандық еш нәрсе жоқ, Аң болады кеңесің** құс салғанда (Абай, Шығ.). Әңгіме өстіп еркін төгіле берді. Деев өзі пікірлес адамдардың ортасына түсіп, түсінісіп, *бір жасап* қалды (М. Қаратаев, Далада.). Жылаған көздің жасын құрғатқан сайын, ісінген кеудені басқан сайын мен *бір жасап* қалам (Ғ. Мұстафин, Дауыл.). **Бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарды.** *Ауыз бірлік, ұйымшылдық жасады.* Халқымыздың ұл-қызы күш біріктіріп, *бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарса,* кім бізді торғайдай тоздыра алар еді?! (Ө. Қанахин, Жас дәурен). **Бір жолға.** *Бір рет, осы сапарға.* Енді *бір жолға* құданы арашалап аласыңдар ғой!— деді құда жігіт (С. Сейфуллин, Әңгім.).— Сен кеткен күннің ертеңіне оңбай жығылып едім, шүкір, әйтеуір, жан қалды *бір жолға* (Ә. Қалдыбаев, Қос тентек). **Бір жұтым.** *Бір ұрттам, азғантай. Бір жұтым* арақ ішіп жіберсеңіз қайтеді, жолдас аға лейтенант?— деді маған адъютант (Б. Момышұлы, Москва.).— Ең болмаса *бір жұтым,* Арақ қолға түсер ме еді. Әлсіреген ұстамды Берді Теркин бір үнін (Қ. Аманжолов, Шығ.). **Бір жылдық.** *Он екі ай бойы болатын.* Осы келе жатқанымыз ерте көктемде *бір жылдық* шөп егілген жер болатын («Лен. жас»). **Бір заманда.** а) *Ертерек бір кезде. Бір заман-*

да бұлардың бәрі де осы өңірді мекен еткен хайуандар («Лен. жас»). ә) *Біраз уақыт өткен соң.* **Бір заматта.** *Әлден уақытта.* Жуан дене сабадағы іркіттей оңды-солды шайқалып, майлы шүйдеден тер шыпшып енді-енді маужырай бастаған «ұстаз» *бір заматта* тіл қатты («Лен. жас»). **Бір кезде.** а) *Бір заматта, әлден уақытта. Бір кезде* Мұрат жүгіргенін қойып, қолын жоғары созып, қайта төмен түсіріп, осылайша бірнеше рет қайталады (Б. Соқпақбаев, Өзім тур.). Бір жерге дем алуға бөгеледі, Тағы ұшып ол орнынан жөнеледі. Түбінде бір томардың бұғып жатқан *Бір кезде* көзі шалды бөденені (С. Дөнентаев, Шығ.). ә) *Кезінде, бір заманда.* Сірә, *бір кезде* «болған үйден» шыққан жан екенін, енді қазір амалсыз күйсандық ойнап отырғанын көрсеткісі келгендей (І. Есенберлин, Қатерлі.). б) *Бір мезгілде, бірге.* Бұл колхоз біздің ауылдың колхозымен *бір кезде* ұйымдасты (С. Мұқанов, Саяхаттар). **Бір киер.** *Анда-санда киетін таза киім. Бір киерлерін* киіп, қоңырқай ауылдардан келген тойшылар да үлкен думан ортасында жайраңдап жүр («Қаз. әдеб.»). **Бір күні.** *Күндердің күнінде, бірде. Бір күні* мектепке көшпелі кино келіп «Он төртінші раунд» картинасын көрсетіп еді (Б. Соқпақбаев, Өзім тур.). **Бір күндік.** *Өте аз, тым қысқа.* Екі ортада, дүниенің рахатының қайда екенін білмей, бірін-бірі аңдып, *бір күндік* өмірді бар малына сатып алуға таба алмайды (Абай, Шығ.). **Бір кісідей.** *Ұйымшылдықпен, жұмыла.* Олар сайлаушыларды сайлау күні Виталий Николаевич Тимовқа *бір кісідей* дауыс беруге шақырды («Лен. жас»). **Бір кіріп, бір шықты.** *Тиышсызданып әбігерленді.* Тоқмолда өз-өзінен тынышсызданып, кабинетіне *бір кіріп, бір шығып* жүр (Б. Соқпақбаев, Өзім тур.). **Бір қабат.** *Бір мәртебе, бір сапар.*— Әсия, ашып айтар сырым менің, Айтуға бөгеліп көп жүріп едім. Бес жылдан бері соққан жүрегіме *Бір қабат* мейіріммен үңілмедің (Қ. Бекхожин, Үш кезең). **Бір қайнатым.** *Бір қайнатуға жарарлық.*— Кешегі сұрағаныңызды әкеліп едім,— деді Зура, қамзолының қалтасынан қағазға ораған *бір қайнатым* шайды алып жатып (Ә. Әбішев, Замана.). Бану бір жапырақ ақ қағазға орап, *бір қайнатым* шай жібереді. Біз шай ораған қағазды суға малып алсақ, бадырайып ақ қағазға жазу түседі (С. Сейфуллин, Тар жол.). **Бір қайнауы ішінде.** а) *Шала піскен.*— Қазанды түсіре берген жөн. Құдайының етінің *бір қайнауы ішінде* болса да ештеме етпейді (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). ә) *Бабына келмеген, ші қанбаған, шала.* Мәселе әзірге шешілгенімен, әлі *бір қайнауы ішінде* сияқты («Қаз. әдеб.»). **Бір қалыпты.** *Бір сарынды, біркелкі.* Қаттылығы әншейін ағайынға ғана емес, әке-шешесі, жанашыр жақынға да *бір қалыпты* болған сияқты (М. Әуезов, Әр жыл.). Жанға *бір қалыпты* құйылған жайлы күй лебізі, сансыз сазы мен ырғағын иірушінің еркіне берген (Ғ. Сыланов, Очерк.). Қой жөнді азықтанбағандықтан жүні *бір қалыпты* өспейді (М. Ермеков, Қазақст. биязы.). **Бір қауым.** *Біраз, біршама, бірсыпыра. Бір қауым* уақыт өтті. Соңғы бір-екі күн кешімен бірге қауырт жұмыстармен өткен болатын (А. Байтанаев, Асан). «Орда» немесе «Ақ» аталатын ауыл да *бір қауым* үй; төргі «Абылай хан ордасы» аталатын үйде Шыңғыс пен бәйбішесі Зейнеп және ерекше көрер бірер баласы тұрады (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз). **Бір құлаш.** а) *Екі қолдың ұзындығындай өлшем.* Өмір бойы ұрлағанда басына бір боз үй тіге алмады, үй сыртына не есік алдына *бір құлаш* желі тарта алмады (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). ә) *Қып-қысқа, келте.* Жіп атаулыдан *бір құлаш* қана арқан бар екен («Лен. жас»). **Бір құшақ.** *Екі қолдың аумағы толарлықтай.* Қария аттың тоқымын алып болған соң ауыздығын босатып, *бір құшақ* жоңышқаны әкелген бойы ақырға тастай салды («Лен. жас»). **Бір қыдыру.** *Бірсыпыра, едәуір.* Жаяуға мал базарынан қала *бір қыдыру* жер, оған қосымша жаяудың басында тымақ, үстінде қалың шапан, аяғында саптама етік болса, шаршамасқа, быршамасқа шамасы қанша (Ғ. Мұстафин, Дауыл.). Қазір, нақ өзіндей үлгермегенімен, бәрі де *бір қыдыру* тәуірленіп қалғанға ұқсайды (Ө. Қанахин, Жас дәурен). **Бір мезгіл.** а) *Бір рет, бір дүркін.* Ғани оқыған мектепте де оқушылар аш. Күніне жарты қадақ нан, *бір мезгіл* беретін сылдыр сорпа оқумен шұғылданған жас жігіттерге ас болмады (Ж. Арыстанов, Жалын.). ә) *Бір ауық, бір мезет.*— Ылғи сарт-сұрт асық ойнай бергенше, *бір мезгіл* жұмыс та істеген дұрыс қой, қара торғайды қарсы алу керек (Ө. Тұрманжанов, Адам.). **Бір мезет.** *Бір кезде, бір уақытта. Бір мезет* қыз қиялы кетті самғап, Күн астын, жердің бетін өтті шарлап. Іздейді

жанға сая — жайлы мекен, Япырым-ай, көңіл шіркін неткен сандақ (С. Омаров, Сәукен). Енді *бір мезетте* құйын көтерген шөп-шалам ойнағы ішінде бұлыңдап ұшқан хат қиқымына көзі түскенде бір ала құйын сезім шым-шым басылып саябыр тапты (Н. Сералиев, Ыстық күлше). *Бір мезетте* әлгі бір боз мұнар сыртынан жалғыз-жарым шынжыр шақыры естіле бастады (Ә. Сәрсенбаев, Капитан.). **Бір мойын.** *Өз дегенінен басқаға көнбейтін қасарыспа, қырсық.* Істің оң мен терісін айтып жатсаң да мәмлеге келе қоюды білмейтін *бір мойын* адамның қылығына не істер айлаң бар («Лен. жас»). **Бір мінез.** *Әрқашан бір қалыптан аспайтын, бір тоға.* Сегіз қырлы, жалғыз сырлы, Қайда барсаң *бір мінез,* Артын байқап, терең ойлап, Мағыналы сөйлер сөз (Ш. Иманбаева, Шығ.) **Бір орайда.** *Бірде, ретті келген бір ыңғайда. Бір орайда* адамгершілік, достық көмек деген жайлар сөз болған (М. Әуезов, Шығ.). **Бір ошар.** *Бір қауым, бірсыпыра.*—... Осыдан он шақты жыл бұрын осы үйдегі бір топ адамның Сиқынбайдан басқа бірі де жоқ еді, енді *бір ошар* жан болып отыр («Қаз. әдеб.»). **Бір өңкей.** *Ылғи бір түрлі, бір қалыпты.* Аспан да, жер де *бір өңкей* ақ түтекке айналып, енді тіпті қай тұста не бар екенін білу мүмкін болмай барады (Б. Соқпақбаев, Жекпе-жек). Күзде оқу басталып, жеті менен он жастың аралығындағы өңшең *бір өңкей* балалар бірінші класқа бардық (С. Мұратбеков, Көкорай). **Бір рет.** *Бір күні, бірде. Бір рет* баяғы ауылнай үйіндегі «апатайына» барған еді (М. Тиесов, Әңгім.). **Бір сапар.** *Бір жолы. Бір сапар* мен де көппен бірге ауылдан шығып осы көлге келіп жайбарақат дем алып қайтқаным бар-ды («Лен. жас»). **Бір сарынды.** *Бір ыңғай, бір үнді.* Замана ағымын, халықтың, елдің тағдырын толғаушы — Бұқар, Мұрат, Шортанбай, Дулаттар *бір сарынды* ақындар («Қаз. әдеб.»). **Бір сәрі.** *Дұрыс, жөн.* Бай қоныс ауса *бір сәрі.* Байға қосылып сенің ауылыңнан қаншама үй шұбырындыға ұшырады (Ш. Хұсайынов, Таныс адам.). **Бір сәт.** *Кенет; бір мезет.* Үш ай бойы шешілмеген жұмбақ *бір сәтте* шешілгелі, үш ай бойы алдымда тұрған үміт *бір сәтте* жоқ болғалы тұр (Ж. Саин, Жол үстінде). *Бір сәт* Клаус көз алдынан Ганстың балалық шағы елестеп өтті (Қ. Исабаев, Ажал құрсауы.). Енді *бір сәт* ойлап көрсе, бұлар айналысқан штрек бойында әзірге аварияға ұшырарлықтай хауіп-қатер де көріне қоймаған сияқты болатын (Б. Тоқтаров, Қырандар.). **Бір сөзді.** *Екі сөйлемейтін, айтқанында тұратын.* Өзін бұрын жақсылап танымасақ та, ол жайында елдің айтқанына қарап *бір сөзді* жігіт деп білетінбіз («Лен. жас»). **Бір тал.** *Қылтиған, жалғыз.* Қазіргі Алдаркөсе — Біләлов. Бұл да көсе, иегінде мұның да *бір тал* сақал жоқ (Ә. Нұршайықов, Жомарт өлке). **Бір табан.** *Біршама, сәл де болса.* Колхоз темір жол станциясы мен аудан орталығының екі арасына орналасқан. Бізге *бір табан* жақын: қырық-елу шақырымдай жерде (Ө. Қанахин, Жер бас.). Енді одан гөрі *бір табан* берірек келейік (Б. Соқпақбаев, Өзім тур.). Камерунның астанасында өткізілген соңғы кездесуде алаң иелері алдымен есеп ашып, жеңіске *бір табан* жақындап еді («Лен. жас»). **Бір тай.** *Бір бума, бір тең.* Сонымен, құда түсіп, қалың малға мың алтын, гауһар көзді жүзік, мың тесік теңге, *бір тай* жібек мата, бес құты әтір май сұрады («Мың бір түн»). **Бір тайпы ел.** *Жеке-дара, өз алдына бір бөлек.* Үшкүмбездің бауырындағы *бір тайпы ел* Айқынды «бала батыр» атап, даңқын аспандатып жіберген еді (Ә. Әбішев, Терең тамыр.). Балықшылар *бір тайпы ел;* шетінен сіңірі шыққан кедей, қарға адым жерге аударылып қона алмай, қысы-жазы жер қазбалары жар басында жарбиып тұратын шерменде (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). **Бір талай.** *Біраз, бірсыпыра.* Көкеңді де әлдилеп Отырғанда мен талай. Ұялаушы ед ойға кеп, Тәтті қиял *бір талай* (Айманкүл, Ана сыры). **Бір тегіс.** *Біркелкі, бірыңғай.* Жүннің түсі ақ және сарғыштау, ақ түстісі де кездеседі, бұйрасы ұсақ, әрі шоқтың бойына *бір тегіс* тартылған (Р. Әбуғалиев, Қой өсірушілік.). **Бір тоға.** *Бір мінез.* Мен мастеріміз Ахметовты ойлап жатырмын: мінезі *бір тоға,* жақсы адам еді, маған өзіне сенгендей сенуші еді (Б. Соқпақбаев, Өлгендер.). Сонда менің бір байқағаным: еңбекке зейінді, қолың шебер, *бір тоға* көрінесің (Ж. Жұмақанов, Соқпақ.). Дөңгелек қара сұр жүзді, етті, таңқы танау, ақылды қоңыр көзді, сыр бермес, *бір тоға* адам еді («Қаз. әдеб.»). **Бір төбе.** *Жеке дара, бір басқа, ерекше.* Ақтөбе, сен де өзгеден *бір төбесің.* Көтерген көкке жырдың мәртебесін. Көзімнен көлденеңдеп сен кетпейсің, Алдыма жайып салса жер төресін (Ғ. Қайырбеков, Большевик

ауыл). Қоғамдық өндірісті дамытуда, оның экономикалық тиімділігін одан сайын арттыра түсуде білімнің тигізер әсері өз алдына *бір төбе* («Лен. жас»). **Бір тұтам.** *Қып-қысқа, келте.* Арамзаның құйрығы *бір-ақ тұтам* деген бар. Біз жыланнан қорықпаймыз Кесетін оны берен бар (Жамбыл, Шығ.). Қалың жұрттың арасынан безеу бетті Төлжанды іздеймін. «Ернің салпиып, *бір тұтам* мойнында қылқыңдатып тұрған шығарсың бір жерде» (С. Шаймерденов, Қарғаш). **Бір тұтас.** *Бөлінбейтін бір бүтін.* Алайда, поэмада уақиғалардың дәйекті дамуына негізделген *бір тұтас* сюжет жоқ (М. Қаратаев, Туған әдеб.). Таудың тасы жай тас емес, әлдене замандарда болып өткен вулкан әлегінен туып қалған *бір тұтас* порода (тас бітімі) екен (М. Әуезов, Индия очерк.). Біздің халқымыз *бір тұтас* және тас түйіндей берік, қажырлы еңбегімен ол еліміздің қуатын нығайта түсуде («Лен. жас»). **Бір түрлі.** *Сондайлық өзгеше, ерекше бір.* Нұғыманның отырысы, қалам ұстаған нәзік саусағы, сыпайы киімі *бір түрлі* жарасымды (Б. Майлин, Шығ.). Кәкібай Ержан үндемегесін *бір түрлі* ыңғайсызданып, «я-а» деп күрсінді де орнына кетті (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.). Көркемтайдың өзіне де ақыл кіре бастап, жасы 11—12-ге жеткен кезде *бір түрлі* жақсы қалыппен өсті (С. Дөнентаев, Шығ.). **Бір уыс.** *Алақан аясы толарлықтай. Бір уыс* салқын топырақ алып, бетіме бастым, иіскеп көрдім: сол баяғы майда қоңыр топырақ, кебексіз ұндай есіліп тұр (Ж. Жұмақанов, Қаракөз.). Жәмшиттен екі нәрсе қалған еді, Демеңдер осы айтқанды жалған еді: Кеямұрыс Адам-ата қабірінен, *Бір уыс* топырақты алған еді (Т. Ізтілеуов, Рүстем.). **Бір уыс болды.** *Кіпкішкентай, шүйкедей болды.* Көңілге болмаса әжесі бұрынғыдан да гөрі қартайып, тобы кішірейіп, *бір уыс боп* шөгіп қалған сияқты (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). Қалтайдың дағдылы ұзынтұра бойы қазір жоқ, оның бар денесі *бір уыс болып* жермен жер болып кеткен (Ә. Көшімов, Қарт аңшы.). Ол төрдегі ағаш төсекте жатқан әкесін көрді. Бұрын жауырыны қақпақтай еді, қазір *бір уыс болып* шөгіп кетіпті («Лен. жас»). **Бір ұрт кетті.** *Қисықтық, қыңырлық істеді.* Оның бер жағында болыс інісіне Түбектегі қалың Торжымбайдың тізгінін бермей, *бір ұрт кетіп* жүрген жайы бар еді (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). **Бір ұрттам.** *Өте аз сұйықтық мөлшері.* Жақын отырып, бес тал көде мен *бір ұрттам* суға да жанталасып таласа берсін дегені (М. Әуезов, Шығ.). Лағнат келген жоқшылық-ай! Осының бәрі үйде *бір ұрттам* сүттің болмағандығынан ғой! (Б. Соқпақбаев, Балалық шақ.). **Бір үзім.** *Азғантай ғана, бір жапырақ.* Досымбек екеуміз ылғи бір жатып, бір тұрамыз, *бір үзім* нанға шейін бөліп жейміз (С. Омаров, Тастағы жазу). Қысқа шашы желкілдей, жол үстінде жүгірген әлгі баланың тасқа шоқитып қойып кеткені — әлде кімнен түсіп қалған *бір үзім* нан еді («Қаз. әдеб.»). **Бір шөкім.** *Титтей, құртақандай.* Аспанда *бір шөкім* бұлт жоқ. Майда самал баяу ғана еседі («Лен. жас»). Арқа қозып, тасыды ма қан шындап, Ақпырт терге асауларша ол малшынбақ, Бір уыс боп, *бір шөкім* боп құнысты-ау, Туар күйдің құдіретімен қалшылдап (М. Сатыбалдиев, Шула толқын). **Бір шыбықпен айдады.** *Тықсырып, дегенін істетті.* Бастығы Мұса ғып, ол өзінен туған балаларын кішкене күнінен *бір шыбықпен айдап,* қабағының қағуына бағындырып өсірген (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз.). Әлсізге әлдінің еткен азары, жоққа жоқтың жасаған қорлығы, миллионды бір кісі, мыңды жалғыз қожа *бір шыбықпен айдаған* зорлық-зомбылық ғасырлары («Қаз. әдеб.»). **Бір ізділік.** а) *Бір сарынды, бір қалыпты.* Шынын айту керек, көп жағдайда комсомол жиналысын өткізу *бір ізділікке,* бір сарындылыққа салынып кеткен («Лен. жас»). ә) *Қалыпқа келгендік, жүйелілік.* **Бірінен соң бірі.** *Іркес-тіркес, қатарынан.* Агрегат артында *бірінен соң бірі* шұбай тізіліп сабан көпінелері ғана қалады (Ә. Нұршайықов, Тың астығы). Бесжылдықтар *бірінен соң бірі* кеп, Заводтар сап, колхоздар да ірілеп (Партия тур. өлеңд.). **Бірін қалдырмады.** *Бәрін тегіс қамтыды.* Ысқақ асықтырып, үйінің ішіндегі жұмысқа жарайтын адамдарын *бірін қалдырмай* жинап алып, Көркемтайдың ауласына жүре берді (С. Дөнентаев, Шығ.). **Бір ішек.** а) *Тамақты аз ішетін, аш өзегіне жабысқан.* Бірақ майлы етті ауыздарына алмайды, *бір ішек,* түлкі құрсақ жандар екен (Ж. Жұмақанов, Үш бәйтерек). ә) *Өте жүйрік.* Түлкінің де асқан айлакер, итті маңайлатпайтын *бір ішек* жүйрігі болады (Ш. Айманов, Қыран тур.).

БІР[2] е с. **1.** *Анық-қанығы дүдәмал, белгісіз, неғайбіл.* Осыған қарағанда да

дастанда кісі қызығарлық, назар тартарлық *бір* қасиет барлығы сезіледі (М. Қаратаев, Туған әдеб.). Жылқының жатқан жерінен жарты көш шыққан кезде артымыздан жұлындай болып *бір* қара көрінді (Ғ. Мүсірепов, Шығ.). Әлден уақытта машина «Коммунизм» совхозының *бір* фермасына кеп тұра қалды (С. Бегалин, Мектеп түлек.). 2. *Көптің құрамындағы жалғызы.* Төрт жігіттің *бірі* құда жігіт, өзгелері ауыл жігіттері еді (С. Сейфуллин, Әңгім.). Уезд сайын тілшілер ұйымы болсын. Міне, біздің назар салатын жұмысымыздың *бірі* (С. Дөнентаев, Шығ.). Байтастың мінгені Құнанбайдың қаражал бурыл аты, дәмелі бәйге аттың *бірі* еді (М. Әуезов, Шығ.). 3. *Ешқандай, ешбір.* Шешеге де тартпаған *бір* мінезі, Күлімдеп күн сәулелі жарқын жүзі. Көктен түскен ғаyһардай көзді ұялтқан, Қол жетпес күн сұлудың нағыз өзі (С. Торайғыров, Шығ.). Үсті-басы қара күйе болса да, Мейлі, әлі қажеттігі қаншама! «Жуынбаймын» деумен жасын *бір* тыймай, Жатты ақыры әуре қылып соншама (Ә. Ахметов, Өшп. жалын).

БІР[3] сын. *Пара-пар, тең, бірдей.* Аяз да *бір,* от та *бір,* Қарыр темір басқандай. Ыққа бұрыл, тоқтай тұр, Бетті ысқыла жасқанбай (М. Әлімбаев, Таңд.). Алалап, бөліп-жарып отырған ешкім жоқ мұнда, бәрің *бірсің* мен үшін («Лен. жас»).

БІР[4] үст. *Аралас-құралас, бірге.* Сенің «өмір сүргенің» Жолдас болды жырақта. Өзіңмен *бір* жүрмедім Жүрегің жүр бірақта (Н. Әлімқұлов, Алатау.). Қазір ойын үстінде де Ержан Раушанға ұрлығы *бір* сырлас адамдай құпия пішінмен қарап қояды (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.).

БІРАДАР ир. зат. 1. Көне. *Тақуа діндар адам, сопы.*— Бәрекелде, мыналардың бәрі *бірадар* ғой шетінен, Пернебай, сен де ішпессің, әлде?— деп өзінің кесесіне лақылдата молырақ құйып, суша сімірді (Қ. Сатыбалдин, Қараторғай). Өйткені *бірадар* қарт малшы күн ұясына батып бара жатқанын көреді де, құдай алдындағы парызын өтеуге асығып ауылға оза жөнелді (Ә. Көшімов, Екі бүркіт.). 2. Сөйл. *Жақын дос-жар.* Қарқаралыдан құйрықсыз шай табатын жерің болса, маған да айт, *бірадар!*— деп дүкенші шайды алып қайта тығып қойды (І. Жансүгіров, Әңгім.). Апырай, *бірадар*-ай, осыған неге уақыт өткізесіз?— деді Кәкенов ыза кернеп (З. Шашкин, Тоқаш Бокин).

БІРАЗ үст. 1. *Аса көп болмаса да, бірсыпыра, біршама.* Асқардың табыстарымен бірге, өсудің қиыншылығынан туған *біраз* қателері де бар (С. Ерубаев, Шығ.). Осы қазірдің өзінде Тілеубек *біраз* жұмбаққа түсініп үлгірді (Р. Райымқұлов, Бұрылыстар). Жігіттердің жатқан жерінен *біраз* жерде қазақ ауылдары көрінеді (І. Жансүгіров, Шығ.). 2. *Көп емес шамалы, аз ғана.* Қайтсем екен деп *біраз* ойлап тұрдым да, тәуекел деп, ішке кезексіз кірмек болдым (Б. Соқпақбаев, Менің атым.). Сейтіп көршімнің соңынан тағы *біраз* қарап тұрдым да, мен де үйге қарай бұрылып кеттім (К. Асанов, Сағыныш). ◆ **Біраздан бері.** *Бірталай уақыттан бергі жерде. Біраздан бері* қазақ әдебиетін, әсіресе, қазақтың халық әдебиетін жинаушылар көбейе бастады (С. Сейфуллин, Шығ.). *Біраздан бері* шаратылмаған мұртқа да дес тиетін бір сәт таянған сияқты (Ғ. Сыланов, Очерк.). **Біраздан кейін.** *Азынаулақ уақыт өткен соң. Біраздан кейін* үйлері биік те, әдемі де көшеге келіп шықтық (С. Мұқанов, Алып. адым.). *Біраздан кейін* Сәрсенбей шинелін киіп малға шықты (С. Бегалин, Төлбасы.). **Біраздан соң.** *Аз уақыттан кейін.*— Апыр-ай, енді *біраздан соң* бізді жан-жаққа тарап кетеді дегенге кім сенеді (Ә. Нұршайықов, Алтын.). **Біраз жерге апарып тастады.** *Жер жебіріне жеткізе қатты сөкті.*— Өзі бір жексұрындау кісі. Кейде маған да ұят қалжыңдар айтады,— деп Сақыш Кенбай Каримовты *біраз жерге апарып тастады* да, тағы да бір үшінші жайға көшті (М. Дүйсенов, Гүлжан.). Бірақ проводник өз кінәсын мойындап, кешірім сұрауды орнына, әлгі кісіні жазғырып, *біраз жерге апарып тастады* («Лен. жас»).

БІРАЗЫРАҚ сын. *Аздаған, шамалы.*— Шырағым, Игібай, *біразырақ* ойын болды, қабым толған шойын болды; бұрынғы беретінім тоқты еді, енді қоңыр шұнақ қойым болды (Ө. Қанахин, Дәмелі). Ай қарады, ай қарады, Терезеден телміріп. Сүюші ең ғой таңғы ауаны, *Біразырақ* кел жүріп (С. Мәуленов, Жолдас).

БІРАҚ шы л. *Алайда, әйтсе де, дегенмен.* Аудан есікті кең ашты, *бірақ* алғашқы бетте-ақ Жомарт аудан басшыларының кейбіреуінің көңіліне ылғал салды (Ғ. Мұстафин, Миллионер). Жабай: атты жақсы мінетін, киімді жақсы киетін, үй

ішін таза ұстайтын, *бірақ* мал жимайтын адам болады (С. Мұқанов, Менің мектеп.). Сақыш бұл екі келіншектің сөзіне араласа алмайды, *бірақ* әңгімелерін жаратпай бет-аузын тырақ еткізіп, теріс айнала берді (М. Дүйсенов, Гүлжан.).

БІР-АҚ сан. 1. *Тек қана, жалғыз.* Адамға жақын табу, жан ашыр табу — өмірде *бір-ақ* рет болатын... аса қымбатты, аса тәтті нәрсе (С. Ерубаев, Шығ.). Күн тәртібінде *бір-ақ* мәселе — тәртіпті үлгілі оқушы болу үшін бұдан былай не істеуім керек? (Б. Соқпақбаев, Өзім тур.). 2. *Дереу, табан аузында, бірден.* Сөмпек кездескен бір көлікті жалдады да келген ізімен ауылына *бір-ақ* тартты (С. Мұқанов, Шығ.). Бұл қаскүнем жандардан бір есептен өстіп кек алған да жөн. Енді төбелерінен жай түскенін ертең таң атқасын *бір-ақ* білер (А. Байтанаев, Қайнар.).

БІР-БІР үст. *Жалғыздан ғана, бірден.* Онан соң еңбек ақысына кейін *бір-бір* тоқтыдан беретін боп, Дос пен Төлеудің жігіттерін жалдап, көк құрақты құлатып тастады (Ә. Нұрпейісов, Сергелдең). Қыр басынан етекке қарай болат арқан тартып, он шақты жұмысшы жүр. Қолдарында *бір-бір* қышқаш (Ғ. Мұстафин, Қарағанды).— Сол қымыздан *бір-бір* кесе ғана құйып берсең қайтеді? — деді Сұлтан (Б. Соқпақбаев, Өзім тур.). ◆ **Кезден бір-бір ұшты.** *Зарықты, аңсады. Көзінен* жан мақлұқтың *бір-бір ұшар.* Кешегі тамылжыған жаздың күні (Б. Майлин, Шығ.). Өткен қыс малшыларға ауыр тиді ғой, бәрінен де жем-шөп жайы қинады. Тіпті сабанның өзі *көзден бір-бір ұшты-ау* («Лен. жас»). Оларды көргенде, шағаладай жарқырап тұрған шатырлы совхоз үйлері *көзіңнен бір-бір ұшады* («Қаз. әдеб.»).

БІР-БІРДЕН үст. *Жеке-жеке, жалғыз-жалғыздан.*— *Бір-бірден* тауып, аман лақтап берсе, сол төлді аман өсірсең де олжаң аз болмас,— деді Қазыхан (С. Бегалин, Төлбасы.). Офицерлер, солдаттар, Шығындар қане, *бір-бірден.* Көрінеді бір сәуле Тым-тырыс мынау үңгірден (Қ. Аманжолов, Шығ.).

БІР-БІРЛЕП үст. *Бірінен соң бірі, біртіндеп.* Шешесі барындағы көрген қызықтары, ойнаған ойындары, шешесінің бауырына қысып-қысып сүйгендері Көркемтайдың көзінің алдынан *бір-бірлеп* өтіп жатты (С. Дөнентаев, Шығ.). Ондағысы сары майдай сақтап, кейде осындай бір кездерде *бір-бірлеп* беріп жүрген конфетінен қалып қойғаны жоқ па екен деп ойлап еді (Р. Райымқұлов, Бұрылыстар). Әлі үндемеген қалпы Айғанша үстіндегі киімдерін асықпай, *бір-бірлеп* шешіп үйдің ортасына үйді де, сосын ғана ағасына бұрылды (Ә. Нұрпейісов, Сергелдең).

БІР-БІРІ е с. *Екеу ара, өзді-өзі.* Жарайды, ерім. Көкек өз атын өзі шақырады дегендей екеуің де *бір-біріңді* мақтап алдыңдар (Б. Момышұлы, Москва.). Жазған балалар хаттарын, Қағаз алып қолына. Жазған болар сап қатып, *Бір-бірінің* жонына (Қ. Аманжолов, Шығ.).

БІР-БІРІНДЕП үст. сөйл. *Бір-бірлеп.* Қабырғасын қаусатып, *Бір-бірінде* сөксе де, Қабағын жаппас ер керек Біздің бүйткен бұл іске (Махамбет, Өлеңд.).

БІРГЕ үст. *Қоса қабат, қатар.* Сәттібек ауылдарымен *бірге* отыратындарының азғана жылқылары жүйрік болады (С. Сейфуллин, Шығ.).— Аққаты бойында менімен *бірге* оқыған Хакім Жұнысов дейтін мектептесім бар еді, мүмкін сіз оны білетін де шығарсыз (Х. Есенжанов, Тар кезең). Қабыштың көңілінде қолына түспей алыстап кеткен сұлуды арманмен сүюмен *бірге,* үлкен намыспен жек көру де бар еді, (М. Әуезов, Қараш.). Бірге тумақ бар, *бірге* өлмек жоқ (Мақал). ◆ **Бірге туған.** *Туысы бір, ағайынды.* Хажы заманды түгіл *бірге туған* ағасын түзей алмай: «Бишараға нысап, таупық бере гөр»— деп құдайына жалбарынады (Ғ. Мұстафин, Көз көрген).

БІРДЕ[1] үст. *Бір сапар, бір жолы.* Атасы сирек айтатын осы сөзде зілдей ауырлық барын іштей сезінеді, мағынасын түсіне алмайды. *Бірде* сұрап та қойды (З. Иманбаев, Солм. гүл.). *Бірде* жақын ағайынымыз Қапекең үйі мен Қожатай Мағзұм үйлерінің аттарын мініп, Әзімхан деген ағайын жігіт екеуміз қашып кетіп едік (С. Сейфуллин, Тар жол.).

БІРДЕ[2] ш ы л. *Кейде, кей кезде.* Ақ түтек қар арасынан *бірде* сұр шинель, *бірде* найза ұшы қылт-қылт етеді (Ә. Нұрпейісов, Сергелдең). Атыстың да берекесі қаша бастады. *Бірде* тасырлап жиі атылса, бірде сиреп барып жалғыз оқ тарс етеді (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.). ◆ **Бірде болмаса бірде.** *Әйтеуір бір.* Өстіп творчество адамы өзінің тәжірибесіндегі

ісінен керегін іріктеп, оны қайта-қайта өзгертіп *бірде болмаса бірде* алға қойылған мәселені шешеді (М. Мұқанов, Бақылау.).

БІРДЕ-БІР е с. *Ешқандай, ешбір.* Күздікүні қаз қайтар кезде қазақ жазушыларының *бірде-бірі* «Шалқарға келмейтініне» таңданады екен (Ғ. Мүсірепов, Кездесп. кет.). Өзі өлмей *бірде-бір* жау танкін, *бірде-бір* жау солдатын ілгері бастырмауға серт еткен ерлер тұлғасы осы (Ж. Саин, Жол үсті.). Ганстың есіне «осылай істегенің жөн» дегендей *бірде-бір* сәтті ой түспеді (Қ. Исабаев, Ажал құрсауы.).

БІРДЕ-ЕКІЛІ с а н. с ө й л. Бірді-екілі. Жұртқа мәлім мақалдарды сөз еткеннен гөрі, біз әлі көпке жаппай белгілі бола қоймаған, сол Отан соғысы жылдарында туған *бірде-екілі* мақалға тоқталайық (М. Әлімбаев, Өрнекті сөз.). Баспасөз бетінде бірнеше жазушы, сыншылар стиль төңірегінде *бірде-екілі* мақала жазумен тынды («Қаз. әдеб.»).

БІРДЕЙ ү с т. 1. *Артық кемі жоқ тепе-тең, пара-пар.* Кереге тұтас кілем ұсталған. Әдейі жасатқандай, бәрінің өресі *бірдей,* түктері мен түстері үйлес (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). Бұл құрғыр мақтаның шабысы деген инемен құдық қазғанмен *бірдей* екен (А. Тоқмағамбетов, Әке.). Тумасаң да туған баламдай болып едің. Жапар екеуіңнің маған алалығың жоқ, екеуіңді де *бірдей* көрем (Т. Ахтанов, Дала сыры.). 2. *Қатарынан, бірінің үстіне бірі.* Соғыстың алғашқы күндерінде Дәметкен екі ұлын *бірдей* майданға аттандырып еді, екеуі де үйіне оралған жоқ (С. Мұқанов, Аспаз).— Апыр-ау, батыр, тар қапас, тас қамауға *бірдей* түскен жоқ па едік, тым болмаса айыбымды айтып өлтірсеңші (Ш. Хұсайынов, Таныс адам.).— Сен де естіген шығарсың. Еркіннің атасы мен анасы *бірдей* қайтыс болғанын,— деп ол менің бетіме қарады (К. Асанов, Сағыныш). ◆ Екі бірдей. *Бірі-бірінен кем соқпайтын.*— Жоқ, тал түсте, төрт көздерінің түгелінде алып кеп, үйіме кіргізіп алам.— Оны істете ме? *Екі бірдей* ағасы бар (Ә. Нұрпейісов, Сергелдең). Өзің бір, барқытта басың қалғыр кемпір екенсің, *екі бірдей* қамзолың бар ғой (С. Жүнісов, Жапанда.). Көз алдымда *екі бірдей* көрініс, *екі бірдей* сурет. Соның бірінде мектеп шежірем маған тарих сахнасындай көрінеді (Қ. Сәрсекеев, Кілт).

БІРДЕЙЛЕ е т. *Тепе-тең ету.* Онда да ережедегі тәртіп бойынша алақанын алақанына қойып, аяғының ұштарын *бірдейлей,* сіресіп отырып әңгімелеседі (Р. Тоқтаров, Ертіс.).

БІРДЕЙЛЕН *Бірдейле етістігінен жасалған өздік етіс.*

БІРДЕЙЛЕС[1] е т. *Теңесу, қатар түсу.* Мен қалайша жалшы жұмыскермен *бірдейлесем,* мен бұл малды, бұл «даражаны» одан тартып алып па едім?— дейді бай мен төре (С. Сейфуллин, Шығ.).

БІРДЕЙЛЕС[2] с ы н. *Дәрежесі тепе-тең, қатарма-қатар.*

БІРДЕЙЛЕСТІР *Бірдейлес етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Машинаны жүн қырқуға даярлау жұмысын тарақ пен жүзді *бірдейлестіруден* және машинаның детальдарының дұрыс орналасқанын тексеруден бастаған жөн (Шопан серігі).

БІРДЕЙЛЕУ *Бірдейле етістігінің қимыл атауы.*

БІРДЕЙЛІК з а т. *Тепе-теңдік, парапарлық.* Оның бір пәлесі — дос кісілердің арасында да *бірдейлік* бола бермейді (Ә. Нұрпейісов, Сергелдең). Әрбіреудің тілін, өнерін білген кісі онымен *бірдейлік* дауасына кіреді (Абай, Шығ.).

БІРДЕМЕ е с. с ө й л. *Дәлдігі белгісіз бір нәрсе, бірдеңе.* Қасен *бірдеме* есіне түскендей алақанымен Қапанды жауырынға қағып қалды (Б. Майлин, Шығ.). Нұрман тағы *бірдеме* деп ақтала беріп еді, Ербол басып тастады (З. Шашкин, Сенім). Граф *бірдеме* ойына түскендей орнынан түрегеліп темір шкафтан екінші бір папканы алды (І. Есенберлин, Қаһар).

БІРДЕН ү с т. 1. *Салған жерден, тез.* Фаэтон үстінде отырған әйелдің Ольга ханум екенін қыз *бірден* таныды да жалмажан есікке қарай жүгірді (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). Сол жақ, директор кабинетінде, ашық терезе алдында тұрған бейтаныс жігітке екеуінің де көзі *бірден* қадала кетті (М. Иманжанов, Көк белес). 2. *Қатарынан, бір мезетте.* Байжан туған жылы қыс кемпір-шал *бірден* қайтыс болды (Б. Майлин, Шығ.). Ортадағы шаңқан ақ үйдің екі ашпалы сырлы есігін *бірден* ашып мырза үйге енді (Ғ. Мұстафин, Дауыл.).

БІРДЕН-АҚ ү с т. *Салған жерден, тезінен.*

БІРДЕН-БІР с ы н. *Ең басты, негізгі.* Сол турада бағзы біреулерге біраз айтып ұғындырып тастау *б і р д е н-б і р* міндетім секілденіп, тегі тиыштық берер емес (Қ. Сатыбалдин, Қараторғай). Саяси үйірмелер, клубтар, сұрақ-жауап кештері де жастардың ой-өрісін кеңейтудің *б і р д е н-б і р* ұтымды жолы («Лен. жас»).

БІРДЕН-БІРГЕ ү с т. *Бірінен екіншісіне, қолдан-қолға.* Уәде талайларға беріптіміс, Арада сағат өтпей жеріпті-міс. Қуылып *б і р д е н-б і р г е* жексұрын боп, Тың жерге көз бояуға келіпті-міс (Б. Майлин, Шығ.). Кейіннен көтеріліп шығып жалын, Жандыра берді ағашты тұрған қалың. Тұтасып *б і р д е н-б і р г е,* өрт күшейіп, Халықтардың қоймайтұғын болды жанын (Т. Ізтілеуов, Рүстем.).

БІРДЕН-ЕКІ ү с т. с ө й л. *Шұғыл, тез.* Болыстың атқару комитетінің кеңсе үйіне жуықтаған аттылы адамдардың дүбірі *б і р д е н-е к і* молая түсті (Х. Есенжанов, Көп жыл.).— Ереуілшілер бетпе-бет келгесін-ақ *б і р д е н-е к і* кейін шегініңдер (Б. Аманшин, Жар мұңы).

БІРДЕҢЕ е с. с ө й л. **Бірдеме.** Әлгі жігіт жерден дөңгеленген *б і р д е ң е н і* алды да, тұпа-тура бізге қарай жүрді (Б. Қыдырбекұлы, Шойынқұлақ). Дыбысшым Темірке төсектен атып тұрып, иығына *б і р д е ң е н і* асығыс іле салып, асығыс тысқа шықты (Ә. Нұрпейісов, Сергелдең).

БІРДІ-БІРГЕ: **бірді-бірге соқты.** *Кіріспеске кірісіп, бытыстырып шатыстырды.* Менің бір ғұмыр-бақи дихандықпен кәсіп еткен, бірақ жүрген жерінде *б і р д і-б і р г е с о ғ ы с т ы р ы п* жақ-жақ қылмай шықпайтын шалдуар нағашым болды («Лен. жас»). Спектакльде барлық уақиғаға араласып, *б і р д і-б і р г е с о ғ ы п* жүретін екі бейне бар («Қаз. әдеб.»).

БІРДІ-ЕКІЛІ с а н. *Санаулы ғана, азынаулақ; шағын.* Солдат жесірі, солдат мұрагері жайында ең болмағанда *б і р д і-е к і л і* әңгіме жазсам-ау деген мұрат-арман жүрегімде мөлдіреп тұрып қалды (С. Омаров, Дала қызы). Бұл ауыл биыл жаз шыққаннан бері қолдарындағы *б і р д і-е к і л і* қарасын күндіз өріске айдап, Беларанның сыртындағы жазыққа жайып жүр (Ә. Нұрпейісов, Сергелдең). Қолдарындағы *б і р д і-е к і л і* қараларын да қайда, кімге қалдыруды қарастырғандар бар (А. Хангелдин, Табыс. тағдыр.).

БІРЕГЕЙ с ы н. *Маңдай алды, таңдаулы.* «Бітер істің басына жақсы келер қасына» дегендей, аулыңа еліміздің *б і р е г е й* ардагері Ыбырай келіпті (С. Көбеев, Орынд. арман). Көрпеге қарай аяқ көсіліп, бір жұмыс істеп, *б і р е г е й* нәтижеге ие болатын байсалдылықты құптау керек (Р. Райымқұлов, Бұрылыстар). Дәулетімен емес, осындай адамшылық сәулетімен көзге түсіп жүрген *б і р е г е й* азамат ол (Д. Әбілев, Арман.).

БІРЕГЕЙЛІК з а т. *Маңдай алдылық, озғындық.* Біздіңше, әдеби факты жиі-жиі қайталануына қарап бағаланбай, *б і р е г е й л і г і н е* қарай еленуі тиіс (М. Әлімбаев, Өрнекті сөз.). Жылқы — түз малы. Үнемі даланы, көбінесе елсіз сахараны мекендейтін түлік. Осынысына лайық бақташының да *б і р е г е й л і г і н* керек ететін (Ж. Орманбаев, Қос басшы).

БІР-ЕКІ с а н. *Аздаған, бірлі-жарым, көп емес.* Орталық *б і р-е к і* айдың ішінде бес жұз қызметші жібермек. Темір жолды тез жеткізуге төтенше шаралар қолданып жатыр (Ғ. Мұстафин, Қарағанды). Үй иесі үйге *б і р-е к і* рет кіріп ши жақтағы буынтық дүниелерін қарастырып жүрді (С. Бегалин, Таңд. әңгім.).— Атам жуынып болғанша *б і р-е к і* шеге болса да...— деген Бақи сатының орта тұсына жете беріп, ұзақ жөтеле булығып тұрып қалды (Қ. Исабаев, Айқыз).

БІР-ЕКІЛЕП ү с т. *Ақырын жайлап, бірлі-жарымдап.* Келушілердің жанына Сауырбайдың барғанын көріп, әр үйден *б і р-е к і л е п* шыққандар да солай қарай бет алысты (Қ. Исабаев, Айқыз).

БІР-ЕКІЛІ с а н. *Аз ғана, шамалы.* Топтан *б і р-е к і л і* кісі дереу сытылып шығып, жалғыз төбеге қарай желе тепіректейді (М. Әуезов, Абай). Соңғы жылдары шыққан *б і р-е к і л і* халық ақындарының жұқалаң жинағы бізді қанағаттандыра алмайды («Қаз. әдеб.»).

БІРЕН-САРАН ү с т. *Жалғыз-жарым, некен-саяқ.* Енді... Шегетіден ылдиға қарай төте жол қуалап қатынасқан *б і р е н-с а р а н* салт атты жүргінші болмаса көп ағылған ел жоқ (М. Әуезов, Қараш.). Қалаға қатынаған Ебейсін секілді *б і р е н-с а р а н* саудагерлер мен үстібасы сықырлаған кірешілер жол үстінде отырған жалғыз үйге бір-бір қонып кететін (Ә. Нұрпейісов, Сергелдең). Тек көде шөпті қуалай *б і р е н-с а р а н* бөдене жорғалап, күн

шыққанға қуанғандай шегірткелер ғана шырылдайды (І. Есенберлин, Қаһар).

БІРЕН-САРАНДАП үст. *Жалғыз-жарымдап, анда-санда бір.* Қызыл бидайық *бірен-сарандап* сары құлақтанған уақыты да жетті (М. Әуезов, Қарағ.). Атыстар сирей бастады. *Бірен-сарандап* барып, аздан соң мүлдем тоқталды (Ө. Қанахин, Ауыр күн.).

БІРЕР үст. *Ұзын-ырғасы шағын, азын-аулақ, шамалы.* Абай Ербол мен Әйгерімнен қораның іргесі көтерілгені туралы *бірер* сөз сұрап, қайырлы болсын айтты (М. Әуезов, Абай). Жанат алдағы жиналыста жасайтын баяндамасын жазып біткеннен соң *бірер* мәліметтер алуға тосқан еді (Ғ. Мұстафин, Миллионер). Кенжеғұл тізгінін білегіне сала құлаған еді, жарау аты *бірер* ышқынды да басылды (Р. Райымқұлов, Түйелі адам).

БІРЕСЕ шы л. *Кезектестік мәнді білдіретін шылау сөз.* Оразбай бір шынтақтап, бір ытқып отыра қалып, *біресе* тепеңдеп, астындағы тай терісінен жылжып шығып кетеді (М. Әуезов, Абай жолы). *Біресе* қойдым, *біресе* қоймаймын деп сықылықтап күліп, жер тепкілеп бұйра шаш жатыр (М. Иманжанов, Менің махабб.). *Біресе* екі қолымды табалдырықтан асыра сыртқа шығарып, енді аяғымның біреуін табалдырыққа тірей алмай пұшайман болам (Ө. Қанахин, Жер бас.).

БІРЕУ [1] е с. *Белгісіз, бөгде адам.* Үй сыртындағы төбенің басында қойға істеген қарақшыдай жарбиып *біреу* отыр (Б. Майлин, Шығ.). Желкесі күдірейіп, бұғағы әукеше салбырап, қарны шерміген *біреу* барбиған сұқ қолын шошайта сөйлегенде даусы қыр-қыр етеді (Ғ. Мұстафин, Қарағанды). Бұл — Елемес батырақ. Қасында арқалаған жүгі бар, ашаң бет, шоқша сақал *біреу* келеді (С. Ерубаев, Шығ.). ◆ **Біреу болмаса біреу.** *Әйтеуір бір кісі.* Қазір еректеніп тысқа шығу хауіпті, *біреу болмаса біреу* саусағын шошайтып көрсетеді (Р. Тоқтаров, Ертіс.).

БІРЕУ [2] с а н. *Жалғыз ұғымын білдіретін жинақтық сан.* Ендеше мұнда айырмашылықтың себебі неде болды? Оның бір ғана себебі бар. Тек *біреу* ғана! (Ә. Нұршайықов, Алтын.). Балама да, өзіме де аналық ақыңызды кешіңіз. Бір баланы сізден алмас едім, қайтейін бары *біреу*-ақ (Ғ. Мұстафин, Қарағанды). Алтау едік, *біреуі* жоқ, Қайран інім жас шағымда Күйіп өлген жанған отқа Лапылдаған жас жалынға (А. Жұмағалиев, Өшп. жалын). ◆ **Біреуі-бір, екеуі-екі.** *Арасын суытпай, кезекпе-кезек.* Әуелі шабақтар келеді, *біреуі-бір, екеуі-екі* жемді иіскеп, тиіп-қашып, жұлқып өтіп жүрді (Ы. Алтынсарин, Таңд. шығ.). Таң атқан соң қонақ жайғасқан үйге ауыл адамдарының *біреуі-бір, екеуі-екі* келгіштеп тыным таптырған жоқ («Лен. жас»). **Біреуі екеу болды.** *Басына-бас, жанына-жан қосылды, көбейді.* Жаңа бұлмен жамырап саудагерлер, Диханшылар жер жыртып, егін егер. Шаруаның *біреуі екеу болып,* Жаңа төлмен көбейіп дәулет өнер (XVIII—XIX ғ. қаз. ақын.).

БІРЕУ-АҚ үст. *Тек қана жалғыз.*

БІРЕУДЕЙ с ы н. 1. *Әлде кімдей, бөгде, бөтен адамдай.* Ол кісінің соншама әуре-сарсаңға түсіп, тым құрыса дидарласып қайтпақшы боп келген танысы бұрын тіпті көріп-біліспеген *біреудей* тосырқай қарайды («Қаз. әдеб.»). 2. *Жұрт қатарлы, әркімдей-ақ.* Бір оқты Омар бастан асырмадың. Аға ға «өзің біл» деп бас ұрмадың. *Біреудей* шайырлықтан хабарың бар, Бала едің, сабыр ойлап басылмадың (Айтыс).

БІРЕУЛЕП үст. *Жалғыз-жарымдап, жекелеп.* Бұдан кейін Есдәулеттің «Аққояны», оған тетелес Аққірпіктің ала бел «Ақтанауы» келді... Бұлардың соңынан *біреулеп* те, түйдектеп те басқа құнандар да келіп жатыр (Д. Әбілев, Арман.). Расында да ол қала, далада қара малдың етін жеп, қыстығүні жылқы малынан қазақша соғым сояды екен және *біреулеп* емес, бірнешеулеп (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз).

БІРЕУ-МІРЕУ е с. *Әйтеуір бір кісі, бейтаныс әлдекім.* Басқа кісілердің ықыласына қазір оның өзі зар. Жетім баладай *біреу-міреу* маңдайынан сипағанын дәметіп тұрады (Ә. Нұрпейісов, Сергелдең). «Сол сәтте *біреу-міреу* даусымды естіп қойған жоқ па екен?» — деген үрейлі оймен жан-жағына қарады (І. Есенберлин, Айқас). Жалғыз өзім почтаға барып жүргенімді көрген *біреу-міреулер* көкеме не апама жеткізсе, үйдегілерге не бетімді айтам? (Ө. Қанахин, Жас дәурен).

БІРЖОЛА үст. *Үзілді-кесілді, мүлдем; басы бүтін.* Бұл мәселе *біржола* бітсін, оған енді қайтып оралмайтын болайық (М. Иманжанов, Менің махабб.).

Осы тұста сақылдап күлген дауыс шықты. Бұл дауыс Сатқынның *біржола* есін шығарғандай болды (Ғ. Сыланов, Шалқар). Исмайыл дәу қарадан *біржола* құтылдым деп ойлаған, бірақ құтыла алмады (О. Сәрсенбаев, Жалғыз күрке).

БІРЖОЛАТА үст. сөйл. **Біржола.** Жар жиегінен басталған оқтай түзу кең көшелер дәл осы бір шетке таман барған соң әуелгі бағытын *біржолата* жоғалтып, бұлтақтатып кетеді (Ә. Сәрсенбаев, Толқында.). Оқып отырған кітабын қолына алса да, алдындағы дәптерін қалдырғанына қарап, оның *біржолата* кетіп бара жатпағанын сездім (М. Иманжанов, Адам тур.). Сонымен алда әлі үш күннен астам жүріс бар, ақшадан да, тамақтан да екеуміз *біржолата* қол көтердік (Б. Аманшин, Жар мұңы).

БІРКЕЛКІ сын. *Бір қалыпты, теп-тегіс бірыңғай келген.* Соғыс жылында дәрігердің қатты қынжылып, ренішке берілгенін Гүлсім бірінші рет көріп тұр. Салмақты, *біркелкі* жүретін дәрігер бүгін түймесін де сала алмайды (З. Шашкин, Өмір.). Қайша бірсыпыра үйге барды. Барған үйінің бәрі де *біркелкі* аласа, тар, қараңғы, былық (Б. Майлин, Азамат.). Оқтай түзу көшелер, *біркелкі* ақ үйлер, көшенің екі жағында жарыла аққан арық, бой түзген сүмбіл теректер... (С. Мұратбеков, Көкорай).

БІРКЕЛКІЛЕ ет. *Теп-тегіс жасау, бірқалыпты ету.* Аллея бойы бұл күндері тым жинақы. Әлдекімдер шашыраған бұталарды әдемілеп кесіп *біркелкілеп* қойыпты («Лен. жас»).

БІРКЕЛКІЛЕТ *Біркелкіле етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Алдымен киіздің екі басына тиянақ қояды. Мұны киіздің шетін *біркелкілетіп,* ішіне кірігуі үшін жасайды (С. Қасиманов, Қаз. қолөнері).

БІРКЕЛКІЛЕУ [1] *Біркелкіле етістігінің қимыл атауы.*

БІРКЕЛКІЛЕУ [2] сын. *Біріне бірі ұқсас келген, біртектілеу.* Селдір жүйелі орман ағаштарының жоғарыдан төмен қабатына шейін *біркелкілеу* келген ұсақ саңлаулары болады (М. Ахметов, Егін қорғау.).

БІРКЕЛКІЛІК зат. *Біртегіс болушылық, бірыңғайлық, бірқалыптылық.* Биязылау жүн түбіт пен аралық қылшықтан тұрады. Мұның биязы жүн секілді технологиялық ерекшелігі — талшығының жіңішкелігі мен ұзындығының *біркелкілігінде* (Р. Әбуғалиев, Қой өсіруші.). Әсіресе асқазанның сөлі түнде көп шығады. Сол шыққан сөл асқазанның қимыл-әрекетін көбейтіп жібереді, сөйтіп оның *біркелкілігі* бұзылады (М. Қайрақбаев, Ескерм. ауру.).

БІРҚАЗАН зат. *Ұзын тұмсығының астында қалтасы бар ірі су құсы.* Бұл арада тілден бастап үлкендігі анау-мынау қозы-лақтан кем емес қарақаз, *бірқазан* дуадақ, қарабай, қырғауыл мол болатын (І. Есенберлин, Қаһар). Алыстан қарағанда судың беті көрінбейді: үйрек-қаз, аққу, *бірқазандар* иін тіресіп қатар-қатар қалқып қана жүрген іспетті (Ө. Қанахин, Жас дәурен). Шіркін, құс келген кез қандай қызық...! Көкек шақырады, шілік арасында қара құрлар, көкте бозторғай сайрайды. Көлге сары ала қаздар, үйректер, *бірқазандар* келеді (Қ. Сәрсекеев, Кілт.).

БІРҚАТАР үст. *Бірсыпыра, бірқыдыру, едәуір.* Жақыпбек музыка аспаптары жайында және басқа да *бірқатар* мәселелерді шешпек болып колхоз басшыларына кетті (М. Иманжанов, Алғашқы ай.). Әрине, жобадағының бәрін бірден орната алмассың, *бірқатарын* биыл салсақ, *бірқатарын* келесі жылдардың үлесіне қалдырамыз (Ғ. Сыланов, Шалқар). Қазақ ауылына орыстардан ауысқан көрзеңке, қорап сияқты уақ-түйектің *бірқатары* да осы Аякеңнің қолынан тарайтын (Р. Тоқтаров, Ертіс.).

БІРҚИЛЫ сын. сөйл. *Ерекше бір өзгеше, бір түрлі.* Жуынып-шайынған соң кешкі тамаққа бардық. Бұлардың үстел сервиздеуі біздікінен *бірқилы* (Қ. Сатыбалдин, Қараторғай).

БІРҚЫДЫРУ үст. *Бірсыпыра, біраз; едәуір, бірқатар.* Ана бір жолы қалаға келгенде Аралбай Оспан үйіне әдейі соғып, оған *бірқыдыру* ауыр сөз айтқаны бар (С. Омаров, Дала қызы). Таң аппақ атқанда барып орман көрінді. Бірақ, байқаймын, орман әлі *бірқыдыру* жер (Қ. Қайсенов, Жау тылы.). Бетім Таңатар тоғайы, өткен түні жауған ұлпа қар кедірбұдыр даланы *бірқыдыру* тегістеп кеткен, қан сонар (З. Иманбаев, Солм. гүл.).

БІРЛЕП үст. *Біріндеп, жалғыздап.* Жоғары дәрежелі оқу орындарын біз Қа-

зақстанда *бірлеп* емес, ондап санаймыз (Ә. Бірмағамбетов, Қазақст. геогр.).

БІРЛЕС е т. *Тізе қосып, бірігіп ұйымдасу.*— Тілі мен діні бөлек болғанмен, жері мен тағдыры бір орыс жұртшылығымен *бірлеспей* бізге жарық сәуле жоқ сияқты (І. Есенберлин, Қаһар). Жергілікті астыртын ұйыммен *бірлесе* отырып, Закарпатье партизан құрамасы станцияға мұқият барлау жұмысын жүргізген-ді (Қ. Қайсенов, Жау тылы.).

БІРЛЕСТІК з а т. *Бірнеше саладағы ұйымның немесе өндірістің бірігіп, ұйымдасқан түрі.* Көшпелі ауыл біртіндеп отырықшылыққа айналып, шаруалар *бірлестігін* құрды (Ш. Өтепов, Өшп. жалын). Бір күні Лавриненков *бірлестіктің* үлкен бір маңызды жорыққа әзірленіп жатқанын білді де, мүлдем тағатынан айрылды (Қ. Қайсенов, Жау тылы.). *Бірлестік* мүшелері ай сайын екі рет бас құрап, мәжілістерін өткізіп, талапкерлердің жазған шығармаларын талқылап, жөн-жоба көрсетіп отыратын көрінеді (С. Мәуленов, Жер нәрі).

БІРЛЕСТІР *Бірлес етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Совет үкіметінің қазіргі негізгі зор мақсатының бірі — өстіп халықтың өз ортасынан кооперация ашқызып, *бірлестіріп,* ұйымдастырып, халықты алыпсатар, саудагерлерге жегізбеу (С. Сейфуллин, Шығ.). Ауыл-селоның ұсақ шаруаларын *бірлестіріп* колхоз жасаудың қажеттігін бәріміз де білеміз, мұны мезгілі жеткен іс деп ұғамыз (С. Мұқанов, Есею жыл.). Жазушы Асқар тұлғасы арқылы сол кездегі қазақ интеллигенциясының өз тағдырын халық тағдырымен *бірлестірген* ең алдыңғы қатарлы өкілінің бейнесін жасады (Қ. Нұрмаханов, Дос лебізі).

БІРЛЕСТІРУ *Бірлестір етістігінің қимыл атауы.* Жеке тараудан қоғамдық шаруа жасауымыз үшін, жекелерді *бірлестіру* керек емес пе? (С. Мұқанов, Есею жыл.). Енді ауыл шаруашылығын жалпылай *бірлестіру* жұмысына дайындық жүргізіле бастады (І. Есенберлин, Қатерлі.).

БІРЛЕСУ *Бірлес етістігінің қимыл атауы.* Шоқан солтүстіктегі ұлы көршімен рухани *бірлесу* жағын арман етті. (С. Мәуленов, Жер нәрі). Біз, міне, бейбітшілік мінбесінде, Шақырып барлық елді *бірлесуге,* Сақшыдай тұрмыз дүние күзетінде, Біздермен адал жандар тілдесуде (Т. Жабаев, Із).

БІРЛІ-ЕКІЛІ ұ с т. с ө й л. *Бірлі-жарым, аздаған.* Жемтемірлердің ішінде одан басқа *бірлі-екілі* ағылшындар да бар екен (А. Машанов, Жер асты.).— Мүмкін, еңбекшілер деп отырғаныңыз *бірлі-екілі* арызқойлар шығар — деді біреу көлденеңнен (С. Жүнісов, Жапанда.).

БІРЛІ-ЖАРЫМ ұ с т. *Көп емес, бірен-саран, азын-аулақ.* Жапан даланың ортасында орнай бастаған *бірлі-жарым* үйлерге құрылысшы жұрт көше аттарын қойып, оны қастерлеп бақты (С. Мәуленов, Жер нәрі). *Бірлі-жарым* кен зерттейтін инженерлер де мөлшерлі күнге дайындалып келіп, кешікпей кететін-ді (К. Оразалин, Ақ жазық). Ал енді *бірлі-жарым* кежір, керенау табыла қалса, «селеңдеп бос жүреді, не оңар дейсің!»— деп көпшілік ондайды айыптап отырады екен (С. Шаймерденов, Мінез).

БІРЛІ-ЖАРЫМДЫ с ы н. *Болмашы, бірен-саран ғана.* Әйтпесе, *бірлі-жарымды* сөз бүтін аудармаға, шебер еңбекке шіркеу келтіре алмайтыны бесенеден белгілі де ғой (М. Әлімбаев, Өрнекті сөз.). Ауылдар маңында қараң-құрең малдар да аз, *бірлі-жарымды* арқандаулы аттар мен тоқты-торымдар жайылып жүр (Ә. Көшімов, Екі бүркіт). Тергеушілер арасында Рақым да бар. Манадан бері ол да *бірлі-жарымды* сұрақ қоймай отырып еді (Қ. Исабаев, Айқыз).

БІРЛІК з а т. 1. *Бір санының заттанған атауы.*— Отыр!— деді мұғалім, көршімнің фамилиясының тұсына ұзын *«бірлікті»* қойып жатып (К. Асанов, Сағыныш). 2. *Оңға дейінгі бір таңбалы сандардың жалпы атауы. Бірлік,* ондық, жүздік, мыңдық деп топ-топқа бөлініп айтылатын сандарды үйрету әуелгі әдістен гөрі оңайға түсуі мүмкін («Қазақст. мект.»). 3. *Ынтымақтасып біріккен бір ауыздылық.*— Бұндайда *бірлік* керек қой, шырағым... дей беріп еді Әмір, Тұрлыбай оның сөзін бөліп жіберді (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). Армия мен халық жауға қарсы күресте бұрынғыдан да топтаса түсті. *Бірлік* осалдаған жоқ — нығайды, күшейді (Б. Момышұлы, Москва.).— Ал тағдыры бірдің — қазаны да бір. Бір шабақ ұстатсақ та бөліп жеуіміз керек,— деп үнемі *бірлікке* шақыратын (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). 4. Ф и л о с. *Іштей байланысты табиғи бір тұтастық.* Материалистік

биология организмді тіршілік ету ортасымен *бірлікте* қарайды («Халық мұғ.»). Клетканың құрамына кіретін элементтер өлі денелердің құрамындағымен бірдей. Мұның өзі тірі және өлі тағибаттың өзара байланысы мен *бірлігін* көрсетеді («Жалпы биология»).

БІРЛІКСІЗ с ы н. *Ұйымшылдығы жоқ, ынтымақсыз.* Тұтқиылдан тиісетін жау *бірліксіз* ауылдарды қыран жапқандай қылып, шаңырағын ортасына түсіріп кететін («Қаз. әдеб.»).

БІРЛІКТІ с ы н. *Ауыз бірлігі күшті, ынтымақты.* Құдамыз болсын құмырсқа! Өзіміздей тірлікті, Ынтымақты, *бірлікті.* Өсіп-өнген ел екен (Ө. Тұрманжанов, Менің кітабым). Мұндағы отырған жұмыскер жігіттер қырық рудан болса да өз арасында аса *бірлікті* (І. Жансүгіров, Шығ.).

БІРЛІКШІЛ с ы н. *Ынтымақты, ұйымшыл.* Оның ойына темір жолдағы *бірлікшіл,* қайсар жұмысшылар түсті (Ж. Арыстанов, Жалын.).

БІРМЕ-БІР [1] з а т. *Жеке-дара, жекпе-жек.* Ол екі дайда қарсы жағын қиратып шығады; қуса — жетеді, қашса — құтылады, *бірме-бірге* өзі қатарлас балалардың кез келгенін сұлатып салады (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз). Исабек жасында қарулы болатын, әлі де өзін *бірме-бірге* мығым санайтын. Ақ көңіл, алаңғасарлау жан еді (Д. Әбілев, Арман.). Қаратаз ат үстінің ұрысында, *бірме-бірге* келгенде алдырмайтын (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер).

БІРМЕ-БІР [2] с ы н. *Жалғыз ғана, бірден-бір.*— Оның *бірме-бір* емі балшыққа салу — деп Нағима үшін Жанар жауап берді (Т. Ахтанов, Дала сыры). Сол ғасырдың басындағы монғолдар хандығы, түріктердің дүрсуі, қалды, қырық жамау австро-венгер империясының қазіргі мүшкіл халі *бірме-бір* айғақ, тарихи сабақ (Ө. Қанахин, Жас дәурен).

БІРНЕШЕ е с. *Бірсыпыра, бірқатар.* Шілдеде қандай момақан, Толқының майда мақпалдай. *Бірнеше* жұмсақ алақан Көтеріп бара жатқандай (Ғ. Қайырбеков, Құрдас). Солардың бір-екеуіне барсам, ұзақ сөйлесіп, қатарында *бірнеше* күндер жүрсем деп ойлайды (С. Бақбергенов, Біздің колхоз). Саян сабақтан қолы бос кездерін пайдаланып тағы да *бірнеше* модель жасады (С. Шаймерденов, Мезгіл).

БІРНЕШЕУ с а н. *Жалғыз-жарым емес, бірсыпыра, бірқыдыру.* Міне, қойы бар, қозысы бар мыңнан аса малда бұлар біреу емес *бірнешеу* болды (Ә. Қалмырзаев, Ар). Осы әңгіме біздің қолымызға түскенде біз тағы күлістік, күлетінімізге себеп *бірнешеу* (І. Жансүгіров, Әңгім.). Осы сөзінің дәлелі ретінде Қарамжан Абай өлеңдерінен *бірнешеуін* айтып өтті (Ж. Жұмақанов, Солдат.).

БІРОТАЛА ү с т. с ө й л. **Біржола.**

БІРӨҢКЕЙ с ы н. с ө й л. *Кілең бірыңғай, біртектес.* Осы бір аса абыройлы іспен *бірөңкей* шұғылданғанымызға екі жыл («Соц. Қаз.»). Асанәлі қыстауына қонып жатыр. Қыстау — *бірөңкей* бадал төбелердің аржағында («Лен. жас»).

БІРСӘРІ ш ы л. *Өз алдына, былай қойғанда.* Еңбегін жегені *бірсәрі.* Енді міне — өмірін, қыршын өмірін жегенді айтсаңшы (М. Әуезов, Қараш.). Өзі қалай біледі. Жеке басы болса *бірсәрі.* Қасында әкесі келе жатыр (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз). Білегін талса *бірсәрі,* Алғыр ой бірақ талмасын. Сындалы саның салғыртсып, Самарқаусып қалмасын (С. Сейітов, Бетпе-бет).

БІРСЫДЫРҒЫ с ы н. *Азды-көпті, біршама.* Жұмыс кезінде үстіне ілуге жарағанды киетін Ақпан, былайғы уақытта *бірсыдырғы* таза киіммен жүреді екен (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз). Ұлы монғол әулетінің бесінші императоры Шаһ Жаһан бұл тұқымнан **таққа отырғандардың** ішінде Ақбардан **кейінгі** *бірсыдырғы* дұрыстауы (Қ. Сатыбалдин, Қараторғай).

БІРСЫПЫРА ү с т. *Мөлшері біраз, бірқатар, бірқыдыру.* Ескі өмірдің *бірсыпыра* «білгіштері» бетін бері бұрса да, бұртия қарап, аяқтарын сылбыр басып жүр (Ғ. Мұстафин, Қарағанды). Трофимовтар үйден шықты. Ерғали мен Попов шошынған түрде біріне-бірі қарап, *бірсыпыра* отырды (Б. Майлин, Шығ.). Әңгімеге көсіле кіргеннен кейін ол *бірсыпыра* ойында жүрген мәселелердің түйінін ағытты (С. Мәуленов, Жер нәрі).

БІРСІН-БІРСІН ү с т. с ө й л. *Біртін-біртін, еміс-еміс.* Өзін-өзі ойнаған болып алдағысы келгенмен демі дірілдеп, көзіне *бірсін-бірсін* жас келе берді (Р. Тоқ-

таров, Ертіс.). Әлдеқайда алыста салдырап, қатты айдап бара жатқан арба сарыны *бірсін-бірсін* құмығып өшіп барады (А. Нұрманов, Аққу.).

БІРТАЛАЙ үст. *Саны, көлемі бірсыпыра, бірқыдыру, бірқауым.* Сағадаттың табысы, әңгімесі өзгеше оқшау, өзге қыздардан бөлек өмірі, дағдысы, өнері үй ішінде *бірталай* уақыт сөз болысып еді (М. Әуезов, Өскен өркен). Әйелім бөбегін алып колхозда тұратын төркініне кеткеніне *бірталай* күн болған (М. Иманжанов, Адам тур.). Орынқай өз қабілетін шамалай білмеген құсбегінің соңынан *бірталайға* дейін қарап тұрды, содан соң ішек-сілесі қата күлді-ай келіп (Ә. Кешімов, Екі бүркіт).

БІРТАРТАР з а т. *Үшкіл келген кішігірім жаулық.* Ал қара көк аспанның есіктен көрінген бөлшегі бейне бір нілдеп-нілдеп жайып қойған *біртартар* сияқты (Х. Есенжанов, Ақ Жайық).

БІРТЕ-БІРТЕ үст. *Ақырын, жайлап, біртіндеп; бара-бара.* Жүректің терең түбіне орнаған қайғыны өмірге ұмтылған жарқын ой *бірте-бірте* ығыстырып шығара берді (М. Иманжанов, Адам тур.). Пароводың жер тарпыған дүрсілі *бірте-бірте* жақындай түсті (Ө. Қанахин, Мұрагер). *Бірте-бірте* ол алысып-жұлысып ойнайтын ойындарға араласпай, шеттеп, бар қызыққа тек анадайдан сырттай қызыға қарап тұратын болды (С. Мұратбеков, Көкорай). *Бірте-бірте* бұлт қоюланып орман үстінен арқан бойы жоғары көтеріліді де, арты ақ жауынға айналды (Қ. Қайсенов, Жау тылы.).

БІРТЕКТЕС с ы н. *Құрамы жағынан ұқсас, өзара жақын.* Еріген зат көбінесе *біртектес* ерітінді түзейді. Шайға салынған бір қасық қант түгелдей еріп, аздан соң көрінбей кетеді (Н. Нұрахметов, Химия.). Жасы қарайлас *біртектес* ағаштардың көлемі де мейлінше әртүрлі (Ш. Қожахметов, Ғалам ғажап.).

БІРТЕКТІ с ы н. *Ылғи біркелкі, бірөңкей.* Пролетариат *біртекті* емес. Оның ішінде өздерінің саналылық дәрежесі мен өмір тәжірибесі жағынан әртүрлі топтары бар (КПСС тарихы). Казак-орыстар артықша дәрежедегі әскери сословие болды. Бірақ олар *біртекті* болған жоқ (ҚазССР тарихы).

БІРТЕКТІЛЕ е т. *Біртектес етіп, біркелкілеу.*

БІРТЕКТІЛЕУ с ы н. *Түгелдей біркелкі, бірөңкей болмаса да ұқсастау.*

БІРТЕКТІЛІК з а т. *Біркелкі ұқсастық, бір негізділік.*

БІРТОҒА с ы н. *Бір қалыпты, бір мінезді.* Бір адамға қиянат етіп, не бір сабақ жібін сұрамай іліп кетпеген *біртоға* момын, еңбекпен күнін өткізген аяулы жан артында не қалдырды? (З. Шашкин, Сенім). Жарылқасынның мінезі өзінше *біртоға* жан. Ол болымсыз іске ашуланууды, сен ұрсып тұрғанда дәлел іздеп шапылдауды білмейді («Лен. жас»). Өмірде көп сөйлемейтін *біртоға* Жәми бүгін жар астынан шыққан желді күнгі жалын тәрізді (Д. Әбілев, Арман.).

БІРТУМА з а т. *Үлек пен айыр інген буданынан болған бірінші ұрпақ.* Таза қанды нар мен айыр түйенің арасынан шыққан бірінші ұрпақты қазақ *біртума*... деп атайды (Х. Арғынбаев, Қаз. этногр. очерк). Соған қарағанда қазақтардың бірінші ұрпақ буындарын *біртума* деп атауы Мичуриндік биология ілімі тұрғысынан алып қарағанда өте дұрыс (И. Жұмағұлов, Түйе өсіру).

БІРТІН-БІРТІН үст. с ө й л. *Ақырындап, жайлап.* Жиналған жұрт *біртін-біртін* тарап кетті. Бір топ жігіттер мен балалар шетке оқшаулау шығып, айналсоқтап кетпей қойды (С. Омаров, Дала қызы). Шірет *біртін-біртін* жылжи түсті. Бұлар әуелгіде кварталды орап кеткен шіреттің кітапхана тұсында еді, қазір сыртқы темір қақпаның алдында (Қ. Сатыбалдин, Қараторғай). *Біртін-біртін* әлгі қарадәл терезе тұсына келді, іштен дыбыс күткендей, мойнын созып құлақ салды (Р. Райымқұлов, Бұрылыстар).

БІРТІНДЕП үст. 1. *Бірден емес ақырын, жайлап, бірте-бірте.* Дөң жайлауға қарай бұрылған соң-ақ мұның көңілінен күдіктің бәрі *біртіндеп* арыла берді (М. Әуезов, Қараш.). Ұшпалы сұр бұлттар оңтүстікке қарай жылжып ұшып, күннің көзі *біртіндеп* ашыққа шығып, жылы шырайлы нұрын шаша бастайды (Б. Майлин, Шығ.). Шатыр сыртындағылар *біртіндеп* оянып, бұлақтан беттерін шайып, Үкілі тасты аралады (Ғ. Сыланов, Шалқар). 2. *Біріндеп, бір-бірлеп.* Жантас орнынан тұрды. Әуелі жаңа киімдерін өперді. Оған аяқ киімдерін қосты. Үн жоқ. *Біртіндеп* жиыстырып жүр (Ғ. Мұстафин,

Миллионер). Түн қараңғы болатын. Қыздар жатақханасының жарығы *біртіндеп* сөне бастады (А. Жақсыбаев, Менің дос.).

БІРШАМА үст. *Азды-көпті, бірсыпыра, біраз.* Басқа аудандарға қарағанда Қызыл жалаудың халі, оның ішінде біздің халіміз *біршама* жақсы болды (С. Жүнісов, Жапанда.). Би өнерінің тағдыры бұларға қарағанда *біршама*, күрделілеу болғандай (І. Омаров, Серпін). Қали есік алдында әрлі-берлі сенделіп, бұларды күткелі де *біршама* уақыт өткен еді (А. Байтанаев, Жаңғыр.).

БІРЫҢҒАЙ сын. 1. *Түр жағынан өзара ұқсас келген біркелкі, бірдей.* Май айының жылы жаңбырларынан соң *бірыңғай* ашық, ыстық күндер басталып, бозарған өңдер мен кәрі сүйектерге қуат бере түскендей еді (Р. Тоқтаров, Ертіс.). Бутарин осыны айтып тоқтап, қонақтарын нағыз арқар тұқымынан асылданған *бірыңғай* жебе құлақ, ешкі құйрық, алды биік омыраулы ақ қойларға алып келді (С. Бегалин, Уақыт.). Осы кезде дүкеннің есігі шалқасынан ашылып, күлісіп ойнап *бірыңғай* киінген интернат қыздары кіре берді (Р. Тоқтаров, Ертіс.). 2. *Ілгі, тек қана.* Бұдан былай ол Назымның *бірыңғай* үй шаруасымен айналысуын талап етті (Б. Тәжібаев, Қараторғай). Бұлар бұрынғыдай *бірыңғай* теңізге қарамай, тірлігінің бір ұшы малда кетті (Ә. Нұрпейісов, Сергелдең). Құдық суы қазір *бірыңғай* адам ішуге қалды. Су мұқтаждығы уақытша болса да жойылған тәрізді (Ғ. Мұстафин, Қарағанды). 3. *Өз алдына бір бөлек.* Құлаққа тиген хабар екі күн талқыланып, ақыр аяғында он тоғыз бен отыз бірдің арасындағы жігіттер *бірыңғай* жиналып бас қосатынды шығарды (С. Шарипов, Бекболат). Қысқа қара шашы *бірыңғай* жығылмай маңдайына шашырап кетіпті, шашын жуырда өсірген екен, эскерден келген болар (Т. Ахтанов, Дала сыры). ◆ **Бірыңғай қылды.** *Бір ретін тауып, бір жақты етіп тындырды.* Прораб осыдан аз уақыт бұрын берген уәдесін созықтатпай тезінен *бірыңғай қылды* да, бар кінәны балташылар бригадасына итере салды. («Лен. жас»). **Бірыңғай мүше.** Грамм. *Сөйлемде бірдей қызмет атқаратын біркелкі мүше.* Өзара салаласа байланысқан бірнеше біркелкі мүшелерді сөйлемнің *бірыңғай мүшелері* дейміз («Қазіргі. қаз. тілі»).

БІРЫҢҒАЙЛА етт. *Жөнге келтіріп реттеу, тындыру.* Көктем егісін *бірыңғайлап* ап, аз тыныс алғандай болған колхозшылар қауырт еңбек қимылына қайта араласып кетті («Соц. Қаз.»).

БІРЫҢҒАЙЛАН *Бірыңғайла етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Көпір орнатып, өткел жұмысы *бірыңғайланды.* Егін жалпағынан бурылданып, пісіп қалды (С. Бегалин, Уақыт.). Ақыры Қалампырды қатты қинаған «қыз ұзату» мәселесі де *бірыңғайланды* (М. Гумеров, Сүйе ме?).

БІРЫҢҒАЙЛАС[1] *Бірыңғайла етістігінен жасалған ортақ етіс.*

БІРЫҢҒАЙЛАС[2] сын. *Бір-біріне ұқсас, үйлес.* Мәселен, біртүрлі *бірыңғайлас* жұмыстарды атқаратын бір топ адамның жай бірігуі, әсіресе әртүрлі жұмыстарды бірігіп атқару — еңбек процесінің материалдық жағдайында үлкен өзгеріс жасайды (А. Қасымжанов, Диалект. заңдар.).

БІРЫҢҒАЙЛАСУ *Бірыңғайлас етістігінің қимыл атауы.*

БІРЫҢҒАЙЛАТ *Бірыңғайла етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БІРЫҢҒАЙЛАУ[1] сын. *Өз алдына бөлектеу, жекелеу.*— Жеңіп алсаң!— деген дауыс жігіттердің арасынан бұрқ-бұрқ шығып жатыр. Ақбота деген атаның өз балалары — біздер *бірыңғайлау* отыр едік (С. Шарипов, Бекболат).

БІРЫҢҒАЙЛАУ[2] *Бірыңғайла етістігінің қимыл атауы.*

БІРЫҢҒАЙЛЫҚ зат. *Өзара үйлес біркелкілік.* Сөйте тұрса да алғашқы үштөрт жылда жасаған бейнелері ішінде кемшіліктер де болмай қалған жоқ. Жоғарыда айтылған *бірыңғайлық* актер жанын қинамай қоймайды («Қаз. әдеб.»).

БІРІГУ *Бірік етістігінің қимыл атауы.* **Ағзам** мен Жүніс бүкіл Орта Азия күшінің *бірігуін* талап етті (З. Шашкин, Ұядан ұшқан.). Аяқ Сыр, Арал теңізі, Үстірт, Маңғыстау қазақтарының бізбен *бірігуіне* Хиуа ханы қарсы болмас деген үмітіміз бар (І. Есенберлин, Қаһар).

БІРІК етт. 1. *Заттың бір-біріне қосылуы, араласуы.* 2. *Ортақтасып бірлесу.* Бұлар бірін-бірі көптен білгенімен осы оқу жылдарында тым жақын боп кетіп еді. Енді

тілектері де *бірікті* (Р. Райымқұлов, Бұрылыстар). Өз көкіне қыз Назым, Көңілі бітіп толады. Жеңгесімен *бірікті*, Алты ұршық ақ жібек, Алтауына иіртті (Қамбар батыр). Бүгінгі шопан өмірінде өзгерістер көп. Жеке мүдде мен қоғамдық мүдде *бірігін* кеткен (С. Мәуленов, Жер нәрі). 3. *Тізе қосып ұйымдасу.* Көп *бірікше* ел болар, Көп тілегі көл болар (Мақал). Азамат, жүнжіме, жүрме бос, Қол ұстас *бірігін* тізе қос. Ту ұстап дұшпанға барайық, Теңдіктің ұранын салайық (С. Сейфуллин, Шығ.). Қазіргідей түтеп келе жатқан дүлей дауылға ірге алдырмай, шеп құрып тұтасып алып, бір кісідей *бірігін* қимылдауға шақырды (Ә. Нұрпейісов, Сергелдең). Колчактан қашқан бірлі-жарым крестьяндар мен алашордашылардан қашқан қазақ жігіттері *бірігін*, қызыл партизан болып жүргендер де жоқ емес (С. Шарипов, Бекболат). ◆ **Біріккен сөз.** Г р а м м. *Екі не одан да көп түбірлердің бірігуі арқылы жасалған сөз.* Соңғы кезде туған *біріккен сөздердің* этимологиясын ажырату, ертерек заманда біріккен сөздерге қарағанда әлдеқайда жеңіл («Қаз. тілі»).

БІРІКТІР *Бірік етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Келесі жылы жаз шыға Әулиеата, Мерке тұсына көшіп, Қоқан хандығынан жәбір жеген қырғыз елін Сайрам, Шу, Сыр бойының қазақтарымен *біріктіріп*, қайтадан жауына қарсы шықпақ болған (І. Есенберлин, Қаһар). Бұл кезде қала өз маңындағы көптеген қыстақтар мен елді мекендерді *біріктірді* (Д. Досжанов, Құм жұтқан.). ◆ **Ауыз біріктірді.** *Бірігіп ұйымдасты.*— Мәмбет аға, папам жалғыз емес, ел болып *ауыз біріктіріп* жатқан жоқ па? Мына сіз де сол елдің бір батырысыз? (Х. Есенжанов, Тар кезең). Жақыпбек екеуің *ауыз біріктірсеңдер*, сендердің сөздеріңді тыңдамайтын ұлық жоқ (С. Мұқанов, Мәлдір махабб.). **Басын біріктірді.** *Бір орталға жиды, топтады.* Қазіргідей аласапыран кезде ата баладан безіп, әркім өз басын қайттап кететін. Сен болсаң мына жігіттердің *басын біріктіріп* жатырсың (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). Жоқ, *басын біріктіре* алған дұшпаның қайралған қылышпен тең, абайлап ұстамасаң қолыңды алып түседі (І. Есенберлин, Қаһар). **Күш біріктірді.** *Өз ара қосылды, жұмылды.* Жатақтар *күш біріктіріп*, өзенді бөгеп көрген екен, бірақ биыл су қатты тасып, бөгетті бұзып кетіпті (Ө. Қанахин, Жер. бас.). **Сөз біріктірді.** *Уәде байласып, келісті.* Бәрін де ыңғайларынан сезіп отырмын: бұлар *сөз біріктіріп* келгендер (Б. Майлин, Шығ.). Бұрыннан өздері *сөздерін біріктіріп* қойған «жақсылар» көпшілігімен сөзді алып кетті де, қорытынды сөзді Ормекеңе берді (С. Шарипов, Бекболат).

БІРІКТІРУ *Біріктір етістігінің қимыл атауы.* Орталық партия комитетінің тілі— «Правда» газетінің қазіргі қозған жүрген ірі мәселесінің біреуі — көркем әдебиет майданында пролетариат күшін *біріктіру* (С. Мұқанов, Өсу жол.). Славян халықтарын *біріктіру* идеясы Т. Шевченконың алғашқы өленderінен-ақ қылаң берген болатын (Қ. Нұрмаханов, Дос лебізі). Мәселен, Сарыкеңгір деген жерде Айранбай аулында екі дуанның дау-жанжалын, халқын жиып *біріктіруге* тура келді (С. Шарипов, Бекболат).

БІРІКТІРУШІ з а т. *Бір орталға топтап ұйымдастырушы.* Арал теңізінен Алакөлге дейінгі аралықтағы ұланғайыр жер Ақорданға бірігіп, үлкен патшалыққа бағынатын болды. Ақорданы *біріктіруші* Жошының үлкен ұлы Бати еді (Д. Досжанов, Құм жұтқан.). Отанды мекендеген халықтар тілдерінде бірге жырланып, көп ұлтты әдебиеттердің басын қосқан, оларға ортақ тақырып пен идея берген *біріктіруші* күш болды (С. Қирабаев, Октябрь.).

БІРІКТІРІЛ *Біріктір етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Екі қас, екі қаптал және орта ағаш деп аталатын бөлшектер жекежеке шабылып барып *біріктіріледі* (Х. Арғынбаев, Қаз. ер-тұрм.). Сондай-ақ Сібір, Орта Азия, Қазақстан, Закавказьедегі ірі-ірі электр жүйелері өзара *біріктірілген* («Қаз. әдеб.»).

БІРІМЕН-БІРІ ү с т. *Өзді-өзімен, өз ара, өз ішінде.* Организм мүшелері әрқайсысы өз бетінше бөлек тұрған, дербес қызмет атқаратын органдар емес, қайта олар бір-тұтас, *бірімен-бірі* тығыз байланысты өмір сүреді (М. Қайрақбаев, Ескерм. ауру.).

БІРІН-БІРІ ү с т. *Бірі екіншісін, өздіөзін.* Сонан соң әкесі мен баласы *бірін-бірі* біліп, жылап көрісті де әкесі баласын үйге ертіп кетіпті (Қаз. ертегі.). Екі ортада дүниесінің рахатының қайда екенін білмей, *бірін-бірі* аңдып... бір күндік өмірді бар малына сатып алуға таба ал-

майды (Абай, Шыр.). Екеуі осылайша тез үйірлесіп, *бірін-бірі* жатсынбай сөйлесіп келе жатты (Б. Соқпақбаев, Аяжан).

БІРІНДЕ[1] е т. *Бірлі-жарымдау, біренсаранда у.* Тұмсықтан айнала берген тұстың арғы жағындағы беттен *бірінде ген* мал көрінеді («Лен. жас»).

БІРІНДЕ[2] үст. сөйл. Бірде.

БІРІНДЕЙ сын. *Бірі сияқты.* Халелдің ойынша, ол ел сыйлайтын қадірмен адамдардың *бірінде й* көрінуші еді (С. Жүнісов, Жапанда.). Солардың *бірінде й* ақыр аяғында Мәмет әскер қызметіне алынып кетті (С. Шарипов, Бекболат).

БІРІНДЕП үст. 1. *Жалғыз-жарымдап, жекелеп, біртіндеп.* Мұрат рота взводтарын *бірінде п* алғы шепке шығарып алып, үлкен шоссені оң қапталға ала солтүстік шығысқа қарай жүрді (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.). Адамдар бірте-бірте үйқыларынан оянып, далаға шыға бастады. Мосы көтеріліп, шәйнектер *бірінде п* ілінуде (Т. Жармағамбетов, Сентябрь.). Әуелі *бірінде п* қана кішкене ақ үйлер көрінді де, жиілене, қоюлана барып көлемі кең станцияға айналып кетті (С. Шаймерденов, Болашақ.). 2. *Ақырындап, жайлап.* Аттылы жанның тұрпаты Нұрымның көзінен кетіп, ойына оралды — Мәмбеттің өткен кездегі өр сипаты мен өзгеше ерлігі *бірінде п* тізбектеле берді (Х. Есенжанов, Тар кезең). Ендігі бетіміз осы жақ болу керек, былай да құны түсе бастаған хан тұқымынан *бірінде п* қол үзуіміз керек (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз).

БІРІНДЕУ *Бірінде етістігінің қимыл атауы.*

БІРІНДІ сын. *Ернеуінен аса шыпылдаған, толған.* Құсайынның қатыны да кішкене тегешімен *бірінді* қымызын сасқалақтап тысқа алып шықты (С. Сейфуллин, Шыр.).

БІРІНЕ-БІРІ үст. *Бірі екіншісіне, бірбіріне. Бірін е-бірі* байланыссыз, ұғымсыз айтылған Батырбай сөзіне түсіне алмаған Күдері мән-жайды өзі сұрап барып әрең қанды (М. Иманжанов, Алғашқы ай.). Көз алдына иін-иілістердің *бірін е-бірі* сай келген сұлу сымбаты келеді (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). Үй ішіндегілер *бірін е-бірі* қарасты. Сенерін де, сенбесін де білмеген Шәйгүл боп-боз боп отыр еді (Р. Райымқұлов, Бұрылыстар).

БІРІНШІ сан. *Реттік сан есімнің ең әуелгісі, бастапқысы.* Бұл елден менің *бірінші* кездескен адамым ауылдық кеңестің төрағасы Томай ұлы Сәмет болды (С. Омаров, Қайырлы.). Жергілікті мүмкіншілікті барынша пайдалана білу керек. Сол мақсатпен *бірінші* шахтаның өте ауыр қол бұранын ат бұранға айналдырмақ (Ғ. Мұстафин, Қарағанды). Мұхиттың Қайырбек үйіне келгені бір бұл емес, алайда мына сәнді бөлмесін көруі *бірінші* рет (Ғ. Сыланов, Шалқар). ◆ **Бірінші Май.** *Еңбекшілердің халықаралық ынтымақ күні, мейрамы.* Жастық дәурен жыл құсындай Келді біздің *Бірінші Май!* Комсомолдар қолоннада — Жаңа дүние тұңғышындай (Қ. Аманжолов, Шыр.). Қуанбайды сорлы құлдар жәй бүгін, Қылатын күн төрт құбыласын сай бүгін. Рақат бірдей, бейнет бірдей, жан бірдей, Дегізетін дәл *Бірінші Май* бүгін (С. Дөнентаев, Шыр.).

БІРІНШІДЕН үст. *Алдымен, ең әуелі.*— Жолдас, Нұрқат, біздің аудандағы мал басының олқылығы, *бірінші ден,* осы жерге байланысты (З. Шашкин, Сенім). *Бірінші ден,* бұлар ауру Біләловты дәл бұл жерден кездестіре қоямыз деп ойламаған болатын (Ә. Нұршайықов, Жомарт.). Сондықтан оны аулау екі жағынан бірдей пайдалы, *бірінші ден,* оның терісін дайындау едәуір табыс береді (Х. Қыдырбаев, Дала көркі).

БІРІНШІЛІК зат. 1. *Алғашқы болушылық, ең әуелгілік.* Және осының барлығына қосымша Ахаң атына лайық айтылатын бір ортақ анықтауыш — «тұңғыш» деген сөз, яғни өз саласында тыңнан жол салған *бірінші лік* мерейі (Ж. Исмағұлов, Адам мерейі). 2. Спорт. *Озық, үздік болу жолындағы жарыс.* Ұлттық спорт сарайында студент боксшылардың халықаралық *бірінші лігі* өткізіліп жатыр (Б. Соқпақбаев, Жекпе-жек). Еліміздің Алматыда өткен *бірінші лігінде* жерлестеріміздің тамаша табысқа жеткенін волейбол жанашырлары жақсы біледі («Спорт»).

БІРІНІ сын. сөйл. Бірінді. Үлкен сырлы аяқпен *бірін і* бидай алған әр үй бар баласына қуырып беріпті (С. Жүнісов, Жапанда.). Қақпағымен *бірін і* өңкей шытырлаған жүз сомдықтарға көзі жайнап қайта-қайта қарай береді (Бұл да).

БІСМІЛДА од. сөйл. Пісмелла. Күйменің жалтырауық сары түймелерін *«бісс-*

мілда» деп ағытып, жайлап ашты (Д. Әбілев, Ақын.). *«Бісмілда»* деп, Бәйеке, Айтайын сөздің келгенін, Тәңірі қайтып алмаса. Тіліме менің бергенін (Айтыс).

БІСМІЛЛӘ од. сөйл. **Пісмелла.** Әмір құлын жығылған сайын *«бісмілләә»* дей орнынан ата жүгіріп, жылқышыға «мертіктіріп алма» деп құрақ ұшып жүр (М. Әуезов, Қараш.).— *Бісмілләә* дегенім болмаса, өзім де әлі бір жапырағын аузыма салған жоқпын (Ә. Көшімов, Лашын хикаясы).

БІСМІЛЛӘСІЗ сын. сөйл. **Пісмелласыз.**

БІТ ет. 1. *Таусылып қалу, түгесілу.* Сөз *біткен* сияқты көрініп, мың батпан жауыздықты ұятсыз, арсыз қалың кеудемен әрге сүйреп жөнелді (М. Әуезов, Қараш.). Тас жол *бітіп,* жай жолмен белеске шыға келгенде, аяқ астында қымыз фермасы көрінді (Ғ. Мұстафин, Миллионер). 2. *Іс аяқталып, дайын болу. Біткен* іске сыншы көп, піскен асты жеуші көп (Мақал). *Біткен* істің жемісін көру қандай қызық (С. Омаров, Әңгім.). 1957 жылдың басында бұлардың ішінен 57 өнеркәсіп орны толық және ішінара *бітіп,* іске қосылды («Халық мұғ.»). 3. *Қалпына келу, жетігу, жазылу.* Өткен жылғы бір соғыста Есқараның танкісі жанып, құлақ шекесі отқа шалынып, аз жылтыр болып бүрісе *біткен* (С. Бегалин, Жеткіншек). Нұржан тобын көргеннен кейін әжем екеуміз үйге кірсек, әжем қышынған бейнемен, *бітіп* келе жатқан жараларын сипалап түрегеп отыр екен (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.). Мен қайттым ауруханадан, Орны *бітті* жараның. Хат кешіксе ұрысып, Соғысқа қайта барамын (А. Лекеров, Өмір оты). 4. *Өніп-өсіп шығу.* Қына тасқа *бітеді,* Білім басқа бітеді (Мақал). Сұлудай айна ап қарағаң, Жібектей шашын тараған, Өзенге *біткен* қалың тал, Суға төніп телмірер (С. Сейфуллин, Шығ.). 5. *Пайда болу.* Бұрын мұндайда жұрт алдына суырылып шықпайтын Батырбайға батылдық *бітті* (М. Иманжанов, Менің махабб.). Екі жылдың ішінде мың қара *бітіпті,* енді бір-екі жылда бізді жерден қуып шықты дей бер (С. Шарипов, Бекболат). // *Жүкті болу, құрсақ көтеру.* Құдай пайда қылған соң Ананың *біттің* қарнына. Атаң Қанай болған соң Арамнан батыр тусаң да Ақыры келдің орнына (Ақын жырлары). Осы бір баланың қалай *біткені* елес сықылды еді, енді есіне түсіргісі де келмейді (С. Нарымбетов, Тентек). Бір ұл туады, оның атын төстік жеген соң *біткен* бала деп Төстік қояды (Қаз. ертегі.). 6. *Жаралу, орнау.* Қағазға көп қарап көзі талса керек, қарлығаш қанатындай жіңішке қасын, биіктеу *біткен* кең маңдайын керіп-керіп қояды (Ғ. Мұстафин, Миллионер). Сайдың бас жағында айға төне *біткен* зәулім жартас, қиясынан қыран ұшырған, төкаппар өр тұлғасын көкке меңзеп, көлеңкесін әлі бауырына тартқан жоқ (С. Бегалин, Таңд.). 7. *Бітімге келу, келісу.* Сегіз би съезіне салдырмай-ақ, Кел, екеуіміз *бітейік* құпиялап (Ақын жырлары). Төре тайғақ болса, *бітіп* болмас. Төбе тайғақ болса, шығып болмас (Қаз. мақал).— Менде мұның аз-маз ауысқаны бар, мұны мен сияға салыспай-ақ *бітеаламын,* сен итаршы болма — деген болды (І. Жансүгіров, Шығ.). Саудагер несиесін жия келгенде:— Тапқаным осы, *біттім* деп алсаң ал. әйтпесе саған бола жерден мал қазам ба?— дейтұғын болушы еді ғой (Абай, Шығ.). 8. *Бітеліп қалу.*— Дұрысы коньяк болар — деп көзілдірікті, мұрны тымау тиіп *бітіп* жүрген адамдай міңгір етті (М. Иманжанов, Көк белес). Жол үстіндегі көпірдің асты көктем суының тұнбаларымен *бітіп* қалғандықтан ба, осы арадан су шетке бұрылып кетіпті («Лен. жас»). 9. *Болды, жетті.* Әскерде командир айтты, *бітті.* Ал мұнда басқаша (Ғ. Мұстафин, Миллионер). Бар ойы — егер қол жетер жерге жақындаса *бітті,* сілтей бермек (Р. Райымқұлов, Бұрылыс.). Жұрттың әңгімесін қайтесіз? Қашқындардың ұсталғаны рас па?.. *Бітті!* Бізге керегі сол (М. Гумеров, Хазірет.). 10. ауыс. *Жоқ болу, құру.*— И-и-и, балақайым Ғимай, мен *біткен* адаммын, мені қинап қайтесіңдер? (М. Гумеров, Хазірет.). Жиырма жасар жас жігіт, Жатырсың бұғып етпеттеп; *Бітесің* ғой сен қазір, Өлім саған жеттіептеп (Қ. Аманжолов, Шығ.). Ойменен: *«Біттім* енді, қасқыр!» деген, Селт етіп тас қабағын ашты бірден. Қараса еркелеген Құтжолы екен, Қойшыға жалғыз серік жас күнінен (Ә. Ахметов, Өшп. жалын). ◆ **Бауыры бітті.** *Емешесі құрыды, жаны ашыды, елжіреді.* Жаушы урядниктің шақырып жатқанын айтқанда, Көлен басын көтеріп ап: «Е, маған оның не *бауыры бітіп* барады екен?» деп қадала бір сұрады да, сонан қайтып үндемеді (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). **Бойға біткен.** *Туа болған, табиғи.* Мұның сыртында құ-

ланның *б о й ы н а б і т к е н* тағы бір қасиет — ол мойнына құрық салдырмайды (І. Омаров, Серпін). **Бітті дей бер.** *Құрыды деп қой.* Өзі сұқ қолдай болса да, сұқсыр еркіне жіберсең, *б і т т і д е й б е р,* тарының түте-түтесін шығарады (Н. Сералиев, Намыс). **Бітіп тұр.** *Сыймай, тіреліп тұр.* Еңселі етіп салынған төрт бөлмелі үйдің іші дүние-мүлікке *б і т і п т ұ р* екен (Ауызекі тіл). Көктемнің қалың жауынынан кейін дүр етіп көтерілген егіс дәл қазір теңіз бетіндей толқып, *б і т і п т ұ р* («Лен. жас»). **Дәмі [дәм-тұзы] бітті [таусылды].** *Қайтыс болды, дүниеден өтті. Д ә м і б і т і п* ол өлсе, Барарсың оның қасына. Және де сәлем айтарсың, Бар болса менің алғаным (Батырлар жыры). Қорықты қатты жүрегі, Кетті ердің реңі. Қасымдағы жолдастың *Б і т к е н* шығар *д ә м т ұ з ы* (Бұл да). **Дәрмені бітті.** *Күш-қуаты таусылып, әлсіреді.* Клочков окоптың жиегіне теңселе сұлап түсіп, сүйенді де, сәтке *д ә р м е н і б і т і п,* басы төмен салбырап кетті (Б. Момышұлы, Москва.). **Демі бітті.** а) *Тынысы тарылып, дем алысы қиындады.* Анық бір тас қабырға, шойын есік алдында титығы құрып, *д е м і б і т і п* қалғандай (М. Әуезов, Абай жолы). Ақыл тоқып көңіліне, Жан-жаққа көз салады. *Д е м і б і т і п* алқынып, Мойнынан қан ағады (Батырлар жыры). ә) *Жан тәсілім қылды, үзілді.* **Жал бітті.** а) *Семірді, қоң бітті.* Жаман атқа *ж а л б і т с е,* жанына торсық байлатпас (Қаз. мақал.). ә) *Көкірек пайда болды.* **Жан бітті.** *Тірлік белгісін берді, тірілді.* Сурет толған көздің сағымында бұлдырап, *ж а н б і т к е н д е й* қозғалып, ашық, айқын көңілден өз жүрегінің қалауын бүкпесіз баян еткендей (М. Иманжанов, Алғашқы ай.). Алатауды жаңғыртып, Сілкіндірген үндерің. **Жартастарға** *ж а н б і т і п,* Ұсынды ол да гүлдерін (М. Хакімжанова, Жыр асуы). **Көңілі бітті.** *Разы болды, көңілі жайланды.* Жөнейіт сол жолы баласына *к ө ң і л і б і т і п* қайтты. Дәулет әкесінің көкейін айтқызбай-ақ таныды (Ә. Кекілбаев, Дала баллада.). **Күні бітті.** а) *Дүние салды, өлді.* Айы біткен айында, *к ү н і б і т к е н* күнінде (Мақал). ә) *Өтті-кетті, таусылды.* Үш жүз алпыс бесінде, Кәрілік түсіп есіне. *К ү н і б і т і п* ақырғы Аяз ұлын шақырды (Ә. Табылдиев, Атымтай). **Күш бітті.** а) *Әл-қуат пайда болды.* Ондағы уалаятың мұндағы уалаятыңнан мықты емес, төрт жүз жігітке қарсы қол көтеретін *к ү ш* қайдан *б і т т і* Жаншаға (Х. Есенжанов, Тар кезең). ә) *Рухтанды, бел алды.* **Қоң бітті.** а) *Ет алды, оңалды.* Содан олар малға *қ о ң б і т е* Қарқара жәрмеңкесіне аттанатын (З. Шашкин, Тоқаш Бокин). ә) *Ауқаттанды, тұрмысы жақсарды; өркештенді, жал бітті.* **Сүйекке біткен.** *Туа пайда болған.* Қиын жолда көп сыналған барлаушылық мінез *с ү й е г і н е б і т к е н д е й* әбден әдетке айналған еді (Ә. Нұрпейісов, Курляндия). Зейнеп оны сезсе де, *с ү й е к к е б і т к е н* қарыспалық еркін алып, бір табанға шейін бас имейтін (Б. Майлин, Шы.). **Тіл бітті.** а) *Сөйлеу қабілеті пайда болды.* Қарақшының түбіне келген соң Шалқұйрыққа *т і л б і т е д і* (Қаз. ертегі.). ә) *Ашынып қарсыласты.* Бір шыбықпен айдап.., жұмыстан босатпай әбден сілесін қатырды. Осымен бірер жыл өтті де, енді тоқалға да *т і л б і т е* бастады (А. Байтанаев, Қайнар.). **Шыдамы бітті.** *Төзімі таусылды.* Әкеліп кітапханадан, Отыр ол оқып манадан. *Ш ы д а м ы б і т т і,* тастады. Ойланды бала басқаны (С. Жиенбаев, Қарлығаш). **Шыр бітті.** а) *Қоңданып ет алды; өңі әрленді.* Кешегідей емес, көзіне от пайда болып, өңіне *ш ы р б і т к е н г е* ұқсайды (Қ. Исабаев, Ажал құрсауы.). ә) *Ауқаттанды, тұрмысы жақсарды.*

БІТЕ[1] е т. 1. *Саңылау қалдырмай тұмшалап жабу, бекіту.* Жатар кезде терезенің сырт жағынан жарық көрінбестей етіп, ішінен *б і т е й д і* де, әлгі алып келген масақты тонның тықыр жағына салып, уқалауға кіріседі (Б. Соқпақбаев, Бастан кеш.). ... Мырзахан далаға шығып андасанда бір айқайлап қалып, іргені сыртынан *б і т е п* оттың шалқуын тоқтатты (К. Оразалин, Ақ жазық). Көптен бергі күтімі жоқ үйдің *б і т і с е* толмайтын жарықшағынан жел азынайды (К. Тоқаев, Тасқын). 2. *Теп-тегіс етіп көму.*— Қас қарайғаннан кейін терезеден шығарып алам да, құдыққа тастап жіберем. Сонсоң құдықты көң-топырақпен *б і т е п* тастаймын (Қ. Исабаев, Соңғы.). Түлкі тағы да кетпенін суға лақтырып жібереді де, шұқырды *б і т е п,* өзі қашып кетеді (Қаз. ертегі.). 3. *Бүркеп жауып қалу.* Қар жер үйлердің есік-терезесін бірден басып, шырф, тас кариерлерді *б і т е п* салды (Ғ. Мұстафин, Қарағанды). Жентек-жентек борпылдақ қар үйтқып соғып, шынжыр табан бульдозер тазалап кеткен қара жолды *б і т е й* бастады («Лен. жас»). ◆ **Біте қайнады.** *Етене жақын боп, бірге өсті.* Осы жүрісте ол матростардың, жүкшілердің ішінде

бітe қайнап, талай тәтті жолдас жөнінде, оның жеке басының халық рухымен *бітe қайнасқан* қасіреті жөнінде әлде бір түсінік алғандай болып едім (І. Омаров, Серпін). Бала болып, ес білгелі еңбекпен *бітe қайнасып* келеді. Колхоздың алдыңғы қатарлы мүшесінің бірі де осы Үрмәш (Ә. Әлішев, Батыр бол.). **Құлағын тарс бітеді.** *Назарына ілмей, тыңдағысы келмеді.* Қазіргі басшы мамандар, Ретіміз бар жамандар. Біздерге назар салмай жүр, *Тарс бітеп құлағын* Ілтипатқа алмай жүр (С. Кенжахметов, Қуырдақ.). **Тас бітеді.** *Мықтап жапты, бекітті.* Үңгірдің күнгей жаққа қараған кіре беріс жеріне келімді-кетімді әлдекімдер *тас бітеп* тастапты («Қаз. әдеб.»). Көзім копилка мысыққа түсті. Тесігін қағазбен *тас бітеп* тастапты (С. Бердіқұлов, Егеулі найза).

БІТЕ[2] з а т. ж е р г. *Қара күйе.* Шайзада күн жеп, *бітe* жеп құдырап қалған көне керегелерді көрген сайын, бұрынғы ел аман, жұрт тыныш күндерді көп ойлайды (Ә. Кекілбаев, Бір шөкім.). ...— Баяғыда бірен-саран кісі егін егіп, ... дос-жарандары одан көсеусіз сұрайды екен. Көсеусіз ала алмаса, ашуланып қайтқан біреулер «егініңді *бітe* жесін!» деп қарғайды екен (С. Мұқанов, Шығ.).

БІТЕГЕНЕ ү с т. с ө й л. *Азды-көпті, шамалы.* Қалжан *бітегене* жүйрік ойдың соңына еріп, ол ойдың нәтижесін сыртқа шығармастай әдді болмағандай кенет басын көтеріп алды (Қ. Тайшықов, Окт. ұшқыны). Енді ол Балзиямен *бітегене* танысып, тонның ішкі бауындай жақын-жуық жүретін болған (С. Омаров, Күншуақ). ◆ **Бітегенеден соң.** *Біраздан кейін. Бітегенеден соң* Үсен түрегеліп, жүгіріп ұяға барып еді, үйрек ұша алмай далбырлады да қалды (Ы. Алтынсарин, Таңд. шығ.). *Бітегенеден соң* өз басына өзі қарауға құныққандай айнадан көзін айырмай жатып — «Адамның бәріне біткен бас осындай ма екен?— деді (Ғ. Сыланов, Жанартау).

БІТЕЛ *Бітe етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Олар тұрған жердің беті тегіс *бітелiп,* лава жоқ болып, жермен-жексен болып кетті ((С. Ерубаев, Шығ.). Жарылып тесілген жерлерден дұшпан өтіп кетпес үшін құм толтырылған қанар-қанар қаптармен, тас-кесектермен *бітелiп* жатыр (О. Сәрсенбаев, Сағым).

БІТЕЛУ *Бітел етістігінің қимыл атауы.* Арықты топырақ басып *бітелуге* айналыпты (С. Мұқанов, Шығ.). Ең әуелі оның түсе беріс аузы *бітелуге* айналған (Д. Досжанов, Құм жұтқан.).

БІТЕР-БІТПЕС ү с т. *Аяқталып болмай жатып.* Стол дайындығы *бітер-бітпестен* шақырылған жұрт жинала бастады (І. Есенберлин, Айқас). Сосын шөпке шығады. Ол *бітер-бітпесте* егін де піседі. Сосын, әйда, қар жауғанша қарбалас (Д. Досжанов, Тұлпар. ізі.).

БІТЕС е т. **1.** *Бітe етістігінен жасалған ортақ етіс.* **2.** *Кір, шаң-тозаңмен бітеліп қалу.* Жолақ-жолақ тырнақтың орны енді *бітесiп* ақшыл денеміз қара күрең тартқан (С. Сарғасқаев, Біз төртеу.).

БІТЕУ[1] с ы н. **1.** *Жан-жағы жабық, тұйық.* Жан-жағы *бітeу,* жел енетін емес, отыратын жерлері, қабырғалары құс төсектей жұмсақ «Вуюк» деген автомобиль ағызып бара жатыр (С. Шарипов, Шығ.). Айналасы тастан салған қабырғадай *бітeу* бір жасырын жер (М. Әуезов, Қараш.). Сабағының собыққа тақалған түбі қуыс емес, *бітeу* екен (С. Шаймерденов, Болашақ.). **2.** *Сынық-кетігі жоқ, бүтін.* Сызықсыз *бітeуге* он ұрғанша, сызығын тауып бір ұрғаның өнімді (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). *Бітeуіңді* уатқан, Балаларды жұбатқан, Кемпір-шалды қуантқан, Тіршілік екен тиірмен (І. Жансүгіров, Шығ.). Құдай біледі, бұл екеуін тиірменнің тасына салып жіберсе, *бітeу* шығар,— дейтін пысықтығы **мен өткірлігін** сөз қылғандар («Лен. жас»). **3.** *Тұтас күйінде.* Қалпақ, байпақ, киіз жеңсе, қол дорба сияқты заттарды арнаулы қалыпқа салып, *бітeу* басып шығаруға болады (С. Қасиманов, Қаз. қолөнері). Аузын ашқанда бір кісі *бітeу* сыйып кеткендей (А. Машанов, Жер асты.). **4.** А у ы с. *Сыр білдірмейтін, тұйық.* «Әлде ұлық бұзақы ма, әлде без бүйрек біреу ме, саған ұнамайтын *бітeу* бір сыр бар-ау, отағасы»— деген болжал оймен оған қарай бердім (Ж. Жұмақанов, Қаракөз.). Кеше ғана жуыса алмай, *бітeу* жүрген жастар бірте-бірте ашылып келеді (Т. Ахтанов, Көккұтан). ◆ **Бітеу бас.** а) *Кеспей тұтас пішілген.* Аяғында *бітeу бас* етік. Үстінде шидем күпі (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). ә) *Сөз мәніне құлақ тоспайтын топас.* Көзілдірік астынан қараған кішілеу өткір, тұңғиық қара көздері прокурордың *бітeу бас,* асқақ, тұрпайы, тәкаппар қалпын

түгел таныды (М. Әуезов, Өскен өркен). **Бітеу буын.** Грамм. *Екі жағы да дауыссыз дыбысқа біткен жабық буын.* Ортасы дауысты болып, екі жағы да дауыссыз болған буынды *бітеу буын* дейміз (Қазіргі қаз. тілі). **Бітеу жаға.** *Алды ашық емес, тік жаға.* Жанындағы тізесіне түсіре *бітеу жаға* көйлек киген белі әшекейлі белбеумен қыналған жас жігіттің қыз тек иығынан ғана келіп тұр (Ө. Қанахин, Ауыр күн.). **Бітеу жара.** а) *Аузы жоқ жара.* Кейде денеге бір нәрсе қатты соғылып, *бітеу жара* түседі (С. Сұбханбердин, Дәрі—дауа). ә) *Ішгегі күйік-шер.* Әсима іштей ғана күйініп, жүректі *бітеу жараға* беріп қойып, тым-тырыс жата алмады (М. Иманжанов, Менің махабб.).— Жоқ, бұл сырды ішке сақтаса *бітеу жараға* айналмай ма?! (З. Шашкин, Теміртау). **Бітеу кеуде.** *Ой-өрісі тар, тайыз.*— Әй, Дуся-ай, қарның өскен сайын *бітеу кеуде* боп барасың ғой деймін — деді Петр Петрович (К. Тоқаев, Тасқын). **Көкірегі бітеу.** *Түк сезбейтін бос кеуде.* Ол «Туған жерді» жамандап жүргендердің шайнап бермесе жұта алмайтын, *көкірегі бітеу,* тайыз жандар екенін біледі (Т. Ахтанов, Дала сыры). **Бітеу сойды.** а) *Терісін бүтін қалпында сыпырып алды.* Патшадан пәрмен болған соң, Келмембет мінді атына, *Бітеу сойып* аққудың Терісін киді басына, Жөнеліп кетіп барады Қырық жігіт ертіп қасына (Қамбар батыр). ә) *Мақтамен бауыздағандай қылды.* Адамға жүйрік ақыл бере тастап, Талайдың қабыл-ғапыл сырын жойды. Түсіріп ақ көңілді қайласына Ішінен білдірместен *бітеу сойды* (Ақан сері, Шығ.).

БІТЕУ [2] *Біте етістігінің қимыл атауы.*— Ә, Жарқанат! Сенің де өңешіңді оқпен *бітеу* керек екен (Ш. Хұсайынов, Таныс адам.).— Филимоновты сол жаққа шығарыңыз, ашық араға *бітеу* болсын (Ол күндер.).

БІТЕУДЕЙ сын. *Бөлініп-жарылмай, бүтін күйінде.* Арпаны, басқа да дәнді жемді малға *бітеудей* берсе, оның жемдік сапасы аз болады (Ш. Бөрібаев, Сиыр малы.). Кейде жануарлар организмінде токсоплазмоз паразиті бар дала тышқандарын *бітеудей* жұтып қойып та жұқтырады (З. Сырғабаева, Токсоплазм.).

БІТЕУЛЕ ет. 1. *Саңылау қалдырмай қымтап, тұмшалап жабу.* Жаздың шыжыған ыстығы мен маса-шыбынынан мазасы кеткен ауыл үйлерінің бәрі дерлік есік-терезелерін *бітеулеп* алыпты («Лен. жас»). 2. *Белгі, із қалдырмай тегістеп тастау.* Тәулік бойына соққан долы жел күпсек қарды ызғытып айдап, жыра-өзек біткенді жым-жылас етіп, *бітеулеп* салыпты («Қаз. әдеб.»).

БІТЕУЛЕН ет. *Үн-түнсіз іштей іркілу, тұйықталу.* Еламан қанша шешілейін десе де, Дос осыдан артық пейілге баспай, басын бауырына алып *бітеуленіп* отыр (Ә. Нұрпейісов, Сергелдең). Баяғы қабыр, әлі де баяғыдай нық басып *бітеуленіп* жатырсың (М. Әуезов, Қараш.).

БІТИ ет. *Саңылауланып сығыраю.*

БІТИЮ *Біти етістігінің қимыл атауы.*

БІТКІЗ *Біт етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Қанат байлап қуса да, Жеткізбеген заман-ай, Еш пенденің мұратын *Біткізбеген* заман-ай (Үш ғасыр.).

БІТКІЗДІР *Біткіз етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

БІТПЕС зат. *Ою салған киіз, текемет.*

БІТУ *Біт етістігінің қимыл атауы.* Бұл арызда жазылғандарға тағы бір оралып соғармыз. Әзірге осы арыздың жазылып *бітуін* күтейік (Б. Майлин, Шығ.). Ақай амалсыз көніп, қазандағы астың пісуін, стол басындағы картаның ойналып *бітуін* күтеді (Ә. Нұршайықов, Батыр. өмірі). Вирустар әрекеті буын-буындардың дұрыс өсу процесін де бұзған. Тізенің, тобықтың теріс *бітуі* сондықтан (З. Шүкіров, Ізгілік ізі.).

БІТУАЖА ар. зат. *Аралық дәнекер.* Жемісті сайдың бойында, *Бітуажа* мен болып, Қауыстырдым қызыңды (Батырлар жыры). Аймақтық өкімет үйі көтерілісшілер қолына түскен жағдайда, оның Ирандық қимылындағы әскеріне *бітуажа* жіберіп аңысын аңдымай, бетпе-бет тартысқа түсе қоюға болмайды (Ж. Тілеков, Жоңғар.). Боздақ енді ерлі-зайыпты екеуінің арасында *бітуажа* болуға асыққандай түр көрсетті (З. Шүкіров, Ізгілік ізі.).

БІТУАНА ар. зат. *Тиянақты келісім, шарт.* Құдай кездестіріп, *бітуана* деп арман қылушы едім, тілегім қабыл болды, құдайға мың да бір шүкір! (Б. Майлин, Шығ.). Дүниеде шайтан деген нәрсенің баржоғының *бітуанасы* құраннан да, молдадан да емес, Жамалдан табылғандай болды (Қ. Тайшықов, Окт. ұшқыны).— Сол дүйсенбінің сәске түсінде сүйек үйден

шықсын, жаназа намазы сонда оқылсын, бұл сөздің *бітуанасы* осы болсын,— деді Сырттанбай (С. Талжанов, Ұлдай кегі).

БІТУАНАЛЫ с ы н. *Тиянақты, келісімді.* Жастарға «қой-қойлап» келгендегі *бітуаналы* бірінші сөз Қоржықтың тоқалын Омарбектің алып қашуы расталды (Қ. Тайшықов, Окт. ұшқыны).

БІТУЛІ с ы н. *Дайын болған, әзір.* Кішкентай қараша үйдің ішін көзімен бір шолып өткенде *бітулі* тұрған, әлі құрастырылмаған ағаш төсекті көрді (А. Лекеров, Түз гүлі). ◆ **Бітулі киім.** *Дайын, даяр, тігулі киім-кешек.* Дүкенде кездеме, *бітулі киім,* қант, шай секілді осы кезде басқа дүкендерде құрып кеткен нәрселер сықып тұр (Б. Соқпақбаев, Өлгендер.). «Ракетамен» көршілес, осы заман үлгісімен салынған қос қатарлы жұмыртқадай жұмыр үй. Астында азық-түлік магазині, үстінде *бітулі киім* салоны (Ж. Исмағұлов, Адам мерейі).

БІТІК с ы н. *Қалың, жиі өскен, қою.* Биік те *бітік* бетегелер жібек желдің аймалауымен толқи шайқалып, сыңсыған сіңлілердей (Т. Әлімқұлов, Туған ауыл). Бірінен бірі *бітік* шыққан егін даласының ғажап көрінісі уақыттың өткенін сездірер емес (Ақ бидай). ◆ **Бітік көз.** *Сығырайған қысық көз.* Екеудің пысығы Сәлменмен бірге Бақтығұлды сабап кететін теке сақал, *бітік көз* сары Әзберген еді (М. Әуезов, Қараш.). Үлкен мүйіз көзілдіріктің астынан солғын сығалайтын *бітік көзі* де бұрынғысынша нұрсыз (М. Иманжанов, Көк белес). Столетов қайда?— деп, шеткері тұрған *бітік көз,* шикіл сары сержантқа сұрақпен қадалды (К. Тоқаев, Тасқын).

БІТІКТЕУ с ы н. **1.** *Жиілеу, қалыңдау.— Бітіктеу* өскен жерді екі айналғанда бір бункерді толтырып жүрміз — деді жас комбайншы («Лен. жас»). **2.** *Сығырайған, қысықтау. Бітіктеу* кішкене көзін сығырайтып, аузын мол ашып, мәз болып күліп тұр (М. Әуезов, Шығ.). Сәл ғана біз мұрындау ол *бітіктеу* келген кішкене көздерін сөз арасында бір жұмып, бір ашып отырады (Қ. Жұмалиев, Жайсаң жан.).

БІТІКШЕ с ы н. *Қысықтау біткен, енсіз.*

БІТІКШЕЛЕУ с ы н. *Бітіктеу.* Бірақ Абайдың көзін оған көп тартатын бір нәрсе — мұның *бітікшелеу,* кішкене келген көздері (М. Әуезов, Шығ.).

БІТІКШІ з а т. к ө н е. *Хатшы, көшірмеші сияқты іс жүргізуші әкімнің лауазымы.*

БІТІЛ *Біт етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Жабағылар түтілді, Жүн сабалып *бітілді.* Басу керек киізді (С. Мұқанов, Шығ.).

БІТІМ[1] з а т. **1.** *Белгілі бір пәтуаға келген келісім, тоқтам.* Көк қасқа сойысып, бата қылысып, құдай-құранды айтысып, араздықты тастасатын болып, *бітім* табысты (М. Әуезов, Қараш.). Батыс Сібір генерал-губернаторы князь Горчаков та, Омбы облысының бастығы граф Талызин де сендермен бейбіттшілдік *бітім* жасар түрі жоқ (І. Есенберлин, Қаһар).— Ақылға келейік. Қызып кетсек мына бала бізді ажырата алмас,— деп атынан түсті, *бітім* ыңғайын білдірді (Д. Досжанов, Зауал). **2.** *Соттың (билердің) шешімі, тоқтамы.* ◆ **Бітім айтты.** *Мәмілеге келтірді, келісім айтты.* Еркек болған соң екпінім де бар шығар,ептілігім де бар шығар. Бірақ бұл жолы үкім айтпаймын, *бітім айтамын* (Б. Нұржекеев, Күй.). Не істерін білмей ырду-дырду болған семьяға «енді өзгеріс жасауға болмайды» деп Клаус *бітім айтқан* (Қ. Исабаев, Ажал құрсауы.). **Бітімге келді.** *Келісім тапты.*— Елдіктен кетем демесеңдер, *бітімге келем* десеңдер, Әділғазыны босат (Д. Әбілев, Арман.). Алты ай мерзім өткен соң, *Бітімге келіп* тыныстым. Уәде байлап үш айға, Сабыр етіп тұрыстым (Манас). **Бітімге тоқтады.** *Мәмілеге, келісімге келді.* Жиылғандар жақ-жақ болып салғыласып алды да, соңында әйтеуір *бітімге тоқтады* (Ауызекі тіл).

БІТІМ[2] з а т. **1.** *Дене-пішіннің жаралу құрылымы.* Атылып келе жатқан садақ оғындай үңілген, сүйірленген бір *бітімі* бар (М. Әуезов, Қараш.). Колхоздың көшесін бойлап бір бойжеткен жүгіріп келеді. Сүйек *бітімі* өте сұлу (Т. Ахтанов, Боран). Самалдың дәл қазіргі көркі мен бар сымбаты шынында да анасының бойжеткен қыз кезіндегі ажары мен *бітімінен* эсте айнымайтын (З. Жәкенов, Таң самалы). **2.** *Егіннің, шөптің өніп-өсіп шығуы.*— Мен өз көзіме өзім сенбегендеймін. Осы күріштің *бітімі* көңіл тойғандай емес пе? (С. Алдабергенов, Алға). ◆ **Бітімі бөлек.** *Жаратылысы өзгеше.* Бала

күнінен *бітімі бөлек*, тым пысық еді, бес жасында атқа шауып еді (Б. Аманшин, Көкжар). Мұндай әдемі қарлығаштты Мақпал өмірінде көрген емес-ті. Басқа қарлығаштардан *бітімі бөлек* екен (С. Омаров, Дала қызы). **Дене бітімі.** *Сыртқы пішін, бой-тұрық.* Өмірбектің аяқ жағына шөгіп отыра кетті. Жасы жиырма бестер шамасындағы, *дене бітімі* келісті еркек (М. Мағауин, Ақша қар).

БІТІМДЕН е т. *Ірілене түсу, тұлғалану.* Осы кезде ол өз-өзінен тұқыра түсті де, балуан *бітімденіп* келе жатқан балғын иықтары селк-селк ете қалды (Ә. Нұршайықов, Батыр. өмірі).

БІТІМДЕС с ы н. *Пішін, құрылымы жағынан шамалас, ұқсас.* Абректің қазақ *бітімдес* ақ құба жалпақ бетіне қан жүгірді (С. Омаров, Хантағы).

БІТІМДІ с ы н. *Жаралымы айтарлықтай, жақсы өніп-өскен.* Кесек *бітімді* еңгезердей адамның бет-аузы сақал-мұрттан жып-жылмағай (Р. Әутәліпов, Қыр әңгім.). Қай бетімен батыр болмақ екен? Байтал шауып бәйге алар ма, сірә? Тіпті анау Ақылға ұқсаған *бітімді*, сүйекті де емес... (О. Сәрсенбаев, Сағым). «Социалистік Қазақстан» газетінің 1965 жылғы 29 июнь күнгі нөмірінде «Күтімді егін *бітімді*» деген жалпы тақырып берілді (М. Әлімбаев, Өрнекті сөз.).

БІТІМСІЗ[1] с ы н. *Ұсқынсыз, пішіні келіссіз.* Әрегіректен состиып қарап тұрмыз: көздері бозарып, тістері ақшиып, құлақтары салпиып, жүндері жидіп кеткен өңшең бір *бітімсіз* бастар (С. Төлешев, Түрлі бас.).

БІТІМСІЗ[2] *Келісімге келмейтін, бітпейтін.* Бай мен кедей арасындағы *бітімсіз* аңдысқандық та айтылды (М. Әуезов, Абай жолы). Міне, осы дау әлі күнге дейін *бітімсіз* келе жатыр (М. Тоқжігітов, Құран тур.).

БІТІМШІ з а т. *Екі жақ арасын келістіруші адам, мәмілегер.* Біресе басады, біресе қоздырады. Бұлардың *бітімшісі* екенін, бүлдіруші екенін түсініп болмайды (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). Шаһарға ұрыс салмады. Қанша күтсе де ішінен ақ ту ұстап шауып шыққан *бітімшісі* елшілер бәрібір көрінбейді (Ә. Кекілбаев, Дала баллада.).

БІТІМШІЛІК з а т. *Екі жақ арасын бітістіретін іс-әрекет.* Ол мұның мансабын, Қоңыраттың терезесін торуылдайды. Әйтпесе келгеніне екі күн болды, ағасының үйінде не *бітімшілік* бітіріп жатыр (Р. Тоқтаров, Ертіс.). Құдай оны алғанша мені неге алмады, ненің *бітімшілігіне* қалдырдың бейшара әкеңді (З. Иманбаев, Кең аймақ).

БІТІН е т. ж е р г. *Діңкесі құру, запы болу.* Шоферде де жоқ амал, Шаршады әбден *бітінің*. Судырлайды орамал. Суық терді сыпырып (С. Мәуленов, Жаз ерке). Сөкпе кербез сұлуым, Жеріңіп елден *бітінбе*. Ішем десең кірсіз сүт, Мәликені бүтінде (Б. Майлин, Шығ.).

БІТІР[1] е т. *Ақырына жеткізіп аяқтап тауысу, түгесу.* Ісләм соңғы екі жылдай еліне келмей қалада орта дәрежелі мектептің бірін *бітіріп*, жаңа еліне қайтқан (М. Әуезов, Қараш.).— Ей, қойсаңдаршы, бажылдамай, ауылда отырып-ақ *бітіретін* жұмысты осы араға әкеп бажылдасқандарың не?.... (С. Сейфуллин, Шығ.).— Вася, біз басқа жұмыстарды аяқтағанша, өз тобыңмен кешегі келісім бойынша комендатураның жұмысын *бітір* (Қ. Қайсенов, Жау тылында).

БІТІР[2] з а т. с ө й л. **Пітір.** Бердің бе зекет малыңнан? Алдың ба *бітір* басыңнан? Қалай айтсаң олай айт — Айбатыңнан шошынбан (Айтыс). Үпіден муфти келген көсем салып, Биылғы *бітір*, зекет, өсім салық. Азамат абыржыған ел ішінде, Бір-ақ жыл, өзгерісі осыншалық (Х. Ерғалиев, Құрманғазы).

БІТІРГІЗ *Бітір етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Жұмыстарын *бітіргізіп* алған соң үзеңгі темірін істеткен жігіт Бекболатқа қарап:—Не аласыз?—деді (С. Шарипов, Бекболат). Дайындық курсын *бітіргізіп* қолына куәлік берумен іс тынды деп есептейді («Лен. жас»).

БІТІРГІСІЗ с ы н. *Бітпейтін, таусылмайтын; айтып жеткізгісіз.*

БІТІРТ *Бітір етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Балқия енді іштеңе айта алған жоқ, сөзін *бітіртпей* құшақтай алып, құшырлана сүйді (Ә. Әбішев, Замана перзент.).

БІТІРУ *Бітір етістігінің қимыл атауы.* Қысылмайтын Щербаковты да қыс қысайын деген тәрізді: қазан қорасын тез *бітіруге* қатал бұйрық берді (Ғ. Мұстафин, Қарағанды).

БІТІРУШІ з а т. *Істі аяқтаушы, түгесуші.* Қазалы қаласында он жылдық мектепті *б і т і р у ш і л е р д і ң* аудандық слеті болды (Ж. Дәрмағамбетов, Менің заманд.).

БІТІРІС *Бітір етістігінен жасалған ортақ етіс.* Шешініп жұмысқа араластым. *Б і т і р і с і п* өздерімен бірге қайттым («Лен. жас»).

БІТІРІСУ *Бітіріс етістігінің қимыл атауы.*

БІТІС[1] з а т. 1. *Заттың жарағылыс бітімі, қалпы.* Алыстағы бір дыбысты сезіп, тың тыңдап бағып қалғандай, құлақ *б і т і с і н д е* қапысыз сәт бар екен (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). Сырлары терең құпия, Таңғажайып *б і т і с і.* Тастары бейне таңия, Тал-қарағай үкісі (С. Мәуленов, Жаңа арна). Ал жер реңі мен өсімдік *б і т і с і н е н* жаңылып, аяқты жазып баса бастаған кездерде әккі түйе мен ақылды ат жол бастайды (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). 2. *Бір нәрсенің аяқталысы, таусылуы.* Сырбай соғыс жеңіспен *б і т і с і м е н* бейбітшілік өмірдің бейнесін беруге тырысты (І. Омаров, Серпін). Сәске түс кезінде қырға шығып үлгіргенімізбен соқпақ жолдың *б і т і с і н* күтіп тұрғандай қарсы алдымыздан шаң борап, дауыл көтеріле берді («Қаз. әдеб.»).

БІТІС[2] е т. 1. *Бейбіт жолмен келісу, тіл табысу.* Кедей мен бай, малсыз бен әлді *б і т і с е* алмайды, туыса алмайды. Ендеше біздің туыстығымыз да осымен тынады (Б. Тілегенов, Көктем.). Өз ағасы ақ бұзау турасында қалай *б і т і с т і,* ол арасы да қараңғы. Әйтеуір шөп түсіріп бермегені анық (Р. Тоқтаров, Ертіс.). 2. *Жымдасып қалу, кірігу.* Қозғалмайтын байланыстың екінші типі — сүйектердің бір-бірімен *б і т і с і п* өсуі болады (Адам анатом.).

БІТІСПЕС с ы н. *Ешбір мәмілеге, ымыраға келмейтін.* Ол екі істің екеуі де екі болыс елдің *б і т і с п е с* дауына айналып, аяғы Мәмбеттің елден кетуімен тынған-ды (Х. Есенжанов, Тар кезең). Кенесары мен Қоңырқұлжаның *б і т і с п е с* қас-жау болуларының да бір себебі осы Күнімжанда... (І. Есенберлин, Қаһар). Өйткені, капитализм мен социализм арасындағы *б і т і с п е с* идеологиялық күрес шиеленісіп отырған жағдайда бұл өте қажетті іс («Соц. Қаз.»).

БІТІСПЕСТІК з а т. *Ымыраға келмейтін араздық, келіспестік.* Дәл бүгін арғыбергі тұстағы өткен-кеткенді ақылға салғандай болсақ, осы бір *б і т і с п е с т і к т і ң* тамырына балта шабатын кез болған сияқты («Қаз. әдеб.»).

БІТІСТІР *Бітіс етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Ия, сондықтан ол пәлелерге жібермей өзара *б і т і с т і р е й і к* (Ш. Хұсайынов, Тан. адам.). ... Өкпеге қисам да, ер жігіт деп өлімге қимадым. Ендігі салмақты басқа емес, малға салам, жоқшыларды малмен *б і т і с т і р е м* (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз).

БІТІСТІРУ *Бітістір етістігінің қимыл атауы.* Жеке негізгі нысанасы екі елді жауластырмай *б і т і с т і р у* болады (Қ. Жұмалиев, Қаз. әпос.). Ел дауын *б і т і с т і р у* бізге лазым, Бұл іске бөгет жасап болма жазым (Қ. Бекхожин, Дала комисс.).

БІТІСТІРУШІ з а т. *Екі жақты келістіруші, араға түсуші, мәмілеші.* Оның мұнда екі-үш күннен бері жайғасып жатуына қарағанда *б і т і с т і р у ш і* боп келгені де көдік («Лен. жас»).

БІТІСУ *Бітіс етістігінің қимыл атауы.* Екі ел бас қосып сөйлескенде, шешемнің төркін жағы әкемді әрі жассынып, әрі «оқуда жүр» дегенді сылтау ғып, малға *б і т і с у д і* ұсынды (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.). Артынан Шабденнен кісі келді: *б і т і с у,* татулық жағы сөз болды (Ғ. Сыланов, Асау арна).

БЮДЖЕТ з а т. *Мемлекеттің, мекеменің немесе жеке бір адамның белгілі мерзімге жоспарлаған қаражатының кіріс-шығыс есебі.* Үкіметтің қазына жинау әм ол жинаған қазынаны түрлі керекті істеріне жұмсау ісін, қысқартып айтқанда, кіріс-шығыс ісін — *б ю д ж е т* дейді (С. Сейфуллин, Шығ.). 1961 жылға арналған Мемлекеттік *б ю д ж е т* туралы заңды оқып отырғанда менің көз алдыма миллиардтаған сомдар елестейді (С. Сейітов, Жыл. жотасы.).

БЮДЖЕТТІК с ы н. *Кіріс-шығыс есебіне қатысы бар.* Он үш мектептің жанынан *б ю д ж е т т і к* және қоғамдық интернаттар ұйымдастырылып, оларда 100-ден астам балалар тәрбиеленіп келеді («Қазақст. мұғ.»).

БЮЛЛЕТЕНЬ з а т. 1. *Қоғамдық үлкен мәні бар оқиға жайындағы қысқаша мә-*

лімдеме. Олар мына бөлмеге келіп, Ленинің денсаулығы жайында соңғы хабарда беріліп жатқан *бюллетеньді* тыңдады (С. Шаймерденов, Мезгіл). 2. *Уақытша шығарылып тұратын кейбір баспасөз атауы.* Партия ұйымы мен колхоз басқармасының атынан әзірге айына бір рет 300—350 дана етіп «Высокий урожай» деген *бюллетень* шығаруды ұйғардық (Б. Тоқтаров, Қырандар.). Тәрбие советі әрбір тоқсанның қортындысы бойынша *бюллетень* шығаруды да әдетке айналдырды («Қазақст. мұғ.»). 3. *Дауыс беруге арналған сайлау қағазы.* Алтыда салтанатты таңертеңгі Қуана қолыма алдым *бюллетеньді.* Сол сәтте қолымдағы бюллетеньнен Цимлян теңізінің лебі келді (М. Әлімбаев, Құрбыма). Ол кезде мен сәби ем... Ұға алсам-ды, (Сәби қанша мыңдаған ұғар санды). Ленин аты жазылған *бюллетеньді* Бүктеместен ол әкеп бұған салды (Х. Ерғалиев, Күн күмбез). 4. *Сөйл. Денсаулыққа байланысты жұмысқа уақытша жарамай қалу жөнінде емхана орны беретін қағаз.* Біздің сменада келгелі көрмеген адамым — Юрий Телков істеп жүр. Соңғы күндері ауырып, *бюллетеньде* болыпты (А. Жақсыбаев, Менің дос.).

БЮРО з а т. 1. *Ұйым, мекеме, съезд сайлаған басқарушы адамдардың құрамы.* Егер айыпты боп *бюроға* түсе қалсаң... Иван Митрофанович нағыз қан сорпаңды сонда шығарады (Т. Ахтанов, Боран). Тілеубек осылай ойлап келе жатып Мәделхан мен Дүйнебайды көрді. Мәделхан болмағанымен Дүйнебайдың *бюроға* қатысуы керек екенін білетін (Р. Райымқұлов, Бұрылыстар). 2. *Кейбір мекемелердің аты.* Иоахим мұны сыртынан көрсеткенде, бұл да *бюро* маңына шоғырланып тұрған төрт-бес адамның қарасын көрген (Қ. Исабаев, Соңғы.). Тұрғындарының саны айлап емес, апталап өсіп жатқан осы үлкен қаланың маңдайына жазылған жалғыз ғана техникалық инвентаризация *бюросы* бар екен (М. Рашев, Бетің қисық.).

БЮРОКРАТ з а т. 1. *Қызмет бабында бюрократизмді қолдайтын кеңсешіл, төрешіл адам.*— Сондай бір *бюрократтарды* тымпиысып отырған жерінде желкеден келіп перер ме еді десейші! (Ғ. Мүсірепов, Белдерде). Мұның бәрі өткінші жалған проблемалар,— деп ойлайды Бейсен.— Жергілікті *бюрократтардың* қырыс мінезі, Жылтыр Қарылардың некен саяқ жымысқы харакеті (О. Сәрсенбаев, Сағым). 2. *Кене.* *Буржуазиялық елдерде әкімшілік басқару жағында болатын ірі чиновник.*

БЮРОКРАТИЗМ з а т. 1. *Буржуазиялық мемлекеттерде үстем тап өкілдерінің мүддесін қорғайтын, бұқара халықтан қол үзген чиновниктік әкімшіліктің ел билеу жүйесі.* 2. *Ауыс. Болмашы жайды сақтаған болғансып, істің ретіне мән бермейтін кеңсешілдік. Бюрократизм* құрғырды ұстау қиын, балықтың ұрығындай қолыңнан жылп беріп шығып кетеді (С. Төлешев, Түрлі бас.). Өңкей *бюрократизмнің,* кертартпалықтың исі аңқыған ортадан шығармын-ақ деп ойлаған әуелі Бейсен (О. Сәрсенбаев, Сағым).

БЮРОКРАТИЯ з а т. 1. **Бюрократизм.** 2. *Буржуазиялық елдерде әкімшілік басында болатын жоғары мәртебелі чиновниктер тобы.* Қысылшаң жағдай күшейген уақытта либералдар көбінесе патшалық *бюрократияға,* полицияға, армияға иек қақты (КПСС тарихы).

БЮРОКРАТИЯЛЫҚ с ы н. *Бюрократияға тән.*

БЮРОКРАТТАН е т. *Басқару ісінде тоңмойындылыққа салынып, түрпайылану, бюрократ боп шығу.*— Екеумізді қатар қойғанда, Балбек,— деді маған Маңғаз,— сен менен бұрын *бюрократтанатын* адамсың (Б. Қыдырбекұлы, Шайтан.).

БЮРОКРАТТЫҚ з а т. *Бюрократқа тән қасиет.* Ауыл жерінде кездесетін кейбір *бюрократтық,* ұрлық-қарлық, ескілік қалдықтарына дейін барлығы да Асқардың өлең, жыр, очеркі, фельетондарында үнемі өткір тілмен бейнеленіп келеді (Е. Ысмайылов, Сын.). Оның бұл істе істеп отырған *бюрократтығы* бізге арзанға түсіп отырған жоқ (Ә. Нұршайықов, Тың астығы).

БЮСТ з а т. *Адам бейнесінің кеудеге дейінгі скульптуралық мүсіні.* Тіпті ол колхоздың таудағы жайлауына барып: «Алдабергенов құритын болды. Атағын алады. Орнынан тағы алады. Колхоздағы *бюстін* құлатады»,— деп өсек таратқан (С. Бақбергенов, Адам және көлеңке).— Осы үйдің бәрін қиратып, тонап кетсе де мен Бетховенді бермеймін,— деді де бургомистрдің қызы рояль үстінде тұрған кішкентай *бюстті* қолтығына қысып алды (Қ. Исабаев, Соңғы тәулік).

В

В 1. *Қазақ алфавитінің дауыссыз дыбысты білдіретін төртінші әрпі.* **2.** *Тіс пен еріннің қатысуымен жасалатын дауыссыз ызың (фрикатив) дыбыстың таңбасы.* ◆ **В витамині.** Денедегі зат алмасуына қажеті бар, суда еритін органикалық қосылыс. Жаңғақ өте піскен сайын ондағы С витамині азаяды. Жаңғақта *В витамині* немесе тиамин деп аталатын заттар да мол (С. Сұбханбердин, Өсімдік — дәрі.).

ВАВИЛОНДЫҚ з а т. *Ежелгі Вавилон патшалығы астанасының атымен байланысты, немесе сол қаланың тұрғыны.* Табанына параллель түзумен трапецияны қақ бөлу керек деген *в а в и л о н д ы қ* есеп те осы еңбекте кездеседі (О. Жәутіков, Математика.).

ВАГОН з а т. *Жолаушыларды немесе әр түрлі жүктерді тасу үшін рельспен жүруге арналған, доңғалақты, жол қатынас құралы.* Мінерден бұрын поезды, оның *в а г о н ы н* көріп алуым керек (С. Мұқанов, Өмір мектебі). Кілең біркелкі қызыл *в а г о н д а р* тіркелген паровоз дауысын соза ақырып қалды да, ыстық буды бұрқырата орнынан қозғалды («Лен. жас»).

ВАГОНДАС с ы н. *Вагоны бір, бір вагондағы.* Қазан мен Арзамас ортасында Саржан бір жолаушымен *в а г о н д а с* болды (Ж. Жұмақанов, Соқпақ соңы).

ВАГОНЕТКА з а т. *Жақын жерге жүк таситын, үсті ашық кішкене вагон-арба.* Шахтаны бойлай салынған жіңішке темір жолдармен кен тасыған электр *в а г о н е т к а л а р ы* зырылдап ерсіл-қарсыл өткенде Алтынсары ығысып жол береді де, тағы да ілгері жүреді (С. Мұқанов, Аспаз). Артық сөз, артық тыныс та жоқ. Әрегіректе, *в а г о н е т к а ғ а* қазылған кенді түсіріп беріп жатқан, бір басы лебедкаға, бір басы скреперге бекітілген қанат бойындағы алмас тісті ашалы күректің ерсілі-қарсылы тасыр-тұсыр жүрген даусы шалынады (Б. Тоқтаров, Қырандар.). Рельс, шеге, қаусырмаларды осы *в а г о н е т к а л а р* дем-демдеп жеткізіп тұр (І. Жансүгіров, Әңгім.).

ВАГОН-РЕСТОРАН з а т. *Ресторан орналасқан вагон. В а г о н-р е с т о р а н д а* адам онша көп емес екен (С. Шаймерденов, Мезгіл).

ВАГОНШЕ з а т. *Шағын вагон.* ... Түске таман, қырман басындағы *в а г о н ш е д е* шешінбестен ұйқтап жатқан Мотяны біреу иығынан қатты жұлқып оятты (Ә. Нұршайықов, Тың астығы.).

ВАГОНШЫ з а т. *Вагон жасайтын жұмысшы, вагон жүргізуші.* Кішкене қара жігіт, бұл — *в а г о н ш ы* Егентай (С. Ерубаев, Менің құрдаст.).

ВАГРАНКА з а т. *Шойын құятын цехтың негізгі агрегаты, түсті металл рудаларын күйдіретін шахта пеші.* Инженер мен техник те сондай-сондай қорытындымен оралды; құю цехы болу керек. Тым құрыса шағын *в а г р а н к а* да жоқ (Т. Нұртазин, Адам бекерге.).

ВАЗА з а т. *Гүл салып қоюға, кейде сұйық тағам құюға арналған өрнекті әсем ыдыс.* Қақ ортада жасанды гүл отырғызылған *в а з а*, жағалай түрлі түсті сервиздер жарқырайды (З. Шүкіров, Ізгілік із.). Кластың төр жағында қызыл шұға жабылған, үстіне гүл салған *в а з а л а р* қойылған ұзын стол (С. Мұқанов, Саяхаттар).

ВАЗЕЛИН з а т. *Техникада, медицинада, косметикада қолданылатын дәмі, иісі жоқ май сияқты қоспалы масса.* Егер бен-

зин двигателін ұзақ мерзімге тоқтататын болсақ, онда ... тот басып қалмау үшін, оны техникалық *вазелинмен* майлап қою керек (Ш. Әбдіраманов, Шопан серігі). Битке қарсы қолданылатын бензиннің бір бөлігіне *вазелиннің* бес бөлігі қосылады (С. Сұбханбердин, Дәрі — дауа.). Сол сияқты майлы крем, *вазелин*, әтір тәрізді косметикалық дүниелерді үнемі қолданудан да секпіл пайда болады («Лен. жас»). Тұяқ құрап кетпеу үшін оған таза *вазелин* жағып тұрған жақсы (Ә. Әбішев, Мал санитары.).

ВАКАНСИЯ з а т. *Мекеме я оқу орындарындағы бос тұрған қызмет орны.*

ВАКСА з а т. *Былғары аяқ киімді жылтырататын май, бояу.*

ВАКУУМ з а т. 1. *Тозаң кіре алмайтын саңлаусыз резервуар (ыдыс) ішіндегі сиреккітілген газдың күйі, техникада—сыртағы ауа.* Ол кезде біздің жетінші цехқа Румыниядан жаңа *вакуумдар* келіп жатқан. Техникалық совет оны монтаждауға жетекші етіп мені және бір инженерді бөлген (Б. Аманшин, Жар мұңы). Тері илегіш заттарды өсімдіктерден бөліп алып, оны әртүрлі компоненттерге ажырату үшін органикалық және биологиялық химияда олардың физикалық қасиетіне байланысты түрлі әдістер *вакуум* арқылы... қолданылады (Химия өнімдері). 2. *Физикада — бос кеңістік, ауасыз қуыс, еш нәрсе жоқтық.*

ВАКУУМ-АППАРАТ з а т. *Вакуум тұғызатын аппарат.* Қорғасынды мырыштан тазартатын *вакуум-аппарат* бұл цехта бүкіл совет елінде бірінші болып қолданылған (С. Бақбергенов, Біздің колхоз).

ВАКУУМДЫҚ с ы н. *Вакуумға тән.* Термикалық өңдеудің нәтижесінде сан мыңдаған тонна металл ысырап болып кемиді. *Вакуумдық* және электршлак қолданып қорытудың келешегі зор («Лен. жас»). Фотокедергінің *вакуумдық* фотоэлементтерден артықшылығы—оның полюссіздігі, кішкенелігі, сенімді әсер етуі және ұзақ мерзімге төзімділігі (К. Айманов, Физика).

ВАКЦИНА з а т. *Жұқпалы аурулардан алдын ала сақтану үшін егілетін биопрепараттардың жалпы аты.* Қызылша, шешек, полиомиелит ауруларына қарсы егілетін *вакциналар* тірі вирустан жасалады («Лен. жас»). Л. Пастер түрлі жұқпалы ауруларға қарсы күресу үшін практикада зор маңызы бар *вакциналар* даярлап шығарды (Н. Шоқанов, Микроорганизм.). Сонан кейін сарыптың өз микробынан жасалған *вакцинаны* терінің астына, қан тамырына жіберу тәсілдерін қолданады (М. Қайрақбаев, Ескерм. ауру).

ВАКЦИНАЦИЯ з а т. *Жұқпалы аурулардан алдын ала сақтану үшін істелетін әрекет.* Туберкулезден сақтанудың басты шарты — туберкулезге қарсы *вакцинация* (егу) жасау болып табылады (С. Байжанов, Өкпе туберкулезі). 1885 жылы 6 июньде дүние жүзінде бірінші рет Париж қаласында Пастердің станциясы ашылып, онда *вакцинация* (құтырма ауруына қарсы алдын ала профилактикалық егу) жүргізіле бастады (Н. Әжіғалиев, Малдан жұғатын ауру.).

ВАЛ з а т. *Өзінің айналуымен машинаның я механизмнің басқа бөлшектерін де қимылға келтіретін, қозғалысқа түсіретін негізгі тетік (білік).* Подшипник тығыздағышының ішіне енгізілген *вал* айналғанда, *вал* мен тығыздағыштың арасында сырғанау үйкелісі пайда болады (Физика курсы). Тихон Тихонович цех ішін аралатып келеді. Айнала сап түзеген станоктар. Қаз-қатар тұрған токарлар станок *валынан* көз айырмай, бар ынта-жігерімен еңбек етуде («Соц. Қаз.»).

ВАЛЕНТТІ с ы н. *Химиялық элементтің басқа элемент атомдарымен қосылушылық қабілетінің кесімді саны (ондай сан 1-ден 8-ге дейін болады).* Сондай-ақ, «темір бактериялары» мен «күкірт бактериялары» да хемосинтетик болады. Бұлардың біріншілері екі *валентті* темірді үш валентті темірге тотықтырудан бөлініп шығатын энергияны пайдаланады (Жалпы биология).

ВАЛЕНТТІК з а т. *Алынған химиялық элементтің басқа элемент атомының кесімді санын қосып алу я орнын басу қабілеті.* Өткен ғасырдың 50-жылдарында ғылымға химиялық элементтердің *валенттіктері* жөнінде ұғым енді (Орган. химия). Сондай-ақ көміртегі атомдары бір-бірімен қосылып, өз ара *валенттік* қатынас жасай алады (Т. Айтбаев, Қан. қасиеті).

ВАЛЕНТТІЛІК з а т. *Валенттікке тән қасиет.* Химиялық элемент атомының басқа элемент атомдарының белгілі санымен қосылу қасиеті *валенттілік* деп аталады (Химия). Химиялық тотықтар қатарына металл еместерден және *валенттілігі* ең жоғары металл атомдарынан

түзілген тотықтар жатады (К. Шабдаров, Хим. оқыту.).

ВАЛЕРЬЯН з а т. *Тамырының тұнбасынан медицинада зор маңызы бар дәрі алынатын түйін шөп (өсімдік).* Жалбыз суы — таза күйінде 10 тамшыдан суға қосып беріледі немесе басқа сұйық дәрілерге, мысалы *валерьян* тамшысына қосып, күніне 2—3 рет беріледі (С. Сұбханбердин, Дәрі — дауа.). Контраспан — Чехословакияда шығатын дәрі. Мұның құрамына *валерьяндар,* хош иісті спирт, эфир майы, ромашка [шытыр] енеді (С. Сұбханбердин, Дәрі — дауа.).

ВАЛЕРЬЯНКА з а т. *Валерьян тамшысы.*

ВАЛИДОЛ з а т. *Ментол және валерьяна қосындысынан алынатын жүрек ауруының дәрісі.* Жүрек ұстамасымен ауыратын адамдардың қалтасында уақытында тез жәрдем ететін интроглицерин, *валидол* сияқты дәрілердің үздіксіз болғаны жөн (Б. Омаруұлы, Жүрек.).

ВАЛИК з а т. 1. *Кішкене вал, (білікше). Валик* тұтас дене болып саналады. Оның мандай жағындағы тесікті айқындау үшін дербес тілік қолданылған (Сызу). 2. *Дыбыс жазуға арналған фонографтың цилиндрі.* 3. *Диванның екі басына қойылатын жұмыр шеттеме, бәліш.*

ВАЛИН з а т. *Аминоқышқылдардың өзгертуге болмайтын құрам бөлшегі, көбінесе ол сүт казеинінде болатын органикалық зат.* Бұл аминоқышқылдарының үстіне құрамына каротин... *валин* және көптеген басқалары кіреді (Р. Әбуғалиев, Қой өсіруші.). *Валин* — нерв жүйесінің бір қалыпты қызмет етуі үшін қажет, каротиноидтер мен холестериннің алмасуына қатысады (Т. Сарбасов, Мал. азығы.).

ВАЛОКОРДИН з а т. *Жүрек тез соғып, шаншып ауырғанда ішетін дәрі.* Стенокардиямен ауырған адамдарда миокард инфарктысын болдырмаудың амалы, жүрек тұсының шаншуы біліне бастағанда нитроглицерин, валидол, *валокордин* сияқты дәрілерді қантқа тамызып (1—3, 3—5 тамшылардан), тілдің астына салып сору керек (М. Қайрақбаев, Ескерм. ауру.). Сенбеймін *«валокордин»,* «анетинге», Тағдырым төндірмегей қара түнге. Соға тұр, сорлы жүрек, анықтайын, Соңымда белгім болып қалатын не?! (М. Әлімбаев, Жүрек.).

ВАЛТОРНА з а т. *Духовой оркестрде үріп тартатын сырнайға ұқсас музыкалық жез аспап. Валторна* — мыстан жасалатын үрлемелі аспап (К. Қуатбаев, Қысқ. муз. сөздік). «Россияның батыр ұлдары өз елін осылай қорғады» деген Баянның терең ойы *валторна* аспабында әлденеше рет қайталанады («Лен. жас»).

ВАЛЬДШНЕП з а т. з о о л. *Жылқышы тәрізді орман құсы.* Тау қазы, бұлдырық бөдене, тарғақ, қызғыш, тау құдірет, жылқышы, балшықшы, *вальдшнеп,* тағы толып жатқан құс. Жазғытұрым құс келіп жатқан кезде, күздігүні қайтып жатқан уақытта осының бәрі анда жүргенде кездесіп отырады (Ш. Айманов, Қыран тур.).

ВАЛЬС з а т. *Екіден жұптасып, жаймен қалықтап жүріп билейтін би және осындай ырғақта жазылған музыка.* Ал, А. Жұбановтың *вальс* ырғағындағы «Көктемі» ше? «Көктем» десе көктем! Мұнда табиғат сұлулығы мен жалын атқан жастық дәуреннің албырт сезімі астасып жатқандай (Ж. Ғсалдин, Ахмет Жұбанов). Енді Ларисаны биді тәуір білетін жылпостау жігіттердің біреуі *вальске* шақырып әкетті (Т. Жангелдин, Партизан.). Жүректе өшпейтін бар ұшқын, Жанымнан кетпеші, алыс тым. Сенімен билесем ерекше Тербейді әуені *вальстің* (А. Бақтыгереева, Өрімтал).

ВАЛЬЦОВЩИК з а т. *Вальцы станогінде істейтін жұмысшы.* 60-шы жылдардағы комсомолияның атынан пленумда Магнитогорск металлургия комбинатының *вальцовщигі* В. А. Шахтарин, Гродно облысындағы Дятлов ауданының «Слава труда» колхозы комсомол ұйымының секретары, мал шаруашылығы бригадасының бригадирі Н. М. Холопик сөз сөйледі («Қазақст. муғ.»). Бұрын балға ұратын Шалың бүгін бөлшек қып, Темірді бұрып тұратын Болып апты *вальцовщик* (Т. Жароков, Қырда туғ.).

ВАЛЬЦЫ з а т. *Беттері тегіс, кейде бұдырмақты қарама-қарсы жанаса айналып тұратын шойыннан не болаттан құйылған қос білігі бар станок.* Белгілі бір жылдамдықпен транспортермен жылжып келген мал азығы сабан-сүрлем турағыштың аузындағы қабылдау *вальцы* арқылы нығыздалып, тапталады (С. Тілеубергенов, Мал шаруаш.).

ВАЛЮТА з а т. **1.** *Бір мемлекетте қабылданған ақша өлшемі (сом, доллар, рупий, марка, франк т. б.).* **2.** *Шет мемлекеттің ақша белгілері.* Ағылшын алтыны мен шет ел *валютасының* қоры міне үш айдан бері кеміп келеді («Соц. Қаз.»).

ВАЛЮТЧИК з а т. к ө н е. *Жаңа экономия саясаты (НЭП) кезінде шетел валютасымен алыпсатарлық еткен саудагер.* Әсіресе халыққа жат, зиянды элементтерді — жатып ішерлер мен көз бояушыларды, жуликтер мен *валютчиктерді,* ұры мен бұзақыларды масқаралап, беттеріне күйе жақты (М. Қаратаев, Далада.).

ВАНАДИЙ з а т. *Менделеев системасының V тобындағы химиялық элемент; жоғары температурада балқитын түсі күміс тәрізді, сапалы болат жасау үшін қолданылатын сұрғылт металл. Ванадий* өте берік болғандықтан одан жасалған конструкциялардың салмағын 2,5—3 тоннаға кемітуге болады (Б. Бірімжанов, Жалпы химия). Мұның (Лисаковск мен Аяттың) бірінде ерекше металл болып саналатын *ванадий* металы басым болса, екіншісінде фосфор мөлшері көбірек кездеседі («Лен. жас»).

ВАНДАЛ з а т. *Мәдениет мұраларын қиратушы рақымсыз жабайы, тағы (адам).*

ВАНДАЛИЗМ з а т. *Мәдениет мұраларын және тарихи ескерткіштерді орынсыз қиратушылық, бүлдірушілік, тағылық.* Тікелей өндірушілерді экспроприациялау нағыз аяусыз *вандализм* арқылы және нағыз арсыз, нағыз оңбаған, нағыз ұсақ және нағыз құтырған ниеттердің қысымы арқылы жүргізіледі (К. Маркс, Капитал, I, 770).

ВАНИЛИН з а т. *Тропиктік хош иісті ваниль өсімдігінің қабығында, жемісінде глюкозоид түрінде кездесетін органикалық зат.* Ақ ірімшікке сары май, қант, джем, повидло, бал, жүзім, жаңғақ, какао, кофе, тмин, *ванилин* және тұз қосып көптеген тәтті тағамдар жасауға болады (С. Сұбханбердин, Дәрі — дауа.). Цитрамон — таблетка; аспирин, фенацетин, кофеин, қант, какао, лимон қышқылы және *ванилиннің* қоспасы (С. Сұбханбердин, Дәрі — дауа).

ВАНИЛЬ з а т. *Тропиктік жерлерде өсетін хош иісті өсімдік. Ваниль* (иісті өсімдік) мен какаоны дәміне қарай қосуды ұйғарады. Мұның бәрін қайнатып, сілікпе тәріздендіре қою етіп, оны суыған күйінде ішу керек (Х. Әбисатов, Қарын рагы). Кактус гүлдерінің көз тартарлықтай әдемілігін ескермегенде оның алуан түрлі сүйкімді *ваниль,* алма, магнолия, жидек т. б. иістері болады (С. Турдиев, Үй өсімдік.).

ВАННА з а т. **1.** *Ішіне жылы су толтырып, жуынып-шайыну үшін пайдаланылатын, үлкен астау тәрізді эмальды металл ыдыс.* Сабын ап Сабындап, Шомылдық *ваннаға.* «Көп жылғы Кіріңнен Ештеме қалмады, ә? (Қ. Ыдырысов, Аршында.). Сыртқы терідегі микробтарды жою үшін моншаға, *ваннаға,* душқа түсіп, денені таза ұстаудың маңызы зор-ақ (М. Қайрақбаев, Ескерм. ауру.). **2.** *Ауруларды емдеу үшін дәрігерлер қолданатын әр түрлі шипалы бұлау.* Күн *ваннасын,* Тау ауасын осында Курортшылар қабылдайды мөз бола (Ә. Ахметов, Өшп. жалын). Соңғы уақытта емдеу мекемелерінде жасанды оттегі *ваннаны* кеңінен өріс алды (С. Сұбханбердин, Дәрі — дауа.). **3.** *Техникада — әр түрлі сұйық заттар (ерітінділер) құйылатын ыдыс пен құрамында осындай ыдысы бар балқыған сұйық зат жиналатын ойпаң (шұңқыр).* Комбинатта өндірісшілер мен ғалымдар ынтымақтаса отырып, бетон полимерінен электролиз *ваннасының* тәжірибе конструкциясын жасады («Соц. Қаз.»).

ВАРАН з а т. *Кесіртке тәрізділердің ең ірісі, ешкімемер. Варан,* немесе земзем — бұл Солтүстік Африкада, Оңтүстік Азияда және СССР-дің Түркменстан, Өзбекстан, Оңтүстік Қазақстан жерлерінде болады (Т. Мұсақұлов, Биол. сөздік). Құмды шөлдердің қызғылықты кесірткелерінің бірі — *варан.* Бұл ұзындығы 1,5 м келетін зор кесіртке (Б. Муханов, Қазақстан өсімдік.).

ВАРВАР з а т. т а р. **1.** *Ежелгі гректер мен римляндардың түсінігінде шетел адамдары.* **2.** А у ы с. *Мәдениеттің жауы, рақымсыз, қатал адам...* Және *варварлардың* шетелдіктерге өте күшті өшпенділігін де жеңеді (К. Маркс, Ф. Энгельс, Таңд. шығ. I, 13.).

ВАРВАРИЗМ з а т. л и н г в. *Басқа тілден енген сөздер мен сөйлемшелер.*

ВАРВАРЛЫҚ з а т. *Мәдениетсіздік, тағылық, тым қаталдық.* Шторх өзіне: бұқарасы қайыршыланып, кері кетіп отырған осы капиталистік цивилизацияның *варварлықтан* артықшылығы не-

де?— деген сұрақ қояды. Сөйтіп ол — хауіпсіздікте — деген бір ғана жауап табады (К. Маркс, Капитал, I, 659). Ұлттардың соғысушы таптарының екеуі де соғыс жүргізгенде мейрімсіздігі мен *варварлығы* жағынан бірінен-бірі кем түспейді (В. И. Ленин, Шығ. 36 т. 277.).

ВАРЕНИК з а т. *Қамыр ішіне ақ ірімшік я жидек салып қайнатып пісірген тағам.* Сыра бұрқырап, быж-быж еткен құырдақ пен тәтті пирожок, *варениктер* қаптап кетеді. Тамақ жеткілікті (Т. Бердияров, Солдат.).

ВАРЕНЬЕ з а т. *Қант ерітіндісіне қайнатып консервіленген жеміс-жидек.* Шәкең шақпа қант пен ақ бауырсақты араластырып салған екі-үш тарелканы, майын, *вареньесін,* қуырдағын әкеп столдың үстіне жаудырып жіберді (З. Ақышев, Біздің шамш.). Одан (малинадан) *варенье,* повидло, джем және басқа шырындар, сироптар, эссенциялар жасайды (С. Сұбханбердин, Дәрі — дауа.).

ВАРИАНТ з а т. 1. *Бір нәрсенің екінші бір басқашалау түрі.* Інжілдің алғашқы *варианты* ертедегі семит әрпімен пергаментке дауысты дыбыстар таңбаланбай жазылған (З. Ақназаров, Ғылыми атеизм). Жоспар түзуге оқушылардың өздері белсенді қатысып, жасалған жоспардың түрлі *варианттары* талқыға салынып, дұрыс делінгені таңдап алынды («Қазақст. мұғ.»). 2. *Әдеби шығарманың негізгі тексті́ден айырмашылығы бар басқа бір түрі.* Мұхтар бәрімізден бұрын бітірді. Бұрынғы-соңғысына қай жағынан салыстырып қараса да мен «Айман — Шолпанның» сол ең алғашқы *вариантын* артық көремін (Ғ. Мүсірепов, Кездесп. кет.). «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» варианттарымен таныс адамға, ең көркемі де, толығы да осы *вариант* (Қ. Жұмалиев, Қаз. эпосы.). Сөйтіп, «Біржан — Сараның» 1958 жылғы клавир түрінде басылып шыққаны және оның сол жылғы Москва онкүндігінде орындалған партитурасы ең соңғы шыңдалған, жетістірілген *варианты* болды (А. Жұбанов, Мұқан Төлебаев).

ВАРИАЦИЯ з а т. 1. *Өзгергіштік сызығындағы кездесу жиілігін көрсететін ең жоғарғы нүкте.* Жеке варианттардың жиілігін және *вариациялар* көлемін көрсететін белгі — өзгергіштіктің қисық сызығы вариациялық қисық сызық делінеді (Жалпы биология). 2. *Музыкалық тақырыптың құбылып қайталануы, бір сарынның, әуеннің бірден-бірге өзгеруі. Вариация* өз алдына музыкалық шығарма да болады (К. Қуатбаев, Қысқ. муз. сөздік). Әсіресе Лукашованы ерекше атау керек. Ол өзінің жеткізе шыңдалған техникасымен, қуанышты биімен тіпті қиын *вариацияларды*ң өзінде көңілді күлкіден арылмайтындығымен ерекшеленеді («Лен. жас»).

ВАРИАЦИЯЛА е т. *Бір заттың өзгерістері мен құбылыстарын салыстыра ажырату.*

ВАРИАЦИЯЛЫҚ с ы н. *Өзгеріске түскен, басқашалық.* Бір топ жапырақты белгілерінің өсуі не кемуіне қарай... орналастырсақ, сол белгінің өзгергіштік қатарын жасаймыз, бұл *вариациялық* қатар делінеді. Мұндай қатар жеке варианттардан құралады (Жалпы биология).

ВАРИАЦИЯЛАН *Вариацияла етістігінен жасалған өздік етіс.* Ол әдістер дирижер мен хордың алдында тұрған тапсырмаларға, сол сияқты репетиция, немесе концерт болар кездерге байланысты *вариацияланып,* өзгеріліп тұрады (Хор. жұмыс.).

ВАРИОМЕТР з а т. 1. *Радиотехникада тербеліс контурын баптауға арналған айнымалы индуктивті катушка.* 2. *Самолеттің жоғары көтерілу және төмендеу шапшаңдығын көрсеткіш (аспап).* 3. *Геофизикалық шамалардың өзгерістерін анықтайтын аспап.*

ВАССАЛ з а т. т а р. 1. *Өзгеге тәуелді, бағынышты адам я мемлекет.* Хиуа ханы мойын ұсынып, бітім шарты бойынша Россияға тәуелді *вассалымын* деп таныды (ҚазССР тарихы). Хан өз жеріндегі халықты сұлтандар арқылы басқарды, сұлтандар оның *вассалдары* болды («Халық мұғ.»). 2. *Өзінен ірі феодалға тәуелді болу үстіне соғыс мәселесі жөнінде басқаға бағынышты болған орта ғасыр шонжары, жер-су иесі.* Европаның барлық елдерінде де феодалдық өндіріс жердің мүмкін қадерінше көптеген *вассалды* тәуелді адамдар арасында бөлінумен сипатталады (К. Маркс, Капитал, I. 728). Біздің тәуелсіз адамдарымыздың орнына бұл арада біз кілең тәуелді адамдарды — крепостнойлар мен феодалдарды, *вассалдар* мен сюзерендерді, бұқаралар мен поптарды кездестіреміз (К. Маркс, Капитал, I, 93).

ВАТЕРПОЛИСТ з а т. с п о р т. *Су добы командасының ойыншысы. В а т е р п о л и с т е р д і ң* шеберлігі туралы айта кетпеске болмайды («Спорт»). Республикамызда... *в а т е р п о л и с т е р і м і з,* шахматистеріміз өз тобында 7—12 орындарды бөлісіп келеді («Соц. Қаз.»).

ВАТЕРПОЛШЫ з а т. *Ватерполист.* Су полошылары мен теннисшілер де өткен спартакиадаға қарағанда әлдеқайда жақсы өнер көрсетті. Біздің *в а т е р п о л ш ы л а р* жартылай финалда украиндықтармен бірдей ұпай жинаған еді («Спорт»).

ВАТМАН з а т. *Сызу жұмыстарына арналған жоғары сапалы қағаз.* Қабырғаларда фанерадан жасалған төрт бұрышты тақтайшаларға тартылған аппақ *в а т м а н* қағаздарға сызылған көркем де зәулім үйлердің әр түсті әдемі фасадтары... («Лен. жас»). Жолдың *в а т м а н ғ а* жазылған схема-суреті бар. Ертегідегі секілді жаудырап тұр (Т. Нұртазин, Адам.).

ВАТРУШКА з а т. *Ішіне ақ ірімшік салып пісірген күлше.*

ВАТТ з а т. ф и з. *Электр қуатын өлшеудегі бірлік.* Ол ұрықтың даму қарқыны инкубаторланатын жұмыртқаны 500 *в а т т* шамы мен вентиляторы бар овоскоп арқылы қарап байқаумен анықталады (Құс өсіруші.). Генератордың қуаты 10 *в а т т,* толқын ұзындығы 160 см. («Халық мұғ.»).

ВАТТМЕТР з а т. *Электр тогының қуатын өлшейтін аспап.*

ВАФЛЯ з а т. *Ұнға жұмыртқа, қаймақ қосып пісірген кітірлек жұқа кондитер тағамы.* Ал жуырда ғана балмұздақты *в а ф л я ғ а* қосып қалыптау жұмыстарын автоматты түрде атқаруға арналған машиналар да пайда болды («Лен. жас»).

ВАХМИСТР з а т. т а р. *Патша атты әскеріндегі аға унтер офицерлік шен.* Патша үйінің үш жүз жылдығын тойлар алдындағы әскери байқауда дәрежелі адамдардың көзіне түсіп, *в а х м и с т р* атағын алды (А. Нұрманов, Құлан. ажалы.).

ВАХТА з а т. *Белгілі бір үлкен саяси оқиғаның қарсаңында өндіріс өнімдерін арттыру жолындағы жанқиярлық еңбек.* Қала еңбеккерлері бұл күндері алдымыздағы даңқты мереке құрметіндегі екпінді еңбек *в а х т а с ы н а* тұрып, жаңа өндірістік тартулар әзірлеуде («Соц. Қаз.»). Ол жарыстағы ұран: «1968—1970 жылдарды Лениндік мерекелік еңбек *в а х т а с ы* жылдарына айналдырамыз» («Қазақст. мұғ.»). Мектебіміздің комсомолецтері ВЛКСМ-ның 50 жылдық торқалы тойы құрметіне еңбек *в а х т а с ы н а* тұрды («Қазақст. мұғ.»).

ВАХТЕР з а т. *Мекемедегі күзетші.* Министрліктің сыртқы есігінде *в а х т е р* шал тұратын... (Қ. Исабаев, Сұңқар.). Оқу залына жаңа ғана енген *в а х т е р:* — Балам-ау, қашанғы отырасың шұқшиып? Таң атып қалды ғой, дамылдасаңшы... («Лен. жас»).

ВАХТЕРША з а т. *Мекемедегі күзетші әйел.* Ана қораның ішіндегі кішкене сарайжатақхананың *в а х т е р ш а с ы* Мария Федоровнаның қызмет жайы (Ә. Кекілбаев, Бір шөкім.).

ВЕГЕТАТИВТІ с ы н. *Вегетацияға қатысты.* Мұндағы бүкіл процесс кішкене ғана жас гидра түзілуімен аяқталады, ол жас гидра аналық денеден үзіліп өз бетінше тіршілік етеді. Әсіресе *в е г е т а т и в т і* көбею өсімдіктерде көп тараған (Жалпы биология). Біздің жердегі суларда әлодея тек *в е г е т а т и в т і* жолмен ғана көбейеді (Т. Мұсақұлов, Аквар. әліппесі).

ВЕГЕТАТИВТІК с ы н. *Организмдердің көбейіп дамуына байланысты.* И. В. Мичурин шығарған сорттардың көбі күрделі гетерозиготалар. Олардың қасиеттерін сақтау үшін олар *в е г е т а т и в т і к* жолмен (тамырсабақ, ұластыру және т. б.) көбейтілді (Жалпы биология). Сабақ — құрылысы күрделі өсімдіктер денесіндегі *в е г е т а т и в т і к* органдардың бірі (Т. Мұсақұлов, Өсімдік. анатом.). Кез келген орган: көбінесе сабақ, тамыр, кейде жапырақ та өсімдіктің бастамасын бере алады. Осы органдардың бірі *в е г е т а т и в т і к* органдар деп аталады (Ботаника).

ВЕГЕТАЦИЯ з а т. б о т. *Өсімдіктің өсіп жетілу мезгілі.* Сонымен күздік бидай егісін күзгі *в е г е т а ц и я* уақытында үстеп қоректендіру көктемгі мерзімде... жақсы нәтиже береді (Қ. Амантаев, Суарм. күздік). Мортық — еркек шөпке ұқсас, бірақ мұның көп жылдық еркек шөптен айырмашылығы *в е г е т а ц и я* дәуірі қысқа (Б. Муханов, Қазақст. өсімдік.).

ВЕДОМСТВО з а т. *Мемлекет істерінің бір саласын басқаратын мекеме я мекемелер жиынтығы.* Алматы физкультура институтының спорт залында шахматтан бір жетіге созылған республикалық *в е д о м-*

ство аралық жарыс аяқталды... («Соц. Қаз.»).

ВЕДОМОСТЬ з а т. *Белгілі бір есеп-қисап, мәлімет жайындағы тізім. Ведомостар* бухгалтерлік есеп үшін және жұмысшыларға жалақы есептеу үшін документ болып табылады (Қазақст. молайту.). Тоқсан аяқталғанда, оқушылардың *ведомосын* жасау, табельдерін толтыру менің міндетіме айналып кеткелі қашан! (С. Еркебаев, Алғашқы адым).

ВЕЗДЕХОД з а т. *Жолсыз жерлерде жүре беретін машина. Вездеходпен* киік қуғандарды газетке жазғаны да бар (Т. Әлімқұлов, Сейтек.). Шөлейттің күні салқын еді. Құмның бетіне айдың бозғыл сәулесі төгіліп тұр. Жал-жалдана үйілген құмның етегінде *вездеход* («Лен. жас»).

ВЕЙСМАНИЗМ з а т. *Органикалық дүниенің дамуы жөнінде материалистік теорияға қарсы күресте болған биология ғылымындағы кертартпа-идеалистік, мистикалық бағыт.* Сонымен қатар *вейсманизм* тұқым қуалаудың негізгі себебін хромосом теориясымен дәлелдегенсымақ болатын (Т. Мұсақұлов, Биол. сөздік).

ВЕКСЕЛЬ з а т. *Қарыз алған ақшаны белгілі мерзімде төлеуге берілетін міндеттеме қағаз.* Жинақ кассасы өзіндегі аманаттар үшін 4 және $4^1/_4$% өсім бере отырып, ылажсыздан өз капиталына «тиімді» орын іздейді, *вексель* алып, кепілге мүлік ұстап қарыз беру және басқа түрлі операцияларға салынады (В. И. Ленин, Шығ. III, 25.). Ол (Англия банкі) осы банкноттар арқылы *вексельдерді* есепке ала алатын, товарлардың есебіне қарыз бере алатын, асыл металдарды сатып ала алатын еді (К. Маркс, Капитал, I, 763.).

ВЕКТОР з а т. м а т. *Сан жағынан ғана емес, амалының бағыты жөнінен де сипатталатын математикалық шама.* ОА *векторының* ұзындығы 10 см және ОХ осіне 38 градус бұрыш жасай бағытталған (Тригонометрия). Жарық толқыны өрісінің *векторлары* үздіксіз өзгеріп, яғни ұдайы тербеліп тұрады (П. Полатбеков, Оптика).

ВЕКТОРЛЫҚ с ы н. *Векторға тән.* Өзінің тек сан мәнімен ғана емес, сонымен қатар кеңістіктегі бағытымен де анықталатын шамалар *векторлық* шамалар немесе векторлар деп аталады (Физика). Атомның магниттік моменті оның электрондарының магниттік моменттерінің *векторлық* қосындысына тең болады (П. Полатбеков, Оптика).

ВЕЛОДРОМ з а т. *Велосипед жарысы өтетін алаң.*

ВЕЛОСИПЕД з а т. *Аяқпен жүргізетін екі я үш дөңгелекті жеңіл машина.* Өмірғали аулада інісі Сапашқа *велосипед* тебуді үйретіп жүрген. Сапаш әлсін-әлі жығыла берді (Е. Өтетілеуов, Бос шелек). Ауыл-селолы жерлерде атқа мініп жүру, *велосипед* тебу тіпті жақсы (М. Қайрақбаев, Ескерм. ауру.). Өткен жылы көктемде сексен жастағы қарт Иван Яковлевич Пушкин Минск қаласынан *велосипедпен* жолға шықты (Шопан серігі).

ВЕЛОСИПЕДШІ з а т. *Велосипед жүргізуші.* Өткен жексенбіде Боралдай тас жолында *велосипедшілердің* ерлер арасында жеке біріншілігі өтті («Лен. жас»). Қазақстандағы атақты жеңіл атлет Лидия Шейдина, *велосипедші* Валентина Болотова мен Ефросиня Серохвостова, гимнастшы Надежда Юшкова шеберлігі де жылдан-жылға арта түсуде («Спорт»).

ВЕЛОТРЕК з а т. с п о р т. *Велосипедпен жарысуға ыңғайлап салынған айналмалы жолы бар құрылыс жайы.* Сондай-ақ 10 мың орындық жаңа стадионды салу ісі де басталып кеткен. Осы стадионның жанынан биыл *велотректі* де пайдалануға бермекші жайлары бар екен («Спорт»).

ВЕЛЬВЕТ з а т. *Мақтадан тоқылған ши барқыт, кеңірдек барқыт.* Аяғында бәтеңке, *вельвет* костюм... (М. Сүндетов, Ескексіз.). Есіктің ар жағынан Құдияр көрінді. Жол-жол қара барқыттан *вельвет* шалбар киген (Ә. Тарази, Құйрықты.).

ВЕЛЬВЕТКА з а т. *Ши барқыттан тігілген кеудеше.* Ботакөз бен Есен үйге кіріп келгенде сұр *вельветка* киген, тар балақ шалбарлы, сида бойлы, шашы ұрпиген жас жігіт тұр екен (С. Талжанов, Ұлдай кегі). Үшіншісі — үстіне жеңіл *вельветка* киген, жасы он жетілер шамасындағы шофер жігіт — Юрий Уәйханов еді (Н. Ғабдуллин, Өмір күйі).

ВЕЛЮР з а т. 1. *Драптың, барқыттың, пүліштің сапалы түрі.* Васяның үстінде қара көк *велюр* пальтосы бар, басында сұр велюр шляпа, қолында жұқа сафьян перчатка (М. Әуезов, Таңд. шығ.). Үстінде әдемі қара көк костюм, басында *велюр* қалпақ. Кім деп ойлайсың оны? Агроном, инженер, зоотехник?— Озат шопан Ыды-

рыс Әбдіғұлов осы жігіт (Октябрь өрендері). 2. *Жеңіл аяқ киімдері тігілетін замшаға ұқсас, жұмсақ, тығыз былғары.*

ВЕНА з а т. *Қан жүрекке қарай жүретін күре тамыр.* Қан тамырлары екі түрлі болады: жүректен шығып организмнің әр мүшесіне қарай қан жүргізетін тамырларды артерия дейді, ал дене мүшелерінен жүрекке қарай қанды алып келетін тамырларды көк тамыр — *в е н а* деп атайды (М. Қайрақбаев, Ескерм. ауру.). Бұл қан жүретін жолды қан тамырлары деп атаймыз. Қан тамырлары қызыл тамыр және көк тамыр *в е н а* болып екі салаға бөлінеді (Б. Омарұлы, Жүрек. ауру.). Гипертонияның ұстамасы кезінде оның (дибазолдың) бір процентті ерітіндісін *в е н а ғ а* күніне бір-екі миллиграмнан 3—4 рет егеді (С. Сұбханбердин, Дәрі — дауа.).

ВЕНАЛЫҚ с ы н. *Венаға жататын.* Никотин жүректің *в е н а л ы қ* артерияларына ерекше зиянды әсер етеді (Р. Сәтбаева, Гипертония.). Құстар мен сүт қоректілердің жүрегі — сол жақ артериялық бөлімге және оң жақ *в е н а л ы қ* қуысқа бөлінеді (Жалпы биология).

ВЕНЕРОЛОГ з а т. *Жыныс мүшесіндегі жұқпалы ауруларды емдейтін дәрігер.*

ВЕНЕРОЛОГИЯ з а т. *Жыныс мүшесіндегі жұқпалы ауруларды зерттейтін ғылым.*

ВЕНОК з а т. *Гүлдерден өрілген шеңбер.* Біз тобымызбен Гандидің құрметіне арнап *в е н о к* қойдық (М. Әуезов, Индия очерк.). Бейітіне *в е н о к* боп Жолданады менен жыр. Есімің бар ел қойған, Өмірлі адам деген бір! (С. Сейітов, Жаңғырық). Омырауында жауынгерлік ордендері бар адам тізесін бүгіп, *в е н о к т ы ң* лентасын сүйді («Соц. Қаз.»).

ВЕНТИЛЯТОР з а т. *Бұзылған ауаны шығарып, сырттан таза ауа енгізуге арналған желдеткіш.* Бұл инкубатор жылытқыш электр аппаратурасынан, *в е н т и л я т о р* мен барабандардың электр двигательдерінен басқа, электр автоматика және электр сигнал түтіктерімен жабдықталған (Құс өсіруші.). Ұрықтың даму қарқыны инкубаторланатын жұмыртқаны 500 ваттық шамы мен *в е н т и л я т о р ы* бар овоскоп арқылы қарап байқаумен анықталады (Бұл да).

ВЕНТИЛЯЦИЯ з а т. *Үйдің т. б. жайдың ауасын алмастырып, тазартып-желдетіп тұратын жүйе.* Сақтаудың барлық жағдайларында да қоймаларда *в е н т и л я ц и я* жасау (ауаны тазарту) балық товарларының сапасына қолайлы әсер етеді (К. Күленов, Қазақст. балық.). Мал қоралары әр түлікке арналған үлгіге сәйкес салынып, ауасы таза, кең жайлы болуын, булығы (*в е н т и л я ц и я с ы*) жақсы жұмыс істеуін қамтамасыз ету керек (Ә. Әбішев, Мал санитары.).

ВЕРАНДА з а т. *Үй қабырғасына жапсыра салынған жан-жағы ашық немесе терезеленген жай.* Екеуміз жалғыз терезесі жабық *в е р а н д а ғ а* шығатын аса қараңғы бөлмеде төрт-бес ай тұрдық (Ғ. Мүсірепов, Белдерде). Бақташының ішіндегі Виляның пәтерінің есігінің алдында автомобиль тоқтай қалғанда, Виля есік алдында *в е р а н д а д а* отыр екен (С. Сейфуллин, Шығ.). Үйдің алдындағы *в е р а н д а ғ а* алаша төсеп, жүгерінің собықтарын үйіп тастаған (С. Сарғасқаев, Көңілді бала.).

ВЕРАНДАЛЫ з а т. *Верандасы бар.* Үйлері шетінен жаңа шифермен жабылған *в е р а н д а л ы* (Ә. Тарази, Құйрықты.). Көп кешікпей колхоз орталығындағы алаша кепелер сыпырылды да, көк шатырлы, *в е р а н д а л ы*, бір орталықтан жылытылған еңселі үйлер пайда болды (С. Шаймерденов, Мезгіл).

ВЕРМИШЕЛЬ з а т. *Заводта істелген жіңішке, жұмыр кеспе.* Кешкі тамақ. Қуырылған балыққа картоп пен *в е р м и ш е л ь* қосып немесе күріштен жасалған тәтті пудинг, тәтті тұздығымен қоса қосып картоптан жасалған запеканка немесе *в е р м и ш е л ь* араластырған дұрыс (М. Қайрақбаев, Ескерм. ауру.). Бұл жолы «жоғалған сүлгіге *в е р м и ш е л ь* орап алып кеткен» депті (С. Төлешев, Түрлі бас.).

ВЕРСТАК з а т. т е х н. *Ағаш, темір материалдарды өңдеу үшін қолайлы етіп жасалған жұмыс столы.* Ұсақ тетікті, кішкене винттерді, гайкаларды стол, *в е р с т а к* үстінен керек кезінде таба қою көбінесе қиын (Трактористке көмекші). Шеңбердің ортасында *в е р с т а к т а р*, стеллаждар, электрмен және газбен сваркалайтын аппараттар тұрады («Лен. жас»).

ВЕРСТАТКА з а т. п о л и г р. *Баспаханада әріптерді жинап тізуге қажет аспап.* Жүдеу жігіт шамды өз ығына қалқалай ұстап, жәшіктерге үңілді. Тарамыс саусақ-

тарымен ұзақ шарлап, әбден мүжілген қорғасын әріптерді сол қолындағы *верстканға* тізді («Қаз. әдеб.»).— Атай, кірісе беріңіз. Қалған *верстакаларды* орналастырғаннан кейін біз терезеден кетеміз,— деді жігіттер (Ө. Қанахин, Дәмелі).

ВЕРСТКА з а т. п о л и г р. *Баспа жұмысындағы терілген сөздерді беттеу, бетбетке дұрыстап орналастыру процесі.* Үстіңгі жәшікте баспаханадан жаңадан келген *верстакалар* жатыр (Т. Әлімқұлов, Ақбоз ат).— Сен бір он минутке рұқсат бер. Барып Соняға айтайық,— дедім.— Жарайды,— деді ол.— Бүгін *верстканой* («Қаз. әдеб.»). Александр Петрович Ереминнің үйінде мақала қорытып, теріліп шыққан газеттің *версткасын* оқиды, қатесін түзейді (З. Шашкин, Тоқаш Бокин).

ВЕРСТКАЛА е т. *Баспаханада теріліп жатқан жұмысты бет-бетке бөлу, беттеу.*

ВЕРТИКАЛЬ з а т. м а т. *Тік, тік сызық, тік бағыт.* Ұшына тас байланып керулі-керулі тұрған жіптің бағытын *вертикаль* бағыт, не тік сызық бағыты дейді (Х. Әбішұлы, Халық астроном.). Ұзындығы 2 *м вертикаль* орнатылған рейка деп аталатын бойында бөліктері бар линейкалардың бөліктерін салыстыру арқылы ойқырды анықтауға болады (Бұл да). Егер бір бұрыштың қабырғалары екінші бұрыштың қабырғаларының созындылары болып келсе, ондай екі бұрыш *вертикаль* бұрыштары деп аталады (Геометрия).

ВЕРТИКАЛЬДЫ с ы н. *Тіп-тік, тік.* Машина цилиндрінің ортасындағы айналып тұратын *вертикальды* білікке үш қалақша, екі қанатша мен жуу дискісі орнатылды (С. Тілеубергенов, Мал шаруаш.).

ВЕРТОЛЕТ з а т. *Тік ұшып, тік қонуға лайықталып жасалған әуе қатынасы құралы.* Қайткенмен жаяулайтын заман өткен, Балтарақтағы малшылар қыстауына *вертолет* әкеліп салды (Ж. Жұмақанов, Қаракөз.). Адамдар орналасқан сәтте-ақ екі *вертолет* мұз арал төбесінен сәл биіктеп алды да, ұзай берді (Ә. Сәрсенбаев, Капитан.).

ВЕРФЬ з а т. *Кемелерді жасайтын және жөндейтін орын.* Астраханның *верфінде* жасалған осы кеме июль айында Волганы өрлеп жоғары қарай жүзіп кетті («Соц. Қаз»).

ВЕСОВЩИК з а т. *Өлшеу, кірге тарту қызметіндегі адам, таразышы.*

ВЕСТИБЮЛЬ з а т. *Мекеме орындарының, мәдениет үйлерінің кіре берісіндегі кең жай, зал.* Мен *вестибюльдің* мраморланғанын, бөлмелердің әдемілігін, хрустальды люстраларды, үлкен есіктері мен терезелерін, паркетін т. б. суреттеймін (Ғ. Мүсірепов, Суреткер.). Профессор мені *вестибюльге* отырғызып қойды да, өзі сөйлесуге кетті (Р. Райымқұлов, Бұрылыстар).

ВЕТЕРАН з а т. 1. *Байырғы жауынгер.* Соғыс жылдарында дүниеге келген жас сәби қазір жиырмадан асты. Соғыс *ветерандарының* орнын армия мен флотқа жаңа келген жас құрақтар басты («Лен. жас»). Февральдың 25—26 күндері Отанымыздың астанасы Москвада соғыс *ветерандарының* Бүкілодақтық конференциясы болып өтті («Қаз. әдеб.»). 2. *Белгілі бір салада көп уақыт бойы жұмыс істеген ардагер.* Осакаровка ауданының егіс даласы *ветерандарының* бастамасы бойынша облыста дақандардың жарысы өрістетіліп отыр («Соц. Қаз.»). Сондағы комсомол *ветераны,* шашы ашақ құдай Инкин ақсақалдың айтқаны бәрімізге қатты әсер етті («Лен. жас»). Жеке агрегаттарды сөз етсек, бірінші болып тың *ветераны* комбайншы Иван Бондарь ауызға ілігеді (Бұл да).

ВЕТЕРИНАР з а т. *Мал ауруларын емдейтін маман.*— Сен техникумды бітірсең, колхоздың ортан қолдай *ветеринары* болар едің,— деді Иман (М. Гумеров, Сүйеме.).

ВЕТЕРИНАРИЯ з а т. *Мал аурулары және оны емдеу жайындағы ғылым.* Торсықбаев бұл фермалардан *ветеринарияға* төніп тұрған хауіп-қатер таба алмай кетті (Ж. Тілеков, Қайнар). Сөйтіп, зооноздық ауруларға қарсы күрес мәселесінде медицина және *ветеринария* органдарына аса жауапты міндет жүктеледі («Соц. Қаз.»).

ВЕТЛАБОРАТОРИЯ з а т. *Мал ауруларын емдеудің тәжірибе жұмыстарын жүргізетін мекеме.* «Арыс» совхозында бұдан 8 жыл бұрын ашылған балалар бақшасы бар еді, жақында сол бақша жабылып, оның үйі *ветлабораторияға* берілді («Соц. Қаз.»).

ВЕТЛЕЧЕБНИЦА з а т. *Ауру малдарды емдейтін мекеме.* Кабинаға отыра сала

шофер жігітті асықтыра бастады.— *Ветлечебницаға* баралық. Тез, тез! («Лен. жас»).

ВЕТО з а т. з а ң. *Қабылданған қағиданың күшін жою, немесе тоқтатып қою правосы.*

ВЕТТЕХНИК з а т. *Орта дәрежелі арнайы білімі бар мал шаруашылығы маманы.* Ал қазіргі *ветттехниктік* мамандықты игергені, шопандар арасында қой күтімі жөнінде жасаған баяндамалары «білімсіз» деген сол бір сөздің төңірегіне жуытпайтындай (К. Қазыбаев, Дәуір.). «Газ-69» машинасы көл жағасындағы қойшы үйіне тұмсығын тіреп тұра қалды. Машинадан ферма зоотехнигі Әккібаев пен *ветттехник* Әктібаев түсті («Ара»).

ВЕТФЕЛЬДШЕР з а т. *Орта дәрежелі арнайы білімі бар, мал дәрігерінің көмекшісі.* Башар осы колхоздағы мал дәрігері, *ветфельдшер.* Мына, үйден шығып бара жатқан ұзын бойлы мысық мұрт сары жігіт — Шынтай колхозының шопаны (С. Адамбеков, Көсенің көзі). Әбілдің бұл колхозға *ветфельдшер* боп келгеніне үш-төрт айдың жүзі болды (Ә. Көпбаев, Мақтаныш).

ВЕЯЛКА з а т. *Бидай ұшыратын (суыратын) ауыл шаруашылығы машинасы.* Алдымен тұқымды *веялкамен,* яки ұшырғышпен тазартып, одан кейін сорттағыш веялка арқылы сортқа айырады (Н. Шоқанов, Өсімдік шаруаш.). Тұқым әрқайсысы бір *веялкадан* және үш астық тазартқыш күрделі машиналардан құралған төрт агрегатта тазартылды (М. Ерлепесов, Суарм. егіншілік).

ВЗВОД з а т. ә с к. *Роганың, эскадронның немесе батареяның негізгі бөлімшесі.* Мұрат жұртшың алды орманға кіргенде батальонын іркіп, кейінде қалған *взводты* тосты (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.). Қызыл ракетадан соң-ақ «атыңдар!» деген бірінші *взвод* командирі Шабановтың даусы шықты (К. Оразалин, Жексен). Ферманы көшіретін күні отрядтан бір *взводты* алып, ферманы, ондағы жас өспірім бақташыларды «партизан өлкесіне» көшіріп алып келген еді (Қ. Қайсенов, Жау тылы.).

ВИБРАТОР з а т. ф и з. *Аспаптың немесе аппараттың бірқалыпты тербеліс жасап тұратын бөлімі.* Мұнай бұрғыларының запас бөлшектері мен *вибраторлардың* екі жұз елу данасын Сәби станогі күнде әзірлеп берді («Қаз. әдеб.»). Қалып үстіне *вибратор* орнатылып, алаң бетон төсеуге дайын болады (Қ. Ұябаев, Қырда.).

ВИБРАТОРЛЫ с ы н. *Вибраторы бар.* Гумбольдт атындағы Шығыс Берлин университетінде жеміс жинайтын *вибраторлы* машина пайда болды («Лен. жас»).

ВИБРАЦИЯ з а т. ф и з. *Дененің ырғақты тербелісінен пайда болатын діріл. Вибрация*—музыкалық аспаптарды ойнағанда не ән салғанда дыбыстың дірілдеп шығуы (К. Қуатбаев, Қысқ. муз. сөздік).

ВИБРИОН з а т. *Оба ауруын қоздыратын имек таяқша тәрізді бактерия.* Сульфаттарды тотықсыздандыратындар —*вибрион* бактериялар (Н. Шоқанов, Топырақ.).

ВИДЕОМАГНИТОФОН з а т. *Экрандағы кескінді түсіріп (жазып) алып қайта көрсететін аппарат.* Ал кейбір елдерде қазірдің өзінде қолға ұстап, алып жүретін шағын *видеомагнитофондар* бар (М. Бекбауов, Көгілдір.).

ВИДЕОТЕЛЕФОН з а т. *Алыстан сөйлескен кісінің дидарын көріп отыратын аппарат. Видеотелефондағы* кескін сигналы, қадімгі телефондағы дыбыс сигналы сияқты телефон сымымен беріледі (М. Бекбауов, Көгілдір.).

ВИЗА з а т. 1. *Ресми адамның іс қағаздарына қойған бұрыштамасы, тұжырымы.* 2. *Басқа бір мемлекетке барып-қайтуға, соның жері арқылы өтуге ресми рұқсат ретінде паспортқа соғылған белгі, таңба....* Шыңжандағы біздің консулдың *визасы* бойынша, ертең Жаркент жақ шегінен өз Отанымма шығуға тиістімін (С. Мұқанов, Алып. адым.). **Анаш «шет елге алғашқы саяхатым атпен басталды» дегенде, біз де: «қызық екен» деп елең ете қалып едік. Сөйтсек, төбет пен бурыл құнан екен оған *виза* беріп, Қытайға шығарып салған («Лен. жас»).**

ВИКТОРИНА з а т. *Жалпы бір тақырыпқа байланысты сұрақ-жауап ретінде өткізілетін ойын.* Зәуре көппен бірге *викторинаның* бір-екі сұрағын шешкен соң, Айбарларға бармақ боп шеттей берді (Б. Майлин, Шығ.). Топырақтың қандай түрлері кездеседі? деген сияқты сұраулардан *викторина* немесе олимпиада ұйымдастырса, оқушылар өзінің тұрған жерінің ерекшелігін білуге қызығады (С. Жортанов, Өлке тану.).

ВИЛЛА з а т. *Қала сыртына әдемі етіп салған жаздық жатын үй.* Омаров тұратын әдемі *в и л л а д а* жарты сағат емес, үш сағат отырып әрең босандық (Ғ. Мүсірепов, Достық.). Ол аяңдай басып, таныс *в и л л а ғ а* бұрыла бергенде, үй иесінің қақпадан шығып келе жатқанын көрді («Лен. жас»).

ВИНЕГРЕТ з а т. 1. *Түрлі овощ-көгерістен турамыштап жасайтын тағам.* Өсімдік майларын салат, *в и н е г р е т* тағамдарына қосып, табиғи түрде пайдаланған да жақсы (С. Сұбханбердин, Өсімдік — дәрі.). 2. А у ы с. *Бас-аяғы жоқ, миласқан былық, бытықы-шытықы нәрсе.*

ВИНО з а т. *Көбіне жүзім, жеміс шырындарынан істелетін ішімдік, шарап.*— Мына бір *в и н о* сізге сақталған еді, ішіп жіберуіңізді өтінемін, — деді Баранов (Ә. Әбішев, Замана.).

ВИНТ з а т. 1. *Ортасындағы ойықтың ішкі бетінде спиральді сызығы бар бірнеше қырлы темір кесінді, бұранда.* Темір дөңгелектер, шестерняның сынығы, тот жеген кішкене вагонеткалар, *в и н т т е р,* біреңсаран локомобильдер, тағы осылар сияқты ескі-құсқылардан өзге іліп алар ештеме табылмайды (Ғ. Мұстафин, Қарағанды). Рельс сыну, *в и н т* босау, шпал, қозғалу сияқты кемшіліктер болса сигнал жасап тез түзеттіреді (С. Мұқанов, Саяхаттар). Қаймақты бұрынғыдан да майлырақ алу үшін *в и н т т і* оңға қарай бұрайды (З. Сейітов, Сүт өндеу.). 2. *Кемелер мен самолеттерді қозғалысқа түсіретін, айналып тұратын білікке бекітілген қалақ тәрізді тетік.* Кеме құйрығын баржа краны арқылы жоғары көтеріп, *в и н т т і* ауыстырдық, рульді жөндеп қайтадан қондырдық (Ә. Сәрсенбаев, Капитан.). Көз ілеспей *в и н т і* зырылдап, самолет лезде жүгіре жөнелді де, сөйткенше болмай қалықтап аспанға көтерілді (Қ. Қайсенов, Жау тылы.).

ВИНТОВКА з а т. *Стволының іші бұрандалы мылтық, бесатар.* Олар *в и н т о в к а л а р ы н* окоптың ернеуіне тіреп қойып, көздеп алға атып жатыр (Б. Момышұлы, Москва.). Бектепберген енді нағыз *в и н т о в к а н ы ң* өзін жасап жатыр (М. Жұмағұлов, Қыран.).

ВИНТОВКАЛЫ с ы н. *Винтовкасы бар.* Түс кезінде Серік аттарды суарып келе жатыр еді. Базардың қасында оған Қатира жолығып, оның үйінде *в и н т о в к а л ы* екі жігітімен Әбдіғапар түстеніп отырғанын айтты (М. Жұмағұлов, Қыран.).

ВИНТТЕ е т. *Бұранданы бұрап енгізу, бекіту.* Тарамыспен көмкерілген қайыс қанжығамен байлап, күміс ердің артқы екі құлағына *в и н т т е п* бекіткенмін (Б. Шалабаев, Өмірде.).

ВИНТТІ с ы н. *Бұрандамен бекітілген, бұрандалы.* Ұсынылып отырған гидравликалық съемник ыңғайлы және *в и н т т і* съемникке қарағанда едәуір артықшылығы бар (Трактористке көмекші).

ВИНЬЕТКА з а т. *Әшекейлі, өрнекті шағын сурет.*

ВИОЛОНЧЕЛИСТ з а т. *Виолончель тартатын музыкант.* Мұрат — скрипкашы, техник. Омар Ыдырысов — *в и о л о н ч е л и с т* (Т. Нұртазин, Мұрат). Осы күнге дейін бізде неге бірде-бір скрипач, пианист, *в и о л о н ч е л и с т* жоқ? («Қаз. әдеб.»).

ВИОЛОНЧЕЛЬ з а т. *Үнінің жоғарылығы, күші және көлемі жағынан скрипка мен контрабас аралығындағы ысқышпен тартылатын музыкалық аспап.* Баста *в и о л о н ч е л ь,* одан бір октава жоғары көтерілгенде гобой іліп алып кететін мелодия көктем күніндей шуақты жүрекке жаға кетеді (А. Жұбанов, Мұқан Төлебаев). Осы музыкалық шығармаларды орындауда *в и о л о н ч е л ь д і ң* сиқырлы үні де ерекше орын алды («Лен. жас»).

ВИРТУОЗ с ы н. м у з. *Орындаушылық қабілеті айрықша күшті, майталман музыкант.*

ВИРТУОЗДЫҚ з а т. *Айрықша күшті шеберлік.* Мазмұнының байлығы Шопен этюдтерінен кем түспейтін Листтің *в и р т у о з д ы қ* этюдтары фортепьяно музыкасына қосылған елеулі үлес (Н. Тифтикиди, Муз. жанр.). Сарасатенің, әсіресе, «Цыган әндерінің» кіріспесіндегі кадене үлкен *в и р т у о з д ы қ* пассажда жазылған («Лен. жас»).

ВИРУС з а т. м е д. *Жұқпалы ауруларды қоздыратын өте ұсақ бактерия.* Екі аяқта да әл жоқ, алдын ала дұрыс емдемегендіктен әрине солай болады. *В и р у с т а р* әрекеті буын-буындардың дұрыс өсу процесін де бұзған (З. Шүкіров, Ізгілік із.). Мен ол жайындағы ойдан сейілуге ниет қойып, кітап дүниесіне шындап араласуға кірістім де, *в и р у с* жайындағы еңбекті аздан соң қызыға оқып кеттім (М. Иманжанов, Адам тур.).

ВИРУСОЛОГ з а т. *Жұқпалы ауруларды емдеумен (зерттеумен) шұғылданатын*

маман. Менің ұлым бар. Ол оташы емес, *вирусолог.* Олардың мамандығы да асқан шыдамдылықты, әрбір қас қағымы есептеулі дәл қимылды керек етеді (С. Омаров, Дала қызы).

ВИРУСОЛОГИЯ зат. *Жұқпалы аурулар жайындағы ғылым.* Ұзақ жылдар бойы істеген еңбектерінің нәтижесінде ол микробтар дүниесіндегі ерекше организмдер — бактериофагтарды ашып зерттеді. Сөйтіп ол қазіргі кездегі *вирусология* ғылымының негізін салды (Н. Шоқанов, Микроорганизм.).

ВИСКИ зат. *Ағылшын арағы.* Жапон жазушылары, ғалымдары, қоғамдық ұйымдар өкілдері топ-тобымен келіпті. Біреулер *виски* әкелген, біреулер алқа, біреулер сырға әкеліп беріп жатыр (Ғ. Мүсірепов, Достық.). Кешке таман шотландықтар қаланың ортасындағы алаңға жиналады. Еркектері қалтасына бір-бір *виски* тығып барады (Ш. Қожахметов, Ғалам ғажап.).

ВИСКОЗ зат. *Жасанды жібек.* Ағаш қалдықтарынан жасалған *вискоз* талшығының бір тоннасын күніне 70 адам иірсе, мақта талшығының бір тоннасын күніне 238 адам иіреді екен (Ш. Қожахметов, Ғалам ғажап.). Қыстығүні өкшесі аласа кең аяқ киім киіп, ал капрон шұлықтарды матадан, *вискоздан* және жүннен тоқылған шұлықтармен алмастырған жөн (С. Сұбханбердин, Дәрі — дауа.).

ВИСМУТ зат. хим. **1.** *Жұқалаң, қызғылттау келген, ауыр, ақ түсті металл, химиялық элемент. Висмуттың* сырын Медетбек жақсы біледі. Ол — қорғасын кенімен араласып келетін алтын, күміс, сынап, қалайы, мырыш сияқты көп элементтердің бірі (Ә. Сатыбалдиев, Ақмарал). *Висмут* пен күмістен басқа элементтер қатқан кезде тығыздығын арттырып, көлемін кішірейтеді, салмағын да арттырады (С. Орынбаева, Геогр. ғажайып.). **2.** *Осы металдан істелген дәрі-дәрмек.* Ауруды емдеу үшін акрихин, *висмут*, B_{12} витамині қолданылып, жараға майлы дәрілер жағылады (М. Исамбаев, Мед. анықтама.).

ВИСОКОС зат. *Төрт жылда бір (29 февраль күні) қайталанып тұратын кібісе жыл.* Мәселен, ол ертедегі мысырлық календарьдағы бір жыл 365 күнге тең дегеннің орнына *високос* жылды қосып бір жылда 366 күн бар деп жаңа календарь енгізіпті (О. Жәутіков, Математика.).

ВИСТ зат. *Преферанс ойынында прикуп алған кісіге қарсы ойын.* Түннің бір уағында оянып кетіп еді, *«вист»*, «пас» деген сөздерді естіді (С. Шаймерденов, Мезгіл).

ВИТАЛИЗМ зат. *Организмде түсініп болмайтын ерекше бір материялық емес «өмірлік күш» бар деп байымдайтын, биологиядағы идеалистік ағым. Витализм* шындығында тіршіліктің нағыз мәнін түсінуден бас тартады, ал «тіршілік күші» дегеннің өзі тіршілікті басында құдай жаратқан деген ұғымға әкеліп соғады (Жалпы биология).

ВИТАМИН зат. *Организмнің бірқалыпты тіршілігі үшін аса қажет органикалық зат және сондай заттан істелетін дару, дәрі-дәрмек.* Бірсыпыра ағаштар мен бұта тұқымдарының жемістерінде көптеген *витаминдер* болады және дәрі жасау үшін пайдаланылады (М. Ерлепесов, Суарм. егіншілік). Минералды тұздар мен *витаминдерге* бай овощтар, жеміс-тер, жидектер, оларды балаларға мүмкіндігінше шикі күйінде беру керек, ал олардың шырынын дайын тағамдарға қосып берген жөн (Семья тәрбиесі).

ВИТАМИНДІ сын. *Витамині бар.*

ВИТАМИНДІК сын. *Витаминге тән.* Бұл — *витаминдік* әсері бар көптеген заттардың қосындысы. Олардың ішінен көбірек қолданылатындары мына төмендегілер (С. Сұбханбердин, Өсімдік — дәрі.).

ВИТРИНА зат. *Тоуарлар мен заттардың үлгілерін қоятын магазин терезелерінің алды, немесе үсті әйнекпен жабылған жәшік, шкаф тәрізді орын. Витринада* не тұрса дүкен ішінен де соны көрерсің (І. Есенберлин, Ғашықтар). Мебель магазинінің самаладай жарқыраған *витринасының* тұсына тоқтады да, ол пиджагінің қалтасынан көне суретті алып, матроска ұсынды (*«Лен. жас»*).

ВИЦЕ зат. *«Орынбасар, жәрдемші» дегенді білдіретін күрделі сөздің алдына қосылып айтылатын қосымша сөз.*

ВИЦЕ-АДМИРАЛ зат. *Адмиралдан кейінгі екінші әскери атақ, адмиралдың орынбасары.*

ВИЦЕ-ПРЕЗИДЕНТ зат. *Президенттің орынбасары.*

ВОДЕВИЛЬ зат. *Күлдіргілі қысқа, музыкалы пьеса.* XIX ғ. екінші жартысында Орынборда, Оралда, Петропавлда, Се-

мейде, Павлодарда көбінесе оперетталар мен *водевильдер* қойылып отырды (ҚазССР тарихы).

ВОДОКАЧКА з а т. *Су тартып тарататын насостар орнатылған үй.* Мынау үшін цементтеп тастаған шағын будка — болашақ *водокачка* (Ғ. Қайырбеков, Қарқаралы).

ВОЕНКОМ з а т. *Жергілікті жердегі әскери комиссариаттың бастығы.* Ғалия Тасболаттың алдынан шықпақ үшін *военкоматқа* барып еді, военком машинасымен бір жаққа кетіп қалған екен (Ж. Тілеков, От кешу).

ВОЕНКОМАТ з а т. *Жергілікті жердегі әскери комиссариат.* Сол машинамен келген Тасболат болсын-ақ бірақ ол *военкоматқа* неге барды екен? (Ж. Тілеков, От кешу).

ВОЕНТОРГ з а т. *Әскери сауда-саттық орындарын басқаратын мекеме, сондай-ақ әскери бұйымдармен сауда жасайтын дүкен.* Бригадада *военторгтың* азық-түлік тиеген автобусы бар екен (Б. Момышұлы, Москва.).

ВОЖАТЫЙ з а т. *Пионер отрядының жетекшісі.* Бәрінен де *вожатый* қыздан ұялдым. Ертең мектепке барған соң, ұрсар ма екен деп те ойлаймын (Бәйшешек). *Вожатый* — пионерлерге коммунистік тәрбие беруде басты тұлға («Қазақст. мұғ.»).

ВОКАЛДЫ с ы н. *Ән салуға, орындаушылық шеберлігіне қатысты.* Жоғарыда біз *вокалды* өнердің өркендеу сатысын атап өттік. Ол ең алдымен опера негізінде туды (І. Омаров, Серпін).

ВОКАЛДЫҚ с ы н. *Жеке не бірнеше дауыспен орындауға лайық, әндік.* Революцияға дейінгі дәуірде қазақта тек *вокалдық* музыка өнері мен аспаптық музыка өнері ғана болды (І. Омаров, Серпін).

ВОКАЛИЗМ з а т. *Тілдегі дауысты дыбыстар жүйесі.*

ВОКАЛИСТ з а т. *Жеке орындаушы, әнші.* Дарынды жастарды іріктеу үшін *вокалистер* мен эстрада жанры орындаушыларының аудандық, облыстық және республикалық конкурстары өткізілсін («Соц. Қаз.). Студия сейлеу жанры, *вокалистер,* музыканттар, бишілер, акробаттар, жонглерлер мамандықтарына эстрада артистерін даярлайды («Лен. жас»).

ВОКЗАЛ з а т. *Жол қатынасы (темір жол, өзен жолы) бойындағы үлкен станцияның үйі.* Кенбай оларды бірінші Алматы *вокзалына* дейін шығарып салды да, сүйісіп, қоштасып қалып қойды (М. Дүйсенов, Гүлжан.). Әне, екі неміс офицері шығып, темір жол *вокзалына* қарай, ал ана бір солдат көшені бойлап әрі қарай кетті (Ә. Шәріпов, Қапас.).

ВОЛЕЙБОЛ з а т. с п о р т. *Допты қарсыластар жағына керме тордан асыра ұрып түсіру үшін бәсекелесетін спорт ойыны.* Турник орнатылған *волейбол* торы құрылған, тағы басқа түрлі спорт ойыны жабдықтары самсаған аула іші (М. Иманжанов, Адам тур.).— Сәке, спорт залымыз сайлы екен. Балалардың *волейболға* деген құмарлығына да көңіл толып қалды («Лен. жас»).

ВОЛЕЙБОЛШЫ з а т. *Спорттың волейбол түрімен айналысушы; волейбол ойынына қатынасушы.* Болмаса, колхозда *волейболшылар,* футболшылар командасын құру қажет еді (С. Байжанов, Сыр.).

ВОЛИСПОЛКОМ з а т. т а р. *Болыстық атқару комитеті.* Ауылдық совет тұрсын, *волисполком* мүшелері қаладан келген милиционердің етігін салып, зыр жүгіріп жүретінін көресің (С. Дөнентаев, Шығ.).

ВОЛКОМ з а т. т а р. *Болыстық партия комитеті. Волкомның* ұсынысы бойынша бастауыш партия ұясының хатшылығына Елеу Жарғақов сайланды (Х. Мұстафин, Қыр жігіті).

ВОЛЬТ з а т. ф и з. *Электр тогы күшінің өлшеу бірлігі.* Радиоактивті кобальттің гамма сәулесінің қуаты рентген трубкасынан 250 мың *вольт* қысымда шығатын рентген сәулелерінен он есе артық (Р. Сәтбаева, Өңеш рағы). Тиратронды сөндіру үшін көбінесе анодтық кернеуді бірнеше *вольтқа* дейін төмендетеді немесе тіпті алып тастайды (К. Айманов, Физика.).

ВОЛЬТМЕТР з а т. ф и з. *Электр тізбегіндегі екі аралықтың ток күшін өлшейтін аспап.* Майпа есікке арқасын беріп, қабырғадағы *вольтметрге* қарап отыр (Ғ. Мұстафин, Қарағанды).

ВОЛЬТТЫҚ с ы н. с ө й л. Вольтті. 220 *вольттық* катушкаға қуаты 150—200 ваттық, 220 вольттық электр лампасын тізбектеп қосамыз (К. Айманов, Физика.). Бұлардан шығарылатын арзан электр кү-

шінің көбі 150 мың *вольттық* тұрақты қуаты бар электр жүйесі арқылы СССР-дың европалық бөлегіне жіберіліп тұрады («Қаз. әдеб.»).

ВОЛЬТТІ с ы н. *Вольтқа сай.* Тұмсығын көкке көтерген алып жоғары *вольтті* электр сымы заводпен тоғысып жатады (Н. Нұрахметов, Дарқан химия.). Жоғары *вольтті* электр желісі тартылып болды. Бүгін кешке дейін іске қосылуға тиіс («Қаз. әдеб.»).

ВОЛЬФРАМ з а т. х и м. *Жоғары температурада ғана баяу балқитын металл, химиялық элемент.* Металлургияның егінге берері тек кобальт пен молибден ғана емес, хром мен *вольфрамды* да береді (Н. Нұрахметов, Дархан химия.). *Вольфрам* ерте кезден белгілі металл. Оны бір кездерде «агрикола»—«қасқыр сілекейі» деп те атаған (А. Мырзабаев, Химия қызығы).

ВОЛЮНТАРИЗМ з а т. ф и л о с. *Қоғамның дамуында жеке адам роліне шешуші маңыз беретін, философиядағы субъективтік-идеалистік ағым.* Адам өмірі — түгелінен адамның әрекетті еркінің, оның танымының, оның тілегінің, талабының көрінісі дейтін *волюнтаризм* деп аталған концепция болды (А. Қасымжанов, Диалект. заңдар). «Мұрат»— шаруашылықты басқарудағы *волюнтаризмді* сынау негізінде моральдық-этикалық мәселелерді сөз еткен қазақ әдебиетіндегі алғашқы шығармалардың бірі («Қаз. әдеб.»).

ВОЛЮНТАРИСТІК с ы н. *Волюнтаризмге қатысты.* Басқаша айтқанда жоспарлау орнының жұмысында субъективизм мен *волюнтаристік* шешімдер көрінісі толық жойылып, жоспарлау жұмысы ғылымға негізделген, жете ойластырылған болуы тиіс («Лен. жас»).

ВУАЛЬ з а т. *Үлбіреген, селдір, жұқа кездеме.* Мен бірақ оларға онша мән бермейді екем, тіпті бір күні таңертең оқуға кетіп бара жатып, бетінде жиі тоқылған *вуалі* бар келіншектің шыққанын көргенде де ештеме ойлағам жоқ («Лен. жас»).

ВУЛКАН з а т. *Жер астынан дүркін-дүркін отты сұйық заттар атқылап тұратын жанар тау.* Екеуінің айырмасы: Помпейді *вулкан* тасқындарының отты топаны басып қалса, Отрарды Шыңғысхан армиясы атының тұяғы жермен-жексен етті (І. Омаров, Серпін). Соның өзінде Жер ананың төсінен атқан *вулкандар* тәрізді көп қалашықтар көз алдымызға ерте дүние тарихын әкелді (Д. Досжанов, Құм жұтқан.).

ВУЛКАНДАЙ с ы н. *Вулкан сияқты.* Жетті аспанның астына, Будақтамай, бұрқанбай! Бір төбенің басында Сөнбей жатқан *вулкандай*... (Ө. Нұрғалиев, Ақ нөсер).

ВУЛКАНИЗАЦИЯ з а т. *Серпінділік, беріктік сияқты қасиеттерін арттыра түсу үшін каучуктен жасалған заттарды қыздырып өңдеу шаралары. Вулканизация* процесі ашылғаннан кейін каучуктың қолданылуы тез арта бастады (Орган. химия.).

ВУЛКАНИЗАЦИЯЛА е т. *Каучуктен жасалған заттарды қыздыру арқылы өңдеу.* Резина аяқ киімді күкіртсіз жасауға болмайды. Резинаны *вулканизациялағанда* оған күкірт қосу міндетті шарт (А. Мырзабаев, Химия. қызығы).

ВУЛКАНША ү с т. *Вулканға ұқсас.* Бастау түбіндегі ұлпа құмды белгісіз бір күш *вулканша* атқылағысы келгендей (Ш. Мұртазаев, Мылтықсыз.).

ВУЛЬГАРИЗМ з а т. л и н г в. *Әдеби тілде қолданылған дөрекі сөз не сөз тізбегі.*

ВУЛЬГАРЛЫҚ с ы н. *Тұрпайылық, дөрекілік.* Тарихи материализм идеялар қоғам дамуында шешуші роль атқарады дейтін идеализмді де, ал оның ролін жоққа шығаратын *вульгарлық* материализмді де сынайды (Ә. Бәженов, Дүниеге көзқарас).

ВЫМПЕЛ з а т. **1.** С п о р т. *Бәсекеге түсетін командалардың бір-бірімен алмасатын жалаушасы.* **2.** *Жарыста озып шыққандарға берілетін кішкене үшкіл жалауша.* Ауданда ең озық сауыншыларға берілетін үш *вымпел* бар еді, соны биыл осы үшеуі жеңіп алғанда Яковлеваның қуанышында шек болмады (Б. Тоқтаров, Қырандар.). «Овцевод» совхозында комсомол-жастардың пішен жинайтын бригадасына ал қызыл *вымпел* тапсырылды («Лен. жас»).

Г

Г. 1. *Қазақ алфавитінің бесінші дыбысы және осы дыбыстың таңбасы.* **Жіңішке** түрінде бұлардың («қ», «ғ») орнына **к**, *г* дауыссыздары келеді (Қ. Жұбанов, Қаз. тіл.). Кей кісілердің айтуында соңғы *г* дыбысы к-ге айналып кетеді (І. Кеңесбаев, Қазіргі қаз. тілі). *Г*-де тілдің сүйірленген ортасы таңдайға қатты жабыспайды, болар-болмас қана тиіседі (Н. Сауранбаев, Қаз. тілі). 2. *Тіл орта шенінің қатты таңдайға тиіп кері қайтуы арқылы жасалатын шұғыл, дауыссыз, ұяң фонема.* Тілдің ортасы таңдайға тиісуінен **к**, *г* дыбыстары жасалады (А. Ысқақов, Қазақ тілі грамм.). Шұғыл (эксплозив) дауыссыздар мыналар: п, б, ... *г*, **к** (К. Аханов, Тіл білімі.). 3. *Реттеп санау жүйесінде бесінші дегенді білдіреді. а)* Тұр, жүр; *ә)* Есімшелер; *б)* Зат есімдер; *в)* Сын есімдер; *г)* Сан есімдер (А. Ысқақов, Қазіргі қаз. тілі). 4. *Цифрмен таңбаланған сандық өлшемнен кейін келетін «грамм» сөзінің қысқарған түрі.* Малға глаубер тұзын — сиырға 25 *г*, төлге 15 *г*... берген дұрыс (Қ. Құсайынов, Химия).

ГА з а т. *Гектар сөзінің қысқарған түрі.* Пионерлер... 23 *г а* картоп егісін жинап, оны қоймаға тасып берді («Халық мұғ.»).

ГАБАРДИН з а т. *Жүннен тоқылған сырт киімдік мата.* Офицердің Ғалияға дегені — бес метр *г а б а р д и н.* Мұндай сарғыш жасыл асыл мата... басқа ешкімде жоқ шығар-ау (Ж. Тілеков, От кешу). Асқар күннің аптап ыстығына қарамастан, ... ақшыл түсті *г а б а р д и н* костюмін үстіне киіп алған болатын (А. Байтанаев, Жаңғыр.).

ГАБАРИТ з а т. т е х. *Заттың сыртқы көлемі, шамасы.*

ГАБАРИТТІ с ы н. *Белгілі бір шамадағы сыртқы көлемі бар.* Фермаларда бақтар мен огородтарға жеңіл жүк тасу үшін шағын *г а б а р и т т і* жеңіл транспорт құралдары керектігі мәлім (Тракторист). Совет ғалымдары мен инженерлері шағын *г а б а р и т т і* электрондық машинасын ойлап шығарды («Халық мұғ.»).

ГАБАРИТТІК с ы н. *Заттың ұзындық, биіктік, ендігін сипаттайтын өлшем.* Мұнан кейін әрбір кескіннің *г а б а р и т т і к* өлшемін анықтайды және барлық кескіндердің жалпы өлшемдеріне байланысты чертеждің форматын таңдап алады (Сызу).

ГАВАНЬ з а т. *Кеме келіп тоқтауға қолайлы теңіз жағасындағы су алабы. Г а в а н ь* төңірегі тып-тыныш, жал жартастың ығына таман таяна бергенде, қайығы қайырға тиіп, қайраңдап қалды («Қаз. әдеб.»).

ГАВОТ з а т. м у з. *Француздың халық биі және соған арналған музыка. Г а в о т* — XVII—XVIII ғасырларда сарай балдарында міндетті түрде орындалатын билердің біріне айналды (Муз. жанры.).

ГАГА з а т. з о о л. *Қиыр солтүстік теңіздерін мекендейтін, топтала жүретін, аса құнды, мамық жүнді үйрек.* Онда *г а г а н ы ң* ұяларынан мамық жинап алатын арнаулы кәсіпшілік ұйымдастырылған (Зоология).

ГАГАРА з а т. з о о л. *Терістік теңіз жақты ғана мекендейтін, ірі қауырсын жүнді үлкен жүзгіш құс. Г а г а р а* үйректер шырылдайды. Оларға — гагараларға өмірдің майданында серуендеуге болмайды. Ажағай екпінінен оларда үрей жоқ (І. Жансүгіров, Әңгіме.).

ГАГАУЗ з а т. *СССР-дің Европа бөлігін мекендейтін шағын халық. Гагауздардың* қазіргі рухани, материалдық мәдениеті айналасындағы халықтардың мәдениетіне жақын (ҚСЭ). ◆ **Гагауз тілі.** *Гагауз халқының тілі. Гагауз тілі* түркі тілдерінің оңтүстік-батыс немесе оғыз тобына жатады (ҚСЭ).

ГАЗ[1] з а т. ф и з. **1.** *Белгілі кеңістікке түгел жайылып, бәрін тегіс бір қалыпты толтыратын физикалық дене, зат.* Дүниедегі ең жеңіл *газ* — осы сутегі. Ол ауадан 15 еседей жеңіл (Н. Нұрахметов, Химия.). Бір орында тұрып істеген машинаның моторынан шыққан *газдан* тез иіс тиеді (А. Әпсаттаров, Дәрігер.). — Головка *газға* толып, газ цилиндрдің ішіндегі поршеньді кейін итереді (Ғ. Мұстафин, Шығанақ). **2.** *Тамақ пісіру үшін арнайы жабдықталған зат.* Майра үйге кірісімен *газды* жағып, шайды қойып жіберді (Ш. Құмарова, Қос шынар). Иістен аулақ, Түтінсіз лаулап маздайсың. Рахаты қанша! Қанатын жайса — *газ* жайсын (С. Сейітов, Жаңғырық). Қазір мұндағы бірсыпыра үйлерге *газ* да орнаған («Қаз. әдеб.»). **3.** *Жан-жануарлардың ішіне жиналатын жел. Газ* шықпай науқасты қинады. Мұндай кезеңді Есімбек клиникадағы кезінде көрген (Е. Оразақов, Дәрігер.). Малға дәнді жем бергеннен кейін суаруға болмайды. Өйткені суға араласқан дән бөртіп, *газ* шығарады, малдың ішін кептіріп ауыртады (С. Омаров, Қой. бағу). ◆ **Газ анализатор.** Т е х. *Газ құрамындағы әр түрлі қосынды мөлшерін анықтайтын аспап. Газ анализатор* өнеркәсіптің әр түрлі салаларында кеңінен қолданылады (ҚСЭ). **Газ грелкасы.** Т е х н. *Газбен от алатын қыздырғыш.* Графитті оған жабысқан селитра кристалдармен спиртовка немесе *газ грелкасы* жалынының жоғарғы жағына ұстаймыз (Химия). **Газ қысымы.** *Газдың шектен тыс көбеюі, күш алуы.* Міне, құлағыңды тұндырар ащы шырыл естілді. Яғни, *газ қысымы* көбейген соң оны босатқаны («Лен. жас»). **Газ массасы.** *Қызған газдың түйдектеле жылжуы.* Сірә, бұлар күннің түкпірінен бетіне қарай көтеріліп ағып келетін *газ массалары* болу керек (Х. Әбішұлы, Халық астрон.). **Газ өнеркәсібі.** *Табиғи газды барлау мен оның шыққан жерін пайдалануды көздейтін, қамтитын отын өнеркәсібінің саласы. Газ өнеркәсібі* СССР-де қарыштап дамыды (ҚСЭ). **Газ плита.** *Газ отымен тағам пісіретін ас үйлік аспап. Газ плитада* газ оттыққа құбырмен жеткізіледі (ҚСЭ). Көк жалыны жылт-жылт етіп, маздап жанған *газ плитаның* үстіндегі тарғыл түсті кастрюльде сүт көбік атып, сақылдап қайнап жатыр (З. Шашкин, Теміртау). Қалжан әжей ас бөлмеге барып, *газ плитасына* от қойды («Лен. жас»). **Газ приборлар.** *Тұрмыста су ысытуға, тамақ пісіруге, үй жылытуға арналған құрал; зат. Газ приборларына* газ плитасы, кір жуатын машина, тоңазытқыш т. б. заттар жатады (ҚСЭ). **Газ шам.** *Газбен жанатын шам.* Күндізгідей жап-жарық Жоғалған ине табылған. Май шам емес, *газ шамнан* Штрек нұрға малынған (М. Әлімбаев, Құрбыма). **Газ шар.** *Газ массасының шоғыры.* Бұл жұлдыздардың бәрі салқынырақ атмосферамен қоршалған қызған *газ шар* екенін дәлелдейді (Х. Әбішұлы, Халық астрон.). **Көмірқышқыл газы.** *Қатты күйінде оңай бұзылатын заттарды сақтау мақсатында қолданылатын CO_2 — қышқылдық тотық.* Белоктар тыныс алғанда адам оттегімен толығып, *көмірқышқыл газымен* суға айналады (Т. Дарқанбаев, Витаминдер). Сода... суда ериді және *көмірқышқыл газына* да айналып кетеді (С. Сұбханбердин, Дәрі — дауа.).

ГАЗ[2] з а т. *Үлпілдек, селдір, жасанды жібек мата.*

ГАЗДА е т. *Газ қосу; газбен тазарту.*

ГАЗДАН е т. *Газ толу; газ жүргізу.*

ГАЗДАНДЫР *Газдан етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

ГАЗДАНДЫРУ *Газдандыр етістігінің қимыл атауы. Газдандыру* процесінде көмірдің органикалық бөлімі бүтіндей газға және смолаға айналады (Химия өнімдерін.).

ГАЗДАНДЫРЫЛ *Газдандыр етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Сөйтіп биылғы жылы Комсомол ауданы Ақтөбе облысында біріншi болып түгелдей *газдандырылды* («Лен. жас»).

ГАЗДАУ *Газда етістігінің қимыл атауы.* Түтіқпен әрбір інді 5 секунд *газдау* керек. Содан соң іннің аузын топырақпен жауып, таптап тастайды (Х. Қыдырбаев, Зиянкес кемір.).

ГАЗДЫ с ы н. *Газ араласқан, газданған. Газды* суға екі адам қатар келсе, кішісі ығысып, үлкеніне жол беретін ізетін айтсаңызшы, балалардың (О. Сәрсенбаев, Даңқ.).

ГАЗЕЛЬ з а т. *Бөкен тұқымдасына жататын аса әсем тұлғалы, әрі жүйрік киіктің бір түрі.* Күйіс қайыратындарға сиыр тәрізділер, *г а з е л ь д е р,* арқар, ешкі және бұғы тәрізділер жатады (Қ. Қайымов, Қызықты зоол.).

ГАЗЕТ з а т. *Ағымдағы саяси-әлеуметтік өмірден мәлімет-ақпар беріп отыратын, мерзімді баспасөз.* «Правда» *г а з е т і* 1912 ж. 5 майда Петроградта... Ленин жолдастың басшылығымен дүниеге шықты (С. Дөнентаев, Таңд.). Құлыншақ қалды қорапта, Ойыншық енді қажет пе?! Талап зор бүгін Жанатта, Мақтасаң сияр *г а з е т к е* (М. Әлімбаев, Биікке.). ◆ **Газетке жазылу.** *Газетті белгілі мерзім, уақыт ішінде үзбей алу үшін, алдын ала қаражат төлеу.* Биыл, 1973 жылы сентябрь айынан бастап, біздің мекемеде келесі жылға *г а з е т к е ж а з ы л у* жұмысы басталды («Лен. жас»). **Газет тігіндісі.** *Бір жыл ішінде шыққан газеттің түптемесі, жиынтығы.* Тек кітап қана емес, мұнда *г а з е т т і г і н д і с і*... пластинкалар, карталар да бар («Қаз. әдеб.»). **Газетке шықты.** *Газетке жарияланды. Г а з е т к е ш ы ғ ы п* қалада Шолпан жыр барды далаға. Туды,— деп, жаңа жыр бала. Әлдиледі ел-ана! (Д. Әбілев, Жүрек.). **Қабырға газеті.** *Белгілі бір мекеменің, ұйымның баспа органы.* Класта айына «Айна» атты *қ а б ы р ғ а г а з е т і н* шығаруға кірістік («Халық мұр.).

ГАЗЕТСІЗ с ы н. *Газеті жоқ. Г а з е т с і з* елдің әр күндік әрекетін көзіңмен оқымасаң, тосырқап қаласың ғой (Ә. Сәрсенбаев, Толқында.). Егіншілер *г а з е т с і з,* Елеңдей ме ауылға. Ереке сіз қажетсіз, Ешқашан да ауырма (Ә. Дүйсенбиев, Көңілді.).

ГАЗЕТТІК с ы н. *Газетке лайықталған.* Бұл мақаланы ықшамдап, *г а з е т т і к* мақала етіп қайта жазуға тура келеді (Ауызекі тіл.).

ГАЗЕТШІ з а т. с ө й л. *Газет қызметкері, тілші, журналист.* Мен әдебиетші емеспін, *г а з е т ш і* де емеспін. Бірақ газет-журналды оқып тұрарлық сауатым бар адаммын (С. Мұқанов, Есею жыл.). «Тілшімін, *г а з е т ш і м і н* қатардағы, Жолда өткен батар күні, атар таңы. Шат хабар, жаңалықтың жаршысы боп, Жүремін жаяу, кейде ат-арбалы (Ә. Ахметов, Өшп. жалын).

ГАЗЕТШІЛ с ы н. *Газет оқуға құмар.* Ол денсаулығы нашарлап жүрсе де, *г а з е т ш і л*-ақ (Ауызекі тіл).

ГАЗИФИКАЦИЯ з а т. т е х. *Газ жүргізу; сол істің жалпы атауы.*

ГАЗИФИКАЦИЯЛА е т. *Газ қуатымен қамтамасыз ету, газ жүргізу.*

ГАЗИФИКАЦИЯЛАН *Газификацияла етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Ташкент — Шымкент — Жамбыл — Алматы газопровод құрылысының аяқталуына байланысты Оңтүстік Қазақстан аудандары *г а з и ф и к а ц и я л а н а д ы* (М. Бакенов, Қазақст. ресурс.).

ГАЗИФИКАЦИЯЛАУ *Газификацияла етістігінің қимыл атауы.* Халық шаруашылығын кең көлемде *г а з и ф и к а ц и я л а у* еңбек өнімділігін арттыруға, халықтың мәдениетін көтеріп, тұрмысын жақсартуға мүмкіншілік туғызады (М. Бакенов, Қазақст. ресурс.).

ГАЗОАППАРАТУРА з а т. т е х. *Газ тарататын, толтыратын т. б. жұмыстарға арналған аппарат, аспап.*

ГАЗОГЕНЕРАТОРЛЫ с ы н. *Газогенераторы бар.*

ГАЗОЙЛЬ з а т. х и м. *Дизельдердің отыны, жанар май.* Мұнайды, әсіресе керосин және *г а з о й л ь* фракцияларын катализдік крекинг арқылы өңдейді (Орган. химия).

ГАЗОКАМЕРА з а т. *Газ толтырылған арнаулы бөлме.* Жылқыға түскен битті *г а з о к а м е р а д а ғ ы* күкіртті ангидрид газымен құртуға болады (С. Омаров, Мал терісі).

ГАЗОМЕР з а т. т е х. *Жұмсалған газды өлшейтін аспап.*

ГАЗОМЕТР з а т. т е х. *Мөлшері газды жинап сақтайтын, өлшейтін ыдыс.* Оттегін және кейбір басқа газдарды жинау, сақтау үшін лабораторияларда арнаулы прибор — *г а з о м е т р* қолданады (Химия).

ГАЗОМОТОР з а т. *Газбен жүргізілетін мотор.*

ГАЗОН з а т. *Біркелкі тегістеп қырқылған көк шөп өсірілген немесе гүл егілген алаң.* Дәмеште де үн жоқ, ай сәулесімен шағылысқан *г а з о н д а ғ ы* күміс гүлді тамашалап үзіп ап, иіскеп қояды (З. Шашкин, Теміртау). Бет алысы — *г а з о н ы* бар ақ пәтер, Екі ай өтті Гүлжан мұнда тұрғалы (Х. Ерғалиев, Сенің өзенің). *Г а з о н д а р* пұшпаққа қарай ығысып, ас-

фальт арнасы алшақтап, бұрын да дархан көше одан бетер даңғылдана түскен («Қаз. әдеб.»).

ГАЗОНДЫҚ с ы н. *Газонға лайықталған.* Кейбір бір жылдық және көп жылдық шөптер тығыздала-тығыздала келіп, ақырында төселген кілем сияқтанып кетеді, мұндай шөптерді *г а з о н д ы қ* өсімдіктер деп атайды (Б. Муханов, Қазақст. өсімдік.).

ГАЗОПРОВОД з а т. т е х. *Түрлі қашықтыққа газ жеткізетін труба құбырының жүйесі.* Ташкент — Шымкент — Жамбыл — Алматы *г а з о п р о в о д* құрылысының аяқталуына байланысты Оңтүстік Қазақстан аудандары газификацияланады (М. Бакенов, Қазақст. ресурс.).

ГАЗСЫЗ с ы н. *Газы жоқ.* Қазір бұл совхозда *г а з с ы з* үйді кездестіре алмайсыз (Ауызекі тіл).

ГАЗШЫ з а т. *Газ жүргізу ісімен айналысатын адам.* Домна цехының *г а з ш ы л а р* бөлмесі. Төрт қабырғасы толы ондаған аспаптар («Лен. жас»).

ГАЙКА з а т. .т е х. *Белгілі бір бөлшек заттарды бекіту үшін қолданатын көп қырлы бунақты металдан жасалған деталь, бұранда.* Чертежды қарындашпен сызғанда қысқышқа қарындаш өзекшесі өткізіліп, *г а й к а м е н* бекітіледі (Сызу).

ГАЙМОРИТ з а т. м е д. *Мұрын қуысының суланып қабынуы, ісінуі.* Ертеңінде оны клиникаға апарып, онда әлгі «жеңіл» аурудың асқынып, *г а й м о р и т к е* айналғаны анықталды (М. Қайрақбаев, Ескерм. ауру.).

ГАЛАКТИКА з а т. а с т р. *Аспан әлеміндегі, күнді де қоса қамтитын жұлдыздар жүйесі, системасы.* Ал, *г а л а к т и к а* системасындағы жұлдыздардың саны 100 миллиардтан асады (З. Ақназаров, Ғылыми атеизм.). «Ғажайып планетадағы» уақиғаның ұзын-ырғасы космос кемесімен *г а л а к т и к а ғ а* сапар шегу («Қаз. әдеб.»).

ГАЛАКТИКАЛЫҚ с ы н. *Галактикаға тән.* Аспан әлемінде *г а л а к т и к а л ы қ* жеке-жеке жұлдыз жүйелері шоқ-шоқ болып шашылып жатыр (Т. Сұлтанбеков, Лұхман Хакім). ◆ **Галактикалық тұмандық.** *Аспан әлеміндегі қоюланған ауа шоғыры. Г а л а к т и к а л ы қ т ұ м а н д ы қ т а р д ы* қылаң және қоңыр тұмандық деп, ал қылаң тұмандықтың өзін диффузиялық және планеталық деп екіге бөледі (Х. Әбішұлы, Халық астрон.).

ГАЛАЛИТ з а т. х и м. *Суттен алынатын сарғылт түсті жұқа зат. Г а л а л и т* — қаймағын алған суттен алынатын пластик. *Г а л а л и т* жақсы боялады, судың әсерінен бүлінбейді (Химия өнімд.).

ГАЛАНТЕРЕЯ з а т. *Уақ-түйек бұйымдар сататын арнаулы магазин, я бөлім.* Павильон көрмеде аяқ киім, сырт киім, бас киім, көйлек, *г а л а н т е р е я,* трикотаж, шұлық-носки, «ансамбль», мебель бөлімдері бар (Ж. Исмағұлов, Адам.). Магазиндегі бес бөлімде сырт киім, аяқ киім және трикотаж, *г а л а н т е р е я* бұйымдары сатылады («Соц. Қаз.»). Сауда саласында істесем деген тілегім бойынша бір *г а л а н т е р е я* дүкеніне орналастырды («Лен. жас»). ◆ **Галантерея фабрикасы.** *Уақ-түйек бұйымдар шығаратын фабрика.* Қалада бірнеше кәсіпорны істейді. Олардың арасында *г а л а н т е р е я ф а б р и к а с ы,* ... және құрылыс материалдарын өндіруші кәсіпорындары бар («Соц. Қаз.»).

ГАЛЕГА з а т. б о т. *Жылы жақта өсетін жасыл гүлді, бұршақ тәрізді жабайы өсімдік. Г а л е г а* — еліміздің оңтүстік-батысында, Қырым мен Кавказда өсетін жасыл гүлді, көп жылдық бұршақ тәрізді жабайы өсімдік (С. Сұбханбердин, Дәрі — дауа.).

ГАЛЕНИТ з а т. г е о л. *Қорғасын түсті сұр минерал, қорғасын кені.* ...Өзі апауыр, қорғасын шығатын *г а л е н и т* деген минерал (А. Машанов, Жер асты.). Әсіресе [экспонаттардың ішінде] кальциттің, флюориттің, сфалериттің, *г а л е н и т т і ң* түр-түрі көп («Лен. жас»).

ГАЛЕРЕЯ з а т. **1.** *Үлкен үйдің бөлшек-бөлшектерін біріктіріп, қатынастырып тұратын, төбесі жабық, бір жағы ашық ұзын ғимарат.* Залға олар қиналмай-ақ жетті. Тек бір жерде ғана *г а л е р е я н ы ң* табаны тарылып, терең қуыс болған екен («Лен. жас»). Қазірде құрылысшылар қоймалар мен цех аралығын жалғастыратын *г а л е р е я* және көмекші объектілер салумен шұғылданады («Соц. Қаз.»). Сарайдың бөлмелерінің өрнектері, террасалары, *г а л е р е я л а р ы,* моншалары, **өздерінің сан** қилылығымен кімді болмасын таңырқатады («Лен. жас»). Иірілген *г а л е р е я* арналарының астындағы тіреулер жіңішке темір-бетон конструкцияларынан қадалған (Адам және химия). **2.** *Қабырғаны тұтас*

алған ұзын балкон. Түрлі гүл өсірілген кең *г а л е р е я д а* дем алып, ұзақ әңгімелестік (Ауызекі тіл). 3. *Театрдың көрермендерге жоғарыдан арналған орны, қатары.* Біз «Біржан — Сараны» опера театрының *г а л е р е я с ы н д а* отырып көрген едік (Ауызекі тіл). 4. *Суреттер көрмесіне арналған музей үйі.* Жігіттерді жиын-дискуссиядан, спорт залынан, не лекциядан, немесе Шевченко атындағы *с у р е т г а л е р е я с ы н а н* көрсең қуанасың (С. Байжанов, Жастық.). Өткен жылы Алматының *с у р е т г а л е р е я с ы н д а* Ленинград эрмитажының көшпелі көрмесі болды (Ш. Мұртазаев, Табыл. теңіз). 5. А у ы с. *Бір өңкей заттардың тобы, тізбегі.* Жағымды типтер *г а л е р е я с ы н* Жамбыл образы ерекше құлпыртып тұр («Лен. жас»). Еңбек адамдарының толып жатқан *г а л е р е я с ы н* тізіп айту да мүмкін емес (С. Тәжіғұлов, Асау Ертіс). Бұл жатақта [әскери жөнелту пункті ішіндегі] әр алуан кейіпкердің үлкен де бай *г а л е р е я с ы* болар еді (Ә. Сәрсенбаев, Офицер.).

ГАЛИФЕ з а т. *Екі жаны делдиіңкі, тар балақты, етікпен киетін (әскери) шалбар.* Үстінде көп жуылып өңі қашқан сарғыш гимнастерка мен әскери көнетоз *г а л и ф е,* аяғында керзі етік (М. Сүндетов, Ескексіз.). Сұлтан ши барқыт *г а л и ф е* шалбары мен ши барқыт френч киіпті (Ә. Таразі, Құйрықты.). Бәрінің кигені қысқа былғары куртка, басында былғары кепка, *г а л и ф е* шалбар, жылтыр қара етік («Лен. жас»).

ГАЛИФЕЛІ с ы н. *Галифе шалбар киген.*— Баяғыда сен келін боп түскенде тойда табанда төрт жігітпен күресіп, бәрінен де жығылып тынатын қара көк *г а л и ф е л і* құрдасың бар еді ғой — деді ол (Бәйшешек). *Г а л и ф е л і* сары шалбарының қалтасынан шипр әтірінен босаған шишаны алып, алақанына көк бұйра насыбайды үйе толтырды (Ш. Мұртазаев, Табыл. теңіз).

ГАЛЛИЙ з а т. х и м. *Д. И. Менделеевтің периодты системасының үшінші тобындағы элемент. Г а л л и й,* индий, таллий — бұл үшеуі де күмістей ақ, жұмсақ, әрі оңай балқитын металдар (Б. Бірімжанов, Жалпы химия).

ГАЛЛИЦА з а т. *Үлкендігі 4—5 мм, өте кішкентай маса. Г а л л и ц а л а р д ы* бақылау — көңіл аударарлық іс (Б. Муханов, ...Қазақст. өсімдік.).

ГАЛЛЮЦИНАЦИЯ з а т. м е д. *Жоқтан өзге елестейтін жалған сезім.* Бұл аурумен ауырғанда адам *г а л л ю ц и н а ц и я л а р* көреді (Адам анатом.). *Г а л л ю ц и н а ц и я* — елестеу, жалған сезім (М. Исамбаев, Мед. анықтама.).

ГАЛОП з а т. м у з. *Жылдам екпінмен биленетін би музыкасы. Г а л о п* — $^2/_4$ өлшемінде жазылып, жылдам екпінмен биленетін би музыкасы (К. Қуатбаев, Қысқ. муз. сөздік).

ГАЛОШ з а т. *Тазалық үшін аяқ киім сыртынан киілетін резина киім.* Ақылбек «Победа» ішінде кетіп бара жатқандықтан, пальто мен *г а л о ш т ы ң* қажеті жоқ деп ойлаған еді (Ә. Нұршайықов, Тың астығы). Омар күн шуақта тұрып, аулындағы дүкеннен жаңада алып киген *г а л о ш ы н* суға малып-малып қояды (Б. Майлин, Таңд. шығ.). Кейбір жерді қар басып, Жатыр судың шалшығы, *Г а л о ш ы н а* жабысып, Жібермейді балшығы (С. Мәуленов, Жолдас).

ГАЛСТУК з а т. 1. *Көйлектің жағасын орай, алқымын түйіп, мойынға байлайтын жібек, тағы басқа матадан істелген зат.* Үстінде сұр костюмі бар, мойнында *г а л с т у к.* Бұл — Рахмет (С. Ерубаев, Менің құрдас.). Егер *г а л с т у к* байлап, ақ жағамен келсе, Мейрамның өзімен де сөйлеспес еді (Ғ. Мұстафин, Қарағанды). Төрдегі айна алдында бір балалау жігіт теріс қарап *г а л с т у г і н* байлап тұр екен (С. Мұқанов, Жұмбақ жалау). Салынған крахмалды ақ жағаға, Тағылған *г а л с т у к* те қатып түскен (Т. Жароков, Таңд. шығ.). 2. *Пионерлер тағатын үш бұрышты қызыл мата. Г а л с т у к* қызыл мойнымда, Мектепке қарай жүгірдім (Қ. Аманжолов, Нұрлы дүние). Жаңада бір үлкен қыз пионер болдың деп, Әсияның мойнына қызыл *г а л с т у к* байлап берген (С. Мұқанов, Аспаз). Пионерлер *г а л с т у к* тағып мойнына, Көшелерде күлімдейді шұбалып (Пернедегі терме.).

ГАЛЬВАНИЗАЦИЯ з а т. ф и з. *Емге, я басқа бір қажетке электрдің тұрақты тогын қолдану.*

ГАЛЬВАНОМЕТР з а т. ф и з. *Электрдің әлсіз тогын өлшейтін аспап.* Батареяның оң полюсі эмиттерге, теріс полюсі екінші *г а л ь в а н о м е т р* арқылы триодтың коллекторына қосылады (К. Айманов, Физика).

ГАЛЬВАНОСКОП з а т. т е х. *Электр жүйесінде тұрақты электр тогының барлығын және оның бағытын анықтайтын аспап.*

ГАЛЬМАНИН з а т. м е д. *Түрлі қосындылардан алынатын ұнтақ, шуаш дәрісі. Г а л ь м а н и н* — ұнтақ зат. Аяқты терлеуден сақтау үшін пайдаланылады (Е. Оразақов, Дәрігер.).

ГАМАК з а т. *Серуенде демалу үшін екі ағаш, немесе екі діңгек аралығына керіле байланатын тербелмелі, аспалы тор.* Біз серуенге шыққанда балалар үшін *г а м а к т ы* да ала шықтық (Ауызекі тіл).

ГАМБИТ з а т. с п о р т. *Фигура, я пешканы шығынға шығара отырып, басымдық алу үшін шахмат ойынындағы шабуыл жүрісінің басталуы.* Тарландар ол [Таль] жетік білетін бастамаларға — фрезерлік гамбитке, корольдік *г а м б и т к е*, сицилиан қорғанысына ілуде болмаса соқпай, қай-қайдағы қалтарысты ақтарысады («Қаз. әдеб.»).

ГАМБУЗИЯ з а т. *Тісті, тұқы отрядына жататын кішкене балық. Г а м б у з и я н ы ң* ежелгі мекені — Солтүстік Америка (ҚСЭ).

ГАММА з а т. м у з. 1. *Дыбыстардың бір я бірнеше октава мөлшерінде біресе жоғары, біресе төмендеу ырғағының жүйелі түрде орналасуы.* Музыка сабағында әр түрлі дыбыс *г а м м а л а р ы н* айтқызып, жаттықтырып тұру қажет («Қазақст. мұғ.»). *Г а м м а* — бір октавадан кем емес, барлық дыбыс қатарында жоғарыдан төмен, немесе, керісінше өтетін мелодияның біртіндеп қозғалысы (Хормен жұмыс). 2. *Әлденеше өзгеріп отыратын құбылыстардың, зат сапаларының үздіксіз бір жүйемен үйлесуі.* Суретші «Шопан әні» деген суретін күміс-бозғылт түстердің үйлесімді *г а м м а с ы м е н* жазады (Қазақст. бейне.).

ГАММА-СӘУЛЕСІ з а т. ф и з. *Өте қысқа толқынды электромагниттік сәуленің бір түрі. Г а м м а-с ә у л е с і* секундына 3 000 000 *км* шапшаңдықпен тарайды (Б. Айдарханов, Атом қуаты). Бұл изотоптар өз бетінше ыдырап, әр түрлі сәуле шығарады, бұлардың бірі — *г а м м а-с ә у л е с і* (Р. Сәтбаева, Өңеш рагі).

ГАММА-ГЛОБУЛИН з а т. м е д. *Организмге пайдалы негізгі белоктар түйірі, жиынтығы.* Қанда жалпы белок деңгейі ғана емес, сондай-ақ глобулин, әсіресе *г а м м а-г л о б у л и н* мөлшері де көбейеді. Қанда мұндай қасиеттің болуы ондағы белок — гамма-глобулинге байланысты (М. Қайрақбаев, Ескерм. ауру). Сезікті болған жерлердегі адамдарға жаппай *г а м м а-г л о б у л и н* қолданып жатырмыз (И. Жақанов, Қайта орал.).

ГАММАРУС з а т. з о о л. *Жұмсақ денелі шаяндар.* Зоологиялық магазиндерден кепкен *г а м м а р у с т а р д ы* сатып алуға болады. Бұл — үлкендігі 0,5—2,5 см шаяндар (Аквариум).

ГАММАТЕРАПИЯ з а т. м е д. *Гамма сәулесімен емдеу.* Гамма сәулесімен *(г а м м а т е р а п и я с ы)* емдеудің негізгі принципі бірнеше жерде айқыш-ұйқыш сәулелендіру болып келе береді (Р. Сәтбаева, Өңеш рагі).

ГАНГРЕНА з а т. м е д. *Зақымданған жердің өлі еттенуі, шіруі.* Үш күн өткеннен кейін оның аяғына көгілдір дақтар пайда болды. Алғашқыда мұны *г а н г р е н а* ма деп те хауіптенді (Ғалам ғажап.).

ГАНГРЕНАЛЫ с ы н. *Гангренаға айналған.* Желінсаудың пайда болуының негізгі себебі — желін терісінің жарақаты мен сызаттары арқылы тканьдарға, сондай-ақ үрпіне микробтардың енуінен *г а н г р е н а л ы* желінсаудың ең ауыр формасы пайда болады (Р. Әбуғалиев, Қой өсіруші.).

ГАНГРЕНОЗ з а т. м е д. *Шіріме күс.* Күстің үш түрі бар: қышыма күс, сүйелді күс және шіріме *(г а н г р е н о з)* күс (Ә. Әбішев, Мал санитары).

ГАНГСТЕР з а т. *Жалданған қарақшы, тонаушы, кісі өлтіргіш.* Бірақ оның түрі қорқынышты емес еді, *г а н г с т е р* қарақшыға мүлдем ұқсамайды (Т. Сұлтанбеков, Лұқман Хакім).

ГАНГСТЕРЛІК с ы н. *Қарақшылық, тонаушылық.* Мұның да әдісі сонау, кезінде Гитлер қолданған әдіс. Өзгешелігі — бұрынғының үстіне американдық Техаста туған *г а н г с т е р л і к* белгілер қосылған («Лен. жас»).

ГАНДБОЛ з а т. с п о р т. *Допты қолмен қағып ойнайтын спорт ойыны.*

ГАНДБОЛИСТ з а т. с п о р т. *Гандбол ойынымен әуестенуші.* Қазақстан құрама командасының *г а н д б о л и с т* жігіттері қырғызстандық қарсыластарын айқын

басымдылықпен ұтты («Спорт»). Оған айғақ Фрунзе *гандболистері* 14:12; ал «Буревестник» командасы қырғыз спортшыларын 25:12 есебімен тізе бүктірді (Бұл да).

ГАНТЕЛЬ з а т. с п о р т. *Шойын, я темірден құйылған, екі жағы шоқпар бас, аралығы қолдың шеңгел көлеміне орай жалғасқан ауыр атлетикалық құрал.* Сейтек босағада жатқан 8 килограмдық екі *гантельді* қолына ұстаған күйі аулаға шығып кетті (С. Еркебаев, Алғашқы адым.).— Шойынқара қайда жүр?— деп қораның алдына көзімді салсам, уысында *гантель*, ойнап жүр екен («Спорт»).

ГАПЛОИД з а т. б и о л. *Өсімдіктің жыныс клеткасындағы өсу, урықтану кезеңі.* Егерде осындай диплоид хромосомда ядро мейоз жолымен бөліне келіп, оның саны тең жары кеміп шығатын болса, оны *гаплоид* санды хромосом деп атайды (Т. Мұсақұлов, Ботаника).

ГАПЛОИДТЫ с ы н. *Гаплоид кезеңіндегі.* Әр гаметада шомырдың және капустаның бір-бірден *гаплоидты* (9+9=18) хромосомдары болады. Бұл клеткаларда *гаплоидты* екі жиынтықтың орнына хромосомның гаплоидты төрт жиынтығы болады (Жалпы биология).

ГАПЛОИДТЫҚ с ы н. *Гаплоид кезеңіне тән, қатысты.* Бұл археспорий клеткасы редукция жолымен екі рет бөлінеді де, оның хромосом саны *гаплоидтың* фазаға көшеді (Т. Мұсақұлов, Ботаника).

ГАПЛОЛОГИЯ з а т. л и н г в. *Сөз ішінде бір-біріне ұқсас, қатар келген екі буынның бірі түсіп қалып, ықшамдалып айтылуы. Гаплология* қазақ тілінде де кездеседі: балалар — баллар, келіп — кеп т. б. (ҚСЭ).

ГАПЛОНТ з а т. б и о л. *Өсімдіктің жыныс клеткасының гаплоидтық фазадан кейінгі ұрпағы.* Ал мейоз жолымен бөлінген кезде пайда болған жас клеткалар ядросының құрамында — дене клеткаларына тән хромосомның жартылай кеміген саны болады, мұны — гаплоидты хромосом дейді де, организмнің бұл ұрпағын *гаплонт* дейді (Т. Мұсақұлов, Ботаника).

ГАРАЖ з а т. *Машина, мотоцикл, автомобиль тұратын, арнайы жабдықталған орын.* Машинасын *гаражға* қойғаннан кейін Еламан кеше Нүркенің үйіне келді (І. Есенберлин, Айқас). Он шақты автомобиль, бірнеше мотоцикл тұрған *гараж* бен бензин қоймасы өртенді (Т. Жанкелдин, Партизан). Бір жігіт сәтті болған жас қадамы, Әлден-ақ бір *гаражды* басқарады. «ЗИМ», «Волга», «Москвич» пе?— өз қолында, Тағы да толып жатыр басқалары (З. Шүкіров, Арал толқыны).

ГАРАНТИЯ з а т. *Белгілі бір зат, я нәрсеге, іс я әрекетке жасалатын кепілдік, қамқорлық.* Кладтың құпиялылығына, оның сақталуына және вклад иесі талап етісімен-ақ вкладын алатынына мемлекет *гарантия* береді. Азаматтардың өз арасындағы немесе олардың қатысуымен жасалған міндеттемелерді задаток беру, ал социалистік ұйымдардың арасындағы міндеттемелерді *гарантия* беру арқылы қамтамасыз етуге болады (Қазақ ССР кодексі).

ГАРАНТИЯЛЫ с ы н. *Гарантиясы бар.*

ГАРДЕРОБ з а т. 1. *Киім ілуге, сақтауға арнайы жасалған шкаф; үй жиһазы.* Киім ілетін жіңішке ғана *гардероб* төсектің аяқ жағында сыйып тұр (Ж. Жұмақанов, Қаракөз қарындас). Мұнда нақ төр алдында *гардероб*, оң жақта әдемі жабылған ақ кереует (С. Алдабергенов, Әңгім.). Мария қала қыздарынша киінбек болып, *гардеробтағы* утюгтеулі киімдерін дайындап қойды да, жуынуға шықты (Ж. Тілеков, Қайнар). 2. *Мекеме, театр, я жұмыс орындарына келушілердің сырт киімдерін ілуге арналған орын, бөлме.* Шахта *гардеробындағы* сырт киімдердің қайсысын кисе де жеңі тылтиып, балағы шолтиып, ол бірден стилягаға ұқсап шыға келер еді (Ә. Нұршайықов, Жомарт өлке). 3. *Жеке адамның барша киімі.* СССР-дің халық артисі, данышпан актер, Константин Сергеевич Станиславский бір сөзінде театрдың мәдениеті *гардеробтан* басталады деп ескерткен болатын (Е. Байзақов, Еңбек эстетикасы).

ГАРДЕРОБШЫ з а т. *Гардероб қызметкері.* Белгібайдың бәйбішесі бір министрлікте *гардеробшы* болып қызмет істейтін (Ауызекі тіл).

ГАРДИНА з а т. *Терезе мен есіктің өн бойын түгел қамтитын мәндайшалы перде.* Қаратай жаңа үйге көшкен соң, жұбайы бар есік-терезесіне *гардина* сатып алды (Ауызекі тіл).

ГАРЕМ з а т. *Мұсылман елдерінде байбектер әйелдері үшін арнай салған бөлек*

үй; үйдің әйелдер тұратын жағы, бөлмесі. Мынау шаршы дүниенің төрт бұрышының сұлулары түгел бас қосқан *гаремнің* есігіне бас сұқпағанына да біраз болып барады (Ә. Кекілбаев, Дала балладалары).— Бұхар Әмірінің *гаремінде* үш жүз көнизак бар деп естігем (Ғ. Сыланов, Асау арна).

ГАРМОНИЗАЦИЯ з а т. м у з. *Дауыс үйлесімінің ережесіне сәйкес музыкалық шығарманы аккордқа қою.* Ахмет Жұбановтың басқаруындағы домбыра ансамблі алғашқыда халықтың ән-күйлерін ешбір инструментовкасыз, *гармонизациясыз*, нотасыз бір дауысты жатқа ойнап жүрді (Ж. Ғсалдин, Ахмет Жұбанов). *Гармонизация* — үндестіру, жеке дауысты көп дауыспен үндестіру, үйлестіру (К. Қуатбаев, Қысқ. муз. сөздік).

ГАРМОНИКА з а т. м у з. *Гармонь.* Қоныстас отырған шауалары да осы Қуан ауылына келіп, балалайкада, *гармоникада* ойнап, ән шырқайды (Ж. Ғсалдин, Ахмет Жұбанов).

ГАРМОНИЯ з а т. 1. *Белгілі бір нәрсенің түрлі сапаларының, я көрініс-құбылысының, не бүтіннің бөлік-бөлшектерінің бір-бірімен мазмұндас келуі, ұқсауы, үйлесуі, жарасымдылығы.* Әдемі болғанда кәдімгідей әдемі болсын деймін, түрі, бойы, мінезі бәрі сәйкес келсе, міне сонда ғана сұлулық өзіне тән *гармониясын* сақтай алады (І. Есенберлин, Айқас). Осы көздердің жанарынан әлемнің керемет *гармониясын* тапқан алғыр ойдың — өжет ойдың шамшырақтай шағылысқан нұрын сезгендеймін (С. Талжанов, Адам.). Жаратылыстағы *гармонияны* музыкаша тыңдап, суретше қабылдайтын Абай, қоғамдық өмірдегі жарамсыздықтарға наразылықпен қарайды (Ә. Тәжібаев, Өмір.). 2. М у з. *Аккорд құрылысын баяндайтын музыка теориясының бөлімі.* [Бекайдар] Ал әннен ең алдымен іздейтінім: осы бір дыбыс *гармониясы* қандай жағдайда шықты (І. Есенберлин, Айқас). Есітпейтін адам үшін музыкалық дыбыстардың *гармониясы* болмас еді (А. Қасымжанов, Диалектика.). *Гармония*—аккордтар туралы ғылым, олардың бір-бірімен — байланысын, жүйелі қозғалыстарының нәтижесінде әр түрлі музыкалық құрылыстар пайда болады (Хормен жұмыс.).

ГАРМОНИЯЛЫ с ы н. *Өзара үйлесімді, сәйкес.* Жинақтап сөйлесек, қазіргі шығармаларда қаһарманның тысқы өмірі де, ішкі өмірі де сәйкес, *гармониялы* түрде суреттеуге бет алып келеді («Қаз. әдеб.»).

ГАРМОНИЯЛЫҚ с ы н. *Гармонияға тән сапа. Гармониялық* орта ұғымын Пифагор музыка теориясымен байланыстырған (О. Жәутіков, Математика). Олардың музыкалық характеристикалары тек мелодиялық жолмен емес, оркестр мүмкіндігінде, *гармониялық* суретте, интервалдық өрістеу («Біржан — Сара»), не интонациялық тоқырау арқылы («Жанбота») беріліп отырады (А. Жұбанов, Мұқан Төлебаев).

ГАРМОНШЫ з а т. *Гармонь ойнай білетін адам.*— Қайдасың, баста, *гармоншы.* Жігіттер алға шығыңдар (Ж. Молдағалиев, Жыр.). Тек танкіші қос жігіт *Гармоншыдан* көз алмай, Қарай берді тесіліп (Қ. Аманжолов, Шығ.). Тұрғанда Ақан солай ойға батып, *Гармоншы* жатты күйді ойнақтатып (Қ. Бекхожин, Үш кезең). Тіпті осы Оразды әлгі *гармоншы,* әнші қазақ мұртын ширатып іздеп келеді де тұрады («Қаз. әдеб.»).

ГАРМОНЬ з а т. м у з. *Клавиатуралы, кеңірдек тәрізді ашылмалы, жиырмалы музыкалық аспап.* Кәмеш — Белгібайдың бой жеткен қызы. Өзі *гармонь* тартады. Қазақ, ноғай әндеріне дауысын қосады (І. Жансүгіров, Шығ.). Күміс дауыс сыңғырап Түнгі *гармонь* шалқыған (Қ. Аманжолов, Таңд. шығ.). Үш жігіт кең қайықта отыр шалқып, Гулетіп *гармонь* тартып, өлең айтып (Қ. Бекхожин, Мариям.). Үлкен інісі Әлем де, кіші інісі Әбікен де, өнерден құр алақан болмайды, домбыра, мандолина, *гармонь* тартады (А. Жұбанов, Мұқан Төлебаев).

ГАРМОНЬДА е т. *Гармонь тарту.* Базар күні *гармоньдап* құбыласың, Әлі көңілің бар ма еді қиғаш қастан (Айтыс).

ГАРМОНЬДАТ *Гармоньда егістігінен жасалған өзгеліктегіс.* Пар ат божы қағылысымен жылжи берді. Майра әлі *гармоньдатып,* ән сап кетіп барады (Д. Әбілев, Арман жолы). Майра келе сала *гармоньдатып,* ауылдың іші-сыртын қан базарға айналдырып жібереді («Қаз. әдеб.»).

ГАРМОНЬСЫЗ с ы н. *Гармоньның сүйемелдеуінсіз, гармоньға қосылмай.* — Сіз *гармоньсыз* ән сала алмаймын деді-

ңіз ғой?— Онда біз қайттік?...— Оспан абыржыған пішін көрсетті (А. Хангелдин, Қараторғай).

ГАРНИЗОН з а т. *Белгілі бір елді мекенде аудан-қалада, я бекіністе уақытша, немесе тұпкілікті орналасқан, бекінген әскери бөлімдер.* Бізге Москва *г а р н и з о н ы* көмектеспекші болып еді, олардың солдаттарын казармадан шығармай, қамап қойды (М. Қаратаев, Далада.). Жаңа келген *г а р н и з о н* түнгі күзет туралы әзірге ойламаған болса керек (Э. Сәрсенбаев, Толқында.). *Г а р н и з о н* қалың топтың бір бүйірінен жол ашып, екі жиегіне де қаз-қатар солдат қойған (С. Мұқанов, Есею.). Мектептің шәкірттері Брест қаласындағы әскери *г а р н и з о н м е н* байланыс жасап тұрады («Қазақст. мұғ.»).

ГАРНИЗОНДЫҚ с ы н. *Гарнизонға тән.* 1965 ж. Омбыда, Петропавлда және Ямышевская станциясында *«г а р н и з о н д ы қ* мектептер» ашылды (ҚазССР тарихы).

ГАРНИР з а т. *Ет, я балықтан жасалған тағамға қосымша берілетін дәм.* Тана мен күрке тауықтың еттерінің жұмсақ жерін бітеу пісіріп жеуге болады. *Г а р н и р* есебінде вермишельді, үй кеспесін суға пісіреді (М. Қайрақбаев, Ескерм. ауру). Ерте заманнан осы уақытқа дейін теңіз капустасын Шығыс Азияда, Жапонияда және т. б. елдерде «Овощь *г а р н и р і*» ретінде пайдаланады (С. Сұбханбердин, Дәрі — дауа.).

ГАРНИТУР з а т. *Бір-біріне сай түстес, тектес жасалған комплекті заттар.* Шопандардың әр үйінен шифоньер, сервант, *г а р н и т у р д ы* кездестіресің (Ш. Ерманов, Мәңгі жастық). Есіңді кетіріпті көлі кілем, Төрт бөлме үй, есік, төрі — бәрі кілем. Әр бөлме *г а р н и т у р ы* қызыл ағаш, Сфинкс, құны он мыңнан әрі білем (Қ. Жармағамбетов, Баллада). Ал бұлардың бәрін былай қойғанда жып-жылтыр етіп сырланған төсек-орын *г а р н и т у р ы* және тұр («Қаз. әдеб.»).

ГАРПУН з а т. *Теңіздегі ірі балықтарды, аңдарды аулау үшін, ұшы істік темірден жасалған, найза іспеттес, баулы лақтырма (атпа) құрал.*

ГАРУС з а т. *Таза жүннен иірілген жіп.*

ГАСТРИТ з а т. м е д. *Асқазан кілегей қабығының талауырауы, қабынуы.* Ас қорыту жүйесіндегі *г а с т р и т,* қарын рагы, ішектің жылан-құрт аурулары витаминдердің бойға сіңуіне кедергі жасайды (М. Исамбаев, Мед. анықтама). Оны [пепульсанды] асқазанға және бүйенге жара түскенде, созылмалы *г а с т р и т к е* ұшырағанда береді (С. Сұбханбердин, Дәрі — дауа.).

ГАСТРОЛЕР з а т. т е а т. *Уақытша ойын көрсетуге келген артистер.*

ГАСТРОЛЬ з а т. т е а т. *Артистер тобының я жеке өнер қайраткерінің сырт жерде көрсететін өнері, ойын-сауығы.* Б. Майлиннің шағын мысалдарын, әсіресе, *г а с т р о л ь* кездерінде көбірек пайдалану керек. «Шаншар молда», «Ел мектебі», әсіресе, «Неке қияр» ел арасында аса табысты өткен (Қ. Қуандықов, Серке Қожамқұлов). XIX ғ. екінші жартысында Орынборда, Оралда, Семейде орыс және украин театр труппалары *г а с т р о л ь д е* болды (ҚазССР тарихы). **Абай атындағы академиялық** опера және балет театры Семейде екі апта бойы *г а с т р о л ь д е* болды («Лен. жас»). Халықтар достығының фестивалі сияқты біздің де *г а с т р о л і м і з* Ұлы Октябрьдің 50 жылдығына арналып отыр («Соц. Қаз.»).

ГАСТРОЛЬДЫҚ с ы н. *Гастрольмен байланысты.* Біз барған совхозға *г а с т р о л ь д ы қ* сапарға шыққан артистер де келген екен (Ауызекі тіл).

ГАСТРОЛЬШІЛ с ы н. *Гастрольмен әуестенгіш.* Оркестр бара-бара қатардағы *г а с т р о л ь ш і л* коллективке айналды («Лен. жас»).

ГАСТРОНОМ з а т. **1.** *Дәмді тағамды жақсы білетін, тәуір көретін дәмшіл адам.* **2.** *Түрлі тәтті тағам, азық-түлік, ішімдік т. б. сатылатын сауда орны, магазин.* Бір жолы: «Мені жақсы көретінің рас болса, *г а с т р о н о м н а н* бір бөтелке арақ әкеп бер»,— дедім (Ж. Алтайбаев, Сыпырғыш). Мен тура *г а с т р о н о м ғ а* тарттым. Бұл сапар бұйымтайым кішкене инженер туысымның қолында («Лен. жас»).

ГАСТРОНОМИЯ з а т. *Азық-түлік, тамақ.*

ГАСТРОЭНТЕРИТ з а т. м е д. *Қарын мен ащы ішектің қабынуы.* Қарын мен ащы ішектің қабынуы *(г а с т р о э н т е р и т)*— ол жалпы организмдегі жұқпалы аурулар мен сапасыз тағам арқылы асқазан жолына түскен түрлі микробтар қоздыратын ауру (М. Исамбаев, Мед.

анықтама). Онымен (гастрофилинмен) гастритті, энтероколитті, *гастроэнтеритті*, іштің кебуін (метеоризм), шаншуларды емдейді (С. Сұбханбердин, Дәрі — дауа.).

ГАСТРОЭНТЕРОКОЛИТ з а т. м е д. *Қарын, ащы ішек пен тоқ ішектің бірден қабынуы.* **Көбінесе ащы ішек пен тоқ ішек** бір мезгілде қабынады, **оны — энтероколит** дейді, ал қарын мен ащы ішек, тоқ ішек бірден қабынса, оны— *гастроэнтероколит* деп атайды (М. Исамбаев, Мед. анықтама).

ГАСТРУЛА з а т. б и о л. *Көп клеткалы ұрықтың өсіп-жетілуінің кезеңі.* ***Гаструла*** — жануар организмінің жеке даму сатысы (Жалпы биология). Сөйтіп, ұрық дамуының келесі кезеңі — екі қабатты ұрық *гаструлаға* айналады (Жалпы биология).

ГАСТРУЛЯЦИЯ з а т. б и о л. *Көп клеткалы ұрықтың гаструла кезеңіне айналуы.* Одан кейін ұрықта клеткалардың екінші қабаты түзіле бастайды. Бұл процесс *гаструляция* делінеді (Жалпы биология). *Гаструляция* аяқталған соң ұрықтың болашақ арқа жағында эктодерма ішке қарай жымырылып нерв түтігін түзеді (Бұл да).

ГАСТРУЛЯЦИЯЛАН е т. *Гаструляцияға айналу.*

ГАСТРУЛЯЦИЯЛАНУ *Гаструляциялану етістігінің қимыл атауы.* Егер *гаструляциялануды*ң бас кезеңінде ұрықтағы болашақ хордаме-зодерманың бір тұтамын кесіп алып, ұрық денесінің бүйір бөліміндегі эктодерманың астыңғы жағына орналастырсақ, сол жерде эктодермадан екінші нерв түтігі пайда болады (Жалпы биология).

ГАУБИЦА з а т. э с к. *Нысананы кең бұрыштай алып әуелете ататын келте стволды ауыр зеңбірек.* Жер аппақ, аспан жалтыр, аяз сықырлата қысып, жел қарып, жалап тұр. Бір жақтан пұшық-*гаубица* әуп ете түседі (Б. Момышұлы, Майдан).

ГАУПВАХТА з а т. э с к. 1. *Айыпкер солдатты уақытша қамайтын бөлме.* Мәмбет подполковник Киршеловпен шатасқанын, оның *гаупвахтаға* салуға тырысқанын,... айтты (Х. Есенжанов, Тар кезең). Сөйтіп Ол [Қален] «Жаңа өкімет орнаған Қызыл үйге келіп, кешке қарай өзенге таяу жердегі сопақ *гаупвахтаға* орналасқан» (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). 2. *Күзетке шығару үшін ауласы бар күзетшілер орны.*

ГАУСАР з а т. с ө й л. **Кәусар.** *Гаусарыңды* сапырып, жайдары жаздың кешінде, Ойнайын жардан атылып, Толқының болып төсінде (С. Мәуленов, Өленд.). Октябрь табалдырығын аттамай тұрып-ақ біздің партия басым көпшілігі сауатсыз, қараңғы Россияны оқу-білім *гаусарына* кенелтіп, мәдени революцияны жүзеге асырудың ұлы мақсатын алға қойды («Соц. Қаз.»).

ГАУСАРЛЫ с ы н. с ө й л. **Кәусарлы.** Мұғалима Алуаш Күле қарап қарсы алды. Бала деген бал бұлақ. Бала көңіл — *гаусарлы* (О. Шипин, Өмір өрнегі).

ГАУҺАР з а т. 1. *Алуан түсті, қымбат асыл тас.* Теңізге келіп көз салса, теңіздің түбінде екі *гауһар* жарқырап жатыр екен (Қаз. ертегі). Жанна оң қолының атсыз саусағындағы қызыл күрең *гауһар* тас орнатқан алтын жүзігін көзіне тақап, келешек бақытты өмірінің әсем бейнесін содан көргендей, жанарының сұғын төкті (С. Омаров, Дала қызы). Жерден *гауһар* — қызыл-жасыл, Мыс, қорғасын алуға асыл, Осыларға жеңіл тәсіл — Тапқан ғылым емес пе? (А. Тоқмағамбетов, Шығ.). 2. А у ы с. *Ең қымбат, асыл, қадірлі.* Михрабым сен, бас ұрамын, Тіл жете алмас гүзіріңе, Жетпедім, не жасырамын, *Гауһарымның* қадіріне (Абай, Тол. жин.). Шат жүректен сызылтып, Ән шырқаған пионер, Білімнен *гауһар* тізілтіп, жүрегіне құй өнер (Т. Жароков, Шығ.). Ақ семсердің асылын, Шабылмаса кім білер? Сол секілді менің де, Ішімде *гауһар* барлығын, Сөйлемесем кім білер? (Айманкүл, Өленд.). «Қара қыпшақ Қобыланды» драма-дастаны—М. Әуезов драматургиясының *гауһары* (Қ. Қуандықов, Серке Қожамқұлов). ⊙ **Дүрді гауһар.** *Гауһар тастың ең асылы, үлкені, тазасы.* *Дүрді гауһар* сырғасын [Жібек], Көтере алмай тұр құлағы. Бой нұсқасын қарасаң, Бектер мінген пырағы (Қыз Жібек). Сәуірдің самалы шайған жасыл алқаптардың үстінде жалт ойнап алғашқы нөсер жауады, мырза табиғат ауық-ауық *дүрді гауһарын* ақтарып, дүниені дүр сілкіндіреді («Қаз. әдеб.»). ◆ **Гауһар жұлдыз.** Аспанның *гауһар жұлдызы,* Махаббат отын қозғаған, Көрінгендей хор қызы Қиял ғой бір маздаған (О. Малқаров, Менің ізім.). **Гауһар жүз.** Сымбатың жас жүректі жандырғандай, Бриллиант-*гауһар жүзің* сон-

да жатыр. Аузыңнан шыққан сөзің тәтті балдай, Ойласам әрбір қарпі менде жатыр (Акан сері, Шығ.). **Гауһар көз.** Қаз мойнында тақкан алтын тұмарым, Мінген ердің тарқатасың құмарын. Егескенде жауға иенді қор қылма. *Гауһар көзді* айналайын шұбарым (С. Сейфуллин, Шығ.). Анардың *гауһар көздері* де өнімен қоса ілесіп, шаршы топ арасынан мені іздегендей еді (Ж. Жұмақанов, Жазылм. кітап). **Гауһар қабақ. Сүйіктей** аққу мойын алма сабақ, Безенген шыбық дене, кербез сағақ, Наз сұлу, наз қимылды құралайым, Садақтай ұзын кірпік, *гауһар қабақ* (С. Сейфуллин, Шығ.). **Гауһар сөз.** Аузыма дүрия *гауһар сөзім* келді, Өзіңменен бірге өскен серің келді. Қолға алып қу қарағай зарланайын, Бекетжан мұң шағатын кезім келді (Ы. Сандыбайұлы, Әндер).

ГАУҺАРДАЙ с ы н. *Аса қымбатты, бағалы, мәп-мәлдір, тап-таза.* Жүлде алатын жүйріктей, Өрге салса өрлейтін, Кен асылы *гауһардай* Жоғалмайтын, өлмейтін, Өнерлі ұлым екенсің (Қ. Аманжолов, Шығ.). Мәлдір судың түбіндегі *гауһардай,* Сенің таза жүрегіңді жырладым, Қасиетіңді еш жеткізіп айта алмай, Мен өзімді талай-талай қинадым (Сәлем сағаң.).

ГАУҺАРЛА е т. *Гауһармен әшекейлеу.* Сәйтіп ұйқтап жатқан неше батырлардың қасынан, неше қақпадан өтіп, Хасан сарай ортасындағы есіктерін *гауһарлаған* сырлы, алтын үйге кіреді (С. Сейфуллин, Шығ.).

ГАУҺАРЛЫ с ы н. 1. *Гауһары бар, гауһар орнатқан.* Алтын менен *гауһарлы,* Түрлі кілем үстінен, Қара жерге бастырмай, Алтыннан тіккен отауға, Ер Қамбарды кіргізді (Қамбар батыр). 2. А у ы с. *Жайнаған, жарқыраған, нұрлы.* Көктен жерге жасыл ала *гауһарлы* нұр шашып құлпырады (С. Сейфуллин, Әңгім.). Басталды суық, қосты саз,— Талда бұлбұл, тауда шал, *Гауһарлы* қойнын аштым жаз, Бөктерде жатыр жусап мал (Ж. Саин, Шығ.).

ГАУҺАРПҰРЫШ з а т. к ө н е. *Гауһар т. б. асыл тасты сатып алатын ювелир.* Хамдал-заманның шешесі берген тастардан басқа ештеңесі жоқ еді, *гауһарпұрыштың* біріне келіп, жүзіктің төрт көзін төрт мыңға сатты (Мың бір түн).

ГАШЕТКА з а т. т е х. *Мылтықтың серіппесін басатын құлақ.* Пулемет *гашеткасын* қалай басып қалғанын абайламады. Тыр-тыр деп бірнеше оқ далаға ұшып кетті («Лен. жас»).

ГАШИШ з а т. *Галлюциогендер тобына жататын елгітпе зат.* Қорғасын, маралқұрақ, *гашиш* сияқты адам өміріне дәрі-дәрмек ретінде қолданылып жүрген заттардың қасиетіне талдау жасады («Қаз. әдеб.»).

ГӘЗМАЛ з а т. ж е р г. *Кездеме, мата. Гәзмал* толы. Біздің дүкен. Уай, уай, налок! Тағын керек! Керек!... (І. Жансүгіров, Шығ.).

ГӘҢГІР е т. с ө й л. *Мәңгір.* Әй, Көжек, сенің басың *гәңгіріп* жүр ғой, кел (С. Адамбеков, Көсенің көзі).

ГӘП з а т. 1. *Бір нәрсенің сыры, мәні.* Сірә, бұл шалдың сопылыққа түсіп кетуінде бір *гәп* болу керек деп топшылайды Дәрмен (Т. Әлімқұлов, Сейтек сарыны). «Түрлі сылтаумен» дәуімнің *гәбі* бар. Қаршадайымыздан бірге өскен қанды көйлек жолдас болсақ та, оның бір мінезі маған әлі түсініксіз, тіпті оғаш көрінеді (Б. Аманшин, Жар мұңы). 2. *Бір нәрсенің, іс-әрекеттің себеп-салдары.* Қараны қайыстырып бұрағанда, Күрт етті... бір *гәп* болды жілігіне... (І. Жансүгіров, Шығ.). Ehe, біздің үйдегі жеңгелерің көйлекті неге өлгенше ұзын киеді десем, онда да *гәп* бар екен ғой (М. Иманжанов, Менің махабб.). Гәп балда емес, *гәп* әлде. *Гәп* малда емес, гәп халде, Әл де, хал де жоқ па, әлде? (Қ. Мырзалиев, Алуан—палуан). 3. *Айтар сөз, әңгіме.* Талай ғасыр құрып кеңес, Көп ойлаған осы *гәпті,* Жұмбақ болмас, бір шешілмес, Ұлы адам бір амал тапты (Қ. Аманжолов, Шығ.). Бәлкім, анау жақпар тастар тасасында түн қараңғылығын күтіп отырған «қонақтар» да бар шығар. Онда емес әңгіме. *Гәп* бейбітшілік күзетінің беріктігінде («Лен. жас»). ◆ **Гәп шерту.** *Сыр шерту, сырласу, мұңдасу.* Байбосын ел жағдайынан, жұмыс жөнінен бірраз *гәп шертіп* отырды да, суыртпақтап негізгі келген шаруасына көшті (Б. Тоғысбаев, Алдыңғы.).

ГӘРДЕН с ы н. *Фарфордан жасалған ыдыс, кәрлен.* Біраздан соң және бір жігітпен екеуі дастарқан, подноспен қызыл ала *гәрден* кеселер сылдыратып,... иісі аңқыған сары қымызды сапырып, бізге бере бастады (С. Сейфуллин, Тар жол.). ... Кең бөлме қазақша жиһаздалған... Үстіне аткөпір тағам қоюлы дастархан, *гәрден*

аяқтарға аралас бокалдар (Б. Аманшин, Жар мұңы.).

ГӘРІС з а т. с ө й л. **Гарус.** Ажарың ақ түлкідей қашқан құмнан, Шолпандай таң алдында жалғыз туған. Жылы су, қолда құман, қарда орамал, Жібекпен қызыл *г ә р і с* белін буған (Қаз. ән.).

ГӘУСЕР з а т. с ө й л. **Кәусар.** Шыңдардың қойнауында қаптаған мал, Шөлдесе сіміреді суды *г ә у с е р.* Жағалап келе жатыр мал баққан шал (Ә. Шалабаева, Жас қанат).

ГВАРДЕЕЦ з а т. *Гвардия құрамындағы жауынгер.* Төз сапер, сыздамастан шыққа да иық Азаттық күтеді осы тұста Киев. **Өткел бер, өрендердің женісіне,** *Г в а р д е е ц,* **намысыңды ұста биік** (Ә. Сәрсенбаев, Жазылмаған.). Ол [Ә. Сағитов] трактор алаңындағы кескілескен ұрыста, көшелердегі айқаста жиырмадан астам фашисті жер жастандырып, *г в а р д е е ц* атағына ие болды («Лен. жас»).

ГВАРДИЯ з а т. 1. *Әскердің іріктелген таңдаулы бөлімі.* Қалтыраған атынан жау ордасы, Панфиловтың жорықтағы жолдасы. Даңқ туын майдандарда көтерген, *Г в а р д и я* бөлімінің қолбасы (С. Мәуленов, Жаңа арна). Соғыспен қалай өткенін, Арналы Дунай өзенін, Еске алар олар Праганы, *Г в а р д и я с ы н* өзінің (М. Рашев, Алғашқы.). 2. А у ы с. *Өз ісінің шебері.* Қазақ театрының қарт актерлер *г в а р д и я с ы* жыл сайын жаңа толқынмен толассыз толықтырылып келеді («Қаз. әдеб.».) Қара шаңырақтың қарт *г в а р д и я с ы* жасаған талай образдар бар (Бұл да). ◆ **Қызыл гвардия.** *1917—1918 жылдары большевик партиясы ұйымдастырған жұмысшылардың жауынгер тобы.* Совет мүшелері өзімізді *қ ы з ы л г в а р д и я* деп жариялады қажне отряд ұйымдастыру ісіне кірістік (С. Сейфуллин, Тар жол.). Қазір *қ ы з ы л г в а р д и я* Самараны, Орынборды, Саратовты алды (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). **Пролетарлық гвардия.** Т а р. *Жұмысшы табының жауынгер тобы.* 1905—1907 жылдардың от-жалынын және реакцияның қара түнек жылдарын басынан кешірген бұрынғы *п р о л е т а р л ы қ г в а р д и я* кескілескен таптық ұрыстардың авангардында болды (КПСС тарихы).

ГВАРДИЯЛЫҚ с ы н. *Гвардия даңқына сай, лайық.* Дивизияның *г в а р д и я л ы қ* туын күзетіп бара жатқан бір топ автоматчиктер мен мергендер тобында Нәлкаға кетіп бара жатты (С. Бақбергенов, Қарға тамған.). ... 800-ден астам артиллериялық бөлімшелер *г в а р д и я л ы қ* деген атаққа ие болды («Лен. жас»).

ГВАРДИЯШЫ з а т. *Гвардия құрамындағы жауынгер.* Жаудың тылында қалған Краснодонның жас *г в а р д и я ш ы л а р ы н ы ң* ерлік даңқтары да мәңгі өшпейді (С. Мәуленов, Жер нәрі). *Г в а р д и я ш ы л а р* шабуылға әзірленіп жатты («Қаз. әдеб.»).

ГВАРДИЯШЫЛ с ы н. с ө й л. **Гвардияшы.**— *Г в а р д и я ш ы л* жауынгер әрқашан қырының, мұнтаздай таза боп жүруге тиіс қой,— деп әзілдеді Панфилов («Қаз. әдеб.»). Айналу жердің ісі, Су ісі құйылу. Жас *г в а р д и я ш ы л* борышы Алға шабу, жүгіру, Бізге жат өмір ілбіген (М. Әлімбаев, Құрбыма).

ГЕГЕМОН з а т. *Басшылық, жетекшілік.* Революцияның туын көтеріп, халық бұқарасын ағартып, революция күшін ұйымдастыра отырып жұмысшы табы жетекші — *г е г е м о н* болды (Партия тарихы).

ГЕГЕМОНДЫҚ с ы н. *Гегемонға тән.*

ГЕГЕМОНИЯ з а т. *Басымдылық, басшылық, өктемділік.* В. И. Ленин... Россия жұмысшы табының тарихи жолын белгіледі, пролетариат *г е г е м о н и я с ы* (басшылық ролі) идеясын ұсынды (Партия тарихы). *Г е г е м о н и я* — белгілі бір таптың немесе мемлекеттің басқа таптардан, мемлекеттерден басым болуы, басшылық етуі (Саяси сөздік).

ГЕЙЗЕР з а т. *Вулканды аймақтарда жер астынан ауық-ауық ыстық су мен буды 20—40 м биіктікке атқылайтын су көзі.* Иісті су—Чехословакиядан шығатын атақты Карловы Вары *г е й з е р* суы тәріздес көмір қышқылды, тұз дәмді сілтілер тобына жататын су (С. Сұбханбердин, Дәрі — дауа.).

ГЕКСАБЕНЗАТ з а т. м е д. *Тыныс демікпесі мен гипертония ауруларын емдейтін дәрі. Г е к с а б е н з а т* —бексоний препаратымен жақын тектес. Онымен тыныс демікпесінің көптеген түрлерін емдейді (С. Сұбханбердин, Дәрі — дауа.).

ГЕКСАМЕТОН з а т. м е д. *Гексабензат.* Гексабензат, яғни *г е к с а м е т о н,* Бұл дәрі Венгрияда жасалады (С. Сұбханбердин, Дәрі — дауа.).

ГЕКСАХЛОРАН з а т. *Жұқпалы ауру тарататын зиянды жәндіктерден сақтау үшін пайдаланатын ақ ұнтақ дәрі.* Қойды ванна арқылы тоғытқанда 1 процент креолин және 0,25 процент *г е к с а х л о р а н* ерітіндісіне тоғыту керек (Ш. Қалықов, Қойды.). Топырақта зиянды жәндіктер түскен болса,... оның бір тоннасына 5—8 кг 12 проценттік есебімен, *г е к с а х л о р а н* себу керек (М. Ерлепесов, Тұқым.).

ГЕКСЕНАЛ з а т. м е д. *Адамды ұйықтату үшін қолданылатын дәрі.* Ипрозидтің негізгі қасиеті *г е к с е н а л* және барбимил сияқты ұйықтатқыш дәрілердің әрекетін ұзартып, қан қысымын бәсеңдетеді (С. Сұбханбердин, Дәрі — дауа.).

ГЕКСОЗ з а т. б и о л. *Жүзім қанты; глюкоза. Г е к с о з д а р* мен пентоздар сақина тәріздес структураны оңай құрайды (Жалпы биол.). Цитаза деген ферментте де тез еріп, қайтадан пентозға және *г е к с о з ға* айналып кетеді (Ботаника).

ГЕКТАР з а т. *10.000 шаршы метрге тең жер өлшемі.* Бізде 170 млн. *г е к т а р д а н* астам табиғи жайылым мен шабындық бар; ырыс та, байлықтың кіндігі де осында (Тарту). Байлығы төл қосымша, Қанша отар құралмақ? Әр *г е к т а р д а н* қанша арпа, Қанша бидай, сұлы алмақ (Б. Аманшин, Өленд.).

ГЕКТАРДАЙ с ы н. *Гектарға жуық, сол шамада.* Бұл — көлемі бір *г е к т а р д а й* жер, жасыл лаборатория дегеніміз — осы (З. Ақышев, Біздің шамш.) Сонда бұл науқанда осы бригада жерінде 750 *г е к т а р д а й* егін орады екен (Б. Тоқтаров, Қыран.). Жүз сексен мың *г е к т а р д а й* егін егем, Көбіне баданадай бидай себем. Әр гектардан жүз пұттан өнім алып, Он миллион пұт қоймаға астық берем (Айтыс).

ГЕКТАРЛА е т. *Гектарға бөліп өлшеу.*

ГЕКТАРЛАУ *Гектарла егістігінің қимыл атауы.*

ГЕКТАРЛЫ с ы н. *Гектарға тән.* Отыз *г е к т а р л ы* тор көздер ертерек кезде жасалған екен (Көктем.).

ГЕКТАРЛЫҚ с ы н. *Гектарға барабар.* Елу *г е к т а р л ы қ* алқапты көзбен долбарлап, атыз-атызға бөліп тастадық (Ы. Жақаев, Менің бақытым).

ГЕКТАРШЫ з а т. *Гектар жерді игеріп, күтіп-баптаушы.* Әрбір *г е к т а р ш ы н ы ң* бүкіл үй-іші боп жабылып темекіде істейтіні сондықтан (Ш. Құмарова, Қос шынар). Жазықтың Майтөбе жақ басында жеке *г е к т а р ш ы л а р д ы ң* қызылшасы тұнып тұр (З. Ақышев, Біздің шамш.).

ГЕКТОВАТТ з а т. т е х. *Күші жүз ватқа тең.*

ГЕКТОВАТТ-САҒАТ з а т. т е х. *Электр энергиясының бір сағаттағы шығын айналым өлшемі.*

ГЕКТОГРАФ з а т. т е х. *Бір беттегі текстің бірден жүз данасын көшіріп бере алатын аспап.* Олардың сөздерін «Еңбекті азат ету тобы» *г е к т о г р а ф қ а* басып шығарып, Петербург және басқа қалаларға таратты (КПСС тарих. очеркі).

ГЕКТОГРАФИЯ з а т. т е х. *Гектографпен көшіріліп көбейтілген басылым.*

ГЕКТОЛИТР з а т. т е х. *Сұйық, я күлдей ұсақ заттың жүз литрлік өлшемі.*

ГЕКТОМЕТР з а т. т е х. *Ұзындық өлшемінің 100 метрге теңдігі.*

ГЕКТІРЛЕ е т. с ө й л. **Гектарла.** Қыздыр, қыздыр! Ал қимылда! Теп темірді! Тепкінде! Аудар қырды. Шында, шында! Тіл даланы! *Г е к т і р л е!* (І. Жансүгіров, Шығ.).

ГЕЛАТИН з а т. м е д. *Бауырдан жасалатын без дәрісі. Г е л а т и н* — бауырдан жасалған без дәрісі. Тамаққа көңіл соқпағанда, шай қасықпен ішіледі (С. Сұбханбердин, Дәрі — дауа.).

ГЕЛЕ о д. *Інгенді бураға шөгеру белгісі; шақыру, шөгеру одағайы. Бураға үйірлеу.* Қара бура да міністен құтылып күн санап түрленіп келе жатты. Анда-санда *г е л е н і ң* мезгілі әлі жетпесе де шабынатын болды (Е. Домбаев, Ол — адам).

ГЕЛИЙ з а т. х и м. *Әуеде ұшуға қолданылатын ең жеңіл газ.* Бір қызық нәрсе — ғалымдар *г е л и й* деген элементтің әуелі күннің құрамында бар екенін біліп, одан соң жерден тапқан (Х. Әбішұлы, Халық астрон.). Күн лаулаған шар тәріздес. Ол сутегі мен *г е л и й д е н* тұрады. Ыстықтығы 20 миллион градусқа дейін барады («Лен. жас»). Қазір оның орнына [сутегінің] өртке хауіпті емес сутегі мен *г е л и й* газының қоспасын қолданады (Химия).

ГЕЛИКОН зат. муз. *Үрілмелі ең жуан дауысты аспап. Геликон* — үрілмелі өркестрдің ең жуан дауысты аспабы. Бұрын әскери оркестрлерде қолданылатын (К. Қуатбаев, Қыс. муз. сөздік).

ГЕЛИОБИОЛОГИЯ зат. биол. *Күн активтілігі өзгерілуінің организмдерге тигізетін әсерін зерттейтін биофизика ғылымының бір саласы. Гелиобиологияның* негізін салушы совет физигі А. Л. Чижевский (ҚСЭ).

ГЕЛИОГРАФ зат. астр. *Күн планетасын суретке түсіретін астрономиялық телескоп.*

ГЕЛИОГЕОФИЗИКА зат. астр. *Күн мен Жер физикасын зерттейтін ғылым. Гелиогеофизика* — Күн (гелио) мен Жер (гео) физикасы деген жас ғылым саласы (Х. Әбішев, Аспан сыры).

ГЕЛИОҚОНДЫРҒЫ зат. тех. *Күн радиациясының энергиясын пайдалануға қолайлы энергияға түрлендіретін қондырғы құрал. Гелиоқондырғы* мөлшерін өндірілетін энергияға сай таңдап алады (ҚСЭ).

ГЕЛИОМЕТР зат. тех. *Аспан сферасындағы шағын бұрыштарды өлшеуге арналған астрономиялық аспап. Гелиометр* — объективі диаметр бойынша тілінген рефрактор (ҚСЭ).

ГЕЛИОТЕРАПИЯ зат. мед. *Күн нұрымен емдеу.*

ГЕЛИОТЕХНИКА зат. тех. *Күн радиациясының энергиясын іс жүзінде пайдалануға ыңғайлы қажет энергияға түрлендірумен шұғылданатын техника саласы. Гелиотехника* саласындағы ғылыми зерттеу жұмыстары көптеген елдерде жүргізіліп келеді (ҚСЭ).

ГЕЛИОТРОП зат. 1. Биол. *Күн нұрына бағыттала айналып өсетін гүл.* Ал гераньь, *гелиотроп,* лобелия сияқты кейбір өсімдіктерді жәшікке құмырасымен отырғыза береді (С. Турдиев, Үй өсімд.). 2. Мин. *Минералдың бір түрі.* 3. Тех. *Бір жерден екінші жерге күн шұғыласын түсіру арқылы сигнал беретін геодезия аспабы.*

ГЕЛИОФИЗИКА зат. *Күн үстінде болған өзгерісті зерттейтін астрофизиканың бір саласы.*

ГЕЛИОЦЕНТРЛІК сын. астр. *Күнді басқа планеталардың кіндігі, орталығы деп танушылық.* Центрінде Күн болатын Коперник системасы *гелиоцентрлік* система деп аталады (Астрономия).

ГЕЛЬМИНТ зат. мед. *Түрлі ауруды тарататын тоғышар құрт.* Осы бұзауларды сойғанда бақылау тобындағы бұзаулардың өкпесінен көптеген *гельминттер* табылған (Ө. Қарамендин, Бұзау.). Дискокотилез — форель мен ласось балықтарының *гельминт* ауруы (Т. Телеуғалиев, Балық ауру.).

ГЕЛЬМИНТОЗ зат. мед. *Гельминт құрты тудыратын ауру, ішек құрт ауруы. Гельминтоз* — организмге енген паразит құрттар туғызатын мал мен адамның іш құрт аурулары (Р. Әбуғалиев, Қой өсіруші). Іш құрт аурулары *(гельминтоз)* үш топқа бөлінеді: біріншісі — жұмыр құрт (Ә. Әбішев, Мал санитары.).

ГЕЛЬМИНТОЛОГИЯ зат. биол. *Гельминт, ішек құрт ауруларын зерттейтін ғылым саласы.* Зоология ғылымының паразит құрттарды зерттейтін жаңа саласы — *гельминтология,* негізінде, совет ғалымдарының еңбектерінің арқасында құралды (Зоология).

ГЕЛЬМИНТОЛОГИЯЛЫҚ сын. *Гельминтологияға тән, қатысты.* Қазақстанда аниторхоз ауруының бар екенін С. Н. Скрябин мен Н. П. Попов басқарған *гельминтологиялық* экспедиция 1925 жылы анықтаған болатын (Т. Телеуғалиев, Балық ауру.).

ГЕМ зат. мед. *Гемоглобиннің белоксыз бөлігі; қан.* Қан азаюдың үшінші түрі B_{12} витамин мен темір иондарының жетіспеуінен пайда болады. Жоғарыда темір иоңы гемоглобиндегі *гемнің* құрамына кіреді деді (Т. Айтбаев, Қан. қасиеті). *Гемнің* құрамы барлық гемоглобинге бірдей (Бұл да).

ГЕМАТИТ зат. хим. *Тотықтар класының минералы.* Түгел дерлік *гематиттен* тұратын рудаларда 50—65% темір болады (ҚСЭ).

ГЕМАТОГЕН зат. мед. *Мал қанынан арнайы жасалатын қоңырқай қызыл түсті сұйық дәрі. Гематоген* — ас қасықпен ішіледі, немесе «балалар гематогені» деген таблетка шоколад күйінде желінеді (С. Сұбханбердин, Дәрі — дауа.).

ГЕМАТОКСИЛИН зат. *Кампеш ағашынан алынатын өсімдік бояуы.* Бұл бояу-

ларды негізгі бояу, немесе ядро бояуы деп атайды. Негізгі бояуға жататындар: *гематоксилин*, фуксин, метилен көгі т. б. (Т. Мұсақұлов, Ботаника).

ГЕМАТОЛОГИЯ з а т. м е д. *Қанның құрамын, құрылысын және оның ауруын зерттейтін ілім.*

ГЕМАТОМА з а т. м е д. *Ішкі қанталау. Гематома* жарақаттану салдарынан немесе қан тамыры жарылудан пайда болады (ҚСЭ).

ГЕМИПЛЕГИЯ з а т. м е д. *Дене жарымының солуы, қимылсыз қалуы, салдануы. Гемиплегия* — дененің бір жақ жартысының салдануы, еркін қимылдай алмауы (М. Исамбаев, Мед. анықтама).

ГЕМИЦЕЛЛЮЛОЗА з а т. б и о л. *Шала клетка, клетчатка.* Клетка қабықшасының құрамында кейде *гемицеллюлоза* (шала клетчатка) деп аталатын күрделі углеводтың бір түрі кездеседі (Т. Мұсақұлов, Ботаника). Табиғи қамыстың құрамында... 20 процент *гемицеллюлоза* және алты процент минералды бөлшектер бар екені белгілі («Лен. жас»).

ГЕМОГЛОБИН з а т. м е д. *Қанның қызыл түйіршіктеріндегі бояушы зат, пигмент.*— Менің тамырым жақсы, 96 процент *гемоглобин*, бірінші группа,— деді Алексей (С. Ерубаев, Менің құрдаст.). «Е» витамині қанның құрамын жақсартады, әсіресе оның қызыл түйіршігі *гемоглобиннің* санын көбейтеді (Т. Дарқанбаев, Витаминдер).

ГЕМОГРАММА з а т. м е д. *Қан құрамын схема түрінде жазып тексеру.*

ГЕМОДИНАМОМЕТР з а т. м е д. *Қан қысымын өлшейтін аспап.*

ГЕМОЛИЗ з а т. м е д. *Қанның қызыл түйіршіктерінен гемоглобиннің шығуы, азаюы.* Кейбір аурулармен ауырғанда қан эритроциттері бұзылып *(гемолиз)*, олардың құрамындағы перменттер плазмаға ауысады (Т. Айтбаев, Қан. қасиеті.).

ГЕМОМЕТР з а т. м е д. *Қандағы гемоглобин мөлшерін өлшейтін құрал.* СССР-де ГС-2 маркалы *гемометр* шығарылады (ҚСЭ).

ГЕМОНХОЗ з а т. в е т. *Ұлтабарда болатын ішқұрт. Гемонхоз* құрты қой мен ешкінің ұлтабарында болады (Ш. Қалықов, Қой аурулары.).

ГЕМОРРОЙ з а т. м е д. *Тік ішектің төменгі жағындағы күре тамырдың түйінделіп қабынуы, қанталауы.* [Баталинск] Бұл суды зәр тоқтатылып жүргенде, аса семіріп кеткенде, *геморроймен* ауырғанда пайдаланады (С. Сұбханбердин, Дәрі — дауа.).

ГЕМОСПОРИДИН з а т. в е т. *Мал қанындағы түрлі ауру қоздыратын паразит және оларға қарсы қолданатын дәрі. «Гемоспоридин»* деген сөзді қанның споровиктері, яғни... ауру қоздыратын паразиттер деп түсіну керек (Мал қан. паразиттер).

ГЕМОТЕРАПИЯ з а т. м е д. *Қан құйып немесе қаннан жасалған препараттарды қолданып емдеу әдісі.* Қаннан жасалған препараттар науқасты *гемотерапия* әдісімен емдеуде маңызы зор (ҚСЭ).

ГЕМОФИЛИЯ з а т. м е д. *Қанның тез ұйығыш қасиетінің жойылуы; қан кету.* Кейбір адамдар *гемофилиямен* ауырады. Бұл ауруда қанның ұю қабілеті жоқ болады (Адам. анатом.).

ГЕМПШИР з а т. б и о л. *Қысқа, тығыз жүнді, етті қой тұқымы.* Қазақтың құйрықты саулығын *гемпшир* қошқарымен шағылыстырудан алынған *гемпшир* типті етті қойдың жаңа тұқымдық тобы жатады (Қазақст. етті молайту.).

ГЕН з а т. б и о л. *Органикалық негіздері бір ретпен кездетін тұқым қуалаудың алғашқы нышаны.* Хромосомда *ген* болады деген генетикадағы ұғым толық бекілді (Жалпы биология).

ГЕНДІ с ы н. *Тұқым қуалау қасиеті бар.* Гамета тазалығы жөніндегі гипотеза, белгілердің тарау себебі әр түрлі *генді* гаметалардың кездейсоқ қосылуынан екенін дәлелдейді (Жалпы биология).

ГЕНДІК с ы н. *Тұқым қуалауға тән қасиет.* Мұндай мутациялар жеке гендердің сапалық өзгерістері болып табылады да, ол *гендік* мутация делінеді (Бұл да).

ГЕНЕАЛОГИЯ з а т. т а р. *Шежіре, ру тарихы, тарих ғылымының бір саласы.*

ГЕНЕАЛОГИЯЛЫҚ с ы н. *Генеалогияға тән, соған қатысты. Генеалогиялық* әдіс — мүмкіндігінше көп ұрпақ бойына адамның шежіресін зерттеу (Жалпы биология).

ГЕНЕЗИС з а т. б и о л. *Белгілі бір заттың, құбылыстың тууы мен одан әрі дамуын бейнелейтін ұғым.* Қазақтың минералдық шикізаттар ғылыми-зерттеу институтында жүргізілген зерттеулер радуситтің *генезисін* (жаратылысын) анықтауға мүмкіндік берді («Лен. жас»).

ГЕНЕРАЛ з а т. ә с к. *Әскери командирлік ең жоғарғы лауазым, атақ, шен.* *Г е н е р а л* Панфилов аузымды ашуға да мұрша берместен, сергек басып алдымнан қарсы шықты (Б. Момышұлы, Жауынгер тұлғасы). Кезеулі мылтық ұсынып, кезең туды кек алар. Түлектерін ұшырып, тұрды қарап *г е н е р а л* (С. Мұқанов, Таңд.).

ГЕНЕРАЛ-АДМИРАЛ з а т. ә с к. *Соғыс-Теңіз Флотының әскери жоғарғы командашысының айырым лауазымы.*

ГЕНЕРАЛ-АДЬЮТАНТ з а т. ә с к. *Генерал лауазымындағы адьютант.*

ГЕНЕРАЛ-ГУБЕРНАТОР з а т. т а р. *Патшалық Россия кезінде тұтас бір атырап-аймақты әскери және әкімшілік жағынан билеуші адамның атағы, лауазымы.* Сол кезде Омбыдағы *г е н е р а л-г у б е р н а т о р* Надаров қазақ елін қысып, ...пәленше ұры десе болғаны, жер аударып жіберіп жатыр еді (С. Шарипов, Шығ.). Орынбордағы *г е н е р а л-г у б е р н а т о р д ы ң* қабылдау бөлмесіне Бөкей ордасынан келгендер жиналған (А. Сатаев, Дала.).

ГЕНЕРАЛДАЙ с ы н. *Генерал сияқты.* Кейде ол көк семсерлі *г е н е р а л д а й,* Кейде ол күй көңілді ақын жандай. Өмірдің ол шеті мен бұл шетіне, Өресі өрен ойдың тартылғандай (Қ. Аманжолов, Шығ.). Қырымның елестетіп құтын биік,— Дұрыс,— деп әдетінше сөзін түйіп, Мұқанов *г е н е р а л д а й* тұрды сонда, Қылыштың жарқылдаған жүзін сүйіп (С. Мәуленов, Жаңа арна).

ГЕНЕРАЛДЫҚ с ы н. *Генералға сай, тән.* Мықынынан балағына дейін екі елі қызыл әдіпті *г е н е р а л д ы қ* белгісі бар шалбары өзіне шақ еместей олпы-солпы болып көрінді (Б. Момышұлы, Москва.).

ГЕНЕРАЛИССИМУС з а т. ә с к. *Отанды қорғау және азат ету ісінде әскери ұйымдастыру қабілетімен, дарынымен ерекше танылған адамға ғана берілетін ең жоғарғы қолбасшылық әскери атақ.*

ГЕНЕРАЛИТЕТ з а т. ә с к. *Тек генерал атағы барларды ғана қамтитын әскери соғыс күшінің жоғарғы командирлер тобы, солардың бас қосу кеңесі, мәжілісі.* Баяғыда, Отан соғысының жеңісіне арналып Петербургта жасалған парадта I Александр жеңісте үлесі бар *г е н е р а л и т е т* атаулының бәрін жаңа, әдемі формада киіндіріп, орден, медаль атаулыларын төстеріне қадатып тындырған (С. Мұқанов, Ақ қан жұлдыз).

ГЕНЕРАЛ-ЛЕЙТЕНАНТ з а т. ә с к. *Лейтенант шеніндегі генерал.* Командирлер кеңесі енді басталғалы отырғанда, армия командашысы *г е н е р а л-л е й т е н а н т* Громов кіріп келді (Ж. Тілеков, От кешу.).

ГЕНЕРАЛ-МАЙОР з а т. ә с к. *Майор шеніндегі генерал.* Сағадат қол бастап, көп жыл табанды еңбек еткені үшін *г е н е р а л-м а й о р* атағын алды (Ә. Жапаров, Жыл.). *Г е н е р а л-м а й о р* Панфилов, Өзі келіп осында, Аралап жүр полкты, Момышұлы қасында (А. Тоқмағамбетов, Таңд.).

ГЕНЕРАЛ-ПОЛКОВНИК з а т. ә с к. *Полковник шеніндегі генерал.* Менің бақылау шоқыма біздің армияның командующийі *г е н е р а л-п о л к о в н и к* Чистяков келді (Б. Момышұлы, Москва үшін.).

ГЕНЕРАЛ-ПРОКУРОР з а т. з а ң. *Генерал шеніндегі прокурор.*

ГЕНЕРАЛ-ФЕЛЬДМАРШАЛ з а т. ә с к. *Кейбір елдерде ең жоғарғы әскери шен, атақ.*

ГЕНЕРАЛША ү с т. *Генералға лайық.* Ал жасырмай-жаппай айтсақ, сіз екеуіміздің ісіміз *г е н е р а л ш а* да, полковникше де болмай жатқан жоқ па осы (Б. Момышұлы, Москва үшін).

ГЕНЕРАЛДАЙ с ы н. *Генерал секілді.* Бас иіп жанға қарамай, Бұлтқа бойлай бір емен — Орманның *г е н е р а л ы н д а й* — Қасқая қарап тұр екен (Т. Жароков, Таңд.).

ГЕНЕРАТОР з а т. т е х. *Механикалық энергияны электр энергиясына айналдыратын машина.* Үйдегі үлкен *г е н е р а т о р* Келе жатыр, келе жатыр, Өмір артқан, сенім артқан, Ол өзінің орнын таппақ (М. Әлімбаев, Таңд.). Электр шырағымен балықты электр *г е н е р а т о р ы* бар кез келген кемемен аулауға болады (К. Күленов, Қазақст. балық.).

ГЕНЕРАЦИЯ з а т. б и о л. *Бір ата-анадан өрбіген, туыстық жағынан ата тегі-*

нен бірдей қашықтағы организмдер тобы, ұрпақ. Адамда ата-анасы, балалары және немерелері бір ізді үш *генерация*, яғни үш ұрпақ болады (ҚСЭ).

ГЕНЕТИК зат. *Генетика маманы.* Көрнекті совет *генетигі* және селекционер Н. И. Вавилов осы кездегі селекцияның мазмұны мен міндеттерін анықтады (Жалпы биология).

ГЕНЕТИКА зат. биол. *Организмнің өзгеріп, дамуын, нәсіл қуалауын зерттейтін биология ғылымының бір саласы.* Биология ғылымының тұқым қуалау жөніндегі саласын *генетика* ғылымы зерттеді (Т. Мұсақұлов, Ботаника). Оқушылар мұнда мичуриндік *генетиканы* оқиды (З. Ақышев, Біздің.).

ГЕНЕТИКАЛЫҚ сын. *Генетикаға тән.* Топырақ негізінен төмендегі үш түрлі *генетикалық* жаратылыс қабаттарға бөлінеді (Н. Баяндин, Топырақ.).

ГЕНИТИВ зат. лингв. *Ілік септігінің көне латын тіліндегі атауы.*

ГЕНОТЕИЗМ зат. дін. *Бір құдайға табыну, құдайға табынудың бір формасы.* Мұның өзі адамзат тарихында бәрін билейтін құдіретті күшті құдайға табынған, яғни *генотеизм* дәуірі болды (Х. Ақназаров, Ғылыми атеизм.).

ГЕНОТИП зат. биол. *Хромосомадағы барлық геннің жиынтығы. Генотипі* біреу бола тұра түрліше жағдайда дамуымен байланысты организм белгілері әр түрлі болуы мүмкін (Жалпы биология).

ГЕНОТИПТІК сын. *Генотиппен байланысты, қатысты. Генотиптік* айырмашылықтары олардың келесі ұрпақтарында белгілі болады (Бұл да).

ГЕНОЦИД зат. *Нәсіліне, ұлтына, дініне қарай ұсақ халықтардың жекелеген тобын құрту, жою. Геноцид* — империалистік буржуазияның адамзатқа қарсы істейтін аса ауыр қылмысы (Саяси сөздік).

ГЕНТАНОН зат. мед. *Операция кезінде денені жансыздандыру, әрі түйілуге қарсы әрекет ету үшін қолданатын дәрі.* Доламид — Венгрияда шығады. Аданон, амидон... *гентанон*... фазептон препараттарымен тектес (С. Сұбханбердин, Дәрі — дауа.).

ГЕНШТАБ зат. әск. *Генералдық штаб, Бас штаб.— Генштабтың* байланысшы офицерлерін көрдің ғой, ол машинамен, самолетпен, арнаулы самолетпен жүреді,— деді ол (С. Бақбергенов, Қарға там.).

ГЕОАКУСТИКА зат. физ. *Жер қыртысындағы дыбыстық, инфрадыбыстық және ультрадыбыстық құбылыстарды зерттейтін акустиканың бір саласы* (ҚСЭ).

ГЕНОБОТАНИКА зат. биол. *Жер бетіндегі өсімдіктер бірлестігін зерттейтін ғылым.* Зерттеулер нәтижесінде *геоботаниканың* тундра, орман, батпақ, дала, шөл тану сияқты жеке салалары пайда болды (ҚСЭ).

ГЕОБОТАНИКАЛЫҚ сын. *Геоботаникаға тән.* Демек, әр колхоз бен совхозда шаруашылықтың жерді пайдалану жөніндегі *геоботаникалық* картасы болуға тиіс (Р. Әбуғалиев, Қой өсіруші.).

ГЕОГРАФ зат. *География ғылымының маманы. Географтардың* айтуынша, Совет Одағындағы ең үлкен өзеннің бірі — Еділ... (С. Мұқанов, Алып адым.). Атақты орыс саяхатшысы және *географы* Н. М. Пржевальский өзінің тұңғыш саяхатын 28 жасында жасады (Ғалам ғажап.).

ГЕОГРАФИЯ зат. геогр. *Жер шарындағы құрлық пен судың орналасуын, жердің бедерін, табиғат байлығы мен оның құрылымын жан-жақты зерттейтін ғылым, арнайы пән. ...География* факультетінде оқитын 52 студент 1953 жылы саяхатқа шығып келді (С. Мұқанов, Саяхат.). Оллаһи, ант етемін алла атымен, Орыс тілін білемін һәм хатымен, История, *география* пәнді білмей, Оллаһи, тірі болып жүрмеспін мен (С. Торайғыров, Таңд. шығ.). Кездік талай даланы, Көрдік талай қаланы. **Талай рет тауда өтті, *География*** сабағы (С. Мәуленов, Өленді.). ◆ **Физикалық география.** *Жер жаратылысын, оның бедерін, өсімдігін зерттейтін география.* **Экономикалық география.** *Жердің экономикалық байлығын зерттейтін география.*

ГЕОГРАФИЯЛЫҚ сын. *География пәніне, ғылымына тән, соған қатысты.* Жер бетінде бір нүктенің орны екі координатымен—географиялық ендік, *географиялық* байлықпен анықталады (Х. Әбішұлы, Халық астрон.). Қазақ мектептерінің

көпшілігінде *географиялық* алаң кең орын алады («Халық мұғ.»).

ГЕОГРАФША үст. *Географқа ұқсас.* Бір дастанды демегейсің жай ұқтым, Қарамайды жерді алдына жайып кім. *Географша* үңіліп ол картаға, «Май» колхозы — батыс жағы Жайықтың (Х. Ерғалиев, Шығ.).

ГЕОДЕЗИСТ з а т. *Геодезияның маманы.* Сәрсенбаев мастер де, *геодезист* та, прораб та болып істеді («Лен. жас»).

ГЕОДЕЗИЯ з а т. г е о л. *Жердің көлемі мен формасын, аумағын өлшеп зерттейтін ғылым.* Практикалық *геодезияның* алдындағы мақсат — жеке облыстардың карталарын және оның бөліктерінің планын дәл жасау (Х. Әбішұлы, Халық. астроном.). Таблицалардың жасалуына себепші астрономия, *геодезия* ғылымдары («Қаз. әдеб.»).

ГЕОДЕЗИЯЛЫҚ с ы н. *Геодезияға тән, қатысты.* Жерді түрлі картаға түсіргенде, негізгі астрономия—*геодезиялық* өлшеумен байланысты (А. Әбішұлы, Ауыл.). Транспортта, экономикада, әскери істерде маңызды роль атқаратын географиялық карталар *геодезиялық* өлшеулерге сүйеніп жасалынады (Астрономия).

ГЕОДЕЗИЯШЫ з а т. *Геодезист.* Мыңдаған геологтар, *геодезияшылар*, топографтар... құрылыс жолын іздеу мен әзірлік жұмыстарын қызу жүргізіп жатыр (Ә. Кәкімжанов, Коммунизм.).

ГЕОИД з а т. г е о л. *Барша тұр-тұлғасын тегіс қамти көрсететін жердің нақты дәл формасы.* Дәл өлшеп қарағанда жердің шын формасы сфероид та емес, *геоид* екен (Х. Әбішұлы, Халық астрон.).

ГЕОЛОГ з а т. *Геология ғылымының маманы.* Мамандығы *геолог* болса да президент қоғамдық ғылымдардың әр саласын кәнігі қасапшыдай жіліктеп, мәселенің ішіне кіре айтқанына Еділов қатты сүйсінді (М. Дүйсенов, Гүл.). Таниды шалқардың өрісін, Табады кендердің қонысын, ... Сыншы да — *геолог* біз оны, Сүйеміз ардақтап сол үшін (Қ. Мүсірепов, Раушан). Батыс Қазақстан жері тұнған мұнай екендігін *геологтар* ешқандай талассыз дәлелдеп қойғалы қашан («Лен. жас»).

ГЕОЛОГИЯ з а т. *Жер бетінің құрылысы мен құрамын тарихына қарай зерттеп және ондағы пайдалы қазба байлықтарының пайда болу, орналасу заңдылықтарын зерттейтін жаратылыс тану ғылымдарының жиынтығы.* Ботаника мен *геология* былай қарағанда бір-біріне жақындығы жоқ ғылымдар сияқты (Т. Таубаев, Жасыл әлем.). Ол — геолог, *геология*, не асылды тек тұңғиықтан, тек тереңнен іздейді («Лен. жас»).

ГЕОЛОГИЯЛЫҚ с ы н. *Геологияға қатысты, байланысты.* Қуаныш осы маңайдағы кендерді зерттейтін *геологиялық* партияларды басқарады екен (С. Мұқанов, Есею жыл.). Ол Орталық Қазақстанда *геологиялық* барлау партиясында жұмыс істеп жүр екен (Т. Ахтанов, Боран). ... Өзіне жолдама берген кафедраға ақпар, оған қоса *геологиялық* карта жасап тапсыруы керек (З. Қабдолов, Өмір ұшқ.).

ГЕОЛОГТАЙ с ы н. *Геолог сияқты.* Елеусіздің есіне және Гүлнаш түсті. Қазынасы бар жерге қазық қаққан *геологтай* қайта айналып соға беретінін сезді (Т. Әлімқұлов, Ақбоз ат).

ГЕОМЕТР з а т. *Геометрия ғылымымен шұғылданушы маман.*

ГЕОМЕТРИЯ з а т. *Кеңістіктің формалары мен қатынастарын, құрылымын зерттейтін математика ғылымының бір саласы.* Үнемі үш бұрышты, төрт бұрышты т. с. с. жер аудандарын өлшеу практикасы жазықтықтағы *геометрия* алғашқы қағидаларын тудырған (М. Исқақов, ...Математика). Ол үшін [Кілемге түр салу] *геометрия* заңын жақсы білу керек (С. Мұқанов, Алып, адым.). Залдың қақ ортасында, көне *геометрия* сызықтарымен шимайланып неше бір ұсақ-түйек бөлшектерге бөлінген тас бағана («Лен. жас»).

ГЕОМЕТРИЯЛЫҚ с ы н. *Геометрияға тән қасиет.* Сыдықбек аз кідіріп *геометриялық* ережелерді айтқандай ғып:— Теміржол транспортының барлық қызметкерлері еңбектің қатаң тәртібіне сай жұмыс атқарады,— деді (Н. Ғабдуллин, Қызық дәурен.). Орама білезіктің ортасына жануарлар, өсімдіктер, *геометриялық* фигуралар тәрізді күрделі өрнектер жасалады (С. Қасиманов, Қаз. қолөнері.). Көк, ақ түсті керамикалық төрт шағын плиталардан *геометриялық* фигуралар жасапты («Қаз. әдеб.»).

ГЕОМОРФОЛОГ з а т. *Геоморфология ғылымының маманы.* М. В. Ломоносов өз

дәуірінде дарынды *геоморфолог* болды (Ғалам ғажап.).

ГЕОМОРФОЛОГИЯ з а т. *Жер шары үстіндегі тау-тас, сай-сала, дөңес-қырат, құрлық т. б. шығуын, пайда болуын, жаратылысын зерттейтін физикалық географияның бір саласы.*

ГЕОРГИНА з а т. б и о л. *Жаз бойы гүлдейтін, гүлі ірі, биіктігі 20-дан 80 см-ге дейін өсетін гүл өсімдігі.* Осы сияқты тамыр түйнектері бар өсімдіктерге — *г е о р г и н а*, қазықұрт, турнепс, ботал тағы осы сияқтылар жатады (Т. Мұсақұлов, Өсімдік анат.). Дегенмен кейбір өсімдіктерге... хризантеманың, *г е о р г и н а н ы ң* гүлдеуі үшін қысқа күн қажет (Жалпы биология).

ГЕОФИЗИК з а т. *Геофизика маманы.* Венгер Халық Республикасының *г е о ф и з и к т е р і* жер астынан қайнаған ыстық судың мол көзін ашты (Ғалам ғажап.). Магнитті станцияның келуі — *г е о ф и з и к т е р д і ң* мойнын босатты («Лен. жас»).

ГЕОФИЗИКА з а т. *Жер шарының физикасы, яғни жер астынан газ, сұйық, қатты қабаттарындағы өзгерістер заңдылығын зерттейтін геология ғылымының бір саласы.* Жердің газ, сұйық, қатты қабықтарында жүріп жататын процестерді өз алдына толық түрде *г е о ф и з и к а* ғылымы зерттейді (Х. Әбішұлы, Халық. астрон.). Қазір геологияда жер қабаттарын зерттеу ілімінде үлкен бір сала пайда болды, ол — *г е о ф и з и к а* («Лен. жас»).

ГЕОФИЗИКАЛЫҚ с ы н. *Геофизикаға тән.* Саянға құр ғана жай барлау емес, тіпті *г е о ф и з и к а л ы қ* тәсілмен де зерттеу жүргізілген (І. Есенберлин, Айқас). Биыл Маңқыстаудың өзінен ашылған жаңа *г е о ф и з и к а л ы қ* экспедициялар көмекке келмек, демек *г е о ф и з и к а л ы қ* зерттеу жөнге қойылады («Лен. жас»).

ГЕОХИМИК з а т. *Геохимия маманы.*

ГЕОХИМИЯ з а т. *Жер шарындағы химиялық элементтердің орналасу тарихын зерттейтін, олардың алмасу заңдылықтарын ашатын ғылым.*

ГЕОХИМИЯЛЫҚ с ы н. *Геохимияға тән, қатысты.* Топыраққа *г е о х и м и я л ы қ* тұз жиналуы немесе топырақтың сортаңдануы — табиғи, тарихи және шаруашылық факторларының күрделі құбылыстарының нәтижесі (М. Ерлепесов, Суармалы егін.).

ГЕОХРОНОЛОГИЯ з а т. г е о г р. *Геологиялық жыл есебі; Жер қыртысын құрайтын тау жыныстарының жаралу реті, жасы туралы ілім* (ҚСЭ).

ГЕОЦЕНТР з а т. а с т р. *Жер шарының кіндігі, магниті; орталығы.*

ГЕОЦЕНТРЛІК с ы н. *Геоцентрге тән, қатысты.* Бұл еңбегінде ол өткен заманда және өз тұсына астрономия салаларынан ашылған жаңалықтарды бір ізге келтіріп, өзінің *г е о ц е н т р л і к* системасын ұсынады (О. Жәутіков, Математика.). Ол кездегі ғылымдардың ішінде көп тарағаны дүниенің *г е о ц е н т р л і к* системасы туралы ілім еді (З. Ақназаров, Ғылыми атеизм.).

ГЕПАРД з а т. з о о л. *Мысық тұқымдасына жататын жыртқыш аң.* Төрт аяқты айуандар ішіндегі ең жүйрігі — *г е п а р д.* Ол сағатына 150 *км* жүгіреді (Ғалым ғажап.).

ГЕРБ з а т. *Мемлекет, Республика, қала, жалауларында, ақшасында, мөрінде т. б. болатын айырықша белгі.* Совет *г е р б і н і ң* суреті салынған қызыл ту жаралы жауынгер қолынан көшіп, екінші солдатқа тиді (А. Мұздыбаев, Тағдыр.). Таң десе, осы сөздің бір белгісін, Шұғыла, бау-бақша, гүл, бұлбұл дейсің. Соларша жайнап, сайрап Алматы тұр, Көтеріп *г е р б і м і з д і ң* нұр бейнесін (Ж. Молдағалиев, Жиырма бес). Советтік Социалистік Республикалар Одағы *г е р б і н і ң* бейнесі салынған екінші вымпел Шолпан планетасының атмосферасына жеткізілді («Қазақст. мұғ»).

ГЕРБАРИЙ з а т. *Арнайы кептірілген өсімдіктердің жиынтығы, коллекциясы.* Дарвин ғылыми әдебиеттермен танысқан, табиғатты зерттеудің, коллекциялар мен *г е р б а р и й л е р* жинаудың, микроскоппен жұмыс істеудің әдістерін меңгерген (Жалпы биология). Мұнда [мектепке] *г е р б а р и й* коллекцияларының да альбомы әкелінген (С. Сарғасқаев, Көңілді.). Жапырақты үземін, *Г е р б а р и й* ғып тіземін... Қарып алды қалақай, Жылап қалды балақай (М. Әлімбаев, Менің Қазақст.).

ГЕРБАСУЛЬФАН з а т. м е д. *Шаштың қайызғағын кетіріп құрғататын шөп пен күкірт қосындысынан жасалатын дәрі.* Өте пайдалы сулардың бірі ГДР-де шығатын *г е р б а с у л ь ф а н* суы, герба — шөп, сульфан — күкірт деген сөз (С. Сұбханбердин, Дәрі — дауа.).

ГЕРБИЦИД з а т. *Өсімдіктер мен егістіктегі арам шөпке қарсы қолданылатын химиялық зат.* Топ-топ болып шығып өскен жерлерден қырым ошағаны *г е р б и ц и д* бүрку арқылы жойылады (Шопан серігі). Рузаев өндіріс басқармасында 160 мың гектар егін *г е р б и ц и д п е н* өңделді де, қаптаған арам шөп құрдымға кетті («Лен. жас»).

ГЕРБІЛІ с ы н. *Герб таңбасы бар.* Қыстау өртенсе, қайтадан салынады, қағаз жанса, қайта жазылады, ал мемлекеттің *г е р б і л і* мөрі ше? (Ж. Тілеков, От қешу). Үшінші беттің аяғына... аудандық Совет атқару комитетінің *г е р б і л і* мөрі басылады (А. Әбішев, Ауылда.).

ГЕРМАН з а т. *Неміс халқының жалпы атауы.*

ГЕРМАНДАР з а т. *Үнді-Европа тілдеріне жататын халықтар мен тайпалар тобы. Г е р м а н д а р* Батыс Европада варварлық корольдықтардың, феодалдық мемлекеттердің, ұлттардың қалыптасуына негіз болған (ҚСЭ).

ГЕРМЕТИЗАЦИЯ з а т. т е х. *Цехтарда, шахталарда т. б. өндіріс орындарында құрылысқа, адам өміріне хауіпті жарылғыш, жанғыш улы газдарды, шаң-тозаңды жібермеу, болғызбау үшін қолданылатын саңылаусыз құрал.*

ГЕРМЕТИЗАЦИЯЛА е т. *Герметизациялық жағдайға келтіру.*

ГЕРМЕТИЗАЦИЯЛАУ *Герметизацияла етістігінің қимыл атауы.* Өнеркәсіп тозаңымен күресудің ең тәуір жолы — өндірісті *г е р м е т и з а ц и я л а у*, яғни жұмыстың шаң-тозаң бөліп шығаратын процестерін бітеу аппараттардың ішінде жүргізу (Адам анатом.). Кабинаны *г е р м е т и з а ц и я л а у* арқылы ауа бір қалыпты салқын болып тұрады («Лен. жас»). Астық ысырабына қарсы күрестің жаңа бір тәсілі комбайндарды *г е р м е т и з а ц и я л а у*— комбайнмен дән бастыру аппаратын кенеппен қаптау — алғашқы рет жүзеге асырылды («Соц. Қаз.»).

ГЕРМЕТИЗАЦИЯЛЫҚ с ы н. *Герметизацияға тән.* Бірқатар комбайндар *г е р м е т и з а ц и я л ы қ* жағдайларға бейімделіп, нақтылы мүмкіндіктерді жүзеге асыруда («Лен. жас»).

ГЕРМЕТИКА з а т. т е х. *Ауа кірмейтін, газ кірмейтін; саңылаусыз.*

ГЕРМЕТИКАЛА е т. *Саңылау қалдырмай түгелдей бітеу.*

ГЕРМЕТИКАЛАУ *Герметикала етістігінің қимыл атауы.*

ГЕРМЕТИКАЛЫҚ с ы н. *Герметика қалпына сәйкес.* Леонов жолдастың *г е р м е т и к а л ы қ* кабинадан космос кеңістігіне шығуына және оған қайта кіруіне мүмкіндік берген әдістің дұрыстығын және конструкциялардың сенімділігін тексеру керек болды («Қаз. әдеб.»). Ленинградтың В. И. Ульянов (Ленин) атындағы және барлау методикасы мен техникасы, Бүкіл одақтық ғылыми-зерттеу институты бірлесіп жасаған *г е р м е т и к а л ы қ* контейнер бұрғылау снарядының қозғалысы жайлы жер астынан «репортаж» береді («Лен. жас»).

ГЕРМАФРОДИТ з а т. б и о л. *Қос жыныстылық.* Құрттар — қос жынысты жануарлар. Қос жынысты жануарларды ғылымда *г е р м а ф р о д и т т е р* деп атайды (Қ. Қайымов, Қызықты зоол.). Сүлік — қос жынысты *(г е р м а ф р о д и т).* Ол бір рет 10—30-ға дейін ұрық шашады (Ш. Қалықов, Қой ауру.).

ГЕРМОШЛЕМ з а т. т е х. *Улы газдан сақтану үшін бетті жаба киетін бас киім.* Космос станциясының ақшылдығы сондай, тіпті көзді ұялтады. Оған *г е р м о ш л е м н і ң* күшті жарық сүзгісі арқылы да қарауға болмайды («Соц. Қаз.»).

ГЕРЦ з а т. т е х. *Электр тогының бір секунд ішіндегі таза тербеліс қозғалысының жиілігі, тарауы.* Кәдімгі ақ, қара түсті кескінді тарату үшін жиіліктің белгілі бір шамасы 6,5 миллион *г е р ц* жиілік керек. Осыған байланысты үш түрлі түсті жеке-жеке беретін болсақ, 19,5 *млн. г е р ц* жиіліктің керек екендігі байқалады (М. Бекбауов, Көгілдір экран).

ГЕРЦОГ з а т. т а р. *Ежелгі германдықтардағы жоғарғы әскер басы, кейін Батыс Европада жоғарғы дәрежелі дворяндық атақ.*

ГЕСТАПО з а т. *Гитлерлік Германиядағы фашистік барлаушылық жасырын полиция.* Қандай дос? Келді ол қайдан, Тұрғанда торып *г е с т а п о?* Табылды! Аз ба адал жан? Қақы жоқ айтар — Есте аты (Ж. Молдағалиев, Жиырма бес). Күнде күңгірттеу жанып тұратын *г е с т а п о* кеңсесінің жарығы да жоқ (Ә. Шәріпов, Партизан қызы).

ГЕСТАПОШЫ з а т. *Гестапода қызмет етуші.* Көздерден осы сөздер тұрды сайрап, Густаны *г е с т а п о ш ы* кетті айдап. Тіс жарып, тіл қатарлық шамасы жоқ, Қайран ер қала берді көзі жайнап (С. Мәуленов, Жолдас.). Анна Ивановнаның әжесі мен шешесін және төрт-бес адамды ұстап, *г е с т а п о ш ы л а р* сол өз селоларында асып өлтіріпті (Қ. Қайсенов, Жау тылы.).

ГЕТЕРОЗИС з а т. б и о л. *Будандастыру нәтижесінде өсімдік және жан-жануарлар ұрпағының өміршеңдігін, өнімділігін, өсімталдығын арттыру тәсілі.* Будандастырудағы мақсат — *г е т е р о з и с* нәтижесінде тез жетілетін, бастапқы тұқымдармен салыстырғанда, 5—10 процент қосымша салмақ беретін будандар алу (Құс өсіруші.). *Г е т е р о з и с т і ң* аса ірілік, күштілік, төзімділік, тағы басқа белгілері бірінші ұрпақ будандарынан айқын аңғарылады (И. Жұмағұлов, Түйе өсіру.).

ГЕТЕРОЗИСТІК с ы н. *Гетерозиске тән.* Осындай *г е т е р о з и с т і к* қасиеттері барынша айқын, әрі басым көрінетін будандар алу әдісін зерттеу мақсатымен біз 135-түйе заводында қоспақ інгендерге үлек шөгеріп, олардан туған боталардың өсу барысын зерттедік (И. Жұмағұлов, Түйе өсіру.).

ГЕТЕРОТРОФ з а т. б и о л. *Дайын күйіндегі органикалық заттарды сырттан келтіруді керек ететін клеткалар.* Энергия мен қоректік заттарды алу және пайдалану әдістері жөнінде барлық организмдер екі үлкен топқа — автотрофтар мен *г е т е р о т р о ф т а р ғ а* бөлінетіндігін бұдан бұрын өткеннен білеміз (Жалпы биология).

ГЕТЕРОТРОФТЫ с ы н. *Гетеротрофқа бай. Г е т е р о т р о ф т ы* қоректену кезінде организмдер жасыл өсімдіктер синтездеген даяр органикалық заттарды пайдаланады (Қ. Нұрматжанов, Гистология.). *Г е т е р о т р о ф т ы* клеткалар — клеткалардың екінші бір тобы органикалық емес қосылыстардан органикалық заттар синтездей алмайды (Жалпы биология).

ГЕТЕРОТРОФТЫЛЫҚ з а т. *Гетеротрофтыға тән қасиет.* А. И. Опарин автотрофтылыққа қарағанда *г е т е р о т р о ф т ы л ы қ* бұрын шыққан деген пікір айтады (Жалпы биология).

ГЕТР з а т. *Балтырға киетін жылы қоныш.*

ГЕТТО з а т. т а р. *Орта ғасырда, қазірде капиталистік елдерде нәсілдікке жіктеуден шыққан кейбір ұлттарға арналған қаладағы ерекше квартал, тұрғын аймақ. Г е т т о* — орта ғасырдағы қалалардағы ерекше кварталдар (Саяси сөздік). Тек үш қалада ғана полицейлер мен негр *г е т т о л а р ы н ы ң* тұрғындары арасында болған қақтығысулардың барысында атыс гүрсілі естілген («Соц. Қаз.»).

ГИАЦИНТ з а т. б и о л. *Үйде өсірілетін дөңгелек жапырақты, баданалы өсімдік.* Су *г и а ц и н т і* Оңтүстік Америкада өседі. Жапырағы дөңгелек, диаметрі 14—16 *см.* (С. Турдиев..., Үй өсімдік.). Көгілдір түсті гүлі кәдімгі гиацинтке ұқсас болғандықтан кейде оны су *г и а ц и н т і* деп те атайды (Т. Таубаев, Жасыл әлем.).

ГИББЕРЕЛЛИН з а т. х и м. *Өсімдіктің өсуін тездетегін заттар.* Қазір *г и б б е р е л л и н н і ң* жиырма жеті түрі белгілі (ҚСЭ).

ГИББОН з а т. з о о л. *Адам тектес маймылдардың бір түрі.* Ғылымға мәлім болған адамға ұқсас маймылдар: шимпанзе, горилла, орангутанг, *г и б б о н* (З. Ақназаров, Ғылыми атеизм.). Жақында ғана бір топ аңдар келтірілді. Соның ішінде маймылдардың бір түрі — *г и б б о н д а р* бар («Лен. жас»).

ГИБЕРЕЛЛА з а т. б и о л. *Саңырауқұлақтың бір түрі. Г и б е р е л л а* делінетін саңырауқұлақтан соңғы жылдардың ішінде алынып жүрген гиббереллиндердің де мәні зор (Т. Мұсақұлов, Ботаника).

ГИБРИД з а т. б и о л. *Жан-жануарлардың, өсімдіктің тұқымын будандастыру арқылы асылдандыру, сұрыптау; будан тұқым.* Соның ішінде сиыр мен зебрді шағылыстырудан бірнеше *г и б р и д* алынған болатын (Ә. Есенжолов, Қаз. қойы).

ГИБРИДИЗАЦИЯ з а т. *Жан-жануардың, өсімдіктің екі түрін будандастыру, шағылыстыру. Г и б р и д и з а ц и я* — малдың екі түрін шағылыстыру деген сөз. Мұнан туған малды гибрид деп атайды (Шопан, кітабы). *Г и б р и д и з а ц и я* — әр түлікке жататын малды будандастыру (Р. Әбуғалиев, Қой өсіруші.).

ГИБРИДИЗАЦИЯЛА е т. *Гибридизация жүргізу.*

ГИБРИДИЗАЦИЯЛАН *Гибридизацияла етістігінен жасалған ырықсыз етіс.*

ГИБРИДИЗАЦИЯЛАУ *Гибридизацияла етістігінің қимыл атауы.* Түр аралық *гибридизациялау* арқылы СССР-де картоптың бағалы жаңа сорттары шығарылды (Б. Шағыров, Картоп.).

ГИБРИДОЛОГИЯ з а т. б и о л. *Будандастыру жайындағы биология ғылымының бір саласы.*

ГИБРИДОЛОГИЯЛЫҚ с ы н. *Гибридология іліміне тән.*

ГИБРИДТЕ е т. *Будандастыру.*

ГИБРИДТЕУ *Гибридте етістігінің қимыл атауы.* Өсімдіктер селекциясының негізгі әдісі — *гибридтеу* мен сұрыптау (Жалпы биология). Генетика — селекцияның ғылыми негізі, селекцияның негізгі әдістері—мутациялар алу, *гибридтеу,* сұрыптау — мұғалімнің әңгімесі («Қазақст. мұғ.»).

ГИБРИДТЕУШІ з а т. *Өсімдік я жануарларды будандастырушы.*

ГИБРИДТІК с ы н. *Гибридке жататын.* Қияр сорттарының аналық типтерін пайдалану жолымен *гибридтік* тұқымдарды бірінші ұрпақтан алу өсімдіктің механизмін пайдалануға ыңғайлы (Д. Әбілев, Помидор.). Әдейі іріктеп алынған формалардан алынған жүгері гибридтерінде *гибридтік* қуат (гетерозис) болады (М. Ерлепесов, Тұқым өсіруші).

ГИГАНТ з а т. *Аса ірі, алып, зәулім.* Ойылып, талқандалып қатқан топдар, Өндіріс, *гигант* болып құба жондар, Шыңыраудан қопарылып көмір құрыш, Алынып жатыр тау-тау миллион тоңдар (С. Сейфуллин, Шығ.). Богда... [тау] *гигант* көлемді, қара қоңыр түсті жалғыз шатыр тәрізді бірдеме! (С. Мұқанов, Алып. адым.). Алда тұр құм төбелер, кең бұйраттар, Тұр жаңа мыс заводтар, комбинаттар. Кеңгірдің алқабында көл мөлдіреп, Құлпырған *гигант* қала, гүлді бақтар (Қ. Бекхожин, Үш кезең).

ГИГАНТОПИТЕК з а т. *Ұзын, алып маймылдың бір түрі.* Орман маймылдары — дриоптектердің, бойының ұзындығы метрге жететін *гигантопитектердің* қалдықтары табылған (Жалпы биология).

ГИГАНТТЫҚ с ы н. *Асқан зәулім, зор.* Бірер сағат аралаған менің көңілімді... сыртқы долбары ғана бітіп, ішкі егжей-тегжейі түгелденген, әшекейі орнамаған Аңғар құрылысының *гиганттық* көрінісі көбірек бөлді (С. Мұқанов, Алып. адым.).

ГИГИЕНА з а т. м е д. *Денсаулықты сақтау шарты, оны түрлі жұқпалы аурудан алдын ала сақтандыру туралы ғылым.* Баланың дұрыс тамақтануы және күнделікті режимнің дұрыс болуы *гигиена мен* байланысты (Семья тәрбиесі). Әр түрлі өнеркәсіп салаларында істейтін жұмысшылардың *гигиенасы* жұмыс мәдениетін көтеруде баға жетпес орын алады («Мәдениет және тұрмыс»). Мұғалімдер ата-аналар арасында жиі болып, тұрмыс, мәдениет, *гигиена* және саясат тақырыбына әңгімелер өткізеді («Қазақст. мұғ.»).

ГИГИЕНАЛЫҚ с ы н. *Гигиенаға тән, тазалыққа қатысты.* Таңертеңгі *гигиеналық* гимнастика, әсіресе санаторий-курорт жағдайында жиі пайдаланылады (М. Сисекенов, Өкпе ауруы). Қан алатын дәрігер мен оның көмекшілері қан алу кезінде *гигиеналық* тәртіпті қатаң сақтауға тиіс (А. Даиров, Хирург.). Әрбір балалар бақшасының бөлмелері мен алаңдары педагогикалық, *гигиеналық* талаптарға сай жабдықталып, безендірілуі керек («Қазақст. мұғ.»).

ГИГРОМЕТР з а т. ф и з. *Ауаның дымқылдығын өлшейтін аспап.* Ауаның ылғалдығын анықтауға арналған приборлар *гигрометрлер* деп аталады (Физика.).

ГИГРОСКОП з а т. ф и з. *Ауаның ылғалдығындағы өзгерісті көрсететін құрал.*

ГИГРОСКОПТЫҚ з а т. *Кейбір заттың дым тартқыш қасиеті.* ... Карбомидтің *гидроскоптығы* бәсеңдеу болады, шашуға қолайлы келеді және топырақты қышқылдандырмайды (Орган. химия).

ГИД з а т. *Басқа бір елден келген туристерге сол елдің мәдениеті, өнері, тарихы жайлы түсінік беретін жетекші адам.* Бір топ адам осы бөлімді қызықтап тұр. Бөлім *гидіне* бастырмалатып үсті-үстіне сұрау қойып, түсіндіргені үшін рахмет айтып, олар енді ілгері жылжып, екінші бір бөлімді көруге кетіп жатыр (Ә. Шәріпов, Алыс.).

ГИДАТОД з а т. б о т. *Өсімдік денесінен су шығарып тұруға икемделген клеткалар тобы. Г и д а т о д* көбінесе жапырақтың ұшына және жиегіне жақын жерге орналасады (Т. Мұсақұлов, Ботаника).

ГИДЖАК з а т. м у з. *Қобыз тәрізді түркмен халқының шекті музыкалық аспабы.* Сол арада машинадан дутар мен *г и д ж а к* әкелінді. Шамасы түркмен туысқандар «еруліге — қарулы» дегендей әкелген болар («Соц. Қаз.»).

ГИДРА з а т. з о о л. *О баста жеті басты аждаһаның атауы, бертін су жылан, және суда қоректенетін су құрты. Г и д р а* тоғанда жүріп, табанымен өсімдікке бекіп, төмен қарай салбырап ілініп тұрады (Зоология). *Г и д р а* бөгеттерде, көлдер мен өзендердің тынық иірімдерін мекендейді (С. Байгужиев, Аквариум.).

ГИДРАВЛИКА з а т. ф и з. *Сұйықтардың қозғалысын және тепе-теңдік заңдарын зерттеу, оларды іс жүзінде пайдалану тәсілдерімен шұғылданатын ғылым.* Тракторшы өз кабинасында отырып-ақ тіркеушісіз немесе сеялкашысыз-ақ бұл *г и д р а в л и к а н ы* басқара алады («Лен. жас»).

ГИДРАВЛИКАЛЫҚ з а т. *Гидравликаға тән, қатысты.* Бір топ адам ... екінші әдісті, *г и д р а в л и к а л ы қ* жару тәсілдерін... бәрін іске асыру жолдарын айтты (З. Қабдолов, Жалын). Каналдармен қатар, мысырлықтар суды жоғары шығарып, шалғай және одан жоғары жатқан жерлерді жуару үшін түрлі *г и д р а в л и к а л ы қ* тетіктер құрды (О. Жәутіков, Математика.). Котелдің *г и д р а в л и к а л ы қ* жүйесін комплексті сынаудан өткізу аяқталды («Соц. Қаз.»).

ГИДРОАГРЕГАТ з а т. т е х. *Су шаруашылығының бар түріне арналған машиналар, агрегаттар.* Жаңа жыл қарсаңында әрқайсысының қуаты 25 мың киловатт екі *г и д р о а г р е г а т* іске қосылды («Лен. жас»).

ГИДРОАКУСТИКА з а т ф и з. *Дыбыс толқындарының суда таралуын және оларды су астындағы локация, байланыс мәселелеріне пайдалануды зерттейтін акустиканың бір саласы. Г и д р о а к у с т и к а д а* жиі қолданылатын құралдың бірі — эхолот (ҚСЭ).

ГИДРОАЭРОДРОМ з а т. т е х. *Гидросамолеттың ұшып-қонуын, орналасуын қамтамасыз ететін арнаулы жаға бөлігі, су кеңістігі.*

ГИДРОАЭРОПЛАН з а т. т е х. *Суға қонып, әрі одан ұша алатын аэроплан, самолет.*

ГИДРОАЭРОПОРТ з а т. т е х. *Гидросамолеттерге қызмет көрсету мақсатымен жабдықталған гидроаэродром. Г и д р о а э р о п о р т т ы ң* территориясында аэропорттағы тәрізді құрылыстар болады (ҚСЭ).

ГИДРОБИОЛОГИЯ з а т. б и о л. *Суда тіршілік ететін организмдер, олардың тіршілік ортасы мен қарым-қатынасы туралы ғылым* (ҚСЭ).

ГИДРОБАРЛАУШЫ з а т. *Жер астындағы және жер бетіндегі суды зерттеушілер.* Бұл қайнар Зайсан *г и д р о б а р л а у ш ы л а р ы н ы ң* да назарын аударды. Олар Арасан-Талдыда терендігі 50-ден 100 *м*-ге дейін төрт жерден скважина бұрғылады («Лен. жас»).

ГИДРОГЕНЕРАТОР з а т. т е х. *Гидротурбина көмегімен айналдырылатын электр генераторы.* Соңғы уақытта аса қуатты *г и д р о г е н е р а т о р д а* иондық қоздыру жүйесі қолданыла бастады (ҚСЭ).

ГИДРОМЕХАНИКА з а т. т е х. *Сұйықтың, газдың қозғалысын және олардың өзімен жанасқан қатты денелермен әсерлесу заңдылықтарын зерттейтін механиканың бір бөлімі* ...Соңғы жылдардағы етек алған ғылыми-техникалық прогрестер *г и д р о м е х а н и к а н ы ң* адам өміріндегі алатын орнын арттырады (ҚСЭ).

ГИДРОГЕОЛОГ з а т. *Гидрогеология маманы.* Қызыл құдық бұлағының аузынан бір жарым метр жерден *г и д р о г е о л о г т а р* бұрғы салыпты (Көктем лебі). Сандуғаштың сүйген жігітінің экспедицияға кеткеніне табаны күректей төрт ай болған. Ол — *г и д р о г е о л о г* («Лен. жас»).

ГИДРОГЕОЛОГИЯ з а т. *Жер асты суларын және оның түрлерін жан-жақты зерттейтін ғылым.* Ақкөлден келген *г и д р о г е о л о г и я* экспедициясының адамдары сордың суын өлшеп көргенде, қайық жүруге болмайтын, өте саяз болып шықты (С. Бегалин, Жеткіншек).

ГИДРОГЕОЛОГИЯЛЫҚ з а т. *Гидрогеологияға тән, қатысты.* Қазақстанның осы

бірінші *гидрогеологиялық* картасында, мәселен, Мойынқұм мен Қызылқұм шөлдері тығыз орналасқан, көп штрихтармен жабылған: сусыз шөлдерде тұтас теңіздер пайда болған (Ә. Бірмағамбетов... Қазақст. геогр.). Қызылорда облысының ауыл шаруашылығына қажетті *гидрогеологиялық* жұмыстар биылғы жылы көлемді болып, қайта бекітілді («Соц. Қаз.»).

ГИДРОГРАФ з а т. *Белгілі бір аудан, аймақ, я материктің су байлығын зерттеп шығарушы маман, ғалым.* Кук экспедициясында: географ, *гидрограф*, астроном тағы басқа ғалымдар бар еді (Н. Баяндин, Геог. ашу.).

ГИДРОГРАФИКАЛЫҚ с ы н. *Гидрографикаға тән, қатысты.* Мол жер қоры болуымен бірге облыста жақсы дамыған *гидрографикалық* жүйелер бар (М. Ерлепесов, Суар. егіншілік).

ГИДРОГРАФИЯ з а т. г е о л. *Жер бетіндегі суды ғылыми тұрғыда зерттеп баяндайтын, оны картаға түсіретін географияның бір саласы.*

ГИДРОДИНАМИКА з а т. т е х. *Белгілі бір күштің әсерінен сұйық заттың қозғалуын зерттейтін механика ілімінің бір саласы.*

ГИДРОДИНАМИКАЛЫҚ с ы н. *Гидродинамикаға қатысты.*

ГИДРОЖЕТЕК з а т. т е х. *Гидронасос арқылы трактор, комбайн тіркемелерінің қозғалысын жеңілдететін құрал. Гидрожетекті* пайдалану ауыл шаруашылық техникасына бүтіндей бір жаңалық енгізеді (Тракторист.).

ГИДРОИНКУБАТОР з а т. *Ыссы сумен жылынатын аспап.*

ГИДРОКӨТЕРГІШ з а т. *Су арқылы күш алатын жылжымалы көтергіш.* Бұл тракторға жүк тасу үшін қол *гидрокөтергіші* бар қос дөңгелекті тіркеме қолданылады (Тракторист.).

ГИДРОЛИЗ з а т. х и м. *Су мен түрлі заттар арасындағы иондық алмасу реакциясы.* Клетканың тіршілік әрекетінде клеткадағы су және басқа заттардың мөлшері үнемі өзгеріп отырады. Соған байланысты клеткадағы *гидролиз* процесі тоқталмай өтеді (Қ. Нұғматжанов, ...Гистология.). Ол — ағаштың қалдығынан *гидролиз* заводтарында жасалатын талшықты ағаш плитасы (Ө. Орынбаев, Қазақст. орман.).

ГИДРОЛИЗДЕ е т. *Гидролиз жасау, ажырату.*

ГИДРОЛИЗДЕН *Гидролизде етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Ферменттердің әсерінен күрделі органикалық заттар жай заттарға айналады — *гидролизденеді* — суда ериді, сонымен ең ақырында, протоплазмада метаболизм процесі пайда болады (Т. Мұсақұлов, Ботаника).

ГИДРОЛИЗДЕУ *Гидролизде етістігінің қимыл атауы.* *Гидролиздеу* глицерин, карбон қышқылдарын, сабын алу үшін пайдаланылады (Орган. химия).

ГИДРОЛИЗДІК с ы н. *Гидролизге айналғандық.* Қазір каучук өндіру үшін тек *гидролиздік* спирт пен синтездік спиртті ғана пайдаланады (Орган. хим.).

ГИДРОЛОГИЯ з а т. г е о г р. *Табиғи суларды, олардағы құбылыстар мен процестерді, олардың даму заңдылықтарын зерттейтін география ғылымының бір саласы* (ҚСЭ).

ГИДРОЛОКАЦИЯ з а т. т е х. *Су астындағы объектілердің тұрған орнын және қашықтығын дыбыс арқылы дәл анықтайтын тәсіл, әдіс.* Қазіргі балық аулайтын кемелерде *гидролокация* принципі балықтар үйірін барлап анықтау ісінде қолданылып отыр (Физика.).

ГИДРОМЕТАЛЛУРГИЯ з а т. х и м. *Кеннен яки басқа өндіріс қалдықтарынан химиялық реагенттердің судағы ертіндісімен металл өндіру.* Металл өндірудегі *гидрометаллургияны* пайдалану мүмкіншілігі туралы кезінде М. В. Ломоносов та айтқан (ҚСЭ).

ГИДРОМЕТАЛЛУРГИЯЛЫҚ с ы н. *Гидрометаллургияға тән.* Бұдан соң оны [қорғасынды] *гидрометаллургиялық* қайта өңдеу арқылы кадмий, сынап, сирек кездесетін металдар, мырыш және мырыш тотияйыны, күкірт қышқыл өндіріледі («Соц. Қаз.»).

ГИДРОМЕТЕОРОЛОГИЯ з а т. *Атмосферадағы су айналымын зерттейтін ғылым.* *Гидрометеорология* қызметінің Бас Басқармасы ғылыми және өнеркәсіп ұйымдарының өкілдерімен бірлесе отырып, Жердің «Космос-144» және «Космос-156» екі жасанды спутнигінің көмегі-

мен жүргізілген метеорологиялық байқаулардың нәтижесін қарады («Соц. Қаз.»).

ГИДРОМЕТЕОРОЛОГИЯЛЫҚ с ы н. *Гидрометеорологияға тән.* Қазақтың *г и д р о м е т е о р о л о г и я л ы қ* ғылыми-зерттеу институты Тың өлкесіне экспедиция жіберді («Лен. жас»).

ГИДРОМЕХАНИКА з а т. ф и з. *Сұйық затқа батқан қатты дененің бату, қозғалу тепе-теңдігін зерттейтін ғылым саласы.* Жер қазу, құрылыс техникаларын пайдалану *г и д р о м е х а н и к а* мамандарынсыз мүмкін емес («Лен. жас»).

ГИДРОНАСОС з а т. т е х. *Су бүрікіш; су ағызатын аспап.* ДТ-54 тракторында арнаулы кронштейнге С-4 комбайнынан алынған *г и д р о н а с о с* қояды (Тракторист.).

ГИДРОПУЛЬТ з а т. т е х. *Су бүркетін қол насосы бар ыдысты аспап.* Қораның қабырғаларын, еденін, құрал-жабдықтарды, оттықтарды ластан тазартып, оны *г и д р о п у л ь т п е н* және түрлі тозаңдатқыштармен дезинфекциялайды (Р. Әбуғалиев, ...Қой өсіруші.). Ерітіндіні *г и д р о п у л ь т* немесе бақшада су шашатын су сепкіш арқылы бүркеді (Мал азығы).

ГИДРОСАМОЛЕТ з а т. т е х. *Судан көтеріліп ұша алатын және оған қону мүмкіндігі бар самолет. Г и д р о с а м о л е т* әр түрлі мақсаттарға арналған (ҚСЭ).

ГИДРОСИСТЕМА з а т. ф и з. *Су тетіктері жүйе. Г и д р о с и с т е м а н ы* пайдалану процесінде шлангтардың үзілуі, жарылуы, қажалуы жиі болып тұрады (Тракторист.). Оның механизмдері трактордың *г и д р о с и с т е м а с ы* арқылы жұмысқа қосылады (Малшыларға кеңес).

ГИДРОСТАНЦИЯ з а т. т е х. *Судың ағыс күшін электр қуатын өндіруге пайдаланатын су электр станциясы.* Біздің ірі *г и д р о с т а н ц и я л а р ы м ы з д ы ң* беретін электр энергиясы аққан судың энергиясынан пайда болады (Х. Әбішұлы, Халық астрон.). Өзінің құламалы *г и д р о с т а н ц и я л а р ы м е н* бірге Ингури жыл сайын бес жарым миллиард киловатт-сағат электр қуатын өндіретін болады («Лен. жас»).

ГИДРОПРОЕКТ з а т. *Су шаруашылығын жобалау.* Трасса басына келмеген қызды осында кездестіру үмітімен Қобылан *«Г и д р о п р о е к т»* деген жазуы бар есікті тартып көріп еді, ашылмады (Қ. Исабаев, Сұңқар.). *«Г и д р о п р о е к т»* институты канал жобасында плотиналарды бірыңғай сары топырақтан салуды ұсынған екен («Соц. Қаз.»).

ГИДРОСТАТИКА з а т. ф и з. *Сұйық заттың тепе-теңдігін және оның ішіне батырылған денеге тигізетін әсерін зерттейтін гидроаэромеханиканың бөлімі.* «Қалқып жүретін денелер туралы» деген еңбегінде Архимед *г и д р о с т а т и к а* ғылымының іргесін қалады деуге болады (О. Жәутіков, Математика.).

ГИДРОСФЕРА з а т. г е о г р. *Жер бетінің су қабаты.* Жер бетінде *г и д р о с ф е р а д а* кездесетін барлық судың қоры шамамен 1400 миллиард текше километрден асады (С. Орынбаева, Геогр. ғажайып.). Жердің *г и д р о с ф е р а с ы,* немесе дүние жүзілік мұхит, планета бетінің көп бөлігін алып жатыр (Жалпы биология).

ГИДРОТЕРАПИЯ з а т. м е д. *Сумен (ванна, душ, су бүрку т. б.) емдеу әдісі.*

ГИДРОТЕРАПИЯЛЫҚ с ы н. *Гидротерапияға тән.* Курортта емделуге белгілі бір *г и д р о т е р а п и я л ы қ* және бальнеологиялық процедуралар жатады (Р. Сәтбаева, Гипертония).

ГИДРОТЕХНИК з а т. *Гидротехниканың маманы.* Әрбір экспедицияның құрамында маман қоныстандырушылар; агрономдар, жер қыртысын зерттеушілер, *г и д р о т е х н и к т е р* болды (Жаңарған өлке.). Андрей Көптілеуовтың негізгі мамандығы — *г и д р о т е х н и к.* Отты жігіт осы өз жұмысын да ойдағыдай атқарып жүр («Лен. жас»).

ГИДРОТЕХНИКА з а т. т е х. *Су күшін жан-жақты пайдалануды (канал қазу, плотина т. т.) қарастыратын, зерттейтін техниканың бір саласы.* Ербол ...енді сол институттың тоғыз факультетінің ішінен *г и д р о т е х н и к а* факультетін таңдады (С. Сейітов, Жылдар.). Орыс халқының *г и д р о т е х н и к а с ы н* дамытуға құрылысшы К. Д. Фролов та үлкен үлес қосқан (Ж. Жатқанбаев, Су.).

ГИДРОТЕХНИКАЛЫҚ с ы н. *Гидротехникаға тән, қатысты.* Ауыл шаруашылығы дақылдарын *г и д р о т е х н и к а л ы қ* есептер бойынша дұрыс суару үшін облыста ең кемі 20 мың гидротехникалық

құрылыс болуы тиіс («Соц. Қаз.»). ◆ **Гидротехникалық құрылыс.** *Су шаруашылығының техникалық құрылысы.* Жер суару жүйелері мен *гидротехникалық құрылыстарды* жөндеп, қалпына келтіру,... суармалы жерлерді тегістеу және олардың мелиорациялық жайын жақсарту болып табылады (Х. Мұстафин, Ақ тары.). Бірақ ертеде жер суару жүйелерін салу қол күшімен жүргізілгендіктен, *гидротехникалық құрылыстың* болмағандығынан ол жүйелер бірте-бірте бүлінген («Қаз. әдеб.»).

ГИДРОФИЗИКА з а т. ф и з. *Жердің судан тұратын қабатында болатын физикалық процестерді зерттейтін ғылым.*

ГИДРОФОН з а т. т е х. *Су астындағы дыбысты жазып алатын аспап.* Енді катер қайнаған шабақтардың ортасына барды. Балықтар одан ығысып жөнкіліп барады. *Гидрофон* небір ғажап дыбыстарды жазып жатыр («Лен. жас»). Тюлень құлағының құрылысы принципіне сүйеніп, су астында дыбысты қабылдайтын *гидрофон* жасалды (Жалпы биология).

ГИДРОФОНДЫҚ с ы н. *Гидрофонға тән.* Парниктер, теплицада, пленкалы *гидрофондық* әдістер бойынша өсімдік егілетін жерлерді суару тәртібі далалық егістік жерге қарағанда өзгешелеу келеді (Д. Әбілев, Помидор.).

ГИДРОХИМИЯ з а т. х и м. *Табиғи сулардың химиялық құрамын, оның өзгеруін зерттейтін ғылым,* ...бүкіл дүние жүзі мұхиттарының химиялық құрамын анықтауда да советтік *гидрохимия* ғылымының қосқан үлесі аз емес (ҚСЭ).

ГИДРОХИМИЯЛЫҚ с ы н. *Гидрохимияға тән.* Балық өсіретін әрбір шаруашылықта *гидрохимиялық* тексеру жүргізетін және балық ауруларының түрін анықтайтын лабораториялар болуға тиіс (Т. Телеуғалиев, Балық ауруы).

ГИДРОШАХТА з а т. *Су күшін кен өндіру үшін пайдаланатын шахта.* Совет Одағында судың осындай күшімен тас көмір де өндіріледі. Мысалы, Кузбаста дүние жүзінде тұңғыш рет *гидрошахталар* орнатылды (Ж. Жатқанбаев, Су.).

ГИДРОЭНЕРГИЯ з а т. *Су күші энергиясы.* Патшалық Россияның ұлт аймақтары экономика жағынан артта қалған. Ал олардың территориялары отынның, түсті металдың, *гидроэнергияның,* химия шикізатының қорына өте бай болатын (СССР экон. геогр.).

ГИДРОЭЛЕКТРОСТАНЦИЯ з а т. *Су электр станциясы.* Кешікпей Кавказ бен Орта Азия өзендерінің қуатын пайдалануға кірісті, одан соң Днепр мен Волгада *гидроэлектростанция* салынды (СССР экон. геогр.).

ГИЛЬДИЯ з а т. т а р. *Орта ғасырдағы көпес саудагерлер одағы.* Тері саудасынан байыған ол [Иван Коробейников] тез арада бірінші *гильдия* сәудегерінің дәрежасына жетіп, Омбыда асты күйген кірпіштен, үсті қарағай бөренеден этажды үлкен үй салған (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз).

ГИЛЬЗА з а т. *Мылтық, зеңбірек оғының қабы.* Құдамның... тауып берген мылтығы «Смит Вильсон» деп аталатын тапаншаға болды. Өзінің ұңғысын тот басып, оқ орнаған *гильзалары* көгеріп кетіпті (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.). Капитан жалма-жан портфелін ашып, ішінен атылған оқтың *гильзасын* шығарды (Б. Тілегенов, Көктем.).

ГИМН з а т. м у з. 1. *Бір таптың, я бір мемлекеттің бірлік нышан белгісі ретінде қабылданған салтанатты ұран өлең.* Әрбір ұлт республикасының туын, гербін көтеріп, *гимнін* ойнатып, жаһанға азаттық атынан жар салатын күндеріміз тағы бар (Х. Ерғалиев, Шындық.). Совет Одағы мен Қазақ ССР мемлекеттік *гимндерінің* күйлері асқақ естілді, мейрам құрметіне артиллериядан салют берілді («Лен. жас»). 2. А у ы с. *Көптің қалауынан шыққан әуезді, тартымды өлеңдер.* Қасымның бұл тәріздес өлеңдерін, бір сөзбен айтқанда, махаббат туралы *гимн* деп атасақ артық болмас (Р. Бердібаев, Гүлстан). Алтынсариннің «Қазақ хрестоматиясының» ең басында «Кел, балалар, оқылық!» деген атақты өлеңі халық ағарту ісінің нағыз *гимні* болып табылады (ҚазССР тарихы).

ГИМНАЗИСТ з а т. *Гимназия шәкірті.* Баласы Қазыбайдың қайда Қарпық, Атанған *гимназист,* туған артық. Орысша осы күні сөйлестірсе, Бәлемді тастар еді-ау бір-ақ тарпып (Қ. Тоғызақов, Өленд.). Сұлтанмахмұт Абайды білесің бе деп сұраңанда, *гимназист* Хасен Абайды жөнді білмейді екен (Д. Әбілев, Арман.).

ГИМНАЗИСТКА з а т. *Гимназияда оқитын қыз.* Наурыз Толқынның ауыл киімін түгел тастап, *гимназистканың* формасымен тұрғанына сүйсіне көз тоқтатты (Ө. Қанахин, Жас дәурен.). Толқын болса, Бақтияр байдың алақанына салып отырған жалғыз қызы — *гимназистка* («Қаз. әдеб.»).

ГИМНАЗИЯ з а т. *Батыс Европа елдерінде он жетінші ғасырда қайта өркендеу дәуірінде пайда болған, жалпы білім беретін орта мектеп.* Әйгілі *гимназия* Сибирьдегі, Жәй күні бітті емтихан — сын дүрмегі. Бәйгіні Ленин алды — алтын медаль, Сай, гүлін желпіп самал сеңді үрледі (С. Сейітов, Бетпе-бет.). *Гимназияда* сол кезде Михаил Васильевич Фрунзе де оқыған (З. Шашкин, Тоқаш Бокин). [Балуан Шолақтың] **Оның аңдып отырғаны** — ояздың Омбы *гимназиясында* оқып жүрген қызы — Татьяна еді (С. Мұқанов, Таңд. шығ.).

ГИМНАСТ з а т. с п о р т. *Гимнастикамен үнемі үзбей жаттығушы; соның маманы, гимнасшы.* Кен инженері, «Мырғалымсай» руднигінің смена бастығы Леонид Пятигорский — шебер *гимнаст,* өзінше жаттығады («Лен. жас»).

ГИМНАСТЕРКА з а т. *Әскери формада тігілген сырт жейде.* Елжас *гимнастеркасының* түймесін ағытты. Ептеп белбеуді босатты (А. Жақсыбаев, Қайырлы таң.). Әскери киімі қыздың талдырмаш денесіне үйлеспей-ақ тұр... белін қынап буған мол *гимнастерка* да қорбиып қолпылдап тұр (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.). Советтер республикасы комсомолдың тозаң басқан *гимнастеркасына* тұңғыш награданы — жауынгерлік Қызыл Ту орденін қадады («Қазақст. мұғ.»).

ГИМНАСТЕРКАЛЫ с ы н. *Гимнастеркасы бар.* Әжіғалимен бірге мінбенің қасында тұрған сұр *гимнастеркалы* жігіт: — Қазір Қарекең айтады,— деді (Х. Есенжанов, Көп жыл.).

ГИМНАСТЕРКАШЕҢ ү с т. *Гимнастерка киген.* Жылы үйден *гимнастеркашең* жеңіл шыққан Ақжолдың денесі сәл тітіренді (Н. Ғабдуллин, Өмір.).

ГИМНАСТИКА з а т. с п о р т. *Денені шынықтыру үшін жасалатын спорттық түрлі жаттығулар жүйесі. Гимнастика* тыныс алу резервін көбейтумен бірге жүрек қызметін дұрыстайды (М. Сисекенов, Өкпе ауруы). Күнде таңертең жасалған *гимнастиканың* гипертония ауруынан ойдағыдай емделуге көмектесетіні күмәнсіз (Р. Сәтбаева, Гипертония.). Серік кеше *гимнастика* сабағында тізесінен сүрініп қалып еді, сондықтан ба, әдеттегіден сылбырырақ («Лен. жас»).

ГИМНАСТИКАЛЫҚ с ы н. *Гимнастикаға тән, қатысты.* Жарыс өтетін күн мәре алдындағы қобалжуға толы. Мұндайдан құтылу үшін 5—10 минуттай жеңіл жүгіріспен немесе кәдімгі *гимнастикалық* жаттығулармен айналысу керек («Лен. жас»).

ГИМНДЕЙ с ы н. *Гимнге ұқсас, барабар; Гимн сияқты.* Шаттанып, шабыттанып шарқ ұранын, Шырқаймын *гимндей* халық ұранын. Жеңеді бейбітшілік, достық, бірлік, Туындай большевиктің, партиямның (Ж. Молдағалиев, Таңд. шығ.). Мотордың бұл үні жаңа өмірдің *гимндей* құлақтан кіріп, бойды алған (Адам және химия).

ГИНЕКОЛОГ з а т. *Гинекология маманы, дәрігері.* Балгер әйелдер акушерка мен *гинекологтың* ролін атқаруға тырысады (Семья тәрбиесі).

ГИНЕКОЛОГИЯ з а т. м е д. *Әйелдердің анатомия-физиология, психикалық ерекшеліктерін және бұл процестердің бұзылуын зерттейтін ғылым.* Ол [әпеклидин] хирургия, *гинекология* және урология практикасында жиі қолданылады (С. Сұбханбердин, Дәрі — дауа.).

ГИНЕКОЛОГИЯЛЫҚ з а т. *Гинекологияға тән.*

ГИПЕРБОЛА[1] з а т. ә д е б. *Бірдеменің жеке сипаттары мен белгілерін асыра дәріптеу, әсірелеу. Гипербола* әдетте ойды ерекше ұтымды, тартымды етіп жеткізу үшін әдеби немесе жай тілде қолданылады (Саяси сөздік). Әуезов патша чиновниктерінің де, қазақ тілмаштарының да қанаушылық кейпін сынайды. Бұл ретте эпостағы дәстүрлі әдіс — *гиперболаны* да пайдаланады («Қаз. әдеб.»).

ГИПЕРБОЛА[2] з а т. м а т. *Дөңгелек конустың екі жасаушысына параллель жазықтықпен қиылысуынан шығатын қисық сызық.* Біздің жыл санауымыздан бұрынғы II ғасырдан бастап бұл қисықтар

парабола, эллипс, *гипербола* деп аталады (О. Жәутіков, Математика). Айдың тарту күші мықты сферада космос аппаратының ұшу траекториясы *гипербола* тәрізді болуы тиісті («Лен. жас»).

ГИПЕРБОЛИЗМ з а т. э д е б. *Әсірелеу әдісі, тәсілі.* Бейімбетте әдемілеу, асыра мақтау, *гиперболизм* жоқ. Оның бар кейіпкері табиғи өз орнында, өз ортасынан оншама оқшауландырылмай суреттеледі («Лен. жас»).

ГИПЕРТЕРМИЯ з а т. м е д. *Сыртқы факторлардың әсерінен организмде жылудың көп жиналуынан температураның көтерілуі. Гипертермия* кезінде зат алмасуы мен қан айналысы бұзылады (ҚСЭ).

ГИПЕРТОНИЯ з а т. м е д. *Қан қысымының шамадан тыс көтерілуі, қан тасу.* Дәрігерлер сүлікті *гипертония,* көз, тері т. б. аурулардың кейбір түрлеріне қолданады (Қ. Қайымов, Қызықты зоол.). Махмұт Қаңтарбаев деген жігіт... 1952 жылы 47 жасында *гипертония* сырқатынан қайтыс болды (С. Мұқанов, Есею жыл.). Өрісбай барып байқаса, әжей *гипертония* ауруын асқындырып алыпты («Лен. жас»).

ГИПНОЗ з а т. м е д. 1. *Шартты рефлекстер арқылы сендіру, иландырудан болатын адам мен жануарлардың ұйқы тәрізді күйі.* Енді Бәтес *гипноз* күйіне ұшырағандай екен. Жуасыды (Ж. Молдағалиев, Торғай толғауы). *Гипноз* сеансы кезінде алма деп картоп жегізуге, ат деп құр таяққа мінгізуге болады (М. Ысқақов, Соқыр сенім.). 2. *Арбап ұйықтату, еркінен айыру, ұйыту.* Адамды *гипнозбен* ұйыту үшін сөзді қолданудың неше түрлі әдісі бар (М. Мұқанов, Жан дүние.). Осы сәтте көмекке дәрігер Марио Беллини келді. Ол тісті жұлу үшін *гипноздыі* қолданды («Лен. жас»).

ГИПНОЗДА е т. *Гипнозды қолдану, арбау.*

ГИПНОЗДАЛ *Гипнозда етістігінен жасалған ырықсыз етіс. Гипноздалған* адам өзінің іс-әрекеттерін сау кезіндегі сияқты қадағалап, саралап отырады (Ғалам ғажап.).

ГИПНОЗДАУ *Гипнозда етістігінің қимыл атауы.* Белгілі бір жағдайда кез келген адамды *гипноздауға* болады (Ғалам ғажап.).

ГИПНОЗШЫ з а т. *Гипноз өнерінің маманы. Гипнозшы* адамның бір жеріне байқаусызда қатты әсер етеді. Ол кейде көп нәтиже береді (М. Мұқанов, Жан дүние.). *Гипнозшылар* өздерін құдайдың елшісіміз, періштеміз деп дәріптеді (Ғалам ғажап.).

ГИПНОЗШЫЛЫҚ с ы н. *Гипнозшыға тән.* Неге жұрттың бәрі гипнозшы емес! *Гипнозшылық* өнерді үйренуге бола ма? (Ғалам ғажап).

ГИПНОЛОГ з а т. *Гипноз өнерін зерттеуші ғалым. Гипнологтардың* айтуынша гипнозға көнбейтін адам жоқ екен (Ғалам ғажап.).

ГИПНОПЕДИЯ з а т. п е д. *Шәкірттерді ұйқы кезінде оқытатын педагогикалық әдістердің ерекше бір түрі. Гипнопедия* әлі де толық зерттеліп, белгілі бір жүйеге түспеген (ҚСЭ).

ГИПНОТИЗЕР з а т. *Гипнозшы, арбаушы, көз байлаушы.* «Бұл, әрине, гипноза»— деп санайды, қаладағы *гипнотизерлердің* нелер ғажап фокустерін көрген Шоқан,— бұлар да, әрине, болашағы зор өнер (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз). Эксперимент кезінде *гипнотизердің* міндетін магнитофон атқарады («Лен. жас»).

ГИПНОТИЗМ з а т. *Гипноз ілімі.*

ГИПОТЕЗА з а т. л о г. *Ғылыми болжал, жорамалдау.* Жобалау ой амалы — *гипотеза* жорамалдау ой амалымен тығыз байланысты (М. Мұқанов, Бақылау.). Жаңа *гипотезаны* қолдайтын тағы да бір дәлел сол — соңғы он жылдың ішінде теңіздің су деңгейінің онан әрі төмендеуі тоқталмаған («Лен. жас»).

ГИППОДРОМ з а т. **Ипподром.** *Гипподром* (ипподром)— ат жарысы өткізілетін орын («Халық мұғ.»).

ГИПС з а т. х и м. 1. *Сульфаттар класының минералы.* Энгельс колхозы *гипс* өндіріп жатыр. Карьері біздің жермен шектес. *Гипс* ұны тау болып үйіліп жатыр (Т. Нұртазин, Адам.). Гипсті сортаң топырақты жерге тыңайтқыш ретінде пайдаланып, оның құнарлылығын арттырады. *Гипсті* күйдіріп (алебастр) құрылыс материалы ретінде де пайдалануға да болады (С. Жортанов, Өлке тану.). 2. *Дәрігерлік емдеудің бір түрі, құралы.* Біләлов қалада

ауруханада жатып, аяғын *гипске* салдырып қайтыпты деген тағы да бір сыртай хабар алған-ды (Ә. Нұршайықов, Жомарт өлке). [Нұрланның] сынған соң аяғының асты биіктетіліп қойылыпты, айқара жабылған ақ жамылғы астынан ораған ақ *гипстің* сорайған тұмсығы шығып жатыр (З. Шүкіров, Ізгілік.). 3. *Мүсін жасайтын материал.* Қолыма *гипс* алып, мүсін істей бастағаннан бері «Жолбарыс талаған сұлу» атты композиция жасау арманым болатын (І. Есенберлин, Ғашықтар). Міне, мынау алдымызда *гипстен* жасалған ірі фигуралы шахмат тақтасы тұр («Лен. жас»).

ГИПСТЕ е т. *Гипске салу, гипске орау.* Ал сіңір ет екі жерден қиылыпты. Дәрігерлер әрлі-берлі ақылдасып, «жас дене ғой, мүмкін бітіп кетер» деп сүйекті орны-орнына салды да, аяғымды тіземе дейін *гипстеп* тастады (М. Хасенов, Алғашқы ән).

ГИПСТЕУ *Гипсте егістігінің қимыл атауы.* [Дина] Білекті *гипстеу* кезінде де тым жедел, тым шебер, епті еңбектенді (Ж. Жұмақанов, Екі жол). [Салихов] — Жер эрозиясымен күресу, сортаң жерлерді *гипстеу* арқылы топырақ құрамын жақсартуды қолға алдық («Соц. Қаз.»).

ГИПСТЕУЛІ с ы н. *Гипске ораулы.* Аяғыма күмәндана беремін. Бар аңғарғаным мойнымнан төмен қарай *гипстеулі* жатыр екен. (С. Жүнісов, Өшпе. ізд ер.)

ГИПСТІ с ы н. *Гипске оралған, гипстенген.* Ол — ауырған сүйекке күш түсірмеу үшін арнаулы *гипсті* төсектің қолданылуы (Т. Қалжеков, Туберкулез.).

ГИПСТІК с ы н. *Гипсі бар.* Сондықтан ауруға шалдыққан мүшеге күш түсірмей, толық тыныштық беру үшін бала арнаулы *гипстік* төсекке жатады (Е. Оразақов, Туберкулез.).

ГИР з а т. *Таразының тасы, өлшеуіш құрал.* Ұста дүкенінің қасында ешкімге керексіз бір пұттық тұтқалы ескі *гир* жататын еді (Ә. Нұршайықов, Менің Қаз.). Қозғалмаңдар.— Капитан енді маған бұрылды да, баспалдаққа көтерілді.— Жүр, *гирлерді,* шынжырларды тасыңдар (Ә. Сәрсенбаев, Теңіз.).

ГИСТОГЕН з а т. б и о л. *Алғашқы жасалған ткань. Гистогеннің* әр түрінен әр қилы түпкілікті тканьдер түзіледі (Т. Мұсақұлов, Ботаника).

ГИСТОГЕНДІК с ы н. *Гистогенге тән. Гистогендік* теорияны тұңғыш рет 1868 жылы жарыққа шығарған ғалым — Ганштейн. Ганштейннің *гистогендік* теориясында екі түрлі ереже бар (Т. Мұсақұлов, Ботаника).

ГИСТОГЕНЕЗ з а т. б и о л. *Организмдегі түрлі органдар тканінің пайда болу, тіршілік ету және қайта түзілу процесі.* Патологиялық процестер жағдайында *гистогенез* аса өзгеріп, ісік тканьдерінің дамуына шалдықтырады (ҚСЭ).

ГИСТОЛОГ з а т. *Гистология ғылымының маманы.* А. Н. Миславский мектебінен ірі совет *гистологі* Б. Н. Лаврентьев шықты (Қ. Нұрматжанов, Гистология.).

ГИСТОЛОГИЯ з а т. а н а т о м. *Тірі дененің көзге ілінбейтін құрылысын тексеретін анатомияның бір тарауы. Гистология* пәнін толық сипаттау үшін гистологиялық зерттеу әдісімен танысып өту керек (Қ. Нұрматжанов, Гистология.).

ГИСТОЛОГИЯЛЫҚ с ы н. *Гистологияға тән.* Өкпенің құрт жеген жерін *гистологиялық* әдіспен зерттегенде... оның біраз бөлігі түгелдей бүлінгені байқалды (Ө. Қарамендин, Бұзау аруы). Дәнекер тканьнің *гистологиялық* құрылымы оның атқаратын қызметіне байланысты (Қ. Нұрматжанов, Гистология.).

ГИСТОПАТОЛОГИЯ з а т. м е д. *Гистологиялық патология.*

ГИСТОФИЗИКА з а т. ф и з. *Гистологиялық физика.*

ГИСТОФИЗИКАЛЫҚ с ы н. *Гистофизика іліміне тән.* Микроскоптық бақылауға сүйене отырып Вольф: «Организм жыныс клеткасына даяр салынады, оның өсуі ғана дамуға жатады» деген *гистофизикалық* көзқарасқа қарсы шықты (Қ. Нұрматжанов, Гистология.).

ГИСТОХИМИЯ з а т. х и м. *Гистологиялық химия.* Гистологияда *гистохимия* әдістері де кең қолданылуда. Ол үшін ерекше аппараттар мен реактивтер пайдаланылады (Бұл да).

ГИТАР з а т. м у з. *Жұқа фанерден жасалған шанағы сегіз есеп таңбасына ұқсаған, саусақпен іліп тартатын музыкалық ішекті аспап. Гитарына* шертіп

әнді тамаша, Елти тыңдай еліктегіш балаша, Қиялменен қилы арманын шолғандай, Тұнық ойда отыр екен оңаша (Қ. Жармағамбетов, Баллада). Ал үйдің екінші қабырғасында қатар ілулі тұрған үш аспап — *гитара,* мандолина, домбыра жүрекке одан сайын жылы тиген (Октябрь өрендері). *Гитар* бабына келіп сазын тауып, сарнай бастады. Үндері де үйлесіп, мамыржай болды да қалды («Лен. жас»).

ГИТАРШЫ з а т. *Гитарды шебер тартатын, жақсы ойнай білетін адам. Гитаршы* Луис Амайя өнері де жұрт көңілін желпінтіп жіберді («Қаз. әдеб.»).

ГИФ з а т. б и о л. *Көбейгіш залалды саңырауқұлақтың тамыры.* Микроза немесе саңырауқұлақ-тамыр — саңырауқұлақтың *гифтері* ағатардың тамырының ішіне кіреді (Жалпы биология). *Гифтер* ұйысып, тұтасып барып мицелий құрайды (Н. Шоқанов, Микроорганизм).

ГЛАДИАТОР з а т. т а р. *Көне Рим елінде аренада өзара сайысатын, я аңмен басын өлімге беріп жекпе-жек алысатын басыбайлы құл немесе соғыс тұтқыны.*

ГЛАДИОЛУС з а т. б и о л. *Жаз бойы гүлдейтін, ірі гүлді көп жылдық бойшаң өсімдік* ...мұндай гүл шоғырын ирек гүл дейді, бұл жыланқияқтарда, сарғалдақта, *гладиолуста* басқа да өсімдіктерде кездеседі (Т. Мұсақұлов, Ботаника). *Гладиолустар* жаз бойы гүлдейтін, гүлдері ірі, алуан түрлі түйнек жуашықтары бар көп жылдық биік өсімдік (С. Турдиев, Үй өсімдік.).

ГЛИСТ з а т. м е д. *Ішек құрты, қара бас жылан құрт.* Өйткені салқын-самал ауа райы мен топырақтың ылғалды болуы ішек құрт ауруын туғызатын *глист* личинкаларының өсуіне өте қолайлы жағдай туғызады (Шопан серігі). Бала организміне *глистің* (ішек құрттың) тигізетін зияны үлкен (Семья тәрбиесі.).

ГЛИЦЕРИН з а т. м е д. *Әр түрлі майдан алынатын ақшыл түсті сұйық дәрі.* Солутан — Чехословакиядан шығатын, құрамында красовка дурман, эфедрин, *глицерин,* прокоин бар дәрі (С. Сұбханбердин, Дәрі — дауа.). Жағар май жұққан қолды жұмыстан кейін сабындап, жылы сумен мұқият жуып, жұмсақ сүлгімен құрғата сүртіп, оған *глицерин* мен мүсәтір спиртінің қосындысын жағу керек (О. Сейкетова, Тері ауруы.).

ГЛОБУС з а т. *Ықшамдала кішірейтіліп бейнеленген жер шарының карталы моделі, көрнекі құрал.* Шомылдырды шелейтті Өзенмен біздің ұлы күш, Кестесін көкшіл көбейтті Көк ала жұмыр *глобус* (Т. Жароков, Шығ.). Ендеше, тыңдаңдар!— түсіндірейін,— деп әлгі жұмыр нәрсені сол қолымен сыпыра сипап қойды.— Мұны *глобус* деп атайды (С. Омаров, Дала қызы.).

ГЛОБУСТАЙ с ы н. *Глобус сияқты.* Октябрь. Петроград. Қара суық. Көк Нева көкке атылған аласұрып, Көрініп көк жиектей, *глобустай* Дөңгелеп күн келеді жаңа шығып (С. Мәуленов, Қызыл арша).

ГЛОССАРИЙ з а т. л и н г в. *Көне текстегі мәлімсіз сөздерге беретін түсініктеме сөздік, көне сөздердің түсіндірме сөздігі. Глоссарий* деген сөздің мәні,— қиын сөздердің комментарийлі тізімі деген мағынаны береді (Қазіргі қаз. тілі).

ГЛОТТОГОНИЯ з а т. л и н г в. *Тілдің шығуы және оның дамуы.*

ГЛОТТОГОНИЯЛЫҚ з а т. *Гипотогонияға тән.*

ГЛОТТОЛОГИЯ з а т. л и н г в. к ө н е. *Тіл білімі.*

ГЛОТТОХРОНОЛОГИЯ з а т. л и н г в. *Тілдің шығуын, дамуын зерттейтін лингвистика ғылымының бір саласы. Глоттохронология* тілге байланысты тарихи материалдарды жүйеге салып... нақты фактілер негізінде дәлелдейді (ҚСЭ).

ГЛЮКОЗА з а т. м е д. *Жүзім қантынан алынатын тәтті, дәмді, иіссіз сұйық, кейде ұнтақ дәрі.* «С» витаминнің *глюкоза* қосылған таблеткасы. Әрбір құтышаға 10 таблеткадан салып шығарылады (С. Сұбханбердин, Дәрі — дауа.). Жемістің жұмсақ, етінің өте дәмді болуы, сахарозаның дәмі орташа болуы — *глюкозаның* көп болуына байланысты (А. Алманиязов, Қазақст. қауын.). Күні-түні түйреп жатыр. *Глюкоза* дей ме? Дүниеде сонысы-ақ бәле. Адамның жаны сүймейді тіпті (Н. Сералиев, Қаңтар).

ГНОСЕОЛОГИЯ з а т. ф и л. *Таным және оның түрлері, жолдары туралы философиялық ілім. Гносеология* дүниені танып білуге бола ма,... деген сұрақтарға жауап береді (Саяси сөздік).

ГНОСЕОЛОГИЯЛЫҚ с ы н. *Гносеологияға тән, қатысты.* Фейербах діннің *г н о с е о л о г и я л ы қ* тамырларын дұрыс түсінуге жақындады (З. Ақназаров, Ғылыми атеизм). Бұл бірлікті Ленин Богдановтың *г н о с е о л о г и я л ы қ* анықтауы мен Луначарскийдің эстетикалық көзқарастарын талдағанда ерекше атап көрсетті (Қ. Нұрмаханов, Дос лебізі).

ГОБОЙ з а т. м у з. *Ауызбен үрлеп тартылатын музыкалық аспаптың бір түрі.* [Ахмет] Музыкалық техникумда скрипка класы бойынша оқыса, консерваторияда *г о б о й* класына түсті (Ж. Рсалдин, Ахмет Жұбанов). *Г о б о й* —симфониялық оркестрдің тобына кіретін, ағаштан жасалған көп тілді үрлемелі аспап (К. Қуатбаев, Қысқ. муз. сөздік).

ГОВОР з а т. л и н г в. *Жергілікті тіл ерекшелігі, сөйлеу тіл айырмашылығы.* Бір аудан, я белгілі бір аймаққа ғана таныс, бірақ сол жергілікті жерден басқа, көпшілікке түсініксіз болатын сөйлеу тіліндегі ерекшеліктерді *г о в о р* дейміз (Қазіргі қаз. тілі).

ГОВОРЛЫҚ с ы н. *Говорға тән. Г о в о р л ы қ* лексиканың тағы бір көзі жергілікті тұрғын елдің шаруашылық тұрмысының ерекшелігімен де байланысты болады (Қазіргі қаз. тілі).

ГОГОЛЬ з а т. з о о л. *Сүңгуір көк ала үйрек.* Ормандар арасындағы терең тау көлдерінде сүңгуір су құстары — гагара, *г о г о л ь д е р,* крохаль, турпандар мекендейді (Б. Муханов, Қазақст. өсімдік.).

ГОЛЕНЦИЯ з а т. б и о л. *Ақ, қызыл гүлді бір жылдық үй өсімдігі. Г о л е н ц и я* — ірі, гүлінің түсі ақ, қызғылт, қызыл, қан қызыл бір жылдық өсімдік (С. Турдиев, Үй өсімдік).

ГОЛ з а т. с п о р т. *Футбол, хоккей ойындарындағы ұпай.*— Не боп қалды — деді жеңгей, бүйірден нұқып.— А... ha, «Қайратқа» ... екі *г о л* салдым,— деді Толғанбай (Ғ. Қабышев, Мінездеме). Ойын аяқталуға бірнеше минут қалғанда тағы да Конев *г о л* соғып, есепті 4:0-ге жеткізді («Спорт»).

ГОЛЛАНД з а т. *Голландия мемлекетінің тұрғын халқы, ұлты.* Оның қалдықтарын бірінші рет 1891 жылы Ява аралынан *г о л л а н д* дәрігері Дюбуа тапқан (Жалпы биология). ◆ **Голланд пеші.** *Алғаш Голландия елінде шыққан, сырты қаңылтырмен қапталған дөңгелек пеш.* Қолымды артыма ұстап, босағадағы суық *г о л л а н д* пешіне сүйеніп тұрып қалдым (Б. Соқпақбаев, Өзім туралы).

ГОЛЛАНДИЯЛЫҚ с ы н. *Голландияға тән; Голландияның тұрғыны.* Сәуленің толқындық табиғатын алғаш тамаша анықтап берген *г о л л а н д и я л ы қ* ғалым Христиан Гюйгенс (1629—1695) еді (А. Қалығұлов, Жарық сәуле). ◆ **Голландиялық сыр.** *Сыр тағамының бір түрі. Г о л л а н д и я л ы қ с ы р* кереге көзді жәшіктерге, яки барабандарға салынып, сыртынан шегеленеді (С. Сейітов, Сүт өндіру.).

ГОЛЛАНДША ұ с т. *Голланд тілінде.*

ГОЛЬФ[1] з а т. *Ұзындығы тізеден төмен келетін шұлық.* Фабрика әйелдердің шұлықтарын, балалардың түрлі түсті, өрнекті *г о л ь ф т а р ы н* шығара бастапты («Лен. жас»).

ГОЛЬФ[2] з а т. с п о р т. *Арнайы таяқ және доппен ойналатын спорттық ойын. Г о л ь ф* 1900, 1904 жылдары олимпиадалық ойындардың программасына енгізілген (ҚСЭ).

ГОМОЗИГОТАЛЫ с ы н. *Тұқым қуалаушылық, бір-біріне ұқсаушылық.* Ұрпақтарында белгілері ажырамайтын және өз белгілерін «таза» сақтайтын особьтар *г о м о з и г о т а л ы* деліненді (Жалпы биология). *Г о м о з и г о т а л ы қ* дегеніміз, бір түрлі гаметалар түзуші особьтар, бұлар өздігінен тозаңданғанда немесе өзі тәрізділерімен будандастырылғанда олардың ұрпақтарында белгілер ажырамайды (Жалпы биология).

ГОМИНДАН з а т. с а я с и. *Қытайда болған ірі компрадорлық буржуазия мен ірі помещиктердің партиясы. Г о м и н д а н н ы ң* жоғарғы топтары елде өзі диктатурасын орнатып, коммунистік партияны қуғындау жолына түсті (Саяси сөздік).

ГОМИНДАНДЫҚ з а т. *Гоминдан партиясындағы адам.* Гоминдан партиясын жақтаушы, ол екеуі де *г о м и н д а н д ы қ* офицерлер еді. Еріккен соң орманнан аң аулауға шыққан (М. Етекбаев, Алтын мүйізді).

ГОМОЛОГИЯ з а т. 1. Б и о л. *Организмдегі ұқсас мүшенің өз құрылысын өзгертіп барып, әр қилы іс-әрекет атқару қасиетіне ие болуы (адамның қолы, құс-*

тың қанаты т. б.). Гомология — өсімдіктерде белгілі бір органның өз құрылысын өзгертіп, басқаша қызметке ие болуы (Т. Мұсақұлов, Ботаника). 2. Геом. *Тузу сызықтың түзулікте сәйкес келетініне негіз болатын жазықтық өрісіндегі нүктенің қалыпты көрінісі.* Коллинеацияның мұндай түрі *гомология* деп аталады (М. Исқақов, Проект. геом.).

ГОМОЛОГИЯЛЫ сын. *Гомологиялық қасиеті бар.* Құрылысы мен шығу тегі бір-біріне сәйкес келетін органдар *гомологиялы* органдар деп аталады (Жалпы биология).

ГОМОЛОГИЯЛЫҚ сын. *Гомологиялық қасиетке тән, ие. Гомологиялық* органдар мен рудименттерді зерттеу организмдердің арғы тегін және олардың тарихын анықтауға көмектеседі (Жалпы биология). Сапалық сипаттамалардың сан сипаттамаларға тәуелділігін Ф. Энгельс, мәселен, мұндай шекті көмір сутектерінің *гомологиялық* қатарларынан байқап тапты (А. Қасымжанов, Диалектика.).

ГОМОЛОГТЫ сын. *Гомологияға бай.* Мұндағы маңызды бір жағдай — әрбір пісіп-жетілген жыныс клеткасы *гомологты* хромосом жұбынан бір-бір сынарын ғана қабылдай алады (Жалпы биол.).

ГОНГ зат. муз. *Соғып ойнайтын музыка аспабының бір түрі, дабыл қақпа. Гонг* соғылысымен Гутман іле шабылға көшті. Бет қаратпай тұр («Лен. жас»).

ГОНОН зат. мед. *Жыныс мүшесінің қуатын қалпына келтіретін дәрі. Гонон* — Англияның дәрісі. Ол пролан препаратымен тектес (С. Сұбханбердин, Дәрі — дауа).

ГОНОРАР зат. *Қалам ақы.* Біздің Совет Одағында жазушылардың бір жүйесі... *гонорарына* қоса, күнделік тіршілігін қызметтен алатын еңбек ақымен қамтамасыз етеді (С. Мұқанов, Алып. адым.). Қинасаң жөн ғой болып алашағың! — Жоқ болса Қашқын емен, қаладамын... — Ақынға жағдай керек, шарт жаса да, Бер бізге, келер дастан *гонорарын* (Ә. Сәрсенбаев, Жазылм. кітап).

ГОПАК зат. муз. *Украина халқының ұлттық биі.* ... шынайы айқын ұлттық кавказ лезгинкасы, украин *гопагі*, орыстың барынясы сияқты билердің музыка жанрындағы алуан түрлерін еске алайық (Музыка жанры).

ГОРЕЛКА зат. *Газ, я жанар маймен от алатын арнаулы қыздырғыш құрал, оттық аспап.* Ол үшін керек шетеріне темірдің үгіндісі мен бор қышқылының пастасы жағылады да, *горелкамен* қашан қызарғанға дейін қыздырылады (Тракторист.).

ГОРИЗОНТ[1] зат. геогр. *Аспан мен жер бетінің астасып көрінетін болжал сызығы; аспан мен жердің шектесуі; көкжиек.* Күнбатыс жақ бейне бір *горизонтты* түгел өрт шалғандай қызыл алауланып, мұнартып тұр екен (Н. Баяндин, Құм асты.). Күн *горизонтан* ең жоғарғы нүктеге көтерілгенде, яғни тал түсте, жылу арта түседі («Соц. Қаз.).

ГОРИЗОНТ[2] зат. геол. *Геологияда шектеуші аймақтық стратиграфиялық шкаладағы ярусқа сәйкес бөлік.* Бұл бұрыланып жатқан жаңа *горизонт.* Мұның бүкіл одақтық маңызы бар (З. Қабдолов. Өмір ұшқыны). Қай *горизонтты* алмасаң да, ондағы тың блоктарды ашып, цикл беруде Әбсан ой-жігері араласпаған, Әбсан қолы тимеген кен қабаты жоқ та сияқты (Б. Тоқтаров, Қыран. қанаты). Бір скважина арқылы екі *горизонттан* мұнай өндіру әдісі бізде әлі де қара дүрсіндеу технологиямен жүргізіліп келеді («Лен. жас»).

ГОРИЗОНТАЛЬ[1] зат. геом. *Жазықтықтың бетіне жарыса сызылған көлденең сызық.* Тік қабырғаға перпендикуляр *горизонталь* сызықтың тікейтілген көлеңкелері үшін C=h негізінде әз-Хабаш таблицалар құрды (О. Жәутіков, Математика.). *Горизонталь* осьтен әр варианттың кездесу жиілігіне жеткізе жоғары қарай перпендикуляр сызықтар жүргіземіз (Жалпы биология).

ГОРИЗОНТАЛЬ[2] зат. биол. *Кипаристің үйде өсірілетін бір түрі.* Кипаристің үйде көбірек өсірілетін екі түрі бар: оның бірін — *горизонталь* деп атайды (С. Турдиев, Үй өсімдік.).

ГОРИЗОНТАЛЬДЫ сын. *Горизонталь болып келген.* Сыртқы қабаттың клеткалары тағы да тангенталды жолмен бірнеше рет бөлінеді. Бұлар одан әрмен радиалды және *горизонтальды*

жолмен бөлінудің нәтижесінде бұның өзінен үш қабат түзіледі (Т. Мұсақұлов, Ботаника.).

ГОРИЗОНТАЛЬДЫҚ з а т. *Горизонталь қалпындағы.* Тіркеме культиваторда тіркеу сырғасын тіркеу жетегіне культиватор рамасының *г о р и з о н т а л ь д ы ғ ы* қамтамасыз етілерлік қалыпта орнатады (Ауыл шаруаш. машина.).

ГОРИЛЛА з а т. *Адам тәрізді маймылдың бір түрі, ең ірі маймыл.* Ғылымға мәлім болған адамға ұқсас маймылдар: шимпанзе, *г о р и л л а,* орангутанг, гиббон (Х. Ақназаров, Ғылыми атеизм.). *Г о р и л л а* мен шимпанзе Батыс Африканың тропик аудандарында мекендейді (Жалпы биология).

ГОРН з а т. м у з. *Үрлемелі музыкалық аспап.* Гүл далама ақ шатыр жайып тастап, Вожатый алдында жүрген бастап. Көңілді пионерлер лагерінен ***Г о р н*** үні тамылжып шығады асқақ (М. Рашев, Қанатты қиял). Кезекші жүгіріп шатырға кіріп кетті де, күнге шағылысқан аппақ *г о р н д ы* құйқылжытып ойнап, қайта шықты (Б. Соқпақбаев, Менің атым.).

ГОРОДКИ з а т. с п о р т. *Белгілі жерге тігілген кеспелтек ағаштарды таяқ лақтырып, арнаулы сызықтан соғып шығарып ойнайтын ойын.* Академик И. П. Павлов күн сайын *г о р о д к и* ойнауға уақыт бөліп отырған (Ғалам ғажап.). Бастауыш класс оқушыларының өмірінде спорттық ойындар да едәуір орын алады. Олар футбол, волейбол, теннис, *г о р о д к и,* лапта ойындарын ойнай алады (Қ. Жарықбаев, Психология.). Жуырда мұнда кәсіподақтардың *г о р о д к и д е н* жекелей және командалық біріншілігі өткізілді («Спорт»).

ГОРОДКИШІ з а т. *Городки ойнаушы.* Спортшылардың арасында қазақстандық 12 *г о р о д к и ш і* бар («Спорт»).

ГОРОДОВОЙ з а т. к ө н е. *Патшалық Россия кезіндегі қалалық полиция.* [Автор] *Г о р о д о в о й л а р д ы ң* қару-жарағын тартып алып, полиция бөлімдерінің тас-талқанын шығардық (М. Қаратаев, Далада.). Крицкий алдында, екі *г о р о д о в о й* екі жағында мылтықтарын кезеп учительді сыртқа алып шыққан (Қ. Жұмалиев, Жайсаң жан.).

ГОРЧИЧНИК з а т. м е д. *Қағаздың бір бетіне горчица жағылған дәрі. Г о р ч и ч н и к т і* аптекалардан сатып алуға болады, ол өзі төрт бұрышты сары қағаз (Е. Оразақов, Дәрігерлік.). Жөтел пайда болған жағдайда тұла бойды жылы ұстап, *г о р ч и ч н и к,* сульфонамид дәрілерін қолданған жөн (М. Сисекенов, Өкпе ауруы).

ГОСПИТАЛЬ з а т. *Әскери аурухана.* Әр мезгіл Сәуле деймін, Сәуле деймін, Сәуле іздеп *г о с п и т а л ь д ы* әурелеймін. Әлде кім: — Мұрат! — деді, таныс дауыс...— Қарындас, кімі едің сен? — Сәуле! — деймін (Ә. Сәрсенбаев, Жазылм. кітап). Бақытжанның ойына *г о с п и т а л ь д а* жатқандағы бір жай түсті (М. Дүйсенов, Гүлжан.). Алматы маңындағы *г о с п и т а л ь д а н* шыққан қос автобус жылтыраған асфальт жолмен зырқырап келеді («Қаз. әдеб.»).

ГОСПИТАЛЬДЫҚ с ы н. *Госпитальға тән.* Александров соңғы кезде корпустан жиі жоғалатын болды. Ол *г о с п и т а л ь д ы қ* режимді бұзғандық,— деп Краснов қатаң ескертті (Е. Оразақов, Дәрігер.).

ГОТ: **гот жазуы.** *Әріптері бұрыштылып, сүйірленіп, ұзынша болып келген латын жазуының графикалық бір түрі.* Қазірде *г о т* жазуы сирек қолданылады (ҚСЭ).

ГОТИКА з а т. а р х и т. **Гот стилі.** *Орта ғасырдың соңғы кезінде Европа елдерінің сәулет өнерінде кең тараған көркем стиль.* Машина қаланың ортасындағы алаңның төрін ала *г о т* стилімен салынған төрт қабатты үйдің алдына келіп тоқтады (Қ. Исабаев, Ажал.).

ГОТОВАЛЬНЯ з а т. *Сызу және графика жұмыстарына арналған аспаптардың жиынтығы.* Мен өзіме тиген үлесіме өте жақсы көп кітаптар және бір фотоаппарат пен *г о т о в а л ь н я* сатып алдым (А. Машанов, Жер асты.).

ГӨЗЕЛ з а т. с ө й л. Ғазел. Мысық құлақ мылтық қолында. Қара сұңқар қойнында, Бәйгеден келген дөнені, Бұл шаһбаздың *г ө з е л і* (Қобыланды).

ГӨЙ-ГӨЙ з а т. **1.** *Бір қалыпты сарын, дыбыс, үн. Г ө й-г ө й і н* салып түнде ұзақ, Сарнайды долы жел ерке, Көріксіз, жүдеу күзгі бақ — Базары қайтқан жәрмеңке (Ө. Жайлауов, Шопан.). Жел болса

гулеп, *г ө й-г ө й і н е* басып тұр. Дәмежан трактордың одан әрі жүргізуге жүрексінді (Ә. Қалмырзаев, Ар). Айболов бір жадыраңқы күйде еді. Әр сөзінде «адам» деді, «үй» деді; Машинаның *г ө й-г ө й і н е н* қалқалап, Құлақ тосып, көмек басын изеді (Х. Ерғалиев, Сенің өзенің.). 2. А у ы с. *Уайым-қайғы сарыны, сары уайым.* Көңілсіз *г ө й - г ө й м е н е н* күндер өтіп, Жан-жаққа ат сабылтқан түнделетіп, Туған жерден кете алмай жігіт-желең, Патшаға қарсы шықпақ мүлде бекіп (С. Сейтхазин, Біздің Сәкен). Қызы бой жеткен ананың үйреншікті *г ө й - г ө й і* (Қ. Жұмаділов. Қаздар.). Шалының *г ө й-г ө й і н е* Бибі құлақ қоймады (О. Сәрсенбаев, Сағым.). ◆ **Гөй-гөй тартты.** *Сары уайымға салынды.* Жас жаны сая таппай жабырқаған, Кел-кел деп қол бұлғайтын қабір оған, Бейуақта *г ө й - г ө й т а р т ы п* күңіренсе, Тамсанып тыңдаған ел таңырқаған (С. Омаров, Сәукен). Тоқытып түйе жүннен киіз шекпен, Шалғайды жерді сүзген жеңі кеп-кең. Көрсетпей басын бүркеп жаңға жүзін, Күні-түн *г ө й-г ө й т а р т ы п* жасты төккен (Т. Ізтілеуов, Рүстем.). Сәлімгерейдің кәрі шешесі Қалия енді көп кешікпей дәрігер келеді дегенге сенбей, *г ө й-г ө й т а р т ы п* жылаумен болды (С. Омаров, Дала қызы).

ГӨЙ-ГӨЙЛЕ е т. *Гөй-гөйге басу, сары уайымға салыну.* Осы сөзді Жаңыл бұрын да талай естіген сияқты еді... Атас Тұяқбай да өзінше осылай *г ө й-г ө й л е п* отыратын (О. Сәрсенбаев, Сағым.). Өмірсіз өгей отанда *г ө й-г ө й л е п* ұзақ сарнатып. Жалына қарап шапанға, Сақалын желге талдайтын (Қ. Шаңғытбаев, Аққу әні).

ГӨЙ-ГӨЙІНДЕЙ с ы н. *Гөй-гөйге тән.* Әуен біресе үзіге өксік атып, шыңғырып жыласа, біресе шарасына мөлдір тамшы қонақтатқан кәрі әженің қоңыр кешкі *г ө й-г ө й і н д е й* жуас та, мейірбан өзеурейді (Бәйшешек.).

ГӨЙТ е т. қ а р а п. *Мылжыңдау, бөсу.* [Мұратай] Ол маған жайлаудан көргенбаққанын жылдай *г ө й т і п,* әңгіме соқты (Н. Ғабдуллин, Қызық дәурен).

ГӨР ш ы л. *Негізгі сөздің мағынасына орай өтініш, таңдану, кекеу т. б. мән үстейтін көмекші шылау сөз.* Хош, сау бол бәрің! Жол жүріп қазір кетемін. Саған да сол сөз — аяулы аппақ мекенім! Білмесем бәлкім қадіріңді бүгін, кеше *г ө р,* Айырам бірақ ақ пенен қараның не екенін (М. Неталиев, Сағыныш). — Жаным-ау, Мәлике ғой мынау? — деді Сұлтанмахмұт. — Төрт жыл көп өмір екен ғой? Қара! Қарай *г ө р,* зәулім қыз боп, ер жетіп кеткенін! (Д. Әбілев, Арман.). Уа, азамат, үйдегіңдей бола *г ө р,* Ұнап тұрса мынау әсем сырлы алап, Бір қонақты құрметтейді жаңа жер (Қ. Мұқашев, Дүбір).

ГӨРІ ш ы л. *Шығыс септік жалғауындағы сөздермен тіркесе айтылып, оған талғау, саралау мәнін үстейтін шылау сөз.* Туыс жағын алғанда, Бөжей мен Сүйіндіктен *г ө р і* Құнанбайға Байсал жақын (М. Әуезов, Таңд. шығ.). Ояусың үйде сен ғана, Ұйықтаған болып жатырсың. Бесікте жатқан балаға, Сен бізден *г ө р і* жақынсың (Т. Молдағалиев, Қош.). Жүрегінде сезім оты бар жан сөзден *г ө р і* күйді жақсы түсінер (А. Сатаев, Дала.).

ГРАВЕР з а т. *Металл, ағаш, сүйек т. б. нәрселерге ойып жазушы, нақысшы зергер.* Ол ширек ғасырдан астам өмірін сүйікті ісіне арнап, бөлшектерді бұрғылауда зергерлік шеберлігіне жетті. Жақсы аспапшы, модельші, әрі *г р а в е р* болып алды («Лен. жас»).

ГРАВИЙ з а т. *Ірі құм, қиыршық тас.* [Маңғыстауда] Цемент жасауға керек құм, қиыршық тас, *г р а в и й* де көптеп кездеседі («Қаз. әдеб.»).

ГРАВЮРА з а т. и с к. *Салынған суретті қатты затқа әр түрлі тәсілмен ойып бедерлей көшіріп, оны қайтадан қағазға көбейтіп бастырылатын графиканың бедер-сурет түрі.* Эрмитажда 15 мың картина, 600 мың *г р а в ю р а* мен суреттер, 12 мың скульптура сақтаулы (Ғалам ғажап.). Суретші Кенбаевтың «Жангелдин отряды», Ержановтың «Жангелдиннің отрядының солдаты» атты *г р а в ю р а с ы* көрсетілді («Қазақст. мұғ.»).

ГРАВЮРАЛАУ з а т. и с к. *Қатты материалдардың бетіне ою, өрнек, әшекей т. б. бедерлей түсіру, көшіру әдісі.* Сүйекті және металды *г р а в ю р а л а у* халық өнерінде кең тараған (ҚСӘ).

ГРАДУС[1] з а т. м а т. *Тік бұрыштың тоқсаннан бір бөлігіне тең, жазық бұрыштың өлшеу бірлігі.* Вавилон абыздары жылды 360 күнге, осыған орай, шеңберді бөлікке бөлген, бөліктерді «адым» деп атаған. Кейін бұл сөзді гректер өз тіліне

аударып, *«градус»* дейтін болған (М. Исқақов,... Математика). Ертедегі вавилондық астрономдар санау негізі үшін алпыстық системаны қолданған сағаттың және бұрыштық *градустың* алпыс минутқа бөлінуі де осымен байланысты (О. Жәутіков, Математика).

ГРАДУС[2] зат. *Ауа райы, дене т. б. ыстықтығын я суықтығын есептейтін бірлік өлшем.* [Рахмет] Ленинградта мен ауырып қалдым. Мені ауруханаға салды. Ыстығым қырық *градус* болды (С. Ерубаев, Шығ.).

ГРАДУС[3] зат. *Қымыз, арақ-шарап т. б. ішімдіктердің ашу күшінің бірлік өлшемі.* Ойлама! Садаға Марс өз жерімнен! Отырмын сезіп бәрін сөздеріңнен. Қырық *градус* дәмін татсаң арағымның,— Көз жасың парлап ағар көздеріңнен (М. Рашев, Бұйымтай). [Еркен] — Тоқсанға ойнап жүріп жетесіңдер. Одан ары мына күнде ішетін жынды суларының қырық *градусы* бар емес пе? Жүз отыз деген сол (М. Мағауин, Ақша қар).

ГРАДУСНИК зат. *Температураны өлшейтін аспап.* Сен ойнайтын бақшаға, Күнде барып қайтады. Жазылғаныңды шаттана *градуснигі* де айтады (Қ. Мүсірепов, Менің апам). Кеңсенің сол жақ босағасындағы *градусникке* қарап, екі адам дабырласып қалды («Лен. жас»).

ГРАДУСТАЙ сын. *Градусқа жуық.* Судың қату температурасы бір *градустай* суық болса, сынап құйғанда оның қататындығына күмәнданбауға болады (А. Мырзабаев, Хим. қызығы.).

ГРАДУСТЫҚ сын. *Градус өлшемдігіндей.* Әрдайым жоғары, алға бұраймыз. Өмір кілті өз қолымызда. Мың ғана емес, миллион *градустық* жалынымыз бар (Ә. Оңалбаев, Өсиет.). Тұқымды 45 *градустық* ыстық суға 3 сағат, 47 *градустық* суға 2 сағат батырып қоюға болады (Ж. Жиенбаев,... Астық дақыл.). ◆ **Градустық өлшеу.** Астр. *Жердің пішіні мен өлшемін анықтау үшін жер бетінде жүргізілетін өте дәл астрономиялық және геодезиялық өлшеулер. Градустық өлшеудің* геометриялық негізі— жердің шар тәрізділігі туралы ілім (ҚСЭ).

ГРАМДА ет. *Граммен өлшеу.* Арал ауданының тұрғындары ауыз судың өзін *грамдап* жұмсайды (Ауызекі тіл).

ГРАМДАЙ сын. *Грамм мөлшеріндей.* Қымыздағы пайдалы зат — белок. Бір литр қымызда 15—20 *грамдай* белок бар (М. Сисекенов, Өкпе ауру.). Бүкіл дүние жүзінде, небары, бірнеше жүз *грамдай* ғана радий өндірілген (Б. Айдарханов, Атом қуаты.).

ГРАМДАУ *Грамда етістігінің қимыл атауы.*

ГРАМДЫҚ сын. *Грамға тән.* Әубәкір оларды көзімен бір шолып өтті де, келіндерге жиырма бес *грамдық* ликерден он рет және соншама кружка сыра әкелуін сұрады (Қ. Исабаев, Соңғы.). Көкек балапандарында «лақтырып тастау рефлексі» жұмыртқадан шыққаннан кейін-ақ бірнеше сағатта пайда болады. Осы кезде балапан арқасына 6 *грамдық* гир тасын орналастырса, өз салмағының 3-ақ *гр.* болуына қарамастан, оны лақтырып тастайды (Қ. Қайымов, Қызықты зоол.).

ГРАМЖАЗУ зат. муз. *Музыкалық шығарманы, жеке адамдардың сөздерін қаз қалпында пленка, пластинкаға түсіріп жазып алу.*

ГРАММ зат. *Салмақ өлшеу жүйесіндегі негізгі үлестің өлшем бірлігі.* Завхоз, кассир бәрі өзі, Салып жүр шырқап айғайды. Бермейтұғын адамға, Бір *грамм* да қимайды (Ү. Кәрібаев, Таңд. шығ.).— Исеке, өзің білесің, төрт жүз *грамм* нанмен кісі басы тірлік ету қиын ғой (М. Сүндетов, Ескексіз.). Әлі күнге бір *грамм* шөп жеткізіп берген жоқ («Қаз. әдеб.»).

ГРАММАТИКА зат. лингв. 1. *Тілдегі сөздердің өзгеруі мен түрленуін, сөз таптарын, сөздердің тіркесуі және сөйлем құру заңдылықтарын зерттейтін тіл білімінің бір саласы.* Қазіргі қазақ тілі лексикасы бай, *грамматикасы* жетік, стилистикалық жүйесі икемді ұлттық әдеби тіл болып қалыптасты («Қаз. әдеб»). 2. *Тілдің дыбыстық жүйесін, сөз құрылысын, олардың байланысу ережелерін үйрететін оқулық.* Адам кейде түсінде ешбір *грамматикаға* сыймайтын сандырақ сөйлемдер айтады ғой (О. Әубәкіров, Сиқыр). Балалардың сөйлемді дұрыс құрауын, *грамматика* жағынан қатесіз, дұрыс жазуын өте қадағалау қажет (С. Көбеев, Орындалған арман).

ГРАММАТИКАЛАНУ з а т. л и н г в. *Сөздің нақтылы лексикалық мағынасының абстракциялануы, дербес мағынадан айрылып көмекші сөзге айналуы. Грамматикаланудың* нәтижесінде дербес етістіктер көмекші етістікке, дербес есімдер көмекші есімге айналады (ҚСЭ).

ГРАММАТИКАЛЫҚ с ы н. *Грамматикаға тән, қатысты.* Шурик [тотықұс] жүз сөз үйреніп, 27 *грамматикалық* формула меңгереді (Ғалам ғажап). Олар мектепте әдеби тілмен сөйлеу талаптарымен және тілдің лексикалық *грамматикалық* нормаларымен танысады (Семья тәрбиесі). ◆ **Грамматикалық категория.** Л и н г в. *Формалары бір-бірінен ажыратылатын бір тектес грамматикалық құбылыстардың жиынтығы, тобы. Грамматикалық категорияның* жалпылаушы сипаты болады (ҚСЭ). **Грамматикалық мағына.** *Сөздің сөйлемдегі басқа сөздермен қарым-қатынасқа түсуі нәтижесінде туатын мағына. Грамматикалық мағына* әрбір тілдің грамматикалық құрылысына сәйкес грамматикалық тәсілдер арқылы беріледі (ҚСЭ). **Грамматикалық тәсіл.** *Сөздердің арасындағы әр түрлі қатынастарды, грамматикалық мағыналарды білдіру жолы, әдісі.* Тіл-тілде грамматикалық мағыналар әр түрлі *грамматикалық тәсіл* арқылы беріледі (ҚСЭ). **Грамматикалық форма.** *Тілдегі сөздің лексикалық ұғымына қосымша мағына үстейтін тұлға, морфема.* Бір *грамматикалық форма* бір я бірнеше грамматикалық мағына береді (ҚСЭ).

ГРАММ-АТОМ з а т. х и м. *Химиялық элементтің атомдық массасына тең етіп алынған сол заттың грамм саны. Грамм-атом* түсінігі химияда және басқа ғылымдарда кең қолданылады (ҚСЭ).

ГРАММ-МОЛЬ з а т. х и м. *Жай немесе күрделі заттың молекулалық массасына тең етіп алынған грамм саны.*— Мұғалім оқушыларға мольдік концентрация бір литр ерітіндіде болатын еріген заттың *грамм-молі* санымен белгілейтіндігін түсіндіреді (Қ. Шабдаров, Хим. оқыту).

ГРАММОФОН з а т. *Пластинкаға жазылған музыкалық шығарма; сөз, дыбыстарды сөйлететін рупоры бар музыкалық аппарат.* Еркектері ән салса *Граммофон* даусындай, Араласар аспанмен Бір алған демі таусылмай (Е. Бердин, Қанды асу). Музыканы жақсы көретін жастар *граммофон* жазбаларының коллекциясын жинады (Семья тәрбиесі).

ГРАММОФОНША ү с т. *Граммофон секілді.* Бірақ граммофон *граммофонша,* ал әнді әншінің өз аузынан өз құлағымен тыңдағанға не жетсін (А. Хангелдин, Қараторғай).

ГРАММ-ЭКВИВАЛЕНТ з а т. х и м. *Элементтің немесе қосылыстың эквивалентіне тең етіп алынған грамм саны. Грамм-эквивалент* ұғымы көлемдік анализде кең қолданылады (ҚСЭ).

ГРАМОТА з а т. *Ерекше еңбек сіңірген адамға берілетін мақтау қағаз; награда.* Құралбай жақсы оқығаны үшін, қоғамдық жұмыстарға қызу қатысқаны үшін, үлгілі-село тілшісі болғаны үшін аудандық басшы мекемелердің *грамоталарымен* бірнеше рет наградталыпты (Ә. Жәмішев, Дала.). Слетте көптеген мұғалімдер мен комсомол қызметкерлеріне, қыздар советінің активтеріне аудандық комсомол комитетінің *грамоталары* мен бағалы сыйлықтар беріледі («Қазақст. мұғ.»). ◆ **Құрмет грамотасы.** *Жоғары мекеме, ұйымдардың награда есебінде үздік еңбегімен танылған адамға беретін мақтау қағазы.* [Фатима] Ол «Құрмет Белгісі» ордені және бірнеше медальдармен, екі рет Қазақ ССР Жоғарғы Советінің *Құрмет грамоталарымен* наградталды («Қазақст. мұғ.»). Ұлы Отанымыздың астанасындағы көрмеден бірнеше мұғаліміміз *Құрмет грамоталары* мен дипломдар алып қайтты («Соц. Қаз.»). **Мақтау грамотасы.** *Оқу озатына, еңбек екпіндісіне берілетін документ.* Мұрат жетінші класты *Мақтау грамотасымен* **бітірді (Б. Соқпақбаев,** Өзім тур.). Жақында бригада аудандық комсомол комитетінің *мақтау грамотасымен* наградталды («Лен. жас»).

ГРАМПЛАСТИНКА з а т. м у з. *Музыкалық шығарма, сөз, дыбыс жазылған пластинка.* Бүкілодақтық «Әуен» фирмасының астанамыздағы *грампластинка* үйінде Совет өкіметінің торқалы тойына арналған классикалық музыканың онкүндігі ашылды («Қаз. әдеб.»). Астанада *грампластинка* сататын сауда орны — «Мелодия» фирмасы ашылды («Лен. жас»).

ГРАНАТ[1] з а т. әск. *Жарылғыш құрал; соғыс қаруы.* Ағызған бақыт үшін қылыштан қан, Жеңем деп пулеметпен әнге салған. Дәл тастап көз ұшынан *г р а н а т ы н,* Ордасын ұйысқан жау еткен талқан (Ә. Тәжібаев, Таңд. шығ.). Өтеген беліне қыстырған *г р а н а т т а р ы н* ұмытып, бұрылысқа тығылды да, жанталасып диска ауыстыра бастады (Ж. Тәшенов, Жауынгер.). Танк окоп үстінен өте шықты. Іле-шала Амантай да көрініп, оны *г р а н а т п е н* қойып жіберді («Қаз. әдеб.»).

ГРАНАТ[2] з а т. г е о л. *Силикаттар класындағы құрамы кейде тұрақты, кейде ауыспалы болып келетін минералдар тобы.* Алтайдың түсті металл кендерінде де *г р а н а т т а р* бар (ҚСЭ).

ГРАНАТШЫ з а т. *Гранатпен қаруланған адам, жауынгер.* Сағадат команда орнына көр-апандай созылып жатқан траншеяны пулемет оғының астына алды. Алдын ала дайындалған *г р а н а т ш ы л а р* іске кірісті (Т. Тобағабылов, Жазира).

ГРАНАТОМЕТ з а т. әск. *Граната атуға арналған, алып жүруге ыңғайлы жеңіл соғыс қаруы.* Бақытжан оған кедергі етпейін деп әрі таман барып тұрды. Сол-ақ екен әлгі жігіт *г р а н а т о м е т т і ң* шүріппесін басып қалды («Лен. жас»).

ГРАНИТ з а т. *Кремнийге бай жер қыртысында өте көп тараған магмалық тау жынысы.* Илеген *г р а н и т т і* де саз балшықтай, Шахтерміз алып күшті, ырысқа бай. Білмейді мұқалуды жігеріміз, Көк тасқа түскен өткір көк құрыштай (М. Бестібаев, Қаз. әндері). Жиегі көк жасыл *г р а н и т* тастармен көмкерілген Щучье көлі сәулеттеніп ұзақтан көз тартады (М. Қаратаев, Далада.).

ГРАНИТТЕЙ с ы н. *Гранит сияқты мықты.* Бір ауылда алпыспыз, Кірбеңі жоқ, тас түспіз, Күнмен көктей біргеміз, *Г р а н и т т е й* іргеміз (Е. Ибраһим, Жас қанат). Совет Одағы Коммунистік партиясының тарихи XXII съезі Отанымыздағы барлық халықтардың *г р а н и т т е й* бір тұтас беріктігін дүние жүзіне паш етті (С. Мәуленов, Жұлдызды.).

ГРАНИТТІ с ы н. *Гранитке бай, граниттен тұратын.* Қолға алып бесжылдықтың өр балғасын, Қаланың *г р а н и т т і* қалап тасын. Көтерді күн көзіне биіктетіп, Революция бесігі мұнарасын (С. Мәуленов, Дала.).

ГРАНКА з а т. *Баспахана терілімінің бағаны; терілім орналастырылатын металл қалып.* [Автор] Мен газетке барған соң Бейімбетке көп салмақ түсіп отырды. Кейде бұрын жіберіп қойған материалды *г р а н к а д а н* ұстап қаласың (Ғ. Мүсірепов, Кездесп. кет.).

ГРАНКАЛА е т. *Гранкаға түсіру, беттеу.*

ГРАНКАЛАУ *Гранкала етістігінің қимыл атауы.*

ГРАФ з а т. т а р. *Ұрпақтан ұрпаққа жалғаса беретін дворяндық атақ, лауазым.* Франциямен соғыста мұның әкесі ерен ерлік көрсеткен. Содан ол *г р а ф* атағына, полковник шеніне ие болған (Қ. Исабаев, Соңғы.). Бикештің әкесі патша сарайымен ішіп-жемі араласқан Гатчинодағы дәулетті бір *г р а ф* екен (Ж. Жұмақанов, Соқпақ.). М. К. Огинский ақсүйек тұқымынан шыққан *г р а ф,* музыкамен бала күнінен айналысқан («Қаз. әдеб.»).

ГРАФА з а т. *Қағаз бетіндегі қос сызықпен бөлінген бағана.* Машинистің маршрутын алыңыз,— деп, депо кезекшісі оған *г р а ф а ғ а* бөлінген бір қағазды ұсынды (Н. Ғабдуллин, Қызық дәурен.). Осылай күнделікті шынықтыру процедурасын бастаған кезде ескерілетін жайттар күнделіктің әр *г р а ф а с ы н а* күні көрсетіліп толтырылады (Б. Хабижанов, Бала.).

ГРАФАЛА е т. *Қағаз бетіндегі сызықты белгілі бір мақсатқа арнап бөлу, белгілеу; бағаналау.*

ГРАФАЛАТ *Графала етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

ГРАФАЛАТУ *Графалат етістігінің қимыл атауы.*

ГРАФАЛАУ *Графала етістігінің қимыл атауы.*

ГРАФАЛЫ с ы н. *Графасы бар, графаға бөлінген.*

ГРАФИК[1] **з а т. 1. м а т.** ***Берілген функцияның өзгеру сипатын көрнекі түрде бейнелейтін қисық сызық. Г р а ф и к-***

т і ң түрі негізіне қандай координаталар жүйесі алынуына байланысты анықталады (ҚСЭ). 2. *Белгілі бір жұмыстың мерзімінде орындалуы үшін бөлінген, белгіленген жоспары.* Колхоз бен совхозда өнімді алдын ала жасалған *г р а ф и к к е* сай жинайды және тасиды (А. Ажкеев, Қант қызылшасы.). Қорғалжын ауданында дәнді дақылдар егу *г р а ф и к к е* сай өтуде («Соц. Қаз».).

ГРАФИКА з а т. 1. *Л и н г в. Жазу таңбалары.* Ең алғашқы орыс-қазақ мектептері пайда болып, оларда оқу орыс *г р а ф и к а с ы* негізінде қазақ тілінде жүрді (ҚазССР тарихы). 2. *Бірден қағазға түсіріліп көбейтілетін бейнелеу өнерінің бір түрі.* Өмір көріністерін бояу тілімен әйгілеуде бұл өнердің салалары мен әдістері сан алуан. Соның бірі — *г р а ф и к а* («Лен. жас»).

ГРАФИКАЛЫҚ с ы н. *Графикаға тән, сызуға, жазуға тән.* Қазақстанда *г р а ф и к а л ы қ* өнердің қаулап өсіп келе жатқаны көптеген бүкіл одақтық, халықаралық көрмелерде бірден көзге түсті (І. Омаров, Серпін). Жаттығу кезінде дағдының өріс алуы *г р а ф и к а л ы қ* сызықтармен өлшенеді (М. Мұқанов, Пед. очерк.).

ГРАФИН з а т. *Сұйық зат құюға арналған, жіңішке мойынды шыны ыдыс, құты.* Арынғазының қолында сетка, ішінде қағазға оралуы *г р а ф и н* бар (З. Қабдолов, Өмір ұшқ.). Комбриг тіл қата қоймай, едәуір іркілді де, стол үстінде тұрған *г р а ф и н н е н* су құйып ішті (Ж. Тілеков, От кешу.). Жақаң бөлме алып жайғасты. Шәкірт ұсынған шоқ гүлді стол үстіндегі хрусталь *г р а ф и н г е* салып, киімдерін ауыстырды («Қаз. әдеб.»).

ГРАФИНЯ з а т. *Графтың жұбайы, оның мирастық атақ, лауазымы.* Өйткені, *г р а ф и н я* жасы тоқсаннан асқан қария адам, тосын қонақтарды қабылдай беруге денсаулығы көтеріңкіремейді екен («Лен. жас»).

ГРАФИТ з а т. *г е о л. Көміртегінен құралатын әр түсті, жұққыш минерал.* Анау шақпақ тас, мынау кәдімгі қарындашша жазылатын *г р а ф и т* (А. Машанов, Жер асты.). Атом қазанының ерекше сипаты бар, ол темірден емес, *г р а ф и т т е н* жасалады (Б. Айдарханов, Атом қуаты).

ГРЕЙДЕР[1] з а т. *т е х. Жол сілемін белгілейтін және тегістейтін жер қазғыш машина.* Сатылар шынжыр табанды трактормен, трактор плугімен және орташа алымды жол *г р е й д е р і м е н* жасалады (А. Жанғалиев, Бағбан.).— Көрмейсіз бе?— Шофер жанымыздағы қалың күртік қарды нұсқады, жолды басып қалған қарды *г р е й д е р м е н* бұзып аршыған екен (Т. Нұртазин, Адам.).

ГРЕЙДЕР[2] з а т. *Кесек қиыршық тас төселген жол.* [Доғал] Дәл Қаракемерден тура жол тартып, *г р е й д е р* жүргізіп алды (С. Адамбеков, Атылған қыз.). Міне ол тас үйдің қасындағы өртенген үш шкода машинасының тасасына жетті. Содан кейін *г р е й д е р д і ң* үстімен жүгіріп бара жатып құлады (Х. Рахимов, Полк туы).

ГРЕЙФЕР з а т. *т е х. Көтергіш экскаватор, тағы осы алуандас машиналардың жүк қармағыш азулы құралы. Г р е й ф е р* азуы оператордың басқаруымен шығыр арқылы ашылып-жабылады (ҚСЭ).

ГРЕК з а т. *Грецияның негізгі халқы.* Ата *г р е к,* дана ақылды, Азапта ұлың сен өсірген. Жұлған кеше қара туды, Акропольдің төбесінен (З. Шүкіров, Арал.). Ертедегі *г р е к т е р* Олимп тауларының ең биік шыңдарында мәңгі өлмейтін құдайлар тұрады деп сенген («Халық мұр.»). ◆ **Грек жаңғағы.** *Грек елінде өсетін қос дәнді жаңғақ. Г р е к жаңғағының* қабығы екі қабат болады... Жаңғақтың дәні екі бөліктен тұрады (С. Сұбханбердин, Өсімдік — дәрі.).

ГРЕКШЕ ү с т. *Грек тілінде.* Қазір онкология («онкология» — *г р е к ш е* бұл ісік туралы ғылым деген сөз) мұндай мысалдардың көбін біледі (Гормондар.).

ГРЕЛКА з а т. *Емдеу мақсатымен қолданылатын ішіне ыстық су құйылған резина ыдыс, торсық. Г р е л к а* сырқыраған буын-буындарға, шанышқан жерлерге, аяққа қойылады (Е. Оразақов, Дәрігерлік.). Харинның денесі ыстық су құйылған *г р е л к а м е н* жылытылды (Ғалам ғажап.).

ГРИМ з а т. *т е а т. Түрлі бояуыш заттарды пайдаланып, актердің бет-бейнесін кейіпкерге ұқсату өнері.* Жақпай-ақ *г р и м* сахнаға шыққа жетеді, Шашы да ұзын, шаш жалған өзге не етеді, Күлкісі көктем, үні де жаздың лебіндей, Қимылы жеңіл, даланың көбелегіндей (Ә. Тәжібаев, Поэма.). Ғайша сахнаға шығарда киімді

пьесаның шартынан сонағұрлым артық киіп, *грим* бояуларын да баса жаққызатын (М. Әуезов, Қараш.). Е. Өмірзақов айтқандай, күттіріп қойған кісілері қарсы алып, мені *грим* бөлмесіне ертіп барды («Соц. Қаз.»).

ГРИМДЕ е т. *Грим жағу.* Сахнаға шығуына әлі біраз уақыт болса да: — Мені де *гримдеңіз,*— деп Мұхат тұрып алды (Ауызекі тіл).

ГРИМДЕЛ *Гримде етістігінен жасалған өздік етіс.* [Өмірзақов] *Гримделіп,* өзіме тіккен киімді көрсем құйып қойғандай («Соц. Қаз.»).

ГРИМДЕЛУ *Гримдел етістігінің қимыл атауы.* Штраух оған [Өмірзақовқа] *гримделу* процесінің барысын практика жүзінде түсіндіріп көрсетті («Лен. жас»).

ГРИМЕР з а т. т е а т. *Актерлердің роліне сай олардың кескін-кейпін бояушы.*

ГРИПП з а т. м е д. *Өте жұқпалы тұмау сүзек.* Алғашқы күндері Гүлшатқа кіре алмадым. Қалада *грипп* қыдырып жүрді (Ө. Күмісбаев, Жапырақ.). Балаларының бақыты үшін Бисенғалидың жұмыстағы әкесі, *грипп* ауруынан жаңа тұрған шешесі, үлкен басын кіші етіп. Перизат Сұңғатовнаныкіне келді (Ө. Қанахин, Жер бас.).

ГРИФ з а т. *Автордың қолы қойылған қолжазбасының нұсқасын көрсететін мөр.* Автор кітапшаның бірінші бетіне «Ұлы істің күрескерлері» деген *гриф* қойған. Осы гриф кітапшаның тематикасын бірден анықтап тұр («Қаз. әдеб.»).

ГРОССМЕЙСТЕР з а т. с п о р т. *Шахмат ойыны шеберлерінің жоғарғы атағы.* Жер-жерден шақырылған 19 шахматшының ішінен Дания *гроссмейстері* Бент Ларсен озып шығып, жүлдені жеңіп алды («Спорт»). Совет *гроссмейстерлері* Михаил Таль мен Борис Спасский арасындағы жекпе-жек «экваторға» жақындады («Лен. жас»).

ГРУЗИН з а т. *Грузия ССР-нің негізгі халқы; ұлт.* Бір *грузин* семьясында балаға орыс және грузин тілдері үйретілген (Қ. Жарықбаев, Психология). Арамызда Жавахидзе деген дәрігер *грузин* қызы бар (Қ. Қайсенов, Жау тылы.). ◆ **Грузин шайы.** *Грузия жерінде өсірілетін шай.* Қоймашының қатыны «үйде қалған осы еді» деп екі *грузин шайын* кемпірдің қолына ұстатты (Д. Досжанов, Тұлпар.).

ГРУЗОВИК з а т. т е х. *Жүк таситын автомобиль.* Комбайнның шүмегінен *грузовиктің* жәшігіне алғаш құйылған бидайды Меликян Дәметкенге жеткізіп берді (С. Мұқанов, Шығ.).

ГРУНТ з а т. *Жердің қыртысы, қабаты.* Топырақ *грунтының* түріне қарай Қазақстан шөлдері құмды, сазды, сортаңды, тастақты болып бөлінеді (Б. Муханов, ...Қазақст. өсімдік.). Жабық *грунт* жағдайында (теплицаларда, оранжереяларда) ауаны көмір қышқылымен шынықтырады (Д. Мәденов, Өсімдік).

ГРУППА з а т. *Топ, бөлік.*— Асығыс шаруасы бар-ақ шығар, онда ертеңгі тапсыратын *группаға* неге қоспайды?— деді Гүлжан (М. Дүйсенов, Гүлжан.). Адам қанының *группасы* туғаннан бастап ең ақырғы өміріне дейін өзгермейді (А. Даиров, Хирург.). Қораның бұл жобадағы түрі Совет Одағының барлық аудандарында және қойдың барлық *группасына* салуға арналған (Шопан серігі).

ГРУППАЛАС с ы н. *Бір топтағы.* Сабақтан шыққан соң жұмыс жағдайымен комсомол комитетінде едім. Тыстан өзімнің *группалас* құрбым Ғалия кірді («Лен. жас»).

ГРУППОРГ з а т. *Топ жетекшісі.* Фәриза ойлы пішінмен қабақ шыта сөйлеп:— Міне, мұның тамаша!— деді *группорг* Мағинур досының өр талабына сүйсініп (М. Иманжанов, Адам.).

ГУ е л. *Кенеттен шыққан үн, дыбыс.* Штаб қызу ұстаның іс үйіндей, Екпін мен рух көріктің *гу* үніндей (С. Сейфуллин, Шығ.). ◆ **Гу ете қалды.** а) *Жел, ауа бірден көтерілді, соқты.* Күркеге жел *гу* ете қалды (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз). Жел оны елеген жоқ, кеменің қарсы алдынан *гу* ете қалды. Кемені ұршықтай үйіріп, кейін қарай қуа жөнелді (Мың бір түн). ә) *Бір хабар тез тарап, жұртты елең еткізді.* Шопандар тойына ақындар келеді екен деген хабар *гу ете қалды* («Лен. жас»). **Гу ете түсті.** *Лып ете түсті, лау етті.* От тиген қамыс *гу ете түседі* де, түтіндете түседі (А. Тоқмағамбетов, Фельетон). Жан-жаққа мен көріп-білмеген от тасқыны, жарық тасқыны *гу ете түсті* (Ғ. Мүсірепов, Кездесп. кет.).

ГУАШЬ з а т. х и м. *Желім қосылып суға ерітілген, ақ сыр қосылған бояу. Г у а ш ь* қағазға, жібекке т. б. сурет салу үшін қолданылады (ҚСЭ).

ГУБЕРНА з а т. с ө й л. *Губерния.* Басына бүгін төнген соң, Халықтан үзіп күдерді, *Г у б е р н а ғ а,* уезге, Шапқыншысын жіберді (Н. Байғанин, Өрісте.). Әр *г у б е р н а д а ғ ы,* әр ұядағы қазақша, орысша жазу білетін адамдардың тез есебін алыңыздар (С. Сейфуллин, Таңд. шығ.).

ГУБЕРНАЛЫҚ с ы н. *Губернаға тән...* Больница *г у б е р н а л ы қ* жатқан үйің, Дүниеде денсаулықтың жолы қиын. Ертеңақ ұмытылар көрген бейнет, Көңілге қиял ойлап салма түйін (Ш. Иманбаева, Өленд.).

ГУБЕРНАТОР з а т. *Патшалық Россия, Америка Құрама Штаттары, Англия т. б. елдердегі бір облыстың жоғарғы лауазымды басқарушысы.* Сергей купес самаурынша сақылдап, Жандаралға шағыныпты қақылдап, Намысымды алып бер деп айтыпты, *Г у б е р н а т о р* бас изепті мақұлдап (Қ. Сыдықов, Теңіз лебі.). Жұманияз Құрманғазыны лаңқытан аулақтау алып шықты да:— Бізбен бірге *г у б е р н а т о р ғ а* өтіниш тапсыруға барамысың?— деп сұрады (А. Сатаев, Дала.).

ГУБЕРНИЯ з а т. т а р. *Россияда XVIII ғасырдан бастап, СССР-де жаңадан аудан болып қайта құрылғанға дейін болған негізгі әкімшілік-территориялық бөлік.* Михаэлисті патша үкіметі алты жылға Тоболь *г у б е р н и я с ы н а* айдауға жіберді (Ә. Нұршайықов, Менің Қазақст.).

ГУБЕРНИЯДАЙ с ы н. *Губерния аумағындай.* Соңғы кезде ұзындығы он төрт мың шақырым жерді билеп патшалық жүргізген Россия жұрты бір *г у б е р н и я д а й - а қ* ел болған (С. Шарипов, Бекболат).

ГУБЕРНИЯЛЫҚ с ы н. *Губернияға тән, қатысты.* Хасен жақында ғана *г у б е р н и я л ы қ* партия газетіне жұмысқа ауысқан (І. Есенберлин, Қатерлі.). 1919 жылдың басында М. Серәлин Орынбор қаласына барады; алғашқы рет өкімет құрған *г у б е р н и я л ы қ* жер-су бөлімінде істейді (Б. Кенжебаев, Қаз. дем. жазушы.).

ГУБКА з а т. б и о л. *Төрт отрядқа бөлінетін бір ғана класы бар омыртқасыз жануарлар типі. Г у б к а* көбіне теңіз жиегінен бастап 8000—8500 *м.* тереңдікке дейінгі су астындағы заттарға жабысып тіршілік етеді (ҚСЭ).

ГУБКОМ з а т. т а р. *Губерниялық партия комитеті.* Совет республикасының көпшілік губернияларында партия конференциялары өтіп, жалпы губерниялық партия комитеттері *(Г у б к о м д а р)* құрылды (КПСС тарих. очерк.).

ГУ-ГУ е л. 1. *Желдің толассыз ызыңдап, гүілдеп соғуы.* Түйедей тастар қаңбақтай ұшып, әлде қайда барып түскен күйреген құздың орны тұрып өксігендей *г у - г у* ақтарыла құлап жатыр (Ғ. Мұстафин, Шығ. жин.). 2. *Дабырлап сөйлеу; ду-ду әңгіме-сөз; у да шу дыбыс, үн.* Ел іші *г у - г у* еткен сөзге толы, Жастардың осындай бір кезде тобы:— Ленинге шіркін жетіп ерсек,— деген. Іркеді мөлдір жасты көзге толы!... (С. Сейтхазин, Біздің Сәкен). Орталық стадионға жиналған дүйім жұрт жарыстар қызығына құнығып алған, *г у - г у* етеді («Лен. жас»).

ГУ-ГУЛЕ е т. *Жапа-тармағай шулау, дабырласып у-шу болу.* Түн ортасында тойда әркім билеп, *г у - г у л е п,* тоқтаусыз ән айтып, еркінсіп кетті (А. Жақсыбаев, Қайырлы таң). Жаңа ғана бірін-бірі итермелей, *г у - г у л е п* тұрған халық лезде су сепкендей тына қалды («Қаз. әдеб.»).

ГУ-ГУЛЕС *Гу-гуле етістігінен жасалған ортақ етіс.* Қуанышты халық кірешілерге ілесіп үйді-үйге кіріп, түннің бір уақытына дейін жатпай *г у - г у л е с і п,* әркім әр түрлі топшылаулар айтып жатты (Ә. Нұрпейісов, Сергелдең).

ГУ-ГУЛЕУ *Гу-гуле етістігінің қимыл атауы.* 6—8 айлық шамасында бала тіс жарады. Былдырлап сөйлей бастайды, жеке сөздерге түсіне бастайды. *Г у - г у л е у м е н* қатар былдырлауды шығарады (Семья тәрбиесі).

ГУДОК з а т. *Әр қилы жаңғырық дыбыс, ысқырық түрінде берілетін белгі; сигнал.* Сарыарқа алтын қойның қазған болды. *Г у д о г і* завод-фабрик азан болды. Желбіреп коммун туы белесінде, Той тойлап елің азан-қазан болды (Б. Майлин, Шығ.). Әлден уақытта паровоз депосының *г у д о г і* жер жаңғырықтыра үн қатты (Ы. Тникин, Туркситб.). Шофер *г у д о к т ы* азынатып барып кідірді (Ж. Тілеков, От

кешу). Пристань бойы ығы-жығы адам. Жүруге ыңғайланған кеменің *гудогі* («Лен. жас»).

ГУДОКТЕТ е т. *Гудок беру.* Фабрик-завод *гудоктетіп* Басты еңбек күйіне. Басты ескі патриоттар Отанына сүйіне (Қ. Аманжолов,Таңд. шығ.).

ГУДОКТЕТУ *Гудоктет етістігінің қимыл атауы.*

ГУЛЕ е т. 1. *Гу-гу дыбыс, үн шығару; үілдеу.* Жел *гулейді* жүгіріп, Әдетінше талайғы. Сұлу сырға үңіліп, Күн күлімдеп қарайды (Ә. Оңалбаев, Өсиет). Самолет моторларының гүілі басылу орнына, барған сайын үдей *гулейді* (Қ. Қайсенов, Жау тылы.). 2. *Дабыр-дүбыр сөйлесу, даурығу.* Жұрт сөзі *гулеп* барады. Зинахмет деп басталған әңгіменің аяғы Нұрлан боп бітіп жүр (Ж. Молдағалиев, Сарарқа.). 3. *Заулап желдей есу.* Автомобиль жолменен, *Гулеп* жүріп келеді. Араласты елменен, Іздегені ел еді (С. Сейфуллин, Шығ.). Кербезі *гулеп* жөнелді, үсті салған төсектей (С. Талжанов, Ұлдай.). 4. А у ы с. *Жаппай, қаулап өсу.* Шіркін мынау шаң дүзіме Көлкітсе ғой нәсерді көп, Сонда қалың дән тізіле, Көк құрақтай өсер *гулеп* (Қ. Бекхожин, Ардагер.).

ГУЛЕМЕ с ы н. *Бір сарында гулеген (үн, дыбыс).* Іңірдегі аш қасқырдың сыңсып ұлуы керек пе, әлде таң алдындағы тоқмейіл бөрінің торқалы бикешін шақырған есік-терезесі жоқ иесіз қыстаудың аңырағанындай *гулеме* үілі керек пе? (Х. Есенжанов, Тар кезең).

ГУЛЕС *Гуле етістігінен жасалған ортақ етіс.* Баяғы тұлпар Ақбұршақ Әскери ермен үйлескен. Ол барған жердің бәрі шат, Жиналып жалшы *гулескен* (Ғ. Қайырбеков, Большевик.). Жиналғандар Құттыбекті мақтап *гулесіп* жатыр (Ә. Тарази, Асу.).

ГУЛЕТ *Гуле етістігінен жасалған өзгелік етіс. Гулетіп* соққан желдей шабысыңды, Қысқартып жақын етті алысымды. Өмірдің өзгеше бір жүйрігісің, Шығарған біздің заман дабысыңды (О. Малқаров, Менің ізім). Колхозшы ел ақ егістің қамына кірісіп, құраған қауды *гулете* өртеп, жер аршып жатыр (О. Сәрсенбаев, Таңбалы тас).

ГУЛЕУ *Гуле етістігінің қимыл атауы.* Тілегендей бүкіл ел, Екі жастың тілегін, Толды столға шоқ гүлдер, Тойдың қара *гулеуін* (М. Әлімбаев, Таңд.).

ГУМАНДЫҚ с ы н. *Гуманизмге тән.* Бұл — бүкіл дүние жүзінің қанаушы тобына қарсы тұра алған болаттай берік мінезді кемеңгердің үлкен *гумандық* қасиеті (І. Есенберлин, Ғашықтар).

ГУМАНИЗМ з а т. *Адамгершілік, адамға деген сүйіспеншілік идеясын бейнелейтін көзқарас.* Есінде болсын, достым, *гуманизм* соғыста да мықты құрал (С. Омаров, Дала қызы). Артист Санаев ойынын айырықша айтқым келеді. Оның жарқын таланты біздің сүйікті генералымыздың *гуманизмін* танытуға көмегін тигізді («Қаз. әдеб.»). Бұл — интернационализммен *гуманизм* идеяларын ту етіп көтерген лениндік ұлт саясатының үлкен жеңісі (І. Омаров, Серпін).

ГУМАНИСТ з а т. *Гуманизмді жақтаушы, қолдаушы, уағыздаушы.* Абай заманының алдыңғы қатарлы ойшылы, халқының зар-мұңын жырына қосқан *гуманист* ақыны, жастардың жанашыры, әрі ақылшысы (Ж. Рсалдин, Ахмет Жұбанов). Ұлы *гуманист* және интернационалист Горький өз елінің жалынды патриоты еді («Қаз. әдеб.»).

ГУМАНИСТІК с ы н. *Гуманиске тән.* Бейімбет пен Ілияс тіпті революциядан кейінгі төрт-бес жыл бойы ескі демократтық, *гуманистік* әдебиеттің дәстүрін жалғастырушы есебінде көрінді (С. Қирабаев, Октябрь.). Тұраш образы арқылы автор өмірді қымбат бағалауға, жастықты, бақыт пен достықты қадірлеп, қастерлеуге баулитын *гуманистік* ізгі сезімді жырлайды («Қаз. әдеб.»).

ГУМАНИТАР з а т. *Қоғамдық, әлеуметтік білімдер маманы.*

ГУМАНИТАРЛЫҚ с ы н. *Қоғамдық ғылым-білімдерге жататын.* Ақындарымыздың көпшілігі жоғары оқу орындарының *гуманитарлық* факультеттерінде оқиды (І. Омаров, Серпін). «Қазақ әдебиеті» газеті бір ғана әдебиет газеті емес, күллі *гуманитарлық* аспектінің газеті («Қаз. әдеб.»).

ГУСАР з а т. т а р. *Патшалық Россияда және кейбір шет елдердегі кавалерия бөліміндегі әскер...* Құтырынған *гусарлар* трюмге сау ете түсті (Б. Мәдиев, Өрендер). 1877 жылғы 6 октябрьде *гу-*

с а р л а р алғашқы ұрысқа шықты («Қаз. әдеб.»).

ГУСЛИ з а т. м у з. *Орыстың көп ішекті музыкалық көне аспабы.* Қалуын (ұйғыр музыка құралы)— орыстың *г у с л и* аталатын құралы тәрізді (С. Мұқанов, Алып. адым.).

ГҮІЛ з а т. 1. *Бірыңғай үзіліссіз созыла шыққан, толассыз гу-гу дыбыс, үн.* Ауада Ертістің тасығаны сықылды толассыз *г у і л* тараған (А. Жақсыбаев, Қайырлы таң). Домнаға үрлеген ыстық ауаның *г у і л і* мен жанған оттың гүрілі алыстан естіліп, онда не болып жатқанын көрсетіп тұрады (К. Смаилов, Мамандық.). Айналада гу-гу. Бұл *г у і л* абыр-дабыр дауыс, күміс күлкі № 43 аудиториядан ерекше естіліп тұр («Лен. жас»). 2. А у ы с. *Қайғы, уайым, іштей тыну.* Құралай: Мен ештеңе естіп тұрғам жоқ. Өз ішімнің *г у і л і* жетіп жатыр [күрсінеді] (Ә. Тәжібаев, Жартас).

ГҮІЛДЕ е т. 1. *Желдің, боранның т. б. ызыңдауы, азынауы.* Қыр жалдың үстіне шыға келгенде, *г у і л д е п* соққан қара боран жолаушыны ұшырып әкете жаздады (Қ. Жұмаділов, Қаздар.). Күбір, сөз, күлкі, машина гудогі, мотор даусы бірінебірі жалғасып, күндіз тынып тұрған колхоз қаласы *г у і л д е п* қоя берді (М. Иманжанов, Менің махабб.). Ауыз үй мен төр үйдің арасын бөліп тұрған үлкен жал пеш *г у і л д е п* жанып жатыр («Лен. жас»). 2. *Жапа-тармағай дүр етіп ұшу.* Ән шырқап көкте ұшқан бозторғай да, Тырбанып ұя сап жүр таса жайға. Көк жасыл, қызыл ала көбелектер, *Г у і л д е п* ұшып қонған сайдан-сайға (Ө. Тұрманжанов, Қарлығаш). 3. *Жан-жақтан дабырлап сөйлесу, көтеріле даурығу.* Шымылдық жабылып, залдың іші бірден *г у і л д е п* кетті (К. Сақабаев, Өткел.).— Аманкелді қайда?— деп, жігіттер *г у і л д е п* кетті (М. Жұмағұлов, Қыран.). 4. А у ы с. *Өсек-аяң көбею.* Алдында Зүрәтайға ешкім жоламай, Арынның төрт үйінің төртеуінде де өсек *г у і л д е п* отыр еді (Р. Тоқтаров, Ертіс).

ГУІЛДЕК с ы н. 1. *Гуілдеп соққан, азынаған.* 2. А у ы с. *Бос сөзділік, даурықпалық.* Өздерінің ырбаңы бар ма, пыш-пышы бар ма, *г у і л д е г і* бар ма, дүрілдегі бар ма, сонысынан дүниеде ешбір қызықты нәрсе бар деп ойламайды, ойласа да бұрылмайды, сөз айтсаң: түгел тыңдап тұра алмайды, не көңілі, не көзі алаңдап тұрады (Абай, Тол. жин.).

ГУІЛДЕС *Гуілде етістігінен жасалған ортақ етіс.* Таң ата түгел жиналып қалған мұнайшы жұрт үлкен қуанышта, базардай *г у і л д е с і п* тұр (Ғ. Мүсірепов, Кездесп. кет.). Екінді кезінде бәрі атқа қонып, үшінші Қоңырдағы тойханаға қарай *г у і л д е с і п* бара жатты («Лен. жас»).

ГУІЛДЕТ *Гуілде етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Поезд рельсті *г у і л д е т і п,* сарнай тартып келеді (З. Шашкин, Теміртау).

ГУІЛДЕУ *Гуілде етістігінен жасалған қимыл атауы.* Жер-ана аңғарды екен бүгін нені?! Ерекше өзеннің де *г у і л д е у і.* Тербелді жібек желдің қанатында, Бір әуен, әсерлі әуен бұ күндегі (Ә. Шалабаева, Тау бұлағы).

ГҮЖ:[1] гүж етті. а) *Гүжілдеп жуан дауыспен үн қатты.*— Біз өз полкымызға қайтуымыз керек, жолдас майор,— деп *г ү ж* етті Дәурен (Т. Ахтанов, Қаһарлы күндер). Мағыжан *г ү ж* еткен оқыс дауыстан сескеніп қалды («Қаз. әдеб.»). Шофер моторын сөндіргенше болған жоқ:— Айналайындар, келдіңдер ме?! — деген бір жуан дауыс *г ү ж* ете қалды («Лен. жас»). ә) *Гүр ете түсті, гүр етті.* Жирен шаш, көк көз шофер жігіт басын изеп сәлемдесті де, есік жабылар-жабылмас моторды *г ү ж* ете түсірді, машина жүріп кетті (И. Салахов, Көкшетау.).

ГҮЖ[2] с ы н. *Жуан, быртық.* Жайдар мақалдап па, мәтелдеп пе, бірдеме дейін деп ыңғайланып еді, алдында отырған *г ү ж* мойын есікті ашып жіберіп, жерге түсті (О. Әубәкіров, Ұзын сөз.).

ГҮЖБАН с ы н. *Жуан, дәу.* Көпжасардың кейбір әзілкеш құрбылары:— Ол *г ү ж б а н ғ а* қандай пәлекет жұғушы еді,— десетін (О. Дастанов, Мұрагерлер). Аударылды қатқан сия мұз болып, *Г ү ж б а н* даусы үйді жатты көшіріп (А. Тоқмағамбетов, Агроном.).

ГҮЖБАНДАЙ с ы н. *Тым жуан.* Урядниктің *г ү ж б а н д а й* жүнді қолы келіп стол үстіндегі газет жыртығына жармасты (М. Қаратаев, Далада.).

ГҮЖ-ГҮЖДЕ е т. *Айдап салу.* Айтпайақ қойсаң нетуші еді. Сонда да бар ма ед ортағың? *Г ү ж-г ү ж д е п* бір қоймайсың, Бұқасы ма ең қашырар, Сол ауылдың торпағын (М. Әуезов, Таңд. шығ.).

ГҮЖДЕЙ с ы н. *Гүж сияқты* (2). Бір ауылдың кеңсесі, *Г ү ж д е й* болып жел-

кесі, Отыр екі Кенебек, Тарамыстай тырысып (С. Сейсенов, Сапар.).

ГҮЖІЛ з а т. *Гүж-гүж еткен дыбыс, үн, гүріл.* Жел аңыз — жұрт *г ү ж і л д і* ел аулақта, Сары қымыз саба иіндеп тегенге аққан. Біресе тұяқ тарпып белдеуде аттар Қас батыр қайратына демеу қаққан (Ә. Шалабаева, Тау бұлағы). Дүкенді үш бірдей балға жаңғыртып, атаның ескі көрігі *г ү ж і л г е* басты (М. Жұмағалиев, Қыран қазасы). Бас штректі тауысып, қосалқыларының біріне түсе бергенде, алдымыздан *г ү ж і л і* жер жарған зор самосвал келді («Қаз. әдеб».).

ГҮЖІЛДЕ е т. 1. *Гүж-гүж ету: гүріл-деп дыбыс шығару.* Саша *г ү ж і л д е п,* әзілін тияр емес. Қыз бой жетсе кінәмшіл болады (З. Қабдолов. Өмір ұш.). Терезе алдынан *г ү ж і л д е п* машиналар легі өтті (Р. Тоқтаров, Ертіс.). Түнде ұшатын қара шыбындар *г ү ж і л д е п,* айналаны мазасыз әуен билеп тұрып алды («Лен. жас»). 2. *Судың бұрқ-сарқ қайнауы, оттың дүрілдеп, қызып жануы.* Айғаным төргі бөлмеге *г ү ж і л д е г е н* самауырды алып өткен еді (Ж. Молдағалиев, Торғай). «Қашан ішесіңдер, дайынмын?» дегендей екі-үш самауыр *г ү ж і л д е й д і* (С. Шаймерденов, Қарғаш.).

ГҮЖІЛДЕК с ы н. *Гүжіл үнді, жуан дауысты. Г ү ж і л д е к* жігіт сөреге жетіп, бүйірін таянып тұра қалған келіншегін көтеріп алып, шыр көбелек айналдырып жүр (С. Бердіқұлов, Егеулі найза). Жорғаның *г ү ж і л д е к* дауысы басқаларын басып тастап, маңайындағыларын күлкіге қарық қылып жатыр (С. Сматаев, Армысың.).

ГҮЖІЛДЕҢКІРЕ е т. *Даусы жуандап, қатқылдау шығу.* [Ақылбай] ...*г ү ж і л д е ң к і р е п* шығатын салмақты үнмен іні-достарға көлденең бір сөз тастады. Даусы еркек үндес боп, *г ү ж і л д е ң к і р е п* шығатын жарықшақ үнді Ділдә Әйгерімнің жүзінен көз алмайды (М. Әуезов, Абай жолы).

ГҮЖІЛДЕС *Гүжілде етістігінен жасалған ортақ етіс.* Сөзбенен бірін-бірі жеңісе алмай, Жолдасып ынтымаққа келісе алмай, Аттанды қалың әскер *г ү ж і л д е с і п,* Сұлуды бір-біріне берісе алмай (С. Сейфуллин, Өленді.). Жиналған жұрт көкейкесті сұрақтарына енді жауап алғандай өз ара *г ү ж і л д е с і п* қойды (Қ. Ұябаев, Қырда.).

ГҮЖІЛДЕТ *Гүжілде етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Жастар жағы ойын бастаған. Домбыраны *г ү ж і л д е т і п,* ән салып, думандатып жатыр (С. Жүнісов, Жапандағы.).

ГҮЖІЛДЕУ *Гүжілде етістігінің қимыл атауы.*

ГҮЖІМ с ы н. к ө н е. *Өте үлкен, зор.* Апарып өзгелерден оңашарақ — Сияқты ең көлеңкелі *г ү ж і м* дарақ. Қол артып қай уақытта тұруыма, Қайтед,— деп күйеу балаң Залға қарап (Т. Ізтілеуов, Рүстем.).

ГҮЛ и р. з а т. 1. *Түрлі түсті, үлбіреген хош иісті өсімдіктің жалпы аты.* Жерді безеп жоңышқалар, Ақбоз, жалбыз, ошаған, Әлде бізді қарсы ала ма, *Г ү л д е н* букет жасаған (С. Машақов. Жылдар). Бұл *г ү л д і* Роза өз қолымен еккен көрінеді (М. Иманжанов, Жастық.). Шықсыз *г ү л* де өспейді (М. Әлімбаев, 666 мақал.). 2. А у ы с. *Жас өспірім, бүлдіршіндей жас.* Осынау сәтте, жүздері Алуан түрлі құлпырып: Білеміз мұны біз — деді Орнынан екі *г ү л* тұрып (М. Нетәлиев, Сағыныш.). Бірі алтыда, бірі он үште, Үйдің сәні, бүлдіршіндей екі *г ү л,* Құшақтаймын, Иіскеймін. Қандай сұлу, Бақытты елде, тәрбие алып өскен ұл (А. Тоқмағамбетов, Өленд.). Осы букет Советтік, Мызғымас, берік қолда тұр. Ортасында бөлек түп, Ерболат — біздің биік *г ү л* (С. Мәуленов, Замандас). 3. А у ы с. *Сән, ажар, көрік.* Бұл кеш өте көңілді өтті. Мұхит тағы да ән салды, қойшы, не керек, жиынның *г ү л і* болды (М. Дүйсенов, Қалыңдық). [Жеңешем] Өз аулының Шолпаны — ән-думаны, ойын-сауықтың *г ү л і,* ата мен ананың ақ ботасы болыпты (Бәйшешек). ◆ **Гүл алаңы.** *Гүл егілген жер.* ...шіркін, Алматы сұлу-ақ қой! Қайда қарасаң да жасыл бау, жайқалған ағаш, мың құбылған *г ү л а л а ң ы* (Ә. Жәмішев, Дала шұғыласы). **Гүл атты.** *Гүлдеді.* Жауқазындар *г ү л а т т ы,* Жылғаларда су ақты, Жадыратты аймақты, Жаздың күні шуақты. **Гүл жарды.** *Гүл аштың.* Шілде қайнап тұрғанда, Бір бітпейді тауда қар. Жаздың айы туғанда, *Г ү л ж а р а д ы* алмалар (С. Мәуленов, Таңд.). Аспанда бұлт шұбалып, Ақ жібектей қалқыды, Жерде жиде, *г ү л ж а р ы п,* Хош иісі аңқыды (Т. Шопашев, Шие.). **Гүл бақ.** *Гүл өсірілетін жер.* Астанамыз Алматыдағы Жамбыл мен Чапаев

көшелерінің түйіскен бұрышына бара қалсаңыз қалың *гүл бақ* арасынан сыңғырлап шыққан сәбилердің нәзік үні құлаққа естіледі («Қазақст. мұғ.»). **Гүл бақша.** *Неше түрлі гүл, алуан түрлі өсімдік өскен жер.* Алматы қаласында жыл сайын ондаған гектар *гүл бақшасы* өседі (С. Мұқанов, Саяхаттар). *Гүл бақшаның* иісі аңқып, Көк теректер көкке өрлеп, Радиодан шыққан шалқып, Күй тасқыны тұр кернеп (Ш. Смаханұлы, Тотияйын). **Гүл дәсте.** *Шоқ гүл, байлам гүл.* **Гүл жазира.** *Гүлденген, гүл жайнаған алқап.* Бір жердің маңын *гүл жазира* жасап, басқа бір жерді сусыз қалдыру, іске асырмай тастаудан аулақ болуды ескерткіміз келеді (С. Ысқақов, Табиғат.). Хақың жоқ, *гүл жазира* аймағыңды, Атақты гүлстаннан кем көруге, Тауларын, өзендерін ормандарын Рахат бойың балқып ойға алғаның (Қ. Боранбаев, Жаңарған.). **Гүл жемір.** Биол. *Алма гүлін жейтін құрт, қоңыз.* Көктемде алма ағашта кейде гүл шанақтары ашылмай солып қалады. Байқап қарағанда, олардың ішінде алма *гүл жемірінің* ақ личинкаларын немесе қуыршақтарын табуға болады (Зоология). **Гүл кесте.** *Оюлап, бейнелеп егілген.* Рауанды таңдар, Армандаған жандар — Біз болар ма едік бұл кеште, Менің гүл құшақ, Мың сырлы бояу, Махабатым құсап — Алдыңда жатты *гүл кесте* (Ө. Нұрғалиев, Нөсер.). **Гүл кіндік.** Биол. *Өнген гүлдің сабаққа орналасқан түбі; гүл табаны.* Гүлдің негізгі бөлімдері орналасқан сағақтың ұшын *гүл кіндік* немесе гүл табаны деп атайды (Т. Мұсақұлов, Ботаника). **Гүл майса.** *Гүлденген, бәйшешек атқан төңірек, маңай.* Жадыраған төлдер ойыны шын қызық! *Гүл майсада* күн ұзақ, Төл бағу да қызық-ақ! (Ә. Табылдиев, Атымтай). **Гүл салғыш.** *Гүл қоятын ваза, ыдыс, құты.* Сәби кеуде айта алар ма мұнша алғыс, Ыдырады көкіректен қорқау қыс, Үйге келген базарлықтың бәрінен, Оған ерен ұнап отыр *гүл салғыш* (Ж. Сәтібеков, Сырлы.). **Гүлі солды.** *Қайғы-қасіретке ұшырады.* Ойласаңшы Мағашым, Кімнің *гүлі солмайды* (Абай. Тол. жин.). **Гүл** [гүлге] **оранды.** *Жаппай гүлдеді.* Таң бұлбұлы әнге басты. *Гүл оранған* бақша-бауда. Әнге сұлу үнін қосты, Күліп күміс арықтар да (Ә. Сәрсенбаев, Ант). **Гүл табан.** Биол. *Гүл кіндік.* Гүлдің негізгі бөлімдері орналасатын сағақтың ұшын гүл кіндігі немесе *гүл табаны* деп атайды (Т. Мұсақұлов, Ботаника). **Гүл тамақ.** Биол. *Гүл бүршігі.* Сабақтың негізінде, немесе оның жоғарғы жағында гүлге ауысатын жерінде *гүл тамақ* болады (Мақта шаруа.). **Гүл тостаған.** Биол. *Гүл тұқымын орағын қауыз, гүл қауызы.* Гүл тамақтың ішінде *гүл тостағаны* тұрады. Бұл тостағанша жапырақтардан құралады (Мақта шаруаш.). **Гүл тостағанша.** Биол. *Жабық тұқымды өсімдіктер гүлінің сыртқы қабығы.* Мақтаның *гүл тостағаншасы* өсімдік түріне қарай өзара кірігіп тұрады (ҚСЭ). **Гүл төкті.** *Тегіс, жаппай гүлдеді.* Кім берді бұл жігерлі, болат күшті, Дұшпанға оқпен атып, жауап еткен? Кім берді бұл мәуені жайқалдырып, Мәуелі бақтарға *гүлін төккен?* (Ақын жырлары). **Гүл тұғыр.** Биол. *Гүл кіндік.* Гүл сабағының үстіңгі кең бөлегі *гүл тұғыр* деп аталады, оның айналасында гүлдің басқа бөлімдері үйірме орналасады (Мақта шаруаш.). **Гүл түлетті.** *Гүл шығарды.* Шыңына шыбық шаншып, *гүл түлетіп,* Сайлы елім саяхатқа саятханған. Қой қоздап, түйе боздап, құлын қунап, Даланың төлі ойнақтап аяқтанған (Жамбыл, Шығ. жин.). **Гүл шақа.** *Гүл оюлау өрнегінің аты, оюдың бір түрі.* Суретші байырғы бөрі құлақ, қос тұмар, дайра терме, *гүл шақа,* қошқар мүйіз, түйе табан тәрізді оюларға жаңа элемéнттер қосып, ...мол қолдануға тырысыпты («Қаз. әдеб.»). **Гүл шанақ.** Биол. *Гүл тостаған.* [Мақтаның] Осы жоғары бүршіктері *гүл шанақға* айналатын (Мақта шаруаш.). **Гүл шашты.** а) Тегіс *гүл төкті, гүлдеді.* Әсіресе, ақ *гүл шашқан* екі алма ағаш өте қызықты көрінді (С. Бегалин, Ана.). Осылай шықты жеңіп жарлы табы, Жұмыскер, шаруаның ұлы одағы, Орнады халық Совет өкіметі, *Гүл шашты* шын өмірдің алма бағы (Ақын жырлары). ә) *Жайнады, құлпырды.* Әйел, еркек, жалпы жас! Көтеріл, көрін, көзіңді аш! Жаңбырлы жазғы жапырақтай, Көркей, көгер, *гүлің шашыл!* (І. Жансүгіров, Шығ.). Адамның дана ойына, Бейбіт еркін жол ашқан, Октябрь Ұлы тойына, Қуанып жырдан *гүл шашқан* (С. Бегалин, Өлеңд.). **Гүл шоғыры.** Биол. *Өсімдік өркендеріне немесе бұтағына топтанып орналасқан гүлдер. Гүл шоғырын* бұтақтануына қарай анықталмаған және анықталған деп бөледі (ҚСЭ). **Гүл шоқ.** *Бір жерде, бір түпте өскен топ гүл.*

Егін арасында мекендейтін суырлар егіннің ең алдымен сабағын және гүлденіп піскен кезіндегі *гүл шоғын* жеп зияндайды (Х. Қыдырбаев, Зиянкес.). **Он екі гүлінің бірі ашылмаған** [бұзылмаған]. *Бегі ашылмаған, уылжыған.* [Фәрида] Іш көйлегін тастап, *он екі гүлінің бірі бұзылмаған* өзінің уыз тәнінің шар айнадағы суретіне сұқтана қарап қалды (Ө. Қанахин, Жас дәурен). **Шоқ гүл, [гүл шоғы].** *Букет.* Манадан бері қыздардың ортасында көрінбей тұрған Қалипа жүгіріп барып, Досановқа *шоқ гүл* ұсынды (М. Дүзенов, Әке.). Көңілімнің көп сырын Көздерімнен түсіндің, Алатаудың *шоқ гүлін* Алақанға ап ұсындым (С. Мәуленов, Торғай.).

ГҮЛ-БӘЙШЕШЕК з а т. *Түрлі түсті көктем гүлі.* Жазға жақсы киінер қызкеліншек. Жер жүзіне өң берер *гүл-бәйшешек.* Қырда торғай сайраса, сайда бұлбұл, Тастағы үнін қосар **байғыз**, көкек (Абай, Тол. жин.). Қайда аяқ бассаң да, жұп-жұмсақ көк майса шөп, желкілдеген қызылды-жасылды *гүл-бәйшешек* (Б. Соқпақбаев, Балалық.).

ГҮЛ-ГҮЛ: *гүл-гүл жайнады, өңі құлпырды, жайнады.* Сәуле әйелдердің ортасында тұрған Сайранға *гүл-гүл жайнаған* көңілді кескінмен күлімсірей қарайды (Ә. Әбішев, Жас түлек). Алдар бұл сөздерді мақтанышпен айтады. Жүзі *гүл-гүл жайнап* қуанады («Лен. жас»). **Гүл-гүл жанды.** *Шаттанды, шексіз қуанышқа бөленді.*—Папа,—деді үлкен ұлым, Алма беті *гүл-гүл жанған* — Ленинің жазшы есімін, Әрбір әрпін үйрет маған (О. Малқаров, Менің ізім).

ГҮЛДЕ е т. **1.** *Гүл шашты, гүл ашты, гүл шешегін жарды.* Кейбір өсімдіктердің гүлдері бірнеше ай бойы *гүлдеп* тұрады (С. Турдиев, Үй өсімдік.). Ертемен еркін жұтасың Жұпарын алма бақтардың, Көресің шие бұтасын, Апорттың *гүлдеп* жатқанын (Ж. Молдағалиев, Жиырма бес). **2.** А у ы с. *Құлпырып өсті, ер жетті.* Шолпан жыл құсы еді, жаңа *гүлдеген* қызғалдақ еді (С. Сейфуллин, Шығ.). Өстім еркін, *гүлдедім* мен, Он жетіге келгенше, Он жетіде махаббат Қыз сорлыны жеңгенше (Қ. Аманжолов, Таңд.). Мен бе сені айыптайтын, Келмесе егер орайың. Сен-ақ *гүлде*, тілеймін шын, Мен күйіп күл болайын (Б. Күлеев, Таңд.). **3.** А у ы с. *Өркендеді, өсті.* Мыңдаған қазақ баласы, Әр қалада оқыған, *Гүлдеп* қазақ даласы, Күш алыпты жаңадан (И. Байзақов, Құралай). Мен келдім Жамбылымды жырлаймын деп, Айтыста босқа қарап тұрмаймын деп. Кетпейді көз алдымнан байлығы асқан, Дәулетті колхозды ауыл тұрған *гүлдеп* (Айтыс).

ГҮЛДЕЙ с ы н. *Гүл сияқты, гүл тәрізді.* Үкідей желкілдеп, *гүлдей* нұрланып келе жатқан Ботакөзге Асқардың көзінің қадалмауы — Айбалаға тамаша көрінді (С. Мұқанов, Жұмбақ жалау). Айыбы соның — бұл өлең, Қабыл ал *гүлдей* әр жолын, Көз жұмып жүрсем көрер ме ем, Өзіңнен артық жар жоғын (Ж. Молдағалиев, Таңд.).

ГҮЛДЕН *Гүлде етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Ата-анаға көз қуаныш Алдына алған еркесі, Көкірегіне көп жұбаныш, *Гүлденіп* ой өлкесі (Абай, Тол. жин.). Солтүстік аудандарда жүгері егісінің басым көпшілігі *гүлденіп* немесе сүттеніп келе жатқанда шабылады (Қ. Құсайынов, Химия.).

ГҮЛДЕНДІР *Гүлден етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Кәрімтай екеуінің бірбіріне ана-бала болып жарасқан махаббатының өзі семьямызды *гүлдендіріп*, жайнатып жіберіп еді (Ә. Омарбаев, Кәрлен.). Көктем — бақыт, бүршік ашқан жарылып, Өмірге бай әкеліп мол жасауын. Бар дүние жасыл желек жамылып, *Гүлдендірген* коммунизм отауын (А. Тоқмағамбетов, Өмір.).

ГҮЛДЕНДІРУ *Гүлдендір етістігінің қимыл атауы.* [Ол] Сәкен қазақтың ұлттық мәдениетін көтеріп *гүлдендіруге* көп еңбек сіңірді (Ғ. Мүсірепов, Суреткер.). Әдиша Сүлкебаева ауылдық Советтің депутаты, жол және селоны *гүлдендіру* жөніндегі тұрақты комиссияның мүшесі («Қазақст. мұғ.»).

ГҮЛДЕНТ *Гүлден етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Біз алғаш тайсалмай Тайганы игердік, Даланы *гүлдентіп*, Одан соң үлгердік (А. Тоқмағамбетов, Көгілдір.). Жазайын деп ойланып, Алдым қолға қаламды. Елімнің ер ұл-қызы *Гүлденткен* байтақ даламды (Ү. Кәрібаев, Таңд.).

ГҮЛДЕНТУ *Гүлдент етістігінің қимыл атауы.* Жұбатып бала анасын, *Гүлдентуге* даласын, Құлшынды қаптай қор-

далы ел, Зауласын күшті заводтар (Т. Жароков, Шығ.).

ГҮЛДЕНУ *Гүлден етістігінің қимыл атауы.* Өсімдіктің *гүлдену* кезеңі оның гүл жаруымен аяқталады (Ж. Әбиев, Биология.). Социализм дәуірінде халық таланттарының жаңадан даму, *гүлдену* жолдары анықталды (Е. Ысмайылов, Ақындар).

ГҮЛДЕТ *Гүлде етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Көсем берген алтын заң, Жыл ішінде ер жетті, Масатыдай түрленіп, Отанымды *гүлдетті* (Жамбыл, Шығ. жин.).

ГҮЛДЕУ *Гүлде етістігінің қимыл атауы.* Шалфейдің жапырағын жаз бойы 2—3 рет: бірінші рет *гүлдеу* алдында, ал соңғы рет сентябрь айында жинайды (С. Сұбханбердин, Өсімд. дәрі).— Байқадың ғой, Орынтай, бірінші бригаданың бидайы *гүлдеуге* бет алып қалыпты? — деді Қошқар агроном жігітке ой сала сөйлеп (Ақ бидай).

ГҮЛДІ с ы н. *Гүлі бар, гүлі мол.* Бал беретін *гүлді* өсімдіктердің тәтті шырындары араның асқазанында қорытылады (С. Сұбханбердин, Өсімд. дәрі). Біздің мектеп маңайы — Саясы бақша *гүлді* алаң, Көркі қандай көргенде, Сүйсінгендей әр адам (М. Әлімбаев, Биікке).

ГҮЛДІК з а т. *Гүл егілетін алаң.* Қалалар мен поселкелердің ауасын оттегімен байыту үшін көшелер мен аулаларды көгалдандырады; ағаштар, **бұталар отырғызады, парктер,** *гүлдіктер,* газондар көбейтіледі (Ботаника).

ГҮЛДІР з а т. *Дыбыс, үн салдыры.* Сәһәр тұрып піскенде, Көп жерге кететін гүмбірі, Қыпшақтан шыққан Бұдабай — Хан ұрдырған қоңыраудай, Оятқан көпті *гүлдірі* (Үш ғасыр.).

ГҮЛДІРЛЕ е т. *Салдыр-гүлдір ету.* Байлатып аяқ-қолын шынжырлаған, Арбаға отырғызып *гүлдірлеген,* Пәрәміріз он мың адам күзетшімен, Алды ертіп төрт палуан бұл бір деген (Т. Ізтілеуов, Рүстем.).

ГҮЛДІРЛЕУ *Гүлдірле етістігінің қимыл атауы.*

ГҮЛЗАР и р. з а т. *Гүл егілген алаң.* Тіпті «Талас» совхозының орталығында қонақ үйі, асхана, ресторан бар екен. Үйлер тіп-тік жобамен салынған. Көше-көшеде аллея, *гүлзарлар* бар (А. Байтанаев, Бел-белестер). Гүл көтерген жердің беті ал қызыл, *Гүлзар* **болып жырын шертті сан бұлбұл,** Алтын тінді тартып алыс өрмегін, Жарқ еткізіп ашты сонда күн көзін (С. Сейтенов, Сапар).

ГҮЛПАР з а т. б и о л. *Күлте жапырақты гүлдің бір түрі.* Күлте жапырақшалары көп осындай гүлдер *гүлпар* деп аталады (Ботаника).

ГҮЛСТАН и р. з а т. *Гүлденген жайнаған жер, аймақ, ел.* Ал республикамыздың елу жылдығы ше? Сақаралы қазақ даласын бүгінде миуалы *гүлстан* демеуге хақымыз жоқ (Ұ. Бағаев, Дала.). Бойды жазып талай жылдар құрысқан, Күміс толқын тұрсын атып шығыстан. Әр сағатың сан ғасырға бергісіз, О кең өлке, жомарт дала — *гүлстан* (С. Мәуленов, Дала.). Бұлбұл құс зымыстан көрмей, *гүлстан* қадірін білмес (Мақал).

ГҮЛСТАНДАЙ с ы н. *Гүлстан тәрізді.* Өзбекстан бір елім, *гүлстандай* алма бақ (Жамбыл, Шығ. жин.).

ГҮЛСІЗ с ы н. *Гүлі жоқ.* Бола ма гүлмен жерді көркемдемей?! *Гүлсіз* жер — көріксіз ғой өртегендей! Адамның қолыменен өскен гүлді, Тек қана қара мата көмкермеген (Қ. Мүсірепов, Раушан.).

ГҮЛШЕ ү с т. *Гүл секілді, гүлге ұқсап.* Жүректен ыстық жанға қан тамызып, Ауызынан *гүлше* ашылған бал ағызып, Неге өйттің махаббаттың ұшқынымен, Қарақат қара көзді қадалғызып (Т. Жароков, Шығ.).

ГҮЛШЕҢ с ы н. *Гүл сүйгіш, гүл өскіш.* Біз бұл [Кеген] ауданның ақ басты тауын, арқырап жатқан өзенін, *гүлшең* даласын, мыңғырған малын аралап көрмекпіз (С. Шаймерденов, Мінез).

ГҮЛ-ШЕШЕК з а т. *Гүл-бәйшешек, бүршік атқан гүл.* Жайқалып көкпеңбек боп тұрған толып, Көк шалғын сұлап жатыр құшып болып, Қызылды-жасылды боп желкілдеген, *гүл-шешек* түрі кеткен қурап-солып (С. Сейфуллин, Шығ.). Сен әлі *гүл-шешек* жармаған жапырағы еркін жайқалмаған жас ағаш секілдісің (С. Омаров, Күншуақ). ◆ **Гүл-шешек атты.** *Тегіс гүлдеп құлпырды.* Оқытып, түзеп уағында, Тағы да жазып жөнелді. Отты ойлары жадында *гүл-шешек* атты бедерлі (С. Ақтаев, Тұңғыш кітап).

ГҮЛ-ШЕШЕКТЕЙ с ы н. *Гүл-шешек сияқты.* Әрине, бұл ғана емес қолда барым, Бойына бар қазақтың біткен дарын. Ашылып *г ү л - ш е ш е к т е й* Октябрьден Даламды бау-бақшасы жапты қалың (С. Мұқанов, Шыңнан шыңға).

ГҮЛШІК з а т. б и о л. *Кішкентай гүл.* Қайыңның бұтақтарында күздігүні кейде қос қанатты ұсақ жемістері бар сырға *г ү л ш і к т е р і* сақталып қалады (Ботаника).

ГҮМБІР с ы н. с ө й л. **Күмбір.** *Г ү м б і р* үнді қоңыр қаздар сәнді әнге салып, олар да қиянға қанат сермейді (Т. Есімжанов, Дала.).

ГҮМБІР-ГҮМБІР с ы н. с ө й л. **Күмбір-күмбір.** Зәулім үйге салсаң көз Радионы қондырған, *Г ү м б і р - г ү м б і р* айтқан сөз Көкке жетіп жаңғырған (Т. Жароков, Шығ.).

ГҮМБІРЛЕ е т. с ө й л. **Күмбірле.** Жаңбыр... еселей түскен. Тау іші жаңғырығып, оған өзен де *г ү м б і р л е п* ұн қосады (Ә. Тарази, Үлкен ауыл). *Г ү м б і р л е д і* домбыра, Әнші қыздар салды әнін. Әзілдескен бір топ жас, Безілдеді мандолин (С. Машақов, Жылдарым).

ГҮМБІРЛЕТ *Гүмбірле етістігінен жасалған өзгелік етіс. Г ү м б і р л е т і п* домбыра, Алсам сені қолыма, Пернелерге тіл бітіп Сөз нөсерін өрбітіп, Жыр құйылар ойыма (Жамбыл, Шығ. жин.).

ГҮМБІРЛЕТУ *Гүмбірлет етістігінің қимыл атауы.*

ГҮМП: **гүмп берді [етті].** *Суға бірден қойып кетті, құлады.* Қожа бастаған көп көпірдің жоқтығына қарамастан өзенге *г ү м п б е р д і* (Ғ. Сыланов, Дөң асқан). Машина көпірге келгенде бағытын өзгертіп, Нарын дариясының суына *г ү м п б е р д і* («Лен. жас»). Жақын жерде бір үлкен шағала *г ү м п е т і п* суға сүңгіп кетті де, аузына күміс сырғадай жіңішке шабақ тістеп, қайта көтерілді (Т. Жармағамбетов, Сентябрь.). Кенет бір нәрсе құдық түбіндегі суға *г ү м п е т т і* (М. Сүндетов, Балық аула.).

ГҮМП-ГҮМП: **гүмп-гүмп етті.** *Гүмпілдеді.* Жұман жабық пәуескенің *г ү м п - г ү м п* еткеннен басқа қарсылығы байқалмаған соң, айналып келіп тағы да ұрды (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке).

ГҮМПІ е т. *Быршып ашу.* Тай қазан толы көже әлгі күбіге түк те болмайды: ...сол шие татыған шипалы сусының *г ү м п і п* ашып, анадайдан танауыңды қытықтайды (Ө. Қанахин, Жер бас.).

ГҮМПІЛ з а т. *Гүмп-гүмп шыққан дыбыс.* Үй ішіндегі тыныштықты тек пісіп жатқан сабаның *г ү м п і л* үні ғана бұзып тұр (Ауызекі тіл).

ГҮМПІЛДЕ е т. *Гүмп-гүмп етіп бірқалыпты дыбыс шығару.* Дегенмен кезі келгенде, мүмкіндік болғанда оркестрдің *г ү м п і л д е г е н* үнімен адымды керекарыштай баса жүру ұнамды ғой (Б. Момышұлы, Біздің генерал). Дүние дүбірлесін, дүңкілдесін, Кернейлер кең өңешті *г ү м п і л д е с і н*! Торқалы тойы бүгін туған елдің, Қалайша ақын жаны сілкінбесін (С. Сейітов, Жаңғырық).

ГҮМПІЛДЕТ *Гүмпілде етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Бір бөлменің босағасындағы кісі бойы келетін қымыз сабаны биік орындыққа шығып ап піскен алтыжеті бала дамыл алмай *г ү м п і л д е т і п* тұр (С. Жүнісов, Өшпейтін іздер).

ГҮМПІЛДЕТУ *Гүмпілдет етістігінің қимыл атауы.*

ГҮМПІЛДЕУ *Гүмпілде етістігінің қимыл атауы.*

ГҮМПІТ е т. *Гүмп еткізіп суға бірден батыру.* Біресе толқын жоғалад, Қайықты төмен сүңгітіп, Біресе және оңалад, Көбікке көміп *г ү м п і т і п* (С. Сейфуллин, Шығ.).

ГҮР: **гүр етті.** а) *Гүрілдеп, оқыс жуан дауыс шығарды.* Мотордың *г ү р* ете қалған даусынан Дәурен мен Жариков екеуі бірдей оянды (І. Есенберлин, Айқас).— Тиме, жібер! — деген зор дауыс *г ү р* етті сырт жағынан. Қайсар жалт қарады (Е. Өтетілеуов, Бос шелек). ә) *От лау етіп, бірден жанды.* Танкінің іші *г ү р е т і п* жана жөнелгенін де білемін (Ғ. Мүсірепов. Кездесп. кет.).

ГҮР-ГҮР: **гүр-гүр етті.** а) *Гүрілдеп үздіксіз жуан дауыс шығарды.* Бір көкжал қасқыр әлі де өлмепті. *Г ү р - г ү р е т е д і* (М. Тиесов, Дала.). Қапсағай денелі қара жігіт *г ү р - г ү р е т е д і:* —Бәрін қойып, осы күнделікті тұрмыс мәселесін неге айтпайсыңдар,— дейді ол аузына тістеген темекісін құлшына сора түсіп (Ақ бидай). ә) *Судың сарқырап, долдана қатты ағуы.* Ағыны ерен, көк езу тау өзені *г ү р - г ү р е т е д і* (Ғ. Сыланов, Шалқар).

ГҮРЗІ а р. з а т. *Күрзі.* Сол-ақ екен манадан бері жау жағаласпен жүрген көк найзалар үй-үйдің сығырайған шайтан көз әйнектерін түртіп, *г ү р з і л е р* есік бұзды (Ә. Кекілбаев, Дала.). Ертегінің ерлері, Маңдайдан ағып терлері, ***Г ү р з і м е н*** сайыс салатын, Қайысып кейде белдері (Н. Сүлейменов, Жолда).

ГҮРС е л. *Бір нәрсенің кенет құлауынан, я қарудың атылуынан шыққан дыбыс, үн.* Басы сұлқ түсіп, теңселіп тұрып қалған Исатайды тағы бір солдат қайқайта келіп қылышпен ұрды. Исатай *г ү р с* құлады (Б. Аманшин, Жар мұңы). *Г ү р с* атылды зеңбірек, Жұмысшы алға ұмтылды. «Жеңіс, жеңіс келді!» — деп, Жайнап қызыл ту тұрды (Қ. Ыдырысов, Жолыққан жолдар). ◆ **Гүрс етті.** *Тарс етті, бірден құлады.* Шәукенің ойын мылтықтың *г ү р с е т к е н* дауысы бөлді (Т. Әлімқұлов, Күрең өзен). Қатты екпінмен төгілген бетон *г ү р с е т і п* соғылған сәтте Юраның көздері күлімдеп, рақаттанады (А. Жақсыбаев, Менің достарым).

ГҮРСІЛ з а т. *Гүрс-гүрс еткен дыбыс, жарылыс үні.* Мылтықтың күшейе түскен *г ү р с і л і* жер жарып, сарбаздардың құтын қашырып барады (І. Есенберлин, Қаһар). Әуенің толқынымен араласып, Асқақтап әсерлі үні асып-тасып, Әсем ән әркімді де аң-таң етіп, *Г ү р с і л і н* зеңбіректің кетті басып (Ж. Молдағалиев, Жиырма бес).

ГҮРСІЛДЕ е т. *Гүрс-гүрс ету.* Күнбатыстан үсті-үстіне *г ү р с і л д е п* жарылған снарядтар мен бомбалардың дауысы да естілді (Ә. Шәріпов, Партизан.). Әне тағы *г ү р с і л д е п* түсті бомба, Қопарылды көрі емен, солқылдап жер, Қызыл қанға боялды жазғы таңда Сыр шертісін, ең алғаш сүйіскендер (Қ. Ұябаев, Отты жыл.).

ГҮРСІЛДЕТ *Гүрсілде етістігінен жасалған өзгелік етіс.* «ГАЗ-69» омбы қарды осып отырып, *г ү р с і л д е т і п* көп трактордың қатарына жетті (М. Әуезов, Таңд.).

ГҮРСІЛДЕУ *Гүрсілде етістігінің қимыл атауы.*

ГҮРІЛ з а т. *Гүр-гүр еткен, гүрілдеген дыбыс.* Сұңқар жеңгеміз машинаның *г ү р і л і н* естімей қалды (С. Адамбеков, Көсе.). Тұз тауының маңайынан шыққан *г ү р і л* қараңғы түнді қақ жарып тұр («Лен. жас»).

ГҮРІЛДЕ е т. 1. *Гүр-гүр етіп дыбыс шығару.* Кенет *г ү р і л д е г е н* машина даусы шықты (С. Шаймерденов, Жыл құсы). *Г ү р і л д е г е н* танктердің даусы естілді. 40-ақ кісі қалды (М. Сатыбалдиев, Жартас). 2. *Судың сарқырап қатты ағуы.* Терең де *г ү р і л д е п* ағып жатқан өзен (С. Мұқанов, Саяхат.). Тауыма сұлу қарашы, Қыздардың жиған жүгіндей, Өзеніме қарашы, Ағып жатқан *г ү р і л д е й* (Жамбыл, Шығ. жин.). 3. *Айбат шегу.* Қасқырдың көздері жап-жасыл болып, пышақ тістерін көрсетіп *г ү р і л д е й д і* (З. Иманбаев, Нажағайлы.). Шынжырда байлаулы тұрған Майлаяқ танымайтын кісілерге қара қылшық мұрттарын тікірейте *г ү р і л д е п,* малжаңдаған аузынан қызыл көбік шашыратады (Р. Тоқтаров, Ертіс).

ГҮРІЛДЕК с ы н. *Дауысы жуан.* Бөрібаев орнынан атып тұрды. Даусы *г ү р і л д е к* адам («Лен. жас»).

ГҮРІЛДЕҢКІРЕ е т. *Аздап гүрілдеу.* Көксерек *г ү р і л д е ң к і р е п,* маңына көп дарытқысы келмей, әрлі-берлі ортқып түсіп, жылдам оралып, ашу шақырғысы келеді (М. Әуезов, Көксерек.).

ГҮРІЛДЕС *Гүрілде етістігінен жасалған ортақ етіс.* Бала күнім, шықтым қырға, Жидек, шие тергелі. Бір топ бұқа *г ү р і л д е с і п,* Тіпті маза бермейді (Б. Майлин, Таңд.).

ГҮРІЛДЕТ *Гүрілде етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Машинасын *г ү р і л д е т і п,* өз орнына жайласып отырған Әшім (Е. Қонарбаев, Түнгі от).

ГҮРІЛДЕУ *Гүрілде етістігінің қимыл атауы.*

2-томда 5196 атау сөз (Б — 4292, В — 167, Г — 687), 2550 фразеологиялық тіркес (Б — 2440, В — 1, Г — 109)— барлығы 7746 лексикалық единица қамтылып, жалпы саны 8834 мағыналық сипаттама берілді.

Толковый словарь казахского языка.
Т. 2. Под общей ред. члена-корр. АН КазССР
А. И. Искакова. Алма-Ата, «Наука» КазССР,
1976.

2 т. (Академия наук Казахской ССР.
Институт языкознания).
Т. 2. Б — Г. 1976. 695 с.

ТОЛКОВЫЙ СЛОВАРЬ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА

Том 2

Б—Г

Утверждено к печати Ученым советом Института языкознания Академии наук Казахской ССР

Редакторы *Б. Сагындыков, З. Егеубаева*
Худож. редактор *А. Б. Мальцев*
Оформление художника *Г. Г. Ярных*
Техн. редактор *Л. И. Шашкова*
Корректор *А. Досымбекова*

Сдано в набор 13/X 1975 г. Подписано к печати 3/VIII 1976 г.
Формат $70\times90^{1}/_{16}$. Бумага № 1. Усл. печ. л. 50,9.
Уч.-изд. л. 80. Тираж 18000. Зак. 165. Цена 2 р. 78 к.

Издательство «Наука» Казахской ССР. Типография издательства «Наука» Казахской ССР. Адрес издательства и типографии:
480021, г. Алма-Ата, Шевченко, 28.

10807